ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ МЕН ҚОЛДАНУДЫҢ
2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ШЫҒАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» бойынша «Тілтаным» Бас редакция алқасы:

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД – *бас редакция алқасының төрағасы, министр*
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ – *ф.ғ.д., проф., төраға орынбасары*
Өмірзақ АЙТБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Телғожа ЖАНҰЗАҚ – *ф.ғ.д., проф.*
Әбдуәли ҚАЙДАР – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Мырзаберген МАЛБАҚОВ – *ф.ғ.д., проф.*
Шора САРЫБАЕВ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Рәбиға СЫЗДЫҚ – *академик, ф.ғ.д., проф.*
Нұргелді УӘЛИ – *ф.ғ.д., проф.*
Көбей ХҰСАЙЫН – *ф.ғ.д., проф.*
Рүстембек ШОЙБЕКОВ – *ф.ғ.д., проф.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

Он бес томдық

VI том
Ж - Ж

АЛМАТЫ
2011

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2
Қ 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тіл комитеті
«Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Жалпы редакциясын басқарған
Ахмеди Ысқақов, Нұргелді Уәли

Томның редакторы
Р.Шойбеков

Сөздікті құрастырушылар:
Ж.Қоңыратбаева (жан-күй – жарапазаншы), **Ғ.Қалиев** (жарарқа – жаттама), **Қ.Есенова** (жебелен – жоғарырақ), **Т.Жанұзақ** (жоғары-төмен – жұртшылық), **Б.Момынова** (жұрым – жібер), **Б.Сүйеркұлова** (жібергіз – жыртық-жыртық).

Арнаулы редакциялық топ:
А.Жаңабекова (жауапты шығарушы), **О.Жұбаева, Қ.Күдеринова, А.Үдербаев, А.Фазылжанова** (жауапты шығарушы), **Р.Шойбеков**

Қ 17 **Қазақ әдеби тілінің сөздігі.** Он бес томдық. 6-том / Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011.
6-том. – Ж–Ж. – 752 бет.

ISBN 978-601-7293-17-8

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген бұл сөздік – қазақ тілінің сөз байлығын молынан қамтитын «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдық түсіндірме сөздіктің алтыншы томы.

Аталмыш томда сөздік бірліктер әліпби тәртібімен беріліп, олардың мағыналары ықшам түрде түсіндіріледі, грамматикалық, стильдік мағыналары сараланып, кейбір сөздердің қолданылу аясы мен саласы, этимологиясы көрсетіледі.

Сөздік негізінен көпшілік қауымға – баспасөз, ғылым, білім, мәдениет, оқу-ағарту қызметкерлеріне, ана тілін тереңірек білсем, қазақ тілін үйренсем деген жұртшылыққа арналады.

УДК 80/81(038)
ББК 81.2 Қаз-4я2

ISBN 978-601-7293-17-8 (Т. 6)
ISBN 978-601-7293-11-6

© Тіл білімі институты, 2007
© Тіл білімі институты, 2011

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

А а	**И и**	**Р р**	**Ш ш**
Ә ә	**Й й**	**С с**	**Щ щ**
Б б	**К к**	**Т т**	**Ъ ъ**
В в	**Қ қ**	**У у**	**Ы ы**
Г г	**Л л**	**Ұ ұ**	**І і**
Ғ ғ	**М м**	**Ү ү**	**Ь ь**
Д д	**Н н**	**Ф ф**	**Э э**
Е е	**Ң ң**	**Х х**	**Ю ю**
Ё ё	**О о**	**Һ һ**	**Я я**
Ж ж	**Ө ө**	**Ц ц**	
З з	**П п**	**Ч ч**	

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУ

а в и а ц. – авиациялық
а л ғ ы с. – алғыс сөз
а н а т. – анатомиялық
а н т р. – антропологиялық
а ң ш. – аңшылық
а р х е о л. – археологиялық
а с т р. – астрономиялық
а у ы л ш а р. – ауылшаруашылық
а у ы с. – ауыспалы мағына
а ф р и к а. – африка тілдері
ә д е б. – әдебиеттану
ә л е у м. – әлеуметтік
ә с к. – әскери
б а ғ. т е р. – бағалы терілер
б а л а т і л і – бала тіліне тән сөзқолданыс
б а т а. – бата
б е й н. – бейнелі сөзқолданыс
б е й п і л. – бейпіл сөз
б и о л. – биологиялық
б и о х и м. – биохимиялық
б о т. – ботаникалық
в е т. – ветеринарлық
г е о г р. – географиялық
г е о л. – геологиялық
г е о м. – геометриялық
г е о ф и з. – геофизикалық
г и д р. – гидрологиялық
д и п л. – дипломатиялық
д і н и. – діни
е г і н. – егіншілік
е л і к. – еліктеуіш сөз
е р к е л е т у. – еркелету
е с к і к і т. – ескі кітаби
е с і м. – есімдік
е т. – етістік
ж а ғ ы м с ы з. – жағымсыз
ж а қ т ы р м а у. – жақтырмау
ж а ң а. – жаңа сөз
ж е р г. – жергілікті сөз
з а ң. – заң
з а т. – зат есім
з е р г. – зергерлік
з о о л. – зоологиялық
и н ф. – информатикалық
к ә с. – кәсіби сөз
к е к е с і н. – кекесін

к е л е м е ж. – келемеж
к е н. – кен ісі
к о н т е к с т. – контекстік мағына
к ө л і к. – көлік қатынасы
к ө н е. – көнерген сөз
к ө т е р. – көтеріңкі стиль
к і т. – кітаби стиль
қ а р а п. – қарапайым сөз
қ а р ғ. – қарғыс сөз
қ а р ж ы. – қаржы термині
қ о ғ.-ә л е у м. – қоғамдық-әлеуметтік
қ о ғ.-с а я с и. – қоғамдық-саяси
қ о л ө н е р. – қолөнер
қ ұ қ ы қ. – құқықтық
қ ұ р. – құрылыс
л и н г в. – лингвистикалық
м а қ т а ш а р. – мақташаруашылық
м а л ш а р. – малшаруашылық
м а т. – математикалық
м е д. – медициналық
м е н с і н б е у. – менсінбеу
м е т а л л. – металлургиялық
м и н. – минералогиялық
м и ф. – мифологиялық
м о д. – модаль сөз
м у з. – музыкалық
м ы с қ ы л. – мысқыл
о д. – одағай
о й ы н. – ойын
ө н е р. – өнертану
ө с. – өсімдік
п е д. – педагогикалық
п о л и г р. – полиграфиялық
п о э т. – поэтикалық
п с и х. – психологиялық
р е н і ш. – реніш
р е с м и. – ресми
с а н. – сан есім
с а я с и. – саяси
с а я т. – саятшылық
с ә у л е т. – сәулет өнері
с и р е к. – сирек қолданылатын сөз
с о в е т. – советизм
с ө й л. – сөйлеу
с п о р т. – спорт
с т а т. – статистикалық
с у ш а р. – сушаруашылық
с ү й с і н у. – сүйсіну
с ы н. – сын есім
т а б у. – табу сөз
т а м а қ. – тамақ өнеркәсібі
т а р. – тарихи
т е а т р. – театртану
т е р м. – термин
т е х. – техникалық
т о қ ы м а. – тоқыма
т ү й е ш а р. – түйешаруашылық
т і л е к. – тілек сөз
ү с т. – үстеу
ш ы л. – шылау
ф и з. – физикалық
ф и з и о л. – физиологиялық
ф и л о л. – филологиялық
ф и л о с. – философиялық
ф о л ь к. – фольклор
х и м. – химиялық
ш а х м. – шахмат термині
э к о л. – экологиялық
э к о н. – экономикалық
э к с п р. – экспрессивті
э м о ц. – эмоциялық
э н е р г. – энергетикалық
э п о с. – эпостық
э т н. – этнографиялық
ағыл. – ағылшын тілі
ар. – араб тілі
голл. – голланд тілі
грек. – грек тілі
жапон. – жапон тілі
исп. – испан тілі
итал. – итальян тілі
қыт. – қытай тілі
лат. – латын тілі
малай. – малай тілі
моңғ. – моңғол тілі
нем. – неміс тілі
порт. – португал тілі
поляк. – поляк тілі
ор. – орыс тілі
тат. – татар тілі
франц. – француз тілі
эфиоп. – эфиоп тілі

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

[ ] тік жақша – ир., ар., лат., грек. т.б. тілдерден енген сөздің этимологиясы.

< > сынық жақша – терминдік мағынадағы сөздің латын, грек т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы.

[_ _ _] үзік сызықты тік жақша – дерексөздің қысқартылып берілуі.

≈ ықшамдалған түрде көрнекі материалдардың берілуі.

// грамматикалық мағынаның өзгеруі; сөз мағынасының басқа реңк алуы.

ЖАН-КҮЙ з а т. *Ішкі сезім, жан-дүние.* Шіркін, біздің ақындар, қайдасыңдар?! Мынау ерлік күшіне жалғасыңдар! Менің отты сезімім, *ж а н-к ү й і м д і,* Сендер ғана жеткізіп айтасыңдар (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.).

ЖАНКҮЙЕР с ы н. *Етжақын, ыстық-суығына бірдей күйетін, жанашыр.* Байдалы халық атынан Бөжейдей арысына ас берем деп, қара тігіп, барлық жиылып тұрған *ж а н к ү й е р* жақындары бата қылған кезде, сол үйдің екі жақ босағасына екі ат жетектеліп келді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бұндай жай, өтірік ағайын болмыс, *ж а н к ү й е р* атқамінер қулардың құлшына кірісетін сыпсыңы (М.Әуезов, Абай жолы). // с п о р т. *Өзі спортшы болмаса да, қандайда бір спорт түрін, ойындарын, спорттық жарыстарды жақсы көретін, жақтаушы, қолдаушы адам.* Спорт сыншылары мен *ж а н к ү й е р л е р і н і ң* аузында кәзір Мұраттың аты ерекше аталуда (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Әрине, Алматының конькиді сүйетін жұртшылығына тартысты жарыс дегеніміз онша таңсық емес, бірақ Медеуге *ж а н к ү й е р л е р* көп жиналыпты («Лен. жас»). Қарағандының «Шахтері» де өткен маусымда *ж а н к ү й е р л е р і н* онша қуанта алған жоқ. Мүмкіндіктен көш бойы төмен жатты («Лен. жас»).

ЖАНКҮЙЕРЛІК з а т. с п о р т. *Спорттың белгілі бір түріне, спорттық команда ойындарына қызығушылық, қолдаушылық, жанкүйер болушылық.* Мұқаңның бұрын футбол ойнағанын білмейтін, сондықтан ол жолы керемет *ж а н к ү й е р л і г і н е* таңғалдым (І.Омаров, Шабыт шалқары).

ЖАНКҮЙТТЕУШІЛІК з а т. *Жанбағушылық, бас пайдасын ойлаушылық.* Қазақ жұмысшыларының бәрі де шат, еңсесі көтеріңкі. *Ж а н к ү й т т е у ш і л і к,* жасқаншақтық, қара басымшылық – бұларда байқалмайды (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.).

ЖАНҚАЙЫС з а т. *Қайыстан жасалған тартпаның түрі.* Жас коллектив ер-тұрман, қамыт, құлақбау, белкөтерме, *ж а н қ а й ы с,* жүген шығарды («Лен. жас»).

ЖАНҚАЛАҚ з а т. ж е р г. *Тесік ожау, сүзгі.* Жамилаға айт, *ж а н қ а л а ғ ы н* уақытша бере тұрсын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНҚАЛТА з а т. *Киімнің ішінен, омырау тұстан тігілген қалта.* Ақшаны *ж а н қ а л т а ғ а* толтыра сап, Дегенге жауабың сол: «Сені ме, қап!». Пәреге билер қарны бөккеннен соң, Жаныңдағы ұрыны ақтары хақ. Әлде нені балдыр-балдыр, Сөйледі де бір қарманып (Бес ғасыр.). Әділдік сипаты еді бір Алланың, Билерім, әділ болып тұра алмадың. Он тиын *ж а н қ а л т а ң а* пара кірсе, Фақырға еш шафағат қыла алмадың (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Астыңғы *ж а н қ а л т а с ы н а н,* Браунигін қолына алып (С.Бегалин, Өлеңд.). Бәйгенің алдын алады, Елге олжа салады. Мұның иесі кім? – деді, – Құлақ сүйінші аламын». Манас батыр мақтанып, *Ж а н қ а л т а с ы н* ақтарып, Бір уыс ділдә береді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАНҚАСТА с ы н. *Жан қинайтын, бейнетті, ауыр.* Енді, міне, бұл да әкесі армандаған қолмен ұстарға жоқ тұлдыр ауадан тиянақ-таяу іздеп, сонау зеңгір көкке жетпей қоймайтындай боп, өлімін сатып, күніне бір елі болса да, биікке тырмысқан осы бір *ж а н қ а с т а* кәсіптің соңына түсті. Тұрлауымыздан тұрақ, тұлдырдан тірек таппақ есірек дәме (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

ЖАНҚИЯР с ы н. **1.** *Ержүрек, өжет, батыл.* Баулыған партия күніміз, Отанның *ж а н қ и я р* ұлымыз. Аттан сап қойсақ, лап уралап, Көкке өрлер дауылпаз үніміз (Қаз. әндері). – Атып кетіңіз, Шыдай алатын емеспін, – деп зарлап келеді. *Ж а н қ и я р* жауынгер жолдасыңды көзің қиып, қалай ғана атарсың (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** *Етжақын, шын берілген, адал.* Сан қиын істе мені сынаған ең, *Ж а н қ и я р* серігің боп ұнаған ем (С.Сейфуллин, Шығ.). Билет бәрін сабырға, Кірме ажалсыз қабырға. Сырласатын күн туар, *Ж а н қ и я р* жақын тамырға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАНҚҰМАРЛЫҚ з а т. *Аяңкестік, бассауғалаушылық.* Бас пайдасы, *ж а н қ ұ м а р л ы қ* Біздің жолда серт емес. Сән-салтанат, сәулет барлық Бізге анығы көрік емес (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

ЖАН-ҚҰТЫ: жан-құты қалмады. *Жаны қалмады, бар ықыласын салды, аянбады.* Не керек құрбысының әйелі *ж а н-қ ұ т ы қ а л м а й* дастарқан жайып, барын стол үстіне үйіп-төгеді (Ж. Мұзапаров, Қаби қарт.). – Карпов, оны көзімізбен көрдік. Аубакир Куркинычтың өзі қандай *ж а н-қ ұ т ы қ а л м а й* жүр, – деді ол (С.Шаймерденов, Қарғаш).

ЖАННАМ [ар. جهنم]: **жаны [-н] жаннамға [жәннемге] кетті [тапсырды].** *Қайтыс болды, өлді.* Бүгін тасаттықтың артынан Ахатайдың көзін жоғалт, шуы естілмесін, қаны шықпасын, *ж а н ы ж а н н а м ғ а к е т с і н* (Шағын пьесалар). Алдар келіп екі аяғынан көтеріп, сабаға басын тыға қояды. Кемпір тұншығып «қор-р-р-қ» деп, *ж а н ы н ж ә н н е м г е т а п с ы р а д ы* (Қаз. ертег.). Мана Иоахим кіріп келіп: – Он жетінші *ж а н ы н ж а н н а м ғ а т а п с ы р д ы*! – деген (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖАННАТ [ар. جنت] з а т. **1.** д і н и. *Жұмақ, бейіш.* Қасиетті өзеннің жағасынан тағы да бір пенденің жаны *ж а н н а т қ а* қарай сапар шекті (Т.Ахтанов, Үндістан.). Бір жетімді

ажалдан, Аман-есен құтқардың, *Жаннаттан* орын аларсың (Бес ғасыр.). Жаны *жаннаттың* төрінде болсын. Сенің қадірлі әкең, менің қымбатты ағам иланһи иманды болсын! – деп бетін сипаған-ды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Рақат дүние, жайлы қоныс.* Түп-түзу көшелері қандай кең болса, тынысы да сондай кең, жанға *жаннат* жасыл қалада дәл қазір, сірә, Ғаниден басқа мұңайған пенде бар ма екен (М.Иманжанов, Көк белес). Қарағанды туралы әңгіменіз «жұмыр жердің бетінде небір *жаннат* мекеннің барын бүгінгі ұрпақ жақсы біледі» деп басталып еді (А.Сейдімбеков, Кеніш.).

Жер жаннаты. *Жер бетінің жұмағы, жердің ең көрікті тұсы деген мағынада қолданылатын тұрақты эпитет.* Мотоцикл хабарын күтекүте Ғалидың көзі сарғайды. Сөйтіп жүргенде қызмет бабымен Бекмақанов *жер жаннаты* – Көкшеге көшкенді (М.Қосшығұлов, Шындық). Басында Қарқаралы жалғыз арша, Зеңгір тау – *жер жаннаты* бір тамаша. Бауырынан Баян аулы қуып арқар, Бүркіттің даусы тауда шаңқылдаса (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Кеше ғана көзіне елеусіз көрінген мына қарсы алдында көсіліп жатқан Ақдала да *жер жаннаты* боп елестейді көз алдына (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ).

ЖАННАТТАЙ с ы н. *Жайнаған, құлпырған; жұмақтай жайлы.* – Ақ жауын қойсын ба, жер *жаннаттай* жайнап барады. – Шеттің шөп шықпайтын тақыр жеріне дейін екі қарыс жусан өсіп, желкілдеп тұр ғой (З.Қабдолов, Жалын). *Жаннаттай* тамашалы жазы қандай, Келетін ұшып аққу, қазы қандай. Ескеріп өткен күнді кәрілері, Жастардың және де айтқан назы қандай (М.Дулатов, Шығ.). Бурабай – *жаннаттай,* Кеңейген тыныстай, Жазылған қанаттай, Арылмас ырыстай (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАННАТТЫ с ы н. *Жұмақты, шырайлы, жанға жайлы.* Көгілдір айдын-көк теңіз, Көлбей бір құшқан тау үстін. Қиқулы құстан көп лебіз, *жаннатты* жермен таныстым (З.Ыбраев, Алтайым).

ЖАН-ОЖДАН з а т. *Жаны мен ары, арождан.* Жылдар жоқ көз жетпейтін маған алыс, Таппайды *жан-ождан ым* еш жаңылыс. Мың-мың жыл кейіндегі келер ұрпақ, Бірге өскен туысымдай бәрі таныс (Ә.Оңалбаев, Тың алды).

ЖАНПИДА з а т. *Құрбан, садаға.* Садақа басың *жанпида,* Ең жаманы айдалсын. Әр қамалға – бір зауал, Болып бір заман айналсын (М.Дулатов, Шығ.). Болса да көр соқыр құлжебіл болып келіппін, алдына барып арыла сырласайын, мендей кещені кешір дейін, қыздырмаға еріппін, сүйіспендік жолына *жанпида,* – дейді (Д.Досжанов, Табалдырығың.). Осы болса пәтуа, *Жанпида,* мал құрбандық (І.Жансүгіров, Өленд.). Халқым үшін *жанпида,* мен әр уақытта дайынмын (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). – Жеңіс үшін *жанпида!* – Қасықтай қанымыз, шыбындай жанымыз кеудемізде тұрғанда колхоздың жұмысынан қалмаймыз (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.).

ЖАНПИДАЛЫҚ з а т. *Құрбандық, садағалық, жолында құрбан етушілік.* Дәстүрлі қазақ қоғамындағы этникалық тәрбие, қалыптасқан діл, салт-дәстүр барлығы синтезделіп, отаншыл, елі мен жері үшін қандай да болмасын *жанпидалық* іске бара алатын ұл, қыздарды тәрбиелеуге мүмкіндік беремін («Қаз. әдеб.»).

ЖАНПОЗ[1] з а т. с ө й л. ***Жампоз.*** Шағдат шағым, сал құлағың сен өзің, Менің жалған болмас айтқан бұл сөзім. Адамзаттың аңлаушы едім сырттанын, Түйе малдың және білем *жанпозын* (Көрұғлы). Жаңа перім, *жанпозым.* Жаңа шыққан қамқорым! Лек-легімен кел бері (Ж.Аймауытов, Шығ.). Арғымақтан туған қазанат, Шабуыл салса нанғысыз. Айырдан туған *жанпоз* бар, Нарға жүгін салғысыз (Махамбет, Өленд.).

ЖАНПОЗ[2] зат. жерг. *Өгіз мойынтұрығының сырт жағындағы жіңішке темір.* Өгіз қамыттың *жанпозы* қайда, бері әкел (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Өгіз жек те *жанпозын* тауып сал (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНР [франц. genre] з а т. ә д е б. *Әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.* Халық даналығын біз Әуезовтің әр *жанрда* жазған алуан-алуан еңбектерінде кездесетін төл, қолтума нақылдарынан, ғаламат қанатты сөздерінен танып білеміз (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Әдебиеттегі *жанр* – әлем әдебиетіндегі немесе нақтылы бір ұлттық әдебиеттегі белгілі бір дәуірде қалыптасқан, ортақ типологиялық, т.б. белгілері бар көркем шығармалар түрлерінің жүйесі (ҚҰЭ). Эпостық *жанрларға* эпикалық кең тартыс, көп желілік, мазмұн қоюлығы, баяндау стилі тән (ҚҰЭ). Асқар ақынның осы тәрізді сықақ өленделері маған өте ұнайды. Оның басқа лирикалары, «Фатиманың хаты» тағысын басқа өз алдына, түбінде осы *жанрды* ол әлі де кеңейте, тереңдете түсуі сөзсіз (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАНРЛЫ с ы н. *Түрлі жанры бар, жанры көп.* Алуан *жанрлы* қазақ бейнелеу өнері тек совет жылдарында өсіп шықты (І.Омаров, Серпін).

ЖАНРЛЫҚ с ы н. *Жанрға жататын, жанрға тән.* Ең алдымен бұл туындының *ж а н р л ы қ* түрі жағынан бас ауыртпай айдар таға саларлық дүниелер қатарына қосуға болмайтындығын айтар едік (Ж.Әбдірашев, Парасат.). Қазақ әдебиетінде сәтті ізденістер аз емес. Солардың бірі деп стильдік жене *жанрлық* мүмкіндіктер жолындағы ізденістерді меңзер едік (Ф.Оразаев, Басты.).

ЖАНСАР ү с т. ж е р г. **1.** *Болар-болмас, көмескі.* Батар күннің *ж а н с а р* жарығында Қалдыбай өзі бес сом ақшаны атап салды (С.Омаров, Қиыр жол). Көгілдір, *ж а н с а р* сәулесін шашқан бөлме оны бұрынғыдан да үрейлендіре түсті (А.Лекеров, Түз гүлі). **2.** *Әлсіз, шалажансар.* Оның жас іркілген *ж а н с а р* көзі осы қасқыр ішікке қадалды (С.Омаров, Өмір асу.). // *Жасық, момын адам.* Асулы аңсарлардан тайсалмадың, Жасық пен *ж а н с а р л а р ғ а* бой салмадың (Ғ.Жандыбаев, Шығ.).

ЖАНСАРАЙ з а т. *Жан дүниесі, ішкі ойсезімі.* Бүгінгі жұмысшы бұдан қырық жыл бұрынғы жұмысшы емес, оның ой-санасы да, арман-мұраты да, *ж а н с а р а й ы* да өзгеше («Қаз. әдеб.»). Көңілдің елжіреуімен қоса, бұрын жалбарынуы жоқ, жаңғыруы көп *ж а н с а р а й ы н д а* үлкен сағыныш пайда болған еді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЖАНСАРЛА= е т. ж е р г. *Дәрмені кету, күші азаю.* Одан бері *ж а н с а р л а п* кәрідім ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНСАРЛАТ= е т. ж е р г. *Әлсіретү.* Доржмен жаулыққа кетіп, жаңа қызған жұмысты *ж а н с а р л а т а м ы н* деуге қалай батылыңыз барып жүр? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНСАРЛАТУ ж е р г. *Жансарлат етістігінің қимыл атауы.* Терлікті *ж а н с а р л а т у м е н* қоймай бірлікті бұзғың келген екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНСАУҒА о д. *Бас амандық бер, жанымды қалдыр.* Ағатай-ай, мұсылман екенсіз ғой *ж а н с а у ғ а,* жан сауға! – деп, шойырылған иттей сүйретіліп, Саурыққа қарай ілгерілей берді (С.Омаров, Өмір.).

Жансауға қылды. *Бас амандық етті, бас амандықтың қамын жасады.* Арттағылар не болғанын білген жоқ, Қартқожа да *ж а н с а у ғ а қ ы л д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жансауға сұрады. *Бас амандық сұрады.* Кейбіреулер анық құтылмасына көзі жетіп, *ж а н с а у ғ а с ұ р а п,* сүмірейіп қолдарын көтере бастады (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖАНСАУҒАЛА= е т. *Қауіп-қатерден қашқалақтау, жеке басын қорғау.* Дәркембай, сенің екі жолдасың осы қойдың қасында болсын. Ал, өзің... осы маңдағы өзіңдей ауылдарға хабар айт. Қойларын қорыққққа салып, қар аршып, *ж а н с а у ғ а л а с ы н* (М.Әуезов, Абай жолы). Жаңа ғана *ж а н с а у ғ а л а п* қашқан жаудың қайырыла беріп, елші салуында бір зымияндық бар (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Естіп мына сөзді Тырна састы, Айтпас деп Қасқыр олай, ойламасты. «Садаға бастан құлақ» деген мақал, Бейшара *ж а н с а у ғ а л а п* тұра қашты (А.Байтұрсынов, Шығ.). Күштілерін көргенде аң мен мал да, Қашады *ж а н с а у ғ а л а п* жыртқыштардан. Сілеусін, барыс, қасқыр қас жаулары, Қу түлкі, мысық бәрі алман-жалман (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАНСАУҒАЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Жан сақтаушылық, амалдап күнелтушілік.* Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруді *ж а н с а у ғ а л а у ш ы л ы қ,* құр күн көрушілік деп білемін («Қаз. әдеб.»).

ЖАНСАУЛЫҚ з а т. с т и л ь. ***Денсаулық.*** Әжесі дүние салғалы *ж а н с а у л ы ғ ы н* жүдеткен қасіретті қоңырқай алғашқы апта Зәлиді жеті қырдан асырды (А.Мекебаев, Жез тырнақ)

ЖАНСЕБІЛ с ы н. **1.** *Жанкешті, батыл.* Орыс князьдарының бастары қосыла бастаған күндерден кейін кешегі қабыландай қайратты, *ж а н с е б і л* жандар, кенет Құдайдың қарғысы ұрғандай, бастарына сор нөсерлей жауып, сан мәртебе оңай жеңілді (І.Есенберлин, Алмас қылыш). **2.** *Өлермен, жанкешпе.* Арманның тәтті азабын тартқан, әлсіз үміт жетегінде *ж а н с е б і л* болған, сонда да тауы шағылмаған, тағдыры қасарысқан адамның қалпы (Б.Аманшин, Көкжар). Сасыққүзеннен қайсар, онан *ж а н с е б і л* аң бар ма екен дүниеде (З.Ақышев, Ақбел.). Адам деген қандай *ж а н с е б і л,* өлермен келеді (С.Бақбергенов, Кентау). «Өтірік қанша *ж а н с е б і л* болса да, өсіп-өркендейтін тек шындық қана» деп, сол шындық күресінің ұранын көтерді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **3.** *Жойқын, қырғын. Ж а н с е б і л* қырғын елдің есіндегі, ізі айқын Ұлытауда, Есілдегі. Қызылжар қаласында қолаланды Қос батыр бір тұғырда есімдері (К.Салықов, Жезкиік). **4.** ж е р г. *Бейнетқор, еңбексүйгіш.* Қасым нағыз *ж а н с е б і л,* ұзақ күнге шаршамайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Әуезовтің жаны не деген сірі, *ж а н с е б і л,* төзімі темір, беріктен жаратылған – деп таңғалар еді («Жұлдыз»).

ЖАНСЕБІЛДІК з а т. **1.** *Жанкештілік, өліп-талушылық.* Ол осы жолы кішкентай қарындасының шыр-шыр еткен даусына шыдамады. Және анасының әлсірегенін көрді. Алғашқыда анасы суға кеткен кісіше *ж а н с е б і л д і к п е н* жағаласып еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ол қанша әйел жабылса да, әл

бермей, бір қолымен бауырына тас қып қысып алған баланы алып қашып, *ж а н с е б і л д і к п е н* алысып жүр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қайрақбай одан әрі үрейлене түсіп, бұл не деген *ж а н с е б і л д і к*. Тез бол, көзге түссек, құрыдық (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **2.** т е р м. *Адам бойындағы ерекше төзімділікті, итжандылықты, көнбістілікті білдіретін этникалық ұғым. Ж а н с е б і л д і к* қасиет адам бойындағы ерік-жігерге, сондай-ақ, оның табиғи мінез-құлық ерекшелігіне (флегматик) тығыз байланысты (ҚҰЭ).

ЖАНСЕЙІЛ с ы н. *Жаны тыныққан.* Шекесі шып-шып терлеп, қайнаған күнге кең аңғардан салқын леп қарсы соққан тәрізді, *ж а н с е й і л* хал еді (Е.Әкімқұлов, Перизат сезім).

ЖАНСЫ= е т. *Адамсыну, адам сияқтанып көріну, көзді алдау.* Айтшы-айтшылап жалынар, Ұққыш *ж а н с ы п* шабынар. Ұқпай жатып жалығар. Үйқылы-ояу бойкүйез (Абай, Тол. жин.). Аңқау да аңғал *ж а н с ы п* жүретінсің, Сезімтал, сырды айтқызбай білетін шын (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.). Қандай жылпың жаңа *ж а н с ы п,* Таза жансып таңғалдырғыш, Сескендіріп алдандырғыш, Монтансынып алдандырғыш (І.Жансүгіров, Шығ.). Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе, «Дем алысым, құмарым – бір сен» десе. Жанын құрбан жолына қылған *ж а н с ы п,* Көз қарауы құбылар әлденеше (Абай, Тол. жин.).

ЖАНСЫЗ[1] з а т. *Астыртын жұмыс істейтін адам, тыңшы.* Біздің шабуылдар тұсымызды дұшпан қайдан біліп қойған? Партизандар арасында жаудың *ж а н с ы з ы* болмағай! (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер). Талай тарихшы, талай *ж а н с ы з д а р ы н* жіберіп зерттеді. Әйтсе де олар қыпшақтарды қылыш күшімен ғасырлар бойы бағындыра алмады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). – Қашан қашатыныңды, қай жолмен жүретініңді – бәрін айтып, бағыт сілтеп жіберген – сол Жайтудың *ж а н с ы з ы* жауласқан адамының жанында жүретінін бұдан былай біліп қой! – деді ол (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Қаладан тіл алуға *ж а н с ы з* етіп Әйтиевтің қайнағасы партизан Ерғалиды жөнелтті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Лагерьден қашқан тұтқындар, оның ішінде білмейді деп жүрсем, әлгі *ж а н с ы з* гестапаға жеткізіп отырыпты (К.Тоқаев, Көмескі.). // *Жасырын, құпия, астыртын.* Мұнаураға «туған күн жасап тойлау» сол іш өртінің шарпуы еді. Ашық сайысқа дәрменсіздігін сезіп, *ж а н с ы з* жантасалау тәсіліне көшкен еді (Д.Әбілев, Арман.). Әлиге хабар барды Қырымдағы, Жүрегін ел қайғысы жырымдады. Торғайға *ж а н с ы з* Әли жүріп кетті, Шырқырап халық үшін шыбын жаны (О.Шипин, Дастан.). Сопақ бет сары жігіт – осы ауылдың тыңшысы. Қорамсаның ауылына барып, *ж а н с ы з* жүріп, бүгін суық хабар әкеп отыр (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жансыз қойды. *Тыңшыға аңдытты.* Сақ жігіт қапасыз болмау жағын ойлап, ел ішіне *ж а н с ы з қ о й ы п* отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖАНСЫЗ[2] с ы н. **1.** *Жаны жоқ, өлі.* Жұпаргүл оймен оңаша қалған сәтінің бәрінде қабырғадағы осынау *ж а н с ы з* бейнемен тілдесіп, өз өмірінің өткен-кеткен жанды көріністерін көз алдына келтіреді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Шөбі мүлгіп, қалғып қамыс, *Ж а н с ы з* бұлтқа қайда жарыс? (М.Жұмабаев, Шығ.). Соның барлығы бір дене, алыптың денесі. Жанды өмір, *ж а н с ы з* техника, бай табиғат – барлығы бір білекпен бір тілекке қызмет істейді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Ажалдың күйін шертіп содан былай, Шу мен шаң өлкені алды құлай-құлай. Жаралы жан, *ж а н с ы з* тән даланы алып, Он сан адам қырылды өлімге ұлай (И.Байзақов, Құралай.). **2.** а у ы с. *Жаны кеткен, қимылсыз, қозғалыссыз.* Ермектің *ж а н с ы з* денесі сылқ етіп, оның аяғының астына құлайды. Осы кезде зеңбірек бір сәт үнсіз қалады (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Жаңыл жүгіре бергісі келеді, бірақ қол-аяғы *ж а н с ы з* боп қалған (Т.Ахтанов, Боран). Кейде қары қарысып, Қанаттары талғандай. Жалғыз ноқат жабысып, *Ж а н с ы з* қатып қалғандай (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** а у ы с. *Жанары тайған, нұрсыз.* Оның көзінен бір тамшы да жас шықпады, көздері *ж а н с ы з,* әлдебір әйнек сияқты болып кетті (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Кеше гөр, кеш, ақ сүтіңді Дегендей кейде сүзіле Қарайды бала арманды Ананың *ж а н с ы з* көзіне (Ж.Молдағалиев, Жеңіс.). **4.** а у ы с. *Тірі жансыз, құлазыған, меңіреу, мылқау.* Ыбырай мылқау дүниенің тілін ашуға, *ж а н с ы з* даланы жандандыруға талпынды (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Батар күнге шағылып жарқырап жатқан *ж а н с ы з* дала – шетсіз, шексіз ақ тылсым (Т.Ахтанов, Дала сыры). **5.** а у ы с. *Мықты, төзімді.* Қырдан ұшып қырандай Төбесіне ең биік Шықтым бүгін шыңқұздың Ұшса талмас қанаты *Ж а н с ы з* тұлпар мінгіздің (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

ЖАНСЫЗ[3] ү с т. **1.** *Бір өзі, жалғыз өзі.* – Оқдәріні осыған әкеп қою керек, – деді Манфред гаражды нұсқап, – сонсоң сен осы үйдің ішін ешбір *ж а н с ы з* аралап шық. Жүргеніңді адам білмесін (Қ.Исабаев, Соңғы.). **2.** *Иесіз, адамсыз.* – Жылдам әскер келсін деп, Азынкөбін білмейміз. Көрдік екі қораны *Ж а н с ы з*

ба деп ойлаймыз (Батырлар жыры). Өтеді отты көзі тастан әрі, Секілді қыран құстай қарағанда. Алдынан мен мұндалап шуласады, Жерімнің тереңдегі *жансыз* малы (Ақын жырлары).

ЖАНСЫЗДАП үст. *Құпия, жасырын, астыртын, жансыз жіберіп.* Қарағанды жақтан *жансыздап* келген хабар: «Айдар Қалбағайдың да атын естіп, Қарағандыдағы мықты ұрыларды жинап жатыр, үлкен қолмен келіп, бір мықтап соқтықпақшы» деген (М.Әуезов, Қараш.). Сол үйдің әйелін жіберіп, *Жансыздап* Гүлсімнің хабарын білді. Гүлсім нағашы ағасының бөлек отауы бар екен, сонда отырыпты (С.Бегалин, Шығ.). *Жансыздап* білдіргенде, оның қолға түскені анықталды (К.Оразалин, Абай.). Қартқожа біреуінен *жансыздап* сұрап білді. Кеткен болыс пен тілмәш екен (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

ЖАНСЫЗДАЙ сын. *Жаны жоқ секілді, ісі мардымсыз.* Болғанмен жұрт ағасы не пайда бар, *Жансыздай* жұмыс қылса ол адамдар. Асылдың жасықпенен парқын білмес, Дүниеде көп емес пе не надандар (Бес ғасыр.).

ЖАНСЫЗДАН= етст. **1.** *Жаны кетіп, қимылсыз қалу, солу, сему.* Омыртқа бұзылып, жұлын мен нерв талдары қысылып, адамның аяқ-қолы *жансыздануып* сал болады (Е.Оразақов, Туберкулез.). Үлкен ағасын қалаға апарып емдетпесе, күннен-күнге тілі байланып, бір аяқ, бір қолы *жансыздануып* қалады, – десті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Мақсұттың қысқалау қою қара мұрты, сұлу қара қасы, ұзын қара шашы да қатып қалғандай болып, жабысып *жансызданған* сияқты (М.Әуезов, Қараш.). **2.** ауыс. *Қаңырап бос қалу, құлазу.* Таңтайы ырсиып, терезелерінің қақпағы салбырап, көнере бас таған шатырлы үй күннен-күнге *жансыздана* түскендей (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Осымен ұзақ күнді елсізде алды, Кешкіріп, күн батуға тағы айналды. Күн батып, ымырт болып қас қарайып, Елсіз жер біржолата *жансыздады* (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.). **3.** ауыс. *Өшу, от алмау.* Не пайда, қалды мотор *жансыздануып,* Қайықты жел «Құдайы» биледі анық (Ғ.Малдыбаев, Қалдырған).

ЖАНСЫЗДАНДЫР= етст. *Жанын кетіру, жүйке жүйесін әлсірету.* Арақ ең алдымен мидың клеткаларына әсер етіп, оларды уландырып *жансыздандыра* бастайды (С.Сұбханбердин, Дәрі-дауа.). Дәрі терідегі сезімтал нервтік ұштарын *жансыздандырады* (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАНСЫЗДАНДЫРУ мед. *Жансыздандыр етістігінің қимыл атауы; арнайы препараттармен жүйкені өлтіру, жанын кетіру.* Операциялар жасалғанда, *жансыздандырудың* жаңа әдісімен жасалады да, ауырғанын білдірмейді (Р.Сәтбаева, Өңеш рагы). Бенкаин дәрісін, көбіне, дененің бір жерін *жансыздандыру* үшін, әсіресе, тісті емдеу үшін қолданады (С.Сұбханбердин, Дәрі-дауа.).

ЖАНСЫЗДАНДЫРУШЫ зат. мед. *Жанын кетіруші, жүйке жүйесін өлтіруші.* Операция жасау үшін жараланған жерді және оның айналасын жуып тазалаушы, дезинфекциялап *жансыздандырушы* тұрады (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.).

Жансыздандырушы эмульсия. мед. *Жүйке жүйесін өлтіретін эмульсия. Жансыздандырушы эмульсия:* мұның құрамында нетилсалицилаттың 2,5 проценті, анальгиннің 2,5%, нафталиннен тұрады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

ЖАНСЫЗДАНУ *Жансыздан етістігінің қимыл атауы; жаны кету.* Инфаркт – белгілі бір мүше тқаньдарының іріп *жансыздануы* (М.Исамбаев, Мед. анықтама.). Тқаньдардың *жансыздануына* және жылқының өлуіне жол бермеу үшін флавакридин ерітіндісінің тері астына кетіп қалуынан абай болу керек (С.Сыбанбаев, Мал қаны.).

ЖАНСЫЗДАУ сын. *Қимылсыздау, әрекетсіздеу. – Жансыздау* тұрған билер картинасының орнына осы топтың ішкі қасиеттері, беттері ашылса, операның драмалық желісі ширай түскен болар еді, – дейді Фабең (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАНСЫЗДЫҚ[1] зат. **1.** *Жаны жоқтық, қимыл-қозғалыссыз қалғандық.* Бақытсыз тұрған екі жас лақ жаралы кеуденің *жансыздығын* сезбей, енесінің емшегін иіскелейді (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** ауыс. *Суықтық, ызғарлық.* Жарығы көз тайдыратын нұрлы күн бүгін жазғы түріне түскендей болып, өзгеше жарқырап тұрса да, ызғарлы қар, суық ауа қызуын жоғалтып, жарығына *жансыздықтың* табын басып тұрғандай (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАНСЫЗДЫҚ[2] зат. *Астыртын әрекет жасаушылық, жасырын іс істеушілік. Жансыздық* – іссіз қарап тұрғандікі, Құр тілек Құдай әбден ұрғандікі. Күш-қуат жанталасып жинамасаң, Мал-басың бұрын үміт қылғандікі (С.Дөнентаев, Шығ.). Қадыр жіберген жаушы Мұхаммедке болған жайды түгел баяндайды. Арадағы *«жансыздықты»* естіген Хорезмшах қатты ашуланады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

ЖАНСЫРА= етст. *Жаны кету, әлсіреу.* Судан шықса балық деген *жансырап* қалады деуші еді ғой. Сол бекер сөз бе, қалай? Мынау тірі, көремісің (А.Байтанаев, Асан).

ЖАНСЫРАУ *Жансыра етістігінің қимыл атауы; жаны кету.* Қолдың *жансырауы*

қан тамырларының дұрыс жұмыс істемеуінен болады (Ауызекі).

ЖАНТАЙ= е т. **1.** *Жамбастау, бір жақ қырынан жату.* Ол үй ортасындағы ошақта жанған отқа қарап, қырынан *ж а н т а й ы п* жатады (З.Қабдолов, Жалын). Әлімбек келіп үйге жақындай бергенде Қаншайым басын көтеріп бір қарады да, қайтадан жастыққа *ж а н т а й д ы* (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Ақбілек бұрыштағы кішкене кілемнің үстінде жастық шынтақтап, *ж а н т а й ы п* жалғыз жатыр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дәл сол мезгілде үй артынан Әзімбай шығып: «Жеңге іске сәт!» – деп Шолпанның жанына *ж а н т а я* кетті (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Бір жақ жанына қисаю.* Жер тамның *ж а н т а й ғ а н* қисық терезелеріне газет, қағаз ұстап қойыпты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Жұмсақ шөптің үстінде жаны жай тауып, қалғып бара жатыр еді, дөңгелектің бірі қаусап түсіп, арба *ж а н т а я* кеткенде, Әбекең домалап жерге түсті (F.Мұстафин, Дауыл.). **3.** а у ы с. *Тынығып көзін ілу, көз шырымын алу, дем алу.* Жасында көнбесе, Қартая көнеді. Шайдан соң бір кесе *Ж а н т а й ғ ы ң* келеді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бала көк дөненді шүйгінге шалдырып, жол бойында талай *ж а н т а й ғ а н,* тартпа мен айылды қалай тартудың түрлі тәсіліне қанықкан-ды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Әбден жолсоқты болып шаршаған күзетшілер сәл көз іліндірмек боп ерлерінің қасына *ж а н т а й д ы* (І.Есенберлин, Қаһар). Барар жер енді қалмады, Бас аман тұрса, жан қайғы. Шалдығып Рахым, таудағы Үңгірге еніп *ж а н т а й д ы* (М.Әлімбаев, Бал дәурен.). **4.** а у ы с. *Ымырт жабылып, күннің еңкеюі.* Айттап кеп көлдегі тал, құмға, Жағаға *ж а н т а й д ы* күн бүгін. Жан-жаққа қаранып алдың да, Көк сұйық күміске сүңгідің (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **5.** а у ы с. *Көңілдес болу, жақындасу.* Дегенде біз қартайдық, біз қартайдық, Белгісі қартайғанның серттен тайдың. Кәнеки, сонымменен шыққан мүйіз, Қасында сұлулардың көп *ж а н т а й д ы қ* (Қаз. әндері.). **6.** а у ы с. *Жағымсыну, жарамсақтану.* Қызынды күндікке беріп байыған соң, сен де байларға қарай *ж а н т а я с ы ң* – деп, Зейнегүл сөзін аяқтады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **7.** а у ы с. *Қартаю, жасы келу, төсек тарту.* Көзіңе өткен күнің елестейді, Алладан уақыт бітіп *ж а н т а й ғ а н д а.* Төрт бұрышы төңіректің алыс емес Көзі ашық, зейіні көп майталманға (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қартайған жоқсың, мен үшін әлі де жассың, *Ж а н т а й м а й т ұ ғ ы н* жастықтың желіне массың Даламның емес, анамның көзімен қара, Сонда сен менің бойымнан мін таба алмассың (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАНТАЙҒЫШТА= е т. *Ауытқу, қайта-қайта ауу.* Газды аямай бердім де, аэродром қайдасың деп тарттым. Келіп қонайын десем, самолетім оң жағына *ж а н т а й ғ ы ш т а п* айнала береді (Т.Бигелдинов, Аспан.).

ЖАНТАЙЛА= е т. *Төңіректеу, жағалау.* Қай жағымнан, қайдан шықтың, Келдің тағы *ж а н т а й л а п.* Не пәлең бар, шайтан ұқсын, Саған қонған қандай бақ (Н.Шәкенов, Жүз ән).

ЖАНТАЙМА с ы н. *Қылама, түйетайлы, жантайыңқы.*

Жантайма скважина. к е н. *Тік емес, көлбеу, жантайыңқы қазылған скважина.* 1932-33 жылдары К.А.Румянцевтің ұсынысы бойынша *ж а н т а й м а с к в а ж и н а л а р* Донбаста тас көмірден бөлінетін газдарды шығару үшін қазылды (М.Маташев, Қара алтын.).

Жантайма шатырлы. *Аласалау, жатаған шатыры бар.* Зайданың айтуымен шофер тура Фонтан көшесіне тартты. Аласалау *ж а н т а й м а ш а т ы р л ы* ақ үйдің қасына келіп тоқтады (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАНТАЙТ= ет. **1.** *Қисайта жатқызу.* Бұрын бір шекесіне ғана *ж а н т а й т ы п* қоятын шашын енді кейін қайыратын бопты (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **2.** *Бір жақ шетіне қисайту.* Үн-түнсіз, майда қимылмен жетелеп әкелді де, жұп-жұмсақ мамық төсекке ақырын *ж а н т а й т а* салды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Көшеттердің басы бірінің үстіне бірі 45-50 градус шамасында *ж а н т а й т а* жатқызылып, 20-25 сантиметр тереңдікте топырақпен нығыздалып көміледі (А.Балтабаев, Шөлде.).

ЖАНТАЙТУ *Жантайт етістігінің қимыл атауы.*

ЖАНТАЙТЫЛ= е т. *Жантайта отырғызылу.* Жүзім шыбықтары шпалерге [аспаға] көлденең немесе бұрышы 45 градус мөлшерімен *ж а н т а й т ы л а,* веер формасында сегіз цифр тәрізді шалыс байланады (F.Сланов, Жүзім.).

ЖАНТАЙТЫҢҚЫРА= е т. *Жантайта тұсу, қисайтыңқырау.* Нағашы апасын Еңлік *ж а н т а й т ы ң қ ы р а п,* кеудесін ашып тыныстатты. Балгердің не үшін мұнша азапқа салғанына да түсінген жоқ (К.Оразалин, Ақжазық).

ЖАНТАЙЫС= е т. **1.** *Жантая жатысу.* Ербол мен Дәрмен от басына жақын отырған Абайдың сырт жағында *ж а н т а й ы с ы п* отырып күбірлесіп сөйлесіп қалды (М.Әуезов, Шығ.). Қонақтар қалың көрпе үстінде жастыққа *ж а н т а й ы с ы п* жатыр. Бұлар анда-санда ғана ара-тұра тіл қатысады (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.). **2.** *Тыныгу, көп адам демалу.* Дәулетханға тапсырма берді де, Ахметжан

да, Ысқақ пен Жүніс те ер-тоқымдарына *жантайысып,* көлеңкеде тынығуға жатты (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

ЖАНТАЙЫСУ *Жантайыс егістігінің қимыл айтауы.*

ЖАНТАҚ з а т. ө с. <лат. alhagi> *Жапырағы ұсақ, бұтағы тікенді, гүлі қызғылт, жартылай бұталы, тамыры 10-15 метрге жететін, бұршақ тұқымдас шөптесін өсімдік.* Анау көз ұшындағы Қаратөбеге дейін кең көсіліп жатқан алқапты жазда ыраң мен *жантақ* басып кетеді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Отының болсын *жантақтан,* Қатының болсын қалмақтан, Қосының болсын қазақтан, Сегіз қиыр шартарап, Төрт құбылаңды түгел қып, Төріңде жатып салмақтан (Бес ғасыр.). Қураған шөлге бой бермей құдіреттене құлпырып, жапырақ жайып, гүл атып, қызара пісіп тұрған *жантақ* іші теңкиіп-теңкиіп жатқан қара ала қарбыз (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЖАНТАҚТАЙ с ы н. *Жантақ тәрізді, жантақ сияқты.* – Қопа әкімі маған қарап оқ атқалы көздей бергенде, Сақи оны бұрын атып жіберіп еді, *жантақтай* қиылып түсті, бәлем (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЖАНТАҚТЫ с ы н. *Жантақ өсетін, жантағы бар.* Қызылорда облысының «Бірлік» қаракүл қой совхозының шопандары қысқа мерзімде *жантақты* жерлерге жаю арқасында қойларын өте күйлі шығарады (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.). Біздің қыстау ықтасындау жерге салынған. Есік жағы біртіндеп көтеріле барып *жантақты,* жусанды, бетегелі жұмыр дөңге айналып кетеді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАНТАҚЫЛ: жантақыл етті. ж е р г. *Тиін-қашты, тайсақтады. Жантақыл етіп* жүр деп, тайсалақтап жұмысты тиіп-қашып істеген адамды айтады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНТАҚЫЛА= е т. ж е р г. *Тайсалақтау, жұмысты тиіп-қашып істеу. Жантақылап* күн көріп жүр ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНТАЛАС с ы н. *Қауырт, қиын, жандәрмен, арпалысқан.* Жарым өң, жарым түстей *жанталас* шақта Ақлима ойы бір қуанышты жайларына ауысып кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). // *Қауырт, алас-құпас шақ.* Қалың бол, қатпарлы бол, жұқа болма, Жұқалық кісілікті жұтады ол да. Дариялап аман-есен шығады адам, ілінсе *жанталаста* бұта қолға (Т.Молдағалиев, Шақырады.). – Қанай ызалана басын шайқады. – Ол күнгі *жанталас* үстінде менің ешкіммен тілдесуге мұршам болған жоқ (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЖАНТАЛАС= е т. **1.** *Ауру адамның қиналуы, қысылуы, арпалысуы.* Атыраптағы жақын, туыс, жанашыр дос-жараңға «Оспан науқас» деген хабар жетіп үлгергенше, бес-алты күн ішінде *жанталасып* жатып, тез қайтыс болған (М.Әуезов, Ақын аға.). *Жанталасып* есінен адасып, аласұрған Клавдия бауырындағы жас баланың әбден сілесі қатып, суынғанын сезген жоқ (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Бізде ыңырсып бір офицер, *Жанталасады* ағып қаны. Бұл да адам деп оқ қинаған Ашып кетті Ажар жаны (С.Бегалин, Баллада.). **2.** а у ы с. *Белгілі бір мақсатқа жету үшін арпалысу.* Өзіме-өзім кейде тойып кетем, Көз жұмып бір теңізге қойып кетем. Әкеміз жете алмаған бір арманға Жетсем деп *жанталассақ* айып па екен? (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Біріне-бірі жауыққан халықтарды одан сайын жауықтыра түсуге *жанталасқан* қара ниетті кертартпалар, әрдайым Ғанидің дұрыс сөзін теріске бұрып, діни өшпендікті өршіте түсті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ақбота *жанталасып,* ұмтылып барып, алдыңғы тізесімен қайта шөкті (З.Шашкин, Өмір.). **3.** *Жанқшыру.* Қартқожа *жанталасып,* мықшыңдап, тері пұшпағынан ақты, ауылдағылар көріп тұрса да, көрмегенсіп, сиырын суаруға ерініп, кісіге иек сүйеп кеткен ел, келмеді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Қаннен-қаперсіз сайға қарай аяңдап бара жатқан Ботагөз, артынан біреу тап беріп ұстай алғанда, селк ете түсіп, қатты қысқан құшақтан сытылып шығуға *жанталасты* (С.Мұқанов, Ботагөз). **4.** *Қарбаласу, асығысу.* Жатақ ауылдың *жанталасқан* тірлігі ауладан аспай, етек-жеңін жинаған (О.Бөкеев, Үркер). Біз сахна жақта домбырамызды күйлеп, тамағымызды кенеп, кісілерді жинап, жағамызды түзеп, шашымызды тарап, нәрселерімізді құрып, шала бүлініп, *жанталасып* жатырмыз (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жонның қар суымен шығып, желкілдеп тұнып тұрған бидайық, шалғын жеймін деп *жанталасып* күліктен алдымен Ноқаң ауылы көшеді (Ж.Аймауытов, Күнікей.).

ЖАНТАЛАСУ[1] з а т. б и о л. <грек. agonia> *Адам ғұмырының соңғы сәтіндегі қатты қиналуы.* Терминальді үзілістің ұзақтығы 5-10 с-тан 3-4 мин-қа дейін, содан кейін *жанталасу* басталады (ҚҰЭ). Адам қатты қысылғаннан, ауыр жарақаттан кейін есінен танған (шок), тыныс алуы қиындап, организмге оттек жетіспеген жағдайдағы *жанталасу* бірнеше минуттан бірнеше сағатқа созылуы мүмкін (ҚҰЭ). *Жанталасудың* клиникалық белгілері: дем алған сайын басы шалқалақтап, аузы ашылып, дем жетпей адам қырылдап ауыр дем алады (ҚҰЭ).

ЖАНТАЛАСУ[2] *Жанталас етістігінің қимыл атауы; арпалысу.* Жау да *жантала-*

с у д а. Оның қатал құрсауы Москва төңірегін тарылтып, қусыра түсуде (Б.Момышұлы, Москва.). Мына *жанталасуларына* қарағанда, бір сұмдықтың боларын екеуі де сезген секілді (З.Жәкенов, Таң самалы). Әсет те бүркіт жатағына тұрақтай алмай, анда-мұнда жүр. Қамбар болса бауырдағы мал басында қоныс қарап *жанталасулы* (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАНТАНУ з а т. ғ ы л. <грек. psyché – жан, logos – ілім> ***Психология***. ≈ *Ж а н т а н у* пәні.

ЖАНТАҢДА= е т. **1.** *Бір жақ жанына қарай қиқалақтау, жамбастау.* Ол қанаты сынған тауықтай, бір жағына қарай *ж а н т а ң д а п,* бір қолын салақтатып, шыр айналып тұра алмады (Б.Тұрсынбаев, Ауылда). Түйеші байғұс та *ж а н т а ң д а п,* маған таман келе жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Хормейстер әйелдің қасына *ж а н т а ң д а п* Сағира келіп, Айгүлге қарап бірдеңе деді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). **2.** а у ы с. *Жанамалау, жағыну.* Ол әкімге *ж а н т а ң д а п* қалуды білмейтін еді (Ауызекі).

ЖАНТАҢДАУ *Жантаңда етістігінің қимыл атауы; жағыну.* – Сағынайды мен Темірәлінің үйінен көргем. Темағалап *ж а н т а ң д а у ы* жаман еді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЖАНТАС= е т. ж е р г. ***Жақындасу***. Жақсыдан адаспа, жаманға *ж а н т а с п а* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНТАЮ *Жантай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жақ шетіне қисайып демалу, мызғып алу.* Жалғыз оғын жасырып, Қашан да Дәу жүреді. Елдің жауын қашырып, *Ж а н т а ю д ы* тіледі (С.Баймолдин, Монолог.). **2.** *Дамылдау. Ж а н т а ю* қиын саған да, Жатуға шыдар ма екенсің. Би болып жатыр алаңда, Бүлкілдеп соған кетесің (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАН-ТӘН з а т. *Бар жаны, бар ықыласы.* Тайпалған талай жорға, талай тұлпар, Тағдырдың кез болып тұр кермесіне. Солардан *ж а н ы м-т ә н і м* ардақты емес. Орынсыз күйзелейін мен несіне (А.Байтұрсынов, Шығ.). Рахима жүрегі бұрын да Нәргүл дегенде адал. Ал осы кезде, әсіресе, *ж а н-т ә н і* бір құрбым деп айырықша аңсап күтетін (А.Байтанаев, Қансонар). Жаратылдың топырағынан сен түбім, Жалғаны жоқ, бәрі сенде *ж а н-т ә н і м.* Сенен басқа жерде маған қарақғы, Жарық болар, Шолпан, Айым – сен Күнім (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жан-тәнін аямады. *Бар ықыласын салды, бар ынтасымен істеді.* Туған балалар деп шын мәнісінде ата-анасы толық қамқорлық жасаған, бар ойын, мейірімін, өзінің *ж а н-т ә н і н а я м а й* жұмсаған балаларды айтады (Семья тәртібі). Қазіргі жастарымыз Отанына *ж а н-т ә н і н а я м а с т а н* жұмыс істеуге міндетті («Халық мұғ.»).

Жан-тәнін салды. *Бар күшін жұмсады, аянбады.* Тойтықтың Әсимаға жазған хатында: «Жақыпбек директор болуға *ж а н-т ә н і н с а л ы п,* әкеңнің соңына шам алып түсті», – делінген (М.Иманжанов, Көк белес.). Ыбырай өз халқы үшін дамуға бөгет болатын барлық кедергілерді жолдан алып тастауға *ж а н-т ә н і н с а л д ы* («Қаз. әдеб.»).

ЖАН-ТӘНІМЕН ү с т. *Бар ықыласымен, ынтасымен.* Кірпіжан күй тартқанда көзін айырмайды, күйді бүкіл *ж а н-т ә н і м е н* тыңдайтынға ұқсайды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Сондықтан Еділ-Жайықтың арасын сұратып Бөкейге арыз бергізді. Бөкейдің арызын Бабыл патша *ж а н-т ә н і м е н* қабыл алады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Айтқысы келгенін шын жүректен айтып шығу үшін, суреткер айтар нәрсесін *ж а н-т ә н і м е н* сүйетін болуы керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Сағатбай ойына *ж а н-т ә н і м е н* беріліп, осыдан өзіне рақат тауып, қызып ойнаушы еді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖАНТӘСІЛІМ з а т. *Ажал, өлім. Ж а н т ә с і л і м* етер сәтінде адам қатты қиналады. Халықтың дәстүр дүниетанымында о дүниеге ерекше қиналыссыз, жеңіл аттанған адамдарды қасиетті деп санаған (Қазақстан ұлт. энцик.). Мен өттім арманда, Көре алмадым артымды. Ағайын мен туғанды, *Ж а н т ә с і л і м г е* таянды Айта көр, Жәке, иманды (XVIII ғ. қаз. ақын).

Жантәсілім берді. *Көз жұмды, дүние салды.* «Жаным балам, коммунист болсаң бақыттысың!» – деген сөзді айтуға ғана шамасы келді де, іле *ж а н т ә с і л і м і н б е р д і* (З.Шашкин, Доктор.).

Жантәсілім қылды [етті]. *О дүниеге аттанды, бақилық болды.* Жапсарбайдың екіқабат әйелі жай отынан шошынып босанды да, артынан іле-шала өзі *жан тәсілім етті* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). – Ғали, Ғали, қиналды жаным қайдасың? – деп, ақырғы тіршілігінің минуты осы болып, бір ояздай елге әңгіме болған сұлу Жамал мақсатына жете алмай, жапан далада, декабрьдің рақымсыз боранды түнінде *ж а н т ә с і л і м қ ы л д ы* (М.Дулатов, Шығ.). Осы күннің ертеңінде Бөжей қайтыс болды деген хабар да жетті. Өткен түні, ел жатар кезде *ж а н т ә с і л і м қ ы п т ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Рақыш *ж а н т ә с і л і м қ ы л а р д а* еңсесін жоғары көтеріп, дүниенің төрт бұрышына көз тастады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖАНТӘТТІЛІК з а т. *Жан аярлық, қорқақтық.* Бастарыңа бұдан да ауыр күн

тумасына кімнің көзі жетеді. Мұнша қорғалап, *жантәттілік* қылғандарың жақсы ырым емес. Бұл ел болмайтын елдің мінезі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көнбейміз деушінің сүйенгені *жантәттілік* болса, салыстырып қаралық көнген де жұртқа қандай ауырлық бар, көнбегенде қандай ауырлық бар? (М.Дулатов, Шығ.). Осы кезде сол екі болыста қазақтан төре, тілмәш, хатшы, дәрігер болғандардың көбі сондағы оқытқан кедей балалары. Бұлардың шоқынбағанын, солдат болмағанын енді көріп, өздерінің *жантәттілік* қып бекер оқымай қалғандарына өкініп жүр (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАНТОРСЫҚ з а т. **1.** к ө н е. *Үнемі қанжығада жүретін, қымыз құятын жол торсығы.* Қымызды *жанторсыққа* құямыз да, ішіне жылқының ұлпы қазысын салып, жылқышының қанжығасына байлап жібереміз (С.Мұқанов, Өмір мект.). Тақымдарында бір-бір темір күрек, сірі *жанторсықтарын* қанжығаларына тізіп алып, оңай несіптің құнезерлері ойды-қырды ылғи шарлап жүреді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Шипа суда емделгендер апталап жатып алады. Пошқай бәріне *жанторсықтағы* жалғыз биенің қымызын ала жүгіреді (Т.Нұртазин, Адам.). *Жанторсықта* қымызымыз. Бір қоржынбасы етіміз бар-ды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жанынан қалмас серігі.* Қолға алған домбырасын жыршы да бар. Іздеген ойын-күлкі тойшы да бар. Не жандар жұрт жиылса көрінбейді, Жанында *жанторсығы* қойшы да бар (Қаз. ақын шығ.). Осы сен менің қасыма *жанторсық* боп қайдан пайда болдың? (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

ЖАНТТА= е т. ж е р г. *Жақындау, жуық келу.* Қоңырорпа бетке шыға келсем, бір қасқыр күшіктерін ертіп, жалап ішетін суға *жанттап* келеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНТҮРШІГЕР с ы н. *Шошитындай, қорқынышты.* Осы бір *жантүршігер* суық хабар жетер алдында, Бүркіт таңертеңгі шайын ішіп болды (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖАНТҮРШІГЕРЛІК с ы н. *Адам шошырлық, қорқынышты.* Қорқынышты қорқау қасқырдай қауіпсіз жерде ғана батырланатын Әбілқайыр түгіл, тас жүрек мызғымас ер болсаң да, мына сәттен *жантүршігерлік* (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖАНТЫҚ з а т. **1.** ж е р г. ***Жандық*** *(ұсақ мал, қой-ешкі).* Тірі қалған екі-үш жанның тіршілігі қиындай бастады. Көжесі де, қатығы да жалғыз *жантық* – мүйіз сары ешкінің сүті (Б.Серкебаев, Өткенде). **2.** а у ы с. *Астыртын арамдық істейтін, жансыз, жымысқы, пасық.* Нанбаңдар бейпіл тантыққа, Адамнан адам артық па?! Нанбаңдар жауыз *жантықа:* Халықтан халық артық па (М.Әлімбаев, Өшпес от). Өзінің көлеңкесін құбыжық деп, Көк *жантық* қоян болды үрке-үрке. Сиырдайын шиырлап шыр айнала, Бірін-бірі мүйіздеп түрте-түрте (Бес ғасыр.). Қазағың *жантықтардан* құтылған ба, Түкіріп алақанға жұтынғанда. Домалап момын жатыр... Түлкі жантық Толтырып шыға келер ұртын қанға (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

Жантығы ішіне түсті. ж е р г. *Ыстығы ішіне түсті.* Е, байғұс, *жантығы ішіне түсіп* кеткен екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНТЫҚША ү с т. *Жантық тәрізді; опасыз, екіжүзді.* Басекең көзіне шошай шыққандай қылар, әлі, – деді екіншісі үлкеніне *жантықша* жампаңдап (Ә.Көпбаев, Мақтаныш).

ЖАНТЫНЫШТЫҚ з а т. *Жеке басының тыныштығын ойлаушылық.* – Е, *жантынышты* ығын іздеймін демейсің бе одан да. Қызық-қызық деп босқа даурығасың, – деді Корнейчук (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

Жантыныштығын алды. *Мазасын алды, жайлы өмірін бұзды.* Өлген Сұңқар мынау түбі жоқ, қиыры жоқ көк шөлде не көрді екен? Сол Сұңқар сықылдылар өлсе де, өздерінің көкті көксеулерімен неге *жантынышты-ғын алды?* (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАНУ[1] з а т. т х и м. *Энергияның қарқынды бөлініп, қоршаған ортамен жылу және масса алмасуы арқылы жүретін физикалық-химиялық реакция.* Химиялық тәжірибе жасағанда өте сақ болу керек, өйткені *жану* процесі өте күшті болғандықтан, ыдыстың жарылып кетуі мүмкін (Ж.Жатқанбаев, Су.). *Жану* реакциясы жүру үшін жүйеде активті аралық заттардың немесе жылудың жинақталуы шарт (ҚҰЭ). Буланатын сұйық жанғыш заттармен ауамен жанасуы кезінде пайда болатын гетерогенді *жану* кең тараған (ҚҰЭ). Конденсацияланған фазадан газсыз *жануда* бастапқы және аралық заттар, реакция өнімдері болады (ҚҰЭ).

Жану температурасы. *Көмірдің, сульфидті рудалардың және басқа жанар материалдардың тотығу жылдамдығы жанатындай болып жеделдейтін температура.* Барлық ішкі және сыртқы жағдайлардың тұрақтылығын жасанды түрде сақтаған ретте *жану температурасы* әртүрлі материалдардың салыстырмалы жанғыштығын сипаттау үшін пайдаланылуы мүмкін; ол арнаулы лабораториялық аспаптармен анықталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАНУ[2] *Жан етістігінің қимыл атауы; оттың тұтануы.* Қайта бұрылып: «Қой,

жеңгейдің қолынан шай ішіп шығайық» десіп, бұрыштағы балалардан төменірек кеп жайғасты. Жаңа салынған пештің *ж а н у ы н* күтісті (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАНУ[3] *Жаны етістігінің қимыл атауы; пышақ, қайшы сияқты жүзі бар құралдарды қайрау.* Машинканың жүн қырқатын пышағы мен тарағын қайрау үйдегі пышақты *ж а н у д а н* әлдеқайда күрделі, әрі мұқияттықты қажет етеді (Ш.Әбдіраманов, Шопан серігі). Қырықтықшылар еркектер болатын да, балалар мен әйелдер жүн жинап, шалдар қырықтық *ж а н у* жұмысын атқаратын (Х.Арғынбаев, Қаз. этног.).

ЖАНУАР з а т. з о о л. <лат. animalia> **1.** *Тірі ағзалар дүниесіндегі негізгі екі топтың бірі (екіншісі – өсімдіктер); жүруге және сезінуге бейім тіршілік иесі. Ж а н у а р л а р* жер бетінде прокариоттар, балдырлар, саңырауқұлақтардан кейін пайда болған (ҚҰЭ). Ойлау болмаса, адам басқа *ж а н у а р* сықылды заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді (М.Жұмабаев, Шығ.). Керуен басы Махмуд мінген қара нар мазасыз. Ғұмырында керуен бастап үйренген *ж а н у а р* жер жайын, жол жайын кісіден кем білмейді (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). **2.** э т н. *Жылқы малына сүйсінгенде, таңғалғанда айтылатын қаратпа атауыш.* Сен барда менің көңілім жай, Жауға алдырмас берігім. Көзің сұлу, *ж а н у а р,* Жаудыраған елігім (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). «Басқа малдай емес, *ж а н у а р,* жылқы ауылды адамдай сезеді-ау! Әне, қарашы, қамшы салғызбай желіп кеткенін», – деп, жігіт ат мінезіне сүйсініп қояды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Жануар белогы. б и о л. <грек. anatome> *Жануарлардан алынатын өте сапалы белок. Жануар белоктарын* үнемі шамадан асырып тұтыну әдетте нуклеин қышқылдарының көбеюіне ұштасып, организмде пуриндер алмасуы өнімінің – несеп қышқылының жинақталуына себеп болады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жануарлар анатомиясы. *Жануарлар ағзасының құрылысын зерттейтін ғылым.* Қазақстанда *ж а н у а р л а р а н а т о м и я с ы* саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Алматы зоотех-малдәрігерлік институты (қазіргі Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті) мен Алматы Мединститутының анатомия кафедрасында басталды (ҚҰЭ). Қазақстанда *ж а н у а р л а р д ы ң* салыстырмалы *а н а т о м и я с ы н ы ң* дамуына ҚҒА-ның корреспондент мүшесі В.А.Догель мен академик В.Н.Беклемишев және олардың шәкірттері зор үлес қосты (ҚҰЭ).

Жануарлар биохимиясы. б и о л. <грек. bios – тіршілік, өмір, лат. chimia – химия> *Жануарлар ағзасының химиялық құрамы және химиялық құбылыстар мен энергиялық процестер туралы ғылым.* Қазақстанда *ж а н у а р л а р б и о х и м и я с ы* 1940 жылдан бастап дами бастады. Жануарлар денесіндегі түрлі ферменттер онтонез сатыларымен байланыстыра зерттейді (ҚҰЭ).

Жануарлар генетикасы. б и о л. <грек. genesis> *Жануарлардың тұқымқуалаушылық және өзгергіштік қасиеттерін зерттейтін ғылым.* Салалық белгілердің *ж а н у а р л а р г е н е т и к а с ы* ашқан тұқым қуалаушылық заңдылықтары оларды сұрыптау тәжірибесінде малдың ата-тегін анықтау, өнімділігі мен шағылыстырғандығын нәсілдік қасиеттерінің үйлесімділігі алдын ала болжау үшін кеңінен қолданылады (ҚҰЭ). *Ж а н у а р л а р г е н е т и к а с ы н д а* бір мал тұқымында, тіпті, бір шаруашылықта өсіретін бір түліктің табынында болатын генетикалық өзгерістер популяциялық генетиканың заңдылықтарына бағынатындығын дәлелдейді (ҚҰЭ).

Жануарлар географиясы. *Жер шарындағы жануарлардың тіршілік жағдайларын, тур құрамын, дамуын зерттейтін биогеография ғылымының бір саласы. Ж а н у а р л а р г е о г р а ф и я с ы н ы ң* ерте кезде тіршілік еткен жануарлардың таралуын зерттейтін бөлімін палеозоогеография деп атайды (ҚСЭ).

Жануарлар гистологиясы. б и о л. <грек. histos> *Жануарлар жасушаларының, оның өте ұсақ құрылымдық құрылысын, тіндерінің шығу тегі мен дамуын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.* Қазақстанда *ж а н у а р л а р г и с т о л о г и я с ы н ы ң* дамуы Алматы малдәрігерлік институтында гистология кафедрасының ашылуымен тығыз байланысты (ҚҰЭ).

Жануарлардың бағдарлануы. б и о л. *Жануарлардың кеңістіктегі тіршілік ету қабілеттілігі, белгілі бір экологиялық жағдайға морфофизиологиялық бейімділігі. Ж а н у а р л а р д ы ң б а ғ д а р л а н у* ерекшелігін, оны атқаратын органдардың құрылысын зерттеп танудың ғылым үшін маңызы зор (ҚҰЭ).

Жануарлардың дауысы. б и о л. *Бір түрге не әр түрге жататын жануарлардың өзара бірін-бірі ажырату және түрлі сезімін білдіру үшін шығаратын дыбыстары. Ж а н у а р л а р д ы ң д а у ы с ы н д а* тек дыбыс аппараты арқылы пайда болатын дыбыс қана емес, балықтың торсылдағымен, жүзу қанатымен, құстың құйрық қауырсынымен, қанатымен,

тұмсығымен, аяғындағы не қанатындағы арнайы аппаратымен шығаратын дыбыстары да болады (ҚҰЭ). Кейбір *жануарлардың дауысын* ғалымдар шаруашылыққа зиян келтіретін құстарға, жәндіктерге т.б. кейбір хайуандарға қарсы пайдаланады (ҚҰЭ).

Жануарлардың жүйеленімі. б и о л. <грек. systematikos> *Жануарлар әлемінің әртүрлігіне байланысты, олардың ұқсастық белгісіне не арасындағы айырмасына қарай, жануарларды сипаттау, топтастыру, жүйелеу. Жануарлар жүйеленімінде*гі ең кіші таксон – түр (ҚҰЭ). *Жануарлар жүйеленімі* саласындағы іргелі зерттеулер 1932 ж. КСРО ҒА-ң қазақстандық базасының құрамындағы Зоология институты ашылғаннан кейін кеңінен өрістеді (ҚҰЭ).

Жануарлардың қоныс аударуы. б и о л. <лат. migratio> *Тіршілік еткен ортасының өзгеруіне немесе көбею кезеңіне байланысты жануарлардың мекен ауыстыруы. Жануарлардың қоныс аударуы* сүтқоректілер, құстар, балықтар және жәндіктер арасында жиі кездеседі (ҚҰЭ). *Жануарлардың қоныс аудару* жолын, көбінесе, жануарларды таңбалау арқылы білуге болады (ҚҰЭ).

Жануарлардың қорғаныш бейімділігі. б и о л. *Жеке ағзаның тіршілік үшін күресте сақталуына, ұрпақ қалдыруына көмектесетін морфологиялық, физиологиялық және этологиялық ерекшеліктері. Жануарлардың* морфологиялық *қорғаныш бейімділігі* – бүркеніш реңнің барлық түрі, жануарлардың пішіні, жауыннан қорғану органдары, т.б. (ҚҰЭ).

Жануарлардың ұйқысы. б и о л. *Жылықанды жануарлардың қолайсыз жыл мерзіміне бейімделуі. Жануарлар ұйқысының* бірнеше түрі бар: 1) тәуліктік, 2) маусымдық т.б. (ҚҰЭ).

Жануарларды сұрыптау. з о о т е х. <лат. selectio> *Малдың жаңа тұқымдарын шығару және оларды жақсарту туралы ғылым. Жануарларды сұрыптау* саласындағы жұмыстарға асыл тұқымды мал мемлекеттік тұқым жақсарту станциялары т.б. мекемелер қатысады (ҚҰЭ).

Жануар майы. б и о л. *Ағзаға қуат беруші рөлін атқаратын және пластикалық материал болатын күшті май. Жануар майлары* кесек заттар, олардың құрамына балқу температурасы жоғары қаныққан май қышқылдары көп кіреді (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Жануар май* көзі – шошқа майы (90-92%), сары май (72-82%), семіз шошқа еті (49%), шұжық (20-40%), қаймақ (30%), ірімшіктер (15-30%). *Жануар май* стериндері ішінде холестериннің маңызы ерекше зор (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жануарлар мифологиясы. б и о л. <грек. morphe> *Денесінің пішіні мен құрылысы, олардың ерекше және тарихи эволюциялық дамуы туралы ғылым.* Елде *жануарлар мифологиясы* ғылымының дамуына Домбровский, Мұхамедғалиев, Мәсенов, Тойшыбеков, т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты (ҚҰЭ).

Жануарлар туралы ертегілер. ә д е б. *Ертегінің көне замандағы мифтер мен әртүрлі тұрмыстық, аңшылық әңгімелердің негізінде пайда болып, кейін адамдар мінезін жануарлар бейнесі арқылы тұспалдап көрсететін түрі. Жануарлар туралы ертегілердің* ертегілік прозаның басқа жанрларынан ерекшелігі – адам мінезін жануарлар бейнесі арқылы тұспалдап, аллегориялық тәсілмен пернелеп жеткізеді (ҚҰЭ). *Жануарлар туралы ертегілер,* негізінен, үш топқа бөлінеді: этиологиялық, классикалық және мысал ертегілер (ҚҰЭ). Этиологиялық *жануарлар туралы ертегілер* – өзінің шығу мерзімі жағынан ертегілердің ең көнесі (ҚҰЭ).

Жануарлар физиологиясы. б и о л. <грек. physis> *Жануарлар ағзасының, оның жеке жасушалары, тіндері мен органдарының, қызмет жүйелерінің тіршілігі туралы ғылым. Жануарлар физиологиясы* ғылым ретінде тек 19-ғасырдың ортасы мен 20-ғасырдың басында қалыптасты (ҚҰЭ). *Жануарлар физиологиясы* негізінде малдың қоректік заттар мен энергияға деген мұқтаждығы анықталып, нормативтер белгіленеді, төл өсіру мен малды күтіп-бағудың ғылыми негіздері ұсынылады (ҚҰЭ).

Жануарлар экологиясы. *Экожүйесіндегі популяцияның тіршілік ету заңдылықтарын анықтап, жануарлардың қоршаған ортаға бейімделуін зерттейтін экологияның бір саласы. Жануарлар экологиясы* – қазіргі заманның өзекті проблемаларының бірі (ҚҰЭ). *Жануарлар экологиясы* саласындағы зерттеумен Қазақстан Білім және ғылым министрлігінің Зоология ғылыми-зерттеу институты, ҚазҰУ-дың, Қарағанды, Алматы мемлекеттік университеттерінің, Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің арнайы кафедралары шұғылданады (ҚҰЭ).

Жануарлар эмбриологиясы. <грек. embryon> *Жануарлардың ұлттық немесе эмбриондық дамуын, кең мағынада алғанда жеке ағзаның дамуын толықтай зерттейтін ғылым. Жануарлар эмбриологиясы* саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақстанда 1950 ж. Қазақстан ҒА-ның эксперименттік биология

институтында академик Мұхамедғалиевтің басшылығымен басталды (ҚҰЭ). Осы кездегі *жануарлар эмбриологиясында* салыстырмалы-сипаттамалы және эксперименттік бағыттан басқа, экологиялық бағыт дамып келеді (ҚҰЭ).

Теңіз жануары. б и о л. *Теңізде тіршілік ететін, теңіз түбіндегі шөптермен қоректенетін жануарлар.* Ал ғылым нәрін игерген Апулей табиғатты жанындай сүйді, аз өмірін *теңіз жануарларының* тіршілігін зерттеуге сарп етті (Қ.Қайымов, Суасты.).

Үй жануары. *Қолға үйретілген, адамға үйренген хайуанат.* Африканың көптеген халықтары сияқты, табиғатпен, жермен және аспанмен, орыс сахарасы – даламен, *үй жануарларымен* әбден біте қайнасқан жандар (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЖАНУАРДАЙ с ы н. *Жануар тәрізді, жануарға ұқсас.* Алыстан қараған жанға Аманқұл ат үстінде таңулы жатқан бір *жануардай* көрінді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Тоқымдығы кеппей жүрген қуаңқы *жануардай* жерге тыраңдап аунап, сілкініп, артқы аяғын тебініп (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАНУЛЫ с ы н. *Өшпеген, сөнбеген.* Бірінен-бірі озып, жүлде алсам деген ниет әркімнің-ақ кеудесінде сөнбес шырақ боп *жанулы* (А.Байтанаев, Жаңбыр.). Кім ұқты махаббатты Ақбөпедей, Жүрегі *жанулы* тұр әлі сөнбей. Аспанда ай, жұлдыз шашу шашар еді, Егер де тірі жүрсе арманда өлмей (И.Байзақов, Құралай.).

ЖАНУЫШ з а т. **1.** *Пышақтың жүзін жанитын зат, қайрақ.* Қараменді төңірегінде пірәдар жүр. Оның қолында да ұзын *жануыш* (Ж.Молдағалиев, Самал). *Жануыш* – қайрақ, шарық, тас орақ (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** а у ы с. *Жігер беруші, демеуіш.* Жасыған жан, жарамсақ жан, жалыншақ жан – өшкен от, *жануыш* керек, тамызық керек, от ұшқыны керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАНУЫШТАЙ с ы н. *Жануыш тәрізді, жігер бергендей, демеседей.* Адам өз басына түскеннің бәріне көнуге де тиіс, оны көтеруге де міндетті. Өйтпесе оның несі адам?! Осы сөзіңіз өмір бойы жанды жанитын *жанушытай* боп, көкірегімде қалды (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЖАНҰЯ з а т. с ө й л. ***Отбасы.*** Маскүнемнің ең әуелі *жанұясы* зардап шегеді («Білім және еңбек»). Арақ ішуден *жанұядағы* ұрыс, жанжал, ең аяғы кісі өлтіруге шейін ұласады («Жас Алаш»). Кетті ақын ғасырларға жария боп, Жыр-өзен ақты шалқар дария боп. Әнші, ақын болмаса да заты қазақ, Абайдың әнін салмас *жанұя* жоқ (К.Салықов, Жезкиік). Екінші жағынан, бұл – адам арын таптау, азаматты, *жанұя,* басын, бала-шағаның әкесін қорлау («Жаңа атаулар»).

ЖАНҰЯЛЫ с ы н. с ө й л. ***Отбасылы.*** Сержан – жоғары білімді маман, *жанұялы,* әйелі, екі ұлы мен бір қызы бар («Егемен Қазақстан»).

ЖАНША ү с т. *Кісіше, кісі сияқты.* Жасыл шыққа боялған көк бұйра бүрлі қарағайлар, бар сырын ішіне жинаған *жанша* үнсіз ғана жалбыраған бүрлерін төгілтеді (С.Бегалин, Уақыт.). Жол үстінде жалғыз келе жатып тірлігі таусылған *жанша* бар нәрсенің бәрінен торыға, таусыла ойлағаны бекер еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Әңгімелесті. Әуелде сөздері байланыспай екеуі де сыпайылық сақтап кібіртіктеп отырды да, артынша көптен таныс, бірінің сырын бірі жалғыз сөзден ұғатын *жандарша* жақсы сырласып кетті (С.Мұратбеков, Дос іздеп.). Орақов та тіл қатпады. Ол әлденені есіне түсіре алмай тұрған *жанша* төмен қарап желкесін қаси берді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАНШУ[1] з а т. **1.** *Мыжғылау, езу жұмысы.* Еріген шыныны *жаншу,* созу, үрлеу, құю жолдарымен қажетті бұйымдарға айналдырады (Н.Нұрахметов, Синтетика.). **2.** а у ы с. *Зорлық, қыспақ.* Бұрын көрмеген үлкен қала, үйір болмаған қауым, көпке дейін даралық өмірдің *жаншуында* болдым (С.Бегалин, Уақыт.). Жеу, қанау, *жаншу,* зорлық, қиянат деген нәрселерден бізде көз тұнжырайды (Ж.Аймауытов, Ақбілек). **3.** к е н. *Кен ісінде кесектерді жаншу арқылы ұсақтау.* Кенді ұсатқанда ұсату аппараттарында қолданылатын әдістердің бірі *жаншу* деп аталады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Жаншу* әдісі біліктілігі және конусты ұсатқыштарда қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАНШУ[2] *Жаншы етістігінің қимыл атауы.*

ЖАНШЫ= е т. **1.** *Мыжғылап езу, таптау.* Айғанша апам жыланға тарпа бас салып, тақасымен басын *жаншып* тастады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жерігі қатты болғанда, қолынан сусып түсіп аяғын *жаншыған* кетпенді де елемейді (С.Нарымбетов, Тентек). Үйқы қысқасын айдалмай жатқан жерге құлай кетіп, тас үйқыда жатқанында трактор денесін *жаншып* кеткен (Ұ.Доспанбетов Сырғалы). **2.** а у ы с. *Еңсесін көтертпеу, басу.* Еңбек деген – еңбектеген мылқау дию, *Жаншып* жанның сұлу сынын жоятын (М.Жұмабаев, Шығ.). Бұрын дағдыланбаған тып-тыныш мелшиген көңілсіздік Гүлбаршынның еңсесін күнде *жаншыды* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Айықпас ой мен уайым әбден *ж а н ш ы п,* езіп, бұл күн санап сылынып, жүдеп бара жатты (З.Қабдолов, Жалын). Әнсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма, Өзегіңді өртеп дерт, *ж а н ш ы м а й* ма. Махаббатқа арнап бір ән шығарсын, Шәміл-ау! Шәмші қайда? Шәмші қайда? (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Билігін жүргізіп зорлық көрсету, күштеу.* Францияның XVI Людовик деген патшасын халық тағынан түсіргеннен кейін Наполеон шығып, күллі Европаны *ж а н ш ы п,* өзіне бағындырды (С.Сейфуллин, Шығ.). Көңіліңді демденіп, Хан ордасын басыпсың. Атаңды сенің өлтірген, Бұғы елін шауып, *ж а н ш ы п с ы ң* (Бес ғасыр.).

ЖАНШЫЛ= е т. **1.** *Басылу, тапталу.* Қаздар тағы көтеріліп ұша жөнелгенде, ана *ж а н ш ы л ғ а н* қаз басқасындай емес, қипалақтап жөнді ұша алмады (Ш.Айманов, Қыран.). **2.** а у ы с. *Жеңілу, езгіде қалу.* Алаудан туған Алшын-ды, Арға салған аршынды. Хат жүзінде кеңесім Жауһазындай аршылды. Алшын, алшын болғанда Ерегіскен дүшпаны Қамырдай илеп *ж а н ш ы л д ы* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **3.** а у ы с. *Жүрегі жаралану, мойылу, еңсесі түсу.* Жиырма жыл төсек тартып жатқанда, *ж а н ш ы л ы п* қалмаған жігіт жанының қуатын жүрегімен сезетіндей ол (З.Шүкіров, Ізгілік). Әлгінде ғана сарнап сөйлесіп жатқан бейшара сұлық қалыпты. Жүрегі жаманшылықты сезіп *ж а н ш ы л а* соқты (Д.Досжанов, Жібек.). Өзіңе Жаусың ба? Езілме, *Ж а н ш ы л м а!* Мойыған Жарамас. Ойынға Аралас! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жатады жайнап, түлеп Жамбылым да, *Ж а н ш ы л м а й д ы* ешкімнің хандығында. Енді қазақ қайғырмас «Елім-ай» деп, Әлдеқашан жерлеген зарды құмға. Есін жиды мұңлығым, зарлығым да (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Ақын бұл жерде сүйіспеншілік сезімін бейнелеп отыр.* Тал жібектей оралып, Гүл шыбықтай бұралып, Салмағыңнан *ж а н ш ы л ы п,* қалсын құмар бір қанып (Абай, Тол. жин.).

ЖАНШЫЛУ *Жаншыл етістігінің қимыл атауы; қиындықта, езгіде болу.* В.И.Ленин сөзімен айтқанда: «Бізден бұрын ешқандай да алтын заман болған жоқ, ал алғашқы қоғамдағы адамдар күн көрудің, табиғатпен күресудің қиыншылығынан мейлінше *ж а н ш ы л у д а* болған», – делінген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАНШЫЛЫП-МЫЖЫЛ= е т. *Мыжмыжы шығу, әбден езілу.* Аралық қабат клеткалары ұсақ, бұлардың қабықшалары жұқа келеді де, әрі-беріден соң, бірте-бірте *ж а н ш ы л ы п-м ы ж ы л ы п,* клеткалары езіліп кетеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАНШЫҢҚЫРА= е т. *Қысым көрсетіңкіреу; езгілеу.* Бақтығұл болыстың қабағы келіспей, қырын жүрген ауылдарға сөз өткізіп жасқандырып, орайы келсе, тырнағын батырып, *ж а н ш ы ң қ ы р а п* кетуге де епті (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАНШЫҢҚЫРАУ *Жаншыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сөзбен, қысыммен *ж а н ш ы ң қ ы р а у.*

ЖАНШЫП-БАС= е т. *Илеп езу, жаныштап мыжғылау.* Аттанды ерлерменен қол ұстасып, Фашисті көрге тықты *ж а н ш ы п-б а с ы п.* Батыр боп аты шыққан жер жүзіне Қыздарға мақтанамын көңіл тасып (М.Жансаева, Ана жүрегі.).

ЖАНШЫП-ЖАНШЫП ү с т. *Езіп-езіп, мыжғылап-мыжғылап.* Ақ қасқа топ иттің ішіндегі ең үлкен төбетті барып құлақ шекеден алып, топ еткізіп соғып, *ж а н ш ы п-ж а н ш ы п* жібереді (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАНШЫП-ЖАНЫШТА= е т. *Тастталқанын шығару, быт-шытын шығарып жеңу.* Ашынған топқа азап боп, Асқынған топқа ажал боп. Шауып, *ж а н ш ы п-ж а н ы ш т а п,* Жауды кім бүгін арытқан (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАНЫ[1] з а т. ***Жанқалта***. Құнанбайдың ақшасы Ызғұттының *ж а н ы н д а* болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Елге қайтқанда, Мардан *ж а н ы н д а* жиырма бес сом ақша болды (І.Жансүгіров, Шығ.). – Бәрекелді, бәрекелді, мәрттігіңе болайын? – деп, шу ете түсіп, ақшасы жоғы *ж а н ы н д а ғ ы* бәкі, орамалына дейін берген (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖАНЫ[2] ү с т. *Қасы, маңы.* Желсіз түнде жарық ай, Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың *ж а н ы* терең сай, Тасыған өзен күрілдеп (Абай, Тол. жин.). Кесек тұлғалы қара торы жігіт рассчет адамдарын өз *ж а н ы н а* шақырды (Ә.Сәрсенбаев, Майдан). Азғана киімін жиыстырып алды да, қазан *ж а н ы н д а* бір түрлі қимастықпен көздері жаудырап тұрған балаларға бұрылды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Нұрыңа күллі ғалам шомылғандай, *Ж а н ы ң а* жан жанаспай қорынғандай. Жұлдызды жылы кеште айырлысып, Айтып кет, жүріп кеткен жолың қандай? (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а н ы м а* жүгіріп ентігіп келіп: – Әжем бүгін науқастанып қалып, бұзау кетіп қалған екен, соны зорға тауып әкелдім, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАНЫ= е т. **1.** *Пышақ, орақ, шалғы сияқты жүзі бар құралдардың жүзін өткірлеу, қайрау.* Бидайық есіме түскенде, әне бір түп қамыстың арғы жағында пішен шауып жатқан ағаларымның шақұр-шұқыр шалғы *ж а н ы ғ а н ы* құлағыма келгендей болады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жас ет қазанда былқып пісіп жатыр. Тоқтығұл ет турауға пышағын *ж а н ы п* дайын отыр

(Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Пышақ, бәкі, шаппа сияқты құралдардың жүзін екі жағынан былғарыға ысып, қайрау, тазарту.* Бақтығұл пышақты етігінің қонышына бір-екі *ж а н ы п* жіберіп, от басында түрған шәугімді еңкейтіп сулап шайып алды (М.Әуезов, Қараш.). **3.** а у ы с. *Біреуді біреуге айдап салу, жел беріп қайрау.* Әйелдер бөлмесіндегі кемпірлер арасында күңкіл көбейіп, төрде отырған Биқасапты *ж а н и* түскендей болды (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Өзіңді жақсылап-ақ қайрадымау, Нұрбек, енді Елдосты бір-екі рет *ж а н ы п* жіберу керек. Жаңағы жылы сөздер де есеппен айтылып жатыр (С.Досанов, Қыран.). Әдейі қытығына тиіп, батыра *ж а н ы д ы м.* Мұндайда ол қызып тұрып, сырын ақтарып салатын (Қ.Толыбаев, Қайдасың). **4.** а у ы с. *Дем беру, жігерлендіру.* Аяздан ащы қариды Азаның удай күйігі. Жігерді бірақ *ж а н и д ы* Жымдасқан халық иығы (М.Әлімбаев, Бал дәурен). Қарсы аламын. Баянсызын танимын, Сезімімді жігеріме *ж а н и м ы н.* Содан кейін ақылыма жоқ тыным, Сол қайғының тапқанынша авторын (М.Шаханов, Ғасырлар.). **5.** а у ы с. *Өшпенділігін арттыру, қастаса түсу.* Қалған көңіл, қайтейін, налымақшы, Қайда барып, жарқыным, жарымақсың?! Сүт іздеген түртіншек ақ лақсық, Сөйтіп жүріп, кімдерді *ж а н ы м а қ с ы ң?* (М.Мақатаев, Шығ.). Мұнда өлген арлы жандар, Өр қайратын кекке *ж а н ы п* Жауға атылған армяндар Айыр ұстап, кетпен алып (С.Мәуленов, Таңд. өлең.д.). **6.** п о э т. *Шағылыстыру, жарқылдату.* Күн көкте емес, аяқ астында жатқанда сансыз сәуле шағылысқан толқын кейде жарқ-жарқ қанатын нұрға *ж а н и д ы* (К.Оразалин, Абай.).

Жағына оқтау [пышақ] жанығандай [жағына пышақ жанитын]. *Жүдеп-жадаған, арып-азған.* Шал танымастай болып өзгеріп кеткен. Көзі қып-қызыл, *ж а ғ ы н а о қ т а у ж а н ы ғ а н д а й* (Д.Досжанов, Тұлпар.). Не бола қапты дегендей Жаңылға онша ұнатпай қарадым, өңі тайған, бетінде теріден басқа түк ет қалмапты, *ж а ғ ы п ы ш а қ ж а н ы ғ а н д а й* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Тани кетті Ақбілек: ... шынжау етті, шың бетті, *ж а ғ ы н а п ы ш а қ ж а н и т ы н,* бір көргеннен танитын Іскендір екен кәдімгі (Ж.Аймауытов, Ақбілек). От басына таяурақ ұзынша шоқша сақалын сипап қойып, *ж а ғ ы н а п ы ш а қ ж а н ы ғ ы н д а й* болып Мүсірәлінің өзі отыр (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жағын жаныды. *Тілі мен жағына сүйене шешенсіді.* – Сен тақылдамашы, *ж а ғ ы н ж а н ы ғ а н* біреу болмасаң нетті (Т.Иманбеков, Үш ай.). Абайдың ұлы атасы Торғай: – Сөзді Алтынторылардан үйрену керек деген екен! – Е, ет пісіп жатқан соң *ж а ғ ы н ж а н ы п* отырған біреу де! – дейді екінші біреуі (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Тілін жаныды. *Шешенсіп сайрады, ділмарсыды.* Мен киргиз емеспін, қазақпын, Айта алмайтын сөзіңе *т і л і ң д і ж а н ы м а,* босқа жауыр болады, – де (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ол тұрды сонда менен сәлем алып, Сөйлейді сөзін баптап, *т і л і н ж а н ы п* (Қ.Тастайбеков, Өлең.д.). Көрмедім шын еркекті жол танығаң, Жаһил көп *т і л і н* тіске құр *ж а н ы ғ а н.* Қандай нәрсе екенінен хабары жоқ, Не пысық сауал қылсаң иманыңнан (Ә.Тәңірбергенов, Ұмытпа.).

ЖАНЫҒУ *Жанық етістігінің қимыл атауы; жанталасу, асығу.* Рясников: – Мен егес деп ақылдың *ж а н ы ғ у ы н* айтам. Адам ақылды болып тумайды, ақылды оған өмір үйретеді (Р.Тоқтаров, Терістік.). Жанарында тілсіз майдан, *ж а н ы ғ у,* Жанып сөну, сөніп жану, жалыну. Жанарында қуаныш пен жабығу, *Ж а н ы ғ у* мен түсінісу, жан ұғу (Е.Ибраһим, Көкше).

ЖАНЫҒЫШ з а т. с ө й л. ***Қайрақ.*** Сол ауылдың келіні жүгіріп келіп: – Сарқыраманың ар жағында, Сылдыраманың бер жағында маңыраманы ұлыма жеп жатыр, тезірек *ж а н ы ғ ы ш* пен кескішті жеткізіңдер! – депті (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

ЖАНЫ-ДІНІ з а т. *Ынта-ықыласы, бар ниеті.* Ғылым ақыл, сенің қырың, көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа *ж а н ы-д і н і* құмар болды (Абай, Тол. жин.).

ЖАНЫҚ з а т. ж е р г. *Ыстық-суықтан болатын мал ауруы. Ж а н ы қ* болған малдың жүні түсіп қотыр болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Ж а н ы қ* түйе мен жылқыда ғана болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Жұмыс аттарының бірі жауыр болса, өзгелері қотыр, *ж а н ы қ* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНЫҚ= е т. **1.** *Өз-өзінен қапылу, асығып-үсігу.* Ғауһарды *ж а н ы қ қ а н* жеңгелері жирендіре түсетін сияқты. Осы жолы жұрт тойды қалай думанға айналдырса да, Ғауһардың көңілі селт етпеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қой, бекерге *ж а н ы қ п а* деп, Достық байлық болып па деп, Қазір маған күлерсіңдер табалап? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Әйел байғұсты жалғыз тастап кеткені. Әлде екі өкпесін қолына алып бет-бетіне бытырай қашқан тоқтыларды қуып *ж а н ы ғ ы п* жүр ме екен? (Т.Ахтанов, Дала сыры). Өзгелердің көкжелкесінде жүргенімен жайшылықта маған ол тиісе қоймайтын. Ал бүгінгі *ж а н ы қ қ а н ы н а* қарағанда үйдегі әлекті біледі (Т.Иманбеков, Үш ай.).

2. *Жанталасу, арпалысу.* Мыңың да! *Жанығайсың* қаламын деп жұмыстан. Барам десең қонаққа бар гүл ұстап. Бәрі ғажап: Айналаңның, бәрі құт. Хабар да жоқ күтетұғын зарығып (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жауын да жоқ, Жел де жоқ, Қырқыншы күн: Көк түтінге қаламыз тұр тұншығып. Асығасың жұмысқа, Аэропортқа, Күйіп-піскен, *Жанығып* бір тіршілік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАНЫҚТЫР= е т. *Қапылдыру, асықтыру, жанталастыру.* Көкірекке айтып, шара қолданғаннан бөлек айла қалған жоқ. Шалдар мұны сезіп қалып, Аякеңді бұрынғысынан бетер *жанықтырып* кетті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ол ойланып тұрғанша тез барып таныс жігіттерге айтып, алып келсейші, – деп *жанықтырғанына* да асықпады (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Оған тек өзінің көксегені керек. Онысын мынау *жанықтырып* үсті-үстіне тепкілеген тақымы мен жыландай шағып-шағып алатын жексұрын қамшысынан аңғарып келеді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАНЫҚТЫРУ *Жанықтыр егістігінің қимыл атауы.*

ЖАНЫЛ= е т. *Қайралу, өткірлену.* Мақтамағын жігітіңді, ей сері, Мен оларға жеті қырдан танылған. Менің көзім Махамбеттің семсері Шапқан аттың тұяғына *жанылған* (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Ебейдей төсі салынған, Егеудей тісі *жанылған* (Бес ғасыр.).

ЖАНЫМ з а т. **1.** *Айналайын, жарығым деген мағынадағы жақын тартқанда, іш тартқанда, еміреніп, бауырмалдығын білдіргенде қолданылатын қаратпа атауыш.* Қанғандай болды құлақ көпке, *жаным,* Қайталық, ғапу етсең сөкпе, *жаным.* Жақсы айттық, жаман айттық, бәрі жел сөз, Етпейсің оған бола өкпе, жаным (Айтыс). **2.** *Сүйіктім, қымбаттым деген мағынада қолданылатын қаратпа атауыш.* Мадияр жасқанып қалып, жасық дауыспен: – *Жаным-ау,* сен не деп тұрсың? – деді (С.Омаров, Өмір.). **3.** *Жарқыным, қарағым деген мағынада, жақтырмағанын сыпайылап білдіретін қаратпа атауыш.* Мұның, *жаным,* сөз емес, Жаз өтерін білмеп пе ең? Жаның үшін еш шаруа, Ала жаздай қылмап па ең? (Абай, Тол. жин.). Берекеңді қашырма, Ел тыныш болса, жақсы сол. Рас сөзге таласып, Ақ жем болма, *жаным,* кел (Абай, Тол. жин.).

ЖАНЫНДА ү с т. *Қатар қойып қарағанда, салыстырғанда.* Рас, оның бірлі-жарым балғын әні төбе көрсетіп қалады. Әйткенмен, өзге әндердің *жанында* ол теңізге тамшы түскендей елеусіз қалып қояды («Лен. жас»). – Қара тастың *жанында* біз – піл мен үш жасар баладай екенбіз ғой өзі (З.Шашкин, Сенім).

ЖАНЫНДАҒЫ ү с т. *Белгілі бір мекемеге қарасты, соның құрамына кіретін, сол мекеменің ішінен ашылған.* Кеше Қазақстан Республикасы Президенті *жанындағы* Қазақстанның Стратегиялық зерттеулер институтында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары – төмен дамыған елдер, теңізге шығар жолы жоқ дамушы елдер және шағын аралдық мемлекеттер бойынша ҚҰҰ-ның жоғары өкілі А.Чоудхури мырзамен кездесу болды («Егемен Қазақстан»).

ЖАНЫНДАЙ с ы н. *Өте жақын, ыстық.* Үстіне бүгін киеді, *Жанындай* аппақ ақ халат. Сол үшін сені сүйеді, Сол үшін қуан, махаббат (Т.Молдағалиев, Алатау қызы).

Жанындай жақсы көрді [сүйді]. *Қатты жақсы көрді.* Кеше ғана *жанындай көріп,* жүрегімді суырып ала жаздаған әкесінің бүгінгі түрі мынау, о ербеңдеген жынды көбелек... (Ә.Әбішев, Ғаламат). Бірақ он жыл өмірі өткен, *жанындай жақсы көрген* қазақ елін басына қатерлі күн туған кезде тастап кетудің ретін таба алмады (І.Есенберлин, Қаһар). Иә, Әсия ... Шолпан *жанындай жақсы көретін,* басқалардың өрісі биік, ары таза Әсия (Ә.Нәбиев, Шолпан). Күләнда айтқанымды орындаса жарады... орындар. Ол мені *жанындай жақсы көреді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жанындай сүйген* қызы секілденді, Қолынан ұшыратын аққу, қазды (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Жанындай жарату. ж е р г. *Өте жақсы көру, қатты ұнату* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жанындай көрді. *Өте ыстық, жақын, өзіндей көрді, аялады.* Қамар Ахмет іштерінен бірін-бірі *жанындай көріп,* жарылып кете жаздаса да ағасы Қасеннің жаны бірге досы, құрдасы болып, бірге жүріп, бірге тұрған соң, бірі аға, бірі қарындас секілді бір-біріне бүгінге шейін ойнап болсын, сыр ашып, сыбырласа қойған жерлері жоқ еді (С.Торайғыров, Шығ.). Озып келіп бәйгеден, Алған еді алымды-ай. Сәрсебай мен Сәлімбай, *Көретін* еді *жанындай.* Қарындас барын біледі, Пікірлесіп жүреді (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАНЫП-ЖАНЫП ү с т. **1.** *Ұстара, пышақтың екі жақ жүзін кезек қайрап-қайрап.* Бектас алақанына ұстарасын *жанып-жанып* алып, мұртын басып отыр (А.Байтанаев, Қайнар.). Секең жеңін сыбанып, пышағын суырып алып, қайраққа *жанып-жанып* жіберіп, етті қиялап тураугә кірісті (Е.Оразақов, Дәрігер.). **2.** *Үйкелеп-үйкелеп.* Қара шал бұлақтың табанындағы қылша тастарға көнтабанын *жанып-жанып* алады (А.Сүлейменов, Бесін). **3.** *Жалап-жалап.* Жапан жымыңдап, жарты стақан су жұтып, тілін ерніне *жанып-жа-*

н ы п алып, жазбасына тағы үңілді (Ғ.Қабышев, Мысық. сақал.).

ЖАНЫП-КҮЙ= е т. **1.** *Дененің ысуы, қызу көтерілу.* Мақсұт науқасының аяғы үлкенге шауып, кейде аласұрып ұшып кете жаздайды, кейде *ж а н ы п-к ү й і п,* тыпырлап қара терге түсті (Б.Шалабаев, Өмірде). Ауасы баратқан соң *ж а н ы п-к ү й і п,* Ойланып, емес қой деп осы киік. Болмас деп баруыма мұнан әрі, Тұрғанда тоқтап төмен, басты иіп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** а у ы с. *Бір қуанып, бір басылу, жаны қалмау.* Қуандым, елжіредім *ж а н ы п-к ү й д і м,* Құрметтеп туған жерге басымды идім. Поездың бір тоқтаған мезгілінде Құшақтап топырағын барып сүйдім (І.Есенберлин, Адамгершілік.). Уайым жоқ, бәрі дайын, бәрі әзір, Жегім келді, бал бер десе бал әзір. Қарлығаштай қанат жайып бала үшін, Жаны қалмай *ж а н ы п-к ү й і п* ана жүр (А.Асылбеков, Әлем.). **3.** *Есі кету.* Артқы қатарға жайласқан Жұмабек көз алмай, өзгеге еркін алдырған қыздың әрекеттеріне *ж а н ы п-к ү й д і* (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

Жүрегі жанып-күйді. *Жүрегі аузына тығылды, атқалақтады.* Шошиды ақырғы рет ақсақ киік, Жас қияқ жарасына кетсе тиіп. Бишара жер бетінен құтылғанша, *Ж ү р е г і* бітті білем *ж а н ы п-к ү й і п* (Х.Ерғалиев, Жайық.).

ЖАНЫП-КҮЮ *Жанып-күй етістігінің қимыл атауы.*

ЖАНЫП-ӨШ= е т. *Бір жанып, бір өшіп, өшіп-жанып.* Магазин витриналарының неон шамы *ж а н ы п-ө ш і п* көз тартады (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖАНЫП-ӨШУ *Жанып-өш етістігінің қимыл атауы.*

ЖАНЫП-СӨНІП ү с т. *Өшіп-жанып, жыпылықтап, болар-болмас, әлсіз.* – Пәтер жайын, – деп, айтқанда көзінде өзінің дүр қара мол пішіміне қиыспайтын, аш тазының жанарындай бір ұшқын *ж а н ы п-с ө н і п* жоқ болды (Б.Аманшин, Жар мұңы). Сыр, дүние-ай, сықырың көп не түрлі, Бір көрсетпей өтесің-ау бетіңді. Жанып-сөнген, *ж а н ы п-с ө н г е н* жұлдыздар іңірдегі стадион секілді (М.Мақатаев, Қарлығаш.). Қадірлесім Қоблан, Аямасың қасың кім? Қайда екенін білемін! Қалдырмайық жүртыңның, Жау қолында жабығып, *Ж а н ы п-с ө н г е н* тілегін (М.Әуезов, Таңд.).

ЖАНЫП-ТҰТАНЫП ү с т. *Жігерленіп, өршеленіп.* Ұшқындай осы ұраннан, Жұрт кетті *ж а н ы п-т ұ т а н ы п,* – Қонды, – деп, – қолға ұлы арман, сөйледі Сәбит Мұқанов (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

ЖАНЫС= е т. *Қайрасу, өткірлесіп алу.* Пішеншілер шалғыларын шақұр-шұқыр *ж а н ы с ы п* алып, сілтей бастайды (С.Көбеев, Орынд. арман). **2.** *Қабаттасу, қарбаласу.* Бұрын көрмеген жерде асыл малының қонысын жайлап, су келер шұмек, жем төгілер түтіктермен *ж а н ы с ы п,* Жәміт жатақ үйіне өзі де жайланды (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАНЫСТЫР= е т. *Айдап салу, шағыстыру.* Ол жұртты *ж а н ы с т ы р м а й* тыныш жүрсін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНЫСТЫРУ ж е р г. *Жанастыр етістігінің қимыл атауы. Шағыстыру, өштестіру.* Біреуді-біреуге *ж а н ы с т ы р у* – ескі өмірдің қалдығы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАНЫШ= е т. **1.** *Мыжғылап, басып езу.* – Айбатты арыстан, алысқан жауды автоматымен *ж а н ы ш қ а н* бауырым, Төлеген! – деді Бауыржан (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Өткендегінің өшін енді алғым келгендей-ақ тікенді бәтеңкеммен күтір-күтір тапап, көріқызды тақаммен нығарлап тұрып *ж а н ы ш а м ы н* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Лыпасыз аяғын *ж а н ы ш а* езген ашатұяқтардың жарағатынан ауырсына көзіне жас алғанмен көп аялдай алмады (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Есқара Піржанның кеудесіне қос тізесін тірей басып *ж а н ы ш а* түседі (З.Шүкіров, Сарша тамыз). **2.** а у ы с. *Көңілге қатты бату, жүректі ауырту.* Небір жүрек *ж а н ы ш қ а н* ауыр ойлар қазір келіп, қазір жоқ болып сейіліп жатыр (К.Қазыбаев, Аманат).

ЖАНЫШҚЫЛА= е т. *Қайта-қайта жаныштау, мыжғылай түсу, езгілеу.* Ол өрттің арғы жақ қанатынан бері қарай желкілдеген бидайды *ж а н ы ш қ ы л а п* езіп, жерді қопарып, тілгілей жүріп келеді (З.Шашкин, Сенім).

ЖАНЫШҚЫШ з а т. *Кесек, қатты затты жаншып майдалайтын үгіткіш құрылғы.* Бұл өндірісте, мысалы, ауырлығы 30 тоннаға жуық болаттың кесегін жанши келе ақыры қалыңдығы киіздей, ұзындығы он метр, көлденеңі 1,0-1,5 метрдей тақтайға айналдырады. Осы бірінен соң бірі тізбектеліп шұбалған *ж а н ы ш қ ы ш,* таптағыш, тақталағыш агрегаттардың жалпы ұзындығы бір шақырымға жақын (Е.Букетов, Темір. қасиеті.).

ЖАНЫШПА з а т. **1.** т а м а қ. *Сөкке сары май, қант қосып жасалатын тағам. Ж а н ы ш п а* сөкке сары май салып, қант қосылады да, жақсылап араластырып жасалады. *Ж а н ы ш п а* бір кесе сөкке – 3 ас қасықтай сары май, 2 ас қасық қант, 3 ас қасық қаймақ қосылып дайындалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **2.** с а я т. *Бүркітке берілетін жем.* Бүркітке берілетін жемдер: қызыл, қансоқта, тартпа, бөртпе, сыр бөртпе, ақжем, *ж а н ы ш п а,* тоят, сусоқта, толарсақ деп бөлінеді («Білім және еңбек»).

ЖАНЫШТА= е т. **1.** *Мыжғылап езгілеу, таптап мыж-мыжын шығару.* Екі салт атты адыр-адырдың арасымен арқандай шұбалған көне сүрлеуді ат тұяғымен *ж а н ы ш т а п,* бір биік дөңнен әрі асып түсті (З.Қабдолов, Жалын). Хакім да асықпады, жанынан трубкасын алып, асықпай оған темекі толтырды, сонсоң сұқ қолымен оны *ж а н ы ш т а п-ж а н ы ш т а п* қойып аузына тістеді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Толқын теуіп өткен сайын ауыр сеңдер бірін-бірі *ж а н ы ш т а й* секіреді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Тұрымтай да тастай түйіліп, төмендей сорғалап, жерге *ж а н ы ш т а й* іліп кете жаздады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Жекпежек шыққан батырдың үстінен Бұрындық екі құлаш қайың шоқпарымен қос қолдап ұрса, бұл жерге құлаған батырды *ж а н ы ш т а п* тарпып өлтірді (І.Есенберлин, Алмас қылыш). **2.** *Қысу, қыстыру.* Дөңгелекті домкратпен белтемірдің арасына *ж а н ы ш т а й* қойып тағы бір шама күтті (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). **3.** *Жаудың тас-талқанын шығарып жеңу, күшпен басу.* Ел көңілі көтеріліп, жауын *ж а н ы ш т а ғ а н* кезеңдерде жаратылыс та жарқырап сала берді (С.Мәуленов, Жер нәрі). – Біздің екінші полк казақтары кешеден бері патша адамдары мен буржуйларының тамырына балта шабылды, оларды жыландай *ж а н ы ш т а д ы қ* десіп, ашық айтып жүр (Қ.Әміров, Рев. ұландары). Барлық күшін жиып, қасірет-зармен саңқылдап жіберді Сұңқар: Уа, дариға-ай! Көкке енді бір көтерілсем!.. Жауымды төсімнің жарасына *ж а н ы ш т а р* едім... Менің қапыма тұншығып өлер еді ол!.. Әй, соғыстың сайраны-ай?.. (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Халыққа қысым көрсету, еркіндік бермеу, езгіге салу.* Естідік құлады деп патша тақтан, *Ж а н ы ш т а п* еңбекші елді зар жылатқан. Кешегі он алтыншы жыл дүрбелеңде, Қазақты қырып жатып, қан қақсатқан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жарлылық қайда барса қалыспады, Жарлылық қайыршы боп тал ұстады. Жарлылық қайда барса етек тартып, Еңсеге таудай қонып *ж а н ы ш т а д ы* (О.Шипин, Дастан.). Қарап отырса, *ж а н ы ш т а у*, айдап-байлау, азап пен зорлық, елтіру, кескілеу дегендерің тарих бетінде қанды жол болып алыстан келеді екен (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Бірақ байлар қанша *ж а н ы ш т а с а* да жұмысшылардың жағасы жығылмаған (І.Жансүгіров, Шығ.). **5.** а у ы с. *Мазақ ету, қорлау.* Тұрмағамбетов надандыққа, өсекке, жауыздыққа қарсы күресіп, дүшпанын өзінің бір кесер өткір қаруы – өлеңмен *ж а н ы ш т а й д ы* (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Сөйлеспейді, желде үн жоқ, тұнжырайды, Жасын төгіп, жабырқап күн жылайды. Тұрмын құшып мектептің қабырғасын, Көкірегімді *ж а н ы ш т а п* бір зіл-қайғы (С.Мәуленов, Алыс кет.). Неге-неге осынша алыстадың, Өліп-өшіп жүректі *ж а н ы ш т а д ы ң.* Сен отырсың жігіттік өрлігіңмен Иілуге алдымда намыстанып (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз.). Саябыр тартты әл – демім, Ұстаның дүкені алыс қап. Соғады келіп әлдекім, Балғамен төсті *ж а н ы ш т а п* (М.Мақатаев, Қарлығаш.). **6.** а у ы с. *Айтқанға көндіру.* Ұзын сөздің түйіні – Бұл тоқсанның жиыны, Жүзден тоқсан түгел бар. Жүзден тоқсан – еңбекші, Он тоқсанға көнбекші, Көнбесе *ж а н ы ш т а р* жігер бар (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАНЫШТАҒЫШ з а т. *Талқандағыш, майдалағыш құрал.* Жемшөп дайындаудың және сақтаудың прогрестік әдістері *ж а н ы ш т а ғ ы ш т ы* қолдану арқылы пішенді жинау («Қазақст. комм.»).

ЖАНЫШТАЛ= е т. *Езгіге түсу, қысым көрсетілу, күшпен басылу.* Аттай-аттай осылай жыл өткенін, Сонымен білмейсің күн өткенін. Сонымен білмейсің ұясында *Ж а н ы ш т а л ы п* жаныңның шыр еткенін (С.Мәуленов, Алыс кет.). Қазақ феодалдарының Қоқан бектерімен келісімге келіп, опасыздық жасауының салдарынан көтеріліс рақымсыз қаталдықпен *ж а н ы ш т а л д ы* (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов). Дүние лапылдады, *ж а н ы ш т а л д ы.* Сан адам ұл сүймеді, жар құшпады (А.Сұлтанов, Уақыт.). *Ж а н ы ш т а л ғ а н* полицей қолын ашып еді, винтовка Поповтың қолында қала берді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАНЫШТАЛУ *Жаныштал етістігінің қимыл атауы; талқандалу, басылу.* Патша жазалаушыларына қазақ феодалдарының көмегі көтерілістің тез *ж а н ы ш т а л у ы н а* себепші болды (ҚазССР тарихы).

Жаныштау белдемі. г е о л. *Геологиялық даму тарихы бір-біріне ұқсамайтын екі блоктың өзара жапсарласу өңіріндегі терең жарылым аймағынан көрініс беретін, динамометаморфизм және жапсарлы метаморфизм жағдайында өзгерістерге ұшыраған, сол сияқты күрделі түрде қатпарланған және жік-жапсарланған таужыныстардан тұратын, біршама ұзақ қашықтықтарға сағалanатын (ондаған, тіпті жүздеген км) белдемдер. Ж а н ы ш т а л у б е л д е м д е р і* планетаның терең қойнауларында қалыптасқан магмалардың, басқа да жоғары температуралы эманациялардың жоғары көтерілуіне өте қолайлы (Каз. тілі термин. Геология).

ЖАНЫШТАТ= е т. *Аяқасты етіп таптату, езгілету, мыжғылату.* – Даланың құлпырып тұрған әсем түрін мал тұяғына беталды

таптатып, *ж а н ы ш т а т а* беруге болмайды (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі).

ЖАНЫШТАТУ *Жаныштат етістігінің қимыл атауы.* Ант еткем ақтауға адал тұздәміңді, Жат жұртқа *ж а н ы ш т а т п а у г а* Мұржарыңды. Арқалап ала кеткем жауға деген Қаһарлы ызғарыңды, мұздағыңды (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

ЖАНЫШТАУ *Жаныша етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Езу, мыжу, мыжғылау.* Тері ауруларының біразы сыртқы себептерден, атап айтқанда: қажау, *ж а н ы ш т а у,* дұңқу, жарақаттану, соқтығу, арандау және т.б. болады (С.Омаров, Мал терісі). Шөптің кебуін жылдамдату үшін оны шапқан кезде сабақтарын *ж а н ы ш т а у* арқылы да тездетуге болады (Ауылшаруаш. машина.). **2.** а у ы с. *Ұрысты басу, талқандау.* Өрістеп етек алып келе жатқан көтеріліс қаупін түсінген патшалық өкімет орындары көтерілісті *ж а н ы ш т а у* үшін шаралар қолданады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

ЖАНЫШТАУЫШ сын.тех. *Жаныштағыш, майдалағыш.* Шөпті жинау үшін КС-2,1 шөп машинасы агрегатын және ПТП-2 шөп *ж а н ы ш т а у ы ш* машинасын қолдануға болады (Қ.Нұрғалиев, Сүт өндіру.).

ЖАНЫШТЫ: жұмысбасты, ер жаныштың. *Жұмыстан қолы босамайтын, жұмыс жеңген, ығыры шыққан.* «Е, бәрі де *ж ұ м ы с б а с т ы, е р ж а н ы ш т ы* титығына жетіп жүрген сорлылар ғой» – деп, Жәбікен қайтыс болғандардың жайын айтты (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАНЫШТЫР= е т. **1.** *Араластыру, бір нәрсеге шаншу, ілдіру.* Бейсенбі сайын тоң май болса, жұқа нан пісіріп, тоң май болмаса, майға ыстық нанды *ж а н ы ш т ы р ы п,* Молдекемді қонақ қыламыз (Б.Майлин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Езгіге салдыру, аяқ астына қалдыру.* Жан жаңылып, кернеп ашу денесін, Деді өзіне – енді кімге сенесің?! Жауды бөге, адым алға бастырма, *Ж а н ы ш т ы р м а* ұландардың денесін (М.Хакімжанова, Аялы жандар). *Ж а н ы ш т ы р м а* бауырыңды, еріңді, *Ж а н ы ш т ы р м а* тірі отырып жеріңді! Жаның барда жағаласып кегіңді ал, Ақта арыңмен ел алдында сенімді (М.Хакімжанова, Аялы жандар).

ЖАҢ[1] з а т. ж е р г. **1.** *Қалыпқа салмай жұмарлап соққан ірі кесек, балшық.* Жабық қырманның қабырғасына *ж а ң* соғып, жаңадан қалып қойдық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Ж а ң* үйдің, қораның жақ қабырғасы, үйдің қабырғасын соғу үшін байлайтын тақтайы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҢ[2] з а т. с а я т. *Бүркіт ұстауға арналған шаңырақ тәрізді құрал.* Ертеде *ж а ң м е н* бүркіт ұстайтын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҢА[1] с ы н. **1.** *Өңі кетпеген, бұрын ұсталмаған.* Жанбосынның аяғындағы бұжыр табан қара бәтеңке бұрын қолыма түспей, ыза қылғаны үшін енді күн сайын *ж а ң а с ы н* киіп шығатын болам (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). – Мыналарға *ж а ң а* шинель, жаңа етік, ертұрман бер, Жүнісов, – деп жарлық етті Мәмбет. (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Ж а ң а н ы ң* бәрі жаңа ма? Ескінің бәрі ескі ме? Жаңамыз жанға жаға ма, жол берсе тозған ескіге (М.Әлімбаев, Өшпес от). Тәлім қолына бірер *ж а ң а* кітап алса, алдымен соның жазушысымен танысады (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Тың, соны, өзге, басқа.* Сонау боз төбешіктің бетінде одан бергі ойпатта ін қазған аңшыдай *ж а ң а* шахта ашуға кіріскен адамдар көрінеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Мүсірәлінің есінде қалған екі статьясы анық Абайдың өзі қолданған, өзі қостырған, тың, *ж а ң а* жолға ұқсайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Күзгі түн. Тұман сейілді. Өлген жоқ Арман, қан ақты. Осы бір жандай мейірлі Арайлап *ж а ң а* таң атты (М.Мақатаев, Шығ.). Тақырып идеядан туады. Тақырыбың жаңа болғанмен идеяң ескі болса, шығармаң да ескі, тақырыбы ескі болғанмен идеясы *ж а ң а* болса, шығарма да жаңа (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Күн батқаннан бергі жерде Бекболаттың екі қайтара жіберген адамдары қызылдар жағына барып, екеуі де *ж а ң а* бұйрықтар алып келді (С.Шәріпов, Бекболат). **3.** а у ы с. *Бұрын айтылмаған, болмаған (жаңалық).* Бұл сөз төңкеріс болғалы талай айтылып, талай жазылып, иі қанғандай ескі сөз болса да, Ақбала шыт *ж а ң а* сөздей қып айтты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сәлемдеме жастарға, Зарым замандастарға. Көкірекке ақыл, көзге ғибрат, Жалынды, *ж а ң а* үміт, Адал жүрек, ақ ниет, жамандықтан қашқанға (І.Жансүгіров, Шығ.). *Ж а ң а г а* жаршы бір елдік Жүгіңді сезген едің сен, Байыңды темір үзерлік От жігер бардай тебінсең (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). **4.** а у ы с. *Ілгері, озық, жоғары.* Ұстазы Сүйінбай ақын қалдырған дәстүрді ілгері дамытып, оны *ж а ң а* сатыға көтерген алып Жамбылдың өлеңдері (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). «Топжарған», «Гүлхашима» деген поэмалары өз заманындағы *ж а ң а* тұрған тарихи-реалистік, реалистік-романтикалық поэмалар болып саналады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Шолоховтың «Адам тағдыры» әңгімесі әдебиетті *ж а ң а* белеске көтерді (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). **5.** *Кейінгі, соңғы.* Қала қыздарындай орысша оқығанмен, ауылға кіре бастаған *ж а ң а* өмірді, оның жақсы дәстүрін, өнегесін біз де түсіне бастадық қой (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Ескерер мұны *ж а ң а* ұрпақ, Жалынсыз темір қызып ап! – Бұлайша кейде жабырқап, Отырар шағың қызық та (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). *Ж а ң а* жұртта Сәтжан бірнеше елеулі табыстарға ие болмақ (С.Бегалин, Таңд.). *Ж а ң а* буынға басты болған ақын патшаның системасына да терең сын айтады (М.Әуезов, Әр жыл.). Ежелден келе жатқан ескі салт бар: «*Ж а ң а* жауыңды құртам десең, етің үйренген ескі жауыңмен достас» деген (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖАҢА[2] үст. **1.** *Жуықта, жуырда, жақында.* Көлдің күншығыс жақ жағасынан үлкен қыстау сияқты, *ж а ң а* салынған қала көрінеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Райдың көбіне-көп Ақбаланың *ж а ң а* түскен келіншектей үлбіреп киінген сәнді түріне жыны келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Ж а ң а* туған сәбиге ең жағымды тағам – ана сүті (Е.Оразақов, Дәрігер). Сәуле үстіне барын киіпті. *Ж а ң а* түскендей малынып, аузын қиғаштай, еркін, ерке сөйлей келеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Он беске *ж а ң а* ғана келді менің жасым, Келмейді түндегі ұйқы, батпайды асым. Малды деп, мал секілді шалды көрдім, Құрығандай өзім теңді замандасым (С.Торайғыров, Шығ.). **2.** *Әлгінде, әлгі бір әзірде.* Абай Дәменжанның шешендігін *ж а ң а* байқады (М.Әуезов, Абай жолы). Ел *ж а ң а* көшіп келген әзірде, құрақтың ішінде, ескі қамыс – саңылтырларды судың бетіне жинап үйіп, шағала жұмыртқа салады (Б.Майлин, Шығ.). Үй иесінің әйелі менің алдыма *ж а ң а* пісірген қалаш, құс етін, шай әкеліп қойды (Қ.Исабаев, Арман.). Бір жаққа асығып кетіп бара жатқан түрі бар екен, Қалам үшті көріп қайырыла кетті. – Қашан келдің бала? – *Ж а ң а* бір әзірде (Т.Ахтанов, Боран). Оның қасында орамал, сабын көтеріп, жеті-сегіз жасар Жұмабек деген бала келе жатыр. Мұны *ж а ң а* әжесі ертіп келген (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **3.** *Алғаш рет, жаңа-жаңа, енді-енді.* Шығанақ үйін *ж а ң а* көргендей әр нәрсеге байыппен қарайды (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Сұлтан кеткен соң мамам: – Өзіңе серік болатын адамды *ж а ң а* тапқан екенсің. Бұл сені бір күні батпаққа жығып кетер, – деді (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Аттағанда ажалдың сым торынан, Қарға тамып жас қаны сұм оғынан. Жиырма бірге *ж а ң а* аяқ басқанында, Әкең мұнда айырылды бір қолынан (С.Мәуленов, Алыс кет.). Нұриланың да *ж а ң а* ашыла бастаған қызыл гүлдей үлбіреген еріндері діріл қағып, биік ақ маңдайы қызара қалып еді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). *Ж а ң а* көтерілген күн шұғыласына бөленіп самал лебі жыли бастады (С.Бегалин, Мектеп.).

Айдың [екі] жаңасы немесе жаңа ай. *Жаңа айдың басы, әр жаңа туған айдың екінші (үшінші, төртінші, бесінші) күні.* – Т.Тоқтаров, неміс басқыншыларымен бірінші рет соғысқа февральдің *е к і ж а ң а с ы н д а* қатысты (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Ай Жер мен Күннің арасына келгенде, бізге қараған жарты шарына күн сәулесі түспейді, сондықтан бізге Ай көрінбейді. Айдың бұл фазасы *ж а ң а а й* деп аталады (ҚСЭ).

Анадан жаңа туған баладай. *Кіршіксіз, таза, пәк.* Ажырап күнәңізден тұрдыңыз ба, *А н а д а н ж а ң а т у ғ а н б а л а д а й* боп (Майлықожа, Шығ.).

Балдырғандай жаңа толған шақ. п о э т. *Жас, пәк уақыт. Б а л д ы р ғ а н д а й ж а ң а т о л ғ а н ш а ғ ы н д а*, Жас жүректің бір кіршіксіз ағында (Б.Күлиев, Шығ.).

Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке. *Ай жаңа көрінгенде айтылатын тілек-бата.* Ай көрдім, аман көрдем, Баяғыдай заман көрдім. *Ж а ң а а й д а ж а р ы л қ а, Е с к і а й д а е с і р к е!* (Фразеол. сөзд.).

Жаңа ашылған күн көзіндей. *Жап-жарық болып шайдай ашылу. Ж а ң а а ш ы л ғ а н к ү н к ө з і н д е й*, Жаңа ашылған гүл жүзіндей Ой аспаным жарқырар (С.Мәуленов, Шығ.).

Жаңа аяқтанған ботадай. *Қалт-құлт етіп, енді жүре бастаған ботадай.* Екіншісі *ж а ң а а я қ т а н ғ а н б о т а д а й* болып көрінді (Ө.Қанахин, Шығ.).

Жаңа әзірде. ж е р г. *Жаңа ғана. Ж а ң а ә з і р д е* осында жүрген еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жаңа жұлдыздар. а с т р. *Жарқырауы кенеттен мыңдаған, тіпті миллиондаған есе артып, одан кейін баяулап азаятын жұлдыздар.* Кәдімгі *ж а ң а ж ұ л д ы з д а р* өзгеше бірнеше рет қайталап от алатын әрі от алу аралығы ондаған жылға созылатын қайталама жаңа жұлдыздар да бар (ҚҰЭ). Кейбір *ж а ң а ж ұ л д ы з д а р* 1-2 жұлдыздық шамада жылтырап көрінеді (ҚҰЭ). 20 ғасырдың 70-жылдарында біздің Галактикада 180-нен астам *ж а ң а ж ұ л д ы з д а р* белгілі болады (ҚҰЭ).

Жаңа жыл. а) *Қолданылған күнтізбе бойынша қаңтар айының бірінші күні.* Ақ торғының жамылып, Келді міне *Ж а ң а ж ы л.* Көптен жүрген сағынып, *Ж а ң а ж ы л д а* жаңа жыр (Ү.Кәрібаев, Таңд.). Сізбен бірге алдымнан, *ж а ң а ж ы л д ы* тағы аштым. Шашыңыздың ағынан, Жасыңыздың саны ассын (Ғ.Қайырбеков, Құрдас). ә) *Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз айының 22-і. Ж а ң а ж ы л д ы ң* алдында Индира Ганди «Правда» газетінің тілшісімен әңгімелесті (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Ол күнді наурыз – *ж а ң а ж ы л д ы ң* басы деп Әділдің үйі қазан толтырып, ас асса да, «бәлекет

кетсін» деп, далаға апарып от жағып, кетік, ескі ыдыстарды отқа өртейтін ешкім болмады (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). б) *Бұл жерде ақын жаңа бастама, тың өмірді айтып отыр. Жаңа жылдың* басшысы – ол, мен ескінің арты едім, Арман деген ащы – сол, Сүйекке тиді, қарт едім (Абай, Тол. жин.).

Жаңа низам. *Жаңа тәртіп, жаңа заң, жаңа ереже.* Дулат жырау қазақ даласында хандық дәуірі жойылып, патша өкіметінің отарлау саясаты кеңінен өріс алып, «*жаңа низам*» бойынша, ел басқару тәртібі аға сұлтандардың қолына көшкен кезде жасаған ақын (Ы.Дүйсенбаев, Әңгім.).

Жаңа өспірім. *Жас өрім, жеткіншек, жас буын.* Айбарша ол кезде жас жағынан *жаңа өспірім,* мінез жағынан шалдуар, еркек-шора қыз болатын (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Интернатта оқып жүр, Талай қазақ баласы, *Жаңа өспірім,* көк өрім, Бейне қолдың саласы (Абай, Тол. жин.). Жетінші бір қала бар онан әрі, Қала жоқ ол қаладай Тұранда әлі. Бір жүз мың ішінде оның әскері бар, Бәрі жас *жаңа өспірім,* емес кәрі (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бұл да *жаңа өспірім,* әлі қабырғалары қатпаған жастар еді (Б.Момышұлы, Шығ.). Желкілдеп шыққан көк шөптей, *Жаңа өспірім* достарым, Қатарың кетті-ау алысқа-ай, Ұмтылыңыз қалыспай (Бес ғасыр.).

Жаңа сөздер. л и н г в. <грек. neos – жаңа, logos – сөз> *Заман, қоғам жаңғыруына байланысты туатын, жаңа заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін сөздер мен сөздер тобы. Жаңа сөз* – ауызекі тілде немесе жазушылардың шығармаларында соны ойды таңбалаушы белгі ретінде беріледі (Әдеб. термин. сөздігі).

Жаңа тәрбие. п е д. *Педагогикада XIX ғасырдың аяғында реформаторлық педагогика шеңберінде пайда болған ағым. Жаңа тәрбие* идеялары қоғамның мектеп (негізінен, орта мектеп) арқылы экономикалық, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында белсенді қызмет атқаруға даяр, жан-жақты дамыған, бастамшыл адамдар даярлау тұрғысындағы қажеттеріне сай болды (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Жаңа тәрбие* өкілдері, әсіресе балалардың дене күшінің толысуына үлкен мән беріп, мұны ақыл-ой күші мен қабілеттілікті кемелдендірудің алғышарты деп білді (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жаңа туған ай секілді. п о э т. *Қиылған, жіңішке, иілген қас туралы.* Алыстан-ақ бұл әйел қалың көкпек арасындағы сарғалдақтай көзді тартады. Өзі де мейлінше сұлу, *жаңа туған ай секілді* жіңішке қасын сүрмелеп тастаған (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жаңа туған бұзаудың көзіндей. *Таңдана, таңырқай қарау.* Көздері де *жаңа туған бұзаудың көзіндей* бар дүниеге таңдана қарайтын сияқты (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Жаңа туған қозының елтірісіндей. *Қарақошқыл, бұйра, ұйысқан.* Қызыл қан әр жерден бетін алып, *жаңа туған қозының елтірісіндей* қара қошқыл, бұп-бұйра шашына ұйыса жабысқан (І.Есенберлин, Алмас.).

Жаңа түскен жас келіншектей сызылды. *Ұялды, әдеп сақтады, әдепті болып көрінді; шын болмысын жасырды. Жаңа түскен жас келіншектей сызылып* келе жатсам, Шалдуар машина бюросынан шығып барады екен (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Жаңа түскен келіншектей иілді. *Бабымен иіліп сәлем берді, амандасты. Жаңа түскен келіншектей иіліп,* ат үстіндегілерге сәлем берді (Ө.Қанахин, Шығ.).

Көзі жаңа ашылған бұлақтай төгілтті. *Құйқылжытты, асқақтатты, шырқады. Көзі жаңа ашылған бұлақтай төгілтті-ай* келіп (Ө.Қанахин, Шығ.).

Су [үр] жаңа. *Киілмеген таза, ұсталмаған, тұтынылмаған.* Дәрмен балаға үстіндегі өзіне кешелері ғана сатып әперген *су жаңа* шұға пальтосына ескі шинелін айырбастауды өтінді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Мамам Қайыпжан шоферге ақша беріп жіберген екен, Алматыдан ол *су жаңа* форма әкеліп берді (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Енді сағат үштен асқанда қалай шығарып салыңыз деудің есебін таппай отырғанда, Айбалта шифоньерді ашты да, әлі ұсталмаған *су жаңа* простынья, жастық тыстарды кереует үстіне лақтыра берді (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Старшина қалыңдау майланған *су жаңа* мылтықты батальон командирінің блиндажына әкеп қойды (С.Сейітов, Майдан). Ақмырза мектепке *ұр жаңа* ақ тон, басына шошақ төбелі, сұр елтірі құлақшын киіп келіпті (С.Омаров, Қайырлы.). *Ұр жаңа* техника мен технологияны өндіріске енгізу, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөнінде үлкен міндеттер қойылады (Қысқ. саяси экон.).

ЖАҢАҒЫ с ы н. *Әлгі, ана бір, әлгіндегі.* Көрме ашылғаннан кейін, Михаил Павлович екеуіміз, *жаңағы* жігіттердің жатқан үйіне, одан кейін Атлантика мұхитының жағасына барып, қармақ салып балық ауладық, мұхит суына шомылдық (Ә.Шәріпов, Алыс.). Бақтығұл *жаңағы* халінен бой жиып, оңала алған жоқ (М.Әуезов, Қараш.). Енді біраздан соң *жаңағы* топ Ертіс жиегіне барып, Үлкен Семейге беттеді (Д.Әбілев, Арман.). Төрт кісі мінген сайлап қасқа арғымақ, Бөлініп сол бір топтан келеді

аулақ. *Жаң ағы* менің айтқан жоқтауларым, Тиіпті құлағына оқтай заулап (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жаңағы* көк көйлекті қыз көрінбейді. Жерошақ басынан жұлындай көтерілген көк түтінмен бірге аспанға ұшып кеткен секілді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАҢАҒЫДАЙ с ы н. *Әлгідей, қазіргідей.* Қасқырлар *жаңағыдай* қаптап кеткеннен кейін жетектеп келе жатқан атты тастай беріп, әйелім отырған тоқыма тал қораптың ішіне қалай кеп жата қалғанымды өзім де білмеймін (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бейбіт уақытта иесіз орман ішіне, қараңғы түнде, дәл *жаңағыдай* емін-еркін кіре қоймас еді-ау (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Былтыр «Бірлік» совхозы бір жарым миллион сомдай табыс тапса, оның әр сомында еңбек адамының *жаңағыдай* есебі, маңдай тері жатқаны сөзсіз («Қазақст. комм.»). Қасындағы өзінің ірі солдатына *жаңағыдай* бойла деген жарлығын қайталамады (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖАҢАДА үс т. *Жақын арада, жуық маңда, таяу уақытта.* Жаз тау қырқасында жайлап қыстауға *жаңада* келген семіз ақ қойлардың салпаңдаған ұзын құйрықтары шұбаландап, жоны іркілдеп, май басып әдемі-ақ көрінеді (С.Бегалин, Уақыт.). – Өзі машинаның тұтқасын *жаңада* ұстаған болуы керек, бензин насосының жұмыс істемей тұрғанын да сезбейді, – деп Балташ мырс етті («Лен. жас»). Қарт бақтың ең шеткі жағында *жаңада* ғана егілген жас ағаштарға Әсет Ережепті алып келді (К.Оразалин, Ақжазық).

ЖАҢАДАЙ с ы н. *Бұрын ұсталмағандай, тап-таза; жаңа сияқты.* Кейбір иесі салақ үйдің жаңа дүниесі ескідей көрінеді ғой. Ал бұл үйдің ескісі де *жаңадай* еді (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Бәрі өз көзінше жасалып, өз басшылығымен енген дүниенің түймедейі – түйедей, көнесі – *жаңадай* көрінеді оған (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Бір ауыз сөз болса да *жаңадай* әсер берсе (О.Әбділдаев, Сымбат). Айырылса иманнан көңіл құбыл, Кейін қайт, жапа шекпей, жазым деп жол. Жан салып, тура қайтпас жүрек беріп, *Жаңадай* жаратып сен Аллам бол! (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАҢАДАН үс т. **1.** *Қайтадан, басқаша, өзгеше.* Домбырасын тартпаса, *Жаңадан* ішек тақпаса, Ән мен күйді гулетіп Тойда бәйге шаппаса (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Биыл зоотехникалық техникумға жер-су комиссариаты басшылық етіп, былтырғы балаларды, оның толмағанына Орынбордан *жаңадан* балалар алмақ (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Тағы да.* Автобус екі-үш селодан өтті. Жолшыбай машинадан он шақты адам түсті де, оның есесіне *жаңадан* төрт-бес адам қосылды (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). **3.** *Басқа.* Осы минутта Назымның көз алдына Жүніс келетін... «Сен мені ұмыт, сәулем. Мен өлемін. *Жаңадан* жар сүй, қызық өмір сүр»... (М.Иманжанов, Адам тур. аңыз). Тайжан шал өміріне *жаңадан* бір өрнек салғандай (З.Шашкин, Сенім). **4.** *Енді, жақында. Жаңадан* туған жіңішке ай, анасына ашуланып, тебіне жылаған долы баладай, шалқасынан түсе құлапты (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Ақынның *жаңадан* табылып отырған өлеңдері оның бұрынғы өлеңдерімен жанр жағынан да үндес (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы). Дж. Неруге әрбір жеке адамның, әр үйдің берген көптеген сыйлықтарын көрсету үшін арнайы үлкен бір бөлме *жаңадан* жабдықталыпты (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Бір жыл ішінде *жаңадан* өндірілген барлық құн сомасы сол елдің ұлттық табысы деп аталады (Қысқ. саяси экон.). **5.** *Енді ғана.* Жиырма жастан *жаңадан* асқан, Ылғи балғын, бала бүркіт. Батыр баулып, түлеп ұшқан. Жас қанатын дүр-дүр сілкіп (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл). Әлі есімде, біздің дивизия *жаңадан* құралып жатқан кезде ол штабқа келіп еді (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖАҢА-ЖАҢА үс т. *Енді-енді, жаңа ғана.* Таң *жаңа-жаңа* белгі беріп келеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Ойламаған жерден Қызыл отау жұмысына араласып жүрген, қараны *жаңа-жаңа* тани бастаған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). – Газиза, осы бала, *жаңа-жаңа* адам боп келе жатқанда, тағы бір пәлеге ұрынып қала ма? – деп, қорқамын деген әкесі (М.Дүйсенов, Әке.). Онда мен *жаңа-жаңа* ескіше хат танып келе жатқан ауыл шәкірті едім (С.Бегалин, Сахара.). Қамшы үйіріп көңілге ірікпелі, *Жаңа-жаңа* жанғандай үміттері, Жай-жай басып көмекке жиналатын, Біздің жалқау ауылдың жігіттері (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАҢАҚЫЗЫЛ з а т. *Бидайдың күшті сорты.* Облыстың кейбір аудандарында бидайдың жергілікті жерде өнімі төмен *жаңақызыл* сортын орынсыз көп қолданып жүр (Б.Көпеев, Екпе дақылдар). *Жаңақызыл* – қарақүйе баспайтын, кешірек және кеш мерзімдерде жетілетін күшті бидай (Қаз. ауыл. шаруашылығы).

ЖАҢАЛА= е т. **1.** *Бұрын ұсталған, пайдаланған затты өзгертіп жаңарту, ауыстыру.* Ол төсекке жаңа сейсеп жайып, жастықтың тысын *жаңалады* (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). – Е, несі бар. Сен де апаммен қатар отырсың. Бөліп-жарып не бопты. Балдағыңды *жаңалап* берем. Арба сатып әперем. Жетпей ме! (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.). **2.** *Қайталап жаңғырту, тазарту.* Жаз

күнінде жан сала, *Ж а ң а л а ғ а н* мектебін. Етесің қызық тамсана, Қарамай қиып өтпегің (М.Хакімжанова, Жыр асуы). Заманды заман *ж а ң а л а п,* Бірден-бірге жағалап. Ханның күшін патша алды, Төре мен төтен ат салды (И.Байзақов, Құралай.). Менде бар жаңа кәсіп, жаңа дарын, Тарихтың бетін тағы *ж а ң а л а д ы м* (А.Шамкенов, Сырларым). Жер мен көкті *ж а ң а л а ғ а н,* Гүлдер бітіп қадамына. Барады адам, Барады адам. От көтеріп қараңғыда (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Жұрт жаңалады. *Бір жерден екінші жерге көшті, қоныс ауыстырды.* – Ауыл маңы шаң болып кетіпті, кішкене, көшіп *ж ұ р т ж а ң а л а й с ы з д а р* ма? – дейді ол (М.Тиесов, Дала). Бір жерде ұзақ қызмет істегендіктен мейлінше зерігіп кеттім, *ж ұ р т ж а ң а л а ғ ы м* келді дейді (С.Омаров, Қызыл арай).

ЖАҢАЛАН= е т. *Өзгертілу, жаңартылу, жаңасына алмастырылу.* Шешесі ақшаны қайдан алды? Аз емес, көп! Үй іші, киім-кешек бірсыпыра *ж а ң а л а н ы п* қалды (Б.Тоғысбаев, От пен күл). Мектепке жаңа директор келген соң, тәрбиешілер мен мұғалімдердің көбі *ж а ң а л а н д ы* (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара). Тілмарлар мен шешендер қолданған ойлы сөздер барша халыққа Мұхтар аузымен ерекше нәрмен *ж а ң а л а н ы п,* өзгеше бояумен, сырмен ұтымды айтылғанда, тіл қасиетіне табынғандай боласың (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Артқыға алдыңғыны жамандайтын. Жолдасты *ж а ң а л а н ғ а н* жаны сүйіп, Жалпақтап, жалпылдайтын, амалдайтын (І.Жансүгіров, Шығ.). Шығарманың қаһарманымен бірге құрылысы да *ж а ң а л а н ы п,* құлпырып келеді («Қаз. әдеб.»). Бұлттар басып жасырған, Жана түсіп басылған, Таң шапағы сөніп тұр. *Ж а ң а л а н ғ а н* өмірден, Жаңа шығып көрінген, Гүл қамауда семіп тұр (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАҢАЛАНУ *Жаңалан етістігінің қимыл атауы; өзгеру, жаңару.* Шындық деген бір орында тұрмайды, ылғи құбылыста, *ж а ң а л а н у д а,* себебі әлеуметтік өмір заңы мәңгі қозғалыста, мәңгі даму жолында (І.Омаров, Серпін). Тексеруде Қарғабаев тәрізді кейбіреулер колхоздың өсу, *ж а ң а л а н у* жақтарын елемей, көлеңке, кемшілік қалтарысын іздеумен болды (М.Мырзақұлов, Өмір дастаны).

ЖАҢАЛАТ= е т. **1.** *Өзгерту, жаңарту.* **2.** а у ы с. *Ойын, пығылын өзгерту.* Есіктен кіріп төр менікі деп басынған тоқалдың тәубәсін *ж а ң а л а т ы п* қоймаса, Қадиша айдаладағы бұзылған ескі тамдай жалғыз қалатын түрі бар (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАҢАЛАШ с ы н. ж е р г. ***Жаланаш***. Жап-*ж а ң а л а ш* ойнап жүрген екі-үш бала көрінді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жаңалаш арпа. ж е р г. *Қабықсыз бидай сияқты арпа. Ж а ң а л а ш а р п а н ы* ертерек кезде екпек біз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҢАЛАУ[1] с ы н. *Өңі кете қоймаған, көп ұсталмаған.* Оқу бітті, мен үйге келдім. Біздің үйдің есігінің алдында бір аттық бір *ж а ң а л а у* арба тұр (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). – Бәтеңкем мен сағатым *ж а ң а л а у* еді, сұмырайлардың қолында кетті-ау, – деді дір-дір еткен Бөгенбай (М.Хасенов, Алғашқы ән). **2.** а у ы с. *Басқа, өзге.* «Бұл жердің құстарын біраз-ақ үркіттім білем. Енді *ж а ң а л а у* қорыққа барған жөн-ау», – деп ойлады Имаш (С.Алдабергенов, Асу).

ЖАҢАЛАУ[2] *Жаңала етістігінің қимыл атауы; өзгерту, жаңарту, ауыстыру.* Нақыл сөздер шынайы мақал-мәтелге айналғалы тұрған дүниелер, ел өткірлеп өңдеп, орайын тауып ықшамдауы да мүмкін, ойын сақтап, өрнегін *ж а ң а л а у ы* да ықтимал (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз). Ескі үйге келін түсе ме? – Осының сыртын *ж а ң а л а у д ы ң* өзіне ғана сексен бұғының терісі кетті (Р.Тоқтаров, Терістік.). Ендігі ойы ат *ж а ң а л а у* (С.Бегалин, Шоқан асулары).

ЖАҢАЛЫ-КӨНЕЛІ с ы н. *Жақсылы-жаманды, жаңа мен көнесі аралас.* Осы тұстан бастап, темір жолдарда екінші толқын өздігінен жүретін тіркемелі, үлкенді-кішілі, *ж а ң а л ы-к ө н е л і* комбайндар болады (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Табалдырықтың алдында аяқ басарға жер жоқ, *ж а ң а л ы-к ө н е л і* тауықтың қиы, көпірші шалқыған кірдің суы (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАҢАЛЫҚ з а т. **1.** *Жаңа хабар, жаңа ақпар.* Жақан қайда кеткен? Ә, мұнда тұр екенсің ғой ...*Ж а ң а л ы ғ ы ң д ы* сен айтшы алдымен (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). **2.** а у ы с. *Тосын, өзгеше оқиға.* Мен бақыттың не екенін жаңа ұқтым, Өз өмірім өзіме *ж а ң а л ы қ* тым (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **3.** *Ерекше оқиға.* Делидегі кезіктірген *ж а ң а л ы ғ ы м ы з* жазушылар тіршілігімен байланысты елеулі бір оқиға еді (М.Әуезов, Индия очерк.). **4.** *Өзгеріс, жаңа қарқын, жаңа әдіс, т.б.* Ілияс Жансүгіруды да түр жағынан қазақ әдебиетіне бірнеше *ж а ң а л ы қ* кіргізді. Ол – аллитерацияны қолдануы (С.Мұқанов, Есею жыл.). **5.** *Ғылым мен техникадағы жаңа табыс, бастама.* Бексұлтанмен бәрбір істесе алмайтын болдым. Өнерден тапқан *ж а ң а л ы қ т а р ы н* іске асыруға келгенде бір қырсау (Ғ.Сланов, Шалқар). Евклидтің арабшадан аударылған «Негіздері» орта ғасырлардағы европалықтар үшін ғылымдағы ірі *ж а ң а л ы қ* болды (О.Жәутіков, Математика.). Норманы асыра орындап, алға шығу аз, ойыңмен, біліміңмен,

тапқан *жаңалығымен* көзге түс (К.Смайылов, Маманд. бәрі жақсы). Мейлі сен ғалым болшы апанымда, Жұлдызын *жаңалықтың* жандыратын (А.Шамкенов, Сырларым).

Жаңалық ашты. *Ғылым мен техниканың белгілі бір саласында бұрын игерілмеген білімдер жүйесін анықтады, белгілі бір ақиқат туралы объективті түсінікті ғылыми жолмен дәлелдеді.* Орта ғасырдың аяғында Европада өндірістік жаңа қатынастардың және капитализмнің тууы үлкен математикалық *жаңалықтар ашуды*, зерттеулер жүргізуді талап етті (О.А.Жәутіков, Жаратылыстану.). Ғылым тарихында тек *ашылған жаңалықтың* мазмұнына үлкен мән беріп қана қоймай, оған қандай әдістер қолданылғанына да үлкен мән береді (М.Мұқанов, Бақылау.). Өткен жылға разымыз – *Ашты* бізге *жаңалық*. (Қ.Бекхожин, Қайран жас.).

ЖАҢАЛЫҚСЫЗ с ы н. *Жаңалығы жоқ, өзгеріссіз.* Ол жинақталған ғылыми-техникалық *жаңалықтарсыз* қалыпты дами алмайды (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.). Уақыт алға жылжығанда өзгеріссіз, *жаңалықсыз* ілгері аттамайды. Әр күннің әртүрлі сый-жаңалығы бар («Лен. жас»).

ЖАҢАЛЫҚТА ү с т. ж е р г. *Жақында, жуықта, таяуда.* Біз мұнда *жаңалықта* ғана келдік (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Жаңалықта* мал азығын дайындау туралы тағы да бір қаулы алынды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҢАЛЫҚТАЙ с ы н. *Жаңалық сияқты, өзгерістей.* Айтпақшы, сіз осы дүркін-дүркін залппен оқ атуды өзіңіз тапқан *жаңалықтай* етіп айтып отырсыз (Б.Момышұлы, Москва.). Жасалған тойда Абдолла мен Кәмештің қосылғаны да, Басқасу үшін ұлан-асыр *жаңалықтай* боп жаңғырығып жатты (С.Ғаббасов, Ана.). Сол жылы айналасы шынымен қапталған сәулетті ғимарат керемет *жаңалықтай* көрінген (О.Сәрсенбаев, Жақсының көзі).

ЖАҢАЛЫҚШЫЛ с ы н. *Жаңалыққа әуес, жаңалыққа құмар.* Түркияның қалың бұқарасы, оқып жүрген жастары, *жаңалықшыл* оқығандары бұл өзгерісті қуаттайды (С.Сейфуллин, Шығ.). Кейінгі шығармалар форма жағынан құнды, қасиетті, *жаңалықшыл* екен. «Алғашқы ұстаз» повесінен де айқын аңғарылады («Қазақст. мұғ.»).

ЖАҢАР= е т. **1.** *Бүтінделу, тазару, өңі ашылу.* Көрпе-жастықтар бірөңкейленіп, *жаңарып* кетіпті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Айырбастап жылқыны, Біреулер берді матаны. Ақша түсті қалтаға, *Жаңарды* жыртық шапаны (О.Шипин, Екі дастан). **2.** а у ы с. *Жақсарып көркею, өркендеп даму, жаңғыру.* Түсінем, түлейді өмір, *жаңарды*, Жаңа өңірде жаңа оттар жанар әлі. Нелер ұрпақ әлі де ағарады, Секілденіп өзінің бабалары, Қалса болды халқының шежіресінде, Әр ұрпақтың өзіндік бағалары. Жылдар... Жылдар жылжиды жоғалады, Жаңа жылдар сағаты соғар әлі (М.Мақатаев, Шығ.). Ескінің *жаңарғаны*, немесе, жоғалғаны оның ойында жоқ (С.Бақбергенов, Адам және көлеңке). *Жаңарған* жер, өзгерген аймақта Ақанның жаз бойғы ермегі де баяғыдай басқа болды (Т.Әлімқұлов, Айтек сарыны). Бұл өмір таусылмас, *жаңарар* адамзат. Арам ой ұмытылып, зорлықшыл болар мат (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Қайтадан өзгеру, орны ауысу.* – Тоқта! Сәл кейін... рульді оңға. Телеграф аппараты тағы да қоңырауланады. Жарлық тағы да *жаңарады* (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Рельстің *жаңарып* ауысқаны болмаса, жол – сол Дарханның салған жолы (О.Бөкеев, Өз отың.). **4.** *Өзгеру, жаңа көзқараспен қарау.* – Ел өзгеріп, жұрт *жаңарып*, жақсылыққа бет бұрып жатсаңдар да, әйел жұмсауларың сол баяғыша екен, – деп күлді де, – Жанар, сен енді отыр. Қалған шаруаны біз істейік, – деді Сәрсен (Т.Ахтанов, Дала.).

Жаны жаңарды. *Көңілі көтерілді, шаттанды.* Өмір бойына талмай арала, Туған далаңа құмар қана ма? Жолдар – шежіре, жолдар – жаңалық. Жайнап қайтасың, *жаның жаңарып* (М.Әлімбаев, Жүрек.).

Жаңарған сулар. с у ш а р. *Құрамында су молекулалары бар минералдардың дегидратациялануы нәтижесінде пайда болатын сулар.*

ЖАҢАРТ= е т. **1.** *Ауыстыру, әлі қолданылмағанын пайдалану.* Күні бойы аптап ыстық денесін оттай қарып, тілі аузына сыймай жаны қысылған ел түн салқынына денесін төсеп, жөргегін *жаңартып*, бесікке бөлеген баладай балбырап жатқан шақ (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Марқұм әрбір үш жылда матасын *жаңартып* отырушы еді (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты). **2.** а у ы с. *Құлпырту.* Жібек гүлдер жүзіңді *жаңартады*, Жұпар ауа жаныңды тазартады (Ө.Тұрманжанов, Бозша торғай). **3.** а у ы с. *Жаңғырту, дамыту, ілгерілету.* Ел құрметіне ие болған адамдарымыз халқымыздың әрдайым көңілінен шығып отыратын жағын көп ойлап, өнерін де өмірдегі өзгерістерімен байытып, *жаңартып* отырса, тіптен де дұрыс болар еді (І.Омаров, Серпін).

ЖАҢАРТҚЫШ: **төсек жаңартқыш.** *Әйел алғыш, үйленгіш.* Сол қара түндегі қанды жаспен жазылғандай ана тілегін, әке назарын ауырлады. *Төсек жаңартқыш*, далауыз Омардың қармағына ілінді (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАҢАРТПА з а т. **1.** п е д. *Әлеуметтік практикада елеулі өзгерістер тудыратын әртүрлі*

жаңа құбылыстар жасаушылық, ендірушілік. Әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-басқарушылық, техникалық-технологиялық *жаңартпалар* болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Педагогика). Әр топтың мүшелерінің *жаңартпаның* ықтимал нәтиже-салдарымен байланысты түсініктері, күтулері, эмоциялық сезінулері әртүрлі болады (Қаз. тілі термин. Педагогика). **2.** эк он. <лат. novatio> *Азаматтық құқықта тараптардың бұрын жасалған міндеттемелерді жаңа міндеттемелермен ауыстыру туралы келісімі.* Банк несиесінің немесе басқа міндеттемелердің біреуге ауысу нысаны, *жаңартпада* келісім тараптарының бірінің құқығы үшінші тұлғаға көшеді (Қаз. тілі термин. Экономика.). Термин биржада да есеп айырысу келісімі бойынша орын алатын сатып алушылар мен сатушыларды ауыстыру кезінде қолданылады, *жаңартпада* фючерстік келісімшарт нақты тауар жеткізілімі жолымен жойылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАҢАРТУ[1] зат. ин ф. <ағыл. update> *Жаңа талапқа сай болуы үшін мәлімет файлдарына немесе жүйелерге енгізілген өзгертулер (модификация). Жаңартудың* жеңіл жүйесі жадқа еркін қатынас құруды пайдалануды талап етеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Жаңарту* бойынша операция өзіне файлды экранға шығаруды және осы мәліметтерді редакциялауды қамтиды (Қаз. тілі термин. Информатика.). Радакцияланғаннан кейін файл дискіге жазылады, олай болмаған жағдайда мәліметтерді *жаңарту* жұмысы аяқталмайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖАҢАРТУ[2] *Жаңарт етістігінің қимыл атауы.* 1948 жылы табиғатты *жаңарту* туралы сондай қаулы болған, онда бүкіл жерімізге ағаш отырғызу мәселесі қаралған (І.Есенберлин, Көлеңке.). Әр әдебиеттің өзіне тән ұлттық түрі болатыны белгілі. Бірақ түр дегеннің өзі қатып қалған нәрсе емес, оны да өзгертіп, *жаңартуға* болады (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Қоғамдық белсенділік дегеніміз – адамның көзқарасы, мақсаты, қажетіне сай қоршаған өмірді өзгертуге, *жаңартуға,* оны жақсартуға жасаған іс-әрекеті («Қазақст. мект.»). Қазіргі күнде елде тұрмысты жаппай жаңғырту, *жаңарту* етек алыпты (С. Омаров, Дала қызы).

ЖАҢАРТУШЫ з а т. *Жаңалық әкелуші, өзгертуші.* Біз Майлиннің кейіпкерді ауыл ортасынан өсіріп, сол ауылды *жаңартушы* деңгейіне жеткен өкілі ретінде шебер көрсеткенін аңғарамыз (Ф.Оразаев, Басты.). Мына өзі басқарып отырған еңбек комиссариаты Жалғанды *жаңартушы* өркен өрістетпекті ойлайды (С.Бегалин, Замана.). Әдетте ауылға барған интеллигенттер туралы шығармаларда бұрын ауылда түк істелмей жатқаны суреттелетін де, жас кейіпкер сол дүниені *жаңартушы* есебінде көрінуші еді (С.Қирабаев, Октябрь.).

ЖАҢАРТУШЫЛЫҚ с ы н. *Жаңалық әкелушілік, басқаша өзгеріс кіргізушілік.* Майлин социалистік реализмнің негізін қалап қана қойған жоқ, сондай-ақ «партия адамының» *жаңартушылық* қабілетін де көрсете білді (Ф.Оразаев, Басты.).

ЖАҢАРТЫЛ= е т. **1.** *Жаңаға алмастырылу, ауыстырылу.* Ботаның тұратын жері жарық, төсеніші қалың болуын, оның *жаңартылып* тұруын қадағалап отыру талап етіледі (Түйе өсіру). Оң жақ кеуде қалтасының үстін ала тігілген, ауыр жараланғанының белгісі сары лента да бүгін *жаңартылыпты* (Қ.Исабаев, Қара бала). **2.** *Жаңалану, өзгертілу.* «Айман-Шолпанның» *жаңартылған* бұл түрі 1960 жылдан бері қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында қойылуда («Қазақст. мект.»). Жиырма жылдан артық уақыт өткен соң «Намыс гвардиясының» *жаңартылған* варианты қайтадан сахнаға келді (Р.Нұрғалиев, Талант.).

ЖАҢАРТЫЛМАЛЫ с ы н. *Жаңартылып отыратын.*

Жаңартылмалы несие. э к о н. *Капиталдар рыногындағы жағдайдың өзгеруін ескере отырып, тоқсан сайын немесе басқадай дүркіндік түзету енгізіліп отыратын өзгермелі пайыздық мөлшерлеме бойынша берілетін несие. Жаңартылмалы несие* әдетте, орта және ұзақ мерзімдік сипатта болады (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

ЖАҢАРТЫЛУ *Жаңартыл етістігінің қимыл атауы; жақсартылу.* Бұрыннан пайдаланылып келген суландыру жүйелері – қайта қалпына келтіріліп *жаңартылуда* («Қаз. әдеб.»).

ЖАҢАРТЫС= е т. *Қоныс ауыстырысу, жұрт жаңаласу.* Осы бір жұрт *жаңартысқан* қалың дүрмекте бүркітші нағашым Мәтінің үйі де Шолақеспенің жоғарғы жағындағы жалпақ қара суға қоныпты деп естідім (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ЖАҢАРУ *Жаңар етістігінің қимыл атауы; жақсару, өзгеру, құлпыру.* Сыры жұмбақ күзгі орман, расында, Ойға батып қайтасың, барасың да. Тұрғандайсың орманда, өзің дағы, *Жаңару* мен тозудың арасында (Ғ.Қайырбеков, Қанатты.). Оның сана-сезімі мүлдем жаңаруға айналған (І.Есенберлин, Маңғыстау.). Астана атты жаңа елордамыз бүкіл елдің *жаңаруының* символы сынды болып кетті, қазір Қазақстанның бүкіл облыс орталықтары

Астананың үлгісімен өзгеріп жатыр («Егемен Қазақстан»). Ә. Нұршайықовтың «Әсем» деген повесінің пафосы да адамның жақсару, *жаңару* қабілетіне зор сенімділікпен қарау мәселесі («Қаз. әдеб.»). Ұлы ойшыл Алексей Максимович халықтың өткеніне сын көзімен қарап, көне көзқарасты жаңаға жанастыра *жаңарудың* үлгісін ұсынды (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАҢАРЫС= е т. *Бірге өзгеру, жаңалану.* Бекіністің өз басында товар алмастыратын орталық болмағанмен, Исфахан арқылы дуан басы бір *жаңарыс ып* қалатын (Ж.Молдағалиев, Самал).

ЖАҢАША үст. **1.** *Басқажағынан, бұрынғыдан бөлек.* Көкшенің сайларынан, қобыларынан, шыбық белгіден, Талас, Сарысу, Шу өзендерінің ескі, қазіргі арналарынан *жаңаша* құдықтар қазған жөн (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** *Жаңа жолмен, басқаша.* Фазылды қажылар жаңа мектеп ашып беріп, *жаңаша* бала оқыттыратын болып аулына алып келген (І.Жансүгіров, Шығ.). Мақталы Оңтүстік Қазақстанда алты жыл бұрын тоқтап қалған тоқыма зауытының орнына «Адал» кәсіпорны келіп, *жаңаша* жұмыс істей бастады («Қаз. әдеб.»).

ЖАҢАШАЛА= е т. *Жаңа заңмен, жаңа жолмен жүру.* – Кісі өлтірісіп, құн төлескеніміз бір бүгін емес қой, заң қуыссақ – *жаңашалап,* Құдай-аруақ қуыссақ – ескішелеп бітірерміз (К.Оразалин, Көктем.).

ЖАҢАШАЛАУ *Жаңашала етістігінің қымыл атауы.*

ЖАҢАШЫЛ с ы н. **1.** *Жаңалықты жақтаушы, жаңаға құмар.* Өлеңмен жазылған «Кім жазықты» романы да Сұлтанмахмұттың *жаңашыл* ақын екенін дәлелдейді (С.Хайдаров, Азамат.). Ол *жаңашыл,* өз әлінше ізденгіш шаруа шебері (С.Бегалин, Ана қайраты). Жарқын өткен заманның *жаңашыл,* ойшыл ғалымның есімін қарындасына анық етіп жіктеп айтты (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен.). Біреуің *жаңашыл* болғанның жөні осы деп ескі әдебиетті отқа өртеу керек деп жүрсіңдер, ескі әдебиетті, ескі мәдениетті отқа өртеп, енеден данышпан, енеден еңбекші болып туған кім бар еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** к і т. *Қайсыбір қызмет саласында жаңа, ілгерішіл қағидаттарды, идеяларды, тәсілдерді енгізуші және жүзеге асырушы (адам).* **3.** к і т. *Тәуекел мен экспериментке бейім, табысы жоғары және әлеуметтік мәртебесі биік топқа жататын сатып алушы.*

ЖАҢАШЫЛДЫҚ з а т. *Тыңнан жаңа мәселе қоюшылық, ізденімпаздық.* Жұмабай да жаңашылдығын істеп, бостандық алған жастардың көңіл күйіне шын қуанышын білдірді (С.Бегалин, Замана.). Ұлттық Ғылым академиясының сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасы Н. Назарбаев еліміздің халық шаруашылығын өркендетіп, дамыту үшін, осы заманғы міндеттерді шешудегі *жаңашылдық* ізденістердің рөлін арттыру үшін бүкіл ғылым жүйесін реформалау қажеттігін атап көрсетіп, осы орайда нақты тапсырмалар берген болатын («Егемен Қазақстан»). Бүгінгі өмірімізді көркем бейнелеудегі батыл *жаңашылдық* туралы мәселені қабырғасынан қою мүмкін емес (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Өз тәжірибесінде әрбір суреткер әдеби әдісті авторлық идеалына, шығарма мақсатына байланысты үнемі құбылтып, өзгертіп *жаңашылдық пен* пайдаланса ғана, жалынды шабыттың айдын шалқарын таппақ (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Әйгілі жыраудың [Жамбылдың] бұл атыраптағы озық өнегесі мен *жаңашылдығы* да әлі түгел жазылған жоқ («Қаз.әдеб.»).

Жаңашылдық және дәстүр. ә д е б. *Әдеби процеске тән жалғастықты, жазу шығармашылығындағы халықтық үлгілер мен өзіндік соны сипат-қасиеттердің бірлігін танытатын ұғым қалыптасып, сұрыпталған көзқарас, түсініктер, көркемдік үлгі-өрнектер, тәсілдер. Дәстүр мен жаңашылдық* диалектикалық бірлестікте болады (Әдебиеттану термин. сөздігі). *Жаңашылдық пен дәстүрдің* негізі – ескі мен жаңаның жалғастығы (Әдебиеттану термин. сөздігі). *Дәстүр мен жаңашылдық* тарихпен бірге өзгеріп отырады. Дәстүрге көркемөнердің тақырып ауқымы, үйреншікті сарын, өмірге қатынасы бейнелер аумағы, идеялық бағыты, қалыптасқан көркемдік құралдары жатады (Әдебиеттану термин. сөздігі).

ЖАҢБАҚТАЙ-ЖАҢБАҚТАЙ үс т. же р г. *Теңбіл-теңбіл, ойдым-ойдым.* Үй сырты бұрынғыдай емес, жадау. Қабырға сылаулары *жаңбақтай-жаңбақтай* боп қопсып тұр (С. Жүнісов, Жапанда.).

ЖАҢБЫР з а т. *Бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары.* Мысқазған кені *жаңбырдан* кейін айдалада дөңгелене біткен қатқақ судай әр жерде ойдым-ойдым болып жатады (І.Есенберлин, Алтын құс). Ұзақ күнге аспан әлемін тұнжыр күздің жылауық бұлты қоршап, *жаңбыр* бүркіп тұрды да, кеш түсе алақаншықтап қар жауып кетті (С.Шаймерденов, Мінез). Күн күркіреп, найзағай жарқылдап, жаз белгісін түгел елестетіп, бірінші *жаңбыр* себелеп жауа бастады (Б.Майлин, Шығ.). Әне, сұлу аспанда

тұр, Көк лентасы – «кемпірқосақ». Себелейді жұпар *жаңбыр*, Жайқала бер, қызыл шашақ! (Қ.Аманжолов, Шығ.). Қорықтым, қорықсам да ішімнен иман айтып, сол үш шошақ найзадай моланың шеткісіне кіріп, *жаңбырдан* паналап, қалима айтып отырдым (С.Сейфуллин, Шығ.).

Боз жаңбыр. *Жауынның баяу, сібірлеп жауатын түрі, ақ жауын.* Үзбей бір қалыппен сібірлеп жауған *боз жаңбыр* үстін сулады (Ә.Нұрпейісов).

Жаңбыр ағындысы. с у ш а р. *Су жиналу алабына өзен суы мен жаңбыр жаууынан жиналған су.*

Жаңбыр көрмеді. *Көп уақыт жаңбыр жаумай, құрғашылық болды.* Көп уақыт *жаңбыр көрмей,* құрап, күйіп, Жоқ еді Сарыарқада көрер сиық. Сол қатарда шөлдеген жан-жануар, Аузына тұра алмаған тілі сыйып (С.Торайғыров, Шығ.).

Жаңбыр қарқындылығы. с у ш а р. *Ылғалдың сіңу шамасы белгілі бір уақыттағы жаңбыр қарқындылығы мен сол жерге белгіленген мөлшері, суару нормасының берілуі. Жаңбыр қарқындылығы* шалшық суға айналмауы қадағаланатын мұндай суару – мүмкінді суару деп аталады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбыр өлшеуіш. с у ш а р. *Жер бетіне түсетін жауын-шашын мөлшерін өлшеуге арналған құрал.* Қабылдағыш беттің қызметін ауданы 500 см^2 *жаңбыр өлшеуіш* шелек атқарады (Қаз. тілі термин. Су.). *Жаңбыр өлшеуіш* жер бетінен екі метр биіктікте арнайы Нифер қорғанышының ішіне орнастырылды (Қаз. тілі термин. Су.). *Жаңбыр өлшеуіш* шелекте жиналған сұйықтықты жаңбыр өлшеуіш стақанмен өлшейді. Бұл стақандағы әрбір өлшем сызығы шелектің 0,1 мм-не сәйкес келеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбыр тасқыны. с у ш а р. *Қысқа әрі қатты жаңбырдан болатын, өзеннің белгілі бір тұсындағы су деңгейінің тез әрі қысқа мерзімдік көтерілуімен және тап осындай тез тартылуымен аяқталатын құбылыс.* Кәдімгі су тасуынан ерекшелігі – жылда қайталанады, бірақ белгілі бір мерзімі болмайды. *Жаңбыр тасқынының* мөлшері кейде су тасуының деңгейінен де асып түсуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбыр ығы. с у ш а р. *Жаңбыр аз болатын, негізінен жел жақ беттегі ылғалды ауа ағыстары мен конденсацияланатын жауын-шашынды ұстап қалатын ық жақ беткейлер және ірі тау жоталарының соларға жанасатын аумақтары.*

Қара жаңбыр. *Бұлт қап-қара болып торлап келіп, тез өтетін суық жауын.* Соңғы екі-үш күнде жерді қар басып еді, енді *қара жаңбыр* төгіп тұр («Лен. жас»). Міне, күздің *қара жаңбыры* басты да кетті (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

Нөсер жаңбыр. *Аяқ астынан сіркіреп қатты жауып, тез аяқталатын жауын. Нөсер жаңбыр* – будақ бұлттардан қатты жауып тез аяқталады; олар, көбінесе, төменгі ендіктерге тән (ҚҰЭ).

Өткінші жаңбыр. *Аспан ала бұлттанып келіп, тез өтетін жауын.* Жер жарықтық, бір боз жауын құйып берсе деп, аңсап жатыр, біз ең болмаса, *өткінші жаңбыр* өтіп кетсе екен деп тілейміз («Қаз. әдеб.»).

Сіркіреме жаңбыр. *Диаметрі 0,5 мм-ден аспай, майдалап, өте баяу жауатын жаңбыр. Сіркіреме жаңбыр,* негізінен, қатпарлы бұлттан шығып, өте баяу жауады (ҚҰЭ).

ЖАҢБЫРДАЙ с ы н. **1.** *Жаңбыр төрізді (үсті-үстіне төпеу, бас көтертпеу).* Атыс жаман болды. Таудың басына шығып алып, қазақ-орыстар мылтықты сатырлатып еді! *Жаңбырдай* жауды, көзің жамандық көрмесін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалың оқ *жаңбырдай* жауып, бас көтерер емес (Б.Момышұлы, Офицер.). Сарбаздар қуа беріп еді, Маңғаздың үй жағынан кенет *жаңбырдай* оқ жауып қоя бергенде қайта қайтты (М.Жұмағұлов, Қыран.). Сен қашсаң да мен қойман, Арғымағым жебелеп, Енді алдыңнан шығайын, Қар, *жаңбырдай* себелеп (Бес ғасыр.). **2.** а у ы с. *Үйіп-төгіп, бастырмалату.* Онкүндіктің жабылуына арналған кеште ақ жүректерден айтылған адал тілектер, алғыс сөздер *жаңбырдай* жауды (С.Мәуленов, Шыңда.). Біздер Күләйға құттықтау сөздерді қардай боратып едік, ол да қарыздар боп қалмай, жаңа жылғы жақсы тілектерін *жаңбырдай* жаудырды (С.Баязитов, Айдарлы.). Алдыңғы хабар рас болып, үйге *жаңбырдай* жауған жеміс астында, болашақ өмір иелері кіріп келе жатты (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.).

Жаңбырдай жаудырды. *Үсті-үстіне боратып жіберді.* Сол қамаудағы қалалардың әрқайсысы айнала қамап алған дұшпан әскерлерінің *жаңбырдай жаудырған* оғына шыдап келді («Айқап»).

ЖАҢБЫРЛА= е т. *Жаңбыр жауу, жаңбыр құю.* Бұлт үйіріп, күркіреп, *Жаңбырлап* күн ашылса; Тебіндеп көгі, жер түлеп, Солған өңін жасырса (Т.Әлімқұлов, Бозжорға).

ЖАҢБЫРЛАТ= е т. **1.** *Үзбей жауу, толастамау.* Күз болып қалған уақ. *Жаңбырлатқан* қар бірнеше рет жауып та ашылған

(І.Жансүгіров, Шығ.). Жайлауда ала қарлы, Аман текше, Қарлатып, *жаңбырлатып* нөсер төксе. Тықсыртып кәрі аршаны, от маздатқан Шал үйін сағынушы ек біз ерекше (І.Жансүгіров, Поэм.). **2.** с у ш а р. *Бүрке шашу, шашырата құю.* Егістіктерді суарудың қалыптасқан үш әдісі бар: 1) Жер бетімен суару; 2) *Жаңбырлатып* суару; 3) Топырақ астымен суару (Е.Жамалбеков, Суармалы.). Өткен ғасырларда суды жайып, көлдету әдісімен суарылатын болса, қазір су жүйектер арқылы *жаңбырлатып* суару әдісімен жүргізіледі (С.Ысқақов, Табиғат.). Қызылша плантациялары тегіс емес жерлерде егісті *жаңбырлатып* суару әдісіне көшу керек (Ы.Кененбаев, Лабасы.). **3.** *Жаңбырмен қабаттасу, жауын-шашынға қарамай қатарласу.*–«Келіп кетсін, ақылдасатын шаруа бар» деген сәлеміңізге бейуақта, *жаңбырлатып* үлгергенім осы, – деді ол (Д.Досжанов, Зауал). Бүгін ғой *жаңбырлатып* жақын келдім. Ұзасам таңдайыма татыр демің. Қағылез қара бала болғанымен, Жүрегім кәдімгідей ақын менің (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жаңбырлата суармалау. с у ш а р. *Егістік жердің топырақ пен өсімдік бетіне суды қысыммен арнаулы жаңбырлатқыш құрылғы арқылы жасанды жаңбыр түрінде беру тәсілі.*

Қарлы жаңбырлатты. *Қар аралас жаңбыр жауды.* Құбыладан мың бұрала соққан сойқанды жел өткір, әрі *қарлы жаңбырлатып* сабалайды (О.Бөкеев, Үркер). Батыстан соққан үскірік біраз күнге дейін қара борандатып тұрды да, артынан *қарлы жаңбырлатып* төгетөге салды (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖАҢБЫРЛАТҚЫШ з а т. с у ш а р. *Су шашқыш, су сепкіш.* Плантацияның біразы биыл *жаңбырлатқыш* қондырғылармен суғарылады (Ж.Мусин, Қанат.). Суды арнаулы *жаңбырлатқыш* қондырғы арқылы жасанды жаңбыр тамшысы түріне айналдырып, жер беті мен өсімдік бетіне майда су бөлшектерін бүрку процесін жүргізетін қондырғы *жаңбырлатқыш* деп аталады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбырлатқыш агрегат. с у ш а р. *Өзі жүретін тіреуіштерден және жаңбырлатқыш құрылғымен бірге орнатылған сорғыш құралдардан тұратын агрегат.* ДДА–100 МА *жаңбырлатқыш агрегатының* топырақты ылғандыруы ағынды судың бойымен жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбырлатқыш аппарат. с у ш а р. *Жасанды жаңбыр тамшыларымен жерді, ауаны ылғалдандыратын жылжымалы элементті құрылғы. Жаңбырлатқыш аппараттарды* негізгі су жүйелері жабық, машиналары мен қондырғылары жылжымалы болады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбырлатқыш жүйе. с у ш а р. *Ауылшаруашылығы дақылдарын жаңбырлатып суландыруға арналған құрылымдар мен қондырғылар жүйесі. Жаңбырлатқыш жүйенің* құрамында су жинағыш құрылыс, су жеткізуші канал және су жүргізгіш құбырлар, суды бөліп-таратқыш желілер, жабдықтар, гидротехникалық құрылыстар, аппараттар, жасанды жаңбыр жаудыруға арналған машиналар мен қондырғылар болады (Қаз. тілі термин. Су.). *Жаңбырлатқыш жүйе* тұрақты, жартылай тұрақты және жылжымалы болып жіктеледі (Қаз. тілі термин. Су.). *Жаңбырлатқыш жүйенің* түрі мен технологиялық схемасы суару техникасына, суармалау алаңының тұрқы мен мөлшеріне, жер бедеріне, суармалау объектісінің кепілді су көзінен орналасу қашықтығына, суару қажеттілігін автоматтандыру және су үлестіруді реттеуге және егістікті ауылшаруашылығында пайдалану сипатына қарай орналастырылады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жаңбырлатқыш қондырғы. с у ш а р. *Ауылшаруашылық дақылдарын бір позициядан жаңбырлата суаруға арналған қондырғы. Жаңбырлатқыш қондырғы* бөлшектей тасымалданатын (позициясын ауыстырар алдында бөлшектенетін жеке буындардан тұрады) және бөлшектенбей тасымалданатын (трактор және басқа да көлік тіркемесінде, мыс., жаңбырлатқыш сілемдері) болып ажыратылады (Қаз. тілі термин. Су.). *Жаңбырлатқыш қондырғылардың* жинамалы және жиналмай жылжитын түрлері бар (Қаз. тілі термин. Су.). Минералды тыңайтқыштарға бағаның төмендеуі бидайдың ұсынымын көбейтеді; *жаңбырлатқыш қондырғыларға* бағаның өсуі жүгерінің ұсынымын азайтады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

Жаңбырлатқыш мәшине. а у ы л ш а р. *Ауылшаруашылық дақылдарын жаңбырлатып (тамшылатып) суаруға арналған қондырғы. Жаңбырлатқыш мәшине* тракторға орнатылады не суару телімінде тіректері арқылы өздігінен қозғалады (ҚҰЭ). *Жаңбырлатқыш мәшинелердің* негізгі жұмыстық бөліктері – қысқа шапшымалы саптамалар, орташа шапшымалы және алысқа шапшымалы жаңбырлатқыш аппараттар (ҚҰЭ). *Жаңбырлатқыш мәшинелер* әрекет ету принципі бойынша оңтайлы орынды және жылжымалы болып ажартылады (ҚҰЭ). *Жаңбырлатқыш мәшине* суғару арналарынан суды сорып, оны

алысқа шапшытатын аппараттарға айдайтын ортадан тепкіш сорғылармен жабдықталған (ҚҰЭ).

ЖАҢБЫРЛАТУ *Жаңбырлат етістігінің қимыл атауы, жаңбырдың құюы.* – Дәл жерлеу үстінде *ж а ң б ы р л а т у ы н* көрмеймісің. О, неден екен, ә?– дейді жұрт (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖАҢБЫРЛЫ с ы н. *Жаңбыры қалың, жаңбыры көп.* Егер қыс қарлы, жаз *ж а ң б ы р л ы* болса, «Үлкен айдындар» өңірінде бітік шыққан егіннен көз тұнатын (І.Есенберлин, Көлеңке.). *Ж а ң б ы р л ы* түнде бұлт түйіліп түнереді (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). *Ж а ң б ы р л ы* қыркүйектің таңы алдында. Өзеннің қара пардай қабығында, Көп күткен арманының жұлдызындай Анамның жарқ етіппін жанарында (С.Мәуленов, Алыс кет.). Қысы қарлы, жазы *ж а ң б ы р л ы* өтіп, табиғатына да өзгеше бір қызғылықты рең беруші еді (А.Сейдімбеков, Ақиық). Село көшелеріндегі бұлт, тұман басқан *ж а ң б ы р л ы* түнде айналаны күңгірт қана көрсеткен шамдар үп десең, өше салайын деп тұрғандай (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

ЖАҢБЫРЛЫҚ[1] з а т. *Жауын-шашынға киетін жеңіл күртеше.* Әнеки, *ж а ң б ы р л ы қ* киген, қалпақты қазақ жігіттері де келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАҢБЫРЛЫҚ[2] з а т. *Жылқының сауырындағы ойыстау тұсы, суағары. Ж а ң б ы р л ы г ы* сорайған бүкір торы (Б.Аманшин, Шығ.).

Ат жаңбырлығын жапты. *Ат қоңданды, семірді.* Бір-екі айда *а т ж а ң б ы р л ы г ы н ж а п т ы* (Ауызекі).

Жаңбырлығы жабық. *Қоңды, сауыры тұтас, семіз.* Еламан аттың ерін алды. «*Ж а ң б ы р л ы г ы ж а б ы қ*, қазір бабында», – деп түйді Еламан (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Жаңбырлығы қазылу. *Жылқының арықтауы, етінің ояздануы.*

ЖАҢБЫРЛЫ-ШАШЫНДЫ с ы н. *Ауа райы қолайсыз, жауынды-шашынды.* Шпал деген ағаш ыстық-суықты, *ж а ң б ы р л ы ш а ш ы н д ы* ауа райында тез шіриді (С.Мұқанов, Саяхат.).

ЖАҢБЫРСЫЗ с ы н. *Күн ашық, жаңбыры жоқ.* Осы жылдың күзі де *ж а ң б ы р с ы з* жайдары өтті (Ә.Тарази, Асу.). Ақыл, ғылым болмаса, бір пияла, Жанары жоқ дөңгелек көзің бір нөл. Уағдасыз сөз – тұсаусыз бейне жылқы, Секілді пайдасы жоқ *ж а ң б ы р с ы з* жел (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жайық жағасы да биыл қысы қарсыз, көктемі *ж а ң б ы р с ы з д а у* боп Бұрындық бері қарай көшкен (І.Есенберлин, Алмас.). Әйтсе дағы шілдеде, я көктемде, Көкке бұлттар жиналса екен деп кейде. Қарайлаймыз, жаңбыр керек өйткені, *Ж а ң б ы р с ы з* гүл, егін сірә, көктей ме?! (А.Шамкенов, Сырларым).

ЖАҢБЫРША үс т. *Жаңбыр секілді, үдей, екпіндей, қарқындай. Ж а ң б ы р ш а* себелеген шеше сөзінің кейбір тамшылары көңіліне қонып, миына сіңіпті (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара). Жаудың оғы *ж а ң б ы р ш а* жауды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Біз қайтадан жоғары көтерілдік те, жаяу әскерлерге пулемет оғын *ж а ң б ы р ш а* жаудырдық (Т.Бигелдинов, Аспандағы айқас). Желге ұшыраған дән тамшылары шүпірлеп барып жердегі астықтың үстіне *ж а ң б ы р ш а* төгіледі (Б.Нұржекеев, Шығ.).

ЖАҢБЫР-ШАШЫН з а т. *Жауын, аспаннан бөлінетін су тамшысы.* Ауа райы құбылысын өзгертіп, *ж а ң б ы р-ш а ш ы н д ы* молайтады (А.Балтабаев, Шөлде.). *Ж а ң б ы р-ш а ш ы н* кезінде балаларға пана да керек қой (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЖАҢҒАҚ[1] з а т. ө с. <лат. juglans> **1.** *Жаңғақ тұқымдасына жататын қос жарнақты көпжылдық ағаш. Ж а ң ғ а қ т ы ң* Қазақстанда екі түрі кездеседі: грек жаңғағы және қара жаңғақ (ҚҰЭ). *Ж а ң ғ а қ т ы ң* суыққа төзімсіз мүшелері аталық генеративті бүршіктері, сондай-ақ, бірекі және көпжылдық өркендері (ҚҰЭ). Грек *ж а ң ғ а ғ ы* ағашының сүрегі жиһаз дайындауда, жапырағы, дәнінің қабығы медицинада және парфюмерияда пайдаланылады (ҚҰЭ). **2.** *Жаңғақ ағашының сыртқы қабыршағы қатты жемісі.* Кептірілген өрік-мейіздер. Жас баланың жұмырығындай *ж а ң ғ а қ*, қауын мен алма қағы (Р.Райымқұлов, Жасыл белес). Склереиданың қайыршақ клеткалары құрылысымен танысып, оны зерттеу үшін, алмұрттың жемісін, *ж а ң ғ а қ т ы ң* қатты қабығы мен өріктің сүйегін алып көруге болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАҢҒАҚ[2] з а т. ж е р г. *Есік, терезенің кәсегі.* Есікке *ж а ң ғ а қ* жасату керек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАҢҒАҚТАЙ с ы н. **1.** *Жаңғақ сияқты.* Суырып тілді үйірген, Тәтті жоқ со бір *ж а ң ғ а қ т а й.* Көк өрім болып түйілген, Түйірі әрбір бармақтай (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Жетімдіктің өзі тағдырдың жазмышы ғой. Толқын қуған *ж а ң ғ а қ т а й* талай жерді шарладым, отызға жетер-жетпес жасымда, – деді Борис (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара). **2.** *Қатты, мықты.* О, жаратқан! Ерлікпен тегім бірге, Жақсылықтың шебінен шегіндірме! Шіркін сөзім еменнің *ж а ң ғ а ғ ы н д а й*, тамыр тартып кетсе ғой қоңілдерге! (Қ.Мырзалиев, Шығ.).

ЖАҢҒАҚТЫ с ы н. *Жаңғағы бар, жаңғақ өскен.* Табан асты терең сай, арғы беттегі

бөктерде алмалы, өрікті, *жаңғақты* қалың бақ (Л.Құрманаева, Өшп. жалын).

Жаңғақты лотос. ө с. <лат. nelumbo nuciferum> *Лотос тұқымдасына жататын қос жарнақты, көпжылдық су өсімдігі. Жаңғақты лотос* – өте әдемі гүлді, реликт өсімдік, сәндік үшін өсіріледі (ҚҰЭ). Республикадағы таралу ареалының азаюына байланысты *жаңғақты лотос* қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

ЖАҢҒАҚША[1] з а т. *Бір ғана бөлікті дәннен тұратын жаңғақтың кішкентай түрі.* Жемісі – ішінде бір ғана тұқымы бар *жаңғақша* («Білім және еңбек»). Одан да төмен әртүрлі бұталардан – *жаңғақша*, бересклет, крушина, калина, мойыл және т.б. түзілген орман шілігі орналасқан (Жалпы биология). Гүл серіктері ақ, *жаңғақшаларының* ұзындығы 3–4,5 мм, үш қырлы (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

ЖАҢҒАҚША[2] ү с т. *Жаңғақ сияқты, жаңғақтай.* Аға, бұл хат мен білмейтін басқа тілде жазылғанға ұқсайды. Орысша болса әлдекашан *жаңғақша* шағамыз ғой (Ә.Әлішев, Ат тұяғы.).

ЖАҢҒАЛАҚ с ы н. **1.** *Ұшқалақ, шыдамсыз.* Жиналыстарда оған қарсы жаңғыз-ақ бір *жаңғалақ* шал сөйлейтін (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Оның бас бухгалтерлікке қолын жеткізіп жүрген осы зеректігі, әйтпесе мінезі тым *жаңғалақ* (Ә.Сараев, Тоскауыл). Мен жүгіріп барған кезде әлгі қара дәу Керболды қойып-ақ жібергені. Өзі *жаңғалақ*, жеңіл Кербол мұрттай ұшты (Ә.Бүркітбаев, Жетімек.) . **2.** *Ұмытшақ.* Бала тәрбиесіне байланысты мақал-мәтелдердің өзін алсақ та сондай көпке ортақ, ертеде қалыптасқан. Мысалы «*Жаңғалақ* жарым – еспен тең», «Талаптыға нұр жауар», «Бала теңіне қарап өседі» т.б. дегендер («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖАҢҒАЛАҚТА= е т. *Асып-сасып, ұшқалақтанып сөйлеу.* Неғыпты қатыннан қап онша маған, Болдым ба оңай неме мен де саған. Алдымда *жаңғалақтап* сөйлей алмай, әр жерде қалушы еді сендей адам (Айтыс).

ЖАҢҒАЛАҚТАН= е т. *Ұшқалақтану, тынышсыздану.* Бала бір оны, бір мұны әуес көріп алаңдап, *жаңғалақтанып* бірден бірге көшімпаз келеді дейтіндер бар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАҢҒАЛАҚТАНУ *Жаңғалақтан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАҢҒАЛАҚТАУ с ы н. *Ұшқалақтау, жеңілтектеу, ойы шолақтау.* Неге екенін түсіне алмады Дархан; аяқ астынан табылған немересі *жаңғалақтау*, кеңінен ойлап, тереңнен толғамайтын шолақтау ма деп қалды (О.Бөкеев, Шығ.).

ЖАҢҒАЛАҚТЫҚ з а т. **1.** *Ұшқалақтық, шыдамсыздық, шолақ ойлылық.* Жігітке *жаңғалақтық* жараспайды, Сиырдың тайында емген ардасындай (Бес ғасыр.). Мұрнына келіп бір көк шыбын қона қалды. Шапалақпен салып жібердім. *Жаңғалақтық* осы емес пе, шыбын ұшып кетті (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара). **2.** *Ұмытшақтық.* Поповтың бірсыпыра жұмыс істеп, танысқан жері болса да, оның *жаңғалақтығы* бар (Қ.Қайсенов, Жас партизан.).

ЖАҢҒАСТЫР= е т. ж е р г. ***Жалғастыру***. Көк шыбықтармен торлап екі қораны *жаңғастырдық* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАҢҒЫЗ с ы н. с ө й л. ***Жалғыз***. Бұл *жаңғыз* мамандарға ғана емес, бүкіл адам баласына арналған жазушының азаматтық үні (І.Омаров, Серпін). Жер қарая қой ауылдарға көтеріле көшетін Қызылтамның басында бұлар *жаңғыз* үй қалған-ды (Ә.Кекілбаев, Шығ.). «Әй, Атабай, бұл жағын Рахия екеуміз көтереміз. Болпаш *жаңғыз*, алдына бар», – деп Болпашқа аяп қарап қойды Ардақ (Л.Құрманаева, Өшпе.). Анасының *жаңғыз* қалып бара жатқанын нақ біз ойына түсіргендей болдық (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЖАҢҒЫЗДЫҚ з а т. с ө й л. ***Жалғыздық***. Үш жастағы балада бірінші достық сезімі пайда бола бастайды. Бұларға енді жолдастар, құрдастар тіпті қажет болады, *жаңғыздықты* ол өте жаман сезінеді (Семья тәрбиесі). Осы қазаның салдарынан ұзақ *жаңғыздық* ойына кеткендей (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАҢҒЫЗ-ЖАРЫМ с ы н. с ө й л. ***Жалғыз-жарым.*** Ол бұрынғыша басқарманың шаңырағы астында түнеп жүр. *Жаңғыз-жарымсың* деп ешкім көзге түртпейді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖАҢҒЫЗСЫРА= е т. с ө й л. ***Жалғызсыра***. Мал екеш мал ол шіркін де ж*аңғызсырап* жата алмаса керек (К.Қазыбаев, Ызғар). Мынау ақша, кешіктіргеніме кешір, қалқам, апаң *жаңғызсырап* отырған шығар, үйге қайтпайсың ба? (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖАҢҒЫЗЫМ а т а у. с ө й л. ***Жалғызым***. – Жарығым, *жаңғызым*! Зарықтырған құлыным! Өзіңсің ғой күнім! (К.Қазыбаев, Ызғар). Айналайын Қасымжан, Ала алмайсың елдерің, Сынып қайтар белдерің, Тілімді алсаң, сен барма, Тілеп алған *жаңғызым*, Айттым ғой қиын жерлерін (Көрұғлы).

ЖАҢҒЫЗІЛІКТІ с ы н. с ө й л. ***Жалғызілікті***. Пәлен күннен бері есікке алақтап жатқан Құттым *жаңғызілікті* боп, шаруадан шыға алмады (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

ЖАҢҒЫР= е т. **1.** *Дыбыстардың бірдеңеге соқтығысып барып қаттырақ естілуі.* Жартастар бір-бірімен жарысып,

ж а ң ғ ы р а түсті (С.Бақбергенов, Қарға там.). Бар дала жаңғырып, өзге дыбыстың бәрі тына қалғандай (А.Нұрманов, Құлан.). Ат тұяғының дүбірімен ағаш көпір жаңғырып кетті (С.Сәрсенбаев, Сағым). Тоқталмайды өмірден жаңбыр әні, Жаңа толқын *ж а ң ғ ы р ы п* жарға ұрады. Қоңыраулатқан осынау ұлы керуен Ғасырлардың ығын талдырады (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жер түбіне Ер Төстік Күңіреніп кетіп барады. Жер астында ел бар деп Дүмбірлеп кетіп барады. Жер жарығы *ж а ң ғ ы р ы п*, Салдырлап кетіп барады. Сөйлескендей Ер Төстік Дабырлап кетіп барады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Жаңару, өзгеру*. Ол – жас ағаш, бір қызыл гүл, Жапырағы *ж а ң ғ ы р а р*. Сорлы Онегин, жолды өзің біл, Қай тарапқа қаңғырар (Абай, Шығ.). Сол бір жылдары Қарашоқатта жаңа өмір өстіп басталды да, күннен күн озған сайын *ж а ң ғ ы р а* берді (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Гүлшәріге бұрын көріп жүргендерінің бәрі енді қайта *ж а ң ғ ы р ы п*, жаңарып әсем көрінеді (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). **3.** а у ы с. *Гүлдену, құлпыру*. Қала *ж а ң ғ ы р ы п*, жасарып, жаңа өмір сүре бастады (Д.Досжанов, Шығ.). Соғыстан кейін ол қалашықтың үйлері жаңарып, көшелері *ж а ң ғ ы р ы п*, тіпті сәнденіп кетті (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Жауған күнмен *ж а ң ғ ы р ы п*, Жер көгеріп күш алар. Аққан жасқа қаңғырып, Бас ауырып іш жанар (Абай, Тол. жин.). Адам: жазбен бірге *ж а ң ғ ы р ы п*, Көңілге нұр, жан кіріп, Біз біткенде қаңғырып, Жоғаларсың сен өзің (М.Дулатов, Шығ.). Қара қыз! Сенің арқаңда, Қанша жер бүгін *ж а ң ғ ы р д ы*. Құдайсыз күтты әр таңда, Қуаңға жұмса жаңбырды (Х.Ерғалиев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Жаңаша сипат, мағына алу, қолданысқа қайта түсу*. «Қазы» және «таразы» сияқты архаизмдер жатыр – қатпайды, *ж а ң ғ ы р ы п*, жаңаша мағынамен жайнап шыққандай да көрінеді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **5.** а у ы с. *Қайта қозу, еске түсу*. Кеудесіне соғыс салған жара, өмірде жаңа бір қиындыққа кездескен сайын *ж а ң ғ ы р ы п* тұратын болды (З.Шүкіров, Ізгілік із.).

Жаңғырған жер бедері. г е о г р. *Гетоникалық қозғалыстардың, эрозиялық және денудациялық әрекеттердің нәтижесінде сапалық өзгерістерге ұшыраған жердің беткі пішіні. Ж а ң ғ ы р ғ а н ж е р б е д е р і* процесінің нәтижесінде аңғарлар тереңдеп, беткейлер биіктейді, суайрықтардың салыстырмалы биіктерінің артуы және жылдам өсуі кезінде жер бедері жаңғырады, яғни өзгереді (ҚҰЭ).

Көңілі жаңғырды. *Масаттанды, шаттанды*. Білімдіден аяман сөздің майын, Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын, Ездің басы қаңғырсын, ердің *к ө ң і л і ж а ң ғ ы р с ы н* деп ойладым айтқан сайын (Абай, Тол. жин.).

ЖАҢҒЫРТ= е т. **1.** *Салдырлатып-күлдірлету, жаңғырықтыру, басына көтеру; у-шу қылу*. Бейне күн күркірегендей, салдыр-күлдір тау *ж а ң ғ ы р т ы п*, эшелон құзға құлады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Ән үзілді, әзіл де тына қалды, Өктем дауыс *ж а ң ғ ы р т ы п* тұр ауаны. Шыбыртқы сөз батты ма шымбайына, Ағай шықты далаға, шыдамады... (М.Мақатаев, Шығ.). Тағы да күлкі жамырап, *Ж а ң ғ ы р т ы п* жатты маңайды. Бейнеткөр қауым жадырап, Қос басы неткен арайлы! (М.Мақатаев, Шығ.). – Әс! Дә! Зәл! Бұл дала *жаңғыртқан* жаңғырық (І.Жансүгіров, Шығ.). Өзен жағасында ағынды қуа жүгірген қыздардың сыңқылындай күлісіп, *ж а ң ғ ы р т а* әндеткен дауыстары шығады (Ғ.Сланов, Шалқар). Оның жырын бауырына, Жан түбінде сақтадым. *Ж а ң ғ ы р т с ы н* деп аулында, Дулы қызық шақтарын (Қ.Бекхожин, Қайран жастық). *Ж а ң ғ ы р т ы п* бүкіл ауылды Жатады балға үнімен. Білмейді қазір дамылды, Кетпейді көрік үйінен (С. Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** а у ы с. *Өмірін өзгерту, жақсарту, қайта жаңарту*. Бай қартайса, малына берер шылбыр, Мал өмірді *ж а ң ғ ы р т п а с*, Құдай ұрғыр (Абай, Шығ.). Сонан бері оларға еш жауап болмаған. Енді жаңада мұсылман істері туралы Петербургте үкімет кеңес құрмақшы болған соң, Жетісу мұсылмандары бұрынғы тілектерін *ж а ң ғ ы р т ы п* бес кісі қол қойып, ішкі министріне ... жіберіпті (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а ң ғ ы р т ы п* асау күндерді, Жаңадан біреу қосылып... Өшіргім келіп біреуді, Отырмын үнсіз тосылып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Үрлейді қайта жалынды, Өлеңнің отын жандырып, *Ж а ң ғ ы р т ы п* жастық шағыңды, Сақтайды бойда мәңгілік (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **3.** а у ы с. *Атын шығару, есімін елге паш ету*. Есімін бүкіл елге *ж а ң ғ ы р т а т ы н*, Аңдамас алдын кейде албырт ақын. Үйің де биік болсын сен тұратын, Күйің де терең болсын сен тартатын (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жұрт жаңғыртты. *Басқа қоныска ауысып қонды*. Оспанның жылын беріп, қонағын атқаруда Құнанбайдың бар ауылы араласты. Келген жиындар мол болғандықтан, әр ауылдың жұрты да, ат-арқаны да тозды. Енді, *ж ұ р т ж а ң ғ ы р т у* керек еді (М.Әуезов, Шығ.).

Сүйек жаңғыртты. э т н. *Бұрыннан құдандалы болып келе жатқан кісілер қыз берісіп, жекжаттықты қайтадан жаңалады*. Бұл қыз Жүніс қажының тірі күнінде *с ү й е к ж а ң ғ ы р т ы п*, Әлібекке атастырып қойған Ақметшенің

Гүлжиһаны еді (Х.Есенжанов, Шығ.). «Әуелден бас түйіскен жақын едік, бұрынғы сүйегім ескіріп барады, қайтадан *сүйек жаңғыртай ық.* Амантайға баласын берсін» депті, – деді Қайша Дәмешке (М.Әуезов, Шығ.). Оның үстіне екі ауыл о бастан құдандалы, жақында *сүйек жаңғыртысқан,* ілік-шатыстық жағы тағы бар (Б.Аманшин, Көкжар).

Төсек жаңғыртты. *Әйелі өліп, екінші әйел алған кісіге айтылады (кейде әйелінен ажырасып, басқа әйел алған адамға айтылады).* Әлгі, бұрынғының мақалы бар емес пе: «Кедейдің қатыны өлсе, басы қаңғырады; байдың қатыны өлсе *төсегі жаңғырады*» деген (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАҢҒЫРТҚЫШ з а т. *Дыбысты қайта шығарғыш құрал.* Енді пайда болған дыбыстың электрлік сигналы әлсіз болғандықтан күшейтіледі де дыбысты *жаңғыртқышқа* жіберіледі (М.Бекбауов, Көгілдір.).

ЖАҢҒЫРТТЫР= е т. *Жаңғырықтыру, дауысты қатты соқтығыспен шығару.* Шәйт-шәйттеп, айтақтаған қора күзетінің даусы адыр қабақтарын *жаңғыртты ра* алысқа кетіп жатыр (Ғ.Сланов, Шалқар). *Жаңғырттырған* шың, құзды, Ар-абырой, атағым. Алдымдағы дәм-тұзды, Армен ғана татамын (Ж.Сыздықов, Асулар).

ЖАҢҒЫРТТЫРУ *Жаңғырттыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖАҢҒЫРТУ= е т. *Белгілі бір дүниені, халықтық мұраны жаңарту, қайта өңдеу.* Соңғы жылдары сол ұмытылған аспаптарды тауып, оларды жаңартып жасау, қайта *жаңғырту* жөнінде бірқатар жұмыстар істелді («Білім және еңбек»). Ендеше ең алдымен туған тілдің негізін білу, қазынасын бағалау парыз, оның алуан бояуын, жұпар иісін жаңарту, *жаңғырту* мүмкіншіліктерін тану қажет (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Одан да маңыздысы рухани тазалыққа, дәстүрлі мәдениетін *жаңғыртуға* ұмтылды, өнердің барлық салаларында өзгеріс енгізді («Егемен Қазақстан»).

ЖАҢҒЫРТУШЫ з а т. *Жаңартушы, қайта тірілтуші, жалғастырушы.* Біз Махамбет жырларын жыраулық поэзия үлгісіне жатқызып, Төлеген жырларын жаңа үлгіні жаңартып, *жаңғыртушы* ақын деп айтып та жүрміз («Қаз. әдеб.»). Жүгеріші отағасымен дала төсінде дидарласып, сырласып тұрған сәтте маған жаратылысты *жаңғыртушы* атақты Мичуриннің: «Біз табиғаттан рақым күтіп отыра алмаймыз, оны одан алу біздің міндетіміз» деген пікірі есіме түсті (С.Байжанов, Сұңқар көңіл.).

ЖАҢҒЫРТЫЛ= е т. *Қайта жаңартылу, қайта қалпына келтірілу.* Ел арасындағы аңыз-әңгімелер негізінде халқымыздың сол мұрасы *жаңғыртылып,* қалпына келтірілді («Қазақст. әйелдері»). Психикалық процестерге әдетте түйсіну, қабылдау жатады. Бұл процестер бойынша заттар мен құбылыстар сезім мүшелеріне тікелей әсер етеді. Ал ес арқылы болмыс бейнелері қайта *жаңғыртылады* («Қазақст. мект.»).

Жаңғыртылмалы несие. э к о н. *Несие капиталдарының ұлттық және дүниежүзілік рыноктарында қолданылатын, жаңғыртылатын несие. Жаңғыртылмалы несие* берешектің белгіленген шектелімі және өздігінен несие келісімін жасасқан келіссөзсіз өтелу мерзімі шегінде беріледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАҢҒЫРТЫЛУ *Жаңғыртыл егістігінің қимыл атауы.*

ЖАҢҒЫРУ[1] з а т. *Өзгеріс, алмасу, жандану.* Талма ауруына ұшыраған адамдар есінен айырылып, аяғында мидың қайсы бір бөліктерінде *жаңғыру* процесі пайда болады (Т.Әбдіков, Шығ.). Ислам бүгінгі таңда дін ретінде *жаңғыру* жағдайын бастан кешіп, тек аға ұрпақтың көз алдында ғана өз дәстүрін қалпына келтіре алып отырған жоқ, сонымен бірге жеткіншек ұрпақтың да зердесіне орныға түсуде (Н.Назарбаев, Сындарлы он жыл.).

ЖАҢҒЫРУ[2] *Жаңғыр етістігінің қимыл атауы; жаңару, толығу, жаңамен алмасу.* Осы ретпен баланың көрген-баққан дүниесі кеңіген сайын, баланың жады неше түрлі *жаңғыру,* еліктестік қуатымен барып, бір перненің орнын екінші баса береді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жер қыртысының жеке бөліктерінің биіктеуі мен аласаруы эндогендік процестерге байланысты, бұл процестер экзогендік геологиялық процестердің *жаңғыруына* да себепші болады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Олар уақытты айдың *жаңғыруына* қарай, яғни ай календары жүйесімен есептейді (Ш.Әбдіраманов, Тас раушан.).

ЖАҢҒЫРШАҚ з а т. *Жаңғырық, жаңғырып шыққан дауыс.*

ЖАҢҒЫРШАҚТАН= е т. *Дауыстың жаңғыруынан анық естілмеу, әлсіз, көмескі естілу.* – Іздейік. – Қарлығаштың *жаңғыршақтанған* бала даусы тағы естілді (Л.Құрманаева, Қыраным.).

ЖАҢҒЫРЫҚ *Жаңғырық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Дыбыстың жаңғыра қатты естілуі.* Сол екі аралықтағы уақыт айырмашылығы дыбыстың қай жақтан келгенін тыңдаушыға аңғартады. Ал оның алыстан немесе жақыннан шыққандығын дыбыстың естілу жоғарылығы

және оның төңірегіндегі заттардың *ж а ң ғ ы р ы ғ у* шамасы арқылы анықтайды (О.Сәрсенбаев, Радио әлемі.). Дүние бізге қарап... кешіккендей, «Тұр-тұрлар...» *ж а ң ғ ы р ы ғ ы п*, өшіккендей Қалшылдап тұратынбыз дір-дір етіп, Дауысын әзірейілдің есіткендей (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің қайта көрініс табуы.* Кейде мұндай терең мәні бар күрестерге жөн сілтеп өнеге берудің орнына өз салтымыздан сол ескіліктің *ж а ң ғ ы р ы ғ у ы н а* үндестік табылып қалды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАҢҒЫРЫҚ[1] з а т. **1.** *Дыбыстың бірденеге соқтығысуынан болған, күмбірлеп екінші жерде қайталап естілген дыбыс, дауыс. Ж а ң ғ ы р ы қ* – адамның әртүрлі тосқауылдан шағылған толқынды қабылдауы (ҚҰЭ). Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым. Онан да шықты *ж а ң ғ ы р ы қ* (Абай, Шығ.). Баяғы тұстан артиллерия *ж а ң ғ ы р ы ғ ы* естілді (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Жұлдыздарын шашқанда жандырып көк, Жауларыңды есінен тандырып көп. Кеттің бе әлде сом балға соғылғанда, Қара төстен тараған *ж а ң ғ ы р ы қ* боп (Р.Ниязбеков, Келешек.). Сатыр-сұтыр соғылған алақандар жаңғырығы сыртқа естілді (Ж.Мусин, Қанат ұшса.). **2.** и н ф. *Дестелік файлдарды орындау кезінде экранға әрбір команданы жолма-жол жаңғырық түрінде қайталап шығарып көрсету тәсілі. Ж а ң ғ ы р ы қ* жолдарын алып тастауға немесе қайта іске қосуға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖАҢҒЫРЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Отын жарғанда астына қоятын дөңгелек ағаш.* Енді ат байлайтын қазық жасаймын. Дүйсенбі, шаппа шот пен *ж а ң ғ ы р ы қ т ы* әкелші (Д.Досжанов, Шығ.). Ол далаға *ж а ң ғ ы р ы қ* алып шығып, ағаштарды бұтады (Ж.Молдағалиев, Шығ). Бауырсақ, ұн, нан тақтай, шелек, қазан, құман, дастарқан, *ж а ң ғ ы р ы қ*, самауыр, балта, оқтау, көсеу, т.б. тиеп Рабиға бәйбіше бір арбаға отырды (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Көкем айтқан. Егер ... жазаға тартса... кісінің басын қылышпен емес, *ж а ң ғ ы р ы қ қ а* салып, балтамен шабады дейді (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖАҢҒЫРЫҚ[3] с ы н. *Қатты, жаңғырып шыққан.* – Мың рақмет саған, Тыңжан! – деген *ж а ң ғ ы р ы қ* үн Қызыл алаңнан бүкіл жер жүзіне тарады (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

ЖАҢҒЫРЫҚ= е т. **1.** *Дыбыстың бірденеге қақтығысып қайта естілуі.* Елсізде аңмен бірге қаңғырыпты, Тау мен тас дауысына *ж а ң ғ ы р ы қ т ы* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тау басын шайқап ағаш сілкінеді, Дамылсыз аспан жасын сүртінеді. Жартасқа байғыз үні *ж а ң ғ ы р ы ғ ы п*, Қарағұс жемтік іздеп түртінеді (М.Айтхожина, Шыңда.). Хакімнің даусы тау бауырынан көлге соқты, көл *ж а ң ғ ы р ы ғ ы п* оны тауға кері әкетті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Кенет өлеңнің қайырмасына көше қайысқан қалың қол түгел қосылғанда, бүкіл қала *ж а ң ғ ы р ы ғ ы п* кетті (Б.Соқпақбаев, Шығ.). Жетім көлден сән кетті мана тұнған, Аққу кетті, ән кетті қанатында. Асқар-асқар таулардан асып әрі, Шың-құздардың үн қалды қабатында. Аққу әні естілмей қалатын ба? Алатаудан үзілтіп Қаратауға, *Ж а ң ғ ы р ы ғ ы п* жартастар таратуда... (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жаңғыру, гүлдену, құлпыру.* Сол атты қазақ тұрған дала аз жылдың ішінде жаңа өмір жасаушылардың қуатты қолы тиіп, *ж а ң ғ ы р ы ғ ы п* сала берді (С.Мәуленов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Есіне түсу, ойға оралу.* Беспалов келіп-кеткелі сол ұмытыла бастаған әңгіме ойында қайта *ж а ң ғ ы р ы қ т ы* (Ж.Еділбаев, Тереңдегі.). Өткен күн сыбдырындай *ж а ң ғ ы р ы ғ ы п*, Тек қана өзен жатыр жарын ұрып. Күз еді... жар басында жапа-жалғыз, Сен жоқсың. Ойға батып қалдым тұрып (С. Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАҢҒЫРЫҚҚАН с ы н. *Қатты шыққан, шулаған, айғайлаған.* Анда-санда шық-шық еткен торғайдың дауысынан басқа *ж а ң ғ ы р ы қ қ а н* ешбір тықыр не бір үн естілмейді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Біреу сыртқы қақпаны ұрғылай ма, әлде боран ба сабалаған, қысқы түнде дүрс-дүрс етіп *ж а ң ғ ы р ы қ қ а н* дыбыс келеді (Ш.Құмарова, Қос шынар). Жәукенің сөзінің аяғын жаңғырыққан шапалақ үні көміп кетті (Б.Майлин, Шығ.). Имаштың *ж а ң ғ ы р ы қ қ а н* даусы маған әлденеге аянышты көрінеді бұл жолы (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЖАҢҒЫРЫҚТАЙ с ы н. *Жаңғырық сияқты, жаңғырыққа ұқсас.* Гүлбаршынның сөздері алыстан естілген *ж а ң ғ ы р ы қ т а й* еміс-еміс әзер шалынады (Б.Тілегенов, Уақыт). – Көке, не болды? Қалайсыз? – деген Рахымның дауысы алыста шатқал арасында күңіренген *ж а ң ғ ы р ы қ т а й* талып әзер естілді (Б.Тілегенов, Көктем.). Мейірбайдың сөзі тауға соққан *ж а ң ғ ы р ы қ т а й* Құсайынның есіне қайта оралғанда, бүкіл іш құрылысы аунап түскендей болды (К.Ахметбеков, Жеңіс.).

ЖАҢҒЫРЫҚТЫР= е т. *Дыбыстардың бірдеңеге соқтығысып жаңғырып естілуі.* Сарт-сұрт шапалақ Баян тауын *ж а ң ғ ы р ы қ т ы р д ы* (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Батыр Баян дауысы туған жермен қоштасқысы келгендей, тау-тасты *ж а ң ғ ы р ы қ т ы р а д ы* (І.Есенберлин, Шығ.). Қақпадан ағылып кіріп жатқан адамдар ұзын коридорды *ж а ң ғ ы р ы қ т ы р а* бойлап келіп,

әрі қарай ойысқаны білініп, дыбыстары сөніп жатты (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық). Тасыған судың шуылы тау арасын *жаңғырықтырып* тұр (С.Мұратбеков, Дос іздеп.).

Жер жаңғырықтырды. *Дың болып, атағы көпке тарады*. Сәуле айтқан соң, Мирон карттың қарауына қалып қойды. Оның ақыры жаман болған жоқ. Дыңқы бүгін *жер жаңғырықтырып*, елдің еңсесін көтерген комбайнды бірге жасасты (Ә.Әбішев, Таңд.).

ЖАҢҒЫРЫҚТЫРУ *Жаңғырықтыр етістігінің қимыл атауы. Жаңғырықтыру* даусың тау, Өмірге кетпеу есен еш. Жиырма бес – құйып таусылмау, таусылу – жиырма бес емес (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖАҢҒЫРЫҚША үс т. *Жаңғырық секілді, жаңғырық тәрізденіп, күбірлей*. Әжем алғашында сөзін көтеріңкі дауыспен бастап еді, бірте-бірте үні жарға сіңіп *жаңғырықша* баяулап барып, күбірге айналды да тына қалды (Т.Иманбеков, Үш ай.). Өсекқұмар құлақтар соны құйып алып, санасына жүгіртпестен, *жаңғырықша қайталайды* (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАҢҒЫРЫМПАЗ с ы н. *Қылпырған, гүлденген, жаңарғыш*. Ол мәңгі ортаймайды, жиылмайды. Ол мәңгі көнермейді, қиылмайды. Жылдарша *жаңғырымпаз*, бұлақша өнік, Тасқындап еселеуден тиылмайды (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

ЖАҢҒЫРЫС= е т. *Әртүрлі дыбыстардың қатар естілуі*. Оқ ақ шаттардың біріне тиіп зың ете қалды да, мүлгіп тұрған таулар жүз түрлі дауыспен *жаңғырысып* қоя берді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАҢҒЫШАҚ з а т. *Бомба, снаряд, ағаш сияқты заттардан бөлінген сынықтар*. Жақсы жасалған қорғаныс солдаттарды оқ пен снаряд *жаңғышақтарынан* сақтайды (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖАҢ-ЖҰҢ е л і к. с ө й л. ***Шаң-шұң.*** «Ат қайда?.. Ұмтыл!.. Шап!..» деген *жаң-жұң*, қарбалас... жанталас, жүгіріс (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит *жаң-жұң* (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Жиырма жылдай үйімде *жаң-жұң* болып көрген жоқ еді, енді үйімнің мазасын алатын қатын берсе алданың ылайықтағаны да, бірақ күн бұрын сенің есіңе салғаным: елім маған «асау үйреткіш» – деп ат қойып еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Түн қараңғысы қоюланған сайын құлып маңындағы *жаң-жұң* дауыс үлғая берді (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАҢҚА з а т. **1.** *Ағаш жарғанда не өңдегенде түсетін ірілі-уақты жұқа кесінділер*. Өткір балта жүзінен үлкен-үлкен *жаңқалар* қырқылып түсе береді (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). Тез-тез балықты аршып кесіп, өзен суына шайқады да, қазандағы ыссы суды қаңылтыр шәугімге қотарып алып орнына балық салып, оттыққа *жаңқа* тастады (Ә.Сараев, Шығ.). Жалғыз *жаңқа* жанбайды, Жалғыздың ісі оңбайды (Ө.Тұрманжанов, Қаз. мақал.). Тұтанған от қарағай түбіндегі дәріге барып тыз еткенде орны үңірейген қарағайдан жаңқа қалмады (Ғ.Сланов, Замана.). Жаман балташының *жаңқасы* көп (Мақал). **2.** *Металл жаңғышағы*. Аяғында екі жерінен снарядтың *жаңқасы* тесіп кеткен пимасы бар (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Снарядтар қарша жауып, Борап кетті темір *жаңқа* (Д.Әбілев, Таңд.). Ол анау-мынау жайсыз тиген оқ, жарықшақ, снаряд, бомба *жаңқасы*, мылтықтың найзасы тесіп өтпесін деп сыртын темірден жасаған (С.Бақбергенов, Қарға там.). **3.** а у ы с. *Бір заттың сынығы, бөлігі, үзімі*. Мұздаған нанның *жаңқасын* Мадияр пештің үстіне қойды (Б. Момышұлы, Офицер.). Халық үшін жан қиған, Қамқарлықтан ой жиған. Сәлемдеме бұл сыйдан, Жарты *жаңқа* тастар ма? (І.Жансүгіров, Шығ.). Нысап кетіп, асқынған жау, Оққа ұмтылған өзі өлуге, Бірлік туын көтерген ел, Жауға *жаңқа* беремін бе (Жамбыл, Таңд.). // *Быт-шыт, күл-талқан*. Айналсын жау *жаңқаға*, Желбіреп туы жеңістің (Д.Әбілев, Өленд.).

Жалғыз жаңқасы қалғанша күресті. *Соңғы демі біткенше алысты, күресті*. Шамам келсе, қолдарына түспеуге тырысам, *жалғыз жаңқам қалғанша күресем* (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Жаңқа құрлы көрмеді. *Бұйым көрмеді*. Сейхун дарияның тұсы анау-мынау ат жүзіп өте алмас, ...асау, сұрғылт толқындарының екпіні жұдырықтай тастарды *жаңқа құрлы көрмес*, жұлып ала жөнелетін долы еді (І.Есенберлин, Алмас.). ... Текестің өз арнасынан дәл қазір көлік өтіп болмайды. Атты да, адамды да *жаңқа құрлы көрмей*, ағызып әкетеді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖАҢҚАДАЙ с ы н. **1.** *Жаңқа тәрізді*. Қолын қанаттай желпіп, жоғары ырғып қап еді, мұзды суға денесі *жаңқадай* қалқып шыға келді (С.Мұқанов, Шығ.). Байлаудан босатылған кішкене қайықты тасқын *жаңқадай* қақпақылдап ала жөнелді (З.Иманбаев, Солма. гүл.). Кейбір саяхатшылар мінген жеңіл қайықтарды ақ өркеш толқын иініне салып мөңкіткенде дауыл көтерген *жаңқадай* үйіріледі (С.Бегалин, Уақыт.). Сол бір ұлы жоскын мұны *жаңқадай* жағаға лақтырып жібергендей (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Қарап тұрсам, өзім көлге түскен ағаштың *жаңқасындай*, ешбір бағдарсыз, ешбір

мақсатсыз әркімнің ығында – әрненің лебімен далбасалап ыға беріппін (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара). **2.** а у ы с. *Таза, күнәсіз.* Құран сөзі ақиқат айнасындай, Алшынбай ақ қайыңның *ж а ң қ а с ы н д а й* (Бес ғасыр.). **3.** ауыс. *Титтей, үзімдей, азғантай.* Шымқорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, *ж а ң қ а д а й* жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ? (Ж.Аймауытов, Күнекей.).

Жаңқадай дөңгелету. *Бүйым құрлы көрмеу, қаңбақтай ұшыру.* Күшті ағыс мені *ж а ң қ а д а й д ө ң г е л е т і п* іліп ала жөнелді (Ғ.Мүсірепов, Шық.).

Жаңқадай жарылу. *Парша-паршасы шығу.* Үңгір айналасындағы кесек тастар *ж а ң қ а д а й ж а р ы л ы п,* жан-жаққа үшкір тастар атылады (Ғ.Мүсірепов, Шық.).

Жаңқадай жұқа. *Жіп-жұқа.* Қайрат қылар дәрмен жоқ, мынау *ж а ң қ а д а й ж ұ қ а* сандықтың ішінде төбеден төніп келе жатқан ажалды күтіп отыру тіпті ауыр екен (Т.Ахтанов, Шық.).

Жаңқадай ойнақтау. *Қалт-құлт ету, шайқалақтау.* Манадан *ж а ң қ а д а й о й н а қ т а п* жүрген қайық үстіне жиырма кісі мінип алған соң, едәуір салмақтанып, жуасып қалды. (Ғ.Мүсірепов, Шық.).

ЖАҢҚА-ЖАҢҚА с ы н. *Желініп мұжылған, жаңқасы шыққан.* Енді бір қарағанша сонау найза шыңның ұшар басындағы *ж а ң қ а-ж а ң қ а* жар тастың күнгей тұмсығын шалыпты (Н.Қазыбеков, Бейтаныс). Товарлы қызыл вагондарда, *ж а ң қ а-ж а ң қ а* тақтайлардың үстінде сол бір тәтті қиял көз алдыңнан өте шығады (Т.Ыдырысов, Жалынды.).

ЖАҢҚАЛА= е т. **1.** *Жұқалап шауып, жаңқа түсіру.* Судыр Ахмет маңдайынан сорғалаған терді сұқ қолымен бір іліп тастады да, жидені *ж а ң қ а л а п* шаба берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ол қазандық аузында құрғақ отынды *ж а ң қ а л а п* отырғанда ғана өзінің қамзолсыз, көйлекпен жүргеніне таңданды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жуан ағашты жара алмай, *ж а ң қ а л а п* жатқан Баяннан балтаны не деп сұрарын білмей, қипаңдап біраз тұрды (М.Рахимқұлов, Тас түлек.). **2.** а у ы с. *Титықтату, мұжу, шаршату.* Өткен өтті, кетті қайта келмеске, Қызықпаймын көзім қайта көрмеске. Құлатқанша өмір мені *ж а ң қ а л а п*, Тарта берем ой бұлттарын арқалап (Ә.Тәжібаев, Көне.).

ЖАҢҚАЛАН= е т. *Майдалану, жұқалану, ұсақталу.* Ежелден орын тепкен аяулы аулым, Теріскей – саясы ғой Қаратаудың. Жапанда *ж а ң қ а л а н ғ а н* жалғыз ағаш, Ну болып өскен бейне тартып зәулім (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Жартастар қалтырайды дәті қалмай, Быт-шыт боп *ж а ң қ а л а н ы п* атылардай (С.Мәуленов, Қызыл арша). Құ тамызық тез *ж а ң қ а л а н ы п* тұтанды, қи жағылды (С.Мұқанов, Менің мект.). Шақпақ тастай кесек қарлар *ж а ң қ а л а н ы п* сынып, етекке қарай ұшып түсіп жатыр (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЖАҢҚАЛАНУ *Жаңқалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Отынның *ж а ң қ а л а н у ы.*

ЖАҢҚА-ПАҢҚА з а т. қ а р а п. *Жаңқа сияқты әлдебір заттар.* Жаңағы емісек естілген желдің гүіліне аралас әйнекке тиген *жаңқа-паңқа* шығар – деп ойлады ол («Лен. жас»).

ЖАҢҚАУЫҚ з а т. с ө й л. ***Жаңқашық, ұсақ жаңқа.*** – Жоқ, шеше! От тұтатқан *ж а ң қ а у ы қ қ а* аздап кәрәсін құйып едім, сол болмаса, – деп, жас келін жаман қысылды (Д.Досжанов, Кісі.). Сол үйірген иірімге іліккен *ж а ң қ а у ы қ* екеш *ж а ң қ а у ы қ* та шым батып жоғалады (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖАҢҚАУЫҚТАЙ с ы н. с ө й л. *Жаңқашықтай.* [Қыз] Беймәлім тіршілікке алғаш аяқ аттап отырған бейкүнә жан толқында қалған *ж а ң қ а у ы қ т а й* қалтырады (Д.Досжанов, Зауал).

ЖАҢҚАША ү с т. *Жаңқа тәрізденіп.* Асау өзеннің ағысы мені *ж а ң қ а ш а* ағызып ала жөнелді («Қазақст. пионері»). *Ж а ң қ а ш а* атып, шайқасам, Жасып қалар, – дедің бе?! (М.Әлімбаев, Балдәурен.). Жаңа ағыс өзімізді жекелеп-жекелеп жөнге салып ескі *ж а ң қ а ш а* ағызып алып келді жаңа өмірге (Қ.Соқабаев, Өткел.).

ЖАҢСА з а т. ж е р г. *Жайын балықтың құйрық жағының еті.* Жайынның *ж а ң с а с ы* деген осы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Ж а ң с а* жеген жатар ма? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Кейде балықтың қыр арқасын да *ж а ң с а* дейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҢСАҚ с ы н. *Жаңылыс, теріс, қате.* – «Қасыңдамын, міне, келдім», – деп еді ғой? Дегені рас, жалғаны, *ж а ң с а ғ ы* жоқ (М.Әуезов, Шық.). Тамның сыртқы көркін көріп, үй іші жұпыны болар деп болжаған Әмір есіктен кіре бере әдетінше бір шолып өтіп еді, ол ойы *ж а ң с а қ* шықты (С.Сарғасқаев, Сынған тіс). Рақымбек аузы аңқиған қалпы орнынан ұшып тұрды. – Не? Немене дедің? Мен *ж а ң с а қ* естіген шығармын (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бұл жайт академиядағылардың Суриков жөніндегі пікірлері *ж а ң с а қ* болғандығын аңғартады (К.Жарықбаев, Психология). Әлбетте, соңғысы теріс, *ж а ң с а қ* ұғым (С.Байжанов, Сыр.).

Жаңсақ [жаңылыс] [кетті] басты. *Дұрыс істемеді, жаңылыс кетті.* Алған бағытым дұрыс

па? Әлде *жаңсақ басқан* жерлерім болды ма? – деп көп ойландым (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Сақтайсың көкейіңде сондай әнді, Ән деген сыр емес пе сан бояулы. Бір қылын *жаңсақ бассаң* жан ауырар, Тірліктің тынысы сол ең аяулы! (Ғ.Омаров, Жан қанаты). Болса да тәтті жан шіркін, *Басқан* жоқ арым *жаңсақ*. Бұлқындым торда сан дүркін, Бұза алмай кеттім жалғыз-ақ (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАҢСАҚТА= е т. *Қателесу, жаңылысу*. Абайла, балам, *жаңсақ тап* қалма (Ауызекі).

ЖАҢСАҚТАС= е т. с ө й л. ***Жаңылысу***. Тәжірибелі барлаушы *жаңсақтасқан* жоқ, өздерін атқылаған алты ауызды бұлжытпай айырды (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Ботакөз алғашқы әсердің ықпалына көніп, асығыс шешім жасап, *жаңсақтасқанын* кейінірек білді («Қаз. әдеб.»).

ЖАҢСАҚТАТ= е т. *Ойын селсоқтата жеткізу, ашып айтпау*. Туғанның аты туған емес пе, шырағым, – дей салды Тәрбие *жаңсақтатып* (С.Мұқанов, Шығ.). Солдаттың атын сұрап едім, *жаңсақтатып* айтпай кетті (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

ЖАҢСАҚТАТУ *Жаңсақтат етістігінің қимыл атауы*. ≈ Ойын *жаңсақтату*.

ЖАҢСАҚТАУ[1] *Жаңсақта етістігінің қимыл атауы*. ≈ Сөзден *жаңсақтау*.

ЖАҢСАҚТАУ[2] с ы н. *Жаңылыстау, қателеу*. Редактор – кітап авторының қит етсе қиналысқа салатын қиянатшысы емес, қымбат асылын қадір тұтар, *жаңсақтау* кеткен жерлерін түзеттірер шын жанашыры, ақылғой кеңесшісі болуға тиіс (М.Әлімбаев, Көңіл.). Осы *жаңсақтау* айтылған пікір-ау дейміз (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАҢСАҚТЫҚ з а т. *Ағаттық, қателік*. «Тынық Донды» жақсы аударған аудармашылардың бірі Х. Есенжанов та бір жерінде осындай *жаңсақтық* жіберген (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Алайда спектакльді жалғыз режиссер жасайды деу тағы да *жаңсақтық* болар еді (І.Омаров, Серпін). Жылама, Наршатай, келем ғой мен. Қайтып келем. Бұл бір *жаңсақтық* қана болуға керек (С.Шаймерденов, Әнім сен.). Әдебиетші, ақын болуға талаптанушы жас өспірім оны аңғармайды да, стилистикалық жаңсақтық жасайды (М.Әлімбаев, Тәрбие тур.).

ЖАҢЫЛ= е т. **1.** *Бір нәрсенің жүйесінен шығып, шатысу*. Соңынан *жаңылып* кеттім. Ренжіп қалдым (І.Есенберлин, Алтын құс). Ақырында сөзінен *жаңылып*, айдалаға қаңғып кетті (Д.Досжанов, Тұлпар.). Әмзе ұзақ уақыт ойынан *жаңылып*, жерге қараған бойы, үн-түнсіз отырып қалды (Ж. Жұмақанов, Үш бәйтерек). Әйтеке, мен сені сол аузыңдағы Алланың атынан *жаңылмасын* деп айтып тұрмын (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Тап пен талап алды дегені өтірік, *жаңылып* айтып отырған шығар (С.Шәріпов, Бекболат). Мана Бәйеттің тұқымы екенсің деп аспанға көтерген қаршадай баланың мысы басқандай, екі иығы түсіп кеткен, бірақ сөзінен *жаңылар* емес (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **2.** *Дұрыс істемеу, қателесу*. «Жаздым, *жаңылдым*, екінші батыл боламын» – деп уәде беріп, жалынған соң ғана қойды (Ә.Әлішев, Батыр.). Көзің жетпей тұрса, көрдім десең, *жаңылғанын*, шын адалды арамға шығарғаның (С.Жүнісов, Жапанда.). Егер бағыттарынан *жаңылмаса*, бұлар ендігі ауылға жетсе керек еді (С. Досанов, Қыран.). Амал не, кешір, сұлу, *жаңылыппын*, Бекер-ақ атыңды айт деп жалыныппын (А.Шамкенов, Сырларым.). Кеңседе жұмыс істеп отырғанда, мұның да көз алдына Түлкібай елестеп кетіп, есебінен бір-екі рет *жаңылып* қалғаны бар-ды (Н.Ғабдулин, Сар. жапырақ). Әлде терезеден көрінген темекінің оты болмай көз *жаңылғаны* ма? Мүмкін емес (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **3.** а у ы с. *Алған бағытынан өзгеру, ауытқу*. Еркін есіп келе жатқан Қасболат соңғы жылдары омбыға кіргендей аяғы ауырлап, жүрісінен *жаңыла* бастады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Алшынбек үйіне келген бойдан ауыр бейнетке кездесіп, бұл жақсы әдетінен *жаңылып* еді (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Мал айырылды дағдылы жайлауынан, Жер айырылды жарлы елден, байлы ауылдан. Қыран бүркіт адасты мекенінен, Қыз *жаңылды* сертті сөз байлауынан (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Ер пайдасы тиеді сасқан жерде, Ел *жаңылып* етегін басқан жерге. Жаманға жазатайым ісің түссе, Жабысып қалады екен аспан жерге (Ақан сері, Шығ.).

Ақылынан жаңылды. *Есі шығып, адасты, сенделді*. Елде көп отарбамен ағылғандар, Сандалып, *ақылынан жаңылғандар*. Қай жерде жөнді жұмыс кез келер деп, Сартылдап, ертеңді-кеш сабылғандар (XX ғ. қаз. ақын.).

Есебінен жаңылды. *Ойынан шықпады, дегені болмады, қателесті*. Сұмдар бұл *жаңылады есебінен*, Адамзат ақылдырақ кешегіден (Е.Әукебаев, Таң шапағы). Ұшсаң да қайда жырлап үш *Есептен* жауың *жаңылсын*. «Базардан қайт» деп бір дауыс, «Қала тұр», – дейді әміршім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Есінен жаңылды. а) *Қатты састы, әбігерленді*. Әзекең, Жақаңдар да *есінен жаңылды* емес пе? (Д.Әбілев, Арман.). ә) *Қартайды,*

ұмытшақ болды. Бұрынғы өткен дәурен қайтып келмес, Зарығып күндіз-түні сағынсақ та. Жастардың біреуіндей білгендейміз, Қартайып әбден *е с т е н ж а ң ы л с а қ* та (Шал ақын, Өлеңд.).

Күйісінен жаңылды. *Әдеттегі қалпынан айырылды, өзгерді.* Дала күндегі *к ұ й і с і н е н ж а ң ы л ғ а н д а й* (Р.Бердіқұлов, Бұрылыс.).

Тәубесінен жаңылды. *Тәубесін ұмытты, асып-тасты.* Қарағандының көміріне подрядчик боп байып алғаннан бері *т ә у б а л а р ы н а н ж а ң ы л ғ а н* ағайынды Батыраш, Қотыраштың тізесі кімге батпаған (С.Жүнісов, Ақан сері). Малың мыңға жеткенде тарыларсың, Екі мыңға жетсейші деп зар қыларсың. Тап ақыр һәм тәкаппар сұмдығынан Сол күнде *т ә у б а л а р ы ң ж а ң ы л а р с ы ң* (Бес ғасыр.). Ер жігіт бір қисайса оңалмайды, Басында *ж а ң ы л ғ а н* соң *т ә у б е с і н е н* (Бес ғасыр.).

ЖАҢЫЛҒЫШ с ы н. *Жаңыла бергіш.* Саусақтар да *ж а ң ы л ғ ы ш.* Көз көргенді қол көтермейді (С.Сматаев, Елімай).

ЖАҢЫЛҒЫШТЫҚ з а т. *Жаңыла бергіштік.* ≈ *Ж а ң ы л ғ ы ш т ы ғ ы н а* мән бермеді.

ЖАҢЫЛДА= е т. *Дабырлау, шулау.* Өзге қостар да тұрса керек: далада шүлдірлескен сөздер молайып, *ж а ң ы л д а й* бастады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАҢЫЛДАС= е т. *Керісу, жағаласу, ерегісу.* Шапқыласқан, жүгіріскен, *ж а ң ы л д а с қ а н* еркек, күрсінген, солқылдаған, ішін тартқан шал-кемпір, апа-қарындас, шешесі итеріп тастап, шырылдаған жас бала (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Кейбіреулер соны айтысып тұрғанда, мына жақта *ж а ң ы л д а с қ а н*, керіскен айғай шықты (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

ЖАҢЫЛДЫР= е т. *Шатастыру, ақылынан адастыру.* Қазақша сөйлегенде өзіңізді *ж а ң ы л д ы р а д ы* – деді Төлеутай қызға қарап күліп (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Бірақ жаманнан жақсы туып, естен *ж а ң ы л д ы р д ы* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Кеңсе қызметкерлерін *ж а ң ы л д ы р ы п*, тез миландыру үшін Жұмағұл бір жайды көптіріп, екінші жайды шөмейте сөйлеп, есебін тауып жүр (М.Әуезов, Қараш.). Аларда ажал адамды *ж а ң ы л д ы р а р*, Өмірді қу ажалға бағындырар. Өмірден ажал үстем болар сонда, Адамды елпектетіп табындырар (Қабан жырау, Алтын қазық). Қыз дереу енді: «Алшыным», «Бегім!» деп мұның атын екі бөліп айта қойды. Әдісшіл ару жігітті сонысымен *ж а ң ы л д ы р ы п* кетті (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Қыз жеңгесі мұндайда Жаңыл епті, сөйлесе жақындатар жер мен көкті. Сөйлесе кешке дейін талмас жағы, Жаңылың *ж а ң ы л д ы р а р* талай көпті (О.Малқаров, Менің ізім).

ЖАҢЫЛДЫРҒЫШ с ы н. *Оңай жаңылдыратын.*

ЖАҢЫЛДЫРҒЫШТЫҚ з а т. *Жаңылдыруға бейімділік.*

ЖАҢЫЛДЫРТ= е т. *Ойын айтқызбай, шатастыру.* Ол кісі сөйлегенде, адамды *ж а ң ы л д ы р т ы п* тастаушы еді (Ауызекі).

ЖАҢЫЛДЫРТУ *Жаңылдырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кісіні *ж а ң ы л д ы р т у.*

ЖАҢЫЛДЫРУ *Жаңылдыр етістігінің қимыл атауы; адастыру.* Олар жауды *ж а ң ы л д ы р у* үшін көптеген от жағып, жалған көрініс жасауға тиісті (І.Есенберлин, Қаһар). Түн баласына айнала берген, ізге түсушіні *ж а ң ы л д ы р у* үшін сөйткен (З.Иманбаев, Дала әңгім.). Олармен аңдысу жолы – әрі алыстап кету, тайсойғаннан әрмен шығып кетіп із *ж а ң ы л д ы р у* (Х.Есенжанов, Ағайынды Жүнісовтер).

ЖАҢЫЛТ= е т. **1.** *Адастыру, алдау.* Аралап Тарғыл, Түлкіліні, *Ж а ң ы л т қ а н* оны талай түлкі ізі (Қ.Көпішев, Кезеңдер.). **2.** а у ы с. *Сөзінен шатастыру, білгенінен жаңылдыру.* Сөзге кезек алған Кембілдің алдын бөгеп, оны сөйлер сөзінен *ж а ң ы л т п а қ* болғандай дүрлікті (А.Хангелдин, Қараторғай). Қашаннан би кесімі бір кесулі, Көнсең де, көнбесең де үйлесімді. Білгеніңнен *ж а ң ы л т ы п* бидің десі, Білдіретін кезі ғой білмесіңді (М.Мақатаев, Шығ.). – Жаныңа Байжанның Мұсасын ал. Бармаған жері, баспаған тауы жоқ. Орысша сөйлегенде орыстың әулиесін *ж а ң ы л т а д ы*, – деді ол (З.Ақышев, Жаяу Мұса). **3.** а у ы с. *Ақылынан адастыру, састыру.* Хан-ие сонда сөйледі: – *Ж а ң ы л т ы п* тұр есімнен, Ордамды әскер қамалап. Алған күн жауым жағамнан, Не етесің, ханым, табалап? (Ы.Шөреков, Исатай-Махамбет).

ЖАҢЫЛТҚЫШ с ы н. *Жаңылдыра бергіш.* ≈ *Ж а ң ы л т қ ы ш* есеп.

ЖАҢЫЛТҚЫШТЫҚ з а т. *Жаңылдыра бергіштік.*

ЖАҢЫЛТПАШ з а т. **1.** ә д е б. *Айтуға қиын тиетін сөз тіркестерінен құралған ауыз әдебиетіндегі ұсақ жанр.* Ән арасында *ж а ң ы л т п а ш,* тақпақ, күлдіргі әңгімелер айтылып, мәз болысады (Т.Ахтанов, Үндістан.). *Ж а ң ы л т п а ш* ойын-сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде де қолданылған. Мұндай ұятты жағдайға қалмас үшін әр жас жігіт пен қыз ән-жыр үйренуге талпынған (ҚҰЭ). Бала тілінің кемістігін түзетудің жолдары тіпті фольклорда да мол. Соның бірі – *ж а ң ы л т п а ш т а р* (Қ.Жарықбаев, Психология.). Сабақ сайысты жүргізуші оқушы тақтаға әр командадан екі-

екіден оқушы шығарып, алдын ала *жаңылтпаштар* жазылған магнитофонды іске қосады («Қазақст. мект.»). **2.** а у ы с. *Белгісіз, түсініксіздеу, көмескілеу.* Мен түсінбейтін *жаңылтпаш* тілде бірнеше сұрау да беріп қалды (F.Мүсірепов, Белдерде). Солайша басын шалып тас қияның, *Жаңылтпаш* бола берді жас қиялық (Х.Ерғалиев, Жайық.).

ЖАҢЫЛТУ *Жаңылт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жолынан адастыру.* Нәсілін адамзаттың өрбітуге, Біздерді хақ жаратқан шамаладым. Біздерді жолымыздан *жаңылтуға*, Семірткен нәпсіңе еріп қамалауың (Қаз. ақын. шығ.). **2.** *Сөзінен адастыру, ойын шатастыру.* Қарсы ақынды үркітіп, қобалжытып, жауап сөзден *жаңылтудың* амалы болады (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖАҢЫЛУ *Жаңыл етістігінің қимыл атауы; шатасу, қателесу.* Бірақ жүрегінде бір ақау пайда болды, ол жүрісінен *жаңылуды* шығарды (З.Шашкин, Өмір.). Демек, зерттеушілердің кейбір жағдайда *жаңылуы* әбден ықтимал (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Мен білмеймін жалыну, жағынуды, Ресім, ұлық, Құдай деп табынуды. Өз еркімнің қылығы өзіме жөн, Айтшы маған – не нәрсе – *жаңылуды*? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Өнердің балы тамған бармағынан, Ойланған өрістетіп ар жағынан, Үйренсе, ұзақ мезгіл *жаңылу* жоқ, ілінген құтылмайды қармағынан (Д.Еркінбеков, Айдай).

ЖАҢЫЛУШЫЛЫҚ з а т. *Жаңылып кетушілік.* Дамудың қайсыбір проблемасын шешудің ең сәтті түрі табылмағандықтан, есептен *жаңылушылықты,* қателіктерге жол берілді («Соц. Қаз.»).

ЖАҢЫЛШАҚ с ы н. *Көп жаңыла беретін, жаңылғыш.* Неткен *жаңылшақ* едім! (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Ер қартайса *жаңылшақ* (Мақал). – Пай, осы күнненкүнге *жаңылшақ* боп барам, – деді ол (К.Ахметбеков, Алқакөл).

ЖАҢЫЛЫҚТА ү с т. ж е р г. ***Жақында***. Біз мұнда *жаңылықта* ғана келдік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Қыста совхоздан 360 сомға алған жалғыз биесін *жаңылықта* Жәнібек ауданына апарып 900 сомға сатып жібереді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАҢЫЛЫП-ЖАЗ= е т. *Жаза басу, жазықты болу.* Кім жас болмапты, кім *жаңылып-жазбапты* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖАҢЫЛЫС с ы н. *Жаңсақ, шалыс, қате, ағат.* Кім білер тұлпар жайын шаба алмаса, Ер сарсаң іздеп мақсат таба алмаса. Бұл күнде сөз өтірік, іс *жаңылыс*, Дос достың қадірін біліп баға алмаса (Бес ғасыр.). Надандар ойламайды алыс-жұлыс, Күш – қапы, білімі – аз, іс – *жаңылыс*. Ақылды адам деп айтуға бұл болады, Мидан қайнап ақылы шықса дұрыс (Шал ақын, Өлеңд.). – Ол оңай емес. Бұл асуда қуаныш пен қайғы, шаттық пен шырғалаң, өкініш пен өксік, *жаңылыс* пен шалыс қадам, адалдық пен мейірім, қаталдық пен жауыздық қоса жүреді (Б.Тілегенов, Аққайнар). – Ия, ия, тірі шығар... Бір жерде сенің бағаңа аманесен жүруі де мүмкін ғой. Өмірде *жаңылыс* нәрселер аз болмайды, балам, – деді ол (А.Мекебаев, Бойжеткен).

ЖАҢЫЛЫС= е т. **1.** *Қателесу, шатасу.* Балалар қайта-қайта санап, санынан *жаңылысып* отыратын (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Бұл әдіске әбден машық қыпшақ жылқылары әдет алған жолынан *жаңылыспайды* (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** а у ы с. *Адасу, аяғын шалыс басу.* Дала, дала... Сардала сағым ұшқан, Аумайды-ау, түпсіз терең сағыныштан. О шеті мен бұ шетін айыра алмай, Құстар да бағытынан *жаңылысқан* (М.Мақатаев, Шығ.). Таппай ма әркім өзі жүрісінен, Деп айтып: «Қатам жоқау бір ісімнен, Баспаймыз қиянатқа, баспаймыз» деп, Тағы да *жаңылыса* *ды*-ау күйісінен. Бірақ бірден қағып әкете алмай жаңылыса берді, сосын амалсыз (Бес ғасыр.). Бұл не деген көлден табар бақытты Шөлден іздеп *жаңылысқан* шөрегей (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жаңылыс басты. *Ағаттық жіберді, дұрыс істемеді.* Енді ағат аттап, *жаңылыс басуға* болмайды (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.). *Жаңылыс баспас* жорғадай Жолыңды тәңірім оңдағай, Келісті жерде кездессек, Кедергі бізге болмағай (К.Салықов, Жезкиік).

ЖАҢЫЛЫСҚЫШ с ы н. *Жаңылыса беретін, шатасқыш.* Сен сөзіңнен *жаңылысқыш* боп кетіпсің ғой (Ауызекі).

ЖАҢЫЛЫСҚЫШТЫҚ з а т. *Жаңылыса беретіндік.*

ЖАҢЫЛЫССЫЗ с ы н. *Қатесіз, мұлтіксіз.* Жаз сырын да *жаңылыссыз* түсінем: Адамдары ақын екен ісімен. Мұнша жастық, мұнша дәулет, сұлулық, Жаралады тек шабыттың күшімен (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАҢЫЛЫСТЫР= е т. *Шатастыру, есебінен айыру, қателестіру. – Жаңылыстырып* жіберді-ау. Неге тоқтадың? (С.Бақбергенов, Қарға там.). Күтпеген жерден оқыс соғылған доптар қарсыластарды есебінен *жаңылыстырды* («Лен. жас»). Апалы-сіңлілі екі әйелдің бірінен-бірі айыра алмай, кей-кейде Ахмет пен Әсетті талай-талай *жаңылыстырып*, ішегі түйілгенше күлдірген жайлары аз болмайтын (О.Сағынаев, Ұзақ жол).

ЖАҢЫЛЫСТЫРҒЫШ с ы н. *Жаңылыстыра бергіш.*

ЖАҢЫЛЫСТЫРҒЫШТЫҚ з а т. *Жаңылыстыра бергіштік.*

ЖАҢЫЛЫСТЫРУ *Жаңылыстыр етістігінің қимыл атауы; ойынан шатастыру.* Проблемалы ситуация туғызу – жоқ нәрсені сұрап оқушыны *ж а ң ы л ы с т ы р у* емес, бұл – оқушының алған білімі мен дағдысын, іскерлігін жаңа құбылыстар мәнін түсінуге творчестволықпен қолдануын ұйымдастыру («Қазақст. мект.»).

ЖАҢЫЛЫСУ *Жаңылыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қателесу, шатасу.* Әрине, мұндай есептен *ж а ң ы л ы с у* көп жабдықты атүсті жасауға әкеп соқтырған (І.Омаров, Серпін). Сақыштың мына *ж а ң ы л ы с у ы н а н* оның көңілінде едәуір толқу барын сезді (Б.Аманшин, Көкжар). Команданы сайлағанда *ж а ң ы л ы с у ғ а* болмайды, қайткен күнде коллективке көп ұпай әперетін спортшыны тап басып, дәл табу керек (Спорт жұлдыз.). **2.** и н ф. *Есептеу жабдығындағы кездейсоқ, ретсіз пайда болатын қате.* Қазіргі есептеу жүйелеріндегі *ж а ң ы л ы с у* салдары автоматты түрде жойылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖАҢЫРАТ= е т. с ө й л. *Жаңғырту, басына көтеру.* Ол сол көркем даусымен таудың тыныш түндерінде құзды *ж а ң ы р а т ы п,* тауды *ж а ң ғ ы р а т ы п* жақсы-жақсы ән салып, көңілін көтеретін еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАҢЫРАТУ *Жаңырат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАП з а т. к ә с. *Егістікке су жіберу үшін екі жиегіне топырақ үйіп жасайтын жіңішке арық.* Сосын ізгілік ағай біздің арық, *ж а п,* атыздарымызды зер сала қарап шықты (Ө.Қанахин, Өз ақылымен). Тоғандап егін салды жазғытұрым, Ағызып арық, *ж а п п е н* сайдың суын, Артынан суарғанның шуақ болып, Көп егін тартып алды күннің нұрын (О.Шипин, Дастан.). Қазылған жетпіс *ж а п* бар ордасында, Бау-бақша еккен миуа ол басында (Т.Ізтілеуов, Шығ.). Сонсоң ол *ж а п т ы ң* ішіндегі салқын суда тұрған қауаққа ұмтылады, онда быжылдап ашыған көже бар (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Жап көтерді. *Арықша жүргізді.* Жер жыртуды жаңа бастадық... Тырмалау керек, тұқым себу, одан атыз салу, *ж а п к ө т е р у,* су айдау (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Жап қазды. *Қыр тартып, арық жасады.*

ЖАП= е т. **1.** *Бір заттың аузын ашық қалдырмау, бекіту.* Оның қабағын сыпырып тастап, етін шыны ыдысқа салып, оған қант сеуіп сақтауға да болады. Сонан кейін аузын мұқият *ж а у ы п,* орап, салқын, қараңғы жерде сақтау керек (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). «Қақпалы бітеу қорасы болып, атыммен кіріп қақпасын *ж а у ы п* алсам?» – деп ойлады Айша (С.Сейфуллин, Шығ.). Қайрат есікті *ж а п т ы* да, мотоциклдің «бесігіне» отырды. (А.Сатаев, Аққу.). Тоқал асығыс бұйымын жинады, сандықтың аузын *ж а п т ы* (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Адамның, жан-жануардың т.б. үстін жамылғымен бүркеу, бастыру.* Таласбайды төсегіне салып, көрпесін *ж а п т ы* да, есік алдына шықты (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Жалаңаштық түйеге жарасымсыз, Үстіне кілем жапса жүйе болар. Шапан *ж а п с а* және де торқа болар (Бес ғасыр.). – Ә, кәзір ... кәзір мен онда ... – деп, жалма-жан шалбарын киіп алған Меңдеш өз көрпесін әкеп *ж а п т ы* Ақлиманың үстіне (Б.Аманшин, Жар мұңы). Қаншайым баланың басын өзінің тізесіне салып, үстіне иығындағы бешпетін *ж а п т ы* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **3.** *Кітаптың бетін ашық қалдырмау, жинастыру.* Төлтай дәптерлерді *ж а у ы п,* бірін қолтығына қысып, кластан ұша жөнелді (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Кітап бетін *ж а у ы п,* енді үй ішіне көңіл бөлгендей (М.Әуезов, Абай жолы). **4.** *Бұлт, не жалын торлау, басу.* Бұлт аспанды *ж а п т ы,* төңірек қоңырланды (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). Осы кезде тымтырыс көшенің азан-қазаны шығып, ақшаңдақ топырақ Шамалған аспанын *ж а п т ы* да кетті (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Батысты түнек жапты шаң, Жазықсыз жас пен ақты қан (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). Нақ сонда майдан түзі гүрсіл қақты, Тағы да алғы шепті жалын *ж а п т ы.* Ақыры, Әлияның атқан оғы, Жандырып жатқандайын дүшпан жақты (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). **5.** *Жер бетін қар т.б. басу, бүркеу.* Жаңа жыл келді. Даланы тағы қар *ж а п т ы* (М.Сатыбалдиев, Жартас.). 1941 жыл ақпандатқан, Сыртта аяз. Аулымызда ақ қар *ж а п қ а н.* Үңірейген үрей тұр соғыс дейтін, Алапат-аспан, жерді аттандатқан (М.Мақатаев, Қарлығашым.). **6.** а у ы с. *Мекеменің я цйымның жұмысын біржолата тоқтату, доғару.* Заводты *ж а п с а* амал жоқ, әйтпесе, ертең-ақ көзінен бір-бір ұшар осы ағаш (Ә.Әбішев, Замана.). Осы қаланың бургомистрі менің досым, оған айтсам, оның патентін қолынан жұлып алады да, ертең-ақ ресторанын *ж а б а д ы* (Қ.Исабаев, Соңғы.). **7.** а у ы с. *Аяқтау, бітіру.* Сағат түнгі бірдің кезінде Ғимай колхоз басқармасы мәжілісін *ж а п т ы* да, жұрт үйді-үйіне тарай бастады (М.Гумеров, Хазірет.). Одан әрі созуға мүмкіндігі жоғын көріп, Демьян Бедный жиналысты *ж а у ы п* жіберді (С.Мұқанов, Есею жыл.). Декабрьдің соңғы күнін *ж а п т ы м* мен, Қонақ

үйдің соңғы есігін жапқандай. Жаңа жылдың тұңғыш күнін аштым мен, Жалтылдаған жарықтардан жасқанбай (Ә.Тәжібаев, Көне.). **8.** а у ы с. *Жабыла күш жұмсау, ұйымдасу, қаптау.* Бүгін жұрттың бәрін *ж а у ы п,* қалған егінді жинап алу қамын жасаймыз (С. Алдабергенов, Асу). – Неге десең, қолындағы малдары өздерінен артылып, Атбасар, Қызылжар, Қостанай, Ақмешіт, Түркістан базарларын жауып кететін, – деді ол (С.Шәріпов, Бекболат). **9.** а у ы с. *Өзі істеген істі өзгеге аудару, басқа адамды кінәлі етіп көрсету.* Өзі кесені сындырып алса да, сүттің бетін жеп қойса да, бәрін Жаңылға *ж а б а* салады (Т.Ахтанов, Боран.). Тоғай бар пәлені маған *ж а у ы п,* ұрты тағамды қапелімде жұта алмай, былдыр-былдыр міңгірлейді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). Мұндай мінезді жас жеткіншек мектепке өз ойын ашық айтуға қорқатын болады, қиыншылық жағдайға ұшыраған жолдасынан ісімен де, сөзімен де ара түсуге тура келсе, ол қорқады, ал кейде тіпті өз кінәсын басқа біреуге де *ж а б а* салатын болады (Семья тәрбиесі). **10.** а у ы с. *Орнын толтыру, құю, төлеу.* Қолда барды жабыла жинап, қарызын *ж а б а й ы қ* (Д.Досжанов, Зауал). **11.** а у ы с. *Түрмеге отырғызып қою, қамау.* Мені неге *ж а п п а й с ы ң д а р?* – деді әйел, егер менің күйеуімді қылмысты деп табады екенсіңдер, онда менің де қылмысым болғаны (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Мәмбетті апарып жауып тастады (І.Жансүгіров, Шығ.). – *Ж а п,* қама! – деді тісін қайрап, Бөкейхановтың бетіне жеп жібере жаздап қадалып (М.Жұмағұлов, Қыран.). – *Ж а у ы п* қой итті!.. Соңыра атып тастаймыз мұндай контрды! Апар! – деді командир (С.Сейфуллин, Шығ.). **12.** а у ы с. *Сыр ашпау, жасыру.* Біз бұл төбелесті колония бастықтарына сездірмей, *ж а у ы п* тастап едік (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Мен Кәдіров екеуінді өзім ұрысқан болып мәселені *ж а б а* салмақ болып жүрсем (Б.Нұржекеев, Бір. махабб.). Шын жақсыны жұрт таныр, Жасырғанмен, *ж а п қ а н м е н* (Ө.Тұрманжанов, Таңд. өлең д.). – Доскей тақауда малшы ауылға аңдыздап келген санақшылармен әуре боп жүрген шығар. Қолды боп кеткен сәурігін қалай *ж а п т ы* екен? – деді ол (Д.Досжанов, Зауал). **13.** а у ы с. *Орнын басу, ауыстыру.* Төгіліп жасым, дән болды басым, Естіген кезде суық бір хабар. Үзілді күдер, қалды құр сүлдер, Енді кім сенің орныңды *ж а б а р?* (Т.Жабаев, Із.).

Абақтыға [түрмеге] жапты. *Жазықтыларды тұтқындады, қамады.* Бірақ өкімет қызды қалыңмалға сатқандарды *а б а қ т ы ғ а ж а б а м ы з,* Сібірге айдатамыз деп жатыр (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Сөйтіп, осы жиырма жігітті бір күн, бір түн сұрап, протоколға жазып-сызып, қайтадан апарып *т ү р м е г е ж а п т ы* (І. Жансүгіров, Шығ.).

Абүйір [-ын] жапты. *Етегін жапты* (*Бұл жерде цятты жерін (тәнін) бір лыпамен жасыру сөз болып тұр). А б ү й ы р ы н ж а б а т ы н* шүберегі де жыртылып қалған соң, Ғабдолла байдан киім сұрап еді, байдың жауабы қысқа болды (С.Шәріпов, Бекболат).

Абыройын жапты. *Бір жақсылық істеді, цятқа қалдырмады.* Я, [ол] облыстың *а б ы р о й ы н ж а п қ а н ы* рас (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Алтын жапты. *Алтынмен аптады, безеді.* Сол ағашты асқан бір ұста шапты, Жарқыратып сап-сары *а л т ы н ж а п т ы.* Кемпір келіп құшақтап сол ағашын, Кезекпенен сүйеді екі басын (Үш ғасыр.).

Артын жапты. *Абырой әперді, жетістірді; ыңғайсыз жағдайға қалдырмады.* Ол өзінің осы ісімен Кәрімнің *а р т ы н ж а п т ы* («Лен. жас»).

Ат мінгізіп, шапан жапты. *Сый-құрмет көрсетіп құрметтеді, қастерледі.* Күзде колхоз басқармасы маған *а т м і н г і з і п, ш а п а н ж а п т ы* («Қаз. әдеб.»).

Аузын жапты. *Дымы шықпады, үндемеді.* – Тиыш! *Жап аузыңды,* Мәшекеңді тыңдаймыз! – деді ол (Д.Әбілев, Арман.). Білместер *а у ы з ж а п с ы н,* үндемесін, Қойнауы Қаратөбе құм демесін, Ауданым, атырабың, арайланып, Жас гүлдер бағындай боп түрленесің (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Ауыз жаппас. *Әр нені айтып, көп сөйлей беретін.* Әншейінде *а у ы з ж а п п а с,* той дегенде өлең таппас (Мақал). – Әншейінде «жаңалық, жаңалық» деп *а у ы з ж а п п а й с ы ң д а р,* – деді қашан да аузы батыл, тіктеу Елена Савинская, – ал жаңалық керек болса! (Ә.Жәмішев, Дала.).

Ес біліп, етек жапты. *Үлкейіп, ақыл кіріп адам болды.* Өзі *е с б і л і п, е т е г і н ж а п қ а л ы* жеген таяғы болғандықтан, Итбайдың барлық қаны жүрегінен басына шықты (С.Мұқанов, Ботагөз). *Е с т е р і н б і л і п, е т е г і н ж а п қ а н ш а* асырадық, оқыттық, адам санатына қостық бәрін де. Отау болды, үй болды (Ғ.Сланов, Шығ.).

Ес жиып, етек жапты. *Тұрмысын түзеп, қатарға қосылды.* Оспан *е с і н б і л і п, е т е г і н ж а п қ а л ы* қаратүнек, қапас өмірдің қабағат азап-машақатынан басқа не көрді? (С.Омаров, Қызыл арай). Бұл оның *е с ж и ы п, е т е к ж а п қ а л ы* бергі домалап түскен алғашқы жасы шығар (Саржайлау).

Есің барда етегің жап. *Ойлап, өзіңе-өзің сақ бол деп сақтандыру мағынасында айтылады.*

Әлі де болса кеш емес, кем-кетігін бітесін дейміз, *есің барда етегің жап*, өзіңе лайықты орын тап дейміз (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

Етек жапты. *Өзіне-өзі келіп ес жиды.* Бәрінен Тасболатқа осы батты, Қайғырды келіні үшін жаман қатты: Тірі кісі тіршілік қамын қылып, Жыл өтті: есін жиды, *етек жапты* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жабу жапты. *Көлікті жабулады, кежім салды.* Төрт бөліп түн ұйқысын тұрды түннен, Астында ат, *жабу жауып* ерттеп мінген. Ешкі тал қақ сойылын қарына іліп, Қаптатты сайға қарай көріп жүрген (О.Шипин, Дастан.). Олар бәйгеге қосылатын аттарды алаңға алып шығып, біраз жүргізеді, кейде терін шығару үшін *жабу жауып,* желіп-жортады («Спорт»).

Жақ жаппады. *Дамыл таппай, көп сөйледі.* Күні бойы *жақ жаппады* (Ауызекі).

Жала жапты. *Істемегенді істеді деп қаралады, жалған кінә тақты.* Олар елімізге қанша *жала жапқанымен,* қанша кінә таққанымен, біз бөгеліп көрген емеспіз (С. Мәуленов, Жер нәрі). – Біздің замандастарымызға *жала жаппа,* – деді Едіге жымиюға тырысып (М.Мағауин, Көк мұнар). Ел байлығы өзімде, Тіл байлығы сөзімде, «Малы жоқ тақыр кедей», – деп, Өтірік *жала жаппағын* (Айтыс). Тіпті не себептен екенін өзім де білмеймін, *жала жаппақ* түгілі, төбемнен тау құлатса да тайсалмаспын деп түйдім (С.Омаров, Өмір асу.).

Жауырды жаба тоқыды. *Кемшілік-мінді білдірмеуге тырысты, жасырды.* – Ендеше, осылай деңдер, жолдастар, осы кемшілікті көре білген соң, *жауырды жаба тоқымаған* соң, кемшілігімізді түзету қиын болмайды, – деді Бейсетай (І.Жансүгіров, Әңгім.). Тұңғыш баланың адамға ыстықтығы қандай, Күләмза туғалы Зейнеп таяққа да үйреніп, ашу-араздықты да *жаба тоқып* жүре берген (Б.Майлин, Шығ.). Бір-екі ауыз сөзбен шығарманың кемшілігін көрсетіп, соңында жалпы алғанда жақсы деп, *жауырды жаба тоқып* өтеді («Қаз. әдеб.»).

Жылы жауып қойды. а) *Қолға алмады, сол күйінде қалдырды.* Әлде, мектепке бүгінгі өмір талабына сәйкес білім беруді жүзеге асыруға әзірге тиісті жағдай жоқ деп, оны биылша *жылы жауып қоя* тұрмақпыз ба? – деді Бану (М.Иманжанов, Шығ.). ә) *Қоя қойды, атамады.* Болмаса, аты шыққан Сүйімбайың, Басқасын *қою* керек *жылы жауып* (Жамбыл, Тол. жин.).

Көмей жапты. ж е р г. *Судың құлағын, таралар басын бөгеді, жан-жаққа тарайтын жерін бекітті.*

К.. ін жапты. қ а р а п. *Абыройын жапты, қиындықтан шықты.*

К...т жаппас. қ а р а п. *Баланы өте жиі туатын (әйел).* Бір таппас, бір тапса, *К...т жаппас* (Мақал).

Кілем жапты. а) *Кілеммен бастырды.* ә) *Кілем сыйлады.*

Кінә жапты. *Кінәлады, мін тақты. Кінәні* бір-бірімізге *жабатын* жөніміз жоқ – деп оны тыйып тастадым мен (Қ.Қайсенов, Жау тылы).

Қабағын [қарс] жапты. *Суық рай білдірді, қабақ шытты.* Домбырам, күйлер қоссын пернелерің! Тарқатшы көкіректегі кектің шерін. *Қабағын қарс жауып* түнжырайды. Түнеріп, түгі шығып, қайратты ерің (С.Сейфуллин, Өлең.). Өмірге ендім еңбектеп, Шалқалап әкем шықты үйден. Жетімдік тағдыр жетті ептеп, *Қабағын жаба* түксиген (Қ.Аманжолов, Шығ.). [Жеңгем] бес-алты күнге дейін *қабағын қарс жауып,* бәрімізден сұмдық бір зәбір көрген адамша, үнілейді де жүреді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Қас қарайып, ымырт жабылды. *Кешқұрым қараңғы түсу мезеті туралы айтылады. Қас қарайып, ымырт жабылған* кезде баяғы алты аңқау Кендебайдың төбесінен алты айналып ұшып, жақындап келеді (Қаз. ертег.).

Қара жапты. *Жала жапты, жамандық таңды.* Сүйіншік сұлтан туған шешесінің қылығын алғашқы естігенде сенбеген мыс... Сен менің анама *қара жауып* отырсың, жарып өлтірем деп қанжарын ала ұмтылған-мыс (І.Есенберлин, Шығ.).

Қыран жапқандай күлді. *У да шу, қатты күлді, жаппай күлді.* Үй ішіндегілер *қыран жапқандай күлді* (Ауызекі).

Қыран жапқандай қылды. *Ұрып-соқты, қырғи тигендей қылды.* Жау тигендей астан-кестенін шығарды. Бір жұмаға дейін теріс қарап жатып, *қыран жапқандай қылып* балаларын жылатып, отты өртеп жағып, сүтті суалтып, қыр көрсетіп жүрді (Ж.Аймауытов, Қартқожа).

Нан жапты. *Нан пісірді.* Тынаш *жапқан нанын* кебеженің ішіне тығып жүреді (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Ауыл неге асығып ас пісіріп, *нан жапқан,* Сырын неден жасырып, жымқырынад жан-жақтан (Ө.Тұрманжанов, Таңд. шығ.).

Наряд жапты. *Кесімді мерзімнің жұмысын қорытындылады, еңбекақысын есептеді. Наряд жабу* деген бір көк сойқан болды («Лен. жас»).

Пәле жапты. *Бар пәлені біреуге үйіп-төкті, аударды.* Бар *пәлені* Степанға *жапқан* болуы керек, жақында босанып шығып, поселкаға келді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Үй жапты. *Үйдің төбесіне ағаш т.б. салды, үстін бекітті. Үйдің* төбесіне *жапқан* сырғауыл қарайған, түгел ыстанған (М.Әуезов, Шығ.). Балта алып, ара алып, Орманға таман баралық. Төбелік ағаш алалық, Тезірек *үйді жабалық* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Үй жапқандай қылды [жасады]. *Үйіп-төгіп тастады, қарық қылды.* –Айтпақшы, Күләй, мен күнұзын жұмыста жүрмін ғой, үлкендердің де қолы тие бермес, осы киікке екі-үш мезгіл шөп, су беріп күте жүрсең қайтеді. Шөпті балаларға тапсырсаң, *үй жапқандай жасайды*, – деді ол (Қ.Жаркенов, Жылқышы.).

Шенді шекпен жапты. *Атаққа, билік-мансапқа ие болды.* Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға... *Шенді шекпен жапқанға* (Абай, Тол. жин.).

Істі жым-жылас жапты. *Қылмысты кісінің тергеуге түскен ісін қарауға, тексеруге жатпайтын етіп қорытынды шығарды (Көбіне ұнамсыз мағынада қолданылады).* Сол Қозыбағаров Атбасарда әлі тергеуші екен ғой. Кейін білсем, қаны шығып тұрған бай баласы екен. Бәсе, Нұрбайдың *ісін жым-жылас жауып* жіберегені тегін емес қой (С.Омаров, Таңд.).

ЖАПА[1] [ар. جفاء]зат. *Бастан кешкен ауыртпалық; қиыншылық.* Тіршіліктен *жапасы*, қапасы барлардың есіне әлденелер түсіп, көңіл босатысып алды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Ол қара басының қамынан қасындағысының *жапасын* көбірек ойлайды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Алғашқы сәтте жүрегінің терең түкпірінен белгісіз бір мұң мен *жапа* бас көтергендей бойын көңілсіздік билейді (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Жақсыдан – опа, жаманнан – *жапа* (Мақалнама). Батығайұғлы Мұстапа Далба еліне болды «опа». Нашарларды зарлатты Халық көрді көп *жапа*. Не қылары белгісіз, іштен ойлап көп қапа (Бес ғасыр.). Өткен күндердің опасы мен *жапасын*, қапасы мен қатесін ойлап, басы қатқан (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

Жапа шекті [көрді, тартты]. *Зорлық-зомбылық көрді, қиыншылықтың азабын тартты.* Талан-тараж болған Жошының басқа ұрпақтары Әбілқайырды жеңу үшін *жапа шеккен* руларды біріктіру керек екенін ұқты (І.Есенберлин, Алмас.). Әке қайғысы өз алдына бөлек қалды да, қара бастың қамына *жапа шегіп* зар иледім (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Бір тал сіріңке әлегінен сіз де *шектіңіз жапа*, – деді. Осы жерде жалғыз болсам, Болар ем қызыл шақа, – деді (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым). Қорғап қайтейін, мен одан сан рет *жапа шектім* (Т.Бердияров, Солдат.). Жүністен *жапа көргендер,* жанжал сүймейтін момын адам, момын аталарға дейін ру намысына қызды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Құп болсын, ондай болса, апаларым, Дүниенің *тартып* жүрмін *жапаларын* (Абай, Шығ.). Болмашыға таласып, Бақ-дәулетті санасып, *Тартқызды*ң неге көп *жапа*? (Бес ғасыр.). Өкінбе өзің қылдың, көтер мұны, Басыңа жығылса да аспан құлап. Кәпірден көп нәбилер *жапа тартқан*, Әзәлда Алла қосса болмас хилаф. Секілді жасық кісі бекер жасып, Отырсың балаларша босқа жылап (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАПА[2] з а т. *Сиыр малының үйме, жас тезегі.* Бүгін ертеңгісін ғана өрістен, тұмсығын салқын таң самалына беріп, жылы *жапаның* үстінде күйіс қайырып жатқан жерінен айдап әкелгені көрініп-ақ тұр (М.Сүндетов, Ескексіз.). Құйрығында шоғы бар, *жапасы* бар, көңі бар, Саздау жерге тоқтаған, Үй арасын боқтаған, Сиыр деген мал екен (С.Сейфуллин, Шығ.). Күндердің күні болғанда осы кемпірім мен сиыр түстенетін жерде *жапа* тезек теріп жүр екен (М.Байғұтов, Шілде). Айтпақтайын, тақиям екен деп сиырдың езіле бастаған *жапасын* ұстап алғанын қайтесің? (М.Сүндетов, Ескексіз.). Қораның бір бұрышында сиыр *жапасы,* енді бір шетінде жылқы тезегі, ақыр жатыр (Ғ.Сланов, Асау арна.).

Ақ жапа. *Күн жеп, әбден кепкен тезек.* Келген бетте су ортасында қалып жүрген *ақ жапаға* көзім түсті (А.Сейдімбеков, Ақиық). Осы кезде бір қолына шелек, бір қолына сиырдың үлкен *ақ жапасын* ұстаған қызыл кемпір кірді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Сәуле ыстық қоламтаға жалма-жан сиырдың кепкен *ақ жапасын* дөңгелете, толтыра қалады (С.Талжанов, Ұлдай.).

ЖАПА[3] з а т. ж е р г. ***Жаппа***. Өрмерейті бойы иін тіресе ығы-жығы тігілген, басын буған, *жапа* тіккен үйлермен мал-жанға лық толы («Жұлдыз»). Атын тасаға байлап жабулап келген Берікболдар жапа тігіліген үйлердің көл жағындағы шеткісіне келіп кірді. Білте майдың болымсыз жарығы *жапаның* ішін ала күңгірт етіп тұр («Лен. жас»).

ЖАПАДАЙ с ы н. *Жапа сияқты, жалпиған.* Жай уақытта томар түбінде жұмарланып жата беретін қоңыр *жападай* осы мақұлықты мен бұған дейін аянкес, мүгедек хайуан болар деп ойлайтын едім (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Алқабы мол пішілген көне өзеннің мына бір білінер-білінбес қабағындағы *жападай* жапырайған, терезелері жарқанаттың көзіндей сығырайған бес-алты лашық мынадай түнде байқалар да емес (Ғ.Ахмедов, Жорық.).

ЖАПАДАН-ЖАЛҒЫЗ с ы н. *Жапа-жалғыз, жалғыз өзі ғана.* Қу далада *жападан-*

ж а л ғ ы з Әкпар келе жатыр (І.Есенберлин, Қатерлі.). Қайтіп қалам қуыс үйде *ж а п а д а н-ж а л ғ ы з* (М.Иманжанов, Менің махабб.). Жалғыз-ақ анасы *ж а п а д а н-ж а л ғ ы з* бүк түсіп, тас бүркеніп, түнімен жылап шықты (З.Қабдолов, Жалын). Далада *ж а п а д а н-ж а л ғ ы з,* жынды кісідей гармонь не домбыра тартам, ыңылдап ән салам (М.Ғабдуллин Сұрапыл.). Қар басып бара жатқан аласа қораның қасында *ж а п а д а н-ж а л ғ ы з* әйел селтиіп әлі тұр (Т.Ахтанов, Дала сыры). Ол осы жерде *ж а п а д а н-ж а л ғ ы з,* шыбындай әлсіз еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАПА-ЖАЛҒЫЗ с ы н. **1.** *Өзінен басқа ешкім жоқ; жалғыздан-жалғыз.* Абай бірнеше күн қатты толғанып, *ж а п а-ж а л ғ ы з* ойланып жүрді (М.Әуезов, Абай). Еш мақсатсыз, *ж а п а-ж а л ғ ы з* тауға шығып бара жатқанын біреу байқай қалса, ұяттан өліп кететін сияқтанады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Айырылып серігімнен қалдым нағып, Мұңымды ұқтырайын кімге шағып. «А, Құдай, өзің онда» – дедім дағы, Жөнелдім *ж а п а-ж а л ғ ы з* бүкең қағып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жапан түзде желмен жарысып, сағыммен ойнап, *ж а п а-ж а л ғ ы з* кете бердім (Ә.Әбішев, Найзағай). **2.** *Бір ғана; жеке өзі.* Осы ауылдағы *ж а п а-ж а л ғ ы з* шатырлы үйде Талғат тұратын (Ә.Тарази, Асу.). Бұл үйге көрсең, бірақ, салып назар, У да шу болмағанмен күнде базар, Осынау поэмада героина, Тұрады *ж а п а-ж а л ғ ы з* сұлу Ажар (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЖАПА-ЖАЛҚЫ с ы н. *Бір өзі, жалғыз. Ж а п а-ж а л қ ы* қалай барады? (Ауызекі).

ЖАПА-ЗӘБІР з а т. *Ауыртпалық, тауқымет.* Отаршылықтан азат болған еңбекші жұрт өзінің ерлігін, өзінің көрген *ж а п а-з ә б і р і н* жыр етпей отыра алмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Олар үй-үйді аралап, ақтардан кімнің қандай *ж а п а-з ә б і р* көргендерін сұрады (Ә.Нұршайықов, Жер туралы.).

ЖАПАҚ з а т. б и о л. <лат. nanophyton> *Алабұта тұқымдасына жататын көпжылдық бұташық өсімдіктер туысы.* Қазақстанның шөлді, тасты қыраттарында, тау бөктерлерінің тастақтарында *ж а п а қ т ы ң* бір ғана түрі – тасбұйырығын кездеседі (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а п а қ* бұтақталған аласа сабақтары қатты, жатаған бұташық болып өседі (Қаз. тілі термин. Биология). Ояң-ояң, күрең, қиыршақ тасты қатқақтан жер бауырлап басын көтермейтін *ж а п а қ* та әбден торыпты (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). – Келін, отында изеннің, *ж а п а қ т ы ң* күлі жоқ па? (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЖАПАҚ-ЖАПАҚ е л і к. *Көзін жыпылықтатып, жасқана қарауды бейнелейтін сөз.* Мықыны сыпырық па, бос байланған ба, тері шалбарының ышқырын көтере түсіп жатқан әйелге бір, екі қызға бір *ж а п а қ-ж а п а қ* қарай береді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Мен оған пір тұта *ж а п а қ-ж а п а қ* қарай берем (Ө.Қанахин, Жер бас.). Біразға дейін үндемеген Абдолла өзінің ерекше бірдеме айтқысы келгендегі әдетімен *ж а п а қ-ж а п а қ* етіп, шешесінің бетіне жаутаң-жаутаң қарады (С.Ғаббасов, Ана.). Әлдекім есікті шалқайта ашып, шәлкес басып, шаптыға сөйлеп, шатынап кіріп келе жатқандай-ақ, есікке *ж а п а қ-ж а п а қ* қарайды (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЖАПАҚТА= е т. *Ыңғайсызданып көзін жыпылықтату; жапақ-жапақ ету.* Ол не істерін білмей, көзі *ж а п а қ т а п* аз тұрды (Ә.Әбішев, Замана.). Көзі шарасынан шығып, үй ішіндегілерге *ж а п а қ т а п* қарай берді (Қ.Исабаев, Соңғы.). Ұзақ манадан бері Қанағатқа *ж а п а қ т а й* қарап, ойда қалатындардың тізіміне ілініп кетем бе деп, қатты абыржып отырған (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Ата мен екеуі бірі кәрі бала, бірі жас бала, *ж а п а қ т а п* жат қолда қалғандай болып отыр (С.Бегалин, Сәтжан).

ЖАПАҚТАС[1]= е т. *Сасқалақтау, асып-сасу, жампаңдасу.* Тәжім қып қызметкерлер асып-сасып, Ұшынан аяқтарын ептеп басып, Иіліп, тік тұрысып қызмет қылды, Аңшының иттеріндей *ж а п а қ т а с ы п* (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЖАПАҚТАС[2]= е т. ж е р г. *Жақындасу, сөйлесу, дидарласу.* Олар өзара *ж а п а қ т а с ы п* қалыпты (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖАПАҚТАСУ *Жапақтас етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПАҚТАТ= е т. *Көзін жыпылықтату, ыңғайсыздана қарау.* Садырбек жылап отыр еді, қара жігіт соған бір, бүк түсіп жатқан Айшаға тағы да бір қарап көзін *ж а п а қ т а т т ы* (С.Сейфуллин, Әңгім.).

ЖАПАҚТАТУ *Жапақтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзін *ж а п а қ т а т у.*

ЖАПАҚТАУ *Жапақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жапақ-жапақ ету.* Ал Айдай болса күйеуінен әлі үмітін үзбей бірі сау, бірі жарымжан келіп жатқан солдаттарға қызыға қарап *ж а п а қ т а у м е н* күнін өткізе берді (С.Досымов, Ащы.). **2.** а у ы с. *Бәйек болу, асты-үстіне түсу.* Ақмаралдың бұған, бұның шешесіне *ж а п а қ т а у ы* шамына тиді (З.Шашкин, Теміртау).

ЖАПАЛА= е т. **1.** *Үйіп-төгіп тезектеу, қалдық тастау.* Сиыр *ж а п а л а д ы* (Ауызекі). **2.** *Жас тезектен жапа соғу, қалау.* Қартаң

әйел біраздан бері жиылып қалған сиыр қиын көңге әрлі-берлі аунатып былғап алып, өші қалғандай сарт-сұрт соғып алып, *жапалап* жатыр (Б.Тілегенов, Көктем.). Үй арасында отын жағып, қазанын асқан, тезегін үйіп, қиын *жапалаған* қатын-қалаштан басқа жан көзге түсе қоймады (Б.Тілегенов, Уақыт). **3.** а у ы с. *Үсті-үстіне үдемелеу, үйіліп-төгілу.* Шарт тиді жаққа шапалақ. Әлі тұр Балжан қыбырсыз, Балағат жауды *жапалап* (Б.Әбдіразақов, Жырлайды жүрек). Тек Қасқажол, Қаратамаққа келе бергенде теңіз беттен қатты жел соғып, *жапалап* қар жауып берсін келіп (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖАПАЛАҚ з а т. з о о л. <лат. striges> **1.** *Үлпілдек қауырсынды, үкі тәріздес, жыртқыш түн құсы.* Түнде ұйықтамайтын *жапалақтар* қараңғы түсісімен ұшады (Ж.Әбиев, Биология.). Найзағай сәулесі қабырғаға келіп түседі. Сонда *жапалақ* сескеніп, қанатын сытырлатып, жалпылдатады (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Алдымыздан ұша жөнелген *жапалақ* па, үкі ме, көтеріліп өте алмай, машинамызды сабалап өтеді (А.Шамкенов, Толқын.). *Жапалақтың* ұшқаны, бұталарға жалпылдай қонғаны түн тыныштығының шымылдығын дір еткізеді (Т.Жүртбаев, Бесқарагер). **2.** а у ы с. *Сүйкімсіз, нашар адам. Жапалақ* болсам, саған бармас па едім, Бағана көріп үйге кіргеніңде? Қалыпсың сұңқарыңды тани алмай, Жолдас боп *жапалақпен* түнде бірге (Айтыс.). Оралдың ілер деуші ем ақиығы. Шынымен *жапалаққа* болам ба қор?! (М.Дулатов, Шығ.).

Жапалақ көз. *Үрке қарайтын үлкен көз.* Түкпірдегі жазба столда отырған жалтыр маңдай, жирен шаш, *жапалақ көз* министр орнынан тұрып қарсы алды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Сәлмен *жапалақ көз,* қызыл шырайлы жігіт («Қаз. әдеб.»).

Жапалақ қар. *Ірі-ірі болып жауған қар.* Сол түні таң ата *жапалақ қар* жауды, сосын терістіктен ызғарлы жел тұрды да, шиыршық қарды бетке ұрды (Х.Әдібаев, Таңбалы.). Торғай бастанған *жапалақ қар* қалықтап төгіп тұр (М.Абдрахманов, Көктем лебі). Қиыршықтың арты *жапалақ қарға* айналды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Желмен ойнап үйіріліп түскен *жапалақ қар* таусылар емес (Т.Ахтанов, Боран).

Жапалақ сары. *Үрпек сары.* Байболат ақсақалдың аулына Күнімжан мен *жапалақ сары* қызды ерткен Кенесары нөкерлерімен келіп түсті (І.Есенберлин, Қаһар).

Жапалақ тәрізділер. з о о л. <лат. strigiformes> *Түнде тіршілік етуге бейімделген жыртқыш құстар отряды. Жапалақ тәрізділердің* төменгі эоцен дәуірінен бері тіршілік етіп келе жатқаны белгілі (ҚҰЭ). *Жапалақ тәрізділердің* қауырсыны – сарғыш қоңыр, жұмсақ. Басы үлкен, тұмсығы имек, тырнағы өткір болады (ҚҰЭ). *Жапалақ тәрізділер* жәндіктермен, кемірушілермен қоректенеді (ҚҰЭ).

Жапалақ ұшпас жапан. *Құлазыған дала, мидай айдала.* Баяғы замандағы *жапалақ ұшпас жапанға* орнаған үлкен өмір әсемдік өнерінің өрнек-нақышымен безеніпті (С.Омаров, Дала қызы). *Жапалақ ұшпас жапанға* қалың ел қонды, құйын ғана ойнақтаған құла дүзге қалалар орнады (З.Қабдолов, Сыр).

ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ[1]: жапалақ-жапалақ қар. *Ірі-ірі, жалпақ-жалпақ қар түйіршігі.* Таңертең *жапалақ-жапалақ қар* жауды (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Осы бір сәт *жапалақ-жапалақ қар* жауып, түнерген аспанның да мейірімі төгілген тәрізді (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар). Жауындатып, желдетіп, арты *жапалақ-жапалақ қарға* айналып, қыс түсті (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). Күтпеген жерден үш күн ұдай *жапалақ-жапалақ қар* жауып, арты түнек боранға айналған (Ж.Жұмақанов, Шұбартау.).

ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ[2] е л і к. ***Жапақ-жапақ.*** Көзі *жапалақ-жапалақ* етеді, шағын денесі бір уыс боп, жиырылып алыпты (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖАПАЛАҚТА= е т. *Үйіліп-төгіліп, жапалақ-жапалақ болып қар түсу, жауу.* Қар бір *жапалақтайды,* бірде қиырлайды, бірде қылаулайды (І.Жансүгіров, Әңгім.). *Жапалақтап* жауған қар жерге жұлдыздай шұбатылып түсіп жатыр (С.Мәуленов, Үркер.). Бірде түн ортасында *жапалақтап* қар жауа бастады (М.Мағауин, Ақша қар). Тымырсық ауада қар *жапалақтап* қана жауады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Күн бұлыңғыр, іп-ірі болып, үнсіз *жапалақтап* қар жауып тұр (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Солтүстіктен суық жел білінді, не *жапалақтап* қар жауатын, не жер қатып күзгі қара суық басталатын сынай білінеді (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖАПАЛАҚТАЙ с ы н. *Жапалақ сияқты.* Осыдан кейін қыз байқұс оқ тиген *жапалақтай* боп, жалп ете түсті (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Айқайлап шыдай алмай Пәрәң сонда, Сөз айтып сөкті елін қалған сорға. Жалт етіп *жапалақтай* жатырсыңдар, Шыға алмай түскендей-ақ терең орға (Рүстем-Дастан.). Өзіндік пікірі жоқ екен. Сәл жақсылық болса жалпаңдап, *жапалақтай* ұшып жанында жүргені (Д.Жанботаев, Дала оттары). *Жапалақтай* жалтақтап қойға қарап, Желіп түстім

бір өзек ойға қарап. Кебекбайдың жолымен бір топ адам Өлең айтып барады тойға қарап (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАПАЛАҚТАТ= е т. *Қардың жапалақ-жапалақ болып ұшқындата жаууы.* Богда кейде жаңбыр орнына қарын да *жапалақтатып* қоятын сияқты (С. Мұқанов, Алып. адым.). Ұшқындаған қар *жапалақтата* жауып, бұлардың ертеңгі күнгі сапарын белгілеуге жоралғы болған (Туған жер қазынасы).

ЖАПАЛАҚТАТУ *Жапалақтат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПАЛАҚША үс т. *Жапалаққа ұқсап.* Неге жек көрем?! *Жапалақша* жарбиып отырса да, өзім сүйген үкібасым (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). – Азғырма мені аш қайғы, *жапалақша* жарбаңдама жарымжан уайым (С.Досанов, Қыран.). Атта *жапалақша* жарбиып отырған Шалабекті қаңбақша көтеріп, іліп алдым да, алға түсіп, өрге қарай тарта бердім (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЖАПАЛАН= е т. *Өзіне-өзі бейнет табу, бейнеттену. Жапаланып* не көрінді сонша? (Ауызекі).

ЖАПАЛАНУ *Жапалан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПАЛАНУШЫ з а т. *Жәбір-жапа шегуші, азаптанушы.* Екіншіден, әділдік деген ешкімді де іздемейді, оны іздеп табатын *жапаланушының* өзі емес пе? (С.Бақбергенов, Қарға там.).

ЖАПАЛАП үс т. с ө й л. *Жапалақтап.* Жел соғып, *жапалап* қар жауып берсін келіп... тас табандатып тоғыз күн жауды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖАПАЛАТ= е т. **1.** *Малды тезектетіп, қалдық тастатып алу.* Сиырларды тұрғызып, *жапалатып* алды (Ж. Молдағалиев, Торғай.). **2.** *Үйіп-төгіп қар жауу.* Ол күнді күнге, таңды таңға ұластыра, ақ қарды жауды-ай *жапалатып* (Саржайлау).

ЖАПАЛАТУ *Жапалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Малды *жапалату.*

ЖАПАЛЫ с ы н. *Зәбір көрген, жапалы өмір кешкен, жапа шеккен.* Жамалды жаңа қайғы *жапалыға,* Кәрі өмір жасы тамған сақалына, Қапалда бостандықтың бір түлегін, Борсықтың көміп кеткен апанына (Т.Есімжанов, Ілияс.).

ЖАПАЛЫҚ з а т. *Жапа шегушілік.* Шолпан енді қапалықтың да, *жапалықтың* да қоңыр тоқтысы болып қол қусыра бермеді (А.Хангелдин, Қараторғай).

ЖАПАН[1] з а т. *Адам жөнді қоныстанбаған ашық жер, бос жатқан мекен, айдала.* Көзінен сорғалады жас бұлақтай. Мұның көп жері әлі шаруашылық кәдесіне аса қоймаған елсіз *жапан* (Х.Ерғалиев, Шындық.). *Жапанға* біткен жантақты, Жаһан кезген нар жейді. Тәтті менен дәмдіні, Қолында бұлы бар жейді (Бес ғасыр.). Жас терек, Жалғыз терек *жапандағы,* Жайқал, өс, киелі ағаш атан дағы. Ақтық байлар адамның есіне сал, Жауынгерлер болған деп қатардағы (М.Мақатаев, Шығ.).

Жапан дала. *Құлазыған кең дала.* Мені ой билесе, *жапан далаға* оңаша кетіп, табиғатпен жеке сырласатын ежелгі дағдым бар (Ы.Жақаев, Менің бақытым). *Жапан далаға* жаңалық тынысы келді («Қаз. әдеб.»).

Жапанды жұмақ етті. *Құлазыған жерлерді игерді, көркейтті.* Мамандар далада, құлазыған құла далада тұрулары керек. *Жапанды жұмақ ету* деген сол болады (З.Қабдолов, Жалын).

Жапан кезді. *Ел аралады, жер көрді.* Олар енді елсіз *жапанды кезіп,* Пішпекке апаратын қара жолға таяу салынған бір кішкене заимкеге жеткенде, арада бес-алты тәулік өткен (М.Ысқақбаев, Қырық қыз). Басыңнан да өтті сенің жарық күн де, қараңғы *Жапан кезіп,* көріп едің жақсыны да, жаманды (Ж. Сыздықов, Асу.).

Жапан [дүз] түз. *Жазық кеңістік; елсіз дала.* Бар мен жоққа жасап бірден қанағат, *Жапан дүзде* қараша үйді паналап, Тоғыздағы ұл, тоқсандағы қарт тұрды, Көпті көрген, кең дүниені аралап (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бұрынғы сенімі, бұрынғы талабы, бұрынғы үміті – бәрі де жоққа шығып, қарусыз, құралсыз, *жапан түзде* жалаңаш, жалғыз қалғандай көрінді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Мұнысы: *жапан түзде* жалғыз тастап кеткенсің, енді келмей-ақ қой деген өкпенің белгісі ме, кім білсін (Ә.Әбішев, Үлкен жол.). Сұм тағдыр *жапан түзге* шығарды айдап, Дауылы ұлып тұрған, бораны ойнап (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАПАН[2] с ы н. ж е р г. *Жабайы.* Осы жерде *жапан* жиде бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАПАН-БАЙТАҚ с ы н. *Елсіз, мекенсіз, еш қоныссыз.* Қалаға теліп жаңартты, *Жапан-байтақ* даланы (С.Керімбеков, Еңбек – ата.).

ЖАПАНДАЙ с ы н. *Елсіз даладай.* Жаяу Мұсаң айдалғанда, адырсыз *жапандай* жалаңаш қалғансың (Д.Әбілев, Арман.)

ЖАПАН-ЖАЛҒЫЗ с ы н. с ө й л. *Жапа-жалғыз.* Бәдігүл қашып кетерінде төркініне сөз салмастан, белдеуде тұрған бәйге шабдарға мініп, *жапан-жалғыз* жөнеп кеткен-ді (Ә.Көшімов, Қысталаң жыл).

ЖАПАҢ с ы н. с ө й л. **1.** *Елсіз, мекенсіз.* Таудың артқы *жапаң,* құлама жағынан

кеп шың басындағы ұяға қарай өрмеледі шал (З.Шашкин, Өмір.). **2.** *Жыпылықтаған.* Бөбектер Вернерды *ж а п а ң* көздерімен жеп барады (Қ.Исабаев, Жолдас.).

ЖАПАҢДА= е т. с ө й л. ***Жапақта.*** Оның *ж а п а ң д а ғ а н* түрін көріп, Алик те томсара қалды (С.Бегалин, Ана.). Жас бойлап *ж а п а ң д а д ы* ұзын кірпік (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

ЖАПАҢДАУ *Жапаңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көп көзінше *ж а п а ң д а у.*

ЖАПАР з а т. с ө й л. *Жаппар.* Көп көрдім құлшылықты *ж а п а р* қақта, Пендеде кім таласар берген баққа. Адамзат ешқашанда қор болмайсың, Көңіліңді тәуекел деп қойсаң аққа (Бозінген).

Жік-жапар [жігі-жаппар] болды. *Астыүстіне түсті, бәйек болды.* Олар да ақ ниеттерін білдіріп, келгендерге *ж і г і-ж а п а р б о л ы п* жатыр (К.Оразалин, Қайырлы сапар). Қой сойдырып қойып ем, басын жеп кетіңіз! – деп *жікжапар болды* (С.Мұқанов, Шығ.). *Жігі-жаппар болып,* жалынып шақырғанда келмей, сүтке тиген күшіктей боп, бұралқыланып жетіп бару Ғаниға өлім емес пе (М.Иманжанов, Шығ.).

ЖАПАРЛАС= е т. ***Жапырласу.*** Олар қаланың шығыс шетіне шейін апаратын автобусқа *ж а п а р л а с а* мініп алысты (Ө.Қанахин, Жүрек.).

ЖАПАС з а т. ж е р г. *Тезек, күнге әбден күйіп құраған тезек. Ж а п а с* теріп келші, *ж а п а с* жанғанда керім жанады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАПАТАЙ з а т. ж е р г. *Ер адамның бас киімі.* Сыртта тек бір балаң жігіт, басында сақсақ *ж а п а т а й,* байтабасы салпылдап, ошақ басында күйбеңдеп, тамақ пісіріп тұр (Б.Аманшин, Көкжар). Ол айтарын айтып салып, жерде жатқан *ж а п а т а й ы н а* еңкейді де, жұмарлап ұстаған күйі тұрып қалды (Қ.Мұханбетқалиев, Тоғай.). *Ж а п а т а й ы* қисайып бір жағына, Шекесінен қарайды құлға мына. Біле ме екен нәресте, алты ай болды, Алыстағы айқастың тынғанына (Д.Қанатбаев, Мың сүрлеу).

ЖАПА-ТАРМАҒАЙ ү с т. *Тұс-тұстан ентелей, анталай, киліге; жаппай, бәрі бірдей.* Жер қайысқан көп халық *ж а п а-т а р м а ғ а й* кең қойнаудың қақ алдындағы жазыққа беттеді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). *Ж а п а-т а р м а ғ а й* тамыр ұстатып, құмалақ ашқызу басталды (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар). Мұнда топтоп болып ұйымдасып келгендерден гөрі не де болса өз талайынан көрмек боп *ж а п а т а р м а ғ а й* жүрген «жекелер» көп тәрізді (Т.Ахтанов, Шырағың сөнбесін). *Ж а п а-т а р м а ғ а й* үймелей қалған жұрт бірінің үстіне бірі шығып кетердей апыр-жұпыр болды да қалды (С.Ғаббасов, Ана.).

ЖАПА-ТАРМАҒАЙЛА= е т. *Жан-жақтан анталау.* Тұлпарды жапа-тармағайламағанда Тұғырды *ж а п а-т а р м а ғ а й л а й д ы* деп пе едің! (М.Әлімбаев, Орақ-олақ).

ЖАПАТАРЫМ үст. сөйл. ***Жапа-тармағай.*** Сүйек түсті-ау деген жаққа жұрт *ж а п а т а р ы м* лап қоя жүгірісті (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖАПА-ШЕР з а т. *Азап, қайғы, мұң, қиыншылық.* Өзі де осы өңірге болған ығы, *Ж а п а ш е р* аз ба күткен жолда мұны, Жаны – бұлт, жалыны пәс, жабығы адам, Қаруы қолда жалғыз – молдалығы (Т.Есімжанов, Ілияс.).

ЖАПБАР з а т. с ө й л. ***Жаппар.*** *Ж а п б а р* ием, маған ақ өлімін қимаған екен, енді қазамды өзім күттім осы жерде («Қаз. әдеб.»).

ЖАП-ЖАДАҒАЙ с ы н. *Теп-тегіс, жапжазық.* Көктемде егіні жаңа көгерген *ж а п-ж а д а ғ а й* жер, қазір тіпті тоғай боп кеткен (Ғ.Орманов, Дикан.). Самолет, екі орындық, *ж а п-ж а д а ғ а й* үсті ашық, Келеді бұлтты ол үңгіп, Гулеген желмен ұстасып (С.Мәуленов, Құлыншақ).

ЖАП-ЖАЗЫҚ с ы н. *Теп-тегіс, ойқыратсыз.* Кейде *ж а п-ж а з ы қ* тақырлар да кездеседі (С. Мұқанов, Есею жыл.). Енді біз қыратта тұрып, *ж а п-ж а з ы қ* құла дүз даланың күн батардағы көрінісіне көзімізді суардық (З.Шашкин, Өмір.). Көрдім тағы қырларын, Жері қандай *ж а п-ж а з ы қ,* Бір жағында құм Нарын, Бір жағында Ақ Жайық (Т.Жароков, Таңд.). Ол төңіректің *ж а п-ж а з ы қ* екенін, бұл жаққа тура келетін пенде болса, ең кемі сегіз, он шақырым жерден еріксіз төбе көрсететінін білді (Х.Есенжанов, Ағайынды Жүнісовтер).

ЖАП-ЖАЙ ү с т. с ө й л. ***Жайдан-жай.*** Пәлендей, түгендей мәнісі бар емес пе еді? – деп ұялтамын десең, *ж а п-ж а й* отырып дауын сабап отырады (Абай, Шығ.). Түріне қарасаң, *ж а п-ж а й,* мінезі қандай қатты өзінің (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ЖАП-ЖАЙБАРАҚАТ ү с т. *Ештеңе болмағандай.* Келсем, бәрі де *ж а п-ж а й б а р а қ а т,* сүт қатқан көжелерін алдарына алып, жайымен ішіп отыр (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАП-ЖАЙДАҚ с ы н. *Жап-жадағай, теп-тегіс.* Егер жарық көзі өте алыста болса, сол көзді тым қашықтан қоршаған сфералық беттің белгілі бір бөлігін алсақ, сол ауданға конус болып түскен сәулеге қатысты әлгі сфера бөлігі *ж а п-ж а й д а қ* жазық болып көрінер еді (А.Қалығұлов, Жарық.).

ЖАП-ЖАЙЛЫ с ы н. **1.** *Жағдайлы, өте ыңғайлы, қолайлы.* Машинаның үсті бағанағыдай

емес, *ж а п-ж а й л ы,* жел жоқ (З.Ақышев, Дойыр.).— Фаэтонның солқылдаған жұмсақ орны, сырттан қарағанда қаншалық *жап-жайлы* көрінгенімен, Мәукілде маза жоқ (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** *Бірсыдырғы.* Енді бір құласа ат тоқтаса құлардай, тақымындағы жануардың кідірмей осылайша, *ж а п-ж а й л ы* шабыспен тек ілгері ұмтыла беруін қалаған (А.Мекебаев, Құпия қойма). **3.** *Жағымды.* Қызған табанымa салқын су жұп-жұмсақ, *ж а п-ж а й л ы* тиді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖАП-ЖАҚСЫ с ы н. *Әп-әдемі, тәп-тәуір.* Тысқа қарады, қайнап жатқан жұмыс, *ж а п-ж а қ с ы* боп бітіп қалған үйлер (Б.Майлин, Шығ.). Редакция жұмысы да қалпынша *ж а п-ж а қ с ы* жүріп жатты (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жалпы көңіл күйім *ж а п-ж а қ с ы,* тек кейде-кейде ғана жабырқаймын. Орнымнан тік көтеріліп кеткізбей, жүргізбей, екі аяқтың сүйретіліп жатқанына қорланамын (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Клуб жанында жастардың ойын-сауық үйірмесі жақында ғана құрылғанына қарамастан *ж а п-ж а қ с ы* жұмыс істеп тұр (Б.Кенжебаев, Асау.). Бұрынғы Қарақобда болысында халық мұғалімі Қазым Аталықовтан оқып, *ж а п-ж а қ с ы* білім алған, одан соң Ақтөбеде оқып, есеп жұмысында жүрген Бірманов Ерекеш те сол кезде осы газетке қызметке келді (Ә.Қарағұлов, Баспасөз.).

ЖАП-ЖАҚЫН с ы н. *Тап-таяу, тіптен жақын.* Ауыл да *ж а п-ж а қ ы н* жерде жатыр (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Шертемін шешемнің әндерін, Ұмытып кетіппін өлгенін. Сезгендей боламын жап-жақын, *Ж а п-ж а қ ы н* жаныма келгенін (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). Шалқайған сәтінде қыздың лебі Әтікенің омырауын соншалық *ж а п-ж а қ ы н* жерден шарпып өтті (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Жарық түсе келе көпірден беріде, өзінің қарсы алдында жайрап жатқан зеңбіректің ұсқынын Кемалдың көзі шалды. Қасында *ж а п-ж а қ ы н,* Бір ырғыса ішіне тік ете түскелі тұр (Х.Рахимов, Полк туы).

ЖАП-ЖАЛАҢ с ы н. **1.** *Жұп-жұқа, жеп-жеңіл.* **2.** *Жалаңаш, тап-тақыр. Ж а п- ж а л а ң,* үйтіліп кеткен сұр төбелер кескіні аянышты-ақ (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖАП-ЖАЛАҢАШ с ы н. **1.** *Киімсіз, лыпасыз.* Аппақ ет, қып-қызыл бет, *ж а п-ж а л а ң а ш,* Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда (Абай, Шығ.). Жан сая деп білгенім жалғыз ғана көл менің, *Ж а п-ж а л а ң а ш* жүргенім – жәймәнісі сол менің (Ғ.Орманов, Дикан.). Есіңізде ме: аяғын айқастырып қойып, төнін алақанымен жауып, *ж а п-ж а л а ң а ш* жатпайтын ба еді жас сұлу картинада (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Көзінің алдына мыналар тап бола қалды аяқастынан: «*ж а п-ж а л а ң а ш*» әкесі, ақыретінің ақырғы бір тұтамын жалмап, анадайдағы отқа қақталып отыр (А.Жүнісов, Өмір ізі). **2.** а у ы с. *Еш нәрсе өспеген, тұлдырсыз.* Дала *ж а п-ж а л а ң а ш* (З.Шүкіров, Ізгілік.). Не суы жоқ, не көгі жоқ, бір *ж а п-ж а л а ң а ш* жартастардың арасында қалыпты (А.Машанов, Жер асты.). Қиялмен көзіме әкеп солай бәрін, Қия алмай Маралдыға қарайладым — Мынау көл *ж а п-ж а л а ң а ш,* жесір ару, Қорланның өзі емес пе деп ойладым (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.). Тыңдапты өлең қара жартас, Мүлгі төніп тұңғиыққа, Қонып құзға *ж а п-ж а л а ң а ш,* Көк еркесі ақиық та (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). Сағынтты жапан түзім *ж а п-ж а л а ң а ш,* Жарбиған қыстаулары жаннан оғаш. Қазақтың қамшыға ілген тымағындай, Сайқұдық басындағы жалғыз ағаш (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). **3.** а у ы с. *Қынаптан суырылған; жалаңаш.* Желдің өті *ж а п-ж а л а ң а ш* қылыштай, Қалай бұқсаң, солай бұқ сен дәрменсіз. Ақ жалыннан жаңа шыққан құрыштай, Қоп-қоңыр бет ағарады қан-сөлсіз (М.Әлімбаев, Өшпес от). Төзім керек, сезім керек мұндайда, Табан асты тапты солдат бір айла. *Ж а п-ж а л а ң а ш* тістеп екі сым ұшын, Жата қалды, ішке тартып тынысын (М.Әлімбаев, Өшпес от).

ЖАП-ЖАЛАҢАШТЫҚ з а т. **1.** *Жалаңаш қалушылық; жарлылық.* **2.** *Ағашы, көгалы жоқ, құ тақыр.* Бір ғана кемшілік, осындай үйлердің алдына егілген бір тал ағашы жоқ, *ж а п-ж а л а ң а ш т ы ғ ы* еді (А.Хангелдин, Біздің от.).

ЖАП-ЖАЛҒЫЗ с ы н. ***Жапа-жалғыз.*** *Ж а п-ж а л ғ ы з* шыңға біткен шынар қазық, Сен азбай, қалған талай жылдар азып, Ең әсем ана жайлы өлең сенсің, Тастаған тарих өзі бір-ақ жазып (Ғ.Қайырбеков, Большевик). Орманды сонау ішінде таудың көгілдір, Орман ішін бөлеп жырға, төгіп нұр. *Ж а п-ж а л ғ ы з* ғажап жұмбақ сарай бар, Көрген сайын толқып өтер көңіл бір (М.Айтхожина, Шыңда.). *Ж а п-ж а л ғ ы з,* кеше анасын қойды көрге, Қорған боп неше жылдан тұрған бірге. Дорба алып әр есікке телмірмесе, Басқадан жоқ жәрдемі күн көрерге (Қаз. ақын. шығ.).

ЖАП-ЖАЛПАҚ с ы н. *Жайылып, жазылып жатқан, кең, жазық.* – Осы маңайдың – дейді олар, – тауы, орманы жоқ, ұшы-қиыры жоқ *ж а п-ж а л п а қ* даласы көлге таяна бұйраттана бастайды (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Розаның құлағына даңғырлаған, гүілдеген тынымсыз бір үн естіледі. Дәл төбесінде, қармағын түсіріп, *ж а п-ж а л п а қ* бірдеңе сырғып келеді (Н.Ғаблуллин, Қызық дәурен). Жауынгерлер жүгіре басып каналға жетті де іркіліп қалды.

Канал *ж а п-ж а л п а қ*, ені елу метрдей бар (С.Мұқанов, Аспаз).

Арқасы жап-жалпақ. *Арқалы, қоңды, жетілген.* Саулықтары күйлі, жаялары төңкерілген, *а р қ а л а р ы ж а п-ж а л п а қ* бір өңкей сабау құйрық ірі саулықтар (Ғ.Сланов, Замана.).

Басы жап-жалпақ. *Шүйдесі аласа үлкен бас.* Оның шынында да *б а с ы ж а п-ж а л п а қ* көрінді (Х. Есенжанов, Тар кезең).

Беті жап-жалпақ. *Жақ сүйегі жалпақ, бет көлемі кең, табақтай. Б е т і* сары табақтай *ж а п-жалпақ* (Қ.Исабаев, Айқыз). Табақтай *жап-жалп а қ б е т і н д е* сау-тамтық жоқ (А.Нұрманов, Құлан.).

Жауырыны жап-жалпақ. а) *Кең жауырынды, жауырын сүйегі жалпақтау.* [Жұлдыз] *ж а у ы р ы н ы ж а п-ж а л п а қ,* бұлшық еттері серіппедей жиырылып, созылып, әсем ойнайды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). ә) а у ы с. *Кең алқапты, жазық дала. Ж а п-ж а л п а қ ж а у ы р ы н ы,* жатыр дала, Ақын дала, алапат батыр дала. Ақмола мен Қостанай арасында, Дән өскен татырға да, тақырға да. Ерекше-ау, жаралысың, затың, дала! (М.Мақатаев, Шығ.).

Төсі жап-жалпақ. *Кеудесі шығыңқы, омыраулы.* [Мылқау] жалаң *т ө с і ж а п-ж а л п а қ,* сақалы сапсиған, суық, сұсты біреу екен (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАП-ЖАЛТЫР с ы н. *Бұдыры жоқ, тегістегіс; айнадай.* Судың беті аумаған айнаның беті сияқты теп-тегіс, *ж а п-ж а л т ы р* (С. Мұқанов, Саяхат.). Қар жаумаған кезде мұз айнадай *ж а п-ж а л т ы р* болып жатады (Б. Соқпақбаев, Бастан кеш.). Аспан да теңіз сияқты. Көкпеңбек, *ж а п-ж а л т ы р* (Майдан).

Басы жап-жалтыр. *Таза қырылған бас; басында шашы жоқ.*

Жап-жалтыр құз. *Жалама, қия* төс.

ЖАП-ЖАМАН с ы н. *Жағымсыз, өте сүйкімсіз.* Аузыма түтіннің *ж а п-ж а м а н* ыс дәмі келеді (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). – Апа, менің осы Тәуір кемпірден, сүйегі ауыр кемпірден туғаным рас па? – деп, бетін қол сүрткен қағаздай *ж а п-ж а м а н* қып жіберді (Ү.Уайдин, Шығ.).

ЖАП-ЖАҢА[1] с ы н. **1.** *Әлі көп пайдаланылмаған; су жаңа.* Әліман жеңгемнің өзімен бірге әкелген мақталы *ж а п-ж а ң а* қара шапаны бар еді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Керегеде ілулі құс ататын *ж а п-ж а ң а* мылтығы және тұр. Іс машинесі төсектің жоғарғы жағында, киіздің үстінде, онысы да *ж а п-ж а ң а* (С.Шәріпов, Бекболат). Вагондардың есігі сарт-сұрт ашылып, киімдері *ж а п-ж а ң а* солдаттар секіріп-секіріп түсіп жатты (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Үстінде *ж а п-ж а ң а* костюм-шалбар, аппақ көйлек, қара галстук (Ғ.Қабышев, Мысық.). **2.** а у ы с. п о э т. *Ғажап, кіршіксіз.* Жаңа жыл бүгін! Бәрі де бүгін жап-жаңа, Аспан жап-жаңа! *Ж а п-ж а ң а* қазір бар дала (С.Жиенбаев, Әлия).

ЖАП-ЖАҢА[2] үс т. *Әлгінде ғана, жаңа ғана. Ж а п-ж а ң а* қарсыдағы қырқа үстінен қосқанат ұшып өтіп еді, бұл содан секірген жігіт болды (Ж. Молдағалиев, Айналайын.). Жер астына тереңге Түскеніміз *ж а п-ж а ң а,* Көздері де көмірдей, Бола қапты көмірдей (С. Мәуленов, Өлеңд.). Қараймын тағы, Көзімнің нұры көбейіп, Сәбидей жайнап *ж а п-ж а ң а* келген өмірге (Ғ.Қайырбеков, Асу алда). Кестелер-кестелер тігілген! Жарымның қолына қадалдым, Кестесін *ж а п-ж а ң а* тігілген, Сыйлар ол – кеудеме жабармын (Ж.Нәжімеденов, Мен туған.). Сол соңыңнан ерген жұртың *ж а п-ж а ң а* басыңа келіп өзіңмен қоштасты емес пе, қайран ер! – деді ол (Ә.Хасенов, Жат жазасы).

ЖАП-ЖАРАСТЫҚТЫ с ы н. *Ұнасымды, жарасты.* Үсен етті шекпеніне орап алды, екі жеңі қоржынның екі басындай *ж а п-ж а р а с т ы қ т ы* болып, қалтиып шыға келді (Б.Шалабаев, Өмір.).

ЖАП-ЖАРАСЫМДЫ с ы н. *Ұнасымды, үйлесімді, сәнді.* Кейде бұл «сушылар отауы» деген *ж а п-ж а р а с ы м д ы* сушылар мекеніне айнала салады («Лен. жас»).

ЖАП-ЖАРАУ с ы н. *Арықтап, ысылған, еті тартылған; жарағаң.* Мен оны тұтқиыл бір көрдім қырда, Тотыққан торы жүзі толы нұрға. Леп берген көкірегінде қос тік алма, *Ж а п-ж а р а у* жарасып тұр форымына (Ғ.Орманов, Таңд.).

Жап-жарау ат. *Еті ояз тартқан, жарағаң ат.* Тойға келгендердің ішінде *ж а п-ж а р а у а т* мінген бір жігіт бар еді (Ауызекі).

ЖАП-ЖАРҚЫН с ы н. **1.** *Жарық, жарқырап, жайнап тұрған.* Кіріп келдік кең сарайға самалтым, Сәулеті де, сәулесі де *ж а п-ж а р қ ы н,* Сахнасы шалқып жатқан көл-дария, Сыйғандай боп байлығымен бар халқым (А.Хангелдин, Қыз жүрегі.). **2.** а у ы с. *Көңілі көтеріңкі, көңілді.* Жайлауға мәз-мейрамбыз, *ж а п-ж а р қ ы н б ы з,* Тамызда тау ішінде болған қандай! Айһай-һай! (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.).

ЖАП-ЖАРЫҚ с ы н. **1.** *Жарығы мол; жарқыраған.* Төргі бөлме кешегідей емес, *ж а п-ж а р ы қ,* кеңіп қалғандай (М.Сүндетов, Ескексіз.). Дала *ж а п-ж а р ы қ* боп кеткен (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Көзімді ашсам, үйдің іші *ж а п-ж а р ы қ,* таң атып қалыпты... (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Кенет киіз үйдің іші *ж а п-ж а р ы қ* болып кетті (С.Сматаев, Елімай). *Ж а п-*

ж а р ы қ бөлменің ортасындағы үлкен столдың маңы толған ақ халатты адамдар, қаптап жүр (З.Ақышев, Бәрі де есте). Енді сәл уақыттан кейін қала *ж а п-ж а р ы қ* терезелер отына бөленді (Ш.Мұртазаев, Интернат.). **2.** а у ы с. *Нұрлы, парасатты.* Немене бұл ұйқы көрмей томсарып, Тұрған емей соғыс түнін қақ жарып: Оның іші жатақхана бөлмесі, Ойшыл адам кеудесіндей *ж а п-ж а р ы қ* (Х. Ерғалиев, Өлеңд.). Міне, сізге ғажайып. Ғашық болсаң, осындай бол, *Ж а п-ж а р ы қ* бол өпшейтін (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Жап-жарық дүние. *Сыры мәлім, құпиясы жоқ.* Астаховтың кеңесінен Семейді басқаша танып білгендей болған Қасымбекке *д ү н и е ж а п-ж а р ы қ* (Қ.Оразалин, Абай.).

Самаладай жап-жарық. *Көңілді, өте жарық.* Үй іші *с а м а л а д а й ж а п-ж а р ы қ* (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

ЖАП-ЖАС с ы н. **1.** *Кемеліне келмеген, ер жетіп есеймеген; балғын, уылжыған.* Әйелдің біреуі бүлдіршіндей *ж а п-ж а с* бойжеткен қыз, екіншісі ескі өңділеу (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Нұрланның әйелі *ж а п-ж а с*, қара торы арықтау келген келіншек есіктің алдында сәл тұрды да шығып кетті (І.Есенберлин, Қатерлі.). Өмір бірде қып-қызыл гүл жайнаған, Қылықты қыз сияқты тіл байлаған. Тартысты жоқ тек қызық болса онда, *Ж а п-ж а с* күйі, Қартаймай тұрмай ма адам (М.Айтхожина, Шығ.). *// Кемеліне келмеген, ер жетіп есеймеген кез, балғын шақ.* Тірі жанға құрбы боп *ж а п-ж а сында-ақ*, Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ. Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып, Қас кермеп, мойын бұрмақ, қоразданбақ (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Құлпырған, жайнаған, көрікті.* Ұйқысынан оянып ты жер ерте, *Ж а п-ж а с* болып кетті бағы, көне өлке. Күн нұрына кетті жүзіп жер-жиһан, Қалтарысты сағалап жүр көлеңке (Қ.Жұмағалиев, Перзент.).

Жап-жас басымен. *Жасы кіші болғанымен, әлі жас болса да.* – *Ж а п-ж а с б а с ы ң ы з б е н* осының бәрін біліп алғансыз (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАП-ЖАСЫЛ с ы н. **1.** *Ашық жасыл түсті. Ж а п-ж а с ы л* ағаштар қоңырайып барады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Күн қарлы шоқының басына нұрын төккен кезде көл *ж а п-ж а с ы л* болып кетеді (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Тербейді олар: Құстардың қанатының діріліндей. Теңіздің толқынының гүріліндей. Жапырақтардың *ж а п-ж а с ы л* бояуындай, Желмен бірге жайқалған гүл үніндей (С.Мәуленов, Шығ.). Киіктердің көздері *ж а п-ж а с ы л*, шөлмектің түнгі сынығындай жарқырайды (С.Ерубаев, Ойсыл қара). **2.** *Жасылға бөленген; көктеп-көгерген. Ж а п-ж а с ы л* алдымызда жатыр көктем, Секілді көктен біреу тастап кеткен (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Көкше талға көктеген бүршік едің, *Ж а п-ж а с ы л* боп саямда тұршы менің. Бір тас жүрек езілтіп табанымен, Таптап кетер ме екен деп түршігемін (Бозінген). *Ж а п-ж а с ы л* жаз да жылысып, Сары ала салқын күз келді. Үміт пен қатер ұрысып, Жүз кетіп бастан, жүз келді (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАП-ЖАТЫҚ с ы н. **1.** *Икемді, ысылған, төселген.* Бұл Зияданың жұмысы, бала жасынан жетімдік көріп, үй шаруасын бағып өскендіктен, әр іске *ж а п-ж а т ы қ* (З.Иманбаев, Дала.). **2.** *Машыққан, жаттыққан.* Өзің қай ұлттансың? – деп қайыра сұрақ қойды, *ж а п-ж а т ы қ* қазақ тілінде (Бал дәурен).

Жап-жатық мінез. *Жайдары, биязы, жұмсақ мінез.* Бәйбішесі былқиған толық кісі, Қаны лаулап ойнаған аппақ түсі, *Ж а п-ж а т ы қ м і н е з і* де, бып-биязы, Қақ-соқ, анау-мынауда болмайды ісі (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Не деген жақсы қыз еді өзі, *Ж а п-ж а т ы қ* сонша *м і н е з* бен сөзі, Қызымдай көріп, кетті ішім жылып, Сөйлесіп қатар келеміз жүріп (Ә.Оңалбаев, Таң алды.).

ЖАПҚЫ[1] з а т. т е х. *Ауа, газ жүретін құбырлар мен түтіктерді жартылай не толық жабу үшін қолданылатын металдан жасалған жұқа қалақша.* Сыртта жел көтеріліп, *ж а п қ ы с ы* жоқ бір мойын пештің көмейі гуілдеп, үй іші ызғып тұр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖАПҚЫ[2] с ы н. ж е р г. ***Жабық***. Қой қыс күнінде *ж а п қ ы* қорада жатады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАПҚЫЗ= е т. **1.** *Бекіткізу, аштырмау.* Ол түнде ставкада кеш жатқансын, Зәңгіген отыр бүгін ұстап басын. Қаңқу сөз шықпасын деп хан орданың, Тас берік *ж а п қ ы з ы п т ы* іш қақпасын (Х.Ерғалиев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жұмыс істеуін тоқтатқызу.* Дін оқылатын мектеп-медреселердің бәрін *ж а п қ ы з д ы* (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАПҚЫЗУ *Жапқыз етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПҚЫШ з а т. **1.** *Әртүрлі заттардың үстін жабуға, қалқалауға арналған жамылғы, перде.* Айнала іргеге тақай кереуеттер қойып, олардың үстіне қарапайым бомази *ж а п қ ы ш т а р* жабылған (М.Қаратаев, Далада.). Басқалары үш-үштен екі станинаға отырып, ортада біреу брезент *ж а п қ ы ш* үстіне алып соғып, аппақ боп жалтыраған болат затворды бөлшектеп жатыр (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Оң жақта тұрған сүйек төсек – Еркежандікі. Мұнда

екі түрлі зат бар: шымылдық пен төсек *ж а п қ ы ш* (К.Оразалин, Абай.). Екі киім *ж а п қ ы ш ы* бар үй – әлді үй (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). **2.** *Шыбын-шіркейлерден қорғану үшін жасалған перде.* Е.И.Марциновский атындағы институттың қызметкерлері соңғы кезде қан сорғыш насекомдардан қорғайтын ыңғайлы *ж а п қ ы ш т а р* жасап шығарған (Т.Досжанов, Зиянды насеком.). **3.** с у ш а р. *Гидротехникалық имараттың су өткізгіш құрылыстарының беті мен табаны аралығындағы су көлемін реттеуші құрылғы.* Егер *ж а п қ ы ш* гидравликалық әсерлі болса, онда басқару аппараты көмегімен жұмыс істейтін болады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а п қ ы ш т а р д ы ң* орналасу ерекшеліктеріне, құрылымдық белгісіне, су қысымының берілуі дәрежесіне, су өткізу тәсіліне және жұмыс процесі кезіндегі қозғалыс бағытына (ашып-жабу) байланысты он шақты түрі болады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж а п қ ы ш* металдан, ағаштан, темірбетоннан және т.б. материалдардан жасалуы мүмкін. Пайдалану мақсатына қарай: негізгі *ж а п қ ы ш* және оның апатқа ұшырау жағдайында іске қосылатын жапқыш жөндеу жұмысын, құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын *ж а п қ ы ш* түрлеріне бөлінеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Жала [пәле] жапқыш. *Пәлекор, жалақор. Ж а л а ж а п қ ы ш* – ежелгі жау Жүріп алып тақ қасында, Жаңалыққа күдігі – дау, Жеңісті әзір мақтауға (Ж.Өмірбеков, Мың терезе).

ЖАПОН з а т. *Ұлт, күншығыстағы ел, Жапонияның байырғы халқы. Ж а п о н д а р* будда және синто дінін, аздаған бөлігі христиан дінін ұстанады (ҚҰЭ). *Ж а п о н н ы ң* кейбіреуінің сырт бейнесінен басқалардан бөлекше ауыспалы нәсілдің белгісі байқалады (ҚҰЭ). Большевиктерді қойдай қырып келе жатыр дейді. Ар жағынан, күншығыстан, *ж а п о н* келе жатыр (С.Шарипов, Бекболат). Осы уақытта порттан 20 кеңес самолеті көтеріліп, жапон самолеттерінің атакасына қарамай, *ж а п о н* эскадрасының үстіне шықты (С.Ерубаев, Менің құрдас.).

ЖАПОНДЫҚ з а т. *Жапон ұлтының азаматы, жапон елінің тұрғыны.* Бұл өлке халқының тілімен «жибэн», жапонша «нихон» аталатын *ж а п о н д ы қ т а р* өздерін солай деп атауды талап ететін себебі «наран-хуны»-«күн шұғылалы адам» деген сөз екен (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). *Ж а п о н д ы қ т а р д ы ң* орта есеппен бойының биіктігі – 160 сантиметр (Ш.Қожахметов, Ғалам ғажап.).

ЖАПОНШЫЛ с ы н. *Жапонды қолдағыш, жапон жағында.* Жаттанды сөз бар ондаған; Мәселен, жаны жат, оңшыл, Ант ұрған ұлтшыл, оңбаған, Британшыл яки *ж а п о н ш ы л* (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

ЖАППА[1] з а т. **1.** *Уықтардың немесе екі керегенің басын түйістіріп, үстіне туырлық жапқан уақытша баспана.* Әр жерге шашырап, үйме-жүйме болып қонған *ж а п п а л а р д ы ң* даладағы оттары жарқылдап көрініп тұр (М.Әуезов, Қараш.). Керегелерді немес уықтарды түйістіріп, үстін киіз үйдің туырлығымен жабады. *Ж а п п а н ы ң* ұранқай, күрке, итарқа деп те атайды (ҚҰЭ). Үйі барлары үйлеріне, үйі жоқтары *ж а п п а с ы н,* күркесін тігіп, малдарын бөлісіп алып, аман қалған дүниесін жинап, отыра қалды (С.Шарипов, Бекболат). Үдере көшкен ауылдар Құсмұрынның «Аяқ бұлағына» жеткенде *ж а п п а* тікті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *// Көшіп-қонуға қолайлы, керегесіз, қосты.* Еркектер бие қуып құлын ұстап, әйелдер *ж а п п а* күркесінің алдына бықсытып от жағып жүр (Ж.Аймауытов, Күнекей.). Ахметше ауылы Сүгір шетіндегі тобылғылы сайдың бергі бетінде отыр. Бәрінің де бүркеніш еткені көшті-қондыға қолайлы – *ж а п п а* үй. «Солдат келіп қала ма» деген үрей үстінде (Х.Рахимов, Сеңгір.). **2.** ж е р г. *Балшықтан, қыштан, тастан салынып, үсті жабылған қысқы үй, баспана.* Бір кездерде сәндеп тұрып салған *ж а п п а* тамдар қаншама биік болғанымен көңілге қораш-ақ көрінеді қазір (Ә.Ибрагимов, Асыл.). **3.** *Қалқа, қорашық.* Құлынға жасалған *ж а п п а* ғана оқшауырақ тұр (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Рақымжан *ж а п п а* төбесіне шығып, маңайды шолды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Не мал жоқ, не үй жоқ, не тамыр-таныс жоқ, *ж а п п а н ы ң* астында жаттық (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАППА[2]: жаппа нан. *Қазанға қарып пісірілетін нан; қазантөңкерме.* Қазанға қарып пісірілген үлкен бір *ж а п п а н а н* берді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Ол маған *ж а п п а н а н д ы* құшақтатты да, туған жеріме шығарып салды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАППАЙ ү с т. *Түгелдей, тегіс. Ж а п п а й* сауат ашуға бәрі де бет бұрды (Ә.Әлішев, Батыр.). Қарап тұрсаң, халық *ж а п п а й* өнер қуып кеткендей (С.Байжанов, Сыр.). Бразилияның бір провинциясында крокодилдер адамдарға, малдарға шабуыл жасап, көп зиян әкелген соң адамдар оларды *ж а п п а й* аулап құртып жіберген (Т.Әбдіков, Ақиқат). Жат елдің жерін жасқанып Басқаны ұмыт болар ма? *Ж а п п а й* бір қырғын басталып, Қашқаны ұмыт болар ма? (М.Мақатаев, Шығ.). Қазақстанда көшпелі ауылдарды *ж а п п а й* қоныстандыру науқаны жиырмасыншы

жылдардың орта тұсынан басталды (С.Мұқанов, Шығ.).

Жаппай ату. ә с к. *Нысана шебіне көлденең бағытталған зеңбірек немесе тау қаруының атысы. Ж а п п а й а т у* созылған нысаналарға (лекке, қарсыластың ұрыс ретіне және т.б.) қарсы нысананың майдан шебіне, қарсыластың ұрыстық ретіне көлденең бағытта жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаппай ату аймағы. ә с к. *Қорғаныстағы әскерлер шабуылдаушы қарсыласты жою үшін алдын ала немесе ұрыс қимылдары барысында барлық қару түрлерінен тиімді атыс дайындап жүргізетін жергілікті жер жолағы. Ж а п п а й а т у а й м а ғ ы* қорғаныстың алғы шебі алдында, қапталдарда бөлімдер мен бөлімшелер аралығында және қорғаныс тереңдігінде (еніп кеткен қарсыласты жою үшін) тағайындалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаппай жою қаруы. ә с к. *Жаппай шығынға ұшырату немесе қырату үшін қолданылатын жою қабілеті жоғары қару. Ж а п п а й ж о ю қ а р у ы н ы ң* жою факторлары оны қолданудан кейін белгілі бір уақытта қарсыласты шығынға ұшыратуы және оған күшті моралдық-психологиялық әсер етуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж а п п а й ж о ю қ а р у ы н ы ң* объектілері тек қарулы күштер топтары ғана емес, сонымен бірге қарсыластың алыстағы тылы, саяси-әкімшілік орталықтары, ірі қалалары мен өнеркәсіп орындары, адамдар, олардың еңбек өнімдері және өмір сүрудің табиғи ортасы (топырақ жамылғы, өсімдіктер мен жануарлар, климаттық және геофизикалық элементтер) болып табылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж а п п а й ж о ю қ а р у ы* ракеталар, авиация мен артиллерия арқылы жеткізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаппай қырып-жоятын қарудан қорғану. ә с к. *Әскерлерді, тылдағы нысандарды ядролық, химиялық, биологиялық қарулардан қорғау, әскерлердің соғысқа қабілеттілігін сақтау мақсатында жүргізілетін шаралар жиынтығы. Ж а п п а й қ ы р ы п-ж о я т ы н қ а р у д а н қ о р ғ а н у ғ а* төнген қауіп туралы дер кезінде хабарлау, халықтың кейбір бөлігін қауіпсіз жерге көшіру, қорғанатын баспана ұйымдастыру, қорғанудың дербес құралдарымен, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз ету, халықтың азаматтық қорғаныс ісі жөніндегі білімін арттыру және адамдардың үрейленбеуі үшін арнаулы тәртіп сақтайтын қызмет орнын құру, т.б. шаралар жатады (ҚҰЭ). Сондай-ақ *ж а п п а й қ ы р ы п-ж о я т ы н қ а р у д а н қ о р ғ а н у ғ а* белгілі бір ауданда жарылған ядролық бомба желдің соғу бағытына қарай көптеген аймаққа радиоактивтік зақым келтіретінін есепке ала отырып,... барлаушылардан түскен мәліметтер бойынша желдің бағытын, атом қаруының радиоактивтік зақым келтіретін аймағының көлемін радио арқылы халыққа хабарлау жүйесі де енеді (ҚҰЭ).

ЖАППАЛА= е т. **1.** *Бірыңғай жаппа тігу.* Ақбергендікі де *ж а п п а л а п* тігілген еді. Солдаттар үйге кірді (А.Жұмаділдин, Сең.). Бауырға қарай ығысып көшіп келе жатқан ел *ж а п п а л а п* қонған еді (М.Әуезов, Қараш.). Көшіп шаршап келіп, *ж а п п а л а п* қонған ауыл үйқы тұтқынында жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені жасыру, ойды құпия сақтау.* Жаныңа бататын нәрсе жайлы ойдан қашу, ойласаң қандай халге тап болатыныңды сезіну де бір, сол нәрсеңді жасырып, *ж а п п а л а м а й* ашықтан-ашық ойға алу да бір емес пе?! (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс).

ЖАППАЛЫ[1] с ы н. **1.** *Жаппасы бар, жаппа тіккен.* Ілдабайлап тіккен лашық үйлер, қара қостар. Осылардың бәрі – үдере көшкен *ж а п п а л ы* ауылдың баспанасы (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** *Үсті жабылған, жабық.* Үстіне түрлі-түрлі брезент шатыр жапқан жүк машиналары, әр алуан түске боялған *ж а п п а л ы* машиналар, жеңіл машиналар, бірін-бірі бөгеп, жүргендерінен тұрғандары көп (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Қозы тұратын *ж а п п а л ы* баспана мен қотан шетінен шыққан дауыстар естіліп жатыр (Ә.Қалмырзаев, Ар).

ЖАППАЛЫ[2] с ы н. **1.** *Ашып-жабатын; қақпақты.* Нұржамал *ж а п п а л ы* дөңгелек столды Омарханның алдына әкеп жайды... (К.Оразалин, Абай.). **2.** *Жарма, жармалы (есік).* Шалқайта ашылған *ж а п п а л ы* есіктен Кәрім мен Зәкеннің түрегеліп тұрғаны көрінеді (К.Оразалин, Абай.). *Ж а п п а л ы* ағаш есіктің шығыршығынан ағаш өткізілген екен (К.Оразалин, Абай.).

ЖАППАР [ар. جبار] з а т. д і н и. *Бар әлемді жаратушы, құдіретті Алла.* Тілімді алсаң, азамат, *Ж а п п а р ғ а* жан аманат, Қараспан тауын жайлаған Қалың қыпшақ елі бар, Қобыланды деген ері бар (Қобыланды батыр). Сәуірдің бұлтындай мінезің бар. Кедей ақын сыйларын менсінбейтін, Тәкаппар ғып жаратты сені *Ж а п п а р* (Бесғасыр.). Таңғы аяздашатынайды түйіліп, Көшеді бұлт, өтеді өктем шүйіліп, Қалың орман қар жамылған қабақта, Отырғандай *Ж а п п а р ы н а* сиынып (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Қашаннан сөйлеп жүрген мен бір жорға, Я, *Ж а п п а р,* өткен бабам, өзің қолда (Айтыс).

Жаппар Алла. д і н и. *Жаратушы, жасаған.* Қоштасып халқыменен жүріп кетті, Жар бол, – деп, – *Ж а п п а р А л л а,* өткен аруақ

(Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Келімсектер *Жаппар Аллам* өзі өлмейтін мәңгі тірі қып жаратыпты (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

Жаппар ием. д і н и. *Жаратушы, жан беруші* (*Алла*). Не шара бар, жазу солай болған соң, Ол дүниеде назар салып құлым деп, *Жаппар ием* сапарыңды оңғарсын (С.Дөнентаев, Шығ.). Кезіндегі кейбір ақындар сияқты қуатты Құдайдан ғана тілеп, *Жаппар иеге* жалбарына бермей, шарап пен көк сия шөлмектерін шер тарқатар, қуат берер күш сияқты сипаттауы ол заман үшін үлкен батылдық сияқты («Қазақст. мект.»). *Жаппар ием* жар болып, Өзің сақта, жасаған (А.Хангелдин, Өткен күн.).

Жаппар Құдай. д і н и. *Баршаны бар етуші*, (*Алла*). Қасымда жолдас-жұбайым, Жар болсын *Жаппар Құдайым* (Батырлар жыры). Не пиғылымнан таптым деп, Жат қылып *Жаппар Құдайды* (Батырлар жыры).

Жаппар құл. *Құдайдың құлы, Құдайға жалбарынушы, пенде*. Жап аузыңды жалп етек, Жалынып өскен *жаппар құл*! Қоблаң тұрғанда, Алшағыр ма еді айдынды! (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жаппар Хақ. д і н и. *Шын қамқоршы, сүйеуші* (*Алла*). Ашуына тығылып Көз жасы, демі буылып, Қалтыраған даусымен Деді сұлу «*Жаппар Хақ*»! (Б.Майлин, Шығ.). Налимын жеке отырып *Жаппар Хаққа*, Қара түн туғыздың деп біз бейбаққа, Отырған жерде жауды жоқ қылсам деп, Кей-кейде көз саламын шатыр жаққа (Бес ғасыр.).

ЖАПСАҚ з а т. *Шаруа, жұмыс. Жапсақ* – шеберлер тілінде іс, жұмыс (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАПСАР[1] з а т. **1.** э т н. *Үзік пен туырлықтың қиылысқан, түйіскен жері*. Түсіп ізінше қайтып келіп, үйдің *жапсарына* жабысып тұра қалды (М.Қаратаев, Далада.). Алыстан ғашық болып келгенімде, *Жапсардан* сөз сөйлейсің мойның бұрып (Айтыс). **2.** *Ыдыстың, басқа да заттардың құрама бөліктерінің қосылған, қиылысқан шегі, жақтауы*. Алтын тәждің *жапсарын* нысана қып, Батыр албырт садақпен қалды тартып (Н.Ахметбеков, Амангелді). **3.** *Босаға мен төр аралығы, тұсы*. Төрде үлкендер, *жапсар* мен босаға жақта әйелдер мен бала-шаға (Ж.Арыстанов, Таңд.). Сендерге енді келейін, *Жапсардағы* отырған Жастары үлкен аналар, Ақылы артық даналар (С.Сейфуллин, Шығ.). **4.** *Ел мен елдің, ауыл мен ауылдың шекарасы, аралығы*. Ақмола уезі мен Семей губерниясының *жапсарындағы* қазақтардың арасындағы барымта деген пәле қазір өте зорайған (С.Сейфуллин, Шығ.). Табиғат жырларында бүгінгі жасампаз адамның жарқын тұлғасы бұлттың көлеңкесінде, таудың тасасында, жардың *жапсарында* қалып қояды (С.Мәуленов, Үркер.). – Әй, Жәке-ай! Өзіңіз білмейтін жай жоқ. Қанкелді деген ру екі ояз елдің *жапсарындағы* қан ағызған ұры ғой, – деді ол (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс). // *Іргелес, жақын орналасқан*. *Жапсар* ел жақын, көңіл тілектес боп, «Бәйгі болсын!» – деп жүр бір-біріне (І.Жансүгіров, Шығ.). *Жапсар* екі ел бірде тату, бірде араз болып барымталасады да жатады (І.Жансүгіров, Шығ.). **5.** а у ы с. *Тұтқиыл, қалтарыс, таса*. Біреудің жасырын сөзін *жапсардан* естігендей, өзгенің арам ойын айтпай аңғарған да ауыр, оның айыбы өзіңді жеп, жоқ жерден жау табасың (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Ел жапсары. *Ауыл-аймақ жайы, әңгімесі*. Көксау білмейтін *ел жапсары*, қатын өсегі, партия, пәле жоқ еді (Ж.Аймауытов, Күнікей.).

Жапсарын ашты. *Аралары суыды, алыстады*. Ана жылғы Еменжелке оқиғасы араларының тіпті де *жапсарын ашып*, жігін үлкейтіп кеткен (Б.Аманшин, Көкжар).

Жапсарына іле кету. *Өзімен бірге біреуді кінәлі етіп көрсету*. Ертеңдер Ержановтың айтқаны айдай келіп жатса, қайтпек? Онда өзі ғана кінәлі болып қоймайды, *жапсарына* талай адамды *іле кету і* кәдік-ау (К.Ахметбеков, Алқакөл).

Жер жапсарын жалғады. *Екі араны қосты, біріктірді*. Қос болатпен кепсерлеп, *Жер жапсарын жалғаптты*. Жөнін тани өсер деп, Сендерге оны арнапты (Ғ.Орманов, Дикан.).

Таң жапсары түрілді. п о э т. *Таң атар кез жақындады, жарық түсе бастады*. Екі жас естерін жиғанда, *таң жапсары* енді-енді *түрілі п* келе жатқан еді (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Түнді жапсарынан сөкті. б е й н. *Таң сыз берді, жарық түсті*. Зіл қара *түнді жапсарынан сөге* таң сызаттап келеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЖАПСАРЛА= е т. **1.** *Қатарластыру, іргелесу, жақын орналасу*. Мюлгаузен Еламанды қолынан жетелеген күйі депоны *жапсарлай* салған үлкен ақ үйге келді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Осыны ана екеуіне айтып отырғанымда Степан ағай кенеттен *жапсарлай* салынған қуысқа кіріп кетіп еді, сөйтсем үйге біреу келе жатыр екен (Қ.Исабаев, Қара бала). Мұны күнқағарға *жапсарлай* жайылған кілемдерге жайғасқан төрелер де қайталады (Қ.Исабаев, Серт). *Жапсарлай* салынған зәулім үйлер сығылысып бірінен-бірі озады (К.Тоқаев, Көмескі із). **2.** а у ы с. *Екі нәрсені қабаттастыра істеу*. Шығыс Түркістанның

басқа көршілерімен қатынасы бөгеліп тұрған кезде сауда қатынасын ұйымдастырып, соған *ж а п с а р л а п* ғылыми экспедиция адамдарын жіберу қажет (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ЖАПСАРЛАС с ы н. **1.** *Аралары жақын, қанаттас.* Ауылдың дикандары *ж а п с а р л а с* аудандарға барып астық әкеліп жүрді (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.). Арал теңізінің деңгейі төмен түсіп, тартылып кетуі онымен *ж а п с а р л а с* жатқан Аяққум бойында да әсерін тигізбей қойған жоқ («Қаз. әдеб.»). **2.** *Қабырғалас, іргелес, көршілес. Ж а п с а р л а с* үйде отырған балалар арасынан шаң-шұң шықты (М.Қаратаев, Далада.). Едіге қақпамен *ж а п с а р л а с* орналасқан кассаға барып, он тиынға билет алып, ішке кіре берген еді, алдынан қарына коньки қыстырған екі қыз шыға келді (М.Мағауин, Көк мұнар).

ЖАПСАРЛАС= е т. *Астасу, қатарласу, қабаттасу.* Өзекшеден өрбіген бір түп бақша, Өскен ұшы көкпенен *ж а п с а р л а с т ы* (Айтыс). Торғайдан тауық жылдың күзіне қарай жамағайындармен *ж а п с а р л а с ы п* Сырға көштік (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖАПСАРЛАСТЫР= е т. *Қатарластыру, іргелес, жақын орналастыру.* Оның көзі қабырғаға *ж а п с а р л а с т ы р а* қойылған орындыққа отырған үшеуді барлай ішіп-жеп барады (Қ.Салғарин, Сол бір.). Жөрмеу дегеніміз қатарласқан екі бөлек затты *ж а п с а р л а с т ы р ы п* тігу (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мені екі солдат *ж а п с а р л а с т ы р а* тігілген екі бөлмелі үйге алып кірді (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). Студенттер қораның күнбатыс бетіндегі сол дуалға *ж а п с а р л а с т ы р а* клуб салуға кірісті (Е.Оразақов, Дәрігер жолы).

ЖАПСАРЛАСТЫРУ *Жапсарластыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПСАРЛАСУ *Жапсарлас етістігінің қимыл атауы.* Сабақпен өзінің *ж а п с а р л а с у ы м е н* бірге жапырақ арасындағы бұрыш жапырақ қойыны деп аталады (Мақта шаруаш.).

ЖАПСАРЛАТ= е т. *Белгілі бір құрылысты өзара қатарластырып, жақындатып тұрғызу.* Ығила шешей оң жақ қабырғаға *ж а п с а р л а т а* салынған жатаған пештің ішіне сыйғанынша тығып, от қойып жатыр (С.Ғаббасов, Өскен.). Көршілерінің мұнысын Рақым естімесін. Егер ести қалса, жанына *ж а п с а р л а т а* салынған әр магазиннің алдына бір-бір жаршы қойып, «Рақым байдың магазині анау, Рақым бай сізді күтіп тұр» деп ертеден қара кешке дейін қақсатып қоюға бар (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖАПСАРЛАТУ *Жапсарлат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПСАРЛАУ *Жапсарла етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПСАРЛЫҚ с ы н. *Қатар, іргелес, жақын орналасқан.* ≈ *Ж а п с а р л ы қ* жер.

Жапсарлық кендер. к е н. *Балқыған магманың шөгінді жыныстармен жанасқан шебінде түзілетін кенорындары. Ж а п с а р л ы қ к е н д е р* түзілу тегіне қарай жапсарлық-метаморфтық және жапсарлық-метасоматоз кендер болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ).

Жапсарлық метаморфтану. г е о г р. *Әртүрлі тау жыныстарының тереңнен ығысып шыққан магмалық интрузия денелерінің жанасу әсерінен өзгеруі. Ж а п с а р л ы қ м е т а м о р ф т а н у д ы ң* дәрежесі магманың температурасына, көлеміне, оны қоршаған жыныстардың құрамына, құрылымына, нақышына, жатыс жағдайына байланысты болады (ҚҰЭ).

ЖАПСАРСЫЗ с ы н. *Жапсары жоқ.* Адамзат жапсарлы, *ж а п с а р с ы з* құбырлардың әр түрін біледі (А.Жұмаділдин, Құт.).

ЖАПСЫР= е т. **1.** *Жіппен, желіммен ұстату, бекіту.* Жарнаманы бала екі қойнынан кезек суырып *ж а п с ы р а д ы* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Араб әріптерімен жазылған жарнаманы қаланың түс-түсына таратып, *ж а п с ы р ы п* та үлгірді (А.Сатаев, Дала.). **2.** *Тағу, қадау.* Екі жеңіне қызыл жұлдыз *ж а п с ы р ғ а н* ұзын бойлы командир кіріп келді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Ноян марқұм өзін «қызыл әскермін» деп, маңдайына шүберек жұлдыз *ж а п с ы р ғ а н* шошақ төбе қалпақ киетін еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **3.** *Қосу, жамау.* – Денесінің көп жері күйіп қалыпты. Етіне өзге адамдардан ет кесіп *ж а п с ы р м а с а* болмайды (К.Баялиев, Дегелек.). **4.** а у ы с. *Ертіп жүру, қасынан тастамау.* Апырау, Ақан мынадай періштені жанына қайдан *ж а п с ы р ы п* алды екен (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **5.** а у ы с. *Қосақтау, тану.* Күйеуіммен бір мектепте істеген бір мұғалімге *ж а п с ы р д ы* мені (С.Омаров, Өмір.). Мына баланы маған *ж а п с ы р а й ы н* деп отырсың ғой (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Мені өлтірді-ақ, не пайда осыларға? Менің өмірім оларға қосылар ма? Ол шалдар қыршын жасты қиғанменен, Өз бойына *ж а п с ы р ы п* тұшынар ма? (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Пайдалану, қабылдау.* Не көп, қазақ ішінде қайыршылық көп, ұрлық-зорлық көп. Себеп не десеңіз, жасынан жақсы, пайдалы ұғымдарды бойына *ж а п с ы р м а ғ а н д ы қ т а н,* адал еңбекке үйренбегендіктен, қол бостықтан (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Бәйге дүниесін бойыма *ж а п с ы р ғ а н* кісі емен? – деді Битабар (С.Шаймерденов, Жыл құсы). **7.** а у ы с. *Қосып айту, ұлғайту.* Әлденені *ж а п с ы р ы п,*

Қоса жүрер өсегі, Жасаса бір жақсылық, Болар дәйім есебі (А.Шамкенов, Шырша).

Пәле [жамандық] жапсырды. *Орынсыз кінә тақты, қаралады.* Қай-қайдағы *пәленің*, Бәрін де бұған *жапсырып* (Ү.Кәрібаев, Таңд.). Бұл сөзді айтқан адам оған ылғи *жаманды қ ты жапсыра* сөйлейтін (Қ.Исабаев, Жолдас.).

Үстіне жапсырды. *Бар тапқан-таянғанын аямады, киінді, киім әперді, киіндірді.* Салдық құратын заманды аңсай ма, бар тәуірін *үстіне жапсырады* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ауыл шетіндегі аласа жер үйде өмір өткізген Әлтай қарт пен Қапия әжей қолында барларын баланың *үстіне жапсырды* (З.Иманбаев, Дала.). Екеуі тапқан-таянғанын осы баланың аузына тосып, *үстіне жапсырады* (Т.Ахтанов, Боран).

ЖАПСЫРМА з а т. **1.** *Бір заттың бетіне жамала тігілетін жіңішке, қиық мата, таспа.* Омыраудағы *жапсырма* үлгектері, жағасының ұштары шоқтай қызыл сұр шинель, басында төбесі шошақ, Ақық бұрын көрмеген, бір түрлі бөрік (Н.Ғабдуллин, Шығ.). **2.** *Көлемі әртүрлі, металдан істелген жұқа бастырғы.* Аң пішіні қимылымен берілген «аң стилі» деп аталатын қола *жапсырма* (ҚазССР тарихы). **3.** ж е р г. *Күректің басына сабын ендіру үшін оның екінші бетіне жапсыра қағылатын бір жағы ойыстау келген жалпақша темір.* Көптен ұсталып келе жатқан белдеме екен, *жапсырмасы* сынып қалыпты (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

Жапсырма құлақ. ж е р г. *Күректің аяқпен басатын жері.* Енді бір белдің *жапсырма құлағы* сынып қалыпты (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАПСЫРТ= е т. *Қосақтату, таңғызу, жаматтыру.* Құдайға өкпелеп, өлгенде әрең артына *жапсыртып* алғанын алады да тастайды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАПСЫРТУ *Жапсырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балалардың ойыншықтарын *жапсырту.*

ЖАПСЫРУ *Жапсыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жамап-жасқау, желімдеу, ілу. Жапсыру*, сурет салу, модель құрастыру, ойыншықтарын жамап-жасқау, жөндеу балаларды еңбекті, творчествоны сүйе білуге үйретеді (Семья тәрбиесі). **2.** *Тағу, қадау.* Терезеге *жапсыруға* жөнді нәрсе таба алмай ма екен? (Б.Майлин, Шығ.). **3.** *Үстемелеу, қосу.* Өздеріңе үстеме жұмыс *жапсыруға* соншалық несіне құмарсыңдар, осы?! (С.Қасиманов, Сиқырлы.).

Жаманшылық жапсыру. *Кінә тағу, қаралау.* Бір-бірімізден жақсылық іздеп, жақсы қасиет табудың орнына *жаманшылық жапсыруға* дайын тұрамыз (Д.Досжанов, Дария).

ЖАПСЫРУЛЫ с ы н. **1.** *Ілулі, қадаулы.* Ақын жырының бәрі плакат боп басылып, Ленинградтың әр үйінің қабырғаларында *жапсырулы* тұрады (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). **2.** *Желімдеулі, қыстырулы.* Мынау кім, папасының суреті ме? Тұр хаттың *жапсырулы* бір бетінде (З.Шүкіров, Арал.). **3.** *Тігулі.* Сарқасқа белбеуін шешіп жіберіп, ішкі жеңсіз бешпентінің қолтығына *жапсырулы* тұрған кішкене қара шүберекті сөге бастады (С.М.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖАПСЫРЫЛ= е т. *Қабырғаға ілініп қойылу, желімделу.* Бір кезде оның көзі әр жерде үйдің қабырғасына *жапсырылған* көк қағазды шалды (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Тақтаға жаңа *жапсырылған* газетке үңілген болдым (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Таңертең балалар көрсеткіш тақтаның екінші жақ бетіне *жапсырылып* қойылған жауынгерлік листокты көрді (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Енді оған көшенің қабырғасына, дүкендердің алдына *жапсырылған* қызылды-жасылды қағаздар да, қағаз бетіндегі сойдақтала жазылған қытай иероглифтері де етене ыстық көрінеді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Қара күйе жапсырылды. *Жала жабылды, қараланды, кінә тағылды.* Адал адамға қанша ауыр кінә, *қара күйе жапсырылса* да, оны былғай алмайды (А.Шамкенов, Шапақ).

ЖАПСЫРЫЛУ *Жапсырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПТАС с ы н. ж е р г. *Қатар, саптас, шектес, көршілес. Жаптас* өскен Біркімбайдың бұл сәтте қайда қамығып отырғанымен тіпті істері жоқ (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Осындай бір орайда Әріп: – Қап! Сені *жаптас* отырған Сүгірдің шайпау қатынымен айтыстыру керек екен-ау! – деп өкінді (Т.Әлімқұлов, Ел мен жер).

ЖАПТЫР= е т. **1.** *Жан-жануардың, киіз үйдің үстін жамылғымен бастыру.* Асылдан жабу *жаптырған*, Сұлы менен сүт берген (Батырлар жыры). Салтанатты жыл болғандықтан, Шыңғыс өз ордасына да, бірге қонатын отаулары мен қонақ үйіне де кіршіксіз ақ киіз *жаптырды* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** а у ы с. *Тұрмеге отырғызу, қамату.* Патшаның тақтан түскенін Айтуға келе жатқанда, Байлар мен әкім қас болып, *Жаптырған* екен түрмеге (О.Шипин, Дастан.). Шақырар екеуіңді ұстатуға, Қылышын жарқылдатып жандаралын. Сот қылып болыс пен би үкім кесіп, *Жаптырар* абақтыға өңкей залым (О.Шипин, Дастан.). Мен сені қазір ұстатып, қараңғы үйге *жаптырсам* қалай болар (Ғ.Мүсірепов, Таңд.).

ЖАПТЫРМА з а т. *Үсті жабылған баспаналық қалқа.* Бұл едәуір аймақ, өзі қорған етіп қоршалған, ауласында адам түнеп шығатын бір-екі *ж а п т ы р м а с ы* бар (М.Қуанышбаев, Кек.).

ЖАПЫР= е т. **1.** *Басып-жаншу, таптау.* Бір топ әйел асханадан шықты да, көлеңкедегі көгорайды *ж а п ы р а,* алқа-қотан отыра қалды (Б.Майлин, Шығ.). Аттан түсе ұмтылдық, тынбады сал үн шақырып, Бір жығылып, бір тұрдық, Қамысты қалың *ж а п ы р ы п* (С.Мәуленов, Құлыншақ). Көкорайлы шалғынға *ж а п ы р а* бие байласа, Қазы мен қарта, жалжая қия кесіп шайнаса (Үш ғасыр.). Шаруа қалың шөпті *ж а п ы р а* басып жақындап келеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** а у ы с. *Қырып-жою, талқандау.* Жанымыз бұрын жаралып Заманақыр шағында Адамдармыз кеш келген. Алдымызды *ж а п ы р ы п* Өлім алып жатса да, Мал жинауды өш көрген (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жігіттіктен пайда жоқ, Ат мінбесе қатырып, Жау жеңбесе *ж а п ы р ы п.* Қырмызы киіп, қыз құшып, Басындағы дәуренін Өткізбесе сапырып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Ж а п ы р ы п* сан жау әскерін, Қараса ол айналаға; Қалыпты тек бір наводчик, Зеңбіректе жалғыз ғана (Қ.Аманжолов, Шығ.). Рүстем орталықта ақырып жүр, Қамыстай қиып, жауды *ж а п ы р ы п* жүр. Қолында Пәраміріздің болат шоқпар, Тұрандар қашып онан бақырып жүр (Т. Ізтілеуов, Рүстем.). **3.** а у ы с. *Бір істі, жұмысты өндіре істеу, айпап жайпау.* Еңбеккер жұрттың тілін тап та, еңбегіне өнбегін молайт. Әне, сонда бұқараң қандай қиын істі де *ж а п ы р ы п* жетеді (Ғ.Сланов, Замана.). Майдандағы сияқты *ж а п ы р ы п* істеуге ол кездегі ел жағдайы ерік бермейді (Б.Майлин, Шығ.). Жақын жерден жанашыр табылып тамағым сыйлы, жаным жайлы болған соң Үсейін шаруасын *ж а п ы р а* істеп жанымды ортаға салып жібердім білем (І.Жансүгіров, Шығ.). Жігіт қандай істі болса да *ж а п ы р ы п,* сапырып, өндіріп істесе ғана жігіт (Ө.Тұрманжанов, Адам.). **4.** а у ы с. *Тамақты опырып жеу.* Әдетте алдына ас келгенде *ж а п ы р ы п* жіберетін Қожакең қаңылтақ печеньенің шетінен кішкентай омырып алып қана, таңдайына тастайды (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Қарны ашыңқырап келген бетімен мына кешкі асты *ж а п ы р а* жермін деп, бар құлқымен кіріскен (А.Байтанаев, Қайнар.). **5.** а у ы с. *Баса-көктеу, киіп-жару, қырату.* Ол алды-артына қарамай, ентелеген жұртты кеуделей *ж а п ы р ы п,* сыртқа ұмтылды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Биіктен жартас жарылып құлап, жолындағыны *ж а п ы р ы п* келе жатқан тәрізді (Д.Әбілев, Арман.). Бұрқырап-сарқырап жатқан ақ түтек су жауды *ж а п ы р ы п,* жөңкіген қолдай өңменде аға береді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Қалтыраған бұтақта өсіп, Күзің жеткен жапырақтай, Балбыраған бояуы өшіп, Жел *ж а п ы р ғ а н* су құрақтай (С.Бегалин, Өлеңд.). Қалар ма ед бұл кесім де орындалып, Дүбірлеп астау белдің жонын жарып, *Ж а п ы р а* бір қалың қол келді төніп, Ақынның үстіндегі сорын қағып (Т.Есімжанов, Ілияс.). **6.** а у ы с. *Беталысын бұру, қайтару.* Желіп жүріп, қойдың алдын бұлаққа қарай *ж а п ы р д ы* да, өзі үй жаққа бет алды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Шүйке мұрнын ұшынан нық ұстап, төмен қарай *ж а п ы р ы п* тарта бастады (Ө.Қанахин, Дәмелі). **7.** а у ы с. *Үйқы-түйқысын шығару, әптәптәптер қылу.* Аунақшып, төсегін біраз *ж а п ы р ғ а н ы н а н* кейін, терезеге үңіліп... жерге төнген күңгірт аспанға қарайды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Басымда қаракүлден нар өркеш, көк бөрік. Қырын *ж а п ы р м а й,* төбесін қоқырайта кием – деді (Ғ.Сланов, Домбыра.). Қалшылдаған найзасын, Қайыра бір салады, Жарқылдаған қылышпен, *Ж а п ы р а* бір жарады (Манас). **8.** а у ы с. *Тұтастай бетті жуу.* Қыздың қою кірпігін *ж а п ы р а* парлаған көз жасы бетін жуып кеткен (З.Қабдолов, Жалын). **9.** а у ы с. *Топтап-көптеп алу.* Бұйымын беріп жатыр әркім өлшеп, Үйілген ұлы-кіші бөлшек-бөлшек. Анталап бірін-бірі итермелеп, *Ж а п ы р ы п* алып жатыр көйлек-көншек (С.Сейфуллин, Шығ.). **10.** а у ы с. *Майыстыру, мыжырайта басу.* Босаға жақтағы жәшіктің үстіне қуыс гильзадан *ж а п ы р ы п* жасаған білтелі шам қойған (К.Тоқаев, Көмескі із). Аяғындағы өкшесінен *ж а п ы р а* киіп жүрген әйелінің кәлөшін тырп-тырп еткізіп түтіндіктерден ұзай беріп Жарма жаққа қарап еді (Т.Нұрмағамбетов, Қарлығаш.). **11.** а у ы с. *Басып қайыру, жатқызу.* Қаншама *ж а п ы р ы п,* жатқыза тараса да, ырық бермей тікірейген қалың шашы желкесіне түскен қоңырқай жүзді жігіт (З.Жәкенов, Таң самалы).

Қоғадай [шөптей, жапырақтай] жапырды. *Айпап-жайпап тастады, қырып-жойды.* Тістей қатқан әулетті қолдары Балзияның балғын денесін жез қармақтай майыстырып, *қ о ғ а д а й ж а п ы р ы п* әкетіп барады (С.Омаров, Өмір.). Ашық сайға келіп қалған олардың бір бөлегін пулемет *ш ө п т е й ж а п ы р а* бастады (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жендеттің ойдағысын оқпен көмді, Теңселді қалғандары оңды-солды. *Ж а п ы р ы п ж а п ы р а қ т а й* жау солдатын Көшеге шөккен сеңдей өлік толды (О.Шипин, Дастан.).

ЖАПЫРАЙ= е т. **1.** *Жарбию, жатаған болу, аласару.* Темірбайдың ауылы жеті-ақ түтін. Бәрі саңырауқұлаққа ұсап *ж а п ы р а й ы п* жатқан қара сұр лашық (М.Жұмабаев, Шығ.).

Төмпейден оралып шыға бергенде *ж а п ы р а й г а н* тас қоралардың күнгей беттері таңның қызғыл сәулесіне шомылып, күлімсіреп тұр екен (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Үш ақ үй тігулі, оған таяу *ж а п ы р а й г а н* қараша үй (Б. Майлин, Шығ.). Көл жақтағы тар көшенің екі беті бір өңкей *ж а п ы р а й г а н* аласа үйлер болатын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Жаншылу, майысу, қисаю. Ж а п ы р а й ы п* майысып қалған қара кернейді әлгі тұрбаға кигізіп еді, бұдан да түк шықпады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Мына бір сеялканың кереге көзі *ж а п ы р а й ы п,* майысып қалыпты (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.). Бір кезде соққы жеген бе әлде жер сүзе құлаған ба... мұрны оң жағына қарай *ж а п ы р а й ы п,* қисайып кетіпті (М.Гумеров, Хазірет.). **3.** *Мыжыраю, жалпию.* Ояна келсе баяғы жаман Қартқожа, баяғы *ж а п ы р а й г а н* жаман тымағы, бастама мәсісі, бір жамбасына қисайған жаман тымағы (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Келші, сенің де бетіңнен сүйейін. Жалғызымды жаныма ертіп әкелгендей болдың ғой. Оның шошайған, ал сенің *ж а п ы р а й г а н* қалпағыңнан (К.Қазыбаев, Аманат). Бақанның басында *ж а п ы р а й г а н* қалпақ, үстінде сары плащ (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖАПЫРАЙТ= е т. **1.** *Баскиімді мыжырайтып, жалпитып кию. Ж а п ы р а й т а* киген көнетоз картузын шешіп, сілкіп, қаққылап келеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ағажан, сөзіңізге татымайтын Ақымаққа қайтесіз ақыл айтып? Тартты, әне, ол мүйістегі шайханаға, Баса киіп кепкісін *ж а п ы р а й т ы п* (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Үйді жер табандатып, жатаған етіп салу, құру.* Оның екі жағасында төбесі *ж а п ы р а й т а* жабылған қамыс бұғатты үйлер (Н.Төрекұлов, От кешу). Уықтың бәрін ішке жығып, үйді *ж а п ы р а й т ы п,* жер табандатып жібермеуіне бас-көз болды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАПЫРАЙТУ *Жапырайт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Басындағы шәпкесін шекесіне шейін *ж а п ы р а й т у.*

ЖАПЫРАЙЫЛ= е т. *Жер табандатылу, жарбию, жапыраю.* Бұралаңы көп жолдар, мына шалшық сулар, ана *ж а п ы р а й ы л г а н* үйлер, бәрі де Дінмұқан жанына жылуы жоқ (Д.Досжанов, Тұлпар.). Оның ар жағында жабуы бір жағына *ж а п ы р а й ы л г а н* жапырақ қара інген басы-аяғы жоқ, ұзақ «гөй-гөйін» қоңыраулатып, жайылып жүр (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Асқар университет бітіріп, үлкен қалаларға кетпей, *ж а п ы р а й ы л г а н* үйлері бар балшық көшелі Ақтұмаға қайтып оралыпты (Ф.Оразаев, Басты.).

ЖАПЫРАҚ з а т. **1.** *Өсімдіктің көктемде бүршік атып, көктеп, күзде сарғайып түсіп қалатын мүшесі. Ж а п ы р а қ т а р* адамша сыбдырлап, үн қосып, ұрандасып, шуласады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а п ы р а қ* өсімдіктің тыныс алатын бөлігі. Көзге көрік, көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш *ж а п ы р а қ т а р д ы,* қант қамыстарын өндіреді. *Ж а п ы р а ғ ы* жайқалып Бұлғақтайды, соқса жел Жаздықүні *ж а п ы р а қ т ы ң* Бірінде тамақ, бірінде үй. Жапырақ кетті, жаз кетті, Күз болған соң, кетті күй (Абай, Тол. жин.). Тоғай да *ж а п ы р а қ т а р ы н* жамылып, жаңа келген сайрағыш құстардың үнімен көңілді болып келеді (М.Дулатов, Шығ.). Жазғы жасыл жердің түсі оңғанын, Суың ұрып, ормандардың тоңғанын. Көріп көңілің, жабырқайды сарғайып, *Ж а п ы р а қ т а р* ұшып жерде солғанын (Ақмолла, Күндер.). **2.** б о т. <лат folium> *Жоғары сатыдағы өсімдіктердің фотосинтез, газ алмасу, буландыру, қор жинау, көбею қызметтерін атқаратын өсу мүшесі. Ж а п ы р а қ т ы ң* мөлшері әртүрлі болады. Шөптесін өсімдіктерде 3–10 см-дей, банан жапырағының ұзындығы 1–5 м, ені 40–50 см, цейлон пальмасы *ж а п ы р а ғ ы н ы ң* ұзындығы 10–20м, ені 12 м-ге дейін (ҚҰЭ). *Ж а п ы р а ғ ы* мен гүлінің қайнатылған тұнбасы халықтық медицинада терлеу, зәр айдау үшін пайдаланылады. Онымен түрлі жыныс ауруларын, сүйектегі ісікті, бас ауруын, қышыманы емдеген (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Ж а п ы р а қ* – гүлді өсімдіктің өсуге шектеулі өсу мүшесі. Негізгі өркеннің жанама бұтақтары қысқарып, тығыз дамуынан пайда болған, құрылысы жапырақ тақтасынан және сағақтан тұрады. *Ж а п ы р а қ т ы ң* кеңейген жалпақ бөлімі сағасы, сабаққа бекінетін жіңішке бөлімі *ж а п ы р а қ* тақтасы деп аталады (Қаз. тілі термин. Биология). **3.** к о л ө н е р. *Жапырақ пішіндес ою түрі.* Шолпыда «*ж а п ы р а қ*», «жыланкөз», «қосбұлақ», «қосбұрым» деп аталатын ою түрлері өрнектелген (Д.Досжанов, Жібек.). Кавказ үлгісімен «мүйіз», «ирек», «гүл», «*ж а п ы р а қ*», «бұрыш» өрнектері өте сәнді жасалады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Сабаса өзіңді сабасын... қорғансыз емеспіз. Сақ болсын. *Ж а п ы р а қ т а р ы м а* тигізбеймін, – деп әжем ұрсып кетті – дейді (М.Сүндетов, Ескексіз.). **4.** ж е р г. *Шүкір дейтін өсімдіктің түрі, атауы. Ж а п ы р а қ т ы ң* үлкендігі күректей, жерге жабысып шығады. *Ж а п ы р а қ* май айынан соң құрап ұшып кетеді. *Ж а п ы р а қ т ы* түйе жейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **5.** а у ы с. *Бір заттың үзіндісі, бөліндісі.* Қалтасында шаң сіңіп, қара қожалағы шыққан үлкен *ж а п ы р а қ* таба наны бар екен (А.Сүлейменов, Бесін). Өлең менің жанымның *ж а п ы р а ғ ы,* Оны өмірдің дауылы сапырады. Төтеп беріп соларға, жасара түс, Сені өсірген туған жер топырағы (Х.Талғаров, Қанат.).

Тартқанға бетім көне тарықпаймын, Жанымның қуармаса *ж а п ы р а ғ ы* (Ә.Тәжібаев, Өлең.д.).

Бір жапырақ. *Болымсыз ғана, кішкентай.* Ел *б і р ж а п ы р а қ* матаға зар болған кез (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Еті қашқан бетінің оң жақ иегінде расында да қап-қара боп, қатып қалған *б і р ж а п ы р а қ* ет бар екен (О.Бөкеев, Мұзтау). Юстас Игнович *б і р ж а п ы р а қ* ет кесіп алып, аузына салып шайнайды да: – Дәмді екен! Маған тигені онша емес, – деді (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.). Аяқ аузындай құрым күркенің ішінде іліп алар *б і р ж а п ы р а қ* нәрсе жоқ (С.Омаров, Қайырлы.).

Жапырағы жайқалды. *Өсіп-өркендеді, көбейді.* Берекелі болса ел, Жағасы жайлау ол бір көл. *Ж а п ы р а ғ ы ж а й қ а л ы п,* Бұлғақтайды соқса жел (Абай, Тол. жин.).

Жапырақ бүргесі. б о т. <лат. psyllinea> *Тең қанаттылар отрядына жататын зиянкес жәндік. Ж а п ы р а қ б ү р г е с і н і ң* басы жалпақ, көздері үлкен күрделі болады, қос жұп қанаттары түссіз болады (ҚҰЭ). *Ж а п ы р а қ б ү р г е с і* – вирус таратушы жәндіктер. Күрес шаралары: ағаштар бүршік жарғанда фосфорлы органикалық инсектицидтер шашу қажет (ҚҰЭ).

Жапырақ жарды. *Құлпырды, жайқалды.* Суға қанып, *ж а п ы р а қ ж а р ы п*, Күн бар ма шайқалатын? Жылы желмен жайқалатын? Құс даусына құлақ салып (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жапырақ жемірі. б и о л. <лат. Chrysomelidae> *Қатты қанаттылар отрядына жататын қоңыздардың бір тұқымдасы. Ж а п ы р а қ ж е м і р л е р і* өсімдіктердің жапырағымен қоректеніп, жұмыртқаларын жапырақ бетіне салады (ҚҰЭ). *Ж а п ы р а қ ж е м і р і* – жер шарында кең тараған, 40 мыңдай түрі белгілі. Қазақстанда 1000-ға жуық түрі бар. Ұзынша келген денесінің тұрқы 10 мм-дей (ҚҰЭ). *Ж а п ы р а қ ж е м і р і* – орман, бақ, көкөністердің зиянкестері. Олардың кейбір түрлері арамшөптерді жоюда биологиялық күрес шараларын жүргізу үшін қолданылады (ҚҰЭ).

Жапырақ өркеш. ж е р г. *Ағаштың жапырағы сияқты кішкене, жалғыз өркеш түйелерінің бірі. Ж а п ы р а қ ө р к е ш* тек азғын нар будандарында ғана кездеседі (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жапырақ тастау. б о т. <лат. de – болмау, folium – жапырақ> *Химиялық препараттар арқылы өсімдіктердің жапырақтарын түсіру. Ж а п ы р а қ т а с т а у* өсімдіктердің жеміс-терінің пісіп-жетілуін тездетеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жапырақ ширатқыш көбелек. з о о л. <лат. tortricidae> *Қабыршақ қанаттылар отрядына жататын ұсақ көбелек. Ж а п ы р а қ ш и р а т қ ы ш к ө б е л е к т е р д і ң* жайылған қанатының ұзындығы 8-40 мм (ҚҰЭ). *Ж а п ы р а қ ш и р а т қ ы ш к ө б е л е к т е р* негізінен жұлдызқұртты қыстап шығады (ҚҰЭ). *Ж а п ы р а қ ш и р а т қ ы ш к ө б е л е к* далалы және орманды-далалы белдеулер мен Азияның жалпақ жапырақты тропиктік ормандарында, сондай-ақ, шөлді аймақтарда кездесетін 5000-нан астам, ал Қазақстанда 1000-ға жуық түрі белгілі (ҚҰЭ).

ЖАПЫР-ЖАНШЫ= е т. *Баса-көктеу, киіп-жару, басып-жаншу.* Осы тұста даладан жалаң аяқ, тұлымшағы жалбырап, алқам-салқам Бағимаш кіріп келді де, шешесінің тізесін *ж а п ы р а - ж а н ш а* жантайып отыра кетті (Д.Әбілев, Шығ.).

ЖАПЫРАҚ-ЖАПЫРАҚ с ы н. **1.** *Жапырағы көп, жапырақтан тұратын.* Қадиша жеңгесінің қолындағы *ж а п ы р а қ-ж а п ы р а қ* гүлді шағиды көріп қатты күрсініп қалды (Т.Әлсеров, Таң алдында). **2.** *Жапалақ-жапалақ.* Аппақ қар *ж а п ы р а қ-ж а п ы р а қ* болып, қалықтап кеп түсіп жатыр (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жаңбыр аяғы *ж а п ы р а қ-ж а п ы р а қ* қарға айнала бастады (А.Байтуғанов, Шопан.). **3.** *Бөлек-бөлек, тілім-тілім.* Будыраған қалың қағазды үлкен кітап бір сағаттың ішінде тілім-тілім, *ж а п ы р а қ-ж а п ы р а қ* болып қолды-қолға шашылып кетті (М.Әуезов, Қилы заман).

ЖАПЫРАҚСЫЗ с ы н. *Жапырағы түсіп қалған, жапырағы жоқ.* Болмайық төрт аяқты мал секілді, Қуарған, *ж а п ы р а қ с ы з* тал секілді, Бақшадай жігіт адам көркейеді Ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді (Ақмолла ақын, Күндер.). Сардар өз терегінің әсем ажарынан айырылып, *ж а п ы р а қ с ы з* сида бұтақтары жел өтінде сызғыра зарлап тұрған қалпына біраз өкінеді (З.Қабдолов, Жалын). Халыққа тез жететін, өсу-өркендеу қарқынымызға ілесіп, күнделік жаңалықтарды шапшаң көрсетіп отыратын шағын түрлерін дамытпайынша біздің әдебиетіміз бұтақсыз, *ж а п ы р а қ-с ы з* қу ағашпен тең болар еді (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Қара сексеуіл *ж а п ы р а қ с ы з* болады. Тек ізі немесе қарама-қарсы орналасқан төмпешік тәрізді болып дамиды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАПЫРАҚТА= е т. **1.** *Жапырақ өсу, жапырақ жаю.* Қыс та өтті, көктем туды, жер көктеп, ағаштар *ж а п ы р а қ т а д ы* (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Қарт терек жылдағыдай қалың *ж а п ы р а қ т а п т ы* (З.Шүкіров, Жас жесір). Қыстан аман шығып, көктемде ағаштар қайтадан *жапырақтады* (А.Хангелдин, Алғыс). **2.** а у ы с. *Үлкендеу, жапырақ көлеміндей етіп қию.* Бірақ Нартай қайшымен *ж а п ы р а қ т а п*

қиылған газеттің бетіне салып беріп жіберген аттың, қошқардың, текенің суреттерін алыпты (М.Мағауин, Бір ата.). **3.** а у ы с. *Ірі-ірі етіп тұрау, кесектеп кесу.* Жұмабай майлы жамбасты Әлібектің алдына *ж а п ы р а қ т а й* турады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Білемдеген құйрыққа *ж а п ы р а қ т а ғ а н* бауырды қосып, тұздықтап тұрып, сылқытқысы келді оның (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). **4.** а у ы с. *Борша-борша ету; быт-шытын шығару.* Олар келгенше, қара қанды жендеттер мені *ж а п ы р а қ т а п* тілгілейді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Жаулар турап *ж а п ы р а қ т а п,* Ет кессе де етімізден, Тұрдың адам атын ақтап, Сырды шашпай шетімізден (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Өтті-кетті дейтін жеңіл-желпі бозбалашылық емес, денесін *ж а п ы р а қ т а п* тураса да, ол күндердің елесін Шегеннің бойынан енді қуып шығу қиын-ақ шығар (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). – Қолымды, ағатайлар, шешші, – дедім, Жайымды мен айтайын, кешші, – дедім. Егер де кінә маған түсер болса, Етімді *ж а п ы р а қ т а п* кесші, – дедім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАПЫРАҚТАЙ с ы н. **1.** *Жапырақ сияқты, жапырақ тәрізді.* Күзгі дауылда үзіліп түсіп, жел айдаған *ж а п ы р а қ т а й* – мынау зәр татқан ұшан даланың қақ ортасында жалғыз қалды (Т.Ахтанов, Боран). *Ж а п ы р а қ т а й* діріл қағып жас үміт, Күттім сені, күттім сені асығып. Күтті бұлбұл, күтті гүлдер иіліп, Бір өзіңнің ғұзырыңа бас ұрып (С.Мәуленов, Шалқар). Ол мен едім. Бірақ бүгін сол сезімнен не қалды? Сондағы үміт талдан ұшқан *ж а п ы р а қ т а й* жоғалды (М.Шаханов, Ғасырлар.). Енді міне, Гуля жалғыз. Қиыр шеті көрінбейтін ұшан далада үзіліп түскен *ж а п ы р а қ т а й* (Т.Ахтанов, Дала сыры). **2.** а у ы с. *Кіп-кішкентай, нәзік.* Жанымды *ж а п ы р а қ т а й* қоям қайда, Шығар күн болмаған соң, атарлық таң (XX ғ. бас. қаз. ақын.). Сәби бөбектер бізге балапан *ж а п ы р а қ т а й* балғын алақандарын созады (З.Қабдолов, Сыр).

Жапырақтай солды. *Қайғымен шөкті.* Бір күні, ата, жыларсың, Көп пұшайман боларсың. Іс өткен соң пайда жоқ, *Ж а п ы р а қ т а й с о л а р с ың* (Батырлар жыры). Бізді мұндай надан қылған халықтың Қияметте *ж а п ы р а қ т а й* жүзі *с о л а р* ма? (Б.Күлеев, Таңд.).

ЖАПЫРАҚТАЛ= е т. *Жұқа етіліп, жапырақша туралу, ұсақ-ұсақ етіп кесілу, жапырақтап сындырылған. Ж а п ы р а қ т а л а* туралған қойдың семіз еті аса дәмді болып шықты (С.Мұқанов, Шығ.). Дастарқан да жайылды. Үстінде *ж а п ы р а қ т а л ғ а н* тандыр нан (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

ЖАПЫРАҚТАЛУ *Жапырақтал етістігінің қимыл атауы.*

ЖАПЫРАҚТАН= е т. *Ағаштардың бүршік жарып, гүлденуі, жапырақ жайюы.* Ағаштар *ж а п ы р а қ т а н ы п,* гүлденіп, жердің түгі әбден тебіндеп қалған (І. Есенберлин, Алтын құс). Әр төбенің етегінде күміс *ж а п ы р а қ т а н а* жайқалып тұрған құба тал (Ө.Қанахин, Жер бас.). Орынбор жиылысына кеткендер қайтып оралғанша қар кетіп, көк шықты, ағаштар *ж а п ы р а қ т а н д ы* (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖАПЫРАҚТАНУ *Жапырақтан етістігінің қимыл атауы.* Бастапқы үстеп қоректендіру жұмысы *ж а п ы р а қ т а н у* кезеңінде жүргізілді (А.Алманиязов, Асқабақ).

ЖАПЫРАҚТАТ= е т. ж е р г. *Бастырмалатып, жылдам журу.* Өзі де шабысты екен, шамалы жерге *ж а п ы р а қ т а т ы п* жіберді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАПЫРАҚТАУ[1] *Жапырақта етістігінің қимыл атауы; жапырақ жаю.* Қабікеннің баяғыда Әнуардан көшкен бұл домбырасы да дымқыл сарайда әлдеқашан «өліп», қаңқасы ендігі көгеріп, басқа ағаш болып, қайта *ж а п ы р а қ т а у ғ а* қалған екен (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

ЖАПЫРАҚТАУ[2] с ы н. ж е р г. *Аласалау.* Жалба жеңді, көнетоз қашқардың қызыл шекпенін киген *ж а п ы р а қ т а у* жалау сары қазақ... саудагер дүкенінің алдына келеді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Қойшының бірі – *ж а п ы р а қ т а у* сары орыс (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАПЫРАҚТАУЛЫ с ы н. *Жапырақ-жапырақ етіп бөлген, жапырақтап жыртылған.* Алдындағы құтыға қырынан салынған *ж а п ы р а қ т а у л ы* қағаздардың біреуін ала берді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

ЖАПЫРАҚТЕҢГЕ з а т. ө с. *Таулы жерлерде өсетін кішілеу, дөңгелекше жапырағы бар аласалау өсімдік. Ж а п ы р а қ т е ң г е,* бүйра, қисық иық, Балдырған, уқорғасын, атқұлақты Елік жүр саясында соны қиып (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАПЫРАҚТЫ с ы н. **1.** *Көп жапырақ өскен, қалың жапырағы бар.* Жасыл *ж а п ы р а қ т ы* қалың талдардың арасы (С.Сейфуллин, Шығ.). *Ж а п ы р а қ т ы* ағаштар селоның ауасын тіршілікке керек оттегімен толтырады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Күрмектің сабағы күрішке қарағанда *ж а п ы р а қ т ы* келеді (Ы.Жақаев, Менің бақытым). **2.** а у ы с. *Жайқалған, көкорайлы. Ж а п ы р а қ т ы* жаз. Ақ жаныңмен айттың маған құрбым наз (С.Мәуленов, Рауан).

Қылқан жапырақты. б о т. *Жіңішке, тікенекті жапырағы бар.* Көп жарнақты өсімдіктерге көбінесе *қ ы л қ а н ж а п ы р а қ т ы* өсімдіктер жатады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАПЫРАҚТЫЛЫҚ з а т. б о т. *Жапырақ шығымдылығы.* Бұршақтың сабағының биіктігі

35-45 сантиметр, бұтақтылығы, *ж а п ы р а қ т ы л ы ғ ы* орташа (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.).

ЖАПЫРАҚША[1] з а т. *Кішірек жапырақ.* Егер біз бұл гүлдерге қарап тұрсақ, олардың жаратылысында, не гүл *ж а п ы р а қ ш а л а р ы н ы ң* түстерінде... бір өзгешелік бар екенін байқаймыз (С. Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Балды раушан гүлінің *ж а п ы р а қ ш а с ы н а* араластырып жеуге немесе малдың іш майын ерітіп, соған қосып ішуге болады («Мәдениет және тұрмыс»). Гүлдің тостағаншасының өзі бірнеше тостағанша *ж а п ы р а қ ш а л а р д а н* тұрады (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.).

ЖАПЫРАҚША[2] ү с т. *Жапырақ қа ұқсап, жапырақ сияқты.* Ал бүгін сондай, тіпті, еске алуға жарамайтын нәрселер үшін де алдыңда *ж а п ы р а қ ш а* қалтырап тұрмын (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Үйтқып кеп соққанда брезентті *ж а п ы р а қ ш а* қалтыратып, тігісінен сөкті де жіберді (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Станоктың доңғалағы зыр айналды, Листовка – *ж а п ы р а қ ш а* судырап (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖАПЫРАҚШАЙЫР з а т. с ө й л. ***Шайыр.*** Енді бір топ *ж а п ы р а қ ш а й ы р* бұл аса құнды да, жиып алуы қиын да шөп (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы). Тарлауды күзде, ебелекті августа, *ж а п ы р а қ ш а й ы р д ы* көктемде жейді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы). Жоғалған түйеміздің біреуі тайлақ кезінде енесіне еріп сол *ж а п ы р а қ ш а й ы р д ы ң* дәмін татып қайтып еді (С.Балғабаев, Шөл).

ЖАПЫРАҚШАЛЫ с ы н. *Жапырақшасы бар, жапырақшадан тұратын.* Хрен төрт гүл *ж а п ы р а қ ш а л ы,* қос ұрықты өсімдіктер тұқымдасына жатады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЖАПЫР-ЖҰПЫР ү с т. *Үйме-жүйме, апыл-ғұпыл.* Ерте сәске шағы болса да, халық *ж а п ы р - ж ұ п ы р,* сеңдей соғылысады (М.Әуезов, Индия очерк.). Жігіттер аттан *ж а п ы р - ж ұ п ы р* түсе қалғанда, Бүркітбай үйге олардан бұрын еніп кетті (С.Мұқанов, Ботагөз). Бұл екі арада жел қайықтай сырғып, төніп келген Наймантай мен Қапан да *ж а п ы р - ж ұ п ы р* қимыл жасап қалды (А.Сейдімбеков, Қыр хикая.). Қарттың алдында, теңбіл-сары жапырақтармен шұбарланған боз асфальт үстінде уілдеп, құрылдап, *ж а п ы р - ж ұ п ы р* боп жатқан көгершіндердің бір шеті дүр көтерілді де, шағын шеңбер жасап, қайта айналып қонды (М.Мағауин, Көк кептер).

ЖАПЫРЛА[1]**=** е т. *Жаппай қимылдау, қатар қозғалу.* Күйеуі келе жатыр дегеннен соң, Үй іші Рүстемнің *ж а п ы р л а д ы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Хат танитын қазақ атаулы түгел *ж а п ы р л а п* оқып жатқан өлеңді, сөз жоқ Ғалия да оқыр еді-ау (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Отырғандар орындарынан ұмтыла тұрып *ж а п ы р л а п* сәлем беріп, қолын алды (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Осы кезде өзімізге жалт етіп қазақтың бар қызы *ж а п ы р л а й* қарап қалған тәрізденеді (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

ЖАПЫРЛА[2]**=** е т. с ө й л. ***Жыпырла.*** Күншығыс жағымызда *ж а п ы р л а ғ а н* оттар көрінді, – дейді (Н.Ғабдуллин, Өмір.). Мен аспандағы *ж а п ы р л а ғ а н* жұлдыздарға қарап шалқамнан жатырмын (Қ.Қайсенов, Сол бір.).

ЖАПЫРЛАС= е т. **1.** *Кимелесу, жапыржұпыр үйлесу.* Жұрт *ж а п ы р л а с ы п,* арбаның жанына жақындаған жүзбасына қарап аңтарылысып қалды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық)... Арып-ашып шаршап, жер жыртып келген жұрт жүгері көжеге *ж а п ы р л а с а д ы* (С.Шаймерденов, Сыбызғы.). Тағы қайта бұлт қабағы түйілді, Әлгі жаңбыр бұршақ болып құйылды. Көктен біреу жеміс сеуіп кеткендей, *Ж а п ы р л а с ы п* қойлар оған жиылды (Ш.Мұхамеджанов, Шағала көңілім.). **2.** *Дабырласу, шуласу.* Жаттанды сөзбен *ж а п ы р л а с ы п* жатқанымыз да сондықтан болар (С.Сматаев, Алау).

ЖАПЫРЛАСУ *Жапырлас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Елдің *ж а п ы р л а с у ы.*

ЖАПЫРЛАТ= е т. *Үйме-жүйме ету, талқандау.* Жанына дәл жақындатып, Күтті ол бізді демін алып, Құлатты да *ж а п ы р л а т ы п,* Құлдырады жеңіл ағып (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

ЖАПЫРЛАТУ *Жапырлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дүшпанды, жауды *ж а п ы р л а т у.*

ЖАПЫРУ *Жапыр етістігінің қимыл атауы; қырып-жою, талқандау.* Бүгін шешіп босатсаң, ертең жаумын, Сендей жауды *ж а п ы р у* ойлағаным (И.Байзақов, Құралай.).

ЖАПЫРЫҚ с ы н. **1.** *Бір жағына қарай ойысқан, қисық.* Кейде еріксем, бір өркеші *ж а п ы р ы қ* кәрі атанды жол ортасында тайрақтатып алам (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ұлмекен қыстауының бергі алдындағы сораңда жалғыз түйе жайылады. Өркеші *ж а п ы р ы қ* па, алмас па? (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Бапан деген *ж а п ы р ы қ* мұрын, қызыл көзді, күржиген қызыл шал екен (А.Нұрманов, Құлан.). **2.** а у ы с. *Аласа, жапырайған.* –Соңдарына есірік Есен еріпті, *ж а п ы р ы қ* бөркімен маңдайын оңды-солды сүйкей береді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ел өзінің *ж а п ы р ы қ* қораларын тастап тымтырағай жазыққа құлап келеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Он жыл өткен соң Қошалақтың *ж а п ы р ы қ,* жаман шеген қыстауында отырып айтқан қарттың ақылы мен еткен қыңырлығын Идаят асқан разылық, алғыс сезіммен есіне алады (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

ЖАПЫРЫЛ= е т. *Тапталу, басылып-жаншылу, аяқасты болу.* Мынау шөптердің сынған, *ж а п ы р ы л ғ а н* түрін көр (М.Әуезов, Әңгім.). О, Сарыарқа, Сарыарқа! Самалың салқын жон едің, Сырдан ауып келгенде, *Ж а п ы р ы л м а й* шалғыны, Балауса балдыр балғының Тимеген ірге соны едің (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Біраз жерінің егіндері *ж а п ы р ы л ы п* қалса керек, көрінбейді (М.Дүйсенов, Мейман.). Жасыл жібек жайылған кілем шөбі, *ж а п ы р ы л ы п*, бас иіп жатыр көбі (Б.Күлеев, Таңд.).

Жүні жапырылып қалды. *Жабықты, жүні жығылды.* Кек тұтып, келмеді деп жек көрмеймін, Тапқай деп тілектеспін ұзақ жүрім. Қошемет қайбіріңнен болмаған соң. Жабығып, *ж а п ы р ы л ы п қ а л д ы ж ү н і м* (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖАПЫРЫЛА ү с т. *Жаппай, түгелдей, тұтастай.* Жайылып жатқан жылқының бір шеті кейін *ж а п ы р ы л а* үрікті (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Омардың үй іші де *ж а п ы р ы л а* сыртқа шығып, топырласып, шуылдасып тұр екен (Б.Тілегенов, Аққайнар). Шаңытып тұратын сұр қияқ иісі, *ж а п ы р ы л а* өскен шалғын иісі, сары, көк, алқызыл дала гүлдерінің иісі толып жатыр (М.Мағауин, Ақша қар). Қыс аспаны қорғасын түстес сұп-сұр, әрі ап-ауыр, төмен *ж а п ы р ы л а* құлап кеп, қарлы тауды жасыра жауып, қымтап тастады (З.Қабдолов, Жалын).

ЖАПЫРЫЛҒЫШ с ы н. *Жапырыла бергіш, жапырылуға бейім.* Жүгері өсімдігінің биіктігі орташа екі метр... нашар түптенеді, *ж а п ы р ы л ғ ы ш* келеді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.). Жүгері сүрлемге арнап оруға жараған кезде, бұл дақылдар өсіп, жетіліп, дәні пісе бастайды, оның үстіне *ж а п ы р ы л ғ ы ш* келеді (Т.Сарбасов, Мал. азық.).

ЖАПЫРЫЛУ *Жапырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шөп бастарының *ж а п ы р ы л у ы.*

ЖАПЫРЫЛЫС= е т. *Кимелесу, үйлесу, қабаттасу.* Жастардың бәрі газетті *ж а п ы р ы л ы с ы п* оқиды (Қ.Сатыбалдин, Шағын пьеса.). Жұрт *ж а п ы р ы л ы с ы п*, арбаның жанына жақындаған жүз басына қарап аңтарылысып қалды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Мәшһүр жақындағаннан-ақ жұрт: «сәлем береміз Мәшекеңе» – деп дүрліге көтеріліп, кемерге жел айдаған ұсақ толқындай, *ж а п ы р ы л ы с а* ұмтылысты (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАПЫРЫЛЫСУ *Жапырылыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірінің үстіне бірі кимелеп *ж а п ы р ы л ы с у.*

ЖАПЫРЫНДЫ с ы н. *Аяқасты болған, жапырылған.* Паналары дөң үстіндегі қос ағаш, айналасы *ж а п ы р ы н д ы*, тақыр, малдың тезегі (З.Иманбаев, Дала.).

ЖАПЫРЫП-ЖАЙПА= е т. *Үйқы-түйқысын шығару, әптер-тәптер қылу, басакөктеу.* Көпекбай төрт баланы төрт жаққа допша лақтырып, *ж а п ы р ы п - ж а й п а п*, қырып-жоя жаздайды (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

ЖАР[1] з а т. **1.** *Өзеннің опырылып, мұжылып құлаған тік жағасы.* Басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, *ж а р ғ а* ұра ма – Құдай білсін. Құдай басқа салмасын сен секілді Желмен жерге жығылып, жар сүзбекте (Абай, Тол. жин.). Аксанья күрсініп сайдың арғы *ж а р* қабағына қарады. Жарқабақтың шөбі көгеріп тағы шабуға келіп өсіп қалыпты (М.Жұмабаев, Шығ.). Күз еді, тұрып едің *ж а р* басында, Аунақшып өзен жатты арнасында, Жас едім, жалқы едім, жалынды едім, Қиырдан қолды создым жағалауға (С.Мәуленов, Жаз ерке). *Ж а р* – өзен мен көлдің өте тік, құлама биік жағасы. Жарды кейде кемер, қабақ не жарқабақ деп те атайды. (Физ. геогр.). **2.** ж е р г. *Үй қабырғасы.* Үйдің ұзын *ж а р ы н* жағалай қойған қараған қойқаны, оның үстіндегі сұп-сұр шинель, сұп-сұр шекпен көрпе жамылған қара қоңыр жігіттерді көзімен аралайды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Кенет жауырыны *ж а р ғ а* тіреліп, жабыса қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ол жағын таянып, шам жарығынан *ж а р ғ а* түскен өз басының көлеңкесіне қарап ұзақ отырады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жесір қатынның жиған-тергені мынадай екі *ж а р д ы ң* екеуін бірдей толтырыпты (Ә.Омаров, Асыл арман). **3.** а у ы с. *Сүйеніш, тірек.* Жалғыздың *ж а р ы* Құдай, – деп күнде тілеп отырған шешесі Айманқүл баласының мезгілсіз жатқанынан шошып кетті (М.Дүйсенов, Мейман.).

Алла [жасаған ие, Құдай] жар болсын. д і н и. *Алла қолдасын, Алла көмектессін. А л л а ж а р б о л с ы н* сізге (С.Бегалин, Шоқан асу.). Береке берсін артына-ай, Сабыр берсін халқына-ай, Жасаған *и е ж а р б о л ы п*, Бейіште нұры шалқығай (Алдаспан). *Ж а с а ғ а н и е м*, менің құлындарыма *ж а р б о л а* ғор!.. Аман сақтағайсың!.. (Ә.Әлішев, Батыр.).

Жар болды. *Сүйеді, демеді.* – Балаңыздың бақыты ашылып тұр, Гүл бітеді жолына, шашылып нұр. Бәле-жала басына жоламайды, Ақ періште *ж а р б о л ы п*, жасырып тұр (М.Мақатаев, Шығ.). Жігіт емес Баймұхаммет зейіні тар, Жел сөзге *б о л ғ а н* екен аруағы *ж а р* (Бес ғасыр.).

Екі жар болды. а) *Екі жаққа бөлінді, топтанды, жақ-жақ боп бөлінді.* Ерлер мен әйелдер *е к і ж а р б о л ы п* ойын өткізіп жатты (К.Баялиев, Дегелек.). ә) *Жақ-жақ болып бөлінді, алауыздық шықты.* Ел *е к і ж а р б о л ғ а н* соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап сүйемін десе, соған жақ болып сүйеніп

бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады (Абай, Тол. жин.). Ел *екі жар болды* – бірі губернатор жағы, бірі Аманкелді жағы (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Жалаң аяқ жар кешті. *Бейнетті көп көрді, азап шекті. Жалаң аяқ жар кешіп,* Қызыл аяқ қыр кешіп. Қыр гүлімен бірге өсіп, Қыр желімен бірге есіп (М.Мақатаев, Қарлығаш.).

Жарға жықты [итерді, соқты]. *Пәлеге ұшыратты, жаманшылыққа итерді.* Елді бүлдіріп, *жарға жығайын* деп пе едің (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жас жанды мүсіркемей, *жарға итерер,* Уа, неткен мейірімсіз ең, жасағаным (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап). Бұл құмарлықтың аяғы *жарға соғатынын* тағы да біледі (З.Шашкин, Темірқазық).

Жарға құлатты [жықты, ұрындырды]. *Арандатты, айдап салып жолдан тайдырды, орға жықты (орға құлады), опасыздық істеді.* Сөйтіп жүрген көңілің сал, *Жар* болса жақын *құлатпақ* (Шешендік сөздер). Елді бүлдіріп, *жарға жығайын* деп пе едің? (М.Әуезов, Шығ.). Көзі ашық, ел қамқоры азаматтарым, бастарың жақсы қосылды. Көріңдер, ел жайы солай. Қызыл езулер ауыздықталмаса, бір *жарға құрындырмай* тоқтар түрі жоқ (Ғ.Мұстафин, Тол. жин.).

ЖАР[2] з а т. **1.** *Некелі ерлі-зайып, жұбай, қосақ.* Қазақта жігіттің келіншегін де *жар,* келіншектің жігітін де *жар* деп атайды. Көз салып жалтырыңа, мұңға батып, Ғашықтар *жарын* ізден, ойлаған көл (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Сүйікті адам.* Дүниеде сірә сендей маған *жар* жоқ, саған *жар* менен артық табылса да (Абай, Тол. жин.). Қадала қарайды, Үңіліп маған *жар.* Жүректен тарайды, Сондықтан мұңлы зар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Олар бір кезде өмір сүргенін, туған ата-анасы, сүйген *жары,* бала-шағасы болғанын еш есіне түсіре алмайды (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Жар дегенде жалғыз. *Сенері де, сүйенері де сол ғана деген мағынада.* Байтұяқ үнемі үнсіз күйде бас жағында отырып жас төккен көрі шешесіне ғана, *жар дегенде жалғыз* жақыны, жесір анасы Тұлымдыға ғана сырын айтады (М.Әуезов, Шығ.). *Жар дегенде жалғыз* баламның тілегі алдында. Жұмыс істеген дегенді айта көрмеңдер, оқытам өзін дегем («Лен. жас»). *Жар дегенде жалғыз* қанатым – Тектімді тепкіңмен өлтірмеп пе едің? (М.Әуезов, Қараш.).

Жар есігін бермеді. *Өмірлік серік бола алмады, қосыла алмады.* Жаным, ғашық, асылым ең, *Жар есігін бермедің.* Сорға біткен ғашығымсың, Неге тым кеш сермедің (Абай, Тол. жин.).

Жар етті. *Отасты, қосылды.* Сүйем сені зар етем. Қабыл етсең тілегімді, Мәңгілікке *жар етем* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тәңір қосқан жар едің сен, *Жар ете алмай* кетіп ең. Ол кезімде бала едім мен, Аямасқа бекіп ең (Абай, Шығ.).

Жар сүйді. *Ерлі-зайыпты болды; ғашық боп табысты, сүйіп үйленді.* Бала сүйер, *жар сүйерден,* Түк неме жоқ, тұр денем, Сен – тоты құс бақта жүрген, Қай жерімнен тең келем (Абай, Тол. жин.).

ЖАР[3] з а т. *Биік, жарлық.* Шаруамен жүрген ел едік, Шашылып жүрген бөлініп. Биылғы жылы *жар* шықты, Патша солдат алад деп, Жылады халық егіліп (С.Жанғабылов, Тоқсан.).

Жар салды [таратты, шақырды, шашты]. *Жария етті, хабар таратты; жұртты ұранға көтерді.* Ұлықтың үй ішінен ақырып: «Мылтық атпа тоқтат!» – деген әмірін сыртта анық аңғарған Абай бар елге қатты айғаймен белгі берді. «Сескенбеңдер. Енді ата алмайды», – деп *жар салды* (М.Әуезов, Шығ.). *Жар салып,* шауып жүріп шар тарапты, Құлагер келгендігін *жар таратты.* Құлағы Құлагерге қанық шіркін, Иесі Көктұйғынның ішін тартты (І.Жансүгіров, Құлагер). Комиссар жұртқа болып қалған оқиғаларды баяндап, *жар шақырып,* жақын жердегі Ақтөбе азаматтарының бірнешесін телеграмма арқылы Орынборға шақырды (С.Сейфуллин, Тар жол.). «Рахмет саған, жақсы адам» деп бар даусыммен *жар сала* айғайлағым келеді (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Көктемді тұңғыш сезді ағаш, Солар ғой, *жар сап,* беретін хабар (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Хан қызын ұзатпақ болады, Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасаймын деп *жар салады* (Бозінген). Қара қазақтың «ардақтысы», «асылы» деп, күн сайын екі рет атырапқа естіртіп, *жар шашып* отырған жоқтаушылар (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сырлы тамды көріп, осындай там салып беретін адам болса, дүниенің малын берер едім деп, Жаналы Сандыбай немересі әкесі Дүзенге там салдыруға жұртқа *жар шашыпты* (С.Шәріпов, Бекболат). Хан қуанып, – қызымды осы жігітке бердім, – деп халыққа *жар шашады* (И.Байзақов, Шығ.).

ЖАР[4] с а н. ж е р г. *Жарты, жарым.* Жоспарларын *жарыға* да жеткізе алмай, тек қара беттікпен келді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАР[5]**: мойны жар бермеді**. *Мұршасы келмеді, ерінді, жалқауланды, қолы тимеді.* Қайным бұтақ сындырып әкелші, әлгі ағаңның *мойны жар бермеді* (О.Бөкеев, Үркер). Мен сіздерге бірдеңе айтайын, балалар былай тұрсын, осы күнгі ауыл жастары бар ғой, жұмысқа көбінің *мойындары жар бермейді* (М.Иманжанов. Менің махабб.).

ЖАР[6]: жар құлағы жастыққа тимеді. *Тыным таппады, мазасызданды.* Ерінің *жар құлағы жастыққа тимей*, әлденендей бір күңгірт іспен шұғылданып жүргенін Сағила да сезді (М.Иманжанов, Көк белес). Бірақ есі-дертім туған жақта, Семейді қашан көрем, елге қашан бір оралам деп аңсағанда *жар құлағым жастыққа тимейді*, – деді Данияр (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАР= е т. **1.** *Балта т.б. құралдармен ағашты кіші бөлшектерге бөлу; жаңқалау.* Шөпшаламға пеш қызбайды. Ауық-ауық Серікбай келіп, отын *жарып* береді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ағаштың балтамен көлденеңінен сындырған және ұзыннан *жарған* тұстары ағарып жатыр (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Ақжолтай күзетте тұрған кезінде Рабиғаның шешесі Хадияға самауыр қайнатуға ағаш *жарып* беретін (Е.Оразақов, Дәрігер.). **2.** *Тілу, кесу.* Бұл жерге мен кеткен соң, самұрық келер. Маяны іліп алып, биікке өрлер. Бір жерге қонғаннан соң, *жар* дағы шық (Абай, Тол. жин.). Бейне бір шарт етердей ақ аспаны, Жөн, жоба, жолдан дәйім адаспады. Сабасын *жарғанымды* біле тұрып, Жеңгеміз: «Оның не?» деп жақ ашпады (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Садақ атып, қададың да оғыңды, Жұма күні *жарып* алдың добыңды. Орта жолда ойнап едің алаңсыз, Сенбі күні қайттың үйге қаламсыз (Қ.Мырзалиев, Алуан палуан). **3.** а у ы с. *Жарақаттау; өлтіру.* Үрейлене шегіншектей берген оны, қабан *жарып* та тастар ма еді қайтер еді, егер серік буряттардың бірнешеуі атып үлгірмесе (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Нұрбекті *жарып* өлтіремін деп, күн шықпай қолына үлкен қанжар алып, Нұрбектің отауына қарай ашумен келе жатады (К.Әзірбаев, Аңыз.). Кездескенді табанымен таптауға, Жортты жонда, жортты сайда, шатқалда. Жалғыз атын *жарды* Балуан Шолақтың, Алатауға құлап келе жатқанда (С.Мәуленов, Алыс кетіп.). Бүгін бір ауылдың малын *жарып* кетсе, арасына бірер күн салып екінші бір алыстары ауылды қан қақсатады (С.Жүнісов, Ақан сері). **4.** а у ы с. *Ақтару.* Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің, Дұшпандығың қатайған шығар сенің. Егер менің ішімді *жарып* көрсең, Жылауыңды ұмытып, шошыр едің (Абай, Тол. жин.). **5.** а у ы с. *Ортасымен жүру, қақ айырып өту.* Еркеш екеуміз мәдениет сарайының ортасындағы ұзын аллеяны *жарып* өтіп келеміз (Ғ.Сланов, Замана.). Кенет Төлегенді қоршаған топты кие *жарып* біреу ортаға келді (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Жекеменшік «Москвичінен» түспейтін ол, бума қап бірдеңені арқасына көтеріп, Шортандының орта көшесін *жарып* өтті (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). 1320 секунд жарықтың жер орбитасын *жарып* өтуіне кететін уақыт болуға тиіс (А.Қалығұлов, Жарық.). **6.** а у ы с. *Быт-шыт етіп бұзу; қирату.* Ледокол өтсе көк мұзды *жарып*, Жал толқын соңында қалып. Капитан тұрар көз алмай сонда, Өзінің ісін, ерлігін танып (М.Әлімбаев, Құрбыма). Биіктеп бұлтты жарып күн шыққандай, Тас *жарып* тау сілкінтіп үн шыққандай (С.Мәуленов, Сен екеу.). Мұндай заттар мылтықты бұзады, мылтықтың темірін *жарып* та жібереді (Ш.Айманов, Қыран.). Тар шатқалда талай-талай табиғат күші тасаланып тұр, қозғалып кетсе болды, тауды бұзып, тасты *жарады* (Ж.Жұмақанов, Адам.).

Атағы [аты], даңқы жер жарды. *Аты әлемге танылды, әйгілі болды.* Жас бала Амангелді мерген деген *Атағы талай жерді* кетті *жарып*. Қатасыз құралайды көзге ататын Мерген деп Амангелді шығарды атын (О.Шипин, Дастан.). Мен ханның уәзірі жүр деп тұрған, *Жерді жарып атағы*, үкім құрған. Сіздерді алып кел деп әмір етті, Бола ма екен әмірден мойын бұрған (Б.Бердин, Қанды асу). Құдай берген өнеріңді, көркіңді, *жер жарған даңқыңды* өзің қор қылып, өзің жасытып жүрсің, ұлым (С.Жүнісов, Ақан сері). *Атыжер жарған* таңғұт әскері екі күннің ішінде сүйегі жиюсыз, жайрап қалды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Басын [маңдайын] жарды. *Ұрып-соқты, быт-шытын шығарды, қол жұмсады, күш көрсетті.* Боқтамаса, ұрып *басыңды жарды* емес пе? – Жоқ, ұрған да жоқ (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). – Сорлы-ау, өзің маңайыма келме, *маңдайыңды жарам дейтінің* қайда? (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Гүл [бүршік] жарды. а) *Гүл ашты, гүлдеді. Гүлін жарып* сол ағаштар, Көктей бермек жыл-жыл сайын. Саясында келер жастар, Жырлай берер көктем жайын (М.Хакімжанова, Намыс). Заманиха ағашы июнь–июль айларында *гүл жарып*, сентябрь айында піседі (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Сезім – толқын дірілі, Бозторғайдың шырылы. Сезім – зәулім еменнің *Бүршік жарған* шыбығы (С.Мәуленов, Алыс кет.). ә) *Құлпырды, жайнады, гүлденді.* Белеңінде түнжыраған күн суық, Төменінде *гүлін жарған* тіршілік. Жас анарлар жапырағын жайғанда, Қауашақтан қарағандай күн шығып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Алғашқы нұрдың ынтығып, Қай жерге тұңғыш барғанын, Алғашқы гүлдің құлпырып, Қай жерде *бүршік жарғанын* (С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

Дауысы жер [көк, тау, түн] жарды. *Даусы ерекше қатты, шықты, дүрліктірді.* Шынжыр табан төрт трактор тағы да *дауысы жер жара* гүрілдей қырға шықты (Р.Әутәліпов, Алтын.).

Бірақ *дауысы жер жарып,* адамның зәресін алды (С.Шарипов, Бекболат). Сайрайды таң алдында қара торғай! *Дауысы көкті жарған* бала торғай! Ағаштың бұтағына қонып алып, Сайрайды таң алдында толғай-толғай (С.Сейфуллин, Шығ.). Ентелеп келіп қалды жау да жақын, Атылған оқ *дауысы тау жаратын* (Қ.Көпішев, Кезеңдер). Болмаса да дәл сондай, Шықты бір *дауыс түн жарып,* Жүрекке жылы нәр қонбай, Сергітер кімді-кім барып (Н.Шәкенов, Толқын.).

Екі [екіге] жарды. *Ортасынан екіге бөлді, айырды, ажыратты.* Мен Райханның ортасынан *екі жарып* бөлген қолаң шашынан сүйіп едім, қызымнан есейген адамның иісін сездім (С.Жүнісов, Жапанда.). Раушан шашын да *екі жарып* өріп, желкесіне түйе салған (Ш.Құмарова, Қос шынар). Алдын ала жасалған барлау шала болған соң нар тәуекел деп оқ атыпты. Неміс күткендегіден көп болып, бұларды *екіге жарады* (К.Қазыбаев, Аманат).

Жарып жібергендей болды. *Шамына тиді, ашуландырды.* Ендігі мінез мұны да *жарып жібергендей болды* (М.Әуезов, Шығ.).

Жарып салды. а) *Малын сойып тастады.* ә) *Бет-жүзіне қарамады, бетке тура айтты.* Ал ол теорияның ғылыми жарамсыздығын *жарып салып* көрсетіп берсең, онда іс басқа (А.Қалығұлов, Жарық.).

Жарып шықты. *Көзге түсті, танылды.* Ешкім оны обал болыпты, көзге ілейік, көтерейік деген жоқ, еңбегімен *жарып шықты* демеді (Д.Досжанов, Табалдырығың.). – Ол бір от еді, аман болса, *жарып шығады* бір жерден (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Жүрек жарған [жарды]. *Ең жақын, адал, қуанышты.* Ақыры не керек, түнде жертөленің ортасына жағылған оттық басында отырып, *жүрек жарған* жаңалығымды былай деп ақылшы аға, ұстазым Мұхтар Әуезовке жолдадым (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.). «Алатау қызы» атты жинақта өзінің туған жер туралы *жүрек жарды* сырларын айтып, өмірден өз түйсінгендерін қалтқысыз бөлісуге тырысады (Ж.Әбдірашев, Парасат.). Аналарға тартар менің сыйлығым Жердің гүлі, көктің нұры күн емес. Сыйым менің – *жүрек жарған* шындығым, Қызықтырған жай сыйлықтың бірі емес (А.Тоқмағамбетов, Шағалалы.).

Қара қылды қақ жарды. *Істің әділдігін айтты, турасын айтты.* Жез таңдай шешен, *қара қылды қақ жарған* әділ болуды көксейтін (Ә.Тарази, Асу.). Бұрынғы өткен билер сондай еді, *Қақ жарған қара қылды* қандай еді. Қызығып дүниеге жол айтпаған, Ақылы жанып тұрған шамдай еді (Үш ғасыр.).

Мұрын [кеңсірік, танау] жарды. *Өткір иіс шығарды, аңқыды.* Жанабайдың ас үйінде әжесі бәйбішемен біреуге бауырсақ пісіріп жатады, ет асып жатады; кіріп барғанда тәтті тамақтың иісі кісінің *мұрнын жарады* (С.Мұқанов, Аспаз). Жаңбыр алдында көңірсіп *танауды жаратын* жер ананың тамаша исін айтсайшы («Қаз. әдеб.»).

Сыр жарды. *Айтып қойды, сыр аштың.* – Бүгін не ғып *сыр жардыңыз* (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Топ жарды. *Үздік шықты, баршаға танылды. Топ жарған* ақын інілер, Өздеріңе өтініш: Қатарға қос кәріңді (Үш ғасыр.). Біржан өзін *топ жарған* ақын екендігін көрсету үшін мынадай теңеу қолданады («Қазақст. мұғ.»).

Тіс жарды. а) *Сәбиге тіс шыға бастады.* ≈ Жаңадан *тіс жардың.* ә) *Үн қатты, сөйледі, сыр аштың.* Мына бір жол үстінде *тіс жарып,* үн қататын бір пенде табылатын емес іштерінен (А.Жүнісов, Өмір ізі). Мен оның сол өтінішін қабылдап, Саржанның махаббат әңгімесі хақында *тіс жармай* отырмын (С.Сейітов, Сөз сұра.). Тұрса да Ақыл түтігіп, *Тіс жарып* түк те демеді. – Жүретін молда құтырып, Сол шығар желік себебі? (І.Мәмбетов, Тарланбоз). Менің Мархабаға *тіс жарып,* тіл қатуым шамалы (С.Сматаев, Армысың.).

Ішіңді жара ма? с ө й л. *Артық етпейді, керексіз емес.* – Оқы, – деді Бименді, – жүз сом *ішіңді жарып* бара ма, бір айлық пенсияң емес пе? (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖАРА[1] з а т. **1.** *Зардап шеккен дене бөлігі, жарақат.* Астына көк сауыттың *жарасын* түспес, Қорғаушың көрінбейтін бар бір сайлы. Қатерлі не бейнеттен қорықпас атың, Сезеді қозғалғанын қалай тақым (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ол *жара* жүректе емес... өкпесінде, Дерт ауыр... жігіт қайғы шекпесін бе (З.Шүкіров, Арал.). Кеудеге түскен, бірақ *жара* мықты, Дәрігер жалғастырды жаңалықты (М.Айтхожина, Шығ.). **2.** *Қару-жарақ тиюі не апат кезінде зардап шеккен дене бөлігі. Жара* – механикалық сыртқы әсерден терінің не ішкі органдардың кілегей қабығы бүтіндігінің бұзылуы. *Жара* кесілген, тілінген, тесілген, мылжаланған т.б. болып ажыратылады. Пышақ кескен, балта шапқан жараны – кесілген жараны (оның шеті тегіс), ине, біз, пышақ кірген *жараны,* тесілген жараны, сынғанда не бірнәрсе қатты қысып қалғанда болатын *жараны* – мылжаланған жараны (айналасы қанталап, жырымдалып тұрады), хирургиялық операциядан кейінгі жараны кездейсоқ *жара* деп атайды (ҚҰЭ). *Жарам* жеңіл, сіздерден қалып ешқайда бармаймын, – деп тұрып алды (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). **3.** а у ы с. *Ауыртпалық, бейнет.*

Соғыстан кейінгі ел *жарасы* жазыла қоймаған кез ғой (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар). Кем тиіп соғыс *жарасы*, Аз салғандай салмағын, Аямай науқас қарашы, Аяғымды алғанын (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). **4.** а у ы с. *Қайғы-қасірет, мұң-зар. Жара* басты кеудені, Жаудан өлді ар үшін, Ескермей өзге дүниені, Ah! – деп өлді жар үшін (Абай, Шығ.). Жаным – *жара*, көңілім – қаяу, Аман ба екен бейбақ атаң? (М.Жұмабаев, Шығ.). Хал жоқ, қалай тұрайын? Тәңірі, өзіңе жылайын. Жүректі *жара* жеп барад, Жасағанау, қалай шыдайын! (М.Жұмабаев, Шығ.). Үн қосып жайсаң өмірге, Бұлбұлдар бақта ән салса да. Жазылмай жүрген көңілде, *Жара* бар әлі қаншама (А.Бақтыгереева, Қуанышым).

Бітеу жара. *Сыртқа шықпаған сыр, қайғы.* Көптен бергі кеудемді кернеп жүрген бір жалқықтай, *бітеу жара* боп ішімді кеулеген сасық лептей бұрқ етіп, жас парлап жөнелді (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). *Бітеу жараның* аузын біреу келіп тырнаған соң, Шәмшігүл күрсініп қояды (С.Шаймерденов, Өмір.).

Бітпес жара. *Орны толмас қайғы, шер.* Құдай салды жүрекке, Жалғанда *бітпес жараны.* Көре алмай қор боп қалған соң, Кете ме іштен арманы (Абай, Шығ.).

Ескі жара. *Өткен реніш, көңілдегі қаяу.* Хұп білемін, сізге жақпас. *Ескі жара* білтелеу. Ақ жүрегің енді ұнатпас, Мезгілі жоқ қай медеу? (Абай, Шығ.).

Жан [жүрек, көңіл] жарасы. *Қайғы-дерт, уайым.* Тән жарасы жазылады, *жан жарасы* жазылмайды (Мақал). Қара мұрт Ақбілектің *жан жарасын* әлде көзінен оқып біледі ме, әлде басқа бір сезім кернеді ме, кім білсін (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Тыныштық күн ел басына орнады, Қайта шулап өсті елімнің орманы. Жер жарасын жаздым сипап күндіз-түн, *Жан жарасын* жазуға тек болмады (Ә.Нұрпейісов, Қапшағай). Күлімдеп тағы қарашы, қарашы, еркем. Жазылсын *жүрек жарасы*, жарасы, еркем (С.Сматаев, Астана.). Рақатынан азабы көп ауыр еңбегі *көңіл жарасын* жазған сияқты (Т.Ахтанов, Боран).

Жаны жара. *Қайғылы, күйікті, мұңды.* Екі күймек бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанын, *жаны жара* (Абай, Тол. жин.).

Жараның аузын ашты [тырнады]. *Ескі күйікті, дертті еске салды.* Райхан бұрынғы өткендерді кек алмайтын да шығар, әйтеуір, ескі *жараның аузын ашқан* жоқ (С.Жүнісов, Жапанда.). Осыны байқай қойғандықтан коридорда қыспайын деді ме, қалай, Байсал Жарқын ойлаған *жараның аузын тырнамай*, жай ғана күлімсіреп: «Амандасып жүру керек!» – деді (М.Иманжанов, Таңд.). Титтей де масаттанғаным жоқ, Менің жыққаныма жігіттер бәйгені алып жұтып жатты. Мол жеңіс менің көңілімдегі бір *жараның аузын ашып* кетті («Лен. жас»).

Жара салды. *Қайғыға салды, уайымға қалдырды; көңілін алаң қылды.* Жат есікті және қорып, *Жара салма* сен маған, Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған (Абай, Тол. жин.). Құдай *салды* жүрекке, Жалғанда бітпес *жараны*, Көре алмай қор боп қалған соң, Кете ме іштен арманы? (Абай, Тол. жин.). Ақын көңіліне мәңгілік *жара салды* да, мәңгілік ұйқысына кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). ...күлкілдеген гүл-жапырақ, сағымданған күлім бел терезеден көз салса, Күнікейдің көңіліне жазылмас *жара салды* (Ж.Аймауытов, Күнікейдің жазығы).

Жарасы жеңіл. *Қолдан келетін іс, тұқ те емес.* Қиналатындай несі бар? Мұның *жарасы жеңіл* ғой (М.Сүндетов, Ескексіз.). Оның *жарасы жеңіл* ғой, тауып берем, қария, – деді Батыр (Е.Домбаев, Ол адам.).

Жарасына май жақсаң да жазылмас. *Қайта орнына келмес, түзелмес.* Кеткендей қасқыр талап қабырғасы, *Жазылмас май жақсаң да жарасына* (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

Жара түсті. *Қайғы басты, күйік түсті.* Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік. Өмірдің қызығынан күдер үздік Жылы жүрек суынды, *жара түсті*, Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік (Абай, Тол. жин.).

Сөз жарасы. *Ауыр тиетін сөз.* Сені мен маған қалғанда *сөз жарасы* жеңіл (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАРА[2] с ы н. с ө й л. ж е р г. *Жарты, жартысы.* Фермалардан мектепке келіп оқитындардың тең *жарасы* интернатта жатып оқиды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Дайындалған шөптің тек *жарағ*а жуығы қазірдің өзінде мал қыстайтын орындардың қасында (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРА[1]**=** е т. **1.** *Іске асу, кәдеге асу.* Құнан тайға мінуге *жарағ*ан жасқа дейін, әкешешеміз бізді түйеге теңдеген кебеженің ішіне отырғызып, «құлап кетпесін» дейді де, белімізден таңып тастайды (С.Мұқанов, Шығ.). Мал қайыруға *жарап* қалған Жылқыбай, енді, аға орнын басты (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). Кейкі әскерде қызмет атқаруға *жарайтын* отыз жігітті қасында қалдырды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Қан тамыры бұдырланған адам қатты-қайырым жұмысқа *жарамайды* (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.). **2.** *Қажеттілікті өтеу, шамасы жету.* Ақсақалдың Төлегенге әсіресе ренжігені: Кешегі бәйбішеден өлідей, Ақбілектен тірідей айырылып, басына қара күн туып, жалғыздық

көргенде, сол шіркіннің бір көрініп кетуге *жарамағаны* еді (Ж.Аймауытов, Ақбілек). Сол таңның жырын тыңдауға, Тек бүгін Айша *жарады*. Сол таңда, сойқан сол дауда, Қалайша халық тарады? (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Міне, осындай уақытта орнынан сөз сұрап тұруға *жараған* жалғыз адам Шөпіш еді (К.Оразалин, Абай.). Бәрекелде, Бұл еңбегің *жарады*! Бірақ одан ұрпақ тарап Одан ақын туғанша, Ал ол ақын ата жолын қуғанша, Кеудесіне сыйдырғанша даланы, Айырғанша ақтан бөліп қараны, Талай өзен тасып өтер, Бәлкім, талай ғасыр өтер – деп, Қайырхан жасқа толып жанары Отырарға қимай, ұзақ қарады (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Дұрыс болу, оңды болу.* Әлі өмірдің ыстық-суығы алдында, сені сөксем *жарамас* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). **4.** *Жұмсау, тұтыну.* Алдақашан *жарап* кеткен ақшаны айтасыз ба? – Неге *жарап* кетеді. Ең болмаса, біреуі барды да (С.Досымов, Жаңғырық).

Кәдеге жарады. *Қажетін өтеді, іске асты.* Тілейтінім – тағылсам әр кеудеге, Туған жердің желкілдеген гүлі боп. Тілейтінім – *жарасам* бір *кәдеге,* Туған елдің ат ұстайтын ұлы боп (Ө.Жайлауов, Шопан.). Шынында, жаман ақынның нашар бұйымы кімнің *кәдесіне жарамақ* (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖАРА²= е т. **1.** *Үлек пен бураның келеге түсер кезіндегі масаңсып беймазалануы, шаптығуы.* [Сары бура] қысты күндері *жарағанда,* төбе басында әліптей болып, шаншылып тұрмас па еді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Көн садақты, күн бетті, *жараған* бура келбетті, Жалғыз оғын атқанда, Мың кәпірді еңіретті (Бес ғасыр.). Сол мырзаның кісіге шабатын шолақ қара бурасын қаңтарда *жараған* кезінде бастау басында шайнап өлтірген (З.Жәкенов, Таң самалы). **2.** *Баптау арқылы аттың етін таралту, шығықтыру.* Қамшыдай болып *жарап* алған қос шабдар Торғайдың түтіндеген төбесін бесінші тәулікте көзге шалындырып еді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Осы бар ғой, бәріміздің де атымыз қаншырдай қатып *жараған* (С. Жүнісов, Ақан сері).

Бауырынан [кіндігінен] жарады. ф о л ь к. *Жақсы бапталды, бабына келді. Кіндігімнен жарайын,* Төрт айшылық жеріңе, Шадыра ханның еліне Үш күнде алып барайын (Батырлар жыры).

Бурадай [нардай] жарады. *Ашуға мінді, айбаттанды.* Барзуда жоқ болса да ат пен жарақ, Болмас деп қалайда да қалу қарап, Бір қылыш қолына алып шыға келді, Шабынып нар *бурадай* тұрған *жарап* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Тұяғынан атының, Тозаң көкке бораған. Айқайлап кірді соғысқа, Қарт *бурадай жарағаң* (Батырлар жыры). Шыға келді құтырып, *Жарап* жүрген *нардай* боп (Батырлар жыры).

Жараған аттай. *Сып-сидам, ап-арық.* Егде жастағы бір ағылшын ақырын ерсілі-қарсылы сенделіп, шылым тартып жүр. Қарнында бөлек-салақ ет жоқ, тұрған бойы *жараған аттай* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Семізден жарады. *Тоқ жарау болды, күтімде тұрды. Семізден жарап* тұрған екі торы ат ауыздығымен алысады (Б.Майлин, Шығ.). *Семізден жарап,* сұлыға пісіп, жылы қорада тұрған ат қақпадан шыға ала жөнелді (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖАРАҒЫСЫЗ: **іске жарағысыз**. *Түкке тұрғысыз, жарамсыз.* Көзге ілігер тәуір түк те жоқ, *іске жарағысыз* ескі-құсқылар (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

ЖАРАДАЙ с ы н. *Жара сияқты, жара тәрізді.* Байқаймын, Ақбаянға деген кеселім бұрын ашық *жарадай* жанымa маза бермей ауыртатын (І.Есенберлин, Алтын құс). Жарылғалы тұрған *жарадай* жұрттың қайғысының аузын Нұрмағамбеттің жылауы тырнап ашқандай болды (С.Мұқанов, Шығ.). Қасиетті қарағай! Қасиетті қарағай – Қасіретті Анадай. Өңірінде жазу тұр Қасиетті *жарадай* (М.Мақатаев, Шығ.). Бірақ сол қиянатының перезіден кейін жаңғырған қырсық *жарадай* ұмыттым-ау деген шағында қайта тіріліп, оның азабы барған сайын ұлғайып келе жатқанын сезді (Д.Исабеков, Тіршілік).

Жарадай көрді. *Жек көрді, жақтырмады.* «Осы үйді тез байытуға келген ғой!» – деп, ауыл үй өрікті *жарадай көрді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРАДАР с ы н. с ө й л. ***Жаралы***. *Жарадар* болуы керек, басын бинтпен орап тастапты (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Өзі әлсін-әлсін арқасындағы *жарадар* жанның жай-күйін біліп қойды (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). // *Жаралы адамдар.* Үрейлі, қаһарлы дауыстар *жарадарлар* бөлмесін жаңғыртa шуласты (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

Жарадар болды. с ө й л. ж е р г. *Жаралы болды, жарақат алды.* Ол соғыстың бас кезінде *жарадар болып* қайтып келді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Майданнан *жарадар болып* қайтты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі) *Жарадар болғанының* есебі жоқ (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАРА-ДЕРТ з а т. *Ауыр жарақат.* Денемді *жара-дерт* басып, Жатқанымда қансырап (А.Лекеров, Достар).

ЖАРА-ЖАРА с ы н. *Үсті-басын жара басқан.* Әр үйде бір жүрген аяқ-қолы *жара-*

ж а р а панасыз балаларды дереу жетімханаға орналастыруды ойластырды (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Сол топтың ішінде бір қара бала, Балтыры қара қотыр, *ж а р а-ж а р а,* Малтығып ақсай басып келе жатты, Шұбырған топ қалмақтың артын ала (Ә.Сәрсенбаев, Еділ.).

ЖАРАЙ ш ы л. ж е р г. ***Қарай***. Сабаңа *ж а р а й* піспегің, сақалыңа *ж а р а й* іскегің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРАЙДЫ м о д. *Бір істі, әрекетті қолдау, құптау мағынасында жұмсалатын сөз.* – Ендеше, *ж а р а й д ы,* Теміркені көндіруді мен мойныма алайын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *Ж а р а й д ы,* Қаратау, Шу, Сыр бойының қазақтарының басын қосуға біз рұқсат берейік делік (І.Есенберлин, Қаһар). – Ә, бәтшағардың айтып отырған сөзін. Ұятты ойлайсың, ә, тағы! *Ж а р а й д ы,* жақсылықпен біткен істің бәрі де жақсы (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). – *Ж а р а й д ы,* жігітім. Үйге жүріп қымыз іш! – деді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАРАКІМАЛДА о д. с ө й л. ***Жәрекімалла***. Мызғыдым да, түс көрдім, Кедей озды, болжал түс. Есінедім, түшкірдім, *Ж а р а к і м а л д а* дедім үш (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАРАКІМАЛЛА [ар. جاركم الله] о д. ***Жәрекімалла.*** Директор түшкірсе болды, *«ж а р а к і м а л л а»* деп өңге жұрт бәйек болып тұрмай ма? (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖАРАҚ з а т. **1.** *Жауға қарсы қолданылатын әртүрлі құрал-сайман; қару-жарақ.* Үлкен ашық темір дарбазаның алдындағы қос күзетші солдат *ж а р а қ т а р ы н* серт ұстап, біздің машиналарды қарсы алды (Б.Момышұлы, Шығ.). Ауырып келе жатыр деп, Сауытсайман *ж а р а ғ ы н.* Әр жерге қалмақ тастады (Батырлар жыры). Бәрінің қолында әртүрлі *ж а р а қ.* Олар: әртүрлі мылтық, қылыш, қанжар, найза, айбалта, тіпті, кейбіреулерінде сойылдар да бар (С.Сейфуллин, Шығ.). Ал, батырым, танкты қирататын қандай *ж а р а қ т а р ы ң* бар, баянда! (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Әртүрлі керек заттар мен қажетті нәрселер.* Жол *ж а р а ғ ы* сай болсын! (М.Әуезов, Шығ.). Лезде жілік-жілік етіп, Алуаның қазанына салып береді де, базардан қант-шай, мейіз-өрік – дастарқан *ж а р а ғ ы н ы ң* бәрін әкеледі (Қ.Құттыбаев, Оның ұрпағы).

ЖАРАҚАТ з а т. **1.** *Адам не хайуан денесіне түскен жара, зақым. Ж а р а қ а т ы н* іріңдетіп алмай, ақылға сап, байыпты емдеуге тура келеді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Денесіне түскен *ж а р а қ а т т ы* ауырсынғандай, әрі-беріден кейін арғымақ аяқ басқан сайын дір-дір етті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Әйтеуір абырой болғанда, бетімде бәлендей *ж а р а қ а т* жоқ екен, іштей соған да шүкіршілік еттім (А.Мекебаев, Бойжеткен). *Ж а р а қ а т* – сыртқы жағдайдың әсерінен орган мен тін қызметінің бұзылуы. *Ж а р а қ а т* әртүрлі жағдайдың (хим., физ., мех., т.б.) әсерінен пайда болады (ҚҰӘ). **2.** а у ы с. *Ауыртпалық, зардап шеккендік, қиратқандық, бүлінгендік, Ж а р а қ а т қ а* батқан жер тынымсыз жарылған бомба мен снарядтың астында ішін тарта солқылдап, зар илегендей (Т.Нұртазин, Адам.). Рас, кейбір үйлер ауыр *ж а р а қ а т қ а* ұшырағаң, қан құйылы жау өртеп сындырып, бүлдіріп, таптап кетіпті (Д.Әбілев, Арман.). Айтар олар мезгілдің *ж а р а қ а т ы н,* жебесін жеті аспаннан әрі ататын – Айтады, айтар болса тарих бұлты – Жаңбырын жайсаң жазға тарататын (Ө.Нұрғалиев, Кемпірқосақ). **3.** а у ы с. *Азап, мұң-қайғы. Ж а р а қ а т* – жара. Кей мінезің бар тосып, қисық тұрған, *ж а р а қ а т* оңалмайды ғашық ұрған. Жүруші ем көп тағдырға мойын бұрмай. Мен болдым енді сізге басын ұрған (Ақан сері, Шығ.).

ЖАРАҚАТСЫЗ с ы н. *Жарақаты жоқ, жарақат түспеген.* Таңба темірін жақсы қыздырып, көп ұстамай, тез салса, онда таңбаланған жері анық және *ж а р а қ а т с ы з* болады (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Оның қорғануға икемді денесі бұлт-бұлт ойнап, тіске оңай илікпейді. Сөйтіп жүріп азулы жыртқыштарды әлсірете шаршатып, қауіптен *ж а р а қ а т с ы з* құтылып кетеді («Білім және еңбек»).

ЖАРАҚАТТА= е т. *Жарақат салу; жаралау.* Базаров жолдасына еріп, каникул кезінде деревняға келгенде, қолын *ж а р а қ а т т а п* алады. (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Біреудің титтей жерін *ж а р а қ а т т а с а ң,* зең алдында жауап бересің (К.Баялиев, Жер тынысы). Дұрыс баулымаса, бүркіт иесіне түсіп *ж а р а қ а т т а п* тастайды (З.Шашкин, Өмір.).

ЖАРАҚАТТАҒЫШ с ы н. *Жарақат салғыш, жаралауға бейім.* Малды қорадан шығарарда олардың жүретін жолын қарап, оны түрлі *ж а р а қ а т т а ғ ы ш* заттардан тазалау қажет (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.).

ЖАРАҚАТТАН= е т. *Жарақат алу, жараланы.* Ол атыс үстінде ауыр *ж а р а қ а т т а н ы п,* тілге келмей өліп кетті (К.Тоқаев, Түнде.). Жамандықтың беті ары қарағанға, шешіліңкірей сөйлеп, Мәмет те Шегеннің қалай *ж а р а қ а т т а н ы п* қалғанын үйдегілерге тәптіштеңкіреп тағы айтып берді (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). Біраз жауынгерлер жеңіл *ж а р а қ а т т а н ы п,* ал әлгі жігіттің екі аяғы да майып болады (Т.Бердияров, Солдат.). Енді кілт бұрыла қалса, үйлердің қабырғасына, не ағашқа екпінімен соқтығып *ж а р а қ а т т а д ы* (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

ЖАРАҚАТТАНДЫР= е т. *Жараландыру, жарақат салдыру.* Снарядтың бір жарықшағы

безек қағып жүрген капитанды сол қолынан *ж а р а қ а т т а н д ы р д ы* (Б. Момышұлы, Москва.).

ЖАРАҚАТТАНУ *Жарақаттан етістігінің қимыл атауы.* – Жолдас кіші политрук, сізге не болды? *Ж а р а қ а т т а н у д а н* саумысыз? (Ж.Тілеков, От кешу). Әр семьяның жеке үй аптекасы болғаны жақсы. Өйткені ойламаған жерден дененің қызуы көтерілуі, күйіп қалу, не қолды кесіп алу, *ж а р а қ а т т а н у*, жүректің, басқа да аурулардың ұстамасы қайталануы мүмкін («Мәдениет және тұрмыс»). Осындай себептерден болатын аурулардың қатарына олардың түрлі *ж а р а қ а т т а н у л а р ы н* да жатқызуға болады (F.Әбішев, Мал. жарақат.).

ЖАРАҚАТТАНУШЫ з а т. *Жарақаттанып қалған адам, жараланушы.* Көп ретте *ж а р а қ а т т а н у ш ы н ы ң* өзі донор болады («Лен. жас»).

ЖАРАҚАТТАУ *Жарақатта етістігінің қимыл атауы.* Бірақ қанша берсе, бөксесінен тістеп *ж а р а қ а т т а у ы* мүмкін (М.Сқақбаев, Сұлутөр.). *Ж а р а қ а т т а у* өз алдына, өлтіріп, қанын шашып кеткеніңде, аяушылық, мейірім атаулыны білмейсің (Ә.Әлішев, Батыр.).

ЖАРАҚАТТАУШЫ с ы н. *Жарақат салушы, жарақат түсіруші.* Мал денесіндегі жараланған жердің аумағы *ж а р а қ а т т а у ш ы* заттарға байланысты (F.Әбішев, Мал. жарақат.).

ЖАРАҚАТТЫ с ы н. *Жарақаты бар, жаралы.* Мен оған ымдап қай жеріңнен *ж а р а қ а т т ы с ы ң* дегендей, аяғымды, қолымды көрсеттім (Б.Момышұлы, Москва.). Ауыр қайғы алып бойды, Олар кейін бара жатты. Бір жауынгер қалып қойды, Бүйірінен *ж а р а қ а т т ы* (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). *Ж а р а қ а т т ы* үшеуі де, Әсіресе, командирі. Ас жоқ, су жоқ ішеріне, Сипалайды қара үңгірді (Ж.Молдағалиев, Шығ.). *Ж а р а қ а т т ы л а р* арасынан жауынгерлерді де, жергілікті халықты да кездестіреміз (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖАРАҚ-ЖАБДЫҚ з а т. *Керекті құрал-жабдық, әртүрлі заттар.* Ұлы теңіздің өзінен кәсіп іздеуге балықшылардың қолында өнжеулі *ж а р а қ-ж а б д ы қ* жоқ-ты (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЖАРАҚСЫЗ с ы н. *Жарағы жоқ, жарақтанбаған.* Жағалап қолды мыстан жүр, *Ж а р а қ с ы з* жанды жалмаған; Сылдырлап билер жезтырнақ Жас жігіт көрсе арбаған (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). Тұрманы сонда түгел болар еді, Өзіне сай қын менен болса пышақ. «Қынсыз кісе асынба» дегендейін, *Ж а р а қ с ы з* жауға шапқан батырға ұқсап (Бес ғасыр.). Біздің ел сол қалмақтан өлмек болды, Қайтадан тағы олар келмек болды. *Ж а р а қ с ы з* бекер жатқан ел екен деп, Олжалап еріккенде алмақ болды (Батырлар жыры). Жарақаттанған ханды, *Ж а р а қ с ы з*-ақ қалтыратқан, – Ата қазақ жерінде, Сендей де ақын жоқ шығар! (Қ.Бекхожин, Қайран жастық).

ЖАРАҚСЫЗДАН[1]= е т. *Қарусыз қалу, жарақсыз болу.* Батыр *ж а р а қ с ы з д а н а* бастады (Ауызекі).

ЖАРАҚСЫЗДАН[2]= е т. с ө й л. ***Жарамсыздан***. Бір күндерде бұл жеріміз «Самар» губерниясының жеріне ұқсап, егінге *жарақсыздан ы п*, шаруамыз үшін тарая бастаса, сонда біз қайда көшіп бармақпыз («Айқап»).

ЖАРАҚСЫЗДАНДЫР= е т. *Қарусыздандыру, қару-жарақсыз қалдыру.* ≈ Жауды *ж а р а қ с ы з д а н д ы р д ы.*

ЖАРАҚСЫЗДАНДЫРУ *Жарақсыздандыр етістігінің қимыл атауы.* Полиция батальонын *ж а р а қ с ы з д а н д ы р у* бір кісінің қолынан келмейді (К.Тоқаев, Көмескі із).

ЖАРАҚСЫЗДАНУ *Жарақсыздан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жау әскерлерінің *ж а р а қ с ы з д а н у ы.*

ЖАРАҚТА= е т. **1.** *Қару-жарақпен жабдықтау.* Әпсүндетіп пастор, молда, поптарын, Хан *ж а р а қ т а п* қанаушы жын топтарын (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** *Керекті заттар мен құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, дайындау.* Жұмыс бөлмеде жол жазбаларымды жөнге келтіріп, өзімді жолға *ж а р а қ т а ғ а н* «Табиғат достары» қоғамына есеп жазып отырғам (С.Қышқашев, Таң.).

ЖАРАҚТАЛ= е т. *Жаңа жабдықпен жабдықталу, қамтамасыз етілу.* Атом қуатымен жүретін сүңгуір қайықтар ракеталармен және ядролық заряды бар, жау кемесін өзі тауып баратын торпедалармен *ж а р а қ т а л ғ а н* (Ө.Қанахин, Шығ.).

ЖАРАҚТАЛУ *Жарақтал етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРАҚТАН= е т. **1.** *Қарулану, ұрысқа сайлану.* Алпысы адуынды атқа мініп, Жармасты *ж а р а қ т а н ы п* сойылына (Бес ғасыр.). Ежелден бауырласып, егіз туған, Ағасың ақ сақалын нұрмен жуған. Қуаныш, қайғымды да бірге көріп, Жау десе, *ж а р а қ т а н ы п* белін буған (М.Хакімжанова, Таңд.). Атағы талай жерге оның жетті, Жердің жүзін алуға талап етті. Есепсіз әскер ертіп *ж а р а қ т а н ы п*, Есіткен елдеріне жүріп кетті (Абай, Тол. жин.). Ел шауып Шыңғыс ханды еліктеген, Жылы жоқ *ж а р а қ т а н ы п* желікпеген. Ордаға орыс халқын жауға санап, Баласы алты алаштың серік деген (F.Малдыбаев, Шығ.). **2.** *Керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілу.* Жаңа бағыт, бағдар қазіргі ғылым, техника және өндірістің соңғы озық жетістіктеріне сай *ж а р а қ т а н ғ а н* («Білім және еңбек»).

ЖАРАҚТАНДЫР= е т. *Қару-жарақпен жабдықтандыру.* Қаладағы барлық офицерлерді, прапорщиктерді *ж а р а қ т а н д ы р ы п,* олардан отряд жасады (С. Сейфуллин, Тар жол.).

ЖАРАҚТАНДЫРУ *Жарақтандыр етістігінің қимыл атауы; жабдықтандыру, керекті құрал-жабдықпен қамтамасыз ету.* Орта мерзімді несие екі-үш жылға – жаңа құрылысқа, өндірісті техникалық қайта *ж а р а қ т а н д ы р у ғ а,* жаңартуға және жабдықтарды жаңартуға үш жылға дейінгі мерзімде өтелетін жаңа техника мен технологияны өндіріске енгізуге беріледі (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). Жұмыс ерекшелігіне қарай тергеушілер қаржыландыру, техникамен *ж а р а қ т а н д ы р у* деңгейіне, сараптау мекемелерінің шаттық санына, заң кеңестеріне тәуелді («Егемен Қазақстан»). Соғыс аяқталысымен, ауыл-селоны техникамен *ж а р а қ т а н д ы р у* жұмысы қызу қолға алынды (Қ.Серікбаев, Қастек.). Ауыр өндіріс пен транспортты және ауылшаруашылығын бүтіндей мүлдем қайта *ж а р а қ т а н д ы р у* көзделді («Қазақст. мект.»).

ЖАРАҚТАНДЫРЫЛ= е т. **1.** *Қару-жарақпен қамтамасыз етілу.* Жауынгерлер жеткілікті мөлшерде гранатамен, автоматпен *жарақтандырылды* (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.). **2.** *Керекті жабдықтармен қамсыздандырылу, жабдықтандырылу.* Ол жарық және жылу беретін арнайы қондырғымен және ауа тазартатын құбырлармен *ж а р а қ т а н д ы р ы л ғ а н* («Егемен Қазақстан»).

ЖАРАҚТАНДЫРЫЛУ *Жарақтандырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРАҚТАНУ *Жарақтан етістігінің қимыл атауы; керекті құрал-жабдықпен жабдықталу.* Республика ауылшаруашылығының техникамен *ж а р а қ т а н у ы* қарқындап дамыды (ҚСЭ). Менің көз алдымдағы техникалық *ж а р а қ т а н у* дәрежесі артты («Қаз. әдеб.»).

ЖАРАҚТАУ *Жарақта етістігінің қимыл атауы; қару-жарақпен жабдықтау.* Екі отрядтың қатарын сенімді адамдармен толықтыру, қару-жарақпен *ж а р а қ т а у,* міне, астыртын комитеттің жұмысы осы болатын (К.Тоқаев, Көмескі із). Әскер *ж а р а қ т а у ғ а,* жорыққа, ұрыс-соғысқа әзір отыруға міндеттеу керек деген (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖАРАҚТЫ[1] с ын. *Жарақтанған, жарағы бар, қарулы.* Бұл шабыс жай шабыс емес, жасақты, *ж а р а қ т ы,* жау қоймас шабыс қой? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл – әскер сапын Европа тәртібімен құрған, соғыс тәсілін европаша жүргізе алатын, зеңбірегі, білте мылтығы бар *ж а р а қ т ы* әскер (І.Есенберлин, Жанталас). Жау қуатын *ж а р а қ т ы* бас дау қуып, далбағай киеді деп кім ойлаған (М.Мағауин, Аласапыран). Ол жалғыз-жарым жігіт-желең емес, үлкен *ж а р а қ т ы* жасақ болуы да ықтимал (С.Досанов, Қыран.).

ЖАРАҚТЫ[2] с ы н. с ө й л. ***Жарамды.*** Хатты *ж а р а қ т ы* қылып, сынын толтырып тұрған: «махаббат, құрбым, жүрегім» деген жіңішке сөздер (І. Жансүгіров, Әңгім.). Иілмей, иілу білмей сорлатып тұр, Күндердей жарқылдаған *ж а р а қ т ы* алмас (Ғ.Қайырбеков, Торғай.). Бұл жалынды сөз жауынгерлер үшін *ж а р а қ т ы* қару еді (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Мал фермалары жылы қора, құнарлы, азық, *ж а р а қ т ы* төл қораларымен қамтамасыз етілген (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРАҚЫЛАН= е т. е т. с ө й л. ***Дарақылан.*** – Е – е, ат шаптырып, *жарақылаңыз* жатқаның мына қояндай қозы ма? (Т.Жармағамбетов, Нәзік.).

ЖАРАҚШЫ з а т. *Жақтас, қамқоршы, тілекші.* Мен байларға қарақшы, басқаларға *ж а р а қ ш ы,* өзіңе де пана көрінген Мәдимін (Ә.Әбішев, Сәуле.).

ЖАРАҚШЫЛЫҚ з а т. *Сыныққшылық, оташылық; емдік, дәрігерлік.* Белгілі ғалым Гален артына өшпес із қалдырды. Әсіресе адам құрылысы, сүйек аурулары туралы, *ж а р а қ ш ы л ы қ* әдістері жөнінде көлемді еңбектер жариялаған-ды («Білім және еңбек»).

ЖАРАЛ= е т. **1.** *Тірі ағзаның дүниеге келуі, туылуы.* «Осы үйді сорлы қылуға мен себеп болдым-ау» деп, адам боп, қойшының, қоңсының қызы боп *ж а р а л ғ а н ы н а* өкінді (Ж.Аймауытов, Күнекей.). Мен де сол топырағыңнан *ж а р а л ы п,* суыңнан нәр алып, жер басып жүрген көп перзентіңнің бірімін (Ө.Қанахин, Жер бас.). Мұқтардың жөні бір басқа. Ол өзі айырықша *ж а р а л ғ а н* адам ғой, ондай ұлдар сирек туады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Бұл орта сізге қол емес. Сіз ғылым үшін *ж а р а л ғ а н с ы з* (Б.Соқпақбаев, Қайда. Ғаyһар). **2.** *Пайда болу, жасалу, қалыптасу.* Жалын мен оттан жаралып, жарқылдап Рағит жайды айдар, жаңбыры жерге таралып, жасырып шығып гүл жайнар. Өзгеше болып *ж а р а л ғ а н,* Айырылдым қалқам жарымнан *ж а р а л ғ а н* екі дүниенің жайын да сен білесің (Абай, Тол. жин.). Шарқ ұрып жатқан толқынмен, *Ж а р а л ғ а н* екен егіз жер. Жазбады жұбын өзендер, Жазбады жұбын теңіздер (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жер *ж а р а л ғ а л ы* соқа тимеген оның туған-өскен өлкесінде мыңдаған гектар тың көтерілді (С.Мұқанов, Аспаз).

ЖАРАЛА= е т. **1.** *Дененің бір жеріне жара түсіру, жарақаттау.* Біреуін қаңғыған оқ өлтіріп кетіпті де, біреуін *ж а р а л а п т ы* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Қыран көкте ұшып

жүріп өледі, Көк аспаны – ең соңғы айтар өлеңі, Қапылыста *жараласа* қанатын, Қайтадан бір ұшарына сенеді (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Балтырын өзі *жаралап,* препаратпен емдеп көрді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Қамшы денесін *жараласа,* балағат сөз жанын жаралаған (М.Дүйсенов, Мейман.). **2.** а у ы с. *Бейберекет ету, бүлдіру, бұзу.* Әлі піспеген көк қауындардың талайын рәсуа ғып *жаралап* та жатыр балалар (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). **3.** а у ы с. *Масқаралау, ұятқа қалдыру.* Қараладың қасиетті мекенді, *Жаралады*ң тұрмастай ғып әкеңді Мына жолмен өткен жұрттың аузынан Махамбеттің жырын тыңдап жат енді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жанын [жүрегін] жаралады. *Көңіліне қаяу түсірді, қайғы салды. Жаралап* қыз *жүрегін* өмірде оғым Көрді ме, біле алмадым жөнін оның. Біреуге жаулық іздеп жүргендермен Ешқашан қиыспайды менің жолым (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жігіт *жанын жаралап,* Бойды ерітті қыз әні. Бұлар өзен жағалап, Бірте-бірте ұзады (А.Шамкенов, Сырларым.). Военкоматтан шақыру қағазын әкеліп, кететін күні бір-ақ айтармын. Әлден *жүрегін жаралamайын* (Ә.Әлішев, Батыр.).

Намысын жаралады. *Намысын аяққа басты, дақ салды. Намысымды* алмаймын ба *жаралап,* Не дейді әкем, бабам қалай қарамақ, Олар бұған берер ме екен кешірім, Жастық шағым, сен айт мұның шешімін?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАРАЛАН= е т. **1.** *Жарақаттану, жарақат алу.* Үш жауынгеріміз *жараланып,* қатардан шықты (М.Хасенов, Алғашқы ән). Бір рет жеңіл *жараланып,* үш-төрт ай госпитальда жатып шығып, тағы да майданға аттанып кетті (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Даңқ құрап ғасырлық, заманалық, Және жауға шаппадық дараланып. Сен сияқты еліммен бетпе-бет кеп, Қан майданда жатпадық *жаралanып* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Үшеуін бір уыс қып жалғыз өзі, Шық-шықтап, үйін сабап, ойран салды. Азырақ ат үстінде қамшыласып, Беттері үшеуінің *жаралandы* (О.Шипин, Дастан.). **2.** а у ы с. *Азап шегу, азаптану, қиналу.* Сонша болмай дүние жаңалайды, Жаңа жеңіп, ескілер шамалайды. Ескінің көнгендері аман қалып, Көнбеген мейлінше *жаралandы* (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАРАЛАНҒЫШ с ы н. *Жаралана бергіш, жарақаттанғыш.* Сөйтіп жүрген жігіттің жаны *жаралanғыш,* өзін жұрттан ылғи кем санайтынын, ырымшыл екенін ешкім білмейтін (Ә.Тарази, Асу.).

ЖАРАЛАНҒЫШТАУ с ы н. *Тынышсыздау, мазасыздау, нәзік.* Ертеңді күткен еріңе ұйқы да керек, Арман қуғыштау ақынның көңілі зерек. Ұйықтатпадың-ау, бұлбұлым, бүгін тағы да, *Жаралanғыштау* жанымды бір күйге бөлеп (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАРАЛАНУ *Жаралан етістігінің қимыл атауы; жарақат алу.* Ұрыс үстінде *жаралanу* немесе өлу жауынгер үшін кездейсоқ нәрсе емес (Б.Момышұлы, Москва.). Жара асқынып, неғұрлым тереңдеген сайын бұлшық ет, сүйек, жүйке, сіңір, буын, кейде ірі қан тамыры жүйесінің де *жаралanуы* мүмкін (ҚҰЭ). *Жаралану* азабынан жансызданған көзін жігіт қайта ашты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖАРАЛАС= е т. *Шабысу, соғысу, бір-бірін жаралау.* Соғысып, екі әскер араласты, Қыз үшін бірін-бірі *жаралаcты.* Қайтпаған жаннан беті өмірінде, Науфалдың батырлары қайта қашты (Ш.Құдайбердиев, Шығ. жин.). Өңшең сәурік, текешік, бұқашықтар, Бір-бірін сұғып, шаншып *жараласқан.* Жақсыны өзі болған көре алмаған, Өрт қойып жан-жағынан қамаласқан (М.Көпеев, Тірлікте.).

ЖАРАЛАТ= е т. *Жара салдырып алу.* Бүркітін *жаралаты п,* қасқырға кеткен кекті ашуы осы терімен тарайтын болсын (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖАРАЛАТУ *Жаралат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРАЛАУ *Жарала етістігінің қимыл атауы; жарақаттау.* ≈ Қасындағысын *жаралау.*

Жүректі жаралау. *Көңіліне қаяу түсіру, қайғы салу.* Бала *жүрегін жаралауға* дәтім, қуатым жетпес еді (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Ұжданды жаралау. *Намысын аяққа басу, ардан безу.* Олардың жазасынан қорқып, *ұждandы жаралау* бәрінен де ауыр болар (Ә.Әбішев, Ғаламат).

ЖАРАЛМЫС з а т. с ө й л. ***Жаратылыс***. *Жаралмыстан* берi қара жер кімді жұтпай келеді (Ш.Хұсайынов, Қызыл жалау).

ЖАРАЛМЫШ з а т. с ө й л. ***Жаратылыс***. Жалған емес дәлел бар Аятпен бұл сөз пәш болған. *Жаралмыш* нұрдың соңынан Ұзындығы бес жүз жыл Бір-ақ інжу тас болған (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жүрек бар *жаралмыштың* бәрінде де, Мейлі дәу, мейлі алып, шағын дене. Тегім от, қаным жалын, жаным нұрдан, Мінеки, байқайсың ба, сәнім неде? (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

ЖАРАЛУ *Жарал етістігінің қимыл атауы; пайда болуы, қалыптасу.* Адам баласының тарихында тұңғыш рет әлем, оның ішінде адамның *жаралуы* туралы ертедегі гректің аса бір білімдісі Анаксимандр сөз етеді (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Орта ғасырлардың адам

баласының *ж а р а л у ы* туралы жоғарыда айтылған дұрыс пікірлерді өзгертіп әртүрлі аңыздар айтумен болады (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Олай болмайынша, дүние діңгегінің айналымын, тіршілік табиғатының *ж а р а л у* заңын түсіну қиын (Т.Шаханов, Жоғалған.).

ЖАРАЛЫ с ы н. **1.** *Жарасы бар, жараланған, жарақаттанған. Ж а р а л ы* құсқа жақын келіп, жорғалап, қадала қарап көзіне, сұрады жылан ысқырып (А.Байтұрсынов, Шығ.). Жарыла көшкен еліңді, *Ж а р а л ы* қойдай қылармын (Махамбет, Өлеңд.). *Ж а р а л ы* жатқан Марияны кузовтан көтеріп алғанымда машинаның қасына басқа жігіттер де келіп қалған екен (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Тау жаңғыртып тамаша құстың әні, Қош айтысып көлменен ұшты бәрі. Көл бетінде көлбеңдеп *ж а р а л ы* аққу, Ұша алмайды, ұшпақ боп күш қылады (М.Мақатаев, Шығ.). // *Жарақатты, жарадар адам.* Үйлердің терезелерінен *ж а р а л ы л а р д ы ң* ыңқылы, жанталасқан сандырағы, әйелдердің Аллаға сиынып сақтанғаны, балалардың шулап жылағаны тасыған судай далаға төгіліп түрды (М.Жұмабаев, Шығ.). Күн шыққанда оянып, *ж а р а л ы ғ а* қарап еді, ол да патшаға қарап түрды да, нашар ғана дауыспен: – Ей, патша, кешіңіз – деді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Қайғылы, қасіретті, мұңды. Ж а р а л ы* құба жонда кім зарлаған? Қансырап, қанын жұтып кім сарнаған? Қайғылы сар даланы күңіренткен, Зарына адам шыдап тұра алмаған? (М.Жұмабаев, Шығ.). *Ж а р а л ы* көңіл жазылар, Дүниеде рахат бар шығар (Абай, Тол. жин.). Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол, Қаза көрген жүрегі *ж а р а л ы* – ол. Көзінің жасын тыймай жылап жүріп, Зарланып неге әнге салады ол? (Абай, Тол. жин.). Көзіме жас бер, жылайын, Шыдам бер сабыр қылайын. *Ж а р а л ы* болған жүрекке Дауа бер, жамап сынайын (Абай, Тол. жин.). Ыстық жанар ұмытыла бастаған бір күйді қайта жаңғыртып, *ж а р а л ы* махаббатымды оятып кетті (С.Сматаев, Армысың.). *Ж а р а л ы* жаным жадырап, Сермейді сынық қанатын. Әлдеқайдан бас құрып, Махаббат іздер санатын (С.Бегалин, Өлеңд.). **3.** а у ы с. *Зақымданған, бүлінген.* Осында көп мүсіндер *ж а р а л ы* болған, сынған. Біреуінің аяғы жұлынған, біреуінің қолы, мұрны сынған (Т.Ахтанов, Үндістан.). Сол-ақ екен, *ж а р а л ы* жас жапырақ, Қымтай алмай, іздемей басқа тұрақ (Х.Ерғалиев, Күй дастан). Қаралы ормандар қайта қалпына келе бастады, *Ж а р а л ы* ағаштар жапырақ жамылды (З.Қабдолов, Сыр).

Жаралы жеріне тиді. *Жанына батты, ауыр тиді.* Бұ хат Кенесарының ең *ж а р а л ы ж е р і н е т и г е н* (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАРАЛЫДАЙ с ы н. *Жаралы сияқты, жаралы тәрізді.* Басын ұстап қарақан, Демесе де тез жазыл. *Ж а р а л ы д а й* қаны аққан, Хами қалды онда зіл (Қ.Мұқанов, Поэм.).

ЖАРАЛЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жаралы болғандық, жарасы барлық.* **2.** а у ы с. *Қасіреттілік, қайғы-мұңдылық.* Ол өзінің аурулығына, көңілінің *ж а р а л ы л ы ғ ы н а* қарамастан, қолғабысын тоқтатпайды (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

ЖАРАЛЫС з а т. **1.** *Жаратушы, жаратқан.* Су тамып не жел тиіп сөне қалса, Көрмей, басып, таптайды пайда алған жан... Демеймін мұңымды айтып зарлайын, *Ж а р а л ы с* солай қылған адам жайын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж а р а л ы с* тілге шебер сөз бергенге, Құбылып заманыңыз өзгергенде. Отыздың бесеуіне жасың кетіп, Ақылың дұрыс болып, жөн көргенге (Айтыс). **2.** *Жаратылыс, болмыс.* Дүниенің *ж а р а л ы с ы* турасындағы ғылымдар бар (М.Әуезов, Абай жолы). Жап-жалпақ жауырыны, жатыр дала, Ақын дала, алапат батыр дала. Ақмола мен Қостанай арасында, Дән өскен татырға да, тақырға да. Ерекше-ау, *ж а р а л ы с ы ң*, затың, дала! (М.Мақатаев, Шығ.). Әсіресе, түз құсының бойынан Сыздықты таңғалдырғаны оның дене қауырсындарының ерекше *ж а р а л ы с ы* еді (А.Сейдімбеков, Тауға біткен.). Қызыққам көрген сайын Көкшеге мен, Секілді *ж а р а л ы с ы* өңшең өлең (Ғ.Орманов, Үлес).

ЖАРАМАЗАН з а т. с ө й л. ***Жарапазан***. Қалай бастайтыныңды ұмытқан жоқсың ба? «Бір келген он екі айда *ж а р а м а з а н*» (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). *Ж а р а м а з а н* Айдала да шоңқиған қоян жазған! Үйің, үйің үй екен, үйің көркі ши екен! (І.Жансүгіров, Әңгім.). *Ж а р а м а з а н д ы* ел кезіп жүретін адамдар, әдетте ораза кезінде айтады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Өзіңді бай, біздерді кедей көріп, Болыпсың санаспақшы артық–кемді, *Ж а р а м а з а н* айтушы азаншыға, Дулаттың кең пейілі мейірленді (Айтыс).

ЖАРАМАЗАНШЫ з а т. с ө й л. **1.** ***Жарапазаншы***. *Ж а р а м а з а н ш ы* болса біздің Төлепбергендей болсын (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** а у ы с. *Жар салушы, жаршы.* «Көк-өкек! Көк шықты! Көк-өкек!» – деп жер-дүниеден шүйінші сұраған бейкүнә *ж а р а м а з а н ш ы* құстың үні естіледі (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАРАМАЗАНШЫЛА с ө й л **1.** ***Жарапазанда***. **2.** а у ы с. *Әр нәрсенің басын бір шолу, шатпақтау.* Ия, әйтеуір аруақты күйші бола алмаған соң, *ж а р а м а з а н ш ы л а ғ а н ы* да жөн (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖАРА-МАРА= е т. *Кимелеу, киіп-жару.* Есім шығып кетсе керек-ті, жұртты итермелеп, *ж а р а - м а р а* Ақбота мен Ерденнің арасына кеп түстім (З.Шашкин, Ақбота). Әйел қойлардың арасын *ж а р а - м а р а* бізге қарай ұмтылды (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖАРАМДЫ с ы н. **1.** *Күш-қуаты бар, жарайтын.* Жұмысқа *ж а р а м д ы* ауылдың ер-азаматы байларға, кулактарға жалданып, күнкөріс қамынан қысы-жазы бір босамаушы еді (Ә.Нәбиев, Шолпан). Осы бес жүз атты Қудың түбіндегі Ақшиден айдайтын болып, отыз екі *ж а р а м д ы* атпен отыз екі кісі жөнелді (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** *Іске татырлық, бағалы, іліп аларлық.* Жақсыдан туған жаман бар, Күндердің күні болғанда, *Ж а р а м д ы* бір теріге алғысыз (Бес ғасыр.). *Ж а р а м д ы* дүниесінің бәрі тығулы (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Мырзабек үй ішімен *ж а р а м д ы* заттарын алып, бұларға келді (М.Мырзақұлов, Ақық). *// Іске татырлық зат, іліп алар нәрсе т.б.* Екеуіне де шыдай отырып, *ж а р а м д ы с ы н* ала, жарамсызын тастай білу керек (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Жә, сол бақтарымның ең *ж а р а м д ы с ы н* ұстап қана өлгеннен басқа не бар деп ойладым (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Мықты, күшті, күйлі.* Старшин, биді жиғыздым, «Береке қыл» деп, «бекін» деп. «Ат *ж а р а м д ы*, үй жақсы болсын бәрің күтін» деп (Абай, Тол. жин.). **4.** *Қолайлы, ыңғайлы.* Барлық жолды жүріске *ж а р а м д ы* жағдайда ұстау керек (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). **5.** *Жағымды, ұнамды. Ж а р а м д ы* әнді тыңдасаң, Жабырқаған көңілің көтерілер (Абай, Шығ.). **6.** *Пайдалы, тиімді, қажетті.* Осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің *ж а р а м д ы*, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебі қай түрлі болу жайын сөйлеу тиіс (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). – Кім білсін, қайбір *ж а р а м д ы* ағайын, жақсы досы бар еді ол сорлының (С. Адамбеков, Атылған қыз.). Не білімге, не ахиретке, не дүниеге *ж а р а м д ы*, Күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? (Абай, Шығ.). *Ж а р а м д ы* ұлдың белгісі, Жастықтың тұзын ақтамақ (Бес ғасыр.).

ЖАРАМДЫҚ с ы н. с ө й л. ***Жарамдылық.*** Тұқымның егіске *ж а р а м д ы қ* сапасы оның өніп шығуын процентпен көрсететін санмен есептеледі (А.Ажкеев, Қант қызылша.).

ЖАРАМДЫЛЫҚ з а т. **1.** *Белді, күш-қуаты барлық, төзімділік.* Нарды аса күштілігі, төзімділігі және жұмысқа *ж а р а м д ы л ы г ы* үшін халық өте жоғары бағалайды (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Түйелердің жұмысқа *ж а р а м д ы л ы қ* сапасы соңғы уақытқа дейін жете сыналмай келді (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). **2.** *Қолынан іс келетіндік, қабілеттілік.* Бұл мысалдар әр адамның әрекеттің бір түріне *ж а р а м д ы л ы г ы н* көрсететін дара ерекшелігі болатынын байқатады (Қ.Жарықбаев, Психология). Сәду әкесінің қазіргі тың қалпын, шаруаға *ж а р а м д ы л ы г ы н* жасында осындай еңбеккеш болғандығынан деп біледі (Б.Тоғысбаев, Боз жорға). **3.** *Қолайлылық, ыңғайлылық.* Балқаш көлінің кеме жүруге *ж а р а м д ы л ы г ы* және балық қорының молдығы осы байлықты тез халық пайдасына игеру керек екенін көрсетті (М.Тайыров, Балқаш.). Жұмыс алдынан бұрку аппаратының жұмысқа *ж а р а м д ы л ы г ы н* мұқият қарап шығу жөн (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). **4.** *Өтейтіндік, жарайтындық.* Қолөнер өмір қажетіне *ж а р а м д ы л ы г ы* уақыт өткен сайын артып, тұтынушылары да көбейді (С.Қасиманов, Каз. қолөнері).

Жарамдылық мерзімі. з а т. э к о н. *Уақыты өткеннен кейін тауар арналған мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп саналатын мерзім. Ж а р а м д ы л ы қ м е р з і м і* заңмен, өзге құқықтық актілермен, мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарымен немесе басқа міндетті ережелермен айқындалуы мүмкін (Каз. тілі термин. Экономика.).

ЖАРАМСАҚ с ы н. *Біреуге жақсы атанғыш, жағымпаз.* Естай деген бір *ж а р а м с а қ* таз қойшы бар еді. Байына жағынам деп, сол иттің бүлдіргені. Шабынбай екі қой, екі киім ақымды шығарда бермей қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақ көңілдігі маған да ұнайды, бірақ үлкенге табынғыш, өте *ж а р а м с а қ* жан (С.Талжанов, Ұлдай.). Абай *ж а р а м с а қ*, жалтақ, қызыққұмар ақындармен айқаса шықты (Т.Әлімқұлов, Абай). Қинайды-ау әлдекімнен именгенің, *Ж а р а м с а қ* жалыныштыны күйге енгенің, Түскендей енді есіңе, Дөңбекшисің, Сәл-сәл бір сәтсізірек үйленгенің (С.Иманасов, Ақдариға). *// Жағымпаз, жалтақ адам.* Бұрынғы бастықтың төңірегіне жиналған *ж а р а м с а қ т а р* қызметтен қуылды (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

ЖАРАМСАҚСУ *Жарамсақсы етістігінің қимыл атауы. Ж а р а м с а қ с у д ы ң* неше атасын іштен үйрене туғандай, бірінен-бірі асыра қимылдайды (С. Талжанов, Ұлдай.).

ЖАРАМСАҚСЫ= е т. *Жақсы көрінуге тырысу, жағымпаздану, жағыну.* «Бай байғұсым десін» деп, Шақырып қымыз берсін деп, *Ж а р а м с а қ с ы п*, жалпылдап (Абай, Шығ.). Бұл сөзіңізге дау бар ма, Мақа, – деп ұзын тұра *ж а р а м с а қ с и* күлімсіреді (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Мұқан да жүр ішінде көп әскердің, Жанамалап Жарковке *ж а р а м с а қ с ы п* (Қ.Жұмалиев, Қырда.). Олар маған әлі ыстық, бірақ тірі күндерінде ешқайсысына *ж а р а м с а қ с ы п* жалынған жан емес едім, енді өлгенде де табынғалы отырғам жоқ (С.Талжанов, Ұлдай.).

ЖАРАМСАҚТА= е т. *Жағыну, жағымпаздану*. Сол шақта түлкі тұрып сөз айтады, Патшаға *ж а р а м с а қ т а п*, тез айтады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАРАМСАҚТАН= е т. *Жақсы атану, жағымпаздану.* Айтқанын тыңдамай, уысынан шығып бара жатқан кедейлерге әмірі өтпесін білгесін, ендігі жерге беріммен ғана аузын алып, *жарамсақтанып* ұстамақшы (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Күнікейдің «немқұрайды» ғып, өтірік *жарамсақтанып* келе жатқанын қайдан білсін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір күн болса да саған қомағай жолдастарың *жарамсақтанып* қалады (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

ЖАРАМСАҚТАНУ *Жарамсақтан етістігінің қимыл атауы.* Мен өтірік айту дегенді, біреуге *жарамсақтану* дегенді білмеймін (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Еймай әу бастан-ақ, басшыларға *жарамсақтану,* беталды бас ию дегеннен аулақ (М.Гумеров, Хазірет.). Аңдысқан қатулы қабақ та, жалған *жарамсақтану* да емес, қалыпты ғана сыпайы сыйласымдылық орнады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *Жарамсақтанудың* жиіркенішті екенін біліп-ақ отыр, амал не, өзінің табиғаты солай (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

ЖАРАМСАҚТАС= е т. *Жағымсып, жағымпазданып қалысу.* Орынсыз *жарамсақтасып,* Ушаковтың көзіне көбірек көрінгілері келіп, Ыбырай мен Батыраш жанталасып жүр (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАРАМСАҚТЫҚ з а т. *Жағымпаздық, тәйкіштік.* Қысқа аяқ ұзынша келген салпаң құлақ қанден иелеріне көбіне жағымпаздығымен, *жарамсақтығымен* жағады (А.Сатаев, Ақын ізі). Өз басым біреуді лауазымына не жасының үлкендігіне қарап жалпылдап сыйлай бергенді – *жарамсақтық,* жағымпаздық деп бағалаймын (С.Еркебаев, Алғашқы.).

ЖАРАМСАҚШЫ з а т. с ө й л. *Жағымпаздануышы, жағынушы.* Байлар, *жарамсақшылар,* атқамінерлер жігіттерге жел беріп, қолтығына дым бүрке берді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРАМСЫЗ с ы н. **1.** *Көңіл толмайтын, жағымсыз, қолайсыз, ұнамсыз.* Есіл өмірді ескреусіз, босқа *жарамсыз* қылықпен қор етіп өткізді (Абай, Тол. жин.). Мысалы, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, кеселді – осындай *жарамсыз* қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек (Абай, Тол. жин.). Аймақтық қызметкерлердің айтуларына қарағанда, Қазақстанның әр жерінде әлі де *жарамсыз* істер бар көрінеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұл жағдайда өз ішімізде тынышсыздық туғаны аса *жарамсыз* іс екен (Б.Аманшин, Жар мұңы). **2.** *Қабілетсіз, мүгедек, кемтар.* Өзі жамбасынан жараланып, соғысқа *жарамсыз* болғандықтан, осы көктемде армиядан қайтып келген-ді (С.Омаров, Дала қызы). Мен жарамды болып шықтым да, Кәбира әскер қатарына баруға *жарамсыз* деген қорытынды алды (Ә.Нұршайықов, Махабб.). **3.** *Істен шыққан, тозығы жеткен, іске алғысыз.* Қосалқы машина жайын сұрастырсақ, завод экспедициясының қорасында тұрған он шақты грузовиктің біреуі де жолға *жарамсыз* екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Көрінбейтін тігістің бір жері сыртқа кетсе болды, доп *жарамсыз* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Бертін келе, адамзат қоғамы дамыған сайын қолөнердің біразы жаңа әдіс тауып, жаңа түрге ие болды, кейбіреулері тұрмыс қажетіне *жарамсыз* болғандықтан, тіпті қолданылмады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАРАМСЫЗДЫҚ з а т. *Қабілетсіздік, іске аспайтындық, іске татымайтындық.* Театрымыздың жақсы ұйымдастырылмай келуі де – *жарамсыздығымыздың* белгісі (С.Сейфуллин, Шығ.). Су өткізбейтін сұйықтық теріге түгел сіңбесе ол да – *жарамсыздықтың* белгісі (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, *жарамсыздығын* тексеріп, сонан соң керек мектебі қай түрлі болу жайын сөйлеу тиіс (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам).

ЖАРАН [ар. ياران]з а т. к ө н е. **1.** *Адам, пенде.* Бірақ жақсы *жарандармен* бас қосып өткізген мәжіліс қандай көңілді (С.Омаров, Өмір.). Екі күн өткен соң, Жиренше ханды жан *жаранымен* қонаққа шақырады (Ы.Алтынсарин, Таңд.). Өз бойыңа болып сақ, Жан-жағыңа қараңдар! Күн көріп жүр күліп-ақ, Сенен басқа *жарандар* (Абай, Шығ.). **2.** *Әлеумет, қауым, жұрт. Жаранына* жиылған, Аббас былай бұйырған: «Тез ақылға салыңдар» (М.Жұмабаев, Батыр Баян). Шын ажалым жеткен соң, Сызықтан мәлім өткен соң, Айтпасам да, *жарандар,* Мен де бір күн өлем-ай (Бес ғасыр.). *Жарандар* жат қылмаңдар бір Құдайды, «Құдай» деген пендесін жарылқайды (Бес ғасыр.).

ЖАРАН= е т. *Жағыну, жалпаңдау, жарамсақтану, жағымпаздану.* Жалпылдап, билерге байлар *жаранып,* Ала кілем, ақ киіз Астарына төседі, Бағыландарын жеседі (С.Жанғабылов, Тоқсан.). Қалы кілем, қара нар, Тайтұяқ жамбы және бар, Дабылдарын бөктеріп, Аузы түкті қалмаққа Көп ноғай сөйтіп *жаранар* (Батырлар жыры).

ЖАРАНА з а т. *Маңы, қасы.* Оның жолы біздің кеменің жолына қиылыспақ түгіл, *жаранағa* жуыспайтын (А.Марқабаев, Арал әуен.). **2.** а у ы с. *Жар, зайып.* Біздің *жаранамыз* келіспейді, – деді Мәрзия сыбырлай, бірақ нық сөйлеп (Т.Дәуренбеков, Сүмбіле).

ЖАРАНДАЙ с ы н. *Жаран сияқты, жаран тәрізді.* Жайыңа сол себепті бара алмаймын, Болмаса, саған дос-жар *ж а р а н д а й м ы н.* Атамның айтқан әмірін екі етсем, Ұятқа ұшырасып, арандаймын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАРАНДЫҚ[1] з а т. ж е р г. *Екі дөңгелекті арба. Ж а р а н д ы қ п е н* шөп тасуға да болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРАНДЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Қалқан, жақтау, саты.* ≈ Арбаның *ж а р а н д ы ғ ы.*

ЖАРНАТ= е т. *Баптау, жарату, жасанту.* Ерлерім өрдей қасарып, *Ж а р а н т ы п* сұлу ат мінген. Ебестей төсі салынған, Егеудей көзі үңілген (Бес ғасыр.).

ЖАРАНУ *Жаран етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бап, күтім, жаратылу.* Жүйрікке бап керек, жүйрікке күнт керек, жүйрікке *ж а р а н у* керек (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жан-жақты болу, білмекке ұмтылу. Ж а р а н у* дегеніміз – біздің заманымызда оқу, білім кеңейту болады (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАРАҢ с ы н. с ө й л. ***Жарау***. *Ж а р а ң* аттарың ауыздығын қарш-қарш шайнап, бусана терлеп тұрады (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

ЖАРАПАЗАН [ар. يارمضان] з а т. **1.** д і н и. *Ораза айында ауыл аралап, сый-сияпат, садақалар жинап жүріп айтатын салт өлеңі; тұрмыс-салт жырларының дінге байланысты түрі. Ж а р а п а з а н* «рамазан» деген сөзден шыққан. Ораза уақытында балалар, бозбалалар түнде үйдің тұсында тұрып, жарапазан өлеңін айтады (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Ж а р а п а з а н н ы ң* негізгі мақсаты – ораза айында ел көңілін көтере жүріп, ислам дінін насихаттау, жұртты шариғатқа, иманға ұйыту, береке-бірлікке, ізгілікке шақырудан туған (ҚҰЭ). Қазақтың өткен кезде дін салтына байланысты туған шығармаларының бірі – *ж а р а п а з а н* өлеңдері деп аталады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Жас шәкірт балалар тілімен айта жөнелген *ж а р а п а з а н* естілді (М.Әуезов, Абай). **2.** а у ы с. *Мыжыма, бос сөз, құр сарнаушылық.* Ланке оның сөзін аяқтатпай, кеңк-кеңк күлді. – Сол баяғы *ж а р а п а з а н* (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Білемін, сен Жезтырнақтың үйреткен *ж а р а п а з а н ы н* соғып тұрсың (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Осымен айтыс сөзін аяқтайық, Ұзақ сөз мәні болмас *ж а р а п а з а н* (Айтыс). – Содан бері қақсап келе жатқан *ж а р а п а з а н д а р ы ң* осы ғой? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарапазан айтқызды. д і н и. *Ораза айында ауыл аралатып, жарапазан өлеңдерін айттырды.* Тұрмыс нашарлап, лажсыздыққа ұшыраған шағында Судыр Ахмет еңбек етудің орнына баласына *ж а р а п а з а н а й т қ ы з ы п,* әр үйден тіленіп алған бір уыс тарымен күнелтеді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жарапазан айту. *Ораза айында ауызашар кезінде ауыл аралап жарапазан жырын айту.* Тарауық, *ж а р а п а з а н а й т у* дегендер осы күнде сирек ұшырайды (А.Құрманғалиев, Ислам діні.).

Жарапазан айтты. а) *Ораза айында ауыл аралап, жарапазан әндерін шырқады.* Балалар *ж а р а п а з а н а й т ы п* келеді (Ауызекі). ә) *Ауыз жаппады, қақсады.* Басында әркім өз үйін салсын деп *ж а р а п а з а н а й т қ а н* сіз емес пе едіңіз? (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Кеңседен кеңсе қоймай қырық қайтара кіріп, *ж а р а п а з а н* айтып шықпасаң, бүгінде іс бітпейді (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

ЖАРАПАЗАНДАЙ с ы н. *Жарапазан сияқты, жарапазан тәрізді.* Төкен өзі болыс болғысы келетінін жасырмай айтып, *ж а р а п а з а н д а й* айқайлап жүр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАРАПАЗАНДА= е т. *Жар салу, әйгілеу, жариялау.* Мәселен, кеше дәл ел ұйқыға кетер алдында Жамалмен бес минут бойы сұхбат соққанын *ж а р а п а з а н д а п,* құлақ етті жеді (М.Қабанбаев, Кермек.).

ЖАРАПАЗАНШЫ з а т. **1.** д і н и. *Жарапазан айтып, ауыл аралаушы. Ж а р а п а з а н ш ы л а р* жиналды (Ауызекі). – **2.** а у ы с. *Қыдырымпаз, қаңғыбас, кезбе.* Ол бұралқы өгіздей сүйкеніп, үй-үйді санап, босағасын босатпай жүрген белгілі *ж а р а п а з а н ш ы* емес пе (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Болысыңа айта бар, – деді Сұлтанмахмұт, – Боштай ауылына барып қақсайтын *ж а р а п а з а н ш ы* емеспін (Д.Әбілев, Арман.). Қотанға келетін Жамбыл *ж а р а п а з а н ш ы* емес қой (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЖАРАРҚА з а т. з о о л. *Жоны жар сияқты қырланған жылан.* Анық *ж а р а р қ а* екенін танымаған кісі питон деп те қалады (Ғалам ғажап.).

ЖАРАРЛЫҚ с ы н. **1.** *Жарамды.* Сол өз уақытында аттанысқа *ж а р а р л ы қ* қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басына билетіпті (Абай, Тол. жин.). Қас болып қастығын, дос болып достығын көрсетуде *ж а р а р л ы қ* кісі емес, не керек? – деді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Боларлық.* Айтысқа қатынасқандардың әрқайсысы өз пікірін жақтап, әдебиеттің тура өзіне жөн сілтегені жоқ деуге *ж а р а р л ы қ* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **3.** *Татырлық.* Жарайды, әже, іске *ж а р а р л ы қ* киім-кешегіңді қоржынға салып, даярлана бер (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Сол болса ойың, жас жігер, Оралып бірге қарайық. Қызықсыз емес ол күндер, Еске алуға *ж а р а р л ы қ* (Ж.Молдағалиев, Поэм.).

ЖАРАС= е т. **1.** *Ажарын кіргізу, көрік беру, әдемі көрсету, сай келу.* Пайда жоқ иіскесе де, жаласа да, Қойып-ақ әр жеріне қараса да. Маймылға көзілдірік ем болады, Адамның көздеріне *ж а р а с с а* да (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шоқ-шоқ үкілер орман басындай жайқалып, *ж а р а с ы п* келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дарияның аяғы шор, басы Шыршық, Бақ тайса айналдырады ерді қырсық. Болады әлін білмес әлемге тақ, *ж а р а с а р* ерге қару, әйелге ұршық (Базар жырау, Шығ.). **2.** *Тіл табысу, үйлесу, ынтымақтасу. Жарасар* ер кемдекем, Егес болса қабақта (Майлықожа, Нақыл). Бірақ дос-дұшпанның көзінше ұялтты деп, өкпелеп жүрсе де, молданың қолын алып *ж а р а с ы п т ы* (С.Торайғыров, Шығ.). *Ж а р а с а т ы н* емеспіз, шырағым! Ауызын үлкен ашатын көрінеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біз де асау ек, осы өзендей тентек ек, Өстік ата-анамызға еркелеп. Бірге жүрдік, бірге ойнадық таластық, таластық та тағы қайта *ж а р а с т ы қ*. Балалықта болмайды екен оғаштық, Біз осылай келер күнге жол аштық (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Әзілі [әзіл-оспағы] жарасты. *Ойын-күлкісі, қалжыңы сай келді. Ә з і л і ж а р а с а* алмай, қымыз ұсынуға зорлап отырғанда, арсаландаған бір жігіт кіріп келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ә з і л і ж а р а с қ а н* жастар әрі-бері қағысып алды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Ә з і л і ң ж а р а с с а,* атаңмен ойна (Мақал). Серке алғаш Бейімбет арқылы көтерілген тату құрбы ретінде *ә з і л - о с п а ғ ы м ы з ж а р а с ы п* жүретін (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Әңгімесі жарасты [жараспады]. *Пікірі бірбіріне үйлесті, сұхбаттары келісті.* Біз қарт екеуміз *ә ң г і м е м і з ж а р а с ы п,* алда қатар аяңдаймыз (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). *Ә ң г і м е л е р і ж а р а с п а д ы.* Үнсіз отыру екеуіне де ыңғайсыз бола бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бұл әйелмен *ә ң г і м е с і ж а р а с п а д ы*. Қалай айтса да көнетін түрі жоқ (Т.Ахтанов, Таңд.).

Бойына жарасты. а) *Бойына шақ келді, ұнады.* Өлшенбей алынса да, киім оның *б о й ы н а ж а р а с а* кетті (Ауызекі). ә) *Үйлесті, келісті.* – Әрине, әрине, сондықтан да *б о й ы ң а ж а р а с а д ы.* Мінез сүйекпен кетеді дейді ғой (А.Байтанаев, Қайнар.). Сенің ісің, мінезің маған ұнайды. Табандылығың, шыншылдығың, адалдығың *б о й ы ң а ж а р а с а д ы* (Б.Тілегенов, Уақыт.).

Дәм-тұзы [ас-суы, тұзы] жарасты. *Ерлі-зайыпты адамдар бірін-бірі түсінісіп, бірге жақсы тұрып кетті.* Ақыр аяғында күйеуіммен *д ә м - т ұ з ы м ж а р а с п а й т ы н* болды (А.Нұрманов, Аққу.). Әйтеуір, үйлену керек қой, *а с - с у ы м ы з ж а р а с с а,* тұрып кетерміз (І.Есенберлин, Қатерлі.). – *Т ұ з ы м ы з ж а р а с с а,* түбінде үйлену де ойымда бар (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Осы жұбайы Құрманкүлмен *т ұ з ы ж а р а с ы п,* көңіл қосқан кезі де сол уақыт (Ә.Жәмішев, Дала.).

Достығы жарасты. *Тату-тәтті қарым-қатынаста болды.* Арман сапарына бірге аттанған біз *д о с т ы ғ ы м ы з ж а р а с ы п,* сыпайы сыйласыммен оқуды жалғастыра бердік («Қазақст. әйелдері»).

Жайы жарасты. *Бабы табылды, күтімі келісті.* Өңің кіріп, адам боп қалыпсың. *Ж а й ы ң ж а р а с қ а н - а у* деймін (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Көңілі [жұлдызы, жүрегі] жарасты. а) *Бірін-бірі ұнатты, көңіл қосты. К ө ң і л і м і з ж а р а с т ы* да, қосыла салдық, – дейді Нұрыш ол туралы (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Алған ойына, ниетіне сай келді.* Қарсы алады күнде гүлді таласа, Көктем түсті ол *к ө ң і л і м е н ж а р а с а* (Ә.Абайділданов, Жас қанат.). Жараның дауасы бар, жарасқанның дауасы жоқ, екі *ж ү р е к ж а р а с с а,* олардың тілегін бұзып кәрі-қартаң бізге не жоқ? – деді де қойды (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). б) *Келісті, ұғынысты.* Оның орнына келген кісімен *к ө ң і л і ж а р а с п а й* жүр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Ойын-күлкісі [күлкісі] жарасты. *Әзіл-оспағы үйлесті, сай келді. О й ы н - к ү л к і л е р і ж а р а с қ а н* жігіттер мен қыздар иықтасып, күн көзіне қыздырынған шақ (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). *К ү л к і с і ж а р а с қ а н* Ғажап қой балақан. Өлеңмен жоқ асқан Мейірлі алақан! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Салтанаты жарасты. *Сәулеті дәулетіне сай келді.* – Несі бар, бай *с а л т а н а т ы ж а р а с ы п*-ақ тұр: мінгені күйме, кигені торқа, ақшаны уыстап шашып жүр (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Сөзі жарасты. *Сөздері бір жерден шықты, үйлесім тапты.* Бірге өскен, бірге жүрген егіз қозыдай құрбысы. Ойнаса ойыны жарасқан, сөйлесе *с ө з і ж а р а с қ а н* серігі (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Калима мен Мәлике сыпсың-сыпсың *с ө з д е р і ж а р а с ы п,* бірін-бірі жұмсақ сыймен атасып, әлекке түсті (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Тал бойына жарасты. *Бойына шақ келді, жараса кетті.* Ол сұр шинель *т а л б о й ы н а ж а р а с ы п,* маңдайдағы жұлдызы жержаһанға сонадайдан көрінетін кәдімгі совет солдаты сияқты еді (С.Сейітов, Сөз сұра.). Беліндегі бесқару *Т а л б о й ы н а ж а р а с қ а н* (С.Сейфуллин, Шығ.).

Ынтымағы жарасты. *Тілек, ойлары бір жерден шықты, тіл табысты.* Олар ауылда, *ы н т ы м а ғ ы ж а р а с қ а н* дикандар аулында өскен азаматтар (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар.).

Табыс сырын сұрағандарға: «Ұйымшылдықтың, бірліктің, *ынтымағы жарасқан* коллективтің күші, осы үшеуінің арқасы», – дер еді Орынтай (М.Неталиев, Үлкен жол.).

ЖАРАСҚЫЛЫҚТЫ с ы н. с ө й л. ***Жарасымды***. Енді үйдің ішіне қыдырта көз жүгіртті, кіл бір сарғыш, көгілдір ашық түсті бұйымдардың *жарасқылықты* үйлесімін жаңа көргендей тамашалады (М.Ысқақбаев, Ұят туралы.).Толысу дегеннен гөрі бір әдемі *жарасқылықты* жетілу деген жөн шығар («Лен. жас»).

ЖАРАСҚЫШ с ы н. *Жараса қалғыш, жараса кеткіш, жарасып тұратын.* Өзіне киім *жарасқыш-ақ*... Жапырақты көк жасыл көйлегін кие қойса, көктемдегі тал шыбықтай майыса қалады (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Сыр-мұндары жарасқыш. *Құпиялары бір, әңгімелері ортақ, мұңдас, сырлас.* Әсіресе, соңғы жылдары көзкөрген құрбылары сиреген сайын... *сыр-мұндары жарасқыш* болып алған (А.Сейдімбеков, Тауға біткен.).

ЖАРАСТЫ с ы н. с ө й л. ***Жарасымды***. *Жарасты* деп киеді, Елтірі қара бөрікті (Қамбар батыр). Арам ойлылар біздің *жарасты* тыныштығымызды көре алмай, оқ атты емес пе? (Ә.Меңдібаев, От кешу.). Қыздарды осындай бір *жарасты* ортада сынау керек (Қ.Найманбаев, Үміт.). Теңеуші ем киікке де, маралға да, Жоқ емес айтар сөзім табар жаңа. Сарыарқа келінім деп сыйлап еді, *Жарасты* жеңгелігің Аралға да (К.Салықов, Жезкиік).

ЖАРАСТЫҚ з а т. **1.** *Татулық, сыйластық. Жарастықты* қазақ ең, Малға шалқар көлі бар (Майлықожа, Нақыл). Ешкімді ренжітетін, ешкімге жамандық ойлайтын түрі жоқ. «Неге пысады?» деп қойшының қоңырайғанынан да *жарастықты* көрді. «Қайтсін пақыр! Шаршап келеді ғой!...» деп ойлады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мал да сол, байлық та сол әнім болса, Әніме *жарастықты* сәнім болса. Келгенде құрбы-құрдас, сыйлы қонақ, Күтетін жарқын жүзді жарым болса (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Екеуі өмір бойы суымайтын *жарастықты* мықтап бел байлаған (Қ.Найманбаев, Үміт.). **2.** *Жарасымдылық, ұнасымдылық, үйлесімділік.* Күлімсі шуаш иісі шыққан қойлар да біреуге туғандай, түтіннің иісі де күндегіден жағымды тәрізді, ала бұзауын қуалап, құйрығынан алам деп, домалап жатқан Кенжетай да бір түрлі *жарастықты* (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Осының бәрі еріккен шақтағы ермек пе, әлде, әдемілікті аңсаған көңіл ме, неде болса, сүпсүйкімді *жарастығымен* көз тартады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бояу *жарастығына* келгенде қытықшыл суретші іштей тітіркеніп, «сүртіп тастау керек» деді өзіне (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Жарастық тапты. *Үйлесті, жарасты.* Рас, ол үлкенмен де, кішімен де әзіл *жарастығын табатын* ақжарқын адам (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Мәлике жуылған шашын қыздарша жылтыратып өріп алыпты. Кескіні жайдары, жастық, *жарастық тапқан* (З.Иманбаев, Дала.). Қуанам тату, сәнді үйге, *жарастық тапса* қос көңіл, Қуанам жақсы ән-күйге, сауықпен өтсе кеш небір (А.Шамкенов, Шапақ).

Көңіл жарастығы. *Татулық, бірін-бірі тез ұғынушылық, жандары жақындық.* Оның қуанышты жүзін көріп, Нөсербай мен Тышқанбайдың *көңіл жарастығына* іштей тоятын (Т.Жармағамбетов Әңгім.).

ЖАРАСТЫҚСЫЗ с ы н. **1.** *Тату-тәтті емес, дұрдараз. Жарастықсыз* адамдардың бір отбасын құрап отыруы да кездеседі ғой. **2.** *Жарасымы жоқ, қонымсыз.* Сұлу атқа үстіндегі адам мүлде *жарастықсыз,* қонбай отыр (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Карпов үкімет мүшелерінің алдында бұндай *жарастықсыз* жайларды айтуға жасқанбайды (Ф.Оразаев, Басты.).

ЖАРАСТЫҚТЫ с ы н. **1.** *Жарасымды, үйлесімді, лайық, тән.* Қанша ақылды, әдепті, білімді, есті болғанмен, әйелге *жарастықты* сипат – сезім ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қыз бала *жарастықты* әдеппен отырып, көз астымен мөлдіреп Махмұт ағасына қарап-қарап алады (Д.Әбілев, Арман.). Ашық мінезді Мұхаң әдепті әзіл мен *жарастықты* қалжыңды жақсы көретін (Ғ.Сармұрзин, Өнеге.). **2.** *Ынтымақты, тату.* Өзгелерге өкпелесе, көпке дейін сол ойынан арыла алмайтын Катерина, Шоқан қалай өкпелетсе де, тез кешіріп, аралары қайтадан *жарастықты* болып кете барады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** *Заңды, мезгілді.* Жылдың әр мезгілінде өзіне ғана тән белгі, *жарастықты* ажар болады (Бал дәурен). Жарқырап *жарастықты* жаңа заңға, Кірпіші жаңа үйдің жай қалана (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

ЖАРАСТЫЛЫҚ з а т. *Татулық, сыйластық. Жарастылықпен* жолдастық, достық адамгершілік сезімді молықтырады («Қазақст. мект.»).

ЖАРАСТЫР =е т. **1.** *Келістіру, татуластыру.* Осы үйдің ендігі бас көтерері өзі, шешесі мен жеңгесінің арасына жарықшақ түсірмей, *жарастырғысы* келеді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Құрбы қызын бұрын да Ахаңа қимайтын Гүлжан енді Райс екеуінің арасын қалай *жарастырып* жіберудің амалын іздейді (З.Шүкіров, Жас жесір). **2.** *Үйлестіру, жарасымды ету, қисынын келтіру. Жарастырып* сөйлейін, Сәукеленің бетіндей, Толсақ та шаңқан қылаңдай (Мұрат Мөңкеұлы, Өленд.).

ЖАРАСТЫРУ *Жарастыр етістігінің қимыл атауы.* Бірақ екеуі де партия мүшелігіне кандидат қыздарды күндестірмей, *ж а р а с т ы р у* тәсілін таба алмай қиналды (Ж.Тілеков, Хинган асуы.). Наз етіп жазып, ең әрі кеткенде *ж а р а с т ы р у ғ а* ниет қояр еді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Көңіл жарастыру. *Бірін-бірі ұнату, көңіл қосу.* Екеуміздің танысып, бір-бірімізге *к ө ң і л ж а р а с т ы р у ы м ы з* оның жігіттік жігерін қайрап, намысын оятты (Қ.Зекенов, Жанартау).

ЖАРАСТЫРУШЫ з а т. *Тіл табыстырушы, келістіруші.* Ата-енесі отау құрған екі жасты ренжістірмей, *ж а р а с т ы р у ш ы* бола білді («Қазақст. әйелд.»).

ЖАРАСУ *Жарас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шақ болу, киімнің бойына құйып қойғандай болуы, өңін, сымбатын ашуы.* Киім-кешек сыйғанмен, Керек қой бір *ж а р а с у.* Зерлі аяққа құйғанмен, Қара су ол – қара су! (К.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** а у ы с. *Сай келу, келісу.* Демалдым іні, келін арасында, Шақырып қонағына таласуда. Қуаты көңілімнің келін, інім, Атаңа сый-құрметің *ж а р а с у д а* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Айқай, заман! Арқаның даласынай! Даласына қаласы *ж а р а с у ы-а й*! Павлодар Арқаның ағасындай, Бұғып қалған жаутаңкөз Жасыбайы, Бабалардың құт құйған сабасындай. Қайтіп, Ертіс арнаңда ағасың жәй? Сұрапыл сапырып аласұрмай?! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАРАСУЛЫ с ы н. *Жарасып тұрған, жарасқан.* Және де бір бәйтерек шыққан биік, Көрінер көлеңкесі көкке тиіп, Жемісі мәуесімен *ж а р а с у л ы,* Сенімді сегіз тұзақ тұрған тиіп (Айтыс). Сағынштан көңілім аласұрды. Қарасу да мейрамдап жатқан болар, Салтанаты бойына *ж а р а с у л ы* (М.Мақатаев, Аққулар.).

ЖАРАСЫЗ с ы н. *Жара түспеген, жарасы жоқ.* Алдияр тақсыр, жаралы жолбарыс *ж а р а с ы з* жолбарыстан ер келеді (І.Есенберлин, Қаһар). Ер *ж а р а с ы з* болмас, ел шарасыз болмас деуші еді ғой (Ж.Ахмади, Дүрбелең).

ЖАРАСЫҚТЫ с ы н. к ө н е. *Жарасымды, лайықты.* Қазыналы жасау үйінен, Қатарлап жиған жүгінен, *Ж а р а с ы қ т ы* әрбір түрінен (Қашаған ақын, Шығ.).

ЖАРАСЫМ з а т. *Келісім, ұйлесім.* Өлең деген – әр сөздің ұнасымы, Сөз қосарлық, орайлы *ж а р а с ы м ы,* Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе, Оған кімнің ұнасар таласуы (Абай, Тол. жин.). Неде болса, жапан түзге *ж а р а с ы м* берген жалғыз бұлақтың басында жолаушының қанша кідіргені өлшеулі емес (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Күндер үшін келесі Керек бізге *ж а р а с ы м.* Бермесе түк бермесін, Бірақ күліп қарасын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жарасым тапты. *Келісті, жарасты, сай келді.* Ақ пима, күрең пальто, ақ түбіт орамал қыз сымбатынан *ж а р а с ы м т а п қ а н* тәрізді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Қазақстан өндірісінің алыптары қатарындағы Теміртауда еліміз тәуелсіздігінің онжылдығына тұспа-тұс келіп, мерекемен *ж а р а с ы м т а п қ а н* елеулі екі оқиға болды («Егемен Қазақстан»).

ЖАРАСЫМДЫ с ы н. *Ұйлесімді, келісімді, қонымды.* Сатады өтірігін шынға жастап, Жүрміз деп *ж а р а с ы м д ы* өнер бастап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Өлеңдей қарасөзі *ж а р а с ы м д ы,* Терең ой өтті кешіп сан асуды. Білмейді заты қазақ өнерпаздар Абайлық дана жолдан адасуды (К.Салықов, Жезкиік). Нұрым жүрген кезде *ж а р а с ы м д ы* күлкі мен тапқырлық сөздің сыр сандығы ақтарыла бастайтын (Х.Есенжанов, Тар кезең.). Ей, Жастық! Сенің ғажап бір күніңді, Алар ем айырбастап бір жылымды. Мәзіріңе береке тілей келдім, Құшағыма толтырып гүлгүлімді. Жас отау, желпілдетіп түндігіңді, Жалғай бер *ж а р а с ы м д ы* тірлігіңді! Қабылда сағаң деген гүлгүлімді (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАРАСЫМДЫҚ з а т. с ө й л. ***Жарасымдылық***. Ерні сәл дүрдектеу болғанымен, жасырын *ж а р а с ы м д ы қ* бар (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖАРАСЫМДЫЛЫҚ з а т. **1.** *Ұйлесімділік, қонымдылық, келісімділік.* Киім порымында да ауылға бейімделген *ж а р а с ы м д ы л ы қ* бар (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Тәпсір біртебірте өз үйіндегі отырыстың құнарлылығына, *ж а р а с ы м д ы л ы ғ ы н а* ырза бола бастады (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз.). «Қара атқа күміс тұрман салғандай екен» деу сол *ж а р а с ы м д ы л ы қ т ы ң* белгісін көрсетеді (С.Мұқанов, Шығ.). **2.** *Татулық, сыйластық.* Ұғысқан жандардың *ж а р а с ы м д ы л ы ғ ы* бар (Ш.Бейсенова, Тойға кел.).

ЖАРАСЫМСЫЗ с ы н. *Жарасымы жоқ, ұйлесімсіз; оғаш.* Жалаңаштық түйеге *ж а р а с ы м с ы з.* Үстіне кілем жапса жүйе болар (Жанақ). Қараға не сарыға қосылмайтын сүйкімді, сұрғылт жүзінде *ж а р а с ы м с ы з* біткен бір пішін жоқ (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бірақ бір көрген адамға өйтіп қалдым, бүйтіп қалдым деп жату да *ж а р а с ы м с ы з* (Б.Соқпақбаев, Қайда. Ғаһар).

Жарасымсыз қылық. а) *Қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сай емес, келіспеген қылық.* Келіншегінің бойынан әсіресе мына ауыл арасына *ж а р а с ы м с ы з қ ы л ы қ т ы* барған сайын көбірек тапты (К.Баялиев, Дегелек.). ә) *Ыңғайсыз нәрсе, жараспайтын әдет.* Тымырайып отыра беру – ересек жандарға *ж а р а с ы м с ы з қ ы л ы қ* (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖАРАСЫҢҚЫ с ы н. *Ұнасымды, келісіңкі, жарасқан.* Ол үйлерге *ж а р а с ы ң қ ы* Қырында гүл көктеуі де, Көл басында сұлу сиқы Салынды орта мектебі де (Т.Жароков, Шығ.).

ЖАРАТ[1] =е т. **1.** *Қажетке жұмсау, пайдалану.* Әуелі білім-ғылым табылса, ондаймұндай іске *ж а р а т а р* едім деп іздемекке керек (Абай, Шығ.). Себепті *ж а р а т а* алу арқасында, Адамзат еңбегінен егін орған. Ормаса, өнер, ғалым қайдан шықты. Бұл күнгі тіршілікке болған қорған?! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** *Пұл етіп, жұмсау.* Төсек-орын, киім-кешегіне *ж а р а т с ы н* деп, ағасына азын-аулақ қаржы берейін деген ойы бар (С.Омаров, Сәуқен).

Әжетке жаратты. *Іске асырды, пайдасын көрді.* – Құба-құп оқыған бала! Сол біліміңді бізге көрсет, *ә ж е т к е ж а р а т* (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Керегіне жаратты. а) *Бір қажетке пайдаланды.* Алтын Алтай кенін алып, *К е р е г і н е ж а р а т ы п,* Жержүзіне ұран салып, Күллі әлемді қаратып (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Қаражат қылды, жұмсады.* Қаражат жетеді. Өз *к е р е г і ң е ж а р а т а* бер, – деп азар да безер болды (З. Иманбаев, Солма. гүл).

Қажетіне [кәдеге] жарады. *Бір керегін өтеді, іске асты.* Адам ондай өсімдіктерді қолдан өсіріп көбейтеді, өзінің түрліше *қ а ж е т і н е ж а р а т а д ы* (Т.Мұсақұлов, Ботаника). – Жезде, соңғы жасаған препаратымыз өмірде өзіне жолдама алып кетсе, сіздің аппаратыңызды *к ә д е м і з г е ж а р а т а м ы з* ба деп жүрмін (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.).

Пайдаға жаратты. *Керегіне пайдаланды.* Қазіргі дәуірде адам табиғат байлықтарын өз керегінше алып, *п а й д а ғ а ж а р а т ы п* қана қоймайды, олардың табиғи түрін өзгертіп, өз қалауынша қалыптастырады (С.Ысқақов, Табиғат.).

ЖАРАТ[2]= е т. *Жоқтан бар ету, дүниеге келтіру, жасату.* Тамаша көз жеткісіз тоғайларың, *Ж а р а т т ы ң* бір секундта оңай бәрін. Шадлықпен дүниеңнен орын алып, Көкте құс, суда балық, тоғайда аңың (М.Дулатов, Шығ.). Кедей ақын сыйларын менсінбейтін, Тәкаппар қып *ж а р а т т ы* сені жаппар (Жанақ). Жер түрлетіп *ж а р а т т ы ң,* Желкілдеген бозымен (Шал ақын, Өлеңд.). Менің осы табиғатқа қарным ашатын жері бар. Ол неге ғана адамның жүрегін сталь ғып *ж а р а т п а д ы* екен деген (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат.).

ЖАРАТ[3]= е т. *Ұнату, жақтыру.* Сол жоруыңыз жору-ақ, есіткенде менің де ішім *ж а р а т п а п* еді (М.Дулатов, Шығ.). Көрісіп болғаннан соң үйге келді, *Ж а р а т ы п* көңілінде мұқым елді. «Теңі екен Гүлғасылдың» деп ойлады, Сыртынан барлап, байқап Хасен ерді (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Ж а р а т п а й* әкең байдың өр мінезін, Бар еді бойында от, ерлік, сезім. Қудалап қоймаған соң, Бектасқа айтқан: – Отырма, көш бұлақтан, қазған өзім (О.Шипин, Дастан). Он алты жасқа дейін қыз *ж а р а т п а й.* Ат жетер аралады тамам елді (Қыз Жібек).

ЖАРАТ[4]= е т. **1.** *Атты бәйгеге, атжарысына баптау.* Беглерім мінсе шұбарын, Жұлындай қылып *ж а р а т ы п* (Ақтамберді жырау, Жыр.). Ту ұстап тұлпар *ж а р а т п а й,* алдынан топ таратпай, Бастамаса ел ұлан ба? (Дулат Бабатайұлы, Шығ.). Үйқы көрмей жүйрігімді *ж а р а т ы п,* Келіп түрмын, енді сәулем, не керек (М.Жұмабаев, Шығ.). Жарысып жас балалар жүруші еді, *Ж а р а т қ а н* үкі тағып жүйрік аты (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а р а т ы п* бір-бір атты мініп алып, Тақымға бір-бір шоқпар іліп алып, Ат қойды бет-бетімен көп бұқара, Азығын белбеуіне түйіп алып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ертең ерте күн шығып, жер жарылып таң атты. Кермеге байлап аттарын, Түніменен *ж а р а т т ы* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). **2.** *Сайландыру, сай келу.* Әскерге *ж а р а т п а й,* еңбек батальонына қара жұмысқа шақыртса керек (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Ат жаратты. *Атты бәйгеге не көкпарға даярлады, баптады.* Оның шабатын жылқы екенін Долдыбай байқайтын, үндемей, *а т т ы* бәйгеге *ж а р а т а* бастады (М.Дүйсенов, Мейман.). *Ж а р а т ы п* бір-бір *а т т ы* мініп алып, Тақымға бір-бір шоқпар іліп алып, Ат қойды бет-бетімен көп бұқара, Азығын белбеуіне түйіп алып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ертең ерте күн шығып, Жер жарылып таң атты. Кермеге байлап *а т т а р ы н,* Түніменен *ж а р а т т ы* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

ЖАРАТА-ЖАРАТА ү с т. *Көп ұстай беріп, жұмсай-жұмсай. Ж а р а т а - ж а р а т а,* өзінің де әкесінен қалған біраз дүниесі таусылуға айналған (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖАРАТҚАН з а т. д і н и. **1.** *Жаратушы.* Жат жақты *ж а р а т қ а н ғ а* күзеттіріп, Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көкірегімді шабыт қысқан кезде мен, *ж а р а т қ а н н ы ң* айтқанына тез көнем. Сапар бірден жолға әкеліп салады, Қатар жүрген айырмам сол өзгеден (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Адам, пенде, жаратылған дүние.* Жаратқанды сүю үшін, оның *ж а р а т қ а н д а р ы н* сүю керек деген қағида осындайда ойға оралды («Қаз. әдеб.»).

Бір жаратқан. *Бір Алла, бір жаратушы.* Кімнің жақсы, жаманын *б і р ж а р а т қ а н* қақ білер (Шал ақын, Өлеңд.).

Жаратқан [жаратқан Алла] жар болды. *Жаратушы, жасаған ие жебеп, қолдады.* Құдай-

ау, қайдан ұқсатқан, Көкесіне сияғын, *Жаратқан Алла жар болып,* Жанды ма өшкен шырағым! (Қыз Жібек). *Жаратқан* өзі *жар болса,* Тәңірі берген жігіттің – Өтеді күні мұратпен. Ләззатын сөздің парық еткен, Түсініп тыңдар құлақпен (Базар жырау, Шығ.). *Жаратқан* өзі *жар болса,* Жолы ашылған жігітке Жарық қылар күндізгідей, Қараңғы, айсыз тұманды. Жаманнан қорлық жетісер, Жар досың жылжып кетісер, Тайдырып бастан бағыңды, Қисайтқан күні жығаңды (Базар жырау, Жыр.). Тіршілік сізден соңғы керегі жоқ, Ойымда жалғыз мақсат сізді күтем. Мен сендік жалғыз жаным пида болса, *жаратқан жар болар* деп уақыт күтем (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жаратқанға жалбарынды. *Құдайдан тіледі, Алладан сұрады.* Жанымды жаппарға тапсырып, *жаратқанға жалбарынып,* ел кезіп кеттім (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Жаратқан жаппар Құдай. *Алла тағала, жасаған ие.* Болды ма менің ақ ордам, *жаратқан жаппар Құдай-ай,* Құс ұшпастың аралы (Мұңлық-Зарлық).

Жаратқан ие. *Алла тағала, жасаған. Жаратқан ие,* жасаған! Мұндай сорлы қылғанша, Жаратпасаң етті ғой! Қайтіп күнелте алармын? Жүзіқара боп ел-жұртқа. Не бетіммен барамын?! Кімнің босағасында Қорлықта шіріп өлермін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Адам өзі *жаратқан иесін* танумен түзеледі десе, *жаратқан иесін* танып, күнде бес уақыт намазын оқып, құранды қақпан қып, елді алдап жүретін молда-сопылардың қылықтарын ойлап қараңыз (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Жаратқан иемізді* танып, оның әмірлеріне мойынсұну, тиісінше тақуалықпен құлшылық ету арқылы сенімі әркелкі пенделер бір-бірімен түсініседі («Егемен Қазақстан»).

Жаратқанның құлы. *Алланың пендесі, адам.* Есің барда елің тап, Барғанда кірер жерің тап. *Жаратқанның құлысың,* Жағатұғын ебін тап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жаратқан хаққа бәнде етті. к ө н е. *Жаратқан Аллаға құлшылық етті.* Әлі де болса ояналық аллалап, Жалыналық *жаратқан хаққа бәнде етіп* (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАРАТҚЫШ с ы н. *Жасампаз, жаратушы.* Табиғат өзінің *жаратқышы* күшін аңдатуға әдейі арнай жасаған аралы секілді (Т.Нұртазин, Мұрат).

ЖАРАТТЫР= е т. *Бабына келтірту.* Сабантойға қосу үшін бәйге тор төбелді алдын ала *жараттырып* та отыр (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

ЖАРАТТЫРУ *Жараттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ат *жараттыру.*

ЖАРАТУ[1] *Жарат етістігінің қимыл атауы; жасау, жоқтан бар ету.* Тіл – халықтың баға жетпес асыл қазынасы, олай болса, жаңа сөз *жарату* тек соның қолынан келеді («Қаз. әдеб.»). Адамға бұл себептің көбі мәлім, Біледі салған сайын мидың әлін. Себебін біле-біле, бір кездерде *Жаратуға* бек мүмкін қолдан бәрін (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАРАТУ[2] *Жарат етістігінің қимыл атауы; атты бәйгеге, ат жарысына баптау.* Асқа қатысқысы келетіндер бәйгеге қосу үшін аттарын *жаратуға* тиіс (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Жеті сайын жол бермей, Жол алған мен наз бедеу, Сейісін тауып баптаса. үрен жүйрік болғанмен, Оза алмайды жабыдан *Жаратуын* таппаса (Базар жырау, Шығ.). Жүйрік ат *жарату,* баптау барысы ұзаққа созылатындықтан, көп уақыт жем-шөпті мөлшерлеп бергендіктен ішектің қыртысы, қырындысы жұқарып, боқ-жыны азайып кетеді («Жаршы»).

ЖАРАТУ[3] *Жарат етістігінің қимыл атауы; жұмсау.* Мұнсыз табиғатты, оны ұшан-теңіз құпия сырларын танып біліп, оны қоғам пайдасына *жарату* мүмкін емес (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Бірақ қымыздың дертке шипалылығы әлі ғылыми түрде құпталмағандықтан, тубдиспансердегі дәрігерлер мұны қажетке *жаратуға* аса құлшына қоймайды («Жас Алаш»).

Іске жарату. *Қажетіне пайдалану.* Ендеше, өзіміздің бар дәулетті жарыққа шығарып, *іске жаратуға* талпыну керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРАТУЛЫ с ы н. *Жарап тұрған, жараған.* Нұржан бастаған бір топ жігіт Елпанның *жаратулы* аттарын бәйгеге қосуға жетелеп келеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖАРАТУШЫ з а т. к ө н е. **1.** *Діни ұғым бойынша, бар әлемді жасаушы ұлы күш, құдірет иесі.* Құдіретінен қалды, әрине, Сайраған із шамшырақ. Түп негізді *жаратушы* Меңіреу ме, есті ме? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бүкіл *жаратушы* пайғамбар, әмбиелерге атап-атап алғыс айта келіп, «осынымның жолына екі көрінің жаны құрбан» – деп, тәубеге келген (К.Сегізбаев, Жыл.). Он сегіз мың ғаламды *жаратушы* ие... оны біз Алла тағала деп атаймыз (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). *Жаратушы* жер бетіне тауларды үлестіргенде, аспаннан осы көлдің үстіне Бурабай тауы құлаған екен дейді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** а у ы с. *Дүниеге келтіруші, өмір беруші.* Сен – менің *жаратушым* құндақтаған, Мен сенің ұлыңмын деп кіл мақтанам. Кешір, ана! Бір сенің еркең болмай, Отаныма ұл болу – қымбат маған (М.Мақатаев, Шығ.).

Жаратушы жар болса. *Жаратқан ием жар болса, жебеп, қолдаса деген мағынадағы бір істің, ойға алған ниеттің бастамында айтылатын сөзқолданыс. Ж а р а т у ш ы ж а р б о л с а,* Үкеңді сау сақтайды (А.Асылбеков, Түрлі. бала.).

ЖАРАТЫЛ[1]= е т. *Жасалыну, пайда болу.* Сәбиттің «Жаратылыста ақын болып тумайды. Барлық адам бірдей *ж а р а т ы л а д ы»* дегені де білім жолына қайшы. Тегіне тартудың шындығын, сүйекке соқыр сезім, серпілісі (реакция) дегендердің барлығын бүгінгі «ілім», «биогенетический законмен» бекітіп отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Дегдар қыз екенсің бір алма мойын, Ұжмақтан *ж а р а т ы л ғ а н* жұпар қойын, Жарқырап зуһрадай екі көзің, Таранған әр тарапқа созып мойын (Шал ақын, Өлеңд.). Көңіліме нұр, бойға күш таратылып, Құсқа мініп ұштым мен жаңа туып, Өгейің емеспін мен, өз балаңмын, Өзіңмен мәңгілікке қалатұғын. Кеудемде кереметтер *ж а р а т ы л ы п*, Думандап жатырмын мен, жаңа туып (М.Мақатаев, Шығ.).

Бөлек жаратылған. *Ерекше, ешкімге ұқсамайтын.* Сері ағам *б ө л е к ж а р а т ы л ғ а н* жан ғой (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАРАТЫЛ[2]= е т. *Жұмсалу.* Құрылыс жұмысына *ж а р а т ы л ы п* жатқан жарты миллион сомнан басқа бөлінбейтін қорда отыз мың сом ғана бар екен (З.Шүкіров, Жас жесір.).

ЖАРАТЫЛМЫС зат.сөйл.***Жаратылыс***. Басқа *ж а р а т ы л м ы с т а р* тағдырға қандай құл болса, адам да сол тағдырға құл (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРАТЫЛМЫШ зат.сөйл.***Жаратылыс***. Бұл араның *ж а р а т ы л м ы ш т ы* кен байлығы басқа жерге қарағанда мол (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі). *Ж а р а т ы л м ы ш т а н* осылай. Пәнде шіркін оның құрметіне табынғанымен, табиғатын таныған жоқ (С.Санбаев, Аруана.).

ЖАРАТЫЛМЫШЫНДА үст. *Жаратылысында, тумысында. Ж а р а т ы л м ы ш ы н д а* мұнартып тұратын Оңжетпестің осы Бурабай жақ қабырғасында бір сұлу қыздың мұңлы суреті бар (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

ЖАРАТЫЛУ *Жаратыл етістігінің қимыл атауы; пайда болу.* Қазақстандағы жер қыртысының *ж а р а т ы л у* тегі әртүрлі тау жыныстарынан құралған (М.Бакенов, Қазақст. ресурс.). Құран адамның *ж а р а т ы л у ы н* бірнеше саққа жүгіртеді (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

ЖАРАТЫЛЫС з а т. **1.** *Табиғи болмыс, табиғат.* Білімсіз-ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен *ж а р а т ы л ы с т ы ң* мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бірақ... жалпы *ж а р а т ы л ы с т а* да, адамның өмірінде де, адамның ойында да өзгерістің даярлығы болмаса, дәл өзі ұзаққа созылып барып болмақ емес (М.Жұмабаев, Шығ.). Негізінен *ж а р а т ы л ы с* пен дүние құрылымы заңдарына қатысты бұл ілімдер жер шарының күллі елдерінде ежелден ұрпақтан ұрпаққа, онда да азғана таңдаулыларға таратылып келген болатын («Қаз.әдеб.»). **2.** *Бітім, келбет, пішін.* Мұндай да сұлу *ж а р а т ы л ы с* болады екен ғой (Д.Әбілев, Арман.). **3.** *Тегі, табиғи тіні, болмысы.* Әкесі Бекболат екеуін, «екі әуейі» деуші еді. Алайда екеуінің *ж а р а т ы л ы с ы* екі басқа еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). [Еркебұланның] *ж а р а т ы л ы с ы* – ақын, отырыс-тұрысы, бәрі – ақын (Ғ.Мүсірепов, Кездесп.кет.).

Жаратылыс байлығы. *Табиғи байлық; табиғат байлығы, жер байлығы.* Диқанбай ақсақалдың Қытаймен шектесіп жатқан жер жайының шектерін, *ж а р а т ы л ы с б а й л ы қ т а р ы н* айтып бергені Шоқанға үлкен табыс болды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Сол кездің өзінде-ақ Қазақстанның территориясы мен *ж а р а т ы л ы с б а й л ы қ т а р ы н* игеріп алу үшін, Россия зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады (Е.Бекмаханов, Қазақ ССР тарихы.). *Ж а р а т ы л ы с б а й л ы қ т а р ы н* айуандықпен пайдалану капитализмге тән болып келеді (Ә.Кәкімжанов, Коммунизм.). Қазіргі уақытта Қазақстанда еліміздің *ж а р а т ы л ы с б а й л ы қ т а р ы* мен мәдениетін қай жағынан болса да зерттеу жөнінде неше алуан күрделі жұмыстар атқарып отыратын толып жатқан ғылым мекемелері бар (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

Жаратылыс ғылымы. *Жаратылыстану ғылымы.* Әсіресе, *ж а р а т ы л ы с ғ ы л ы м ы н* сүйемін, әрбір тастың, әрбір шөптің сырын білгім келеді (С.Бегалин, Уақыт.). К. Маркс Дарвиннің «Түрлердің тегі» атты еңбегі *ж а р а т ы л ы с ғ ы л ы м д а р ы н д а ғ ы* теологияға бас көтергісіз соққы бергенін айтты (Жалпы биология).

Жаратылыс жағдайы. *Географиялық ерекшелігі, табиғат жағдайы.* Л.И.Левшин Батыс Қазақстанның *ж а р а т ы л ы с ж а ғ д а й ы* жайлы күрделі еңбек жазып шығарды (Н.Баяндин, Өзен.).

Жаратылыс заңдары. *Табиғат заңдары.* Аңыздардың бәрінде де бұл өңірде әлем жайындағы, *ж а р а т ы л ы с з а ң д а р ы* жайындағы, өткен дәуірлер мен болашақ замандас жайындағы білімдері шексіз ерлер мен әйелдер – ұлы данагөйлер өмір сүретіні айтылады («Қаз. әдеб.»).

Жаратылыс пәні. *Табиғаттану ғылымына жататын пән.* Сейіт *ж а р а т ы л ы с п ә н-*

д е р і н нашар оқып жүр (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

Жаратылысы бөлек. *Мінез-құлқы басқаша, ерекше жаралған.* Әйтеуір, *ж а р а т ы л ы с ы б ө л е к,* ауыр адам (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ з а т. *Жаратылыс, табиғат туралы ғылым.* Республика бойынша шетелге шығатын *ж а р а т ы л ы с т а н у,* медициналық, ғылыми-техникалық әдебиеттің үштен бірі «Ғылым» баспасының үлесіне тиеді («Қаз. әдеб.»). Мысалы, №421 орта мектептің жоғары класс оқушылары оқушылар лекториінде *ж а р а т ы л ы с т а н у* білімдерін белсенді насихаттап келеді («Қазақст. әйелдері»). Ай, Күн тұтылуын, жер сілкінуді, жанартаулар атқылауын дұрыс түсінген кезінде парсы патшасы Кир мен грек патшасы Ганнонның дүниежүзілік саяхаттары Шығыстың *ж а р а т ы л ы с т а н у* ғылымына көп әсер етті (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.).

Жаратылыстану ғылымдары. *Табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы; табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі. Ж а р а т ы л ы с т а н у ғ ы л ы м д а р ы,* біріншіден, ғылымда дәлдігімен және жүйелілігімен, екіншіден, табиғат қорларын пайдалану құралы ретіндегі өзінің практикалық мәнімен ерекшеленеді (ҚҰЭ). Кейбір табиғат зерттеуші ғалымдар математиканы *ж а р а т ы л ы с т а н у ғ ы л ы м д а р ы н а* жатқызбайды, бірақ осы ғылымдардың таным құралы ретінде қарастырады (ҚҰЭ). XV-XVI ғасырларда *ж а р а т ы л ы с т а н у ғ ы л ы м ы* дами түсті (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). ...Миды зерттеу мәселесі *ж а р а т ы л ы с т а н у ғ ы л ы м д а р ы н ы ң* ең қиын проблемаларының бірі (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

ЖАРАТЫЛЫСТАНУШЫ з а т. *Жаратылыстану ғылымымен шұғылданушы.* Осы кезде Италияда атақты *ж а р а т ы л ы с т а н у ш ы* Леонардо да Винчи (1452-1519), Францияда – Фракостор, Данияда – Стенон жұмыс істеп, олар жер қабаттарын жақсы біліп зерттеді (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.).

ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ с ы н. *Жаратылысқа тән, табиғилық.* Осы өлеңнің жасандылыққа салынбай, *ж а р а т ы л ы с т ы қ* қалпында жасалуының өзі де жанды үйіріп әкетіп тұр (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖАРАТЫЛЫСЫНАН ү с т. *Әуел бастан, о бастан, тумысынан.* Құрылысшы Дәку *ж а р а т ы л ы с ы н а н* қарапайым адам (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы.). *Ж а р а т ы л ы с ы н а н* зеректігінің, іске шеберлігінің арқасында көп ұзамай беделді, белді жігіттердің бірі атанды (Қ.Мұхамбетқалиев, Жұлдызды.). Ғани *ж а р а т ы л ы с ы н а н* сондай талантты болатын (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев).

ЖАРАТЫЛЫСЫНДА ү с т. *Болмысында, тумысында, табиғатында.* Бұл жалған *ж а р а т ы л ы с ы н д а* әділетсіз жаратылған білем (К.Тоқаев, Түнде.). Баланың *ж а р а т ы л ы с ы н д а* төрт қолы, төрт аяғы, екі ішек жүйесі, екі бүйрегі, бір жүрегі болды (Ғалам ғажап.).

ЖАРАТЫМДЫ с ы н. с ө й л. ***Жарамды***. Ала тон алтындаған қанат ілді, Жиһаздың бәрі қымбат *ж а р а т ы м д ы,* Болды екен неден ыстық қу дүние, Кетірді қызықтырып тағатымды (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Сен мендік бір жан болсаң немді аяйын, Ал, шырақ, болса лайық *ж а р а т ы м д ы* (Амангелді).

ЖАРАТЫНДЫ[1] с ы н. с ө й л. ***Жасанды***. Біздің анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы нәрселердің бәрі не табиғат ісінен шыққан *ж а р а т ы н д ы* нәрсе, не адам ісінен шыққан жасалынды нәрсе (А.Байтұрсынов, Шығ.). Бірақ олар адам көзінен табиғат көркін жасырады, *ж а р а т ы н д ы* дүние жаратылыс жаннатын тасалайды (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Сондықтан да оны *ж а р а т ы н д ы* қорғаушы деп атайды (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

ЖАРАТЫНДЫ[2] з а т. с ө й л. ***Туынды***. Низами түрлі бөлек-бөлек әңгімелерден бүтін көркем *ж а р а т ы н д ы* жасау үшін, тың тәсілдер қолдануы керек болған («Қазақст. мект.»).

ЖАРАУ[1] з а т. т ү й е ш а р. ж е р г. *Келеге қосар алдында еркек түйелердің қыстығұні масаңсып, беймазаланып, тісін қайрап, көбігі ағып, табиғи түрде бірте-бірте өзін күйттей, бабына келтіруі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРАУ[2] с ы н. **1.** *Іші тартылған, бабына келген, жарағаң.* Жарқ-жұрқ еткен пайда бар, *Ж а р а у* семіз байда бар (Бұхар жырау, Жыр.). Көшіпті салып қарауыл, Аттың мініп *ж а р а у ы н* (Қашаған ақын). Ертеңгі көште Күнікей құйрық-жалы Шәмшидің шашындай төгілген *ж а р а у* тобылғы торы биені алып келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аукеңнің сөзі салмақты Ұялмай қайтсін ондайда. Басекең *ж а р а у* сары атты Салып кеп қалды борбайға (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Нашар, жүдеу, халсіз. Ж а р а у* күйде жүрсек те, Жақсы менің тәбетім. Тәмәм болар әп-сәтте Табақтағы көп етің (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жарау ат. *Жараған, бабына келген.* Жас тоқымға іліккен *ж а р а у а т т а р ы н* безектетіп келе жатқанда, түнгі тұнық суға үймелене түсіп тұрған шым-шытыр жұлдыздар шатынап жарылып жоқ болады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Ж а р а у а т п е н е н* жақыннан қусаң жетпейсің, Көлеңке зулап, қарайып, әні кетті ой, шың. Күн түсіп тұрған жер ғана алтын алаңдай,

Жарықты аңсап, жаурасаң солай беттейсің (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жарауы жетті [түсті]. *Бабына келді, жарап болды.* Осыны айтып кеңесіп, Келе жатып күн батты. *Жарауы жеткен* жануар, Екпіні дауыл деспей тым қатты (Көруғлы). Шын *жарауы түскенде*, Жабуын алсаң жануар – Сілкініп дүр-дүр керілген. Ұлы дүбір болғанда Шыр айналып қазығын Осқырып жерді тебінген (Базар жырау, Шығ.). Алдарыңда аянбай Шыныменен сөйлесем, Сіздерге, жұртым, ұнармын. *Жарауы түскен* жүйріктей, ілестірмей ешкімді қызсам жалғыз шығармын (Базар жырау, Шығ.).

ЖАРАУ[3] *Жара етістігінің қимыл атауы; пайдаға асу, кәдеге жарау.* Елім, сенсің әр кезде сиынатын Ең ардақтым, аспаннан биік атың. Әлі талай *жарауға* керегіңе Ант береді ақ басын иіп ақын (С.Мәуленов, Алыс кет.). Қозыға *жарауымнан* біраз бұрын, Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын? Сүйретіп, арбасының аты болдым, Бір аяқ ас еді ғой сондық құным (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАРАУ-ЖАРАУ с ы н. *Жаратылған, бабына келген.* Әрқайсымыздың бес-алтыдан осындай небір *жарау-жарау* жүйрік «аттарымыз» болатын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАРАУКЕЛІК з а т. к ө н е. ***Жағымпаздық***. Байларды, мырзаларды, төрелерді, бастықтарды, кейі жақсы көріну мақсатпен, кейі нәрсе алу мақсатпен мақтап, ақындықты қайыршылыққа, *жараукелікке* айналдырған ақындарымыз аз ба? (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАРАУЛАН= е т. *Қатар тізу, биіктену, ұлғаю.* Өлке бойының қалың селеуі жол бойында *жарауланып,* арбалы кісінің төбесімен бірдей боп көміп отырады (Б.Майлин, Шығ.). Қолдың саласындай тарамданған арықтардың біреуі бара-бара ұлғайып, кемері *жарауланып,* сонау белестің арғы ылдиына түсті (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАРАУЛАУ с ы н. *Жарауы жетіңкіреген, еті ысылған; жараңқылау.* Олардың бірі көнелеу, қоңыр киімді, қарына құрық сүйреткен, астында *жараулау* жирен жылқысы бар жылқышы тәрізді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Оразбақ бұл кезде *жараулау* бір биеге салт мініп, өрген малдардың ішін шоқыта кезіп жүр (С.Мұқанов, Шығ.).

ЖАРАУЛЫ с ы н. **1.** *Жарамды, күйлі, бабында.* Жөндеп күтіңдер. Міністің жылқысы ғой, *жараулы* тұрсын (М.Жақыпов, Абырой.). Жанарыстан туған Алау-ды, Әруақты ер екен Арғымағы *жараулы*, Басы мыңға балаулы. Алшайып атқа мінгенсін Алмаған жауы санаулы (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** а у ы с. *Мықты, айтулы, жараған.* Жеңгелерімнің бақ-шақ етіп ұрыс шығарғанын елең қылмай, *жараулы* екі ағам мен үшін қалаға барып, керекті көйлек-көншектің бәрін сатып әкеп берді (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көз.).

Жараулы ат. *Жараған, бабындағы ат. Жараулы ат* жеккен шана сырғып келеді (А.Әуезов, Бала Мұхтар). Қойшы бейне жауынгерге ұқсайды, астында *жараулы ат*, асынғаны мылтық (Қ.Қамбаров, Алтай.).

Жараулы аттай. *Жараған аттай.* Мейіржанның *жараулы аттай* отыз бестің тізгінін ұстап тұрған шағы еді (Ө.Күмісбаев, Жапырақтар.).

ЖАРАУСЫЗ с ы н. ***Жарамсыз***. Өкінді етемін деп енді қалай, Зұһаққа *жараусыз* сөз айттым талай. Өртетіп үй-мүлкімді, балларым жеп, Өзімді етсе қайтем күн-түн малай (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Жарамаса, *жараусыз* қалсын. Осы там бітпегенде, жау алар дейсің бе бізді («Қазақст. әйелдері»).

ЖАРБАҒАЙ с ы н. с ө й л. ***Жырбақай***. Ағаңды бейкүнәдан сонша сөгіп, Рас, сіз бірі екенсіз *жарбағайдың*. «Көзін ой, өзі тисе» деп үлгі еткен, Қариялар жүзін көрген көне айдың (Айтыс).

ЖАРБАЙ з а т. т ү й е ш а р. *Мая мен нардан туған бір туманың тұқымы, нашар тұқымды түйе.* Егер нар маяға нар шөгеруден туған екінші ұрпақтың буданы болса, оны қазақтар *жарбай* деп атайды (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). Әлгі жабуы тұрмайтын *жарбай* түйедей ылғи бір иығына қисайып жүретін, қыңыр Қоразхан құрдасының өзі екі әйел алды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Жағалауды бойлап бес-алты түйе келеді. Екі-үш *жарбай* інген, бір арық атан, қалғандары көндері кепкен тайлақтар (Төрт түлік).

Жарбай атан. ж е р г. *Ең азғын будан делінетін жарбай бурасынан тараған ақта етілген, бес жастан асқан түйе.* – Біздің фермамызда *жарбай атан* жоқ, болмайды да, себебі азғын буралар мұнда жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жарбай бота. ж е р г. *Ұрғашы мен еркек біртумадан туған бота.* Біздің фермада *жарбай бота* жоқ, шырағым, ол азғындаған түйе арасында болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жарбай өркеш. ж е р г. *Өркештің өте кішкентай түрі. Жарбай өркеш* көбіне ата-енесі бір біртума мен қоспақтан туған ұрпақтарда ұшырасады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРБАЙ= е т. с ө й л. ***Жарби***. Есейсең әкеңдей боп шаруа іздеп, Сен-дағы *жарбаясың* мініп атқа (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Қоңыр қозым-ай, жаман тымағың *жарбайып,* мектеп пен үйдің арасында жүгіріп жүруші ең (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖАРБАҚ с ы н. с ө й л. ***Жырбақай***. Үлкендігі әлгі есектей-ақ *ж а р б а қ* енді салмақтап көргісі келді ме, енесіне қол жүгіртті (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖАРБАҚАЙ с ы н. с ө й л. ***Жырбақай***. ≈ *Ж а р б а қ а й* біреу.

ЖАРБАҚТА= е т. с ө й л. ***Жарбаңдау***. Қисыны келген жерде қалбалақтап, *ж а р б а қ т а п* қалатыны сол (К.Қазыбаев, Ызғар). *Ж а р б а қ т а п,* жалбақтағандар бұл маңда да жетеді екен (Б.Тілегенов, Аққайнар). Тарзан ауыл иттеріндей көрінгенге *ж а р б а қ т а п* үре бермейтін (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЖАРБАҚТАЙ с ы н. э к с п р. *Жарбиған, толық.* Мен таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақ, *ж а р б а қ т а й,* кірпі шаш, қырыс маңдай қара сұр жігітпін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРБАҚТАУ *Жарбақта етістігінің қимыл атауы.* Бұл – *ж а р б а қ т а у ы м е н* адамды мезі ететін ит (Ауызекі).

ЖАРБАЛАҢДА= е т. ***Жарбаңдау***. Жақып келгеннен бері *ж а р б а л а ң д а п* жанымнан қалмайтын болып алдың, – деді Аңламас (Қ.Дәрібаев, Сүмбілшаш.). Ал, Сыпеке, мырзалықтың жөні келді, – деп күтпеген олжаға иегі қышығанда, Жанай *ж а р б а л а ң д а п* ортаға шықты (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз.).

ЖАРБАҢ е л і к. *Бір нәрсенің жалпылдап, далпылдап, қолайсыз қимылдағанын бейнелейтін сөз.*

Жарбаң етті. а) *Жарбаң ете қалды, жалпылдады.* «Не боп қалды» деп *ж а р б а ң е т і п* ұшқан жапалақтар көздері бақырайып, көр тоғай ішінде кезіп жүр (С.Жүнісов, Ақан сері). Жарда ұшып, *ж а р б а ң е т і п* жас жапалақ, Сұр бөрі жүгіреді тал тасалап (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). ә) *Жарбаңдады.* Айтқаныңның айнақатесі жоқ, тақсыр! – деп, *ж а р б а ң е т е* қалды қатарында отырған Ақшұнақ шал (О.Дастанов, Мұрагер.).

Жарбаң қақты. *Жарбаңдады.* Бейне бір қамқоршы болып, қорғап-қоршап жүретін адамдай-ақ енді, міне, жаны ашығансып, *ж а р б а ң қ а ғ а д ы* (Ғ.Сланов, Гүл.).

ЖАРБАҢДА =е т. **1.** *Жарбаң-жарбаң ету, далпылдау. Ж а р б а ң д а ғ а н* біреуге көзім түсе кетті. Қарасам, бір қазақ екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). – Кейбіреу үзеңгісі алты қабат, Құлағы түзге шықса тебінгідей. Кейбіреу жапалақтай *ж а р б а ң д а й д ы,* өзінің әлі келер жемін білмей (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Жырбаңдау.* Орынды-орынсыз қол жүгіртіп, бетімен *ж а р б а ң д а ғ а н* қайындарды жақсы жеңгейлер маңына жолатпайды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

ЖАРБАҢДАС= е т. *Жарбаң-жарбаң етісу, тырбаңдасу.* Ұлы дүбір жарыс болмаса, анау-мынаумен *ж а р б а ң д а с ы п* жатпайтын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРБАҢДАУ *Жарбаңда етістігінің қимыл атауы; жырбыңдау.* Мәймөңкелеп алдымда, Майсаңдама, інішегім. Жалбаңдама жанымда, *Ж а р б а ң д а у д ы ң* біл шегін (С.Сейітов, Бетпе-бет).

ЖАРБАҢ-ЖАРБАҢ е л і к. *Далбаң-далбаң еткен қимылды бейнелейтін сөз.* Ой, есалаң неме, баламен бала болып, жаман түйенің жабуынша *ж а р б а ң-ж а р б а ң* алысқанша, жұмысыңды істесейші, – деп үйге қуып тығады (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖАРБАҢ-ЖҰРБАҢ е л і к. с ө й л. *Далп-далп еткен орашалақ қимылды бейнелейтін сөз.* Итаяқ көрінген ұрғашымен, әсіресе, құрдас деп Күнтаймен *ж а р б а ң-ж ұ р б а ң* ойнай беретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Осы арада бойжеткен қыз бар, оңаша кездессе-ақ, мен сонымен қылжақтасып, *ж а р б а ң-ж ұ р б а ң* алысам да жүрем (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖАРБИ =е т. с ө й л. **1.** *Жалпиып отырып алу; жалпию.* О, алдияр, алдияр! Ақсұңқар құстың алдында Қағынған қарға *ж а р б и я р* (Бес ғасыр). *Ж а р б и ы п* жаман Даяр болыс болып, Қожағұл қолы жақпай бағы тайды. Ормандай оқ өтпейтін қайран халық, Осының заманында күрт азайды (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Жапыраю.* Аяулы егіземмен бірге өспедім, *Ж а р б и ы п* жамандыққа мінгеспедім. Ойымда орындалмас арманым бар, Мен мына ғаламменен тілдеспедім, Аяулы сырласыммен бірге өспедім (М.Мақатаев, Шығ.). Маңайдағы елдердің әлі күнгі арбасы оңқа тұрып, жоқысы *ж а р б и ы п,* жер ағашы тұрып-жығылып, «қық-қық!» деп аяқтары салақтап, құрым, түтін сасып жертөледен күркілдеп екі көзі жылтырап, мұрындарын тұмшалап, жүргені «жарықтық» санасыз әулиелердің шарапаты күштілігінен бе? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Түтіні кернейінен түзу шығып, Жалғыз үй *ж а р б и я т ы н* жар басында (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** э к с п р. ұ н а м с ы з. *Келіспеу, жараспау.* Жаман тымағы *ж а р б и ы п,* күпісіне оранып, қорбиып, кейбір шалдар күншуақта тықылдатып ағаш шауып отыр (Б.Майлин, Шығ.). *Ж а р б и ғ а н* жаман тон, Тымақ жабысып кетті үстімде; Жанайын деген бір шырақ Жалтылдап кетті ішімде (Ғ.Орманов, Таңд. шығ.).

ЖАРБИТ=е т. *Жалпиту, қалқиту.* Жұрымбай үйін *ж а р б и т ы п* жазғытұры бір тіксе ауылдан оңашарақ, сең соққандай қисайып, күзге шейін осы үйдің тұрғанын көресің (Б.Майлин, Шығ.). Ошақбайды қайта матады, қапсағай қараның артына *ж а р б и т т ы* (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖАРБИТУ *Жарбит етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРБИЫС= е т. *Жалпиысу.* Ас, той болды дегенше, кезектесіп мініп, *ж а р б и ы с ы п* шыға келеді (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

ЖАРБИЮ *Жарби етістігінің қимыл атауы.* Одан әрі интернаттағы ұлының тезірек ер жетіп, «Москвичтің» құлағында *ж а р б и ю ы н* армандайды («Қаз. әдеб.»). Әй, мынау біздің Шәймен бе? Ой-дөйт дерсің! Тасбақаға мініп *ж а р б и ю ы н* шіркіннің (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

ЖАРБЫҚ с ы н. қ а р а п. *Тырбық, қортық.* Бұл «Балдақты Балықбай» атанған, *ж а р б ы қ* бойлы, сирек сақал, едірең мұрт қойшының үйі екен (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖАРГОН [франц. jargon] з а т. *Жалпыхалықтық тілден оқшауланған, шағын әлеуметтік топ қолданатын сөйлеу машығы мен сөз тобы.* Көпшілікке түсініксіз шет сөз, диалект, *ж а р г о н д а р* олардың өлеңдерінде мейлінше аз кездеседі (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Ол әдеттегі «но», «значит», «так что» дейтін кеңселік шолақ *ж а р г о н ы н* ұмытып кетіпті (О.Сәрсенбаев, Сағым). Мектеп жасындағы балалардың да өзара түсінісетін *ж а р г о н* сипатты тілі болады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

ЖАРГОНДЫҚ с ы н. *Жаргонға тән.* Тіпті, *ж а р г о н д ы қ* сөздер де және онша мәнді емес кеңселік сөздер де кездеседі (Семья тәрбиесі).

ЖАРҒАҚ[1] з а т. **1.** *Құлын мен ешкі терісінің киімге жарарлық иленген терісі.* Жас бала Амангелді қоста қалып, Су әкеп, ас пісіред отын жағып, Кей кезде мергендердің *ж а р ғ а ғ ы н ы ң* Қояды анда-санда қарын қағып (О.Шипин, Дастан.). // *Иленген теріден жасалған жазуға арналған нәрсе.* Имам бетін бір сипап, жұртқа отырыңдар деп ишара қылды да, ұзын сары *ж а р ғ а қ қ а* жазулы неке құтбасын оқи бастады; күйеу мен қалыңдықтың, әкесінің ұлы атасының аттарын да со жерде *ж а р ғ а ғ ы н а* түртіп алды (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Иленген теріден жасалған.* Үстерінде аппақ түйе жүн шекпен, аяқтарында *ж а р ғ а қ* мәсі (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Бір түсті құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім; доха.* Қара *ж а р ғ а қ,* түлкі тымақ Шоқтап киерсің (М.Жұмабаев, Шығ.). Басына түлкі тымағын, үстіне жеңіл қара құлын *ж а р ғ а ғ ы н* ... киіп, далаға әлсін-әлсін кіріп-шыға берді (С.Мұқанов, Ботагөз). *Ж а р ғ а қ т ы ң* қара құлынның терісінен сәндеп тігілетіні жоғары бағаланады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). *Ж а р ғ а қ* жас құлынның терісінен тігіледі (ҚазССР тарихы). *Ж а р ғ а ғ ы н* қаудырлатып, домбыра етіп тартып, жаңа естіген күйлерінің бірін ернімен ойнап, аз жатады (М.Мағауин, Көк кептер.). **3.** *Түгі қырылып, иленген теріден жасалған насыбай қалта; шақша.* Мырзаның қатынынан жымқырып алған оттығын *ж а р ғ а қ* дорбасынан суырып, от тұтатты (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а р ғ а қ* қалта, қиған қағаз, махорка орай бастады, Тұрған жанға тұңғиықтан көз қиығын тастады, Қайдан жүрсің, кім едің деп сұрамады, саспады (М.Мақатаев, Шығ.). Атекең қалтасынан *ж а р ғ а ғ ы н* суырып, үш саусақпен бір шымшып, насыбайды ерін астына тастап жіберді (Қ.Мұхамбетқалиев, Жұлдызды.). Берші маған *ж а р ғ а қ т ы.* Бір батырып алайын, Сұқ қолым мен бармақты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **4.** а н а т. *Құстар аяғының тұяқтарын өзара қосып тұратын алақан терілері, жарғақ табаны.* Құс суда жүзіп жүргенде, аяқтары артқа қарай қозғалған кезде жүзу *ж а р ғ а қ т а р ы* керіледі де, қайық ескегінің қызметін атқарады (Зоология). **5.** ж е р г. *Жұқа теріден жасалған ыдыс. Ж а р ғ а қ т ы* әкеп Доскожаның нақ тізесіне әкеп тастады да Тұмарша бұрқылдатып нан илеуге кірісті (Б.Майлин, Шығ.).

Жарғақ бөрік. *Жарғақ теріден тігілген бас киім.* Кейін әкем ел-жұртын басқарыпты, (Қашанғы *ж а р ғ а қ б ө р к і* тасталыпты.). Жағасында жылғаның бұзылған там, Ғұмырым осы жерден басталыпты (М.Мақатаев, Шығ.).

Жарғақ тон. *Құлын я ешкі терісінен тігілген тон.* Бүртік-бүртік ыстық жас *ж а р ғ а қ т о н н ы ң* омырауынан сырғанай бастады (Б.Майлин, Шығ.). Өңкей қаптал шапан, *ж а р ғ а қ т о н,* шекпен киген кең қолтық қыр қазағының арасында Нұғыман көзге оқшау шалынады (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Түн қоюлау тұманданған, Қой шетіне барды қиял. Отыр қойшы, *ж а р ғ а қ т о н д ы* Барып қолын алды қиял (О.Шипин, Дастан.).

Жарғақ шалбар. *Құлын я ешкі терісінен жұқа етіп иленген, түгін сыртына қаратып тігілген шалбар.* Бұтында күміс зермен өрнектеп, құлын терісінен тіккен *ж а р ғ а қ ш а л б а р ы* бар (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Қараш үстіне анау-мынауға жыртылмайтын *ж а р ғ а қ ш а л б а р,* жеңсіз күртеше киіп алыпты (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

Құлын жарғақ. *Жұқалау етіп иленген құлын терісінен тігілген тон.* Қасқыр ішігі, *қ ұ л ы н ж а р ғ а ғ ы* болса, неге кимесін? (Д.Әбілев, Баянауыл.).

ЖАРҒАҚ[2] з а т. а н а т. *Құлақты сыртқы әсерден қорғайтын жұқа, тербелмелі, нәзік қабыршақ.* Құлақтың *ж а р ғ а ғ ы* жарылса немесе тесілсе, оның серпімділігі өзгеріп, адам кейбір дыбыстарды шала естиді (К.Әбдіғапаров, Қызық. физ.). Құлақтың ішкі дабыл *ж а р ғ а ғ ы* зақымға ұшыраса, оны өте жұқа пластмасса пленкалармен ауыстыру оп-оңай (С.Мұқанов,

Естімеген.). Сыртқы қабақ астында бір-біріне тығыз жататын екі нәзік *ж а р ғ а қ* болады (Қ.Нұрматжанов, Гистология.).

ЖАРҒАҚ[3] с ы н. **1.** *Еті арыған, арық, қатпа, жұқалау келген.* Жаман шапанды, *ж а р ғ а қ* шалдан не сөз шығушы еді деген боларсыңдар (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). **2.** а у ы с. *Қысқа.* Қонақтың да өзінің, Құлақ ұшы қызарды. Жимады бір езуін, *Ж а р ғ а қ* тілі ұзарды (А.Шамкенов, Сырларым.).

Жарғақ бас. *Шашы сирек, тақыр бас.* Ал бұғалтырымыз болса, *ж а р ғ а қ б а с,* шала сауат сорлы, бар болғаны, мына тұрған миллионға дейін ғана сан біледі екен (О.Әубәкіров, Сиқыр). Ауыл аралаудан басқа тірлігі қалды ма, сірә, сол *ж а р ғ а қ б а с т ы ң* (Т.Иманбеков, Үш ай.). Қамын ойлап халқының, *Ж а р ғ а қ б а с ы* жар кешкен (Б.Тәжібаев, Жүріп келем.).

Жарғақ бас жұртшы. з о о л. *Басы тықыр сыңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Ж а р ғ а қ б а с ж ұ р т ш ы,* саржақ су бүркіттер, Құмайдың қоғамында құдасындай. Лашын, түйғын, тұнжыр, тынар, мықи, ителгі, бәрпі, қырғи, құр, тұрымтай (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жарғақ бет. *Сүйегіне жабысқан, етсіз жұқа бет.* Оған тізелес орналасқан үкі көз, *ж а р ғ а қ б е т* сары әйел де манадан үнсіз, әзер шыдап отырса керек (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.).

Жарғақ құлағы жастыққа тимеді. *Зыр жүгірді, тыным таппады.* Жас жігіттің *ж а р ғ а қ қ ұ л а ғ ы ж а с т ы қ қ а т и м е д і,* күн-түн отар соңында болды (С.Әлжіқов, Дала.). *Ж а р ғ а қ қ ұ л а ғ ы ж а с т ы қ қ а т и м е й т і н* еңбекқор малшы әлі күнге дейін табиғаттың төлкегінен шыға алмай отыр (М.Дүзенов, Әке.). Екіншіден, тон келте, қол қысқа болған соң, *ж а р ғ а қ қ ұ л а ғ ы ж а с т ы қ қ а т и м е й д і,* кемпір-шалды асыраймын деп, жазы-қысы тізесін бүкпейді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). *Ж а р ғ а қ қ ұ л а ғ ы ж а с т ы қ қ а т и м е й,* анаған бір, мынаған бір айта жүреді екен. Өлкеге шейін жазады екен (С.Төлегенов, Әңгім.).

Жарғақ құлақ. *Шеміршегіне ет бітпеген, қағаздай жұқа құлақ.* Үш жағы қылшықтылау *ж а р ғ а қ қ ұ л а ғ ы* жалбаң-жалбаң етіп, әлсін-әлсін артына қарайды (Б.Соқпақбаев, Аяжан.). Жыпық көз, *ж а р ғ а қ құ л а қ* қулық-сұмдықтан аулақ сықылды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Бұл баланың ауысқан-ау есі мүлде, *Ж а р ғ а қ құ л а қ* ешкісі де жоқ еді ғой есігінде! (М.Шаханов, Қасырлар.).

ЖАРҒАҚҚАНАТТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. hymenoptera> *Екі жұп қанаттары мөлдір, жарғақ болып келетін жәндіктер класының отряды. Ж а р ғ а қ қ а н а т т ы л а р д ы ң* 15 мыңнан 300 мыңға тарта түрі бар (Қаз. тілі термин. Биология). Төменгі сатыдағы *ж а р ғ а қ қ а н а т т ы л а р д ы ң* ауыз қуысы кеміргіш типті, жоғарғы сатыдағыларының ауыз қуысы кеміріп жалағыш немесе сорғыш типті болады (ҚҰЭ). *Ж а р ғ а қ қ а н а т т ы л а р ғ а* жататын ара, балара, соналар да алдыңғы қанаты артқы қанатымен тіркескен (Ж.Әбиев, Биология).

ЖАРҒАҚТАЙ с ы н. *Жарғақ сияқты, жарғаққа ұқсас.* Қойшы да тұтқыштай қара, *ж а р ғ а қ т а й* ысқаяқ, кір тон-дамбалдан басқа лыпа жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұны естігенде Кембілдің құйқа тамыры шымырлап, отқа түскен *ж а р ғ а қ т а й* жиырылатын (А.Хангелдин, Қараторғай). Жалынға күйген *ж а р ғ а қ т а й,* Көрсе де күнде сиқымды, Бригадир келіп тақ атпай, Бұзады тәтті ұйқымды (М.Құрманалин, Аспан).

ЖАРҒАҚТАН[1]= е т. *Ақ жаңқаланып жарылу, терісі майсыздану.* Жұмсақ, қою шашын *ж а р ғ а қ т а н ғ а н* алақанымен сипай отырып, біртіндеп сөз тартып білген (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қонышы атқа мінгеннен-ақ *ж а р ғ а қ т а н ы п* қалған етігінің тұмсығын сабанның сабағымен ұрғылап қойды (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық). Бет терісі құрғақ, *ж а р ғ а қ т а н ы п* кететін адамдарға «Алоэ» кремін жағу ұсынылады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЖАРҒАҚТАН[2]= е т. **1.** *Үні табиғи шықпау, жарықшақтану.* Астапыралла, бұ нең тағы! Қайда жиналдың байғұс-ау, – деді ол даусы *ж а р ғ а қ т а н а* шығып (Д.Исабеков, Мазасыз.). Әділеттің даусы бәсеңдеп, *ж а р ғ а қ т а н ы п* естілді (Р.Сәрсенбаев, Өмір сүр.). **2.** ж е р г. *Жарақаттану.* Сәби сезім *ж а р ғ а қ т а н ы п* қалғандай, шұбарланған күйге ұшырады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

ЖАРҒАҚТАНДЫР= е т. *Құрғату, майсыздандыру.* Күн көзінде көп жүріп терісін *ж а р ғ а қ т а н д ы р ы п* алды (Ауызекі).

ЖАРҒАҚТАНДЫРУ *Жарғақтандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дауысты *ж а р ғ а қ т а н д ы р у.*

ЖАРҒАҚТАНУ *Жарғақтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Терінің *ж а р ғ а қ т а н у ы.*

ЖАРҒАҚТЫ с ы н. *Жарғағы бар, жарғақ киген.* Есіктен әрең сыйып, қара *ж а р ғ а қ т ы,* мұрт-сақалын, қас-қабағын қырау басқан еңгезердей біреу кірді (Д.Әбілев, Арман.). Жау тонаса, жарымас *ж а р ғ а қ т ы ғ а,* Ғазиз айтсам жарасар салмақтыға. Бозбала, саған айтқан өсиетім: Жолама сасық қолтық күн қақтыға! (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАРҒАҚША з а т. б и о л. <лат. membrana> *Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының сыртын қаптап тұратын өте жұқа қабықша. Ж а р ғ а қ ш а* арқылы клеткаға су, оттек, азот

және көмірқышқыл газы өтеді (Қаз. тілі термин. Биололгия).

ЖАРҒАНАТ з а т. з о о л. <лат. vesper tilioidei> *Жарғақ қанатты, түнде ұшып, ұсақ жәндіктермен қоректенетін, сүтқоректілерге жататын кішкене жәндік.* Тоты құс *ж а р ғ а н а т қ а* пенде бопты, Бұқарым, айтар мінің осы-ақ екен (Үмбетей жырау, Толғау.). Дәл құлақтың түбінен зу етіп *ж а р ғ а н а т* ұшып өтті (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Кешқұрым ұшып жүрген *ж а р ғ а н а т* бұтаққа қонақтап отырған торғайды қанатымен қағып оятып жіберді (А.Сарбөпин, Алақарға.).

Итбас жарғанат з о о л. *Жарғанаттың бас пішіні итке ұсқас келетін түрі.* Бірінші сыңары сыртқы пішінін, ерекше қасиетін бейнелі сипаттайтын мәндік атаулары сақиналы құртжылан, үлкен көз кесіртке, аю жылан, *и т - б а с ж а р ғ а н а т,* т.б. («Тілтаным»).

ЖАРҒАНАТТАЙ с ы н. **1.** *Жарғанат сияқты, жарғанат секілді.* Ойпаңға қарай құлдырап түсіп келе жатқан келіншек бозшулан мақұлықты көзі шалып, тік жарға *ж а р ғ а н а т т а й* жабыса қалды (А.Мекебаев, Жезтырнақ.). **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Бәтуасыз, тұрақсыз, сенімсіз.* Оны *ж а р ғ а н а т т а й* Жәлеләддин қарсы алды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Бірақ Нақыш қосылған соң да, дабырайып атағы қатты естілген соң оны жанына келгенде, *ж а р ғ а н а т т а й* бірдеме болып шықпаса игі еді деп күмәнданып жүрді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАРҒАНАТША үс т. *Жарғанат тәрізденіп, жарғанатқа ұқсап.* Жаялықша жалпиған, *ж а р ғ а н а т ш а* қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ қора (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мен бір үйді паналап, оның тасасында *ж а р ғ а н а т ш а* жабысып тұрмын (Б.Момышұлы, Москва.). Жұрт көзбен байқайтынды мен *ж а р ғ а н а т ш а,* сезіммен ұстаймын (Р.Тоқтаров, Терістік.). Қомыт үзікке *ж а р ғ а н а т ш а* жабыса түсті Нағым (А.Жүнісов, Өмір.).

Жарғанатша ою. қ о л ө н е р. *Жарғанат бейнелі ою-өрнек.* Тоқымдарға, керегелерге салатын *ж а р ғ а н а т ш а о ю л а р* үйқысыздықтың, түн дегеннің белгісі болған («Лен. жас»).

ЖАРҒАУЫТ с ы н. с ө й л. ***Жарлауыт.*** Қала беттегі *ж а р ғ а у ы т* жиекке бекініп алған жау қатты қарсыласты (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖАРҒЫ[1] з а т. **1.** з а ң. к ө н е. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы. Ж а р ғ ы* негізінен, хан тарапынан бекітілген шешім болғандықтан, ол бүкіл хандық аумағында орындалуға тиіс болды (ҚҰЭ). «*Ж а р ғ ы*» термині қазіргі кезде «устав» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр (ҚҰЭ). Хан кеңесінің шешіміне екі *ж а р ғ ы* қойды (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** қ ұ қ ы қ. *Заңды тұлғаның құқықтық жағдайын, қарым-қатынасын реттейтін ережелер мен шарттардың жиынтығы болып табылатын нормативтік-құқықтық акт. Ж а р ғ ы н ы* меншіктенуші бекітеді (Қаз. тілі термин. Экономика.). Белгіленген *ж а р ғ ы* міндетті түрде Әділет министрлігінің тиісті басқармаларында тіркеліп, заңды тұлғаның қызмет істеуіне рұқсат етілгендігі туралы куәлік беріледі (ҚҰЭ). *Ж а р ғ ы* заңды тұлғаның құқықтық жағдайын, ішкі басқарылуын, құрылымын, қаржыландырылуын, лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін және өзге заңды тұлғалармен, мемлекеттік органдармен қарым-қатынасын айқындайды (ҚҰЭ). **3.** д і н и. с ө й л. *Шарғы (шариғат заңы).* Имам болған бір арықша ұзын шал шариғаттың бүгінгі намазға арналған *ж а р ғ ы с ы н* сайрай бастады (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар.). Ағайын арасының алауыздығына мән бермей, исі қазақтың *ж а р ғ ы с ы н а* түсіп, жоғын жоқтағысы келеді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

Жеті жарғы. з а ң. э т н. *Қазақ хандығын билеген Тәуке хан заманында ұлы билер – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билердің т.б. қатысуымен ел ішіндегі құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін заңдар жинағы.* Ол бас билермен кеңесе отырып, «*Ж е т і ж а р ғ ы* әдет заңдарын шығарған. Тәуке осы заңдары арқылы барлық тайпа мен ру ұранын атап, таңбасын белгілеген», – деп көрсетеді («Парасат»).

Жарғы капиталы. э к о н. *Құрылатын кәсіпорынның активтеріне құрылтайшылар салған салымдардың құны. Ж а р ғ ы к а п и т а л ы* фирма балансында оқшау есептеледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАРҒЫ[2] з а т. ж е р г. *Ағаш кесетін ара.* Бұтақ ағаш *ж а р ғ ы ғ а* да қиын кесіледі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРҒЫЗ= е т. **1.** *Ішін тіліп, ақтарғызу.* Аттарды қасқырға *ж а р ғ ы з ы п* алма! – деді Халуа жатарда Сартанға (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Ауруға шалдығып, осы ауылдың қайсыбір балалары ішін *ж а р ғ ы з ы п* жатқан көрінеді (Т.Нұрмағамбетов, Қош бол.). **2.** *Бөлдірту, жардырту, кестірту.* ≈ Ағаш *ж а р ғ ы з у.*

Бүр жарғызды. *Бұрлетті, гүл жарғызды.* Гүлдеттің... солады ғой енді ана гүл. Осылай *б ү р ж а р ғ ы з ы п* солдыратын, Содан соң ұйықтататын кең дала бұл (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАРҒЫЗУ *Жарғыз етістігінің қимыл атауы.* Нұр сеуіп күн мейірін қанғызуда, Шешегін гүл раушан *ж а р ғ ы з у д а* (Т.Жароков, Таңд. шығ.).

ЖАРҒЫЛАС= е т. *Жарғыға жүгіну, заңдасу.* Жасып, жылап өлмей, *ж а р ғ ы л а с ы п,* адал арманыңды ақтап өл деген тәжірибелік сананы көрсетеді (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖАРҒЫЛАСУ *Жарғылас етістігінің қимыл атауы.* Тәкежан, Әзімбай, Майбасардай етбауыр жақындарымен үнемі *ж а р ғ ы л а с у д а н,* жаға жыртысудан жалықпайды екен (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖАРҒЫШ с ы н. **1.** *Қопарғыш, аударғыш.* Ең алдымен аммонит не динамит секілді тас *ж а р ғ ы ш,* көптеген оқ-дәрі табу керек (І.Есенберлин, Алтын құс). **2.** а у ы с. *Басбұзар, бұзақы.* Қайда барсаң оңбайсың, Ұшырарсың қарғысқа. Алдың бар да, артың жоқ, Шырақ жанбас *ж а р ғ ы ш қ а* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАРҒЫЛЫҚ с ы н. *Жарғы бойынша белгіленген, жарғыға сәйкес.*

Жарғылық қор. э к о н. *Кәсіпорынның негізгі қорлары мен айналым қаражатының, меншік иелері мен акционерлік қоғамдарға қатысушылар салымдарының жарғыда тіркелетін және тұрақты пайдалануы мен иеленуінде болатын сомасы.* ≈ *Ж а р ғ ы л ы қ қ о р* сомасы.

ЖАРҒЫШ з а т. **1.** к е н. *Дүмпіткіш капсюльді соғу не шаншып тесу арқылы жарылғыш заттың негізгі оқтамын жаруда қолданылатын құрылғы* (Қаз. тілі термин. Кен.). **2.** ә с к. *Оқ-дәріні әрекетке келтіру үшін қолданылатын құрылым. Ж а р ғ ы ш т а р* орнатылуы бойынша (артиллериялық снарядтар мен миналарға, ракеталар мен торпедалардың ұрыс бөлшектеріне, инженерлік және теңіз миналарына, авиабомбаларға және басқаларына) әрекет ету принципі бойынша (түйіспелі, арақашықтық, түйіспесіз, аралас әрекеттер), оқ-дәріде орналасу бойынша (басты, түпкі, бүйірлі, сапалы орналасу) және басқа белгілеріне қарап саралынады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖАРҒЫШАҚ з а т. **1.** *Қопарғыш, жарғыш заттардың әсерінен, не қатты соққыдан шашылған металл сынықтары.* Жаңағы төрт солдат гранаталардың жарылған қалың *ж а р ғ ы ш а ғ ы* ішінде түтінге оранып қала берді (Ж.Жұмақанов, Солдат.). Бактериялық құралдар толтырылған қару жарылған кезде гүрс еткен дауыс естіледі, одан ірі *ж а р ғ ы ш а қ т а р* шашырайды (Мұны білуге тиіс). Мәселен, Аризон (Солтүстік Америка) кратерінің диаметрі 1 200 метр, тереңдігі 175 метр. XIX ғасырдың соңында аумағы 10 километрден аса кратерден 20 тоннадан астам метеориттің *ж а р ғ ы ш а қ т а р ы* табылған (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). **2.** *Жарғыш, қопарғыш зат.* Мына поезд *ж а р ғ ы ш а қ т а р* көмілген жерге жақындады (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). // *Өткір, жалама.* Қылыштың қырындай құлама жар, *ж а р ғ ы ш а қ* тасты құз-қия қатпарланып, тым сұсты көрінді (Адам және химия). **3.** *Жарықшақ, сынған, шытынаған жер.* Терезелер суықтан жарылып, *ж а р ғ ы ш а қ т а р д а н* ызғырық гулеп тұратын (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Ұясын жарқабақтардағы *ж а р ғ ы ш а қ т а р ғ а,* індерге, тастан салынған құрылыстардың қуыс-қуысына салады (Ж.Төреходжаев, Қанатты достар.). // ***Жарықшақ*** *(дауыс).* Бір қиырдағы ән сарыны іспетті келіп түрса, қазір жуан *ж а р ғ ы ш а қ* қалпында құлаққа ұрады (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.). Алыстан шыжалақтаған шәукілдектің *ж а р ғ ы ш а қ* үнінен өзге бөтен дыбыс жоқ (С.Санбаев, Ару-ана).

ЖАРҒЫШАҚТА= е т. *Жарғышақ жасау, айыру.* Телу тәсілінің мынадай түрлері бар. Қабық астына телу, *ж а р ғ ы ш а қ т а п* телу, беттестіре телу (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАРҒЫШАҚТАЛ= е т. *Жарқышақталу, сызаттану, тарғылдану.* ≈ *Ж а р ғ ы ш а қ т а л ғ а н* жер.

ЖАРҒЫШАҚТАЛУ *Жарғышақтал етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а р ғ ы ш а қ т а л у* себебі.

ЖАРҒЫШАҚТАН= е т. **1.** *Сызаттану, жарқышақтану, тарғылдану.* **2.** *Үні табиғи шықпау, жарықшақтану.* – Иа-а-а, әруақ, – деді толғақ қысқан әйел даусы *ж а р ғ ы ш а қ т а н ы п* (Ш.Мұртазаев, 41-ші жыл.). – Жолдастар, – деді Балықбай даусы *ж а р ғ ы ш а қ т а н ы п,* оқыс шықты (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖАРҒЫШАҚТЫ с ы н. **1.** *Жарғышақтанып шыққан (үнді).* Таң алды еді, жолаушылар, Қар жамылған тапты ауылды. *Ж а р ғ ы ш а қ т ы* үн тартқан шұбар, Тоңған төбет жатып үрді (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). **2.** а у ы с. *Жік салатын, араларын ашатын.* Солайша бұлардың араларының қандай екендігін байқап, бір-бірінің көңіліне *ж а р ғ ы ш а қ т ы* сызықтар салып, өзіне түсер бар ма, оны да аңдиды (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАРДАЙ[1] с ы н. **1.** *Жар сияқты, жарға ұқсас.* Аққөңіл Сүгірәлі опырылып құлаған *ж а р д а й,* біржола құлап түсті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Толқын ұрған *ж а р д а й* қып Жасаңсытпа жанымды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Мұң шегеді Жүрегіңе нардай боп. Кім сенеді Жығылса ер *ж а р д а й* боп. Мұң жығады, Мұң жығады батырды. Қынжылады Түсінбесе ақынды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** а у ы с. *Семіз, толық, жуан.* Құдыққа түсіп кеткен *ж а р д а й* тайлақты екі өркешінен жалғыз өзі көтеріп, сүйреп тартып [Оспан] алғаны да бар (М.Әуезов, Шығ.). Қырмызы бетінен нұры тамған ақ сары, *ж а р д а й* әйел еді, қазір сылынып-ақ қалған (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). *Ж а р д а й* Абақ кішірейіп, бүрісіп қалыпты, көзі шарасынан шығып... бүрсеңдеп кетіп барады

(Ә.Тарази, Асу.). Сонан соң *ж а р д а й* денесін орнынан ауыр қозғап атып тұрды (Қ.Зәкенов, Жанартау).

Екі өркеші жардай. *Өркештері ірі, семіз. Екі өркеші жардай,* қоңы төңкерілген астаудай, бірдеңемен түртіп қалсаң болды, жарылып кеткелі тұр (А.Лекеров, Өмір оты.).

Жардай атан. *Жардай болып семірген атан.* Шөгіп қалған бір тайлақ *Ж а р д а й а т а н* болған жер. Жатып қалған бір тоқты мың қой болып өрген жерімді әсерелеймін (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жазғытұрымғы *ж а р д а й а т а н д ы* жығар қызыл жел күн шығысымен-ақ байланып қалғандай әлі соғып тұр (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

Жардай болып семірді. а) *Қоңданды, әбден семірді.* Биыл жер отты ғой, қойлар қатты тойынып, *ж а р д а й б о л ы п с е м і р г е н* (О.Бөкеев, Қайдасың.). Түйе жердің оты мен суына *ж а р д а й б о л ы п с е м і р е д і* (Қаз. ертег.). ә) *Әбден толысты, жуандады.* Бұл бухгалтер алдыңғы жылы өгізден құлап өлген Тотайдың атынан ақша алып, әбден *ж а р д а й б о п с е м і р д і* («Қаз. әдеб.»).

ЖАРДАЙ[2] с ы н. *Сүйікті жұбайындай.* Ата-бабаның ізі қалған, солардың зираты қалған жер оған анадай ыстық, *ж а р д а й* қымбат (Қ.Сегізбаев, Ашыл. сыр.). Әр жолдан жас адамның Отанға деген отты махаббатының, өмірге *ж а р д а й* ғашықтық сезімінің лебі есті (С.Мәуленов, Жер нәрі). *Ж а р д а й* күтем зарығып жаңа күнді, Шығатұғын қақжарып қара түнді. Бір ауыз сөз жаныма қанат байлап, Бір ауыз сөз қияды қанатымды (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАРДАМ з а т. ж е р г. ***Жәрдем***. Айтамын осы сөзді өкпем бардан, Жаманнан жақсы іске болмас *ж а р д а м,* Зұлымдықпен Ташкентті сұрап өткен, Ыбырат алмақпысың Құдиярдан? (Айтыс).

ЖАРДАУЫТ з а т. с ө й л. ***Жарлауыт.*** Сөйтіп жағаға жақындаған түста бір *ж а р д а у ы т қ а* кездеседі (Тербеледі тың.).

ЖАР-ДОС з а т. *Бірге жүрген, өмірлік досжаран.* «Асуда әлдекандай болармыз?» – деп, *Ж а р-д о с қ а* бұл наз – күйірке күңкілдей-ақ. Ауыр күн мұнан артық не болады, Зор дауыс саһардағы сұңқылдай-ақ? (О.Шораяқов, Шайыр). Жалынып *ж а р-д о с ы м а* жан қинасаң – Қылышын жарандардың серметейін! Ерігіп ерегіске ие болып, Дегенің: «Азып-тозып кер кетейін» (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАРДЫ: **жүрек жарды берді**. *Шын қуанғандық білдірді, сый-сияпат көрсетті.* – Бауырың әскерден келді деп келген көршісіне *ж ү р е к ж а р д ы с ы н б е р д і* («Лен. жас»).

Жүрек жарды жасады. *Қуанышына той жасады, ас-су берді.* Балаң оқуға түсті, енді қашан *ж ү р е к ж а р д ы ж а с а й с ы ң?* («Қазақст. мұғ.»).

Жүрек жарды қуаныш. *Қуанышқа кенелді, шаттыққа бөленді.* – Әуелі Алтынай берерін атасын. Сонсоң айтам. Тегін айтар жақсылық емес. *Ж ү р е к ж а р д ы қ у а н ы ш* (Ғ.Сланов, Асау арна).

ЖАРДЫР= е т. **1.** *Жарғызу, жарақаттау.* Ұрыссаң, ханым бізге өкпелер деп, *Ж а р д ы р ы п* ап бастарын қайтып келді (Қозы Көрпеш.). Суһрап еді өмірлік жан жолдасым. Оны алдап Рүстемге ұрыстырып, *Ж а р д ы р ы п* бүйірін, жойдың басын (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** *Тілгізу, бөлдіру.* Жерді қоныс демеді – Елек пенен Жайыққа Қайтарусыз қонбаса. Тоғайды тоғай *ж а р д ы р ы п* Малды нуға салмаса (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖАРДЫРУ *Жардыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бас *ж а р д ы р у.*

ЖАРЕУКЕЛЕН =е т. ж е р г. ***Жағыну***. Мен біреуге ақырып, біреуге *ж а р е у к е л е н і п* жүретін шеннің адамы емеспін (А.Жүнісов, Өмір.).

ЖАРЕУКЕЛЕНУ *Жареукелен етістігінің қимыл атауы.* Ол *ж а р е у к е л е н у д і* ұнатпайды (Ауызекі).

ЖАРЖАҚ с ы н. с ө й л. ***Заржақ.*** Қолдың арт жағынан бәдәуи *ж а р ж а қ т ы ң* әні естіледі (Д.Досжанов, Тұлпар.). Хан жаршысы болыпты талай *ж а р ж а қ,* Ханды мақтап жырлаған елді қарғап (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

ЖАР-ЖАПСАР з а т. *Шекара, шет жақ.* Жау айбынар досым жоқ, *Ж а р-ж а п с а р д а* қасың бар, Жылайсың да шыдайсың (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАР-ЖАР [ир. يار يار]. з а т. ә д е б. э т н. **1.** *Қыздың ұзатылатын тойы аяқталып, аттанар алдында орындалатын қазақ халқының тұрмыс-салт жырларының бірі.* Әдетте, *ж а р-ж а р д а* дәстүрлі қоғамның адамгершілік ұстанымы жырланады, оның мәтініндегі қалыптасқан дүниетанымды бұзатындай жаңа шумақтар сирек болады (ҚҰЭ). Кезектесіп, көп дауыспен айтылатын *ж а р-ж а р* табиғатында ойын-сауықтық сипаттар басым болады да, оның орындалу мәнері дала сахнасындағы театрландырылған көрініс телестетеді (ҚҰЭ). Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл, Қыз таныстыр, қызыққа жүрт ыржаңшыл. Қынаменде, *ж а р-ж а р* мен беташар бар, Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл? (Абай, Тол. жин.). Көп қыздар *ж а р-ж а р* айтып, салды төсек, Ұрын келген күйеуге қылып есеп. Қыздардың сонда айтқан *ж а р-ж а р ы* осы, Шала болар, баян қып сөйлемесек (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Жар-жар тұрмыс-салт жырының екі жолы айтылғаннан кейін тойға жиналған қауымның жас жұбайларды*

көтермелеп, хормен, бәрі бірге дауыстап айтылатын қайырма сөзі. Осы өмірге лайық, семья құрып, *ж а р-ж а р,* Келеді әне екі жас, топты жарып *ж а р-ж а р* (Қаз. әндер.).

ЖАР-ЖАРАҚ з а т. ж е р г. *Ойлы-шұңқыр жер.* Әулиеата, Шымкентте Бозадан басқа асы жоқ, *Ж а р-ж а р а қ т ы ң* астында, Күнге күйіп түскендей, Қыздарының шашы жоқ (Айтыс).

ЖАР-ЖОЛДАС з а т. с ө й л. ***Жора-жолдас***. Жалғыз емес *ж а р-ж о л д а с* Онда да бар, жар-жар. Көп зарланып жылама, Қайтіп адам болам деп. Шүкірлік қыл Аллаға, Артық сөзді қоям деп. Жақсы көрсе қайны атаң, Құрмет қылар «балам» деп. Өз баласы алған соң, Неге ойласын жаман деп (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖАР-ЖОРА з а т. ***Жора-жолдас***. Ел ішінде *ж а р-ж о р а* Достарыңнан бір сақтанғанда, мың сақтан (Ы.Алтынсарин, Таңд.).

ЖАР-ЖЫРА з а т. *Жарлауытты, жыралы жер.* Құрмаш қашып кетті деуге қимай, айналадағы *ж а р-ж ы р а л а р д ы* тегіс арылтты (М.Әуезов, Көксерек).

ЖАРИ[1] з а т. ж е р г. *Түпқазы.* ≈ *Ж а р и* дәрежесі.

ЖАРИ[2] с ы н. с ө й л. *Жария.* Елші болып пайғамбар келді бастап, Дүзеткен хақ Мұхаммед дінді қоштап. Солардан асыл ғалам *ж а р и* болған, Төрт жар мен он екі имам жүмлә асхаф (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖАРИЯ[1] [ар. جهرى] с ы н. **1.** *Көпке таныс, белгілі, мәлім.* Аты елге *ж а р и я,* Оңтүстікте шоқы бар, Сұрай қалсаң, қария: – Осы дейді Отырар (С.Мәуленов, Найзағай). Ұлымын қария, Мен саған борыштымын бұл дүниеде, Егер де бола қалса жырым *ж а р и я* (М.Әшірбеков, Кербез.). Қалай да жақсының ісі көпке *ж а р и я* деген емес пе? (Абзал жандар). **2.** *Ашық, айқын, әйгілі.* Сауда-саттықпен шұғылданып жүрген жұрттың *ж а р и я* газетке назар аудара қоюы екіталай еді (М.Танекеев, Қажымұқан). Бір кезде Базар едім халық ішінде, Жоқ еді кеңесімнің қалпы ішінде. Тыңдатып халыққа *ж а р и я* лебізімді, Дегізген «бәрекелді!» шаршы ішінде (Базар жырау, Шығ.). // к ө н е. *Жарнама, хабарлама.* Сонда хан ойланып отырып, бұл ұрының оңай ұры емес екендігін біледі де, мынадай *ж а р и я* шығарады (Бозінген). // *Бүкіл әлем, жан-жақ. Ж а р и я ғ а* ғафу етті қылғандығын, Тұғырға шаршап-шалығып қонғандығын. Теңгеру қағаз салды падишаға, Қызығы раушансыз болып шығын. Бір күні дуэльменен бұйырыпты, Биопа қайырсыздық тапты ығын (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жария берді. ж е р г. *Хабар берді, хабарлады.* Өйтсе де ол *ж а р и я б е р і п* жатыр екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жария болды. *Мәлім болды, белгілі болды.* Біреуінің жаман аты *ж а р и я б о п* қалса, Барлығына бірдей түскен ауыр жүк (М.Әшірбеков, Кербез.). Бастағы «бағалының» базары айнып, Бақсының секілденді құр қобызы. Большевик бастап алға еңбекшіні, Жаһанға *ж а р и я б о л д ы* білім тұзы (О.Шораяқов, Шайыр). Кетті ақын ғасырларға *ж а р и я б о п,* Жыр-өзен ақты шалқар дария боп. Әнші, ақын болмаса да заты қазақ, Абайдың әнін салмас жанұя жоқ (К.Салықов, Жезкиік).

Жарияға жар салды [салынды]. *Бәріне хабарлады.* Бағанағы қылжақпас жас жауынгер – комиссар келді! – деп *ж а р и я ғ а ж а р с а п* қойған сияқты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бірден бұған ислам кінәлі деп *ж а р и я ғ а ж а р с а л ы н д ы* («Егемен Қазақстан»).

Жария етті [қылды]. *Паш етті, әйгіледі, жариялады.* Омбыдан келген қағазды қазақ, орыс, ұйғыр кедейлеріне бірден *ж а р и я е т і п* жіберу керек еді (Қаз. тілі син. сөздігі). *Ж а р и я е т п е с* жан сырын, Таптырмас бір тасадай. Жалғыз өзі жасырын Жар күтеді жас Абай (С.Мәуленов, Алыс кет.). Мұнымды *ж а р и я ғ ы п* мойнына алып, ешкімге жалынбаймын, кеш деп ақтап. Жел жұлған жапырақтай ұшып келіп, Күн түспес күңгірт жерде солдым семіп (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жария етілді. *Хабарланды, айтылды.* Бұл станцияның маңызы кезінде жеткілікті *ж а р и я е т і л г е н і* өздеріңізге аян (Ә.Нұршайықов, Алтын соқпақ.).

Жария қылу. *Жариялау, мәлімдеу.* Қазақтың қамқорлары тезінен комиссиясын жасап, автономиясын *ж а р и я қ ы л у ғ а* асығар деп білеміз («Абай»).

Жария сауда-саттық. э к о н. *Халықаралық сауда-саттық түрі. Ж а р и я с а у д а-с а т т ы қ* өткізу кезінде тендер комитеті қатысушы фирмалар мен консорциумдардың көз алдында ұсыныстарды ашып, олардың негізгі шарттарын оқиды және тапсырысты кімнің алғаны туралы мәліметтерді баспасөзде жариялайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАРИЯ[2] з а т. ж е р г. *Су тасқыны.* ≈ *Ж а р и я* болды.

ЖАРИЯ[3] з а т. к ө н е. *Қызметші қыз.* Қасына *ж а р и я л а р* ертіп шығып, Жар екен көңіл ашар оңашада (Жүсіп-Зылиқа). Деді де, бір шынжырды қалды тартып Сол еді шақырушы хабар айтып. Қырық ханша, келіпті мың *ж а р и я,* Бұларға тағзым етті бойы балқып (Ә.Найманбаев, Таңд.). Хаузаға *ж а р и я л а р* да жетті дейді, Үстінен киімдерін шешті дейді (Бабалар сөзі// Хикаят дастан Хатымтай). Шам жағып жақынырақ келді бұлар, шам алдында жүр екен сұлу ділбар. Ділбардың атырабын орап алған, Жанында жүр биқисап *ж а р и я л а р* (Бабалар сөзі// Хикаят дастан Хатымтай).

ЖАРИЯЛА= е т. **1.** *Мәлімдеу, хабарлау.* Советтердің II съезі бүкіл билікті Советтер қолына алғанын *жариялады* (Ә.Исмағамбетов, Жайық.). Сол екі арада оқудың басталғанын *жариялап,* мектеп дәлізінен қоңырау соғылды (С.Омаров, Өмір.). **2.** *Жарыққа шығару, кітап қылып бастыру.* Бұлар да бір-бірден сатиралық өлеңдер жинағын *жариялады* (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Отан соғысынан кейінгі дәуірде екі үлкен повесть *жариялады* (F.Мүсірепов, Суреткер.).

Алғыс жариялады. к і т. *Біреудің ерекше жақсы ісі үшін көп алдында ресми түрде атады, мадақтады, газет бетіне жариялады.* Біте алмас ел *алғысын жариялап,* Газеттер басқанымен жалғасында (С.Мәуленов, Өлеңд.). Ерекше көзге түскені үшін отряд командирі Серік Мергенбаев пен Борис Савченкоға партизандар сапы алдында *алғыс жариялады* (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Ашық деп жариялады. к і т. *Жиналыс, құрылтай барысының басталғанын арнайы, ресми түрде хабарлады.* Сәлмен алдындағы судан бір ұрттап алды да, жиналысты *ашық деп жариялап,* ауданнан келген жас жігітке сөз берді (Б.Тілегенов, Аққайнар.).

Жариялап алды. *Сырын ашып қойды, мәлімдеді. Жариялап алдың* ғой Жағымпаздық құлқыңды. Тірідей-ақ өлдің ғой Толтырам деп құлқыңды (Ж.Өмірбеков, Ана.).

Сөгіс жариялады. к і т. *Тәртіп бұзғаны үшін, жағымсыз іс-әрекет жасағаны үшін көп алдында ресми түрде сөкті.* Сол түні батальонның ат қорасындағы күзетшінің ұйықтап қалғаны үшін *сөгіс жариялаптты* (Б.Момышұлы, Москва.). Партия жиналысы Григорийдің жөнсіздігін бетіне басып, оған қатал *сөгіс жариялады* (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі).

Үзіліс жариялады. к і т. *Жиылыс, жиналыс, той-дүрмектің ресми өту барысы тамақтану т.б. үшін сәл уақытқа тоқтатылатыны туралы айтты. Үзіліс жарияланғанда* Батырбек теңселіңкіреп түрегелді (А.Жақсыбаев, Егес).

ЖАРИЯЛАН =е т. *Баспасөз бетіне шығу, басылу.* Газет, журналдарымызда театр өнерінің теориялық мәселелеріне арналған мақалалар өте аз *жариялананды* (Қ.Нұрмаханов, Дос.). Оның жұмыс тәжірибесі орталық «Правда» газетінде де *жариялананды* (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жау бетке – білектімізді, дау бетке – біліктігімізді жұмсаған халықпыз деген сөзін асқан ризалықпен «Егемен Қазақстанда» *жарияланған* мақаласына арқау етіпті («Егемен Қазақстан»). Әйткенмен жүйелі түрде *жариялананатын* ой-толғамдардың арасында сөз етіп отырған мәселені нақты әрі тереңдеп жазу жағы жетіспейтіндігі де айтылды («Егемен Қазақстан»). Сөйтіп, Пеһлевидің Қонаевпен кездесуі, оның алыста жүрген бауырларына сәлемі баспасөз беттерінде *жариялаңып,* ақсақалдарды шах сарайына шақыру хаты келіп түседі («Егемен Қазақстан»).

Жарияланған капитал. э к о н. *Серіктестіктің, фирманың, акционерлік қоғамның құрылтайшылық құжаттарында көрсетілетін жарғылық капитал. Жарияланған капитал* – заңды тұлға құрылған кезде құрылтайшылар белгілеген шама (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Конкурс жарияланды. к і т. *Шығармашылық жұмыстардың ішінен таңдаулы туындыларды іріктеу үшін баспа бетінде жарыс, бәйге болатыны жөнінде ресми түрде арнайы хабарланды.* Октябрьдің 50 жылдығына арналған таңдаулы пьесаларға *конкурс жарияланды,* бұл – жұмысты бірсыпыра жандандырды («Қаз. әдеб.»).

Үзіліс жарияланды. к і т. *Жиналыс, той-дүрмектің ресми өту барысы сәл уақытқа тоқтатылатыны туралы хабарланды.* Бірақ қас қылғандай қоңырау даңғырлап, *үзіліс жарияланды* (З.Қыстаубаев, Бәйтеректер).

ЖАРИЯЛАНДЫР= е т. *Әйгілендіру, хабарландыру, мәлім еттіру.* ≈ Елге *жарияландырды.*

ЖАРИЯЛАНДЫРУ *Жарияландыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шындықты *жарияландыру.*

ЖАРИЯЛАНУ *Жариялан етістігінің қимыл атауы.* Қабырға газетінде *жариялануға* тиісті мақалалардың тізімін жасады (С.Омаров, Өмір.).

ЖАРИЯЛАНЫМ з а т. *Баспа бетінде жарияланған материал.* Қазақстан Орталық партия Комитеті мен Үкіметінің 1956-1957 жылдарда мәдени мұраны игеру, қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, қазақ тілін оқытудағы кемшіліктерді түзету жөніндегі үш қаулысының шығуына тікелей қозғау салған *жариялаными дар* әдебиет газетінің бетінде жарық көрген («Қаз. әдеб.»).

ЖАРИЯЛАТ= е т. **1.** *Мәлімдеттіру, баршаға білдірту.* **2.** *Бастырту, баспаға беру.* Күнделік жазып жүргенін... қайта оралған соң, *жариялатпақ* екенін жиі жазады екен (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

Үзіліс жариялатты. *Жиылыс, жиналыс, той-дүрмектің ресми өту барысын қатысушылардың демалдыру үшін сәл уақытқа тоқтатты.* Әлгі ауданнан келген секретарь енді не істерін білмей, *үзіліс жариялатып,* ойға шомып тұр екен (К.Баялиев, Нөсер).

ЖАРИЯЛАТУ *Жарияла т етістігінің қимыл атауы.* Журнал бетінде *ж а р и я л а т у* (Ауызекі.).

ЖАРИЯЛАУ *Жарияла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Баспаға беру, бастырту.* Мен өзімнің қол- жазбаларымды «Куба әсерлері» деген атпен *ж а р и я л а у* ойымда бар (Б.Момышұлы, Шығ.). Соғыс жылдарда Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ауыз әдебиетінің жүз томдығын *ж а р и я л а у* ісіне кірісті («Қаз.әдеб.»). **2.** *Мәлімдеу, табу.* Сонымен қатар Республика Конституциясы Президентке заң жобасын қарауда басымдық беруді анықтауға, сондай-ақ заң жобасын жедел қажет деп *ж а р и я л а у ғ а* құқық береді («Егемен Қазақстан»).

Соғыс жариялау. с а я с и. к і т. *Бір елдің екінші елге агрессиясының басталғанын, соғыс бастағанын ресми түрде хабарлауы.* Тәуелсіздіктің он жылы ішінде байларға айналған бизнес ақсүйектері, тіпті мемлекеттік қызметтегі кейбір азаматтарымыз Үкімет пен Парламентті қорлай және бопсалай отырып, өз мемлекетіне ақпараттық *с о ғ ы с ж а р и я л а у ғ а* ұйғарды («Егемен Қазақстан»).

ЖАРИЯЛАУШЫ з а т. **1.** *Жар салып таратушы, хабарлаушы.* **2.** *Баспа бетіне шығарушы, бастырушы.* Россияның және шетелдердің талай өнерпаздары «Мың әнді» де, оны жинап, *ж а р и я л а у ш ы н ы* да жоғары бағалады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жырды халық аузынан жазып алып *ж а р и я л а у ш ы,* белгілі фольклоршы – Жүсіпбек Шайхолисламұлы, 1927 жылы Жетісу жерінде оған жолыққан едім дейтін Мұхтар Әуезов (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

ЖАРИЯЛЫ с ы н. **1.** *Белгілі.* Жасырын халықтың еткен ғамалы жоқ, Әркімнің болған халі *ж а р и я л ы* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** *Заңды.* Көріп отырғанымыздай, Жер кодексін әзірлеу мен қабылдау ұзақ, қарамақайшылықты, шиеленісті болды, сонымен қатар ол ашық, *ж а р и я л ы* және демократиялық сипатта болды («Егемен Қазақстан»). **3.** *Хабарланған, ашық.* Жарыстың нақты да, *ж а р и я л ы* түрі әсерлі де, табысты келетінін тәжірибе көрсетуде («Қазақст. әйелдері»).

ЖАРИЯЛЫҚ з а т. *Көрсетіп, бәріне білдіріп жасаушылық, ашық іс-әрекет.* Қараңғыны сүйетіндер жарықты сүймейді, ұрлап іс қылып үйренгендер, *ж а р и я л ы қ т ы* сүймейді («Қазақ»).

Жариялық сипат беру. э к о н. а) *Қандай да болсын актіге, әрекетке, шаруашылық операцияға т.б. заң күш беру.* ә) *Құжаттардағы қойылған қолдардың түпнұсқалылығын куаттау* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ з а т. **1.** *Ашықтық, мәлімділік.* Біз қызылшашылар арасындағы жаппай өрлеуге социалистік жарыстың *ж а р и я л ы л ы ғ ы н* қамтамасыз ету арқылы жетіп жүрміз (Ж.Бектепов, Қызылшашы.). Жұмысшылар комитеті осындай озат тәжірибені үнемі қолдап, жарыстың *ж а р и я л ы л ы ғ ы н* арттырып отырса, табыс ешқайда қашпайды (Т.Сұртаев, Сапасыз өнім.). **2.** с а я с и. *Кез келген қоғамдық мәні бар әрекет туралы ашық әрі толық ақпарат беру және оны көпшіліктің ашық талқылау мүмкіндігі бар демократия принциптерінің бірі.* Өйткені мұндай *ж а р и я л ы л ы қ* көптеген теріс түсініктерге жетелейтіндігі белгілі («Егемен Қазақстан»).

ЖАРИЯСЫЗ с ы н. **1.** *Хабарсыз, арнайы хабарланбаған түрде.* Жиналыс *ж а р и я с ы з* ақ басталып кетті (Б.Тоқтаров, Қыран.). **2.** *Үнсіз, тілсіз.* Тіл қатпай қадіріңді білдіретін, *Ж а р и я с ы з* жан-жүрекпен сүйдіретін, Жасырмай айтшы маған, Қаратөбем, Бар сенің қандай ғана құдіретің? (С.Сейітов, Жаңғырық).

ЖАРКЕЛЕҢ з а т. ж е р г. *Есалаң, жарымес. Ж а р к е л е ң* біреу ғой (Ауызекі.).

ЖАРКЕЛЕҢДЕ= е т. ж е р г. *Жырбаңдау, жалбаңдау.* Өз айналасында бұрынғы ашуайбары да жоқ. Көрінгенге *ж а р к е л е ң д е п,* қонаққа шақырып жүргені (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

ЖАРКЕЛЕҢДЕУ *Жаркелеңде етістігінің қимыл атауы. Ж а р к е л е ң д е у і н* қарашы (Ауызекі).

ЖАР-КЕМЕР з а т. *Өзен-судың, жол, жағалаулардың қабағы, кемері.* Азаттық үшін алысқандардың бір тобы осы жерде жарық дүниемен қош айтысқан. Оған тек мына су шайған *ж а р-к е м е р* мен қоғажай ғана куәгер («Лен. жас»).

ЖАР-КЕУЕК з а т. *Шұқанақты, жарлауытты жер.* – Жоқ, қасиетті ием мойнын бұрап өлтірді. Көржылғаның басында *ж а р-к е у е к т е* жатыр («Лен. жас»).

ЖАРҚҮШІКТЕН= е т. *Жағымпаздану, шектен тыс жарамсақтану.* ...Оларға *ж а р қ ү ш і к т е н е р* де өз тұқымымыз болады (Б.Қыдырбекұлы, Түгел сөз.).

ЖАРҚ е л і к. *Күн сәулесінің, жарықтың жылтыр, айналы, әйнекті жерге шағылысуынан шығатын, жарқылдатудан туатын көріністі бейнелейтін сөз.*

Жарқ берді. с ө й л. *Жалт берді.* Бір-екеуі жығылғандарға айналақтап, өзгесі кейін *ж а р қ б е р д і* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарқ етті. а) *Кенеттен жалт етті, цшқын атты.* Өткенде бір мұң жаңбырдай Жауып бір жауып тоқтаған, *Ж а р қ е т і п,* көзім алдында Жалынға сүңгіп кетті ағам (С.Жиенбаев,

Алтын қалам). ә) *Ұшқын атты, ерекше көзге түсті.* Тасқа тисе таңдағым қараңғыда *ж а р қ е т к е н* Мен бір шапқан назбедеу, Сулығын шайнап өрленіп! «Сөйле» десең, сөйлейін, Көңіліңді сөзбен делбейін (Базар жырау, Шығ.). Құлпырды дүние, атырап, Гауһарын шашты сақтанбай, *Ж а р қ е т т і* әрбір жапырақ, Сәуледен шырақ жаққандай (К.Салықов, Жезкиік). б) *Ыстық көрінді, оттай басылды.* Көптен қолға ұсталмаған көне қуыршақ алғаш көргенде ескі досындай көзіне *ж а р қ е т т і* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Жалғыз атты жадау күй жарлы кешкен! Аңсағаным атамнан арғы кештен – *Ж а р қ е т к е н д е* жиреннің маңдай шамы, Нокдаунға кеткендей тандым естен (Ж.Жұматаев, Ләйлә). в) *Көзге түсті, танылды, шалынды.* Істің соңы не болар, Күте берді зарығып... Большевикті, қызылды, Ел қолдады бағынып Аласапыран соғыста; Бұлар да шықты *ж а р қ е т і п*, Қызыл жұлдыз тағынып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Беу, қаракөз! Жасқанбашы, *Ж а р қ е т і п*, Бермен қарай нұр жүзіңді бұруға. Тула жүрек Жас кезімдей тулаған, Өтер-кетер дүние-дүрмек, шулы ағын (К.Салықов, Жезкиік). г) *Туды, атты, келді.* Арманда боп әзірге сандаласың. Ондай адам болған ғой, болар тағы, Өмірлік барлық ісі – елдің қамы. Ер еңбегі жалпыға бірдей ортақ, *Ж а р қ е т е р* әлі-ақ бір күн бақыт таңы (С.Торайғыров, Алаш ұраны). ғ) э к с п р. *Жарық көрді, басылып шықты.* Дәл, 1934 жылы «Еленбеген ерлік» атты Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың күрделі мақаласы *ж а р қ е т е* қалды (С.Талжанов, Ұлдай.). д) *Ойламаған жерден көрінетін болды, сап етті.* Телевизордан *ж а р қ е т е т і н* болдық, арғысын көре жатармыз («Соц. Қаз.»). Тимесе де өзгеге Жарты тиын пайдасы, *Ж а р қ е т с і н* бұл кезде де Көңілімнің айнасы (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Ж а р қ е т т і* Қостанайда жан талабы, Ахметті көрген адам тамсанады. Астана көпірінде қос жолбарыс Ашқандай ел ажарын, қарсы алады. Елорда ашық алаң төріндегі, Не деген таңғажайып өмір еді! Бір бала көп фонтандар арасында Кішкентай Төлеш болып көрінеді (К.Салықов, Жезкиік). е) *Орала кетті, еске түсті.* Бұлардың мына тұрысын көрген қыздың көңілінде: – «Көкем менің қателескен екен» деген қуанышты сезім *ж а р қ е т е* қалды (І.Есенберлин, Айқас).

Көзі жарқ етті. *Көзі шырадай жанды, айналаны тегіс көрді.* Астына қанатының бізді тығып, Қуаныш табылғандай қалағаны. Қырандай түлеп ұшқан тұғырдағы, Тартқанда *к ө з ж а р қ е т т і* томағаны (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАРҚА з а т. к ө н е. *Жаңқа, бір нәрсенің сынығы.* Қайырылып барып тез сынар, Қайың оқтың *ж а р қ а с ы* (Шалкиіз ақын, Шығ.).

ЖАРҚАБАҚ з а т. *Ар жағы ор, тік жаға.* Жол жиегіндегі қарауытқан *ж а р қ а б а қ т а н* жапалақ ұшып шығып, қанатын сусылдатып төбені жанай өтті (А.Әлсеров, Алыста.). Бұлар *ж а р қ а б а қ қ а* жеткенде, машина да өзеннің жайпақ жерімен суға қойып кетіп еді (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Ол арқасындағы жол қапшығын жанына қойып, шуылдап ағып жатқан Ертістің оқшау биік *ж а р қ а б а ғ ы н а* отыра кетті (Р.Сейсенбаев, Өмір сүргің.). ...*Ж а р қ а б а қ т а* өсетін жалғыз шыбық, Жапырақсыз, құрақсыз ылай көлде. Сәл қабағын шытынып, лебіз қатты: – Сабыр, ана, сабыр ет, жылай берме (М.Мақатаев, Шығ.). // *Қабағы шығыңқы, биік.* Күректей сақалы бар, *ж а р қ а б а қ,* қара сұр адам екен (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖАРҚАБАҚТАУ с ы н. *Қабағы биіктеу, шығыңқылау. Ж а р қ а б а қ т а у* келген жауырынды қара сұр жігіт, көзі қасқырдың көзіндей қып-қызыл, омырауын ашып, келдектей сары қамшысын біледі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРҚАБАҚТЫ с ы н. *Тік, құладүз.* Көлдің оңтүстік жағалауы *ж а р қ а б а қ т ы,* ал солтүстігі – аласа, жалпақтау болып келеді («Лен. жас»).

ЖАРҚАҒАЗ з а т. <франц. affiche> *Жарнаманың бір түрі; болатын спектакль, концерт, лекция және т.б. туралы жұртшылық көп жүретін жерлерде ілінетін құлақтандыру* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖАРҚАНАТТАР з а т. з о о л. <лат. microchiroptera> *Сүтқоректілер класына жататын қолқанаттылар отрядының бір тармағы. Ж а р қ а н а т т а р* зиянды түн жөндіктерімен қоректеніп, үлкен пайда келтіруімен қатар, адам үшін қауіпті індеттер де таратады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАРҚАШ с ы н. ж е р г. ***Жарықшақ***. Дауысына *ж а р қ а ш* ілінген екен (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАРҚАШАҚ с ы н. с ө й л. ***Жарқышақ***. Құдайдың құдіреті, таудан қар көшкінін құлатқан дауыс бастықтың жиналыстағы столтоқпақтап, айқайлайтын *ж а р қ а ш а қ* үніне қандай ұқсаушы еді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖАРҚАШТАН= е т. **1.** *Сызаттанып жарылу, шытынау. Ж а р қ а ш т а н а* жарылған басын ырғайды жібіттіріп, құрсаулап тастады (О.Бөкеев, Қамшыгер). Ағаштың *ж а р қ а ш т а н г а н ы,* сан рет темір құрсаулармен жамалғаны көрініп тұр («Мәдениет және тұрмыс»). **2.** а у ы с. с ө й л. ***Жарықшақтану***. Әншейін құлаққа *ж а р қ а ш т а н ы п,* барқырап естілгенімен, өзгеше

бір өзек өртер өксіктің ұшығын аңғарар еді (О.Бөкеев, Қайдасың.). Сонда менің *жарқаштанған* дауысымды Алтайдың құз-аңғарлары бір-бірінен қағып алады (Бәйшешек).

ЖАРҚАШТАНУ *Жарқаштан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дауыстың *жарқаштануы.*

ЖАРҚ-ЖАРҚ е л і к. *Найзағай ойнағанда, күн сәулесі шағылысқанда, жалт-жұлт, жарқылдаған көріністі бейнелейтін сөз.*

Жарқ-жарқ етті. а) *Жалт-жұлт етті, жалтылдады, шағылысты.* Астында ақ күміс ер-тоқымы күнмен шағылысып, *жарқ-жарқ етеді* (С.Сейфуллин, Тар жол.). Мұз қиыршықтары жаңа көтеріліп келе жатқан күн сәулесімен *жарқ-жарқ етеді* (« Лен. жас»). Артынша *жарқ-жарқ еткен* нажағайдай шартылдайды, күледі де жылайды (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖАРҚ-ЖҰРҚ е л і к. *Жалт-жұлт, жарқылжұрқыл еткен көріністі бейнелейтін сөз.* Зал іші шапырлаған *жарқ-жұрқ* электр шамы. Би әлі бастала қоймаған шақ (Б.Аманшин, Жар мұңы). Тек жаңа ғана тұтанған прожекторлар сәулесі *жарқ-жұрқ* көкті кезеді (І.Есенберлин, Алтын құс). Шығыс жақ нажағайдай *жарқ-жұрқ,* сатыр-күтір (Майдан).

Жарқ-жұрқ етті. а) *Жалт-жұлт етті.* Боран ашылды. Жарқыраған күн шықты, Далада басқан қар жұлдыздай жымыңдап, ақ оқадай *жарқ-жұрқ етіп* жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) *Жарқылдады.* Кере қарыс маңдайы, Басында көне далбағай. Секілді екен көздері *Жарқ-жұрқ еткен* найзағай (О.Шипин, Дастан). Жаз жетіп, қарлар кетті, сулар ағып, Күн де тұр *жарқ-жұрқ етіп* нұрын жағып. Құлпырып, жүз құбылып жердің жүзі, Қуанбас жан-жануар бұған нағып (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Жарқ-жұрқ етіп* жұруді Нажағайдан үйренгем. Шадыман-шат боп жұруді Күн мен айдан үйренгем (Қ.Аманжолов, Шығ.). б) *Жалтылдады.* Келіп жетті жартасқа, қанаттарын керіп ап, пәрменмен дем тартып, *жарқ-жұрқ етіп* көздері, құлап кетті алдыға (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарқ-жұрқ ойнады. *Мың құбылып, аударылып-төңкерілді.* Өңі нұрлана түсіп, қисық көздері *жарқ-жұрқ ойнап* кетті (Ғ.Сыланов, Шалқар). Құздың айналасында ақ бауыр шағалалар *жарқ-жұрқ ойнап* жүр (Тұлпар).

ЖАР-ҚИЯ з а т. *Тік қабақ, жартас.* Сонда мен ытқып шықтым тар ұядан, Секірдім ор киіктей *жар-қияда н* (С.Омаров, Сәукен). Жасап ерлік керемет, Әлемге даңқын асырған, – Артында қалды *жар-қия,* Атанды батыр армия (С.Машақов, Жылдарым.).

ЖАР-ҚОСАҚ з а т. *Жұбай, қосақ. Жарқосағы* Бибажар зары жаралы кеудені одан сайын тілгіледі (Қ.Салғарин, Ақмаржан.). Құштарлықтың қуаты билеп шыдатпады, саған тұра ұмтылды, егер сен бір минут кідіргенде, сенің мәңгі *жар-қосағың* болар еді (С.Талжанов, Өткен күн.).

ЖАРҚҰЛАҚ: жарқұлағы жастыққа тимеді. *Тыныштық таппады, мазасы кетті. Жарқұлағы жастыққа тимей* жүріп, көңіліне көп күнді қонақтатты (І.Жақанов, Бірінші.). Екеуі бір әңгіменің төңірегінде кездеспекші болып келіскен-ді. Байқадам соны бітіргенше *жарқұлағы жастыққа тимей* жүрді (О.Иманәлиев, Байқадам).

ЖАРҚЫЛ з а т. **1.** *Жарқ-жұрқ еткен жарық.* Ток кенет өскен кезде лампыда *жарқыл* пайда болып, жалынды разряд туады (К.Айманов, Физика.). **2.** *Шағылысқан сәуле.* Көргемін жай отының *жарқылын* да, Қақтығысын бұлттардың қалқуын да, Шұғыласы шұбалып қалып қойған, Алқа болып аспанның алқымында (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *От сезім.* Қанша мадақ, асыл сөз, алтын өлең Айтар едім ақындық салтыменен. Айтар едім шабытты шарқ ұрумен, Кеудемдегі найзағай *жарқылымен* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Қақтығысқан отты сөздер арқылы Қалт тоқтатар оқыс шабыт *жарқылы...* Көшеде де, Моншада да, Үйде де – Жұмыс істеп жатады ой шарқ ұрып (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жарқыл қақты. а) *Жарық сәулелер шағылысты, жалт-жұлт етті.* Айменен *жарқыл қағып* алтын аспан, Сарқырап ағады өзен сарқылмастан. Ол ғана сарқылады, тартылады, Қол созып келер таңға талпынбастан (С.Мәуленов, Алыс кет.). ә) *Көрінді, білінді, көзге түсті.* Қандай тосын жаңалық: Алтын тапты. Адам қалай сіңірген бар қымбатты?! Қызық-ау, Әумесердің қанынан да Құпия түйіршіктер *жарқыл қақты* (М.Шаханов, Ғасырлар.). б) *Найзағай ойнады, жарқылдады.* Жүзіміз қуаңданып, жалқынданып, Күн сайын қорқыныштар алқымға алып, Құп-құйттай кеудемізде күндіз-түні Жататын найзағайлар *жарқыл қағып* (С. Жиенбаев, Алтын қалам).

Жарқыл қақтырды. *Шағылыстырды, жарқылдатты.* Күміс қасық, кәрлен кесе, шыны аяқтар да бірімен-бірі әсемдік таласқандай, дастарқан үсті шам сәулесімен шағылысып, *жарқыл қақтырады* (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАРҚЫЛДА= е т. **1.** *Жарқ-жұрқ ету, жарқырап көріну.* Солардың қатарында біз де жүрміз, Мәз болып құр түймеге *жарқылдаған.* Не пайда өнерің мен біліміңнен Тиісті жерлеріне сарп ұрмаған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Орда басы. Алдаспан *жарқылдай-*

д ы, Қаз дауысты шешендер саңқылдайды. Талқыдағы тағдырлар таразыда Толқын тепкен қайықтай қалтылдайды (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ақ болат сауыты *ж а р қ ы л д а п*, жал құйрығын көсілте Абылайдың өзі де шапты (І.Есенберлин, Жанталас.). **2.** а у ы с. *Ойнап-күлу, ашық-жарқын жүру; жайнаңдау.* Бір күндерде Жамал көміл бақытты бір қыз болып жүрттың аузына ілігіп, құрбысының алды болып *ж а р қ ы л д а п* жүрген дәрежеден түсіп, ақырында мұндай қадірсіз, мұндай кемшілікке душар болып, барымтаға түскен малдай біреуден біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямаған жан қалмады (М.Дулатов, Шығ.). Бәйбішелер былқылдап, Ақпейіл шалдар аңқылдап, Аққөңілдер *ж а р қ ы л д а п*; Бойжеткенің бұралып, Таналары жалтылдап (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қарғадан қарға туар қарқылдаған, Жақсыдан жақсы туар *ж а р қ ы л д а ғ а н*. Дегендер: «Мен жақсымын» толып жатыр, Пайдасы өз басынан артылмаған! (Базар жырау, Шығ.).

Жарқылдай амандасты. *Бар ынта-шынтасымен амандық-саулық сұрасты.* Жәнібекпен *ж а р қ ы л д а й а м а н д а с ы п*, еркелетіп маңдайынан сүйді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Жарқылдап күлу. *Аққөңілденіп, ақжарқынданып, шын күлу.* Жексенбіде Желпініп елмен бірге Жырлағанға, *Жарқылдап күлгендерге.* Қызығамын... Шынымен қызығамын Шаршап-шаршап демала білгендерге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Күн жарқылдады. *Найзағай ойнады. К ү н ж а р қ ы л д а п* шатыр-шұтыр етті (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Қабақтары жарқылдады. *Жүздері бал-бұл жанды, жүзінен қуаныш көрінді. Қ а б а қ т а р ы ж а р қ ы л д а п*, Дауыстары саңқылдап Қуанбаған жоқ-ақ қой (І.Жансүгіров, Шығ.).

Найзағай жарқылдады. *Найзағай ойнады, аспан жарқ-жарқ етті.* Аспанның теріскей жағына ауған қап-қара бұлттан үйірген қамшыдай ирелеңдеп қызғылт түсті *н а й з а ғ а й ж а р қ ы л д а й д ы* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Н а й з а ғ а й* да *ж а р қ ы л д а п*, Күн көрпесі бұлтын түре, Ұшты қыран саңқылдап (Ж.Сыздықов, Асулар.).

ЖАРҚЫЛДАҚ с ы н. **1.** *Жалтылдақ, жарқырауық.* Арсы-күрсі алысып жүрген екі адам тағы бір жаққа аунап кетеді де, ақ алмастың *ж а р қ ы л д а қ* сынығы көзге оттай басылып, сол орнында қала береді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ақ күміспен қақтаған, Көрген адам мақтаған, Жай отына *ж а р қ ы л д а қ*, Қайралған балта жарқырап (Манас). Қолында *ж а р қ ы л д а қ* балта. Сонымен іс-міс жоқ қақпаны қойғылап, сындырып түсіріп жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.). *Ж а р қ ы л д а қ* ақ беренді жігіттердің Ашуы, жалыны да көп бойдағы (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан). **2.** а у ы с. *Ақжарқын, көңілді, жайдары.* Ойлап отырса, көрші қыз соншама еркін, ашық-жарқын, *ж а р қ ы л д а қ* екен (О.Бөкеев, Қайдасың.). Зина кісіге сенгіш, аққөңіл, *ж а р қ ы л д а қ* жан (К.Тоқаев, Түнде.). Жаңағы бір *ж а р қ ы л д а қ* мінезі су сепкендей басылған (М.Сүндетов, Ескексіз.). **3.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Әсіре; мәнсіз; даңғаза.* Осы мазмұндағы өлеңдердің де *ж а р қ ы л д а қ* ұраншылдығы, сөзуарлығы азайды (Уақыт және қаламгер).

ЖАРҚЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Жалт ете түсушілік, бірден көзге шалынушылық.*

Жалаң жарқылдақтық. *Әсіреқызылдық, әсіре форма қуушылық. Ж а л а ң ж а р қ ы л д а қ т ы қ т а н*, жеңіл желпіністен ақынның арылуына орыс поэзиясының зор ықпал еткені айтылып тұрады (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖАРҚЫЛДАС= е т. **1.** *Жарқ-жұрқ етісу, жарқырасу.* Келесі жолы қазақ-орыстар қаружарақтарын түгел асынып *ж а р қ ы л д а с ы п* шықты (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Ашық-жарқын жүрісу, бір-біріне ашық-жарқын амандасу.* Сол өмірде өзің ұнатқан жақсы қызбен осылай *ж а р қ ы л д а с ы п*, жарасып жүрген қандай бақыт (С.Досанов, Қыран.). Жүрт жағалай *ж а р қ ы л д а с ы п* жатқанға ма, Қоспан Қасболаттың пейілін қайтарған жоқ (Т.Ахтанов, Боран). *Ж а р қ ы л д а с қ а н* жан анау, Егін анау, мал анау (Ә.Ахметов, Жерұйық).

ЖАРҚЫЛДАСУ *Жарқылдас етістігінің қимыл атауы; жарқ-жарқ етісу.* Әсіресе күнге шағылысқан қылыштардың *ж а р қ ы л д а с у ы н а н* жаның түршіккендей екен! – деді ол (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖАРҚЫЛДАТ= е т. *Жарқ-жұрқ еткізу (қару-жарағын тағыну).* Аспанға *ж а р қ ы л д а т ы п* ақ семсерді, Тұтқыннан бұғауланған босатты ерді. Алақтап жандармдар жанталасып, Қарамай алды-артына зытып берді (О.Шипин, Дастан.). Жалына батыр жармасты, *Ж а р қ ы л д а т ы п* байлайды Беліне гауһар алмасты (Көрұғлы).

ЖАРҚЫЛДАТУ *Жарқылдат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРҚЫЛДАУ *Жарқылда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарқ-жарқ, жалт-жалт ету.* Теңіз астында найзағай көбейген, *ж а р қ ы л д а у* көбейген (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** а у ы с. *Көз тартатын қымбат, әдемі киімдер киіну, көзге түсу.* Көп көзінше *ж а р қ ы л д а у д ы* жек көретін ол жәрмеңке күндерінде

де жарқылдамай, жұпыны түрде ғана жүрді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАРҚЫЛДАУЫҚ с ы н. *Жарқ-жұрқ еткен.* Сол уақиғадан кейін де *ж а р қ ы л д а у ы қ* аспан оттарын көп көрген (С.Елубаев, Ойсыл қара). Дауысты естіп не болғанын білу үшін кейін бұрыла бергенінде, *жарқылдауық* оқ келіп Дәріпбектің көкірегіне қадала берді (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

ЖАРҚЫЛ-ЖАЛЫН з а т. *Жалындаған жарқыл.* Сенің де жаның құштар ма еді өрт екпін *ж а р қ ы л-ж а л ы н ғ а*? Теңіздің дауыл құшқанда жүрем мен толқындарында (Ф.Оңғарсынова, Асау толқын.).

ЖАРҚЫЛ-ЖҰРҚЫЛ з а т. **1.** *Жарқ-жұрқ еткен найзағайдың не электр жарығы, т.б. көп жарқыл.* Шартылдаған *ж а р қ ы л-ж ұ р қ ы л* барған сайын жақындап келеді (К.Баялиев, Нөсер). Ол кең залға, *ж а р қ ы л-ж ұ р қ ы л ғ а,* көңілі шуылға толы мынау шадыман тобырға таңданбайды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** а у ы с. *Қызба, алып-ұшпа мінез, жеңілтек.* Ал мінезі біртоға тұйықтау, орынсыз *ж а р қ ы л-ж ұ р қ ы л ы* жоқ (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар).

ЖАРҚЫН с ы н. **1.** *Ақкөңіл, жайдары.* Заманның *ж а р қ ы н* түлегі Көрмейін десе көрмейді. Прогрестің өзі үнемі Басыңнан сипай бермейді! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Саған мәңгі борыштармын, Көңіліме қоныстандың. Азаматтық ажарыңа Мақтау айтсам, намыстандың. *Ж а р қ ы н* құшақ жайған, айым, Сеніміңе сай болайын. Мен деп соққан жүрегіңнің Дүрсілінен айналайын! (М.Шаханов, Ғасырлар.). // *Әріптес, қатарлас, замандас, таныс.* Кернейдей көмейлері күмбірлеген, Тулаған тұлпарларды кім білмеген. Жазайын жырларыңның жалғасын мен, Жазуға *ж а р қ ы н д а р ы м* үлгірмеген (М.Мақатаев, Шығ.). «Көрінбейсің газет пен журналдардан...» Деген мен сөз естимін туғандардан. *Ж а р қ ы н д а р ы ң*!.. Жанымды қайдан білсін! Жақсы жырдың жолында құрбан болған (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Нұрлы, сәулелі, жарық, айқын.* Азбын деме, алдың *ж а р қ ы н,* осы бетің жеткізеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ағасын сыйлағанның алды *ж а р қ ы н* (Д.Әбілев, Арман.). **3.** *Айқын, айнытпас.* Қазақтың ең көне жырларының бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлудың» фабуласы алтайлықтарда, башқұрттарда, кавказ ноғайларында, қырым және румыния татарларында осы айтылғанның *ж а р қ ы н* күәлігі («Қаз.әдеб.»).

Жарқын жүз [жүзді]. *Ақкөңіл, жайдары.* Інілер, қош-аман бол, келіндерім, *Жарқын жүз,* жарық маңдай көрімдерім, Астанам Алматыға алты жылда Аққудай көл аңсаған келіп едім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Нашарға көшсе – көлік, қонса – тамақ, Бәріне де *ж а р қ ы н ж ү з,* түзу қабақ. Не берсе, нашарлығы үшін берер, «Қызмет қыл» деп отырмас тиын санап (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Туысқандары Абайды *ж а р қ ы н ж ү з б е н* қуанып қарсы алды (М.Әуезов, Шығ.). *Ж а р қ ы н ж ү з д і,* жайдары мінезді, балажан Әмина балалар үшін өз шешелерін ұмыттырғандай шеше еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жарқын күн. п о э т. *Нұрлы, сәулелі бақытты өмір.* Кел, жылдарым, менің жаңа жылдарым, Менің ұрпағымның *ж а р қ ы н к ү н д е р і* (Ә.Тәжібаев, Көне қоңырау). Жарылқап еді *ж а р қ ы н к ү н,* Бұлттанып талай тез күлдім. Ұқпаушы ем құнын алтынның Ұқпаушы ем құнын мезгілдің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Сенің *ж а р қ ы н к ү н д е р і ң,* Көңілімнің қызығы. Сенің нұрлы күндерің, Өмірімнің жұлдызы (О.Малқаров, Менің ізім.).

Жұлдызы жарқын. *Өмірі қызықты, жолы болған, бақытты.* Ол қашаннан *ж ұ л д ы з ы ж а р қ ы н* адам. Өзінің биографиясы тамаша (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жүзі жарқын. а) *Ақжарқын, ақкөңіл, жақсылық ойлағыш, ниеті таза.* Құшақтап қыз аяғын жатып алды, Сен үшін аузымызды ашпалық деп. Сонда қыз айнасына қарап алтын, Жалт етіп, айна көзі *ж ү з і ж а р қ ы н* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Мерейі үстем, ел бетіне қарайтын жағдайда.* Біледі білімділер сөздің парқын, Күйеу-қыз жақсы болса *ж ү з і ң ж а р қ ы н.* Халыққа адал еңбек еткен адам Көреді көсем болып елдің нарқын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАРҚЫНДЫҚ зат.сөйл. ***Жарқындылық.*** Ажарында нұрлы сенім бар, өте бір *ж а р қ ы н д ы қ п е н* байлам айтты (Д.Әбілев, Арман.). Жылылық пен *ж а р қ ы н д ы қ,* мейрімділік пен қайырымдылық үйге баламен бірге кіреді (С.Мыңжасарова, Замандас.). Жүзінде бұрынғы *ж а р қ ы н д ы қ* жоқ, әлденеден жасып, басылып қалған сияқты (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖАРҚЫНДЫЛЫҚ з а т. *Жайдарылық.* Шыңғыс тұқымында тек ол ғана ма, ерлік пен қайрат, жұлдызды жанға тән ішкі рухани сәулелік пен *ж а р қ ы н д ы л ы қ* іздері жоқ емес, бар, бар (М.Қабанбаев, Арыстан.). Ән салса жау қорқатын *ж а р қ ы н д ы л ы қ* үні бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРҚЫН-ЖАРҚЫН ү с т. *Анық, айқын, дауысын шығарып, қаймықпай.* Бергі жағадағылар айқайласып, қуаныштарын *ж а р қ ы н-ж а р қ ы н* сөздерімен жеткізіп тұр (Алтын масақ.). Арзы апамның қабағы ашылып, бұрынғыдай ой тереңіне кете бермей,

ж а р қ ы н-ж а р қ ы н сөйледі (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Ол аудан комсомолецтері мен жастарының істерін, бастамаларын, әртүрлі жұмыстарды *ж а р қ ы н-ж а р қ ы н* айтуға әбден әдеттеніп кеткен (Ж.Дәуренбеков, Шұғылалы.).

ЖАРҚЫНШАҚ[1] с ы н. с ө й л. ***Жарғышақ***. Маусымнан сол Жаңылып қалып жүрмін. Даусымнан сәл *Ж а р қ ы н ш а қ* танып жүрмін (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). *Ж а р қ ы н ш а қ* үнге ұласа көз алдымнан әлдене сары алтындай жарқ еткен (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Қапталдан құйындатып өтіп жатқан күдіретті әуен шала ұйқы кісілердің... *ж а р қ ы н ш а қ* дауыстарын аямай тапап жатқандай (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАРҚЫНШАҚ[2] з а т. **1.** с ө й л. *Жарғышақ атылған оқ-дәрі, темір сынықтары.* Оң қолды берген сияқтымын, басыма *ж а р қ ы н ш а қ* та тиіпті (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Денесінде *ж а р қ ы н ш а қ* тимеген сау жер жоқ (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Сол ұрыста өзі де мина *ж а р қ ы н ш а ғ ы н а н* жараланып, госпитальға жатты (Ж.Төшенов, Жауынгер.). **2.** а у ы с. *Қаяу, кірбің, кикілжің.* Оның қателіктерін іштей сезсе де, тірі кезінде сыртқа шығарып, *ж а р қ ы н ш а қ* жасауға Махамбет барған жоқ (Қ.Жұмалиев, Егеулі найза.). **3.** ж е р г. *Жаңбырдан кейін кеуіп, қабыршақтанған сазды жер.* Шағылды жердің бір қасиеті *ж а р қ ы н ш а қ* болмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРҚЫНШАҚСЫЗ с ы н. с ө й л. *Жарғышақсыз (дауыс).* Бурыл сақал нағашы, шарт жүгіне отырып, *ж а р қ ы н ш а қ с ы з* жуан дауыспен күңірене бастады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Әзима Сұлтанмахмұтқа өзінің ақырын шығатын, *ж а р қ ы н ш а қ с ы з,* ашық үнімен осыларды жайлап айтып отыр (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАРҚЫНШАҚТАН= е т. **1.** с ө й л. ***Жарғышақтан***. Тілінің үстінде *ж а р қ ы н ш а қ т а н ғ а н* әлдене жүргенін сезді. Оны алақанына түсірді, – тіс (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Кейбір сәттерде *ж а р қ ы н ш а қ т а н а* сынған сүйек маңайындағы ет талшықтары мен тері қабатын паршалай жыртып кетеді (Шопан серігі). **2.** *Дауыстың тарғылдана шығуы.* Науша жігіт күйді аяқтаған сәтте ол даусы *ж а р қ ы н ш а қ т а н ы п* тіл қатты (Н.Серәлиев, Қаңтар). Сейілдің даусы біртүрлі *ж а р қ ы н ш а қ т а н а* шықты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАРҚЫНШАҚТАНУ *Жарқыншақтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дауыстың *ж а р қ ы н ш а қ т а н у ы.*

ЖАРҚЫНШАҚТАУ с ы н. с ө й л. ***Жарғышақтау***. Сәл *ж а р қ ы н ш а қ т а у,* жас дауыс. Қуанғаннан селк етіп, оқыс бұрылдым (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖАРҚЫНШАҚТЫ с ы н. с ө й л. ***Жарғышақты***. Кенет шырылдаған *ж а р қ ы н ш а қ т ы* бір дауыс естілді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЖАРҚЫНЫМ з а т. э к с п р. **1.** *Жасы үлкен адамның кішіге қарағым деген мағынада айтылатын қаратпа сөзі. Ж а р қ ы н ы м,* жасың нешеде? (Ауызекі). **2.** *Сөйлеушінің көңілі толмаған кезде, қарсы жақ көңілінен шықпаған кезде жақтырмағанын сыпайылап білдіру үшін қолданылатын қаратпа сөз.* – Кәне, есебін түсіндірші, *ж а р қ ы н ы м* (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Ақтара салып толқынын, Аймалап ата-мекенін, «Халықпен ойнау, *ж а р қ ы н ы м,* Қауіпті жұмыс екенін» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **3.** *Жақсы көрген адамына айтылатын қаратпа сөз.* Жер бетінде махаббаттың бар екені шын болса, Айтшы, қәне, мен неліктен жолықпадым, *ж а р қ ы н ы м*? Үндемедім, тарылғандай кеңісім (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ойында не бар, *ж а р қ ы н ы м,* Гүл әкеп маған ұсындың. Басымнан аумай алтын күн, Тұр екенау деп түсіндім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАРҚЫРА= е т. **1.** *Жап-жарық болу, сәуле, нұр шашу.* Төбесінде тұратын *ж а р қ ы р а п* ай, Аспаны бар Пушкиннің жарқын арай. Иықтасқан сонымен бір аспан бар, Салып кеткен арттағы халқына Абай (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бір мезгілде Көзіндегі байлауды шешіп алып ед, Үйдің іші *ж а р қ ы р а ғ а н* аппақ нұр, Бұ не ғажап. Қарсы алдында мінбелеп сұлу бір қыз тұр (Ж.Аймауытов, Шық.). Теңіз *ж а р қ ы р а ғ а н ы н а н* жарқырап, толқындары қаһармен жарды сабап жатты (М.Жұмабаев, Шық.). Бұла таңнан, Құла таңнан жар салам: Бұл өмірдің беретіні бар саған! Жаңа күнді шыға келген *ж а р қ ы р а п* Жақсылықтың нышаны деп қарсы алам! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Жарқ-жұрқ, жалт-жұлт ету.* Қиял құс көкке шарқ ұрар, Жазылып бойдың құрысы. Жауыннан кейін *жарқырар,* Жуылған көктің шынысы (С.Мәуленов, Алыс кет.). Соңынан тізілетін жауынгерлер, Отанның әр тұсынан келген ерлер, *Ж а р қ ы р а п* өңірінде ордендері, Бір кезде алып берген елге бедел (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ай көңілсіз көрінеді тұманда, Сәуле түссе, жез алтын боп *ж а р қ ы р а р* (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** а у ы с. *Жайраңдау, көңілдену.* Қара түн қорқынышты қаптағанда, *Ж а р қ ы р а п* жұлдызым боп төккейсің нұр (М.Жұмабаев, Шық.). Тағы жайна, *ж а р қ ы р а,* тағы түнер, Қоршап тұрған өзіңді халықты көр. Балаларды жеткіздік Алатау боп, Ақ отау ғып шығардық бәрін түгел (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Оныңыз рас, ел

жек көре қоймас, бірақ мен тұрғанда, *жарқырап* шыға қоймас, менімен таласарлық не амалы бар? (Ж.Аймауытов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Әдемілену, сұлулану.* Қонақтар келе бастағаннан-ақ бұл үйдің іші де, адамдары да біртүрлі *жарқырап* кеткендей (Ш.Құмарова, Шығ.). Бар қазынаны артып ап, Уақытпен жарысқан. Сен көзіме *жарқырап* Көрінесің алыстан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **5.** а у ы с. *Айқын, анық көріну.* Жабулы жырлар жатса да *Жарқырап* түскен жарығы, Әрбір сөзі ақынның Маржандай болды парығы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Топырақ жатса дағы сені жауып, *Жарқырап* көрінеді жүзің жарық. Еш уақыт жеңе алмайды ажал сені, Бір кезде, өйткені, оны соқтың алып (О.Шипин, Дастан.). Ал қасында жасқантып алтын Айды, Сыр шерткендей елдіктің даңқы жайлы, Ақтерек пен аққайың арасынан Бейсен ата күмбезі *жарқырайды* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Айнадай жарқыраған. а) *Тап-таза, мөп-мөлдір.* Таулардан өзен ағар сарқыраған, *Айнадай* сәуле беріп *жарқыраған* (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Күн батса, атылмайды сарғайып таң, Ойладым жатып, тұрып жаныма қам. *Айнадай жарқыраған* айқын көңіл Осы күн басылып тұр, басқан соң шаң (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бұлты айығып, *айнадай жарқыраған* аспанға шілде күні ысып көтерілді (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). ә) *Жап-жалтыр, тегіс.* Жел тұрып, дауыл күшейсе, *айнадай жарқырап* жатқан мұзды тас түскен шыныдай жарып жібереді («Лен. жас»). Сергітіп тұла бойды майда лебі, *Айнадай жарқыраған* Айнакөлі. Мөлдіреп аспан жүзген айдынында, Қазақтың Айнакөлдей қайда көлі (С.Мәуленов, Алыс кет.). б) *Тегіс, кең, тұзу.* Жеңіл машина *айнадай жарқыраған* жолмен зырғып отырып, біздің қақпаның алдына келіп тоқтай қалды («Балдырған»).

Жарқырап жанды. *Жап-жарық сәуле беріп жанды. Жарқырап жанып,* Жерге нұр тамып Күн көрінер керіліп (Қаз. ақын. шығ.).

Жұлдызы жарқырады. *Бағы ашылды.* Бейсен Оңтаев өз полкына *жұлдызы жарқырап* қайтты (Н.Төреғұлов, От кешу.). Ісің бар, өзің жоқ, Күләшжан келмейді. Көп ұлт, ұлы адам, Үніңе шөлдейді. *Жұлдыздай жарқырап,* Атағың сөнбейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жәкең күзге жеткен соң, қайтадан дәуірлеп, *жұлдызы жарқырай* түсті (С.Адамбеков, Атылған қыз.). ...Омбы қаласында тірі бір жан білмейтін, мұжық тақылеттес, шала сауатты кісінің де *жұлдызы жарқырап* шыға келді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көзі [жанары] оттай [шырадай] жарқырады. а) *Көзі оттай жанды, жайнады.* Ақбоз ат жазық бауыр, қамыс құлақ, *Жарқырап екі көзің* бейне шырақ. Күмбірлеп көкті жарып кісінейсің, Барам деп қай сапарға жолды сұрап (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). *Көздері оттай жарқыраған* көк қасқалар көш алдын бастап келеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). ә) а у ы с. *Өмірге құштарланды, бақытты өмір сүруге келді.* Жердің, көктің сөнбейтұғын күні боп, Қос *жанарың жарқырайды-ау шырадай* (С.Мәуленов, Қызыл арша.).

Көзі танадай жарқырады. *Маржан түймедей жарқырады.* – Ә, жақсы болды ғой, – деп екі *көзі танадай жарқырап,* маған егіле қарайды (С.Досымов, Жаңғырық.).

Күмістей жарқырайды. *Күнмен шағылысады, көз ұялтады.* ... Ақ қырау *күмістей жарқырайды* (С.Омаров, Әңгім.). *Күмістей жарқыраған* қоғалы көл, Қонып ты осы көлді жағалап ел (Қ.Бекхожин, Мариям.). Ол тауда отыр. Өтті тағы бір апта. Өтеді ғой, тоқтау жоқ өмір дейтін сынапта... Тау самалы талықсып, артылады қыратқа. Күн сәулесі *күмістей жарқырады* бұлақта. Ол тауда отыр. Өтті тағы бір апта (М.Мақатаев, Шығ.).

Маңдайы жарқырады. а) *Ұнасымды біткен кең ақ маңдайы көз тартады.* Көк шөптің ішінде *маңдайы жарқырап,* меруерт тістері көрініп, күліп тұрады Лиза (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Шапырашты жайлаған осы өңірдің *маңдайдағы жарқыраған* жалғыз жұлдызындай аты шулы жүйрік ат (Ш.Мұртазаев, Қызыл жебе). Ақ *маңдайы жарқырап,* Әйнектей көзі жалтырап, Қиғаш біткен қасы бар (Қамбар батыр). ә) *Бағы ашылды.* Бүгінгі үлкен әңгіменің жалғасы, Бүгінгі асау пікірлердің арнасы іздеп барар бізді алдағы жылдарға. Тек жеңіспен *жарқырасын маңдайың.* Жүрегіңнен жалын сөнбей тұрғанда, Мен қасыңнан табыламын әрдайым! (М.Шаханов, Ғасырлар.). «Шіркін, Шынардың мінезі-ай, біреудің *маңдайы жарқырап* тұр ғой», – дейді шешем (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

Самаладай жарқырады. *Анық, айқын, бірден көз тартады.* Жалдың орта тұсында *самаладай жарқырап* биік өскен жуан-жуан ақ қайыңдар қарағайдай түзу (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖАРҚЫРАҒЫШ с ы н. *Жарқылдағыш.* Жерден атқан жау зениткалары *жарқыраған ш,* жандырғыш оқтармен түнерген аспанды айғыздап атып жатыр (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАРҚЫРАҚ с ы н. с ө й л. ***Жарқырауық.*** ...Бет жағын оюлы сүйектермен, *жарқырақ* тастармен әшекейлеген, тапалтақ кең төсекағаштың Бүбі алдына жататын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Кен шығатын жерге барсаң, өн

бойында *ж а р қ ы р а ғ ы* көп, кейбір бұжырмақ кесек тастарды көресің («Лен. жас»). Жарық ай, күміс аспан – түні қандай? *Ж а р қ ы р а қ* аптабы мен күні қандай? (Ә.Табылдиев, Аялы алақан).

ЖАРҚЫРАТ= е т. **1.** *Сәуле, нұр шаштыру, сәулелендіру.* Біздің ғұмыр алды қиын, арты бақ, Даналықтың шарабынан тартып ап. Менің елу килограмм алтыным, Дүниені *ж а р қ ы р а т* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Алып тамдай болған ай нұрын сап табанына *ж а р қ ы р а т а* түсіріпті (Тұлпар.). **2.** *Малды жайратып сойып тастау.* Сол кеште қорада тұрған семіз байталды қолма-қол *ж а р қ ы р а т ы п* сойып тастадым (С.Жүнісов, Жапанда.). Атан өгізді, ту биені *ж а р қ ы р а т ы п* тастап, мұртын ширатып қарап отырған жолбарысты көрген талай адам бар (З.Ақышев, Ақбел.).

Маңдайын жарқыратты. *Бағын аштырды.* Жақсы үмітке *ж а р қ ы р а т ы п м а ң д а й ы н*, Жүрсе де адам қандай жарқын тілекте. Бірақ қайғы бұқпантайлап әрдайым Жол табады жүрекке (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАРҚЫРАТУ *Жарқырат етістігінің қимыл атауы.* Көлмін деп шалқаю құр шалшыққа тән, Қулықты *«ж а р қ ы р а т у»* түлкіге тән, Жүректі жадырату күлкіге тән (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан).

ЖАРҚЫРАУ *Жарқыра етістігінің қимыл атауы. Шағылысу.* **1.** Көздің тағы да бір сыры, көптеген жануарлардың, айталық, мысық, түлкі, қасқыр көздерінің түнгі ай, жұлдыз т. б. жарық әсерінен *ж а р қ ы р а у ы* (Ғалам ғажап.). **2.** а у ы с. *Әдемі, сайлы киініп көзге түсу.* Офицерше *ж а р қ ы р а м а у ы м* – ондай киімді адамдардан қазақтар қорқады дейді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **3.** а с т р. *Жұлдыздың жарық күшінің Күннің жарық күшіне қатынасы; жарық шығарушы дененің сәулелену.* Неғұрлым жұлдыздардың массасы көп болса, солғұрлым оның *ж а р қ ы р а у ы* үлкен (Ә.Әбішұлы, Халық астрон.). Температураның артуына байланысты жарық шығарушы дененің сәулелену де артады. Ал бұның өзі – сол сәулеленген дененің *ж а р қ ы р а у ы* да күшейеді деген сөз (А.Қалығұлов, Сан сырлы.).

Жарық жұлдыздай жарқырау. *Жарық жұлдыздай сәуле шашу.* Керісінше оны шын мәнісінде ұрпақтар үшін идеалға айналдырып, *ж а р ы қ ж ұ л д ы з д а й ж а р қ ы р а у д ы ң* жолы тағы да бар (Т.Шаханов, Көгілдір.).

ЖАРҚЫРАУЫҚ с ы н. **1.** *Жарқырағыш, жарқылдақ, жарқ-жұрқ еткен.* Ол оқыс қимылдаса, үстіне кептелген жазғы ақ кителінің *ж а р қ ы р а у ы қ* түймелері ұшып-ұшып кететіндей (Б.Аманшин, Көкжар). **2.** а у ы с. *Әсіреқызыл, формаға әуес, бояма.* Бояма сөздерім жоқ *ж а р қ ы р а у ы қ*, Қарғаны сұңқар демен оқа жауып (Ә.Оңалбаев, Таң алды.). **3.** *Жарық, жарығы көп.* Аспан әлеміндегі ең *ж а р қ ы р а у ы қ* жұлдыз – Сириус (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). *// Жаңа жылда киімге, шашқа, бетке себетін жалт-жұлт еткен ұлпа.* ...Жаңа жылда киімге себетін жалт-жұлт еткен ақ ұлпа, *ж а р қ ы р а у ы қ* – бәр-бәрі қосылып, ерекше бір әсем шұғыла шашады (С.Досанов, Қыран.).

Жарқырауық жануарлар. *Денесінен жарық сәулесін шығаратын жануарлар. Ж а р қ ы р а у ы қ ж а н у а р л а р* көбіне теңізде тіршілік етеді (ҚҰЭ). *Ж а р қ ы р а у ы қ ж а н у а р л а р д ы ң* шығаратын сәулесі әртүрлі (қызыл, жасыл, сары не көк) болады (ҚСЭ).

Жарқырауық оқ. *Жарық шығаратын, сәуле шашатын оқ.* Ракета атылған кезде біреу жарыса аспанға *ж а р қ ы р а у ы қ о қ* жіберді (К.Тоқаев, Көмескі із.).

Жарқырауық тас. *Зергерлік асыл тас.* Қазақстанда темір, мыс қана емес, Оралдікінен кем түспейтін *ж а р қ ы р а у ы қ* асыл *т а с т а р* да бар екен (М.Қаратаев, Далада.). *Ж а р қ ы р а у ы қ т а с* – жүзіктің, тананың, қапсырманың көзіне, ортасына салатын зергерлік асыл тас (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАРҚЫШАҚ з а т. **1.** ***Жарғышақ*** *(әртүрлі зат сынықтары).* ...Бомбалар түсіп жатыр, зуылдап тиген жерін күйдіре өртей, темір *ж а р қ ы ш а қ т а р* ұшып жатыр (Ж.Жұмақанов, Әлия). **2.** а у ы с. *Қаяу, кірбің, кикілжің.* Тумай жатып сүттей ұйып отырған Мақажан мен Сейфолланың арасына *ж а р қ ы ш а қ* салды (С.Талжанов, Сейфолла.).

Жарқышақ дауыс. *Ащы емес, тарғыл дауыс.* Жел ішінен *ж а р қ ы ш а қ д а у ы с* естіледі: не дауыс? Әлде қойшы айтақтайды? Әлде қасқыр ұлиды? (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАРЛА= е т. *Жар салу, әйгілеу, хабарлау.* Екінші толық Бөшке, мысалы сол, – Адамдар көп даурықпас ақылы мол. Сарп етпей босқа сөзін жұртқа *ж а р л а п*, Үндемей жүріп ісін істейді ол (А.Байтұрсынов, Шығ.). Дүние бізді алдап жүр, Алдына ажал *ж а р л а п* тұр. Күлгендерді жылатып, Жүргендерді торлап тұр (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бұлардың [әсерлердің] ісін қарардың алдында Совет үкіметі барлық жер-дүниеге *ж а р л а п*, мағлұм қылды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жарлай арнау. ә д е б. *Арнаудың көпшілікке қайрыла сөйлеу түрі.* Мұнда бір адамға не бір нәрсеге емес, көпшілікке қайрыла сөйлейді. Бұл *ж а р л а й а р н а у ғ а* жатады (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ЖАРЛАМ з а т. ж е р г. *Көмек, жәрдем.* Ол бізге *ж а р л а м* берсін (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРЛАН[1]= е т. **1.** *Жар пайда болуы, жарға айналу.* Айғанша теңізге төніп, *ж а р л а н ы п* тұрған көк қатпар шыңға бет түзеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қамыстың ықтасын жағына *ж а р л а н ы п* қар тұрып қалыпты («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Қабақтың көтеріңкі болып келуі.* Қарияның шүңірейіп, ішіне түсіп кеткен көзі жұмулы. *Ж а р л а н ы п* біткен қалың қабағы аппақ (С.Шаймерденов, Жыл құсы). ...Махмет көптің алдына шықты. *Ж а р л а н ы п* түйіле қалған қабағының астынан кішкене көздері от шашып тұр (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ЖАРЛАН[2]= е т. к ә с. *Бас жару.* Шыққан егіс *ж а р л а н ы п* көрінеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРЛАУ[1] з а т. ә д е б. *Жар айту, жар салу, хабарлау.* Пролог ескі замандардан қалған сахналық шығармаларда *ж а р л а у,* арнау түрінде, яғни пьеса, музыкалық шығармаларға көпшіліктің көңілін аудару үшін... қолданылған (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Жар салғанда да, жар айтқанда да басты мақсат – мәлімет беру, хабарлау, *ж а р л а у* (Б.Ыбырайым // «Қаз. әдеб.»).

ЖАРЛАУ [2] с ы н. *Жарлауыт, жарсымақ.* Ойпаң жерден орғытып, *Ж а р л а у* жерден ырғытып, Тегіс жерден сырғытып, Аяңдамай желеді (Қыз Жібек). *Ж а р л а у ғ а* біткен жапырақ, Жамылсақ тоңар ма екеміз (Ақтамберді жырау, Жыр.). Таңдайым кеуіп, Днепрден су ішкім келеді. Алайда оның бір *ж а р л а у* жағасына тап болдым (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Жасыңа жетпей қартайғаныңа қарағанда, сүйегің боркемік *ж а р л а у д ы ң* топырағындай жұмсақ болар (О.Бөкеев, Өз отың.).

ЖАРЛАУЛАН= е т. *Жар-жар болып, жарлауытқа ұқсау.* ...Жүсіп атын қаңтара тастап, өзі ылдиға түсті. *Ж а р л а у л а н ғ а н* шағыр (Б.Майлин, Шығ.). Көк бурыл тартқан қалың қамыстар *ж а р л а у л а н ы п,* Балқаш айдынын бауырына ала жол тартып, көрініп жатыр (С.Бегалин, Уақыт.). Мың жылдан бері дамыл таппаған жерлер тыңайтқышты төге-төге *ж а р л а у л а н ы п,* биіктеп кеткен (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖАРЛАУЫҚ з а т. ***Жарлауыт.*** Бірақ дәл қыстауға қараған шетінде тік *ж а р л а у ы қ* болып қалған кішілеу шұңқыры бар (М.Әуезов, Шыңғыстау).

ЖАРЛАУЫЛ зат. көне. *Бұрынғы замандағы сарай қызметкері.* Сүй патшалығының алғашқы дәуіріндегі ішкі бағандықтағы қол тапсыру салтын игеріп, патша жарлығын жариялайтын сарай қызметкерлері де осылай делініп, Йаңди тұсында жебеңгер *ж а р л а у ы л* аталды («Жалын»).

ЖАРЛАУЫТ з а т. *Су арнасы бойында жердің опырылып құлауынан пайда болған онша терең емес жар.* Жүністі бір *ж а р л а у ы т т ы ң* астына тастап, Қартқожа бүкшеңдеп, буыны сыртылдап, Шәмкештің іргесіне келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кей жері *ж а р л а у ы т* болса, көп ағысының бойында әдемі, майда, көкмайса шалғын бар (М.Әуезов, Ақын аға). Қатқақ тым түйетайлы құлама, әрі бұрылыс-бұрылыс сайын тізеден қағар *ж а р л а у ы т* тік (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). Өзеннің арғы жағы *ж а р л а у ы т,* ит мұрны өтпейтін қалың орман (Р.Тоқтаров, Шығ.).

Жарлауыт жаға. *Опырылған, онша терең емес жарлы жаға.* Қарашық *ж а р л а у ы т ж а ғ а н ы ң* бүйірін майда толқын тілімен жалап, сылқ-сылқ күледі (А.Нысаналин, Алыста.). Айзада *ж а р л а у ы т ж а ғ а ғ а* тез-тез тырмысып шығып, Оралма арығы басталатын Жалбыздының салқын суына күмп қойды (А.Мекебаев, Періште келіншек).

Жарлауыт қабақ. *Биік, көтеріңкі қабақ.* Ырай біздің елдің адамы. *Ж а р л а у ы т қ а б а қ,* жауырынды, еңгезердей қара кісі еді (І.Жансүгіров, Әңгім.). Жазық маңдай мен *ж а р л а у ы т қ а б а қ* астынан қараған сабырлы да ойлы көздер шәкірттердің әрқайсысына аймалап қарайды (Ш.Мұртазаев, Қара маржан).

ЖАРЛАУЫТТАН= е т. **1.** *Жарлауыт болып кету.* ...Серікбай атын ентелете бастырып, қарасудың *ж а р л а у ы т т а н ғ а н* қабағына сып етіп жете беріп, ителгіні көтере ұстап, ат үстінен ұмтылып кеп қалды (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің опырылуы.* Қанат Жанпейісович жаңа байқады, табақтағы майсөктің төр жағы *ж а р л а у ы т т а н ы п* омырайып қалыпты (Д.Досжанов, Дария.).

ЖАРЛАУЫТТАУ с ы н. *Жарлауыттанған, жарлауыттана бастаған.* Өзеннің жағасындағы *ж а р л а у ы т т а у* биік жерге салынған (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын.). Есілдің құлама *ж а р л а у ы т т а у* жиегінде бұтақтарға қонақтаған қара тағандай тізілген қалың жұрт үнсіз (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАРЛАУЫТТЫ с ы н. *Жарлауыт болып біткен.* Тынымсыз, тұңғиыққа батыл бойлап, Бір толқын, бір толқынды батырды ойнап, Бір жағалау тұр тұнжыр, *ж а р л а у ы т т ы,* Жайылып бір жағасы жатыр жайдақ (Қ.Жұмағалиев, Шапағат.).

ЖАРЛЫ[1] з а т. *Кедей, жоқ-жітік.* Адалдап *ж а р л ы л а р ғ а* қайыр беріп, Жарқылдап

өте шықты Бекетай да. Қанадан асып туған күш-қайратты, Құлбарақ халық үшін жанын сатты (Базар жырау, Шығ.). Адам безер сараңнан, *Жарлы* болып жүрсем де Жимадым малды қарамнан (Бес ғасыр.). Бұл ең алдымен *жарлыны,* жалшыны жарылқамақ, елді соларға билетпек (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзіңіз білетін боларсыз, қазақта қалыңмал бар, сондықтан *жарлыға* қатын алу оңай емес (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сорлы шал қара қасқа деген *жарлы,* көрмеген өмірінде бір де малды (С.Көбеев, Қалың мал). Енді әр старшынның алым-шығынын ауылнай сход байға байша, *жарлыға* жарлыша сол старшындарға үй басына таратады (Ә.Бөкейханов, Шығ.). // *Сараң.* Жайсандарға *жарлы* емес қой біздің қыр, Жақсылардың жанарынан сүздім нұр. Әділдік деп ойлайсың ба, алайда, Көк аспанға билік етсе құзғын бір? (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Өзіңді жамандамаймын, Сөзімді тамамдамаймын, Даттауға әманда *жарлы,* Мақтауға әманда баймын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Басқа жарлы. *Басқа жарымаған, басқа зәру.* Мырзаға бақ-дәулет біткенмен, *басқа жарлы.* Өзі төмен әрі аз атадан шыққан (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

Жарлы байыр [байыды]. *Өмір, бақ-дәулет бір орында тұрмайды, кедей бай болар деген мағынада айтылатын сөзқолданыс.* Бірақ жас өсер, *жарлы байыр* дегендей жетіліп кетеді (С.Талжанов, Өткен күндер.). *Жарлы байыды,* жетім есейді, ер жетті («Самғау»).

Жарлы мен жақыбай. *Жарлы-жақыбай.* *Жарлы менен жақыбай* намысты ойлап, Артып берді екі тең қамыс байлап. Тілсіз жауға тірексіз тура тартса, Жылым жұтып, жігіттің бағы ұшпай ма? (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАРЛЫ[2] с ы н. **1.** *Жары бар.* Ескектен су шашырап, қайық тік *жарлы* жағаға қарай тартып кетті (С.Баязитов, Күтп. кездесу). **2.** ж е р г. *Қабырғалы.* Әсіресе жұқа *жарлы* ағаш үйлердің ішіндегі жұрттың аузы судан, қолы орамалдан ажыраспады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖАРЛЫ[3]**: жүрек жарлы.** с ө й л. ***Жүрек жарды.*** Кешегі Айдаркин жұбайының телефонмен жеткізген *жүрек жарлы* қуанышынан бері олардың жан-күйі жадырап, биылғы күдікпен күткен сәтті сағаттары соқты (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАРЛЫҒЫНДА ү с т. ж е р г. *Қарауында, қол астында.* Біз Алматының *жарлығында* мыз (Қазақ тілі, аймақ. сөздігі).

ЖАРЛЫДАЙ с ы н. *Жарлы адам сияқты.* Енші алдым бір ауданның аймағынан, *Жарлыдай* ағайыннан жиған жылу (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖАРЛЫ-ЖАҚАУ з а т. с ө й л. *Кедей-кепшік.* Көшерге көлігі жоқ, *Жарлы-жақау* бұйығып, Малдарының өлігі қала берді үйіліп (А.Асылбеков, Әлем.).

ЖАРЛЫ-ЖАҚПАЙ з а т. с ө й л. ***Жарлы-жақыбай.*** Өйткені екеуі де *жарлы-жақпайлардың* үйді дәл осылай салуын ұрыдан қауіптенуден екенін біледі, – деді ол (Т.Жақыпбайұлы, Асан ата).

ЖАРЛЫ-ЖАҚЫБАЙ з а т. *Кедей-кепшік, жоқ-жітік, жалшы-малшы.* Тәкежан мысқылдап сөйледі: – Осы төбе биді сайлаған да Абай: *«Жарлы-жақыбайға,* жетім-жесірге, қаріп-қасерге жақсылық ететін кісі керек», – деп (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ел ішінде әділдік жойылды. *Жарлы-жақыбайға* теңдік тимейтін болды. Теңдік малға не тұқымға тиді (К.Досмұхаммедұлы, Шығ.). Бұрыштарда алақанын жайып, жаймасын төсеген ақ қар, көк мұзда дірілдеген сәбилі әйелдерді ...осындай қаптап кеткен *жарлы-жақыбайлардың* еліміз шекарасынан қалай емін-еркін өтіп кеткеніне таңғалмасқа лажың қалмайды («Егемен Қазақстан»).

ЖАРЛЫ-ЖАЛШЫ з а т. *Кедей, батырақ.* Абай шабуылда бүліктердің пәлесін өз бастарымен тартып қалған *жарлы-жалшының* жайларын түгел білді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жалғыз емес Жангелді, *Жарлы-жалшы* көп елі. Заманға зарланып, Нардай бейне шөгеді (О.Шипин, Дастан.). Зарланып айтты одан соң ағайынға: – Мұңымды сендерге де шағайын да. Өзіммен тілегі бір *жарлы-жалшы,* Жәрдем қыл, келінімді алайын да! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ол соның екпіні ғой, Тыңдаңдаршы! Биікке тік көзіңді *жарлы-жалшы* (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

ЖАРЛЫ-ЖАРАУДАЙ с ы н. *Жарлыдай күй кешкен.* Түндігі тынбай желпілдеп, Бүріскен *жарлы-жараудай* Бүкіл үй тұрды селкілдеп (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАРЛЫҚ з а т. **1.** т а р. қ ұ қ ы қ. *Орта ғасырлардағы түркі мемлекеттеріндегі ханның немесе әскер басыларының бұйрығы.* Алтын Орда мен Қырым хандарының *жарлықтары* біздің заманымызға дейін жеткен (ҚҰЭ). Хандардың өздеріне тәуелді бектерді тағайындау және ішкі-сыртқы саясат мәселелеріне қатысты *жарлық* шығаруы үрдіске айналған (ҚҰЭ). Өңкей батыр жиылып, Абылай салды *жарлықты* (Бұқар жырау, Жыр.). **2.** *Бұйрық, әмір.* Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған *жарлық* шықты (Ә.Бөкейханов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Айтқаны, сөзі. Жарлығы* екі болмас хақ құдайым, Жанында серігі жоқ тақ құдайым, Жанымды алсаң, құдая,

иманмен ал, Шайтанның қазасынан қақ, құдайым (Шал ақын, Өленд.). **4.** з а ң. *Мемлекет басшысының қабылдайтын құқықтық актісі.* Құқықтық жағынан *ж а р л ы қ* нормативтік және нормативтік емес болып бөлінеді (ҚҰЭ). Нормативтік *ж а р л ы қ* мемлекеттің бүкіл аумағында міндетті күші бар құқықтық нормаларды белгілейді. Нормативтік емес *ж а р л ы қ* нақты оқиғаға байланысты шығарылады (мыс., азаматтарды лауазымды қызметке тағайындауға, марапаттауға, т.б. байланысты) (ҚҰЭ). 25 июнь *ж а р л ы ғ ы н* бетке ұстап, дағдарған елді олжалану, ескі кекті қоздырып, партиялықты қолға алып, өтірік шағым айтып бірін-бірі жаптыру, тінттіру әр елде болды (М.Дулатов, Шығ.).

Жарлық берді. *Хабарлады, тоқетерін айтты, мәлімдеді.* Қарады, қыран сөзі қысқа болды: «Таң ата жүреміз!» – деп *б е р д і ж а р л ы қ.* Ежелден Абылайда екі сөз жоқ, Сөз шықты: «Болады!» – деп, тарады топ (М.Жұмабаев, Шығ.). Жарты сағат өтпей-ақ ол қайта айналып келіп керуенді тез жүргізуге *ж а р л ы қ б е р д і* де, өзі көлік жегілгенше үйде отырды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жарлық қылды [етті]. *Әмір етті, бұйырды.* Іңірдің соңын ала хан Абылай, Серпіліп ерлеріне *қ ы л д ы ж а р л ы қ* (М.Жұмабаев, Шығ.). Бір-екі мұнан кейін жұма өтті. Тілейтін жаңа тоят кезі жетті. Қызығы патшалықтың тозды жылдам, *Ж а р л ы қ қ ы п* кемпір патша шалды іздетті (А.Байтұрсынов, Шығ.). ...Хан жатыр жалғыз қазға болып ғашық, Ас ішпей, итше қатып көзін ашып. Қаз емес, пері қызы болғаннан соң, Еліне *ж а р л ы қ қ ы л ғ а н* хабар шашып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). «Хан қызы қашып кетті», – деген сөзге, Хан тұрып қаһарланып намыс етті. Қайтсе де қызды іздеп тез табуға, Ел-жұртын түгел жиып *ж а р л ы қ е т т і* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жарлық шашты. п о э т. *Әмір етті, бұйрық берді. Ж а р л ы қ ш а ш т ы,* қол жүрді суды өрлей, Шаһарына жеткенше дамыл көрмей. Көкпеңбек темір киген өңкей батыр, Тарттырып жөнеледі сырнай-керней (Абай, Тол. жин.).

Жарлық шығарды. *Бұйрық шығарды, әмір етті.* Жәнібек те сол сағатта Сауран шаһарын шабуға әскеріне *ж а р л ы қ ш ы ғ а р ғ а н* (І.Есенберлин, Алмас қылыш).

Жарлық шықты. *Бұйрық берілді.* Жиырма бес ол низамға срок болды, Халыққа бегірек те керек болды. Уә және чрезвычайный *ж а р л ы қ ш ы ғ ы п*, Тыюға ұрыларды себеп болды (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖАРЛЫҚСЫЗ ү с т. *Жарлық қылмай, жарлық ретінде бекітпей.* Ешкім *ж а р л ы қ с ы з* ештеме істемейтін уақыт қой («Түркістан»).

ЖАРЛЫҚТАЙ с ы н. *Жарлық сияқты.* Айналып ауыл-үйді албырт Аяп, Айтып жүр жаңа келген *ж а р л ы қ т а й-а қ.* Әліби қазір кеште сөйлейді сөз, Әкелген сыйлығы бар жарлыны аяп (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

ЖАРЛЫҚШЫ з а т. *Жарлық оқушы.* Уәзірлер мен билердің тұрды бәрі, Өнер қылайық деп *ж а р л ы қ ш ы* сайланып тұр (Ғашықтық дастан.).

ЖАРЛЫЛАУ с ы н. *Кедейлеу.* Ат жарағым кем еді, *Ж а р л ы л а у* едім мен деді (Батырлар жыры).

ЖАРЛЫЛЫҚ з а т. *Кедейлік, жоқшылық.* Жігітке қырыққа келгенше байлық та жоқ, *ж а р л ы л ы қ* та жоқ (Мақал). *Ж а р л ы л ы қ* қиындығы жасынан жарлы болғаннан гөрі байдан жарлы болғанға көбірек сезіледі (А.Байтұрсынов, Шығ.). Бірақ олардың оны тілмәш-мілмәш болып, тоқсаны: «*Ж а р л ы л ы қ* та жақсы екен, жатыпішер ас болса» деген күйде жүрген көрінеді (М.Дулатов, Шығ.). Жарлылық қайда барса қалыспады, *Ж а р л ы л ы л ы қ* қайыршы боп тал ұстады. Жарлылық қайда барса етек тартып, Еңсеге таудай қонып жаныштады (О.Шипин, Дастан.).

ЖАРЛЫШЫЛ с ы н. *Кедейшіл, кедей-кепшіктерді жақтағыш, жарлы-жақыбайшыл. Ж а р л ы ш ы л* жаңа өкімет Құлауға таяу тұр дейді. Қайғырса жесір-жетімек, Қуанып байлар жүр дейді (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

ЖАРМА[1] з а т. *Бидай, арпа, сұлы, күріш, тары сияқты дақылдар дәнінің ұсақталып, жармаланған түрі. Ж а р м а н ы ң* тағамдық қасиеттері жоғарғы және балалар мен науқас адамдар үшін ерекше жұғымды (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Есенбике қол диірменді көлеңкеге құрып, қуырылған бидайды *ж а р м а* қып тартып отырды (А.Хангелдин, Өткен күн.). Балықшының үйіне барсаң, қарма жерсің, Егіншінің үйіне барсаң, *ж а р м а* жерсің (Мақал.). Тәліптің таңғажайып ісін көріп, Патша да, басқасы да кетті бұйып. Падиша кереметке қайран қалып, Ақыры қызын берді неке қиып. Күйеу қып, қызметке отырғызды, *Ж а р м а с ы* талапты ердің болмас сұйық (О.Шораяқов, Шайыр).

Жарма пісірмесі. т а м а қ. *Тұтқыр ботқалардан дайындалатын тағам. Ж а р м а п і с і р м е с і н* дайындау үшін дайындалған тұтқыр ботқаны 60^0 С дейін салқындатып, оған шикі жұмыртқа, қант, кейде мейіз, өрік және ванилин қосады. Осы массаны араластырып, май жағылған және кепкен нан ұнтақтары себілген темір бетке салады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖАРМА[2] з а т. к ө н е. *Сәндік үшін тағылатын әшекей зат.* Тойға киетін таза көйлектің омы-

рауына жүрек тәрізденіп күмістен жасалған өрнекті *ж а р м а л а р* тізбегі тағылатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Жарма көттік қылды. қ а р а п. *Әбден қажалған, сірісі кеткен етік туралы айтылады. Ж а р м а к ө т т і к қ ы л ы п*, қызыл-жасыл шарық жіппен, иттіс шалып, сірісін қошқар мүйіздеп қойып, тақасын шоңқита қаза мінеп тастаған екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРМА[3] з а т. *Өгіздің қамыт ағашы, мойынтұрық. ...*Көбігі бұрқырап, тілдері сала құлаш шыққан өгіздерге Алтынсары жақындап еді, мойындарын *ж а р м а* соғып, қаны аққан қып-қызыл жара (С.Мұқанов, Аспаз). Ұста, саған айтамын, Ағашты ұрлап тасымай, Өгіздерге керекті Жаса жөндеп *ж а р м а с ы н* (Ү. Кәрібаев, Өлеңд.).

Жармаға жегілді. *Жарма (мойынтұрық) кигізілді.* Терезені ашып жіберсем, қос шаңырақкер *ж а р м а ғ а ж е г і л і п* қалыпты (Ж.Мусин, Туған үй.).

Жарманың бұлқыны. *Мойынтұрықтың төменгі екі жағын қосып байлайтын қайыс бау.* Қос шаңырақ кердi таңертең ерте жек, бүгін *ж а р м а н ы ң б ұ л қ ы н ы н* жөндеп қой! (Ж.Мусин, Туған үй.).

ЖАРМА[4] з а т. ж е р г. *Арна, үлкен арық.* Жуан *ж а р м а с ы н ы ң* [каналдың] ұзын тұрқы елу километрдей (С.Мұқанов, Алып. адым.). Тереңдігі бес метр, ұзындығы төрт жүз метрдей келетін *ж а р м а* қардан тегіс аршылған (Ы.Тникин, Турксиб.). Жарылып *ж а р м а,* өзен, тоқтық кірді (Т.Ізтілеуов, Мәрді дихан).

Жарма қазбалары. к е н. а) *Жаңа карьерлерде немесе жұмыс істеп тұрған карьерлердің жаңа деңгей жиегінде аршылымды қазып алу немесе пайдалы қазылымды өндіру мақсатында жүргізілетін қазба жұмыстары.* ә) *Шахтаның немесе кеніштің әрбір жаңа қазып алу алаңдарында (блокта, этажда, панельде, қатарда және т.б.) тазарту жұмыстары басталатын жерасты қазбалары* (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАРМА[5] зат. геол. *Кейбір омыртқасыздарға тән бақалшық бөліктердің бір түрі.* ≈ Моллюскі *ж а р м а с ы.*

ЖАРМА[6] с ы н. *Ортасынан екіге жарылып бөлінген.* ≈ *Ж а р м а* отын.

Жарма есік. *Екіге бөлінген, ортасынан ашылатын есік.* Көрші бөлменің *ж а р м а е с і г і* сықыр ете ғап кішкене ғана ашылғанда, ар жағынан сылдырлаған шолпының даусы, әлдекімдердің сыбырласқан үні естілді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қозғалса шықылдап, ән сала жөнелетін *ж а р м а е с і к* ашық еді (Р.Райымқұлов, Жасыл белес). Төргі бөлменің *е с і г і ж а р м а* болушы еді, жарманың бір жағы жабық, бір жағы ашық екен (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Үй іші қап-қараңғы, түндік жабулы, *ж а р м а е с і к* қапсырулы (А.Нұрманов, Аққу.).

Жарма қоныш. к ә с. *Қонышы екі жақ жанынан жармаланып тігілген.* Сондықтан оны кейде *«ж а р м а қ о н ы ш»* деп те атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Жарма құрт. т а м а қ. ж е р г. *Кесек-кесек етіп жасаған құрт.* ≈ *Ж а р м а қ ұ р т* жасау.

Жарма пеш. *Айналмалы, орыс пеші. Ж а р м а п е ш* салды (Ауызекі).

Жарма шымылдық. *Екі жағынан бау өткізіп, төсек-орынның алдына ұстайтын перде, қыз жасауының бір түрі.* Қызының төсегі түрілген жібек *ж а р м а* шатырша *ш ы м ы л д ы қ т ы ң* ішінде ақ күмбезді, серіппелі кроватта (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАРМАДАЙ с ы н. **1.** *Каналдай, үлкен арықтай.* **2.** а у ы с. *Ағын судай.* Бір діріл пайда болып денесіне, Қиялдың мініп ұшқыр кемесіне, Кетті ол *ж а р м а д а й* ағытылып, Сөздерін сақтап қалдым мен есіме (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАРМА-ЖАР ү с т. ж е р г. **1.** *Тең, бірдей.* Ауыспалы егіске көшкен бойда жоңышқаны күрішпен *ж а р м а-ж а р* егіп, оның агротехникасын күшейте бастадық (Ш.Құндызбаев, Ильич.). **2.** ж е р г. *Жартысы.* Тиесі ақшамның *ж а р м а-ж а р ы н* ғана алдым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРМАҚ[1] з а т. с ө й л. ***Жарма***. Ауыз үйде біздің жаққа тақау дәу бір қара кебеже тұрушы еді. Ұн, сөк, майға қуырған бидай, *ж а р м а қ,* қара тұз, қаймақ, басқа да сол сияқты ас-тағамдар сонда сақталатынын жақсы білем (Ө.Қанахин, Жер бас.). Арқалаған шағын кенеп қапшығым бар, ішінде киім-кешегім, оқиын деп алған екі-үш кітабым, күріш *ж а р м а ғ ы н а н* көмген бір таба нан (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

ЖАРМАҚ[2] з а т. ж е р г. *Үннің кебегі.* Ұннің *ж а р м а ғ ы н* жеген мал семіреді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРМАҚ[3] з а т. ж е р г. *Қайыр, садақа.* Түйесін *ж а р м а қ қ а* беріп, өзі әрі қарай жүре беріпті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАРМАҚ[4] з а т. к ө н е. *Ортасы тесік тиын; бақыр ақша.* Бәріміз бұл саудаға разы болдық, Он сегіз *ж а р м а қ* алып, бір құл бердік (Ғашықтық дастан.). Олар айтты: – Айталық сырымызды, Алмаймыз атлас, қамқа, пұлыңызды, Қанша болсын, әйтеуір *ж а р м а қ* бергін, Не де боса алсаңыз құлымызды (Жүсіп-Зылиқа). *Ж а р м а қ* таққан кәмшат бөркі сыңғыр-сыңғыр етеді

(М.Шаханов, Баллада.). Саяда қызыл гүлдей өсіп едің, Сатылма он төрт *жармақ* ақша үшін (ХХ ғ. қаз. ақын.).

Соқыр жармақ. п о э т. *Соқыр тиын.* Қайдан білсін олар жазу қиындығын, *Соқыр жармақ* екенін сыйым бүгін. Қайдан білсін келе алмай, күйім бүгін, Сансыратып кеткенін құйын-күнім (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАРМАҚТА= е т. *Дақыл дәнін ұсақтау, жармаға айналдыру.* Малға *жармақталған* жем беріледі (Ауызекі.).

ЖАРМАҚТАЛ= е т. *Ұсақталу, жармаға айналу.* Он бес центнер *жармақталған* минералды жем және бір машина тұз, қораның жан-жағын қымтауға арналған екі мың бау сары қамыс түсірілді (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.).

ЖАРМАҚТАНУ *Жармақтал етістігінің қимыл атауы.* Күріш дәнінің *жармақтануы* азайды (Қ.Сыздықов, Жоғары рентабель.).

ЖАРМАЛА=е т. *Жармаға айналдыру.* – Мен қазір талқанын ұшырайын. Сосын *жармалаңдар* (К.Қазыбаев, Ызғар). Дәнді азықтарды *жармалап,* шылап берсе, қой жақсы жейді (Шопан кітабы).

ЖАРМАЛАН= е т. *Жармаға айналдырылу. Жармаланған* тары ұзақ жолға шыдамды, әрі жеуге де жақсы (К.Қазыбаев, Ызғар). Молда көріп қалып, *жармаланғанын* өзіне қайта тартқызды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЖАРМАЛАНУ *Жармалан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРМАЛАУ *Жармала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жармаға айналдыру.* Астық дәнін *жармалауға* кірістік (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Мазалау.* Махаббат жұпарына енді еліткен шақ Қырымбайдың есінен кетпей, ойын *жармалауда* (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

ЖАРМАЛЫ с ы н. **1.** *Екіге жарылған (есік, терезе).* Ұста дүкенінің *жармалы* үлкен есігі шалқасынан ашық тұр (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Баяғы екі *жармалы* ауыр есікке келіп, кнопканы басып-басып қалды (Қ.Исабаев, Соңғы.). **2.** *Жармасы бар, жарма тағылған.* Анау жатқан өгіз қамыт пен *жармалы* арба жорғаларға деген салтанатты жабдық болмас (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖАРМАЛЫҚ: **жармалық дақыл.** *Дәнінен жарма даярлауға болатын екпе өсімдік.* Қарақұмық дәні өзінің дәмділігі мен кенеулілігі жағынан *жармалық дақылдардың* ішінде бірінші орын алады (Агроном анықтама). Дәнді бұршақ және *жармалық дақылдар* біздің елімізде қазірдің өзінде ұлан-байтақ жерге егіліп отыр (Ауыл шаруаш. машина.).

ЖАРМАС= е т. **1.** *Шап беріп ұстау, тырмысып айырылмау.* Сол үйден тоғыз-он жасар бала шыға келіп, торы аттың шылбырына *жармаса* кетті (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Уау, мұныңыз не сіздің? Баса-көктеп не болды? Бүркіт Үсен атының шылбырына *жармасты* (Қ.Әміров, Өлеңд.). Алпысы адуынды атқа мініп, *Жармасты* жарақтанып сойылына (Абыл ақын, Өлеңд.). Секілді құрбы-құрдас жолдастарың, Есіңде ме еңбекке жол басқаның? Есіңде ме қаршадай қара бала, Соқаның құлағына *жармасқаныңқ* (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Жабысу, таласу.* Тұрғанда тән сәләмәт неге отырсың, Жеріңе көңілге алған барып қалмай. *Жармасып* жағаласпай дәнеме жоқ, Тиесілі сыбағаңды алып қалмай (М.Дулатов, Шығ.). Тәңірінің өзі келіп көрме ашқандай, Таласып адам көзі *жармасқандай.* Әр тұстың, әр бояудың сиқырынан Ақылың әлденеге адасқандай (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Кейде тіпті көрмеген бір жан басып, Кеттік сонау қарлы шыңға тауды асып. Біреулердің елжіреттік жүрегін, Біреулердің қызығына *жармасып* (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **3.** *Бас салып тиісу, жағалау, ұстасу.* Ысқырған айдаһар ма, алдаспан ба, Дерсің бір, денеме кеп *жармасқанда,* Көп уақыт жерге түспей жаңғырығып Ышқынған ащы айқайым қалды аспанда (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Атағым бар, Айбарым бар! Бар басқам. Асудамын сақал-мұртты қар басқан. Кит те болды жұтып қоя жаздаған, Ит те болды балағыма *жармасқан*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Біле тұра білгісі білмегендей, Теріс қарап кетеді тілге келмей: Жабыла кеп *жармасып,* олжалайды, Жаудан түскен түйені жүндегендей (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** *Біреуді кінәлау, айыптау, маза бермеу.* – Атым өзіңіз айтқан Қалқа бала, – деп күліп жіберді де, «ерсілеу болды ма мұным» дегендей, іле Ақанның өзіне *жармасты* (С.Жүнісов, Ақан сері). Радио шаруасы, Теледидар тағы бар. Көрсе болды *жармасып,* Ал көрмесе – сағынар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сыртың бүтін десек те, ішің түтін күндерде Жақынды жау есептеп, *Жармаспайсың* кімдерге?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Майдан өлеңдеріндегі «Сарыарқа», «Гүлжазира», «Атамекен» деген сияқты некен-саяқ сөздерге *жармасып,* оны бір күйректік, торығушылық деушілер де болды (С.Мәуленов, Үркер.). // *Ілік іздеу, ілінісу.* – Өзіңіздің бір әңгімеңізге аздап сын айтып едім, әлде соным жақпай қалды ма екен? – деп, енді менің екінші жағымнан *жармаса* кетті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Кейбіреу таппай қорек тарығып жүр, құдіретің еткен тағзым егесіндей. Жақсыны көре алмайтын

күншілдер көп, *Жармасқан* жайылымның таскенесіндей (Базар жырау, Шығ.). Ізетті іске ізетсіздік *жармасты*, Ардан жұрдай бір безбүйрек албасты Ұрланып кіріп молаға, екіге бөліп, Қолдиірмен жасап сол тасты, Сатпақшы бопты қалаға. Құныққан деген жаман, ә?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **5.** а у ы с. *Жік-жапар болып жабысып, өтініп қоймау.* Ол өзінше қайтуға оқтала бергенде, бастықтың үкі көзді, жасамыс сары әйелі шайға отыр деп *жармасты* (С.Алдабергенов, Алға).

Ат жалына жармасты. *Атқа мінді, сапарға аттанды.* Қазақ қыздары екіталай күн болмаса *ат жалына жармаса* бермейтін еді дейсіз ғой (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Талып қалды тақымым, Қалып қалды тоқымым, *Жармасамын жалына* (Қ.Мырзалиев, Күміс қоңырау.).

Аяққа жармасты. *Бөгет жасады, кеселін тигізді.* Кейбіреулер сен жоғарылап өсіп, жақсы боп бара жатсаң, *аяғыңа жармасады,* төмен сүйрейді (С.Бақбергенов, Адам.). Бүгін-ақ істер еді соның бәрін Буржуйлар *жармаспаса аяғына* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Жағасына жармасты. а) *Төбелеспек не күреспек болып жағасынан ұстай алды.* Ес кетіп жауынгерлер жанталасқан, Бір тұрып, бір жығылып, бір сүрініп, *Жармасқан жағаларға* күшті қолдар Суырып кеңірдекті қылқындырып (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Күш жағынан Иса Қажымұқанның шертуіне келмейтін адам ғой, сөйте тұра Иса *жағасына жармасқан* шақта, ...күжілдеп бақыра бастайды (С.Мұқанов, Есею жыл.). ә) *Пәле болып жабысты, кедергі болды.* Одан соң ширек ғасыр шамасында Отанның жау *жармасты жағасына*, Аштықтан, тас қамаудан сиреген ел Қарамай қансыраған жарасына (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). б) *Аянбай қарсыласты. – Жағасына жармасып* өлермін, бәлем. Құдай орайын келтірер, қолында өлермін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). в) *Тиісті, қақтығысты.* «Директор ананы істемеді, мынаны істемеді», – деп *жағасына жармаса беретін,* әділдік пе сол? (З.Шашкин, Сенім). г) *Пәле жапты, қастық ойлады. Жағаға* біреу *жармасып,* Басымды менің күндесе. Зәбірлеп бекер тілдесе, Алатау, саған қараймын (Ш.Мұхамеджанов, Көңілашар). *Жағаңа* жат *жармасса* қайтер едің, Ызасы өтті елге бай-төренің (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

Етегіне жармасты. а) *Жабысып қалмады, айырылмады.* Әбден бауыр басқан немересі өз шешесіне де бармай, әжесіне тығыла түсіп, *етегіне жармасатын* еді (Ауызекі). ә) *Біреудің етегінен ұстады, тұрмысқа шықты.* Отағасымның қарақағазын қолға ұстап әбден күдер үзген соң, жетім бала, жесір қатын не оңамын, біреудің *етегіне жармасайын* деп те лоблыдым (А.Нұрманов, Аққу.). б) *Аяқтан алды, қастық істеді, қатер төнді.* Жау өз *етегіне жармасқанда,* бауырласқа қол ұшын бере қою оңай ма? (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

Шаужайына жармасты. *Жағасынан алды, бетінен алды.* Күйінген тәңірісін қарғайды деген, келе Бейсеннің *шаужайына жармаса* кетті (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖАРМАСҚЫЛАР з а т. з о о л. <лат. gekkonidae> *Бауырымен жорғалаушылар класына кіретін қабыршақтылар отрядының тұқымдасы.* Қазақстанның шөлді және шөлейтті аймақтарында *жармасқылардың* алты түрі бар (Қаз. тілі термин. Биололгия). *Жармасқылардың* 70-тей туысқа бірігетін 700-ден аса түрі белгілі (ҚҰЭ). *Жармасқылар* күндіз жасырылып, қорегін түнде аулайды (Жетісу энц.).

ЖАРМАСТЫР= е т. **1.** *Жабыстыру.* Сарбалақ [қыран] кешеден бері екі балапанға дамыл бермей отыр. Ұяны айнала қуып, еріксіз қанаттарын қақтырады. Еріксіз бұтаққа *жармастырады* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** а у ы с. *Жағаластыру, қарсыластыру.* Ат тістесе атымды қуанамын, Тәңірімнің ісі деп *жармастырған* (Жамбыл, Шығ. жин.).

ЖАРМАСТЫРУ *Жармастыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жағасына *жармастыру.*

ЖАРМЕҢКЕ з а т. с ө й л. ***Жәрмеңке***. Үш шұбарды тройкелетіп *жармеңкеге* жегіп барсам. Көшеде мойнын қайыртып, құтыртып бір жүрсем, жұрт: «Бұ қай мырза, қай болыс!» деп таңданса, сонда менің Қасқырбай атым алты алашқа кетеді, сонда менің кім екенімді жұрт біледі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРМАСУ *Жармас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұстап алып жібермеу, жабысу.* Сол қол төбесінен төнген қамшыны қағуға, оң қол жағаға *жармасуға* ыңғайланды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Шыңдардың шоқтығына *жармасуға,* Боз тұман өрмелейді тау басына (С.Мәуленов, Шалқар). **2.** а у ы с. *Өзіне меншіктеу, өзінен жібермеу.* Тұрды олар қия-құз жар басында, Сотқа барды ақыры заңдасуға. Әрқайсысы өзіне алмақ болды, Жалғыз ұлға шыр-пыр боп *жармасуда* (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** *Құмарту, бірден бас салу.* Шомылсам да Мұрғабқа, Қыдырсам да гүл баққа. Жан айтпаған жыр баптан, *жармасушы* ем ырғаққа (М.Әлімбаев, Көңіл күйі.).

ЖАРМАСЫЛ= е т. *Жабыстырылу, таңылу, тағылу.* Әділ іс – ағын судың арнасындай, Әділ сөз – болат семсер алмасындай. Пайда етпе өне

бойы өтірік айтып, Жаласы қалмас бір күн *ж а р м а с ы л м а й* (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАРМЫСЫ з а т. ж е р г. ***Жарымы***. Олардың *ж а р м ы с ы* – әйелдер (Ауызекі).

ЖАРМЫШ з а т. ж е р г. *Каналдан бөлініп алынған үлкен арық.* Қуаныш *ж а р м ы ш* сағасын Қызкеткеннен алған (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРНА[1] з а т. **1.** ***Мүшелік жарна*** *(белгілі бір ұйымға мүше болғандығы үшін арнаулы мерзімде төленіп тұратын ақша).* Ақша беріп жіберейін, кәсіподақ *ж а р н а м д ы* төлей саларсың, келістік пе?! (З.Камалиденов, Фермаға кел). Профорг етіп сайлап едік, онда да түк бітірмеді. *Ж а р н а* жинау да қолынан келмеді (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Қарсы ұшар күшім бар әлі, Жете алсам, әттең, арманға! Төлеусіз кетіп барады, Партиялық *ж а р н а м* да (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** *Пайдадан түскен үлес, түсімнің бір бөлігі, табыс.* ...Барам, көрем қызды, көңіліме ұнаса, берем сұраған ақшасын, қанша сұрар дейсің, ең көп болғанда Атбасар жәрмеңкесінен алам ба деген түсімнің жүзден бір *ж а р н а с ы* ғана болар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тәңірі шешер көңіліңнің ағын, балам, *Ж а р н а* болар малыңды бақсаң, балам. Тілімді алмай барасың, ей, жүгірмек, Енді маған сен жоқсың кетсең, балам (Қозы Көрпеш). **3.** э к о н. *Табыс, артықшылықтар немесе өзге де сыйақылар алу және сақтау мақсатымен субъектінің шаруашылық мүктаждары үшін белгілі бір құны бар активтерді жұмсау. Жарна* банкке салынған ақшалай сомадағы салымдар немесе қымбат бағалы құндылықтар, кез келген коммерциялық емес ұйымға кіргені үшін төлемақы кез келген коммерциялық емес ұйымға қатысқаны үшін төлемақы (мүшелік жарналар), шаруашылық серіктестердің жарғылық капиталына өз үлесін төлеу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін (Қаз. тілі. термин. Экология). Әдетте онда міндетті *ж а р н а л а р* мен инвестициялық табыстың есепке алынуы, зейнетақы жарнасы сомасынан қордың комиссиялық алымдарды ұстауы және зейнетақылық салымдардың басқа қорлардан аударылғаны көрсетіледі («Егемен Қазақстан»). Пайдадан төленетін *ж а р н а* әрбір кәсіпорын жұмысының сапасы мен финанс нәтижесіне байланысты (Қысқ. саяси экон.). **4.** э к о н. *Пайдадан төленетін бір бөлік, төлемақы.* Игілік *ж а р н а н ы ң* мөлшерін шамалап көрсе, төрт мыңдай жылқы сату керек екен (І.Омаров, Шабыт шалқары). **5.** а у ы с. *Өзіндік үлес, ерекше жаңалық.* Мұнда өзінің бұрынғы музыкалық қазынасына Абай аулына барғаннан қосылған жаңа *ж а р н а* бар екені сезіледі (А.Жұбанов, Замана). **6.** а у ы с. *Бөлік, тұтас нәрсенің бір көрінісі.* Түнде жүрсең орман іші – үрейлердің ордасы, Ер жігіттің төленетін ерлігінің *ж а р н а с ы* (Е.Ибраһим, Оқжетпес).

Амортизациялық жарна. э к о н. *Өнім шығаруға жұмсалған шығынның бір бөлегі.* Негізгі қорларды қалпына келтіруге кететін пайда үлесі, сондай-ақ кәсіпорындардың қарауында қалдырылатын *а м о р т и з а ц и я л ы қ ж а р н а л а р* көбейтіледі (Қысқ. саяси экон.).

Жарна салу. *Ақша не мал түрінде көмек көрсету үшін қаражат жинау.* Басы мына мен боп, былайғы ағайын хал-қадарынша *ж а р н а с а л у ы ң* керек (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жарна төледі. *Жалақысының белгілі мөлшерінен ұйымға ақша төледі.* Артель мүшелері *ж а р н а т ө л е й т і н* болады. Соған біз тұқым сатып аламыз (Қ.Исабаев, Ерлік).

Мүшелік жарна. қ о ғ.-ә л е у м. *Жалақының белгілі мөлшерінен ұйымға төленетін ақша.* Сілекеев кәсіподақтық *м ү ш е л і к ж а р н а н ы ң* түсімін тексеруге облыстан келген еді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *М ү ш е л і к ж а р н а* деген қып-қызыл дау болды (І. Жансүгіров, Шығ.). Дәрмен *м ү ш е л і к ж а р н а л а р* төлерде процентін қағазға жазып шығарады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Комитеттің ережесі бойынша ел ішінен жиналатын жылулар: көрнекті *м ү ш е л і к ж а р н а с ы* кемінен 50 сом, қалыпты *м ү ш е л і к ж а р н а с ы* 10 сом, бұлардан басқа зекет, құшыр, пітір, құрбан, педие, киім, тамақ һәм жай жылулар («Абай»).

ЖАРНА[2] з а т. ж е р г. *Тұқым, дән.* Мәшинеге *ж а р н а* тиеп жатыр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРНА[3] з а т. ж е р г. *Сыңар, серік.* Саған да *ж а р н а* табылып қалар (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРНАҚ[1] з а т. б о т. *Өсімдік тұқымындағы ұрық.* Тұқымдардың *ж а р н а қ* санына қарай – дара, қос және көпжарнақты деп үшке бөледі (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Тұқым *ж а р н а г ы* жер бетіне шыққанда негізгі тамырдың ұзындығы 3-12 см болады (А.Алманиязов, Асқабақ). Көшетті көшіріп отырғызу, оны мүмкіндігінше жас кезінде, дән *ж а р н а г ы* ашылмай тұрғанда жүргізу жақсы нәтиже береді (А.Жанғалиев, Бағбан.).

ЖАРНАҚ[2] з а т. ж е р г. ***Жарна***. *Ж а р н а қ т а р ы ң д ы* төлеңдер, уақыт болды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРНАҚТЫ с ы н. б о т. *Ұрықты (өсімдік тұқымына қатысты).* Тұқымдардың жарнақ санына қарай – дара, қос және көп *ж а р н а қ т ы* деп үшке бөлінеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАРНАҚША з а т. б о т. *Тұқымдық ұрықшалар. Жарнақшалардан* сүт жіңішке каналшалар арқылы кең каналдарға ауысады (С.Сейітов, Сүт. өндеу).

ЖАРНАЛА= е т. ж е р г. *Бөлісу.* Мен оған бір қап бидайды *ж а р н а л а й ы қ* дегенмін (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРНАЛАС с ы н. *Жарнаға ортақтас.* ...Қарагер құнанға Ысқақ пен сені *ж а р н а л а с* қылайық! – деді Жантай (С.Сейфуллин, Шығ.). Тышқанына аңшының *ж а р н а л а с* боп, балықшының ортақ боп сазанына (Жанақ). Әуелде ат-тонын ала қашып, беті ары қарап кетсе, пәлесіне қалмайын деген кісі енді абыройға еншілес жақсы атаққа *ж а р н а л а с* болмақ (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

ЖАРНАЛЫҚ з а т. *Тиісті үлес.* Армия қатарына биыл екі монтажшымыз алынған-ды. Соларға трубаның бар *ж а р н а л ы ғ ы н* жазып тұрам (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

ЖАРНАМА [ир. نامه+جار]з а т. <франц. reclame> **1.** *Тұтынушылардың назарына іліктіру немесе қандайда бір сауалнама алу мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы кең таратылып жария етілетін хабарлама. Ж а р н а м а* көпшілік ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет, Интернет, проспектілер, плакаттар т.б.) арқылы жүзеге асырылатын коммуникацияның ақылы түрі болып табылады (ҚҰЭ). *Жарнама* шектеусіз адамдар тобына арналады және осы субъектілерге деген ықыласты қалыптастыруға, қолдауға және олардың іске асырылуына немесе фирма мен оның өнімінің беделін қалыптастыруға жәрдемдесуге тиіс (Қаз. тілі термин. Экономика.). Көрнекі ақпараттар мен жарнама тілін, мәдениетін реттеу мақсатында жарнама туралы заңды жетілдіру, яғни *ж а р н а м а* туралы заңға қосымша бір үлгідегі Ереже Үкімет тарапынан қабылдануын тездету («Егемен Қазақстан»). **2.** *Тұтынушылардың назарына іліктіру мақсатында тауар, өнер туындылары және қызмет түрлерінің қасиеттері туралы хабарламаны таратудың қағаз, радио хабарлама, бейнешығыршық, жазба мәтін т.б. түріндегі құралы.* «Қатыгездікті, зорлықты, порнографияны насихаттайтын материалдарды таратуға немесе *ж а р н а м а л а р д ы* насихаттау және үгіттеу үшін пайдалануға жол берілмесін» делінген. Бұл шариғат заңымен де тікелей үндесіп жатыр («Жас Алаш»). Сөйте тұра мемлекеттік тілдің басымдылығын журналист қала көшелеріндегі әртүрлі хабарландыру, билборд, *ж а р н а м а л а р д ы ң* кез келген түрінің мемлекеттік тілде ілінгендігінен-ақ байқаған («Түркістан»). Газеттің бірінші бетінде сауда-саттық *ж а р н а м а л а р ы* екен (С.Мұқанов, Шығ.). **3.** *Маңдайшаларда берілетін ұйым не мекеме туралы ақпарат.* Ұланбатыр қаласының орталық көшелеріне *жарнамалар,* кейбір министрліктер мен ірі мекемелердің маңдайшасындағы атаулары қайтадан көне жазумен жазыла бастады («Парасат»). Өткен жыл Жетікөл мектебіне жолдама ала келгенмін. Бәрінің де төбесін қара қаңылтырмен түнікелеген егіздің сыңарындай бірінен-бірі аумайтын жатаған ақ тамдардың арасынан маңдайшасындағы *ж а р н а м а с ы н а* қарап әзер тапқанмын (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Есік маңдайшасындағы екі тілде жазылған «Облыстық жасөспірімдер кітапханасы» деген *ж а р н а м а* назарға ерекше ілігеді (Қаз. лексикасы қолд.). **4.** *Афиша спектакль, концерт, жиналыс, дәріс, спорттық жарыстар, ойын-сауықтар туралы қағаз хабарлама.* Бір күні екі бала көшеде ермектесіп келе жатып, дуалға жапсырулы тұрған көп *ж а р н а м а л а р д ы* көрдік (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Қаладағы реклама, афиша, *ж а р н а м а л а р* түгел дерлік ағылшынша жазылған (Т.Ахтанов, Үндістан.). Сөйтіп, 1992 жылдың 12 наурызы күні, Құдай қолдап, «Өттің дүниенің» премьерасы болды. Алматының әржер-әржерінде «Өттің дүниені» насихаттайтын үлкен-үлкен әдемі *ж а р н а м а л а р* ілінді, радио үсті-үстінен пьесаның қойылатынын айтып хабар беріп жатты («Түркістан»). Оқудың шарттары туралы *ж а р н а м а*, хабарламалар берген («Қаз. әдеб.»). **5.** *Танымалдығын арттыру, жұрт назарына ілігу мақсатында біреу немесе бір нәрсе туралы таратылған мәліметтер.* Әншінің жеке өмірі, тіпті айтуға болмайтын жасырын жайттарды да тауып алып жария қылып жатады, бұл да оған *ж а р н а м а* («Жас Алаш»). Он шақырымдағы қазақтар осы айтылған көп ақылдың қайсысын ұнатқанын, осы *ж а р н а м а н ы* алып, қазақты аралаған казак-орыс мекемесінің төресіне білдірді (Ә Бөкейханов, Шығ.). *// Жазбаша түрдегі, жарияланған.* Ақмола губерниясының губернаторының жария қылған *ж а р н а м а* бұйрығы екен (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.).

Жарнама беруші. *Теледидар, радио т.б. сияқты бұқаралық ақпарат құралдарына өз тауарын не қызметін әйгілеу үшін тұтынушыларға арналған хабарламаның иесі, сол тауар не қызмет түрінің өндірушісі.* Бүгінде газеттер, радио-телеарналар жарнаманы қалағанынша жариялайтын монополиялық құқық иеленген. Яғни, бұл дегеніңіз салыстырмалы түрде тиражы аз қазақ газеттерінің жарнама табу жолын кесті деген сөз. Мұның ақыры *ж а р н а-*

м а б е р у ш і компаниялар мен қаржы топтары орыс тілді БАҚ-тардың ғана экономикалық жағынан демеуге, тіпті асырауға әкеліп соғып отыр («Егемен Қазақстан»).

Жарнама жасады. а) *Өзін, ісін немесе өндірген тауары мен қызметін жұртқа әйгіледі.* Қанша жерден мықты *ж а р н а м а ж а с а ғ а н ы м е н* тамырын тереңнен тартпаған партияны жанына жақын көре бермейді («Егемен Қазақстан»). ә) ж а ғ ы м с ы з. *Тауары мен өніміне, қызметіне және т.б. көп тұтынушы жақтаушы табуды ғана көздеп, олардың шын мәніндегі сапасын боямалап, көтермелеп жұртқа жария қылды немесе ешбір негізсіз атаққұмарлықпен өзін жұртқа мадақтады.* Кеше ғана туған белгісіз бір ұйым өзіне тегіннен-тегін керемет *ж а р н а м а ж а с а п* жатқанын агенттік басшыларының байқамағыны қалай? («Жас Алаш»).

Жарнама қағазы. *Жарнама жазылған қағаз. Ж а р н а м а қ а ғ а з ы* жапсырылған қалпында Тоқанның пәтер тойына бір жолдасы әкелген екен (Ғ.Қабышев, Мысық. сақал.).

Жарнама проспектісі. *Қандай да бір тауар не қызмет түрін жұртшылыққа әйгілейтін хабарлама жазылған көрнекі құрал.* Қала – бейне, миллиондаған оқырманы бар кітап секілді. Кітаптың көркемдік кестесі қаншалық, әдемі шықса, соншалық өмірлі болмақ. Ол бүгін оқып, ертең тастай салатын *ж а р н а м а п р о с п е к т і с і* емес («Егемен Қазақстан»).

Жарнама тақтасы. *Жарнама ілінетін тақта.* Колхоз клубының алдындағы *ж а р н а м а т а қ т а с ы н д а* мынадай бір хабарландыру пайда болды (С.Омаров, Дала қызы). *Ж а р н а м а т а қ т а с ы н а* институтқа қабылданғандардың тізімі ілінген екен (С.Еркебаев, Алғашқы.).

ЖАРНАМАЛА= е т. **1.** *Жарнама құралдары арқылы насихаттау.* Отандық өндірушілердің тауар және қызмет түрлерін *ж а р н а м а л а п* та отансүйгіштікке баулуға болады («Жас Алаш»). Темекінің зияндылығын *ж а р н а м а л а й т ы н* тақталар мен плакаттарда қазақстандық сау балалардың бақуат сәттері бейнеленеді. Бұл саламатты шаралардан кейін жасөспірімдер темекіден бірден жеріп, қойып кетуі де мүмкін. Біздің мақсат – өзі қатарлы жасөспірімдерді мысал етіп көрсету арқылы оларға ой тастау («Ана тілі»). **2.** *Әйгілеу, жария қылу, көрсету.* Құдай жаратқан дене мүшелерінің бет пен қолдан өзге еш жерін *ж а р н а м а л а п* ашық қалдыруды олар қаламайды (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **3.** ж а ғ ы м с ы з. *Мақтанып немесе бос дабыра қылып өзін, ісін т.б. жұртқа көрсету.* Қандай сұрақ қойсаң да, қағазға қарап, кітап ақтармай жауап беретін қарабайырлықтан ада, қазақ ұлтына тән қарапайым еді. Бір басына жетерлік абырой атағын *ж а р н а м а л а м а й т ы н* («Егемен Қазақстан»). Кімге мен осындай кісімін деп өзіңді *ж а р н а м а л а й* бересің (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау).

ЖАРНАМАЛАН= е т. *Жарнама құралдары арқылы насихатталу, белгілі болу.* Чемпионат өтетіні еш жерде *ж а р н а м а л а н б а д ы.* Көзбояушылық, өзімізді алдау кімге керек болды? («Егемен Қазақстан»). Теледидар мен радиодан, тағы да басқа ақпарат құралдарынан күнделікті *ж а р н а м а л а н ы п* жатқаннан кейін қайсыбір науқастар өз бетінше сатып алып, пайдалануға тырысады. Мұның соңы жақсылыққа апармасы белгілі ғой («Жас Алаш»). *Ж а р н а м а л а н ы п* жатқан ипотека жүйесі бойынша несиеге пәтер сатып алмайды («Жас Алаш»).

ЖАРНАМАЛАНУ *Жарнамалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тауардың *ж а р н а м а л а н у ы.*

ЖАРНАМАЛАТ= е т. *Үсті-үстіне жарнамалау.* Басқа елдің жерінен мұндай қазына табылса жаһанға жар салып, жалаулатып, *ж а р н а м а л а т ы п* жатар еді («Астана ақшамы»).

ЖАРНАМАЛАТУ *Жарнамалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а р н а м а л а т у* тәсілі.

ЖАРНАМАЛАУ *Жарнамала етістігінің қимыл атауы; жарнама құралдары арқылы насихаттау.* Сауда жасайтын ұйымдар мен өнеркәсіп орындары халықтық сұранымын зерттеу мен қажеттерін қалыптастыру жөніндегі қызмет жетілдіріп, ұтымды тұтыну негіздерін насихаттайтын болсын, тауарларды *ж а р н а м а л а у* жақсартылсын (Қаз. лек. жаңа қолданыстар). Бұл жағдайда маркетингтің міндеті – қолайсыз тенденцияны тоқтату, тауарлардың сапасын жақсарту мен оны *ж а р н а м а л а у*, жаңа нарықты іздеу және басқа да шешімдер қабылдау болып табылады (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негізд.). Сынақ зертханаларының материалдық-техникалық базасы дәрілік заттардың сапасын бақылауды ұйымдастырудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келмейді, иммунобиологиялық зерттеулерді жүргізу үшін зертханалар жоқ. Жалған дәрілік заттар жасау, фармаколаңкестік, дәрілік заттар мен биологиялық белсенді қоспаларды агрессиялық *ж а р н а м а л а у* проблемасы өсе түсуде («Егемен Қазақстан»).

ЖАРНАМАЛЫ с ы н. *Жарнама ілінген, жарнама берілген.* Солардың ар жағында «Қарағанды көмір Тресінің алаңы» деген *ж а р н а м а л ы* тақтайша көрінеді (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

ЖАРНАМАЛЫҚ с ы н. *Жарнама жасайтын, жарнамалаушы, жарнама таратушы.*

Жарнамалық агенттік. э к о н. *Жарнама әзірлейтін, дайындайтын және орналастыратын*

тәуелсіз кәсіпорын. «Шоу-бизнес» дегеніміз – бірінші орындаушы, одан кейін композитор, ақын; аранжировкалаушы, жазу студиясы, теледидар, *ж а р н а м а л ы қ а г е н т т і к,* стилист, клипмейкер тағысын-тағы тізіліп кете береді («Егемен Қазақстан»).

Жарнамалық билборд. п о л и г р. <ағыл. billboard, bill – жарнамалау, board – тақта> *Қала көшелері мен автокөлік жолдары бойына орнатылған қандай да бір тауар, өнім не қызметті әйгілейтін ақпарат берілген тақта, қалқан.* Реквизиттер, мерлер, маңдайшалар, хабарландырулар, ақпараттық стендтер, *ж а р н а м а л ы қ б и л б о р д т а р* қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Қазақ тілін қашықтан оқытудың бағдарламасы, түрлі іскағаздарын қазақ тілінде дайындаудың электрондық үлгілері жақын арада құжат айналымына енгізіледі («Жас Алаш»). Жан-жақтан шақырылған саяси кеңесшілер, үй бойындай *ж а р н а м а л ы қ б и л б о р д т а р,* үнпарақтар, үнқағаздар ешқандай нәтиже берген жоқ («Жас Алаш»).

Жарнамалық газет. п о л и г р. *Тапсырыс берген мекеме, сауда өндіріс орындары, фирмалар мен жеке адамдардың тұтынуға ұсынатын өнімін, тауарын немесе қызмет түрлерін көпшілікке жария ету, әйгілеумен айналысатын мерзімді баспасөз өнімі, басылым.* Бұл компания қызметкерлерінің жалақысы көп екенін, баспасөзде дамыл таппай *ж а р н а м а л ы қ г а з е т т е р д і ң* тең жартысын алып тұрған турфирмалар мен туристік агенттіктерге көз салсаңыз, елімізде туризм қарыштап дамып жатқандай әсер қалдырады. Ашық нарықтық қоғам туризмнің дамуына қолайлы жағдай жасап тұр («Жас Алаш»).

ЖАРНАМАШЫ з а т. *Жарнама таратушы немесе жарнама жасаушы.* Бізде бұрын *ж а р н а м а ш ы,* қазір сахна жұмыскері әрі массовкаға шығып жүрген бір бала бар («Қаз. әдеб.»). Дөрекілік айтқанда *ж а р н а м а ш ы л а р* өз дегендеріне жету үшін миды тескілейді де отырады («Егемен Қазақстан»).

ЖАРНАПҰЛ з а т. э к о н. *Бірлестік мүшесінің ақшалай, жер телімдері, мүлік, техника т.б. түрінде салатын, ақшалай тұлғада бағаланатын мүліктік жарнасы. Ж а р н а п ұ л д ы ң* шамасы *ж а р н а п ұ л* күәлігінде тіркеледі (Қаз. тілі. термин. Экономика.). *Ж а р н а п ұ л* шамасына үйлес кооператив мүшесі дивиденттер алады және кооператив таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алады (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

ЖАРНАСЫЗ ү с т. *Төлем ақшасыз, жарна төлемей.* Әміренің көлеңкесінде мен де әншілер қатарына *ж а р н а с ы з* қабылдандым (М.Тоқжігітов, Ән атасы.).

ЖАРНАШЫ з а т. *Жарна төлеуші, пайшы.* Тұтыну қоғамының саны 1924 жылдың октябрінде 641-ге жетті. Олардағы *ж а р н а ш ы л а р д ы ң* саны 162 мың адам болды (ҚазССР тарихы). Бұл салада 150 мыңнан астам адам еңбек етеді, үш миллионнан астам *ж а р н а ш ы* бар (Ж.Боданов, Малшы).

ЖАРНАУ з а т. *Жарлау жер.* Ол дәл үстінен шығып, Шолақсайдың *ж а р н а у ы н д а* тұрған аттыны да байқаған жоқ (Ж.Тәшенов, Алғашқы айқас).

ЖАРП е л і к. *Үлкен жұқа заттың желп етуін бейнелейтін сөз.*

Жарп етті. *Үлкен зат желп етті.*

ЖАРП-ЖАРП е л і к. *Үлкен жұқа заттың желп-желп еткенін бейнелейтін сөз.*

Жарп-жарп етті. *Құс алысқа самғап ұшпай жарпылдады.* Топшысынан оқ тиген қырғауыл *ж а р п - ж а р п е т і п,* құлап түсті (Ауызекі.).

ЖАРПЫ с ы н. ж е р г. ***Жарты.*** Айлығымның *ж а р п ы с ы н* оқудағы балама жіберіп тұрамын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРПЫЛДА= е т. *Жарп-жарп ету, биіктеп ұша алмау.* Жапалақ құсап *ж а р п ы л д а м а й,* алысқа ұшсын, биік ұшсын (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАРСЫЗ с ы н. *Жары, қосағы жоқ.* Мен де ойлайын, ерейін. Жансыз, *ж а р с ы з* мен сорлы ғой, Жырлайын да өлейін (Қаз. ақын. шығ.). Жас адамның бақыты жар емес пе? *Ж а р с ы з* өмірді бақыт санауға бола ма? (Ә.Жылқышиев, Балжан.).

ЖАРТАҚ з а т. ж е р г. *Дөңестеу жер. Ж а р т а қ т а* ойнап жүр (Ауызекі.).

ЖАРТАС з а т. *Үлкен құлама тік тас.* Етімді шал сипаған құрт жесін деп, *Ж а р т а с т а н* қыз құлапты терең сайға (Абай, Тол. жин.). «Әй, *ж а р т а с,* мен айтқанды, сен де айтасың, Дертімді мазақ қылып ұлғайтасың. Ләйлінің менен өзге ғашығы жоқ, Ұқтыршы, сен Ләйлі деп кімді айтасың? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Селк ете түскен ақсұңқар, әлсіз ғана дыбыстап, тырнақтарын сүйретіп, *ж а р т а с қ а* таман жылжыды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мөлдіретіп көз жасын, Жасымен жуып *ж а р т а с ы н,* Сүйіп сылқ-сылқ күледі. Арсы – Алла тағы. Жылағаны – күлгені, Күлгені оның – өлгені, Жылай, күле өледі (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** г е о г р. *Тау сілемінің шығыңқы келген тасты бөлігі. Ж а р т а с* – негізінен, атмосфера құбылыстарға (жел, жауын-шашын, т.б.) салыстырмалы түрде төзімді келген нығыз тау жыныстарынан тұрады (ҚҰЭ).

Жартастағы суреттер [жартас суреттері]. т а р. *Ежелгі дәуір адамының наным-сенімдеріне байланысты ақпараттарды бейнелейтін, тарихи құнды дерек болып табылатын тасқа қашап салынған сызба, кескін, бейнелер.* Жар-

тастағы бейнелеу өнерінің ең бір көне әрі неғұрлым жарқын үлгілері қазіргі түсінік бойынша жоғарғы палеолит дәуіріне жатады. Соңғы жылдарда тас ғасырының *жартастағы* сызбалары мен ойық, *суреттері* Африканың солтүстігі мен Азия құрлығының түрлі аймақтарынан табылуда («Егемен Қазақстан»). Қазақстанның қола дәуіріндегі *жартас суреттерінің* негізгі шоғырына Жетісу, Орталық Қазақстан, Каспий өңірі, Алтай аймағы жатады («Егемен Қазақстан»). *Жартастағы суреттер* рухани және материалдық мәдениет тарихы үшін жан-жақты дерек, ақпарат көздері болып есептеледі («Егемен Қазақстан»).

Қия жартас. *Тік жартас. Қия жартастың* іргесіндегі қуыс-қуысқа, үңгір-үңгірге келіп, кіріп-кіріп алды (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖАРТАСТАЙ с ы н. *Үлкен, мықты.* Есік алдында *жартастай* боп бір топ нөкерлерінің қоршауында Бұрындық тұр (І.Есенберлин, Алмас.). Енді алда құз *жартастай* биік те, берік қамал жатыр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Оқшау қалған жартастай. б е й н. о қ к а з. *Оңашаланған, топтан бөлектенген күйде.* Ол алқалы топтан өзге жерде, жырламаған жерінің бәрінде *оқшау қалған жартастай* жетім еді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖАРТАСТЫ с ы н. *Жартасы бар.* Көлдің солтүстік жағалауы *жартасты* тік, ал оңтүстік жағалауы жазық, негізінен құмдауыт (М.Тайыров, Балқаш.).

ЖАРТАСША ү с т. *Жартас секілді.* Күн нұрын көру үшін, шапқылап бара жатыр. Мейрімді анаға ұқсап, *жартасша* қара да тұр (Х. Талғаров, Шыңда.).

ЖАРТАЮ е т. ж е р г. ***Жартылану***. Бір шелек жарма бір аптада *жартаюға* қарады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРТУЛЫ с ы н. с ө й л. ***Жартымды***. – Маған деген қонақасының бір *жартулысы* көк құрақта ғой (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Қара кемпір баласының *жартулы* жұмысқа қолы тимей жүруіне де өзін кінәлі санайтын сықылды (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

ЖАРТУМАШ с ы н. ж е р г. *Азын-аулақ, жартымсыз.* Өзі бір *жартумаш* қана зат екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРТУСЫЗ с ы н. с ө й л. ***Жартымсыз***. Ақтай мендей емес, үйде бала-шағасы бар, сондықтан оның әкеле жатқан *жартусыз* базарлығына тигім келмеді (Б.Аманшин, Жар мұңы). *Жартусыз* пенсияға стипендияны қосқанда, бір тамағымнан өмірі артылған емес (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖАРТЫ с ы н. *Бүтін нәрсенің тең бөлігі, жарымы.* Содан кейін Көкірек қыс ортасында бір соғып, *жарты* бұттай ақтаған тары қалдырып кетті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бір орынға үш жыл егілгеннің өзінде өнімі әр гектардан 3-4 центнер, ал одан кейінгі жылдары *жарты* өнімі кеміп кетеді (М.Ерлепесов, Суармалы егін).

Екі жарты бір бүтін. *Ерлі-зайыпты болу, отасу, отбасын құру. Екі жарты бір бүтін* күн кешкен боп, көксау Сағындықтың әйелі өлген соң артында төрт күшігі қалды (Бәйшешек).

Жарты ауыз сөз. *Аз сөз, бірауыз сөз.* Ей, ағайын! *Жарты ауыз сөзге* құлақ сал! істемегіңді содан кейін істерсің! – деді болыс (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әлденеше жылдан бері осы колхозда бірге қызмет істесіп келе жатып, осы Маңғазы баласының аузынан «жақсы» деген *жарты ауыз сөзді* естіген емес (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы.).

Жарты ғасыр. *Бір ғасырдың жартысы, елу жыл.* Елу жыл, *жарты ғасыр,* содан бері, Тамаша ылғи мейрам, той күндері (Ғ.Қайырбеков, Өлеңд.). Баласына деген махаббаты үшін өмірінің *жарты ғасырын* өткізген теңізді алқаппен, мекенімен аяулы ана қоштасып барады (С.Хайдаров, Құрыш білек.). Жарты бақыт, жартылай уайыммен, *Жарты ғасыр* ғұмырға шыдайын мен. Осынау тамтұм ғана шырайыммен, Шыға алатын тауыма шығайын мен (М.Мақатаев, Шығ.).

Жарты дауысты дыбыстар. л и н г в. *А.Байтұрсынұлының қазақ тілі дыбыстарын таптасыруындағы үннің қатысына қарай үнді дауыссыздардан басым, бірақ дауысты дыбыстардан төмен тұратын дауыссыз дыбыс тобы. Жарты дауысты,* орта *дыбыстардың* өз алдына оңаша харіфтері жоқ (А.Байтұрсынов, Тіл тағылымы). «У» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да, *жарты дауысты дыбыстарға* ортақ харіфтер болғандықтан «тел» харіфтер деп аталады (А.Байтұрсынов, Тіл тағылымы).

Жарты дәнді [жартыны] жарып жеді. *Бүкпелемей аздың өзін бөлісіп татулықта болу, қанағат ету.* Баяғыда олармен *жарты дәнді жарып жейтін біз* (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер). *Жартыны жарып жеген* – татулықтың белгісі (Мақал).

Жарты жаңқам қалғанша. б е й н. о қ к а з. *Соңғы күшім қалғанша, бар жанымды салып.* Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш, Емеспін жемісі көп тамаша ағаш. *Қалғанша жарты жаңқам* мен сенікі, Пайдалан шаруаңа жараса, алаш! (М.Дулатов, Шығ.).

Жарты жол. *Жолдың жартысы, орта жол.* Өлімнің дар ағашы құрылды бір, Қалықтап көтерілді азалы жыр. Қырылып жас қыршындар

құрбан болды, Атақты бір мың тоғыз жүз бесінші жыл. Ол жылдар халық үшін түсті сорға, Талайлар қалып қойды *ж а р т ы ж о л д а* (О.Шипин, Дастан.). Төртінші еркек қажет шақта тәуекелге бармады, *Ж а р т ы ж о л ғ а* жеткен кезде сөніп қалды арманы, Қазір қайсар тағдырына қарсылықсыз көнеді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жарты лашық. *Ескі-құсқы, құрым киізден ілдалдалап жасаған баспанасымақ.* Осындай қалың ауылдар бас қосқанда, әр ауылдың шеттіндегі қара үйлер, *ж а р т ы л а ш ы қ т а р,* күрке мен қостар бүгіндер көзге, әсіресе, көп көрінеді (М.Әуезов, Абай жолы). Жар басына қамалып, *Ж а р т ы л а ш ы қ* тігерсің (Бұқар жырау, Жыр.).

Жарты [алты] малта ас болды [етті]. *Ауыз жарымас ауқат талшық болды; қиыншылық көріп, ашығып күн кешті.* Беттеген жауды үркіткен, *Ж а р т ы м а л т а а с е т к е н* (Н.Байғанин, Шығ.). *А л т ы м а л т а а с б о л м а й,* Өзіңнен туған жас бала Сақалы шығып жат болмай, Ат үстінен күн көрмей... ерлердің ісі бітер ме? (Махамбет, Шығ.).

Жарты өлік. б е й н. *Дәрменсіз, қауқарсыз адам.* Жарық сәуле, Айды, Күнді көрмеймін. *Ж а р т ы ө л і к,* толық өмір сүрмеймін. Қуанышты, азат еткен халықтың Не істегенін, не дегенін білмеймін (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жарты терідей жалпылдады. ж е р г. *Жарамсақтанды.* Сен *ж а р т ы т е р і д е й ж а л п ы л д а м а й* тыныш отыр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарты тиындық пайдасы жоқ. *Ешқандай көмегі, себі жоқ.* Сенің жазатын кітабыңның бұғы шаруашылығы үшін *ж а р т ы т и ы н д ы қ п а й д а с ы ж о қ* (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Жарты түндік. *Жартылай ашылатын түндік.* Соңғы кезде түндіктің ашылып жабылатын құлағына қабат ақ сөлдебоз не ақзудан шүберек *ж а р т ы т ү н д і к* ұстап та жүрміз. Мұны *ж а р т ы т ү н д і к* деп атайды (Х.Нұркеұлы, Ұлттық мирас.).

Жарты түсті. ж е р г. *Күн батты.* Күн *ж а р т ы т ү с і п,* пішеншілерге соға алмадым (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарты шақырым. *Бір шақырымның жартысы, 500 метр жер.* Бекіністің күншығыс жағы бос, *ж а р т ы ш а қ ы р ы м д а й* жерде Есіл өзені (І.Есенберлин, Қаһар).

Қақ жарты. *Тура жартысы.* Екі үлкен қаланың *қ а қ ж а р т ы* халқы қас қаққанша қырылып қалды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Тең жарты. *Тура жартысы, қақ жартысы.* Ересек қой мен енесінен айырылған қозының жыл бойына 97 проценттен артық аман сақталғанының *т е ң ж а р т ы с ы* заттай қосымша ақыға беріледі (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші).

ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ з а т. *Алты айлық.* Үстіміздегі жылдың бірінші *ж а р т ы ж ы л д ы ғ ы н д а* зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері 85 05 теңгені құрады («Егемен Қазақстан»).

ЖАРТЫКЕШ с ы н. **1.** *Бүтін емес, бір жағы кетік, сынық, ойық.* Қыпшақ жігітінің қолында құр *ж а р т ы к е ш* сап қана қалды (Д.Досжанов, Жібек.). Дәуке қамшы сабымен сабандарды араластырып жүріп бидайдың *ж а р т ы к е ш* басын тауып алды (Н.Қазыбеков, Тұсау кесер). Сұлу қыздың қасына ұқсап қиықтай боп, *ж а р т ы к е ш* ай туып келе жатыр екен (А.Байтанаев, Қайнар.). **2.** а у ы с. *Толымсыз, шала-шарпы.* Маған бақыт келсе, бүтін келсін. *Ж а р т ы к е ш* бақыттың керегі жоқ (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Керім әскерден қайтпады, келіні кетем деп айтпады. Жақсылықтың жолында *ж а р т ы к е ш* үміттерін жалғастырып отыра берген (Т.Иманбеков, Тұт ағашы).

ЖАРТЫКЕШТЕН= е т. *Бір жақ шекесі кетіп, ойыңқы көрінү.* Ай жоғарғы ауылдың желкесіндегі қара беттен қып-қызыл болып *ж а р т ы к е ш т е н і п* көрінді де, жайлап еңсесін көтере берді (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

ЖАРТЫЛАЙ ү с т. *Бүтіндей, түгелдей емес, аздап, жарымдап.* Қырын отырған әкесінің үлкен, кесек пішіні Абайға *ж а р т ы л а й* ғана көрінеді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жарты бақыт, *ж а р т ы л а й* уайыммен, Жарты ғасыр ғұмырға шыдайын мен. Осынау там-тұм ғана шырайыммен, Шыға алатын тауыма шығайын мен (М.Мақатаев, Шығ.). Өткен тірлік тартысып Ойлануға жетпей ме? Ендігі елу *ж а р т ы л а й* Дәрі ішуге кетпей ме?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жартылай автомат. т е х. *Біраз жұмысы қолмен істелетін, қалған жұмыстары автоматтандырылған металкескіш станок.* Металкескіш станоктарды автоматты және *ж а р т ы л а й а в т о м а т т ы* деп ажырату шарт емес, өйткені автоматты станоктарда да кейбір техникалық операциялар қолмен жүргізіледі (ҚСЭ).

Жартылай бөлшектену. б и о л. <лат. fissio meroblastici> *Аналық жыныс жасушасындағы сарыуыз қорының бөлшектенуі. Ж а р т ы л а й б ө л ш е к т е н у* балықтар, бауырымен жорғалаушылар, құстар, жұмыртқа салушы сүтқоректілер зиготаларында жүреді (Қаз. тілі. термин. Биология).

Жартылай гиротұсбағдар. т е х. *Ұшу аппараттарының белгіленген бағыттан ауытқу бұрышын өлшейтін гироскоптық аспап. Ж а р-*

тылай гиротұсбағдарда Жердің магниттік өрісі бойынша бағдарлау шкаласы жоқ болғандықтан, ол жартылай тұсбағдардың жұмысын атқарады (ҚСЭ).

Жартылай дайын өнім. т а м а қ. *Өндірістік және жеке тұтынуға жарамды, толық дайын болғанша әлі бір немесе бірнеше өңдеуден өтуге тиісті өнім* (Қаз. тілі. термин. Тамақ.).

Жартылай күмбез. с ә у л е т. *Үй яки гимараттар төбесін жабуға қолданылатын кеңістік құрылымдар. Жартылай күмбез* табандары бағаналарға, қабырғалардың ұзына бойына яки тікелей іргетастарға орналасатын түрлері бір яки бірнеше аралық енді өндірістік, қоғамдық, қоймалық ауылшаруашылық үйлеріне жабын ретінде қолданылады (ҚСЭ).

Жартылай қаттықанаттылар. з о о л. <лат. heteroptera> *Ұзындығы 1 мм-ден 1 см-ге дейін, фасетті көздері және екі қарапайым көзшелері болатын жәндік отрядының бірі. Жартылай қаттықанаттылардың* ауызы шаншуға, соруға бейім мұртшалары жіп тәріздес қанаттары екі жұп, алдыңғылары қаттылау (ҚСЭ).

Жартылай металдар. к е н. *Химиялық қасиеттері металдарға жақын, бірақ электр өткізгіштігі өте төмен болып келетін висмут, сурме, сынап, т.б. тәрізді элементтер. Жартылай металдардың* қасиеттері сыртқы әсерлерге (температура, магниттік өріс, т.б.) өте-мөте байланысты (Қаз. тілі. термин. Кен.).

Жартылай отырықшы. т а р. *Түгелдей отырықшы емес.* Бұл елді қазір *жартылай отырықшы* дей аламыз (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Жартылай өткізгіш материалдар. т е х. *Жартылай өткізгіштік қасиеті бар заттар. Жартылай өткізгіш материалдарға* C, Si, Ge, Sn және басқа да кейбір элементтердің химиялық қоспалары жатады (ҚСЭ). *Жартылай өткізгіш материалдардың* балқу температурасы, механикалық және химиялық беріктігі жоғары болады (ҚСЭ).

Жартылай өткізгіштер. т е х. *Электр өткізгіштігі бойынша металдар мен диэлектриктердің арасынан орын алатын заттар. Жартылай өткізгіштердің* металдарға қарағанда электр тогын нашар өткізуі – олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті болометр. т е х. *Радиациялық сәулелердің энергия мөлшерін өлшеуге арналған аспап. Жартылай өткізгішті болометрдің* жұмыс істеу принципі жартылай өткізгішті материалдың радиациялық сәулелер әсерінен жылынып, электр кедергісін өзгерту құбылысына негізделген (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті генератор. ф и з. *Жартылай өткізгішті триод арқылы ток көздерінің энергиясын электр тербелісінің энергиясына айналдыратын электрлік тербеліс генераторы, транзистор* (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті диод. ф и з. *Жұмыс принципі жартылай өткізгіштердегі р-п ауысуына негізделіп жасалған екі электродты аспап.* Пайдаланылатын мақсатына қарай *жартылай өткізгішті диодтар* ток түзетуші, жоғары жиілікті, өте жоғары желілікті, параметрлі, туннельді т.б. болып бөлінеді (ҚСЭ). Жоғары кернеуге арналған өндірістік түзеткіш *жартылай өткізгішті диодтар* 100-200 ампер шамасындағы ток тұрақтандыра алады (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті дозиметр. ф и з. *Қабылдағыш бөлігі жартылай өткізгіштен жасалған доза өлшеуіш аспап. Жартылай өткізгішті дозиметрдің* қабылдағыш бөлігінің ток өткізгіштігі сәуле дозасына тура пропорционал (ҚСЭ).

Жартылай өткізгіштік қасиет. т е х. *Бірсыпыра сульфидті және тотықты минералдарда болатын қасиет. Жартылай өткізгіштік қасиет* кристалдық торда атомдар арасында коваленттік байланыс болғанда, минерал құрамындағы атомдар стехиометриялық қатынаста болмағанда және кристалдық торда валенттіктері минералды құрайтын негізгі элементтердің валенттіктеріне сай келмейтін кірме элементтер болғанда пайда болады (Қаз. тілі. термин. Кен.).

Жартылай өткізгішті күшейткіш. ф и з. *Электр сигналдарын күшейту элементтері жартылай өткізгішті аспаптардан жасалған күшейткіш. Жартылай өткізгішті күшейткіштің* негізгі элементі – германийлі кристалл (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті лазер. ф и з. *Белсенді аумағы жартылай өткізгіштен жасалған, бірыңғай сәуле шығаратын генератор. Жартылай өткізгішті лазермен* инфрақызыл және ультракүлгін сәулелер алқабындағы сәулелер шоғы алынады (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті тоңазытқыш. т е х. *Жартылай өткізгіштердің бірбағыттық өткізгіштігі негізінде металдар контактісінен ток өткенде жылу жұтылу құбылысына негізделіп жасалған салқындатқыш аспап. Жартылай өткізгішті тоңазытқыш* 1956 жылы ең алғаш рет Кеңес Одағында академик А.Ф.Иоффенің теориялық еңбектері негізінде жасалды (ҚСЭ).

Жартылай өткізгішті триод. т е х. *Пайдалану мақсаты мен сипаттамалары жағынан үш электродты күшейткіш шамаға сәйкес келетін жартылай өткізгішті аспап* (ҚСЭ).

Жартылай пар. е г і н ш а р. *Парға егілетін алғы дақылдарды жинап алғаннан кейін күздік дақыл не келесі жылы жаздық дақыл егу үшін топырақты өңдеу әдісі. Ж а р т ы л а й п а р д ы ң* сапасын жақсарту үшін күрделі агрегат қолданылады (ҚСЭ).

Жартылай патриархалдық. т а р. *Түгелдей патриархалдық емес.* Ұлы Октябрь революциясы қарсаңында Адыгей *ж а р т ы л а й п а т р и а р х а л д ы қ* ел болды (ҚСЭ).

Жартылай тұтылу. а с т р. *Күннің не Айдың толық емес, жарым-жартылай тұтылуы.* Күн толық тұтылған уақытта Айдан түскен көлеңке Жерді ені 270 километрдей қара лентамен орағандай болады да, Күннің мұндай толық тұтылуы 2-3 минутқа, кейде 8 минутқа дейін созылып, батыстан шығысқа қарай ауысады. Күннің *ж а р т ы л а й т ұ т ы л у ы* 1-2 сағатқа дейін созылса, Айдың толық тұтылуы 3-3,5 сағатқа дейін барады (М.Құдайқұлов, Ғылым және дін).

Жартылай хордалылар. з а т. з о о л. <лат. hemichordata> *Екіжақты симметриялы денесі үш бөлімнен тұратын құысты омыртқасыздардың бір түрі. Ж а р т ы л а й х о р д а л ы л а р* екі класқа бөлінеді: желбезекқанаттылар және ішектыныстылар (Қаз. тілі. термин. Биология).

Жартылай ыдырау периоды. ф и з. *Берілген радиоактивті зат атомдарының жартысы ыдырап үлгеретін уақыт. Ж а р т ы л а й ы д ы р а у п е р и о д ы* туралы ұғым кейбір тұрақсыз, тез ыдырайтын элементар бөлшектер қолданылады (ҚСЭ).

ЖАРТЫЛАН= е т. *Орталану, жарымдану.* Тақыр жерге басқан аттың ізіндей *ж а р т ы л а н г а н* алтын ай көкке өрлеген (С.Сейфуллин, Шығ.). Жұмыскерлер ет жеп болған кезде, *ж а р т ы л а н ы п* туған ай арқан бойы көтерілген еді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ай туды ақ жамбыдай *ж а р т ы л а н ы п,* Жұлдыздар ұқсап бейне мірісіне (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖАРТЫЛАП ү с т. *Орталап, жарымдап.* Жасы қырықты *ж а р т ы л а п* асып бара жатқан Ызғұтты әлі күнге жиырма бестегі жігіт күйіндей ширақ, қайратты, сергек болатын (М.Әуезов, Абай). *Ж а р т ы л а п* болса да, малды айдап келеді ғой деп үміттеніп отырған ауылдағы бейшаралар Бекболаттың құр келгенін көріп, бәрі де жаман ызаланды (С.Шарипов, Бекболат).

ЖАРТЫЛАУ с ы н. *Жартымсыз.* Жылымшыны жаратпаймын, жарандар, Жылымшыны *ж а р т ы л а у* деп санаңдар (Ә.Тәжібаев, Кешеден бүгінге).

ЖАРТЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жарты литрге тең өлшем.* **2.** с ө й л. э в ф. *Жарты литр ішімдік, арақ-шарап.* – Ал енді қонақ етуді менен бастайық, – деп, қолтығындағы *ж а р т ы л ы қ* түбінде қалған бір ұрттам коньякты біздің бокалдарға бөліп құя бастады (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жеңістің чемоданында кісі қызығарлықтай ештеңе жоқ еді: *ж а р т ы л ы қ* арақ, бірнеше жеңіл сайман, кілең бір ұсақ-түйек болатын (Ө.Ахметов, Алда күн.). Қай істен де тартынып Қалмайды ғой қоштағыш. Баяғы сол *ж а р т ы л ы қ* Бөліп ішкен үш таныс! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бір [бірер] жартылық. с ө й л. э в ф. *Жарты литр ішімдік (арақ, коньяк т. б.).* Бауыржанның буфетінде *б і р ж а р т ы л ы қ* таза спирт бар (Ә.Нұршайықов, Ақиқат пен аңыз). Тек стипендия алған күні *б і р е р ж а р т ы л ы қ* ішпесе жүзі жадырамайтын (М.Мағауин, Ақша қар).

ЖАРТЫМАШ з а т. ж е р г. ***Жарымес***.

ЖАРТЫМДЫ с ы н. *Көңіл толарлықтай, мардымды.* Бұл туралы он кітап жазылса да, *ж а р т ы м д ы* ештеңе айтып болмас еді: сезім мен ықылас деген нәрселерді түсіндіру өте қиын (С.Бегалин, Шоқан асу.). Бақша дегені – тау беткейіндегі бес-алты сотықтай-ақ жер: күлгін топырақ, кей тұсы тастақ. *Ж а р т ы м д ы* ештеңе өспейді (М.Гумеров, Хазірет.).

ЖАРТЫМСЫЗ с ы н. *Мардымсыз, болымсыз.* Федоров аудың балығы *ж а р т ы м с ы з* деп жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жігіттер апыл-ғұпыл өзі *ж а р т ы м с ы з* мүлікті үш атқа теңдеп алды (М.Жұмағұлов, Қыран.). *Ж а р т ы м с ы з* көлеңкесіне көп жата алмай, ұзап бара жатқан көптің соңынан бүкеңдей жөнеледі (С.Балғабаев, Құм.).

ЖАРТЫСЫНДАЙ с ы н. *Бір нәрсенің тең бөлігіндей, жарымындай.* Тұтқындардың *ж а р т ы с ы н д а й ы* ауру. Күнде бестен, оннан кісі өліп тұрады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Басы кеудесінің *ж а р т ы с ы н д а й,* төбесі жалпақ, үстінде томпайып жабылып, ашылып тұрған екі тесік бар (М.Дулатов, Шығ.). Өзіңнің тұрмағасын уысында, Өз жерің өзіңе жат, құрысын да!.. Жер шетімен шекараң шектелсе ғой. Жатса ғой алып мұхит шығысында. ... Жалғанның *ж а р т ы с ы н д а й* мынау өлкең, Кім білсін, сорың ба әлде ырысың ба?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жалғанның жартысындай. б е й н. *Өте үлкен. Ж а л ғ а н н ы ң ж а р т ы с ы н д а й*

Лондонның көшесінде жалт-жұлт еткен су жаңа қызыл автобус жеке-дара келе жатты (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ЖАРТЫШАР з а т. г е о г р. *Жер шарының полюстерінен бастап экватор сызығына дейінгі тең екі бөлігінің бірі.* Солтүстік және Оңтүстік *ж а р т ы ш а р л а р ы н ы ң* өзара сәйкес ендіктерінде абсолют ылғалдылық мәндері бір-біріне жуық (ҚҰЭ).

ЖАРУ[1] *Жар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қопару, ату.* Өз адамдарымыздан шығын шығармау үшін, казарманың 4 бұрышына мина қойып *ж а р у д ы* жөн көрдік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** *Жаңқалау, бұтарлау, бұтау.* Жуан ағашты төртке бөліп турап тастағаннан кейін Досан оларды *ж а р у ғ а* кірісті (Н.Ғабдуллин, Өмір.). **3.** *Бөлу, айыру, ортасынан өту.* Солардан күндіз-түні тәлім алып, Шөлдерді дариядай *ж а р ы п* ағып. Қалғыған қараңғыда қалың елді, Оятты ойлы Шоқан дабыл қағып (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** *Тілу, кесу, ақтару.* Бұл жерге мен кеткен соң, самұрық келер. Маяны іліп алып, биікке өрлер бір жерге қонғаннан соң *ж а р-*дағы шық (Абай, Тол. жин.). // *Жарылыс.* Қазіргі уақытта техникалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, жер астындағы ядролық *ж а р у л а р д ы* табу әбден мүмкін іс екендігін ескеру шарт («Соц. Қаз.»).

Жару жұмыстары. к е н. *Табиғи немесе жасанды материалдарды қопару, орын ауыстыру, не құрылымын өзгерту мақсатында жарылыс жолымен атқарылатын жұмыстар.* ≈ *Ж а р у ж ұ м ы с т а р ы н* жүргізу.

Бас жару. б о т. *Өсімдіктің бой көтеріп жетілуі.* Ал *б а с ж а р у* кезеңінде бүкіл құнарлы заттардың үштен екісін пайдаланады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

Гүл жару. *Гүлдену, гүл шашу.* Картоп екінші рет *г ү л ж а р у* алдында домбықталады (Б.Шағыров, Картоп).

Мұрт жару. б о т. *Дәнді дақыл тұқымының жер бетіне шығып, өскінге айналуы.* Мұрттану немесе *м ұ р т ж а р у* дегеніміз – дәнді дақыл тұқымдарының жер бетіне қылтиып шығуы, яғни өскінге айналуы (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Тіс жармау. *Үндемеу, еш нәрсе айтпау.* Мейлі өз күнін өзі көрер. Тірі жанға *т і с ж а р у ғ а* болмайды (Т.Әбдіков, Ақиқат). Көргенбілгенің туралы тірі жанға *т і с ж а р у ш ы* болма (М.Гумеров, Хазірет.).

ЖАРУ[2]= е т. *Кенелу, қарық болу.* Басқаны қой, өзіңе Аши ма жаның ерекше? Жалқауларда *ж а р у* жоқ, Қатарға таман бару керек (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

ЖАРУЛЫ с ы н. *Жарылған, бөлінген.* Біз қипақтасып кете қоймай, біресе көк есектің алдында *ж а р у л ы* жатқан қарбызға, біресе анау пәлекте теңкиіп жатқан қарбыздарға қарай бергенбіз (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЖАРУШЫ з а т. *Жару ісін атқарушы.* Проходшылар бригадасы түгелімен осында. Скреперші *ж а р у ш ы л а р* мен қосалқы жұмысшылар да бар (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.).

Балық жарушы. *Балықтың ішін ақтарып, тазартушы.* Кең есіктен шапшып кірген су бораны кейде *б а л ы қ ж а р у ш ы л а р д ы ң* үстін жауып өтеді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Қадишаның ұстазы – цехтың атақты *б а л ы қ ж а р у ш ы с ы* Бәтима Жақабаева болды (С.Хайдаров, Теңіз самалы).

ЖАРШАБИДАЙ з а т. ө с. *Бидай тұқымының бір түрі, қарабидай.* Бойдақ бидай өткен жылғы егіндіктің орнына шығады. Бұл көбіне *ж а р ш а б и д а й,* қарабидай сөздерімен шатастырылады (Қаз. тілі. термин. Ботаника).

ЖАРШАУ з а т. ж е р г. *Шымылдық. Ж а р ш а у д ы* үйдің қабырғасына жақын ұстайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАР-ШҰҢҚЫР з а т. *Ойлы-шұңқыр, тегіс емес жер.* Қалтаймен екеуміз гулеп тұрған қара дауылға, *ж а р-ш ұ ң қ ы р л а р ғ а* қарамастан, ...жылқыларды шыр айнала бір сыдыртып шығар едік (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЖАРШЫ з а т. **1.** *Үлкен той, астарда мерекені, ойынды, мәжілісті өлең-жырмен бастап жырлаушы ақын.* Арғы атаң сенің Нарынбай, Кең қолтық ұзын қарымдай, Елдің жүгін көтерген Ақ өңеш шоңгел нарындай, Көкейіңе қондыра Сөйлесін *ж а р ш ы ң* сарындай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әміре *ж а р ш ы* сөзін күткен жоқ, «Жиырма бесті» шырқап кетті (Қ.Жармағамбетов, Әнші.). **2.** *Ертеректе ханның, ел билеушінің, т.б. бұйрығы немесе басқа да жалпы халықтық шаралар туралы ақпаратты ел арасына жеткізуші, жиылған топқа дауыстап айтып беруші арнайы қызметтегі адам. Ж а р ш ы л а р* осылайша кетті сарнап, Бәйгенің болар жерін жұртқа жарлап (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Игі істі, жаңалықты бастаушы, таратушы.* Ондайларға атақ – арман, ар – шыбын, Мен салттың тек жақсысына *ж а р ш ы м ы н.* Мен моданың естісіне құлдықпын, Ерсісіне, есеріне қарсымын (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). Көгерсін жер, көгерсін, Мол ырысқа кенелсін. Бейбітшілік *ж а р ш ы с ы* Біз – ақ қанат көгершін! Біз – ақ қанат кептерлер, Бізді ұмытып кетпеңдер (М.Мақатаев, Шығ.).

Бүгінгінің, келешектің *ж а р ш ы с ы*, Көпке оралды үш сұңқардың барша ісі. Қуанышта жүз лықсып тоқталды, Жүрек жарған көздің ыстық тамшысы (К.Салықов, Жезкиік). Енді алдыңда айдай анық жол жатар, Сен арқылы ел сәлемін жолдатар! Сен жасай бер, жақсылықтың *ж а р ш ы с ы*, Саған бүгін мен тілеймін оң сапар! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жаңаның [заманның] жаршысы. *Жаңалықты бастаушы, тың, озық ойларды таратушы.* Театр қашанда заманның, *ж а ң а н ы ң ж а р ш ы с ы* (І.Омаров, Серпін). *Ж а ң а з а м а н ж а р ш ы с ы* боп өзім, Кетті жастар соңыма еріп бірден (Т.Молдағалиев, Хаттар.).

Жаршы салды. *Арнайы хабар таратушыларды жіберіп, жұртқа жариялады.* Есітіп Кей-Қысырау бұл хабарды, Бәрін де әскерінің жинап алды. «Бір батыр Барзу деген келіпті» деп, Жұртына жатқан жалпы *ж а р ш ы с а л д ы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАРШЫДАЙ с ы н. *Жаршы сияқты.* Тынық түнде әр дыбыс *ж а р ш ы д а й* бар әлемге айғақ қой (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Арқаның ала бұлты қабағын түйе салбырай ұшып, қыстың келе жатқан қауесетін тартуға жіберілген *ж а р ш ы д а й,* аласұрып ағылып барады (Қ.Тоғызақов, Өнер өрендері).

ЖАРШЫЛЫҚ з а т. *Жария етушілік, жұртқа әйгілеушілік.* Мезгіл! Саған мен айтам: – Рақмет! – деп, Жақсылыққа *ж а р ш ы л ы қ* ақын етпек (Х. Ерғалиев, Көбік шашқан). Жаһанды бейне кезіп кеп, *Ж а р ш ы л ы қ* еттім шын бүгін (Х. Ерғалиев, Көбік шашқан).

ЖАРШЫСЫНДАЙ с ы н. **1.** *Жақтаушысындай, әйгілеушісіндей.* Әйел теңдігінің *ж а р ш ы с ы н д а й* боп, белсене араласып жүрген бес қыз да бұл іске арашашы бола алмады (А.Хангелдин, Қараторғай). **2.** *Белгісіндей, нышанындай.* Мойнына салған ақ жібек орамалы да нәзік қыз жанының *ж а р ш ы с ы н д а й* (С.Байжанов, Сұңқар көңіл.).

ЖАРЫ с ы н. ж е р г. *Жартысы.* Үстіндегі түгінің *Ж а р ы* күміс, *ж а р ы* алтын. Жан серігім, бурыл ат, Терлемесең күн салқын (Батырлар жыры). Рай қарт әжесіне тұтас қойды бұзып берді де *ж а р ы* етін қазанға салып, көршілерін шақырып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Жаңа *ж а р ы* жолдан қайтып кеткісі кеп екі ойлы боп тұрған Толқынға жеңгесін, құрбы қыздарын ойына алғаны мұндай жақсы болар ма (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Кафканың сөзінің *ж а р ы* орысша, *ж а р ы* қазақша (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

ЖАРЫ= е т. **1.** *Төлдің (не сәбидің) енесінің сүтіне тоюы, қанағаттануы.* Бие байлап, құлынды енесінен айырмаймыз. Сүтке *ж а р ы п,* шаң жұтпаған құлын сақау жөтелге ұрынбайды (С.Қалиев, Еңбек.). *Ж а р ы м а ғ а н* арық торы қалың қауға тұмсығын соза береді (М.Гумеров, Сүйе ме?). Өзі бір алпамсадай ірі туған неме шешесінің сүтіне *ж а р ы м а й,* түні бойы сілесі қатқанша жылайды (С.Жүнісов, Жапанда). **2.** *Мiсетуту, қанағаттану.* Жауабына *жарымай,* Ақбілек өз аулының қай тұста екенін сұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жау тонаса, *ж а р ы м а с* жарғақтыға, Газиз айтсам жарасар салмақтыға. Бозбала, саған айтқан өсиетім: Жолама сасық қолтық күн қақтыға! (Ә.Найманбаев, Шығ.). **3.** *Жету, қол жеткізу, иелену.* Надандықтың белгісі Еш ақылға *ж а р ы м а с* Жайылып жүрген айуандай, Ақ, қараны танымас (Бес ғасыр.). Жазу жаздық, Хат танудық, Болдық азат молдадан. Шала оқудан не *ж а р ы д ы қ* Қалғаннан соң құр надан? (Абай, Тол. жин.). Түңлікбайдың қатыны атың Шәріп, Байға *ж а р ы п* көрмеген сен бір кәріп (Абай, Тол. жин.). Танымадық, *ж а р ы м а д ы қ* Жақсыға бір іргелі. Қолына алып, Пәле салып, Аңдығаны өз елі (Абай, Тол. жин.). **4.** *Қарық болу, кенелу; дәулетке жету, баю.* Жаз ағын, қыс омыртқасын өзі жесе, Көріп пе ең сол жанның *ж а р ы ғ а н ы н* (Құлыншақ ақын). Адам көп пе әрі басшы, әрі әділ, Ару көп пе әрі ақылды, әрі өнді?! Біреулер жүр әлі күнге *ж а р ы м а й.* Біреу торта, Біреулер жеп сарымай (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Ауыз жаритын. *Тұкке тұрғысыз, қанағаттанғысыз.* Қашқындар ауылдың шетіндегі иесіз үйлерді аралап тінтіп шығып еді, *а у ы з ж а р и т ы н* ештеме таппады (З.Ақышев, Ақбел.).

Тегі жарымаған. *Ататегі жоқшылықтан арылмаған. – Т е г і ж а р ы м а ғ а н,* төріне төрт кісі шығып көрмеген сорлы (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Ындыны жарымаған. *Құлқыны тоймаған.* Мынау бір *ы н д ы н ы ж а р ы м а ғ а н* шіркін ғой! – деп күңкілдесті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАРЫҒЫМ з а т. э м о ц. *Өзінен кіші адамға жақсы көрсенде еркелету мәнінде айтылатын қаратпа атауыш. – Ж а р ы ғ ы м,* жүдеп барасың, жабырқайсың да отырасың, не болды саған? – деді Қадиша (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Сыбырлап не дейсің, *Ж а р ы ғ ы м,* кеңес пе, Кейісің бе? (С.Асанов, Шолпан). *Ж а р ы ғ ы м*! Болсын жарығың мол, Жерошақтың жалыны бол, Өзеннің ағыны бол! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАРЫҒЫРАҚ с ы н. *Жарықтау.* Отты неге *ж а р ы ғ ы р а қ* қылып жақпай отырсың (С.Сейфуллин, Әңгіме.).

ЖАРЫҚ[1] з а т. **1.** *Сәуле, нұр.* Кең, таза бөлме шам *ж а р ы г ы м е н* күндізгідей жайнап тұр (М.Иманжанов, Адам.). Шырақ қайда?! Жаңағы *ж а р ы қ* қайда!? Кимелеп ұмтылады халық қайда?! Шынымен Әуезовке маңытпай ма?! Мына ағын бара жатыр алып қайда?!.. (М.Мақатаев, Шығ.). // *Қараңғы емес; анық, айқын көруге келетіндей.* Үйдің іші электр шамымен күндізгідей *ж а р ы қ* (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Туған айдың бірінен онына дейін ай жаңасы, ал айдың жиырмасынан отызына дейін ай қараңғысы. Ай жаңасы болғанда аспан *ж а р ы қ* болар жарқырап (Қаз. ертегі.). Ай, жұлдыз, ағарған таң, *ж а р ы қ* күн бар, Жазғы құс, жапырақта қандай мін бар. Күндізгі харекеттен босағанда, Өзіңе өзің тиген тәтті түн бар (Абай, Тол. жин.). Достарым, оған шейін асықпандар, Алдыңда әлі ататын *ж а р ы қ* таң бар. Тез уақыт жердің жүзі бір түрге енер, Түбінде, замандастар, осымды аңғар (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Деген сөз құлағыма естілді анық, Ояндым кезінде алау кештің *ж а р ы қ*. Қанша күн, қанша сағат ойымда жоқ, Соншама жатсам керек есім танып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Қартайғаным – кеш жатып, ерте тұрсам, Көкірегімнен өшпейді *ж а р ы қ* бір шам. Жұлдыз санап жатқан шақ тағы мені Құшағыңа қайтеді бір шақырсаң. (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** ф и з. *Ұзындықтары 400 км-ден 760 км-ге дейінгі электромагниттік толқындар, адам көзіне көрінетін сәуле.* Толқындық теория бойынша *ж а р ы қ* дегеніміз – жарық таситын ерекше серпінді ортаның тербелмелі қозғалысы (ҚСЭ). Адам көзі қарқындылығы жоғары *ж а р ы қ т ы* кеңірек диапазонда қабылдаса, жилігі әртүрлі *ж а р ы қ т ы* әртүрлі түс ретінде қабылдайды (ҚҰЭ). **3.** ф и з. *Кең мағынада – көрінетін сәулемен бірге спектрдің ультракүлгін және инфрақызыл аймағындағы сәулелерді де қамтитын оптикалық сәуле.* **4**. *Үй ішіне, үймеретке, бөлмеге сәуле түсіру үшін пайдаланылатын табиғи, жасанды жарық көздері немесе солардың сәулесі. Ж а р ы қ* бөлме мен ондағы заттарға жеткілікті және көзге жағымсыз әсер етпейтіндей болуы қажет (Қаз. тілі термин. Тамақ). Алқызыл шашақты абажур астынан бөлме ішіне *ж а р ы г ы н* жайған шам оның төбесіне қарайды (Ғ.Сланов, Шалқар). **5.** а у ы с. *Үміт, қызық, жақсылық.* Күн келер – сенің ыстық қанының тамшылары тұрмыс қараңғылығында ұшқындай жарқырап, талай ержүректерге *ж а р ы қ* пен азаттықты аңсататын от берер (М.Жұмабаев, Шығ.). Бала өмірде бар көрген, Жан *ж а р ы г ы м* біреу-ақ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **6.** а у ы с. *Осы дүние, жарық дүние, өмір.* Бұл *ж а р ы қ қ а* аяқ басып туған жер, Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер. Жастық алтын, келмес күнімде, Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ай сүттей жарық. а) *Ай өте жарық. А й с ү т т е й ж а р ы қ* еді (Ә.Сәрсенбаев, Офицер күнделігі). Қыс түсе бастаған мезгіл. *А й с ү т т е й ж а р ы қ* (М.Иманжанов, Адам.). ә) *Бұлтсыз, толған айлы түн туралы айтылады.* Олар Сырдың *а й ы с ү т т е й ж а р ы қ* бір түнінде көптен оңашаланып қыдыруға ойлады (С.Мұқанов, Шығ.).

Беті жарық. *Жолы ашық, басқалардан беделді, мерейі үстем; жүзі жарқын.* Білімдінің *б е т і ж а р ы қ*, білімсіздің беті көн шарық (Мақал-мәтел). «Малдының *б е т і ж а р ы қ*, малсыздың беті шарық» ...деген осындай сөздер есепсіз толып жатыр (Абай, Тол. жин.).

Жарығы қараңғы болды. п о э т. *Осы дүниеден өтті, жарық дүниеден өтіп, қараңғы көрге енді.* Қимылдап қал, қызыл тіл, *Ж а р ы г ы м б о л а р қ а р а ң ғ ы.* Қарындастар, мен сені Енді бір қайтып таба алман (Базар жырау, Шығ.).

Жарығын төкті. п о э т. *Нұрын шашты, басқаларға ізгілік, мейірімділіктің т.б. нұрын төкті.* Жаныңда сенің біз жүрміз, Келмейді қарттық бұл маңға, Бір өзің жаққан мың жұлдыз *Ж а р ы г ы н т ө г і п* тұрғанда! (С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

Жарық абберациясы. а с т р. *Шырақтың жарық жылдамдығының шекті болу себебінен және бақылаушының Жердің айналуы нәтижесінде қозғалыс салдарынан аспан сферасындағы көрінерлік орнының өзгеруі. Ж а р ы қ а б б е р а ц и я с ы* Жердің Күнді айналуы (жылдық Жарық абберациясы), сондай-ақ, Күн жүйесінің кеңістіктегі орын ауыстыруы (ғасырлық Жарық абберациясы) салдарынан болатын аспан сферасындағы көрінерлік орнының өзгеруі (ҚҰЭ).

Жарық ағыны. ф и з. *Сәуле ағынын бағалайтын жарық шамаларының бірі, яғни көзде жарық сезімін тудыратын оптикалық сәуленің қуаты. Ж а р ы қ а ғ ы н ы н ы ң* шамасы оның селективті жарық қабылдағышқа әсері бойынша анықталады (ҚҰЭ). *Ж а р ы қ а ғ ы н ы н ы ң* өлшеу бірлігі – люмен (ҚҰЭ).

Жарық ай. *Ап-ашық ай.* Бұлт басты баяғы бір *ж а р ы қ а й д ы*, Сүйіскен бейбақтарым танымайды. Уын да бір-ақ іштім махаббаттың, Бұрынғы қуаныштың бәрі қайғы (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Желсіз түнде *ж а р ы қ а й*, Сәулесі суда дірілдеп. Ауылдың жаны терең сай, Тасыған өзен күрілдеп (Абай, Шығ. жин.).

Жарық аспан. *Бұлтсыз айдың немесе күннің нұрына бөленген, ашық аспан. Ж а р ы қ а с п а н,*

жасыл далам, Келесің сен ғасырлардан. Оқтан, оттан – жасындардан Өттің талай асулардан, Жарық аспан, жасыл далам! (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Жарық аспан*, жасыл далам, Сен жұмбақсың ашылмаған. Қымбат қара тасың маған, Құмарым бір басылмаған, *Жарық аспан*, жасыл далам! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жарық болды. *Жарқырады, сәуле шашты.* Машина электрический және келді, *Жарық боп* май мен отсыз жана берді (М.Дулатов, Шығ.).

Жарық газы. х и м. *Метан, сутек және көміртек оксидінен тұратын жанғыш газдар қоспасы. Жарық газы* отындарды термиялық жолмен қайта өңдегенде (кокстеу, жартылай кокстеу) түзіледі (ҚҰЭ). *Жарық газы* толық жанбаса, көміртек оксидінің мөлшері көбейіп адам уланады. Сондықтан *жарық газын* қолданғанда газ аппаратураларының дұрыстығын қадағалау керек (ҚҰЭ).

Жарық дисперсиясы. ф и з. *Заттың сынау көрсеткішінің (n) жарық толқынының жилігіне (ν) не ұзындығына (l) тәуелділігі. Жарық дисперсиясы* нәтижесінде оқ жарық спектрге жіктеледі (ҚҰЭ). Осы спектрді зерттеу арқылы И.Ньютон *Жарық дисперсиясын* ашты (ҚҰЭ). Мөлдір денелердегі *Жарық дисперсиясы* спектрлік приборларды, ахроматикалық линзаларды жасау кезінде қолданылады (ҚҰЭ).

Жарық дифракциясы. ф и з. *Жарық толқындарының мөлшері сол толқындардың ұзындығымен қарайлас тосқауылды орап өту құбылысы. Жарық дифракциясы* болуы үшін, мұның үстіне, жарық түскен дененің айқын шекарасы болуы да тиіс (ҚҰЭ). *Жарық дифракциясы* кезінде жарықтың түзу сызық бойымен таралау заңы, яғни геометриялық оптикалық негізгі заңдары бұзылады (ҚҰЭ). *Жарық дифракциясы* – жарықтың толқындық қасиетін дәлелдейтін негізгі құбылыстардың бірі (ҚҰЭ).

Жарық дүние. а) ф и л о с. *Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы адам ғұмырының әр сәтінің қадір-қасиетін терең түсіндіріп, қамтитын «осы дүние, өмір»деген мағынадағы сөз*. Адамның ғаламмен қарым-қатынасын құрсақта жатқан кезден бастайтын қазақ дүниетанымындағы *жарық дүние* ұғымы оның негізгі діліне (менталитетіне) айналған (ҚҰЭ). Жарық дүние ұғымының мәні – адамның бүкіл өмірдің әрбір күнін ерекше қадірлеуі (ҚҰЭ). ә) *Бүкіләлем, дүниежүзі, жержүзі*. Болыстардың шабармандары қалаға айында бір, онан да сирек қатынағандықтан, талапкерлер еш нәрседен хабарсыз, *жарық дүниеде* не болып жатқанын білмейді (М.Дулатов, Шығ.). Совет Одағының Батыры ұшқыш Нұркен Әбдіровтың *жарық дүниеде* өмір сүрген барлық ел, дүйім жұрт айдай әлемді қайран қалдырған таңғажайып ерлігі жайында жазған «Қанатты қазақ» дастаны қазақ поэзиясына қосылған елеулі үлес («Каз. әдеб.»). б) п о э т. *Алланың адамға сыйға тартқан жер бетіндегі ғұмыры, осы дүниедегі өмір. Жарық дүние*, өмір, тұрмыс. Адам ата дүниесінен Алшақ, алыс қалдым неге? Жермен шөгіп тар қуыста, Қалармысың қайран дене (А.Жұмағалиев, Өлеңд.). Әйтеуір, *жарық дүние* – мекен бүгін, Өтпесін деп осында бекер күнім, Арпалысып адамдар аттанады, Болашаққа қалдырып кетер жүгін (М.Мақатаев, Шығ.). в) *Еркіндік, бостандық*. Түрме бақшасына жұмысқа барып жүрдік. *Жарық дүниені* көріп, көңіл шіркін бостандыққа талпынады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Жарық дүниеге келді. п о э т. *Туды, дүниеге келді*. Соқырішек менде де, сізде де бар, тіпті *жарық дүниеге келген* сәбиде де болады (Е.Оразақов, Қайта соқ.). ...Мен несіне жерінем?! Қорқатыным өлім бе?! Қорықпай-ақ берілем. Өкінішті... Амал не... Өлмейтіндей *келіп ем*... Мына *жарық дүнием* бірге туған менімен, Бірге өледі менімен!!! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жарық дүниеге хош айтты. п о э т. *Қайтыс болды, о дүниелік болды, көз жұмды*. Сөйтіп, құрт жайлаған кеудесін қалың қайғы, ауыр арман кернеген, ет жүрек жас ақын жадыраған жаздың нұр төгілген күнінде *жарық дүниеге хош айтады* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарық дүние есігін ашты. к ө т е р. *Жаңа туды, дүниеге жаңа келді*. Талдықорғанда жаңа жылдың бірінші күні жиырма сәби *жарық дүние есігін ашты* («Жесісу»). Ана құрсағынан босап, осынау *жарық дүние есігін ашқан* сәттен бастап пенде деген атқа ие боламыз («Айқын»).

Жарық дүниені көрсетті. *Дүниеге әкелді, босанды, туды*. Жас бөбек жарық көрген жаңа ғана, *Көрсеткен жарық дүние* менмін, ана (С.Керімбеков, Өлеңд.).

Жарық етті. п о э т. *Жарық қылды, үміттендірді*. Адамды мал орнына жұмсауымыз, Бір емес бар қазаққа тән болғандай. Сөндіріп ғаділдікті жүр ғой қазақ, Көңілді *жарық ететер* шам болғандай (М.Дулатов, Шығ.). Әлеумет, көрдің міне жаңа заңды, Теңгерген бірдей етіп барлық жанды. Әлемге күн секілді нұр шашады, Сәулесі *жарық еткен* жержиһанды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жарық етіп* көңілімнің шырағын, Өзімді-өзім талай рет сынадым. Батар күнге жиі барып қайтам мен, Алға қарай жүру үшін бір адым! (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жарық жұлдыз. п о э т. а) *Асқан талант, дарын иесі.* – Шоқан біздің Россия ғалымдары үшін шығыстан туған *ж а р ы қ ж ұ л д ы з,* – деп ол сөзін аяқтады (С.Бегалин, Шоқан асу.). ә) *Қолжетпес арман, ұстатпайтын асыл нәрсе, зулаған бал дәурен шақ.* Жастық дәурен барады, Алды-артына қарамай. *Ж а р ы қ ж ұ л д ы з* ағады, Қол созамын баладай (С.Мәуленов, Алыс кет.). б) *Игі мақсат, ізгі арман, нысанаға алған игілікті іс. Ж а р ы қ ж ұ л д ы з* – сенің тартқан бағытың, Өлшеуі жоқ төңірі берген бақытың. Арманы жоқ ардақты ата ақжүрек, Ханзаданың күндемессің тақытын (М.Дулатов, Шығ.). Жұлдызым бар менің де, *ж а р ы қ ж ұ л д ы з,* Жұлдызымыз болмаса, неғып жүрміз. Елдер сүйіп айтатын әсем әнбіз, Аяқтала білмейтін ағын жырмыз (Т.Молдағалиев, Шақырады.). в) *Көңіл хошы, жанның дауасы.* Жанымның *ж а р ы қ ж ұ л д ы з ы,* Жамандық күнде жарымсың (Абай, Тол. жин.).

Жарық жұлдыз етті. *Ізгі мақсат етті, игі арманына айналдырды.* Кім болсаң да адамгершілікті, ақыл-парасатты *ж а р ы қ ж ұ л д ы з е т,* шеберлігіңді ұштат, біліміңді асыра түс («Лен. жас»).

Жарық жылдамдығы. ф и з. *Кез келген электрмагниттік толқынның бос кеңістіктегі таралу жылдамдығы; іргелі физикалық тұрақтылардың бірі. Ж а р ы қ ж ы л д а м д ы ғ ы н ы ң* шамасы материалдық дененің массасы мен толық энергиясын байланыстырып тұрады (ҚҰЭ). Санақ жүйесі өзгерген кезде координатты, жылдамдықты және уақытты түрлендіру *ж а р ы қ ж ы л д а м д ы ғ ы* арқылы өрнектеледі және ол көптеген қатыстардың құрамына енеді (ҚҰЭ).

Жарық жылы. а с т р. *Жарық бір жыл ішінде өтетін жолмен тең қашықтық; ұзындықтың астрономиядағы қолданылатын жүйеден тыс бірлігі.* Күннің төңірегіндегі жұлдыздардың сиректігі соншалық, әрбір 300 текше *ж а р ы қ ж ы л ы* кеңістікке бір-ақ жұлдыздан келеді (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Күннің төңірегіндегі жұлдыздардың арақашықтығы орта есеппен алғанда 10 *ж а р ы қ ж ы л ы н а* тең (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). *Ж а р ы қ ж ы л ы* жарықтың 1 жылда жүріп өтетін қашықтығына тең: 1 *ж а р ы қ ж ы л ы* =0,3068 парсек=9,4605.10^{15}м (ҚҰЭ).

Жарық жылындай. а с т р. *Жарық бір жыл ішінде өтетін қашықтықтай.* 1957 жылға дейін жержүзіндегі ең үлкен телескоппен Әлем кеңістігінде 2 миллиард *ж а р ы қ ж ы л ы н д а й* қашықтықта тұратын денелерді ғана бақылай алатын еді. Бұрынғыдан сегіз есе алыста тұратын, яғни 16 миллиард *ж а р ы қ ж ы л ы н д а й* қашықтықтағы денелерді бақылай алатын болдық (ҚҰЭ).

Жарық интерференциясы. ф и з. *Жарық сәулесі энергиясының екі немесе бірнеше жарық толқынының қабаттасуы нәтижесінде кеңістікте тарала орналасуы. Ж а р ы қ и н т е р ф е р е н ц и я с ы* кезінде қабаттасқан жарық шоғының қарқындылығы бастапқы шоқтың қарқындылығына тең болмайды (ҚҰЭ). *Ж а р ы қ и н т е р ф е р е н ц и я с ы н а* қатысты құбылыстарды И.Ньютон бақылаған, бірақ ол өзінің корпускулалық теориясы тұрғысынан бұл құбылысты түсіндіре алмады (ҚҰЭ). *Ж а р ы қ и н т е р ф е р е н ц и я с ы н ы ң* көмегімен жарық толқындарының ұзындығы өлшенеді (ҚҰЭ).

Жарық көңіліне жара салды. *Кіршіксіз ашық, таза көңіліне дақ түсірді.* Мына Еламан інің азғырып, *ж а р ы қ к ө ң і л і н е ж а р а с а п* жүр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жарық көрді. а) *Дүниеге келді.* Жас бөбек *ж а р ы қ к ө р г е н* жаңа ғана. Көрсеткен жарық дүние менмін ана (С.Керімбеков, Өлеңд.). ә) *Өмір сүрді, тіршілік етті.* Ажал алыс болса, әлде де біраз дәм татып, *ж а р ы қ к ө р е т і н* жағдайы бар (С.Досымов, Жаңғырық). б) *Жария болды, елге танылды, баспасөзде жарияланды.* «Бақытсыз Жамалдың» ізін қуа қазақ әдебиетінде Көшімұлының «Мұңлы Мариям», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» (1912), С. Көбеевтің «Қалыңмал» (1914), С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914) сияқты эпикалық проза үлгілері бірінен соң бірі *ж а р ы қ к ө р д і* (М.Дулатов, Шығ.). Тоқтағұлдың шығармалары бес жылдың ішінде екі рет *ж а р ы қ к ө р д і* (Р.Мылтықбаев, Түбі бірге.). в) *Құрсаудан босады, қыспақ көрмей еркін дамыды. Ж а р ы қ к ө р м е й* жатсаң да, ұзақ, кең тілім, Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім (М.Жұмабаев, Шығ.). г) *Әзірленді, жүзеге асты, дайындалып, ұсынылды.* Заң шығару процесінде экономикалық қарым-қатынас саласы аса жауапты бағыт еді. «Акционерлік қоғамдар туралы», «Табиғи монополиялар туралы», «Бәсекелестік және монополистік қызметті шектеу туралы», «Банкроттық туралы» және басқа да заңдар *ж а р ы қ к ө р д і* («Егемен Қазақстан»).

Жарық күн. а) *Тәуліктің күндізгі бөлігі, ашық күн.* Тапа тал түс *ж а р ы қ к ү н,* Қарап болмас көз әсте, «Итжанды» деген халықтың Түсті сонда сөзі еске (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). ә) *Сәуле шашқан күн, аспандағы жарықтың, жылудың көзі.* Өтелер ме жылуы *ж а р ы қ к ү н і н?* Төленер ме қызығы мамық түннің? Жүз жыл емес, бір жылдың өтеуі жоқ Ылаж құрып, мінеки, налып тұрмын. Нағып тудың,

Анам-ай, нағып тудың? Күндерімді күйбеңмен жалықтырдым (М.Мақатаев, Шығ.). Ай, жұлдыз, ағарған таң, *Жарық күн* бар, жазғы құс, Жапырақта қандай мін бар? (Абай, Тол. жин.). б) поэт. *Жақсылық, қуаныш.* Сірә, *жарық күн* бар ма бізге. Әлде өтеміз бе дүниеден осылай?! – деді Мырзабек ашына (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). Мен, балаң, *жарық күннен* сәуле құған, Алуға күнді барып белді буған. Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін, Болмасам толған айдай балқып туған (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жарық күндей. бейн. *Жайнаған, жарқырап, жарқылдап тұрған жас деген мағынада.* Жапжаңа *жарық күндей* жас боздақты, табанда тағдыр мұндай күйге салды (И.Байзақов, Таңд.).

Жарық күші. ф и з. *Белгілі бір бағытта көрінетін сәуле көзінің жарқырауын сипаттайтын жарық шамаларының бірі. Жарық күші* – жарық көзінен элементар денелік бұрыштың ішімен тарайтын жарық ағынының сол денелік бұрышқа қатынасына тең (ҚҰЭ). *Жарық күшінің* бірліктердің халықаралық жүйесіндегі өлшеу бірлігі: кандела (ҚҰЭ). *Жарық күші* ұғымы жарық көзінің қашықтығы оның мөлшерімен салыстырғанда өте үлкен болған жағдайда қолданылады (ҚҰЭ).

Жарық қылды. *Жарық берді, сәуле шашты, нұрландырды.* Сол бір жұлдыз жанады сол аспанды *жарық қып*, Жарықта да түк көрмес ғашық болған жарықтық! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жол бердің қараңғыда адасқанға, Ибраһим Кәғбаға жол ашқанда. Құдықты күн туғандай *жарық қылдың*, ішінде Жүсіп Нәби жатқанында (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Тамағы – от, сусыны – су біздің тұлпар, Желгенде тау жаңғырып, жер солқылдар. Қос көзі, күндік жерді *жарық қылып*, Қанат талып – қарлығаш кейін қалар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жарық қысымы. ф и з. *Жарықтың шағылдыратын және жұтатын денелерге, бөлшектерге, сондай-ақ, жекеленген молекулалар мен атомдарға түсіретін қысымы.* Күн маңынан ұшып өткен кезінде құйрықты жұлдыздың (кометаның) құйрығының қисаюына *жарық қысымының* әсері болатындығын тұңғыш рет И.Келлер болжаған (1619) (ҚҰЭ). *Жарық қысымы* – болымсыз аз шама (ҚҰЭ). *Жарық қысымын* жарықтың электр магниттік теориясы бойынша да, жарықтың кванттың теориясы негізінде де түсіндіруге болады (ҚҰЭ).

Жарық механикалық эквиваленті. ф и з. *Сәуле ағынының оның құрамындағы жарық ағынына қатынасы. Жарық механикалық эквивалентіне* кері шама сәуленің жарық тиімділігі деп аталады (ҚҰЭ). *Жарық механикалық эквиваленті* жарық толқыны ұзындығының (λ) функциясы болып есептеледі әрі ол $\lambda \approx 555$ НМ болғанда, 0,00146 вт/лм-ге тең ең кіші мәнге ие (ҚҰЭ).

Жарық рефракциясы. ф и з. *Жарық сәулесінің сыну көрсеткіші үздіксіз өзгеретін ортада қисаюы. Жарық рефракциясы* деп, кейде, кең мағынада, жарықтың сынуын айтады (ҚҰЭ).

Жарық сауа. жер г. *Күншуақ, жайлы жер.* Сол бір *жарық сауа* тапқан болар, анау байырда жататын еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жарық сәуле. а) бейн. *Жер бетін нұрландырып, сәуле шашып, жылытып тұратын күн деген мағынада.* Жанға жұт, *жарық сәуле*, жоқ мұқтаждық, Сырт берер адамзаттың әулетіне. Артықша тасқан қайтып, толған солып, Құритын кез келмекші нәубетіне (А.Байтұрсынов, Шығ.). ә) *Ашық нұрлы сәуле.* Жердің табиғи серігі, түнде *жарық сәуле* түсіріп тұратын, жерге ғарыштағы ең жақын аспан денесі. Жердің тарту күшіне қарағанда ай бетінің тарту күші 6 есе әлсіз, сондықтан салмағы 60 кг адам ай бетінде 10 кг ғана тартады (Қ.Құрманов, Физика.).

Жарық сәуле көрмеді. *Дүниеде жақсылық, рақат көрмеді. Жарық сәуле көре* алмай, Ел шаңына ере алмай, Сол бойы кетер ме екенсің?! (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Жарық сәуле көрмедім*, Шыққалы ана қарнынан (Абай, Тол. жин.).

Жарық сигналы техникасы. физ. *Оптикалық сигнализацияға арналған құрылғылар. Жарық сигналы техникасына* қашықтан жарықпен белгі беру үшін қолданылатын приборлар, тағы басқа жатады (ҚҰЭ).

Жарық таңба. астр. *Күн бетінің жиегінде пайда болатын жарық сәулелі құрылым.* Күн шеңберінің жиегінде қисық формалы *жарық таңба* байқалады. Ол ақ бұлтқа ұқсас және оның ішінде әртүрлі сызықтарды, жарық нүктелерді және әрқилы түйіршіктерді байқауға болады. Оларды факел деп атайды және олар фотосферада тепе-тең орналасқан, бірақ олар Күннің жиегінде ғана көрінеді (Т.Омаров, Күн. құбылыс.).

Жарық техникасы. ф и з. *Оптикалық сәулелерді (жарықты) зерттеумен және оларды өндіру, кеңістіктік таралуы мен сипаттамаларын өлшеу әдістерімен, сондай-ақ, жарық энергиясын басқа энергия түріне түрлендіру мәселелерімен айналысатын ғылым мен техника саласы. Жарық техникасының* дербес сала ретінде пайда болуы физикалық және геометриялық оптиканың, физиология

ғылымының, электр тогы мен магнетизм ілімінің дамуымен байланысты болды (ҚҰЭ). *Жарық техникасының* дамуының маңызды кезеңі электрлік жарықтандыру көздеріне көшуден басталады (ҚҰЭ).

Жарық тұрғызды. ж е р г. *Шам жақты, жарық қылды.* Үй қараңғы болып кетті, *жарық тұрғызайық* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарық түсті. а) *Сәуле тарап, анық, ашық көрінді, жарықтанды.* Қайдан *жарық түсіп* тұрғанын біле алмадық, әйтеуір осы қапас қуыстың іші ақшамдағыдай ағаран сәулеге бөлеп жатыр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). ә) *Күн шықты, таң атты. Жарық түсті,* таң атты. Дала ай-жай боп ағарып қалғанымен, үй іші әлі алакөлеңке еді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр).

Жарық түсірді. *Сәулесін түсірді.* Жау оқтын-оқтын ракеталар атып, өзен бойына *жарық түсіріп* тұрды (Р.Ұлтанбаев, Ерлер есімі). Алакөлеңке сейіліп, әбден *жарық түскенде* ғана күтуші әйелді орнына қалдырды (С.Ғаббасов, Ана жүрегі).

Жарықтан жасқану. б и о л. ф о т о ф о б и я <грек. photos – жарық, phobos – қорқу, жасқану> *Жарық тітіркендіргіштеріне көздің жоғары сезгіштігі. Жарықтан жасқану* көздің алдыңғы бөлігінде орналасқан үшкіл жүйкелік талшық ұштарының тітіркенуінен болады (ҚҰЭ). *Жарықтан жасқану* көздің тор қабығының көру – жүйке элементтерінің тітіркенуінен де болуы мүмкін (ҚҰЭ). *Жарықтан жасқануды* азайту үшін жарық сүзгіш шынысы бар арнайы көзілдірікті пайдалану керек (ҚҰЭ).

Жарықтың жұтылуы. ф и з. *Орта арқылы өткен жарық қарқындылығының сол орта бөлшектерімен өзара әсерлесуі нәтижесінде кему. Жарықтың жұтылуы* кезінде зат қызады, атомдар не молекулалар иондалады не қозады, фотохимиялық процестер жүреді (ҚҰЭ). *Жарықтың жұтылуы* ғылым мен техниканың әртүрлі саласында қолданылады (ҚҰЭ).

Жарықтың модульденуі. ф и з. *Жарық модуляциясы, оптикалық сәуленің модульденуі – жарық ағыны қарқындылығының уақыт бойынша өзгеруі немесе кең мағынасында, монохромат жарық тербелісі амплитудасы жиілігінің, фазасының поляризациясының белгілі бір заң бойынша өзгеруі. Жарық модульдегіштері* техника мен ғылыми зерттеу жұмыстарында кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

Жарық энергиясы. *Әртүрлі жарық қозғалысының және өзара әрекеттестігінің жалпы өлшемі.* Қазіргі кездегі ғылыми мәліметтерге қарағанда, Күннің жылуы мен *жарық энергиясының* көзі ядролық реакциялар болып табылады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Жарық шашты. *Сәуле түсірді, нұр төкті.* Дәстүрін аттамаған, анық басқан. Сондай бір дәстүр бар-ды *жарық шашқан,* Бір ұрпақ бір ұрпаққа алып қашқан (М.Мақатаев, Шығ.).

Жарыққа шығарды. *Жарияланды, жария етті.* Көксеген көп заманнан тілегіңді, *Жарыққа шығаруға* жұмсар күшін (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жарыққа шығару. а) *Көрсету, жұртқа таныту.* Ол жан баласына *жарыққа шығарып* көрмеген бір сыр сақтайтын (М.Әуезов, Өскен өркен). Сол өнерді *жарыққа шығару* үшін оларды әзілмен қарсы алды (Ә.Әбішев, Замана.). ә) *Өмірдің күйбең тірлігінен босату, жарқын болашаққа бастау.* Зейнепті *жарыққа шығару,* оқуға ынталы қылу енді қиын жұмыс емес (М.Дулатов, Шығ.).

Жарыққа шығарылды. *Баспасөзде жарияланды, танылды. Жарыққа шығарылып* таратылған агрономиялық ережелерде осы тәсілдерді ұштастырып қолданудың қажетті тәртібі көрсетілмеген (Ж.Жиенбаев, Астық дақыл).

Жарықтың таралу жылдамдығы. ф и з. ***Жарық жылдамдығы.*** Фантастикалық жылдамдықпен есептеу үшін жарық қуатын пайдаланса қайтер екен деген идеялар бар. Мұндай идеялардың тууына себеп мынау: *жарықтың таралу жылдамдығы* секундына 300 000 километр. Бұл жөнінде жүргізілген тәжірибелерден полярланған сәулені «иә» және «жоқ» деген арифметикалық амалдарға көндіру оңайырақ көрінеді (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Жердің Күнді айнала қозғалу орбитасына қарай *жарықтың таралу жылдамдығын* өлшеу мақсатымен американ физигі Майкельсон тәжірибе жүргізді (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Жарықтың толқындық теориясы. ф и з. *Жарықтың толқындық сипаты жайындағы теория.* Өткен ғасырдың басында француздың атақты физигі Френель *жарықтың толқындық теориясын* толық негіздеді деп айтуға болады. Бұл ғалымның көзқарасы бойынша жарық – Ньютон айтқандай, бөлшектердің (корпускуляр) ағымы емес, эфирдің тербелісі, былайша айтқанда, жарықтың таралуы да толқындық теңдеумен сипатталады (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

Жарықтың шашырауы. ф и з. *Оптикалық сәуле (жарық) ағынының затпен өзара әсерлесуі кезінде кейбір сипаттамаларының өзгеруі.* Көбінесе, *жарық шашырауы* деп ортаның кеңістіктік біртексіздігінен болатын сол ортаның

өзіндік емес жарқырауын айтады (ҚҰЭ). *Жарық шашырауын* жүйелі түрде кванттық электрдинамикаға негізделген сәуленің затпен әсерлесуінің кванттық теориясы мен зат құрылысының кванттық көзқарасына сүйене отырып сипаттауға болады (ҚҰЭ). *Жарықтың шашырауын* көп жағдайда, сәуленің толқындық теориясы негізінде сипаттау жеткілікті (ҚҰЭ).

Кеш жарық! *Қайырлы кеш деген мағынадағы кешке қарай көріп тұрған адамына ізет білдірудің бір түрі.* – *Кеш жарық!* – деп қапсағай денелі адам кіріп келді (Қ.Қамбаров, Алтай). Барақтың есігінен: – *Кеш жарық!* – деп Мұса бастап кіріп келдік (Б.Соқпақбаев, Шығ.).

Көңілі шамдай жарық. *Санасы нұрлы, білімге зерек, көңіл көзі ашық.* Білмесек иман, ислам үйренелік, Болады пәс *көңілің шамдай жарық*. Нұрынан хақ расулдың пина болып, Жаралған жержүзіне барша халық (Қабан жырау, Алтын қазық).

Көретін жарығы бар. *Өлім аузынан қалған адамға қарата айтылатын, әлі де өмір суретін жайы бар, өмір сүруді нәсіп еткен екен деген мағынадағы сөзқолданыс.* ... Әлі де *көретін жарығыңыз бар* екен, – деп келіншек рақым күткендей жаутаңдай қарады (С.Омаров, Өмір.).

Соңына жарық алып түсті. *Қыр соңынан қалмады.* Біздің уәде байласқанымызды білген Байсал *жарық алып соңымызға түсті* (С.Омаров, Өмір.). Данышпандық соңына Дайын оның кісені. Жақсылықтың *соңына Жарық алып түседі* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАРЫҚ[2] з а т. м е д. <лат. hernia> *Іш қуысында жатқан органдардың немесе олардың бөліктерінің әдеттегі орнынан ішпердесімен бірге тері астына немесе ет жасушасы арасына шығуы; ауру түрі.* Бәрі де көрінеу ескілікті аурулар: жіңішке ауру, *жарық*, көксау (Ә.Бөкейханов, Шығ.). *Жарық* көбінесе жүдегенде, қатты күш түскенде т. б. жағдайларда пайда болады (ҚСЭ). Ескіден келе жатқан шап *жарығы*. Ақсақ, соқырды, *жарықты* жазды, көксауды алмайды екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жарық* төмен түскен, ішек түйілген, тіпті шіри бастаған (Е.Оразақов, Дәрігер.). *Жарық* шыққан жеріне қарай шап жарығы, сан жарығы, кіндік жарығы және кіндік тұсы жарығы т.б. деп ажыратылады (ҚҰЭ).

ЖАРЫҚ[3] с ы н. *Бүтін емес, сызат түскен, шытынаған, жарылған.* Тақтай есіктің *жарығынан* жіңішке сызат көрінеді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Шұбар жылан кетті сүңгіп, Шұбар тастың *жарығына* (Ж.Нәжімеденов, Қызғалдақ).

Жарық ерін. *Тілім-тілім болып терісі жарылған ерін.* Патша ағзам қара табан, *жарық ерін* бізге тие қоймас (С.Әбішев, Жаңғыру).

Жарық қарын. *Тойынбаған, аш-жалаңаш. Жарық қарын,* ши борбай балалардың жаутаңдаған көздері піскен ыстық кесек еттерді пышақ үстінен аударыстырғанда ақ тоқалдың өңменінен өтіп барады (Ә.Көшімов, Лашын.).

Жарық қарын жер. ж е р г. *Бірнеше жыл тыңайтылған жер. Жарық қарын жерге* егін жақсы шығады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарық май. *Жарылудан болған тері жарасына жағатын май.* Аяғымның жарығына *жарық май* жағып отырмын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарықтың полярлануы. ф и з. *Жарық поляризациясы жарық толқынының электр және магнит өрістері кернеуліктері векторларының (Е және Н) жарық сәулесі жазықтығына перпендикуляр жазықтықта бағдарлануының реттелуі. Жарықтың полярлануы* полярланған приборлар, поляроидтар, тағы басқалар арқылы алуға болады (ҚҰЭ). *Жарықтың полярлануы* зат құрлысының кейбір ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді (ҚҰЭ).

Жарықтың сыну заңы. ф и з. *Жарықтың сыну табиғатына қатысты физикалық заңының бірі.* Жоғарыда айтылғандарға мысал ретінде Кеплер ашқан планеталардың қозғалыс заңдарын, *жарықтың сыну заңын,* жарық интенсивтілігінің жарық көзіне тәуелділігін, Галилейдің дененің бостықта еркін түсу қозғалысы туралы заңын, ыдыс қабырғасы тесігінен аққан сұйықтың жылдамдығы туралы Торичелли заңын, серіппенің серпімділігі жөніндегі Гук заңын, Бойль Мариотт заңын т.б. келтіруге болады (А.Көбесов, Математика.).

Жарықтың сынуы. ф и з. *Оптикалық сәуленің екі ортаны бөлетін шекарадан өткен кезде таралу бағытының өзгеруі. Жарықтың сынуы* жарықтың шағылуымен қатар жүреді (ҚҰЭ). *Жарықтың сынуымен* қатар жарықтың полярлану күйі де өзгереді және бұл құбылыс сызықты полярланған жарықты ашу үшін пайдаланылады (ҚҰЭ). *Жарықтың сынуының* түскен сәуленің полярлануына тәуелділігі сәуленің қосарланып сынуы кезінде ерекше байқалады (ҚҰЭ).

Жарық түйе. *Көп мінілген, тіркеуден мұрны жарылған түйе. Жарық түйені* бос жібердік (Ауызекі).

Жердің жарығына түсіп кетті. *Жоқ болып кетті.* Әмірін орындамағандарды Ұлдай *жердің жарығына түсіп кетпесе* жоқ етеді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Жердің жарығын жамады. *Тынымсыз әрекеттенді, дүниені жалмады. Жердің жарығын жамап,* бір кемпір отыр екен (Қаз. ертег.).

Кірер жарық жер таппады. *Қатты қорыққанынан қайда тығыларын білмеді. Таппай кірер жарық жер,* Аспан тұрды дірілдеп. Соқтығысты танктер, Темір бірін-бірі жеп (С.Мәуленов, Сен екеуміз).

ЖАРЫҚБАС з а т. ж е р г. *Ойлы-қырлы, шұңқыр жер.* Қарашілікке баратын жолдың *жарық басы* көп (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРЫҚБАС з а т. ф о л ь к. *Қазақ ертегілеріндегі басы қазандай кейіпкер.*

ЖАРЫҚГҮЛ з а т. өс. <лат. trollius> *Бұтағы сирек, жапырағы тілімделген, гүлі ірі, сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Олар: Жоңғар *жарық гүлі,* сарыгүл, күнгелді (ҚСЭ). Орман алаңдарында, орман шетінде өсетін өсімдіктердің, мысалы, *жарық-гүл* және басқаларының күлте жапырақшалары ашық түсті болып келеді (Ботаника).

ЖАРЫҚДӘРІ з а т. ө с. <лат. herniaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын бір не көпжылдық шөптесін өсімдік. Жарық дәрінің* шөбінде кумарин және оның туындылары умбеллиферон, герниарин фиовонондтар – кверцетин, рутин, терпенді сапониндер болады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). *Жарық-дәрі* туысы – Herniaria L. Бір кейде көпжылдық өсімдік (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдіктер). *Жарық дәрінің* суға салса, көпіреді, сондықтан кейде сабын ретінде де қолданылады (ҚҰЭ).

Жалаң жарықдәрі. ө с. <лат. herniaria glabra> *Биіктігі 5-20 см жапырақ қойнауынан жетілетін сарғыш-жасыл түсті майда гүлдері бар жарықдәрінің кең тараған түрі.* Қазақстанның далалы, құмды аймақтарында жарықдәрінің төрт түрі бар. Оның ішінде жиі кездесетіні – *жалаң жарықдәрі* (ҚҰЭ).

ЖАРЫҚ-ЖАРЫҚ с ы н. *Тілім-тілім, әбден жарылған.* Ерні қырық тілінген, *жарық-жарық* (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Бәтима екеуміз аяқ-қолымыз *жарық-жарық* боп, ауыл сыртындағы құлаған ескі көңнің арасында кешке дейін жалықпай ойнаймыз (Т.Әбдіков, Күз.). Алдында *жарық-жарық* жалпақ стол, аяқтары серейген жас жігіт отыр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЖАРЫҚ-ЖҰРЫҚ е л і к. ***Жарқ-жұрқ.***

Жарық-жұрық етті. с ө й л. *Жарқ-жұрқ етті (жарқылдау).* Нұрланның екі жанары *жарық-жұрық етіп* сұрланып түрегелді (З.Шашкин, Сенім).

ЖАРЫҚҚОҢЫЗ з а т. з о о л. *Сәуле шашатын қоңыздың бір түрі. Жарыққоңыздар* ұшып жүр (Ауызекі).

ЖАРЫҚӨЛШЕУШІ з а т. т е х. *Жарық деңгейін өлшейтін құрал. Жарық өлшеуіштер* ресейлік зауыттан әкелінді («Егемен Қазақстан»).

Жарықөлшеуіш құрал. т е х. *Жарықтың деңгейін өлшейтін техникалық аспап.* «Жарық беру технологиясы» бөлімінде *жарық өлшеуіш құралдар,* т.б. мінездемелері көрсетілді («Егемен Қазақстан»).

ЖАРЫҚСЕЗГІШ с ы н. б и о л. *Жарыққа деген сезімталдығы жоғары.* ≈ Жарықсезгіш жасушалар.

ЖАРЫҚСЕЗГІШТІК з а т. б и о л. *Жарыққа деген сезімталдық қасиет.* ≈ жоғары жарықсезгіштік.

ЖАРЫҚСҮЙГІШ с ы н. б и о л. *Жарық жерде тіршілік ететін, жарықты жақсы көретін.*

Жарықсүйгіш өсімдік. б и о л. *Жарықты жақсы көретін, жарық жоқ жерде тіршілігі баяулап, солғын тартатын өсімдік.* Бақша дақылдарының ішінде қарбыз, қауын *жарық сүйгіш* өсімдіктің қатарына жатады (А.Алманиязов, Қаз. қауын.).

ЖАРЫҚСЫЗ[1] с ы н. **1**. *Жарық жоқ күйде, қараңғыда.* Ассыз, *жарықсыз,* жағдайсыз апталап сол бір үңгірде жату жалықтырған болар оларды (Қ.Қазыбаев, Дәуір аты). *Жарықсыз* отырғандарына қарағанда ауыстүйісі былай тұрсын, өздері лаждайтын да таппай отырса керек (А.Мекебаев, Аңызақ). **2.** *Үмітсіз, жігерсіз. Жарықсыз* етер жақсыны көрместің күні, Хан тағына көңілін берместің мұңы – Қазанғап күйі сананың қайрағы емес пе? Қайраққа қылыш өтпейді – өлместің бірі! (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАРЫҚСЫЗ[2] с ы н. *Жарылмаған, жарық, сызат түспеген.* Қоларалардың тұтқасы *жарықсыз,* тегіс болуы керек (Ағаш шеберлігі).

ЖАРЫҚТАЛ= е т. *Қараңғылық серпіліп, сәуле түсу.* Терезеден даланың *жарықталып* қалғанын аңсағандай сусып далаға шығып еді (К.Оразалин, Кең-байтақ). Онда қуатты дене жарық ағынымен *жарықталғандықтан,* оның доға жағы жарықтанбайды («Қазақст. мект»).

ЖАРЫҚТАЛЫН= е т. к і т. *Жарық ағынының біркелкі таралуы.* Жарықталыну – *жарықталынатын* беттің бірлік ауданына келетін жарық ағыны (ҚСЭ).

ЖАРЫҚТАЛЫНУ з а т. ф и з. *Бет нүктесі элементіне түсетін жарық ағынының осы элемент ауданына қатынасымен өлшенетін жарық шамаларының бірі.* Химия кабинетіндегі табиғи *жарықталыну* коэффициенті 2 проценттен кем болмауы тиіс («Қазақст. мект.»). Экранның берілген нүктесіндегі *жа-*

р ы қ т а л ы н у толқындардың жарық көзінен осы нүктеге дейінгі жолдарының айырмасына байланысты (П.Полатбеков, Оптика).

ЖАРЫҚТАН= е т. *Қараңғылық серпіліп, сәуле түсу.* Қайтадан көшеге шықсам, айнала бағанағыдан да *ж а р ы қ т а н ы п,* төңіректің бәрі жайнап, жадырап кетіпті (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Жарқабақтың асты бұл кезде *ж а р ы қ т а н ы п,* бүлдірген сайына тартқан қоянжол соқпаққа шейін айқын көрініп қалыпты (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖАРЫҚТАНҒЫШ: жарықтанғыш құрамдар. ф и з. *Люминофорлар – қоздыру энергиясын сіңіру нәтижесінде спектрдің әртүрлі облыстарында жарық шығаратын заттар. Ж а р ы қ т а н ғ ы ш қ ұ р а м д а р ғ а* (фосфорлар) негізінен периодтық жүйенің і және ірі топ элементтерінің тұздары жатады (ҚҰЭ). Тұрақты әсер ететін *Ж а р ы қ т а н ғ ы ш қ ұ р а м д а р* да жарықты қоздыратын радиоактвті заттар болады (ҚҰЭ). *Ж а р ы қ т а н ғ ы ш қ ұ р а м д а р* қайта құрылатын лазерлердің активті ортасы, оптикалық ағартқыштар, сцинтилляторлар, пластмассалар мен жасанды талшықтарға, тағы басқа заттарға люминесценттік бояғыштар ретінде қолданылады (ҚҰЭ).

ЖАРЫҚТАНДЫР= е т. *Сәулелендіру, жарық еттіру.* Кенет жарқ етіп экран түгіл, қап-қараңғы жүк бөлмесінің ішін *ж а р ы қ т а н д ы р ы п* жіберді (А.Марқабаев, Ғарышта.).

ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШ з а т. т е х. *Ерекше қарқынды жарық шоғырын тудыруға, жарықты мол түсіруге арналған аспап. Ж а р ы қ т а н д ы р ғ ы ш т ы ң* көптеген түрлері микроскопия мен фотоэлектрондық құрылғыларда жиі кездеседі (ҚСЭ). Айна астрономиялық *ж а р ы қ т а н д ы р ғ ы ш* приборларда, ультрадыбыстық аппаратураларда және тұрмыста кеңінен қолданылады (ҚСЭ).

ЖАРЫҚТАНДЫРУ *Жарықтандыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жарық еттіру.* Жазушы Вальтер Скотт досына жазған хатында: «Бір жарымес Лондонды *ж а р ы қ т а н д ы р у д ы* ұсыныпты», – дейді («Қазақст. мұғ.»). **2.** т е х. *Елді мекендерді, электр тогімен немесе басқа да жарық көздерімен қамтамасыз ету шаралары.* Сол билет арқылы электрмен *ж а р ы қ т а н д ы р у д ы ң* алғашқы әдіс-тәжірибелерін қызыға тамашалаған («Білім және еңбек»).

Жарықтандыру техникасы. ф и з. *Жарық энергиясын жарықтандыруға қолданумен айналысатын құралдар. Ж а р ы қ т а н д ы р у т е х н и к а с ы н а* жарық көздері техникасы, жарықтандыру приборлары, жарықтандыру құрылғыларының құрал-жабдықтары жатады (ҚҰЭ).

ЖАРЫҚТАНУ *Жарықтан етістігінің қимыл атауы; сәуле шашу.* Әйлер дененің *ж а р ы қ т а н у ы* жайлы да жақсы пікір айтады (А.Қалығұлов, Жарық.).

ЖАРЫҚТАУ[1]= е т. *Жарық арқылы бейнесін, кескінін айқындау, түсіру.* Кәдімгі сурет түсіру тәсілінде жарық сәуле тек суреті түсірілмекші затты ғана *ж а р ы қ т а у ғ а* пайдаланылады («Білім және еңбек»).

ЖАРЫҚТАУ[2] с ы н. *Жарығырақ.* Мен *ж а р ы қ т а у,* жайлылау жерді тауып алып, ежелгі ескі досым – кітапқа бет бұрам (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЖАРЫҚТЫҒЫМ з а т. э к с п р. **1.** ж а ғ ы м д ы. *Жарқыным, шырағым деген мағынадағы жақын тартумен, жылы айтылатын қаратпа сөз.* Жарқыным, *ж а р ы қ т ы ғ ы м,* жан шырағым, Сауылдап жанып тұрған шам-шырағым (Қозы Көрпеш.). Құлағымда «Жеңіс!» деп жар салғаның, Есімде бар еңіреп қарсы алғаным, Сондағы жақсылықтың жұрнағындай Жасаңдар, *ж а р ы қ т ы ғ ы м,* жайсаңдарым! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** ж а ғ ы м с ы з. *Жақтырмай жеңіл мысқылдау мәнінде қолданылатын қаратпа сөз. Ж а р ы қ т ы ғ ы м,* ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме! Тіпті басың жас, үлкеннің ондай пәлесінен өзің де аулақ жүр, – деді Ұлжан (М.Әуезов, Абай). Бұл саған айтып тұрған нағыз шындығым, Шындығын көрсетейін қазір мұның. Егерде сөзім жалған болып шықса, Жейсің ғой сонан соң да, *ж а р ы қ т ы ғ ы м* (А.Байтұрсынұлы, Шығ.).

ЖАРЫҚТЫҚ[1] з а т. **1.** *Біреудің жақсы қасиетіне риза болып, оған құрмет көрсету ниетімен айтылатын сөз.* Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «*ж а р ы қ т ы қ*» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай (Абай, Тол. жин.). Халықты тура жолға салған Бозбай, Уағыздап шариғаттан кеңес қозғай. Әлеумет *ж а р ы қ т ы қ қ а* сүттей ұйып. Бәйге алмас мұнан артық ешкім озбай (М.Дулатов, Шығ.). **2.** с ө й л. *Қайтыс болған адамның іс-қылығына, мінезіне риза болғанда «марқұм» деген мағынада айтылатын сөз.* Баяғыда атамыз *ж а р ы қ т ы қ* Қартқожадан қоярда-қоймай жүріп қалау қылып, ат беріп алған екен (С.Торайғыров, Алаш ұраны). «Қарала ағаш Қазанда Мекені еді *ж а р ы қ т ы қ,* Атаң менен анаңның (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). **3.** м и ф. *Табиғат күштерін, жан-жануарды пір тұту, соған табыну мағынасын білдіретін сөз.* Баян тауының бауырындағы *ж а р ы қ т ы қ* Жасыбай көлінің жағасы жасыл бұйраланып жетілген (І.Жансүгіров, Әңгім.). Табиғат *ж а р ы қ т ы қ* шеберлік өнерін аямай-ақ салған екен. Қою қара қасы қиылған, бидай өңді, қарақат көз, орта бойлы (С.Омаров, Дала қызы). Жер *ж а р ы қ т ы қ* еңбек етсең, барын

аяған ба. Қара топырағы май емес пе (С.Жүнісов, Жапанда.). **4.** э к с п р. ж а қ т ы р м а у. *«Шіркін, жазған, соққан» деген мысқыл мәнде адамға қарата қолданылатын кемсіту, шенеу мағынасындағы сөз.* Бір пәлені тағы бастайтын болды-ау мына *ж а р ы қ т ы қ*. Отбасында өзім бар, өзім барда кімім бар дейсің де тұрасың-ау, *ж а р ы қ т ы қ*... (М.Әуезов, Қараш.). Неткен шәлкес жан еді, *ж а р ы қ т ы қ*, – десіп былайғы жұрт жағасын ұстады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Молда-ға зекет, құшыр, садақа бермеу керек деп отырып, *ж а р ы қ т ы қ* патшаға да тіл тигізіп жібергені рас (М.Дулатов, Шығ.). **5.** *Бір нәрсеге, біреуге риза болу, оны қасиетті санау мәнінде қолданылатын сөз.* Айта алмаймын қарық қып, Бұл туралысұрама. Шындықдеген*жарықтық*. Шымырлаған драма! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ауылға жеткеншеекеуініңәңгімесіәйелболды. Әйелдеген *ж а р ы қ т ы қ* өмірі таусылмайтын, адамды жалықтырмайтын қызық әңгіме ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жеті түрлі дәм қосылған, оның үстіне соғымнан арнайы сақталған мүшелері қосылатын *ж а р ы қ т ы қ* наурыз көже көзден бұлбұл ұшып барып, бүгін ырыс-берекедей қайта оралды (Д.Қонаев, Өтті дәурен).

ЖАРЫҚТЫҚ[2] з а т. *Жарқырап сәуле түсірушілік.* Сүмбіленің *ж а р ы қ т ы ғ ы* сондай, ол жалт етіп шыға келгенде, қой үрке жөнеледі, ат та елегізіп, селт ете қалады (Х.Әбішев, Аспан сыры). Бұл сәуленің *ж а р ы қ т ы ғ ы* тым бөлек, Сол сәуледен жүрек бағы көктейді (К.Шілдебаева, Арманым).

ЖАРЫҚТЫЛЫҚ з а т. ф и з. *Беттен шығатын жарық ағынының беттік-кеңістік тығыздығы. Ж а р ы қ т ы л ы қ* – жарықтың таралу бағытына тәуелді шама (ҚСЭ). Егер жарық көзі орын ауыстырып, *ж а р ы қ т ы л ы қ* өзгерсе, онда система өздігінен жарық көп жаққа бағытталып, тиімді жағдай туғызып отырады (К.Айманов, Физика).

ЖАРЫҚША[1] з а т. с ө й л. ***Жарықшақ***. Гүрс-гүрс жарылған зеңбірек снарядтары арадай ызыңдап, жан-жаққа ажал себе ұшқан *ж а р ы қ ш а л а р ы* басты көтертер емес (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Бұдан кейін мина *ж а р ы қ ш а л а р ы* заводтағы оқ-дәріге тиіп, лаулаған өрт басталды (Н.Көшекбаев, Қарулас.). Көктен түскен дәрігер көңілденді, Қарт шопанға қайтадан өмір келді. Снарядтың тарыдай *ж а р ы қ ш а с ы* Қара құмға мәңгілік кебінделді (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАРЫҚША[2] з а т. *Жарық жер.* Біздің кедейлер осы маңайдағы бозды, *ж а р ы қ ш а л а р д ы,* томардың төңірегін ғана шабады (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

ЖАРЫҚША[3] үс т. *Жарық сәуле, нұр секілді.* Адам шығып ғарышқа Араласа әлемді, Күннен шыққан *ж а р ы қ ш а* Нұрландырар бар елді! (Ж.Өмірбеков, Кешкі ән).

ЖАРЫҚШАҚ з а т. 1. *Жарылып, сызат түскен, шытынаған жер.* Қатарынан біткен аспан зәулім екі жартастың орта жерінде сәл ғана *ж а р ы қ ш а қ* қуыс бар (С.Бегалин, Уақыт.). Бөлмеміздегі жердің шытынаған *ж а р ы қ ш а ғ ы* іргеден далаға метрдей ұзарып қалыпты (А.Сатаев, Ақын.). Көптен бергі күтімі жоқ барақ үйдің бітесе толмайтын *ж а р ы қ ш а ғ ы н а н* жел азынайды (К.Тоқаев, Тасқын). **2.** *Жарылып, сызат түскен жерлері арқылы бөлектеніп тұрған бүтіннің бір бөлігі.* Мәселен, иттің миындағы *ж а р ы қ ш а қ т а р ы н ы ң* бірін кесіп алып тастаса, иттің бір мүшесі қызметінен айырылады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Темір, ағаш, тас, сүйек сияқты қатты заттың сынығы.* Снаряд *ж а р ы қ ш а қ т а р ы* түскен жерін күйдіре, бажылдап шашырайды (К.Тоқаев, Тасқын). Ақ шаңқан қаланың алды әр жер-әр жерінен бір кездегі тастақ жотаның тұқыл *ж а р ы қ ш а қ* тастары қылтиған жар қабақ екен (Ә.Кекілбаев, Тол. жин.). Әр жерде мұз *ж а р ы қ ш а қ т а р ы,* мая-мая шөп, малдың қысқы көңі ағын судың бағытымен төмен қарай жылжып келеді (М.Дүзенов, Ақәже). **4.** а у ы с. *Қаяу, кірбің, кикілжің.* Сәлімнің балалық түсініктерінің көбіне соңғы екі жыл *ж а р ы қ ш а қ* кіргізе бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). ...Коллективтің бірлігіне ақау түсірер *ж а р ы қ ш а қ* білінсе, дереу көріп, қиюластыруға барды салмай болмайды (М.Иманжанов, Алғашқы.). – Семьяның іргесіне түсті міне бір *ж а р ы қ ш а қ*. Енді не жағып сыласаң да, сызаты білініп тұруы анық (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **5.** а у ы с. *Мін, кемшілік, ақау.* Күндердің күнінде сіздің қызметіңізден бір *ж а р ы қ ш а қ* шығып, менің қаһарыма ұшырап қалған екенсіз дейік (С.Омаров, Өмір.). Ылғи етектен аласың, жағаға жармасасың. *Ж а р ы қ ш а қ* тауып, жала жинайсың (Б.Аманшин, Жар мұңы). Даусы бір қарлықпайды, бір *ж а р ы қ ш а қ* жоқ, әні таң атқанша таусылмайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Жарылған, тілім, тілім болып кеткен.* Жеті қараңғыда қайда барасың? – деді күйеуінің *ж а р ы қ ш а қ* саусақтарын аялап (Қ.Тоқмұрзин, Оқшау отау).

Жарықшақ дауыс. *Таргылданып шығатын жағымсыз дауыс.* Кел, бар дауыспен қосылайық, – деп Гүлнар өзіне ілестіріп, әсем үнімен *ж а р ы қ ш а қ* даусымды көтермелеп әкетті (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Хутордағы жалпы қораздардың әнін бұзбау үшін, кейбір даусы *ж а р ы қ ш а қ* әтештерді суға тоғытады (І.Омаров, Шабыт шалқары).

Жарықшақ тас. *Табиғи яки жасанды тастарды ұсақтау арқылы алынатын құрылыс материалы. Ж а р ы қ ш а қ т а с т а р д ы ң*

сапасы оның ұсақ-ірілігімен, құрамымен сипатталады (ҚСЭ).

Жарықшақ түсті. *Көңілге қаяу салды.* – Көңіліңе *жарықшақ түсер* деп саған айтпай отыр едім, – деді Қасболат көзі жайнап (С.Омаров, Қызыл.). Бір-ақ тілек тілеймін, татулықтарыңа *жарықшақ түспесін!* (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖАРЫҚШАҚСЫЗ с ы н. **1.** *Жарықшағы жоқ.* Жарылған снаряд *жарықшақсыз* болмайды («Ана тілі»). **2.** а у ы с. *Уздіксіз, тарғылданбай жағымды естілетін (дауыс). Жарықшақсыз* жас дауыстарға елтігендей, Ботпай біраз мүлгі тыңдап отырады да, молдаға наразылық айта бастайды (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). **3.** а у ы с. *Риясыз, қаяусыз.* Есеней Ұлпанға риза, Ұлпан Есенейге риза, *жарықшақсыз* жарасым тапқан кездері еді (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

ЖАРЫҚШАҚТА= е т. *Жарықшақ шығару, жарықшақ етіп ұсақтау.* Егер телінуші мен телітушінің диаметрі әртүрлі болып келсе, онда кесінділеп телудің басқа түрлері – қабық астына *жарықшақтап,* беттестіре телу сияқты тәсілдері қолданылады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАРЫҚШАҚТАЛ= е т. *Сызаттану, жарқышақтану, бірнеше бөлікке бөліну.* Егер жарық көзін күшті магнит өрісіне қойса, спектр сызықтары *жарықшақталады,* бір сызықтың орнына екі не үш сызық шығады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Еменнің қатайып кеткен, әсіресе діңгегіндегі *жарықшақталған* қабықтары және жас өскін ағашының қабығы жиналмайды (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Үйлердің тезірек қирауына ықпал ететін борпылдақ грунттар мен *жарықшақталып* тілімделген тау жыныстары құрылыс салуға қолайсыз (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЖАРЫҚШАҚТАЛУ *Жарықшақтал етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРЫҚШАҚТАН= ет. **1.** *Жарықшақтарға бөліну, жарылу, сызаттану.* Қираған сүйектің *жарықшақтанған* ұштары маңайындағы ет, нерв талшықтарын шанши қысуынан барып, сынған жерде шыдап төзгісіз ауырсыну пайда болады (Шопан сырласы). Мынау адамның маңдай сүйегінің сынығы. *Жарықшақтанып,* қарайып тоза бастаған (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** а у ы с. *Дауыстың бірқалыпты шықпай, тарғылдана, бұзыла шығуы.* Кешкі бейуақытта, абажадай кең үйде жылауық баланың ышқынған ащы даусына қарт адамның көмей түкпірінен *жарықшақтаныып* шыққан тарғыл үні қосылады (Ө.Ахметов, Алда күн.). Ол қабағына ашу бұлтын үйіріп алған. Даусы *жарықшақтаныып,* бұзыла шығады (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). **3.** а у ы с . *Қаяу, реніш тұскен.* Мұқаметқали бұл сияқты *жарықшақтанған* алакөздікті Семейде де басынан кешіріп келген (С.Бегалин, Замана.).

ЖАРЫҚШАҚТАНҒЫШ с ы н. *Жарылғыш, шытынағыш.* Өйткені атом дәуірінде ғылым мен техника *жарықшақтанғыш* элементтерді жиі пайдаланады (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАРЫҚШАҚТАНУ *Жарықшақтан етістігінің қимыл атауы; жарықшақтарға бөліну, жарылу.* Тұяқ қалыпты болса, *жарықшақтануы* мен қабықтануы болмай, теп-тегіс жалтырап тұрады (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.).

ЖАРЫҚШАҚТАУ с ы н. *Жағымсыздау, тарғылдау (дауыс).* Ағам домбыра шертеді. *Жарықшақтауы* даусына қарамай ән айтады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жанары үлкен көзін төңкере, айналаны шарлай бір қарап, ә дегенде *жарықшақтау,* күрілдеп бастайтын дауыспен өлеңдетті (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ЖАРЫҚШАҚТЫ с ы н. **1.** *Жарықшағы бар, жарықшаққа бөлінген.* Сібір шыршасының (P. obovata Ldb.) биіктігі 30 метрге дейін жететін қабығы ақшыл, *жарықшақты* ағаш (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). **2.** а у ы с. *Тарғыл, жағымсыз, үзік-үзік.* Ауызүйдің есігін ашып қалғанда, созыла, өкси-өкси жалқы шыққан *жарықшақты* дауыс Сәлиманың құлағын осып өтті (А.Нұрманов, Аққу.).

ЖАРЫҚШАҚТЫҚ зат. **1.** *Жарықшақтарға бөлінгіштік, бөліктерге, тарамдарға бөлінушілік.* Тақырып, сюжет *жарықшақтығы* атақты Островскийден де, тіл, пікір, мінез, сезім арқылы, күшті монологтер арқылы бір қотанды ғана емес, бүкіл аймақты едәуір қамтып жатады (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). **2.** а у ы с. *Қаяу, кірбің түсірушілік.* Бұл арада азғантай қате жіберсең болды, әуелдегі жалғандықты былай қойғанда, халық көкірегінен шығатын күйге *жарықшақтығы* етіп, сыны бұзылып жүре береді (І.Омаров, Серпін).

Жарықшақтық коэффициенті. к е н. *Таужыныстардың жарықшақтығын сипаттайтын көрсеткіш. Жарықшақтық коэффициенті* жарықшақтар көлемінің таужыныс үлгісінің көлеміне қатынасымен немесе белгілі бір бағыттағы ұзындық бірлігіне сәйкес келетін жарықшақтар санымен анықталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАРЫҚШЫ з а т. *Жарық ауруын емдейтін емші.* Жара бір қатты, жан тәтті, Жара аузына қан қатты. *Жарықшылар* жоқ па екен, Жармай білте саларға (Алдаспан).

ЖАРЫЛ= е т. **1.** *Бұліну, үзілу, талқандалу, сыну, шытынау.* Сіздің пәтеріңізде су құбыры *жарылыып* кетті дейік. Мұндай жағдайда көршілес пәтерді де су алады. Ол аздай-ақ сіз

көршіңізден кешірім сұрауға мәжбүр боласыз, олармен қарым-қатынасыңызды бұзбауға тырысасыз («Егемен Қазақстан»). Алған мұны бала-шаға бәрі ұғып. Сырқырайды жіліншігім *ж а р ы л ы п*. Қақсайды кеп, Қақсайды кеп түнімен, Бірақ та бұл сырқат емес, Кәрілік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тас *ж а р ы л ы п*, тау күйіп, Шатынап орман жанғандай, Қонар жерін құс таппай, Қанаттары талғандай, (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). **2.** *Жүрек, қолқа, қан тамыры т. б. ағза мүшелерінің оқыс зақымданудан үзіліп кетуі.* Мен жетіге толып, сегізге шыққан жылы әкемнің аса бір қауіптен жүрегі *ж а р ы л ы п* өлді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қолқа оқыста *ж а р ы л ы п*, үзіліп, қан ағып, адамның өліп кетуі мүмкін (М.Исамбаев, Мед. анықтама). Қан тамыры *ж а р ы л ы п*, миға қан құйылса, адам сал болып қалады (М.Исамбаев, Мед. анықтама). – Қара төбел ешкі желінқабымен кетіп еді, желіні *ж а р ы л ы п* кете ме деп қорқып отырмын (М.Дүйсенов, Мейман.). **3.** *Аяқ-қол, бет терісінің шыт-шыт, тілім-тілім болып айғызданууы, сызаттануы.* Жәмиланың беті-қолы да *ж а р ы л ы п*, қара қошқылдана бастапты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Танакөз *ж а р ы л ғ а н* бетіне, қолына шикі қаймақ жағып, оны сипалап сіңірді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). **4.** *Бомба, снаряд, мина сияқты соғыс құралының от алып атылуы.* Дауылда ұшқан қаңбақтай, *Ж а р ы л м а й* жатты қарға көп, Снарядтар домалап (О.Шипин, Дастан). Операция... Операция... керек! *Ж а р ы л м а ғ а н* мина бар, Қабындаған ми да бар. Жазылмаған жара бар, Арылмаған нала бар, Семіп қалған сана бар, Сөніп қалған дана бар (М.Мақатаев, Шығ.). Күнбатыстан үсті-үстіне гүрсілдеп *ж а р ы л ғ а н* снарядтар мен бомбалардың даусы да естіледі (Ә.Шәріпов, Партизан). Сол жақтан нақ менің өкпе тұсымнан мина *ж а р ы л д ы* (С.Бақбергенов, Алтын күрек). **5.** а у ы с. *Жікке, бір-бірімен келіспейтін, бірін-бірі қолдамайтын топқа бөліну.* Болды да партия, Ел іші *ж а р ы л д ы*. Әуремін мен тыя Дауың мен шарыңды (Абай, Тол. жин.). **6.** а у ы с. *Бөліну, тарамдалу, бөлектену.* Кенет қолына костюм ұстаған ақ шашты ана көрінеді. Жұрт екі *ж а р ы л ы п* жол береді (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жорға дөнен топ жылқыдан *ж а р ы л а* қашты (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **7.** а у ы с. *Ызаға, ашуға булығып, терісіне сыймау.* Естігенде үйде отырып мен *ж а р ы л ы п* өле жаздаған жоқпын ба (Д.Әбілев, Арман.). Жалынба, жүрек, жалынба! Жалынғанменен көнбеймін! *Ж а р ы л с а ң* дағы қабында Қаламын тұтап, сөнбеймін! (М.Мақатаев, Шығ.). **8.** а у ы с. *Қатты қуаныштан іші толқу, шаттыққа кенелу.* Осының қызығын ел қатарлы балашағам көрсе, қуанбақ түгіл, *ж а р ы л ы п* кетер ем (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Мына жұрттың *ж а р ы л а* қуанып тұрғанында жұмысың жоқ! – деп ол бір кекетіп тастады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **9.** *Ішкі сырын бүркемелемей, шешіліп сөйлеу.* Әсіресе, әйелге *ж а р ы л ы п*, ішін ашпайтын. Сонда да Рысжанға келгенде иі босап, жуасып сала береді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Мақтар еді *ж а р ы л ы п* бір ағынан, Ой шырмаған қызғаныш ит тағы бар. Ал даттауға қорқатын ол Бұлбұлдың Үлкен болашағынан (М.Шаханов, Ғасырлар.). – Мына байғұс, бір *ж а р ы л а й ы н* деген екен. Үндеме, шырағым,– деп апам мырс етті (Т.Иманбеков, Үш ай).

Ағынан жарылды. а) *Шынын айтты, сыр жасырмады.* Осындай асқақ арманымды, өмірімнің мақсатын, тіршілікте тындырмақ ісімді бұрын-соңды осылайша *а ғ ы м н а н ж а р ы л ы п* жан адамға айтып көрген емеспін (Ө.Қанахин, Жас дәурен). ә) *Шын пейілін білдірді.* Осындай орасан жаңалыққа, тамаша табысқа кім мақтанып, кім шаттанбас. Кеудесінде адал жаны бар қай адам *а ғ ы н а н ж а р ы л м а с* (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Адалынан жарылды. *Бар ынта-көңілімен істеді, шын ниет, таза көңілін білдірді. Ж а р ы л ы п а д а л ы н а н* қуана кеп, Қолымды алып жатыр «құ бала!» – деп. Исекең нұқып қалды иығымнан, Ұнатты өлеңіңді бұл ағаң деп (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Ж а р ы л ы п а д а л ы н а н* ақын жаны, Мақтаныш ортамызда отырғаны. Қазақтың қадірменді ақсақалын, Құттықтап бүкіл елдің жатыр бәрі (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Ақ жарылды. *Шынын айтты, сыр жасырмады.* Апама қарасам, *а қ ж а р ы л ы п* отырған сияқты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

Ақ түйенің қарны жарылды. *Молшылыққа батты, қуанышқа кенелді. А қ т у й е н і ң қ а р н ы ж а р ы л д ы,* жігітектің жылаған жасын Құдай иді... Базаралы айдаудан қашып кепті, – дейді Жұман (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қалжан қайтып келді... *а қ т у й е н і ң қ а р н ы ж а р ы л ы п,* үйдегілер қуанып жатыр (З.Шүкіров, Сарша тамыз).

Басы жарылып, көзі шықты. *Таяқ жеді, соққы көрді, опық жеді.* Бұлан-талан болып, қатты ашуланды. – Япырау, *б а с ы ң ж а р ы л ы п, к ө з і ң ш ы қ п а с а* неге сонша талағы тарс айырылатынын мен қайдан біліппін (Ж.Тілеков, От кешу).

Екі [екіге, екі жаққа] жарылды. а) *Ортасынан жол, жер қалдырып, екі жаққа бөлінді.* Қатын-қалаш Әміренің үйінің сыртына шығып, е к і ж а қ қ а ж а р ы л ы п тұрғанда ауылға жарты шақырымдай жерде қатты жүріп келе жатқан қоңыраулы тройка көрінді (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Екіұдай болып, келісе алмады, бір-*

біріне қарсы болды. Қасен оны да жақтырмаған қабақ жасап, өз ішінен тағы *екі жарылып:* – Қойшы сен де! – деп күрсініп алды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Комиссия бұл істі тексеру үстінде *екіге жарылып,* бір пікірге келе алған жоқ (М.Иманжанов, Менің махабб.). Бір өзі *екіге жарылып,* бір байламға келе алмай, қатты қиналды (Қ.Жұмаділов, Саржайлау). б) *Бір-біріне араз, бір-бірімен келіспейтін қарсы жікке бөлінді.* Онсыз да бір кезде тарих түйіндері *екі жарылып,* бір-бірімізге тапшылдық қастастықтың қара балтасын қаймықпай сілтеп, шеше салуға тырысқан солақайлықтан түскен жаралар әлі жанымызды қан жылатып жатқаны белгілі («Егемен Қазақстан»). Сөзіңнен кетіп пәтуа, Құт-берекең арылды; Ағайын араз болған соң, Ел *екіге жарылды* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жарыла жаздады. а) *Ызаға булықты, ашуланды, қызғанды, іші күйді.* Мен бөлікті өз көңіліме сыйған әділетпен бөлмекпін. Байқаймын, жүрісім Көжекбайға жақпайды, тыжынып, *жарыла жаздап* келеді, – деді Сүйіндік Абайға (М.Әуезов, Шығ.). Қайсыбір істі болған кісілердің Нығметке қошемет көрсетіп, жалпылдап жатқанын көргенде, судыр Ахмет *жарылып* кете *жаздай ды* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). ә) *Қатты қуаныштан, зарыға күтуден т.б. күшті сезімнен іші кернеп, толқыды.* Зелімнің екі иығы селкілдеп, күлкіден *жарыла жаздады,* менің де сайтанымды қоздырды (Қ.Қазиев, Иманжапырақ). *Жарыла жаздап* жолында Сол еді барлық күткенің, Қалдыңау сезбей, оның да Құшаққа жетпей біткенін (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жарыла жол берді. *Жапа-тармағай жолын бөгемей, ашып, ілтипат көрсетті.* Жұрт Мейрамды көріп, *жарыла жол берді* (М.Иманжанов, Таныс қыз). Қолынан ұстап жетелеп, Анасы кірді даладан. *Жарыла* тұрып *жол берді,* Төрде отырған топ адам (О.Шипин, Екі дастан).

Жарыла көшті. *Жапа-тармағай бөліне көшті.* Бөліне көшкен еліңді, Бөріккен қойдай қылармын, *Жарыла көшкен* еліңді, Жаралы қойдай қылармын (Махамбет, Өлеңд.).

Жарылмаған қауыз, шайқалмаған уыз. *Кінәсіз, пәк, он екіде бір гүлі ашылмаған (бойжеткен, бозбала).* Сол екі елдің *жарылмаған қауыз, шайқалмаған уызы* – екі сұлу жасы болыпты (М.Әуезов, Қараш.).

Жарылмаған жұмыртқа. *Бүлінбеген, кінәдан пәк, таза нәрсе немесе адам.* Ашылмаған қауын, *жарылмаған жұмыртқа* іздейтін баяғы бейбітшілік шағымыз бар ма? Елдің не қымбаты, не асылы құрбан болмай жатыр? – деп Бекболат жолдасын дәлелмен жеңбек болды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарылып кет [жарыла қал]. қ а р ғ. *Жаның шықсын, өле қал деген мағынадағы жек көргенде, қатты ызаланғанда айтылатын қарғыс сөз.* – Әй, Аралбай! Айтарыңды айттың ғой, көп сөздің керегі не? Өкпелесең, көшке берген тайыңды қайтып ал. Болмайды екен, басымызға тыныштық бер. Маған десең, *жарылып кет!* (С.Омаров, Қызыл.). – Немене, ішік киген әйелдер менен артық па еді? Ашулансаң, *жарылып кет!* Алдым, кидім (М.Дүйсенов, Мейман.).

Жарылып кете жаздады. *Күйіп-пісіп, әбден бұлқан-талқан болды.* Қожықтың қызын қайырғанын естігенде, Шыңғыс ызадан терісіне сыймай, *жарылып кете жаздады* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қалмақ бет әйел шарасыздықтан *жарылып кете жаздайды* (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Жарылып өлді. *Қызғанышtан, іштарлықтан ашу-ызадан, кектен, т.б. ішқызық қайнады, әбден күйіп-пісті.* Мына бидайдың жақсысын-ай! Десятинасы жүз пұттан астық алдық дегенді Дроздов естісе, *жарылып өлер* ме еді, қайтер еді, – деп күлді Әбдірахман (Т.Оразов, Қаныш.).

Жарылып шықты. *Булықпай, бірден, бар күшімен көрініс берді.* Сол күлкі *шығып аса жарылып,* Кең дүние кетпей ме тарылып. Кейкейде сауықшыл боламын, Өскен соң шаттық зарығып (К.Салықов, Жезкиік).

Жер жарылды. *Жер жібіп, топырақты жарып, көк шықты деген мағынада.* Жасаған өзі жарылқап, *Жер жарылып* көктейді. Берейін десе жігітке, Талабын Құдай ептейді (Базар жырау, Шығ.).

Жонынан жарылды. *Семіздіктен жарылғалы тұрды, әбден семіріп алды.* Басқалардың малы *жонынан жарылғалы* тұрса да, мұның алдындағы малға жөнді шыр бітпейді (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

Жүрегі жарылғандай. *Қатты қуаныштан іші сезімге толып кеткендей.* Кеудеңді қасиетті сәуле кернеп, *Жүрегім* сол минутте *жарылғандай* (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жүрегі жарылды [жарыла жаздады]. э к с п р. а) *Қатты қуанды.* «Патша түсті» деген хабар келгенде, әсіресе, оқыған жастардың арасында *жүрегі жарыла* қуанбаған аз шығар (С.Сейфуллин, Тар жол.). ә) *Қатты қорықты.* – Менің оған дәтім шыдамас, «жаман айтпай, жақсы жоқ». Хамит тысқа орамалын көтермей шықса, *жүрегім жарылып* кетер (С.Мұқанов, Есею жыл.). Көз тиіп ед бір рет, *Жүрек* сорлы дірілдеп, *Жарыла* жаздап, сау қалды Естіген соң «тірі» деп (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). б) *Өліп кетті. Жарылады*

күніне Қанша жанның *жүрегі*! Ал біреулер шынымен Өлгісі кеп жүреді! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүрегі жарылу. *Қатты қуанғаннан ішін сезім кернеу, толу.* Үйқыдан көзін ашып хан оянды, Сөзіне пайғамбардың мейірі қанды. Ашылып шекер, шәрбат, нұр жайнап тұр, *Жүрегі жарылуға* тез таянды. Аллаға сыр ашады, сәжде қылды: «Артымда болады екен ұл баянды» (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Көңілі жарылды. *Асып-сасып, не істерін білмей, ойы сан саққа жүгірді.* Ақылы алты бөлініп, ойы сан боп, жарым *көңіл жарылып* тым қопақтап. Асыл сүйек патшаның баласы ғой, Бос қалса, бұған да ұят құр қопақтап (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қақ жарылды. *Тура ортасынан, қақ ортасынан екіге бөлінді.* Пікір *қақ жарылды,* бригадир сол жаққа жүрейік дегенді айтса, бақташы – оң жақты қостады (З.Шашкин, Өмір тынысы). Гүлжан маңдайынан *қақ жарылған* қара шашы екі иығына төгіліп, ...еркелегендей сыңай танытты (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Маңдайы жарылып тұрды. *Бағы ашылды, жанды.* Әйелдер ол туралы: «Құдай беретін бала», «қандай бақытты жігіттің *маңдайы жарылып тұр* екен?», «бұдан жақсы жар шығады», – деседі (М.Дүзенов, Ақәже).

Өті жарылды. а) *Төзімі таусылды, шыдамы шегіне жетті.* Басталды қанды айқастың кереметі. Сілкінді дүниенің қиыр шеті. Тістесіп қалдың қатып бір орында, Жаудың да осы арада *жарылды өті* (Қ.Аманжолов, Шығ.). ә) с ө й л. *Бірдемесі құриды ма, несі кетеді екен деген кею, ұнатпау.* Ұрса, біреудің *өті жарылар* деп пе ең? Азаматқа айт: Кеңсесінен ат келіп тұр де (Б.Майлин, Азамат.). Базекеңе керегінің өзі де осы. «Е, немене, *өтің жарылып* кетті ме» дейді де, енді ол жеңгеме дүрсе қоя береді (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Өтіңменен жарылма. *Құр босқа күйіп-піспе, бос нәрсеге таусылма.* Өкпеңменен қабынба, *Өтіңменен жарылма* (Бұқар жырау, Жыр.).

Талағынан тарс жарылды. *Қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* Жер жарған кедей тобы күй жырласа, *Талағы тарс жарылар* байлар көріп (Қаз. әндері). *Талағынан тарс жарыла* жаздап ашуға булыққан чиновниктің қызметшісіне: «Жүр кеттік», – деуге ғана мұршасы келді (А.Сатаев, Дала).

Іші жарылды. а) *Іші пысып, зерікті.* Бірер күн ферма басында боламын деп, зерігуден *ішім жарылып* өліп кете жаздадым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Үйде отыра берсең, *ішің жарылып* кетер. Жүр, клубқа барайық (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). ә) *Ішіне сыймай, біреуге айтқысы келді.* Мұны айтып бармаса, Жақсыбайдың *іші жарылып* кетуі де мүмкін (Т.Тобағабылов, Жазира).

Іші жарылғанша ішті [жеді]. *Мөлшерден тыс, өте көп тамақ жеді, сусын ішті.* Сәскеде тұрып, әрі қарай жылжыдым. Сөйтіп жүріп бұлаққа кездестім. *Ішім жарылғанша ішті-ау* (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Іші жарылсын [ішің жарылғыр]. қ а р ғ. *Қатты ашуланғанда, жек көргенде айтылатын қата қалсын, оңбасын деген мағынадағы қарғыс сөз.* – Өтірік айтса, *Ішің жарылсын!* «Қараңғыда Төлеуіштің қайығына мініп өтемін деп, суға кетіп қала жаздадым», – депті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАРЫЛАЙ ү с т. ж е р г. ***Жартылай***. Осы ауылдың тең *жарылайы* ағаш үй тігіп отырады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРЫЛАП ү с т. ж е р г. *Жартылай, жартылап.* Оның *жарылап* білуі мүмкін, бірақ тұтас біле алмас (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРЫЛҒАҚ с ы н. *Жарылғыш, сынғыш.* Ол аранның қазақ арбаға берік ағашы – қайың. Оның «қызыл» және «сау» аталатын екі түрі бар: қызылы – бүйра қайың, ол тез сынбайды да, жарылмайды да, ал сауы – сынғақ та, *жарылғақ* та (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАРЫЛҒАНСЫ: ағынан жарылғансыды. э к с п р. ж а қ т ы р м а у. *Шын пейіл білдіргенсу, мұләйімсу. Жарылғансып ағыңнан* ақтарылмай, Ақтарылған ойынды жатқа бұрмай, Жүре берсең, шіркін-ай, үнсіз-тілсіз, Баяғы сол бүйығы шақтарыңдай (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАРЫЛҒАСЫН: **жарылғасын айтты.** с ө й л. ***Жарылқасын айтты***. Еңбегін сатпай халық үшін бос қызмет қылған адамдарға *жарылғасын айтамыз* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ЖАРЫЛҒЫШ с ы н. **1.** *Тез бөлінгіш, омырылғыш.* Күннің көзінде қалса, ағаш тез кеуіп, *жарылғыш* келеді, өңдеуге қиындықтар туғызады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). **2.** т е х. *Оталып тұтанғыш, қопарғыш.* Рота командирі жау танкілеріне қарсы *жарылғыш* гранаталармен және танкіге қарсы оқ ататын мылтықпен қаруланған он солдатты жіберді (Ә.Әлішев, Батыр.). Жігітті танимын. Ол біздің шахтада *жарылғыш* оқ-дәрі атушы болып жұмыс істейді (І. Есенберлин, Алтын құс). Бұл – тіліміздің іргетасына қойылған *жарылғыш* мина тәрізді әрекет еді («Қаз.әдеб.»). // *Жарылғыш заттар.* Таяу уақытта теміржолға, тасжолға қойылатын *жарылғыш тар* бізге самолетпен жеткізілетін сияқты (Т.Жанкелдин, Партизан.).

Жарылғыш заттар. а) *Оталып тұтанғыш заттар.* Техастың Сан-Антонино халықаралық әуежайында аяқ киімінен *жарылғыш заттың* ізі байқалған ер адам екі сағат бойы

қамауда ұсталған («Егемен Қазақстан»). Терроризм мен экстремизмнің және соларға байланысты атыс құралдарының, оқ-дәрілер мен *жарылғыш заттардың*, есірткінің заңсыз айналымы, жасырын көші-қон өсуінің келеңсіз үдерісі, саяси, ұлттық және діни егестер жаңа ошақтарының, соның ішінде көршілес мемлекеттердің аумағында пайда болуы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту қажеттігін күн тәртібіне қойды («Егемен Қазақстан»). ә) к е н. *Белгілі бір сыртқы әсердің – бастапқы импульстің ықпалымен жоғары жылдамдықпен басқа жүйелерге немесе заттарға өтуге қабілетті химиялық жүйелер. Жарылғыш заттар* дербес және қоспалы болып бөлінеді. Дербес *жарылғыш заттарға* жататындар: нитрлі эфирлер, нитрлі қосылыстар (Қаз. тілі термин. Кен.). Қоспалы *жарылғыш заттарға*: аммиакты селитралылар, нитрлі глицеринділе, хлораттылар және перхлораттылар, сондай-ақ оксиликвиттер жатады (Қаз. тілі термин. Кен.). Тау-кен жыныстарын карьерлерде қазып алуға әзірлеудің негізгі әдісі – оларды қопару (жарылыс жасау) (Т.Қалыбеков, Экология.).

Жарылғыш зат теориясы. к е н. *Жарылғыш заттың жарылысқа айналу процесін зерттейтін химияның саласы. Жарылғыш зат теориясында* жарылысқа айналудың сипаты, дүмпудің жылдамдығы, дүмпудің толықтығы мен берілісі, газ тәріздес жарылыс өнімдерінің құрамы, жарылыс жылулығы мен температурасы, жарылғыш заттың жұмыс қабілеті мен ұсақтағыштығы және сақтау кезіндегі төзімділігі қаралады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАРЫЛҒЫШТЫҚ з а т. *Жарылуға, сынуға бейімділік.* Сол сиырлардың жемі не кобальт пен марганец тұздарын қосып берген кезде мал сүйегінің *жарылғыштығы* түгелдей жойылып, олар жақсы өсе бастаған (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.).

ЖАРЫЛҚА= е т. **1.** *Бақытты қылу, жолын ашу, қолын бақытқа жеткізу. Жарылқап* еді жарқын күн, Бұлттанып талай, тез күлдім. Ұқпаушы ем құнын алтынның, Ұқпаушы ем құнын мезгілдің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Болмаса толып жатқан «әулиелер», «мен *жарылқаймын*, мен *жарылқаймын*» деп, өздері қырықпышақ боп жатқанда, мұндағы ел бәрінен бос қалды ма екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есіркесін өткен ескі ғасырым, Жаңа дәуір жайсын алға асылын. *Жарылқасын* осы жылдан бастап-ақ, Тар кезеңнен тапсын өту тәсілін (К.Салықов, Жезкиік). **2.** *Кенелту, қарық қылу.* Бір адам бүкіл жұртқа жақсылық қылып *жарылқай* алмаса да, жауыздық қылып, қорғай алмаса да, сондай я жақсы, я жаман мінезді адамдар ел ішінде көп болғандықтан, һәм ел дегенің өзі сондай жеке адамнан құралғандықтан, жақсылығы да, жамандығы да елге ортақ болады (М.Дулатов, Шығ.). Жақында *жарылқаймын* деп, жалпының обалына қалып қоймайын деген қағиданы берік ұстанып, ел үшін деп еміреніп өткен есіл азамат сөзден тосылып отырып қалыпты («Егемен Қазақстан»). **3.** *Мәз қылу, бір қуанту, риза ету.* Болады жер бетінде сыйың өктем, *Жарылқап* ағыл-тегіл құйып өтсең. Сұлудай бар ләззатын тіліне орап, Қымсынбай жұрт көзінше сүйіп өткен (К.Салықов, Жезкиік). Жарқылдап қара, хабар бер жақсы кезімнен, Жанымды менің *жарылқа* жасты көзіңмен. Жастықтың қайда жағасы, жап-жасыл жаға, Қаштым мен қаштым карттықтан, қаштым өзімнен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **4.** э к с п р. ж а қ т ы р м а у. *Қолынан тұқ келмеді, шамасы жеткені осы болды, жетістіріп жарытпады деген мысқыл мәндегі сөзқолданыс.* Қойшы енді, әулие болсаң, өзіңді *жарылқа*. Мен көптен айырылмаймын (Б.Майлин, Шығ.). *Жарылқады* кенелтті. Аузынан ақ майды ағызып жібергенін көрдік қой, – деді Мұздыбек (С.Сейфуллин, Шығ.). Құтырды көпті қойып азғанасы, Арызшы орыс – олардың олжаласы. Бірде оны *жарылқап*, бірде мұны, Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы (Абай, Тол. жин.).

Алдынан [жарылқағыр] жарылқасын. т і л е к. *Жолы болсын, рақат-қызық көрсін деген мағынадағы тілек сөз.* – Қуанышым да бар, ренішім де бар, жаным! Құтты орынға қондың, *алдыңнан жарылқасын!* (С.Жүнісов, Ақан сері). Атаң құтты аузына Пайғамбардың лебізін Бата қылған уәденің Өтеп болды қарызын. Түсіргелі аузынан Мойныңдағы парызын *Жарылқасын алдыңнан*, Айтылды жұртқа арызың (Ә.Найманбаев, Шығ.). – Рақмет, саған, қамқоршы ерім, – деді ол шапанының жеңімен жасын сүртіп,– *алдыңнан жарылқасын*, ғұмырлы бол, шырағым (М.Жұмағұлов, Қыран.). *Алдыңнан жарылқағыр* азаматым екенсің (Ә.Ибрагимов, Ақ пейіл).

Аузымен жарылқады. *Құр сөзбен мәз қылды,* Сәлмен де аяның жатқан жоқ, *аузымен жарылқап,* уәде беруде (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Бетінен жарылқасын. а л ғ ы с. *Сапары оң болсын, жолы болсын.* Құрман:– «Құдай *бетіңнен жарылқасын.* Қош, қарағым!», – деп қолын ұстады (С.Сейфуллин, Шығ.). – Жол ақысы жүрсе бітеді деген сөз бар еді. Таң болса қысқа, енді жүріңдер, Құдай *бетіңнен жарылқасын* – деп Серғазы орнынан тұрды (С.Көбеев, Қалыңмал).

Жақсылықпен жарылқады. *Жақсы ісімен, жәрдемімен риза қылды.* Ал, азамат, жаңа ұрпақ, Барыңды қолдан шығарма, *Жақсылығыңды*

п е н ж а р ы л қ а п, Жақсы салтпен тұр алда! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке. э т н. *Ескі наным бойынша, жаңа ай туғанда айға тәу етіп айтылатын тілек [ай туғаннан бастап толғанға дейінгі кезеңде, яғни жаңа айда да, ай толғаннан бастап туғанға дейінгі кезеңде, яғни ескі айда да жақсылыққа кенелтіп, желеп-жебей көр деген мағынадағы тілеу].* Ай жаңа көрінгенде айтылатын тілек-бата: Ай көрдім, аман көрдем, Баяғыдай заман көрдім; *Жаңа айда жарылқа, Ескі айда есірке*! (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жасаған жарылқа. *Құдай тілеуімді бере көр деген мағынадағы Аллаға жалбарынуды білдіретін сөз.* Дәрмен жоқ, көзі тұнып, тұр балбырап, *«Жасаған жарылқа!»* – деп жәрдем сұрап (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жасаған жарылқады. *Алла тағала тілегін орындап, бақытқа кенелтті. Жасаған* өзі *жарылқап,* Жер жарылып көктейді. Берейін десе жігітке, Талабын Құдай ептейді (Базар жырау, Шығ.).

Құдай [Құдайы] жарылқады. *Құдай берді, сәтін түсірді, тілегін қабыл етті.* Ah, бәрекелде, *Құдай жарылқады* ғой, аттың басын босағаға тіреді, құйысқаны берік, күйеу бала келе жатыр, қамдана бер (С.Жүнісов, Ақан сері). Ауызбастырыққа Айшуақтан екі ту қой алып, жоқ жерде Өскенбайдың *Құдайы жарылқады* да қалды (С.Омаров, Қызыл.).

Құдай жарылқап [Құдай жарылқағанда]. *Құдай оңдап, сәтін салып. Құдай жарылқап* тағы бір қылаң құйрық ажал айдағандай дәл аяғымның астынан сызылып өте берді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы.). *Құдай жарылқап* алдынан қазына аралы күтіп тұрмасын қайдан білді? (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Қара көсе оның ауырғанына сенбестік білдіріп еді, *Құдай жарылқағанда* Нина апайдың келе қалмасы бар ма (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Құдай [тәңір] жарылқағыр. а л ғ ы с. *Жолың болғыр, Алланың ризалығына бөленгір деген мағынадағы ризалықты білдіретін алғыс сөз.* – Біз қорқамыз, балапаным. Талай өлімнен қалыпсың... *Құдай жарылқағыр* Тоғайәлі болмағанда... (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Енді өлдім-ақ деп едім, *тәңір жарылқағыр,* әлгі Шамсутдиннің жынды сарысы бар екен (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Тәңір жарылқасын! а) а л ғ ы с. *Алла разы болсын, рақмет деген мағынадағы біреуге риза болғанда айтылатын сөз.* Кәрі теңізші балаша қуанды. – *Тәңірі жарылқасын,* Тоңып қалдыңдар-ау ... Спиртпен сүртініңдерші... (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). ә) ө т і н і ш. *Құдай үшін, Алла тағала үшін деген мағынадағы біреуден бір нәрсені немесе істі орындауды сұрағанда айтылатын сөз. Тәңір жарылқасын,* бала бағатын үйді ұмыта көрмеңізші (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Ұзағынан жарылқасын [жарылқағай]. т і л е к. *Баянды болсын, ұзағынан сүйіндірсін деген мағынадағы тілектестікті білдіретін сөз.* Құдайым-ау, жанарың қандай терең еді. Сені жаратқан табиғат пейілі қандай кең еді! *Ұзағынан жарылқасын!* (Ә.Тарази, Асу.). Кел, жақында. Мені де көр, міне... *Ұзағынан жарылқасын.* Ұзағынан жарылқағай. Осы менің түсім бе, өңім бе? Уа, жасаған, сақтай гөр! (Ә.Тарази, Асу).

ЖАРЫЛҚАҒЫШ с ы н. *Біреуге жақсылық еткіш.* Оның ақ көңілдігімен бірге, өзіне ғана жарасымды *жарылқағыш,* жомарт мінезі бар еді («Соц. Қаз.»). Сезе қалып, секем алып сыр берген, Сыр бергенде ағыл-тегіл жыр берген, *Жарылқағыш* жариялы жүрегім! (Ж.Өмірбеков, Ана мейірі).

ЖАРЫЛҚАН= е т. *Риза болу, кенелтілу.* Осы Жақан, Қасымдар Бейімбеттің мол алақанынан талай жақсылық көріп, *жарылқанып* шыққан жандар, – дейді Күлжамал жеңгей (С.Мәуленов, Үркер.). Бір адамның үнінен *жарылқанып,* Тұрамын жүрегінің сырын танып. Біреулердің үнінен жаным безіп, Кетердеймін жирене жиһан кезіп (Ж.Өмірбеков, Ана мейірі).

ЖАРЫЛҚАНУ *Жарылқан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАРЫЛҚАСЫН з а т. *Жарылқаушылық, қамқорлық.* Орыстың бұрынғы ескі үкіметі қазақты қол астыма алып, *жарылқасынымды* тигіземін дейтін тәтті сөзінің бір себебі – Түркістан мен Қазақстанда жер астында алтын көп, соны аламын деген қомағайлықтан туған (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы).

Жарылқасын айтты. с ө й л. *Ризашылығын білдіріп, жақсылығы Алладан қайтсын деген тілек айтты.* Ол ағасына *жарылқасын* айтты (Ауызекі).

ЖАРЫЛҚАУ *Жарылқа етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кенелту; тілегін орындау. Жарылқауға* мен дайын, Жалықпасаң әлбетте (Ғ.Орманов, Сәт сапары). Төскейді *жарылқауға* келген ғой (Ә.Тарази, Тас жарған). **2.** э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. ж а қ т ы р м а у. *Қолынан тұк келмеу, жетістірем деп бос әуре болу.* Гуманизм әсте жылтыратып сөйлеумен, құрғақ *жарылқаумен* қоңсы қонбаса керек (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

ЖАРЫЛҚАУШЫ з а т. *Тілеуін беруші, жетістіруші, бақытқа, жақсылыққа жеткізуші. Жарылқаушы* періште келетіндей, дәмелене күтсе де, тықыр алыстап дүбірлетіп, шауып кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Күн де дегендей-ақ! *Жарылқаушы* жасаған аямай-ақ беріп тұр ғой, – деп Баян шешей күнге сүйсіне бір

қарап қойды (Т.Нұртазин, Адам.). Жастығың, сонда сенің жаңалығың, Жасампаз, *ж а р ы л қ а у ш ы* даналығың. Дәл сондай перзентіңнің біреуі еді, Сонау бір менің тәтті балалығым (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖАРЫЛҚАУШЫЛЫҚ з а т. п е д. *Қамқорлық және жақсылық жасауға, басқа адамдардың, қоғамның көркеюіне бағытталған әрекет.* Әдептік мағынада *ж а р ы л қ а у ш ы л ы қ* моральдық борыш болып табылады: адам адамға тән бірлік пен бауырмалдықтың адамгершілік идеяларын бойына сіңіреді (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Ж а р ы л қ а у ш ы л ы қ* өзін-өзі шектеу, басқа адамның сезіміне түсіністікпен қарау, оның тағдырына араласу арқылы да көрініс табады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

ЖАРЫЛУ *Жарыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Оталып атылу.* Ашудан бомба болып *ж а р ы л у ға* дайынмын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Бір минаның төбеден түскен жайдай болып, шатыр етіп келіп *ж а р ы л у ы* кеудеден өкпені суырып алғандай болды (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). **2.** *Екіқдай болу, екі жаққа бөліну.* Қиын-ау жүрекке Екіге *ж а р ы л у.* Қиын-ау тілектен Безіну, арылу (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан).

ЖАРЫЛЫС з а т. **1.** *Оталып тұтанатын заттың жарылуынан пайда болған қопарылыс, дүмпу.* Сен әлі хабарсызсың сағыныштан, Сенде жоқ албырт мінез алып ұшқан. Сен әлі түк білмейсің әлемдегі Сұрапыл дүмпулер мен *ж а р ы л ы с т а н* (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Ж а р ы л ы с* кезінде пайда болатын тозаңды-газ бұлты карьерлер мен оның маңайындағы территорияның атмосферасын айтарлықтай ластайды (Т.Қалыбеков, Экология). Одан басқа үн шықпады маңайдан, Кірмеді еске сан *ж а р ы л ы с*, сан ойран. Әлде солай көрінді ме өзіме Сәби даусын естімеген талайдан (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** а у ы с. *Ішкі серпіліс, тұла бойды серпілткен күш.* Көтеріп бір тастайды *Ж а р ы л ы с т ы ң* толқыны. Жақсылыққа бастайды Шабыт мені сол күні (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАРЫМ с а н. **1.** *Екіге бөлген заттың бір бөлігі, жартысы.* Бергенімен жаға алмай, *ж а р ы м ы н* беріп, *ж а р ы м ы н* тыныштығымен баға алмай ұры, залым, қуларға жеміт болып жүрген момындарды аямасаң болмайды (Абай, Тол. жин.). Қаралы күйдің сарыны Тұндырды бүгін құлақты. Денемнің өліп жарымы, *Ж а р ы м ы* тірі сияқты! «Арман жоқ, ұлым, мен сенің Алдыңда кетсем» деуші едің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Физиктер Антарктидадағы мұзды бір *ж а р ы м* километрлік тереңдікте үңгірлей қазып, оның ішіне 677 фотоэлемент жіберді («Зерде»). **2.** *Белгілі бір уақыт көлемінің, ағымының тең екіге бөлгендегі бір бөлігі, жартысы.* Бір *ж а р ы м* ғасыр Бір есім асыл Жадыңнан әсте кетпей тұр. Туғызған соны Шыңғыстың жоны Аспанға аз-ақ жетпей тұр. Жетпейді оған Керемет туған Кемеңгер басын құраса. Абай ғой, – дедің Қазақтай елдің Төбесі кім? – деп сұраса (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Қонақтардың ағып-тамып жиналуы сағат *ж а р ы м ғ а* созылды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн). **3.** с ө й л. а у ы с. *Кемтар, жарымжан.* Көргенше мұндай күйде сені, жаным, Болсайшы суқараңғы көзім *ж а р ы м* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **4.** с ө й л. а у ы с. *Есуас, жындысүрей. Ж а р ы м* жігіт жаяу жүріп, Тың киікті қуады (Мақал). Сыйлап құрмет етпедің, Ақылсыз, мисыз, *ж а р ы м с ы ң,* Анаңды сабап өктедің Тоғыз ай он күн көтерген (Батырлар жыры). Бар еді палуаны деген Қалұн, Аузынан шығатұғын от пен жалын. Жіберді үш мың жігітті ізіне ертіп, Ерсінген есі кеміс, өңшең *ж а р ы м* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Жарым батпан. ж е р г. *Он килограмдық салмақ.* Кеше қайнаға *ж а р ы м б а т п а н* ұнаш беріп жіберіпті (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарым болды. *Жарымжан болды.* Ол қария *ж а р ы м б о л ы п* қалған (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарым жас. а) *Адамның орта жасы, егде тартқан кезі.* Жалғызды екі ит ап кетіп, Мені енді күңірентті. *Ж а р ы м ж а с қ а* келгенде Еңсемді басып еңіретті (Е.Қандекеов, Өленд.). ә) *Жарты өмірі, тіршілік еткен бүкіл ғұмырының жартысы.* Айтпай кетсем *ж а р ы м ж а с ы* құрып, мүлде шөгіп қалады-ау (С.Шаймерденов, Қарғаш). Бақытым, Ғафурам мен Әлимашым, Үш қарға – мен жасаған *ж а р ы м ж а с ы м,* Сыйлаған сенің маған үш маржаның, Құдайым тек солардан жарылқасын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Амал не, қиған соның бәрі басын, Тауысқан Азаттық деп *ж а р ы м ж а с ы н.* «Аруақтар даласында дамылдасып, Ұрпақтар Еркіндікті сағынбасын» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жарым жол. *Жарты жол.* Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң, *Ж а р ы м ж о л д а н* қайтпаспын, қарындасым (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жарым құрсақ. *Аш құрсақ. Ж а р ы м қ ұ р с а қ* түндер, күлкісіз күндер өтті (Қ.Қазыбеков, Дәуір аты).

Жарты теңге. ж е р г. *Азғантай ақша. Ж а р т ы т е ң г е г е* не келетін еді (Ауызекі).

Жарым түн [түн жарымы]. *Түн ортасы.* – Сонымен *ж а р ы м т ү н д е* бізді неге шақырды деп отырсыңдар ғой (Ә.Тарази, Асу.). Алдампаздар ала қашты күлкімді, *Ж а р ы м т ү н д е* болді менің үйқымды. Жұдырықтардан ту сыртымнан түйілген Жотам менің дірілдейді бір түрлі (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Күлпаштың жұмысы осымен толастай қойса тәуір ғой, *т ү н ж а р ы м ы н а* дейін әсте таусылмайды (З.Жәкенов, Таң самалы).

Жүрегі жарым. *Қорқақ, жүрегі нашар, дәті берік емес (адам).* Құзар қиямен өткенде *жүрегі жарымдар* көзін жұмады (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Көңілі жарым [жарым көңіл]. *Ойы бөлінген, қамкөңіл, көңілі алаң.* Кем-кетік, *көңілі жарым* адам күдікшіл болады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Әншіміз *жарым көңіл* не жарытсын, Мақамын қоңырлатты марғау ғана (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

ЖАРЫМДА= е т. а) *Жартылау, екіге қақ бөлу.* Су көпке ортақ, жер де көптікі, ештемені *жарымдап* бөлмейміз (М.Жұмағұлов, Қыран.). ә) *Күшін түгел салмау, бар күшін жұмсамау. Жарымдап* жүріп-ақ жандарын жаһаннамға жіберсін! – деді Жолтай тістеніп (О.Иманәлиев, Байқадам).

ЖАРЫМДАЛ= е т. *Жартысы қалу, азаю, жартылану.* Түн *жарымдалып* қалыпты (Ауызекі).

ЖАРЫМДАЛУ е т. *Жарымдал етістігінің қимыл атауы.* Таразының «беліне асулы тұрған қанжарына қарасақ», бір мақтадай шеті *жарымдалып* бозарған бұлт сияқтыны көреміз (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

ЖАРЫМДАУ с ы н. *Жарыместеу, есуастау, жындысүрейлеу.* Ақыл-есі *жарымдау* адам. Нойыс неме жазым қылмасын (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Бұйырды бір нәренді қасындағы, *Жарымдау,* жар көкірек арпаң-тарпаң (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАРЫМДЫҚ з а т. *Ақылы кемдік, жарыместік.* Мен саған әкеңді тап дегенде, ақылының *жарымдығынан* айтады дейсің бе? (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Соғыс заңы біреудің жалғыз, біреудің *жарымдығына* қарамайды екен ғой (Ә.Нұршайықов, Алтын соқпақ). Қараңыз: Маймыл не етті сонда тұрып, Бір тасқа ұрды бәрін лақтырып. Ашу мен *жарымдықтан* пайда бар ма, Күл-күл боп Көзілдірік қалды сынып (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАРЫМЕС с ы н. *Есерсоқ, есалаң, есуас, ақылсыз.* Ақыл қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек. Жеке-жеке біреуі жарытпайды, Жол да жоқ *жарыместі* «жақсы» демек (Абай, Тол. жин.). *Жарыместі* зерек десең – сол жаман, Жаман ұлды өбектесең – сол жаман. Әйеліңе, Бала-шаға, Туысқа – Бір адамға керекпесең – сол жаман! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Атадан бала ойы өзге, Санасыз, ойсыз, *жарымес* Өз ойында ар емес (Абай, Тол. жин.). **2.** э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Біреудің ойланбай істеген қателігіне немесе есерсоқ қылығына ашуланғанда айтылатын кейіс сөз.* Көрмессің Қарабайдай *жарыместі,* Бірталай көше-көше күні кешті (Батырлар жыры). – Өй, *жарымес!* Өй, шірік ит! Жынды көбелек болып, отқа түсіп кетсейші! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарымес кісідей. *Есінен айырылғандай, есі ауысқандай. Жарымес кісідей* тесіле қарап, ішіп-жеп бір ноқаттан міз бақпай, тас мүсіндей қалшиып қалыпты (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЖАРЫМЕСТЕН= е т. *Есуастану, есалаңдану.* – Мынаның *жарыместенІп,* түк білмей қалуын қарашы, – деп төре бұлқан-талқан ашулана жөнелді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАРЫМЕСТЕУ с ы н. *Есерсоқтау, есуастау.* Торжымбай руының Оспан деген іргелі бір кісісі *жарыместеу* баласына Әлібидің осы қызын атастырып қойған-ды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қаусат бұл суық хабарды ең алғаш кеше өзінің *жарыместеу* жеңгесінен естіген еді (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖАРЫМЕСТІК з а т. **1.** *Есерсоқтық, есуастық.* Күйеуінің *жарыместігі* қадам басса-ақ көзге түсе кетеді (З.Шүкіров, Ізгілік.). Наурыз қыздан айырылып қалғанын өзінің *жарыместігінен* көріп, қабырғасы қайысады, тоңмойын тәкаппарлығы үшін өкініп отыр (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **2.** п с и х. *Адамның бұрынғы білімі мен тәжірибесі жоғалып, дүние тану қабілетінің жаңа мәліметтерді қабылдай алмайтындай нашарлауы. Жарыместік* жүйке жүйесінің әртүрлі ауруларының (олигофрения, шизофрения, қояншық, жарақат, т.б.) салдарынан болады. *Жарыместікке* шалдыққан адамның ең алдымен ақыл-ой қабілеті кемиді, ұмытшақ болады, сезімталдығы нашарлап, мінез-құлқы өзгереді (ҚҰЭ). *Жарыместіктің* уланудан, мидағы ісік әсерінен, кейде аса кәріліктен болатын (алжу) түрлері де бар (ҚҰЭ).

ЖАРЫМЖАН с ы н. **1.** *Кемтар, мүгедек, дімкәс.* Бейшара бала, Сорлы анаңа Шер болуға тудың ба?! *Жарымжан* сорлы жарты адам боп, Қайтіп өмір сүресің?! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аурудан бір шықпайтын *жарымжан* анасының халі мен жүдеушілік жағаласа бастаған үй ішінің жайы Қойбағардың бала көңіліне қозғау салды (М.Хасенов, Тұлпар.). Бірақ сөйтіп *жарымжан* болып қайтса да, олардың әрқайсысының келуі ауыл үшін мереке еді (С.Мұратбеков, Жабайы.). «Мені күтпе сарғайып, қымбат досым, Сен сүйерлік көркім жоқ мен *жарымжан*». – Жігіт хаты қызға кеп жетті тосын, Хатты оқып қыз қайғырып болды хайран (С.Бегалин, Таңд. өлең.). **2.** *Мүсәпір, ғаріп, сорлы.* Осылай солдат жалынған! Дәрмені құрып, далада жатыр *жарымжан.* Қанаты сынық ақ кептер, Алдына келіп түскен-ді құлап жалыннан (М.Мақатаев, Шығ.). Сенің үшін кең дүние қауыздай боп

тарылған, Қарындағы қару емес, қарғыс таңба тағылған. Туған жерің, туған үйің, туысың жат, бәрі жат, Қайда барып күн кешпексің, ей, бишара *ж а р ы м ж а н*?! (М.Мақатаев, Шық.). **3.** а у ы с. *Шала.* Ал солар үш тілдің үшеуін де *ж а р ы м ж а н* білетінін қайтерсің? (К.Сауқымов, Тіл тазалығы).

Жарымжан көңіл [көңілі жарымжан]. *Қамкөңіл, көңілі алаң. Ж а р ы м ж а н к ө ң і л і м* бір жарылқанбаса да, бір серпіліп, дем алып тыныстаса деймін (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Менің *ж а р ы м ж а н к ө ң і л і м* ұзаққа шаба алар ма екен (І. Есенберлин, Ғашықтар).

ЖАРЫМЖАНДАН= е т. **1.** *Кемтарлану, мүгедектену.* Денесі *ж а р ы м ж а н д а н ы п* қалды (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Алаңдау, беймазалану.* Көңілі *ж а р ы м ж а н д а н ы п,* іштей таусылып келеді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖАРЫМЖАНДАУ с ы н. э к с п р. *Біреудің қандайда бір кемтарлығын бірден айта салмай, жұмсартып жеткізу мәнінде қолданылатын кемтарлау, дімкәстау деген сөз.* – Әйел жұмыста, мен *ж а р ы м ж а н д а у* адам едім, күтімің болмаса ренжи көрме, қарағым, – деп қыз ағасы жағдайын айтты (С.Адамбеков, Қожанасыр.). – Менің аяғым *ж а р ы м ж а н д а у* еді, жаяу жүре алмаймын, – деп Келден тағы қырсығады (М.Тоқбергенов, Жыл он екі ай).

ЖАРЫМЖАНДЫ с ы н. с ө й л. ***Жарымжан.*** Жалғыз үй, *ж а р ы м ж а н д ы* кемпір мен шал, Лықылдап бір топ бала жатыр түнеп (І. Жансүгіров, Шық.).

ЖАРЫМЖАНДЫҚ з а т. *Мүгедектік, кемтарлық, ғаріптік.* Ол жастайынан *ж а р ы м ж а н д ы қ қ а* душар болғандықтан, екі аяғын сүйреп басып, белі бұраңдап зорға қозғалатын-ды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Атасының жалғыздығын да, *ж а р ы м ж а н д ы ғ ы н д а* ескермейді, – деп аунап түсіп теріс қарап жатты (З.Иманбаев, Дала әңгім.).

ЖАРЫМ-ЖАРТЫ з а т. **1.** *Барлығы емес, жартылай.* Жанына жиды ер Жәкең, Халықтың *ж а р ы м-ж а р т ы с ы н* Қос-қопа, жарық қоға үшін, Ағайын-туған, аға үшін (О.Шипин, Дастан.). Міне, біз олжа кітаптарды қарап отырмыз. *Ж а р ы м-ж а р т ы с ы* қазақша, *ж а р ы м-ж а р т ы с ы* орысша (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Сол бидайдың *ж а р ы м-ж а р т ы с ы н* басқа бір бос қоймаға ауыстырып төгу керек еді (М.Гумеров, Сүйе ме?). Қымыз құярда Қалтылдақ шалдың қолы қалтылдап, *ж а р ы м-ж а р т ы с ы* шелекте қалады (Т.Ахтанов, Дала сыры). *Ж а р ы м-ж а р т ы с ы н* естісе де, байқамаған, естімеген кісі болып кете барды (М.Әуезов, Қилы заман). **2.** *Бірлі-жарым, біреннсаран.* Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма, *ж а р ы м-ж а р т ы с ы* аман қалғаны жақсы ма? (Абай, Тол. жин.). Егерде бұл жол *ж а р ы м-ж а р т ы л а р ы н а* ғана айтылған болса, жарым-жарты рас дүниеде бола ма? (Абай, Тол. жин.).

ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАЙ ү с т. **1.** *Толықтай емес, шала-шарпылау.* Суға *ж а р ы м-ж а р т ы л а й* батқан беті дірілдеп тұрып қалды (М.Мағауин, Көк кептер). *Ж а р ы м-ж а р т ы л а й* ашық түндіктен түскен күңгірт сәуле біртебірте азайып барады (С.Омаров, Қайырлы.). Кешкі түн *ж а р ы м-ж а р т ы л а й* ұясына кірген кезде тереңдеген шұңқырдан ақ қаншық шықты (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** *Түгелдей емес, аздап.* Болжал өлеңдердің шүу басында Жәнібек ханның тұсында өмір сүрген делінетін, *ж а р ы м-ж а р т ы л а й* аңызға айналған бейне – Асан қайғы тұрады (Х.Досмұхамедұлы Шық.). Басыңыздан *ж а р ы м-ж а р т ы л а й* болса да жетімдікті кешірген адамсыз (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАП ү с т. *Аздап, ептеп.* Шөп пен сабан *ж а р ы м-ж а р т ы л а п* болса да, мал қораларының жанына жеткізілген (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.). Жолдан қажып келіп, тынығып, жантайып жатқан жолаушылар бастарын көтерсе де, *ж а р ы м-ж а р т ы л а п* қалғи отырып әңгіме тыңдаушы еді (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАРЫМСАҚ с ы н. *Жартылай.* Ал үгіттеп көндіру, *ж а р ы м с а қ* уәде жәрдем етпесе, онда қорқытып, еріксіз көндіруге тырысады (Семья тәрбиесі.).

ЖАРЫМШЫЛ с ы н. *Кемтар, қаяулы.* Жаралы жүрек *ж а р ы м ш ы л,* Мұңды Күнтай не күтуде (І.Жансүгіров, Шық.).

ЖАРЫН ү с т. ж е р г. *Келесі жыл.* Әкем торпағымен екі сиырды қоса беріп, *ж а р ы н* балалайтын інген алды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖАРЫП: **жарып болды.** ж е р г. *Атақты болды, даңқы шықты.* Ол деген бүкіл Қызылордаға *ж а р ы п б о л ғ а н* (Каз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАРЫС з а т. **1.** *Бәйге, атшабыс.* Қашағанға, *ж а р ы с қ а* көп алынып, желікпе болып қалған жануар екен, қызып ала жөнелді (Ж.Аймауытов, Шық.). Рас, қызым, сөзіңнің жоқ қатесі, Аттың қиқар мінезі бар, – деп күрсінді әкесі, – Тек бұл бейбақ ат біткеннің зерегі, Түскен кезде бәйгелерге *ж а р ы с қ а,* Жаралғандай шабу үшін алысқа, Арын салып, терін, қанын төгеді, Бірақ сөзсіз бірінші боп келеді (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сағынып сан *ж а р ы с т ы* алаңдаушы ем, Дүбірден денем қызып қала алмаушы ем, Ұршықтай дөңгеленіп жөнелгенде, Даланың ой-шұңқырын қаранбаушы ем. Жер билеп, көз алдымда көк теңселіп, Сағымды көсілуші ем көктей сөгіп

(Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Спорттық сайыс немесе ойын түрлері мен өнердің бір түрінен сынасу мақсатында өткізілетін арнайы шара.* Екеуіміздің де салмағымыз бірдей, *ж а р ы с* бола қалса, ағайынды қоңыр қаз белдесіп жатқанымыз («Жас Алаш»). «Барсын, – десті,– Ұлықпан, Барсын деді»,– *ж а р ы с қ а.* Кетерінде достары: «Тырыс, – деді, – намысқа» (О.Шипин, Дастан.). Айтыс өнеріне топ алдында *ж а р ы с қ а,* сынға түсу арқылы төселіп кете қою оңай емес (М.Әуезов, Әр жыл.). Бой ұрып әдебиет ағысына, Түсіпті жыр өнері *ж а р ы с ы н а*, Қызыл сұңқар мінгізіп, қызыл тұлпар Қарапты риза болып шабысына (С.Мәуленов, Алыс кет.). Туған жері Қарасай, Бір ауылдың арасы-ай. Қыз әкесі Талысбай, Озған талай *ж а р ы с т а*-ай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** с о в. *Кеңес өкіметі тұсында еңбек өнімділік арттыру мақсатында еңбек ұжымы немесе оның мүшелері арасында жүлде алу үшін өткізілетін өзара сайыс, бәсеке, сын шарасы.* Орнығып, қала болып, жайланғанбыз, Еңбекке белді бекем байлағанбыз, Астық, малдың жоспарын аса орындап, *Ж а р ы с т а* жұрттан озып бәйге алғанбыз (С.Машақов, Жылдар). **4.** ауыс. *Бәсеке, егес.* Жазық дала әлі де таныс емес, Жоқ ойымда басқамен *ж а р ы с*, егес. Теңіз менің кірмейді түсіме де, Аспан маған буалдыр алыс елес (С.Мәуленов, Алыс кет.). **5.** а у ы с. *Күрес, күш сынасу.* Күнінде артықша туған жігіттер, *Ж а р ы с қ а* салмай кім тастар. Елінде жақсы жігіттің Алыста даңқы зор болар (Шал ақын, Өленд.). Дос, бедел дос Серіктелген, Намыста, *Ж а р ы с т а* беріктелген. Жан тату егіздердей, Жалғасқан теңіздердей, Дүниеде сен бар деп сеніп келген, Бір келіп, бір қайтуға еріп келген (Қ.Салықов, Жезкиік). Сондай бір *ж а р ы с* па еді, жоқ есімде, Майданның шыға келіп төбесіне, От көрдім ар жағында маздап тұрған, Әлде бұл қан қырсықтың елесі ме? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жарыс автомобилі. с п о р т. *Автомобиль спортына және шапшаң жүруден рекорд жасауға арналған бір не екі орынды автомобиль.* Қозғалтқышының жұмыстық көлемі мен өзінің салмағына қарай *ж а р ы с а в т о м о б и л і* «жарыс формуласы» деп аталатын бірнеше топқа бөлінеді. Мысалы, «Формуласы-1» жүйесі бойынша жарыстан автомобиль қозғалтқышының жұмыстық көл. 3-л-ге дейін... (ҚҰЭ).

Жарыс әдісі. *Білім алуға тәрбиеленушілердің барлығын қоғамдық пайдалы еңбекке белсенді, шығармашылықпен қатыстыру әдісі. Ж а р ы с ә д і с і* озат тәжірибелерді қолдап, жолдастық өзара көмекті дамытады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Жарыс қойды. *Қатарласа шапты.* Екі мырза елге таман *ж а р ы с қ о й д ы* (Қозы Көрпеш.).

Жарысқа қамтылды. ж е р г. *Жарысқа қатысты.* Аймақтық жол, құрылыс коллективі *ж а р ы с қ а қ а м т ы л д ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жарыс төрешісі. *Жарыста билік ететін адам.* Ол кісі *ж а р ы с т ө р е ш і л е р і н і ң* мәжілісінде қалды (А.Сатаев, Дала күйлері).

Жарыс туы. с о в. *Кеңес өкіметі тұсында еңбек ұжымдары арасында еңбек өнімділігін арттыру мақсатындағы өткізілетін бәсекеден озып шыққан ұжымға салтанатты түрде табыс етілетін жеңіс белгісі ретіндегі ту.* Завод коммунистік еңбек коллективі атағын алу үшін, социалистік *ж а р ы с т у ы н* жоғары көтеруде (Қ.Серікбаев, Қастек.).

Жаяу жарыс. *Жиын-тойдағы жаяу бәйге.* Менің мектепте *ж а я у ж а р ы с т а н* бірінші орын алғанымды білсе екен-ау (З.Шүкіров, Ғажайып құмыра).

Қара жарыс. *Үлкен жарыс алдында аттың терін алу, сынау мақсатымен өткізілетін жүлдесіз жарыс.* ≈ *Қ а р а ж а р ы с* мәресі.

Құнан жарыс. *Құнандар ғана қатысатын бәйге. Қ ұ н а н ж а р ы с* болғанда Ағам мініп шабады. Кейде бәйге алады, Кейде артында қалады (Е.Елубаев, Көкпар). Иесіне әбден бауыр басып алды. Осы кезде *қ ұ н а н ж а р ы с ы н а* түсіп, ылғи озып келетін болды (С.Жүнісов, Ақан сері).

Өнер жарысы. *Өнер жарыстыратын байқау, талас.* Хасен әншілерге кезекпен ән айтқызып, *ө н е р ж а р ы с ы н* жасамақшы (М.Майшекин, Мұрагерлер).

Социалистік жарыс. с о в. *Жалпы еңбек өнімділігін арттырып, шаруашылықты нығайту мақсатында еңбек ұжымдары немесе ұжым мүшелері арасында өткізілетін бәсекелестік, арнайы шара, алдыңғы қатарлы еңбек әдісі. С о ц и а л и с т і к ж а р ы с қ а* қосылған қазақстандықтар ерлік еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті («Соц. Қаз.»).

Спорттық жарыс. *Қатысушы жақтардың өз қайрат-жігері, өнері, білімі, айла-тәсілі, тәжірибесі, шеберлігімен бір-бірінен басым түсуге бағытталған еңбек, ойын тәрізді іс-әрекетті жарыс. С п о р т т ы қ ж а р ы с т ы ң* түрі адамды күш-қуат жағынан жан-жақты жетілдіруді көздейтін пед. тәрбиенің құрамдас бөлігі болып табылады (ҚҰЭ).

Тай жарыс. *Тайлар ғана қатысатын бәйге.* Өзіңмен кетпей қайда қалды шынар, Тез тозған, көңілі жүдеу, жарлы шығар. *Т а й ж а р ы с* керегі жоқ, Тұлпарларға, Жаратып қос та мені Жанды шығар (Қ.Салықов, Жезкиік).

ЖАРЫС[1]= е т. **1.** *Озып шығу, қалып қоймау мақсатын көздеп жүгіру, шабу, алға қарай ентелеу, ұмтылу.* Толқыннан толқын туады, Толқынды толқын қуады, Толқынмен толқын *ж а р ы с а д.* Күңіренісіп кеңеспен, Бітпейді бір егеспен Жарысып жарға барысад (М.Жұмабаев, Шығ.). Жаман емес тіршілікгің барысы, Жөнге келіп қалды жұрттың әр ісі. Жас енелер сәби сүйе бастады, Жаңа түскен келінімен *ж а р ы с ы п*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Күш сынасу.* Сол жерде Түлкі келді арыстанға: «Жығасың, – деді, – бәрін алысқанда. Боларсың дұшпан түгіл, досқа күлкі, Киіктен қалып қойсаң *ж а р ы с қ а н д а* (А.Байтұрсынов, Шығ.). **3.** *Бір-бірімен бәсекелесу, бірін-бірі басып озып отыру.* Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан. Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан. Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма, Жылқы ойнап, бие қашқан, тай *ж а р ы с қ а н* (Абай, Тол. жин.). Ойнаған қырда асыр сап, *Ж а р ы с ы п* тай мен тайлағы (Қ.Аманжолов, Шығ.). Қасқырлар *ж а р ы с ы п,* кезек-кезек озысып отырып келіп, даладағы қойға тиді (М.Әуезов, Қараш.). **4.** *Бәйгеге, ат шабысына қатысу.* Ат өнері білінбес, Бәйгеге түсіп *ж а р ы с п а й* (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Жүйріктік ерге не керек, *Ж а р ы с қ а н д а* бәйгі алып, Халқына олжа салмаса (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Ей, Ардақ! Ат қайда Ақбақайдай *ж а р ы с а р ғ а*? Ардаққа қолым создым алысарға. Жайлауға ел қондырып, қозы сойып, Күн бар ма Ардақ қызбен табысарға (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бәйге аттары *ж а р ы с т ы,* Жорға аттары салысты, Қыз қуып, көкпар тартылды, Палуандар күресті табандарын тіресті, Бұлшық етін бұлтитып, Бір-бірімен сіресті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Көкпар тартылып, ат *ж а р ы с ы п,* не концерт, ойын қойылып жатқан бір қызыққа кездеспей-ақ қойдық-ау (Ғ.Сланов, Замана.). **5.** *Өнер таластыру, өнерімен, ақылымен т.б. күш сынасу, айтысу.* Кеңесте бұлардың дауласуы, *ж а р ы с ы п* ой жүгіртулері көп болатын (М.Әуезов, Абай). Күйшілер бір-бірімен *ж а р ы с а д ы,* Күйлерден еседі елдің намыс, ары. Бір кезде құйылады Жидебайға Тамылжып Татьянаның таныс әні (С.Мәуленов, Алыс кет.). Өлеңге сен ешкімнен қалыспассың, Менімен топқа түсіп *ж а р ы с п а с с ы ң,* Ширектен құралған соң кез болатын, Теңеліп кез болдым деп алыспассың (Шал ақын, Өлеңд.). Ішкі жау сыртқы жаумен алысқаны, Ғашығы, досдұшпаны таныс бәрі. Шіркін-ай, ғаламат қой әлі күнге Бір өзі барша ақынмен *ж а р ы с қ а н ы* (К.Салықов, Жезкиік). **6.** с о в е т. *Еңбек өнімділігін арттыру үшін, еңбекте озат атану үшін, жоспарды орындау үшін күресу, өзара күш сынасу.* Аудан мен аудан *ж а р ы с а д ы,* аудан ішінде колхоз бен колхоз үзеңгі қағысып, үздіксоздық келе жатады (М.Әуезов, Алғы шепте.). ...Екеуі колхоз шаруашылығының негізгі екі саласын басқарып, бірімен-бірі *ж а р ы с ы п* жүр (Ж.Тілеков, Шалғай шепте). **7.** *Қатарласып қалыспау, қабаттасу.* Самарқанның шығып оқшау иығы, *Ж а р ы с а д ы* мұнаралар биігі. Көк тастарды тесіп өткен тамшы жас – Науаидың қасіреті мен күйігі (С.Мәуленов, Алыс кет.). Шұбалтып шаңмен жолдарды, Жаңғыртам бүкіл жазды әнмен. Жалынан сипап жорғамды, *Ж а р ы с а м* ұшқан қаздармен (С.Мәуленов, Алыс кет.). Өмір мынау, сенім, күдік алмакезек *ж а р ы с қ а н,* Егер сенім семсер болса, күдік деген арыстан (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қырман басында Сұлтекең алаңдап отыр екен. Бұлар көрген-білгенін *ж а р ы с а* баяндап шықты (Ж.Молдағалиев, Ескі дос). Бәрі жағалай жайғасып, жан-жақтан қаумалай қоршап, *ж а р ы с а* сөйлеп жатыр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Ұшқан құспен жарысты. п о э т. *Жүрісіне, шабысына көз ілеспеді.* Ел-жұртымен қоштасып, Алпамыс батыр жөнеді, Ауыздықпен алысып, *Ұ ш қ а н қ ұ с п е н ж а р ы с ы п* (Алпамыс). Биік қырмен алысып, *Ұ ш қ а н қ ұ с п е н ж а р ы с ы п,* Ағып келед жұлдыздай (И.Байзақов, Құралай.).

ЖАРЫС[2]= е т. *Кесісу, шағысу, сындырысу.* Сәрсен қораға шығып, Әминаға отын *ж а р ы с т ы* (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Тіс жарысқан жоқ. *Өзара үндемеді, тіл қатпады.* Осыдан кейін шал Доскеймен де, тіпті басқа ешқайсысымен де бұл туралы *т і с ж а р ы с ы п,* тілге келіскен *ж о қ* (З.Ақышев, Жесірлер).

ЖАРЫСКЕР з а т. *Жарысатын адам.* Дәл осы кеңседе болашақ *ж а р ы с к е р* екі трактороршы – Қасымтай мен Бұрқан қол қысысып, серт байласты (Ұ.Бағаев, Жан сұлу.).

ЖАРЫСҚАЗАН з а т. э т н. *Толғағы келген әйелдің босануы жеңіл, тез болсын деген ырыммен әйелдер қатысатын қазан асу.* Самаурынға су жылытып, *ж а р ы с қ а з а н н ы ң* шұжығын турап, сол ауылдың қатын біткені осында (І.Жансүгіров, Әңгім.). Біреуі *ж а р ы с қ а з а н* кәдесі деп, Ет асып бұрқылдатып, қазан майлап (Батырлар жыры). Лезде самауыр қойып, ет турап, *ж а р ы с қ а з а н* жасаудың қамына кіріскен (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). *Ж а р ы с қ а з а н* үшін әдейі сақтап жүрген сүр етті салып, қазан асады. Осы ет піскенше әйел де жарыса тез босанады деген сенім болған (ҚҰЭ).

ЖАРЫСПА с ы н. *Жарыса, қабаттаса қолданылатын.* Әскери билет – әскерлік билет – әскер билеті; тау халқы – таулық халық; дала өсімдігі – далалық өсімдік сияқты *ж а р ы с п а*

формалар (тіркестер) сараланып қолданылуы керек пе я жапа-тармағай жұмсала бергені жөн бе? (Тіл мәдениеті).

ЖАРЫСПАЛЫ с ы н. *Жарыса жүретін, қабаттаса қолданылатын.*

Жарыспалы сабақтас. с ы н. л и н г в. *Бағыныңқы компоненттері басыңқымен тек бір сипаттағы қатынаста болатын көп бағыныңқылы сабақтас сөйлем түрі.* Егер бағыныңқы сөйлемдері басыңқымен тек бір сипаттағы (не шарт, не мезгіл, т. б.). қатынаста болып, ортақ бір сұрауға жауап берсе, бірыңғай *ж а р ы с п а л ы с а б а қ т а с* болады (Қаз. тіл. грамм.).

ЖАРЫССӨЗ з а т. *Жиналыстағы бір мәселенің талқылануы, талқылау кезіндегі пікір алмасу.* Баяндамада, *ж а р ы с с ө з г е* шығып сөйлеушілердің сөздерінде де драматургия мәселесі кең қозғалды (С.Мәуленов, Үркер.). Пленумда председательдік етуші жолдасқа қағаз жазып, *ж а р ы с с ө з г е* шығып сөйлегім келетіндігін білдірдім (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз).

ЖАРЫСТАС с ы н. *Жарысқа бірге түскен, бәсекелес.* Досмағамбеттің «Ізекең» деп отырғаны – өзімен *ж а р ы с т а с* бригадир Ізбасар Құлтаев (Ә.Жәмішев, Дала шұғыласы).

ЖАРЫСТЫР= е т. *Бәйгеге қатыстыру, таластыру, күш сынастыру.* Тай, құнан *ж а р ы с т ы р ы п,* күрес қылып, көкпар тартып, ерігіп жатқан ел бір кенеліп қалды. Көл басындағы төрт-бес ауыл жас төрелерді кезекпе-кезек шақырысты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әуелі бір ауылдың тайы, құнандары жарысып, ең озғанын көрші ауылдың өз қатарынан озған тай, құнандарымен *ж а р ы с т ы р а д ы* (С.Мұқанов, Өсу жол.). Бозбалалар балаларды *ж а р ы с т ы р ы п,* тұра қалып күрестіріп, жығылғандарын мазақтап, көш-жөнекей ермек етеді (С.Көбеев, Қалыңмал). Жақындатып күйімен алыс қырды, Ажыраған жандарды табыстырды. Арғымақтың ағызып ақ көбігін, Кең жазықта көсілтіп *ж а р ы с т ы р д ы* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Сөз жарыстырды. *Сөз таластырды, пікір алысты.* Жігіт үндемей қалды. Үлкен кісімен бұдан әрі *с ө з ж а р ы с т ы р ы п,* тайталаса беру артық десе керек (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Сәлмен ештеңе деп *с ө з ж а р ы с т ы р ы п,* таласып жатпады (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАРЫСТЫРУ *Жарыстыр етістігінің қимыл атауы.* Екі ат талас келсе, қайта *ж а р ы с т ы р у* деген бар (З.Ақышев, Достарым.). Мына екеуінің сөз *ж а р ы с т ы р у ы* біздің әңгімеміздің сәнін кетірді (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.).

ЖАРЫСТЫРЫЛ= ет. *Бірдей қатыстырылу, қатарластырылу.* «Әйтеуір, әрине, мүмкін» деген сөздер сөйлеммен *ж а р ы с т ы р ы л ы п* қолданыла түрса да, сөйлемнің мүшесі бола алмайды (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАРЫСУ *Жарыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күш сынасу, шауып ойнау.* Аспандап Алатаудың асқарынан Көрінді тоқымдай-ақ далалары. Ақсұңқар қанатын қомдағанда Тау бүркіт *ж а р ы с у ғ а* жарамады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жарысуға* қалайсың, Атаның ұлы арыстан. Сөреге адам қоялық Әділетті қалыстан. – Мақұл, – деді Төкетай, Әкесінен бері қарай, Деген емес «Жәкетай» (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** с п о р т. *Денешынықтыру жаттығуларының бір түрі, спорт ойыны мағынасында.* Жүзу, суға қарғу, *ж а р ы с у,* секіру, жаяу және шаңғы жорықтарына шығу, т. б. адамдардың шеберлігін қалыптастырады (Қ.Жарықбаев, Психология). **3.** а у ы с. *Бәсекелесу, бақталасу.* Сондықтан *ж а р ы с у* өңкей байлардың арасында қалды («Абай»).

ЖАРЫСУШЫ с ы н. *Жарысқа қатысушы, жарысқа түсуші.* Өз коллективтерінің жетістіктерін айтып, *ж а р ы с у ш ы* коллективтердің кемшілігін сынап өлең айту әдет боп жүр (Шопан серігі). Энгельс атындағы колхоз *ж а р ы с у ш ы с ы н а н* бір көштік жер ұзап шыға берді (Б.Тоқтаров, Қыран.).

ЖАРЫТ= е т. *Қарық қылу, мандыту.* Тұяқ *ж а р ы т ы п* ақы алған жоқ, тек ықыласына ырза болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Айтты әкең:– Оның рас, жүрдім саған, Тел ешкі тәулігіме бердің маған, Тамаққа жазы-қысы *ж а р ы т п а д ы ң,* Жұмсадың құлаққесті құлдан жаман. (О.Шипин, Дастан.). – Қайтем енді? Соның бәрі керек, – деді әйел жылағандай болып. – Шөншікке берсең тіпті *ж а р ы т п а й д ы* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Мойынды соза қарап, қалаға көз жүгіртіп келеміз. Пәлендей ештеңе көріп те *ж а р ы т ы п* жатқамыз жоқ (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Жақыптың қай еңбегі менен артық, Етігін де шешкен соң біреу тартып? Құдайға не жазып ем тумай тұрып, Туғаннан мені жоқ қып, оны *ж а р ы т ы п*? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Ауыз жарытпады. *Қарық қылмады, көңілден шықпады, мандытпады.* 1963 жылы ауыл шаруашылық өнімдері *а у ы з ж а р ы т п а д ы.* Орта есеппен әр гектардан 4,4 центнер астық әрең жиналды (Д.Қонаев, Өтті дәурен).

ЖАРЫТУ *Жарыт етістігінің қимыл атауы.* Түтінді ауызға апарып, қайта шығарғаны болмаса, тартып *ж а р ы т у ы* шамалы-ақ (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Халдің сұрайтыны қалған жоқ, қатын, бала-шаға не өндіріп *ж а р ы т у ш ы* еді (Ғ. Қайырбеков, Жел қайық).

ЖАРЫТУЛЫ с ы н. *Татымды, мандымды.* Амал не, Қабан Сардарға қарсы айтар *ж а р ы т у л ы* жауап таба алмады (З.Қабдолов, Жалын).

Оның базар жаққа жіберген жансыздары да *ж а р ы т у л ы* ештеңе айтып келмеді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЖАРЫТУСЫЗ сын. *Татымсыз, мандымсыз.* Олар қатты күлісіп, *ж а р ы т у с ы з* балықты бөлуге кірісті (З.Шүкіров, Жас жесір). Бізден соң да бәйшешектер гүл бақшада, Жиылар жұпар шарап алып *ж а р ы т у с ы з* ақшаға (Шығыс жұлдыздары).

ЖАРЫТЫМДЫ сын. *Татымды, мандымды.* Құдалармен ойын қылып отырмай, осы ауылдың көп бозбаласы қайда жүр? – деп, қасындағы қыздарға қарап сөйлеп еді, олардан *ж а р ы т ы м д ы* жауап шықпады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жау келетінін білсе де, Мұхамед *ж а р ы т ы м д ы* даярлық жасай алмады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Турасын айту керек, бұл жағынан біз *ж а р ы т ы м д ы* көмек көріп келе жатқанымыз жоқ (F. Мұстафин, Ой әуен.).

ЖАРЫТЫМСЫЗ с ы н. *Мандымсыз, шамалы.* Сонымен жұмысшының өз қажетіне жұмсайтын жалақысы күрмеуге келмейтін *ж а р ы т ы м с ы з* бірдеңеге айналады да қалады (Қ.Тұрсынқұлов, Олар.). Олар басқалардай көп әзілдеспейді, біреу бірдеңе дей қалған күнде де жай ғана езу тартып, *ж а р ы т ы м с ы з* жауап береді (F. Ахметов, Жорық.).

ЖАРЫТЫП ү с т. *Ұқсатып, мандытып, тындырып.* Қызға *ж а р ы т ы п* әлі бір ауыз сөз айта алмаған жігіт қазір де әңгімені неден бастасам екен деумен әуре (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Бұл күні балалар *ж а р ы т ы п* еш нәрсе бітірген жоқ (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Жеріңе жет арғымағың арытып. Табаныңды Таба құмға қарытып. Ер жігітке серік болмас дүние, Жарты дәулет мал болмайды *ж а р ы т ы п* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Ауыз жарытып айтар [сөз]. *Ауыз тұшытар, мейір қандырар.* Малшылардың тұрмыс күйіне келетін болсақ, *а у ы з ж а р ы т ы п а й т а р* ештеңе таппаймыз («Лен. жас»).

ЖАС[1] з а т. **1.** *Адамның, жан-жануардың, т. б. өмір сүру мезгілін белгілейтін уақыт, жыл саны.* Атаға бес *ж а с ы ң д а* құлындайсың, Көздің нұры, көңілдің буындайсың. Он жаста ми қатпаған ақылсыз кез, Жақсылық, жамандыққа ұрынбайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жангелдінің зарланып, Сондағы айтқан сөзі еді: «Отызға *ж а с ы м* жеткенше, Байдың малы баққаным. Шаңқай түсте шалдығып, Байдың шөбі шапқаным (О.Шипин, Дастан.). Еркекті, біріншіден, бала дейді. Балалық, әр нәрсеге шала дейді. Жиырма-отыз *ж а с т а* оттай шалқып, Балалық содан әрі қалар дейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** п с и х. *Ағза мен тұлға қалыптасуына тән заңдылықтардың жиынтығымен сипатталатын адам дамуының кезеңі. Ж а с* дамудың белгілі бір сатысындағы тұлға құрылымының өзіндік ерекшелігін анықтайтын бірқатар өзгерістер тән болатын сапалық тұрғыдан ерекше кезең болып табылады (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Ж а с т ы қ* психологиялық сипаттамасы тәрбие мен дамудың нақты тарихи жағдайларына қарекет пен қарым-қатынас ерекшеліктеріне орай анықталады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Бала жастан. *Жас кезінен, кішкентайынан.* Сен маған жол тіледің атқа мінсем, Барым сен, дүниедегі мақтаным сен. Ақындық *б а л а ж а с т а н* аңдыған-ау, Мен сенің бар жырыңды жатқа білсем (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жазулы жас. п о э т. *Өлшеулі өмір. Ж а з у л ы ж а с ы* жеткен соң, Жөнеліп жаһан үйінен, Болды адамдай тумаған (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жас дағдарыс. п с и х. *Психологиялық қауырт өзгерістермен сипатталатын, адам дамуындағы ерекше кезеңдер.* Балалық шақта, әдетте, «бір *ж а с д а ғ д а р ы с ы*», «үш *ж а с д а ғ д а р ы с ы*», «6-7 *ж а с д а ғ д а р ы с ы*» және «жеткіншек дағдарысы» (10-11 жас) сараланады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Балалық шақтағы *ж а с д а ғ д а р ы с т а р ы* кезеңдерінде балалардың үлкендермен қарым қатынасының жаңа типіне көшу процестері тән (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Жас ерекшеліктері. п с и х. *Адамның жасына сәйкес даму заңдылықтары.* Балалардың *ж а с е р е к ш е л і к т е р і* оқыту мен тәрбие тәжірибесінің және педагогика, психология, адам анатомиясы мен физиологиясы саласында жүргізілген арнайы зерттеулердің нәтижесінде дәлелденген (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Жас психологиясы. п с и х. *Адам психикасының дамуын және оның жас тұрғысынан әртүрлі кезеңдердегі ерекшеліктерін зерттейтін психология саласы. Ж а с п с и х о л о г и я с ы н ы ң* негізгі әдістері – бақылау мен эксперимент (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Ж а с п с и х о л о г и я с ы* мен педагогикалық психологияның нақты бірлігі зерттелетін нысанның ортақтығымен байланысты: ол – дамушы және онтогенезде өзгеруші адам (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Жас толықты. *Қартайды, қарттыққа жетті. Ж а с т о л ы ғ ы п,* күш қайтып, Дүниенің біліп жеткізбесін, Енді отырмын бірленіп. Азаттыққа – қару жоқ, қарусыз жауға бару жоқ (Базар жырау, Шығ.). *Ж а с т о л ы ғ ы п,* күш қайтып, Қолдан келер шама жоқ, Бұл күнде тұрмыз бірленіп (Қаз. ақын. шығ.).

...жасқа келгенше. *Өмір сүрген қандай да бір уақыт, жылдар бойында.* Бұл *ж а с қ а к е л г е н ш е* жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік (Абай, Тол. жин.).

Жасқа қатысты сензитивтілік. п с и х. *Белгілі бір психологиялық қасиеттер мен процестердің дамуы үшін қажет жағдайлардың белгілі бір жас кезеңіне тән оңтайлы ұштасуы. Ж а с қ а қ а т ы с т ы с е н з и т и в т і л і к* кезеңіне қатысты күнілгері болған не кешіккен оқытып-үйрету жеткілікті нәтиже бермеуі мүмкін, мұның психиканың дамуына жағымсыз әсері болады (Қаз. тілі термин. Педагогика).

Жас толды. *Жасы белгілі бір мөлшерлі жылға жетті.* Оның кіші баласының өзі биыл он бес *ж а с қ а т о л д ы* («Қазақст. әйелдері»).

Жасы асты. *Жасы бір кезеңнен өтті.* Түзде, абақтыда, жау тұтқында өлген өлім *ж а с ы* жетпіс *а с қ а н* шағында Жәмеңке басына келген қабат қаза, ауыр жаза сияқтанды (М.Әуезов, Қилы заман).

Жасы байтақ. с ы н. ж е р г. *Ұлан-байтақ, кең-байтақ. Ж а с ы б а й т а қ* жатқан ел (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жасы бір. *Құрдас, жасты. Ж а с ы б і р* құрдас емес, заманы бір құрдас (Мақал).

Жасы жер ортаға таяды [жас ортасына келді]. *50-60 жасқа келді.* Иықтарына желбегей жамылған шапандарын сілкіп тастап, екі жақтан *ж а с о р т а с ы н а к е л і п* қалған екі кісі шыға келді (Н.Баяндин, Құм асты.). *Ж а с ы ж е р о р т а с ы н а к е л с е д е,* жүріс-тұрысы қунақы, солдаттай шапшаң (F.Сланов, Шығ.). *Ж а с ы ж е р о р т а с ы н а т а я ғ а н* адам болса да, Еңсепті көргенде қалбалақтап қалады (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Жасы [жасқа] жетті [келді]. а) *Ер жетті, бой жетті, кәмелетке толды. Ж а с ы ж е т і п* отырған байдың қызын айттырушылар төрт тараптан ағылып келіп жатты (Қаз. ертегі.). 1824 жылы *ж а с қ а ж е т і п* хандықты қолына алған соң, Жәңгір ұяда көргенін іске асыра бастады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Байда бар оқып жүрген бір ер бала, *Ж а с ы к е л і п* қалса да, ақылы шала (С.Торайғыров, Шығ.). ә) *Қартаң тартты, жер ортасы жастан асты.* Торықпа, құрдасым-ау, *ж а с ы ң ж е т п е й,* Қорықпа бір жігітке ғасыр көптей. Ақ шашты серіге сән мода дейді, Мойыма жүректегі асыр кетпей (К.Салықов, Жезкиік). Бейне жары Кавказдың не баласы, Өрт алғандай таусылып айналасы, *Ж а с ы ж е т к е н,* қапалық қайғы басқан, Жабырқаңқы Жүсіптің жалғыз басы (А.Құнанбаев, Тол. жин.). – Елге барғанда мен не істеймін? *Ж а с ы м* болса *к е л і п* қалды, – деді Сүлеймен (І. Жансүгіров, Шығ.). б) *Қандай да бір уақыт, жылдар өмір сырді.* Дәуіттей сенің *ж а с ы ң* мыңға *к е л м е с.* Байғұс шал, сезімге қылма егес (С.Көбеев, Жыр.).

Жасы кіші. *Жасы үлкен емес.* Ұлы Жәкең ұлы Абайдан бір-ақ *ж а с к і ш і* (F. Мүсірепов, Суреткер).

Жасы қатар. *Құрбылас, тең құрбы, құрдас. Ж а с ы м қ а т а р* болғандықтан ба, ол екеуі мені әрдайым іш тартатын (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира).

Жасын салды. *Жасы қаншада екенін көрсетті.* Мен өзімнің үй ішімдегі балаларымның *ж а с ы н с а л ы п,* іспрөпке бер деп бардым (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жасы тоқтаған. *Қартайған, жасы үлкен.* Нәсім *ж а с ы т о қ т а ғ а н,* үлкен кісі екен (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жасы тоқтасқан. *Өмір тәжірибесін көрген, қартаң тартқан. Ж а с ы т о қ т а с қ а н* тәжірибелі шаруа әйелдер жастарға орақ ору, бау баулау, астықты маялау әдістерін үйретіп жатыр (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жасы толды. *Ержетті, азамат болды.* Жоқ, *ж а с ы т о л ғ а н* бала, шырағым. Бізді әурелеме (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жасы ұзақ болсын! а л ғ ы с. *Көп жасасын, өмірлі болсын деген мағынада біреуге ризашылық білдіргенде айтылатын алғыс сөз.* – Бәрекелде! *Ж а с ы ң ұ з а қ б о л с ы н,* қарағым! – деп көңілденіп кетті Накибов (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан.).

Жасы ұлғайды. *Жер ортасы жастан асты, қартаң тартты. Ж а с т а р ы ұ л ғ а й ы п* қалған адамдарда қандай махаббат болушы еді, – деп мен көршімді қамшылай түстім (Ж.Жұмаханов, Майдан). *Ж а с ы ұ л ғ а й ғ а н* сайын Қорқыт өлім жайын көбірек ойлайтын болыпты (Қаз. ертег.).

Жасы үлкен. а) *Жасы көп.* Ғалия тұрмақ, Тасболаттан жеті *ж а с ы ү л к е н,* тоғыз жүзінші жылы туған Қорамсақты «қайнаға» деуге оның өзі қарсы (Ж.Тілепов, От кешу). ә) *Ақыл тоқтатқан, берер өнегесі мол, өзінен кішілер аға тұтқан жасқа толған (ер адам).* б) *Адамның өмірі мөлшері.* Қазақтың данасы, *Ж а с ы ү л к е н* ағасы. Бар демес сендей бір Адамның баласы (Абай, Тол. жин.).

Кәмелеттік жас. *Адамның өз ақылымен, санасымен өмір сүретін, некеге тұруға, өз қылығына толық жауап бере алатын жағдайға жеткен, толыққан шағы. К ә м е л е т т і к ж а с* – адамзаттың өз ақылымен, санасымен өмір сүретін, заңды некеге тұруға және өз қылығына, жасаған қылмысына толық жауап бере алатын жағдайға жеткен жасы (Қаз. тілі термин. Педагогика). Еңбек етіп, ел қатарына қосылғаныма, *к ә м е л е т т і к ж а с қ а* толғаныма қуандым («Лен. жас»).

Орта жас. *50-60 шамасынан асқан жас.* Мен осы *о р т а ж а с қ а* келгенше, пенденің үстінен арыз жазып көргенім жоқ (С.Бегалин, Ана қайраты).

ЖАС[2] с ы н. **1.** *Жасөспірім, жеткіншек, қыз-бозбала.* Қартайдық, қайғы ойладық, Ұлғайды арман, Шошимын кейінгі *ж а с* балалардан. Терін сатпай, телміріп көзін сатып, Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман (Абай, Тол. жин.). Не қалайсыздар? – деді біз отыра салысымызбен жетіп келген *ж а с* даяшы қыз (Д.Исабеков, Таңд.). // *Жастар, жеткіншек, жасөспірім, жас ұрпақ.* Жақсының той дегенде жаны күлер, Бағаңды *ж а с* білмесе, кәрі білер. Наурызың құтты болсын, нар ағалар, Наурызың құтты болсын, бар інілер (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Уылжыған, балғын.* «Есіл жазым өтті!» – деп, «Бәйшешегім кетті!» – деп, Санадан жүз сарғайып, Қасіреті мол *ж а с* зайып Қараңғы ұзын түндерде Үстіне қара жамылып, Күрсініп жылайды (М.Жұмабаев, Шығ.). // *Жастық, балғын шақ. Ж а с т ы* көксеп кемпір мен шал арманда, Өсіп үлкен бола алмай бала арманда, Еркектей еркін өмір сүрмедік деп, Әйелдер де болады және арманда (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3.** *Тәжірибесіз, шыңдалмаған.* Болмас бала құрысын, Болар бала *ж а с* болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жалынына темір балқып, илеуіне тас көнер, Хас шеберлер арасында болатын бір *ж а с* шебер. Ол туралы жұрт айтатын: «Өнерінің өрті бар», Тәңір қалай жарылқайын десе, әрине, еркі бар (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** *Жасы кіші.* Айдан анық, нақпа-нақ, жанына батыра сөйледі. Қазір мынау *ж а с* төренің Құнанбайды «Құнанбай» деп баттитып айтқаны, кектесін қақ басқа бір салғандай, Оразбайға жағып отыр (М.Әуезов, Шығ.). **5.** *Жаңа туған, кәрі емес (төл).* Жетім қалса *ж а с* қозы Өкпеге қалмас шалдықпай. Ата-ана дәулет балаға Бейне бір алтын сандықтай (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Естілмей үні бар маңда Құстар да естен танғанды, Ұқсайды жаулап алғанға, *Ж а с* төлдер мына жалғанды (М.Мақатаев, Шығ.). Көзіңді көл қылмашы, шалым, – деді, Болып тұр сіздің жайың мәлім деді. Көзіңді *ж а с* күшіктей бір ашармын, Ажалдан аман болса жаным деді (Қ.Әзірбаев,Таңд. шығ.). **6.** *Жаңа көктеп шыққан, буыны қатпаған, құрамаған, сарғаймаған (өсімдік).* Күміс нұрлы Ай. Жұлдыздар – алмас, жібек жел. Сыбырласып *ж а с* қайыңдар бұрақ бел (М.Жұмабаев, Шығ). Мұжыққа бір *ж а с* ағаш айтады сөз: «Құдайдан тілеуші едім келтір деп кез. Мың да бір алғыс саған берер едім Осы үлкен Ағаштардан құтқарсаң тез (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Желк-желк еткен *ж а с* шалғын, Суық желмен майысып. Селк-селк еткен болды күн, Көтермей белі қайысып (І.Жансүгіров, Шығ.). Жасыл терек, *ж а с* қайың Қандай әсем астана. Алмаларға қарады Қызық көріп жас бала (О.Шипин, Дастан.). Нән бөркімен милығын жаба киген, Бір ғаламат қарт көрдім жабағы үйден. Серіппесін серт ұстап, қазықбаулап, Солқылдаған *ж а с* талдан садақ иген (М.Мақатаев, Шығ.). **7.** *Кеппеген, қатпаған (тағам не басқа бір зат).* – Сен мына мүсіндерді күн көзіне қойып кептір, қазір алуға әлі *ж а с* екен (С.Бегалин, Бала Шоқан). Жас баладан биің болар, *Ж а с* балшықтан үйің болар. Ат жақсысы арбада болар, Жігіт жақсысы саудада болар, – депті ғой өтерінде (Қасындағыларға). Сол айтқаныңның бәрі келген жоқ пе? (Ж.Аймауытов, Шығ.). **8.** *Жаңа піскен, әлі ыстық.* Қала ғой, қара, олар қайда мұнда, – Жоқ бүгін *ж а с* бауырсақ, қаймағың да. Астан соң қосылып бір күле ішетін Ойлайсын қызыл күрең шай қамын да (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Жақсылап пісірген *ж а с* балыққа аңсары ауып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Балғын жас. *Бүлдіршіндей толыспаған жас, балдырған. Б а л ғ ы н ж а с* бала өмірім өте шықты, Ескі салт, әдет-ғұрып алдым торлап (Ақын жырлары). *Б а л ғ ы н д а й ж а с* Ұлықпан суретіне бәйге алды. Жас өнерпаз балаға Жұрт жиналып таңғалды (О.Шипин, Дастан.). Күмбірлеген көк өзен, Жағалауы көк шалғын. Ақ шатырда тыныққан Қызғалдақтай *ж а с б а л ғ ы н* (О.Шипин, Дастан.).

Басы жас. *Бар өмірі алда.* – Қызым, *б а с ы ң ж а с,* әлі өмірдің босағасындасың (С.Бегалин, Ана.). Аспирантураға түскің келсе, жұмыс істеп келіп-ақ түсесің. Ештеңе етпейді. *Б а с ы ң ж а с* қой, – деп декан жұбата сөйледі (Т.Әбдіков, Күз.).

Бүлдіршіндей жас.*Уылжыған жап-жас.* Ол кезде Бақыш он бес жастағы *б ү л д і р ш і н д е й ж а с* қыз еді («Лен. жас»).

Жалынды жас. *Күш-қайраты мол, ынталы, жігерлі жас (адам).* Тыңдадым тамылжыған әсем әнді, *Ж а л ы н д ы ж а с* жүрегім әсер алды (Н.Көбенов, Дала самалы).

Жас ару. п о э т. *Сымбатты, уылжыған сұлу.* Сол *ж а с а р у* әкесіне былай депті бір күні: – Әке, сенің дарқандығың шақырады күлкіні, Қиқар, тентек мына атыңды мәпелеуді қоймайсың, Айырбастап, сатып, сойып неге көзін жоймайсың? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қызыл түсті жиыпты іңір, Көзден бояу таса қылмай. Қып-қызыл көк сүйіп бір ұл, Жүзі өртенген *ж а с а р у д а й* (Ж.Жақыпбаев, Ләйлә).

Жас бала. а) *Кәмелетке толмаған жасөспірім.* Мұғалім жаңа келген *ж а с б а л а н ы* тиісті орынға отырғызып, аты-жөнін сұрап, дәптеріне жазып алды (М.Дулатов, Шығ.). *Ж а с б а л а* жаздығүні оянбайды, Үйықта жас күнде адам тоя алмайды. Ұйықтап жатып селк етіп оянамын, Кедейлік тұрмасыңа қоя

алмайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) п о э т. *Пәк, аңғал.* Аламын деп қасқаның тас қамалын, Тас жүрекпен қашанғы тас боламын. Тас жүрекке табынтып тастамағын, Жүрегін бер, тәңірім, *ж а с б а л а н ы ң*! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жас [балаша] баладай. *Жас бала сияқты. Ж а с б а л а д а й* алған тұңғыш әліппе, Шаттанармын, шіркін жүрек жарылмас (Т.Әлімқұлов, Сонар). Кейі зауық, кейі мұң дертті қозғап, *ж а с б а л а ш а* көңілді жақсы уатар (Абай, Тол. жин.). Алғаш қарсы алып, қасына ерген көрші әйелге *ж а с б а л а ш а* жабыса тығылып, жылап жіберді (А.Хангелдин, Қараторғай). Жақсы әйелі бар адам қажымайды, Ренжіп, қаны қашып, налымайды. Жағдайы *ж а с б а л а д а й* табылған соң, Күшінен ақыл-қайрат арылмайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жаңбыр шаршап талыпты *Ж а с б а л а д а й* жарысып (С.Мәуленов, Таңд. өлең.).

Жас балапан. *Нәресте, жас бала; он екіде бір гүлі ашылмаған.* Жан жарымды, жолдасымды, Күшпен дұшпан айырды. *Ж а с б а л а п а н* жауқазынды, Қанатынан қайырды (Б.Күлеев, Таңд.).

Жас басынан. *Жас кезінен. Ж а с б а с ы м н а н* жармасып, Алыстым асқақ биікпен. Жапанда жүріп тағы аңдай, жолықтым жолы сұйықпен (О.Шипин, Дастан). Жалғаннан *ж а с б а с ы ң м е н* баз кешердей, Жазығың жоқ еді ғой күйелешім (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жас бозым. *Боздақ жас*. Мына көктем көгіндей жас жетілген *ж а с б о з ы м д а р д а н* бұрын батыс-шығыста әскери қызметте жүрген аға-іні, жан бауырларын ойлап, жандары жай таппады (Е.Тұрысов, Қыран тауы).

Жас босанған. *Жаңада, таяуда босанған (әйел). Ж а с б о с а н ы п,* өмірге бір азамат әкелген Ақлима жаз бен күздің төрт айын үйде өткізген (М.Хасенов, «Қаз. әдеб»). *Ж а с б о с а н ғ а н* әйелге ерекше күтім керек («Қазақст. әйелдері»). Қарашаш: – Жиренше үйде, *ж а с б о с а н ы п* жатыр, – деді (Қаз. ертег.).

Жас бөбегім. *Бүлдіршіндей жас, балдырған.* Малы құрсын! Малын мен не қылайын? *Ж а с б ө б е г і м* Шоқанды қайтып қияйын? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жас бөбектей. б е й н. *Сәбидей, балбыраған, пәк, бейкүнә.* Ғажайып күндізгідей жап-жарық кеш, Албырап *ж а с б ө б е к т е й* жатыр Жәмеш (Қ.Аманжолов, Шығ.). Өңірін Жыланшықтың баса-көктей, Еркелеп Қорғантас тұр *ж а с б ө б е к т е й* (Айтыс).

Жас буын [жас ұрпақ]. а) *Жасөспірім, жеткіншек.* Осы елдің *ж а с б у ы н ы н а* сен ұстаз боп, тағылым айтып отырсаң (М.Әуезов, Шығ.). Сондықтан бұл Наурыз елелде қуанышпен қарсы алынып, шаруаның бір малы екеу болып, көңілі өсіп, жасы үлкендер құшақтасып көрісіп, жаңа өспірім *ж а с б у ы н* қуанысып күлісіп, жанның бәрі дүнияға жаңа келгендей мәз-мейрам болса керек (М.Дулатов, Шығ.). Балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: *ж а с б у ы н н ы ң* сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке т.б. Ізгі мұраттарға баулу (ҚҰЭ). *Ж а с б у ы н ғ а* тіл қадірін жастайынан таныту – бізге уәзипа (М.Әлімбаев, Өрнекті.). ә) *Қатаймаған, қалыптаспаған (адам).* Екі жетім – Садуақас, Қасен деген балалар болатын. Бұл екеуін Абай мұсылманша оқуға бергізді. Жатақ жөнінде – «тым құрыса олардың *ж а с б у ы н ы н а* азды-көпті саңылау болсын» – деп ойлады (М.Әуезов, Шығ.).

Жас ғұмыр. *Жастық шақ, жас өмір*. Жалыны ыстық *ж а с ғ ұ м ы р ы м* шыдатпай, Теріс істі пәк ұжданым ұнатпай. Тоқтай алмай басым тасқа жеткенше, Қарсы шауып қайралған өткір болаттай (М.Дулатов, Шығ.). Туын ұстап қолына, *ж а с ғ ұ м ы р ы н* пида еткен, Жар-жолдасын күйзелткен. Алаштың адал баласы, Армансыз өлген данасы (М.Дулатов, Шығ.). Қанатым саған бола қалды-ау қирап, Таба алмай ем дауасын тұрмын жинап. *Ж а с ғ ұ м ы р* далбасалық күнмен өтіп, Жаһатпен көп шаршадым жанды-ау қинап (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жас дәурен [кез, дәуір, өмір, шақ]. *Өмірдің ең қызықты жастық шағы. Ж а с д ә у р е н* – жігер оты жанған жалын, Көрмесем қызығының армандамын. Өмірге екі келер уақытым жоқ, Сондықтан үлесімді мол қармадым (Қ.Аманжолов, Шығ.). Тақсыр, ол менің сорыма қарай, сіздің мейіріміңізге де, назарыңызға да алуға тұрмайды. Ол өзінің *ж а с д ә у і р і н* бұзықтықпен, сарпалдаңмен өткізіп жүр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біздер өткен *ж а с д ә у р е н,* Бұл ғасырдың басы да (Қ.Бекхожин, Қайран жастық). *Ж а с к е з і н д е* адам әр нәрсеге әуес болады ғой (С.Бегалин, Ана.). Жарымды алып қор қылдың *Ж а с ө м і р д е* тасынған. Айырып, от қып өртедің Әбіш сынды асылдан (Абай, Тол. жин.).

Жас ет. *Қаны сорғымаған, жаңа сойылған малдың еті. Ж а с е т т і ң* түсі ақшыл қызғылт немесе күрең қызыл болады. Ол хош иісті, тканьдері серіппелі, созылмалы болады (Шаңырақ энцикл.). Сорпа-су ішіп, *ж а с е т* жесе оңалып кетер еді (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек).

Жас жауқазын [сарымсақтай]. *Толып піспеген, уыздай.* Келіншек *ж а с ж а у қ а з ы н с а р ы м с а қ т а й,* қыздар да пісіп отыр қауыншақтай (І.Жансүгіров, Шығ.). Киім сай, тамақ дайын — бәрі алдында. Мейірінен ата-

ананың нәр алдым да, Жайқалып *жас жауқазын* өсе бердім, Ол күннің қысқа екенін біле алдым ба? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жас жеткіншек. *Ержетіп, есейіп қалған қызбозбала.* Қосылдым мен бәйгеге, Қарт болсам да тайынбай. Болашақ *жас жеткіншек* Сендерсің көк айындай (О.Шипин, Дастан.).

Жас жолбарыс. п о э т. *Ержүрек, күш-қайраты асқан, дұшпанына қаһарлы жігіт.* Сол кеткеннен Кенекем кете барды, Жанына *жас жолбарыс* Науанды алды. Алашты алып шығып ел қылмаққа, Жауына аш бөрідей ойран салды (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жас жұбайлар. *Жаңа үйленген ерлі-зайыптылар.* Совхоз атынан *жас жұбайларға* сыйлық ретінде кілем тапсырылды («Лен. жас»). *Жас жұбайдың* өмірі өксіп, сарылса да, әйтеуір жұбанышы бар (Ғ. Сланов, Асау арна).

Жас жүрек. п о э т. а) *Ғашық, ынтық болған жүрек.* Екі досы – Жүніс пен Нұрмаш Ғалиды шығарып салмаққа бұлар да даярланып, сенбі күні «не болса да ертең болады» деп, *жас жүректері* дамылсыз соғулы еді (М.Дулатов, Шығ.). Ақын атқа қондым мен үш жыл өтпей, Лүпілдедім, өртендім *жас жүректей.* Атағыма құлаған біреулердің Қалды-ау маған қайтейін қолы жетпей (Т.Молдағалиев, Шақырады.). ә) *Ғашық болып, сүйген адам. Жас жүрек* айтты сонда: «Сөзіме нан, Сол себептен ішімде жылымас қан. Шындық, достық таппадым сандал қағып, Өмір бойы алдандым тапқанымнан (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жас жігер. ж е р г. *Жас сексеуіл. Жас жігер* өсіп келеді (Ауызекі).

Жас жігіт. *Бала жігіт пен жігіт ағасының аралығындағы ер адам.* Ол балуан денелі қылшылдаған *жас жігіт* (Ғ. Сланов, Шалқар). Қарақаттай көзі бар мөлдір біткен, Жалтандап қарағанда жанар төккен. Жан азығы болады *жас жігітке* Күлімдеп қарағанда нұры сепкен (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Жас жігіттің* тасы өрге домалап, түтіні түзу ұшып-ақ тұр еді, ойда жоқта дүние сабынша бұзылып, бастағы бақыт құсы пыр етіп ұша жөнелді (Қ.Жұмаділов, Қаздар).

Жас жігіттей. *Бойындағы күш-қайраты тасыған, жігіт ағасы жасына жетпеген ер адамдай.* Кейбір жолдар *жас жігіттей* атылып, Жарыса кеп төмен түскен тау, шыңнан (С.Мәуленов, Таңд.). *Жас жігіттей* көңілі шағылмаған, Жас қыздардай қызығы арылмаған (Қ.Күлиев, Шығ.).

Жас иіс. а) *Жас бала, сәби, бөбек.* Біздің томпаңдаған баламыз болар ма еді. Шіркін, *жас иіске* не жетсін дейтін болды Көжек (Т.Ахтанов, Қаһарлы.). Қылтиған жас құрақтар су астынан, Айнымай қырдың жаңа жуасынан. Бойынан таратады кермек иіс, *Жас иіс* – тірлік исі бұл ашылған (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ). ә) *Егде тартқан адамның кейінгі үйленген жас әйелі.* – Тек маған бір *жас иіс* – жас қыз алып бер – деп жалбарынды Әбу (С.Адамбеков, Қожанасыр.). *Жас иіс* сұлу тоқалы Тоқтарбике де Әбілқайырға тек өзінің сұлулығы мен жастығын берді (І.Есенберлин, Қаһар). б) *Жаңадан жапырақ атқан өсімдіктерден шығатын хош иіс.* Мейірлене иіскесең, Бейне жұпар *жас иіс.* Тек жаңбырдың артынан Болады ондай хош иіс (О.Шипин, Дастан.).

Жас кез. *Жастық шақ.* Айтар сырым бар еді, Байрон саған, Мен бармадым жеріңе қай жұмсаған. Досым едің бір сенген *жас кезімде*, Нені жақсы көрсем мен тойдым содан (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Сиырдың сүтін пайдалану, *жас кезінде* күшін пайдалану, оны бұзаулату, өсіру бұнда да өзге елдегідей (М.Әуезов, Шығ.).

Жас келін. э т н. *Күйеуінің үйіне жаңа түскен некедегі әйел.* Айнала қызыл от үрлеп, Алғандай ауыр тас демін. Үй іші күтіп отыр деп, Шақырды шайға *жас келін* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жас келіншек [келін]. *Некедегі жас әйел. Жас келіншек* – тоқ қонақ, Болмайды тіпті сұғанақ. Арып-талып жүрсе де, Ойлайтыны жақсы атақ (М.Жұмабаев, Шығ.). Бірін ұмытып, Бірін еске аласың. Біреулерге шынымен таңғаласың... Адуындау *жас келіншек* алдыңа Шай төктің деп шертіп қалды баласын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жас келіншекше. б е й н. *Жаңа түскен келіндей.* Жайшылықтағы еріне деген қылтың-сылтың мінезін көрсетпей, *жас келіншек ше* майыса, керегеге ілулі қытай шамын жағуға кірісті (І.Есенберлин, Қаһар.).

Жас күн. *Балалық кез, жастық шақ.* Жүз жиырма алтыға келіп отырмын, *Жас күніңде* қалың бер де, қатын ал; қартайған соң өкінбе, ұлым (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сөзіңіз бек мүләйім, ақын аға, Өнерге *жас күніңнен* жақын, аға. Беруге қалай жауап білмей тұрмын, Түсіндір сөзіңіздің затын, аға? (М.Дулатов, Шығ.). Бір өзі билеп ауаны, Шалқадан түсіп жатыр ай. Бір өзі билер даланы, Қайдасың, *жас күн*, апыр-ай?! (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жан бізді *жас күнімізде* билеп жүр екен (Қаз. тілі фраз. сөздігі). Арман етпе, *жас күніңқоп*, Игілік көр, ерге бар! (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жас қанат. п о э т. *Жас талап.* Сермейді қайран үміт *жас қанатын*, Күткізбей көп қуаныш басталатын. Ғашық боп сұлуларға мен секілді Олар да қамшылар-ау астағы атын (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жас қиял. *Жас адамның арманы, тілегі.* Балалық, сенен артық күнім бар ма, Бала күнде бойымда мінім бар ма? Бәріне жетем деймін, алам деймін, *Жас қиялда* тоқталу, тыным бар ма? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жас қыран. поэт. *Батыр, ержүрек, алғыр. Жас қыландар* балапан, Жайып қанат ұмтылған. Көздегені көк аспан. Мен жастарға сенемін (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жас қыранша. поэт. *Батыр, ержүрек алғыр адамша.* Бұлт сөгілсе, *Жас қыранша* көрінем, Шахталардан кенің болып төгілем, Миллиардтарды аңсап шыққан егісте Ақ бидайдың сабағындай өрілем (К.Салықов, Жезкиік).

Жас малдың еті. *Тоқты, құнажын т.б. сиякты мал төлінің еті.* Күнге ұрынса *жас малдың еті* бұзылып кетеді, әуелі соны жейік (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Жас орман. *Жаңа өсіп келе жатқан орман.* Сарғайып келген егін толқынданса, *Жас орман*, жел күңірентіп, әнге салса, Жапырақтың жасыл ләззат саясында (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жас отау. этн. *Жаңадан қосылған жас жұбайлардың үйі. Жас отау*, желпілдетіп түндігіңді, Жалғай бер жарасымды тірлігіңді! Қабылда саған деген гүлгүлімді (М.Мақатаев, Шығ.). Жат көзімен қарайды адамдарың, Жақын тартар құрбы да таба алмадым. *Жас отаудың* есігін ашып қалып, Айлам құрып, қайыра жаба алмадым... (М.Мақатаев, Шығ.).

Жас өлім. *Қыршын жастың қазасы.* Көп жасамай көк орған, Жарасы үлкен *жас өлім* (Абай, Тол. жин.).

Жас сорпа. *Жаңа сойылған мал етінің сорпасы.* Бұған Еламан дән ырза. Екіқабат әйеліне *жас сорпа* ішкізгеніне мәз (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жас та болса бас болғандай. *Жасы кіші болса да, ересек адамдай қам жеген, ойлы.* Талпынды бала құстай асқар шыңға, Жатпады ешбір пиғыл астарында, Ыбырай *жас та болса бас болғандай,* Қазақтың намыстанды жастарына (О.Шипин, Дастан.).

Жас түлек. 1. сая т. *Қыран құс балапанының бірінші түлегені.* **2.** поэт. *Намысшыл жеткіншек, жас ұрпақ.* Жәрдем тосса дос тілеп, Тартынар ма ажалдан, Намысы бар *жас түлек* (М.Әуезов, Шығ.).

Жас уыз. поэт. *Балдырған, балауса жас.* Мал да, кемпір-шал да, Жас нәресте, *жас уыз* (Б.Күлеев, Таңд.). *Жас уызды* жараладың, жат түңілер іс еттің (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жас ұрпақ. *Аға буыннан кейінгі жастар, жас буын.* Қыран жайлы бір жырды Ұшырдым саған *жас ұрпақ.* Анда-санда алдыңа Бір келетін атаңды Жүрмесең бопты жатырқап! (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Жырлаймын өзім бүгін ердің ісін, Бұл өлең емес босқа ертегі үшін. *Жас ұрпақ* түгелімен алсын жаттап, Ыбырайдай асыл туған ер үлгісін (О.Шипин, Дастан).

Жас үміт. *Жас адамның қиялы, арманы.* Қалды артта туған үй, Қара түн жасырып. Дауыл боп тула, күй, Жарқыра, *жас үміт* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жас шақ. *Жас кез, жастық кез, күн.* Толқын шашын от шалып, Ақша беттен нұр кетті. *Жас шағының* жазынан Айырылатын күн жетті (С.Мәуленов, Алыс кет.). Қуарған қара ағаштай қақиғанша, *Жас шақты* өткізелік гүлдей жайнап, Ойжайлау (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ақ боз үйдің атан түр іргесінде, Шопан отыр ойының түрмесінде. Талай құстың ордасын ойрандаған, Алаңғасар *жас шағы* түрды есінде (М.Мақатаев, Шығ.).

Қыршын жас. *Боздақ, өрімдей жас, жапжас.* Сол жеті жасар баланың мұғалім аузынан естіген сөзі, міне, жиырма бес жастағы *қыршын жас* жігіттің әлі есінде (З.Шашкин, Сенім). Кілең 19-бен 31-дің арасындағы *қыршын жастар* Жосалыға қарай шұбырдық (Х.Сүйіншіәлиев, Ізденіс.). Қанша мойымаймын дегенмен, айналдырған ауру бірнеше ай төсек тартып жатқызып, ақыры 1865 жылдың күзінде отызға жаңа толған *қыршын жас* Шоқанның өмірін үзді (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

Өндірдей [өндір] жас. *Толыспаған, балғын жас. Өндірдей жас* балалар мектеп жолдамасымен ауылға барып шөп жинау науқанына қатысты («Қаз. әдеб.»). *Өндір жас* Марти тұтқынға алынып, оны әскери сот алты жыл каторгіге айдауға үкім шығарды («Қаз. әдеб.»).

Өрен жас. *Жасөспірім, жеткіншек.* Заводтың үлкен қақпасынан сом білекті *өрен жастар* үсті-үстіне ағылып өтіп жатыр («Лен. жас»).

Өрімдей жас. *Жаңа жетіліп келе жатқан, өте жас, желкілдеген құрақтай.* Онда Сырым *өрімдей жас.* Бала жігіт кезі («Лен. жас»). Шалғайдағы құм участогіндегі бастауыш мектепке *өрімдей жас* мұғалім келген еді («Қаз. әдеб.»).

Уыздай [уылжыған] жас. *Жап-жас, балауса жас.* Отан соғысы басталарда ол жиырма жастағы *уыздай жас* жігіт еді («Лен. жас»). Мен өзіңдей *уылжыған жас* болсам, Эстонияда жатқан ұлымның қабіріне әлдеқашан барар едім (С.Омаров, Майдан). Комиссия бөлмесінен абырой басып, тыр жалаңаш *уыздай жас* жігіт шықты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЖАС[3] з а т. *Жылағанда көзден шығатын сұйық зат.* Біреудің кісісі өлсе қаралы ол, Қаза көрген жүрегі жаралы ол. Көзінің *жа-*

с ы н тыймай жылап жүріп, Зарланып неге әнге салады ол (Абай, Тол. жин.). Білмеймін, көктен кәусар нұр құйылды, Неге екен, көзіме ыстық *ж а с* тыйылды. Жоқ, әлі улы балға қанбадым ғой; Бұлбұл, әнің неге тез тыйылды? (М.Жұмабаев, Шығ.). Алжыған шалға:– Қолың тарт Зыликадан! – демекке. Батыр шауып жөнелді Жаңғырта қырдың тау-тасын, Жылаған қыздың тыймаққа Көлдей аққан көз *ж а с ы н* (О.Шипин, Дастан.). «Айналдым, – дейді, – жаным, бұл күніңнен, Дүниеден кетіп барып, бір тірілген, Шырағың қайта жанды, шыда, шыда!» Тамшылап ыстық *ж а с ы* кірпігінен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Етегі жасқа толды. *Қорлық көрді, зар еңіреді. Е т е г і ж а с қ а т о л ы п* жүргенде балалы болып жұбанды (Ауызекі).

Жанары жасқа толы. *Көңілі босаған, жылағалы тұрған*. Бүгіндағы сондай асқақ көтеріңкі күйменен, Жұмыстан соң қайтып келе жатыр едім үйге мен, Көрдім жолдан бір ананы тұнжыраңқы қабағы, Бір мұң бар ғой көңілінде, *ж а с қ а т о л ы ж а н а р ы* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жанарына жас алды. *Жылады, көңілі босады*. Шал жымиды, ерге біткен мінезімен қашанғы, Шетте тұрған менің анам *ж а н а р ы н а ж а с а л д ы* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Киеліге қол көтерген жолығады бөгетке, Сауап боптыойсыз, арсыз төбетке, – депті ұлы адам бойын дүлей ыза буып, қасарып, Досын аңсап, *ж а н а р ы н а ж а с а л ы п*... Тіршіліктің иірімі неге мұнша көп еді, Арың өлсе тәнің қатар өледі?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жас ақты [парлады, сорғалады, шұбырды]. а) *Жылады, еңіреді, боздады*. Деген соң бек қуандық әлгі жерде, *Ж а с а ғ ы п* әл келеді екі көзге (Батырлар жыры). Қанаттың алқымына өксік тығылды. Көзінен *ж а с п а р л а д ы* (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Қан сорғалар жүзіне *ж а с с о р ғ а л а п*, Қайғымен өртенгеннің белгісі еді (Абай, Шығ. жин.). ә) *Шапқан аттың екпінінен көзден жас ақты*. Шалқұйрық тұлпар самғады Шабысынан танбады. Тыңнан мінип шапқандай Көздің *ж а с ы п а р л а д ы* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жас буды. *Көзіне жас толды, жасқа т ұ н ш ы қ т ы*. Қақпа алдында қалың жау, Қыр арқада тас дуал, Ерлік-ау жауға жалынбау! Жасысаң көзді *ж а с б у а р* (Ғ.Жұмабаев, Шығ.).

Жас жаудырады [мөлдіреді]. *Көзі жасаурады, жас мөлтілдеді*. Қарайып, қамығасың тым құрыстап, Күркіреп үйілейсің дертің ұстап. Көңілің – от, көзіңнен *ж а с ж а у д ы р а с ы н* Сағынған ғашық жарың маған ұқсап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Және айтты: жұмыс бітті, мен бердім деп, Марияның князь сүйді қолынан кеп. Ұрғанын төбесінен сонда біліп, Көзінен ағып кетті *ж а с м ө л д і р е п* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жасқа [көз жасына] булықты. *Тығылып, қыстығып қатты жылай алмады. Ж а с қ а б у л ы ғ ы п* ар жағын айта алмаған Мырзағазы дірілдеген қолдарымен бетін әрең сипады да, өксіп кетті (С.Мұқанов, Есею жыл.). Жамал *к ө з ж а с ы н а б у л ы ғ ы п,* көлігінің соңынан ерді (Б.Майлин, Шығ.).

Жаспен жуды. *Жылап-сықтаумен жұбатты*. Жүректің қасіретін *ж а с п е н ж у ы п,* Келмесін жаным сезіп қайтып жуық. Рақат рухына тіле хақтың Қош айтып кетпес пе едім көңілім суып (М.Дулатов, Шығ.). Баланың ол кездегі көбі жетім, *Ж а с ы м е н ж у у ш ы* еді екі бетін. Қыздары қызыл-жасыл киінетін, Той күні бір шоқ гүлдей көрінетін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жас тамды. *Жылады, жас шықты, еңіреді*. Барлығы бар, Барлығы бар, Бас та бар. Бүкіл пәле сол басыңнан басталар. Бұларменен әмпәй болған адамның Жанарынан қып-қызыл боп *ж а с т а м а р*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сендіңіз бе? Сендіңіз! Көзіңізден *ж а с т а м ы п*. «Қызық!» дейміз енді біз Сол бір кезді еске алып (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жас төкті. *Жылап-сықтады, еңіреді*. Мұны көріп бұлттар, Күңіреніп етер зар: «Біздерде алтын ана жоқ, Қысып сүйер бала жоқ, Тұрақ та жоқ белгілі!» – Деп тұнжырап күрсініп, Әлсін-әлсін *ж а с т ө г е р* (М.Жұмабаев, Шығ.). Біреу бай, біреу төре, біреу жарлы, Көбі зарлап *т ө г і п* жүр *ж а с* пен қанды. Атаңды жау шапқанда бірге шауып, Борсықтар семіріп жүр, көміп арды (С.Торайғыров, Алаш ұраны). «Жолын қыл!» деп баламның, Қарт атаң *ж а с ы н т ө к п е й* ме? Қарт тілеуі қабыл боп, Қанына ұрық екпей ме? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ер жүрегім, Етпей төзім, Өксіп-өксіп *т ө г е м ж а с* (Б.Күлеев, Таңд.). Күндіз де, түнде де Әйгерім Абай жүзінен бұрыла бере, үн шығармай *ж а с т ө г е б е р е д і* (М.Әуезов, Абай).

Көз жасын көлдей төкті. *Әбден жылады, ағыл-тегіл жылады*. Жаңыл жатыр безектеп, *К ө л д е й т ө г і п к ө з ж а с ы н*. Жангелді тұр от жағып, Көрем деп күн шұғыласын (О.Шипин, Дастан.).

Көзден жас төгілді. *Ағыл-тегіл жылады, зар еңіреді. К ө з д е р д е н ж а с т ө г і л г е н,* Үміт оты өшкен көп. Кетсе де өтіп өмірден, Бірін-бірі кешкен жоқ (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз).

Көзден жасы көл болып ақты. *Ағыл-тегіл жылады, еңіреді*. Таба алмай бір барғанда еш белгісін, *К ө з д е н ж а с к ө л д е й б о л ы п а ғ а с ы п* да (М.Дулатов, Шығ.).

Көздің жасы көлдей болды [көлдеді]. *Ағыл-тегіл жылады, боздады.* Амангелді сол кезде Жиырманың ішінде, Ақсұңқардай түлеген, Жаңа өспірім ер еді, Қыз ұзатқан бір тойда, *Көзінің жасы көл болған* Зылиқаны көреді (О.Шипин, Дастан.).

Көздің жасын бұлады. *Ағыл-тегіл жылады, егілді.* Жылама! Жалғыз сен емес, сендей шерлі, мұңды, *көзінің жасын бұлаған* қазақ қызы көп (С.Сейфуллин, Әңгім.). Шолпан қыз қызыл құмнан құлай жүрді, Ызамен *көздің жасын бұлай* жүрді (Айман-Шолпан).

Көзінің жасы көл болды [көлдеді]. *Егіліп, ағыл-тегіл жылады.* Тамырға суық қан жүріп, Миыңа қарай серпеді. Денең мұздап шымырлап, *Көзінің жасы көлдеді* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жалғызы еске түскенде, әжемнің ет-жүрегі елжіреп, *көзінің жасы көл болушы* еді («Қаз. әйелдері»).

Көз жасына қалды. *Обал жасады, аямады.* Кейде ағат кетеміз-ау, біреудің *көз жасына қаламыз,* біреудің бақытына ортақтаса кетеміз («Лен. жас»).

Көз жасына қарамады. *Обалына қалды, аямады. Қарамай* жас баланың *көз жасына,* Қараңғы тас сарайға жауып салды (А.Нұртазин, Орман сыры).

Көз жасын көрді. а) *Жолы болды, тілегі орындалды.* Тілекті тәңірім берді ме, *көзімнің жасын көрді* ме (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). ә) *Аяды, обал-сауабын ескерді.* Бір қасық су бермейтін, *Көздің жасын көрмейтін,* Атаңның қанша құны бар (Ү. Кәрібаев, Таңд. шығ.). *Көз жасын көретін,* Көз болса бір – сенікі (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

Көзіне жас алды [келді, үйірді]. *Көңілі босады, көзін сықты, көзіне жас толды.* – Қызың тастап кетпесе, мен тастап кетпеймін дедің, болды, – деп Артықбай *көзіне жас алды* (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Көжек өмірінде *көзіне жас алмаған* әйелін қатты аяп кетті (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Тұла бойым шымырлап, буыным босап *көзіме жас келді* (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара). Ал мен таптым Тоғжан сынды пәк жанды, – деді ол масаң діріл қосып сөзіне, – Өзің Абай болмаған соң Мазалама Тоғжанды, – деді сіңлің *жас үйіріп көзіне* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Күлімдеді *жас үйіріп көзіне,* Кім біледі ұлылық па үндемеудің өзі де (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзіне [көзінде] жас толды. *Көңілі босады, жылағысы келді.* Көңілі кенет тас болып, *көзінде* тұрды *жас толып,* Қарайып қабағы ашылмай (Ө. Тұрманжанов, Бозша торғай).

Көзінен жас [көз жасын] ағызды [төкті]. *Жылап-сықтады, еңіреді. Көзінен жас ағызып* жылағанмен, Семіріп қара суға күлген де көп. Мен дағы жылағанның бірі екенмін, Қайғырып соларды ойлап жүр екенмін (Ш.Құдайбердив, Шығ.). Осы келген баланың Көп болды-ау бізге себебі. Кешегі жалғыз барында Біздің үйге келгенде, Біз байғұсты мүсіркеп, Тамағын бізге берген бе? – Кемпір мен шал күңіреніп, *Көз жастарын төгеді* (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Көзінен жас аққанша күлді. *Ішек-сілесі қатты, әбден күлді.* Әсіресе біздің «екі әуейі» әйелдің әңгімесіне жалыққан бар ма? Ауыздарынан сілекейі, *көздерінің жасы аққанша* күлісіп мәз- мәйрам болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бектұрған *көзінен жас аққанша,* бүйірін таяна булыға *күліп* кеткенде Сәнбала да шыдай алмады (Ғ.Сланов, Очерк.).

Көзінен жас тамды [моншақтады]. *Көзінен жас сорғалады, жылады.* Балаға төрде жатқан қарап алып, Қоржынға жатыр түрлі тағам салып. Алысқа кетеді-ау деп ертеменен, *Көзінен* сорғалайды *жасы тамып* (О.Шипин, Дастан.). Қарасам, әйелдің *көзінен жас моншақтап* тұр (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.).

Көзінен қанды [қан аралас] жас ақты. *Зарланды, зар қақты. Көзімнен аққан қанды жас* Бетімді судай жуады. Қор қылды Құдай өзімді Кім тыңдайды сөзімді (Батырлар жыры). Жыл сайын балапанын жылан жұтып, *Көзінен қан аралас ағыпты жас* (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

Көзін жаспен жуды. *Көп жылады, ағыл-тегіл жылады.* Қандай нәзік, шіркін, әйел жүрегі, *Көзін жаспен жуа*-жуа жүдеді. Бас дәрігер бөлмесіне барғанда, Бір жолығу болды арман, тілегі (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). Кеудені тасып кернеген, Қуаныш жыры бір басқа. Қайғыны жазып көрмеп ем, *Көзімді жаспен жумасқа* (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ).

Көзінің жасы жуылды. *Ағыл-тегіл жылады, егілді.* Құшақтап сүйді жиенін, *Көзінің жасы жуылды.* Жылаған естіп дауысын, Жатақтар тегіс жүгірді (О.Шипин, Дастан.).

Көзінің жасын артты. *Көз жасын төкті.* Бір кедей қызын және малға берер, Қыз риза болмаса, оған не дер? Қыз жылар *көзінің жасын артып,* Алғанын шамасы жоқ қайта төлер (М.Дулатов, Шығ.).

Көзінің жасын сықты. *Көз жасын төкті, жылады.* Пар атпен арындатып кетті жүріп, Бәйбіше қалды *көзден жасын сығып.* Үнімді сағынарсың дегендей-ақ Шығарып салды Мойнақ үріп-үріп (О.Шипин, Дастан.).

Көзінің жасы сел еді. *Егіліп, ағыл-тегіл көп жылады.* Қорлықпен өтіп өмірі, Көкірегі қайғы,

шер еді. Көтерілмей көңілі, *Көзінің жасы сел еді* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

ЖАС[4] з а т. ж е р г. *Су, ылғал, жаңа қазған құдықтың алғашқы суы.* Ержанның құдығының *жасы* шықпай тұр екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАС-ЖАС з а т. *Жастар, әрбір жас адам.* Жүрсің бе замандасым, батыр Құрақ, Біреуге күнде сәлем ауыл жырақ, *Жас-жастың* тілегі бір деген кәні, Өзіңе келіп едім ақыл сұрап (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАСА[1]**=** е т. 1. *Өмір сүру, тіршілік ету; өмірлі болу.* Егіз туды төлдерім, Төрт түлік жерді жасырды, Мереке әні шырқалып, Шаттық – өзен тасыды. *Жасай ды* мәңгі Май күні Біздің жаңа ғасырдың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Мынау аспан, Мынау жер мекеніме, Есеп берер күн туар кетерімде, Тоқсан *жасап,* жүз жасап не ғыламын, Не беремін жүз жылдың өтеуіне (М.Мақатаев, Шығ.). Нар көңілдің жастығы ма, Әлде оянған арман ба, Жүз *жасаған* Жамбыл ақын кешегі, О, керемет, Грузияға барғанда, Бір сұлуға ғашық бопты деседі (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бұл хабар қуандырар елді байтақ, Керегін матбуғаттың келген байқап, «Серке» ...*Жасасын* ғұмырлы боп енді (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Даму, өркендеу, асқақтау.* Орталығы Донбастың Бүгін алды қаласын. Мұндай ерлік көрсеткен Лейтенант, солдат, генерал, *Жаса,* герой жолдасым! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жаса,* Орал, жаңа Орал, жасыл Орал, Қара бұлт қайта келмес басыңа, Орал, Көгіңнен көлкіп жатқан көлге үңілем, Жібектей аруының жасы болар (М.Мақатаев, Шығ.). О, *жаса,* жаз айының жайсаң күні, Жоңғардың, ән сал, қыры һәм шалғыны! (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Ұлы олжаға бұ да серік, Қолы жетті құрбан беріп, Мықтыбайым *жаса-жаса,* Күреспенен алдың ерік (Б.Майлин, Шығ.).

Асарын асап, жасарын жасады. *Көп жасап, өмірдің қызығын көрді.* – Мен *асарымды асап, жасарымды жасаған* адаммын. Тағдырдан аз алдым, көп бердім демеймін (Ш.Құмарова, Қос шынар). Біз келсек, *жасарымызды жасаған* адамбыз, бізге бәрібір, – деді ол (Б.Майлин, Шығ.).

Бой жасады. *Науқас адам өлер алдында бір сәт сергіп, тәуірленгендей болды.* Өлімді көп көрген Ақылбай Мажыраның *бой жасағанын* біліп, жұбаптасайын деп тез ұмтылып келеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Алғашында ол *бой жасап,* тәуірленген сияқты болған (Ә.Нұршайықов, Алтын соқпақ).

Бір жасады [жасап қалды]. *Көңілі көтеріліп, сергіді, жадырады.* Сілке киіп тымақты, насыбайды Бір атасың көңілің жайланғанда. Таудан жиде тергендей ала берсе, *Бір жасайсың* құмарың әр қанғанда (Абай, Тол. жин.). Еркебұлан қалай айтысқанын, қалай ұтып, қалай ұмытып қайтқанын қалжыңға араластыра айтады да, түрмедегі тұтқындар *бір жасап қалады* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Басыңа келіп зиярат қып, Ажарыңды көрген соң, *Бір жасап қалды* Кененің (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шақырып тұратындай өмір өрге, *Бір жасап* жадырайды кәрі кеуде. Табысар өкпелескен кісіңмен де, Күн келді мейірімін төгіп елге (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Көп жаса! т і л е к. *Ғұмырлы бол, өмірің ұзақ болсын.* – Жолың болсын, *көп жаса,* Шоқан, қош – деді Мысық (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Көп жасағыр [мың жасасын]. т і л е к. *Ұзақ өмір сүр, өмір жасың ұзақ болсын.* Әй, *көп жасағыр,* ұстатпайтын жігіт екенсің, – деді Есенбек (М.Иманжанов, Алғашқы ай). Халықтың көз жасын көрген екен бұл заңды шығарған адам. *Мың жасасын,* бақытты болсын! – деді ол (Ж.Тәшенов, Өтел. парыз).

Көп жасады. *Өмірі ұзақ болды. Көп жасамай,* көк орған, Жарасы үлкен жас өлім. Күн шалған жерді тез орған, Күншіл дүние қас өлім (Абай, Тол. жин.). Орамды тілді, ауыздым, Ақылға жүйрік маңыздым. *Көп жасамай* тез кетіп, Көзімнің жасын ағыздың (Абай, Тол. жин.).

Құдайы жасады [жасап қалды]. *Ойындағысы орындалып, тілегі болды.* Жаз жылт етісімен-ақ Омардың *құдайы жасап* қалады (І.Жансүгіров, Шығ.). Жасыбай қызметті тастап ауылға келгеннен бері, *құдайы жасап,* мәре-сәре боп жырғап қалды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖАСА[2]**=** е т. **1.** *Жарату, пайда ету.* Адам баласын артық көріп, Қамын әуелден Алланың өзі ойлап *жасағанына* да дәлел емес пе? (Абай, Тол. жин.). Ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік *жасады* (Абай, Тол. жин.). **2.** *Бір затты істеп, дайындап шығару.* Балалар қуанады кептеріне, Балапан ұя *жасап* кетпеуіне, Үлкенге, кішіге де сүйкімді құс, Сенемін еш зияндық етпеуіне. Қолымнан ағараңдап ұшты дағы, Шарықтап арманымның кетті өріне (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қай өгіз шаһар *жасап,* құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен шығарлық қисыны бар? (Абай, Тол. жин.). Ұшса жырым жазғытұры будақтап, Туған жердің алып жатқан деміндей. Армансыз боп онда өмірден өтер ем, Үмітімнің жұлдызына жетер ем. Туған жердің топырағын шөлдетпес, Өлеңімнен өзен *жасап* кетер ем (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ізетті іске ізетсіздік жармасты, Ардан жұрдай бір безбүйрек албасты Ұрланып кіріп молаға, Екіге бөліп, Қолдиірмен *жасап* сол тасты,

Сатпақшы боптықалаға. Құныққан деген жаман, ә?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Астағам әзірлеу, қамдау.* Сендер тамақты *жасай* беріңдер!– деп Шайқара әңгімесінің жалғасына кірісті (І.Жансүгіров, Әңгім.). Самаурын қайнап тұр *жасайтын* болсаңдар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақбала күйеуі мен қайнысының алдына дастарқан жайып, шай *жасап,* бәйбішеге бәрін әзірлеп берді де, ас үйге шығып кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). – Балалар, үстелді *жасадыңдар* ма? – деп дауыстады осы кезде Майраның шешесі (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). **4.** *Той-думан сияқты елеулі оқиғаны өткізу, атап өту.* Алатаудан келдің бе: «Көр, – деп, – мені!» Әуе, жерді ырыңмен тербеткелі? Көкетайдың асына жетпесе де, Той *жасайын,* қанеки, төрлет бері(Ж.Жұматаев, Ләйлә). Мұсабек пен Тәттінің Ел көтеріп қызығын Шілдехана *жасады* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). **5.** *Ұзатылатын қыздың жасауын дайындау.* – Жасы келген бала дегендейін, Кішкене *жасап* берсем деймін дағы (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа). **6.** жер г. *Қызмет істеу, жұмыс істеу.* Бір-екі жыл инспектор болып *жасап* кетті (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Мал шаруашылығында, соның ішінде шопан болып *жасайтын* жастар бізде көп (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Аборт жасады. *Іштегі баланы алдыртып тастады.* Бала болар деді ғой басқа реңі... Жеркенетін жиырылып жастар еді. Шала өлеңші туарын сезбеді ғой, Мамасы *аборт жасатып* тастар еді (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Акт жасады. *Оқиғаны растайтын құжат дайындады.* Қазір *акт жасаймыз.* Бәрің қол қоясың (Ә.Тарази, Асу.).

Байлам жасады. *Шешімге келді, бел байлады.* Енді бүгін ана жүрегі екінші *байлам жасады* (Ғ. Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Байланыс жасады. *Хабарласты, қатынасып тұрды. Байланыс жасап* хан мен хан, Бір-біріне астыртын Жатады екен хабарлап. Бай мен манап бірігіп, Нашарды жейтін амалдап. Құғын-сүргін халықтың Осындай қиын заңы бар (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

Бата жасады. *Игі тілек білдірді.* Бақытты бол, шырағым Аллауакбар деп, қолын беріп көріспесе де, асып-сасып *бата жасап* бетін сипайды (Қ.Кереева, Құндыз құпиясы).

Баяндама жасады. *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста сөйледі, кең ақпарат берді, хабарлады.* Агрономиядан Жомарт жалпы жиналыста *баяндама жасады* (Ғ.Мұстафин, Миллионер).

Бойтаса жасады. *Көзге түспеуге тырысты, жасырынды.* Көрінген бұтаны *бойтаса жасап,* қалаға қарай жалғыз әйел келе жатыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Бөгет [кедергі] жасады. *Тосқауыл болды, бөгет болды.* Тез кетейік, әлгі Сабаулар келіп қалып, тағы да *бөгет жасар* (С.Омаров, Дала қызы). Минералдық тұздардың тамақта кем болуы организмде зат алмасу процесіне *кедергі жасайды* (Т.Дарқанбаев, Витаминдер.).

Бітім жасады. *Келісімге келді, тоқтамға келді.* Бір бітім түгіл, мың *бітім жасасаңдар* да мейілдерің! – деді ол (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

Жүрегіне мұз жасады. б е й н е. *Ренжіді, кектенді.* Досым, мені сол сәтте таста жалғыз, *Жүрегіңе* ренжіп, *жасамамұз.* Ойым опат сондай бір бейуақытта Бұлқан-талқан көңілде басталар күз (М.Мақатаев, Шығ.).

Қолдан жасағандай. *Әдейі, қасақана істегендей.* Драмалық жағы үйлесімсіз, *қолдан жасағандай* көрініп тұрады (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Қорытынды жасады. *Белгілі бір тұжырымға, пікірге келді, қорытты.* «Жеті жұртты аралаған қу, өзі бірдеңе қып ашқан ғой» деген *қорытынды жасады* (Е.Бекенов, Дала қоңырауы).

Қылмыс жасады. *Қылмыс істеді, заңға қайшы іс істеді.* Тәртіп бұзғандар, *қылмыс жасағандар* қатты-қатты жаза алатын болады (Х. Есенжанов, Тар кезең).

Опасыздық жасады. *Сатқындық жасады, сатты.* Дәмелендің Шығарар деп төріне. Жетті көзің, Ол үмітің құр елес. *Опасыздық жасадың* ба еліңе Ертең саған мені сату түк емес (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Операция жасады. *Хирургиялық емдеу тәсілін қолданды.* Жемсаудың мұндай түріне *операция жасап,* біз де жақсы нәтижелерге жеттік, – деді ол (С.Табынбаев, Жемсау ауруы).

Сауда жасады. *Саудамен шұғылданды.* Ол қызымен бірге *сауда жасады* (Ауызекі).

Талдау жасады. *Жеріне жеткізіп тексерді, сараптады.* Нұрбек «Абай жолы» романына *талдау жасады* («Халық мұғ.»).

Шарт жасады. *Келісімге келді, уәделесті.* Айтқанын екі етпеске бір-бірінің, *шарт жасап,* қол алысып таныстыенді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАСАҒАН[1] з а т. д і н и. *Құдай, Алла, Тәңірі, Жаратушы.* – Я, Құдая, зар тілегім болсын. Осы қарашығыма, әкесінің осы ит мінезін бере көрме! Тасбауырлығын бере көрме! Я, *Жасаған!* – деп бата берді (М.Әуезов, Абай). *Жасаған-ай,* десейші, Құдай тілеуін берер дейсің бе?! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сақта Жаббар *Жасаған* Әуелі шайтан атты залымнан. Аман сақта, иманым, Кеткенде қуат жанымнан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Аппақ нұрын жинап ап, тауға келіп, Күн де батып барады қанға бөгіп,

– О, *Ж а с а ғ а н,* кімдікі әлгі дауыс, Тірілді ме артымда қалған өлік!? (М.Мақатаев, Шығ.). Мастықпен қылған болсаң, кештім саған, Кәрі ит те «шырағым» деп арсаңдаған. Жел тынып, күн айығып баяғыдай, Хикметімен тоқтатты бір *Ж а с а ғ а н* (Абай, Тол. жин.).

Жасаған ие. *Жаратушы, Құдай. Ж а с а ғ а н и е* күннің жылуын, кемпірқосақтың болуын, ауаның жұпар иісін алып сөнбес, сембес ғажайып гүл өсірді (М.Мағауин, Көк мұнар). Мына сиқыңызға қарағанда, *Ж а с а ғ а н и е м* сізге тым болмағанда жөні түзу бір кісінің ақылын да бермеген екен (С.Омаров, Хантағы).

ЖАСАҒАН² с ы н. ж е р г. *Жасы келген, жасамыс. Ж а с а ғ а н* жылқыны жемдеп соймаса, күйі де жақсы болмайды екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Ж а с а ғ а н* бие – жиырма жастан асқан құлынды бие (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атауы).

ЖАСАҒЫШ с ы н. *Бір нәрсені істеуге, дайындауға бейім.* Жаңа әдіс, жас техника, *ж а с а ғ ы ш* қол, Қазуға машинамен табылған жол (А.Тоқмағамбетов, Шағала.). Біреулер бар-ау тез көргіш, Мінезді қолдан *ж а с а ғ ы ш* (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан).

ЖАСАЙ ж е р г. *Жасқа.* Он бір *ж а с а й* келгенде (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСАҚ з а т. т а р. **1.** к ө н е. *Тайпа көсемінің, ханның төңірегінде топтасқан жауынгерлердің жалпы атауы.* Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болған кезеңнен бастап әртүрлі аймақтарда *ж а с а қ* құрыла бастаған (ҚҰЭ). *Ж а с а қ* мүшелері үздіксіз жүргізілген соғыстардың нәтижесінде біртебірте байып, тайпаның, мемлекеттің әскериақсүйек топтарына, ірі жер иелеріне айналды (ҚҰЭ). **2.** *Басқа елге жорық жасар алдында, тайпаға не ұлтқа сырттан қатер төнген кезде, сондай қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер тұсында халық арасынан өз еркімен жиналып, басқыншыларға не әлеуметтік әділетсіздікке қарсы көтерілген қарулы қол.* – Қалың солдат қаптаған Қазақтары аралас, Ауылға біздің қонды,– деп. «Бар ма деп *ж а с а қ* алдымда, Біліп кел», – деп жіберді, «Аламыз сенен хабар» деп (О.Шипин, Дастан.). Қонақ қып Құрақбайға лақ сойдық, Ерттедік те, аттарды байлап қойдық, Көрінбей түн болғанда барамыз деп, Кедейден *ж а с а қ* құрдық, жиын болдық (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жар салып *ж а с а қ* жияр білімді Алик, Білімсіз хұзарлардан алмаққа кек, Қаласын, егіндерін азасы үшін, От пенен қойған арнап қылышқа деп (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Ж а с а қ т ы ң* өз ішінен жік шықты деген лақап дереу елге де жетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3.** *Жеңілген елден заттай алынатын алым-салық.* Алтын Орда хандары қол астындағы елдерден, кейін Ресей патшалары Еділ бойы, Сібір, Орта Азия халықтарынан осындай *ж а с а қ* жинаған (ҚҰЭ). – Біз қазынаға жүз қарадан бір қара *ж а с а қ* төлеуге тиісті едік (І.Есенберлин, Қаһар). Өздері *ж а с а қ* төлемейтін олар өз құлқындарын да ұмытпайды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **4.** *КСРО үкіметінде қоғамдық тәртіп ережелерін бұзушылармен күресу үшін мемлекеттік органдарға көмектесу мақсатында құрылған ерікті ұйым.* Ондай *ж а с а қ т а р* Халық жасақтары деп аталған (ҚҰЭ).

Жау жасағы. *Жаудың қарулы қолы. Ж а у ж а с а ғ ы* үзеңгілерін сартылдата тебініп, аттарын ауыздығымен алыстыра келіп қалды (І.Есенберлин, Қаһар).

Жасақ тартты. *Қол жинады, нөкер ертті.* Не байлар өтті дүниеден, Шоқпардай қылып шүйдесін, Төре мен өтті манап та, *Ж а с а қ т а р т ы п* қабатқа, Жалтыратып шен-түймесін (Бес ғасыр.).

ЖАСАҚТА= е т. **1.** *Қару-жарақпен қамтамасыз етіп, соғысқа дайындау.* Генерал Панфилов *ж а с а қ т а ғ а н* 316-атқыштар дивизиясының бөлімдері 1941 жылы август айының аяқ шенінде Алматыдан қозғала бастады (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Біздің бөлімдер өз күшін қайта *ж а с а қ т а п* алып, жаудың қалың қолына бүйідей тиген (С.Омаров, Қызыл.). **2.** *Топ құрып ұйымдастыру.* Шоқан Қашқар саяхатына әзірленіп, ұзақ жолға жарамды көлік, азық-түлік, жолдастыққа жарар жүректі жігіт *ж а с а қ т а п* жатқан болатын (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Жоғары класс оқушыларынан 16 оқушыдан тарих үйірмесінің мүшелерін *ж а с а қ т а д ы қ* («Қазақст. әйелдері»). Жастардан көмекші топ *ж а с а қ т а п* алып, дереу іске кірістім (С.Омаров, Қиыр жол). **3.** а у ы с. *Әзірлеу, даярлау.* Сәкеннің қазақ совет әдебиетін *ж а с а қ т а п,* қалыптастыру еңбегі ерекше (С.Мәуленов, Үркер). Серік осы жайды ойлап, *ж а с а қ т а ғ а н* альбомының сыртына жазды (Б.Қойшыбаев, Қимас күндер).

ЖАСАҚТАЙ с ы н. *Жасақ сияқты, жасақ тәрізді.* Өренді тізіп қояды, Қаз-қатар тұрған *ж а с а қ т а й,* Құлпырған түрлі бояуы, Кәдімгі кемпірқосақтай (С.Мұқанов, Алдабергенов тур.). Қасындағы қалың *ж а с а қ т а й* боп атқа қонды (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАСАҚТАЛ= е т. а) *Жиһаздалу, безендірілу.* Үйдің іші қымбат мүліктермен *ж а с а қ т а л ғ а н* (К.Тоқаев, Тасқын). ә) *Топтастырылу, ұйымдастырылу.* Күллі Жетісу маңынан осылайша бірнеше құрамалар *ж а с а қ т а л д ы* (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.). Совхозда осындай еңбек озаттарының тұрақты механизатор кадрлары *ж а с а қ т а л д ы* (С.Бақбергенов,

Өз. жігіт.). Қазақтың тұңғыш атты әскер полкі де осы өңірде *жасақталды* (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

ЖАСАҚТАЛУ *Жасақтал етістігінің қимыл атауы.* Ата Заңының, Ұлттық мемлекеттік рәміздердің қабылдануы, мемлекеттік билік органдарының орнығуы, кәсіби парламенттің дүниеге келуі, Армияның *жасақталуы,* мемлекеттің бас ордасының Астанаға көшуі, көрші елдермен шекара проблемасының шешілуі сияқты мемлекеттік құрылыстың өзекті мәселелерін шешудегі Елбасының, Қазақстан өкіметінің саяси толыққандығы, парасаттылығы өз алдына әңгіме желісі болардығы сөзсіз («Егемен Қазақстан»).

ЖАСАҚТАЛЫН= е т. *Топтастырылу, ұйымдастырылу.* Аудан мектептерінің көпшілігінде өндірістік бригадалар *жасақталынды* («Қазақст. мұғ.»).

ЖАСАҚТАЛЫНУ *Жасақталын етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСАҚТАН= е т. *Ұйымдасу, топтасу, қаруланы.* Дүшпандары мұның жүре алмайтынын білген соң, *жасақтанып* келіп ауылын шауып, малын айдап кетіпті (А.Әуезов, Бала Мұхтар). Орман ішіне кірсек болғаны, *жасақтанған* партизандар мені қарсы алып, отрядқа апарады деп ойладым мен (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Соғыстың қаталдығы сонда, ол әрбір жауынгердің қашанда сақадай сайланып, *жасақтанып* тұруын талап етеді (Б.Момышұлы, Біздің генерал).

ЖАСАҚТАНУ *Жасақтан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСАҚТАНДЫР= е т. *Ұйымдастыру, топтастыру, қаруландыру.* Бытыраңқы қашқындарды өздерінің қатарына тартып, сенімді-сенімді дегендерін *жасақтандыра* бастады (Ж.Жұмақанов, Махабб.).

ЖАСАҚТАНДЫРУ *Жасақтандыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСАҚТАС= е т. *Ұйымдасу, топтасу. Жасақтасып* төбелескелі тұрған екі күндес ауылдай (М.Әуезов, Абай).

ЖАСАҚТАСУ *Жасақтас етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСАҚТАУ *Жасақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қару-жарақпен қамтамасыз ету, дайындау. Жасақтау* бөлімшелер мен бөлімдердің жеке құраммен, қару-жарақпен, ұрыс техникасымен, көлікпен және әскери мүлікпен бейбіт немесе соғыс уақытындағы штаттық және табельдік деңгейде толықтырылуы, жасақталуы (Қаз. тілі термин. Әскери.). 316-дивизияны *жасақтау* зор патриоттық өрлеу жағдайында өтті (Б.Момышұлы, Біздің генерал). **2.** а у ы с. *Әзірлеу, даярлау.* Бұл шара біздің мәдени байланысшыларымыз – аудармашылар кадрларын *жасақтауымызға* көмектеседі (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.). Білім берудің халықаралық қалыптарын *жасақтауды,* оның концептуалдық, методологиялық жүйесін *жасақтауды* тек мемлекет қана жүзеге асырады (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

ЖАСАҚТАУШЫ з а т. *Дайындаушы, ұйымдастырушы, құрушы.* Тарих кабинетін *жасақтаушының* басшылығымен шығып тұратын қабырға газеттерінің тәлім-тәрбиелік және патриоттық рөлі зор («Қазақст. мект.»).

ЖАСАҚТЫ с ы н. *Қару-жарақты, ұйымдасқан, топтасқан.* Бұл шабыс жай шабыс емес, *жасақты,* жарақты, жай қоймас шабыс қой? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Төрегелді өзінің *жасақты* қарақшыларымен келіп, қонақасы деп бір-екі қой әкелгізіп берді (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Жасақты жау. *Қаруланған, топтасқан жау, дұшпан.* Жігіт *жасақты жауға* жалғыз шауып жайратады (С.Досанов, Қыран). Алыс жол, асау толқын, *жасақты жау* (Б.Ысқақов, Жылдар.). Қан майданда қолына қалам алып, *жасақты жаумен* жұлқыса жүріп, қанды көйлек достарының ерлік істерін қағазға түсірді (Р.Ыдырысов, Отты жыл.).

ЖАСАҚШЫ з а т. т а р. *Жасақ құрамындағы жауынгер.* Бір жауын өлтіргеннен кейін ғана барып *жасақшы* санатына ілінген (ҚҰЭ). Үшінші күні Шыңғырлау түбінде қалың *жасақшы* жатыр деген хабарға да кезікті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Әлгінде күш көрсеткен *жасақшысына* іштей риза болған Құсбек қарагердің тізгінін іркіп тоқтатты (Қ.Сәрсекеев, Қызыл жалау).

Халық жасақшылары. с о в. *Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресуші ерікті ұйымның мүшелері.* Соғыс басталысымен *халық жасақшыларының* қатарына арыз беріп кіріпті (А.Жұмаділдин, Қайырлы сапар). Милиционер мен *халық жасақшылары* айдап бара жатқан кісілердің ішінен ол сатушыны көріп, зәресі кеткен (Қ.Тоқаев, Түнде.).

ЖАСАҚШЫЛЫҚ з а т. *Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресушілік.* Қазбек жаны сүйген ісі – *жасақшылықтан* бір сәт қол үзген емес («Лен. жас»).

ЖАСАЛ= е т. **1.** *Жаралу, істелу, құрау.* Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, *жасалып* қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп (Абай, Тол. жин.). Мен көрдім көктің ғажап *жасалғанын,* Жер үйықтап көкшіл шықпен бу алғанын. Менің не мұнша қапа қысылғаным,

Үміт пе, өкініш пе ойлағаным? (Абай, Тол. жин.). **2.** *Дайындалу, әзірлену. Жасалып* жатты көп тізім Бай мырзасы шет қалып, Көгенделіп мойнынан Кедей, жалшы топталып (О.Шипин, Дастан.). Не десең, о де! Бұрылман енді, бұрылман. Адассам мейлі, Анадан бір-ақ туылғам! Қолыңнан келсе, қола мүсінді ап таста *Жасалмағанда*, қашалмаған да тұғырдан! (М.Мақатаев, Шығ.). *Жасалады* мәзірет, Жақсылығын санайды. Жайлы күнге тезірек Жеткенін шын қалайды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖАСАЛА= е т. *Жаса-жаса деп қошеметтеу.* Дүрілдеп Мәскеу жатыр болып күй соқ, *Жасалап* өтіп жатыр мың-мыңнан топ (І.Жансүгіров, Шығ.). Қонақтарын күттіріп, Табанынан тік тұрып, Мақтап жатыр түлкілер: –Уа, Бұқарбай, *жасалап* ((І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАСАЛУ *Жасал етістігінің қимыл атауы; дайындалу, түзілу.* Өлеңнің *жасалу* жолы өте нәзік (С.Мәуленов, Үркер.). Солай бола тұрса да Майя календарының *жасалу* сыры әлі күнге дейін жете ашыла қойған жоқ (А.Машанов, Ғажайып.). Ұзақ және бұлжымас тарихи-геологиялық дамудың барысында Қазақстан жерінің тұлғасы мен қазыналарында белгілі сапалық ірі-ірі өзгерістер *жасалуына* себепші болған жағдайлар, Қазақстан геологиясының даму тарихында басты-басты кезеңдердің сыры ашылды (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

ЖАСАЛЫН= е т. *Істеліну, құрылу, даярланылу.* Жаудың бекінісі күншығыс және оңтүстік жаққа қарай *жасалынған* байқадық (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Лай тасқындары осындай жерлерде *жасалынады* (Қ.Исабаев, Көгілдір қазына). Бұл да біздің республикамыздағы демократизациялық процестерге, азаматтық қоғам құру жолында *жасалынып* жатқан қыруар жұмыстарға берілген әділ баға, биік мәртебе деп білуіміз керек («Қаз. әдеб.»). Сол кезде-ақ кәсіби Парламент қалыптастырудың алғышарттары *жасалынған* болатын. Заң шығарушы орган өзіне жүктелген тарихи міндетті – республиканың саяси егемендігі мен экономикалық дербестігін нығайтуға бағытталған жаңа құқықтық база құру жұмысын орындады («Егемен Қазақстан»).

ЖАСАЛЫНУ *Жасалын етістігінің қимыл атауы.* Қазақ эпостарының *жасалынуу* жолдарын Шоқан Уәлиханов XIV–XVI ғасыр, Алтын Орда дәуірімен байланыстырады (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы).

ЖАСАМА сын.сөйл. ***Жасанды.*** *Жасама* – қолдан жасаған жасанды зат (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Даламның еш нәрсесі *жасама* емес, Ешкім оны бояма және демес. Бәрі шын, бәрі таза, жаралғанша, Фалышлықпен ешкімнің жанын жемес (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАСАМАЛ с ы н. с ө й л. *Жасамыс, жасы келген.* Жолдастар, біз *жасамал* жұмысшыларға хат танытып, өз бетімен кітап, газет оқитын халге келтіруде ерінбей еңбек істейік, – деді ол (Қ.Әбдікадыров, Әңгім.). Михаил басқаратын батареяға Тәнтінің орнына Берғали деген *жасамал* қазақ келді. Бір қызығы, домбырасын арқалай келді (Ж.Еділбаев, Сын сағат.). Қатты терлеп келе жатып су іше ме, *жасамал* адам өзі (Қазақ. тілі аймақ. сөздігі).

ЖАСАМАЛДАУ с ы н. *Жасамал болып қалған.* Алмасбек ауызғы бөлмеге кіргенде, *жасамалдау* сары әйел ернін жыбырлатып, амандасты да бір бүйірге ығысты (Ж.Еділбаев, Сын сағат.).

ЖАСАМАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Жасамыс***. Дөнен айғыр, бесті айғыр, *жасамалы* айғыр деп, олардың жасына қарай айтады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Томарылған тобын жазбай, *Жасамалы* жалдас бие (С.Бегалин, Таңд.). Тері бояйтын қабықтарды *жасамалы* ағаштардан күздігүні әзірлейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Үйірдегі *жасамалы* айғырдай әлі ешкімге билік бермеймін деп жүрген шешен биді ол шоқкитып кеткен (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАСАМАС с ы н. с ө й л. ***Жасамыс***. Сонда *жасамас* директор кеңкілдей күліп: «Командировкаға келген адамның жатар орны мен ішер тамағын ойластырсам, бұл менің оларға жағынғаным емес, адамға деген қамқорлығым» – деді (М.Хасенов, Нартәуекел).

ЖАСАМПАЗ с ы н. *Еңбекте жаңа табыстарға жетіп, өз үлесін қосушы.* Міржақып дәстүрінің *жасампаз* тағылымы кеңес дәуіріндегі С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармаларынан да көрінеді («Қаз. әдеб.»). Жастығың, сонда сенің жаңалығың, *Жасампаз*, жарылқаушы даналығың. Дәл сондай перзентіңнің біреуі еді, Сонау бір менің тәтті балалығым (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жасық жайлы *жасампаз* ойға қалып, Жарар еді кетпесек майдаланып. Сары шымшық сан рет той бастады, Бұлбұлдардың аздығын пайдаланып (М.Шаханов, Ғасырлар.). Майдандағы ұлы ерлік енді *жасампаз* еңбекпен ұштасты (Т.Кәкішев, Ұштасқан.).

Жасампаз элементтер. к е н. *Кеннің құрамына кіретін және одан алынған өнімнің сапасын мейлінше жақсартатын элементтер.* Қара металлургияда мұндай *жасампаз элементтер* – никель, кобальт, хром және ванадий (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАСАМПАЗДЫҚ з а т. *Еңбекте, өмірде жаңалық атаулыны қалыптастырушылық.* Жастық жылдары, *жасампаздық* жылдары,

біз әрдайым осыны ойлаймыз (Б.Бұлқышев, Адамзатқа хат). Бұл арман қуған адамды, жаңағы жаны құмарларды өз күшіне, өзінің *жасампаздығына* сендірген романтика еді (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.). Желдің *жасампаздық* әрекетіне көбінесе құмнан тұратын эолдық шөгінділердің жиылуы жатады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Атом энергиясы адамзат қоғамының күш-қуатын қаншалықты арттырса, ал электроника мен жартылай өткізгіш техникасы, математикалық машина ми қызметінің *жасампаздығын* немесе оның творчестволық ынта жігерін соншалықты күшейтті (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

ЖАСАМЫС с ы н. **1.** *Орта жастан асқан, егде, мосқал тартқан.* Жазушылық өнерден сенімді үміті бар жасымыз да, *жасамыс ымыз* да, «Абайдан» үйрене отырамыз, сүйене де отырамыз (F. Мүсірепов, Суреткер.). Жастарым талпынды, *Жасамыс* алқынды. Ляма өзіңді, Ляғын халқыңды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Менде, достым, бәрі де бар, бәрі бар. Жас ұқпаса, *Жасамыс* пен көрі ұғар. Сәттерім бар алып ұшар, Желігер, Сәттерім бар жер бауырлар, Жабығар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бұл күнде жер ортасына келген *жасамыс* күйші басынан нелер қызық хикаяттар өткізіпті (Т.Әлімқұлов, Шығ.). **2.** *Жасамалы, біраз жасаған (мал, хайуан).* Кенжетайдың аты жолшыл, *жасамыс* жылқы еді (С.Мұқанов, Ботагөз). Ақ күшіктен дүрегей анағұрлым артық деп бағалайды, өйткені дүрегей *жасамыс*, жуас ит көп үре бермейді (С.Талжанов, Ұлдай.). **3.** а у ы с. *Көпті көрген, ысылған, тәжірибелі, тісқаққан.* Ысылған, тәжірибелі *жасамыс* прокурор заң жөнімен ресми түрде бұл жайды бағалағаннан, талдағаннан басқа сыр аңғартқан жоқ (М.Әуезов, Өскен өркен).

ЖАСАМЫСТАУ с ы н. *Егделеу, мосқалдау. Жасамыстау* атшы Ковалев айтқандай жолшыл адам екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Өз үйіне шақырып қонақ етті. Күтушісі *жасамыстау* әйел екен (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). *Жасамыстау* жағы директор мен бөлімше бастығы отырған төр жаққа қарай ығыса бастады (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.).

ЖАСАМЫСТЫҚ з а т. *Егде тартқандық, тісқаққандық.* Оның мезгілі өткен *жасамыстығын* қайтерсің (А.Әлсеров, Таң алдында).

ЖАСАМЫШ с ы н. с ө й л. ***Жасамыс***. Зор денелі, шашы, мұрты да шошқа қылындай аппақ екен, *жасамыш* кісі (Ж.Молдағалиев, Торғай).

ЖАСАН[1]= е т. з а т. *Шөбі құрамаған, көгал, көк шөпті жер.* Сорлының малын *жасанға* айдасаң, Құдай ұрып қуаңға қашады (О.Иманәлиев, Сыңар кебіс). Бауыр жаза еркін шапқыласып, ауыл жанындағы көк *жасанда* дүбірлі ойын салады (К.Сегізбаев, Беласқан).

ЖАСАН[2]= е т. **1.** *Қару-жарақ асынып қарулану, ұрысқа әзірлену.* [Еспембет] Тура тұрысатын жеріңді айт, менің қолым *жасанып* дайын отыр (М.Әуезов, Таңд.). Үшеуі осылайша *жасанғаннан* кейін, тал түсте селоға кіріп келді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Сұлу деген сол жерде. Ерлері сыйлап, қадірлеп, Ашпаған бетін пердеден. Батырлары *жасанып*, Аттары кетпес кермеден (Қабан жырау, Алтын қазық). **2.** *Барын киіп сәндену.* – Бойжеткен-ау, тойға баратындай *жасанып* қайда тарттың, – деп күлді жеңгеміз (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **3.** а у ы с. *Көркею, жайнау, гүлдену, құлпыру.* Алматы қыздай *жасанып*, Шығарды жазғы киімін. Қар кетіп, қара жері *жасанғанда* Қонбасын қалай құсша елі келіп (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жасанған жау. *Қаруланған шапқыншы, дұшпан. Жасанған жау* алмай қоймайды (Қаз. мақал.). Желі толған жылқымды *жасанған жауға* тапсырдым (Батырлар жыры). Аруақты кетпе танымай, *Жасанған жауға* жасыма. Сиынар пірің – Абылай Төнгенде қатер басыңа (К.Салықов, Жезкиік). Мұсабек сонда сөйлейді: – Жастық ерге не керек, *Жасанған жауға* бармаса (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жасанған қол. *Қарулы әскер.* Жиылды *жасанған қол* жауға анталап, Күрілдеп көкжалдары көз қанталап. Зеңбірек ырғақталып азар шөкті, Аулына Әлімқұлдың азуы қарап (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАСАНДЫ с ы н. *Табиғи емес, қолдан жасалған.* Сөйтіп, мектеп сабақтарын, яки ана тілі, жаратылыс, жағрафия, тарих пәндерін *жасанды* жікке бөліп, өз алдына бөлек-бөлек етуді, қайта зиянды деп жауап береміз (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жасанды* сақал байлап қарт түріне енген Майлыбаев өткен күннен бері Петрушкин үйіне қатаң бақылау қойдырған (К.Тоқаев, Тасқын). Мінезім жоқ *жасанды*, Құбылуды білмедім. Халқымнан сіңген қашанғы Қасиетім бұл менің (С.Мәуленов, Алыс кет.). Арылайын десем де пенделіктен, Арылатын болмадым, ол неліктен? Жүгіріп те көрдім ғой, жығылып та, Ұрынып та жүрмін ғой, бұғынып та. Жаныма өгей *жасанды* қылығымен, Жағынып та көрдім ғой, жұғынып та... (М.Мақатаев, Шығ.).

Жасанды аспан денелері. а с т р. *Жасанды жер серіктері. Жасанды аспан денелері* арқылы Жерді айнала ұшу, Айға, Шолпанға, Күнге қарай саяхат жасау проблемасы шешілді, енді оның практикалық жүзеге асырылуы күн тәртібіне қойылып отыр (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Жасанды бейімділік. б и о л. *Жерсіндірілген өсімдіктер мен жануарлардың жаңа тіршілік ортасына, жаңа биоценеоздарға бейімделіп, тіршілікке қабілеті бар ұрпақ беруі.* ≈ *Ж а с а н д ы б е й і м д і л і к* қабілеті.

Жасанды жанғыш заттар. ф и з. *Отындарды арнаулы аппараттарда өңдеу (газдандыру) арқылы алынатын газтәрізді өнімдер қоспасы. Ж а с а н д ы ж а н ғ ы ш з а т т а р* негізінен көміртек, сутек, метан және басқа да газтәріздес көмірсутектер оксидтерінен, сондай-ақ жанбайтын газдардан (көміртек пен азот диоксиді) тұрады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Ж а с а н д ы ж а н ғ ы ш з а т т а р* металдарды қорыту кезінде (домна газы), көмірді кокстағанда (кокс газы), қатты отындарды газдандырғанда (генератор газы) алынады. Отын ретінде, сондай-ақ химия өнеркәсібінде пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жасанды жер құнарлылығы. с у ш а р. *Топырағы тозған өнімді аз беретін жер алқаптарына құнарлы топырақты тасып апарып пайдаланылатын жердің өнімділігін арттыру жұмыстарының жиынтығы* (Қаз. тілі термин. Су.).

Жасанды жер серігі [жердің жасанды спутнигі]. *Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әртүрлі ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған ғарыштық аппарат.* Түнде шалқасынан жатып жұлдызды аспанға қарап, *ж а с а н д ы ж е р с е р і г і н* аңдиды (Т.Ахтанов, Боран). *Ж а с а н д ы ж е р с е р і г і* – Атмосфераның кедергілік әсері болмайтын биіктікте, энергия шығынынсыз, жерді дөңгелек не эллипсистік орбитамен айналатын қондырғы (Қаз. тілі термин. Әскери.). Сондықтан секундына 8 километр жылдамдық алу *Ж е р д і ң ж а с а н д ы с е р і г і н* ұшыруға керекті бірінші космикалық жылдамдық деп аталады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Сен – Жерсің! Мен – сенің *ж а с а н д ы с е р і г і ң.* Айнала, Айнала, Айнала жерідім (М.Мақатаев, Шығ.).

Жасанды жолмен аэрациялау. м е л и о р. *Судың өзін-өзі тазалау қабілетін күшейтудің тиімді тәсілі. Ж а с а н д ы ж о л м е н а э р а ц и я л а у* судағы еріген оттектің тапшылық жағдайында өздігінен тазару процестері шұғыл тежеледі (Қаз. тілі термин. Су.). *Жасанды жолмен аэрациялаудың* тиімділігі жұмсалған 1 квт сағ., қуаттығы 1 кг оттек мөлшерімен өлшенеді (Қаз. тілі термин. Су.).

Жасанды интеллект. и н ф. *Информатика ғылымының табиғи тілді түсіну, оқыту, үйрету, сондай-ақ, теореманы дәлелдеу, кескіндерді тану, т.б. әдістерін әзірлеумен айналысатын бір бөлімі.* ≈ *Ж а с а н д ы и н т е л л е к т* бағыты.

Жасанды каучук. х и м. *Вулкандау арқылы резеңкеге айналдыруға болатын жасанды полимерлер. Ж а с а н д ы к а у ч у к* эластомердің негізгі массасын құрайды (ҚҰЭ). *Ж а с а н д ы к а у ч у к т ы* ең алғаш 1879 ж. француз химигі Г.Бушард (1842-1918) изопренді (табиғи каучукты құрғақ айдау өнімін) тұз қышқылымен өңдеу кезінде алды (ҚҰЭ).

Жасанды көлтабан. с у ш а р. *Көктемде еріген қар суын немесе тасыған өзен суын жинау үшін аумақтың ыңғайлы телімін үйілген топырақ жолымен шектеу жолымен жасалған алаң. Ж а с а н д ы к ө л т а б а н* Қазақстанның қуаңшылық жағдайында топырақты көктемде бір рет ылғалдандыру үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Су.). Су басқан қабатының тереңдігіне қарай *ж а с а н д ы к ө л т а б а н* терең толтырылған (0,6 м) және тайыз (0,6 м) толтырылған деп бөлінеді. Көлтабандағы судың тұру ұзақтығы онда егілген дақылға байланысты болады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жасанды қоректендіру. б и о л. *Адам ағзасына (жұта алмаған кезде, асқазан ауруларында, ессіз жатқан науқасқа және т.б. жағдайларда) қоректік заттарды енгізу. Ж а с а н д ы қ о р е к т е н д і р у* асқазанға зонт арқылы сұйық тамақты бұлшық етке немесе тері астына тамыр арқылы белоктық заттарды, қанды, плазманы, витаминдерді, глюкоза ерітінділерін, кейбір минералдық заттарды және т.б. енгізеді (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жасанды минералдар. г е о л. *Құрамы мен құрылысы минералдарға сәйкес келетін лабораториялық не техникалық процесс туындылары* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жасанды мұз айдыны. *Мәнерлеп сырғанаудан, конькиден, мотоцикл спортынан, хоккейден жарыс және цирк, балет, би ойындарын өткізуге арналған орын. Ж а с а н д ы м ұ з а й д ы н ы* ашық алаңда немесе жабық залда жасалады (ҚҰЭ). *Ж а с а н д ы м ұ з а й д ы н ы н ы ң* жанынан тоңазытқыш қондырғысы бар арнаулы мәшине бөлімі салынады (ҚҰЭ).

Жасанды өсімдіктер. б и о л. *Бір өсімдік дарағының құрылысында генетикалық тұрғыдан әртүрлі өсімдіктерге тән жасушалардың, ұлпаларының болуы. Ж а с а н д ы ө с і м д і к т е р* мутацияның (генетикалық материалдың бұзылуы, құрылысы өзгеруі), гендердің жаңа қосындыларының түзілуі, клетканың бөлінуі заңдылығының бұзылуы салдарынан пайда болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а с а н д ы ө с і м д і к т е р д і* жасанды жолмен өсімдік мүшелерін телу әдісі арқылы алуға болады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жасанды полюстеу әдісі. г е о л. *Арнайы жіберілген электр тогы әсерінен таужыныстар*

мен кендердің қатты және сұйық фазаларының шекарасында пайда болатын электрхимиялық және электркинетикалық процестерден туындайтын жер қойнауларындағы қосалқы электр өрістерін зерттеуге негізделген электрбарлау әдісі (Қаз. тілі термин. Геология).

Жасанды серік. т е х. *Жердің жасанды серігі.* Бірінші *жасанды серік* аспанда 92 күн айналып жүрді, 1400 айналыс жасағаннан кейін 4 январь күні (1958 жылы) Жер атмосферасының қалың қабатына енгенде жанып кетті (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Егер Жердің тарту күші болмаса, онда ауасыз кеңістікте *жасанды серік* түзу сызық бойымен Әлем кеңістігіне ұшып кеткен болар еді (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.). Жасанды серіктің жылдамдығы артқан сайын және Жерден алыстаған сайын Жердің өзіне тарту күшінің әсері азая береді де, *жасанды серік* эллипс, парабола немесе гипербола сияқты орбиталардың бойымен айналатын болады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Жасанды спутник. с ө й л. ***Жасанды серік.*** Жердің *жасанды спутнигін* ұшыру арқылы Айдың Жерден, ал Жер және басқа планеталардың Күннен айналып жүретіндігіне тәжірибе жасалды (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Жасанды су қоймасы. *Табиғи емес су қоры.* Оның табиғи және *жасанды су қоймаларында* мыңдаған түрлі балық бар (С.Қасиманов, Қаз. ұлттық тағам.).

Жасанды сұрыптау. б и о л. *Адам қажеттерін қанағаттандыру мақсатында өсімдіктер мен жануарларды бір немесе бірнеше белгілері бойынша ұрпақтан ұрпаққа жүйелі түрде сұрыптау. Жасанды сұрыптау* жағдайында жануарлардың әрбір тұқымының немесе өсімдік сорттарының белгілері әр уақытта адамның оны өсіргенде алдына қойған мақсаттарына сәйкес келеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жасанды талшық. х и м. *Табиғи органикалық полимерлерден синтездеу арқылы алынатын химиялық талшық. Жасанды талшық* ең алғаш өнеркәсіптік масштабта 1891 ж. Францияда целлюлоза нитратынан өндірілді (ҚҰЭ). *Жасанды талшықтың* 200-ден астам түрлерінің жобасы жасалған (ҚҰЭ).

Жасанды төсеніш. к е н. *Ұсақ кенді 2-3 мм шөктіріп байытуда түйіршіктердің ауыр және жеңіл фракцияларға дәлірек бөлінуін жақсарту үшін диаметрлері тор тесіктерінің диаметрлерінен үлкен, тығыздығы ауыр минералдан төмен, жеңіл минералдан жоғары заттан түйіршік түрінде жасалатын төсеніш.* Көбіне *жасанды төсеніш* темірден ұсақ шарлар түрінде жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.). *Жасанды төсеніштің* биіктету немесе аласарту арқылы өнімдердің (жеңіл және ауыр фракциялардың) шығымы, сонымен байланысты технологиялық көрсеткіштер реттеледі. Төсеніш биіктетілсе пайдалы құрамбөліктердің концентратқа бөлініп шығуы азайып, концентрат сапасы төмендейді (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жасанды тіл. *Қолдан халықаралық қарым-қатынас құралын жасау әрекетінің нәтижелері. Жасанды тілдер* жасау 17 ғ-да латын тілінің халықаралық маңызы бәсеңдеуіне байланысты, әлем халықтарының қарым-қатынасының жеңілдету мақсатынан туды (ҚҰЭ). *Жасанды тілдердің* ғылымда белгілі бірнеше түрі бар (ҚҰЭ).

Жасанды элементтер. х и м. *Ядролық реакциялар нәтижесінде алынатын химиялық элементтер. Жасанды элементтер* (технеций, прометий, астат, трансуран элементтері) табиғатта кездеспейді, оларды жасанды жолмен алады (ҚҰЭ). *Жасанды элементтердің* изотоптары радиоактивті болғандықтан, оларды радиоактивті элементтер деп те атайды. Кейбір *жасанды элементтер* (уран, плутоний) ядролық реакторда қолданылады (ҚҰЭ).

ЖАСАНДЫЛАУ с ы н. *Табиғи емес, жасанды сияқты.* Бұйратов, әдеттегі *жасандылау* мінезіне басып, кімге де болса ызылып-сызылатын (З.Қабдолов, Жалын). Тек маркұм сол түні әдеттегі *жасандылау* көрінетін көтеріңкі көңіл күйінен жаңылып, жабырқау сөйлеген (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

ЖАСАНДЫЛЫҚ з а т. *Жасанды болып көрінушілік.* Ақан «Қалқа баланың» даусынан бір *жасандылық* сезгендей (С.Жүнісов, Ақан сері). Ол кезде өлең жаздым дей алмаймын, Жаным қас *жасандылық,* жалғандыққа (С.Сейітов, Жаңғырық). Өлеңнің *жасандылық қа* салынбай, жаратылыстық қалпында жасалуының өзі де жанды үйіріп әкетіп тұр (С.Мәуленов, Үркер).

ЖАСАНДЫЛЫҚСЫЗ с ы н. *Жасандылығы жоқ, табиғи.* Жарықшақсыз, *жасандылықсыз* күлкі, пәк күлкі, қуатты күлкі (Ә.Жәмішев, Дала). Жылтырақ *жасандылықсыз,* қарапайым жырлар жүректі жылылығымен баурайды («Қаз. әдеб.»).

ЖАСАНДЫР= е т. *Көркейту, гүлдендіру.* Сан жақсылық жеріме жасап жүрмін, Жапжалаңаш құмыңды *жасандырдым.* Мұзды ерітіп жатқанда лебімменен Жалын болып жаныма қашан кірдің?! (М.Мақатаев, Мавр). Жаңғыртып, *жасандырып* өмірді бір, Жадырап жазайыншы көңілді жыр. Қап-қара түнде менің тереземнен Толықсып, төсегіме төгілді жыр (М.Мақатаев, Шығ.). Ол шұғыла

үйіңді жарқыратып, күйіңді *ж а с а н д ы р ы п* сәулеттер әкеліп жатыр (Ғ. Сланов, Очерк).

ЖАСАНДЫРУ *Жасандыр етістігінің қимыл атауы.* а) *Барынша әдемі киіндіру, үлде мен бүлдеге орау.* Өзінің жалғыз аты бар, қызын орыстың бикештеріндей *ж а с а н д ы р у ы н* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Әнтайды жаңа киіммен *ж а с а н д ы р у ғ а* әрекеттеніп жатыр (О.Сәрсенбаев, Сағым). ә) *Көркейту, гүлдендіру.* Оны *ж а с а н д ы р у* болашақ қала азаматы, біздің, борышымыз деген еді ғой (Ә.Бөриев, Алматы.).

ЖАСАНТ= е т. а) *Жаңғырту, жаңарту.* Көктем кепті тағы да, Жер дүниені *ж а с а н т ы п* (Ж.Қыдыров, Сәуір.). *Ж а с а н т ы п* жасыл бөктерін Қасқаяр жондар қырандай (Т.Шопашев, Көңіл.). ә) *Құлпырту, гүлдей жайнату.* Ана жүрегін жаратқан, әшекейлеп *ж а с а н т ы п* (Қашаған ақын, Жыр.). Ал сен келіншек бар ғой, маған тиші, тек *ж а с а н т ы п,* құлпыртып қояйын (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖАСАНУ *Жасан етістігінің қимыл атауы; құлпыру, жайнау.* Жайнап бір туған жас ару Өзенде өскен сүйріктей, Жоқ онда жалған *ж а с а н у,* Бұйығы өрен жүйріктей (С.Бегалин, Өлеңд.). Қас қылғандай Алтай дәл бүгін ұзатылар қыздай *ж а с а н у ы н* шіркіннің (О.Бөкеев, Мұзтау).

ЖАСАНЫС= е т. *Қарулану. Ж а с а н ы с қ а н* жау көрдім, Тізелескен дау көрдім (Есет би). Заманымда өзімнің *Ж а с а н ы с қ а н* жау көрдім. Белсеніскен дау көрдім, Үрікпедім де саспадым (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАСАҢ[1] с ы н. *Жастау, жасырақ.* Бетінің шырайы қашып болмаған ашаң әйел әмсе *ж а с а ң* көрінеді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Әкемнен *ж а с а ң* кеткен жасым үлкен, Еске алсам көзімнен жас арылады (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). Ол сірә *ж а с а ң д а у* көрінеді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАСАҢ[2] з а т. **1.** *Сулы, шөпті, құнарлы жер.* Жарлының малын *ж а с а ң ғ а* қусаң, қуаңға қашады. Ол жерде *ж а с а ң* жер онша көп емес (Қазақ тілі аймақ сөздігі). *// Кеппеген, сулы.* Сыр бойының барқыт қарабарағы да, дені саудыраған майсөкті жантағы да жаңбыр суымен *ж а с а ң* тартып, мал тісіне жұмсақ тиіп кетті (Ә.Жәмішев, Дала.). Шөптің тым құрғағынан *ж а с а ң ы* жақсы дейді ғой (Ж.Тілеков, Шалғай.). Күн тимей сарғайып, *ж а с а ң* өскен шөпті жапыра отырды (О.Бөкеев, Үркер). **2.** *Жасыл шалғын жер.* Көк *ж а с а ң м е н* көмкерілген сыршыл бұлақ сылаң қағып, сылдырай ағып жатыр (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). **3.** *Жасаңшөп.* Үйде өсетін *ж а с а ң* деп аталатын, жапырағы домаланған, жақсы қуаттарды бойына жинайтын өсімдік («Қазақст. әйелдері»).

ЖАСАҢ[3]: **жасаңға шығарды.** ж е р г. *Тегіске шығарды.* Менің сөзімді *ж а с а ң ғ а ш ы ғ а р ы п,* соған еріп кеткелі отырсың ба? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСАҢҒЫРА[1]**=** е т. с ө й л. ***Жасар***. Мен *ж а с а ң ғ ы р а п,* баяғы жас қалпыма келдім (Қаз. ертегі). Онсыз да қарулы адам жігіттей *ж а с а ң ғ ы р а д ы* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖАСАҢҒЫРА[2]**=** е т. **1.** *Сулану, дымқылдану, ылғалдану.* Қазір соғым еті қатпай, *ж а с а ң ғ ы р а п* кетеді (М.Әуезов, Абай). Жердің шөбі *ж а с а ң ғ ы р а п* қалыпты (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). **2.** *Жасара түсу, уылжу.* Батасы жолды Қосай қабыл болып, Ақырғай алты айдан соң бопты жерік. Туыпты бір ұл бала сонан кейін, Жайнайды *ж а с а ң ғ ы р а п*, қайғы сергіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Жайнау, құлпыру. Ж а с а ң ғ ы р а п* жер өңі, Жадырайды бусанып (Ғ.Орманов, Көгілдір). Жаңбырдан соң тау бөктері тіпті құлпырып, *ж а с а ң ғ ы р а й* түскен (З.Жәкенов, Таң самалы).

Көзі жасаңғырады. *Көзінің нұры азайып, буалдырланды.* Кезінде сымбаттылығын аңғартатын мөлдір қара *к ө з д е р і н і ң* бояуы оңып, қоңырқай тартып *ж а с а ң ғ ы р а п* кетіпті (А.Жұмаділов, Сең.).

ЖАСАҢҒЫРАТ= *Жасаңсыту, жасаң тарттыру.* Жақсы бала қарт ата-анасын өзінің қылығымен-ақ *ж а с а ң ғ ы р а т а д ы* («Қаз. әдеб.»). Бет-аузына бір тал әжім қоймай, әйелше сылап-сипап, тым *ж а с а ң ғ ы р а т ы п* жіберіпті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖАСАҢҒЫРАУ *Жасаңғыра етістігінің қимыл атауы; құлпыру.* – Қайыңның *ж а с а ң ғ ы р а у* процесін көрейік, – деді Айгүл (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.).

ЖАСАҢДАН= е т. *Сулану, жасқа толу.* Әйелдің жұмсақ қара көздері кішірейіп *ж а с а ң д а н ғ а н* (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАСАҢДАТ= е т. *Құлпырту, жайнату.* Гүл бақшасынан шешек атқан, Мәңгілікке *ж а с а ң д а т қ а н* (Еңбек күйі).

ЖАСАҢДАУ с ы н. *Жастау, жасырақ.* Гүләйша қалада тұрып, күтініп, баптанып жүргендіктен бе, өзінен үш-төрт жас кіші сіңлісінен *ж а с а ң д а у* көрінеді (Ш.Құмарова, Қос шынар). *// Жасырақ адамдары, жастары.* Ақсақалдар ұната қоймағанмен, *ж а с а ң д а у л а р ы* елтіп қалған соң, «бұны таста, басқаға көш» дей алмады (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖАСАҢДЫҚ з а т. *Жастау, жасырақ болушылық. Ж а с а ң д ы қ,* бірақ мін боп па – Көз жіті, ми бар, қол қатты! (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Бұл да әдебиеттану ғылымының сол кездегі *ж а с а ң д ы ғ ы н а* қуә (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖАСАҢДЫР= е т. *Құлпырту, жайнату.* Қарсы алды көктемді күтіп адам, Қуаты көп көктемнің бұрқыраған Еңбегімен соны адам *ж а с а ң д ы р ы п,* Жаңа сәулет береді біртүрлі оған (Ғ.Орманов, Жан қанаты).

ЖАСАҢҚЫРА= е т. *Отыгу, әлдену.* Степан Бутев қожаның әмірін бұлжытпай орындап, *ж а с а ң қ ы р а п* келген семіз қара атты шанаға жегіп береді (Ғ. Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАСАҢСЫ= е т. *Көңілі жасу, босау.* Шоқан сөзіне ол *ж а с а ң с ы п,* көзін жыпылықтатып тоқталып қалды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Менің айтып отырғаным бәрі шындық,– деп жас шопан *ж а с а ң с ы п* қалды (С.Бегалин, Таңд. шығ.).

ЖАСАҢСЫТ= е т. с ө й л. ***Жасыт***. Толқын ұрған жардай ғып *ж а с а ң с ы т п а* жанымды (М.Әуезов, Таңд.).

ЖАСАҢШӨП з а т. *Біржылдық та, көпжылдық та түрлері бар қос жарнақты шөптесін өсімдік. Ж а с а ң ш ө п* тұқымдасының Қазақстанда ең көп тарағаны – көкемарал, жертаған (ҚСЭ). Алма қышқылы өсімдіктердің піспеген және шала піскен жемістерінде, сонымен қатар жас жапырақтарында, темекі, *ж а с а ң ш ө п т е* болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Жасаңшөп тұқымдасы. б о т. <лат. crassulaceae> *Қос жарнақты бір немесе көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж а с а ң ш ө п т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* Жер шарының қоңыржай және ыстық аймақтарында, таулы жерлер мен құрғақ тасты беткейлерде кездесетін 35 туысы, 1500 түрі бар (ҚҰЭ). *Ж а с а ң ш ө п т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* ішінде дәрілік (алтын тамыр, қаланхое, т.б.) және әсемдік (эхеверия, бозкілем, түбіртек, т.б.) үшін гүлзарларда, саябақтарда өсірілетін түрлері бар (ҚҰЭ). *Ж а с а ң ш ө п т е р т ұ қ ы м д а с т а р ы н ы ң* көпшілік түрлері әсемдік үшін өсіріледі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

ЖАСАР с ы н. *Жастағы, жасқа толған.* [Зеренің] Тізесімен тербетіп отырғаны Айғыздан туған немере қызы, үш *ж а с а р* Кәмшат (М.Әуезов, Абай жолы). Алыстан алты *ж а с а р* бала келсе, алпыстағы шалдары әдейі барып иіліп сәлем беретін қазекеңнің ежелгі әдеті емес пе (С.Омаров, Қиыр жол). Екі *ж а с а р* Төлеуқан Омыртқада жұлының. Бұ да саған алданыш Кеудеңдегі шыбының. Төлеуқаным жас болды, Тіле ұзақ ғұмырын (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

ЖАСАР= е т. **1.** *Жастау болып көріну, ажарлану, әрлену.* Қой көзі күлім қағады. Ақ сары жүзі *ж а с а р ы п,* Алаулап опа жағады (Ж.Молдағалиев, Жесір). *Ж а с а р ы п* бара жатқам жоқ, Қасарып бара жатырмын. Тұғырымды әлі тапқам жоқ, Түйғындай бірақ батылмын (К.Салықов, Жезкиік). Әрі жыл сайын *ж а с а р ы п* бара жатқаным жоқ, қартайып келем (Е.Домбаев, Таңд.). **2.** а у ы с. *Көгеру, көктеу.* Жер *ж а с а р ы п* қалыпты, Жаралғандай жаңадан. Әнді шырқап салыпты, Әлемдегі бар адам (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). **3.** а у ы с. *Гүлденіп құлпыру, жаңарып өзгеру.* Сырлы күйден бір танба, Өзің жазған өлеңдей. Жаз айында гүл жар да, *Ж а с а р а* бер емендей (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жалын мен оттан жаралып, Жарқылдап Рағит жайды айдар. Жаңбыр жерге таралып. *Ж а с а р ы п* шығып гүл жайнар (Абай, Тол. жин.). Қара ағаш, терек, емен де, мына топ қайың, *Ж а с а р ы п,* жайнап кетеді әр көктем сайын. «Жүнісбай бағы» жүйріктен қалған бір белгі, Күндік бір жерден көрініп тұрады дәйім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАСАРТ[1]= е т. *Жасаурату, көзі жасқа толу.* Пәрәмік айтып беріп бабай сөзін: «Бұл жағын, не қылайын, біл, – деді, – өзің». Білгесін ұстазының өлетінін, *Ж а с а р т т ы* жылауменен екі көзін (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАСАРТ[2]= е т. *Жас етіп көрсету, әлдендіру, рух күш беру.* У жыланнан тазартып, Гүлдендір байтақ жеріңді. Бетіне мұз қатырмай, Шалқыт айдын көліңді. Осындай ерлік істесең *Ж а с а р т қ а н ы ң* өңімді (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Қәрі жүрегін *ж а с а р т ы п,* құпия сырын шертетін кезі де осы кез (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Тіпті оны женьшенмен қасиеті бір екенін ерте кезден білген. Тіпті оны женьшенмен қатар қойып – оның адамды *ж а с а р т а т ы н,* күш беретін және көптеген аурулардан айықтырып жіберетін жақсы қасиеттері бар деп келген (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Қартайғанды, сен өлең, *ж а с а р т а с ы ң,* Ауыр-ауыр арқама тас артасың. Шырағымды сөндірмей мөлитесің, Қиындыққа көндірмей қасартасың (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАСАРТУ *Жасарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жас етіп көрсету.* Ерте туған екенмін деп өкінбен, Ешкімнен де *ж а с а р т у д ы* өтінбен (С.Сейітов, Сенем.). **2.** а у ы с. *Гүлдендіру, құлпырту.* Туған жерді мәпелеу, *ж а с а р т у,* жайнату осы отырған сіздердің перзенттік парыздарыңыз (Ж.Еділбаев, Түркістан).

ЖАСАРУ *Жасар етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жас болып көріну.* Кім біледі қанша жыл жасарымды? Ой түбіне жете алмай бас ауырды. Ойламаймын қайтадан *ж а с а р у д ы,* Үлкен бір кеңес ашып кетсем деп ем, Жинап алып жырымды-жасағымды (М.Мақатаев, Шығ.). Жазатыным баяғы қәрі өлең бе, *Ж а с а р у д а н* сен енді дәмеленбе. Күнге қарап талпынам сәби болып, Сәби көзбен қараймын бар әлемге (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Жаңару, жаңғыру.* Міне, осы қауіпті дерттердің

«ж а с а р у ы» осы заманғы күрделі проблемаға айналып отыр (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

ЖАСАС= е т. *Әзірлесу, келісу.* Жақында осы орталық директорының орынбасары, техника ғылымдарының докторы, профессор А.Десятов бастаған ресейлік мамандар Ақтауға келіп тапсырыс берушімен және мәселені шешушіге қатысты өзге де құзырлы орындармен жұмыс бабындағы мәмілелер *ж а с а с ы п*, баспасөз мәслихатын өткізді («Егемен Қазақстан»).

Келісім [шарт] жасасты. *Келісімге келді, уағдаласты.* Осы маңайдағы бес колхозбен *ш а р т ж а с а с ы п* отырмыз (F. Мұстафин, Қарағанды). Сөйтсе, жеке бас куәлігін, жинақтаушы зейнетақы қорымен *ж а с а с қ а н* зейнетақы туралы *к е л і с і м д і* және салымшының есеп кітапшасын алсаң да жетеді екен («Егемен Қазақстан»).

ЖАСАСУ *Жасас етістігінің қимыл атауы; есеп айырысу.* Оның малдарын беріп, астығын өткізген артель мүшелерімен есеп *ж а с а с у* үшін әкеле жатқан ақшасы да бар (О.Иманәлиев, Байқадам).

ЖАСАТ з а т. **1.** *Дене, тұлға, кеуде.* Бұл сынды баукеспені көргеннен соң, жан қалды *ж а с а т ы н д а* тек қимылдар (Т.Ізтілеуов, Мәрді дихан). **2.** а у ы с. *Түрі, соғылуы. Ж а с а т ы* келмес күмістен Сұлулап соққан мыс артық, Жаңбырсыз өткен жаз күннен Жайлы болған қыс артық (XIX ғ. қаз. поэз.).

Жасаты жақсы. *Тұлғасы, дене бітімі жақсы.* Ол ақсақалдың *ж а с а т ы ж а қ с ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСАТ= е т. *Әзірлету, дайындату.* Өзге ұлдарына әдемі киім, салтанатты ер-тұрман істетсе, бұған арнап найза, жақ, алдаспан *ж а с а т а т ы н* (І.Есенберлин, Алмас.). Алыстағы ауылдың адамдары да бір шай беріп, *ж а с а т ы п* алып кетіп жатқаны (Қ.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖАСАТҚЫЗ= е т. **1.** *Дайындату, әзірлету.* Бірінші, жігіт бермейміз, екінші, болыстарға тізбе *ж а с а т қ ы з б а й м ы з* (С.Шарипов, Бекболат). **2.** с ө й л. *Өмірлі болуын, ұзақ жасауын тілеу.* Екінші көтерілісте – балшабекті, үшіншісінде қазақ автономиясын, одан кейін жаңа қонақты, ең аяғы үй иесін де *ж а с а т қ ы з ы п*, арақ бірте-бірте ішіле берді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАСАТТЫР= е т. *Дайындаттыру, әзірлеттіру.* Уәделеріне жетсе, совхоз басшылары жаңадан үлкен киіз үй *ж а с а т т ы р ы п* бермек (Ә.Жәмішев, Дала.). Бұларды немістер осы Лепель маңына әкеліп жер қаздырып, бекініс *ж а с а т т ы р м а қ* екен (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

ЖАСАТТЫРУ *Жасаттыр етістігінің қимыл атауы.* Жазушының өмірі, шығармалары туралы альбом *ж а с а т т ы р у* оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге ынталандырады («Қазақст. мұғ.»). Шідертінің он сегіз ауылнай елінің мал тізімін қаратып әр ауылнайдың байларының тізімін *ж а с а т т ы р у ғ а* кірісті (Д.Әбілев, Баянауыл.).

ЖАСАТУ *Жасат етістігінің қимыл атауы.* Парта орнына қазақтың дөңгелек үстелдерін қойғызып, тақта *ж а с а т у* керек (С.Көбеев, Орынд. арман). Рота командирлері тиісті бұйрықты алып, топтарын жаңа орында бекініс *ж а с а т у ғ а* ертіп кетті (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖАСАТУШЫ з а т. *Бір нәрсені әзірлетуші, дайындатушы адам.* Кісі үйінде, яғни ер *ж а с а т у ш ы н ы ң* үйінде тұрып, ер қосу ісі түрлі жағдайларға байланысты болатын (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

ЖАСАТЫЛ= е т. *Дайындатылу, әзірленілу.* Орындықтар арнайы *ж а с а т ы л ғ а н*, арқасы биік, қызыл күрең былғарымен қапталған (К.Қазыбеков, Аманат).

ЖАСАТЫЛУ *Жасатыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСАУ[1] з а т. **1.** *Жиһаз, үй мүлкі.* Он үлкен үйді осы бүгіннен қалдырмай әкелуді міндетіне алады. Сол үйлерге арналған ішкі *ж а с а у*, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ – баршасы үйлермен бірге келеді (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** э т н. *Ұзатылатын қызға ата-анасы дайындайтын дүние-мүлік.* Марияның отауы мен қалған *ж а с а у ы н* арттырып, Жәмила апарып, Мариямен жарасып, әбден кірсіз болып татуласты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж а с а у ы н* жайнатып жиып, кілем, көрпе, төсеген, оюлы ақ отауға әкеп кіргізеді. Құрулы шымылдық ішіне бықырлаған қыз-келіншектердің ортасына Ақбілек отырады. «Келінді көреміз» деп үлкен қатындар келгенде, Ақбілек сызылып түрегеледі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ал, балапан, Алаңдама тарт алға! Асын ішсін Алаңдамай атаң да. Қасиетті бол, Әулетіңдей адал бол! Осы берер *Ж а с а у ы м* да, батам да! Балам, сені осы көп Айтып жүр ғой жақсы деп, Мен өзім де ойламан Ақыл сенде тапшы деп (F.Қайырбеков, Көнсадақ). Ер Төстікті күйеу қып Қоңырбай қызын ұзатты. Құда болып, дос болып, Ер Манасты сыйлапты. *Ж а с а у ы м е н*, тұлпармен, Тұйғынымен, сұңқармен, Отауын артып көп нармен, Қыздарын бұлар шығарды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Байлық.* Дүние тыныш еді «құлаққа ұрған», Талықсып тал бойында шуақ тұнған. Табиғат сонда саған, раушанға, Барынша бар *ж а с а у ы н* лақтырған (М.Мақатаев, Шығ.). Үлестіріп *ж а с а у ы н*,

енші беріп еліне, Жатыр әне сол дала тандырдай боп нан жапқан (М.Мақатаев, Шығ.).

Қыз жасауы. э т н. *Ұзатылатын қызға арналған дүние-мүлік. Қ ы з ж а с а у ы* мен бай үйдің асыл қазыналарын киізге орап, тең-теңімен қамыс ішіне тығып жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Үй жасауы. *Үй мүлкі, жиһаз.* Анна Иванова *ү й ж а с а у л а р ы н* аса құмарта қарап, қолымен сипап, сүзіле қарап жүр (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАСАУ² *Жаса етістігінің қимыл атауы; дайындау, істеу.* Қазақта Еуропа театрының түрін *ж а с а у* ең алғаш орысша оқыған қазақ жастарынан шықты (С.Мұқанов, Есею жыл). Аянбай жасаған бұрынғы еңбегінің үстіне әлі де творчестволық батыл еңбек *ж а с а у д ы ң* ерекше маңызды және аса қажетті екендігін Қазақстанның ғалымдары мен бүкіл интеллигенциясы толық түсінеді (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Оны ең әуелі мектептен бастау керек. Мектеп бағдарламаларына «имандылық сабақтарын» кіргізіп, үлкенді сыйлау, өзгеге қиянат *ж а с а м а у*, жанындағыларға тек жақсылық істеу секілді халқымыз ежелден ардақтап келе жатқан биік моральдық құндылықтарды балғындардың бойына ерте бастан егіп, құлағына құя беру керек («Егемен Қазақстан»).

Байланыс жасау. *Қарым-қатынас орнату, қатынасу.* Солдаттардың бірі телефон сымын бір ағаштың бұтағына ілді де, судың доғы жағындағы әскери бөлімінің штабымен *б а й л а н ы с ж а с а у ғ а* әрекеттенді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Баяндама жасау. *Белгілі бір мәселе жөнінде жиналыста сөйлеп, кең ақпар беру.* Юбилейлік жиналыста *б а я н д а м а ж а с а у* маған тапсырылды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Алдыңғы шепте жаумен соғысып жатқан жауынгерлерге барып әртүрлі тақырыпта лекция оқу, *б а я н д а м а ж а с а у,* әңгіме өткізу (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Дастарқан жасау. *Дастарқан жаю, даярлау. Д а с т а р қ а н ж а с а у ы* сол кісі тарапынан болып шықты (Ж.Молдағалиев, Самал).

Қателік жасау. *Қателесу, жаңылысу.* Ерік берсең орға жығып, кетер бір күн асау қан, Сақта Тәңір *қ а т е л і к т і* біле тұра *ж а с а у д а н*! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Қорытынды жасау. *Істелген істің нәтижесі туралы байлам, тұжырым, тоқтамға келу.* Қазақ ССР Ғылым академиясының лабораториялық және ішінара өндіріс жағдайында жүргізген тәжірибе жұмыстары мынадай *қ о р ы т ы н д ы ж а с а у ғ а* мүмкіндік береді (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

Қысым жасау. *Қысымға алу, қорқыту, қиыншылық көрсету.* Мұны олар үшін қолайсыз адамдарды қызметтен тайдыру, құқық қорғау органдарының заң бұзушылық фактілерін тексеру мен анықтау жөніндегі жұмысына қарсы тұру үшін Үкіметке, заң шығарушы билікке, бәлкім Президентке де *қ ы с ы м ж а с а у* саясаты деп санаймын («Егемен Қазақстан»).

Шабуыл жасау. *Шабуылға шығу, шабуылдау.* Егер бес-алты мыңдай әскер болса, Торғайға *ш а б у ы л ж а с а у ғ а* болады (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бізге қарсы *ш а б у ы л ж а с а у ы н а* өте қажетті қыстақ болғандықтан, барлық күшін салып қолдан шығармай ұстап отыр (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖАСАУ³ з а т. ж е р г. *Оқ.* Қабаған итті атар едім, мылтығымның *ж а с а у ы* жоқ (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСАУДАЙ с ы н. *Жасау сияқты, жасау тәрізді, жайнаған, жаңа, құлпырған т.б.* Көк далаға төгіп қойған *ж а с а у д а й* айналаны жандырып, жасартып тұрғандай (М.Әуезов, Қилы заман). Мынау *ж а с а у д а й* жайнаған қора-қора көк тастар – кеше сенің лақша секіріп ойнаған балалық шағың! – деп үн салып тұрғандай (Д.Әбілев, Арман.). Жерге түскен дәннің алды *ж а с а у д а й* жайнап келеді (Ғ. Сланов, Шалқар).

ЖАСАУ-ЖАБДЫҚ з а т. **1.** *Жиһаз, үй мүлкі.* Кең де, *ж а с а у - ж а б д ы ғ ы* мол киіз үйіне кіріп, төріне жайластық (Ғ.Сланов, Замана). Бұл *ж а с а у - ж а б д ы ғ ы* әбден тозған, төбесін ыс басып, сабаны салбырап көзге түскен Бекболдың жапырайған жер кепесіне тіпті ұқсамайтын еді (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** э т н. *Ұзатылатын қызға ата-анасы дайындайтын дүние-мүлік.* Елдің қызы сияқты қолда бар азды-көпті *ж а с а у - ж а б д ы ғ ы м м е н* жөні түзу ұзатылсам, бір сәрі еді (С.Омаров, Дала қызы). Галия қалада еді, қыздың өзімен ақылдаса отырып, *ж а с а у - ж а б д ы қ қ а* керекті заттарды көріп алуды сөз етісті (К.Оразалин, Абай.).

Жасау-жабдықпен ұзатты. э т н. *Қызды жиһаз, дүние, мал-мүлікпен күйеуге берді. Ж а с а у - ж а б д ы қ п е н ұ з а т ы п* алмағанымды барған соң білер (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАСАУ-ЖИҺАЗ з а т. *Үй ішіне керекті дүние, үй мүлкі.* Қоңыр үйдің ішінде *ж а с а у - ж и һ а з* шамалы екен (С.Мұқанов, Өмір мект.). – Сойыстық мал сендердікі болсын, *ж а с а у - ж и һ а з д ы* мың кісі болса да жеткізем, – депті Айғаным (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ауыз үйде еденде алаша жатыр, дөңгелек үстел тұр, ыдыс-аяқты, көрпе-көпшікті қоспағанда бұл үйдегі іліп алар *ж а с а у - ж и һ а з* осы ғана (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖАСАУЛА= е т. **1.** *Үйдің ішіне дүние-мүлік жинап сәндеу.* Қысқасы, үйін қалай сәндеп *жасаулаймын* десе де ол кісінің қаржысы жетеді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Жақсы ырым болғай деп, екі бөлменің біреуін Ғалиыма арнап *жасаулап* қойдым (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Әскер мен Талбике әрі шауып, бері шауып жүріп, бір-екі айдың көлемінде үйін түптүгел қайта *жасаулап* шықты (С.Досымов, Жаңғырық). **2.** э т н. *Ұзатылатын қызға керекті дүниені дайындау.* Соның бәрі баланы *жасаулап* аттандыру қамы (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Баяғыда ұзатылатын қызды *жасаулап,* жеңгелері сәукеле кигізіп басына, аужары мен сыңсуы, қызойнағы, сауығы, некесі мен жорасы болып жататын еді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

ЖАСАУЛАН= е т. *Әдемілену, сәндену, дайындалу.* Шоқан кірген шақта үйдің іші *жасауланып* болған еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ұзын-көлденеңі бірдей шағын шаршы залдың іші ауыл талғамымен *жасауланған* (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

ЖАСАУЛАТ= е т. *Безендіру, сәндендіру.* Қазақтар ақ киіз үйлер тіктіріп, іштерін *жасаулатып,* желілеп биелер саудырып дегендей, сән-салтанат айта қалғандай болу керек (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бүгінгі ұрпақ *жасаулатып* ұзатар, Келер күнге бұр аңызды жыр етіп (А.Нысаналин, Көзайым).

ЖАСАУЛЫ[1] с ы н. **1.** *Жасауы мол, жиһазды, дүние-мүлікті. Жасаулы* деп, малды деп байдан алма, Кедей қызы арзан деп құмарланба. Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма (Абай, Тол. жин.). Бұл үй сол Аққу көлінің басындағы алты ауылдың ең бай үйі еді. Үй іші *жасаулы,* сәнді (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Сәнді.* Үлкен үйдің іші сыртындай жұпыны емес, *жасаулы,* кілемді, алашалы екен (М.Әуезов, Абай жолы). Тоян оң жақтағы *жасаулы* төсектің алдында толған айдай толықсып отыр еді (С.Омаров, Жүйрік көңіл).

Жасаулы дастарқан. *Ас, тағам қойылып даярланған дастарқан.* Айбек *жасаулы дастарқан* шетіне жаңағы жұмарланған бес сомдықты қойды (К.Зекенов, Жанартау).

ЖАСАУЛЫ[2] с ы н. **1**. *Оқтаулы.* – Ойпырай, мылтық *жасаулы* екен ғой. Оқ сиырға тиді (Ж.Молдағалиев, Торғай.). **2.** *Қаруланған, қару-жарақты. Жасаулы* жаудан бұрылмай, Жаужүрек жомарт құбылмай, Жан біткенге жалынбай, Жақсы өліпсің, япырмай! (Абай, Тол. жин.). Жаңағы *жасаулы* топ сол тізбегімен үйіріліп, босағаны басып алды (К.Қазиев, Иманжапырақ).

ЖАСАУРА= е т. *Көзіне жас алу, көңілі босау.* Біздің дүлей ғасырымыз қайда асығып барады? Кейде бойын үрей қармап *жасаурайды* жанары Бәлкім, оңай жол таптым деп ойлай ма екен төтеден? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Тағдырымды бердім, жаным, қолыңа Енді өзің біл, Сенсіз өмір жоқ маған! – Деді сұлу *жасауран* от жанары Жігіт те оған ырзалықпен Ерге біткен мырзалықпен Жүрегінен жалын шаша қарады (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Көзі жасаурады. *Көзіне жас келді, жас үйірілді.* Қаның қашып, *жасауран* екі *көзің,* Не болдым деп табалап өзіңді-өзің (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Осы арада манадан бері үн-түнсіз тыңдап отырған Маржанның *көзі жасаурады* (Ә.Кекілбаев, Дала). Кейінгі жастарды көргенде, біз де осы күндерді *көзіміз жасаурай* еске алатын боламыз (М.Мағауин, Ақша қар). Жап-жаңа *жасауран,* былжыраған қызыл *көзінен* қуаныш ұшқындап тұр (Ғ. Мұстафин, Көз көрген). *Жасаурай* әлденеге тұрды *көзі,* Күннің де қызық екен бұл мінезі. Көз жасын еркелікпен төгіп алып, Артынан жас баладай күледі өзі (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көзін жасауратты. *Көзін ашытып, жас келтірді.* Үй ішіндегі булыққан көк түтін *көздерін* удай ашытып, *жасауратып* барады (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер).

ЖАСАУРАҢҚЫРА= е т. *Көзіне жас үйірілу, жасаурау.* Ол сөзін *көзі жасаураңқырап,* тітіркеніп айтты (З.Қабдолов, Өмір.). Қыр музыкасы әр кез, әр заман, әр жерде құдіретті-ау! – деп әсерлене сөйлеген Пушкиннің *көзі жасаураңқырап* қалды (А.Сатаев, Дала).

ЖАСАУРАТ= е т. *Көзіне жас үйірілту, жасаурау.* ≈ Көзін *жасаурата* бастады.

ЖАСАУРАТҚЫШ с ы н. *Жасаурататын, жасқа толтыратын.* ≈ *Жасауратқыш* иіс.

Жасауратқыш газ. х и м. <лат. lacrima> *Адамдардың, жануарлардың көздерінің шырышты қабатын қоздырып, жас ағызатын газ. Жасауратқыш газдарға* құрамында галогендері бар көптеген органикалық қосылыстар жатады (ҚҰЭ). *Жасауратқыш газ* адамның терісіне, тыныс жолдарына да әсер етеді (ҚҰЭ).

ЖАСАУРАУ *Жасаура етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСАУСЫЗ с ы н. *Жасауы жоқ, жиһазсыз, дүние-мүліксіз. Жасаусыз* аңырап орданың ішін аралау Шоқанға қызық көрінген жоқ (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Едені жер, *жасаусыз* болса да, бөлменің іші мұнтаздай (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Жаңа ғана байдың қатыны менің кедейлігімді, күйеуге *жасаусыз*

барып, той-думансыз әйел болғанымды бетіме басқысы келді-ау (Б.Тілегенов, Уақыт).

ЖАСАУШЫ з а т. *Бір нәрсені дайындаушы, әзірлеуші, тұзуші.* Бізде еңбекті етушіні айтқанда, орындаушыны ғана емес, еңбекті *ж а с а у ш ы н ы,* бастаушыны, ұйымдастырушыны тәрбиелеп шығару керек (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ет үйдегі үш-төрт табақ *ж а с а у ш ы л а р д ы ң* ортасында Шабданбек пен Тәшібай түстері бұзылып тұра келді (С.Сейфуллин, Шығ.). Ер-тұрман *ж а с а у ш ы* шеберлердің құрал-саймандарын негізінен үш топқа бөлуге болады (Х. Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). «Әдебиеттің шын *ж а с а у ш ы с ы* – халық» – деп А. Толстой айтқандай, ел іші – теңіз, Інжу-маржан сол теңізде (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАСАУЫЛ з а т. т а р. **1.** *Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі әскербасының қасындағы шабарманы. Ж а с а у ы л* жорық кезінде әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен, мініс аттарымен қамтамасыз ету, тексеру, бақылау істерімен шұғылданған (ҚҰЭ). Бір *ж а с а у ы л* жіберіп Жинады тегіс шаһарын. Бес мың алды адамнан, Ноғайлыққа бармаққа (Батырлар жыры). Асыл пұл, неше алуан бұйым артып, Бірнеше *ж а с а у ы л д а р* шеру тартып, Отын-суға қызығып пәтер түсті, Жолығып көрі шалға жайын айтып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бір кезде Жошы ауылы қонған жерде ат шалдырып жатқандарында, қасында он *ж а с а у ы л ы* бар, Көксаңдағын ойнақтатып Қобыланды батыр үстеріне сау ете қалған (І. Есенберлин, Алмас.). **2.** *1576 жылдан казак-орыс әскерлерінде әскери атақ, шен ретінде қолданылған есауыл сөзінің қазақша дыбысталуы.* Ауылымды шапқан Сотников *ж а с а у ы л д ы ң* әскерін кім басқарып келді? (І.Есенберлин, Қаһар). *Ж а с а у ы л* бұйрық алып елге жетті, Сабылтып мінген атын екпіндетті. Съездің болатынын хабарлады, Мұны естіп талайлардың есі кетті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Ж а с а у ы л* 1917 жылдан кейін шен ретінде жойылды (ҚҰЭ).

ЖАСАУШЫДАЙ с ы н. *Жасаушы сияқты, жасаушы тәрізді.* Бұл қонақтың машиниске күлгені-ай, Машинаны *ж а с а у ш ы д а й* білгені-ай (Х. Ерғалиев, Біздің ауыл).

ЖАСАУШЫЛЫҚ: қарсылық жасаушылық. *Қарсылық жасап әрекеттену.* Әйелдердің іс жүзінде азат болуына *қ а р с ы л ы қ ж а с а у ш ы л ы қ т ы* заң жазалайды (Қаз ССР негізгі заңы).

ЖАСАУЫЛДА= е т. *Күш көрсету, қарсы тұру.* Кей-кейде жүрек сыздап, бас ауырып, Қияс тартса адуын асау ырғақ. Тағдыр тізгініне көндіріп, Түзу жолға салады *ж а с а у ы л д а п* (Н.Оразбаев, Өмір.).

ЖАСАУЫЛДАЙ с ы н. *Жасауыл сияқты, жасауыл тәрізді.* Тулаған толқындардың асауын-ай, Ну орман қарап қалған *ж а с а у ы л д а й* (К.Бектұрсынұлы, Үміт.). Анда-санда таулар қара бүркіттей төніп келіп, кейін серпіледі: тастары қырылған *ж а с а у ы л д а й* жыпырлап жатыр (Х. Әдібаев, Таңбалы адам.).

ЖАСАУЫЛША үс т. *Жасауыл сияқты, жасауылға ұқсап.* Енді байқады, ол күзетте тұрған *ж а с а у ы л ш а* қақайып тұрған, мен сенің оқыған күйеуіңнің сенімді серігімін ғой деп тұрғандай (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАС-ЖЕЛЕҢ з а т. *Қыз-бозбала, жігіт-желең.* Тобықтының сол күндегі биі Кеңгірбай, өзге барлық *ж а с - ж е л е ң н і ң* ішінен Ырғызбайды сынайды (М.Әуезов, Әр жыл.). *Ж а с - ж е л е ң* жиылып, Ақжал тауының басына шығып, серуен құрған шақтарда Заманға барлығы қолқалап осы әнді айттыратын болса керек (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Жол үсті *ж а с - ж е л е ң* жеңіл әзілмен жол қысқартады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖАС-КӘРІ з а т. *Үлкен-кіші бәрі, түгел.* Көршіме көңілі жарым қимаймын ба? Обалын мойныма артып, өлтіргенше Жүз ақыл берген шығар келген бәрі: Бірі олай, бірі бұлай деп *ж а с - к ә р і* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ол өлкеге Бөжейді жоқтап, андыздап ат қойып, ағылып кеп төгіліп түсіп, жыласып жатқан әйел-еркек, *ж а с - к ә р і н і ң* ұшы-қиыры жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ауылдағы *ж а с - к ә р і* түгел қотарылып келіп, құтты болсын айтып жатты (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Содан бері ізденістер көп, тегі, Бас қатырды талай жылдар *ж а с - к ә р і.* Жаңа бояу ежелгіге жетпеді, Жаңа жырлар ежелгіден аспады (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Талай жылдар өтсе жылжып әріге, Тыңдай берер толқып *ж а с* пен *к ә р і* де. Жан күйігін, көңіл шерін басайын, Салшы, қалқам, Абайдың бір әніне (К.Салықов, Жезкиік).

ЖАСИР з а т. д і н и. ***Құптан.*** Бақтыбай киіз үйдің төріне тағы ұзақ отырып, *ж а с и р ы* оқыды (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖАСИЫҚ [ар. جشيق] з а т. д і н и. ***Құптан.*** Тұздыекең әйелі мен баласының бұл сөзіне *ж а с и қ* намазында тұрып құлақ қойды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАСИХ з а т. д і н и. ***Құптан.*** *Ж а с и х* намазын оқып отырып, сәждеге басын қойған күйі жүріп кетіпті (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖАСҚА з а т. ж е р г. *Арықтағы суы таяз жер, өткел.* Паяпыл тұрғанда *ж а с қ а д а н* өткенің қалай? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Ж а с қ а д а н* өтсең бұрын өт, ізде қалсаң, жер тайғақ (Мақал-мәтел).

ЖАСҚА= е т. **1.** *Бір нәрсемен қақпайлап жасқандыру, бетін қайтару, тайсалдыру.* Қара

төбет екпіндеген бетімен жанында *жасқап* тұрған Құрмашқа қарамастан, келе Көксеректі бүйір жағынан келіп арс етіп қауып алды (М.Әуезов, Көксерек). Қамалап жүрген жұртты енді қасына жуытпауға тырысып, Ыдырыс қамшымен *жасқап,* кейбіреулерді қамшымен салып қалып та жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.). Шақырмайды қол бұлғап үнемі асқар, Бірде қостар тіршілік бірде *жасқар*. Сені жақсы көргенді сен жақсы көр, Сонда өмірдің сәні де кіре бастар (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Сөзбен ықтыру, беттетпей тыйып тастау.* Тентекті *жасқап* қақпадың, Өсекшіні мақтадың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қай баланы беделіммен *жасқаппын,* Қай баланы назардан тыс тастаппын? (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Өзімшіл жан — қызғанышқа баспана. Бойыңдағы әділдікті *жасқама*! Мақтанасың жақсыңды айтып өзіңнің, Сол жақсылық бітпеген бе басқаға?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Кім сүймес, көргергенді, көктегенді, Кім қалар *жасқағанды,* шектегенді. Жеткеннің аяғынан шала көрме, Жеткізем деп ойлаған жетпегенді (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАСҚАЛ= е т. *Беті қайтарылу, ықтырылу, жасқандырылу.* Аз күнде Бәйзанның қызыл шырайлы жүзі күзгі шөптей қуарып, нұрлы қарақат көздерінің жалыны *жасқалып* қалғаны жаныма қатты батты (Ж.Мусин, Үміт).

ЖАСҚАН= е т. **1.** *Беті қайту, тайсалу, сескену. Жасқанған* тайлақты Айбарша ноқтаның қылдан есілген жуан бауымен санынан тартып-тартып жіберді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жайы мәлім шошқаның, Түрткенінен *жасқанба* (Абай, Тол. жин.). Әлі аулақта әрнеге ұрыншақ күн, Қарағанын білмеймін сұғын сап кім?! Көзін ашқан *жасқанып* ботақанмын, Тұра алмаған тыраңдап құлыншақпын (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** *Жүрексіну, имену, қаймығу.* Деп едім өзімше бір аспандайын, Шалқиын, Желпінейін, *Жасқанбайын.* Амал не! Бақыт көші көрсе лайық Жігітті сол жақтағы қас маңдайлы! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). – Айт, балам, Арманыңды айт, *жасқанбағын,* Көріп тұрмын, көзіңнен шашқан жалын. Не айтам саған, көл едім, көлшік болдым, Көзі бітіп, суалған бастауларым. Тыңдайын, арманыңды айт, жасқанбағын (М.Мақатаев, Шығ.). Жайдары ең, *жасқанбаушы* ең, жайнаушы едің, Жамылып ақ сәуленді ойнаушы едім. Шығыстан шарадай боп көтерілсең, Шынымен құдірет деп ойлаушы едім (М.Мақатаев, Шығ.). Уа, Торғай, тыңда мені, қымбатты анам, Бала боп барсам аунап-қунап қалам. Желіңе, толқыныңа, жаңбырыңа *Жасқанбай* жанымдағы сырды ақтарам (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** *Тура қарай алмау, ығу.* Көктің ортасына келуге шыжыған күннің шашыраған ыстық шұғыласынан *жасқанатын* сияқты (С.Сейфуллин, Әңгім.). Біреу айтты Рүстем қостайды деп, *Жасқанбаған* бетіңді жасқайды деп (Жанақ).

ЖАСҚАНДЫР= е т. *Бетін қайтарту, ықтырту, тайсалдыру.* Солдаттар елді құр *жасқандырсын* демесе, ешкімге де тіктеп қарай алмайды (М.Әуезов, Қилы заман). «*Жасқандырып* алуыма реті келген жері осы-ау»,– деп болжаған ояз байдың ығыспаған ажарын таныған кейін тіксініп қалды (К.Оразалин, Абай.). Балаусадай балбыраған жас күндер, Жастықтағы *жасқандырмас* дәстүрлер, Есілдегі судай ағып кетсе де, Қажырлы адам қартайса да «жаспын» дер (К.Райбаев, Жаңа толғау).

ЖАСҚАНДЫРУ *Жасқандыр етістігінің қимыл атауы.* Оспанды жасқандырған сияқты, Шәрипа Ұлбосынды да *жасқандыруға* тырысады (Б.Майлин, Шығ.). Қолымызға бірекі құрықша аламыз, абалап ит келе қалса, *жасқандыруға* керек қой (З.Ақышев, Достар).

ЖАСҚАНТ= е т. *Имендіру, қаймықтыру.* О, туған ел! Достықтың дастарқаны. Достық керек... кім одан бас тартады?. Осылай бол! Осы өмір, осы пейлің Досыңды, дұшпаныңды *жасқантады.* Осылай бол, достықтың асқар тауы! (М.Мақатаев, Шығ.). Ал қасында *жасқантып* алтын Айды, Сыр шерткендей елдіктің даңқы жайлы, Ақтерек пен аққайың арасынан Бейсен ата күмбезі жарқырайды (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ұнатпаймын тағдырды, дүниені, *Жасқанты*п жалынта алмас ол да мені. Алладан бәрібір деп тосып тұрмын, Алғалы жақсылықты я өлгелі (Абай, Тол. жин.).

ЖАСҚАНТУ *Жасқант етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСҚАНУ *Жасқан етістігінің қимыл атауы.* Сонда Әли сөйледі, Көмекейі бүлкілдеп. *Жасқануды* білмейді, Кетті батыр еркіндеп, Патшадан көрген қорлығын, Айта берді біртіндеп. Ел жарасы ушықты, Жарылғалы күлтілдеп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Күн кештім кібіртіктеп иілумен, Күн кештім *жасқанумен,* түйілумен. Қасыма құрбы қыздар жоламады, Шошыды-ау жалба-жұлба киімімнен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Шолпан сол кездегі қалам тартқан адамдарды үлгі алуды мақсат ететін еді, *жасқануға* дегеніңіз қаперіне де келмейтін (Аялы жандар).

ЖАСҚАНШАҚ с ы н. *Қорғаншақ, жүрексінгіш, именшек.* Бірақ батыр емес, жай қайрат иесі, өзінен бағы, күші артық батыр кез келгенде *жасқаншақ,* қорқақ (М.Әуезов, Әр жыл.). Іздеп соны, болушы едім мен де айтпақ, Онда топтың шыға алмадым ішінен. Ұяң едім,

жас едім, мен *ж а с қ а н ш а қ* (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). Жаман іні белгісі – *Ж а с қ а н ш а қ* болар ағасы, Алдынан шығып әр жерде Көп болған соң, таласы (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Жетім қозы бар қозыдай *ж а с қ а н ш а қ*, Көзінде оның тұрады ылғи жас моншақ. Ол да бірге жүгіреді ауылға, Барлық қозы жүгіргенде аттан сап (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАСҚАНШАҚТА= е т. **1.** *Қорғаншақтау, беттемей тайсақтау.* Ноғала түскен мал көзі жасаурап *ж а с қ а н ш а қ т а п*, ылғи көзін жұмып жүреді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Атпен қудық, ит қосып та байқадық, Жемтікті бір ала алмадық қайтарып. Жалт бұрылса *ж а с қ а н ш а қ т а п* ит біткен Ат баурына тығылатын қайта ығып (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). **2.** *Жүрексіну, қымсыну, имену.* Мен ұстаз алдын жаңа көрген шәкіртше *ж а с қ а н ш а қ т а п* қысылдым да қалдым (М.Хасенов, Алғашқы ән). Іштей *ж а с қ а н ш а қ т а п*, қысылып, ыңғайсызданып қалатын бір қалып туды Зұлқияға (М.Иманжанов, Таныс қыз). Әуезовтен дәріс алған, өріс алған құлын ем, Неменеге *ж а с қ а н ш а қ т а п*, неменеге бүгілем. Неменеге кетіп қалған жастық атты керуеннің, Артынан мен айғай салып жүрегімді ап жүгірем (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Бір кезде көрінетін құрыш-балға Қолдары *ж а с қ а н ш а қ т а п* гүл ұстауға, Біразы аңсағандай тыныштықты, Ертерек бара жатыр тыныстауға (С. Жиенбаев, Алтын қалам.).

ЖАСҚАНШАҚТАН= е т. *Қорғаншақтану, именшектену.* Сүлеймен Нұртазалардың бетін көруге жүзі шыдамаған Қорамса *ж а с қ а н ш а қ т а н ы п* басын көтере алмай, жұрттың шетін ала отыра кетті (С.Жүнісов, Ақан сері). Сұлтанмахмұт өткір күрең көзін теке көздің өңменінен өткізе түйреп қадады. Қаражан *ж а с қ а н ш а қ т а н а* мүләйімсіді (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАСҚАНШАҚТАНУ *Жасқаншақтан етістігінің қимыл атауы.* – Неменесі бар, оқимыз! – деді, осы қолдан келмес деп күмәндануды, *ж а с қ а н ш а қ т а н у д ы* білмейтін Сапар (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ЖАСҚАНШАҚТАУ *Жасқаншақта етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСҚАНШАҚТЫҚ з а т. *Қорғаншақтық, именшектік. Ж а с қ а н ш а қ т ы қ* – ердің ісі емес, сөздің ісі (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Еламан тік мінез, тентек шалдың қай жағынан шығарын білмей, іштей ығысып отыр. Сүйеу қарттың *ж а с қ а н ш а қ т ы ғ ы н* жақтырмай, жалт етіп суық көзін жылдам тастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖАСҚАНЫҢҚЫРА= е т. *Қорғаншақтаныңқырау, именіңкіреу.* Көшімов жолдас көп мәселелерді дұрыс көтеруге, қаттырақ қоюға бет алған сияқты еді. Бірақ баяндамасын жасай келе, *ж а с қ а н ы ң қ ы р а п* қалған сияқты болды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖАСҚАНЫС= е т. *Тайсалысу, қаймығысу, именісу.* Бір топ жолдастары интернат алдында Нұрланды қарсы алды. Сынық кескінінен *ж а с қ а н ы с ы п* қалды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа).

ЖАСҚАНЫССЫЗ с ы н. *Еркін, батыл, тайсалмай.* Сыздық *ж а с қ а н ы с с ы з*, ат үстінен домалай түскен бетінде жалма-жан сеңсең ішігін шешіп жіберіп, бүркіттердің үстін жаба құлады (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ЖАСҚАНЫШ з а т. *Именшектік, ұяңдық.* Үміт екеуінің көп серпілмей монтиып отырғаны, Зәуде бір сау тартқанда сонысының өзінде әлдеқалай *ж а с қ а н ы ш* барын байқағанымда, іші-бауырым удай ашып отырдым (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖАСҚАУ *Жасқа етістігінің қимыл атауы; жасқандыру, үркіту.* Аңсаған шөлде су тапса, Бас қоймай ма бастауға; Біреу түртсе я қақса, Бой тоқтамас *ж а с қ а у ғ а* (Абай, Тол. жин.). Елік бишара өзінің кішкене баласын *ж а с қ а у* үшін, анау ессіз жаудан біздей ауылдың қақ қасына келіпті (Х.Ахметов, Елік.). Апырай, әндерінің асқан-ай. Алса көңілдерді *ж а с қ а у ы н*-ай! Құйғытып құйқылжытып, төкпелітіп, Қияннан кілт қайырып тастауын-ай! (Қ.Жұмағалиев, Перзент.).

ЖАСҚАУСЫЗ с ы н. *Жамау-жасқауы жоқ, ашық, бүтін.* Аспандағы күн жамаусыз, *ж а с қ а у с ы з* да әсем (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЖАСҚАША ү с т. *Жасқа дейін.* Онан соң Едіге сегіз *ж а с қ а ш а* оқуда тұрды (Батырлар жыры).

ЖАСҚЫЛТЫМ с ы н. *Жастау.* Шаңырақтана бастаған *ж а с қ ы л т ы м* мүйіздер ауаны осқылап, қайыңның безіндей қатыпсенген маңдайлар соғылысқанда жарқ етіп от шыққандай болады (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖАСМИН [ир. يسمين] з а т. *Хош иісті, ақ гүлді бұта.* Жұпар шашқан *жасмин*, Шешекатқан барбарис, қатарласқан жас иін Көздерінде таңданыс (Ж.Өмірбеков, Кешкі ән).

ЖАСӨСПІРІМ з а т. *10 мен 15 жас аралығындағы жеткіншек.* Бір сорлы жесір әйелдің көзінің қарашығындай сақтап отырған *ж а с ө с п і р і м* қызын алып келген (І.Есенберлин, Алтын Орда). *Ж а с ө с п і р і м* кезінде адамда жан қуатының сапалық жаңа құрылымдары (жыныс мүшелерінің жетілуі, сана-сезімнің артуы, айналасымен қарым-қатынасының жаңа мазмұнға ие бола бастауы, іс-әрекетінің

күрделене түсуі, моральдік-этикалық түсініктер т.б.) қалыптасады (ҚҰЭ). Бұл кезде *ж а с ө с п і р і м* дербестікке салынып, қимыл-қозғалысқа құштар келеді (ҚҰЭ).

ЖАССЫН= е т. *Кіші санау, кішісіну.* Екі ел бас қосып сөйлескенде, шешемнің төркін жағы әкемді әрі *ж а с с ы н ы п,* әрі «оқуда жүр» дегенді сылтау ғып, малға бітісуді ұсынады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Неге шақыртты екен деп ойлап келеді Смайыл. Ауылнайлыққа өзін әлі *ж а с с ы н а д ы* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Онсыз сөйлесетін адам көп қой, Дәрмен *ж а с с ы н а* ма, баласына ма, не ойы болса да ішінде (А.Байжанов, Қансонар).

ЖАСЫНУ *Жассын етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСТА= е т. *Басына жастық немесе басқа бір зат салып жату, жастану.* Астарына тоқымдарын төсеп, бастарына ерлерін *ж а с т а п,* қатарласып, бір-біріне тығылып, екі адам жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.). Сарыарқаның самалы бастап алып, Сай-салаға гүл дәрі шашқаны анық. Дала жатыр Көкшеге өкше тіреп, Алатауды басына *ж а с т а п* алып (К.Салықов, Жезкиік). Қоржынын басына *ж а с т а п* қисая кетті (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

ЖАСТА: **көзін жастады**. *Көзінен жас шықты, жылады.* Аты менен қалмақты Екі бөліп тастады. Мұны көріп Тайшық хан, Екі *к ө з і н ж а с т а д ы* (Алпамыс). Басқа малды тастады, Басына Құдай салғансын Екі *к ө з і н ж а с т а д ы* (Алпамыс).

ЖАСТАБАН з а т. *Жеткіншек, жасөспірім.* Алдиярдың осынау жауабы жеткелі байыз таппай қатты ширыққан төре *ж а с т а б а н,* жәдіктерді ашықтан-ашық қырына ала бастаған (К.Сегізбаев, Беласқан). Асығыс аузы жеңіл деп айтар деп, Өлеңді көп айтуға сақтанғанмын. Алдымда бір азырақ сөзі қалған, Қаратаз Қашқынбайдай *ж а с т а б а н н ы ң* (А.Оңғарбекұлы, Ақберген).

ЖАСТАЙ[1] с ы н. *Жас шамасында, жас мөлшерінде.* Жиырма *ж а с т а й* кіші, сұлу кескінді, ойнақы мінезді тоқалымен көңілдес боп қапты (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қор болдың қатын, балам *ж а с т а й* қалып, Ағайын менің үшін тарттың айып. Қырар ем елдің жауын қару болса, Атойлап қалың қолмен қанат жайып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАСТАЙ[2] ү с т. **1.** *Жас кезінен, ертеден.* Ыбырайдың *ж а с т а й* елге жаны ашыған. Кетіріп таласты елдің арасынан, Оқуға облыстың ортасы деп, Торғайдың қоныстанды қаласынан (О.Шипин, Дастан.). Сурет өнерімен *ж а с т а й* айналысса керек, өз қолынан шыққан көп дүниелері үйінде қалыпты (З.Шүкіров, Жас жесір). **2.** *Жас шағында, көп жасамай, қартаймай.* Ханшайымның әкесі *ж а с т а й* өлген. Үй шаруасындағы бар жұмыс жас қыздың мойнында (М.Дүзенов, Ақәже). **3.** а у ы с. *Ерте, мерзімінен бұрын.* Алмаларды *ж а с т а й* үзбе, Албыратып сақта күзге, Әркімде алма бар емес пе?! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жастай солды. а) *Өмірі ерте қиылды.* ≈ *Ж а с т а й с о л ы п,* өмірден ерте кетті (Ауызекі). ә) *Жасынан дертке шалдықты.* Сендей болып *ж а с т а й с о л ы п,* Кім отырды алдыма? (Б.Күлеев, Таңд.). Кешке жақын Екеуі ақырын, Келмеп пе едік жаныңа, Сендей болып, *Ж а с т а й с о л ы п,* Кім отырады алдыма! (Б.Күлеев, Таңд.).

ЖАСТАЙҒЫ с ы н. *Жас кездегі, жас шақтағы.* Біздің үйден аяз соғып тұрғандай, Алыстады-ау жолдастар да *ж а с т а й ғ ы* (Қ.Ыдырысов, Жолық.).

ЖАСТАЙЫН с ы н. ф о л ь к. ***Жастай***. Жаннан безіп *ж а с т а й ы н* алу қиын, Тірі жүріп қорлықты көру қиын (Т.Әбдірахманова, Көгершін.). Алғы шепте көрдім мен Аққайыңды азап шеккен *ж а с т а й ы н* (М.Әлімбаев, Жүрек.).

ЖАСТАЙЫНАН ү с т. *Жас, кішкене күнінен, қаршадайынан.* Ойлаған *ж а с т а й ы н а н* елдің қамын, Көксеген шұғылалы өмір таңын, Ұғынған тар қапаста талықсымай, Халқының көз жасы мен көңіл зарын (О.Шипин, Дастан.). Құмарым *ж а с т а й ы м н а н* тамаша той, Болсам да кедей-кепшік, жайсам да қой. Жырлаймын енді бүгін нұр заманды Сау болса ақыл, жүрек, ми менен ой (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Меруерт әкесінің бұл қасіретіне *ж а с т а й ы н а н-а қ* қанық-тын (І.Есенберлин, Көлеңке.).

ЖАСТАЛ= е т. *Жабыстырылу, басылу.* Ат үстіндегі айқаста тағы да ерге *ж а с т а л ы п* жеңіледі (Ө.Жолымбетов, Айгөлек). Бір кезде ақша бұлттар самолет бауырына мамықша *ж а с т а л ы п* қалды («Лен. жас»).

ЖАСТАН= е т. **1.** *Төсену, сүйену, таяныш ету.* Жең *ж а с т а н ы п* басыңа, Қол-аяғың төрт жақта, Жатушы едің сол шақта (Үмбетай жырау, Толғау.). Бірінші күн өткен соң, Кетті сабақ басталып, Тік отыру, жастық жоқ Жататұғын *ж а с т а н ы п* (О.Шипин, Дастан.). Жапалақ та ән шырқады толғана, Кезек әзер жеткен кезде қарғаға, Маңдайына алақанын *ж а с т а н а,* Тыңдаушылар қалғып кетті, масқара (М.Шаханов, Қасырлар.). **2.** а у ы с. *Өлтіріп, кегін алу.* Оларды өзіммен бірге ала *ж а с т а н а м ы н,* – деп ол болмай жүр (Б.Тілегенов, Аққайнар). **3.** а у ы с. *Еріксізден біреуге жар болу.* Өз қораның қақпасын сен Қатты жаптың, не айтайын. Жат қораның тақтасын мен *ж а с т а н а м ы н,* қайтейін (Абай, Тол. жин.).

Қасірет пен күйік жастанды. *Қайғырды, мұңға батты.* Қияға құмар *Ж а с т а н д ы Қ а с і р е т п е н е н к ү й і к т і.* Қайтесің,

досым, аспанды! Қайтесің, досым, биікті! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жер жастанғыр! қ а р ғ. *Өлім келгір, қата қалғыр!* Өлтіріп тынамын бұл *ж е р ж а с т а н ғ ы р д ы!* – деп Қадиша бұлқына ұмтылды (М.Дүйсенов, Мейман.). Қата қалғырдың жатысын, қата қалмай. Бұзау тұр әне суарылмай, *ж е р ж а с т а н ғ ы р!* (С.Сматаев, Армысың.).

Жер жастанды. *Қаза болды, өлді.* Бұл өмірден түк қызық көрмей, есіл жастығы *ж е р ж а с т а н ғ а л ы* жатқан аяулы азаматты көргенде көзге жас алмау мүмкін емес (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Төжім етіп, иді басын селеулер, Ақ маңдайлы ару *ж е р д і ж а с т а н д ы* (Ляулы жандар). Айбынымнан жау жасқанды, Жасқанбаса – *ж е р ж а с т а н д ы!* (Қ.Жұмағалиев, Сахара.).

Мұз жастанып, қар төсенді [мұз төсеніп, қар жастанды]. *Қиындыққа тап болды, қиналды. М ұ з ж а с т а н ы п, қ а р т ө с е н г е н* бригада ұйқыға кетіп барады (F.Мүсірепов, Белдерде). *М ұ з т ө с е н і п, қ а р ж а с т а н ы п,* жаумен қиян-кескі алысып, сілкілесіп жатқан жігіттерді жігерлендіре, өзі де жігерлене сөйледі (F.Мұстафин, Ақ тары.). Сызға ұйықтап, *м ұ з д ы ж а с т а н ғ а н,* Бойын бір жазды шіркін ер. Ақшуақ болып аспаннан, Құйылды жерге күлкілер (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Тас жастанды. *Төсек-орынсыз тақыр жерге жатты.* Көшеде *т а с ж а с т а н ы п,* жер төсеніп, Жатушы ед суық түнде дір-дір қағып (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Арша ішінде көк қалампыр гүл ашқан, *Т а с ж а с т а н ы п,* бетегеге жантайып, Мына жылқы, мына шалғын, мына аспан Мәңгі осылай тұруы үшін тартайық (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Төбе жастанды. *Жерленді, көз жұмды.* Сен болмасаң жолда қалып, *Ж а с т а н а р* ем бір *т ө б е н і.* Кіп-кішкентай болсаң да өзің, Жаның қандай үлкен еді (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАСТАНҒЫ: **бала жастанғы**. *Бала кезден бергі, жастайынан бергі.* Өзімнен басқаға болмасын дейтін сенің де *б а л а ж а с т а н ғ ы* әдетің емес пе еді? (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖАСТАНДЫР= е т. *Төсендіру, жастануға мәжбүр ету.* Ақтардың әбден бізге ызасы өтті, Жазықсыз *ж а с т а н д ы р д ы* сыз төсекті. Ал, достар, аттанайық! – деді Қоспан, Уақыт аз баяндауға болған кепті!.. (А.Нұртазин, Орман.).

Жер жастандырды. *Өлтірді, жайратты.* Қарсыласқан ер-азаматқа дүре соғып, кейбіреулерін жазықсыз атып, *ж е р ж а с т а н д ы р а* берді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Ал менің дивизиямның жауынгерлері жиырма танкті өртеп көптеген дұшпанды *ж е р ж а с т а н д ы р д ы* (Ә.Нұршайықов, Ақиқат.).

ЖАСТАНТ= е т. *Төсенту.* – Қар төсентіп, мұз *ж а с т а н т ы п* осылар.., осылар ғой түбіне жеткен (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Жер жастантты. *Өлтірді, көзін жойды.* Сәдуақастың бір өзі сондай бетпе-бет айқас кезінде үш фрицті *ж е р ж а с т а н т а д ы* (Ә.Бектемісов, Жау.).

ЖАСТАНУ *Жастан етістігінің қимыл атауы.* Бекештің ғана жастығы жұмсақ. Кей күндері бізге де береді *ж а с т а н у ғ а* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖАСТАНЫШ з а т. *Жастанатын нәрсе.* Орыс базарларына қатынасы көп болған Есеней төсеніш, жамылтқыш, *ж а с т а н ы ш* дейтіндердің ең тәуірлерін жинататын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ол шолақ қара пальтосын сыпырып тастады да, *ж а с т а н ы ш* еткелі лақтырып жіберді («Лен. жас»).

ЖАСТАС с ы н. *Жас жағынан қатарлас, тұрғылас.* Мұндай бұйымдар қазірде Болат *ж а с т а с* баласы бар басқа да үйлерден кездеседі (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). Оралов Майасармен *ж а с т а с* бола түрса да, Кербикеге жеңге деп ілтипат көрсетуі де кейінгі кезде көбейіп жүр (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

ЖАСТАУ с ы н. ***Жасырақ***. Ахметжанның молдасынан оқытуға екі шақырым жерге Жамал барып-келіп жүре алмайды. Онан да бір *ж а с т а у* молда жалдап алсақ қайтеді? (М.Дулатов, Шығ.). Бай айтты: естіп едім оны мен деп, Ұлық жоқ разбойникті қуған жөн деп. *Ж а с т а у* бір справник отыр еді, Соған айтты не қылсаң ұста сен деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Көп биік алыс жерде бұлдырлаған, Ойласам, бек тамаша қызық маған. Бұралған тал шыбықтай *ж а с т а у* әйел, Кеп қапты, жалт қарасам, маған таман (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бәйбіше отыр шау тартқан, Айналған өңі жүдеуге, Барысымен мен үйге Жұмысы бардай біреуде, *Ж а с т а у* бала қол созды, Ер-тоқым, әбзел, жүгенге (О.Шипин, Дастан.).

ЖАСТЫ[1] с ы н. *Жастары бірдей, құрдас, бір жылғы.* Қашшап Сұлтанмахмұтпен *ж а с т ы.* Биыл бұл да он сегізде (Д.Әбілев, Ақын.). Ақ сақалды әкеммен де жастылар, Қол астымда өзіммен де *ж а с т ы* бар (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). – Бұл бәкі, балам, сен түгіл, тұңғыш баламмен *ж а с т ы* (З.Шашкин, Сенім).

Түйдей жасты. *Түйдей құрдас, бір жылда туған.* Менімен *т ү й д е й ж а с т ы* жалғыз ұлы Раш ана жылы машина аударылғанда апат болған (Қ.Баялиев, Дегелек.).

ЖАСТЫ[2] с ы н. *Көзінде жас бар, жасқа толы жылағыш.* Екі келіншек те не болар екен дегендей, оларға да *ж а с т ы* көзін тастап қояды

(Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Әнет машина жарығын *ж а с т ы* көзімен ұзатып салды (Қ.Нұрғалиев, Екінші.).

Көкірегі қайғылы, көзі жасты. *Қам көңіл, мұңды.* Тыңдасаң осы сөзім жөн шығады, Білмеймін қай жерінен кем шығады. *К ө к і р е г і қ а й ғ ы л ы, к ө з і ж а с т ы,* Заһирадан басқа тауға кім шығады (Үш ғасыр.).

ЖАСТЫҒЫНДА ү с т. ж е р г. *Жасында, жас кезінде.* Біреуі *ж а с т ы ғ ы н д а,* екіншісі соғыста қайтты (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСТЫҚ[1] з а т. **1.** *Ішіне құс жүнін толтырып, сыртын тыстап, жатқанда басын қойып жату үшін яки жантайғанда шынтақ астына қою үшін жасалған бұйым.* Бірінші күн өткен соң, Кетті сабақ басталып, Тік отыру, *ж а с т ы қ* жоқ Жататұғын жастанып (О.Шипин, Дастан.). Адыр-адыр жондарда айғыз-айғыз жол жатыр, Жақпар-жақпар жартастар атылардай зорға түр! *Ж а с т ы ғ ы н* шынтақтап, теріс қарап қисайып, Ұлы тау да ұрыға қарамайтын болды ақыр (М.Мақатаев, Шығ.). Жанында тұрған байланысшы жауынгер оның басына *ж а с т ы қ* орнына өзінің противогазын қоя қояды (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Салт мінгенде ердің үстіне салынатын жұмсақ төсеніш, аткөпшік.* Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер, Қанжығамда байлаулы жіптен шідер. Жарғақ *ж а с т ы қ* «көпшігім» жезді пыстан, Бір келісті сайманым топқа мінер (Абай, Тол. жин.). **3.** *Жастықағаш, басқа жастану үшін қолданатын ағаш бұйым.* Болады тас – шымылдық, шалғын – төсек, Басына *ж а с т ы қ* табар томардан да. Жасырып сұқ көздерден кәрі ызғарлы, Қойнына паналатар шоқ орман да (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жайылып [жатып] жастық, иіліп төсек болды. *Асты-үстіне түсіп, бәйек болып кұтті, құрмет көрсетті.* Ауылына келсек, *ж а й ы л ы п ж а с т ы қ, и і л і п т ө с е к б о л* жатқан мейманды қазақтың адал дәмін татып жүріп, сырттан ғайбаттау жөн болар ма (F.Сланов, Асау арна). Аты-жөнін білген соң-ақ, олар *ж а т ы п ж а с т ы қ, и і л і п т ө с е к б о л ғ а н д а й,* қолда барымен сыйлап, зор құрмет көрсетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Жар [жарғақ] құлағы жастыққа тимеді. *Тыным–тыныштық көрмеді, дамыл таппады.* Бұл соғыс кезінде күн-түн демей, *ж а р қ ұ л а ғ ы м ж а с т ы қ қ а т и м е й* істеген ісімді жұрттың көбі көрді, – деді Тоқаш Бокин (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). *Ж а р ғ а қ қ ұ л а ғ ы ж а с т ы қ қ а т и м е й* жасау жабдығына жаңыға кірісіп шешесі ол жүр (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

Жастығын ала өлді [жатты]. *Жауын жайратып, есесін жібермеді, өшін алды.* Батар күнмен батайын, Бекежанды өлтіріп, Тым болмаса, Құдай-ай, *ж а с т ы ғ ы м д ы а л а ж а т а й ы н!* (Қыз Жібек). Артында қалды зарлап қатын, бала, Зорлық, қорлық жүрегін еткен жара. Тау, тасты мекендеді тағы болып, Арман жоқ Сұлтанды *ө л с е ж а с т ы қ қ а а л а* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Әйтеуір өлген екем?! Бірақ *ж а с т ы ғ ы м д ы а л а ө л е м і н,* – деді Базаралы (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Қысқа күнде қырық өле бергенсін, тым болмаса, бірін өлтіріп, *ж а с т ы ғ ы м д ы а л ы п ж а т қ ы м* келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жастығынан табылды. *Біреуге жақтасты, сөзін сөйледі.* Егер күшпен, елмен Оразбайды жазалайын десе, қалың қазақ Абайдың *ж а с т ы ғ ы н а н т а б ы л а т ы н ы* сөзсіз (М.Әуезов, Әр жыл).

Жастықтан басын көтерді. *Аурудан айықты, тәуір болды.* Профессор бір жетіден кейін ғана *ж а с т ы қ т а н б а с ы н к ө т е р д і* (З.Қабдолов, Жалын).

Құс [мамық] жастық. *Құстың мамығынан жасалған жастық.* Төрде қошқар мүйіз оюының сыры түсіп, нобайы ғана қалған, көне сандық үстінде көрпе-көрпеше, екі-үш *қ ұ с ж а с т ы қ* (Н.Сералин, Қаңтар). «Тұрымтайдай ұл едің», – деп байқашы сен бастыққа, Ұрынарсың Өле-өлгенше арылмастай қастыққа. Түн ұйқыңды төрт бөлер ең өкініп, Жар басыңды тигізе алмай Үйде *м а м ы қ ж а с т ы қ қ а* (К.Салықов, Жезкиік). Қозғалайын десе кіршіксіз ақ зонтпен тысталған *м а м ы қ ж а с т ы қ қ а* көмілген басы көтерілер емес (С.Омаров, Ол күндер). Киіз алдындағы кілем үстінде бір шынтағын *м а м ы қ ж а с т ы қ қ а* тіреп Ақбай отыр (А.Сатаев, Дала.).

Мойын жастық. *Мойын астына салатын жастықша.* Кемпірдің қолында кішкентай *м о й ы н ж а с т ы қ,* немерелерінің есік жақ шетіне кеп қисайды (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖАСТЫҚ[2] з а т. **1.** *Жас кез, жігіттік шақ.* Қанағат амандықтың қадірін біл, *Ж а с т ы қ* өтіп, көрілік бір күн келер (Шал ақын, Жыр.). Есіл *ж а с т ы қ* ескен желдей гуілдеп, Әлі-ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан (М.Жұмабаев, Шығ.). Комиссар [күлімдеп] ұялмай-ақ айтып жіберіңіз, *ж а с т ы қ* басымызда бар. Ондай жұмыстың жайын білеміз ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а с т ы қ т а* не қылсаң да жарасады, Қартайып күнің болар жалыққандай. Қан түссе аяғыңа озар мәстек, Осындай аманыңда шауып қалмай (М.Дулатов, Шығ.). Ақ қыздар, айна қыздар қайда маған?! Жас арманым *ж а с т ы қ т а* жайнамаған. Қолаң қара шаштарым, қош болыңдар, Ынжық емес, пысықтар аймалаған! (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Жас кезге тән мінез-қылық. Ж а с т ы қ т ы ң* оты қайдасың, Жүректі түртіп қозғамай (Абай, Тол. жин.). *Ж а с т ы қ-*

п е н е н айтатын шығарсың, Жас бала асырау қиын болар... Япыр-ай, енді қынжыларсың, Айтпасам ойда түйін болар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қауіпті серпіп тастап албырт *ж а с т ы қ,* Бұл маған келтірер деп неге қастық? Тәуекел – ежелгі сөз ел қорғаны, Ер бала қынай белін буды тас қып (О.Шипин, Дастан.). *Ж а с т ы қ т ы ң* сезімді ыстық жүрегімен, Жаратылыста берілген тілегімен Бұл күнгеше күрестім, не өндірдім? Мен жығар ем, жан жықса білегімен (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жастықтың ауасы. ж е р г. *Жастықтың қызуы, албырттық.* Осындай қиын жұмысты істетіп жүрген *ж а с т ы қ т ы ң а у а с ы* ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жастық шақ [дәурен, кез]. *Жас, балғын кез, жігіттік кез.* Ойжайлау ата қоныс көп Дулатқа, Ат пен тон жарасады азаматқа, Ойжайлау. Айтысып қыз, бозбала қырындасып, Серуендеп, тамаша еткен *ж а с т ы қ ш а қ т а,* Ойжайлау (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бұл жолмен жүре берсем, өмір өтіп, Сан соғып, айтатыным: «Құры қаппын, Идеалист болғансып, әуреленіп, Жар сүйген қызығынан *ж а с т ы қ ш а қ т ы ң*» (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Біз бе екен *ж а с т ы қ ш а қ т ы* ұмытушы, Біздер ме от көңілді суытушы, Ескі досым екеуміз ес білген кез, Есіңде ме сол жылдар қырқыншы? (М.Мақатаев, Шығ.). Қарағым, Қанаштың артынан қарап тұр... Ай-хай, *ж а с т ы қ д ә у р е н-а й* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а с т ы қ д ә у р е н* барады, Алды-артына қарамай. Жарық жұлдыз ағады, Қол созамын баладай (С.Мәуленов, Алыс кет.). Даңқы шырқау ел рухын айқындайтын деңгейдің, *Ж а с к е з і н д е* жалыны жоқ жігіттің, Жас кезінде арыны жоқ жігіттің, Ертең ерлік жасарына сенбеймін. Иә, жастық бола алмайды ешқашанда жарлы ұғым, Аяу керек жастық отын ерте өшіріп алғандардың барлығын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАСТЫҚ[3] з а т. к ә с і б. *Бүркіттің көзінің астындағы бүртік сызықтары* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСТЫҚ[4] з а т. к ә с і б. *Дөңгелектің бел темірінің үстіндегі ағашы.*

ЖАСТЫҚАҒАШ[1] з а т. э т н. *Түнде жастанып жататын, киіздің үстіне жүк жинап қоятын, өрнек салған әшекейлі ағаш, бұйым, жүкаяқ.* Қарт *ж а с т ы қ а ғ а ш ы н д а* жатқан күні, көкірегін ауырсына, жытына бұрып, немересінің жүзіне үңілген (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

ЖАСТЫҚАҒАШ[2] з а т. *Шығырдың арқалығын көтеріп тұратын ағаш.* Жалаң жерге түспес үшін *ж а с т ы қ а ғ а ш п е н* көтереді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСТЫҚЖАПҚЫШ з а т. *Сән үшін жастыққа жабылатын бұйым.* Шым кесте түскиіз, сандыққап, қызыл мақпал шапан, орамалдың алақаны, *ж а с т ы қ ж а п қ ы ш,* кежім, сәукеле сияқты басқа да көптеген заттарға төгіледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАСТЫҚҚАП з а т. *Жастықтың тысы.* Сол кездегі кесте түрлерін бүгінгі күні киімдерге, үй тұрмысында тұтынылатын дәм қолорамалшаларына, үстел үстіне төселетін дастарқанға, *ж а с т ы қ қ а п қ а,* түскиізге т.б. тігіп, әсемдеуге болар еді («Қазақст. пионері»).

ЖАСТЫҚ-МАСТЫҚ з а т. *Ақыл тоқтатпаушылық, сауық-сайран ізденіп желігушілік.* Құмары жүйрік ат, қыран тазы, көркем қыз, ойын-сауық. Әкесі жақтырмай «*ж а с т ы қ-м а с т ы қ*» десе де, баласы жаңа мінездерін жасыра алмады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Көрмесе төзе алмайды әр кешінде, Бұл қалай *ж а с т ы қ-м а с т ы қ* әуресі ме? (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

ЖАСТЫҚСЫЗ[1] с ы н. *Басына жастық салынбаған, жастығы жоқ.* Ұзақ жолдан қалжырап келген жолаушылар төсенішсіз, *ж а с т ы қ с ы з* бастары тиген жерге құлай-құлай кетісті («Қазақст. әйелдері»).

ЖАСТЫҚСЫЗ[2] с ы н. *Жастық шақсыз.* Қиын ғой отызға кеп бір-ақ туу, Құрысын *ж а с т ы қ с ы з* күн, кешір, достым! (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАСТЫҚТА= е т. **1.** *Жастыққа не басқа бір затқа сүйену, жастану.* – Апыр-ай, әбден қалжырадым, сусының құйшы, – деп *ж а с т ы қ т а й* отырды Нәдір (Б.Тоқтаров, Таудағы ән). **2.** а у ы с. *Біреуге арқа сүйеп, тірек ету.* Құсбекті *ж а с т ы қ т а п* барып ретін таппаса, орта малының орайы келмейтіндігін айтысқан (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАСТЫҚТАЙ[1] с ы н. *Жастық сияқты, жастық тәрізді.* Бәрі де құйрықты қойлар. Құйрықтарының үлкендігі – *ж а с т ы қ т а й* дерлік (С.Мұқанов, Есею жыл.). Менің де орным *ж а с т ы қ т а й* жұмсақ (Ж.Бектұров, Жол.).

ЖАСТЫҚТАЙ[2] с ы н. *Жастық шақтай.* Келер ме сол бір қайран шақ, Оралған қайта *ж а с т ы қ т а й* (Р.Ниязбеков, Темір.).

ЖАСТЫҚТЫҚ с ы н. *Жастық пішінді, жастыққа арналған.* ≈ *Ж а с т ы қ т ы қ* мата.

Жастықтық бітім. г е о л. *Жастық пішінді сфероидтерден тұратын спилиттерге (шарлы лавалар-ға) тән бітім. Ж а с т ы қ б і т і м* негізді лаваның су астында ағуынан қалыптасады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жастық лава. г е о л. *Су түбіне төгілген не ұйық тұнбаларына кіріккен лавалар есебінен қалыптасқан эффузиялық таужыныстар. Ж а с т ы қ л а в а л а р д ы ң* сырт пішіні бір-біріне жапсарыла дөңкейген жастық тұрқылас немесе

шар тектес денелер жүйесін құрайды; әрбір «жастықтың» ішкі құрылысы концентрлі болып келеді, ал олардың сыртқы өңірі кеуек пішінді немесе шыны тектес қабатшамен қапталған (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАСТЫҚША[1] з а т. *Кішкентай жастық, көпшік.* Диванның үстіндегі неше алуан өрнекті кесте тігілген *ж а с т ы қ ш а л а р д ы ң* бірін алып, мойнына салды да, ол дем алмақ болып қисая кетті («Қазақст. әйелдері»). Бұл арада вагон дөңгелектерінің орнына кәдуілгі магнит *ж а с т ы қ ш а л а р ы* орнатылады («Білім және еңбек»). *Ж а с т ы қ ш а* тауып, жастанып, Төсенем торғын көрпемше. Телміріп тұрмай жасқанып, Төріңді кезем еркеңше (F.Орманов, Көгілдір.).

ЖАСТЫҚША[2] ү с т. *Жастыққа ұқсап, жастық сияқты.* Мұны естігенде Шаян үстіндегі ұзын ала шапанын шешіп, *ж а с т ы қ ш а* умаждап, шынтағының астына тастай салды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖАСУ[1] з а т. *Инені отқа қыздырғанда, сыртында пайда болатын жұқа қабыршақ.* Инені қолданардан бұрын отқа қыздырып жасытады. Сонда иненің сыртында жұқа қабыршақ пайда болады. Оның аты – *ж а с у* (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Заманалар бойы тырбанған медицина ине *ж а с у ы н ы ң* мың бір бөлшегіндегі болымсыз микробтарды құртуға құдіреті жетпейді (Д.Әбілев, Арман.). Ол тастардың ара-арасы түпсіз шыңыраудай, көз жеткісіз ине *ж а с у ы* секілді ұсақ, қап-қара қуыстар (F.Сланов, Очерк.). **2.** *Иненің көзі.* Мен иненің *ж а с у ы н а н* біреу түйені де өткізіп жіберуге болады десе сенер едім (Р.Райымқұлов, Болат.).

Иненің жасуындай. *Иненің көзіндей, титтей, кішкентай.* Қанды көз қара шашын бір сылап, көзін *и н е н і ң ж а с у ы н д а й* сығырайтып қарттан сұрады: – Оспанәлі ақсақал, асыл қауһаріңізге, жүрегіңіздің жұбанышына, қуанышына қанша берейін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бәлкім, қаздар Бетпақтың бедірейген төсіндегі *и н е н і ң ж а с у ы н д а й* бұлақтан арналы су ағызған мына адамдар екенін біліп бауыр басып, үркіпеуі де содан болар («Лен. жас»). Төгілген көмекейден сыңғыр үнде Мұлтік жоқ *и н е н і ң д е ж а с у ы н д а й!* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). *И н е н і ң ж а с у ы н д а й* тесіктен, балтаның сабындай суық кіреді («Қаз. әдеб.»).

ЖАСУ[2] *Жасы етістігінің қимыл атауы.* Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған, Болаттай *ж а с у* білмей, майырылмаған (М.Жұмабаев, Шығ.). Менде жоқ қажу деген, ашу деген, Тарығып болымсызға *ж а с у* деген. Ісіне құртқұмырсқа ілтипатсыз, Ойымда тек сол белден асу деген (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Көнбеп пе едім жазықсыз ашуына, Жан ашуын менен ап басуына, Келіні, жұдырықтай баласының Қожасынып, ызғарын шашуына?! «Бәрекелді алам» деп бұға берсем, Соқпап па еді себеп боп *ж а с у ы* ма? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖАСУДАЙ с ы н. *Иненің көзіндей, өте кішкентай.* Бір *ж а с у д а й* шоқ табылса, тамызықтап қайта тұтатар күш Мариядан табылар емес (Ш.Мұртазаев, Қара маржан). Әке жалшы тіршілікке *ж а с у д а й* саңылау, жайлы тұрмыс іздеді ме екен («Достық нұры»).

ЖАСУЛАН: **ине жасуланды.** *Күңгірттенді, көмескіленді.* Домбыра сатып алып, үйренсем деп жүрген жас сияқты еді, талабы да, таланты да тереңде, *и н е ж а с у л а н ы п* қалатын сияқты (М.Сүндетов, Құмдағы.).

ЖАСУЛА= е т. *Судың сыздықтап, тамызықтап, иненің көзіндей жерден шығуы.* Серігінің мұнысы *ж а с у л а п* жаңа жинала бастаған бұлақ мөлдіріне бір әумесердің жәрия топырақ шашып, бітеп тастағанындай әсер етті Айтжанға (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ЖАСУША з а т. б и о л. <грек. kutos> *Барлық тірі ағзалардың құрылысы мен тіршілігінің негізгі, жеке тіршілік ете алатын қарапайым тірі жүйе.* Олар негізінен *ж а с у ш а л а р* бөлінуі жолымен көбейеді (Табиғат сулары.).

ЖАСУШАЛЫ с ы н. б и о л. *Жасушасы бар, жасушадан құралған.* Көпшілік жағдайда бұл бір *ж а с у ш а л ы* ағзалар колонияларға бірігеді (Табиғат сулары.).

ЖАСҰНЫҚ з а т. б и о л. *Жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің жасуша қабықшасының құрамындағы жоғары молекулалы жіңішке талшықты полисахарид. Ж а с ұ н ы қ т ы ң* жіңішке талшықтары бір клеткада сақина тәрізді көлденең, екіншісінде ұзынынан, үшіншіде шиыршық тәрізді орналасқандықтан, жасұнықты қабық өте мықты, серпімді, майысқыш болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а с ұ н ы қ* ыстық суда, қышқыл мен сілтеде ерімейді, клеткаға берік қасиет береді (Қаз. тілі термин. Биология). Тазаланған мақта-мақта тұқымындағы түктердің клетка қабығынан алынған таза жасұнық. *Жасұнықтан* қағаздың сапалы түрлері, кинотаспалар, пластмасса, қопарғыш зат, лак жасайды. Мақта тұқымының түктерінен алынған *ж а с ұ н ы қ т ы* талшықтар мен зығырдың тін талшығынан маталар тоқиды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАСШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жастық***. Айкүміс, асықпауға шамам бар ма? *Ж а с ш ы л ы қ* ұрындырды талай жарға (Айтыс). Тыйылмай ағып отыр көзден жасым, Қор болып *ж а с ш ы л ы қ т а* ғазиз басым (Б.Ізтөлин, Шығ.).

ЖАСЫ= е т. **1.** *Темір, болат сияқты металдың отқа салып қатты қыздырудан суы қайтып жұмсаруы, тот басып өтпей қалуы. Ж а с ы ғ а н* шегені жаңа шеге айдап шығады (Мақалнама). Оңай деме араны, Шебер тілін алады. Жұмсамаса жұмысқа Тот боп *ж а с ы п* қалады (Р.Тышқанбаев, Тоқылдақ). **2.** а у ы с. *Көздің көру қабілеті нашарлап, нұры қайту.* Жайшылықта қанды балақ қасқырдың көзіндей білеуленіп қызарып тұратын шегір көздері *ж а с ы п,* ағара түскен (І.Есенберлин, Қаһар). **3.** а у ы с. *Көңілдің басылуы, жабығуы, қайрат-жігер көрсетпей, күйректік жасау.* Қасиетті мақсұт алып көңілге, Таудай талаппен кіріп ең өмірге. Ұзын жолда ор да, сор да кез келер, Қарындасым, *ж а с ы м а* да түңілме! (М.Жұмабаев, Шығ.). Мұндай балалар бастауыш мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың медресесінде оқыса да, қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлт рухы *ж а с ы м а й д ы* (М.Дулатов, Шығ.). Қарашаш *ж а с ы п,* жүнжіген жігітті жеккөрінішті назарымен атып тастап, ыдыс-аяқ қамына кірісіп кетті (М.Қабанбаев). Қанаттасым, жалғызым, Тар жерде жылап *ж а с ы м а* (Алмажан). «Пәлі, *ж а с и* қалғанын, Сөйлейсің сен де, бәтшағар, Қолынан келсе жауларың, Жүрегіңе де дақ салар (М.Мақатаев, Шығ.).

Сүйегі жасыды. *Жігері құм болды, тауы шағылды.* Сүйсіне алмадым, сүймедім, *С ү й е г і м ж а с ы п,* сор қалың. Сүйісіп саған тимедім, Бола алмадым сенің жарың (Абай, Тол. жин.).

ЖАСЫ с ы н. ж е р г. *Жасты, құрдас.* Ол менімен *ж а с ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Күркебай мен Мәйек – *ж а с ы* кісілер (Қаз. тілі диалек. сөздігі).

ЖАСЫ-БАЙТАҚ с ы н. ж е р г. *Ұлан байтақ, кең-байтақ.* ≈ *Ж а с ы-б а й т а қ* жер.

ЖАСЫҚ с ы н. **1.** *Көк бақа, семіз емес, арық (ет).* Үйде кенеу болар тамақ жоқ, арықтан өлген бұзау-торпақтың су татыған *ж а с ы ғ ы* жүректі кесіп төмен тартады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көк өзек уақыт, «*ж а с ы қ* та болса, жас сорпа ғой» деп, Әмірбектер сиырдың ет терісін тастамайды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Маған жұттан өлген малдың *ж а с ы ғ ы н* асып қояды. Ол не тамақ болсын (С.Бегалин, Уақыт.). Жалғыз етте *ж а с ы қ* жоқ, Қымыз аста қасық жоқ (Қаз. мақал.). **2.** *Асыл емес, суарылмаған, өтпейтін.* Еш нәрсеге өте алмас *Ж а с ы қ* темір жаныса. Алты айналса арымас Уызында жарыса (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Ж а с ы қ* пышақ өтпейді жаныса да, Жаман арма демейді таныса да (Қаз. мақал.). *// Асыл емес, суарылмаған зат, металл.* Бағасыз сап алтын деп мысқа ұмтылып, *Ж а с ы қ т ы* асыл көріп алданыппын (М.Жұмабаев, Шығ.). Таяққа еті үйренген қойшы жайлап, Көк есек қозғала ма түрткенге айдап. Есептен алданғандай болғандар көп, *Ж а с ы қ т ы,* асыл ма деп, білмей қайрап (А.Байтұрсынов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жігерсіз, күйреуік, ынжық.* Ал енді жақсы оқуы, дұрыс құлқы үшін шәкірттерге сый [наград] беру, үлестіру тіпті дұрыс емес. Мұндай сый алған балалар сый алу үшін ғана тырысып, кеуделеріне орынсыз менмендік, ретсіз тәкаппарлық кіріп, сый алмаған балалар күншіл һәм өзіне-өзі сенбейтін *ж а с ы қ* болып шығады (М.Жұмабаев, Шығ.). Бір бес надан оңбассың, нансаң, онын қосқанға. *Ж а с ы қ,* жаман болмассың, Жамандықтан қашқанға (Абай, Тол. жин.). Алашқа қайсар қырғыз бала ма екен, Қайғымен қайсар жаны жара ма екен?! Жаралы ел көшкен күнін жоқтай, жылай Құл болып, *ж а с ы қ* жаспен қала ма екен?! (М.Жұмабаев, Шығ.). *// Жігерсіз, күйреуік, ынжық адам.* Жабырқаусың, *ж а с ы қ с ы ң,* Ондай көңіл сенде жоқ. Жалынды жастай болыпсың (І.Жансүгіров, Шығ.). **4.** а у ы с. *Уытсыз, тартымсыз.* Кейбір сюжеті жақсы пьесаларда да *ж а с ы қ* сөздер кездесіп отырады (І.Омаров, Шабыт).

Атадан жасық туды. *Тегіне тартпады.* От басы, ошақ қасы қалып қойсаң, «*А т а д а н ж а с ы қ т у ғ а н* жалқы» деді-ай (Мәделі ақын, Шығ.).

Жасығын жұбатты. *Босқа әуреленді.* – Оны қайтем, *ж а с ы ғ ы м д ы ж ұ б а т ы п,* – деді Биғайша. – Ашаршылық жоқ (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

Жасық адам [кісі]. *Жігерсіз, ынжық адам.* Жігерсіз адам жасық, *ж а с ы қ а д а м* қорқақ, намыссыз келеді (Ғ.Сланов, Замана.). *Ж а с ы қ к і с і* жасқа тоймас, Пасық кісі ұйқы мен асқа тоймас (Қаз. мақал.). Көңілді *ж а с ы қ а д а м* шат қылмайды (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жасық адамша. *Ынжық адамға ұқсас, ынжық адам сияқты. Ж а с ы қ а д а м ш а* несіне бетін басып, жас балаша қайдан үй айналып жүрсін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жасық бие. *Тұқымы жаман, сүті өнімсіз, ұнемі бойына ет алмайтын, суыққа төзімсіз бие.*

Жасық бота. *Ширап, оңалмай жүрген тұйе төлі.*

Жасық ет. *Көкбақа, арық ет.* Қой, не керек, бұ ісің тіпті ұнамас, Естісе, бұл қылығың көпке ұнамас, Сасыған, құрттап кеткен *ж а с ы қ е т т і,* Ханзада, жегеніңмен, ішке ұнамас (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жасық көз. *Өткір емес, нұрсыз, отсыз көз.* Мұхтар да *ж а с ы қ к ө з і н* қадап қалған екен, шегір көзден бір түйіскенде-ақ, тайып шықты (Ғ.Мұстафин, Көзкөрген). Оның *ж а с ы қ* жанарлы көкшіл *к ө з і н е* кенеттен нұр кірді (С.Омаров, Дала қызы).

Жасық пышақтай. *Асыл емес, өтпейтін пышақ сияқты.* Қанатым менің қайырылды, Жүрегіме дақ түсіп, *Жасық пышақтай* майырылды (Жоқтау).

Жасық су. *Жаман, нәрсіз су.* «Қымызды *жасық су* ғой...» – деп, Ендігі жас жеткіншек Ащы су ішіп жүр ме екен? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жасық түйе. *Арық, әлсіз түйе. Жасық түйені* сойып жатсаң да «қоқ» етпейтін түйе деп атайтындар да бар (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

Көк [көке, қу жасық] жасық. *Сорпаға шығары жоқ, өте арық.* Ер Төстік бұған бүй дейді: – Мен жер астынан шыққалы Жеті-ақ жарық күн болды. Қаным қалды бір қасық, Етім қалды *көк жасық* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Көк жасық* болса да, қысқа қарай ол соғымға сойылды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Дүн-дүние төңкеріліп баратты, Өрттің бәрі өңешімен әрі ақты. Мұң көтермес *көке жасық* миғұла Мұңды кезде көтере алмас арақты (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Интернатқа бір өгіз сойған екен, ала майы жоқ, *қу жасық* боп шықты (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Көзі жасық тартты. *Көздің нұры, оты азайды. Көзім жасық тартып,* үстіңгі қабақтарым азырақ қызып бара жатқандай, аузым балдыр татып жатқандай сезіледі (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

ЖАСЫҚТАЙ с ы н. *Жасық сияқты, жасық тәрізді.* Адамзат, хайуанаттар бір тәрізді, Шынара халық ішінде бар егізі. *Жасықтай* жазғытұрғы босқа жатпай, Кел, көңілім, көже қатық майша шыжы! (О.Шораяқов, Шайыр).

ЖАСЫҚТАН= е т. **1.** *Баяулау, ақырындау, жайлау.* Қойнау тұстан *жасықтана* қоңылтақ самал есті (О.Бөкеев, Үркер). Қалың тұманның арасынан көше шамдары болар-болмас қана *жасықтана* сәуле шашады (О.Бөкеев, Қамшыгер). **2.** *Көзі сулану, көздің нұры таю.* Елу елек дегені, көзің бұлдырап жанарың *жасықтана* береді дегені болар, – деді ол (Ә.Жылқышиев, Өмір жыры).

ЖАСЫҚТАНДЫР= е т. *Құнсыздандырту, бағасын түсірту, арзандату.* Үлкенді ұсақтамай, биікті төменшіктетпей, қымбатты арзандатпай, асылды *жасықтандырмай* жырлаған абзал («Қазақст. мұғ.»).

ЖАСЫҚТАНУ *Жасықтан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСЫҚТАУ с ы н. **1.** *Арықтау, майсыздау.* Қуырса майды керек қылмайды... Кеуде жағы *жасықтау*, – деп үй иесі бәйек болып жүр (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** *Әлсіздеу, қуаты аздау.* Сонда қуаты *жасықтау* күн қанша қыздырғансымақ болғанымен, арқамыз мұздап қалар еді (О.Бөкеев, Мұзтау.). **3.** а у ы с. *Бостау, болбырлау, батылсыздау, жігерсіздеу.* Ол өз адамдарына *жасықтау* бұйырып, кесіп әмір айтпайды (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖАСЫҚТЫҚ з а т. **1.** *Арықтық, майсыздық.* Ет жоқта мұның өзі де жақсы болды ғой, *жасықтық* етіп қайтер дейсің (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Ынжықтық, жігерсіздік.* Біздің қазақ халқының ең жек көретін мінезі – ердің *жасықтығы* (З.Шашкин, Өмір.). Жәмила Сыздыққа әдептілік, сыпайылыққа, тіпті орынсыз жуастыққа, *жасықтыққа* жеткізген отсыз адам сияқты көрініп қалды (М.Әуезов, Қараш.).

ЖАСЫЛ[1] с ы н. **1.** *Жапырақтың, жас шөптің түсіндей, көк.* Толықсыр тоқсан тоғыз қарасаңыз, ішінен нұр шығады қызыл, *жасыл*. «Тоқыған кілем мұндай, қызың қандай? Апатай, маған сөйле, қылшы-ау фәтіл!» (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Жасыл* шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай, Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай. Қайыршы, шал-кемпірдей түсі кетіп, Жапырағынан айырылған ағаш, құрай (Абай, Тол. жин.). Сонан соң қар жаудыра қабағымды, Кеттім мен өрлігіммен бала күнгі. Асқар тау арманымды биіктетті, *Жасыл* көл аймалады жанарымды (М.Шаханов, Ғасырлар.). Біздің ауыл көктем шыға көшетұғын асыға, Ат үстінде дүрілдейтін кәрісі де, жасы да. Бұршақ жауып тұрған шақта *жасыл* жайлау төрінде Қой соңында кете бардым қалпақ кимей басыма (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Қурамаған, сарғаймаған, көк, балауса* (*шөп, өсімдік*). Сонда сен, кәрі Шыңғыстау! «Батыр-ау, ел қарасы көріне ме? Ел қайта қонып қалған ба?» – дегендей бағанағыдан гөрі жылы жүзбен жымыңдап сағымданып, жайдары желің жаңа шыққан *жасыл* көдені бұлаңдатып, қайың мен теректің жапырағын сылдыратып жайқалтып, төскейдегі елге атой бергенде: «Мұнда-мұнда! Бергел-бергел!» – деп шақырғандай болдың-ау (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Кең далам, қалың ағаш, аққан бұлақ, Сүйкімді маған дағы *жасыл* құрақ. Құсеке, соны ойлашы, суық болса, Қыласың үсіместей қайда тұрақ? (М.Жұмабаев, Шығ.). *Жасыл* терек, жас қайың Қандай әсем астана. Алмаларға қарады Қызық көріп жас бала (О.Шипин, Дастан.). Сол жандардың шашы ма екен, мына *жасыл* құрақтар. Сол жандардың көз жасы ма мынау аққан бұлақтар (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Аққа құлпы жасыл-ды. б е й н. *Көп ішінен ерекше болып көрінту.* Басыр, басыр, басыр-ды, *Аққа құлпы жасыл-ды.* Сексен жігіт арасында Төлегенді жасырды (Қыз Жібек). «Басыр, басыр, басыр-ды, *аққа құлпы жасыл-ды*» дейтін сөз кестесі көп қыздың ішінде Жібектің «аққа құлпы» болып өзгеше артық туған жан екенін айту үшін тұр (М.Әуезов, Әр жыл.).

Жасыл алабота. ө с. *Сабағының биіктігі 1 метрге жететін бұтақты, жас бұтақтарының сырты бозғылт түсті өсімдік.*

Жасыл балдырлар. б о т. <лат. chlorophyta> *Төменгі сатыдағы өсімдіктер бөлімі; бір клеткалы, көп клеткалы, қауымды, шоғырлы балдырлар. Жасыл балдырлардың* ылғал топырақта, ағаш діңінде өсетін түрлері де бар (Қаз. тілі термин. Биология). *Жасыл балдырлар* планктонның құрамында болып судың түсін өзгертеді (Қаз. тілі термин. Биология). Бір клеткалы *жасыл балдырларды* (хлорела, сценедесмус, т.б.) тағамға, малға жем ретінде, лас суды, ауаны (ғарыш кемелерінде, сүңгуір қайықта) тазарту үшін қолдан өсіреді (ҚҰЭ).

Жасыл бәсір. *Балықтың бір түрі.* Дегенмен *жасыл бәсір* судың жылы болуын ұнатады, сондықтан аквариумдегі су температурасының 22–25^0 болуын қадағалаған жөн (Қ.Қайымов, Суасты әлемі.). *Жасыл бәсір* Амазонканың жоғарғы ағысында кездеседі (Қ.Қайымов, Суасты.).

Жасыл дақылдар. б о т. *Жапырағы, жапырақ сағағы және сабақтары тағамға пайдаланылатын өсімдіктер. Жасыл дақылдарға* пияз (жасыл сабағы), салат, саумалдық, аскөк, рауғаш, қымыздық, ақжелек, балдыркөк, хош иісті насыбайгүл т.б. жатады (ҚҰЭ). Тез бүлінетін болғандықтан, *жасыл дақылдарды* дер кезінде пайдалану керек (ҚҰЭ).

Жасыл дала. *Жасыл шөп, өсімдік мол өскен жазғы дала.* Боз далам, күрең далам, *жасыл далам*, Кісі емес саған келіп бас ұрмаған. Құныға құшырым бір қанбай қойды-ау, Қалай ғана құшармын ғашық-далам? (М.Мақатаев, Шығ.). Жарық аспан, *жасыл далам*, Сен жұмбақсың ашылмаған. Қымбат қара тасың маған, Құмарым бір басылмаған, Жарық аспан, *жасыл далам*! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жасыл ерінкер. *Су жәндігі. Жасыл ерінкер* тірі және құрғақ жеммен қоректенеді (Қ.Қайымов, Суасты.).

Жасыл жәшік. т а р. *Зеңбіректің халық аузындағы аты.* Сырым Датұлының, Исатай Таймановтың көтерілістерінде қазақ жастарының жеңіліп қала беруіне әсер еткен *«жасыл жәшік»*, яғни зеңбіректің болмауы (Ж.Қасымбаев, Кенесары хан).

Жасыл желек. *Жапырақ жайып жайқалып, көктеп тұрған өсімдік.* Қалың өскен *жасыл желек* арасынан зәулім үйлер алыстан шағаладай ағараңдайды (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз). Арада небәрі бірнеше жыл өтеді. Көл жағасы *жасыл желекке* бөленеді (Ш.Мұртазаев, Құрылысшы.). Он сегізде әскермін, Ростовта келемін. Күздің желі ұшырған Жаздың *жасыл желегін* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Танытатын азаматты, арлыны, Бай ететін жарлыны Достық сезім – мәңгі *жасыл желегі* Тек тұрақты қасиеттер елегі. Достыққа осал болғандардың барлығы Ел тағдырын ойлауға Қабілетсіз келеді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жасыл жидек. ө с. *Биіктігі 25 см дейін жететін шөпсабақтас, көген тамырлы көпжылдық өсімдік. Жасыл жидек* Қазақстанда қайыңды, теректі, шоқ ағаштар мен таудың ашық шөптері арасында, тау ормандарының алаңдарында кездеседі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Жасыл қампайма. *Денесі 12-15 см, Оңтүстік-Шығыс Азияның тұщы және тұздылау суларында тіршілік ететін балық.* Ересек *жасыл қампайма* жаңбырқұрт, түтіктұлға, өндіргіш және ұлуларды жейді (Қ.Қайымов, Суасты.). *Жасыл қампайма* аквариумда көбейеді, су түбіне жасырынатын орынға тас, бақалшақтар тастау керек (Қ.Қайымов, Суасты.). *Жасыл қампайманың* аналығы аталығынан ұзындау, ал аталығы жасыл реңді болып келеді (Қ.Қайымов, Суасты.).

Жасыл қосақ. қ о л ө н е р. *Кілем өрнегінің бір түрі* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). ≈ *Жасыл қосақ* өрнегі.

Жасыл көше. *Поездің жүре беруіне рұқсат етілген ашық жол.* Бір эшелон бір станцияда түсіріліп жатса, басқа ондаған эшелондар *«жасыл көшемен»* алдағы басқа облыстар жеріне қарай жедел жөнелтіліп жатты (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Ол Шалқар мен Қандыағаш станцияларының диспетчерлерімен байланыс жасап, машинистерге *жасыл көше* ашылуын өтінеді («Лен. жас»).

Жасыл құрт. *Бақтағы зиянды жәндік.* Алма күйесі, алма құрты, *жасыл құрт*, алмұрт қандаласы т.б. (А.Жанғалиев, Бағбан.).

Жасыл тыңайтқыштар. б и о л. *Көбінесе бұршақтар тұқымдасына жататын өсімдіктердің жерді жыртып, араластырып сіңірілетін жасыл массасы. Жасыл тыңайтқышты* органикалық заттармен, азотпен байыту үшін қарашірігі аз құмды құмдауыт топыраққа қосады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жасыл тыңайтқыш* ретінде, көбінесе, органикалық заттарға және азотқа бай бұршақ тұқымдас өсімдіктер (бөрібұршақ, ноғатық, сиыр жоңышқа, т.б.) егіледі (ҚҰЭ). *Жасыл тыңайтқыш* топырақтың барлық түрінде, әсіресе құмды және құмдауыт топырақта қолданылады (ҚҰЭ).

Жасыл цикад. *Зиянды жәндіктердің бір түрі.* Жас бақтарға ең қауіпті зиянды жәндіктер мен аурулар: долана көбелегі, *жасыл цикад*.., шиелі құмырсқа шыбыны (А.Жанғалиев, Бағбан.).

Көк жасыл [жасыл көк]. *Ашық, шымқай жасыл, көк пен жасыл аралас. К ө к ж а с ы л,* қызыл ала көбелектер, Гүілдеп ұшып-қонған сайдан сайға (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш). Мал бағып шауып ойнаған, Үйреткен асау бойдағын, *К ө к ж а с ы л* шөбі жайнаған Сағындым еркін даламды (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Үстіндегі қанама бел *ж а с ы л к ө к* гүл өрнекті шыт халатына дейін Қаламүшке соншалық сүйкімді боп кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры.). Құс кебін киген *к ө к ж а с ы л* перілер-сынды, Алу үшін жүргендей менің есімді. Ағаш қылышпен шауып мен сарыбас мияны, Жағалаушы едім малтасы көрінер суды (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАСЫЛ² з а т. с ө й л. *Жасын, найзағай, жай оты.* Мен келелі қара бұлтпын, келе жаумай басылман, Қарсыласқан дұшпанға найзағай мен *ж а с ы л м ы н* (Махамбет, Өлеңд.). Туралап тартқан садағы Кем тимеген *ж а с ы л д а н.* Ерегіскен дұшпанын. – Енді қайтып келместей, Көз көрмеске асырған (Базар жырау, Шығ.).

Жасыл түсті. *Найзағай түсті.* Бір күні *ж а с ы л т ұ с к е н д е й,* сол Құдайдың сүйіктісі тағынан жалп ете қалды (Ж.Тәшенов, Өтелген.). Осыдан біраз бұрын сол жерге *ж а с ы л т ұ с і п т і* дегенді естігенбіз (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

[Көктен, төбеден] жасыл түскендей. *Төбеден ұрғандай мең-зең; есеңгіреген күйде. К ө к т е н ж а с ы л т ұ с к е н д е й* елді дүрліктіре екіге бөлген бұл бір өрт қой, – деді би (Ж.Арыстанов, Сұңқар.).

ЖАСЫЛДАЙ с ы н. **1.** *Жай отындай, найзағайдай.* Ерегескен дұшпанның еңсесін үздің *ж а с ы л д а й* (Шөже ақын, Айтыс). Әрқайсында осындай Үлкен жүрек болса ғой. Жарқ-жұрқ еткен *ж а с ы л д а й* Өр қайратқа толса ғой (А.Шамкенов, Сырларым.). *Ж а с ы л д а й м ы н* деп айтуға дәлел керек. Тиген жоқ әлі ешкімге сенің найзаң (Ақан сері, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жастай.* Қыршынын қиып *ж а с ы л д а й,* Келсе қарсы қайдан да Шүберекке жан түйіп, Қан кешіп жүр тізеден (Н.Байғанин, Шығ.).

Көктен түскен жасылдай. *Найзағай түскендей, төбеден ұрғандай.* Дұрысын ашықауыз берсін депсіз, Мен оған *к ө к т е н т ү с к е н ж а с ы л д а й м ы н* (Ақан сері, Шығ.). *К ө к т е н т ү с к е н ж а с ы л д а й,* Дабыл қаққан лашындай, Түйілсем тас жарғандай, Тұяғым жауға шаншылды-ай (Пернедегі терме.).

ЖАСЫЛДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. ***Жасылдай.*** Аңызда – оның ұлты оғыз-қыпшақ, Жасынан көрді талай бейнет-қыспақ. Сонда да *ж а с ы л д а й ы н* жарқылдады, Жаманға қас, жақсыға жайып құшақ (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

ЖАСЫЛДАН= е т. **1.** *Жарқырап, жарқ ету.* Бір кезде қараңғы түнде *ж а с ы л д а н а* жарқ еткен қылыш бір-ақ жалт етіп қалды: кесілген бас топ етіп жерге түсті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** *Жасыл болып көрінү.* Көздері *ж а с ы л д а н ы п,* бар тістерін көрсетіп быжыл қаншық қыңсылай шәуілдей қашатын болды (М.Әуезов, Қараш.). Қойдың көзі кешкі күн шапағына шағылысқанда *ж а с ы л д а н ы п* тұрмаушы ма еді (Д.Досжанов, Жібек.). **2.** а у ы с. *Түрлі өсімдіктерге толу, көктеу, көгеру.* Жайқалып, *ж а с ы л д а н ы п* тұрған бақша, Жаралған жұмақтағы нұрдан бақша (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Жанданды, *ж а с ы л д а н д ы* жапан дала, Орнады от жүректі жаңа қала (М.Хакімжанова, Жыр асуы). Көрінген бір аралды *ж а с ы л д а н ы п,* Кеменің басшысының көзі шалып (Ш.Әбенов, Ортақ арал).

ЖАСЫЛДАНУ *Жасылдан етістігінің қимыл атауы; жасыл түске ену, көгеру.* Екі-үш күннен кейін байқалғанда көгеруінен *(ж а с ы л д а н у ы н а н)*... толық бағалы хлорпластың пайда болғанын білеміз (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Тау хрусталі түрлі тұздар араласуынан түсі өзгереді, оның *ж а с ы л д а н у ы н* аметист, күңгірттенуін түтінді топаз дейді (Б.Бірімжанов, Жалпы химия).

ЖАСЫЛДЫ с ы н. *Жасыл түс аралас, жасыл түсті.* Жайылымға көз салсам, Қызылды, көкті, *ж а с ы л д ы.* Құмырсқадай қаптап мал, Жұлдыздай жерге шашылды (Айманқүл, Ана сыры). Жайнап гүлдер көк, *ж а с ы л д ы,* Төсеп бетін жібек желге (С.Бегалин, Өлеңд.).

ЖАСЫЛТАСТЫ с ы н. г е о л. *Жасыл түсті минералға қатысты. Ж а с ы л т а с т ы* офиолитті белдемдердің генетикалық және геодинамикалық даму моделін құрастыру қажеттілігі зор («Хабаршы»).

Жасылтасты өзгеріс. г е о л. *Эффузиялық таужыныстардың геологиялық уақыт барысында әртүрлі газдар мен ерітінділер және тангенциальдық қысым әсерінен өзгеріп хлорит, серицит, эпидот, актинолит сияқты негізінен жасыл түсті минералдармен қанығуы* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жасылтасты таужыныс. г е о л. *Аздап өзгеруі нәтижесінде жасыл түске боялған негізді құрамды магмалық таужыныстардың жалпылама атауы* (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАСЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Әдемі, көрікті.* Жалғызым киінгенім *ж а с ы л ы ң қ ы,* Кер төбелге садағаң асылыңқы. Бүгін түнде түс көрдім жорып берші, Ақша бет топыраққа жасырыңқы (Батырлар жыры).

ЖАСЫМАЛЫ с ы н. *Жасыған, түсі оңатын.* Қызыл түстің жері жоқ *ж а с ы м а л ы,* Болғандықтан қып-қызыл Туымыз да, Жігер беріп көзге оттай басылады (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.).

ЖАСЫМСЫ= е т. **1.** *Ұялып-қысылу, жасқану.* – Кел бері, әлдекімнің баласы құсағаны несі-ай *ж а с ы м с ы п* (Ә.Қалдыбаев, Қос тентек). Бірде «аға» деп *ж а с ы м с ы п* қалса, бірде «көке» деп сызылады (Қ.Сегізбаев, Бір қала.). **2.** а у ы с. *Еңсесі түсу, босаңсу.* ...Жүрттың қиын деп түңіліп отырған ұясынан Жарболдың тіпті сескенгісі келген жоқ. – Түсемін, – деді ол, жауабын *ж а с ы м с ы м а й* жарқын беріп (Ғ.Орманов, Жүрек).

ЖАСЫМЫҚ з а т. **1.** ө с. <лат. lens> *Бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық өсімдіктер туысы.* Адам баласы тағамға бұршақтың фасоль, асбұршақ, *ж а с ы м ы қ* және соя деген түрлерін пайдаланады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). *Ж а с ы м ы қ* жылылықты онша көп керек етпейді, дегенмен, асбұршақ, атбұршақ және сиыржоңышқаға қарағанда жылылықты көбірек сүйеді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.). – Әй-бу, әңгімешіл басым-ай, саған мына пісіріп тұрған *ж а с ы м ы қ* көжеден де бермеппін ғой, – деді ол (Ш.Мұртазаев, 41-жыл.). *Ж а с ы м ы қ т ы ң* ірі дәндерін тағам жасауға пайдаланады да, ал ұсақ дәндерін малға береді (Шаңырақ.). **2.** ж е р г. *Жүгерінің бір түрі.* Колхозымыз көбірек *ж а с ы м ы қ* екті (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). *Ж а с ы м ы қ* ұны шұжыққа, тартылған етке, нанға қосылады. Дән қалдығы, сабан-топаны – мал азығы (Қаз. тілі. термин. Тамақ.).

Жасымық тәрізді ядро. б и о л. <лат. nucleus lentiformis> *Ми қыртысы астында орналасқан жолақты дене ядросы. Ж а с ы м ы қ т ә р і з д і я д р о* жолақты дененің құйрықты ядросы мен аралық ми көру төмпегінің аралығында орналасып, олардан ақ заттық (ішкі капсула) аралық арқылы бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а с ы м ы қ т ә р і з д і я д р о н ы ң* сыртқы бөлігін қауыз, ал ішкі бөлігін солғын ядро деп атайды (Қаз. тілі термин. Биолология).

ЖАСЫМЫҚТАЙ с ы н. *Жасымық сияқты.* Созылмалы теміреткі желкеге таман *ж а с ы м ы қ т а й* немесе одан да кішірек, дөңгелек және сопақша жылтыр тырнақ тәрізденіп тұрады (О.Бердібаев, Таз–тақиядан.).

ЖАСЫМЫҚША з а т. б о т. *Өсімдіктің жас бұтақтарының газ алмастыратын орғаны.* Сүректі өсімдіктердің 1-3 жылдық жас бұтағының сыртқы бетінде үлкенді-кішілі келетін ақ түсті төмпешіктер көрінеді. Бұларды *ж а с ы м ы қ ш а* деп атайтынымыз бұрын айтылған (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖАСЫН[1] з а т. *Найзағай, жай.* Ehелескен жауымды Алты қырдан асырдым. Бойымда тұрды бұрқырап, Қуаты от пен *ж а с ы н н ы ң* (О.Шипин, Дастан.). Нөсерлеп құйған жауында Қызығушы ем *ж а с ы н ғ а* (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Мен Қаз дауысты Қазыбек сөйлеп тұрған, *Ж а с ы н н ы ң* жарқырап түскен отында суарылған, Әруақтанған елімнің шашақты туларынан, Мен желекті найзаның жеребесі, Семсерлердің сегіз қырлы селебесі, Қазақтың Қаракесек руынан (С.Мәуленов, Алыс кет.). Аспайды бері асудан, Астан да кестен шың іші. Жарқылдап жатқан *ж а с ы н д а р* Секілді соның қылышы (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жасын жасынады. *Найзағай ойнады.* Бағанағы қалың нөсер алдында, *ж а с ы н ж а с ы н а п,* жай түсіп, қойлар топ-топ болып үрке бастады (Қаз. ертег.).

Жасын ойнады. *Найзағай жарқылдады.* Осы мезетте дәл төбемізден жарқ етіп *ж а с ы н о й н а д ы* да, артынша үлкен бір бөрене морт үзілгендей күн шатыр ете түсті (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Жасын түсетіндей. *Жай түсетіндей.* Енді-енді найзағай ойнап, төбелерінен *ж а с ы н т ү с е т і н д е й* (Қ.Салғарин, Үбедей.).

Жасын түскендей. *Жай түскендей, төбеден ұрғандай.* Анада Жанар қылығына аспаннан *ж а с ы н т ү с к е н д е й* күрт омырылып, талай күндер бойы беймәлім күйде жүрді (Т.Есімжанов, Дала.). Жерге *ж а с ы н т ү с к е н д е й* болды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖАСЫН[2] з а т. ж е р г. *Теріс, бұрыс, өтірік, жалған.* Әңгімені әркім әртүрлі жорыды: біреулер қорыққанға қос көрінген болар деп, *ж а с ы н ғ а* шығарды (Ғ.Орманов, Жүрек). Ол жорта қырсығып, сөзін *ж а с ы н ғ а* айналдырып жіберетін (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жасынға жіберді. ж е р г. *Босқа, өз бетімен жіберді.* Колхоздың істеп жатқан жұмысын *ж а с ы н ғ а ж і б е р у г е* болмайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАСЫН[3] з а т. д і н и. *Құранның бір сүресі, ясин.* Ер Дәуіт жеті жаста иектеген, *Ж а с ы н н ы ң* суын ішіп құдығынан (Кемпірбай). Бар білген құлшылығы – өлікке, шелпекке, өлі тиген малға *«ж а с ы н* оқу», тарауық оқығанда, «алқамға» қосып «еттеказелиге» деген бірдеңені міңгірлету (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАСЫН= е т. *Жасу, басылу, күйректену.* Мүмкін алда желке талай қасылар, Бірақ сенде түр жоқ мүлде *ж а с ы н а р* (Ә.Сәрсенбаев, Миллиард.) Жетпіске жетерімді білмесем де, Менің де жас көңілім *ж а с ы н а д ы.* Жалтақтап қарай берем қәрілікке, Қай кезде мойныма кеп асылады?! (Т.Жабаев, Із).

ЖАСЫНА= е т. **1.** *Жасын түсу, найзағай жарқылдау.* Бағанағы қалың нөсер алдында жасын *ж а с ы н а п,* жай түсіп, қойлар топ-топ болып үрке жөнелді (Қаз. ертег.). **2.** а у ы с. *Жайнау.* Қарт ұстаның осы сәттегі кескін-кейпі

жаңа ғана суарылған өткірдің жүзіндей жайнап, *ж а с ы н а п* кеткен еді (Б.Әбдіразақов, Сыр.).

ЖАСЫНАН үс т. *Жас кезінен, жастайынан. Ж а с ы н а н* еңбекке үйренген Шыман жарасына шипаны саябырдан, тыныштықтан іздемеді, еңбектен іздеді («Қаз. әдеб.»).

Бала жасынан. *Кішкентай кезінен.* Есжан *б а л а ж а с ы н а н* әлуетті, бірбеткей болады («Қаз. әдеб.»).

ЖАСЫНДА үс т. *Жас кезінде, балалық шағында.* Біздің ауылда жалғыз-ақ ақсақ бар еді. Ол *ж а с ы н д а* аттан жығылып, сынған аяғы қысқа боп біткен кісі болатын («Лен. жас»).

ЖАСЫНДАЙ с ы н. *Найзағайдай, жай отындай. Ж а с ы н д а й* барып жалт етіп, Көк қаласын ашады (Шәңгерей ақын, Шығ.). Қошқарбай – әкем аты, Шашубаймын, Бай десе, көктен түскен *ж а с ы н д а й м ы н* (Шашубай ақын, Өлеңд.). Енді өзі көктен түскен *ж а с ы н д а й* мынау қыранның тұяғына ілінді (С.Бегалин, Уақыт). Жауыздыққа жалғыз оқ боп атылып, Күркірейді көктен түскен *ж а с ы н д а й* (С.Мәуленов, Найзағай). Қайраған алмас асылдай, Жауына төніп *ж а с ы н д а й* (М.Әшірбеков, Кербез дала).

ЖАСЫН-ЖАЙ з а т. *Найзағай, жай.* Көктемнен *ж а с ы н-ж а й* ұшып, Жатқандай қарды ірітіп. Қатықсыз қара шай ішіп, Тамағын қайта жібітіп (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАСЫНТАСТАР зат. кен. *Планетааралық кеңістіктен жерге мезгіл-мезгіл құлап тұратын денелер. Ж а с ы н т а с т а р* құрамында Жерде мүлдем кездеспейтін немесе өте сирек кездесетін минералдар болады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖАСЫҢҚЫРА= е т. *Көңілі басылыңқырау, жабығыңқы тарту.* Әйел *ж а с ы ң қ ы р а п* қалды. «Жаман әңгімеге ілігіп, ұсталып кетпесін» деген сөзден қорқып кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Тырс еткен хабар жоқ. Көңіл *ж а с ы ң қ ы р а п* қалады (Бал дәурен). Әкесінің аруағы аса түскен сайын, бұл не үшін екен деп төмендеп *ж а с ы ң қ ы р а п* қалды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАСЫП-ЖАБЫРҚА= е т. *Көңілі басылу, күйректік жасау.* Нәзигүл кедей қызы болса да, ата-ананың аялап әлпештеуімен *ж а с ы п-ж а б ы р қ а м а й* жайраңдап өскен еді (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЖАСЫП-ЖАБЫРҚАУ. *Жасып-жабырқа етістігінің қимыл атауы.* Ал әзірше осы достардың көңіл жылылықтарын бойға демеу етіп, *ж а с ы п-ж а б ы р қ а м а у ғ а* күш салатын (Т.Жангелдин, Партизан).

ЖАСЫР= е т. **1.** *Көрсетпей тығып қою, көрмейтіндей ету, көзден тасалау.* Құлқұтан, қарақалпақ болса дағы, Мал шіркін абыройыңды *ж а с ы р а д ы* (Шал ақын, Өлеңд.). Үш жыл болды келгені, Ақбөрте бесті шығады, Ерен ер мен тұлпарды Кім *ж а с ы р ы п* тығады (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Шешесі Жамалдың бір қағаз жазып отырып, қасына бір хат танитын кісі барса *ж а с ы р а* қойып жүргенін көруші еді (М.Дулатов, Шығ.). Болады тас – шымылдық, шалғын – төсек, Басына жастық табар томардан да. *Ж а с ы р ы п* сұқ көздерден көрі ызғарлы, Қойнына паналатар шоқ орман да (Ә.Найманбаев, Шығ.). – Балаңыздың бақыты ашылып тұр, Гүл бітеді жолына, шашылып нұр. Бәле-жала басына жоламайды, Ақ періште жар болып, *ж а с ы р ы п* тұр (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Сыр бұғу, құпиясын жария қылмау.* Пасыл да пасыл, пасылман, Аққа құлпы жасылман, Жақсыға сырым *ж а с ы р м а н* (Шал ақын, Өлеңд.). Пайданы көрсең, бас ұрып, Мақтанды іздеп қайғы алма. Мініңді ұрлап *ж а с ы р ы п*, Майданға түспей бәйгі алма (Абай, Тол. жин.). Сырын *ж а с ы р м а й т ы н*, ақылдасатын кейбір қазақтардың уездік бір қызметкеріне саудаласып пара бергенін көзімізбен көрдік. Бермесе, жұмысқа орналаспайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сөзіңмен дұшманды азайт, досты көбейт, Тасалап ғайыбыңды *ж а с ы р ғ а н д а й* (М.Дулатов, Шығ.). Ашу да айтып көрмедім, басу да айтып, Ақиқатын, шындығын *ж а с ы р м а й т ы н*. Ақыл сұрар адамды таба алмадым, Пенделіктің алдында бас ұрмайтын (М.Мақатаев, Шығ.).

Айран сұрап [сұрай] келіп, шелегіңді жасырма. *Айтарыңды ірікпей айт, қаймықпа, тайсалма, жасырма.* Не деп көңірсітіп отырсың. *А й р а н с ұ р а п к е л і п, ш е л е г і ң д і ж а с ы р м а* (Т.Ахтанов, Таңд. шығ.). – *А й р а н с ұ р а й к е л і п, ш е л е г і м д і* несіне *ж а с ы р а й ы н*, ашық айтқанда, Темірді аға көрсең, мені жеңге көруіңді өтінгелі келдім, – деп, Перизат ойындағысын іркілместен айтып салды (Ә.Әбішев, Таңд.).

Бетін [жүзін] жасырды. *Қайтыс болған адамды асығыс жерлеу.* Қарға-құзғын жемесін, *Ж а с ы р а к е т к і н ж ү з і м д і,* Замандас едің, жан аға! (Қыз Жібек). Мен тек топырақпен *б е т і н ж а с ы р д ы м* (К.Тоқаев, Тасқын).

Бой жасырды. *Бой тасалады, бұқты.* Келін *б о й ж а с ы р а д ы,* Даусын таудан асырады (Мақал). Жолбарысқа жол тосқан, Қазалы құлан тап болар. *Б о й ж а с ы р ы п* ол жыртқыш Шыға бір шапса сайлаудан (Шәңгерей ақын, Шығ.).

Жаманын жасырып, жақсысын асырды. *Сырт көзге дарлитып, сырын білдірмеді. Ж а м а н ы н ж а с ы р ы п, ж а қ с ы с ы н а с ы р у д ы* әдет еткен тас түйін жұрт (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Бәрінің де боғын жуып, *ж а қ с ы с ы н а с ы р ы п, ж а м а н ы н ж а с ы р ы п*, адам секілді қылып, осы ауылда адам қатарына

қосқан сол менің балам емес пе еді? – деді кемпір (М.Әуезов, Шығ.).

Жасыратыны жоқ. *Ашып айтқан жақсы, шынын айту керек. Жасыратыны жоқ,* «Сарыарқаны», «Теріс қақпайды», «Түрмеден қашқанды» әлі күнге өз екпінінде тартып шығатын жеке домбырашылар некен-саяқ (А.Жұбанов, Құрманғазы). *Жасыратыны жоқ,* кейбір жолдастар тәрбие жұмысына мән бермейді («Халық мұғ.»).

Жау көзінен жасырды. *Жауға білдіртпеді.* Бізді *жау көзінен жасырғысы* келгендей, бүтін аспанды қара түнек бұлт қоршапты (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Мұртының астына жасырды. *Бұл жерде іштей сықақ етті деген мағынада.* Итіне дейін өзін сенен артық сезіп, мысқылын *мұртының астына жасырып* жүретінін қайтерсің (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Несін жасырайын [жасыратын несі бар]. *Дұрысын айтқан жөн деген мағынада.* ...Сіз маған топ алдында тесіле қарап, ізімді бағып болмаған едіңіз. *Несін жасырайын,* ұнатпаған едім соныңызды (М.Иманжанов, Адам.). *Жасыратын несі бар,* мен соған қызығып жүрдім ғой. Жетінші класс бітірген күні әкеме келдім де: – Шопыр боламын, – дедім (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

Тісін жасырды. *Арам ойын ішке тықты, қастық ойлады.* Мұнда ақын мүләйімсіген молдаларды, хазірет-халфелерді, *тісін жасырған* қожаларды халық алдында масқара етті (Қ.Нұрмаханов, Дос.).

Із жасырды. *Ізін білдірмей, қашып цстатпады.* Жауаптан қашып, *ізін жасырып* жоғалып кеткен (К.Тоқаев, Түнде.). Тапа-тал түсте *із жасыру* енді – патша ұлығының дәстүрі ме деймін (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.).

ЖАСЫРАҚ с ы н. *Жастау, жас жағынан кішілеу.* Әттең, сәл *жасырақ* болсам, қазір осы ойынға араласып та кетер ем (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Айтады көрші мұжық бір *жасырақ:* Болғаннан емес қой бұл сарай жырақ! Қабаған кісі алатын төбеттерден Қораға қоймағанын ит асырап (А.Байтұрсынов, Шығ.). Егер қазір екеуміздің орнымызда бізден *жасырақ* адамдар болса, бұлай сөйлеспес еді (Қ.Найманбаев, Үміт). Қай қазақты көрсем де, баласы *жасырақ* болса, оның басынан пәрмәне болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.).

Жасырақ кезінде. *Жастау шағында.* Менің *жасырақ кезімде,* бұдан отыз жыл бұрын бір орыстың офицеріне жолбасшы болып, қызмет қылып едім (С.Шәріпов, Бекболат). *Жасырақ кезінде* бұл екеуі ұрлықты бірге істескен (М.Әуезов, Абай жолы). Ақзейнептің *жасырақ кезіндегі* костюмін берді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖАСЫРҒАНСЫ= е т. *Жасырмақ болғансу.* Әжем қараған кезде ол басын әрі бұрып, алақанымен аузын басып, күлкісін *жасырғансиды* (А.Жақсыбаев, Бозарал). Сондай бір құпия Наркесте де жоқ екен, екеуі де көп жылдар бір-бірінен жоқ нәрсені қызғанып, жас балаша *жасырғансып* келгендей (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖАСЫРҒЫШ с ы н. *Сыр сақтағыш, құпияшыл.* Сүйсе де жүрек кілтін *жасырғыш* боп, Қыз деген неге бұлай жаралды екен? (Қ.Ұябаев, Дархан.).

ЖАСЫРҒЫШТА= е т. *Тыққыштау, бұқпантайлау.* Қарт ана жаулығының астынан көрінген бурыл шашын саусағымен *жасырғыштай* береді (М.Дүзенов, Ақәже). Айғанша соны үй ішінен *жасырғыштап* қойнына қысып әкелгенде, Әлиза әрқашан тебіреніп кетеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең.).

ЖАСЫРҒЫШТАУ *Жасырғышта етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСЫРТ= е т. *Көзден тасалату, көрсеттірмеу, жария қылдыртпау.* Жұмысы *жасыртқандай* бала жасын, Байсалды, жай кісі деп қарамайсың (Ж.Молдағалиев, Жыр.). Бойды алған шошымал ауру енді оған құпиясын да *жасыртта* алмаған (Қ.Исабаев, Өткелде).

ЖАСЫРТТЫР= е т. *Көзден тасалаттыру, жария қылдыртпау.* Көрші ауылға *жасыртты* (Ауызекі).

ЖАСЫРУ *Жасыр етістігінің қимыл атауы; айтпау, сыр бүгу.* Абай өзі білген шындықты шешесінен *жасыруды* еш уақытта қажет, мүмкін деп білмейтін (М.Әуезов, Абай). Алыстағы ағайындарымыздың ұлттық мүддесі мен азаматтық құқына байланысты мәселелерді шешу күн өткен сайын қиындап бара жатқандығын *жасыруға* болмас («Қаз. әдеб.»). Не болмаса салынатын салықтан жалтаруға, астыртын экономика саласында жұмыс істеуге, яғни табыстарын *жасыруға* талпынады (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.).

ЖАСЫРЫЛ= е т. *Көзден тасалаттырылу, тығылу, әйгіленілмеу.* Олар тығылып қалған адамдар болса, *жасырылған* қазына болса, бәрін тауып нояндарына жеткізеді (І.Есенберлин, Алмас.). Жамандық *жасырылмас* (Мақал). Сұлу қыз жаңа піскен алма дағы, Ғаyһар тас *жасырылған* бір тау дағы (Ақан сері, Шығ.).

Бет топырағы жасырылған жоқ. *Қайтыс болғанына көп уақыт өткен жоқ, ізі суымаған.* – Күңірентпе иіңнің қабірін. Әлі *бет топы-*

р а ғ ы да *ж а с ы р ы л ғ а н ж о қ* (М.Ақынжанов, Ыбырай.).

ЖАСЫРЫН с ы н. **1.** *Жария, ашық емес, құпия; әйгілемей, ешкімге білдірмей, сездірмей.* Айдай бер қалса адамың қуылмаған. Әдепті, сыпайы елдің қалпында жоқ, *Ж а с ы р ы н* дыбыс шықты шуылдаған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Осы түн ел әбден ұйықтаған кезде Абай мен Ербол үй тонайтын ұрыларша *ж а с ы р ы н* бұғып, ептеп басып кеп Асылбек отауының есігіне жетті (М.Әуезов, Абай). *Ж а с ы р ы н* халықтың еткен ғамалы жоқ, Әркімнің болған халі жариялы (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бекболатсың досыңыз қимайтұғын, Әр жерде басын алаш сыйлайтұғын, Тамтығын Әліп мырза жиып апты, *Ж а с ы р ы н* жауап емес ұрлайтұғын (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Қалтарысы бар, көзден таса.* Жеңгесі тыста тұрып сөйлеседі, *Ж а с ы р ы н* үйдің арты жар болған соң. Отырып қалқажанды біраз күттім, Қарамай қайта кету ар болған соң (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жылқы жатқан жер адырлы қабаты көп, *ж а с ы р ы н ы* мол жер болатын (М.Әуезов, Қараш.). Жария етпес жан сырын Таптырмас бір тасадай. Жалғыз өзі *ж а с ы р ы н* Жар күтеді жас Абай (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Аурудың жасырын мерзімі [кезеңі]. *Аурудың сыртқа білінбейтін немесе әлсін-әлсін жаңа біліне бастаған кезі.* м е д. *А у р у д ы ң ж а с ы р ы н м е р з і м і н і ң* бірде кешігіп, бірде ерте белгі беруі адам денесінің жарақаттанған орнына байланысты (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Кебенек *а у р у ы н ы ң ж а с ы р ы н к е з е ң і* 5-10 күнге созылады (Ш.Қалықов, Қой ауру.).

Жасырын ат. *Шын аты емес, бүркеншік есім.* Воля деген кімнің *ж а с ы р ы н а т т ы* екенін бұл жерде ойлағысы да келген жоқ (Ә.Әбішев, Замана.). Меніңше саған керек *ж а с ы р ы н а т,* Жазғанда танысыңа жасырын хат. Николай Степанов деп атансаң, Секем ап, сені сірә сезбейді жат (О.Шипин, Екі дастан).

Жасырын әдебиет [кітап]. *Үкімет тарапынан тыйым салынған, ашық пайдаланылмайтын шығарма.* Ладонның тапсыруы бойынша Габдолла бірталай *ж а с ы р ы н к і т а п т а р* алып жүрді (С.Шарипов, Шығ.).

Жасырын жебе ату. ж е р г. *Жасырын қастық ойлау, астыртын өш алу.*

Жасырын кристалдық құрылым. г е о л. *Микроскоппен қарағанның өзінде ажыратуға келмейтін өте майда түйіршікті кристалдық құрылым; Ж а с ы р ы н к р и с т а л д ы қ қ ұ р ы л ы м д а* түйіршіктердің ірілігі 0,005 мм-ден кіші (Қаз. тілі термин. Геология).

Жасырын күй. м е д. *Аурудың сыртқа көрінбейтін қалпы.* Екінші *ж а с ы р ы н к ү й і* бітісімен ауру адамның үстіне қызылша шығады. Теңге қотырдың қызылшасы қызылшаның қызылшасы секілді қатарынан жалғасып жатқан бөлек-бөлек қызыл меңдерден (дақтардан) түзіледі (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Жасырын мәтін. и н ф. <ағыл. hidden text> *Арнайы бұйрық берілмеген жағдайда, яғни алдын ала (үнсіз) келісім бойынша баспаға және экранға шықпайтындай етіп дайындалған құжат мәтінінің бөлігі.* Word құжатында *ж а с ы р ы н м ә т і н д і* экранға шығару үшін Сервис-Параметрлер командасын таңдап алып, Түр (вид) ішкі бетіндегі *Ж а с ы р ы н м ә т і н* (Скрытый текст) жалаушасын орнату қажет (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жасырын оолиттік құрылым. г е о л. *Микроскоппен ғана ажыратуға болатын майда оолиттік құрылым.*

Жасырын сыр. *Құпия сыр.* Талай бит астындағы *ж а с ы р ы н с ы р л а р* жарыққа шыққан (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қазір Дәмеш Қайырдың өткір көзінен жүрек түбінде жатқан оның *ж а с ы р ы н с ы р ы н ы ң* ұшқынын аңғарғысы келді (З.Шашкин, Теміртау).

Жасырын файл. и н ф. <ағыл. hidden file> *Каталогтағы файлдардың жалпы тізімде көрсетілген файлы.* ≈ *Ж а с ы р ы н* файл коды.

Жасырын ұйым. *Астыртын жұмыс жүргізетін ұйым.* Фридрих төңкерісшіл *ж а с ы р ы н ұ й ы м ғ а* қатысқалы биыл төртінші жыл (І.Жансүгіров, Әңгім.). Алексей Васильевич Крячек Переяслав ауданының *ж а с ы р ы н ұ й ы м ы н ы ң* мүшесі, отряд құруда үлкен жұмыс істеп жүрген адам (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАСЫРЫН= е т. *Көрінбей тығылу, бұғынып бой тасалау, ұрлану.* Бас қамы үшін жүргендер, Өңкей доңыз есалаң, *Ж а с ы р ы н д ы* бір жерге Бөлінді де сарбаздан (О.Шипин, Дастан.). Мінгені бәрінің де ат пен түйе, Қыс қатты арықтаған айғыр, бие. Түстім де әлгі шептен *ж а с ы р ы н д ы м,* Түнімен отырсам да болып ие (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге *ж а с ы р ы н ы п,* жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есінде ме айлы түн, тау аңғары? Ай батты. Жастар ойнын тәмамдады. Беткейде қарағайға *ж а с ы р ы н ғ а н,* Сендерді іздеушілер таба алмады... (М.Мақатаев, Шығ.).

Жатқан құлын жасырынады [жасырынғандай]. *Шөбі қалың, биік, шүйгін.* Есіл қатты тасып, алқабына су мол жиналғандықтан, қазір шалғынына *ж а т қ а н қ ұ л ы н ж а с ы р ы н а д ы* («Қаз. әдеб.»). Жайлауда *ж а т қ а н қ ұ л ы н ж а с ы р ы н ы п,* Құлпырған қырдың изен, ебелегі (Т.Жароков, Таңд.).

ЖАСЫРЫНБАҚ з а т. о й ы н. *Бір топ баланың ішінен біреуі көз жұмып, қалғандары*

тығылып, соларды іздеп тауып ойнайтын балалар ойыны; тығылмақ, бұғыныспақ. Түйенің, жардың, томардың, тастың арасына *ж а с ы р ы н б а қ* ойнар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көбіне ойнайтындары – *ж а с ы р ы н б а қ*. Бірі тығылып, бірі іздеп, ымырт үйірілгенше ауланы бастарына көтереді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Әне, бір топ бала бір-бірімен *ж а с ы р ы н б а қ* ойнап жүр. Бір кішкентай қыз басын ғана қалқаға жасырып, бар даусымен: «Ал іздеңдер!» – дейді айғайлап («Лен. жас»).

Жасырынбақ ойнады. *Бір істің шынын айтпай алдады.* Үнемі Ақанмен бірге жүретін Ұрқиядай, Сұлтамұратпен қосыла ән салатын Қадиша да *ж а с ы р ы н б а қ о й н а й* алмады (С.Жүнісов, Ақан сері). – Вера Яковлевна, *ж а с ы р ы н б а қ о й н а п* көрген жан емеспін. Барлығын ашып өзім айтайын (С.Бегалин, Шоқан асу.).

ЖАСЫРЫНДЫ с ы н. *Ешкім білмейтін, құпия.* Сырыңды *ж а с ы р ы н д ы* білсе дағы, Патшаға көрсеткен жоқ зәбір етіп (Айтыс).

ЖАСЫРЫНДЫР= е т. *Көрсеттірмеу, әйгілендірмеу.* Лұқсат! Салтында жоқ жұмыстың не керегі бар? – деп келінін *ж а с ы р ы н д ы р г а н* жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАСЫРЫНУ *Жасырын етістігінің қимыл атауы; тығылу, бой тасалау.* Ол енді *ж а с ы р ы н у д ы ң* жөні жоқ деп, қалада болсын, далада болсын, үнемі чекист киімімен ашықтан-ашық жүретін болды (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Жеребе салысқанда *ж а с ы р ы н у* кезек әуелі Әбдірахмандарға тиді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Өз бейнесін өзі тамашалап көңілі тояттағасын, *ж а с ы р ы н у ғ а* жерден жарық таба алмай, бір-ақ уыс боп бүкшие қалған қыздың қасына жанаса отырды (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

ЖАСЫРЫҢҚЫ с ы н. *Жасырылған.* Жалғызым киінгенім, жасылыңқы, Кер төбелге садағың асылыңқы. Бүгін түнде түс көрдім, Ақша бет топыраққа *ж а с ы р ы ң қ ы* (Батырлар жыры). Қайратты, шомбыл дене темір–шойын, Ұстайды *ж а с ы р ы ң қ ы* ұзын бойын (С.Сейфуллин, Өлең.д.).

ЖАСЫРЫП-ЖАБУ *Жасырып-жап етістігінің қимыл атауы.*

ЖАСЫРЫП-ЖАП= е т. *Шындығын ашық айтпай, бүркемелеу.* Өзгедей *ж а с ы р ы п-ж а п п а й,* Қалидың ашық сөз айтқанына Зияш әрі қысылды, әрі намыстанды (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Жасырып-жабатыны [жасырып-жабары] жоқ. *Расын, шындығын айтқанда. Ж а с ы р ы п-ж а б а т ы н ы ж о қ,* мектептегі оқу-тәрбие жұмысының кемшілігі бар екені рас («Қазақст. мұғ.»). Япыр-ау, деймін, *Ж а с ы р ы п-ж а б а р ы ж о қ,* Бізден хабары жоқ (М.Рашев, Бұйымтай).

ЖАСЫРЫП-ЖАПЫР= е т. *Жасырып, қысып ұстау. Ж а с ы р ы п-ж а п ы р г а н д ы қ-т а н,* қазақ қыздарының көбісінің төсіндегі «тас түйнегі» өзбектің бәлекей кесесіндей көзге тым қораш, болар-болмас томпаңдар еді (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЖАСЫРЫС= е т. *Көрсетпей тығысу, жария қылыспау.* Талаудан не алып, не қойғанын бір-бірінен *ж а с ы р ы с ы п,* тығынып алысты (І.Жансүгіров, Шығ.). Бірақ Омардың жасырған малын қоса *ж а с ы р ы с ы п,* сіздерге жақсылық жасай алмаймын (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАСЫТ= е т. **1.** *Инені, түйреуішті т.б. металды отқа қыздырып жұмсарту.* Инені отқа салып *ж а с ы т т ы м* да, ұстаның баласы емеспін бе, тым жақсы етіп қармақ идім (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Жабықтыру, бетін қайтару, сағын сындыру.* Сол түнде, алтын сәулем, қолыңды бер, *Ж а с ы т п а,* жолым бастап алдыма жүр (М.Жұмабаев, Шығ.). Апатай-ау, Сеніңді *ж а с ы т п а,* Қашықтықты жеңе білу – мықтылық, Нағыз бақыт – жақында емес, қашықта (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ақ жарылсам телегей тасытып сыр, Суық хабар бой билеп, *ж а с ы т ы п* тұр. Семейдегі Олжабай жүдеу күйі Ыза кернеп, жанымды ашытып тұр (К.Салықов, Жезкиік).

Жігерін жасытты. *Бетін қайтарды, сағын сындырды.* Іштей осыны қорлап, құм етіп, *ж і г е р і н ж а с ы т ы п,* есепке алмай, елеусіз санап тұрғанын бұл да өзінше байқайтын боптьі (Ж.Жұмақанов, Махабб.). Ал онымен оқта-текте айналысу еркін *ж і г е р і ң д і ж а с ы т ы п,* мұқалтып жіберуге себепші болады (К.Жарықбаев, Психология).

Сүйегін жасытты. *Сағын сындырды. С ү й е г і м д і ж а с ы т т ы ң,* Кетейін бе өлтіріп! (Жамбыл, Шығ.). Дат, Қаеке, дуаңыздан қалдырмаңыз, *С ү й е г і н* Қожекеңнің *ж а с ы т т ы* дау (Мәделі ақын).

ЖАСЫТ с ы н. ж е р г. *Жасты, құрдас.* Сен екеуің *ж а с ы т* шығарсыңдар деймін (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАСЫТУ *Жасыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қорқыту, бетін қайтару.* «Барлау, *ж а с ы т у* әдісін қолданбақшы» – деп түйді де, кәрі тұтқын келте жауап қайыруды жөн тапты (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** к е н. *Материалдарды термиялық әдіспен өңдеудің түрі; материалдарды қыздыру, ал содан кейін жылдам салқындату процесі. Ж а с ы т у* процесінің нәтижесінде материал қалыпты температурада (20^0 С) өзіне тән емес тепе-теңсіздік құрылымдық жағдайда болады (ҚҰЭ). Қатты қызарған болатты бірте-бірте салқындатса, ол өзінің беріктігін жойып алады.

Бұл процесс болатты *ж а с ы т у* деп аталады (Химия).

ЖАСЫТЫҢҚЫРА= е т. *Жабыңқы, басылыңқы ету. Ж а с ы т ы ң қ ы р а й* берсе, бала жабығы болып өседі (Ауызекі).

ЖАСЫТЫҢҚЫРАУ *Жасытыңқыра етістігінің қимыл атауы. Ж а с ы т ы ң қ ы р а у* үшін тұтқында бола тұрғаны да залал емес (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАТ с ы н. **1.** *Жақындық, туыстық қатысы жоқ, бөтен, бөгде (адам).* Махаббат тұла бойды жеңгендігін, Ұрлық неке қиюға көнгендігін. Владимир кез болмай, *ж а т* кез болып, Жарына жолыға алмай келгендігін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж а т қ а* жем, бай едік, кен едік, Бағың жоқ биліктен кім едік, Партия сұрқия, қым-қуғаш, «Басы аман» көп надан сен едің (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а т* туғанды өз еткен, Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па (Шалкиіз ақын, Шығ.). «Қайран біздің даламыз – Қазақстан, Таза алтыннан жаралған, таза мыстан». Деп мақтанып келеміз баяғыдан, Сол үшін де жоқ едік аз алысқан. Ішкі, сыртқы жауменен қанша ғасыр, Қаншама рет даланың тозаңы ұшқан. Біз көрмеген алтынды *ж а т* таниды, Антұрғанның көргіш-ақ көзі алыстан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). *Ж а т қ а* қимай жарты адым, сүйем жерді, Талай көштер түйеге тиелген-ді. Миың жетіп болмайды мұнша жерді, Ата қазақ қалайша иемденді?! (М.Мақатаев, Шығ.). Ерге *ж а т т ы ң* тізесі батса, ағайыншыл болады (Мақал). **2.** *Бұрын көрмеген, естіп-білмеген, таныс емес.* Және де төренің бір *ж а т* хабары сол: Қазақтан солдат алынбайды, бірақ мұжықтар секілді қала болам десең, 15 десятина жер беріледі, – деді (М.Дулатов, Шығ.). Хат жазған Әбубәкір ғапылдықта, Жібіткен сөз жазса да ахундыққа. Болса да жүзіміз *ж а т,* сөзім барсын, Лайық бұ да болар татулыққа (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жапа-жалғыз жабығып қалғанымда, *Ж а т* дүние жатады жан-жағымда. Қаным тасып көзіме құйылады, Қаламнан жас қағазға тамғанында (М.Мақатаев, Шығ.). Біріншісі – санадағы, әлеуметтік тәжірибедегі *ж а т* өркениеттің елдіктен, теңдіктен алыстататын қиянатынан тезірек құрту, екіншісі – тәуелсіз, азат Қазақстанның аяғынан тік тұруына, әлемдік өркениетке өзіндік келбет-кейпімен кірігуіне лайықты үлес қосу («Егемен Қазақстан»). **3.** *Жау, дұшпан, қас.* Қарғыс атқан қара свастика көз алдымда түр менің. Өлгендер, тұрыңдар! Тірілер, аттаныңдар! Адамның тонын киген *ж а т т а р ы ң* бар, Аттаныңдар! (М.Мақатаев, Шығ.). Қараймын мен хат жолына, Бақыт құсы ұшты менен. Деревнямыз *ж а т* қолына, Жетті хабар түсті деген (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бір күні оған *ж а т* деп жала жауып, Тергеді қайта-қайта жауап алып. Содан соң бұзылмайтын үкім шықты, Жаны адал, ақ болса да қараланып (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** а у ы с. *Лайықсыз, сөлекет, өрескел.* Аз өмірінде бірінші рет көзіне жас алады. Бұл Азусарыға *ж а т* мінез екен (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Жаяумын, бұл сәт, о, ғажап, Көшеде жоқ қозғалыс. Құбылыс қой мынау *ж а т,* Қашан, қалай болған іс? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жорамал, *ж а т* сезімді жояйыншы, Қасында бір күн жақын болайыншы. Еркіме естен танған жібер менің, Шөлдеткен шәрбатыңа тояйыншы (К.Салықов, Жезкиік). Жоқ болса қатыныңның *ж а т* өсегі, Болмаса мінезінің еш кесегі. Майысқан, бейне гүлдей толықсыған, Кем емес алтын тақтан жар төсегі (Абай, Тол. жин.).

Жат бойынан [жанынан] түңілді. *Бөтен дұшпан (адам) арадан жарықшақ таппады.* Өзіңді-өзің жаттай сыйла, *ж а т б о й ы н а н т ұ ң і л с і н* (Мақал). Айнала алмай ат өлсін, Айыра алмай жат өлсін, *Ж а т б о й ы н а н т ұ ң і л с і н* (Бұқар жырау, Жыр.).

Жат болды. *Бөтен болды.* Қолыңнан дәулет кеткен соң, Өлер халге жеткен соң, *Ж а т б о л а р* саған, жау болар Қатын менен балаң да (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа *ж а т б о л у ы* керек еді ғой (М.Дулатов, Шығ.). Араласып жүрмесе ағайынды адам *ж а т б о л а р* (Ү.Кәрібаев, Өленд.).

Жат есік. *Бөтен үй, бөгде жұрт. Ж а т е с і к т е* күң боп өткенімше, қайыршы боп өткенімнің өзі артық (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). *Ж а т е с і к т і* және қорып, Жара салма сен маған. Жұрт жамандар жатқа жорып, Жалынамын мен саған (Абай, Тол. жин.).

Жат жақ. *Басқа, бөтен жақ (ел).* Бейне бір құдіретті сынағандай, «Сақтар деп сақтар болса» сертпен жүрдік. *Ж а т ж а қ т ы* жаратқанға күзеттіріп, Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік (А.Байтұрсынов, Шығ.). Соның бәрі жұрттығын сақтау үшін қырғын көріп, бейнет шегіп жатыр. Біз не қылып отырмыз? Біз «*ж а т ж а қ т ы* жасағанға күзеттіріп қойып отырмыз» (М.Дулатов, Шығ.).

Жат жер [өлке]. *Туған жер емес, басқа жақ. Ж а т ж е р д е,* жау қолында жалғыз өлем Жетімдік, тұтқындықтан құтылмастан (А.Байтұрсынов, Шығ.). Естігенге мынау зары: «*Ж а т ө л к е д е* жапалақтай Жалтақтаумен жабықтым мен. Күнәсізден мұндай зындан Құрсауында тарықтым мен (О.Шипин, Дастан.). *Ж а т ж е р д і* жастанғанда жазатайым, Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым. ...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын, Қазақтың дәл өзіндей қарапайым (М.Мақатаев, Шығ.). Қараңғы

түкпір *жерде жат,* Жылжыды күндер көңілсіз; Көз жасым, шабыт, махаббат, Таңірімсіз және өмірсіз (К.Салықов, Жезкиік).

Жат жұрт [ел]. *Өз елі емес, бөтен ел. Жат жұрттың* тілін үйренумен бірге адам сол жұрттың жан дүниесімен таныс болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жат елде* жадап жүргенше, Жалтаң көз боп тірі боп, Кім ермейді соңымнан, Көрнекке шықсам ірі боп (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Бір жұртым сырт айналды *жат елдерше,* Тіріліп, қайтер еді, әкем келсе? Құрысын көмір жағып, су алмайтын, Қолыма алар ем-ау пәтер берсе (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Барған жері құшақ жайып қарсы алса жақсы, *жат жұрттан* келдің деп шеттетіп жүрсе, ол да оңай тимейді (Б.Тілегенов, Уақыт).

Жат жұрттық [жат жұрттыққа жаралған]. *Қыз баланың басқа жаққа ұзатылып кетуі туралы.* Ұл болсам өз үйімнен безер ме едім, Амал не *жат жұрттық* қып жасағасын (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Әбіштің келген жұмысын естіген ақсақалдар бәрі бірдей: «Жарайды, *жат жұрттыққа жаратылған* бала ғой, қайырлы болсын, беру керек», – десті (С.Көбеев, Қалың мал). Балапаным, айналайын, жас емессің, енді бой жеттің... қыз деген қашаннан *жат жұрттыққа жаралған* (Н.Сералиев, Шығ.).

Жат жүрісті. *Өрескел, арам ойлы. Жат жүрісті,* жау ниетті адамдардың жеткенін Айша бұрын аңғарған (М.Әуезов, Абай жолы).

Жат көз. *Дұшпан көзі.* Бардым дағы отырдым қарсы қарап, Ол да отыр. Түрі жоқ хал сұрамақ. Сұқтанған *жат көздерден* жасқандым да, Тайып тұрдым. Қашанғы әл шыдамақ (М.Мақатаев, Шығ.). Бәйгеде шапқан ақ бозбын, Қатардағымнан қатты оздым. Шаттығы болдым достардың, Қайғысы болдым *жат көздің* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жат көрді. а) *Бөтенсінді, жатырқады. Жат көргені* не заман. Ертең сізді қош алам (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жат көріп* жатырқама, қалқам Мамық, Сыр білмес, сырғып кетпе бейтаныстай (Шашубай ақын, Өлеңд.). Өз басыңды зор етіп, Теңдес қайдан табарсың? Ағайынды *жат етіп,* Жақынды қайдан табарсың? (М.Әуезов, Шығ.). Өзің менсіз, Мен сенсіз қалғандаймын, Табамын, мейлі әзірге тал қармайын. Қуаламай танырсың, *жат көрмессің,* Осыңды армандайын (М.Мақатаев, Шығ.). ә) *Бұрыс санады, дұрыс көрмеді. Жат көрер* жайдары ашық бұл сөзімді, Үңіліп көкірегімен сыр алмаған (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жатқа жорыды. *Жамандыққа ұйғарды.* Жат есікті және қорып, Жара салма сен маған Жұрт жамандар *жатқа жорып,* Жалынамын мен саған (Абай, Тол. жин.).

Жат қолында. *Бөтен, дұшпан иелігінде.* Жүрекпен бірге туған тәтті сөзден, Ұмытып *жат қолында* дедің безер. Жанмен бір туған үндер жоғалар ма, Қарасам үлкендерге, балаларға (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жат қылық. *Жағымсыз, жайсыз қылық.* Қас тағдырдай қасарысқан шөлейт жол, Өзінің *жат қылығына* мақтанып (Қ.Аманжолов, Шығ.). Қорқауды, өсекшілді қатарға алма, Кеселін тигізеді сапарға алда. Не бетімізді айтамыз Болашаққа, *Жат қылықты* қалдырмай апарғанда? (М.Мақатаев, Шығ.). Тыныштықпен күн батып, кеш кіреді, Біздің жерден шаттық ән естіледі. Адамның баласына *жат қылықтар* Әрбір таң атқан сайын ескіреді (М.Мақатаев, Шығ.).

Жат пен жақын. *Дұшпан мен туыс, бәрі.* Қыранның даңқы алысқа, *Жат пен жақын,* танысқа Жайылып тегіс кетіп ед (М.Дулатов, Шығ.).

Жат сөз. *Жаман, жайсыз сөз.* Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемеу керек. Және балаға ұқпайтын *жат сөз* үйретпеу керек (М.Жұмабаев, Шығ.). Оқытушыға да, үйренушіге де, үгіттеушіге де, жазушыға да, білімдіге де, білімсізге де, шешенге де, ақынға да *жат сөзсіз* күнелте алмайтын заман туды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Жатты жақын, жарды кешу қып өтті. жерг. *Сыйласумен өтті.* Ол өмірде *жатты жақын, жарды кешу қып өтті* (Ауызекі).

Жат тіл. *Өз тілі емес, шет тіл. Жат тілді* білу жат пікір, жат есім, жат таным дариясына жүзумен тең (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жетім қыз Алтыншашқа бес жылдың ішінде амал жоқ, *жат тілді* де үйренуге тура келген (І.Есенберлин, Қаһар). – Құрмаш, қарағым, әлгі бір *жат тілде* күңкілдесіп-күңкілдесіп кеткен кімдер? – деп сұрады қария жігіттен (А.Сатаев, Дала.). Қабылдармысың жырымды, Мазмұны ортақ, *тілі жат* (С.Бегалин, Өлеңд.).

Жат шөп. сөйл. *Арамшөп.* Олай болмас үшін еккен жерді *жат шөптерден* ада қылу керек «Қазақ».

Құлаққа жат. *Жағымсыз, тосын, жайсыз (дыбыс, ұн туралы).* Ырылдасқан тағы мысықтың даусындай *құлаққа жат* дыбыс (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Бұрын естімеген сөздер *құлаққа жат* сияқты болып жатқан шығар (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Сақалы шығып жат болды. *Өсіп, ер жетіп, өзімен-өзі болу мағынасында.* Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Алты малта ас болмай, өзіңнен туған жас бала *сақалы шығып жат болмай* (Махамбет, Өлеңд.).

Түрі жат. *Өзгеден бөлекше, әдеттегіден басқаша.* Таңғажайып бұл қалай хат, Мағынасы –

алыс, өзі жас? Сөзі орамды, әрі *т ұ р і ж а т*, Және әдепті және рас (Абай, Тол. жин.). Ісіндің, кебіндің, Сонда да не пайда, *Т ұ р і ж а т* өгіздің, Сен қайда, ол қайда? (Абай, Тол. жин.).

ЖАТ= е т. **1.** *Адамның, жан-жануардың жерге не бір заттың үстіне шалқасынан, етпетінен, қырынан қисайып, сұлап, дененің көлденең қалыпта болуы.* Ауыздығы қаршылдап, Шапса тасты қабатын. Төстен қашқан түлкіні Төрт аттатпай соғатын. Тіл біледі Шалқұйрық *Ж а т* десе жата қалатын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жүректен от, жүзінен әр тайғанда, Әр тайғанда, шалқары ортайғанда, Ол қақпасқа не керек, Құдайым-ау, Тыныштық қып *ж а т п а й* ма қартайғанда? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жұтыңдаршы нұрлы ауаны, Жүрмеңдерші қапаланып. Сүйіңдерші бұл даланы Кеуде төсеп *ж а т а* қалып (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** *Түнгі не күндізгі ұйқыға кірісу.* Аздан соң *ж а т а т ы н* мезгіл болып, қонақтың бәрі тысқа шықты (М.Әуезов, Қараш.). Түніменен күзетіп, Таң атуға жақын деп, Жаңа ғана ол *ж а т т ы* (О.Шипин, Дастан.). Қашан атқа мінгенше, Қалмады еш сабырым. Қойдың алып күземін, Жадағай ел *ж а т қ а н д а*, Ай бата біздер аттандық, Қоржынды салып аттарға (О.Шипин, Дастан.). **3.** *Белгілі бір жерде бір нәрсенің бар болуы.* Атқа міндік аздан соң, Алыста *ж а т ы р* арманым. «Сауысқаннан сақ бол» деп, Ақыл айтты алғаным (О.Шипин, Дастан.). Тай қандай, құлын қандай, дөнен қандай, Шерленіп іште *ж а т қ а н* шемен қандай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қанында поэзия жоқ қулар топ құрды батыл Безбүйректікті жек көре алмауда сатқындық *ж а т ы р* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бидай *ж а т ы р* жел шайқап, Сүтке бөгіп тырсиып. Аспан мен жер кең байтақ Бір қауызға тұр сыйып (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** *Бір нәрсеге қатысты, тиісті болу.* Түрмеге батыр *ж а т қ а н* соң, Баймағамбет қуанып, Күйеу боп барды тағы да Зылиқаны алғалы. Амангелді жатқан соң, Түрмеден дәмді татқан соң, Жауыздың бітті арманы (О.Шипин, Дастан.). Есің кетсе, естіге кіріптарсың, Ең бастысын ұмытқансың, – деп Шыңғыс хан ызбарлана тіл қатты, Әр сөзінде атан түйе қайысардай зіл *ж а т т ы* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Құда болып *ж а т ы р м ы з* құда үйінде, Мұндыға да ұқсаймыз мүләйімге. Дастарқанға бата бер десе құда, Қарсыласпай қаламын жылайын деп (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **5.** *Күрделі сөз құрамында жұмсалып, қимылдың нақ осы шақта өтіп жатқаны туралы қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.* Суы жоқ жапан шөлдерде Керуендей көшкен үдердім. Талайын жақтым жапанда, Құлап *ж а т қ а н* жігердің (О.Шипин, Дастан.). Өртейді жарақатты жанды күйік, Өмірдің тартқандай бір алды тұйық. Шілдеде семген гүлге су сепкендей, Жалма-жан *ж а т т ы* дәрігер қанды құйып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Көрініп тұр шіркеулер күмбез алтыны, Шартараптың естілер тыныс-қарқыны. Шашырап *ж а т ы р* түнгі салют оттары Аққулардың қанатындай жарқылы (К.Салықов, Жезкиік). Деп ем мен бұдан жиырма жылдай бұрын, Жалтылдап тұрған шақта туды-ай жырым, Басылып бара *ж а т ы р* бірте-бірте Бұл күнде сондай арқа, сондай жыным (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Ажал аузында жатыр. *Хал үстінде, қатты ауыру. А ж а л а у з ы н д а ж а т қ а н* ананы орталыққа, ауруханаға әкелуге аттанды («Лен. жас»).

Асатпай жатып, құлдық деме. *Еңбегі сіңбей жатып, дәме етпеу.* – Сендер, балалар, *а с а т п а й ж а т ы п, қ ұ л д ы қ д е м е ң д е р* («Лен. жас»).

Ел жата. *Түн іші, ұйықтайтын кез. Ел ж а т а* көрген үйге кіріп келсем, Төсекте жатыр екен менің жарым (Үш ғасыр.).

Жастығын алып жатты. *Жауын өлтіріп, кегін алды.* Қысқа күнде қырық өле бергесін, тым болмаса, бірін өлтіріп, *ж а с т ы ғ ы м д ы а л ы п ж а т қ ы м* келді, – деді Еламан (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жатар бөлме. *Жататын, ұйықтайтын бөлме.* Ыбырай мен Жәлел кеткесін Шынжыр *ж а т а р б ө л м е г е* Әзімханға төсек әзірледі (Д.Әбілев, Арман.).

Жатқанға жан жуымас [жоламас]. *Әрекетсіз, тірліксіз адам туралы. Ж а н ж о л а м а с ж а т қ а н г а,* Жүргенге жөргем ілінер (Шортанбай ақын, Өлең.д.).

Жатқан ел, жайылған мал. ж е р г. *Бейбіт ел.*

Жатқан жерің торқа болсын [жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын]. *Қайтыс болған адамға айтылатын тілек сөз.* Е, жарықтық, *ж а т қ а н ж е р і ң т о р қ а б о л с ы н* (Ә.Ибрагимов, Әңгім.). 1812 жылғы орыс-француз қырғынында құрулы мылтық, құрсанған жауға дара шауып, Санадан ат суарған қазақтар туралы ойладым. Білетін аяттарымды оқып, Алла тағаладан Әмен Байбатырұлы мен Нарынбай Жанжігітұлының *ж а т қ а н ж е р і ж а й л ы, т о п ы р а ғ ы т о р қ а б о л у ы н* тіледім (Е.Раушанов, Қара бауыр.).

Жатқан жыланның [тірі жыланның] құйрығын басты. *Біреудің қытығына тиіп, шатаққа, кеселді пәлеге тап болды.* Нұртай Қаховпен байланысты деген сөз миыма қонбайды деп отырып алдым. *Ж а т қ а н ж ы л а н н ы ң қ ұ й р ы ғ ы н б а с п а й ы н* деп, түлкі бұлтаққа салдым (С.Омаров, Таңд.). Әбілқайыр хан Ақжол биді жоқ ету *ж а т қ а н ж ы л а н н ы ң*

құйрығын басу екенін дәл осы сәтте есепке алған жоқ (І.Есенберлин, Алмас.).

Жатқан жыланның құйрығын баспа. *Кеселді пәлеге жолама, аулақ жүр. Жатқан жыланның құйрығын баспа,* балам (Ауызекі).

Жатқанынан тұрмасын! қ а р ғ. *Қайтып адам санатына қосылмасын. Жатқанынан тұрмасын,* Жембасар бітті, сонымен, Бірақ... Кейбір бастық тыңдасын (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.).

Жатпа қарап. *Бос, текке жүрме.* Балалар, оқуға бар, *жатпа қарап!* Жуынып, киініңдер шапшаңырақ! Шақырды тауық мана әлдеқашан, Қарап тұр терезеден күн жылтырап (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жатып жастық, иіліп төсек болды. *Астыүстіне түсіп, бәйек болды, сыйлап күтті.* Айғаным ел аралай қалса, Уәлінің тірі шағы түгіл, жесір күнінде де кезіккен ауылдар *«жатып жастық, иіліп төсек болып»* көп жерде арнаулы үй тігіп, хан көтере күтіп алатын-ды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ақсара жеңешем жалпылдаған жан екен, *жатып жастық, иіліп төсек боп* жүгіріп жүр (М.Дүзенов, Ақәже). Оның *жатып жастық, иіліп төсек боп* жалған кішіпейілсіп тұратын жасанды мінезін де байқағанмын (С.Баязитов, Айдарлы).

Жатып кеп [жатып тұрып, жатты да, жат та кеп]. *Тінті қоймай, ырыққа көнбей.* «Бұларың қалай»? дегенім үшін әлгі жігіті өзімді *жатып кеп* сабады (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Екеуміз жұрт тарқағасын *жатып тұрып* ұрсыстық (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Осы арада күтпеген оқиға болды. Мейірманов *жатты да* ашуланды («Лен. жас»). Бірденеайту орнына әлгі *жатта кеп* күлді (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

Жатып қалды. ж е р г. *Тоқтап қалды.* Соның кесірінен неше іс *жатып қалды* (Ауызекі).

Төсек тартып жатыр. *Қатты науқас, өздігінен жүре алмайды.* Сұлтанмахмұттың ежелгі ауруы меңдейді, *төсек тартып жатып қалады* (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Анасы *төсек тартып жатқанда* қалай ағайынды жандар біріне-бірі жұдырық түйе беріседі («Қаз. әдеб.»).

Толып жатыр [жатқан]. *Есепсіз көп. Толып жатқан* қара домалақ балалардың қамқоршы анасындай бәрін де жылылық махаббатқа ораған, мейірбанды, жібектей есілген жолаушы қазір қызуқанды қатыгез адамға айналды (Қ.Жұмалиев, Айқас).

Тігісі жатып, жымы білінбей кетті. *Бәрі орнына келді.* Қамиланың кең көйлегін қолға түсірсең, онда *тігісі жатып, жымы білінбей кетер* еді (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Шырт ұйқыда жатыр. *Қатты ұйқыда.* Немістер *шырт ұйқыда жатыр* емес пе? – деді о да сасқанынан (Б.Момышұлы, Майдан).

ЖАТ[3] з а т. с ө й л. *Жад, ес, қапер.* Біреу, қайда, *жатта ма?* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жат қылды. *Есіне сақтады, аузынан тастамады.* Жақсының жаман қайдан білсін затын, Қазаққа болған мәлім менің атым. Тағдырыңа ғашық боп жаздым назым, Зарланған сені *жат қып* жазған хатым (Ақан сері, Шығ.). Құры ағаштың басына шықты шаһзат, Тәңіріне жылай-жылай *қылды* көп *жат* (Қиссадастан.).

Жатқа салды. *Жаттады, жатқа білді.* Ынталы жүрек сезген сөз Бар тамырды қуалар. Ән *салар, жатқа* алар. Түбінде құр қалар (Абай, Тол. жин.).

Жат жазу. к ө н е. *Диктант.* Бастауыш кластағы жазудың негізгі түрлері: көшіріп жазу, *жат жазу* (С.Көбеев, Орынд. арман).

Пірін жат етті. д і н и. *Әулиеге, пірге сиынды.* Естісең, айтшы қарағым, Ертелі-кеш уақытта *Жат етемін пірімді* (Қыз Жібек).

ЖАТ[4] с ы н. с ө й л. *Ауызша. Жат* сабақты да сен қатырып айтатын едің (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТАҒАН[1] с ы н. *Биік емес, аласа, тапал. Жатаған* келген жарау аттар сүліктей созылып, керіле құлаштап барады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *Жатаған* келген Түкенің жалдас күреңі, Дүйім ел білген дүлдүлдің нағыз бірі еді, Кешегі аста бәйгеге қосып жүйрігін, Келерін біліп, қауіпсіз, бейқам тұр еді (М.Мақатаев, Шығ.). Үсті-басының қарын қағып, екі адам кіре берді. Бірі төртбақ, *жатаған* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жатаған беткей. г е о л. *Жабыны мен табаны бір-біріне шамамен параллель орналасқан жалпақ геологиялық денелердің (қойнауқаттардың, линзалардың, желілердің, сығылмалардың және т.б.) төменгі жазықтығы* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жатаған қатпар. г е о л. *Осьтік жазықтығы көлбеу бағытқа созылған, қанаттарының еңістену бұрыштары жайпақ, екі қанатының бірі төңкерілген күйде ұшырасатын қатпар* (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖАТАҒАН[2] с ы н. *Жатқыш, жата беретін жалқау.* Есектің жүгі жеңіл болса, *жатаған* болады (Мақал).

Жатаған түйе. *Үстіне жүк артқанды, адам мінгенді жақтырмай, жатып алатын қырсық түйе. Жатаған түйе,* көбіне, қоспақтар тұқымынан шығады (Қаз. тілі аймақ сөздігі). Тебеген деп биеден безбе – қос қанатың емес пе, *Жатаған* деп *түйеден* безбе – салтанатың емес пе (Саятшылық).

ЖАТАҒАН[3] з а т. ө с. <лат. halerpestes> *Жер бауырлап тырбиып өсетін сарғалдақтар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.* Дала құмайт топырақтанып, жаз ортасы ауып, сарбалақтана түскен таспа жоңышқа мен *ж а т а ғ а н,* шеңгел кездесе бастаған (І.Есенберлин, Қаһар). Құрап жерге жабысқан *Ж а т а ғ а н,* қаңбақ, ақтаспа. Көз тартатын алыстан Шөп атаулы жоқ басқа (Қ.Тоғызақов, Сібір Омар). *Ж а т а ғ а н д ы* құмды, сай-салалардың жиегін бекітуге қолданады (ҚҰЭ).

Жатаған ақсора. ө с. *Биіктігі 10-75 см, біржылдық өсімдік.* ≈ *Ж а т а ғ а н а қ с о р а л ы* жер.

Жатаған ешкімия. ө с. *Көпжылдық, көген тамырлы, яғни жерасты сабақты өсімдік* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Жатаған өсімдіктер. *Сабақтары жерге төселе өсетін не желі сабақты өсімдіктер. Ж а т а ғ а н ө с і м д і к т е р г е* асқабақ, қауын, қарбыз, қияр, бүлдірген сияқты өсімдіктер жатады (ҚСЭ).

Жатаған самырсын жаңғағы. б о т. *Қылқан жапырақтылар тұқымдасына жататын бұта сияқты ағаш сабақты өсімдік жемісі. Ж а т а ғ а н с а м ы р с ы н ж а ң ғ а ғ ы н ы ң* жемісі бүрлі, бір жерде бірнешеуі өседі. Тұқымы ұсақ, жинап алысымен (сентябрь – октябрь) жеуге болады. Құрамында жоғары сапалы, бағалы май бар (Шаңырақ энцикл.).

Жатаған сарғалдақ. ө с. *Көбінесе дымқыл шалғындар мен бұлақ, арықтың жағаларында, батпақ пен ойыс жерлерде, биік тау белдеулеріндегі батпақтарда өсетін сарғалдақтың бір түрі* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Жатаған шырша. ө с. <лат. picea schrenkiana> *Қарағай тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, өте сирек кездесетін ағаш. Ж а т а ғ а н ш ы р ш а* теңіз деңгейінен биіктігі 2800 – 3100 м, ұсақ тасты, жартасты ту беткейлерінде бірыңғай шыршалы, кейде сібір самырсынымен аралас орман құрап өседі (ҚҰЭ). *Ж а т а ғ а н ш ы р ш а* 1842 ж. Жетісу (Жоңғар) Алатауында табылған (ҚҰЭ).

ЖАТАҒАН[4] з а т. <түр. yatağan> *Таяу және Орта Шығыс халықтары арасында 16 ғ-дан бастап қолданылған қару, қылыштың бір түрі. Ж а т а ғ а н н ы ң* көлемі жағынан қанжардан үлкен, қылыштан шағындау. Жүзі шабатын жағында (ҚҰЭ).

ЖАТАҒАНДАР з а т. б о т. *Ауа райының қолайсыз жағдайында өсіп-өнген аласа ағаштар мен бұталы өсімдіктер.*

ЖАТАҒАНДАУ с ы н. *Тапалдау, аласарақ. Ж а т а ғ а н д а у* келген жарау торы азбан жылқының берігі болу керек (І.Жансүгіров, Шығ.). Қолында домбырасы бар, жалпақ жауырынды, *ж а т а ғ а н д а у* қазақпен журналистер шүйіркелесе амандасты (С.Сейітов, Сөз сұра.). Таңда өзі ашып тақтай қақпа есігін, Шыбынға да тигізбейтін кесірін. Жабағыдай *ж а т а ғ а н д а у* болғасын, Кенежирен қойып едім есімін (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Бой жағынан маған қарағанда *ж а т а ғ а н д а у* болуының өзі мен үшін түп-тура қара кесер болып тиді (К.Сегізбаев, Таңд.).

ЖАТАДАЙ: жатадай жабысты [жата жабысты]. *Өлердегісін айтып, жалынды.* Соны ести сала Қали арызданып, «қой бағамын, қой бақсам тек Дәулеттің ғана қойын бағамын» деп *ж а т а д а й ж а б ы с қ а н* (Д.Жанботаев, Дала.). Жазушылар оқып көріпті де, «кітап етіп шығармай неғып жүрсің» дегенді айтып *ж а т а ж а б ы с ы п т ы* (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық.).

ЖАТА-ЖАРМАСА ү с т. *Жабысып, қоярда-қоймай.* Тоқсанбай осылай ойлап, Құдайымен тілдесіп, оған өз тілегін *ж а т а - ж а р м а с а* айтумен болды (Р.Райымқұлов, Болат.).

ЖАТА-ЖАСТАНА ү с т. *Жайлана келе, біртіндеп, асықпай. Ж а т а - ж а с т а н а* қара тақтай да істетілді, бор да табылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ендігісін *жата-жастана* біле берермін деген тұрлаулы шешімге сайып, бұл әңгімені осымен тындырып тастады Оспан (С.Омаров, Дала қызы). Енді ол бұлаңқұйрық түлкі қулыққа салып патша солдаттарымен *ж а т а - ж а с т а н а* ұрысып, қазақтың ереуілге қосылмай жатқан басқа руларын өзіне тартуға кірісті (І.Есенберлин, Қаһар.). Домбыра да тартылар, өлең де айтылар, *ж а т а - ж а с т а н а* бәрін де естірміз (С.Талжанов, Ұлдай.).

ЖАТА-ЖАТА ү с т. *Жата беріп. Ж а т а - ж а т а* жамбасымыз тесілетін болды (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Тың тыңдап *ж а т а - ж а т а* ештеме ести алмаған соң, әдейі ойынды білейін деп келдім (Ғ.Мұстафин, Дауылдан.). *Ж а т а - ж а т а* жамбасы ауырып, құмырсқа жүргендей миының іші зеңгіп, әбден мазасы кете берген соң, еріксіз басын көтеріп, тұрып отыр (Ә.Ахметов, Алда күн.).

ЖАТА-ЖАТА: **жата-жата қалды, жата-жата кетті.** *Жату қимылының қайталануы, бірнеше адамның жата кетуі.* Екеуміз де жерге *ж а т а - ж а т а қ а л ы с т ы қ* (Қ.Омаров, Қоңыраулы.). Не тоңқаңдасып, *ж а т а - ж а т а* ғап карт ойнайды, не екеу-екеу боп гүжілдесіп кетеді (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай.). Толқындай жапырылып, бұта-бұтаның түбіне *ж а т а - ж а т а қ а л д ы* (С.Бақбергенов, Қарға там.). Шаршап келген солдаттар тамағын ішкен соң, *ж а т а - ж а т а к е т і п* еді (З.Ақышев, Жаяу Мұса.). Балауса дымқыл шөпті күні бойы

іскектеп, қарындары шеңбірек атқан қойлар «Бүгінше осы да қанағат» дегендей жылы көңнің үстіне *жата-жата кетісті* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖАТА-ЖЫҒЫЛА үс т. *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.* Көңілді отырыстарда, кештерде екеуін бірге отырғызып, жас жұбайлардай *жата-жығылға* құрмет көрсетіп жүрді (Қ.Мұхамбетқалиев, Жұлдызды.).

ЖАТАҚ[1] з а т. **1.** *Мекен, тұрақ.* Аю *жатағын* қалың орман ішіндегі құлаған ағаштар аралығына немесе оның түбірінің астына және жартастың қуысына салады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі.). Құнанбай кішкене қаланың тап ортасындағы көк шатырлы үлкен ағаш үйді *жатақ* еткен (М.Әуезов, Абай). Ақ басты айдаһардың апанындай, Тау кезген қарақшының *жатағындай.* Көкшеде үңгірлер бар, кәрі тарих, Сақтаған кейінгіге қата қылмай (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** *Ұйықтайтын бөлме, жатын бөлме.* Ал тұрақты мекенжайдың, ондағы оттық, *жатақ,* қонақ бөлмелерінің жасауы киіз үйдікіне біршама ұқсас болғанымен, өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалған (Ө.Жәнібеков, Жолайрықта). *Жатақ* қыл жаның барда жат ұясын, Атақты ұл, сатып ішпе сақи асын. Үлпілде үкідей боп, сұлу қыздың Ажарлап тұратұғын тақиясын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **3.** с ө й л. ***Жатақхана.***

Жатақ бөлме. *Ұйықтайтын бөлме.* Бұлардың *жатақ бөлмесі* де, оқу бөлмесі де осы болатын (Д.Әбілев, Арман.). *Жатақ бөлмелерде* сегіз кроваттан, бәрінің де төсегі серіппелі жұмсақ (С.Мұқанов, Алып. адым.).

Жатақ үй. *Жатақхана.* Оқушылар *жатақ үймен,* стипендиямен қамтамасыз етілмек еді (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Тайманның *жатақ үйге* де барғысы келмейді, Сатанның бетін де көре алар емес (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ЖАТАҚ[2] з а т. *Егіншілікпен айналысқан, отырықшы тұрмысқа көшкен байырғы қазақ қоғамындағы әлеуметтік жік.* Мен өзім ұстамын. Кедей *жатақ* қазақ ұста болады-дағы (М.Жұмабаев, Шығ.). Жылқылы елде жау көп, *Жатақ* елде дау көп (Мақал-мәтел). Әрине, қандай іске болса да, қандай сөзге болса да *жатақтар* мен жемшіктерден «төре», «сыпалар» жебер болады (С.Сейфуллин, Тар жол.). Бұл мәселе тез шешіле қоймайды, алдымен мұндағы *жатақтарды* көндіру керек, онан кейін рұқсат алу керек, ақша жинау керек (М.Дулатов, Шығ.). Ал, Доға ше? Доға шет жердің адамы, қаладағы *жатақтың* баласы. Бірақ Доғаның нағашылары Әбен руынан болатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Зекет жиып, егін сап, Тойдырған ғаріп, *жатақты.* Ескендір, Темір, Шыңғыстай Мұсылманда атақты (Абай, Тол. жин.).

Жатақ болды. *Отырықшы тұрмысқа көшіп, егіншілікпен шұғылданды.* Қысқарып жер кеткен соң өрісіміз, Қалды ғой *жатақ болып* қайран елдер (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАТАҚ[3] з а т. ж е р г. *Жатқанда киетін тақия сияқты бас киім. Жатақты* тек еркектер ғана киеді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТАҚ[4] з а т. ж е р г. *Судың асты, табаны.* Шөп судың *жатағына* шықпайды, айналасына шығады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТАҚ[5] з а т. ж е р г. *Қайықтағы адам жататын жер* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жатақ қайық. *Адам жататын орны бар, үлкендеу қайық* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТАҚ[6] з а т. *Орнынан тұрмай, бауырын көтере алмай жата беретін ауру.* Құмды қыстап, тау жайлап, Сыр күзейтін Мал басының бәрі де *жатақ болды* (Майлықожа, Нақыл.). Балапанның астына тобылғы төсеп қой, тұғырға отыруға жарап, оған қонғанша *жатақ болып* қалмасын, – деп ақыл үйретіп, құс күйіне баули бастады (С.Бегалин, Уақыт.). – Балапан осы күнде ақүрпек, ерте алсаң, *жатақ болып* өліп қалады (С.Бегалин, Уақыт.). – Осы қамшымен өріп-өріп алайын ба?! Сен күшіктің жілігін майланып қалған ба, әлде *жатақ болғанбысың?* Тұр енді, тарт өгізді! (Д.Досжанов, Тұлпар.).

Жатақ келгір қ а р ғ. *Жата беретін ауруға ұшырағыр.*

ЖАТАҚАНДАЙ с ы н. *Біртегіс, бірдей.* Жануардың екі көзі тостағандай, Алды-арты бірдей келген *жатақандай* (Батырлар жыры).

ЖАТАҚСЫЗ с ы н. *Жататын орны жоқ.* Емделуге келгендердің ішінде тіпті *жатақсыз* вокзалда қонып жүргендері де көп емес пе? (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАТАҚТАС с ы н. *Жатақханада бірге тұратын. Жатақтас* қыздар Нұрлан десе елегізіп қалатын мінезін ол жақтырмайды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Кинодан кеш қайтқан *жатақтас* құрбыларының дабырдұбырын естіді (Н.Сералиев, Қаңтар).

ЖАТАҚХАНА з а т. *Бір мекемеде жұмыс істейтін немесе бір оқу орнында оқитын адамдар бірге тұратын тұрақжай.* Кешкі тамақтан кейін *жатақханада* бір бөлмеде тұратын төрт жігіт сабағымызды әзірлеп отыр едік, Бейімбет кіріп келді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Осы бригадалар комбинаттың жұмысшылары үшін *жатақхана* салған (Е.Байзақов, Еңбек.). Кешке *жатақхананың* суық бөлмесінде жалғыз қалған мен көзіме күлімдеп тұрған сені елестеттім (Ә.Нұршайықов, Махабб.). «Нан» дүкенінің ғимараты *жатақ-*

х а н а н ы ң төменгі қабатында орналасқан («Егемен Қазақстан»).

ЖАТАҚХАНАЛАС с ы н. *Жатақханада бірге тұратын.* Шоқан кластас және *ж а т а қ х а н а л а с* балалардың ішінде беделді болып алды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАТАҚХАНАЛЫ с ы н. *Жатақханасы бар. Ж а т а қ х а н а л ы* мектеп ашылғанша, қолдан келген шараларды істеп (сауық жасап, жәрдем жинап, жалғастырып, қағыстырып дегендей), кедей балаларының тұрмысын аз да болса, түзеу қамын жасау керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАТАҚША үс т. *Жатақ адамдарша, жатаққа ұқсап.* Мал қайтсын бағып-қаққанға, Дүние-мүлік – тапқанға, Жабекең жайлап жер аусын, *Ж а т а қ ш а* қалай жүре алсын (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖАТАҚШЫ з а т. *Жатақ, кедей шаруа. Ж а т а қ ш ы н ы* тер қысса, жүгін жаяу тасиды (Мақал). Сонда сол елдің басшы болып, су көрсеткен бір жігітіне бір ат сыйлап, айран әкелген бір кедей *ж а т а қ ш ы н ы ң* қатынына бір көйлектік шыт бергені айтылып, Әділдің кім екені анықталып, болысы өз бауырындай күтіп, ас, той-сауық, жиында өз қасынан тастамай құрметтеп алып жүруші еді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Үй ішін жеңілту, теңдер буғызу, *ж а т а қ ш ы н ы ң* жазғы күнін бейқам ету... бұл ауылды не қылса да, бес-алты күн бөгемекке керек (М.Әуезов, Абай).

ЖАТАҚШЫ= е т. *Жата бергіштеу, жаталақтау.* Бүгін түннен қалмай бұзауларау деп осы арнаулы қашаға кіргізіп бос қойған қоңыр сиыр *ж а т а қ ш ы п* мазасы кетіп тұр (Саржайлау).

ЖАТАҚШЫЛЫҚ з а т. *Жатақ болушылық.* Көп жерде *ж а т а қ ш ы л ы қ* тұқым қуалап, әкеден балаға «мирас» болған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАТАЛАҚ з а т. ж е р г. *Жем-судың нашарлығынан болатын жылқы ауруы. Ж а т а л а қ п е н* ауырған жылқы бір пәсте ауырып, бір пәсте тұрады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТАЛАҚТА= е т. *Жатақшу, жата бергіштеу.* Тоқтаса, *ж а т а л а қ т а й* береді (Ауызекі).

ЖАТАЛАҚШУ *Жаталақшы етістігінің қимыл атауы.* Жүріс-тұрыс оғаштары, атап айтсақ, *ж а т а л а қ ш у,* жонын күжірейту, бүрісу, бет алды лағу, айналу, бошалау, саяқсу, кигежектеу, шегіну, аунау қылықтары малдың сау еместігін байқатады (Б.Хинаят, Төрт түлік.).

ЖАТАЛАҚШЫ= е т. *Бір жатып, бір тұрып мазасыздану, тыпыршу, әлсін-әлсін жата беру.* – Шытыр жеп *ж а т а л а қ ш ы ғ а н* түйедей тыпыршысың (Х.Есенжанов, Тар кезең). Көкаяқ адамша қатты ыңқылдап, жиі-жиі *ж а т а л а қ ш ы д ы* (Ж.Жұмақанов, Қаракөз.).

ЖАТАҢ с ы н. *Бөтендеу, өзгешерек.* Әсия жаутаң қағып жабырқады, *Ж а т а ң* сөз естілгендей сырласынан (Қ.Бекхожин, Үш кезең). Ал анау ақ боз үйде *ж а т а ң* сыр бар, Жиналған істік мұрттар, сақалдылар (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

ЖАТАР-ЖАТПАСТА үс т. *Елдің бірі жатып, бірі жатпай жатып.* – Оң жақ бетіңді желге ұста. Жел ауысып кетпесе адаспайсың, ел *ж а т а р-ж а т п а с т а* ауылға барасың (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖАТАР-ТҰРАР с ы н. *Жатып тұратын.* Осы *ж а т а р-т ұ р а р* деп, Тоғыз қара бір алды Боз жүйрік ат бас қылып. Оны алып болған соң, Жеті жылқы, бір түйе, Алпыс теңге ақша алды, Оны бізге қас қылып (Кердері Әбубәкір, Қазағым.). Ешқайда барма! *Ж а т а р-т ұ р а р* орның біздің үй болады (Ә.Нәбиев, Ауыр.). Атырдың ұзақ таңды көз ілдірмей, Жүрмісің *ж а т а р-т ұ р а р* кезің білмей (М.Әлімбаев, Балдәурен).

ЖАТБАУЫР с ы н. *Ағайын-туғанды іш тартып, жақын көріп тұрмайтын, бауырмал емес.* Домбырам менің қарағай, Қылдың-ау, шіркін, заман-ай! *Ж а т б а у ы р* болған жас шіркін Кеткенің бе қарамай?! (М.Жұмабаев, Шығ.). Күйеуінің жақындары «енді жесірімізді өзіміз бағамыз, оның үстіне бала да туыстарынан алыстап, *ж а т б а у ы р* болып кетпесін» – деп құлаққағыс еткен-ді (М.Дүйсенов, Мейман.). Тұтасқан бұлт айналып, ығысқанда, Күн күркірер батыстан, шығыстан да. Әжемнің де баратын күні туар, Алыстағы *ж а т б а у ы р* туысқанға (М.Мақатаев, Шығ.). Бұл арада да, жоқтан өзгеге бола өз бауырыңа өзің тіл тигізіп, өзіңді-өзің жатырқап, соның қырсығынан өз араңнан өзіңе қарсы шабатын күш, *ж а т б а у ы р* жау тауып алсақ үлкен қателік болар еді (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Жатбауыр қылды [етті]. *Өгейсітті, қатыгез етті, туғаннан бөтенсітті.* Сырымның жүргені аруақтың арқасы шығар. Қайтушы едің жатша қуып, *ж а т б а у ы р г ы п* (М.Әуезов, Шығ.). Мені шешем демей-ақ қой, мынау бауырың ғой, осыны *ж а т б а у ы р қ ы л м а с а ң ш ы*! (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). Өздерің келмесеңдер келмеңдер, бірақ баланы *ж а т б а у ы р е т п е ң д е р* (Б.Бодаубаев, Желсіз түнде.).

ЖАТБАУЫРЛАУ с ы н. *Бауырмал емес, алыстау.* Телеграфист Жәпекті ол бұрын бетпе-бет көрген жоқ-ты. Білетіндер «ой, анау кертиген енеңді ұрайын ғой» деп талай рет сыртынан нұсқаған. Әкесі де әнеукүні байғұс бала... басқа жұрттың ішінде көбірек жүріп *ж а т б а у ы р-*

л а у боп кеткен бе?! (Қ.Мұханбетқалиев, Тоғай.).

ЖАТБАУЫРЛЫҚ з а т. *Жатсынушылық, жақын тартпаушылық.* Енді мектептің бұрынғы *ж а т б а у ы р л ы ғ ы* қалатын тәрізді, оқытушы мен оқушылар көмектесіп, бірлесіп еңбек етуге сыртқы бөгеттер жоғалатын сықылды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қасымның ішіне ылғи жетімсіреген жалғыздықпен бірге дүниеге сенімсіздік, ешкімге жуымайтын *ж а т б а у ы р л ы қ* нығайып орнай бастады (М.Әуезов, Қараш.). Жеңгейдің мына *ж а т б а у ы р л ы ғ ы* мені елең еткізсе де, Манап оны елеусіз қалдырды (А.Әлсеров, Таң алдында.).

ЖАТ-ЖАДАҒАЙ с ы н. *Жеке-дара, бөлек-бөлек.* Жемінің ық жағынан із тастаған әккі Айқоңыр *ж а т-ж а д а ғ а й* жайылған жануарларға жымын білдірмей жетті (А.Алтай, Алтай.).

ЖАТ-ЖАҚЫН з а т. *Алыс-жақын.* Болса да *ж а т-ж а қ ы н ы,* дос-тамыры, Ешкімге шешілмеген жылып түсі (Ш.Әбенов, Кейпін батыр). Жыл бойы көріспеген туған-туыс, *ж а т-ж а қ ы н,* тамыр-таныс, ағайын-жұрағатпен түгелдей қол беріп, төс қағыстырып амандасады («Түркістан»).

ЖАТ-ЖАЛА з а т. **1.** *Бөтен, бөгде ел, дұшпан көз (адам).* Әттең, мына тойдың үсті болып тұр, *ж а т-ж а л а д а н* кісі бар, әйтпесе үшеуіңді желкеге үш түйіп, анау еттің бәрін қазанға салғызар едім (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). – Айтыңдар пәтуасын ара ағайын, Болмайық *ж а т-ж а л а ғ а* жаманатты (С.Омаров, Сәукен). **2.** *Бәле-бәтер, бәле-жала.* – Е, ағайын-туысқандар, шүкірлік пе? *Ж а т- ж а л а д а н* қалтпысыңдар? – дегенде, үні күмп-күмп етеді (Ә.Көшімов, Қысталаң).

ЖАТ-ЖАРА з а т. с ө й л. ***Жат-жаран.*** *Ж а т-ж а р а д а н* кісі боларын білмей, осы қалпымен жетіп келгенде, Шыңғыстан ұялғаннан Тілеміс жерге кіріп кете жаздады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). «Төлеңгіт» дегені төрелерді «төре» еместерге жәбірлетпеу үшін төңірегін қоршап отырушылар, *ж а т-ж а р а д а н* қорғаушылар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАТ-ЖАРАН з а т. *Жат, бөтен, бөгде адам. Ж а т-ж а р а н д а р* кетіп, енді тек өз шаруасындағы адамдар ғана қалған соң, (Игілік) бұйрықтарын қысқа-қысқа, ашық-ашық берді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖАТЖЕРЛІК с ы н. *Келімсек, сырттан келген. Ж а т ж е р л і к* алпауыттар келіп билеп-төстейді (С.Байжанов, Үш қиян). *Ж а т ж е р л і к* уағызшылар балиғатқа жетпеген балалар үйіндегі жетім қаракөздердің мойнына крест тағып, шоқындыратын көрінеді («Түркістан»). // *Сырттан келген адам.* Қазақтың тарихы *ж а т ж е р л і к т е р м е н,* одан қалды руаралық күрестерге толы, бірақ өз құқы жолындағы әлеуметтік күрес болған емес («Егемен Қазақстан»). Саудасы бұрынғыдай қыз-қыз қайнамайтын болған, дәулеті шайқалған Венеция 1797 жылы өзінің 1200 жылдық тарихында тұғыш рет *ж а т ж е р л і к т е р д і ң* табанына түседі (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

Жатжерлік ағым. *Басқа елден келген бағыт. Ж е т ж е р л і к а ғ ы м* секталары тұрмысы төмен отбасыларының мұқтаждығын пайдаланып, оларды, өз сенімдеріне иландырып жатыр («Түркістан»).

ЖАТ-ЖОРА з а т. с ө й л. ***Жат-жаран.*** Сөйткенше, түз тағыларын, құс атаулының *ж а т-ж о р а л а р д а н* сақтандырғыш байбайшыл балшықшының үні естілді (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.).

ЖАТ-ЖҰРАҒАТ з а т. *Сүйек шатыс, жақын-жұық.* Еркектер – хозяйканың інісі, қайнысы, *ж а т-ж ұ р а ғ а т ы* болады (Б.Майлин, Азамат.).

ЖАТҚА з а т. т е х. *Егін оратын мәшине.* Еліміздің өнеркәсіп орындары мыңдаған *ж а т қ а,* ысыра жинағыш, сабан көтергіш, егін жинайтын басқа да құралдарды жасап шығарып, ауылшаруашылығына береді («Соц. Қаз.»). Осындай жағдайда әрі сабағы жас, әрі қалың егінді алымы он метрлік *ж а т қ а м е н* бір дестеге түсіру тым ауыр (М.Хасенов, Берлин.). Комбайн *ж а т қ а с ы н ы ң* ебелектері айналып орнынан қозғалды (А.Жұмаділдин, Құт.).

ЖАТҚАШЫ з а т. *Жатка жүргізуші. Ж а т қ а ш ы* К.Бекетов нормадағы 5 гектардың орнына 8 гектар жердің күрішін дестеге салды («Лен. жас»). Еңбек Қызыл Ту орденді *ж а т қ а ш ы* Ештай Тоғайбаев дала кемесін оталдырғанда, іштей толқығаны бар («Қаз. әдеб.»).

ЖАТҚА ұ с т. *Жаттап алып, қағазға қарамай, өз ойымен, жадымен.*

Жатқа айтты [соқты]. *Жазуға қарамай, оқымай, есте сақтағаның мүдірмей айтты.* Жол бойы Смайыл «Боз жігіт» қиссасын өлеңдетіп *ж а т қ а а й т ы п* отырды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Мәди түрмеде жатқан тұтқындар арасында өз жанынан шығарған өлеңдерімен тынбай, неше түрлі қисса-дастандарды *ж а т қ а а й т а д ы* (Ә.Бектасов, Мәди.). Оқымаған жабайы қазақтың тілі шешен, ойы орамды, құлағы тіпті түрік. Сүйінбай, Абай, Біржан-Сараларды *ж а т қ а с о ғ а д ы* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Жатқа алды. *Еске сақтады.* Ынталы жүрек, сезген сөз Бар тамырды қуалар, Ән салдыр, *ж а т қ а а л а р* (Абай, Тол. жин.). Қолға түскен баспа кітаптарды оқып, іштерінде жатқа алатын сөздері болса, *ж а т қ а а л а м ы н* (С.Сейфуллин,

Әңгім.). «Шіркін біздің генерал!» Деп солдаттар мақтанып, Айнытпастан әр сөзін Көкіректе *ж а т қ а а л ы п* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жатқа біледі. *Жадында сақтап, мүдірмей, жаңылмай айтады.* Сексен бесте секіріп Атқа мінген Сәрсекем Талай үлгі әңгіме *Ж а т қ а б і л г е н* Сәрсекем (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қай жердің аты қандай, суы қандай, бәрін *ж а т қ а б і л е д і* («Балдырған»). Махамбет өлеңдерін *ж а т қ а б і л е т і н* адамдар Батыс Қазақстан облыстарында осы күнге шейін бар (Қ.Жұмалиев, Егеулі найза.).

ЖАТҚАН-ТҰРҒАНЫ ү с т. *Не істеп, не қойғаны.* Қарай гөр өзін, менің *ж а т қ а н - т ұ р ғ а н ы м д ы* бағып жүрген кісіше сөйлеуін («Қаз. әдеб.»).

ЖАТҚЫЗ= е т. **1.** *Тік тұрғызбау, жапсыра қайыру, жатыңқы ету.* Сол уақытта жолбарыс, Түгінің бәрін *ж а т қ ы з д ы,* Құлағын жымып жасырды (Қамбар батыр). Ол арық, жіңішке, салалы саусақтарымен маңдай шашын оң жағына *ж а т қ ы з а* сипай түсіп, ұзақ уақыт төмен қарап отырды (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). **2.** *Көлденең қалыпқа келтіру, қисайту, салу.* Ауру жанды Қатша мен ағасы жертөсекке оң жақ қырынан *ж а т қ ы з д ы* (М.Әуезов, Қараш.). **3.** *Ұйықтату, демалдыру, ұйқыға жайғастыру.* Қонақ пен әкесін *ж а т қ ы з ы п,* үй ішін жиыстырған Ардақтың қыбыры жуықта бітпеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖАТҚЫЗДЫР= е т. *Тік тұрғыздырмау.* Сол нарды шөгеріп *ж а т қ ы з д ы р ы п,* бірнеше аңдушы қойдырыпты (Қаз. ертегі.).

ЖАТҚЫЗУ *Жатқыз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Денені көлденең қалыпқа келтіру.* Өкпе сарсып ісіп, қан айналысы бұзылуы мүмкін болғандықтан уланған адамды қозғалтпай, тыныш *ж а т қ ы з у* керек («Қазақст. мект.»). Жас төлдің түрлі ауруға шалдығуы да судың сапасыздығынан және саз жерлерде қой *ж а т қ ы з у д а н* болады (Т.Сәрсенбаев, Шопан.). **2.** а у ы с. *Тиісті болу, қосу.* Кіші үйдің күмбезіне, әрі қыш өлшеміне қарап, құрылысты XIV ғасырдың екінші жартысына *ж а т қ ы з у ғ а* болады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Атмосфералық жауын-шашынды су ресурстарына да, климаттық ресурстарға да *ж а т қ ы з у ғ а* болады (Т.Қалыбеков, Экология.).

ЖАТҚЫЗЫЛ= е т. **1.** *Тік тұрғыздырылмау жерге не бір заттың үстіне көлденең қалыпта жайғастырылу.* Он шақты жаралы қатар *ж а т қ ы з ы л д ы* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Түрме түгілі, сотталғандар айыбы аяқталғанша да сыз жерлерге *ж а т қ ы з ы л а д ы* («Жас Алаш»). **2.** *Тиісті деп табылу, қосылу.* Тиелген төрт составтың бәрі де бракқа *ж а т қ ы з ы л ы п* кері қайтарылды (А.Жақсыбаев, Бөгет.). Жаяу Мұса Байжановтың қылмысы жер айдалғандардың бесінші категориясына *ж а т қ ы з ы л ғ а н,* қалың топтың арт жағын ала келді (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

ЖАТҚЫЗЫП-ӨРГІЗ= е т. *Емін-еркін иғеру, билеп-төстеу, бәрін уысынан шығармау.* Танысқанның соңында-ақ тез шешіліп, осынша әңгіме шертуге қалай құлқы түскенін, қайдам, әйтеуір бүкіл Қарабау, Қаракөл мен Тайсойған, Бүйректің арғы-бергісін *ж а т қ ы з ы п - ө р г і з д і* (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖАТҚЫЗЫЛУ *Жатқызыл етістігінің қимыл атауы; тиісті деп табылу, қосылу.* Бұл жіктеу бойынша бір жыныстың өзі әртүрлі генетикалық топқа *ж а т қ ы з ы л у ы* мүмкін (мысалы, химиялық және органогендік жолмен жаралған ізбестастар) (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЖАТПАЙ-ТҰРМАЙ ү с т. *Тыныммтыныштық көрмей, дамыл көрмей.* Мұнда келген бойда ол қала жастарын төңірегіне топтады. Жастардың көмегімен *ж а т п а й - т ұ р м а й* кітап жинады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Нөкең құсты апарған соң *ж а т п а й - т ұ р м а й* баптап, алғашқы күні Саңға шығып екі түлкі алыпты (Ш.Айманов, Қыран.). Осындай тұжырымға келген хан *ж а т п а й - т ұ р м а й* өз ойын іс жүзінде орындау дайындығына кірісті (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖАТПЕЙІЛ с ы н. *Пиғылы арам. Ж а т п е й і л* адам қаншама жақын жүргісі келгенмен, оған адамның іші жылымайды («Қазақст. мұғ.»).

ЖАТСА-ТҰРСА ү с т. *Әрдайым, үнемі, қашан болса да.* Жан серігім домбыра, Жастан алдым қолыма. Талаптанып тайқымай, Түстім қиын жолына. Әр ноқтаға бас сұқпай, *Ж а т с а м - т ұ р с а м* ойымда (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Ж а т с а - т ұ р с а* ойы Әбілхайырдың орнын басу (І.Есенберлин, Алмас.). Заман сенен аямайды бар нұрын Мансап сені құлата алмас торына. *Ж а т с а м - т ұ р с а м* тілеймін тек Тағдырың, Түспесін деп әумесердің қолына (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бірақ *ж а т с а - т ұ р с а* есіне түсіп, бетіне қараған жалғыз қызының жаман атқа ілігуі Үсен шалға қатты батты (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.).

ЖАТСЫН= е т. *Бөтенсіну, жатырқау, тосырқау.* Не десең, о де! *Ж а т с ы н д ы м* сені, жатсындым. Құдай да, құл да, Пенде де – өзім, Тақсырмын! ...Әкетсем сенен, Өзімді өзім әкеттім. Өзгенің бәрін Үйтіп же, саған тапсырдым! (М.Мақатаев, Шығ.). Рас, рас, қанша тағдыр қол артсын, Сен солардың көңіліне қарапсың. Өміріңде *ж а т с ы н б а д ы ң* ешкімді, Мейірбансың, өйткені сен жомартсың (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бір түрлі бәріміз бір-бірімізден ұдайы алыстап, *ж а т с ы н ы п* бара жатқандаймыз (М.Қабанбаев, Кермек.). Аялда,

аттап өтпе жол қорғасаң, Шынымен адалдықты армандасаң. *Ж а т с ы н б а*, жақынырақ кел жаныма, Ұяттан, ардан безген жан болмасаң (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАТСЫНҒАНДЫҚ з а т. *Жатсынушылық, тосырқаушылық.* Тыңдаушылардың қалпында таңданғандық, Жақыптың сөзін *ж а т с ы н ғ а н д ы қ* жоқ (Б.Майлин, Шығ.).

ЖАТСЫНДЫР= е т. *Тосырқаттыру, бөтенсіту, өгейсіндіру.* ≈ *Ж а т с ы н д ы р м а* баланы.

ЖАТСЫНДЫРУ *Жатсындыр етістігінің қимыл атауы.* Сол иммунитетті қалай туғызбаудың, қондырған ағзаны қалай *ж а т с ы н д ы р м а у д ы ң* амалын іздестіреді (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Халықтың өз тарихынан өзін *ж а т с ы н д ы р у* – тарихи шығармаларға арқау болады («Қаз. әдеб.»).

ЖАТСЫНТ= е т. *Өгейсіту, тосырқату.* Кенет лық ете түскен бір сезім толқыны оған Ерікті *ж а т с ы н т ы п* жіберді (Б.Қойшыбаев, Ай нұры).

ЖАТСЫНУ *Жатсын етістігінің қимыл атауы; бөтенсу, тосырқау.* Жаны таза нәресте *ж а т с ы н у д ы* қалай білмесе, қорқуды да солай білмейді (С.Омаров, Өмір.). Ірі мақсат соңында болсаң, сол рақатты біраз жатырқау, тіпті *ж а т с ы н у* керек (З.Қабдолов, Шолпан.). Біреуін өзімсініп, біреуін *ж а т с ы н у* достық емес (С.Сейфуллин, Шығ.). Одан да беріде табың бір болғандықтан ұлтының әр басқалығы ештеңе етпейді дейтін интернационализм аталған этникалық немқұрайлыққа тап болдық. Оның бәрі де өз ұлттыңды өзің *ж а т с ы н у д ы*, оған қалай болса солай қараушылықты уағыздап бақты (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

ЖАТСЫРА= е т. *Жатырқау, бөтенсіреу, тосырқау, суық бауыр болу.* Ұя басуға отырған кезде аналық Сарбалақтың өзінен де *ж а т с ы р а п* кеткен. Бауырындағы екі жұмыртқаны одан да қызғанатын (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бұрын әкем мен шешемдей көрінген ата-ене де *ж а т с ы р а й* берді (Т.Тобағабылов, Тағдыр). Өмірінде арба мініп көрмеген дала қызы *ж а т с ы р а ғ а н* жоқ (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан.).

ЖАТСЫРАУ *Жатсыра етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жатырқау, бөтенсіреу, тосырқау. Ж а т с ы р а у д ы* білмейтін бала екен (Ауыз-екі). **2.** а у ы с. *Жымдаспау, сәйкес келмеу, үндеспеу.* Бояулар арасында да *ж а т с ы р а у* жоқ, жымдасу ғана бар (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖАТТА[1]= е т. **1.** *Жазылған не айтылған нәрсені сөзбе-сөз, дәлме-дәл еске сақтау, жазуға қарамай айту.* Жыршының аты жыршы ма, Әркімнен өлең *ж а т т а с а*, Сөз – жібек жіп, жыр – кесте: Айшығы айқын көрінбес, Өрнексіз қылып баттаса (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жалғыз сөз: «жабылдыңыз» бар айтқаны. Әкетті, алды-артына қаратпады. Айыбы, кейін білдік, Сәкен ақын Сөздерін жұртқа *ж а т т а п* таратқаны (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жасымнан *ж а т т а п* өскен жыр, өлеңдей, Жүрдім бе қадіріңді біле бермей. Қасына үнсіз келіп отырушы ем, Арқамды Алатауға тірегендей (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Құмар, әуес болу.* Пайдасыз дау, өсек пен қулық, сұмдық, Бұл сөздерді келеді *ж а т т а ғ ы м ы з.* Ұйқы, еріншек, надандық, маскүнемдік, інжуді су моншаққа сатпағымыз (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жаттап алды. *Есіне сақтады.* Мен оның дастанының осы жерін артынан әдейілеп *ж а т т а п а л д ы м* (І.Есенберлин, Алтын.). Осы төрт тағанға қызығып *ж а т т а п а л ғ а н* Шоқан, өз басын да сондай бір сәуле шалады деп ойламаған еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жырлаймын өзім бүгін ердің ісін, Бұл өлең емес босқа ертегі үшін. Жас ұрпақ түгелінен *а л с ы н ж а т т а п*, Ыбырайдай асыл туған ер үлгісін (О.Шипин, Дастан.). Туған жер саған аманат, Жан сырын осы *ж а т т а п а л*. Болмасын түндей жаманат, Күтеміз күндей хат-хабар (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАТТА[2] = е т. *Жат санау, шетке қағу.* Ақылы бар кісіні Айбаттайды, даттайды. Ауқаты бар туғанды Қайырсыз ит деп *ж а т т а й д ы* (Абай, Тол. жин.). Неге әуре етесің? Қосылыспай, Басылыспай, Байыңа және *ж а т т а н*, Бай тап, өмір бойы қор етесің (Абай, Тол. жин.).

ЖАТТАҒЫШ с ы н. *Жаттап алғыш.* Директордың бетінде мысқыл көлеңкесі пайда болды. Тегі: «*Ж а т т а ғ ы ш* студентім-ай!» дегендей (З.Шашкин, Сенім). Жазу жағы мандымағанмен, Баймырза да *ж а т т а ғ ы ш* екен (Ғ.Қайырбеков, Жел.). Үбі ақын емес. Бірақ жасында әншіл, өлеңді тез *ж а т т а ғ ы ш* болатын (Қ.Жұмалиев, Айқас).

ЖАТТАҒЫШТЫҚ з а т. *Жаттап алғыштық, есте сақтағыштық қабілет.* Ақынның творчестволық, импровизаторлық, *ж а т т а ғ ы ш т ы қ* дәстүрінде едәуір өзгеріс туды (Е.Ысмайылов, Ақындар). Қария, жүйрік ақындар суырыпсалмалық, *ж а т т а ғ ы ш т ы қ* дәстүрді сол қалпында толық сақтады (Е.Ысмайылов, Ақындар).

ЖАТТАЙ с ы н. *Бөтен адамдай.* Ағайын араз мал үшін, Аңдысып алды абысын, *Ж а т т а й* болып танысың, Қазақтан мүлде түңіліп, Артына қарап үңіліп, Қайран талай жыл кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жақыныңды *ж а т т а й* сыйла, жат бойынан түңілсін (Мақал-мәтел). «Өзіңді-өзің *ж а т т а й* сыйла,

жат бойынан түңілсін» деген, Әсем демей Әсеке дейміз» деп бір тоқтады (Т.Тобағабылов, Түсінсең.). Бір шешеден бауыр деп аталса да қазіргі Тәкежан соншалық суық, *ж а т т а й* көрінді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАТТАЛ= е т. *Есте сақталу.* «Басынан Қаратаудың көш келеді...» Осы еді ата-баба ескі өлеңі. *Ж а т т а л ы п* көне дала көкірегінде Осы өлең жылдармен бір көшкен еді (С.Мәуленов, Алыс кет.). Отыз жылғы маңдай тері ақталып, Жүрген кезі айтқан сөзі *ж а т т а л ы п.* Екі жігіт: «Патшамыздың сыйы», – деп, Қойды алдына теңнің бәрін ақтарып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Өлген адамға арналған жоқтау күні бұрын шығарылып *ж а т т а л а д ы* (Е.Ысмайылов, Ақын.).

ЖАТТАЛМАЛЫ с ы н. *Жатталатын, жаттауға тұратын.* Ақындар жүрегінің отын жағып, Жыр болып қонса игі еді-ау *ж а т т а л м а л ы* (З.Ибраев, Алтайым.).

ЖАТТАЛУ *Жаттал етістігінің қимыл атауы; есте сақталу.* Мектептен қайтқаннан бергі уақыттың өзінде талай рет қолға алынып, әрбір жолы *ж а т т а л у ғ а* жақындаған хат еді бұл (А.Сатаев, Ақын ізі). Кей пән *ж а т т а л у д ы* тілейді. Кейбір пәнге қиял қуаты керек, кейбірін салыстыру, толғаумен білуге мүмкін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАТТАЛЫН= е т. *Еске сақталыну.* Сол кездердегі газеттерде Бисеннің өлеңдері жарияланып, ел арасына таралып, *ж а т т а л ы н ы п* жүрді («Қаз. әдеб.»).

ЖАТТАМА с ы н. *Өз жанынан шығарған емес, біреуден жаттап алған.* Жарапазан өлеңдері, бата жырлар біртүрлі қалыптанған, көбінесе *ж а т т а м а* болады (С.Сейфуллин, Шығ.). Ақын *ж а т т а м а* өлеңге сүйенбей, өзін кенеттен қойылатын сұрауларға жауап беруге әзірлейді (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Оны жалпы *ж а т т а м а* сөздермен шаршатпай, жалпы мәселемен зеріктірмей, жалпы түсінікті сөзбен айту керек (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖАТТАМАЛЫ с ы н. *Жатталынған, есте сақталған.* Заты, көп айтысқан болу керек, *ж а т т а л м а л ы* жұмбақтары бітіп қалғанға ұқсайды (М.Тоқжігітов, Ән атасы.). *Ж а т т а л м а л ы* сұраққа *ж а т т а л м а л ы* жауап, мүдірмедім, сарнап айтып бердім (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Ұлының жүзіне түксие қараған әке әдеттегі *ж а т т а м а л ы* сұрауын айтты (Ж.Еділбаев, Түркістан.).

ЖАТТАМПАЗ с ы н. *Жаттағыш.* Биікбай *ж а т т а м п а з,* құймақұлақ жігіт (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖАТТАМПАЗДЫҚ з а т. *Жаттағыштық.* Автор оны *ж а т т а м п а з д ы қ т ы ң,* догматизмнің ауылдағы көрінісі ретінде тауып суреттеген («Қаз. әдеб.»).

ЖАТТАНДЫ с ы н. *Жаттап алынған, жатқа білетін.* Жас-желең ең алғаш айтысқа түсе бастағанда, сондай *ж а т т а н д ы* өлеңдер мен дағдылы мақтау сөзді немесе жамандау, мінесу сөзді айтудан бастайды (М.Әуезов, Әр жыл.). ...Вагонның доңғалақтары, Әніне басты *ж а т т а н д ы.* Жат елдің жанған оттары Қалжырап артта қап қалды (М.Мақатаев, Шығ.). Үміт деген тілдегі Сөз емес жеңіл, *ж а т т а н д ы.* Жаралы жүрек гүлдері Үмітпен ғана сақталды (К.Салықов, Жезкиік).

Жаттанды өлең. *Жаттап алған өлең.* Өзі ақындық құрмағанымен ауыл арасында *ж а т т а н д ы ө л е ң,* қайым айтыстың адамы болған (С.Бегалин, Сахара.).

Жаттанды сөз. *Жатталған немесе көп айтылып мезі болған сөз.* Ротаторға басылып, лектор бюросы бекітіп берген *ж а т т а н д ы с ө з д е р д і* оқығысы келмейді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАТТАНДЫЛЫҚ з а т. *Сөздің ішкі мән-мағынасына үңілмей, құр жаттап алуға әуестенушілік.* Бүкіл дүниежүзінің классикалық поэзиясынан мол хабардар ақын өлеңдегі *ж а т т а н д ы л ы қ,* жалпыламалық, құрғақ шешендік атаулыдан арылып, нағыз мәдениетті поэзия жасауға талаптанды (Р.Бердібаев, Гүлстан.). Әрбір сөздің айтылу себебі ашылмай, процесі көрінбей, ешқандай әсері жоқ *ж а т т а н д ы л ы қ т а* қалып қояды (А.Тоқпанов, Бүгінгі.).

ЖАТТАНУ з а т. ф и л о с. *Кейбір демократиялық емес қоғамдардағы адамдардың өздері жасаған, өз іс-әрекеті туындыларының өздеріне үстемдік етуін, өздеріне қарсы тұратын жат күшке айналуын білдіретін философиялық категория. Ж а т т а н у* адамдардың қоғамдағы өзара қатынастарының, олардың практикалық қызметтерінің сол адамдардың өздерінің қатынастары емес, қоғамдағы заттардың қатынастары болып көрінуі (ҚҰЭ). *Ж а т т а н у* – қоғамдағы еңбек бөлісінің қарама-қайшылықты дамуының нәтижесі (ҚҰЭ).

ЖАТТАС= е т. *Жаттап алысу.* Молда көрдік, Зорға көндік, Ежік, сүре *ж а т т а с т ы қ.* Ойын ойнап, Рақат ойлап, Тойын тойлап, айттастық (XX ғ. қаз. ақын.).

ЖАТТАСУ *Жаттас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өлең *ж а т т а с у.*

ЖАТТАТ= е т. *Жатқа білдірту, есінде, жадында сақтаттыру.* Қараны жаңа-жаңа тани бастаған Бәтігүлге ол Еңліктің сөздерін *ж а т т а т т ы* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Сәрсен шыжбалақ қағып әкесіне қарады, біреу оған *ж а т т а т ы п* әдейі айтқызып отырғандай көрді (Т.Тілеуханов, Өмір.). Жеті атасын түгел *ж а т т а т ы п,* қайсысының қай төмпектің астында жатқанына дейін айтып береді (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

ЖАТТАТҚЫЗ= е т. *Өзгенің жатқа білуін қамтамасыз ету, жатқа айтқызу.* Қиналсам да соншама, Сөккенім жоқ тоқтап қап. Тіліне ауыр болса да, *Жаттатқызғым* көп тақпақ (С.Қалиев, Өлең.). Тұлғаңды арманыма ұқсатқанмын, Үлгіңді көңіліме қыстатқанмын. Есімде әліппені *жаттатқызып*, Ең алғаш қолға қалам ұстатқаның (Қаз. әндері).

ЖАТТАТҚЫЗУ *Жаттатқыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тақпақ *жаттатқызу.*

ЖАТТАТТЫР= е т. *Есте сақтаттыру, жатқа айттыру.* Ол жолдастарына ақын өлеңдерін *жаттаттыратын,* сосын бәрі қосылып айтатын (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАТТАТТЫРУ *Жаттаттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тақпақты *жаттаттыру.*

ЖАТТАТУ *Жаттат етістігінің қимыл атауы.* Бізге ертегілерді, әңгімелерді үйрету, *жаттату* әдісі қызық болды (М.Кеңпейілов, Шұғылалы).

ЖАТТАУ[1] з а т. п е д. *Жаттап алуға берілген өлең не мәтін.* Екі-үш қара домалақ текеметтің шаңын аспанға шығарып күресіп жатыр ма-ау, бір ересегі бұрыштағы пианиноны тоқпақтап, келесі самбырлап *жаттау* жаттап отырма-ау, әйтеуір маңайы ызы-қиқу қалың шуыл (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ЖАТТАУ[2] с ы н. **1.** *Бөтендеу; суықтау.* Бәтима әлденеге үрейленгендей, әлде ұнатпағандай *жаттау* жүзбен кіржиіп бізге қарады (Т.Әбдіков, Күз.). Бірақ осы мақсатқа жетуде олақтық та, оқыстық та, естір құлаққа *жаттау* дөрекілік те боп жатады (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** *Тән емес.* Бұл үйге иісі қазаққа тән сапырылысқан қонақбастылық *жаттау* (М.Ысқақбаев, Ұят туралы).

ЖАТТАУ[3] *Жатта етістігінің қимыл атауы. Жаттау* дегеніміз бірден ұғып алып, оны есте сақтау сияқты, ары қарай еңбектеніп бекітілмеген тұрақсыз білім болып табылады (Семья тәрбиесі). Біраздан бері мал ауруының латынша атын *жаттаудан* жалығып, өлеңге қайта шұқшиған (Д.Досжанов, Кісі.).

ЖАТТАУЛЫ с ы н. *Жадында сақтаулы.* Бар суреті, әрбір сағаты, минуты жадымда *жаттаулы* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Кәрі ана мен сәби інінің бар тауқыметін арқалап, еңбекке ерте араласқаны, оқи алмай қалғаны жадында бүгінгідей *жаттаулы* (Ұ.Бағаев, Дала.).

ЖАТТАУШЫ з а т. *Жаттап алатын (адам).* Жыр *жаттаушы* қыздардың кірпігінде (С.Мәуленов, Таңд. шығ.). Құдайшыл әріп *жаттаушылар* мен фанатиктердің ұстаған тымырсық атмосферасынан ақылды бала Шығыстың атақты классиктерінің шығармаларына ұмтылды (ҚазССР тарихы).

ЖАТТАУШЫЛЫҚ з а т. *Жаттап алуды машық етушілік.* Оқытудың сол кездегі догматикалық методтары мен құрғақ *жаттаушылық* сынға алды («Қазақст. мект.»).

ЖАТТЫҒУ[1] з а т. **1.** *Белгілі бір өнерді игеру үшін керекті дағдылану процесі.* Ол артиллерист болды, жұртпен бірге *жаттығуларға* қатысты (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Анда-санда осында әртүрлі «авариялар» қолдан жасалып, ішіне түтін, газ қаптатып, отряд мүшелері *жаттығулар* жасайды (С.Хайдаров, Құрыш білек.). **2.** с п о р т. *Жүйелі түрде дене шынықтырудың жиынтық комплексі.* Гимнастикалық *жаттығулар* организмді шынықтырып, бойға қуат беріп, денсаулықты онан сайын жақсарта түседі (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Егер бала денешынықтыру *жаттығуларымен* айналысса, мұны оның әдетке айналдыруы қажет (С.Нұрғожаев, Бала. ауруы.). **3.** п е д. *Оқушының жаңа материалды жақсы түсінуі үшін жүргізілетін оқыту процесіндегі әдіс.* Болат алдымен орыс тілінен берілген *жаттығуларды* істеп жатыр (А.Байтанаев, Болат). *Жаттығу* жұмыстарында ережелер түсіндіріледі (Қ.Жарықбаев, Психология).

Жаттығу алқабы. ә с к. *Әртүрлі қаружарақтарды, әскери техника мен құралдарды сынауға, жауынгерлерді жаттықтыру жұмыстарын жүргізуге арнап салынған құрылыстары мен жабдықтары бар құрлықтың немесе теңіздің бір аймағы.* Артиллериялық, ракеталық, танкілік, авиациялық, зеңбіректік, инженерлік, торпедолық, сонымен бірге атып үйренуге, сынақ өткізуге арналған, т.б. *жаттығу алқабы* болады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаттығу әдісі. п е д. *Оқушының білімін пысықтап, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқыту әдісі. Жаттығу әдісі* арқылы оқушының білімі тереңдетіліп, шығармашылық қабілеті дамытылады (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Жаттығу әдісін* қолданғанда оқушылардың еліктеуін және шығармашылық іс-әрекетін есепке алумен қатар, олардың ой толғанысын, өзіндік шешімін де ескеру қажет (ҚҰЭ).

Жаттығу кезеңі. ә с к. *Кезекті әскери оқу тапсырмалары өтілетін жаттығу бөлімі (кезеңі). Жаттығу кезеңі* ұрысқа немесе операцияға дайындық, қорғанысты бұзу, сулы бөгеттен соғысып өту т.б. түрде өтуі ықтимал (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаттығу кемесі. ә с к. *Теңіз училищесі курсанттары мен қатардағы құрам мамандарын дайындайтын мектеп оқушыларын іс-тәжірибеден өткізуге арналған әскери кеме.*

Жаттығу қаруы. ә с к. *Оқу сабақтарында жаттығу үшін қолданылатын қару түрлері.*

Жаттығу қаруының құрылысы, оны бөлшектеу, жинау мен тексеру әдістері оқытылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жаттығу қаруы* ретінде ұрыс қаруының есептен шыққан үлгілері қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаттығу мәнісі. ә с қ. *Жаттығуды ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі мазмұны.* Әдетте, *жаттығу мәнісінде* төмендегілер бейнеленеді: тақырыптар, оқу жаттығуына қатысатын әскер құрамы, моторесурстар, оқ-дәрі және имитациялық құралдарының жұмсалу нормасы, бастапқы жағдай, ереже, жаттығу басталғанға дейінгі жоғары құрама жақтардың жауынгерлік міндеттері және әскер топтастығы, олардың басшылығының (командирінің) қимыл мәнісі, үйретілетін әскерлердің бастапқы ауданы, ұрыс қимылдары (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖАТТЫҒУ[2] *Жаттық етістігінің қимыл атауы; меңгеру мақсатында қимылды қайталап орындау.* Оқытып-үйретудің әртүрлі жағдайларында *жаттығу* үйрену процесінің барлық құрауыштары – қимылдың мазмұнын анықтау, оны пысықтау, қорытындылау және автоматтандыру – соның шеңберінде жүзеге асырылатын бірден-бір амал болып табылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Енді башқұртша, қазақша кітаптар оқып, жазуға *жаттығуды* ойлап жүрмін (С.Сейфуллин, Шығ.). Үйқы-күлкі дегенді жинап қойып, жатпай-тұрмай *жаттығуға* тура келді (А.Шамкенов, Толқын.). Балтық флоты корабльдерінің бірінде сүңгушілер *жаттығу* үшін су түбіне сүңгіді («Соц. Қаз.»). Марштың жылдамдығы мен тәуліктік жол қашықтығы жүріс түріне, әскерлердің маршқа *жаттығуына*, жеке құрамның шыныққуына байланысты (ҚСЭ).

ЖАТТЫҒЫС з а т. *Жаттығу, жаттығып үйрену, машықтану әрекеті.* Жазғы *жаттығыстағы* екінші атты әскер полкі Сырдария өзенінің оң жақ жағалауына орналасқан (С.Омаров, Жүйрік.).

ЖАТТЫҚ[1] з а т. *Бөтендік, өзгелік.* Жаздым сәлем балдызға, Мақшұғым сіздей жалғызға. Жақсыда *жаттық* болмайды, Именіп сырың жасырма (М.Дулатов, Шығ.). Жақсыда *жаттық* жоқ (Мақал-мәтел). Жақсыға *жаттық* еткем жоқ, Кездесе қалса, қолдадым. Жер ортаға жеткем жоқ, Мен әлі ұзақ жолдамын (К.Салықов, Жезкиік). Жақсы айтылған сөз қай тілде айтылса да, *жаттық* етпейді (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш). Жақсыға ешкімнің де *жаттығы* жоқ, көреді бәрін де өз баласындай (Сүйінбай ақын, Ақиық).

ЖАТТЫҚ[2] с ы н. ж е р г. *Тегіс, жатық.* Жол *жаттық* па? Онша күдер емес дедім (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТТЫҚ[3]= е т. *Бір нәрсені әбден үйрену, жетік болу; дағдылану, машықтану, әдеттену.* Жеткенде он алтыға өткірленіп, Бізіндей етікшінің жылмыңдайсың. Түлкі алып *жаттық паған* балапан құс, Бақсының жаңа пері жынындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). Өзге жүк көңілден тасталып, *Жаттық сам* өзімді басқарып: Егесім ел үшін болған соң, Көрмедім біреуден жасқанып (К.Салықов, Жезкиік). Мына семинаристер әнге де, өлеңге де *жаттығып* жүрген өнерлі ауыл жігіттері ғой (С.Бегалин, Замана.).

Құлағы жаттықты. *Ести-ести еті үйренді, айтқанға көндігіп кетті.* Терең ордың бірінен-біріне өтіп, командалық пунктке таяндық, *құлақ жаттыққан,* ет үйренген күндегі сарын (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

ЖАТТЫҚҚАНДЫҚ з а т. *Дағдыланғандық, төселушілік.* Еңбек процесіндегі *жаттыққандық,* есепті дәл жүргізушілік – жұмыстың қарқыны мен табысты болуының негізі (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ЖАТТЫҚТАУ с ы н. ж е р г. *Жатықтау.* Қайсаның тілі Еламандікіне қарағанда *жаттықтау* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТТЫҚТЫР е т. *Дағдыландыру, машықтандыру.* Бір емес, бірнеше рет жіберіп, ителгіні әбден *жаттықтырды* (С.Бегалин, Уақыт.). Бірнеше күннен кейін бізді екі-екіден және звено болып сап түзеп ұшуға *жаттықтыра* бастады (Т.Бигелдинов, Аспанда.). Оқушыларды тригонометриялық өрнектерді ықшамдап, олардың теңбетеңсіздіктерін дәлелдеп *жаттықтырғанда*, тригонометриялық теңдеулерді шешуге көмегі тиетін мысалдар мен есептерді іріктеп шығартудың көп пайдасы бар («Қазақст. мект.»).

Қол жаттықтырды. *Бір нәрсені істеуге қолын төселдірді.* Әкеңнің көзі тірісінде қайта *қол жаттықтырып,* үйреніп қал (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

Тілін жаттықтырды. *Тіл сындырды; оқуға, сөйлеуге төселдірді.* Мұғалім маған қазақша үш кітап берді. «Әзірге мағынасына түсінбесең де, *тіліңді жаттықтыра* бер», – дейді (С.Омаров, Өмір.). Көп қайталау – *тілдерін жаттықтырады* («Халық мұғ.»).

ЖАТТЫҚТЫРҒЫШ з а т. т е х. <ағыл. train> *Мәшинелер мен механизмдерді басқару техникасын жетілдіруге және оларды басқаруды үйренуге арналған оқыту-жаттықтыру құрылғы.* ≈ *Жаттықтырғыш* механизмі.

ЖАТТЫҚТЫРУ *Жаттықтыр етістігінің қимыл атауы.* Итті аңшылыққа үйретіп, *жаттықтыру* жайында жазылған кітаптар көп

(Ш.Айманов, Қыран.). Осыны ауылда жегіп, бойын арбаға үйретіп едік, енді көшеге жегіп *жаттықтыру* керек (С.Бегалин, Замана). Текстің жеке бөлшектеріне дұрыс тақырыпша беру, асығып-аптықпай мәнерлеп оқуға *жаттықтыру* сияқты тәсілдерді де жиі қолданып отырмаса болмайды (Қ.Жарықбаев, Психология). Баланы тілге *жаттықтыруды*ң мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ з а т. <ағыл. trainer> *Спорт өнерінің әр саласынан маман ойыншы даярлайтын ұстаз; баулушы.* Жасыл алаңдағы әрбір ойыншы бейне бір сахнадағы актер де, ал *жаттықтырушы* режиссер іспетті («Лен. жас»). Кездесу аяқталғаннан кейін команданың *жаттықтырушысы* Заңғар Жәркешовке бір-екі сұрақ бердік («Спорт»). *Жаттықтырушы* өз ісіне әбден берілген, ықтиятты, тәжірибелі болуы керек (О.Жарылғапов, Волейбол.).

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛЫҚ з а т. *Жаттықтыру ісімен айналысушылық.* Қазір Әбдісалан Қазақтың мемлекеттік физкультура институтында оқытушы, әрі *жаттықтырушылық* қызмет атқарады (Г.Тәшімбаев, Топжарған.). 28 жасқа жаңа толған жігіт *жаттықтырушылық* жұмысқа ауысты (С.Балғабаев, Жұлдызың.).

ЖАТТЫҚТЫРЫЛ= е т. *Дағдыландырылу, машықтандырылу, төселдірілу.* Мектепке дейінгі баланың ілтипаттығы ойнаған кезде *жаттықтырылады* (Семья тәрбиесі). Европаша соғыс өнеріне *жаттықтырылған* тұрақты армия құралған еді (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

ЖАТТЫҚТЫРЫЛУ *Жаттықтырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жаттықтырылу* дәрежесі.

ЖАТУ[1] з а т. ж е р г. *Жағдай, тұрмыс. Жату* жағы жаман емес, жақсы (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТУ[2] *Жат етістігінің қимыл атауы.* Не пайда бос *жатудан* шығады деп, Тоқтамай тулап жүрек шиыршық атты. Бабама «Көкше әулие» барайын деп, Бір күні ұстап мінді бурыл атты (Ә.Найманбаев, Шығ.). Оқуда мақсат не: медреседе *жату* ма, Ескі нұсқа бақастарды татуға: Қанша жыл «Хашия» мен «Мантық» шайнап, Керілдесіп шатуға (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Әрине, жас адам үшін осындай ауылда өмір кешіп *жатудың* іш пыстырарлық екендігіне дау жоқ еді («Қаз. әдеб.»).

ЖАТУ[3]= е т. ж е р г. *Қалу, ыдырау, жойылу.* Енді ол райондықтан *жатты* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТУСЫЗ: **жатпасаң жатусыз қал!** қ а р ғ ы с. *Жатуға зар болып қал!*

ЖАТША[1] ү с т. *Бөтен адамша. Жатша* сыйласып, жылы ғана сөйлескен жүдеу тіршілікке түстік (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖАТША[2] ү с т. ж е р г. ***Жатқа.*** Ол көп дастандарды *жатша* айтады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТШЫЛ с ы н. ж е р г. *Жады күшті, ұмытпайтын адам.* Қыдырғали *жатшыл* адам-ау, бір естігенін қайта айтып береді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАТШЫЛДЫҚ з а т. *Жат сөзшілдік, бөтен тілден сөз қабылдаушылық.* Қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз *жатшылдық* [жат сөзшілдік] (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖАТЫҚ[1] с ы н. **1.** *Тегіс, жатыңқы.* Елтірінің таза тұқымдылығының белгісі артқы пұшпақтарының тірсек буынынан төменгі жағындағы жүні бұйраланған, *жатық* болуы да мүмкін (Шопан серігі). Қояндының қой бұйрат *жатық* белестері Шоқанға жаңа көріністер елесін сездіреді (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** с ө й л. *Жазық.* Келсе Арқалықтың бөктеріндегі Атшоңқайға көш басшылар да жетіп, *жатық* көгалдан ауылдарына жұрт сайлап, көп жұмыс тындырған немеше шіреніп-шіреніп тұр екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алдымыздағы *жатық* алқап бойында көкпар тартқан адамдар тұрсын, қарандаған түк жоқ (Ә.Көшімов, Жас аңшы). «Кең өріс» атты *жатық қыртысын* айналдырып ауыр табан «ЧТЗ»-лар гүрілдеп, ат жеккен соқашылар шүу-шүулейді (Ғ.Сланов, Шалқар). **3.** а у ы с. *Көңілге қонымды. Жатық* сөз, жайдары, ашық, қандай дана, Мақтаулы кірсіз туған Татьяна. Сөзіне тыңдаған жан таңғалады, Айтады өлшеуменен тым азғана (Ә.Найманбаев, Шығ.). Абай заманындағы қараңғы қазаққа Пушкин, Лермонтов шығармаларын жатсырамастай *жатық* етіп аударып беру деген тарихи маңызы бар еңбек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). **4.** а у ы с. *Жарасымды; сыпайы.* Жүріс-тұрысы, қимылы *жатық, нәзік* үнді келіншек еркіне қоймай баурап алды (З.Шашкин, Сенім).

Жатық жер. ж е р г. *Өзеннің жайпақ жері немесе мал су ішетін жер, суат.*

Жатық қылды. *Сыпайы, көңілге қонымды, жарасымды етті. Жатық қылып* сөйлейін, Жазыққа біткен ыраңдай (Мұрат Мөңкеұлы, Өленд.).

Жатық маңдай. с ө й л. *Жазық маңдай.* Мөлдір көз, *жатық маңдай,* домалақ

мұрынды, екі бұрымын алдына түсіріп күлімсіреп отырған қыздың суреті (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Жатық тіл [тілі жатық]. *Оқуға жеңіл, түсінікті.* Егер осындай шығармалардың *тілі жатық,* өзі көркем, жұп-жұмыр болып келсе, нұр үстіне нұр (Т.Жангелдин, Сәкен Сейфуллин.). Бір қуаныш, бір қауіп, Сұм жалған жұмбақ емес пе. Домбыра *жатық тіл* тауып. Күмбірлеп бастар кеңеске (К.Салықов, Жезкиік).

ЖАТЫҚ²= е т. *Үйлесім табу, жарасу.* Талғампаз уақыт түр-түске Сенімен келіп *жатығар* (Н.Шәкенов, Толқын.).

ЖАТЫҚТАУ с ы н. *Тегістеу, жазықтау.* Майтөбеден асқасын жер бедері участоктың өзге тұстарынан гөрі біраз *жатықтау* келгенімен, көп ұзамай Қойқырыққанның асуы басталады (Ы.Тникин, Жомарт.).

ЖАТЫҚТЫҚ з а т. **1.** *Жатық болушылық, тегістік, жатыңқылық.* ≈ Жердің *жатықтығы.* **2.** а у ы с. *Көкейге қонымдылық, ұнасымдылық.* Жай мағынасы сәл-пәл түсінікті көрінгенімен, қазақтың құлағына жағарлық *жатықтық қа* әлі жанаспай жатыр еді (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАТЫҚТЫР= е т. *Машықтандыру, дағдыландыру.* Тіл құралын оқытқанда мұғалім әуелі жеке сөздерді алып жазғызып, сөйлетіп *жатықтырады* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Тігісін жатықтырды. *Кем-кетігін түзеді, жетілдіре түсті.* Тың атырабында асықпай ақылмен шешетін, ой жүгіртіп барып *тігісін жатықтыратын* жайлар көп (Ә.Ибрагимов, Нағыз.).

ЖАТЫҚТЫРУ *Жатықтыр етістігінің қимыл атауы.* Сөзді дұрыс қолдану үшін, мағынаны айқын анықтау үшін бұл сөздерді абайлап қолдану стильді *жатықтыру* үшін керек (Қазіргі қаз. тілі). Орта дәрежелі мектепте үнемі тілді *жатықтыру,* дағдыландыру керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАТЫҚШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жатықтық.*** «Тойғұлының үш тамы лық жиын» [«Лықа толы жиын» деудің есесіне], – дейді. Бұлар – жаттығу емес, *жатықшылықа* ұмтылу, шеберлік мұқтажынан туған сөздер тіркесімі (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖАТЫЛ= е т. ж е р г. *Жаттығу.* Келгендегідей емес сумын орталығына көзім *жатылып* қалды (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖАТЫМДЫ с ы н. *Жағымды, ұнамды.* Пенделік – адам екендігіңнің белгісі. Осы тұрғыда, менің есебімде пенделік – *жатымды* құбылыс (Т.Тілеуханов, Келешек).

ЖАТЫМДЫЛЫҚ з а т. *Жағымдылық, ұнамдылық.* ≈ *Жатымдылығы* байқалады.

ЖАТЫМСЫЗ с ы н. ж е р г. *Орынсыз, ұнамсыз.* Анау балалардың көзінше одағай сөз айтсақ, *жатымсыз* болады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТЫМСЫЗДЫҚ з а т. *Жағымсыздық, ұнамсыздық.* ≈ *Жатымсыздық* белгісі.

ЖАТЫН¹ з а т. **1.** а н а т. *Гүл аналығының түп жағындағы ең негізгі кеңейген бөлімі. Жатынның* ішінде бір (бидайда) немесе бірнеше мыңдаған (көкнәрда) тұқым-бүршігі бар. Ол жатында дамып, жатын қабырғасына бекінеді (Қаз. тілі термин. Биология). Өсімдіктің аналық мүшесі *жатын,* аналық аузы, аналық мойны деп аталатын бөліктерден құралады (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). Күшті жел тұрып, жауын-шашын болса, тозаңның көбі аналық *жатынға* түспей, босқа ысырап болады (А.Алманиязов, Асқабақ). **2.** с ө й л. ***Жатыр¹.*** *Жатындағы* қатерлі ісік мойындағы ісікке қарағанда баяу, ұзақ уақыт қажет етеді (Ә.Есенқұлов, Әйелдер.).

Жатыныңнан көр. *Жамандығың жатыныңнан (тумысыңнан), жамандығың үшін жатыныңа шағын деген мағынада.* Сендей ұл туа бермес ата ұлынан, ішкілік кәсібі артық бақытынан, Жансақал әкең жақсы адам еді, *Көрмесең* осыныңды *жатыныңнан* (Ә.Тәңірбергенов, Шығ.). Қазақта әкесі жақсыдан жаман ұл өссе, *жатыныңнан көр* деу бар еді, сен шіркін, менен сөйтіп туған ұл болмасаң етті (Фразеол. сөзд.).

ЖАТЫН² с ы н. *Жатып-тұратын, ұйықтайтын (бөлме, үй).* – Рас, біз алты бөлмеде тұрамыз: асхана, қонақ қабылдайтын бөлме, *жатын* орны, қызымның бөлмесі, кабинетім және күтушінің бөлмесі (Қ.Әміров, Революция.).

Жатын бөлме. з а т. *Ұйықтауға арналған бөлме.* Зура ішкі *жатын бөлмеге* кіріп кетіп, ойдым-ойдым барқыт жібек көйлегін киіп шықты (Ә.Тарази, Үлкен ауыл).

Жатын орын. *Жататын, түнейтін жер.* Ал Жазылбек болса, малдың *жатын орны* жайлы болмай, арқасы майлы болмайды деп есептейді (Н.Айдаров, Жазылбек.). Бес үй көшіп келіп, құрылысшыларға тамақ дайындап, *жатын орын* сыйлады (О.Иманәлиев, Байқадам). Бұл саладағы негізгі міндеттер қатарына Н.Назарбаев мыналарды атады: басты назарды стационарлық емдеуден амбулаториялық емдеуге аудару, яғни *жатын орындарға* иек арта беруден бас тарту («Жас Алаш»).

Жатын үй. ж е р г. *Үймереттегі жататын бөлме.* Кедейлер күнде келіп жүрген *жатын үйімдей* қабыл етеді (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖАТЫНКҮНДЕС с ы н. *Туыстар арасындағы көреалмаушылық қасиет* (А.Жүнісов, Бабалар дәстүрі).

ЖАТЫҢҚЫ с ы н. *Жатықтау, тегіс.* Ердің қапталы аттың қапталдығына сай, орта тұсы *ж а т ы ң қ ы,* екі басы жоғары көтеріле келеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Түн ұйқысы калғандай, Қабақтарың қатыңқы. Тыңшы болып жүргендей, Атыңның жалы *ж а т ы ң қ ы* (Қамбар батыр). Помидордың түбі бұтақшалы, *ж а т ы ң қ ы,* жапырағы ірі, қоңыр көк түсті (Г.Каплина, Овощ).

ЖАТЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Ұзақ жату (қардың біраз уақыт ерімей жатып алуы).* Тез жауып, тез еритін әдетінен жаңылып, бұ жолы қардың *ж а т ы ң қ ы р а й т ы н* сыңайы байқалады (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). **2.** *Тұрмай біразға дейін төсекте жату.* Мамық төсекте жатқандай, пішен болса да жылы орнын қимай, Қаншайым *ж а т ы ң қ ы р а й* түсті (Ж.Жұмақанов, Қарагөз.).

ЖАТЫҢҚЫРАУ *Жатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖАТЫПАТАР с ы н. *Жымысқы мінезді, үндемей отырып сөзбен шымшып алатын (адам туралы). Ж а т ы п а т а р* екенін де мәлім. Сөзге бұрын араласпасаң, енді араласасың. «Қосшысыз» қазір сөз бар ма? Аманның ең жақын адамысың (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Менің өз бойыма шақ *ж а т ы п а т а р* қулығым бар (С.Омаров, Шығ.). Бұрын күйініштi болып, ашынып, ашық қимылдап жүргендер бұл кезде біршама жуасып, *ж а т ы п а т а р,* бүкпе қарекетке ауысқан (С.Омаров, Қайырлы жаз).

ЖАТЫПАТАРЛЫҚ з а т. *Жымысқы мінезділік, біреуді-біреуге айдап салушылық.* Оның *ж а т ы п а т а р л ы ғ ы* бар (Ауызекі).

Жатыпатарлық қылу. *Біреуді-біреуге атыстырумен шұғылдану.* Әбдірахман: Соңғы кезде «*ж а т ы п а т а р л ы қ қ ы л у*» әдісіне түскен ұлтшылдық бағытпен қатар, тапшылдық, төңкерісшілдік және жолбикелік бағыттар таласулы — деп отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАТЫПІШЕР с ы н. *Еңбек істемейтін жалқау, масыл, арамтамақ.* Байлар көп *ж а т ы п і ш е р,* арам тамақ, Өсірген, қызығын көрмей, басын санап, Шынында, өсіретін кедей жалшы, Бай еңбек сіңірген жоқ малды қарап (С.Торайғыров, Шығ.). Сол дәулет масы, *ж а т ы п і ш е р* мырзаларға бір күн өз қойын өзіне баққызып байқар ма еді? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жанары жоқ, *ж а т ы п і ш е р* сорлыны айт, Өнер алды өршілде емей кімде екен? (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАТЫР[1] з а т. а н а т. <лат. uterus> *Әйелдің, аналық жан-жануарлардың бала, төл пайда болатын ішкі органы; іштегі ұрық дамитын қуысты түтікше мүше.* Дамып жетілуі мен құрылысына байланысты *ж а т ы р* бірнеше түрге бөлінеді. Олар: бір қынапты қос жатыр (пілде, кемірушілерде), қос бөлімді жатыр (кейбір кемірушілер мен қолқанаттыларда), қарапайым жатыр (приматтарда, адамда), қос мүйізді жатыр (үй жануарларында, жыртқыштарда) (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж а т ы р* – әйелдердің ішкі жыныс органдарының орталығы болып саналады (Ә.Есенқұлов, Әйелдер.). Шешелерінің *ж а т ы р ы н а н* найза ұстап туған, Абылайдың қанды балақ ұрпақтары бір жағынан бастары алынып жатса да, тәубе етер емес (І.Есенберлин, Қаһар). Төлдің *ж а т ы р д а* өсіп-жетілуі біркелкі болмай, әрбір өсу сатысында өзіне тән ерекшеліктері болатын көрінеді (К.Дүйсенбаев, Жылқы тұқымы.).

Жатырдан тыс жүктілік. м е д. *Ұрықтың жатырдан тыс дамуы. Ж а т ы р д а н т ы с ж ү к т і л і к т і ң* қандай түрі де әйел өміріне өте қауіпті (ҚҰЭ).

Жатырынан қағынған. *Туа қағынып өскен, ежелден бұзылған.* ≈ *Ж а т ы р ы н а н қ а ғ ы н ғ а н* бала.

Жатырына тартты. *Шешесіне, нағашы тегіне ұқсады.* – Ай, кәпір-ай, *ж а т ы р ы ң а т а р т қ а н* екесің ғой (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖАТЫР[2]**=** е т. **1.** *Белгілі бір кеңістікке орналасу, жайласу.* Әзім есін жиыпты ертең түсте, Өз басын көрді қауіп-қатер істе. Қолаяғы байлаулы *ж а т ы р* жалғыз, Темір шетік қапас боп тұрады үсте (Абай, Тол. жин.). Соны айтты да шал сабап жүре берді, Бір өзен *ж а т ы р* екен, соны көрді (Абай, Тол. жин.). Қой *ж а т ы р,* қойшы тыңдап тұрды елбіреп, Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп (Абай, Тол. жин.). **2.** *Негізгі етістіктегі істің мезгілге байланысты жайын білдіріп, күрделі етістіктің құрамында қолданылатын сөз.* Машинаға қойқозыша жамырап, Барлығына барлығы ұнап, бәрі ұнап, Кіріп *ж а т ы р* төсек, шәйнек, кілем боп, Құтты орынға сексен бірдей шаңырақ (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Үйге түтінмен қоса шаң, көмір тозаңдары еніп *ж а т ы р* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – Інісін шақырып *ж а т ы р!* – десті олар (Б.Аманшин, Жар мұңы).

Толып жатыр. *Өте көп, шексіз мол.* «Қайраны жоқ қолдан без, Қайыры жоқ елден без» деген сөздері есепсіз, *т о л ы п ж а т ы р* (Абай, Тол. жин.). Міні жоқ емес, *т о л ы п ж а т ы р,* бірақ айтуға бата алмаймыз (Абай, Тол. жин.). Қарғадан қарға туар қарқылдаған, Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған. Дегендер: «Мен жақсымын» *т о л ы п ж а т ы р,* Пайдасы өз басынан артылмаған! (Базар жырау, Шығ.).

ЖАТЫРҚА= е т. *Тосырқау, бөтенсу, жатсыну.* Енді оның бірде-бірі жоқ, *ж а т ы р қ а п* қалған тәрізді. «Апамның қайғысы шығар... Үйде кісі болған соң, именетін шығар...» деп

ойласа да, Ақбілек әкесінің оңашада да бір ауыз тіл қатпағанына қапа болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде *жатырқап,* көпке дейін тосаңсып отырасың (А.Байтұрсынов, Шығ.). А.Б. [Ахмет Байтұрсынов] ноғай жазушыларын *жатырқағандықтан* емес, қазақ тілінде қанша дыбыс болса, сонша белгі көрсетіп, артық әріптерді кеміткен (М.Дулатов, Шығ.). Айтармын хал-жайымды жолыққанда, *Жатырқап* жат көрмесең сорымызға. Қызайдың ауылына біз бір қонақ, Аманат қонақтығым мойыныңызда (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жатырқап еш адамды сыртқа теппеді. *Ешкімді жатсынбай, жақын тартты.* Көрген мен көрмегенде көп парық бар, Болмайды жігіт жақсы сыннан өтпей. Үлкенге, кішіге де, ілтипат қыл, *Жатырқап еш адамды сыртқа теппей* (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАТЫРҚАБЫҚ з а т. а н а т. <грек. perimetrium> *Жатырды сыртынан қаптап жатқан сірлі қабық.* ≈ *Жатырқабық* қабаты.

ЖАТЫРҚАҒЫШ с ы н. *Бөтенсіңгіш, тосырқағыш, жатсынғыш.* Шамасы бала сонда алты жасар, Құрайдай жіп-жіңішке, нәзік, нашар. Сықылды тау киігі *жатырқағыш,* Жоламай жанға жақын сырттан қашар (А.Байтұрсынов, Шығ.). Оның мінезі де тұйық, кісі *жатырқағыш* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Әсіресе, «Чайка» *жатырқағыш* еді, ұзақ жолда аш болып, кірбің тартып қалыпты (Н.Әбуталиев, Жаңарған.).

ЖАТЫРҚАН= е т. *Тосырқау, жатсыну, бөтенсіну.* Әлі де *жатырқана* әкесінің құшағынан босанайын дегендей қимыл істеді (І.Есенберлин, Шығ.). Қолыма қонар деген қыран құсым! – Қарт солай бәйек болып жатыр танып. Тұрған жоқ Қаныш оны *жатырқанып* (Ж.Смақов, Мың махаббат).

ЖАТЫРҚАС= е т. *Бір-біріне үйренісе алмау.* Тәжилердің бес-алты ешкі-лағы пысқырып, біраз *жатырқастыы* (І.Жансүгіров, Шығ.). Бірақ екеуі *жатырқасып* қалған ба, шешіліп сөйлесе алмады (Т.Ахтанов, Дала.).

ЖАТЫРҚАСУ *Жатырқас етістігінің қимыл атауы.* Бірақ бір көрген біліс, екі көрген таныс демекші, әрі-беріден соң шүйіркелесіп кеттік, *жатырқасу* жайына қалды (Өнегелі өмір).

ЖАТЫРҚАУ *Жатырқа етістігінің қимыл атауы; бөтенсу, тосырқау.* Жабығу, қамығу яки *жатырқау,* тосырқау дегендерді білмейтін, жүрегін тек қуаныш қана жайлайтын бұл кішкентай жанға қарап еріксіз күлімсірейсің (М.Иманжанов, Адам.). Көзі үйренген соң, *жатырқауын* қояды ғой (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Әлгіндей *жатырқау,* үрку сезімдері Аяжанның бойынан қолмен сылынғандай жоқ болды (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

ЖАТЫРҚАУСЫЗ ү с т. *Бөтенсінбей, жатсынбай; тосырқамай.* Біраз биллиард ойнадық. *Жатырқаусыз* әңгімелестік (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Жайлауына жаңа жұрт ауыл қонған, *Жатырқаусыз* ағайын бауыр болған (Айтыс). Келіншек оны *жатырқаусызы,* айрықша бір әсермен құлпыра, қуана қарсы алды (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су).

ЖАТЫРҚАУШЫ з а т. *Бөтенсінуші, жатсынушы, тосырқаушы адам.* «Бәрі социализм үшін!» Социализмді *жатырқаушыларға:* Қиратамыз ескі жалғанды, Жаңа тұрмыс орнатамыз. Жарылқаймыз жарлы қалғанды, – дейді (Ғ.Мұстафин, Көзкөрген).

ЖАТЫРҚАУШЫЛЫҚ з а т. *Жатсынушылық, бөтенсушілік, тосырқаушылық.* Қыз алғаш көргендігінен қорқып, қашақтаған жоқ, оның жүзінен жасанды *жатырқаушылық* сезімінің ұшқыны да аңғарылмады (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Биелер машинамен сауу кезіндегі үрку, *жатырқаушылықтарды* тастап, станоктарға кезегімен айдап кіргізуге және бекітуге дағдыланып кетеді (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

ЖАТЫРЛАС с ы н. з а т. *Бір анадан туған, емшектес.* – Ой, бүйтіп қор болғанша, – деп, – жалғыз *жатырласы* Мұсалдың көркем қызы Гүлжаһанды ханға апарды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Өмірде әртүрлі адамдар бола береді: өкіл әке басын алып қашады, *жатырлас* іні сүйеніш болуға жарамайды («Лен. жас»). Ол кезде Бабабекпен *жатырлассың* деп, Ағабекті біраз әурелеген еді ғой (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖАТЫРЛАСТЫҚ з а т. *Бір анадан туғандық, емшектестік.* – *Жатырластығын* міндет ете отырып, билігіңді, білегіңді көрсетсең де, мына Бекбол пәледен құтқар, – деп қиылған (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖАТЫС[1] з а т. *Жатқан қалып, күй.* Ол Дәулетиярдың үстіне кірді: – Ау, бұл не *жатыс!* Үшеуің үш жаққа шалқаясың (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бұл *жатысыңмен,* алаяқ ағаң сені отқа айдап салып, оққа жықты, білесің бе, түсінесің бе? (Д.Әбілев, Арман.). Аспан астан-кестен болып жатқанда, сендердікі не *жатыс?* (Ж.Тілеков, Қайнар). Тау жыныстарының түзілу жағдайларын, жасын, *жатыс* кезектестігін зерттейтін геологияның бөлімі стратиграфия деп аталады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЖАТЫС[2] з а т. ж е р г. *Демалыс. Жатысқа* дейін қалаға барып келейін деп едім, ат бергізші (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жатыс күн. ж е р г. *Демалыс күн. Ж а т ы с к ү н д е* Каспий жағасына барады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАТЫС[3] з а т. г р а м м. ***Жатыс септік.***

Жатыс жалғау. г р а м м. *Көлемдік, мекендік, мезгілдік мағына беретін жатыс септігінің жалғауы (-да, -де, -та, -те, -на, -не).* Кейбір етістіктер арнай *ж а т ы с ж а л ғ а у д ы* тілеп, жатыс жалғаулы сөзбен байланысып тұрады (Қазіргі қаз. тілі).

Жатыс септік. г р а м м. *Көлемдік, мекендік және мезгілдік мағынаны білдіретін септік. Ж а т ы с с е п т і к т і* сөздердің де адвериалданып, үстеуге айналып кеткендері аз емес: кейде, жазда, іңірде, аяқ астында, қапыда, атам заманда т.б (Қаз. тілі энцикл.). *Ж а т ы с с е п т і к т е г і* сөздер сөйлемнің бірыңғай мүшесі болғанда, олардың қосымшалары түсірілмей де, түсіріліп те қолданыла береді (Қазіргі қаз. тілі). *Ж а т ы с с е п т і к т е г і* сөз сөйлемде беретін мағынасына қарай толықтауыш та болады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖАТЫС = е т. **1.** *Дем алысу, жата кетісу.* Жұмыскерлер есінеп, үйшіктеріне кіріп *ж а т ы с т ы* (С.Сейфуллин, Әңгім.). Олар аттарынан түсіп, жер бауырлай *ж а т ы с т ы* (С.Досанов, Қыран.). **2.** *Қиюласу, түйісу, беттесу.* Екі жақтан *ж а т ы с а* өскен қарағайлы қыраттар кең сайдың төрінде қосылып қойындасыпты (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

ЖАТЫСТЫР= е т. *Ыңғайын келтіру, ретін табу.* ≈ Тігісін *ж а т ы с т ы р ы п* сөйледі.

ЖАТЫСТЫРУ *Жатыстыр етістігінің қимыл атауы.* Дүние жағын іштей көп ойлап, тігісін тез *ж а т ы с т ы р у ғ а* көшті (Ж.Еділбаев, Түркістан).

ЖАТЫСУ *Жатыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖАУ[1] з а т. **1.** *Біреудің елін-жерін жаулап алмақ болып шабуыл жасаушы, шапқыншы.* Бізге ең қиыны, жанымызға батқаны *ж а у д ы ң* жақыннан шыққаны болды (М.Дулатов, Шығ.). Азырақ сайда аялдап, *Ж а у д ы* жаяу барладым. Шідер салып екі атқа, Шылбырларын байладым (О.Шипин, Дастан.). «Қайран біздің даламыз – Қазақстан Таза алтыннан жаралған, таза мыстан», деп мақтанып келеміз баяғыдан, Сол үшін де жоқ едік аз алысқан. Ішкі, сыртқы *ж а у м е н е н* қаншама ғасыр, Қаншама рет даланың тозаңы ұшқан (F.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Өштескен, қастасқан адам, дұшпан.* Қалаға су беріп тұрған барлық бұлақтарға *ж а у* өлексе тастады, үзім бауларын күйдіріп жіберді (М.Жұмабаев, Шығ.). Мыналардың бізге барып қалған он жақсы жылқысы бар, бұл мал менің *ж а у л а р ы м а* қайтарылып берілгенше өздерің олжа қылыңдар, мен кешіктірмей сатып жіберемін (М.Дулатов, Шығ.). Бұның ол жолына ел жуаны *ж а у*. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Өмірде неше түрлі уды іштім, Неше түрлі азапқа, жаным, түстің. Ағайынның ішінен ала шықса, *Ж а у* ішінде бар ма екен сонан күштің (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Арындадым, өзімше дабылдадым, Барлық сыйын тағдырдың қабылдадым. Жауыздыққа ауыздық салсам дедім, Кейінірек байқадым *ж а у ы м* барын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **3.** а у ы с. *Зиянын тигізетін, кесірін келтіретін нәрсе.* Жақсының *ж а у ы* – жексұрын, Патша, хан, би, бегің де Ол өмірдің өртіндей, Өмірі ұқсас көмірге (Жамбыл, Тол. жин.). Шығанақтың айтуынша, тарының жаны да су, *ж а у ы* да су (Х.Мұстафин, Ақ тары.). Шөл адам баласының мейірімсіз *ж а у ы* (Ә.Кәкімжанов, Коммунизм.). **4.** а у ы с. *Белгілі бір нәрсеге тойымсыз, ашкөз, обыр.* Қымыз, шұбат, айран, шалап дегендердің Меркебек тұрған *ж а у ы* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Ата жау. *Ежелден кектескен дұшпан.* Хан баласы ақсүйек, Ежелден табан аңдысқан. Ата дұшпан сен едің, *А т а ж а у ы ң* мен едім (М.Өтемісұлы, Шығ.). Ата жұрттың асылын, Балжыға қайдан қиды екен? Ханның қара жендетін *А т а ж а у ы м* дер едім (Қ.Бекхожин, Шығ.). Өзінің *а т а ж а у ы* Қодармен ол дос болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Жауынгер туыс, бауырлар, Бұл сыйымды қабыл ал. *А т а ж а у д ы* талқандап, Жермен-жексен қылыңдар! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Аталы жау. *Белді, текті, мейлінше күшті дұшпан; бұрыннан жаулықта болған қасы.* Ал бұның (Оразбайдың) жауы Абайды алса, ол анық-ақ *а т а л ы ж а у*. Бір Құнанбайдың өзі бай болудың үстіне, аға сұлтан да болды (М.Әуезов, Шығ.).

Әккі жау. *Қу, айлакер, дұшпан.* Бұның бірін бере алмай, албырт жасты айбалталы *ә к к і ж а у ғ а* құр қол жібердім. Бірақ ақ батамды ала кет (F.Мұстафин, Шығ.).

Ел көшті, жау жетті [кетті]. *Апыл-ғұпыл, асығыс, қарбалас, жан алқымға алды, қысты.* – *Е л к ө ш т і, ж а у ж е т т і* қылмай қоя тұрыңдаршы, әуелі не болғанын біліп алайық (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер). – Жә, болды, *ел көшті, ж а у к е т т і* демей! Қонақ көрмеп пе ең? (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жау айдағыр. қ а р ғ. *Дұшпанның алдында кеткір. Ж а у а й д а ғ ы р* бұ шіркін малды дейді, Тазша мұнда жоғалып қалды дейді. Жерден Баян көтеріп алды-дағы, Аулақ үйге апарып салды дейді (Қозы Көрпеш.).

Жау алғыр. қ а р ғ. *Дұшпан қолында кеткір.* Сөздері жұрттың айтқан бәрі жалған, Мен

жарым жалған айтқан сөзге нанған. Көрмедім *жау алғырдан* ешбір пайда, Еңбегім босқа кетті іздеп тапқан (А.Байтұрсынов, Шығ.). – Көл боп кетіпті ғой, мына *жау алғыр!* (Н.Сералиев, Ақбөпе). Малға айтылатын қарғыстар: ақшелек келгір, *жау алғыр!* (Қаз. тілі тарихы).

Жау алды. *Жау шауып, күшпен басып алды.* Жаңа ғана қолынан жөнелткен жарын түсіріп алып, ұрады-ау деп, Марияның жас жүрегі аттай тулады. Шырт ұйқыда жатқан Асан: «жылқымды *жау алды*» деп тұра шапты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жерімізді *жау алып,* елімізді қырды ғой, Қанатымыз қайырылып, топшысынан сынды ғой. Ата қазақ бір-бірін арашалай алмай-ақ, Алауыз боп өзді-өзі Құдай бізді ұрды ғой (М.Мақатаев, Шығ.).

Жау алмайды. *Ештеңе болмайды, ешкім де тимейді.* Әудем жерге барғаннан сені *жау алмайды,* мына хатты тапсыр да қайтып кел (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Жау болды. *Жауықты, өштесті, қастасты.* «Пысық» деген ат шықты, Бір сөз үшін *жау болып,* Бір сөз үшін дос болып, Жүз құбылған салт шықты (Абай, Тол. жин.). Асыранды күшігің Байқамасаң пышының Тойынған соң *жау болмақ.* Бабын тауып қарасаң, Бағуға қарап жарасаң, Еккенің бақша, бау болмақ (Қабан жырау, Алтын қазық). Молалының *жау болды* Қайнап жатқан саласы. Әлі келген болып тұр Бірінен-бірі аласы (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жауға аттанды. *Дұшпанға қарсы шықты, елін қорғау үшін атқа қонды.* Аңдаусызда жау тиді, өкпе тұстан жынданып, ал қызым *жауға аттанды,* Қаруланып, қырланып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жауға қимады. *Жаманшылық тілемеді. Жауға қимас* жалғызды жалпының бірі демейік («Айқын»).

Жауға түсті. *Тұтқын болды.* Бармысың *жауға түскен* алтыным-ай, Самалым, саз қонысым салқыным-ай, Көуірдің қоржынына түсіп едің, Шықтың ба аман-есен жарқыным-ай (Ә.Тәңірбергенов, Шығ.).

Жауға шабылды. *Жаудың талан-таражына ұшырады.* Шаймерден атқа мінеді, Көк далаға жүреді. Есепсіз *жауға шабылып* Халықтың кеткен сүреңі (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жауға шапты. *Дұшпанға қарсы шықты.* Бұлбұлдар сайрап бағында Байғыздар тасқа ұялар. Батырлар *жауға шапқанда* Қолына байрақ, ту алар (Базар жырау, Шығ.).

Жаудан жағасы босамады. *Жаудан арылмады, дұшпаны көп болды.* Еңбектің көрмей зейнетін, Өмірдің кешіп бейнетін, Шыдадың көп жыл бұған да, *Босанбай жаудан жағамыз* (XX ғ. қаз. ақын.).

Жаудан кек алды. *Жауға кеткен есесін қайтарды, жауды жеңді.* Қордайдан Әли шықты ат ойнатып, Жалынды жас жүрегін кек қайнатып. Соңынан ерді елдің бозбаласы, *Жаудан кек алуға* оқ бойлатып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жаудан қайтпады [жасқанбады]. *Жеңілмеді, беті қайтпады.* Қисапсыз қол көрінсе, қорқып *жаудан қайтпаған* (Шернияз ақын, Шығ.). Құрыш болат, жау жүрек *Жаудан қайтып жасқанбас.* Көп жасаған көнедей, Елдің жайын тапқан жас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жауды алды [жеңді]. *Дұшпанын жеңді.* Айғай салып қамалға Кіріп *жауды алған* соң (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Жауды жеңу* ісіне, Аянған жан жоқ артығын. Отты, оқты бұл танкі, Орады жаудың алқымын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жауды қуды. *Жаудың соңына түсіп қашырды. Жауын қуып* тастады, Талай қырдан асырып, Патша әскері торықты Желіктері басылып (О.Шипин, Дастан.). *Жауды қуды* ізімен Үштөбеден асырып. Өңшең мінген бедеуді Бауырынан қатырып (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жаудың беті. *Жаудың қаһары, екпіні. Жаудың бетін* қажып тұрмыз бұра алмай, Бұрмақ түгіл, шыдап қарсы тұра алмай. Күннің көзін қара бұлт жасырып, Күлімсіреп нұрын шашып шыға алмай (М.Дулатов, Шығ.).

Жаудың қолы. *Жаудың жасағы. Жаудың қолы* далада келе жатқан жалғыз қараны байқаған соң, бірнеше адам сақтықпен оған қарсы жүрді (М.Жұмабаев, Шығ.). Батыры шолғын жасаушы *жаудың қолы* әлі жылқыға араласпай тұрған кезде, қалың елді қаптатып қоя берді (М.Әуезов, Шығ.).

Жау етті. *Араздастырды, қастастырды, өштестірді. Жау етті* осы бір күн екі жасты, Сол қастық бірте-бірте жігін ашты (І.Есенберлин, Большевик.).

Жау жағадан алғанда [алған шақта]. *Қиын-қыстау кезде, қысылтаяңда.* Көнбегенде көретін ауырлық – бағынып тұрған хүкіметтің жарлығынан бас тартсақ, *жау жағадан алғанда,* бас қорғап үйде қаламыз деп, мемлекетке қамшымыздың ұшын бермесек, хүкімет бізге құр өкпелеп қоймас, күш жұмсар, ол күшті заңонге сүйеніп істер (М.Дулатов, Шығ.). Қас болды қарындасым, Әділ, маған, Қас болмаған қарындас табылмаған. *Жау жағадан алғанда,* бөрі етектен, Ақыл сұрай келіп тұрмын әдейі саған (Қабан жырау, Алтын қазық). Бүлінбелік. Бүкіл Ресейге қауіп төніп тұр. *Жау жағ-*

дан алғанда, бөрі болып етектен алмайық (Ғ.Мұстафин, Көзкөрген). *Жау жағадан алған* шақта, Түйді бір сыр біздің герой: Мейлі дәрігер, мейлі ұста – Кім болса да жауынгер ғой (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жау жегір. қ а р ғ. *Дұшпанға жем болғыр, талауға түскір.* Малға айтылатын қарғыстар: ақшелек келгір, *жау жегір,* жау алғыр! (Қаз. тілі тарихы).

Жау жетті, ел көшті. *У-шу, аласапыран; ақырзаман туғыза даңғазалатып сөйлеу.* Тоқалды бәйбіше де жамандайды. Ол дағы байға жағып амалдайды. *Жау жетті, ел көшті* деп, жалған айтып, Астыртын жек көрсін деп хабарлайды (Д.Еркімбеков, Шығ.).

Жау жоқта жау сағынды. *Тиісерге қара таппады, ұрынуға кісі таппады. Жау жоқта жау сағынып,* қан бергің келді ме, дау жоқта дау сағынып, жан бергің келді ме? (Шешендік сөздер).

Жау көрді. *Дұшпан санады, қас деп білді.* Сәкен барлық ұлттың еңбекшілерін бауыр көреді, барлық ұлттың буржуйларын *жау көреді* (С.Мұқанов, Өсу жол.). *Жау көрген де* көздейсің Ши бұтаның тасасын; Жау кеткенде жотада Кердең-кердең басасың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Алатаудан алыс кетсем, түсімде де тау көрем, Алатауды ұнатпаған жұрттың бәрін *жау көрем* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жау қабақ. *Тұксиген, суық қабақ.* Бандының екіншісі *жау қабақ,* шот маңдай, қара жігіт қолындағы айбалтасының басынан ұстап, алысып жүр (С.Сейфуллин, Әңгім.). Диуананың түрі жан шошырлық: арқасына аққу қанатын жамылған, ақ таяғына үкі таққан, үсті-басы әлем-жәлем, қаба сақалды, *жау қабақ* біреу (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жау қамап келе жатқандай. *Қорқу, елегізу, үрейі ұшу.* Ақбілек жан-жағынан *жау қамап келе жатқандай* елегізіп, қымтырыла береді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жау қарасы. *Көрінген жау.* Сәске мезгіл болғанда, Қара құрттай қаптаған *Қ а р а с ы ж а у д ы ң* көрінді (О.Шипин, Дастан.). Екі жүз жиырма зеңбірек Аспанға аузын дәл тіреп, Жиырма рет оқ атты, *Жау қарасын* батырып, Бөленді нұрға төңірек (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Панфилов жолдас бастаған Жиырма сегіз батырым, Жолыменен солардың, Біреу мыңға татыдың, Төрт батырым қосылып, *Жау қарасын* батырдың! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жау қашырды. *Жауды қуды.* Білтелініі тұтатып, Түтінін үзбей оқ атып, *Жау қашырар* ма екенсің (Қаз. ақын. шығ.). Өзегі талса өзеннің, Теңіздер келіп жалғасты. Күркіреп жалын шашқанда, Тентіреп кейін *жау қашты* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жау құғандай. *Асығып-үсігіп, асып-сасып, аптығып. Жау құғандай* асыққан екен, – деді ол, – атын жазуды да ұмытып кетіпті (І.Есенберлин, Шығ.). Мал жоңкіп, *жау құғандай,* желдей есіп, Аңырып, тілегендей желден несіп (Қ.Тоғұзақов, Сібір Омар). Біздің қыздар *жау құғандай,* асығыс қой бұл түста, Институтты бітірмей-ақ шығып жатыр түрмысқа. – Қазір бізде уақыт бар ма, түрмыс жайын ойлайтын, Жігіттердің өздері ғой қармақ тастап қоймайтын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жау малындай.*Дұшпанның дүние-мүлкіндей.* Тау талындай, ендеше тау талындай, Ашымаған сабаның саумалындай Тұла денең біреудің аманаты, Бет-әлпетің жұмылса *жау малындай* (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жау мұндалады. *Шарқ ұрып ұрысатын жау тапты.* – Атыңызды атап *жау мұндалап,* аттан салсам қайтесіз? – деген ол (Ә.Әбішев, Ортақ.).

Жау оғы. *Дұшпанның атқан оғы.* Ажал бүгін алды оны Кесті-дағы екі қолын. Дәл қырық жыл *жаудың оғы* Жүрегінде тұрды оның (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Қараша соғып гүліңді Кеудеңе қара өрт кіріп, *Жау оғы* қыршын күйінде Кетті бір тағы мерт қылып... (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жау тигендей. *Дүрлігіп, ту-талақайы шығып.* Жалт үркіп, *жау тигендей* жоғалады (І.Жансүгіров, Шығ.). Жылқыға *жау тигендей,* Елдің шетін шошытып, Байға жетіп келеді, Қара ала атты көсілтіп (Қобыланды батыр). Құрық үстіне құрық салып, *жау тигендей* қуалап, айдын шалқар көлге келдім (Қаз. ертег.).

Жау тиді. *Дұшпан шабуыл жасады.* Осы кезде тыныш жатқан Дулат аулына кенет *жау тиді* (І.Есенберлин, Алмас.). – Со-соғыс, – деді ерні дірілдеп, *–жау тиіпті* елге. Керман соғыс ашыпты (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Біз көп едік отырғанда, Демалыс күн мәжілісте, – *Жау тиді* де Ұлы Отанға Бұзды шырықты шаңқай түсте (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Жау түсірді. *Дұшпанын қолға түсірді, ұстап алды.* Аш қасқырдай жел өршіді, Жерді тырнап қар боратып. Көрінді ақ көгершінді, *Түсірген дей жаулар* атып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Анығында да, бұл екеуі жастары жиырмаға жаңа ғана іліккеніне қарамастан, *жау түсіріп* жүрген уытты азаматтар еді (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Мені тежеп отырған мына атам да бала жасында ешкімге айтпай ақбас тайлаққа міне шауып *жау түсірген* (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

Жау тылы. *Жаудың артындағы ел-жұрты.* Менің әкем *жау тылында* жаралы боп қалғанда, Жан досымды қалай қиып қалдырам деп арманда; Көкірегін қарша жауған оқ пен отқа қалқалап, Сенің әкең үш күн бойы алып жүрген арқалап (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жау шапқандай қылды. *Ту-талақайын шығарды, дүрліктірді.* Тапа-тал түсте азғана үйлі ауылды *жау шапқандай қылды* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жау шапты. *Жау шабуыл жасады; талады, тонады.* Жақында жаны ашымас *жау* кеп *шабар,* Қалдырмай әбзелімнің бәрін тонар, Соқтырған шын күмістен тағаларды Суырып аяғымнан, олжаланар (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көшпенді ел аңдай үркіп қазақ ұлты, Күнелткен күңіреніп азапты күн, Қалың жауған қар қырып төрт түлігін, Аңдай *шапқан жау* айдап түскен үйін (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қатарым менің сиреді, тұман едік, Кішілікпен үлкенге ұнап едік. Қанатымыз қатая берген кезде Елімізге *жау шапты* тұра келіп (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Сені де ысқаяқтар сез демей ме, Өмірде қызық бар деп өзгедей де?! Манастың қылышындай *жауға шапқан* Көкті де көрсетпейсің көзге кейде (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Көнігі жау. *Тісқаққан, сыралғы дұшпан.* Бұлар өз қолымен талай жанды өлтіріп, өзі де талай өлімнен қалған, қанкұйлы *көнігі жау* (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Кезеңді жау. *Ежелден көз тіккен, аңдысқан дұшпан.* Тіпті керек десе, қапыңды тосқан *кезеңді жаудың* жаулық ісіне зығыры қайнап күйінбеді де (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көзсіз жау. *Еш нәрседен тайынбайтын, дүлей жау.* Талай тұстан тау көтермей жоталы, *Көзсіз жауға* көкірегін тоссын ба? (Х.Ерғалиев, Құтты.).

Қанды көйлек жау. *Жақын адамын өлтірген дұшпан. Қанды көйлек жаудың* айтағына еріп, өзіңді қапқан күйігін қайтерсің (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Қара жау. *Қас дұшпан.* Түн еді, меңіреу қара түн еді, үміт қарлығаштары! Қанды тырнақ *қара жау,* темір бұғау шырмады ғой тағы! (М.Әуезов, Шығ.).

Қас жау. а) *Нағыз жау, барып тұрған дұшпан, ата жау. Қас жаудың* халық білсе, енді ғана білуге тиісті! (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Көроғлы – көтеріліс басшысы, ханның, бектің, осы соңғыларға жәрдемге келген түрік патшасының *қас жауы* («Қаз. әдеб.»). Ұлы жолдың үстінде қара ниетті *қас жаудың* қолынан қыршыны қиылған жас жанның қазасына азаланғандай, тау-тас діріл қаға күңіреніп кетті (Ә.Әбішев, Шығ.). ә) *Абырой әпермейтін, зиянды.* Арақ – адамның *қас жауы.* Ол ең алдымен мидың клеткаларына әсер етіп, оларды уландырып, жансыздандыра бастайды (С.Сұбханбердин, Дәрі–дауа.).

Найзасын жауға тіреді. *Қарсы тұрды, жауға шапты.* Уа, сен, Қанжығалы Бөгенбай, Тоқымы кеппес ұры едің. Түн қатып және жүр едің, Қабанбайдан бұрын *найзаңды* Қай жерде *жауға тіредің*? (Бұхар жырау, Шығ.).

Өз басына өзі жау. *Өзіне-өзі залал, кесір жасау мағынасында айтылады.* Момындардың басы сау, Жаманды байқап қарасаң, Күндердің күні болғанда, *өз басына өзі жау* (Махамбет, Өлең.).

Табаны жаудан таймаған. п о э т. *Мықты, батыл, ержүрек. Табаны жаудан таймаған,* Нағыз газел сендерсің, Асыл туған негізің (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

Тілсіз жау. *Қауіп-қатері мол, мылқау күш (табиғат апаты — от пен су туралы айтылады). Тілсіз жауға* жаланған, Төтеп беріп кеште бұл. Жолды сақтап боранна, Қалды қалың сексеуіл (С.Мәуленов, Алыс кет.). От пен су *тілсіз жау* деген рас-ау. Бұлар үшін табиғаттың мылқау күші де осы екеуінен кем көрінбей тұр (Ә.Қалмырзаев, Ар). Өртті менің апам: – *«Тілсіз жау»,* – дейді (М.Сүндетов, Балық аула.).

Іші жау болды. *Жасырын қысастық ойлады.* Алашқа *іші жау боп*, сырты күлмек, Жақынын тіріде аңдып, өлсе, өкірмек. Бір-екі жолы болған кісі көрсе, Құдай сүйіп жаратқан осы демек (Абай, Тол. жин.).

ЖАУ[2]: **көздің жауын алады [алғандай]**. *Өте әдемі, тым әсем, сұлу.* Офицер клубының іші жасау-сырлы, жұмсақ мебель, айна, сурет, кілемдер *көздің жауын алады* (І.Жансүгіров, Шығ.). Қызылкесік бауырын көмкеріп алған қыр қызғалдағы *көздің жауын алады* (Ә.Қалмырзаев, Ар.).

Көз жауын тартты. с ө й л. *Көздің жауын алды.* Бұл жерде манадан көріп, көңілі тойған әлденеше қатар үйлерден де биік, зәулім үй *көз жауын* қырымнан *тартатын* шығар! (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Көзінің жауын жеді. *Қызықтырды, көзін тартты.* Бұл жылда он беске толған Мәдина сымбатты сұлулығымен хазірет *көзінің жауын жеді* (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖАУ= е т. **1.** *Жаңбыр, бұршақ не қардың аспаннан жерге түсуі; нөсерлеу.* Қарашада қар *жауып,* Суық түсті зымыстан. Құлақтанып күн шықты Долданғандай шығыстан (О.Шипин, Дастан.). «Қар *жаумай,* қазан ұрмай» деген нақыл Тал түсте біз қаламыз неге қапыл? Үйіндей әкесінің «оләуләйлап», Тайраңдап

тар көшеңде келе жатыр (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жаңа жылда түскен жаңа келіндер, Жас жұбайдың құшағына еніңдер, Жармен бірге біразырақ серуендеп, *Жауған* қарды сендер дағы көріңдер (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Сойылған қойдың қарнының түгі қалың болса, қыста қар көп *жауарының* нышаны (Б.Қонарбаева, Қаз. наным. сенім.). Сіркіреп жаңбыр қайта *жаудыы* (Б.Қожабеков, Көктөбе). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің қаптап кетуі, көбеюі.* Кей астыртын сырменен, Кей оңбаған сұмменен Торғайға жетті бұл хабар, Жай түскендей басына, Оқ *жауғандай* қасына Дір-дір етті жандарал (О.Шипин, Дастан.). Жасың қатар құрдастар, Тілеуің бірге сырластар, Өрт бұршағы *жауғанда* Қажымастан кім бастар. Отан үшін берілген Қайратты туған ұл бастар (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Жан-жақтан *жауып* кеткен соққыны сезеді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Арыз жауды. *Арыз үсті-үстіне түсті.* Бар емес пе оқысаң, *Жауған* талай *арыздар.* Неге соны көрмейсің, Енді айтарлық не сөз бар? (О.Шипин, Дастан). Екі бастық үстінен *арыздар* кезек *жауып,* кезек тексеріс келсін (Ғ.Сланов, Әңгім.). Тілеп алды дауды, Үстінен *арыз жауды* (М.Әлімбаев, Лирика).

Жаңбырша [жаңбырдай] жауды. *Бір нәрсенің қаптап кетуі, мол түсуі.* Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да *жаңбырша жауды* (М.Әуезов, Әр жыл.). Әзіл-қалжың *жаңбырша жауды* (Ғ.Сланов, Әңгім.). Жаудың *жаңбырдай жауған* оғына омырауын тоса жүгіріп, оқ боратқан от ұясының үнін өшірді (С.Мәуленов, Жер нәрі).

Жауар [жауатын] күндей [бұлттай]. *Тұнжыраған, түнерген.* – Амангелді ер үшін Кек аламыз дұшпаннан! – Деп жігіттер шулады. *Жауар* бұлттай түнеріп, Қайнап кетті қандары! (О.Шипин, Дастан.). Түнерген *жауар бұлттай* жаудың бәрі (І.Жансүгіров, Шығ.). Қырық бір шора қасында Мынау белдің астында. *Жауар күндей* төніп тұр. Жоғалған қызды қарап жүр, Қарт бурадай жарап жүр, Әрқайсысы өздерін Бір-бір қолға балап жүр (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қызғылт көзінде нажағай ойнайды, қалың қабағы *жауар күндей* түнеріп кетіпті (Ғ.Мұстафин, Шығ.). *Жауар бұлттай* төніп келіп сол маңға, Жайлы кезді күтіп тұрмыз орманда. Қарақұрым жау әскері қаптап жүр Майдан жаққа жүк тасыған жолдарда (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Ойға айналдым *жауатын* қара *бұлттай,* Кейде өзімді-өзім де қалам ұқпай. Ананы да, мынаны жатсынбайтын, Күн кешемін бейтарап аралықтай (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жауған күндей. *Жауып тұрған күндей.* Енді алдыңнан шығайын, *Жауған күндей* себелеп (Қаз. ақын. шығ.). Кірпігіне мұз тоңып, *Жауған күндей* дүркіреп (Батырлар жыры).

Жау шегірткелері. *Жауын-шашын молайған кезде, көктемде көбейетін шегіртке.* Жұмыртқадан балапандарын (қырғауыл) май айының аяқ кезеңдерінде шығарады. Себебі бұл кезде табиғатта олардың балапандарының негізгі қорегі, *жау шегірткелері* т.б. насекомдар өте көп кездеседі (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

Қабағынан қар жауды [жауғандай]. *Қатты ашуланып тұнерді, қатуланды.* Атам *қабағынан қар жауып,* ел аралап кетеді (З.Иманбаев, Нажағай.). Бүркіттей момын көрсе төне түсіп, *Қар жауып қабағынан* ашылмады (Д.Еркінбеков, Шаншу). Қарсы алдынан қарасаң, ашуы келгенде, *қабағынан қар жауғандай* қаһарлы («Қаз. әдеб.»).

Қан жауғыр. қ а р ғ. *Басыңа бәле келсін деген мағынада. Қан жауғыр,* баланың қай жылағаны есте тұратын еді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ойында жоқ нәрсені ойға салып, Баламды бір, *қан жауғыр,* қылған алаң (Қозы Көрпеш.).

Қан жауса да. *Қандай қауіп-қатер төнсе де. Қан жаусада,* қажуды білмейтін ғажап жігіт еді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Нан жауғыр. *Молшылық болсын деген мағынадағы зілсіз қарғыс.* Ай, кемпір, о, *нан жауғыр,* неғып жатсың, Қараштай келді ғой (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

Нұр жаусын. а л ғ. *Көсегең көгерсін, бақытты бол.* – Қызым, жолың болсын, қадамыңа *нұр жаусын,* бағыңа байлау болмайын (Ә.Қалмырзаев, Ар). – Ой, рахмет! *Нұр жаусын* сіздерге, – деді де, қуана-қуана жөніне кетті (Б.Тоқтаров, Тауда.).

Рақмет жаусын. *Алғысқа, ілтипатқа ие бол деген мағынада.* Ән иелеріне «*рақмет жаусын ды*» айтпаған жан болмаған шығар (Б.Тәжібаев, Қара торғай).

ЖАУАП[1] [ар. جواب] з а т. **1.** *Біреудің сұрағына берілетін уәж, қайтарылатын сөз.* Сіздейін жаздым *жауап* білгішіме, Не түрлі жазған сөзің кірді ішіме Сырымды жалғыз саған білдіремін, Айтпаған мұнан бұрын бір кісіге (М.Дулатов, Шығ.). Жырлай берсем, жырым көп, Көзімнен жауын жауады. Айта берсем, мұңым көп, Ойласам, есім ауады, Жалған *жауап* айтпаған, ісің еді-ау анық тым (Ә.Найманбаев, Шығ.). Менің берген *жауабым*: – Жүдедім, шеше, күйіктен, Келемін қаңғып жарысып, Даланы кезген киікпен (О.Шипин, Дастан.). Өксіп өткен адамдай ұрпағы жоқ. Кілең «жоққа» мылқаудай тіл

де шолақ, Не беретін *ж а у а б ы*, сылтауы жоқ (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** а у ы с. *Қарсы әрекет; еруліге қарулы.* – Морозовты білемін Атағы оның ардақты. Тап жауына қарсы боп, Берген іспен *ж а у а п т ы* (О.Шипин, Дастан.). Бұған *ж а у а п* ретінде патша үкіметі жасақ үстіне жасақ шығарды (І.Есенберлин, Қаһар). Бұл оның Зере мінезіне орай істеген туысқандық *ж а у а б ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **3.** а у ы *с. Тергеу, сот.* Абайды қалаға *ж а у а п қ а* шақыртып барып, абақтыға салғызды (М.Әуезов, Шығ.). Қайтар емес бетінен, Тұрса да ажал көрініп. Әли келді *ж а у а п қ а* Екі көзі қызарып. Екі жағы суалған, Сақал, шашы ұзарып (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Тауға ұқсатқан кезіміз бар адамды, Сенім көлін боз тұман орап алды. Біздің сәби жанымыз тұңғыш рет Әділетсіз *ж а у а п т а н* жараланды (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Ж а у а п қ а* кірді, Ұлан түсі кеткен, Әзер тұр, әлсіреген, күші кеткен (Қ.Жармағамбетов, Баллада.). **4.** м а т. <ағыл. response> *Есептің қорытындысы, нәтижесі. Ж а у а б ы* қиын есеп секілді. Мұның қызық екен, балам. Ал есебіңнің *ж а у а б ы* қалай (К.Тоқаев, Түнде.). Айша қанша ойланса да, жорамалдаса да, *ж а у а б ы н* шеше алмаған (К.Жүнісов, От пен күл).

Әзір жауап кісі. ж е р г. *Тіл мен жағына сүйенген кісі туралы айтылады.* ≈ *Ә з і р ж а у а п к і с і* екен (Ауызекі).

Жауап алды. а) *Қойылған сұрақтың шешуін білді.* Оқушы бірінші амалды орындап болған, мұғалім оған мынадай сұрақтар қойып, *ж а у а п а л д ы* («Халық мұғ.»). ә) *Қылмысын анықтау үшін айыпкерге сұрақтар қойып тексерді.* Медеубайдан болыстық милиция келіп *ж а у а п а л ы п* кетті деп еді, оның не болғаны да белгісіз (Б.Майлин, Шығ.). Жасырын хабарға қарағанда, Қасымбектен полиция адамдары *ж а у а п а л а* бастаған (К.Оразалин, Абай.).

Жауап берді. а) *Сұрауына түсінік берді, жауап қайтарды.* Мәкен жаңағы ұлық сұрауына салмақты *ж а у а п б е р д і* (М.Әуезов, Абай). Сондықтан газеттің, осы хат басылған нөмірлерін жоғарғы сұрауларға *ж а у а п б е р е р-а қ* деген елдегі адамдарға жіберсеңіздер екен (М.Дулатов, Шығ.). Осы тойдан құр қалсам, Енді маған той қайда-ай?! Тездеп *ж а у а п б е р с е ң ш і*, Таяқты жонып ойланбай. Ішім күйіп барады, Ақылыңды айт, қиналмай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сырлассаң бара қалып үңгірлермен, Күмбездей *ж а у а п б е р і п* күңгірлеген. Солардың адамизат жаралғалы, Аттарын әлі қойып үлгірмеген (С.Мәуленов, Алыс кет.). ә) *Жауапкер болды, жауапкершілікті міндетіне алды.* Шкипр мүлікке *ж а у а п б е р с е,* капитан бәріне жауапты (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Бір қора сиырға осы кісі *ж а у а п б е р е д і* (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). – Жолдастар, енді әркім өз жұмысына мемлекет алдында *ж а у а п б е р е д і* (М.Дүзенов, Әке.). б) *Жазасын тартты, айыпталды, жазаланды.* Сені сабағаны үшін ол заң алдында *ж а у а п б е р е д і* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

Жауап жүктетілді. ж е р г. *Шара қолданылды.* Күләшхандарға тиісті *ж а у а п ж ү к т е т і л д і* (Қаз. тілі. диалек. сөзд.).

Жауап қағыстырды. ж е р г. *Сөз жарыстырды, сөз таластырды.* Тілдімен *ж а у а п қ а ғ ы с т ы р м а* (Қаз. тілі. диалек. сөзд.).

Жауап қайырды [қайтарды, қатты]. *Сөзге, сұраққа жауап берді.* Әзіл айтқан құрбыға Түнеріп *ж а у а п қ а т п а й д ы.* Күнде қайрап қылышын, Сүңгісін безеп саптайды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ызаланған кекті қойшы Ешбір *ж а у а п қ а т а* алмайды. Жат өлкеде, хан қызына Қол қатуға бата алмайды (О.Шипин, Дастан.). Үлкен нұрлы көзі үйреншікті ащы мысқыл отымен жана түсіп, лезде *ж а у а п қ а т т ы* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Таласқан аспанменен шың-құздары Күлімдеп күн мен айға *ж а у а п қ а т қ а н.* Батырдай сауыт киген, қалқан ұстап, Күндіз-түн ұйықтамай халқын баққан (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жауапқа тартты [тартылды]. *Істеген қылмысына, ісіне орай айыптады, жазалады.* Егер ол жағдайды олар дұрыстап пайдалана алмаса, сонда ғана барып шопандарды *ж а у а п қ а т а р т қ а н* әділ (М.Дүзенов, Ақәже). Ақырында Жанұзақ қылмыс жасап, *ж а у а п қ а т а р т ы л д ы* («Қазақст. мект.»). Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелерін өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық *ж а у а п қ а т а р т у ғ а* болмайды (ҚР Конституциясы).

Жауап қошмады. ж е р г. *Жауап бермеді, жауап қатпады.* Ол қанша сұрасақ та *ж а у а п қ о ш м а д ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жауап қылды [етті]. *Жауап берді.* Желден басқа мінбеген, Мойнына құрық тимеген, Соны ғана бергін деп, Солай *ж а у а п қ ы л а д ы* (Жамбыл, Шығ.). Кім берді, бұл жігерлі, болат күшті, Дұшпанға оқпен атып *ж а у а п е т к е н?* (Ақын жырлары).

Жауап тапты. *Уәжді сөз қайтарды.* Тосыннан төре жарлық қылған соң, Бұл Шерің *ж а у а п т а п п а й* сасып қалды (Шернияз ақын, Шығ.).

Шығарып салма жауап. *Алдаусыратып айта салған әңгіме, жүрдім-бардым айтыла салған сөз.* Дегенмен, бітіреміз ғой, – деді Жарықбасов. Бірақ ол қалай бітіретінін айта алмайды. Біз оның жай әншейін *шығарып салма жауап* екенін білдік («Лен. жас»).

ЖАУАП[2] з а т. ж е р г. ***Рұқсат.*** Ал, балам, маған енді *жауап* па? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Директордан *жауап* сұрап Ташаузға бармалымын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУАПКЕР з а т. **1.** *Міндетіне алған, бір істің нәтижесіне жауап беретін адам.* Жаңа заман мәселесін кең түрде келелі кеңес қылсаң, шығарманың идеясы биік, көркемдігі тамаша болып, сапалы шығуына *жауапкер* екенімізді ұғамыз (F.Мүсірепов, Суреткер.). Жігітек қазір *жауапкер* ел, сондықтан өзгенің аңысын аңдау, ең үлкен тәсіл болмаққа керек (М.Әуезов, Шығ.). Ұрындым деп тіршілік кесіріне, Кір келтірме біреудің есіміне. Салмағы ауыр өмірдің сауалы көп, *Жауапкері* өзіңсің шешіміне (К.Салықов, Жезкиік). Бұл жағдайға Көкшетау жағынан былтыр күзде ауысып, сол мектепке келген жолдасы жалғыз Асайын ғана *жауапкер* емес сияқты (С.Омаров, Өмір.). **2.** з а ң. *Сот алдында жауап беруге тиісті, жазықты, қылмысты адам, айыпкер.* Акарда *жауапкер* разы болса тағайынлы болуб бұзұлмай дұр. Акарда разы болмаса екі жұмға арасында алған билік айтқан бике қайтадан қарыз дұр (Қарамола съезінде жасалмыш ереже). Қылмыстыны іздеу жоқ, сұраушы, төлеуші ғана бар. Екеуінің қақы бірдей: бірі талапкер деп аталады, екіншісі *жауапкер* деп аталады (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Айтыс әдебиетінің бір түрі ретінде әртүрлі даулы істі шешу үстіндегі билердің сөзін және талапкер мен *жауапкердің* сөз қайтару үлгілерін атап өтуге болады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Алдыңызда – мен. Мені енді *жауапкер* есебінде тыңдаңыз (Д.Әбілев, Арман.). – Бар әңгімені жаңа есіттің, Ғимади мырза. Мені *жауапкер* есебінде шақыртыпты (F.Сланов, Асау арна). Шоқанның айтуынша, «әкемнің ісіне мен *жауапкер* емеспін, менің оған көрсеткенім – жақсылық қана» (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАУАПКЕРДЕЙ с ы н. *Жауапкер адамдай.* Бұл да қоса *жауапкердей* сезінді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖАУАПКЕРЛІК з а т. *Белгілі бір нәрсеге жауапты болушылық, міндетіне алушылық.* Шолпанның алған заттарын жақсылап жайғастырып, бұдан былайғы *жауапкерлікті* Оспанға салып, өз қолдарымен аттандырды (А.Хангелдин, Қараторғай). Қарауыз Ділдәбек ол дүние *жауапкерлігіне* айылын жимады (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар).

ЖАУАПКЕРСІЗДІК з а т. *Жауапты болмау, жауапкершілікті міндетіне алмаушылық.* Адамға ат қоюға бұлай *жауапкерсіздікпен* қарауды қалай түсінуге болады («Қаз. әдеб.»).

ЖАУАПКЕРШІЛІК з а т. **1.** *Белгілі бір іске жауаптылық, міндеттілік.* Сот үкімет адамы болғандықтан, *жауапкершілікті* сезініп, әдейі шындықты айтып тұрмын (З.Шашкин, Сенім). Қазақ ұлты демократия ісін сақтап қалу және оны нығайту жолындағы *жауапкершілік* жүгін, өзінің осы жолдағы миссиясын сезіне білсе, ұлтшылдық пен либерализмнің өзара ұштасуы дегеніміз де осы («Жас Алаш»). Қазақ ұлты елде жүріп жатқан демократиялық өзгерістердің табысқа жетуі өз қолдарында екенін және сол жолда мойындарында саяси *жауапкершілік* жүгі бар екенін сезіне білуі керек («Жас Алаш»). Коллектив өмірі балаларды борыш, *жауапкершілікке,* ар-ұят сезімдерінің қалыптасуына жақсы әсер етеді (К.Жарықбаев, Психология). **2.** п е д. *Өмірге, іс-әрекетке ар-ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі; қабылданған нормалар мен ережелерді орындауы тұрғысынан субъектінің іс-әрекетіне әртүрлі нысанда жүзеге асырылатын бақылау.* Тұлғаның қоғам алдындағы *жауапкершілігі* қоғамдық қажеттілікті білдіретін моральдық принциптер мен құқықтық нормаларды саналы түрде сақтаумен сипатталады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Жауапкершілік* тұлғаның сипаты ретінде бірлескен іс-әрекет процесінде әлеуметтік құндылықтардың, нормалар мен ережелердің интериоризациялануы нәтижесінде қалыптасады (Қаз. тілі термин. Педагогика). Бірлескен іс-әрекеттегі табыс не сәтсіздік үшін *жауапкершілік* алуға топтық даму деңгейінің елеулі ықпалы болады (Қаз. тілі термин. Педагогика). **3.** *Өз әрекеті нәтижесінің алдына қойылған мақсаттарына, қоғам немесе ұжым қабылдаған нормаларға сәйкестігін тұлғаның өзінің түсіне білу қабілеті.*

Жауапкершілігі артты. *Белгілі бір іске жауапты, міндетті болуды күшейтеді.* Ғани енді өз *жауапкершілігінің арта* түскенін жақсы түсінді (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Енді оған жүктелген *жауапкершілік,* сенім бұрынғыдан да *арттты* (Ә.Әлішев, Батыр.). «Адам баласы мәдениетінің жоғарғы сатысы!» деген сөздер жазушыға, өнер қайраткерлеріне қандай *жауапкершілік артатынын* тереңдей ойлануға тиістіміз (F.Мүсірепов, Суреткер.). Комиссия отырысында қабылданған шешімде қалалар мен аудандардың әкімдіктерінің жасөспірімдер

арасында қылмысты көріністерді болдырмаудың нақты шараларын жасау жөнінде *жауапкершілікті арттыру* қажеттілігі атап көрсетілді («Жас Алаш»).

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік. *Жауапкершілігі шектелген шағын кәсіпорындар.* Ұлан ауданында жаңа бірнеше диірмен, Азова ауылында наубайхана, «Шығыс-сүт» *жауапкершілігі шектеулі серіктестігі* Үржарда сүт зауыттарын іске қосты («Егемен Қазақстан»).

Жауапкершілік аймағы. ә с к. **1.** *Белгіленген ауданда ұрыс қимылдарын жүргізу, әскери объектілердің құрылысы мен оларды пайдалану, сонымен қатар жергілікті тұрғындардың қозғалысына бақылау жасаудың әскери басшылыққа міндеттелген ауданы;* **2.** *Жою көзделген қарсылас объектісінің орналасу аумағының бір бөлігі.*

Жауапкершілікпен қарайды. *Белгілі бір іске ұқыпты, жауапты болды.* Ол бәріне де мемлекеттік *жауапкершілікпен қарайды* (Р.Сейсенбаев, Өмір).

ЖАУАПНАМА з а т. *Жауап жазылған қағаз, хат арқылы жауап.* Кешікпей ол патшаға бұл хат жетті. Жазылған мына сөзден зәре кетті. Бейылаж бұл да жазып *жауапнама,* Адамды хат келтірген ізет қылды (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖАУАПСЫЗ[1] с ы н. **1.** *Жауабы жоқ, жауап қайтарылмаған; үн-түнсіз, тым-тырыс. Жауапсыз,* байлаусыз қобалжуда (М.Әуезов, Абай жолы). Ол ұялып, *жауапсыз* ыржиысады (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Көп нәрсеге үйренбеген жетеміз, Күйгелекпіз, *Жауапсызбыз* өте біз. Асыққаннан төте тартып кеңсеге, Сквердің Гүлді таптап өтеміз! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Тіпті бірін-бірі ұмытып кеткендей, сұрақ, *жауапсыз,* тым-тырыс (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **2.** *Жауабы қиын, жауабы табылмайтын.* Ол бойын билеп бара жатқан *жауапсыз* түйсіктің тізгінін босатып қоя берді (Т.Әбдіков, Күзгі.). Романды оқып отырып тағы бір қиын *жауапсыз* сұрауларға килігесің (Е.Исмайылов, Сын.).

Жауапсыз қалды [қалдырды]. *Жауап берілмеді, жауап қайтарылмады.* Солардың ішіндегі ең ауыры – *жауапсыз қалған* махаббат екен (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Алғаш рет «әжеме қандай жақсылық істесем екен?» деген ой келеді маған. Бірақ бұл сұрақ *жауапсыз қалды* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Оның бұл сауалын мен *жауапсыз қалдырып* едім (С.Омаров, Өмір.). Бас инженердің айтқан ұсынысын сол бойы *жауапсыз қалдырды* (Д.Исабеков, Мазасыз күн.).

Жауапсыз тастады [тастамады]. *Жауап бермеді, жауап қайтармады.* Сөзін *жауапсыз тастады м* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Александр Иванович олардың бір де біреуін *жауапсыз тастамайды* (С.Байжанов, Сыр.).

ЖАУАПСЫЗ[2] ү с т. *Немқұрайды, қалай болса солай.* Жаппар ақын өз өлеңдерін осындай ұйқассыз, *жауапсыз* жазбас еді (С.Мәуленов, Үркер.). Қырмызыға соңғы дәрігердің *жауапсыз* айтқан тұжырымы оқтай тиді, көңілін қалдырды («Қаз. әдеб.»).

Жауапсыз қарады. *Іске салқын, немқұрайды қарады.* Менің тағдырыма тіпті сен *жауапсыз қарайтын* болып алдың (Ж.Жұмақанов, Махабб.). Өз міндетіне *жауапсыз қарайтын* жазушыларды, уақытын жиналыспен өткізетін құрғақ сөзуарларды сықақтап, ажуалайды (Д.Еркінбеков, Шығ.).

ЖАУАПСЫЗДАУ с ы н. *Немқұрайдылау, жүрдім-бардым.* Ат қоюға келгенде біздің қазекең *де жауапсыздау* ма деп қаламын (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАУАПСЫЗДЫҚ з а т. *Іске салқын, немқұрайды қараушылық.* Көптеген совхоздарда әлі *жауапсыздық* күшті (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Бұл салада ең алдымен асыра сілтеу кезінен қалған тоқмойындық пен *жауапсыздыққа* қарсы күресіп, қызмет басындағы кейбір үлкендердің қиянатын әшкерелегеніміз де болды (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Уәкіл болып барғандағы *жауапсыздығы* үшін, мен Серімбековке қатаң сөгіс жариялауды талап етемін (Б.Тілегенов, Уақыт).

Жауапсыздықпен қарады. *Немқұрайдылық етті, мән бермеді.* – Ең алдымен өткен жылы колхоз МТС, совхоз басшылары қар тоқтату, көктем суын бөгеу ісіне *жауапсыздықпен қарады* (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

ЖАУАПТА= е т. **1.** *Жауап алу, тергеу, тексеру.* Ұзақ уақыт *жауаптап,* партизандардың қайда тұратындығын айтқызға алмағанына ызаланған жау офицері бұларды ұрып-соғып жәбірлей бастаған (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). Атқан адам өз жөнімен кетті, оны *жауаптаған* да, жазықтаған да адам жоқ (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). **2.** *Жауапқа тарту, айыптау, соттау.* Көзі аларған конвойшы келді де, тұтқынды алдына сап, жоғарыдағы *жауаптайтын* бөлмеге алып кетті (Н.Әбуталиев, Қайран, Нарын).

ЖАУАПТАН= е т. ж е р г. *Міндеттену, жауап беретін болу.* ≈ Ол үшін *жауаптанған* адаммын.

ЖАУАПТАНУ *Жауаптан етістігінің қимыл атауы.* Осында педагогика оқулықтарына *жауаптанған* адам (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУАПТАНУШЫ з а т. ж е р г. *Міндетіне алушы.* Мұны *ж а у а п т а н у ш ы* М.Оңалқан деген азамат екен (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУАПТАРЛЫҚ з а т. с ө й л. *Жауаптау, тергеу ісімен айналысу.* Ал, мына стол басында отырған ақ халатты қағілез жан өзін *ж а у а п т а р л ы қ т а н* бір сәт те арылтып көрген емес («Қаз. әдеб.»).

ЖАУАПТАС= е т. *Сөйлесу, тілдесу, жауап қатысу.* Ысқақ адвокат келе жалбаңдап, начальникке *ж а у а п т а с ы п* ала жөнелді (І.Жансүгіров, Шығ.). Айтыс кезінде қарсыластар кезекпен суырып алып, бір-біріне *ж а у а п т а с а д ы* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ту астынан бұлар да *ж а у а п т а с т ы* (Ғ.Сланов, Замана.). – Қайдан білейік! – Мұндай сұмдық ойымызға келіп пе? – деп Сұбханберді ғана *ж а у а п т а с қ а н* болды (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАУАПТАСУ *Жауаптас етістігінің қимыл атауы.* Бұл бір-бір ауыздан қайтарылып отыратын, шапшаң *ж а у а п т а с у* үлгісі (М.Әуезов, Әр жыл.). Осы аз күн ішінде Оязбен менің *ж а у а п т а с у ы м* мүмкін (М.Әуезов, Абай). Орысшалап көп сөз айтты, Нұрлан кейбірін ұқты, кейбірін ұқпады, *ж а у а п т а с у ғ а* тіл құрғыры жетпеді (О.Бөкеев, Ән салады.).

ЖАУАПТАСУШЫ з а т. *Сөйлесуші, тілдесуші (адам).* ≈ Ол сотқа *ж а у а п т а с у ш ы* болып қатысты.

ЖАУАПТАУ *Жауапта етістігінің қимыл атауы.* Қазірде ол өз сөзіне қарсы *ж а у а п т а у д ы* балалықпен қарағандай еді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сол азаматымыздың жайын білуге адам жіберіп едім, «қамап, *ж а у а п т а у* үшін Қызылүйге асырып жіберіпті» деген бүгін тіл алдым (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖАУАПТЫ с ы н. **1.** *Міндетті, борышты; жауап беретін (адам).* Шаруашылықтың бар саласына ол тікелей *ж а у а п т ы* (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Сәлмен осыған өзі *ж а у а п т ы* адамдай қиналып, бір түрлі уайымдап, көңілі көншімей, күйреп отыр (Б.Тілегенов, Аққайнар.). Көркем шығармалар сапасының төмендеуіне, әлбетте, алдымен әдебиет сыны *ж а у а п т ы* (Е.Ысмайылов, Сын.). Айына 300 доллар төлейік, ұқыпты, *ж а у а п т ы* адамбыз, бізге жалға беріңіз («Жас Алаш»). **2.** *Айыпты, кінәлі.* Неге, кімнің алдында *ж а у а п т ы м ы н,* оны аңғара алмаймын (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Сәлімгерейдің өліміне екеуі бірдей *ж а у а п т ы* (М.Гумеров, Хазірет.). Егер бұзу фактілері болса, онда *ж а у а п т ы* адамдарды жергілікті совет, заң орындары арқылы жауапқа тартқызуға шара қолдану керек (Ш.Қалықов, Қой. ауру.). **3**. а у ы с. *Негізгі, басты, маңызды.* Бүгінгі тапсырма бәрінен де *ж а у а п т ы,* өте маңызды тапсырма (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Сол ретте Шайқараға сондай үлкен *ж а у а п т ы* жұмыс тапсырылған (І.Жансүгіров, Шығ.). Табиғи жайылымды жақсартудағы ең *ж а у а п т ы* іс – шөп тұқымын себу емес, сол жерлерді мал жаюдан бірінші жылы аман сақтау (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.).

Жауапты болады. а) *Міндетіне алады, жауап береді.* Дарқан жылқыға *ж а у а п т ы б о л а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Кінәлі болады, айып тартады.* Хасен мырза *ж а у а п т ы б о л ы п,* жер ауып, үш жылдай елде болмады (С.Бегалин, Замана.). Параны алушыдан бұрын берушінің өзі *ж а у а п т ы б о л а д ы* (З.Иманбаев, Солма. гүл.). Күндізгі мектептегілер оқуды тастап кетсе, олардың ата-аналары заң алдында *ж а у а п т ы б о л а д ы* («Халық мұғ.»).

Жауапты етті. *Міндеттеді, борышты етті.* Әрбір қосқа белгіленген, *Ж а у а п т ы е т і п* қылған шеген (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жауапты жұмыс. *Маңызды іс.* Бұған *ж а у а п т ы ж ұ м ы с* жүктеледі, дұрыс атқаруға керек (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ).

Жауапты кезекші. *Жауап беретін, басты, негізгі кезекші.* Госпитальда күніне *ж а у а п т ы к е з е к ш і* тағайындау әдетке айналған-ды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Жауапты кезең. *Маңызды кез, уақыт.* Біздің атамыздың балалары үшін бұл ең *ж а у а п т ы к е з е ң* (М.Дүзенов, Ақәже). Бұлар тарихтың аса *ж а у а п т ы к е з е ң і н д е* ер жетті (С.Омаров, Серпін).

Жауапты қарады. *Неге болса да мән бере қарады, жауапкершілікпен атқарды.* – Шырағым, Қаржауов, әр сөзге ақылды адам *ж а у а п т ы қ а р а й д ы* (Х.Есенжанов, Тар кезең). Тапсырмаларға *ж а у а п т ы қ а р а й д ы,* басқаларға көмек көрсеткісі келіп тұрады («Халық мұғ.»). Дәрігерлер өз семьясының саулығына қатаң да *ж а у а п т ы қ а р а й т ы н ы н* әкесі біле ме? (З.Шашкин, Сенім.).

Жауапты қызмет. *Маңызды жұмыс, маңызды кәсіп.* Қазір ол Алматыда – республикалық мекемелердің бірінде *ж а у а п т ы қ ы з м е т т е* (З.Қабдолов, Сыр.). *Ж а у а п т ы қ ы з м е т* атқаруға батыл ұсынса да, кейде іштей күдіктене жүретін-ді (А.Байтанаев, Қансонар).

Жауапты қызметкер. *Бір істі атқару міндеттелген адам.* Қасымда ауданның *ж а у а п т ы қ ы з м е т к е р і* бар еді, ол кісі қолқалап тартқызды (Ж.Еділбаев, Сын.).

Жауапты міндет. *Маңызды тапсырма, маңызды жұмыс.* Ғылым академиясында үлкен, *ж а у а п т ы м і н д е т т і* атқара жүріп, театр тағдырын әрқашан ойлаушы еді (Қ.Бадыров,

Өткендер). Бұл *жауапты міндетті* алдағы жерде қатты қолға алған жөн (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Жауапты нұсқаушы. т а р. *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын қадағалап, жөн сілтеп отыратын партия адамы.* Бір айға Жасыбай басында демалысқа келген обкомның *жауапты нұсқаушысы* сол жолы өзінің бойдақ екенін білдіріп те алған (З.Шашкин, Сенім).

Жауапты орындаушы. с ө й л. *Жауапты қызметкер.* Егер осы тапсырманы мінсіз атқарса, бұл баланы *жауапты орындаушы* етіп көтеруіңізге болады, – деді орысшалап (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Жауапты редактор. *Басылымның баспадан редакцияланып шығу міндеті жүктелген редактор.* Ол қазір Петропавлда шығатын «Ленин туы» газетінің *жауапты редакторы* (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жауапты редакциялау. и н ф. *Хабарламаның формасына тиісті редакциялық символдарды үстемелеу арқылы файлдағы жазу формасынан мәліметтердің элементтерін түрлендіру.*

Жауапты секретарь. а) *Үйымның не белгілі бір мекеменің күнделікті жұмысын атқарушы бірінші басшы.* Менің келгеніме, өз байқауымша, бәрінен бұрын *жауапты секретарь,* өзіміз қатарлы қара домалақ жігіт қатты қуанғанға ұқсайды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жолдас Мұратбайұлы Ғани үш жыл Түркістан Орталық Комитетінде *жауапты секретарь* болып отырды (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). ә) *Редакцияның күнделікті іс-қағаздарын жүргізуші қызметкер.* Мен ол кезде «Бостандық туы» газетінің *жауапты секретары* едім (С.Мұқанов, Өсу жол.). Дайындаған материалдарының тең жарымынан артығы не редактордың, не оның орынбасарының, немесе *жауапты секретарьдың* алдынан қайтып жататын (М.Мағауин, Ақша қар).

Жауапты хатшы. *Жауапты, жауапты іс жүргізуші.* «Еңбекші қазақ» газетінің *жауапты хатшысы* Сәбит Мұқанов болды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Ол Алматыда, Лепсі және Жаркент уездерінде уездік партия комитетінің *жауапты хатшысы* болды (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

Жауапты іс. *Маңызды жұмыс.* Жас қыз өзіне осыншама *жауапты іс* жүктелетінін күтпегендіктен бе, не дерін білмей, ойланып қалды («Қазақст. әйелдері»).

ЖАУАПТЫЛЫҚ з а т. **1.** *Іске жауап берушілік, жауапты болушылық, міндеттілік.* Өзінің постыдағы *жауаптылығын* сезді ме, әлде атысқа бойы үйренді ме, бір көтеріліп қалып еді (К.Тоқаев, Көмескі із). Коллектив мүшелері рангасына қарамай, әркім *жауаптылық* сана-сезіммен өзінің орнын тапты (Е.Оразақов, Дәрігер.). **2.** а у ы с. *Мәнділік, маңыздылық.* Бүгін ертемен полковник келіп еді, оған жайымызды айттық. Алда тұрған міндеттің *жауаптылығын* түсіндірдік (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Жауаптылықпен қарады. *Өз ісін саналы түрде тиянақты істеді, мән бере атқарды.* Біздің алдыңғы қатарлы адамдарымыз еңбекке *жауаптылықпен қарауды*ң тамаша үлгісін көрсетіп келеді (Ғ.Ақмамбетов, Дүниеге көзқ.). Оқушылар өз міндеттеріне мейлінше *жауаптылықпен қарауға* дағдыланды («Халық мұғ.»).

ЖАУАПШЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жауапкершілік.*** Бұл үйренген ауызға жеңіл болғанмен, *жауапшылығы* үлкен шаруа («Лен. жас»).

ЖАУБАСАР с ы н. *Ұрысқа, қиянға шығар саңлақ.* Аудармашы өз жанынан қайдағы жоқты шығарып, ақын Абайды *жаубасар* батыр етіп қояды («Қаз. әдеб.»).

Жаубасар жүйрік. *Сайысқа сай тұлпар.* Ер азаматтары *жаубасар жүйріктерін*ің ер-тоқымын алмай, түнде қос маңайында оттатып отыр (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАУБҮЙРЕК з а т. э т н. т а м а қ. *Жаңа сойылған малдың, аңның бүйрегінен, етінен қуырып пісірілген ұлттық тағам.* Құнанбайдың қымызбен қоса жейтін *жаубүйрек* деген тамағы еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сауыт киіп сайланған екі батыр, *Жаубүйрек* пісірісіп, ет жеп жатыр (И.Байзақов, Құралай.). Дастарқан үстіне құрт пен ірімшік аралас төгілді де, төртбес кішкене табақпен *жаубүйрек* қойылды (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

ЖАУБҮЙРЕКТЕЙ с ы н. *Жаубүйрек тәрізді.* Жауының алып апшысын, *жаубүйректей* қуырды (Жамбыл, Шығ.).

ЖАУГЕР[1] с ы н. **1.** *Батыл, ержүрек, қайтпайтын.* Жалғыз-ақ қатты тауда дыбысталад, Шақырған *жаугер* қазақ бірін-бірі (І.Жансүгіров, Шығ.). Мен туғанда жерден алған көтеріп, *Жаугер* әкем ту көтерген қолымен (Р.Ниязбеков, Келер күн.). Қыпшақтардың *жаугер,* өлермен екенін біліп қалған (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Айбатты, қажырлы; жауынгер.* Жастайымнан *жаугердің* киімін кигізген (Д.Досжанов, Тұлпар.). Қыпшақтардың еркек-әйелі түгелдей жақсы *жаугер* еді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Атқа бай елдің шатаққа жоғын көргенде, *жаугер* елдің баласы қапа болмай, қалай тұрмақ? («Қаз. әдеб.»).

ЖАУГЕР[2] з а т. з о о л. *Үндіқытайда таралған балық түрі.* Таиландта *ж а у г е р* балықтарды кәдімгідей төбелестіріп, қызықтайды (Қ.Қайымов, Суасты.). Ұрыншақ, төбелескіш болғандықтан, бұ балық *ж а у г е р* деп аталған (Қ.Қайымов, Суасты.). *Ж а у г е р* тіршілік ететін суқоймасы батпақты, лас және оттегі жеткіліксіз болып келеді (Қ.Қайымов, Суасты.).

Жаугер сәнке. з а т. з о о л. *Дене тұрқы 6-8 см, Үндіқытайда таралған балық. Ж а у г е р с ә н қ е н і* көбейту үшін аквариумдағы судың температурасы 26^{0}С, кермектігі 21-25 dH, қышқылдығы 7,2-7,4 pH болуы керек (Қ.Қайымов, Суасты.). Аквариумға 10 л суға 1-2 шай қасық ас тұзын салып, температурасын 22-24^{0}С етіп алса, *ж а у г е р с ә н қ е* жақсы өседі (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖАУГЕРЛІК з а т. **1.** *Батылдық, ержүректік.* Түрлерінде *ж а у г е р л і к,* толық сенім бар (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** а у ы с. *Араздық, өштік, қастық.* Екеуінің арасындағы *ж а у г е р л і к т і ң* екінші себебі жұмыртқадай аппақ, қызыл ерін, оймақ ауыз, алтын шашты, теңіздің суындай ашық көгілдір көзді Ольга еді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖАУГЕРШІ з а т. *Жауынгер; батыр, ер.* Осы қалпында ол ертедегі парсы *ж а у г е р ш і л е р і н і ң* батырлығы мен ержүректілігін ойға сап, паш етіп тұрғандай көрінетін («Лен. жас»).

ЖАУГЕРШІЛІК з а т. *Ұрыс, соғыс, шабуыл, жорық.* Жайықбай сол үйдің есігіне *ж а у г е р ш і л і к к е* келген қалмақ күніне үйленеді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Найзаның сағасынан ұстаған күйде қалғып кеткен *ж а у г е р ш і л і к т е г і* батырлар секілді (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Гүл теріп жүрген қырық қыз түріктердің *ж а у г е р ш і л і к* әрекетінен қашып, Балқан тауына келіп паналайды (Н.Әбуталиев, Сахара.).

Жаугершілік заман. *Ұрыс, соғыс, жорық болған кез. Ж а у г е р ш і л і к з а м а н ы н д а* ер азамат ерте есейіп, ат жалын ерте тартып мінеді дейтін (Қ.Исабаев, Қарабала). Кәрі ойран-айбалтаның өзін көрді, *З а м а н н ы ң ж а у г е р ш і л і к* кезін көрді (Т.Әлімқұлов, Бозжорға).

Жаугершілік замандай. *Ұрыс, соғыс, жорық уақытындай.* Ат байланды белдеуге *Ж а у г е р ш і л і к з а м а н д а й,* Азамат сеңдей соғысты, Барарға жөн таба алмай (О.Шипин, Дастан.).

Жаугершілік кезде. *Ұрыс, соғыс, жорық уақытында.* Осындай *ж а у г е р ш і л і к к е з д е* жайық-беріш руының батырлары Құлмәлінің түрікпеннен қолға түсіріп әкелген екен (Қ.Жұмалиев, Егеулі.). Ертедегі *ж а у г е р ш і л і к к е з д е* көшпелі елде әйел де еркекпен бірдей ат үстінен түспеген (Ж.Арыстанов, Сұңқар).

Жаугершілік соғыс. *Шапқыншылық, сұрапыл соғысы.* Елінде қатты *ж а у г е р ш і л і к с о ғ ы с* болып, баланың мал-жаны таланып, өзі қашып шығыпты (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Өткен ғасырлар неше түрлі жорықтарға, *ж а у г е р ш і л і к с о ғ ы с т а р ғ а* толы (С.Ысқақов, Табиғат). Мұның негізгі себебі римдіктердің ұзаққа созылған *ж а у г е р ш і л і к с о ғ ы с т а р ы н ы ң* салдары еді (А.Көбесов, Математика.).

Жаугершілікті бастан өткерді [өткізді]. *Шапқыншылықты, сұрапыл соғысты көрді.* Талай *ж а у г е р ш і л і к т і б а с т а н ө т к е р г е н* мерген тез жиналды (Қ.Сәрсекеев, Қараша.). Күмбез зират шоғыры алыстан бейне *ж а у г е р ш і л і к т і б а с ы н а н ө т к і з і п,* қаңырап бос қалған ауыл тәрізді (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖАУҒЫЗ= е т. **1.** *Жаудыру.* Атлантика лебінен, Еділге ауа ауғызып, Қазақстан жеріне, Құямыз жаңбыр *ж а у ғ ы з ы п* (Т.Жароков, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Қаптату, үймелету.* Көбінесе Сәметке тісі қайраулы дейді. Оған мың түрлі пәле *ж а у ғ ы з ы п т ы* (С.Омаров, Қайырлы.). Қалаға қаһарынан қар *ж а у ғ ы з ы п,* Қайтпай тұр әзірінше ақтың десі (Д.Еркінбеков, Шығ.). Оқтан жаңбыр *ж а у ғ ы з ы п* Болат қанжар сермеген. Түре қуып дұшпанды Саржұлдыздай өрлеген (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

ЖАУҒЫР: **қан жауғыр.** *Қан жаусын мағынасындағы зілсіз қарғыс. Қ а н ж а у ғ ы р,* баланың қай жылағаны есте тұратын еді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖАУҒЫРЛАП: **нан жауғырлап**. *Молшылық болсын мағынасындағы зілсіз тілек. Н а н ж а у ғ ы р л а п,* үлкен үйге бастады (Д.Досжанов, Табалдырығын.).

ЖАУҒЫШ с ы н. а у ы с. *Жауа бергіш.* Бүркітті, тағы келдім мен өзіңе, Таңғалдым нөсер *ж а у ғ ы ш* мінезіңе (Х.Талғаров, Шыңда.).

Жәдігөй жауғыш атанды. *Қазымырланды, жексұрын болды.* Сарыарқаға келген соң, төрт аяқты жорғасың. *Ж ә д і г ө й ж а у ғ ы ш а т а н ы п,* Осынша жиған мүліктен, Не көреді қу басың (Шортанбай ақын, Өлең.).

ЖАУДАЙ с ы н. *Жау сияқты; дұшпандай, қастай.* О, Барақ жас, Барақ жас! Жегенге тоқ, ішсең мас. Жақсы болса ұлығы Өз елін *ж а у д а й* таламас (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жөнсіз сынаған, *Ж а у д а й* сыбаған Талай туыста Кетті сыбағам. Емес арызым, Беру — парызым. Талай суайтта Кетті қарызым! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). «Дәл саналы *ж а у д а й* ұмтылуын-ай» деді күбірлеп таңданған Нұрлан көзін алмай (З.Шашкин, Сенім). Ертең анау Баймұрзасы, Жалмұрза, Есмұрзасы аяғынан тік көтеріліп, *ж а у д а й* шауып алмай ма? (С.Жүнісов, Ақан сері).

Ата жаудай. *Ежелгі дұшпандай.* Камалға ұдайы қарсы қойып тәрбиелесе, өзі де сонымен бірге оған *а т а ж а у д а й* боп қалыптасты ғой (Ш.Шалқаров, Серіккөл).

Жаудай жағаласты. *Арпалысты, бой бермей тайталасты. Ж а у д а й ж а ғ а л а с ы п* мұның не? Не деген сотқар баласың? (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Жаудай жапырды. *Апырып-жапырып істеді, ту-талақайын шығарды.* Бүгін ол әдетінше «Сегіз сай» бойынан қос өгіз жеккен қосылкамен көк бидайықты *ж а у д а й ж а п ы р д ы* (Б.Тәжібаев, Қараторғай).

Жаудай көрді. *Қас санады, дұшпан деп білді.* Мұны *ж а у д а й к ө р і п,* бүгелектей қадалып отырғаны да сол (Ш.Құмарова, Қос шынар). Аямай ең болмаса сол жақсысын, Неліктен *ж а у д а й к ө р і п* берді азап? (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

Жаудай талады. *Дұшпанша талан-таражға салды.* Жақсы болса ұлығың, өз елін *ж а у д а й т а л а м а с* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жаудай тиді. *Ойсыратты, жапырды.* Жапырып, *ж а у д а й т и і п,* ойсыратып барады (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ол рас, кем тазалық кейбір үйдің, Басынып тамағына *ж а у д а й т и д і ң* (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Гүлі ұқсас алқызыл бір еріндерге, Көз сүзем кербез белең, керім белге, Көк пішен, ала бас гүл, шұбар шөптің Жүзіне *ж а у д а й т и і п* жел үргенде (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Оттай орақшы, жаудай қарақшы. *Сұрқия, зұлым.* ≈ *О т т а й о р а қ ш ы, ж а у д а й қ а р а қ ш ы* адам.

ЖАУДЫР= е т. **1.** *Жауғызу (жаңбыр, қар).* Үйіріп келіп *ж а у д ы р д ы ң,* Қаңсыған шөлге жаңбырды (Қ.Аманжолов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Үсті-үстіне төпелету, қаптату, көбейту.* Жігіттер, өкінсеңдер әнімді аңсап, Армандай еске түсер менің даңқым. Сөздерді інжу-маржан ақтарғанда, Нөсердей сорғалатып *ж а у д ы р а т ы н* (Ә.Найманбаев, Шығ.). – Әй, тоқта, тоқта! – Ақан кабинаның төбесінен жұдырық *ж а у д ы р д ы* (З.Шашкин, Өмір.). Кәрі мен жас ұстасып жағаларын, Жамырайды, білмейді не боларын. – Кеш, аруақ, – деп, – тентекті, – жалынады. *Ж а у д ы р а д ы* иманын, тобаларын (М.Мақатаев, Шығ.).

Алғыс жаудырды. *Үсті-үстіне рақмет айтты.* Алғыстан *а л ғ ы с ж а у д ы р ы п,* өзінің басынан ұшқан бағы қайта қонғандай қуанышын ақтара келді (С.Бегалин, Замана). Үй іші жамырай *а л ғ ы с ж а у д ы р ы п,* орындарынан баяу қозғалып, тарай бастады (Ғ.Қайырбеков, Жел.). Аяққа киіп аламыз, *Ж а у д ы р ы п а л ғ ы с* ағаға. Айнымай ұқсап қаламыз Детдомның балаларына (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Арыз жаудырды. *Арызды көбейтті.* Әбден сайланып біткен соң жұрты тұрады да, сайлаған адамға разы болмай, *а р а з д ы* үсті-үстіне *ж а у д ы р а* бастайды («ТУГ»).

Басына алтын жаудырды. *Жақсылық жасады, үйіп-төкті.* Өзгенің істегені миына қонбаса не өз жолын дұрыс деп санаса, *б а с ы н а н а л т ы н ж а у д ы р ы п* қойсаң да, өз айтқанынан қайтпайды (І.Есенберлин, Алтын құс).

Қабағынан қар жаудырды. *Қаһарланды, қатты ашуланды.* Сонан соң *қ а р ж а у д ы р а қ а б а ғ ы м д ы,* Кеттім мен өрлігіммен бала күнгі. Асқар тау арманымды биіктетті, Жасыл көл аймалады жанарымды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Қара аспанды жаудырды. *Қай-қайдағы пәлені айтты, жоқ бәлені төндірді.* Әлі ырғалып-жырғалып, түк бітірмепсіңдер ғой, – деп, Бақтыбай *қ а р а а с п а н д ы ж а у д ы р а* жөнелді (С.Жүнісов, Ақан сері). Құрымбай *қ а р а а с п а н д ы ж а у д ы р ы п,* қанша шүйілігіп отырса да, Зағипа оған иланып күйініп, күңірене қоймады (М.Хасенов, Тұлпар.).

Қара шаңырақтан қан жаудырды. *Әлегін аспаннан шығарды, екі аяғын бір етікке тықты.* Бұл қылығы құлағына тисе, *қ а р а ш а ң ы р а қ т а н қ а н ж а у д ы р а д ы* ол (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Оқ жаудырды. *Үсті-үстіне төпеп оқ атты.* Биіктеу дөңде жау жатқан, Біз тұрдық бері – төменде. Таң ата біздер жан-жақтан *Ж а у д ы р д ы қ о қ т ы* сол өрге (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қуғыншылар да жан-жақтан қамап, *о қ ж а у д ы р а* бастады (С.Балғабаев, Шөл).

Рақмет [ризашылық] жаудырды. *Үсті-үстіне рақмет айтты.* Бәтимаға қосыла Нұрпейіс пен Асан да Алексейге *р а қ м е т ж а у д ы р д ы* (А.Хангелдин, Ғани.). Кейіннен *р и з а ш ы л ы ғ ы м ы з д ы ж а у д ы р ы п* жатырмыз (С.Сейтхазин, Хадиша).

Сұрақ жаудырды. *Сауалды көбейтті.* Қайта Найзабастың өзін сөйлетіп қояйын деп іштен қуанып, *с ұ р а қ т ы* бірден *ж а у д ы р д ы м* (С.Бақбергенов, Мен сізді.). Шешем *с ұ р а қ т ы ж а у д ы р а* жатып, еті қашқан алақанымен маңдайымнан сипап қояды (Ж.Өмірбеков, Тастүйін). Көңілі жібіп, ол да аймалап сүйіп жатыр бетімнен, Содан кейін *с ұ р а қ т а р д ы ж а у д ы р д ы м* мен шетінен. – Ауыл қалай, астық қалай, мал жайлаудан қайтты ма? Нұргүл апам бақуат па, маған сәлем айтты ма? (М.Шаханов,

Ғасырлар.). Дәрігерге *с ұ р а ғ ы м д ы ж а у д ы р а,* – Мұрат қайда?– дедім толқып. – Алып кетті аулына (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖАУДЫР с ы н. *Мөлдіреген, тұнық, таза (аспан, қарашық).* Тамылжиды тынық түн, Мөлдірейді *ж а у д ы р* көк (І.Мәмбетов, Табантал). Айжан жаныма отырды да, *ж а у д ы р* қарашықтарын ұзын кірпіктерімен жауып, көкірек тереңінен күрсінді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Жаудыр [қара] көз. *Жайнаған, әдемі, үлкен, тұнық, мөлдір көз.* Қара көз, бота көз, тана көз, *ж а у д ы р к ө з,* күлім көз, құралай көз деп аталатын барша сұлу көздер жаутаңдағандай болды (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Желмен шашын тарайды, Қызғалдақтар желбіреп. Жасқанып шық қарайды, *Ж а у д ы р к ө з і* мөлдіреп (С.Мәуленов, Алыс кет.). Үлбіреген ақшыл беті сәл қызара бөртіп, *ж а у д ы р қ а р а к ө з д е р і н е н* қуаныштың қаншама сәулесі, ұшқындары ататын («Қаз. әдеб.»).

ЖАУДЫРА= е т. **1.** *Бейкүнә қарау, мөлдіреу.* Не керек, екеуі бетімнен сүйіп, төрт көздері *ж а у д ы р а п* қоя берді. Өкірген отарбаға мініп, мен кете бердім... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Керіліп кер маралдай көзі күліп, Жұмбағын жүрегімнің өзі біліп, *Ж а у д ы р а п* қоштасарда қараушы еді Жаныма көктем нұрын сезіндіріп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бала жатыр төсекте албыраған, Әке жатыр еденде қалжыраған. Түн күзетіп ана отыр, қос жанары Шарасыздан шаршаған, *ж а у д ы р а ғ а н.* Түні мынау – тамыздың маужыраған, Тауың анау – шымылдық салбыраған (М.Мақатаев, Шығ.). Көз алдымызда алақандай *ж а у д ы р а ғ а н* көздер көп (М.Әуезов, Индия очерк.). **2.** *Жалт-жұлт ету, жайнау, жарқырау.* Мөлдіреп, *ж а у д ы р а п* ағып жатқан көк қасқа бұрақ су анау (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ұсталмаған шыны-аяқтардың өзі шкафта *ж а у д ы р а п* тұр (А.Жақсыбаев, Менің дос.). **3.** а у ы с. *Жаутаңдау, жалтақтау, қия алмау.* Ақша бет ауырғанда албырарсың, Қара көз жан берерде *ж а у д ы р а р с ы ң.* Қаламға атша шапқан он саусағым, Астында қара жердің саудырарсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). Азғана киімін жиыстырып алды да, қазан жанында бір түрлі қимастықпен көздері *ж а у д ы р а п* тұрған балаларға бұрылды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Енді аса жылы рақат мекені, анадай ыстық сағыныш мекені *ж а у д ы р а п* артта қалып барады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). *Ж а у д ы р а п,* жаным, көзің сал, Ақ таста тұрған елеске. Жамалың – жаһұт, сөзің – бал, Нәресте кезің емес пе?! (М.Мақатаев, Шығ.).

Екі көзі жаудырап. *Көздері мөлдіреп, жаутаңдап.* Екі беті албырап, *е к і к ө з і ж а у д ы р а п,* күлкісі сылдырап, кигені саудырап, қарашы, мұғалімнің бауырына кіріп кеткендей боп отырғанын (І.Жансүгіров, Шығ.). Екі оттың ортасында аласұрған елік тәрізді; тостағандай *е к і к ө з і ж а у д ы р а п,* әлдекімге жалбарынғандай болады (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Көзі [көздері] жаудырады. *Көзі (көздері) мөлдіреп жаутаңдады. К ө з д е р і ж а у д ы р а п,* бұлар кеткен жаққа әлі қадала қарайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сол күні меңгерушінің қабылдау бөлмесінде ақ маңдайы жарқырап, мұңды *к ө з і ж а у д ы р а п* осы Гүлжаһан отыр (Ж.Өмірбеков, Қызыл.). – Күт, – дедім мен батылданып, – Күтемін, – деп қалды маған. Кеудеме бір от ұрланып, Түсті *к ө з д е н ж а у д ы р а ғ а н* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖАУДЫРАТ= е т. **1.** *Мөлдірету.* Жемісті *ж а у д ы р а т ы п* қатар тастап, Сөйлеп тұр әр алуан өнер бастап. Ханыша көріп тұрып қатты ұялды, Болған соң бәрін түгел бетке баспақ (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Жаутаңдату, мөлиту (жылату), аянышты күйде қалдыру.* Бастады аға-жеңгем бір жұмысты, Самсымен тамыр бол деп көрдей қысты. Көзімді *ж а у д ы р а т ы п* малға сатпақ, Көрем деп ойлап па едім мұндай істі? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Біреу емес, төрт баласын тірі жетім етіп, көзін *ж а у д ы р а т ы п* тастап кеткен мұндайларды қалай әке деп айтарсыз (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Мен елімнің ерте түстім көзіне, Секемшілдер сенді менің сөзіме. Біреулерге жар таңдаттым жырыммен, Біреулерді *ж а у д ы р а т т ы м* өзіме (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАУДЫРАТУ *Жаудырат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзін *ж а у д ы р а т у.*

ЖАУДЫРАУ *Жаудыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екі көзі *ж а у д ы р а у м е н* отырды.

ЖАУДЫРМА с ы н. *Жауып кеткен, үсті-үстіне қойылған (сұрақ).* Жүгірмектердің *ж а у д ы р м а* сұрақтарына: – Жоқ! – деп бір-ақ ауыз сөзбен сыздана жауап қаттым (Ө.Қанахин, Жер бас.). Түн түгелдей совхоз активтерінің арасында қазақтың *ж а у д ы р м а* сұрақтарымен, жөппелдем жауаптарымен өтіп жатты («Қаз. әдеб.»).

ЖАУДЫРМАЛА= е т. *Үсті-үстіне төпелеу, жаудыру.* Алдар «рақметті» *ж а у д ы р м а л а п,* күліп қала берді (Әдеби. хрестом.).

ЖАУДЫРМАЛАТ= е т. *Үсті-үстіне төпелету, қаптату.* Ұзақ жылдар көрмеген танысындай, Франкты жылы сөзбен *ж а у д ы р м а л а т ы п* жатыр (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖАУДЫРМАЛАТУ *Жаудырмалат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а у д ы р м а л а т у м е н* болды.

ЖАУДЫРМАЛАУ *Жаудырмала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сұрақты *жаудырмалау.*

ЖАУДЫРТ= е т. **1.** *Қаптату.* – Полк қайда? Штаб қайда? – деген сияқты сұрауларды *жаудыртып* жатырмыз (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Осы жерде отырғандардың бәрі қызықтап, Алмаға тұс-тұстан сұрақты *жаудырта* бастады (Қ.Исабаев, Соңғы.). **2.** а у ы с. *Жаутаңдату.* Ержан жүзіне шын мейіріммен *жаудырта* қарап, кенет сонысына қысылып та қалып, көзін қайта тайдырып әкетті (З.Шүкіров, Ізгілік).

ЖАУДЫРТУ *Жаудырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сұрақты *жаудыртуға* кірісті.

ЖАУДЫРУ *Жаудыр етістігінің қимыл атауы.* Қарамағымыздағы зеңбіректердің оғын Мұқаң тілеген жаққа *жаудыру* әрекетін істедім (Б.Момышұлы, Офицер.). Бәрі де қарғыс, лағнет сөздерін әлдекімге аямай *жаудыруда* (Р.Тоқтаров, Терістік.). Тәлім іштей Гүлбануға риза болып, алғыс *жаудыруда* (А.Байтанаев, Қансонар).

ЖАУДЫРЫЛ= е т. *Қаптатылу, үстемелетілу.* Менің үстімнен ұлықтарға арыздар да *жаудырылып* жатты (С.Көбеев, Орынд. арман).

ЖАУДЫРЫЛУ *Жаудырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖАУДЫРЫС= е т. *Қаптатысу, жаудырмалатысу.* Ауылда қалған ұя бөріктер, шалкемпірлер жабырлап Итемгенге сұрауды *жаудырысты* (Ғ.Мүсірепов, Тула. толқын.). Жиыла елі келіп Тасболатқа «Қайырлы болсындарын!» *жаудырысты* (С.Торайғыров, Шығ.). Тымақтарының бауын тас қып байлап, көздеріне баса киіп алған шопандар біріне-бірі әмірін *жаудырысты* (Ғ.Сланов, Шалқар).

ЖАУДЫРЫСУ *Жаудырыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алғыс *жаудырысу.*

ЖАУ-ЖАҒАЛАС з а т. *Алыс-жұлыс, тартыс.* Самарқау дүниеде елден алабөтен жаңғыз өзі *жау-жағаласпен* жүрген есер біреу болғаны ма (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖАУ-ЖАЛАМ ү с т. **1.** *Қарбалас, аласапыран.* Қарбалас, *жау-жалам* сәттерде өз адамдарының да сойылдарының бір-біріне оқыс тиіп жатқаны аз емес-ті (К.Оразалин, Көктем.). **2.** *Лезде, әп-сәтте.* Мен жаудың *жау-жалам-ға* жеткізбей тізеден қағып екеуін түсірдім («Қаз. әдеб.»).

ЖАУЖАНДЫ с ы н. *Жанжалқұмар, жауласқыш, соғысқұмар.* Осының бәрі болыста әлі де болсын *жаужанды* адамдардың барын айта ма, қалай? (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Қатын алма төреден, Қатын алсаң төреден, Еркегі болар *жаужанды.* Ұрғашысы ер жанды (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЖАУЖАПЫРАҚ з а т. ө с. *Таулы жерде өсетін, беті жып-жылтыр, үлкен жапырақты өсімдік. Жаужапырақ,* жалбызды, Көкемарал, сағызды Көкпекті мен баялыш Арық малға таяныш (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бақырдан үлкен *жаужапырақтың* үстіне төгілген, жидіп піскен балықтар желініп болды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мыңтамыр, жуа, рауаш, *жаужапырақ,* қаңжыға, қоға, сасық, аққой болып, Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ (І.Жансүгіров, Шығ.). Мен сұлу, мен сұлу деп қарсы алады, Мына бір қызыл гүлдер қызынақсып, Ана бір *жаужапырақ* қол соғады (М.Мақатаев, Дариға.).

ЖАУ-ЖАРАҚ з а т. к ө н е. *Қару-жарақ.* Бәрі де ат үстінде *жау-жарақ-қа* қол қойыпты (М.Әуезов, Қилы заман). Қалған жоқ әлі қаламым, Жүрсе де белде *жау-жарақ* (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.). *Жау-жарағын* асынып, азығына алпыс құлын алып, жетім баланың әке-шешесін іздеуге кетеді (Қаз. ертег.).

Жау-жарағын сайлады. *Қару-сайманын дайындады.* Орманшы ағаш кесе алмас, Ақ балтаны қайрамай. Жорыққа батыр аттанбас, *Жау-жарағын сайламай* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАУ-ЖАТ з а т. *Дұшпан.* Қаймығар айбынынан *жау-жаттарың,* Болғаны қандай жақсы саңлақтардың (К.Сегізбаев, Бір қалада.).

ЖАУ-ЖОРЫҚ з а т. *Жаугершілік; жорық, аттаныс.* Аттарын есіктің көзіне іле салып, *жау-жорық* салтымен үйге екі-екіден кіріп, он жігіт әдегенше қой сорпасына езген құрт сіміріп, қос қолдап ет асап шықты (Х.Есенжанов, Тар кезең). *Жау-жорық,* айқай-аттан, түні түтін, Болмады ұлан жаздай ірге бүтін (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖАУЖҮРЕК с ы н. *Өжет, батыл, жүректі. Жаужүрек,* қыран көзді арыстаным, Жан қиып халық үшін қарысқаның. Қатардан қазақ сорлы қалдырмасқа Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның (М.Дулатов, Шығ.). Сөйтіп, ұсақтап келіп, *жаужүрек* батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тамаша батыр, ғажап *жаужүрек,* ұсынғаны қате кетпейтін жалғыз Кейкінің өзі қайда қазір? (М.Жұмағұлов, Қыран.). Ағыбайдың сондай *жаужүрек* батырлығын ол мақтаныш ететін (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАУЖҮРЕК з а т. ж е р г. ***Жаубүйрек.*** Олар *ж а у ж ү р е к* жасап жемек (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЖҮРЕКТІК зат. *Әжеттік, батылдық, ерлік.* Осы *ж а у ж ү р е к т і г і м н і ң* қадірін кейін ұқтым ғой, ағайын! (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Қырғыз батырлары мен қазақ батырларының айқастары жайындағы өлеңдер мен әңгімелерде қырғыз батырларының ерлігі мен *ж а у ж ү р е к т і г і* дәріптеледі (ҚазССР тарихы). Ақын бұл поэмасында да қауіптен жасқанбайтын *ж а у ж ү р е к т і л і к т і,* жүрегін бұлт баспайтын мөлдір махаббатты жырлайды (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖАУЖҰМЫР[1] з а т. *Жалбыршақ қарын мен көкбауыр.* Жалбыршақ, көкбауырдың бәрін *«ж а у ж ұ м ы р»* деп атайды (С.Жүнісов, Ақан сері). Жаман болса *ж а у ж ұ м ы р д ы* ит жер ме (Қаз. мақал.).

ЖАУЖҰМЫР[2] з а т. т а м а қ. *Ұлттық тағам; тұгелдей өз қарнына салынып, көміп пісірілген қой еті. Ж а у ж ұ м ы р* кейде жаубүйрек деп те аталады. Ертеректе *ж а у ж ұ м ы р д ы* жол азығы ретінде пайдаланған. Қазақстанның кейбір аймақтарында жаубүйрек, майтүймеш, жолқазан деп те атайды (Қаз. тілі термин. Тамақ). *Ж а у ж ұ м ы р д ы* қойдың етін сүйегінен ажыратып, құйрық май, өкпе-бауырмен бірге турап, оған тұз, бұрыш, лавр жапырағын, аскөк, сәбіз, кейде бөлек қайнатып алған күріш, тары қосып, мейлінше баптап, су қоспай жасайды (Қаз. тілі термин. Тамақ). *Ж а у ж ұ м ы р* ет көмілетін жер (жерошақ) қазылып, мал сойылғанша қыздырыла береді. Жерошақ әбден қызып болғанда қоламтаның ортасын шұңқырлап, теріге немесе қарынға салынған етті көмеді де, топырақпен жауып, содан кейін үстіне от жағады (Қаз. тілі термин. Тамақ).

ЖАУЖҰМЫР[3] з а т. ө с. <л а т. ferula dshaudshamur> *Шөл, шөлейт өңірлерде өсетін, шатыршағылділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж а у ж ұ м ы р* мен жауқазын, Түбін бала көп қаздың. Қаракей мен мұнанақ Басына малды көп жайғын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Аз күн шыдасаң, құмнан *ж а у ж ұ м ы р* әкелемін, – деді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Біз сол Майкөт жырлаған Аса мен Таластың жағасында, сексеуілдің арасында құмның *ж а у ж ұ м ы р ы н*, таудың жуасын жеп өстік («Қаз. әдеб.»).

ЖАУЗА з а т. ж е р г. *Зауза; мамыр айының ескіше аты* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). ≈ *Ж а у з а* айы.

ЖАУКЕМДЕ= е т. *Бір нәрсені апырып-жапырып істеу, тез тындыру.* Зонин кеңкілдей күліп: – Сен оны қалай *ж а у к е м д е д і ң?* – деп сұрады (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Әне біреулер бағлан қозыны ортаға ап *ж а у к е м д е п* жатыр (О.Сәрсенбаев, Сағым). Шал бір тоқтыны лезде алып ұрып *ж а у к е м д е п* тастады (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖАУКЕҢДЕ= е т. ***Жаукемде***. Біз Іңкәрбала екеуміз танкілерді *ж а у к е ң д е п* көрелік (М.Ғабдуллин, Менің дос.).

ЖАУКӨБЕЛЕК з а т. з о о л. *Ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиян келтіретін көбелек.* Мұнда егін үшін бір апат – *ж а у к ө б е л е к* екен («Қаз. әдеб.»). Торғайлар отрядына жататын бізтұмсық шөже, қорғаныш реңі бар *ж а у к ө б е л е к* жұлдызқұрттарын өздері қимылдамайынша шоқымайтыны байқалған (Жалпы биология).

ЖАУКӨЗДІК з а т. *Дұшпандық.* Сол үшін Ақжігітпен сырттай *ж а у к ө з д і к к е* барғанына жаны күйзелді (М.Құмарбеков, Асау.).

ЖАУҚАБАҚ з а т. *Өштес, қайырымсыз. Ж а у қ а б а қ,* көнек басы ойға құмар, Ұшы аппақ құйрығының мойнағы бар (І.Қажытай, Топжарған).

ЖАУҚАЗЫН[1] з а т. ө с. <лат. crocus> **1.** *Лалагүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктердің туысы.* **2.** *Ерте көктемде, қар кетісімен шығатын қыр гүлі.* Өзіміздің үйдің жанындағы төбешіктің етегінде қылтиып-қылтиып *ж а у қ а з ы н* өсіп тұрған сияқты (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Қайтқан ерге соғыстан Төсек қандай, Жар қандай! Жүректерде тоғысқан *Ж а у қ а з ы н* гүл жарғандай (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** а у ы с. *Жасөспірім, балғын, балауса, жас жеткіншек.* Жаңа шыққан *ж а у қ а з ы н* піспей жатып жоқ болды. Шам-шырақтай жас жаның, жанбай жатып шоқ болды. Есіл, ерке балалық, аяққа құйған астайын, шолтаң етті, тоқталды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жанып тұрған жас өмір – алқызыл гүл, Сипаттауға қызығын жетпейді тіл. *Ж а у қ а з ы н* желбіреген – жастық шағың, Өмірдің мағынасын түсіне біл! (Ә.Найманбаев, Шығ.). Киім сай, тамақ дайын – бәрі алдында. Мейірінен атаананың нәр алдым да, Жайқалып жас *ж а у қ а з ы н* өсе бердім, Ол күннің қысқа екенін біле алдым ба? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Даламнан саған әкелдім, *Ж а у қ а з ы н* жанның таң гүлін (А.Нысаналин, Көзайым). Әскербек көзін жыпылықтатып, *ж а у қ а з ы н* бетін қарға тосты (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Жас жауқазын сарымсақтай. *Бұл жерде ақын уыз жас жауқазынға теңеп отыр.* Келіншек – *ж а с ж а у қ а з ы н с а р ы м с а қ т а й,* Қыздар да пісіп отыр қауыншақтай Ақ тамақ, алма

бетті арулар жүр, Қыдыртқан бақалшылар сабыншақтай (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жауқазын бәйшешегі. *Жауқазын гүлі.* Қазақстанда бәйшешектің екі түрі өседі. Олар Корольков және *жауқазын бәйшешегі* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Жауқазын гүлдей. *Жауқазын гүліндей.* Жабылған кең желеуіш сықылданып, сол алапта бәрі де *жауқазын гүлдей* он бес мың отаушатыр құрылған (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖАУҚАЗЫН[2] з а т. қ о л ө н е р. *Жауқазын өсімдігінің гүлі тәріздес ою-өрнек.* «Жапырақ», «жармағүл», «*ж а у қ а з ы н*», «жетігүл», «жұлдызгүл», «үшкұлақ», «шытырман» деп аталатын өрнектер де өсімдік тектес бейнелерді тұспалдайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖАУҚАЗЫНДАЙ с ы н. *Балғын, жап-жас, балауса. Ж а у қ а з ы н д а й* үлбіреген он бес жастағы Қамар өмірдің өткелдерін терең сезінеді (С.Хайдаров, Азамат.). *Ж а у қ а з ы н д а й* жалғыз қызын шалға беріп, тірідей солдырмақ па! (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Айғанымның өзі де қыр гүлі – *ж а у қ а з ы н д а й* нәзік өскен бала ғой (Т.Қойшыманов, Қоңырат).

Аршыған жауқазындай. *Аппақ, кіршіксіз.* Есет Эриканың *а р ш ы ғ а н ж а у қ а з ы н д а й* аппақ бетіне жиі қарап, көз ала алмай қалды (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). *А р ш ы ғ а н ж а у қ а з ы н д а й* кіршіксіз ақ маңдайы, әжімсіз, жұп-жұмыр мойны, үлбіреген торғын тамақ қыз ажарын онан әрі арайлап түр, – дейді ол (Ө.Қанахин, Дәмелі).

ЖАУҚАЗЫНДЫ с ы н. *Жауқазын өскен, жауқазыны көп.* Үстінде *ж а у қ а з ы н д ы* жасыл белдің, Дауысын тұршы тыңдап мал мен төлдің (Ә.Оңалбаев, Өсиет).

ЖАУҚАН с ы н. *Өсіп-толған, жетілген.* Жайлаудың *ж а у қ а н* шағы еді («Лен. жас»).

ЖАУҚАРЫН з а т. ө с. *Жауқазын тәріздес өсімдік.* Мамырдың екінші жартысынан бастап, *ж а у қ а р ы н,* ақ гүлді теруге мүмкіншілік туады (Қаз. ауылшаруаш.).

ЖАУҚАСЫН з а т. с ө й л. ***Жауқазын***. Қызғалдақ, *ж а у қ а с ы н,* сарғалдақ, бәйшешек дегендер қызыл, сары, көкшіл түстермен құлпырып жайнайды (М.Әуезов, Абай). Толқын жолдың екі қапталында да тұнып тұрған қызғалдақ, сарғалдақ, *ж а у қ а с ы н,* құртқашаш, қалампыр гүлдерін қуана аралап, емін-еркін кешіп келеді (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЖАУҚАСЫНДАЙ с ы н. ***Жауқазындай***. Аршыдың абыройымды *ж а у қ а с ы н д а й,* Жүрсің бе сөйледім деп сөзді жарты-ақ (Айтыс). *Ж а у қ а с ы н д а й* жас қызға миллион сом берсең де көп емес, Шәмун әке (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЖАУҚИЯҚ з а т. ө с. <лат. carex inflata> *Тік, тұзу сабақты, төселмелі ұзын тамыры бар, көпжылдық шөптесін өсімдік.* Бұл тоқалтіс бидайық, қоңырбас, беде, арпабас, көде, *ж а у қ и я қ,* жоңышқа сияқты өсімдіктердің тамырсабағын, түйнегін қорек етеді (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.). Тау іші көгалды өзектердің мысыққұйрығы мен *ж а у қ и я ғ ы н ы ң,* беткейлердегі балауса мен алғидың жас иістеріне толы (Т.Сағымбаев, Кездесу). Шымкент облысының жағдайында изен, сары жоңышқа, жатаған, бидайық, арпабас, құмқияқ, *ж а у қ и я қ,* тарланқияқ, теріскен, селеу тағы басқа шөптер егуге болады («Лен. жас»).

ЖАУҚЫН с ы н. ж е р г. к ө н е. *Үлкен.* ≈ *Ж а у қ ы н* үй.

ЖАУЛА[1]= е т. **1.** *Елді, жерді басып алу, дүние-мүлікті талау, тонау.* Бірімізді-біріміз аңдып, *ж а у л а п,* ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз (Абай, Тол. жин.). Өртенген арты, от алды, Арада екі жыл өтті. Қаумалап, қамап Отанды *Ж а у л а м а қ* енді жүректі (М.Мақатаев, Шығ.). Сұлу еді-ау шайырдың өңдісі, оңды, Жауһар жырмен *ж а у л а й т ы н* сол кісі елді. Тіл маржанын тереңнен сүзіп алып, Театрда шашатын оңды-солды (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **2.** а у ы с. *Еркін билеу, жүрегін, ойын бағындыру.* Сонда көрерсің, қара көз сұлуыңның иілген қасы, төгілген шашы, қарақаттай мөлдір көзі жаныңды қалай *ж а у л а й т ы н ы н!* (Д.Әбілев, Арман.). Сендерсіңдер қызықтырған көздерді, Сендерсіңдер жүректерді *ж а у л а ғ а н* (С.Асанов, Алматым.). Көңілім тұрғанымен өрден түспей, Жастық шақ өте шықты-ау көрген түстей. Зауладық алға қарай отарбадай, *Ж а у л а д ы қ* жар жүрегін бұла күштей (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жаулап алды. а) *Басып алды, өзіне бағындырды.* «Ұлыбритания» аталып жүрген Англияны алсақ, оның *ж а у л а п а л ғ а н* жерінің мөлшері Россиядан әлдеқайда кең (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Оларды да Гитлер *ж а у л а п а л д ы* ғой (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Ұлы ханым, Әділдік пе мұныңыз? Өле өлгенше боп өтейін құлыңыз, Отырарды Мен қол ұшын бермесем, Оңай *ж а у л а п а л а р* ма еді ұлыңыз? (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жер бетін *ж а у л а п а л ғ а н* сәттерде гүл, Аймақты аспанымен ап кел де бұл. Көпіршігін тұтамын дәптерге бір, Сан соғып, соқпас үшін әттеңге құр (Ж.Жұматаев, Ләйлә). ә) *Көп жерге тарады, жайылды; басып қалды.* Естілмей үні бар маңда Құстар да естен танған-ды, Ұқсайды *ж а у л а п а л ғ а н ғ а,* Жас төлдер мына жалғанды (М.Мақатаев, Шығ.). Бірақ кейінгі ғасырларда Қаратау мен Сыр бойын құм *ж а у л а п а л ы п*

келеді (Д.Досжанов, Зауал). Әлде бұл әуелденақ қала ма екен, Кейіннен орман келіп *жаулап алған?!* (Қ.Мырзалиев, Ақ отау).

Жаулап алушы. ә с к. *Бір елді немесе оның бір аумағын жаулап алу мақсатымен соғыс жүргізуші.* ≈ *Жаулап алушы* мемлекет.

ЖАУЛА[2] с ы н. ж е р г. *Тыныққ.* Бүгін теңіз *жаула* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЛАН[1]= е т. *Жаулап алыну, зорлықпен бағындырылу.* Бірақ *жаулаған* елдің халқы әділеттік соғыс ашып, өз Отанын азат еткен (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖАУЛАН[2]= е т. ж е р г. *Қатулану, буырқану, бұрсану.* Шошып кеткен Қарабас: «Мынау не оттап тұр?» – дегендей болысқа жалтақтап еді, Жақыманның бейнесі *жаулана* түскен төріздеңді (К.Оразалин, Көктем.). *Жаулаңып* батыр Қозы келе жатса, Алдынан сұлу Баян кез келеді (Қозы Көрпеш.). Қамбар орнына отырған кезде тіпті қатуланып, *жаулаңып* кетті (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖАУЛАНДЫР= е т. *Қатуландыру, буырқандыру.* Құртқамен қоштасқан сөзінде өзін-өзі қайраттандырып, *жаулаңдырып* шын батырдың тасқындаған ірі сөзімен жауап қайырады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Ол онша қорқынышты емес, борсық тектес аң ғой, кісіден жаман қорқады, – деп Зарқұмар жай сөз ғып, жолдастарының жүрегін *жауландыра,* отты лаулата жақты (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАУЛАНДЫРУ *Жауландыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖАУЛАНУ *Жаулан етістігінің қимыл атауы.*

ЖАУЛАРУ= е т. ж е р г. *Тыну, тыныштану (теңіз).* Теңіз *жаларып* жатқанда балықтар арқасын күнге тосып, су бетінде жүреді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЛАС= е т. **1.** *Соғысу, ұрысу, айқасу.* XVIII ғасырдың басында Швед елімен Ұлы Петр *жаласып,* осы күнгі Ленинград салынған екен ғой (С.Мұқанов, Шығ.). Абылай мен Кіші жүздің ханы Әбілхайыр *жаласа* береді (С.Мұқанов, Менің мектеп.). **2.** *Қастасу, өштесу, араздасу.* 1890 жылға дейін тыныштық болып, кейін дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, *жаласа* бастайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Күйдік, жандық, сүйіндік, Талай жолда адастық, Шашырадық, жиылдық, Достастық та, *жаластық.* Жеңілдік пен қиындық Өтті бастан алмасып, Отырмыз енді иіліп, Көнсадақтай шаң басып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ел сені ешқіммен орынсыз дауласпайтын, *жаласпайтын,* басын ауыртып арақ ішпейтін ғажап жігіт деп мақтайды (С.Омаров, Өмір). Бір әйелге бола кейде ел менен ел *жаласып,* Жер жастанған боздақтар (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ех! Бір заман орнайды бұл өмірде, *Жаласпайды* адамдар, таласпайды. Шек орнатқан адамның жүрегіне Шекаралар болмайды, алыстайды (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАУЛАСТЫР= е т. *Ұрыстыру, соғыстыру, шайқастыру.* Ерегіскен батырдың Ел үшін кетер кәлдесі. «Елдестірмек – елшіден, *Жаластырмақ* – жаушыдан». Мен бір келген қонақпын Үрім менен Қырымға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Дүңгендер мен ұйғырларды да үнемі *жаластырып* ұстау саясатын қолданып, бұл екі халық та сан ғасырлар бойына қандаса қырқысқан (С.Мұқанов, Алып. адым.). Осындай ерлік кесіммен шешілмес Наурызбай мен Байтабын арасындағы жағдай екі елді *жаластырар* қанды жанжалға айналып кететінін түсінген батырлар ара түсіп ештеңе демеді (І.Есенберлин, Қаһар). Ел мен елді, халық пенен халықты *Жаластырған* сол әзәзіл қауіпті. Күндестік деп аталатын бір мыстан Күлге аунатты... Әзәзілді тауыпты (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАУЛАСТЫРУ е т. *Жауластыр етістігінің қимыл атауы.* – «*Жаластыру* жаушыдан, елдестіру елшіден» деп атаң қазақ айтқандай, ара ағайын екі жағына да адал сөзімізді айтып, достық білдіргелі келдік, – деді Қожекең (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ел ішіне өрт салып *жаластыру* – бұл шаңыраққа жат мінез (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Ондағысы жатақ пен жылқышылардың арасын, әрине, жақындастыру емес, қайта *жаластыру,* бір-бірімен өшіктіру (А.Хангелдин, Ғани.).

ЖАУЛАСУ *Жаулас етістігінің қимыл атауы.* Есім ханның заманында қазақтың қалмақ елімен *жаласуы* күшейеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Таласушы жақтар еш нәрседен тайынатын емес, *жаласуға,* дауласуға да дайын (А.Жұбанов, Замана.). Қалмақтан жеңіліп «ақтабан шұбырындыға» тап болған елдің бөтендермен *жаласуға* күші көп келмейтін болды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Көп жылдан бері екеуінің аралары суысып барып, соңы ашық *жаласумен* тынған жоқ па? (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖАУЛАСУШЫ з а т. *Соғысушы, өштесуші, қастасушы.* «Ер Тарғын» операсының драматургиялық желісі *жаласушы* екі күштің арасындағы қақтығыстар арқылы дамиды («Қаз. әдеб.»). Жүзтайлақ енді бір жерде өзімен *жаласушы* топқа сендердің ішіңде «тыңшым» бар дейді (Ғ.Мұстафин, Ой әуен.).

ЖАУЛАСУШЫЛЫҚ з а т. *Өзара шапқыншылық.* Ертерек кезде қазақ пен түрікпендердің арасында әртүрлі себептермен *жаласу-*

ш ы л ы қ т а р болып отырады (Қ.Жұмалиев, Егеулі.).

ЖАУЛАТ= е т. *Талаттыру, тонаттыру, иемдендіру.* Жүрегімді *ж а у л а т а р* ма ем сен сұмға, Ұсынар ма ем жұлдызымды, гүлімді (Д.Әбілев, Алтай.).

ЖАУЛАУ *Жаула етістігінің қимыл атауы.* Бір мың екі жүз жетінші жылы монғолдар Енисей өзенінің жоғарғы жағы мен Селенгі өзенінің солтүстік тұсын жайлаған ұсақ елдерді *ж а у л а у ғ а* кірісті (І.Есенберлин, Алмас.). Шыңғыс жержүзін *ж а у л а у* үшін қалаларды өртеп, қылышынан қан тамызды (Т.Шаханов, Көгілдір.). Орта Азияны *ж а у л а у ғ а* әзірленген арабтар әуелі саяхатшы түрінде тыңшыларын жіберді (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

ЖАУЛАУШЫ з а т. *Елді, жерді басып алушы, дүние-мүлікті талаушы, тонаушы.* Ислам діні Оңтүстік Қазақстанға VIII ғасырда-ақ ене бастады. Араб *ж а у л а у ш ы л а р ы* өздерінің дінін қару күшімен енгізді (ҚазССР тарихы). Қазір *ж а у л а у ш ы* әскер де көп шығын тартып жатқан көрінеді («Жас Алаш»). «*Ж а у л а у ш ы*» деп те бұл маған, Тақпасын айып бір дүшпан. Есугей емес, үлгі алам Айтматұлы Шыңғыстан (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАУЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Шапқыншылық.* Оның авторы Тәмужинмен замандас, оның *ж а у л а у ш ы л ы қ* жорықтарының ішінде болған адам екені байқалады («Қаз. әдеб.»).

ЖАУЛЫ с ы н. *Жауы бар, қас дұшпаны көп (жер, ел). Ж а у л ы* жерге барғанда, Кіреді екен күшіне (Айтыс). *Ж а у л ы* жерде жарағым, Аман-есен келдің бе? Перзентім менің қарағым (Батырлар жыры).

Көкірегі жаулы [өссін]. к ө н е. *Ержүрек мағынасында, дұшпанға қаһарлы болсын деген ұғымда. К ө к і р е г і ж а у л ы ө с с і н* деп, Қашқан жауды қуғыздым (Ауыз. әдеб.).

ЖАУЛЫ: ала жаулы. *Ала-құла; бірдей емес, ала шабыр.* Түн қараңғы, аспан *а л а ж а у л ы* бұлт («Қаз. әдеб.»). Жалпы елдің іргесі аман қалып, Жұт болды әр жерінен *а л а ж а у л ы* (Айтыс).

Жаулы бақыр. ж е р г. *Үлкен бақыраш.* Ұрылардың қанжығасынан *ж а у л ы б а қ ы р* түспейтін (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Жылқышылар қанжығасынан *ж а у л ы б а қ ы р ы н* тастамады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЛЫҚ[1] з а т. **1.** э т н. *Ақ бәтестен, не ақ жібектен тігілетін, алды қолдың ұшына дейін жауып тұратын, етегі өкшеге дейін жететін, төбесі дөңгеленіп бөлек салынатын әйелдердің басына салатын киімі. Ж а у л ы ғ ы* қоқырайған Қара бәйбіше күптей боп жұртта шалқиып тұрып, кейбір жүгі ауған түйелерді көріп: – Дүйсенбай, Дүйсенбай! Сен қайда жүрсің ана ауған түйені бұрмай? – деп шаңқ-шаңқ етеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көрдім оны – кең даланың құсы мен Жарқыраған сәулелердің ішінен. Көрдім оны – көз жасынан ананың Орап алған *ж а у л ы ғ ы н ы ң* ұшымен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** *Әйелдің басына тартатын ақ түсті орамалы. Ж а у л ы ғ ы н* тығып қоржынға, «Бер, – деді, – қару маған да». Беліне қылыш байлады (О.Шипин, Дастан.). Аралдың ортасында бір төбе бар екен, әлгі әйел соған шығып алып, *ж а у л ы ғ ы н* бұлғап, бәрімізді шақыруы бар емес пе! (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Ақ жаулық. *Әйел, қосақ, жұбай.* Ізгі перзент, *а қ ж а у л ы қ*, қорада жатар жүз саулық. Құлаш мойын, кез құлақ. Біреу бедеу ат, денсаулық (Н.Наушабаев, Шығ.). Жарлының бар байлығы дені саулық, Сау болса тілейтіні бір *а қ ж а у л ы қ* (Б.Адамбаев, Ақбөбек).

Жаулық салдырды [салды]. э т н. *Жаулық салдыру салтын атқарды.* Төрдегі қадірлі құдаларға *ж а у л ы қ с а л д ы р д ы,* қошқардың енін, қамшысын, түйенің құмалағын саусылдатып қадаған құрым киіз сәукелесін кигізді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әйелді біріншіден – қыз деп атар, Қыз бала ер баламен жүрер қатар. Бір кезде келіншек боп *ж а у л ы қ с а л ы п,* жат-жұрттық боп кетіп бір жылатар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАУЛЫҚ[2] з а т. *Қастық, дұшпандық, араздық.* Өкпеңменен қабынба, Өтіңменен жарылма, Орыспенен соғысып, Басына мұнша көтерген, Жұртыңа *ж а у л ы қ* сағынба (Бұқар жырау, Жыр.). Абайға *ж а у л ы қ* ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады (М.Әуезов, Әр жыл.). Әңгімесін Орал қазақтарының жасырын істеп жатқан *ж а у л ы қ* әрекетіне тіреді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). «Шегін!» – деген жарлықты, Білді Арман әлде білмеді. Жауына деген *ж а у л ы қ т ы* Жасыра алмай тұр демі (М.Мақатаев, Шығ.).

Жаулық жасады. *Қастық істеді.* Төлепберген әкесінің орнына патша болып тұрған кезде, еліне басқа бір елдің патшасы *ж а у л ы қ ж а с а п т ы* (Бозінген). Өмір бойы Абаймен атысып, *ж а у л ы қ ж а с а п,* жағасына жармасқан Атамбайдың бүгін оны аза тұтып жоқтауы – күтпеген жай болатын (К.Оразалин, Абай.).

ЖАУЛЫҚ-ОРАМАЛ з а т. *Әйелдер басына тартатын орамал.* Алғашқы айқайдың өзіндеақ олар басынан сыпырылып түскен *ж а у л ы қ о р а м а л ғ а* қармастан, далаға жүгіре-жүгіре шыққан (М.Дүзенов, Әке). Келіншегінің өзіне сатып ап кигізсем деп жүрген көйлек-

көншектер, *жаулық-орамалдар,* костюм-пальтолар мен аяқ киімдерінің де есебі жатқан жоқ па? (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖАУЛЫҚСЫЗ с ы н. *Жау болмай-ақ, жаусыз.* Аяқты мал *жаулықсыз-ақ* тапан кетуі мүмкін (С.Сматаев, Елім-ай).

ЖАУЛЫҚТАЙ с ы н. **1.** *Жаулық сияқты.* Жайшылықта бір кісідей қаруым бар деп ойлайтын Итбай Бүркітбайдың қолында *жаулықтай* желпілдеді (С.Мұқанов, Ботагөз). Тақай бергенде жағасынан шап беріп ұстай алып, *жаулықтай* желбіретіп, тағы да үйге қарай ала жөнелді (Б.Тілегенов, Көктем). **2.** а у ы с. *Үлкен.* Әкем төрешілердің фамилиямен шақыратынына риза болып, жымиып, *жаулықтай* орамалмен терін сүртті (Т.Әбдіков, Айтылмаған.).

ЖАУЛЫҚТАС с ы н. *Жаулық салған (салатындар), жаулықты.* Ол әйелдерге бұрылды. – *Жаулықтас* құрбыларым, сендерді дүшпан еліктіріп жүр (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖАУЛЫҚТЫ с ы н. *Жаулығы бар, жаулық тартқан, орамал салған (әйел).* Ақ *жаулықты* әжелер қара қазандардың қақпағын ашып, шөмішпен сорпаны сапырып қояды (Т.Оразов, Қаныш.). Қыраттан бір ақ *жаулықты* әйел ауызсу үшін қар алып жатыр (Н.Сералиев, Қаңтар). Сәлден соң жаңағы *жаулықты* әйел төргі бөлмеге келіп, қонақтарымен сәлемдесті (Ә.Нұршайықов, Алтын.). *Жаулықтының* бәрі бірдей қатын емес, Бөріктінің бәрі бірдей батыр емес (Мақал).

ЖАУЛЫҚТЫҚ с ы н. *Жаулық тігуге жарарлық.* Өзіңе көйлек, *жаулықтық* мата сатып апарам (З.Ақышев, Бәрі де есте).

ЖАУЛЫҚТЫР= е т. *Жауықтыру, өштестіру.* Жау қолынан өлген жолдасың саған тірі күндегідей, сен одан сескенбейсің, саған ес, дүшпанға *жаулықтыра* түседі (К.Оразалин, Жексен).

ЖАУЛЫҚША ү с т. *Жаулыққа ұқсап.* Үлкен қара жол үстімен өріске шұбырған малдың, қалаға асыққан арбалылардың шаңы салақ ораған *жаулықша* шұбатылып жатыр (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖАУМЫТ з а т. *Асыл тұқымды түрікмен жылқысы.* Жігітіне *жаумытты ң,* Аң-таң болып адайлар, Алқыны жоқ жаулықтың, Анадайдан абайлар (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

ЖАУМІТ з а т. *Қаныпезер, сатқын.* Фюрерге берілген, кісі өлтіре білетін *жаумітт* үшін соғыс академиясын бітірудің қажеті шамалы (Ж.Тілеков, От кешу).

ЖАУПАЗАҚ з а т. ө с. *Өріктің өте ерте пісетін сорты. Жаупазақ* – өріктің ортаазиялық тобына (оның Зеравшан тармағына) жатады (Ш.Хабибуллин, Алхоры.).

ЖАУРА= е т. *Тоңу, мұздау.* Осылай адасып түн ортасына шейін жүріп, өзі әбден *жаурап,* не болғанын білмеске айналды (М.Дулатов, Шығ.). Солдатша сыптай киініп, Шекпені оның сұр ма екен? Күрегіне сүйеніп, Суықта *жаурап* тұр ма екен? (М.Жұмабаев, Шығ.). Сол сайға «ертең жүреді» деген кеште Жиналдық, түк түсінбей оңкей кеше. Жылаған бала-шаға, *жаураған* жұрт Әлі де андағайлап келеді еске (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сүйіктісін күтті жігіт тоңдырса да түнгі ызғар, Түнгі ызғардан *жаураған дай* дірілдейді жұлдыздар (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жаураған торғайдай құты қашты. *Берекесі кетті, састы.* Сөйткен Шыңғыс хан ұрпағынан шыққан Әбілқайыр хан болса енді мынау, бір жігіттің тағдырын шеше алмай, *жаураған торғайдай құты қашып* тұр (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАУРАП-ЖАСЫНА= е т. *Жаурау, тоңу.* Қара суықтың соққанына да бес күн болған. Шынында *жаурап-жасынап* не азап («Лен. жас»).

ЖАУРАТ= е т. *Тоңдыру, мұздату.* Суық жел жұқа киімнің ішіне кіріп, кеулей, ығын кетіріп, *жауратып,* ықтыра бастады (М.Әуезов, Қараш.). Батальонның келуін тоссақ, жұртты *жауратып* аламыз (Ол күндер.). Қырау түскен күз бе екен жапырағы сарғайып, Мұздықарлы қыс па екен боранымен *жауратқан* (Ж.Қыдыров, Жұлдызға.).

ЖАУРАТУ *Жаурат етістігінің қимыл атауы.* Ұзақ жол, суық ішкі жылуыңызды қуып шығып, *жауратуы* мүмкін (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАУРАУ *Жаура етістігінің қимыл атауы.* Тоңу, *жаурау,* үрей дегенің маған түк те емес («Лен. жас»).

ЖАУРАУЫҚ с ы н. *Суыққа төзімсіз, тоңғақ; мұздауық.* ≈ *Жаураушық* адам.

ЖАУСАТ= е т. **1.** *Қирату, бұлдіру, бұзу, талқандау.* Медеу шатқалынан лақтырылған тау тастары қала көшелерінің талайын *жаусатып* кеткен шығар (Ғ.Қабышев, Мінездеме). **2.** *Қырып-жою, құрту, жоқ ету.* Қос ақ боз мінген қос батыр сонда, Жарқылдап кіріп, *жаусатып* шығып (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.). Жауынан жерді босатып, Қашырған бәрін *жаусатып,* Қаракесек Қағанды, Осындай атақ кім алды? (Айтыс). Жұт *жаусатып* жапан түзді жайлаған, Ата-бабам мұңын шағып зарлаған (Ж.Өмірбеков, Кешкі ән).

ЖАУСАТУ *Жаусат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жаусатумен* тынды.

ЖАУСЫЗ с ы н. *Жауы жоқ, қас-дұшпансыз.* – Есіңде болсын, Жұмабек. *Жаусыз,* дұшпансыз күрес жоқ (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ел *жаусыз* болмас, Жер таусыз болмас (Ө.Тұрманжанов, Қаз. мақал.).

ЖАУСЫН= е т. *Дұшпан санау, жау көру.* Түрінен көрінбейді *жаусынғаны.* Ақтардың ақтық демі таусылғаны (Т.Есімжанов, Ілияс.).

ЖАУСЫНУ *Жаусын етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жаусынуын* қоймады.

ЖАУСЫРА= е т. *Жау іздеу, жау құмарлану; соғысуды аңсау.* Жауабын, оның енді мен берейін, *Жаусырап* жауырыны келсе қышып? (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖАУСЫРАУ *Жаусыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖАУТАҢ е л і к. *Жаутаңдаған, мөлдіреген көздің қараған қимылын бейнелейтін сөз.* Қапылыста шыққан сұсты дауыстан зәрем зәр түбіне кетіп, мен жалт бұрылуға айналған едім, серігімнің әлгі *жаутаң* қарасы аяғыма тұсау тастады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Бал махаббаттың наз үнін, Ұғындым *жаутаң* жанардан (А.Нысаналин, Көзайым).

Жаутаң етті [еткізді]. *Мөлдірей қарады, жаутаңдады.* Жараса ма дегендей жанары бір *жаутаң етті.* Мейір, нұр, шуақ, шұғыланы ондай жинаған көз жанарын көргенім сол (Б.Нұржекеев, Күй толғақ.). Ол меніңбетіме *жаутаң етіп* жалт қарады (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Басымды идім. «Мен сенің құлыңмын» дедім ішімнен. Ол көзін *жаутаң еткізді.* Неткен сүйікті, жылы көз! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жаутаң көз. а) *Жаутаң-жаутаң еткен, мөлиген жалтақ көз.* Бір тамағың үшін *жаутаң көз* болудан жаман қорлық бар ма еді? – деді Бұланбай (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *Жаутаң көз* жетім баладан, Өсіпті жігіт ағасы (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). ә) *Жаудыраған, мөлдіреген көз.* Үйге орта бойлы, қыр мұрын, *жаутаң көз* қыз кірді (А.Сатаев, Аққу.). Қазақтың қара торы *жаутаң көзі,* Өзім де онан артық сұрамаймын (Б.Әбдіразақов, Жарық дүние).

Жаутаң қақты. *Жаутаң-жаутаң қарады.* Анда-санда ғана алдында отырған судьяларға *жаутаң қағады* (К.Қозыбаев, Дәуір.). Сонда оның жерге сүйретілген қос бұрымы бұлғаңдай қозғалып, тұрымтай көздері *жаутаң қағады* (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Күн шығады, күн қызады, Ұямызды кім бұзады. Алматыға жаңа келіп, *Жаутаң қағып* тұрмыз әлі (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖАУТАҢДА= е т. *Жаутаң-жаутаң ету, жаудырай қарау.* Той болса ел қатарлы бара алмаймын, *Жаутаңдап* екі көзім алаңдаймын. Қиялмен қарап жүріп ойға шомып, Еш айла бұл дертіме таба алмаймын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жаутаңдап* қарап дала тұр, Көз жасын сүртіп жаңа бір. Хабарсыз ұлын сұрауға, Жолыңды тосып ана жүр (С.Мәуленов, Алыс кет.). Аңдыдық азаматы бар үйлерді, – Ол үйде таба жауып, нан илейді. Лақтырар ор ауызға жарты тілім, Жарылқап *жаутаңдаған* сәбилерді (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Әйел өзіне қашан сауал қоярын күтіп, тыпыршып отыра алмады, шай қойғызды, шалына *жаутаңдап* қарай берді (Д.Досжанов, Зауал).

Жанары жаутаңдады. *Біреуге жаудырай, үмітпен қарады. Жанарың жаутаңдап,* шешеме тартқан қап-қара көзіңе мұңлы нұр толып, қай босағада отыр екенсің? (Т.Жұртбаев, Бесқарагер). Екі ұлының *жаутаңдаған жанарын* елестеткенде шым етіп жүрегі бір бұлқынып басылды (М.Ысқақбаев, Ұят туралы).

Көзі жаутаңдады. *Жаутаң-жаутаң қарады, біреуге жаудырай үміттене қарады.* Неге жылай беретінін сіңлісі білмейді, *көзі жаутаңдап:* «Тәте, қойшы!» дей береді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Көзі* ғана *жаутаңдап,* жаудыраған, Еті қашып, сүйегі саудыраған. Жатыр аға келмеске аттанғалы Қалған жалғыз қаңқасы қаудыраған (С.Мәуленов, Алыс кет.). Бар лажы таусылғандай бала *көзі жаутаңдап* әкеге қарайды (М.Иманжанов, Менің махабб.). *Жаутаңдаған көзін* төмен түсірді де, төргі жаққа жүріп кетті (Ә.Әбішев, Жас түлек).

ЖАУТАҢДАС= е т. *Жаудырасу, жаутаң-жаутаң етісу.* Құда дегенде, қыз-келіншектердің бірсыпырасы көздерінің астымен Айшаға қарасып, *жаутаңдасып* қалды (С.Сейфуллин, Әңгім.). Ондай кезде жұрт біріне-бірі *жаутаңдасып,* бір серпіліп қалады (А.Шамкенов, Толқын.). Баламызды ренжітіп алғамыз жоқ па дегендей, екі шал бір-біріне *жаутаңдасып* қалады (С.Сейітқазин, Хадиша).

ЖАУТАҢДАСУ *Жаутаңдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құр *жаутаңдасудан* не шығады?

ЖАУТАҢДАТ= е т. *Жаудырату, жаутаң-жаутаң еткізу.* Мендегі ұлы мүмкіндікті жойдыңыз. Ботақанын тартып алған інгендей Ордаңызға *жаутаңдатып* қойдыңыз. Көктем өтпей жетіп қапты күзім де, Әттең, мына сұм тағдырдың қорлауы-ай (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жаралған ба Сыр бойының бағына, Күзге қарай гүлдейді екен тағы да. Көз біткенді *жаутаңдатып* өзіне, Құс біткенді жинайды

екен маңына (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қарлығаш бота көздерін *жаутаңдатып*, ата-анасының атын іздеді («Қазақст. әйелдері»).

ЖАУТАҢДАТУ *Жаутаңдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзін *жаутаңдату.*

ЖАУТАҢДАУ *Жаутаңда етістігінің қимыл атауы.* Ел қарулы мәңгілік, *Жаутаңдау* жоқ әркімге (Жамбыл, Шығ.). Еркектің ең аянышты халі дәрменсіз ыржиған кезі ғой. Оның ар жағында *жаутаңдау* ғана бар (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Маңдайдан қара тер шықты. Еріксіз терезеге *жаутаңдаумен* болды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жасай алсам мен оның мына ерлігін, *Жаутаңдаумен* жауызға тұрар ма едім?! Жан түршігер сұмдықтан сол сәттегі Біраз шашым бозарған шығар менің, (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАУТАҢ-ЖАУТАҢ е л і к. *Мөлдіреген, мөлиген көздің қайта-қайта қарағанын бейнелейтін сөз.*

Жаутаң-жаутаң етті. *Жаудырай, мөлдірей қарады.* Қолы дірілдеп, аузынан сөзі түсіп, көзі *жаутаң-жаутаң етеді* (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Жаутаң-жаутаң қағады. *Көзі жаудырап қарай береді.* Жасыл ғаүһар тастай жылтылдай шоқталған көздер құбыла ойнап, бізге қарай *жаутаң-жаутаң қағады* (С.Мұқанов, Саяхат.).

Жаутаң-жаутаң қарады. *Жаудырай, мөлдірей қарай берді.* Түсінбесек те анамыздың көзіне *жаутаң-жаутаң қарап* қойып, тыңдай беретінбіз (Ә.Кекілбаев, Тыраутырау.). Үлкендер тұрсын менің де есім шығып, төбесі жабылмаған үйге *жаутаң-жаутаң қарай* бердім (А.Сатаев, Ақын.). Сол күйінде жатыр әлі ақ айдын, Ақ айдынды жалғыз саған балаймын. Көк орамал көзге түспес пе екен деп, Арғы бетке *жаутаң-жаутаң қараймын* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖАУТАҢКӨЗ с ы н. *Жаудырай, мөлдірей қарайтын көз.* Сүйкімді *жаутаңкөздердің* жалынышты сәби жүздеріне күлімсірей қарап тұр (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Соңында жұдырықтай *жаутаңкөз* лағы селтең-селтең етеді (Д.Әшімханов, Аққаба.). Бұғып қалған *жаутаңкөз* Жасыбайы, Бабалардың құт құйған сабасындай. Қайтіп, Ертіс, арнаңда ағасың жәй? Сұрапылды сапырып аласұрмай?! (М.Мақатаев, Шығ.). Жаяу жүріп, аязбен жағаласып тоңдым мен, Аяулымның қыр-сырын араласып көрдім мен. Одан артық, Құдайдан не тілеймін, *жаутаңкөз* Жүрегі бар, есі жоқ бала ғашық болдым мен! (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАУТЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Жаутаңда***. Көзі балаша *жаутеңдеп*, алдындағы кісіге қарайды («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖАУТЕРЕК з а т. *Теректің түрі, майтерек.* Жапырағы жасыл *жаутерек*, Шайқалмағы желден дүр, Шалулығы белден дүр (Алдаспан).

ЖАУТОРҒАЙ з а т. з о о л. <лат. emberiza calandra>*Топтанып жүретін, егіске зиянды торғай.* Қарақұрымдай қаптаған *жаторғай* (тарыдан) дым қоймайды, дәнін шоқып, селдіретіп өте шығады (Н.Сералиев, Намыс). Мұнан соң көп ұзамай бірлі-жарым ұры торғайлар көрініп қалып жүрді де, бір күні *жаторғайлар* лап қойды (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Мысалы, торғайдың екі түрі – *жаторғай* мен суық торғай қыста бір жерді мекендейді, бірақ ұяларын әр жерге салады (Жалпы биология).

ЖАУТҮСІРГІШ с ы н. *Батыл, айлалы, мықты.* Сол ұлдардың екі-үшеуі Ақтайдың жылқысын бағады, басқалары да жалшылықта. Бірақ олар шетінен көкжал, *жаутүсіргіш* жігіттер (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

ЖАУТЫЛДА= е т. *Жалтылдау.* Сыртта жіпкермеде қақтаған балықтар алыстан *жаутылдап*, көз құртын жеп, қызықтырып барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Балапан жапырақтар сізге ұйлыға *жаутылдап*, ұйтқып жақындайды (З.Қабдолов, Сыр).

ЖАУУ *Жау етістігінің қимыл атауы.* Пойыздың бір сарынды тербелуі, жаңбырдың сылбыр *жаууы* адамды ерiксiз қалғытады (М.Мұқанов, Жан дүние.). Мен қар *жаууын* асыға күттім (І.Қожабаев, Ұя). Мұндай жаңбырдың *жаууына* себепші болған жел екен (Қ.Әбдіғаппаров, Қызық. физ.). Температураның жоғарылауы немесе төмендеуі, қардың *жаууы*, қорек-жемнің азаюы, тағы басқа айналадағы тіршілік ететін ортаның қолайсыздығын әртүрлі жануарлар, әртүрлі сезінеді (Р.Әлімбаев, Құстар.).

ЖАУЊАЗ з а т. с ө й л. ***Жауқазын***. Хантау өңірінің жусаны бүршік жарып, күн көзі жылт еткелі ұшпа раң жер бетіне тебіндеп, әр тұстан *жауһаз* гүлі де көрініпті (Еңбек туралы).

ЖАУЊАЗЫН з а т. ***Жауқазын.*** *Жауһазындар* жағада көктеп өскен, Жапырағын таңғы әсем шықтар шайып (Ө.Жайлауов, Шопан).

ЖАУЊАР з а т. с ө й л. ***Гауһар.*** Бұл Ширазым – сол Шираз, Тамашасы мол Шираз: Көгіне алтын себілген, Көміп сәуле селіне, Күні күліп жеріне, Жерге *жауһар* төгілген (М.Жұмабаев, Шығ.). Тұтқын қылып *жауһарымды* ала алмаған, ол *жауһар* – бір Алла тағаладан (Ақмолла ақын, Өлеңд.). Жүз түйе

және дағы *ж а у һ а р* артты. Демейтін ешкім оның наркын білем (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Достықтан басқа ойым жоқ. Өткір сөзді, *ж а у һ а р* көз, Жігітте сенің тайың жоқ. Менің ұзақ айтуға, Барар еш жайым жоқ. Көргенше, құрбым, аман бол, Қызырдан басқа ойым жоқ (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Алдыртты да бір керуен түйені, Алтын, *ж а у һ а р,* меруертті тиеді (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме).

Дүррі жауһар сырға. *Ірі гауһар тасты сырға. Д ү р р і ж а у һ а р с ы р ғ а с ы н* Көтере алмай тұр құлағы (Қыз Жібек).

Жауһар тас. *Гауһар тас*. Келатқан аржағынан асыл Манат, Болыпты халыққа – жолдас, ханға – пана. Бақ орнап ежелден-ақ халық қорғаған, Түзеген *ж а у һ а р т а с т а н* сен бір қала (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Балшықты мың күн илесең– Дүррі *ж а у һ а р т а с* болмас (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖАУЬАРДАЙ с ы н. *Гауһар тәрізді*. Иірілген айдаһардай ашулы асқар, Томсарған туғаннан-ақ тарғыл тастар. Құздарды мәңгі меңіреу мәңгі басқан *Ж а у һ а р д а й* жарқыраған аппақ шаштар (М.Жұмабаев, Шығ.). Харамза биді би деме, Ұяты қашқан секілді. *Ж а у һ а р д а й* жарық көңілін Қараңғы басқан секілді (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖАУЬАРЛА= е т. *Гауһар орнату, гауһармен әсемдеу, сәндеу*. Содан жоғары, тұскиіз тұсындағы төсек-орынның ағаш кроваты немесе төсек-ағашы оюлаған сүйек, оның беті айналап, күмістеп, *ж а у һ а р л а п* безелген (Ж.Тілеков, Жоңғар.).

ЖАУЬАРЛАН= е т. *Жалт-жұлт етіп құбылу; әсемдену, сәндену*. Таңдантып талай топты сайраушы едім, Бұлбұлдай гүлстанның бағындағы. Не пайда бәрі бастан өте шықты Мұнардай *ж а у һ а р л а н ғ а н* сағымдағы (Базар жырау, Шығ.). Сағымның *ж а у һ а р л а н ғ а н* елесіндей, Зәулімнің асқар биік белесіндей, Алдында ағаң барда арманың жоқ, Бұлт аспас бейне таудың төбесіндей (Базар жырау, Шығ.). Қарасы керек пе, көгі әлде, шуланы керек пе, түгінен алтын ұшқан қызыл күреңі керек пе, әйтеуір иі қанған елтірілер бірінің үстіне бірі түсіп, *ж а у һ а р л а н ы п* жатыр (Ұ.Бағаев, Дала.).

ЖАУЬАРЛАНУ *Жауһарлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мұнардай *ж а у һ а р л а н у*.

ЖАУЬАРЛАУ *Жауһарла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жүзікті *ж а у һ а р л а у*.

ЖАУЬАРЛЫ с ы н. *Гауһары бар, гауһармен әшекейленген*. Елсізде жердің шөліне. *Ж а у һ а р л ы* болат секілді, Қарасам тақсыр өңіңе (Ақберен). Екі көзі *ж а у һ а р л ы,* Жауға шапқан сақтанбай, Екі беті ажарлы, Қырмызы қызыл мақпалдай (Көрұғлы).

ЖАУЬАРЛЫҚ с ы н. *Гауһар ұстаушы*. Әмірші енді күтушіні Фараби кітапханасына жұмсады, сондағы *ж а у һ а р л ы қ* әзіз ғұлама, құймақұлақ тілші Исмайылды шақыртты (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖАУША[1] ү с т. *Жау тәрізді, қас-дұшпан сияқты*. Мына сол «князьдің» баласының маған *ж а у ш а* қарағаны жақсылық емес (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Өлімнен қорықпасаң, жауға *ж а у ш а* тиіссең, соғыста бар ар-намысыңмен алыссаң, сен жауды жеңесің, батырсың (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Байлар табының мақсаты: адам баласы бірі мен бірі *ж а у ш а* арбаса берсін (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖАУША[2] з а т. ж е р г. *Қарабидай*. Бұл қолхоз *ж а у ш а* да егеді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУШАЛҒЫН з а т. ө с. <лат. elymus> *Ылғалды жерде биік боп өсетін жұғымды, балауса шөп*. Жас ағаштар үшін аса қауіптісі көпжылдық тамыр сабақты бидайық пен *ж а у ш а л ғ ы н* (М.Ахметов, Егін қорға.).

ЖАУШОҒЫЛ з а т. з о о л. <лат. eumastacidae> *Тікқанаттылар отрядындағы бір тұқымдас түрлі жәндік. Ж а у ш о ғ ы л* таулы жерлерде кең тараған (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖАУШҰМІЛДІК з а т. ө с. <лат. paeonia anomala> *Мамыр, маусым айларында гүлдейтін, тармақталған жуан тамырлы, қоңыр-қошқыл түсті сарғалдақ тұқымдас өсімдік*. Халық медицинасында *ж а у ш ұ м і л д і к* тамырын асқазан-ішек ауруларына, шаншу қадалғанға, ревматизмге, жөтелге, асқорыту органдарының жарасына қарсы қолданады (М.Қожабеков, Дәрі. өсімдік.). Бұрынғы замандарда *ж а у ш ұ м і л д і к т і* тіс ауруына, іш өткенде, қояншық ауруына да ем үшін пайдаланған (М.Қожабеков, Дәрі. өсімдік.).

ЖАУШЫ[1] з а т. *Соғыс хабаршысы. Ж а у ш ы д а н* үш жігіт өлді, Сергазының баласы өлді. Байдың баласы өлді. Тағы бір қымбат кісіміз өлді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАУШЫ[2] з а т. к ө н е. **1.** *Құда түсер алдында қыздың әке-шешесіне барып, сыр тартып, келісімін алып қайтатын адам*. Сонан соң Назымды қалмақ ханы аламын деп *ж а у ш ы* жіберген (С.Сейфуллин, Шығ.). Назымжан ханда қалады. Қызға *ж а у ш ы* көп екен, тағдырға жазған алады (Батырлар жыры). Хан талай жерге *ж а у ш ы* жіберіп, талай елді аралап, қыз таңдайды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Ел ішінен сайлы жігіттерді шоқтап, екшеп жиып алды да, құдасына *ж а у ш ы* шаптырды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **2.** *Екі елдің арасын келістіруші, елші*. Қараман сонда сөйлейді: Жіберген ұрып *ж а у ш ы м д ы* Алшыораз

жаман басынды (Батырлар жыры). Ерегіскен батырдың Ел үшін кетер кәлдесі. «Елдестірмек – елшіден, Жауластырмақ – *ж а у ш ы д а н*». Мен бір келген қонақпын Үрім менен Қырымға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шыңғыс хан *ж а у ш ы н ы* жанына шақырып алды да, басқаларға шыға беруге ишара жасады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Күмбез сарайға жақындап келгенде, алдынан тасырлатып шауып *ж а у ш ы* шықты (Д.Досжанов, Жусан.).

Жаушыға жүрді. *Қызға сырттай ен тағып, айттыруға кісі жіберді.* Ағайымыз *ж а у ш ы ғ а ж ү р д і* (Ауызекі).

ЖАУШЫДАЙ с ы н. *Жаушы тәрізді, түсі суық, сұсты.* Тұлғасы қорқынышты, түрі сұсты, *ж а у ш ы д а й* жүргіншінің сыры күшті (Қ.Бекхожин, Мариям). Суық күздің белгісі әлден-ақ найза көтерген *ж а у ш ы д а й* қырыстанып тұр (К.Ахметбеков, Ақдала).

ЖАУШЫ-ЖАЛАМ ү с т. *Тез, қарбалас, асығыс, жылдам, шапшаң; жау-жалам.* Сатан да сұр аттың алқымына кіре берді де, *ж а у ш ы ж а л а м* шылбырға ұмтылып еді, кермеге бойы жетпеді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бәрі жабырласып, үйді-үйге кезіп, жасау іздеп жүгенде, *ж а у ш ы-ж а л а м* бір атқа міне сала, өзекті өрлей жытқаным ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а у ш ы-ж а л а м* аттарымызды жегіп үлгірдік (А.Лекеров, Қырдағы ән).

ЖАУШЫ-ЖАЛАМДА ү с т. *Лезде, әпсәтте, қарбаласта, асығыста.* Қайшаның *ж а у ш ы-ж а л а м д а* жаңағы ұрысқанына мен де намыстанып қала жаздап, азар шыдап тұрдым (М.Әуезов, Қараш.). Сондықтан есептегі қате *ж а у ш ы-ж а л а м д а* байқала қоймапты (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

ЖАУШЫЛА= е т. *Жауласу, шабысу, соғысу. Ж а у ш ы л а п* қазақ, қалмақ мал қуысып, Бітім жоқ шабыс бопты қан жуысып (Батырлар жыры).

ЖАУШЫЛАУ *Жаушыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а у ш ы л а у* кезеңі.

ЖАУШЫЛЫҚ[1] з а т. *Дұшпандық, қастық.* Атадан қалған алтын тақ, Өлтіріп мені алам деп, Егізбай менен Сегізбай *Ж а у ш ы л ы қ п е н* келіп тұр (Батырлар жыры). *Ж а у ш ы л ы қ п е н* ти деді. Егізбай сонда арланды, Айбаттанып шамданды, *Ж а у ш ы л ы қ п е н* баруға (Батырлар жыры).

ЖАУШЫЛЫҚ[2] з а т. к ө н е. *Жаушы*[2] *болушылық.* Халел Ғаббасовқа әйел алып беру үшін *ж а у ш ы л ы қ п е н* жүрген ақсақал, қарасақалдар да бар («Айқап»).

ЖАУШЫМШЫҚ з а т. с ө й л. ***Жауторғай.*** Бұтақтан бұтаққа қонған [жауторғай] *ж а у ш ы м ш ы қ т а р* жем іздеп шықылықтады («Лен. жас»).

ЖАУШЫМШЫҚТАЙ с ы н. *Жаушымшық тәрізді, жаушымшықтың үлкендігіндей.* Үлкендігі *ж а у ш ы м ш ы қ т а й* көк қанат, ала құйрық бір торғай жатқан крокодилдің тұмсығына қонды (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖАУШЫМЫЛДЫҚ з а т. ө с. <лат. paeonia hybrida> *Тамыр түйнекті, әсемдік үшін бау-бақшада өсірілетін, медицинада дәрі-дәрмекке пайдаланылатын көпжылдық өсімдік.* Қызғалдақ, сарғалдақ, бақбақ, лала, *ж а у ш ы м ы л д ы қ т а р* гүлденіп бітіп, бетеге, көкпек сарғылт тартып, қата бастаған (І.Есенберлин, Қаһар). Сабағы сояуланып қалған қызғалдақ, лала, *ж а у ш ы м ы л д ы қ*, раушан гүлдері жұпар аңқиды (І.Есенберлин, Алмас.). Жылда ерте желкілдей шығатын дала қызғалдақтары мен *ж а у ш ы м ы л д ы қ* гүлдер жарыпты (Қ.Сәрсекеев, Қараша қаз.).

ЖАУШЫРМАУЫҚ з а т. ө с. *Көпжылдық шырмауықтың бір түрі. Ж а у ш ы р м а у ы қ* көпжылдық шырмауық, биіктігі 20-100 см беткейдегі бұта арасында, тасты беттерде өседі (Өсімдік.).

ЖАУЫҒУ *Жауық етістігінің қимыл атауы. Ж а у ы ғ у ғ а* хәлім жоқ, тіс қайрауға, Ыза болып, от іздеп іш қайнауға. Жататұғын шама жоқ енді менде, Уақыт шіркін сабалап, түсті айдауға (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ел еді ол «Алатай мен Қыжық» деген, Ағайын арасынан қыл өтпеген. Кім білген күн боларын *ж а у ы ғ а т ы н.* Кім білген ауырарын сұм дертпенен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бір күндерде бұл дала жағалай *ж а у ы ғ у м е н,* қанды қырғындармен төсінен шаң ұйтқып, астан-кестен болып жатса, енді бүгін мұнда терезесі тең халықтар тұрады (С.Мәуленов, Жер нәрі). Исаның мінезінде осы құрылыс отрядінде шымшымдап сіңген, Бақтиярға арналған жақтырмау, *ж а у ы ғ у* бар (М.Қабанбаев, Кермек.).

ЖАУЫҒУШЫ з а т. *Жауласушы, қастасушы, өштесуші.* Қазір олар хан тұқымының бақ күндесі, олармен *ж а у ы ғ у ш ы л а р* көп (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖАУЫҒЫС= е т. *Қастасу, өштесу, жауласу.* Білініп қалса, енді ашық *ж а у ы ғ ы с.* Жармай өтін алуға жүзі жанбас Жәңгірдің (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖАУЫЗ с ы н. **1.** *Қанішер, қанықпезер, зұлым, залым.* Табылып арасынан *ж а у ы з д а р* да, Жол бөгеп надандықпен тартқан артқа. Халыққа жанын қиған қаһармандар Күзеткен жұрт пайдасын һәр уақытта (М.Дулатов, Шығ.). Алаштың Арқада еркін ойнақтаған Жол тосқан *ж а у ы з* жауда болды ма ісі? (М.Жұмабаев, Шығ.). Екі солдат күндіз-түн, Кезек-кезек күзетіп, Кірпік қақпай тік тұрған Қолдарында қылышы, Жарқылдатып *ж а у ы з д а р,*

Сайланып қару асынған (О.Шипин, Дастан.). Бұл елдің ардақтысы мен қадірлісіне пысқырып та қарамайтын аяусыз *ж а у ы з* қолдар екеуін де шауып тастады (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Опасыз, қайырымсыз, қатал.* Жаным Балқия, *ж а у ы з* тағдыр шынымен екеумізді айырғаны ма?! (М.Дулатов, Шығ.). Балқаштың қаштық үркіп тесігіне, Айдаса кім бармайды несібіне. Тігулі үй, қоралы мал босқа қалды, Жолығып *ж а у ы з д а р д ы ң* кесіріне (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Ж а у ы з* құлдың, қабірі Қараңғы түндей тамұқ-ты. Дін қарындас мұсылман, ізденіп шығып табыңыз Ажал өлім келген күн Неше, неше адамдар қамықты (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Өз сүйген қалпымда қалмақ үшін, Өз жолыммен ілгері бармақ үшін, Елді, жерді бір майлы жем қылмауға, Қалаңның салған *ж а у ы з* қармағы үшін, Еркімді, елдігімді жұттырмасқа, Алашқа автономия алмақ үшін, Азаматым аямас, орны келсе, Жан қиып, сарп қылуға қуат-күшін (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жауыз адам. *Залым, опасыз адам.* Әйтеуір енді қорқыныш жоқ па? Мен қорқа берем. Болыстан *ж а у ы з а д а м* жоқ (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАУЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Зұлымдық, залымдық, қастандық, опасыздық.* Демеңдер, жақсылық – таң, жай үміт құр, Заман тар, *ж а у ы з д ы қ* зор, тым қысып тұр. Айналаң қараңғы түн тым түнерген, Қиналып, талар дүние азап шегіп, Қалжырар жалмауыздар қанға бөгіп, Болдырар алыс-жұлыс жолына ерген (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ел ішінде болып жатқан неше түрлі жолсыздық, *ж а у ы з д ы қ* болушы еді, еш нәрседен беті қайтпаушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж а у ы з д ы қ т ы* көре алмас салқын қанмен, Алла оған солай бол деп қылған пәрмен. Тоқтатуға болмайды бұл мінезін Түрмемен, дар ағашпен, ешбір әлмен (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Енді тура қақпаннан өзіне қарсы атылған аң сияқты, қандай *ж а у ы з д ы қ т а н* болса да, тайынар түрі жоқ (Т.Ахтанов, Боран). **2.** п е д. *Қоғам және жеке адам өміріндегі барлық теріс қасиеттерді көрсететін әдеп санаты. Ж а у ы з д ы қ* неғұрлым тар мағынада дами алмай қалған немесе азғындаған адамның жақсылық атулыға қарама-қарсы ырықты іс-әрекетін білдіреді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Ж а у ы з д ы қ т ы ң* негізгі белгілері: өзімшілдік, тәкаппарлық, қатыгездік, азғындық, дұшпандық, қызғаныш және т.б (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЖАУЫҚ= е т. *Жауласу, қастасу, өштесу.* – Былтырдан бері Кеңес өкіметінің түс-түс жағынан *ж а у ы ғ ы п* жабылған ақтар, байлар – жаулары өздерің секілді кедейден құралған қызыл әскердің қайратымен табандатып жеңілді (І.Жансүгіров, Шығ.). Жақсылықпен *ж а у ы ғ ы п*, Жаладағаған пысықтар. Маңай толы мауығып Мияулаған мысықтар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Кейде әділ болғысы да келеді, Бірақ оған адалдығы жетпейді. Олар менің қай пейіліме *ж а у ы қ т ы*, Неге бұзды арадағы сауықты (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ешкімге жазығы жоқ маған басқа адамның *ж а у ы ғ а р* да жөні жоқ (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЖАУЫҚ з а т. ж е р г. ***Жабу.*** Мынау жерде түйенің *ж а у ы ғ ы* тұрушы еді, көрдің бе? (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЫҚҚАН с ы н. *Өштескен, қастасқан.* Жай қараған жоқ. *Ж а у ы қ қ а н* иттей қапқысы кеп, аңди қарады (Б.Шаханов, Ақ иірім). *Ж а у ы қ қ а н* жыртқыш жан сауғалатар ма? (С.Ақтаев, Дала.). *Ж а у ы қ қ а н* дос жаудан бетер (М.Әлімбаев, Мақал).

ЖАУЫҚҚЫШ с ы н. *Жауыға бергіш, өштесіп-қастасқыш, жауласқыш. Ж а у ы қ қ ы ш қ а* жел берме, Жүрекке дақ салдырып (Ж.Өмірбеков, Ана мейірі).

ЖАУЫҚТЫР= ет. *Өштестіру, қастастыру.* Бір рулы елді *ж а у ы қ т ы р ы п* соңына салсаң да, оны өзіңе қарсы қоя көрмегейсің (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Екеуін іштей *ж а у ы қ т ы р ғ а н* – әрқайсысының өз басының қызығы, өмірдегі бірінен-бірінің артық-кемдігі, махаббат дүниесі (І.Есенберлин, Қатерлі.). Шөпіш әдейі мұның қырсығына тиіп, *ж а у ы қ т ы р а* түсіп отырғаны анық (К.Оразалин, Абай.).

ЖАУЫҚТЫРУ *Жауықтыр етістігінің қимыл атауы.* Бұл тұста елді *ж а у ы қ т ы р у ғ а* болмайды. Бірақ өзің еш сыр берме! (Д.Әбілев, Арман.).

ЖАУЫЛША[1] з а т. ө с. <лат. alyssum> *Таулы жерде өсетін, қой малына жұғымды шөп.* Олардың қар теуіп, қаужаңдап бетеге, *ж а у ы л ш а,* жусанды аршып, аузы шөмеңдеп жегені де қызық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тарбағатай тауы, заңғар биік сораңдары аспан меңзеген, сай-саласы үлкен, дара болып, түсетін жері қыртысты, шөбі күлтелі, бетеге, жусан, *ж а у ы л ш а* болып келетін нағыз қой малының қонысы (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖАУЫЛША[2] з а т. ж е р г. *Қолбақыр.* Пәлен жерде бақыраш бар, іздеп барса *ж а у ы л ш а* да жоқ-тын (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЫЛШАЛЫ с ы н. *Жауылшасы мол өскен.* Майсордың бұлағына бір түнеп, малды шалғынға шеміршектетіп алып, қалың қаулы, *ж а у ы л ш а л ы,* жоңышқалы, бетегелі бүйрат пен белден асып отырып, Шалшан адырының түбінен Шідертіге қылт ете түсесің (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАУЫН з а т. *Су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр.* Егіннің көктеуі

жақсы, Қазақстанның барлық жерінде де *ж а у ы н* (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Ж а у ы н* болған жауырыны, Төсенгені жабағы, Сәуірдің сұр бұлтындай Ашылмаған қабағы (О.Шипин, Дастан.). Соғыстың іште, сыртта желі аңырап, Сатылап құлап жатты сан шаңырақ, Астынан сол шаңырақтың қылтидық біз Секілді *ж а у ы н* күнгі саңырауқұлақ (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ). Қай жерде гүл боп жайқалдың, Аспанның жұтып *ж а у ы н ы н*. Төсінен шықтың қай таудың, Ақ толқын ерке аруым (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Ақ жауын. *Сіркіреп ұзақ жауатын жаңбыр.* Күні-түні себелеп құйған *а қ ж а у ы н* бір жұма, ерегістірсең бір айға созылып, ақыры қалың жаңбырға айналып, қысқа соғады (З.Шашкин, Сенім). Екі күннің бірінде *а қ ж а у ы н г а* тап боласың. Бүгін де солай (С.Досжанов, Қыран.). Күн көретін нәр алып, Тамырының талшығы: *А қ ж а у ы н д ы* ала бұлт, Күннің нұры, қар суы (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жауын жеді. ж е р г. *Жауын шайды.* ≈ Көп тұқымды *ж а у ы н ж е д і.*

Жауын шақыру. м и ф. *Дүниежүзіне кең тараған магиялық ғұрыптың бірі.* ≈ *Ж а у ы н ш а қ ы р у д ы ң* түрлі әдіс-тәсілдері бар.

Қара жауын. *Күзді күнгі толассыз ұзақ жауатын қалың жаңбыр.* Күні бойы тынбастан жауған *қ а р а ж а у ы н* астында қалған жігіттер үңгірге дірдектеп жеткен (С.Жүнісов, Ақан сері). Күздің *қ а р а ж а у ы н ы* сабалап құйып тұр (Ө.Қанахин, Ауыр күн.).

Нөсер жауын. а) *Нөсерлетіп құйып кететін жаңбыр.* Сөйтіп отырғанда кенет *н ө с е р ж а у ы н* құйып кетіп, бір киер костюмін мылжа-мылжа етті (Ә.Тарази, Асу.). Кейбір ыстық күндерде ашық аспанда бұлт тез қарайып шыға келіп, *н ө с е р ж а у ы н* құйып кетеді (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). ә) *Қиыншылық мәнінде.* Дедің де сен күліп жолым бастадың, *н ө с е р ж а у ы н,* дауыл, оттан, судан қашпадың. Қасиетті, сиқырлы сөз күшімен Міне азырақ есім жия бастадым... (М.Жұмабаев, Шығ.).

Сірке жауын. *Майдалап жауған жаңбыр.* Болар-болмас сіркіреп өткен *с і р к е ж а у ы н* бу боп ұшып үлгірді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ЖАУЫНГЕР з а т. <нем. Soldat> **1.** *Әскери қызметтегі адам, жаумен шайқасушы, сарбаз.* Бір-бір адам бергенге, Бір *ж а у ы н г е р* киінер. Халқының берген киімін, Киініп әскер сүйінер. Аш-жалаңаш дұшпандар, Көріп іші күйінер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Ж а у ы н г е р л е р* аттанды, Түнде алуға көпірді. Жалын шашты зеңбірек, Сол нажағай секілді (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жеңіс күні тағы келді, Дүр сілкіндіп қалың елді. Әкелген жоқ біздің үйге Мен сағынған *ж а у ы н г е р д і* (Т.Молдағалиев, Шақырады.). // *Батыл, ержүрек, қорықпайтын.* Арғы атасы түріктен бөлінбей тұрған заманда, соңынан өз алдына жұрт болып жүрген заманда да қазақ *ж а у ы н г е р* ел болып, кез келген жұрттың бәрімен соғыса бергені анық (М.Дулатов, Шығ.). – Қожықта әрбіреуі қол басқара алатын, бәрі де батыр және өжет тоғыз ұл, жортуылда ағаларынан қалыспайтын Нарғыз атты *ж а у ы н г е р* жалғыз қыз болған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жанындағы ағасы Есенгелдіге қарағанда Саржанның *ж а у ы н г е р* жан екені бірден білінеді (І.Есенберлин, Алмас.). Ердің аты шыға ма, Егескенді жықпаса. *Ж а у ы н г е р* атақ ала ма, Жауды мықтап соқпаса (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Ж а у ы н г е р* қызыл қырандар, Құтырған жауды күйрете, Алдынан шықты қасқая (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). // *Алдыңғы қатарлы, озат.* Сол күрескерлерді тар жол, тайғақ кешулерде дұрыс жолға бастайтын жаңа типтегі *ж а у ы н г е р* партия-большевиктер партиясы дүниеге келді (XX ғ. қаз. ақын.).

ЖАУЫНГЕРДЕЙ с ы н. *Жауынгер сияқты.* Шахталардың жер өркеші секілді, Күзеттегі *ж а у ы н г е р д е й* бекінді (М.Хакімжанова, Таңд. өлең.). Енді біртүрлі саптың алдында тұрып ант берген *ж а у ы н г е р д е й* әлгі ойымды нықтай, бекіте түскен секілдімін (Н.Әбуталиев, Сахара.). Тіршілікте әрбір азамат өзін сол *ж а у ы н г е р д е й* сезіне ала ма? (Р.Тоқтаров, Тұлпар.).

ЖАУЫНГЕРЛІК с ы н. *Жауынгерге тән, әскери.* Содан кейін майдандағы мерген қазақтардың *ж а у ы н г е р л і к* ерліктерін әңгіме етіп кетті (Ж.Жұмақанов, Әлия). Шынында да Әлішер Тоқмағамбетов *ж а у ы н г е р л і к* парызын азаматтықпен өткерді (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Апрельдің бірі күні полк туына екінші рет *ж а у ы н г е р л і к* орден тағылды (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

Жауынгерлік әзірлік. ә с к. *Әскери бөлімнің кез келген жағдайда ұрыс бастауға немесе қорғануға әзірлігі.* ≈ *Ж а у ы н г е р л і к ә з і р л і к* дабылы.

Жауынгерлік дабыл. ә с к. *Әскери бөлімдерді жауынгерлік міндетті орындау әзірлігіне жедел келтіру.* ≈ *Ж а у ы н г е р л і к д а б ы л* қағу.

Жауынгерлік листок. *Бригададағы күнбе-күнгі еңбек жетістіктерін жариялап отыратын жарнама қағаз.* Бір бригадада шығатын *ж а у ы н г е р л і к л и с т о к* пен қабырға газетінде не жазылғанын екінші бригаданың адамдары біле бермейді (Б.Тоқтаров, Қыран.). Кешкі *ж а у ы н г е р л і к л и с т о к* тұқым сепкіштің жәшігінде шалқасынан түсіп ұйықтап жатқан Мұсатайдың суретін салып қойыпты (З.Иманбаев, Солма. гүл.).

ЖАУЫНГЕРШЕ ү с т. *Жауынгер тәрізді, солдатша, ержүрек адамша.* Бекше шынымен-ақ нысанаға тигіздім деп ойласа керек, командир

алғысына жауап қайтарған *ж а у ы н г е р ш е* масаттана дауыстайды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Сіздің еріңіз Ыбықан Тоқсанов Рейн өзенінен өтер көпірді жөндеу үстінде, 1945 жылдың 7 июні күні нағыз *ж а у ы н г е р ш е* тапсырмасын орындау үстінде дүние салды (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖАУЫНДАЙ с ы н. *Жауын сияқты.* Жігіттің екпіні – Қаптаған қара дауылдай! Күркіреп жауған көктемде, Қара нөсер *ж а у ы н д а й* (Үш ғасыр.). Байлық Бостайдың қалтасына шелекке құйған *ж а у ы н д а й* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Қалтылдатты тауыңды Бомбалардың дүмпуі. Найзағайлы *ж а у ы н д а й* Пулеметтің зіркілі (М.Жаманбалинов, Балғын күн.).

ЖАУЫНДАТ= е т. **1.** *Жаңбыр жауу, төгу, құю. Ж а у ы н д а т ы п,* қара желдетіп, шөпті қуартып, жапырақты сарғайтып, елді әбігер қылып, аласапырандатып күз өтті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жер бетінің өзегін суырардай бұрқан-тарқан дауылдатады кеп! Шүмектете *ж а у ы н д а т а д ы* кеп (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ап-ашық күн аяқ астынан бұрқанып, Ырғыз өңірін бұлт шырмап алды да, дауылдатып, *ж а у ы н д а т ы п* жүріп берді (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). Тебірентесің, тербетесің, Ұйықтап жатқан жел төсін. *Ж а у ы н д а т ы п,* желдетесің, Мұңлы бір күй шертесің (С.Мәуленов, Таңд.). **2.** *Жауындатқыш мәшинелер арқылы су бүрку, себездеу.* Овощ дақылдарын *ж а у ы н д а т ы п* суғару сушылардың еңбегін көп жеңілдетті (Овощ өсіруші).

Жауындатып суару. с у ш а р. *Егістік жерді техника көмегімен жаңбырлатып суару.* Сортаң топырақты жерде *ж а у ы н д а т ы п с у а р у* арқылы жерасты суларының деңгейін және топырақтың сорлануын төртіпке келтіруге болады (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Бұлардың ішінен ең көп тараған тәсіл – жер бетімен суару, одан кейінгісі *ж а у ы н д а т ы п с у а р у* (М.Ерлепесов, Суармалы егін.).

ЖАУЫНДАТҚЫШ з а т. т е х. *Суды немесе басқа бір сұйық затты жаңбырша жаудыратын, бүркетін мәшине я қондырғы.* Жемшөп сүрлегенде даяр ашытқыны сүрлемге *жауындатқышпен* немесе таза сыпырғышпен бүркеді (Н.Шоқанов.., Сапалы сүрлем.). Тапсырылатын мал қабылдау-өткізу пунктінің шарбағына айдап апарылады, мұнда малды *ж а у ы н д а т қ ы ш* қондырғының астында тазартады (Мал бордақылау.).

ЖАУЫНДАТУ *Жауындат етістігінің қимыл атауы. Ж а у ы н д а т у* арқылы беті аса тегіс емес егістерді де суаруға болады (А.Ажкеев, Қант қызылша.). *Ж а у ы н д а т у* тәсілдеріне қарай бұл машиналар мен қондырғылар: жақынға атқылайтын, едәуір алысқа атқылайтын және алысқа атқылайтын машиналар немесе қондырғылар делініп әр түрге бөлінеді (Ауыл шаруаш. машина.).

ЖАУЫНДАТЫП ү с т. *Жауын жауып тұрғанда, жауын кезінде.* Борандатып, *ж а у ы н д а т ы п* келемін, – деді ол қабағы түйіліп (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖАУЫНДЫ с ы н. *Жауыны көп (мол), жаңбыр көп жауатын.* Көктем *ж а у ы н д ы* болғанмен, жаз шыққалы бір тамшы жерге тамбады (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). – *Ж а у ы н д ы* жылы туған екенсің ғой, – деп күлді қарт құрылысшы, қазақша сөздің мағынасын түсініп (Құрыш білектер). Әйтсе де сентябрьдің соңғы кезі *ж а у ы н д ы* болып кетті (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.).

Жауынды күн. *Жаңбыр көп жауатын күн.* 1918 жылы көктем айларының *ж а у ы н д ы к ү н д е р і н і ң* бірінде 15 жасар Ғани ауылдан Ташкентке келді (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). *Ж а у ы н д ы к ү н н і ң* астында Меңдіқара шырылдап жылады (А.Тоқмағамбетов, Әке.). Піштірілген қошқарды *ж а у ы н д ы к ү н д е р і* далаға шығаруға болмайды (Ғ.Әбішев, Мал. жарақат.).

ЖАУЫНДЫЛАУ с ы н. *Жаңбыры көбірек, жауыны молырақ.* – Көктем *ж а у ы н д ы л а у* болып, егін кеш егіліп еді («Қаз. әдеб.»).

ЖАУЫНДЫ-ШАШЫНДЫ с ы н. *Жауын-шашыны көп, жаңбыры мол.* Өткен жылдағыдай емес, биыл көктем *ж а у ы н д ы-ш а ш ы н д ы,* жер бетін қалың көгал жапқан (І.Есенберлин, Қатерлі.). *Ж а у ы н д ы-ш а ш ы н д ы* оңтүстік өңірінде жеміс жақсы өседі («Лен. жас»).

ЖАУЫНҚҰРТ зат.зоол. *Топырақ арасында тіршілік ететін ұзынша қызыл құрт, шұбалшаң.* Жұпар тышқан көбіне құрт-құмырсқалармен, әсіресе, олардың көбелектерімен, *ж а у ы н қ ұ р т ы* және моллюскалармен қоректенеді (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Мысалы, *ж а у ы н қ ұ р т т а р* топырақты жұтып, ішегінен өткізіп жер бетіне шығарады (Жалпы биология). Аквариумда өсірілетін ересек балықтарға буылтық құрттарды жем ретінде пайдаланады. Солардың бірі –*ж а у ы н қ ұ р т* (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖАУЫНСЫЗ с ы н. *Жауыны жоқ, жаңбырсыз.* Өткен түн *ж а у ы н с ы з* ашық болды да, агрегат мүшелері кірпік қақпастан, тыным таппастан егін орды (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Қалдым аман жалыннан, *Ж а у ы н с ы з* жаз өртенбей. Қалдым аман ағыннан, Құшағында ерте өлмей (С.Мәуленов, Алыс кет.). Сарыарқам менің, сар далам, Сағымы көзді алдаған, *Ж а у ы н с ы з* жылы ел ауған, Аң да аялдап қалмаған (Ә.Тәжібаев, Поэма.).

ЖАУЫНСЫЗДЫҚ з а т. *Жаңбыр жаумағандық, жауыны жоқтық.* ≈ *Ж а у ы н с ы з д ы қ* белгісі.

ЖАУЫНША үс т. *Жауын тәрізді, жаңбырша.* Төкті ме әлде *ж а у ы н ш а* қарғыс емшектен еңіреп құйылған таңба?! (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Сүйікті жауынгер Катюша, Жолдайды жауына оқ *ж а у ы н ш а* (А.Лекеров, Өмір оты).

ЖАУЫН-ШАШЫН з а т. *Жаңбыр, қар, т.б. атмосфералық тосап.* Көп жылдың күзінде кездесетін ол араның *ж а у ы н-ш а ш ы н ы* биыл жоқ (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Егер қарлығаш шөп басын қырқа, аласа ұша бастаса, күн бұзылады, *ж а у ы н-ш а ш ы н* болады (Ш.Айманов, Қыран.). Жұрт *ж а у ы н-ш а ш ы н н а н,* бұлтты тұман күндерден безер болды (Ә.Ипмағамбетов, Жайық.). Ал сыртқы күш температура, жел, *ж а у ы н-ш а ш ы н* арқылы (геологиялық агенттер) жер беті тегістеліп отырады (Н.Баяндин, Fасыр. қойнауы.). Шөл аймақтарға алыстардан суды жеткізіп, *ж а у ы н-ш а ш ы н м е н* мейірін де қандыратын сол атмосфера (Н.Баяндин, Fасыр. қойнауы.).

ЖАУЫН-ШАШЫНДЫ с ы н. *Жауын-шашыны мол, жаңбырлы. Ж а у ы н-ш а ш ы н д ы* жылдары бұл аурулар кең етек алады, ал қуаңшылық жылдары, керісінше, мүлде аз болады (К.Боранғазиев, Жем-шөп.). *Ж а у ы н-ш а ш ы н д ы* күндері личинкалардың көпшілігі нәжістен босап шығады да, жорғалап шөпке жармасады (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы.). Қалаубай ақсақал боранды күндері, *ж а у ы н-ш а ш ы н д ы* қиындық көрмеу үшін былтыр құдықты жалғыз өзі қазған (Ж.Өмірбеков, Қызыл су).

ЖАУЫН-ШАШЫНСЫЗ с ы н. *Жауын-шашыны жоқ, жаңбырсыз.* Аспан әлемі қоңырқай бұлт болғанымен, күн *ж а у ы н-ш а ш ы н с ы з* (М.Fабдуллин, Сұрапыл.). Күзтоқсанның басында бұл маңай майда қоңыр, жылы, *ж а у ы н-ш а ш ы н с ы з* болады (І.Есенберлин, Алмас.). Жер бетінен жиналатын өсімдіктерді *ж а у ы н-ш а ш ы н с ы з,* ашық күні, шық ылғалы әбден кепкеннен кейін ғана жинау керек (С.Сұбханбердин, Өсімдік–дәрі.).

ЖАУЫР з а т. **1.** *Ердің, ершіктің батуынан болатын көлік арқасындағы жарақат.* Бір туған Абданбаймен менің ағам, Жұмсаса бармаймын деп қайтіп айтам. Ақырып, шапшаң айдап кел деп айтты, Бар еді өзі *ж а у ы р* жалғыз атан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Болыста Қарақоға Тілеуқабыл, Туғаннан кедейліктен көрген жәбір. Әйелі Әнке атты жесір қалып, Жұмыстан ығыр болған аттай *ж а у ы р* (О.Шипин, Дастан.). Алтыбай ауылында үш үй, Қаражалда екі үй, *ж а у ы р* жирен шолақтан басқа дымы жоқ жылтыр Құлтамбай, өзіңізге неше рет зарлап келетін жалғыз сиырдан басқа үрерге иті жоқ ақсақ Кемелбай, міне, қалып отырған осы сияқты ылғи қара қасқа кедейлер (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Өздерің білесіңдер, менде қойға мініп жүрген *ж а у ы р* торыдан басқа аяқ артар ештеңе жоқ, әйтпесе мінгізіп-ақ жіберер едім (М.Мағауин, Ақша қар). **2.** а у ы с. *Арық, әбден титықтаған күш көлігі (жылқы малы).* Жарлының жалғыз *ж а у ы р ы,* Жардан құлап жатқанда, Байдың бірі бес еді (Қ.Тоғызақов, Өлеңд.).

Арқасын жауыр қылды. *Ығыры шықты, көк иық болды; азап шекті, азып тозды.* Момынға жапса жаланы, Қулық-сұмдық табады. *А р қ а с ы* елдің *ж а у ы р б о п,* Төрт аяқтан ақсады (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жалсыз жауыр. *Күйсіз, азып-тозған.* Боп тұрмын әлсіз арық, *ж а л с ы з ж а у ы р,* Таусылып тамақ, талқан, тиін, мірім (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жауыр ат. *Арқасы жауыр болып арықтаған, әбден титықтаған ат.* Аңшылық әуелінде қандай тәтті, Еркіндік, кім жек көрер салтанатты. Бұл күнде қоңлы тұғыр табылса да, Аздан соң желдіктерсің *ж а у ы р а т т ы* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жауыр болған. *Ығыр еткен, мезі қылған, күйі кеткен.* Жоқ, бұл құрғақ мақтау, айтыла-айтыла *ж а у ы р б о л ғ а н* жалпылама сөздер ғана (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). Автор Кәрібай бейнесін жасауда көп ізденіп жатпай, тақ-тақ жолмен тарта берген секілді. Бұл әбден *ж а у ы р б о л ғ а н,* ерқашты образ («Қаз. әдеб.»). Кемпір, шалдар кемсеңдеп, Ақылдан танып мәңгірді. *Ж а у ы р б о л ғ а н* жарлы елді, Есінен Сұлтан тандырды, Аянар бұдан жан жоқ деп, Ер азамат сап құрып, Ұрыспаққа қам қылды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жауыр болды. *Арқасы жарақаттанды, жара болды.* Үстіне талай жүк артылып, талай адам мініп *ж а у ы р б о л ғ а н* қара атан біз жақындай бергеннен-ақ жынын шашып бақырды (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Көп мініліп шиқан *ж а у ы р б о л ғ а н* арық ат та қиқаң шығармай ма, бұл әйелдікі де сол (Б.Майлин, Шығ.).

Жауырды жаба тоқыды. *Жасырып жапты, сыртқа шығармады, сыр білдірмеді.* Ол қатын, қыздарының үй арасындағы бозбалашылығына мән бермейтін, көргенін көрмегендей боп, *ж а у ы р д ы ж а б а т о қ ы п* жүре беретін (І.Есенберлин, Қаһар). – Ендеше, осылай деңдер, жолдастар, осы кемшілікті көре білген соң, *ж а у ы р д ы ж а б а т о қ ы м а ғ а н* соң, кемшілігімізді түзеу қиын болмайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Тілмаш пен шолақ төрені тұлпар санап, *ж а у ы р д ы ж а б а т о қ ы ғ а н д а й* боп, исі оқыған қазақтың бәрін бірдей керегіне жаратпақ болған

бұл төңкеріс Ғайшаны да бірталай аспандатып көтергендей болды (М.Әуезов, Шығ.).

Жауыр етті [қылды]. а) *Аттың арқасын жаралады, жарақаттады.* Жаз мініп, күз жайлаған боз ингенім, Жануар, *ж а у ы р қ ы л м а й* көп жүргенім, Кеудең – ана, бөксең – қыз, зайыбым-ай Сен кеткен соң не болады, қайран күнім! (Шал ақын, Өлеңд.). Қаптаған терiскендей қара дауыл, Сіркедей мыңын баққан байға ауыр, Келіншектің баласын кезек сүйер, Бай езіп жалшыларды *қ ы л с а ж а у ы р* (С.Торайғыров, Шығ.). Дұрыс жасалмаған ер атты *ж а у ы р е т і п,* мінген адамды шаршатады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Астында жалғыз атын *ж а у ы р қ ы л д ы,* Шаруаға қарамастан көңіл бөліп (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.). ә) а у ы с. *Мезі етті, ығыр қылды.* Ауылдың арияйдайын өзіміз де *ж а у ы р қ ы л д ы қ,* – деп алдын ала қауіптене сөйлейді бірі (С.Сматаев, Армысың.).

Жауыр құйрық. *Бейнетті көп көрген (адам, мал).* Мен болсам *ж а у ы р қ ұ й р ы қ,* тілік табанмын (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Жауыр сөз. *Жиі айтылатын, жаттанды.* Осы бір жаттанды *ж а у ы р с ө з д і* өз басым тітіркеніп оқитынмын (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Қырсыққанда аузына қайдағы бір жаттанды *ж а у ы р с ө з д е р* түседі (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Қара жауыр. *Мезі қылған, ығыр еткен (сөз, әңгіме).* Елжасқа Сұңғаттың айтқандары, әзілі күлейін десе де күлдірмейтін жадағай, *қ а р а ж а у ы р* боп естілді (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

ЖАУЫР= е т. ж е р г. *Жауыр болу, арқасы кету.* Күтіп мінбегендіктің салдарынан 20 бас ат арқалары *ж а у ы р ы п,* күйсіздікке ұшырап отыр (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЫРА= е т. ж е р г. *Жауыр болу, ойылу.* Қартайсаң аяқ, тізең ауырады, Жатудан жанбастарың *ж а у ы р а д ы.* Қадірің күнненкүнге кеми беріп, Жолатпай қосағың да дау ұрады (Үш ғасыр.).

ЖАУЫРДАЙ сын. *Жауыр сияқты. Жауырд а й* дегенің шыпжыңдайын, Бірісің қулардың сен құзғындайын, Жамалды үйде отырған істеді деп, Өтірік екпіндіге жаздың дайым (Шаншу).

ЖАУЫРТ= е т. *Жауыр ету, қажау, жаралау.* Белдің сабы қолымды *ж а у ы р т ы п* тастады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЫРТУ *Жауырт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ат арқасын *ж а у ы р т у.*

ЖАУЫРУ *Жауыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а у ы р у д ың* салдары.

ЖАУЫРЫН з а т. **1.** а н а т. <лат. scapula> *Жоғарғы жағы тоқпан жілікпен жалғасып тұратын, үш бұрыш пішінді қалақша сүйек.* Бөрідейін жол тартып, *Ж а у ы р ы н ы н а* мұз қатып, Жалаулы найза қолға алып, Жау тоқтатар күн қайда?! (Махамбет, Өлеңд.). Бойы он кез, *ж а у ы р ы н ы* үш кез, сыңар жұдырығы қолағаштай. Қодар шын алып (М.Әуезов, Әр жыл.). Дәл тұсына келгенде, Дауа бар ма мергенге, Көк күймені көзге алып, Қорамсаққа қол салып; Басып-басып жіберді, *Ж а у ы р ы н д а р ы* қозғалып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қақ маңдайда қалы бар, *Ж а у ы р ы н ы н д а* жалы бар, Аспанның найзағайындай Алыстан көзге шалынар, Аманжол батырдың шөбересінің шөбересі (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** а у ы с. *Киімнің жауырын тұсының атауы.* Түйе жүн шекпені *ж а у ы р ы н* ортасынан қақ айырылған Біржан көз алдына келді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Жалаңаяқ, үстіндегі ақ көйлегінің *ж а у ы р ы н ы* қан (К.Оразалин, Жексен). Мұны көбінесе батырлардың шапанының *ж а у ы р ы н ы н,* қалқандарын, кейде шалбардың тізе тұсын, дөдегелерді әшекейлеуде жиі қолданады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Жауырын бауыздауы. *Жауырын сүйектің жалпақ тұсы мен басы аралығындағы бөлігі.* ≈ *Ж а у ы р ы н б а у ы з д а у ы* тұсы.

Жауырынды сөкті. *Қолы тұскен, иығына ауыр соққы тиген не ауыр жүк артудан болған (ақсаған) қатерлі кінәраттарды емдеу тәсілі* (Б.Қинаятұлы, Мал дәрігер.).

Жауырын жақты. ж е р г. ***Жауырын қарап.*** – Тамыр ұстаймын, құмалақ тартам, *ж а у ы р ы н ж а ғ а м.* Алдыңды болжап, ойыңды айтам (Ғ.Мұстафин, Көзкөрген).

Жауырын жолын ашу. *Ас, тағам мәдениетіндегі рәсім.* «*Ж а у ы р ы н ж о л ы н а ш у*» үй иесі мен ұлдарына парыз (ол бөгделерге рұқсат етілмейді) және оны орындамаған ер адамның жолы бөгеліп, тұйықталады дейді халық сенімінде (Ғ.Мұстафин, Көзкөрген).

Жауырын қазаны. *Жауырын сүйектің бөлігі.* Г. Потаниннің еңбегі бойынша: сүйекті қолға алған адам *ж а у ы р ы н н ы ң* тоқбас жілікке жалғасқан «*қ а з а н*» аталатын шұңқырына қарап, үй иесінің несібесін шамалайды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жауырын қарады. э т н. *Жауырынға қарап бал ашты, сәуегейлік жасады.* Жардың түбін паналап, Жалғыз жатып тостым жол. *Ж а у ы р ы н қ а р а п,* ашып бал, Келуін күттім қайтқан қол (С.Бегалин, Таңд. шығ.). Орта Азия мен Қазақстанның ертедегі халықтары құмалақ тарту, *ж а у ы р ы н ғ а қ а р а у* т.б. сәуегейліктерге сенген (М.Исқақов, Соқыр сенім.).

Жауырыннан жел өтті. *Азап, бейнет көрді.* Маңдайынан күн өтіп, *Ж а у ы р ы н н а н ж е л*

ө т і п, Күн астымен жеткен ер (Махамбет, Өлеңд.).

Жауырын ойысы. *Жауырын сүйектің бөлігі. Ж а у ы р ы н н ы ң* қара қабырғамен беттесіп тұрған бетінің ортасындағы *о й ы с ы,* яғни мал дәулетінің көрсеткіші. Ол қаншалықты үлкен болса, «қораға мал толы», яки малды-ауқатты болады деп түсінген (Отан тарихы).

Жауырын шеміршегі. *Малдың жауырын сүйегінің етегіндегі жалғасқан шеміршек.* Қазақ қасапшылары етті бұзған кезде *ж а у ы р ы н* етіндегі *ш е м і р ш е г і н* толығымен ажыратпайды, Анадолыдағы түрік қасапшылары сүйекті алушыға сындырып береді (Отан тарихы).

Жауырыны жерге тимеген. *Ешқашан жығылмаған, күшті, балуан.* Жасынан *ж а у ы р ы н ы ж е р г е т и м е г е н,* жырынды, әлуетті Шақшай бұл ауыр жәшікті лып еткізіп асықша алып, тастап жіберді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бір ауылдың *ж а у ы р ы н ы ж е р г е т и м е г е н* палуанының шортанға шамасы келмегені ұят-ау өзі, – деп қарқ-қарқ күледі (Бәйшешек).

Жауырыны қақпақтай. *Денелі, иықты, қапсағай (адам).* Жалпақ, *ж а у ы р ы н ы қ а қ п а қ т а й,* жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Тігін мастерскойында шәкірт болып істеп жүргенде бір ұзын бойлы, *жауырыны қақпақтай,* тұлғалы жас жігіт әр жерде Шарипаның көзіне шалына берді (Ө.Қанахин, Мұрагер.).

Жауырынынан қақты. *Арқасынан қағып, ризашылық білдірді, мақтады, мадақтады.* Жолдас Нарком, барлығы қуанышпен қарсы алып, Рахметтің қолын қысып, *ж а у ы р ы н ы н а н қ а қ т ы* (С.Ерубаев, Шығ.). Сәлима Жәзираны қолпаштай *жауырынынан қағып* қойды (М.Сүндетов, Ескексіз.). – Жарайсың, молодец, – деді шофер, баланың *жауырынынан қ а ғ ы п,* – сен мұны қайдан үйреніп жүрсің? (А.Сарбөпин, Аспалы бесік).

Жауырынына таңды. *Жауырынына байлады.* Елсіз, күнсіз туды деп атын Едіге қойды да, *ж а у ы р ы н ы н а т а ң д ы* (Едіге).

Жауырынын жерге тигізді. *Алып ұрды, жықты; жеңді.* Менімен белдесерден бұрын Қажымұқан көптеген палуандармен күресіп, олардың *ж а у ы р ы н д а р ы н ж е р г е т и г і з д і* («Лен. жас»). Бұдан кейін Петр 4 минут 50 секундта түрікмендік Сабуровтың *ж а у ы р ы н ы н ж е р г е т и г і з д і* («Спорт»).

Жауырыны үлкен қақпақтай, айдары үлкен тоқпақтай. *Жауынгер, балуан денелі кісі туралы айтылады.*

Ит жауырын. *Жауырыны тар, құшиған (адам, киім).* – Немене, мені *и т ж а у ы р ы н* сарт шапанымен алдап көз боямақсың ба? (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Кең жауырын. *Жалпақ, жауырынды, иықты, зор денелі (адам). К е ң ж а у ы р ы н,* қарыс маңдай, денелі Шолақ ағай топты бастап келеді (Ж.Сәтібеков, Сыр.).

Қақпақ жауырын. *Кең, тұтас біткен жауырын.* Мұның еменнен қиғандай кеспелтек аласа бойына *қ а қ п а қ ж а у ы р ы н ы* мен көрік кеудесі сай келген (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Оның түйе палуан пішіндес, *қ а қ п а қ ж а у ы р ы н,* қапсағай тұлғасы мал ішінде толысқан («Лен. жас»).

Қозы жауырын [қу жебе]. к ө н е. *Үлкендігі қозының жауырынындай садақ оғы.* Қорамсаққа қол салмай, *Қ о з ы ж а у ы р ы н* оқ алмай, Ерлердің ісі бітер ме?! (Махамбет, Өлеңд.). *Қ о з ы ж а у ы р ы н қ у ж е б е,* Алтыннан ойған алпыс көз, Тартатұғын шақ болды. Қиғаш салып жауырынын, Тарта алмасам, маған серт (С.Сейфуллин, Шығ.). Қоржынға салған азығы Қойдың елу бүйрегі. Қанжығаға байлаған Қырық қәрі жілігі. *Қ о з ы ж а у ы р ы н* қолында Жұлдызы тұр оңында. Сексен бесте жасы бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖАУЫРЫНДЫ с ы н. *Жауырыны кең, жалпақ; иықты, денелі.* Сақал-мұртты кісі екен, Кірпігі ұзын найзадай. *Ж а у ы р ы н д ы,* шүйделі, Бармақтары балғадай (О.Шипин, Дастан.). Тіп-тік оқтай түзу сырт келбетін, екі иығына екі кісі мінгендей *ж а у ы р ы н д ы* да сом денесін, сабырлы мінезін Ольга көбірек ұнатып, «еркек болсаң, менің әкемдей бол!» деп әзілдей мақтанатын (З.Шашкин, Өмір.). Ол адам баласына бітпеген *ж а у ы р ы н д ы,* жас шамасы алпыстың екеу-үшеуіндегі, өткір көзді, қыр мұрынды, қара кісі екен (Ә.Әлішев, Батыр.).

ЖАУЫРЫНДЫЛАУ с ы н. *Жауырыны үлкенірек, кең иықтылау.* Жасына қарағанда *ж а у ы р ы н д ы л а у,* бойшаң балаң жігіт Октябрь көшесінен кеп электричкаға отырды («Қаз. әдеб.»).

ЖАУЫРЫНТАҚ[1] з а т. *Жауырынның қалақ басындағы шеміршектің өсіп кетуінен болатын ауру.* Ең алдымен, *ж а у ы р ы н т а қ* не екенін біліп алайық. Қос жауырынның қалақ басындағы шеміршек өсіп, үш жағы бір-біріне тиеді екен немесе жауырынның қалағы қабырға мен арқаға жабысып қалады екен (Саржайлау). Еркін жүрмей үнемі байлауда тұратын бұзау *ж а у ы р ы н т а қ* болып ауырады («Лен. жас»).

ЖАУЫРЫНТАҚ[2] з а т. ж е р г. *Иініш. Ж а у ы р ы н т а қ* салмаған көйлектің арқасы тез кетеді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЫРЫНША з а т. ж е р г. *Кеудеше (кеудеге киетін).* Жеңге болып, *ж а у ы р ы н ш а* да тігіп бермедің (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАУЫРЫНШЫ з а т. *Жауырынға қарап бал ашатын балгер.* Қара Боқан *ж а у ы р ы н ш ы,* Түнде қалың қол бастар, Ғайыптан болжап сөз айтар (Батырлар жыры). Бетіне Абылайдай ардагердің Келуді алты алашқа ар қылатын. «Бетіне келген жанды соғар кие!» – Деп жырау, *ж а у ы р ы н ш ы л* жар қылатын (М.Жұмабаев, Шығ.). Артынан *ж а у ы р ы н ш ы* Дәкір білгір меңсіз қара қойдың отқа күйдірген қу жауырынының сызықтарына қарап отырды (І.Есенберлин, Қаһар). Жау шапса алдан, *ж а у ы р ы н ш ы* жөнді бал ашып, Жебесі төстен көрмеген еді адасып, – Адырнасында алпыс бақсының күйі бар, Серпіні қатты сірі немені де ала шық! (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖАУЫТ: **жауыт қылу**. к ө н е. ж е р г. *Айту, айтып қою, жеткізу.* Қанжығалы Райымбек Нұралы мен Бекмағамбеттің сөйлескенін Саққұлаққа *ж а у ы т қ ы л ы п т ы* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАҺАН [ир. جهان] з а т. *Бүкіл әлем, жержүзі.* Жапанға біткен жантақты *Ж а һ а н* кезген нар жейді; Тәтті менен дәмдіні Қолында бұлы бар жейді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Біреу үйде отырып, отбасында хош ұрып, Біреу *ж а һ а н* кезеді (Майлықожа, Нақыл). Еріксіз бір есекке қосақталсам, *Ж а һ а н д а* екі бірдей келмес мәнім! (М.Дулатов, Шығ.). Жақсымен отырсаң оңаласың, *Ж а һ а н д ы* айналып шыққандай. Жаманмен отырсаң тоналасың, Жаның жалбырап түк қалмай (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жаһан кешті. *Жержүзін шарлады, күллі әлемді аралады.* Көп жүріп *ж а һ а н к е ш і п* Сейфүл-Мәлік Жамалға, иранбаққа іздеп барған (Ақан сері, Шығ.).

Жер-жаһан [жаһанда]. *Жержүзі, бүкіл әлем, жер беті.* Қанаттанды шығыстан тау *Ж е р ж а һ а н ғ а* беріп көрік (С.Бегалин, Өлеңд.). Ақ маңдайлы алма жүз. Саған сірә тең келер *Ж е р ж а һ а н д а* бар ма қыз! (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

ЖАҺАНГЕР [ар. جهانگير] з а т. к ө н е. **1.** *Бүкіл әлемді, жержүзін аралаушы; саяхатшы, жиһангер.* ...Европаның *ж а һ а н г е р л е р і* Түркияны дуана талағандай қамап, арбап, ... бұрынғысындай құлдану, езу шарасын кеңесіп жатыр (М.Дулатов, Шығ.). Біз Ричард *ж а һ а н г е р д і ң* өзімен бірге келгенбіз (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Потанин – атақты *ж а һ а н г е р,* кең ойлы ғалым («Қазақ»). **2.** *Әлемді өзіне қаратушы, жаулап алушы, басқыншы.* Әлді елдермен айқасып мүйізін сындырғанша, әлсіз елдерді өзіне бағындырып әлденіп алу – қай *ж а һ а н г е р* патшаның болса да негізгі тәсілі (І.Есенберлин, Алмас.). Бірте-бірте *ж а һ а н г е р* болып барам, Толықтырып жерімді толықпаған. Өз ағасын сыйлайды түрік інім, Аласапыран жылдарда жолықпаған (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жаһангер соғысы. т а р. *Дүниежүзілік соғыс, жиһангер соғысы.* Барақтың бір-екеуінде *ж а һ а н г е р л е р с о ғ ы с ы н д а* тұтқын болған Австрия мен Германия әскерлері жатыр екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Саша Ганюшкиндегі екі кластық училищені бітірісімен армияға шақырылып, *ж а һ а н г е р с о ғ ы с ы н а* кетті де, учитель үшінші бір мектепке, Жаңқалаға ауысты (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖАҺАНДА= е т. *Бүкіләлемдік ғаламдану бағытына ену.* ≈ *Ж а һ а н д а у* үлгісі.

ЖАҺАНДАНУ з а т. <лат. globus> *Бүкіл дүниежүзі бойынша қоғамның сан-саласын қамтитын теріс және оң құбылыстардың жиынтығынан тұратын әлемдік үдеріс.* Жұрттың көбі *ж а һ а н д а н у д ы* Ақырзаманның жан алғышы, мифтегі жер дүниені жалмайтын әжуж-мәжуж секілді құбыжық көретінін ашық айтып отыр («Қаз. әдеб.»). Әр қилы елдерді *ж а һ а н д а н у ғ а* бірте-бірте бейімдеу бағдарламасын жасау қажет («Егемен Қазақстан»). *Ж а һ а н д а н у* немесе ғаламдану деген сөздің тарай бастағанына біраз жыл болды. Бұл сөздің мағынасын кейбір саясаткерлер, социологтар түрліше түсіндіріп, өздерінше бұдан әлдененді жаңалықтың нышанын көргендей сыңай байқатады («Қаз. әдеб.»). Меніңше, *ж а һ а н д а н у д ы ң* астарын түсіндіру үшін, дүниежүзі философиясын оқып танысудың қажеттігі жоқ («Қаз. әдеб.»).

Жаһандану доңғалағы. *Жаһанданудың жүру үдерісі.* Н.Назарбаев *ж а һ а н д а н у д о ң ғ а л а ғ ы н ы ң* үлкен ауқымдарды қамти айналып бара жатқаны, одан ешкімнің сырт қала алмайтындығы жөнінде өз көзқарасын білдірді («Егемен Қазақстан»).

Жаһандану күпшегі. *Жаһандану процесі.* Өркениеттік және техникалық дамудың ырық бермес иіріміне тартылған елдердің қатары молыққан үстіне молыға түсуде, *ж а һ а н д а н у д ы ң к ү п ш е г і* өз айналымын күшейткен үстіне күшейтіп барады (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл).

Жаһандану процесі. *Жаһанданудың даму, өту барысы.* Әртүрлі себептердің салдарынан толыққанды және ілгерішіл ниетпен *ж а һ а н д а н у п р о ц е с і н е* қатысудан сырт қалған елдер экстремистік және бүлдіргіш сипатындағы күштердің ықпалына түспей қоймайды (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл).

Жаһандану үдерімі. *Жаһанданудың өрістеуі.* Дегенмен, бүкіл әлемді жайлауға бет алған

жаһандану үдерімі, көптеген елдердің шекараларды ашып тастап, ортақ ақшаға ауысып жатқаны кім-кімге де ой салмай қоймағаны анық аңғарылады («Егемен Қазақстан»).

ЖАҺАНДАС= е т. *Ғаламдасу, бүкіләлемдік бағытқа жақындасу.* ≈ *Жаһандасу* кезеңі.

ЖАҺАНДАСУ *Жаһандас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жаһандасу* нәтижесі.

Жаһандасу процесі. *Жаһандасудың даму барысы. Жаһандасу процесін* тоқтату ешкімнің де қолынан келмейді, енді тек соған тиісінше бейімделіп қана өмір сүруге болады («Егемен Қазақстан»).

ЖАҺАНДАУ *Жаһанда етістігінің қимыл атауы. Жаһандаудың* «бейбіт» варианты экономикалық, техникалық жағынан артта қалған әлсіз елдерді терең ойластырылған арамза әдіспен рухани құлдыққа түсіруді көздейтіні жасырын емес («Қаз. әдеб.»).

ЖАҺАНДЫҚ[1] з а т. *Ғаламдық ой-сана, білім.* Жадына *жаһандық* жинаған бар ойды. Әлемді бойына сыйғызған адамның досы отыр, Бар бақыт, бар сәуле сол жаннан тарайды (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

ЖАҺАНДЫҚ[2] с ы н. *Бүкіләлемдік, дүниежүзілік.* ≈ *Жаһандық* экономика.

Жаһандық көсем. *Әлемдік көшбасшы.* «Алпамыс батырды» зерттеген В.И. Жирмунский дастанның бойындағы көне сарындарға сүйеніп, оны «Одиссеямен» де салыстырып, жырдың даңқын *жаһандық көсемге* шығаруға үлес қосқандығын мойындау керек («Қаз. әдеб.»).

Жаһандық қауіпсіздік. *Бүкіләлемдік деңгейдегі қатерсіздік.* Біздің еліміз сондай-ақ барлық әлем мемлекеттерін оның бейбітшілікті қамтамасыз етудегі және *жаһандық қауіпсіздіктегі* рөлі мен бекемдеу мақсатында БҰҰ аясына топтасуға шақырады («Егемен Қазақстан»).

Жаһандық орта. *Әлемдік қауым іші.* Н.Назарбаев сессияға қатысушыларға дін, ұлт, нәсіл бойынша бөлінудің осы заманғы қоғамда, *жаһандық ортада* дамуға, алға қозғауға емес, кері кетуге жетелейтін аса зиянды фактор екендігін атап көрсетті («Қаз. әдеб.»).

Жаһандық экономика. *Әлемдік, дүниежүзілік экономика.* Оның үстіне, бүгін экономикадағы дамудың әлемдік үрдістері кері әсер байқатып отыр. *Жаһандық экономика* өзінің бәсеңдеу кезеңіне аяқ басты. Бұл біздің еліміздің экономикасына әсер етуі мүмкін («Егемен Қазақстан»).

Жаһандық экспансия. *Бүкіләлемдік деңгейдегі күшпен басып алу саясаты.* Интеграцияның осынау ерік бермес процесі, іс жүзінде тежеуге көнбейтін, мәні бойынша жазмыштық сипат алып отыр, яғни бір қоғам бар қорғанғысы келеді-ақ, бірақ мүмкіндігі жоқ, енді бір қоғам бар өзінің даму өрісінде *жаһандық экспансиялық* бағдарламасына қандай да бір айтарлықтай тосқауылды сезінбейді (Н.Назарбаев, Сынд. он жыл).

Жаһандық эксперимент. *Бүкіләлемдік деңгейде жүргізілетін тәжірибе.* ≈ *Жаһандық эксперимент* жасалды.

ЖАҺАНКЕЗ з а т. **1.** *Жержүзін аралаушы, кезуші, саяхатшы.* Италиялық бір *жаһанкез* жолаушының жазған кітабының әрбір әрпі бақандай боп көз алдында тұра қалды (І.Есенберлин, Алмас.). – Мен дуана емес, дәруішпін. Гераттан келе жатырмын және де бұндай күйді бұрын-соңды естісем бұйырмасын, – деді жалаңаяқ *жаһанкез* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Бүкіл жержүзін өзіне қаратушы, басқыншы.* Жасынан жаугер, *жаһанкез* атанып өскен еді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Олар *жаһанкез* жауынгерлер, әйтпесе лайықты басшы немесе қожа іздеп жүрген кәдуілгі жол торығыш қарақшылар (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖАҺАНКЕЗДІК з а т. **1.** *Жержүзін кезушілік, аралаушылық; саяхатшылық.* Мені *жаһанкездіктің* рухы билеп, пысы басты, есіл-дертім ел аралау болды («Қаз. әдеб.»). **2.** *Күллі әлемді басып алушылық, басқыншылық.* Наполеон да *жаһанкездік* ісін осылай бастаған жоқ па еді? (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖАҺАННАМ[1] з а т. с ө й л. ***Жаһан.*** – Е, бұл *жаһаннамдағы* мөрі бар ақша қарабеттің қалтасынан құтылған ба? (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖАҺАННАМ[2] [ар. جهنم] з а т. д і н и. *Діни мистикалық түсінік бойынша өлген адамның «жаны ұшып баратын» жеті тамұқтың (тозақтың) ең жаманы.* Тілі оның *жаһаннамның* ғақырайындай, Секілді айыр ағаш сирақтары (Ғашықтық дастан.). Өтірік айтқан сөзінің расын сонда таба алмай, Аман-есен кетпексің *Жаһаннамға* қамалмай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қошқар тұмсық, дөң мұрын, Көрінеді ол мықты. Салып едім найзаны, *Жаһаннамға* жан шықты (О.Шипин, Дастан.). Омбы острогін жеті тамұқтың ең жаманы – *жаһаннамға* санайтын ол, «содан құтқардым ба» деп әкелген досын, нақ сондай болмағанмен ұқсап қалатын мына тамұққа тығып кетуге аяды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Біләлға әмір қылды, жұртты жиды, Мешітке сахабалар жиылды енді. Жаннаты мен *жаһаннамнан* хабар берді, Қуантты дін мұсылман барша ерді. Қорқытты бір Құданың ғазабынан, Әртүрлі қалам сөйлеп, інжу терді (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.).

Жанын жаһаннамға жіберді. *О дүниеге жөнелтті, өлтірді.* Ол жолдың оң жағындағы жырада жатқан екі жендеттің де *жандарын*

ж а һ а н н а м ғ а ж і б е р д і (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Жанғыш бөтелкелер бірнеше жолбарыстың *ж а н ы н ж а һ а н н а м ғ а ж і б е р д і* (Е.Естаев, Өмір.).

Жаһаннамға жан [жанын] тапсырды. *О дүниеге кетті, өлді.* Көз алдымда Торскіде, Сонау солдат хуторында, Полицейлер біздің қолдан, *Ж а һ а н н а м ғ а ж а н т а п с ы р ғ а н* (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Жаһаннамға жөнелтті. *О дүниеге аттандырды, өлтірді.* Есім ханды *ж а һ а н н а м ғ а ж ө н е л т і п,* Нұралы ханды тағынан тайдырып, қуатын белгілі Сырым батырдың үзеңгіден қан кешіп, арып-ашып жол көріп жүрген кезінде, Тайбөрі оған да қойнын ашып, қонақасы беріпті, – деседі ел (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Өзім жетпіс тоғыз фашисті *ж а һ а н н а м ғ а ж ө н е л т т і м* (Р.Әутәліпов, Той тарқар).

Жаһаннамға кетті. *Дүниеден қайтты, өлді.* Мен көрдім соқыр ағаш басын иген, *Ж а һ а н н а м ғ а к е т е д і* оған тиген (С.Торайғыров, Шығ.).

Жаһаннамнан жай тапты [алды]. *О дүниеге кетті, өлді.* Қолға түссе, болысың *ж а һ а н н а м н а н ж а й т а б а т ы н* еді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Ұлы Отан соғысы жылдарында Гитлердің менменсіген талай әскер басылары да Наполеонның аяғын құшып, *ж а һ а н н а м н а н ж а й а л ғ а н* (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

ЖАҺАННАМДАЙ с ы н. *Тозақтай, тамұқтай.* Өз үйі *ж а һ а н н а м д а й* көрінуші еді, Келсе азап тартушы еді, Қанын бұзып (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

ЖАҺАТ[1] [ар. جهد] з а т. *Ниет, ықылас, ынта.* Бұл екі қуатты зорайту *ж а һ а т і н д е* болу керек, бұлар зораймай, ғылым зораймайды (Абай, Тол. жин.). Мұжық бет, нәрсесі сай, қазаны тоқ, Семірді түлкі әбден тұлыптай боп. Бағуға тауықтарды *ж а һ а т ы* зор, Жалғызақ ниет-құлқы түзелген жоқ (А.Байтұрсынов, Шығ.). Себебі орыстар жинауға қанша *ж а һ а д* қылғанмен халықтың заңын, ғадеттерін білмегендіктен, анда-санда бір тиіп, жөнді жинай алмайды («Қазақ»).

Жаһат етті. *Ниет етті, көңіл қойды.* Жастыққа жатпай-тұрмай *ж а һ а т е т і п,* Жыртықтың жаңартыңдар жамап бәрін (Т.Ізтілеуов, Шәкірттерге). Ұрлыққа *ж а һ а т е т к е н* адамдар ұры бірлән бірдей жаза тартады (Қарамола съезінде жасалмыш ереже). Жигоров енді өзі де үстеліне отырып, асығыстық сездірмеске *ж а һ а т е т т і* (Д.Әбілев, Арман.). Ықылас, ыждиһат пен *ж а һ а т е т і п,* Шыбын жан шыдай алмас шіріп пәнде (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЖАҺАТ[2] [ар. جهة] ү с т. к ө н е. *Жақ, тұс, тұрғы.* Бұл *ж а һ а т т а н* төрелердің әрбір үйді сахараға қумақшы болғандығын, қастағандығын көруге болады («Айқап»). Қазақ даласына жұмсалатын қаржының кейбір *ж а һ а т т а н* қарағанда сенімсіздеу жайы барын да ұмыта алмай мен сіздерге мынадай шарттарымды ұсынам (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖАҺАТТА= е т. к ө н е. *Жақтау, қолдау.* Омар мықты инженер болады деген сенімде екені, солай болып жетілуін *ж а һ а т т а й т ы н ы* байқалады (Т.Нұртазин, Мұрат).

ЖАҺАТТАС с ы н. к ө н е. *Жақтас.* Ғажап жұмбақ тағы бір хал, бір Тобықтының ішіндегі Құнанбай жағына *Ж а һ а т т а с* бай-жуандар ғана емес, көрші Уақ, Бура, Сыбан, Найман, Керей, Қаракесектегі жуан ауылдардың бәрі де бірауыздан Құнанбай жағына шықты (М.Әуезов, Шығ.). – Батыр, сізге менімен талай *ж а һ а т т а с* адамдар сәлем айтты, – дегенде Қарабас орнынан тұрып кеп, екі қолын бірдей ұсынып амандасты (К.Оразалин, Көктем.).

ЖАҺАТТАУ *Жаһатта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж а һ а т т а у ы н* күтті.

ЖАҺАТТЫ с ы н. *Ниетті, ықыласты, ынталы.* Аталық кеңес уағзаны Сөйлеген кемеу бұрында. Сол *ж а һ а т т ы* сөз жаздым. Рүстембек, жайхы шырынға (О.Шораяқов, Шайыр). Дімкәстігі бар балалар барынша *ж а һ а т т ы,* әрі өтірік айтпайды («Лен. жас»).

ЖАҺАТТЫЛЫҚ з а т. *Ынталылық, ниеттілік.* ≈ *Ж а һ а т т ы л ы қ* жақсы қасиет.

ЖАҺАУРАТ= е т. с ө й л. *Жақаурату, емеурін білдіру.* Жас жарым *ж а һ а у р а т ы п* бірде маған, Сыр айтты көп толқыған сезімменен (Ө.Жайлауов, Шопан.).

ЖАҺИД з а т. ***Жаһат***. Шаруа қалыбын, ғұмыр салтын өзгерту неше ата, неше баланың ғұмырындағы *ж а һ и д ы м е н* болады (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖАҺИЛ с ы н. с ө й л. ***Жаһіл.*** Білмейсің десең, *ж а һ и л* ашуланбақ, Мін көріп білмегенді мойнына алмақ (Ә.Тәңірбергенов, Ұмытпа.). Толқыны тауға ұқсаған мына заман, Сезе ме мұны даңғой *ж а һ и л* неме (XX ғ. қаз. ақын.). Ғалымның сөзін тұтпасын, *ж а һ и л д і ң* жолын ұстасаң, Көретін шырақ шілде жоқ (Қаз. ақын. шығ.). Яһудәнің көрмеді сөзін мақұл, Құлағына кірмеді айтқан ақыл. Ақыреттің азабын ойға алмады, Насихаттап тыңдамас болды *ж а һ и л* («Жұлдыз»). Иә, ең үлкен қасіреттің бірі – қайтадан *ж а һ и л* болу. Өйткені адамның нәпсісі – оның ең үлкен жауы. Адамның да, Алланың да жауы («Парасат»).

ЖАҺИЛЛІК з а т. *Надандық, білімсіздік, жаһілдік.* Құтқарсақ *ж а һ и л л і к т е н* қамын ойлап, Нәсіліміз оқыр бізге рақымет (М.Дулатов, Шығ.).

ЖАҢИТ[1] з а т. ***Жаһат*** *(ниет, ынта, ықылас).* Қазынаға қуат беретін адам ақылы, адам қолы, адам *ж а һ и т ы* екенін білмейді: біздің қазақта өз аяғынан өсіп, өнген малды айдап жүрген елге адам ақылы, адам ұсталығы, адам *ж а һ и т ы* көрінбейді (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖАҢИТ[2] з а т. д і н и. *Жаһіл адам.* Алла тағала тазалықты ұмытпайды. Көшеқораларыңызды да таза қылыңыз. *Ж а һ и т т е р г е* ұқсап кір-кір болмаңыз (Ш.Құдайбердиев, Мұсылмандық шарты).

ЖАҢИТШІЛДІК з а т. *Жаһаттылық, ынталылық.* Орыс патшалығының бар адамының күнелтіп отырғаны мұжықтың *ж а һ и т ш і л д і г і* (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖАҢИТШІЛІК з а т. *Жаһаттылық, ынталылық.* Жаңа заман адамнан ақыл, ұсталық, *ж а һ и т ш і л і к* күтеді (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖАҢҰТ зат. сөйл. ***Жақұт*** *(асыл тас).* Атаң отқа май салған, Жан ба еді жыннан тайсалған, *Ж а һ ұ т* тапқан ажыдан (М.Жұмабаев, Шығ.). Жаудырап, жаным, көзің сал, Ақ таста тұрған елеске. Жамалың – *ж а һ ұ т*, сөзің – бал, Нәрестe кезің емес пе?! (М.Мақатаев, Шығ.). Ашық аспанды шоқ жайлап, әлдекім үйме *ж а һ ұ т т ы* сапырып жатқандай сезіледі (Т.Иманбеков, Үлкен үй). Жетпей жүріп күрмеуге уақыт тығыз, Құнын білмей жоғалттық *ж а һ ұ т т ы* біз (З.Тілеужанов, Толағай тау).

ЖАҢҰТДАС с ы н. к ө н е. с ө й л. *Ниеттес, жақтас.* Ақсақалдарымыз бәйбішелерімен ойынға келіп, бар ықыластарымен *ж а һ ұ т д а с* болып, әдебиет кеші көркем де қызықты болып өтті («Қазақ»).

ЖАҢҰТТАЙ с ы н. *Жаһұт сияқты. Ж а һ ұ т т а й* жарқыраған жүз құбылып, Ай нұрына Үркер тұр қыздырынып (Н.Хасенов, Туған.).

ЖАҢЫЛ с ы н. ***Жәһіл***. Азаматтармен әмра бол – Көп жегілгел шығырға. *Ж а һ ы л д ы ң* жаққан отына – Отырып жақын жылынба! (О.Шоряқов, Шайыр). Оның бірі – адамның *ж а һ ы л* ашуы кернегенде кешірімділікті ұстап тұра алмайды (Мың бір түн).

ЖАҢІЛ [ар. جاهل] с ы н. д і н и. *Алланың үкімінен, хақтығынан бейхабар; надан, білімсіз; ақымақ, топас, есалаң.* Адалды –адал, арамды – арам демей, Қара *ж а һ і л* надансың қасқыр түсті (XX ғ. қаз. ақын.). Медет Дариғадай аяулы аруды алдап, арын аяқасты еткен, соншалықты абыройсыздыққа душар қып, өміріне заһарлы уын жайған *ж а һ і л* жігітке өлердей өшігіп, кіжініп отыр (Е.Мырзахметов, Медет).

ЖАҢІЛДІК з а т. *Надандық, білімсіздік, топастық.* «Яр жеғу күллі шайен ила асли; Делінген кітаптарда бар нақлиат» – Деуші едім *ж а һ і л д і к т і ң* жайы қалай? Байқасам, бар екен ғой бір хикмат (Айтыс). Не керек, шағалаша шықылықтап, Күйеткен шалшықтағы құрт шабақтан. Жар мойын – *ж а һ і л д і к т і ң* нышанасы, Бұл – рас, білгенге ақыл абайлатқан (Таубайдың Жүсібі).

ЖАЮ[1] *Жай етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Малды өріске жіберу, жайылымда бағу.* Қойшы өндірісті игеру үстінде қойды өргізу, *ж а ю,* суару, жусатуды үйренді (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). **2.** *Жариялау, тарату, мәлімдеу.* **3.** *Затты жазып тастау, жерге төсеу.*

Етек жаю. *Кең тарау.* Капитализмнің дүниежүзіне *е т е к ж а ю ы* XIX ғасырдың екінші жартысында ғылым мен техниканы өршітіп, ғылыми-фантастика жанрының тууына ықпал еткені мәлім (Т.Сүлейменов, Қиял әлемі.).

Қанат жаю. *Даму, өркендеу.* Малды асылдандыру, будандастыру жұмысы да *қ а н а т ж а ю д а* (Ө.Шеденов, Бүгінгі ауыл.).

Қой жаю. *Қой бағу.* Көкем жүріп кетті, апам күрең атпен *қ о й ж а ю ғ а* кетті (М.Тлеков, Дала перзенті). Нақыпберді өзінің түске дейін қойды қалай жайғанын, *қ о й ж а ю д ы ң* соншалықты қызық іс екенін айтумен болды (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су). Бозторғай, шырылдайсың, шіркін-ай, Құтылар күн бар ма екен, *Қ о й ж а ю д а н* бір күн-ай, Бозторғай! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қол жаю. *Қолын көтеріп, бата жасау.* Бір шетте ақ шаш қәрия, көкке қарап *қ о л ж а й д ы* (Б.Аманшин, Бұтақта). Өсімге *қ о л ж а й д ы,* Тай алып серкешке. Алмаса ол тайды, Дап-дайын көрмеске (Абай, Тол. жин.).

Мал жаю. *Мал бағу.* Бес жыл бойы атаң мен басқа қариялар бұл қайнардан мал суаруға, ол маңайға *м а л ж а ю ғ а* рұқсат етпей қоритын («Қазақст. мект.»).

Өркен жаю. *Өсу, даму, қанат жаю.* Енді міне, оның қуәсі болдық. Жастар мұны мәдениеттің *ө р к е н ж а ю ы* дейді (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЖАЮ[3] ж е р г. *Құр, сал етістіктерінің қимыл атауы.* Қасқырға қақпан *ж а я м ы з* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖАЮЛЫ с ы н. **1.** *Төсеулі, салулы.* Сыз еденде шоқпыт алаша, құрым киіз *ж а ю л ы* жатыр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). **2.** *Жазып, жайып қойылған (зат).* Уа, қонағым, қонағым, Қайдан келдің, қарағым? Қой союлы, сары қымыз *Ж а ю л ы* тұр тамағым (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ауыл маңы тым-тырыс. Қос қарға талтаңдай басып, *ж а ю л ы* жатқан ірімшікті торып жүр (Д.Досжанов, Кісі.). Құт қоныс қойны қайырлы, Алдымда Ақсу – Аюлы. Бұғылы мен Тағылы, Тарихтай жатқан *ж а ю л ы* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жаюлы дастарқан. *Үстіне ас-тағам қойылған дастарқан. Дастарқан жаюлы* ғой, Жаңа жыл кешінен біраз тағамдар қалыпты (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Есіктен кіре бере *жаюлы дастарқанға* қарап мұрнын шүйірді (А.Әлсеров, Алыста.).

ЖАЮШЫ з а т. *Таратушы, жеткізуші.* Ол Жетісуға келіп, бір шеті қырғыз ағайынды аралап, осы жақтарға Арқаның әншілік өнерінің *жаюшысы* болды (А.Жұбанов, Замана.).

ЖАЯ з а т. **1.** *Жылқының екі жамбас сүйегінің тұтасқан сырты, дене мүшесі.* Менің астымдағы жирен ат қырдың киігінше сырғиды. Жалы, арқасы, жоны, *жаясы* жұп-жұмыр (С.Сейфуллин, Тар жол.). – Түйе жүн шекпен қуалай жонынан қақ айырылып, саулаған қан ақ боз аттың *жаясын* жауып жүре беріпті (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Көк ала ат, ат екенсің ерге лайық, *Жаяң* – жасыл жайлау ғой, төсің – қайық (Жанақ). **2.** *Осы мүшенің еті.* Жал пісіріп, *жаяасақ*, Ұқсар ма дәмі шекерге? (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әй, жеңгей, араз болма қажыменен, Қажының айнала бер сазыменен. Кигенің ылғи жібек, ішкенің шай, Жегенің жал мен *жая*, қазыменен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жылқы етінен – қазы, шұжық, *жая,* сүр ет, жал және қарта тағамдары даярланады (Қазақст. етті молайту.).

Бесік жая. *Жаясы бесіктей; үлкен.* Тұлпардың тауап еттім басына мен, Бес күнде *бесік жая* бесті болған (Қара өлең).

ЖАЯДАЙ с ы н. *Кең, тегіс, жайылған (жер).* Үшы-қиыры жоқтай көкпеңбек кеңдала *жаядай* жайылып жатыр (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). Сар *жаядай* жазылып, Сандықтау аймағы есте бір ғажайып шұғыла шашып тұрғандай (Ғ.Сланов, Жанар тау).

ЖАЯБІР с ы н. ***Баяу***. Көктем айының аяз, жаз айының бас шені. Жадырап шыққан күн, *жаябір* көл толқыны, көлде мамырлап жүзген аққу т.б. құстардың саңқылдаған үні, көктемнің көңілді күні (М.Құрманалин, Шығ.).

ЖАЯ-ЖАЛ з а т. с ө й л. ***Жал-жая.*** Суы тұнық, шөбі қау, Жалғыз ғана жиен жау Бағланды жеп еті бал, Сары ала қазы, *жая-жал*, Сапырып қымыз ішкенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Баласы Қожағұлдың Біржан салмын, Болғанда қыздар карта, *жая-жалмын*. Сұлудың ақ торғындай тамағынан Нәр алып, салдық құрып өскен жанмын (Қаз. әндері). Сөйтіп, қазы-қарта, *жал-жая* адамды атеросклероз дертінен сақтайды (К.Дүйсенбаев, Жылқы тұқым.).

ЖАЯ-ЖАЛДАЙЫН с ы н. *Жая-жал сияқты.* Бетегесі бырдай боп, Майсасыры дырдай боп, Тарлаулары балдайын, Балауы *жая-жалдайын*, Ойы түрлі кілемдей, Солқылдап қыры кілеңдей Салқын самал дала үшін (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖАЯЛЫ с ы н. *Жайлы, кең жайылған. Жаялы* үсті аппақ бөстек, Кең тыныс, омыраулы алшаң төстек (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЖАЯЛЫҚ з а т. *Жас баланы орайтын жайма шүберек, жөргек.* Балалар үйлерінен *жаялығын* ала келуді ұйғарысты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сол мезетте ол жалбырағаң кіршең *жаялық* үстінде аяқ-қолы ербеңдеп, іңгәлап жылап жатқан қызыл шақа сәби бейнесін көрді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Дымқыл тартқан *жаялық,* жөргектеріңді жуып, шайып құрғататын (Ғ.Сланов, Домбыра.).

Жаялық болды. *Жайылып жастық, иіліп төсек болды.* Перзентке жанын жыртып, *жаялық боп* Тұрмыстың тарттың талай қасіретін (Қ.Дәрібаев, Серт). Байы өзінен жоғары кісіге *жаялық болып,* төменгі кісіге өкіреңдеген әкім болатын («Әдеб. және искусство»).

ЖАЯЛЫҚТАЙ с ы н. **1.** *Кішкентай, алақандай, көлемсіз.* Сәлем-сауқаты дұрыс бірер қызметкерге қолындағы кішігірім *жаялық тай* жалпақ қағазды көрсетіп, мұңын шағып көріп еді, олардың «біз қайтейік» деп иық қағып, ауданның екі басшысының есіктерін иектерімен нұсқағаннан басқа септігі болмады (Ә.Сараев, Ақ тымық.). Құдайдың жері жетпегендей біздің жан сақтап отырған *жаялықтай* шабынды, уысты құлақ егінімізді таптай ма! – деп дауысы бәсеңдеп, жалынышты сөйлегендей болды (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** *Үлкен, дәу; көлемді.* Насыбайдан ба, әлде зақымы бар ма, Бошыбайдың *жаялықтай* үлкен аузында дүрдиген қалың еріндерінің көгілдір түсті терілері үнемі тілім-тілім боп жарылып жүреді екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Екі танау, *жаялықтай* ауыз, екі көз, екі құлақтың бәрімен дем алатындай бетімді күйдіріп барады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Жаялықтай болды. *Жайылды, үлкейді.* Диқанның сары табақтай жалпақ беті түгел күліп, *жаялықтай болып* кетті (С.Жүнісов, Жапанда.). Жирен шалдың беті бұрынғыдан да *жаялықтай болып* үлкейіп кеткен сияқты (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖАЯЛЫҚША үс т. *Жаялық секілді, жаялық тәрізді. Жаялықша* жалпиған, жарқанатша қалқиған, Жермен-жексен шым қора, Бейнеуі жоқ қора (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көнбіс болма кебісше, *жаялықша.* Ердің есімін бердік, байқа, бала, Елдің ұлы болсын деп соған ұқсап (Ж.Нәжімеденов, Ұлым.).

ЖАЯУ с ы н. *Көліксіз, астында мінген көлігі жоқ.* Азырақ сайда аялдап, Жауды *жаяу* барладым. Шідер салып екі атқа, Шылбырларын байладым (О.Шипин, Дастан.). Темірбай

жатқан қараған бұтасына қарай он бір салт келе жатыр. Анықтап қараса, он бірдің бәрі атты болып ұйқылы көзге көрінген екен, екеуі *ж а я у* екен (М.Жұмабаев, Шығ.). Алтын теріп әр түйір тастарыңнан, Бақыт таптым бауырыңнан, асқарыңнан. Айхай, далам, сусындат дастарыңнан! *Ж а я у* кезсек ғұмырым жетпейді екен, Құс боп ұшып өтейін аспаныңнан (М.Мақатаев, Шығ.). Тіл қатпайсың, тіпті жақындамайсың, Жалғыздықты неге батыл қалайсың. *Ж а я у* қалсаң, жете алмасаң арманға, Міниң жүрген менің атымды алғайсың (Т.Молдағалиев, Шақырады.). // *Жаяу жүрген адам, көлігі жоқ кісі. Ж а я у м ы н*, бұл сөз, о, ғажап, Көшеде жоқ қозғалыс. Құбылыс қой мынау жат, Қашан, қалай болған іс? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жер сұлуы – Жезкиігім, аяулы. Сені көрмей, Көңілім көптен қаяулы. Ізіңді іздеп, Жалғызсырап барғанда Қарсы алармысың *ж а я у д ы*, Ауылым менің ояулы (К.Салықов, Жезкиік). Ал, тақсыр, ақылға кел, ашуың бас, Кессе де кемімейтін кенім сенсің, *Ж а я у л а р ғ а* ат болған, аштарға ас (Жанақ).

Аттыға сөз, жаяуға жол бермеді. *Ділмар, шешен; пысық. А т т ы ғ а с ө з, ж а я у ғ а ж о л б е р м е й т і н* шылбыр қашаған Нұртай дәл осы сапар қалжаурай қалған екен (С.Омаров, Қайырлы.). Жібек *а т т ы ғ а с ө з, ж а я у ғ а ж о л б е р м е й т і н* пысық, ділмәр келіншек (С.Омаров, Дала қызы).

Жаяу аударыспақ. ой ы н. ж е р г. *Бірін-бірі арқасына мінгізіп алып тартысатын балалар ойыны. Ж а я у а у д а р ы с п а қ* ойнағанда екі жаққа бөлініп ұпай салып ойнайды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жаяу әнші [жыршы]. *Жай, қатардағы әнші.* Адай жігітінің өзі де айт дегенде барқыратып қоя беретін *ж а я у ә н ш і*, жәй пенде емес екеніне Бақытжанның әбден көзі жетті (Б.Аманшин, Көкжар). – Сірәдан, *ж а я у ж ы р ш ы* атандық ғой, жүре бермейсің бе? – деді ол мысқылдап (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Жаяу әскер [солдат]. ә с к. *Қарулы күштердің жылдың барлық маусымы мен тәуліктің барлық уақытында, әртүрлі ауа райы мен жер бедері жағдайында тіреспен, ұзақ ұрыс жүргізуге қабілетті көліксіз, жаяу қимыл жасайтын негізгі бөлімі. Ж а я у ә с к е р* атауы әскер саласы ретінде АҚШ, Ұлыбритания, Германия және тағы басқа мемлекеттердің қарулы күштерінде кездеседі (Қаз. тілі термин. Әскери.). Оның үстіне жанымыздан өтіп бара жатқан жаралы *ж а я у ә с к е р л е р* тұра қалып, бізге рақмет айтты (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Белден асып артынан Он бес танкі келгені, Фашистің *ж а я у ә с к е р і* Жолды бөгеп кернеді. Кейін қашып қалғаны, Қалды бықып өлгені (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Жалғыз-жалғыз бытырап, Атты солдат қаптады Торғайдың ығы, желінде, Бес жүз *ж а я у с о л д а т т а р*, Сап-сап болып қаз-қатар, Үстімен мұздың жүгірді (О.Шипин, Дастан.).

Жаяу әскер бөлімшелері. *Жаяу әскерлері, жаяу әскер батальондары, роталар, взводтар мен бөлімшелер сияқты негізгі әскер бөлімшелері. Ж а я у ә с к е р б ө л і м ш е л е р і* жаяу әскер, механикаландырылған, әуе десанты дивизияларының негізін құрайды, сондай-ақ кейбір елдер әскерінде сауытты танк әскерінің құрамына да енеді. *Ж а я у ә с к е р б ө л і м ш е л е р і* ұрыс алаңында өзінің негізгі міндеттерін ату, маневр жасау, соққы беру арқылы орындайды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаяу әскерге қарсы бөгеттер. *Жаяу әскерлерге қарсы қойылатын немесе құрылатын жасанды бөгеттер.* Қарсыластың жаяу әскерлерінің жедел қимылын қиындату немесе оны шығынға ұшырату мақсатымен жасалады. *Ж а я у ә с к е р л е р г е қ а р с ы* қолданылатын *б ө г е т т е р г е* жататындар: миналанған алаң, сым темірден жасалған қоршау, тікенекті сымнан жасалған тор, көзге түспейтін бөгеттер, шиыршық сымдар және т.б (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жаяу базар. *Ұсақ-түйек заттар сатылатын базар.* Мал базары, отын-шөп базары, *ж а я у б а з а р* – бәрі қаланың көше жақтағы орталық алаңында болатын (Д.Әбілев, Арман.).

Жаяу бәйге. *Жаяулардың жарысы, жаяужарыс.* Көппен бірге Ұлықпан Жатты осылай он бес күн. *Ж а я у б ә й г е* жарыстан Ала алмады оны ешкім (О.Шипин, Дастан.). Енді *ж а я у б ә й г е д е н* озып келгенге беремін дейді (Қаз. ертег.). Сара айғай салып: *Жаяу бәйгеден* бірінші орын алған Саржан есімін естірткенде Бименді: – Әй, сен бе сен – жұрт болмайсың ғой, – деді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Жаяу боран. *Онша қатты соқпайтын боран.* Әлі *д е ж а я у б о р а н* ақша қарды сыпырып айдап жатыр (І.Жансүгіров, Шығ.). Ирек-ирек күртіктер үстінде құйындай бұралып, *ж а я у б о р а н* – ақжорға жүре бастады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жаяу борасын. *Жаяу бораннан гөрі бәсең, желдің қар түйіршіктерін қар жамылғысының бетінен суыра соғатын сырғыма боран.* Жамал шыққан уақытта азырақ *ж а я у б о р а с ы н* бар еді (М.Дулатов, Шығ.). Ақшоқының құйқалы адырларының қой жататын қойнауларында әзір малды ықтыратын ақ боран бола қойған жоқ. Бірақ «ақ жорға» дейтін *ж а я у б о р а с ы н* жүрмейтін күні жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Кешке қарай үйтқып жел көтеріліп, екі-үш күн бұрын жауған ұлпа қарды *ж а я у б о р а с ы н* сырғыта

бастады (С.Талжанов, Сейфулла.). Жауған қарды жер бетіне тұрақтатпай, қуалай соққан *жаяу борасын* басылар емес (Ә.Шәріпов, Партизан.).

Жаяу бұрқасын. *Желдің қар жамылғысының беткі қабатын адам бойындай биіктікке көтеріп бұрқырата соғатын онша қатты емес, бәсең боран.* Күн алағаншықтап ашылған екен, желтең, *жаяу бұрқасын* (С.Талжанов, Сейфулла.). Ауылдан шыққанда күн шайдай ашық еді. Ал тау беткейінде *жаяу бұрқасын* соғып тұр («Қаз. әдеб.»).

Жаяуға салмады. жер г. *Жаяу қалдырмады* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жаяу жанжал. *Жеңіл-желпі ұрыс-керіс.* Бір кезде ауыл арасының *жаяу жанжалында* ағайыншылық айтқанымыз бар (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Жаяу жатып, атты түсіп қарағандай. *Соншалықты әдемі, әсем, көз тартарлықтай.* Мериностың биязы жүні күн сәулесін тартып, неше қилы құбылады. Одан жасалатын сан алуан таза киімдердің әдемілік ажарын *жаяу жатып, атты түсіп қарағандай* (М.Ермеков, Дала қыран.).

Жаяу жүрді. *Көліксіз жүрді.* Сен далада *жаяу жүріп* көрдің бе? Сүйсінесің қызғалдаққа, Зергүлге. Соңғы аптасы болса егерде мамырдың Солықтайды төсін қақтап жер күнге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). – *Жаяу жүрдік* біз сендей жасымызда, Деп жымиды ол – байқатып тосын ызғар. – Ағай, – дедім тағы да, – өтінемін, Бір ардақты ақын бар қасымызда (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жаяу қабан. жер г. *Шошақ (шөп).* 25-30 шөмеледен бір *жаяу қабан* тұрғызылады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

Жаяу қалжың. *Жеңіл-желпі, зілсіз әзіл. Жаяу қалжыңға* шебер тәрізденеді, ұртын қисайта жымиып, қырындай қарап отыратын кісі еді («Лен. жас»).

Жаяу өсек. *Ауыздан-ауызға өтетін өсек сөз, пыш-пыш әңгіме.* Ауылдың *жаяу өсегі* Жыр қылып айтты жастықты. Ақжанмен жақын деседі Жаңадан келген бастықты (М.Мақатаев, Шығ.). Енді екеуміз жайласып отырып алып, қаланың *жаяу өсегіне* көше бергенімізде, Тимканың «Назат!» деген қатты айғайы естілді («Қаз. әдеб.»).

Жаяу өткел. *Бір жерден екінші бір жерге өтуге арналған арнаулы орын; бір ғимаратты екінші ғимаратпен жалғастыратын коридор немесе галерея. Жаяу өткел* – жолдың екінші жағына өтуге арналған жер (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Жаяу тұман. метеорол. *Түнгі мезгілде жер бетінің суынуынан пайда болатын радиациялы тұман. Жаяу тұманның* пайда болуына өзен аңғарлары, ойыстар, батпақтар қолайлы (Қаз. тілі термин. Су.).

Қара жаяу. а) *Аяқ артары жоқ, көліксіз.* Еламан: – Жә, жігіттер! Біз бәріміз де *қара жаяу мыз.* Жаяу жүріп кімге қайрат қыла аламыз деп, турасын айтты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Енжарлық, көңілсіздік, езілемін, Қалғандай *қара жаяу* сезінемін (М.Мақатаев, Қарлығаш.). Жау әкеткен малға Кәлен қиналмайды, атсыз, *қара жаяу* емес қой, – деп көтеріп қойды жадыра (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Түгі жоқ, тақыр кедей.* Көп үйде сауын сиыр бар, аздаған да болса, уақ жандары бар. Бізде ол да жоқ. Ең барып тұрған *қара жаяу* кедейміз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Әйелдің заңды шала білгені жақсы деп жеңгелеріңді *қара жаяудан* алып едім (Е.Қонарбаев, Түнгі от). б) *Жай ғана қарапайым.* – Әй, мен бақсы емеспін. *Қара жаяу* қобызшымын. – Колхоз бәсіреңе көк шолақты беріп қойды ғой (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

Қара жаяу емес. *Құралақан емес, өзіндігі бар.* Нұрғали да *қара жаяу емес.* Қоңырқай баяу үнді даусы бар (Ш.Құмарова, Қос шынар). Шалқаров *қара жаяу* да *емес,* ауылшаруашылық институтын, оған қоса: сауда, мал, мәдени-ағарту техникумдарын бітірген адам (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Жақсы білетіндер оны сөзге ұста, ойы орамды, төңірегіне сыйлы адам, саясаттан да *қара жаяу емес* деп мақтаған болатын (Ә.Қарағұлов, Баспасөз). Дарханбек те орысшаға *қара жаяу емес* еді, бірақ неге екенін қайдам, бәрін естіп отырса да мыңқ етпеді («Қаз. әдеб.»).

ЖАЯУГЕРШІЛІК з а т. *Мінуге еш нәрсесі болмаушылық, көліксіздік.* «Ауған почта» 25–26 жасына дейін Ауғанстанда тұрып, жаяу әскер қатарында болып, *жаяугершілікке* әбден үйренген (Ғалам ғажап.).

ЖАЯУДАЙ с ы н. *Жаяу сияқты.* Ол кезде аяқасты жүрген ақын, жалғыздай үн, *жаяудай* шықпай шаңы (Айтыс).

ЖАЯУ-ЖАЛАҢАШ үс т. *Көліксіз, күйсіз, азып-тозған.* Солардың «атастырып кеткен Әділге барам» дедің деп, кеше жетім Марияны сабады. Соның ызасынан Мария *жаяу-жалаңаш* кетіп отырған жоқ па? – деп, көзінен жас ыршып кетті (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖАЯУ-ЖАЛПЫ с ы н. *Көліктісі бар, көліксізі бар.* Шұбырып *жаяу-жалпы,* арып, талып Жығылған Ақешкіге таң атқанда (І.Жансүгіров, Шығ.). Жөнелдім жауды қуып содан былай, Ел қалды *жаяу-жалпы* шулай-шулай (И.Байзақов, Құралай.). Құпия адам жаны – сарай неткен? Мұны естіп сонда терең ойға кеткем, Қиялда Көкиықты мен де

көргем Қасынан *ж а я у-ж а л п ы* талай өткем (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). // *Көлікті-көліксіз (халық)*. Жарлылар жанашыр боп бар күшімен, Өмірдің алға тартты алғысымен. Орыстың кедей жаны ортақтасты, Қазақтың *ж а я у-ж а л п ы* жарлысымен (О.Шипин, Дастан.). Мешіт маңындағы елді мекендерден түйеге, өгізге мінгескендер, есектілер, тіпті *ж а я у-ж а л п ы* адамдар да ағыла шұбап келіп жатты (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Ат-арбалы, *ж а я у-ж а л п ы* халық жан-жақтан көріне бастады (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛАП үс т. *Көлікті-көліксіз; өйтіп-бұйтіп*. Көлігі бары көлікпен, арбасы бары арбамен, *ж а я у-ж а л п ы л а п* келіп жатты (Ә.Жәмішев, Дала.). Маңайдағы ауылдардан атқа, түйеге, өгізге мініп, арба жегіп немесе *ж а я у-ж а л п ы л а п* келген шаруалар «ойын көретін рет біздікі, өйткені сырттан келдік» деп таласып, дау-жанжал болып барып әзер басылды («Қаз. әдеб.»). Ақыры сол үйден қашып шығып, *ж а я у-ж а л п ы л а п* келе жатқан бетім еді (Б.Тәжібаев, Қара торғай).

ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛЫ үс т. *Жаяу, жалпылап; амалдап, өйтіп-бұйтіп*. Не керек сонда бір қыс тұрып, аштан өле жаздап, жаз шыққан соң, *ж а я у-ж а л п ы л ы* шұбырып, елімізге қайттық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Атты, түйелі, *ж а я у-ж а л п ы л ы,* тұс-тұстан ондаған адамдар ақ даланы шұбартып жібереді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Алтайдың арғы басынан қашып-пысып, *ж а я у-ж а л п ы л ы* бар аңсарымды аулап алған соң, құрақ ұшып жеткен жерім қара шыңырақ басын ұшпадай қара бұлт торлаған (О.Бөкеев, Шығ.). Ондайлар жыл он екі айда бір толастамай пойызбен, самолетпен, машинамен, жол қаражаты жоқтар *ж а я у-ж а л п ы л ы* Бенареске ағылып жатады (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ол өрт басталғанда аттылы-тайлы, *ж а я у-ж а л п ы л ы* қашқан (М.Мағауин, Көк кептер). Сенбі сайын *ж а я у-ж а л п ы л ы* шұбап, он бес шақырым жердегі Түйыққа – үйлерімізге келеміз (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖАЯУЖОЛ з а т. <франц. trottior> *Көшенің жаяу адам жүруге арналған асфальт, бетон, кірпіш, тас және т.б. төселген шеткі бөлігі.* ≈ *Ж а я у ж о л* бөлігі.

ЖАЯУЖАРЫС з а т. *Жиын-тойда жастарды жаяу жарыстыратын бәйге.* Бірінші жүлде кімде-кім *ж а я у ж а р ы с т а* он фарсаң жерден озып келсе, соған беріледі деді (І.Есенберлин, Алмас.). Кілең жас балалар *жаяужарысқа* түсті (Б.Тәжібаев, Қараторғай). *Жаяужарыс* ежелгі мысыр, латын эллин елдерінде кең тараған, ерте дүниедегі олимпиялық ойындардың бағдарламасына енген (ҚҰЭ).

ЖАЯУЛА= е т. **1.** *Көліксіз жаяу жүру.* «*Ж а я у л а п* келер жұртына, Балды май жағар мұртыңа. Сұрамай алар жаныңды, Бауыздамай ішер қаныңды. Есепке салар малыңды, Солдат қылар ұлыңнан, Көрерсің әлі құлыңнан...» – деп, келмеске құты ұшып, жеңілгені (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Ж а я у л а п* кері қайттық, денем аман, Қызыл ат үстен тоқым, ерін алған, Кісінеп, әлдеқайдан болды ғайып, «Берді ғой Құдай қайтіп сені маған!» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Арлы-берлі ағылған жұрт *ж а я у л а п*, Ақ қанатты қар жауып тұр баяулап. Аяғыңмен басуға оны қимайсың, Адамдарға осынау дүние аяулы-ақ! (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **2.** а у ы с. *Желдің т.б. баяу, ақырын, жай соғуы.* Осы қараңғы түнде майда қоңыр желдің *ж а я у л а ғ а н* жұмсақ қоңыр сарынынан басқа, алдыңғы ауылдан ақырын, нәзік сыңсыған бір ызың естіледі (С.Сейфуллин, Әңгім.). Күй дәуірлейді, сорғалайды, *ж а я у л а й д ы.* Бейне құйын жүрген су жүзіндей толқындап, жыбырлап, сыбырлап барып басылады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖАЯУЛАП үс т. **1.** *Көліксіз жүріп, жаяулатып.* Соққы жегендер бастығы Әзімбай боп, жылқының өрісінен *ж а я у л а п* қосқа жеткенде, қолдағы бар ат, тек, Ақылбайдың аты болған соң тың тұяқ жылқының біреуін мінгізіп, жақын жердегі ауылдарға шаптырып үш-төрт ат жиғызып алыпты (М.Әуезов, Абай жолы). Көкбазарға қалай баруға болатынын сұрап алдым да, *ж а я у л а п* тартып жөнелдім (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Ертеңінде бірінші бөлімшенің егістерін тегіс аралап шығып, кешке жақын арып-азып, үсті-бастары шаң-тозаң болып, Баянауылға *ж а я у л а п* жетті (З.Шашкин, Сенім). **2.** а у ы с. *Баяулап, жайлап, ақырындап. Ж а я у л а п* ескен желден арық суының беті дірілдеп, көк майса теңселіп, тәжім қылғандай боп, басын иеді (Б.Майлин, Шығ.). Саған мен дәйім баламын, Анам деп сені айтамын. *Ж а я у л а п* қалса қаламым, Жыр мініп сенен қайтамын (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Жаяулап жүрді. *Жаяу жүрді.* Ел-жұрт аты шулы биді көргенде, атынан түсіп алдынан әудем жер *ж а я у л а п ж ү р і п* кеп, қол қусырып сәлемдеседі екен (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). Қақпан салған жерге қиялай тақап келгенде Салпаңқұлақтан түсіп, *ж а я у л а п ж ү р д і* (Д.Досжанов, Зауал).

Жаяулап келді. *Жаяу келді.* Машина жанына *ж а я у л а п к е л і п*, әркімнің бетіне бір қарап, кезек қол беріп, тегіс амандасты (Ә.Нұршайықов, Жер тур.). Изюм қаласынан оңтүстікке қарай *ж а я у л а п к е л е м* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Жетісуда ешкімді елемей, итқорлықта жүріп, елге *ж а я у л а п*

жалғыз *к е л е* жатыр дейді (С.Мұқанов, Балуан Шолақ).

ЖАЯУЛАП-ЖАЛПЫЛАП үс т. *Көліктіқөліксіз аралас, амалдап. Ж а я у л а п-ж а л п ы л а п* келе жатқан орыс жұмысшылары да, Байжан да бұл ауылдан боран ашылған соң жүріп кетіп еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қайсыбір пысықшалар жан-жақтағы ауылдарға *ж а я у л а п-ж а л п ы л а п,* шұбырып, бала-шағасының тісіне басар бірдеме іздеп аласұрды (С.Жүнісов, Жапанда.). Қармақшыдағы әулиеден шығып, Түркістандағы Қожахмет Яссауи бабама *ж а я у л а п-ж а л п ы л а п* келемін (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖАЯУЛАТ= е т. **1.** *Көліксіз, жаяу жүру.* Ор мен Абаның арасында аттан аударып алып, қар үстінде *ж а я у л а т қ а н ы м д ы* да мойныңа алмассың! – деді Қасым (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Жайлату, баяулату. Ж а я у л а т ы п,* ақырын жүріп келем, Құлыным қайда Құрыққа ілікпеген? Алақаннан жем жеген аяулым-ай, Тірі жаннан тіксініп үрікпеген! (М.Мақатаев, Шығ.). – Адасқан ба, жеңеше, Ай аулақта? Жақсы әніңді аттандыр, *ж а я у л а т п а.* Түн сергісін, үніңмен мен сергиін, Басып-басып жіберші, баяулатпа (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖАЯУЛАТА үс т. *Ақырындап, жайлап, баяулап. Ж а я у л а т а* соққан жел тегістіктің қарын үрлеп, ақжорғаны алдына сала, кейде бойын жазып жағаласа ызыңдайды (С.Мыңжасарова, Замандас.).

ЖАЯУЛАТУ *Жаяулат етістігінің қимыл атауы.*

ЖАЯУЛАТЫП үс т. **1.** *Көліксіз жаяу жүріп. Ж а я у л а т ы п,* көліктетіп аудан орталығына да жеттім-ау! (Т.Бердияров, Солдат.). Атынан түсіп *ж а я у л а т ы п* жүріп жақындап келді (Д.Досжанов, Тұлпар.). **2.** *Жайлатып, баяулатып, ақырындатып.*

ЖАЯУЛАУ *Жаяула етістігінің қимыл атауы; көліксіз, жаяу жүру. Ж а я у л а у д ы ң* үстіне, тұтқындардың қарны аш (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мынадай боранда далада жалғыз *ж а я у л а у* дегеннің көзжұмба, оқыстық екенін де бұл енді ғана сезіне бастады (Саржайлау). Үнемі омпайып атқа мінген адамның *ж а я у л а у ы н а н* азап жоқ («Айқап»). – Не дедің?! – деппін «*ж а я у л а у*» деген сөзге елеңдеп. Тақырға да таяу Келіп қалдық төмендеп (С.Мұқанов, Замандас.).

ЖАЯУЛЫ үс т. *Жаяу жүріп, көліксіз.* Ауыл адамдары қолдарына кетпендерін алып, аттылы, *ж а я у л ы* егіндікке аттанды (М.Дүйсенов, Мейман.). Кеп жатқанда шұбырып, Көлікті және *ж а я у л ы,* Түрлі түспен құбылып, Асылын киген аяулы (С.Мұқанов, Алдабергенов тур.). Қазір осы шүмекке тұрған аттылы, *ж а я у л ы с ы* бар кезектің арты көлденең көшені кеседі (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖАЯУЛЫ-ЖАЛПЫЛЫ үс т. *Көлікпен де, көліксіз де.* Тауға шығуға, алысқа баруға ат, тон сайлы болмаса болмайды. Ал тазыны *ж а я у л ы-ж а л п ы л ы* қосып алдыруға болады (Ш.Айманов, Қыран.). Артельге кіргендер отыз шамалы үй *ж а я у л ы-ж а л п ы л ы* жер тырмалап егін салып жатыр (К.Оразалин, Көктем.). *Ж а я у л ы-ж а л п ы л ы,* атты, арбалы, машинелі – бәрінің сүреңі нашар (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жаңа Семейдің базар алаңына қала тұрғындары, қыр қалашысы, жұмысшы, аттылы-арбалы, *ж а я у л ы-ж а л п ы л ы* жұрт сыймай кетті (М.Танекеев, Қажымұқан).

ЖАЯУЛЫҚ з а т. *Жаяу жүрушілік; көліксіздік.* Бәйбатшаға *ж а я у л ы қ* жаман батты, Аяғы ісіп, жүре алмай сұлап жатты. Мұндай істің талайын көрген жарлы, Тастасын ба мырзасын, арқалапты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж а я у л ы қ,* жалаңаштық арман емес, Көрерлік Салиханы туса заман. «Жолыңа жаным құрбан болсын» деген, Дабысың құлағымнан кетпейді әман (Ә.Найманбаев, Шығ.). Алыстық, *ж а я у л ы қ* қорлығын көп көрген қазақ баласы, сол қорлықтан мәңгілік бір кегін алып келе жатқандай (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЖАЯУСОҚПАҚ з а т. *Көшенің жаяу адамдар жүруге арналған бөлігі.* Осы кешке біз де көптің арасында Түркістан көшесінің *ж а я у с о қ п а ғ ы м е н* (тротуар) жоғары өрлеп келе жатқанбыз («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖАЯУШЫ з а т. *Жаяу адам.* Сол тұстан жалғыз *ж а я у ш ы ғ а* келді, Серікке жақсы болды-ау адам мына (М.Құрманалин, Шалқар.).

ЖАЯУШЫЛЫҚ з а т. *Жаяу жүрушілік, көліксіздік.* Атқа мініп үйренген жігітке *ж а я у ш ы л ы қ* қорлық қой (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жақын жерде Шағаланың көк жонының бірі бар, соған жетсе аудан орталығына жетеді. Сондықтан олар *ж а я у ш ы л ы қ т ы* елейтін емес (Ә.Әбішев, Ғаламат). Ат қадірін білмесең, *ж а я у ш ы л ы қ* берер сазаңды (Саятшылық).

ЖӘ[1] о д. *Жетер, болар; жарайды. Ж ә,* біз енді ақылды еркіне жібермесек, Құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады (Абай, Шығ.). *Ж ә,* жігіттер! Мынау алдыңда жатқан кекті жауың – Тәкежанның қосы (М.Әуезов, Абай жолы). *Ж ә,* бұл түсім тегін емес мына сойқан заманда Тіршіліктен қоштасар сәт жетті-ау деймін маған да. Қоштасар сәт жетті-ау деймін, туған елім, еңселім?! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бетке алып кетті шымшық құбыланы, Осы иттің өзгермей ме ғұмыры әні? *Ж ә,* қойшы... Пагондардың оқасындай Сары бас жоңышқалар құбылады (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖӘ[2] ш ы л. *Я, не, немесе.* Мұны бір күнде *ж ә* бір жетінің ішінде өзгертуге болмас (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Парта болмайтын. Барлығымыз да үйден әкелген кішкене киізге, *ж ә* көрпеге отыратынбыз (Қ.Әміров, Жастық.). Қағазына үңіліп отырып *ж ә* «бар», *ж ә* «жоқ» деп бір-ақ айтатын сияқты (Х. Есенжанов, Көп жыл.). Өкпелеп кеткен Құлшора, Қолынан Қоңыр өлген бе? *Ж ә,* болмаса Құлшора, өзі бастап келген бе?! (Манас).

ЖӘББАР з а т. с ө й л. ***Жаппар***. *Ж ә б б а р* Құдай пана бер, Жалғыз жүрген балаға. Жалғызды Құдай ала ма? (Батырлар жыры). Жалғызыма жар бол деп, Жад қылады *ж ә б б а р* Құдайды (Батырлар жыры).

ЖӘББӘЙ о д. ж е р г. *Я, ау. Ж ә б б ә й,* не дейсің (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘ-БЕСЕ м о д. ж е р г. *Жарайды, жақсы, мақұл.* Ел жоралғысын бұзғысы келмеген Күнжан, әйтеуір, тірі жанбыз ғой, қарызданып, қауғалансақ та бір жөнін істерміз деп, Жәукенің шамалап сұраған қалыңмалына *ж ә-б е с е* дей салған (С.Омаров, Дала қызы). *Ж ә-б е с е* сөзін берейін десе, Асайынды көңілі қаламайды (С.Омаров, Өмір.).

ЖӘБІР [ар. جبر] з а т. *Біреуге жасаған қиянат, жапа, қорлық-зорлық.* Салық көбейді, ел аралаған әскердің, төрелердің, билердің *ж ә б і р і* көбейді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Оқу оқып, өнер біл, Оқысаң артар қадірің. Қайтарарсың оқумен Байдың берген *ж ә б і р і н.* Өзіңе еткен жақсылық, Өтерсің елдің қарызын (О.Шипин, Дастан.). Жамандық пен *ж ә б і р д і* жинай берген адам жазушы бола алмайды дейтін (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Атаның, апаның Басылып қапасы, Көргенде жойылар *Ж ә б і р і,* жапасы (С.Дөнентаев, Шығ.).

Жәбір етті [жасады, қылды]. *Қиянат көрсетті, жапа шектірді, жәбірледі.* Малды алды, баланы алды, сабыр етті, Дұшпандар мысқыл атып *ж ә б і р е т т і* (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Он күнде мен де жатып қабыл еттім, Бармай-ақ бір ай үшін сабыр еттім. Танымай ат алғанын, еш нәрсе емес, Уағдаңа хилап қылсаң *ж ә б і р е т т і ң* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Адал дос болса, одан айырылысу не оған *ж ә б і р ж а с а п* ренжіту дегенді білмейді (С.Талжанов, Адам тур.). Алдыңғылар артқыларға *ж ә б і р қ ы л м а с ы н* деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалату. Өзімізге *ж ә б і р қ ы л ғ а н* кісіні жек көреміз, мылтық алып атам десе, қорқамыз (С.Сейфуллин, Шығ.). Болса да достарыңның бәрі дұшпан, Сен шыда көтерместей *ж ә б і р қ ы л с ы н.* Үстіңе үйе берсін тасын, тауын, Қиналып әурелемей сабыр қылсын (XX ғ. қаз. ақын.).

Жәбір жеді. с ө й л. *Жәбір көрді.* Келесі жылы жаз шыға, Әулиеата, Мерке тұсына көшіп, Қоқан хандарынан *ж ә б і р ж е г е н* (І.Есенберлин, Қаһар).

Жәбір көрді. *Жапа шекті, зорлық көрді.* Хандықтардан, Қарауылқожалықтардан *ж ә б і р к ө р г е н д е р* Исатайға барып қорғалап, Қарауылдың құрығына ілінбейтін болған соң, хан Исатайға ашулана бастайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Айырайық солдаттан *Ж ә б і р к ө р г е н* елдерді, Аман болса кеудеде, Қасық қан мен шыбын жан, Езілген елдің бәрі де, Қашаннан маған туысқан (О.Шипин, Дастан.). Мүйіздіден *ж ә б і р к ө р с е к* кей кезде, Мұңымызды саған шақтық сондықтан. Келер күнде жатса да көп үлесің, Қадірлі аға, «қартайдым» деп күлесің (М.Шаханов, Ғасырлар.). Арманым да, үмітім де, Сенде екенін ұғындым. *Ж ә б і р к ө р г е н* сәбидейін бауырыңа тығылдым (М.Мақатаев, Шығ.).

Жәбір тартты. *Жапа шекті, қорлық көрді.* Зар еңіреген, Алла атымен мұң төккен талай жазықсыз жандар *ж ә б і р т а р т ы п,* жапа шегіп жатқан жоқ па (Ж.Саин, Жол үсті.). Не болды, апатай, кімнен *ж ә б і р т а р т ы п,* нендей қорлық көрдің? (Ж.Саин, Жол үсті.).

Жәбір шекті. *Қорлық көрді, жапа шекті.* Селоға барып жазықсыз *ж ә б і р ш е к к е н* ата-анамның көңілдерін көтеріп қайтайын (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Сосын екі тізесіне бетін басып, өктем күштен *ж ә б і р ш е к к е н* жетім қыздай солқылдап жылады келіп, жылады (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Бұл көтерілістің қорғаушы күші жерінен айырылып, *ж ә б і р ш е к к е н* шаруалар бұқарасы еді (А.Нұрқанов, Мызғымас дос.).

ЖӘБІРАЙЫЛ з а т. с ө й л. ***Жәбірейіл***. Әбілқайырдың оң иығында отырған *ж ә б і р а й ы л* періштедей, бұрыс жолдан әрдайым сақтап қалатын (І.Есенберлин, Шығ.).

ЖӘБІРӘЙІЛДЕЙ с ы н. с ө й л. ***Жебірейілдей***. Сен мені жас, жалғызілік көрушіедің ғой, Сен маған *ж ә б і р е й і л д е й* төнушіедің ғой (Ж.Нәбиуллин, Таныс әуен.).

ЖӘБІРӘҺИЛ з а т. с ө й л. ***Жебірейіл.*** Ол айтты: *Ж ә б і р ә һ и л д і* көзім көрген, Жылдам жүріп асу асып кетті анау белден (Ақылбай, Дастандар).

ЖӘБІРЕЙІЛ [ар. جبرائل] з а т. д і н и. ***Жебірейіл*** (*Аллаға ең жақын төрт періштенің ең лауазымдысы*). *Ж ә б і р е й і л* адамға пейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болды, Ол Нұхтың құтылуына көмектесті және ұлы Ибраһимді құтқарды, Жүсіпті көп тілге үйретті, Дәулетті сауыт жасауға баулыды (Ислам энцикл.). Көп ұрыстың кезінде *Ж ә б і р е й і л* жәнеттен Алып келген төрт қылыш (Бес ғасыр.). Түнде *ж ә-*

б і р е й і л періште түсіме кіріп, көзімнің алдында бір қара шыбын ұшып жүр (З.Асабаев, Жарастың ұлдары).

ЖӘБІР-ЖАЛА з а т. с ө й л. ***Жәбір-жапа.*** Ақан да естіп соны шыдамады, Кеудесін *ж ә б і р-ж а л а* сын қамады (Қ.Бекхожин, Ақан Ақтаев).

ЖӘБІР-ЖАПА [ар. جبر جفاء] з а т. *Зорлық-зомбылық, қиянат, қорлық.* Оралбай мен Керімбала арасындағы ғашықтық сыр, ел зорлығы, екі жас көрген *ж ә б і р-ж а п а* – бәрін де үлкен өкінішпен әңгіме етті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Орыстардың бізге деген дұшпандығы нәтижесінде 1916 жылы халқымыздың басына түскен шексіз ауыртпалық пен *жәбір-жапаны...* ұлтшыл бұқараның мойнына жүктеп қоюға әрекет жасап отыр (М.Шоқай, Шығ.). Бірақ Сұлтанмахмұт елде де бойын бағып, тыныш жата алмайды, ауыл арасындағы сан алуан қиянат, *ж ә б і р-ж а п а*, әділетсіздіктерге қарсы күреседі (М.Дүйсенбаев, Әңгім.).

Жәбір-жапа көрді. *Зорлық-зомбылық көрді, жапа шекті.* Лай суға қуанған шортандай, Бұйырғанын құлқынға салып жатыр. *Ж ә б і р-жапа көргендер* жалынысып, Ғаділетті төреге шағып жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ханнан, Қарауылқожадан, төрелерден, хандықтардан *ж ә б і р-ж а п а к ө р г е н д е р д і ң* бәрі Исатайға келіп шағынатын болды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). – Мен шынында да *ж ә б і р-ж а п а к ө р і п* келген бір жетім қыз ғой деп ойлап ем, – деді үй иесінен кешірім сұрағандай (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Жәбір-жапа көрсетті [қылды]. *Зорлық-зомбылық істеді, қиянат шектірді.* Содан кейін шертеді ол ертектерді, Үлгі етіп нағыз батыр еркектерді. Ағайыма мен де айтам ауылдағы. *Ж ә б і р-ж а п а к ө р с е т к е н* тентектерді (М.Мақатаев, Шығ.). Әділдігін сұрасақ, қастаспаған момынға *ж ә б і р-ж а п а қ ы л м а д ы* (Ы.Шөреков, Исатай-Маханбет).

Жәбір-жапа шекті. *Қиянат көрді, жапа шекті.* Жоламан тағдырдан *ж ә б і р-ж а п а ш е к к е н* мұңды жанның кейпіне кіріп, жиі күрсініп, жауар күндей түнеріп кетті (С.Омаров, Өмір.). Қадірлес теңіне қосыла алмай, зорлық, *ж ә б і р-ж а п а ш е к к е н* Айсұлу тынысын тарылтқан тағдырына көнгісі келмеді де, көлге үңілген биік жартастың басына тырысты (Ғ.Сланов, Домбыра.).

ЖӘБІРЛЕ= е т. **1.** *Зорлық-зомбылық жасау, қиянат көрсету; зәбірлеу, ұрып-соғу.* Ал қырғыздан кейін әрі көп, әрі орысқа бағынбай өз алдына отырған қазақ жұрты орысты қырғыздан жаман *ж ә б і р л е п,* әсіресе Сібірдің оң тұсындағы облыстарында үлкен зиян келтіре берген соң, қазақты да қырғыздай жек көріп, сөгіс орнына қырғыз (киргиз) деп атаған (М.Дулатов, Шығ.). Жас «мейманды» тас қораға жабыңдар! Ұмытардай болсын тіпті есімін. Арқасына алпыс дүре, Қарынына қырық дүре соғыңдар, Бас бармағын шабыңдар, *Ж ә б і р л е ң д е р,* Әбден қорлап бағыңдар (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қалың елден қайырымды дос таптым, Жау да таптым, *ж ә б і р л е р* деп қашпаппын. Асқақ көңіл ақын аздай қазақта, Арман жырын мен де жаза бастаппын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Көңіліне дақ түсіру, ренжіту.* – Оу, ағайындар! *Ж ә б і р л е м е ң д е р* баланы, *Ж ә б і р л е й т і н д е й* қайсыңа тиді залалы?! Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой, Желісін үзіп сендерден қайда барады (М.Мақатаев, Шығ.). Жүзден асқан жауынгер боп, осы маңда халықты *ж ә б і р л е г е н* әмірден жұрттың өшін ала бастаған (І.Есенберлин, Алтын Орда). Кім жәбірледі, не үшін жәбірледі? Былай да мұңды баланы *ж ә б і р л е м е с* болар (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Жанын жәбірледі. *Ар-намысына тиді, қорлады.* Орынсыз ашу, бейпіл сөз, артық мінез жақсы жолдастың *ж а н ы н ж ә б і р л е п,* семья негізін әлсіреткеннен басқа пайда бермейтіні кімге де болса белгілі дейді (Келіншектер.).

ЖӘБІРЛЕН= е т. **1.** *Қорлану, зорлық көру, зәбірлену.* Бұл сөзге *ж ә б і р л е н і п* Бұлбұл қатты, Сөз тыңдап онан әрі тұра алмапты, Есекке сынатпасын Құдайым деп, Пыр етіп ұшыпты да кетіп қапты (А.Байтұрсынов, Шығ.). Менің де жақсы киім кигім келер, Сұлуды бұрандатып сүйгім келер. Дұрыстыққа шаттанып, бұрыстыққа *ж ә б і р л е н і п,* кек тұтып, күйгім келер (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Олар – құл есебінде *ж ә б і р л е н г е н* Руссия мұсылмандары! (С.Сейфуллин, Тар жол.). Олардың бастан кешірген абыройлы сәттері біздің рухымызды асқақтатып, жеңілістерімен *ж ә б і р л е н г е н* сәттері бізді де қателіктер мен адасушылықтардан сақтандырады (Ә.Кекілбаев, Үш белес). **2.** *Қиянат көру, жапа шегу.* – Жауыз екен, неше жыл дәмдес болып жүріп, онжылдық еңбегімді жеп кетті, аяғында өзімнің күздігімді тартып алды, – деп, қатты *ж ә б і р л е н і п* келген еді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Сен түгілі, жан баласына иненің жасуындай қиянат істемеген адал адам едім, жазықсыз жазғырып, қатты *ж ә б і р л е н д і м* (С.Омаров, Өмір.).

ЖӘБІРЛЕНГІШ с ы н. *Зәбірленіп қалғыш, ренжігіш; зәбірленгіш.* Жастықта адам батыл болумен қатар тез *ж ә б і р л е н г і ш* те, көңілдегісі орындалмаса жарға соғылған толқындай кері қайтып, мұңайып та қалады («Лен. жас»).

ЖӘБІРЛЕНДІР= е т. *Зәбірлендіру, қорлық көргізу, зорлық жасаттыру.* Генерал ақырып айтпаса да әр сөзі зілдей ауыр тиді, *ж ә б і р-*

лендірді, зығырымды қайнатты (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖӘБІРЛЕНДІРУ *Жәбірлендір етістігінің қимыл атауы; қорлану, зәбірлену.* ≈ *Жәбірлендіруін* қоймады.

ЖӘБІРЛЕНУ *Жәбірлен етістігінің қимыл атауы.* Баянның жалаға күйіп, *жәбірленуі* есінен шығып, бірде таңданса енді, бірде шаттана күледі (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Ал осынша басы бос халықтың *жәбірленуі* қалай? (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

ЖӘБІРЛЕНУШІ з а т. **1.** *Қорлық көруші, жапа шегуші; зәбірленуші.* Бәрі *жәбірленуші,* іздегені әділет. Қиянатшылар аз, қиянаты көп (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Осындайлар және одан да жаман *жәбірленушілер* көбейіп кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** қ ұ қ ы қ. *Қылмыстық әрекеттің салдарынан ар-намысына нұқсан келген, мертіккен немесе мүліктік зиян шеккен адам.* Мені *жәбірленуші* ретінде сотқа шақырған екі рет қағаз келді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.).

ЖӘБІРЛЕТ= е т. *Қорлату, зорлық жасату, зәбірлету.* Сондықтан да оны ешқашан ренжітпеуге, *жәбірлетпеуге* іштей ант жасап, аялап күтумен, ардақтап қадірлеумен болдым (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Сүйемелі, жанашыры Зураны, жолдастарын суытты, *жәбірлетті* (Р.Әутәліпов, Алтын.). – Мынау ағаң сені енді ешкімге *жәбірлетпейді,* қарғам (Н.Fабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖӘБІРЛЕТУ *Жәбірлет етістігінің қимыл атауы.* Үлкен балаға ұрғызып, *жәбірлетуді* қоймады (Ауызекі).

ЖӘБІРЛЕУ *Жәбірле етістігінің қимыл атауы; қиянат көрсету, қорлау, зәбірлеу.* Бұрынғы достығың үшін, мені аудандық *жәбірлеуден* қорғауыңды тілеймін (С.Мұқанов, Ботагөз). Жақсы көрсем бәрін де, *жәбірлеуге* қарсымын, Сызылып салған әнінен Тапқандаймын бал-шырын (Т.Молдағалиев, Шығ.). Ұлы ханды *жәбірлеуге* соншама, Кім берді оған билікті? Кеткен екен тіпті көзі қарайып (М.Шаханов, Fасырлар.).

ЖӘБІРЛЕУШІ з а т. *Біреуге зәбір жасаушы, қорлық көрсетуші, жапа шектіруші.* Асқар өзін *жәбірлеушілерден* қорғанып бақты, қолдарын тістеді, беттерінен тырнады, ақыры терезені сындырып, көшеге секіріп шықты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). *Жәбірлеуші* де, жәбірленуші де адамға тән сезімдерден ада секілді (С.Шаймерденов, Мезгіл). *Жәбірлеушісіне* қарай ұмтыла берген Бексейіт көзінің оты жарқ ете түскенін ғана біледі (М.Мағауин, Бір ата.).

ЖӘБІРЛЕУШІЛІК з а т. *Зәбірлеушілік, зәбір көрсетушілік, ұрып-соғушылық.* Патшалық Ресейдің орыстан өзге сансыз халықтары мүлдем правосыз болды, неше түрлі қорлаушылыққа, *жәбірлеушілікке* ұшырады (КПСС тарихы). Жергілікті патша әкімшілігінің *жәбірлеушілік* әрекетіне байланысты туған шаруалар қарсылығын Есет батыр бастады (А.Нұрқанов, Мызғымас дос.).

ЖӘБІРЛІ с ы н. *Жәбір көрген, жәбірленген.* Өз аңғаруымша *жәбірлі,* жасқа толған бұл көздерде мұң ғана емес, талап та бар тәрізді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Жауыздықпен жаның қас, *жәбірлі* жанмен мұндас ең (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Жұматтың аузынан шыққан аяусыз *жәбірлі* сөзі күнәсіз көңіліне беріш болып қатып қалды (М.Айымбетов, Шілде.). Басың қаздың айғырындай қақырайта кетіп бара жатқан Николайдан *жәбірлі* көзін алмаған Айғаным, бір нәрсеге қатты өкінді, онысы – орыс тілін білмеуі еді (С.Мұқанов, Шығ.).

ЖӘБІРЛІК з а т. *Жәбір көргендік, зәбірленгендік, зәбірлік.* Түсініктісі – барар жері, басар тауы жоқ адам, өлім құшағына кірмегенде қайда барады? Түсініксізі – *жәбірлікке* ұшыраған жалғыз сол ма? (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұрынғысындай да емес, көрген *жәбірлігін* айтып жылағанда шешесі орнында отыра алмады (С.Дөнентаев, Шығ.). *Жәбірлік* көрсең жақын адамыңнан, Налисың қар ұшқындап қабағыңнан (Т.Қызықбаев, Алтай.).

ЖӘБІРСІЗ с ы н. *Ешбір зәбірі жоқ, зәбірсіз, зілсіз.* Тұп-тура Байбол болыс өз ісінде, Асқан әділ, *жәбірсіз* еш кісіге (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Бекет алақтап тұрған Нәркескe қарап, *жәбірсіз* күлкімен мырс етті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Манат үндеген жоқ, қысық көздеріне *жәбірсіз* күлкі жинаған қалпы кіре бере дауыстады (С.Шаймерденов, Болашақ.).

ЖӘБІРСІЗДІК з а т. *Зәбір көрмегендік, жәбірленбегендік. Жәбірсіздік* баланың еркін өсуіне жағдай тудырады (Ауызекі).

ЖӘБІРШІ з а т. *Қиянат жасаушы, зәбірлеуші, зәбір көрсетуші.* Кейде жапа көрген ой *жәбіршіге* қарғыс айтқысы келеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Жәбіршіден* жанымдағының өшін алып бере алмасам, өз-өзімнен қыстығып, қиналатынмын (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.).

ЖӘБІРШІЛ с ы н. *Зәбіршіл, қиянатшыл.* Арам қанды құзғындар, Тартсын, тартсын жазасын! *Жәбіршіл* жауыз залымдар, Тартсын енді сазасын (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖӘБІРШІЛІК з а т. *Зәбір көрушілік, қиянатшылдық.* Екеуі бірдей қазақтың ғұрпында болған қаталарды, *жәбіршіліктерді* сөйлеп, Жамал өзі ес білгеннен бергі уайымдарын бір минуттың ішінде ұмытып, енді Ғалиды көрмей

тұрған минуттар – бір жылдық көрінерін Галидың құшағында жатып айтып білдірді (М.Дулатов, Шығ.). Көрген қорлық, көрген *жәбіршілігімнің* орасандығынан көзімнен жас ытып-ытып кетті (С.Сейфуллин, Шығ.). – Шыңғыстан *жәбіршілік* көрушілердің атынан Омбыға арызды айдата бер, ар жағын өзім реттей жатам, – деді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Соңғы жылдарға шейін ауылдың мұндай шалдары келген жерінен-ақ қыңқылдап, үмітсіздік, *жәбіршілік*, наразылықты шұбыртпаушы ма еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖӘДИДИ [ар. جديدي] с ы н. *Жәдитші; жаңа, жаңашыл.* XIX ғасырдың аяқ шені мен XX ғасырдың басында Россияның түрлі аймақтарында: Кавказ, Орта Азия, Татарстан т.б. жерлерде мектеп-медреселерді реформалау мәселесі көтерілді. Осының нәтижесінде *жәдидтер* мектептері пайда болды (ҚСЭ).

ЖӘДИТ [ар. جديد] з а т. **1.** қ о ғ.-с а я с и. *Мұсылмандар XIX г. пайда болған арасындағы ұлттық, буржуазиялық қозғалыс, жаңашыл идеологиялық бағыт, саяси ағым.* Ноғайларда да сол *жәдит*, усул-кадим мәселесі көтерілді (М.Дулатов, Шығ.). Ақмолла татарлар арасын да алғаш шыққан услу *жәдит* ағымын, оның көрнекті өкілі Шаһбутдин Маржаниды дәріптейді (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). *Жәдит* жолы азғын жол, іслам дінін ойран қылуға айналған әрекет (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Осы ағымды (бағытты) жақтаушы адамдар.* Қалайда «Дамулла» айтысқа тоймады. *Жәдиттерді* революцияшыл етіп шығаруға бар күшін салып бақты (Ж.Арыстанов, Жалын.). *Жәдиттер* ұлтшылдық ұранмен бұқара халықты өздеріне тартпақ болды (ҚСЭ). *Жәдиттер* дінді екінші қатарға қойса, біз дүнияны, білімді дінге бағындырып ұстау керек дейміз (Ғ.Ахмедов, Жорық.). **3.** *Мұсылманша оқып білім алудың ескі жүйесі, төте оқу. Жәдит* мектебінде мұғалім де болушы еді, сондағы жастарға чуньчуньдан рухында дәріс оқыған көрінеді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Бүкіл Бауыр-Бошан ауылдарының көпшілігінде алғашқы төтенше оқытатын *жәдит* мектептерін ашып, қазақ балаларының өнер-білім алуына көп әсер тигізген адам (Ә.Бектасов, Мәди).

Жәдит мектептері. *Ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделген діни пәндермен қатар, өмірге қажетті пәндерді оқыту арқылы жаңа оқу жүйесі бойынша білім беретін, 19-20 ғасырлар тоғысында Еділ бойы, Кавказ, Түркістан, Қазақстанда ашылған мектептер.* Қазақстанда кеңінен етек жая бастаған *жәдит мектептері* мен медреселердің ішінде ірілері «Мамания», «Расуле», «Ақтас» т.б. болды (ҚҰЭ).

ЖӘДИТИЗМ зат. саяси-қоғ. *Мұсылмандар буржуазиясы арасында XIX ғ-да пайда болған либерал-буржуазиялық, ұлттық қозғалыс.* Орта Азияда социализм орнауына байланысты *жәдитизм* түбегейлі жойылды (ҚСЭ). Әйтеуір атеистіктің жөні осы деп, *жәдитизмнің* прогрессіл мектебін, басқа еңбектерін жоққа шығармақсыз ғой (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы).

ЖӘДИТШЕ ү с т. **1.** *Жәдит әдісінше, төтенше.* Шәкен *жәдитше* жазған, бұл кісі қадимше оқиды. Ежелеп, нобайлап түсінді-ау, әйтеуір (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Сұлтанмахмұттың *жәдитше* оқытып жатқанын, Құдияр мен Сақып оны молда демей, «мұғалім» деп атайтынын Оспан би естіп, шамданып жүретін (Д.Әбілев, Ақын.). **2.** *Жәдит ағымын жақтаушы адамша.* Бұл «Алаш» кіндігінің ағасы, батыс орданың төбесі. Байшыл, ұлтшыл; *жәдитше* айтсаң – тараққышыл (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖӘДИТШІ з а т. *Жәдитизмді жақтаушы ұлтшылдық топ. Жәдиттшілер* идеясы қысқа ғана уақыт ішінде халқымыздың қолдап-қуаттауына ие болды (М.Шоқай, Шығ.). Бірінші буржуазиялық революциядан кейін ұлтшылдық қозғалыстар екі лагерьге бөлінді, мұның бірін *жәдиттшілер* деп атады (Х.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). *Жәдиттшілер* балаларды «жаңа әдіспен» оқытуды жақтады, ал олардың құрған мектептері жаңа әдіс, яғни «ұсулы жәдид» мектебі аталды (ҚҰЭ).

ЖӘДИТШІЛ з а т. *Жәдитизмді жақтаушы.* 19 ғасырдың соңында Ресей мұсылмандары хадимшілдер мен *жәдиттшілдер* болып, іс жүзінде бір-біріне қарсы екі топқа бөлінді (ҚҰЭ). Ақмолла өзін *жәдиттшіл* Маржанидың шәкірті деп жариялайды, Маржаниға арнап өлең жазады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

ЖӘДИТШІЛДІК з а т. *Жәдитизмді жақтаушылық.* «*Жәдиттшілдік*» пен «жәдитшілдер» төңкерістен бұрын Түркістанда халықты прогресс жолына салуда қыруар жұмыстар атқарғаны кез келген түркістандыққа мәлім (М.Шоқай, Шығ.). Сөйтсе, Дамулланың *жәдиттшілдігі* әркімнің-ақ назарын аударған екен (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусейния», Қазандағы «Мухамедия», Қырғызстандағы «Шабдания» секілді мектеп-медреселер *жәдиттшілдіктің* ірі ошақтарына айналды (ҚҰЭ).

ЖӘДУ с ы н. ***Жат***. Бір *жәду* сөзге еріп жазықтырма, Бұл іске менің жаным сенбес, балам (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЖӘДҮГЕЙ з а т. с ө й л. ***Жадыгөй.*** Мойыңа қыл тастап, Жүрегіңе у бүркеп, Қанатыңа су бүркіп, Мүләйімсіп, Мүсіркеп, Бауырмалсып, *Жәдүгей*, улы жылан ұятшылдардың ақыны (Е.Ибраһимов, Жас ғұмыр).

ЖӘДҮГЕЙСІ= е т. ***Жадығойсу***. Өйтіп *ж ә д у г е й с і м е,* директор болсаң неге келмейді, – деді ол (Т.Ахтанов, Қызыл жалау).

ЖӘДІ [ар. جادو] з а т. *Сиқырлық, көзбайлаушылық.* Молдалардың әдісін, Пайғамбардың хадісін, Әулиелік *ж ә д і с і н,* Алмадым ақыл тыйғанын (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖӘДІГЕ з а т. с ө й л. ***Жадығой***. *Ж ә д і г е д е н* туғаныңды сен ұмытқанмен, біз ұмытқан жоқпыз (Т.Ахтанов, Шырағың сөнбесін).

ЖӘДІГЕЙ з а т. с ө й л. ***Жадығой.*** Сендермен де жүргемін, Әр тесікке кіргемін. *Ж ә д і г е й,* арам сайтаным, Сырыңды түгел білгемін (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жалған айтады, сенбеңдер, бұл *ж ә д і г е й г е,* бұларды қапқа тыққан өзі, өз көзіммен көрдім, – деген дауыс шықты топ ішінен (М.Рашев, Бетің қисық.). Құндыз барқыт шошайма бөркін бастарына киген *Ж ә д і г е й* кетіп бара жатқанды (Ә.Нәбиев, Бейтаныс.).

ЖӘДІГЕР [ар. یادگار] з а т. көне. **1.** *Ескерткіш, гимарат; мұра.* Әуезе жыр ақын тарапынан ұлттың ұлы адамына сөзден жасалған *ж ә д і г е р* есебіндегі нәрсе (А.Байтұрсынов, Шығ.). Орталықтағы қыштан соғылған Күмбез Сарай мен әрідегі Пышақшы, Алтынтөбе көшелерінің *ж ә д і г е р л е р і* мен тасболат тамдар болмаса, қорғанға тақау салынған кешендер мен дін үйлерді өрттен сақтау мүмкін емес-ті (Д.Досжанов, Жібек.). Өкінішке орай, ұлы өнерпаздың туған жерінде оны есте қалдырарлық мардымды *ж ә д і г е р* жоқ болып шықты («Соц. Қаз.»). Солардың ішінде Голландиядан, Венециядан, Ливаннан, Қытайдан жіберілген *ж ә д і г е р л е р* кездеседі (Р.Бердібаев, Достық.). Сөз жоқ, бұл жүзік Тоянның мен сені сүйемін, сендіктіп деген серт белгісі, алғашқы махаббаттың қасиетті *ж ә д і г е р і* (С.Омаров, Жүйрік.). **2.** а у ы с. *Жақсының көзі, тұяғы.* – Жақсыдан қалған *ж ә д і г е р і м.* Сенің әкең жақсы еді. Сен де жақсы бол! – дей беретін әжем (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз).

ЖӘДІГЕРЛІК з а т. *Ертеден қалған мұра, ескерткіш.* Осы ретте тәжік прозасының тағы да бір *ж ә д і г е р л і г і н е* қысқаша тоқталып өту жөн (Р.Бердібаев, Гүлстан.). Халқымыздың балқаймақ, інжу-маржан сөз өнері – батырлық жырлары мен дастандары, ертегілері мен аңыздары, шешендік және ғұрыптық *ж ә д і г е р л і к т е р і,* мақалдары мен мәтелдері, жұмбақтары мен нақылдары, өлеңдері мен толғаулары – ғасырдан-ғасырға ұласып, атадан балаға мирас болып, бүгінге жетті (Б.Абылқасымов, Телқоңыр). Адамзатты төрт ғасыр бойы тамсандырып келген *ж ә д і г е р л і к т і ң* бас-аяғы он бес-он алты жылда соның бәрінен жұрдай болуын не демексің? – деді ол (Б.Қойшыбаев, Алтын діңгек). Асантай бұл жолда елдің қолында бытырай, із-түзсіз жоғалып кетуге айналған көптеген бағалы *ж ә д і г е р л і к т е р д і* сұрау салып жүріп, тіпті қажетті жерде өз қаржысына сатып алуға дейін барды («Қаз. әдеб.»).

ЖӘДІГӨЙ з а т. **1.** с ө й л. ***Жадығой***. Бас алуға жаралған бір *ж ә д і г ө й.* Өткір қылыш секілді уға малған. Өлмей адам осыдан құтылар ма, Неге қылып жүргеміз өлімді арман? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Дүние өмірін мен сынадым, Ешбірінде опа жоқ. Қош, өмірім, қош, құмарым, Қош, *ж ә д і г ө й,* нәпсі қар! Жан емеспін *ж ә д і г ө й* залалым көп, Берерім бар, қорықпа, аларым жоқ! (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Сиқыршы, алдамшы.* Жалғызым не қылсаң да сақ болып жүр, *Ж ә д і г ө й* боп жүрмесін антұрған шал (Абай, Тол. жин.). Барлығы бар, Барлығы бар, Шені бар. Шекпені бар, Себебі жоқ шағынар. Жақсы атты боп қалу үшін соларға Жылпостар бар, *Ж ә д і г ө й* бар жағынар (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Шаманшыл қоғамда сиқыршылар мен *ж ә д і г ө й л е р* үстем орын алады, бұлардың қолынан әртүрлі іс келеді, болашақты болжайды, жоғалғанды табады, т.т. деген хурафи (бос, негізсіз) сенімдер етек алған («Егемен Қазақстан»).

Жәдігөй жауғыш атанды. *Қазымырланды, жексұрын болды.* Сарыарқаға келген соң, Төрт аяқты жорғасың. *Ж ә д і г ө й ж а у ғ ы ш а т а н ы п,* Осынша жиған мүліктен, Не көреді қу басың (Шортанбай ақын, Өлеңд.).

ЖӘДІГӨЙЛЕН= е т. *Сиқырсу, алдамшылау, жадығойсіну.* Әтіке де өтірік *ж ә д і г ө й л е н і п* жатпады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). *Ж ә д і г ө й л е н б е й - а қ* қой, тындырып алған неменің түк білмегендей тымыраюын (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖӘДІГӨЙЛІК з а т. *Жәдігөйлікке салынушылық.* Сонда да болса Түндебай жайлы жұрт көңілінде күдік қалдырмайын деген *ж ә д і г ө й л і к к е* басты (А.Хангелдин, Ғани.). Қипақтаған тоқалының жүзінен де бір *ж ә д і г ө й л і к т і* аңдағандай (М.Сүндетов, Ескексіз.). Бар еді жалғыз көзі маңдайында, Білуші ед *ж ә д і г ө й л і к* жағдайын да. Кетуші ед бұлтқа кіріп, көкке ұшып, Қыс-жазы болып бір тау бауырайында (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖӘДІГӨЙСІ= е т. с ө й л. *Жадығой болу.* Әңгімелер соғып, *ж ә д і г ө й с і п,* асты-үстіне түсіп жүр (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Шал мүмкін сенер еді, қораздың даусындай қою шыққан үнді шал: даусын өзгертіп *ж ә д і г ө й с і п* отыр! – деп түйді (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.).

ЖӘДІГӨЙСІН= е т. с ө й л. ***Жадығойсін***. *Ж ә д і г ө й с і н б е,* түсінемін мен әзілді. Бұл әзіл емес, азғындық! – деді Песков (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

ЖӘДІКЕШ с ы н. ж е р г. *Ұғымтал, жадына сақтағыш.* Ескі әңгімені *ж ә д і к е ш* адам біледі (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘЗИРА з а т. с ө й л. ***Жазира***. Мен мақтансам жөнімен мақтанармын, Болашақ дейтін алыс жаққа бардым: Бұл ғаламнан табылмас гүл шоқтарын, Жастық дейтін *ж ә з и р а* бақтан алдым! (М.Мақатаев, Шығ.). Әсіресе Қазақстан секілді *ж ә з и р а с ы* мол елге су деген есепсіз байлық (Қ.Баялиев, Жер тынысы).

ЖӘЗИРАЛЫ с ы н. с ө й л. ***Жазиралы.*** Атажұрты *ж ә з и р а л ы* күрт еді, Шаң құйында пана еткені күркені (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме).

ЖӘЙ[1] з а т. с ө й л. ***Жай*** *(жасыл, найзағай).* Күлін көкке ұшырып, Үстінен *ж ә й* түсіріп, Өлігімен сыйламақ. Би-болыстар бел алып, Ел аппысын қуырды. Азу тісі ақсиып, Бұрқылдап жыны шұбырды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шағыр атқа түнде *ж ә й* түсіп өліпті, – деді ол (Қ.Жойқынбеков, Азамат.).

Жәй түскендей. *Аяқ астынан болған жағдайдан кенет қатты әсерлену.* Төбесінен *ж ә й т ү с к е н д е й,* түн ішінде өз үйінен қашып бара жатқан жерінен ұстағанымызды да бұл кісі ұмытқан болар (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.). Дәмең болса, екіқабат қызды ұрып көр! – деген сөзі төбесінен *ж ә й т ү с к е н д е й* әсер етті (Е.Домбаев, Менің туыс.).

ЖӘЙ[2] з а т. с ө й л. **1.** ***Жай*** *(жағдай, жайт).* Білмедің бірақ сен де оны, Ол *ж ә й д і* ешкім білмеген, Со бойда тентек жел қолды, Жасыра салған құрменен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Дүйсен қарттың есіне бұдан бір апта бұрын болған бір *ж ә й* түсті (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл). Зайда жұмысшы әйелге баласын және үйдегі жұмыс *ж ә й і н* тапсырып, машинасымен жүрмек болды (С.Бегалин, Уақыт.). Үлкен қара үйдің ішінде ертедегі байлықтың, қазіргі күндегі жұтау кедейліктің *ж ә й і н* айтып тұр екен (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Жай (сәт, қалып-күй).* Әшірбек көңілін бұл шақта мүлдем басқа бір тосын *ж ә й л а р* торулы еді (А.Байтанаев, Қансонар). Оқуға ұмтылып, халыққа қалай білім таратудың *ж ә й і н*, шын мағынасындағы тәртіпті мектептерді қалай көбейтудің лажын таба алмай дағдарып жүргендер көп (М.Дулатов, Шығ.). **3.** *Мән-жай.* Кешкі ас үстінде, дастарқан басында өздері ғана оңаша отырғанда, жас келін Ақық әжейден бір *ж ә й д і* сұрады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Самырат жігіт екен Құдай берген, Басына саясатты дәулет келген. Бұрын-соң араласып жүрмесем де, Есіттім *ж ә й і н*, нұрын әкімдерден (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖӘЙ[3] з а т. с ө й л. ***Жай*** *(орын).* Түрегеп күйеу жігіт қыздарға *ж ә й* берді (Алпамыс). Қысқы *ж ә й і м і з д е г і* малдарға колхоз председательдері мен орынбасарларынан 25 адам, аудандық активтерден, зоочниктерден алты адам жіберілді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘЙ[4] с ы н. с ө й л. ***Жай*** *(қарапайым, жұпыны).* Ол анау-мынау *ж ә й* сарбаз емес не *ж ә й* қызыл әскер де емес (М.Жұмағұлов, Қыран қазасы.). Келе қалған *ж ә й* сөз емес ойыма, Не айтсам да сыйып тұр ғой бойыма (К.Салықов, Жезкиік). Көңілім толмай баққа *ж ә й*, Кеттің бе әлде той ізден (Д.Қанатбаев, Ағын су.). Өмір! Өмір! Өмір деген – қайшылық! Кешегі тал – бүгін кескен *ж ә й* шыбық. Құдығыңның суы бірде тартылы, Қара жерден жатар кейде май шығып! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖӘЙ[5] ү с т. с ө й л. **1.** ***Жай*** *(ақырын, баяу).* Өзінің осы қасиетін білетін ол соңғы кездері өте *ж ә й* сөйлейтінді шығарды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Қарт ананың дауысы ә дегенде *ж ә й* шыққанмен, бара-бара қызының даусына қосылып, бүкіл ауылды күңірентіп жіберді (С.Қышқашев, Таң арайлап.). Шоферге *ж ә й* жүргіз дейміз. Сондағымыз жазуларды оқып, таныс аттарды кездестіреміз бе деген ой (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.). **2.** *Жай (құр бекер, әшейін ғана).* Баян деген *ж ә й* сөз әшейін, тырнақ іліктірудің қамы (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Ж ә й* әңгімелесіп отырғандағыдай ақырын дауыспен ол бастады сөзін (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Итінің ата-тегі туралы *ж ә й* лақапқа ие болып жүрген Лезбай бірдемені білетін адамша қарқылдай күлді (С.Шаймерденов, Сел.). **3.** с ө й л. *Тек, тыныш, жайымен.* – Есінде болсын, енді *ж ә й* жүрмедің бар ғой, менің қолымнан сені ешкім алмайды! – деді ол (Ж.Молдағалиев, Ескі дос).

ЖӘЙ[6]**=** е т. с ө й л. ***Жай*** *(ашу, керу, жазу).* Кеудемді *ж ә й і п*, Болайын майып. Сен үшін елім, Тартамын айып (С.Баймолдин, Қызыл іңір).

ЖӘЙБАҒЫСТА= е т. ж е р г. *Жайғастыру, жайластыру, орналастыру.* **≈** Жерді *ж ә й б а ғ ы с т а д ы.*

ЖӘЙБАҒЫСТАУ ж е р г. *Жайбағыста етістігінің қимыл атауы.* Звено егістік жерді *ж ә й б а ғ ы с т а п* болды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘЙБАҒЫСТЫР= е т. ж е р г. *Жайғастыру, орналастыру.* **≈** Орнына *ж ә й б а ғ ы с т ы р д ы.*

ЖӘЙБАҒЫСТЫРУ *Жәйбағыстыр етістігінің қимыл атауы.* Әр адамды өз орнына *ж ә й б а ғ ы с т ы р у* керек (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘЙБАРАҚАТ ү с т. с ө й л. ***Жайбарақат.*** Бірақ ол екеуінсіз де кейбір *ж ә й б а р а қ а т*

бара жатқан машинаның арт жағынан ұстап, біраз жерге жүруге болатын тәрізді (С.Бегалин, Сәтжан). Өзі күйіп отырған адамды ананың сонша *жәйбарақат*, сонша ұятсыз келісі одан әрі күйдіріп, өртеп жіберді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Ауылдан *жәйбарақат* жүріп кетуге тырысамыз, – деді ол (Ж.Өтепов, Жалында.).

ЖӘЙБАРАҚАТТЫҚ з а т. с ө й л. ***Жайбарақаттық***. Дәрігермен пікірлеспей тұрып, тіс жарған балаларға ондай болады ғой деген тәрізді *жәйбарақаттықпа* салынбаңыз (Х.Нұрғалиев, Жас ана).

ЖӘЙБАСАР с ы н. с ө й л. ***Жайбасар***. Өй, *жәйбасар, жәйбасар! Жәйбасарды* май басар. Жеткенше үйге *жәйбасар*, Жұрт орынға жайғасар (Қ.Мырзалиев, Күміс қоңырау).

ЖӘЙДАН-ЖӘЙ ү с т. с ө й л. ***Жайдан-жай***. Өзге ғылымнан жеке-дара физика саласын бөліп алып әңгімелеуіміз *жәйдан-жәй* емес («Лен. жас»). Ал Орынбай да *жәйдан-жәй* өлген жоқ. Талай дүшпанды құртып, жастығын ала кетті (Ж.Тұрлыбаев, Телқоңыр).

ЖӘЙДАРЫ с ы н. с ө й л. ***Жайдары***. *Жәйдары* бір кеңестің үстінде ол: – Қанашжан! – деді Шоқанға, еркелеткен дауыспен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Жәйдары* жатық мінезді, сыпайы қылықты Әбіш те, оның мінезі жұғымды, аққөңіл, ісі таза, тамағы дәмді әйелі Ұлтуған да Ғабит екеумізге алғаш көргеннен ұнап, «аға-жеңге» болды да кетті (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖӘЙ-ЖАҒДАЙ з а т. с ө й л. ***Жай-жағдай.*** Ол пиғылы арам болғандықтан, бетпе-бет келіп *жәй-жағдайын* өз аузынан айтып беруге жарамады деп, мені көрсе жиіркенетін болады ғой (Ө.Қанахин, Жүрек қалауы).

ЖӘЙ-ЖАПСАР з а т. с ө й л. ***Жай-жапсар***. Ас келердің алдында Жайлаубай Азусарыдан әйелді қай жерде қалай кездестіргенінің *жәй-жапсарын* сұрайды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Аздан кейін *жәй-жапсарымен* таныстырып кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖӘЙ-ЖОСЫҚ з а т. с ө й л. ***Жай-жосық*** *(жөн-жосық)*. Бұрын билет табылмай қалғанда елдің администраторға кіріп, *жәй-жосығын* айтып, керегін алып шығып жатқанын талай көрген (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖӘЙ-КҮЙ з а т. с ө й л. ***Жай-күй***. Нашан ауылындағы *жәй-күйін*, «ұзынқұлақ» Әлібекке қолма-қол жеткізіп тұрған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Орайын тапса *жәй-күйін* сұрап, іш тартып та қоятыны бар (Қ.Найманбаев, Үміт.). Фұмыры оқумен өткен, көзін ашқалы орыс ішінде үлкен шаһарларда қызметте жүрген төренің қазақтың *жәй-күйіне* жетіктігі адайларды қайран қалдырды (Б.Аманшин, Көкжар). Жер өңдеу, егін өсірудің *жәй-күйлерін* зерделеп, таразылай келе, алған бағыттан айнымау жөнінде «Егемен Қазақстанға» жазған мақалам Елбасының көзіне түсіп, ол кісі бір сөзінде менің атымды атап, демеу білдірді («Парасат»).

ЖӘЙҚОҢЫР с ы н. с ө й л. ***Жайқоңыр***. Музыканың сызылған *жәйқоңыр* жақсы сарыны аулаққа ұзаған тәрізді алыстай берді (Қ.Бадыров, Өткендер.).

ЖӘЙЛА= е т. с ө й л. **1.** ***Жайла***. Ғабит «осы арада өзім кіріспесем болмас» дегендей, басын жастықтан *жәйлап* көтере бастады (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). Таңға жақын. Жамбастап Ай барады. Балбыраған ұйқыда аймақ әлі. *Жәйлап* қана жеңгесін оятты да, Жалбарынып, Шолпан қыз аймалады (М.Мақатаев, Шығ.). «Жаңағыдай *жәйлап* түсіндірсе де жететін еді ғой», – деп өз ойыммен өзім алысамын (С.Шаймерденов, Қарғаш). **2.** *Кіріп алу, билеп алу*. Оның басын мүлде басқа ой *жәйлап* алған (Қ.Исабаев, Өткелде).

ЖӘЙЛАН= е т. с ө й л. ***Жайлан.*** Комплекс мәселесімен келіп едім, – дей берді совхоз басшысы орындыққа *жәйлана* шалқайып (Оныншы асу). Шайға шақырдым. Көңілі әбден *жәйланған* кезде Сталинмен кездесуі қалай өткенінен шым-шымдап сырт тарттым («Түркістан»).

ЖӘЙЛАТ= е т. *Реттету, ыңғайын келтірту*. Ей, ұшқыш, өкінбеспіз *жәйлатқанна*, Құт тұр ғой мына өлкеде қаймақтанған. Аялдап үш, арылып жәй мақтаннан, Болашақ дастаныма нәр алайын. Ақын аяқ баспаған аймақтардан (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖӘЙЛІ[1] с ы н. с ө й л. ***Жайлы*** *(ыңғайлы, қолайлы)*. Орынның *жәйлі*, тамақтың татымды, жағдай көңіліңе жағымды болуы, – дейді Сания, – ауру адамға көп әсері бар нәрсе (Т.Нұртазин, Ауыл тынысы). Бұлар есік алдындағы су сеуіп, төкемет төселген *жәйлі* орынға қылжия-қылжия кетті (Д.Досжанов, Келіншектау.). Өзі бір момын, аққөңіл жалпылдаған, *жәйлі* кісі (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖӘЙЛІ[2] ш ы л. с ө й л. ***Жайлы*** *(туралы)*. Сол тойда өзіміздің елдің атақты ақыны Кішкіл Қойшыбаев отырған жұртқа арнап заман *жәйлі* өлең айтты (С.Бегалин, Замана.). Қазақ арасына қымыз даярлау әдісінің қашан, қалай таралғаны *жәйлі* нақты пікір айту қиын (Қымыз.). Мен үйімді балалар бақшасына бергенімде өзің қайда тұрасың деп бәйек болғандар мына шопандар *жәйлі* тіл қатпады-ау (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

ЖӘЙМА з а т. ж е р г. *Дастарқан. Жәйма* деп дастарқанды, асжаулықты айтады.

Жәйманы жайып салыпсың, үстінде түк жоқ. Еш нәрсе бермесең *ж а й м а н ы* жиып ал (Қазақ тіл. аймақ. сөздігі).

ЖӘЙМА-ШУАҚ с ы н. с ө й л. ***Жаймашуақ.*** Ауаң да дәл сол екен *ж ә й м а-ш у а қ*, ыстық та емес, суық та емес жанға жәйлі (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Орман ішінде тып-тыныш, *ж ә й м а-ш у а қ* орнады (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

ЖӘЙПА= е т. с ө й л. ***Жайпа.*** Махаббат бағын өлім дауылы осылай *ж ә й п а д ы* (Т.Шаханов, Көгілдір мұнара.).

ЖӘЙПАҚ с ы н. с ө й л. ***Жайпақ.*** Қазақы *ж ә й п а қ* шанамен тағы да Көктөбеден әкем келген (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖӘЙСІЗ с ы н. с ө й л. ***Жайсыз***. Мен білсем, өкімет атаулы біреуге жәйлі болғанда екінші біреулерге *ж ә й с і з* тисе керек еді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Даусында не аяныш, не үрей екені белгісіз, *ж ә й с і з* үні бар (Ғ.Сланов, Замана.). Ол жалғызаяқ жол жиегіне отыра кетті. Шидің түбірі ме, бір *ж ә й с і з* жерге отырыпты (Ш.Құмарова, Қос шынар). – Қой баққанда қомшаға қолымды малатын едім. Бірақ менің мінезіме жылқы *ж ә й с і з* ғой (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

ЖӘЙСІЗДЕУ с ы н. с ө й л. ***Жайсыздау***. Бір *ж ә й с і з д е у* тосын сөз Басталғалы тұрғанын, Сезді де ол, бұрын тез Шертпек болды сырларын (А.Шамкенов, Сырларым.).

ЖӘЙТ з а т. с ө й л. ***Жайт***. Осы бір ғана деректің өзі халықтың бүгінгі өмірі жайлы көп *ж ә й т т е р д і* айтқызбай-ақ баяндап тұрғандай (М.Мағауин, Ақша қар). Өйткені оның өресі жетпес, билігі жүрмес *ж ә й т-т е р* көп те, – деді ол (М.Сқақбаев, Сұлутөр.). Және бір ескерерлік *ж ә й т* биыл Москвада ауылшаруашылық көрмесі болады, – деді ол (С.Бегалин, Уақыт.). Кейінгі бір жағында ірі жазылған «Төлеген Тоқтаров» деген *ж ә й т-т е р д і ң* бетінде біраз кідіріп, оқып отырмын (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖӘЙТ-КҮЙІТ з а т. с ө й л. *Жай-жағдай, жай-күй.* Жақыны үшін жансебіл боп, жанын қимаса да жанай тартатын *ж ә й т-к ү й і т т е р* басқа елдердегі сияқты қазақтың да қанында бар нәрсе ғой (Б.Тоқтаров, Таудағы ән).

ЖӘЙУАТ үс т. с ө й л. ***Жайуат*** (*бейсауат).* Үрейленген біздер жүректеріміз алып ұшып, үрпиісіп есікке қадалдық. Бұл келген *ж ә й у а т* біреу емес (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ешкім еш нәрсені дық көріп, ішіне түйген де жоқ, жаяу әңгіме осылай *ж ә й у а т* аяқталды (С.Талжанов, Өткен күн.).

ЖӘЙША үс т. с ө й л. ***Жайша.*** – Сәлем! – деді Михаил қолын көтеріп. – Ия, Алексей Васильевич, *ж ә й ш а* ма? – деді ол (Ж.Бектепов, Қызылшашы.).

ЖӘЙІЛ= е т. с ө й л. ***Жайыл***. Ылғи осылай шалқасынан *ж ә й і л і п* жатушы еді (Қ.Исабаев, Өткелде). Сонда *ж ә й і л і п* ағып кетпей, дөңгелене қалса дайын болғаны («Мәдениет және тұрмыс»). Бақан досым мұнан әрі жалындырмай, *ж ә й і л і п* сала берді (М.Сүндетов, Ескексіз.). Байтабар бір кесе арақты көтере салды. Ыстық қорғасын секілді ме, әйтеуір салмақты бірдеме өңешін тіліп, бөтегесіне барды да от болып *ж ә й і л і п* жүре берді (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

ЖӘЙІН үс т. с ө й л. *Жай, тек.* Екінші рет бері жылжуыма кедергі қоймаса, *ж ә й і н* жатқан кең Сібірге терең сұғынып, өз қарамақтарына алуға тырысуы мүмкін, – деді ол (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Шөп жинауға *ж ә й і н* жас Амантай Салимов күнделік нормасын 105-107 процент орындайды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘЙІТ з а т. с ө й л. ***Жайт***. Бұл бүкіл Еуропа ғалымдарына, тіпті барлық Еуропа мемлекетіне жұмбақ та арман болған *ж ә й і т* еді (С.Бегалин, Шоқан асу.). Ірі байлар, әлді шаруалар болмаса, етке нан салып, бауырсақ пісіру жалпы халық тұрмысына енбеген *ж ә й і т* еді (С.Ысқақов, Табиғат).

ЖӘКЕ з а т. **1.** *Әке, көке деп құрметтеу мағынасында айтылатын қаратпа атауыш. Ж ә к е,* бүгін меймандыққа мені ертіп барасың ба? (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). *Ж ә к е л е р,* босатыңдар, кетем дедім. Әркімнің шөбін баққан мен бір жетім (К.Әзірбаев, Өлеңд.). *Ж ә к е л е р* айтқандарың болсын, – деп тостағанды басына көтере берді (С.Адамбеков, Көсе.). Бала келді Көтібар әкесіне, Арыстан артық туған *ж ә к е с і н е* Байғазы деп келгенде Есет бала, Көтібар бұл қулықты білмесін бе? (Айман-Шолпан). **2.** ж е р г. *Қайнаға.* Жұма *ж ә к е м н і ң* қолы үй тірлігінен босай қалса, Шүленбай жайын сөз ететін (Ж.Ляшев, Алақан).

ЖӘКЕЖАН з а т. э к с п р. ***Жәкетай***. *Ж ә к е ж а н,* сізді үйде апам күтіп отыр, – деп үйге кіргізді («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖӘКЕНШІ з а т. ж е р г. **1.** *Жәрдемші.* Бөлтіріктер Сыпатайдың *ж ә к е н ш і с і* ғой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). **2.** *Екі адамды бітістіруші, келістіруші.*

ЖӘКЕТАЙ з а т. э к с п р. *Жәке сөзінің құрметтеу, жалыну мәнінде айтылатын тұлғасы. – Ж ә к е т а й,* біреуін ғана! – деп, Ержанның ынтызары арта түсті (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Жанын сығып алайын, *«Ж ә к е т а й,* құлдық» дегізіп. Лашын құстай шүйіліп, Тобына бір тиейін (Манас).

ЖӘКИ ш ы л. с ө й л. ***Яки.*** Бұл сорлының үйдегі қатын-баласы *ж ә к и* әке-шешесі

әрқайсысы әр жерде әртүрлі кәсіп іздеп, тамақ асырап жүреді, –деді ол (С.Шәріпов, Бекболат).

ЖӘКІР з а т. с ө й л. ***Зәкір*** *(якорь)*. Алдындағы кемелердің белгісі болмаса да, «Мехли» үстіндегілер де алдыңғылардың *ж ә к і р* тастауға ыңғайланғаны байқалды (М.Әбдіхалықов, Ленин.).

ЖӘЛӘПТЫҚ з а т. *Алдамшылық, сұрқиялық.* Ер болсаң, Талантты ұқ. Ескерту бұл ақтық. Жақсыны көгертпес Сындағы *ж ә л ә п т ы қ* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖӘЛДАП з а т. с ө й л. ***Жалдап*** *(жылпос, құу)*. – Әй, бұл *ж ә л д а п т а н* ондай-ондай сорақылық табылар! – деп басын шайқаған (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Ұшарын жел, қонарын сай білген, саяқ шыққан *ж ә л д а п т ы ң* өзі (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖӘЛДАПТЫҚ з а т. с ө й л. ***Жалдаптық***. Сол бұрынғы *ж ә л д а п т ы қ* күндерін аңсап, анда-санда үһілегенде, аузынан жалын атады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖӘЛДЕ= е т. ж е р г. *Аяу, есіркеу, мүсіркеу*. Сен мені *ж ә л д е п* отырмысың, үйтіп мені жәлдемей-ақ қой (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘЛЕП [ар. جلاب] сын. **1.** *Алдамшы, құу, сұм, сұрқия*. Біреудің ақы-адал малын алған баукеспе *ж ә л е п* ұры бар (М.Әуезов, Абай жолы). Міне, қарағым, *ж ә л е п* саудагермен кейінгі кездескенім, – деп Қиякең немересіне бұл әңгімесін де айтып берді (С.Бегалин, Мектеп.). **2.** а у ы с. *Жүргіш, жезөкше, бұзылған (әйел).*– Елді құртқан, жерді құртқан *ж ә л е п!* – деп, қоңыр көйлек шаужайыма жетіп кеп жармасты (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖӘЛИЛ з а т. д і н и. *Ұлы, ұлық*. Бабам Жақып Исрайыл, Хабаршылары – Жебірейл. Атам – мысыр патшасы, Рисалат берген хақ *ж ә л и л* (Ғашық-наме).

ЖӘЛЛАП з а т. с ө й л. ***Жалдап***. Молданың оқығаны он екі албан, Қасыма жетіп келді екі *ж ә л л а п* (Қаз. ақын. шығ.).

ЖӘЛЛӘП з а т. с ө й л. ***Жалдап***. Советстан сұрап тыстан, *Ж ә л л ә п* мыстан, Бай-екелер «Машина сот» демесін (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖӘЛІБ= е т. е с к і к і т. *Алу, қабылдау*. Өз адамдығын бұзбай ғана *ж ә л і б* мәнфағат дәфғы мұзарратларын айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа керек (Абай, Таңд. шығ.).

ЖӘЛІШ з а т. ж е р г. *Бұрын егін еккен жерге шығатын мал жейтін шөп. Ж ә л і ш т е н* басқа ақбас, алсын, сасыр т.б. шөп аттары бар (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘМАҒАЙЫН з а т. с ө й л. ***Жамағайын***. Иә, айтпақшы, сол Алматыңда біздің Жарас дейтін *ж ә м а ғ а й ы н* бар еді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖӘМӘЖӘ: жәмәжа десті. ж е р г. *Сөз байласты*. Олар бұл жөнінде келісіп *ж ә м ә ж ә д е с т і* (Қазақ тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘМБІ з а т. ж е р г. *Қолға су құйғанда қойылатын ыдыс* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘМБІЛШЕ з а т. *Ерте пісетін кішірек, домалақ қауын*. Көгендеулі қозыдай құжынаған қауын: қос жұдырықтай сап-сары *ж ә м б і л ш е* қауындар кейбіріне кісінің құшағы әзер жетерліктей боп ірілене бастады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Біреу *ж ә м б і л ш е*, біреу қымыз сатады (Б.Алдамжаров, Қара нөсер). Июль айының орта кезінде Сыр бойында жәмбілше піседі. *Ж ә м б і л ш е* ерте пісетін тәтті сары қауын (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘМҒАТЫ з а т. с ө й л. ***Жамағат***. Қозыбағаров, *ж ә м ғ а т ы* еді. Бұл кісі өлеңді анық айтып, сөзін салмақпен сөйлеп, сөз аяғында біртүрлі әнмен баяулатып, ақырындатып келіп, соңғы жағында көтеріп салғанда, жиылған халық сүйінгеннің белгісін үсті-үстіне қол шапалақтап білгізді (М.Дулатов, Шығ.). Сол кісінің осы үйдегі *ж ә м ғ а т ы* дәп өзің болмағайсың, қателеспе, – деді ол (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЖӘМҒИӘТ з а т. е с к і. с ө й л. ***Жамағат***. Жыл жарым мұнан бұрын Орынбор *ж ә м ғ и ә т і* іссіз жүрген пақыр мұсылман балаларына іс үйретерлік, күн көрерлік бір кәсіп табу ниетімен ағаш ісін үйрететін өнер мектебін ашқан еді (М.Дулатов, Шығ.).

ЖӘМҒИЯТ з а т. е с к і. с ө й л. ***Жамағат***. Мәселен, өткен октябрьдің 20-да Петропавл байларынан Кемал Шәмшалдинов қызын күйеуге берген тойында Қызылжарда жаңа ашылғалы тұрған *ж ә м ғ и я т* хайриәға мың сом берген (М.Дулатов, Шығ.).

ЖӘМИҒАТ з а т. с ө й л. ***Жамағат***. Сонда сол жырды тыңдаған *ж ә м и ғ а т* адам баласынан осындай да жауыздық іс күтуге болады екен-ау деп күреймісетін (О.Бөкеев, Мұзтау). 1916 ж. 22 тамыз күні Керенский Әндижандағы *ж ә м и ғ а т* мешітінің ауласында түркістандықтар мен орыстардың достық, адамгершілік қатынастарына арнап дұға бағыштатқан болатын (М.Шоқай, Шығ.). Жүйесізді жібермей жыр қармағы, *Ж ә м и ғ а т т ы ң* жанғандай ізгі арманы (Д.Қанатбаев, Ағын су.).

ЖӘМКЕ з а т. ж е р г. *Шымшуыр, қысқаш*. Әкем қара темірден көбіне кетпен, мосы, *ж ә м к е,* қалақ, пышақ, қырықтық, қырғыш, ырғақ, біз тағы сондайлар соғады екен (Ө.Қанахин, Жер бас.). Енді бір сәтте бөрікті қойшы көн етігінің қонышынан шолақ *ж ә м к е н і* суырып алды (Ө.Қанахин, Жер бас.). Әйел отты қолындағы

ж ә м к е с і м е н әрлі-берлі қағыстырып қойды (Қаз. тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘМПАҢДА= е т. с ө й л. ***Жампаңдау***. – Зіке, Зіке! – деп Сапарбай *ж ә м п а ң д а п* жүр (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖӘМПЕЙ с ы н. *Бір-бірімен ауыз жаласқан, сырлас.* ≈ Бұлармен *ж ә м п е й* екен. // *Ауыз жаласқан, таныс (адам).* Бөтен қаладағы *ж ә м п е й і м е н* шұғыл қоштасып, екіншісімен шүйіркелесіп кетті (М.Ысқақбаев, Жойқын төбе).

ЖӘМПЕЙЛЕ= е т. *Жағалау, иектеу; айналдыру.* Енді мені *ж ә м п е й л е п*, төсегімнің қасындағы орындыққа отырып та алды (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ЖӘМПЕЙЛЕС= е т. *Ауызжаласу, әкейүкей болысу.* Рахым Серғазымен ауызжаласып, *ж ә м п е й л е с і п* жүр (Б.Тілегенов, Көктем.). Қалтаның қалыңдығына қарай, ірі-ірі түрік саудагерлерімен *ж ә м п е й л е с і п* кету мүмкін деседі (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖӘМПЕЙЛЕСТІК з а т. *Ым-жымы бір болушылық, ауызжаласқандық.* Екеуінің *ж ә м п е й л е с т і г і н* байқады (Ауызекі).

ЖӘМПЕЙЛЕСУ *Жемпейлес етістігінің қимыл атауы. Ж ә м п е й л е с у і н* қарай гөр! (Ауызекі).

ЖӘМПЕЙЛЕУ *Жәмпейле етістігінің қимыл атауы.*

ЖӘМПЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Жампаңдау (жағымсу).*** Района бастығына *ж ә м п е ң д е п* еріп келеді (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Өзінің жарылған еріндері жиюсыз кетіп, күлімсіреді де, ердің алдыңғы қасына сүйкене қопақтап, Қарабасқа *ж ә м п е ң д е д і* (К.Оразалин, Көктем.). Жанары әлгі көріністерді тамашалап өтті, бірақ ұзақ аялдап *ж ә м п е ң д е м е д і* (Т.Тілеуханов, Өмір арнауы).

ЖӘМПЕҢДЕС= е т. *Ауызжаласу, үйір болысу.* Кім көрінгенмен *ж ә м п е ң д е с е* кететін не әдетің бұл! – деп зекіп бара жатқанын Мұсаханның құлағы шалды (М.Сқақбаев, Ұят туралы.). Бір келіншектің қасынан сықылықтай күліп бері өткен Жазыл енді Күләш кемпірмен *ж ә м п е ң д е с е* қалып еді (F.Сапаев, Гүлдана).

ЖӘМПЕҢДЕУ с ө й л. *Жәмпеңде етістігінің қимыл атауы. Ж ә м п е ң д е у* себебін түсінді (Ауызекі).

ЖӘМПІ= е т. с ө й л. *Тәмпию, аласару.* Бойды қарашы, сүп-сұңғақ, кейбіреулерге ұқсап *ж ә м п и і п* қалған емес (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Сақал-мұрты көсе, *ж ә м п и г е н* шикіл сары шал (І. Қожабаев, Ұя.). *Ж ә м п и г е н* жер үйлер жетім баладай тым жұпыны көрінеді (Т.Тобағабылов, Жазира).

ЖӘМПІЛДЕ= е т. с ө й л. *Жампаңдау, жағымсу. Ж ә м п і л д е п* келе жатыр (Ауызекі).

ЖӘМПІЛДЕС= е т. с ө й л. ***Жампаңдасу***. Базар шетіне іліне бере *ж ә м п і л д е с і п* тұрған екі-үш кемпірді көрді (К.Жүнісова, От пен күл). – Қамария жеңгей амансыз ба? – деп, Шайқысіләм *ж ә м п і л д е с е* кетті (Ә.Ақбаев, Қара боран).

ЖӘМШЕ з а т. ж е р г. *Домалақ, қабығы жұқа, жол-жол сары, іші қызыл, ерте пісетін қауын. Ж ә м ш е* енді бір 15 күнде пісіп қалар (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘМШИТ[1] [ир. جمشيد]. з а т. **1.** м и ф. *Нұрлы патша.* **2.** *Парсы шаһының аты (Күн айнасы деген мағынада).* Қайтарда Залдың Мәһрай ұстап қолын: – *Ж а һ а н д а Ж ә м ш и т* еді – үлкен орын. Баласы бәйбішенің өздеріңсің, ұстайтын патша болып оның мөрін (Т.Ізтілеуов, Шығ.). «*Ж ә м ш и т* – әлемнің нұры, он сегіз мың ғаламның жеке патшасы» деп, мифті ұғымдағы дәріптелген әділдіктің қаһарманы (Шаһнама).

ЖӘМШИТ[2] з а т. ***Самшит*** *(баяу, ұзақ уақыт өсетін мәңгі жасыл бұта).* Спиридон Георгиевич інісі, биология ғылымының кандидатымен бірлесіп, *ж ә м ш и т* бұтасынан тұтас ботаникалық «хайуанат мүйісін» жасады («Лен. жас»).

ЖӘМШІК [ор. ямщик] з а т. **1.** *Пошта, жүк, жолаушы таситын арба.* Ол талай атасынан бері қарай *ж ә м ш і к* айдауды кәсіп қылған адам еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бірінші шара есебінде ол Әмірені *ж ә м ш і к* айдағанда қаланы аралап, көзге түседі деп тері күзеттіріп қойды (А.Жұбанов, Замана.). **2.** *Көшір, арба айдаушы, делбеші. Ж ә м ш і к* арыз қылса да қасыма кеп, «Боран қатты жүруге болмайды» деп. «Қызмет тығыз, жылдам жек, – деп – ақырдым, Адасып азап көрсем өзіме есеп» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жабық арбада Әміржанның апасы, ал сыртта еті қызып алған аттарды әзер тежеп ұстап *ж ә м ш і к* отыр (Қ.Әміров, Революция.). Қазан мен Уфа, Орынбор түгіл мына Семейдің пошта айдайтын байлары көлікке отыратын *ж ә м ш і к т і ң* салмағын есептеп отырады (К.Оразалин, Көктем.). *Ж ә м ш і к т е р* де, салт атты солдаттар да біріне-бірі жымия қарасып, ара-арасында қалжың араластырып, жарасып келе жатыр еді (Р.Сейсенбаев, Аңсау).

Жәмшік тарту. ж е р г. *Жүк тарту.* Мен ертеде *ж ә м ш і к т а р т ы п* едім (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘМШІКТІК з а т. *Жәмшік атын айдаушылық, көшірлік, делбешілік.* Өмір бойы *ж ә м ш і к т і к* қызмет атқарған әкесі Терентийді де аяғын апыл-тапыл басқан күннен қасына ерткен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖӘМІРЕ= е т. с ө й л. ***Жапыраю***. Үстінде *ж ә м і р е й г е н* бала емес, кемпірбет шілтік жігіт (Ә.Тарази, Асу). Нұрлан таңертең кадр бөліміне келсе, кешегі ауыздығымен алысып отырған Сан Санычты танымай қалды, бет-аузы мыжтыж *ж ә м і р е й г е н* бір шал отыр (Ә.Тарази, Тас жарған).

ЖӘМІШ з а т. *Жұмсақ, жұқа келген, жасанды тері.* Сосын үйде киетін сірісі жоқ көк *ж ә м і ш* шапатасын аяғының басына іліп, өзінің жатар бөлмесіне баратын (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖӘМІШСЫМ з а т. к е н. *Диаметрі 5 ммден 10 мм-ге дейін, көлденең қимасы дөңгелек болатын ыстықтай созылған сым. Ж ә м і ш с ы м н ы ң* негізгі массасы суықтай созылған, диаметрі 0,01 мм-ге дейінгі сым жасауға жұмсалады. Болат *ж ә м і ш с ы м н а н* сондай-ақ серппелер және темір-бетон арматурасын жасайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖӘНӘБЛӘР з а т. е с к і к і т. *Мәртебелі (адам).* «Тәржиман» газетінің мухәррире машһүр Исмағил Гаспринский *ж ә н ә б л ә р і* біздің қазақ халқына жаны ашып, өзінің газетасының 1909 жылғы 46 нөмірінде төмендегі сөздерді жазған. Кейбір түсінуге ауыр лұғатларын қазақша етіп жаздым (М.Дулатов, Шығ.).

ЖӘНӘУІТ з а т. ж е р г. *Қатты қара ағаш.* Етікші етік шегелейтін ағаш шегесін осы *ж ә н ә у і т т е н* жасайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӘНДӘКҮЛ з а т. ж е р г. *Ұстара салатын қын. Ж ә н д ә к ү л* ілгеріде болған (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘНДЕМ з а т. с ө й л. ***Жаһаннам***. – Жаңа сен жаныңды *ж ә н д е м г е* тапсыратын едің, – деді ол (Ә.Азиев, Шұғыл.).

ЖӘНДІК з а т. **1.** *Бақа-шаян, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлердің жалпы атауы.* Үй ішің егіз болсын, туыс болсын, Өлген соң бағаң болмас көрге тығар. Мал болсын, адам болсын, *ж ә н д і к* болсын, Өлімге тегі болмас ешкім құмар (Қабан жырау, Алтын қазық). Кей қоңыздың шашатұғын бар суы, Шырқыратар кей *ж ә н д і к т і ң* шаншуы (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Осынша кең дүниеде қыбыр еткен бір *ж ә н д і к,* селт еткен дыбыс, үн естілмейді (Т.Ахтанов, Боран). **2.** з о о л. <лат. insecta> *Буынаяқтылар типіне жататын омыртқасыз жануарлар класы. Ж ә н д і к т е р д і ң* жүруге, жүгіруге (тарақан, қоңыздар, т.б.), секіруге (шегіртке, шекшек, бүргелер), жүзуге (жүзгіш қоңыздар, т.б.), қазуға (бұзаубас, т.б.), жемін ұстауға (дәуіт, т.б.), гүл тозаңын жинауға (бал арасы) бейімделген аяқтары болады (ҚҰЭ).

Жәндік талшығы. *Жәндік қалдықтары.* Олардың көмегімен суда болатын майда өсімдік, *ж ә н д і к т а л ш ы қ т а р ы,* май және мұнай қалдықтары және т.б. ұсталып отырады (Табиғат сулары).

ЖӘНДІКТЕЙ с ы н. *Жәндік тәрізді.* Сол қара бауыр Қаршыға үлкен уысына олқы келген Таңқыбайдың қыр желкесін жаны бар *ж ә н д і к т е й* де көрмеді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). *// Жәндік құсап.* Қатер төнгенде қашып құтылудан басқа жәрдемшісі жоқ *ж ә н д і к т е й,* Айжан да балағандарды беттей жүгіре жөнелді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖӘНДІКШЕ з а т. *Өте кішкене жәндік.* Табиғаттың осы бір жағдайы маса, бүрге тәрізді *ж ә н д і к ш е л е р д і ң* өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туғызады екен (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖӘНЕ ш ы л. *Сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы жалғаулық шылау.* Тұтанатын қу алдық, От жағуға шақпаққа. Екі атқа сегіз тара алдық, Шеге, балға *ж ә н е* алдық, Қағуға атқа қатқақта (О.Шипин, Дастан.). Талаптың өзі де түрлі-түрлі болады *ж ә н е* сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі тұрлаулырақ келеді (Абай, Тол. жин.). Қой, сен мені арандатпа, жайыңа отыр, «даукесім», Ағайларға айтып қойып төбемді ойса қайтесің? – Өзің сонша жүрексіз бе ең, төбеңді ешкім оймайды, *Ж ә н е* мұны Дариғаның өзі де айта қоймайды.. (М.Шаханов, Ғасырлар.). Мұхит жаққа асығады әр өзен, Сол бір ойы *ж ә н е* қымбат және жөн. Мен Жалайыр Мұқылайдан артықпын, Қият нәсіл қағанмен тең дәрежем (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖӘНЕН з а т. ж е р г. *Үлкен кесе.* «Қысты күнгі ақ қымыз, аз болса да саз қымыз» деп Жөкең екі *ж ә н е н* кесесін тартып жіберді (Б.Қыдырбекұлы, Мысық тұтқыны).

ЖӘНЖІЛ з а т. ж е р г. *Есікке құлып салатын темір.* Есіктің *ж ә н ж і л і н* қайта қақтым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӘННАМ з а т. с ө й л. ***Жаһаннам***. Жаудың үш жүзінің жанын *ж ә н н а м г а* жіберу нағыз ерлік (С.Алдабергенов, Асу).

ЖӘННАТ з а т. с ө й л. ***Жаннат***. Болғай-ды жаны *ж ә н н а т,* иман кәміл Бихисаб еткен Алла рахметін. Аз білген ғылымымның саясында, Милләтке қызмет ету ижтиһадым (М.Дулатов, Шығ.). Жақсы қыз баға жетпес бір ғауһар тас, Он алты, он жетіге жеткенде жас, *Ж ә н н а т т ы ң* пісіп тұрған алмасындай Қол жетсе, қандай жігіт ләззат алмас Сұлу қыз рақаттың кілті емес пе? (М.Дулатов, Шығ.). Алаулатып жалынын, Күннің күлген шуағы. Жазирасы жаныңның *ж ә н н а т* өмір жұмағы (Ө.Жайлаубаев, Жарқын жаз). Әлгі моллалардың айтып жүрген *ж ә н н а т ы* осыдан артық болмас (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

Жер жәннаты. *Рақат дүние, жайлы қоныс.* Көкорай шалғындарға бие байлап, Байлықтың

көрінуші еді ғаләмәты. Жан-жануар рақатпен бір жасаушы ед, Кіргендей бөлмесіне *жер жәннаты* (М.Дулатов, Шығ.). *Жер жәннаты* Жетісудың шұрайлы әсем аймағы, қәусардай таза өзендері сүйкімді де сұлу қалпында менің көз алдымда тұр (С.Омаров, Дала қызы).

ЖӘННАТТАЙ с ы н. с ө й л. ***Жаннаттай***. Шалғынға батып малтыққан, *жәннаттай* мына гүл өңір (С.Асанов, Алматым.). Қақпа алдында егілген қатар ағаштың қою көлеңкесі әсем һауа тартып, жан сүйінген *жәннаттай* болып тұр екен (Мың бір түн).

ЖӘННӘТ з а т. с ө й л. ***Жаннат***. Байлықтың мол жазығындағы оймақтай көрінген мол *жәннәттен* тағы көтеріліп кеттік (Ғ.Сланов, Замана.). Қазақ даласының осы бір *жәннәт* аймағын Мұса мырза меншіктеп, өзіне жайлау етіп, иемденіп алған (Б.Соқпақбаев, Қайда. Ғауһар?). Шөптің нағыз шұрайлысы жер *жәннәті* – Айырқұмда ғой, – деді ол (С.Әсіпов, Ауыл.).

ЖӘННӘТИ с ы н. *Жаннаттық, жұмақтық*. «Уәлләзипә амәну уәғәмилус-салихати уайқаасхабул *жәннәти* һум фиһа халидун» деген аяттар құранның іші толған Ғамалус-салих не екенін білмейміз (Абай, Таңд. шығ.).

ЖӘННЕМ з а т. ***Жаннам***. Досыңа жақсы орын бер, Кетсе өзің қонарсың. Мектепке бер балаңды, Залым болса – *жәннемге*, Ғалым болса – ағарсын (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Жаның жәннемге тапсырды. *Жаны шықты, өлді*. Алдар кесіп екі аяғынан көтеріп, сабаға басын тыға қояды, кемпір тұншығып «қор-р-р-қ» деп, *жаның жәннемге тапсырды* (Қ.Исабаев, Шығ.).

ЖӘННЕТ з а т. с ө й л. ***Жаннат***. «Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар, Жолдар көп *жәннетке* де тарам-тарам. Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Жәннеттің* бұлбұлындай туып әуел, Өткіздім талай-талай дәурен бастан (Шәңгерей ақын, Шығ.).

ЖӘНШІЛ з а т. ж е р г. *Ілгек, күрмек* (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖӘҢЕРЕКТЕ ү с т. с ө й л. ***Жаңарақта***. Оны *жәңеректе* ғана естіген Фатима түскі шайын іше сап, қатты ширығып кеңсеге келді (С.Ғаббасов, Ана.).

ЖӘП: **жәп ете қалды**. *Тез араласа кетті, іліп әкетті*. – Ой, біз екеумізді күтіп отыр емес пе, Нұржан? – деп, жолдасы да *жәп ете қап* жатыр (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖӘПЕКТЕ= е т. с ө й л. ***Жапақта***. Екеуі жанаса кетсе-ақ ыржаң-ыржаң күлісіп, *жәпектеп* кеп сөйлеседі (С.Мұратбеков, Жабайы.). Мүмкін өзі айтып қалар ма екен деп Биғайша Желеубайға қарап еді, ол екі көзі *жәпектеп* ештеңе дей алмады (У.Қыдырханов, Таң нұры).

ЖӘПЕКТЕТ= е т. ***Жапақтат***. Сұрау ұялаған қой көздерін *жәпектетіп* анасына қарай берді (Ш.Құмарова, Қазбауыр бұлт.).

ЖӘПЕКТЕС= е т. с ө й л. ***Жәпілдес***. Итқұлы итақаймен *жәпектесіп*, ішіме кіргізуім керек пе? – деді ол (М.Сүндетов, Қызыл ай).

ЖӘПЕЛДЕС с ы н. ж е р г. *Аласа, тапал; тәпелтек*. – Анау тұрған тауға қараңыз, – деді. Мыжырайған *жәпелдес* қоңыр тау көзімізге түсті (І. Жансүгіров, Шығ.). Қаз мойынды, ұзын тірсек қазан аттарға қарағанда, Дина мінген *жәпелдес* торы мықты екен (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

ЖӘПЕШКЕ з а т. ж е р г. *Майға пісірілген нан; шелпек*. Тоңмай ерітіп, қоңырсытып – *жәпешке* пісіріп жатқан үйлерді көрсе: – Е, шаруасы түзеле бастаған екен ғой, әлде, күн бейсенбі болғансын, өлікке құран оқытқалы жатыр ма екен, – дейді Сұлтанғазы (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖӘППЕҢДЕС= е т. с ө й л. *Жампаңдасу, жәмпеңдесу*. Әшім, Бекбосын үшеуі бастарын түйістіріп, *жәппеңдесіп* отыр (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖӘПІЛДЕ= е т. *Ерні-еріне жұқпай сөйлеу, жәп-жәп ету*. Сенен басқа кіміміз бар, – деп *жәпілдеген* жеңгесі Жанболаттың қолынан сүйді (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЖӘПІЛДЕС= е т. *Жәмпеңдесу, жығылдасу*. – Әй, заманақырдың жастары. Мен бұларды енді таныстырайын деп жүрсем. – Қайдан білейін, *жәпілдесіп* жатыр ғой, – деп күліп қойды (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). *Жәпілдесе* қоюға мен де құмартып тұрған жоқпын (М.Қабанбаев, Жиһангез.). Мына екеуінің *жәпілдесіп* жабысқан ауыздары жуық арада айырыла қояр емес (М.Қабанбаев, Кермек.).

ЖӘПІЛДЕСУ *Жәпілдес етістігінің қимыл атауы*. ≈ *Жәпілдесулерін* байқады.

ЖӘПІЛДЕУ *Жәпілде етістігінің қимыл атауы*.

ЖӘПІРЕЙ= е т. с ө й л. ***Жапыраю***. Серімбек басындағы *жәпірейген* ескі тымағын алды да, маңдайының терін, тақиясының ішін сүртіп қойды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ыңғай бір-бірінен аласа, бірінен-біреу жүдеу *жәпірейген* тоқал тамдар болатын (С.Байжанов, Сұңқар.). Қызық өзі, шешесі *жәпірейген* арық тәпелтектен таяқ жейді (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара).

ЖӘПІРЕЙТ= е т. с ө й л. ***Жапырайт***. Киіз қалпағын *жәпірейте* киген, өзіндей шал екен (С.Мұратбеков, Дос ізде.). Тіпті мұндайда... ағаш орындықта қалқиып, жаман қалпағын

ж ә п і р е й т е киіп, тәлтие қалатын Майжан да көрінбейді (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЖӘПІРЕЙІЛ= е т. с ө й л. ***Жапыраю***. Ермақ қаласының шетіндегі бір кезде құрылысшыларға деп салынған ескі асхана қазір *ж ә п і р е й і л і п*, ескі қорадай шөгіп қалған (С.Тәжіғұлов, Асау Ертіс). Кешке дейін қарнымыз ашар деп, ауыл ортасындағы *ж ә п і р е й і л г е н* аласа үйдегі асханаға бардық (С.Тәжіғұлов, Асау Ертіс).

ЖӘРАЙДЫ м о д. с ө й л. ***Жарайды***. – *Ж ә р а й д ы, ж ә р а й д ы,* еш қауіп ойламауға тырысайын, – деді ол (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖӘРӘЙДІ м о д. с ө й л. ***Жарайды***. Ақыш ойланып, желкесін қасыды да: – *Ж ә р ә й д і*, берсең беріп шыға ғой, – деді (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖӘРӘНДІК з а т. ж е р г. *Арбаның қалқаны, сатысы. Ж ә р ә н д і к т і* арба шөп тасуға қолайлы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Ж ә р ә н д і к с і з* басылған шөп мардымсыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӘРБИ= е т. с ө й л. ***Жарби***. Артына *ж ә р б и і п* мінгесіп отырған баланың кішкентай кеудесінде не арман жатқанынан тәтесі бейхабар (Ш.Мұртазаев, Шығ.). Анасы сол үшін туғандай менің қоруышым болып *ж ә р б и і п* отырған жоқ па, – деді ол (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖӘРДЕМ з а т. **1.** *Көмек, септік, қолғабыс.* Абайдан бұл істерлік қандай *ж ә р д е м*, көмек барын жабыса сұрап еді (М.Әуезов, Абай). Жалғыз-ақ болсын, – дейді, – сөзің рас, Жаралған сондай іске бұл ғаріп бас. Жолына шариғаттың ісім түзу, Құдайым болса *ж ә р д е м*, ол құтылмас (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әфәндім, хата қандай, анық қандай, Бұл күнде көз жіберсең, халық қандай? Ілгері басқан кері кетіп, Хафада *ж ә р д е м* таппай тарыққандай (М.Дулатов, Шығ.). Бар жылқысын Кенесары айдап әкеткеннен кейін Қоңырқұлжа *ж ә р д е м* сұрап Омбы облысының бастығы Талызинге хат жазған (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Ақшалай, заттай, малдай жиналатын қаржы, қаражат.* Мұның бәрінің болатын себебі, қазақтың әлі күнге шейін шаруа жайын жақсы білмегендігі, шаруа ғылымын оқыған кісілерінің жоқтығы. Үкіметтің бұл туралы көрсеткен *ж ә р д е м і н і ң* аздығы (М.Дулатов, Шығ.). Торғай губерниясына қараған ел жұтшылық, ашаршылыққа ұшырап, біздің елден, яки бүкіл Қарқаралы уезінен *ж ә р д е м* жиналды (Ш.Айманов, Қыран.). Мәселен, журнал шығару, сауық кешін қою, қала халқының арасына мұқтаж оқушыларға *ж ә р д е м* жинау сияқтылар (І.Жансүгіров, Шығ.). Әскерге қысқы киімдер, заттай, қаржылай *ж ә р д е м* жинауды, Сәлмен, сен өз жауапкершілігіңе ал, – деп Қазыбек үшінші секретарьға қарады (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.). **3.** ә л е у м. *Мүгедектер мен зейнеткерлерге үкімет тарапынан берілетін ақшалай көмек, қаражат; зейнетақы.* Республикада пенсия мен *ж ә р д е м* алатын адамдардың саны 1,7 миллионға жетті (Ш.Әмірәлиев, Жақсы мінез.). Атаң енді ай сайын алпыс сом *ж ә р д е м* алады (З.Қыстаубаев, Ақ түн).

Жәрдем ақша. ә л е у м. *Еңбек, соғыс мүгедектеріне үкімет тарапынан берілетін ақшалай көмек.* Міне, енді аздап *ж ә р д е м а қ ш а* тағайындапты (Д.Досжанов, Тұлпар.). Мемлекет есебінен айына 200 сом *ж ә р д е м а қ ш а* беріледі (С.Адамбеков, Көсе.). Ол экспортерлерді салықтан босату, экспорттық *ж ә р д е м а қ ш а*, жеңілдетілген несие және транспорттық тарифтер беру сияқты экспортты мемлекеттік көтермелеу арқылы жүзеге асырылады (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негіз.).

Жәрдем берді. *Көмектесті, жәрдем етті.* Қысылған мұқтаждарға *ж ә р д е м б е р і п*, Халықтың өзіңе аудар махаббатын. Қадірің дос-жарларға болсын сондай, Сыртыңнан көрмегенде сағынатын (М.Дулатов, Шығ.). Былтыр Оралскіде «Қазақстан» газеті шыққанда Баку байы Зейнелғабиден Тағиев бір мың сом *ж ә р д е м б е р д і* (М.Дулатов, Шығ.). Құдықтан тас шығардың сол шағында, *Ж ә р д е м б е р* біз пақырға бұл шағында. Шығардың Жүністі де сау, саламат, Балықтың қырық күн жатып құрсағында (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сәду атам *ж ә р д е м б е р д і.* Әйтпегенде шыға алмайтын едім (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жәрдем бөлімі. ә л е у м. *Әлеуметтік жәрдем беретін және қамсыздандыру ісін басқаратын мекеме.* Атбасардың *ж ә р д е м б ө л і м і н е н* (собес) жәрдем алып, қаңғырып, тамағын асырап отырғандары да бар (С.Шарипов, Бекболат).

Жәрдем етті [жасады, қылды]. *Көмек берді, қолғабысын тигізді.* Бұл сияқты үлкен жауапты жұмыстарға жергілікті өкімет орындары ерекше *ж ә р д е м е т і п*, көңіл бөлуге тиіс (М.Тілеуғабылов, Чума ауруы.). Кедейлер шабылды. Оларға *ж ә р д е м қ ы л а р,* болысар кісі жоқ (С.Сейфуллин, Тар жол.). Ер Төстік қарап тұрып көк өгізге, Көргелі көктен түстім деді сізге, Аспаннан аруағыңды іздеп келдім, *Қ ы л а с ы ң* қандай *ж ә р д е м* енді бізге (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жәрдем ету. *Көмек беру, қолғабыс жасау.* Аз-көп демей, *ж ә р д е м е т у*, әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық міндеттерің (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Мен сендерді қырағы болуға, іштегі, тыстағы жауға қарсы тұруға, Совет өкіметіне, оның губерниялық

атқару комитетіне *жәрдем етуге* шақырамын, жолдастар (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жәрдем жәмғияттары. *Жамағаттарға көрсетілетін жәрдем, көмек.* Пақырлық себебінен оқусыз, білімсіз, өнерсіз қалуы мүмкін болған нашарларға қарасып, оларды да оқудан, өнер-білімнен мақрұм етпес үшін, «жәмғият хайриялар», «*жәрдем жәмғияттарын*» аштыру (М.Дулатов, Шығ.).

Жәрдем көрсетті. *Көмек берді, жәрдемін тигізді.* Арғы сөздерге шыдамы жетпеген Зейнепке, Айжан күн сайынғы *жәрдемін көрсетіп,* төсегіне әкеліп қайта жатқызды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Нұрмолда терлеп, өкпесі өшіп, зеңбіректің шебіне әрең алып келді. Екеулеп оған жеңіл *жәрдем көрсетті* (С.Бақбергенов, Адам.).

Жәрдемі тиді. *Көмегі болды, болысты.* «Майдандағы жалғызыма *жәрдемі тиеді*» деп, тәуліктің қай мезгілінде келсе де, қабақ шытпай, төрге көрпешесін жайып, бәйек боп жүргені (Н.Сералиев, Қаңтар). Баяғыда-ақ көңілге түйген мұны: Шын азамат – халықтың сүйген құлы. Сезінесің өзіңді нағыз адам Бір адамға *жәрдемің тиген* күні! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Әкесі: «Балам, енді шөп шабатын мезгіл жақындады, қолыңа тырнауыш ал, мен шапқан шөпті жинап, *жәрдеміңді тигіз*», – деді (М.Дулатов, Шығ.).

Жедел жәрдем машинасы. *Ауруға тез көмек көрсететін дәрігерлік мәшине.* Не істерін білмей абыржыған Марина да *жедел жәрдем машинасының* есігіне жабысты (А.Сатаев, Ақын.). *Жедел жәрдем машинасы* аудан орталығына алып кетті (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім).

ЖӘРДЕМАҚЫ з а т. ә л е у м. *Азаматтарды әлеуметтік қорғаудың бір түрі, қаржылай көмек. Жәрдемақы* еңбекке уақытша жарамсыздық кезінде (ауырғанда, отбасының науқас мүшесіне күтім жасағанда, карантинде және т.б. жағдайларда), екіқабат және босанған әйелдерге, көп балалы және жалғыз басты аналарға, табысы аз отбасы балалырына және т.б. белгіленеді (Қаз. тілі термин. Тамақ). Қалай болғанда қазіргі қиын кезеңде де зейнетақы, *жәрдемақымен* күн көріп отырғандардың аузындағысын жыру адамгершілікке жатпайды («Жас Алаш»). Бір мезгілде әртүрлі мемлекеттік әлеумет *жәрдемақы* алуға құқығы бар адамдарға, олардың таңдауы бойынша бір ғана *жәрдемақы* тағайындалады (ҚҮЭ).

ЖӘРДЕМДЕС= е т. *Көмектесу, болысу, қолғабыс тигізу.* Айтсын! – деді Нұрғали, – әйда, кел, *жәрдемдес* (Б.Майлин, Шығ.). Асқар Н...ға келсе, Ботагөз елге командировкаға кетіп қалған екен. Қалада аз күн боп, Амантай мен Кузнецовтың жұмысына *жәрдемдескен* (С.Мұқанов, Ботагөз). Гүлсім онда-мұнда жүгіріп, менің интернатқа орналасуыма *жәрдемдесті* (А.Жақсыбаев, Бозарал).

Жәрдемдес болды. *Жәрдем етті, көмек көрсетті.* Егерде Ғалимен қаша қалса кім тілектес, *жәрдемдес болғанын* ойлағанда, өзінің шешесі Шолпаннан басқа һешкім көзіне көрінбеді (М.Дулатов, Шығ.). Ақсақалдар болсын, болыстар болсын, патша жарлығын орнына келтіру ісінде *жәрдемдес болуға* міндеткер (М.Дулатов, Шығ.).

ЖӘРДЕМДЕСУ *Жәрдемдес етістігінің қимыл атауы.* Болам деп, болам-ау деп болмай жатып, Атаң да арғымағын қалды ойнатып. Біреуге *жәрдемдесу* қандай жақсы, Қолыңнан келе қалса ондай бақыт (Т.Молдағалиев, Шақырады.). – Айтқаным айтқан, *жәрдемдесуден* бас тартпаймын (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Ауылдағы ағайынға шындап жанымыз ашитын болса, барлық пәле нарықтан деп жарапазан айта бермей, адамзаттың басым көпшілігі ұстанған шаруашылық үрдісіне қайткен күнде де тезірек жетуге *жәрдемдесуіміз* қажет («Егемен Қазақстан»).

ЖӘРДЕМПҰЛ з а т. ж е р г. *Мұқтаж адамдарға берілетін қарыз ақша.* Ол кедей-кепшіктерге *жәрдемпұл* беріп тұрады (Ауызекі).

ЖӘРДЕМҚАРЖЫ з а т. э к о н. <лат. dotatio> *Мемлекеттік бюджеттен залалды өтеуге берілетін қаржы.* Егер *жәрдемқаржы* борышты (залалды) есептен шығару нысанында жүзеге асырылса онда бұл есептен шығару бір жолғы немесе дүркіндік болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖӘРДЕМСІЗ с ы н. *Қолғабыссыз, көмексіз. Жәрдемсіз* өзі жұмыс жасады (Ауызекі).

ЖӘРДЕМШІ з а т. **1.** *Көмек көрсетуші, болысушы, қолғабыс тигізуші.* Ажалдан құтылды ма мініп дүлдүл? *Жәрдемшілері* барша ұмметке шаһаржарлар, Айырған қылдан қылшық талай бұлбұл (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бірақ әрқайсысы да өздерінен басқа ешбір *жәрдемшілері* болмағанға текке халыққа масқара болып, мақсатқа жете алмай қаламыз ғой деп қорыққан екен (М.Дулатов, Шығ.). Тауып айттың, Мамыржан, ұқтым жайын, Сүйтседағы тағы бір сөзім дайын. Махаббатты жарым жоқ, *жәрдемшім* жоқ, Өлейін бе, қайтейін, кімге айтайын? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Оқытушының аспиранттары немесе курсты өте жақсы меңгерген студенттері арасынан шыққан көмекшісі.* Лабораторияға ұқсас көршілес бөлмеде доктордың *жәрдемшісі* ғана аяғының ұшымен аңдап басып жүр (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЖӘРДЕМШІЛ с ы н. *Көмектесетін, қолғабыс тигізетін, көмектескіш (адам).* Қасіретті қанды жүрек, Жан іздейді *ж ә р д е м ш і л* (Ш.Иманбаева, Өлең.).

ЖӘРДЕМШІЛІК з а т. *Көмекшілік, болысушылық, қолғабыс тигізушілік.* Жергілікті комсомол ұйымы оған *ж ә р д е м ш і л і к к е* Ажарды берді (С.Мұқанов, Шығ.). *Ж ә р д е м ш і л і к к е* Жұмабекті ал. Өз туысың, қалай жұмсасаң да өз уысыңда, – деді ол (Ы.Жақаев, Менің бақытым).

ЖӘРЕКІМАЛЛА [ар. جاركم الله] о д. **1.** д і н и. *Мұсылмандық әдеп бойынша, түшкірген адамның «Әлхамдулилла» деп Аллаға айтқан мадағына «Алланың рақымы тисін» деген тілек мағынасындағы жауап сөз.* **2.** с ө й л. *«Мақұл, жарайды» деген мағынадағы құптау сөз.* Бар сенетініміз – дәрігер. Бірінен соң біріне қаратамыз, әрқайсысының аузына бір қараймыз, не айтса да *«ж ә р е к і м а л л а»* дейміз (Б.Аманшин, Жар мұңы). Төре түшкірсе *ж ә р е к і м а л л а д а н* аузы босамаған, шұлғауын сілкіп, кебісін салатын ләпбайшыл көктен неғып отыр? (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЖӘРЕНДІК з а т. ж е р г. *Арбаның қалқаны, сатысы.* Бұлар келгенде, Диқанбай кең ауланың ішін ағаш жаңқаларына толтырып, әлдебір сынық арбаға жаңадан *ж ә р е н д і к* салып жатыр екен (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖӘРЕУКЕ с ы н. ж е р г. ***Жәркелеш***. Әр ақын-жазушының жазғанын мақтау не даттауға ден қойып кеткен соң, домалақ сын да, *ж ә р е у к е* сын да, ожар сын да бой көрсетіп қалып жүр («Қаз. әдеб.»). *// Жарамсақ, жағымпаз сөз.* Жоламан мақтау сүймейтін, жылымшы *ж ә р е у к е г е* жаны қас, қатал адам (С.Омаров, Өмір.).

ЖӘРЕУКЕЛЕН= ет. ж е р г. ***Жәркелештен***. – Ту, үйдің ішін бу басып кеткенін көрдің бе? – деп *ж ә р е у к е л е н д і* көрші кемпір (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Аралбай *ж ә р е у к е л е н е:* – Сабыр ет, тамыр! Жаңағы бір оңбаған бүлікшілердің былшылын көңіліңе алма, айналып келгенде ел біздің ырқымыздан шықпайды, – деп мөнтеңдеп еді (С.Омаров, Қызыл.). Осының өзін әлгі мәстекінің мәртебе көріп, насаттанып тұрғаны *ж ә р е у к е л е н г е н* жүзінен анық білінеді («Айғақ»).

ЖӘРЕУКЕЛЕНГІШ с ы н. *Жағымпаз, жақсы көрінуге әрекеттенгіш.* Оның үстіне осындайда жақсы атанып қалғысы келетін, ауыл-үйден жиналған *ж ә р е у к е л е н г і ш* жеңге, шеше, қатын-қалаш атаулы бұл сағатта асқан бауырмалдықпен табылған (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

ЖӘРЕУКЕЛЕНУ *Жәреукелен етістігінің қимыл атауы. Ж ә р е у к е л е н у* – жаман әдет (Ауызекі).

ЖӘРЕУКЕЛІ с ы н. ***Жағынғыш***. Мұндар таз сөз айтқанын өнер көрген, *Ж ә р е у к е л і* келеді жалшы деген (Батырлар жыры).

ЖӘРКЕЛЕНШІ з а т. ж е р г. *Кез келгенге жағымпазданушы, көрінгенге жалынушы.* Әркімнің бір аузына қарай сөйлесең, *ж ә р к е л е н ш і* боласың (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӘРКЕЛЕШ с ы н. *Жарамсақ, жағымпаз; жәреуке.* Ой, оңшең дуылдақ! Оңкей *ж ә р к е л е ш!* – деп, Ожырай жігіттерді тыйып тастады да, – ана жақта дырду бітті ме? – деп сұрады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Үлкен үмітпен оқталған адамының өзі, көп ұзамай тұрлаусыз, шенқұмар немесе *ж ә р к е л е ш* біреу боп шыға берді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жаңағы мас адамның *ж ә р к е л е ш* достығының ізі де қалған жоқ (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖӘРКЕЛЕШТЕН= е т. *Жағымпаздану, жарамсақтану.*– Тойған үйге тоғыз кел деп, жеңгемізге қарап кінәлі кісідей қыпыңдап, *ж ә р к е л е ш т е н е* күлетіні бар (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Суықтан сіресіп қалған езуін жинай алмай ыржиып, *ж ә р к е л е ш т е н і п* келе жатқан Қыдыржанды шегеріп, бірден киіп кетті (Т.Ахтанов, Дала сыры). Кінәсін жуып-шайғандай болған ала қаншық құйрығын *ж ә р к е л е ш т е н е* бұлаңдатып қойды да тау жаққа қарап үрді (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр).

ЖӘРКЕЛЕШТЕНУ *Жәркелештен етістігінің қимыл атауы.*

ЖӘРКЕМДЕ= е т. **1.** ***Жәукемде*** *(істі тез тындыру, әп-сәтте бітірту, еңсеру).* Самар қаласының пожарнай командасы – бәрі жиылып бас қосып *ж ә р к е м д е с е* де отты өшіре алмапты («ТУГ»). **2.** *Малды сойып, етін тез бұзу, жіліктеу.* – Е, Нұрмақтікі алдыңғы күні бір семіз жабағыны *ж ә р к е м д е д і* деп естіп ем, сірә, сені соның жылы-жұмсақ иісі жетектеді ғой, ә! – деген болатын (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Бастықтардың айналма ауруы бар деген тілдей бір қағаз ала қойсаң ғой, семізін баяғыда *ж ә р к е м д е п* алатын едік (Е.Қонарбаев, Жол басы).

ЖӘРКЕМДЕУ *Жәркемде етістігінің қимыл атауы.* Бәйбішесі қазан көтеріп, баласы бір тоқтыны алып ұрып *ж ә р к е м д е у г е* кірісті (З.Жәкенов, Қайта айналып.). – Е, өйтіп ауырын өзің арқалап, жеңілін *ж ә р к е м д е у г е* жабылсақ та жарар едік қой біз, – деді ол (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

ЖӘРКЕУ з а т. к ә с. *Балық аулауға рұқсат етілетін мезгіл.* Солтақ басқан бишара әке болса, қыс қорқай, жаз *ж ә р к е у д е* казак-орыстардың аханы мен ауында «қара қалаш, аш құрсақ үшін» жүретін (С.Хайдаров, Теңіз.).

ЖӘРКЕШ з а т. *Дөңбек ағаш, жаңғырық.* Асхана алдындағы ет шабатын *ж ә р к е ш*

ағашқа сылқ етіп отыра кетті (М.Қабанбаев, Кермек.).

ЖӘРКЕШТЕН= е т. *Жарамсақтану, жағымпаздану.* Ауыл ақсақалы *ж ә р к е ш т е н е* жүгіріп, сұлтан алдында құрдай жорғалаған (С.Сматаев, Елім-ай).

ЖӘРКІШЕК с ы н. с ө й л. ***Жарқышақ.*** – Әне, екі неміс құтыларын құшақтап бастауға қарай жөнелді, көрдің бе? – деген Тамараның үні бастығырылып, *ж ә р к і ш е к* шықты (Ә.Шәріпов, Орманда.).

ЖӘРМЕҢКЕ [нем. Iahrmarkt] з а т. **1.** *Жылда белгілі бір жерде, белгілі уақытта болатын сауда базары.* Лейпцигте 1967 жылы өткен халықаралық *ж ә р м е ң к е д е* осы туысқан елдің кәсіпорындары шығарған жиырма өнімге алтын медаль берілді (С.Хайдаров, Азамат.). Жаңадан өткен бір *ж ә р м е ң к е д е* алыс-берістерін бітіріп, бір-екі жүз теңгелеп пайда қылып, үйіне қайтып, ағайындықты аралап амандықта жүргенде, осы ойынға кез келген еді (М.Дулатов, Шығ.). Қалыңнан алған көк ат пен тарғыл ту сиырын сатып, қызға керек-жарақ алуға *ж ә р м е ң к е г е* кеткен («Абай»). Барса, үлкен *ж ә р м е ң к е* екен. Қара құрым кісі, қаптаған мал, шабуыл шартыл (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұрынғы Ақмола, Семей облыстарында жыл сайын жаздыгүні үш жерде ірі *ж ә р м е ң к е* болады (С.Мұқанов, Шығ.). Жылда Қоянды *ж ә р м е ң к е с і н і ң* базарын бермейтін Матайдың байлары Сарман, Ырысбек тұқымдары – осы қостар (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** а у ы с. *Ойын-сауық, той-думан.* Әр жердің үкілеген бар еркесі, Тұңғиық терең көлі, тау өркеші. Бәрінен кербез Көкше асып түсер, Болса егер сұлулықтың *ж ә р м е ң к е с і* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Хатыңызды оқи отырып, алыста, сонау қыр астында қалған балалық шақтың қызғылықты *ж ә р м е ң к е с і н* көз алдымнан өткіздім (Б.Соқпақбаев, Аяжан.). Жүрген жерім *ж ә р м е ң к е,* Сағындырдың, ақ ерке! (Қаз. әндері). **3.** а у ы с. *Айқай-шу, азан-қазан, у-шу.* Біреу де, екеу де емес. Үш қатын. Үшеу болған соң-ақ белгілі баяғы, – базар! *Ж ә р м е ң к е г е* біреу ғана жетпей тұр (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). Қазарма іші *ж ә р м е ң к е г е* айналып кетті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бақтың түкпір жағындағы мәуелі шие ағашының бұтағында отырған бір топ торғайдың *ж ә р м е ң к е с і* оны еліктіріп әкетті (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Жәрмеңке думаншылары. *Жәрмеңкелерде халықтық көңілін көтеру, қабілеттерін паш ету мақсатымен ойын-сауық көрсетуші өнерпаздар.* Атаннан қарғу, арқан үстінде билеу, ауыр салмақ көтеру секілді спорттың цирктік түрлерінің қазақ топырағындағы негізін ең алғаш *ж ә р м е ң к е д у м а н ш ы л а р ы* салды (ҚҰЭ).

Жәрмеңке кешендері. *Жәрмеңкеге қажетті жабдықтар, құрылымдар жиынтығы.* Осылармен бірге сауда үйлері, көтерме-делдалдық фирмалар, коммерциялық орталықтар мен компаниялар, лизингілік компаниялар, аукциондар, *ж ә р м е ң к е к е ш е н д е р і,* мемлекеттік резерв және сақтық қорлары, баға мен стандарттарды бақылайтын мемлекеттік инспекциялар, келісім-шарт жасасу жүйелер т.б. құрылуда (Б.Жүнісов... Нарық. экон. негіз.).

ЖӘРМЕҢКЕДЕЙ с ы н. *Жәрмеңке сияқты.* Он бес ауыл елсіз өлкеге көшпелі *ж ә р м е ң к е д е й* жанды қызу тірлік орнады (М.Әуезов, Абай жолы). Жаяу әңгімесі, өмір жолдары жаңа ғана ту көтерген *ж ә р м е ң к е д е й* қызулап, қыздырып әкетіп барады (Д.Әбілев, Баянауыл.).

ЖӘРМЕҢКЕЛЕ= е т. *Жәрмеңкеге бару, сауда жасау.* ≈ *Ж ә р м е ң к е л е п* келді.

ЖӘРМЕҢКЕЛЕТ= е т. **1.** *Бір жәрмеңкеден екінші жәрмеңкеге бару, сауда-саттық жасау.* ≈ *Ж ә р м е ң к е л е т і п* жүр. **2.** а у ы с. *Ойнап-күлу, думандату.* Ол жүрген жерінде думандатып, *ж ә р м е ң к е л е т і п* жүреді (Ауызекі).

ЖӘРМЕҢКЕЛЕТУ *Жәрмеңкелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ә р м е ң к е л е т у д е н* жалықпайды.

ЖӘРМЕҢКЕЛЕУ *Жәрмеңкеле етістігінің қимыл атауы.* Жетісіне бір *ж ә р м е ң к е л е у* оның әдеті (Ауызекі).

ЖӘРМЕҢКЕЛІ с ы н. **1.** *Жәрмеңкесі бар, базарлы.* Ол бұл сапарында *ж ә р м е ң к е л і* елде болып қайтты (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Той-думанды, қызықты.* Аулына *ж ә р м е ң к е л і* жыр әкелді, Сағынған Сағынғали, Жұбан бүгін (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Отыздағы махаббат Алау екен, достарым. *Ж ә р м е ң к е л і* салтанат Жалауы екен, достарым (Ә.Ахметов, Ашық аспан). **3.** а у ы с. *Азан-қазан, у-шулы.* Көзін қайта ашып, *ж ә р м е ң к е л і* қаланың дағдылы жаңағы у-шуынан көңілін бұрып еді (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖӘРМЕҢКЕЛІК с ы н. *Жәрмеңкеге тән, жәрмеңкеге қатысты.* Қазақстанда *ж ә р м е ң к е л і к* сауда да дамыды. Ең ірі Бөкей хандығында 1832 жылы ашылды (ҚазССР тарихы). Ондай театрларды көруге шамасы мүмкіндік бермейтін әдемі киімсіз, ақшасыз еңбекші көпшілік *ж ә р м е ң к е л і к* театрларды қызықтап, ол кезде шын мағынасындағы халық театрлары осы ғана болатын (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖӘРМЕҢКЕШІ з а т. *Жәрмеңкеге барушы, жәрмеңкеде болушы; базаршы.* Сол күні кешкісін *ж ә р м е ң к е ш і л е р* пәтерлеріне тарап, шайсуларын алдарына алғанда, барлық үйде бір әңгіме дүр ете қалды (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖӘРМЕС с ы н. с ө й л. ***Жарымес***. Арба үстінде жатқанда жұлдыздарды аралап жүрмін деп ұғады екен-ау, бұл *ж ә р м е с* (К.Оразалин, Көктем).

ЖӘРТЕҢДЕ= е т. *Жағымпаздану, жарамсақтану*. Сен-ақ көрінгенге *ж ә р т е ң д е м е с е ң* күніңді көре алмайтындайсың (Қазақ тіл аймақ. сөздігі).

ЖӘСІР з а т. ***Тұтқын***. *Ж ә с і р* деп жәбір көрсетпесем де, күшік күйеу деп, қызымның ақ төсегінің аяғына кісендеп қойып, абыройын төкпек едім, жалғыз ботамның тілегін қия алмадым, сол үшін айтамын депті (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖӘТДЕРЕК з а т. *Есте (жадта) сақталған мәлімет (дерек)*. Заман хат мағлұматы айтушының есіне алынып жазылғанда, *ж ә т д е р е к* деп айтылады (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖӘУДІР: **жәудір көз**. *Жаудыраған, мөлдіреген көз*. Шіркін ана көргендей боп арманының таң құсын, Жырға құмар *ж ә у д і р к ө з г е* жаудыратын алғысын (М.Шаханов, Ғасырлар.). Естіртпей сөйлеп сөзіңді асқарға, Шалқытып бұла сөзімді аспанға. Шашыңа іліккен бір тал шөпті алып, Танадай *ж ә у д і р к ө з і ң д і* ашқанда (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖӘУДІРЕ= е т. с ө й л. ***Жаудыра***. *Ж ә у д і р е г е н* мөлдір жанары бұрынғыдай нұр шашпай, жасаурап, солғындап кеткен (Б.Момышұлы, Шығ.). Жас шағында бар рақат, бар шабыт, Жүрекке сай үлесіңді қалшы алып. Жиырма бесте *ж ә у д і р е г е н* жар құшып, Сәби сүю бақыт еді қаншалық! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ақ нұр еді, балғын еді өзі де, Жолықтың ба налып жүрген кезіне. Айдын көлде *ж ә у д і р е г е н* жанары, Жалғыз аққу түспеді ме көзіңе?! (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Хан тек оның аппақ қардай беті мен тостағандай дөңгелек *ж ә у д і р е г е н* бота көзін ғана шалып қалды (І.Есенберлин, Алтын Орда). Көз алдынан Жамалдың кешелі-бері *ж ә у д і р е й* қараған жабырқау жүзі кетпей қойды (Ә.Кекілбаев, Құс қанаты).

ЖӘУДІРЕС= е т. с ө й л. ***Жаудырас***. Таулар да жоқ басы көкпен таласқан. Көлдер де жоқ *ж ә у д і р е с і п* қарасқан (С.Асанов, Алматым).

ЖӘУДІРЕТ= е т. с ө й л. ***Жаудырат***. Сонау алыс қияннан жылы үшырап қарайсың, *ж ә у д і р е т і п* көзіңді (Ө.Жайлауов, Шопан.). Құрбы қыздың көздерін *ж ә у д і р е т і п*, атын атап ән салған тойларым-ай (Т.Рахимов, Жиырма бес).

ЖӘУЕТТЕ= е т. ж е р г. *Шенеу, тергеу, тексеру*. Маңғазсыған миығы-ай, Бетегеден биігі-ай, Әр сөзіңді *ж ә у е т т е п*, Көлгір күлген сиығы-ай! (Ж.Өмірбеков, Ана.).

ЖӘУЕТТЕУ *Жәуетте етістігінің қимыл атауы*. Ол әр сөзді *ж ә у е т т е у д е н* жалықпайды (Ауызекі).

ЖӘУКЕ з а т. к ө н е. *Ерте кезде жорықтарда әскерлердің алды-артын күзетіп жүретін топтың басшысы* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘУКЕМ з а т. *Илеу, қыспақ, қысым*. Бұл құраған Шеңгелдіден не мән таппақсың? Заманбек екеуміздің *ж ә у к е м і з г е* тастамадың ба? (О.Сәрсенбаев, Сағым). Анау-мынау *ж ә у к е м г е* түсер Болат па екен? («Лен. жас»).

Жәукемге алды. *Қыспаққа алды, қысты*. Шаруакеш елді *ж ә у к е м г е а л а д ы*. Қарсы тұрғандарға қырғидай тиеді (Б.Аманшин, Көкжар).

Жәукемін шығарды. *Әп-сәтте бітірді, тас-талқан етті*. Мына бір шойын тап-тапал, *Ш ы ғ а р а р* көмір *ж ә у к е м і н* (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Ұланмен тағы біраз сөз *ж ә у к е м і н ш ы ғ а р ы п*, істің мәнін түсінгесін ғана ала биесін одан әрі шоқырақтата жөнелді (Ұ.Доспамбетов, Ел есінде).

ЖӘУКЕМДЕ= е т. **1.** *Бір нәрсені тез тындыру, әп-сәтте бітіру, апырып-жапырып істеу, еңсеру*. Не керек, итте талай шомбалдар бар екен, аман болса талайын *ж ә у к е м д е р м і з* әлі... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кейбіреулер Шындық деген шіркінді Шымырлатып жырлаудан сәл іркілді. Жақсылық па Жарға жығып, Басқа емес, Өңшең тышқан *ж ә у к е м д е с е* бір пілді?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Малды сойып, етін тез бұзып, жіліктеу*. **3.** а у ы с. *Алып ұрды, тырп еткізбеді*. Ертай орнынан атып тұрып, мойнында телефоны бар фрицті бүркіттей умаждап астына басып та үлгерді. Екіншісін Морозов *ж ә у к е м д е д і* (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

ЖӘУКЕМДЕС= е т. *Апыр-топыр болысу, алай-дүлей етісу*. Бұлт пен күн алысып, *ж ә у к е м д е с і п* жатыр екен (С.Сматаев, Ақжелең).

ЖӘУКЕМДЕСУ *Жәукемдес етістігінің қимыл атауы*.

ЖӘУКЕМДЕУ *Жәукемде етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Бір нәрсені тез тындыру, істеу, еңсеру*. Қызығын талай көрдің жиған малдың, Ығы жылы келетін қалың талдың. Түндік жаба шыққанда аңдып тұрып, *Ж ә у к е м д е у ш і* ек тоқалын талай шалдың (Шал ақын, Өлеңд.). Сен Дауыт пен Жұрынның қазынаны неғұрлым тез *ж ә у к е м д е у і н е* көмектесесің (Қ.Толыбаев, Қайдасың.). Арсылдай-ырсылдай таласып, жаралы қасқырды түтіп жеп, *ж ә у к е м д е у г е* кірісті бәрі (Х.Рахимов, Бетпе-бет). **2.** *Малды сойып, етін тез бұзу, жіліктеу*. Анау-мынау шаруаң бітсе, ана қызыл қасқа өгізді алдырып қойдым, енді соны *ж ә у к е м д е у г е* кірісті (Ғ.Сапаев, Гүлдана).

ЖӘУКЕН: **жәукен алғыр.** қ а р ғ. *Жау алғыр, құрғыр.* Сонда үлкен үйдегі Дәркен әже «Ермектен үй айналдырып сойып тасташы, *жәукен алғырды*» деп ұрсып еді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖӘУМЕШТЕ= е т. ж е р г. *Әңгімеге, сөзге айналдыру, мыжып көп сөйлеу.* – Мен оған дейін Досан шалды *ж ә у м е ш т е й* тұрайын, – деп Жақия ақсақал шығып кетті (М.Иманжанов, Менің махабб.). Біздің әжей жағы тынбай *ж ә у м е ш т е п* ығыр еткен жоқ па? (Мәшһүр-Жүсіп, Қыз. жігіт.).

ЖӘУМЕШТЕУ *Жәумеште етістігінің қимыл атауы. Ж ә у м е ш т е у д е н* запы болды (Ауызекі).

ЖӘУМІТ ж е р г. ***Саф***. Бүгін сенің мұнар күнің, *Ж ә у м і т* күнің, жылар күнің. Әттең-әттең, ойың шабан, тасбақадан озбаған, Әттең, шындап жылауды да тағдыр саған жазбаған (М.Шаханов, Ғасырлар.). Кенет, *ж ә у м і т* тыныштықтың иығын басып қаумалай Ат дүбірі жарды қырды. Бұл әрине, Ғауһарай (М.Шаханов, Ғасырлар.). Мақсатына *ж ә у м і т* қайғы батса да, Нағыз достар дос күйінде қалады. Тұрақтылық барабар зат маржанға Біз де, құрбым, бағынайық сол заңға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖӘҢТЕҢ: жәутең қақты. *Жаутаң-жаутаң қарады.* Қатал қабақ бір қарағанда қарсы алдында *ж ә у т е ң қ а қ қ а н* балғын жасты жеп қоярдай айбынды жатыр (А.Байтанаев, Дала сыры).

ЖӘУ: **көздің жәуі.** с ө й л. *Көздің жауы.* Жазу бітіп, анадайдан көз салғанда әсем әріптері *к ө з д і ң ж ә у і н* алатындай көркем сияқты (Бәйшешек).

ЖӘУТЕҢДЕ= е т. с ө й л. ***Жаутаңда***. Адамға тік оқталмайды, назарын пәс ұстап, көзінің қиығымен *ж ә у т е ң д е й* қарайды (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Биғайша да Қасбиді бетінен сүйгенше асығып *ж ә у т е ң д е п* үйіне келді (Қ.Құрманғалиева, Атырау ару). Тотия *ж ә у т е ң д е п* Тутаңға бір, Зергүлге бір қарады (Ш.Мұртаза, Шығ.).

Көзі жәутеңдеді. *Жаутаң-жаутаң қарады.* Сол жаққа қарай құлағы қалқайып, *к ө з і ж ә у т е ң д е п,* жалтаң-жалтаң қарады (М.Рахманбердиев, Ақ тілеу). Әлде бір суық хабарды шошына күткендей, екі *к ө з і ж ә у т е ң д е й* қарап, Сәруардың жанынан алыстап кеткісі келмейді (Т.Беркімбаев, Ана мейірі).

ЖӘУТЕҢДЕТ= е т. с ө й л. ***Жаутаңдат***. Біреудің маймен сылағанынан анамның сумен сылағаны артық дегендей, балаларымның *к ө з і н ж ә у т е ң д е т і п,* жол қаратуға төзімім жетпес еді («Қазақст. әйелдері»).

ЖӘУТЕҢ-ЖӘУТЕҢ үст. с ө й л. ***Жаутаң-жаутаң.*** Үп-үлкен қара көзі *ж ә у т е ң - ж ә у т е ң* етеді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Ол маған бір көзін қысып тұрып, *ж ә у т е ң - ж ә у т е ң* қарай береді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖӘУТЕҢКӨЗ с ы н. ***Жаутаңкөз***. Апам жас балаларын ешкімге *ж ә у т е ң к ө з* қылмай, өзі асырап сақтайды (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). *Ж ә у т е ң к ө з і* нұр шашып, қансөлсіз жүзі лапылдап, даусы да батыл шығады (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖӘУТІК с ы н. **1.** *Нашар, қолынан ештеңе келмейтін.* Сонда айтыпты: Біздің Қошмәмбет дейтін бір *ж ә у т і к* жігітіміз шәріге ұрланып көшіп кетіп еді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Қаулап шықты, қара табан аттанды, Жыртық үйден жалба жең, *ж ә у т і к* тымағың (І.Жансүгіров, Шығ.). 2. *Жаман-жәутік қос сөзінің екінші сыңары.* Намаздыгерде қаңғалақтаған *ж а м а н - ж ә у т і к т е р* қарсы алмасаң да қалмайды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Артық-ауыс темір-терсек, жүн-жұрқаға дейін өткізіп, далада қалатын *ж а м а н - ж ә у т і к к е* дейік пұл қылып, кәсібімді айырып жүрген жоқпын ба (Б.Тілегенов, Аққайнар). Қазіргілер шетінен ас ішіп, аяқ босатар, кілең *ж а м а н - ж ә у т і к т е р* (Ө.Қанахин, Жас дәурен).

ЖӘУТІЛДЕ= е т. ж е р г. *Жаудырау.* Көздері *ж ә у т і л д е п* тұрған итбалықты соярда аяйсың (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖӘУҺАР з а т. с ө й л. ***Ғауһар, жауһар.*** *Ж ә у һ а р* шашқан қолыма ғазиздер бар, Қалайша түзу жолдан адасармын (Ақан сері, Шығ.).

ЖӘУҺӘР з а т. с ө й л. ***Ғауһар, жауһар***. Қырық сан қырым елінде, Ал асыл *ж ә у һ ә р* белінде (Батырлар жыры).

ЖӘҺАННАМ з а т. с ө й л. ***Жаһаннам***. Қинап барып, жанын *ж ә һ а н н а м н ы ң* түбіне жіберер еді (Ә.Нәбиев, Қанат қақ.). Ол қол жұмсаса, жанымды *ж ә һ а н н а м ғ а* бірақ жіберер ме еді, қайтер еді (О.Сәрсенбаев, Жақсы. көзі). Жаманмен жәннәтта болғанша, Жақсымен *ж ә һ а н н а м д а* бол (Мақалнама).

ЖӘҺАНКЕЗДІК з а т. с ө й л. ***Жиһанкездік***. Атты алды көк бөріге шабандоздық. Жәнек те орын алды *ж ә һ а н к е з д і к* (О.Шипин, Екі дастан).

ЖӘҺАТ з а т. с ө й л. ***Ыждағат***. Шыға алмай, шындап *ж ә һ а т* қылғанменен, Бәрі де, қарап тұрды, қалып даққа. Бұйрығын бұлар бажай етпеген соң (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖӘҺӘН з а т. с ө й л. ***Жаһан***. *Ж ә һ ә н і ң* бәрін болжайсың, Төбенің шықсаң басына (Майлықожа, Нақыл).

ЖӘҺӘННАМ з а т. с ө й л. ***Жаһаннам***. Маған таянушы болма, жақындасаң-ақ жаныңды *ж ә һ ә н н а м ғ а* жіберем! (С.Талжанов, Өткен

күн.). Шайтан қашар бойыңнан Алла десең, *Жәһәннәмгә* кетерсің арам жесең (Айтыс).

ЖӘҺӘТ з а т. ***Жәһат***. Тамшылат мұнан надан алмайтұғын, Жақсыға бұл жұмыс па салмайтұғын. Қазақтың жас талапкер бозбаласы, Бәйгеден *жәһәт* керек қалмайтұғын (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бірақ оған рауаж беріп гүлдендірмек бәлки адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек *жәһәтіне* болмақ (Абай, Тол. жин.).

ЖӘҺИЛ з а т. ***Жаһіл***. Бұлардың көбі әншейін *жәһил* түгіл жәһилләр кібік талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғибраттанасың (Абай, Тол. жин.). Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық фиғыл әлинсан ғәдду ләма *жәһилге* хисап (Абай, Тол. жин.).

ЖӘҺИЛИЯ: жәһилия дәуірі. [ар. جاهلية] *Пұтқа табынушылық дәуірі, исламға дейінгі және араб тұрғындарының Мұхаммед келгенге дейінгі кезең. Жәһилия дәуіріндегі* арабтардың ертегілерінде ондай есім кездеспейді (М.Тоқжігітов, Құран тур.). *Жәһилия дәуіріндегі* арабтардың адамгершілік жөніндегі түсініктері өте төмен болған, бай арабтар 15-20 әйел алған, кейбіреулері өздерінің туған қыздарына, тіпті шешелеріне үйленген (М.Тоқжігітов, Құран тур.). Арабтардың кейбір рулары яһуди дінін, кейбіреулері христиан дінін қабылдай бастаған. Мұсылман дінінде арабтардың бұл дәуірін *жәһилия дәуірі* дейді (М.Ысқақов, Соқыр сенім).

ЖӘҺИТШІЛ с ы н. ***Ыждағатты***. Өзге қазақ жерінде ер басына қазақ он бестен жер алып күн көретін жер, Көкшетау, Қостанай, Ақтөбе уездерінде қара топырақ; онда да қазақ *жәһитшіл* мұжықтай болса (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖӘҺІЛ с ы н. с ө й л. ***Жаһіл***. Ал ана мен *жәһілдер* бұларды қыбыр етпізбей бағады (Ә.Сәрсенбаев, Сағым). Саяси жоқ қу жанға, Қандай орын сайлайсың. Өзің *жәһіл* білмейсің, Білгеннің сөзін құлаққа, Жалғыз тиын ілмейсің, Жаны сезген адамды, Жамандайсың, күндейсің (Ә.Тәңірбергенов, Шығ.).

ЖӘҺІЛДІК з а т. с ө й л. ***Жаһілдік***. Бақ па деп ем үйіме күліп кірген, Уайым болдың қашам деп *жәһілдіктен* (Ж.Қыдыров, Сәуір.). Солардың жалған мақтаны мен зұлым *жәһілдігін* халық алдына паш етпек үшін осыны қалпына келтірдім, – деді Фараби (Л.Машанов, Әл-Фараби.).

ЖӘШЕЙКЕ [ор. ячейка] з а т. с ө й л. *Бастауыш цйым, ця*. Аудан басындағы *жәшейкелердің* ұяларынан да сұраған (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖӘШІЛЕ з а т. ж е р г. **1.** *Атқа шөп салатын жер, оттық, ақыр*. Қыс бойы қорада тұрған қара мал мен қой-ешкі *жәшілені* кеміріп азынап тұр (С.Жүнісов, Жапанда.). **2.** *Астық құю үшін үй ішінде кірпішпен өріп жасаған жер*.

ЖӘШМӘР з а т. ж е р г. *Тырмамен жиналған шөп үйіндісі. Жәшмәрдан* соң пішенді көбеге саламыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӘШІК [ор. ящик] з а т. *Түрлі зат салуға арнап, тақтай я басқа заттан жасалатын төрт бұрышты ыдыс*. Бұл уақытта Қасен бұрыштағы бір *жәшікке* отырып алған екен (М.Әуезов, Әңгім.). Сатан күндізгі көтеріп алып келген *жәшігін* қайта көтеріп жоғарыға шығарды (І.Жансүгіров, Шығ.). – Кәне, тез ана *жәшіктердегі* снарядтарды әкеліңдер! – деп Садуақас зеңбіректің қасына жүгіріп барды (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Әр *жәшікте* кітап та көп, көп шеге, Күш түседі мойын, қолға, өкшеге. Қабырғасы қайыспайды ешкімнің, Жығылмайды шалынысып кетсе де (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жәшік арба. ж е р г. *Астық таситын арба*. Астықты мәшинамен не *жәшік арбамен* тасиды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Пошта жәшігі. *Пошта салатын жәшік*. Өзі жүгіріп барып білдіртпей әкеп қояйын десе, *пошта жәшігіне* бойы жетпейді (М.Ысқақбаев, Ұят туралы). Жер-көпеден, Конверттермен Мен бүгін сендерді таптым. *Пошта жәшігін* (С.Мәуленов, Қызыл арша).

ЖӘШІК-ЖӘШІК с ы н. *Бірнеше жәшік, көп, мол*. – Оқобымыздың жанына *жәшік-жәшік* патрон әкеп қоямыз (Т.Ыдырысов, Жалын). Біздер *жәшік-жәшік* қопарғыш заттарды шанаға толтырып, тиеп алдық (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.).

ЖӘШІКТЕ= е т. *Бірдемені жәшікке салу*. Белгібай олар келгенше заттарын *жәшіктеп* те қойған еді (Ауызекі). // *Жәшік бойынша, жәшікпен*. Машиналап есептейді астықты, арағыңды санайды да *жәшіктеп* (Ж.Нәжімеденов, Мезгіл.).

ЖӘШІКТЕЙ с ы н. *Жәшік тәрізді*. ≈ *Жәшіктей* текшелену.

ЖӘШІКТЕУ *Жәшікте етістігінің қимыл атауы*. Оның негізгі жұмысы алманы сорттап *жәшіктеу* болды (Ауызекі).

ЖӘШІКТІ с ы н. *Жәшігі бар, жәшік тиеген. Жәшікті* пургон арбасы сылқылдап, пар өгізбен Андрей қостың алдына келіп тоқтады (Б.Майлин, Шығ.).

Жәшікті арба. ж е р г. *Астық тасуға арналған жәшігі бар арба*. Астықты мәшинемен не *жәшікті арбамен* тасиды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). Пар ат жегілген *жәшікті*

а р б а ғ а атай мені өзі көтеріп мінгізді (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ.).

ЖӘШІКШЕ з а т. *Кішкентай жәшік.* Ол аспаптар салатын *ж ә ш і к ш е н і* ашып, бір буындыны жайып жіберді (М.Хайрутдинов, Алғашқы.). Кішкентай велосипедті картон *ж ә ш і к ш е д е н* алып шыққанымда, Ержан біресе күліп, біресе секіріп мәз болды («Қаз. әдеб.»).

ЖӘШІЛА з а т. ж е р г. *Қыс айларында қорадағы малға жем, шөп салатын орын, аула.* Жиырма шақты қой ұзын *ж ә ш і л а д а н* оттайды (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖДАҒАТ з а т. с ө й л. ***Ыждағат.*** Көзге түртсе көргісіз қараңғы түндерде жол таба білудің де өнер екенін әскери өмір ерекше *ж д а ғ а т п е н* түсіндірген тәрізді (Т.Әлішеров, Өнерпаз.).

ЖДАҢАТ з а т. с ө й л. ***Ыждағат***. Ол кейде есіне түскенде, кітаптарын алып, *ж д а h а т п е н* оқып отыратыны бар (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

ЖЕ= е т. **1.** *Тамақтану, қоректену, ауқаттану.* Семіз ет *ж е п* отырған қонақтарға мипалау жасап ұсыну да қазақша дәм берудің тағы бір жақсы үлгісі («Парасат»). Суы тұнық шөбі қау, Жалғыз ғана жиен жау Бағланды *ж е п* еті бал, Сары ала қазы, жая, жал, Сапырып қымыз ішкенсің (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Жеп қою, қылғыту.* Қасқыр *ж е п* бір тоқтысын кетсе байдың Бақыртып кешке дейін сабаған да. Қожайын келе жатса қол қусырып, Бойына ішкен асы тараған ба? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Адамға адам бенде боп Лузына қарап бағынар. Өз басын ешкім дейтұғын, Нашарларды бас салып Қасқырдай талап *ж е й т ұ ғ ы н.* Зорлықпен алған жары бар, Қызды бөліп анадан, Ұлды бөліп бабадан Талайды өстіп қылған зар (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Он күн киіп, Көйлегімді жудырдым. Анама айтып, Арқанға керіп ілдірдім. Бұзаудан қорықтым, Көйлегімді *ж е п* қояр деп. Кім ойлапты Кесапат құйын соғар деп?! (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** *Шіріткіш жіберу, тот басу, бұлдіру, бұзу.* Әлгі шірікшіл өсімдіктер сол өзекті, нәрселерді, өлімтікті жеп күн көреді, Шірікшіл өсімдіктер өлімтік *ж е й т і н* құрттар сияқты (А.Байтұрсынұлы,.. Тіл – құрал). **4.** а у ы с. *Алдау, арбау, еңбегін пайдалану, пайда түсіру.* Мұнан соң Төремұрат жұрт сұраған, Гаріпке қамқор болып *ж е м е й* пара. Солардай халық қамын жеген ерді Күндейміз үйде отырып біз бейшара (Базар жырау, Шығ.). Ешкімнің хақын *ж е м е ң д е р.* Артында оның сұрақ бар (Қабан жырау, Алтын қазық). Сен де, туыс, Сен де, таныс, білесің. Автобусқа қуып жетіп мінесің, Кейде тіпті Уақыт болмай қалғанда Жырып *ж е й м і з* үйқымыздың үлесін! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Алдабергеннің кешегі жылға дейін ел арасының жүн-жұрқасы мен тері-терсегін жиып, осы жұртты безбеннен *ж е п* келгені аян (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). **5.** а у ы с. *Іштей күйзелу, өзін-өзі қажау.* Міне солай, не істесем де, мен өзімді *ж е п* қоям. Жазғаннан соң Абай құсап жазу керек деп қоям (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). Жоқ, енді түгесілді төзім деген, Оңай ма үн шығармай өзін *ж е г е н?* (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

Екі иығын жұлып жеді. *Аласұрды, жанын жеді.* Шыж-быж кеңсеге *е к і и ы ғ ы н ж ұ л ы п ж е п* келеді (М.Рашев, Бетің қисық.). Көсе қарт *е к і и ы ғ ы н ж ұ л ы п ж е п* әңгімеге қызу кірісем дегенде, тауы шағылғандай болды («Қаз. әдеб.»).

Жанды жеді. *Қажытты, титығына жетті.* Еламан қандайда болса жас келіншектің *ж а н ы н ж е г е н* қасірет барын сезді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жанын жегідей жеді. *Күйзелтті, іштен тындырды.* Шәкеннің жанын өкінішке ұқсас бір нәрсе *ж а н ы н ж е г і д е й ж е п,* жүрегі қатты ауыра сыздайды («Қаз. әдеб.»).

Жеп жібере жаздады. *Тесіле қарады, ала көзбен атты.* Кенет, ақ кірпігі серпіліп, қызыл жиек, ашулы көзі шатынай ұясынан шыға қарап, кемпіріне үнсіз тесіліп, *ж е п ж і б е р е ж а з д а д ы* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жеп жіберердей. *Алая қарады, тесіле қарады.* Құнанбай... алаңдағы домбырашыларды *ж е п ж і б е р е р д е й* тесірейе қалған (А.Сатаев, Дала.).

Жүйкені жеді. *Қажытты, тоздырды, шаршатты.* Ауыр шаң да, желсіз тымық ауа да еңсені езіп, *ж ү й к е н і ж е й д і* (Д.Досжанов, Зауал).

Көзімен жеді. *Қадала қарады, тесіле қарады.* Сәулет маған көзін салды да, сол сәтте төмен қарады. Ал мен оны *к ө з і м м е н ж е п* барамын (Қ.Исабаев, Жұмбақ үй).

Көзін жеді. *Көзін шаршатты, көз майын тауысты.* Күндіз-түні қағазға қадалады. *К ө з і н ж е й д і-а у* (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

Қайғы жеді. *Уайымдады, қайғырды.* Тарғын көп уақыт бейнет шегіп, *қ а й ғ ы ж е п,* зарығып жатады (С.Сейфуллин, Шығ.). Фашықтың пәлесіне кез келген соң, Неғылсын амалы жоқ *қ а й ғ ы ж е м е й* (Дастандар). Тайса тек бақыт басынан, Жылыстар сырттан қасынан, Сыйласып жүрген сыбайы. Қамқоршы көкжал қалған жоқ, қайрылып *қ а й ғ ы ж е г е н д е й,* қақпанға түссе жұбайы (Базар жырау, Шығ.).

Қамшы жеді. *Жәбір көрді, көңілі қалды.* Сен шошыдың ғашығыңнан, Өзге жұрттан *қ а м ш ы ж е п* (Абай, Тол. жин.). Жалындым, жандым – таппадым, Ауырды жаным – *қ а м ш ы ж е п* (Жас қанат).

Қамын жеді. *Бір нәрсенің жайын ойлады, қамқор болды.* Қас дұшпанға қасарсақ, Қан шықпас тастай түйінсің; Ел *қ а м ы н ж е г е н* ер болса, Сабазым сендей күйінсін (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ана жүрегі алыста жатып-ақ баласының *қ а м ы н ж е й д і* (Ә.Қалмырзаев, Ар.). Келер оқу жылына шейін кемшілікті толықтырудың *қ а м ы н ж е й* беру керек қой (Б.Майлин, Шығ.).

Құлақ етін жеді. *Бірдемені (бір сөзді) қайта-қайта айта берді, мазалады.* Әлгі біздің бес биесі бар Бейсен көптен бері *қ ұ л а ғ ы м н ы ң е т і н ж е п* болып еді (А.Сатаев, Аққу.). Оның совхоз басшыларының *қ ұ л а қ е т і н ж е г е л і* қашан («Қаз. әдеб.»).

Құлақ құрышын жеді. *Құлақ етін жеді, әбден мазалады, бірдеңені қайталай берді.* Ауылдан ұзап шыққанда жолдасы Кенжештің *қ ұ л а ғ ы н ы ң қ ұ р ы ш ы н ж е й* бастады («Қаз. әдеб.»).

Опық жеді. *Өкінді, санын соқты.* Құнанбайдың Қарашолақтан алғаш *о п ы қ ж е г е н і* осы еді (М.Әуезов, Абай). Нұрлан туралы айтарын айтса да, кейін *о п ы қ ж е п,* өзін-өзі қынжыла сөкті (З.Шашкин, Сенім).

Пышақ үстінен бөліп жеді. *Қолма-қол бөлісіп алды.* – Сонымен бір адамның табысын *п ы ш а қ ү с т і н е н б ө л і п ж е п,* ошарылдық та отырдық, – деді Ақмарал (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

Соққы жеді. *Зорлық, зомбылық көрді, беті қайтты.* Соры қалың, *с о қ қ ы ж е г е н* пышанамыз, Қайтып суып жалғаннан күсе аламыз (Абай, Тол. жин.).

Сөзінің соңын жеп қойды. *Аяқтамады, соңына жетпеді.* «Баяғыда Семейде, жас кезімде...» деп қойды. Со бір жерге келгенде, *с ө з д і ң с о ң ы н ж е п қ о й д ы* (Е.Әукебаев, Таңд. шығ.).

Таяқ жеді. *Соққы көрді, қорланды.* Байлар бізді алдады, – деді төбе басында *т а я қ ж е г е н* кедейдің бірі жиналыста (Ш.Өтепов, Өшп. жалын). Тартылмай қойды тілім де, *Т а я қ* та *ж е д і м* сол үшін (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

Тепкі жеді. *Соққы көрді, таяқ жеді.* Аяқтанаяққа көшіп, *т е п к і ж е г е н* қамшы солдаттарды түгел айналып, Антоновтың өз алдына келіп түсті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Өмірден *т е п к і ж е с е м* жазығым жоқ, Еш нәрсеге көңілім болмаса тоқ (Абай, Тол. жин.).

Уайым жеді. *Уайымдады, қайғырды.* Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, Түбін ойлай *у а й ы м ж е п* айтқанмын (Абай, Тол. жин.). О, қара көз, қалдың кейін, О, шіркін, *у а й ы м ж е й м і н* (Қаз. әндері).

ЖЕБЕ[1] з а т. **1.** *Садақ оғының ұшы. Ж е б е н і* алғашында тастан, сүйектен кейін қола мен темірден жасаған, темірден жасалынған жебелер XIX ғ. ортасына дейін қолданылды (ҚҰЭ). *Ж е б е с і* көбе бұзып, жүректі үзбей, Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді? Бірін айт бәрін айт та, басқа батыр Баяндай «Алашым!» – деп еңіреп пе еді? (М.Жұмабаев, Шығ.). **2.** *Садақтың оғы.* Алмас қылыш асынып, *Ж е б е с і* болат найза алған (Базар жырау, Жыр.). Тұяқтардан шаң ұшты шұбатылған, Аман қалу қиын бұл сұрапылдан. Қабырғадан қадалып қанды *ж е б е,* Құлап түсті гүрс етіп бірі атынан (С.Мәуленов, Алыс кет.). Шекесіне *ж е б е* тиген жандайын, Шағып тұрып солқылдайды маңдайым. Апиыны ада болған бәңгідей, Миым мең-зең, дәм сезбейді таңдайым (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Жау алдында сынақта Қолымнан тартып, *ж е б е м д і* ал, Үмітсіз етпе бірақ та, «Үмітсіз сайтан» деген бар (К.Салықов, Жезкиік). **2.** а у ы с. *Бірдеменің сүйір ұшы. Ж е б е с і н* ширатады қара мұрттың, Тартады бипаразын қала-жұрттың (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Спидометрдің қылт-қылт еткен *ж е б е с і* шұғыл ойысып, елуге тақап барады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Қозыжауырын [қу] жебе. ***Қозыжауырын*** *(жалпақ болат оқ).* Толмағалап қолыңа ал *Қ о з ы ж а у ы р ы н ж е б е н і* (Қ.Жармағамбетов, Баллада.).

Сұр жебе. к ө н е. *Бұрынғы өткен батырлардың өткір, жылмақай садақ оғы.* Жарқ-жұрқ еткен найза, қылыш, зуылдап ұшқан *с ұ р ж е б е,* биік қамалға ат тұмсығы тіреліп, шоғырланып тұрған қалың қол атой берді (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖЕБЕ[2] з а т. ж е р г. *Тоқауыл.* Тескентоғанды қазғанда мына жерден су құлай берген соң, *ж е б е* салады (Қаз. тілі. диалек. сөздігі). *Ж е б е* құрып қойыпты Жүретұғын жолынан. Мойнында салған бауы бар, Шығыршығы қоладан. Отқа күйген ажары, Қалың шыққан шешектей (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖЕБЕ[3] з а т. ж е р г. *Қармақтың бір түрі.* Желбезекке *ж е б е* дарыса, өрге балық жүзе алмас (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖЕБЕ[4] з а т. ж е р г. *Сым темірден жасаған істік, қоршау.* Зауыттың айналасында *ж е б е* бар (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖЕБЕ= е т. *Демеу, таяныш болу, қолдау.* Өлі аруақ *ж е б е с і н,* тірі аруақ демесін, Етке тоймаған қонақ осыдан артық не десін? (Шал ақын, Өлеңд.). Қан сасыған даламның, Қатын менен баламның, Кегін қайтіп алармын? *Ж е б е п* жібер, әулие?! (М.Мақатаев, Шығ.). Қанды майдан асуда, Келем отқа ілінбей. *Ж е б е п* мені қасымда, Бірге жүрсің білінбей (С.Мәуленов, Алыс кет.). Талантты *ж е б е п,* талапты демейтін де осындай нұрлы лебіздер ғой (Б.Әбдіразақов, Сыр саңлақтары).

Аруақ жебесін. к ө н е. *Тәңір жарылқасын аруақ сүйеу болсын деген тілек мағынасында айтылады.* Сапарың оң болсын, балам, *а р у а қ ж е б е с і н* (М.Әуезов, Шығ.).

Сөзбен жебеді. *Жақсы тілекпен, жылы леппен демеу жасады.* Аттаныс алдында палатадағылар сапаршыны *с ө з б е н ж е б е п*, көңілін жұбатады (Б.Ырзабаев, Ертіс – Жайық.).

ЖЕБЕҒАБЫЛ с ы н. ***Жедегабыл***. Тамақты *ж е б е ғ а б ы л* іш те жөнел, жұмысқа кешігіп қаласың (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Машина күтіп тұрмайды, *ж е б е ғ а б ы л* киініңіз де жүріңіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕБЕДЕЙ с ы н. *Жебе сияқты.* Келе жатты... Көкжиектен шаң құлап, Жата қалған сияқты бар тау, қырат. Жеке-дара – Жалт-жұлт етіп *ж е б е д е й*, Көрінді бір күміс жалды арғымақ (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Оңынан да, солынан да түз тағысы *ж е б е д е й* зу-зу етіп өтіп жатыр (Д.Досжанов, Табалдырығың.). Мен жоғалып табылған *ж е б е д е й* жан жалғызымның тұлғасына сол тойымсыз көзбен құныға қараймын (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

Жебедей жерге енгізді. *Жер-жебіріне жетті, тілдеді, бетін қайтарды.* Қамар кейбіреулерін өзінің шешендігімен *ж е б е д е й ж е р г е е н г і з і п*, енді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай берушІ еді (С.Торайғыров, Қамар сұлу).

Жебедей жерге кірді. *Амалы құрыды, лажы таусылды.* Бүйтіп азап көргенше, әркімнен бір сөз естіп, *Ж е б е д е й ж е р г е к і р г е н ш е*, Өлетін де тынатын (Батырлар жыры). Бүкіл әлемді жаулап алмаққа жанталасып жорық жасаған неміс мырзасы енді өз жерінен қара басын қоярға пана таппай, *ж е б е д е й ж е р г е к і р і п* тұр (С.Омаров, Дала қызы).

Сұр жебедей. *Сұр жебе тәрізді.* Күшпен тартқан *с ұ р ж е б е д е й* көз ұшында бұлдыраған сағымды түйреп түсердей ағып барады (С.Сматаев, Армысың.).

ЖЕБЕЖАПЫРАҚ з а т. ө с. <лат. sagittaria> *Жапырағы жебе тәрізді, суда немесе батпақты жерде өсетін кербезгүл тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж е б е ж а п ы р а қ т ы ң* жапырақ пішіндері садақ жебесінің ұшына ұқсайды (Жалпы биология). *Ж е б е ж а п ы р а қ т ы ң* тамыр сабағындағы түйнектерінен крахмал алынады (ҚСЭ). Аквариумды мүмкіндігінше жарық мол түсетін жерге орналастырып, оған *ж е б е ж а п ы р а қ*, көнбіс және жебетүйнек өсімдіктерін отырғызады (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕБЕЙ: **жебей сауды.** а) *Жиілете, әлсін-әлі сауды.* Биелерді екі-үш рет *ж е б е й с а у с а*, «тай жүзген» бір-екі-ақ күнде лық толып жатады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әр сиырдың бауырында бір-бір ақ жаулық, *ж е б е й с а у ы п* жатыр (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). ә) ж е р г. *Қойдың қозысын емізбей, екінші рет сауды.* б) *Қанады, суіктей сорды.* Халықты *ж е б е й с а у ы п*, ұлық атаулы алатын жем-пара – осы (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бай ауылдарға о да солай көп арбамен бұл әкеліп сатып, күзге қарай тағы бір *ж е б е й с а у ы п* кететін (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Жебей басты. *Тез-тез басты, асығыс, ентелей жүрді.* Қош десті бір сүйісіп амандасып, Нартайлақ кете берді белден асып. Ауылға қыз қайтарда солай қарай, Былқылдақ келе жатыр *ж е б е й б а с ы п* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Аяңдап жетіп келді бір-екі адам, Аяғын *ж е б е й б а с т ы* маған таман (Қаз. әдеб. хрест.). Қой енді, Мұқырдан кейін қалғаным ұят болар деп түйдім де, *ж е б е й б а с ы п* мен де шығып кеттім (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

Жебей сөйледі. *Шапшаң, тез-тез сөйледі.* Тағы көп талай тілдің сұңғыласы, Өлеңнің ақсақалы, сырлы жасы, КүллімізЖ *е б е й с ө й л е п*, ой жүгірттік, Қадалап әсем әннің сұлу нәші (Қ.Бекхожин, Дала комисс.).

ЖЕБЕЙ-ЖЕБЕЙ ү с т. *Жиілете, тездете.* Сондықтан да ондай отарды *ж е б е й-ж е б е й* сауып берерін де, бермесін де басы қимыл етіп, омыраулай бере алатын күш керек еді (М.Әуезов, Әр жыл.). Осы кезде Костоев гүрс-гүрс еткізіп, *ж е б е й-ж е б е й* екі дүркін шүріппені басты (Қоғамдық тәртіп.).

ЖЕБЕЙЛЕС с ы н. ж е р г. *Қатарлас, теңдес.* Әдібек бізбен *ж е б е й л е с* адам (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕБЕҚАБЫЛ ү с т. ж е р г. ***Жедегабыл***. Тамақты *ж е б е қ а б ы л* іш те жөнел, жұмысқа кешігіп қаласың (Қазақ тілі. диалек. сөздігі).

ЖЕБЕЛЕ= е т. *Тездету, шапшаңдату.* Сен қашсаң да мен қойман, Арғымағын *ж е б е л е п* (Бұқар жырау, Жыр.). Зар қылмай тұрып жалды атқа, Жүйрік пенен жорғаңды Өзің бір мініп *ж е б е л е* (Шортанбай ақын, Өлең.). Жердің жүзі көкпеңбек, Жасыл қанат көбелек. Қапталдан да өтеді, Қанатымен *ж е б е л е п* (О.Шипин, Дастан.).

Жебелей басты. *Ентелей аяңдады, аяғын тез-тез басты.* Тайман... бірен-саран үйде қалғандарды сайлау басына жөнелтті де, *ж е б е л е й б а с ы п* Сыздықтікіне кірді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Емеңдеп, адымын жиілете *ж е б е л е й б а с ы п* кеп, Жанардың қарынан ұстамақ болды (З.Қабдолов, Жалын).

ЖЕБЕЛЕК з а т. *Түйенің қара-қоңыр шудасы.* Баяғыда *ж е б е л е к т і* қыз-келіншектер сән үшін шашына қосып өрген (Ауызекі).

ЖЕБЕЛЕН= е т. *Ұшы сүйірлену, үшкірлену.* Мұрты ұшты мойыл қара *ж е б е л е н г е н* «Тарас» деп майдандастар атын қойды (Қ.Жұмалиев, Қырда.).

ЖЕБЕЛЕНУ *Жебелену етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕБЕЛЕТ= е т. *Тездету, шапшаңдату.* Жүрекең шылымын үсті-үстіне *ж е б е л е т і п* сорып-сорып жіберді (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.). *Ж е б е л е т е* теріп жеп, Жемге шашқан дәніңді. Қанатын тарап, елбіреп, Тыңдай ма әлі әніңді (Д.Әбілев, Уақыт.). Базар дүр сілкініп алды да, домбырасын *ж е б е л е т і п* қоңыр дауыспен қоңыраулата жөнелді (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

ЖЕБЕЛЕТУ *Жебелет етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕБЕЛЕУ *Жебеле етістігінің қимыл атауы; жиі-жиі сауу.* Ұзын желінің бір басынан бастап сауылған биелердің екінші басына жеткенше сауындары келіп қап, сауу қайтадан басталады, осылай сауууды *«ж е б е л е у»* дейді (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

ЖЕБЕЛЕУШІ з а т. *Асықтырушы.* Сейпіл мені танығаң жоқ, *ж е б е л е у ш і д е н* қауіп-тенгендігі артына қайта-қайта жалтақтап қарай бергенінен байқалады (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЖЕБЕЛІ с ы н. *Жебесі бар, ұшы үшкірленген.* Басыңдағы дулыға Шалқайтып оны киіпсің, Қолыңа ұстап найзаңды, *Ж е б е л і* садақ іліпсің (Батырлар жыры). Жер ошақтан ала көлеңке жарығында қыннан суырып алған *ж е б е л і* қара пышағы жарқ-жұрқ етеді (А.Жүнісов, Өмір ізі). Кейбір ел шетіне жау келгенде ерлерше сыбанып, сұр *ж е б е л і* садақ асынып, сүңгі найза қолға алып, намысын қорғап мерт болыпты (Д.Жанботаев, Шыңда.).

Жебелі мұрт. с т и л ь. *Мұртының ұшы сүйір (адам). Ж е б е л і м ұ р т* көзі жылтыңдап, минутінде маңының бәрін түгел шолып шығатын адам секілді (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕБЕЛІК з а т. **1.** *Бір нәрсенің ұшы.* Дейді де қарт сақалдың, Үйысқанын тарайды, *Ж е б е л і г і н* көтеріп, Айнаға да қарайды (А.Тоқмағамбетов, Сайра бұлбұл). **2.** *Өткірлік, үшкірлік.* Мұндай қырықтықтардың сыртынан қарағанда қарапайым болғанымен өте өткір келеді. Жүзінің *ж е б е л і л і г і* жұмыстың өнімділігіне де әсерін тигізетін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Жебелік пернелер. и н ф. <ағыл. arrow keys> *Меңзерді оңға, солға, жоғары, төмен жылжытуға арналған пернелер.* Пернелердің үстінде бағытты көрсететін жебелік бар. *Ж е б е л і к п е р н е л е р* көмегімен меңзерді жылжытуға, тізімдерді және мәтіндерді қарап шығуға болады (Қаз. тілі. термин. Информатика.). *Ж е б е л і к п е р н е л е р д і ң* басқаша атауы – меңзерлік пернелер (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

ЖЕБЕЛІРЕК с ы н. *Үшкірлеу.* Бар болмысы сапты аяққа ұқсас, бірақ одан көрі *ж е б е л і р е к* күңгірлеқ қарағай аспапта тұрған көз тартар ешқандай сәнділік жоқ (Ә.Көшімов, Қысталаң жыл).

ЖЕБЕҢГЕР с ы н. ж е р г. *Қолайлы, қолды-аяқты.* Сондай жауапты жұмысқа аттанатын *ж е б е ң г е р д і ң* бірі мен болдым (С.Бегалин, Жеткіншек).

ЖЕБЕП-ДЕМЕ= е т. *Қолдау, қуаттап, қолпаштау.* Бірін-бірі *ж е б е п-д е м е п* неше саққа ұрады (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖЕБЕП-ЖЕЛЕ= е т. *Қолдау, қуаттау, демеу.* Аруақ Бұлан атам, өзің *ж е б е п-ж е л е й* көр (А.Нұрманов, Құлан.).

ЖЕБЕП-ЖЕЛЕУ *Жебеп-желе етістігінің қимыл атауы.* Петр Исақтың *ж е б е п-ж е л е у і н е н* деп санайды да, оның құрметіне қаланың орта тұсынан, өз қолынан қиып, кішкене ағаш шіркеу орнатады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖЕБЕТҮЙНЕК з а т. ө с. <лат. aponogeton distachyus> *Оңтүстік Американың баяу ағатын және тоқтау суларында тараған, аквариумда грунт ретінде органикалық заттың көбірек болуын қалайтын өсімдік.* Аквариумды мүмкіндігінше жарық мол түсетін жерге орналастырып, оған жебежапырақ, көнбіс және *ж е б е т ү й н е к* өсімдіктерін отырғызады (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕБЕУ *Жебе етістігінің қимыл атауы; қолдау, қуаттау.* Ал сен мені қиыншылық көріп жүргенде *ж е б е у д і ң* орнына жерледің (М.Мағауин, Ақша қар).

Жебеу етті. *Сылтауратты, тілге тиек етті, арқау етті, негізге алды.* Орайы келді деп Халелдің ұрылғанын *ж е б е у е т і п*, Қарасай совхоз кеңсесіне дігірді сала кірді (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖЕБЕУШІ з а т. **1.** *Қолдаушы, қуаттаушы, жарылқаушы.* – Алғашқы ерлігімді де саған арнайымын. *Ж е б е у ш і м* бол, Сәулем! (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Жылағанды *ж е б е у ш і*, адасқанды жолға салушы Қызыр әулие мен болам, – деді ол (М.Мағауин, Ақша қар). Қорғаушы да, қолдаушым Хақ тағала, Одан соңғы *ж е б е у ш і м* Аппақ ана. Жұлдызым тұр биікте көрем десең Көтер, қалқам, басыңды көкке қара (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Демеуші, көмектесуші.* Олай болса, сол дәм мына құдық қазу сияқты игілікті іске *ж е б е у ш і*, су көзіне тезірек жетуіне себепші етіп, бейуақта бебеу қақты мұндап ақын (Қ.Бекхожин, Мамырстан). Жалғыз екен демеңдер... *Ж е б е у ш і м* бар, – Жан-жағымнан қоршап тұр нелер шыңдар. Мені көрмей тұра алмас көк орманым, Құз басынан құлдырап келер сулар (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЕБЕШЕ үс т. *Жебеге ұқсап, жебе сияқты.* Сәулелер сына сияқты арасын тіліп жатыр. Кей тұста *ж е б е ш е* қадалып тұр (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖЕБУ з а т. *Малды қайтара сауу әдісі. Ж е б у* – қозыны емізбей тұрып, бір рет сауып алып, сосын көп уақыт өтпей екінші рет сауылатыны (Ш.Жәнібеков, Қаз. мал атау.). Қосақтаған қойды бір рет сауып шыққанын бұрнау (к.) десе, екінші рет қайталай сауғанын *ж е б у* дейді (Қазақ тілі аймақ. сөздігі). Жалт қарасам бұл үнге: Әр сиырдың желінін Тұр машина емуге, – Сауыншы тосып *ж е б у і н* (Т.Жароков, Шығ.).

ЖЕБІЛГЕН з а т. ө с. *Шашақты, гүлі үкі тәріздес көпжылдық өсімдік.* Ернеуі қалың құрғақ жыңғыл, *ж е б і л г е н м е н* көмкерілген. Бұл – мыңсан арық («Лен. жас»). *Ж е б і л г е н д е р* жер емшегін идіріп, Желкілдейді күнге бетін сүйдіріп (Т.Шопашев, Жастық.). Тоғайдың іші оралған жіптей *ж е б і л г е н*, кендір, қызылмия, шырмауық батқасын жатқан баттауық болатын (Қ.Әбдіқадыров, Тоғайда.).

ЖЕБІНДІ з а т. *Қайталап сауып алынған сүт.* Қазақ қайталап сауылған сүтті *ж е б і н д і* демей ме? (Сауыншы). Сәл күйіңкіреп піскен сары *ж е б і н д і* қатылған күрең шай кесенің түбін әрең жасырады (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). Сиырлардың *ж е б і н д і с і н* сауып алдың ба? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕБІР[1] з а т. б о т. <лат. thymus> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын жатаған сабақты, қарама-қарсы жапырақты, хош иісті шала бұта. Ж е б і р д е н* эфир майы алынады (ҚСЭ). *Ж е б і р д і ң* құрамында эфир майы көп. Одан алынатын тимол медицинада, парфюмерияда және тамақ өнеркәсібінде пайдаланылады (ҚҰЭ).

Жебір лизосома. биол. <лат. autophagosoma> *Құрамында қызметін тоқтатып істен шыққан жасуша органеллалары, гликоген гранулалары және т.б. қалдық денешіктер болатын лизосома. Ж е б і р л и з о с о м а* клетканы зақымдаған әртүрлі денешіктер қалдықтарынан тазартады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕБІР[2] з а т. в е т. *Мал азығында ас тұзы, витаминдер жетіспеуінен болатын ауру; індет. Ж е б і р г е* шалдыққан малдың ішек-қарны, ұлтабары қабынуы, қышыма ауруына шалдығуы мүмкін (ҚСЭ). *Ж е б і р м е н* ауырған жас төл өспей қалады, жемшөпке тәбеті болмай жата береді (ҚҰЭ). *Ж е б і р* қыстың екінші жартысында және ерте көктемде байқалады (ҚҰЭ).

Айналасы кебір, ортасы жебір. *Төңірегі сортаң, ұйықты жер. А й н а л а с ы к е б і р* екен, *о р т а с ы ж е б і р* екен. Бұл қоныс болмас (Қаз. тілі фразеол. сөзд.).

ЖЕБІР[3] с ы н. **1.** *Не болса соны талғамай жейтін, жемқор; жұтқыш. Ж е б і р* түйе жабуын жер (Мақал). Жеп қояды-ау торғайды, *ж е б і р* мысық расында (М.Әлімбаев, Орақ-олақ). Ажалым болса бұл ерден Жемей қоймай *ж е б і р* жер, Кіргізбей қоймас қазған көр (Ер Тарғын). **2.** а у ы с. *Парақор, дүниеқор, озбыр. Ж е б і р* сұлтан, сен білмейсің, Мен бір аққау туған бөрімін. Көп екен деп саған иек сүйемен, Несібемді бір тәңірден көрермін (Ер Тарғын). Қаладағы *ж е б і р л е р* Мен жалғыз ел қызметін істедім бе? Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе? Тірі көрге түскендей жер астының Кендерін шығарғалы түспедім бе? (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Алтын таң елге ағарып атпай тұрып, Халықты езді саздай ескі ғұрып. Кедейді *ж е б і р* байға жем қылмасқа Күреске түскен сонда ол белін буып (О.Шипин, Дастан.). Созылған сөздің қысқасы, Қысқа сөздің нұсқасы – Обыр, *ж е б і р*, сұмдар жоқ. Еңбексіз жейтін ит те жоқ (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жебірін түгендеді. ж е р г. *Қысым көрсетті, жазасын берді.* Қолыма бір түсерсің, сонда сенің *ж е б і р і ң д і т ү г е н д е р м і н* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖЕБІРДЕЙ с ы н. *Жебір сияқты, жебір тәрізді.* Жатақ қаласын *ж е б і р д е й* жайлаған қарақшылар топ-тобымен сеңше соғылысады (Қ.Жармағамбетов, Әншi.). Сый жоғы, өзге күй жоғы, Жейді Айшаны *ж е б і р д е й* (Жиырма бес). Жұлқынып, жерді *ж е б і р д е й* жұта тарпып, қолтықты соза тастап барады (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

ЖЕБІРЕЙ з а т. с ө й л. ***Еврей***. Омбы қаласындағы циркті Исак деген *ж е б і р е й* ұстайды (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.). Су алушы: «Олай болса өлген (жәһудті) *ж е б і р е й д і* жуғанға жарар» деп алған екен. Ақшаңның өсімін сондай орынға жұмсармыз, – дегенде қайыршы бай айтыпты: «Құрама жиып ел қылған, құрақ жиып тон қылған» мейірімді ханымыз, сіздің қол астыңызда әлденеше дінді елдер бар ғой, *ж е б і р е й д і* арам сумен жуды дегенді естісе, сізге елдің көңілі қалар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Манифест император берген соң, Қуатттап әркім дінін алғандағы. Патшаның қол астында поляк, *ж е б і р е й*, сарт, ноғай, орыс, қазақ армандағы (М.Көпеев, Тірлік).

ЖЕБІРЕЙІЛ [ар. جبرائل] з а т. д і н и. *Адамзат пен Алланың арасын байланыстырып тұратын үлы періште, Аллаға жақын төрт періштенің бірі.* – Сен оны қой, жаныңды алғалы келген әзірейіл де, жан салғалы келген *ж е б і р е й і л* де емеспін (Д.Әбілев, Арман.). Сілтесе қылыш тас кескен. Жеті қабат жерді өткен, Кідірместен тоқталып, Ұстамаса *ж е б і р е й і л* (Жамбыл,

Шығ. жин.). *Жебірейіл* жер тамырын созғандай, Түстік сапар жылдық жолға қалып тұр (С.Дөнентаев, Өлеңд.).

ЖЕБІРЕЙІЛДЕЙ с ы н. *Жебірейіл сияқты, жебірейіл тәрізді.* Табан астында жерден шыққан *жебірейілдей* болып басқа жігіттер шыға келді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖЕБІР-ЖЕСІР з а т. *Кедей-кепшік, ашарық.* Алып қалса көрермін *Жебір-жесір* жосытып, Шұбырта тартқан жолымнан (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖЕБІРЛЕН= е т. *Обырлану, жеп қою.* Егер құста «Д» витамині жеткіліксіз болса, олар бірінің қауырсынын бірі кеміріп, *жебірленіп* кетеді (С.Омаров, Мал терісі.).

ЖЕБІРЛЕНУ *Жебірлен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕБІРЛІК з а т. **1.** *Не болса соны талғамай жеушілік, қомағайлық.* Ал қой *жебірлікке* үйреніп кетсе, оны емдеу қиынға соғады (Н.Айдаров, Жазылбек.). Қарала қашардың түбіне ақыры сол *жебірлігі* жетті: желіндеп жүрген кезінде қол боп, жарылып, пышаққа ілінді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). **2.** а у ы с. *Обырлық, озбырлық, жемқорлық.* Мына ескі болыс Сүгірбай әлі өзгермеген, баяғы *жебірлігі* елді зар қақсатқан (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Махмұд ақын алдиярлардың ақымақтығы мен *жебірлігін* мазақтайды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖЕБІРШЕ ү с т. *Жебір сияқты, жебірге ұқсап.* Алты сұмға айдатып, Ауылымды шапты *жебірше.* Алтыным сөнді көмірше, Балалары тоқалдың (Манас).

ЖЕГДЕ з а т. с ө й л. ***Жейде*** *(ерлердің алды ашық көйлегі).* Атадан қалған ақсауыт, шығыршығы шірісе, *жегдедей* болмас панасы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Бұрын ақсақалдар *жегде* деп атайтын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕГЕЛЕК з а т. *Қауынның кішкене түрі.* Біздің жақта *жегелек* қауын көп (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Жегелек* дәнді болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕГЕНЕ [ар. يگانه] с ы н. ж е р г. *Жалғыз, дара, жалқы.* Қой *жегене* қозы туды (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖЕГЕНЕЛЕ= е т. *Жекелеу, даралау.* Мұндай ретте міндетті түрде *жегенелеп* тастау керек (Қ.Ертаев, Түгіскен.).

ЖЕГЕНЕЛЕУ *Жегенеле етістігінің қимыл атауы.* Оның артынан колхозшылар қант қызылшасын жаппай *жегенелеуге* кірісті (Қ.Ұябаев, Қырда). Оқушыларды жексенбі күні «Коммуна» колхозына мақта *жегенелеуге* алып келген еді («Лен. жас»). Тіпті оқушылардың өзін көктемде мақта *жегенелеуге* қуамыз, жазда шөпке айдаймыз, күзде өнім жинатамыз, қыста көсек аршытамыз (Б.Бабақов, Өрт).

ЖЕГЖАТ з а т. *Жамағайынды, құдақұдандалас адам.* – Құдағи, құдандалы *жегжат* ауылдармыз. Асықпаңыз, жездем ойлансын, – деп Қадишаны қайта отырғызды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Өз алдына сыйлады, Құда мен дос *жегжатты* (Алпамыс). Қарға тамыр ел едік қашаннан-ақ, *жегжатымен* ел өсіп жасаңдамақ (Жамбыл, Шығ.). *Жекжат* атауы қандас туыстарға қатысты қолданылмайды (ҚҰЭ). *Жекжат* туыстығы жоқ, бірақ құданың құдасы, нағашының бөлесі, жиеннің балдызы сияқты туыстық қатысы бар адамдар арасындағы жақындықты білдіретін атау (ҚҰЭ).

ЖЕГЖАТ-ЖҰРАҒАТ з а т. *Туыс-ағайын, аталас, рулас.* Ойбай-ау, неге білмеймін. Бізде де бажа, *жегжат-жұрағат* дегендер бар (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Кейде Жарбол құнтиған құнан мініп *жегжат-жұрағатты* да аралап қояды (Ғ.Орманов, Жүрек). Әрине, Алматыда *жегжат-жұрағат* бірен-саран болса да жоқ емес («Қаз. әдеб.»).

ЖЕГЖАТ-ЖҰРАТ з а т. с ө й л. ***Жегжат-жұрағат.*** Біреу айтып жамасын *Жегжат-жұрат* сабылды. Көңілдесі сайланбай, Келсін бе ол байланбай (І.Жансүгіров, Әңгім.). Еркебай, екіншіден, шын дос маған, Күрсетіп жақсылықты шын қостаған. Қашанда *жегжат-жұрат* жақындығын Күзінің қыры түсіп қорғаштаған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕГЖАТСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Аздап жегжаттық қатысы бар.* Шөңбай қарашада Ақбозы мен Торыалаяғын Үсіктаста тұратын бір *жегжатсымағына* бағуға тастап кеткен-ді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖЕГЖАТТА= е т. *Жегжат іздеу.* Есмағанбет Алматыға *жегжаттап* келген болатын (Ауызекі).

ЖЕГЖАТТАС= е т. *Жегжат болу.* Кім болса да мықты атамен *жегжаттасып,* арқа сүйеп отырған теріс болмас (Қ. Исабаев, Айқыз).

ЖЕГЖАТТАСУ *Жегжаттас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзара *жекжаттасу.*

ЖЕГЖАТТАУ с ы н. *Жекжаттық жағынан жақынырақ.* Сағал көзді қазақ – үй ішімен шарбы майы араласқан *жегжаттау* туысы (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖЕГЖАТТЫҚ з а т. *Жегжат болушылық.* Бұл *жегжаттығың* да дәурені ұзақ болмады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Тілеш келешек *жегжаттықтан* күдер үздіргісі келмеді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Дала дәстүрінде *жегжаттығың* жөні бөлек қой (С.Санбаев, Аруана).

ЖЕГЖАТШЫЛА= е т. *Жегжатына бару, жегжатын іздеу.* Жүрісіне қарағанда жәй *жегжатшылап* бара жатқан адамға, не жоқ іздеген жоқшыға ұқсамайды (А.Жұбанов, Құрманғазы).

ЖЕГЖАТШЫЛАУ *Жегжатшылаетістігінің қимыл атауы.*

ЖЕГУ *Жек етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлік малына арба, шана т.б. тіркеу.* Ат ерттеу, арба *жегу,* мал азықтандыру сияқты күнделікті жай жұмыстардың өзіне олар олақ (М.Иманжанов, Менің махабб.). Көктем шыға колхоздың бірден-бір өгізі *жегуге* жарамай қалды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** а у ы с. *Бір жұмысты міндеттеу, еңбегін пайдалану.* Өнер тұқымын егуге, Жарыққа қарай келуге, Пайда зиян айырсақ, Жүре бермей *жегуге* (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жегу әбзелдері. *Арбаны, шананы атқа т.б. көлікке жегу үшін қолданылатын әбзелдердің (қамыт, доға, ершік, белқайыс, делбе, бишік, шілия) жалпылама атауы. Жегу әбзелдеріне* түйеге түйе қамыты, өгізге мойынтұрық пайдаланады (ҚҰЭ).

ЖЕГУЛІ с ы н. **1.** *Көлік жегілген (арба, шана т. б.).* Жұмабай тарантасқа *жегулі* ат алып шыққан екен (С.Мұқанов, Есею жыл.) Қарагер ат, *жегулі* арба жадағай, Жылжи берді жездем орман жағалай! (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы). Сыртқа жүгіре шыққан полицайлар *жегулі* даяр тұрған шанаға отырып, салт атты Матузьканың соңынан ерді (Қ.Қайсенов, Жас партизан.). **2.** а у ы с. *Мойынсұнған, бәрін істеуге дайын.* Мен *жегулі* Тері кеппес тайыңмын, Бұтағы мол, көлеңкелі қайыңмын. Шыңға жібер, Тыңға жібер, бәрі бір, Қай арысқа салсаң дағы дайынмын (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЕГІ з а т. **1.** м е д. <грек. nome> *Дымқыл гангренаның жайылмалы түрі. Ағзаның қорғаныс күштерінің әлсіреуінен пайда болатын, көбінесе адамның бетінде, кейде құлақтың қалқан шеміршегінде, мойнында, жыныс мүшелерінде, т.б. пайда болады. Жегі* ауыздың кілегей қабығын шірітіп, бірте-бірте ұрт, ерін және таңдайдың кілегей қабықтары мен еттерін жидітіп түсіреді (ҚҰЭ). Бет терісіне біткен тері туберкулезін (волчанка) *жегі* дейді (Ш.Көшербаев, Туберкулез.). *Жегіге* негізінен 2-15 жас аралығындағы ауыр инфекциялық (қызылша, көк жөтел, дизентерия, күл, сүзек, т.б.) аурулардан кейін жүдеген балалар жиі шалдығады (ҚҰЭ). Есеншора жас күнінде оң жақ ұртын *жегі* жеп шұқырайтқан, аузы ырсиып тұратын (С.Талжанов, Ұлдай.). **2.** а у ы с. *Жеп құртатын құрт; жалмауыз.* Әне, сөйтеді бұлар. *Жегі* ғой сабаздар, — деп Құдабай ойлап келеді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жер бетіне *жегі* атанған жер сұмы Өз қанына қарық болып көмілді (Аялы жандар).

Жегі [жанын жегі] жеді. *Уайымдады, қиналды, азаптанды, ішқұса болды.* Әреке деген көк ауру, Сені тыяр талқы жоқ, іштегі *жегеннің жегінің* Жерге кірер қалпы жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Қасында жүрсе ез бірге, *Жанының жегі жейді* екен (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). Жібершілеп тасыр салған ойма екен, Немене екен, әлде *жегі жей ме* екен (Б.Кенжебеков, Таңд.).

Жегі құрт. *Жай көзге көрінбейтін құрт; микроб.* Жап-жас Анарға үйленген әке жайын білу, көптен сүйекке сіңген бас ауруынан, *жегі құрттан* құлан-таза айықтырып жібере салатындай итермелейді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Жегі құрт [жанын, жүрегін] жеді. *Қинады, азапқа салды.* Мен сорлы *жүрегімді жеген жегі құрттың* таптым ғой (М.Әуезов, Абай жолы). *Жегі құрт жүрегін жеген* қаралы тұтқын өзінен шошып, селт үрейленеді (С.Камалов, Әңгім.). Қанды сорған, еңбекші емген сүр сүлік, *жанды жеген,* елді құртқан *жегі құрт* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕГІДЕЙ ү с т. *Жегідей, жегі сияқты.* Ол көкірегін *жегідей* тескен дертінен біржола опырылып қалатындай көрініп, аласұрып асықты (Ш.Құмарова, Қос шынар). Ол да кетті *жегідей* жерімді отап, Ол да салды денеме дыр таңбаны (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). *Жегідей* ерді он жеңіп, Түн асқан сайын жүдетті. Қайраты қайрап қажырын, Жүдеген сайын үдетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жанын [жүрегін, жігерін] жегідей жеді [кемірді]. *Қинады, азапқа салды.* Өткендегі ауыр ойдан сергиін десе мына боран, мына жағдай келіп *жанын жегідей жейді* (Т.Ахтанов, Боран.). Көз қарасын тек қас сұлу бұлдайды, Жанарыңды бері қарат жалынды. Тұт ағашын жеген құрттай бір қайғы *Жегідей жеп* кеттіау менің *жанымды* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Балық жеуге дағды алмаған Шыңғыс былай да сылбыр жеудің үстіне Шоқанның табылмауы *жүрегін жегідей кемірің,* ішіне ас батырмай отыр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Елді *жегідей жеп* жатқандары анау (М.Әуезов, Шығ.). Осы түсініс Шәрипаның бұрынғы *жігерін жегідей жеді* (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕГІЗ= е т. *Ішіп-жем беру, тамақтандыру.* Әскері бұл араға кідірмей, болдыра бастаған аттарына түрікмендерше қойдың құйрығын *жегіздіі* (І.Есенберлин, Қаһар). Байлық не дегізбес, Жоқтық не *жегізбес* (Қаз. мақалмәтел.). Екі шелектің түбінде қалғанды екі қызыл әскер көпірдің екі жақ аузында күзетте

тұрған жауынгерлерге *ж е г і з і п* қайтты (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Мәселен, қырғауыл балапандарын тоғайға ертіп барып, ондағы құмырсқалардың қуыршақ жұмыртқаларын *жегізеді*. Бұл қорек жаңа шыққан балапандарға әрі жұмсақ, әрі асқазанында тез қорытылады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

ЖЕГІЗУ *Жегіз етістігінің қимыл атауы.* – Елдарға да кәмпит *ж е г і з у* керек еді, – деді Әдеп жалынышты (М.Гумеров, Хазірет). Турасын айтсам, ішкізіп, *ж е г і з у і м* керек (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Менде де өз шамамша бар ғой зейін, Кімде зейін кем болса, соны жейін. Дүние алдау екен, алдасуда, Өз обалым өзіме, қалсам кейін. Дүние жеу, *жегізу* майданы екен, Жеңе алсам, жеймін демей, мен не дейін (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖЕГІЗІЛ= е т. *Ішіп-жем берілу, тамақтандырылу.* Жем-азық малға тәулік ішінде бірекі дүркін жолға сеуіп *ж е г і з і л е д і* (Мал бордақылау.). Қазір шөп шабатын техника көбейді, шөпті қанша керек болса, сонша дайындауға болады, бірақ ол шөп малға *ж е г і з і л м е й* боска қалады (Ә.Нұршайықов, Жер тур.).

ЖЕГІЗІЛУ *Жегізіл етістігінің қимыл атауы; ішіп-жем бергізілу.*

ЖЕГІЛ= е т. **1.** *Көлік малына (арба, шана тіркелу.* Екі арғымақ жасыл бояумен жаңадан боялған қобди арбаға парлап *ж е г і л і п т і* (М.Әуезов, Шығ.). Айналмаға аттар *ж е г і л і п,* Ұзын шыбыртқы шарт ете түсті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн, *Ж е г і л і п*, тартты үшеуі дүркін-дүркін. Тартады Аққу көкке, Шаян кейін, Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін (А.Байтұрсынов, Шығ.). Алалға қарсы хан болдың, Тентекті сүйеп не құрым. Азған сені көргенде, Қайнайды менің зығырым Өгізі болдың *ж е г і л г е н,* Арамдыққа егілген Айдайтұғын шығырың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** а у ы с. *Шектен тыс жұмыс істеу.* Жетем дедім көрінген сол жағаға, Болғанынша бойымнан арман ада. Енбек торы болдым мен ел қалаған Күндіз-түні *ж е г і л д і м* шаруаға да (Т.Молдағалиев, Шақырады).

ЖЕГІЛУ *Жегіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көлік малына (арба, шана) тіркелу.* – Ол сайман *ж е г і л у д е н* қалған, бере салсаң несі кетеді, – дегенді айтты (Б.Серкебаев, Өткенде.). **2.** а у ы с. *Шектен тыс жұмыс істеу.* Қоғамдық жұмыстарға шамадан тыс *ж е г і л у і н д е* орынбасар жұмысындағы олқылықтар («Қазақст. мект.»).

ЖЕГІН з а т. **1.** *Жегуге үйренген күш-көлік.* Алдыңғы арбадағы *ж е г і н* інген үзілте боздап, әңгімені бөліп кетті (М.Сүндетов, Ескексіз.). Танау түбіне ортан қолдай сүңгі тұрып қалған *ж е г і н* аттардың аяқ алысы ширақ (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Ж е г і н* жылқының алдынан күні-түні жем кетпеуі керек (Ш.Айтматов, Ерте келген.). Егіске керекті *ж е г і н* көліктерді күтуге қойып, машина, құрал-әбзел саймандарын жөндеп жергілікті тыңайтқыш заттарды толық дайындап, егісті 7-8 жұмыс күн ішінде аяқтаңдар («Соц. майдан»). Сосын *ж е г і н* сиыр сияқты күнделікті сылбыр тіршілігі қайтадан жалғасады (Ө.Қанахин, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсеге үйреншікті; көнбіс, төзімді (адам).* Анау әскери тіршілікке *ж е г і н* боп қалған біреу білем (Ө.Қанахин, Жер бас.). Сәлем айт, Рүстемнің өзі келсін, Бұрыннан соғысуға болған *ж е г і н* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Жегін түйе. *Шаруашылыққа, арба жегуге, мініске, жүк артуға үйретілген түйе.* Бұрын *ж е г і н т ү й е л е р* көп еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕГІНДЕЙ с ы н. *Жегін сияқты, жегін тәрізді.* Мысалы сөзі тегіндей. Ақынның тілі көпке ортақ, Арбадағы *ж е г і н д е й* (Майлықожа, Нақыл).

ЖЕГІНДІ с ы н. *Жегуге үйретілген, көндіккен.* Әкем божыны қағып күнтын жәй ғана үйіріп еді, *ж е г і н д і* болған момын аттар ақырын ғана бүлкілдеп жортып кетті (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖЕГІНДІК с ы н. *Көнбіс, төзімді; жегуге арналған, жегілетін.* Қазақтың салт мінетін *ж е г і н д і к* жылқысын есіріп шығару жұмысы жүргізілуде (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

ЖЕГІС з а т. *Арба, шанаға жегуге жарайтын күш-көлік.* Бұған тұқымдары *ж е г і с к е* де, салт мінуге де жарайтын жылқының орташа типі жатады (Жалпы биология).

ЖЕГІШ с ы н. **1.** *Белгілі бір тағамды көп жейтін, жеуге құмар.* Шал балықты *ж е г і ш* екен, бір езуіне қабырға, омыртқаны аламайымен салса, екінші езуінен саудырап сүйегі ағып жатыр (А.Нұрманов, Құлан.). Толсын қазан қазы менен қартаға, Күтсін жеңгем *ж е г і ш* аузын қайнының, Тартсын әкеп астауменен ортаға, Керегі не ет үнемдеп баюдың? (Ә.Тәжібаев, Жартас). **2.** а у ы с. *Біреуден алым алғыш, парақор.* Адалдық үшін алысып, *Ж е г і ш к е* ақы төлетті. Бас шайқаймын дегеннің, Басына салды әлекті (Абай, Тол. жин.). Оның өзі парақор, қазына *ж е г і ш* арам ниеттілігімен қатар нағыз екіжүзді сұрқия болатын (С.Бегалин, Шоқан асу.). Ұлықпен, болыспен байланысы күшті *ж е г і ш т е р* көрінген жігіттің жұмысына араласып, тұмсығы қызылға тиіп жүр (І.Жансүгіров, Шығ.). Көрінбей күбірткеше *ж е г і ш т е р* бар, «Қоғамға мен адалмын» дегіштер бар, Өз құлқынын ойлайтын кейбіреу бар, Көп ырзығын

жеп жүрген «білгіштер» бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕГІШТІК з а т. *Жей білушілік, жей алушылық қасиет.* Қойшы — деп таңданған досына, Шоқан аз сөзбен қазақтың ет *ж е г і ш т і г і н* қысқаша айтып берді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әр аттың басындағы аяңшылдық, жүйріктік, шөпті таңдап *ж е г і ш т і к,* тағы осы сияқты толып жатқан қасиеттерін Досан түгел біледі (Б.Соқпақбаев, Алыста.).

ЖЕДДІ [ир. جدی] з а т. *Желтоқсан айының арабша аты; жәдді.* Мал іргеден жайылды, оның үстіне қар кеш жауып, *ж е д д і н і ң* ортасына дейін мал жайылымнан шықпады (Е.Домбаев, Ол. адам.). Ақыры не керек *ж е д д і н і ң* 12-нен, 13-не қараған тан алдында мұздың үстімен Исатай бергі бетке өтеді («Лен. жас»).

ЖЕДЕҒАБЫЛ ү с т. **1.** *Артынша, іле; тез, жедел.* Төмен қарай бір аунап түскенде арт жағымнан біреудің *ж е д е ғ а б ы л* жығылғанын байқаған едім (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Алдияр әлгі кісіге алғыс айтуды да ұмытып сілтеген жағына *ж е д е ғ а б ы л* томпаңдай қалды (Д.Досжанов, Жусан.). Ұшқыр баласының түрлі тұқымында түрлі мінез болады. Оңтүстік жақтың адамдары *ж е д е ғ а б ы л,* ұшқыр қайратты деп саналады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл сөзді қасқыр тыңдап кеңеспеді, «Жеймін, — деп, *ж е д е ғ а б ы л*» өңештеді. Жамандық жолдасына ететұғын, Бүрі де аңның бірі емес пе еді? (О.Шораяқов, Шайыр). **2.** *Жасы қатарлас, шамалас.* Проводникке біріне-бірі *ж е д е ғ а б ы л* екі бала асығыс жақындады (Қ.Сәрсекеев, Кілт.).

ЖЕДЕҒАБЫЛДАТ= е т. *Жылдамдату, тездету.* Ендеше, қатын, жабдығыңа кіріс, деп, Мұхтар енді *ж е д е ғ а б ы л д а т а* бастады (Д.Әбілев, Арман.). Фельетон газетке басылысымен Алматы облыстық денсаулық сақтау бөлімі *ж е д е ғ а б ы л д а т ы п* редакцияға жауап берді («Лен. жас»).

ЖЕДЕҒАБЫЛДАТУ *Жедеғабылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Істі *ж е д е ғ а б ы л д а т у.*

ЖЕДЕҒАБЫЛДЫҚ з а т. *Асығыстық, шапшаңдық.* Әрине, соны тақырыпқа жазылған бұл поэмалардың көркемдігі жөнінен кемшілігі болмай қойған жоқ, үстірттіктің, *ж е д е ғ а б ы л д ы қ т ы ң* ізі оларда баршылық еді («Қаз. әдеб.»).

ЖЕДЕЛ ү с т. *Тез, жылдам: асығыс, тығыз.* Мирзоян қазақтың ән-күй театрын ашуды *ж е д е л* қолға алды (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдылығын белгілеуге, сондайақ осы жоба *ж е д е л* қаралады деп жариялауға құқығы бар (ҚР Конституциясы). *Ж е д е л* басып Әлімов, Беттеді оқу үйіне (С.Мәуленов, Жолдас). Бір хабар жетіп келді *ж е д е л* тығыз, Бой мұздап, жүрек сыздап құбылдық біз. Әліби, табытыңды иыққа сап, Егілмей біз келеміз басып нығыз (О.Шипин, Дастан.).

Жедел ақпарат. а) *Ғылым мен техника саласындағы маңызды жаңалықтар туралы рефераттардың библиографиялық-мәліметтік жедел басылымы.* ә) и н ф. <ағыл. rapid information> *Орындалатын жұмыс процесі барысында тікелей пайдаланылатын және мүдделі тұлғаға тез арада жеткізілетін ақпарат.*

Жедел жад. и н ф. <ағыл. operating storage> *Арифметикалық және логикалық операцияларды орындау кезінде командаларды, бастапқы мәліметтерді, аралық және ақырғы нәтижелерді уақытша сақтау үшін керек уақытша жад. Ж е д е л ж а д т ы ң* жылдамдығы орталық процессордың жылдамдығымен шамалас (Қаз. тілі. термин. сөздігі. Информатика.). Машиналық командалар *ж е д е л ж а д т а ғ ы* мәліметтерге адрес бойынша тікелей сілтеме жасай алады және оларды өңдей алады (Қаз. тілі. термин. Информатика.). *Ж е д е л ж а д қ а* ақпарат жазуға да, одан оқуға да болады (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

Жедел жәрдем. *Тез арада көрсетілетін медициналық көмек.* Механик талып қалысымен бір жігіт телефонға жүгіріп, *ж е д е л ж ә р д е м* шақырған (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Жедел жәрдем мәшинесі. *Қолма-қол медициналық көмек көрсететін мәшине.* Ол «Шекара» совхозының *ж е д е л ж ә р д е м м ә ш и н е с і* еді (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Жедел көмек. и н ф. <ағыл. on-line help, help> *Жұмыс істеу барысында пайдаланушыға жүйемен көрсетілетін көмек. Ж е д е л к ө м е к* әдеттегідей «F1» қызметтік пернені немесе сұрақ белгісімен салынған экрандық батырмаға нұсқауды басу кезінде ұсынылады және дисплей экранына шығарылатын ескертпе түріне ие болады (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

Жедел өңдеу. и н ф. <ағыл. shortcut processing> *Мәліметтерді жүйеге келіп түсісімен, кідіріссіз өңдеу.*

Жеделөсіру. б и о л. *Көкөністерді (ақжелкен, иістіжелкен, жуаның жасыл бөлігін), гүлдерді (раушан, бөртегүл, қалампыр, қызғалдақ), жидектерді (құлпынай, жүзім) қыс айларында жылыжайларда, көшетханаларда өсіру* (Қаз. тілі термин. Биология).

Жедел режім. и н ф. <ағыл. foreground mode> *Ең жоғарғы басымдылыққа ие тапсырмаларды өңдеу режімі. Ж е д е л р е ж і м г е,* әдетте сұхбаттық режімде орындалатын тап-

сырмалар ие болады (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

Жедел сақтауыш құрылғы. и н ф. < ағыл. Random Access Memory>а) *Ақпараттекуақытша сақталатын сақтауыш құрылғы. Ж е д е л с а қ т а у ы ш қ ұ р ы л ы ғ ы н ы ң* әрбір ұяшығындағы ақпараттар оңай оқылады және өзгертіледі (Қаз. тілі. термин. Информатика.). Программалар мен мәліметтер жұмыс процесі кезінде *ж е д е л с а қ т а у ы ш қ ұ р ы л ғ ы д а* сақталады (Қаз. тілі. термин. сөздігі. Информатика.). ә) *Әрекет шапшаңдығы орталық процессордың әрекет шапшаңдығымен шамалас программалық адрестелетін жад. Ж е д е л с а қ т а у ы ш қ ұ р ы л ғ ы* өңдеуге немесе тікелей адрестер бойынша сілтеме жасауға, жедел жадтағы мәліметтерге машиналық командалар ғана қатынас құра алады (Қаз. тілі. термин. Информатика.). б) *Процессорда орындалып жатқан программалар мен оларға қажетті мәліметтерді сақтайтын компьютердің жедел жады. Ж е д е л с а қ т а у ы ш қ ұ р ы л ғ ы* мәліметтерді оқу және жазу операцияларын орындайды, электрондық микросхемалардан тұрады, жұмыс істеу жылдамдығы процессордың жылдамдығымен шамалас (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жедел іздестіру қызметі. з а ң. *Шұғыл түрде іздеу салу ісі.* Анықтама жүргізу, тергеу органдарының өкілеттілігі, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, Қазақстан Республикасындағы *ж е д е л і з д е с т і р у қ ы з м е т і н і ң* мәселелері заңмен реттеліп отырады (ҚР Конституциясы).

ЖЕДЕЛДЕЙ ү с т. *Тездете, шапшаңдата.* Үш-үштен жеккен алты ат су ішіп аунап алған соң *ж е д е л д е й* басты (І.Жансүгіров, Таңд. шығ.). *Ж е д е л д е й* аяңдап, ротаның сырт жағындағы деревняға орналасқан батальон штабына жеттім (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

ЖЕДЕЛДЕН= е т. *Жедел қимылдау, тездету.* Құлақ сал менің жырыма, *Ж е д е л д е н і п* жауға ти! Түсіріңдер төрені Өлімнің құрса торына (Батырлар жыры). Жаңа үйлер қолға алынды *ж е д е л д е н і п,* Салынды сансыз айшық бедерленіп (С.Дайырбеков, Арман).

ЖЕДЕЛДЕНУ *Жеделден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Істің *ж е д е л д е н у і.*

ЖЕДЕЛДЕС с ы н. *Қатарлас, тетелес, өкшелес.* Ол кісінің *ж е д е л д е с* ақын інілерінен әсіресе сүйіп атайтыны – Fали мен Әбділда (F.Сланов, Замана.). Пушкинді өзімен тұстас, *ж е д е л д е с* орыс жазушылары көріктендіре, толықтыра түсті (С.Мұқанов, Өсу жол.). Ол буын болсын, одан кейінгі қазіргі елу, алпыс, жетпіс жастағы *ж е д е л д е с* буындар нелер қайрат етпеді? (F.Сланов, Замана.).

ЖЕДЕЛДЕС= е т. *Бәстесу, ерегісу.* Анада *ж е д е л д е с е м і н* деп он мәнетіңнен айырылып едің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕДЕЛДЕТ= е т. *Тездету, шапшаңдату, жылдамдату.* Тоқаш Бокин дауысы қалтырап, қыза сөйлеп сөзін *ж е д е л д е т е д і* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Қалампыр аяғын *ж е д е л д е т е* басып үйден шықты (М.Гумеров, Сүйе ме?). Күнтуар кеудесі аяныш күйімен толқығандай, аяғын *ж е д е л д е т е* басып еді (З.Шүкіров, Жас жесір). Неше күндей аптап ұрып, күн қарып, Төкпей-шашпай, қымбат жиһаз, пұлды алып, Кернейлетіп, *ж е д е л д е т і п* бір кезде, Қақпа алдына келді керуен ырғалып (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЕДЕЛДЕТТІР= е т. *Тездеттіру, шапшаңдаттыру, жылдамдаттыру.* Әлден соң үшеуін *ж е д е л д е т т і р г е н* асығыстық бір-біріне амандық-саулық тілеттірді де (К.Оразалин, Абай.).

ЖЕДЕЛДЕТУ *Жеделдет етістігінің қимыл атауы; тездету, жылдамдату.* Шаңғышылар жүрісті *ж е д е л д е т у* үшін қол-аяғында тыным болмайды (Б.Омарұлы, Жүрек ауру.). Шапшаң қолдар ұршықтай тез қимылдап, жұмылса да *ж е д е л д е т у* қиын-ақ (Қ.Бекхожин, Шардара). Амангелді кенінің аса мол бокситтерін игеру ісін *ж е д е л д е т у* шараларын қолдану керек, соның негізінде Павлодарда ірі алюминий зауытын салуға болады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). Бұл жерде әңгіме экономикалық циклдың ағымдағы фазасының қозғалысын өзгерту, оның ішінде, экономикалық дағдарыстың қанат жаюын шектеу, бәсеңдету, жандану фазасының басталуын *ж е д е л д е т у,* өндірістік өрлеу фазасын тұрақтандыру немесе оны одан ары қарай созу туралы болып отыр (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

ЖЕДЕЛДЕТІЛ= е т. *Жылдамдатылу, тездетілу.* Бұдан кейін де үш-төрт дүркін қырлы стакан *ж е д е л д е т і л і п* төңкерілді («Қаз. әдеб.»). Оның үстіне *ж е д е л д е т і л і п,* авиа-почтамен салыныпты (Ә.Әзиев, Оянған ар.). *Ж е д е л д е т і л г е н* тәсілмен бордақыланған қойлар 56 килограмнан салмақ беріп, 6366 центнер ет өндіріледі (Д.Қасенов, Ауыл.).

ЖЕДЕЛДЕТІҢКІРЕ= е т. *Тездетіңкіреу, шапшаңдатыңқырау.* Өзі істің байыбына бармайтын адам екен,— деді Иткин *ж е д е л д е т і ң к і р е п* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Үй ішін елден көшіріп келгенде де сол әйелінің жайын ойлап, абыр-сабыр үстінде босанып қала ма деген қауіптен демалысының аяғына қарамай *ж е д е л д е т і ң к і р е п* көшіп кеткен (К.Ахметбеков, Жеңіс.).

ЖЕДЕЛДЕТІҢКІРЕУ *Жеделдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Істі *ж е д е л д е т і ң к і р е у.*

ЖЕДЕЛДЕУ с ы н. *Тездеу, асығыстау, жылдамдау.* Жетілмей туған қозылар салмағының өсу қарқыны алғашқы айда *ж е д е л д е у* болғанымен де, құрсақта жатқан кездегі толық жетілмеуінің орнын толықтыра алмайды (Т.Күлтебаев, Қой төлі.). Оның әрбір қимылы мен сөз бастауы да әдеттегісінен *ж е д е л д е у* (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Володя тобырға кірді де, *ж е д е л д е у* жағдайды сұрады. Сан қайық жағада тұр, міне, ол солай тұсаулы тұрады (С.Баймолдин, Сағыныш).

ЖЕДЕЛДІ с ы н. к ө н е. *Тетелес, тұстас. Ж е д е л д і* туған, Жан досым, Қайғыға мені батырма. Іздегені жолында, Жедел еткен батырға (Батырлар жыры).

ЖЕДЕЛДІК з а т. *Шапшаңдық, тездік, жылдамдық.* Әрине, бұл *ж е д е л д і к,* бұл шымырлық кедейге өзінен-өзі келген жоқ еді (І.Омаров, Серпін). Әуесхан өзінің жинақылығы, *ж е д е л д і г і,* оның үстіне аса бір биязылығымен есте қалады («Лен. жас»). Келекеле трактордың жүргізіп, әртүрлі жүріс *ж е д е л д і г і н е* алма-кезек ауыстырып байқайтын болдық (Ж.Жұмақанов, Ескі жол).

ЖЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ ү с т. *Тез-тез, жылдам-жылдам.* Сатан ішіне мұз құйғандай болып, Абдыра бекетіндегі болыстың жасауылы ұстап алатындай атын *ж е д е л-ж е д е л* қамшыланып Шалматайдың малына қарай жөнелді (І.Жансүгіров, Шығ.). Айтып үлгере алмай қалам ба дегендей бастырмалата, *ж е д е л-ж е д е л* сөйлеген еді (Д.Әбілев, Арман.).

ЖЕДЕЛСІЗ с ы н. *Ұқыпты, тыңғылықты.* Істеген ісіне *ж е д е л с і з* адам (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ғашық көңіл асығыс, Досым іздеп кел дейді. *Ж е д е л с і з* шіркін болмасаң, Қолыңның ұшын бер дейді (Батырлар жыры).

ЖЕДЕЛХАТ з а т. <грек. tele – алыс, gramma – жазба, жазу таңбасы> *Телеграф арқылы берілген хабар және хабар жазылған бланк, қағаз.* Өмірдің түрлі жағдайында сенімхат, қолхат жазуға, еңбек келісімін жасауға, өмірбаян мен мінездеме жазуға, *ж е д е л х а т,* телефонхат, факсхат жіберуге тура келеді («Ана тілі»).

ЖЕДЕЛІРЕК с ы н. *Шапшаңырақ, тезірек, жылдамырақ.* Тек айтылған сөздің *ж е д е л і р е к* жүзеге асуына тілек білдірді Бәйтен (Н.Fабдуллин, Өмір күйі). Кісі көзіне түспейтін жерлермен үйіне тезірек жеткісі кеп, *ж е д е л і р е к* басып келе жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). От бер, от бер *ж е д е л і р е к*! Жібермелік дұшпанға ырық. Кенет дүние аударылып, Кеткендей бір... (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

ЖЕДЕЛШІ з а т. *Тездетуші, жылдамдатушы. Ж е д е л ш і* – токарьлар металл кесудің жеделдігін минутына 70–80 метрден 1000–1500 метрге жеткізеді (Партия тарихы).

ЖЕДЕЛШІЛ с ы н. *Жылдамдатқыш, тездеткіш.* Намысқа тырысамыз әл келгенше, Артынан қуып жүрген біз *ж е д е л ш і л* (Қаз. халық әндері).

ЖЕДЕМЕЛ с ы н. с ө й л. ***Жедел.*** Зеңбіректер күрсініп, оң қанаттан жаңғырынады. Біз гвардия батырларының *ж е д е м е л* топтары жарып өткен түстікке тартып барамыз (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖЕДЕМЕЛЕТ= е т. *Тездету, жылдамдату.* Үйде, үйде, – деді Имашта *ж е д е м е л е т і п* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖЕДЕШ з а т. э т н. о й ы н. *Тобық жасыру сияқты ойынның аты; сүйек жасыру ойыны.*

ЖЕДІ з а т. с ө й л. ***Жедді*** *(желтоқсан айының арабша аты).* Қыс райы жақсы болғансын қозы-көш шамада *ж е д і* айының түгін жерден тартып жатқан жайы бар (Х.Ерғалиев, Шындық.). Колхозшылар *ж е д і н і ң* бас шамасында соғым соя бастайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). *Ж е д і д е* суық қатты болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЗ з а т. г е о л. <нем. Latun> **1.** *Алтын тәрізді сары түсті металл.* Осындай заман кез болды Ер дегенің ез болды, Қамқа, торғын бөз болды, Саф алтының *ж е з* болды, Арындаған тұлпарың Азғындап шабан, шалаң боп (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Көмір, темір, алтын, *ж е з* сирек металдар, нефть... не жоқ бұл жерде (F.Мұстафин, Қарағанды). Алтыны, Күміс, *Ж е з і* не? Жазбаса егер қаламың?! Кез келген жанның көзіне Түп-тура қарай аламын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Оқып берді балалар, Маған жазған хатыңды. Танымайды кей адам, *Ж е з* бенен мыс, алтынды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** г е о л. *Құрамында 50%-ке дейін мырыш және басқа элементтер араласқан мыстың қорытпасы. Ж е з д і ң* илемділігі, созылуы, сығылуы және беріктігі оны өндірісте көп пайдалануға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Кен.). Құрамында 20%-ға дейін мырыш бар *ж е з* атмосфералық коррозияға төзімді (ҚҰЭ). // *Жезден жасалған.* Билердің алды – отызда, арты – он бесте, Би тұрды осы күні жас баладан. Шығады съезд болса қылтиысып, Әкелген *ж е з* құмандай Бесқаладан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Бұрыштағы қарнезді нар пештің қуысында қаз мойын *ж е з* шәугім; пештің алдында үлкен *ж е з* шылапшын. Төрдегі көлденең сырықта қызыл ала тек жайнамаз, ескі сүлгі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақылы атасынан асқан бала Сабы *ж е з,* сағағы алтын туменен тең. Хайламен халқын

билеп алған жігіт Терісі жуан елі пілменен тең (Ә.Найманбаев, Шығ.). Әзіліне әзіл соқ, жасырма сыр, Ағайың сәл жымиып, шашын қасыр. Алдында аға-жеңгең, *ж е з* самауыр, Ал ауызғы бөлмеде асыр-тасыр (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Болыс, би, старшын т.б. лауазымын білдіру үшін омырауына тағып жүретін жезден жасалған я жез түстес белгі.* Кеше хабары жетсе керек, бүгін сол тажалдың өзі келсе керек, үстібастары сары ала *ж е з,* жетіп келді үйдің қасына (М.Дүйсенов, Мейман.). Байқаймын бет алысы – мен жақ. Жақындағанда, омырауларына сары *ж е з* таққан поштабайлар екенін таныдым (Б.Тоғысбаев, Асыл адам.). **4.** *Түбіне от алғыш пестон орналастырып, ішіне дәрі, оқ салатындай іші қуыс патрон.* Осы бәрі қолыма түспей-ақ қойды, – деді... Нұрғайша атқан оқтың *ж е з і н* қайта бытырамен оқтап отырып (Б.Қожабеков, Көктөбе). *// Оқ деген мағынада.* Елімнің есігінде жатқан торып, Жауларға тапса біздің жетпіс полк, Бір жұма атысуға, бомбылауға, Бір күнгі берген *ж е з і м* жетер толық (Пернедегі терме.). **5.** а у ы с. *Арзан, құнсыз, бағасыз.* Жамағат, сен тыңдасаң, айтайын сөз, Адамның біреуі – алтын, біреуі – *ж е з.* Әрқашан жолдас болсаң, жақсымен бол, Бағаңды кетіреді қор менен ез (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ішіңізді жол бар ма араларға Алтын, *ж е з і н* көкіректің сараларға; Түбін көрген теңіздің теңізші жоқ, Мен қайтейін, дариға, жарасар ма? (Т.Әлімқұлов, Бозжорға). **6.** а у ы с. *Сары түсті.* Сапырылып Сахараның Мұнар буған сағымындай. Айтады осы жапан әнін *Ж е з* сақалды сары бидай (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жез аяқ. *Қыдырымпаз, жүрдек.* Төртіншісі бір ұятсыз, *ж е з а я қ,* құр сылаңдап жүр (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты).

Жез бармақ. *Шебер күйші.* Ақпа-төкпе жыраулар мен *ж е з б а р м а қ* күйшілерге мекен болған Маңғыстауда халық таланттары да көпақ (Ф.Оңғарсынова, Биіктік).

Жез бармақтай. *Мың бұралған, майысқан.* Гүлжамал соны айтысымен орнынан шапшаң түрегеп, *ж е з б а р м а қ т а й* иіліп кеп, стол үстіндегі ағаш табақты алып кетті (Р.Тоқтаров, Ғасыр наны).

Жез бүйда. *Түйенің жетек бүйда деп аталатын бас жібі. Ж е з б ү й д а н ы* жіңішке жез орап немесе бір тілін оқа етіп жіппен еседі, кейде сүйық жезге малып, оның буына ұстап жасайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жез бүйдалы. *Әдемі, әсем бүйдасы бар.* Келтірген әдіспен сөз сұрайды, Нар тайлақ *ж е з б ү й д а л ы* көрдің бе-ай деп (Қозы Көрпеш.). Тазша: «Әке, мен бір *ж е з б ү й д а л ы* нар тайлақ болайын, сен мені базарға апарып, сат?» (Қаз. ертег.).

Жез жіп. *Кесте тігуге пайдаланатын түрлі түсті жіңішке жылтырақ жіп.*

Жез иық. *Оқалы иық (әскери адам туралы).* Шеберлер бастарын көтеріп алғанда кереует астына қылыштарын тығып, еңбектеп жүрген жарақты *ж е з и ы қ т а р д ы* көрді (С.Камалов, Әңгім.).

Жез көз. *Бүркіт көзінің түсі, алтын секілді сары түсті бүркіт көзінің түрі.*

Жез кірпік. *Кірпігі тікірейген, өрімдей жас.* Туғанда алғаш анаңнан, Балапан едің ақ үрпек. Құндарың тері, саламнан, Жеткіншек едің *ж е з к і р п і к* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жез қармақтай майысқан [иілген]. *Ұзын, сұңғақ, тал шыбықтай.* Денелі, келбетті, *ж е з қ а р м а қ т а й и і л г е н* сұлу жігіт (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Оны *ж е з қ а р м а қ т а й м а й ы с қ а н* қолымен ханшаның өзі беріп тұрды (Қаз. ертег.). Айманның ақ мамықтай білегі бар, *М а й ы с қ а н ж е з қ а р м а қ т а й* сүйегі бар (Батырлар жыры).

Жез қармақтай майысты [иілді]. *Икемді, бейімді болды.* Іскерлігіне не бересің, ине ұстаса, саусақтары *ж е з қ а р м а қ т а й м а й ы с ы п,* аяғын мысықша басып, ауыз үйге жөнеле бергенде, шолпысы сылдыр етті (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Жез мойын. а) *Иілген ұзын мойын, әдемі мойын.* Еті қызған *ж е з м о й ы н,* алқара көк ат жыландай жарау (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). ә) *Ұзын, имек.* Онымен қоймай Шапамның *ж е з м о й ы н* пышағымен атты өзім бауыздадым (О.Бөкеев, Үркер).

Жез мүрт. *Тікірейген сары мұртты (адам).* Шоқша сары сақалы бар, *ж е з м ұ р т* Құдайберген төрдің алдында малдасын құрып отыр (С.Талжанов, Ұлдай.). Қасындағының біреуі – *ж е з м ұ р т* сары, біреуі – бұжыр қара («Лен. жас»). Әлгі *ж е з м ұ р т* қайда, басын тырнайық! (З.Иманбаев, Кең аймақ).

Жез тірсек. *Жүйрік атқа қатысты айтылады.* Аяғын ағат баспаған Қара байыр, қазан-ат. Қалбыр өкпе, *ж е з т і р с е к,* Ат жүйрігін алалық (Манас).

Жез ыдыстар. *Жылу өткізгіш металдан жасалған ыдыстар.* Тамақ пісіруге, су қайнатуға арналған *ж е з ы д ы с т а р д ы ң* ішкі жағына қола жалатады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Қыналы бармақ, жез тырнағы қанға боялды. *Бетін тіліп, қан ағызып зар иледі, қан жылады, жоқтан құса боп, қанды жаспен бетін жуды.* Мырза солқ-солқ жылады, Мұқан іштен ыңыранды. Ұлжан талды, жынданды, Аңырады, бастады, Алып бетті тастады, Жылау, жоқтау

қарғанды: «Қара бір шашым жаяйын, жаяйын да жияйын, *Қ ы н а л ы б а р м а қ, ж е з т ы р н а қ* Күн өтті *қ а н ғ а б о я й ы н* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Он екі құрсау жез айыр [мылтық]. *Ер қаруы. О н е к і қ ұ р с а у ж е з а й ы р* Қара мылтық жұмсаған Бұ жиынның ішінде қара Найман Жақан бар (Шайыр).

ЖЕЗДЕ з а т. *Туысқан адамдардың өзінен үлкен апасының күйеуі.* Көшебе руының атақты билерінің бірі және Есенейдің туған апасы — Матақты алған *ж е з д е с і* – Табай да бар еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ұзатылған қыздың күйеуі оның сіңлілерімен інілеріне *ж е з д е* болады (ҚҰЭ). Жәмеш кәрі *ж е з д е с і н* ішісыртымен түгел құрметтейтін болған (М.Әуезов, Қараш.). *Ж е з д е м н е н* неше жыл қолқалап ала алмай жүріп, енді алып келе жатқан жетегімізде бір атымыз бар (С.Сейфуллин, Шығ.). Қайран *ж е з д е м*! Қуанышым сыймағандай қойнына, Кітабымды тастай салып, асылдым-ау мойнына (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ағама жеңгем сай, апама жездем сай. к е к е с і н. *Мінез-қылығы үйлес. А ғ а м а ж е ң г е м, а п а м а ж е з д е м с а й* демекші, өзіңе балаң да сайма-сай екен ғой (Қаз. ертег.).

Бірі апа, бірі жезде. *Жақын адамдар деген мағынада айтылады. Б і р і ң а п а, б і р і ң ж е з д е* Иншаһ Алла жар-жар (Боз жігіт).

Текені әке [жезде], ешкіні шеше [апа] етіп [етіп отыр деп]. *Жарамсақтанды, жағымпазданды деген мағынада (малды бағып-қағуды сүйетін малсақ адам туралы да айтылады)* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

ЖЕЗДЕ= е т. с ө й л. *Жез орау, жезбен әшекейлеу.* Ол түйесінің бүйдасын *ж е з д е п* алып, ұзақ сапарға аттанды (Ауызекі).

ЖЕЗДЕЙ[1] з а т. *Балдыздың жездесіне құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш.* Сол *ж е з д е й* мені құшақтамақ болғанда қолын қыршып алғанмын (Ә.Тәжібаев, Жартас). Құрымсы Есенейді *ж е з д е й* деп, өзін еркелейтін балдыз орнына ұстап, ойындышынды сөздерін батыл айта беретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖЕЗДЕЙ[2] с ы н. *Жез сияқты, жез тәрізді.* Қанатымнан қайырылдым, Жасыған *ж е з д е й* майырылдым (Ғашықтық дастан.). Іріні көрсем елдегі, Жасыған *ж е з д е й* майырылдым. Езілген ізгі кедейге Туысымдай қайырылдым (О.Шипин, Дастан.). Қабырғам *ж е з д е й* қайысқан, Көтергенде бесіктен (Батырлар жыры).

Аяққа жездей басылды. п о э т. *Жерменжексен болды.* Нәсілі артық көп болып Талай жауға қосылды. Жағаласқан дұшпаны *А я қ қ а ж е з д е й б а с ы л д ы* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖЕЗДЕКЕ з а т. *Жездесін сыйлау, құрметтеу нышанымен айтылатын атауыш.* – Ойбай, *ж е з д е к е,* сізді әскерге алмайды, – деп жігіттердің біреуі күле бастады (М.Дүзенов, Ақәже). – *Ж е з д е к е,* неғып ебің қашып, есің кетіп отыр? (Ш.Құмарова, Қос шынар). Аждаһалар сен көрсең, Таумен оны тең көрсең. Аққан сулар бөгелсе, Асыл төрең *ж е з д е к е м* (Манас).

ЖЕЗДЕЛЕ= е т. с ө й л. *Жезде-жезде деп қайта-қайта айту.* Өтептің жайы өзгерек, Апама туыс болатын. Көкемді менің *ж е з д е л е п*, Көбірек бізде қонатын (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЕЗДЕЛЕУ *Жезделе етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж е з д е л е у і н* қоймады.

ЖЕЗДЕЛІК з а т. *Жезде болушылық, жақындық.* Дегенмен, жыршы болған жақсы-ау?! *Ж е з д е л і г і* болғасын берген ғой (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Ол мені біржолата *ж е з д е л і к к е* мойындатып алғандай (Ә.Сәрсенбаев, Батыр. ізі.).

ЖЕЗДЕМСУ *Жездемсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж е з д е м с у і н* қарашы.

ЖЕЗДЕМСІ= е т. э к с п р. *Жезде болғансу.* Өзі тиыш жүрмейді, осы ауылға күйеу болып келеді де, әлгі келіншектердің бәрімен *ж е з д е м с і п* ойнап, қалжақтап тиісіп алады (С.Мұратбеков, Дос іздеп).

ЖЕЗДЕМСІН= е т. *Жезде болғансу.* Ойнауға *ж е з д е м с і н і п* балдыз барса, Қолымен бүркейді екен басын басып (Айтыс).

ЖЕЗДЕМСІНУ *Жездемсін етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж е з д е м с і н у і н* көрдің бе?

ЖЕЗДЕТ= е т. *Жез жалату.* Қолдарында *ж е з д е т к е н* сары ала қамшы (Х.Әдібаев, Таңбалы адам).

ЖЕЗДІ с ы н. *Жезі бар, жезбен көмкерілген, әшекейленген.* Сүлейменнің *ж е з д і* қамшысы бала қойшының мойнына шып-шып етті (І.Жансүгіров, Шығ.). Жарғақ жастық көпшігім, *ж е з д і* тыстан, Бір келісті сайманым топқа мінер (Абай, Тол. жин.).

Жезді аспаптар оркестрі. м у з. *Ішегі мен шанағы жезден жасалған аспаптармен музыкалық шығарма орындайтын топ.* Колхозшы жастар *ж е з д і а с п а п т а р о р к е с т р і н д е* ойнайды (С.Байжанов, Сұңқар көңіл.).

ЖЕЗКИІК з а т. п о э т. *Сұлу, мүсінді киік.* Құс сияқты белгілі қанаты болмаса да, жерден биік көтеріле алмаса да, жел қанатты *ж е з к и і к* үш аяқтап-ақ анау-мынау жабыға жеткізбестей жүйрік те, ширақ та еді (С.Бақбергенов, Қайран шешем). *Ж е з к и і к*, біздің жаққа қалай келдің, Жолымды тіке кесіп, жанай бердің. Адамның

көздеріндей екі көзің, Япырмай, дәтім шыдап қалай көрдім (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЕЗКИІКТЕЙ с ы н. *Жезкиік сияқты, жезкиік тәрізді.* Солар Шыңғыс өңіріне дем беріп, Жоталанған тау белестер бел керіп, Жеткенінде *ж е з к и і к т е й* жел келіп, Бүкіл дала толқиды әнмен тербеліп (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЕЗКӨМЕЙ с ы н. ***Жезтаңдай.*** Сүйткен орақ тілді, *ж е з к ө м е й* Сембінің бір кезде мықтап аузы күйді (З.Шашкин, Сенім.).

ЖЕЗҚАЗҒАНИТ з а т. к е н. *Сульфидтер класына жататын минерал. Ж е з қ а з ғ а н и т* өте ұсақ колломорфты агрегаттар түрінде кездеседі. *Ж е з қ а з ғ а н и т* борнитпен, халькозинмен бірге жіп сияқты желішелер, ілгек, глобуляр және сопақ – сфероидті оқшаулар құрайды (Қаз. тілі термин. Геология). *Ж е з қ а з ғ а н и т* халькозин-борнит кентастарының ішінде жіп, ілмек, глобулдер немесе сопақ сфера пішінді бөлшектер түрінде түзіледі (ҚҰЭ). 1961 ж. Т.А. Сәтбаева мен Е.М. Поплавко Жезқазған кентастарын толық микродиагностикалық зерттей келе, *ж е з қ а з ғ а н и т т і* алғаш тауып, толық құрамын және құрылымын анықтаған (ҚҰЭ).

ЖЕЗҚАНАТ с ы н. б е й н. *Әдемі, сұлу қанат.* Сіз қырғауыл *ж е з қ а н а т,* Аш бетіңді бер қарат. Жақындай бер жуықтап, Тамағыңнан аймалат (Абай, Тол. жин.). Қыздың *ж е з қ а н а т* балапандай алып-ұшпа көңілі осы төртінші сыпаттағы жігіттерді төңіректей берді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). *Ж е з қ а н а т* күміс бауыр киік көрдім, Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің. Жез марал жүреді екен арасында Қаптаған Бетпақтағы киіктердің (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЕЗҚОБЫЗ з а т. *Ішегі немесе шанағы тұтас жезден жасалған қазақ халқының көне саз аспаптарының бірі.* Бұл секілді аспапты халық арасында кейде «*ж е з қ о б ы з*» деп атайды («Қаз. әдеб».). *Ж е з қ о б ы з д ы ң* жасалу әдіс-тәсілі мен ойнау үлгісі қобыз бен қылқобыз аспабында қолданылатын әдіс-тәсілдермен бірдей. *Ж е з қ о б ы з д а* перне болмайды, саусақпен ішекті мойынға басып отыру арқылы ойналады (ҚҰЭ).

ЖЕЗЛ з а т. к ә с. *Поезд жүрісін реттеу үшін қолданылатын аспап.* Тілегенің қарныңа дегендей, осы мезгілде *ж е з л* де әкелініп, бас кондуктордың ысқырығы да естілген (Ы.Тникин, Туркси6.).

ЖЕЗӨКШЕ с ы н. *Жеңіл жүрісті, нәпсіқұмар (әйел).* Заң тәртібін бақылаушы еңгезердей бұжыр жігіт бір жастау *ж е з ө к ш е* әйелді сыртқа қарай әкетіп барады (І.Есенберлин, Қатерлі.). Бір биі Кіші жүздің – маутық терек, Басыңа іс түскенде о да керек. Атандың *ж е з ө к ш е* боп ақша алып, Деп келдім: «Ойнайын, деп, мен де беріп» (Айтыс). Көңілің бір ерде емес, көп ерде екен, Болғаның мұнша көпшіл өнер ме екен. Тұрмасаң қазыналықта *ж е з ө к ш е* боп, Басқа адам бұл ісіңе көнер ме екен (М.Байзақов, Әңгім.). Ең аяғында өлген балыққа да теңеді, *ж е з ө к ш е* әйелдерге де теңеді (F.Мүсірепов, Шығ.).

ЖЕЗӨКШЕЛІК з а т. **1.** *Сайқалдық, әйелдің жеңіл мінезділігі.* Капиталистік қоғамда қылмыстылық және нашақұмарлық пен *ж е з ө к ш е л і к* етек алып отыр (F.Ақмамбетов, Дүниеге көзқ.). **2.** <лат. prostitutio> *Әйелдің жеңіл жүріспен, тәнін сатуды күнкөріске айналдырушылығы.*

ЖЕЗТАҢДАЙ с ы н. *Суырыпсалма, шешен, әнші.* Он алты жасында Махамбет Беріш руының *ж е з т а ң д а й* ақыны атанды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Бұлбұлым менің *ж е з т а ң д а й,* Сөз беріп едің сен кімге. Машинада қозғалмай Жатырсың тілсіз зембілде (С.Мәуленов, Алыс кет.). Небір желқобыз, *ж е з т а ң д а й* әншілер атам қазақтың қос ішекті, сегіз пернелі кәрі қара домбырасын шертіп «Елім-ай» мен «Көлме көлді» еңіреткенде, егіліп көзінің жасын кім төкпеген (С.Омаров, Дала қызы).

ЖЕЗТҰЯҚ з а т. *Аушы құстардың аяғына аң терісінен әр саусаққа киілетін, білезікке бекітілген аяққап.* Кемтар болған тұяғына *ж е з т ұ я қ* кигізеді (Ж.Бабалықұлы, Төрт түлік.).

ЖЕЗТЫРНАҚ з а т. **1.** м и ф. *Ертегі, аңыздарда кездесетін тырнағы ұзын, өткір мақұлық. Ж е з т ы р н а қ* берген етті алып жей алмайды (Қаз. ертег.). *Ж е з т ы р н а қ т ы ң* тырнағы бар өткір жез, Алып күштің жүгіріп кетсе, желден тез. Пері менен диюдың ойнас баласы... Бола алады: аң да, құс та, шал да, қыз (М.Жұмабаев, Шығ.). Сөз орнына Сыздық сақ-сақ күледі, Екі атса ғой, тырнаққа Құдай береді! Біраз тұрып, тәлтіректеп *ж е з т ы р н а қ,* Сүйретіліп қопаға қарай жөнеді (М.Жұмабаев, Шығ.). Қазақ фольклорында *ж е з т ы р н а қ* бейнесі «Құламерген», «Жерден шыққан желім батыр», «Аламан мен Жоламан» сияқты ертектерде, «Алпамыс батыр» эпосында, Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр» дастанында т.б. бар (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Қанішер, жауыз.* Алқымға жармасқан *ж е з т ы р н а қ т ы ң* қолын жұлып тастап, білегін қырқып түсіру керек (Ол күндер.). Адасқандар мен әлсіздердің қанын ішетін *ж е з т ы р н а қ* көклан! (Ә.Тәжібаев, Жданов әңгіме.).

ЖЕЗТЫРНАҚТАЙ с ы н. *Жезтырнақ сияқты, жезтырнақ тәрізді.* – Ой, қатын,

жындымысың, мұның не? Долы дәупені қуыпты деп, *ж е з т ы р н а қ т а й* бас салғаның, – деді ол (О.Бөкеев, Үркер).

ЖЕЗШЕ с ы н. *Жезге ұқсас, жез сияқты.* Қызыл күрең жалпақ бет, Бас – қазандай жоталы. Тықыр ғана *ж е з ш е* мұрт, Түлкі мұрт, селдір сақалы (Т.Жароков, Шығ.).

ЖЕЗШІЛ с ы н. *Жезге құмар.* Күлгенім емес, сұрағаным: атың Алтын болғасын алтыншыл шығарсың деп ем, ақырында *ж е з ш і л* де болмай қалмасаң не қылсын (С.Мұқанов, Аспаз).

ЖЕЙДЕ з а т. *Жұқа матадан тігілген, жеңі, жағасы бар ерлер киімі, көйлек.*— Маған бір *ж е й д е* берші, Жібек, — деймін мен жайбағыстап (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Едіге бас жағында тұрған *ж е й д е с і н* апыл-ғұпыл кие сала, төсектен сырғып түсті (М.Мағауин, Ақша қар). Мардан үйге кіріп, *ж е й д е*, дамбалын, орамалдарын әкеп Дәметкенге берді (І.Жансүгіров, Шығ.). Көзіме ыстық көрінеді туған ауыл бейнесі, Алатау тұр алқам-салқам ағытылған *ж е й д е с і* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ит жейде. ***Итжейде*** (*нәрестенің алғаш киген көйлегі).* – Не десең де мен *и т ж е й д е н і* сенен бұрын тоздырдым ғой (Ә.Қалдыбаев, Шаншар). Қанша айтқанмен *и т ж е й д е н і* сенен бұрын тоздырған адаммын ғой («Лен. жас»). Бұлар шашуға деп балаға *и т ж е й д е с і н*, бір қап ұн, құнан қой әкелді (Ғ.Мұстафин, Қыз шоғы).

ЖЕЙДЕ-ДАМБАЛ з а т. *Басты-басты іш киімдер; көйлек-дамбал. Ж е й д е-д а м б а л* ақ саннан жарғақ-шалбар, Жырым балақ, матамен әдіптеткен (Абай, Тол. жин.). Көрұғлыдан мен айырып келермін, Ғиратыма енді нағып мінермін, *ж е й д е-д а м б а л* су болыпты, Ақбілек, Тал бойыма не киімді киермін (Көрұғлы).

ЖЕЙДЕ-ДАМБАЛШАҢ ү с т. *Тек ішкі киімшең, көйлек-дамбалшаң.* Дулат *ж е й д е-д а м б а л ш а ң* қалпы, қоңылтаяқ іле салған етігі, қуып беріп еді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖЕЙДЕДЕЙ с ы н. *Жейде сияқты, жейде тәрізді. Ж е й д е д е й* жалаңаш ет жыртылуда, Сөйтсе де ол, ойланып жүр ұмтылуға (І.Жансүгіров, Шығ.). Атадан қалған ақ сауыт, Шығыршығы шірісе, *ж е й д е д е й* болмас панасы. Аруана түйе күңіренер, Бауырынан өлсе баласы (Ақберен).

ЖЕЙДЕЛІ с ы н. *Жейдесі бар, жейде киген.* Сақалы кеудесін жапқан ақ *ж е й д е л і* шал сөгіс айтып, бар даусымен айқайлап келеді (Т.Тобағабылов, Жазира). Ала *ж е й д е л і* жігіт той-жиында арақты қалай ішсе басты ауыртпайтынын, өзінің қанша тастаса да мас болмай достарын қайран қалдыратынын айтып тәжірибесін бөлісті (Ж.Кәрменов, Ақылбай.).

ЖЕЙДЕСІЗ с ы н. **1.** *Жейдесі жоқ, жейде кимеген.* ≈ *Ж е й д е с і з* бала. **2.** а у ы с. *Тақыр кедей.* Қыдыруға Қызылжарды әркім ынтық, Мал айдап күн тартады күзем қырқып. *Ж е й д е с і з* жарлы байға жалданады, Жалбаңдап қу шекпені жыртық-жыртық (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

ЖЕЙДЕШЕ з а т. *Шағын жейде.* Алтынды камзол *ж е й д е ш е* Шын сыйпатын қараса, Бұрынғы қыздан өзгеше (Қыз Жібек).

ЖЕЙДЕШЕҢ ү с т. *Жалаң жейдемен, көйлекшең.* Мына суықта мектепке *ж е й д е ш е ң* бара алмайды ғой? – деді Қағазбай (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Менің көз алдымда апам, іле, *ж е й д е ш е ң* қалып, ақ іскек ұзын қайшымен мұртын басып отырған тәтем келді (А.Сүлейменов, Бесін). Едіге *ж е й д е ш е ң* жалаңаяқ күйі орнынан түрегеп кетті (М.Мағауин, Көк мұнар).

ЖЕК з а т. з о о л. <лат. ofisundulata> *Дуадақ отрядына жататын дала құсы.* Бұл өңірде андасанда *ж е к,* дуадақ кездеседі. Бұл тез жүгіретін (сағатына 30, 40 км.) және жақсы ұшатын құс (Б.Мұханов.., Қазақст. өсімдік.). Дуадақ пен *ж е к* қалды, Әлде өтірік, әлде шын, Ақ сұңқар мен лашын, Өлген құсты жеп қалды (Қобыланды батыр). Анаған қарағанда басқалары, Барабар жер бауырлап жүрген *ж е к п е н* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖЕК= е т. **1.** *Жегін көліктің мойнына қамыт, мойынғаш кигізіп, арба, шана, соқа т.б. жетегіне тіркеу, қосу.* Балжекең келіп жетті осы шақта, Дайын тұр парлап *ж е к к е н* күрең ат та, «Ал енді, тез кідірмей жөнелелік, Ашылсын,– деді,– алдыңнан алтын қақпа» (О.Шипин, Дастан). Болдың-ау, көктем маған енді естелік! Қалайын неңді санап, неңді ескеріп. Тұрғандай тар көпірдің аузына кеп, Мен *ж е к к е н* он бес арба, он бес көлік (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Шәрбан, ағам арбасын *ж е к т і* ме екен? Тысқа шығып келші (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қос ішекпен домбыраға күй келер, Қандай әсем пар ат *ж е к к е н* күймелер. Омырауынан бүршік жарып қос алма ақ, Музықалы қыз өмірі басталмақ (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** а у ы с. *Бір жұмысты міндеттеу; күшін, еңбегін пайдалану.* Келінді де биыл мықтап *ж е к п е с е* болмас, әйтеуір көп малды орнын тауып жұмсау керек (Ш. Өтепов, Өшп. жалын). Халықтың тұрмысы мен қажетіне, *Ж е к т і к* біз өндірісті – заман күшін (М.Рашев, Бұйымтай). Не бітер күшті орынсыз *ж е к к е н м е н е н*? Шығар ма тасқа егін еккенменен? Ойлама алғыс, абырой аламын деп, Пайдасыз құр мехнат еткенменен (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖЕК: **жек көрді.** *Бірдемені ұнатпады, жақтырмады.* Басымнан өткеріп, Барлығын түйемін. Барынша *жек көріп*, Барынша сүйемін (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Зылиқа мен Жүсіпті қосқанындай, Тілегің бер, иланым екі жасқа! Айтпасаң да қалпыңды, мен байқаймын, *Жек көрмейсің* мені де сен байғұс та (М.Дулатов, Шығ.). Адамша біткен шашы бар Залалды киік тұқымын Осы арада алады. Адамкиік алған соң, ішінен тұр *жек көріп* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Айтайын деген сөзімнің Оннан бірі келмеді... Шынымен сорлы қылдың ба? Сен мені *жек көрсең*-дағы Кімге шағам мұңымды, Кімге айтамын зарымды?! Аясайшы жарқыным! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жек көру. а) *Ұнатпау, жақтырмау.* Ойлаңыз, менде жүрек, менде жан бар, Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар. Үміт бар, махаббат бар, *жек көру* бар, Бәрі де байдікіндей, байқасаңдар (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Қысын, жазын, күзін де, көктемін де, Сірә, дәтің шыдамас *жек көруге*. Алматыны сыйласаң, көп күніңді, Өткізер ең Алатау бөктерінде (М.Мақатаев, Шығ.). ә) п с и х. *Бір адамның өзге адамға қатысты ішкі сезімін білдіретін ұғым. Жек көру* сезімінің туындауы, ең алдымен, әлгі адамның жеке басындағы кісілік қасиеттерінің жоқтығы, мінез-құлқының ұнамсыз жақтарымен танылуы, өзінің азаматтық борышына немқұрайды қарап, қарым-қатынас жасаудағы жағымсыз оғаш әрекеттеріне байланысты болады (ҚҰЭ). *Жек көру* мінездің өзіндік ерекшелігімен тығыз байланысты психологиялық күй (ҚҰЭ).

Иттің етінен жек көрді. *Мүлдем көргісі келмеді, суқаны сүймеді, ұнатпады.* Зәкіржан Қалдыбайды тап сол сағатында *иттің етінен жек көреді* (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Біздің «білетініміз, бұл Отаршин бұрыннан-ақ Ықыласты *иттің етінен жек көретін-ді* («Лен. жас»). Беті кенет сұрғылттанып, езуі жыбырлап, ашуға тығылғаннан, Зәкіржан сөйлей алмай тұтығып қалды. Қалдыбайды тап сол сағатында *иттің етінен жек көрді* (Б.Майлин, Шығ.).

Қасқырдың артқы сирағындай жек көрді. жерг. *Иттің етінен де жек көрді, суқаны сүймеді, ұнатпады.* Біреуге бір нәрсе десең, *қасқырдың артқы сирағындай жек көреді* (Қаз. тілі. фразеол. сөзд.).

ЖЕКЕ сын. **1.** *Дербес, өз алдына; бөлек.* Есімізде болу керек, бүгінге шейін мысал үшін *жеке* адамның (керт басының) қылығын алып келдік (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жайларың, *жеке* қоныс құтты болсын, Өріске мал, қоймаңа алтын толсын. Көшелерің көркейіп, көркемденіп, Саясына, сандуғаш бұлбұл қонсын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Адамның денесінде беті қызық: Бар жанды сапқа түгел қойсаң тізіп. Біріне дәл ұқсайтын біреуі жоқ, Әлдекім жасағандай *жеке* сызып (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Баяғы басын жұтты *жеке* арманы, Қазақты енді бүтін ете алмады. Адасты Азаттықтың ақырғы ұлы, Қазаға қайдан қырсық жер таңдады?! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Өзіндік, өзіне тән.* Тек дәрігер ғана ауру адамды жан-жақты тексергеннен кейін организмнің *жеке* ерекшелігіне белгіленеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **3.** *Оңаша.* Жақында Жарман екеуміз *жеке* отырып кеңескен болдық (М.Дүзенов, Ақәже). Қалпынан *жеке* отырған қауіптеніп, Қайтайын деп ойладым барып көріп. Қойнында немересі, домбырасы, Қария тас үстінде қалыпты өліп (С.Мәуленов, Алыс кет.). Дүзді *жеке* кезуді. Қаладым мен таңертең. Жетектеді өзімді Жырым менің жан еркем (Қ.Бекхожин, Ардагер). **4.** *Дара, жалғыз.* Қаракөк үш жүз аттан *жеке* келіп, Отырды жолаушылар көңілі тынып (Батырлар жыры). Атадан алтау тусақ та, Қалыппын ұлдан *жеке* боп (Л.Тоқмағамбетов, Өмір.). Қарт айтты: – Балам, *жеке* жүрме,– деді, - Көбіне, әсіресе, түнде,– деді. – Бұл иттің ұры-қары жолдасы көп, Ағашқа я қамысқа кірме,– деді (О.Шипин, Дастан.). Дариялардың таситын шағы ма бұл!.. *Жеке* қалсаң, кештетіп кел біреумен. Астан-кестен болайын тағы да бір, Жалғыз тамшы жанарда мөлдіреумен (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жеке адам. қ о ғ.-ә л е у м. *Қоғамдағы өзіндік дене-бітім, мінез-құлыққа ие тіршілік иесі; индивид.* Сондықтан *жеке адамның* қажеті мен халықтың қажеті – екеуі бір нәрсе (М.Дулатов, Шығ.).

Жеке адамның кітапханасы. и н ф. <ағыл. private library> а) *Көпшілік қатынас құруға жатпайтын кез келген кітапхана. Жеке адамның кітапханасы* жеке адамдар (адамдар тобы) өз программаларын, процедураларын, мәліметтерін сақтау үшін ұйымдастырады. ә) *Тізбектік, бірақ каталогтандырылмаған тапсырмаларды пайдалануға жарамды кітапхана.*

Жеке айыптау. *Адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін жеке азаматтар тарапынан сотқа шағым беру арқылы қозғалатын іс. Жеке айыптау* жөніндегі іс сотта қаралып, қылмыстық жауаптылыққа тартылған азаматқа айыптау не ақтау үкімі шығарылады, жеке айыптаушы айыптаудан бас тартса немесе екі жақ өзара бітімге келген жағдайда іс тоқтатылады (ҚҰЭ).

Жеке ақпарат. и н ф. <ағыл. private information> *Мемлекеттің азаматтары мен ұйымдары туралы олардың мүддесін қорғайтын*

ақпарат. Жеке ақпаратты тарату тиісті тұлғалар немесе ұйымдардың келісімі болған жағдайда ғана мүмкін (ҚҰЭ).

Жеке армия. әск. *Құрлықтағы әскерлердің жалпы әскери оперативтік бірлестігі. Жеке армия* майдан (армия топтары) немесе әскери округ құрамына кірмейді және өз бетінше операциялық бағытта операцияны жүргізу үшін қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жеке армия* алғашқы рет Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде, майдандар құрылғанда, сондай-ақ оның құрамына кірмейтін армияларды айыру қажеттілігі туғанда пайда болды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жеке басқару аймағы. ин ф. <ағыл. private management domain> *Электрондық пошта – телекоммуникациялық оператордың қатысуынсыз басқарылатын басқару аймағы.*

Жеке басты сақтандыру. экон. *Сақтанушыға немесе басқа адамдарға сақтандыру сомасын төлеуді көздейтін ерікті сақтандыру түрі* (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жеке батыр. көне. *Үлкен, дара шыққан батыр.* Өзің бір *жеке батырсың,* Айтқан тілді алмасаң, жау жолында қаларсың (Қаз. ақын. шығ.). Жарқ-жарқ етіп екеуі айқасады, *Жеке батыр* шыққандай қан майданға (Абай, Тол. жин.).

Жеке дәрі қобдишасы. *Радиацияға, химияға, бактерияға қарсы медициналық және басқа да профилактикалық құралдар. Жеке дәрі қобдишасы* радиациялық заттармен, бактериялық құралдармен зақымдалған кезде өзіне-өзі және жанындағыларға алғашқы көмек көрсетуге арналған (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жеке есептеу орталығы. ин ф. <ағыл. private computer center> *Жеке кәсіпорынға, мекемеге қызмет ететін есептеу орталығы.*

Жеке жұрт. *Өз алдына ел, тәуелсіз халық.* Алтын ордадан бөлініп шыққаннан кейін XV ғасырда қазақ өз алдына *жеке жұрт* болды (М.Дулатов, Шығ.).

Жеке зейнетақы шоты. экон. *Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы алушының өзіндік атаулы шоты. Жеке зейнетақы шоты* салымшылардың зейнетақылық жарналары, инвестициялық табыс түсіп, есепке алынады және одан жеке зейнетақы шотының иесіне зейнетақы төлемдері төленеді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жеке кәсіпкерлік. экон. *Азаматтардың табыс алуға бағытталған, азаматтардың өздерінің меншігіне негізделген және азаматтардың атынан және мүліктік жауапкершілігі кепілдігімен тәуекел етіп жүзеге асырылатын ынталы қызметі.* Заңи тұлға құрмай және заңи тұлға белгілері жоқ жағдайда кәсіпкерлік қызметпен айналысушы жеке тұлғалар *жеке кәсіпкерлік* субъектілері болып табылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Жеке кәсіпкерлік* жалдамалы еңбекті пайдаланып, не пайдаланбай жүзеге асырылады, сонымен қатар заң актілерімен шектелген шауашылық қызметтің барлық түрін де жүргізеді (ҚҰЭ).

Жеке қалып-күй. ин ф. <ағыл. in-site> *Шартты түрде бірлік ретінде қабылданған жадтың сақтауыш элементінің физикалық қалып-күйі.*

Жеке қару. әск. *Жеке тұлға қарауында болатын, қысқа қашықтықта шабуыл мен қорғаныс үшін қызмет ететін қару. Жеке қаруға* револьвер (тапанша), қылыш, кездік және т.б. жатады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жеке қаулы. зан. *Мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың, ұйымдар мен олардың басшыларының назарын белгілі бір істі қарау кезінде анықталған заңның бұзылу дерегіне, қылмыс жасауға себепші болған жағдайларға аудару үшін соттың шығарған қаулысы. Жеке қаулыны* сот оған жеткілікті негіз болған кезде кеңесу бөлмесінде қабылдайды (ҚҰЭ). Сот *жеке қаулыны* алдын ала тергеу жүргізу кезінде немесе істі төменгі сот қараған кезде жіберілген, азаматтардың құқықтарының және заңның басқа да талаптарының бұзылуы байқалған кезде шығаруы мүмкін (ҚҰЭ).

Жеке оқыту. пед. *Оқу сабақтарын ұйымдастырудың бір түрі* (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жеке табыс. экон. *Жеке тұлғаның табысы. Жеке табысқа* жалақы, дизиденд, пайыз, рента, сыйлықақы, трансферт, кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс т.б. кіреді (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жеке тұлға. экон. *Белгілі бір тәртіппен экономикалық қызметке қатысушы және толық құқықты қызмет субъектісі ретінде әрекет етуші адам. Жеке тұлға* өз атынан әрекет етеді және ұжымдық құрылым болып табылатын заңды тұлға сияқты фирма құруға мұқтаж емес (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жеке шаруа. *Өз меншігінде мал-мүлкі бар шаруа.* «Шоқпыт» та «Мырқымбайдан» қалыспай *жеке шаруасын* көтеріп алып, социалшыл жолға бетін бұра алмай, «Наурызын» тойлап жүре беретін еді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖЕКЕАУЫЗ зат. көне. *Шитімылтықтың бір түрі. Жекеауызға* оқты аузынан салады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жекеауыз* құндақ, оқпан, шүрпі, шаппа, сирақ секілді бөліктерден тұрған (ҚҰЭ). *Жекеауыздың* ертеректе қазақ

ұсталары қолдан соққан. Бір ғана оқпен атылады және оғы оқпанының аузынан салады (ҚҰЭ).

ЖЕКЕБАС: жекебасқа табыну. с а я с. <лат. cultus> *Саяси немесе діни билік иерархиясындағы жоғары мәртебелі (лауазымды) адамды асыра дәріптеу, оның орны мен міндетті қызметін шектен тыс жоғары бағалау. Ж е к е б а с қ а т а б ы н у* көбінесе, авторитарлық және тоталитарлық жүйедегі мемлекеттерге тән, әйтсе де аракідік демократиялық мемлекеттерде де кездеседі (мыс., Ш. де Голь басқарған шақтағы Франция) (ҚҰЭ). Авторитарлық және тоталитарлық мемлекеттерде *ж е к е б а с қ а т а б ы н у* жалпыға бірдей ортақ, «бірден-бір ақиқат» идеология арқылы жүзеге асырылады (ҚҰЭ). Ол кезде *ж е к е б а с қ а т а б ы н у* лаңын іштей сезсе де жұрт әлі ашық айтуданескенетін (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бұл кек алудың бір түрі, *ж е к е б а с қ а т а б ы н у* дәуірінен қалған стиль сияқты (З.Шашкин, Сенім).

Жекебасқа қол сұқпаушылық. з а ң. *Азаматтардың конституциялық құқы мен бостандықтарының негізгі принципі. Ж е к е б а с қ а қ о л с ұ қ п а у ш ы л ы қ* туралы Қазақстан Республикасының Конституциясында (12-бап, 2-тармақ) «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» деп жазылған (ҚҰЭ).

ЖЕКЕБАСТЫ с ы н. *Жалғызбасты; бойдақ. Ж е к е б а с т ы* әйел үшін де ата-аналық право мен борыш толық сақталады (Семья тәрбиесі). Түн ортасында *ж е к е б а с т ы* жігіттің үйіне жалғыз келесің (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖЕКЕБАСТЫҚ с ы н. *Жекебасқа тән, жекебасқа қатысты.* Аймағымызда жүргізілген 18 апталық жұмыста *ж е к е б а с т ы қ* есеп, жоспармен жұмыстап, еңбекшілерге дәмді де сапалы тағамдармен қызмет көрсетуді басты мақсатым болғызып жұмыстау арқылы бірінші мезгілдік жоспарымды 102-110% орындағанымды хабарлаймын («Жаңа өмір»).

ЖЕКЕ-ДАЙ с ы н. *Жеке-дара, өзімен-өзі.* Көлігім сай, күшім сай, Боламын деп *ж е к е-д а й,* Колхозға кейлер кірмеді, Жеке болам мен, – деді (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

ЖЕКЕ-ДАРА с ы н. *Жападан-жалғыз, оңаша, оқшау.* Баяғыда қазақ баласынан *ж е к е-д а р а* бөлініп шығып, Шорманның Мұсасы Александр патшадан полковник шенін алған (С.Шарипов, Бекболат). Барлығынан тұлғасымен Асып тұрған *ж е к е-д а р а,* Сырлас болған ие ғасырмен Бар Хивадан көк мұнара (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Серікбай өзін ұлықтың оғына оқшау байланып, *ж е к е-д а р а* болып шыққандай, кішкене қымсынып, бәсеңдеп қалғандай болды (М.Әуезов, Қилы заман).

Жеке-дара пайдалану. и н ф. <ағыл. lockout> *Басқа процестердің қатынас құруына тыйым сала отырып, ресурсты бір ғана процестің пайдалануы.*

ЖЕКЕ-ДАРАЛАУ с ы н. *Оңашарақ, оқшауырақ.* Мынау – Ақжанның сүйген жарымен, жалғыз ұлымен қимай қоштасқан, ақтық аманатын айтқан жері – *ж е к е-д а р а л а у* тұрған жалғыз кәрі қайың түбі («Қаз. әдеб.»).

ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ з а т. *Оңашалық, оқшаулық.* Алайда сондай *ж е к е-д а р а л ы қ т а н* не таптым, шығыса алмадық қой? (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.). Аллергендермен емдеген жағдайда *ж е к е-д а р а л ы қ* ерекшеліктердің болатындығын еске ала отырып, бұл бөлімді біз қысқаша ғана баяндаймыз (Б.Айтқожина, Бронх демікпе.).

ЖЕКЕЖАЙ з а т. *Қаладағы бір жанұяға арналған, адамдардың өміріне, жұмыс істеуіне қажеттіліктің бәрі орнатылған үй.*

ЖЕКЕ-ЖАРЫМ ү с т. *Бөлек-бөлек, бірлі-жарым.* Оған қарай аққан толқындар лықсып, бірін-бірі итермелейді. Күн құшағына *ж е к е-ж а р ы м* барып кіруге қымсынатындай бірін-бірі итермелейді (Ш.Мұртазаев, Табыл. теңіз). Арқардың *ж е к е-ж а р ы м* мүйізсіздері бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕКЕ-ЖЕКЕ ү с т. *Бөлек-бөлек, дара-дара.* Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста. Сонда толық боласың елден бөлек. *Ж е к е-ж е к е* біреуі жарытпайды, Жолда жоқ жарыместі жақсы демек (Абай, Тол. жин.). Әрбір топ өзді-өз пәтерінен *ж е к е-ж е к е* шоғыр болып шығып, қала сыртында тоғысқан (М.Әуезов, Шығ.). Адам *ж е к е-ж е к е* жүріп күнелте алмайды, себебі: адамның хайуандай азуы, тұяғы, тырнағы, мүйізі жоқ, суық пен ыстыққа шыдамсыз һәм адам ол хайуан қалпынан кетіп қалды және адамның кәрі, жасы, ауруы, дімкәсі бар (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір қайның Иман Қыдыралы Алтай Кете, Заманға Жұмағазы туған жеке. Жұрт озған өзі батыр жігіт еді, Тағдырға шара бар ма келген төте. Үшінші Қожамберді Табын Талтақ, Бас қостың жақсыларға *ж е к е-ж е к е* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖЕКЕЖЫЛАУ з а т. ж е р г. *Өріп жасаған қыл шылбыр. Ж е к е ж ы л а у д ы* еспейді, өріп жасайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Асаудың сүйреткені *ж е к е ж ы л а у* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕКЕЙ с ы н. *Сәнді, әсем.* Қыруар кезеңді басынан кешіріп, содан үйренген әккілік пен ұстатпайтын *ж е к е й* жарғақтары бар (С.Талжанов, Адам тур.). Жем жейді қара арғымақ түрт дегенде, Аяғын *ж е к е й* басар

қық дегенде, Жерлерге үш айшылық болады азық, Аузынан жан қалқаның үп дегенде (Үш ғасыр.). Басымда жанат бөрік, *ж е к е й* тері, Қоймаған елде сұлу мен бір сері (Қаз. ақын. шығ.). Киімі казак-орыстардың киіміндей: шапан, шалбары күздігүнгі сарғайған шөптей сұрғылт боз, төбесінде татардың төбетейіндей секейіп тұрған қызыл жиекті *ж е к е й* картоз (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жекей тымақ [бөрік]. *Сәнді тігілген тымақ, бөрік.* Аяғында орысша етігі бар ықшам шапанды, *ж е к е й* қара *т ы м а қ т ы,* аузы-басы пияздай, қожаға айтқан нияздай, қара сұр жігіт ойнақы көзі жалаң етті де, ернін қыбырлатты, Бекболат амандасты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Клуб алды толған жан, Киген *ж е к е й т ы м а г ы н* (Т.Жароков, Шығ. жин.). Сәкеннің сырмалы қаптал шапанын, жасыл пайымен тыстаған, алдыңғы жағын қайырып киетін қара пұшпақ, *ж е к е й б ө р і г і н,* былғары етігін киіп жүретін болатын (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖЕКЕЙШЕ с ы н. *Ерекше сәнді, әсем.* Ал жастар жағы қызылданған аттарына *ж е к е й ш е* ерін ерттеді (Б.Құсбегин, Зуқа батыр).

ЖЕКЕЛЕ= е т. **1.** *Бірдемені даралау, оңашалау, бөліп алу.* Қасқыр соққан аңшыдай әрқайсысын *ж е к е л е й* соқпаса қара да түр? (І.Есенберлин, Қаһар). Жаңа естіп Балағаздың айттырғанын, Кетірмек кірмелердің Құсан сәнін. *Ж е к е л е п* қызды ауылды шақырған соң, Балағаз ойлаған да білген мәнін (И.Байзақов, Құралай.). Екеуінің сондағы серіктері *ж е к е л е п* я қосылып айтатын қазақ пен өзбектің әндері (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** е г і н ш а р. *Арасын сирету, алыстату.* Сонымен қатар ағаш тұқымдары өніп шыққан бойда оларды қолымен *ж е к е л е й д і* (А.Балтабаев, Шөлде.). Енді балалар сабақтан тыс мезгілінде жиналып келіп жүгерілерді *ж е к е л е д і* (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Қызылшаны сапалы *ж е к е л е п,* бір жерде екі түп қалмауына зер салынды («Халық мұғ.»).

Жекелеп отырғызу. б о т. *Көкөністерді, жемістерді, әсемдік және кейбір техникалық өсімдіктерді жас кезінде көшіріп отырғызып, қоректенетін ауданын ұлғайту* (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕКЕЛЕЙ ү с т. *Бөлек, өз алдына.* Терінің өз алдына *ж е к е л е й* туберкулезбен ауруы өте сирек кездеседі (Т.Қожекеев, Туберкулез.).

Жекелей біріншілік. с п о р т. *Қатысушылардың жеке нәтижесін анықтайтын спорт жарысы. Ж е к е л е й б і р і н ш і л і к т е* чемпионды (жеңімпазды), ең күшті спортшыны таңдаудың әртүрлі жарыс тәсілдері қолданылады (ҚҰЭ). Алматы маңындағы Шымбұлақ шатқалында тау шаңғышыларының тау үш сайысынан еліміздің *ж е к е л е й б і р і н ш і л і г і* аяқталды (І.Омаров, Спорт). Жуырда Шымкентте жеңіл атлетикадан республиканың қысқы *ж е к е л е й* командалық *б і р і н ш і л і г і* аяқталды («Спорт»).

ЖЕКЕЛЕМЕ с ы н. с ө й л. ***Жекеменшік.*** Жыл басынан *ж е к е л е м е* малдың он алтысы өлген («Больш. жол»).

ЖЕКЕМЕ-ЖЕКЕ ү с т. ***Жеке-жеке.*** *Ж е к е м е - ж е к е* барсаңдар, Қырып тастар Жанәбіл. Жалғыз барсаң қылар мат, Көңілі бізден болған жат (Бабалар сөзі // Діни дастан.).

ЖЕКЕЛЕН= е т. **1.** *Бөліну, бөлшектену, бөлектену.* Тәуекел алашшылдан *ж е к е л е н д і,* Оларға қарсылықты өте берді. Бұрынғы татулықтан айырылып, Алаштар жүрді мұны кекеп енді (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қашан да болса топтанған жауыңнан, *Ж е к е л е н г е н* жауыңды жеңу оңай (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** е г і н ш а р. *Арасы сиреу, алыстау, оқшаулану.* Қызылша *ж е к е л е н б е г е н,* іркіс-тіркіс, таздың шашындай әр жерде қылтиып тұр (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЖЕКЕЛЕНУ *Жекелен етістігінің қимыл атауы.* Түрдің *ж е к е л е н у і н і ң* негізгі белгісі – оның басқа түрлермен будандаспауы (Жалпы биология).

ЖЕКЕЛЕНУШІЛІК з а т. *Бөлектенушілік, бөлінушілік.* Ескі қоғамның екпінді күші мен *ж е к е л е н у ш і л і к* әдет-ғұрыптарын жоя алмайды деп дәмеленген буржуазиялық идеологтардың үмітінің күлі көкке ұшты («Қаз. әдеб.»).

ЖЕКЕЛЕП-ЖЕКЕЛЕП ү с т. *Бөлек-бөлек.* Жаңа ағыс өзімізді *ж е к е л е п - ж е к е л е п* жөнге салып, ескі жаңқаша ағызып алып келді жаңа өмірге (Қ.Сақабаев, Өткел.).

ЖЕКЕЛЕС= е т. *Жекпе-жекке шығу, жеке, оңаша келу.* Араласты, алысты. Қан көмейлеп қалды құм. *Ж е к е л е с т і,* шабысты, Қырғындады жан, дене (І.Жансүгіров, Поэма.). Тарап-тарап ел кетер, Орданың бір топ адамын, Молда, қожа манабын, *Ж е к е л е с і п* көрейін (Жамбыл, Шығ.).

ЖЕКЕЛЕСУ *Жекелес етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕКЕЛЕУ[1] с ы н. *Жеке, оңашарақ. Ж е к е л е у* салынған бақшасы бар, әдемі дачаның алдына кеп тоқтайды («Қаз. әдеб.»). Әмленің көзі жетім баладай *ж е к е л е у* өскен бота қайыңға түсті (Х.Әдібаев, Таңбалы адам). Сабақ кезінде де, үзіліс кезінде де өзге оқушыларға жақындамай *ж е к е л е у* жүрді (Т.Жанкелдин, Сын сағатында).

ЖЕКЕЛЕУ[2] *Жекеле етістігінің қимыл атауы; арасын сирету.* Мақтаны *ж е к е л е у* жұмысы – дербес жұмыс (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). Бұған орман шаруашылықтары үлкен

мән береді де, күтім үшін кесудің барлық түрін: сауықтыру, тазарту, *жекелеу,* өткелдік кесін және басқаларын қолданады (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман.). Механизмді қолдану *жекелеуге* қол еңбегін жұмсауды едәуір азайтуға мүмкіндік береді (М.Ерлепесов, Суырмалы егін.).

ЖЕКЕЛІК з а т. **1.** *Жалғыздық, даралық.* Діни мораль бұл жөнінде *жекелікті,* дарашылықты жақтайды (Ғ.Ақмамбетов, Дүниеге көзқ.). Бұл ерекшелік – төрт түлік малдың қандай *жекелік* қасиеті барлығын айқындауда (М.Габдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Міне, осы ішті-тысты, коллективтік – *жекелік* сипаттарды бәрін бір образға сыйыстыра алудан образдың жанды құны толық болатыны анық (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **2.** *Бойдақтық, жалғызбастылық. Жекелікте* оқи алмадық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жекелік құқық. қ ұ қ ы қ. *Өндіріс құрал-жабдықтары мен тауар өндірісіне меншік қатынасын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы. Жекелік құқықтың* жұртшылық құқығынан айырмашылығы ол жеке меншіктік қатынастарды қарастырады, сондай-ақ өзіндік меншік иелері мен бірлестіктердің (корпорациялардың) өндірістік қызметтегі және жеке қатынастағы еркіндігі мен шаруашылық бастамасын қамтамасыз етеді (ҚҰЭ). *Жекелік құқық* мүліктік және онымен байланысты жеке мүліктік қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың көптеген бөліктерінен тұрады (ҚҰЭ).

ЖЕКЕЛІЛІК зат.сөйл. ***Жекелік.*** Қиындық пен қайғы адамдарды жақындастырып, әншейіндегі *жекелілікті* жойып жібереді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖЕКЕМЕ-ЖЕКЕ с ы н. с ө й л. ***Жекпе-жек.*** Сәлім *жекеме-жекеге* келгенде бәріне де бой бермейтін еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Темірге еш жан *жекеме-жекеге* келе алмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕКЕМЕНШІК з а т. *Меншігінде малмүлкі бар шаруашылық.* Жуырда Қазақстан Республикасының Парламенті жерді *жекеменшікке* беру керек пе, жоқ па, берсек қалай береміз деген сұрақтарға өз шешімі арқылы жауап беретін болады («Егемен Қазақстан»). *Жекеменшік* пен адамды адам қанауына негізделген қоғам мүдделері қарама-қарсы топтарға бөлінеді (Қысқ. саяси сөздік). Ата-бабаңнан келе жатқан *жекеменшіктің* әуресінен құтыласың (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). *// Біреудің қарауындағы, қарамағындағы.* Кеше көшеге шыға келсем, бір *жекеменшік* машина кетіп барады (З.Шашкин, Өмір.). Нұрым *жекеменшік* машина сатып аламын деп жанталасып ақша жинап жүр (О.Сәрсенбаев, Сағым). Бірақ осындай аз уақыттың ішінде *жекеменшік* компаниялар халықтың сеніміне кіріп үлгерді («Жас Алаш»). Мемлекеттік және *жекеменшік* емдеу мекемелерінде, сондай-ақ, жеке медициналық практикамен айналысушы адамдарда ақылы медициналық жәрдем алу заңда белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша жүргізіледі (ҚР Конституциясы).

ЖЕКЕМЕНШІКШІЛ с ы н. *Жекеменшікке құштар, жекеменшікті жақтайтын.* Буржуазия *жекеменшікшіл* кәсіпқойларды мемлекеттік секторға қосып жіберу керек дегенге дейін барды (Ә.Шәріпов, Алыс.). Қоғамдық ой-санамыздан жырақталған *жекеменшікшіл* элементтерге қарсы күрес («Қаз. әдеб.»).

ЖЕКЕН з а т. ө с. <лат. typha> *Сазды, батпақты жерлерде өсетін көпжылдық өсімдік.* Суға біткен солқылдақ *жекен* деймін, Құдай қосқан қосағым екен деймін (Қозы Көрпеш.). Жел түбі азық, *жекен* түбі қазық (Мақал). Көлге біткен *жекен* деп, Бүршігі жоқ тікен деп. Үйде отырған кемпір-шал, Жүгіре шықты далаға (Батырлар жыры). Әркім жер-жеріне кетеді, *жекен* суына кетеді (Мақал).

Жекен суында. *Әр нәрсе өз жерінде.* Жігіт жерінде, *жекен суында,* әрқайсысының өз міндеті бар (С.Талжанов, Ұлдай.).

ЖЕКЕНДЕЙ с ы н. *Жекен сияқты, жекен тәрізді.* Тай туып, тайлақ қайыған, Тоқты қоздап байыған, Малың қысыр қалмаған, Құлығың құлын салмаған, Қалың еді ырысың Көлге біткен *жекендей* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қойнына сұқсыр жасырған шалғай көл жағасындағы *жекендей* Бұл өзі бізді ынтызар қылған мекен ғой. Табанын мынау мұнайға басқан мұнараларға қарашы, Аспан дегенің қашық та емес екен ғой (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жел, жел есер, жел есер, *жекендейін* саусылдап. Ораздының ұлы өсер, Өрісінде малы өсер (Алдаспан).

ЖЕКЕНДІ с ы н. *Жекені мол, жекен өскен. Жекенді* көл, жерлі көл, Мұнан да өтіп жөнелді (Батырлар жыры).

ЖЕКЕНСАЛ с ы н. *Орнықты.* Ләззат оның осы күйін кездестірем деп ойлап па еді? Жаны жайсаң *жекенсал* жігіт деп білген (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

ЖЕКЕРЕК с ы н. *Бөлегірек, оңашарақ, шеткерек.* Сенің қоңыр қодығың көбінесе *жекерек* жүреді, қазір көрсең танымайсың, – деді Есман (С.Бегалин, Уақыт.). Екі отрядтың алты адамы өзгелерден *жекерек* барып отырып, ұзақ әңгімелесті (Т.Жанкелдин, Партизан.).

ЖЕКЕ-САЯҚ с ы н. *Жалғыз-дара.* Жігіттер, жақыныңмен болмаңдар қас, Қас болған

жақынымен ақырда оңбас. Ағайын бірі – пана, бірі – қару, Кісіге *ж е к е-с а я қ* бақ та қонбас (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖЕКЕТ з а т. *Әйелдердің қысқаша келген жеңсіз, жеңіл сырт киімі; бешпент.* Ол оң қолын *ж е к е т і н і ң* өңіріне сұғып, иегін жоғары көтеріп қимылсыз тұр (С.Шаймерденов, Өмір.). Қыздың ашық көк түсті *ж е к е т і* талдырмаш денесіне құйып қойғандай (З.Шүкіров, Ізгілік.). Түлкі жағалы көк пальтосын шешіп, оңтайлы, күзгі қызыл *ж е к е т і н* киді де, басына орамал тартты (З.Шашкин, Сенім).

ЖЕКЕ-ТАҚА с а н. ж е р г. *Бірен-саран, бірлі-жарым.* Ондай адамдар *ж е к е-т а қ а* ғана кездеседі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕКЕ-ТҰХЫ с ы н. с ө й л. ж е р г. *Сирек.* Бұл жерде жүгері *ж е к е-т ұ х ы* өседі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕКЕШАП с ы н. *Өзімшіл, қара басын ойлайтын.* Бұл жұрт өзін би қойғыш, сондай «*ж е к е ш а п*» дүм кеуделерді «жақсы» атандыруға неге албыртады (Ж.Ахмади, Жүрек қартайса.).

ЖЕКЕШЕ[1] з а т. *Жеке малы, дүние, мүлкі бар дербес шаруа.* Тұяқбай аулына қайтып келіп, осы ауылдағы *ж е к е ш е н і ң* ірі қара малын бақты (О.Сәрсенбаев, Сағым). *Ж е к е ш е д е* дорбадан Аспаған астық құйылып, Бұл колхоздай болмаған Жетісу бұрын жиылып (С.Мұқанов, Замандас.). Колхоздың жеріне *ж е к е ш е* отырмайды деп жатыр (З.Шүкіров, Отты өткел.).

ЖЕКЕШЕ[2] з а т. л и н г в. *Жекелік ұғымды білдіретін грамматикалық категория.* Жіктік жалғауының бірінші жақ *ж е к е ш е* түрі өткен шақ есімшенің қысқарған түріне өзі қысқарып жалғанады (Қазіргі қаз. тілі). *Ж е к е ш е н і ң* орнына көпше, көпшенің орнына жекешені қолданушылық өлеңдерде жиі кездеседі (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ЖЕКЕШЕЛЕН= е т. *Жекеменшікке өту.* Әділетсіздікпен *ж е к е ш е л е н і п* кеткен нысандардың тағдырын сот шешеді («Жас Алаш»).

ЖЕКЕШЕЛЕНУ *Жекешелен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ з а т. э к о н. <лат. privatus> *Мемлекетке тиесілі объектілерді меншіктену құқығын жеке немесе заңды тұлғаның сатып алу процесі. Ж е к е ш е л е н д і р у* нәтижесінде мемлекет осы меншікті иелену, пайдалану және билеу құқығынан, ал мемлекеттік органдар оны тікелей басқару құқығынан толық не ішінара айырылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). Бағалы қағаздар нарығын құру *ж е к е ш е л е н д і р у* барысында жандануы мүмкін (Б.Жүнісов,... Нарық. экон. негіз.). *Ж е к е ш е л е н д і р у* субъектілері – елдің азаматтары, қызметі мемлекеттік емес меншік нысандарына негізделген заңды тұлғалар, мемлекеттік кәсіпорындардың не жалгерлер ұйымын, не дербес заңды тұлғалар ретіндегі шаруашылық қоғамын құрған еңбек ұжымдары (Қаз. тілі термин. Экономика.). Сол сияқты кейбір стратегиялық маңызды салаларда (қаружарақ, ядролық заттар, тағы басқа өндірістер) не болмаса нарыққа көшіруге әлі толық негіз болмаған жағдайларда (іргелі ғылым, кейбір білім, мәдениет, өнер тағы басқа орталықтар) *ж е к е ш е л е н д і р у* жүргізілмейді, олар мемлекет меншігінде қала береді (ҚҰЭ).

ЖЕКЕШЕЛІК з а т. *Меншігінде жеке шаруашылығы болушылық. Ж е к е ш е л і к т і* сүйетін кейбіреулер, алғаш өз бетімен күн көрмек болып тырбанып байқайды да жанына ауыр тиген соң кооперативке қайтып келеді (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ЖЕКЕШІЛ с ы н. *Жекелікке құштар, жекені жақтаушы. Ж е к е ш і л,* коллективтен оқшауланып жүретін адамда тәртіптілік жағы аз болады (Қ.Жарықбаев, Психология). Некенсаяқ болмаса, мұндай *ж е к е ш і л* пиғылды сөздерді ести алмаймыз (С.Байжанов, Сыр.).

ЖЕКЕШІЛДІК з а т. *Бөлектік, дарашылдық.* Неше мың жылдан бері келе жатқан *ж е к е ш і л д і к* тілек, жеке шаруа бағу мақсаты шаруадан түгел жойылып болған жоқ (С.Мұқанов, Өсу жол.). Расында да ескі қоғам мен жаңа қоғамның басымдықтары болып табылатын коллективизм мен индивидуализмнің, қоғамдық пен *ж е к е ш і л д і к т і ң,* өткен мен келешектің, тағдырға мойынсұнушылық пен әлеуметтік белсенділіктің, миф пен реализмнің, тиімділік пен әділеттіліктің арасында кереғарлық болмай қоймайтыны дәлелдеуді қажет етпейді («Егемен Қазақстан»).

ЖЕКЖАТ з а т. с ө й л. ***Жегжат***. Тыңдаңыздар, ағайын, *Ж е к ж а т* пенен жұраттар. Түзелер заман кейінде Бұл сөзімді бейімде (Қабан жырау, Алтын қазық). Аңырап, боздап амалсыз анаң қалды, Елің шулап, ағайын, балаң қалды. *Ж е к ж а т ы ң* мен ел-жұртың күңіреніп, Отыратын орныңнан таба алмады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Болса тең *ж е к ж а т*, құрдас, айнымас дос, Селеудей кейбір жолдас тамыры бос. Заманда әділ, шындық, ақ ниетпен, Жүріңдер, күліп-ойнап көңілің қош (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕКЖАТ-ЖҰРАҒАТ з а т. с ө й л. ***Жегжат-жұрағат***. Сонан соң ата-ана күйі, туыс-туған, *ж е к ж а т-ж ұ р а ғ а т* халі, соңында жардың жайын сұрайды (Ә.Бөриев, Ақ бидай). Алыстап кеткен ағайын, жылыстап кеткен *ж е к ж а т-ж ұ р а ғ а т қ а* деген

өкпенің өкініші ғана оралып, кикілжің тірліктің мағынасыз сұрқы қынжылтар да (С.Сматаев, Алау). Шешесі ертелі-кеш тойға шақыратын ағайын-туған, *жекжат-жұрағаттарды* тізумен әуре (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.).

ЖЕКЖАТ-ЖҰРАТ з а т. с ө й л. ***Жегжат-жұрағат.*** Ол қайтуға ыңғайланғанда үй қожасы *жекжат-жұрат* жайынан іш пыстырарлық ұзақ әңгіме шертіп өтті (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Біреу айтып шамасын, *Жекжат-жұрат* сабылды (І.Жансүгіров, Әңгім.). Әрине, неге жаман *жекжат-жұрат,* Қыз сорлы туған елін неге қияд (Айтыс).

ЖЕКЖАТТАЙ с ы н. *Жекжат сияқты, жекжат тәрізді.* Екі үйдің жақын *жекжаттай* бір нәрсесі бар көрінеді (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖЕКЖАТТАС= е т. *Жегжат болу, жегжаттасу.* Кімі болса да мықты атамен *жекжаттасып* арқа сүйеп отырған теріс болмас (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖЕКЖАТШЫЛ с ы н. *Жегжатын іздегіш.* Кейіннен құдасы жоғарылаған кезде ғана Хадиша астанаға жиі барып, *жекжатшыл* бола кетті (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау).

ЖЕКЖАТШЫЛА= е т. *Құда-жегжатты аралау.* Келгенде *жекжатшылап,* жата-жастануға емес, егін жинап, астық бастыруға жедел көмекке қол созды (Б.Әдетов, Парасат). Таңертең тоқалымен екеуі *жекжатшылап* кетіп еді, қонаға қайтып қалар, – деп жаймашуақ әңгімеге жетелегісі келіп еді, Темірбек тыйып тастады (Б.Тоғызбаев, Асыл адам.).

ЖЕККӨРУШІЛІК з а т. п с и х. *Адамның өз қажетсінулеріне, сенімдеріне, құндылықтарына қайшы келетін құбылыстарға бағытталған орнықты белсенді жақтырмау сезімі. Жеккөрушіліктің* қалыптасуынан бұрын, әдетте, оқиғалардың жағымсыз дамуына барынша наразылық немесе бұдан гөрі әлсіз әсерлердің жүйелі түрде жинақталып қорлануы басталады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Басқаша сынау социал-дарвинизмге құлап түсу ғана емес, сонымен бірге дінді *жеккөрушіліктің* күмәнді жолына түсу болып табылады («Егемен Қазақстан»). Жағымсыз *жеккөрушіліктің* өрбуін тежеу үшін оған адамгершілік сезімдер, сондай-ақ адамның жақтырмайтын оқиғаларының объективтік тұрғыдан болмай қоймайтынын ұғындыру қарсы қойылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЖЕККӨРІНІШ з а т. с ө й л. ***Жеккөрушілік.*** Осы ой оның өзегін қызған темірдей қарып өтті де Кәрімге деген кереметтей *жеккөрініш,* өшпенділік жүрегін жаншып-шаншып жіберді (Е.Мырзахметов, Туған күн). Тістене тұрып ақырын айтқан, үнінде бұған деген ызалы *жеккөрініш,* жиіркену бар еді (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Оған деген сұмдық *жеккөрініш* ішіне мұз қатырғандай болып еді (Е.Мырзахметов, Өмір сыйы).

ЖЕККӨРІНІШТІ с ы н. *Жаман, жағымсыз.* Құсан Қаженді осылай деп кінәлап үстінен арыз айдап, басқаға да айдатып, өкіметке, елге *жеккөрінішті* етеді (Ә.Нәбиев, Қанат қақ.). Олар ел алдында Алдар көсенің абыройын түсіру, халыққа *жеккөрінішті* адам етіп көрсету жайын да қарастырған (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.).

Жеккөрінішті болды. *Сүйкімсіз көрінді, жаманатты болды, көз түрткіге түсті.* Жаңсақ пікірдің салдарынан Серіктің қаншама адамға *жек көрінішті болғанын* көрмеймісің (М.Гумеров, Сүйе ме?). Қарт генерал шындықты айтқаны үшін, онсыз да талай кісіге *жек көрінішті болды* («Лен. жас»). Жұртпен жағаласып, *жек көрінішті болып* жүргенше, қап арқалап жүргенім жақсы емес пе, – деді Жанқабылов (К.Тоқаев, Түнде.). «Әкеңді кім естіртсе, соны жек көресің» демекші, «қаза болды» деген сөзді айта-айта бұлардың да жүрегі солқылдап, *жеккөрінішті боп* бітті-ау («Қаз. әдеб.»).

ЖЕККІЗ= е т. *Жегін көлікке арба т.б. тіркету.* Байжан баласын қасына алып, атты қайта арыттырып, қайта *жеккізді* (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Олар аттарын *жеккізіп* қойып, Абаймен бірге ет жеп алғалы отыр (М.Әуезов, Абай жолы). Үлкен қорапты арбаға пар ат *жеккізіп,* өкіл мен судьяны соған көтеріп салдырады (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕККІЗУ *Жеккіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ат *жеккізу.*

ЖЕКПЕ з а т. с ө й л. *Жегін көлік.* Бай айтты: *Жекпеге* тың атым жоқ, Ол ысқырса, сен биле, барабан соқ, Қазынаның бір ұлығы келіп қалса, Ат қайда деп бетіме баспай ма шоқ! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕКПЕ-ЖЕК з а т. *Екі адамның бірме-бір айқасы. Жекпе-жекте* өлтірді, Жүремете сегізді. Қазақты қамап қамалға «Кім шығар бұған?» дегізді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сол көне замандардағы соғыста, *жекпе-жек,* яғни әскер басылардың бірме-бірге шығып сайысулары орын алған (С.Мәуленов, Халық мұрасы). Майданы басталғанда *жекпе-жектің,* Көтеріп ауыр салмақ жеткен екпін, Сарт етіп соғылғанда жау жартасқа, Жанжалы кайнағанда жер мен көктің (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Бірме-бір, бетпе-бет, қарама-қарсы.* Танымайтын жігіттердің арасында Жұма мен Зейнегүл *жекпе-жек* қалды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Жекпе-жекке шақырды. *Күш сынасқысы келді.* Бір сөз үшін *жекпе-жекке шақырған* Қайсар Пушкин Дантесті. Ар-намыстың құрбандығы Аз болмапты, қайраулы әлі әділеттің балтасы (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жекпе-жек майдан жеріне Әсірбек батыр ақырып, Қару, құрал бәрі сай, *Жекпе-жекке шақырып* (Батырлар жыры).

Жекпе-жекке шықты. *Екеуара айқасты, сайысқа түсті.* Таудай боп сол базарда бір жігіт тұр, *Шығатын* батырлардай *жекпе-жекке.* Түкситіп батырға кеп сол антұрған: – Бұл жерде тұрсың, – деді, – не себепті?! (О.Шипин, Дастан.). Күдік бір жақ, сенім бір жақ, екеуін Сайысқа алып *шықтым* тағы *жекпе-жек,* Сенім айтты: «Ең бастысы ар – деді, Құтқарады соның ғана жәрдемі, Арыңа сал» (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сүттей елді ірітпей, Таза майды шірітпей, *жекпе-жекке* өзің *шықпен,* Менің жауым сен ғана (Жамбыл, Шығ.).

ЖЕКСЕН [ир. یکسان]**: жермен жексен болды.** *Жалпиып көрінбей қалды, жер бетімен бірдей болып кетті.* Үйлердің құлаған орны ғана тұр. Шөп басып, *жермен жексен болған* (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). *Жермен жексен болып* жалпиған жалғыз көң мен қой қора, екі ортада үйілген қылардың екі-үш қатар жондары (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

Жермен жексен етті [қылды]. *Жер бетімен бірдей етті, құртты, жойып жіберді, жоқ қылды.* Адам рахаты мен игілігінің ескі жауы – шапқыншылық пен шөл бұл байлықтың бәрін *жермен жексен етіп* құртып жіберген (Ә.Жәмішев, Армысың.).

ЖЕКСЕНБІ [ир. یکشنبه] з а т. *Аптаның жетінші күнінің аты.* Арыстан маған *жексенбі* сайын автобуспен келіп қайтатын (М.Мағауин, Ақша қар). 1941 жылғы *жексенбі* күні таңсәрісі бәріміздің есімізде (Б.Момышұлы, Біздің генерал). *Жексенбіде* Желшініп елмен бірге Жырлағанға, Жарқылдап күлгендерге. Қызығамын... Шынымен қызығамын Шаршап-шаршап демала білгендерге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Күйін шертіп өзінің сансалалық, Бұлақ жатты көктемді аңсап ағып. Күн *жексенбі.* Сондықтан үшеуміз де Тауға барып қайтуды жөн санадық (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕКСЕНБІЛІК з а т. *Жексенбі (демалыс) күні ұжым болып барып, ұйымшылдықпен істелетін жұмыс.* Ауылдағы мектеп оқушылары қырман басына *жексенбіліккке* бармақшы екен (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Тамаша қызып солай *жексенбілік,* Ару жүр қабақ керген ерке күліп (Ғ.Игенсартов, Тың дала). Марқакөлді мекендеген көрі, жастан жан қалмастан *жексенбілікке* шықты (Р.Әутәліпов, Алтын.).

ЖЕКСҰРЛАН= е т. *Жеккөрініште болу.* Алпыс беске жеткенде азу түсіп, Ұртыңды тіліңменен тығындайсың. Жетпіске жеткеннен соң *жексұрланып,* Кейінгі жас баладан сөз тыңдайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЕКСҰРЛЫҚ з а т. *Жексұрындық, жеккөріністілік.* «Бейнетке, *жексұрлық а* жаралғанға», Әркімнен кем көзбенен қаралғанға, «Қойшы, – деп есіктегі иттің сөзін», Әр жерде ит есепті саналғанға,– Бұған көніп жүргеннен өлген артық, іштен тынып жанғаннан сөнген артық (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖЕКСҰРЫН с ы н. э к с п р. *Жеккөрінішті, сұмпайы, сүйкімсіз.* Адалдық жолы болар заман бар ма, Жем болдық шын *жексұрын* надандарға. Адастың деп отырмын айқай салып, Бар тапқаным сол болды, амал бар ма? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сенің еліңнің әйелдері сұмпайы, еркектері нағыз қорқау, ал сен бәрінен де *жексұрынсың* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кедейлік, сен *жексұрын,* түсің суық, іздемес сені адам керек қылып. Амал жоқ, ықтиярсыз құл қыласың, Маған салса, қасыма келме жуық (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жексұрын болды. *Сүйкімсіз көрінді, жаманатты болды, көзтұрткіге түсті.* Сұм тағдырдың емес пе бұл мазағы? Аз өмірде естен кетпес азабы. Жаты түгіл, жақынына *жексұрын болып,* өзі тілесін деп қазаны! (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖЕКСҰРЫНДАУ с ы н. *Жеккөріністілеу, сұмпайылау, сүйкімсіздеу.* Өзі бір *жексұрындау* кісі. Кейде маған да ұят қалжыңдар айтады, – деп Сақыш Кенбай Каримовты біраз жерге апарып тастады (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖЕКСҰРЫНДЫҚ з а т. *Жеккөріністілік, сұмпайылық.* Зейнегүл Балымайға Нұржанның көзінше Жұманның *жексұрындығын* түгел айтыпты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). «Фашизм» деген жалғыз ауыз сөзбен таңбаланатын осы бір жиреніште *жексұрындық* қалай пайда болып, ақырында немен бітті – фильм сол ақиқатты алдыңызға тартады («Қаз. әдеб.»). Кей адамның түрінде *жексұрындықтың* табы жатады, не қулығы көзінен көрініп тұрады (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс).

ЖЕКТЕЙ с ы н. *Жек сияқты, жек тәрізді.* Төбедей болды тұлға төрт жасында, жүгірген *жектей* еді жұрт қасында. Сұсынан сескенетін болды әркім, Жүргендей қар жаудырар бұлт басында (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Мен бір сұңқар шүйілген, Сүйіктім сен бір *жектейсің.* Мейірімді қандырып, Төсіңнен тоят еткейсің (Қаз. ақын. шығ.).

ЖЕКТЕМДЕЛ= е т. *Жапа шегу, қиналу.* Келіп ем бір жиынға өктемделіп, Жүруші ем қу соқырдан *ж е к т е м д е л і п* (Айтыс).

ЖЕКТІР= е т. *Жегін көлікке арбаны тіркету.* Сержант мықты атты әдейі *ж е к т і р г е н* ғой деймін тағы (Ә.Нұршайықов, Махаб. жыр.). Бұл жолы арбаға әншейінде қалтырауық Шелпек торы ат пен құла биені қоса *ж е к т і р г е н* еді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қызметкерге *ж е к т і р д і* Алтынды қамыт доғасы, Шиделкесі күмістен, Делбелері жібектен (Қамбар батыр).

ЖЕКТІРУ *Жектір етістігінің қимыл атауы.* Әбіш Даниярға оның жеңіл трашпеңкесін шапшаң *ж е к т і р у д і* бұйырды (М.Әуезов, Абай).

ЖЕКУ *Жекі етістігінің қимыл атауы; зеку, сөгу.* Елпекбай өзінің өте қошаметшіл, ізетшілдік әдетінен талай рет *ж е к у* де естіді (С.Бақбергенов, Алтынемел). Сонда мұның өзі о баста адамға емес, хайуанға айтылатын *ж е к у* болғаны ма? (О.Сәрсенбаев, Жиде.). Әрі жазықсыз таяқ жеп, әрі *ж е к у* естіген Батима ызадан жылап жіберді (М.Дүйсенов, Ант).

ЖЕКІ= е т. *Қатты зекіру, сөгу, ақыру.* – Тарт қолыңды, Терешке, – деді Мәншүк, *ж е к і п,* қорықсаң өзің тұра бер осы жатада (Ол күндер.). Күркені күзетіп тұрған қарулы жігіттер *ж е к і г е н* рет жасап әлденені міңгірлейді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Мамай Зейнеге әлдене деп *ж е к и т і н* сияқты (С.Жұбатыров, Алыстағы аралдар). Келгенінше кетеді айлар өтіп, Сорлы әкем қыздарын іздеп кетіп. Түтін шыққан үйлерді аңдап барсам, ұрысады қағытып маған *ж е к і п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕКІҢКІРЕ= е т. *Зекіріңкіреу, ұрса тұсу.* Қолтығыңа қысып, көрсетіп, әкелгенің не қылғаның? – деді Макагон маған *ж е к і ң к і р е г е н* дауыспен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Неге жолы болмаған кісідей божырап жүрсің? – деп Жақыпқа *ж е к і ң к і р е д і м* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). «Тәйт әрі, сенікі-ақ дайын тұрады екен» деп әкемнің біреуге *ж е к і ң к і р е п* жатқаны естілді («Лен. жас»).

ЖЕКІҢКІРЕУ *Жекіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дауысын көтеріп *ж е к і ң к і р е у.*

ЖЕКІР= е т. *Ұрысу, қатулану.* Бастығы бұған жұрт көзінше *ж е к і р і п* ұрса береді, бұл оны кек тұтпайды (Ә.Тарази, Тас жарған). Үйде отырған бәйбіше: «А, жүгермек, қой десе!..» – деп балаға *ж е к і р д і.* Сонда болыс ыңқ етіп, Үйдің ішін мүңкітіп, «Өһ!» деп бір кекірді (М.Жұмабаев, Шығ.). «Ұл емессің, ұрысың!» – деп жаңғырық *ж е к і р д і,* Шырылдайды құстар да қарғыс айтып не түрлі. Құз-қияда қос қыран шарықтайды шарқ ұрып, Шатқал-шатқал мекенін қорып жүрген секілді (М.Мақатаев, Шығ.). Бұрынғы әдетіңді істеп, ауыл әйелдеріне бүгін *ж е к і р у ш і* де болма (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕКІРГІШ с ы н. *Жекіруге құмар, зекіруге құштар.* ... Қойшы мен жалшыға ғана *ж е к і р г і ш* Бисенғалиды жағадан ала түсуге де дүз жанбайтын халде едім (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖЕКІРУ *Жекір етістігінің қимыл атауы; жеку, зеку, ұрысу.* Палуан денелі, сөзге ұста Жолмұқан жүз басының *ж е к і р у і н е* ыға қоймады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Әлиаскаров жұмысқа қатал болғанмен, жұртқа ақырып, *ж е к і р у* былай тұрсын, тіпті даусын көтермейтін (Т.Ахтанов, Боран.). Сізге әлгідей ақыру, *ж е к і р у д і ң* керегі жоқ, кім біледі, бір шешеден тумағандығын істейді деп кектене беруі ықтимал (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕКІРІК з а т. *Зекігендік, ұрыс, сөгіс.* Әлі де одан жүреді үркіп атым, *Ж е к і р і г і* секілді ол Урквартың (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Ұрысқақтың үйі – Ақырық пен *ж е к і р і к* (Бозінген).

ЖЕКІРІҢКІРЕ= е т. *Ұрсыңқырау, зекіре түсу.* «Тәйт әрі, сенікі-ақ дайын тұрады екен» деп әкемнің біреуге *ж е к і р і ң к і р е п* жатқаны естілді («Лен. жас»).

ЖЕКІРІҢКІРЕУ *Жекіріңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕКІРІС з а т. *Зекіріс, ұрыс, сөгіс.* – Тоқта! – деген баланың *ж е к і р і с і* қосыла шықты (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Кеш түсе көше торыған патруль мен *ж е к і р і с.* Таңғажайып қаланың осы елірме әуені ешкімге де ерсі емес тәрізді («Лен. жас»). Азғантай ауылды басына көтерген бұл *ж е к і р і с* пен жөтелге бергісіз тамақ кернеу Құрманның құлағынан түні бойы кетпеді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖЕЛ[1] з а т. **1.** *Кейде қатты, кейде баяу соғатын ауа ағымы.* Берекелі болса ел, Жағасы жайлау ол бір көл. Жапырағы жайқалып, Бұлғақтайды соқса *ж е л* (Абай, Тол. жин.). Қойғандай саты тіреп жан-жағынан, Келгендер үш-төрт саймен шығады өрге, Ыстықтан тар кезеңнен асқан шақта, Мейірің қана түсед жұпар *ж е л г е* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ұя сап, абыр-сабыр құрылыс қайнап, Тағы да көрме ашылып, тұрмыс жайнап. Қаптайды неше түрлі жұмыртқалар, *Ж е л* тербеп, салындыны қуысқа айдап (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). **2.** *Атмосферадағы ауаның жер бетіне параллель бағытта қозғалуы. Ж е л* атмосфера қабаттарында қысымның біркелкі таралмауынан пайда болады әрі жоғары қысымнан төмен қысымға қарай бағытталады (ҚҰЭ). Дүниежүзілік *ж е л д е р* жіктеліміне Қазақстан аумағында тұрақты соғатын 23 жел тіркелген (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Баянды емес, өкініштi.* Қаруының барында қайрат

қылмай, Қаңғып өткен өмірдің бәрі де *ж е л* (Абай, Тол. жин.). Таңғаламын бұл күнде, *Ж е л* болып өткен жасыма (Ш.Иманбаева, Өлеңд.). **3.** а у ы с. *Ағымы, жетегі.* Өтті ғасыр... Бақ құсы анық келді, «Қазақ» деген атыңды алып берді. Желтоқсанның *ж е л і н е* ере келген Егемендік қызығын халық көрді (К.Салықов, Жезкиік).

Айдарынан жел есті. *Асқақтап дәурен сүрді. тасыды мағынасында.* Ерлігің болса мақтанған, жауын қуып қашырған, *А й д а р ы м н а н ж е л е с і п,* Алатаудан асырған (Жамбыл, Шығ.).

Айдарынан жел естірді. *Асқақтатты, шалқытты, тасытты.* Сол бәйгем алтын шоқты айдарындай, Заманда адамдықтың майданындай, желпілдеп *ж е л е с т і р і п а й д а р ы м н а н,* Міне, мен жеттім, заман айғағындай (С.Бегалин, Өлеңд.).

Аңызақ жел. *Жазғытұрымда соғатын тым жылы әрі құрғақ жел.* Қазақтың сағым шарлаған даласында *а ң ы з а қ ж е л* еседі («Қаз. әдеб.»).

Аспандағы құс ұшуын, жел есуін тоқтатты. *Тып-тыныш болды, меңіреу тыныштық орнады. А с п а н д а ғ ы қ ұ с ұ ш у ы н, ж е л е с у і н т о қ т а т ы п,* Қорқыттың күйін тыңдатты (Қаз. ертег.).

Аузының желі бар. *Тілге шешен, сөзге ұста. А у з ы н ы ң ж е л і б а р,* қолының ебі бар (Мақал). Жиын-тойда өлең айтып, жұртты аузына қаратып, жарқыратып «жол» алып шығуды «талағының биті бар», *а у з ы н ы ң ж е л і б а р* жігіттің бәрі өнер көретін (С.Сейфуллин, Шығ.).

Аяғының желі бар. *Суық жүрісті, жортуылшы кісі туралы айтылады.* Әсіресе, түнде жортып, жылқы жетектейтін *а я ғ ы н ы ң ж е л і б а р* жігіттер ұрлыққа салып жүрген аттарын қойқақтатып, олай-бұлай жүріп, көлбеңдейді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Аяғының желі қозды. *Машықты ескі жүрісіне басқан кісі туралы айтылады* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Бейнеті желге кетті. *Еңбегі еш, зая болды, еңбегі далаға кетті.* Еңбегің еш, тұзың сор. *Б е й н е т і ң ж е л г е к е т е р* ме (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Бетін жел қақпау, маңдайын күн шалмау. *Ешбір қиындық, бейнет көрмеу.* Айбар бұл ерке сұлудың *б е т і н ж е л қ а қ п а у ы н, м а ң д а й ы н к ү н ш а л м а у ы н* тілеймін (З.Қабдолов, Таңд.).

Ескек жел. *Есе соққан жел.* Үрдіс соққан үш күнгі *е с к е к ж е л* қыс тоңын күрт жібітіп, жер дүниені лайсаң ғып кеткен еді («Лен. жас»).

Жайдақ жел. *Баяу соғатын жел.* Ал биыл, керісінше, жаз көбінесе *ж а й д а қ ж е л м е н* өтті («Қаз. әдеб.»). Ұрынар жер таппаған *ж а й д а қ ж е л* біресе ақырып ашу шақырады («Лен. жас»).

Жастық желі. *Қажыр-қайрат, жігер.* Бітіпті *ж а с т ы қ ж е л і* де Бұл өмір сынау, бір сынау. Қызыққа құмар еді деп (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Қартайған жоқсың, мен үшін әлі де жассың, Жантаймайтұғын *ж а с т ы қ т ы ң ж е л і н е* массың Даламның емес, анамның көзімен қара, Сонда сен менің бойымнан мін таба алмассың (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жауырынынан жел өтті. *Азап-бейнет шекті.* Маңдайынан күн өтіп, *Ж а у ы р ы н ы н а н ж е л ө т і п,* Күн астымен жеткен ер (Базар Өтемісов, Өлеңд.).

Жел ағысы. *Мұхит пен теңіз суының жоғарғы қабатында (үйкеліс қабаттары деп аталатын 100 м, кейде 200м тереңдік) жел мен судың арасындағы үйкелістен пайда болатын ағыс.* Бір бағытта ұзақ соғатын желдің әсерінен пайда болған *ж е л а ғ ы с ы н* дрейфтік (ықпа) ағыс (мыс., Солтүстік және Оңтүстік пассаттық ағыстар, Батыс желдердің ағысы т.б.) деп те атайды (ҚҰЭ).

Жел айдаған [аударған] қаңбақтай. а) *Ойда-жоқта деген мағынада айтылады.* ә) *Ілешала, дереу, апыл-құпыл.* Сөйтіп жүргенде, үш бірдей боздағым *ж е л а й д а ғ а н қ а ң б а қ т а й,* су аударған дөңбектей соғысқа кете барды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). *Қ а ң б а қ т а й ж е л а й д а ғ а н* соғып кетед. Ай сайын күй аңсаған туған елге (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.). *Қ а ң б а қ т а й ж е л а у д а р ғ а н* дөңгеленіп, Қамбардың барды жетіп ордасына (Батырлар жыры).

Жел арқан. *Киіз үйдің жел жағына байлайтын арқан, желбау.* Қазақ жел жақтан байлайтын арқанды *ж е л а р қ а н* деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Жел ауып қону. *Қоныс ауу, қоныс аудару.*

Жел аяқ. *Жылқының желе жортқан жүрісі.*

Жел ауызды. *Еспе шешен, төкпе тіл.* Осылай шешкен Жәнібек ауылы Қара кеңгір жағасына келіп, жайлауға қонған шақта, бір мың төрт жүз алпыс бесінші, тауық жылы, екінші айдың орта шенінде Арғынның ақсақалы Қотан жырау мен Қыпшақтың әрі биі, әрі батыры, әрі сөзуар, *ж е л а у ы з д ы* шешен ақыны Қарға бойлы Қазтуғанды кеңеске шақырды (І.Есенберлин, Шығ.).

Жел берді. *Еліктірді, елеуретті, айдап салды, қайрап салды.* Аузынан шешесінің сүті кеппеген жас қызға *ж е л б е р і п* жүрген де сол Жамал (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Бәріне *ж е л б е р і п* ұйтқытып отырған Райхан – деп бар кінәні қызыма жауыпты (С.Жүнісов, Жапанда.). О, адамдар, біргемін мен сендермен, Ықыласыңа еш нәрсені теңгермен. Сендер менің

бақытымның бұлағы, Сендер менің дарыныма *жел берген* (Т.Айбергенов, Мен саған.). Мұрны қанаған жазықсыз Жұмабай Әлібектің *жел бергенін* сезбесе, осы уақытта не күйге ұшырайтынын Бондаренко да сезбеп еді (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Ералинге де *жел беріп* жүрген осы екен ғой? Әзекеңмен ақылдасып алайын да, әліне қарамайтын әлектің тәубесін есіне түсірейін (Д.Әбілов, Таңд.).

Жел бесік. *Тербелмелі аспа бесік (зат).* Атты аясаңшы. Бұл сенің тербелмелі *жел бесігің* емес, Ат ырғығанда кісі шалқайып отыра ма екен? (Б.Момышұлы, Таңд.).

Жел бетке шықты. *Жақсылыққа кездесті.* Кеңшілікте туған жоқ, *Шықсын* деген *жел бетке*. Тарлықта қанша тайпалса, Қадірі болмас, әлбетте (Абай, Тол. жин.).

Жел болып тиді. ж е р г. *Ешкімнің көңіліне қарамай, қарсы келді.* Мен адамның бетіне *жел болып тиіп* көрген емеспін, *жел болып тимеймін* де деп мақтанады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жел бітті. *Елірді, көтерілді.* Сырдақ: Түсінбеймін. Жұрттың бәрі пысық боп кетіпті. Осыларға қайдан *жел бітіп* жүр (Т.Ахтанов, Шығ.).

Желге жіберу. *Босқа шашу, далаға жіберу.* Бұл қолда бар бағалы мүлікті *желге жіберу* болады (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Желге кетті [ұшты]. *Зая болды, босқа кетті.* Жер ұшық берген кісідей Тоңқаңдай ма, не етеді? Нәпіл түгіл намазы – Бәрі *желге кетеді* (Абай, Тол. жин.). Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып, Қанша үмітім *желге ұшты*, Қанша әскерім жер құшты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Желге ұшырды [шашты]. *Бостан-босқа шығындады, босқа ысырап етті, бей-берекет жұмсады.* Ақыры ретсіз көші-қонның кесірінен жаңа шаңырақ көтерген Өмірзақова, Таңатарова, Баймұрзиндер тірнектеп жиған қаржыларын *желге ұшырды* («Лен. жас»). Бұл Құдайменде мен Тәңірбергеннің ағасы – Алдаберген. Қалтасы қалыңдаған бір кезде болыстыққа таласып, қыруар малды *желге шашып*, ақырында жер соғып қалды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Біреулердің жете бермес жетесі. Бір кіргізсе кіргізеді сот есін... Пері күлсе, Апта түгіл, Ай түгіл, Жылдарыңды *желге шашып* кетесің! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Желден жүйрік [жылдам]. *Шапшаң, тез қозғалатын. Желден жүйрік* желмаям Білмеймін неге озбайды (Ж.Сыздықов, Өлеңд.). Су еді *желден жылдам*, мұздан күшті, Шмидтің отряды жайланысты (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жел диірмен. *Жел қуатымен жұмыс істейтін диірмен.*

Желдің жұты. *Жазғытұрым соғатын, жерді кептіріп, арық малды қаусатып тастайтын қара жел. Желдің* құты да болады, *жұты* да болады (Мақал).

Желдің құты. *Жердің қарын қағып, шөбін ашып беретін қатты жел. Желдің құты* да болады, жұты да болады (Мақал).

Жел есті. *Самал жел соқты.* Мен алыс сапарлардан оралғанда, Сен маған хат жазғансың Оралдан да. Сен маған ұшқан құс пен *ескен желден* Ақ сәлем жолдағансың Өскеменнен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Талай рет *есті жел* Тарап ұлдың тұлымын, Талай рет шықты күн Аясына ап нұрының (О.Шипин, Дастан.).

Жел жағынан жүргізбеді [жел жағына шығармады]. *Маңайына жақындатпады, шеніне жолатпады.* Өзің үндемегенге, басынып барасың ғой тіптен. *Жел жағынан* енді *жүріп* көрші, бұрымыңды жүйкеңмен қоса үзіп, қолыңа берейін,–деп Олжай Қадишаға алара бір қарады (Ә.Әбішев, Замана.).

Жел жақ. *Жел соғып тұрған беткей.* Бір күні түс кезінде көлдің *жел жағынан* шаңдатып шауып келе жатқан бір орыс, бір қазақ көрінді (М.Дулатов, Шығ.).

Жел жапырған құрақтай. *Айтқанға көне кету, уысынан шықпау.* Дегенде алдиярлап, Ия, тақсырлап, *Құрақтай жел жапырған* ығып, шулап (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жел жетпейтін. *Өрен жүйрік, ұшқыр.* Тілегені бұлың боп, мойынды сорып сүлік боп, Арамдауға келгенде, *Жел жетпейтін* күлік боп (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жел жетпес. *Жүйрік ат мағынасында.* Астына *жел жетпесті* мініп алып, Күн бұрын мал өрісін біліп алып, Жабысып ат жалына ай жарықта Кететін қолдар мынау іліп алып (М.Дулатов, Шығ.). *Жел жетпес* құйын, қаңбақ сәйгүлігін, Жүйрігін, маған аян, бәйгілігін! Серт майдан биылғы егіс өте-мөте, Есіңе ал оның жұртқа әйгілігін! Ақ селеу, ақ бөкендей, аппақ сақлақ, Ақ тұлпар, *жел жетпейтін* ұшқыр қаңбақ. Мініп ап «шу!» деп кетсең жоқ болады, жалғыз-ақ білдірмесе қалған шаңдақ (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жел қақты. *Жүзі күнге күйді, тотықты. Жел қаққан* жүзінде дөңестеу біткен кесек мұрынды, кәріліктің ауылын алыстатқан отты көзді адам (Б.Қожабеков, Көктөбе). Күн тимей, *жел қақпай* өскен жұқа өңі люстра шамының сәулесіне малынып, соншама сұлу көрінді (Бәйшешек).

Жел қақтырды. *Кептірді, құрғатты.* Шөпті баулап, арқанға байлап қойып, *жел қақтырып* кептіру көлеңкеге кептіргеннен анағұрлым

тез кебеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Қайнағаннан бұзылатын – бүлінетін заттарды, жібек киімдерді, киіз, кілем секілді заттарды сыртқа шығарып, үш-төрт күндей *жел қақтырып*, күннің көзіне жайып қою керек (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

Жел қарысты. *Шаншу қадалды, сырқаттанды.* – Келініңіз ауырып қалып... *Жел қарысқан* болу керек (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Жел қуған ебелектей ербеңдесті. *Желдің екпінімен ұшқан ебелек сияқты тыным таппады. Жел қуған ебелектей ербеңдесіп*, Паналап тұра қалып таса жерді (Рүстем-Дастан).

Жел құйын. а) *Әпербақан, ұрда жық.* Жәкең де іш жиып алды: «Кім біледі *жел құйын* жігіт еді, Ақанға ұят болмағай еді» (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). ә) *Шапшаң, тез қимылдайтын.* Біз құдық жойқын балықты, Қаракең келіп қалыпты. Қайығы неткен *жел құйын*, – Уа, келіңдер, кел, жиын (Ә.Сәрсенбаев, Үйрек.). б) *Тез, лезде.* Өмір деген өте шығар *жел-құйын*, Ұзатпай-ақ туады күн ең қиын. Аспанға ұшып, айға барып қонғанмен, Мәңгілікті мекендейтін жер – үйің (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жел құйын дақпырт. *Алыпқашты хабар.* «Күйеу келеді» деген *жел құйын дақпырт пен* қарадай әулігіп жүрген қыз-келіншек, бала-шаға, бейбас бозбалалар Нұржан үйіне сыймай кетіпті (С.Омаров, Шығ.).

Желмен ыққан қаңбақтай өтті. *Көзді ашып-жұмғанша өте шықты.* Жас жолбарыс секілді жігіттік күн, *Қаңбақтай желмен ыққан өтті*ң саулап (Ә.Тәңірбергенов, Таңд.).

Жел мінезді. *Ұшып-қонба жеңілтек.* Мәңгі мылқау кәрі орман, Былқ етпейді, түс көред. *Жел мінезді* ессіз жан – Маған түрлі ой келед (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жел өрнегі. *Көпжылдық бақылаулар нәтижесінде белгілі бір аймақтағы желдің басым бағытын көрнекі түрде көрсететін векторлық диаграмма.* Әдетте, *жел өрнегі* айлық, маусымдық және жылдық болып бөлінеді (ҚҰЭ). Кейде, арнаулы *жел өрнегі* жасалады, мысалы, сәуле-сызық бойына желмен бірге ауаның температурасы (термиялық жел өрнегі), жауын-шашын мөлшері түсіріледі (ҚҰЭ).

Жел өсек ерді. *Қаңқу сөз, өсек-аяң тарады.* – Күйеуге берген қыз ба, бермеген бе, *Жел өсек* қыз соңынан *ермеген* бе? Кеткен соң көңілім қатты сұрап тұрмын, Айып етпе, бимаза етіп тергегенге (Қаз. ақын. шығ.).

Жел өті. *Соққан желге қарама-қарсы жел беті; желге қарсы жақ.* Тулаған толқындай боп *жел өтінде*, Өткен күн өтеді алдан тербетіле. Сол күннің суретшісі Мұхтар аға, Көз тіккен бүгін әлем келбетіне (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жазған *желдің өтінде* Хатыңды алдым, құлдығым, Төбем көкке жетуге Жақын қалды, құлдығым (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Иса осы сәтте беті *жел өтіне* қарсы қарағанда, дауылды соққының қандай қатты, кәрлі екенін енді аңғарды (М.Әуезов, Шығ.).

Жел сағымдай құбылды. *Мың өзгерді. Жел сағымдай құбылып*, Барған сайын шынығып, Кейде аяңдап, тынығып, Айтылса соған қисынып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жел саңлақ. *Жараулы ат, сәйгүлік жүйрік.* Жер тартып, *жел саңлақтар* дүмбір қағып, Оқыранып, кісінесе, күмбір қағып: «Ұрыны қанды мойын қолға бер!» – деп, Дулатқа тұрғандары кісі салып (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жел сақаусырады. *Қатты жел бірте-бірте басыла бастады* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жел соқты. *Жел тұрды.* Қоғам малы жайлауда, салқын жайда, Ертелі-кеш *жел соғар* қоңыр майда. Көктөбенің басынан қарап тұрсаң, Көз тояр бітік өскен ақ бидайға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Міне, содан бір салқындық туындап, Күздің *желі соғып* өтті суылдап. Менің қайта ашылғанда аспаным, Қолтығынан көрдім сені басқаның (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жел сөз. а) *Алыпқашпа өтірік, бекер әңгіме.* Өздеріңдей құмар ем Мәжілісінде сөйлеуге Жақсының басы құралған. «Айт» дегенде *жел сөздің* – Тоқталайын несіне, Мен тайымда оздым құнаннан! (Базар жырау, Шығ.). *Жел сөзге* жаны құмар келіншек әңгіме үстінде талай-талай сөздерді де айтып үлгерді (Ғ.Сланов, Әңгім.). Соқпақ саны жырымның жадымда жоқ, Пенде еместік *жел сөзден* пайда табар (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). ә) *Өлең сөз мағынасында.* Сенімен жау емеспін, елдескенмін, Бес-алты ауыз *жел сөзбен* белдескенмін. Мал мен бастың бірінен кем болар деп, Қожам, қай күн Құдаймен тілдескенсің? (Айтыс). Нөкермен сауық құрад, байға қонад, *Жел сөзбен* белі ауырмай орақ орад. Қыдырад, қыз-қырқындай қымыз іздейд, Айында кеңселерде екі болад (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жел тимес. *Мәпелеп өсірген.* Киік оның *жел тимес* күрең төбесіне көпке дейін жеткізбепті (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

Жел тұрды. *Кенеттен жел болды, жел соқты.* Бір сайда қыр басынан аққан бұлақ, Зымырап кетіп жатыр ойға құлап, *Жел тұрса* дауылдатып екпінімен, Тарсылдап жарға соғад толқын тулап (О.Шипин, Дастан.).

Жел ұшырды. *Босқа төгіп-шашты, рәсуа болды.* Қаймығатын үлкенің де, Кішің де Құдірет бар дарындының күшінде. Өкінемін енді қазір, Жыл түгіл, *Жел ұшырған* желікпе сәт үшін де! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жел үрлеген шоқтай. *Қып-қызыл, алаулаған.* Қазір де сөйтіп, көздерінің ағы *жел үрлеген шоқтай* қып-қызыл боп жайнай қапты (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Жел шығарды. қ а р а п. *Қолайсыз іс шығарды, осырды.* – Е, е, -у, у-пі, – деп тағы қожа Тоқпақ Шәріптің *жел шығарғаны* есіне түсті (С.Сейфуллин, Таңд.).

Жел энергетикасы. ф и з. *Жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын энергетиканың саласы. Жел энергетикасы* жел энергиясын халық шаруашылығына ұтымды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырады (ҚҰЭ).

Желі оңынан тұрды. *Жолы болды, ісі оңға басты, беті түзелді.* Дәме екеуміздің *желіміз оңынан тұрды,* жымыңдасып қоямыз (З.Иманбаев, Солма. гүл). Олжа да таптым жолымнан, *Желім* де *тұрды оңымнан.* Бітпейтін шаттық болу бір Келмейді, қайтем, қолымнан (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жібек жел. п о э т. *Жұмсақ леп, самал.* Жасыл барқыт тау, өзеннің жағасы, Судырайды қайың, терек ағашы, *Жібек жел* желпіп, әсем даланың, Таза ауада жұпар аңқыр маңайы (З.Қалауова, Таңд. шығ.).

Кеудесіне жел бітті. *Өрмінездікке салынды, көкірек көтерді.* Атағымды шығаруға асықпа, Онсыз да *кеудеме* едәуір *жел бітіпті* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Көңіліне жел берді. *Рух, қайрат беріп, желпінтті.* Теңіздің бойы ноғайлы, Ел екен өскен жағасы. Жарлыны байға теңгерді, *Көңіліне* халықтың *жел берді* (Қамбар батыр).

Күн сүйіп, жел үрген. *Ыстыққа күйген, аңызыққа тотыққан.* Енді ол бида орамалмен *күн сүйіп, жел үріп* қатпарланған күсті сыпыра сүртті (І.Есенберлин, Алмас.).

Қайығы желге өрледі. *Бағы жүрді, дегені болды.* Үлкен ала көзі алаң-құлаң етіп, жұлынып сөйлеп отыр. – *Қайығым желге өрлеп* тұрғанда, о, тәйірі, неден тайынайын. Тартынбадым (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қаламының желі бар. *Жазғыш.* Қазақстанның ойдағы, қырдағы *қаламының желі бар,* кедейшіл жазушыларының есебі алынып, оларға газет-журналдар арқылы ақыл-кеңес беріліп отырылсын (С.Мұқанов, Шығ.).

Қара жел. *Жауын-шашынсыз азынап соққан өкпек жел.* Ауыл сырты тозған сары жұрт болса да, бай ауыл қарашаның қатты суық *қара желіне* жонын төсеп, күзекті тақырлап жеп бітіргенше көшпей, тырысып отыр (М.Әуезов, Шығ.). Қойшының басына, оның үй ішінің басына қатты *қара жел* өтінде жаурамас үшін жылы үй керек (М.Әуезов, Өскен өркен).

Қонарын сай, көшерін [ұшарын] жел біледі. *Қайда барары, не істері белгісіз, өзінде ерік жоқ адам туралы айтылады.* Шалабай осы кезде арғы жақтан келіп Мұқатайдікіне дем алатын көрінеді. Мұқатайдан бір аттанып кеткен соң, *қонарын сай, көшерін жел білсе керек* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қоңыр жел. *Майда соққан самал жел.* Талдан таяқ жас бала таянбайды, Бала бүркіт түлкіден аянбайды... Қос етек, бұраң бел, Қуалай соққан *қоңыр жел* (Қаз. әндері). Бір кезде ауыл қасында, Болатын жасыл төбешік, Төбенің ылғи басында Тұратын *қоңыр жел* есіп (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). Алатау, аңсадым-ау самал лебін, Қордайдың көкседімау, шіркін-ай, *қоңыр желін* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қума жел. *Кенеттен болатын алай-дүлей жел; құйын.* Оңтүстік аудандарда үйректі *қума жел* соқпайтын, құрғақ бастырмаларда ұстауға болады (Қазақст. етті молайту).

Майда жел. *Жаңа жайлы, баяу жел.* Қырқа үстіне ескен *майда жел* анасына еркелеген баладай ақ жаулығын жұлқылап қояды (М.Дүзенов, Ақәже). Ат міндім ауылыңнан әсем жорға, *Майда жел* сән береді жалын тарап (У.Бекенов, Кең жайлау). Сенің ғана әуеніңе тербелем, Сен болмасаң, шығар ма едім терге мен. *Майда желдей* менің жұмсақ жаныма Асыл анам ақын бол деп бердің өлең (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Мырза жел. ж е р г. *Ақырын соққан жел. Мырза жел* соғып тұр, бидайды ұшыртып бітіріңдер (Фраз. сөзд.).

Өкпек жел. *Көбінесе көктемде соғатын ызғырық жел.* Тоң әлі жөндеп жібімегенмен көктем лебі асыға жеткізген *өкпек жел* жаңға жайлы-ақ тиеді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Көктем сағындырып келді. Тек апрельдің аяғында ғана күн сынып, *өкпек жел* соқты. Қар күрт ери бастады («Қаз. әдеб.»). *Өкпек желдің* әкесін өрде көрдік, Телегейді қақ бөлді тербеп ерлік. Шашымыз да ағарды, досымыздың Жылап тұрып талайын жерге бердік (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Өсектің желі тұрды. *Өсек тарай бастады.* Сықырлатып төсекті, Сергек үйқың үзілді. *Желі тұрып өсектің* Жарқын көңіл бұзылды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Самал жел. *Қоңыр салқын майда жел.* Даланың *самал желіне* араласқан қайғылы күйдің сарыны қазақтың қараша үйлерінің үстінен көктей өтіп жатыр (А.Сатаев, Дала.). Жатырмыз Қоңыраба сазды жайлап, Сапырып сары қымыз, бие байлап. Шіліңгір ыстық та

емес, суық та емес, *Самал жел* қоңыр салқын тұрған айдап (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Самал жел* әуеніне қосыламын, Тамаша толғайды екен тосу әнін. Сыбырлап сені сұрап оңашада, Ол дағы тексерердей шошынамын (К.Салықов, Жезкиік).

Үскірік жел. *Екпіні қатты аса суық күзгі жел.* Жылдай ұзын қысқы таң Қой қораның шетінде, Қақпайды кірпік ер шопан, *Үскірік желдің* өтінде (Ш.Смаханұлы, Тотияын.).

Ызғырық жел. *Ызғарлы, суық жел.* Түстіктен *ызғырық жел* тұрғанын Қапез енді ғана байқады («Қаз. әдеб.»). Тау баурайын бөктерлей ескен *ызғырық жел* бар («Лен. жас»).

ЖЕЛ² з а т. *Ызғарлы желден, суықтан болатын ауру.* Кейбір әйелдер бойымызда *желіміз* бар дейді (Қ.Тайшықов, Октябрь.).

Жел ауру. *Ауық-ауық болатын құян секілді ауру.* Тәжірибеде әлгі тұз *жел ауруларына* мың да бір ем болып шығады («Лен. жас»).

Мұрнына жел түсті. *Самал деп аталатын аурумен ауырды.* Мүсірәліжанның *мұрнына жел түсіп,* орыстың дәрігері жазады дегенмен және тегін қарайды деген соң, соны апарып едім, – деді шал (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар).

ЖЕЛ= е т. *Аяң мен шабу аралығындағы қатты жүріс.* Жер танабы тартылды, Тұлпар аттар *желгенде,* Жарқылдатып найзасын (О.Шипин, Дастан.). Асың барда ел таны беріп жүріп, Атың барда жер таны *желіп* жүріп (Мақал). Жер қорығыш желгек шал *желіп* жүріп боздайды (Абай, Тол. жин.). Бәрі де шуылдады сәлем беріп, Олармен ісім бар ма, өттім *желіп,* «Кісі-ау, кісең езіліп түсті ғой», – деп, Тамам бала айғайды салды келіп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Аттай [қаламы] желді. а) *Қаламы жүйрік болды, көп жазды.* Бізде бұрын Мырқымбайдың арбасына мініп алып кеңесетін, Мырқымбаймен егін салатын ... шаруа десе, *қаламы аттай желетін* Бейімбет бар еді (С.Мұқанов, Шығ.). ә) *Тоқтаусыз шешен сөйлейтін, сөз қадірін білетін адам жөнінде айтылады.* Екі шешен қосылса, *аттай желер.* Қаса ақымақ жақсының сөзін бөлер (Мұңлық-Зарлық).

Аяғы бір желмеді. *Ыңғайы келмеді.* Он бес пен жиырманың арасында талай-ақ шайқассам деп келгенімде, *аяғым бір желмейтін* еді. Енді қайттім? (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Бүлк-бүлк желді. *Бірқалыпты, ақырын жүрді.* Аяңнан артық жүрмейтін кісі тез жүруге асығып, *бүлк-бүлк желе* бастады (Ғ.Мұстафин, Дауылдан.).

Желген аттай зымырады. *Зырлады, зулады.* Алдымда *зымырайсың желген аттай,* Өткір тіл өлтірмей ме жанға батпай (Айтыс).

Желе шоқытты [шоқырақтатты]. *Қатты желді, текіректетті.* Қайролла жылқышы *желе шоқытып,* Жәукенің үйіне келді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Орта жастан асып кеткен бір адам қара кер атпен *желе шоқытып* келеді («Қаз. әдеб.»). *Желе шоқырақтатып* Киселев отрядын қуып жетті («Лен. жас»).

Сар желді. *Бірқалыпты, екпіндете желді.* – Ендеше солардың біріне жетіп қонайық, – деп бітімшілер *сар желіп* жүріп кетті («Лен. жас»). Сары аты бірде көсіле аяңдаса, бірде бүлкіл қақты. Бірде *сар желсе,* бірде текіректеді («Лен. жас»).

ЖЕЛАЙДАР з а т. ө с. <лат. anemone> *Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық улы шөп.* Қазақстан мен Орал тауларында *желайдар* (анемона) дейтін өсімдік бар (Т.Таубаев, Жасыл әлем). *Желайдарды* пайдаланған кезде өте сақ болған жөн, өйткені ол улы өсімдік (ҚҰЭ). *Желайдардың* Қазақстанның барлық жерлерінде өсетін 11 түрі бар (ҚҰЭ).

ЖЕЛАТИН [франц. gelatine] з а т. *Малдың сүйегін, терісі мен шеміршегін қайнату арқылы алынатын ақуыздық заттардың қоспасы. Желатин* жылы суда жақсы ериді, ал салқындағанда қою дірілдек тәрізді қоспаға айналады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Желатин* коллегенге тән үш орамды конформация түзу қабілетін сақтайды (ҚҰЭ).

ЖЕЛАУЫЗ з а т. **1.** *Оңтүстік батыстан соғатын теңіз желі. Желауыз* көбіне теңіздің жағалаудан, құрлықтан алыс жатқан жерлерінде болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Бәтуасыз, көп сөзді адам. Желауыз* бен кер ауыздың қайсысына қақпақ боламыз (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Қарақалпақ руының *желауыз* жеңгейлері ойдан шығарылған неше қап өсекті жан-жақты дуылдатып кеп таратты («Лен. жас»). **3.** ж а ғ ы м д ы. *Шешен, сөзге ұста.* Шай береді, артынан ет келеді, Сылқита соқ, (соныңды еп көреді). *Желауыз* жеңешеңнен сақ болғайсың, Әзілмен қанжығаға бөктереді (М. Мақатаев, Шығ.).

ЖЕЛАЯҚ с ы н. **1.** *Табаны жерге тимейтін жүйрік.* Үш қызы бар-ды: Қадиша, Мәдише, Зағипа деген. Шетінен *желаяқ.* Мәдишесі жап-жас қыз еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қыз бас салып қуды. *Желаяқ* екен, екі аттатпады (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Жүз метрлік қашыққа жүгіруде Жанысова – алға жан салмайтын *желаяқ* («Лен. жас»). Құйын ба, жел ме әкелген, Бұл қалайша жұмбақ хат? Жедел алып келді екен, *Желаяқ* қандай адамзат? (Ө.Тұрманжанов, Менің кітабым). Ақшолақ пен Шудың арасында бір жігіт ерсілі-қарсылы жүйткіп жүр. Шіркіннің *желаяғы*-ай, еш жеріне шаң жұғып, маңдайынан тебіндей тер

де шықпайды («Лен. жас»). **2.** *Жақын жерге тез барып-келуге, мінуге қалайлы (жылқы малы).* Ақауы шыққан айраннан Терлеп ішкен шай жақсы. МіниС бермес шобырдан *Ж е л а я қ* тай жақсы (Майлықожа, Нақыл). **3.** а у ы с. *Үйден-үйге, ауылдан-ауылға өсек тасып, қыдыра беретін адам.* Бір ғана шешейлер мен жеңгейлер ғана *ж е л а я қ* емес, қыдыруға сылтау табылса, әзір тұратын кейбір шалдар да табылады (М.Иманжанов, Адам.). Кейінгі әйел ауылды қоңылтақ кебісін қолқылдатып-тырпылдатып, ернін сылпылдатып өсекті бұрқылдатып, есік аңдып, ел аяқтайтын қыдырымпаз *ж е л а я қ,* қаңғыбас қатын екен (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕЛБАҒАР з а т. *Желдің бағыты мен жылдамдығын анықтайтын құрылғы.*

ЖЕЛБАҚАЙ с ы н. *Өте жүйрік, ұшқыр.* Оның *ж е л б а қ а й* қасқа байталы басын жерге сала, қатты бір пысқырынды да құлашын кең тастап, көсіле жөнелді (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

ЖЕЛБАС з а т. ө с. *Су жағасында өсетін, қамыс тектес өсімдік.* Құстарды адам үркітіп көрмегені сонша, жаға толы ұя: жиекке таман *ж е л б а с т ы қ* арасына қалай болса солай сала салған барылдақ көп-ақ (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖЕЛБАС с ы н. **1.** *Басы ырық бермейтін мал, бас асау.* Алпыс ала ат, жетпіс *ж е л б а с* ат сойып, жұртын түгел жиды (Қаз. ертег.). Лақтың өзі барып тұрған сотқар, *ж е л б а с* болатұғын (Қаз. ертег.). **2.** а у ы с. *Желікпе, әулікпе, жеңілтек.* Байдың ұлының *ж е л б а с* балаларымен өсіп, олар да нақұрыс, жалқау, жаман болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бүкіл өмірін жын-ойнақтың соңында өткізген *ж е л б а с* еркектің түсіне әйел кірсе керек еді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Кейінгі жылда оған кейбір *ж е л б а с* бозбалалар қырындап, сөз салатын болды (С.Омаров, Дала қызы). Әдетте қыдыруды, ішуді жақсы көретін мұндай *ж е л б а с* жігіттер қызып алған соң «көңіл көтеруді» тілейтін де, оңай «олжа» тілейтін (М.Иманжанов, Көк белес).

ЖЕЛБАСТЫҚ з а т. *Жөн-жосықсыз бозбалалық, жеңіл мінезділікке құмарлық, бозбастық (ер адам жайында).* Желдей ескен *ж е л б а с т ы қ* Мастығымдай айықты. Алдым енді жолдас қып Ақыл, сабыр, байыпты (М.Әлімбаев, Жүрек лүпілі). Баяғы *ж е л б а с т ы ғ ы н* Әжібай қоймай, Жүректің кезі келсе оны да ойлай (С.Торайғыров, Таңд.). Осынша ойланбайтын десем-дағы, Ойымнан бір тікенек кетпей қойды... Жастық па, есерлік пе, бостығым ба, Әйтеуір бір *ж е л б а с т ы қ* жеңді де бойды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕЛБАУ з а т. *Дауыл, жел болғанда ұшып кетпес үшін шаңырақты тартып байлайтын бау.* Шаңырақты әуелі *ж е л б а у ы н а н* керегеге асып қойып, одан кейін төрт жігіт бақанмен әрең көтерді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Ж е л б а у д ы* бұғалықтап қойды жайлап,«Нартайлақ, аман бол» – деп үш айғайлап. Бақанды өрлеп шыққан алып тастап, Мойнына бұғалықты салды байлап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Едәуір кеңіп, іші де сәнденіп қалған үйіне оқтын-оқтын үнсіз көз жүгіртіп, ашаң жүзді, денесі де тарамыс боп қатып қалған Тасқынай бестік шамды жағып *ж е л б а у ғ а* асып қойды (Ғ.Сланов, Асау арна).

ЖЕЛБЕГЕЙ[1] з а т. *Жауыннан қорғану үшін жамыла салатын, жеңсіз сырт киім.* Жаудан түскен олжаны көрсе, патрон салған жәшіктер, азық-түлік, мақта, дәке, шинелдер мен *ж е л б е г е й л е р,* әйтеуір сарбазға керек көп дүние бар (М.Жұмағұлов, Қыран). *Ж е л б е г е й,* шапан ескісі Жетеді маған, бауырым-ай, Есен-сау жатып кешкісін, Ертесін тұрсам ауырмай! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Анау *ж е л б е г е й* киіп тұрған шалды танисыз ба? – Ол Файзулла шығар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛБЕГЕЙ[2] ү с т. **1.** *Сырт киімнің жеңін кимей немесе түймесін салмай иыққа іле салу.* Жылы күндері Мақан тонын да тастап, сырмалы камзолшасының сыртынан шекпенін *ж е л б е г е й* сұға салды (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Оразбай *ж е л б е г е й* киген жаздық қоңыр пальтосының екі жеңі артқа кетіп, тақтақ жолдың нақ ортасымен келеді (Ж.Жұмаханов, Қаракөз). Елестейді сені естісем туған жерім, *Ж е л б е г е й* желді түнде жүргендерім (Ж.Молдағалиев, Жеңіс.). *Ж е л б е г е й* бір шапанды жамылады, Азаттық бейшараға табылады. Басына жалғызшылық түскеннен соң, Ел-жұртын енді мырза сағынады: «Құдай-ай, құтқартқаның анық па еді?» – Жүрегі қуанғаннан қабынады. Босанып шынжырынан алғаннан соң, Қорқуды енді Хасен не қылады? (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Алқа-салқа, ашық-шашық; қалай болса солай.* – Сен қайда барғалы жатырсың, Нұржан? – деді үйден тысқа *ж е л б е г е й* жүгіре шыққан, жасы сегіздер шамасындағы сары қыз (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). Ақпанның желін – жел демей, Ақ ұлпа қарға орандым. Өтінде тұрдым *ж е л б е г е й,* Ышқына соққан боранның (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Желбегей жамылды. *Киімнің жеңін кимей, иығына жамыла салды.* Ақсақалды Алшынбай тірсек жең қара камзолдың сыртынан пұшпақ ішігін *ж е л б е г е й ж а м ы л ы п* отыр екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сары тонын *ж е л б е г е й ж а м ы л ы п,* Сапекең сыртта біраз жүрді (Бәйшешек).

Желбегей салды. с ө й л. *Иығына іле салды; желбегей жамылды.* Сырбай өзінің *ж е л б е г е й с а л ғ а н* шекпенін сыбдырсыз шешіп, күзетшінің басына жаба сап, қапсыра құшақтай алды (С.Мұқанов, Сырдария). Тағы бір бөтен адам бар. Жұқалау қара шұғадан тіккен пальтосын *ж е л б е г е й с а л ы п* түр («Қазақст. мұғ.»).

ЖЕЛБЕГЕЙЛЕН= е т. **1.** *Желбегей киіну, жеңілдену, ықшамдалу.* Арын өз басының артықшылығын жаңа түсінгендей сыртқы қалың киімдерінің бәрін шешіп, *ж е л б е г е й л е н і п* алыпты (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Ол палтосын *ж е л б е г е й л е н г е н* күйінде ойлана түсіп, баяу басады (К.Оразалин, Ақ жазық). **2.** а у ы с. *Ашылып-шашылу, алқам-салқамдану.* Әйтікен де аласұрып, ... сақ-сақ күледі. Екі өңірі алқам-салқам *ж е л б е г е й л е н і п* кеткен (Ж.Мусин, Үміт).

ЖЕЛБЕГЕЙЛЕНУ *Желбегейлен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛБЕГЕЙЛЕУ с ы н. *Жеңілдеу, ықшамдау.* Әйелдерінің басым көпшілігі шалбар және жұқа жібектен *ж е л б е г е й л е у* кофта киеді (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ЖЕЛБЕЗЕК[1] з а т. з о о л. <лат. branchiae> **1.** *Су жануарларының газ алмасу мүшесі, тыныс алатын органы. Ж е л б е з е к* қарапайым тыныс алу мүшесі ретінде алғаш буылтық құрттардың теңізде тіршілік ететін түрлерінде пайда болған (ҚҰЭ). Жануарлар организмінің күрделенуіне байланысты олардың жұтқыншақ қуысы қабырғаларында *ж е л б е з е к* саңылаулары пайда болады да, желбезекпен тыныс алу түрі қалыптасады (ҚҰЭ). Балықтар *ж е л б е з е к* арқылы су ішіндегі ауамен дем алады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Сипап тұрып, Құрбақаның *ж е л б е з е г і* сияқты Кенет ісіп шыға келген шекесін. Ол айтқанын орындады. Лебізіне бекем екен, «азамат», Сондайлардың кейде жолы болатыны ғажап-ақ (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Мұрын қуысы, танау жиегі.* Құлағы кәдімгідей қалқиып, танауының *ж е л б е з е г і н е* дейін таңданып қалған сияқты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). [Тоқаш] мұрнының *ж е л б е з е г і* дірілдеп, жар қабағы түйіліп, қайта жазылды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). *Ж е л б е з е г і м е н* суды қақ жара дем алып ат түзеле қырға қарай малтыды (С.Бегалин, Уақыт.).

Желбезек доғасы а н а т. *Омыртқалы жануарлардың бас қаңқасының висцеральды бөлігінің бір бөлімі. Ж е л б е з е к д о ғ а с ы* жұтқыншақтың екі бүйір қабырғасынан пайда болатын шеміршекті немесе сүйекті түзіліс, балықтарға ғана тән белгі желбезек саңылауларының аралығында 3-7 жұп *ж е л б е з е к д о ғ а с ы* орналасады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж е л б е з е к д о ғ а с ы н ы ң* сыртқы жағынан желбезектер дамып жетіледі. Құрлықта тіршілік ететін омыртқалы жануарларда *ж е л б е з е к д о ғ а с ы н ы ң* кей бөлігі көмекей, кеңірдек, тіласты аппаратының құрамына қосылады (Қаз. тілі термин. Биология).

Желбезек қақпағы. а н а т. *Сүйекті балықтардың желбезек аппаратын сыртынан жауып тұратын сүйек. Ж е л б е з е к қ а қ п а ғ ы* төрт сүйектің (қақпақалды, қақпақ, қақпақаралық және қақпақасты) қосылуынан пайда болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж е л б е з е к қ а қ п а ғ ы* бес жұп желбезек доғасын сыртынан жауып тұрады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛБЕЗЕК[2] з а т. *Киімнің жиырып жапсыра тігілген бөлігі.* Қыздар белі қымталған етекжеңіне *ж е л б е з е к* салған қос етекті көйлек, екі-үш қатар (Ө.Жәнібеков, Қазақ киімі).

ЖЕЛБЕЗЕКАРАЛЫҚ с ы н. з о о л. *Желбезек саңлауларын бөліп тұратын.* Сулы ортада тіршілік ететін жануарлардың (туникаттар, бассүйексіздер, балықтар, қосмекенділер мен олардың дернәсілдері) негізгі тыныс алу мүшесі – желбезек саңылауларын бөліп тұратын жұқа перде. *Ж е л б е з е к а р а л ы қ* перде көптеген қантамырларымен жабдықталған. Жұтқыншаққа өткен су желбезек перделерін аралап өтіп, қанды оттекпен қанықтырады. *Ж е л б е з е к а р а л ы қ* перде шеміршекті балықтарға да тән белгі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛБЕЗЕКАЯҚТЫЛАР з а т. з о о л. *Дене тұрқы 2 см-ден аспайтын, кеудесі 11, кейде 17-19 бунақтан тұратын, оның әрқайсысында бір жұп жапырақ тәрізді аяқтары болатын шаяндар отряды. Ж е л б е з е к а я қ т ы л а р* тұщы суларда, тек артемия – тұзды су қоймаларында, ащы көлдерде мекендейді. Қазақстанда Каспий теңізінде, Маралды, Бөрлі т.б. тұзды көлдерде кездеседі (ҚҰЭ). *Ж е л б е з е к а я қ т ы л а р д ы ң* 180 түрі белгілі, оның 8 түрі Қазақстанда кездеседі (ҚҰЭ).

Желбезекаяқты шаянтәрізділер. з о о л. <лат. branchiopoda> *Буынаяқтылар типі шаянтәрізділер класының ең қарапайым класс тармағы. Ж е л б е з е к а я қ т ы ш а я н т ә р і з д і л е р д і ң* 2 отряды, 740-қа жуық түрі белгілі. Дене бунақтарының саны тұрақсыз, фасеттік және науплиус көздері болады (ҚҰЭ). *Ж е л б е з е к а я қ т ы ш а я н т ә р і з д і л е р* партеногенетикалық (бір ғана ұрықтанбаған жұмыртқадан дамуы) және қос жынысты жолдармен дамиды (ҚҰЭ).

ЖЕЛБЕЗЕККҰЙРЫҚТЫЛАР з а т. з о о л. *Шаянтәрізділердің бір отряды.* Шаянтәрізділердің *ж е л б е з е к қ ұ й р ы қ т ы л а р* отрядына жататын паразиттерден балықта аргулез деген ауру пайда болады (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕЛБЕЗЕКМАҢЫ: желбезекмаңы қуысы. а н а т. *Туникаттар мен бассүйексіздерге тән тыныс алу аппараттарын зақымданудан және топыраққа көмілгенде ластанудан қорғайтын, сыртқы ортамен дененің құрсақ бөлімінде орналасқан атриопор тесігі арқылы байланысқан ерекше қапшық. Ж е л б е з е к м а ң ы қ у ы с ы н а* желбезек саңылаулары, сол сияқты артқы ішек пен жыныс бездерінің өзегі де ашылады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛБЕЗЕКСІЗ с ы н. *Желбезегі жоқ.* Айтса айтқандай... соңғы он жылдан бері балыққа айналып кеткен, «тыныштық», «таудағы елік» деген құйрықсыз, *ж е л б е з е к с і з* «суреттер» жүзіп жүр (М.Рашев, Бетің қисық.).

ЖЕЛБЕЗЕКТЕН= е т. *Делдию, ісіну, кебіну.* Қырынан қарағанда, жоталы мұрнының етегі *ж е л б е з е к т е н і п,* зорайып кеткендей көрінеді (Ғ.Сланов, Домбыра.).

ЖЕЛБЕЗЕКТЕНУ *Желбезектен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛБЕЗЕКТЫНЫСТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. branchiata> *Буынаяқтылар типінің бір тармағы. Ж е л б е з е к т ы н ы с т ы л а р д ы ң* кей түрлерінде желбезектері болмайды, олар бүкіл денесімен тыныс алады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж е л б е з е к т ы н ы с т ы л а р* негізінен суда тіршілік ететін алғашқы буынаяқтылар (ҚҰЭ).

ЖЕЛБЕЗЕКТІЛЕР з а т. з о о л. *Желбезегі бар насекомдар.* Бұлардан біздің республикамыздың су қоймаларында және құрылықта тіршілік ететін бауынаяқтылар мен тақта *ж е л б е з е к т і л е р* класына жататын ұлулар ғана бар (Қ.Уәлиева, Мал. ауру.).

ЖЕЛБЕЙ з а т. с ө й л. ***Желбегей***. Құртиған шал *ж е л б е й і н* жоғары көтере түсіп, қызарған көзін Жақыпқа қадай қойды (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Желідегі құлындар, Ыққа қарап үрпиіп, Бұзау қуған қатындар – Қаптан *ж е л б е й* киіп жүр (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

ЖЕЛБЕҢ е л і к. *Желбіреген, желбеңдеген қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Желмен бірге *ж е л б е ң* қақты бұта да, Жаза баспай сол елгезек қалпынан (Қ.Жұмағалиев, Айнам-көз.).

ЖЕЛБЕҢДЕ= е т. *Желп-желп ету, желбіреу, қозғалақтау.* Сығанның қатындары қос етек көйлектері *ж е л б е ң д е п,* екі иықтарын жұлып жеп, деревняны аралауға кірісті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Үйдің киіздері тегіс *ж е л б е ң д е п,* ағаштары сықырлады (К.Оразалин, Ақ жазық). Туды Оқтябрь, сынды шөлмек, Қызыл жалау *ж е л б е ң д е п* (С.Дөнентаев, Шығ.).

Танауы желбеңдеді. *Ентіге дем алды, алқынды. Т а н а у ы ж е л б е ң д е п,* тайраң-тайраң желген түйелердің үстінде жаулықтары желкілдеп әйелдер келеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Т а н а у ы ң ж е л б е ң д е п* кетіпті ғой, не болды? – деді баяу үнмен Мәрбан алдындағы қағаздан көз алмай (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.).

ЖЕЛБЕҢДЕТ= е т. *Желп-желп еткізу.* Киіздерді *ж е л б е ң д е т і п* кеулеп соққан жел үйді дөңгелетіп көтеріп әкетіп бара жатты (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖЕЛБЕҢДЕТУ *Желбеңдет етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛБЕҢДЕУ *Желбеңде етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛБИДА з а т. с ө й л. ***Желбұйда***. *Ж е л б и д а* ұзын да, қысқа да болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛБЕСЕК з а т. ж е р г. *Түйенің мұрындық ағашы мен бұйда жіптің арасындағы кішкене жіп. Ж е л б е с е к т і* қылдан берік қылып жасамаса, бидадан тартқанда үзіліп кетеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛБӨГЕТ з а т. *Жел әрекетінен туындайтын су деңгейінің көтерілуі. Ж е л б ө г е т* әдетте өзендердің теңізге, көлге құяр сағасында байқалады (ҚҰЭ).

ЖЕЛБУАЗ[1] з а т. м у з. *Қазақ халқының көне саз аспаптарының бірі. Ж е л б у а з* жасалу тәсілі өте күрделі, сондықтан да болар, қазақ өнерпаздары арасында бұл аспап өте сирек қолданылады (ҚҰЭ). *Ж е л б у а з* жалпы түркі қауашақ тәрізді, іші қуыс етіп, тұтасымен көн теріден жасалады (ҚҰЭ).

ЖЕЛБУАЗ[2] с ы н. *Буаз деп жүріп қысыр шығу.*

ЖЕЛБУАЗ[3] с ы н. **1.** *Даурықпа, кез келген нәрсеге көтеріле жөнелетін желікпе (адам).* Сонда бұлар білетін *ж е л б у а з* жабайылар болса, ар жағында далақтап өлген-жіткендеріне өздері-ақ қарамайды (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Абай тұсы халықтың бұзылғаны, Қаралыққа айналып қызыл қаны. Ақ бейіл, бауырмалдық қалпы кетіп, «*Ж е л б у а з*», «сұрқия» боп, қызынған (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Келіспес арақызға салқын қабақ, Салқын болсаң, әркімге болдық тамақ. Жел бергенге, желіккен *ж е л б у а з ғ а* Қанжығалы биеке үлкен сабақ (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** а у ы с. *Бос сөз.* Көмескі естілген дүдәмал, *ж е л б у а з* әңгіме Сұраншының мазасын алады (С.Талжанов, Ұлдай.). Дастарқан жайылған соң жаңағы *ж е л б у а з* әңгіме де басылыпты (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Желбуаз қылды. *Алдады, алдаусыратты.* Кім жұртты бүліншілікке салмау жолында, кім елдегі момын шаруаны *ж е л б у а з қ ы л ы п* жүргенін аңғарар (М.Дулатов, Шығ.).

Желбуаз әңгіме [сөз]. *Өтірік, көпірме, бос сөз.* Әйткенімен *желбуаз сөзге* қомпиятын мен емес, мен де есімді білем (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әлгі бір ұлы әміршінің басқан ізін жырға қосып, дастан қылып отыратын ақындардың өлеңдері оған әуелі әншейін *желбуаз сөз* сияқты көрінетін еді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖЕЛБҰЙДА з а т. *Мұрны алғаш тесілген ботаның, тайлақтың мұрындық ағашына байланатын шуда жіп, бұлдірге. Желбұйданы* кейде былғарыдан, ысқа ұсталған қайыстың таспасынан, жіңішке өрілген қылдан да жасаған (ҚҰЭ).

Желбұйдасын [желбұйдасынан] ұстатпады [ұстатқан жоқ]. *Біреудің жетегімен жүрмеді, айтқанын тыңдамады.* Ешкімге *желбұйдамнан ұстатып* көргенім жоқ. Ағайын жақсы ат беріп, үкімет қолға қару ұстатса, кежегемнен кері тартып нем бар?! (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖЕЛБҰЙРЕК с ы н. *Жеңіл мінезді, желөкпе.* – Ол жетегіңе еріп жүре беретін *желбұйрек* әйел емес, Амалмен ғана торға түседі (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖЕЛБІР з а т. *Сәндік үшін әйелдердің көйлегінің етегіне, кеуде тұсына, иығына жапсыра тігілген бұрме.* Қыздардың көйлектері де түрлі әшекейлермен әрленіп безенетін, көбінесе етегіне екі қатар етіп *желбір* тігілетін (Х.Арғынбаев, Каз. этногр.). Екі иығында *желбірі* бар, жеңсіз көк шұбар көйлек киген, топ-толық қара домалақ қыз (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ЖЕЛБІРЕ= е т. **1.** *Дамылсыз қозғалақтау, желпілдеу.* Ақ шымылдық *желбіреген* үш-ақай, Арман құсы самғап еркін ұша алмай, Келіншектің көз жасы боп құйылған, Сағындырған асыл жардың құшағы-ай (Қ.Мүсірепов, Раушан). Оларды, қыздырады тірлік буы, *Желбіреп* төбесінде рақат туы. Туудың, жанданудың белгісіндей Тербейді дүниені перзент туы (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Аққулардай ақ қанаты *желбіреп*, Алатауға алғашқы қар қонды кеп. Алғаш рет ала бұлттан арылып, Аспан жүзі шыға келді мөлдіреп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Міне, міне, алдымда түр орамалы *желбіреп*, Күлімдейді, қос жанары қарақаттай мөлдіреп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Желекті қырда *желбіреп* өскен тұлымым, Мен сол аймақтың аруана – боздақ ұлымын. Достымды жатқа қорлатпан, Жұлынып кетпей жұлыным! (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** *Жайқалу.* Желмен шашын тарайды, Қызғалдақтар *желбіреп*. Жасқанып шық қарайды, Жаудыр көзі мөлдіреп (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ұйқыдан соң Көк айдынмын Мөлдіреген шайқалып. Ұйқыдан соң Ну орманмын *Желбіреген* жайқалып (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Танауы желбіреді. а) *Танауы тынымсыз қозғалды.* Майбасардың түсі сұрланып, екі *танауы желбірей* түсіп, тентек көздері жиреніш отын шашып тұр (М.Әуезов, Шығ.). Екі құлағы делдиіп, көзі адырайып, *танауы желбіреп* кеткен (Х.Ахметов, Елік.). ә) *Көңілі шалқыды, масаттанды.* Тақымына ат тиген соң, есі шығып кетті. *Танауы желбіреді,* көзі оттай жанды («Лен. жас»). Көңілі өте көтеріңкі болса, көз үлкейеді, *танау желбірейді*, екі езуі көтеріледі, ауыз ашылады, тіс ақсиып, күледі, бас, кеуде, иық кейін шалқаяды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Үйіңде шымылдығың желбіреп тұр ма? э к с п р. *Үйіңде жас келіншегің күтіп отыр ма деген мағынада асығып-аптыққан кісіге айтылатын әзіл.*

ЖЕЛБІРЕГІШ с ы н. *Қозғалғыш, желпілдегіш.* Айдын тұратындардың шымылдықтары *желбіреғіш-ақ* емес пе? (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЖЕЛБІРЕТ= е т. *Желпілдету.* Самал үрлеп *желбіретсе* шашымды, Жардың қолы сипағандай басымды (К.Шілдебаева, Арманым). Осы сәтте аппақ сақалын *желбіретіп*, Шынарды құшақтап жылап тұрған шал зузаға қайта жата қалды (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖЕЛБІРЕТУ *Желбірет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Туды *желбіретуу.*

ЖЕЛБІРЕУ *Желбіре етістігінің қимыл атауы.* Таң сәріде қозғалған колонна соңынан талай шарбақтың жанында ақша білекке асылған ақ орамалдар *желбіреумен* қалды (Х.Әдібаев, Таңбалы адам). Сол баяғы бір тынбай *желбіреуден*, Кетеміз-ау қия алмай мөлдіреумен. Қуаныш бар жолдарда қасірет те бар, Қорқады ғой селеулер селдіреуден (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖЕЛБІРЕУІК[1] з а т. *Шымылдықтың үстіне құрылатын басы кестеленген шолақ шымылдық түрі. Желбіреуік* – төсектің алдына құрылған шымылдықтың үстіне құрылатын ені екі қарыстай ұзынша келген шолақ шымылдық түрі. *Желбіреуіктің* басын кестелейді. Шымылдықты торғын бұлдардан тігеді. Бауын термемен істейді (Г.Райымханова, Ата кәсіп). Ертеректе шымылдық жарма емес, төрт ені де жалғастырылып құралған, бүтін жасалып келген. Ол кезде шымылдықтың *желбіреуігі* шымылдықтың өзімен бірге төгіліп жүрді. 17–18 ғасыр шамасында шымылдықта *желбіреуік* болмаған (Х. Нүркейұлы, Ұлттық мирас.).

ЖЕЛБІРЕУІК[2] з а т. *Желбіреп тұратын етіп тігілген бұйым. Желбіреуік* – әйелдердің әшекейлі бұйымдарының ішіндегі сәнді әрі

күрделілерінің бірі (Х.Шобай, Қаз. ұранқой. қолөнері). Үстіне *желбіреуік* етекті ақ жібек көйлек, жеңіл шапан киіпті (Н.Ғабдуллин, Өмір.). *Желбіреуік* салған қыз көйлегін көлбеңдетіп киді (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Үстіне *желбіреуік* етегі көлбеңдеген қазақы көйлек (Ж.Мусин, Үміт).

ЖЕЛБІРЕУІКСІЗ с ы н. *Желбіреуігі жоқ, желбіреуік салынбаған.* Бүрмесіз, *желбіреуіксіз*, тік етек, ақ жібек көйлегі торғындай үлбіреген бет ажарына сән қосқандай (С.Омаров, Өмір асу.).

ЖЕЛБІРЛЕ= е т. *Желбір тігу, жапсыру.* Кейде жағаның үстіңгі шетін бүрмелеп *желбірлей* қояды (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖЕЛБІРЛЕУ= *Желбірле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Етегін *желбірлеу.*

ЖЕЛБІРСІЗ с ы н. *Желбірі жоқ, желбір салынбаған.* – Шымылдыққа неше метрі шығады? – дейді апам. – Желбірімен бе, *желбірсіз* бе? – дейді сатушы (Т.Тобағабылов, Жазира).

ЖЕЛБІРШЕК з а т. с ө й л. ***Желбір***. Қос *желбіршек* салған ақ бәтес көйлегі, көнетоз қызыл барқыт камзолы біріне-бірі жарасады (С.Талжанов, Ұлдай.). Шымылдығына *желбіршек* жасатып, кестелетіп оюлауға үлгіре алмадым (Д.Еркінбеков, Шығ.). Қыздың дірілі ақ көйлектің жағасына салған аласа *желбіршектен,* үлбіреген жинақы ернінен анық көрінеді (С.Мыңжасарова, Әйел бақыты).

ЖЕЛБІРШЕКСІЗ с ы н. *Желбіршегі жоқ.* ≈ *Желбіршексіз* көйлек.

ЖЕЛБІРШЕКТІ с ы н. *Желбіршегі бар, желбіршек салынған.* Көмірдей қара қос бұрымы *желбіршекті* ақ көйлегінің етегімен егесе жер соғады (М.Дүзенов, Ақәже). *Желбіршектті* ұзын ақ көйлек пен қысқа қызыл камзолдың кеуде тұсын керіп, аршын төсті онан сайын жұтындырған егіз анар әсемдігін суреттеуге тіл жетер ме? (С.Досанов, Қыран.). *Желбіршектті* жейдесі, Көк кестелі керемет (С.Мәуленов, Тартыс.).

ЖЕЛГЕК с ы н. *Мазасыз, тынымсыз.* Жер қорығыш *желгек* шал, Желіп жүріп боздайды (Абай, Тол. жин.).

ЖЕЛГІЗ= е т. *Атты айдау, желдіру.* Атты қатты, не орта, не сылбыр *желгізер* уақытта қолға кие қоятын түйіншегі бар (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Жирен атты бұлқ-бұлқ *желгізіп,* өстіп дел-сал боп келе жатқанда, қарсы алдынан жарқ етіп судай жаңа қара «Волга» шыға келді (С.Мұратбекова, Дос ізде.). Кей ерді сом қосылған дейміз тәуір, Атқа жайлы болса да кісіге ауыр. Бір *желгізбей* астыңа тақ-тақ етіп, Мініп алсаң қылады қоңды жауыр (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕЛГІЗУ *Желгіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күрең атты *желгізу.*

ЖЕЛГІР с ы н. *Сырғыма, тұрақсыз.* Заманның кезікті ме *желгіріне,* Адамның кезікті ме көлгіріне (Қ.Жұмағалиев, Сахара).

ЖЕЛГІШ с ы н. *Желісі күшті, желісті.* Сәкеннің қарамағында түгі аппақ сүттей, ашаң, биік, сұлу денелі, елгезек, *желгіш* боз арғымақ бар (С.Мұқанов, Есею жыл.). Өзіміз иппадромда көріп жүрген Орлов *желгіш* аттары 1775 жылдан бастап пайда болған (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). Табаны ойылып, шаңы молаймаған көктемгі қарабұйра жолмен *желгіш* көктер зырлай берді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖЕЛГІШТЕ= е т. *Қайта-қайта желу, ұзақ жүру. Желгіште* жеңілдікпен әлі жүрсің, Шайтанның өгізіндей жеккен шана (Айтыс).

ЖЕЛГІШТЕУ *Желгіште етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аттың *желгіштеуі.*

ЖЕЛҒАБАЗ с ы н. *Аққөңіл, ашық.* Төртбақ, алаң-көз, аузы тым таппайтын, *желғабаз* жігіт екен (Б.Аманшин, Көкжар). Өзі – бір көрмеге *желғабаз,* елпілдеп-желпілдеп қалған адам (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖЕЛҒАБЫЗ с ы н. **1.** *Көз ілеспейтін жүйрік.* Жұрттың әлгі «киіктер жер басқан жандының жүйрігі, *желғабыз* аң, жүгіргенде денесін жел көтеріп кетеді» деуінің қисыны бар тәрізді (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Тарғыл жүнді жолбарыс, *желғабыз* киік, мүйізі қарағайдай бұғы, ақ қоян дейсің бе өріп жүр (З.Шашкин, Сенім). **2.** а у ы с. *Шаршап-шалдығуды білмейтін, шаршамайтын, талмайтын. Желғабыз,* ағыл-тегіл, дарынды аға, Тіліңнен тамшылатып балыңды аға. Тықсырып, қыңыр малдай қуладың, Соқтырып сөз нөсерін дабылды ала (Ж.Сыздықов, Белестер). // *Шаршамайтын, талмайтын адам.* Өлеңге болдырмайтын *желғабызбын,* Жүлде алған сан дүрмекте талай қолдан (Айтыс).

Желғабыз сөз. *Көпірме, лепірме, бөспе сөз. Желғабыз,* әуес емес қысыр *сөзге,* Сөйлейді ойлап қана әрбір кезде (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Бата алмай, барлай алмай енді ар жағын, Жолы емес *желғабыз сөз* және олжаның (Б.Аманшин, Маңғыстау.).

ЖЕЛДЕ= е т. *Желге қарсы жүру, самалдау.* Соның ішінде қояншa қарғып ақбоз ат бір бүйір, *желдеп* шауып бара жатты (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бір күні *желдеп* кеткен аттарды қарап, Қартқожа өзі де шаршап, байталын болдыртып келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жарықтық жылқы *желдейді,* Төс беріп дауыл өтіне (Ә.Абайділданов, Алыс.). Талай сыр толқып, *желдеді,* Елестер өткен селдеді. Құрбы, дос естіп жүгірсе, Біреуі ғана келмеді (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЕЛДЕЙ с ы н. *Жел сияқты, жел тәрізді, жүйрік.* Нұрлан ойының тізбегін, қасынан *ж е л д е й* суылдап өте шыққан велосипед мінген қара бала бөліп жіберді (З.Шашкин, Сенім). Көшелерде ағып жатқан автобустар, *Ж е л д е й* жүйрік машиналар (С.Мәуленов, Жер нәрі). Білмейді *ж е л д е й* уілдеп, Тентіреп жүріп өтерін. Найзағай болып бір рет, Ғайыпқа сүңгіп кетерін (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жүрер ең шарлап дүниені Асау бір *ж е л д е й* ат мінсең... Онсыз да – құйттай жүрегім, Не көрмей келе жатсың сен (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Аузы желдей еседі. *Алыпқашпа сөзге құмар, тым сөзуар кісі туралы айтылады.*

Желдей гуледі. *Екпіндеді, қарқындады, есті.* Енді Жамбыл сөйлейді, Ескек *ж е л д е й г у л е й д і,* – Елірме, батыр сен! – дейді (Жамбыл, Тол. жин.). Айтушы мен тыңдаушының көбі надан болғандықтан, Өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да келістіріп Жазушылары ішінде бірен-саран таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі, мағына жоқ, маңыз жоқ, *ж е л д е й г у л е п,* құлаққа дыбысы тиіп, өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі, Абайдың өлең жайынан жазған сөзінде көрсетілген (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Желдей екпінді. с т и л ь. *Екпіні күшті.* Судай сұлу, *ж е л д е й е к п і н д і,* жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір (М.Жұмабаев, Шығ.).

Желдей есті. а) *Қатты қарқындады.* Күшті жанның астындағы аты да аса белді жылқы екен – алдыңғы аяқты шеңгелдей тастап, жалды мойнын ілгері соза түсіп, бөкен желіспен *ж е л д е й е с і п* бара жатты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қытайдан қоңырау қағып бұлар көшті, Аттары астындағы *ж е л д е й е с т і* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Асып-тасып, шарасына сыймай шалқыды.* Қойды қоралдым. Мардан бала болса да, малдың жайын жақсы біледі. Әбіш те жаман емес, аздаған құлығы бар, онысы жымдаспайды. Жас қой, жас, кейде судай тасып, кейде *ж е л д е й е с і п* кететін де кездері болады (Д.Еркінбеков, Шығ.). Назар көңілсіз. Мылжың шалдың әңгімесін ұнатпай, кіржің етіп: «Ал, жаңағы Асан, Бану туралы білетініңді айтшы!» – деуі мұң екен, қалтылдақ шал *ж е л д е й е с і п* жүре берді (Т.Ахтанов, Шығ.). «Аты-тонын олжалап, Аман қайтса жарар» – деп, Өзінше *ж е л д е й е с і п т і.* Бетіне жан қаратпай, Көңілі әбден өсіпті (Қамбар батыр). Адыра қалсын! Не қылған-ау! Кеше емес пе еді осы. Сері жігіт келгенде *ж е л д е й е с і п,* аяғыаяғына тимей кеткені қайда? (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). б) *Есіп сөйледі, лепірді.* Науан *ж е л д е й е с і п,* мақтана сөйлеп отыр (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Бәрі ақылды, бәрі есті, Бәрі *ж е л д е й е с е д і* (Абай, Тол. жин.). Көргендер мәз-мейрам боп гуілдесті, Мақтанып кейбіреуі *ж е л д е й е с т і,* Аңшылық қызығымен дала кезіп, Талай құз, талай таулы жонға көшті (О.Шипин, Дастан.). Ноғай қырға барады, Есет сатып алады Қыранды көріп бір күні. Міне, бүгін сол Есет, Соққан *ж е л д е й* ол *е с е д,* Алдырып қызыл түлкіні (М.Дулатов, Шығ.). Патша Құдай Дотанға берген несіп, Ағалары сөйлейді *ж е л д е й е с і п* (Батырлар жыры). в) *Дауысы қатты естілді.* Дауысың дабыл қағып *ж е л д е й е с т і,* Көркем сөз көкіректің кілтін шешті (Айтыс). Әуелетіп ән салса әнші Әсет, Аққуменен аспанда жер тілдесед. Еркем, сені-ай сағындым! Дауылдатып тұнықтан шыққан даусы, Жүрегінен күңіреніп *ж е л д е й е с е д.* Сағынбасқа не шара? (Ә.Найманбаев, Шығ.). г) *Мақтанды.* Әй, Әсет, күпілдейсің *ж е л д е й е с і п,* Сөйлеген жақсы еді ғой сөзді тосып (Айтыс). Жыр оқып, тыңдатқалы күйді Абайға, Құладық *ж е л д е й е с і п* Жидебайға. Қарсы алды ақ отаулар жұмыртқадай, Оранған айналасы шиге майда (С.Мәуленов, Алыс кет.). ғ) *Халық арасына кеңінен таралды.* «Прием» жайында зар, аңыз, өлеңдер кең далада *ж е л д е й е с і п* жатты (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Ханбибі сұлу деседі, Дабысың *ж е л д е й е с е д і* (Батырлар жыры).

Желдей желді. *Зымырады, зулады.* Күнікейді мінгізіп тел Қоңырға, Батырлар елге қарай *ж е л д е й ж е л д і* (Батырлар жыры).

Желдей жүйрік. *Ұшқыр (ат).* Астында *ж е л д е й ж ү й р і к* ат, Жанында өзіндей кілең батыр жігіт (І.Есенберлин, Шығ.).

Желдей жүйткіді. *Заулады, зулады, зымырады.* Түнгі жүріске әбден төселіп алған астындағы аты *ж е л д е й ж ү й т к і п* келеді (А.Жұмаділдин, Сең.). Барар жеріңе, ақ сапарыңа *ж е л д е й ж ү й т к і п* тез жетсін деп, сыйлайды ел (М.Жұмағұлов, Қыран.). Желе жортып бүлкілдеп, *ж ү й т к і п ж е л д е й* екпіндер (Ғ.Орманов, Өлеңд.).

Желдей зулады. *Желдей есті, зымырады.* Содан бері жыл талай *Ж е л д е й з у л а п* өтіпті (С.Омаров, Сәукен). Қайсыбірін айтайын, Шапса *ж е л д е й з у л а т қ а н,* Шудың бойын шулатқан, Меруерт жолдас Ақсұр бар (І.Жансүгіров, Поэм.). *Ж е л д е й з у л а п* келеді, Көзін қадап жыраққа (Батырлар жыры). *Ж е л д е й з у л а п* бір күні Өте шығар бұл дәурен, Көзіңді ашып-жұмғанша Бір кеткенсін басыңнан, Екі айналып келмейді (Қаз. ақын. шығ.).

Көңілі желдей есті. *Шаттанып, масаттанды, масайрады.* Күнтуардың *к ө ң і л і ж е л д е й е с і п,* серпіле сөйлеп кетті (С.Омаров, Әңгім.).

ЖЕЛДЕН[1]= е т. **1.** *Жел тұру, жел соғу,* Күн азырақ *ж е л д е н і п,* үшқындап қар жауды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Көк жүзі қарауытып, бұлттанып, *Ж е л д е н і п* тұр екен (Ж.Молдағалиев, Торғай.). **2.** а у ы с. *Желігу, желпіну, қоқилану.* Ол оның үстіне кейінгі кезде тым *ж е л д е н і п* жүр. Мұның өзі, әсіресе, Гүлсімге кездесіп, көңілдестік жағдайы басталғалы пайда болып еді (С.Алдабергенов, Асу). Жеті жасар күніңде, Түске алданып, неге *ж е л д е н д і ң?* Түске алданба, шырағым, Сені көрмей тұрғанда, Мазасыз еді құлағым (Батырлар жыры). Болған соң ақ патшаның әділ жолы дер еді: жөнге келді, *ж е л д е н б е л і к* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖЕЛДЕН[2]= е т. *Суық тиіп ауыру; желі көтерілу.* Баламыз *ж е л д е н і п* қалыпты (Ауызекі).

ЖЕЛДЕНДІР= е т. **1.** *Салқындату, ауаны тазарту.* Ашқан форточкадан аңқыған сквозняк контордың ішін *ж е л д е н д і р і п* жіберді (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). **2.** *Ішті кептіру.* Ал жүзім суы мен сүт тез ашып, ішті *ж е л д е н д і р і п* жібереді, бұларды ішуге болмайды (Б.Омарұлы, Жүрек.). **3.** *Терін басқызу, суыту.* Мен қаратер болған бестіні кішкене *ж е л д е н д і р і п* аяңдатып келе жаттым (С.Сейтхазин, Хадиша).

ЖЕЛДЕНДІРУ *Желдендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ішті *ж е л д е н д і р у.*

ЖЕЛДЕНТ= е т. **1.** *Жел тигізу, самал соқтыру.* ≈ Бөлмені *ж е л д е н т т і.* **2.** а у ы с. *Желпіндірту, көңілін көтеру.* Ер көңілін *ж е л д е н т і п,* Ақ сүйектің баласын Қара ұлына теңгеріп, Қоңыраулы найза өңгердім (Махамбет, Өлең д.).

ЖЕЛДЕНТУ *Желдент етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көңілді *ж е л д е н т у.*

ЖЕЛДЕНУ *Желден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Іш кебу.* Соқырішектің қасындағы мүшелерге жақын немесе алыс тұруы ішектің *желденуіне* байланысты (А.Дайыров, Хирург.). **2.** а у ы с. *Желігу, желпіну.* Көнтекбайдың бұрқырап *ж е л д е н у і,* Тегін емес біреудің жел беруі, Көмейіне бір түйір нан тастасаң, Оның тіпті оп-оңай жонделуі (А.Тоқмағанбетов, Көгілдір.).

ЖЕЛДЕСІН с ы н. *Аздап жел соғып тұрған, желді.* Күн салқын, *ж е л д е с і н* болғанмен де шағырмақ еді (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). Күн бұлыңғыр. Ара-тұра жаңбыр бүркіп өтеді, *ж е л д е с і н* («Қаз. әдеб.»). Ағайынды екеуміз жолға шықтық. Күн *ж е л д е с і н* (Ж.Молдағалиев, Айналайын атыңнан).

ЖЕЛДЕТ= е т. **1.** *Жел тұру, жел соғу.* Шыдайық теңіз кенет *ж е л д е т к е н д е,* Құлайық тәтті толқын тербеткенде. Жаутаңдап жалынышты күй кешейін Жүзіңе қарай алмай жөндеп мен де (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Ел елдетер, елдетер, Ашылған тұман *ж е л д е т е р,* Жақсылардың алдында Біразырақ сөйлесем, Онан да менің нем кетер (Шал ақын, Өлең д.). Биенің бір сауымындай ғана уақыт ауа райы бұзылып *ж е л д е т і п* кетті («Қаз. әдеб.»). Күн райы бүгін бұзылыңқы, күн болғанын білдіргісі келгендей *ж е л д е т і п,* қабақ түйіп тұр (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). **2.** *Желге қақтыру, желге ұстау.* Тұқым формалинмен өңделсе, оны *ж е л д е т і п* алу қажет (Н.Шоқанов, Микроорганизм.). **3.** *Самал соқтыру, жел тигізу.* Ұйықтар алдында үйдің ішін *ж е л д е т і п* алу керек (Р.Сәтбаев, Гипертония.). Айсұлу үйдің көрпе-жастығын күннің шағырмағына жайып, *ж е л д е т і п* алғысы келді де далаға шығарды (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). **4.** а у ы с. *Қарқындату, екпіндету.* Ақтарып ақ жүректен сырыңды, аға! Жебелей, *ж е л д е т е* сал жырыңды, аға! (Ж.Сыздықов, Белес.). Ертерек сонда жетейік, Жеделдет! *Ж е л д е т!* (І.Жансүгіров, Шығ.). Сүмірейте, қылмита соқты, *ж е л д е т е,* құтырта соқты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕЛДЕТКІШ з а т. **1.** *Бөлменің ауасын жаңартып тұру үшін жасалған терезенің ашпалы-жаппалы көзі.* Терезе *ж е л д е т к і ш і н е н* соққан салқын леп бойды сергітіп жібергендей (К.Тоқаев, Тасқын). Төргі терезенің ашық *ж е л д е т к і ш і н е н* үрлеген самал ғана, шілтер пердені жай ғана желпиді (С.Сарғасқаев, Тәмпішқара). Күн ыси бастаса да, сырт көзден оңаша болу үшін пәуескенің қаптама былғарысын ашпай келеді, тек төбесіндегі *ж е л д е т к і ш т і* ғана көтеріп қойған (Ө.Қанахин, Жас дәурен). **2.** т е х. *Ыстық кезде бөлмедегі ауаны салқындататын арнаулы құрылғы.* Екі әйнектің арасында жоғарыда *ж е л д е т к і ш* шырылдап ән сап тұр. Ұлтарақ тиірмен бе деп ойлады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Анау бұрыштағы сейф үстінен дамылсыз гуілдеген *ж е л д е т к і ш* қана жан арашалап тұрғандай (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.). *Ж е л д е т к і ш т і ң* үстелге қоятын, қабырғаға, төбеге ілетін, сондай-ақ автомобильдерге, терезеге орналастыруға арналған түрлері болады (Шаңырақ). **3.** т е х. <лат. ventilatio> *Өндірісорындарын желдетуде, аэроқоспаларды құбырмен тасымалдауда т.б. ауаны немесе басқа газдарды қозғалысқа түсіріп, орнын ауыстыру үшін олардың артық қысымын (әдетте 0,15 Мпаға дейін) тудыратын қондырғы. Ж е л д е т к і ш т е р,* негізінен, қозғалтқышпен белдікті беріліс арқылы немесе тікелей серіппелі муфта көмегімен әрекетке келтіреді (ҚҰЭ). Кішігірім *ж е л д е т к і ш т е р д і ң* қалақшалы дөңгелегі тікелей қозғалтқыштың білігіне бекітіледі,

ал ірі *ж е л д е к і ш т е р* сору жылдамдығын реттегіш және діріл бәсеңдеткіш құрылғылармен жабдықталады (ҚҰЭ).

ЖЕЛДЕТУ[1] з а т. т е х. *Ауа алмасуын қамтамасыз ететін техникалық құрылғылар жүйесі. Ж е л д е т у* жалпы алмасымды, еріксіз, жергілікті және т.б. болып бөлінеді (Қаз. тілі термин.). Сырттан сорылып алынатын ауаны шаң-тозаңнан тазарту үшін *ж е л д е т у* жүйелеріне ауа сүзгілер орнатылады, ал тысқа шығарылатын ауа шаң тұтқыштар – абсорбер және адсорберлер арқылы тазартылады (ҚҰЭ). Олардың ең бастылары – транспорт құралдары, өнеркәсіп және тұрмыс кәсіпорындарының техникалық жабдықтары, *ж е л д е т у*, газ-трубина және компрессор қондырғылары, самолет двигательдері мен іштен жанатын двигательдерді сынау станциялары, әртүрлі аэро-газ динамикалық қондырғылар (Т.Қалыбеков, Экология.).

ЖЕЛДЕТУ[2] *Желдет етістігінің қимыл атауы; адамның денсаулығы мен жұмыс істеуіне қолайлы ауа ортасын жасау мақсатында бөлмедегі ауа алмасуын реттеу.* Мұрат *ж е л д е т у* үшін алдымен қластың терезелерін ашып тастады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Баланың бөлмесін сабындап жуып, *ж е л д е т у д і ң* өзі де көкжөтел микробын жояды (Е.Оразақов, Дәрігер).

Желдету оқпаны. *Жер асты кен қазбалары мен шахталарды таза ауамен қамтамасыз етуге арналып салынған құрылыс. Ж е л д е т у о қ п а н ы н ы ң* аузында желдетпе арнасымен жалғасатын ойық салынады (ҚҰЭ). Көмекші *ж е л д е т у о қ п а н ы н д а* сығылған ауа және су құбырлары, кабель жүргізіледі (ҚҰЭ). *Ж е л д е т у о қ п а н ы* кейде адамдарды, тау жыныстарын, бекіту материалдарын көтеріп-түсіруге де пайдаланылады (ҚҰЭ).

ЖЕЛДЕТІЛ= е т. *Жел соқтырылу, жел қақтырылу, ауа тазартылу.* Балаларға таза ауа қажет. Олардың көбірек болатын бөлмелері жақсы *ж е л д е т і л е д і* (Семья тәрбиесі). Қой қоралар жарық жақсы түсетін және үнемі дұрыс *ж е л д е т і л е т і н* болу керек (Шопан сырласы).

ЖЕЛДЕТІЛУ *Желдетіл етістігінің қимыл атауы.* Мектеп үйлерінде ауаның құрамын бір қалыпты ұстау үшін олардың *ж е л д е т і л у і н* қадағалап отыру керек (Адам анатом.).

ЖЕЛДЕТІҢКІРЕ= е т. *Желдете тұсу. – Ж е л д е т і ң к і р е с е* екен! – Тоғаң қуанышты пішінмен жел өтіне тұмсығын тосады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЖЕЛДЕТІҢКІРЕУ *Желдетіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тағы да *ж е л д е т і ң к і р е у.*

ЖЕЛДЕУ *Желде етістігінің қимыл атауы.* Желіп келіп *ж е л д е у м е н*, Ыңыранып аунайды. Тап осыған тең деуден, Көк құшағы аумайды (С.Баймолдин, Қызыл іңір).

ЖЕЛДИІРМЕН з а т. *Жел қуатымен жұмыс істейтін диірмен.* Тек қана құлақтары қалқиып 40 *ж е л д и і р м е н* тұрушы еді («Лен. жас»).

ЖЕЛДІ с ы н. *Желі бар.* Садуақасов көзір *ж е л д і* күнгі қайықтай су үстінде қалтылдап тұр (С.Мұқанов, Есею жыл.). *Ж е л д і* күні айдалада Көрдім ғажап жоспарды (Б.Аманшин, Өлеңд.). Көргің келсе теңізді, *Ж е л д і* күні жарға шық (Ғ.Қайырбеков, Тау.).

Желді күнгі жөңкілген қара қаңбақтай. *Шапшаң, лезде.* Бірақ өзі қару жұмсауға үлгергенше, белгілі бір қарақшының *ж е л д і к ү н г і ж ө ң к і л г е н қ а р а қ а ң б а қ т а й* тез төңкеріліп, құдықтың арғы тасасына түсіп кеткенін ғана көзі шалып қалды (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Желді күнгі теңіздей толқыды. *Шулау, басына көтеру.* Көп адамның қосыла шырқаған әні *ж е л д і к ү н г і т е ң і з д е й т о л қ ы п*, вокзал үстіне көтерілді де, кең проспектіні кермей, Алатауға қарай лықсыды (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Желді күнгі қоғадай [қамыстай] жапырылды. *Түгелдей, бірі қалмастан иілді.* Жігіттер *ж е л д і к ү н г і қ о ғ а д а й ж а п ы р ы л ы п*, кейін бұрылды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). *Ж е л д і к ү н г і қ а м ы с т а й Ж а п ы р ы л ы п* иілдің (Жамбыл, Тол. жин.).

Желді күнгі ормандай шуылдады. *Азан-қазан болды, шулады.* Келіңдер, ән салайық, дуылдайық, *О р м а н д а й ж е л д і к ү н г і ш у ы л д а й ы қ* (Т.Молдағалиев, Өлеңд.).

Желді күндей жапырылды. *Абыр-сабыр болды.* Қалың топ, қара құрық, қамыс кісі Толықсып *ж е л д і к ү н д е й ж а п ы р ы л ғ а н* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қаламы желді. *Жазуға ебі бар, жазғыш.* Кейде Сұлтан екеуміз Мәлік, Нұрсейіт, Қаби сияқты *қ а л а м д а р ы ж е л д і,* шапшаң қызметкерлерді алып қаламыз (Ж.Арыстанов, Естен кетпе.).

ЖЕЛДІК[1] з а т. *Ер, ашамай, ершіктің қапталы мен тоқымның арасына салынатын киіз тоқымша.* Кей ер бала жанға жайлы, үсті жалпақ, жатып алар жалпиып атқа салсаң, *ж е л д і к* салмай мінуге жарамайды, Тегіс тиер оқпаны, сонша талпақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жөндеп жатыр Әлиман, Сынық ердің *ж е л д і г і н* (С.Қасиманов, Өлеңд.). Кейбір сөз аласалау, көзге сынық, Көрінер, байқамасаң, мөлдір, тұнық. *Ж е л д і к* салып, сақтанбай міне көрме, Асты арам, үсті жатық, Ол бір құлық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕЛДІК[2] з а т. *Шаңырақ бауы.* Шаңыраққа екі бау байлайды, оны *ж е л д і г і* дейді (Г.Райымханова, Ата кәсіп).

ЖЕЛДІК[3] з а т. с ө й л. ***Желдеткіш***. *Ж е л д і к т і* ашты күліп ақ шешеміз: – Қайным ... – Сәлем жеңгей, – Қап десеміз (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

ЖЕЛДІК[4] с ы н. *Желдің әсерінен болған.* ≈ *Ж е л д і к* екпін.

Желдік ағыс. с у ш а р. *Желдің су бетіне әсер етуінен мұхиттағы, теңіздегі, көлдегі су қозғалысы. Ж е л д і к а ғ ы с т ы ң* дамуына үйкеліс күші, турбулентті тұтқырлық қысым градиенті және т.б. әсер етеді (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж е л д і к а ғ ы с* қалыңдығы шамамен 100 м болатын теңіздің беттік қабатын (үйкеліс қабаты) қамтиды (Қаз. тілі термин. Су.).

Желдік толқындар. с у ш а р. *Ауа ағынының әсерінен, жел қуаты есебінен пайда болатын т о л қ ы н д а р.* Қалыптасуының алғашқы сатысында *ж е л д і к т о л қ ы н д а р* шымырлау (бедер) сипатында болып, біртіндеп сипатын өзгерте отырып, жалқы толқын жалдарына айналады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж е л д і к т о л қ ы н д а р д ы ң* ұзындығы 400 м, биіктігі 25 м, таралу жылдамдығы 14-15 м/сек жетеді (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖЕЛДІКСІЗ с ы н. *Желдік салынбаған, желдігі жоқ.* Желдік аттың қыр арқасына ер батпауы үшін салынады. Әсіресе, құранды ердің оқпаны аласа болатындықтан, *ж е л д і к с і з* ерттелмейді (ҚҰЭ).

ЖЕЛДІКТЕ= е т. *Желдік салу.* Шұғаменен *ж е л д і к т е п,* Мақпалменен терліктеп, Айылды жұптан салады (Қыз Жібек). Қаратаудың қазағы, Жалғыз атты *ж е л д і к т е п* (Айтыс).

ЖЕЛДІКТЕУ *Желдікте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *ж е л д і к т е у.*

ЖЕЛДІКШЕ з а т. ж е р г. *Аттың кішірек жабуы.* Мұса, атыңның *ж е л д і к ш е с і* ауып тұр екен, соны түзеп, қайта тартып ал (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Әбен аттың *ж е л д і к ш е с і н* суықта я ыстықта жабады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛДІЛЕУ с ы н. *Аздаған жел бар.* Бүгін күн *ж е л д і л е у* ме қалай? – деп сұрады (Ауызекі).

Қаламы желділеу. *Жазғыштау, жазуға икемділеу.* Ол тек *қ а л а м ы ж е л д і л е у* жігіт болатын (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖЕЛДІЛІК з а т. **1.** *Желі болушылық, жел соғушылық.* Көкпекті *ж е л д і л і г і* болмаса, малға жайлы (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Шапшаңдық, жылдамдық, жүйріктік.* Қаракөк құнан ойнақшып бара жатыр. Үстінің жайлылығы, аяғының *ж е л д і л і г і* медеу (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖЕЛДІР= е т. **1.** *Атты жүргізу, бірқалыпты сар желіспен аяңдату.* Сарманның адырынан асатын қара жолмен бір пар атты *ж е л д і р і п* келеді (Б.Майлин, Шығ.). Қара бәйбіше көштің қыр соңынан жөнелсе де, божы ұстаған жалақ Нөкені «Айда, айданың!» астына алып, жолдағы сиыршыларды көш-жара, арбаларды соқпырта, бұзауларды бүйірден түртіп домалата, қос құласын шаптыра *ж е л д і р е* көштің алдына түспей көңілі көншімейтін (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Сөздің майын тамызу.* Шаршы топта сөйледің, Құмар ақын *ж е л д і р і п.* Тілдің өткір семсерін, Фашистерге ендіріп (Айтыс).

ЖЕЛДІРМЕ[1] з а т. ә д е б. *Белгілі бір ырғақ, мақаммен айтылатын терме-өлең. Ж е л д і р м е* – жыр, толғау, терме сияқты суырып салып айтуға негізделген, музыкалық-эпикалық дәстүр аясында пайда болған жанр (ҚҰЭ). Мақамдық – музыкалық құрылымы жағынан терме мен *ж е л д і р м е* жанрларының айырмашылығы көп емес (ҚҰЭ). Үй іші әңгімесі, қағылған домбыра, *ж е л д і р м е* термесі тыста естіліп тұрады екен (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). *Ж е л д і р м е* жыр толғау бар, Құлаққа үйір қозғауға. Егіншінің малдағы, Шаңырақ ұзарт сандағын (К.Әзірбаев, Той бастар). Терiскейдің, батыстың әні мұңды, зарлы, шерлі, *ж е л д і р м е*, көй-көй боп келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕЛДІРМЕ[2] з а т. т а м а қ. *Қазының еті мен қызыл ірімшік қосып дайындалған тағам түрі. Ж е л д і р м е* – ас түрі, қазының еті салынып, қызыл ірімшік қосып қайнатып алып, қысып біріктіріп дайындайды (Диал. эксп. матер.).

ЖЕЛДІРМЕЛЕ= е т. *Желдірте айту, желдірмеге салу.* Дәрмен өлеңді *ж е л д і р м е л е й* шұбыртып айта жөнелді (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖЕЛДІРМЕЛЕТ= е т. *Желдірмеге салғызу.* Гарифолла – термелеп, *ж е л д і р м е л е т і п* кетсе, алдына қара салмайтын жыршы (А.Жұбанов, Замана.). «Бұлақ жігіт» бір сәт серпілтіп тастардай жігерлі серпінмен *ж е л д і р м е л е т і п* жетті (С.Сматаев, Елім-ай). Толғаныс толқындары. Иә, бұндағы бірі ақырын лықсып, бірі *ж е л д і р м е л е т е* килігіп жатқан толқындардың бәрі де толғаныстан туған қозғалыс («Қаз. әдеб.»). Сөзін салмақпен нәштеп сөйлейді, бипаздап, *ж е л д і р м е л е т і п* кеткенде ешкімді ілестірмейді (Қ.Жүсіпов, Бір әйел.).

ЖЕЛДІРМЕЛЕТУ *Желдірмелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Термелетіп *ж е л д і р м е л е т у.*

ЖЕЛДІРМЕЛЕУ *Желдірмеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әнді *ж е л д і р м е л е у.*

ЖЕЛДІРМЕЛІ с ы н. *Желдірмеге құрылған.* Ертегілерге тән *ж е л д і р м е л і* өлеңмен

басталатын кіріспе мұнда да бар («Қазақст. мект.»).

ЖЕЛДІРТ= е т. *Желдіре басқызу, сар желіске салу.* Бес атты милиционер *ж е л д і р т і п,* бұларды басып озды (Б.Майлин, Шық.). Обкомның қорасынан қорапты траншпенкке жеккен, киіз қалпақты біреу *ж е л д і р т е* шыға келді (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Шанаға жекші аттарды, *Ж е л д і р т і п* біраз келейік, Сонау бір алыс жақтағы, Күндерді барып көрейік (Т.Молдағалиев, Қош, көктем). Қарагерді *ж е л д і р т і п,* Қара тер боп жетеді. Апта сайын ел-жұртын, Бір сергітіп кетеді (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЕЛДІРТПЕ з а т. с ө й л. ***Желдірме***. Домбырасын жай ғана шертіп, Омар ақын өзінің *ж е л д і р т п е с і н е* салды (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

ЖЕЛДІРТПЕЛЕ= е т. *Желдірте айту.* Беташардан үзінді *ж е л д і р т п е л е п* кейбірі: Сабыр қылып тұра тұр, Берейін саған кейін, – дер (С.Сейфуллин, Шық.).

ЖЕЛДІРТУ *Желдірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *ж е л д і р т у.*

ЖЕЛДІРУ *Желдір етістігінің қимыл атауы; атты бірқалыпты жүргізу, аяңдату.* Әлгі биені *ж е л д і р у* бір әлек еді. Мен ызаланып: – Не жүрісі, не көркі жоқ, – дейтінмін (От ортасы.).

ЖЕЛЕ [франц. gelee] з а т. т а м а қ. *Жеміс-жидектен түрлі дәмдеуіштер қосып әзірленетін салқын тәтті тағам. Ж е л е* – тәтті тағам, оны жас және жастай тоңазытқан жеміс-жидектен, олардың нәрінен, шырынынан, сондай-ай кілегей мен қаймақтан әзірлейді (Шаңырақ энцикл.). Жемістен дайындалатын *ж е л е* дәмді болуы үшін цедра, ванилин, лимон шырынын, яки лимон қышқылын қосады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖЕЛЕГЕЙ үс т. с ө й л. ***Желбегей***. Махамбет қанжарын байлап тысқа шықты. Боз шекпенін *ж е л е г е й* жамылған (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Қали *ж е л е г е й* шалғайын сілкіне ілгері жүріп кетті (С.Алдабергенов, Алға). Қайрауық долы боз күйім, Шанақты теуіп кернесін. Желкілдеп соққан жез күйім, *Ж е л е г е й* бұлттан өрлесін (Қ.Шаңғытбаев, Аққу әні).

ЖЕЛЕГЕЙ-ЖЕЛПІ үс т. *Алқам-салқам, қалай болса солай.* Бүгін де сол *ж е л е г е й - ж е л п і* қалпында, қасында Какенов бар, үйіне оралды (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖЕЛЕГЕЙЛЕ= үс т. *Желбегейлеу, түймесін ағыту.* Биқасап бәйбіше көлеңкеге бөстекті жайып жіберіп, камзолын *ж е л е г е й л е п* жүн түтіп отыр (Б.Майлин, Шық.).

ЖЕЛЕ-ЖОРТАҚТА= е т. с ө й л. ***Желе-жорт***. Жарау аттар тізгінін жұлқа тартып, *ж е л е - ж о р т а қ т а п* келеді (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖЕЛЕ-ЖОРТАҚТАТ= е т. с ө й л. **1.** *Желе-жорту.* Аттар *ж е л е - ж о р т а қ т а й* түсті (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Тұрліше құбылту.* Осы күнде сәні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, *ж е л е - ж о р т а қ т а т ы п,* құбажаңдатып кететін Ғұмар Қарашев (Ж.Аймауытов, Шық.).

ЖЕЛЕ-ЖОРТ= е т. *Сар желіспен жүру.* Мұхат түн жамылып штабқа қарай *ж е л е - ж о р т ы п* келеді (Т.Ахтанов, Боран). Қос қарагер сартылдатып, *ж е л е - ж о р т ы п* келеді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Қасар Мерген екеуі *ж е л е - ж о р т ы п* қасына жетіп барды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖЕЛЕК[1] з а т. *Жас келіншектер жаулық сыртынан салатын ақ түсті жібек мата.* Теңгеге телміретін еріншектер, түспеген *ж е л е к т е р і* келіншектер (М.Дулатов, Шық.). Той өтеді. Ел тарқайды. Ақбілек ақ отауында... ол келіншек. Басына жаулық салдыртыпты, сыртында *ж е л е г і* (Ж.Аймауытов, Шық.). Қазіргі басында *ж е л е г і* бар жас келіншек қалың қонақ ортасында, Абай қасында отыр (М.Әуезов, Абай).

Желегі желкілдеген. *Көбінесе жаңа түскен келінге қатысты айтылады. Ж е л е г і м і з ж е л к і л д е г е н* жас та емеспіз, дегенмен, өзіңмен кездесуді кәдімгідей аңсап тұрмын, – деді Бибі (Р.Әбутәліпов, Қыр әңгім.).

ЖЕЛЕК[2] з а т. ж е р г. *Жапырақты, гүлді көк шөп. Ж е л е к т і* мал сүйіп жейді екен (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі). Біздің жерге *ж е л е к* шығады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жасыл [көк] желек жамылған [оранған]. п о э т. *Жасыл жапырақпен малынған, жапырағы жайқалған.* Күндіз *ж а с ы л ж е л е к ж а м ы л ғ а н* Алматы, түнде көрсең электр нұрынан алқа таққандай болады (С.Сейітов, Жылдар.). *Ж а с ы л ж е л е к к е о р а н ғ а н* әсем Алматының биылғы келбеті тым әдемі («Лен. жас»). Терезеден *к ө к ж е л е к к е о р а н ғ а н д а й* Есілдің тоғайы көрінеді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖЕЛЕК-ЖЕЛЕК үс т. *Желп-желп етіп, түйдектене.* Біресе «Теріс қақпай» дүр-дүр етіп, Біресе «Желмая» күй *ж е л е к - ж е л е к* (І.Жансүгіров, Шық.).

ЖЕЛЕКЖОЛ з а т. <франц. boulevard> *Көшелер бойымен, теңіз жағасымен қатарластырыла ағаштар отырғызылып жасалған аллея. Ж е л е к ж о л д ы ң* қаланы көгалдандыруда маңызы зор (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖЕЛЕКСІЗ с ы н. *Желегі жоқ.* Қатты аязда *ж е л е к с і з* жұтап бәрі, Қар жамылар бұйығып бұтақтары («Қаз. әдеб.»).

ЖЕЛЕКТЕ= е т. *Желбеңдеу, желек қағу.* Түйе қомды, Жылқысы оңды, Жал-шудасы *желектеп* (Қ.Тастайбеков, Өлеңд.). Иә, Рәштай ер қыздың моласында *желектеп* өсіп тұрған мына қызыл гүлдер мүмкін Жанна сияқты сәбилер махаббаты шығар (С.Шаймерденов, Мәжнүн тал). Ұзын пальтосының етегі *желектеп*, алды-артына қарамай жөнеп барады (Е.Әлімқұлов, Перизат сезім).

ЖЕЛЕКТЕЙ с ы н. *Желек сияқты; желек тәрізді.* Жыныс, нуым *желектей*, Балғыным майса жібектей (Н.Байғанин, Ақын жырлары).

ЖЕЛЕКТЕН= е т. *Жап-жасыл болу, құлпыру.* Жаз келсе, жағаң жасыл *желектеніп*, Малта, құм еріп жатар електеніп (И.Сапарбаев, Раушан.).

ЖЕЛЕКТЕТ= е т. *Желбеңдету, желек қақтыру.* ≈ Әрлі-берлі *желектетті.*

ЖЕЛЕКТЕТУ *Желектет етістігінің қимыл атауы.* Мүмкін болса сол жерден бөлек кету, Жат жерлерде найзаны *желектету* (Ө.Нұрғалиев, Кәмелет.).

ЖЕЛЕКТЕУ *Желекте етістігінің қимыл атауы.* ≈ Етегі *желектеу.*

ЖЕЛЕКТІ с ы н. **1.** *Жап-жасыл, көкпеңбек.* Тұнық көл жатты толқындап, Көк *желекті* қырды ассам. Самал жел алып қашардай, Кеудем толы сырды ашсам (М.Айтхожина, Баян жүрек). Әні-міне дегенше жасыл *желекті* туннельдің басына шыға келесіз (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). *Желекті* қырда желбіреп өскен тұлымым, Мен сол аймақтың аруана – боздақ ұлымын. Достымды жатқа қорлатпан, Жұлынып кетпей жұлыным! (Т.Айбергенов, Мен саған.). *Желекті* жасыл көктемге Жетпеген де бар, жеткен де. Өлгендер де бар өткелде, Өлгендер бар өрттен де (С. Мәуленов, Алыс кет.). **2.** а у ы с. *Келін боп жаңа түскен мағынасында.* Таутан – бәйбішеден, Зүбайра – *желекті* тоқалдан туады (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы). *Желекті* келін тағы бар. Көйлексіз етке күн тиген, Бейнеттен көзі кіртиген, Шеккені шер мен ыза, зар (М.Жұмабаев, Шығ.).

Желекті адам жеңілтек. *Пысық, ыңғайлы деген мағынада.* Үй шаруасын сен құра, *желекті адам жеңілтек.* Түз шаруасын сен құра, малыңды бақ, егін сеп. Осылай бетіңді ашайын желегіңнен жетелеп, жөн осы деп төтелеп, ілгергі елге қосайын (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕЛЕКТІЛІК з а т. *Жап-жасыл болушылық.* Қаланың ең бір ерекше таңданарлық жағы – жасыл *желектілігі*, әрі гүлмен көмкерілуінде («Лен. жас»).

ЖЕЛЕКШЕ[1] з а т. ж е р г. *Кіші, жуқа жабу.* Аттың *желекшесін* жақсы жасайды екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛЕКШЕ[2] үс т. *Желек секілді, желекке ұқсас.* Күз екенсің ерекше, Күлімдеген қабағың. Сары жібек *желекше,* Желпіп өтті самалың (Қ.Баянбаев, Ақ шағала).

ЖЕЛЕКШІ з а т. *Көгалдандырушы, желектендіруші.* Жасыл *желекшілер* қысқы мерзімде сабақтарды жүзім түрлерінің биологиялық ерекшеліктерімен терең танысады («Білім және еңбек»).

ЖЕЛЕМІК з а т. *Сәл-пәл соққан жел.* Ағаш басы сарнап, аздап *желемік* тұра бастады (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.). Дала жақта жай *желемік* болғанымен, теңіз үсті аласапыран (С.Нарымбетов, Тентек). Далада суық *желемік* бар («Соц. Қаз.»). Мынадай *желемікте* арқар арғы бетте болады (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖЕЛЕМІКТЕУ с ы н. *Сәл-пәл желділеу.* Күн *желеміктеу* екен, тірсегі қалтырап, тұла бойы бірден тоңазып сала берді (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

ЖЕЛЕМІКТІ с ы н. *Желді, жел соққан.* Мұндайда оларды жемісімен түгел қапшыққа салып, *желемікті* бөлмеде кептіріп, тұқымы түгел ашылған кезде тазалап ажыратып алады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

ЖЕЛЕҢ[1] з а т. *Кең, жуқа шапан.* Бір ұзын *желеңі* бар, соны сүйрете киіп, молдекем алдыма түсіп алып үйге келеді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Содан кейін өз күйеуінен бөтен адам бұдан былай көрмесін деп, қатындардың кексесі орнынан тұрып, Бикенің басына *желең* жапты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бүгін ол үстіне салтанат кезіндегідей екі өңірі мен етек-жеңіне қырғауыл бейнесі зерленген, көлкілдеген қызыл сары жібек *желең* киіп, басына қызыл жақұт тасы бар алтын зерлі, шошақ төбелі, айыр қалпақ қондырып алған екен (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖЕЛЕҢ[2] з а т. с ө й л. ***Жел***. Көз алдымнан атылды Әсем жол алабы жасыл берен. Жүгері бақ ақ шудасын Шумақтайды самал *желең* (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

ЖЕЛЕҢ[3] үс т. *Жеңіл-желпі; желбегей.* Апрель айында жасөспірім балалар үнемі *желең* көйлекпен жүрді (Т.Әбдіков, Күзгі.). Қазір сауыт-саймандарын шешіп, *желең* отыр (О.Сәрсенбаев, Сағым). – Сенің бұл барысың жылдағы *желең* барыс болмас (С. Бегалин, Уақыт.).

ЖЕЛЕҢДЕ= е т. *Желбеңдеу, желп-желп ету.* Боз мұнар дала қызғалдақты қырдай *желеңдеп* шыға келді (Ә.Сараев, Бозқырау). Ақбоз ат қарар елеңдеп, Үйіңнен шығып көлеңдеп, Асығып келсең мөлдіреп, Бүркенген шапан *желеңдеп* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Көшірде біреу отыр әлемдеген, Құл екен піштірілген Кеген деген. Байғұсқа көшірлік те зор дәреже, Алтын шоқ тебетейде *желеңдеген* (Аманкелді).

ЖЕЛЕҢДЕТ[1]= е т. *Желең-желең еткізу, желбіретy.* Желектей жалауларын *желеңдетті,* Мастанып жеңістерін өлеңдетті (Қ.Райбаев, Жаңа толғау).

ЖЕЛЕҢДЕТ[2]= е т. *Желдету, жел тұрғызу.* Күн *желеңдетіп* тұр, Аяқ асты батыс жақты қою қара бұлт басты (Қ.Қазыбаев, Ызғар).

ЖЕЛЕҢДЕТУ *Желеңдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қызғалдақты *желеңдету.*

ЖЕЛЕҢДЕУ[1] с ы н. *Жеңілдеу, жұқалау.* Сол күндері *желеңдеу* жүрем деп суық тигізіп алды Далабай (С.Алдабергенов, Асу.). Әлден соң есіне түсіп *желеңдеу* үйден шықты (З.Камалиденов, Фермаға кел). *Желеңдеу* шықты тоңады-ау, Қарны ашып қалады-ау (М.Әлімбаев, Көңіл күйі).

ЖЕЛЕҢДЕУ[2] с ы н. *Аздаған желі бар.* Шығыс жақ бозарып келеді екен, күн *желеңдеу* (Б.Шаханов, Ғашық.).

ЖЕЛЕҢДЕУ[3] *Желеңде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шапанының *желеңдеуі.*

ЖЕЛЕҢ-ЖЕЛЕҢ е л і к. *Желеңдеген, желпілдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Желең-желең етті. *Желбеңдеді, желп-желп етті.* Көнетоз шапанының етегі *желең-желең етеді* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖЕЛЕП-ЖЕБЕ= е т. д і н и. *Қорғау, демеу, қамқорына алу.* Тек Күнай... Күнай, сенің орның бөлек, Кімің бар сені жүрер *желеп-жебеп* (Ә.Әленов, Әлімқара). Түнде көрген түсі де *желеп-жебеп* жүрген ата-бабаның әдейі аян бергені шығар (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Бұдан қорқып... аруақты жер ғой, Қошқарбай батырдың аруағы *желеп-жебер* (А.Нұрманов, Құлан.).

ЖЕЛЕП-ЖЕБЕУ *Желеп-жебе етістігінің қимыл атауы.* Сол тілегі үшін күніне мың мәртебе тәуба жасап, періштелердің *желеп-жебеуіне* тапсырып жүрген жоқ па (Д.Досжанов, Табалдырығын.).

ЖЕЛЕП-ЖЕБЕУШІ з а т. *Қорғаушы, қолдаушы.* Есеновті *желеп-жебеуші* Естемісовтың күткені де осы еді (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

ЖЕЛЕТ [франц. gilet] з а т. *Ерлердің костюм ішінен киетін жуқа жеңсіз киімі; жилет.* Әкесі кенет *желетінің* қалтасынан үлкен күміс сағатты алып, қызының алдына тоқтай қалды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Ол *желетінің* қалтасынан әлі күнге шейін сақтаулы жүрген Бектемірдің хатын алды (Д.Исабеков, Қара шаңырақ).

ЖЕЛЕТКЕ з а т. *Астарлап, сырып тігілетін жеңсіз киім, кеудеше.* Зағи кітапшаны қоңыр барқыт *желеткесінің* ішкі қалтасына салды (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). *Желетке* – денеге жабыстырыла тігілген жеңсіз киім (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Таза аппақ көйлектің сыртынан қара *желетке* киген жас жігіттің ұзын бұйра шашы бар (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЕЛЕТКЕЛІ с ы н. *Желетке киген, желеткесі бар.* Жолдағы жігіт ақ көйлекті, қара *желеткелі* болу керек (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЕЛЕУ з а т. *Сылтау, дәлел, себеп.* Осыларды ойлағаннан кейін Қалампыр «оқитын сабағым бар» деген *желеумен* қонаққа барудан біржола бас тартты (М.Гумеров, Сүйе ме?). Осының бәрін іштей түйген Қадиша «бір жөні болар» – деген *желеумен* бітеу жараланып жүре берді (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). Кеңес өкіметі «революция жеңісін қорғау» *желеуімен* жер-жерде Қызыл Армия бөлімшелерін құруды қолға алды («Жетісу»). Ала көйлек, аққөңіл, Алақан – ашық, кең – пейіл. Ағайын мен абысынға, Көрсетпеген бір зейіл. Насиқаға теңеу жоқ, Бұл сөзімде *желеу* жоқ (К.Әзірбаев, Таңд. шығ).

Желеу [көңіліне, жанына желеу] болды. а) *Сылтау, дәлел болды.* Біздің келгеніміз *желеу боп* той қайта қызды (С.Бердіқұлов, Егеулі найза.). ә) *Сүйеу болды, демеу болды, таяныш болды.* Осы халдың қазір еске түскені Арын *көңіліне желеу болды* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Мынау кемпір екеуміз жалғыз баланың *жанына желеу болып,* ызғырық қыста да қол ұшын беріп, қабатынан қалмаймыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Желеу етті [қылды]. *Сылтауратты, себеп қылды.* Ол мынау қызыл қырман кезінде бос сылтауды *желеу еткені* ұяттың ұяты емес пе? (Р.Тоқтаров, Қыран). Соңғы барғанында Бижамал екеуі жаңа жайылымды іздеуді *желеу етіп,* салт атпен оңаша шықты (Б.Тоғысбаев, Ақиық). Мүмкін менің бұл сөзімді өзінің оқуды тастап кеткеніне *желеу қылғысы* келді ме кім білсін (С.Мәуленов, Үркер.).

Желеу [көңіліне желеу] көрді. *Демеу көрді, сүйеу етті.* Аталарының батырлығы мен байлығын *желеу көріп,* көп дүниеден кеш қалып қойғанына өкінеді (М.Дүзенов, Ант). Соны да *көңіліне желеу көріп,* жайраңдаған қалпы қарсы жүрген (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

ЖЕЛЕУКЕ з а т. с ө й л. ***Желек***. Қазақтың жас әйелдері *желеуке* киетін (ҚазССР тарихы).

ЖЕЛЕУЛЕ= е т. *Желеу ету, сылтаурату.* Шиыршық атар ой шіркін, Көңілдің күйін *желеулеп.* Жел жүрісті тұлпардай Тізгінін созған елеуреп (С.Сейітов, Жаңғырық). Бұл да соны *желеулеп* осы кемпірдің тамырына су жүгіртті (Т.Тілеуханов, Өмір.).

ЖЕЛЕУЛЕТ= е т. *Желеу ету, сылтауратy.* Әркім әрнені *ж е л е у л е т і п,* сылтауратып, көнер сыңай танытпады (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Со күні қызулығын *ж е л е у л е т і п* бұл үйде қонатын ыңғайын білдірді (Т.Тілеуханов, Өмір арнауы). Үйрек-қазды айдап келем деп *ж е л е у л е т і п* өзен жағасына кетіп қалады (Ә.Тарази, Асу.).

ЖЕЛЕУЛЕТУ *Желеулет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жоқтан өзгені *ж е л е у л е т у.*

ЖЕЛЕУЛЕУ *Желеуле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түрліше *ж е л е у л е у.*

ЖЕЛЕУЛІ с ы н. *Желеуі бар.* Ауыр күн, айқас жылдарда, Алуды білмей бір тыным. Көнбеуші ед түн жұмғанша, *Ж е л е у л і* жез кірпігің (Д.Әбілев, Ой толқын).

ЖЕЛЕУРЕТ= е т. с ө й л. ***Желеулет***. Ахметбек әлденені *ж е л е у р е т і п* оны да жұмыстан босатты (Б.Тілегенов, Көктем). Әлденемені *ж е л е у р е т і п*, тегі, жұмыс істемейсің ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛЕУРЕТУ *Желеурет етістігінің қимыл атауы; сылтауратy, сылтау ету.* ≈ Әрнені *ж е л е у р е т у.*

ЖЕЛЕУСІЗ с ы н. *Желеуі жоқ, сылтаусыз.* Бәрі де *ж е л е у с і з,* адал ниет, адал қарымқатынас (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ЖЕЛЕУШІ з а т. *Жебеуші, демеуші.* Жебеушім – *ж е л е у ш і м* бол! (С.Сматаев, Елім-ай).

ЖЕЛЕУШІДЕЙ с ы н. *Желеуші сияқты, желеуші тәрізді. Ж е л е у ш і д е й* желпіген етегімен, Сені талмай жырларға жетеді дем (Д.Қанатбаев, Ағын су.).

ЖЕЛЕУШ з а т. с ө й л. ***Жалау***. Жабылған кең *ж е л е у і ш* сықылданып, Сол алапта бәрі де жауқазын гүлдей Он бес мың отау-шатыр құрылған (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖЕЛЕ-ШОҚЫТ= е т. *Атты желдіру, шоқытпа жүріске салу.* Жол ылдиға қарай құлар болса, аттарының божысын тежей тартып, өрге қарай қос күреңді *ж е л е-ш о қ ы т а* айдай жөнеледі (І.Есенберлин, Қатерлі өткел).

ЖЕЛЖЕМІРУ з а т. *Жер бетіне шығып жатқан таужыныстардың желдің әсерінен жемірілуі. Ж е л ж е м і р у* – шөлді аймақтарда жиі болатын процесс (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛІК е л і қ. *Желп еткен жеңіл, қысқа қимылды бейнелейтін сөз.*

Желк етті. *Желп етті.*

ЖЕЛКЕ з а т. **1.** <лат. nucha> *Бас сүйектің қарақұстан, шүйдеден төменгі жері.* Содан соң екі қолын *ж е л к е с і н е* қойып, ала бұлт көшкен көгілдір аспанға қарап қимылсыз ұзақ жататын (М.Мағауин, Ақша қар). – Мені ілгері жібер, болмаса сенің *ж е л к е ң е* қанжар қадағым келіп келе жатыр! (М.Жұмабаев, Шығ.). Дәл осылай алыпты туғызамыз, Туғызып ап, *ж е л к е с і н* қиғызамыз. Бір талантқа жүз итті салып қойып, Талатамыз, жұлдызын жұлғызамыз (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бір нәрсе көтеретін адамдай-ақ Созылған екі жаққа екі қолы. Бір сүйем ұрындығы тіке шыққан, Тұсында нақ жүректің жалғыз қылы. *Ж е л к е д е н* жауырынға тіке түскен Құлындай жаңа туған жалдың түрі (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Мойын етте болатын талшықты сіңір.* Майжанның ет асатқанындай осының ішінде *ж е л к е* де бар ма деп қалдым (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жиен ел болмас, *ж е л к е* ас болмас (Мақал). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің сырт жағы.* Танабай ауылының *ж е л к е с і н д е* шоғырланған топ адам көрінді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ол аңдардың суатқа түсетін жалғыз аяқ қабырға жолымен кенерлеп, Күргейтастың *ж е л к е с і н е* шықты (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Ауыл *ж е л к е с і н д е г і* төбе басында отырғандар даурыға сөйлейді (Ө.Көшімов, Екі бүркіт). **4.** а у ы с. п о э т. *Міндет.* Сен ақынсың өніп шыққан өртеңге Қандай өріс ұсынасың ертеңге? Қандай жеміс ұсынасың ертеңге? Ойлан, ойлан... Әділеттің қылышы Енді сенің *ж е л к е ң д е*, Енді сенің *ж е л к е ң д е*! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жегені желкесінен шықты. *Алғаны бұйырмады.* Кетік шал екеуміздің *ж е г е н і м і з ж е л к е м і з д е н ш ы қ т ы,* – деді Кәрім (С.Адамбеков, Атылған.). Мен төремін. Білмедім қатер төнерін, Болмады дегенім, *ж е л к е м н е н ш ы қ т ы ж е г е н і м* (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Жегені желке, ішкені ірің болды. *Көргені қорлық, өмірі өксіген деген мағынада. Ж е г е н і м ж е л к е, і ш к е н і м і р і ң.* Басқаным жер емес, дарияның суындай (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Жегенің желкеңнен шықсын! қ а р ғ. *Алғаның бұйырмасын, сіңбесін!* Келіңжан-ау, *ж е г е н і м ж е л к е м н е н ш ы қ с ы н!* Шоқбикенің өзі мені қорқытып, қолындағыны қағып жүр (С.Адамбеков, Көсе.).

Желкеден түйіп қалғандай бұқты. *Бүгіжіктеді, бүктетілді.* Оны естіген екі-үш қыз біреу *ж е л к е л е р і н е н т ү й і п қ а л ғ а н д а й*, тілдерін салаң еткізіп, төмен *б ұ қ т ы* (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Желке жүндері дүрдиді. *Қоқаңдады, қоқиланды.* Ашық, өктем дауысқа жалт қарасқан екеуі *ж е л к е ж ү н д е р і д ү р д и г е н* балапан әтештерше айрылысып кетті (С.Жүнісов, Жапанда.).

Желке жүндері үрпиісті. *Дүрдараз болды, араздасты.* Өмірі кісіден беті қайтып, қайбартып көрген емес; сонысына бағып ол көптен бері

Қаратазбен де түс шайысып, *желке жүндері үрпиісіп* жүрген-ді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Желке жүнін үрпитті. *Сырт көзге қыр көрсетті, дөң айбат көрсетті.* Тек білмегенсіп, бар айбатыңды бетіңе жиып, *желке жүніңді үрпитіп* жүрдің (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Желкемнің шұқырын көрмейін. *Өз сөзіне сендіру үшін әзіл ретінде айтылатын қарғану.* Қойдым, ағатай ендігәрі саңқиған мұрныңызды, шиқылдаған арбаңызды ауызға алсам, *желкемнің шұқырын көрмеймін* (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Желкені тесу. *Емдеу тәсілі.* Асқынған жауыр түрін емдеудің ең тиімді, кең таралған жолы деп атауға тұрарлық дауалау жолы – «*желкені тесу*» немесе «кежегені қайнату» (Б.Хиянатұлы, Қазақ. мал дәрігер.).

Желкең қиылғыр. қ а р ғ. *Өлім келгір, жұлының үзілгір.* Ой, *желкең қиылғыр*, тамыр-таныстық-ай, сопаң етқізіп суырасың да шығарсың-ау (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

Желкеңнің шұңқырын көрмегір! қ а р ғ. *Зілсіз қарғыс.* Бір қос ноқаттың маған қарай салып келе жатқанын көріп қалдым. Сөйтсем *желкесінің шұңқырын көрмегір* баяғы Аңыратбай екен («Лен. жас»).

Желке су. ж е р г. *Бас арықтағы су; бірінші суарым. Желке су* аса мол екен, арыққа сыймай жатыр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Егін *желке су* ішкеннен кейін буазданып, басы желкілдей бастайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Желкесі қиылды. *Өлді, қырғынға ұшырады, көзі жойылды.* Хасан көлі маңында, Халкин көлдің үстінде, Бұрынғы Польша жерінде Жау *желкесі қиылды* (Н.Байғанин, Шығ. жин.).

Желкесіне мінді [желкесінен түспеді]. *Мойнына мініп алды; біреудің еңбегін сорды; үстемдік етті. Желкемізге мініп* мықтап, Жүргеміз біз жылап-сықтап (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол осы төңкеріс заманында қазақ халқының *желкесіне мінген* хандықты қайта орнатудың әрекеті (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қазақ-орыстың еңбекші халқын бірлікке шақырып, «біздің Алашорда», сіздердің Дутов, Каледин тәрізді атаман, жандарал, офицерлеріңіз, – еңбекші халықтың *желкесінен түспейін* деп жүрген арамтамақтар дедік (С.Сейфуллин, Шығ.).

Желкесінен алды. *Ту сыртынан ұстады.* Фрося ыңғайыма келіп қалды ма, қуып жетіп, *желкесінен алдым* (Х.Рахимов, Қызғалдақ). Сегізде бала болып ойнап едім, Тоғызда тайлы суға бойлап едім, Он бес пен он алтының арасында, *Желкемнен аларын* да ойлап едім (Шал ақын, Өлеңд.).

Желкесінен бір түйді. *Нұқып, қуып шықты.* Ол өзімді *желкемнен бір түйіп,* көшеге шығарып жіберді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Желкесін көрсетті. *Сырт айналды, қарамай кетті.* Әбішев ақшасын сұрай келгенде, «стажында шатақ бар» деп *желкесін көрсетіпті* (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Желкесін қасыды. *Жолын таба алмай абыржыды, қысылды, састы.* – Бір жағдайдың қинап тұрғаны, – деп Аманғалиев *желкесін қасыды* (Т.Ахтанов, Боран). Бас шайқағанмен, *желке қасығанмен* іс біте ме, Жақан мен Ақан атқа қонды (М.Тиесов, Алтын шынар). Ойлаған жерден шыға бермейді, – деді Байсал кінәлі адамдай *желкесін қасып* (М.Иманжанов, Адам.).

Желкесін қиды [үзді]. а) *Өлтірді, қырғынға ұшыратты, құртты.* Бір уақытта бүркіттің *желкесін қиды* бидайық, жерге түсті денесі, Аяқ басы қылжайып (Қамбар батыр). ә) *Жоқ етті, құртты.* Әттең, қолға түспей кетті... *Желкесін үзетін!* – деп, өкіне, зығырданы қайнап сөйлей кірді олар (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). б) *Дегеніне жеткізбеді, үмітін кесті.* Ет жүрек өртенді, От боп жанып, жалын шашып ішіме. Иттей қормын, зармын, Сен *үздің* ғой бұл *желкемді* (Абай, Тол. жин.).

Желкесі пышақ жаныңандай. *Тықыр. Желкесі пышақ жаныңандай*, жалы қай жерде! (Ғ.Мұстафин, Таңд. шығ.).

Желкесі тартты. *Басы ауырды, мазасы кетті.* Арыз көп бұл күнде, Ауруың бар тағы: Шекең бір зіркілдеп, *Желкең* де *тартады* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Желкесі үзілді. *Құрыды, жоқ болды, өлді.* Кетті ғой болмай саған бойдақ күнім, Қалмадың қатарынан қайраттығың. Жетемін деп жүргенде бірнәрсеге, *Желкеңнің үзілерін* ойлапты кім (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Желке таз. *Желке шашы түскен (жоқ).* Жылқы фермасының бастығы – *Желке таз*... алтыншыны айтпай-ақ қояйын («Лен. жас»).

Желке тарақ. *Шашты желкеге қайырып, бастырып қоятын тарақ.* Жолай басым қышыған соң *желке тарағыммен* тарайын деп шашымды сипап едім, жоқ (А.Жұмаділдин, Сең.). Мария Ивановна бурыл шашын құлағының үстіңгі жағына қыстырып, *желке тарағын* нығарлап басып қойды (С.Омаров, Дала қызы).

Желке тұс [жақ]. *Сыртқы бет, артқы жақ.* Мен жылда ағаш соқамен жыртып, егін салатын қара айдаудың дәл *желке тұсына* кеп түнеппін («Лен. жас»). Төкен де менің *жел-*

к е ж а ғ ы м н а н төніп кеп, мойнын ілгері соза түсті (А.Шамкенов, Толқын).

Желке шаш. *Қара құстан төменгі шыққан шаш.* – Мурашка, мынау екеуі қандай артта қалған! – деді ала көйлекті қара қыз қолға әрең ілінетін *ж е л к е ш а ш ы н* сипап (С.Адамбеков, Көсенің.). Алып ұшқан қыз қиялы, сірә, тыным тапқан ба? Бірде колхоз клубында диспут болып жатқанда: Алматыдан өкіл келді, *ж е л к е ш а ш ы* бір қарыс Аты – Оралхан, мамандығы – жазушы әлде журналист (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жеңілген елде желке жоқ. *Соғыста жеңілген жұртта қыр көрсетер сес жоқ деген мағынада.* Олардың ақырғы тамтығы талқандалып жатқан кез еді. «*Ж е ң і л г е н е л д е ж е л к е ж о қ*» деген рас екен. Желкесі жоқ адамда не қуат болсын (Ә.Әбішев, Замана.).

Көзің желкеңнен шыққыр! қ а р ғ. *Көзің ағып түсіп, көрмей қалғыр, көзің теріс бітсін деген мағынада.* Оралбике [Лекерге]: – *К ө з і ң ж е л к е ң н е н ш ы қ қ ы р,* желкеңнен шықсын. Кеудеңе сайтан ұялағандай, саған не көрінді, ойбай! – деді (Қ.Қуанышбаев, Әңгім.).

Көк желке. *Ту сырт, артқы жақ.* Оның қолы Орынбор шекарасындағы өзімен өш қазақ ауылдарының *к ө к ж е л к е с і н е н* шыға келді (І.Есенберлин, Қаһар). Биғайша мұны шаңқылдап айтты да, көшірдің *к ө к ж е л к е с і н е* жұдырықтап түйіп қалды (Ж.Тілеков, От кешу). Сөзі ме бұл өл деген, Сырлы үмітті кетті үзіп, *К ө к ж е л к е м н е н* көлденең Көк найзасын өткізіп! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көк желкесінен тартты. *Кежегесі кейін тартты, шегіншектеді, ілгері баспады; жалқауланды.* Рас, Рымханның алуға келгенде ебі бар-ақ, бірақ таратуға келгенде *к ө к ж е л к е с і н е н т а р т ы п,* жүйкелетіп тұратын «Шығанақ» романындағы Олжабектің қырсығы сияқты («Лен. жас»). Оны белгісіз бір күш жеме-жемге келгенде *к ө к ж е л к е с і н е н т а р т а* берді (Т.Ахтанов, Боран).

Қыл желке. *Мойын тұс.* Қылышпен *қ ы л ж е л к е д е н* қиды басын, «Қарашы тіпті мұның аярын» деп (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Ой желке. *Жал тұсы биік, желкесі ойқы.* Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ. Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды, *О й ж е л к е,* үңірейген болса сағақ (Абай, Тол. жин.).

Шөп желке. э к с п р. *Тегі нашар, салдыр-салақ қыз.* Зейнахмет екеуміз де еркек кіндікті атанамыз, ендеше бір шүйке бас, *ш ө п ж е л к е г е* таласып қайтеміз?! – деді Бәкен («Қаз. әдеб.»). *Ш ө п ж е л к е,* шошаңдатпа таяғынды, Дөндеген бастай берме баяғыңды (Айтыс).

Шүй желке. *Шүйдесін қыртыс-қыртыс май басқан семіз адам туралы айтылады.* Ірге күңгірт көлеңке. Бұрылды солай *ш ұ й ж е л к е* (І.Жансүгіров, Шығ. жин.).

ЖЕЛКЕК з а т. ө с. <лат. tragopogon> *Өн бойында сүті (ақ шырын) бар, ақ үлпілдекті шөптектес өсімдік.* Жазғытұрым құмға шыққан *ж е л к е к т е р д і ң* тамырларының сүтін сорғалата жемеуші ме ек? (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Қараланың қой *ж е л к е к* пен жоңышқадан кейін сүйсініп жейтін шөбі еді (А.Сүлейменов, Бесін). Өзіңдей бұл да бала ойыны көп, Жүреді сағыз теріп, *ж е л к е г і н* жеп (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Жантақ пенен теріскен, Малдың асы келіскен, *Ж е л к е к* пенен таспа шөп, Түлікке тәтті жемістен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕЛКЕКТЕ= е т. *Желпілдеу, желпек қағу.* Күйеуі де балалары үшін оның дегенінен шықпайды, *ж е л к е к т е п* алдына түсіп алып отырғаны (Л.Құрманаева, Қыраным.). Мұхтарита бізге қарап ап-айқын етіп: «Сәлеметсіз бе, ағалар?» – деді де сары шашы *ж е л к е к т е п* сыртқа қарай жүгіре жөнелді (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

ЖЕЛКЕКТЕЙ с ы н. *Желкек сияқты, желкек тәрізді.* Қазір қала сыртында аумағы он гектер пионер бағының талшыбықтары *ж е л к е к т е й* көктеп, жыл асқан сайын жайқала түсуде (С.Байжанов, Сыр.).

ЖЕЛКЕКТІ с ы н. *Желкек өскен, желкегі бар.* ≈ *Ж е л к е к т і* қырқа.

ЖЕЛКЕЛЕ= е т. **1.** *Желкесінен алу, желкесінен тую.* Бір мезгілде қараса, Өзін қағып түсірген, Кедейдің құтын ұшырған, Сар түймелі төрені Кім көрінген *ж е л к е л е п*, Ұрып кетіп барады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Талжібекті *ж е л к е л е й* отырып, шынын айтқызғысы келді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл). Жалғыз жан қаруы жоқ. Көпке не істер, *Ж е л к е л е п* Бәсенді алып әкетті айдап (Д.Еркінбеков, Шығ.). **2.** а у ы с. *Ырқына көндіру, ықтыру, тежеу.* Тасқын күшін тағаты *ж е л к е л е г е н,* Жеңісіне жел күліп еркелеген. Ауылымызды қақ жарып Қасқасудың Ерке өзені жүйткитін ентелеген (М.Шаханов, Ғасырлар.). Өмір мені ерттеді, еркелетті, Жастайымнан гүл аштым, ерте жеттім. Арсыздықты өзімше ауыздықтап, Жауыздықты жырыма *ж е л к е л е т т і м* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЕЛКЕЛЕҢКІРЕ= е т. *Желкеден алыңқырау; итермелеу.* Жағалауға таянғанда Сабырды да *ж е л к е л е ң к і р е п* қайыққа итеріп мінгізіп алды (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖЕЛКЕЛЕҢКІРЕУ *Желкелеңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Баланы *ж е л к е л е ң к і р е у.*

ЖЕЛКЕЛЕС з а т. *Алыс-жұлыс, төбелес.* Егер соқыр молда келіп әйелдің екінші қолына

жармаспағанда, бұл екеуінің *ж е л к е л е с і н і ң* немен аяқталары белгісіз еді (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

ЖЕЛКЕЛЕС= е т. *Ұрысып-төбелесу, алысу.* Сәлемсіз анадайдан айғайласып, Сілкісіп, *ж е л к е л е с і п,* аймаласып Жан сырын, жүрек гүлін ашып-шашып, Тастайын көріскенде айдан асып (А.Жақыпов, Қыр лебі).

ЖЕЛКЕЛЕСУ *Желкелес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қоқиланып *ж е л к е л е с у.*

ЖЕЛКЕЛЕТ= е т. *Желкеден алғызу, жәбір көрсету.* Есерге почтабайдай көз алдында Біржанды қойғаның ба *ж е л к е л е т і п* (Біржан сал, Өлең д.). Өзіңдей Азнабайдың атшысына, Қойдың ба көз алдында *ж е л к е л е т і п* (М.Бестібаев, Қаз. әндері). Мынау жендеттеріңді *ж е л к е л е т і п* қоясың ба? – деген (М.Әбдірахманов, Адасқан қыз).

ЖЕЛКЕЛЕТУ *Желкелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзінше *ж е л к е л е т у.*

ЖЕЛКЕЛЕУ *Желкеле етістігінің қимыл атауы; желкесінен алу, түйгіштеу.* Содан кейін олар үлкендердің жұдырығын, *ж е л к е л е у і н* бірге көрісті (М.Жұмағұлов, Қыран.). Мынада нығырту, көзіңе шұқу, тіпті *ж е л к е л е у* бар (Т.Тілеуханов, Келешек.).

ЖЕЛКЕЛІ с ы н. **1.** *Желкесі күжірейген; шығыңқы.* Сол сәтте астына сұлу жирен ат мінген *ж е л к е л і* бір жуан келді (С.Шаймерденов, Мінез). Дәл алдында отырған қатпарлы жуан *ж е л к е л і* адамның отырысынан бір ой есіне жиі түседі (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **2.** а у ы с. *Мықты.* Айтысса шоң *ж е л к е л і* шүйделімен, Шонжардың жалдамалы билерімен. Көктемде сең бұзылып, сел жүргендей Сөздерді тасқындатқан түйдегімен (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЕЛКЕЛІК зат. **1.** *Жүгеннің екі жақтауының желкеде түйісетін ұшы.* Сәті түскенде жүгеннің *ж е л к е л і г і* үзіліп, ат басын көтеріп алды (С.Бегалин, Уақыт.). Бірі – ноқтаның *ж е л к е л і г і н,* кеңсірігін екі құлаш жіптің өзінен шығарып түйеді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). *Ж е л к е л і к* – жүген, ноқтаның желке тұсы. Жүген, ноқта жақтауының қамшылар жағы ұзындау келеді де, аттың желкесін орап келіп, мінер жақтауға таға арқылы бекітіледі. Ал желкесін орай тұрған осы бөлшек «*ж е л к е л і к*» деп аталады (Н.Нұрғалиұлы,.. Ата салт.). **2.** *Киім жағасының астына қадалған ілгек бау.* Ол плащын жеңінен тартып шешті де киім ілгішке жақындады, сөйтсе плащтың *ж е л к е л і г і* үзілген екен (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Ал үй болған соң *ж е л к е л і к* үзілмей, жең жыртылмай, түйме түспей тұрмайды («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖЕЛКЕМ с ы н. *Аздап желді; желтең. Ж е л к е м* қоңыр салқын. Ақ киімді алып таулар ауылдың үстіне төніп тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тар жер ошақта, қапаста қалғып қана жанған от *ж е л к е м* күнде жазыққа шығып алған соң, ойнақ салып кетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Түс ауған шақ. Ауа ертеңгідей емес *ж е л к е м* (М.Сүндетов, Ескексіз.). Мұндай *ж е л к е м* күндері, әдетте, кемені толқынға иегін сүйеп, жел астына айдайды (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖЕЛКЕМДЕ= е т. *Жел қақтыру.* Күн *ж е л к е м д е с е,* Ұлын даланың желіп жүре берерін көрмеп пе ең? (А.Смаилов, Ақ жалын).

ЖЕЛКЕМДЕЙ с ы н. *Желкем сияқты, желкем тәрізді.* Қасиетті Ганганің, Толқынына еркелей, Аймалады таң нұрын, Жел айдаған *ж е л к е м д е й* (Т.Шопашев, Жастық лебі). *Ж е л к е м д е й* ақ бұлттар шығысқа қарай жылжып көшіп барады (С.Мәуленов, Шыңда.). Бірде батып, бір шығып, Келем көкте *ж е л к е м д е й.* Көк жалынға түншығып, Оттан қалған өртендей (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЕЛКЕМДЕН= е т. *Желдену, жел тұру.* Күн *ж е л к е м д е н і п,* көл бетінде толқын тұрған (Т.Әбдіков, Күзгі.). Күн бата күн *ж е л к е м д е н і п,* сыңайы боранға айналып еді (Б.Майлин, Таңд. жин.). *Ж е л к е м д е н і п,* құбыла жақтан жөңкіле көшіп жалби-жұлби жауын бұлты шыққан (Б.Әдетов, Алтынай).

ЖЕЛКЕМДЕНУ *Желкемден етістігінің қимыл атауы.* ≈ Күннің *ж е л к е м д е н у і.*

ЖЕЛКЕМДЕТ= е т. **1.** *Жел тұру.* Күн табан астында *ж е л к е м д е т і п* кетті (К.Ахметбеков, Ақ дала). **2.** а у ы с. *Демеу, көңілін көтеру.* Шерліні күшпен демеп елпеңдетті, Жыраққа ұшқан ойды *ж е л к е м д е т т і* (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан).

ЖЕЛКЕМДЕУ с ы н. *Аздап желемік, желтеңдеу.* Кеші *ж е л к е м д е у* болатын ол арада жарқабақ асты ықтасын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Күн *ж е л к е м д е у* болып, аспанды бұлт торлаған болатын (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). Бүгін күн ала бұлттанып, *ж е л к е м д е у* болып тұрған (С.Омаров, Қызыл.).

ЖЕЛКЕМДІ с ы н. *Желкемі бар, желкем тұрған.* Тіпті *ж е л к е м д і* кездің өзінде де сенің жүзіңе жел емес, алау еседі (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.).

ЖЕЛКЕМДІК з а т. *Желділік, жел соққандық.* Бой жеткен қыз күздің қоңыр-салқын *ж е л к е м д і г і н е* бұйықпай, ажарлана түскен (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖЕЛКЕН[1] з а т. **1.** *Кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керіп қойылатын қалың (ақ) мата.* Бірер сағаттан кейін *ж е л к е н і н* жел кернеген үлкен кеме толқын төсінде ойнақшып, біздің мұз шыңымызға келіп тоқтады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Сенімдерің қалар болып мұратым, Жігіт болсам бір өкпеге

тұратын, Алыстама, бермен кел, Көк теңізде көтерілген *ж е л к е н д е р* (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жатсынбайды бөтенді, Жүргіншілер келе бер. Ақ *ж е л к е н і н* көтерді, Ақ боз үйлер – кемелер (М.Ибраев, Темір тұлпар). **2.** а у ы с. *Арқасүйері, қамқоры.* Балдыздарың – жасыл жайлау өркенің, Бажаларың – татутәтті, кең төрің. Жақсы жеңгең – бағып-қаққан анаңдай, Жақсы ағаң – өрде жалау, *ж е л к е н і ң* (К.Салықов, Жезкиік).

Желкен бау. *Желкенді байлауға, бекітуге, жинауға арналған арқан бау.* Жұдырықпен қабат таяулар, сүзгілер, зембілдер, ау табанына байланатын тесік тастар зулады; бірақ торлары желбіреген, *ж е л к е н б а у л а р* керілген, тасабұқпасы, қақпа-қалтарысы көп пункт үстінде олардың діттеген жерден шығуы екіталай еді (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

Желкен етті. *Бағыштады, арнады.* Қартаң әйел жұмысына іздеп келіп, жылады: «Жалғыз қызым бар еді, айнам, тірлігімнің шынары Еркелеттім, Өмірімді *ж е л к е н е т т і м* жолына» (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Желкен жабдықтары. *Жел энергиясын қабылдап, оны кеме жүргізуге жұмсайтын желкенді жабдықтауға қажет жабдықтар жиынтығы. Ж е л к е н ж а б д ы қ т а р ы* жел күшін қабылдайтын желкендерден, желкен орнататын тік және көлбеу діңгектерден (ронгаут), желкенді басқаруға арналған діңгектерден (такелаждан) құралады (ҚҰЭ). *Ж е л к е н ж а б д ы қ т а р ы н ы ң* тік және қиғаш орнатылған түрлері бар (ҚҰЭ).

ЖЕЛКЕН[2] з а т. б о т. *Бұршақгүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің гүліндегі 5 күлтенің ең үлкені. Ж е л к е н* ірі, жалпақ, көлемдірек болғандықтан, басқа күлтелерінен ерекше көрінеді. Сондықтан тозаңға қонатын жәндіктерге алыстан тез байқалып, бұршақ гүлінің тозаңдануын жеңілдетеді (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛКЕН[3] з а т. ө с. <лат. armoraciа> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Ж е л к е н д і* тамырымен көбейтеді (ұз. 15-20см, жуанд. 1-1,5см, 45^0 бұрышпен отырғызады). Көктемде немесе тамыз айында қатарлап (1га-ға 40-55 мың өсімдік) егеді. Тамырын күзде жинап, іріктеп алады (ҚҰЭ).

Көкірегінде үміт желкен жайды. *Үміттенді, үміт артты.* Содан бері, міне, қанша жыл өтті. Қанша гүлзәр көктем келіп туған жерді түлетті. *К ө к і р е г і н е н ж е л к е н ж а й ы п* тәтті *ү м і т* Қанша жігіт қырға шықты ат мініп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕЛКЕНДЕЙ с ы н. *Желкен сияқты, желкен тәрізді.* Өң мен түстің арасындай сол шақтар, Жел айдаған *ж е л к е н д е й* боп алшақтар (Қ.Мырзалиев, Көш). Ол жалғас боз масахана ақ *ж е л к е н д е й* желбірейді (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк). Кемені күткен аралдай, Далада тудым, иә, мен! Тудым да аппақ *ж е л к е н д е й*, Таза ұстап ардың көйлегін, Ту алмай тұрған ертеңнен, Пайғамбарларша сөйледім (Ө.Нұрғалиев, Кемпірқосақ).

ЖЕЛКЕНДІ с ы н. *Желкені бар.* Балық аулайтын кемелер негізінен *ж е л к е н д і* болатын (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Екі қабат үлкен заводтың айналасы толған моторлы кеме, *ж е л к е н д і* қайықтар (А.Хангелдин, Өткен күн.). Жанкелдин Каспий флотынан екі *ж е л к е н д і* қайық алып, оған екі қаружарақ тиеп, Александровск портына кетті (М.Қаратаев, Далада.).

Желкенді балық. з о о л. <лат. istiophorus platypterus> *Алабұға тәрізділер отрядының желкенділер тұқымдасына жататын балық.*

Желкенді кеме [кемешік]. *Жел энергиясымен қозғалатын кеме (кемешік). Ж е л к е н д і к е м е г е* 1-ден 7-ге дейін діңгек орнатылып, оларға әртүрлі желкендер керіледі (ҚҰЭ). *Ж е л к е н д і к е м е л е р* онда орнатылған діңгектер санымен және желкен жабдықтарының түрлері бойынша ажыратылады (ҚҰЭ). Негізгі күн көрісі мұхит пен жергілікті аралдар жаратылысының байлығы, әсіресе балық аулау, сондықтан бұлар қайықтар мен түрлі *ж е л к е н д і к е м е ш і к т е р д і* жасауды ерте заманнан бері қарай білген (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.).

Желкенді спорт. с п о р т. *Желкенді қайықтармен, сондай-ақ, крейсерлік яхталармен өткізілетін спорттық жарыс түрі. Ж е л к е н д і с п о р т* 17 ғасырдың ортасында Нидерланд мемлекетінде пайда болды (ҚҰЭ). *Ж е л к е н д і с п о р т* Олимпиялық ойындар бағдарламасына 1900 ж. енгізілді. Қазақстанда алғашқы жарыс 1956 ж. Балқаш көлінде өтті (ҚҰЭ).

ЖЕЛКЕНШІ з а т. *Желкен керуші (тұсіруші). Ж е л к е н ш і л е р:* Марат, Лайне, Эрик, т. б. спортшылар болатын («Спорт»).

ЖЕЛК-ЖЕЛК е л і к. *Желкілдеген, желпілдеген қимыл-әрекетті бейнелейтін сөз.*

Желк-желк етті. *Желп-желп етті, желкілдеді.* Екі өркеші баладай, шудалары *ж е л к - ж е л к е т к е н* қара буралар қаптап шыға келді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Шошақ найзаларының шашақтары *ж е л к - ж е л к е т е д і* (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қалың нөкер қасында жолдасы бар, Басылмаған адуын арындары. Піл үстінде барады қолбасшылар, *Ж е л к - ж е л к е т і п* шашақты қарулары (С.Мәуленов, Жаз ерке).

ЖЕЛКӨЗ з а т. э т н. *Көзі үлкен-үлкен етіп жасалған кереге.* Үш қанат *ж е л к ө з* баспаның туырлығы жұлдыз-жұлдыз: бүктеумен, жазумен,

артумен, тігумен сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен құрымға қой сүйкеніп, лақ секіріп, сиыр мүйіздеп, сау тамтығын тастамады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Кішкене көзді кереге торкөз деп аталды да, үлкен көзді кереге *желкөз* деп аталды (ҚазССР тарихы). Алты қанат дөдегелі ақ үйлердің керегесінің өзі *желкөз* емес, сәнді торкөз («Қаз. әдеб.»). Бұдан кейін кереге бойын тор көз, *желкөз* буындарына бөліп, көктеуге қажетті тесіктер теседі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖЕЛКӨКІРЕК с ы н. *Өркөкірек, менмен.* Сол мінезің оғашын-ай, тосыны-ай, Желікбасты, *Желкөкірек* досым-ай! (Қ.Жұмағалиев, Шапағат).

ЖЕЛКІЛ з а т. *Желк-желк еткен қимыл.*

Желкіл қақты. *Желкілдеді, желп-желп етті.* Қырды жапқан қызғалдақ *желкіл қағып* көз тартар (С.Сейітов, Жаңғырық). Рақмет, өмір! Менің де бір еңбегім Жер бетіне *желкіл қағып* шығыпты (Р.Қайырбеков, Алтын). Дели мен Пекин туы *желкіл қағып*, Қанатын бейбітшілік еркін жайып (Т.Жароков, Шығ.).

ЖЕЛКІЛДЕ= е т. **1.** *Желпілдеу, желп-желп ету.* Тыным таппай балалар Жүгіреді *желкілдеп.* «Кемпірге бер» деп жолыңды, Шалдар да отыр кеңкілдеп, Қызғалдақ жеген қойдай-ақ Ырғалып басы селкілдеп (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Тербелу, шайқалу.* Жаның қар суымен шығып, *желкілдеп* тұнып тұрған бидайық, шалғын жеймін деп жанталасып күліктен алдымен Қоқаң ауылы көшеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Гүл шешек орман өсіп *желкілдеген*, Биік тау, асқар төбе жердің көркі, Ағайын бір уақыт жақсы болса, Сонымен табылады елдің көркі (Шал ақын, Өлеңд.). Дала бүгін құлашын кең жайғандай, Ақ қайыңдар *желкілдейді* айдардай. (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** а у ы с. *Өркендеу, жетілу.* Туысы, талантымен сахнаға мынадай ажар беріп жүрген Қалыбектер сахна жайын оқып, тоқу мен етуді қосса, театрдың *желкілдеп* өскен гүлі екендігіне шүбә келтіруге орын қалатын емес (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕЛКІЛДЕК с ы н. *Желбіреп тұрған, желпілдек.* Құрдастың *желкілдек* қара жүнін таққан құрықтардың басын мосылап байлап, қазан үстіне келтіріп қойыпты. Бұлар жалау екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алып-ұшып бара жатқан *желкілдек* көңілін су сепкендей баса қоятын да әлгі бір келте самалға ілесіп мұңқ ете қалатын күлімсі сілті иіс (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Желкілдек* жасыл түлекпісің әлде Ақ орамалды елмісің (Ө.Нұрғалиев, Нөсер).

ЖЕЛКІЛДЕТ= е т. *Желп-желп еткізу, желкіл қақтыру.* Төбесіндегі ақ бантигін *желкілдете* жүгіріп Жәния қарындасым келеді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Шашағын желең желпіп *желкілдетеді* Шаншулы сырлы найза ырғай сапта (І.Жансүгіров, Шығ.). Сарай қақпасынан жарқырап шыға келген сары ала күйме соңына *желкілдетіп* нөкер ертіп, жаңа біткен мұнараға қарай тарты (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЖЕЛКІЛДЕТУ *Желкілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Желегін *желкілдету.*

ЖЕЛКІЛДЕУ *Желкілде етістігінің қимыл атауы; тербелу.* Қалың қар еріп болып, Сай салалар гүрілдер, Көк шөбі шығып *желкілдеу*, Ертең дүние күлімдер (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕЛҚАБАЗ с ы н. с ө й л. ***Желғабыз.*** *Желқабаз*, әуес емес қысыр сөзге, Сөйлейді ойлап қана әрбір кезде (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Бата алман, бара алман енді аржағын Жолы емес *желқабаз* сөз және олжаның (Б.Аманшин, Маңғыстау.). Бейне қайта жанданар *желқабаз* жүргіншілер сабырмен сарғая күтіп жатқандай (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

ЖЕЛҚАБЫЗ[1] з а т. в е т. *Түйенің жел тиіп ауруы.* Туған інгеннің арты *желқабыз* болмау үшін шалғыш немесе соңына дейін жететін қалыңдау малуза, киіздің бірімен орап байлайды (Диал. эксп. матер.).

ЖЕЛҚАБЫЗ[2] с ы н. с ө й л. ***Желғабыз.*** *Желқабыз,* жез тағалы, еңіреумін, Қара тер шыққан сайын кетем ағып (Айтыс). *Желқабыз* жиырма жігіт атқа мінген, Көргендер қылуасына сырттан күлген (Т.Ізтілеуов, Тұрмағамбет пен Шәді төре).

Желқабыз сөз. с ө й л. ***Желғабыз сөз.*** Қарамендіні бұған шейін білмей, танымай, әркімнің *желқабыз сөзіне* мән беріп келіппіз (С.Омаров, Өмір.).

ЖЕЛҚАБЫҚ з а т. в е т. *Жылқы ауруы. Желқабық* – жылқы ауруы, ет пен терінің арасына шығатын ісік (Б.Базылхан, Моңғол. қаз. тілі).

ЖЕЛҚАЙЫҚ з а т. *Керулі желкендерге әсер ететін жел күшімен қозғалатын қайық; желкенді қайық.* Ертеде *желқайық* ортасы күйдіріліп не қашап ойылған тұтас жуан бөренеден (жалғыз ағашты), кейде екі ағаштан қосарланып (қос ағашты) жасалған (ҚҰЭ). Еңбегің – еш, тұзың – сор, Қайратың селге кетер ме? Толқынды теңіз заманнан Сенімді кеме болмаса, *Желқайықпен* өтер ме? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Кеше суға кетерін пайымдаған Кемеші *желқайықтың* дайындаған. Уолдер Белдет қайыққа өзі мінбей, Жас бала, кемпір-шалды уайымдаған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Баймағамбет жалт бұрылып, тағы да жаңа өзі келген жағасына, қызыл барабай қасындағы *желқайыққа* қарай ұмтылды (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖЕЛҚАЙЫҚТАЙ с ы н. *Желқайық сияқты, тұрақсыз, мың құбылған.* Кейде тегін береді,

кейде бұлдап, Мінезі *ж е л қ а й ы қ т а й* тұр бұлтылдап. Бір күнде жүз түрленіп, мың құбылып, Көзіңді қызықтырар тым жылтылдап (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Желқайықтай жылмаңдады [лыпыды]. *Ауыздығымен алысу, тарпаңдау.* Аттары қан сорпа болған, өңшең *ж е л қ а й ы қ т а й ж ы л м а ң д а ғ а н* жараулар (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әрдайым тізгінін созып жіберіп, басын шұлғып тастап көңілді аяңдайтын Аймаңдай бүгін жеңіл басып, дәл *ж е л қ а й ы қ т а й л ы п ы п* тұр екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖЕЛҚОБЫЗ з а т. м у з. *Үрлеп ойналатын музыкалық аспап.* Бұл үйде Сара бар ма отыр нағып? Қарсы ұшпай тоты құстай қанат қағып. *Ж е л қ о б ы з,* жез тағалы еңіреумін, Қара тер шыққан сайын кетем ағып (Ақын жырлары). Қой жатқанда семіз құмның несібесін тартқылап, *ж е л қ о б ы з* бен жамподың (М.Шаханов, Қыран. қонба.). Сыңсиды *ж е л қ о б ы з ы н* бұрап тартып, Қалмады қырға біткен қиықтан түк. Телміріп тас төбеден Ай төнеді, Аспанды алтын қазан сияқтанып (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖЕЛҚОМ з а т. **1.** *Жауыр атқа салынатын ортасы (жауыр тұрған жері) ойылған тоқым. Ж е л қ о м* ерді шандырмалап тұрып, мықтап ерттеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бар еді жемге баққан бір байталым, Байталға өзі жауыр *ж е л қ о м* салдым (Батырлар жыры). Егер олай болса ол күміс ердің қасындағы *ж е л қ о м д а й* үйлесімсіз көрінер еді («Қаз. әдеб.»). **2.** *Жүк арту үшін түйенің арқасына (қомына) салынатын қалың киіз.* Қара нарға *ж е л қ о м* салып астына жұмсақ киіз, көрпе төсеп, басына биік жастық қойып, Бикенді алып жүрдік (Б.Тоғысбаев, Асыл адам). **3.** *Маса, сонадан қорғауға арналған жабын.* Қазақстанның кейбір аймақтарында мініс көлігін масадан, сонадан, т.б. қорғау үшін жабылатын мата жабынды да «*ж е л қ о м*» деп атайды (ҚҰЭ).

ЖЕЛҚОМДА= е т. *Желқом салып ерттеу.* Егер жауыр жылқының иығынан болса, ерді кейінірек ерттейтін де, ал қыр арқадан болса, ерді *ж е л қ о м д а й* салатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Үшкілдір арғы тегін қалмақ еді, *Ж е л қ о м д а п* мініп келген жауыр көгін (XX ғ. қаз. ақын.). Сен құсап мұнда Майкөт келмеп еді, *Ж е л қ о м д а п* сұр байталды, жайдақ мініп (Айтыс).

ЖЕЛҚОМДАЙ с ы н. *Желқом сияқты, желқом тәрізді.* Егер осылай адамның шапан, бөрік киісінде, жүріс-тұрысында титімдей ұқсастық болып қайталанса-ақ ол күміс ердің қасындағы *ж е л қ о м д а й* үйлесімсіз көрінер еді (С.Жүнісов, Шығ.).

ЖЕЛҚОМДАУ *Желқомда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Байталды *ж е л қ о м д а у.*

ЖЕЛҚУАР с ы н. с ө й л. ***Желөкпе***. Гремьо: Өрейтұғын сендейлер. Жоғал, *ж е л қ у а р*! Шалға тисе жоқ болад (М.Әуезов, Әңгім.).

ЖЕЛҚУЫҚ с ы н. *Асау, мініс көрмеген.* Желігіп алды көнбестен *Ж е л қ у ы қ* өңшең байталдар, Бірі де қайыру берместен, Сынаптай ақты сайтандар (М.Мақатаев, Шығ.). Екі жау алғаш айқаса кеткенде *ж е л қ у ы қ* байтал жалт беріп басын ала қашты (Ә.Нұршайықов, Қан мен тер). Жазғытұры көкпен семірген *ж е л қ у ы қ* айғырлар қайта мінілді (М.Әуезов, Көксерек). Жалы тізесіне түскен *ж е л қ у ы қ* жарау айғырларға мінген жылқышылар тымақтарының құлағын ішіне қарай жымырып байлап тастапты (С.Бегалин, Бала Шоқан).

ЖЕЛ-ҚҰЗ[1] з а т. *Ішін тарта соққан жел, боран.* Өздері тау қыраны сияқтанып, бүкіл ауыл *ж е л-қ ұ з д ы ң* өтіне қоныс тепкен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Өзіміз тіккен отауды *ж е л-қ ұ з* да, дүшпан да шайқалта алмайды (Б.Әбдіразақов, Серпіліс). Жаз ортасы ауғасын-ақ ұлы теңіздің *ж е л-қ ұ з ы* күшейеді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ақылы адамның да емес жетер, Деп және балаларыма *ж е л-қ ұ з* өтер, Арыстан, аю менен жолбарыстың Терісін қойыпты ұстап үйден бетер (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖЕЛ-ҚҰЗ[2] з а т. *Жел ауруы; құяң.* Тәйірі бір *ж е л-қ ұ з* шығар, тәуір болар деумен жүре беріңдер, бірақ меңдей береді (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы). Және бәрі сәби кезінде *ж е л-қ ұ з б е н* кетіп жатыр (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). *Ж е л-қ ұ з* үйір болып, жатып қалатынды шығарды (О.Сәрсенбаев, Даңқ).

ЖЕЛ-ҚҰЗДЫ с ы н. *Жел-құз, бораны соғатын.* Обалы обал-ау байғұстарға. *Ж е л қ ұ з д ы* күз де таяп қалды (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖЕЛ-ҚҰЗСЫЗ с ы н. *Желі, бораны жоқ.* Қыста бізде боран болса, бұл жақ *ж е л-қ ұ з с ы з* тымық жатады (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖЕЛҚҰЙРЫҚ с ы н. *Жүйрік (ат).* Қыздарбектің Қарақұлағы тұяқты малдың көркемі де, шапқышы да, *ж е л қ ұ й р ы қ,* тесік өкпе, жез тұяқ тұлпары болған (С.Бақбергенов, Мен сізді.).

ЖЕЛҚҰСА з а т. *Шаншу, суық.* Ет пен терінің арасында жүгіріп жүретін *ж е л қ ұ с а д а н* тазарған секілдімін (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

ЖЕЛҚҰЯҢ з а т. м е д. *Суықтан белі шойырылып қалатын ауру.* Арасан суының температурасы 35°-қа жетеді. Бұл – шаншу құяң, *ж е л қ ұ я ң,* сарсу т.б. сияқты дерттерге бірдей-бір шипа болады («Қазақ»). Қойшы, әйтеуір, көптің аяулы асы атанған, *ж е л қ ұ я ң,* көкірек ауру, көксау, бырысқан-тырысқандарға дәру

болған қымыздың қасиеті ежелден-ақ мәлім (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). Женшень өкпе, жүрек ақауы, *желқұяң* тері ауруларын зерттейді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЖЕЛМАЗЫҚ з а т. *Жемшөп, мал азығы.* Ол әр сиырға күніне 4 килограмнан жарма, 3 килограмнан сабан, 20 килограмнан сүрлем берілетінін айтпай-ақ ұқты. Осыншама *желмазықтың* нәрі 1100 грамм протеинге тең келетінін Бекузаров жақсы біледі (Дала дауылпаздары). Қазіргі кездегі сауыншы қарамағындағы мал күтіміне қатысты негізгі зоотехникалық малдәрігерлік талаптар комплексін, сиырларды қолдан ұрықтандыру жайын, *желмазық* дайындау технологиясы мен оларды пайдалану нормасын, сауу аппаратының егжей-тегжейін жақсы білуге тиіс («Қазақст. әйелдері»).

ЖЕЛМАЯ з а т. *Жалғыз өркешті жүйрік түйе, нар.* Жер қарап он екі жыл *желмаямен,* Асан би жердің үстін танып кетті (С.Сейфуллин, Шығ.). *Желмаямен* жортпасаң, Жампоз жүгін артпасаң, Адырнадай ширығып, Серпіле бір тартпасаң, Елдің де сыйы түзелмес, Ердің де сыры түзелмес (Қабан жырау, Алтын қазық). *Желмаяға* жүк артып, Желдей гулеп есемін. Алты өрінен Асының Ары қарай асамын. Кегетінің кең сазын Кешіп сонда түсемін (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жасыра алман қуанып, ашынуды, Жасыра алман сабырым, ашуымды... Жел уақыт мінгізіп *желмаяға,* Алып қашып барады ғасырымды (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕЛМАЯДАЙ с ы н. *Желмая сияқты, желмая тәрізді.* Сарқылмас сөзі баудың бұлағындай, Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай Жортады *желмаядай* шал кеңеске, Осылай болған екен шырағым-ай (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жауынгерге хабар бер, *желмаядай* жылдам жет (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). Жүрісің *желмаядай* жануарым, Көрейін қызығыңды осындайда (Ақан сері, Шығ.).

Желмаядай есті. *Жылдам жүрді.* Менің асыққанымды түсініп *желмаядай есті* (С.Жүнісов, Ақан сері).

Күн желмаядай желді. *Уақыт зырлап өтті, тез өтті.* Өте берді, өте берді *желмаядай желіп күн,* Шат-шадыман гүлдеді өмір бұтағындай өріктің Қайсарбай да белін буып, бекініп, Шаңырағынан жылу тапты Көріктің (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕЛМАЯЛЫ с ы н. *Желмаясы бар, желмая мінген. Желмаялы* қарт пен жылан Көп кідірмей сөйлесті (Ж.Сыздықов, Асулар).

ЖЕЛМАЯША ү с т. *Желмая тәрізді; желмаяға ұқсап.* Ол бір кезде аждаһаша ысқырып келе жатқан бомбаның даусын ести сала, шығысқа қарай *желмаяша* желе жөнелді (Ә.Әбішев, Майдан).

ЖЕЛМІР с ы н. *Әккі, көпті көрген.* Бәсе, ә дегеннен-ақ қырсық шалдың бұған жылы қарап, жұмсақ сөйлеуінде бір мән бар еді-ау. Жан баласына аузынан шықпай, тек қана өзім болам ғой дейтін түп қалтасын жер түбіндегіні көріп-біліп отырған *желмір* шал түсініп қойған ғой (Ә.Кекілбаев, Үркер).

ЖЕЛОРАЙ з а т. *Ашық есік, терезеден енген суық ауаның бөлмедегі жылы ауамен тоғысуы.* Ғалия бұрын терезе мен есік арасындағы *желорайдан* тымауратып, бір стакан салқын су ішсе, ангинаға ұшырай қалатын (Ж.Тілеков, От қешу).

ЖЕЛӨКПЕ с ы н. *Жеңілтек, алып-ұшпа, ұшып-қонба, елікпе.* Қалжыңқұмар *желөкпе* жігіттер өздерінің тілегін орындамай кетпейтіндерін айтып, тұрып алған (І.Есенберлин, Қаһар). Құрылыс басы думан, кейбір *желөкпе* кәрілер де жүр (Т.Ахтанов, Махаббат.). // *Жеңілтек, алып-ұшпа адам.* Жетістірер. Айт сонау *желөкпеге*: «Әуреленбе, дедектеп, өбектеме. Мен шыбықтай нәп-нәзік ақ Құдаймын Түспейтұғын қағазға, кенепке де!» (Ж.Жұматаев, Ләйлә). – Рота! Қорған! Неге қорғанамыз? Қолда, Отан, шабуылды қолда, анамыз! Желіккен *желөкпені* қуып салмай, Қорғанып неге сонша қорланамыз? (Ә.Сәрсенбаев, Жазылм. кітап).

Желөкпе сөз. *Жеңіл-желпі айтылған бос сөз; жел сөз.* Сөйткен досың бір *желөкпе сөзге* еріп, Үйленген соң кетті мүлдем өзгеріп (М.Шаханов, Баллада.).

ЖЕЛӨКПЕЛЕН= е т. *Желігу, желпіну.* Мұның не *желөкпелеңіп,* тақымыңды күлдіретіп тастайды ғой, – деді кемпірі ертоқымды қолына ұстаған күйі (С.Нарымбетов, Тентек).

ЖЕЛӨКПЕЛЕНДІР= е т. *Желіктіру, еліктіру.* Жалғыз қарашығы Ғабдолласын *желөкпелендіріп* босқа ойната бергенше, неге бір мезгіл дәріс бермейді (М.Дүйсенов, Мейман.).

ЖЕЛӨКПЕЛЕНДІРУ *Желөкпелендір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көршісін *желөкпелендіру.*

ЖЕЛӨКПЕЛЕНУ *Желөкпелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ертемен *желөкпелену.*

ЖЕЛӨКПЕЛЕУ с ы н. *Жеңілтектеу, ұшқалақтау.* Мен алғашқы әңгімемді жазып бітіріп журналға апарғанымда, редакторы бір *желөкпелеу* адам екен (Ж.Алтайбеков, Ұят-ай). Осыны сезгенде отырғандар теңселісіп кетті, әнді дем күші – айқай санайтын жастау, *желөкпелеу* біреу «уай-хай!» деп ақырып жіберіп, онысының орынсыз екенін жұрттың ыңғайына қарап білгенде қызарып кетті (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады). Өлеңді оқып бола бергенде

желөкпелеу бір-екі мұғалім «ой пәлі!» деп қалды (Б.Шаханов, Ғашық.).

ЖЕЛӨКПЕЛІ с ы н. *Желөкпесі бар, жеңілтек.* Адамның біреуінен *желөкпелі*, Қалар мінез сүтпен енген сүйектегі (О.Малқаров, Мен ат үсті.).

ЖЕЛӨКПЕЛІК з а т. *Алып-ұшпалық, жеңілтектік.* Біздің Ахтанның *желөкпелігі* бар-ды (С.Хайдаров, Азамат.). Түймедейді түйедей етіп көрсететін *желөкпелікке* де жол беруге болмайды (Р.Нұрғалиев, Күретамыр).

ЖЕЛП е л і к. *Жел тұрғанда, самал ескендегі қысқа қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Желп етті. *Оқта-текте желпілдеді, желбеңдеді.* «Үһ! Пәруәдіргер-ай!» деп, күңіреніп қатты күрсінгенде қараша үйдің түндігі *желпе те* түскендей болды (О.Бөкеев, Қамшыгер). Аулың сенің белде еді, белтұрғанда, Орамалың *желп етер* жел тұрғанда (Қаз. әндері). Сабырлы, саналы, Ойлы адам секілді, Жалт етіп қарады, *Желпетіп* кекілі (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы).

ЖЕЛПЕЙ з а т. с ө й л. ***Желбіршек.*** Ұл болып, салт атқа мініп жылқы бағу керек, не болмаса қыз болып әткеншек мініп, көйлегінің *желпейін* оңдап, шашын өруі керек (А.Жағанова, Еркежан).

ЖЕЛПЕЙЛЕ с ы н. с ө й л. ***Желбіршекті.*** Жас әйел *желпейлі,* шаңқан көйлегінің етегін шұбалта беті ашыққа ұзап барады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қасында *желпейлі* ақ көйлек, омырауы оқалы қысқа жең камзол, басына үкілі тақия қондырған Үкіжан мен Гүлжан, Мақан мен Сержан бар (С.Ләмбеков, Әке жолы). *Желпейлі* ақ көйлектерінің етегі дөңгелене ырғалып көрінді (А.Жұмаділдин, Сең.).

ЖЕЛПЕКБАЙ з а т. с ө й л. ***Желпеңбай.*** Бұл үйде жеңіл мінезді бір *желпекбайлар* тұрады екен деп ойламаңыздар (С.Адамбеков, Қожанасыр.).

ЖЕЛПЕКТЕ= е т. *Желпек қағу, желпілдеу.* Тазы қуған қояндай алқынып, *желпектеп* өн бойынан буы бұрқырап қырауытып, сұрланып жылқышы кіріп келді (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Байқасаң, ойым – теңіз, сөзім – кеме, Бұл топта екеумізге халық төре. Көрінер ой жүйрігі жырымыздан, Көрсетіп жеңіл мінез *желпектеме* (Айтыс).

ЖЕЛПЕН з а т. *Жазда ыстықта киетін жеңіл бас киім.* Шабан қарагер үсті-үстіне ұрғызған соң о да бусанайын деді білем, *желпенін* шешіп алып беліне байлады (Б.Майлин, Шығ.). Жолдасының басында *желпен.* Елден шығарда бауын мықтап байлап алған (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕЛПЕҢ е л і к. *Желп-желп еткен, желпеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Желпең етті [қақты]. а) *Желп-желп етті, желпеңдеді.* Киіз есікті *желпең еткізіп* ашып сыртқа шықты (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Терек түр тәкаппарсып кекірейген, Жел соқса жапырағы *желпең қағып* (А.Тоқмағанбетов, Өмір.). Бұлқынса анда-санда ала бура, Жетісу *желпең қағып* селкілдейді (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Елпілдеді, ұшқалақтады.* Бұл іспен бойға мақтан кірді тантық, Әркімнің әлі бар деп алар андық. Жеңгеніміз желіктік *желпең қағып,* Жеңілгенді жер болған атқа таңдық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕЛПЕҢБАЙ з а т. э к с п р. *Жеңіл мінезді ұшқалақ адам.* Өрмек бұзғандар сұрасын кешірімді, жол-жөнекей сөйлесе кететін атқа жеңіл *желпең байды* тапқан екен бұлар, – деп Елпан Оразымбетке зекіп тастады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖЕЛПЕҢДЕ= е т. **1.** *Желп-желп ету, желпілдеу.* Нағашым етегін дөңгелете қырыққан шашы *желпең деген* кішкене қызды жерден көтеріп құшағына қысқан (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Киізі бүтін үйлер дауылда тез құлайды да, киізі жыртықтардың көбі тулай *желпең дегенмен,* құламай қалып қояды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). **2.** а у ы с. *Елпеңдеу, ұшқалақтау, дегбірсіздену.* Отыршы, әлдекімнің күйеулері құсап, *желпеңдеп* кухняға жүгіре бермей, – деп қояды Гүләйша (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖЕЛПЕҢДЕТ= е т. *Желп-желп еткізу.* Әңгіме, әзіл, сияз, қымыз қулап, Дау даулап желбезекті *желпең детпе* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕЛПЕҢДЕТУ *Желпеңдет етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛПЕҢДЕУ *Желпеңде етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛПЕҢ-ЖЕЛПЕҢ е л і к. *Желпілдеген, желпеңдеген қимылды бейнелейтін сөз.*

Желпең-желпең етті. *Желпеңдеді, желпілдеді.* Дөңге шыққан екі әйелдің жаулығы *желпең-желпең етеді* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Енді қазір қарасаң, сол жасау-жабдығы жарасқан отауыңыз жел соқса *желпең-желпең ететін* жырым-жырым қара лашыққа айналды («Қаз. әдеб.»).

ЖЕЛП-ЖЕЛП е л і к. *Желпең қаққан, жел қаққаннан болатын қимылды бейнелейтін сөз.*

Желп-желп етті. *Желпеңдеді, желпілдеді, қалбалақ қақты.* Зәуреш қорқатын емес, тұлымы *желп-желп етіп* кетіп барады (Н.Сералиев, Қанат). *Желп-желп еткен* ала ту, Жиырып алар күн қайда? (Махамбет, Өлеңд.). Бантигі көбелектің *желп-желп етіп,* ерсілі-қарсылы жүгіріп жүретін (Б.Шаханов, Жоғалған.).

Танауы [мұрны] желп-желп етті. *Ентікті, жиі-жиі дем алды.* Ол *танауы желп-желп етіп* тағы сөйледі (О.Тәжиева, Жетім қыз). Тер дегенің алты тарам болып ағып, тынысы тарылғанның белгісі тәрізденіп *танаулары желп-желп етеді* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Салбыраған қапталды қос қолдап көтере ұстап, *танауымыз желп-желп етіп,* үйге келдім (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖЕЛПУ *Желпі етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жел соғу, есу.* Кешкі салқынмен шашыла жайылып бара жатқан тұсақтар самал желдің *желпуімен* жай домалай жылжыған қаңбақтар секілді көрінеді (А.Сатаев, Ақын.). Тәтті-ау, таңның самалының *желпуі,* Тәтті-ау таңғы жүрегімнің елтуі (З.Шүкіров, Арал толқын.). **2.** а у ы с. *Жағымпаздану.* Өзі мақтанбайтын, ашуы жоқ, ақылды, *желпуді* білмейтін, меймандос, кеңпейіл, берекелі адам еді дейді ел (К.Әзірбаев, Аңыз.).

ЖЕЛПУШІ з а т. **1.** *Әйелдердің ыстықтан қорғану үшін желпіп қолданылатын бүктемелі әрі жиылмалы сәндік бұйымы.* Сыпайы әйел қолындағы *желпуішін* әдеппен жиып, басын сәл иіп, сұлу көзін төңкере, қиыла қарады (С.Жүнісов, Ақан сері). Орнына орамал мен *желпуіштің* Ұсынсам көк жапырақ қайтер едің (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). Күйзеліп, жаным ашып, ауырып бек, Қайғырып, уайым ғып, тұрмын жүдеп. Орнына *желпуіштің* теріңді әкеп, Терлеген бүйіріме жабады, – деп (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** ж е р г. *Жылқы құйрығын қысқа ағашқа бекітіп жасаған, маса, сона, шыбын-шіркейден қорғану үшін қолданылатын құрал.* Бұл жерде *желпуішті* жиі қолданады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **3.** тех. *Астықты ұшырып, қауызынан тазартатын мәшине.* Электр *желпуішке* қыздар екінші қапты әкелді (М.Иманжанов, Таныс қыз). // *Желпитін, желпуге арналған.* Құстардың *желпуіш* қанаттары және құйрық қауырсындарының түлеуі белгілі бір заңдылықпен өтетінін жоғарыда айттық (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Кейбір топтағы құстардың *желпуіш* қанаттары бірден түгел түсіп қалады, сондықтан бұл құстар бірнеше жұмаға дейін ұшудан қалады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

Желпуіш қанаттылар. з о о л. <лат. strepsiptere> *Дене тұрқы 2-3 см-дей, денесі бөліктерге бөлінген, үш жұп аяғы бар, алдыңғы қанаттары редукцияға ұшырап, артқы қанаттары ауқымды болып келетін жәндіктердің бір отряды.* Жер шарында кең тараған 300-ге жуық түрі белгілі. *Желпуіш қанаттылардың* алдыңғы қанаттары редукцияға ұшыраған, ал артқы қанаттары ауқымды, жайған кезде желпуішке ұқсайды, атауы осыған байланысты қойылған (ҚҰЭ).

ЖЕЛПУІШСІЗ с ы н. *Желпуіші жоқ, желпуіш қолданбай.* Күршімнің бойына *желпуішсіз* жүруге болмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛПІ= е т. **1.** *Желдің баяу, жай соғуы; есу.* Жел лебі әсте жайсыз емес, *желпи* ғана жұмсақ еседі (М.Әуезов, Индия очерк.). Жел *желпіді* кейде есіп, Көк жайлауда жатырмын (С.Мәуленов, Тартыс.). Осында түр батырлық, туыстық та, Сергектендік сеңдермен ұғыстық та. Алатау да сендерге жақын келіп, Самалымен *желпіді* күн ыстықта (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Мәуелеп өскен қарағаш қара көк қарағай, сылдырап аққан бұлақ рақат самал лебін *желпіп* көкіректі ашып жібереді (Т.Ахтанов, Боран). **2.** *Бір нәрсені сілкіп қалып ауа толқынын туғызу.* Есет екеуі келіншектің бетіне су бүркіп *желпи* бастады (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Мына орамалды қалтаңнан ал да, *желпіп* қал (Бозінген). – Бұл біздің шхунаның туы болады, – деді ол қызыл шүберекті *желпіп* қалып (Тұлпар). **3.** *Астықты (дәнді) шаң-тозаңынан арылту, тазарту.* Қараланған тарыны жапжалпақ нән бір ағаш тегешке салып *желпіп,* кебегін ұшырады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Дәннің шаңын жерге *желпи* Боранбай Сапырып тұр, сабырлы ағай саспаған (Т.Жароков, Таңд. шығ.). **4.** *Құстың қанат қағуы.* Ұлар құс Ұлытаудағы Өзіңнен сәулем аумады. Қабағын серпіп, Қанатын *желпіп,* Жанымды неге бауради (К.Салықов, Жезкиік). **5.** а у ы с. *Дүрілдету, екпіндету.* Жүйткіген жазда киік, қыста құлан, *Желпіген* кеудеңді күй, күшті ағын ән. Қазірде ғарыш жаққа кісі ұшады, Қыпшақтың ежелгі бір қыстауынан (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Етегі елпі, жеңі желпі. *Барын салатын, жаны қалмайтын (адам).* Ол – кісілер өте кішіпейілді, *етегі елпі, жеңі желпі* адамдар (А.Тоқмағанбетов, Шәңгек). Қолыма кетпен алдым, *етегім елпі, жеңім желпі* жүріп, асырап едім (С.Шаймерденов, Сыбызғы).

ЖЕЛПІГІШ з а т. с ө й л. ***Желпуіш***. Әрқайсымыздың қасымызда бір-бір қыз тұр. Қолдарында құстың қауырсынынан істелген *желпігіш* (Ә.Шәріпов, Алыс.).

ЖЕЛПІЛ з а т. *Жел соғу, жел қағудан болатын қимыл.*

Желпіл қақты. *Желпілдеді.* Алты күн айтылмай келген «Майра» шырқалғанда әр үйдің түндігі *желпіл қақ қандай* (Д.Әбілов, Арман.).

ЖЕЛПІЛДЕ= е т. **1.** *Желп-желп ету, желбіреу.* Қалды орыстың жас қызы, Орамалы *желпілдеп* өзеніндей Есеттің, Көзде жасы мөлтілдеп (С.Мәуленов, Таңд. өлең.)

Алқызыл ту көгімде, *желпілдейді* бізге сәуле беруге (Қ.Бекхожин, Жаңа қытай.). Бата берді Ақжелек Ақ сақалы *желпілдеп*, Қалың халық қол жайды, Мейірі түсіп елпілдеп. Жылап бата береді, Екі көзі мөлтілдеп. Ер Төстік пен Боқмұрын Тіке тұрды селкілдеп (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Жаны қалмай елпілдеу.* Бұл жақтағы шуды естіп, *желпілдеп* жас дәрігер жүгіріп келді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Көршілер жетеді *желпілдеп*, «қой, қарағым есен-аман азаматың келіп тұрғанда, жылама» деп кемпірлер басу айтады (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

Шымылдығың желпілдеп тұр ма? к е к е с і н. *Қайда асығасың, үйіңде нақ жас келіншегің күтіп тұр ма деген мағынада айтылады.*

ЖЕЛПІЛДЕК[1] з а т. с ө й л. ө с. ***Желайдар***. ≈ Орман *желпілдегі.*

ЖЕЛПІЛДЕК[2] с ы н. **1.** *Желпілдегіш, желбірегіш.* Оның бәрі – *желпілдек,* әдемі көкілді, жұқа жібек жал, кербез мойынға жарасып тұр (Д.Кәрімбаев, Қазақст. жылқы.). Жанында және бүлдіршін – *Желпілдек* қызыл галстук (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** а у ы с. *Жеңілтек, жеңіл жүрісті.* Еркек сыртта ойына келгенін істеп жүре беретін *желпілдек* әйелдермен дос-жар боп жүргенімен өз отының басын адал әйелге ғана сеніп тапсырады екен (З.Рысбекова, Әйел сыры).

ЖЕЛПІЛДЕС= е т. *Мәз болысу, қуанысу.* Үйге қайтудың хабары келіп, бәйгеге қосар аттай *желпілдесіп* тұрған балалар класс жетекшісін көргенде иіндері суға кеткендей сұлық түсіп еді (С.Сарғасқаев, Тәмпіш қара).

ЖЕЛПІЛДЕТ= е т. *Желп-желп еткізу, желбіретy.* Күнікей қызылшаң белбеуімен қыпшасын қылдай қып буынып, қызыл тақиясының үкісін дөңгелете сілкіп, *желпілдетіп*, кебісін тазалап киіп, атын жетелеп байдың жұртына барды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аспандап соққан айқайы, Алтайдың асқар тауындай, *Желпілдеткен* түндікті Күздігүні дауылдай (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көкшолақпен мен келдім екпіндетіп, Қатарына іркілмей келдім жетіп. Мені жан деп біреуі қарамайды, Жорға мінген үкісін *желпілдетіп* (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ей, Жастық! Сенің ғажап бір күніңді, Алар ем айырбастап бір жылымды. Мәзіріңе береке тілей келдім, Құшағыма толтырып гүлгүлімді. Жас отау, *желпілдетіп* түндігіңді, Жалғай бер жарасымды тірлігіңді! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕЛПІЛДЕТУ *Желпілдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үкісін *желпілдету.*

ЖЕЛПІЛДЕУ *Желпілде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желп-желп ету, желбіреy.* **2.** а у ы с. *Желігу, желік қуу.* Өңкей желөкпелерге еріп алып *желпілдеуіңді* неге тыймайсың (М.Дүйсенов, Мейман.). Ол елпілдеу мен *желпілдеуді* көтермейді, терең ойды тілейді (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). *Желпілдеуі* жеткен шығар, – деді әкесі бұрқылдап (М.Сүндетов, Құмдағы ауыл).

ЖЕЛПІЛТ= е т. с ө й л. ***Желпілдет***. Жарқырай қалған кейбір тымақ күнде, Кетеді көріктеніп таулар мүлде. *Желпілте* бетпердесін алады келе, Сұлудың ғашық болған әлдекімге (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЖЕЛПІН= е т. **1.** *Желпілдеу, желбіреy. Желпініп* алау қызыл галстуктер Кепкесін көкке атады ер жұмыскер (Ж.Молдағалиев, Жыр.). *Желпінер* қызыл жалау масаттанып, Көтерген социалистік бейне туын (Қаз. әндері). **2.** *Салқындау, тыныстау, терін басу. Желпініп*, желденіп, тамырларын қан кернеп, бойына қайрат бітіп, сергігендей болып келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қоңырат ертеңінде күндіз тысқа шығып, *желпініп* кеп, картаға қайта кірісті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Тастан іштей кіжініп, сыртқа қарай *желпініп* келуге кетті (С.Жүнісов, Ақан сері). Жұқа жібек орамалмен жиі *желпініп* отыр (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** а у ы с. *Көңілі көтерілу, сергу, серпілу.* Кел, Наурыз, ақ ниет ағындаған, Бір *желпінсін* сағынған сағым далам. Ақ тілекті арнайын ағайынға Ақ ниеті ешқашан тарылмаған (К.Салықов, Жезкиік). Кетемін мен де өзгеріп, *Желпініп* көңіл, іш пысқан, Ойнақтап жүрген кездерім Келеді зымырап тұс-тұстан (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жексенбіде *Желпініп* елмен бірге Жырлағанға, Жарқылдап күлгендерге. Қызығамын... Шынымен қызығамын Шаршап-шаршап демала білгендерге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Біз жастармен әңгімелесіп, жаңа жазған жырларын тыңдап, біраз *желпініп* қалдық (С.Мәуленов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Желігу, қызбалану.* Жұрттың бәрінің қолында сойыл, шоқпар. Сатыр-сұтыр етісіп, қостан *желпіне* шығысты (М.Әуезов, Қараш.). *Желпіне* барып, желігін жұрт та басқан-ды; Оқыс бір ғажап оқиға сонда басталды. Жалғыз бір қара жұлдыздай ағып келеді, Қараңғы түнде қақ жарып тілген аспанды (М.Мақатаев, Шығ.). Сай-сүйегің сырқырап Шырқаса Жамал *желпініп* (Қ.Айнабекұлы, Өлеңд.). **5.** а у ы с. *Жеңілтектену.* Мына сөзі – жайлап айтқан *желпінбей* Ар алдында беріп тұрған сертіндей... Құшағында жатқан анау сәбидің Жан дауысы – Жазығым жоқ!...– дейтіндей (С. Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЕЛПІНГІШ с ы н. *Желіккіш, лепіргіш.* Мұқал мұндайда *желпінгіш,* алып-қашпа, желғабыз жігіт екен (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ЖЕЛПІНДІР= е т. **1.** *Сергіту, серпілдіру.* Жылы леп *желпіндірмес* тегі кімді! Көтерді көңілдегі егінімді. Кетсеңдер керек бірақ көп дәріптеп, Баса алмай жүрмін әлі желігімді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Баршамыздың алдымызда шын тарихымыздың *желпіндір етіндей* жеңісті сәттерімен қоса ойсырата ойландыратындай ойранды беттерін де толығымен қамтып, тұтасымен қалпына келтіру міндетінің тұрғандығы қаншалықты маңызға ие екендігі айтпаса да түсінікті (Ә.Кекілбаев, Үш белес). Олар жоқ, Бәрі бір-бір дастан еді, Қондырған алақанға асқар елі. Болса егер Сәкен, Ілияс, Қасым, Тайыр, Жұртын бір *желпіндірін* тастар еді, Осынау жыр бәйгесін бастар еді (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Желіктіру, еліктіру.* Бір дабыл, дауылдатып, жел тұрғызып Әкетті-ау, жүрегімді *желпіндірін* (З.Шүкіров, Арал.).

ЖЕЛПІНДІРУ *Желпіндір етістігінің қимыл атауы; сергіту.* Онсыз да жұмыстан жаншылып бейнет басып жүрген диқанды жақсы сөзбен сүйеп, көтермелеп *желпіндірудің* орнына пысын басып ықтатып жіберді (Д.Досжанов, Табалдырығын.).

ЖЕЛПІНТ= е т. **1.** *Желпілдету, желбіретту.* Келем солай күбірлеп, көшеде мен, Жасыл көктем лебімен еседі өлең, Жапырағын *желпінті*, жайып бәрі (Қ.Бекхожин, Әппақ-наме). **2.** а у ы с. *Сергіту, серпілту.* Біздің қалам қимылда, Ұлы Отанның жырын айт, *Желпінте* жаз адамын (І.Жансүгіров, Шығ.). Жыр жігітті *желпінтпес*, Ұрандамай майданға, Жыр қуаты күшеймес, Оқша атылмай тауларға (Жамбыл, Шығ.). Сәулетті астанам түр Алматыдай, *Желпінтіп*, желпілдетіп бақ пен бауын (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕЛПІНТУ *Желпінт етістігінің қимыл атауы; серпілту.* Келген ісі – Ербосынға арналып, аудандағы әңгімесін айтып, *желпінту* еді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа).

ЖЕЛПІНУ *Желпін етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желпілдеу.* **2.** *Салқындау, тыныстау.* Ыбырай *желпінуге* қораға шығып еді (Ж.Молдағалиев, Самал). **3.** а у ы с. *Сергу, серпілу.* Ақтоқтыға *желпіну* қайда, көресіні осы ауылдан көрді (С.Жүнісов, Ақан сері). **4.** а у ы с. *Желігу.* Көрінді міне, көрінді, Қара теңіз жағасы. Алып-ұшқан көңілдің, *Желпінуін* қарашы (Н.Әлімқұлов, Алатау.).

ЖЕЛПІНУЛІ с ы н. *Желпінген, елігіп-желігіп алған.* Шарапқа мас жандай шат күйде *желпінулі* (Н.Сералиев, Құм адам.).

ЖЕЛПІНШЕК з а т. с ө й л. ***Желбір***. Етегіне *желпінше к* салған жібек көйлегі малынып, сызыла басып жақындап келеді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Үстіне ақ жібектен құрды шатыр, Шалжиып көлеңкеде Канси жатыр. Ұлпақұс қанатынан *желпіншегі*, Қоршаған төңіректе кілең батыр (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Әйелдер мен қыздар *желпіншектерін* түйістіре бір-біріне құлақтарын тақасып, сыбырласып жатыр (Л.Сатаев, Дала.).

ЖЕЛПІНШЕКТІ с ы н. *Желпіншегі бар, желбірлі.* Беліне дейін *желпіншектті* қатырма көйлек киген бір әйел есек арқандап жүр (Т.Иманбеков, Үш ай.). Ұзын, *желпіншектті* ақ жібек көйлек, ілгекті қызыл мақпал көкірекше киген орта бойлы сары сахнаның ортасына тоқтады (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай).

ЖЕЛПІНІҢКІРЕ= е т. *Аздап желпіну, желігу.* Футболшыларымыздың шашбауын көтергендей боп неліктен *желпініңкіреп* кеттік («Лен. жас»).

ЖЕЛПІНІҢКІРЕУ *Желпініңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛПІНІС з а т. *Демалыс, ауаға шығып тыныстау.* Жиналыстың барысы да, *желпініске* шыққандардың сөздері де жалпақ бет жас жігітке түк ұнаған жоқ (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Нұрбек пен Биікбек кешкі астан кейін жатар алдындағы *желпініске* шықты (С.Досанов, Қарой). Жатар алдындағы *желпініске* мен ылғи сағат он бірде шығамын (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЖЕЛПІНІС= е т. **1.** *Желпілдесу.* Ерулеп, *желпінісіп* қалың әскер, Гуілдеп мошады бір үлкен жонды. Ауылдағы жұрттың бәрінің назары, ойы танабайлың ағаш үйінде мошап жатқан отрядта болды (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Салқындау, тер басу.* Қонақтар шешінді, омыраулар ашылды, *желпіністі* (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). Аттарды жаяу жетелеп демін бастырып, омырауларын ағытып *желпіністі* (Ә.Көшімов, Лашын.). **3.** а у ы с. *Көңіл көтерісу, бірге сергу.* Оқу ауыр да болса, оқытушы мен оқушылар күлісіп, *желпінісіп* алады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖЕЛПІНІСУ *Желпініс етістігінің қимыл атауы.* Кісілер терін басып, *желпінісуге* далаға шықты (Ауызекі).

ЖЕЛПІҢКІРЕ= е т. *Аз-аздап желпу.* Сол шақта жуасыды желіккен жел, Жалақтап жердің шаңын *желпіңкіреп* (Т.Жароков, Құмда.).

ЖЕЛПІҢКІРЕУ *Желпіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛПІП-ЖЕЛПІП ү с т. *Дамыл-дамыл желпіп.* Кейде жігіт бетін күн самалымен әлсіз ғана *желпіп-желпіп* қалғандай болды (З.Қабдолов, Өмір.). Жел Динаның ақ күмістей самай бұрымын жанай өтіп, *желпіп-желпіп* өтеді (С.Бақбергенов, Күй). *Желпіп-желпіп* алады ол, Самалының жырымен. Бұлағының

күйімен, Бұлбұлының үнімен (Т.Қызықбаев, Арайлы шақ).

ЖЕЛПІТ= е т. **1.** *Жел қақтыру. Желпіткіш* жібек желдерді, Қайыңдар, талдар шаттанар (Ж.Сыздықов, Асу.). Өкшесін сүртіп ақ бұлтпен, Асқарда асау мөңкітіп, Қағады жайнақ, шапшып тер, Аспанға төсін *желпіткіш*, Біздің қазақ әйелдері (Ж.Қалиев, Армысың.). **2.** а у ы с. *Сергіту, серпілту. Желпіткіш* шат көңілді көтергендей, Құбылып ән-күй, сырнай тоқсан түрлі (С.Машақов, Жылдарым.). **3.** а у ы с. *Желіктіру, қоздыру.* Енді сыншы тоқтады Басқа атты айтпады. Желіктіріп, *желпіткіш.* Үш жүз атты айдады, Жалауларын байлады, Алты өрінен асының Сөре қалап жайғады (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕЛПІТУ *Желпіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көңілді *желпіту.*

ЖЕЛПІШТЕ= е т. *Қайта-қайта желпу.* Е, бізде, шырақ қырық градус әрқашанда! – деп күлді пысынағандай тіптен қос қолтығын қайта-қайта *желпіштеп* (З.Камалиденов, Фермаға кел.).

ЖЕЛСӘУІР з а т. ж е р г. *Жаумай желдетіп өте шыққан бұлт. Желсәуірде* ауа райы жаман болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕЛСІЗ с ы н. *Жел жоқ, жел соқпаған.* Қоңыр күздің бүгінгі күні *желсіз* тынық (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Желсіз* түндерде оның сәулесі киіз үйдің түндігінен түсіп тұрды (С.Мәуленов, Үркер.). *Желсіз* күнде көл айнадай жарқылдап, алыстан сағымдар мұнарланып біздің екі ғашық біраз тамашаға қалып келе жатқанда, Жамал ойына бірдеңе түсіп кеткендей ән салып, мынау өлеңді айтып жіберді (М.Дулатов, Шығ.). Қыз кетті күйеуінен рұқсат алып, *Желсіз* түн, ай қараңғы, жұлдыз жарық. Көлбеңдеп қараңғыда қыз келеді, Серт берген ғашық досын ойына алып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Желсіз күндей. *Тып-тыныш, бейқам.* Көңіл деген – дария *желсіз күндей* жай жатқан (Б.Күлеев, Таңд.).

Желсіз теңіздей. *Тынық, жайбарақат. Желсіз теңіздей* тынық жатқан ел едік, не құйын соқты іргеден? (Д.Әбілов, Таңд. өлең.).

ЖЕЛСІЗ-ЖЕЛЕУСІЗ с ы н. *Тыныш жатқан, бейбіт.* Аз ауыл едік елеусіз, Пәледен аулақ, шүкір ек. Жүр едік *желсіз-желеусіз*, Жоқ еді жөнді үкімет (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

ЖЕЛТАБАН с ы н. **1.** *Өрен жүйрік.* – Елік жүйрік аң ғой, етін жемей, сорпасын ішкен адам *желтабан* жүйрік болады, – деп Зәбираға мысқылмен көз қиығын тастады (Ф.Дінисламов, Көл жағасы.). Артынан дүбір шықса, қозып кететін *желтабан*, ұрма (Ә.Қалдыбаев, Қос тентек). **2.** а у ы с. *Тілалғыш, елгезек.* Сол тілалғыштығына, елгезектігіне байланысты кейбір жолдастар оны «*желтабан*» атап кетті («Қаз. әдеб.»).

ЖЕЛТАҚЫМ с ы н. *Шабандоз.* Атшабар баласы да бар *желтақым*! (Т.Қыдыров, Махаббат.).

ЖЕЛТАРТҚЫШ з а т. т е х. *Ауа жаңартқыш қондырғы.* Даланың жазғы ауасы гу-гу толқып, Келеді түйдегімен *желтартқыштан* (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы.). Оқу кабинеттерінде *желтартқыш* жұмыс істемейді («Қазақст. мұғ.»).

ЖЕЛТЕҢ с ы н. с ө й л. **1.** ***Желкем***. Еңкейіп кеткен күн *желтең* тартып салқындайын деген (Ж.Орманбаев, Тұзақтал.). Ақ қырау салбыратып қырды басқан, Көк тұман қопарылды *желтең* атқан (І.Жансүгіров, Поэм.). Ай туған жоқ, аспан бұлт, күн *желтең* (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жеңіл мінезді.* Білем, – дедім, төмен қарап, білетінім рас-ты, Білуші едім шешесін де ойы *желтең*, тілі ащы, Зеркүл соның жалғыз қызы қабағына қараған, Бұл маңайға былтыр күзде көшіп келген қаладан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕЛТЕҢДЕУ с ы н. с ө й л. ***Желкемдеу***. Жаға *желтеңдеу* екен. Теңізде толқын бар (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Күн *желтеңдеу*, аспан сұрғылт, ызғар білініп қалған кез (И.Жақанов, Екі жирен).

ЖЕЛТИІРМЕН з а т. с ө й л. ***Желдиірмен.*** Ол шетте ақырын айналып, сықырлауық *желтиірмен* тұр (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖЕЛТОҚСАН з а т. <лат. december> *Қазақша он екінші айдың аты.* Қараша, *желтоқсанмен* сол бір екі ай, Қыстың басы, бірі ерте, біреуі жай (Абай, Тол. жин.). Тоқсан «жәді» жұлдызына келеді, сондықтан кейде «жәді-тоқсан» түрінде де айтылады. Осыдан *желтоқсан* болып кетеді (М.Ысқақов, Халық.). *Желтоқсанның* да, ақпанның, Қаймықпай қатты желінен. Ұшақпен ұшқан шақтарда Бірге ұшты ылғи менімен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жылтыр дала *желтоқсанда* да жап-жалаңаш қара қатқақ күйі жатты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Желтоқсан көтерілісі [оқиғасы]. т а р. *1986 жылдың 17-19 желтоқсан аралығында Алматыда болған қазақ жастарының КСРО үкіметінің тоталитарлық отаршылдық, әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық көтерілісі.* Тәуелсіздік алған соң *Желтоқсан көтерілісі* туралы шындықтың беті ашылды. Бұл көтеріліс шын мәнінде Қазақстанның егемендігі мен КСРО-ның құлауына әкелген маңызды факторлардың бірі болды (Саяси түсінд. сөздік). 1986 жылы *Желтоқсан көтерілісі* бүкіл тоталитарлық жүйенің тек

ұранмен өмір сүріп, қоғамды демократиялау – жазалау экспедициясына күрмеліп, ұлтаралық келісім, татулық империялық әпербақандыққа сүйеніп тұрғанын әлемге танытты («Егемен Қазақстан»). *Желтоқсан оқиғасы* ғасырлар бойы шеттетіліп, езіліп келген халықтың рухының оянған сәті болғанымен, оның қасіретін тіпті де ұмытуға болмайды («Түркістан»).

ЖЕЛТОҚСАНДАЙ сын. сөйл. *Желтоқсан айындай суық, салқын.* Неге мұнша *желтоқсандай* суықсың Бағымызға туған дарын болар деп Қуанып ем, Сорымызға туыпсың (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАР зат. тар. *1986 жылғы Қазақстандағы тоталитарлық отаршыл жүйеге қарсы болған, желтоқсан көтерілісіне қатысқандар. Желтоқсаншылардың* баяғыда мына біз сияқтылар да қуғындаған, маған тиісіп жүрмегей! – деп безілдепті мақар майор («Жас Алаш»). Сол *желтоқсаншылардың* дені өз бағасын әлі күнге ала алмай кетті. Тіпті, осы оқиғаны ұмыттырып жіберуге әлдекімдер мүдделі де сияқты («Жас Алаш»).

ЖЕЛТОҚЫМ[1] зат. вет. *Жылқының ыстық-суықты жіберілуінен болатын ауруы; ісік.* Қысаға – түйеде болатын қотырға жақын, бірақ оның жеңіл, ыстықты-суықты жіберілуінен болатын ет пен тері арасында сары су, ірің пайда болатын қышытқы ауру, жылқының *желтоқымы* сияқты («ҚазССР ҒА Хабарлары»).

ЖЕЛТОҚЫМ[2] зат. *Жауыр атқа салатын ортасы ойық тоқым.*

ЖЕЛТОСАР зат. *Қалқанша, кіреберіс.* Ауыз үйдің алдында *желтосар* бар. Төбесі жабылғыш лапас (Б.Дәулетбаев, Сүмбілшаш).

ЖЕЛТҰЯҚ сын. *Желаяқ, ұшқыр.* Жылқы өсіру ісін қолдау қоғамы ұйымдастырып отыратын үш шақырымдық стиль-чез бәсекесіне қатысу үшін *желтұяқ* жүйріктерге 268 шақырымдық жорықты ерсілі-қарсылы жүріп өту шарт («Егемен Қазақстан»). Сонсоң... нағыз *желтұяқтың* өзі (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЖЕЛТІРЕКТЕ= етістік жерг. *Жеңілдену, сыртқы киімдерін шешу.* – Әй, *желтіректеме,* абайла, шаншу ұстап қап жүрмесін? – деп қойды кемпірі (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЖЕЛТІРЕКТЕУ *Желтіректе етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛУ *Жел етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шаппай, аяңдап жүру.* Аты құрғыр митыңдап, *желуден* аспады (Б.Тілегенов, Аққайың). Келе жатыр батырлар, Жібермей атты еркіне, Сыпыра жортып *желумен* (О.Шипин, Дастан.). Он бес күндігі шөл еді, Сол сексен күндік жерлерге. Зар *желуімен* отырып, Жетермін қырық күнде деп еді (Батырлар жыры). **2.** *Көсілу, шешіліп сөйлеу.* Шіркіннің сөйлер сөзге, *желуін*-ай, Артынан ханзаданың еруін-ай (Айтыс).

ЖЕЛУАН зат. Бір *желуан* сайдың бойына, Апарып байын салады. Бетін шөппен жабады, Жасырынып бір жерден, Сығалап сұлу қарады (Батырлар жыры).

ЖЕЛҰШЫҚ зат. *Жел тиюден пайда болатын бөртпе.* Араларыңдағы наразылық үшкіргеннен қалмайтын *желұшық* сияқты бірдеме, – деді Қалиса (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖЕЛШЕ үст. *Жел тәрізді, жел секілді.* Желаяқ сөз елбең-елбең жүгірді, Аудан ішін *желше* аралап қыдырды (С.Сейітов, Жаңғырық). *Желше* үйірсе жер шары амалым жоқ, Ән сыңсытқан аққуға залалым жоқ (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Нияз бен Боранбек аңша сыпылдап, Отардың қасына келіп, *желше* жып етіп, қалың талға кіріп кетті (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЕЛШЕШЕК зат. мед. *Жұқпалы бөртпе ауруы. Желшешек* – жұқпалы ауру. Баланың үсті-басын қышытып, мазасын алады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Қызылша, *желшешек,* көкжөтел, оба ауруларынан кейін өмір бойғы иммунитет пайда болады (Ж.Сұлтанов, Аурулар. егу). Әдетте *желшешек* жеңіл өтеді, бірақ кейде (әлжуаз балаларға шыққанда) асқынатын кезі болады, терісі іріңдейді, құлақтары мен шырышты қабығы т.б. қабынып ауырады (Шаңырақ энцикл.).

ЖЕЛІ[1] зат. **1.** этн. *Ірі қара малды сауған кезде төлдерді (құлын, бұзау) байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған қыл, не кендір арқан.* Шоқан жылқының, *желідегі* құлындардың суретін салып ермек етіп жүрді (С.Бегалин, Бала Шоқан). *Желідегі* құлындар үрпиісіп, шұрқырап, құйрықтары шошайып делегейленді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күндерде бір күн Еспембет *Желінің* келді басына, Бие ағытып жатқанда, Биешінің қасына (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ат болатын құлынды *Желі* басынан танисың, Адам болар ұлыңды Жолдасынан танисың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Мінілмеген, жұмысқа салынбаған мал семіріп, *желідегі* құлындар ғана жүдеген (М.Дулатов, Шығ.). **2.** ауыс. *Бір нәрсенің ұзын-ырғасы, бір-бірімен байланыстылығы, сабақтастығы.* «Дала қоңырауы» атты поэмада Ғафудың бірінші жетістігі – ұзақ уақиғаның *желісін* түзу тарта білуде біраз ысылғандық көрсетіпті (С.Мұқанов, Өсу жол.). Көп кешікпей Ғали да бір күн түнде, Сәрсенбайдың аулының тұсындағы бір сайда, сүйіктісі Жамалмен келешекте бірге рақат ғұмыр өткізулерінің *желісін* сөйлеп тұр еді

(М.Дулатов, Шығ.). Неге ренжиін, айт, сұрай бер шырағым, тек кейін, кейін. Сөзімнің *желісін* бұзбашы (З.Иманбаев, Қыран.). Зығырданды қайнататын, Зындан күйі кетсін шығып. Тау ығына, бірақ жел тек Күй *желісін* қалсын ұғып (О.Шипин, Дастан.). **3.** а у ы с. *Негіз, өзек, арқау.* Жүз жылдық той – бар қазақтың жемісі, Бабын тапты дауыл дүние *желісі.* Желбіреді ел бірігер ту болып, Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің жеңісі (Қ.Салықов, Жезкиік). Дариға, қалқам, сен үшін, Ектім өмір жемісін, Түсінерсің өскен соң, Ұғарсың жырдың *желісін* (Қ.Аманжолов, Шығ.). **4.** а у ы с. т е х. *Жүйе, торап.* Жылу жолдарын салушылар мен электр *желілерін* тартушылар да қауырт кезең, қарбалас жұмыс үстінде («Соц. Қаз.»). Еліміздегі электр станциялар мен энергетика *желілерін* тиімді пайдалану үшін оларға косинусты конденсаторлар керек (Ж.Исмағұлов, Адам.). Жатақханада су жүретін *желі* мен канализация қалыпты жұмыс істемейді («Қазақст. мұғ.»). **5.** и н ф. *Мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізетін, бір-бірімен мәлімет алмасу мүмкіндіктерімен байланысқан жұмыс стансылары, коммутация тораптары, серверлер және т.б. құрылғылар жиынтығы.* Принтер, модем, дискідегі мәлімет жинақтауыш тәрізді құрылғыларды ортақ пайдалану мақсатында дербес компьютерлер мен басқа офистік электрондық құрылғыларды *желі* арналары арқылы бір-бірімен байланыстырады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Желі абоненті. и н ф. *Желіге қосылған компьютер немесе басқа құрылғы.*

Желі арқан. э т н. *Желіге арналып есілген жуан арқан.* Осылар сияқты «шанду арқан», «шом арқан», «*желі арқан*» деп аталатын арқандар көп-ақ (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). – Алты қабат ала арқан, Жеті қабат *желі арқан* Жібектен есіп ширатып, Мойныңа тағып сүйреттім (С.Сейфуллин, Шығ.).

Желі архитектурасы. и н ф. *Компьютерлік желінің логикалық түрде ұйымдастырылуы және оның жұмыс істеу принциптері.* Кез келген *желінің архитектурасына* үш түрлі логикалық, физикалық және программалық құрылым кіреді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Желі басқару жүйесі. и н ф. <ағыл. network management> *Мәлімет жеткізу торабында басқару, мониторинг және әкімшілік жасау үшін қолданылатын жабдықтар мен бағдарламалар жүйесі.*

Желі бойы. *Желінің ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

Желі бойы жер алды. ф о л ь к. *Тартылған желі ұзындығындай жерге жетті.* Қияқтан барып ін алған, Екі аяқпен серіпкенде *Желі бойы жер алған* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Желі етті. *Негізгі өзек, жүйе қылды.* Дина барлық күшін күй өзегіне арқау етіп, күйлі сазын соған *желі етіп* тартты (С.Бақбергенов, Дина).

Желі өрнегі. қ о л ө н е р. *Оюлар мен өрнектердің арасын қосып байланыстыратын өрнек түрі. Желі өрнегі* – әртүрлі оюлар мен өрнектер арасын бір-біріне қосып, желі иық, қайық сияқты формалар жасалатындықтан осылай аталған (Х.Шобай, Қаз. ұранқай қолөнері.).

Желісін үзді. *Өз бетімен еркіне кетті.* Оу, ағайындар! Жәбірлемеңдер баланы, Жәбірлейтіндей қайсыңа тиді залалы?! Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой, *Желісін үзіп* сендерден қайда барады (М.Мақатаев, Шығ.).

Желісіне мал айналды. *Мал бітті, қазығына мал байланды.* Есболда мал аз, *желісіне мал айналып*, бақ-дәулеті тасыған кісі емес (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Желі тартарың көбейсін! т і л е к. *Қылынды желіге алғаш байларда айтылатын сөз. Желі тартарың көбейсін!* – деп қылынды желіге байларда айтылады (Қаз. тілі).

Желі шашу. э т н. *Бие бауда, бие байланған күні шашылатын шашу. Желі шашудан* соң сары майдан кесіп алып, айғырдың сауыры мен қылиға жағады (Диал. эксп. матер.).

Сөз желісі. *Түптен тартылған түйін-түйін, сала-сала ой тармағы.* Абай әкесінің *сөз желісін*, түп мәнісін түсінген жоқ (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЕЛІ[2] з а т. г е о л. **1.** *Екі бағытта біршама ұзақ қашықтықтарға сағаланатын, жер қыртысына тән жарықтардың минералдық заттармен толуынан не жарықтар бойынша таужыныстардың орнын минералдық заттардың метасоматоздық алмастыруынан пайда болған геологиялық дене. Желілер* толысу желісі және алмасу желісі болып екі түрге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология). **2.** к е н. *Жер қыртысындағы жарықты толтырған не жарықтың өне бойындағы таужыныстардың орнына басқа минералдық заттар кептелген, екі бағытқа созылған геологиялық дене.* Таужыныстар түзген *желілер* сығылмалар деп аталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖЕЛІБАУ з а т. *Балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін ұзын шыжым жіп. Желібау* құсты шырғаға тартқанда немесе қолға жаңадан түскен бүркітті баулығанда қажет (А.Сейдімбеков, Ақиық). Ол басына ноқта тимей, шыңғыра тулап *желібауда* тұрмай, бір

енені жазы-қысы бір өзі арда еміп жүріп тайға ауысты (Ж.Тұрлыбаев, Телқоңыр).

ЖЕЛІГУ *Желік етістігінің қимыл атауы; елігу, еліру.* Қайраты зор, білмейтін ерінуді, Не асып, не мақтанып *желігуді*? Еңбегімен күнелткен, сырға берік, Ұнатпайтын орынсыз елігуді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әйтпесе, оған ғашық болмас та едім, Мұным бір *желігу* деп қоймас па едім (Е.Әукебаев, Таң шапағы). Орта жүзді асырап, Сұм қалмақтан езілу «Сорлатам» деп қазақты, Қазақтың бар көз қарақты Азаматын қырам деп, Атаман Ринов *желігу*, Кеше бір туған жарық күн, Көріне түсіп шегіну (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕЛІГІҢКІРЕ= е т. *Аз-аздап желігу, елігіңкіреу.* Өзен басынан Сандыбай *желігіңкіреп* қайтты (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Паңбай мырс етіп күлді. Бұл да *желігіңкіреп* қалған ба, қалай? (К.Баяшев, Нөсер).

ЖЕЛІГІҢКІРЕУ *Желігіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛІГІП-ЖЕЛПІНІП ү с т. *Бірдемеге елігіп, көтеріліп.* Түнімен сауық-сайран құрып, *желігіп-желпініп* жастар Доланды аттандырды (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖЕЛІГІС= е т. *Желік қағысу, еліру, желпінісу.* Ат мініп, екі-үш күндей бос жүретінін аңдаған кедейлердің бірталайы *желігісіп* кетті (К.Оразалин, Көктем.). Жендеттер *желігісіп* басылғанда, Биік жан өзі туған ғасырдан да, Сескеніп селт етпестен сөйлеп кетті, Жауынан шындықты ол жасырған ба (Қ.Жармағанбетов, Баллада.). Болған оқиға жайын естіген Кургановтың жақындары: – «Жиналып барамыз, қанды қанмен жуамыз» деп *желігісіп* еді, жамағайындар тоқтау айтып бөгеді (С.Мұқанов, Балуан Шолақ).

ЖЕЛІГІСУ *Желігіс етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛІДЕЙ с ы н. *Желі сияқты.* Етек-жеңі сымпиған, Тар шалбары тылтиған, Бәтіңкесі келідей, Галстугі *желідей* (Ш.Смаханұлы, Тотияйын). Холм, Локня қалаларының арасында *желідей* тартылған жол бойында тынысымызды бір-ақ алдық (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖЕЛІК[1] з а т. **1.** *Елігушілік, еліктеушілік; желпініс.* Ерте кезде шабарман болып, ат үстінде жүріп, содан қалған *желік* көртайғанша басылмай, өзін бір сүбе кісіге санайтын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көңіліне *желік* енеді, Шыдамай Есет келеді, Жеткенше билік басына. Бір уақытта тамаша... Бұрылып Есет қараса, Баймырза келед қасына (М.Дулатов, Шығ.). Күтетін, сағынатын мені кім бар, Ой дейтін таусылмайтын серігім бар. Елім бар еміреніп өзім сүйер, Желімді ал, күндер менің *желігімдегі* ал (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Қызбалық, қызулық.* Бір аяқ қымыздың екі аяқ *желігі* бар (Мақал). Бірақ қайдан мән бермейсің алдыңда әсем гүл түрса, Көктемнің шуағындай көз жауын ап құлпырса, Мен жеңілдім, тұңғыш рет қыз алдында жеңілдім, Жеңілмейміз дегеніміз *желігі* екен көңілдің (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Желігі басылмады. *Екпіні, қызуы қайтпады; тасыған көңілі қайтпады.* Федоров аттан қарғып түсті. *Желігі басылмай*, сулығын шайнап, тықыршып тұрған аттың тізгінін сағасынан тұқырта ұстады да, Еламанға келді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әдейі ат терлетіп келдім тойға, Айкүміс әуелден-ақ болдың ойда, *желігі басылмаған* албырт едім, Асығыс айтқаныма кінә қойма (Жамбыл, Шығ. жин.). Мен дауылмын кәдімгі Бұлттың ұшқан демімен, Мен дауылмын арынды *Басылмайтын желігім* (С.Мәуленов, Тартыс).

Желігін басты. *Бетін қайырды, тоқтатты.* Сұрапыл қырғын еді Мәскеу үшін, *Желігін* мынау жаудың *бас*! – деу үшін, Тағы да Қазақстан керек болды, Қазақтың төкті әкеліп әскер күшін (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Желік бітті. *Желігуді шығарды, желік пайда болды.* Алпыста самай-сақал бәрі ағарып, Жас күнің еске түссе жымыңдайсың. Жетпісте жас баладай *желік бітіп*, Орынын түскен тістің тығындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Желік қысты. *Желігі ұстады, елігісі келді.* Ән бойынды өртеп жалындай Асау бір *желік қысқанда*, Аспан мен жерді айырмай Ақ боз атпен үшқанда (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЕЛІК[2] з а т. ө с. *Сабағы тік, сабақ түбіндегі жапырақтары ірі, сопақша, шаршы гүлділер тұқымдасына жататын бақшалық өсімдік. Желіктің* күшті иісті, ащы тамырын түрлі ет тағамдарымен бірге дәм-татымдық ретінде жейді (ҚСЭ).

ЖЕЛІК= е т. **1.** *Бірдемеге елігу, еліру, қызу. Желікпей* жүйрік болсаң тұра алмассың, Кермеде арғымақтай тұрған жарап. Һәр баптан шешен болсаң сөйленерсің, Бұлбұлдай бақшадағы бейне сайрап (М.Дулатов, Шығ.). *Желіккен* төбет желге үреді (Мақал). «Қайда, – деп, – қазақ?» бұрын *желіккен* жау Көрген көп қазақты ойға батқан. Қазақтың қалың ерлер кілең, Батырды көп қалмақты ойға терең (М.Жұмабаев, Шығ.). Қуа соғып соңынан, Әлжан ұрмақ желкеден. Жүз-жүзден алып серікті, Жаланып ерлер *желіктіі*. Халық үшін өлсе арман жоқ, Ажалға болды ерікті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Орынсыз айқай салып *желікпеген*, Мен сенің сабырыңа сеніп келем. Туған жер, бұл әлемде өзім үшін Артықсың бар табиғи бөліктерден (С.Мәуленов,

Алыс кет.). **2.** *Құмарлану, әуестену.* Қыздар да *желігіп*, мылтық ататын көрінеді (С.Жүнісов, Жапанда.). Қашан да надан көп кедей, Бір уыс байға беттемей, Құл боп қызмет қылмай ма? *Желіккен* байлар құл айдап, Еріккен байлар хан сайлап, Әңгіме-дүкен құрмай ма? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Шапқан аттай желіккен дау-жанжал. *Бұл жерде ел ішін алақұйындатқан, елірмеге дем болған ерегіс, егес айтылып тұр.* Сыза тапса еккені қауын болды, жайылған ел топтанып ауыл болды, *Шапқан аттай желіккен дау мен жанжал,* заманымыз осындай дауыл болды (Майлықожа, Нақыл).

ЖЕЛІКБАС с ы н. с ө й л. *Елірме, желік қуған.* Ана тілін білмеген – Ақылы жоқ *желікбас.* Ана тілін сүймеген, Халқын сүйіп жарытпас (Қ.Мырзалиев, Шығ.).

ЖЕЛІККІШ с ы н. *Желіккіш.* Қымыз құйып, қиылғанда бұрақ бел. Қадалғанын қиып түсер қыран бол! Желеулетіп *желіккішқымар* қымызын, Қызды ауылға таң бозара қылаң бер («Қаз. әдеб.»).

ЖЕЛІКПЕ с ы н. *Еліргіш, елікпе, жеңіл мінезді.* Қашағанға, жарысқа көп алынып, *желікпе* болып қалған жандар екен, қызып ала-ала жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қасымбектің жылт етіп қалар *желікпе* қасиетін ұната бермейді (К.Сегізбаев, Ашыл. сыр.). *Желікпе* жеңіл әсемдік, сәнге, Көз жібер, ойла ілгергі шақты (Ә.Оңалбаев, Таңд.).

ЖЕЛІКПЕЛІ с ы н. *Желікпесі бар. Желікпелі,* жел құрсақ қызыл айғыр әзіл-мәзіл етуге тор биеге келіп, мойнын күдірейтіп, қоқырақтап, иіскелеп, оқыранады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аластап әрі-бері асқындырып, Жегіңді *желікпелі* ұшықтаймын (Айтыс).

ЖЕЛІКПЕЛІК з а т. *Желігушілік, еліріп кетушілік.* Ерлік дегеніміз *желікпелік* немесе албырттық емес (Қ.Аманжолов, Қасиетті.). Баланы өзі жорамалдаған қауіптен қорықпауға үйрете отырып, шектен тыс кетіп, оның *желікпелігін* мадақтауға да болмайды (Семья тәрбиесі). Әй, осы спартакиада, жарыс дейтін *желікпеліктің* біразын қысқарту керек қой (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.).

ЖЕЛІКТЕН= е т. *Желігу, желік пайда болу, елігу, еліру.* – Танктер Москваға келді төніп, Ағылды жаяу әскер *желіктеніп* (Партия тур. өлеңд.). Перісі әбден түсіп беріктеніп, Өзіне аруақ қонып *желіктеніп*, Жазылып жауырыны, қолы ұзарып, Қан төгіп қалай қырса еріктеніп. Бурадай ақпандағы тісін қайрап, Ағарып омырауы көбіктеніп (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЕЛІКТЕНУ *Желіктен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛІКТЕС= е т. *Біте қайнасу, жарасу.* Көңіл күй кешкі әуемен *желіктесіп*, Көкірегі сәуле отымен еліктесіп (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЕЛІКТІ с ы н. *Желігі бар, желік беретін.* Әйтеуір балаша қуанып, көңіліне өзгеше бір өзіне де белгісіз *желікті* сезім біткен (А.Сейдімбеков, Ақиық.). Дегенмен, оның *желікті* сөзі бізге ықпал етпей қойған жоқ (Ы.Тникин, Жомарт.). Сол мезет *желікті* күй әуені бөлмені басына көтеріп әкетті (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЖЕЛІКТІР= е т. *Еліктіру, елірту, желік қудыру.* Жігіттіктің мазасыз бір шағы да, *Желіктірген* қызылы да, ағы да. Шеттетті деп ағайындар біздерді, Шақырмаса ренжимін тағы да! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Қызылордада екі-үш скрипкамен «Азамат қожа» күйін тартқанын естігеннен де, домбыраның даусынан әлдеқайда әсерлі, күшті көрінеді. Адамды желпіндіріп, *желіктіріп*, еліктіріп әкетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осынша жасқа келгенше Құдай мұны *желіктіріп* алды ғой, қорасында тіс шұқитын шөп жоқ (М.Дулатов, Шығ.). Енді сыншы тоқтады Басқа атты айтпады. *Желіктіріп*, желпітіп. Үш жүз атты айдады, Жалауларын байлады, Алты өрінен Асының Сөре қалап жайғады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бас білмейтін байғұсты еліктіріп, Қолтығына су бүркіп, *желіктіріп*... Амал қанша, ұялам сақалыңнан, Таспа алар ем жоныңнан керіп тұрып! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕЛІКТІРУ *Желіктір етістігінің қимыл атауы.* Бұл баянды махаббаттың ұшқыны ма, жоқ әлде, өзімшіл әуестіктің *желіктіруі* ме, ол арасын Елеусіз ажырата алған жоқ (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). Күнде естілетін гармон үні де он еліктіріп, *желіктірумен* болды (А.Хангелдин, Қараторғай). Ауданның *желіктіруімен* біз елді үгіттеп, түсіндіріп отырып істеудің орнына, бел күшке кірістік қой (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕЛІКТІРУШІ з а т. *Еліктіруші, қолпаштаушы, көтермелеуші.* Қайтейін қол қысқа, дәрмен жоқ. Сені де *желіктірушілер* бар шығар (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖЕЛІКШІЛ с ы н. *Желігуге құмар; сауықшыл, қызықшыл. Желікшіл* отауда Тәттімбет түйсікшіл талай тойда домбыра толғандырып еді-ау («Қаз. әдеб.»). Жастықтың *желікшіл* базары қайнап жатқандай көрінуші еді оларға (С.Асылбеков, Оттан. ыстық.).

ЖЕЛІҚАҒАР з а т. э т н. *Жаңадан бие байлаған күні беретін ас-су, кәде.* Кәде жібермейтін Уәлінің әйелі Кәжігүл *желіқағарға* сақтаған қысқы соғымының қартасын күндіз қазанға салып еді («Қаз. әдеб.»).

ЖЕЛІЛЕ= е т. **1.** *Желіге байлау, желі тарту.* Қалың ағаштың теріскей жақ іргесіне *желілеп* байлаған жиырмадан астам мама бие кешке дейін бұлақтай иеді (З.Ақышев, Ақбел асуы). Ұжмақ иісті сайларға, *Желілеп* бие байласын (С.Сейфуллин, Шығ.). Әр жерде *желілеген* құлындар (З.Ақышев, Жаяу Мұса). **2.** а у ы с. *Ұзақ әңгіме шерту.* Уәли шал бір ұзақ-сонар әңгімені *желілейтін* қабақ білдіріп, қозғалып қойды (Қоғамдық тәртіп).

ЖЕЛІЛЕН= е т. *Желі болып тартылу; бір-бірімен байланысу, сабақтасу.* Құс жолы дәл төбеден *желіленіп* айқын жолақ тартып барады (З.Камалидинов, Фермаға кел). Жібек арқаудай үзілместен *желіленіп* отыратын бас тақырып – еңбек әлемі, сол әлемнің сүйініші, күйініші («Соц. Қаз.»).

ЖЕЛІЛЕНУ *Желілен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛІЛЕС с ы н. **1.** *Бір желіде тұрған.* Ерке көктем Мәлікті де жүрегін лүпілдетіп, *желілес* құлындай өскен құрбыларын еске салады (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.). **2.** а у ы с. *Сабақтас, жалғас, өзектес.* Есдәулетовтің әнеугі қалада сөйлеген сөзі мен бүгін ауданда Карповқа айтып отырған жайларының бәрінде *желілес,* астарлас күйлер, мәндер бар (М.Әуезов, Өскен өркен).

ЖЕЛІЛЕС= е т. *Бір желіге байланған, бірге тартылған.* Міне клуб, міне клуб пен мектеп шатырларындағы *желілескен* ұзын биік радио сызықтары, радио антеннасы (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЕЛІЛЕТ= е т. *Сабақтастыру, байланыстыру.*

ЖЕЛІЛЕТУ *Желілет етістігінің қимыл атауы.* ГАЗ–69-бен тау асып, нешеме шақырымдарды артқа тастап келуін келгенімен, әуелгіде әңгіме деген шіркінді *желілетудің* өзі оңайға түспеген-ді (Т.Қаупынбаев, Ашыл. сыр).

ЖЕЛІЛІ с ы н. *Желісі бар; бір-біріне байланысты, жүйелі.* Бір топ ақын музыканы тақырып етіп алады да, *желілі,* ұзақ оқиғаларды баяндайды (М.Әуезов, Индия очерк.). Мұрын *желілі,* көлемді батырлар жырын ұзақ уақыт бойы талмай, жалықпай жырлайды (Е.Ысмайылов, Ақындар). Тек өзі ғана біліп, әзірге өз ойында піскен *желілі* сөз сыртқа лап қоюға да дайын (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖЕЛІЛІК с ы н. и н ф. *Желіге арналған, бір желідегі.*

Желілік ақпараттық орталық. и н ф. <ағыл. network information center> *Желі жұмысын сүйемелдейтін және оны мәліметтермен қамтамасыз ететін орталық.*

Желілік диск. и н ф. <ағыл. network disk> Есептеу желісінде бірнеше пайдаланушы мен бірнеше есептеу мәшинесі бір уақытта жұмыс істей алатын диск. Әдетте, *желілік дискідке* желімен жұмыс істейтін көптеген адамдардың файлдары сақталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Желілік хаттама. и н ф. <ағыл. network protocol> *Желіге қосылған компьютерлерге бір-бірімен байланыс құруға және желі бойынша мәліметтерді жеткізуге мүмкіндік беретін хаттама.*

Желілі жыныстар. г е о л. *Жер қыртысында желі немесе сығылма түрінде орналасқан магмалық тау жыныстары. Желілі жыныстар* интрузиялы массивтермен байланысты немесе өзінше дербес болуы мүмкін (ҚҰЭ).

ЖЕЛІЛІЛЕР з а т. з о о л. <лат. chordata> *Арқа тұсында ұзына бойы созылып жатқан арқа желісі бар жануарлар дүниесінің ең жоғарғы типі.* Барлық *желілілерде* арқа желісінің үстіңгі жағында жүйке түтігі болады, ол төменгі сатылы желілілерде өмір бойы сақталады да, жоғары сатылы желілілерде оның алдыңғы бөлігі – миға, артқы бөлігі – жұлынға айналады (Қаз. тілі термин. Биология). Арқа желісі төменгі сатылы *желілілерде* өмір бойы сақталады, ал жоғары сатылы желілілерде ол тек ұрықтың дамуының алғашқы кезеңінде пайда болады, кейін оның орнына шеміршекті не сүйекті омыртқа жотасы түзіледі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛІМ з а т. *Бір нәрсені екінші нәрсеге, затты затқа жабыстыру үшін пайдаланылатын қоймалжың зат.* Қағазды қағазға, ағашты ағашқа, темірді темірге қоса салатын *желімдер* қазірде кең тараған (Н.Нұрахметов, Дархан хим.). *Желім* сұйық (мыс., ерітінділер, эмульсиялар) және қатты (ұнтақтар, таспалар) болады; соңғыларын пайдалану алдында балқытып езеді немесе қыздырылған тегістікке жағады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). – Қағаз желімдейтін *желім* тап. Мен сенің жыртық кітаптарыңды бүтіндеп, жөндеп берейін, – деді ол (Б.Соқпақбаев, Аяжан). Хатты төрт бүктеп конвертке салды да, *желімін* мұқияттап жапсырып, үстелдің шетіне қойды (С.Омаров, Жүйрік көңіл).

Желім жеп, у ішті. *Ішкені бойына сіңбеді, азап шекті.* Айдаһар қоршап, патшаға Отар болған Жетісу. Қан жасымен бет жуып, *Желім жеген, ішкен у* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Ішкені зәр [ірің], жегені желім. *Көргені қорлық, өмірі өксіген деген мағынада.* Былайғы жұрттың *жегені желім, ішкені зәр* болып жүрсе, ақ боз үйдегілер аса көңілді сияқты (Т.Рахымжанов, Оралу). – Бұл кезде менің көрген күнім құрысын. *Ішкенім ірің, жегенім желім* дегендей, еш нәрсені тіс жарып

айта алмастан, құса боласың да жүресің, – деді Ақмарал (Ә.Сәрсенбаев, Ақмарал). Боқмұрын, Сумұрындай екі алып, Алатау үлкендігі нар болыпты. *Ішкені ірің, жегені желім болып*, Көңілінде үлкен қайғы бар болыпты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жұрттың *жегені желімге* айналып, қияс күндерде көйлегі көк, тамағы тоқ қу қатын өзінен өзгелердің хал-ахуалына, мұң-шеріне зер сала ма екен, сірә (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Шырақтарым, сендер оқтың өтінде, біздер *жегеніміз желім* боп, ұйқы-күлкі көре алмай, қайғымен қан жұтып жүреміз (М.Дүзенов, Ақәже).

Ішкенің ірің, жегенің желім болсын! қ а р ғ. *Бойыңа сіңбесін; алғаның арам болсын!* Сарысулықтар оны Елеке дегенімен басқа жерлердегі малшылар оны келеке етеді. *Ішкенің ірің, жегенің желім болсын!* (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖЕЛІМАЙЛАУ з а т. э т н. *Сауын малдың төлі байланатын желі алғаш қазық қағылып, арқан тартылғанда «ақ көп, мал сүтті болсын» деген тілекпен желі арқанына айран құйып, қазығын майлау рәсімі.* Тіпті бие байлаған күні, «*желімайлау*», ал оларды ағытқан күні «сірге жияр» деп аталатын той-думан мереке өткізіледі (Қ.Дүйсенбаев, Жылқы тұқымы.). Желіні алғаш керген кезде *желімайлау* рәсімін жасайды (ҚҰЭ).

ЖЕЛІМДЕ= е т. *Бір нәрсені желім жағып жабыстыру, ұстату.* Жараланған адамның жарасын бұрынғыдай кескілеп тігіп жатпайды, *желімдей* қойса жетіп жатыр (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бірақ қолымды иығыма *желімдеп* тастағандай, қайта тартып ала алмадым (С.Бақбергенов, Қарға там.). Қағазға қамыр жағып асығыстау, Сынығын терезенің *желімдейді* (Д.Әбілев, Өлеңд.).

ЖЕЛІМДЕГІШ с ы н. *Жапсырғыш, ұстатқыш.* Ол ақ теректің үлпілдеген талшықты тұқымын *желімдегіш* заттармен өңдейді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). // *Жапсырғыш зат.* Аквариумның жарығына Менделеевтің *желімдегішін* жақса, жарық ұлғаймайды (Т.Мұсақұлов, Аквариум).

ЖЕЛІМДЕЙ с ы н. *Желім сияқты жабысқыш, жабысқақ.* Әлсін-әлі күрегін сілкіп, *желімдей* жабысқан сазды түсіре алмай, зықысы шығады (Т.Ахтанов, Шығ.). Бұлақтың ернеуі *желімдей* көк саз (Т.Ахтанов, Дала сыры). Жұмыс ұста *желімдей* Жібермейді қолымды (Қ.Мырзалиев, Өлеңд.). Өз тағдырыңа ие болу үшін жаныңның азығы, санаңның қазығы болғаны лазым. Сонда ғана *желімдей* ұйысып, аз да болса, саз боласың. Ұлт санасына ұйытқы солай қордаланады (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Желімдей былжырау. *Көп сөйлеу, мылжыңдау.* Аузымыз әлі *желімдей былжырап* отыр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Желімдей жабысты. *Жармаса кетті, айырылмады. Желімдей жабысқан* немеден оңай құтыла алмасына көзі жетті (О.Сәрсенбаев, Жиде.). «Осы сайтаннан қашан құтылар екем? – деді сырт айнала беріп – *Желімдей жабысуын* қарашы» (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖЕЛІМДЕЛ= е т. *Желім жағылу, жабыстырылу.* Жолдыбай маған конвертке салынып, аузы *желімделген* екі бүктелген хат көрсетті (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Әлде біреудің әлді қолдары екі шекемнен қысып, басымды қозғалтпай қойған тәрізденді, еріндерім бір-біріне *желімделіп* қалғандай боп көрінді (Ә.Нұршайықов, Махаббат жыр.). Табаны жерге *желімделіп* қалғандай, жылжи алмас (Ә.Тарази, Асу.).

ЖЕЛІМДЕЛУ *Желімдел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түскағаздың *желімделуі.*

ЖЕЛІМДЕН= е т. *Жапсырылу, желім жағылу.* Мұндай ағаштарға желім де тез сіңіп, жақсы *желімденеді* (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.). Сейіл әлдекандай бір тақтай үстінде екен, соған *желімденіп* қалғандай (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). Біреуінің аузы *желімденген* су жаңа конверт шықты (М.Ысқақбаев, Сұлутөр.).

ЖЕЛІМДЕНУ *Желімден етістігінің қимыл атауы.* Шеткі протоплазманың *желімденуі* клетканың дөңгелектену кезеңінен басталады (Қ.Нұғматжанов, Гистология). Өсімдіктердің бойында кейбір клеткалар қабығының ыдырап *желімденуінің,* кейбір ұлпаларының еруі салдарынан пайда болады (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

ЖЕЛІМДЕС= е т. *Жабысу, мықтап беку, ажырамау.* Жарастың басы мең-зең, екі көзі *желімдесіп* аштырмайды (З.Шүкіров, Отты өткел.). Қылаңдап келіп, жымып келіп балықтың желбезегіне жабысады да, *желімдесіп* қалады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЖЕЛІМДЕСТІР= е т. *Жабыстыру.* Сілекейдің негізгі маңызы тамақтың жеке бөлшектерін *желімдестіріп,* сумен жентектеп берілуінде (Адам анатом.).

ЖЕЛІМДЕСТІРУ *Желімдестір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ағашты *желімдестіру.*

ЖЕЛІМДЕСУ *Желімдес етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛІМДЕТ= е т. *Желім жақтыру, жабыстырту.* Бөлменің де қабырғасына әшекейлі қағаз *желімдетіп,* саңғырлатып қойдым (Н.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

ЖЕЛІМДЕТУ *Желімдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қағаз *желімдету.*

ЖЕЛІМДЕУ *Желімде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Желіммен жабыстыру, ұстату.* Марка жапсыруымда, хаттың аузын *желімдеуімде* иненің жасуындай мін болмаған шығарау (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Әйнекте жарық сызат пайда болса, оның үстін арнаулы шыны желімімен *желімдеу* қажет (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). *Желімдеу* алдында бет жағын мұқият тазартады және еріткіш заттың көмегімен майын кетіреді (Шаңырақ). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені шешімін тауып қиюластыру, реттеу.* Раушан Мәлік өмірінің шешілмейтін күрмелі түйініне айналды ма қалай, қисынын тауып *желімдеу* қолынан келмей барады (З.Шашкин, Сенім).

ЖЕЛІМДЕУЛІ с ы н. *Желім жағылған, желімделген, жапсырулы.* Қақпа алдында үлкен қағаз *желімдеулі* тұр (Қ.Исабаев, Соңғы тәулік). Бөлімшелердің командирлері аузы *желімдеулі* пакеттер де алған (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Жалма-жан *желімдеулі* аузын ашты («Қазақст. әйелд.»).

ЖЕЛІМДІ с ы н. *Желімденген, желім жағылған.* ≈ *Желімді* қағаз.

ЖЕЛІМСАБАҚ з а т. ө с. <лат. melandrium> *Қалампыр тұқымдасына жататын сабағы тік, биіктігі 20 см-ден 80 см-ге дейін жететін, сабағын, жапырағын, гүлсидамын, тостағаншасын желім тәрізді жабысқақ тұк басқан көпжылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдік. Желімсабақ* – хош иісті әдемі гүлді өсімдік, сондықтан сәндік үшін де өсіріледі (ҚҰЭ).

ЖЕЛІМТЕК[1] з а т. *Бидай, қара бидай және басқа кейбір дәнді дақылдарда болатын белоктық зат.* Қамырды жуғаннан кейін *желімтек* масса-клейковина қалады (Ботаника).

ЖЕЛІМТЕК[2] с ы н. с ө й л. ***Жабысқыш.*** Шыраштың тамыры шашақтанып бітеді. Бұл тамырларда крахмал және *желімтек* заттар көп болады (Б.Мұханов.., Қазақст. өсімдік.).

ЖЕЛІМШЕ ү с т. *Желім құсап, желім сияқты.* Қыстың қай кезінде болса да аяғыңа *желімше* жабысып, галошыңды тартқылайтын көк сазы – қала көркіне сын (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Желімше жабысты. *Жабысып, айырылмай қойды.* – Несіне қызығып *жабысса* қалдың, *желімше?* – деді Қамқа ханға (А.Хангелдин, Өткен күн.). Әлдебір жеңілтек жігіттердей бірден-ақ *желімше жабысуы* жоқ (М.Мағауин, Ақша қар).

ЖЕЛІП з а т. а н а т. <лат. uber> *Сүттің түзілуін және оның бөлінуін қамтамасыз ететін, сүтқоректі жануарларға тән тері безі.* Әртүрлі жануарларда *желін* пішіні мен құрылысына байланысты түрліше болады. Сиырда – төрт бөлімді төрт емшекті, биеде – төрт бөлімді екі емшекті, қой мен ешкіде – екі бөлімді екі емшекті, мегежінде (шошқа), итте – көп бөлімді жеке емшекті *желін* болады (Қаз. тілі термин. Биология). Сиырларының қорада қалғанына шүкіршілік: көп ұзамай бұзаулайтын түрі бар, *желіні* жер сызып жүр (Ш.Айтматов, Ерте келген.).

Астау желін. *Сүтті сиырлардың сауылғаннан кейін босап, терісі жиырылған желіні.*

Желін жамбы. з е р г. *Желін үлгісінде құйылған сом күміс.* Алды тауып тыққанды, Шынжырлы шең, шұбар тон. Шықты көрден онан соң *желін жамбы,* тайтұяқ (І.Жансүгіров, Шығ.).

Желіні жақындады. *Малдың төлдейтін күніне аз қалды.* Тойлыбайдың биесін, Ұрлап мініп бір күні, кезіп едім дүниені. Буаз екен сол күнде, *Жақындаған желіні* (Қазанғап Байболұлы, Шығ.).

Желіні жер сызады. *Сүтті, желіні сүтке толған.* Мысықтың соңынан жүріп келе жатқан жолаушылар... жер қайысқан, *желіндері жер сызған* сиырларға... кездеседі (Қаз. ертег.). Келеді боздап жануар, *Желіні сызып жер* бетін, Қаласаң қанша сауып ал, Жылы екен биыл төгетін (Ә.Тәжібаев, Таңд. шығ.).

Тас [ет] желін. *Сүті аз сиырлардың сауылғаннан кейін көлемі өзгермейтін желіні.*

ЖЕЛІП= е т. **1.** *Ас ішілу.* Ас та алдақашан *желініп* бітті (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Ет *желініп,* сорпа ішіліп, қонақтар қолын сүртіп болғаннан кейін іс, сауда жағы тілге тиек болды (Қ.Исабаев, Айқыз.). Күлшахан да бірсыдырғы тәуір қыз, Сөзге сараң, мінезі де ауыр қыз. Бәріміз де *желінбейтін* алмамыз, Бәріміз де бөлінбейтін ауылмыз (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Тоза бастау, кертілу.* Солдаттардың аяқ жақтарында өкшесі *желінген* керзі етіктер жатыр (Ж.Жұмаханов, Әлия). Әлгі жігіттің аяғында тұмсығы *желінген* сары бәтеңке (А.Нұрманов, Аққу.). Ат тұяғының көбесі өсіп *желінсе,* оған майда тұз сеуіп, жонып, таңып қоямын (Саржайлау).

ЖЕЛІНГІШ с ы н. *Жақсы желінетін, жұғымды.* Сондықтан да сиыр жоңышқаның шөбі жұмсақ, *желінгіш* келеді (Қ.Боранғазиев, Жем-шөп.).

ЖЕЛІНДЕ= е т. **1.** *Буаз малдың төлдеу алдындағы сүт безінің толып, толысуы.* Буаз қойдың *желіндегенін* қатты бақылап, көзден таса етпеу керек (М.Ермеков, Қазақст.). Оның күштілігі сонша, *желінделп* тұрған буаз биеге берсең, құлын тастайды (К.Қазыбаев, Ызғар). Тана *желіндегендігі* білмейді, бұзаулағанды біледі (Мақал). **2.** а у ы с. *Бір нәрсенің пісіп-жетілуі, толығуы.* Көктем келді, оған іле-шала жер-ана *желінделп,* бусанып сала берді (Ә.Қалмырзаев, Ар). *Желінделп* көкте сонша бұлт, Жақындап келді жаумаққа (Ж.Қалиев, Армысың.). *Желіндеген* бұлттарын желге

сауып, Көз алдыңнан көгеріп көл қашады (Ө.Нұрғалиев, Кәмелет).

ЖЕЛІНДЕУ *Желінде етістігінің қимыл атауы.* Малдың *ж е л і н д е у* кезін қарт бақташылар бірден біледі (Ауызекі).

ЖЕЛІНДІ с ы н. *Желіні үлкен, сүтті.* Ананы ақ сүт беріп *ж е л і н д і* еттің, Емшекті іңгәлатып тебінді еттің (Үш ғасыр.).

ЖЕЛІҢҚАП з а т. э т н. *Желіні жарылмас үшін, төлі ембес үшін арнайы жұмсақ матадан тігілген қап, жапқыш. Ж е л і ң қ а п* – мал желіні пішініне сай етіп жұмсақ матадан тігілген желін шап, үйек айналасын жауып тұратындай көлемде, асты емшектерін қаусыра ұстайтындай сүйірленіп тұйықталып келген, жоғары ұштарында белден асырып байлайтындай ұзын бау тағады. Сондай-ақ желіні жарылу, үсінуден сақтап немесе төл еміп қоймас үшін байлайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Ж е л і н қ а п,* желін, шап, үйек айналасын жауып тұратындай, ал түбі емшектерін қаусыра ұстайтындай пішінде жұмсақ матадан тігіледі (ҚҰЭ). Қаратөбел ешкі *ж е л і н қ а б ы м е н* кетіп еді, мүйізің сыңғырдың желіні жарылып кете ме деп қорқып отырғаным (М.Дүйсенов, Мейман.). Бәкір, ана топалаңның қозысы еміп қойыпты, *ж е л і н қ а б ы н* неге дұрыс байламағансың? (Б.Бабақов, Өрт).

ЖЕЛІНҚҰРТ з а т. *Биенің желіні ісіп, тесіліп ауыратын ауруы. Ж е л і н қ ұ р т* – құлынды биенің желіні ісіп, тесіліп ауыратын ауруы (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атауы).

ЖЕЛІНСАБА з а т. *Бие желінінің сыртқы қабы, сыртқы терісі. Ж е л і н с а б а* – бұл биенің желінінің «сыртқы терісі, сыртқы қабы» деген мағынаны білдіреді (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атауы).

ЖЕЛІНСАДАҚА з а т. э т н. *Мал төлдеп жатқан кезде төл көп еріп, мал аман болуын ырымдап, тарататын ғұрыптық ас.*

ЖЕЛІНСАУ з а т. в е т. <лат. mastitis> *Желіннің жарақаттануы, тазалық сақтамау, дұрыс саумау, жұқпалы аурулар т.б. себептерге байланысты желіннің қабынуы. Ж е л і н с а у д ы ң* негізгі себептері: желіннің жарақаттануы, тазалық сақтамау, дұрыс саумау т.б. (ҚҰЭ). Сондай-ақ, аусыл, актиномикоз, күл сияқты жұқпалы аурулар да *ж е л і н с а у ғ а* шалдықтырады (ҚҰЭ). *Ж е л і н с а у* – жұғымтал ауру емес, ол соқтығудан, сүт қатудан, емшектің үрпі бітуден пайда болады (Тарту). *Ж е л і н с а у* қой санға бар, сауынға жоқ (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.). Жаман жасаққа жарамайды, *Ж е л і н с а у* қосаққа жарамайды (Мақал). Қозысы сарқа ембегендіктен қойлар *ж е л і н с а у* болады (Х.Арғынбаев, Мал ауру.). *// Тұқ пайдасы жоқ, нашар, жұғымсыз.* Ендеше, ондай аузы аққа жарымай, еріні кезеріп отырған халықтың таңдайына бір тамшы тамызбайтын қайырсыз капитал мен *ж е л і н с а у* бизнеске жұртшылық іші қайдан жыли қойсын (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

ЖЕЛІНСІЗ с ы н. с ө й л. *Сүтсіз, желіненбеген, сүт жиналмаған.* Түк нәрі жоқ таматын, Желін жоқ сүт ағатын, *Ж е л і н с і з* бос шандырды, Тарту естен тандырды (А.Тоқмағамбетов, Сайра. бұлбұл).

ЖЕЛІНУ *Желін етістігінің қимыл атауы; ас ішілу.* Өсімдік майларының шамадан тыс көп *ж е л і н у і* шекті бұзатындығын, атеросклероз ауруына соғатындығын есте сақтаған дұрыс (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЖЕЛІҢКІРЕ= е т. *Аздап, ақырындап желу, желе түсу.* Ол дереу атқа қарғып мінді де, *ж е л і ң к і р е п,* батыстағы сай табанына түсті (М.Мырзақұлов, Ақық.).

ЖЕЛІҢКІРЕУ *Желіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕЛІП-ЖОРТЫП ү с т. *Бірде желіп, бірде жортып.* Құшақтап, «Көңіл қосты» бақша барсам, Көкшемен *ж е л і п - ж о р т ы п* қақшаңдасам (І.Жансүгіров, Шығ.). Отырды ортекедей *ж е л і п - ж о р т ы п,* Аттарын ұруменен оңды-солды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖЕЛІС[1] з а т. *Аттың шабуға жақын қатты жүрісі.* Білмейсің жөнің менен терісіңді, Ел болып іс етпейсің келісімді. Үміт қып бәйге атындай талай қосып, Байқадық шабыс түгіл, *ж е л і с і ң д і* (А.Байтұрсынов, Шығ.). Омбыда түнге қарай үлкен көшені бойлай аттардың *ж е л і с і н* салыстыру әдеті бар екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Сынаған кезде ат біркелкі бұзбай желуге тиіс, бұзған жағдайда атшы атты тезінен *ж е л і с к е* түсіруге міндетті (А.Сыздықов, Жылқы өсіру).

Бөкен желіс. *Аттың екпіндеген қатты желісі.* Аяңы тұмақты алшы қигізгендей, Кісінің бұлбұл қағып жүргізгендей, Шапқан атқа жеткізбес *б ө к е н ж е л і с,* ыза қылды қолыма бір тигізбей (Абай, Тол. жин.). Үш батыр нысана атым алға жүред Бөктер жол, *б ө к е н ж е л і с* тау сағасы, Жолына азық-түлік, қос мес алды, Аң, киік, құлан, құлжа жейтін асы (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бөкен желіске салды. *Қатты желіді, ызғытты.* Есенәлі Қаймақтыдан шығысымен-ақ қасқыр қараны ежелгі *б ө к е н ж е л і с к е с а л ғ а н* (Ж.Тілеков, Шалғай). Молданың аулынан ұзай бере *б ө к е н ж е л і с к е с а л ы п,* сосын шоқытып ала жөнелді ол (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Бұлаң құйрық желіс. *Бірқалыпты сар желіс. Б ұ л а ң қ ұ й р ы қ ж е л і с п е н* осы күрең ат келеді. Қос күреңнің желісі Көңілге жел береді (Б.Майлин, Шығ.).

Бүлкек [бүлкіл] желіс. *Жанға жайлы, баяу желіс. Б ү л к е к ж е л і с п е н* келе жатқан вержабайшы жігіт әндетіп те қояды («Қаз. әдеб.»). Астындағы сары аты да шаршағандай. Есілген аяңнан, *б ү л к і л ж е л і с т е н* жаңылып, кібіртік қаға бастады («Лен. жас»).

Сар [сау] желіс. *Желістен тоймай, үнемі желіп отыратын бірқалыпты, қатты желіс.* Салғаннан божыны қысып ұстап, *с а р ж е л і с п е н* желдіртіп отыру керек (З.Шашкин, Өмір тынысы). Ертеңгі қатқақ кезде жирен ат *с а р ж е л і с п е н* жолдың біраз жерін ұтып тастады да, түске таман жалыға бастады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Астымдағы шабдардың *с а у ж е л і с і м е н* Айғыржалға шыға келгенімде қой отары көзіме оттай басылды (Ш.Әбдіраманов, Көрінбес.).

Сар желіске салды. *Бірқалыппен көсіле шапты, желе жортты.*

ЖЕЛІСАБАҚ з а т. б о т. *Жерге жайылып төселіп, ұзарып өсетін жұмсақ, өте нәзік сабақ. Ж е л і с а б а қ т ы ң* топырақка жанасқан буынынан қосалқы тамырлар дамып, топырақка бекініп, желі тартып созылып жатыңқы қалыпта ұзарып өседі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕЛІСКЕР с ы н. *Жақсы желетін, желгіш, желісті.* Жирен қасқа *ж е л і с к е р* арғымақтың тұқымы (С.Мұратбеков, Көкорай). Торы ат тегінде *ж е л і с к е р* болмайтын (М.Әуезов, Әңгім.).

ЖЕЛІСКЕРЛІК з а т. *Жақсы желгіштік.* Аяңшылдық, *ж е л і с к е р л і к* және жүрдектік қасиеттер ұшқыр және жүйрік аттың бойынан табылатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖЕЛІСҚОР с ы н. с ө й л. ***Желіскер***. *Ж е л і с қ о р* қасқаға жегілген фаэтонның артына қайырылған кең күймесіне әдейі тосқандай жапырақтар көктен түйдектеле құйылады (С.Бегалин, Уақыт.). Попов Әлім байдың астына өзінің *ж е л і с қ о р* биік қара арғымағын берген (А.Машанов, Жер асты.).

ЖЕЛІСТІ с ы н. *Жақсы желетін, желгіш, желіскер.* Күнікейдің биесі *ж е л і с т і* екен: жайнаңдап резеңкедей созылып, ағызбақтай сумаңдап барады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Торы ат жануар – *ж е л і с т і* мал (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Құдай ақы, Мәке! Бұның бірі *ж е л і с т і*, бірі жүйрік! Оған қазақы жылқының беріктігін қосқанда тұлпар болып шығады (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

ЖЕЛІСТІК с ы н. с ө й л. *Қатты желетін.* Ірі жер иелері аңшы иттердің, *ж е л і с т і к* және бәйгеге қосатын жылқының көптеген тұқымдарын шығарды (Жалпы биология).

ЖЕЛІСТІЛІК з а т. *Желгіштік, желіскерлік.* Бұлардан жүрдектік, аяңшылдық, *ж е л і с т і л і к*, ұшқыр шабыстылық, нағыз алысқа шабатын жүйріктік қасиеттер де табылады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖЕЛІСІЗ с ы н. **1.** *Желісі жоқ, желі тартылмаған. Ж е л і с і з* бие байлауға болмайтынын неге білмейсіңдер (Ауызекі). **2.** *Жүйесіз, байланыссыз.* Дұрысында «Далада» да, «Көкшетауда» да үлгі алардық суреттермен бірге астарсыз, *ж е л і с і з* үстіртін қалқушылықтар аз емес қой (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖЕЛІШЕ ү с т. *Желі тәрізді, желі сияқты.* Үй сыртында, алыста шеп түзей *ж е л і ш е* тартылған темір бришкалар шоғыры жоталанады (Д.Әбілев, Арман).

ЖЕМ з а т. **1.** *Арпа, сұлы, бидай сияқты құрғақ мал азықтарының (шөптен басқа) жалпы атауы.* Ақтұяққа ер салды, Азығына малты алды, Атыма деп *ж е м* салды (Жамбыл, Шығ.). Атын *ж е м г е* көміп қойды. Қалтасына «жұмсақтан да» басты. Көңіл көтеретін бір әйел де табылды... Мұқаш мыршымға кірді. Мұқаш кекіді. «Болыс болмаймын» – деген ой жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ауырса *ж е м м е н* емдеген, Өзінен басқа көрмеген, Өзінен басқа білмеген, Күтіп тұрған анасы, Өзі әйелдің данасы, Тұлпар туған Бурылдың Қырық үш күні кем деген (А.Байтұрсынов, Шығ.). Атты қамшымен айдама, *ж е м м е н* айда (Мақал). Маңына дұшпан келмеген, Тұлпар аттар сол елде Ақ ордаға бағылып, Дорбадан тұрып *ж е м* жеген (Қабан жырау, Алтын қазық). **2.** *Аң, құс, балық атаулының тамағы, азығы.* Екі құзғын таласса, бір қарғаға *ж е м* түсер (Мақал). Қолындағы қызылды көрсетіп, Серікбай ителгіні *ж е м г е* шақырды (С.Бегалин, Уақыт.). Көшсем деген салқынмен таң атарда, Жүгін артпай әлі отыр сары атанға. ...Қос қарлығаш тынымсыз *ж е м* тасуда, Ұядағы тойымсыз балапанға (М.Мақатаев, Шығ.). Әй, құстар, тыңдаңыздар құлақ салып, Кезекпен *ж е м* тасыңдар ұшып барып. Үшеуін асырауға қанша қиын, Етіңдер аз күн қайыр бөліп-жарып (А.Байтұрсынов, Шығ.). Балықтың дене құрылымы, энергия түзуі және тіршілігіне қажетті процестер *ж е м г е* байланысты жүзеге асады (Қ.Қайымов, Суасты.). Шортан күз басы сүмбіле туысыменақ қоғажайға тығылады, сол жерде тоспа қылып *ж е м* аулайды (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

Аяғына жем түсті. а). *Суытпай отқа қойылғандықтан (жем жегендіктен) жылқы малының аяғы ісіп ауырды, ақсай қалды.* ә) *Орнынан қозғалмады, тыпыр етпеді.* Бір кезде тас бұршақтай жауып кеткен көп құдалардың *а я қ т а р ы н а* теп-тегіс *ж е м т ү с е* қалуы да тегіннен-тегін емес (Ә.Кекілбаев, Дала.). Шыдамай өлеңімнің таяғына, Жеңіліп ең Қайбурын баяғыда. Оспан, Мақыш сенің де

есіңде ме, *Жем түсіп* ақсағаның *аяғына* (Жамбыл, Тол. жин.).

Жем болды. *Біреуге алданды, қор болды.* Малдылар қолдағы Құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге *жем болып*, қарға-жарға ұшырауына шыдайды (Абай, Тол. жин.). Сен үшін жатсам-тұрсам арманым көп, *Жем болып* кете ме деп жамандарға (Жамбыл, Тол. жин.). Мен саған мана айттым ғой, Жармұхаметке біз текке *жем болдымыз* деп (М.Дулатов, Шығ.). Жуанмен ұстасқан кедей тентек болатыны, оның сөзі тыңдалмайтыны, есесі тимейтіні, ылғи ғана алдауға түсіп, көптің талқысынан шыға алмай, жуанға *жем болатыны* айтылады (М.Әуезов, Шығ.).

Жем қылды [етті]. *Олжа етті, пайдаланды.* Сені енді Тайтұяқтың борсығына *жем қылмаспын* (М.Ақынжанов, Ыбырай.). Алтын таң елге ағарып атпай тұрып, Халықты езді саздай ескі ғұрып. Кедейді жебір байға *жем қылмасқа* Күреске түскен сонда ол белін буып (О.Шипин, Дастан). Арамдар өбден алдап ұрған екен, Пәлесін неше түрлі құрған екен, *Жем қылып* ит пенен құс, ұры-қары. Қуалап дем алдырмай қырған екен (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Тоты құс едім бақшада, Қарақұсқа *жем еттің.* Хан қызындай басымды, Бір жаманға тең еттің (М.Дулатов, Шығ.).

Ит пен құсқа жем болды. *Айдалада өлді, көмусіз қалды.* Ана жылы жоғарыда кіре тартып жүріп шөлде қалып, *ит пен құсқа жем болып* өлген ағайымнан аумай қалыпты, – деді Дүрия (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). Тірі болсаң жетер ең, Кебінің жоқ, көрің жоқ, Жалғыз қалып жапанда, *Ит пен құсқа жем болдың* (Батырлар жыры).

Құрама жем. м а л ш а р. *Ғылыми негізделген рецепт бойынша құрамында пайдалы заттары, витаминдер бар жемнің бірнеше түрі араластырылып жасалған мал азығы; қоспажем.* Завод үстіміздегі он жыл ішінде жаңа кәсіпорындар салу және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта құру жолымен Қазақстанда *құрама жем* шығаруды екі есе ұлғайтуды көздейтін комплексті программа бойынша салынды («Соц. Каз.»).

ЖЕМАЗЫҚ з а т. *Мал қорегі, азықтық заттар.* «Қазақстан Республикасы биотехнология жөніндегі ұлттық орталығының» ғылыми ұйымдары ресейліктермен бірлесіп, «Биотехнологияның дамуы» атты мемлекетаралық инновациялық бағдарламаға атсалысады, бұл істегі мақсат – *жемазықтың* жаңа түрлерін шығару, ветеринарлық және медициналық препараттар, өсімдіктерді қорғайтын құралдар жасау («Егемен Қазақстан»).

Жемазық булау. м а л ш а р. *Малды қоректендірмес бұрын жемді жылыдай өңдеу.*

ЖЕМБАСАР з а т. *Қыран құстың тегеурінге қарсы біткен алдыңғы үш тырнағы.* Бір қара қылшық зор түлкімен алысып алып, сол түлкіге бір *жембасар* тұяғын алдырып отыр екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Басын шайқатып, кекшитіп екі қанатын салбыратып жіберіп, шыдамсызданып отырып, аңшының қолғап киген қолын *жембасарымен*, тегеурінімен сығымдап қысып қояды (М.Әуезов, Қыр суреттері). Ең әлді екі *жембасарының* бірі ақаулы көрі баршын мен шымыр ширақ түлкі ұмар-жұмар боп жатқанда, қара балапан бұлардың төбесінен зу ете қалды (З.Көшімов, Екі бүркіт). Сарықұстың тегеуіріні, *жембасар* тырнағы адамның сұқ саусағындай екен (Ғ.Нұрпейісов, Аңшы сыры).

Жембасардан айырылды. *Тегеурінді қайтты, күш-қуаты азайды.* Қырық түлеген бүркіттей, *жембасардан айырылды*, Елуден асып жасымыз, уақыт осы меңдеген (Н.Наушабаев, Манзумат).

ЖЕМБҰРШАҚ з а т. а у ы л ш а р. *Малға азықтық бұршақ.* Көк азыққа арналған жүгерімен бірге себілетін бұршақ тұқымдас дақылдар: соя, ас бұршақ, *жембұршақ* және сиыр жоңышқа (Қ.Құсайынов, Жүгері.). *Жембұршақ* Калифорнияның жағалауынан шығыста Жапон аралдарына дейінгі жерлерде егіледі (А.Байрашев, Қазақст. жембұршақ.).

ЖЕМДЕ= е т. **1.** *Жем беру, жем жегізу, азықтандыру.* – Мен арығын *жемдеп,* ауруын емдеп дегендей бір төлді де шығын етпей, аман өсіріп келемін, – деді Айтбек (Ш.Ермеков, Мәңгі жастық). Бәйкен аттардың белін көтеріп, *жемдеп* алған соң, жолға шықтық (Б.Тоғысбаев, Асыл.). Киініп тысқа шықты да, күзетшіге атты жақсылап *жемдеп*, таңертеңге дайын етуді тапсырды (С.Алдабергенов, Асу). **2.** *Қармаққа жем ілу.* Балықты қауашаққа салып, қармағын тағы *жемдеп* суға лақтырды (Бал дәурен). **3.** а у ы с. *Жерді құнарландырып, суарып, күтім жасап, егін егу.* Аспанға қарама, жерге қара, жерді *жемдей* білсең, ол құр тастамайды сені, – деді ол (Х.Мұстафин, Ақ тары.). **4.** а у ы с. *Бір пәлеге айдап салу, біреудің аузын алу.* Кедейі ер, Кеселі зор, Малды байдан сорлы жоқ. Аш көмектің, *Жемдемектің,* Босқа әлектің орны жоқ (Абай, Тол. жин.).

ЖЕМДЕЛ= е т. *Жем берілу. Жемделген* жылқылардың сойылғаннан кейінгі салмағы 1056 кг болады (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). Қыран құстар тегі жас етпен ғана *жемделеді* (Ш.Айманов, Қыран.).

ЖЕМДЕЛУ *Жемдел етістігінің қимыл атауы.* Балықтар түрі және тіршілік ету

мерзіміне орай әртүрлі жеммен түрліше *жемделуі* де мүмкін (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕМДЕН= е т. *Қоректену, жем жеу.* Алдымен туған, көзі ашылған күшіктер *жемденіп* жатыр (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЕМДЕС з а т. *Ымы-жымы бір, параға ортақтас.* Пысықтар шалқайды, Таласып теңдеске. Бермеске қағып шонтайды, Өзімен *жемдеске* (Абай, Тол. жин.). Жалма-жан арқасынан жабысқан екінші де аяғын аспанға көтере *жемдесінің* желкесін құшты (С.Әбдірахманов, Тоғысқан.).

ЖЕМДЕС= е т. *Жем берісу.* Атырау жайлап, Жем көшіп Атан нарын теңдесіп, Арғымағын *жемдесіп,* Үстіртке қарай беттеген (Ақберен).

ЖЕМДЕСУ *Жемдес етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕМДЕУ *Жемде етістігінің қимыл атауы; жем беру.* Табынға бейімделмеген асылдарды қолда күтуге, *жемдеуге* қаншама бап керек (С.Қалиев, Еңбек ерені). Қаңтарулы ақ бесті ат Үй артында белдеуде Тықыршиды байғұсты Керек еді *жемдеу* де (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Атбегі ат баптаудың, *жемдеу,* терін алу, етін қалыпқа келтірудің түрлі шартын қолданып жүріп, аттың бап шартын анықтайды (Ғ.Нұрпейісов, Бесқара). Балықтарды күніне екі рет, белгіленген уақытта ғана *жемдеу* керек (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕМДЕУШІ з а т. *Жем беруші.* Атты *жемдеуші* кім еді (Ауызекі).

ЖЕМДОРБА з а т. *Атқа жем беру үшін қолданылатын, кенептен, қалың матадан, талдырып басқан жұқа киізден тігілген бауы бар дорба. Жемдорбаны* атдорба деп те атайды (ҚҰЭ). Сәл жүрген соң атының басын бұрып, көлденеңдей түрды да, *жемдорбадан* қойдың асықжілігін алды. Оны басына көтере бұлғақтата көрсетіп, құсын шақырды. – А-е-ей, к-ә-ә-әл, бопым, кәл, кәл! («Қаз. әдеб.»).

ЖЕМДІК с ы н. *Жем боларлық, жемге арналған.* Асқабаққа қарағанда *жемдік* қызылшаға қаржы көп жұмсалады (А.Алманиязов, Асқабақ). *Жемдік* дақылдар неге екпеске, екпе шөпті де естен шығаруға болмайды (С.Ақтаев, Дала.). «Көктеу» алаңдарының экрандау әсерінен (көлеңкелік) су қабатындағы фотосинтез құбылысы тұншығады, *жемдік* жәндіктердің қырылуына және балықтардың тұншығуына әкеліп соғады (Табиғат сулары.).

Жемдік қоспалар. ***Қоспажем***. Ауыл шаруашылығы 109 мың тонна минералдық тыңайтқыштар, 8,8 мың тонна химиялық *жемдік қоспалар* алды («Соц. Қаз.»).

Жемдік организмдер. *Қоректік организмдер.* Бөренелердің қозғалуы кезінде балықтар жарақат алады, уылдырық шашатын алқаптар бұзылады, улану кесірінен уылдырық пен *жемдік организмдер* қырылады (Табиғат сулары.).

Жемдік тамыр. б о т. ***Тамыржеміс.*** Түрі өзгеріп кеткен, әрі бір жағынан өз қызметін атқаратын, әрі екінші жағынан клеткаларына қор затын жинайтын түрлерін *жемдік тамыр* немесе тамыр жеміс деп атайды (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖЕМЕДЕ: ит жемеде. *Қорлықта, азапта.* – Ау, Бөпіш, көтер басыңды, байғұс-ау, бүйте берсең *ит жемеде* өлесің ғой, Халіңді біле келдім (С.Жүнісов, Өпш. із.). Қаңғырған қайыршыға еріп қашып, Жер қылып атағымды елге шашып. Өміріңді *ит жемеде* өткізейін, Ал бәлем, сөйлеп көрші аузыңды ашып (И.Байзақов, Құралай.).

Ит жемеде қырылды. *Азапта, ит қорлықта өлді.* Тұтқындардың киімдері жұқа жыртық болған соң, жатқан жерлері қарлы жер, үйлдеген барақ болған соң, азап шегіп, бұлардың бәрі *ит жемеде* осылай *қырылып* таусылған екен (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.).

ЖЕМЕ-ЖЕМ: жеме-жемге алды. *Ортаға алды, кеу-кеуледі, қыстады.* «Я, я, бірдеңе деп жібер» – деп екінші бір келіншек те өзгелерге көз қысса, сығыр көз сауыншыны әдейі *жеме-жемге ала* бастады (М.Иманжанов, Шығ.).

Жеме-жемге келгенде. *Мезгілі жеткенде, дәл уақтысында, дер кезінде.* Ұрысқа әбден шыныққан жігіттеріне *жеме-жемге келгенде* аға сұлтандардың нөкерлері шыдап көрген емес (І.Есенберлин, Қаһар). *Жеме-жемге келгенде* сөзін бұзып, Әжібай кете берер, тайқып шыға (С.Торайғыров, Таңд. шығ.). Күшті жердің қызы *жеме-жемге келгенде* туған-туысқанын қиып, суырылып шыға алмайтын болушы еді, – деп Қайырбек жарындылығын білдіртіп, жұмыстың қайғысын сөйледі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жеме-жем шақта. *Дер кезінде, қысылтаяңда.* Соның нәтижесінде бүгінгі *жеме-жем шақта* ісіміз бірыңғай оралымды шығып отыр («Лен. жас»).

ЖЕМЕ-ЖЕМДЕ ү с т. *Дәл уақтысында, дер кезінде.* Есейге көз қиығымен білдірмей ғана қараған Петр Денисов, «Қиын-ау!... *жеме-жемде* сыр бермеген болады», – деді ішінен (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). – Тоқта, балам, жалғыз ауыз сөзім бар, *Жеме-жемде* жеңеді ғой сөзімді ар (М.Шаханов, Баллада.).

ЖЕМЕКІЛ з а т. *Бірнеше адам ойнайтын асық ойыны.* Отырып «құж теке», «*жемекіл*» ойнады, дауы, зорлығы көп (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЖЕМЕЛЕК з а т. с ө й л. *Өрілген бұрым ұшын бекітетін жіп, бау, лента.* Айнаш бетін басқан күйі төр алдына төсеген кілем үстіне құлағанда, оның жанында иіріліп жатқан тоқпақтай қос бұрымының ұшын бекіткен жібек *ж е м е л е к т і* тістелеп, бала мысық ойнап жатты (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Осы сөзден кейін Заңиданың Смағұлға деген құрыс-тұрысы түгел жазылып, бұрымына *ж е м е л е к к е* қосып өріп алған кілтіне қайта жабысқан (Е.Домбаев, Жаман Жәутік). Ол кішкене қол сандығын алды да, шашының *ж е м е л е г і н е* байлаған кілтімен ашты (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары).

ЖЕМЕЛТАЙ з а т. ***Жемелек.*** Мойнына байлаған *ж е м е л т а й ы н ы ң* екі ұшы екі қолында (Т.Тілеуханов, Өмір арнауы).

ЖЕМЖЕМІЛ з а т. к ө н е. *Шөп тамырынан алынған дәрі.* Түрлі шөптің тамырынан қазып алған арала, құмжеміл, *ж е м ж е м і л,* можы, күшәла сияқты толып жатқан түйіншекте дәрі-дәрмегі болады (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕМКЕРЛІК з а т. с ө й л. ***Жемқорлық.*** Кенет есіне құзғынның «жемтік» дегендегі *ж е м г е р л і г і* мен «кемеңгерлігі» түсе кетті (Т.Жақыпбайұлы, Лашын).

ЖЕМҚОР с ы н. **1.** *Жем тілегіш, жемшіл.* Өзі бір жануар түріне қарамай *ж е м қ о р* неме екен. Алдына не төксең де шыдатпайды (С.Жүнісов, Жапанда.). Молдадан сабақ алсаңыз, Алуа, шекер балмен тең. Пайдасы жоққа жалынсаң, Семіз бір *ж е м қ о р* малмен тең (Шал ақын, Өлеңд.). **2.** а у ы с. *Парақор, пара алғыш.* – Мынау сұмдық алыс қой, өзі де *ж е м қ о р* антұрған екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Елдегі *ж е м қ о р* болыс-билердің бастығы болған Тезек төре ұрлық қылдырады (М.Әуезов, Әр жыл.). Әкесінен қалған кілең *ж е м қ о р* алаяқтардың бәрін Орда қызметінен қуды (І.Есенберлин, Алтын Орда).

ЖЕМҚОРЛЫҚ з а т. **1.** *Жемпаз болушылық; мешкейлік.* Жаңағы үйде азғана мықтылар екі мешкейдің *ж е м қ о р л ы ғ ы н* тамашаласа, мұнда жұрт әншілерді қошеметтеп, думандатып жатыр (С.Жүнісов, Ақан сері). **2.** з а ң. <лат. corruptio> *Мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Ж е м қ о р л ы қ т ы ң* жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу (ҚҰЭ). Прокуратура органдары қозғаған *ж е м қ о р л ы қ* сипаттағы қылмыстық істерді тергеу барысын мемлекеттік органдар қызметі және алдын ала тергеу мен анықтама заңдылығын қадағалау басқармалары ұдайы бақылауға алып отырады («Егемен Қазақстан»). **3.** а у ы с. *Біреудің еңбегін жегіштік, парақорлық. Ж е м қ о р л ы ғ ы* жағынан біреуінен-біреуі қалыспаса да, көзге көбірек түсетіні – Нұрәлі (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). // *Жемқор, пара алғыш.* Адал еңбек жолымен емес, осындай арам жолмен, арзан жолмен баюды көздейтін, айлакерлік, *ж е м қ о р л ы қ* пиғылдар әр жерде-ақ ұшырасып қалады (С.Байжанов, Сыр.). Өзі де парақор Шыңғыстың *ж е м қ о р л ы қ* қылығын ағасы – Шепе тіпті өсіріп жіберді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖЕМҚҰМАР с ы н. ***Жемқор.*** *Ж е м қ ұ м а р* атқа мінер қулар да жоқ, Олжа алып біз арқылы бөлісетін (Айтыс).

ЖЕМПАЗ с ы н. **1.** *Көп жегіш, мешкей, қомағай.* Сол күні қонақ келіп, бағылан сойып, Құдияр, *ж е м п а з* мұндар, етке тойып (И.Байзақов, Таңд. шығ.). Еркек деген – белгілі, итінің итақайына дейін *ж е м п а з* көзбен тіміскілеп, әйтпесе бір ыржыңдап қалады, жанаса кетсең (Б.Аманшин, Гүл.). **2.** а у ы с. *Парақор, пара алғыш, біреудің еңбегін қанағыш.* Қасқырбаевты жазып па? Жазсын. *Ж е м п а з* немелерге сол керек (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). // *Парақор, жегіш адам.* Енді міне, Тобықтының *ж е м п а з д а р ы* қасаптың да семізін, лапкенің де қызарғанын құртып барады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖЕМПЕЙЛЕС= е т. *Әмпей-жәмпей болу, тіл табысу.* Қалтаның қалыңдығына қарай, ірі-ірі түрік саудагерлерімен *ж е м п е й л е с і п* кету мүмкін деседі (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖЕМПІР [ағылш. jumper] з а т. *Иірілген жіптен тоқылған жылы киім.* Әсия *ж е м п і р д і* көйлегінің сыртынан киді (Х.Рахимов, Қарлығаш). Дәмеш палатасына келіп *ж е м п і р і н* шешіп, айнаға қарап шашын түзеді, опа-далабын жағынды (З.Шашкин, Доктор.). Әйел жүннен тоқылған көк *ж е м п і р і н і ң* қалтасынан шығарып, есікке салатын ағылшын құлпының кілтін ұсынды (Ә.Нұршайықов, Махаббат жыр.).

ЖЕМСАУ[1] з а т. а н а т. <лат. ingluvies> **1.** *Құстың жеген жемі тұратын, жиналатын, сіңірілетін орны; бөтеге. Ж е м с а у* жануарлардың жемін уақытша сақтау, аздап қорыту, кейде өңдеу қызметін атқарады (ҚҰЭ). *Ж е м с а у ы н* сипап, жем беретін, етін көретін, қыбын білетін құсбегі қайда? (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж е м с а у ы н д а* әлі сіңірмеген жемі бар құсты өмірінде

аңға, құсқа салмайды (Ш.Айманов, Қыран.). Томарда келсе қырғи бұғып отыр, *Жемсауы* ыңқ-ыңқ етіп шығып отыр (С.Дөнентаев, Шығ.). **2.** *Көптеген омыртқасыз жануарлардың (моллюскілер, құрттар, жәндіктер) өңешінің кеңейген жері.* Мысалы, бал арасының *жемсауында* сілекей безі ферментінің әсерінен гүл шырынынан бал түзіледі (ҚҰЭ). **3.** ауыс. экспр. *Қарын, құлқын. Жемсауы* кең ояз ауыл қазағының шағын ақшасын сұрағаны өзінің әкімшілігін кеміткендей көреді (А.Жұбанов, Замана.). Төрде күректей теке сақалды ақсақалы, күбідей тырсылдап көзін ашып-жұмған ақ сәлделі қара шұбар қожасы бас болып, *жемсауы* көнектей өңкей күшігендер отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Толмағандай *жемсауың,* Алғың келіп жер шарын, Қанды ізіңмен шарладың (Жамбыл, Тол. жин.). Аталған Тәукен болыс жігіт жиған, *Жемсауына* ат түгіл атан сыйған (Д.Еркінбеков, Шығ.).

ЖЕМСАУ[2] зат. мед. *Кеңірдек, қалқанша безінің ісіп ауруы.* Біз *жемсаудың* түйінді түрімен ауырғандардың көбін операция жасау арқылы емдедік (С.Табынбаев, Жемсау.). Ауыз суда иод болмаса, не аз болса, *жемсау* ауруы басталады (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). Күн нұры *жемсау,* көксау, жүрегі ауру адамға зиянды әсер етеді (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама.).

ЖЕМСАУЛЫ сын. **1.** *Алқымы үлкен, бұғақты.* – Жастар семьясының тұңғыш баласына осы лайық па екен? – деп кейіді *жемсаулы* келген сары жігіт (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). **2.** ауыс. *Жемсауы үлкен.* Қаз *жемсаулы* кішкене кеудесі, сымдай түзу аяқтары, әнтек шығыңқы бөксесі көзге еріксіз шоқтай басылады (Ә.Нәбиев, Тың.). **3.** *Ашқарақ, қомағай.* Әр бұтаның түбінен бір *жемсаулы* құзғындары тұра ұмтылар еді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖЕМСАУЫТ зат. *Дала құстарына жем салуға арналған ыдыс.* Пайдалы құстарға қамқорлық жасап, оларға ұя салып, *жемсауыт* әзірле («Халық мұғ.»).

ЖЕМСЕ= ет. *Жемсіну, жем тілеу.* Таудағы өскен тастүлек, Еңсейді де *жемсейді* (Шора батыр). Еділді көріп емсеген, Жайықты көріп *жемсеген,* Таудағы тарлан шұбар біз едік (Махамбет, Өлең.).

ЖЕМ-СУ зат. *Малдың ішіп-жемі, қорегі. Жем-судың* әзір, серігім, иең қарасында. Еш нәрсеге елеңдемей-ақ тұра бер (С.Сейітхазин, Хадиша). Қазір де әлгі сиырлар сол бұрынғыша совхоз орталығында күтіледі. *Жем-судың* алдында, ешқандай шығарылмайды (Қ.Бектұрғанов, Қатерлі.).

ЖЕМСІЗ сын. *Жемі жоқ, жем салынбаған.* Күлкісі күміс көп елім, Нар кілемдей түрленді. *Жемсіз,* шөпсіз бұл күнде Мәшине болды мінгені (Халық ақындары.). Бағасың! – деді, – жетпегір! Сонымен, біраз жас күнім, Қысырақ қуып өткен бір, Қорада *жемсіз* ақырда, Қамауда тұрған қысырақ, Аяңдап келем, тақымға Шетеннен құрық қысып ап. Айқара аштым қораны (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕМСІРЕ= ет. *Жем жегісі келу, жем іздеу, жемтік қарау.* Тұрғандай, әлдеқайда көз ұшында, Ұшушы еді *жемсіреген* қара бүркіт (Т. Жароков, Шығ.).

ЖЕМСІРЕУ *Жемсіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕМТАМЫР зат. бот. *Өсімдіктердің білеуленіп жуандап кеткен тамыры. Жемтамыр* – кейбір өсімдіктердің білеу тамырларының клеткаларына нәрлік заттар көбірек жиналып, олар етженді болып жуандап, түрін өзгертіп кетуі (Б.Мұсақұлов, Өсімдіктер).

ЖЕМТҮСУ зат. вет. *Жылқы туағының іріңсіз қабынуы. Жемтүсу* ұзаққа созылса, тұяқтары бүрісіп қалады. Аурудың негізгі себептері: қатты шауып, алқынып еті қызған жылқыны кенет салқындату, ыстықтай суық суға шомылдыру, құрамында азоты көп (бидай, қара бидай, көк жоңышқа) және шіріген, көгерген, үсіген жем-шөп беру (ҚҰЭ). Қатты жүргеннен немесе демін алмай жемді көп жегеннен жылқының аяғына зақым келіп, бақайы іскенді қазақ «аяғына қан түсу немесе *«жемтүсу»* дейді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖЕМТІК зат. **1.** *Жыртқыш атаулының (құс, аң, т.б.) жемі, азығы, тамағы.* Қара құс: Атам менің қара құс, өзім қырғи бала құс. Тояттармын болып тұс, *Жемтігіңе* келдім кез (М.Дулатов, Шығ.). Бөдене айтты: – Сен мені не деп жейсің, Бір уыс жүн жегенді тамақ дейсің. Ана жерде мен көрдім талай *жемтік,* Ерінесің, дөң асып іздемейсің? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бір қасқыр сапар шекті елден жырақ, Неше күн таппай азық, қалды жарап: *Жемтіктің* жақын жерде иісін сезіп, Қасекең келе жатыр соған қарап (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** *Арам өлген мал етінің қалдығы, өлексе.* Күшік бұзаудың *жемтігінің* қасында қалып, үш күндей тегін етке тойып жатыпты (Қаз. ертег.). Сократқа у ішкізген, Иоанна Арқты отқа өртеген, Байсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің *жемтігіне* көмген кім (Абай, Тол. жин.). Әр жерде сирағы, бас жүні шашылып қалған көп *жемтіктер* көрінеді (М.Әуезов, Қараш.). Әр жерге қан-жын тамшылар, Әр жерде дал-дал елтірі. Ертесін байғұс жалшылар. Іздейтін малдың *жемтігін* (М.Мақатаев, Шығ.).

Жемтікке қонған күшігіндей. *Дайынға тап беріп, ел ырысын шайқап жеген жемқор адам туралы айтылады.* Ауылдың атқа мінері

Жемтікке қонған күшіген өзі тойса, мәз болды. Ел іргесін сақтамай (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖЕМТІК-ЖЕМТІК с ы н. *Жұлым-жұлым, жыртық-жыртық.* Бірі – ақсақ, бірі – соқыр, бірі – кемтік, Киімі – жүз құраулы *жемтік-жемтік*, Мойны – қара, қолы – көн, езуі – көк, Көзі үңірейген, беті ажым, бәрі – өлімтік (Абай, Тол. жин.).

ЖЕМТІККОР с ы н. ***Жемқор***. Таптамақ табанына елдің арын, Боямақ қызыл қанға жердің шарын, Жемтіккен *жемтікқорлар* ойламайды, Жеңдірмес елдің барын, ердің барын (Қ.Жармағамбетов, Баллада.).

ЖЕМТІКТЕЙ с ы н. *Жемтік сияқты, жемтік тәрізді.* Тек сол қанаты сырылған шым шиді Ырысбала жылап-сықтай жүріп шалқасынан қайырып тастағанда ғана кеше іңір кезінде баптап қойылған бағылан еттің қарға-құзғындар шоқыған *жемтіктей-ақ* быт-шыт болып жатқаны көзге шалынды (Ә.Көшімов, Лашын.). Жығылды өзі қазған орларына, Тұтылды әділдіктің торларына, *Жемтіктей* іріп-шіріп біткен жоқ па, Жолығып жұлысқанның зорларына? (К.Райбаев, Жаңа толғау).

ЖЕМТІКТЕС с ы н. **1.** *Жемтігі бір, жемдес.* Жердегі *жемтіктес* досына қарайлап көкте құзғын айналады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Кезкүйрық жапалақпен *жемтіктес* боп, Сұрайтын бір-бірінен сауғасы бар (М.Көпеев, Тірлікте.). **2.** а у ы с. *Бірігіп жеген, сыбайлас.* Тыққан малды табушылар елдегі кейбір қызмет адамымен әмпейсіз жүрмейді. Керек болса, *жемтіктес* болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұрынғы би, болыс, ауылнай – бұларға баташы болған *жемтіктес* қажы, ақсақалдар бұрынғыға салып, партия шығарып, елді бүлдіріп, шаруаны күйзелтіп жүр (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖЕМТІКШЕ ү с т. *Жемтік сияқты.* Анталап, қамалаған көп жыртқышқа, *жемтікше* оңай өзін тастасын ба? Зорлаған сөз өтпейтін топастарға, Жалынып жылап ылғи қақсасын ба? (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

ЖЕМТІКШІ з а т. ж а ғ ы м с ы з. *Жемқор, парақор адам.* Шәкірттер медреседе шіріп жатыр, Қайдағы ескі нұсқа көріп жатыр. Оқыған, дін іздеген байғұс шәкірт, *Жемтікші* құзғын болып кіріп жатыр (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖЕМТІКШІЛ с ы н. *Жемтікке құмар. Жемтікшіл* жаны пасық қара құстай Тіміскіп келген төрт көз болды пыштай (Д.Әбілев, Өлеңд.). Жұмбақты айтушы да, шешуші де оларды атап қана қоймай, халықты қанап отырғанын құзғын мен күшігіндей *жемтікшіл* сұм ғып көрсетеді (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

ЖЕМТІР-ЖЕМТІР с ы н. ж е р г. *Жұлма-жұлма, арса-арса.* Мен орнымнан атып тұрып, сумкамдағы сырты жыртылып, жан-жағы *жемтір-жемтір* боп кеткен «Ақын» кітабын алып, Әуеновке қарай аяңдадым (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Кеше ғана сіреу боп жатқан қар *жемтір-жемтірі* шығып, өзенге, тау басына қашып барады (О.Бөкеев, Қамшыгер). Не шариғат, не низам айтты ма екен? Елудегі шалға бар деп *жемтір-жемтір* (С.Торайғыров, Өлеңд.).

ЖЕМТІРІЛГЕН с ы н. ж е р г. *Қырқылған, жыртылған, тозған.* Шалбарының *жемтірілгені* балағына шейін көрінеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Әлден уақытта сырты *жемтірілген* қатырғы тысты альбом шықты (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖЕМХАНА з а т. *Малдың жемін сақтайтын орын.* Қыста терең су астындағы өсімдіктерді пайдалану үшін мұздың үстіне «*жемхана*» салады (Х.Қыдырбаев, Дала көркі).

ЖЕМШӨП з а т. *Мал азықтандыруға пайдаланатын өнімдер.* Меруерт апай сүтті желінге ешкім де құйып қоймайтынын, ол сиыр жеген *жемшөптен* пайда болатынын айтып түсіндірді (Б.Соқпақбаев, Аяжан.). Таулы аудандардың шаруашылығы үшін *жемшөп* базасын жасау қажет (Қ.Боранғазиев, Жемшөп.). *Жемшөп* беріп, тым құрыса ас-суымызды ажыратушы едік (М.Әуезов, Шығ.). *Жемшөп* құрамында сіңімді қоректік заттар көп (ҚҰЭ). Күн-түні бірдей жортып тоқтамайды, Жылқыдай *жемшөпті* жеп отамайды. Болмайды ауыр, жеңіл артқан жүгі, Бір аймақ бір-ақ күшке көп болмайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жемшөп араластырғыш. а у ы л ш а р. *Жемшөп қоспасын араластыратын қондырғы.* Колхозға *жемшөп араластырғыш* техника керек болып отыр («Лен. жас»).

Жемшөп булағыш. т е х. *Мал азығын булап, жұмсартып, жұғымды азық дайындайтын мәшине.* ≈ *Жемшөп булағыш* пайдалану.

Жемшөп дақылдары. а у ы л ш а р. *Ауыл шаруашылық малдарын азықтандыру үшін өсірілетін дақылдар. Жемшөп дақылдарына* тамыржемістілер мен түйнекжемістілер, бақша дақылдары; сүрлемдік және жемдік астық дақылдары жатады (ҚҰЭ).

Жемшөп комбайны. а у ы л ш а р. *Жабайы табиғи шөптерді, екпе дақылдарды (күнбағыс, жүгері) жинап, ұнтақтап, көлікке тиеуші мәшине* (Х.Тілемісов, .. Ауылшар. сөздігі).

Жемшөп өлшемі. а у ы л ш а р. *Мал азығының қоректік бағасының өлшемі. Ондай өлшем үшін 1 кг сұлының қоректілігі алынады.* ≈ *Жемшөп өлшемімен* есептеу.

Жемшөп өндіру. а у ы л ш а р. *Мал азығын өндіру, дайындау, өңдеу және сақтауға қатысты ұйымдастыру, шаруашылық және технологиялық шаралар жүйесі.* ≈ *Ж е м ш ө п ө н д і р у д і* дамыту.

Жемшөп таратқыш. а у ы л ш а р. *Науаға салынған шөп сабағын, сусымалы, сығымдалған, құрғақ, шырынды жемшөпті тараратын мәшине.* Ауылшаруашылығына жалпы қуаты 34,7 миллион ат күші бар 393 мың трактор, ... 2,6 мың тіркемелі *ж е м ш ө п* араластырғыш, *т а р а т қ ы ш* және басқа көптеген техника берілді («Соц. Қаз.»).

ЖЕМШӨПТІК с ы н. *Жемшөп боларлық, жемшөпке жарамды.* Бригада мүшелері осы канал суымен *ж е м ш ө п т і к* егісті суландырып, тұрақты жайылымдық пен шабындық жасайды (С.Әлжіков, Дала.). Бақашық қандала *ж е м ш ө п т і к* дақылдардан – еркек шөпті, бидайықты және басқаларын зақымдайды (Ә.Тілменбаев, Бақашық қандала.). Мұндай жылылық мөлшері дәнді дақылдарға, мәселен, арпаға жеткілікті болғанымен, бірқатар *ж е м ш ө п т і к* дақылдар үшін жеткіліксіз (К.Боранғазиев, Жемшөп.).

Жемшөптік ауыспалы егіс. а у ы л ш а р. *Құрамындағы жемшөптік дақылдар егіс көлемінің 50 % шамасынан көп мөлшерде өсірілетін ауыспалы егістің бір түрі. Ж е м ш ө п т і к а у ы с п а л ы е г і с* ферма жанындағы, шабындық-жайылымдық, топырақты бекітетін болып үш түрге бөлінеді (ҚҰЭ). Ферма жанындағы *ж е м ш ө п т і к а у ы с п а л ы е г і с к е,* көбінесе, тамыржемісті дақылдар мен біржылдық шөптер егіледі (ҚҰЭ).

ЖЕМШІК ор. з а т. с ө й л. ***Жәмшік***. Сол кезде Антон *ж е м ш і к* кіріп келді, Екенін Владимир біліп келді. Арбаға Владимирді отырғызып, Ысқырып атын айдап, жүріп берді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Надан жатақтар мен надан оқымаған *ж е м ш і к т е р* неге болса да олақ, неге болса да дөрекілеу келеді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Мәмбеттер жылдағы дағдысы бойынша, пароход компаниясындағы Ганшин байдың ломовойына *ж е м ш і к к е* кірмек болды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕМШІЛ с ы н. *Жемқор, парақұмар.* Жершіл, *ж е м ш і л* жылымдар ала шұбар, Бірін-бірі мақтауға сондай құмар (М.Хакімжанова, Намыс). Шақырды Қарашекпен Қойды сотқа, Күймей ме біреу жанса, біреу отқа? Белгілі Қойдың тауық жемейтіні, Жазықсыз жаза тартқан пенде жоқ па? Түлкі екен судьясы теңшіл деген, Атақтан сау емес ед *ж е м ш і л* деген (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖЕМІ: ит жеміге тастады [ит жемі қылды]. *Тастандыға (садақаға) шығарды, қараусыз қалдырды; өлімші етті, қорлады, азапқа салды.* Ендеше ортамыздағы ең әлсіз, ең пышайман бір ғаріпті қайда тастап отырмыз? *И т ж е м і г е т а с т а п* отырғанымыз жоқ па? (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЕМІЛ= е т. *Жемірілу, үгілу.* Айнала аппақ ұлпа қарға көмілген, Ағаш басы үкісіндей *ж е м і л г е н* (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Тарихы қалды көміліп, Бораған құмның астында. Уақыт озып, үгіліп, *ж е м і л і п* біткен тас мұнда (Ә.Абайділданов, Маржан).

ЖЕМІН= е т. *Ентелеу, еміну.* Иілтіп мойнын құзар шың, *Ж е м і н і п* жауға тұрар шын, Сары бура сынды ерлердің, Даңқына құлдық ұрарсың (И.Оразбаев, Өмір-өлең).

ЖЕМІНДІК: мал жеміндік. *Малға жем боларлық, жемдік.* Комбинат тұздалған, кептірілген және қақталған балық, *м а л ж е м і н д і к* ұн және техникалық май шығарады («Соц. Қаз.»). *М а л ж е м і н д і к* осы дақылдың егісін кемінде төрт рет өңдеп шығу көзделуде («Лен. жас»).

ЖЕМІР с ы н. **1.** *Жайып қойған кірді, үйдің бау-шуын т.б. заттарды шайнап, жеп қоятын (мал).* Қидасынгер, ендеше, қидасынгер, Көшкенде *ж е м і р* тайлақ бұйдасын жер. Ақ бетіңнен бір сүйгіз замандасым, Көрген жан, әзер болса қимасың дер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Мынау *ж е м і р* сиыр екен, менің жаюлы тұрған шытымды аузымен іліп жүре берді (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі). **2.** а у ы с. *Жалмағыш.* Арман ғып айырылған күн опық жеме, Пендені тағдыр *ж е м і р* жеп тауысқан. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ», Пікірің қалай сіздің, екі арыстан? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жемір жасушалар. б и о л. <лат. macrophagi грек. makros – үлкен, ірі, phagein – обу, жеміру> *Организмге түскен бактериялар мен басқа белоктік бөгде заттарды қармап, оларды қорытуға қабілетті жасушалар. Ж е м і р ж а с у ш а л а р ғ а* макрофагиялық жүйе клеткалары (мононуклеарлы фагоциттер, бауыр, қан жасаушы мүшелер, өкпе, сірлі қуыс, тері, буын макрофагтары, остеокластар, микроглия т.б. клеткалар) жатады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж е м і р ж а с у ш а л а р д ы ң* орташа мөлшері 10-15 мкм, ядросының пішіні дөңгелек, сопақ немесе бұршақ тәрізді, цитоплазмасы базофильді боялады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жемір орта. *Химиялық, электрхимиялық және гидрометаллургиялық әсерлердің нәтижесінде металдарды тотығуға ұшыратын немесе осы процесті тездететін орта (қышқыл, тұз ерітінділері және газдар)* (Қаз. тілі термин. Кен.).

Қараөрік жемірі. з о о л. *Қараөріктің жемісін зақымдайтын жапырақ ширатқыш көбелек.* ≈ *Қ а р а ө р і к ж е м і р і н* улау.

ЖЕМІР= е т. **1.** *Біртіндеп бітіру, аз-аздан құрту; мұжу.* Жүрдек ат, жайлы пәуеске ұзын жолды *ж е м і р і п* жеп, ұшына шығуға жан таласқандай ұшып келеді екен (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Солтүстіктің боркемік босаң топырағын кеміре *ж е м і р і п,* Обьқа қарай жосылған сайын арнасы кеңи беретін үйірім-үйірім құдірет күші де осыларда (Р.Сыланов, Замана.). Экскаваторлар 80 метр тереңдіктен жерді *ж е м і р і п,* атқылайды екен (С.Мәуленов, Шыңдағы.). **2.** а у ы с. *Сыздықтата ішу, жұту, сіміру.* Шәйнекті әлсін-әлсін демдеп, түйе сүтін қатқан күрең шайды *ж е м і р е* жұтады (Б.Аманшин, Көкжар). Бәйбіше күзгі сары қымызды сапырып-сапырып керсең аяқты толтыра құйды, мен де *ж е м і р е* жұттым (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.).

ЖЕМІРЛІК з а т. *Жемір болушылық, бір қатты дененің екінші қатты денемен үйкелісуі кезіндегі қажығыштық және мұжігіштік қабілеті.* Әсіресе құрамында аммоний тұздары, тұз, күкірт және басқа қышқылдары бар судың *ж е м і р л і г і* жоғары болады. Тазаланбаған судың және химиялық тыңайтқыштар себілген алқаптардан шайылған ластанған судың, сонымен қатар ауаны ластайтын азот пен күкірттің қосылыстарымен қанықкан атмосфералық ылғалдың (қышқыл жаңбырлар) *ж е м і р л і к* қабілеттері жоғары болады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖЕМІРСУ з а т. с у ш а р. *Өз құрамындағы тұздар мен газдардың әсерімен бетон мен металдан жасалған материалдарды т.б. құрылыстарды, жабдықтарды бұзып шірітетін, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қолайсыз әсер ететін су. Ж е м і р с у* табиғи және жасанды болады. Соңғысы тау-кен жұмыстарын жүргізгенде, химиялық, металлургиялық және т.б. өндіріс қалдықтарын сумен ағызғанда пайда болады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖЕМІРУ *Жемір етістігінің қимыл атауы; бірте-бірте құртып тауысу, қыспаққа алу, қажыту.* Қазір біздің қызыл батырлар жер жүзінің байларының, патшаларының тілеуі болып отырған Врангель лағнаттың әскерін қамап, күннен-күнге қысып *ж е м і р у д е* (С.Сейфуллин, Шығ.). Кіші жүзі тұншығып, Елін әскер *ж е м і р у* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕМІРІЛ= е т. *Мұжілу, қажалып тұсу.* Ескі мәдениеттің есіл қымбат жұрнағы бет-аузы айғыздалып, сыр-сырлауы көшіп, бұрыштары *ж е м і р і л і п,* құбыла жағы толықсып, жантайып, мұнараларының қабырғасы шатынап, құлауға таянған екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың. Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың. Күл болсын көк, *ж е м і р і л с і н* жер, уайым жоқ, Көз қырымен күліп қана қарармын (М.Жұмабаев, Шығ.). Дария еді ол өкірген, Шапшып көкке лепірген, *Ж е м і р і л д і* кемері, Өлгелі жатқан құрт ауру, Жан-жаққа сүзіп көз салу – Қолынан енді келері (М.Жұмабаев, Шығ.). Онда қуыс, үңгір, аңғарлар, түрлі *ж е м і р і л г е н* бейнелер көп, солардың бірі – «Шайтан көл» (Н.Баяндин, Атамекен).

Жемірілмейтін құйма. к е н. *Құрамына жемірілуге қарсы берік хром, никель, мыс, вольфрам, молибден және т.б. металдар араласқан құйма.* ≈ *Ж е м і р і л м е й т і н қ ұ й м а* пайдалану.

ЖЕМІРІЛУ *Жеміріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бетонның *ж е м і р і л у і.*

ЖЕМІС з а т. <лат. fructus> **1.** *Ағаштар мен сабақты мәдени және жабайы өсімдіктердің басына шығатын өнімі, миуасы.* Адам тамағында *ж е м і с* – көптеген биологиялық активті заттардың (калий тұзы, кальций, темір, витаминдер, микроэлементтер және т.б.) көзі (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Ж е м і с* құрамындағы минералды тұздардың негізгі үлесін, әсіресе, калий тұздарына бай келетін өрік, жүзім, шие, қара өрік, тәтті шие құрайды (Шаңырақ энцикл.). Соны ойлап қызыл *ж е м і с* мен таңдадым, Берсеңіз жемек болып бел байладым (Абай, Тол. жин.). Мен біткен ойпаң жерге аласа ағаш Емеспін *ж е м і с і* көп тамаша ағаш. Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі Пайдалан шаруаңа жараса алаш! (М.Дулатов, Шығ.). Қазағым алты ауызды бола қалар, Бастаса пайдалы істі біреу қостай. Бай, мырза, атқа мінген азаматтар – Басында *ж е м і с і* жоқ қу ағаштай (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** б и о л. *Гүл аналығының жұмыртқа жасушасы ұрықтанғаннан кейін түзілетін жабық тұқымды өсімдіктердің көбею мүшесі.* Өсімдік түріне қарай *ж е м і с т і ң* түзілуіне аналықтан басқа гүл тостағаншасы, күлтесі мен гүлтұғыры да қатысады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж е м і с т е р* жеміссерігінің жұмсақ, қатты болуына қарай: шырынды және құрғақ деп үлкен екі топқа жіктеледі (Қаз. тілі термин. Биология). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы.* Осы күнгі қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі медресе «Ғалияның» *ж е м і с і* (М.Дулатов, Шығ.). Біздің елімізде қазір мыңдаған адамдар еңбегінің *ж е м і с і н* татып, ер деген атақ алып, омырауына жұлдыздар тағып, бүкіл әлемге әйгілі болды (С.Мәуленов, Жұлдыз.). **4.** а у ы с. *Ырыс, несібе, ризық.* Ұл ма екенсің сен, әлде гүл ме екенсің, Үйдің іші мәз болып күн көтерсін. Келетұғын ғасырдың *ж е м і с і н* де, Атаң, әжең өзіңмен бірге терсін (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Тірліктің түрін көрдім, Көңілдің сүйгенін бердім. *Ж е м і с* деп, білмей у тердім, Бола алмай шын ғылымға бай (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жеміс ағашы. *Жеміс өндіру мақсатымен қолдан өсірілетін және жабайы (көп жылдық) өсетін ағаштар, бұталар. Жеміс ағаштары* орталық діңгек пен бұтақтар жиынтығынан құралады. Кейбір *жеміс ағаштарының* екі және одан да көп діңгегі болады (ҚҰЭ). – *Жеміс ағашыма* ақау түседі, білемін мен студенттерді. Олар бірдеңеге сүйкенбей, соқтықпай жүрмейді, – деді үй иесі (М.Иманжанов, Көк белес). Аққудай ән сыңқылдар мойын иген, Құйқылжып қоңыр-қайдай көлді сүйген. Шайқалып орман-тоғай басын изеп, Желкілдеп *жеміс ағаш* түйме түйген (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жеміс бермеді. *Нәтиже шықпады.* Руза, намаз, зекет, хаж талассыз іс, Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс. Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті, Қылғанменен татымды *бермес жеміс* (Абай, Тол. жин.).

Жеміс дақылдары. *Жемісі, жидегі, жаңғағы үшін қолдан өсірілетін өсімдіктер тобы.* Еліміздің оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында *жеміс дақылдарынан* алма, алмұрт, жүзім, шие, алхоры, өрік, шабдалы т.б. өсіріледі (ҚҰЭ). *Жеміс дақылдары* әртүрлі ботаникалық тұқымдасқа жатады (ҚҰЭ).

Жеміс жапырақшасы. б о т. *Өсімдіктің түйіндейтін жапырағы.* Таңқурайдың жемісі де ерекше. Барлық жеміс жасалатын аналық түйіннің өзі *жеміс жапырақшасынан* пайда болады (К.Сыбанбеков, Жабайы өсімдік.).

Жеміс жемірлері. з о о л. *Екпе өсімдіктердің жемісін зақымдап, үлкен зиян келтіретін ұсақ көбелектер туысы.*

Жеміс көшеті. *Жеміс және жидек дақылдарының тұқымынан өсірілген немесе ұластырылған екпе шыбықтар. Жеміс көшетінің* түрлерін ұластыру арқылы көбейтуге болады (ҚҰЭ). *Жеміс көшетін* арнайы жеміс көшеттіктерінде өсіреді (ҚҰЭ).

Жеміс күйесі. з о о л. <лат. hyponemeuta podellus> *Жеміс ағаштарын зақымдайтын зиянды көбелек.*

Жемістің қоңыр кенесі. з о о л. *Алма, шие, алхоры, шабдалы, бадам, алмұрт сияқты жеміс ағаштарын зақымдайтын кененің түрі.*

Жемістің қызыл кенесі. з о о л. *Алмұрт, шие, әсіресе алма мен алхорыны қатты зақымдайтын зиянкес кене.*

Жеміс шыбыны. з о о л. < лат. drosophilidae> *Қос қанаттылар отрядына жататын жәндіктердің бір тұқымдасы. Жеміс шыбынының* генетика, физиология, цитология ғылымында тәжірибелік зерттеулер жүргізуде маңызы зор (ҚҰЭ).

Жеміс шырыны. *Жеміс тіндеріде, клеткаларында және қуыстарында болатын сұйықтық* (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Жеміс шірігі. *Monilia туысына жататын саңырауқұлақтар тудыратын жеміс ағаштарының ауруы. Жеміс шірігін* тудыратын саңырауқұлақтар өсімдік механикалық зақымданғанда ұлпасына өтіп дамиды (ҚҰЭ). Алма мен алмұрттың *жеміс шірігін* Monilia fructigena саңырауқұлағы тудырады (ҚҰЭ).

Жемісін жеді [татты]. *Қызығын (пайдасын) көрді.* Өлгеніңе қайғырды көп, туғаныңа қуанды аз, Туғандарың *жемісін жеп,* Қайғың кетер, шығар жаз (С.Дөнентаев, Шығ.). Келмеске қаңғып кетті үміт, Басқалар *жеді жемісін.* Керісуге жазсын деп тұрып, Кере алмаймын-ау деді ішім (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Талпынса да *тата* алмады тағдырының *жемісін,* Ол сорлы ана не көрмеді, не көрмеді мен үшін (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жемісін көрді [көзбен көрді]. *Нәтижесі болар шаққа, жүзеге асар шаққа жетті.* Жасалмайтын еңбектің, *жемісін көзбен көрем* деп. Жасаймын бір қолқабыс Кейінгіге берем деп (С.Торайғыров, Шығ.). Мен қайтіп енді өмірді кері сүремін? Шөп жеген иттей басымнан шаш жеді мұным. Жақсылығымның да мен кеше *жемісін көрдім,* Дәмін де таттым (Не деген ащы еді, інім?!) (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЕМІС-ЖИДЕК з а т. *Бау-бақша өсімдіктері өнімінің жалпы атауы.* Ботаникалық бақта сан түрлі *жеміс-жидек* ағаштары гүлдеп өседі (Ж.Дүйсекеев, Гүлден.). Лимондағы С витамині басқа *жеміс-жидектерге* қарағанда тұрақты келеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Мектебіміздің тәжірибе участогінде овощ егістік, *жеміс-жидек* дақылдары, сәндік және гүл өсімдіктерінің бөлімдері бар («Қазақст. мұғ.»).

Жеміс-жидек өсіру. *Жеміс ағашының морфологиялық құрылысы, өсуі, дамуы, өнуі, жемістенуі және агротехникасы туралы ғылым. Жеміс-жидек өсіру* Қазақстанда 20 ғасырдың 30-жылдарынан бастап дами бастады (ҚҰЭ).

Жеміс-жидек шаруашылығы. *Жеміс-жидек дақылдарын өсірумен айналысатын өсімдік шаруашылығының саласы. Жеміс-жидек шаруашылығы* тек көпжылдық өсімдіктерді алдымен көшеттікте өсіріп, оны жеміс бағына немесе көлемді егіс алқабына (плантация) отырғызумен және көптеген жеміс-жидек дақылдарын өсірумен айналысады (ҚҰЭ). *Жеміс-жидек шаруашылығы* – өсімдік шаруашылығының ертеден келе жатқан салаларының бірі (ҚҰЭ).

Жеміс-жидек шырыны. *Жеміс-жидек өсімдігінің жемісін сығу арқылы дайындалатын өнім. Жеміс-жидек шырыны* қара өрік пен шиеден, таңқурайдан, қой бүлдіргеннен т.б. дайындалады (Шаңырақ энцикл.).

ЖЕМІССАБАҚ з а т. б о т. *Жемісті ұстап тұратын сабақтың бір бөлігі.*

ЖЕМІССЕРІК з а т. б о т. <грек. pericarpium peri – жанында, carpos – жеміс> *Өсімдік гүлінің аналығы ұрықтанған соң жатын бөлімінің қабырғасынан түзілетін өсімдік мүшесі. Жеміссерік* 3 қабаттан құралады: ең сыртқы қабат – экзокарпий, ортаңғы – мезокарпий және ішкі – эндокарпий (ҚҰЭ). *Жеміссерік* тұқымды кеуіп кетуден, зақымданудан сақтайды және сыртындағы әртүрлі өскіншілері арқылы жемістері мен тұқымдары алысқа таралады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕМІССІЗ с ы н. **1.** *Жемісі жоқ.* Шілдеде кепкен көнін жібіте алмай, Шарбаттан таңдап ішер бір жұта алмай, *Жеміссіз*, уылжыған тағамдарсыз, Жапанда жалғыз сорлы қаңғырды әлсіз (Ә.Тәжібаев, Өленд.). **2.** а у ы с. *Нәтижесіз, қорытындысыз.* Ақынның халыққа деген игі тілектері жарығы жоқ өмірдің қараңғы түнегінде *жеміссіз* қалып қоя берді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Абайдың сыртқы өмірі *жеміссіз*, мағынасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖЕМІСТЕ= е т. с ө й л. *Жеміс беру.* Бұл ағаш көп жыл *жемістеп* келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕМІСТЕЙ с ы н. *Жеміс сияқты.* Өкінбес едім мен оған Қиянат еттім деп іштей. Лақтырар едім далаға, Шіріп бір біткен *жемістей* (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Бүгінгі күн толысып, Піскен *жемістей* толықсып тұр (Т.Ахтанов, Шырағың.).

ЖЕМІСТЕНДІРУШІ з а т. **1.** *Жеміс беруші.* **2.** а у ы с. *Жалғастырушы, ұрпақ беруші.* Тегінде босанған әйел бейнесінде салтанат, үстем келбеттің аңғарылатыны табиғи заң. Ол дүниеге, адамдарға, өзінің еркегіне назбен, еркелікпен қарайды, өмірді жасартушы, *жемістендіруші* менмін деген мақтаныш сезімі пайда болады (Ж.Жұмаханов, Жинақ).

ЖЕМІСТІ с ы н. **1.** *Жемісі мол, жемісі бар. Жемісті* ағаштың басы төмен (Мақал). Қызғалдағы құлпырған, *Жемісті* гүл даламыз (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). **2.** а у ы с. *Нәтижелі, өнімді, қорытындысы бар.* 1923–1924 жылдар Ілиястың творчествосындағы ерекше бір *жемісті*, өнімді жылдар еді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Абай үшін бұл күз айрықша, бір *жемісті*, шабытты еңбек күзіне айналып келеді (М.Әуезов, Абай жолы). Шабысты алмастырып желіспенен, Намысты шындай берді *жемісті* өлең. Алысты жақындатар жыр тасыды, Үш жүзге бөлуге елді беріспеген (К.Салықов, Жезкиік).

Тамыр жемісті өсімдік. *Жемісі тамырында болатын өсімдік.* Бақшадағы және егістік жерлердегі су тышқаны картоп, сәбіз және басқа *тамыр жемісті өсімдіктермен* қоректенеді (Қ.Қыдырбаев, Дала көркі).

Іс жемісті болсын! т і л е к. *Шаруа оңға бассын деген мағынада айтылатын сөз.* Мен бұған шын көңіліммен алғыс айтамын! Өркенің өссін, *ісің жемісті болсын* деп батамды берем, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕМІСТІЛІК з а т. *Жемісі болушылық, нәтижелілік.* Халық поэзиясының алыбымен бірде-бір ақын өнерпаздығының *жемістілігі* жөнінен тең түсе алған жоқ (М.Қаратаев, Туған әдеб.). «Не ексең, соны орарсың» дегендей, сайып келгенде, еңбеккер ақыны ісінің көлеміне қарай алмайды, еңбегінің *жемістілігіне* қарай алады (Т.Нұртазин, Ауыл.).

ЖЕМІСТІРЕК с ы н. *Жемісі барлау, молдау; нәтижелірек.* Спандияр Көбеевтің жазушылық диапазоны кеңірек, еңбегінің құнарлы да *жемістірек* екенін бөліп айтпасқа орын жоқ (XX ғ. қаз. әдеб.).

ЖЕМІСШҚАБАТ з а т. б о т. *Көбіне 1-2 қатар клеткалардан тұратын жеміс қабығының ішкі бөлімі.* Жидек жемістердің (қызанақ, қарақат) *жемісішқабаты* шырынды болады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕМІТ[1] з а т. *Жем (бұл жерде ырзығы, несібесі деген мағынада).* Ал, Әзімхан, Жақыпбек тәрізді қазақтың зиялыларын еңбеккер қауымның *жемітін* жеуге бар қара құсқа теңеді, – деді ол (Д.Әбілев, Арман.).

Жеміт болды. *Жем болды, талауға түсті.* Ұры залым қуларға *жеміт болып* жүрген шын момындарды аямасаң, соның тілеуін тілемесең болмайды (Абай, Тол. жин.). Кеселді қулар көбейіп кетіп, Еріксіз кім болса соған *жеміт болып* жүр (Абай, Тол. жин.).

Жемесең жемітіңді же [жер тісте]. қ а р ғ. *Көбіне назырқап, өкпелеген жанға айтылады.*

ЖЕМІТ[2] с ы н. *Қанағатсыз, тойымсыз, обыр. Жеміт* көз, жержүзіне тоймаса да, өлсе тояр, көзіне құм құйылғанда (Абай, Шығ. жин.). Кәрі құда ең сұрамсақ, әсіресе, алымпаз, тойымы жоқ, *жеміт* құда (М.Әуезов, Әр жыл.). Тұрпатына қарасам, Дүниені обардай, Обыр *жеміт* қомағай Қан аңсаған қара құс (Жамбыл, Тол. жин.).

Жеміті шыққан. *Тоз-тоз болған, ескі.* Төрде былғары қынабының *жеміті шыққан*, ескі қылыш ілулі тұрды (З.Шүкіров, Отты өткел.).

ЖЕМІШАРА з а т. *Жем беруге арналған ыдыс.* Құрғақ жем беруге арналған *жемшаралар*

дүкендерде сатылады, тіпті оны қолдан да жасап алуға болады (Қ.Қайымов, Суасты.). Құрғақ жем шашатын *жемшараны* пластмассадан және басқа да судан жеңіл заттардан жасайды (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕНДЕ з а т. *Түрлі-түсті матадан құрап тігілген, жауын-шашынға киетін жеңсіз сырт киім.* Мынау не киім? *Жендеде* деген осы болады. Атқа мінгенде басына күлә, үстіне *жендеде* киетін, – деді шал (Б.Қыдырбекұлы, Алатау).

ЖЕНДЕТ з а т. **1.** *Хан әмірін орындаушы; өлім жазасын іске асырушы.* Өлтір деп *жендеттерге* Кер бұйырды, Қаланың ортасына алып жүрді. Кризді бәйтерекке байлап қойып, Астына отын үйіп от қойдырды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Хан бір *жендетін* жіберіп, Асанның қурай сыбызғысын алдырыпты (С.Қасиманов, Сиқырлы.). Шақырып алып *жендетін* Хан бір нәрсе ымдады, Басын иіп шегініп, Жарлығын екі қылмады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** *Баскесер, қанішер.* Мешіт есігінің алдында қолында қамшысы бар *жендет* намаз оқып отырғандарды бақылап тұрады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). *Жендет* оны қақ дізеден қырқа қағып қалғанда, Игіліктің төбе шашы жиырылып кетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Сол балаға бір *жендет* келіп қалды, Өлтіргелі қанжарға қолын салды. Дәт айтуға патшадан бала тілеп, Мына сөзді айтуға рұқсат алды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Шағай сұлтан өз ордасына жеткен күні өзінің Хақназардан қорқып, жалған ант бергенін көрген нөкерлерін бір түнде басқа *жендеттеріне* бауыздатып тастады (І.Есенберлин, Жанталас). **3.** а у ы с. *Құртушы, жоюшы.* Жұмыссыз сандал, Еріксіз малды ал, Деген кім бар сендерге, Үш-төрт жылғы әдетің Өзіңе болар *жендетің* (Абай, Тол. жин.). Кәрімді екі *жендет* ортаға алып айдап келеді (Б.Майлин, Шығ.). // а у ы с. *Алғыр, өжет, қыран.* Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр қаршыға, *жендет* ителгі, айлалы сұңқар тәрізді құмай тазы болады (С.Бақбергенов, Қарға там.). Көк *жендет* ұшушы еді желдей есіп, Атушы еді топты қазға жаннан кешіп, ілгенде қаз-үйректі топырлатып, Көрген жан сұқтанушы еді. *Жендет* десіп (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Жүресің сырт сыйқына қарар етіп, Жігіттің тап болдым деп *жендетіне* (Ғ.Қарашов, Тұрымтай).

ЖЕНДЕТТЕЙ с ы н. *Жендет сияқты.* Мен өзімді Меңтайды жігітімен жүздестіруге емес, дар ағашына қарай айдап апара жатқан *жендеттей* сезініп, қалбақтап алға шықтым (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Осы өкініш қашанда өңменінен найза тіреген *жендеттей* төнеді де тұрады (С.Санбаев, Аруана). Жайратып салды әкесі жас қиялын, Тұншығып көкірегінде қасқияды үн, Жатыр жерде *жендеттей* аса таяқ, Аққан қанда көз жасы Россияның (Ө.Күмісбаев, Ақ Шолпан).

ЖЕНДЕТТІК з а т. *Баскесерлік, қанішерлік.* Оған күмәнің болмасын. Бірақ бағың бар екен, менің ондай *жендеттігім* жоқ (А.Сүлейменов, Бесін). Апырау, өзі Қайраттың жасында қандай еді, көкірекке таңба салар *жендеттік* зардапты жарасына қалай қараушы еді? – деді ол (А.Мекебаев, Бойжеткен). Тоқтады *жендеттікпен* туған бүлік, Тарады жанымызға тұнған күйік (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

ЖЕНДЕТШІЛ с ы н. ***Баскесер***. Өздері және де *жендеттшіл* екен (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖЕНТ з а т. э т н. т а м а қ. *Тары жармасынан, үгітілген ірімшіктен қант, май қосып жасалған ұлттық тағам; қоспа. Жент* қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын, әрқашан дәмі мен нәрін сақтайтын, соған орай көшпелі халықтың дастарқанынан сыйлы орын алған тағам (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Әдетте *жент* ешкінің немесе қойдың қарнына салып сақталады. Ол ауа өткізбейді де, *жент* өзінің иісін, дәмін жоймай, ерімей жақсы сақталады (Шаңырақ энцикл.). Онда да елден келген бауырсақ пен *жент*, құрт-ірімшігі аралас ауыл дәмі үлкен қаланың дастарқанына ерекше сән берді (Н.Оразов, Жауқазын.). Маған арнап тарыңды ақтап қойып, ірімшіктен *жент* жасап, баптап қойып, Отырмысың дәм тартып келе ме деп, Соғымыңнан сыбаға сақтап қойып (Ә.Нілібаев, Қоңыр жел).

ЖЕНТЕК з а т. *Бір-біріне кірігіп, бірігіп түйдектелген құм, топырақ, тас т.б.; кесек.* Бұл топырақ осыдан үш күн бұрын анау арнаны жиектеп, сіресіп жатқан *жентек* еді (А.Байтанаев, Қайнар). Жалпақ Арқаны жаяу аралап, әрбір *жентегін* екшей бағалап, Жақсы-жаманын жазды саралап (М.Әлімбаев, Жүрек.). Ерекше назар аударарлық нәрсе – айдағы тастар. Мен оларды *жентектер* деп атаған орынды болар деп ойлаймын («Лен. жас»). // *Бірігіп түйдектелген, қатып қалған.* Қараңдаған топ анадай жердегі жол үстімен *жентек* қарды шақыр-шұқыр басып өтіп барады (Б.Тоғысбаев, Боз жорға). Быт-шыт болған шинельдің кеудесіне үйыған *жентек* қан жабысыпты (С.Бақбергенов, Қарға там.). Автомобильге асу бермес *жентек* құмнан бұл кездері аттылы почташылар ғана өтеді (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). Бір-бірден *жентек* қар алып ап, Шіркін-ай, ойнаса жамырап... Келмеді ол. Әнеки, босқа тұр Қара басқан орындық қаңырап... (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕНТЕК-ЖЕНТЕГІМЕН үс т. *Кесек-кесегімен, түйдек-түйдегімен.* Ол кілегейді шарасымен суға сіміріп, сары майды *жентек-жентегімен* асамаса көңілі көншімейтін қомағай кісі (З.Жәкенов, Таң самалы). Жанайдың қазір сөз деген тіліне *жентек-жентегімен* оралады (С.Мұратбеков, Көкорай). Арқасы кеңіп, жадырай түсіп, қолындағы шыбықпен самауырдың оттығына толып кеткен күлді көсеп-көсеп жіберді де, ақшаны *жентек-жентегімен* тоғыта берді (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). *Жентек-жентегімен* көшіп бара жатқан бұлт шудасы арасынан жер қарауытып көрініп қалады (К.Тоқаев, Көмескі із).

ЖЕНТЕК-ЖЕНТЕК сы н. *Кесек-кесек, түйдек-түйдек. Жентек-жентек* ауыр топырақ оңай үгітілер емес (Ақ бидай). Көсе қара шал кеңкілдеп күліп, бытырадай *жентек-жентек* насыбайды астыңғы ерніне тастап жіберді (Д.Досжанов, Тұлпар.). Өзен үсті *жентек-жентек*, кесек-кесек сең (Д.Әбілев, Арман.).

ЖЕНТЕКТАС зат. геол. *Шөгінді тау жынысы; тығыздалып қатайған қиыршақ тас. Жентектас* құрамындағы қиыршық тас ірілігі 2 – 10 мм (ҚҰЭ). *Жентектас* құрылыс материалы ретінде пайдаланылады (ҚҰЭ).

ЖЕНТЕКТЕ= е т. **1.** *Кесек күйге келтіру, түйдектеу.* Сәмен сары сазды қайта *жентектей* бастады (З.Шүкіров, Ғажайып.). Тұяқтары тиген жердің топырағын аспанға *жентектеп* лақтырған ат, лезде көзімізден ғайып болды (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Шат-шадыман қыз бен жігіттер, қаңырап бос қалған жалпақ көшенің қақ ортасымен жүріп отырып, бірбірлеріне *жентектеп* қар лақтырып мәресәре (Ө.Қанахин, Жүрек қалауы). **2.** ауы с. *Илектеу, жаныштау.* Бұл болса, бүгін мінеки, алысқа абыройы асса, айналып кеп жігітекті жаныштайды. Жақынға жауықса, жағалап кеп тағы жігітекті *жентектейді* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Алдымда жолбарыстай жұмарланып, Бүп-бүтін жүрегімді *жентектейді* (Х.Ерғалиев, Құрманғазы).

ЖЕНТЕКТЕЛ= е т. *Кесектелу, түйдектелу.* Мұның негізі бор мен теңіз хайуандарының *жентектелген* сүйектерінен құралады (С.Мұқанов, Халық мұрасы). Бірде мынадай да тосын жағдай кесе-көлденең түрды: байыту фабрикасын шұғыл келістіріп *жентектелген* кенмен қамтамасыз ету ісін шешу қажет болды (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Құйындай көтерілген ұлпа қар қас қағым сәттеақ *жентектеліп*, қаршығадан қашқан торғайдай бұлардың қойын-қоншына паналады (С.Досанов, Қыран.). Жарқыншақ тигенде шашыраған миы сары шашына *жентектеліп* жабысып қалыпты (Т.Ахтанов, Шырағың.). Тек сатылатын жылқылардың нақтысына, сиырлардың мүйізіне *жентектелген* шөп қыстырып қойыпты (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖЕНТЕКТЕЛУ *Жентектел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кеннің *жентектелуі.*

ЖЕНТЕКТЕТ= е т. *Кесек-кесек етіп жинату.* Алтын, күміс жерінен *жентектетіп* Алып күшпен, мұнайын боратады. Сауық-сайран кеш болса — Еңбек әнін қосылып шырқатады (Қаз. сов. әндері).

ЖЕНТЕКТЕТУ *Жентектет етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕНТЕКТЕУ *Жентекте етістігінің қимыл атауы; кесек күйге келтіру, түйдектеу.* Мұның өзі әлі де қуатты *жентектеу* цехының дайын еместігінен туған іләжсыз шара еді, ал фабрика болса концентрат шығара бастауға тиіс (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Еліміздегі руда *жентектеу* жөніндегі тұңғыш фабрика бесжылдықтың жүзінші күнін еңбекте жаңа табыстарға жете отырып атап өтті («Лен. жас»). Бұған дейін Ораз бастап, Маржан қостап, Еркебұлан сыртынан *жентектеумен* болған (М.Қуанышбаев, Тайталас).

ЖЕНТТАС зат. ***Жентектас***. Жақпар, шақпа тас, *женттас*, сыдырматас түрінде жиылатын кесектер жиынтығы элювийлік қорымдар деп аталатын шөгінділерді қалыптастырады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЖЕНТТЕЙ сы н. *Жент сияқты. Женттей* еріп тұрған ақсары қызға кеудесінде жаны бар адам бір қарамай өте алмаушы еді (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). Бойында Бурабайдың ең жайлаған, Жеміс *женттей* пісіп, гүл жайнаған (Айтыс).

ЖЕНТТЕ сы н. *Женті мол, женті бар.* Үйден жент үзілмейтіндіктен Ажар әжем «*жентті* кемпір» аталынған (Ауызекі). Егіншілік қылып мәдениетті ел болмақ, *Жентті* жерден алмақ ұлы ақынның аса бір зор өсиеті бар еді (Х.Ерғалиев, Шындық.).

ЖЕНЬШЕНЬ зат. өс. **1.** <лат. panax ginseng> *Аралия тұқымдасы панақ туысына жататын, биіктігі 30-50 сантиметрдей көп жылдық шөптесін өсімдік. Женьшень* тамырынан дайындалған дәрі-дәрмек, ұнтақ, тұнба медицинада организмнің жалпы тіршілік қабілетін, ауруға төзімділігін арттыруға, кейбір жүйке және жүрек-қан тамыры ауруларын емдеуге қолданылады (ҚҰЭ). Бұл дәрі еліміздің Қиыр Шығысында өсетін *женьшень* өсімдігінен жасалады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Қиыр Шығыстың атақты *женьшені* мен Алтайдың левзейі сияқты Новосибирскінің «алтын тамыры да» шипалы қажеттерге жарайтын күндер алыс емес (С.Мұқанов,

Естімеген.). **2.** м е д. *Осы өсімдіктің тамырынан алынатын дәрі. Ж е н ь ш е н ь* – өзі аттас өсімдік тамырынан жасалатын дәрі (М.Исамбаев,.. Мед. анықтама). Халық киік мүйізінен *ж е н ь ш е н ь* немесе пантокрин тәрізді дәрі алуға болатынын ертеден-ақ білген (Х.Қыдырбаев, Терісі бағалы.).

ЖЕҢ[1] з а т. **1.** *Киімнің иықтан қолдың білезігіне дейін жетіп тұратын бөлігі.* Самсаған шекпен, шапан, жадағай *ж е ң д е р* жоғары көтерілді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Шекпенінің *ж е ң і н* жүре сұғынып, бойы серең-серең етіп, атқа қарай бара жатты (З.Ақышев, Жаяу Мұса). Киім берсе, береді жыртылғанын, Кір, сасығын, *ж е ң*, жаға қырқылғанын (С.Торайғыров, Алаш.). Тентектер бола бере ел ішінде, Қол сынса көрінбейді *ж е ң* ішінде. Кенекең, Каракең де қой, – деп отыр, Көпшілік келу керек келісімге (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса *ж е ң* ішінде (Мақал). **2.** а у ы с. *Қол деген мағынада.* Абай қызыққаннан Шәкенің қаршығасын өз *ж е ң і н е* қондырып алды (М.Әуезов, Абай). Самсаған шекпен, шапан, жадағай *ж е ң д е р* жоғары көтерілді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығарды. *Бір ауызды болды; бірікті.* Ендеше ақылдасып, ортамыздан біреуді айтайық. *Б і р ж е ң н е н қ о л, б і р а у ы з д а н с ө з ш ы ғ а р а й ы қ,* – деді Қалкен тағы да (Б.Тілегенов, Аққайнар). Неге десеңіз, қара шекпендер өзара ымыраласа алмаған, ұйымдасып, *б і р ж е ң н е н қ о л, б і р а у ы з д а н с ө з ш ы ғ а р а* алмаған (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). *Бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығаруға* уәделесті, ант берісті (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. *Ұйымдасты, топтасты, жұмыла қимылдады.* Қазақтар *б і р ж а ғ а д а н б а с, б і р ж е ң н е н қ о л ш ы ғ а р д ы* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Біз енді *б і р ж е ң н е н қ о л, б і р ж а ғ а д а н б а с ш ы ғ а р ы п* қимылдауымыз керек (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Звенодағы жиырма адам бір үйлі жандай *б і р ж е ң н е н қ о л, б і р ж а ғ а д а н б а с ш ы ғ а р ы п* жұмыла қимылдайды (Р.Сыланов, Жүзім.).

Жең ұшынан жалғасты. *Білдірмей, сездірмей бірікті, астыртын келісті, ымы-жымы бір болды.* Ақшасы көп ит, әркімдермен *ж е ң ұ ш ы н а н ж а л ғ а с ы п,* талай саққа жүгіртеді ғой бұл жұмысты! (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). Осы Сара болмаса, Өлер едім мен аштан. *Ж е ң ұ ш ы н а н ж а л ғ а с а* Сол ғана маған қарасқан (С.Мұқанов, Замандас). – Барамын өтінбекке Қойшығұлға, *Ж а л ғ а с ы п ж е ң ұ ш ы н а н* келіскелі (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Екі ортаны біреулер аңдасады, *Ж е ң ұ ш ы н а н* жеңгенмен *ж а л ғ а с а д ы.* Бидің ығын қалайша табамыз деп, Бір-бірімен жыланша арбасады (М.Мақатаев, Шығ.).

Жең ұшын берді. *Қолқабыс етті, жәрдем берді.* Ұста соққан сен мен үшін, *Б е р м е с е м* мен саған *ж е ң ұ ш ы н.* Кімге керек сендей шойын бас? Тот басып жатқан аз ба тас? (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Жеңімен сәлем берді. *Менменсіді, дандайсыды, кеудесін көтерді.* Дәулет бітсе жаманға *С ә л е м б е р е р ж е ң м е н е н,* Бір өзің қайда барасың, Адамсың халық, елменен (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жеңінен тартты. *Біреудің назарын өзіне аударды, қаратты, тоқтатты.* Еркін түк сездірмеген боп, Болаттың *ж е ң і н е н т а р т қ ы л а п* қояды (А.Байтанаев, Болат). Гүлжан үнсіз Бәкеннің *ж е ң і н е н т а р т т ы* (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

Жеңін жастық қылды [жастанды]. *Жаугершілікте жүріп, далаға түнеді.* Шинельдің төсеп өңірін, *Ж а с т ы қ қ ы п ж е ң і н* басыма (Д.Әбілев, Өлеңд.). Төле биді тапқанда Күндіз түйе баққанда Жалғызбын деп шошымай, Еш малшыға қосылмай, Қара жерге отырмай, Күпіңді салып астыңа, *Ж е ң ж а с т а н ы п* басыңа, Қол-аяғың төр жақта жатушы едің сол жақта Ұмыттың ба соны, Абылай! (Үмбетей жырау, Толғау.).

Жеңін сыбанды [түрді]. а) *Екі жеңін түрді.* Тек Тастан дейтін бір дәу қазақ *ж е ң і н с ы б а н а* тепсініп шыға келді (А.Әбішев, Терең тамыр.). Жуынды ақ білегін *ж е ң с ы б а н ы п,* Тарқатты қара шашын шолпыны алып. Көпіртіп жұпар сабын бұрқыратып, Жуынды саумал суға мойнын керіп (Ә.Найманбаев, Шығ.). Оразалиев бұрынғы әдетінше операцияға дайындалды. *Ж е ң д і с ы б а н д ы,* қолын әуелі сабындап, шынтаққа дейін жуды (Е.Оразақов, Дәрігер). ә) *Іске құлшына кірісті, бар ынтасымен істеді.* Өрік шаруақор қатын боп шықты. Шаруақорлығы ғой: белдемшесін байлап, *ж е ң і н с ы б а н ы п,* соғымның ішек-қарнын аршыған қатындарға болысып ішекке қылтаң қарақ май жібермей, бір табаққа бөлек жинады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күндегі осы... Күндегі осы тіршілік, *Ж е ң с ы б а н ы п,* кірісемін құлшынып. Анау-мынау... Бітіп еді әлгінде, Тағы да бір «анау-мынау»... тұр шығып (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Жеңіске *ж е ң т у р і ң д е р* Жүгенделік дүлейді (Т.Жароков, Қырда.).

ЖЕҢ[2]= е т. **1.** *Үстем тұсу, күші басым болу; озу.* Бұл кезде үйір ішінде ересек құлжалардың саны көп болмайды, ең *ж е ң і п* шыққан біреуі, оның ішінде кейінгі бір-екі құлжалар болады (Ә.Есенжолов, Қаз. қойы). Мейлі сен кім бол, жарлы бол қашқан берекең Тек атың

озсын, таниды халқың сені ертең. Ат келер сөре, ат шығар төбе қашанда Қазағым үшін шындықтың *жеңген* жері екен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жан түкпірінде бір қобалжу тұрса-дағы, бәрін қуаныш *жеңіп*, жүрегі аузына тығыла берді (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Сондадағы сөйлемей тұра алмас тіл, Жалғандықты хақиқат ақыр *жеңер*. Жатқан зарды ішіңнен шығармасаң: Ойда нең бар? Жұрт сені қайдан білер? (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Жеңіске ие болу, жеңіп шығу*. Шын ер *жеңсе* тасымас, Жеңілсе жасымас (Қаз. мақал-мәтел.). «Алпамыс күйеу келді! – деп, Қалмақтың бәрін *жеңді*» – деп, Тартылды керней әр жерде (Алпамыс). Тірлікте бізге керек ақыл серік, Бірлікпен боларсыңдар жауға берік. Береке, бірлігіңді құрамасаң, Алады ақырында жауың *жеңіп* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жұмысқа абыройсыз қатынаспай, Бел байлап тәуекел қыл *жеңер* іске. Һәр іске һүнер, хәйлә керек болар, Тіл алсаң омыраулап салма күшке. Мәсіләктес – пікір бағыты, нанымы (М.Дулатов, Шығ.). **3.** *Бірдемеде, я бір бәсекеде басымдылық алу*. Орыс тілінде жазылған ұзақ әңгімені Абайдың алғаш рет ұғып, тіл бөтендігін *жеңген* кезі осы (М.Әуезов, Абай жолы). Өзім білем деген өледі, Көп біледі деген *жеңеді* (Бозінген). Әрине техникасы дамымаған Африканы ағылшындар *жеңіп*, оның алмастарын өздері ала бастайды («Білім және еңбек»). Ақырында ақыл *жеңіп*, Мақтым серпіле сілкіп жіберді Қалдыбайды (Ж.Тілеков, Шалғай шеп.). Ескілер босқа өлмейді, Күресте жаңа *жеңбесе*, Күлімдей бақыт торлайды, Еңбекте маңдай терлесе (Ә.Әбілев, Алтай асу.). Пенденің тілі сүйексіз, Жеңілсе де *жеңеді*. Орынсыз іске матассаң, жамандық содан өреді (М.Дулатов, Шығ.). **4.** *Соғыста қарсыласын тас-талқан ету, ойран-топырын шығару, тізе бүктіру*. Жау айбынды Совет Армиясының алдында тізе бүкті. Біз *жеңдік*, жау жеңілді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Қош бола тұр бәйтерек, Алдымда күтіп тұр майдан. Жауды *жеңіп* күлімдей, Оралармын қайтадан (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). Жігіттіктен пайда жоқ, Ат мінбесе қатырып, Жау *жеңбесе* жапырып. Қырмызы киіп, қыз құшып, Басындағы дәуренін Өткізбесе сапырып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **5.** а у ы с. *Бір нәрсеге төзу, шыдау, берілмеу, мойымау*. Менің сүйікті апатайым, әзіз анам, соғыстың неше түрлі ғаламат қиындықтарын, тұрмыста кездескен тоқауылдарды қайыспай *жеңіп* шықты (С.Омаров, Жүйрік.). Кешегі балаға тән ашуыңызды, бүгін үлкенге тән сабырлылықпен *жеңіп* алып отырған жоқсыз ба? (Б.Тоқтаров, Қыран.). Нұрлан қарсыдағы белден асып кеткенде, Қараменді Алтынторыға: – Кәрілікті қайрат *жеңсе* ғана сәнді, – деді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Бойды жеңді. *Ерікті биледі, меңдеді*. Қылдың арам ойынды, Бір бұрмадың мойныңды. Сен ақылмен көңіліңді, Тыйып *жеңдің бойыңды* (Абай, Тол. жин.). Күйбең тірлік *бойын жеңген*, Рухани баюды ойын көрген Асығыстық тұсау салған парқына, Зор қауіп бар американ халқына бірде (М.Шаханов, Ғасырлар.). Лүпілдеп жүрек бой иіп, Бола ма *бойды жеңбеске*. Сағымды қуып сандалып Кетті күнің келмеске (Дастан).

Қайғы жеңді. *Қайғыға батты, қажыды*. Сірә шаршаған секілдімін, әлде *қайғы жеңейін* деді ме... Өз басыңды арашалай алмай жүріп, өзгені қалай емдейсің (І.Есенберлин, Ғашықтар). Саны төртеу, жаны біреу, Бұлар бейне тұтас тұлға. *Қайғы жеңіп*, тартпай жүдеу Қарсы тұрды ажал сұмға (А.Тоқмағанбетов, Сайра бұлбұл).

Қай жеңгенің менікі. *Ерегісте басым түскеніңді, үстем болғаныңды жақтаймын деген мағынада*. Сенікі де дұрыс, сенікі де дұрыс, *қай жеңгенің менікі* деп отыр Қабыш (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

Мысы жеңді. *Сесі басым түсті, үстем болды*. Мына жаңа жолаушының *мысы жеңді* ме, әлде оның ештеңеден қысылмайтын еркін қимылы қызық көрінді ме, әйтеуір купедегілер бір сәт тым-тырыс бола қалды (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.). Әлде ел аузына ілінген жас батырдың *мысы жеңді* ме, бие сауымындай мезгіл алысқаннан кейін Байтабын жығылған-ды (І.Есенберлин, Ғашықтар).

Нәпсіні жеңді. *Дүниеқорлыққа салынбады, құлқынын тыйды*. Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең, Мықты болсаң өзіңнің *нәпсіңді жең* (Абай, Тол. жин.).

Өлімді жеңді. *Ажалдай уақытқа берілмеді, қайраттанды*. Біздің жүрегіміздегі қауіп-қатерді көтеріп, *өлімді жеңетін* бір жарық – ана сүтін ақтап, туған елді – Отанымызды сүю сезімі (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

Пысы жеңді. с ө й л. ***Мысы жеңді.*** Кебек ерді абыздың *пысы жеңіп*, Айтқан сөзі Кебектің ішіне еніп. Өтірікті не қылсын бұл адам деп, Біржолата ықыласпен тұрды сеніп (Мағауия, Дастандар).

Ұйқы жеңді. *Шаршап ұйқысы келді, ұйықтап кетті*. Аманжолды *ұйқы* ақыры *жеңді*. Еріксіз қалғып, көзі ілінді (А.Тоқмағанбетов, Әке.). Терезе ашық, ай қараңғы, Қармалаймын айналамды, Бір геройым үн бермеді, Тұк те өнбеді, *Ұйқы жеңді* (Ә.Тәжібаев, Аралдар.). Жүрсіз түзде жылқыға еріп, Құрық алып түспей аттан. Болды кезің *ұйқы жеңіп*, Тамағыңды ішпей жатқан (С.Мәуленов, Таңд. шығ.).

ЖЕҢГЕ з а т. э т н. *Ағаның, жасы үлкен туыстардың әйелі (жасы кішілерге қатысты).* Сәлем жаздым балдызға, Осы ауылда кез келіп, Қазақшылық ғұрпында *Жеңгесі* жылы жүзді, Ат қойып кенже қалқам (М.Дулатов, Шығ.). Жолы болар жігіттің *жеңгесі* шығар алдынан (Қаз. мақал-мәтел.). Сүйінші, Сәрсеке! Шолпан *жеңге* аман-есен босанып, тақия тігіп беретін тапты, – деді (М.Дулатов, Шығ.). Адамдыққа бар ма ұлылық тең келер, Анам болып жетті маған *жеңгелер.* Мен оларға болдым бала, әрі іні, Көзімде қан, кетті көздер жалыны (Т.Айбергенов, Мен саған.)

Ағама жеңгем сай, апама жездем сай. а) *Мінез-қылығы үйлес. Ағама жеңгем, апама жездем сай* демекші, өзіңе балаң да сайма-сай екен ғой (Қаз. ертег.). ә) *Ұқсас іс-әрекет.*

Жеңгедей [жеңгелей] алды. *Өзінен жасы үлкен, қайтыс болған туысының әйеліне үйленді.* Бұл Махамбеттің *жеңгедей алған* әйелі Жәмила еді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). *Жеңгелей алған* әйеліңнің қасында жатып, «оны сүймеймін, сені сүйем» деп қызға хат жазу келіспейтін-ақ сияқты (Ө.Қанахин, Жүрек қалауы).

Жеңгелер институты. э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында бойдақ қайындарына жар табуға, отбасындағы ынтымаққа т.б. отбасылық азаматтық қарым-қатынастың дәстүрлі ахлақ нормаларымен сәйкестігіне жауап беретін институт.*

ЖЕҢГЕДЕЙ с ы н. *Жеңге сияқты.* Сағынып келген жас жігіттің алдынан шығып, сыпайы қарсы алып тұрған *жеңгедей* (З.Шүкіров, Жас жесір). Бір кезде сыбырлады жел *жеңгедей*, Жүгірдім тағат қалсын менде нендей (С.Мәуленов, Рауан). Ортақ болып далаға да, қалаға, Ауысты әні аталардан балаға. Қосылатын қыз-жігітке *жеңгедей*, Балқадиша жүрді тынбай араға (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЕҢГЕЙ з а т. **1.** *Жеңгеге құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш.* Әй, *жеңгей*, араз болма қажыменен, Қажының айнала бер сазыменен. Кигенің ылғи жібек, ішкенің шай, Жегенің жал мен жая, қазыменен (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** *Жеңгені құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш. Жеңгей дің* тосқандай болды ма, кірген әйел дереу шығып кетпеді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Егер де менің жайымды сұрап білгің келсе, біздің ауылдағы Шәлипан *жеңгейге* жолық (І.Жансүгіров, Шығ.). Күлжамал *жеңгей* Бейімбет ағай жөнінде көп естеліктер айтады (С.Мәуленов, Үркер.). Аттандық кейін қарай қолды бұлғай, Мария мен жесір *жеңгей* жылай-жылай. Жібермей кәрі-жасы шұрқырайды: «Келіп жүр, апа жездем, бұдан былай!» (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ғайша *жеңгей* сүйген жарын аттандырды майданға. Сенген жүрек серттен оңай тайған ба? Соғыс бітті. Ал күйеуі келмеді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕҢГЕЛЕ= е т. с ө й л. *Жеңге деп айту, қайталау.* – Обалы неге керек, қайнымның *жеңгелеп* жаны қалмай тұрады (Ауызекі).

ЖЕҢГЕЛЕТ= е т. к ө н е. *Қалыңдықты күйеуіне көрсету.* Үй іші қара көлеңке, қыз *жеңгелет пекші* боп келген әйелдер, шағаладай самсап олар да отыр (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Зейнеп ар жағын айтқызбай: – Ондай ой мазаңды алса, қолыңнан *жеңгелет!* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Жеңгелете* келген әйелдер, асқар тауды құлатуға әзірленгендей, орындарынан тұрысты (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЕҢГЕЛЕТУ *Жеңгелет етістігінің қимыл атауы. Жеңгелету* қазақ ғұрпында айып болмағанмен, Айжан «ағаң естісе өлтіреді» дегенді сылтау ғып көнбеді (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖЕҢГЕЛІ с ы н. *Жеңгесі бар.* – Балақандар, *жеңгелі* болдыңдар... – деп, екі-үшеуміздің, олардың ішінде мен де бармын, маңдайымыздан сипап өтті (Ө.Қанахин, Жер бас.). *Жеңгелі* болғаныма, сөз жоқ, мен де қуаныштымын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). «Бүгін мен *жеңгелі* боламын. Алақай!» – деп ауылды басыма көтеріп айқайлағым келіп кетті (Ш.Күмісбаев, Тау жолдары).

ЖЕҢГЕЛІК с ы н. **1.** *Жеңгеге тән, жеңгеге қатысты.* Өзінің бір кездегі *жеңгелік* мінезіне басып, жасы қатар қайнысын қалжыңмен іліп-қағып жатыр (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). – Е, Мәукеш қайным, жақсысыз ба? – деп *жеңгелік* әзілмен, орынсыз мінезін міней сөйледі (С.Бегалин, Уақыт.). Сол Ұлдар бір күні маған *жеңгелік* жақындығын бетке тұта, міндет қыла қалжыңдай келді (Ы.Жақаев, Өмір жолдары). // э т н. *Жігіттің қыз жеңгесіне беретін сыйсияпаты, кәдесі; жеңгетай.* Қолымды Орынтайға бір жеткізсең, Берер ем *жеңгелікке* торы тайды (Біржан сал, Өлеңд.).

Жеңгелік етті. *Қыз бен жігіт арасын байланыстырды, ортада жүрді.* Ақбаланы алдауға Судыр Ахмет *жеңгелік етсе,* енді ол Айғаншаға өзінің мақұлық ағасы Томай қулақты салды (І.Омаров, Шабыт шалқары).

Жеңгелікке жүрді. *Қыз бен жігіттің арасына жүрді.* Бұл кейде қыз-жігіттің арасына *жеңгелікке* де *жүріп* кетеді (Қ.Жұмалиев, Қаз. эпосы.). Ақжарқынды біздің үйден алып, екі араға *жеңгелікке* мен *жүріп* ем (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Беріпті бақа қызын көбелекке, *Жүріптің* қара шыбын *жеңгелікке* (Қырық өтірік). *Жеңгелікке* мен

жүргеншe, Рәшқа неге айттырмадық, – деді ол (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.).

Жеңгелік сұрады. *Жеңгелері күйеуге қалыңдықты көрсетіп, кәде сұрады.* Қатындар келіп *жеңгелік сұрап,* неше болса, сонша ділдәдан берді (Қыз Жібек). Төлеген жігіттермен бір төбенің арғы жағына барып түсіп, шатырын тігіп, қанша өнерлі жігіттерді жанына жиып алып, ойын, күлкі, қызықпен жата берді. Кешке қырық қатын жиылып: Жібекті Төлегенге алып барамыз деп *жеңгелік сұрады* (Қыз Жібек).

ЖЕҢГЕТАЙ з а т. **1.** *Жеңгені құрметтеу, сыйлау нышанымен айтылатын атауыш; жеңгей.* – Алда *жеңгетайым-ай,* конфет жегің келген екен ғой, – деп сықақтап күледі (Н.Сералиев, Ыстық күлше). – Уу! *Жеңгетай* ұйықтармын, Түн ұзақ қой, түн ұзақ, Түн қараңғы, жау қалың Мызғырмын ертең күндіз-ақ (С.Сейфуллин, Өлеңд.). **2.** э т н. *Қызбен таныстырғаны, кездестіргені үшін жігіттің қыз жеңгесіне беретін тарту-таралғысы, сый-сияпаты; күйеу жігіттен алынатын кәде.* Тоғыз теңнің алтынын, Келін-кепшік топырлап *жеңгетайға* бөлген жер (Манас). *Жеңгетай* қыз бен жігітті таныстырғанда да, күйеу ұрын барғанда да алынады (ҚСЭ).

Жеңгетай болды. *Екі араға дәнекер болды.* Жолшыбай ол талай қыз-келіншекпен Шыңғыстың арасында *жеңгетай болып* үлгерген (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ренжіме *жеңгетай бола* алмаймын, Бұл арада орынсыз бос киліктің (О.Малқаров, Менің ізім). Беретінін қолыма алғаннан кейін айтпасам, ақысыз-пұлсыз *жеңгетай болып* азабым не? – деді күзетші (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЕҢГЕТАЙЛЫҚ з а т. **1.** э т н. *Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрпындағы қыз бен жігіттің арасына дәнекерлік жасайтын іс-әрекет.* Екі жас қосылған жағдайда *жеңгетайлық* жасаушы сый-сияпат алып, түрлі құрметке бөленеді (ҚҰЭ). **2.** э т н. *Күйеудің қыз жеңгесіне беретін сыйы, тарту-таралғысы; жеңгетай.* Қолбасыға *жеңгетайлық* қол емес, нұсқаған сені жұмағың мен жүретін жол емес (С.Досанов, Қыран.). Оның көкейінен Сүгірбай сыйға тартар *жеңгетайлық* алтын жүзіктер мен күміс білезіктер шығар емес (Ғ.Мұстафин, Қыр жігіті). **3.** з а ң. *Жезөкшелікпен айналысуға арналған топтар мен арнаулы орындарды ұйымдастырып, зинақорлық жасаушы адамдарды өзара кездестіретін, сол арқылы пайда табуды көздейтін қылмыстық іс.* Күш қолдану немесе күш қолданбақшы болып қорқыту, тәуелді жағдайын пайдалану, бопсалау, мүлкін жою, не алдау жолымен жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу арқылы *жеңгетайлық* жасау – ауыр қылмыстар қатарына жатқызылады (ҚҰЭ).

Жеңгетайлыққа жүрді. *Қыз бен жігітті таныстыруға, келістіруге әрекеттенді.* – Ол болмайды, жігітім, – деді Кеңес, еркек басыммен екі жастың арасына *жеңгетайлыққа жүре* алмаймын, – деді ол (Ғ.Сапаев, Гүлдана). Арада *жеңгетайлыққа жүрген* Ережеп қыз бен жігіттің сөзін баспалап тыңдап жатыр (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Біздің ауылда төрт-бес әйел бар, қыз бен жігіттердің арасында *жеңгетайлыққа жүріп,* мазамызды алады («Лен. жас»).

ЖЕҢГЕТАЙШЫЛА= е т. *Жеңгетайлық жасау.* Өткен жылдары әскерден оралған інісіне әпермек боп Қоңқай сөз салдырғанда, тік мінез қыз *жеңгетайшылаған* адамына қымсынбастан: – Жігіт екені рас болса, өзі келіп сөйлессін, – деген жауап берген (Қ.Тоқмырзин, Оқшау отау).

ЖЕҢГІЗ= е т. *Мойынсынғызу, көндіргізу.* Ел әңгімесі тапқыр, жүйрік Жиреншені ешбір ханға да, хан сияқты бөтенге де *жеңгізбей* қояды (М.Әуезов, Әр жыл.). Қайғы көлкіген көңілді, қызыл шоқ жастықтың қызуына *жеңгізді* (І.Есенберлин, Қаһар). – Артық кетсеңдер ағайыншылыққа *жеңгізіңдер,* кем айтса – аға болып толықтырарсыңдар, – деді ол (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Ақылға жеңгізді. *Ақылға салып, мойындады.* Жаманшылық болса да, бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса *ақылына жеңгізіп,* мұным теріс екен деп біліп, ойланып, өздігінен тоқтаған адамды көрмессің (Абай, Тол. жин.).

ЖЕҢГІЗУ *Жеңгіз етістігінің қимыл атауы.* Дәрігер ұсынған қымбат шылымды құныға сорып, сандыраған санаға *жеңгізуге* тырысты (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Ескіні жаңаға *жеңгізу* тек қана табиғи зат емес, жазушының данышпандық күшін өлшейтін безбен екенін ол қатты ескертті (І.Омаров, Шабыт.). Өз басының қайғысын Отан қайғысына *жеңгізу* бұ да үлкен ерлік (І.Есенберлин, Алтын құс).

ЖЕҢГІШ с ы н. *Жеңетін, жеңе білетін.* Біздің поэзиямызда адамның еңбегін, *жеңгіш* қуатын дәріптеп көтере айту, эпикалық сарында жырлау ертеден бар (Ә.Тәжібаев, Өмір). Майданда *жеңгіш* халқымыз Болмысы болып батырдан, Жалынды сәлем айтамыз, Жазушыдан, ақыннан (Т.Жароков, Шығ. жин.). // *Жеңе білетін адам, жеңімпаз.* Біз текке өсірмедік *жеңгіштерді.* Біз текке сүймегенбіз туған жерді (Ә.Тәжібаев, Өлеңд. поэм.).

ЖЕҢГІШТІК з а т. *Жеңетіндік, жеңе білетіндік.* Жаңаның *жеңгіштігін* өз

басынан өткерген, өзі де жаңаша өзгерген, жаңарған халықтың көкейдегі ойын көрікті етіп түйіндеуге белгілі бір мерзімдер керек болады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖЕҢДЕЙ с ы н. *Жең сияқты, жең тәрізді.* Қара бұлт келеді маңдай болып; Кескен қайың жатады *ж е ң д е й* болып (Қозы Көрпеш.). Екі *ж е ң д е й* құлағы, Елең қағып тұрады (Жұмбақтар). Шабданның баспашыны шабуын құстың тамағын қиған бидайыққа, құлын соққан жолбарысқа теңеп жатуға мұрша келмеді, тек ол қақ айырылған иықтың сөгілген *ж е ң д е й* қолбырағанын байқады (Ж.Арыстанов, Жалынды.).

ЖЕҢДЕС с ы н. *Қатар, құрдас, замандас. Ж е ң д е с* жора-жолдастарының бірсыпырасына сым арқылы сыбырлап: «Бастығымызға бір тықыр таянды-ау деймін, ақыры қалай боларын болжау қиын, өзі де, әйтеуір...» деп астарлап-астарлап қойды (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЖЕҢДЕС= е т. *Теңесу, тең келу.* Нар түйеге *ж е ң д е с е р* ірі екен, – дейді, – денесі (С.Мұқанов, Замандас.).

ЖЕҢДІ с ы н. *Жеңі бар.* Тек қос етек көйлек, *ж е ң д і* қамзолдар, зелендер жоқ екен. Өзге дүниені өзіне де, шешесіне де қос-қосынан қопарып алды (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан). Балымай бұрылып өз үйіне кірді де сәлден кейін жұқа, *ж е ң д і* бешпетін иығына бос салып, қайта шықты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Басында үкілі құндыз бөрік, үстінде қыналған оқалы мол *ж е ң д і* барқыт шапан мен жарғақ шалбар, аяғында күміс зерлі биік өкше етік (І.Есенберлин, Қаһар). Өмір бойы жалба-жұлба кигенім, *Жеңді* жейде иығыма бір қонбай (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Жеңді білектей. *Жуандығы киілген жеңдей; жұп-жуан.* Ұзындығы 2 метр *ж е ң д і б і л е к т е й* жылан екен (Ғалам ғажап.). – Үйде бір *жеңді білектей* қазы бар, саған сақтап жүр, – деді Танекең (С.Адамбеков, Қожанасыр.). *Жеңді білектей* телшік, құлаштай қос қазы, қос жамбасымен төңкеріле түрілген құйрықтың бірде-біреуінде мүшелі ет дерлік кескін қалмаған, жұлмаланған, езілген, бөлшектелген, шашылып жатыр әр жерде (Ә.Көшімов, Лашын.).

ЖЕҢДІР= е т. *Мойынсындыру, бой ұргызу.* Мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге *ж е ң д і р м е к ш і* болады (Абай, Тол. жин.). Өтті қанша қиқу салып зеңгір күн Ерлеріңді ертеңіңе сендірдің. Бірақ кейде өзің туған алтынның, Даңқын жезге *ж е ң д і р д і ң* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Үрей мен күдігін әрең сабырға *ж е ң д і р і п*, әлден уақытта Әтікке еңіске қарай еппен түсті (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Елдің де жайы белгілі. Алысып жатыр аштықпен. Күлкіге бәрін *ж е ң д і р і п*, Елемей жүрміз жастықпен (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Ақылға жеңдірді. *Ақылға келді, ақымақтық жасамады. А қ ы л ғ а* данышпан ер *ж е ң д і р е д і*, Бір тауды ұшып келіп белгіледі. Кешке дейін ұшты да, тауға келді, Өзінің аң аулайтын сеңгірі еді (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ашуын *а қ ы л ғ а ж е ң д і р г е н* аққөңіл адамдай табиғат қайта жадырап, бұлттардың ала шабыр жыртығынан күннің көзі жарқ етті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Ақылды ана бар қайғысын *а қ ы л ғ а ж е ң д і р і п* өзін-өзі тоқтатты (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖЕҢДІРТ= е т. *Мойынсындырту, бой ұргызу.* Жездем әне, Көкбестісін желдіртіп, Келе жатыр ойын ойға *ж е ң д і р т і п* (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы).

ЖЕҢДІРТУ *Жеңдірт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕҢДІРУ *Жеңдір етістігінің қимыл атауы.* Қалипа көп ойдың бәрін еңбекке *ж е ң д і р у д і* ойлады (М.Дүзенов, Әке.). Сұм кеселге жан-дүниесін, рухын *ж е ң д і р м е у* үшін қайрат жиды (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖЕҢЕШЕ з а т. **1.** *Жеңгеге құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш. Ж е ң е ш е-а у*, қатық берші, қатық маған, Жоқ та болса тауып бер, сатып маған. Осындайда бір аяқ қатық берсең, Қарқаралы қыздардан артық маған (Шал ақын, Өленд.). **2.** *Жеңгей, жеңге. Ж е ң е ш е м д і* сөз қып кеттім-ау! Оны айтатын да жөнім бар. Жаңа жеңгей де ұялған жоқ. Ағатайыммен тізелесіп отырып, қонақ күтіп, өзі жүгіріп жүрді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Құдай қосқан қосағың Көктімнің қызы Құртқаны, *Ж е ң е ш е м д і*, кімге тапсырдың? (Қобыланды батыр). Осындай келушілердің біреуі, *Ж е ң е ш е м н і ң* туған апасы Батсайы боп шықты (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). Қайта маған оралғандай бала күн, *Ж е ң е ш е м е* жалтақ-жалтақ қарадым. Жақсылықпен жеңешемнің алдында, Шынында мен бала болып барамын (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЕҢЕШЕЛЕ= е т. с ө й л. *Жеңеше деп айту.* Тек Күлшебай ғана *ж е ң е ш е л е п* қалжыңдаспақ болған (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Көңлінің сезім тербер сырын шертіп, Жайлауға *ж е ң е ш е л е п* қайным келсе (Н.Лушникова, Көңіл.). Жылдам жүр ханша кейіп қалады деп, Болшыбол *ж е ң е ш е л е п* безек қақты (О.Шипин, Амангелді). Жұрт сыйлайтын атақты Қаман қалпенің баласы Шағырдың мінезі қандай, жібектей елгезек. *Ж е ң е ш е л е п* жанымнан шықпайды (Ә.Нәбиев, Қанат қақ.).

ЖЕҢЕШЕТАЙ з а т. э к с п р. **1.** *Жеңешесіне құрмет білдіре айтылатын қаратпа атауыш. Ж е ң е ш е т а й-ау* жоқтаушың мен деп неге айтпаймын (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Ешкімнің ұйқымды бұзғанын жақтырмаймын, *жеңешетай* (О.Сәрсенбаев, Бақыт.). **2.** *Жеңгесін сыйлау, еркелету нышанымен айтылатын атауыш.* Бір марқасқаның үйіндегі ақ бұғақ жеңгесінің, *жеңешетайының* кетер кезде қойнына бүтін арақ тыққанын айтады (А.Сүлейменов, Бесін). Ойнап-күліп жүруші-ек, *жеңешетай,* Шалға кетіп қор болдым, есім танып (Қаз. әндері).

ЖЕҢКІРЕ= е т. *Entmen, aздап жеу.* Даусымның келмейтұғын мәнісі сол, Бақырдан ұрлық етін *жеңкіредім* (Батырлар жыры).

ЖЕҢКІРЕУ *Жеңкіре етістігінің қимыл атауы.* Балам, үлкен жігіт болу үшін тамақты *жеңкіреу* керек (Ауызекі).

ЖЕҢҚАП з а т. с ө й л. ***Жеңсе***. Мал дәрігер үстіне ақ халат, басына таза қалпақ, қолына *жеңқап* киеді (Т.Телеуғалиев, Мал қора). Бұл кісі қолына бухгалтерде болатын *жеңқап* киеді (М.Әлімбаев, Қалам қайраты).

ЖЕҢСЕ з а т. **1.** *Жұмыста киім жеңінің кірлемеуі, тозбауы үшін матадан арнайы тігілген бөлек жең. Жеңсе* кигеннің жеңі тозбас (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Тоныңды топқа ұнарлық бос тоздырсаң, Болады неге тоскау киген *жеңсең* (Т.Ізтілеуов, Назым). **2.** *Білекті жаралаудан, қатты зат батудан сақтау үшін мықты матадан сырылып тігілетін жең.* Құрмаштың оң қолындағы қалың *жеңсе* қонақтап бала бүркіт отыр (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Сәттібай қасындағы ұлы Шемен, Қармақшы бір жолдасың Қали, Тінен. Қайдағы *жеңсе* аяқтың бәрін жидың, Аяған жері бар ма Құдай сенен (Ә.Тәңірбергенов, Ұмытпа.). Адамның жұмыс істегенде киімінің жеңін ластанудан қорғайтын немесе білекті жаралаудан, қатты зат батудан сақтайтын жабдық, киім *жеңсе* ұшы жағы адамның шынтағының жоғары жағына жететін мықты матадан сырылып тігілген жең тәрізді (Диал. эксп. матер.).

ЖЕҢСІЗ[1] з а т. *Шолақ жең киім, кеудеше. Жеңсізінің* екі қалтасына құрт толтырып беріпті (З.Ақышев, Таңд.).

ЖЕҢСІЗ[2] с ы н. *Жеңі жоқ (киім). Жеңсіз* берен түймелеп, Кіреуке киер деуші едім; Жас шыбықтай бүгілтіп, Садақ иер деуші едім (Дулат Бабатайұлы, Замана.). «Бозінген» шапанның өңірін қайырып әдібін көрді, көйлегінің сүйегін байқады; *жеңсіз* камзолының жиегін, қалтасының қақпағын, кебіс-мәсісін, бәрін шұқылап көріп болған соң маңдайына шашырай салбырап түрған шашын ақырын сырғытып... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көйлексіз, *жеңсіз* күртеше тонды жалаңаш етіне киіп алып, Айранбай ескілеу етікті бастап жатыр (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Қыран құстай түйіліп, *Жеңсіз* сауыт киініп, Әруағына сиынып, Мәделі батыр сайланып, Қожа ішінен бұл шықты (Мәделі Жүсіпқожаұлы//XIX ғ. қаз. поэз.).

ЖЕҢСІК[1] з а т. *Әуес, құмар, таңсық.* Тәттімбет өмір-бақи іздеген жоғын тапқандай, *жеңсік* сезімнің үстінде (Т.Әлімқұлов, Сырлы наз). Иесіне *жеңсігі* басылған ұяластар енді жан-жағына шоқиып бірдеме дәметкендей жолаушының әр қимылын бағып, жұтынып тұр (С.Жүнісов, Ақан сері). Түрулі есіктен сұр балықтың *жеңсік* иісі мұрнына кеп, танауын қытықтап барады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қыз аңдыған жігіттің түнде жортқан, жеңіл *жеңсік* қуған әдет өзгеге де ой түсіреді (М.Әуезов, Әр жыл.). Бостандық, теңдік деген сөздің *жеңсігі* басылғандай (М.Дулатов, Шығ.). Жас баладан артық *жеңсік* Мұндай нәрсе көрмедім. Тұрағы жоқ шайтан секек, Тіпті-ақ сырын білмедім (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жеңсік ас. т а м а қ. <франц. delicatesse> *Таңдаулы әуес тағам.* Қойдың майы, тоңдаған жас еті *жеңсік астай* үшеуі де құшырланып жесті (М.Қаназов, Сонар).

Жеңсік көрді. *Әуес етті.* Саспайды! Байын өлтіріп салып, Енді жесірдің көз жасын *жеңсік көрді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕҢСІК[2] з а т. с ө й л. ***Жеңістік***. Рас, кейкейде бұра тартып, өзінікін ұзақ уақыт жөн деп біліп, *жеңсік* бермейтін де мінезі бар (Ғ.Қайырбеков, Қарқаралы.). – Жоқ, маған оқ тимейді! – деп, Сапақ сөзге *жеңсік* берер емес (О.Сәрсенбаев, Жалғыз.).

ЖЕҢСІККОЙ с ы н. *Құмар, ынтазар; әуесқой.* Жас баладай *жеңсіккой*, Байлаулы емес ақыл, ой. Ойлағаны – айт пен той, Ыржаң-қылжаң ит мінез (Абай, Тол. жин.). Көрерменге естірте айтқан молда емеурінен оның нәпсіқұмар, *жеңсіккой* зинақорлығы сезіледі (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Кебек батыр жатқан соң төсекке кеп, Қыз мінезін ішінен қылады есеп. Танымаған қонаққа сыр білдірген Көрсеқызар *жеңсіккой* ұрғашы-ау деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕҢСІККОЙЛЫҚ з а т. ж а ғ ы м с ы з. *Әуесқойлық, құмарлық.* Көп жүрмес *жеңсіккойлық.* Әлі-ақ тозар, Жаңғырар жеңсік құмар, Жатқа қозар (Абай, Тол. жин.). Төрелердің әйел құмарлығы, *жеңсіккойлығы* Ақпанға мәлім (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әлде өзіне бастас қылғысы келді ме немесе одан бір жылы сөз күтті ме, болмаса әйелге біткен *жеңсіккойлық* мұны да жеңді ме, әйтеуір қапаста қапаланып жалынарға жан таба алмай отырған Ақбілектің көзі еріксіз қара мұртқа түсті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕҢСІКТЕН= е т. *Әуестену, құмарлану.* Комбайнның үстінде жүріп көзін ашқан балалары техникаға *жеңсіктеніп* өсіпті (Т.Нұртазин, Адам.). Бикештің ұрын күйеу қолын ұстап, Тілінен *жеңсіктенген* татты балды (Т.Әлімқұлов, Бозжорға).

ЖЕҢСІКТЕНУ *Жеңсіктен етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕҢСІКТІ с ы н. ***Жеңсікқой.*** *Жеңсікті* жемісіңе жете алмасаң, Көлденең көңіліңе кес келгендей (Айтыс).

ЖЕҢСІКТІК з а т. *Әуестік, құмарлық. Жеңсіктік* деген сипат қанағат алған сайын өсе береді, балалардың бұл сипаты түрлі бағытқа құбылғыш келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қарбыз, қауын, қияр, бұлдірген және басқа жер жемістері айтыпты: «Жұртқа біздің пайдамыз көп: олай дейтінім адамның бәрі де бізге жеңсік, сол *жеңсіктігінің* өзі біздің пайдамыз зор болғандықтан таңсық болуларын көрсетеді», – деп (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы). Балада екі түрлі білімге *жеңсіктік* барлығын айыру керек. Бірі: нәрсенің өзі еріксіз туғызатын, яки өте қымбат *жеңсіктік.* Екіншісі: біреуден біреуге жұғатын *жеңсіктік* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕҢСІКШІЛ с ы н. *Жеңсікқой, жеңсікқұмар. – Жеңсікшіл* ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды, – деп еді Абай ағам (М.Әуезов, Қараш.). Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, *жеңсікшіл* нәсіпқұмар көп жастық жолынан жырақ шығады (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖЕҢТҮП з а т. *Жеңнің киімге тігілетін, жалғасатын жері.* Жеңтүптері кең келеді де, оны *жеңтұп,* ойынды, қолтырмаш деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖЕҢУ *Жең етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Озып шығу, жүлдеге ие болу.* Алдына жан салмаған Біржанға Сараны да *жеңу* мұрат (М.Әуезов, Әр жыл.). **2.** *Соғыста жеңіске жету.* Қазақ әскерінің мақсаты қан майданда жауын жалпы *жеңу* болса, Әбілқайыр ордасының ойлағаны хан Жәнібекті құрту еді (І.Есенберлин, Алмас қылыш). Көппен алысқалы даярланған баласының жеңілу қаупі оның басына тұман боп оралса, *жеңу* қуанышы боп шығады (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). **3.** *Устем болу, басым түсу.* Тең емесін түңғыш сездім күшімнің Ұрып, соғып, қорлап және азаптап, Оны *жеңу* мүмкін емес екендігін түсіндім (М.Шаханов, Ғасырлар.). Өнегем сол – айтыстардан азатпын, Өзі рахат Өлең деген азаптың! Мисыздарды *жеңу* маған сөз емес, Мен өзімді өзім жеңген қазақпын! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **4.** а у ы с. *Мойынсынбау.* Қиындықтарды *жеңу* үшін коммунистер алда болуы, көпке үлгі болуы керек (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖЕҢУШІ з а т. *Жеңіске жетуші, жеңіскер.* Тартыста *жеңушіні* коммунистер (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Ол керемет майданның *жеңушісі,* Бақытсыздық азапты жоятұғын (З.Қалауова, Таңд. шығ.). Бұл тұрған *жеңуші* Жетібасар еді (Р.Райымқұлов, Қыз-айна).

ЖЕҢІЛ с ы н. **1.** *Салмағы аз, салмақсыз; ауыр емес. Жеңіл* заттары жердің бетіне қарай қалқып шықты (А.Машанов, Жер асты). Жіңішкелігі өзіндей заттардың барлығынан да жүн *жеңіл* болады (М.Ермеков, Қазақст.). Ашулы қолына ендігі Әзімбай қаңбақтай *жеңіл* көрінді (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** а у ы с. *Оңай, қиындықсыз.* Тату семья үй іші шаруашылығы мәселесін *жеңіл* шешіп отырады (Семья тәрбиесі). Мықты деп есептеме Әркімге *жеңіл* ергенді. Жабайысып, жампаңдап, Құлықпен жорта желгенді (К.Салықов, Жезкиік). **3.** *Жұқа, жалаң қабат.* Олардың үстіне келіншекті енгізгенде бетін *жеңіл* желекпен бүркеп әкеледі (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Абай шапан жамылып, ақ елтірі *жеңіл* тымағын киіп тысқа шықты (М.Әуезов, Абай жолы). Шымылдық ішіндегі *жеңіл* киімдерін үстіне тез іле салып, о да шыға келді (С.Мұқанов, Ботагөз). Қара қазақтай әйел мәселесінде «ұят», «обал», «ата жолы» деп ар-намысты сылтаулап төрт тағандап жатып алмайды, қашан да болса бос белбеу, көйлек-етегі *жеңіл* сыпырма босаң келеді (І.Есенберлин, Қаһар). **4.** *Жылдам, тез.* Мәлике орнынан *жеңіл* тұрып барып жеңгесінің мойнынан құшақтап, бетінен сүйіп-сүйіп алды да, алақанымен аузын басты (Д.Әбілев, Арман.). Ақ сұр өңін аяз сорып, жаңа тебіндей бастаған мұртын қырау шалған ол, киімінің сыртындағы қасқыр ішігін күймеде қалдырып, шанадан *жеңіл* түсті (К.Сәрсекеев, Қызыл жалау). Оның өзі еш нәрсе көрмегендей *жеңіл* қимылдап, топырақты лақтырып жатыр (Т.Ахтанов, Боран). **5.** *Болмашы, болар-болмас.* Олар *жеңіл* жарақаттыларды қолтықтап сүйеп, арба соңынан алып жүрді (М.Жұмағұлов, Қыран.). **6.** а у ы с. *Жеңіл-желпі, атүсті, үстірт.* Ел аруағын сыйламаса есер қыздар *жеңіл* сөйлеп орынсыз шошаңдамақ (Жамбыл, Шығ.). Сынның көлемі газет бетінен, жай оқушының *жеңіл* пікірінің күш дәрежесінен аспаған (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **7.** а у ы с. *Жеңілтек, ұшқалақ (мінез).* Надан атанбастығын, *жеңіл* атанбастығын... осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек (Абай, Тол. жин.). Семья құрғысы келген бойжеткен қыз менің салдыр-салақ, *жеңіл* мінезімді түсінген соң Жапасқа тиіп ала қойған (З.Шашкин, Өмір.). **8.** а у ы с. *Көңілге ауыр тимейтін, зілі жоқ.* Бұдан гөрі жүрегіме қанжар

сұғып өлтіргенің жүз есе *жеңіл* болатын еді ғой, – деді ол (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Бұл сөздер Шоқанға *жеңіл* болғанмен, Айжанға ауыр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **9.** а у ы с. *Ширақ, ылдым-жылдым.* Киіктей тал түбінде белін керген, Жан едің әр қимылың *жеңіл* келген. Аңсарым ақ тамаққа ауып кетіп, Денемді қытықтайтын демің келген (К.Салықов, Жезкиік). *Жеңіл* ғана сенің аяқ басқаның. Ұқсамайды жүрісіне басқаның. Сенің жайлап үн шығармай күлгенің Ұқсамайды күлкісіне басқаның (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Бопай ері түзелген кербестісіне еркектерше *жеңіл* мінді (І.Есенберлин, Қаһар).

Атқа жеңіл құдаша. а) *Тым ұшқалақ, жеңіл мінезге айтылады.* ә) *Барып кел, алып келге дайын, қолды-аяқтай.*

Аузы жеңіл [жеңіл ауыз]. *Аузында сөз тұрмайтын, не болса соны айта салатын (адам).* Алдаберген сұпы *а у з ы ж е ң і л* екіүш адамды шақырып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Дәріш *а у ы з ы ж е ң і л* әйел еді (З.Шүкіров, Ізгілік із.). – *А у з ы ң ж е ң і л*... ағайынды атыстырайын демесең де, кейде аңқау сөйлейсің, – деді ол (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Елдегі кейбір *ж е ң і л а у ы з* жігіттер бізді ағаш аттың басына мінгізіп, қай-қайдағы болмаған бір сұмдықтарды таңып жүр (С.Омаров, Өмір асу.). *Ж е ң і л а у ы з* әйелдер осылай деп қилы саққа жүгірткен (Д.Әбілев, Арман.).

Ауырдың үстімен, жеңілдің [ауыр мен жеңілдің] астымен [арасынан]. *Қиындықтан қашқалақтап, ептеп-септеп, амалдап.* – Қойыңыз жеңеше, өйтіп *а у ы р д ы ң ү с т і м е н, ж е ң і л д і ң а с т ы м е н* жүре қоймаспыз (Б.Қожабеков, Көктөбе). Олар (жалқаулар) *а у ы р д ы ң ү с т і м е н, ж е ң і л д і ң а с т ы м е н* өмір сүріп, қоғамға аз беріп, көп алуға тырысады («Лен. жас»). Жақынға еріп, мал салмай, Жауды көріп жан салмай, Қайдан ғана біледі, *А у ы р м е н е н ж е ң і л д і ң А р а с ы н а н* өтерді (Абай, Тол. жин.).

Аяғы [аяқ-қолы] жеңіл. а) *Тілалғыш.* Мен *а я ғ ы ж е ң і л,* тіл алғыш болып алдым (Ж.Кәрменов, Ақылбай.). Бұл фермадағылардың *а я қ - қ о л ы ж е ң і л* деп, балаша жұмсайтын адамы – Сәпей («Лен. жас»). ә) *Жүріп-тұруы оңай, қимылы ширақ.* – Бірақ *а я ғ ы* өте *ж е ң і л,* қыз тумаса жарар еді, – деді ол (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары).

Жарасы жеңіл. *Оңай, тұк те емес.* – Сағынғаның шай болса, оның *ж а р а с ы ж е ң і л* ғой, – деді Жақыпқа (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Егерде шын ұры осы болса, *ж а р а с ы ж е ң і л* (Е.Оразақов, Дәрігер.). – Мына Жетібай маған тиісе бермесін, – деді Күреңбай Нұртайға. Жетібайдың *ж а р а с ы ж е ң і л* ғой (С.Омаров, Қайырлы.).

Жеңіл атлетика. с п о р т. *Спорттың секіру, лақтыру, көпсайыс сияқты түрлерін қамтитын саласы.* – Саған лайығы *ж е ң і л а т л е т и к а,* – деді ол (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). *Ж е ң і л а т л е т и к а* қыз-келіншектер арасында үлкен өріс алып келе жатқан спорт түрі екенін танытты («Спорт»). Жуырда Шымкентте *ж е ң і л а т л е т и к а д а н* республиканың қысқы жекелей командалық біріншілігі аяқталды («Спорт»).

Жеңіл атлетші. с п о р т. *Жеңіл атлетикамен шұғылданатын спортшы.*

Жеңіл барып, ауыр қайт. т і л е к. *Базаршылап, я жекжат қыдырып шыққан жолаушыға жақсы барып, олжамен орал деген ұғымда айтылады.* Ал бауырым, *ж е ң і л б а р ы п, а у ы р қ а й т,* жолың болсын (Ауызекі).

Жеңіл жолға түсті. *Жан қинамай оңай олжа табуға кірісті.* Тек *ж е ң і л ж о л ғ а т ү с і п* кеттің, өзіңді-өзің ақтап ал деп жалынбақ еді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Нияз – думан, қызық қуалаған, өмірдің *ж е ң і л ж о л ы н а т ү с к е н* уайымсыз жан (Т.Ахтанов, Боран).

Жеңіл жүрісті. ж а ғ ы м с ы з. *Жұбайының көзіне шөп салған, жат мінез көрсеткен.* Төрде жатқан қонақ оң жағынан қол салып, көрпе астында қол қысса да, жас кеуіл бір өсіп, жапырағын жайып марқайып қалмай ма? – деп топшылап, ақ тоқалдың *ж е ң і л ж ү р і с і н* салауат көреді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жеңіл индустрия. э к о н. *Киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. тұрмыс қажетіне керекті түрлі заттарды шығаратын кәсіпорын.* «Мерекелі жылы – екпінді еңбек етейік!» Қазір еліміздегі *ж е ң і л и н д у с т р и я* кәсіпорындарының коллективі осы ұранмен еңбек етуде («Лен. жас»).

Жеңіл күйме. э т н. *Қыз-келіншектер, жас жұбайлар мінетін күйме.* Қос ат жегілетін *ж е ң і л к ү й м е* көбіне бойжеткен қызға, жас жұбайларға, бәйбішеге тек көліктің ғана емес, жол үйдің де қызметін атқарған (Ө.Жәнібеков, Жол айырықта).

Жеңіл қарады. *Бір нәрсеге атүсті, немқұрайды (немкетті) қатынаста болды.* Большевизм идеясымен қаруланған адам саясат, күрес мәселесіне *ж е ң і л қ а р а м а с а* керек (Е.Ысмайылов, Сын.). Ойыншықпен жазғам жоқ ешбір өлең *Ж е ң і л қ а р а п* жүрмесін, қылмай елең (С.Сейфуллин, Шығ.). *Ж е ң і л қ а р а п* сөзіме, баламайсың, Жар етуге өзіңе қаламайсың (Қаз. әндері).

Жеңіл қорғаныш костюмі. ә с к. *Барлау жасаған және зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізген кезде зақымданған жерде ұзақ болуға арналған киім. Ж е ң і л қ о р ғ а н ы ш к о с т ю м і* резеңке қосылған матадан жасалады,

ол қорғаныш ұйықты шалбардан, жалбағайлы көйлек, екі жұп саусақты қолғаптан, дулыға ішпегінен тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жеңіл қорытпалар. к е н. *Тығыздығы аз конструкциялық қорытпалар. Ж е ң і л қ о р ы т п а л а р* мыс., темір мен никель негізді конструкциялық қорытпаларға қарағанда неғұрлым жоғары үлестік беріктігімен (беріктік көрсеткіштерінің материалдың тығыздығына қатынас) сипатталады (Қаз. тілі термин. Кен.). Жеңіл металдар негізінен әртүрлі мақсаттарға арналған *ж е ң і л қ о р ы т п а л а р* алу үшін, сондай-ақ басқа қорытпаларға үстемелер ретінде қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жеңіл мәшине. *Адамдардың күнделікті жүріп-тұруына қажетті жеңіл көліктер.* Марқабаевтың сөзін аяқтатпай, зулап келіп тұра қалған *ж е ң і л м ә ш и н е д е н* майор Попов түсті (Ж.Тілеков, От кешу). Ақәжем үйінің алдына *ж е ң і л м ә ш и н е* келіп тоқтайды (М.Дүзенов, Ақәже).

Жеңіл металдар. *Тығыздығы біршама аз металдар. Ж е ң і л м е т а л д а р ғ а* жататындар: литий, калий, натрий, рубидий, цезий, кальций, магний, бериллий, стронций, алюминий, титан, барий (Қаз. тілі термин. Кен.). Сол сияқты, алтыншы бесжылдықтың ішінде Қазақстанда *ж е ң і л м е т а л д а р* – алюминий және басқа металдар шығаратын және күкіртті, тұзды, қышқыл, сода, азот-калий және фосфор өндіретін ірі-ірі өнеркәсіп орталықтары салынуға тиіс (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

Жеңіл минералдар. к е н. *Меншікті салмағы 2500 кг/м³-тан төмен минералдар. Ж е ң і л м и н е р а л д а р ғ а* кварц, плагиоклаздар, калишпаттар жатады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жеңіл музыка. м у з. *Тыңдауға жеңіл, ойын-сауық мақсатына арналған музыкалық шығарма. Ж е ң і л м у з ы к а* қазіргі заман музыкасында кең орын алады. Оның негізгі бір саласы – джаз (ҚҰЭ).

Жеңіл мінезді. *Жеңілтек, ұшқалақ.* Сүлеймен тілектес болғанымен табиғатынан *ж е ң і л м і н е з д і* Ережепке сене бермейтін (Ә.Нәбиев, Шолпан). *М і н е з і* бәйбішеге тартқан *ж е ң і л*, деп Зейнешке кінә тағатындар да бар (Б.Майлин, Шығ.). Әкесіне оңашада қызының *ж е ң і л м і н е з і н* айтып түсіндірмек болдым (А.Жақсыбаев, Менің дос.).

Жеңіл ойлы. *Байыптап ойламайтын, алаңғасар.* Болдың ба *ж е ң і л о й л ы* арың қайда, Орыстан саған күйеу табылмай ма? (Қ.Бекхожин, Мариям.). *Ж е ң і л о й д ы* ауырлатты қатал күн, Жас болса да, тебіренбей жатар кім? (М.Әлімбаев, Лирика). Әйел адам *ж е ң і л о й л ы,* Деп ойлаушы ем, іші тар. Ол ойымның бәрін жойды, Қаралдыңның несі бар? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жеңіл өлім. *Жан қиналмайтын, азапсыз өлім.* Көп шығар, жоқ демеймін, кінәм менің, Ризамын бақ, пәлеңе бірдей сенің. Тұяғын бұл жаманның тигібей ал – Қорлықтан, мұнан көрген, *ж е ң і л ө л і м* (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жеңіл өнеркәсіп. э к о н. *Халық тұтынатын көпшілік қолды заттарды өндіретін кәсіпорын. Ж е ң і л ө н е р к ә с і п т і ң* негізгі салалары – мақта-мата, зығыр, жүн, жібек, кендір-кенеп, аяқ киім, былғары және аң терісі бұйымдарын өндіретін салалары (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Бұл жөнінде *ж е ң і л ө н е р к ә с і п* саласында істейтін жұмысшылар мен қызметкерлер алдына айрықша зор міндеттер қойылып отыр (И.Байзақов, Еңбек.). Қуатты машина жасау өнеркәсібі жасалады, *ж е ң і л ө н е р к ә с і п* пен тамақ өнеркәсібі онан әрі дамиды (Б.Ордабаев, Коммунизм.).

Жеңіл сөз. *Артық ауыз сөз, өсек-аяң.* Жас келіндер құрдай жорғалап, кеш жатып, ерте тұрып, ауыр сөзге қарсылық жасамай, *ж е ң і л с ө з г е* ермей, әдеппен ғана жүретін (І.Омаров, Шабыт). Енді аңғарып қараса солардың бәрі желкөбік, тілдің ұшынан шыққан *ж е ң і л с ө з* (Т.Ахтанов, Боран). Кейде әкесімен қалжыңдасса да, Әдірахманның алдында артық сөз, шашау қимыл, *ж е ң і л с ө з* көрсетпейтін (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жеңіл сулы реактор. ә с к. *Отын ретінде байытылған уранды пайдаланатын ядролық реактордың кең тараған түрі. Ж е ң і л с у л ы р е а к т о р д ы ң* пайдаланылған отынында ядролық жарылғыштарды дайындауда қолданылатын плутонийдің біраз бөлігі бар (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жеңіл тастар. *Шахматтағы піл мен аттың жиынтық аты.* Ал *ж е ң і л т а с т а р ғ а* піл мен ат жатады («Білім және еңбек»).

Жеңіл тиді. *Оңай болды, қиын болған жоқ.* Бір үйдің іші түгел ауырса *ж е ң і л т и е* ме? Жоқ, жарымы ауырып, жарымы сау болса *ж е ң і л т и е* ме? (Абай, Тол. жин.). Алып кетті, тәңір атқыр, мейірімсіз арам-ай, Хал үстінде жатқан қартаң анаға да қарамай, Сорлы анаға қайдан *ж е ң і л т и с і н* мұның салмағы, Бастан жүрек ауруы бар, емдеткенмен болмады (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бұл оған Орта Азияның бар әскерімен қан майданда бетпе-бет кездесуден *ж е ң і л т и д і* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жеңіл тимеді [тиген жоқ]. *Оңай болған жоқ, ауыр тиді.* Бұл хабар алыстағы елде жатқан Кәріпжанға да *ж е ң і л т и г е н ж о қ* (Ә.Әбішев, Терең тамыр).

Жеңіл түйе. *Ұшқалақ, еркек мінезі бар, үстіне мінбей, жүк артып болмай-ақ орнынан*

тұрып кететін түйе. – Сен бұл түйеге мінем деп әуре болма, жасың келген адамсың, бұл – *жеңіл түйе*, шошаңдап ала жөнелгенде, саған әл бермес (Ә.Жақыпов, Түйе өсіруші. сөздігі).

Жолы жеңіл. *Жолы болғыш, істің сәті оралған (адам).* Әкесінің жүзі жадыраулы, – *жолың жеңіл* екен балам. Бұл бір оңтайы келген іс болды (А.Нұрманов, Құлан.). – Сіз онда *жолыңыз жеңіл* адам екенсіз (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Жүгі жеңіл. *Қолы бос, басы артық жұмыс жүктелмеген.* Есектің *жүгі жеңіл* болса, жатаған болады (Мақал-мәтел).

Қолы жеңіл. *Істеген ісі тез оңға басатын, сәті түсетін (адам).* – Әміржан шырағым, мына атаңның *қолы жеңіл* деп естігем, тез жазылып кетерсің (А.Байтанаев, Қайнар.). Сәкеннің *қолы жеңіл*, шипалы, сен де, біз де бұл сыннан сүрінбей өтеміз («Қаз. әдеб.»).

Тұзы [топырағы] жеңіл. *Жоқтан өзгеге ілінгіш, әңгімеге қалғыш.* – *Тұзым жеңіл*, бағым ашылмай қырсық шалған сорлы кедеймін, – деді Бақтығұл (М.Әуезов, Қараш.). – Әй, сенім жоқ соларға жаңағы иттің *тұзы жеңіл*, сездіріп қояды (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Тілге жеңіл. *Айтуға ыңғайлы, оралымды.* Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы; *Тілге жеңіл*, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы (Абай, Тол. жин.).

ЖЕҢІЛ= е т. **1.** *Соғыста қарсыласына тізе бүгу, жеңіліске ұшырау.* Оқ-дәрілі мылтық пен көк құрыш қылышқа шыдай алмай Жоламан әскері сан *жеңілді* (І.Есенберлин, Қаһар). Кеміменспін енді деп, Зауалды жалған дүниеге Біле білсең таспаңдар. Қарсы жүрген адамның Басын исе достық қыл. *Жеңілсе* дұшпан достық қыл, Аяққа салып баспаңдар (Шал ақын, Өлеңд.). Жапонияның *жеңілетініне* көзі жетіп тұрса да сол кездегі АҚШ-тың президенті Трумэн, Жапонияның Хиросима және Нагасаки қалаларына 1945 ж. 7 августа атом бомбаларын тастаттыруы барып тұрған қаталдық (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). **2.** *Ұтылу, күші кемшін түсу. Жеңіліп* қалса Зәпира деп аузын ашпасын, ат-шапан айыбын төлеп аулына аттансын, – дейді Нұрбай (Б.Момышұлы, Шығ.). Жеңген Кәкітай да, *жеңілген* ақындар да... мәз бола түсті (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** *Шарасыздық таныту, мойынсыну.* Сен жеңдің, мен *жеңілдім*, бұрын өттім, жолыңа шыбын жанды құрбан еттім. Қолына сағынғанда қарасын деп, Белгілі жүзігімді беріп кеттім (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жеңбей де, қатарымнан *жеңілмей* де Түсінбей жүретінім менің кейде. Ерлікпен қаза тапқан кісілерге Ерліктің жұлдыздары берілмей ме? (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Түс қайта Шөпішті аттандырып, ауырына *жеңілгендей* болған ауылға Күлжанның Әуезді шақыртқан хабары тиді (К.Оразалин, Абай.). Мен *жеңілдім*, тұңғыш рет қыз алдында жеңілдім, Жеңілмейміз дегеніміз желігі екен көңілдің (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жеңілген елде желке жоқ. *Соғыста жеңілген жұртта қыр көрсетер сес жоқ деген мағынада айтылады.* Олардың ақырғы тамтығы талқандалып жатқан кез еді. «*Жеңілген елде желке жоқ*» деген рас екен. Желкесі жоқ адамда не қуат болсын (Ә.Әбішев, Шығ.).

ЖЕҢІЛГЕК з а т. *Жейденің жеңінде тұйме орнына қолданылатын сәндік бұйым.* Әйелінің қолқалауымен ғана киген шақпақты костюм де, ауыр алтын *жеңілгегі* де оған жараспайтын («Жалын»).

ЖЕҢІЛГЕНСУ *Жеңілгенсі етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕҢІЛГЕНСІ= е т. *Жеңіліп қалғансу.* Торғын қарсылық еткен болады, артынша *жеңілгенсіп*, қолыма ұстата салады (А.Жақсыбаев, Бозарал).

ЖЕҢІЛГІШ с ы н. *Жеңіле бергіш, ұтылғыш.* Рақымжанның жауабын тоспастан: – Сау бол, *жеңілгішім!* – деп, қосына қарай шаба жөнелді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖЕҢІЛДЕ= е т. **1.** *Салмағын азайту, жеңіл тарту.* Автомат *жеңілдеп* барады, оқ таусылуға айналды (К.Тоқаев, Көмескі із). Қой семірген сайын, терісінің салмағы *жеңілдей* береді (М.Ермеков, Қазақст.). Даланың ұқсап ұшқан қаңбағына, *Жеңілдеп* кетті ежелгі салмағы да (К.Райбаев, Жаңа толғау). **2.** а у ы с. *Жеңіл тию, қиын болмау.* Демек, дала перзенттерінің еңбегі әрі *жеңілдеп*, әрі мәдениеттене түседі (С.Ақтаев, Дала.). Мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру ісі *жеңілдейді* (Ғ.Әбішев, Мал жарақат.). – Үй іші толғалы жұмыс та *жеңілдегендей* болды, – деді ол (Б.Тілегенов, Уақыт). Жақсыны да қабылдап, Жаманды да қабылдап. Бірде қунап *жеңілдеп*, Бірде тулап ауырлап (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** а у ы с. *Таусылу, азаю.* Сауық сайранмен жүргенде Ғалидың қалтасы да *жеңілдеді* (М.Қосшығұлов, Шындық.). Мына мешіттің тойы өтіп, іс *жеңілдесін*. Кішкене қол босасын (М.Әуезов, Абай жолы). – Онан сенің күнәң *жеңілдейтініне* күмәнім бар, – деді ол (Т.Дәуренбеков, Таң атып.). Оның көзін құртса, теңіз жағасындағы елдің біраз наразылығы *жеңілдеп* салар еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **4.** а у ы с. *Арқа-жеңі кеңу, масайрау.* Соқпай кеттің көп болды, жағаға сен, Бір *жеңілдеп* қалушы ем аға десең, Қақпаны көп, мылтықты

мергені көп, Белестерден өттің бе аман-есен? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бойы жеңілдеді. *Денесі сергіп қалды, жадырады.* Асқар таудың ауасы Аймалайды сені кеп, Табылғандай дауасы Сергиді *б о й ж е ң і л д е п* (С.Мәуленов, Құлыншақ). Көптен бергі зеріккен көңілі сергіп, бүгін қызың *б о й ы ж е ң і л д е п* қалған (Т.Ахтанов, Дала сыры). – Шомылсаң *б о й ы ң ж е ң і л д е п*, жаның жай табатындай көрінеді, – деді ол (Қ.Қараманұлы, Қызғыш құс).

ЖЕҢІЛДЕЙ үс т. *Жеңіл күйі.* Мен балшық қазып беріп тұрайын, сендер *ж е ң і л д е й* салып, мектеп жанына таси беріңдер (Ә.Нәбиев, Ауыр апта.).

ЖЕҢІЛДЕН= е т. **1.** *Жеңіл тарту, салмағын азайту, жүктен арылу.* Әшім артқан ауыр жүктен *ж е ң і л д е н е* бастағандай Әбунүсіп өзі де кеңи бастады (Д.Әбілев, Арман.). Зіл көтеретін болып жатқан дене кенет *ж е ң і л д е н і п*, икемге келіп қалғандай болып қалды (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Жеңіл киіну.* Көктем келді десіп, *ж е ң і л д е н е* бастаған жұрт бірер апта өтпей, қалың киімдерін қайта киюге мәжбүр болды (М.Мағауин, Көк мұнар). **3.** а у ы с. *Сергу, бойжазу, арқаны кеңге салу.* Тентек шалдың бойы едәуір *ж е ң і л д е н д і,* қабағы жазылып, көңілі сергіп кетті (С.Нарымбетов, Тентек). Қоңыр мен Әзима іштей бір ауырлықтан құтылғандай *ж е ң і л д е н і п*, Сұлтанмахмұтқа риза боп отыр (Д.Әбілев, Арман.).

Аяғы жеңілденді. *Босанды, нәрестелі болды.* – Сонымен, қойшы, аман-есен *а я ғ ы м ж е ң і л д е н д і*, – деді ол (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖЕҢІЛДЕНУ *Жеңілден етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеңіл киіну.* Киімдерімнен арылып, *ж е ң і л д е н у г е* тырысамын (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **2.** *Қиындық азаю, жақсару.* Жазалылардың халы *ж е ң і л д е н у і н і ң* бір тетігі менде деп түсінеді (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖЕҢІЛДЕТ= е т. **1.** *Салмағын, жүгін жеңіл қылдыру.* Шыңғыс төре екі атын доғартып тастап, пәуескеге екі атын *ж е ң і л д е т і п* жектіріп, іңір арасында Кәрім үйінің қақпасының алдына қоңыраулатып келіп тұра қалған (З.Ақышев, Жаяу Мұса). Көзімді ашсам, үстіме жапқан киімдерімді едәуір *ж е ң і л д е т і п т і*, – деді ол (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** *Оңайлату.* Біздің жұмысымызды Овсянниковтың бригадасы *ж е ң і л д е т і п* тастапты (Ж.Жақсыбаев, Менің дос.). Мәселен, астрономия, геодезия сияқты ғылымдардың практикаға қажетті күрделі есептеулерін шығару үшін логарифмдік және тригонометриялық таблицаларды құруға тура келді. Бірте-бірте бұл таблицаларға есептеу жұмыстарын *ж е ң і л д е т е т і н* басқа да күрделі таблицалар қосылды (О.Жәутіков, Жаратылыстану.). Менің ауыр міндетімді Бәтиманың өзі *ж е ң і л д е т і п* берді (І.Есенберлин, Алтын құс). **3.** *Қиындықты азайту.* Ондайда ағасына күлдіргі сөз айтып, жеңге қайғысын *ж е ң і л д е т к і с і* келетін (Ә.Әлішев, Батыр.). Қайта арқаларынан ауыр жүкті *ж е ң і л д е т і п*, бәрінен құтқарушыдай көрінді (О.Дастанов, Мұрагер.). Кенелді рақатқа есітіп ауыл, Жіберді *ж е ң і л д е т і п* жүгін ауыр (Д.Еркінбеков, Шығ.).

ЖЕҢІЛДЕТУ *Жеңілдет етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Салмағын азайту.* Еліміздің болатқа деген зор талабын өтеудің неғұрлым прогрессивтік және нақтылы жолы болат конструкциялар мен машиналардың салмағын *ж е ң і л д е т у* болып табылады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). **2.** *Оңайлату.* Ауылдағы жетімдердің тұрмысын *ж е ң і л д е т у* ниетімен Асқар үкімет орындарына записка лар жазды (С.Мұқанов, Ботагөз). Бұл әлі аз зерттелген, дегенмен әкімшілік әдістен нарықтық әдіске көшу жолын *ж е ң і л д е т у* деп есептеуге болады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). Енді келіннің жұмысын *ж е ң і л д е т у д і* Дәріш өз міндетіне алғандай сыңайға көшті (А.Байтанаев, Қайнар). Жастардың күш-қуатын дамыту, жас адамдардың нарық қатынастарына енудегі бастапқы шарттарын *ж е ң і л д е т у* мақсатында жас азаматтардың кәсіпкерлік қызметін әлеуметтік-экономикалық ұйымдастырушылық және құқықтық қолдау шараларын жасау қажет (Ә.Кекілбаев, Үш белес). **3.** *Азайту.* Өлік шыққан үйді туысқандары бас-басына қонаққа шақырып, қошамет етіп, қайғысын *ж е ң і л д е т у г е* тырысатын дәстүр бар (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Қазақ басына төнген осындай ауыр күржілерді біз шамамыз келгенше *ж е ң і л д е т у г е* тырысудамыз (І.Есенберлин, Қаһар). Олар Тарастың қасына өздерінің қайғысын *ж е ң і л д е т у* үшін, жауға қарсы күреске рухани күш алып қайту үшін келетін (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖЕҢІЛДЕТІЛ= е т. *Оңайлатылу.* Жеті жылдың ішінде адам еңбегі едәуір *ж е ң і л д е т і л е д і* (С.Мәуленов, Жер нәрі). Адам еңбегі *ж е ң і л д е т і л е д і.* Ауыр жұмысты техникаға артатын боламыз (С.Мәуленов, Жер нәрі). Қабада – балық аулаудың *ж е ң і л д е т і л г е н* әдісі (Р.Иманғалиев, Мың тарау). Ол экспортерлерді салықтан босату, экспорттық жәрдем ақша, *ж е ң і л д е т і л г е н* несие және транспорттық тарифтер беру сияқты экспортты мемлекеттік көтермелеу арқылы жүзеге асырылады (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

ЖЕҢІЛДЕТІЛУ *Жеңілдетіл етістігінің қимыл атауы.* Қазіргі кезде жұмыс жағдайы *ж е ң і л д е т і л у* керек (Ауызекі).

ЖЕҢІЛДЕУ[1] с ы н. **1.** *Салмағы аздау; онша ауыр емес.* Қауметіне қарағанда аруананың жүгі *ж е ң і л д е у,* тайлақтың жүгі ауырлау болады (А.Сарбөпин, Ала қарға). **2.** *Қиындығы аздау, оңайлау.* Ауыр деген сынның өзі *ж е ң і л д е у,* Бір әділдік бар екенін ескерсең (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). – Ондай ойыңыз болса басқа *ж е ң і л д е у* жұмысқа ауыстыру жағын қарастырамыз, – деді ол (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖЕҢІЛДЕУ[2] *Жеңілде етістігінің қимыл атауы.* Арбаның жүгін азайтса, салмағы *ж е ң і л д е у* керек (Ауызекі).

ЖЕҢІЛДІК з а т. **1.** *Салмағы аздық; ауыр еместік.* Балық пен сұңғуір қайықтың суға сүңгу және судан шығу жылдамдығын, *ж е ң і л д і г і н* және дыбыс шығармауын тіпті салыстыруға болмайды (Жалпы биология). **2.** *Оңайлық, жан қинамаушылық; қиыншылығы жоқтық.* Ортасында бір сағаттық үзілісің және бар, деп бұған *ж е ң і л д і к* берді (Ә.Тарази, Тас жарған). Көңілінде соншама арман етіп, аңсаған жеріне жеткендегі қуаныш та, *ж е ң і л д і к* те жоқ (Т.Ахаков, Дала сыры). *Ж е ң і л д і к* пен қиындық Өтті бастан алмасып, Отырмыз енді иіліп, Көнсадақтай шаң басып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Іздемедім *ж е ң і л д і к* іздемеймін, Жағу үшін ешкімге «сіз» демеймін (Ә.Тәжібаев, Жартас). Үнемі мазасыз реңім, Үзбеймін көп істің легін. Ауырлық аунақшып түссе де. *Ж е ң і л д і к* күтпеші, білегім (К.Салықов, Жезкиік). **3.** қ о ғ.-ә л е у м. <лат. privilegium> *Әлеуметтік, экономикалық көмек көрсету мақсатымен немесе қандай да болсын саланы немесе қызметті дамыту үшін жағдай жасау мақсатымен кейбір жеке, заңды тұлғаларға берілетін артықшылық, қосымша құқықтар. Ж е ң і л д і к т е р* қандай да бір артықшылықтар беру, белгіленген ережелерді, міндеттерді орындаудан ішінара босату немесе оларды орындау шарттарын жеңілдету, мысалы, салықтық жеңілдік (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Бұл жарлық бойынша өкімет қызметінде жүргендерге, аға сұлтан, болыс ... бірталай *ж е ң і л д і к* берілді (І.Есенберлин, Қаһар). Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне зан арқылы медициналық қызмет көрсету, санаторийлар мен курорттарда емделу және жәрдем ақша төлеу жөнінде көптеген *ж е ң і л д і к т е р* белгіленген (Шаңырақ энцикл.). **4.** *Белгілі бір әлеуметтік жағдайларға байланысты берілетін көмек.* Бірақ «бюджет тапшылығы» деген желеумен *ж е ң і л д і к т і ң* көпшілігі алынып (тоқтатылып) тасталды («Жас Алаш»). *Ж е ң і л д і к т е р* беру арқылы мемлекет азаматтардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына көңіл бөліп, оны үнемі жақсартып отырады (ҚҰЭ). Қазақтың оқығандары қазақ балаларын өз тілінде үйрету үшін *ж е ң і л д і к т і* басқа ретпенен тапса, ноғай жазушылары өкпелер ме екен? (М.Дулатов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Жеңілтектік, ұшқалақтық.* Бірақ Нұрғайша оны істесе, ол өте ерсі *ж е ң і л д і к* болар еді (С.Бегалин, Ана.). Салдың ба *ж е ң і л д і к к е* мінезіңді, Байқамай түрлі сөзді жаздың бізге (XX ғ. қаз. ақын.). Шұнақ баяғы *ж е ң і л д і г і н е* басып, қағытып отыр деп ұқты бәрі (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.).

ЖЕҢІЛДІЛІК з а т. с ө й л. *Жеңілдік, ұшқалақтық.* Шұнақ шайдан кейін баяғы *ж е ң і л д і л і г і н е* басты (Т.Дәуренбеков, Таңд.).

ЖЕҢІЛДІР= е т. *Жеңілуге мәжбүр ету, жеңіліс тапқызу.*

ЖЕҢІЛДІРУ *Жеңілдір етістігінің қимыл атауы.* Қиындықты қоюлатпай, жағымсыз образ жасаса, оны тезірек *ж е ң і л д і р у г е,* шығарманың басын қатты, аяғын тәтті бітіруге асығушылық барын айтпасқа да болмайды (Ф.Оразаев, Басты.).

ЖЕҢІЛЕЙ= е т. **1.** *Жеңілдену, жеңіл тарту.* Онда баяғы бір серпіп тұрған дене де жоқ, қаудырап, *ж е ң і л е й і п* кеткенін енді сезді (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). Сыпыра қасат бітіп, үлкен күре жолға кеп қосылған соң, бауырымен қарды сызған шана *ж е ң і л е й і п* қалды (О.Бөкеев, Қайдасың.). Махамбет дәл осы сәтте шынжырдан босанып аяқ-қолы *ж е ң і л е й і п,* абақты табалдырығынан аттап шығып азат өмірге аяқ баса берді (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын). **2.** а у ы с. *Сергу, арқа-жеңі кеңу.* Туған жерден бір жапырақ хат келсе, *Ж е ң і л е й і п,* көтеріліп қаласың (Ө.Күмісбаев, Ақ шолпан). Баршын желкеннің бір енінен сөгіп алып қабаттап шарық тікті. Аяғы жайланған Жібек *ж е ң і л е й і п* сала берді (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖЕҢІЛЕЙТ= е т. **1.** *Жеңілдендіру, жеңіл тартқызу.* Әуелі олар тастың жазуы бар бетін ғана кесіп, *ж е ң і л е й т і п* әкетпек болған-ды (М.Сәрсекеев, Туған жер.). **2.** *Азайту, басу.* Сенің азап ауруыңды *ж е ң і л е й т і п,* жараңды жазу қолымыздан келмейді (Ә.Әлімжанов, Отырар.).

ЖЕҢІЛЕЙТУ *Жеңілейт етістігінің қимыл атауы; азайту.* «Ел берекесі» деген боп бірінің басына төнген қауіпті қалғандары бірігіп *ж е ң і л е й т у* қарыз саналған (М.Әуезов, Қараш.). Балалар жүрегінде қандай ауыр әсер қалды, соны *ж е ң і л е й т у г е* септігі тиер ме? (С.Баязитов, Айдарлы.). Темиров Сібірге көп айдалғандардың жазасын *ж е ң і л е й т у г е* жасаған еңбегім бар деп ақталды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖЕҢІЛЕЮ *Жеңілей етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕҢІЛ-ЖАЙДАҚ с ы н. *Қалай болса солай, олпы-солпы.* Жаңыл да біздердей *жеңіл-жайдақ,* содыр-тентек емес, мінезі ұяң, есті, жөнжосықты білгіш-ақ (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛБЕГЕЙ ү с т. *Беталды, орынсыз.* Қазіргідей *жеңіл-желбегей* шапқылауыңды қойғын (Б.Тоқтаров, Таудағы ән).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ с ы н. **1.** *Болмашы, аздаған.* Аса суық болмаса, *жеңіл-желпі* салқында туған қозы, бұзаулар өліп қалмайды. Бұл өңінің қалыңдығынан, шыдамдылықтан (Ж.Аймауытов, Шығ.). Беті-қолын жуынып, күндегі әдеті бойынша *жеңіл-желпі* тамақ ішіп, мектепке қарай аяңдады (З.Ақышев, Ақбел.). **2.** а у ы с. *Оңай, қиыншылығы жоқ.* Аяғымен жүр десең, Жеті теңге аласың, Сүйіншісін бер десең, Кебекбайдың баласы, Нұрбек биге барасың, Он төрт сом санап аласың, *Жеңіл-желпі* тұғырдан, Бір ат мініп қаласың (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Қаблан *жеңіл-желпі* нәрсеге қыңсыламайтын еді (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Енді үлкендер жағы жолаушылардың алдынан шығуға қауырт жөнелгенде, өзара *жеңіл-желпі* аударыспақ, теңге алу сияқты ойындардан бөгеліс тауып жүрген олар да көпшіліктің соңынан қозғалды (К.Оразалин, Абай.). Жасы алпыстан асты, қарт адамға *жеңіл-желпі* жұмыс істеген жөн (З.Шүкіров, Жас жесір). Мәселенің *жеңіл-желпі* еместігіне көзім енді жетті (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). **3.** *Жұқа, жалаң қабат.* Сембі *жеңіл-желпі* киініп, есік алдында отыр (З.Шашкин, Сенім). **4.** а у ы с. *Атүсті, үстіртін.* Колхоз председателінің кабинетіне кіріп, *жеңіл-желпі* амандасып болысымен, Тоймекең сөзін сұрақ қоюдан бастады (Ақ бидай). Орынды сөйлегенге ол жылушырай қарайды да, орынсыз, *жеңіл-желпі* сөз иелеріне жаратпай қарап, басын шайқап қояды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). *Жеңіл-желпі* тексеріп қарағанда Жаппасбайдың өз почеркіне ұқсастығы байқалады (Т.Ахтанов, Боран).

Жеңіл-желпі қарау. *Атүсті, үстірт, немқұрайды болу.* Жаппар сияқты көптен бері өлең жазып келе жатқан ақынымыздың аударма мәселесіне осыншалық *жеңіл-желпі қарауы* бізді қатты қынжылтады (С.Мәуленов, Үркер.). Бұл кейде оқушының өз қабілетіне даңдайсып, үй тапсырмасына *жеңіл-желпі қарауынан* (М.Мұқанов, Пед. очерк.).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІЛЕУ с ы н. *Ауыр емес, оңайлау.* Сонда да, өзім орнатқан заводтың бір пұшпағында жүрмесем, көңілім көншімейді деп, *жеңіл-желпілеу* бір қызмет сұрап алған (С.Хайдаров, Құрыш.).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛТЕҢ с ы н. *Оңай, жан қинамайтын.* Ақыры ол да қаһарға мінді, *жеңіл-желтеңге* жолға түсті (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.).

ЖЕҢІЛҚОЛ: жеңілқол жылқы. *Шаруаға күнделікті мініске қолайлы зат.* Бұған лайық қандай *жеңілқол жылқы* болар екен? Міне, Шідербайдың манадан ойлап отырғаны осы еді (Ж.Аймауытов, Қартқожа). Шідербайдың ойлап-ойлап тапқан, «*жеңілқол» жылқысы* түйешінің жалғыз торы шолағы болып шығыпты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕҢІЛҚОЛДЫ с ы н. *Жеңіл-желпі, оңай, болмашы. «Жеңілқолды* олжа тапқыш авторларға бұл либретто қол бола қоймас», деушілер көбейді (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Келесі күні ақындардың айтысы өткізіліп, соның соңынан қонақтарға *жеңілқолды* ғана қонақасы берілетін болсын (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

ЖЕҢІЛТ[1]= е т. *Жеңілдендіру, оңайлату, азайту.* – Көп рақмет қызым саған, бір *жеңілтіп* тастадың, – деді анасы (З.Шашкин, Өмір.). Жұмыстың көбін сеністеп, Ойменқырды тегістеп. Ауыр істі *жеңілтіңе,* Өсуге кірдік өрістеп (Айтыс). Қасіретті ана ішкі шерін *жеңілтпек* болғандай, ауыр күрсінді (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар.). Су сылдырап, торғай шырылдап, күн сүйіп, жол сыбырлап ауыр ойды *жеңілтті* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕҢІЛТ[2]= е т. с ө й л. *Жеңілдіру, жеңіліс тапқызу.* Пушкинді, Гетені де кемітті елі, Белгілі өзгелерге *жеңілткені.* Қазағым Абай десе, тік тұрады. Барша ақын бір Абайға еліктеді (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЕҢІЛТАП с ы н. *Жеңілтек, сабырсыз, ұшқалақ.* Жаратылысында *жеңілтап,* сабыры кем, үрейшілдеу адам ғой (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Алма тым *жеңілтап,* желөкпе секілді (Д. Досжанов, Кісі.).

ЖЕҢІЛТЕК с ы н. **1.** *Жеп-жеңіл, жалаң қабат, ауыр емес (киім).* Оның үстіне кигені *жеңілтек* сеңсең ішік, басында дәлекі түлкінің терісінен тігілген шағын тымақ (А.Сейдімбеков, Ақиық). Бейсен ішкі бөлмеге өтіп, *жеңілтек* киініп қайта шығып дастарқанға асыла кеп отырды (О.Сәрсенбаев, Сағым). Оның қасында жұқа *жеңілтек* сары сырма пешпент киген еңгезердей Болатбек отыр (Б.Момышұлы, Жауынгер.). Олар қару-жарақтарын сыпырып, шинельдерін шешіп, бұрышқа үйіп, өздері *жеңілтек* күйі пешке жақындап, дастархан басына жиналған жандардай иірілісе қалды (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** а у ы с. *Ұшқалақ, ұшып-қонба, жеңіл мінезді.* Ыбырай *жеңілтек,* ойнақы, қалжыңбас, не айтса да өлеңдетіп, ұйқастыра сөйлейтін, сықаққой, күлегеш адам (С.Мұқанов, Есею жыл.). Өмірге ауырдың үстінен, жеңілдің астымен қараған *жеңіл-*

т е к адамға жолдың бәрі даңғыл (С.Омаров, Қасиетті.). Ханшайым жаңа біразда жасаған *ж е ң і л т е к* мінезінен сап тыйылған (А.Мекебаев, Періште.). Абай Майбасардың жаңағы *ж е ң і л т е к* күлкіден қысылғанын таныды да, өз ойын тежеп қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Желекті адам жеңілтек. *Пысық, ыңғайлы деген мағынада.* Үй шаруасын сен құра, *ж е л е к т і а д а м ж е ң і л т е к.* Түз шаруасын сен құра, Малыңды бақ, егін сеп (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЕҢІЛТЕКТЕН= е т. **1.** *Сыртқы киімдерін шешу, жеңілдену.* Келе салып, сырт киімін шешіп қойып, *ж е ң і л т е к т е н е* жұмысқа кірісіп кетті (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Суға *ж е ң і л т е к т е н і п* түскен Молдақұл, сыртқы киімдерін іле киіп жіберіп атына мінді (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** а у ы с. *Жеңіл мінез көрсету, ұшқалақ болу. Ж е ң і л т е к т е н і п* әркімге соқтығып, лезде ұрсысып қалатын Нұрғайша үзіліс кезінде Торғынның қасынан кетпейді (А.Жақсыбаев, Бозарал). Баласының *ж е ң і л т е к т е н і п* кеткенін Сапақ жақтырмай қалады (С.Талжанов, Ұлдай.). Нұрлан Мәлікті көрген соң *ж е ң і л т е к т е н і п* кеткеніне Раушан таңғалды (З.Шашкин, Сенім).

ЖЕҢІЛТЕКТЕНУ *Жеңілтектен етістігінің қимыл атауы; ұшқалақ болу.* Сен бала өйтіп *ж е ң і л т е к т е н у д і* доғар (Ауызекі).

ЖЕҢІЛТЕКТЕУ с ы н. *Жеңіл мінезділеу, ұшқалақтау.* Оның шешесі Бәт *ж е ң і л т е к т е у,* сөзуарлау (С.Мұқанов, Есею жыл.). Әртүрлі сөз қатысып отырғанда, Айлақтың мінезі бұрынғыдан гөрі *ж е ң і л т е к т е у* болып отырды (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЕҢІЛТЕКТІК з а т. *Ұшқалақтық, жеңіл мінезділік.* Мүмкін жаңағы *ж е ң і л т е к т і г і м е* ренжіп қалған боларсың (З.Шүкіров, Жас жесір). Жастайынан алып-ұшпа *ж е ң і л т е к т і к т е н* ауылы алыс Ерекең соңғы күндері ешкіммен тіс жарып сөйлескен жоқ (Қ.Салғарин, Жаныңда жүр.). Орынсыз ұшқалақтық, *ж е ң і л т е к т і к,* дегбірсіздік адамның қатты жігерленіп, іске белсенді кірісуіне кедергі келтіреді (К.Жарықбаев, Психология). Ер жігітті өкіндіретін де, абыройын кетіретін де – *ж е ң і л т е к т і к* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖЕҢІЛТУ *Жеңілт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕҢІЛУ *Жеңіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жеңіліске ұшырау, тізе бүгу.* Осы екі *ж е ң і л у* Алтын Орданы біржолата күйретті (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** *Ұтылу, кемшін тұсу.* Ұят бізге берілу, Ұят бізге *ж е ң і л у,* Сенім біткен жерден-ақ, Басталады жеңілу (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). Сөзден ұтылса, жолдан *ж е ң і л у* де қиын емес (М.Әуезов, Абай жолы). Ерегіс деп ұққан соң сайлаудың мағынасы жалғыз-ақ жеңу мен *ж е ң і л у д е* деп біледі (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). **3.** *Мойынсыну.* Сондықтан мен білмеймін кәрілік не? Жығылу, сүріну не, *ж е ң і л у* не? (Халық ақындары).

ЖЕҢІЛШІЛІК з а т. с ө й л. ***Жеңілдік.*** Әуелі жүрді бәрін бөтенсініп, Бала боп жоқ ойнау еш *ж е ң і л ш і л і к,* Жатырқап жан адамға жоламастан, Үндемей дәйім оқшау бөлек жүріп (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖЕҢІЛІРЕК с ы н. *Жеңілдеу, оңайырақ.* Реті келсе, мен сені басқа бір *ж е ң і л і р е к* жұмысқа ауыстырармын, – деді ол (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Бұхардың өзі қара сөзбен сөйлегеннен гөрі өлеңмен сөйлегенді *ж е ң і л і р е к* көрген деседі («Қаз. әдеб.»). Қасболат бастығын сол арнаға салып алса *ж е ң і л і р е к* құтылатын еді (Т.Ахтанов, Боран). Төрт-бес күн жер қазып әуреленгеннен гөрі жұмыстың *ж е ң і л і р е г і* тәуір ғой (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

ЖЕҢІЛІС з а т. *Жеңілгендік, тізе бүккендік, бағынғандық.* Соғыс салмағынан жаншылып, *ж е ң і л і с* азасын енді ғана сезіне бастаған ел езу тартуға ұялатын (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Аузымнан А-дегенде-ақ жалын шықты, Сол жалын жұқа да емес қалың шықты. Ерліктен жеңілдім мен, сол *ж е ң і л і с* Жеңістің биігіне алып шықты (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Менің бабам *ж е ң і л і с,* жеңісімен, Әйтеуір, үлгі болған ер ісімен. Жолбарыстың жонынан қайыс тіліп, Тон жамылған арыстан терісінен (С.Мәуленов, Алыс кет.). Адамды батыр деу үшін Осындай түсіп, көр көзбен, *Ж е ң і л і с* яки жеңісін, Содан соң айтып бер сөзбен (Ғ.Қайырбеков, Таулар.). Әлемдегі асу бермес ең ұлы іс, Күнделікті жеңіс пен *ж е ң і л і с* Елге деген махаббаттың безбенімен өлшенер Безбен сынса безбүйректік белсенер (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жеңіліске ұшырады. *Жеңілді, тізе бүкті.* Маргузи қожа Ахмет Ясауимен қырық күн, қырық түн айтысады, бірақ *ж е ң і л і с к е ұ ш ы р а й д ы* (Д.Досжанов, Әулие.). Іле-шала Арыс өзенінің бойындағы жасақшылар тағы *ж е ң і л і с к е ұ ш ы р а д ы* (А.Нұрқанов, Мызғымас.).

Жеңіліс тапты. а) *Жеңілді, тізе бүкті. Ж е ң і л і с т а б а т ы н* болсақ осы тобымызбен шекараны бұзып өтіп кетеміз (О.Иманәлиев, Байқадам). Бұлар бірде-бір рет *ж е ң і л і с т а п п а ғ а н* ең мықты, ең озат деген құдіретті жауынгерлер (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Қазы бетпе-бет айқаста *ж е ң і л і с т а п с а* да Есенжолдан ықпайды (М.Мағауин, Ақша қар). ә) *Ұтылып қалды.* Жұрт алдында өздері масқара болып, *ж е ң і л і с т а б а д ы* (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Биік ой аласа ойдың алдында *ж е ң і л і с т а п т ы* (Д.Исабеков, Қарғын).

ЖЕҢІЛІССІЗ үс т. *Жеңіліске ұшырамай.* Владивостоктың футболшылары соңғы екінші тур бойы *жеңіліссіз* келеді («Лен. жас»). Соңғы күнге дейін Чехословакия мен Совет Одағының командалары *жеңіліссіз* келеді («Спорт»).

ЖЕҢІМПАЗ с ы н. **1.** *Шайқасты жеңіспен аяқтайтын, жеңгіш.* Әке тұсында темір тәртіпке бағынатын тас-түйіндей *жеңімпаз* қисапсыз әскердің енді он басы, жүз басылары да түгел болмай шықты (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қаһарлы, батыр халықпыз, *Жеңімпаз* күш бізде бар. Аласұрған фашистің, Мезгілі келді ойланар (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Ылғи жеңіске ие болатын, жеңілмейтін.* Қия алмай оны, Қиылып айлы түн кетті, Жаулауын алып, *Жеңімпаз* қара түн жетті (М.Мақатаев, Аққулар.). Бұл ұлы есім мен оның *жеңімпаз* ілімі бүкіл прогрессіл адамзаттың азаттық туы болып отыр (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.). Менің басым сондықтан да сияқты ақ *Жеңімпаз* бір ту аппақ. О, минуттар, жүйрік болсаң сал күшті, Мықтағанда соғарсыңдар алпысты (Т.Айбергенов, Мен саған.). // *Жеңіске жеткендер.* Жауды жеңіп шаттандық, Жеңіс туға топтандық. *Жеңімпаздар* кеп жатыр Туған жер, өскен елге мақтанып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕҢІМПАЗДЫҚ з а т. *Үнемі жеңіске ие болушылық, жеңгіштік.* Алайда бұлардың адал еңбектері бекерге кеткен жоқ, *жеңімпаздық* пен жасампаздықтың өнегесін көрсеткен мың-мың жас батырлар өсті (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.). Армияның *жеңімпаздығына* ең алдымен оның темірдей берік тәртібіне байланысты (Ж. Тілеков, Қайнар). Сол *жеңімпаздық* дәстүрді жалғастыру сендерге жүктеліп отыр (Спорт жұлдыз.).

ЖЕҢІҢКІРЕ=ет. *Жеңе түсу.* Тұтқындардың көкіректерінде тағы күдік оянғанмен, бұл жолы қорқыныштан гөрі енді не болар деген әуестік *жеңіңкіреп,* манадағыдай емес тыныш отыр (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖЕҢІҢКІРЕУ *Жеңіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕҢІС з а т. **1.** *Жауға, дұшпанға күйрете соққы бергендік, бетін қайтарғандық, жеңгендік.* Бір күн, бір түн арпалыс, *жеңіс* белгісін бере алған жоқ (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Жеңістен* кейінгі жылдар да жас қыздың санасын сарғайтқан (Ш.Құмарова, Қос шынар). Бүгінгі газетте Дон майданының Еділдегі ерлерінің *жеңісі* жарияланған (Ж.Тілеков, Шалғай шеп.). *Жеңіске* жеткен қолбасшыдай бала көңілімде бір шалқу, кәдімгідей желік бар (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.). Мен болсам, өлім деген ойымда жоқ та, *жеңіспен* қайтып ораларыма шексіз сенемін (Ж.Тілеков, От кешу). Екі жақты шайқас Әбекеңнің *жеңісімен* аяқталды (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). Ақын біткен Қиялы, Қиғаштағы шайқас пен Исатай батырдың *жеңісі* жайлы жыр толғады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Белгілі бір мақсатты, істі іске асыру жолындағы күрестің, еңбектің нәтижесі, табысы.* Ірі индустрияның *жеңістері* поезд бен аэроплан Сәкеннің ақындық қиялынан еш уақытта алыстаған емес (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Колхоздың табысы, қол жеткен *жеңісі* айтылды (С.Бақбергенов, Адам.). Жастардың да бүгін күрең беттері, Еңбегінің *жеңісіне* сүйінген (А.Хангелдин, Қыз жүрегі). Сырым мен Бекболаттың, Исатай мен Амангелді батырлардың *жеңіс* жолы – осындай айла мен ерлік жолы (С.Танекев, Қиян асу).

Жеңіс күні [мерекесі]. *Жауды жеңген күн, атап өтілетін той, мереке.* Майдандағы бауырларына қол ұшын созып, *жеңіс күнін* бірге қарсы алған ата-аналар мен балалар да есімізде (С.Мәуленов, Шыңдар.). Мереке, думан, *жеңіс күн*... Қайтадан тағы Жанып ел бағы, Оққа ұшпас үшін сәбилер (М.Рашев, Қанатты.). Ертең *жеңіс күні* келгенде, сіз қазіргідей мүлдем басқаша ойлайтын боласыз (М.Дүзенов, Ақәже). Қарт әже ауыл алаңында өткен *жеңіс мерекесіне* қос немересін жетектеп келді (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

Жеңіс туы. *Жауды жеңгеннен кейінгі тігілген ту. Жеңіс туын* ер шалқытса, Тігіп Берлин төбесіне, Қуанышқа тас та балқып, Жау бас иді ел күшіне (Т.Жароков, Таңд. шығ.). Бұл жырды мен жырладым, *Жеңіс туын* тіккен күн (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.). Берлин төбесінде Рейхстаг үстінде *жеңіс туы* желбіреді (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

Ұлы жеңіс. *Үлкен, орасан, зор табыс.* Совет өкіметінің *ұлы жеңісіне* бұл өңірде ерекше шаттанғандар да осы жұпыны, момын жандар (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЖЕҢІС= е т. *Жеңуге көмектесу, бірге жеңу.* Таяқ жейтін шаруалардың көбі батысқа барып Наполеонды *жеңісіп,* Европаны азат етісіп қайтқандар, Бородин күнін көздерімен өткергендер (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Ескі ақын біз емеспіз керісетін, Жеңіліп біреуіміз *жеңісетін* (Айтыс). Қылышпенен бір-біріне шапты дейді, Бір-біріне тигізбей қақты дейді. Екеуі күн батқанша *жеңіспеді,* Кеш болыпты, жай-жайына жатты дейді (Бабалар сөзі).

ЖЕҢІСКЕР с ы н. *Жеңген, жеңіске жеткен. Жеңіскер* палуанға көрсеткен құрметі есебінде төреші оған алдынан алып шығып, бір тостаған биенің уыз қымызын ұсынды (Н.Баяндин, Құм асты.). Тағы да үйге келетұғын келінді, Аңсай қалды мына көңіл көруді, Содан кейін

кездесерміз ажалмен, Ол *жеңіскер* боларына сенімді (Т.Молдағалиев, Шақырады.). // спорт. *Спорт жарыстарында ең бірінші орынды иеленуші адам, команда, топ.* Біріншіліктің *жеңіскері* – ЦСКА мен жүлдегерлер – «Динамо» және «Спартак» мерзімінен бұрын анықталған болатын («Соц. Қаз.»). Менің бағыма төрешілер *жеңіскер* есебінде қолымды көтерді (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім).

ЖЕҢІСТІ с ы н. *Жеңіске толы, жеңіске жеткен.* Тарих төріне қара жол тартып бара жатқан *жеңісті* жылдарымыздың қатарына барып бұл жыл да тұра қалмақ (С.Сейітов, Жылдар.). *Жеңісті* күнге жетті ауыл, Тазарды айдар алабы (І.Мәмбетов, Тұңғыш.). Ақылға салған іс қашан да *жеңісті* келеді (І.Есенберлин, Алмас.). Естімей туған елімнің, *Жеңісті* әнге салғанын (Ақын жырлары). – Өткен күнім тағы бір *жеңісті* күндерімнің бірі болды, Әзімжан! – деді ол (Т.Қойшыманов, Қоңырат.).

ЖЕҢІСТІК: **жеңістік бермеді**. *Айтқанға көнбеді, сөзге ие бермеді.* Оған Күнекей *жеңістік бермеді* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сары сөзге *жеңістік бермей* әлі күмпілдеп отыр (С.Нарымбетов, Тентек.). Өз айтқаны болмаса, Басқа сөзге ермейді. Көңіліне қонбаса, Еш *жеңістік бермейді* (Қ.Жұмағалиев, Ататау). *Жеңістік бермеген* Қасым жұмған аузын аша алмай, қатты ұялып қалды (Самғау.).

ЖЕҢІСІК с ы н. с ө й л. ***Жеңсік***. Абақан Кете Аманжол – Алуға қардар табылса, *Жеңісік* тауар онда бар. Киікшіден шыққан қос жүйрік, Сүйкімбай мен Сүйіндік – Әнмен сөзін ажарлар (О.Шораяқов, Шайыр.).

ЖЕОДА з а т. г е о л. *Ішкі өңірі көбінесе қуыс болып келетін, әртүрлі жәндік бездері бөліп шығарған заттар есебінен қалыптасатын біршама ірі кесек түзілімдер.* Кейбір кварцты және халцедонды *жеодалардың* ішкі құрылыс ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері олардың көбінесе түрпітерілі жәндіктер қалдығы есебінен қалыптасып, аз-маз өзгерістерге ұшыраған түзілімдер екендігін көрсетті (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖЕПЕҢДЕП ү с т. *Алып-ұшып, дедек қағып, қаздаңдап. Жепеңдеп* келе жатқан Әміржанға атасы зекіді (С.Омаров, Шығ.).

ЖЕП-ЖЕҢІЛ с ы н. **1.** *Тым жеңіл, өте жеңіл, қаңбақтай.* Қолтаяқтай *жеп-жеңіл* мылтығының пешка тәрізді кең аузынан шыққан мол пытыралар қоянның алдынан бұрқ ете түсті (С.Бақбергенов, Қарға там.). Есенбек – ат шабар баладай *жеп-жеңіл*, түлкі алатын жүйрік тазыдай жұтынған адам еді (С.Әлжіков, Кәрі сайтан). Бәке, мен сен сияқты *жеп-жеңіл* емеспін (С.Сматаев, Алау). Қысқа қарсы Әлиман кәдімгі ақ киізден сырып, маған *жеп-жеңіл*, ықшам, әрі сондай жылы тамаша пима тігіп берді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** *Оп-оңай, қиындықсыз.* Бүйірлі сары самаурынды *жеп-жеңіл* көтеріп, даладан Ыраш кірді (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жарайды, – деп тергеуші ауыр денесін *жеп-жеңіл* дөңгелентіп, есікке қарай беттеді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жүрісі де *жеп-жеңіл*, өзі жеп-жеңіл алпысқа таяп қалған дейтін емес (Ж.Молдағалиев, Тыңдағы.). – Жүр, үзіліске шығайық! – деп Күләнтай партадан *жеп-жеңіл* секіріп шығып, тық-тық жүгіре басып, ашық есікке қарай беттеді (С.Елубаев, Білте шам.). Ғашығың алыс, жол ауыр, *Жеп-жеңіл* өтем дей көрме (Ж.Нәжімеденов, Мен туған.).

ЖЕППЕЛЕТІП ү с т. с ө й л. *Асығыс-үсігіс, тезбе-тез.* Енді ғана түсінген Зейнеп, не дерін білмей тоқырап қалғанда, оған тыныс бермей жеңуге талпынған Шоқан *жеппелетіп* кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мұрат *жеппелетіп* айта жөнелді (Т.Нұртазин, Мұрат). Жоғары өрелеп, *жеппелете* аяңдап, үдере тартқан, әрі орасан әдемі Адам ғой, ол! (С.Талжанов, Адам тур.). – Бар, бар, мына көрші үй алып кеткен, – деп Еркімбай да *жеппелетіп* жатыр (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖЕПІР= е т. *Опыру, жапыру.* Оны айтқанда Куцирих та сатыр-күтір қиратып, *жепірін* тастайтын сияқты (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). – О, қызыл ит! Айырарсың. Келші, кәне, мұрныңды *жепірін* бет қылайын! (А.Нұрманова, Құлан.). Әсіресе тамақсау кемпір бұл үйдің дастарқандағысын сыпырып соғып, алдағы асты *жепірін* жіберуші еді (А.Нұрманов, Құлан.).

ЖЕП-ІШ= е т. *Ішу, жеу.* Кішкентай бөбек, жатып бекер *жеп-ішпе.* Үй жұмысын сен де істе (Ә.Дүйсенбаев, Қайырлы таң). Ас үйдегі анау өсекшіл, *Жеп-ішкенге* есепшіл, Мені ұры деді, Мысық болмай құры деді (Қ.Мұқышев, Екі мысық). Әлбетте адамға жан беріліп, дүние жүзінде жүруге ғұмыр берілген соң, ол ғұмыр *жеп-ішін*, ұйықтап тұруға ғана болмауға керек, ол үшін ғана болған уақытында адам менен хайуан арасында ешбір айырма (парқ) болмайды (М.Дулатов, Шығ.).

ЖЕП-ІШУ *Жеп-іш етістігінің қимыл атауы.* Отырыс, тұрыс, жүріс, шабыс, құдалық, андалық, ұйықтау, *жеп-ішу* т.б. бәрінде де толған ырымдық нанымдар кезігеді («Егемен Қазақстан»).

ЖЕР з а т. **1.** а с т р. *Күн жүйесінің Күннен бастап санағандағы үшінші ғаламшары; адамзаттың тіршілік ететін бесігі. Жер* эллипстік (дөңгелекке жуық) орбита бойымен 29,765 км/с жылдамдықпен 149,6 млн. км орташа қашықтықта 365,24 орташа күн тәулігі ішінде Күнді бір рет айналып шығады. Біздің

ж е р мен күн заттары қандай элементтерден тұратын болса, жұлдыздардағы заттар да сондай элементтерден тұрады (Х.Әбішұлы, Халық астроном.). Осыған мінген Нұрпейіс, *Ж е р-г е* көктен қарады (Н.Байғанин, Шығ. жин.). **2.** *Сол ғаламшардың үстіңгі қабаты, сыртқы қыртысы; құрлық.* Самолеттен летчигі, *Ж е р-г е* түсіп күл болып, Өлігі қалды үйіліп (Ақын жырлары). Жазғытұрым жасырып *ж е р д і ң* бетін, Жасыл шөп пен бой жеткен егінмен тең (Абай, Тол. жин.). *Ж е р* бетіндегі Күн жарығы ауада сейіліп, жан-жаққа шашырап, көлеңкеде келе жатқан нәрселерді де жарық қылады (Х.Әбішұлы, Халық астроном.). Енді думада *ж е р*, дін, земство, билік, оқу һәм басқа қиын мәселелер қаралмақшы (М.Дулатов, Шығ.). **3.** *Бір елдің, облыстың, ауданның, ұжымшардың пайдаланатын меншікті жері; территориясы (егіндік танап, шабындық, жайылым, т.б.).* Оңтүстікте өріктің ең көп өсірілетін *ж е р і* – Шымкент облысы (Ш.Хабибулин, Алхоры.). Қазақстан *ж е р і н д е* феодалдық қатынастар біркелкі болмады (ҚазССР тарихы). Айтуға ауыз келе ме, Лягоз, кімнің *ж е р і* еді? «Жер сауырын жайлауды Ел сауыры» дер еді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). *Ж е р і м н е н* шыққан байлық елім үшін, Сол байлықтың бәрі де ердің күші (К.Әзірбаев, Өлеңд.). **4.** қ о ғ.-ә л е у. *Қоғамдық байлықтың аса маңызды бөлігі, мемлекет тәуелсіздігінің негізі, барлық байлықтың жиынтығы. Ж е р* – ауыл шаруашылығында басты өндіріс құралы, ал басқа кез келген өндіріс процестерінің ең қажетті шарты болып табылады (ҚҰЭ). **5.** *Мекен, жай, орын.* Жүріңдер, *ж е р д і* аралап көрейік (Б.Момышұлы, Москва.). Бұдан кейін ол бұл *ж е р г е* қалай тап болғанын есіне түсіреді (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). *Ж е р і м* көп мақтанарлық неше түрлі, Көрікті сәнді қала, қызыл гүлді, Саялай самалында иранбақтың, Кәрі-жас дем алады жазды күні (Айтыс). Құс баласы, Шопеке, Жейтұғын жемге қарайды. Шынжыр балақ, шұбар төс, Қысы-жазы қар кетпес, Қарлы тауда тұрады. Жақсы құстың бәрі де Жақын *ж е р д е* болмайды (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Мен өзім Дулат деген елден келдім, Көлқопа, Қордай деген *ж е р д е н* келдім (К.Әзірбаев, Өлеңд.). Шыбынды деген *ж е р* екен, Мұнда да талай ел екен. Қазақ па десек бұл үйді, Сары құлақ төре екен (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). **6.** а у ы с. *Ел, жұрт, ауыл, өскен орта.* Қызды тірі бермейді, атастырған *ж е р і н е* аттандырғалы жатыр дегенді естіп отырмын... (О.Бодықов, Бұлбұл). Еңбекшілер ауданының кей *ж е р л е р і н д е,* «мал шаруашылығы мен аудан шаруашылығы» онша емес деседі (С.Төлешов, Түрлі. бас.). Жат *ж е р д і ң* адамы едім, шырағым. Не қарекет қыласың? – деп сұрасты (Абай, Тол. жин.). **7.** а у ы с. *Мезет, кез, уақыт, мезгіл.* – Қайдағы жоқты айтады екенсің, Қашқан *ж е р і м* бар ма еді? – деді ол (Т.Иманбеков, Үш ай.). Бір білер *ж е р* келсе, сөз таба алмас қалтылдай (Абай, Тол. жин.). Өтіп кеттім мен де біраз белеңнен, *Ж е р і м* де жоқ көп аялдап, бөгелген. Арманына жетіп жатыр талай жұрт, Сол арманды әлі қуып келем мен (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Дүлдүлі мерт болған соң, атсыз жүрген *ж е р і* жоқ Дәм татса да сәтсіз күннен. Жарандар! Ақан сері кім десеңдер, Серілік атасы еді тақсыз жүрген (К.Салықов, Жезкиік). Айқайлайтын *ж е р д е* ауыз ашпау – айып (Мақалнама). Тиген *ж е р д е* қолына, Жолбарыстай ақырып, Бір қауызға сыйғызды (О.Шипин, Дастан.). **8.** а у ы с. *Рет, жөн, ыңғай.* Атадан – алтау, анадан – төртеу, Жалғыздық көрер *ж е р і м* жоқ (Абай, Тол. жин.). Еспенбет: Тура тұрысатын *ж е р і ң д і* айт, менің қолым жасанып, дайын отыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **9.** а у ы с. *Бірдеменің шыққан орны, басталысы.* Қасекең қапта жатыр тайдай тулап, Үстіне жауды тоқпақ, будақ-будақ! Қызыл қан қай *ж е р і н е н* кете берді, Селге ұқсап жазғытұрғы аққан зулап! (О.Шораяқов, Шайыр). – Қай *ж е р і ң і з* ауырады? – деп сұрады кемпірден (Т.Ахтанов, Дала сыры). Шығарып бір *ж е р д е н* ұя, бір жерден қол, Түп-түйық табиғаттың сырын аштық (Ақын жырлары). Оралып адам мен мал жүре алмайтын, Түйенің шудасындай қалың қияқ. Бұлақтың көзі шыққан қайнар *ж е р і* Бұрқылдап аспанға атып тұр шымырлап (О. Шипин, Дастан.).

Айналар жер жоқ. *Тар, тығыз.* Онсыз да *а й н а л а р ж е р ж о қ,* тар бөлме жиналмай, бықырсып жатыр (Т.Ахтанов, Шығ.).

Айшылық жер. *Тым алыс, ұзақ жол.* Әй, Қоңқа жаяу қалып, атыңды бер. Егер де батыр болсаң, сен кемеңгер, Екеу ара жалғыз ат деп жалындым, Елге жетпей өлеміз ғой *а й ш ы л ы қ ж е р* (Батырлар жыры). Қырандай боп көздеген Болашақ талай жұмысты *А й ш ы л ы қ ж е р д е н,* алыстан (О.Шипин, Дастан.).

Айырмасы [айырмашылығы, арасы] жер мен көктей [аспандай]. *Айырмашылығы тым зор, бір-біріне мүлде ұқсамайды. А р а с ы ж е р м е н к ө к т е й* адамдарды біріне-бірін қосып қойған Тәңірінің құдыреті күшті-ау деймін (Қаз. ертег.). Жақсы менен жаманның, *А р а с ы ж е р м е н а с п а н д а й,* Байқарсың бір күн басыңа, Іс түскен кезде сасқандай (Б.Өтемісов, Өлеңд.). Жоқ тіл ғана емес жүзінде, Рақымды шырай бар, *А й ы р м а с ы ж е р м е н к ө к т е й* (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сырт көзге сұлу Әсила мен колхоз шөбінің күзетшісі Жолбай арасындағы *а й ы р м а ш ы л ы қ ж е р м е н к ө к т е й* көрінді («Лен. жас»).

Ақ жерден қара болды. *Босқа күйді, жазықсыз жапа шекті.*

Алақандай жер. *Азғантай шағын аумақ.* Мақаш бауыр басқан *алақандай жерді* талапайға неге саласың? (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Егінші егін сала алмас, Қос өгізді айдамай; Көңілмен құрғақ бос жүрсең, *Алақандай жер* жүзі Аспан болар айнадай (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Арқан бойы жер. *Бір шумақ арқанның ұзындығындай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Арқан бойы жердің* тұсау бойы төтелігі бар (Мақал).

Аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылады. *Қайда кетсе де құртады; қоймайды.* Өлтірген кім екенін айт. *Аспанға ұшса да, жерге батса да жоқ қылам!* – деп, ақырады би (Қаз. ертег.).

Аспан [әуе] айналып жерге түскендей. *Тым ыстық, аптап, қапырық.* Августың орта шені, *аспан айналып жерге түскендей,* күннің аптабы 50 мен 60 градустан танар емес (Майдан). Түркістан төңірегі *аспан айналып жерге түскендей* ыстық, төбеден күн, төменнен құм күйдіріп барады («Қаз. әдеб.»). *Аспан айналып жерге түсетін* ыстықта атымды суғарайын деп айдын көлге желдіртіп келсем, тақсыр-ай, сізге өтірік, маған шын – көл дегенім көлденеңі көз жеткісіз көк мұз болып шықты (Қаз. ертег.). Шыр еткен боз торғай жоқ. *Әуе айналып жерге түскендей,* қиырда құйындар жарысып барады («Лен. жас»). Баянның зар еңіреген даусымен, *Айналып әуе аспан жерге түсті* (Қозы Көрпеш.).

Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті. *Бір тарының қауызына сыйғызды, қатты қыспаққа алды. Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етіп* тұрған қанышпезер қоңыр жал бәрібір бүлк етпей жатып алды (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Күреңбай *аспанды алақандай, жерді тебінгідей еткен* қатал райынан қайтып, имантаразы қалыпқа келді (С.Омаров, Таңд.).

Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп. ф о л ь к. *Ауыз әдебиетінде кездесетін жүйрік атқа қатысты айтылатын әсірелеудің бір түрі. Астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тіреп,* Сонда Бурыл сөйледі, Сөйлегенде бүй деді (Қобыланды батыр).

Атағы [даңқы] жер жарған. *Аты бүкіл елге әйгілі.* Тіпті *атағы жер жарған* жазушыға айналған кездің өзінде де Сервантес жоқшылықтың қыспағынан құтылмапты («Қаз. әдеб.»). Қазақ сахарасында талантты әнші, *даңқы жер жарған* дәуләскер күйші, жезтаңдай ақын, өрге құлаш сермеген өнерпаз өрені бұрын да аз болған жоқ («Қаз. әдеб.»).

Ат [аяғы, тұяғы] жетер жер. э т н. *Ұзақ, алыс қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Ақбай *ат аяғы жетер жерден* елді аралап, өзіне лайықты сұлу қыз іздеп, таба алмайды (Қаз. ертег.). *Ат жетер жердегі* балалары мүлде түңіліп болды (Б.Майлин, Шығ.).

Ат [тай] шаптырым [шаптырымдай] жер. э т н. *Талай жер, 20-25 шақырымдай едәуір қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Бұрын арасы *ат шаптырым жерлерде* жалғыз-жалғыз отырған қой отарларын біріктіріп, іріленген шопандар бригадасын құрды («Лен. жас»). Бүгінгі Бөген ауданының орталығы Темірланнан *тай шаптырым жерде* төбесі күнге шағылысқан мұнаралы күмбез тұр («Лен. жас»). Өзгенікін білместік делік, ал көкорай шалғын мен тоғай қадірін білетін орманшының өзі өз үйінің айналасындағы *ат шаптырымдай жердің* ағаштарына мал арқандап, бұтағын сындырып жатса, оған не дерсің («Лен. жас»).

Аттам жер. *Жақын қашықтық.* Біздің жақта бір жайсаң қарт болатын, Қарт болатын, өлшеусіз мәрт болатын, Ұрттам шайды қонақсыз іше алмайтын, *Аттам жерге* серіксіз шыға алмайтын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Атымды жер. ж е р г. *Егін егуге қолайлы орын, шығымды жер.* Сіздің тарыңыз *атымды жерге* салынған екен (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Аяғы жерге тимеді. *Шапшаң, тез жүрді, зыр жүгірді; байыз тауып отыра алмады.* Мұнда келгелі Еламанның *аяғы жерге тимеді* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Аяғын жерге тигізбеді. *Көкке көтерді, мақтады, құрметтеді.* Былтыр мектепті бірге бітірген жолдастары мен жоғарғы оқуға дайындалып жүрген баланың *аяғын жерге тигізбеді,* үйіне алып келді (С.Жүнісов, Шығ.).

Аядай жер. *Алақандай аумақ, тар жер. Аядай жерде* Тоғызбалық колхозының қостары (Т.Ахтанов, Шығ.).

Аяқ жетер жер. *Қатынасуға болатын, аса қашық емес жер.* Кәлен жігіт кезінде серілік құрған әнші, домбырашы кісі, бұл өңір оның өңіне құштар, әдетте ол қатысқан ойын-сауыққа *аяқ жетер жердегі* халық іздеп баратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер.). Қайырлы байды еш жерден іздегенмен таппайсың. Ол *аяқ жетер жерде* жоқ (Б.Өтемісов, Өлеңд.).

Әудем жер. *Аса қашық емес, тиіп тұрған жер.* Қаланың шығыс қанатында *әудем жерде* геологтар поселкасы орын тепкен («Лен. жас»). *Әудем жер* баса алмаймын аяғымнан, Кәрілік келіп қалдың қай жағымнан (Қаз. әндері).

Баз бір жерде. *Кей жерде. Баз бір жерде* жүгіріп, Баз бір жерде кідіріп, Жүгіре басып барады-ай (Алпамыс батыр).

Байтақ жер. *Үлкен, кең аумақ.* Шетсіз, шексіз күшім бар Мақтанарлық ісім бар. Марқабатты елім бар. Шалқыған *байтақ жерім* бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Барар жер, басар тауы жоқ [қалмады]. *Артар үміт, қылар тұқ айла-амалы жоқ.* Қаланың кедейі намыс үшін болса да, Жалғыз ғана нан мен сорпаға жалданбайды. Ол он бес тиын болса да еңбегін айтып, ақы алады. Ал ауылдан келген *барар жер, басар тауы жоқ* аш кедей қайтеді (М.Әуезов, Шығ.). Үйінде бағар малы жоқ, *Барар жер, басар тауы жоқ,* Көгенделген бар кедей Жазылған қара жұмысқа, Кәрі демей, жас демей (О.Шипин, Дастан.).

Бармаған жері, баспаған тауы жоқ [қалмады]. *Жер-жаһанды түгел шарлады, кезбеген жері жоқ.* Бірақ айтып отырса, жасынан диуанадай ел кезіп, *бармаған жері, баспаған тауы жоқ* екен (О.Сәрсенбаев, Жиде.). – Жаныңа Байжанның Мұсасын ал. *Бармаған жері, баспаған тауы жоқ.* Орысша сөйлегенде орыстың әулиесін жаңылтады, – деді ол (З.Ақышев, Жаяу Мұса).

Басқан жерінен шөп шықпасын. қ а р ғ. *Ісі оңбасын, қырсық-кесір арылмасын!*

Басы жерге түсті. *Қадірі кетті, беделі түсті. Басым жерге тускен*-дүр, Көтерсең де болмасты (Батырлар жыры).

Басын жерге салды. *Еш нәрсе дей алмады, үндемей қалды.* Отырған адамдардың бірде-бірі орындарынан қозғалмай, *бастарын салып жерге* қарайды (С.Шарипов, Шығ.).

Басын қоярға жер таппады. *Әбден қиналды, пана болар жай таппады, не істерін білмеді, әуреге түсті.* Адам көп. Адамнан шыбын көп. Кішігірім бармақтай қара шыбындар ызыңдап келіп тобымен жабылғанда, *басыңды қоярға жер таппайсың* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бәлелі жерге бармақ сұқпа. *Басқа кесірі, қырсығы тиетін істен (кісіден) аулақ жүр деген мағынада. Бәлелі жерге бармағыңды сұқпа,* бармағыңды сұқсаң тырнағың қалар (Мақал).

Беделі жер жарды. *Қадірі асты, абыройатағы елге жайылды.* Естіген құлаққа қыз *беделі жер жарады* (Қаз. ертег.).

Бие сауым жер. *Шамамен екі сағатқа жуық уақыттай жүретін арақашықтық. Бие сауым жерден* ағаш тасыды (Ауызекі).

Бие байындай жер. *Өте жақын, шамамен бір арқан бойы жер.* Абай *бие бауындай жерде* өремен жайылып жүрген аттарды көрді (М.Әуезов, Шығ.).

Бойдақ қой аулындай жер. *Мына тұрған жер, жақын жер. Бойдақ қой аулындай жерде* жылқылар жайылып жүр (Ауызекі).

Буынсыз жерге пышақ салды [ұрды]. *Орынсыз талап қойды. Буынсыз жерге пышақ салған* соң қайтейін (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Бірде Тасболаттың *буынсыз жерге пышақ ұрғыш* қағылез мінезін жақтырмай Темірбай бетке айтқан («Лен. жас»).

Бір айдам жер. ж е р г. *Шамамен алғанда ширек гектар жер.*

Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде. *Өлім аузында, әл үстінде; кәрі қойдың жасындай ғана жасы қалған.* Мен болсам сарнаған тілімнен басқа түгім қалмаған, қайратым қайтқан *бір аяғым көрде, бір аяғым жерде* тұрған бір кемпірмін – деді (М.Әуезов, Шығ.). Төлеу мен Мағираның азғыруына ерген Раяның анасы Әйнек *бір аяғы жерде, бір аяғы көрде* отырған Мұратбектің шешесіне тыныштық беруді қойды («Лен. жас»).

Бір әудем жер. ж е р г. *Едәуір жер.* Ырғайтыға дейін *бір әудем жер* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Бір бауыр жер. *Бауыр жазар, бой жазар жер деген мағынаны білдіретін халықтық өлшем. Бір бауыр жерге* дейін дуылдаған әлгі көңілді жиынның үні өшіп, үй іші тына қалды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Бір ернімен жер тіреп, бір ернімен көк тіреп. *Бәрін де жасай алатын, бәрі қолынан келетін, дүниеге тұлға болып тұрған сияқты мінез көрсеткенде айтылады.* Мен жігерсіз Солтыбай әулетін *бір ерінмен көк тіреп, бір ерінмен жер тіреп* тұрғандай көремін ғой (С.Бердіқұлов, Үшінші.).

Бір көш жер. э т н. *Бір қонатын жер; едәуір қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Қыпшақтардың әне жерде, иек астында дегені *бір көш жер* болады («Лен. жас»). Біздің сырт жағымызда, *бір көш жерде* көгілдірленіп зор жота тұр (Ол күндер.). Мұндай мал жүріске де нашар. *Бір көш жер* жүрмей қолтығы ойылып қалады (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Бірқыдыру жер. *Біраз, бірталай, едәуір қашықтық.* Біз шыққалы үш сағаттан асып кетті, *бірқыдыру жерге* келіп те қалдық (С.Бегалин, Таңд.). Жаяуға мал базарынан қала *бірқыдыру жер* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Бір мойын жер. ж е р г. *Жарты гектар шамасындай жер.* Бұрын кедей шаруалар бірігіп, *бір мойын жерден* егіс салатын (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Бір танап жер. *Гектардың алтыдан бір бөлігі.*

Дабылы [дабысы] жер жарды. *Даңқы шартарапқа жайылды.* Сол орманның ішінде

Малхуан сұлудың мекені бар. Малхуан білімді, көрікті деп *д а б ы л ы ж е р ж а р ы п* жатыр (Қаз. ертег.). Қуанды малы кеткен аш пен арық. Көңілі көтерілді болған қаріп. Жауызды қастық қылған құртқаннан соң *Д а б ы с ы* көтерілді *ж е р д і ж а р ы п* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Даңқы жер жарды. *Атағы әлемге әйгілі болды, күллі жұрт қадір тұтты.* Біздер мықты болғанға, Достарымыз сүйінсін. *Д а ң қ ы м ы з г а ж е р ж а р ғ а н* Көре алмаған күйінсін (С.Мәуленов, Өленд.). Сөйтіп кемпір-шалдың еңбегін ақтаған баланың білімділігі, тапқырлығы жер-көкке жайыла бастады. Осылайша баланың *д а ң қ ы ж е р ж а р а д ы* (Қаз. ертег.).

Даусы айшылық жерге жетеді. *Зор дауысты деген мағынада айтылады.* Менің асыл текті есегім бар. Ақырса *д а у с ы а й ш ы л ы қ ж е р г е ж е т е д і* – деді Қожанасыр (Қаз. ертегі.).

Даусы жер жарды. *Қатты айқайлады, дыбысы қатты шықты.* Рота түгел көтерілді. Жауға жақындай бергенде гранатаны топырлатып лақтырып-лақтырып жіберді, уралаған *д а у ы с ж е р ж а р а д ы* («Қаз. әдеб.»).

Екіталай жер. *Қауіпті, қысылтаяң уақыт.* Дүзбенбетұлы Жиенбай – Ақ домбыра қолға алып, Ұшатын құстай қомданар. Ерегіскен ер болса, *Е к і т а л а й ж е р* болса. Аянбай шауып жауды алар (О.Шораяқов, Шайыр.).

Елі азғанның жері азған. *Береке-бірлігі жоқ жұрттың дәулеті де жоқ деген мағынада.* Бала: – *Е л і а з ғ а н н ы ң ж е р і а з ғ а н* деген осы екен-ау, біздің елдің қоянының мүйізінен шаңырақ иеді. Сіздің елдің қоянынан шақша ғана шыққаны ма? – депті (Қаз. ертег.).

Ет пісірім жер. *Шамамен екі жарым, үш сағаттай жүретін арақашықтық. Е т п і с і р і м ж е р г е* зорға жетті (Ауызекі).

Ес біліп, етек жиған жер. *Ақыл кіріп, оңды-солды білген мекен, өскен орта.* Тайсоған: Орал еді туған жерім, *Е с б і л і п, е т е к ж и ы п ж ү р г е н ж е р і м,* Айғырды қаңтарда бел бүгілдіріп, Құйрығын әсемдікке түйген жерім (Мұрат Мөңкеұлы, Өленд.).

Жамбасы жерге тигенше. *Өле-өлгенше, ақыры демі біткенше. Ж а м б а с ы ж е р г е т и г е н ш е* солар «асқақтамасын, басынбасын» деп ойлайды ғой (М.Әуезов, Шығ.).

Жамбасы жерге тиді. *Өлді, дүние салды.* Ақсақал көзіңіздің тірісінде өзіңізге бір жайлы орынды лайықтамайсыз ба, ертең *ж а м б а с ы ң ы з* қайырымсыз қара *ж е р г е т и г е н* күн атыңыз өшеді-ау (М.Ермеков, Тарту). ә) *Жығылды.*

Жамбасы [жаурыны] жерге тимеген. *Күшті, біреуден жығылып көрмеген (атағы шыққан балуан туралы айтылады).* Пұшық сары – даусы кернейдің үніндей созылған өнші, қара сұры – *ж а м б а с ы ж е р г е т и м е г е н* балуан (І.Есенберлин, Шығ.). Жасынан *ж а у ы р ы н ы ж е р г е т и м е г е н,* жырынды, әулетті Шақшай бұл – ауыр жәшікті лып еткізіп, асықша алып тастап жібереді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жанды жеріне тиді. *Жанына батар жеріне тиді, қатты әсер етті.* Бұл шіркіннің осал-жері – жұмысқа үнемі кешігуі еді. Дәл осы жөнде сөз болған соң, *ж а н д ы ж е р і н е т и г е н* соң, үндемей қалды (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жанын қоярға жер таппады. *Әбден абыржыды, не істерін білмеді.* Бұл маңның ыстығына үйренбеген адам *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п п а й,* мазасы кетеді («Қаз. әдеб.»). Кең зал маған тарылып кеткендей, ауа жетпегендей болып демігіп барамын, *ж а н ы м д ы қ о я р ғ а ж е р т а п п а й* тықыршимын (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). Өзі *ж а н ы н қ о я р ғ а ж е р т а п п а й* жүргенде, әйелінің рахаттанып ұйықтап жатқанын көріп, ызаланып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Айбаты өсіп ерлердің, Арыстандай ақырды. Иығы түсіп ездердің, *Қ о я р ғ а ж а н ы н ж е р т а п п а й*, Арман көріп аһ ұрды (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жарық қарын жер. ж е р г. *Бірнеше жыл тыңайтылған жер. Ж а р ы қ қ а р ы н ж е р г е* егін жақсы шығады (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жат жер. *Бөтен ел.* Қалса да денем *ж а т ж е р д е,* Оралар елге жүрегім. Екі өлу жоқ Жалелге Көрмесе, деген, жыр өлім (Ж.Молдағалиев, Жыр.).

Жат жерлік. *Бөтен елдік.* Ол ғасырлар бойы *ж а т ж е р л і к* шапқыншылардан өзінің ғаламат даласын сақтап қалған тарихын бабаларымен қоса мақтан етеді (І.Омаров, Серпін).

Жаурынын жерге тигізді. *Алып ұрды, жықты.* Семейлік палуан қарсыласының дұрыс қорғана алмағанын пайдаланып, іштен шалып қалды. Сөйтіп, бас-аяғы 2–3 минутта Айдын Әлиевтің *ж а у ы р ы н ы н ж е р г е т и г і з д і* («Лен. жас»).

Жебедей жерге енгізді. *Жер-жебіріне жетті, тілдеді, бетін қайтарды.* Қамарға хаттар судай ағылып келсе де, кейбіреулерін жауапсыз жыртып, кейбіреулерін өзінің шешендігімен *ж е б е д е й ж е р г е е н г і з і п*, енді қайтып басын көтеруге жаратпай тастай беруші еді (С.Торайғыров, Шығ.).

Желіні жер сызады. *Сүтті, желіні үлкен (сиыр).* Мысықтың соңынан жүріп келе жатқан жолаушылар... Жер қайысқан, *ж е л і н д е р і ж е р с ы з ғ а н* сиырларға... кездеседі (Қаз. ертег.).

Жер айдады. а) *Жер жыртты, егін салды (септі).* Бақтығұл егін салғанда Жарасбайдан

азын-аулақ көмек алып, жылдағыдан үш-төрт есе артық қып *жер айдады* (М.Әуезов, Қараш.). – Қайдан оңай болсын, соғыстың аты соғыс. Ол – *жер айдау* немесе қой бағу емес қой, – деді шалдар (М.Жұмағұлов, Қыран.). ә) *Итжеккенге жіберді, жер аударды.* Сол қылығы үшін Оспанды *жер айдап жіберді* (Ауызекі).

Жер альбедосы. ф и з. *Жердің әлемдік кеңістікке беретін (атмосферамен бірге) Күн радиациясының атмосферасының шекарасына келіп түскен Күн радиациясына қатынасы. Жер альбедосы* мөлшері 35–45% (немесе 0,35–0,45) (Қаз. тілі термин. Су.).

Жер апшысын [танабын] қуырды. *Қатты жүрді, жүйткіді.* Рульді ұршықтай үйіре бұрып тағы да ізге түсті. *Жер апшысын қуыра* жүйткіп келеді (А.Жолдасбеков, Әке.). Көктемдегі тырналар тізбегіндей тізілген жүйрік поезд *жер апшысын қуыра* жүйткіп келеді («Лен. жас»). *Жер танабын қуырған* аттарынан тер шыққан сайын Текештің жаны қуырылып барады (Ә.Әбішев, Найзағай).

Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты. э к с п р. *Табан астынан бәле шықты; ойламаған жерден кісімсіп, ақылдымсып, қожасып шыға келді деген мағынада айтылады. Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты* деп, қара мұның аяқ астынан! (М.Әуезов, Шығ.). *Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты!* Айналайын Еркежан, құтқар мынадан! – деп, Аманды қаралап зарлағанда, Жақыптың жуырда жағы сембеді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Жер астынан шыққандай. *Самсаған сары қол, қалың әскер туралы айтылады.* Жүргіншілер *жер астынан шыққандай* болып, самсаған сары қол қаптап қоя берген соң, есі шығып кетті (М.Әуезов, Шығ.).

Жер аударды [айдады]. *Еркінен айырып, басқа жаққа айдап жіберді.* Жиылыс бастығы Оспанбай орнынан тұрды: – Сонымен, «Жәнібек байды конфескелеп, өзін *жер аудару* керек» дегендерің қол көтеріңдер (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Сол полицияның тағы да бір начальнигі Красовский Юшчинскийді өлтірген еврей емес, ұрылардың бастығы Чиберак деген қатын деп, соның ізіне түскен Красовский де сотқа тартылған. Тағы да осы істің анығын іздеуші Қараев дегенді Киевтен *жер аударған* (М.Дулатов, Шығ.). «Жоғалтам деп көзіңді, *Жер аударып* қаңғыртып», Батырға әбден өшікті. «Түрмеге мұны жапқыз» деп, Әкімге берді бұйрықты (О.Шипин, Дастан.).

Жер ауды. *Еркінен айырылып, басқа жаққа айдалып кетті.* – Айт барып, шөлдемесін текке терлеп, Жауыма көптен жүрмін келсең-кел деп, Сибирьге *жер ауатын* қу кедейге Сары бал Сарбұлақты мен бе бермек?! (О.Шипин, Дастан.).

Жер аяғы кеңіді. *Қар еріп, жер құрғады; жол қатынасы жақсарды. Жер аяғы кеңігесін* қызым екеуміз қол ұстасып жүріп, алашақты жинап, бір тірлік жасармыз (С.Жүнісов, Өшп. із.). Тау ішінің сай-салаларындағы қар болмаса, *жер аяғының кеңіп* қалған уақыты (К.Оразалин, Көктем.). Қар кетіп, табан асты құрғасын, *жер аяғы кеңісін*, – деді ол (О.Көшімов, Қысталаң жыл).

Жер аяғы қияннан. ж е р г. *Ит арқасы қияннан, өте алыс жерден.* Еңбегім қайтпаса қиын болды, *жер аяғы қияннан* келгенде (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

Жер бағасы. э к о н. *Капиталға айналған жер рентасы. Жер бағасы* рентаның көмегімен анықталады, ал жер рентасы жер иесінің оны пайдаланушыдан алатын табысының бір бөлігі, яғни арендалық төлемнің бөлігі (ҚҰЭ). *Жер бағасы* бір жағынан, рента мөлшерімен, екінші жағынан, қарыз процентімен белгіленеді (ҚҰЭ).

Жер бастырмады. *Жер бетіне қоймады; тыныштық бермеді.* Көктаспа шешем тұрғанда маған *жер бастырады* дейсің бе? (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

Жер батсын. қ а р ғ. *Жерге кірсін, құрысын!*

Жер бауырлады. а) *Жерге етпетінен түсіп жатты.* Кешер күн Құлагердің жатқан жерін, Құшақтап, *жер бауырлап* жылап жатыр (І.Жансүгіров, Құлагер). Кейде кенет баяулап, *Жер бауырлап* жаяулап, Аузы-басы жыбырлап, Асығып-сасып сыбырлап, Жерді жапқан кебінді, Сүйіп ақырын құшақтап, «Әжін» оқып үреді (М.Жұмабаев, Шығ.). ә) *Жерге жабысты, бауырымен жылжыды, қозғалды.* Дауылдың екпініне шыдай алмай, Не түрлі мақұлықтың бәрі ықты. Қашаннан хайла етіп, әдіс алған, Жабысып, *жер бауырлап*, Қамыс бұқты (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көшеде бір ит көрдім, *Жер бауырлап* жылжыған. Кешегі сау біткен күн Ауызында үзім нан (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). б) *Жерге тым жақын ұшты.* Сонау бір боз төбешіктің деңгейінен бір көлеңке *жер бауырлай* ұшты (Ә.Көшімов, Лашын.). Ал қанатты құс *жер бауырлап* келіп қонғаннан кейін қарасаң, жаңағының бәрі мұнайдың вышкасы болып шығады («Қаз. әдеб.»).

Жер бауырлап жатып алды [қалды]. *Қатты қайғыдан бас көтермеді.* Күңше зарлап, *жер бауырлап жатып алды* (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қайғырып, *жер бауырлап жатып қалған,* Суреті ата-ананың алдымда тұр (И.Байзақов, Құралай.).

Жер бауырлап ұшу. әск. *Ұшақтың нысанаға жасырын шығу мақсатымен жер үстінде немесе су үстінде 5–50 м биіктікте ұшуы.* 1950 жылдардан бастап «*Жер бауырлап ұшу*» терминінің орнына «шектелуі кіші биіктікке ұшу» (200 м дейін) термині қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жер бедері. геогр. ***Жербедер*** *(жер бетіндегі құрлықтардың, мұхиттар мен теңіздер түбінің тілімденген пішіндерінің жиынтығы). Жер бедері* тау, жазық, ойпат, таулы үстірт, төбе, қырқа, аңғар, жыра т.б. болып келеді. *Жер бедері* эндогендік (ішкі) және экзогендік (сыртқы) күштердің ұзақ уақыт бойы әсер етуі нәтижесінде пайда болады (ҚҰЭ). Осы заманғы *жер бедері* шамамен бұдан 150 млн жыл бұрын қалыптасқан (ҚҰЭ). Пайдалы қазбалар өндірісінің өсуі салдарынан экологиялық ортадағы тепе-теңдік барынша бұзылады: ауылшаруашылық жерлері жарамсыз болып қалады, ормандарға нұқсан келеді, аудандардың гидрогеологиялық режимдері, *жер бедері* және ауа ағындарының бағыты өзгереді, өндіріс қалдықтары жер бетін, ауа және су бассейндерін ластайды (Т.Қалыбеков, Экология.).

Жер бетіндегі ағын. *Атмосфералық жауын-шашын суының ауырлық күшінің әсерінен жер бетімен ағып, өзенге, көлге, теңізге, мұхитқа құйылуы. Жер бетіндегі ағын* беткейлік (судың шағын жылғаларға бөліне, жайыла төмен қарай ағуы), арналық (өзеннің тұрақты арнасымен, қалыптасқан сай және жырамен ағуы) болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ).

Жер бетінің миы шықты. *Батпақ, саз, былғаныш болды.* Ал ертең осынау ғажайып көріністің ғайып болып, *жер бетінің миы шыққанын* көргеніңде не ренжіріңді, не қуанарыңды білмейсің («Лен. жас»).

Жер беті суы. сущ. *Жер бетінде тұрақты немесе уақытша сұйық түрде (өзендер, уақытша ағын сулар, көлдер, бөгендер, батпақтар) немесе қатты түрде (мұздықтар және қар жамылғысы) болатын құрлық сулары* (Қаз. тілі термин. Су.).

Жер болды [жер болып қалды]. а) *Ұяттан беті күйді, қатты ұялды.* Бұл ер боп, *жер боп қалар* мен бе сонда! (М.Әуезов, Шығ.). Манадан бері шешенсіп, көсемсіп тұрған соқталдай жігіт не дерін білмей, *жер боп*, жұрттан қысылып барады (Е.Әкімқұлов, Перизат.). Әбілге ере келген екі-үш кісі де *жер болып* орындарынан әрең тұрды (С.Бегалин, Шоқан асу.). ә) *Сағы сынды, қорланды.* Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп, қуанады екен? Жә болмаса, ана ыза болушы соншалық неге *жер болып* қалады екен? (Абай, Тол. жин.).

Жер бөліс. тар. *Байлардың меншігіндегі жерді кедейлерге бөліп беру науқаны.* 1927 жылы жаздыгүні Сәкен Сейфуллин Қызылордадан Көкшетау еліне *жер бөліс* науқанын өткізуге келеді (С.Мұқанов, Өсу жол.). Биыл жаздай әркім алып қашып жүрген бір сөз ақыры тұрақтады: егіндік, шабындық *жер бөлісі* жайында үкімет қаулысы жарияланды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Жер бөліске* келеді Сәкен Қызылордадан, Жерді бөліп береді «Саумалкөлден», «Тоңбадан» (Ж.Сыздықов, Асу).

Жер бүргесі. зоол. *Жапырақ жегіштер тұқымдасына жататын қоңыздың бір түрі. Жер бүргесінің* 129-дан аса зиянды түрі бар (ҚСЭ).

Жерге ене жаздау. *Қатты ұялу, бетінен оты шығу.* Жас бала ұялса, *жерге ене жаздаушы* еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен (Абай, Тол. жин.).

Жерге меншік құқығы. эк он. *Меншігінде жер телімі бар адамдардың меншік құқығы. Жерге меншік құқығы* – жер қатынастары субъектілерінің өздеріне тиесілі жер учаскесін заң актілерінде белгіленген негіздерде, жағдайлар мен шектерде иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы (ҚҰЭ).

Жерге көмілді. *Өлді, о дүниеге кетті.* Ол күндегі батырлар, Бәрі *жерге көмілді,* Енді міне, бүлдіріп, Жайлады жау жеріңді (Жамбыл, Тол. жин.).

Жерге кіргендей болды [қысылды]. *Ұялды, цятты болды.* Соның бәрін біле тұра, *жерге кіргендей болып,* бір арамдығы, жамандығы шыққандай, несіне ұялып қорланады екен (Абай, Тол. жин.). Жарасов шопандармен ұшырасқанда, ішінен *жерге кіргендей қысылды* да, ұяла қиналды (М.Әуезов, Шығ.).

Жерге кіре жаздады [кіріп кете жаздады]. *Ұялды, қысылды.* Ұялғанынан Ақбала *жерге кіре жаздады,* артық отыра алмай, жас баласын сылтау ғып сыртқа шығып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Балықшылар «қарамай жаққан бұ кім болды екен?» деп таба алмай отырғанда, Иван *жерге кіріп кете жаздады* («Қаз. әдеб.»). Осынысы есіне түскенде ол *жерге кіріп кете жаздады* (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Жерге қарады. *Ұятқа қалды.* Естемес, шырағым, – деді шал, – өлімнен ұят күшті. Сен келгенде, бір тостаған сусын тауып бере алмай, *жерге қарап* отырмыз (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жерге қарап қалды. *Қолынан еш нәрсе келмеді, шарасыздық танытты.* Қалың ел қатарынан ақын таппай, Шынымен *қалға-*

м ы з ба *ж е р г е қ а р а п* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жарлының жалғыз аты жазым болса, *Қ а л м а й* ма жарымжан боп, *ж е р г е қ а р а п*? (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жерге қаратты. *Қатты ұялтты; көңілін қалдырды.* – Тобықтының игі жақсысын *ж е р г е қ а р а т т ы ң ы з* ғой?! – деді Сәмен ызаланып (М.Әуезов, Шығ.). Бәтестің мені *ж е р г е қ а р а т ы п* жіберуі сіздерге мәлім (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Аялап өсірген әке-шешені ah ұрғызып, *ж е р г е қ а р а т ы п* кеткенде табатыны не? – деді ол («Лен. жас»).

Жерге орналастыру. *Мемлекеттегі жер қатынастарын, жерді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар жүйесі. Ж е р г е о р н а л а с т ы р у* атқарушы органдардың шешімі не меншік иесінің, не жер пайдаланушылардың өтініші бойынша жүргізіледі (ҚҰЭ).

Жерге отырғызып кетті. *Алдап соқты, айласын асырды.* Екі әйелі жиған-тергенінің бәрін сыпырып, өзін тақыр *ж е р г е о т ы р г ы з ы п к е т і п т і* (К.Қазыбаев, Ызғар). Ысқақбайдың тілі он Әлібекті *ж е р г е о т ы р г ы з ы п к е т е р* еді, қаңқулаған қу ауыз атқамінерлер іліп-қағып сөйлетпеді (Д.Әбілев, Ақын.).

Жерге түкірді. *Тұңілді (өзімен кетсін, беті аулақ деген мағынада).* Тілеубай Айнакөлге қайтып келіп, революция күндерінде төбе шашы тік тұратын сұмдық сөз айтатынды шығарды. Шалдардың иманы қасым болды, жағасын ұстады, *ж е р г е т ү к і р д і.* Көк мылжың деп ат қойды (З.Шүкіров, Ғажайып.).

Жерге тықты. *Тас-талқанын шығарды, күйрете жеңді.* Үрбіт, Алтай, Мәкержі, Жермеңкеде жыққан ер; Алатаудың алыбын, Алып жерге соққан ер, Қаратаудың алыбын, Қазып *ж е р г е т ы қ қ а н* ер (І.Жансүгіров, Шығ.). Ақ сұңқарды бөктергі іле ме деп, Ерегіскен дұшпанды *ж е р г е т ы қ т ы м* (Балуан Шолақ, Шығ.).

Жер ғып кетті. а) *Абыройды айрандай төкті, масқаралады, қатты ұялтты.* Ажар, мен өздігімнен келгем жоқ, кеше сен *ж е р ғ ы п к е т к е н* елден кеп отырмын (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Қайғыға душар етті, мұңайтты.* Бірақ Кемелтайдың сөзі Байсалбайға қаралы қағазды қолына ұстатқандай *ж е р ғ ы п к е т т і* (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

Жер дауы. э т н. *Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарындағы жерге меншік құқығының бұзылуынан туатын дау. Ж е р д а у ы н ы ң* реттелуі көшпелі қоғамда ғана емес, отырықшы, жартылай отырықшы қауымдар үшін де қажет болды (ҚҰЭ). Дәстүрлі қазақ қоғамындағы «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деген атпен белгілі заңдар жүйесінде, Тәуке ханның тұсындағы «Жеті жарғыда» және өзге де бұрыннан қалыптасқан қағидаларда *ж е р д а у ы н* шешудің барынша тиімді жолдары қарастырылды (ҚҰЭ). Қас дұшпан, қара жүрек елдің жауы – Байлардың көтерілді омырауы, – Келмеске Амангелді кетті енді,– деп Қайтадан қаулап кетті *ж е р д і ң д а у ы* (О.Шипин, Дастан.).

Жерден алып, жерге салды. *Қатты ұрысты, тілдеді, сөкті.* Ол ақынға неше дүркін иіліп тәжім етті де, бақырауық жауынгерді даңғойсың деп, *ж е р д е н а л ы п, ж е р г е с а л ы п* балағаттап тастады (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Әйтпесе, аз жақсылығыңа бәрібір місе тұтпайды, ал сәл ғана жамандығыңды көрсе *ж е р д е н а л ы п, ж е р г е с а л ы п* жазғыра жөнеледі (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Ол «қайда болдың» деп бастап, мені *ж е р д е н а л ы п, ж е р г е с а л ы п,* боғауызын араластыра ұрысты (М.Иманжанов, Алғашқы.).

Жерден жеті қоян тапқандай. *Қатты қуанып, мәз болып.* Атына міне сала, *ж е р д е н ж е т і қ о я н т а п қ а н д а й* шауып барады Нұрғали (Ғ.Мұстафин, Дауылда.). Со бір жылдары *ж е р д е н ж е т і қ о я н т а п қ а н д а й* жас композитордың әндерін радиодан күнде беруші еді (Т.Ахтанов, Махаббат мұңы). Батты бұған жастықтың өр талғамы, Кете барды тістелумен бармағы... *Ж е р д е н ж е т і қ о я н т а п қ а н д а й,* Бала күйші мұның күйін жалғады (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын). *Ж е р д е н ж е т і қ о я н т а п қ а н д а й* екі құлағы екі езуіне жетеді (І.Есенберлин, Шығ.).

Жерден пішіп алғандай. *Кең дүниеден еркін, лайығынша ұқсатып тұрып жасағандай.* Күлкісі тау бұлағы төгілгендей, сөйлесе меруерт, маржан себілгендей, «*А л ғ а н д а й ж е р д е н п і ш і п*» – деген сұлу, Көркіне көз тойынып семіргендей (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жерден тажал шыққандай. *Жер астынан жік шыққандай.* Бір күні жатыр еді қайнап базар, Жұрт ду етті *ш ы қ қ а н д а й ж е р д е н т а ж а л* (С.Мұқанов, Шығ.).

Жерді қайта құнарландыру. *Бүлінген жерлердің құнарлылығын қайта қалпына келтіру, оны халық шаруашылығына пайдалануға беру және қоршаған ортаны жақсарту үшін жүргізілетін кешенді жұмыс. Ж е р д і қ а й т а қ ұ н а р л а н д ы р у д ы ң* нәтижесінде ауыл шаруашылығына және орман шаруашылығына қажетті жерлер жақсарып, су құбырлары іске қосылады, демалатын орындар мен құрылысқа қажетті аймақтар пайда болады (ҚҰЭ).

Жердің айналуы. а с т р. *Жер шарының эклиптика жазығына e=66ә33’45» (1950 жылғы көрсеткіш) еңіс бұрышты орналасқан осі бойынша қозғалуы. Ж е р д і ң а й н а л у ы*

Күнді қоршаған бірнеше мың жұлдыздың орташа жағдайына қатысты анықталады. Ол галактикадан тыс тұмандықтар бойынша дәлірек анықталуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология). *Жердің айналу* кезеңі жұлдыздарға қатысты орташа күн уақытының 23 сағ 56 мин 4,0905 секундына тең (Қаз. тілі термин. Геология).

Жердің астынан шыға келді. *Аяқ астынан, ойламаған жерден пайда болды.* Бандалар таңертең я түнде бір ауылға *жердің астынан шыға келгендей* жетіп, құтырған қасқыр тигендей, қатын-баласын шу ете түскізді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жердің жарты шарлары. *Жер шарының белгілі бір сипаты бойынша бөлінген екі жартысы* (ҚҰЭ).

Жердің жасанды серігі. ғ а р ы ш. *Жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әртүрлі ғылыми және қолданбалы мәселелерді шешуге арналған ғарыштық аппарат; ракета.* Дүние жүзіндегі ең тұңғыш *жердің жасанды серігі* КСРО-да 1957 ж. 4 қазанда ұшырылды (ҚҰЭ). *Жердің жасанды серігінің* жерді бір айналып шығу уақыты оның ұшу орбитасының орташа биіктігіне байланысты және 1,5 сағаттан бірнеше тәулікке созылады (ҚҰЭ). *Жердің жасанды серіктері* мен ғарыш кемелерін пайдалану таяудағы болашақта Күн жүйесінің, әсіресе жердің құрылысы мен жаратылысын, тегін ашуда жаңа мәліметтер беретінін көрсетіп отыр (К.Сапарбайұлы, Геология.).

Жердің жасы. *Жердің дербес планета түрінде қалыптасуынан бергі аралықта өткен уақыт мөлшері. Жердің жасы* шамамен 4,5,–4,6 млрд. жыл деп шамаланады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жердің жеті қабат астына түсірді. *Бытшытын шығарып, тып-типыл етті, жоқ қылды.* Әне топан суы дүниежүзін қаптап, бар әлемді ағызып, *жердің жеті қабат астына түсірген* (З.Шашкин, Тоқаш Бөкин).

Жердің құты. п о э т. *Берекелі, ырысты жер; құт қонған жер мағынасында.* Кеңес мынау ұнаса: Жер жүзінде тамаша, Талай жер бар емес пе? Оңтүстікте алыста, Үндістанға барыста Иран дейтін бір жер бар. Жер болғанда ерке жер, *Жердің құты* серке жер, Не керегің табылар (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жердің миы шықты. *Лайсаң, жүріп-тұруға қолайсыз батпақты жер туралы айтылады.* Қоңыр күз жаңбырлы болғандықтан, *жердің миы шығып,* совхоздар мен аудан орталығының қатынасы үзіліп қалған («Лен. жас»).

Жердің электр өрісі. ф и з. *Жердің магнит өрісінің өзгеруіне байланысты пайда болатын Жер маңайындағы электр өрісі.*

Жер емшегін емді. *Жердің қызығын көрді, жерді баптап күтті.* Әуелгі жылда екі гектар жер салып, содан ішерлік, тұқымдық алған соң, *жер емшегін емуден* дәндеп еді (М.Әуезов, Шығ.).

Жер еркесі. п о э т. *Жер көркі, табиғаты сұлу мекен.* Бурабай – Арқа аралы, *жер еркесі,* Ертеде қоныс болған Абылайға Бауырында Бурабайдың қалың ағаш Көкшенің жалынымен біткен жалғас (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жер етті. *Қатты цялтты, масқарасын шығарды.* Нағжанды да *жер етіп,* өстіп, мал құсап қашып-пысып жүре бермек пе? (Д.Досжанов, Тұлпар.). – Тақтаға шық! – дейді, балалардың алдына шығарып алып, *жер етпек* қой (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Жер жалдау. *Жер үлесінің жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір уақытқа ақылы пайдалануға берілуі.* Қазақстан Республикасының «Жер туралы» заңында *жер жалдау* механизмінің тәртібі бекітілген (ҚҰЭ).

Жер жәннаты [жаннаты]. *Рахат дүние, жұмақ.* Жан-жануар рахатпен бір жасаушы ед, Кіргендей бөлмесіне *жер жәннаты* (М.Дулатов, Шығ.). *Жер жаннаты* Жетісу десе дегендей жарықтық (Қ.Мұхамеджанов, Өзіме де.). Ах, қандай тамаша! Алматы, шынында, *жер жаннаты* екен ғой! (Р.Тоқтаров, Терістік.).

Жер жаңғырықтырды. *Даңқы шығып, атағы көпке тарады.* Сәуле айтқан соң, Мирон қарттың қарауына қалып қойды. Оның ақыры жаман болған жоқ. Даңқы бүгін *жер жаңғырықтырып,* елдің еңсесін көтерген комбайнды бірге жасасты (Ә.Әбішев, Замана.).

Жер жарды. *Әйгілі болды, даңқы шықты.* Өлке бойында Жаппасбай ауылы атақты, даңқты ауыл: бір кезде аруағы *жер жарып,* аймағын бір шыбықпен айдаған ауыл (Б.Майлин, Шығ.). Сол жылы Барнауылдан Алтайға қарай салынатын жолдың дабысы *жер жарған* (І.Жансүгіров, Шығ.). Әзірше лақабы *жер жарып* дегендей, оның палуандығы жайлы әртүрлі алып-қашты сөздер аңызға айналып жүрді (А.Хангелдин, Қараторғай). *Жер жарған* Мүлкаманның аруағы бар, ішінде тентек, озбыр, аңғалы бар. Еркесі Ескарамен Мамай, Тәкен, Әсіреп, Шаңбай деген балуаны бар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жер жарығын бітейді. *Қолынан келмейтін іс жоқ, шебер. Жердің жарығын бітейді* деп ана бір түнжырды ертіп әкелдің ғой (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.).

Жер жастанғыр. қ а р ғ. *Өлім келгір.* Ә-ә, *жер жастанғыр,* жер жастан! Сен басыма түскен бақ болмай, маңдайыма біткен көк болдың ғой, төрт балаң бірдей шулап отырғаны мынау, кімге

ғана сенеді екен («Лен. жас»). Желпіне шапқан тобымнан *жер жастанбай* бөлінбен, Желкілдеген туымнан Айырылмаспын тірі мен (С.Бегалин, Таңд.).

Жер жастанды. а) *Күл-талқаны шықты, быт-шыт болды.* Сол кезде қалған жау садақтың оғын Буықтың басына жаудырды. Буық *жер жастанды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). ә) *Өлді, о дүниеге аттанды.* Құрылған қақпаннан шыға алмай, тау ішінде ерсілі-қарсылы шауып бірнеше күн жанталасты да, *жер жастанды* ақыры («Лен. жас»). Жат *жерді жастанғанда* жазатайым, Қанымен жазды, мүмкін, ағатайым. ...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын, Қазақтың дәл өзіндей қарапайым (М.Мақатаев, Шығ.). Оның атқан оғынан талай фашист *жер жастанды* (Ә.Жылқышиев, Мешін жылы).

Жер жастандырды. *Қырды, жойды, жоқ қылды.* Ермолайдың оғы екі фашисті табанда *жер жастандырды* (Ж.Жұмақанов, Үш бәйтерек). Жарты жаһанды жаулай жаздаған ұлы Кирдің өзін *жер жастандырғанына* қарағанда (ал оның қазіргі қазақ жерінде, Сыр бойында ажал құшқаны анық), сақтар саны жағынан да, жауынгерлік рухы жағынан да заманында қуатты күш болған (С. Абдрахманов, Елдік сыны).

Жер жастанып, су сүйеніп отыр. *Сарań, пейілі тар кісі туралы айтылады.*

Жер жетім. п о э т. *Шөлейт жер туралы айтылады.* Көлі кетіп, шөлге айналса, *жер жетім*, Ері кетіп, шер байланса, ел жетім, Білдім анық жастың үздік туғанын, Көрмесем де көргеннен соң ел шетін (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жер жұтқандай [жұтып қойғандай]. *Үшті-күйлі жоғалу.* Қадиша да, Ақтоты да *жер жұтқандай* жоқ (С.Жүнісов, Ақан сері). Күзетшілер үні өшіп *жер жұтқандай*, Еш дыбыссыз түрме іші тына қалды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш.). Бір түнде *жер жұтқандай* жоқ боп кеткен әке-шешесі көз алдына елестеп, талай шошып оянды (Қ.Құттыбаев, Боран). «Ертең той қыламыз» деп әуелде уәде байласқан күні *жер жұтып қойғандай* Асқар жоқ болды (З.Шашкин, Теміртау).

Жер жұтқыр! қ а р ғ. *Көзің жоғалғыр, қарың өшкір.* Бармаған жерім, баспаған тауым, іздемеген жерім қалмады, көрген, білген Құдайдың бір тірі жаны жоқ. *Жер жұтқыр*, сірә, жер жұтқан болар (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жер жұтты. а) *Аяқ астында жоқ болды, ғайып болды.* ә) *Өлім келді.* Ажалына асыққан Обырларды *жұтар жер* (Жамбыл, Шығ.).

Жер жұтты ма? *«Қайда кетті?» деген мағынада.* Ұшқан құс та көрінбейді *Жер жұтқан ба* бұларды (Манас). – Жаңағы екеуін *жер жұтқан ба*? – деді Ербатыр санинструктор Редикарцевке (М.Ғабдуллин, Сұрапыл).

Жер жүзін шайқады. *Әлемді билеп-төстеді.* Бағынбаған жауым бар, Алынбаған арым бар, *Жер жүзін шайқар* жайым бар (Б.Күлеев, Таңд.)

Жер жыртты. *Егін егу үшін жерді дайындады, өңдеді, жер айдады.* Мұның бер жағында орыс шаруасының соқамен *жер жыртып* жүргеніне тесіле қарап екі-үш кедей жүр (А.Сатаев, Дала.). Олар *жер жыртып* жатыр, – деді Қазанғап (Ғ.Мұстафин, Дауылда.). Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер, Диханшылар *жер жыртып*, егін егер (Қаз. ақын. шығ.).

Жер жырту. а у ы л ш а р. *Топырақты өңдеудің негізгі әдісі* [*Жер жырту* кезінде жер қыртысын аудару, қопсыту, араластыру т.б. жұмыстар орындалады]. Өзен аңғарларына орналасқан бұталарды шабу мен өзен арнасының жарқабағына дейін *жер жырту* шаралары топырақ эрозиясының дамуына ықпал етеді (Табиғат сулары.).

Жер иелену құқығы. *Жерді нақты иеленуді жүзеге асырудың заң арқылы қамтамасыз етілген мүмкіндігі.*

Жер иіді. *Жер көктеді.* Күн күркіресе, *жер иір*, жер иісе, мал иір (Мақал).

Жер кадастры. *Мемлекет аумағындағы жер ресурстарының табиғи және шаруашылық жағдайы мен оларды бағалау туралы мәліметтер жүйесі.* Жер учаскелерінің орналасқан жері, нысанасы, пайдаланылуы, көлемі мен шекарасы, сапалық сипаттамасы, жер пайдалану есебі мен жер учаскелерін бағалау *жер кадастрының* мәліметтері жүйесіне кіреді (ҚҰЭ).

Жер кесу. ж е р г. *Жер айдау.* Мұжыққа *жер кесу* қиын болды (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Жер күніренді [күніренті]. а) *Жер тітіреп, азан-қазан болды.* Қала үстіне мыңдаған снарядтар мен миналар ұлып, ысқыра келіп жауды. *Жер күніреніп* кетті (Ол күндер.). Құнанбай балаларының талай жылдан жемдеп жүрген айлалы досы Казанцев ояз көп күймемен қоңыраулатып, *жер күнірентіп* келген болатын (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Шектен тыс қайғырды, аза тұтты.* Сол сәтте Мағаш үзіле берді... барлық жан енді түгел өксіп, өкіріп, айғайлап дауыс айтып, жылай жөнелісті. *Жер күніренді* дегендей (М.Әуезов, Шығ.).

Жер кіндігі. п о э т. *Жержүзі, жер әлемінің ортасы, тіршіліктің бастау алған көзі.* Балқашты бауырына алған Тарбағатай, Жоталы, *жер кіндігі* – Памир, Алтай Қазықұрт қасиетті тау болмаса, Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай? (М.Жұмабаев, Шығ.). Ұшқыш досым, Жаңылма бағытыңнан! Дала, дала... Басыңда бағы тұнған,

Қазақстан – өзінше бір материк, *Жер кіндігі* осында ағытылған (М.Мақатаев, Шығ.). Егер қазір қайта туса ұлы Абай, Ол да саған қалар еді ұнамай. Ойлан, қалқам, ертең *жердің кіндігін* Ұстайтындар саған жақын жүр бүгін. Қасыңда жүр айтпағанмен хабарын, Ашылмаған Эйнштейн, танылмаған Гагарин (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жер қазу жұмыстары. *Канал қазу, бөгет тұрғызу кезінде атқарылатын жұмыстар кешені.*

Жер қазынасы. *Жер байлығы, жер қойнауынан алынатын пайдалы қазбалар.* Қазақстанның *жер қазынасы* өзінің геологиялық құрылысының сан алуан сырлы, негізгі элементтері бай болумен қатар, оның даму кезеңдері уақыт жағынан алғанда күрделі және ерекше өзгеше бола отырып, минералды шикізаттардың көптеген аса маңызды түрлеріне өте бай болып шықты (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

Жер қайысқан. *Тым көп, қисапсыз мол (халық, қол, мал т.б.). Жер қайысқан* әскерін жер мен көктен қаптатып, жапыра соқты (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Мен оны қоянды жәрмеңкесінде, *жер қайысқан* көптің ішінде, осы боз аттың үстінде көріп танығам (Ғ.Мұстафин, Дауылда.). Тұрды қарап, *Жер қайысқан* ел тұнып, Қимылдамай, Жусан бұғып, жел тынып. Біреулер тұр қаны тулап бетінде, Біреулер тұр алып-ұшып, ентігіп... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Шабарыңды білдірме, Шаужайыңнан ілдірме! Жекпе-жек күтіп ділгірме! *Жер қайысқан* жауыңды Жеңемін деме бір күнде! (М.Мақатаев, Шығ.).

Жер қапты. а) *Бұ дүниеден кетті, өлді.* Жәкең жілік майын жеңгелеріне бөліп беруші еді... Талайы *жер қапты,* қаппағаны санаулы (С.Нарымбетов, Тентек). Қарауылға мен алып ем ол жақты, Тірілей бір көрсем деп ем бейбақты. Ел кегінен қорықты ма... Бәрі де Өз қолымен, өз оғымен *жер қапты*... (С.Жиенбаев, Алтын қалам). ә) *Омақаса құлады, жер құшты. Жер қауып,* міне өкіре құлады жау, Адамды көзім бұрын көріп пе өлген (З.Шүкіров, Арал.).

Жер қаптырды. *Алдады, жерге отырғызды; алып соқты.* Естіп тұрсыңдар ма? Мына сұм қыз бізді *жер қаптырды* (М.Иманжанов, Менің махабб.). Жамбысын атып түсіріп, палуанын *жер қаптырып*, қызды алыпты (Қаз. ертег.). Затын алдап алсам егер *жер қаптырып* алжығанды (С.Оразаев, Дала.).

Жер қара, күн жылы. *Қар жаумаған, суық түспеген кез. Жер қара, күн жылы* кезінде бұл қалада болған адам өзен ортасындағы арал орманды жақсы біледі (Ә.Көшімов, Лашын.). *Жер қара, күн жылында* жердің мейізі – изен мен жусанды да мал менсінбейді («Коммунизм таңы»).

Жер қозғалса қозғалмайтын. *Өте сабырлы адам туралы.* Сөзге *жер қозғалса қозғалмайтын*, үй иесі Мәшірәп араласты (Р.Тоқтаров, Ғасыр наны).

Жер қойнауы. г е о л. *Жер қыртысының топырақ қабатынан төмен орналасқан, топырақ қабаты болмаған жағдайда – жер бетінен және су айдынының табанынан төмен орналасқан, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейінгі бөлігі.* Қоғамның өндірістік әрекеті *жер қойнауына* барған сайын терең бойлап, жер беті мен бүкіл айналадағы ортаға жыл өткен сайын қарқынды әсер етуде (Т.Қалыбеков, Экология.).

Жер қойнауын қорғау. *Пайдалы қазындыларды жер қойнауынан негұрлым толық (кешенді) алу және шығындалуын барынша азайту мақсатында жүзеге асырылатын шаралар кешені. Жер қойнауын қорғау* пайдалы қазылымдар кен орындарын барлау мен өнеркәсіптік игерудің барлық сатыларында: геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу кезінде, салу, пайдалану және жабу кезеңінде жүзеге асырылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жер қойнына кірді. *Өлді, о дүниеге кетті.* Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен *жер қойнына кірер* денең (Абай, Тол. жин.). *Кіреміз* бәріміз де *жер қойнына,* Сағаты бар-ау тіпті таянғандар (Ғ.Орманов, Сәт сапар). *Жер қойнына кірерсің,* Жерді апаңдай сүйерсің, Бұл ортаншы сабан той, – Екендігін білерсің (Қ.Аманжолов, Шығ.). Қимай байтақ әлемді, Көктің шолып көлемін. *Жер қойнына кірерде* Айтты ақтық өлеңін (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жер қорқақ. *Түнде аяғын кібіртіктеп жүрексіне басатын, уркек мал.* Ақбілек үстінде жатқан ашалы, ауыр қолды ақырын сырғытып қойды да, сыбдырсыз, басын көтеріп, *жер қорқақ* болған ботадай аяғын аңдып басып, сығалап қарап, жапсарды ашып, тысқа шықты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жер қоры. *Мемлекеттің аумағындағы бүкіл жер құрамы* (ҚҰЭ).

Жер құқығы. қ ұ қ ы қ. *Құқықтың мемлекеттегі жер қатынастарын реттейтін саласы. Жер құқығы* Қазақстан Республикасындағы дербес құқық саласы болып табылады (ҚҰЭ).

Жер құрғату. с у ш а р. *Топырақ қабатындағы артық суды және жер бетінің сіңген суын, жерасты суының деңгейін төмендету үшін артық суды жер құрғату жүйесі арқылы басқа жаққа бұрып әкету. Жер құрғату* арқылы құрғатылған жерде су мен ауа алмасуы реттеледі,

гидротехникалық және агротехникалық шаралар арқылы жерді қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Су.).

Жер құртындай. а) *Кішкентай бойлы, тапал, титімдей.* Бір күні егін басындағы әйелдер *жер құрт ы н д а й* болған кішкене шалды асыға күткен еді (Ә.Бөриев, Ақ бидай). ә) *Сансыз көп, мол.* Өздері неткен көп еді, Қаптаған *ж е р д і ң құрт ы н д а й.* Ентелей басып келеді, Қатары сиреп жыртылмай (М.Мақатаев, Шығ.).

Жер құшты. а) *Жығылды, құлады, сұлады.* Белінен бомба түскен жас қарағай, *Ж е р құш т ы* әлсіз сыңсып жас баладай (З.Шүкіров, Арал.). ә) *Өлді, жойылды, жоғалды.* Ізгі қартым! Арманды ерім! Енді жылап жоғалды. *Ж е р д і құ ш т ы,* Үздім белін, Сұм түлкідей қуларды (Ж.Сыздықов, Асулар). *Ж е р құ ш а м* деп көр құшқан жауды жеңіп келдім мен (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.). Ақ қарда ағып қызыл қаны, құлап, *ж е р құ ш ы п* сексен солдат жатыр сұлап (Т.Жароков, Құмдағы ауыл). Желаяқ келе жатыр құстай ұшып, Жығылды қу жалмауыз *ж е р д і құ ш ы п* (Батырлар жыры). Бірақ, әке, жүргенім жоқ аянып, Қанша үмітім желге ұшты, Қанша әскерім *ж е р құ ш т ы* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жер қылды. *Қатты ұялтты, масқара етті.* Жақсы әйел жаман еркекті ер қылады, Жаман еркек жақсы әйелді *ж е р қ ы л а д ы* (Мақалмәтел). Қаңғырған қайыршыға еріп қашып, *Ж е р қ ы л ы п* атағымды елге шашып, Өміріңді итжемеде өткізейін, Ал бәлем, сөйлеп көрші аузыңды ашып (И.Байзақов, Шығ.). Баланы бақты кірекеш, Түйілтпей қас-қабағын. Түйеге жайлы мінгізіп, Жарылған жазды табанын. Пәс қылмады ажарын. *Ж е р қ ы л м а д ы* назарын (О.Шипин, Дастан.). Тәкежан Базаралыны *ж е р қ ы л а р д а й* кекесін жүзбен қарады (М.Әуезов, Шығ.).

Жер қыртысы [құйқасы]. а) *Жердің үстіңгі қабаты, шымы.* Дән түгіл *ж е р д і ң қ ы р т ы с ы н,* Аңызақ өртеп жіберген (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Аспанға ұшып, су кешіп, Дүние айналып қыдырған. Темірден құйып жол салып, *Жер қыр т ы с ы н* сыдырған (С.Сейфуллин, Шығ.). Бұл жау бомбасының *ж е р құ й қ а с ы н* қопарып кеткен шұңқыры (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Егіс табанына қатар түскен үш трактор *ж е р құ й қ а с ы н* аударып барады («Лен. жас»). ә) г е о л. *Литосфераның беткі бөлігін құрайтын, төменгі жапсары Мохоровичич деңгейімен шектелген Жердің ең үстіңгі қабығы. Ж е р қ ы р т ы с ы* қалыңдығына, құрамына, құрылысына қарай құрлықтық және мұхиттық болып негізгі 2 типке бөлінеді (ҚҰЭ). Минералдар мен тау жыныстарын зерттеген ғалымдар Жердің жасы 6,5–7 млрд. жыл, ал *ж е р қ ы р т ы с ы н ы ң* жасы 3–4 млрд. жыл шамасында деген қорытындыға келіп отыр (К.Сапарбайұлы, Геология.). *Ж е р қ ы р т ы с ы н ы ң* қалыңдығы 5 км-ден (мұхиттардың астында) 75 км-ге дейін (материктер астында) болады (Қаз. тілі термин. Геология). Континеттік және мұхиттық *ж е р қ ы р т ы с ы н ы ң,* сондай-ақ өтпелі типтер – субконтиненттік және субмұхиттық болып саналады (Қаз. тілі термин. Геология).

Жер мантиясы. г е о л. <грек. mantion> *Жер қыртысы мен Жер ядросы арасындағы «қатты» Жер қабығы.* Сейсмикалық толқындардың *ж е р м а н т и я с ы* қимасынан өту жылдамдығы да қима деңгейінің тереңдігіне тікелей байланысты (Қаз. тілі термин. Геология).

Жер меридианы. г е о г р. <лат. meridianus> *Жердің екі полюсін ойша басып өтетін, экваторға тік бұрыш жасайтын сызық. Ж е р м е р и д и а н ы н а* перпендикуляр бағытта Жер параллелі (географиялық ендікте) жүргізіледі (ҚҰЭ). Бағдат математиктері мен астрономдары IX ғасырдың бас кезінде-ақ (827 ж.) *ж е р м е р и д и а н ы н* қайта өлшеу сияқты қиын да ғылыми практикалық жұмысты жүргізу дәрежесіне көтеріледі (А.Көбесов, Математика.).

Жер мойны қашық. *Тым алыс, шалғай. Ж е р м о й н ы қ а ш ы қ* келіп, түнделете жеткен жүргіншілер Әукен қарияның үйіне түсті («Лен. жас»). *Ж е р м о й н ы қ а ш ы қ* емес қой, осында аялдай кетейік, – деді ол («Қаз. әдеб»).

Жер пайдалану құқығы. *Жеке немесе заңды тұлғаның мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін ақылы және ақысыз негізде мерзімсіз (тұрақты) немесе белгілі мерзім шегінде (уақытша) иелену және пайдалану құқығы. Ж е р п а й д а л а н у құ қ ы ғ ы н а н* айыру азаматтық құқықтық мәмілелер (сатып алу, сату, сыйға тарту, айырбастау т.б.) негізінде жүзеге асырылады (ҚҰЭ). *Ж е р п а й д а л а н у құ қ ы ғ ы н* белгілі бір мерзімге басқа тұлғаға тапсыру, жалдау немесе жерді өтеусіз уақытша пайдалану шартының негізінде жүргізіледі (ҚҰЭ).

Жер параллелі. г е о г р. <лат. parallelos> *Жер экваторына параллель жүргізілген шартты тұрдегі шеңбер сызық. Ж е р п а р а л л е л і н д е г і* әрбір нүкте бірдей географиялық ендікте жатады және экватордан бірдей қашықтықта болады (ҚҰЭ). *Ж е р п а р а л л е л і* арқылы географиялық ендік анықталады (ҚҰЭ).

Жер рентасы. э к о н. *Жерден түсетін тұрақты табыс.* Ауылшаруашылық айналымына кірмейтін жерден де *ж е р р е н т а с ы* алынады (ҚҰЭ). Жер иесі жерді меншіктену правосын қоғамнан алым алуға пайдаланады. Бұл алым – капиталистік *ж е р р е н т а с ы* (Қысқ. саяси эконом.). Алайда халық санының кемуімен бірге *ж е р р е н т а с ы* мен фермер

пайдасы үнемі өсіп отырды (К.Маркс, ... Капитал).

Жер реформасы. т а р. *Орта Азия мен Қазақстанда 20-жылдары Совет өкіметі жүргізген әлеуметтік-экономикалық (байкулактардың жерін шаруаларға бөліп беру) шаралар.* Экономиканың дамуына кедергі жасап отырған феодалдық жер иемдену системасына балта шабылып, *жер реформасы* жүргізіле бастады («Халық мұғ.»).

Жер сабады [сабап қалды]. *Ашуға булығып өкініп қалды.* Құдай сақтаған ғой. Кешегі жауында бөрі тисе, *жер сабап қалар* ек, – деді Меруерт басындағы орамалын түзей тартып (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Жер салығы. э к о н. *Заңды және жеке тұлғалардың иленуіне, пайдалануына не меншігіне берілген жер алқабының бір гектары үшін белгіленіп, тіркелген, олардан алынатын жыл сайынғы міндетті төлемақы. Жер салығы* ауылшаруашылығы жерлеріне; елді мекендердің жерлеріне, елді мекендерден тысқары орналасқан өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс мақсатында пайдаланылатын жерлерге; жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу, тұрғын үй салу, оған қызмет көрсету үшін, бағбандық, мал өсіру, саяжай салу, шабындық, мал жаю үшін, дәстүрлі халықтық кәсіпшілікпен айналысу үшін, тұрғын үйді мұрагерлікпен алу немесе сатып алу жағдайында азаматтарға берілген жерлерге, жер мен су қорына салынады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Жер салығының* негізгі мақсаты – экономикалық тәсілмен жер қорын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және бюджетке түсім түсіру арқылы жер қорын сақтау, жердің құнарлығын, сапасын жақсарту шараларын қаржыландыру (ҚҰЭ). Шаруалардан Германияда *жер салығы,* кәсіпшілік, мүлік салығы т.б. түрлі салықтар алынады («Халық мұғ.»).

Жер сауыры. б е й н. *Құнарлы мекен, жақсы жер; жердің төресі.* Баяғы өзім туған қойлы ауылым, Баяғы мал өсірген өз бауырым, Атқызған арайлы таң құм төбеде, Мекендеп Қызылқұмдай *жер сауырын* (О.Малқаров, Менің ізім).

Жер сипап қалды. *Құралақан, мақрұм қалды, алданды.* Қасында жеңгесі бар екен деп тайсақтасам, тағы да *жер сипап* отырып *қалатын* түрім бар (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Жер соғып қалды. *Қапыда қалды.* Саймақ, өзің сіңірің шыққан кедейсің, бай баласы қалыңдығым *жер соғып* ол қалды... (А.Әуезов, Бала Мұхтар). Қашанда соғыс – орасан ойран, қыруар өлім-жітім: біреу жалғызынан айырылып *жер соғып қалса,* біреу жарынан айырылып зар илейді («Қаз. әдеб.»).

Жер соқты. а) *Қапыда қалды, алданды.* ә) *Жығылды, құлады, қирады.* Балалар ерлік іс етті, *Жер соқты* жау, күрс етті (С.Дайырбеков, Арман).

Жер соқтырды [соққызды]. *Алдады, қапыда қалдырды.* Шекенді *жер соқтырып* жүрсің ғой, Өз байынан несі артық, сайтан-ау... Жап-жақсы қатынын тастап, Бұ да бір есі шыққан сорлы (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тайталаста тізгін бермей жүрген Бөжей, Байсал, Қаратай, Сүйіндіктерді осы жолы Құнанбай жіпсіз байлап, *жер соқтырды* («Қаз. әдеб.»). Иттің ғана баласы-ай! Қарашы, *жер соқтырып* кеткенін. Жетіп тұрып... Тфу! (Ә.Сараев, Ақ тымық түн). Шыныққан қала, батыр ел. Сан жауға *жер соққызған* (С. Бегалин, Таңд. шығ.).

Жер суармалау. с у ш а р. *Топырақтың су режімін жақсартуға бағытталған және өсімдіктің өніп-өсуіне табиғи жағдайда ылғалдың жетіспеушілігіне қарсы қолданылатын әдіс. Жер суармалау* арқылы топырақтың ылғалдығымен қатар қоректенуі де жақсарады, өсімдіктің жылу режімі реттеліп, топырақтың микроклиматы мен топырақ бетіндегі ауа қабатының пайдалы әсерінен егінге қолайлы жағдай жасалынады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жер суару. с у ш а р. *Егістерді, бау-бақшаны т.б. барлық агроценоздарды жасанды суару. Жер суару* ауылшаруашылығы мелиорациясының бір түрі (Қаз. тілі термин. Су.).

Жер сүзді. а) *Ызаланып, долданып, жерді басымен ұрды.* Күн қайда құтылатын торды бұзып, Бақырып, ызаланды *жерді сүзіп,* Даусын танып, баяғы тышқан келіп, Құтқарды торды қиып, тістеп үзіп (С.Торайғыров, Шығ.). ә) *Жалп етіп құлады.* Біреу мылтықпен атқандай буыны босап, тұмсығымен *жер сүзе* жалп етті (Б.Тілегенов, Аққайнар). Олар жер үйден мылтық алып, үш немістің *жер сүзе* құлағанын көрген екен (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн).

Жер сыбағасы. *Бөлінген, берілуге тиісті жер.* Учредительное собрание негізгі закон жасағанда *жер сыбағасы* алдымен жергілікті жұртқа берілсін деуі (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Жер сызған. *Жерге тиетіндей ұзын.* Киінгені киіз кебіс көркі жіп, Бойшаң халат ала жібек *жер сызып* (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің). Ұзын шинелінің етегі *жер сызған* майор кіріп келді (Ж.Жұмақанов, Әлия).

Жер сілкінтті. *Қатты ұн (дыбыс) шығарып, даланы басына көтерді.* Есігін бұзып босатты. Жігіттерді қамаған, Ұрандаған үн шықты, *Жер сілкінтіп* даладан (Н.Байғанин, Шығ.). *Жер сілкінте* соғылса Мәскеудегі барабан, Таудан зурна қосылған (Қ.Аманжолов, Тол. жин.).

Жер табандаған. *Кішкентай, аласа.* Оның *жер табандаған* аласа бойына қарап іштерінен қорашсынатын (С.Бегалин, Жеткіншек).

Жер табандады. *Бір орнында тұрып алды.* Сол арада *жер табандап,* я әрі кетпей, я бері келмей қараңдайды да тұрады (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

Жер там. с ө й л. ***Жер үй***. Олар ат басын Тайшыманның *жер тамына* тіреді («Қаз. әдеб.»).

Жер танабын қуырды. *Жүйткіді, зымырады.* Алдымыз түн, таң атқанша *жер танабын қуырып* тастаймыз ғой, – деді ол бір кез Сергейге (Ж.Тәшенов, Өтелген.). *Жер танабын қуырған* аттарынан тер шыққан сайын Текештің жаны қуырылып барады (Ә.Әбішев, Найзағай). Паровоз ақшыл буын әлсін-әлсін аспандата лақтырып, *жер танабын қуырып* келеді (С.Омаров, Әңгім.). Қанаты талған қаздардың, *Жер танабын қуырып,* Сарбаздары серпілді (Жамбыл, Тол. жин.).

Жер тарпыды. *Делебесі қозып, тықыршыды (жылқы малы жайында).* Батыр неден болмады десек, Сар қасқа ат құлағымен алысты нұсқап, *жер тарпып* тұр екен (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Орынбек ақсақалдың тұлғасы есіктен көрінуі мұң екен, кермедегі ақ сұр ат *жер тарпып,* оқыранып қойды («Қаз. әдеб.»).

Жер тарылуы. *Малға, егінге жарамды жерлердің азаюы.* Қазақтың мал тұқымының азаюына бірнеше себеп бар: *жер тарылуы,* жұт, індет һәм басқалар (М.Дулатов, Шығ.).

Жер таянған шақ. *Қартайған, жасы ұлғайған кез. Жер таянған шағымда* асаумен алысып нем бар еді. Асау торыда әкемнің көз құны қалғандай («Лен. жас»).

Жер таянды. а) *Қайғыға батты, зар еңіреді.* Айырылып біреу жалғыз егізінен, Ата мен *жер таянып* ана қалды (Б.Қандеков, Өлеңд.). Сүйгенінен айырылған *жер таяндым,* Қылған ісің Қозыкем жұртқа аян-ды (Қозы Көрпеш.). Жеткіншектен айырылған *жер таянбай* тұрмайды (Мақал). ә) *Қолымен тіреді, демеді; қартайды.* Алпыста аш бөрідей заман болар, Қартайсаң ақылың да шабан болар, Жетпісте *жер таянбай* тұра алмайсың, Дауасыз бұл кәрілікке не амал болар (Шал ақын, Өлеңд.).

Жер тебінді [тепсінді]. *Ызасы келді, ашу шақырды, қатты кейіді.* Өзінің мұрынды келген, қара көз, қырғыштай қатыны оған нақ бір малайынша *жер тепсіне* жекіретін (М.Гумеров, Хазірет.). Нұрым Аблаевтың Жолмұқанға түйілген қылығына анадайдан кіжініп: – Байла! –деп, Абылаев енді өз адамдарына *жер тебінді* (Х.Есенжанов, Тар кезең). Жол бойы талай ашу тер төгілді, Неше рет «Әп, бәлем!» деп *жер тебінді.* Пышаққа түсіп кемпір келе жатыр. Қалаға күн батардан ерте кірді (З.Шүкіров, Арал.).

Жер тепкіледі. *Қатты ызаланды, долданды.* Есен інім, Алма гүлін,— әпер, – деді, Ұнады. – Жоқ, жоқ, Есен, – Обал, – десем, *Жер тепкілеп* жылады (А.Табылдиев, Сөз.). Біресе «қойдым», біресе «қоймаймын» деп сықылықтап күліп, *жер тепкілеп* бұйра шаш жатыр (М.Иманжанов, Көк белес). Соларға алыстан барқырап, *жер тепкілегеннен* басқа қауқары болмай... офицер тұр (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Жер тепшіледі. ж е р г. *Жерді қолдан өңдеп күн көрді.* Кешегі *жер тепшілеп* жүрген шағымызда шаршағанды білмеуші едік (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жер түбі. *Тым алыс, қиян шет, жырақ.* – Е, е, Жетісу! Туу *жер түбі* екен ғой! Қайдан келеді екен өздері? – деп Дәркембай әлі де біле түскісі келіп отыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жай айтам, алыстығын айтам, сенімен бірге *жердің түбі* түгіл, астына барсам да ризамын (М.Дулатов, Шығ.). Иттің мысықты *жер түбінен* көретіні секілді оның көзі Курнос Иванды қиядан шалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Алысып ауру түнімен, Жатса да көзім ілінбей, Мен сені *жердің түбінен* Шақырам жалғыз пірімдей (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жер түбінен ойлады. *Арыдан, тереңнен түйді.* Соның бәрінде де жас мырза қаһарын тіккен дұшпанына қарсы істер әрекетін күні бұрын *жер түбінен ойлап,* тор-тұзағын жайып тастайтын (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жер тістеді. *Өлді, жер құшты.* Тағдырдың жетпіске келтіріп, *жер тістетемін* дегеніне көнбей, қарсы айбат шеккен асыл сүйекті абзал жанды ақсақалдар жүрді далада еңбек етіп (Саржайлау).

Жер тітіреу. ***Жер сілкіну.*** *Жердің тітіреуі* он екі минутқа шейін барыпты («ТУГ»).

Жер ұжмағы. *Қасиетті жер. Жер ұжмағы* – Түркістан жұртының бишараларының бір себебі осы (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Жер ұтты. *Жүрер жолдың ортасынан асты, жолдың көбі артта қалды.* Жол ұзақ, бүлкілдей бер, кер дөненім, Құлдилап, көп *жер ұтып,* дөңгеледің. Көктемге қарсы ұшатын қарлығаштай, сағынған сахарама мен келемін (Т.Әлімқұлов, Өлеңд.).

Жер үй. *Жерден қазылып жасалынған үй.* Менің *жер үйімнің* терезелері жоқ. Қойма ақтаратын, дау да болса сенің аулың (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көзге таныс, буалдырдан соң сезілетін *жер үйде* шалқасынан Жамбыл жатыр (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Уәли *жер үйге* еңкейіп кіре бергенде-ақ танып, ұшып түрегеліп иіле тұрып сәлем берді (Т.Ахтанов,

Қаһарлы күн.). *Жер үйінде* жеркенбей, Көрші әйелдер күтеді. Қуанышпен, қызықпен, Бес-алты күн өтеді (О.Шипин, Дастан.).

Жер шары. *Бүкіл әлем, жержүзі.* Барлығы бүкіл *жер шары* еңбекшілерінің аса ардақтап, қымбат бағалайтын есімін буынға бөліп қайталап айтты (Жастар эстрадасы). Күресте топқа түстің жасыңнан-ақ, *Жер шарын* еркін басып алшақ-алшақ (О.Малқаров, Менің ізім). Күш-қуатын ұқсатқанмен ғылымдағы пілге Болмысынан жаны ғашық гүлге От қанатты қиялымен ұшқыр *Жердің шарын* тақ қалдырған мүлде Эйнштейн былай депті бірде (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жер шегі. *Жердің бітер жері, аяқталар тұсы.* Шықтым ба шыңға өрмелеп, Көрдім бе жүріп *жер шегін*! Жер деген осы дөңгелек Жайылма шығар деуші едім (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жер шеті. *Алыс жер, қиыр.* Естілмес хабарларды *жер шетінен* Аламыз телеграммен я ғәжибә (М.Дулатов, Шығ.).

Жер шұқыды [шұқылады]. *Қатты ұялды, бетінен оты шықты.* Арынғазы ұялғаннан кірерге саңылау таппады, мұрнын бір тартып, көзімен *жер шұқып* қалды (З.Қабдолов, Өмір.). Есей өзі істеген ісіне күлерін де, жыларын да білмей дағдарған қалпы, *жер шұқылап* үнсіз отыр (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Ай жарықта «ақ сүйек» ойнап, жарысып, күрес салып алысып жатыр. Оны көрген соң, бұрынғы *жер шұқып* «құдық» деп, тас үйіп «қора» деген ойынымнан мынау тіпті қызық көрініп, мен де соларға араласып кеткенім ғой (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жер шұрайы. *Жердің жақсысы, жерұйық.* Жарықтық, осы Талдыбеке *жер шұрайы* ғой? – деді Судыр Ахмет (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жері кеңіді. *Дегені болды, көңілі орнына түсті.* Оларды өлтірсе *жері кеңімек* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жеріне жеткізді. *Бір нәрсені аяғына дейін істеді, тындырды.* Мұқаңа тән қасиет – бір нәрсені бастаса, оны *жеріне жеткізбей* тынбайтын (І.Омаров, Серпін). Көбіміздің батылымыз бара алмаған жаңа іс бастап, *жеріне жеткізді* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Жеріне жетті. *Әбден ақиқатына көзі жетті.* [Кәкітай] Атын тебініп жіберіп: – Ой, тәңір-ай, *жеріне жетпей* Кәкітай жығылмайды. Анау Абай ағама жүгінемін деп жорта жөнелді (М.Әуезов, Шығ.).

Жерін тапты. *Бұл жерде теңіне тұрмысқа шықты деген мағынада.* Қарындасың болса, *жерін тауып* бердім, айып емес. Мойныңдағы борышты кештім (Қаз. ертег.).

Жер ядросы. г е о л. *Жердің негұрлым терең орталық геосферасы. Жер ядросының* центрінде температура 5000°С-қа жететін болса керек (Қаз. тілі термин. Геология).

Жесір дауы, жер дауы. э т н. *Ертеде жесірге, жайлау-қыстауға байланысты ел арасында туған талас-тартыс.* Шешендік дауларды мазмұнына қарай *жер дауы, жесір дауы,* құн дауы, мал дауы және ар дауы деп беске бөледі (Б.Адамбаев, Халық дана.).

Жеті насырым жерге кіріп, бетімнің суы бес төгіліп. *Әбден ұялып, бетімнен отым шығып деген мағынада айтылады.*

Жоқ жерден. *Ойда жоқта, күтпеген жерден.* Бір күні тәрбиешілер: Ақан Иманбаева мен Зейнеп Базарбаева *жоқ жерден* жолыға қалды («Лен. жас»). Кім біледі, деп ойлайтын ол, Кенесары бір жындысын жіберіп, ол *жоқ жерден* қарныңа қара пышағын сұғып алса не істейсің? (І.Есенберлин, Қаһар).

Иек артпа [артым, созым] жер. *Өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Жазды күндер ауылдың ірге тұсында, *иек артпа жерде* жататын кішкене қоңыр жал қыс болды-ақ, өзінен өзгені көлегейлеп көрсетпейді («Лен. жас»). Жолбарыс жотаның табиғаты да айнымалы келеді. *Иек артым жерден* тоқымдай бұлт шықса болғаны, іле долы нөсерін төгіп-төгіп жіберді («Лен. жас»). Кенет, ол дәл қасынан, *иек созымдай* ғана *жерден* жермен-жексен бір үйді көрді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Ине шаншар жер жоқ. *Бос орын жоқ, өте тығыз орналасқан.* Мектеп іргесінің айналасына, әр жерге тау-тау боп үйілген кірпіш, сырғауыл, бөрене, тақтай, қаңылтырдан *ине шаншар жер жоқ* (С. Омаров, Қайырлы.). Жас әнші тұңғыш сахна төріне шықты. Зал іші халыққа лық толы. *Ине шаншар жер жоқ* («Лен. жас»).

Ит өлген жер. *Өте алыс қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Қоңырдан *ит өлген жер* – сол Ақсүмбе, Келмейді жаз жайлаудай қонақ күнде (Т.Әлімқұлов, Бозжорға).

Іті қырым жерге жүгірген. *Көп жерді (алыс жерді) көрген.*

Көзге қағыс жер. *Көрінбейтін қалтарыс жер.* Бар өнерім қырағылық, жердің астыүстінде менің *көзіме қағыс жер* жоқ, қандай нәрсе болса да, анықтап қарасам, бәрін де көремін (Қаз. ертег.).

Көз көрмес, құлақ естімес жер. *Аяқ жетпейтін алыс, қиян, қиыр шет.* Есіктегілер өстіп байыған деседі. Олар бірінікін жасырып, бірінікін *көз көрмес, құлақ естімес*

жерге асырып тұрады екен (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

Көз көрім [жетер, шалым] жер. *Жай көзбен қарағанда ажыратуға болатын арақашықтық.* Жылбек тобы сирек ағаштың жиегіне шығып, сайды өрлеп, *көз көрім жердегі* орманға қарай жүрді (Ә.Шәріпов, Алыс.). Арғымақтан туған, қазанат, қаз мойын, Күніне *көз көрім жерге* шалғысыз (Махамбет, Өлең.).

Көктен іздегені [тілегені] жерден табылды. *Тілегі күтпеген жерден орындалды; жоқ жерден қуанышқа кенелді.* Бәкібай жалшы бүгіннен бастап құлдықтан құтылатын болды дегенді естігенде *көктен тілегенім жерден табылғандай,* қуанышым қойныма сыймай кетті (С.Омаров, Қайырлы.).

Көңілдегі жерінен шықты. *Ойлағандай, діттегеніндей болды.* Бөрібай кемпірдің *көңілдегі жерінен* бір-ақ *шыққысы* келіп, әдейі жерін айтпай, руын айтты (Т.Ахтанов, Шығ.).

Көңілі жер болды. *Тауы шағылды; қатты қаймығып, беті қайтты.* Сол күнде атасының көзі көр болып, *көңілі жер болып,* Төлегенді сағынып, қасіретпен қан жұтып жатады екен (Қыз Жібек).

Көңілі көкте, басы жерде. *Менменсіген, өркөкірек.* Жаманның *көңілі көкте, жерде басы,* Алыс қой аңғарғанда екі арасы, Жақсының өзі кішік, ой биік, Бірдей ме екеуінің мәртебесі (Жамбыл, Шығ.).

Көргенді жер. *Жақсы ата-ана; жақсы тәрбие, жақсы үлгі берген ұя.* Жаман қатын көп ұйықтар, оятсаң араз қоқаңдап... *Көргенді жерден* қыз алсаң, Атыңды ерттер жүгенде (Майлықожа, Нақыл).

Көрген жерде ауыл бар. *Өзі үйренген жеріне тап болу, қайта айналып соғу мағынасында.* Шағыр ол жылы ауылшаруашылық институтын бітірген-ді. *Көрген жерде ауыл бар,* тағы да біздің МТС-ке келіпті (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Көр жыла, жер жыла. *Қалай зар илеп қайғырсаң да деген мағынада айтылады.* Олай, былай қозғап көреді. Өлген адам тіріле ме? *Көр жыла, жер жыла,* ештеңе өнбейді (Қаз. ертег.).

Көрінген жерде. *Кез келген жерде; орынсыз.* – Сенің қолың ашық, я дүниеге мән бермейсің, *көрінген жерде* шашасың, – деді әкесі оған наразылықпен («Лен. жас»).

К..і жер иіскемеді. қ а р а п. *Сәл отыруға, демалуға мұршасы болмады; сіңбіруге қолы тимеді.*

Көш жер. э т н. а) *Бір жерден екінші жерге көшіп, қоныс аударудағы ұзақтықты білдіретін халықтық өлшем.* Біздің сырт жағымызда, *көш жерде* көгілдірленіп зор жота тұр (Ә.Сәрсенбаев, Ол күн.). Жұрт түгел, оның құлындай құлағы кесік, Адырайған қордікі мына бір есік. Машайықтарша қызылкөз пәледен қашқан Көрші боп қалған... *көш жерге* тынады көшіп (Ж.Жұматаев, Ләйлә). ә) *Біраз жер, алысырақ қашықтық.* Ол менен *көш жер* озып барып тосып алады да, бірер сұрақ беріп қояды (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Күндік жер. *Таңертеңнен кешке дейін атпен жүріп өтуге болатын арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем; ұзақ жер.* Аңға шыққа далақтап шауып, айғайлап шулап, аңды *күндік жерден* үркітіп жібереді (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Күндік жерден. *Алыстан, қашықтан; бір күн бойы жүретін жерден.* Антоновты елдің итіне дейін *күндік жерден* таниды, керек болса, елден бұрын иттер таниды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Арықтан артылған су сыртқа теуіп, Көгертті *күндік жерді* қалған кеуіп. Борбасты бұйрат құмға шалғын шығып, Аймаққа тұр жайқалып, жұпар сеуіп (О.Шипин, Дастан.).

Күтпеген жерден. *Ойда жоқта, кенеттен.* Әке мінезінің *күтпеген жерден* өзгеруі Гансты қатты шаттандырды (Қ.Исабаев, Ажал.). *Күтпеген жерден* болған өкініш. Жаудың Истраны басып алуы бәрімізге де ауыр соқты (Б.Момышұлы, Майдан). *Күтпеген жерден* бір жаңалық болды (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап).

Кіндік кесіп, кір жуған жер. *Туған жер, атамекен.* Көрмей жүріп көп жылдан, Болсын деп жол-жоралғым, *Кіндік кесіп, кір жуған* Оралға биыл оралдым (Т.Жароков, Таңд. өлең.). Балталы, Бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол, *Кірім жуып, кіндігім кескен жерім* Ойнап-күліп ержеткен жер, аман бол (Қозы Көрпеш.).

Кіруге жер таппады. *Қатты ұялды, ұялғаннан не істерін білмеді.* Ләззат үлкен күйзеліске ұшырады. Тұла бойын жиреніш жайлап, күйелі денесін жұрт көзіне көрсетуге қорқып, *кіруге жер таппай* жүр (Т.Ахтанов, Шығ.). Жарқынның беті ду-ду етіп өңі де бұзылып жүре берді. Қасына келген Байсалға тура қарамай, қырындап кетті де, *кіруге жер таба* алмай састы (М.Иманжанов). *Кіруге жер таба алмай,* кісі бетіне қарай алмай бір түрлі қысымға түсесің (Абай, Тол. жин.).

Қадалған жерден қан алады. *Ойға алған ісін орындамай тынбайды, дегеніне жетеді.* Мұндағы Жамбыл гротекс, шарж мысқылдың неше атасын тапқандай. *Қадалған жерден қан алмайды,* жан алады (М.Әуезов, Әр жыл.). Көрші алмастыру ойынында *қадалған*

жерден қан алатын кенедей жабысқақ жігіттер қыздарды салып Көжекті қанша сұратса да, ән салып өнерін көрсететін Балқия оны бермей қоятын (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Қамшы салым жер. э т н. *Өте жақын, тым жақын жер деген мағынадағы халықтық өлшем.* Ей, шырағым, *қамшы салым* келмейтін *жерге* атты осынша терлетіп, ақ көбік еткенің нең! (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Қаны жерге тимеді [тамбады]. *Қолға түспей, қадірі артты.* Қалада қыз ұзатылса, келін түссе, осы біздің бірде-бірімізді қолға түсіріп, өз мәжілістерінің шырайын ашуға сонша құштар болды. Тіпті *қанымыз жерге тиген* жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Ол андағайлап көрініп тұрған – мұнай айыру заводының трубалары. Бұл шығаратын өнімнің *қаны жерге тамбайды* («Лен. жас»).

Қапия жерде сөз тапқан. *Қиын мезетте, табан астында жауап айта алатын тапқыр, шешен адам туралы айтылады.* Қысылшаң кезде уәж тапқан, Қараңғыда жол тапқан, *Қапия жерде сөз тапқан* (Ауыз әдеб.).

Қара жер алды. *Өлді, көз жұмды. Алғаннан* соң *қара жер* Көз жұмған соң мәңгіге, «Төкпеп еді ащы тер» Деп бастална әңгіме (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.).

Қара жер болды. а) *Тапталды, тып-типыл болды.* Күні өткен бәйтерек, Желмен құлар әлсіреп, іріп-шіріп жатумен О да *қара жер болар* (Шәңгерей ақын, Шығ.). ә) *Қатты ұятқа қалды.* Үйіне әлдекімді неге әкелді десе, не деймін, Мен *қара жер болмаймын* ба, – деп еді (М.Әуезов, Шығ.).

Қара жерге тықты. *Масқара етті, ұятқа қалдырды.* Қарындас *қара жерге тыға* алмай жүр. Бірінің-бірі сөзін хұп алмай жүр, Құда-тамыр, дос-жарың, қатын-балаң, Олар да бірқалыпта бола алмай жүр (Абай, Тол. жин.).

Қара жердей болды. *Қатты ұялды, бетінен оты шықты.* Нұрмағамбет сөзін естігенде, ол *қара жердей боп,* іші мұздап, кері бұрылған (С.Жүнісов, Ақан сері).

Қара жердің талысы. *Жер қойны.* Өлмесе қайда кетті Бұрынғының кәрісі? Жержүзін жұтса да тоймады *Қара жердің талысы* (Шешендік сөздер).

Қарға адым жер. э т н. *Таяқ тастам жер; азғана қашықтық.* Балықшылар бір тайпы ел; шетінен сіңірі шыққан кедей, *қарға адым жерге* аударылып қона алмайды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Олар таң ата тысқа шықса, түтеген боранна *қарға адым жер* зорға көрінеді («Қаз. әдеб.»). Немістердің мұқият тасаланып жасырынған бір «фердинанды» *қарға адым жер* аттатпағысы келіпті (С.Сейітов, Майдан).

Қарны [құрсағы] жер сызды. *Буаз малдың төлдейтін кезі жақындады деген мағынада; тойынды.* Тасырайып сандары, *жерді сызып қарыны*... Колхоз малы осындай (А.Тоқмағанбетов, Таңд. шығ.). *Құрсақтары жер сызған* Шұбырады биелер (Манас). Үйірдің ұйытқысы – *қарны жер сызып,* салмақпен жортқан қос қара биені мойындай қайырып, құлағын жымитқан күйі жалын жерге төсеп, жирен қасқа айғыр келеді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Қарыс [аттам] жер. э т н. *Ең жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Қарыс жерден* Жаманкөз Жаназаға шаппады. Әлімғазы, Қанағат, Оларға несі жақпады? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қақпа жанындағы фонарь жарығы да қызғылт тартып, тек *қарыс аттам жерге* төгіліп жатыр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жұматай ғана жалғыз атыс сала берді *Қарыс аттам жерге* шегінуге болмайды (Ғ.Сыланов, Шығ.).

Қозы көгеніндей жер. *Көген бойындай ұзындықты, қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Қозы көгеніндей жерге* тағы бір қазық қағылды (Ауызекі).

Қозы көш жер. э т н. *Шамамен алтыжеті шақырымдай қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Теңізден көз ала бергенде, *қозы көш жерден* балықшылар аулының түтіні көрінді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қолын ұзақ жайып, тілеу тілеп қалған ақ бас әкесін Аман *қозы көш жер* ұзағанша көріп бара жатты (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қол созым жер. э т н. *Қол жетер қашықтық, тым жақын жер.* Кейбір сәттерде көз көрімнен әзер мұнартып көрінетін көкжиек, міне енді, *қол созым жерде* тұр («Лен. жас»). Кеншілердің мәдениет сарайы да *қол созым жерде* («Лен. жас»). Әне бір *қол созым жерде* көрінген ақша бұлтты Дәмештің қолымен ұстай алғысы кеп құмартады (З.Шүкіров, Ғажайып.).

Қуанышыңды жер көргір. қ а р ғ. *Өліп қалғыр, мұрдем кеткір.* Балаға айтатындары: қырғын келгір, топалаң келгір, көкала келгір, *қуанышыңды жер көргір* (Қаз. тіл. тарихы.).

Құйрығы жерге тимеді. *Зыр жүгіріп, дамыл таппады.* Шайханашы өзбектерге түсіп, палау, кәуап, піскен ет, қымыз, шай беріп, келген-кеткенді күтіп, *құйрығы жерге тимеді* (С.Шәріпов, Бекболат).

Құнан шаптырым жер. *Шамамен 10–15 шақырым қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Көл құнан шаптырым* жерден көрінеді (Ауызекі).

Құрығы жеткен жер. *Қарамағына алған, қол астындағы жер.* Әйелдердің бостандық еркін

қорғадық, қалың малды *қ ұ р ы ғ ы м ы з ж е т к е н ж е р д е* алғызбайтын болдық (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.).

Құрық бойы жер. э т н. *Құрықтың бойымен бірдей ұзындықты білдіретін халықтық өлшем.* Соңында *қ ұ р ы қ б о й ы ж е р д е* қолына құман ұстаған Маржан кетіп барады («Лен. жас»).

Құрық сілтем [тастам, созым] жер. *Асауға құрық тастауға болатындай арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем. К о я н қ ұ р ы қ с і л т е м ж е р д е н* қаша жөнелді (Ауызекі).

Құтты жеріне қондырды. *Қызын ұзатты, күйеуге берді.* Кәтішті *қ ұ т т ы ж е р і н е қ о н д ы р д ы қ* қой. Айтпақшы, сен есітпеген екенсің, – деді ол («Қаз. әдеб.»). Әке-шешемнің қолынан аттандырып, *қ ұ т т ы ж е р і н е қ о н д ы р а т ы н* баласы едім. Керек десе, ақ батасын алмай да кетіп барам (М.Әуезов, Шығ.).

Қышыған жеріне тиді. *Жараның аузын аштыр, көңіліне түйіп қалғанды қозғап жіберді.* Шырағым, иттің *қ ы ш ы ғ а н ж е р і н е т и і п* кеттің-ау, өзі де ұрынарға қара таппай отыр еді, ит ашуын тырнадан алады деп, саған тарпа бас салғаны сол (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Қышыған жерін тауып қасыды. *Дөп түсті, діттегенінен шықты.* Көптің ойы – мың, сенің ойың – бір. Мың ойдың бір ой *қ ы ш ы ғ а н ж е р і н т а б у* оңай емес (С.Мұқанов, Шығ.).

Межелі жер. *Нысанаға алынған, алдын ала белгіленген жер. М е ж е л і ж е р г е* жетіп тоқтай бергенде, дәл шүйдені көздеп атылған мылтық дауысы гүрс етті (С.Шәкенов // «Лен. жас»).

Мырғам жер. ж е р г. *Малға қолайлы жер, отты жер* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі.).

Ойда жоқ жерде [ойламаған жерден]. *Кенеттен, күтпеген жерден.* Күн бата көкпеңбек қару асынған алты солдат *о й д а ж о қ ж е р д е* сап ете түсті (Қ.Тайшықов, Октябрь.). *О й д а ж о қ ж е р д е* олжаға кездескенімді қара, – деді Баранов екі алақанын рахаттана сипалап (Ә.Әбішев, Шығ.). Ол кейде *о й л а м а ғ а н ж е р д е н* жаңағы Керімбек Жанаевтардың арызы түрінде де жотасын көрсетіп жүреді (М.Әуезов, Шығ.).

Оқ атым [жетер] жер. э т н. *Садақ, мылтық оғының тік ұшып барар шамасын білдіретін халықтық өлшем.* Мамия *о қ а т ы м ж е р г е* бауырымен жорғалап барды («Лен. жас»). – *О қ а т ы м ж е р г е* келтірмей, шетке шыққан обозына шабуыл жасаңдар, бөле-жарылған адамдарын мазалай беріңдер (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Орынды жерінде. *Жөн болған жағдайда, ретті сәтінде. О р ы н д ы ж е р і н д е* еркелетіңіз, қарсы емеспіз, ал орынсыз жерінде тежеп тастап отырыңыз (М.Иманжанов, Шығ.).

Осал жері. *Әлсіз тұсы.* Әлгі алыптың кеудесінде бармақтай Оқ өтетін *о с а л ж е р і* болыпты. Даңқ кімнің күліп тұрса басында, Сатқындық та бұғып жүрмек қасында, Айлакер жан соны жазбай таныпты (М.Шаханов, Fасырлар.). Әр мықтының *о с а л ж е р і* болмай ма? Болса қайсы? Оған бастар жол қайда? Ал бұл сұрақ бар кез сенің жүру керек басында Менің күллі жеңісімнің құпиясы осында! (М.Шаханов, Fасырлар.).

Өкшесі жерге тимеді. *Тым тез, шапшаң жүгірді, дамыл таппады.* Айдап салдым жылқымды тепсең жерге, Сіздей адам табылмас ексем жерге. Намаздігер, намазшам арасында, Асыққаннан *т и м е й д і ө к ш е м ж е р г е* (Қаз. әндері).

Өлген жері осы. *Қатты ұятқа қалды деген мағынада.* Қалың қолға қарсы шапқанда мұндай қысылмаушы едім. *Ө л г е н ж е р і м о с ы* болды-ау! (І.Есенберлин, Шығ.).

Сабат жер. *Саялы, салқын, сазды шалғын.* Алғанға ақылыңды айт айнымаған, Шаң болмас *с а б а т ж е р д і ң* ордасындай. Ашудың арты ашық өткіншідей, Түнеріп жаумай тынбас бұрқасындай (О.Шораяқов, Шайыр).

Сайран жер. п о э т. *Қызығы, тамашасы мол, аяулы мекен-жұрт деген мағынада.* Қазағымды, қалың елді сағындым, Сарыарқамды – *с а й р а н ж е р д і* сағындым. Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті Арқадағы айдын көлді сағындым (М.Жұмабаев, Шығ.). Сарыарқа *с а й р а н ж е р л е р і м*, Көк орай шалғын көлдерім, Бәрін жауға алдырып, Асқар тау – биік белдерім. Қысылып қазақ тұрғанда, Данышпандар, қайда едің? (М.Дулатов, Шығ.).

Салған жерден. *Басынан-ақ, бірден.* – Алыңыз, алыңыз! – деп ауылнай *с а л ғ а н ж е р д е н-а қ* жалпылдады (М.Тиесов, Әңгім.). Бұл тойға шақырумен келіп едің, Нешеуді менен бұрын жеңіп едің? Атымды *с а л ғ а н ж е р д е н* «тәбия» деп, Сен өзің мені қайдан көріп едің (Айтыс).

Сөз аяғы жерге тиді. *Сөз тиянақ тапты. С ө з а я ғ ы ж е р г е т и і п,* байға дегенін істеткен соң, Оралов бастатқан екі артель келіп жұмысқа түсті (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сөзі жерде қалды. *Айтқанын ешкім елемеді, дегені іске аспады.* Өзі жәрмеңкені жарып жүрген көпестің даверныйы, Қарқаралының төресі, ел ішінде де, қалада да, *с ө з і ж е р д е қ а л м а й т ы н* еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сөзін жерге тастады. *Айтқанын істемеді.* Тез ұйықтай қалғанның өзінде де әке *с ө з і н* Есенжол *ж е р г е т а с т а м а с а* еді («Қаз. әдеб.»).

Сүт пісірім жер. *Шамамен 10–15 минуттай журетін арақашықтық.* Қойлар *с ү т п і с і р і м ж е р д е* қалды (Ауызекі).

Сідік шаптырым жер. қ а р а п. *Тиіп тұрған, өте жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Сыздық кетісімен Танакөз Әбекен мен Тәукені бидайша қуырды: – Несіне еркек болып жүрсіңдер? Сен *сідік шаптырым жерден* күні ұзын бір арба шөп әкеліп төккен жоқсың (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Табаны жерге тимеді. а) *Әлпештеген, жаяу жүріп көрмеген, бұла болып өскен деген мағынада.* Назымның жайын айтайын, *табаны жерге тимеген,* Маңдайы күнге күймеген, Күймеден басқа нәрсеге, Жорға да болса мінбеген (Қамбар батыр). ә) *Зулады, ызғыды.* Құбылып бурыл гуледі, *табаны жерге тимеді,* тіктеп тиген тұяғы Көлденең жатқан көк тасты саз балшықтай иледі (Қобыланды батыр). Халық ішінде қадірлі, Үнемді басқан қадамы, *Тимеген жерге табаны,* Теңселген небір жорға бар! (О.Шораяқов, Шайыр).

Табан тірер жер. *Тиянақ етер орын.* Осындай мазасыз күндердің бірінде Н. бөлімінің айбынды гвардеецтері көгілдір өзеннен көктей өтіп, жау «жатағы» түбінен *табан тірер жер* алған болатын (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Табанын жерге тигізбеді. *Дедектетті, жанын қоймады.* Есіріп алған қатты жел Ақбаянның өзін де дедектетіп, *табанын жерге тигізбей* ұшырып бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Тай шаптырым [шаптырымдай] жер. *Тай-құнан ентікпей келетін (5–10 шақырым) қашықтық деген мағынаны білдіретін халықтық өлшем.* Алапқа алқа-қотан отырды жан, Жері жоқ ине шашар адам тұрған, Жаяулап *тай шаптырым жерге* келді, Алыста аттар қалды байластырған (І.Жансүгіров, Өлең.д.). Алпыс-жетпіс кісі орнынан тұрғыза алмайтын Жандыбатырды *тай шаптырымдай жерден*-ақ жыланның демі орнынан қозғалтып қояды (Қаз. ертег.).

Тақыр жерге отырғызды. *Жер соқтырды, алдап кетті. Тақыр жерге отырғызып,* тақым бұрау салайын деп пе едің (С.Әлжіков, Күле көрме.).

Тақыр жерден шөп шығарған. *Қу, айлакер адам деген мағынада.*

Талмау жері. *Өкпе тұсы, жанды жер.* Өзіне құлашты қос қолдап сермеп, құлақ шекесінен қатты қойғалы тұрған Арманды *талмау жерінен* қойып-қойып жібергенде, Арманның тынысы тарылып, екі қолы да сылқ төмен түсіп кетті (М.Әуезов, Шығ.).

Тар жерде. *Жан қысылғанда, қысылтаяңда.* Батыр мың қол бастайды. Шешен *тар жерде* сөз бастайды (Мақал). Жат елге жадағайда сөйле шәркез, *Тар жерде* тайпалудан танба әр кез. Жатты жау деп, еліңді үрпитіп ап, Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез (Абай, Тол. жин.). Сендердің жақсылығың өлгенімше есімнен қалмас. Менің *тар жерде* жолдас болған жан досым сендер (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қатарыңа қастанба! Шыдамай шығып шегінен қылығың әбден асқанда, *Тар жерде* сені табармын (Ө.Тұрманжанов, Жауқазын).

Тар жерде қол созды. *Қиыншылық күн туғанда, таршылыққа тап болғанда көмек берді.* Битке өкпелеп, тонын отқа салмас. Туысыңыз, *тар жерде қол созған* ағаңыз, айырылысып, жауға жем боп қайтесіздер (З.Шүкіров, Таңд.).

Таяқ тастам жер. э т н. *Қылаш жетер жер; жақын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Мен оқоптан сығаладым, Жау танкі *таяқ тастам жерге* келіпті (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Сол түні аспан жерге жақын тұрған сияқты көрінді, ай тіпті *таяқ тастам жерде* тұрғандай (М.Әуезов, Әр жыл.). Әне *таяқ тастам жер* қалды (М.Қуанышбаев, Кек қылышы)». Бұлардан *таяқ тастам жерде* жеке отырған Марданның өз даусы, мінген баласын айдалаға алып қашып кеткен бір езуар сияқты өз бетімен гүрілдейді (Д.Әбілев, Ақын.).

Текті жер. *Байлығы, билігі атадан балаға қалып келе жатқан ел, ауыл мағынасында айтылады.* Не қылса да, олар да осал болмады ғой. *Текті жерден* шыққан шығар? (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Тепсең жер. *Қыратты жердің тегістеу алаңшығы.* Айдап салдым жылқымды *тепсең жерге,* жеңеше-ай, Сендей адам табылмас екем жерге-ай, жеңеше-ай (Халық әндері).

Тесік моншақ жерде қалмас. а) *Асыл зат жерде жатып қалмайды, керексіз боп қалып қоймайды деген мағынада.* Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма? Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар. Жазған соң *жерде қалмас тесік моншақ,* Біреуден біреу алып, елге тарар (Абай, Тол. жин.). Мир-Якуб – төмендердің аласасы, сөзімнің бар ма, жоқ па тамашасы. Жылтырап *тесік моншақ жерде қалмас,* Қазақша бір роман жаза салшы (М.Дулатов, Шығ.). ә) *Көбіне қыз орнын табады, теңін табады деген мағынада қолданылады.*

Туған жер. *Туып-өскен жер. Туған жерімнің* бусанған топырағымен мен де көктем сайын нұрлана түскен сияқтымын (Б.Қожабеков, Көктөбе). *Туған жерді* қия алмай, Тентекті жеңіп, тия алмай, Әлі отырмыз ұялмай (Абай, Тол. жин.). Намыс туы желбіреген өрінде, Дүниеге келтірген сан алыпты, Отырарда, Менің *туған жерімде* Мынадай бір асқақ аңыз қалыпты (М.Шаханов, Ғасырлар.). Кездесу *туған жердегі* Қисапсыз қызық

ертегі. Ертегі сырын айтайын, Кең екен біздің жер тегі (К.Салықов, Жезкиік). *Туған жер* – көрген сайын Көкиықты – Қостанай түбіндегі зор биікті, Күрсінем, оңашада ой бұзылып, Еске алып бала күнгі сол күйікті (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Тұрысатын жеріңді айт. *Тоқтамыңды айт, қай келісімге келесің деген мағынада.* Сен қабылан болсаң, мен арыстан, Алысқалы келгенбіз, Жаңа үйреткен жас тұлпар, Жарысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітіміңді айт, Не *тұрысатын жеріңді* айт (Шешендік сөздер).

Түу десе түкірік жерге түспейтін аяз. *Сарышұнақ аяз, қатты аяз.* Бізге «тіл» керек. Біз көп күттік. *Түу десе түкірік жерге түспейтін аязда,* қардың астында жалықпай жата бердік («Лен. жас»).

Түу деген түкірігі жерге түспеді. *Билігі жүріп тұрды, беделі күшті болды.* Сәуле Москвадан келген кезде Мырқалдың *түу деген түкірігі жерге түспей,* Мырзеке аталып тұрған кезі болатын (Ә.Әбішев, Шығ.).

Түйе көш жер. *Шамамен 50 шақырымдай арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

Түйенің [табаны] тұяғы түсетін жер. *Өте алыс жер дегенді білдіретін халықтық өлшем.* – Ата, көп жүріп *түйенің тұяғы түсетін жер* екен, осы жолға өзіңіз бару жөн екен, – депті («Қаз. ертег.»).

Түстік жер. *Күндік жердің жартысындай арақашықтықты білдіретін халықтық өлшем.*

Тың жер. а) *Жыртылып егін егілмеген жер.* Асан асығып-аптықпай, ел қатарлы шөбі шүйгін *тың жерге* кеп түренін қадады (Ж.Тілеков, Хинган асуы). ә) *Әлі зерттелмеген аймақ, өлке.* Бұрын ешкімге белгісіз *тың жерден* кен тауып келгендерге Ушаков бір қой берді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

Тірідей жерге кірді. *Қатты қиялды, өлердей қиялды.* Сөзі жетпейтінін білген ақылды жігіт бүкпелі ой есебі күтпеген қызметін өткізіп, жұрт алдында әлгі ұстаны *тірідей жерге кіргізе* қиялтыпты (А.Тоқмағамбетов).

Ұлтарақтай жер. э т н. *Азғантай, болмашы жер.* Қасеке-ау, бізге *ұлтарақтай* ғана *жер* тиді ғой, шекараны сәл кеңейтсеңіз қайтеді? – деп жалынды Бекет (С.Адамбеков). Қатын, әнеки *ұлтарақтай жерде* жалғыз арпалысып жүр (М.Әуезов, Шығ.).

Ұрымтал жер. *Тұтқиылдан соқтығатын өкпе тұс, төте.* Кенжеш үндемеді. Қасындағы жолдасы *ұрымтал жер* осы дегендей, санынан шымшып алды («Қаз. әдеб.»).

Ұтырлы жерін тапты. *Қолайлы кезін, ұтымды сәтін пайдаланды.* Иван Митрофановичтің соңғы жылдағы пайда болған мінезі сөйлеп тұрған шешеннің сөзін еңкейіп, құлақ түре тыңдап отырады да, *ұтырлы жерін тауып* арасына кіріп кетеді (Т.Ахтанов).

Шұрайлы жер. *Егістікке қолайлы шөбі шүйгін, құнарлы жер.* Патша үкіметі «қоныстанушылар қоры» аталатынды құрып, жергілікті халықтың ең *шұрайлы жерлерін* тартып алып отырады (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.). *Шұрайлы жерге* колхоздың Топты малын бағамын (Жамбыл, Тол. жин.).

Шылбыр тастарлық жер. э т н. *Жап-жақын қашықтық деген мағынада.* Сұлу доктор таныс емес пе? – деді Әзмұратов *шылбыр тастарлық жерде* тұрып қалған Сәлменге әлденені сырласар адамша қабақ түйіп («Лен. жас»).

Шыр етіп жерге түскелі. *Нәрестеге боп дүниеге келгелі. Шыр етіп жерге түскелі* бір жылы қабақ, аялы алақан көрмеген (А.Тоқмағамбетов, Өмір.).

Іргесі тимеген жер. *Бұрын-соңды болып, қонып көрмеген ел.* Үздік-үздік ескі сүрлеуден бұрын *іргесі тимеген жерге,* әсіресе болмаған елге беттеп барады (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Ішкен асын жерге қояды. *Бір нәрсеге құштар, құмар, ынтызар адам деген мағынада; өте жақсы көреді, ұнатады.* Әжей Мұқан дегенде *ішкен асын жерге қояды.* Өзінің бел балаларынан гөрі, мұның үйінде көбірек болады (Б.Қожабеков, Көктөбе). Әсіресе киімтамақтан тарығып жүрген жандарға істеген жақсылығын айтып мақтағанда барша ел *ішкен асын жерге қояды* (С.Омаров, Қайырлы.). Сүйіндіктің тәуірі атанған жігіт Балайым десе *ішкен асын жерге қояды* ғой (Ж.Молдағалиев, Ескі дос).

ЖЕРАҒАШ з а т. к ө н е. *Ертеректегі ағаш соқа.* Басқалар *жерағашпен* итіңдеп жүргенде, оның түренді темірі өндіріп тастайтын (Т.Әлімқұлов, Туған.). Күш-көлігі, құрал-сайман дегендерден қолда бары бірнеше *жерағаш,* азын-аулақ кетпен мен күрек, үш түйе, он шақты жылқы, он екі өгіз ғана (Ә.Жәмішев, Дала.). Халқының зары бөтен, әні бөтен, Сол бір заман сұрықсыз – өлік екен. Осқылап шыбықпенен қос өгізін *Жерағашпен* жер жыртты менің әкем (Т.Бердияров, Бозторғай). *Жерағашпен* жер өңдейтін, қол орақпен егін оратын оқушылардың өздері екен (Т.Тоғабылов, Жүрегім соғып.). *Жерағашты* мен сүйредім, тиекті Боранбай ұстады (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Өзім әкеден жастайымнан жетім қалып, *жерағаш* сүйреп, қос айдадым («Лен. жас»). Маңайдағы елдердің әлі күнгі арбасы оңқа тұрып, жоқысы жарбиып, *жерағашы* тұрып-жығылып, «қық-қық!» деп аяқтары салақтап, құрым, түтін сасып жертөледен күркілдеп, екі көзі жылтырап, мұрындарын тұмшалап жүргені

«жарықтық сансыз әулиелердің шарапаты күштілігінен» (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕРАЛМҰРТЫ з а т. <лат. helianthus tuberosus> *Күрделігүлділер тұқымдасына жататын, күнбағыс туыстас, көпжылдық, тамыр жемісті өсімдік. Ж е р а л м ұ р т ы* мал азықтық дақыл ретінде Қазақстанның барлық аудандарында өсіріледі (ҚҰЭ). *Ж е р а л м ұ р т ы н* көктемде немесе күзде егеді (ҚҰЭ). *Ж е р а л м ұ р т ы* тамыржемісті, жеуге жарайтын түбірі бар, күнбағыс тұқымдасы (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖЕР-АНА з а т. *Тіршілік көзі, өмір негізі.* Жаралғалы *ж е р - а н а* зыр айналып ғаламды Арқасына қондырып, аялаған адамды (А.Асылбеков, Көкорай.). Есіңде ме, *ж е р а н а н ы ң* сол бір асыл перзенті, Күн баба! – дейді Сұлтанмахмұт іштей, Тіл қатып Күнге (Д.Әбілев, Арман.). Адам бүгін білім шамын жаққанда, Шырқай самғап, шыңға қанат қаққанда, Бар тағдырын перзентіне тапсырып, *ж е р - а н а н ы ң* көңілі жай тапқандай (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз). Бұл туралы айтқан кезде Қорланға: «Егер олай етпесе Естай Естай бола ма?! Естай Естай бола ма?! Онсыз дағы жаны сұлу балаңа Сұлу өлім сыйлапсың-ау, *Ж е р - а н а!*» – Деп жылапты кемпір байғұс еңкілдеп, Ақ жаулығы ай нұрымен желкілдеп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕРАРБА з а т. ж е р г. *Қалқандығы зор, аласа арба.* Біз шөпті *ж е р а р б а м е н* тасимыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРАСТЫ с ы н. *Жердің астыңғы қабатында орналасқан.*

Жерасты өткелі. *Көшелердің, ғимараттардың және т.б. астынан қазып жасалған, жолаушылар жүретін галерея, коридор* (Қаз. тілі термин. Тамақ).

Жерасты құрылыстары. а) ә с к. *Жою құралдары әсерінен жеке құрамды, басқару пункттерін, әскери техника мен өндірістік кәсіпорындарды қорғауға арналған құрылыс түрлері. Ж е р а с т ы қ ұ р ы л ы с т а р ы н ы ң* қорғау қасиеттері өте жоғары болады (Қаз. тілі термин. Әскери.). ә) *Жер астына орналасқан ғимараттар. Ж е р а с т ы қ ұ р ы л ы с т а р ы н ы ң* өлшемдері алуан түрлі және олардың орналасу тереңдігі жер қыртысының әртүрлі деңгейінде болады (ҚҰЭ). *Ж е р а с т ы қ ұ р ы л ы с т а р ы* тау-кен өнеркәсібінде кең тараған (ҚҰЭ).

Жерасты өзендері. с у ш а р. *Жарықшақты тау-жыныстарда, тау үңгірлерінде және басқа да жерасты қуыстарында орналасқан, еркін ағып жататын сулар. Ж е р а с т ы өзендері* көбінесе оқпа (карст) дамыған аймақтарда кездеседі (Қаз. тілі термин. Су.).

Жерасты су ағыны. с у ш а р. *Таужыныстардың ішінде ағын күшінің азаю жағына (бағытына) қарай қозғалатын жерасты суы.*

Жерасты сулары. с у ш а р. *Жер қыртысын құрайтын таужыныстардың ішіндегі барлық физикалық күйдегі (сұйық газ тәрізді, қатты) сулар.* Орналасуына қарай *ж е р а с т ы с у л а р ы* ішкеуектердегі, жарықшақтардағы, карстық қуыстардағы болып, ал жатыс жағдайлары бойынша – қалқыма (үстіңгі) су, грунт және артезиан сулары болып ажыратылады (Қаз. тілі термин. Геология.). *Ж е р а с т ы с у л а р ы н ы ң* негізгі қоры өзен, көл, теңіз суларының және қар мен жауын суларының жерге сіңуі нәтижесінде қалыптасады (ҚҰЭ). Гидрогеологияда *ж е р а с т ы с у л а р ы н ы ң* есептік сипаттамасы үшін жерасты суларының қорлары жөніндегі түсінікті пайдаланады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Тау-кен ісі тәжірибесінде негізінен карьерлерді *ж е р а с т ы с у л а р ы н ы ң* басуынан қорғаудың үш әдісі қолданылады (Т.Қалыбеков, Экология.).

Жерасты суларының қоры. *Сулы тау жыныстардың кеуектерінде, қуыстарында, жарықшақтарында жиналған гравитациялық судың мөлшері.* Н.Н.Биндеман бойынша *ж е р а с т ы с у л а р ы н ы ң қ о р ы* табиғи (сыйымдылық), жасанды, қатыстыру, пайдалану қорлары болып жіктеледі (Қаз. тілі термин. Су.). Қазақстан бойынша *ж е р а с т ы с у л а р ы н ы ң* (артезиан және грунт суларының) жалпы *қ о р ы* 7500 млрд. $м^3$, ол жылма-жыл 35–40 млрд. $м^3$ сіңбе сумен толығып отырады (ҚҰЭ).

Жерасты суының деңгейі. *Берілген нүктедегі жерасты суының еркін немесе арындық бетінің кез келген салыстыру жазықтығына (мысалы, теңіз деңгейі) қарағандағы орны. Ж е р а с т ы с у ы н ы ң д е ң г е й і* тұрақталған немесе тұрақталмаған болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Геология.).

Жерасты өтпе жол. *Көшелерді т.б. жерлерді жерасты арқылы кесіп өтетін жол.* Оның өнімі жолдар, көпірлер, *ж е р а с т ы ө т п е ж о л д а р ы н*, түрлі жақтаулар салу кезінде қолданылады («Соц. Қаз.»).

ЖЕРАСТЫЛЫҚ с ы н. *Жер астында орналасқан (құрылыс).* Москва метросының өзінде *ж е р а с т ы л ы қ* 115 вокзал бар (Ш.Айталиев,... Жер асты әлемі.).

ЖЕРАУЛА з а т. ж е р г. *Құдықтан су алу жұмысын жеңілдететін ағаш. Ж е р а у л а* болса, құдықтан жас бала да тарта алады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕР-ӘЛЕМ з а т. *Бүкіл дүниежүзі.* Биікке шықсаң *ж е р - ә л е м* осылай көрінеді екен ғой, – деді ол (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Күнт келмесе өтеміз, Күр күпініп, шын білмей *Ж е р ә л е м н і ң* сыйын біз Халықпыз біз, қиынбыз

(Қабан жырау, Алтын қазық). Өзбек биін, сан бунақ қазақ күйін, Көріп, тыңдап *жер-әлем* мойын бұрды (Р.Нұрпейісов, Жайтолқын).

Жер-әлемге сыймады. *Байыз таппады, мазасызданды. Жер-әлемге сыймай,* жаны байыз таба алмай ит әуреге түседі (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу).

ЖЕР-ӘМІР з а т. ***Жер-әлем.*** Сол екі аралықтағы үнмен шырқағанда күштілігі мына күркенің ішіне сыймай, *жер-әмірге* жетіп жатқан сияқты (С.Мұқанов, Өмір өзегі.).

ЖЕРБАРАҚ з а т. *Жерді қазып жасалған баспана.* Тіпті, қысылып бара жатса, *жербарақ* қазып алмай ма? (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖЕРБАСАР[1] з а т. к ө н е. *Жер салығы. Жербасар* – ертедегі салық түрі, біреудің иелік жерін басқаны үшін төленетін салық. Мал айдаушының төлейтін салығы (Б.Едепанияұлы, Ұрпақ.).

ЖЕРБАСАР[2] з а т. *Аяқкиімнің жерге тұтас тиіп тұратын бөлігі.* Өкшенің *жербасарын* сапалы тұтас ұлтаннан қағады, ал түп пен *жербасардың* аралығына былғарының қиындыларын қақса да жарай береді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖЕРБАУЫРЛА= е т. *Жерге етпеттеп жатып жылжу, еңбектеу.* Сары баланың ұрған добын алуға екпінімен *жербауырлай* ұмтылған Сәлім қарнымен жер сүзе біраз жерге сырғанап барып, орнынан ауыр тұрды (О.Тәнекеев, Қиян асу). Өзге балаларды аулаққа қалдырып, Жолан жалғыз өзі *жербауырлап* жылжып, жұқа мұзға дейін жеткен (Б.Тоғысбаев, Боз жорға). Ал қаршыға *жербауырлап* ұрлана ұшады да, олжасының астына түспа-түс жетіп ап, жарқ етіп бір-ақ көтеріліп, үйрек немесе қаздың жемсауына жармасады (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

ЖЕРБЕДЕР з а т. г е о г р. <франц. relief> *Құрлықтың, теңіздер мен мұхиттар түбінің пішіні, мөлшері, шығу тегі, жасы және даму тарихы жөнінен алуан түрлі нысандарының жиынтығы.* Ауқымы жөнінен планеталық *жербедер* нысандары (материктер, мұхит түбі), меганысандар (тау жүйелері, жазықтар, мұхит ойыстары), макронысандар (жоталар, тауаралық ойыстар), мезонысандар (төбелер, аңғарлар, сайлар), микронысандар (жырмалар, шалғынды ойпаңдар), нанонысандар (томарлар, төмпешіктер) болып сараланады (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖЕРБИДАЙ з а т. ж е р г. *Басында дәні бар өсімдік түрі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРБӨГЕТ з а т. с у ш а р. *Өзен арнасын бөгеп, су қоймасын жасауға арналған гидротехникалық құрылыс. Жербөгет* әртүрлі мақсаттарға пайдаланатын су тораптарының құрамына кіреді және гидромелиорациялық құрылыстарда жиі қолданылады (Қаз. тілі термин. Су.). *Жербөгет* материалдары (мысалы, топырақ, грунт) жақын маңайдан табылуының мүмкіндігі мол болуы себепті кеңінен таралған (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖЕРБҰРЫШ з а т. ж е р г. *Қой жейтін шөп түрі. Жербұрышты* насыбайшылар насыбай орнына аузына салады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРГІЛІКТЕНДІР= е т. *Жерсіндіру, жергілікті халыққа жақындату.*

ЖЕРГІЛІКТЕНДІРУ *Жергіліктендір етістігінің қимыл атауы. «Жергіліктендіру»,* басқаша айтқанда үкімет мекемелерінің Түркістанның жергілікті халқына жақындату ісі. Кеңес өкіметінің ұлттық саясатында жаңа мазмұндарының бірінен саналады (М.Шоқай, Таңд. шығ.).

ЖЕРГІЛІКТІ с ы н. *Осы жерде тұратын, тұрғылықты.* Өзімізде *жергілікті* оқытушы жоқтықтан, қазақ балаларын оқытып жүрген ноғай мұғалімдер аз ба? Бір ауыз арабша білмейтіндердің көбі осы күнге шейін хатының басына «hy алла алжари, алхат нәсф алмақат...» тізіп қоймай ма? (М.Дулатов, Шығ.). – Негізгі мамандықтағы жұртымыздың бәрі дерлік осы Ибатов секілді *жергілікті* халықтан, – деді Виталий (Р.Сланов, Замана.). *Жергілікті* адамдардың айтуына қарағанда, Севан көлінде бір кезде «Ақ томар» деген арал болыпты (І.Омаров, Серпін). Көріп кет, келіп, Сәке, жан барында, Жан жатыр *жергілікті* аңғарында. Атыңды, сипатыңды сан жат еттім, Сарсылтып дерттің қысқан салдарында (О.Шораяқов, Шайыр).

Жергілікті ағынды. с у ш а р. *Біртекті физикалық-географиялық ауданда су ағынының құралуы* (Қаз. тілі термин. Су.).

Жергілікті адам. *Белгілі бір жердің тұрақты тұрғыны.* Бұл адамның түр-сыпаты, киген киімі *жергілікті адамдарға* ұқсамайды (М.Әуезов, Абай жолы). Осы үлкен парктің ішімен, *жергілікті адамдардың* айтуынша, отыз бес жол өтеді екен (Ғ.Мүсірепов, Достық сапары).

Жергілікті бюджеттер. э к о н. *Жергілікті өкілдікті органдардың қаржы базасы. Жергілікті бюджеттерден* жергілікті өкімет органдары жүзеге асыратын, жергілікті және аймақаралық мәні бар экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа бағдарламалар мен шараларды қаржыландыру жоспарланады. *Жергілікті бюджеттерге* жоғары деңгейдегі бюджеттерден жәрдемқаржы, көмекқаржы түрінде қаражат берілуі мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Жергілікті*

бюджет жыл сайын оған жергілікті салықтан түсетін түсімдер, одан төленетін шығындар, мемлекеттік бюджеттен берілетін субсидия, т.б. ескеріле отырып жасалады (ҚҰЭ).

Жергілікті желдер. г е о г р. *Белгілі бір аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктеріне (орографиялық құрылымына, үлкен су қоймаларының болуы т.б.) байланысты болатын табиғи құбылыс. Жергілікті желдер* жергілікті атмосфералық айналымға байланысты да туады (бриз, тау-аңғар желі, мұздық желі, бора, фен т.б.) (ҚҰЭ).

Жергілікті жер. к і т. *Барлықэлементтерімен: бедерлерімен, жер қабатымен, суымен, өсімдігімен, сондай-ақ, қатынас жолдарымен, тұрғылықты жерлерімен, өнеркәсіп, ауылшаруашылық және әлеуметтік-мәдени обьектілерімен қоса алғандағы жер жазықтығының бір бөлігі (аймағы, ауданы). Жергілікті жердің* ұрыс қимылдарына әсер ететін қасиеттерін тактикалық қасиеттер деп атайды. *Жергілікті жерді* ұрыс қимылдарын жүргізуде және дайындауда оны неғұрлым жақсы пайдалану мақсатында жағдайды бағалау барысында қолбасшылар (командирлер) мен штабтар жанжақты зерттейді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жергілікті жердің макеті. *Жергілікті жер бөлігінің оны неғұрлым жақсы сипаттайтын элементтері және жергілікті заттар көрсетілген кішірейтілген бедері. Жергілікті жердің макеті* бөлімшелерде, құрамаларда, бірлестіктерде әскерлердің ұрыс қимылын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жергілікті жұмысшы. *Белгілі бір жерде тұрақты түрде жұмыс істейтін адам*. Ертеңіне Астраханьнан оралған Арман ағайдың бастауымен Атыраудың *жергілікті жұмысшылары* қатарынан екі күн жұмысқа шықпай қойды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Жергілікті жұрт [халық]. *Белгілі бір жердің тұрақты тұрғындары.* Қаланың бұл бөлігінде тұратындардың көбі *жергілікті жұрт* (Ә.Шәріпов, Алыс жағалау.). Қолдағы малдүниеден, астықтан, магазиндегі көпшілікқоғам дүниесінен айырылған *жергілікті халық* абыржып, үрпиісіп, үрейленіп қалған екен (Б.Тұрсынбаев, Айнымас дос.). *Жергілікті халық* тек Мұхаммедке ғана емес, одан бұрынғы пайғамбарларға да қарсы болған көрінеді (М.Тоқжігітов, Құран тур.).

Жергілікті колорит. ә д е б. *Әдеби шығармаларда белгілі бір қоғамның өміріне, сол ортаға, мекен-жайға тән ерекшеліктердің көрініс табуы, суреткер жазбаларының жергілікті сипаттағы бояу-реңкі.* Жазушыромантиктер болса, басқа бір континенттер мен елдер табиғатын *жергілікті колорит* тұрғысында суреттейді. Мәселен, Еуропа жазушылары үшін Жерорта теңізі аймағы елдері мен Таяу Шығыс көріністері *жергілікті колорит* ролін атқаруға сеп болған (Әдеб. термин. сөздігі).

Жергілікті комитет. ә к і м ш. *Жергілікті жердегі кәсіподақ ұйымы, комитеті.* Ұзын құлақ хабарға қарағанда, соғыс алдында *жергілікті комитет* болған (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Жергілікті маман. *Белгілі бір жерде тұрақты қызмет істейтін маман. Жергілікті маман* Оразалиевпен танысқанына ол да қуанды (Е.Оразақов, Дәрігер.).

Жергілікті нарық. э к о н. *Белгілі бір аймақ көлеміндегі белгіленген баға.* Территориялық белгілеріне қарай нарық мынадай түрлерге бөленеді: дүниежүзілік нарық, еларалық бірлестіктер нарығы, ұлттық нарық, аймақтық нарық және оқшауланған (локальды) немесе *жергілікті нарық* (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.)

Жергілікті отын. *Өндірілген ауданында жергілікті тұтынушылар пайдаланатын, төмен сортты және алысқа тасуға жарамсыз отын* (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жергілікті өзін-өзі басқару. с а я с и. *Мемлекеттегі белгілі бір әкімшілік-аумақтық бөлік тұрғындарының және оның сайланбалы органдарының жергілікті істерді басқару жөніндегі дербес қызметі. Жергілікті өзін-өзі басқару* үйесіне халық депутаттарының жергілікті кеңестері, аумақтық-қоғамдық, өзін-өзі басқару органдары, жергілікті референдумдар, жиналыстар (жиындар), азаматтардың конференциялары, өзге де демократияның тікелей нышандары енді (ҚҰЭ). *Жергілікті өзін-өзі басқару* органдарын ұйымдастыру мен олардың қызмет тәртібін заңда көрсетілген шекте азаматтардың өздері белгілейді (ҚҰЭ).

Жергілікті уақыт. *Жердің белгілі бір орны үшін анықталған уақыт. Жергілікті уақыт* белгілі бір орынның географиялық бойлығына тәуелді бола отырып, бір меридианның бойына орналасқан барлық нүктелер үшін бірдей болады (ҚҰЭ). *Жергілікті уақыт* бойынша ноль сағат қырық минут, – деді Алшын қолсағатына қарап (Ж.Тілеков, От кешу).

Жергілікті ұйым. *Тұрғылықты (ауыл, аудан көлеміндегі) жерлердегі қоғамдық түрлі қарым-қатынасты реттейтін заңды ұйымдар.* Қаражат губерниядан берілді, үйді, тамақты тауып беру *жергілікті ұйымдарға* жүктелді (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖЕРДЕЙ с ы н. *Жер сияқты.* Бұл арада, басқа *жерде й* емес, әр бес-алты шақырым сайын кейде мың, мың жарымдай киік жүреді

(М.Жұмағұлов, Қыран.). Қала кішкене болса да, жаяу жүрген адамға о шеті мен бұ шеті бір көш *жерделей* еді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Туған *жерделей* жер болмас, Туған елдей ел болмас (Жыл он екі ай). Арамызды кімдер біздің бөлгендей, Құшағымыз өзбектерге сол *жерделей*. Бұлбұл құстар Наманғанда сайраған, Күнде келіп бақшамызға енгендей (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Көңілі жердей болды. *Тауы шағылды; қатты қаймығып, беті қайтты.* Әттеген-ай! Өзім жиырма бестегі жігіттей едім, *көңілімнің жердей болғанын* қарашы (Шешендік сөздер).

Қара жердей болды. *Қапа болды, тауы шағылды.* Киіз үйдің сыртына кеп тоқтаған ол, Нұрмағамбет сөзін естігенде *қара жердей боп,* іші мұздап, кері бұрылған (С.Жүнісов, Ақан сері).

Парқы аспан мен жердей. *Айырмасы өте алшақ.* Айтқан сөзің бармайды, көңіліне наданның. *Аспан, жердей парқы* бар, Деп айтады адамның (Майлықожа, Нақыл).

ЖЕР-ДҮНИЕ з а т. *Барша әлем, бүкіл дүниежүзі.* Өзінен-өзі *жер-дүниеге* сыймастай болады (Д.Әбілев, Арман.). Көзім қарауытып, *жер-дүние* айналып, дөңгеленіп барады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). *Жер-дүние* азан-қазан. У-ду айғай мен тасыр-тұсыр әлекке толды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Жер-дүниенің* бәрі қап-қараңғы болып кетіп, оны жаратпағандай болды (С.Дөнентаев, Шығ.). Басында қойдың құмалағындай аппақ жылтыр мұздар аспаннан секіріп түсе бастады да, кешікпей *жер-дүние* жүгері қуырғандай бытырлап кетті (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Өзегінде өзгеше алау лаулады, Болып бейне *жер-дүние* аумағы. Мөлдіреттің көздің ыстық бір селін, Бәлкім мөлдір махаббатың бұл сенің (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖЕРЕБЕ з а т. *Бірдемеге кезек алу үшін, я арадағы дауды әділ шешу үшін бір түстес нөмірленген зат, я нәрсені жасырын алудың атауы.* Ойнаушының бірінші болып жүруі, *жеребе* арқылы алынған нөміріне байланысты (М.Райымқұлов, Тоғыз құмалақ). Мұнан басқа шөп жасырып, қара көтер қармалап дегендей бірнеше әртүрлі *жеребелері* бар (М.Дулатов, Шығ.). Әйтсек те жаңа салына бастаған Ұлытау станциясына патша үкіметінің бұйрығы бойынша *жеребе* арқылы үй ішімен елуге тарта казак-орыс және бір рота солдат әкелінген (І.Есенбарлин, Қаһар). *Жеребе* салысқанда, жасырыну кезек әуелі Әбдірахмандарға тиді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ЖЕРЕБЕСІЗ с ы н. *Жеребе өткізусіз-ақ, жеребе салусыз-ақ.* Ол кесте *жеребесіз*-ақ нобайы жасалған дүние болатын (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ЖЕРЕМШЕК з а т. *Тамыры жуандау баданасы бар өсімдік.* Қойтастың бетіндегі балауса шөптің басын тырсылдатып жүрген қозы мен тастан-тасқа секірген лақтардың қасындағы көгалда, қолында бір-бір істік, жер шұқып *жеремшек* қазған балалар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖЕРЕХ з а т. з о о л. *Тұзды суларда болатын, астыңғы қанаты қызғылт түсті, ұзынша балық.* Тыран, *жерех,* қаракөз балықтары уылдырықтарын көктем айларында шашады (Т.Тілеуғалиев, Балық ауру.). Соңғы 1967–68 жылдары Батыс Балқашта *жерех* балығы ауға түсе бастады(М.Тайыров, Балқаш.).

ЖЕРЖАҢҒАҚ з а т. б о т. <лат. arachis> *Бұршақ тұқымдасына жататын біржылдық және көпжылдық боп бөлінетін шөптесін өсімдік. Жержаңғақ* басқа бұршақ тұқымдастары сияқты жерді құнарландырады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Жержаңғақ* – ылғал және жылу сүйгіш, бір жылдық жаздық дақыл (ҚҰЭ). *Жержаңғақ* Оңтүстік Қазақстан облыстарында ауылшаруашылық екпе дақыл есебінде өсіріледі (Ә.Исамбаев,...Халық мед. өсімдік.).

ЖЕРЖАСТЫҚ з а т. *Кестеленіп, оюланып киізден жасалған үлкен жастық. Жержастық* дегенің тіпті көп... – дейді кемпір келіні Әселге, жесір әйел Нұрбүбінің жасауын мақтап (М.Әуезов, Өскен өркен). Жастықтары шетінен өңшең рақы жастық. Ет көрпе жібектен де әсем жасалған. Бірнеше жерде қолдорба. Күмістеген үш жағылан. Ал *жержастық* дегенің тіпті көп (М.Әуезов, Шығ.). Жаз айларында, әсіресе аса қадірлі қонақ күтетін сәтте, үйдің ортасына жайылған алаша, кілем, текеметтердің үстіне жозы қойылып, айналасына төселген көрпешелерге қонақтардың жайғасып отыруына ыңғайластырылған төсеніш ретінде әр жерден ішіне жүн, қыл салып, арнайы тоқылған кілем жолағымен немесе мәуітімен тысталған *жержастық тар* тасталатын (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

ЖЕР-ЖАҺАН з а т. *Бүкіл әлем, жержүзі.* Қазақ, қазақ дейсің-ау *жер-жаһанға* көзің сал, қазақ та адам баласы (М.Әуезов, Шығ.). Алғашқы нөсер не деген керемет десеңізші, *Жер-жаһан* дүр сілкініп, жан-жануар ауыр жүктен мүлдем айырылғандай масайрап салды (О.Бөкеев, Қамшыгер). Соғыстан, сордан, ажалдан Арысыншы *жер-жаһан*! (Қ.Аманжолов, Шығ.). Анасы махаббаттың жер құлпырды, Нұр төгіп *жер-жаһанға* күн құлпырды (И.Байзақов, Өлеңд.). *Жер-жаһан ды* қызыл арай нұрға бөлеп, Кербез күн ұясына барып қонды (С.Омаров, Өмір.). Қаптесер келіп

айтты Көртышқанға: «Бір хабар шашылып тұр *жер-жаһанға*. Күн туып біздерге де көз ашқандай, Жем болды Мысық залым Арыстанға» (А.Байтұрсынов, Шығ.).

ЖЕР-ЖЕБІР: жер-жебіріне жетті. а) *Сөзбен сөкті, қатты тілдеді, ұрысты.* Осындай жайларды сезе қалған Шепе, сол істі тапсырған адамдардың *жер-жебіріне жете* тілдеумен қатар, көбін сілейте сыбап та алады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Абайсызда аузынан шығып кеткен бір ауыз сөзі үшін мұншама *жер-жебіріне жеткеніне* Рәш мықты назаланды (Б.Майлин, Шығ.). Пәлендей еш жазығы болмаса да қызды *жер-жебіріне жете* сөкті (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Соның ақшасын сұрап едім, көп жігіттердің көзінше *жер-жебіріме жетіп*, бұлан-талан болғаны (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Әбден қажытты, титығына жетті.* Осындай ауыртпалық Ұлдайдың да *жер-жебіріне жетті* (С.Талжанов, Ұлдай.). *Жер-жебіріне жетіп* өзін-өзі осыншама құлдыратқаны қалай? – деді ол (Т.Шаханов, Жоғалған.).

ЖЕР-ЖЕРГЕ ү с т. *Әр жаққа, жан-жаққа.* Осы бір он жігітті көздерін ашып, *жер-жерге* жібермек ойым бар (К.Оразалин, Абай.). Тыңайтқыштар арнаулы заводтарда жасалынып, *жер-жерге* таратылады (Н.Шақанов, Микроорганизм.). Басылып шыққан оқу кітаптары болсын, ойын, өлең кітаптары болсын, *жер-жерге* әлі тарап үлгірген жоқ (С.Сейфуллин, Шығ.). Уездік комитет пен қосшы ұйымнан Семейдегі оқыған жастарды *жер-жерге* жұмысқа жіберіп жатқан-ды (К.Оразалин, Көктем салқыны).

ЖЕР-ЖЕРДЕ ү с т. *Әр жерде, жан-жақта. Жер-жерде,* жекен суда дегендейін Біздің ел мал бақтырды жығақ қылдай. Ау, қазиым, қияметте Құдай білер, Сираттан айдағанда жалғыз Құдай (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖЕР-ЖЕРДЕН ү с т. *Әр жерден, жан-жақтан.* Шведагонға осындай бұйымтаймен *жер-жерден* келетіндер көп болатын көрінеді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). *Жер-жерден* шақырушылар келіп, ақыр соңы Нартай Өзбекстан, Қарақалпақстан, Оңтүстік Қазақстанды аралап кетті (О.Бодықов, Бұлбұл).

ЖЕР-ЖИҺАН з а т. *Жержүзі, бар әлем, жер-жаһан.* Шыңғысханның *жер-жиһанға* аты жаңа тарап, қырықтан асып бара жатқан кезі екен, жанында бір топ нояны бар аң аулап келе жатыпты (І.Есенберлин, Алмас.). Дағдарды осыны айтып торғай сорлы Жеріне барам деген барып болды. Бүркітке құс патшасы жолығуға Кезіпті *жер-жиһанды* оңды-солды (С.Дөнентаев, Шығ.). *Жер-жиһанды* жайпап келе жатқан мың сан қол қалт тұра қалды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Ей, батыр, атың шыққан *жер-жиһанға*, Қайдағы болысушы ең ғарып жанға. Ісі хақ, шариғатқа түзу болса, Таяныш болушы едің жығылғанға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Берді де, бүгіп басын ойға кетті, Асқардай ой билеген мәңгі қалқып. Біраздан көтеріліп жан-жағына Қарады *жер-жиһанның* бәрін тар ғып (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖЕРЖҮЗІ з а т. *Бүкіл дүние, барлық әлем.* Жеңешем білді дегенше, *Жержүзі* білді десеңші (Мақал). *Жержүзінде* екі мың миллионнан артық адам бар, екі миллион қазақ бар (Абай, Тол. жин.). Біреу *жержүзін* өзіне қарату, бағындыру талабында болады, біреу дүниеге атағын жаю талабында болады, біреу дүниенің сырын танып, адамның көзін ашып, білімін арттыру талабында болып, сонымен өмірін өткізеді (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сөз болмаса, сөзбен адамзаттың бірін-бірі ұғынысуы болмаса, *жержүзіндегі* осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді (М.Жұмабаев, Шығ.). Дүние жаратылғалы болмаған оқиғаларды төрт жылдан бері көзіміз көріп отыр. Төрт жылдан бері *жержүзі* қанға боялды (М.Дулатов, Шығ.).

ЖЕРКЕЗБЕ з а т. ***Жиһангер***. Бұрынғы *жеркезбе* саяхатшылар мен қоныс тепкен ата-бабаларынан тартып, бүгінгі ұрпақтың да сарқылмас қазынасындай рызық қоры, қамқор атасындай кеңпейіл арна болғандықтан да солай аталған шығар (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

ЖЕРКЕЛІ з а т. ж е р г. *Ағаш келі жоқта жерді қазып жасаған келі. Жеркелігe* түйген тарының қарасы кетпейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРКЕН= е т. **1.** *Нашар тамақтан, кір заттан, сасық иістен адам денесінің сескенуі.* Тоңқыбай еттен *жеркеніп*, шегіншектенген еді. Байдың дойыр қамшысы ыршытып жіберді (Ы.Жақаев, Менің бақатым). Желдетілмеген бөлменің іші қапырық, сасық екен. Ыбырай еріксіз *жеркеніп*, бетін тыржитты (М.Жұмағұлов, Қыран.). Жұрт *жеркенді* маңынан Аққан ірің қағынан, Жататын мекен жасады, Ақтабанның жанынан (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Күнге не деп көрінед Күн сүймейтін қара бет! Итке оны теңесең, Ит *жеркенер*, – «жала» деп? (Жамбыл, Шығ. жин.). **2.** а у ы с. *Бір нәрседен іргесін аулақ салу, қашу.* – Менің атқосшы емес, сендейлерге басшы болуға да *жеркенерімді* білмейсің-ау, ақымақ? – деді Айқын ішінен (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Насихат кейінгіге сен де айтарсың, Ұялып үлкендерден көп именсең. Қатеңді қатар жүрген дос кешеді, Өсек пен өтіріктен шын *жеркен-*

сең (Айтыс). **3.** а у ы с. *Жек көру, жақтырмау.* Мен сүйсем, өзің болып тебіренем, Жек көрсем, өзің болып *жеркенемін* (М.Мақатаев, Мавр). Ішінен осы бір ит мінездерінің қашан қалар екен деп, безіне *жеркеніп*, жаратпай қалды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Алқа қора күзету, отын алу, ас пісіру сияқты жұмыстарға жарай алмаған соң-ақ Сандыбайдың өзі де, қатын-баласы да Алқадан *жеркеніп*, жақтырмайтын болған (І.Жансүгіров, Шығ.). Дәретсіз *жеркенеді* су кісіден, Естімеген сөз шығар сұм кісіден. Молла кітап айтқаны рас болса, Ұжмаққа барар жан жоқ бұл кісіден (Шал ақын, Өлең.).

Жеркене қарады. *Жақтырмады, ұнатпады, жек көрді.* Бірі – жақсы киінген, шоқша сақалды, тоқтасқан кісі, екіншісі өзім қатарлас бала. Екеуі де маған көздерін алартып *жеркене қарады* (Қ.Өміров, Жастық.). Кеше ғана төре тұқымының абыройын сақтап қалған Қоңырқожа тоқалына енді *жеркене қарады* (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖЕРКЕНГІШ с ы н. **1.** *Сескенгіш, жеркене бергіш.* Ол жоқтан өзгеден секем алып *жеркенгіш*-ақ еді (Ауызекі). **2.** а у ы с. *Жаны жек көретін, ұнатпайтын.* Ықпайтын я суықтан, я ыстықтан *Жеркенгіш* жаны да ұсақ пысықтықтан. От қанат сорғалаған сұңқар еді, Ішінен қалың өрттің ұшып шыққан (Ә.Тәжібаев, Жартас).

ЖЕРКЕНДІР= е т. *Жеркеніш тудыру.* Кешегі ер Мұқанның бүгін құнсыз бенде болып, өзін-өзі кішірейткені Бекболатты *жеркендірді* (С.Шарипов, Бекболат), Мені өзінен *жеркендіре* түскісі келгендей (І.Есенберлин, Алтын құс). Қырқысып жатқан аруақтар емес, тірі ұрпақтар – біздерміз ғой. Сойылымыздың қанын аруақтардың сүйегіне сүртіп, *жеркендіріп* не қыламыз (Д.Әбілев, Арман.). Жарықтығым, – деді, оң аяғының жараға толған жіліншігін жұрттың көзінше ашып қойып, іріңін сүртіп отырған бір қара сақалға бірнеше кісі, – жапшы жараңды, *жеркендірмей*! (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖЕРКЕНДІРУ *Жеркендір етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕРКЕНТ= е т. *Жеркеніш тудырту.* Шүңірейіп жатыр басы. Қара күйік айналасы. Құзғынды да *жеркентіпті* Улы тұздық көздің жасы (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). Біздің қоғамның шырқын бұзатын әрбір жат көрініс менің де жүрегімді айнытады, сезімімді *жеркентеді* (І.Есенберлин, Алтын құс).

ЖЕРКЕНТУ *Жеркент етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕРКЕНУ *Жеркен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Нашар тамақтан, кір заттан, сасық иістен жирену.* Ит емізіп өсірген қойдың еті, *Жеркенуге* жарамас жеп қоймаса (Е.Бердин, Екі ойшыл). **2.** а у ы с. *Жақтырмау, жек көру, ұнатпау.* Өзіңе-өзің жүк артып, Өмір деген – тер төгу. Бір нәрсеге құмартып, Бір нәрседен *жеркену* (М.Мақатаев, Аққулар.). Мария мектепте оқып жүргенде адам баласының мал орнына сатылу әдетінен *жеркенушілік* еді (Мың бір түн).

ЖЕРКЕНШЕК с ы н. *Жеркенгіш, жеркене бергіш.* Танагөз де *жеркеншек*-ақ болатын (Ғ.Мұстафин, Дауылда.).

ЖЕРКЕНІШ з а т. *Жеркенгендік, жеркенушілік.* Ал Сұлусарының Елпанға деген *жеркеніш* сезімі үдей түсті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Неше түрлі лас, *жеркеніш* мінездер, неше түрлі төмен, уақтық қылықтар үлкен сын, қиын өткелдерде білінеді екен (С.Сейфуллин, Тар жол.).Әкпарға деген *жеркеніш*, ыза және бір туған бауырға деген аяныш, қарындастық сезім бәрі қат-қабат араласып, жүрегін өртеп әкетіп барады (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖЕРКЕНІШСІЗ ү с т. *Жеркенбей-ақ, сескенусіз.* Үсті-басы жұпыны, келімсек кедей бала Сұлтанмахмұтты Мәдина да *жеркенішсіз* қабылдады (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖЕРКЕНІШТІ с ы н. **1.** *Кір, былғаныш, сасық.* Жең ішінен жегенің, *Жеркеніштті* өлексе (Ә.Оңалбаев, Таң алды.). Сіміріп жатқан бұлақтың бас жағынан қолыммен былғап-былғап лайлап, *жеркеніштті* болса да, содан ішіп жатырмын (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). **2.** а у ы с. *Жеркенетіндей; сүйкімсіз.* Енді әдемі беті бұзылып *жеркеніштті* қалыпқа түскен (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.). Оның көзінен «сені де құшақтадым-ау, қандай айуан болғанмын!» дегендей бір адам айтып бере алмас, *жеркеніштті* ұшқын жарқ етті де сөнді (І.Есенберлин, Алтын құс).

ЖЕРКЕНІШТІЛІК з а т. *Жеркенгендік, жек көргендік.* Сезімтал ақын АҚШ-та бәрі де тек доллар ғана екендігін *жеркеніштілік* сезіммен еске алды («Қазақст. мект.»).

ЖЕРКЕПЕ з а т. **1.** *Тұтас немесе дені жерден қазылып жасалған тұрғын үй, жер үй. Жеркпенің* маңында үлкен мая-мая шөптер мен үйілген құрақтар (М.Қаратаев, Далада.). Жігіттер жататын жері жұмыс басынан екі шақырымдай қашық, қабақ-қабақтан қазып паналаған *жеркепелер* (І.Жансүгіров, Шығ.). *Жеркепелердің* орнына ептеп ақшағаладай үй тұрғызып, бас-басына құдық қазып, шаруашылығын дөңгелеткен жұрттың жалғыз-ақ арманы – осынша берекеден, осынша тыныштықтан айырылмауын тілеу ғана (О.Бөкеев, Өз атың.). *Жеркепенің* ішіне жарық түсіп, түтін шығу үшін оның нақ төбесінен төрт бұрышты тесік қалдырылатын (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

2. әск. *Әскерлердің соғыс даласындағы уақытша бекініс үйі; блиндаж.* Бірнеше май шам жағылған *жеркепеде* кезекші телефонистер отыр (Б.Момышұлы, Москва.). Қазір түн, – деп жазыпты солдат, – *жеркепе* ішінде отырмыз (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖЕР-КӨК зат. *Жер де, көк те – бәрі, бүкіл әлем.* Көк қабығы ашылып, Көк жөтел жел басылып, Жадырады *жер* мен *көк* (І.Жансүгіров, Шығ.). Не кездессе өздеріңмен көрмекпін, Қарапайым адамдары еңбектің! Барлығын да бағыштар ем сеңдерге, Махаббатын маған берсе *жер-көктің* (Т.Айбергенов, Мен саған.). Амангелді сарбазы, Қосын тігіп шыққан соң, Тау мен тасты жаңғыртып, Алып кетті *жер-көкті* (О.Шипин, Дастан.). Келгеніне бір жыл болмай жатып, Бұғыбайдың бұл елді *жер-көкке* сыйғызбай неге осынша мақтап отырғанына Мадияр әдепкіде мән бере қойған жоқ (С.Омаров, Өмір асу.). Өзіңді өзің зорламай Шаттықтың селін жимағай. *Жер-көкке* толқып, сыймағай. Еркіме менің көне сал, Жаныңды бекер қинамай (К.Салықов, Жезкиік). Зибаштың қуанғаннан жүрегі алып-ұшып, *жер-көкке* тұра алар емес (Қ.Найманбаев, Беймезгіл.). Дер біреу: «Ақынның өз әні қайда? *Жер-көкті* суреттеген мені қайда? Әңгіме ертегі ғып айтарлықтай, Жыр қылған ғашықтықтың сәні қайда?» (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жер-көкке сыйғызбады. *Тым асыра мақтады, шектен тыс мадақтады.* Бір сәт көңілі көтеріліп, денесі дуылдай бастаған Айранбай Кемелбекті *жер-көкке сыйғызбай* мақтай жөнелді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Раушанның нервісіне тиіп, Айжанды *жер-көкке сыйғызбай* мақтады Нұрлан (З.Шашкин, Сенім). – Сен неге күлмейсің, орысша оқығандарды, төте оқу жолындағыларды *жер-көкке сыйғызбаушы* едің ғой? – деді (М.Дулатов, Шығ.). Кеше ғана *жер-көкке сыйғызбай* шалқытқан қуанышын ертесі алдамшы болып шыққа, онда, тегі қуанып не керек? (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

Жер-көкте жоқ. *Жұрттан бөлек, еш жерде кездеспейтін.* Бұл үйдің бәйбішесі *жер-көкте жоқ* сараң еді, етті қонақтан өлердей қызғанып қалды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жер-көкті басына көтерді [көшірді]. *Қатты дүрліктірді.* Күңірентті ойды, қырды өңшең күлік. Арқаны дүрілдетті дүбір қылып, *Көшіріп жерді, көкті* келеді аттар, Керілген кең даланы бүліндіріп (І.Жансүгіров, Шығ.). Торғын бәйбіше *жер-көкті басына көтерді* (З.Ақышев, Ақбел асуы). Сағила екеуің қосылып *жер-көкті бастарыңа көтеретіндеріңқайда?* (М.Дулатов, Шығ.).

Жер-көкті шарлады [кезді]. *Көп жерді аралады.* Қарғалар *жер-көкті* қоймай *шарлап*, ақыры өлдім-талдым дегенде бір жерден адам тірілетін шөпті тауып алып, қасқырға алып кеп береді (Қаз. ертег.).

ЖЕРКӨКСЕУ зат. эт н. *Жылқының сапарға, жолға шығар алдындағы жер тарпып, жақсылық нышанын білдіруі.* Ат жер тарпып тұрса, жақсы жолды көксегені, алыс сапар басталады. Мұны жылқы *жер көксеп* тұр деп жақсылыққа жориды (А.Қайбарұлы,.. Қаз. ырым.).

ЖЕРҚАЗАН зат. тамақ. *Етті қарынға салып, ауызын мықтап бүріп, шұңқырдағы қоламтаға көміп пісірілетін тағам түрі.* Қарынға ет тығып немесе етті терісіне орап, қоламтаға көміп пісіру жолы жалпы қазақта бір болғанымен, аталуы әртүрлі бола береді. Мысалы, *жерқазан*, сырбаз, сырбағыс, жауұмыр, көмбе, сірне, жерқорықтық және т.б. аталады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

ЖЕРҚАЗБА зат. жер г. ***Жеркепе***. Ол кешегі суықтан кейін көптеп-көлемдеп *жерқазба* салып алды («Лен. жас»). Онан *жерқазбадан* шыққан түтінге көз қиығы түскенде ол шілқүйрық сақалының ұшын ойлана тістеп, көзі сығырайып уылжи күлімсіреді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қалың киімді біреу *жерқазбанының* аласа есігіне сыймай, зорға кіріп келе жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖЕРҚАЗҒЫШ зат. *Ең кішкентай тышқан.* Сүтқоректілердің ең кішкенесі *жерқазғыш* тышқан екен (Т.Таубаев, Жасыл әлем.).

ЖЕРҚАЗЫҚ[1] зат. жер г. *Құмды жерге құмның астына қағып, бетін жауып қойған қазық. Жерқазықты* мықтап орнатпасақ, арқандаған ат кетіп қалады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРҚАЗЫҚ[2] зат. жер г. *Соқаның жерді аударып отыратын жалпақ тісі алдына орнатылған пышақ тәрізді бөлігі.* Соқаның *жерқазықтарын* да жөнді орнатпапты ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРҚОЙМА зат. *Тез бүлінетін өнімдерді сақтауға арналған, жерден қазып жасалынған арнаулы орын. Жерқойманы* бақта, не үй маңындағы дөңестеу құрғақ жерде түп табаны жердің сулы қабаттарының ең жоғарғы деңгейінен 50 см биік болатындай етіп қазып жасайды (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Жерқойма* жақсы болса және жемістер дұрыс жиналып, дұрыс сақталса, келесі жазға дейін жетеді (Орыс.-қаз. тілашар).

ЖЕРҚОНАҚ зат. өс. *Тамырынан жасалған дәрілер ішек қабынуына қарсы қолданылатын жабайы өсімдік.*

ЖЕРҚҰРТ з а т. ж е р г. ***Жауынқұрт.***

ЖЕРЛЕ[1]= е т. **1.** *Өлген кісінің денесін арулап көму.* Таң әбден атқанда барып Сарының денесін сапарлас серіктері жол жағасына *ж е р л е д і* (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Жұмды көзін. Қайғысына бүкіл ауыл тербеліп, Сенің марқұм анаң жатқан Көкшоқыға *ж е р л е д і к* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Аққозыны ел болып, хан ұрпақтары құрметпен Ахмет Яссауидің мешітінің іргесіне *ж е р л е г е н* (І.Есенберлин, Алмас.). Ауыл түгел отырғанмен иінде, *Ж е р л е й д і* ылғи өлгендерді төбеге. Ең соңғы рет түнетеді үйінде, Ақ арулап жөнелтеді және де (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). **2.** а у ы с. *Дұшпанын құрту, жер жастандыру.* Қызыл әскер – сұңқарым, Жауларға ырық бермеді! Жағаласқан дұшпанның Талайларын *ж е р л е д і* (Жамбыл, Тол. жин.). Батыр Қоспан партизанды бастаған, Талай рет жауын *ж е р л е п* жасқаған (А.Нұртазин, Орман.). **3.** а у ы с. *Айыбын бетіне басу, сөгу, жер-жебіріне жету.* Әділ, мырза, ер болып, Әлемге жайған өрнекті. Тәубесін еске түсіріп, Тентекті тыйып, *ж е р л е п т і* (Абай, Тол. жин.). Зайнұр Қайраттың үйіне келіп еді, Айжан оны да, ағасын да зәрлі сөздермен *ж е р л е й* жөнелді (А.Сатаев, Аққу.). Жеңіліс тапқан адамды әдейі *ж е р л е й* түспек болғандай, иықтарын жори секеңдетіп, жетекшіге бұрылады (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.). Баламен болдың бала деп, Күйеуін қатты *ж е р л е д і* (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер). Енді бүгін тексіз деп Жұрт алдында *ж е р л е д і ң.* Маған оңай жаба алмайсың жаланы (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** а у ы с. *Жоқ ету, құрту.* Жатады жайнап, түлеп Жамбылым да, Жаншылмайды ешкімнің хандығында. Енді қазақ қайғырмас «Елім-ай» деп, Әлдеқашан *ж е р л е г е н* зарды құмға. Есін жиды мұңлығым, зарлығым да (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕРЛЕ[2]= е т. *Біреудің жерін мекендеу, қоныстану.* Кімнің жерін *ж е р л е с е ң,* Соның жырын жырларсың (Мақал). Тәттімбет бір жыл қонақжай Найманның жерінде *ж е р л е п* қайтты (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Жатсынбаған, жеріміздің *ж е р л е г е н,* Туыс болып кеткен біздің елменен (Ж.Сәтібеков, Сырлы.). Қанжығалы Байқара, Қарынбай тауын *ж е р л е г е н,* Тоят тауып, жем жеген (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

ЖЕРЛЕГІШ с ы н. *Біреудің жер-жебіріне жеткіш, сөккіш.* Сол мінді көргіш, көргенін қолма-қол әшкерелегіш, *ж е р л е г і ш* сөзі шоқтай күйдіріп түсетін Жамбыл бұрын талай Мөңкедей болыстарды масқаралаған-ды (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖЕРЛЕН= е т. **1.** *Топырақ жастану, о дүниелік болу, денесі көмілу.* Ата-анам қатар көзімше менің *ж е р л е н і п,* Аңырап шықтық екі інімменен қақпадан (Ә.Шалабаева, Тау бұлағы). Балабек төрткұлақтың құбыла жағына *ж е р л е н д і* деп естігенмін (Н.Сералиев, Қаңтар). Бұлар бірге біраз зерттеу жұмысын жүргізіп, Стэнли 1872 жылы Европаға оралды; Д.Левингостон Африкада көп кешікпей өлді, сонда *ж е р л е н д і* (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). **2.** а у ы с. *Ұмыт болу, алыстау.* Яшаның ойына Қарымбайдың бар балалық қызығы сонда *ж е р л е н і п* қалғандай елестеді (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

ЖЕРЛЕНУ *Жерлен етістігінің қимыл атауы.* Аттиланың денесі Тисса өзенінің арнасына *ж е р л е н у і н і ң* мәнісі көзі тірісінде көп қорлық көрсеткен дұшпандарының бейітті қорлауынан сақтану екендігі өзінен-өзі түсінікті (С. Абдрахманов, Елдік сыны).Бір еркек пен екі-үш әйел бірге *ж е р л е н у і н е* қарағанда патриархалдық ру өмір сүрген (ҚСЭ).

ЖЕРЛЕП-ЖЕРЛЕП ү с т. *Ұрсып-ұрсып, сөгіп-сөгіп, айыбын бетіне басып.* Бәйтенді *ж е р л е п-ж е р л е п* шығарып жіберді үйден (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖЕРЛЕС з а т. *Ауылдас, мекендес, отандас.* Жиналыс болатын жерге семинарияда оқитын *ж е р л е с і* Айбекпен бірге Сұлтанмахмұт та барды (Д.Әбілев, Арман.). Ру, *ж е р л е с* дегенді дабырайтып, Сенер болған шаланы үрлеп жаққан. Қоғам үшін, жұрт үшін сөйлеген боп, Жылмаң қағып, суайтың судай аққан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Нақ сол түннен өр жігітті қанатты, *Ж е р л е с т е р і* мәңгілікке жоғалтты. Қайсарбайдың күллі өмірін бұрды өзіне нәресте, Мектепке алғаш барған кезі, шыққан кезі белеске, Он жылдықты бітіргені... бәрі, бәрі, бәрі есте (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Ж е р л е с і м* жоқ, елдесім жоқ сендердей, Жоқтаушым жоқ, жақтаушым жоқ сендердей. Бөліп мені тастадыңдар өздерің, Өздеріңді жүруші едім мен бөлмей (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Көңіл сенсіз Қуанышқа толар ма, Өмір сенсіз шын бақытты болар ма? *Ж е р л е с* қызды еске алсам да мұңайма, Сені бірге іздесті ғой олар да (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЕРЛЕС= е т. *Қайтыс болған адамды көмісу, туған-туыс, жақындарының қайғысына ортақтасу.* Жәрдемғали анасын *ж е р л е с е* келген апасымен бірге Ақтөбеге бет алғанды (С.Ақтаев, Дала.). – Жәке, өзіңіз барып *ж е р л е с і п* қайтыңыз, – деді (Ә.Сәрсенбав, Толқында.).

ЖЕРЛЕСТІК з а т. *Елдестік, ауылдастық, отандастық.* – Мен мұнымен *ж е р л е с т і г і м е* қуаныштымын, – деді ол (Б.Қожабеков, Көктөбе). Әуелде осы Шарбақбайдың бір бай ағасы хан сайланып, бір рулас болмағанмен *ж е р л е с т і к* ретімен соның қосынына қосылған

(А.Нұрманов, Құлан.). Мұны өзіне көрсетілген құрмет деп білетін ол, Ербатыр келгенде әрі *жерлестігін*, әрі ағалығын білдіре: – Қарағым, өзің де біздің тобымыздасың ба? Бірге боламыз ба? – деді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). *Жерлестіктің* мақсаты: ай сайын бас қосып, туған республикасының хал-жайынан мәліметтер білу, ұлттық сауық кештерін жасау, республика тақырыбына баяндамалар ұйымдастыру, республикадан берілетін жәрдем-қаражатты күн көрісі әлсіз студенттерге бөлу, тағы-тағылар (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖЕРЛЕСУ *Жерлес етістігінің қимыл атауы.* Шакизат жаңағы он тоғызды түрмеден алып шыққан топпен бірге *жерлесуге* де барыпты (Д.Әбілев, Арман.). Дүние дүшпандарын *жерлесуге* Арттыра түсті күшін прогресс (Сәлем саған). Оның *жерлесуіне* неге бармадым екен деп өкінемін осы күні (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

ЖЕРЛЕТ= е т. **1.** *Өлген, шейіт болған адамдардың денесін арулап көмдіру.* – Митингі өткіздім де банды қолынан өлгендерді бір бөлек *жерлеттім*, – деді ол (Қ.Исабаев, Соңғы.). **2.** а у ы с. *Жер қылдыру.* – Хош ендеше! Жігіт басымды *жерлетейін* деп келгенім жоқ шығар, жекіме! (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Шуақсыз, шұғыласыз сұрғылт болса, Жасқанта, жалтаңдата *жерлетейін* (Айтыс).

ЖЕРЛЕТТІР= е т. *Көмдірту.* Фашист командованиесі оларды өз әскерлерімен бірге *жерлеттірмей*, шіркеу сыртындағы ұраға бөлек көмдіріп кетіпті (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

ЖЕРЛЕТТІРУ *Жерлеттір етістігінің қимыл атауы; жер қылдырту, ұялту.* Сұпы үйінің шықберместігін білетін олар, қонақтардың бірінің Қашаған екендігін сезіп, Есқалиды бір *жерлеттіруді* ойласа керек (Қашаған // Ақберен).

ЖЕРЛЕТУ *Жерлет етістігінің қимыл атауы.* Тілектес жанның бәрі ер жетуге. Мен жылаймын бесікте биттер талап, Шешемді байға ұрысқызып, *жерлетуге* (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖЕРЛЕУ *Жерле етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Өлген кісінің сүйегін арулап көму.* Марқұмның сүйегін *жерлеуге* алып кетті (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Амал қанша, сүйіктісі алыс жолдан келгенде, Туған елі оны әкетіп бара жатты *жерлеуге* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жаудың беті қайтқан соң, қаза тапқан жауынгерлерді *жерлеуге* кірістік (О.Әлішев, Батыр.). Сол күні күнгей жақтан тұрған бір жылы самал, қарды күрт ерітіп, қартты *жерлеуге* барған жұрт белуардан суға малшынып келді (С.Мұқанов, Аспаз). **2.** а у ы с. *Айыбын бетіне басу, соғу, жер-жебіріне жету.* Бұлардың атқосшысы осындай жазықсыз соғу, *жерлеуге* көне береді екен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **3.** а у ы с. *Жасыру, жамап-жасқау.* Қой, бұл шындық атаулыны *жерлеуге* де, жамап-жасқауға да болмайды екен (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау).

Жерлеу бюросы. *Қайтыс болған адамды жерлеуге қажетті қызмет жасайтын орын.*

Жерлеу рәсімі. *Қайтыс болған адамды жер қойнына беруге арналған ережелер жиынтығы.* Қазіргі кездегі *жерлеу рәсімі* ерекшеліктері сақталғанымен, негізінен, шариат заңдылықтары басшылыққа алынады (ҚҰЭ).

ЖЕРЛЕУШІ з а т. **1.** *Өлген адамды азалап көмуші.* Мұны да осылай деп жорыған *жерлеушілі* батальонның кісілері гвардия аға сержанты Қайрат Тұрғанбаевтың еліне, онда қалған жалғыз шешесінің атына «қара қағаз» жібереді (Ө.Қанахин, Бақыт.). Дубно үшін болған шайқаста қаза тапқандарды жинап жүрген *жерлеушілер* Қайрат Тұрғанбаевтың медальонын тауып алады («Қаз. әдеб.»). *Жерлеушілер* сонда барып, Төмпешіктен қабір қазды (С.Керімбаев, Еңбек.). **2.** а у ы с. *Жер-жебіріне жетіп сөгуші, жазғырушы.* Ең жақсысы әлгіндей сорақы оқиғаны құптаушы, мақтаушы жоқ та, жазғырып, *жерлеуші* көп (С.Байжанов, Сұңқар көңіл.).

ЖЕРМАЙ з а т. с ө й л. ***Керосин*** *(C_9-C_{16} көмірсутектерінің қоспасы).* Жиһангерлік соғыстың салдарынан елдегі жұрт бір бөтелке *жермайға*, бір ұлтандық былғарыға зар болады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Осы жолы барғанымызда Торғай тұрғындары баяғы *жермай* шамымен отыр екен («Қаз. әдеб.»). Жолтай тысқа шығып, атының қанжығасы байлаған дорбаны үйге әкеліп, Күлтайға *жермай* құйып берді де қайтадан қанжығасына байлады (О.Иманәлиев, Байқадам). *Жермайдың* да аз кезі, үйдегі барды отқа тамыза-тамыза тауысып біттім (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы толқын).

ЖЕРМЕ-ЖЕР ү с т. ж е р г. *Орын-орнына.* Барлығын *жерме-жер* қойдық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРМЕН-ЖЕКСЕН с ы н. 1. *Тінті аласа, тапал.* Біз балаға еріп, *жермен-жексен* жер үйге келдік (С.Омаров, Әңгім.). Жатаған жер үйлер тегі шымнан қаланған болса керек, терезелері *жермен-жексен*, табалдырық астынан басын жартылай шығарып сығалаған мысықтың жаңа көзін аша бастаған қызыл-шақа балаларындай жыртиып әрең көрінеді (С.Жүнісов, Ақан сері). Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, *Жермен-жексен* шым қора, Бейнеуі жоқ қора (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Тып-типыл, жоқ.* Қозыбақтың қыстауы да *жермен-жексен* (Ө.Қанахин, Жер.). Алты

ай бойы ерлік салтқа төрін берген Отырар, Алты ай бойғы алапатта жеңілмеген Отырар Алты-ақ күнде *жермен-жексен* қирады (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жермен-жексен болды. *Жер бетімен бірдей болып, құрып кетті. Жермен-жексен болған* қалалар, жарақатқа батқан жер тынымсыз жарылған бомба мен снарядтың астында ішін тарта солқылдап, зар илегендей (Т.Нұртазин, Адам.). Қазақтың қысқы үйінің көбі – *жермен-жексен болып* жатқан шымнан жасалған бір қуыс (М.Жұмабаев, Шығ.). Олар тұрған жердің тесігі бітеліп, лава жоқ болып, *жермен-жексен болып* кетті (С.Ерубаев, Шығ.). *Жермен-жексен болып* қаңырап қалған қалалар жалаң-жалаң етіп ерсілі-қарсылы жөңкіген құм құйындары, тіршіліктен айырылған планетаның түр сипаты міне осындай дегендей (Т.Шаханов, Көгілдір мұнара.). Тепсең-тепсеңдегі әшейіндегі иісі аңқып тұратын боз жусан бүршігін жармай тырбиып *жермен-жексен боп* жатыр (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын).

Жермен-жексен қылды [етті]. а) *Тып-типыл етті, жоқ қылды*. Созақты да, оның ежелгі қанаттас қаласы Құмкент, Саудакентті де, шоқша шаһар Баба-Атаны да Шыңғыс ханның зеңбірегі *жермен-жексен етіп* жіберген (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Большевиктерді қыруға Атбасардан, Ақмоладан көп әскер шығып, бәрін қырып, поселкелерін *жермен-жексен қылыпты* (С.Сейфуллин, Тар жол.). ә) *Ойран салды, қырып-жойды, жер жастандырды*. Жеңген жауға жетуге, *Жермен-жексен етуге,* Жедел де жүйрік, жете бас, Желпілде қызыл байрағым (І.Жансүгіров, Шығ.). б) *Аузын аштырмады, сөзден дес бермеді*. Ән мен өлең сөзді қабат өріп, өр қиялы тудырған құдыретпен азулы болысты *жермен-жексен етіп* кеткен Біржан салға риза болған жігіттер бірі тізгінін ұстап, екіншісі қолтықтап көтеріп аттандырып салды (С.Сматаев, Алғашқы.).

ЖЕРМЕН-ЖЕР с ы н. *Жермен-жексен, тым аласа*. Бұл мұралардың бастапқы қалпында сақталғаны бірен-саран. Көбісінің тек қана *жермен-жер* жұрнақтары жатыр (Қ.Сатылбалдин, Қараторғай).

ЖЕРМЕШЕЛ с ы н. жер г. **1.** *Жер жастанған; аласа, тапал*. Қос ат сол енді ұйып келе жатқан сүт кілегейді кеуделеп жыртып, жымысқы жықпылы көп *жермешел* таудың қойнауына енді (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Былайда да жер тістеп қалған *жермешел* қала мынандай күнге тап болып, аса шөгіп кетті (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Ұстахана қасында арбаның қаусап қалған, бірер доңғалағы қалған, бірер доңғалағы жатқан *жермешел* үй (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). **2.** а у ы с. *Ынжық, жерге қараған, селқос*. Осы қу мінез, *жермешел* ынжықтығыңнан өріс-қоныста тарылтып барасыңдар-ау (С.Сматаев, Елім-ай). Кешегі думандатып жүретін ақиығым, бүгін сенің мынандай қорлықта, тірідей өлік боп, *жермешел* болып қалғаның кімнің арқасы, кімнің жаласы! (С.Сматаев, Алау).

ЖЕРОЙДЫҚ с ы н. ж е р г. *Өте көп, мол*. Шайтан қақса да білмеймін, адыра қалғыр көк сандықты олай ақтардым, былай ақтардым шаршыға түйген баяғы *жеройдық* ақша ұштықүйді жоқ (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖЕРОРТА з а т. *Қырық-елу жастан асқан жас шамасы*. Жанар Сардардың *жерорта* жасқа таянғанда көрген баласы (З.Қабдолов, Жалын). Әміржанның әке-шешесі жастары *жерортадан* асқан, байсалды кісілер екен (М.Гумеров, Сүйе ме?). Жангүдейдің жасы *жерортадан* асып, Көксегенге шал сияқты көрінгенімен, ол шаңғы тебуде жастардың көбіне ілестірмейді (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖЕРОШАҚ з а т. *От жағып, үстіне қазан асуға, нан пісіруге арналған шұңқыр*. Есіктің алдындағы *жерошақтың* аузында, қазанның астына дәміл-дәміл шырпы тастай отырып, Бәтжан шалы туралы шым-шытырық ойларға кетті (Т.Нұржекеев, Бір өкініш.). Көгенде қозы, Желіде құлын байлауда. *Жерошақ* бықсып, Қазанда бағлан қайнауда. Қазақы үйдің қайыра түріп іргесін, Қайғысыз, қамсыз отырушы едім жайлауда (М.Мақатаев, Шығ.). Міне, біз ауылға келіп қалдық. Мен алдымен *жерошақ* басындағы сүт пісіріп отырған әжемді таныдым (М.Дулатов, Шығ.).

Жерошақ майлау. э т н. *Той, ас берілер алдындағы берілетін ас; кеңесасы*. Ас берілерден екі-үш күн бұрын шаруашылық адамдары жиналып келіп, ошаққа ат шаптырып шағын той жасап, өткерілер астың қамын ақылдасады. *Жерошақ майлау* сондай-ақ «ошақ майлар», «ошақ бәйге», «ошақ асы», «жерошақ қоңырсыту» деп аталса, бұл ғұрып қырғыздарда «кемеге бәйге» деген атпен белгілі (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). *Жерошақ майлау* – той, ас берілер алдында даяшының жасайтын адамдарға көрсетілер сый-сияпаты. Ас өтердің алдында оны өткеру үшін бөлініп, іріктелген шаруашылық адамдары ас белгілегеннен бірекі күн бұрын жиналып, дайындық жасайды (Д.Шоқбарұлы, Ата салт.).

ЖЕРСАҒЫЗ з а т. б и о л. <лат. chondrilla> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде екіжылдық шөптесін өсімдік. Жерсағыздың* бұтақты сабағын түк басқан, Жебе тәрізді сүйір жапырақтары кезек орналасады. Сары түсті, қос жынысты гүлдері себет гүлшоғырына топталған. Тұқымынан көбейеді (ҚҰЭ).

ЖЕРСАНА з а т. ө с. ж е р г. *Түп-түп болып, көкпеңбек болып шығатын, құрағанда ағарып кететін, мал жемейтін шөп.* Ой, жолың болғыр, *ж е р с а н а н ы* мал жеуші ме еді, жемейді ғой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРСАТЫ з а т. ж е р г. *Үйдің баспалдағы.* Оны аудандық почтаның *ж е р с а т ы с ы н д а* тұрғанында көрген едік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРСӘКІ з а т. *Жерден биіктеу етіп жасалған сәкі.* Үлкен блиндаждың екі жағындағы *ж е р с ә к і д е* үш-үштен айқыш-ұйқыш алты солдат ұйықтап жатыр (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

ЖЕРСЕРІГІ з а т. *Жердің жасанды спутнигі.* Аспанға ұшырылған *ж е р с е р і к т е р і,* күнді айналып жүрген космос ракетасы да ең алдымен әрбір бөлшегі сол қалыпқа салынып жасалады (С.Бақбергенов, Біздің колхоз.). Ұшырдың келешектің жыл құсындай Аспанға әлдилетіп *ж е р с е р і г і н* (Қ.Бекхожин, Дала.). *Ж е р с е р і г і* ұшқанда қозғалысына кедергі болмау үшін ол ауасыз жерде ұшу керек (Х.Әбішұлы, Халық астроном).

ЖЕРСОҒАР з а т. *Тұяқтың кейінгі жағындағы қаттысы, өкшелігі. Ж е р с о ғ а р ы* сіңірлі, аяғы тік. Жауырыны етсіз жалпақ тақтайдай-ақ (Абай, Тол. жин.). *Ж е р с о ғ а р ы* жоғары, тұяғы қалың – құйма тұяқ, Қанша шапсаң тозбайды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЖЕР-СУ з а т. *Жер, өзен, көл – бәрі. Ж е р - с у,* төрт түлік мал кедейлерге берілсін деп жер-жерге әмір таратқан (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). Халқыңды, *ж е р - с у ы ң д ы* жадымда мен Нық сақтап жүрегімде мәңгі ұмытпан (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Алтайдың сырт мүсіні кең, *Ж е р - с у ы н ы ң* қасиетінде шек жоқ (Ғ.Сланов, Алтай.). Бағынышты елінің тең жартысына жуығы *ж е р - с у ы н* тастап көшіп кеткенін естігенде, хан ашудан жарылып кете жаздайды (С.Омаров, Дала қызы). Суменен қатар жүрген жердің аты, *Ж е р - с у м е н* байланысты елдің аты. Түрлі кен, түрлі халық аттары бар, Қалманды халық сүйген ердің аты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕРСІЗ с ы н. *Жері жоқ.* Құттымбет дейтін ақсақал бастаған қырық шақты үй – *ж е р с і з* кедейлер өткен жылы Қаракесек, Сүйіндік елдері жазда бас қосатын жайлаудың шетінен шөп шауып, сонда қыстап қалады (Ә.Бектасов, Мәди). Орын тапқан ер жігіт *ж е р с і з* болар деймісің, Орда тігіп орнаса, Төрсіз болар деймісің! (Алдаспан). Енді біраз уақыт ішінде дикандардың көбі-ақ жұмыссыз, *ж е р с і з д е р* қатарына қосылуына шүбә жоқ еді (М.Шоқай, Таңд.).

ЖЕРСІЗДЕНУ= е т. *Жерден айырылу.* Ауылшаруашылығы өнімдерінің көп түрлері тиімділігінің төмен болып, қалыпты есеп пен бақылаудың жоқтығынан, жердің екінші рыногының белсенділігінен шаруалардың *ж е р с і з д е н у і* үдемелі сипатқа ие бола бастайды («Егемен Қазақстан»).

ЖЕРСІЛКІНУ з а т. *Жерасты дүмпу күштерінің әсерінен Жердің сыртқы қабатында болатын тербеліс.* Қатты жерді зерттеуде ең сенімді құбылыс сейсмикалық *(ж е р с і л к і н у д е г і)* толқындардың тарауын зерттеу (Х.Әбішұлы, Халық астроном.). *Ж е р с і л к і н у д і ң* көпшілігі жер қыртысының 30 километрлік терең қабатында пайда болады, ал кейбір аудандарда жүздеген километр тереңдіктегі жерасты дүмпулері сезіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). Жыл сайын жер жүзіндегі сейсмикалық станциялар (600-ден астам) 3000-ға жуық әлсіз *ж е р с і л к і н у л е р і н* тіркейді (К.Сапарбайұлы, Геология.). Қазіргі геофизикалық зерттеулердің, оның ішінде *ж е р с і л к і н у д і ң* сейсмикалық толқындары қозғалысының жылдамдығы мен таралу сипаты негізінде Жер денесінің концетрлік құрылысты екендігі және ядродан, аралық, перидотит және литосфера қабаттарынан тұратындығы анықталады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЖЕРСІН= е т. *Өсімдіктің, жануарлардың жаңа орта табиғатына бейімделуі.* Бір жерден екінші жерге аударғанда қой жылдам *ж е р с і н е д і* (М.Ермеков, Қазақст.). Арқаның көк шалғынына үйреген мал, Қаратаудың ши мен көкпек араласқан бозаңын *ж е р с і н б е й,* бәлендей өрбіп те кете алмаған (І.Есенберлин, Қаһар). Жоңғар даласының бұл өңірін өзге түгіл өзі де өгейсіп, төрт түлік малы, әсіресе, жылқысы *ж е р с і н б е й,* үйренбей мекенге қашып дамыл таптырмағаны Құдайберген мырзаны әжептәуір қамықтырған-ды (З.Жәкенов, Таң самалы). Кетсем, кетем. Қандай опа тауыппын мен Көңбайдан? Тек бай деген аты ғана компайған. Қартайғанда белге түйді-ау ұятты, Шүйгін шөпті, жайлау, көлді *ж е р с і н б е й* Қашып шыққан ессіз бұқа сияқты (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕРСІНДІР= е т. *Өсімдікті, жануарларды жаңа орта табиғатына (жеріне, суына, ауа райына) бейімдеу.* Өзінде кездеспейтін жануарларды *ж е р с і н д і р с е,* тез-ақ жерсініп кетеді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.).

ЖЕРСІНДІРУ *Жерсіндір етістігінің қимыл атауы.* Жануарларды *ж е р с і н д і р у д е* ауа райының ерекшеліктерінен басқа азыққа бәсекелестіктің, маусым кезінде жерге таласудың, жыртқыштар мен ауру қоздырғыштардың ықпалы зор (ҚҰЭ). *Ж е р-*

с і н д і р у ағзалардың зат алмасуының өзгеруі және түрдің генетикалық құрылымының өзгеруі бағыттарында жүруі мүмкін (Қаз. тілі термин. Биология). Зубрларды *ж е р с і н д і р у* Қазақстанда да қолға алынды (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Табиғи жағдайда бағалы жануарлар мен өсімдіктерді зерттеп, оларды *ж е р с і н д і р у* шараларын жүргізе отырып, қорықтар ғылыми зерттеу мекемелерінің қызметін атқарады (Қ.Құрманов, Табиғатқа саяхат). Қазіргі кезде дала қойын Арал теңізіндегі «Барсакелмес» аралында, Үстірттің солтүстік шығында *ж е р с і н д і р у* жұмысы көзделіп отыр (Х.Қыдырбаев, Дала көркі). Соңғы жылдары біздің елімізде аң шаруашылық мекемелері шілдерді бір жерден екінші жерге апарып *ж е р с і н д і р у* жұмыстарын жүргізіп келеді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

ЖЕРСІНДІРІЛ= е т. *Өсімдік, жануарлардың жаңа орта табиғатына (жеріне, суына, ауа райына т.б.) бейімделуі. Ж е р с і н д і р і л г е н* су күзені тез арада таралып, көп өзендердің жағаларын мекендей бастады (Х.Қыдыров, Дала.). Біздің республикада ор қоян кейбір жерлерге *ж е р с і н д і р і л д і* (Х.Қыдырбаев, Зиянкес кеміргіш.). Жер шарындағы суы жылы елдерде өсетін балықтардың барлығы дерлік бізде жақсы *ж е р с і н д і р і л і п,* аквариумда өсірілуде (Қ.Қайымов, Суасты.).

ЖЕРСІНДІРІЛУ *Жерсіндіріл етістігінің қимыл атауы.* Қазақстанға *ж е р с і н д і р і л у* үшін алғашында нутрия Сырдария өзенінің аңғарына жіберілді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Алтын тамыр қазіргі кезде Алматы, Алтай ботаника бақтарында қолдан *ж е р с і н д і р і л у д е* («Жетісу»).

ЖЕРСІНУ *Жерсін етістігінің қимыл атауы.* Бұл қошқарлардың жергілікті жерге *ж е р с і н у і* нашар болды (Ә.Есенжолов, Каз. қойы). Бұл жерде бір ескере кететін жайт – бұландардың Сыр бойын *ж е р с і н у і* қиын (Ж.Нұсқабаев, Құмда өс.).

ЖЕРТАБАН з а т. ж е р г. *Табалдырық. Ж е р т а б а н д а* тұрмай, былай шықсаңшы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРТАҒАН[1] з а т. ө с. <лат. rosularia> *Жасаңшөптер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж е р т а ғ а н н ы ң* гүлі әдемі болғандықтан саябақ, гүлзарларда әсемдік үшін өсіріледі (ҚҰЭ). Қазақстанда *ж е р т а ғ а н ы ң* 5 түрі кездеседі (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

ЖЕРТАҒАН[2] с ы н. *Жермен-жер, аласа, тапал.* Тұқымынан алғаш өніп шыққан жылы сасырдың сабағы болмай тек *ж е р т а ғ а н* жапырақтары ғана болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Ағаш неғұрлым биік болса, теңселісі күшейіп, мойыл, долана секілді *ж е р т а ғ а н* жеміс ағаштарыептеп қана қозғалар еді («Лен. жас»).

ЖЕРТАҒАНДАП ү с т. **1.** *Жер бауырлап, жерге жабысып.* Сыртынан қарағанда тартаржапырақ пен бақбақтың жапырақтары *ж е р т а ғ а н д а п,* жан-жағына дегелектеніп өседі (Т.Мұсақұлов, Ботаника). **2.** а у ы с. *Екі қолымен жер тіреп. Ж е р т а ғ а н д а п* моторға жақындап келді де, темірді тіреніш етіп, жалғыз аяқтап, жанармай келетін винтті жауып тастады («Лен. жас»).

ЖЕРТАМЫР з а т. ж е р г. *Дәрі жасайтын шөп түрі. Ж е р т а м ы р д ы* жұрт шай ғып ішеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРТАНУ з а т. г е о г. **1.** *Географиялық қабықтың дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейтін физикалық география ғылымының бір саласы. Ж е р т а н у* қоршаған ортаға адам қызметінің әсері және оның қорғау жөніндегі теориялық білімге негіз болып табылады (ҚҰЭ). **2.** *Жерді планета ретінде қарастыратын ғылымдардың жиынтық атауы.* Ғарыштық *ж е р т а н у* географиялық қабықтың ландшафттарын ғарыштан суретке түсіру және бақылау жолдарымен танып білуді мақсат етеді (ҚҰЭ).

ЖЕРТАРТҚЫШ з а т. *Артық токты реттеп, жерге сіңіргіш.* Енді радио орнайтын терезенің түбінен жер қазып, *ж е р т а р т қ ы ш* жасауым керек (С.Сейітхазин, Хадиша).

ЖЕРТАС с ы н. ж е р г. *Пысық, еті тірі, қолынан іс келетін.* Ол деген *ж е р т а с* пәле жігіт қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРТЕЗЕК з а т. *Батпақты жерлерде болатын отындық зат; торф.* Тұрмыста көп жағылатын отын ағаштардан алынса, қазба отындар – тас көмір, *ж е р т е з е к* (торф) ертедегі өсімдіктер қалдығы (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдіктер). *Ж е р т е з е к* өндіру ісін енді-енді жолға қойып келеміз, – деп Рудольф өзінің келешек жоспарын қысқаша баяндап берді (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Көмір, *ж е р т е з е к* және басқа отындармен салыстырғанда, мұнай мен газ – отынның ең арзан түрлері («Лен. жас»). Бертін келе бір инженер батпақтан *ж е р т е з е к* тауып, аурулардың күші соны өндіруге пайдаланылды (Қ.Исабаев, Ажал құрсау.).

Жертезек болды. *Тауы шағылды, таба болды.* Мен сенің тауың шағылып, меселіңнің қайтқанын, дұшпаныңның табасына ұшырап, *ж е р т е з е к б о л ғ а н ы ң д ы* көргім келмейді, жаным (Қ.Жұмаділов, Тағдыр).

ЖЕРТЕСЕР з а т. з о о л. <лат. soricidae> *Негізінен насекомдармен қоректенетін, құлағы өте қысқа, кішкентай тышқан; жәндік жегіштер отрядының тұқымдасы. Ж е р т е с е р* топырақ

үстінде, астында, жартылай сулы ортада тіршілік етеді. Тәулігінде өз салмағынан 1,5–2 есе артық тамақ жейді. Қорегі – жәндіктер (Қаз. тілі термин. Биология). *Жертесер* ауыл және орман шаруашылықтары зиянкестерімен қоректеніп пайда келтіреді, сонымен қатар түрлі індеттерді таратуға да қатысады (Қаз. тілі термин. Биология). Насеком жеуші сүтқоректілерге көртышқан, кірпішешен, *жертесерлер* мен кейбір басқа да уақ жануарлар жатады (Зоология). *Жертесер* көп тараған жәндік. Біз оны көп жағдайда, жай тышқанмен шатастырамыз (Ж.Әбиев, Биология). *Жертесердің* Қазақстанда 5 туысының 13 түрі мекендейді (ҚҰЭ).

Көптісті жертесер. з о о л. <лат. suncus etruscus> *Жертесердің сирек кездесетін түрі. Көптісті жертесер* Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЕРТӨЛЕ з а т. **1.** *Уақытша мекендеу үшін жерден қазылып, төбесі жабылған баспана.* Құлаған үйдің орнына *Жертөле* қазып, паналап... Орманға қашқан сорлылар Оралып жатты жаңадан (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). Солдаттар *жертөле* окоптан атыла шығып, қаптаған қалың қолға қосылып кетті (Н.Төреқұлов, От кешу). Маңайдағы елдердің әлі күнгі арбасы оңқа тұрып, жазысы жарбиып, жер ағашы тұрып-жығылып, «қық-қық!» деп аяқтары салақтап, құрым, түтін сасып *жертөледен* күркілдеп, екі көзі жылтырап, мұрындарын тұмшалап жүргені «жарықтық сансыз әулиелердің шарапаты күштілігінен» (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қарым қайтаруға Мирастың мүмкіндігі болмады. Мына *жертөлеге,* аңырап тұрған төрт қабырғаға кімді күтіп аларсың (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). **2.** ә с к. *Ұрыс даласындағы әскерлердің уақытша баспанасы, блиндаж; жеркепе.* Бақылау пунктінің *жертөлесіне* генерал Панфилов кіріп келді (Б.Момышұлы, Москва.). Дәл осы кезде *жертөлеге* асыға екі жігіт кіріп келді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖЕРТӨСЕК з а т. *Жерге салынған төсек.* Төр алдында *жертөсек.* Науқас төсегі. Онда бала жігіт Сәлім, Қасында әкесі отыр («Лен. жас»). Ауру жанды Қатша мен ағасы *жертөсекке* оң жақ қырынан жатқызды (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЕРУ *Жері етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Енесінің (мал) төлін емізбей қашақтауы.* Қозысынан *жеру,* әсіресе, тұсақтарда көп кездеседі (Малшы. кеңес). **2.** а у ы с. *Жалығу, жауыр болу, безу.* Сүйген адамыңнан *жеру* – жан азабының ауыры шығар (Т.Тілеуханов, Келешек.). Қорға, жаным, сеніміңді *жеруден* Қорлық бар ма жанбай жатып сөнуден (М.Шаханов, Қасырлар.).

ЖЕРУ²=е т. ж е р г. *Жерік болу.* Хан тұқымының қанына *жеруім* сондықтан, – деп қайырды Таңатар әңгімесін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әттең, келіннің *жеруі,* – деп бұлдады Бікән, әкелген балапанын, – әйтпегенде баптап өсіретін-ақ бүркіт (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖЕРУІК с ы н. *Жерігіш. Жеруік* – жылқының судан жерігіштігі (Ш.Жанабілов, Қаз. мал атауы). *Жеруік* қой – өз қозысын үнемі жатырқап емізбей, тек телу арқылы емізетін қой (Ш.Жанабілов, Қаз. мал атауы).

ЖЕРҰЙЫҚ з а т. м и ф. *Жайлы қоныс, бейбіт мекен.* Халық қамын жеп өткен соң Асан қайғының өмірінің басым бөлігі қазақтар мен қырғыздардың жарқын болашағы үшін *жерұйық* жер іздеумен өтті делінеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деген, мүмкін, сен табарсың қазаққа арналған *жерұйықты* (І.Есенберлин, Қатерлі.). Қысы-жазы қалың қарағай бауырына бөренеден қиып салған ағаш үйінен артық *жерұйық* іздемейтін ол (С.Жүнісов, Ақан сері). Ойға жыр, көңілге күй, жанға тыныс, Айналаң алма-өрік, алда қымыз. Асан атам аңсаған *Жерұйығы,* Жігітім, жақсы ә, біздің Алматымыз? (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕРҰЙЫҚТАЙ с ы н. *Жерұйық сияқты, жайлы, жұмақ жердей.* Қарсақпай мыс бұлағын шалқытып, Жезқазған ен байлығымен ел көзіне *жерұйықтай* боп танылған да жыл еді (Шарапат). Осы сәтте оған Сейдін *жерұйықтай* әсер етеді (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

ЖЕРҰШЫҚ з а т. *Ұшынғаннан болатын ауру.* Ол *жерұшық* сияқты нәрсе болмаушы ма еді, тәйірлі, «тіфу» деп үшкірсе кетіп қалатын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Соңындағы нөкері де оның істегеннін істеп, *жерұшық* жасағандай тұқшыңдаса кетті (Ә.Кекілбаев, Шығ.).

Жерұшық беру. *Ұшықтау, үшкіру.* Соның өкпесімен қағып, *жерұшық береін,* Алла тағалам сәтін салса, жазылып кетерсіз (Е.Домбаев, Жаман Жәутік).

ЖЕРҮЙЕК з а т. ***Жерұйық.*** Ну орман, қалың тоғай жарлары ырыс, Мақтаған талай ақын деп *жерүйек* (Ақын жырлары). Бұл жалғанның *жерүйегі* Жетісу екен (І.Есенберлин, Алмас қылыш). Менен бұрын аталарымыз да *жерүйекті* іздеген болатын (Ш.Хұсайын, Үкілі Ыбырай).

ЖЕРҮСТІ с ы н. *Жердің үстіңгі бетіндегі.*

Жерүсті әскерлері. ә с к. *Ұрыс әрекеттерін құрлықта жүргізетін әскер. Жерүсті әскерлеріне* құрлық әскерлерінің барлық түрлері: жаяу әскер, сауытты танк әскері, артиллерия, сондай-

ақ арнайы әскерлер: химиялық, байланыс, радиотехникалық, автокөліктік және т.б. әскер түрлері кіреді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жерүсті сулары. *Жер бетінде таралған тұрақты не уақытша қалыптасқан сулардың барлық түрлері (өзен, көл, мұхит т.б.).*

ЖЕРШАШАҚ з а т. ө с. <лат. cynomoriaceae> *Бұта өсімдіктердің тамырында паразит түрде өсетін біржылдық өсімдіктер тұқымдасы. Ж е р ш а ш а қ т а р д ы ң* биіктігі 9–80 см, сабағы жуан, етжеңді, қызғылт, қызғылт-көк түсті. Жапырақтары қабыршақ тәрізді. Гүлдері ұсақ, қос, дара жыныстық, шошақ гүлшоғырына жиналған. Жемісі – жаңғақша түсті, тұқымы біреу (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж е р ш а ш а қ* – жыңғыл, ақ тікен, шырғанақтың тамырларына жабысып өсіп, паразиттік тіршілік етеді (ҚҰЭ).

ЖЕРШОШАҚ з а т. ө с. ж е р г. ***Жершашақ***.

ЖЕРШІЛ с ы н. **1.** *Жеріне тарта беретін, өз жеріне әбден үйренген.* Әсіресе жылқы малы *ж е р ш і л* келеді (О.Бөкеев, Өз отың.). Сол *ж е р ш і л* жануарлар бүгін де өздері артқа қарай айдап салынғанына қарамастан еру ел деңгейінен бері өтіп қалған екен (С.Көшімов, Жас аңшы). **2.** *Жер танығыш, адаспайтын (адам).* Айнабеков – көргенінен жазбайтын *ж е р ш і л* жігіт екен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Осы төңіректің ойшұқырына шейін білетін *ж е р ш і л* шал деп мақтаған оны (С.Омаров, Хантағы). Жасы сексенге келсе де шаруадан қалмай жүрген бұл ақсақал осы ортаның *ж е р ш і л* ақылгөйі іспетті (С.Хайдаров, Азамат.).

ЖЕРШІЛДІК з а т. **1.** *Жер танығыштық, адаспайтындық.* Далада өскен адам алысты көргіш болады. Ішілдік те, *ж е р ш і л д і к* те соған тән (С.Бақбергенов, Қарға там.). Ерген жұрт оның мұншама *ж е р ш і л д і г і н е* қайран қалысты (С.Мұқанов, Аспаз). Я – мен *ж е р ш і л м і н* жеті түнде мекенін, Айнымай тапқан аттың *ж е р ш і л д і г і* секілді (Ғ.Қайырбеков, Сарыарқа.). Айналасын, жалпы бағытын барлампаздық қасиетті қазақ халқы *ж е р ш і л д і к* дейтін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Бірақ, амал жоқ, аяғы босаса Маңғыстауға тура тартатын тайлақтың *ж е р ш і л д і г і н е н* қорықты (С.Санбаев, Аруана). **2.** *Жерлестік, жерлестеріне бүйрегі бұрғыштық.* Осы елдің *ж е р ш і л д і г і н* қайтерсің, бір-бірімен жік-жік боп алып жаттай сынасып, жаудай алысып жатқандары (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жиырмасыншы ғасырда ерсі тіптен, Құдай өзі сақтасын *ж е р ш і л д і к т е н.* Планеталар – жерлесім, отандасым, Айға да мен бармаймын емшілікпен (С.Мәуленов, Найзағай). *Ж е р ш і л д і к* деген онша қуаттайтын, оның үстіне проблема етіп қостай көтеретін мәселе болып саналмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖЕРІ[1]= е т. **1.** *Енесінің төлінен безуі, емізбей қашқалақтауы.* Төлінен *ж е р і г е н* қойды қайтерсіз, бәрінен қиыны – осы (Дала шұғыла.). Сол жылы бірінен кейін бірі бес-алты саулық өз төлінен өзі *ж е р і п* қозыларын алмай қойды (Е.Домбаев, Жаман Жәутік). Кейбір саулықтар қозысының үсті құрғатылмаса немесе емшегі іссе төлінен *ж е р і п* кетеді (Абзал жандар.). Шамасы әлгі қашқан киік осылардың енесі болса керек. Енді ол лақтарынан *ж е р і п* жүр («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Бір нәрседен жирену, безу, қашақтау.* – Сіздің де осы базардан *ж е р і р* кезіңіз келді енді, – деді ол (А.Байтанаев, Қайнар.). Ондайда адам астаудан *ж е р і г е н* аттай пысқырынып, өзінен жиіркеніп, тыжырына береді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Жас өмір, саған өкпем жоқ. Көктем боп тұрдың сан жылдар. Жеткенде *ж е р і п* кеткем жоқ, Өктем боп талай тағдырлар (М.Мақатаев, Шығ.). Ол өзінің күнәкар денесін қандай жек көріп алса, мынау тіршіліктен де соншалықты *ж е р і п* біткен-ді (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). **3.** а у ы с. *Жалығу, безер болу.* Жаз шықса болды қаланың қапырық ауасынан *ж е р і г е н* халық осы көлге ағылады (С.Шаймерденов, Өмір.). **4.** а у ы с. *Жерге қарау, ұялу.* Шал байғұс әлденеден *ж е р і п* отыр, Тұра сап қашқысы да келіп отыр. Баламен байлап қойып, қарсы алдында, Қос таңын жарқыратып келіні отыр (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Өз қағынан [өзі] жеріді. а) *Өз жерінен кетті; туған-туыстарынан безді. Қ а ғ ы н а н ж е р і г е н* құлан қаңғырып өлер (Қаз. мақалмәтел). Оқушым, риза бол аз барыммен, Зергер де болғаным жоқ сөзге әлі мен. *Ж е р і г е н* құландайын *ө з қ а ғ ы н а н*, Бұлбұлдай безіп ұшқан өз бағынан, Осымен үшінші рет жазғалы мен Қоштастым сағындырған саздарыммен (Т.Айбергенов, Мен саған.). – Сөзді қой да, үйге жүр, – деді тағы да әкесі өзімсінген үнмен, – *Ө з қ а ғ ы ң н а н ж е р і м е й с і ң* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Сөйтіп мен *ө з қ а ғ ы н а н ө з і ж е р і г е н* құлан болдым («Лен. жас»). ә) *Көңілі суу.* Әртүрлі себептермен бір-екі жылдан бері Мұрат *қ а ғ ы н а н ж е р і п* жүр еді. Әлде, сол суыған көңілді осы Айша жылытты ма? Өзгенің орнын басты ма, – деп те ойлады Мұрат (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖЕРІ[2]= е т. ж е р г. *Жерік болу.* Зейнеп бүркіттің миына *ж е р і п т і* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қатша апамды біздің шешей: «Біраздан бері тағы *ж е р і п* жүр» дегенін анада бір естігем (З.Ақышев, Ақбел.). Жылқының жал-жаясына *ж е р і г е н д е*, сары-май, құртқа *ж е р і г е н д е*, сенің де жүзің бұзылмай қапқара күйінше тұрады ғой (Қ.Қуанышбаев,

Шаншарлар). Ал ұл табар ма екенсің? Қыз табар ма екенсің? Айтпақшы, неменеге *ж е р і п* ең? (С.Кенжахметов, Қуырдақ)

ЖЕРІГІШ с ы н. **1.** *Өз төлін бауырына алмайтын (мал).* Өз қозысын өзі алмайтын *ж е р і г і ш* саулықтар қаншама (Дала қырандары). *Ж е р і г і ш* сиыр өз бұзауын өзі бауырына алмай, емізбей, оны сүзіп жолатпайды (Ш.Жанәбілов, Қаз. мал атауы). **2.** а уы с. *Жиренгіш, жалыққыш, безгіш.* Жылтырақтан *ж е р і г і ш* сауатты қауым Сейфолла Телғараев ойнаған рөлге ілтипатпен қарайды («Қаз. әдеб.»).

ЖЕРІК з а т. **1.** *Екіқабат әйелдің белгілі бір тағам түріне аңсары аууы, құмарлануы; екі қабат әйелдерде болатын физиологиялық құбылыс.* Ол жылқы етіне *ж е р і к* екен, келе қырғын салыпты (Ә.Әбішев, Найзағай). Ұлтуған келінінің *ж е р і к* екенін ерте сезбегеніне санын ұрып өкінді (З.Ақышев, Жесір.). Қойдан қошқар сойдырды, *Ж е р і г і* соған қанбады. Сиырдан бұқа сойдырды, *ж е р і г і* бұған қанбады (Батырлар жыры). Әрқайсысынан бір асап, Бәйбіше басты *ж е р і к т і* (Алпамыс). **2.** а у ы с. *Бір нәрсеге құштарлық, құмарлық.* – Айта берсең мен әнге *ж е р і к,* әншіге ғашық болған адаммын, – деді ол (Майдан). Хат жазу жатқан жерімнен, Көрінді маған лайық тым, Өмірге өте *ж е р і к* ем, Науқасымнан айықтым (Қ.Аманжолов, Шығ.). Жұмбақтың шешуіне жастан *ж е р і к,* Ақынға қайда жүрсе дастан серік (Т.Әлімқұлов, Бозжорға). Қырдың тоқ дәнді, қызыл өңді, албыраған алмасы болғанымен *ж е р і г і н* таппаған жан еді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Жерік болды. а) *Екіқабат болған әйелдің бір асқа аңсары ауды.* Зәуіде *ж е р і к б о л ғ а н д а,* жолбарыстың жүрегін тауып бермей, қақпанға түскен бөрінің жасық жүрегін жегіздің ғой (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Батасы жолды Қосай қабыл болып, Ақырғай алты айдан соң *б о п т ы ж е р і к.* Туыпты бір ұл бала сонан кейін, Жайнайды жасаңқырап, қайғы сергіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Келгеннен кейін жыл өткен соң Айгүл киіктің етіне *ж е р і к б о л д ы* (Д.Жанботаев, Жер жылуы). Жәмиланың *ж е р і к б о л а* бастағаны білініп үй іші, ауыл-ауданы қуаныш қылып жатты (М.Әуезов, Қараш.). Айгүлім жасқа ілікпей жатып тағы *ж е р і к б о л д ы м* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Осы он балапанының қайсысын қанша ай көтеріп, қандай асқа *ж е р і к б о л ғ а н ы* есінде (І.Омаров, Шабыт.). ә) *Бір нәрсеге құмартты, қызықты, ықыласы ауды.* Өскенім өксіместен көңіл толып, Жасымнан өміріме *б о л ы п ж е р і к* (Қ.Ұябаев, Октябрь.). Ат жалын өзім тартып мінгеннен соң, Сұлу қыз, келіншекке *б о л д ы м ж е р і к* (XX ғ. қаз. ақын.). Қажы бармас, малынан зекет бермес, Қайырсыз надан байдың бәрі де өлік. Мұнан пайда маған жоқ түсетұғын, Жасымнан әңгімеге *б о л д ы м ж е р і к* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қанға жерік. *Қанқұмар, жауыз.* Тек анда-санда, *қ а н ғ а ж е р і к* болған кезде Қашқариядағы ұйғырлардың көтерілісін басуға өзі тіленіп барып жүрді (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Қап бәлем, *қ а н ғ а ж е р і к* зұлым Кәрібай, Қоймаушы ед, сен дегенде, ел жыламай (И.Байзақов, Құралай.). Өзен де жеркенгендей, *Қ а н ғ а ж е р і к* кесепат Екі аяқты аңды көріп (А.Шамкенов, Сағат.).

ЖЕРІКАС з а т. **1.** *Аңсары ауған, жақсы көретін тамақ.* Зәли шайдан бұрын *ж е р і к а с ы* – нанға қол салған (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Қара жерге кіргенше қара басым, Қой құйрығы әуелден *ж е р і к а с ы м* (С.Қасиманов, Сиқырлы.). **2.** а у ы с. *Жүкті әйелдің құмарта жеген асы.* Ауылдың әйелдері жиналып жүкті келіннің *ж е р і к а с ы н* білетін болған. Ол үшін әрбір үйден ас-су әкеліп келінге шай береді. Келіннің құмарта жеген асын *ж е р і к а с ы* дейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕРІКТЕЙ с ы н. *Жерік болғандай, жерік адамдай.* Қарайды Ай да бұған кеп, Ай тап бір алтын бөріктей. Сол ма екен төніп тұрған деп, Ынтыға түсер, *ж е р і к т е й* (Ә.Абайділданов, Шыңда.).

ЖЕРІКТІК з а т. *Жерік болушылық.* – Қарағым әуре болма, *ж е р і к т і к* деген қиын болады, – деді қызының ахуалына әбден көзі жеткен соң шешесі (Е.Оразақов, Дәрігер.). Мадияр әрі ойлап, бері ойлап, Балзияның тымырсық науқасын жас әйелдің тұмса *ж е р і к т і г і н е* жорып, бір жағынан іштей қуанатын (С.Омаров, Өмір.).

ЖЕРІН= е т. *Жеркену; безіну, жалығу.* Өзі туралы ойдан *ж е р і н і п,* сытылып шығып, жұртқа байқатпай көзімен жүгірте іңкәрді іздеген (Е.Әлімқұлов, Перизат сезім). Қалай дегенмен соғыс ұзаққа бармас, жау тез талқандалар деген игі үміттен қайран көңіл *ж е р і н б е й д і* (С.Омаров, Қиыр жол). Оның бәрі жаралғалы жел сөзден *ж е р і н б е г е н* Құбайдан болды (Бәйшешек). ... Мен несіне *ж е р і н е м?!* Қорқатыным өлім бе?! Қорықпай-ақ берілем. Өкініштi... Амал не... Өлмейтіндей келіп ем... Мына жарық дүнием бірге туған менімен, Бірге өледі менімен!!! (М.Мақатаев, Шығ.). Сыйламасын бақ-дәулет төрін мейлі, Сонда да адам үміттен *ж е р і н б е й д і.* Арасынан жұлдегер ақындардың, Менің Төлеш ағам да көрінбейді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Төсектен жерінді. *Жар төсегінен безді, көңілі суыды.* Алғаш рет *т ө с е к т е н ж е р і н і п,* атар таңды көзбен атырдым (Ә.Сараев, Қараша.).

ЖЕРІНДІР= е т. *Аулақтату, алшақтату.* Мені бүгін колхоздан *жеріндіріп* шетке итеруге сендердің қандай праволарың бар, түге? – дейді шал (С.Омаров, Шабыт.).

ЖЕРІНДІРУ *Жеріндір етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕРІНТ= е т. *Жалықтыру.* Енді оған бір аптадан бері ұшпаққа шыққандай боп қуантып жүрген мұнара басы да көңілін құлазытып, *жерінте* бастады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

ЖЕРІНУ *Жерін етістігінің қимыл атауы.* Жақсыдан үлгі алып, жаманнан *жеріну* керек те (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз әуен.).

ЖЕРІНШЕК с ы н. *Жеркенгіш.* Қылған емес жарлылық, Ешкімді де *жеріншек.* Сасық іншік түбінде, Отыр жалғыз келіншек (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЕРІТ= е т. *Мезі қылу, жалықтыру.* Қара лашық үй Қоңқаны *жеріте*ді (Б.Майлин, Шығ.). Күнде көріп көңілді *жеріткен* қантөгіс алыстап, туған деревня елестейді (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

ЖЕРІТУ *Жеріт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕС= е т. *Бөлісіп жеу.* Арқардың егіз екі қозысындай, Жемісті Асан шашқан бірге *жесті* (І.Жансүгіров, Шығ.). Жарты құртты бөліп *жесіп,* Бір жүргенге не жетсін (Ө.Жайлауов, Шопан.). Бірақ үлкені де, кішісі де қара қылды қақ жарғандай барды бөліп *жесті,* бөліп киді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖЕСУ *Жес етістігінің қимыл атауы.* Жазға салым сүр *жесу,* қыдырып қонақ болысып, сақтаған сыбаға *жесу* бар ғой (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЕСІР з а т. **1.** *Күйеуі жоқ (өлген) әйел.* «Баламның бау ашары, ырым ет» деп, Шортанды берді Үдербай жұртқа бөліп. Үдербай ажал жетіп өлді сол жыл, Қалампыр үш баламен қалды *жесір* (О.Шипин, Дастан.). Жалмауыздай жалақтап, Жалғыз хандар сұм өткен. Жетім менен *жесірлер,* Жылап-сықтап күң өткен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Мерт болды ұясына оралмай құс, Жеңгемді *жесір* еткен о қандай күш? Жаутаңдап қарап маған әлі күнге, Балам деп бір айта алмай жүр-ау байғұс (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** э т н. *Қалыңмалы төленген қалыңдық.* **3.** а у ы с. *Иесіз қалған (жер т.б.).* Құнсыз болып еріміз, *Жесір* болып жеріміз, «Жан менікі» дей алмай, «Мал менікі» дей алмай, Ит пен құсқа азық ек (А.Байтұрсынов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Бейбақ, бейшара.* Мен бір *жесір* қайғым естен кетпеген Тез құбылған сәуірдегі аспандай, Дон Диаго неге үндемей отырсыз? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жесір әйел [қатын]. *Күйеуі өліп, тұл қалған әйел.* Атар таң мен батар күн, Он тоғызда «*жесір әйел*» атандым. Көтердім мен тағдырымның мазағын, Үзілердей жұлыным, Ол күндердің қасіретті азабын, Сен сұрама, мен айтпайын, құлыным! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жаңалық, жаңа ғұрып әділетің, Есе алды не жуаннан *жесір қатын.* Көрмеген есе теңдік әйелдерге, Былай деп жазып отыр докладын (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жесір болды. *Күйеуі өліп, тұл қалды.* Осы тұста сымбатты жігіт сүйгенім көп ұзамай *жесір боп,* балам жетім қалады деп ойламаған да болар (М.Дүзенов, Әке.). Әйел қалды *жесір боп,* Бала қалды жетім боп, Болаттан берік әр көңіл, Шыны аяқтан шетін боп (С.Әлімбетов, Өлеңд.). Өзі жетім, шешесі *жесір болды,* Жүрегіне ұмытпас қайғы толды, Басқа облыста бар еді бір отары, Бұл жерден көшіп барып сонда қонды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жесір дауы. к ө н е. э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құда түсіп, қалыңмалы төленген қалыңдықтың, не күйеуі өлген жесір әйелдің әмеңгерлік жолмен баратын жеріне разы болмай, түрлі себеппен басқа жаққа күйеуге тиіп кетуі салдарынан туатын дау.* Елде *жесір дауы* үлкен өрт. Өрттен қорқып жас махаббатты құрбан ету керек пе? (Д.Әбілев, Арман.). Қазақтың халқын бұзып, малының түбіне жететін бәленің ең зорының бірі – *жесір дауы* (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Жер дауын, *жесір дауын* көргендіктен, Бәріне қосып соның уайымын жедік (К.Әзірбаев, Той бастар). Ер құны мен *жесір дау,* Билік айтып бәріне, Атқардым бәрін басымнан (О.Шипин, Дастан.).

Жесір қалды. *Ері өліп, күйеусіз тұл қалды.* Бар еді сол кісінің бір жақсы ұлы, Қаза жетіп өліпті сол бір жылы. *Жесір қалған* келінін Қодар алып, Қылмайтын істі қылған Құдай құлы (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бір шыбындай жан қорқар Ажалдың көріп айбатын. Ыәләқ болса ері өліп, *Жесір қалмас* қай қатын?! (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Алғашқы ерімен екі жыл отасып ері өліп, Күлтай *жесір қалды* (Б.Майлин, Шығ.).

Тірі жесір. *Күйеуі ұзақ сапарға кеткен не ажырасып кеткен әйел.* – Иә, егер оның арам пиғылы іске асып, мен абақтыға түссем, әйелім *тірі жесір* атанады (А.Сатаев, Ақын.). Хат жазған екі кісі: бірі – қарт ана Кәмила, екіншісі, сол кісінің келіні, *тірі жесір* Зылиқа Сейдіғалиева («Соц. Қаз.»).

ЖЕСІРДЕЙ с ы н. с ө й л. *Жесір әйел сияқты.* Қаланча, шіркеу қарттары *жесірдей* шашын тарқатты (Х.Ерғалиев, Жайық.).

ЖЕСІР-ЖЕБІР з а т. сөйл. ***Жетім-жесір.*** Хан өткен Азияда Ақсақ Темір, Кешірген шапқыншылық қанды өмір, Қырғынға талай елді ұшыратып, Көбейген зардабына *жесір-*

жебір (Ш.Әбенов, Кейпін.). Әкесі жауырынды алып лақтырды, Ұшықтап, лақтырып, жырақ қылды. Сол кезде бір тараптан қалың қосын, Ел шауып *жесір-жебір*, ысырап қылды (Айтыс).

ЖЕСІР-ЖЕТІМ з а т. с ө й л. ***Жетім-жесір***. Көрер азабы көптіктен де *жесір-жетім* деп атаған ғой, ата! – деді Дина (С.Бақбергенов, Дина).

ЖЕСІР-ЖЕТІМЕК з а т. ***Жетім-жесір***. Қайғырса *жесір-жетімек*, Қуанып байлар жүр дейді (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖЕСІРЛІК[1] з а т. *Жесір болушылық; ерсіз, күйеусіз қалушылық.* Биқасап *жесірлігін* айтып жыламсырай бастады (Б.Майлин, Шығ.). Бәтима дәл қазір, ана бір жылы баласының жетімдігіне, өзінің *жесірлігіне* анықтама сұрай барғанында болыстың берген азабын да ұмытты (А.Хангелдин, Ғани.). *Жесірлік* пен жоқшылық, шамадан тыс жұмыс Қадишаны онсыз да қажытып бара жатқандай еді (З.Иманбаев, Қыран түлегі). Жетімдік, *жесірлікке* салған тыйым, Өз елім, өз Отаным тартқан сыйын (М.Хакімжанова, Таңд.).

ЖЕСІРЛІК[2]: **жесірлік ат.** *Өте қымбат, жүйрік ат; бір қыздың қалыңмалына бағаланатын ат.* Жаяу алыс сапарға бет алғанда, төрт-бес жігіт барып бір түнде Мұстафа болыстың әрқайсысы бір *жесірлік* екі жүйрік *аты*н Жаяуға әкеп берген (З.Ақышев, Жаяу Мұса). Шабдар атты алып бере қоймадың деп мені ауылнайлықтан түсірді, *жесірлік аты*н қазақ оңайлықпен бере ме? (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Астыңдағы *жесірлік аты*ңды жоқ нәрсеңе бола мерт етіп алсаң, кейін өкінгеніңмен мән шықпайды деп, дауыстай ескертті (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Жекей торың *жесірлік ат* деседі (С.Талжанов, Адам.).

ЖЕСІРШІЛІК з а т. *Жесір қалушылық, қорғансыздық, панасыздық.* Сұм тағдыр мұнша неткен түнжыр еді, Жетеле *жесіршілік* мың жыл енді, Жетімді көзден жесір сүйіп жатты. Езіліп бауыр еті, құм жүрегі (Ж.Сәтібеков, Сырлы.).

ЖЕСІС= е т. *Бірге жеу.* Көптен бері төс түйістіріп, нан *жесісін* Дос болғысы келеді екен Мирасқа (Ә.Тарази, Асу.). Құйрық-бауыр *жесісін,* Араласып отырар Ауылдан біреу таппас па?! (С.Кенжеахметов, Қуырдақ.).

ЖЕТ= е т. **1.** *Белгілі бір жерге, межеге бару.* Жуков: Қасыңа жігіттерді ертіп ал да Жамалға *жет* (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). Бұдан шығып аяңдап, Кәстекке барып *жетейін* (Жамбыл, Тол. жин.). Осынау ерке Ертістен Берлинге дейін *жеттім* мен (Қ.Ыдырысов, Аршында.). **2.** *Белгілі бір жерге келу.* – Білмеймін, жиналыс болады дей ме? Қазір ғой деймін, тез *жетсін* дегені (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Қайдасың? Тез *жет,* досым-ау! Аман-сау туды нәрестем (С.Оразаев, Дала.). Көрген соң көп адамды жаттым, – дедім, Бір амал жасырынып таптым, – дедім. Атының бір үлкенін ұрлап мініп, Ауылға *жетемін* деп шаптым, – дедім (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Осы кезде баланың шешесі де *жетіп* үлгерді (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Саша үрейленіп, көзімен көпшіліктің ішінен әлдекімді іздей берем дегенде, сыпайы киімді жас жігіт жанына *жетіп* келді (Б.Майлин, Шығ.). **3.** *Бір нәрсеге қолы жету, ие болу.* Тамақ өнеркәсібі өткен кезең ішінде кейбір табыстарға *жетті* (Ж.Шаяхметов, 5-съезд.). Денсаулық сақтау орындары өткен уақыттың ішінде бірқатар жақсы нәтижелерге *жетті* (Ж.Шаяхметов, 5-съезд). **4.** *Арман-тілегі, мақсат-мұраты орындалу.* Бүгін талай жыл аңсаған мақсатына *жетті* (Т.Шаханов, Көгілдір.). Сонда да үмітімді үзгенім жоқ. Аңсаған арманыма *жетемін* деп (Қаз. әндері). Дегеніне келтіріп, Дұшпандарын өлтіріп, Қамбарың *жетті* мұратқа (Қамбар батыр). Қай адам Сәрсекеңдей ниетке *жеткен* (Қозы Көрпеш.). Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген, өзімді-өзім мақтап *жетем* дейді (Абай, Тол. жин.). **5.** *Белгілі бір жасқа (санға) толу.* Алпыс жасқа *жеткеніше* мұндайды естіген емеспіз, түсініксіз (Д.Еркінбаев, Шығ.). Өмір болса екеуміз Жүзге бірдей *жетерміз* (Ә.Тәжібаев, Таңд. өлең.). Бәрінің де бар жары, Ұлдары мен қыздары. Жиырма беске *жетеді,* Бір семья сандағы (Қ.Аманжолов, Шығ.). **6.** а у ы с. *Көп, мол, жетерлік,* – Жүр, екеуміз барып Мәскеудің майлы етін алып келейік, ақша менде *жетеді,* – деп жайынауыз жылмаң қақты (І.Жансүгіров, Әңгім.). – Құдайға шүкір, бір кісіні ақтарлық қағаз *жетеді,* – деді ол (К.Тоқаев, Түнде.). Баршағүлге жақсы сөзбен қарайтындар *жетеді* (Ғ.Сланов, Шалқар). Жасадың сен мейірім, Үлкенге де кішіге. Ақ дастарқан пейілің, *Жетті* барлық кісіге (С.Мәуленов, Алыс кет.). **7.** а у ы с. *Грамматикалық формалармен тұрленіп «доғар, тоқтат» деген мағыналарда қолданылады. Жетеді!* – Нұрқат енді Раушанның насихатын естуге келген жоқ (З.Шашкин, Сенім). – *Жетті, жеттi,* елеуреме, енесі-ей! Әкеңді бір жерге тығып қойды деп отырмысың? (С.Жүнісов, Жапанда.).

Ажалы жетті. *Қаза болды, өлді.* Мақтым деген сен болсаң, Қамбар деген мен едім, Екі күн уәде деп едің. Егер сенің қолыңда, *Ажалым жетсе* өлемін (Қамбар батыр). *Ажал жетіп* тұрса, бар ма шара, Өлімді ойлатпайды тіл бишара (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Ұлығанның алдында *ажалы жеткен* аңмен тең (Қаз. ақын. шығ.). Мен шолақ *ажал жетіп* өлгенім

жоқ, Теңдікті тірі жанға бергенім жоқ (Қаз. ақын шығ.).

Айтқан сөзіне жетпеді. *Уәдесін орындамады, айтқанында тұрмады.* Секілді Шамен, Қамар, Дахтарбану, Затында жанға арам мендей тану. Заты жоқ жақсылықтың нысанасы, Адамға ар – *айтқан сөзге жетпей* қалу (Ақан сері, Шығ.).

Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұр. *Дегені істеліп, ойлағаны орындалып, болып тұр.* Кейін байқаса, бұл жұмысқа *айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұрған* атпал азамат, оның үстіне директордың туысы... әкелінген екен («Соц. Қаз.»).

Айтуға тіл жетпейді. *Сөзбен жеткізе алмайды.* Оның жазғыштығы сол – о менің көкейімде жүрген, бірақ *айтуға тілім жетпей*, ойым жетпей жүрген жайларды үстінен дәл түсіп айтқанында боп тұр (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Айы [айына] жетті. *Айы-күні жақындады, босануға жақын қалды. Айы жетті* Жамалдың, Күні жетті Жамалдың, Атын қойды той жасап, Жаңа туған адамның (Ә.Тәжібаев, Таңд. өлең.). Үстемірдің Жәмиласы *айына жетіп* отыр ғой, соның шілдеханасында тағы ауызба-ауыз сөйлесерміз (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Ақылы жетпеді. *Түсіне алмады, байыбына бара алмады.* Құдай тағала бұл ғаламды *ақылы жетпейтін* келісіммен жаратқан (Абай, Тол. жин.). Бұлардың бәріне ғажайып қаласың және *ақылың жетпейді* (Абай, Тол. жин.).

Арманына жетті. *Мақсаты орындалды, аңсағаны болды; мұраты қабыл болды.* «Аға» деген сөзіңмен *Арманыма жетемін.* Сәлем келсе өзіңнен Сауығып мен кетемін (Қ.Мүсірепов, Райшан).

Арманыңа жет. тілек. *Мақсатың орындалсын деген мағынада.* Сүйгеніңе қосыл, *арманыңа жет* (С.Омаров, Өмір асу.).

Арызы жетті. *Айтқаны болды, сөзі өтті, тілегі орындалды.* Қыстауы тарлық қылса, *арызы жеткендік,* сыйы өткендік, байлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ (Абай, Тол. жин.).

Аспанға қолы жеткендей. *Кеудесін көтерді, дандайсыды. Аспанға қолы жеткендей* Аттап өтіп шың, құзды Кеуде үстіне бөктерлей, Қадағаң жарқын жұлдызды (С.Мұқанов, Замандас.).

Ат [аяғы, тұяғы] жетер жер. эт н. *Атпен қатынауға болатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем.* Жиналып *ат жетерлік жерде ғі* елден, Жасауыл жарын естіп бәрі келген (Қ.Ахметбеков, Жасауыл.). Ақбай *ат аяғы жетер жерде ғі* елді аралап, өзіне лайықты сұлу қыз іздеп, таба алмайды (Қаз. ертегі.).

Аузына қолы жетті [қолы аузына жетті]. *Өзін-өзі асырауға жарады, ел қатарына қосылды.* Қалайша мақтан етпесін Ананың абзал жүрегі. *Аузына қолы жеткенін,* Адам боп екі түлегі (Ж.Молдағалиев, Жесір.). Сен адам болып, өз *қолың өз аузыңа жетсе* мен сені таппай қайда барады дейсің (М.Дүйсенов, Мейман.).

Аяғы жетті. *Келіп қалды, келіп үлгерді.* Иттердің *аяғы жетіп* қалған екен ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Аяқ жетер жер. *Барып-келіп, қатынасуға болар лық жуық жер, таяу төңірек.* Жол маңында *аяқ жетер жерде* отырған қазақтың бірде малын айдап, бірде жарын зорлап кетсе, енді бірде келемеждеп атып та кетіп жатты (Ғ.Мұстафин, Дауылда.). Қырда, жуықта *аяқ жетер жерде* дәрігер жоқ (Ғ.Мұстафин, Дауылда). Қален жігіт кезінде серілік құрған өнші, домбырашы кісі, бұл өңір әніне құштар. Әдетте ол қатысқан ойын-сауыққа *аяқ жетер жердегі* халық іздеп баратын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Әлі жетті. *Күші басымдық етті, шамасы келді.* Жалғыз қатынның *әлі* кімге *жетсін.* Есітіп іші күйіп отырады (Қозы Көрпеш.).

Баға жетпес. *Аса құнды, бағалы.* Балаларды үйде кітап оқуға әдеттендірудің *баға жетпес* мәні бар екендігі сөзсіз («Халық мұғ.»).

Балақ жүні жеткен жоқ. *Ержетпеген, бойы қатып, буыны бекімеген.* Бойың сенің өскен жоқ, Бұғанаң енді қатқан жоқ, *Балақта жүнің жеткен жоқ* (Ер Көкше).

Басы жетпес орынға аяғын салды. *Әліне қарамай, шама-шарқын байқамады.* Бұл сөздің ишаратын адам білер, Үлгісіз не деп айтсам надан білер? *Басы жетпес орынға аяқ салғын,* Жақсымен не себептен жаман күлер (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

Басына жетті. *Құртты, түбіне жетті.* Тасыма, жігіт, тасыма! Тасыған *жетер басыңа* (Шешендік сөздер).

Батылдығы жетті. *Тайсалмады, өжеттік жасады.*

Батылы жетпеді. *Бата алмады, жүрексінді, тайсалды, қорықты.* Оның көзіне қарауға *батылдығы жетпей* Шайқы молла арсыз бетін кір-кір жеңімен жауып алды (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Бой жетті. *Есейді, жасы толды.* Қызының *бой жетіп* қалғанын Әлібиден гөрі ана жүрегі бұрынырақ сезді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Бұлар да *бой жетіп* қалды, он жеті жас деген аз ба (Ә.Тарази, Асу-асу). *Бой жеткен* қызы бар үйге осы жұмыстан шыққан

күйінде баруға ұялып, Төлеубай тартыншақтап еді, Шәкен оның ырқына көнбеді (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Ақыры оқуға ол келіп түсті, Ақылы айдай болып көгіне ұшты. Әуелде біле алды, біле алмады, *Бой жетіп,* көз көрмейтін көріністі (О.Шипин, Дастан.).

Бұйрық жетті. діни. *Бұл жерде ажал қатері төнді деген мағынада.* Өлгенде имансыз құл жолда қалған, Мен – ғазраил пенденің жанын алған, Шүкір қыл иман айтып, Шортанбайым, Құдайдан *жетті бұйрық,* келдім саған (Шортанбай ақын, Өлеңд.).

Біріне жетсе, біріне жетпеді. *Бірінде болса, бірінде болмады.* Кейде көп арман ұялап үлгеріп еді, бірақ оның *біріне жетсе, біріне жетпеген* (А.Байтанаев, Қайнар).

Даусы айшылық жерге жетеді. *Зор дауысты деген мағынада.* Менің асыл текті есегім бар. Ақырса *даусы айшылық жерге жетеді* – деді Қожанасыр (Қаз. ертег.).

Даусы жетті. *Даусы, үні естілді.* Бауырында Баян сұлу қаза тауып, Зарлының құлағына *даусы жеткен* (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Дәрмені жетпеді. *Әлі, күші келмеді.* Ол дәл сырттан көмек болмайынша, қанша талап етсек те, өздігінен сабақты игеріп алып кетуге *дәрмені жетпейді* (М.Иманжанов, Алғашқы.).

Дәті жетпеді. *Шыдамады, төзіп тұра алмады, көңілі дауаламады.* Оған қарауға өзге жұрттың *дәті жетпей,* назары сынып, сазарып сұлқ тұр (Т.Ахтанов, Шығ.).

Дәулетке жетті. *Байыды, тұрмысы көтерілді.* Уайым аз, үміт – көп, Ет ауырмас бейнетке, Бүгін – ертең *жетем* деп, Көңілге алған *дәулетке* (Абай, Тол. жин.).

Дәурені жетті. *Заманы келді.* Шырағым, енді сенің *дәуреңің,* заманың *жетті,* соған лайық әрекет иесі бол (Ауыз әдеб.).

Дегеніне жетті. *Мақсаты орындалды, ойындағысы болды.* Арыстан туған Исатай, *Дегеніне жете* алмай, Арманда өтіп кетті деп, Олардың кегін алуға (Махамбет, Өлеңд.). Сармолла бұл сәтте *дегеніне жетті* (М.Әуезов, Абай жолы). Ерте заманда мұратына жету үшін неше түрлі азап көріп, дәулермен, жын-перілермен күресіп, соның бәрін жеңіп, *дегеніне жеткен* екен деген аңыз болатын (І.Омаров, Серпін). Мен де *жеттім дегеніме.* – Жәуке күрсініп, бірсыпыра уақыт Құрымбайға қараумен тұрды (Б.Майлин, Таңд. шығ.).

Дегеніңе жет. алғыс. *Арман-тілегің орындалсын, мақсатыңа жет.* Енді мені қайтесің, сүйген қатыныңды алып, *дегеніңе жет!* – деді Балзия (С.Омаров, Өмір.).

Екі езуі құлағына жетті. *Шексіз қуанды, шаттыққа бөленді. Екі құлағы* екі *езуіне жеткен* жұрт (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). – Ал не айтпақсыздар? – деді ол сестра екеумізге кезек көз жіберіп. – Ештеңе емес, – деймін мен *екі езуім құлағыма жетердей* ыржиып күліп (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

Ел көшті, жау жетті. *Біреудің бекер, босқа байбалам салуы, аттан салуы. Ел көшті, жау жетті* деп қашуыңа болайын (Ө.Тұрманжанов, Қазақ. мақал.).

Ер жетті. *Өсті, есейді, азамат болды.* Сені оқытып өсірсем, Орындалар тілегім. Білімді боп *ер жетсең,* Мыңды жығар білегің (О.Шипин, Дастан.). Енді Құдайға шүкір, балам *ер жетті,* азамат болды... (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Құдайқұлдың ішінде Үкібас дегеннің *ер жеткен* қызы болды (Б.Майлин, Шығ.). Ұлжанның одан басқа *ер жетіп* адам болған екі қыз, бір ұлы бар еді (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Есіктегі басың төрге жетпесін! қарғ. *Елеусіз күйіңде, қаріп күйіңде, қадірсіз күйіңде қал деген мағынада.*

Етінен өтіп, сүйегіне жетті. *Жанына өтті, шымбайына батты.* Малқар жым болды. Аман айғайсыз, жәй сөйлесе де *етінен өтіп, сүйегіне жетті* (Ғ.Мұстафин, Дауылда.).

Жағасы жақыт кіреуке жібісі жетіп жүн болғанша. *Шыдамның, төзімнің жеткенінше. Жағасы жақыт кіреуке жібісі жетіп жүн болғанша* шыдастық. Найманның не пәлесі болса да көтердік (М.Әуезов, Шығ.).

Жамбылдың жасына жет. тілек. *Жүз жаса деген мағынада.* Қонды ғой бақыт құсы басыма кеп, Әзірмін ән салуға қасыңа кеп. Мен саған тоқсанымды бердім, ұлым, Жұрт үшін *Жамбылдың жасына жет* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жасы [жас] жетті. а) *Өсті, есейді, біраз жасқа келді.* Асқаттың бір көршісі *жасы жеткен,* көп ауырып, өлімге басын тіккен (Е.Бердин, Екі ойшыл). *Жас жетсе* де жаным жас, Мен қартайдым демеймін (Т.Көбдіков, Алып.). ә) *Бой жетті, балиғатқа толды.* Көрсетпеді адамға Пердесін ашып беттерін. Әзімбай іші біліп жүр, Назымның *жасы жеткенін* (Қамбар батыр).

Жасына жетпей. *Өспей, ер жетпей жатып, жастайынан.* – Қалай болушы еді, *жасына жетпей* ақшаға құмар-ақ – деді шал (Е.Өтетілеуов, Бос шелек).

Жаяулап жетті. *Жаяу жүріп барды; жаяу келді. Жетемін* тез *жаяулап,* Өтіп бірер қыраттан. Қой деп едім, даярлап, Қайтадан ішем шұбатты (С.Мұқанов, Замандас.).

Жел жетпес [жетпейтін]. а) *Өрен жүйрік, ұшқыр.* Көкенай зұлымның құралайды көзден атып құлататын мерген екенін естеріне алысып, оның астында *жел жетпес* жүйрік аты жоқ,

асыл азаматқа осындай өкім ойлап тапқанына ызаланады (Ә.Нұршайықов, Тың астығы.). ә) *Алдына жан салмайтын.* Тілегені бүлік боп, момынды сорып сүлік боп, Арам дауға келгенде *Жел жетпейтін* күлік боп (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жеңіске жетті. *Жеңіп шықты, мерейі үстем болды.* Бірақ партизандардың қайткенде де *жеңіске жететініне* сенімдері күшті болды (Б.Тоқтаров, Қырандар.). Сол майданда *жеңіске жетеміз* бе, Әлде мүлде хабарсыз кетеміз бе. Шешемізге мәңгілік оралмаған Ұқсамай-ақ қояйық әкемізге (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жер-жебіріне жетті. *Сөкті, айыптады, ұрысты.* Есің дұрыс па, не деп айтып отырсың осы сөзді? – деп *жер-жебіріне жететінді* (З.Шашкин, Сенім.). Кемпір шай әлдеқашан жиналса да, анда-санда ернін сылп еткізіп қойып, біреулердің *жер-жебіріне жетіп* жамандап, әңгімені гүілдетіп, бастырмалатып барады («Қаз. әдеб.»).

Жеріне жеткізе. *Әбден тәптіштеп (мақтады, дәріптеді, айтты).* Бізде дикандықтың жайын ол кісіден артық білетін адам жоқ, жүгеріні жайқалтса Өрекең жайқалтады, – деп *жеріне жеткізе* дәріптеді (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

Жеріне жетті. *Әбден ақиқатына көзі жетті.* [Кәкітай] Атын тебініп жіберіп: «Ой, тәңірі-ай, *жеріне жетпей* Кәкітай жығылмайды. Анау Абай ағама жүгінемін» (М.Әуезов, Шығ.).

Жетесіне жетті. *Түсінді, айқын болды.* Көрген қиянаттары қашан шекесіне тиіп, сәби жаны зәрезап болғанша күрессіз бұл дүниеде теңдік жоқ екені *жетесіне жетті* ме? (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жеткен жері. *Қолынан келгені, шамасының жеткені.* Бірақ оның да *жеткен жері* сол ғана (Қ.Жұмалиев, Қазақ эпосы.).

Жетпей желкесі қиылсын! қ а р ғ. *Жасына жетпей өлсін!* – «Кімнің баласы болса да *жетпей желкесі қиылсын!*» – деді Жұрқа жасқа булығып (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Жетіп барды. *Тез жетті.* Жас жүрек бірден қыздың үйіне *жетіп барудан* тайсалды (Ж.Жұмақанов, Солдат.). Ағаштан түсе қалып айдаһарға, Қолына қанжар алып *жетіп барды* (Абай, Тол. жин.). Мұрат сумкасын партасының қуысына қоя салды да, көздерінен ашу ұшқыны шатынап, түйіліп *жетіп барды* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Жетіп жығылды. *Әрең дегенде жетті, зорға келді.* Ол күн батып, қас қарайған шақта бір жалғыз үйге *жетіп жығылды* (Н.Оразов, Достар.). Қақ қуалай 4–5 қозы көш жасаған соң, Арқаның аяғына *жетіп жығыламыз* деп шағын ауыл түгелдей көтерілген (Ә.Көшімов, Қарт.).

Жетіп келді [сау етіп, салып ұрып жетіп келді]. *Аяқ астынан тап болды, сау ете қалды.* Сәлемін жақсы құптап алған соң, Жолдастары қасына *жетіп келді*, Қалай деп қоқаң-қоқаң еткендерің, Таулардан мәні-жайын сұрады енді (Батырлар жыры). Қасен мен Құсайын құл *жетіп келді*, Сұрқия еді бұлар Жүсіпке ерген (Дастандар). Әли қасына екі жігіт жолдас ертіп, бір күні кешке таман *салып ұрып жетіп келді* (С.Омаров, Дала қызы). Қапа боп Амангелді қайтты үйге, Түседі қиял ойлап әрбір күйге. Жылаумен екі көзі бұлаудай боп, Жүгіріп *жетіп келді* Төлегенге: – Ала алмай бір шортанды әуре болдым, істеп бер деді садақ талдан и де (О.Шипин, Дастан.).

Жоққа жүйрік жетпейді. *Жоқ нәрсе оңайлықпен табылмайды.* Бірақ басқа нем бар киетін? *Жоққа жүйрік жетеме?* Амал нешік ертесінде мектепке осы пимамен баруға тура келді (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Жыл соңынан жыл жетті. *Талай жылдар өтті.* Сонан бері талай күн, Ай соңынан ай өтті, Алаңда әлі аққан қан. *Жыл соңынан жыл жетті* (А.Лекеров, Өмір.).

Зорға жетті. *Көп уақыт өтіп, қиыншылықпен жетті.* Жол басып он сегіз күн *зорға жеттім*, Саңлағын Жетісудың көрейін деп (Жамбыл, Тол. жин.).

Игілікке жетті. *Дәулетке, жақсылыққа қолы жетті, тұрмысы түзелді.* Ен жерді мекен етем деп, *Игілікке жетем* деп (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Кәмелетке [кәмәлатқа] жетті [толды, келді]. а) *Есейді, ер жетті.* Жиырма бес *кәмелетке келген* жасым, Қырықта қынсыз қылыш болған басым. Елуде екі көзім елең етер, Алпыста ақ сақалды шал боларсың (Алдаспан). *ә) Шындық тапты, ақиқатқа көзі жетті.* Бұл жолда риясыз, жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің *кәмәлатына жетпек* (Абай, Тол. жин.).

Кезі [уақыты, мезгілі] жетті. *Уақыты келді, мезгілі болды.* Біздің, енді, әдебиет сынының нашарлығы, кемшілігі туралы аққұла айқайлаудан іске көшетін *кезіміз жетті* (М.Қаратаев, Туған. әдеб.). Әр нәрсенің *уақыты жетіп*, жыл мойны болса жақындап келе жатқансын, бір күні Тұрлығұл Әбішті шақырып алып: «Итбаймен іс бітірсек қайтеді?» деп ептеп ақылдасты (С.Көбеев, Қалыңмал). Таң сарғайды, дүшпанмен Айқасатын *кез жетті.* Әбдіғапар тобынан, Түнде кеткен жасырын Қаладағы әскерге Сарбаздың айтты бар сырын (О.Шипин, Дастан.).

Кемелге [кемеліне] жетті [келді]. *Күшіне енді, толды; ержетті.* Енді өлсем арман жоқ, *К е м е л г е* осы *к е л г е н і м* (Мұқлық-Зарлық). Балам ер жетсін, *к е м е л і н е к е л с і н,* айылы толсын, содан кейін кімге барса да еркі. Ғалияның қалыңынан күн көрмей-ақ қоям – деді әкесі (С.Мұқанов, Шығ.).

Көз жетер жер. *Көзге көрінетін қашықтық.* Бір кезде таң сыз берді. *К ө з ж е т е р ж е р* кеңейіп, шығыс жақ сарқабақтана бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Көз жетпес. *Тым алыс, көзге көрінбес.* Осы қоян сонау *к ө з ж е т п е с,* бұлт астындағы өзін аңдыған ажалды қалай көрді екен (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Көзі жетпеді. *Күмәнданды, сенбеді.* Осы бір ер жүрек жауынгер тірі қалады ма, оған да *к ө з і ж е т п е й д і* (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Көзі жетті. *Бір нәрсенің анық-қанығын, ақиқатын білді.* Олардың әлі бұл кепті біле қойып, іле қимылдауына кімнің *к ө з і ж е т е д і* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Қол жетпеген некені, Сүйіп кеткен жан екен, *К ө з і ң* неге *ж е т е д і* Қосылмақ онда бар ма екен? (Абай, Тол. жин.). Гүлшәрі сыртқа шыға кеп, жанжағына қарап алды. Айналада өзінен бөтен ешкім жоғына *к ө з і ж е т к е н* соң өз бойына ерік берді (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Сөйтіп бірте-бірте батырды өлтіргеніне *к ө з і ж е т е* бастады (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Көңіл жетер. *Сөзін далаға тастамайтын, көңілін жықпайтын (адам).* Оспан елдегі *к ө ң і л ж е т е р* жігіттерді де осы іске араластырамын деп уәде берген (С.Омаров, Қызыл арай). Әйеліме әдейі өзің барып айт, Амантайдағы *к ө ң і л ж е т е р* кедейлер мен момын шаруалардың атынан уездік сотқа арыз түсірсін (С.Омаров, Қызыл арай).

Күні жетті. *Уақыты болды, мезгілі келді.* Жолаушылар бір сағат тоқтады. Биенің құлыны үйімен бірге түсті, *к ү н і ж е т п е г е н* екен (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Шарықтап аспан әлемін, Жаймақшы көкке қанатын. *К ү н і ж е т і п* толды құс, Тоятын түзден алатын (С.Бегалин, Шығ.).

Күші жетті. *Қолынан келді, ерік-жігері жетті, жеңді.* Сөз емес теңдік деген сәндік үшін, Мадақта сезсе көңілің, *ж е т с е к ү ш і ң* (Ақын жырлары).

Қадіріне жетті. *Қадір-қасиетін білді, азаматтығын құрметтеді, жақсылығын бағалай алды, қасиетін түсінді.* Ақылың болса, жарқыным, Жіберме шарға ісімді. *Қ а д і р і м е ж е т е р* ең, Танымайсың түсімді (Қамбар батыр). Михрабым сен, бас ұрамын, Тіл жете алмас ғұзіріме, *Ж е т п е д і м,* не жасырамын, Ғауһарымның *қ а д і р і н е* (Абай, Тол. жин.).

Қаза жетті. *Қайтыс болды, өлді.* Үш-төрт күн болды, *қ а з а ж е т і п,* шалы дүниеден қайтты («Қазақ»). Дәптерде өз ахуалын баян еткен, Өлеңге шебер екен болмай кеткен. Ғашықтық саудасына душар болып, Ақырда сол саудадан *қ а з а ж е т к е н* (М.Сералин, Гүлқашима).

Қайнауы жетті. *Пісіп жетілді. Қ а й н а у ы ж е т к е н* ашу, Қызуы жеткен құрттай (М.Әуезов, Шығ.).

Қайрауы жеткен. а) *Бабына келіп өткірленген. Қ а й р а у ы ж е т к е н* не асыл, Жүзінен сынып кетілген Бұрынғы өткен сан нұсқада, Не жақсы келіп өтілген? (Майлықожа, Нақыл). ә) *Шыңдалып бабына келген.* Үлкен-кіші ақынның Бәрі сөз боп терілді. *Қ а й р а у ы ж е т к е н* қатты би Қайырылып нетсін көңілді (Абай, Тол. жин.).

Қисабына көз жетпейді. *Ұшан-теңіз, көп, өте мол, есепсіз.* Шалқыған Жаныбек пен Тұрсын, Қанай, Ит-құсты Нұрмағамбет, Досан, Жанай, Солардың *қ и с а б ы н а к ө з ж е т п е й д і,* Ол түгіл бір Шақандай болсаң қалай (Айтыс).

Қол жетпес [жетпейтін]. *Орындалуы қиын, қолға түспейтін.* Көлінде – *қ о л ж е т п е с* Көк аспан шатыры (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Қуанышты кезеңнің *қ о л ы ң ж е т п е с* арман-өкінішін есіңе салатын әдеті емес пе? (І.Есенберлин, Қатерлі.). Ұсынсаң *қ о л ы ң ж е т п е й т і н* Қызыл нармын бір туған (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Рас, Баян – *қ о л ж е т п е й т і н* бір мәуе (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Қарамай кедейлікке ғылым іздеп, Ерлер сол, ерге лайық еткен кәсіп! *Қ о л ж е т п е с* қияға да қолын созса, «Тәуекел» талапты ерге болған нәсіп (О.Шораяқов, Шайыр).

Қолы [қол] жетті. *Бір нәрсеге ие болды; арман-тілегі орындалды.* Бухгалтер болып шот қағуға ғана *қ о л ы м ж е т т і* (С.Алдабергенов, Алға). Еңбексіз іс бітпейді, Еріншектің *қ о л ы ж е т п е й д і* (Ө.Тұрманжанов, Қаз. мақалмәтел.). Міне енді сол арманға *ж е т і п қ о л ы,* Қуанып ата-анасы дескен күнім (Қ.Көпішев, Әке.). Оның көл басында өткен күні *қ о л ж е т к е н* бір олжасы бар еді (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Қуып жетті. *Бұрын кеткен немесе қашқан әлденеге таянды, басып озды.* Бұл кісіні алып жүре алмаймыз ғой, бейнет болады, қала тұрсын, – деді Жұма Сарқасқаны *қ у ы п ж е т і п,* ығынан тартты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Даусына қарағанда ол әлденені *қ у ы п ж е т к е н* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тозаңы шығып аспанға Түтініндей поездың, Күн батардың кезінде *Қ у ы п ж е т т і* шабарды Ақмырзаның көлінде (О.Шипин, Дастан.).

Құлаққа жетті. *Естілді, белгілі болды.* Одан кейін де нағашысы Гүлшира жөнінде бірдеңелерді айтып жатты, бірақ ол Байдәулет *құлағына жетпеді* (Қ.Исабаев, Өткелде). Асқанда Ақсүмбеден күннің көзі, *құлаққа жеттіалыстан сыртылды ызың (Т.Әлімқұлов,* Боз торғай).

Құн жетпес. *Бағасыз, баға жетпейтін, теңдесі жоқ.* Сатылмас атқа *құн жетпес* (М.Әлімбаев, Өлеңд.).

Құрығы жеткен жер. э т н. *Қарамағына алған, қол астындағы жер.* Әйелдердің бостандық еркін қорғадық, қалыңмалды *құрығымыз жеткен жерде* алғызбайтын болдық (С.Сейфуллин, Шығ.).

Мақсатына жетті. *Дегені болды, ойға алғанын орындады.* Егер тез қимылдамасақ, олар бұл *мақсатына жетеді* (Ә.Әбішев, Терең тамырлар). Рас, бұл жолдастар біраз өзгерістер кіргізбек болған. Бірақ ол *мақсаттарына жете* алмаған (Ә.Әбішев, Шығ.).

Миы жетпеді. *Ары ойлап, бері ойлап, ой ұшығына жетпеді; ақылына қонбады.* Сонша қыруар астықты ол қайда тығып үлгерді екен, Тіпті *миым жетпей*-ақ қойды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Өзін әлденеге бағыштамаған, мақсатсыз адамдардың ішіп-жеп қалай тыныш өмір сүре беретініне Едігенің *миы жетпейтін* (М.Мағауин, Көк мұнар).

Мұратына жетті. *Мақсаты орындалды, тілегені болды, арманы орындалды. «Мұратқа жетсем,* Теп- тегіс етсем» – Көңілім тілеп қоймайды (С.Сейфуллин, Шығ.). Күшікбай батырдың көп *мұратына жете* алмай, жас күнінде қуаты қайнап, долданып өлгендігінен моласы тұрған биіктің бауырынан боран, ызғар айықпайтын болған екен деп, бағанағы кәрі әңгімесін тоқтатушы еді (М.Әуезов, Шығ.). Бақытты ел, *жеттің* бүгін *мұратыңа,* Бақыттың әні келед құлағыңа, Әперген жаңа заң мен жаңа заман, құтты болсын айтамын ұранына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Не жетсін. э к с п р. *Не тең келеді деген мағынада.* – Көз көрген танысқа *не жетсін.* Өзімнің солдатыма соғып, үлкен қараға сәлемдесе кетейін деп әдейі бұрылдым, – деді үйге кіріп келе жатып (Т.Ахтанов, Дала.). Бөрібасар айтыпты: – Талағанға *не жетсін,* Құлан тұрып айтыпты: – Қашағанға *не жетсін*! (Ж.Кәрбозин, Бір шоқ.). Жақсы ән, жақсы музыка тыңдауға *не жетсін* (С.Бақбергенов, Алтынемел.).

Ожданы жетпеді. *Ұялды, ар-ұяты жібермеді.* Өзеуреме! Өтірік айтпа! Оған сенің *ожданың жетпейді* (Ә.Тарази, Асу.).

Оқ жетер [жетпес] жер. *Оқ жететіндей қашықтық. Оқ жетер жерде* солдатты, Атылған оқ-бомбылар Қалдырмай бәрін жайғады (Ақын жырлары). *Оқ жетпес жерге* қылыш суырма (Мақал). Немістер бой тасаламай *оқ жетпес жермен* орағытып келеді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Өз қолы өз аузына жетті. *Тұрмысы түзелді, шаруасын оңдады.* Жақсылықтың шаруасы жыл санап артып, *өз қолы өз аузына жеткен* соң, Маңындағы көршілерінің кем-кетігіне қарайласып, солардың көпшілігін өзіне дос қылып алды (М.Әуезов, Шығ.).

Өлім жетті. *Қырылды, өлді.* Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр, Қабағы шаруалардың болды салбыр. Қыстығүні болғанда қар тынбады, Айуанға *өлім жетті* аштан әрбір (Майлықожа, Нақыл).

Өресі жетпеді. *Білім дәрежесі, шамашарқы деңгейлемеді.* Олар «Сұлушаштың» етек жағындағы салпыншақ кемшіліктерді қармады да, жағасынан ұстауға *өресі жетпеді* (М.Қаратаев, Туған әдеб.). *Өремізжетпей* жесірге Жаман-ақ екен ат болған (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Пісіп жетті. *Кемеліне келді, толысты.* Сонымен қатар жаңа дүние үшін *пісіп жеткен* адамдарға орын беру үшін сахнадан орын беруге тиісті (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Сабыры жетті. *Сабыр сақтады, шыдады.* Әйткенмен Мәруенің сол өсегін тыңдауға *сабыр жетеді* (Б.Майлин, Шығ.).

Сағаты жетті. *Өмірі таусылды; өлшеулі күні жетті.* – Рай – Райжан! ...Елаға... Сірә, менің сүректі *сағатым жеткен* шығар (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Сан жетпейтін [жетпес]. *Мөлшерсіз көп, мол.* Жұлдыздан көп жарығы, *Сан жетпейтін* неткен мол (Жамбыл, Тол. жин.). *Сан жетпес* астық, Көмірімді қорғасын, құрыш, болат темірімді (Ақын жырлары). Мысалдарға айта берсе *сан жетпейді* (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

Сертке жетті. *Келісімде тұрды, уәдесін бұзбады.* Сол күндегі жандардан Қодар епті. Уағыда қылған *сертіне* анық *жеттіі* (Қозы Көрпеш.). Салдырап аяқ-қол, *жетпей сертке* ішім дертке тез толды (Абай, Тол. жин.).

Сөз етінен өтіп, сүйегіне жетті. *Сөз арына, ұятына тиді, жанына қатты батты.* – Сіз қыр көрсетіп отырсыз ба? Кімге көрсетіп отырсыз. Қайда отырғаныңды ұмытпаңыз, Жақ ашшы, қәне! Малқар жым болды. Аман айғайсыз, жәй сөйлесе де, *сөзі етінен өтіп, сүйегіне жетті* (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Тағаты жетпеді. *Шыдамы таусылды.* Отарбек үндеген жоқ. Үндеуге *тағаты* да *жетпеді* (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

Талабыңа жет. а л ғ ы с. *Арманыңа жет.* Көрінгеннің қолынан келе бермейтін іс болар. Мейлің өз *т а л а б ы ң а ж е т* шырағым (Б.Шаханов, Ғашық.).

Титығына жетті. *Әбден қалжыратты, шаршатты.* Солай бола тұрса да, ауыр тұрмыс *т и т ы ғ ы н а ж е т к е н* жұмысшылар ұйымдасқан майдан ретінде көбірек қимыл жасап, еңбек жағдайларын жақсарту жолында күрес жүргізуде («Лен. жас»). О, қу соғыс адамды былай қойғанда, айуанды не күйге түсірдің? Талай қиындықты басынан кешірген түйенің де *т и т ы ғ ы н а ж е т т і* ғой («Лен. жас»).

Тозығы жеткен. *Әбден тозған, жыртылған. Т о з ы ғ ы ж е т к е н* бұл төсеніштің жыртық-тесігіне салған жамауларын қадағалаған өте бір жіті көз болмаса, сезе қою мүмкін емес (Д.Әбілев, Ақын.). Үстінде *т о з ы ғ ы ж е т к е н* ескі пальтосы бар (Б.Майлин, Шығ.).

Толғағы жетті. а) *Екіқабат әйелдің айы-күні толды, босанар уақыты болды.* ә) *Кезеңі, уақыт шамасы болды; сәті, орайы келді.*

Төбесі көкке жетті. *Шектен тыс масаттанды, қатты қуанды.* Бибіштің де екі көзі баласында, *т ө б е с і к ө к к е ж е т к е н д е й* толқыды (Д.Әбілев, Ақын.). Ағасын мақтаныш ете, *т ө б е с і к ө к к е ж е т к е н д е й* боп қуанды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Мақтандым бүгін, мақтандым *Төбем жетіп* аспанға (И.Байзақов, Шығ.). Жақын жүрсең *ж е т к е н д е й т ө б е ң к ө к к е* Жуансып дырылдапсың сен де көпке, Дос болсаң да айтқанын қате қылма, Бәрің соның құлы бол тесік өкпе (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Тұқымына жетті. *Өте ұзаққа созылды, балаға мирас боды.* Менің тұқымымнан *т ұ қ ы м ы м а ж е т т і*-ау сенің тозығың, жолың болмағыр Майбасар! – деп иегі кемсеңдеп жылап жатты Байторы (М.Әуезов, Шығ.).

Түбіне жетті. *Көзін жойды, құртты.* – Әкемде жұмысың болмасын. Әкемнің *т ү б і н е ж е т к е н* сен едің ғой. Несіне мүләйімси қалдың? (Б.Тілегенов, Аққайнар). Қозыбай солай деген соң, Көкшенің түтеп арманы, «*Т ү б і м е ж е т т і ң* білем» деп, Түксиіп тұрып қалғаны (Манас). Соттан кейін де ел ішінде екі-үш жыл бейбіт күн кешкенде, Махамбеттің *т ү б і н е* ауылдың ұсақ әкімдері *ж е т т і* (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Адамдар құлығы аз Тура айтып кетеді-ау. Ал өсек – улы газ, *Т ү б і ң е ж е т е д і-ау* (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.).

Тіл [сөз] жетпес [жетпейді]. *Айтуға сөз табылмас; сөзбен айтып жеткізе алмайтын. Т і л ж е т п е с т е й* қуаныш бар көңілде. Ертең әлі-ақ Днепр мен Еділде (С.Сейітов, Жаңғырық.). Жырлауға оған *с ө з ж е т п е с,* Шебер ақыл ұстаның (Жамбыл, Шығ. жин.). Өзім айтайын десем, *т і л і м ж е т п е й д і* (К.Баялиев, Дегелек.). Алдымызда барар әлі жол ұзын, Кешерміз де шалқар қиял теңізін. *Т і л ж е т п е с т і* жатқан жоқ па жеткізіп, Қолыңдағы қара шанақ – Қобызың (И.Айтхожина, Баян жүрек).

Уақыты жетті. *Мезгілі келді, күні асты, мезеті бітті.* Уақыттың ісі қиын-ды, *У а қ ы т ы м ы з ж е т к е н* соң, Айтып-айтпай немене, мезгіліміз өткен соң? (Бұқар жырау, Жыр.).

Шамасы жетпеді. *Күші келмеді, әл-дәрмені құрыды.* Ол атын қайта мінуге де *ш а м а с ы ж е т п е й,* омбыға құлаған (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Тұншығып бара жатқан Еңлік аяғын ілгері басуға да *ш а м а с ы ж е т к е н* жоқ (Қ.Оразалин, Ақ жазық).

Шаш жетпеді. *Ұшан-теңіз, өте мол деген мағынада.* Басқа дәлелді былай қой-ақ қояйын, оны тере берсем *ш а ш ы ң* да *ж е т п е с.* Дәл бүгін сөзіңнен талай сұмдықты табуға болады деді Мырқал (Ә.Әбішев, Шығ.).

Шыдамы жетпеді. *Төзімі таусылды, тағатсызданды.* Жаңбыр ұзаққа созылып, сәл басылайын деген соң жауған Мұрат отыруға *ш ы д а м ы ж е т п ей,* торпақты алдына салып айдады (Т.Сағымбаев, Кездесу). Енді *ш ы д а м ж е т е р* ме? Мен де бастым айғайға, О да басты ойбайға (Ш.Смаханұлы, Тотияйын.).

ЖЕТЕ[1] з а т. к ө н е. **1.** *Орақтың, пышақтың т.б. сағағы, мойыны.* Бұқаш сәкінегі түсіп қалып, *ж е т е с і н е н* босап кеткен пышақтай менің жанымда жүргісі келмей былқылдай бастады (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). – Әй, Далабай-ай, әнеукүнгі белорақты ғой әлі әкелген жоқсың. *Ж е т е с і н* сындырмасаң жарар еді, – деді карт (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). **2.** *Адамның (малдың) желке тұсы, мойны.* – Әлде, бөркің, шекеңе тисе де, *ж е т е ң е* жетпей жүр ме? – деп майор Долгушов мұны мысқылдай бастады (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). **3.** а у ы с. *Ақыл, сана, ми, өре. Ж е т е ң* болса, ар жағындағы білімге, еңбекке өзің де ұмтыла түсесің (Б.Тоқтаров, Тауда.). Өңге сөзден осы сөз өң берген, Бөтен сөзге бой берме болса *ж е т е ң* (Айтыс). *Ж е т е ң* болса жетерлік енді қашан, Айтқаныңды азасыз қалдырмадым Екі енеңнен сен келсең де, Осы болды есіңнен тандырғаным (Жамбыл, Шығ. жин.). Қайда жүр баяғының батырлары? Бас қойып, неге ұранын шақырмады?! Жігер тайып жігіттің *ж е т е с і н е н,* Сарқылды ма қарттардың ақылдары?! Неге бірі садақ боп атылмады?! (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Бір нәрсенің негізі, тегі; тумысы, жаратылысы; мән-мағынасы.* Жаралған *ж е т е с і н е н* жүрек батыл, Қыз үшін жанын қинап болар батыр (Т.Әбдірахманова, Көгершін).

Сондықтан екі жұмыс атқарамын, Түсініп *жетесіне* ақ, қараның (О.Иманәлиев, Сәуір). **5.** *Арғы ата, ата-баба. Жетесі* жаман бозбала Тоқсандағы шалмен тең (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). *Жетесі* жаман жігіттер Тоқсандағы шалмен тең. Жаманнан көрген қорлығың Көкірекке біткен шермен тең. Бір қалған соң көңілің Қаңтарда қатқан мұзбен тең (Шал ақын, Өлең.).

Жетесіне жетті. *Бір нәрсенің байыбына барды, мәніне түсінді.* Сырт қарағанда Жәміш көп нәрсенің *жетесіне жетіп,* түсіне бермейтін (С.Жүнісов, Жапанда.). Көрген қиянаттары қашан шекесіне тиіп, сәби жаны зәразап болғанша күнәсіз бұл дүниеде теңдік жоқ екені *жетесіне жетті* ме? (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ЖЕТЕ[2] ү с т. *Әбден байыбына бара; жыға.* Бірақ өсек байланған адамның ақ-қарасын *жете* тексеріп, қара болса, кінәсін мойнына аударып, нахақ болса, ақталуы үшін дәлелін көрсетуге жол беру әділдіктің басып тұрған маңдайы (М.Дулатов, Шығ.). Әзиманың орысша сөздерінің бірсыпырасын *жете* түсіне қоймаса да, зердесімен қабылдап, мағыналық ұғымымен ой жүгіртіп түсінді (Д.Әбілев, Арман.). Ол өкпелесе, жетпістің тұсынан өңменděп өтіп бара жатқанда жасаған мына бір тірлігін *жете* ұқпаған балаларына, ағайын-жұртына өкпелер (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су). Жалған! – деді ол, – жалған, – деді, бетін басып қолымен – Артық айтпа, *жете* таныс емессің ғой онымен (М.Шаханов, Fасырлар.).

ЖЕТЕК[1] з а т. т е х. *Мәшине немесе механизмдерді іске қосатын құрылғы. Жетек* электркөзғаушыдан, беріліс механизмдерінен тұрады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖЕТЕК[2] з а т. **1.** *Арба-шананы сүйрету үшін арнайы жасалған тәрте, арыс.* Үстіне мінбе, қалқанын таяныш, *жетегін* баспалдақ етіп қойған ұзын көк арбаны халық қаумалай қоршады (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ұзын бірішкенің *жетегі* көтеріліп, доғамен тіреліп қойылыпты (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Бәрімізге бас-көз боп келе жатқан шал сынған *жетекті* көргенде басын шайқады (Н.Fабдуллин, Өмір.). **2.** *Қосарға алған, жетектеген мал (адам).* Ақжаңылдың қара көк бестісін ерттеулі күйімен Шәкімге *жетекке* берді (Д.Әбілев, Арман.). Шүреннің қасында ерткен қырық кісі бар, *жетегіндегі* көк арғымақты жабулап тастапты (Ә.Кекілбаев, Дала.). Бір кезде – өзім қолынан Жетелеп жүрген бөбегім, Бүлкілдеп бүгін соңынан *Жетегіне* еріп келемін (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Бес жасар біреуі шешесінің *жетегінде* келе жатыр (З.Ақышев, Жесір.). **3.** а у ы с. *Біреудің, бір нәрсенің ыңғайы, ырқы.* Ол сөйтіп ұзақты күнге үміт пен үрейдің алма-кезек *жетегінде* отырды да қойды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). – Қашанғы өтірік-өсектің *жетегінде* кете барамыз, – деді Хакім (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Бүгінгі білмейді ғой мекенін де, Ол әлде Алатаудың етегінде, Әлде ол жақын жүр ме көзге түспей, Біреудің тағдыр қосқан *жетегінде* (К.Салықов, Жезкиік).

Жетекке алды. *Қосарға алды, жетектеді.* Соқаға төрт ат жегілетін, алдыңғы екі аттың бірін мініп, бірін *жетегіме алып* жүріп кеттім (Б.Қожабеков, Көктөбе). Әбікеш ақ аланы *жетекке алып,* Үйіне Ыбырайдың түсті барып (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Жетекке ерді. *Біреудің айтқанына көнді, ырқына жүрді.* Ертеңінде-ақ әлгі келіншегіміз бір жігіттің *жетегіне еріп* үлгерді («Қазақст. әйелдері»). Қызымды аман-есен көрсетші деп, Үміттің *ере берді жетегіне* (Д.Еркімбеков, Шығ.).

ЖЕТЕК[3] з а т. ж е р г. *Сырыққа байланатын кендір арқан.* Сырықтан кейін іле-шала *жетек* көрінеді, жетектен ұста да тарт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕТЕКСІЗ с ы н. *Жетегі жоқ.* Бүкіл ауылда қанатсыз, *жетексіз* бір ғана шана болатын (Fмұстафин, Көз көрген).

ЖЕТЕКТЕ= е т. **1.** *Адамның қолынан ұстап жетелеу.* Жаңылды Ұштап *жетектеп* төсекте жатқан шешесінің қасына әкелді (Т.Ахтанов, Боран). Мәкеннің қолынан ұстап *жетектей,* атқа қарай тез басып ентелей берді (М.Әуезов, Абай жолы). Естімейсің сен жас бұлақтардың сылдырын, Көктемнің гүлін үзеді жетіп кім бұрын. Біз емес енді, басқалар жерде ғашық боп, *Жетектеп* әне кетіп барады бір-бірін (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Малды не итті т.б. мойнындағы жіптен (шылбырдан, баудан) ұстап жетелеу.* Мен итімді орамалыммен мойнынан *жетектей* жүгіріп алаңға кеттім (Ш.Айманов, Қыран.). Орылған егін орнына қойын қаптатып қойып, атын *жетектей* шалдырып, таяғына сүйеніп тұрған картқа таяндық (Fсланов, Замана.). **3.** а у ы с. *Біреуді соңынан ілестіру, ерту.* Ақыл сөздер – халықтың кейінгілерге қалдырған өсиет-ақылы. Бізше, бірі – өмірді танытады, екіншісі – өмірге *жетектейді* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). *Жетектеп* қызды әкелген соң да сен үйге, Міндеттісің ұлым, сүюге және сенуге. Міндеттісің сен қабағына кірбің түсірмей, Сексенге, тоқсан, жүзге де бірге келуге (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **4.** а у ы с. *Қамқор болу, көмектесу, баулу.* Жазатайым шалыс басып кетет деп, Жүреді ылғи бірін-бірі *жетектеп.* Өзгелерден сұрамайды көмек те, Өз әліміз өзімізге жетет деп (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Мұратқа жететін адам өйтіп жетпейді, өзінен басқаны орға итергеннен емес, қайта біреуді *жетектесе*, сонда жетеді (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). **5.** а у ы с. *Ойын ұштау, шыңдау.* Тәрбиешi баланың ойын *жетектемесе*, бала ұғымды, хүкімді теріс жасауға, қате ой шығаруға үйреніп кетеді (М.Жұмабаев, Шығ.). **6.** а у ы с. *Жетекшілік ету. Жетектеген* класында асыл іс жүлдегері 5, кітап досы жүлдегері 8, мектептің ән, тақпақ саңлағы 6, озат пионер белгісімен сыйланған 2 оқушы бар («Жаңа өмір»). **7.** а у ы с. *Ойға, қиялға берілу.* Әлденелер секектеп, Көз алдынан көшкендей, Түпсіз арман, *жетектеп*, Кейде үміт өшкендей (Ж.Сыздықов, Асу.). Қоңыраулардың үні мені *жетектеді* қиянға, Қоңыраулардың үні мені шомдырды сан қиялға. Тұтқасынан ұстамақ боп дария – білім есіктің. Мектеп бардым, онан да мен қоңырау үнін есіттім (Т.Айбергенов, Мен саған.). Оның ерлігі, қайсарлығы көзімді жұмсақ-ақ болды көңілімді елітіп, әлдекайдағы қияға қиялымды *жетектеп* жөнелді (І.Есенберлин, Алтын құс).

ЖЕТЕКТЕЛ= е т. **1.** *Жетегіне еру, ілесу.* Осы сияқты мүсіркеудің салдарынан Азамат Мариямға *жетектелін*, ілік-шатыстарына тағы да қонаққа жүретінді шығарды (Б.Майлин, Азамат.). **2.** *Жетелену.* Алдымнан *жетектелін* өтсін Сапақ, Сертім сол өз қолымнан мойнын шабам! (І.Жансүгіров, Поэм.). Жол бойы қонақ болып бай мен бекке, Кенелді сот олжаға, мол құрметке. Тайпалған талай жорға *жетектелді*, Қалтаға ақша түсті аз ба, көп пе? (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЕТЕКТЕЛУ *Жетектел етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТЕКТЕС= е т. *Бірге жүру.* Жөкең: – Тойына барамыз ба, қайтеміз? – деп еді, кемпірі: – Екеуміз *жетектесін* жүріп, адасып кетерміз, – деді (Т.Нұрмағанбетов, Қош бол.). Қуаныш пен қайғы қатар келеді екен ғой, бір-біріне *жетектесе* келеді екен (Қ.Тұрсынқұлов, Есінде ме.).

ЖЕТЕКТЕСУ *Жетектес етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТЕКТЕТ= е т. *Ерту, беріп жіберу, ілестіру.* Сол бейшараны кім көрінгенге *жетектетін* жібермей, қолын жылы суға малып отыратын дәулетті біреуге беретін болыпты (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Елжан аға алғашқысын қайын-жұртқа *жетектетін*, енді кезек күтіп жүр (Т.Иманбеков, Үлкен үй).

ЖЕТЕКТЕТУ *Жетектет етістігінің қимыл атауы.* Жақсы ат мініп жүгіртіп, секектету, Қоян қуу, тазыны *жетектету*. Жалғыз емес, жанына жолдастыққа Кедейді шолағымен тепектету (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖЕТЕКТЕУ *Жетекте етістігінің қимыл атауы.* Атын тағы да Қалақай *жетектеуге* тырысқанда, барайын, – деді Айбарша (С.Мұқанов, Сырдария). – Енді жетті! – деді Айжарық басты батырларын жиып алып, – Бұдан әрі *жетектеуге* ар-намыс көтермейді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖЕТЕКТЕУЛІ с ы н. *Жетегіне ерген. Жетектеулі* көк ат бар жолдасында, Мейір соған ер салып мініп алды (С.Әлімбетов, Өлеңд.). Жылқыдай *жетектеулі*, бір жолы бос Жырымды қомсынбашы, күрделі дос (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖЕТЕКТЕУШІ з а т. *Жетекке алушы.* Осы жағынан қарағанда мені әдебиетке алғаш *жетектеуші* де, менің саяси сауатымды алғаш ашушы да Сәкен (С. Мұқанов, Өсу жол.). Көштің басында ноқталанған түйе жүреді. Ноқтаның жетегінде жүрген тұңғыш ұлы *жетектеуші* болғандықтан ноқта ағасы аталған («Қаз. әдеб.»).

ЖЕТЕКШІ[1] з а т. **1.** *Жолбасшы, жол бастаушы.* Алдарыңыздағы аңшыға *жетекші* болсын деген еңбек иесі қарттың өмір шындығы – осы (Ш.Айманов, Қыран.). Жетесізден *жетекші* шықпасын халық жақсы біледі (М.Әлімбаев, Тәрбие тур.). Дәуекеннің *жетекшісі* бар, түнде қара тайынша болып, алдынан арқан бойы озық жүріп отырады (Т.Ахтанов, Махаббат.). **2.** *Құрылған ұйымның басқарушысы, ұйымдастырушысы.* Жігерлі де зерек Сындыбала көп ұзамай звено *жетекшісі* болып тағайындалды (К.Баялиев, Жер.). Жастар *жетекшісі* деген осындай шаралардың ұйытқысы болуы керек (С.Мұратбеков, Көкорай). Мұғалімдер елдің қай жұмысына болса да *жетекші* болып отыруы керек (Б.Майлин, Шығ.). Семинарға Президент Әкімшілігінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жауапты қызметкерлері, облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің орынбасарлары, өңірлердегі ішкі саясат департаменттерінің, ақпарат және қоғамдық келісім басқармаларының *жетекшілері* қатысты («Егемен Қазақстан»). Асылаға, жалынды саяси *жетекші* Ғани – оны білетін бүкіл Орта Азия жастарының жүрегінде (Ш.Өтепов, Ғани.). **3.** а у ы с. *Негізгі, басты.* Шымкент облысында мақта шаруашылығы халық шаруашылығының *жетекші* саласы болып есептеледі (М.Майлыбаев, Мақта егісі). Ауыспалы егісте картопқа *жетекші* орын берілуі шарт (Б.Шағыров, Картоп). Ми қыртысының *жетекші* рөл атқаратындығы түрлі тәжірибелер жасау арқылы дәлелденген (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). **4.** а у ы с. *Тұрткі, себеп.* Әкемнің осы сөзі *жетекші* болғандай,

Ертіс бойына құс іздеуге жүрмек болдым (Ш.Айманов, Қыран.). Қазақстанның үш жылғы жұмысында *жетекші* болған сол жоғары айтылған нұсқау (С.Сейфуллин, Шығ.). **5.** с ө й л. ***Ғылыми жетекші.*** Алматыға осы күз барып, тақырыбымды бір бекітіп, бір білімді *жетекші* табам ба деп едім, әттеген-ай, қырсығып тұрғанын қарашы жалғанның, – деп Сағын қабағын тыржитып ойланып қалды (Р.Сәрсенбаев, Өмір сүр.).

Ғылыми жетекші. *Аспирант, ізденуші, диплом қорғаушының ғылыми жұмысына басшылық жасайтын ғылыми дәрежесі бар ғалым.* Аспирантураның қай түрінде болса да *ғылыми жетекшілер* болуы шарт деп есептеледі («Лен. жас»). Сандыбаевтың *ғылыми жетекшісі,* әм ұстазы институт директоры Бронштейннің адресіне де сын айтылды (О.Сәрсенбаев, Даңқ.).

Жетекші құрал. *Басшылыққа алынатын негізгі кітап.* Осы кітап *жетекші құрал* ретінде биязы және ұяң жүнді қой өсірушілерге арналып жазылды (М.Ермеков, Қазақст.).

Жетекші сұрақ. п е д. *Оқушыларға, студенттерге оқытушы тарапынан еске салу, жауабын толықтыру үшін қойылатын бағыттаушы, сүйемел сұрақ.* Оқушы бірден жауап бермеген жағдайда оған *жетекші сұрақтар* қойылады («Халық мұғ.»).

ЖЕТЕКШІ² з а т. а с т р. *Аспанның Солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Жетекшінің* ең жақсы көрінетін айы – декабрь мен январь (ҚСЭ).

ЖЕТЕКШІЛ с ы н. *Жетекке ергіш, ілескіш.* Көкжал басы жұмсақ, елпілдеген *жетекшілді,* елтең-селтең үрікпейтін де («Лен. жас»). *Жетекшіл* келер жылқы мал, Семізін мініп айдап бақ (Майлықожа, Нақыл). Сақи аты естілген соң іңкәр желдеген атандай *жетекшіл* болып, аяғын санап басып, ере берді (Ғ.Сланов, Дөң асқан). Әзәзіл жансыз барып сонда көрген, Байқады құр денесін жатқан жерден. –Алдауға жылдам түсер жан екен! – деп, Адамның *жетекшілін* сонда білген (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шығ.). Жүргенін білмегенмен үміт қайда, *жетекшіл* сол шіркінді алса ойға, Жөнінен көзін жазбай құштарланып, Жетуге құрмай ма адам әдіс, айла? (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

Жетекшіл түйе. ж е р г. *Бүйдасынан жетелегенде тартыншақтамай, бақырып-шақырмай еріп жүре беретін түйе.* Күземе байтал кекілді, *Жетекшіл түйе* секілді, Шеше айтса, кейін деп, Жеңгесі айтса бейімдеп, Дамбалын тастап қыз кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖЕТЕКШІЛІК з а т. *Жетекші болушылық, басшылық.* Әдебиет және өнер институтында қызмет істеген соңғы он шақты жылдың ішінде Мәлік Ғабдуллин көптеген ғылыми-проблемалық мәселелерді алға қойып, олардың жүзеге асырылуына *жетекшілік* етті («Қаз. әдеб.»). Институтта сабақ берді, кейін кандидаттық диссертациясына *жетекшілік* жасап, тізесімен басып отырып қорғатып шығарды (О.Сәрсенбаев, Бақыт құсы). Өзі жас өнерпаздарға *жетекшілік* ететін болып, мәдениет үйіне орналасты (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЖЕТЕКШІСІЗ с ы н. с ө й л. *Жетекшінің қатысынсыз, жол көрсетушісіз.* Қайсенов ондай *жетекшісіз*-ақ бұл қалада қалай жүретінін біледі, – деп күлді Алексеенко (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖЕТЕ-ҚАБА ү с т. *Барабар, шамалас.* Бұл күндері колхозда қырық мыңдай қой, мың жарымнан аса ірі қара, соған *жете-қаба* жылқы бар («Қаз. әдеб»).

ЖЕТЕ-ҚАБЫЛ ү с т. **1.** *Бір-біріне қатар, шамалас.* Әне-міне дегенше бұлар көтерілген шаңырақ астында, *жете-қабыл* биіктікте ерте көктемде бас жарған бәйшешек гүліндей қопарылып ашыла бастады (Ә.Тарази, Нұрлы дүние). **2.** *Іле-шала.* Ұрысы Қуандықтың шетке шауып, Айдаған қалың жылқы олжа тауып, Соңынан *жете-қабыл* құғыншы келсе, Көрсеткен Әмірханды жала жауып (И.Байзақов, Құралай.).

ЖЕТЕЛЕ= е т. **1.** *Адамды қолынан ұстап, ертіп жүру, жетектеу.* – Жасыңды тый, жүр, – деп, Әли әкесін *жетелей* жөнелді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Бір күндерде Едігені *жетелеп* әкеп, Бірдемеге жатқызды. Бірдемесін мұрнына таман тақап ед, Не болғанын білмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бүркіттей сығып мойнынан, Әкелді батыр *жетелеп,* Орысша жақсы білетін Сейітқасым інісін Шақырды батыр «бер кел» деп: «Қанша адамы бар екен, Күзетшіден сұра» деп (О.Шипин, Дастан.). *Жетелеп* бөбектерін әйел, еркек, Асығып әлгі жаққа келеді аттап (Ж.Молдағалиев, Жыр тур.). **2.** *Малдың бас жібінен ұстап жетектеу.* Базардан базарға шапқылап, тері сүйретіп, мал *жетелеп,* сауда қылатын да жүретін (Б.Майлин, Шығ.). Кісі өлсе ас беруші еді, айтып сауын, Ағайын келуші еді қауым-қауым. Біреу ат, біреу түйе, біреу бие *Жетелеп* келуші еді ауыл-ауыл (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сиыр сауып болып Перизат ақбоз айғырды *жетелеп* далаға алып шықты (Ә.Тарази, Құйрықты.). **3.** а у ы с. *Ойға, қиялға берілу, жетегінде кету, үмітке еру.* Мәрияшты осындай ойлар *жетелеп* біраз жерге жеткен еді (С.Алдабергенов, Қанат.). Жамалды аңсаған жүрек жігітті фермаға *жетеледі* (М.Хасенов,

Алғашқы.). Күңгірлеген дауысы Балқытады бойыңды, Күй қызығы *жетелеп,* Өрістетет ойыңды (Е.Бердин, Қанды асу). Ақ құба өңге қалқып шықты қыр гүлі, Қиял бізді *жетелейді* жыраққа. Күй күмбірі, бокалдардың сыңғыры, Үзік-үзік сөз келеді құлаққа (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Жігіт болдық кеудемізге жаз қонып, Жұрт секілді жар да сүйдік мәз болып, Көңіл шіркін *жетелейді* сонда да Кейде өзінің сыбағасын аз көріп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **4.** а у ы с. *Жол салу, жол көрсету, бағыт беру. Жетелер* таймас жолға мұным анық, Бұрыннан осы сарай елге қанық. Қайтып кірмес қақпадан әрі өткізіп, Шығарып салып қайтар артқы халық (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жұлдыздай боп жанар алдан Ақындықта елден ерек басқа заң Батырлығы жоқ адамнан Үлкен ақын шыққан емес ешқашан. Туған елім – арман, мұңым, Енді сені *жетелейді* жол қалай? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүзді айдап, бірді жетеледі. *Дүниені алшысынан басар мыңғырған бай болды.* Ащы терің жерге төгілсе, төгілер, менің, дәулетім төгілмес, бардан ауысады, балдан жұғысады, *жүзді айдап, бірді жетелейсің* (Қаз. ертегі.).

ЖЕТЕЛЕЙ-МЕТЕЛЕЙ үс т. *Жетелеген күйі.* Сараны *жетелей-метелей* Ақбілек ағылтегіл боп Ұрқиянықіне барды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕТЕЛЕКТЕ= е т. ж е р г. *Жетектеу.* Мен судан атымды *жетелектеп* өткіздім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕТЕЛЕС= е т. *Жетектесу, қол ұстасу.* Онан әрі тіл қатпастан орындарынан тұрып, бірін-бірі *жетелескен* күйі үйге қарай жүрді (Т.Нұрмағанбетов, Қош бол.). Кең далада өскен адамдар орманға кіргенде бірінен-бірі айырылып қалатындай, қол ұстасып, *жетелесіп,* топталып жиылып қала береді (Ә.Бектемісов, Жау.). Қазір де Сейіл мен Серіктің *жетелесіп* бара жатқанына шүкіршілігін қайта-қайта үнсіз қайырып толқып кеткен (Т.Иманбеков, Үлкен үй).

ЖЕТЕЛЕСУ *Жетелес етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТЕЛЕТ= е т. *Мал жетектету, сыйға мал (ат) тарту ету.* Абай сыйы Біржанның өзіне тартқан сары жорға ат, сонан соңғы бар жолдасына *жетелеткен* және бірнеше жуан тұғыр екен (М.Әуезов, Абай жолы). Ат тізгінін *жетелетсем* бе деген ниетім бар (Т.Иманбеков, Үлкен үй). Өзімнен оқушыға жыр дәметкен, Өлеңім жүйрігімдей *жетелеткен* (Ғ.Орманов, Таңд.).

ЖЕТЕЛЕТУ *Жетелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мал *жетелету.*

ЖЕТЕЛЕУ *Жетелеу етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Адам болса қолынан, мал болса шылбырынан ұстап жетектеу.* Өгізінің басын *жетелеуге* таласа берген соң, бізді Сиқымбай кезекпен ертетін қасына (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). **2.** а у ы с. *Ерту, ілестіру.* Сондықтан менде мынадай ой бар: қайтадан кейін қайтып, ең болмағанда бір унтерді *жетелеуімізге* керек (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). **3.** а у ы с. *Қолдау көрсету, бағыттау.* Кейде Сәбит мені *жетелеу* үшін болса да өзі қарап отырмай әңгіме айтып қояды (Б.Тұрсынбаев, Ауылдан.).

ЖЕТЕЛЕУСІЗ үс т. *Жетелемей, ілестірмей.* Расында есейгенімді білсін дедім, *жетелеусіз* жүре алмайтын бұрынғы жас бала кезім емес (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ.).

ЖЕТЕЛЕУШІ з а т. **1.** *Адам болса қолынан, мал болса шылбырынан ұстап жетектеуші.* Нұржан ат *жетелеушілерге* қосылып, бәйгі аттар жиылып жатқан ауылдың шығыс жағына қарай кетті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** а у ы с. *Жетегіне алушы; соңынан ертуші, ілестіруші.* Беймәлім жұмбақ бағына *жетелеуші,* төл табиғат иелері, туған жердің қасиет киелері, махаббат перштелері – Еділ секілді қар адамдары көбейе түссе деп тіледі (Д.Досжанов, Табалдырығың.). Бұл өмірде талай-талай бар жолдар, Мықты болса *жетелеушің,* жебеушің, Кеңіп сала берер талай тар жолдар (Т.Әбдірахманова, Кілт).

ЖЕТЕЛІ с ы н. **1.** *Жетесінде бір нәрсе бар, ақылды, саналы (адам).* «Жетесіз» Мақан «*жетелі*» Сүлейдің қалыңдығын тартып әкеткен соң, Сүлей одан жаман күлкі болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жетесіздер керісіп жатқанда, *жетелілер* бөлісіп жатады (Мақал). *Жетелі* жігіт болсаң ұмтыл алға, Өзің ұқ, бәрін айтып тізбейін деп (М.Әшірбаев, Кербез.). Бұл өңірдің *жетелі* қазағы алдын кеспейтін мына Созақ үстіндегі Мәлік батырға кісі шаптыру керектігін, қайбір күні, Өтеп те айтып отырған (А.Сүлейменов, Бесін). Осы қағиданы жете түсінген *жетелі* ақындарымыз заманды жаңғыртып, жасартып жатқан жаңа адамдардың ой-санасына үңіле бастаған (С.Мәуленов, Үркер.). **2.** а у ы с. *Ойлы, мағыналы, салиқалы (сөз, әңгіме).* – Сақау немесе қырсыққан, Сөзің жоқ па *жетелі!* – деп енді жұрт тұмсықтан, Шертіп-шертіп кетеді (Қ.Баянбаев, Ақ шағала). Творчество қайраткерлері жыл құсындай бас қосып қалатын осындай кеңестер тұсында мәдениетімізге басшылық етіп отырған адамдардан *жетелі* сөз күтеміз («Қаз. әдеб.»).

ЖЕТЕЛІЛІК з а т. *Ақылдылық, саналылық.* Тумысынан *жетелілігі,* қызметтен алған тәжірибесі мол болса да, Сүлеймен өз білімінің

аздық ететінін аңғара білді (Ж.Арыстанов, Естен кетпес.).

ЖЕТЕР-ЖЕТПЕС үст. **1.** *Жуық, жақын, шамалас.* Қысқасы, қаза болған солдат жүзге *жетер-жетпес* (І.Есенберлин, Қahар). Нұрым секіріп жерге түсті, шылбырдың ұшынан ұстап тұрып Мәмбеттің қолындағы пышақты алды да кер аттың құйрығын тірсегіне *жетер-жетпес* етіп шорт кесті (Х.Есенжанов, Тар кезең). Батыр Баянның үш мың әскерін қосқанның өзінде қарамағындағы әскердің бар болғаны он мыңға *жетер-жетпес* (І.Есенберлин, Жанталас). Бойы тіптен кішкентай *Жетер-жетпес* тақтаға. Ұлықпан кеп отырды Ең алдыңғы партаға (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Тақтық, жеткілікті емес. Жетер-жетпес* болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен (Абай, Тол. жин.).

ЖЕТЕРЛІК с ы н. **1.** *Жететін, жетіп қалатын.* Екі кісінің аяқ киіміне *жетерлік* былғарыдан оған әзер дегенде бір етік тіктік (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Өйткені жас әйел жолға *жетерлік* ет тамақтарын көнелеу қара сумкаға салып берген (Т.Нұрмағамбетов, Ата қоныс). **2.** *Жеткілікті, мол.* Қыз қолында бұған жұмсар қару да *жетерлік* қой (А.Байтанаев, Қайнар бұлақ). Не керек, бүгін ой басқа, Жақсылық жұртқа *жетерлік* (Қ.Ыдырысов, Жолық.). Хадишаның өз ақылы өзіне *жетерлік,* қайта бір бүкпесі ішінде жүретін, қатпарлы адам ба деп қалдым (З.Шашкин, Өмір.).

Қол жетерлік. а) *Жақын, алыс емес.* Тап сол кез Мұкараманың арманы да созса *қол жетерлік* еді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). ә) э к о н. *Тауар бағасының тұтынушылар сұранысын қанағаттандыра алуы, тауардың тым қымбат болмауы.* ≈ *Қол жетерлік* баға.

ЖЕТЕСІЗ с ы н. 1. *Санасыз, ойсыз, жігерсіз. Жетесіз* ұл жер етер, Жігерлісі – қуатың (М.Әлімбаев, Жүрек.). *Жетесіз* жеті рет жығылса да жеңілгенін мойындамайды (Мақалмәтел). *Жетесіздің* басқа ру-ұрымын тексеретін жайым болмады, – деп көңіліне діт сақтаған раймен ішін бермеді (С.Сматаев, Елім-ай). Нағыз бір *жетесіз* жан болмаса, бүйірі қызбай, намыстанбай қала алмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Жігерім болса жетемде, Еліме барып ұл болсам. Жігерсіз болсам *жетесіз,* Қойын бағып құл болсам (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2.** *Тексіз.* Араб тілінде жадд (жете) сөзі «ата, ата тек, арғы атабаба» деген ұғымда жұмсалады. Осы мағынада қазақта *жетесіз* екенсің, жетесі жоқ, *жетесіз* сияқты бірсыпыра сөздер қолданылады. Мәні – тексіз (І.Кеңесбаев, Қаз. тілі фразеол. сөздігі). *Жетесіз* жабы шауып бәйге алмайды, Сүт беріп ақ бидаймен баптаса да (Айтыс). **3.** а у ы с. *Мән-мағынасы жоқ, бос (сөз).* Бүгін сол әке атын, әке еңбегін қор етіп, қайдағы бір *жетесіз* сөздер айтасың (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖЕТЕСІЗДЕЙ с ы н. *Жетесі жоқ сияқты; санасы, ақылы жоқтай.* Сонда да «*жетесіздей* жетімсіреп, болмашыға өкпелейтін болсаң» атанғысы келмеді, бейпіл ауыз қалжыңға мән бермейтін сабырлы да сыпайы кісі болып, селт етпей отыра берді (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

ЖЕТЕСІЗДЕУ с ы н. *Жетесізірек, санасыздау, ақылсыздау.* Өйткені ағасының алып отырған қатыны да бір *жетесіздеу* адамның шажа байтал бейнелес кілбиген маймақ кәрі қызы. Қарны шермиіп, борбайы шыт-шыт боп, тек жыл сайын бір баладан қоздата беруді білуші еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕТЕСІЗДІК з а т. *Жетесінде еш нәрсе жоқтық; жігерсіздік, намысы жоқтық, тексіздік.* Олар әлдекімнің ездігін, *жетесіздігін* айтып күліп отырады (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Мұндай шараны болдырмау *жетесіздік,* соқырлық болады («Лен. жас»). Жалғанда жетімдік жаман екен, содан кейін *жетесіздік* жаман (Ә.Асқаров, Тайга толғауы). Қолмен істеген нәрсесін мойнымен көтеруге жарамау – ер адам үшін неткен *жетесіздік* (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖЕТЕУ с а н. *Жеті санының жинақтық түрі, жинақтық сан есім.* Үлкен залда үш әйел, екі еркек жуынып шығып, дем алып отыр, бізбен *жету* болдық (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Айла алтау, ақыл *жету* (Мақал). *Жетуі* Құнанбай балаларына қарсы баталасады (М.Әуезов, Абай жолы). Қатарлап қойған солдаттар Зеңбіректің *жетуін* Аузын көрдей үңірейтіп (О.Шипин, Дастан.). Пайдакес елді жеген сұрақшылар, Заманы Некалаймен бірге батты. Аштықтан шұбай бердік аттыжаяу, Ой *жету,* ақыл алтау, жүріс баяу (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЕТКЕР= е т. к ө н е. **Жеткіз**. Бір кезде мені Сапаржанымды *жеткерсем* екен деп армандады (С.Шаймерденов, Қарғаш). Табыспен таңғажайып күтіп алдық, *Жеткергенін* байтақ елге берекені (Қ.Боранбаев, Жаңарған.). «Себеппен бізді Құдай *жеткерді*-ау» деп Қызыққа қарқ-қарқ күліп бата берді (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Қолымды жетпес шыңға *жеткер* менің, Өзіңмен көкке өрлеймін, көктемдерім. Өмірге келгенде емес, кеткенде мұң, Мен сенен кетпей мәңгі көктер ме едім!.. (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖЕТКІЗ= е т. **1.** *Затты тиісті жеріне апарып беру.* Біздің Ақбота болысынан үш жүздей сиыр, тағы бірнеше жүз жылқы жиналып, соны *жеткізіп* беруге мені жіберді (Ш.Айманов, Қыран.). **2.** *Белгілі бір*

жерге дейін алып бару. Сағынсам, өз еліме *жеткізе* ме, Айтсаңыз, мархаматты аталарың? (Абай, Тол. жин.). **3.** *Артынан қуғанды маңына жуыту, қатарластыру.* Күн артынан күн туар, Бір күн дамыл етқізбес. Ой артынан ой туар, Желге мінсең, *жеткізбес* (Абай, Тол. жин.). Шапқан атқа *жеткізбес* бөкен желіс, Ыза қылдың қолыма бір тигізбей (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Санын теңестіру.* Жылқының санын жүзге *жеткізді* (Ауызекі). **5.** а у ы с. *Қылақтандыру, айту, хабар беру.* Бір уақытта шабарман қызыл әскер келіп бұйрық *жеткізді* (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **6.** а у ы с. *Сезімін білдіру.* Жас жігіттің ынтық қызына сезімін *жеткізгісі* келсе, әннен артық қандай құрал бар (Ш.Құмарова, Қос шынар). Халім нашар, көрдің бе, көрдің бе, әнім, Аққұба әнім, айта алмай қор қылмағым. Көмейімнен шықпасты, шыға алмасты, – *Жеткізе* алар ерніне ернім бәрін (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **7.** а у ы с. *Өсіріп-өндіру, бағып-қағу, қатарға қосу.* Қайтіп сендерді *жеткіземін* деп, біреумен ұрысып, біреумен жұлысып күн кешіп келе жатқан жоқ па? (С.Жүнісов, Жапанда.). Тағы жайна, жарқыра, тағы түнер, Қоршап тұрған өзіңді халықты көр. Балаларды *жеткіздік* Алатау боп, Ақ отау ғып шығардық бәрін түгел (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **8.** а у ы с. *Өсиет ету, кейінгі ұрпаққа қалдыру.* Шалқып жатқан көл айтқан, Заулап жатқан жел айтқан, Самалды сары бел айтқан. Кейінгіге *жеткіз* деп, Домбырама мен айтқам (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). *Жеткіз* жұртқа бүгінін, өткендерін, Қысын, күзін, жазы мен көктемдерін. Жадында тұтсын ұрпақ, жасырмай айт: Ақтабан шұбырынды өткелдерін, Аруды арам жандар өпкендерін, Боз інген ботасы өлген бой жаза алмай, «Елім-ай» Аруана шөккен жерін (М.Мақатаев, Шығ.).

Жеріне жеткізе. *Бабына келтіре, асыра (айтты, дәріптеді, мақтады).* Менің сабағым, алған бағаларым туралы мамам оған әрине мақтап, *жеріне жеткізе* айтқан болу керек (Ө.Тұрманжанов, Адам.). – Жүгеріні жайқалтса, Орекең жайқалтады, – деп *жеріне жеткізе* дәріптеді (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

ЖЕТКІЗГІСІЗ: **айтып жеткізгісіз.** *Тіл жетпейтін, айтып болмайтын.* Дауыс деп соны айт! Әу деген әуенінің өзі *айтып жеткізгісіз* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Көкірегіне қандай да бір *айтып жеткізгісіз* қуанышты сезім ұялады (А.Нұрманов, Аққу).

Қол жеткізгісіз. *Әркімнің қолынан келмейтін.* Өнер – *қол жеткізгісіз* шыңы бар асқақ Алатау тәрізді (Ш.Сариев, Арайлы.).

ЖЕТКІЗДІР= е т. **1.** *Затты тиісті жеріне апарып бергізу.* Біздің забойға Әлжан әлсін-әлсін келеді. Керек затымыздың бәрін мұлтіксіз *жеткіздіріп* тұрады (І.Есенберлин, Алтын құс). Балалар жинаған тыңайтқышты егістік басына *жеткіздірді* (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). **2.** *Адамды тиісті жеріне дейін апарып салғызу.* Бошан мені үйге де *жеткіздіріп* салған жоқ (З.Ақышев, Достар.). **3.** *Қылақтандыру, құлақ қағыс еткізу, біреу арқылы естірту.* Кететін мезгіл тақаған кезде Достай өзі айта алмай Әлтай арқылы *жеткіздірген* еді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖЕТКІЗДІРТ= е т. **1.** *Затты тиісті жеріне апарып бергіздірту.* – Бұл дұрыс-ақ ұсыныс, ағашты мен *жеткіздіртейін,* сен дайындық жұмысын қарқындат (С.Бегалин, Уақыт.). Қазір нарядтан шыққан соң бірінші жатақханаға ескі де болса, жылы көрпелер *жеткіздіртемін* (Ж.Өмірбеков, Тастүйін). **2.** *Адамды тиісті жеріне дейін апарып салдырту.* Сен оларды теңізге апарып қана қойма, кері қалаға шейін *жеткіздіртіп* сал әлгі мотоботпен (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік.).

ЖЕТКІЗДІРТУ *Жеткіздірт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТКІЗДІРУ *Жеткіздір етістігінің қимыл атауы.* Қора басына қай кезде қалай *жеткіздіру* менің міндетім, – деді ол (А.Жолдасбеков, Әке.).

ЖЕТКІЗЕРЛІК с ы н. *Жеткізуге боларлық, айтарлық, мәлімдерлік.* Мұны хатпен айтуға мүмкін емес, ауызбен ғана *жеткізерлік* жырдың жыры (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бұл бір ерекше қасиет ретінде жазылып, комиссияға *жеткізерлік* жәйт, – деді Айдахан (С.Бегалин, Уақыт.). Гүлжиһанның сұлулығы ауызбен айтып *жеткізерлік* емес екен де, ақылдылығы теңдессіз болып шықты (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖЕТКІЗУ *Жеткіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Затты тиісті жерге апарып беру.* Саған етік заказ берем, бірақ былғары *жеткізуім* қиын болар, – деді Гусев (Т.Ахтанов, Боран). **2.** *Санын теңестіру.* Кеңес енді әскер санын жиырма мыңға *жеткізуді* жөн деп тапты (І.Есенберлин, Қаһар). **3.** *Хабар беру, құлақ қағыс ету, айту.* Ауаның тіршілік үшін маңыздылығын айтып *жеткізу* қиын, сондықтан кейде бір нәрсе өте қажет бола қалса оны «ауадай қажет болып тұр» деген сөзбен жеткіземіз (Т.Қалыбеков, Экология.). Адам сезімін айнытпай *жеткізу* дүниенің азабы екен (Т.Ахтанов, Боран).

Көз жеткізу. *Сенімді болу, анығын білу.* Оған *көз жеткізу* үшін мына сызықтарға зер салып, есепті шығарсаңыз болғаны (Д.Досжанов, Жібек.). Қандай жолмен болса да бар шындыққа жігіт *көзін* бір *жеткізу* керек еді (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЖЕТКІЗУШІ з а т. *Бір нәрсені апарушы, әкелуші, хабарын беруші.* Олар ханның аяғына жығылып, жерді сүйіп, біз, Құдайдың құлдарын, кешіре гөріңіз, жіберген адамдардың сәлемін *ж е т к і з у ш і м і з* деп жалбарынды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Қалада оқып жүрген Абай ауылының жастары арасынан Қасымбек Әуезов, Сіләл мен Ұлықпандарды өзіне айтып *ж е т к і з у ш і л е р* де бар-ды (К.Оразалин, Абай.). Манағы талапты Кабановский мырзаға *ж е т к і з у ш і* де өзіңіз болдыңыз (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖЕТКІЗІЛ= е т. **1.** *Апарылып берілу.* 1904 жылы ескіше 23 июльде Абайдың денесі Балшабақта үш түнеп, Жидебайға *ж е т к і з і л д і* (К.Оразалин, Абай ауылы.). Тез арада танк бұзатын гранаталар *ж е т к і з і л і п,* жауынгерлерге таратылып берілсін!.. (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Саны теңестірілу.* Әрбір қой, мінілетін ат саны үшеуге *ж е т к і з і л с і н,* – деді директор (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Ал Өскемен қорғасын-мырыш, Ақшатау кен-байыту комбинаттарында, Ертіс химия-металлургия, Шымкент және Лениногорск қорғасын заводтарында су айналымы және суды қайталап пайдалану өндірістік қажеттерге жалпы суды пайдаланудың 80–90 процентіне дейін *ж е т к і з і л г е н* (Т.Қалыбеков, Экология.).

ЖЕТКІЗІЛУ *Жеткізіл етістігінің қимыл атауы.* Соғыс саябырлап, жұрт дем алған кезде алғы шепке мезгілінде тамақ, оқ-дәрі *ж е т к і з і л у і н* қадағалады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖЕТКІЗІС= е т. *Жеткізуге көмектесу, апарысу.* Мен *ж е т к і з і с е й і н* дегеніме қара көсе көнбеді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖЕТКІЗІСУ *Жеткізіс етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТКІЛ с ы н. ж е р г. *Жеткілікті.* Бізде мал жағы *ж е т к і л* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕТКІЛІКСІЗ с ы н. **1.** *Жетпейтін, жетіспейтін.* Қазақстан жері ылғалы *ж е т к і л і к с і з* аймақтар қатарына жатады (Х.Мұстафин, Ақ тары.). Ол үшін екі пұт бидайдың *ж е т к і л і к с і з* екенін есіне алып, ойша Сатыбалдының қазынасына ат басын тіреп тоқтаған (А.Мекебаев, Құпия.). Барлығына бірдей мінуге көлік *ж е т к і л і к с і з,* сұрап мінетін бай ағайындары (С.Шәріпов, Бекболат). **2.** *Аз, аздық етеді, жетімсіз.* Ажарына жан тең келмес, айдай толықсыған сұлуды алу үшін Байтабынға құр Жоламан батырдың жиені болу *ж е т к і л і к с і з* (І.Есенберлин, Қаһар). Мәдени-көпшілік жұмыстарын тек клуб шеңберінде ғана жүргізу *ж е т к і л і к с і з* («Қаз. әдеб.»). Атаның ұлы болып қою *ж е т к і л і к с і з,* адамның баласы, елдің ері болған артық (С.Бақбергенов, Адам.). Жақсыны жақсы деу *ж е т к і л і к с і з,* жақсылығын көрсету керек (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

ЖЕТКІЛІКСІЗДЕУ с ы н. *Аздау, жетімсіздеу.* – Мәселен, кадрларымызға тоқталайық. Бұрын ұлт өнерпаздары *ж е т к і л і к с і з д е у* еді (І.Омаров, Серпін). Туысқан республикаларда мақал-мәтелдер жөнінде жазылған еңбектерде де ауыз әдебиетінің осы жанрының көркемдік табиғатын зерттеу *ж е т к і л і к с і з д е у* сияқтанады (М.Әлімқұлов, Өнекті сөз.).

ЖЕТКІЛІКСІЗДІК з а т. *Аздық, кемдік, жетімсіздік.* Шөп шабуға бөлінген күштің *ж е т к і л і к с і з д і г і* сөз болды (М.Дүзенов, Ақәже). Ылғал *ж е т к і л і к с і з д і г і н е н* кеуіп қалған өсімдік қайта қалпына келмейді (С.Тұрдиев, Үй өсімдік.). Тас жолдарда кездескен басқыншылардың бақайына дейін қаруланған топтарымен айқасқанда әлі де болса қару-жарағымыздың *ж е т к і л і к с і з д і г і н е н* көп қиындық көріп жүрдік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Мұнай өндіру технологиясының *ж е т к і л і к с і з д і г і* бұл байлықтың жер қойнауына едәуір ысырапқа ұшырауына себепші болуда (Т.Қалыбеков, Экология.).

ЖЕТКІЛІКТІ с ы н. *Жетерлік, көп, мол.* – Мен үшін сіздің осы айтқаныңыз да *ж е т к і л і к т і,* – деді қарт (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Адал ниетпен, ақ істен тапқан жауым *ж е т к і л і к т і* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Әркімнің өз уайымы *ж е т к і л і к т і* кезде қашанғы біреудің басында күзетіп отырады (Т.Ахтанов, Боран). Қайыны Атбасарда Мұқан төре, Қызықты неше түрлі көзбен көре. Дәулеті неше түрлі *ж е т к і л і к т і,* Зерлі ғып арғымаққа салған ері (Ә.Найманбаев, Шығ.). Көлік күші *ж е т к і л і к т і,* адам күшін таба алмай, Жәрдем сұрап шапқылайтын бригадир Қоғамбай, Осынау бір тынымсыз жан қамшылаған торы атын Әзілқой-тын, әрі менің жақын жездем болатын (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЕТКІЛІКТІЛІК з а т. *Жететіндік, молдық, көптік.* Енді оны (баланы) білім қорының *ж е т к і л і к т і л і г і* де, өзін-өзі бақылай білу қабілеттілігі де тоқтата алмайды (Семья тәрбиесі).

ЖЕТКІНШЕК з а т. *Жасөспірім; жас жігіт.* Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай, Бөкеңнің жас жолбарыс *ж е т к і н ш е г і* Аузынан жалын шашқан жас жанатай (М.Жұмабаев, Шығ.). Жаны жалын, жаны шерлі *ж е т к і н ш е к,* Күлсін саған, сөксін мейлі көк есек. Мен сөкпеймін, сен сонау толқынмен, Қан майданға неге ғана кірдің деп (М.Жұмабаев, Шығ.). Қаңғырғанның ұлы деп, Серікті ұрар қақ басқа! Жеті жасар *ж е т к і н ш е к* Жеделдеп елін таппас па! Жек көрген балаң Ер Төстік, Жылатып

достық айтпас па! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жеткіншектің* қойған сұрауына өзім жауап берудің орнына, мен оған: «Бұл мәселе туралы толық мағлұматты пәлендей кітаптан табасың, соны қара», – деуді артық көрер едім (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕТКІНШЕКТІК с ы н. *Жасөспірімдік, жігіттік.* Балалық, *жеткіншектік* шақтарын осы қалада өткізген ол биік үйлердің әрбірін: «бұл бұрын ондай үй болса, енді бұндай үй» деп таныстырады (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ЖЕТКІСІЗ с ы н. *Жетпейтін, ерекше.* Ол екеуі өлшеу *жеткісіз* балдай тату болатын (Қ.Шөкенов, Гудок).

Баға жеткісіз. *Баға жетпес, құнды, қымбат.* Көзбен көрген документтер, суреттер *баға жеткісіз* байлық болып қала береді екен (Ш.Есмырзаев, Ильич.). «Еуразия жүрегінде» кітабында Астананың елдің экономикалық-әлеуметтік дамуында қандай орасан орын алатындығы айшықты айтылған, бұл шешімнің геосаяси тұрғыдағы *баға жеткісіз* маңыздылығы келісті көрсетілген («Егемен Қазақстан»).

Көз жеткісіз. а) *Шетсіз, шексіз; ұлан-байтақ.* Ирек-ирек сызық түскен аппақ қар *көз жеткісіз* алысқа кетіп жатыр (Т.Ахтанов, Дала.). Еңбекпенен гүлденген колхозды ауыл, әр шеті *көз жеткісіз* даласы бар (Айтыс). Батыс беттегі Атбасар бағыты ауасы тар, қала шаңының астында жатады, терістіктегі Көкшетау жолы *көз жеткісіз* көгалға сіңіп, көлшік, суат, өзеншеге көміліп, сарайдың реңін ашпайды («Қаз. әдеб.»). ә) *Алыс, арасы алшақ.* Арқалық облыс орталығы болғаннан бері көркейе өсіп кеткен. Бұрынғы шағын қалашық емес, о шеті мен бұ шетіне *көз жеткісіз* («Қаз. әдеб.»).

Көз жетпейтін. *Алыс, жырақ.* Мағрифлі озып кетіп милләтләр *Көз жетпейтін* арамыздың алысы. Надандық шәрбәтіне мас болдық Зарарға дос, файдамызға қас болдық (М.Дулатов, Шығ.).

Қол жеткісіз. *Тым биік, қол жетпейтін.* Той тарқар таянғанша, ол арманы, *қол жеткісіз* қиял сияқтанып, кейбір күндерде, кейбір жағдайларда алыстан ғана көздері түсіп, ұрымтал, жақын жерге жуымай-ақ қояды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Тәкаббар қыз Төлегенге *қол жеткісіз* биік асқар сияқты болып көрінеді (М.Әуезов, Әр жыл.). Қиянат куәсіндей *қол жеткісіз,* Шаңқылдап құзар шыңнан бүркіт ұшқан (Т.Әлімқұлов, Бозжорға). Хакімдер жаңаөспірім жастан болды, Басына ұрылардың бостан болды. Қой бағып, торсық емген топырыштар, Бұл күнде *қол жеткісіз* аспан болды (Үш ғасыр.).

Сан жеткісіз. а) *Есепсіз, қисапсыз көп.* Рас па екен? *Сан жеткісіз* ғой. Сонда жер бетінде адамның көп болғаны-ау, – деп ойлады ол (Т.Дәуренбеков, Біз кездес.). ә) *Алуан түрлі.* Организмде тынымсыз *сан жеткісіз* өзгерістер болып жатады (Т.Айтбаев, Қан қасиеті). Өмірдің *сан жеткісіз* сырын ақтап, Салмақтап, зердесінде түйіп ұстар (Партия тур. өлең.).

Сөз жеткісіз. *Айтуға тіл жетпейтін.* – Жарайсың, Күлпәш. *Сөз жеткісіз* жүрек тілі сенің сәби жаныңда деп айтпап па едім (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Түр жеткісіз. с т и л ь. *Алуан түрлі, түрлі-түсті.* Көз алдында дәйексіз өзгеріп жатқан көп сурет, *түр жеткісіз* көп бояу, құлағында сан дыбыс (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Тіл [тілмен айтып] жеткісіз. *Тілмен айтып, суреттеп шықпысыз.* Ағаштың, гүл-бәйшешек, аңқыған иіс, Құдыретті ауазданған ерте мен кеш Жазғанда *тіл жеткісіз* түрлі сырлар, Ардақтап, айналдырмайды ойыңды еш (Б.Күлеев, Таңд.). Бар жерде де құр алыс, Барша жұртқа қуаныш, *Тіл жеткісіз* қызық еді (Б.Күлеев, Таңд.). Бүкіл адамгершілік қасиеттен жұрдай болып, тіршілік атаулыға жыланша жиырыла қарайтын әлгіндей көзсап болу үшін, *тілмен айтып жеткісіз* қаншама арсыздық, қаншама айуандық керек десеңші (Т.Бигелдинов, Аспанда.).

ЖЕТОН [франц. jeton] з а т. **1.** *Ойын-сауық, қоғамдық орындарда бағасы төленген, ақша орнына берілетін дөңгелек тежір.* ≈ *Жетон* алу. **2.** *Белгілі бір ұйымның (үйірменің) мүшесі екенін білдіретін, сондай-ақ қандай да бір айтулы күннен, оқиғадан естелік ретінде немесе жүлде түрінде берілетін белгі.* Бұрын-соңды разряд иемденіп көрмеген Шындақ өңірінде «бірінші разрядты палуанның» күміс *жетоны* тұрды («Лен. жас»).

ЖЕТПЕГІР з а т. қ а р ғ. *Жасыңа жетпей кеткір, өспегір. Жетпегірің* жетілген, Жақсылық күтпе жетімнен (Манас). Сол Әбдісайдың *жетпегірі* осыншама қысастық жасайтындай не жазып едік? – деп апам да терең күрсініп алды (О.Бөкеев, Үркер). Кіпкішкентай боп қиқарын қарашы *жетпегірдің,* – деп, өзін желкеден бір түйіп, күшігін таяқпен көміп өткеннен кейін ғана Әділ ақылға түсті (М.Мағауин, Ақша қар). **2.** *Қатты ашуланғанда оңбай кеткір, ойлағанына жетпей қалғыр деген мағынада жасөспірім ер балаға, жігітке айтылатын қаратпа атауыш. Жетпегір* боп ол саған не істеді? Төбеңе құй қазды ма? (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Бақтырам! –

деді бастығым. Бағасың! – деді, – *ж е т п е г і р!* Сонымен, біраз жас күнім, Қысырақ қуып өткен бір, Қорада жемсіз ақырда, Қамауда тұрғын қысырақ, Аяңдап келем, тақымға Шетеннен құрық қысып ап. Айқара аштым қораны, (М.Мақатаев, Шығ.). Кемпір қатты ашуланып, барғаныңнан қайтпа, *ж е т п е г і р*! – деп екіленді (Ауызекі).

ЖЕТПЕС с ы н. *Жете алмайтын, биік.* Қарлығаш қарманып жүр ұя салып, Биікке жылан *ж е т п е с* қия салып (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш).

Баға жетпес. *Қымбат, адал, құнды.* Жақсы ит таптырмайтын *б а ғ а ж е т п е с* жолдас (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Жел жетпес. *Ұшқыр, асқан жүйрік.* Бертінде *ж е л ж е т п е с* көк бесті жайлы әкем тебірене айтып отыратын (З.Иманбаев, Нажайғай.).

Көз жетпес. *Алыс, жырақ.* Алысқа, кісінің қиялы болмаса *к ө з і ж е т п е с* тұңғиыққа үңілді (Д.Досжанов, Жібек.).

Қол жетпес. *Тым биік, қол жетпейтін.* Қалада оқып жүрген Әкпар Шолпанға *қ о л ж е т п е с* армандай көрінген (І.Есенберлин, Қатерлі өткел).

ЖЕТПЕСШІЛІК з а т. ж е р г. *Кемшілік, олқылық.* Өзіңнің де тәртіп жағынан *ж е т п е с ш і л і г і ң* болған ғой, әйтпесе «4» қоймайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕТПЕУШІЛІК з а т. *Жетпей қалушылық, жетіспеушілік, аздық.* Ақша, азық-түлік жағында *ж е т п е у ш і л і к,* тіпті иемденіп кетушілік бар көрінеді (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

ЖЕТПІС с а н. *Алпыс тоғыз бен жетпіс бірдің арасындағы сан, 70 цифрының қазақша атауы.* Жігіт адамға *ж е т п і с* өнер де аз (Мақал). Көк Орда Көк Орда болғалы ұлы ханның әскері *ж е т п і с* мыңнан асып көрген емес, ал бұл жолы... жүз мың! (І.Есенберлин, Алмас.). Жеміс *ж е т п і с* түрге бөлінеді, балам. Ерінбей еңбек етсең, біздің жерге өспейтін жеміс болмайды (С.Омаров, Жүйрік.). Сұлтандар қасында намысты, арлы *ж е т п і с* я сексен кісі қалды (Әбілғазы баһадүр, Түрік шежіресі). // *Жетпіс жас.* Бақытын жаста аңсаған көзі көрді, *Ж е т п і с т е* кетті түлеп кәрі жүзі. Жүректе тұлғасы орнап суреттей, Құлақта терең ұғым қалды сөзі (О.Шипин, Дастан.). Екінші дерек: жасы *ж е т п і с к е* жақындап қалған қазақ әйелі экраннан ботадай боздап тұр. Неге боздайды қарт ана? Сөйтсек, бұл әйелдің ұлы осыдан біраз жыл бұрын «діни білім алам» деп шетелге кеткен. Содан «Ұлы халифат» құрушылардың өзі мен сөзіне сеніп, туған жерге қайтпай қалған («Жас Алаш»).

Желкем жетпіс ойлы. *Ойы сан-саққа жүгірді, бір ойы былай дейді, бір ойы былай дейді.* Арқам алпыс ойлы, *ж е л к е м ж е т п і с о й л ы* (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

ЖЕТПІС-СЕКСЕН с а н. *Жетпіс, сексен шамасындағы болжалды сан.* Машина оқтай зымырайды, шамасы сағатына *ж е т п і с-с е к с е н* километрді молынан алып келе жатқан тәрізді (І.Есенберлин, Айқас). Сол дәрігерге келушілердің *ж е т п і с-с е к с е н* проценті жеңіл-желпі жарақаттанғандар (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖЕТПІСІНШІ с а н. *Жетпіс санының реттік түрі.* Он тоғызыншы ғасырдың *ж е т п і с і н ш і* жылдарда ұйғырлар Монжур үкіметінің құлдануына қарсы көтеріліс жасайды (С.Мұқанов, Алып. адым.). Оқырманның есіне алғашқы декаденттердің Францияда *ж е т п і с і н ш і* жылдардың аяғына қарай буржуазияның толық жеңіске жеткені және оның өзіндік дүниетанымы қалыптасқаны анық белгілі болған тұста пайда болғанын еске сала кеткіміз келеді («Қаз. әдеб.»). Бұл кез, яки *ж е т п і с і н ш і* жылдардың ортасы қазақ әңгімесінің көрікті көкжиекке иек артып, дәстүрдің молығып та толығып, жаңашылдықтың жаyһар көріністері көз қуантып, көңіл марқайтқан тұсы-тын («Жас Алаш»).

ЖЕТТІК= е т. с ө й л. ***Жеті***л. Қандай дарындылығың болса да, қоғамдық ортадан шығып, әдебиеттің белгілі продукциясы арқылы *ж е т т і г е т і н і* белгілі (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Ғылыми-фантастика өзінен-өзі *ж е т т і г і п,* толтырып, қалыптасып кетеді деп қол қусырып отыру керек пе? («Қаз. әдеб.»).

ЖЕТУ *Жет етістігінің қимыл атауы; арақашықтығы едәуір жерге бару.* Сонымен Сұлтанмахмұт зор адамшылық деп түсініп, Томға *ж е т у г е,* профессор Захаровқа көрінуге бел байлаған (Д.Әбілев, Арман.). Сырдың бойы түлеуде, құлпыруда, Алқабында күй шалқып, жыр тұнуда. Төретамдар стартқа кезек алып, Байқоңырға *ж е т у г е* ұмтылуда (М.Мақатаев, Шығ.). Одан кейін Ырғыз өзенінің төменгі сағасымен жүріп отырып, мамырдың жиырмасында Кенесары ауылдарының жайлауы Торғай өзенінің жағасына *ж е т у і* керек (І.Есенберлин, Қаһар). Шабады шабармандар, *ж е т у г е* асық, Жол тартқан тапсырма алып, сапар қашық. Қала жоқ, поселке жоқ ол заманда, Төтелеп асу асад, белді басып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Арманға жету. *Арманы орындалу.* Жиырма бес, *а р м а н ы м а ж е т у* үшін Рақмет сыйлаған отың үшін! Достастырған күндерге ризамын, Қоштастырар күндерде өкінішім... (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Мұратқа жету. *Алға қойған мақсатына, діттегеніне жету.* Мен алыссам бір-ақ рет

алысам *Жету* үшін бірегей бір *мұратқа*. Мен жарыссам бір-ақ рет жарысам, Міниіп алып бір атқа (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Табысқа жету. *Мақсаты орындалу, еңбегінің жемісін көру*. Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің барлық салаларында *табысқа жетудің* жеңімпаз құралы мен кілті өз қолымызда (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

ЖЕТІ[1] с а н. *Алтыдан кейінгі есептік сан, 7 цифрының қазақша атауы. Жеті* рет өлшеп, бір рет кес (Мақал). Ей, балам, пәлен күні жауын жауар, Сол жауынның суында қасапат бар: *Жеті* күн жынды болар суын ішкен, *Жеті* күн өткеннен соң және оңалар (Абай, Тол. жин.). Кешкі сағат *жеті* де үйде боламын (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Жеті* ұл мен бір қыз қалған артында, Өткен пақыр арманына жете алмай (Ә.Абайділданов, Алыс.). *Жеті* жыл тарттың өрге сен, Жеткіздің тағы шыңға бір. Әлемге болдың сен көсем, Адамға болдың шын бауыр (М.Мақатаев, Шығ.). Сенімді *жеті* жігіт қасына еріп, Батырға Шаймердендей көмек беріп. Таң ата ертең ерте жүрмек болды, Жолдасқа отыз кісі қасына еріп (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). // *Жеті жас*. Балалықтың базарын, Емес әлі ұмытқан. Жетті осылай *жетіге*, Балғын болып Ұлықпан (О.Шипин, Дастан.).

Алып алты, жеп жеті болмайды. *Жұрттан алып-жеп жетіспейді деген мағынада*. Сен бе Қара ішінде Қырым Қожа. Еш нәрсе сұрағым жоқ бұрын, Қожа. *Алып алты, жеп жеті болмыз* ба, Шеше ғой шалбарыңды ырым, Қожа (Шешендік сөздер).

Жерден жеті қоян тапқандай. а) *Мәз болып, арсалаңдап*. Кәрі бәйбіше мұны Найымға *жерден жеті қоян тауып алғандай* өсіре, түрлендіре жеткізді (Ә.Нәбиев, Шолпан.). *Жерден жеті қоян тапқандай*, жүгіріп барып қобдишаны қолтықтап қайттым (С.Мәуленов, Таңд. өлең.). Жаманқара *жерден жеті қоян тапқандай* әлденеге мәз боп, тырқ-тырқ етіп күле берді (Р.Ниязбеков, Отағасы). Атына міне сала *жерден жеті қоян тапқандай* шауып барады (Ғ.Мұстафин, Шығ.). ә) *Қатты шаттанып*. «Тағы да біреулер келіпті!» *Жерден жеті қоян тапқандай* қуанып, қызыл сиырды үйге қарай қуа жөнелдім (О.Тәжиев, Жетім.).

Жеті амал. э т н. *Қазақтың байырғы күн қайыруындағы (күнтізбесіндегі) күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, Үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, айдың тоғамы, тоқсанның кіруі деген табиғат құбылыстары*. Өсімдік, адам, құс пен мал, Дүр етіп назар бөлгені, Өтіпті қысқы *жеті амал* Иә, бұл көктем келгені (Қ.Ұябаев, Отты жыл.).

Жеті ата [атасы]. а) э т н. *Баланың өзінен бастап есептегендегі әкесі, атасы, бабасы, арғы атасы және т.б. жетінші буыны. Жеті ата* – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т.б. *жеті атасының* нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі (ҚҰЭ). ә) *Ата-тегі, тұқымы, шыққан елі. Жеті атамда* өлең-жыр Үзілмеген тәрізбін. Он жасымнан бері қарай, Ел аузында аңызбын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жарық қол, қара табан, жалақ ерін, толтырған кеудесіне қайғы шерін. *Жеті атасы* құлдықта күн өткізген, Кірме деп, кемітетін ата тегін (С.Торайғыров, Шығ.). б) э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Талайы, талай сұмдық, небір (бейнет)*. Құрсын, құрғыр өмір, бейнеттің *жеті атасын* көрді ғой, бұл жұдырықтай бас (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). в) а у ы с. э к с п р. *Қыр-сыры, арғы-бергі жағы*. Өйткені олар әр сиырдың *жеті атасын*, сүттілігін, төлдегіштігін, еттілігін, түр-түсін жатқа білетін («Қазақст. комм.»).

Жеті ата жау. *Ежелгі дұшпан*. Жөні келер іс етсем – жайнаңдаған, Кесе келсем – көрмессіп бажбаңдаған. Бірде тату, бірде араз құбылма дос, Досым түгіл *жеті ата жаудан* жаман (Б.Күлеев, Таңд.).

Жеті ата, жеті түптен бері қарай. *Үрім-бұтақ, жұрағатынан бері қарай. Жеті атаң, жеті түптен бері қарай* Орнаған қыдыр төніп, есіл бегім! Дұшпанын табанында жүн қып түтіп, Қор қылған егескенін атаң сенің (Шернияз, Шығ.).

Жеті атасына бітпеген. *Өмірінде үрім-бұтағына бітіп көрмеген. Жеті атасына бітпеген* дәулет Құдайменде мен Тәңірбергенге арнап тұр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жеті атасынан. *Бүкіл ата-тегінен, арғы аталарынан бері. Жеті атасынан* бермен қарай байлық пен билік құсы қабат қонған Күдері жиырма жасында-ақ болыс болды (Ғ.Сланов, Асау.). *Жеті атаңнан* билігің арымаған Саулаған тұла бойың ақыл еді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Сандалкөкті алуға келе жатқан Қоренге Жібек: «Ай, тақсыр, неше атаңнан бері хансың?» – деп сұрайды. Қорен: «*Жеті атамнан* бері ханмын» – дейді. Сонда Жібек: «Сен хан болмай жерге кір, шын хан болсаң, қойшы-қоймаж сияқтанып осылай жүргенің өзіңе ар емес пе» – деп алдап, ілгері жібереді (М.Әуезов, Шығ.). Бұл *жеті атасынан* бері уызы арылмаған, бағы таймаған, басы сәждеге тимеген... бір жауыз еді (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

Жеті аталық ұстаным. э т н. *Жеті буынға дейінгі ұрпақ өздерін жақын, туысқан, бір*

атаның балалары санайтын, қыз алыспайтын, қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз ететін қағида. Жеті аталық ұстанымға негізделген туыстық байланыс институты әрбір қазақтың білмекке деген ынтасын оятқан (ҚҰЭ). *Жеті аталық ұстаным* бабалар рухы алдында әрбір қазақ пен бүкіл халықтың іштей жауапкершілік сезімін оятқан (ҚҰЭ).

Жеті атасынан қара көк. *Арғы аталарынан бері қарай аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс.*

Жеті атасынан түк көрмеген. *Өмірі ауызы жарымаған, надан.* Өмірде *жеті атасы түк көрмеген,* Билік түгіл, қолынан түк келмеген Қасан деген ши аяқ ауылнай боп, Жік салмақ арамызға жіктелмеген (Б.Майлин, Шығ.).

Жеті атасын білмеген мұрт [құрт]. к ө н е. *Өз аталарының шежіресін білмеген «кәпір», жеті атасын білмеген, діннен шыққан, тексіз құл деген мағынада.*

Жеті атасын мал өлтірген. *Дүниеқор, дүниеқоңыз.* Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тыныш жатасың. Мал үшін аш қатасың, жан сатасың. Әкесі аштан өлген кісідей-ақ, Неткен жұрт *мал өлтірген жеті атасын* (Абай, Тол. жин.).

Жеті басты дәу [жалмауыз, жылан]. а) м и ф. *Ауыз әдебиетінде ғана кездесетін таңғажайып бейнелердің бірі.* Ең әуелі *жеті басты дәу* кездеседі (Қаз. ертег.). Сондай-ақ тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкерлері жалғыз көзді дәу, *жеті басты жалмауыз,* жезтырнақ, т. б. бейнесінде болмай, нақты адам бейнесінде болады (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). ә) *Бәле, бәлекет, сұмдық.* Біздің Ғани осы қаптаған *жеті басты* бәленің дәл ортасында жүріп күрескеннің бірі болды (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев). Аштық *жеті басты жыландай* ысқырып, ел ішінің үрейін ап, ауыл-ауылды аралай бастады (З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Мынау *жеті басты дәу* мен сары құс жалғыз моладағы алтынға таласқалы жүз жылдар болды (Қаз. ертегі.).

Жеті ғалам. а) *Бүкіл дүниежүзі, шартарап. Жеті ғалам* астында Даусың кетті алысқа, Өзіңнен өрнек жайылды, Жақынға, туған, қалысқа (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Ру бар жержүзінде *жеті ғалам,* Орыс-орман, қырғыз, сарт, қытай, Қырым (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын. шығ.). ә) м и ф. *Қазақ халқының мифтік дүниетанымындағы дүниенің төрт бұрышы – күншығыс, күнбатыс, түстік, терістік, жоғарғы ғалам – аспан, орта ғалам – жер, төменгі ғалам – жер асты жеті бағытын білдіретін түсінік. Жеті ғалам* туралы түсінік көптеген халыққа ортақ. Дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық бұл модель «шаман ағашы», «өмір ағашы» деп те аталады («Жалын»).

Жеті ғашық. *Шығыс елдеріне ақыз, дастан болып көп тараған, қазақ ақындары да жырға қосқан Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа, Фархад-Шырын, Тахир-Зуһра, Арзу-Қамбар, Уәлик-Гәрра, Уәки-Күлшаһ ғашықтық дастандары кейіпкерлерінің жалпы атауы.* Ақ сарайда жазған хатты көрді, Қозыке мен Баянның атын көрді. Жаратқан *жеті ғашықтың* бірі екен деп Құдайдан тілейік деп кеңес қылды (Қозы Көрпеш.). Зайра: Физули, Науаилар зар еткен күллі мүһмин аттарын даттаған *жеті ғашық* болады (М.Әуезов, Шығ.).

Жеті дария. *Алыс, қиыр шет.* Аялап, ақырын ұстап, алып ұшып, Бауырға басып алып кетсем қысып. Жерінен *жеті дария* арман өтіп, Апарып алтын тауда жатсам құшып (І.Жансүгіров, Өлең.).

Жеті дуан ел. *Байтақ ел, дүйім жұрт.* Өрмекшінің әкесіне ас бергенін, сол асқа *жеті дуан елді* шақырып, шұжықтай семіз шіркейді шалып, сайдан ақ май ағызғанын жырлапты (Қаз. ертег.).

Жеті дұспан. к ө н е. *Жеті түрлі жау, жеті түрлі қырсық-кедергі.* Ойбай-ау, бұрынғылар біліп айтқан ғой. Бұл әйел – *жеті дұспанның* бірі. Ер жігітке опа берген бе? (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жеті жарғы. э т н. *Қазақ халқын билеген Тәуке хан заманында ұлы билер Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би т.б. билердің қатысуымен жасалған, ел ішіндегі құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін заңдар жинағы. Жеті жарғыға* сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды (ҚҰЭ). *Жеті жарғы* қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған (ҚҰЭ).

Жеті жасынан. *Ежелден, әуел бастан, қарғадайынан, қаршадайынан, бала шағынан. Жеті жасынан*-ақ көргені мол (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Жеті жұрт. *Көп ел.* Сізге патша жіберді, Құралай қызын бергелі, Көріңіз ханның бақтысын, *Жеті жұрттың* жақсысын, Күлмес хан сізді шақырды (Мұңлық-Зарлық). Сарыарқа, қаламысың өскен жерім, Кір жуып, кіндігімді кескен жерім, Қалмақпен қан төгісіп атам қонған *Жеті жұрт* бізден бұрын көшкен жерім (Е.Қандеков, Өлең. поэм.). Ат сұлу, айғыр мықты жалыменен, Батыр мықты, бай күшті малыменен. *Жеті жұрттың* билеген

би болсаң да, Әркімді алсын Құдай табыменен (Шал ақын, Өлеңд.).

Жеті жұртқа әйгілі [белгілі]. *Үлкен-кіші түгел біледі, бар ел-жұртқа танымал.* Бұл *жеті жұртқа әйгілі* сайқал емес пе (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жеті [ағайынды] жұт. *Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы жұт, қуаңшылық, індет, зілзала, сел, өрт, соғыс сияқты бір-біріне жалғасып, іліктесіп келетін, халық басына төнетін апаттардың жалпы атауы.* Қазақ талай қарағай басын қар шалып, қызыл қан судай ақса да сауысқаны жұтаған *жеті ағайынды жұтты* да көрді (Ә.Әбішев, Замана.).

Жеті жыл Сейфүл-Мәлік те дария кешкен. *Қиындық әркімнің басында да болады, соған шыдаған адам ғана мұратына жетеді деген мағынада.* Тапсырдым сені, Шайхы, бір құдаға, Ерте-кеш еңбегіне ел дұғада. *Жеті жыл Сейфүл-Мәлік те дария кешкен*, Талаппен табылады әр мүддаға (Шортанбай ақын, Өлеңд.).

Жеті кәміл. *Желеп-жебеп, сүйеп жүретін жеті пір. Жеті кәміл* бабасын Жад етуге жаңылып, Енді қара басады (Батырлар жыры).

Жеті қабат [қат] жер астында [қабатында]. а) діни. миф. *Өте тереңде.* Сен *жеті қабат жер астындағы* зынданда жатсаң да, білетін сырың жер астында жатпайды, бәрібір сыртқа шығады (І.Есенберлин, Алмас қылыш). Білмесеңдер, мен сендерді жеті қабат көкке де шығарам, *жеті қабат жер астына* да түсіремін (А.Машанов, Жер асты.). ә) *Жер беті.* Айдың көлден ажырар сағатында, Арман кетер аққудың қанатында. Арман қалсын, алайда жыр қалмасын, *Жердің* мына *жеті қат қабатында* (М.Мақатаев, Шуағым менің). б) *Жерден төмен қазылған ұңғір, кен орны, забой.* Белден сан су кешіп жүріп, кенді қайламен қазып, *жеті қабат жер астында* талай боздақ опат болған (Р.Нұрғалиев, Талант тағдыры). *Жеті қабат жердің астында,* қараңғы, үңірейген, үңгір, забой, есебі, көрдің ішіндей десе де болады (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Жеті қабат жер астындағыны ойлады. *Ел ойламағанды, басқаның ойында жоқты ойлады. Жеті қабат жер астындағыны ойлайтын* жауыз екендігіне осы жаз әбден көзім жетті (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Жеті қабат көк. а) діни. *Алла тағаланың аспанды жеті қабаттан етіп жаратқандығы туралы мифологиялық түсінік.* ә) *Жалпы мұсылмандық астрономиялық танымдағы Ай, Меркурий (Ғұтрад), Шолпан (Зуһра), Күн, Марс (Миррих немесе Қызыл жұлдыз), Юпитер (Мұштари), Сатурн (Зухал) жеті жұлдызының жалпы атауы.* Кітаби түсіндірме бойынша, *жеті қат көк* дегеніміз – жалпы мұсылмандық астрономиялық танымдағы белгілі жеті жұлдызға байланысты атау (ҚҰЭ). Достыққа достық қылмақ болып, Хасенді арқасына мінгізіп, *жеті қабат көкке* «жұлдыз көзді, ай маңдайлы» сұлуға алып ұшады (С.Сейфуллин, Шығ.). б) миф. *Түркі, моңғол мифологиясындағы аспанның күмбез сияқты төңкеріліп, тесігі – Темірқазық тығыны арқылы аспанның басқа қабаттарын көруге болатын, 16-18 қабаттан тұратын көк.*

Жеті қабат тау үсті. *Адам аяғы әзер жетер қиын, алыс жер.* Қаламым талпынады жазайын деп, Бұйырсаң, хақ жолына жарайын деп, Керегің *жеті қабат тау үстінде*, Көмілсе, жібер мені, қазайын деп (М.Қалтаев, Таңд.).

Жеті қазына. этн. *Қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы ер жігіттің жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті болуымен байланыстыратын философиялық түсініктерінің бірі. Жеті қазына*: бүркіт – қыран құс, Ат – жүйрік ат, қазан ат, Кездік өткір кездік, мылтық – алғыр тазы, жүйрік, құмай тазы; ау, тор – ау мен тор / қара қақпан, тұзақ; қазан – қара қазан, жан қазан (Жеті қазына). Диірмен де *жеті қазынаның* бірі ғой, соған барғалы қоң жинап алды (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). Ит – Адам мен Хауа Ананың пейіштен қуылып, жерге түскендегі алғашқы серігі, досы әрі қорғаушысы. Сол себепті *жеті қазынаның* бірі саналады (ҚҰЭ).

Жеті қараңғы түн. *Беймезгіл уақыт, түн іші.* Бүгінің қалай? Осы *жеті қараңғы түнде* ме? – деп таңырқады ол кісі (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.). Әуелгі «аттан» даусы естілгенде бар ауылдардан *жеті қараңғы түнде* шулап шапқан көп аттылар жайлаудың даласы мен белін азан-қазан қылып еді (М.Әуезов, Қараш.). «*Жеті қараңғы түнде* қайда барам? Онан да ертең елең-алаңда кетсем», – деп ойлап, Судыр Ахмет үзеңгіден аяғын алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). *Жеті қараңғы түнде* сонша жерден жан ұшырып жалғыз келгенімді білгенде, шешем: «Жаным, қалай қорықпадың» деп елжіреп, бауырына басты (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). *Жеті қараңғыда* қайда барасың? – деді күйеуінің жарықшақ саусақтарын аялап (Қ.Тоқмұрзин, Оқшау отау).

Жеті қоңыраулы шашбау. этн. жерг. *Бойжеткен қыздардың шашына тағатын жеті қоңырауы бар шашбау түрі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жеті құрақ. ж е р г. *Құрылымы жеті қатардан тұратын, ақ пен қара материалдарды пайдаланып жасаған құрақ түрі. Ж е т і қ ұ р а қ* тырнақ қатар мен таңлай құрақтардан құрастырылады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жеті құт. п о э т. ***Жеті қазына***. Жетісуым – *ж е т і қ ұ т*, ырыс маған, Барша халық баурында тыныстаған. Араласып әрбір ұлт достасып жүр, Аралассын, Адамдар туыс маған, Алакөз боп, күстана ұрыспаған (М.Мақатаев, Шығ.).

Жеті қырдың астында. *Тым алыста, баруы қиын жерде. Ж е т і қ ы р д ы ң а с т ы н д а* Еліктің басқан тұяғы. Ат шапқандай сартылдап, Шолушы еді құлағы (Қ.Әбдікадыров, Таңд. өлең д.).

Жеті қырдың ар жағындағыны [астындағыны] көреді. *Көзі өте өткір, алыстағыны көреді.* Біздің мектепте Серік деген бала оқыды, менен төрт-бес жас кіші еді. Міне, көз деп соның көзін айту керек. *Ж е т і қ ы р д ы ң а р ж а ғ ы н д а ғ ы н ы к ө р е т і н* еді (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Жеті қырсық. п о э т. ***Жеті жұт.*** ...Жыл еді елге түскен *ж е т і қ ы р с ы қ*, Аштықтан бар төңірек кетті ыңырсып, Шөп қайзап, сарсу ішіп, сарымсақ жеп, Нан түгіл, көзден ұшты құрт-ірімшік (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жеті мүният. *Батырлық, сұлулық, білімділік сияқты т.б. қасиеттер.* Бақ-дәулет, *ж е т і м ү н и я т* болса жолдас Төрт бақыт бір адамға, сірә, қонбас. Босағасын алтыннан соқсаң дағы, Перзент сүймей адамның мейірі қанбас (Шал ақын // Алдаспан).

Жеті мүше. э т н. *Он екі мүшенің жұбы барын қосақтап айту: бас, омыртқа, екі жамбас, екі жауырын, екі тоқпан жілік, екі асық жілік, екі қары жілік. Ж е т і м ү ш е* бәрі де Жазылып тәні еріпті. Тоғыз ай тоғыз күн болғанда, Ұл перзентті табады (Батырлар жыры). Оны да тамам етпейміз Күніне намаз бес келген. *Ж е т і м ү ш е* жаныңды, Бала менен малыңды Алла бізге бос берген (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жігіттік дәурен – патшалық, *Ж е т і м ү ш е* – әскер дүр, Әскерге фәрман бұйырып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жетіншіден не жаман, *Ж е т і м ү ш е ң* кем болып, Жетем деген жеріңе Жете алмасаң, сол жаман (Жұмырбай Мәмбетұлы // XIX ғ. қаз. поэз.).

Жеті нан. д і н и. *Құдайға, аруаққа сиынып дөңгелек етіп, ортасын теспей пісірілген, көршіқолаңға, жарлы-жақыбайға таратып беретін, үйде не мешітке апарып құран бағыштаған жеті не тоғыз шелпек.* Түнеукүні бір қатты ауырғанымда зындандағы пенделерге *ж е т і н а н* Құдайы айтып едім, сол нанымды әкелемін (Қаз. ертегі.). Айзада шай қайнатты. Дастарқанға Жаманбаланың *ж е т і н а н* садақасынан ауысқан жарты нан қойды (Ж.Тәшенов, Өтелген.).

Жеті насырым жерге кіріп, бетімнің суы бес төгіліп. *Әбден ұялып, бетімнен отым шығып деген мағынада айтылады.*

Жеті ру. *Елдің бәрі, барлық ағайын-туыс. Ж е т і р у д а н* жиналған Жатыр отқа жылынып Бой көтеріп алғайсың (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жетісін берді. д і н и. *Діни, мұсылмандық әдет-ғұрып бойынша жасы кәмелеттен асып қайтыс болған адамға, оның жақын туыс, досжарандарына ас беріп, сүйегіне түскен адамдарға киімін беретін күн; бір жеті ден кейін өлген адамды еске алу күні.* – Зейніш баласы Орынбай тетелес інісі Саршаның *ж е т і с і н б е р г е с і н-ақ* қыруар елді шақырып, жол-жорасын атқарған соң, өзіңе не керек Талғат, – деп шүйілді Есқара («Лен. жас»). Тек Дәркенбайдың *ж е т і с і н б е р і п* болған соң, Абай мен Дәрмен бұл ауылдан қайтатын шаққа жеткенде, жаңағы түйінді Адай ақыл қоса отырып, Жаңылмен бірге шешті (М.Әуезов, Шығ.).

Жеті тозақ [тамұқ]. а) д і н и. *О дүниедегі күнәлі адамдардың азап көретін орны [1. Аужа – ораза-намазсыздық орны; 2. Шақыт – ұры мен зинақорлық орны; 3. Нақбыр – әкешешесінің ренжіткеннің орны; 4. Расыт – ғайбатшылық айтқанның орны; 5. Лазит – бақсы мен жамандардың орны; 6. Қатим – еріншек бейнамаздың орны; 7. Жаһаннам – санасыздардың, көпірлердің орны].* «Бар, – дейді, – жазалыға *ж е т і т о з а қ*», Ақырет өзі – бақи, ғұмыры ұзақ. Не қылсаң ақырет үшін қылғыл ғамал, «Қылма!» – деп, құрар ібіліс жолға тұзақ (Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Шығ.). ә) п о э т. *Ауыртпалық, қиындық, азап*. Тағдыр байлап тырп еткізбей таңып тұр, Жан-жағымнан *ж е т і т а м ұ қ* жанып тұр (Қаз. ақын. шығ.).

Жеті тоғыз. э т н. *Бас жақсысы әртүрлі болып келетін (күң бастаған тоғыз, құл бастаған тоғыз, түйе бастаған тоғыз, бәйге аты бастаған тоғыз) жеті тоғыз.* Тобылғы меңді тор атты, Әкең алған әлменен, *Ж е т і т о ғ ы з* малменен, Ат болдыртып келеді, Өкпе бауыр жалменен (Батырлар жыры).

Жеті тоқсан. ж е р г. *Жылдың күз мезгілінің басы. Ж е т і т о қ с а н д а* су мұздайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жеті түнде [жеті түн ішінде]. *Түн ортасында, мезгілсіз кезде.* Жоқ, жоқ, шай дегенді ауызға алмаңыз, – деді Қапи, үй иесін шай қайнату ниетінен бездіре түсіп, *Ж е т і т ү н д е* керегі не? Оятпаңыз... Маған тек қисаятын жер болса жетіп жатыр (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ал, шырақтарым, үйге түсіп, қонақ боп кетіңдер. Дем алыңдар. *Ж е т і т ү н д е* қайда барасыңдар (А.Шамкенов, Толқын.). *Ж е т і т ү н д е*

есік қатты қағылған тарсылдан ерлі-зайыпты Досановтар шошып оянды (М.Иманжанов, Көк белес). *Жеті түнде* жапа-жалғыз бір өзім, Тамаша қып айнадай айдын су жүзін (Б.Күлеев, Таңд. шығ.). *Жеті түн ішінде* оның баруын Кәкітай мен Әбіш екеуі де, Данияр да оқыс көріп еді, Мағыш бұларға салмақты, орынды бір сөз айтты (М.Әуезов, Таңд. Шығ.).

Жеті тылсым. *Құпиясы мол, қауіпті.* Төменгі Меке жолында, *жеті тылсым* дариялар бар (Қыз Жібек).

Жеті ұйықтаушы. д і н и. *Алты мұбәрак, мумин және бір ит [Алты мұбәрак, мумин жан Рим әміршісінен қашып үңгірге тығылған, қастарында бір ит болған. 300 жыл ұйықтап оянған. Аллаһ тағалаға және оның хақ пайғамбарына иман еткен. Аталмыш үңгір Түркия жұмһуриятының оңтүстігіндегі Тарсус қаласының оңтүстігінде].*

Жеті шәріп. д і н и. *Мұсылмандар дүниесіндегі Мекке, Медина, Бұқар, Шам, Қатым, Құдыс, Құранды қосып атайтын жеті әулиенің жиынтық атауы. Жеті шәріп* – 1) Көлем шәріп; 2) Мұшқат шәріп, 3) Һидан шәріп; 4) Байтулла (һәрәм) шәріп; 5) Шам шәріп; 6) Хұдіс шәріп; 7) Бұхар шәріп (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жеті ықылым. ф о л ь к. *Жеті ендік бойындағы кеңістік және сол кеңістіктегі елжұрт. Жеті ықылым* жетегінде болғанменен, Аңғарсаң ақырғы өмір түн секілді (Т.Ізтілеуов, Кете Жүсіп). Ақ патша кеңдік етсе дәулеті көп, Әгерше тарлық етсе нәубеті көп. Жүзінде *жеті ықылымның* ұлығ патша, Жетерлік бұ ғаламға құрметі көп (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Ру бар жер жүзінде *жеті ықылым*, Орыс – орман, қырғыз, сарт, Қытай, Қырым (Бес ғасыр.). Билеген *жеті ықылым* патша дағы, Ақылдасар зейінді кемеңгерге (Айтыс).

Жеті ықылымнан. *Ертеден, бұрыннан.* Тағы бір айтарым бар: қазақта жесір дауы – *жеті ықылымнан* келе жатқан дау (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЕТІ[2] з а т. *Дүйсенбіден келесі дүйсенбіге дейінгі аралық уақыт, апта.* Марқабай қызмет істейтін бөлімшеде бір *жеті* болғанын Сергеев бізге сыбырлап айтты (С.Омаров, Дала.). Басқа дәрілермен араластыра отырып пантокринмен емдеу мерзімі 23 *жеті*ге созылады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Бұл жаралар әуелі 2-3 *жеті*ден ұлғая береді, ауру қатал болады, төртінші *жеті*ден бастап жаралар жазыла бастайды. Аурудың да беті бері қарайды (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Келеді маған сол қыз *жеті* сайын, Айтпадың бұрын неге осындайын? (Көрұғлы).

ЖЕТІГЕН з а т. м у з. *Ұзынша жәшік тектес етіп жасалған, жеті қыл ішегі бар шертпелі музыкалық аспап.* Кешінде алтыбақан түбіндегі маздаған оттың басында, өзі сияқты бір топ қыздың ортасында *жетіген* тартып отырғанда тағы көрді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Болат Сарыбаевтың зерттеуі нәтижесінде шертер, сыбызғы, асатаяқ, көне қыл қобыз, *жетіген,* шаңқобыз, дабыл, дауылпаз, көне домбыра үлгілері табылды («Қаз. әдеб.»). Ертеректе ел арасында сақталған көне *жетігеннің* ішегі аттың қылынан тағылып, тиектің орнына асықтар пайдаланылатын болған (ҚҰЭ). Осы жақын жылдар көлемінде халқымыздың ежелгі дұдыға, *жетіген,* үілдек, сазсырнай, сазген, дабыл, кепшік, асатаяқ, бұғышақ секілді өзге де көп-көп музыкалық аспаптарының қатарға қайта қосылуы әуен-саздарды жеткізудің мүмкіндігін бұрынғысынан әлдеқайда арттыра түсті («Лен. жас»).

ЖЕТІГІРЕК с ы н. *Аздап жетіктеу.* Жоғарғы саясатқа менен гөрі сен *жетігірек* шығарсың, – деді ол (С.Мұқанов, Есею жыл). Олар балалардың мүмкіндігін басқалардан *жетігірек* білетіндігін ескермейді («Лен. жас»). Мен үшін Комитастың Лорий оравеллалары жөнінде айтқан пікірлері өте қымбат, себебі мен осы арқылы өз халқымның әндерін де *жетігірек* түсінем бе деп ойлаймын (І.Омаров, Серпін).

ЖЕТІҒАН з а т. с ө й л. ***Жетіген***. Біз *жетіганның* жеті мен аған деген екі сөзден құрылғанын аңғарамыз («Соц. Қаз.»). Сыбызғы, *жетіған,* шаңғы ауыз, дауылпаз, дабыл, даңғыра сияқты музыкалық аспаптар коллекциясы да қызықты («Қаз. әдеб.»).

ЖЕТІДЕЙ: **бір [екі] жетідей**. *Бір, екі апта шамасында.* Ырысбек *бір жетідей* тырп етіп үйінен шыққан жоқ (С.Мұратбеков, Жабайы.). Бүркіт бұл ауылда *екі жетідей* болды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Сол жылдары жол-жөнекей бай ауыл Ұлпан станциясының іргесіне үйлерін тігіп, *бір жетідей* отырып кететін (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кезек алып әркімдер Басты әнге толқынды. *Бір жетідей* өткен соң, Шықты барлық қорытынды (О.Шипин, Дастан.). Басылар, айығар деген үмітпен, дәрігер шақыртпай, не оған өзі барып қаралмай, жайлаудағы киіз үйде *бір жетідей* жатады (Н.Ғабдуллин, Сар. жыпырақ).

ЖЕТІ-ЖЕТІДЕН ү с т. *Жетеу-жетеуден бөлініп.* Он төрт ескекке *жеті-жетіден* екі қатар болып отырған олардың түр-тұлғалары аса ірі (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖЕТІЖЫЛДЫҚ с ы н. т а р. **1.** *Кеңес Одағындағы халықшаруашылығының жеті жылға есептеліп жасалған жоспары.* Сен бүгін біздің алдымызға *ж е т і ж ы л д ы қ* жоспардың жобасын тартып отырсың (С.Мәуленов, Жер нәрі). *// Жеті жыл мерзім.* Қазақстан халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалатын күрделі қаржы *ж е т і ж ы л д ы қ т а* шамамен 116–119 миллиард сом мөлшерінде көзделіп отыр (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). 2. *Кеңес Одағы кезіндегі 1922-1958 жж. жеті кластық жалпы білім беретін.* Мен ауылдағы *ж е т і ж ы л д ы қ* мектепті «беспен» бітірген едім (Н.Fабдуллин, Алғашқы.). Алғашқы жылдары *ж е т і ж ы л д ы қ* мектепте ана тіліне аптасына 5-6 сағат бөлініп, орыс тілін үшінші сыныптан аптасына бір сағаттан өту белгіленді (ҚҰЭ). *// Жеті сыныптан тұратын мектеп.* Мектебіміз бұрын бастауыш еді, осы биыл *ж е т і ж ы л д ы қ* боп қайта құрылды (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ЖЕТІК с ы н. **1.** *Жете білетін, білгір.* Сұлтанмахмұт өз орысшасын өзі іштей азырқанып, орыс тілін аса *ж е т і к* білетін, жатық сөйлейтін Хасен досын бүгін өзінің тарихи тағдыры шешілер кездесуге әдейі ертіп келген еді (Д.Әбілев, Арман.). Өкінішті көп өмір кеткен өтіп, Өткіздік бір нәрсеге болмай *ж е т і к.* Ойшылдың мен де санды бірімін деп, Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп (Абай, Тол. жин.). Маман, Тұрысбек ауылы Қарағаштан мектеп салдырып, оған алыстағы үлкен қалалардың мектебін бітірген білімі *ж е т і к* оқытушыларды алдырады екен (К.Шөкенов, Біздің Ілияс). Ойласақ, уақиға емес болмайтұғын, Ел қайда өзін даудан қорғайтұғын? Қазіргі пайдасына бәрі *ж е т і к,* Адам алдын қарап болжайтұғын (А.Байтұрсынов, Шығ.). Мұндай сұмдық көргем жоқ ер жетіп мен, Мал сырына, қойшы ұлы, сен *ж е т і к* пе ең?! Көре сала айғай сап, жүгіріп кеп, Тептің келіп тұсақты керзі етікпен (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **2.** *Шебер.* Бас зергердің құрылыс есебіне *ж е т і к* жан екеніне енді көз жеткізді (Д.Досжанов, Жібек.). **3.** *Шешен.* Сара да *ж е т і к* дейді сөйлер сөзге, Найманда аты шыққан осы күнде (Айтыс).

ЖЕТІКСІЗ с ы н. ж е р г. *Жетімсіз, аз-кем.* Мына кітаптарың *ж е т і к с і з* болар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕТІКТІК з а т. *Жақсы білетіндік, білгірлік.* Командирдің көрегендігі мен әскер ісіне *ж е т і к т і г і* ғана жеңіп шығудың басты шарты (Х.Есенжанов, Тар кезең). Көптеген сөз қоры мен адам психологиясына *ж е т і к т і к* керек (І.Омаров, Шабыт.). Өндіріс болған соң адамның білгірлігіне, өз ісіне *ж е т і к т і г і н е,* тұрақты, тұрақсыздығына қарай бағаламай болмайды ғой (F.Сланов, Замана.). Бақытжанға оның сот мәжілісіндегі тергеу әдісіне *ж е т і к т і г і* ұнады (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖЕТІҚАРАҚШЫ з а т. а с т р. <лат. ursa major> *Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз. Ж е т і қ а р а қ ш ы н ы ң* шөмішіндегі сабының ортасындағы қос жұлдыз екені жұрттың бәріне мәлім (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Аспанда, сонау қол жетпес алыста тұрған ожау тәрізді жұлдыз, бұл – *Ж е т і қ а р а қ ш ы* (С.Талжанов, Сейфолла.). Бағанадан бері әңгімеде отырып, қанша уақыт өтіп кеткенін аңғармай қалған Таймас күннің қай кезі болғанын білейін деп *ж е т і қ а р а қ ш ы* мен Үркерге қарады (І.Есенберлин, Қаһар). Қазанғап ағайдың айтуы бойынша, Үркер сонау *ж е т і қ а р а қ ш ы* алып қашқан жалғыз қызын іздеп келеді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖЕТІЛ= ет. **1.** *Өсу, өзгеру, өзінің дамуындағы келесі сатыға өту.* Бұл балықтардың төс сүйектері әбден *ж е т і л г е н* (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Олар бүркіттің балапандарын биік тау құздарынан немесе ашық даладағы ұяларынан тауып алып, ондағы қауырсындары *ж е т і л г е н,* бірақ әлі ұша алмайтын балапанын қолға үйретеді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.). Қасқыржем шөп сабақтас, тамыры сабақты, ал жер үсті бөлігі тармақты, жапырағы *ж е т і л м е г е н,* сабақтары жұмсақ кладодий өсімдіктер (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Жазғытұрым жайылымның шөбі мал жайылып кеткеннен соң тез *ж е т і л е д і* (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Желінінің екі жақ жартысы да біркелкі *ж е т і л г е н,* ішке қарай тартыңқы, ұзыны мен ені жақсы дамыған (Қымыз). **2.** *Жазылу, оңалу, тыңаю.* Аурудың беті қайтқан соң жас дене ғой, тез *ж е т і л е* бастадым (І.Есенберлин, Алтын құс). **3.** *Ұзару, таралу.* Көкорай құрай болып ол да солар, Гүлденіп жаз айында *ж е т і л г е н м е н,* Бір тұсау аяғыңа түспей қалмас, Тірлікте арғымақтай секіргенмен (Ә.Найманбаев, Шығ.). Оның бойы бұрынғысынан сұңғақтанып, сымбаттанып *ж е т і л е* түскен тәрізді (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). Таты бассаң кетілер, Сазды бассаң *ж е т і л е р* (Ө.Тұрманжанов, Қаз. мақал-мәтел.). **4.** *Жеткілікті болу.* Байыту процестерінің *ж е т і л м е у і н е н* немесе қырсыздықтың салдарынан көптеген құнды минералдар үйіндіге кетеді (Т.Қалыбеков, Экология.). **5.** *Даму, өркендеу.* Әркімнің ақылы, білімі, өмірі ешбір жерге бағынбай, өз бетімен *ж е т і л с і н,* яғни дара тәрбиеленсін деген, жеке адамды тәңірсіткен, әспеттеген пікір майданға шығып тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.). **6.** а у ы с. *Ел қатарына қосылу, жетісу.* Аш тойып, кем *ж е т і л г е н* заман болып, Жайылды төрт тарапқа құлашымыз (Пернедегі терме.). Не

десін надан демей жүрт бәріңді. Малға кедей болғаның *жетілерсің*, Ғылымға кедей болғаның өкінерсің. Хазір де құлағыңа кірмесе де (М.Дулатов, Шығ.). Қияға көз жібер, қиырға қанат қақ, сонда ел көріп есейсең, жер көріп *жетілесің* (М.Хасенов, Алғашқы ән). Буыны қатып жиырмада, *Жетіліп* ақыл тапқан жас. Өнер-білім шыңына Қанатын самғап қаққан жас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **7.** а у ы с. *Толықтырылу, өсіріліп айтылу*. Мұндайда босатылған шөлмек, ішілген тентек су, тентек су ішуден туған тетір мінез, атылған мылтық мерген жіті көз... балық майлы-ақ – бәрі де қолмен қылғандай айтылып, желдігі *жетіліп*, жетістігі артып көрсетіледі (Б.Қыдырбекұлы, Мысық.).

Жетілмеген саңырауқұлақтар. б о т. *Көбіне жыныссыз көбейетін көп клеткалы жіпшумақты саңырауқұлақтар класы.*

ЖЕТІЛГІШ с ы н. *Өскіш, өнгіш, өсімтал.* Жергілікті жылқыға қарағанда, салт мінетін және ауыр жүк тартатын жылқы тұқымдары тез *жетілгіш* келеді (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Тез *жетілгіш* ұзын жүнді қойдың жүні жып-жылтыр болады (М.Ермеков, Қазақст.). Қайсыбір тұқым тез *жетілгіш*, бірақ төгілмелі келеді (Б.Әбдіразақов, Сыр.).

ЖЕТІЛГІШТІК з а т. *Тез өскіштік, өсімталдық*. Будандастыру нәтижесінде Абердин-Ангус тұқымдас етті ірі қараның тез *жетілгіштік* және оның етінің тығыздық қасиеті будандастыру арқылы алынған малдарға ауысып, совхозда жаңа типті ірі қара табыны қалыптасып отыр (А.Байболатов, Жарыс мұраты). Қойдың шаруашылыққа пайдалы аса ерекше қасиеттерінің бірі – *жетілгіштігі* және өсімталдығы (М.Ермеков, Қазақст.).

ЖЕТІЛДІР= е т. **1.** *Жақсарту, деңгейін көтеру, дамыту*. Адамдар мыңдаған жылдар бойы үздіксіз күрес, тынымсыз еңбек үстінде өздерінің қару-жарақ, мекен-жайларын *жетілдіре* берді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Өзіміздің өткеніміз жайындағы шындықты мейлінше түгел білмейінше, оған керекті деректерді мейлінше толық жинақтамайынша, ұлттық тарихымызды да, жаңа тарихи санамызды да түбегейлі *жетілдіре* алмаймыз (Ә.Кекілбаев, Үш белес). **2.** *Тәрбиелеу, дамыту, ілгерілету*. Тоқтағұл – көп ақындардың топшысын *жетілдіріп*, томағасын сыпырып ұшырған ұстаз (С.Мәуленов, Жер нәрі). Шәкәрім көбінесе өлеңі халыққа ұнамды болуын көздейтін және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып *жетілдіргісі* келеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ондағы негізгі мақсат – бұл бағыттағы құқықтық қатынасты *жетілдіре* отырып, қатерлі кесел бойынша сауаттандыру бағдарламасын, дәрігерлік көмекті жетілдіру, жақсарту болып табылады («Егемен Қазақстан»).

ЖЕТІЛДІРУ *Жетілдір етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Меңгерту*. Ең бір тығыз қолға алынатын іс – шопандарды электр қырықтықтарының тіліне *жетілдіру*, агрегат машинист дайындау жайында болды (Ғ.Сланов, Шалқар). **2.** *Дамыту, ілгерілету*. Департамент алдына қысқа мерзім ішінде кемшіліктерді қалпына келтіріп, қолданыстағы ветеринария саласындағы құқықтық және заңдық актілерге талдау жасап, оларды *жетілдіру* бойынша ұсыныс енгізу мәселесі қойылды («Егемен Қазақстан»). Энгельстің айтуынша, адамның дене және ойлау қабілеттерін *жетілдіруде*, оның миын дамытуда еңбек пен дыбыс, тіл зор рөл атқарған (Қ.Жарықбаев, Психология). Маркетингтің өндірістік ұйымдастыру, технологияны үнемі *жетілдіру* қажеттігіне деген сеніміне негізделген (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

Білім жетілдіру. п е д. *Білгенін одан ары ұштай түсу, білмегенін толықтыру*. Біз бес-алты жігіт бірігіп, кітап оқитынбыз. Мақсатымыз – Алматыда, Ташкентте, Қазанда қазақ, ұйғыр, өзбек тілдерінде басылған философиялық, әдеби, саяси кітаптарды оқып, *білімімізді жетілдіру* еді (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖЕТІЛДІРУШІ з а т. *Бір нәрсені дамытушы, алға апарушы, өркендетуші*. Сонау 1917 жылы революцияны айтқан Сәкен Сейфуллиннен басталатын бір топ ақындар осы өскен поэзиямызды туғызушы да, *жетілдіруші* де (С.Қирабаев, Октябрь). Гүлсіз ара, арасыз түз гүл болмаса, ақын мен қыз күні де сондай. Біріне-бірі дем берушІ, өсірушІ, *жетілдіруші* (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖЕТІЛДІРІЛ= е т. *Жақсартылу, деңгейі көтерілу*. Жаңа жасалған лангет техникасы бірте-бірте *жетілдіріле* берді (Е.Оразақов, Дәрігер). Теріні жақсарту мен бояудың *жетілдірілген* жаңа тәсілдері кең қолданылады (Ғ.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Бүгінгі тәжірибе трансплантация ғылымының хирургиялық беті, операциялық техникасы *жетілдірілгенінен*, өліктен алған ағзалардың өмірін жоймай сақтауға, оларды емдік құрал етуге болатынын аңғартады (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Адамдардың жоғарғы тас дәуірінде жасаған құралдары төменгі тас дәуіріне қарағанда әлдеқайда *жетілдірілген* (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.). Бұл деректер Күн жүйесінің жаралуы туралы жаңа, едәуір *жетілдірілген* болжамдардың пайда болуына себепші болды (К.Сапарбайұлы, Геология). Ашық кен орындарынан қарышты қарқынмен дамуы *жетілдірілген*, өнімділігі

жоғары бұрғылау, тиеу және тасымалдау жабдықтарының арқасында мүмкін болып отыр (Т.Қалыбеков, Экология.).

Жетілдірілген графикалық адаптер. и н ф. *Ескірген бұрынғы бейнестандарт және соған сәйкес бейнеадаптер.*

ЖЕТІЛДІРІЛУ *Жетілдіріл етістігінің қимыл атауы.* Микроскоптық және гистологиялық техниканың *ж е т і л д і р і л у і* клетканың құрылысын терең зерттеуге жол берді (Қ.Нұғматжанов, Гистология). Қазіргі ғылыми-техника революциясы жағдайында монополиялар техниканың *ж е т і л д і р і л у і н* бәсеке күресінің құралы ретінде пайдаланады (Қысқ. саяси экон.).

ЖЕТІЛЕП үс т. *Анталап, бір жеті бойы.* Молда әр үйде бір *ж е т і л е п* оқытады (Ғ.Мүсірепов, Белдерде).

ЖЕТІЛТ= е т. **1.** *Мезгіліне жеткізу, өсіру. Ж е т і л т і п* жаз жайлауға қона алмай жүр, Күз күзеуде, жанжалсыз бола алмай жүр (Абай, Тол. жин.). Бұл мал біздің Қазақстан өлкесіне өте құнды қойдың тұқымы деп білем. Мүмкін жүн жағынан әлі де *ж е т і л т е* түсер жай болар (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** а у ы с. *Тәрбиелеп өсіріп, жеткізу.* Көзінің етегіндегі терең әжімдері қарт мастердің өзі *ж е т і л т і п,* әр бағытқа өзі ұшырған түлектерінің тарамтарам сапар жолдары сияқты (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). **3.** *Өсіру, жетілдіру.* Ақындық талантты қолайлы заманы, өскен ортасы ғана өсіреді, *ж е т і л т е д і* (Е.Ысмайылов, Ақындар). **4.** *Жеткізу, толтыру, толықтыру.* Біреуді *ж е т і л т е й і н* деп, біреуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді (Абай, Тол. жин.). Жетпегенін *ж е т і л т е м і н* деп, жаманын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен (Абай, Тол. жин.).

Тіл жетілтеді. *Сөйлеуге төселеді, тіл ұстартады.* Бала көрген-білгенін әңгіме етіп, *т і л і н* сындырып, *ж е т і л т е д і,* байытады, ол әңгіме анық, айқын болады, өйткені олар бұрынғыдай сөз жаттауды машықтамайды, олардың жанында неше түрлі үнді ашық суреттер тұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕТІЛТУ *Жетілт етістігінің қимыл атауы.* Тақпақтай айтуға жеңіл, жаттауға оралымды ұйқастар ойды *ж е т і л т у г е,* сәулетті сәулеттендіруге қызмет етеді («Лен. жас»).

ЖЕТІЛУ *Жетіл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Даму, өсу.* Өсімдіктердің өсіп *ж е т і л у і н е* қажетті жағдайларды білмейінше «жасыл байлықты» адамға қызмет етуге бағындыру мүмкін емес (Қ.Құрманов, Табиғат.). Ұя салатын участок – тек ұя орналасатын жер ғана емес, ол сонымен қатар құстардың жыныс бездерінің тез *ж е т і л у і н е* оның организмін қоздырып, көбеюге ықпал жасайтын жер болуы тиіс (Р.Әлімбаев, Құстар.). Жастар арасында кәсіпкер буынның *ж е т і л у і н е* жағдай жасау бүкіл қазақстандық кәсіпкерлікті дамытады, әрі қоғамдағы ішкі саяси тұрақтылық пен реформаның алған беттен тайынбауына негізгі тірек болып табылатын орта лектің қалыптасуын жеделдетеді (Ә.Кекілбаев, Үш белес). **2.** а у ы с. *Ояну, өркендеу, жаңа деңгейге көтерілу.* Оқушылардың мінез-құлқын, олардың сана-сезімінің *ж е т і л у* дәрежесін танып, білу оңай нәрсе емес (Қ.Жарықбаев, Психология). Таланттың өсіп *ж е т і л у і н д е* ми мен басқа да сезім органдарының туа біткен қабілеттілігінің елеулі маңызы болады (Семья тәрбиесі). Сүйінбай Жамбылдың ақындық таланты *ж е т і л у і н е* үнемі жәрдем көрсетеді (Е.Исмайылов, Ақындар).

ЖЕТІЛІК[1] с ы н. **1.** о й ы н. *Жеті нөмірлі (карта).* Ойында реті келмей, қолында сақталған *ж е т і л і к* күзер – қарғаның жетілігімен түйенің королін соғып алды ақын (С.Бақбергенов, Адам.). **2.** *Анталық.* Дәмелі Алматыға мұғалімдердің екі *ж е т і л і к* семинарына шақырылған (І.Есенберлин, Айқас).

Бір жетілік. а) *Бір жеті, бір жұма.* Қараменді ауырмауға тиісті, *б і р ж е т і л і к* үзіліс бұл семья тіршілігіне бір ай қоңылтаяқтық әкеледі (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Оның да әскерінің жоқ ед қаны, Жетуші ед *б і р ж е т і л і к* жерге шамы. Отыр ед ертелі-кеш тілеп хақтан, «Тұранның атады, – деп, – қашан таңы» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Бір апта болған.* Сосын қосшы жігіт аузының қызыл пешеті бұзылмаған нәнбай *б і р ж е т і л і к* арақты шығарып, Жаналының алдына қойды (Б.Аманшин, Көкжар). б) *Көп емес, бір аптаға жететіндей.* Оның ғұмыры бірер *ж е т і л і к* қана (М.Дүзенов, Ақәже).

Жетілік шам [лампы]. *Шишасының түбінің диаметрі жеті сантиметр болатын шам.* Аяқ жақтағы сыры көше бастаған аласа кебеже үстінде *ж е т і л і к ш а м* жанып тұр (А.Нұрманов, Құлан.). Жәзира терезе алдындағы өлеусіреген *ж е т і л і к ш а м ғ а* қарап, күлімдеп отыр (М.Сүндетов, Ескексіз.). Стол үстіндегі тағам да, *ж е т і л і к ш а м* да таң атқанша орнынан қозғалған жоқ (С.Жүнісов, Жапанда.). Мен *ж е т і л і к ш а м д ы* басыңқырап қойып, қараөлеңке тартқан үй ішінде шешіндім де, шалқамнан жата кеттім (Ж.Саин, Жол үсті.). Қас қарайған кез еді: даяшы жігіт *ж е т і л і к л а м п ы н ы* жағып, қайыңның безінен нақыстап істеген үш сирақты күрсіге орнатып, ортаға қойды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕТІЛІК[2] з а т. ж е р г. **1.** *Керосин шамның шынысы, шишасы.* **2.** *Шамның кішілеу түрі. Жетілікті* беруге болмайды, сынып қалады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕТІЛІҢКІ с ы н. *Өсіңкі, ірі, жетілген.* Демек, бірінші топ қозылары туар қарсаңына ірі де *жетілің кі* болды және өзге топтың қозыларынан анағұрлым асып түсті (Т.Күлтебаев, Қой төлі.).

ЖЕТІЛІС з а т. *Даму, жетілу, толықтық.* Қарауымдағы 26 баланың бәрі де дене бітісі, ақыл-ой *жетілісі* жағынан толық сау («Соц. Қаз.»).

ЖЕТІМ с ы н. **1.** *Әкесі не шешесі жоқ немесе екеуі де жоқ, 18 жасқа толмаған (бала).* Қарабай антын бұзып, «қызымды *жетім* ұлға бермеймін» деп Өлеңтінің аяғын өрлей көшеді (М.Әуезов, Әр жыл.). // *Ата-анасыз, жалғыз, қамқоршысыз, жетім қалған бала.* Жеп қойды құстың жетім балапанын, Қорықпай-ақ обалынан түлкі залым. Қарасақ, ел ішінде аз ба адамдар Жеп жүрген обалсынбай *жетім* малын (А.Байтұрсынов, Шығ.). Әкелі жетім анық жетім, Шешелі *жетім* жарым жетім (Мақал). Мойныңда галстугің жүзің жайнай. Інім, сен келіп сәлем бергеніңде, Еске алдым жат өлкеде таппастан бақ, Шұбырған көп *жетімді* көргенімді (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). *Жетімнің* Құнанбайда қарызы бар екенін айтқан Дәркенбай (М.Әуезов, Абай жолы). **2.** а у ы с. *Арқа сүйері, қамқоры жоқ, жалғыз. Жетім* қыз, жесір келіншек күйін кешкен осы әйелдің жүрегінен, қуалаған тоқтай болып, қаншама қасіреті өткен (Ә.Нұршайықов, Махаббат жыр.). Былтырғы жұтта бар малы қырылған, басқа күн көрістері қалмаған соң, теңіз жағасына құлаған жүдеу ауылдың *жетім* кемпірі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Жоқ, адам! – дедім мен, – адам болмаса жер жетім, басшысы болмаса ел *жетім* (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Мен де өзіңдей *жетім* едім, Басқа өзінен тіреуі жоқ. Болған екен жеті ағам, Амал қанша біреуі жоқ (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). **3.** а у ы с. *Жалғыз, далада қалған.* Іздемесең, ұл – *жетім*, үндемесең, тіл – жетім («Жас Алаш»).

Жетім белдеме. э т н. *Сойылған мал етінің бір бөлігі.* Жайшылықта сойылған қойдың бір сирағын отқа тастап, үшеуін үйітіп асқа пайдаланып, «*жетім белдемені*» алып қалатын болса, мұндай қаза кезінде барлық ет тегіс асылуы шарт (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Жетім бидай. ж е р г. *Өткен жылдың аңызында қалған дәннен жабайы өскен бидай.* Бүгін қойларды Көкойдағы *жетім бидайға* жайып алдым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жетім босаға. *Киіз үйдің кіреберісіндегі сол жақ босаға.* Ұмсындық оның күпісін шешіндірді, күпіні *жетім босағаға*, тымағын барып адалбақанның басына ілді (С.Талжанов, Ұлдай.).

Жетім жақ. ж е р г. *Балықты қақ бөлгендегі сол жағы.*

Жетім жұрт. *Панасы жоқ ел мағынасында.* Думада қазақ сияқты *жетім жұрт-тар* жайынан екі-ақ орында сөйлеу реті келеді: бірі депутаттар қазаққа законды басақөктеп, зорлық қылып отырсың деп үкіметтен жауап сұрағанда, мұны орысша запрос дейді (М.Дулатов, Шығ.).

Жетім қазан. ж е р г. *Тозығы жеткен ескі қазан. Жетім қазанға* тарыдан басқа еш нәрсе қайнатпайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ошақ үстіндегі *жетім қазанның* беті шұрқылдап қайнап жатыр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жетім қалды. *Ата-анасынан айырылды.* Марқұм ата-анадан жастай *жетім қалып*, тәрбиелейтін жақын жоқтықтан бала күнінде ашаршылық жылдарда бір қолдан бір қолға сатылып та жүрген (М.Дулатов, Шығ.). Нағашысы уақта Ер Қосайдай ер өткен. *Жетім қалып* Еспембет, Қолында соның ер жеткен (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Еркебай, жыламашы ағай дейді, Мен дағы көргем қорлық талай дейді. Жасымда *жетім қалып* ата-анамнан, Болғанмын талай жылдай малай дейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жетім құлын секілді. п о э т. *Қайда, кіммен бара жатқанын білмейтін, әркімнің соңынан бір жүгірген енесі жоқ құлын сияқты.* Қайдасың, хабарың жоқ, өтті уақыт, Сан жылдар жігерімді кетті уатып. *Жетім құлын секілді* көшке ілескен, Сенімен кетті жастық, кетті бақыт (М.Мақатаев, Қарлығашым.).

Жетім құрыш қылыш. *Құрышы айрықша суарылған қылыш.* Қатаған: Сары жайлы сабазбын, Қос өкпеңнен атайын. *Жетім құрыш қылышпен* Маңдайыңды қақ жарып, Қаныңды судай шашайын (Сүйінбай ақын, Ақиық).

Жетім қыздың тойындай. *Елеусіз, берекесіз деген ұғымда айтылады.* Сенің тойың *жетім қыздың тойындай* болмауына кепіл боламын (Қаз. тілі. фразеол. сөзд.).

Жетім малта. *Әбден езілген құрттың қалған сірнесі, сығынды.* Езілмейтін сірне малта құртты *жетім малта* деп атайды (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Болат тамақ ішкісі келмесе де, таба нанның шетінен екі-үш үзіп тамсанған болды да, аузына *жетім малта* салды (А.Нұрманов, Аққу.).

Құ жетім. *Әкесі жоқ жетім. Құ жетім,* бұл қылығың жөн бе еді деп, Сенен менің көңілім кем бе еді деп (Қозы Көрпеш.). Бір

отырсақ, сыймадың туысқанға, «*Қ у ж е т і м*» деп қуады ұрысқанда. Ешкі менен қойымның басын ұстап, Әкеме сауғызушы ем мыс құманға (К.Әзірбаев, Шығ.). Тойынайын деген екенсің. Көзіңді биттетіп, тентіретіп жіберейін сен *қ у ж е т і м д і*, – деді Қарасай Динаға (С.Жүнісов, Жапанда.).

Тақыр жетім. *Жанашыр ешкімі жоқ, нағыз жетім.* Титан әке-шешеден, туған-туысқаннан жұрдай, *т а қ ы р ж е т і м н і ң* өзі (Ә.Сәрсенбаев, Шығ.).

Тас жетімдей. *Ешкімі жоқ, тұлдыр жетімдей.* Атылған снаряд боп зеңбіректен, Ащы күй жатыр өтіп темір еттен. Күйші шал зар шанақпен адам түгіл, Тасыңды *т а с ж е т і м д е й* еңіреткен (Р.Ниязбеков, Келер күн).

Тұлдыр жетім. *Әкесі де, шешесі де жоқ жетім. – Т ұ л д ы р ж е т і м м і н,* әкемді де, шешемді де фашистер кескілеп өлтірген, – деді Миша (С.Омаров, Әңгім.).

Тірі жетім. *Әке-шешесі айырылысып, біреуінің қолында қалған бала.* Баланы *т і р і ж е т і м* қылып тастап кетпекшісің бе? Шешесіз бала бағып отырар жайым жоқ (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Семья шырқы бұзылып, жардың жадап-жүдеп, балалардың *т і р і ж е т і м* – әркімге көз түрткі болмауы үшін ең алдымен тұрмыстағы сүреңсіздікті, отбасы озбырлығын жою керек болар («Лен. жас»). *Т і р і ж е т і м* боп отыр ғой, – деп мүсіркеп қойды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ЖЕТІМАҚЫ з а т. с ө й л. [лат. alimentarius] *Айырылысып кеткен әкенің не шешенің сот шешімімен балаға төлеп тұратын ақшалай қаржысы.* Кейбір әкелердің балаларына *ж е т і м а қ ы* берерде «ішкен-жегенің ас болмасын, жүгермек келіп жуадай сол» демейтіндері кемде-кем (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

ЖЕТІМБАУЫР з а т. *Малдың бауырына жабысып тұратын жұмсақ ет.* Мал мүшелерінің *ж е т і м б а у ы р,* жетімөкпе деп аталатын кішкене қосымша бөлігін балаларға беруге тыйым салынады (Қаз. әдет-ғұрып.). Бауырға жабысып тұратын мына бір жұмсақ етті *ж е т і м б а у ы р* дейді (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖЕТІМДЕЙ с ы н. *Жетім сияқты.* Мені еркелетіңдер – тым азып кеттім. Жаутаңдап қалған *ж е т і м д е й* құлазып кеттім (Ф.Оңғарсынова, Мазасыз таң). Кешегі ығы-жығы шығып жатқан кең дала бүгін елсіз. Өгей ана қолынан дәм күткен *ж е т і м д е й* етпетінен сұлық жатыр (К.Оразалин, Кең байтақ).

ЖЕТІМДЕН= е т. *Батылы жетпеу, жасқаншақтау.* Кей жасық сияқтаның, *ж е т і м д е н д і м,* Бейне ашық сақ-сақ күлген секілдендім. Құштым мен бейітіңді емес, таудың төсін, Қазаға болды осы-ақ бекінгенім (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖЕТІМДЕНУ *Жетімден етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТІМДЕУ с ы н. *Көзге қораш, жүдеу, жұпыны.* Қаланың тұрған осы шетіндегі үй, Аңғарлы Алатаудың өтіндегі үй. Мекені көрі кемпір, жас баланың, Тұр көптен жабырқаңқы *ж е т і м д е у* үй (Т.Жароков, Шығ. жин.).

ЖЕТІМДІ с ы н. *Жеткілікті, толық.* Курсанттар үшін білімді ұстаз, *ж е т і м д і* тамақ, жақсы киімге қоса толып жатқан тұрмыстық қызметтің талаптық деңгейінде көріну қажет (Е.Дүйсенбаева, Береке.). Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім *ж е т і м д і* болсын деп, қызметке, болыстық, билікке таластық (Абай, Тол. жин.). Шамасы, әңгімесі *ж е т і м д і*, қызықты болу үшін оқиға болған жердің өзіне бармақ, әңгімені сонда айтпақ (С.Бақбергенов, Қан тозаң).

ЖЕТІМДІК з а т. **1.** *Әке-шешесіз қалушылық, жетім болушылық.* Ақбілек өзінен бетер сол екеуінің *ж е т і м д і г і н е* қабырғасы қайысатын (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж е т і м д і к* батып жанына, Көп екен кезі жасыған. Қол созып өнер таңына, Детдомда болған жасынан (А.Бақтыгереева, Өрімтал). Әлемді шаттық ән тербесін, Тербесін, құлашын сермесін. Біз көрген азабын *ж е т і м д і к т і ң,* Ешкімнің басына бермесін (М.Шаханов, Ғасырлар.). Бала күнгі базар тарқап той көрмей, Көкірегіңді кернесе де ой нендей. Елің барда еркін өсіп ержетіп, *Ж е т і м д і к к е* жетілдің сен бой бермей (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Ж е т і м д і к п е н* өткен балалық шағы, көрген қорлықтары оның мінез-құлқын өзгерте алмаған (Ә.Әлімжанов, Отырар.). // *Жасқаншақ, батылсыз.* Шайзаданың көзінің құйрығына жас іркіліп, көкірегіне қайдағы бір *ж е т і м д і к* ойлар қордалана бастады (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім). **2.** а у ы с. *Жалғыздық, қамқоршысыз қалушылық. Ж е т і м д і к т і ң* мұң-зары, Қоспаңа да таныс еді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Дариға, ол қиялым баққан жастан, Жоғалды енді артына қайырылмастан. Жат жерде, жау қолында жалғыз өлем, *Ж е т і м д і к* тұтқындықтан құтылмастан (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жетімдік тақсіретін [тауқыметін] тартты. *Жетімшіліктің, жоқшылықтың ауыр азабын басынан өткізді.* Жасынан *ж е т і м д і к т а қ с і р е т і н т а р т қ а н* бала заман қыспағына мойынұсынғысы келмеді («Қаз. әдеб.»). Әкешешемнен он жасымда жетім қалдым. Көзіме көк шыбын үймелеп, қорлық көрдім. *Ж е т і м д і к т і ң т а қ с і р е т і н* көп *т а р т т ы м* дейді Сәмет әңгімесінде (С.Омаров, Қайырлы жаз). Қаршадайынан *ж е т і м д і к т а у қ ы м е т і н*

т а р т қ а н жалғыз Ажарымның қолына қарап мен қалдым (С.Жүнісов, Өшп. із.).

Қу жетімдік. э к с п р. *Панасыздықтың, қу жетімнің күйін көп тартқан кезде, шарасыз қалғанда айтылатын сөз.* Әттең, қураған *қ у ж е т і м д і к* қинады-ау! Өрісімді тарылтып, үмітімді кестің ғой! (Қ.Бадыров, Өткендер.).

ЖЕТІМЕК з а т. 1. э к с п р. *Жетім сөзін жұмсартып айтуға тырысқанда қолданылады.* Жәпелдің артында қалған екі *ж е т і м е к п е н* бірге шырылдап мен де қала бердім (С.Жүнісов, Жапанда.). Бала кезден жаным саған кешелес, Біздер ерте жолығыстық, кеш емес. Атақ үшін саған бала боп жүрген, Көп *ж е т і м е к* Тұманбайға дос емес (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** э к с п р. ж а қ т ы р м а у. *Жетім қалған, асыраушысы, сөзін сөйлеушісі жоқ баланы жақтырмай сыртынан сөйлегенде атайтын сөз.* Ата-анасы тастап кеткен, өзінің әйелінің немересі боп келетін мұндай қу *ж е т і м е к т і* ол не қылсын (Ш.Айтматов, Қош бол.). Ырылдатпашы анау көзін ойылғыр *ж е т і м е к т і*! – деп, зекіп тастап, долы бәйбіше есікке қарады (М.Әуезов, Шығ.). **3.** *Ешкімі жоқ, жетім, панасыз қалған адам.* Жаныма сусын болып бал бұлағың, Киіктей орманыңда қарғыладым. Жеріңде *ж е т і м е к* боп қалғанымда, Суыңа сырымды айтып зар жыладым (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЕТІМ-ЖЕСІР з а т. *Қамқоршысынан айырылған бала-шаға, қатын-қалаш.* Мінекей, жиырма бес ай мен жатқалы, Хибста тұтқын болып дәм татқалы. Ұшырап *ж е т і м-ж е с і р* қарғысына, Ерік кетіп қол-аяқты байлатқалы (М.Дулатов, Шығ.). Файзырахман абзи, әсіресе, *ж е т і м-ж е с і р л е р г е* жақсы қарайтын (С.Омаров, Хантағы). Шай үстінде кемпір-шалдар, *ж е т і м-ж е с і р л е р,* соғыстан жараланып қайтқан жігіттер дастарқанға сыймай кетті (М.Дүзенов, Әке.). Сен басқарып келесің Қобданск халықты. Разы қылып келесің *Жетім-ж е с і р,* ғаріпті. Құлақ салып тыңдасаң, Әрбір сөзім анық-ты (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Дәулетіне ел кенелді, *Ж е т і м-ж е с і р* теңелді. Опасыз мына жалғаннан Демі біткен күнінде О да көшіп жөнелді (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖЕТІМ-ЖЕСІРЛІК з а т. *Жетім-жесір болушылық.* Айтсам *ж е т і м-ж е с і р л і к* деген жақсы емес екен. Әрбір сәурік бір азынап, көрмегеніміз жоқ (Ж.Арыстанов, Жер ұйығы.). Нағима кемпір соңында *ж е т і м-ж е с і р л і г і н* қосып атам-заманғы өлген шалын жоқтай кеті (Н.Қазыбеков, Тұсау кесер).

ЖЕТІМ-ЖЕТІК з а т. *Жетім-жесір, кедей-кепшік.* Жұмабектің қызылдар деп жүргені қызылды-жасылды киінген солдаттар емес, кәдімгі өздері сияқты *ж е т і м-ж е т і к т е н* тараған өңшең кедей-кепшік екен (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖЕТІМ-МҰЖӘЛСІЗ с ы н. ж е р г. *Мүгедек, жарымжан.* Денің сау, *ж е т і м-м ұ ж ә л с і з* емессің, еңбек етпелі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Колхоз правлениясы *ж е т і м-м ұ ж ә л с і з* Өскенбаев Майрамға... бір бас ешкі мен 350 сом ақшалай көмек етті («Жұмысшы»).

ЖЕТІМӨКПЕ з а т. *Малдың өкпесіне жабысып тұратын жұмсақ ет.* Мал мүшелерінің жетімбауыр, *ж е т і м ө к п е* деп аталатын кішкене қосымша бөлігін балаларға беруге тыйым салынады (Қаз. әдет-ғұрып.)

ЖЕТІМ-САҒЫР з а т. к ө н е. *Жетімжесір.* Маңынан жүре алмайды *ж е т і м - с а ғ ы р,* Малы көп, ақшасы көп баймен тамыр. Таутабай Алмасовқа келіп түсті, Қар еріп, кеткен кезде ала шабыр (Н. Ахметбеков, Амангелді).

ЖЕТІМСІЗ с ы н. **1.** *Жарытымсыз, жеткіліксіз.* Протеині *ж е т і м с і з* азық рационында, әдетте, күкірт те аз болады (Т.Сарбасов, Мал. азық.). Отрядқа барған соң *ж е т і м с і з* жағын толтырамыз, аз істегенімізді мойындармыз, ал енді партизандар қандай тапсырма берсе де орындайтынымызды білдірейік, – деді Михайло (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). **2.** а у ы с. *Тар, аздау.* Сонымен XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тақырыбы, идея жағынан өрісі тар, өресі *ж е т і м с і з* болды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

ЖЕТІМСІЗДЕУ с ы н. *Аздау, тапшылау, жеткіліксіздеу.* Сол ашу дегеніңіз, әжем түгіл, еркек кіндік Мүсекеңнің бойында да *ж е т і м с і з д е у* секілді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Осындай адам жағы *ж е т і м с і з д е у* боп бара жатқанда не тұрыс бар, жұрт «дұрыс, дұрыс» деп кеу-кеулеп кетті (Ә.Ибрагимов, Нағыз.). Режиссер фантазиясының тапқырлығы бар, бірақ әлі де бұл күйінде *ж е т і м с і з д е у* көрінеді («Лен. жас»).

ЖЕТІМСІЗДІК з а т. **1.** *Аз болушылық, жетіспеушілік, тапшылық.* Отрядты разъездегі жастармен толықтырғаннан кейін қару-жарақтың *ж е т і м с і з д і г і* сезіле бастады (Қ.Қайсенов, Жас партизан.). Мұғалім *ж е т і м-с і з д і к т е н* әзір сорлап жүрген шығар. Бірақ бұл төрт класс деп отырғанымыз өздеріңіздің қолдан жасап алған кластарыңыз болмасын (Ж.Аймауытов, Шығ.). Зейнұр жесірліктің, *ж е т і м с і з д і к т і ң* қасіретін қанша шексе де, көңіл қаяуын сездірмейтін еді (А.Әбішев, Терең тамыр.). **2.** *Кемшілік, кемшін тұс.* Басшы адам да пенде. Ол механизм емес. Оның да кемшілігі, *ж е т і м с і з д і г і* болуы заңды (С.Жүнісов, Жапанда.). Оның *ж е т і м с і з-*

д і г і реформаның қай буын, қай саласы, қай кезеңінде де жетімсіздік туғызатыны айдан анық («Егемен Қазақстан»).

ЖЕТІМСІРЕ= е т. **1.** *Жетім болу, жетімдену, әркімге бір жаутаңдау.* Жігерсіз адам *ж е т і м с і р е п* тұрады (Қаз. мақал-мәт.). Бұғанасы қатпаған балаларым *ж е т і м с і р е м е с і н* деп, ол ауылға келген соң екі күйеуден шыққан Айтолқын деген әйелге үйленді (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). *Ж е т і м с і р е п* отырған пенделердің үстіне рұқсатсыз кірудің ретін таппай қиналды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау). Өзі жоқта әкесі қайтыс болған, кіші інілері *ж е т і м с і р е п,* әр үйдің босағасын сағалап жүрген (Р.Тоқтаров, Терістік.). **2.** а у ы с. *Жалғызсырау, елегізу.* Күләнтай өзін-өзі қалай жұбатайын десе де, біртүрлі құлазып, көңілі *ж е т і м с і р е г е н і н* қоймады (С.Елубаев, Білте шам.). Жүрегім *ж е т і м с і р е п* қалды-ау менің, О, құдірет, әлдебір алдау ма еді?! Тұлпардың құлынындай бұла дауыс, Тұтқындап жан-жағымнан алды-ау мені (М.Мақатаев, Шығ.). Жолтай шығып кеткен соң мен біртүрлі *ж е т і м с і р е п* қалғандай болдым (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Есіне әпкесі түсті. Бұлақтан су алып келе жатыр ма екен, жоқ әлде, *ж е т і м с і р е п* шәукиіп отыр ма екен? (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Тау баурайындағы төрт қанат жалғыз үйде, жападан-жалғыз қалған кемпір де *ж е т і м с і р е й т і н* сияқты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **3.** а у ы с. *Қаңырап бос қалу.* Соғыстың қырсығынан көп боздағынан айырылып, арулары аңырап, *ж е т і м с і р е п* қалған жер ана бүгін қайта түлеп жаңғыра, жасара түскендей (Ж.Тұрлыбаев, Телқоңыр). Бояуы кеміп, базары тарқап *ж е т і м с і р е п* жатқан өрік бауының көрінісіне Сая бүгін ерекше ери қарайды (Д.Досжанов, Табалдырығың.). Оралмады аққулар осы маңға, Жылдар өтті, байғұстар шошыған ба? Жетім көл *ж е т і м с і р е п* қала берді. Арман-ай, аққуымен қосылар ма?! (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Иесіз қалу, көңілсіздік басу.* Кейбір жерлерде, айнала жапсарлары жермен-жексен болып, құр әшейін мойны ғана сорайып, *ж е т і м с і р е п* тұрған пештер ғана көрінді (М.Дәулетбаев, Қызылжар). Адам ғана емес, иесіз үй де *ж е т і м с і р е й д і* екен (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Әлгіде ышқына ұшып, сары далаға безіп жоғалған бишара кекіліктерді аяды, еңсесін көтеріп, *ж е т і м с і р е п,* жадау жатқан адырларға қарады (Д.Досжанов, Зауал). Ыстық күнге күйіп, жым-жырт болған иесіз далада мәңгілік жалғыздыққа бой ұрып ұмтылған ескі мола құлазып *ж е т і м с і р е г е н д е й* (М.Әуезов, Қараш.). **5.** а у ы с. *Қараусыз, күтусіз қалу, жұдеп-жадаулану.* Қаңыраған жер үйлер мен тас қоралар алыстан жадау тартып, *ж е т і м с і р е п* қарсы алды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Асқар жағалауда қайда барарын білмегендей *ж е т і м с і р е й* сенделген Қарасұңқардың атын көрді (Ә.Әлімжанов, Отырар.). *Ж е т і м с і р е г е н,* жалғыз өркешті, мұңды жануар маған аса ыстық көрінетін боп кетті (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Тиыштыққа осы үй іші мүлкінің қай-қайсысы болмасын *ж е т і м с і р е п* тұрған секілді бола берді (Ж.Молдағалиев, Самал). **6.** а у ы с. *Ақсау, назардан тыс қалу, өгейсіну.* Қазақшадан орысшаға аудару ісі *ж е т і м с і р е п* жүргенін жұрттың бәрі біледі («Қаз. әдеб.»). Ондайда жеке қалам *ж е т і м с і р е п,* Бәріне сырттай: «Өсші, жетілші», – деп. Осыдан сол балалар татуласса, Ақсақал болмаспын-ау екінші рет (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Байыптап қарасаң соңғы жылдары осы бір жанрдың *ж е т і м с і р е п* өгей қабақ көре бастағанын аңғару қиын емес («Қаз. әдеб.»). Манадан бері стол үстінде *ж е т і м с і р е п* жатқан қолжазбаны профессор Рысқалидың алдына қарай лықыта салды (М.Мағауин, Көк мұнар).

ЖЕТІМСІРЕТ= е т. **1.** *Жетімдігін білдірту, әркімге бір жаутаңдату.* «Ана кішкентайларды *ж е т і м с і р е т п е й і к,* жат жұрттың қолына қаратып жүдетпейік деген болу керек», – деп Қарасай әңгімені алыстан орағытып бір қойды (С.Жүнісов, Жапанда.). Жұпаргүлдің міндеті анау ақ үрпек балапанын *ж е т і м с і р е т п е й,* отауының отын суытпай, Сегізбек оралғанша, ел не көрсе, соны көру (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). «Тұлпардан қалған тұяқ» деп, мені жеке құрметтеп, тай мінгізіп, «жалғыз баланы *ж е т і м с і р е т п е й* ел ішіне әкелген» шешеме де сый-сияпат көрсетті (Б.Тоғысбаев, Боз жорға). **2.** а у ы с. *Жалғыз қалдыру, елегіздірту.* – Қызым, немене мына ағаңыздың қызметіне көмектесіп жатырсың ба? Тіпті бұл кісінің ғылыми жұмысына елігіп, бізді *ж е т і м с і р е т і п,* Алматыға тартып кетіп жүрме! – деп Задабекке көз қырын тастады (С.Бегалин, Уақыт.). **3.** *Өгейсіту, бөлектеу.* Кейде жалғыз *ж е т і м с і р е т к е н ш е* киіктерге қосқызып жібергім келеді (А.Смаилов, Тамыз.).

ЖЕТІМСІРЕТУ *Жетімсірет етістігінің қимыл атауы.* –Ау, Назеке-ау, мынадай саз табақ етті, мынадай ортан қолды жігіттерді *ж е т і м с і р е т у г е* бола ма екен, – деді (Н.Оразов, Жауқазын.).

ЖЕТІМСІРЕУ *Жетімсіре етістігінің қимыл атауы.* Ата-ана әлпешін көрмеген, аңсарын аңсаумен жас ғұмырын *ж е т і м с і р е у м е н* өткізіп келеді (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЖЕТІМХАНА з а т. с ө й л. *Әке-шешесі жоқ, панасыз балалар үйі; балалар үйі.* Үкімет оны әке-шешесі қаза болысымен-ақ, кішкентай балаларға арналған *ж е т і м х а н а ғ а* берген (І.Есенберлин,

Қатерлі.). «Ақсүйек бай баласы шығарсың? *Жетімханада* бай мен манаптың баласына орын жоқ!» – деп әлгі шұбар бәле өршелене түсті (К.Тоқаев, Солдат.). – Зүбайда байғұс анау бір жылы қызын Алматыдағы *жетімханаға* апарып өткізген екен («Қаз. әдеб.».). Қыдыра береді. *Жетімхананы*, үшкөлді, мекемені аралатты. Бәрі орыс (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЕТІМШЕ з а т. ***Жетімек***. *Жетімше* емес тигенім, Өзімнің орным жаңағы (Дастандар). Көтерілген көңілі басылсын, Жазасын мұның бер, – деді. Жабылып бәрің ұрыңдар, *Жетімшені* аямай (Бабалар сөзі). Тамам кедей, бұқалаш, Арпасына болып мас, Ажал айдап келді ме, *Жетімшесін* қылып бас (Бабалар сөзі).

ЖЕТІМШОРА з а т. к ө н е. *Аңшының мылтығы*. Мезгілінде жүрмесең, мерзімінді жерге жетпессің. Мерген түн ортасында оянды. Ол қарсақ жүн қылып езген шара аяқ құртқа сары май тастап ішіп, кісесін буынып, шоқайын киіп, *жетімшоранын* (мылтығын) мойнына асып, атына мініп тауға беттеді (Х.Әбішев, Аспан сыры).

ЖЕТІМШІЛІК з а т. с ө й л. ***Жетімдік***. Әке-шешесінен ерте айырылып, *жетімшілікті* әбден көріп өскенін Әлиасқармен әңгімелесіп отырғанда жыр етіп айтып беретін еді (Д.Исабеков, Мазасыз күн.). Болашағыма себі тиер, *Жетімшілік* пен жоқшылықты көп көрген жас өмірімде бір белес, тірек болар деп ойлады (Б.Тілегенов, Аққайнар). Ол адам тағы, сері, әрі мерген, Сенімді екі иті бар қасына ерген. Балаға жан ашитын себебі сол, Жасында *жетімшілік* ол да көрген (Ш.Әбенов, Ортақ арал). Ажыратса уақыт бізді Бақ табамын қайда барып. Сені көрмеу – бақытсыздық. *Жетімшілік* айдан анық (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЕТІНШІ с а н. *Жеті санының реттік түрі*. Әлгіде Далабайдың келіншегі шекесі торсықтай ұл тапқанын естідіңіздер. Сол неме есептей келсек Шірекеңнің *жетінші* тұяғы екен (Д.Досжанов, Зауал). Тәңірін де ұмытып, Таңдаудан таңдау таңдады. *Жетінші* жыл болғанда, Өзен қатты тасыды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Алты күн айғай салғанда, *Жетінші* күн болғанда, Торлан сонда түзеді, Жымия басып жүрісті (Ер Тарғын). Болғанда *жетінші* күн қашайын деп Делдешің қалайдағы қалды ойға (Құламерген).

ЖЕТІҢКІРЕ= е т. **1.** *Таяқырау, жақындау*. Атты қазақтар мұнда келсе, төртеумізді шайдың батасы құрлы көрмес. Кішкене *жетіңкіресін* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). **2.** *Сәл-пәл жетпеу, тапшылау болу*. Шахта астындағы су жүретін шлангадағы қысым аздау екен, жалын тілі жалаңдаған от ошақтарына судың екпіні *жетіңкіремей*, әлсіздеу атқылайды (С.Хайдаров, Құрыш білек.). Егер *жетіңкіремесе* осы жолы жеткізу керек, – деді Ғалымжанның көңілін аулаған Мұстафа (С.Шәкібаев, Үлкен Түркістан.). Тасмағамбетке қарсы келерлік білім Қыстаубай мен Көбентайда *жетіңкіремейді* (О.Сәрсенбаев, Жиде.).

ЖЕТІҢКІРЕУ *Жетіңкіре етістігінің қимыл атауы*.

ЖЕТІР= е т. к ө н е. ***Лақтыру***. Ниеті халас ісін бітіре алмас, Белгіні хақ жарған *жетіре* алмас, Абалап ит үргенмен, аспандағы Тағдырсыз айдың нұрын кетіре алмас (XIX ғ. қаз. поэз.).

ЖЕТІС= е т. **1.** *Бір нәрсеге бірге қол жеткізу*. Қайғылары кетісті, Мұратына *жетісті* (Батырлар жыры). **2.** *Бір нәрсеге жару, қарық болу*. Ел бауырға алғаш келген кезде ащы сағынған мал тарлау, жусан, көкбек, жалмаңқұлақ сияқты ащылы шөпке әбден қанып, жазыққа түсіп тыраңдап шандыаяққа аунап *жетісіп* қалса да... сентябрь туған соңақ бұрынғы жайлаудағыдай жұма сайын соны қонысқа қона алмай... ауылдың маңы шаңдақ тартып, тақырлана береді (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бұл жерде біздің *жетіскен* киіміміз жоқ (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). Мен Жеңіскүлді қайбір *жетісіп* жүріп оқытты дейсің (К.Баялиев, Дегелек.). Жетім өсіп теңелді, *Жетісін* жесір кенелді. Шалшық суы көл болды, Құрамалар ел болды (Дулат Бабатайұлы, Замана.). // *Мәз болу, қуану, рақаттану*. Өзгелер сабақпен бас қатырып жатқанда біз тағы да ләңгі ойнап *жетісіп* қалдық (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Езу тартуды білмейтін Арын да қоқиланып, екі баланы еркелетіп санға түртіп, *жетісіп* отырады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Шешем екеуміз олжаға батқан базаршыдай үйге *жетісіп* қайттық (Б.Соқпақбаев, Балалық.). – Неге *жетісіп* күлесің, қу мылқау – деді Ақбәти (М.Дүзенов, Әке.). **3.** *Жету, жеткілікті болу*. Е витамині *жетіспесе*, тышқандар балалауын тоқтатады (Т.Дарқанбаев, Витамин.). **4.** а у ы с. *Әр нәрсеге үлгіру, қатысу*. Менің жоқтық кездерімді пайдаланып, бар нәрсеге *жетісін* үлгеретін мамам портфелімдегі дәптерлерімді алып қарап, алған бағаларыммен танысыпты (Ө.Тұрманжанов, Адам.). *Жетісесің* бар жаққа, Қамқоршысың сен көпке, Төрт терезең тау жақта, Төрт терезең көл бетте (С.Мәуленов, Шалқар). **5.** ж е р г. *Жету*. Біз аялдай береміз, тез артымыздан *жетіссін* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Біз бүгін Таушыққа *жетісе* алмаймыз, күн кешкіріп қалды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Менің оған *жетісін* алуым керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жетісіп жүр деймісің. *Қарық болып, керемет болып жүрген жоқпын деген мағынадағы сөзқолданыс.* Көрсем деп аңсап сені – өртенемін, Қайтейін, мен *жетісіп жүр деймісің*! (Б.Тәжібаев, Жүріп келем).

Несіне [неме] жетіседі. *Неге қағынады, не нәрсеге мәз болады деген мағынадағы сөзқолданыс.* Әйелі аппақ сазандай сұлу, *несіне жетісіп*, желігеді екен. Әй, еркектер, ме, еркектер оңбайды! (Ә.Тарази, Тас жарған). – Әй, Үрләпия, *неменеңе жетісіп* шалжаңдайсың (С.Жүнісов, Өшп. із.). Мен *неме жетісіп* қобыз қиқулатпақпын. Жесір жеңгем ауылда жер сыпырып жүр. Баласы хат тасып жүр (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖЕТІ-СЕГІЗ с а н. *Жеті не сегіз, осы жобалас.* Шұбатыла қонған ауылдың орта деңгейінде *жеті-сегіз* еркек алқа-қотан отыр екен (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қастарында *жеті-сегіз* уақ балалар жүгірісіп, бірін-бірі қуалай шуласып, қыз-келіншектердің алды-артын орасып ойнады (С.Сейфуллин, Шығ.). Кермеде *жеті-сегіз* ат байлаулы тұр (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖЕТІСКЕНДІК з а т. **1.** *Бір нәрсеге жарушылық.* Сорпаға біздің *жетіскендіктен*, жоқтықтан шұрқырап, төніп тұрмағанымызды ол (шешем) әрине, жақсы түсінеді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** а у ы с. *Жетістік, нәтиже.* Біздің бүгінгі табыстарымыз бен *жетіскендіктерімізді* түсіну үшін өткен дәуірлердің үлкен маңызы бар (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Съезге әрбір елдің өкілдері өздерінің әдебиет майданындағы *жетіскендіктерін* айтып өтті (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қай бір жетіскендіктен. *Бір қарық болғаннан, төрт құбыланың тұғелдігінен, бір кереметтіктен бұлай істеп отырған жоқпын деген мағынадағы сөзқолданыс.* Бірақ мен *қай бір жетіскендіктен* келіп ем, тағдырдың қара дауылы емес пе айдап келіп осындай күйге ұшыратқан? (М.Дүйсенов, Меймандар).

ЖЕТІСПЕСТІК з а т. с ө й л. ***Кемшілік***. – Иә, комиссияның келгені жақсы болды, санаторийдің *жетіспестігі* көп еді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖЕТІСПЕУШІЛІК з а т. **1.** *Жетпеушілік, аздық.* Жүрек бұлшық еттерінде оттегінің *жетіспеушілігі* жүрек ауруына ұшыратады (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). Баздану – су қоймасында оттектің табиғи *жетіспеушілігінен* болатын құбылыс (Қаз. тілі. термин.). **2.** а у ы с. *Таршылық, жоқтық. Жетіспеушілік* деген уақытша нәрсе, оған шыдау керек (Е.Әлімқұлов, Перизат сезім). Бірақ жұртқа күнімізді салдырмаймыз деп қаншама тыраштанғанмен, таршылық, *жетіспеушілік* әбден өздерін титықтатып, күйзелтіп-ақ жіберді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖЕТІСТІК з а т. **1.** *Жеңіс, мақтанарлық іс.* Жану проблемалары институтының тағы бір *жетістігі* – көбіктенетін, су өткізбейтін «Покрозан» жамылғысы. Бұл қоспа өрттен қорғайтын материалдарды дамытудағы тағы бір жаңа жетістік («Зерде»). Бабаларымыздың талай қиссаға азық болған жауынгерлігін, *жетістіктерін* білеміз (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Ендігі келгенде бұдан да зор *жетістіктерді* әңгімелеуге талпынып бағармыз (Ә.Меңдібаев, От кешу). **2.** *Қол жеткен табыс, нәтиже.* Жастардың ғылым, білімге ден қойып, спорт саласына да бет бұруы елеулі *жетістіктерге* қол жеткізді («Егемен Қазақстан»). Сосын бүгінгі ғылым мен техника *жетістігіне* көңіл бөлмейді екен (Д.Досжанов, Табалдырығың.). *Жетістікке*, ағайын, шаттаналық, Біреу озса, бүлінбе басқаланып. Жүрегінің лүпілін тыңдай қалшы, Сырын ұқпай, сөккенше отқа салып (К.Салықов, Жезкиік). Біреудің бағалы жағын көре алмау, біреудің *жетістігіне* іші күю, бармағын тістеу – асқынған ауру (З.Қабдолов, Өмір.). **3.** *Жақсылық, ерекшелік.* Алайда, тұтастай алғанда, кеңестен кейінгі кеңістікте шұғыл геосаяси жіктеліске жол берілмеуі ТМД-ның басты *жетістігі* болып табылады («Егемен Қазақстан»). Берері мол, өндірістік сынақтардан өткен тәжірибесі, *жетістіктерді* зерттеу, мұнай қабаттарының өнімділігін жоғарылатуға деген кәсіби құлшыныс, отандық кәсіпорын ААҚ «Өзенмұнайгазды» бұрынырақ әртүрлі себептермен істен шығып қалған ұңғыларды қайтадан өнім беру қалпына келтіруге бағытталған бағдарлама қабылдауға итермеледі («Егемен Қазақстан»).

ЖЕТІСТІР= е т. **1.** *Бітіру, бүтіндеу.* Қайырылған қанатының топшысын қайта *жетістіріп*, бауырмал топқа, дүбірлі сапқа келіп жіберген-ді (М.Сатыбалдиев, Мөлдір аспан). **2.** ж е р г. *Жеткізу.* Еңбекшілердің газет, журналдарын *жетістіріп* бермеу фактілері біздің Тамдықөл Советінде де кездеседі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Кукурузды автомашинамен сүрлеп салынатын жерге *жетістірдім* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **3.** а у ы с. э к с п р. ж а ғ ы м с ы з. *Керемет қылу, артық жасау.* Жерді де *жетістірдік* қой, – деді Тасмағамбет сергіп, – көкірез жейміз деп жүргенде, Құдайдың қаһарына ұшырады. Қара бораның мынау, айдың-күннің аманында (Ж.Молдағалиев, Самал.). Өй, мәжнүн, қазақ тілін *жетістіріп* алып, енді арабшаға ауыз салған неңді алған (Қ.Ахметбеков, Жеңіс.). **4.** а у ы с. э к с п р. *Мәз қылу, қарық қылу.* Өңкей

жасты көгендей тізіп әкеткенде елді *жетістірер* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл сөздер егескен екеуміздің ешқайсымызды да *жетістірмеді* (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). **5.** а у ы с. *Жақсылық көрсету.* Ажынның жақсы-ақ қызы едім, *Жетістірем* деп алды, Тілеуін түзден тілесе, Баста мені неге алды? (Абай, Тол. жин.). Бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз *жетістіруі* де бар деп бәріне сендік, – дейді (Абай, Тол. жин.).

ЖЕТІСТІРУ *Жетістір етістігінің қимыл атауы.* Ол Ломжадағы гарнизонына қаружарақ, оқ-дәрі *жетістіру* мүмкіншілігінен айырылған болатын (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ЖЕТІСТІРІЛ= е т. *Жетілдірілу, жақсартылу.* Қазақстанның ғылыми мекемелерінің малшаруашылығы жөніндегі жұмысы нәтижесінде малдың (көбінесе қой мен ешкінің) жаңа тұқымдары *жетістірілді* (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

ЖЕТІСУ *Жеті с етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсеге бірге қол жеткізу.* Аз мүмкіндіктен ыждаһатты еңбек пен іскерлік тапқырлық арқылы көп нәтижеге *жетісуге* жетілмей тұрып, күн көрісіміз күйсіздіктен, экономикамыз әлсіздіктен арыла алмайтынына көзіміз әбден жетер кез болды (Ә.Кекілбаев, Үш белес). **2.** *Бір нәрсеге жару, бірге қарық болу.* – Қара, бұлардың *жетісуін!* Осы теңіздің ерікті, шексіз қожасындай сайрандап қызыққа батуын (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

ЖЕТІСІ з а т. э т н. д і н и. *Қайтыс болған адамның артынан жеті күннен кейін берілетін ас.* Мағауияның *жетісінен* кейін Абай бізге: – Сендерді өз ауылдарыңа көшірейін деп отырмын, – деді («Қаз. әдеб.»). Үші мен *жетісіне* ғана емес, қырқына да, жүзіне де елдің көп жиналғанын, аудан басшыларының түгелге жуық келгеніне дейін айтты ол (М.Сүндетов, Қырдағы.). Анасының *жетісін* таратқан күні түс қайта ауылдың қыр желкесіндегі кішкене төбеде Қаржау күн батқанша шошайып отырды да қойды (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЖЕТІСІНЕ ү с т. *Бір жетіде, апта сайын.* Тырнақты *жетісіне* бір рет сиретпей алып отыру керек (Семья тәрбиесі).

ЖЕТІСІҢКІРЕМЕЙТІН с ы н. *Жағдайы төмен, кембағал.* Оқулықтар мен оқу құралдарының бағасы әркімнің шамасы келетіндей. *Жетісіңкіремейтін* оқушыларға материалдық көмек көрсетіледі (Семья тәрбиесі).

ЖЕТІСІҢКІРЕУ *Жетісіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖЕТІТ з а т. ж е р г. *Қосынға келіп қосылған көмек күш.* ≈ *Жетіт* келді.

ЖЕТІШКЕ с ы н. ж е р г. *Нашарқол, жарымайтын.* Ол өмір бойы *жетішке* болып келіп, биыл тәуір болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЕУ *Же етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ас ішу, тамақ алу.* Ет *жеу* ырымы аяқталып, сорпа ішіліп болысымен-ақ төре тұқымдары бір-бір сүйекті балаларына ұстатып, тез тарасып кетті (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Қытай кухнясының сұйық тамағын ішуге қасық, қою тамағын *жеуге* қуайзэ (сапқы) аталатын, ұзындығы бір қарыстай ғана жіңішке екі шыбық беріледі (С.Мұқанов, Алып. адым.). Айтқан тілді алмайтын, Көршіміздің жиені, Әлі *жеуге* болмайтын Жұлатын көк шиені (Қ.Мырзалиев, Көктем). Жас малдың жұтқыншағы ісініп, жем *жеуі* қиындайды, өкпесі шуылдап, ішінен қан өтіп, тез арықтайды (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдіктер). Бұрыш, жуа, Мұрын жарып кетті ащы. Көзін жұмып, біреу үнсіз бет басты. Әншейінде алды бермес бір ақын: «*Жеуге* ғана шақырыңдар»,– деп қашты (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Балтасап пен балдырған, Мал мейірін қандырған. Бүлдірген мен бүрген шөп, Түлік мал *жеуге* таң қылған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Біреудің ақысын бермей қалу, кем беру, пайдалану.* Сауда салты – *жеу.* Мондыбас шаруаны ең ақыры таразыдан да жейді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Қайғы жеу. *Қайғы-қасірет шегу, қамығу.* Біреу ұғып, ұқпаса да кейбіреу, Сыбағамда қасірет шегіп, *қайғы жеу.* Бір адамға залалым жоқ жасаған, Еншім болды есімімді әйгілеу (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЕУСІЗ с ы н. *Желінбей қалған, желінбеген.* Қарасай да аттың алдындағы науаға қарап, *жеусіз* тұрған сұлыны көрді (С.Жүнісов, Жапанда.). Дастарқан үстінде *жеусіз* сол күйінде қалған екі табақ ет (Қ.Қазыбаев, Аманат).

ЖЕУШЕНДІ с ы н. с ө й л. ***Жопшеңді.*** Айқайлаңдар, – дейді, өзінің бұл сөздерді айтқандағы даусы *жеушендігі* айқайдан қатты шығады (Қ.Жаркенов, Жылқышы бала). Оның үстіне қара айғырдың желісі *жеушендігі* жылқының шабысына бергісіз аршынды (Қ.Жаркенов, Жылқышы.).

ЖЕУШІ з а т. **1.** *Тамақ жейтін адам.* Біткен іске сыншы көп, піскен асқа *жеуші* көп (Мақал.). **2.** а у ы с. *Біреудің еңбегін пайдаланушы.* Бай, патша, төре, басқа еңбекті жатып *жеушілер* ешқашан өздері жұмыс істемейді (І.Жансүгіров, Шығ.). Бізді қараңғыда ұстаушы, еңбегімізді *жеуші* мырзалардың сойылын соғушы, жауыз ғұрыппен күресеміз деуші еді жолдас Мұратбаев (Ш.Өтепов, Ғани Мұратбаев).

Таяқ жеуші. с ө й л. ***Таяқ жеген.*** *Таяқ жеуші* өзі айтсын, неге ұрдым екен? – деп Ыбырайға қарады (Д.Әбілев, Арман.).

ЖИ= е т. **1.** *Бір жерге топтау, басын құрау.* Марқабаев взвод командирлерін *ж и ы п* алып, бес минуттік кеңес өткізіп, бұйрық берді (Ж.Тілеков, От кешу.). Үш-төрт әйелді *ж и ы п,* Жүніс мұғалім сабақ беріп отыр (Б.Майлин, Шығ.). Жанына *ж и д ы* ер Жәкең, Халықтың жарым-жартысын Қос-қопа, жарық қоға үшін, Ағайын-туған аға үшін (О.Шипин, Дастан.). Жауыздық тамырын қияйық, Қулардың аранын тияйық, Ақ ниет азамат ерлерді, Бір тудың астына *ж и я й ы қ* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Шындыққа қызықпай ма ақын *ж и г а н,* Ол шықса қорытылып ақыл-мидан. Көз көріп қолмен ұстап, қоса жүріп, Қабыл ал, кейінгі ұрпақ, тартқан сыйдан (Е. Бердин, Қанды асу.). **2.** *Бір нәрсені молайту, қор жасау.* Қарық етіп күнде алдынан үміт шіркін, Әр жерде қалған менің *ж и г а н* мүлкім. Талаптың сапарында жүрмін жортып, Сағына соғып саған дүркін-дүркін (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Бекінді жаудың көбі жардан үңгіп, Жарық қып жар астынан ашты түндік. Пеш салып, есік салып, қада қағып, ішіне отын, тамақ *ж и д ы* жылдық (О.Шипин, Дастан.). Пайда деп, мал деп туар ендігі жас, Еңбекпен терін сатып түзден *ж и м а с,* Мәліш сауда сықылды күлкі сатып, Алса қоймас, араны тағы тоймас (Абай, Тол. жин.). Секілді *ж и г а н* қаздың жұмыртқасы, Назар сап, қарап тұр сақ биік белден. Сұңқылдап сан музыка жатыр ойнап, Құлақ сап, тыңдай қалсаң айдын көлден (F. Қайырбеков, Қосбасар). Дүниеге көңілің алаң, күдіктенбей, Тозаңнан тұтып жатқан сілкінбей-ақ. Артыңа жастан *ж и г а н* қалар мүлкің, Алдаушы салдақы-қар шіркіндей-ақ (О.Шораяқов, Шайыр). // *Жинақтау, көбейту.* Ұстаса бірін «мамалап». Қуанып үйге келеді; Сарысын, ағын саралап, Кітапқа *ж и я* береді (А.Шамкенов, Сағат). **3.** *Қолға түсіру.* [Экспонат] Барлық Индияның көп жерлеріндегі қолөнер табыстарын *ж и г а н* (М.Әуезов, Индия очерк.). **4.** *Бір заттың жеке бөлшектерін біріктіру, құрау.* Станоктың жекежеке бөлшектерін *ж и ы п* қойдым (Ауызекі). **5.** *Егінді орып, басып жинап алу.* Егінді *ж и ы п* алысымен, қасына дүкеншіні ертіп алып, үкіметтен астығымызға бұйым аламыз, – деп арба жегіп алып, Мақсұт жөнеледі (Б.Шалабаев, Өмірде.). Егінді орып *ж и г а н* жан, Күн-түні қырман басында. Сыпырып терін маңдайдан, Жұмыста кәрі, жасы да (Т.Жароков, Таңд.). Түнменен талас дән *ж и г а н,* Комбайн екен жүздеген. Осылай шықты алдымнан, Мекенім менің іздеген (F.Қайырбеков, Қосбасар). **6.** *Бір нәрсені ретке, тәртіпке келтіру, жинастыру.* Қонақтар төрге шығып отырғанда, үй ішінде бұлардың көрмек болып келген қызы – Жәмила төсек *ж и ы п* жүр еді (М.Әуезов, Қараш.). Қабағын қарыс жауып, Биқасай масаханасын *ж и я* бастады, *ж и я* жүріп өзінен-өзі сөйлеп жүр (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Мамама сыр бермейін деп, ер-тоқымымды әкеп босағаға *ж и ы п* қойдым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Шала *ж и ы п* дастарқанды, Қоштасарда сәл кідіріп, Сақтаймыз деп Ұлы Отанды, Қан майданға кеттік жүріп (Қ.Аманжолов,Таңд.). **7.** *Берілген қарызды қайтарып алу.* Саудагер несиесін *ж и я* келгенде, тапқаным осы, біттім деп алсаң ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба? дейтұғыны болушы еді ғой (Абай, Тол. жин.). **8.** *Тартып алу, жинап алу.* Су бүркіп, «Уһ!» дегенге келгеннен соң, Баяғы ат артына тағы таңды. Дұспаннан түк тартса да олжа деген, Торсықты сусын құйған *ж и ы п* алды (І.Жансүгіров, Шығ.). **9.** *Денені ықшамдап жиырып алу.* Ертеде адамзаттың ұшқыр қиял, Шындықты ертегі қып ойға сияр: «Бар, – депті – жерді ораған бір айдаһар, Денесін түнде созып, күндіз *ж и я р*» (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **10.** *Бір заттың шетін бүгу [бұру], көмкеру.* Жағын жібекпен *ж и ы п,* ұсақ меруерттер тізген екен, ақ торғын жаулықтың ішінде уылжыған жас әйел үріп ауызға салғандай (F.Мұстафин, Дауыл.). **11.** *Біреудің киім-кешегін реттеп жолға, не бір жерге әзірлеу.* Мен үйге келе сала Асанды жолға *ж и д ы м* (Ауызекі). **12.** *Өсімдікті сабағынан ұзу, теру.* Қыз да өссін гүл *ж и ы п,* Көкірекке нұр құйып, Соғыс өрті шалсын деп, Айтар мұны кім қиып (Т.Шопашев, Жастық лебі). Кеудеме мол ғып, тағам деп, Құшақтап *ж и д ы м* түз гүлін. Тайыңмын сенің, шабам деп, Тарта алмай қойған тізгінін (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). **13.** а у ы с. *Мәлімет, ақпар, өсек теру, есту.* Шөп жинамай өтірік ақпар *ж и с а,* Кей басшыдан болса да кетпей ме ар (Ақын жырлары). Бар осындай арада, Қалмай жүрген ескілік, Үйден үйге қыдырып, Өсек *ж и я р* кешкілік (Х.Өтеғалиева, Ана жыры). **14.** а у ы с. *Рухани күш, қабілетті бір арнаға келтіру.* Бостандықтың бораны бар жүректе. Шын бақыттың ұраны бар жүректе, Бостандықтың туын ұстап көңілім, Бостандықтың күшін *ж и д ы м* білекке (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Немересі қалада, Тым алыста тұрады. Сәуле *ж и м а й* санаға Басылмайды құмары (С.Мәуленов, Алыс кет.). **15.** а у ы с. *Ысырып тастау.* Сарқып білім бұлағын, *Ж и ы п* қойып арманды, Онжылдыққа бір адым, Жете алмай ол қалған-ды (А.Шамкенов, Жайлау күні.).

Айылын жимады. *Еш нәрседен қымсынбады, именбеді, саспады.* Бірақ жолаушы Кәлен *а й ы л ы н ж и я р* емес, кең күпінің мол шалғайын қымтай, тақымына басып алды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Шынтақтап сен мамықты, *А й ы л ы ң ды ж и м а й сың,* Аяғыңды көсіліп (Батырлар жыры). Бірақ сілесі қатқан нар *а й ы л ы н ж и м а д ы* (Ө.Қанахин, Майдан). Күн кештете қара

үзіп қапты. Және қазақ кіргесін бұлар *айылын жимаған* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Қанша қонақ келсе де, шопан оған *айылын жинамайды* (Тарту). Қалау ағасының қатты бұзылған түрін таныса да, онан *айылын жимай* күліп жатыр. Төлеу теуіп жіберді. – Шық үйден! (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Ауыз жиғанша [жия бергенде]. а) *Тез, лезде.* Айтып *ауыз жиғанша* болған жоқ, көк қасқыр бір үйір жылқыға араласып та кетті (З.Шүкіров, Ғажайып.). Айтып *ауыз жиғанша:* «Азамат, билетіңізді көрсетіңіз», – деп, билет тексеруші әйел келіп-ақ қалғаны (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Шалдар күлкіден *ауыз жиғанша* болған жоқ, екі аяғын кезек-кезек сүйрете басып Тимка келді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бұл сөзді *ауыз жиған* кезде, Қарасы олардың да түсті көзге (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Әңгімені енді доғара бергенде.* Бұғыбай *ауызын жия* бергенде үйге Жоламан кіріп келді (С.Омаров, Өмір асу.).

Ауыз жимады [жиған жоқ]. *Көп сөйледі, ауыз жаппады. Ауыз жимайтын* қатын апасына тіл тигізіп, ренжітіп тастады ма деп қорқатын-ды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Сандықтың үстіне алып, шай келгенше сөзден *ауыз жиған жоқ* (С.Мұқанов, Шығ.).

Аяғын жиды. *Көсілмей, жиырып алды, аяғын өзіне тартты.* – Жігітім, есек мініп келе жатқан жоқсың, ат үстінде келе жатырсың, *аяғыңды жи,* – деді [Сәмек қарт] (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Төрге қарап көсілмей, *Жи, жүзіқара аяғың!* Тек таң атса түнеріп, Бір ашпайды қабағын (Б.Майлин, Шығ.).

Аяқ-қолын жиды. а) *Өзіне-өзі келді, аман-есен босанды, аяқ-қолын бауырына алды.* Кәмалия аман-есен босанып, *аяқ-қолын жидыы* (Ауызекі). ә) *Ес жия бастады.* Соғыстан кейін ел-жұрт *аяқ-қолын* жаңа *жия* бастаған еді (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Әл жиды. *Күш жинады, әлденді.* Абай *әлжия* бере оқыс бір жауап айтты (М.Әуезов, Абай жолы). – Тынығып *әліңді жи.* Әлі-ақ тұрып кетесің. Көп болса бір жеті, – деді Жан галстугін түзеп жатып (Т.Шаханов, Көгілдір.).

Басын жиды. *Біріктірді; құрап ел қылды.* Мұқым қазақ баласы тегіс ақыл сұрапты. Тобықтыны ел қылып, *Басын жиып* құрапты (Абай, Тол. жин.).

Бой жиды. *Өзіне-өзі келді, буынын бекітті.* Құшақтар жазылып, әрқайсысы өзді-өзіне келіп, *бойларын жиып* алған соң Сапар тіл қатты (Н.Оразов, Достар.). «Неменеге шошындым сонша», – деп Сәлима *бойын жиып* қайта қарады (А.Нұрманов, Аққу.). *Бойымды жиып* өзім де, Сәлем берем жалмажан. Көзім – оның көзінде, Жалғасады жанға жан (С.Сейітов, Жаңғырық). Тоқтайды таңда жыр тұнып, Алыстап арман қиялдай. Жұрт отыр әлі ынтығып, Дел-сал боп *бойын жия* алмай (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Дәулет жиды. *Байыды, байлыққа кенелді.* Адасты ақылынан деуге жынды, Санайды бір жаңылмай сонша мыңды. Осындай ішпей-жемей *жиған дәулет,* Қараңыз, ақырында немен тынды?! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Езу жимады. *Күле берді, күлкіден тыйылмады.* Қарт адамдар қашаннан бергі үйреніскен қалжыңдарына көшіп алды да, жұрт тарағанша *езу жиған* жоқ (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Ыбырайым суланған еріндерін жалап, *езуін жия алмай,* рақатқа батып отыр (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң). Тұр еді еркін *езу жимай* күлімдеп, Мына әңгіме лезде құтын қашырды. Қарашоқы есі шығып, дірілдеп Шыңғысханның аяғына бас ұрды (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Езуін жиды. *Күлкісін тоқтатты.* Менің сұп-сұр өңімнен секем алған Жексенбай да, *езуін дегі* күлкісін *жия* қойды (С.Жүнісов, Өшп. із.). Қайырбаев тамызықты немесе шам білтесін тұтатып алғаннан кейін сіріңке шиінде қалған отты үрлеп өшіре салғандай, тез күлкісін тыйып, *езуін жидыы* да, Біләлов жаққа қарады (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Ел жиды. *Өзіне жақтас, сөзін сөйлейтін жұртты топтастырды.* Өзімдік бол деп *ел жиып,* Құрастырып септеймін. Бұзақының бүлігін «Жақсы ақыл» деп «күп» деймін (Абай, Тол. жин.).

Ес біліп, етек жиған жер [мекен]. *Ақыл кіріп, оңды-солды білген, ержеткен мекен.* Тайсойған: Орал еді туған жерім, *Ес біліп, етек жиып* жүрген *жерім.* Айғырды қаңтарда бел бүгілдіріп, Құйрығын әсемдікке түйген жерім (Мұрат Мөңкеұлы, Өлеңд.).

Ес [есін] жиды. а) *Есіне келді, өз-өзіне келді.* Сәлден соң әкесі оның *есін жидыы,* «Я, Алла, әр пәлеңнен сақтай көр», – деп. Қараса ол пәле емес жалғыз ұлы, Барады қашып кетіп бір сайды өрлеп (Қ.Жапсарбаев, Жайқоңыр). Үн жоқ Сейіт тірі көмілген көрінен дос-жар адамдар суырып алғанда біраз талықсып, сұлық түсіп жатып, аздан соң *ес жиған* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Отты айнала отырған үй толы әйелдер, біраз жатып *есін жиған* соң Серікті шақырды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жатты анаң ауырып *ес жия* алмай, Жалғыз саған жалтақтады қия алмай. Ақ бұлақтай арнасынан адасқан, Еніредің көз жасыңды тыя алмай (С.Мәуленов, Алыс кет.). ә) *Дем алды, тынықты.* Әлден уақытта *есімді жиып* алып, көзімнің астымен ақырын қарасам, қобыздың құлағы Ықыластың сүйекті шықшытына қатты жабысып қалған екен (С.Сейфуллин, Тар жол.). Көріпті жолаушылар қайран қалып, Кер жолда

жатқаннан соң біреу талып. Су бүркіп азғантай *ес жиғаннан* соң, Жүріпті бишаралар алдына алып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). б) *Ел қатарына қосылды, адам болды.* Мың болғыр анасының бақыты болғалы тұрған бала еді ғой. Балсары байғұс та ептеп *есін жиып,* еңсесін тіктеп келе жатқандай болатын (Н.Сералиев, Қаңтар).

Етек-жеңін жиды. а) *Есін жиды.* ә) *Шаруашылығы, тұрмысы түзеліп ықшамдалды, өзіне-өзі келді.* б) *Жүріс-тұрысын, тәртібін түзеді.* Өз үйінде жыландай ысқырып отыратын болғасын қатын-балалары оның қай жағынан шығып қаларын білмей, *етек-жеңін жиып* қыпылдасып болатын (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Етек [етек-жеңді] жимады. *Елең құрлы көрмеді, жасқанбады. Етегіңді жимадың,* Тентегіңді тыймадың Елге тиді кесірің, Жөн бе ағайын, осының (Б.Адамбаев, Ақбөбек). Ел үркеді, Біз көшеге сыймаймыз, Сонда дағы *етек-жеңді жимаймыз* (С.Бегалин, Таңд.).

Күлкісін жимады. *Күле берді, күлкісін тоқтата алмады.* О да тартымды *күлкісін жимай* маған қарай көздерін қадап, қуанып тұрды (Х.Рахимов, Қызғалдақ).

Қайратын бойына жиды. *Белін бекем буынды, қайраттанды.* Жасыл қылыштың жарқ еткеніне дейін бар *қайратын бойына жиып,* буыны бір дір етпеген ана, енді аяғын әрең сүйреп келеді (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Қол жиды. *Әскер жинады, топтады.* Қашан *қол жиғанша* бұған бар дүние оңай, өзінен-өзі орындала қалатындай көрінеді; ең қиыны қол жиып алу секілді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Оразбайдың көктемде *қол жиып,* Көкен елін шапқаны Әзімқан төреге ұнайды екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қоң жиды. *Қоңданды, семірді.* Қозысы бой жазып жайыла алмай, үнемі енесінің бауырын ықтап, қақтай берген соң саулық та *қоң жия алмайды* (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Енді, қыс суығына шейін *қоң жиып* алсын деп, оларды біржола қоя беріп еді (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Қос жиды. *Елді, жұртты бір идеяға, бір ойға біріктірді.* Жұрт *қос жиып,* арызын шапқан кезде, Кешіксе де бір десе айдап салды (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қыздың жиған жүгіндей. *Қыз қолынан шыққан дүниедей сәнді, жинақы.* Алатауым әсемденген *Қыздың жиған жүгіндей* (Қаз. әндері).

Мал жиды. *Байыды. Малдың* бәрін өздерің *жиып* алдыңдар ғой (Қаз. ертегі.). *Мал жиядың* мақтаныш білдірмекке, Көзге шұқып менен күйдірмекке (Абай, Тол. жин.).

Тәжірибе жиды. *Үйренді, көпті көрді.* Мен өзімнің әріптес болған кәсібім – пара жайында азды-көпті *тәжірибе жиған* адаммын (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Топ жиды. *Ниеттес, пікірлес кісілерді цйымдастырды.* Жоқ деп едің керегің, *Топ жиып* ең бір бөлек. Кезек келер демедің, Ендігі керек қай керек (Абай, Тол. жин.).

Тырнақтап [тірнектеп] жиды. *Аузынан жырып, аз-аздап құрады.* Ол өткен жылы оқуға түсемін деп үй ішінің *тырнақтап жиған* тиын-тебенін қалтаға бүктеп салып Алматыға тартты («Лен. жас»). *Тірнектеп жиған* мал кетті. Сен де бөтен емес едің. Бірақ түпқазық сенде емес қой. Саған өкпе жоқ, – деді Дербісәлі Мұратқа (Т.Ахтанов, Шығ.).

Тізгін жимады. *Сескенбеді, айылын жимады.* Шошынып *тізгін жимады,* Буырқанды бұрсанды, Мұздай темір құрсанды. Жау жағадан алған соң, Беренге батыр сыймады (Ер Тарғын).

Ішіне жиды. *Сыр сақтады, тіс жармады. Ішіне жиды* өкпені (Дулат Бабатайұлы, Замана.). «Ұялмай көрді елді,» – деп, «ұялмай қалай берді», – деп, Құлағына кірмеді Ағайынның сөккені, Мұны айтқанның бәріне – Жасы менен көріге *ішінен жиды* өкпені (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Өз інісінен [Арыстаннан] бастап, барлық қонақтарына сын көзімен қарайды да, байқағандарын *ішіне жия* береді (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Дауыс шығып күңіреніп, Атылмас мылтық оқтамай. Ала қаптың аузын аш, *ішіне жиып* сақтамай (XX ғ. қаз. ақын.).

ЖИБИЛИ [ар. جبلى] з а т. е с к і к і т. *Туа біткен қасиет.* Нәрселердің қайсысы *жибили,* қайсысы кәсіби, оны білмек керек, ішсем, жесем демектің басы – *жибили* (Абай, Тол. жин.).

ЖИВОПИСЬ з а т. ***Кескіндеме*** *(шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды майлы бояу арқылы салатын бейнелеу өнері).* Жиырмасыншы-отызыншы жылдары бейнелеу өнерінің *живопись* сияқты күрделі түріне тұңғыш бой ұрған Ә.Ысмайлов, Ә.Қастеев, ағайынды Қожықовтар сияқты суретшілердің шығармалары халық творчествосымен үндес еді (І.Омаров, Серпін). Беркінді Қайырдан ағасы мектептен шығарып, көркемөнер училищесінің *живопись* бөлімінің бірінші курсіне ауыстырған-ды (М.Дүйсенов, Ант).

ЖИҒАН-ТЕРГЕН с ы н. *Жиыстырған, құрастырған,* Жылыспайдың *жиған-терген* тиынын молырақ ұстап, жаңа қонақтарға мырза болып көрінгісі де келді (С.Бегалин, Уақыт.). Бәрі сіздік болды ғой, *Жиған-терген* малымыз (Алпамыс). *// Жиып-тергені, бар байлығы.* Мен әйтеуір бар *жиған-тергенімді* Бір тамаша той қылып өткеремін. Біздің үйді сол күні бетке ал, қауым, Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Бар жиған-терген. *Бар байлық, азын-аулақ дәулет, ұстағаны.* Малшы қазақтар *б а р ж и ғ а н - т е р г е н і н е н* айыратын қыстың ақтүтек бораны, шілденің аптап ыстығы, күздің өкпек желі, көктемде қайта түлеген жер мен гүл жайнаған дала көркі – баршасы бүге-шүгесімен халық әдебиетінде көркем көрініс тапқан (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ЖИҒЫЗ= е т. *Жинату, бір жерге топтастыру, басын қосу.* Старшын, биді *ж и ғ ы з д ы м*: «Береке қыл» деп, «бекін» деп, «Ат жарамды, үй жақсы Болсын, бәрің күтін» деп (Абай, Тол. жин.).

Бой жиғызды. *Тартындырды, тежеді.* Адасқан жолға бара жатқан *б о й ы д ы* қайта *ж и ғ ы з ы п* алатұғын мен емес пе? (Абай, Тол. жин.).

Есін жиғызды. *Есіне келтірді.* Сауыт саудагер есіктен ене бере талып түскен екен, су бүркіп, *е с і н* зорға *ж и ғ ы з ы п т ы* (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Атқосшысы оның *е с і н* әрең *ж и ғ ы з ы п* болған кезде арт жағынан баянауылдықтар мен Зейнептің күтушілері мінген тарантастар да жетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Алмас әлсіреп қалған итінің есін жидырып аз отырды, қойнындағы азығын беріп, Бөрібасардың *е с і н ж и ғ ы з ы п* еркелетті де, үйіне бет алды (С.Бегалин, Сәтжан).

ЖИҒЫЗУ *Жиғыз етістігінің қимыл атауы.* Әйгерім тұрып, қымыз ыдыстарын *ж и ғ ы з у ғ а* белгі берді (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖИҒЫШ с ы н. *Жинағыш, жиятын.* Тамыр түйнекшелерінде болатын азот *ж и ғ ы ш* бактериялардың бір түрі барлық бұршақ тұқымдас өсімдіктер тамырында түйнек түзе бермейді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖИҒЫШТА= е т. *Қайта-қайта жинау, ретке келтіру.* Әсел шашын *ж и ғ ы ш т а ғ а н* болып жерге қарай берді (Ауызекі).

ЖИҒЫШТАУ *Жиғышта етістігінің қимыл атауы.*

ЖИДАШЫ з а т. **1.** к ө н е. *Алым-салық жинаушы.* Ол келісімен жан-жаққа *ж и д а ш ы* шаптырып, есеп кітабындағы ақ векселдің аманат қойын жидыруға кірісті (І.Жансүгіров, Шығ.). Бас *ж и д а ш ы* зекетті ру басыларына тапсырып қоятын (Д.Досжанов, Жібек.). Сенің *ж и д а ш ы л а р ы ң* шетінен бек аталып, бір-бір бекініс соғып алды (Э.Төреханов, Ескендір мен Роксана). **2.** а у ы с. *Әр нәрсені жетік білетін, біреуге ақыл беріп, жол көрсететін жырынды адам.* Аппас Шыңғысты қадір тұтып, сыртынан – *ж и д а ш ы,* ішінен – ақылшы болатын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). – Жас кезімде мен де мерген болғанмын, өмірі осындай *ж и д а ш ы* болып өтті деп ойламаңдар, – деді Дамба (Н.Баяндин, Құм асты.).

ЖИДЕ[1] з а т. **1.** ө с. <лат. elaeagnus> *Жиде тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын ағаш немесе бұта өсімдіктер туысы.* Қазақстанның оңтүстік облыстарында *ж и д е н і ң* екі түрі кездеседі (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж и д е* – шірнелі өсімдік (ҚҰЭ). **2.** *Ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы.* Өзен бойындағы *ж и д е*, тал, қамысты қойнауларға кіріп, көзден ғайып болды (І.Есенберлин, Жанталас). Қарауытқан бейне *ж и д е* ағаштың тасасына сіңіп, лезде ғайып болды (Т.Бердияров, Солдат.). Сырдария сыр ұрлап, Ағыны сипар кеудені. Желмен бірге сыбырлап, Желбірер *ж и д е*, шеңгелі (С.Мәуленов, Алыс кет.). Айлы кеште көңіл шіркін күйге енер, Мұндай шақта ән айтпасқа бола ма? Біздің үйдің алдындағы *ж и д е л е р* Өз саясын ұсынады оларға (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** *Жиде ағашының сырты жылтыр, қызғылт-қоңыр түсті сопақша жемісі.* Алма, *ж и д е*, шиемнен, Жеміс жеңсік дүниемнен, Жемей ешкім қоймасын (И.Байзақов, Құралай.). Алыстан лайнерлермен самғап ұшып, Жазының келбетіне таңғалысып, Әуеден түстіңдер ме, Алатауда Жатқанда жүзім, *ж и д е*, алма пісіп? (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Көз жасы тамған жеріне, Қарақат өніп қаулаған, Аяғы тиген жеріне, *Ж и д е* болып жайнаған (Манас). Айнымайтұғын нағыз еркектің елі бар, Ауылым менің *ж и д е с і* тәтті, жері бал. Әйел де керек, әйнек көңілді жақсы әйел, Достарың келсе төркінім келді деп ұғар (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Ж и д е* жемісінен ішек-асқазан ауруларына шипа болатын тұнба дайындалады (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

Аузын жиде жегендей қылды. а) *Алдап кетті.* ә) *Аузын қан жалатты, аямай ұрды.* Иттің баласы, *а у з ы ң д ы ж и д е ж е г е н д е й қ ы л а й ы н* ба, не оттап жүрсің (Қаз. тілі фраз. сөзд.).

Жиде талқан. ж е р г. *Жидеден жасалған талқан.* Келіге түйіп, езіп-жаншып жасайды. Бұрын *ж и д е т а л қ а н* жасау деген көп болатын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жиде тұқымдасы. ө с. <лат. elaeagnaceae> *Қосжарнақты өсімдіктер. Ж и д е т ұ қ ы м д а с ы н* сусымалы құмды бекітуге, сүрегін құрылысқа, жемісін тағамға, дәрі жасауға пайдаланады, гүлінен ара бал жинайды (ҚҰЭ).

ЖИДЕ[2] з а т. с ө й л. ***Жейде.*** Жылқы жияр Қозыкем айғай салып, Құрығына *ж и д е с і н* байлап салып (Қозы Көрпеш.).

ЖИДЕГІР с ы н. ж е р г. *Ез.* Жігіт емес, *ж и д е г і р* екенсің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖИДЕК з а т. **1.** *Таңқурай, бүлдірген, құлпынай өсімдіктері жемісінің жалпы атауы.* Ол айтты: «Андрейдің құлымын деп, мақтанбаймын біреудің ұлымын деп. Балаң көріп сабады ұстап алып, Қара *ж и д е к* ұрлаған ұрысың» деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Мұнда жұпар иісті

жабайы құлпынай көп. *Жидегі* ұзынша-сопақ тау емес, қызғылт түсті домалақ (Б.Мұханов,.. Пайдалы өсімдік.). Бүлдірген, балдан тәтті жаз *жидегін,* Термесе жас балаға несі ойын (Айтыс). Бір күні қыз өзінің үңгірінен шығып, таудың бөктерінде *жидек* теріп жүргенде, хан көріп қалып, қызына қарай айқайлап жүгіреді (Қаз. ертегі.). Құлпырған жердің беті шешек атып, Ән салып шыбын-шіркей ызыңдатып. Қып-қызыл манардай боп піскен *жидек,* Сай-сала жұпар исін тұр аңқытып (И.Байзақов, Таңд.). **2.** б и о л. <лат. bassa> *Гүл аналығының біріккен бір немесе бірнеше жеміс жапырақшаларынан түзілген түрлі-түсті, көптұқымды шырынды жеміс. Жидектің* құрамында организмге пайдалы органикалық заттар болатындықтан, тамаққа, дәрілік мақсатқа пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). *Жидек* – витаминге бай, емдік және диеталық қасиеттері бар тағам (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Қарақаттың бұл түрінен де варенье, желе кисель, сироп, компот және *жидек* шарабын жасайды (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Жидек дақылдары. *Шырынды жидегі бар көпжылдық бұталар, жартылай бұталар және шөптесін өсімдіктер тобы. Жидек дақылдарына* бүлдірген, қарақат, таңқурай, тұшала, мүкжидек, шырғанақ, қожақат (қара бүлдірген) және т.б. жатады (ҚҰЭ). Жабайы өсетін *жидек дақылдарынан* қызылжидек, мүкжидек, қаражидектердің де маңызы зор (Қаз. тілі термин. Тамақ.).

ЖИДЕКТЕЙ с ы н. **1.** *Піскен жидектей уылжыған, тырсиған.* Жаңа бой түзей бастаған жасөспірімнің мойылдай қара көзі жылтырап, бұртиған ерні піскен *жидектей* қызара бөртіп тұр (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). Оның тапқырлығына, ойының жедел, тілінің өткірлігіне таңданған Ораз піскен *жидектей* ісінген ернін шала ашып, ойлы көзін тіктеп Нұриладан аумайды (Ж.Арыстанов, Жер ұйығы.). **2.** а у ы с. *Өрімдей.* Серуендеп сексен жасқа келіп қаппын, *Жидектей* жас болсам да, мен кешегі (Ғ.Малдыбаев, Желдірме).

ЖИДЕКТІ с ы н. *Жидегі бар, жидегі мол.* Моносахарид көбінесе *жидекті* өсімдіктердің жемісінде, қарбызда, қауында болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). *Жидекті* өсімдіктерге жүзім, қарақат, бөріқарақат, қарлыған, картоп, інжүгүл, қызанақ, мүкжидек, қаражидек, итбүлдірген жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖИДЕКСЫМАҚ з а т. э к с п р. *Жидек дерлік.* Бақсақ, біз кәдімгі қызыл деп аталатын жұпыны *жидексымақ қа* кездескен екенбіз (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖИДЕЛІ с ы н. *Жидесі бар, жидесі мол.* Біз жиде арасында көгалда жатқанбыз. Бұл жерді жұрт Жиделі деп атайды. Жиделі десе *жиделі* (Т.Тобағабылов, Жазира.). Сәл жүрсең Сырдарияға ұласып жатқан *жиделі* жазық маңдай терілетінін кеше көргенмін (А.Мекебаев, Бойжеткен). Менің бақытыма қалың *жиделі* тоғай жақын болар ма, зымыраған бойымша жоқ болды да кеттім (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ). Осы *жиделі* ойпатта Ақынғұлмен ақтық айқасына аттанардан бұрынырақ кездескен болатын (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖИДЕЛІБАЙСЫН з а т. ф о л ь к. *Қазақ фольклорында жиі кездесетін берекелі, қасиетті, құтты, шұрайлы мекен.* Шөбі шүйгін, жері құнарлы, ат төбеліндей бай ауыл мекен еткелі осы аймақ *жиделібайсын* жері сияқты (А.Байтанаев, Қайнар.). Жайнаған көрі-жасы бар. Келісім тапқан кеңесте, *жиделібайсын* абат жер, Сырдың бойы емес пе (Қ.Бекхожин, Мамырстан). Сол таудың күнгей бетіндегі *жиделібайсын,* кең жазық жазираға жету үшін тауды талқандап бұзып-жарып өтпесе, жол бермейтіндей боп көрінеді (З.Ақышев, Ақбел.). XVI ғасырда Мұхаммед Шайбани бастаған Дешті Қыпшақтың көшпелі рулары Орта Азия жерін басып алғанда *жиделібайсын* қазақ, қарақалпақ халықтарының құрамындағы қоңырат тайпасының үлесіне тиген (ҚҰЭ).

ЖИДЕЛІК з а т. *Жиде ағашы өскен жер.* Жағаны көмкерген жасыл бірде қарауытып *жиделік* болып, бірде бозға айналып көкжиекпен шектеседі (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

ЖИДЕ-ТАЛ з а т. *Жиде ағаштары мен тал атаулының жалпылама атауы.* Шашырап шығып келе жатқан күннің шапағымен сәулеленген таңғы аспаны, жағасында *жидетал* жайқалған жасыл өзендері өтіп жатты (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖИДУ *Жиді етістігінің қимыл атауы.* Түктің [жүннің] суырылып *жидуінен* алапес ауруы пайда болады (С.Омаров, Мал терісі.). Сасып, борсып, *жидуге* айналған семіз дененің саусақтары да баржиып ісіп кеткен екен (Бейбітшілік.).

ЖИДЫР= е т. **1.** *Басын қосу, бір жерге топтастыру.* Жаңа бір қыз алатын патшаның тойы бар деп жар салып, жұртты *жидырыңыз* (Батырлар жыры). Кедейлерді *жидырып,* Басын қосып бір жерге, Оларға үгіт айтты сөз (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Жинату, рет-ретімен қойдыру.* Өзіңе жүкті *жидырар,* Ол қозғалмас табандап, ел жатарда ас жейсің, Шикі қылса шабандап (Нақыл). **3.** *Әкелдіру, алдыру.* Бір патшаның ханымы ауру болып, жұрттан нешеneше дәрігер *жидырып* ем еткізсе де, ешбір дауасы табылмады (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

ЖИДЫРТ= е т. *Жинату, біріктіру.* Боржай осыны айтып, атқа мінді де, адыр басына шығып, Айдаболдан алған барымталарын *ж и д ы р т ы п,* өз көзімен түгендеп, Мәуке мен Шәкімнің алдына салып берді (Д.Әбілев, Арман.).

ЖИДЫРТУ *Жидырт етістігінің қимыл атауы.*

ЖИДЫРУ *Жидыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖИДІ= е т. **1.** *Тері жүнінің іріп, сыпырылып түсуі.* Ауру білінген бойда осылай күтпесең, ол асқынып, қой жүні *ж и д і п,* бауыр, аяқ жүндері түсе бастайды (Н.Айдаров, Жазылбек.). Шіріктің әсерінен қолтық, башайларының арасы секілді орындарға қолаңса, шуаш пайда болады. Шіріктің салдарынан терің *ж и д і п* түлейді, қызылшақа болады, түрлі жара түседі (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Мұнда жүннің өсуі бәсеңдеп, сапасы нашарлаумен қатар, ол *ж и д і п* түсіп, ысырап болады (С.Омаров, Мал терісі). Түстен кейін ауланған зорман ыстық кезеңде ұсталғандықтан терісін сыпырмай көп жатқызуға келмейді, тез бұзылып, жүні *ж и д и* бастайды (М.Исмаилов, Зорман.). *Ж и д і г е н* жүнді терісінің арасынан буы бұрқыраған етін кір шалдырмастан аршып алу керек (Ә.Әбішев, Ғаламат). **2.** *Белгілі бір себеппен шаштың түсіп қалуы, сиреуі.* Нысанның басына қышыма түсіп, шашының бәрі *ж и д і п* түсіп қалды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Жалпылдаған қалың шаш *ж и д і п* түскендей, орнында әр жерден ақ тікенек көрінеді (К.Баялиев, Дегелек.). Әлде сүзектің, әлде аштықтың салдарынан ба, бір *ж и д і п* түскен шашым қайтып шықпай-ақ қойды (Ө.Қанахин, Жер бас.). – Мына төбе шашыңыз *ж и д і п* түскенше менен кіші болсаңыз, онда менің жаным сірі шығар (С.Бегалин, Ана.). **3.** *Іріп-шіру, иістену, сасу.* Біреулер білегін сыбанып жіберіп, жарған жайынның қарнына қолдарын тықты да, құс балық сияқты *ж и д і г е н* бірдемелерді алып шыға бастады (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Асылғандар дарда үш күн тұрғансын және үш күн көмгізбей, өліктер *ж и д і п* кеткенсін барып жамбыға құлаттырды (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Ысмайыл болса, қазір көріне кіріп *ж и д и д і,* шіриді, қу сүйек болады (М.Қаратаев, Далада.). **4.** *Тозу, іру.* Дәулеттің қараша киіз үйінің керегесі керіліп, уығы омырылып, түндігі *ж и д і п,* біржола қадірі кетті (З.Шашкин, Өмір.). **5.** *Дымқылданып көгеру, қараю, бұзылу.* Дымқылға *ж и д і п* әбден қарайып кеткен жусан кәдімгідей жұмсарып қалған (Т.Ахтанов, Шырағың.). Дымқылданған тон қоймада бір жеті жатқан соң қолға алуға келмей *ж и д і п* кетіпті (С.Омаров, Әңгім.). **6.** *Әбден езіліп пісу, былбырау.* Ол жас марқаның *ж и д і п* піскен асықты жілігін алдыма әкеп қойды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Қадиша түні бойы бұрқылдап қайнап, сүйегінен сыпырылып түскенше *ж и д і г е н* қой етін салып әкелді (С.Жүнісов, Ақан сері). Дәм даяр дегеннен кейін, үйіне кіріп, *ж и д і п* піскен тоқты етін жедік (С.Мұқанов, Есею жыл.). **7.** *Қатты күю, бырысып-тырысып қалу.* Қос шынтағы шоққа *ж и д і п* осылай тұрып келе жатқан Нұрғазыны мен арқасынан сүйей бердім (А.Сүлейменов, Бесін). *Ж и д і г е н* қолдың болашағын ойлап, әр саусақты даралап, құнттап таңып емдеген (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **8.** а у ы с. *Езілу, миы шығу.* Желсіз шуақта жер *ж и д і п,* езіліп кетті (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кірлеген қар күресіні машина басып кеткен иттің өлігіндей *ж и д і п* жатыр (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). **9.** а у ы с. *Болбырау, былжырау, жұмжу.* – Қой, мына түрің жаман екен, *ж и д і п* барасың, – деп қоярда қоймастан Жаңылды ала кетті (Т.Ахтанов, Боран). Нұрлан қапы ұрған боп, айғай сап, соңынан бірге жүгірді. – Ой, саған не болды *ж и д і п?* Есіл еңбегім-ай! (З.Шашкин, Сенім). Десе де «Бұл ақынның сөзін сүйдік», Десе де «Ақынымыз кетті *ж и д і п»,* Тастай бер ортасына өз сөзіңді, Ұлы ұрпақ, осы күні көпте билік (І.Жансүгіров, Шығ.). **10**. а у ы с. *Іші күю, іші удай ашу, әлем-жәлем болу.* Қазір ол еске түскенде өн бойы *ж и д і п* ұылжығандай (С.Елубаев, Жарық дүние). Енді шешемді еш уақытта да көре алмаймын, осыны ойлағанда іші-бауырым бір түрлі *ж и д і* п кеткендей болды (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Жаманшылықты жұрттан бұрын жори алмаған әулие іші *ж и д и* өкінді (Д.Досжанов, Жібек.). **11**. ж е р г. *Іші-бауыры езілу, елжіреу, босау.* Іші *ж и д і п* отырса да, алды қатты Ожан бұлармен жұрт құсап жөнді қоштаспап та еді (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Өне бойының бәрі *ж и д і п,* буын-буыны босап бара жатқандай (Ә.Кекілбаев, Дала.). **12.** а у ы с. э к с п р. *Бұзылу, өз қызметіне жарамау.* Қарынның бүрі *ж и д і п,* асқазан айраннан басқаны алмай тұр (Ү.Уайдин, Тілсіз қоңырау).

Жидіп қалды. *Босқа күйіп қалды.* – Деді де отқа уыс күміс салды, Байлығын бір көрсетті, насаттанды. Жалаңаш қолын тығып қолапаштап, Талайлар сол арада *ж и д і п қ а л д ы* (Қ.Тоғызақов, Таңд.).

Жігіт болмай жидіп қал [қалсын]. қ а р ғ. *Бос, болбыр жігітке айтылады.*

ЖИДІҢКІРЕ= е т. *Сиреп түсе бастау, сиреңкіреу.* Арынның маңдайы құшық, мұрны қоңқиған үлкен, сақал-шашы *ж и д і ң к і р е п,* бурыл тарта ұзарыпты (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖИДІҢКІРЕУ *Жидіңкіре етістігінің қимыл атауы.*

ЖИДІРМЕЛЕТ= е т. *Жиілету, бастырмалату, үсті-үстіне үдету.* Содан соң *ж и д і р-*

м е л е т і п ілгері басып, Тайманға әлдеқандай бір әсерін айтпақ болды да, бата алмады (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Кенет сол қапталдан, мана Пірзада оқ шығарған тұстан, арасын *ж и д і р м е л е т е* екі дүркін мылтық атылды (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік.). Соңсоң қақпаққа тигізбей, *ж и д і р м е л е т е* қағып-қағып жіберді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЖИДІТ= е т. **1.** *Іріту.* Үш-төрт күн ішінде бидай бөртеді де, қауырсынның түбін қышытып, *ж и д і т е* бастайды (С.Қасиманов, Сиқырлы.). **2.** *Жүнін сыпыру.* Қайысты түйенің, жылқының, сиырдың жүнін *ж и д і т к е н* қалың теріден істейді (С.Мұқанов, Халық мұрасы). **3.** *Бұзу, қаусату, күйрету.* Келесі палатадағы Нағима Қаписованың да беломыртқасын туберкулез микробтары күйретіп *ж и д і т к е н* (Е.Оразақов, Дәрігер.). **4.** а у ы с. *Терісін сыпыру. Ж и д і т і п т і* бастарын, Ыстық сумен қайнаған. Саты қойып өрмелеп, Өңмендеген жауларды (Е.Елубаев, Көкпар). **5.** а у ы с. *Түп жағынан, астыңғы жағынан, бетіне білдірмей бұзу.* Сайдағы сонау тұңғиық табанында ұлпа қарды *ж и д і т е* тіліп ағып жатқан қап-қара судан бу бұрқырайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). **6.** а у ы с. *Жанын ауырту, жаралау.* Санасына қайдағы-жайдағы алапат оқиғалар оралды, кел-қайт іш *ж и д і т к е н* хал кетіпті (Д.Досжанов, Кісі.). Ұлжан мен Батырбай ет жүректерін *ж и д і т і п,* еңселерін күрт түсіріп жіберді (Б.Соқпақбаев, Жекпежек). **7.** а у ы с. *Ашыту, күйдіру.* Зәмзәмнің суы көкірегін сілтідей *ж и д і т і п* бара жатқаны несі? (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

Жүнін жиділеткен тауықтай. *Әбден сиқы кеткен, тозған.* Сонымен жүйкем менің *ж ү н і н* жұлып *ж и д і т к е н т а у ы қ т а й* еді (О.Иманәлиев, Сынар кебіс).

ЖИДІТУ *Жидіт етістігінің қимыл атауы.* **1.** т а м а қ. <франц. blanchir – ағарту, ыстық сумен шарпу> *Жемістер мен көкөністердің тосап қайнатуда қарайып кетпеуі үшін ыстық сумен немесе бумен өңдеу. Ж и д і т у* процесі сонымен бірге мейіз дайындауда, шарап өндірісінде – жүзімді солдыруда; тері өңдеу өндірісінде, тері астындағы шелдерді кетіруде қолданылады (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Ағаш тұқымы ісініп, егу дәрежесіне жеткенге дейін көшет ыстық суға салынып өндіріле беруге тиіс. Мұны *ж и д і т у* дейді (А.Балтабаев, Жасыл орман.). **2.** қ о л ө н е р. *Сойылған қойдың терісін пайдалану үшін жылыдай тұмшалап, жүнін босату процесі. Ж и д і т у* – теріні жылыдай қымтап, жүнін сыпырып түсіру (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖИДІТІЛ= е т. *Тері жүнінің жидіті түсірілуі.* Ысталатын терінің әуелі жүні *ж и д і т і л е д і* немесе ұстарамен де қырылады (Ж.Орманбаев, Қос басшы).

ЖИДІТІЛУ *Жидіті етістігінің қимыл атауы.* Тері өңдеу заводтары да, оның дұрыс иленуіне, жүннің жөндеп *ж и д і т і л у і н е,* қанық бояуына жете мән бермейтінін тәжірибе көрсетіп отыр («Лен. жас»).

ЖИЕК з а т. **1.** *Өзеннің, көлдің жағасы, жағалауы.* Көлдің бергі *ж и е г і* қауіпті тартпа болса да, ілгерілеген сайын аяқты жеңіл ала бастадық (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). *Ж и е г і н е* жез бір тастар ұстаған Қайнарға мен жақын едім үш табан. Судан көрсем суретімді – аумаймын Атасына тартып туған ұстадан (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Ырғалған су *ж и е г і* майда құрақ, Сары ащы жазаң жері жалмаңқұлақ. Тоғайдай сазға біткен сыбызғысы, Түйенің шудасындай қалың қияқ (О.Шипин, Дастан.). Қарағөз күрсініп жылап келіп, екі аяғын тізесіне дейін жалаңаштап суық суға батырып, *ж и е к к е* жарым денесімен құлап кетті (М.Әуезов, Қараш.). Гүл көмкеріп *ж и е г і н,* Сайдан көлге су ақты. Арқандаулы биенің Ақ шылбыры сияқты (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** *Аспан мен жер сызығының көз ұшында қосылған жері, көкжиек.* Аласарған ақ жота, жер *ж и е г і н* көбелей. Жоғалды біржолата, Теңізге батқан кемедей (С.Мұқанов, Замандас.). Көкжиек жер *ж и е г і н* құшып сүйіп, Тамаша тәтті ләззат алысқандай (Қ.Жұмалиев, Қырдағы күрес). **3.** *Тұтас нәрсенің шеті.* Көзәйнекпен көркемделген *ж и е г і* Бір кітаптан – «Мұқтасардан» киелі Осындай бір сөз оқыды Нәнкеще - Күйші сұлтан, тарихшы бек жиені (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Бұл күнде шымылдықтың сол *ж и е к т е р і н і ң* кей-кей жерлері боршаланып, жыртылыпты (М.Әуезов, Таңд.). **4.** *Көше, жол т.б. шет жағы, жаны.* Екеуміз көше *ж и е г і н д е г і* көлеңкемен жүріп келеміз (Б.Момышұлы, Москва.). Арал толған ағаш, Ағаш арасы жол. Жол *ж и е г і* жасыл шөп пен түрлі гүл (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** *Көздің ағы мен сыртының қосылған тұсы.* Көзінің *ж и е к т е р і* қызарып шыға келген әкесін көргенде, Бақытжан да қатты күрсінді (Р.Райымқұлов, Бұрылыс). **6.** *Ыдыстың ернеуіне жүргізілген сызық.* Өзімен алып бара жатқан үш үлкен чемоданның бірінде алтын *ж и е к т і* табақтар, тағы сондай асыл үй бұйымдары салынған (К.Тоқаев, Тасқын.). **7.** қ о л ө н е р. *Сырмақтың шетіне (оюлардың қиылысқан жерлеріне) бастырылатын түрлі-түсті жіп.* Сырмақты ақ киіз бен қара киіздің ою үлгісіне салып, кесіп алады да, оюластырып тігеді, одан кейін *ж и е к* басып, сыриды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **8.** г е о л. *Минералдарды немесе таужыныстардың нақты құрамбөліктерін*

олардың өзге өңірлерінен даралай көмкеретін жұқа жолақша.

ЖИЕКСІЗ с ы н. *Жиегі жоқ, жиек салынбаған.* Өзі әлі бұлардың қарсы алдында серейіп тікесінен тік тұр. Үстінде жеңсіз алабажақ көйлек. Бұтындағы *жиексіз* лавсан шалбардың қыры пышақтай (О.Сәрсенбаев, Сағым.).

ЖИЕКТЕ= е т. **1.** *Жиекті жағалау, шетімен жүру.* Қызылорданың шаңқиған ашық күнді жазы өте ыстық, сондықтан торы ат та, оны жүргізуші – Қалмақан да көшені *жиектей* өсетін жуан теректердің көлеңкесінде тұрады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Сол жолды *жиектей* бойлап, жалғыз жаяу тартып келеді (Ж.Жұмақанов, Жинақ). Осыдан үш күн бұрын анау арнаны *жиектеп* сіресіп жатқан жентек еді (А.Байтанаев, Қайнар.). Көлді *жиектей* жүріп ыза құмға із тастаған әйел кебісінің таңбасы сонікі екеніне күмәні қалмаған (А.Мекебаев, Құпия.). Ауылдағы киномеханик Сержанның үйінің іргесімен *жиектеп* келеді (Қ.Жиенбаев, Жалғыз.). **2.** *Киімнің, баскиімнің етегіне, жағасына әдемілік үшін оюмен бағалы аң терілерімен жиек салу, көмкеру.* Мен Дәулетиярдың құндызбен *жиектеген* бөркі астынан тершіген қыртысты желкесін ғана көремін (Т.Ахтанов, Махаббат.). Ал кимешектің жағына *жиектей* салынған қызыл, сары, жасыл «тышқан із» кестесі де, ұсақ маржандай көздің жауын ала мөлдірейді (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). **3.** *Ыдыс, жиһаз т.б. заттардың ернеуіне, беліне сызық жүргізу, жиек салу.* Алтынбала жез *жиектеген* сервантты ашып, ішінен жартылық арақ, екі стақан алып столға қойды (Д.Досжанов, Табалдырығың.). **4.** а у ы с. *Айналу, төңіректеу.* Ашысын қуырып алдаспандар айналаның, Қан басқанда қызыл жалын *жиектеп* ай қабағын (С.Мәуленов, Сен екеу.).

ЖИЕКТЕЛ= е т. **1**. *Әдемілік үшін бағалы затпен жиек жүргізу.* Көк шұғадан қазақша кең ғып тіккен шалбардың балақ аузы алтын оқамен *жиектелген* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Айналасы алтынмен *жиектелген* жылтыр көз әйнегін бір жапырақ помазимен әлсін-әлсін сүрте береді өзі (А.Жүнісов, Өмір ізі). **2.** *Қоршалу.* Сайдақ екі аттың біріне міне сала суға қарғып түсіп еді, екі жағы бірдей қамыспен *жиектелініп* жалпайып жатқанымен онша терең емес, су үзеңгіліктен ғана келеді екен (Ә.Әбішев, Сәуле.).

ЖИЕКТЕН= е т. *Шеті екені білініп, ерекшелену, бір түсті заттың шетінің басқа түске көшуі.* Көмірден қара сақалы *жиектеніп* кетіпті (Қ.Қазыбаев, Аманат).

ЖИЕКТЕЛУ *Жиектел етістігінің қимыл атауы.*

ЖИЕКТЕС= е т. *Шектесу.* Түстікке Хорезм, түстік-батыста Қараханид хандығы, одан әрі түстікте қызылбас елімен *жиектеседі* (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖИЕКТЕУ *Жиекте етістігінің қимыл атауы.* Сырмақтың оюлы беті құрастырылып болған соң оның ою жоспарларының үстінен боялған жиек бастырады. Мұны *жиектеу* деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Енді орамалды *жиектеу* керек, – деді Гүлшара (Ә.Көпбаев, Мақтаныш).

ЖИЕКТІ с ы н. **1.** *Жиегі бар, жиектелген.* Бір қолында сары *жиекті* қара чемодан, бірінде жазғы жұқа плащ, үсті-басы шаң-шаң, еңгезердей бейтаныс адам тұр (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Орынбордың шеберлері нақыштайтын ортасында гүлі бар қоңыр қызыл *жиекті* сарғыш түсті мол кілемдер әлденеше қатардан жағалай жиналыпты (К.Оразалин, Көктем.). **2.** п о э т. *Жолақты.* Сары *жиекті* күн қарасаң көзіңді ұялтып жүзіп барады (С.Сарағасқаев, Сәуле.).

Жиекті сырмақ. қ о л ө н е р. *Киізді кесіп оюламай-ақ бір түсті киіздің бетіне әр түсті жиек бастыру арқылы өрнектелген сырмақ.* Оларды ақ сырмақ, қара ала сырмақ, *жиекті сырмақ,* дебіске сырмақ деп атайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖИЕН з а т. э т н. **1.** *Күйеуге шыққан қыздан туған баланы қыздың төркіні, рулас адамдары атайтын, баланың нағашы жұртымен туыстық қарым-қатынасын білдіретін атау.* Нағашы дегенді іздеп барып, бұлар *жиен* боп жетіскен жоқ-ты (М.Әуезов, Қараш.). Жиеніңіз қажы Жұмабай әкем де, одан туған Нұрмағамбет, Бекен де. Сол екеуден жеті-сегіз біз бармыз, Бәрі *жиен*, бәрі сізге бөтен бе? (М.Жұмабаев, Шығ.). Олар бірін-бірі күндемейді, араларында бақталастық, қызғаныш болмайды, өзара әзілдесіп қалжыңдасады, «Балалығың ұстаса нағашыңа бар», «*жиенді* ұрғанның қолы қалтырайды» деген мәтел соны меңзейді (ҚҰЭ). Өз балаңнан кем емес Жақсы болса күйеуің. Шаршағанда шалдығып, Нағашың, бір сүйеуің, Жақсы болса *жиенің,* Жұлынындай жүйенің (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Қыздан туған бала.* Үш жігіт көлік алып қасына ерді, Жеткенше көріп білді талай жерді, Әмірхан *жиен* мініп қуансын деп, Жіберген өрен жүйрік Мамакерді (И.Байзақов, Құралай.). Құшақтап сүйді *жиенін,* Көзінің жасы жуылды. Жылаған естіп дауысын, Жатақтар тегіс жүгірді (О.Шипин, Дастан.). Ішкі бөлмеде бұралып жатқан *жиенін* ұмытып кете беретін (Ә.Тарази, Тас жарған). **3.** *Қазақ дәстүрінде қалыптасқан нағашы-жиен қатынасындағы нағашы жұртының қыздан туған баланы өзінің жақсы көріп, еркелетіп, іш*

тартып тұруын білдіртпей, бейтараптандыру үшін жағымсыз реңкте атауы. Итте *жиен* жоқ, Бұқада қайын жоқ (Мақалнама). *Жиен* ел болмас, желке ас болмас (Мақал).

Жиен күйеу. э т н. *Нағашы жұртынан қыз алған жігіт.* Ел ішінде жиенді бөтен рудың өкіліне есептей отырып, нағашы жұртына үйлендіру салты да сақталған. Оны *жиен күйеу* дейді (ҚҰЭ).

ЖИЕНДЕ= е т. ж е р г. *Көбею.* Жүзім ағашы *жиендеп* кетеді (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖИЕНДЕЙ с ы н. с ө й л. *Жиен сияқты.* Әз нағашым, жан *жиендей* жақының, ақ қалпақты қырғыз – бауыр, мақтаным (Беташар). Ел басқаратын оқыған, мына *жиендей* Хәкім де басты жігіттеріміздің бірі (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖИЕНДІК с ы н. **1.** *Жиені болушылық.* Жүсіп қожа Ахмет Яссауиге *жиендік* жағынан жақындығы болуымен бірге, оның қолдаушысы да болған (О.Дастанов, Әулие.). **2.** э т н. *Нағашы-жиен қатынасындағы жиеннің ерке, батыл, сұрағанын ала алатын, нағашысымен қалжыңдаса, ойнай алатын құқығы.* – Нағашысынан жиені мықты болуы да ғажап емес, жиеннің *жиендік* назы да заңды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Неткен ыстық *жиендік* сезім деген! Бұған дейін қалайша сезілмеген? Ақ жаулықты апамдай ақ қайыңы, Айналаға қарайды төзімменен (Д.Әбілев, Уақыт.). Қараш аулынан *жиендігі* бар жас мырза әкесіне ас бермекші екен (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). *Жиендік* жасқа қарамайды (ҚҰЭ).

Жиендік етті. *Нағашысынан сұрағанын алды.* Соны білетін Сарыбала сан рет қызықса да нағашысына *жиендік ете* алмады (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жиендік жасады. *Еркелік жасады, наздық істеді; қымқырды.* Әдемі, өткір шотқа Тишанның *жиендік жасағысы* да келді (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Темірәлінің *жиендік жасап,* өкпе айтуы жарасады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

Қолының жиендігі бар. э в ф. *Суық қол кісі, ұрлыққа бейім адам.* Директордың үйі көшіп келгелі Түнқатар, маскүнемдігі үшін жұмыстан шығарылған, ептеп *қолының «жиендігі» бар,* дудар бас Костинді сонда ертіп барып, есігінің алдында бөлек беседка жасатып жүретін-ді (С.Адамбеков, Өмір тойы).

ЖИЕНҚҰРЫҚ з а т. э т н. *Қазақ дәстүрі бойынша, ержетіп қалған жиеннің нағашы жұртына барғанда өзі қалап, сұрап алған заты.* Қазақстанның кейбір аймақтары *жиенқұрықты* «жиеннің серкеші», «қырық шұбар тай» деп те атайды (С.Адамбеков, Өмір тойы).

ЖИЕНШАР з а т. *Жиеннен туған бала.* Балапан байғұс сізге бөтен емес еді ғой, мына жалғыз *жиеншарыңызды* қайтарыңыз маған (Ә.Тарази, Тас жарған). Нұртай тіпті *жиеншарының* «ассалаумағалайкүмін» де құлаққа ілмей қойды (Қ.Бектұрғанов, Қатерлі.). Сұлтан – әрі ақын, әрі батыр Махамбеттің *жиеншары* (Ф.Оңғарсынова, Биіктік).

ЖИЕНШЕ ү с т. *Жиенге ұқсап.* Нағашы, туыс, *жиеншe,* Молдашты солар көміскен. «Бөле же, өле жегенше» дегендей, барын бөліскен (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

ЖИЛЕТ з а т. с ө й л. ***Желет***. Костюмнің астында кір-кір *жилет* көрінеді («Қаз. әдеб».). Бойына өзгеше бір күш таралып, Асығыс қарындашын ұштап анық. Бөлмеде әрлі-берлі жүріп кетті, Жағасын *жилетінің* ұстап алып (Ә.Нілібаев, Болашақ.). Мұндайда өзі жеңіл, өзі жылы қолғап, іштен киетін сәнді *жилет,* нәзік шәліні де қолдан тоқуға болады (М.Ермеков, Тарту).

ЖИЛЫ: жилы болды. ж е р г. *Күйіп-пісті, қатты ашуланды.* Ол баласының қылығына *жилы болып,* өлгелі жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖИМ *Араб әліпбиіндегі «ж» әрпінің айтылуы. Жим* әрпі тіл ортасының таңдайға жақындатылуы арқылы шығады, «д» мен «ж» әріптері қосылғандай дыбысталады (Е.Ыбырайымұлы, .. Құран оқып үйренейік). *Жим,* жамалың қандай ақ рузи маған, Ха, хәлиллик таппадым, жаным, сәнан (Абай, Тол. жин.).

ЖИМА с ы н. *Жиналмалы, жималы.* Темірден қару-жарақ, семсер, қылыш, *жима* садақ соғылған (ҚазССР тарихы).

ЖИМАЛЫ с ы н. *Жиып қоюға болатын, жиналмалы.* Біз кіргенде кроватқа қатарласа қойылған *жималы* төсектен қарт әйел кісі басын көтерді (А.Жақсыбаев, Менің дос.). Тамағын орамалмен қылғындыра байлаған шұнақ келіншек бұрыштағы *жималы* кішірек столды әкеле жатыр еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖИМАТАРҒАҚ з а т. ө с. *Шабындықта және жайылымда өсетін жемшөптік мол өнім беретін көпжылдық дақыл.* Жемшөптік мол өнім беретін көпжылдық дақылдардың бірі – *жиматарғақ* (Қазақст. ауыл. шаруаш.). Беткейлердің көлбеуі 15-18 артық тік болса, онда қатар аралыққа шөп себу (беде *жиматарғақ*) керек (А.Жанғалиев, Бағбан.).

ЖИНА= е т. **1.** *Қол жию, жорыққа, соғысқа аттануға жарамды ер адамдарды бір жерге топтау.* Жігіттерді ертіп Юзик те келіп жетті. Офицерлерін қарусыздандырып, жасөспірімдерді *жинап* әкеліңдер деп, жігіттерді көше-көшеге жібердік (Қ.Қайсенов,

Жау тылы.). Ерәлідей ерім бар, Алпыс батыр *жинаған*. Байлығымды сұрасаң, Нарынға малым сыймаған (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі). Кеткені болса кетті ғой, Өткені болса өтті ғой, Сабырлық қылып қараңыз. Бақайшағын шағармыз, Біз де ел-жұрт емес пе ек, Азықтанып, топтанып, Болат найза сапталып, Қылыш пен найза топтолық Жігіттің *жинап* ірісін, Аттың жиып көлігін, Барамыз біз де аттанып (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). **2.** *Көңіл көтеруге, ән тыңдауға, жиын-тойға адамдарды жинастыру.* Ол айтты ярмаркада тыңдағанын, Жұрт *жинап* бір домбыра тынбағанын, Және де еске салды сонау жылы, Жыртың бет жылқышының таңдағы әнін (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). Жасыңнан жайнап шықтың Жетісуға, Шақырып кедейлерді жеңіс туға, *Жинап* ап әнші-ақынды Алматыға, Қарсы қойдың бай-манап, болыс қуға (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** *Бір нәрсені көбейту, молайту, басын құрау.* Атам жәшік-жәшік етіп жұмыртқа *жинайды* да, шекаралық заставаға апарып сатады (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Бұның сыртында тек қана маған арнап, *жинап* жүрген кітапханасы бар (Қ.Жаркенов, Туыстар). Жаңа шыққан қызғалдақ гүлдерді *жинады* (С.Бегалин, Ана.). Коллекцияға керекті түрлі ағаш, бұта, шөптердің гүлдері мен жапырақтарын *жинап* алдық (Х.Ахметов, Елік.). Пионерлер мен мектеп оқушылары тамақ және дәрі жасалатын өсімдіктер мен металл сынықтарын *жинады* («Халық мұғ.»). **4.** *Ретке келтіру, тәртіптеу.* Мақтақыз үйін *жинап* жүріп, бір мейіз тауып алады (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). Ессіз қалған жұрт жатыр, Үйлердің бәрі қирапты. Елден қалған мүлікті, Бір жерге *жинап* үйіпті (С.Мұқанов, Шығ.). Шатыр ішін әдемілеп *жинаған*, жоғары жақта әлдекандай темір құралдар тұр (Н.Оразов, Достар.). – Онда жақсы, – деді Алматай ағай қағазын *жинап*, қарындашын омырау қалтасына салып жатып (Ә.Нұршайықов, Алтын.). **5.** *Бір нәрсені жиып алу, өзіне тарту.* Ақ шатырды дереу *жинап*, қанжармен шымды көтеріп жіберіп, парашютты соның астына көмдім де, шөп жағын үстіне қаратып тағы бір шым тастадым (Ж.Жұмақанов, Махаббат.). – Ал, Қараменді, су құй, – деді Бименді ет жасалып, ауызғы бөлмеге кірген шақта. – Аяқтарыңды *жинаңдар* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **6.** *Егінді ору, бастыру.* Күріш орағының басталған кезі. Күн бұзылып кетпей *жинап*, бастырып алу үшін ауыл адамдары жанталасуда еді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Бірен-саран шыққан астықтарын жұрт әлдекашан *жинап* алған (С.Дөнентаев, Шығ.). Шауып *жинап*, Баптайды өзі. Басын екшеп, Қаптайды өзі (С.Сейфуллин, Шығ.). **7.** а у ы с. *Ішке сақтау.* Қанатым саған бола қалды-ау қирап, Таба алмай ем дауасын тұрмын *жинап*. Жас ғұмыр далбасалық күнмен өтіп, Жаһатпен көп шаршадым жанды-ау қинап (Ә.Найманбаев, Шығ.). **8.** а у ы с. *Бір тілек, ниеттегі адамдарды өзара жақындастыра түсу үшін бір жерге топтау.* Ұмыттырып дүниенің тарлығын, Кілең игі жақсылардың барлығын *Жинайтұғын* дастарқанның басына, Тіпті, қасы айналатын досына. Қанаттыға өнегесі орасан жомарт мінез ұсынайын қаласаң? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Бойын жинады. *Буынын бекітті, жинақыланды.* «Қыран қартайып өлмейді, қайғырып өледі» дейтін еді Бұқар жырау. Кенет ол *бойын жинап* алды (І.Есенберлин, Қаһар). Бұның сөзін бөлместен аяғына дейін тыңдап болған Күлпәш та алғашқы кезде шошынып қалып, кейіннен *бойын жинап* алды (А.Байтанаев, Қайнар.). Бір күн жатып үйінде Атамыз *бойын жинады*. Пәруардігер құдайым! Аспаннан борап қар жауып, Албарға малы сыймады (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Дәулет жинады. *Байыды, мал-мүлік жиды.* Бай болған қазақ жұрты *дәулет жинап*, Дәулеттің арқасында жанын сыйлап (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Есін жинады. а) *Есі кірді.* Сабыржан *есін* көп уақыттан соң *жинады* (Т.Қойшыманов, Қоңырат.). ә) *Өзіне-өзі келді.* Балықшылар *есін жинағанша* болмай үш-төрт аттылы қиқу салып, балықшылар аулына бет қойып келе жатты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Етек-жеңін жинады. *Әлденді, жөнделді, өзіне-өзі келді.* Өзің бір қызметке орналасып *етек-жеңіңді жина,* мұнда біз де бармыз, таныстық қой, көзіміздің қырын сала жүрерміз (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Жылу жинады. э т н. *Ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға ақшалай, заттай, мал түрінде т.б. көмек берді.* Ата-анасы, жасы үлкенді сыйлау, елдік жақсы дәстүрлерді сақтау, ағайынның қазасына ат қойып, еңіреп келу, жұтап қалса, *жылу жинап* беру, жұмысы бітпей жатса, жабылып көмектесіп кету... нағыз адамшылық емес пе? (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қайрат [қуат] жинады. *Әлденді, бойына күш-қуат алды.* Жұмысшы, жарлы батырақ, Бұғаудан босап ашынған. *Қайратын жиып,* қан төгіп, Алысқан жауын қашырған (С.Бегалин, Таңд. өлең.). Азап, қайғы, қасірет, талап бірде, Қайысар-ау бойдағы қанат мүлде. *Қуат жинап* аларсың өз бойыңа, Тасты жарып өсетін қарап гүлге (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Қоң жинады. *Әлденді, қоңданды.* Қатты қалжырап титықтап келген аттар да *қоңын жинап* қалды (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке.).

Май жинады. *Семірді, ет алды.* Түйе жайылымда жақсы семіреді, өркештеріне *май жинайды* (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Ересек

қойды жайып семірткенде көбінесе бойына *май жинап,* ал тоқтылар ет жинап, салмақ қосады (Қазақст. етті молайту).

Мал жинады. *Байыды.* Ал, ұста, бұл сөзімді жалған емес, Бұл дүние имандыға арман емес. Дүниенің қызығы үшін *мал жинайсыз,* Мал, шіркін, ешкімге еріп барған емес (Қабан жырау, Алтын қазық).

Тәжірибе жинады. *Үйренді, тәлім алды.*

Тірнектеп жинады. *Азар дегенде басын құрастырды, там-тұмдап жинады.* Өмір бойы *тірнектеп жинағаныңа* сыпырып кеттік, жарайсың, жігіттер («Лен. жас»).

ЖИНАҒЫШ зат. кен. *Кенді флотациялауда минерал түйіршіктері бетінің сулануын азайтып, соның нәтижесінде олардың ауа көпіршіктеріне тез жабысуын қамтамасыз ететін реагенттердің басты түрі.* Табиғатында тез суланатын кейбір минералдар үшін *жинағыш* реагенті ретінде аполярлы көмірсутектер де (мыс., керосин) қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жинағыш үстел. кен. *Гравитациялық әдіспен байытуда жиі қолданылатын аппараттың түрі.*

ЖИНАҚ зат. *Бір немесе бірнеше автордың әртүрлі шығармаларының жиынтығы; топтама. Жинақтың* соңғы бетін жапқанда Ләззат көңілі ойсырап қалды (Т.Ахтанов, Махаббат.). Райнис өлеңінің *жинағын* біз Даугава дабылы деп атадық (С.Мәуленов, Жер нәрі.). Абайдың өлеңдер *жинағы* Ташкент қаласында екінші рет басылған екен, мен сендерге соның бір данасын әкелдім (М.Дүйсенов, Ант). Аудармаларын өз *жинағына* қосқан екен, баспа қабылдамапты (М.Әлімбаев, Көңіл күйі). Түк қалмады өмір мен бек, қазыңнан, Бірге кетті қазынаға жиғаны. Неше ғасыр бізден бұрын жазылған Сол күйінде Әлішердің *жинағы* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). // сөйл. *Жинақы, ықшам.* Іші-сырты майланып, ақталған, төсек-орындары [колхозшылардың], ыдыс-аяқтары таза, қора-қопсылары *жинақ* (С.Мұқанов, Замандас.). Бос жіберсе қашпады, бейбіт оттамады, Балуан-Шолақтың Ақбозы ішін *жинақ* қалпынан түсірмеді (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

Жинақ ақша кітапшасы. эк о н. *Азаматпен банк салымы шартының жасағанын және банк салымы шоты бойынша жасалған барлық операцияларды куәландыратын құжат. Жинақ ақша кітапшасы* атаулы немесе бағалы қағаз болып табылатын ұсынушыға арналған кітапша болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жинақ ақша сертификаты. эк о н. *Несие мекемесінің ақшалай қаражатты депозиттеу туралы жазбаша куәлігі.* Ол салымшының белгіленген мерзім өткеннен кейін осы *жинақ ақша сертификаты* депозит пен пайыз алуына құқықты жазбаша куәландырады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жинақ банкі. эк о н. *Аймақтық ауқымда әрекет ететін қаржы-несие мекемесі. Жинақ банкі* қызметін оның операцияларына кепілгер болып табылатын мемлекет бақылайды (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жинақ кассасы. *Басы артық ақшаны сақтайтын несие мекемесі. Жинақ кассаларына* ақша өткізушілер саны жылдан-жылға өсіп келеді («Қазақст. мұғ.»).

Жинақ сертификаты. эк о н. *Ақша салушының депозитін белгіленген мерзімі өткеннен кейін оған берілген пайызды алу құқын дәлелдейтін несие мекемесінің ақша қаражаттарын депозитке салғаны туралы жазбаша куәлік.*

ЖИНАҚСЫЗДЫҚ сын. *Жинақы болмаушылық, салақтық.* – Бұдан былай, мұндай *жинақсыздықты* маған екінші рет істеуші болма! – деп, тарақпен тұмсыққа түртіп қойды (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЖИНАҚТА= е т. **1.** *Бір нәрсені жинау, көбейту, молайту.* Азды-көпті *жинақтағанымыз* ұсталып кетсе, мұрша келмей қалар деп ойлағанымыз ғой, – деп Жылыспай барлық жайды шұбырта сөйледі (С.Бегалин, Уақыт.). Жержүзінің көптеген халықтары топырақты қалай өңдеу, күту қажеттігін ұзақ өмір тәжірибесі арқылы *жинақтады* (С.Ысқақов, Табиғат.). Бұлар сарайға кіргенде, учетчик қырман басындағы адамдардың кеше тапқан еңбеккүндерін *жинақтап* жатыр екен (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). **2.** *Топтау, типтендіру, жалпылау. Жинақтай* айтқанда, біздің жігіттің сүйген қызына қалай жетем десе де мүмкіншілігі толық (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). Қашанда өткені мен жеткенінің ара соқпағын алшақтатпай, алды-артын *жинақтап* түгендеп жүреді (Ж.Кәрменов, Ақылбай.). Сатиралық өткір суреттеу жекелеген фактілерді адам характерлерінің кейбір белгілері мен сипаттарын жеке құбылыстан әлдеқайда толық, күрделі, типтік образға *жинақтайды* (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі.). **3.** *Бір нәрсені бытыратпау, шашыратпау, ықшамдау.* Ол үйір жылқының алдында үш аттылы, артында қайыра айдап екі адам *жинақтап* барады екен (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сөйтіп, өзім қалған топты тез *жинақтап,* ығысуға бет түзеттім (Х.Есенжанов, Тар кезең). Қойдың артын *жинақтап,* ауылға жеткенше енелеріне жамыраған төлдер жайлауды бастарына көтерді (К.Оразалин, Ақ жазық.).

ЖИНАҚТАЛ= е т. **1.** *Жиналу, біріктірілу, басы құралу.* Қажымұқанға кім қандай күмбез орнатамын десе де оның ағаш-тасы бірқатар *жинақталған* сияқты (А.Хангелдин, Қараторғай). Кешке қарай жұмыс қорытындысы шығарылып, әркімнің істеген ісі *жинақталып* жатыр («Лен. жас»). Жауды осылайша кешке дейін ұстап тұрыңыз, ал түнде ол *жинақталып* алып, таң ата сізді тағы да тоқпақтай бастайды (Б.Момышұлы, Москва.). **2.** *Топтастырылу.* Жаңа *жинақталғандарынан* екібастан соның үстіне қоса беремін (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Әрелік оқығаны болмаса, бұл жазушылардың мына сияқты *жинақталып* басылған белгілі шығармалары қолына бұрын тимеген (С.Бегалин, Шоқан асу.). **3.** *Жиналу, жүйелену.* Осы күнгі дүниежүзілік археология ғылымының нәтижесінде – жер бетіндегі адам ізі бірте-бірте *жинақталды* (Н.Баяндин, Ғасырлар қойнауы.). Қарапайым бақташы халықтың тарихи, адамгершілік, шаруашылық, мәдени тәжірибесінен *жинақталып,* ауызша шығарылған поэтикалық шежіре-дастандардың мыңдаған жолын жатқа айтып бере алады (Ә.Кекілбаев, Үш белес). **4.** а у ы с. *Бірінің үстіне бірі қосылу, жиналып қалу.* Талап айтсам, қалай қарар екенсің? Және тілек демеске де шарам жоқ. Маған қарсы *жинақталған* бар өкпең Сол тілекпен өтелсін! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖИНАҚТАЛУ *Жинақтал етістігінің қимыл атауы.* Байлықтың, әсіресе, малдың шонжарлар қолына *жинақталуында* соғыстардың үлкен рөлі болды (ҚазССР тарихы). Моңғолияда тұратын қазақтардың ауыз әдебиеті өзінің тарихы, өсіп жетілуі, зерттелу, *жинақталу* жағынан қазақ ауыз әдебиетіне байланысты (Бозінген). Көне аспаптардың *жинақталуы* арқасында 1970 жылдардан бері республикамыздың әр жерінде арнаулы ансамбльдер ұйымдастырыла бастады («Қаз. әдеб.»). Күздікті негізінен парға, жаздық дақылды зябьке егуде егістікке ылғал мен құнарлы қоректің мол *жинақталуын* қамтамасыз етеді («Лен. жас»).

ЖИНАҚТАМА з а т. *Жинақ қор, қор жасау, жүйелеу, топтау орны.* Ендігі ипотека және тұрғын үй құрылысы *жинақтама* жүйелері арқылы республикамыздың кез келген азаматы баспана ала алады («Егемен Қазақстан»).

ЖИНАҚТАУ *Жинақта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Топтастыру, жүйелеу.* Баспаның әр жанрдағы ірілі-уақты шығармаларды бұлай *жинақтауы* өте орынды және заңды (І.Омаров, Серпін). Магниттік адсорбент мұнай қабаты бар елдердегі конституциялық құрылыстың қазіргі жай-күйін, сондай-ақ тәуелсіздік жағдайында жинақталған тәжірибесін зерделеу мен *жинақтау* өз жемісін берді («Егемен Қазақстан»). Тірі организмдер туралы ғылым дамудың *жинақтау* дәуірі деп аталатын сатысына көшті (Жалпы биология). Адамның сансыз мінез бітістерінің кейбірін белгілі топтарға *жинақтауға* болады (Қ.Жарықбаев, Психология). **2.** *Жинау, басын қосу.* Төрежан үйленем деген соң, ағайындарды *жинақтауға* мұрша келген жоқ (Ш.Бейсенов, Тойға кел.). **3.** *Жазылған, жайылған нәрсені (парашют, зонт т.б.) қайта қалпына келтіріп жинау.* Парашютті жаю және *жинақтау,* оны киіну сияқты бұрын өткен дайындықтарын және қайталады (Қ.Тұрсынқұлов, Олар.). **4.** к е н. *Төмен түсіретін немесе арнайы жинақтайтын қазбаларда және жерасты мен жер бетіндегі қоймаларда пайдалы қазылымдарды (бос таужыныстарды) уақытша сақтау.* Пайдалы қазылымдарды уақытша *жинақтау* әдісі тиеу, тасымалдау құралдарын біркелкі және тиімді пайдалануға, сонымен қатар пайдалы қазылымдарды сапалы сақтауға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Кен.). **5.** и н ф. <ағыл. complexing> *Пайдаланушының мақсатына сәйкес келетін дербес компьютердің нақты түзілімін қалыптастыру; көп машинелі және көп программалы кешендерді құрастыру.*

Жинақтау әдісі. и н ф. *Виртуаль машине мен компьютердің сәйкес нақты құрылғысы арасында аралық буынды енгізуден тұратын және бірлік жазбалар құрылғыларын модельдеу үшін виртуаль машинелер жүйесінде пайдаланылатын әдіс.*

Жинақтау сабағы. п е д. *Оқу пәнінің өткен бөлімі немесе тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін бекіту мен жүйелеу мақсатында өткізілетін сабақ. Жинақтау сабағы* көбіне әңгіме, кейде дәріс түрінде өткізіледі (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

ЖИНАҚТАУШЫ з а т. *Жинаушы, топтаушы.* Кейде *жинақтаушы* ұғым да болуы мүмкін. Мәселен, жиналыс (Қ.Жарықбаев, Психология). Рибосомдар өзінше бір «*жинақтаушы* конвейр» сияқты да, бұлардың бетінде белоктардың молекулалары түзіледі (Жалпы биология).

ЖИНАҚТАУШЫЛЫҚ с ы н. с ө й л. *Типтендірушілік.* Бұл тәрізді туындыларды жеке бір кейіпкер психологиясы халықтың жан дүниесін аңғартарлықтай *жинақтаушылық* сипат алып, типтендіру дәрежесіне көтерілді дер едік («Қаз. әдеб.»).

ЖИНАҚТАУЫШ[1] з а т. *Ағынды су т.б. жиналатын орын.* Ластанудың байырғы көздерінде қазіргі кезде иесіз қалған объектілер: мұнайгаз және гидрогеологиялық ұңғымалар, шахталар, кеніштер, елдің экологиялық қауіпсіздігіне

нақты қатер болып табылатын қалдықсалғыштар мен ағынды сулар – *ж и н а қ т а у ы ш т а р* жатады («Егемен Қазақстан»).

ЖИНАҚТАУЫШ² з а т. и н ф. <ағыл. drive, storage, accumulator> 1) *Ақпараттарды жинақтайтын регистрлер тобы;* 2) *Мәліметтерді жазып сақтауға арналған компьютердің сыртқы жады.*

ЖИНАҚТЫ с ы н. с ө й л. ***Жинақы***. Қоңырбайдың киетін киімдері, отыратын орны жаздыгүні киіз, қыстыгүні ағаш үйлерінің өзі *ж и н а қ т ы,* таза, көңілді болатын (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Өзге әйелдей болмады, Денесі болды *ж и н а қ т ы* (Алпамыс). Бірен-саран *ж и н а қ т ы* кісілер, киімін алмастырып киіп, мал жабдығында тыста жүр (Б.Майлин, Шығ.). Илько әскери адамша *ж и н а қ т ы,* ширақ болды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖИНАҚТЫҚ з а т. *Жинақы болушылық, ұқыптылық, ұқсатымдылық.* Айшаның *ж и н а қ т ы г ы,* күтімділігі, бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім (Б.Майлин, Шығ.). Әрбір *ж и н а қ т ы қ т ы ң* түбі кеніш болса керек (Абай, Тол. жин.). Үй ішінің *ж и н а қ т ы г ы* Мәдинеге ұнап отыр (А.Байтанаев, Болат). Жалпы алғанда, жатақхана адамды *ж и н а қ т ы қ қ а,* тәртіптілікке, өз бетінше өмір сүруге бейімдейтін өнегелі орта («Лен. жас»).

ЖИНАҚТЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жинақылық.* Адам өзін *ж и н а қ т ы л ы қ қ а,* уақытын ұқыпты пайдалануға үйретсе, сол бірте-бірте дағдыға айналады (С.Байжанов, Сыр.). Ыдыс-аяқтың тұрған жері де айрықша *ж и н а қ т ы л ы г ы м е н* көз тартады (С.Шаймерденов, Мінез). Ал ой құсы өзінің ықшам, *ж и н а қ т ы л ы г ы м е н* көз тартады (А.Сейдімбеков, Ақиық). Жас тілек алға ұмтылады, болаттай *ж и н а қ т ы л ы қ* өңінен есіп тұр (Қ.Әлім, Мұңды сапар). Бүкіл дене тұрпатынан *ж и н а қ т ы л ы қ т ы ң,* ширақтылықтың, самдағайлықтың желі еседі (С.Байжанов, Жастық.). **2.** м а т. *Белгілі бір математикалық объектінің шегі болатындығын көрсететін математикалық анализдің негізгі ұғымдарының бірі.* Осы мағынада тізбектің *ж и н а қ т ы л ы г ы,* қатардың *ж и н а қ т ы л ы г ы* т.б. жөнінде айтуға болады (ҚҰЭ). Егер тізбектің а санына жинақты болуынан оған сәйкес тізбектің А санына *ж и н а қ т ы л ы г ы* шықса, онда А санын f (x) функциясының аргумент х-тің а нүктесіне ұмтылғандығы шегі деп атайды (О.Жәутіков, Жоғары математика.).

ЖИНАҚЫ с ы н. **1.** *Олпы-солпы емес.* Ұқыпты әйелдің *ж и н а қ ы* тап-таза үйінің ішінде көктем лебі аңқығандай көңілді рең бар еді (С.Бегалин, Уақыт.). Тұрымтай бойы сымбатты, *ж и н а қ ы,* ұшуы өте ұшқыр (Ш.Айманов, Қыран.). Мұрат ұйықтамаған тәрізді, даусы ширақ, сыртқы түрі де *ж и н а қ ы,* тек үлкен қара көзі ғана кіртиіп кішірейе түскен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **2.** *Ықшам.* Мақалдың сөз саптауы олпы-солпы болмай, етек-жеңі *ж и н а қ ы,* ықшам келеді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Менің әжем әлі де жас – алпыстың үшеуінде ғана, кәрілікке жеңдірмеген, жүріс-тұрысы *ж и н а қ ы* (С.Мұратбеков, Жабайы.).

Жинақы диск. и н ф. <ағыл. compack disk> а) *Лазерлік сәуленің көмегімен ақпараттарды жазуға және шығарып оқуға арналған шағын пішімді оптикалық диск;* ә) *Ақпарат сақтау үшін тасуыш бетінің оптикалық қасиеттерінің өзгеруі пайдаланылатын оптикалық дискілер.*

ЖИНАҚЫЛА= е т. с ө й л. **1.** *Жөндеу, жүйелеу, ретке келтіру.* Хатты осы күйінде жіберсем бе екен, әлде тағы да *ж и н а қ ы л а й,* қырнай түскенім дұрыс болар ма? (Ө.Қанахин, Жас дәурен). **2.** *Жинақы ету.* Ержан өзін *ж и н а қ ы л а й* түсіп, кітап киоскісіне беттей бермек еді (Т.Иманбеков, Үлкен үй.).

ЖИНАҚЫЛАН= е т. **1.** *Жиналу, терілу.* Үй төңірегіндегі бау-бақшалар өз бойындағы бар қасиетін адам игілігіне беріп, жалаңаштанып, *ж и н а қ ы л а н ы п* қалған (С.Шаймерденов, Мінез.). Іріленген колхоз шаруасы әлі де *ж и н а қ ы л а н б а й,* жайдақ жатыр (С.Алдабергенов, Жаңару). **2.** *Жинақы болу.* Таңсәріден бері қаруларын тежеп жатқан жігіттер бұрынғыдан да *ж и н а қ ы л а н а* түсті (Т.Жанкелдин, Партизан.).

ЖИНАҚЫЛАНУ *Жинақылан етістігінің қимыл атауы.* Шебер аудармашының қолына түссе, шығарма өспек түгіл, шөп-шалам бостекі сөзден арылып, ықшамдалып *ж и н а қ ы л а н у ы* да мүмкін (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖИНАҚЫЛАУ¹ с ы н. **1.** *Ықшамдырақ, ыңғайлырақ.* Қайрақбайдың киімі бойы-бойы шықпай, *ж и н а қ ы л а у* болып кетіпті деп тізе тұсынан тесіп жіберіп, шалбарының балағын қақ айырды (Қ.Тұрсынқұлов, Есіңде ме.). Ертеңіне *ж и н а қ ы л а у* киініп жолға балапанның өткір тұяғынан сақтану үшін қысқы биялайы, балапан салатын дорбаны алды (З.Шашкин, Өмір.). **2.** *Ұқыптылау, жиналған. Ж и н а қ ы л а у* деген бұл үйдің тіршілігі де оңып тұрған жоқ сияқты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

ЖИНАҚЫЛАУ² *Жинақыла етістігінің қимыл атауы.*

ЖИНАҚЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жинақы болушылық.* Шешем үй ішінің *ж и н а қ ы л ы г ы н,* тазалығын көріп менің ісіме жақсы баға беріп қуанды (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **2.** *Адамның ерік-жігер сапаларының салақтық, енжарлық, бойкүйездік, жалқаулық сияқты келеңсіз қылықтарға қарама-қайшы ұнамды бір түрі. Ж и н а қ ы л ы қ* алдымен кісінің жеке басының,

жұмыс орнының, тұрағының реттілігі мен тазалығынан көрінеді (ҚҰЭ). Барлық жерде де ауыр еңбек үйреткен *ж и н а қ ы л ы қ*, шапшаңдық нышандары сезіледі (С.Мәуленов, Жер нәрі.). Адамның тәртіптілігі мен *ж и н а қ ы л ы ғ ы* оның қоғамдық әрекетімен қатар жеке өмірінде де ерекше маңыз алады (Қ.Жарықбаев, Психология).

ЖИНАҚЫРАҚ с ы н. *Ұқыптырақ, пысығырақ.* Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден *ж и н а қ ы р а қ* болса керек (Абай, Тол. жин.).

ЖИНАЛ= е т. **1.** *Жиыстырылу.* Бұл кезде дастарқан *ж и н а л ы п,* ет әзірлігі басталған (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Жиылып, терілу.* Еменнің қатайып кеткен, әсіресе діңгегіндегі жарықшақталған қабықтары және жас өскін ағашының қабығы *ж и н а л м а й д ы* (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). **3.** *Толу, жинақталу.* Ішке *ж и н а л ғ а н* сары судан адам ентігіп, тынысы тарылып, қинала береді (А.Даиров, Хирург.). **4.** *Дайындалу, әзірлену.* Көрші үйлердің де адамдары жұмысқа *жиналып*, дабырлаған дауыстары естіледі (Б.Қожабеков, Көктөбе). Дереу *ж и н а л ы п* арт жағымыздағы шие бағы арқылы шегініп, Панитов орманына өттік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Тылда қалған еңбекші, Біз де бейқам тұрмалық. Таң сәріден кемпір-шал, Жұмысқа шық, *ж и н а л ы п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ақсайға аттанар қарсаңда олар аттарын ең соңғы рет суатқа апармақшы боп *ж и н а л д ы* (Ш.Айтматов, Ерте кел.). Ас-су ішілгесін Есбол қария күн кешкіріп қалғанына қарамастан қайтпақ боп *ж и н а л а* бастады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **5.** *Топталу, бірігу, басы қосылу.* Тілеубай үйіне біраз адам *ж и н а л ғ а н* екен (Т.Ахтанов, Қаһарлы күндер). *Ж и н а л д ы* батырлардың қарты, жасы, Еңіреген ер біткеннің қарт ұясы, Тау Көкше тарландарын баурына алды Шошайған бұлт үстінде тақиясы (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бір қойшы қой суарған шауып келіп, Үйіне алып барды атқа өңгеріп. *Ж и н а л ғ а н* ауыл-үйдің көрі-жасы, Балаға таңғалысты мұны көріп (О.Шипин, Дастан.). **6.** а у ы с. *Тұну, мөлдіреу.* Өмірдің қызығы ендігі Секілді оған бір қалып. Әлемнің бар әсемдігі Көзінде қалды *ж и н а л ы п* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жылу жиналды. *Ауыр, қайғылы жағдайға душар болған адамға ақшалай, затай көмек берілді. Ж ы л у* ағайын ақсақалы немесе ауылдың беделді адамының айтуымен *ж и н а л а д ы* (ҚҰЭ).

ЖИНАЛҒЫШ с ы н. *Жинала беретін, жиналуға бейім.* Бронхоэктаз ауруында өкпе қуыстарына қақырық *ж и н а л ғ ы ш* келеді (М.Сисекенов, Өкпе ауруы.).

ЖИНАЛМАЛЫ с ы н. *Жинап қоюға болатын, жиналатын.* Биткенің баяндауына немістер октябрьдің он бесі күні каналдан *ж и н а л м а л ы* көпір арқылы өтіп, шабуылға кіріспек (С.Мұқанов, Аспаз). Кішкене қостың ортасында *ж и н а л м а л ы* кереует құрып, күзетте отырған Байназар бүгін де тым тынымсыз еді (Саржайлау). Үйдің қақ ортасында *ж и н а л м а л ы* шойын пеш тұр («Қаз. әдеб.»).

ЖИНАЛУ *Жинал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бірігу, топталу.* Бал адам денсаулығына ерекше пайдалы гликоген деген заттың бауырға *ж и н а л у ы н а* көмектеседі (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі). Қойшығараның үйінде ашылатын мектепке жиырмадан аса жасөспірім бала *ж и н а л у ғ а* тиісті (Ә.Нәбиев, Қанат қақ.). Жұрттың *ж и н а л у ы н* аңдып жүргені ме? (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Улановаңың биіне Қызығушы еді сүйіне. Классиктердің бәрі де *Ж и н а л у ш ы* еді үйіне (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2.** г е о л. *Шөгу.* Шөгінді тау жыныстары жер бетіндегі тау жыныстарының үгілуі және кейінірек үгілген бөлшектердің құрлықта, су айдындары мен ағынды сулардың түбінде *ж и н а л у ы н а н* пайда болады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Ал топырақта немесе суда кадмий, никель, молибден, мырыш, марганец, ванадий, бериллий, теллур сияқты металдардың *ж и н а л у ы* барлық тіршілік иелері үшін қатерлі болуы ықтимал (Т.Қалыбеков, Экология.). Жер асты суларының есесінен кең көлемде сумен қамтамасыз ету қажеттілігі туған жағдайда, артезиан суларының *ж и н а л у ы н а* қолайлы болып келетін ірі синклиналдық ойпаңдар, моноклиналдар және басқа осындай құрылымдар ізделеді (К.Сапарбайұлы, Геология).

Жиналу пункті. ә с к. *Әскери бөлімшелерді, әскери қызметшілердің немесе әскери міндеттілердің кейбір категорияларды, әскери техниканы, әскери мүліктерді және т.б. шоғырландыру орны.* Ұрыс дабылы бойынша жиналу үшін *ж и н а л у п у н к т і* төмендегідей болып бөлінеді: әскерлердің ауысымы кезіндегі жиналу пункті бөлімдер мен бөлімшелердің жаттығуға, өрт сөндіруге немесе апатты құбылыс зардаптарын жоюға, сонымен қатар басқа да тапсырмаларды атқаруға шығатын жиналу пункті т.б. (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖИНАЛЫҢҚЫРА= е т. *Аздап жиналу, ықшамданыңқырау, жинала түсу.* Тағамдар тамашалап келе жатқан бала да *ж и н а л ы ң қ ы р а п* отырды (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Тісін шұқып болған қапитан қабағын түйіп, хорунжийға қарап еді, оның ызғарлы жүзін көріп, бұлғаңдай бастаған хорунжий жалма-жан мұртын сипады, *ж и н а л ы ң қ ы р а п* отыруға тырысты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖИНАЛЫҢҚЫРАУ *Жиналыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖИНАЛЫП-ТЕРІЛ= е т. *Жиналу, әзірлену, өзін ретке келтіру, орнын жинап кету.* Жиналуға шақырған командының естілуі-ақ мұң екен, солдаттар дүр көтеріліп, әп-сәтте *ж и н а л ы п - т е р і л і п* болды (Ө.Қанахин, Майдан). Таң атқанша дем алып, елең-алаңнан *ж и н а л ы п - т е р і л і п* тағы да ілгері жүріп кеттік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Бір күн бай, бір күн жарлы адаммын ғой. Ала қыстай *ж и н а л ы п - т е р і л і п* жеткенімізше осы болды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қашып кеткен офицерлердің тосқауылға жіберген топтарымыздан құтылмасын білген соң, *ж и н а л ы п - т е р і л е* бастадық (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖИНАЛЫС з а т. **1.** *Ұжым мүшелерінің белгілі бір мәселені талқылау үшін, өздерінің ішкі өндірістік, экономикалық, әлеуметтік мәселелерін қарау үшін бас қосқан кеңесі; мәжіліс.* Өмірбек пек Қанат, Сәтімбай үшеуі *ж и н а л ы с т а н* бірге шықты (С.Шаймерденов, Мезгіл). Кеше кешке колхоз басқармасында ұзақ бір *ж и н а л ы с* болған (Ғ.Орманов, Жүрек). Ол осы кезде өзінің кандидаттыққа өткен *ж и н а л ы с ы н,* ондағы сенім көрсеткен достарын есіне алды (Ә.Шәріпов, Партизан.). *Ж и н а л ы с* тарап, әркім өз взводына қарай кетіп бара жатты (С.Сейтов, Сөз сұра.). Ойлап қараса, *ж и н а л ы с т а* айтылған сөздердің барлығы бұған ақыл екен (Ә.Жәмішев, Дала.). **2.** с а я с и. *Адамдар тобының белгілі бір оқиғаға наразылық немесе қолдау, ынтымақтастық т.б. қоғамдық көңіл-күйді жаппай білдіру тәсілі.* Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, *ж и н а л ы с т а р,* митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы (ҚР Конституциясы). Қылмыстық кодекстің 334-бабы бойынша *ж и н а л ы с т а р д ы* және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізу барысында бұл әрекет көлік жұмысының бұзылуына себепші болса немесе азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі түрде зиян келтірілсе, онда оны ұйымдастырушылар мен қатысушылар әкімшілік жазаға немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін (ҚҰЭ). **3.** п е д. *Балалар ұйымының жоғарғы органы, олардың өзін-өзі басқару түрі. Ж и н а л ы с* ұжымды тұтас қамтып, өз шешімдері мен оның орындалуын қамтамасыз етеді (Қаз. тілі термин. Педагогика). *Ж и н а л ы с т а* төраға, хатшысы бар төралқа сайланады. Өткізу реті сақталып, қажет жағдайда хаттама жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Педагогика).

ЖИНАЛЫС= е т. *Бірге бас қосу, жиналу.* Оспан баласының отау үйіне ауыл жастары лық тола *ж и н а л ы с т ы* (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Іште жұрт *ж и н а л ы с ы п* кең бөлмеге, Өңшең бор, қасқа-жайсаң, кердең дене (Ғ.Қайырбеков, Дала.).

ЖИНАЛЫСТАН-ЖИНАЛЫС з а т. с ө й л. *Нақты шешім қабылдана алмай, жұртшылықты қайта-қайта жинап, бос сөзбен уақыт өткізетін мәжілістердің көптігін айтқанда қолданылатын сөз. Ж и н а л ы с т а н - ж и н а л ы с,* ел кезу, егін, тартыс-таласпен өтіп жатқан бір өмір (З.Шашкин, Сенім).

ЖИНАМАЛЫ с ы н. *Жинап қоюға болатын; жиналмалы.* Шатырды балалар өздері тігіп, асханаға деп әкелінген *ж и н а м а л ы* үйді совхоздың кісілері орнатып жіберді (С.Бегалин, Мектеп.). *Ж и н а м а л ы* үлкен дөңгелек сырлы столға қағаздарын жайып, қаба сақал тілмаш сырт-сырт жазып отыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖИНАҢҚЫ с ы н. *Бытыраңқы емес, ықшам.* Кейбір элементтер жер қыртысында жалпы аз болса да *ж и н а ң қ ы* болып қауырт кездеседі (А.Машанов, Жер асты.).

ЖИНАҢҚЫРА= е т. *Аздап жию, жиыңқырау, өзіне тарту.* Ат алдыңғы екі аяғын бауырына *ж и н а ң қ ы р а п т ы* да, артқы аяқтарын көсілтіпті (К.Оразалин, Ақ жазық).

Есті жинаңқырады. *Есін жинайын деді, өзіне келді.* Бір кезде *е с і м д і ж и н а ң қ ы р а п* жоғары қарасам, менен екі-үш кісі бойы жоғары (А.Тоқмағамбетов, Ақ моншақ).

ЖИНАҢҚЫРАУ *Жинаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖИНАП-ТЕР= е т. **1.** *Түгін қалдырмау, жинау.* Кеше қиған бұтақтарын *ж и н а п - т е р і п,* баудың сыртына шығарды (М.Сатыбалдиев, Мөлдір аспан). Осыларды көрмек – менің даруым. Осыларға жұмсалмайды қаруым, Тұтқын болсам, бұлар маған егер де, Жылайдардың *ж и н а п - т е р і п* бар уын (Х.Ерғалиев, Күй.). **2.** а у ы с. *Қорытындылау, түю. Ж и н а п - т е р і п* келгенде ең қолайлы, ең пайдалы тарих жергілікті халықтың өз тарихы болуы керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖИНАС= е т. **1.** *Жинауға көмектесу, бірге жинау.* Сара мен Зарқұм әйелдердің бұйымдарын *ж и н а с ы п* жүргенде, Бабас апасының толқу үстінде екенін байқады (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). **2.** а у ы с. *Қор жасасу. Ж и н а с ы п* еңбек жемісін, Келеді Жігер өкінбей, Бүгінде колхоз ісі үшін, Қалаға шыққан өкілдей (Ж.Молдағалиев, Таңд. шығ.).

Жүк жинасты. *Төсек-орын, үй ішін жинауға кірісті, көмектесті.* Шолпан шапшаңдап ыдыс-аяғын төңкере салып, аузы берік Балымның

аяққойғышын құрысып, *жүгін жинастыды* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Ел қонса, үй тігісіп, *жұқ жинасып*, Сыпсыңдап қыз-келіншек сыбырласып. Аулақта кездесе алмай жүрген жастар Ымдасар бір-біріне жымыңдасып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖИНАСТЫР= е т. **1.** *Жинау, ретке келтіру.* Козлов қағаздарын мұқият *жинастырып* мойынға аспалы сумкасына салды (Н.Баяндин, Құм асты.). Ертеңгісін көзімді ашсам, үй ішін *жинастырып* апам жүреді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **2.** *Бір жерге жию.* Көп кешікпей Нәзіл мырза қонақтардың тойғаннан қалған етін алып шығып *жинастырғанда* орта тегеш болды (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). **3.** *Топтастыру, бір жерге жинау.* Жаратылыстың өзі Ақшоқының айналасына әр өнердің адамдарын *жинастырып* қойған сияқты (К.Оразалин, Абай аулы.). **4.** *Қайырмалау.* Шопан қас қарая ыққан қойын *жинастырып,* алғашқы кездескен дүлейін жеңгендей ауылға оралды (Б.Жамалов, Торғай.).

ЖИНАСТЫРУ *Жинастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жинау, ретке келтіру.* Үй ішін *жинастыру* жабдығында жүрген қыздар, әсіресе, Айжан Малтабардың үйге кіріп келуін аңғармай қалды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Үйдің ішін *жинастыруға* кіріскен ол көңілді бір әуенді ыңылдаумен жүр (Ө.Қанахин, Бақыт.). Балымша бөлмені *жинастыру* үшін іште қалып қойды (К.Ахметбеков, Жеңіс.). **2.** *Жинақтау, топтау.* Біз соңғы он-он бес жылдай қазақ даналықтарының озық деген үлгілерін *жинастырумен* шұғылданудағы азын-аулақ тәжірибеге сүйенеміз (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖИНАСТЫРЫЛ= е т. **1.** *Ретімен қойылу, жинақталу.* Ал сандықтың үстінде астыға төсейтін қызыл оюы бар текемет, бірді-екілі көне көрпе, үш-төрт жастық *жинастырылады* (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Бір жерге қойылу, қор жасау.* Ол үйге сол ауылдағы барлық қымыз *жинастырылады* (Ә.Жылқышиев, Айтолқын).

ЖИНАСТЫРЫЛУ *Жинастырыл етістігінің қимыл атауы.* Содан кейін айтқаны Какачево селосының батыс жағасындағы қалың ағаш арасында жаудың көптеген әскері, танкісі мен зеңбіректері *жинастырылуда* (Н.Fабдуллин, Сұрапыл.).

ЖИНАСТЫРЫҢҚЫРА= е т. *Тәртіпке келтіріңкіреу, жинаңқырау.* Бұрыш жақтағы аяқ-табақ, шелек сияқты ыдыстарды және одан әрі шашылыңқырап жатқан ер-тоқым, қамыт-доғаларды *жинастырыңқырап* қойса, өзіне де, аспазшы әйелге де, тіпті қызы мен үй иесі келіншектің бәрі сыйып кетерлік (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖИНАСТЫРЫҢҚЫРАУ *Жинастырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖИНАСУ *Жинас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Терісу.* Бұлардан басқа аурулар санаторийдің көмекші шаруашылығының бау-бақша картобын күтуге, *жинасуға* жәрдемдесті (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Бұлар Қазақстан егінін *жинасуға* көмекке келе жатқан қала адамдары (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). **2.** *Ретке келтірісу.* Үйді *жинасуға* шофер жігіт, онан қалғанына Орынбай жәрдемдеседі (К.Баялиев, Нөсер).

ЖИНАТ= е т. **1.** *Жиғызу.* Ақан ақырғы дестені көмекшісіне *жинатып,* өзі көпененің түбінде отырған-ды (З.Шашкин, Өмір.). Ұзақ күнді кеш қылмай жетіп алалық, – деп Тілеміс дастарқанды *жинатты* (Ж.Сатаев, Алакөбең). Қаныңды бұзып айқаймен *жинатып* жатпайсың (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **2.** *Қол жидыру.* Бәрі батыр болған нақ. Екі жүз әскер *жинатты* (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Сарбазға тұзақ құрмаққа Торғайдың әкім байларын Алашшылдар *жинатты,* Жүз шамалы кісіге Билік айтып, мөр басты (О.Шипин, Дастан.).

ЖИНАТТЫР= е т. *Жиғыздыру, біріктіру.* Сол күні кешке таман қолға түскен жазушыларды *жинаттырып* алып, әңгіме өткізді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қазір ол жұмысты тоқтата тұрғызып, құрылысшыларды түгел бір жерге *жинаттырып* алды (А.Мұқатаев, Директор.). Рота, батальондардан бәрімізді *жинаттырып* жатыр (Ә.Нұршайықов, Тоғыз толғау).

ЖИНАТТЫРУ *Жинаттыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖИНАТУ *Жинат етістігінің қимыл атауы.*

ЖИНАУ *Жина етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ретке келтіру.* Бұдан кейін Ернұр төсек *жинаудыы,* еден жууды үйренді (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **2.** *Егінді т.б. жиып-теру, жиып алу.* Қалмасын деп Құт-береке шашылып, Егін, шөпті ел *жинауда* асығып, Күз күледі бір жасарып қалғандай, Келіншектей нақты жасын жасырып (К.Салықов, Жезкиік). Осыншама байлықтың халық шаруашылығына тиімді жұмсалуы үшін оларды *жинау,* кептіру және керекті мезгілге дейін сақтай білу қажет (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). Күлтесі мүлде ашылмаған және өте кішкене гүлдерді *жинауға* болмайды (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Дәрілік өсімдіктерді *жинау* үшін олардың қандай бөліктері қажет екенін, *жинау* мерзімін, оларды кептіру тәртібін білу

қажет (Қ.Құрманов, Табиғат.). **3.** *Басын қосу, жиын жасау.* Көңіл нәзік, жігер жуас, ой да сақ, Сақырлауды қойып алдық қайнасақ. Бір *ж и н а у ғ а* жарадым мен елімді, Алпысымда ұлан асыр той жасап (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **4.** *Молайту, санын арттыру.* Жанымыз бұрын жаралып Заман ақыр шағында Адамдармыз кеш келген. Алдымызды жапырып Өлім алып жатса да, Мал *ж и н а у д ы* өш көрген (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Көптеген тыйым салу шараларына қарамастан Жамал әкесіне білдірмей ілім-білім *ж и н а у ғ а* ұмтылады, сауатын ашады (М.Дулатов, Шығ.). **5.** и н ф. <ағыл. collection> *Программалық әзірлемеден программа құрастыру.*

Қол жинау. ә с к. *Әскер жасақтау.* Отряд ыдырап, ауыл-ауылдан *қ о л ж и н а у ы* керек (М.Дүзенов, Ант).

ЖИНАУЛЫ с ы н. *Жиналып қойылған, тәртіпке түскен.* Айжан сенерін де, сенбесін де білмей, палатаны ашса, шынын да *ж и н а у л ы* қойқасы ғана саңғырап тұр (З.Шашкин, Сенім). Кебеженің үстінде текемет, көрпе-көпшік *ж и н а у л ы* тұрады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Ал бүгін ертеңгісін келген қарулы топ, қорада *ж и н а у л ы* тұрған Балымайдың астығын түгел алып шықты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Байлардың буылған теңі, көшпеген шақта шешілмей, төрінде *ж и н а у л ы* тұрады (С.Мұқанов, Халық мұрасы).

ЖИНАУСЫЗ с ы н. **1.** *Шашылған.* Арбасы келіп тағанның астында *ж и н а у с ы з* жаңқаға тіреліп аунап түсті (С.Бегалин, Ана.). **2.** *Ретке түспеген, жүйеленбеген.* Бірлі-жарым өлеңдері ғана жарық көргені болмаса, әлі *ж и н а у с ы з* Абай шығармаларын іздестіріп, қағаз бетіне түсіру шарт (К.Оразалин, Абай.).

Етек-жеңі жинаусыз. *Қалпын, күйін өзгертетін түрі жоқ, әзірлік жоқ.* Дала биыл ақ көрпеге мықтап оранып еді, әзірше *е т е к-ж е ң і ж и н а у с ы з,* үйқысын ашар түрі жоқ (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЖИНАУШЫ з а т. **1.** ә д е б. *Ауыз әдебиеті үлгілерін ел аузынан жазып алып, жүйелеуші.* Халық әдебиетін *ж и н а у ш ы,* Біржан мен Саранның айтысын алғаш баспаға берген Жүсіпбек Шайхұлысламов, «бұл айтысты Саранның өз аузынан жазып алдым» дейді (С.Мұқанов, Халық мұрасы). **2.** *Өсімдік, дәрілік шөптерді теріп, кептіруші, ем-домға дайындаушы адам.* Ыссы күндерде ашық ауада көптеген өсімдіктерді *ж и н а у ш ы л а р д ы ң* өздері-ақ кептіре береді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.).

Тері жинаушы. *Ел, ауыл аралап, тері жинайтын, сойылған малдың терісін сатып алатын адам.* Осында күздігүні *т е р і ж и н а у ш ы* Секербай келіп еді, оқ-дәрісі мол екен, аңшылық билетің жоқ деп сатпай-ақ қойғаны, антұрған (М.Мағауин, Ақша қар). Сонау қара шым үйлердегі жатақтардың тері илеуші, мал бағушы, сиыр сауып, піспе пісуші, ел ақтап *т е р і ж и н а у ш ы,* күз шөп шабушы, отын тасушы, мал жайлаушы малайлар екенін Қорамса сонда түсінді (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖИНАУЫШ з а т. *Дестеге салынған егінді комбайнның молотилкасына беріп тұратын мәшине.* Ақан комбайннан түсе қалып *жинауышт ы ң* астына еңкейіп көз тастады (З.Шашкин, Өмір.).

ЖИНАЯТ [ар. جناية] с ы н. ж е р г. *Кінәлі, қылмысты.* Ондай *ж и н а я т* сөзге үйірлігім жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖИРАФ [франц. girafe] з а т. з о о л. *Мойыны, сирақтары ұзын келетін Африкадағы теңбіл түсті, жұп тұяқты, күйіс қайтаратын жануардың бір тұқымдасы.* Африкадағы бушмен тайпалары арыстанның, *ж и р а ф т ы ң,* зебрдің исін иіскеп жүріп-ақ оңай тауып алады (Қ.Жарықбаев, Психология). Топтың орта шенінде *ж и р а ф қ а* ұқсаған, мойыны сала құлаш, қара шұбар арғымақ сонадайдан көзге түседі (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Құрық мойын, ұзын сирақ, Міне, мынау тұрған *ж и р а ф.* Кереге көз көйлегі бар, Өмір өзі берген сыйлап (Т.Әбдірахманова, Білесің бе?).

ЖИРЕН с ы н. *Қызғылт сары (көбінесе жылқы түсіне байланысты айтылады). Ж и р е н* байталға мінген жылқышы жігіт өзенге келіп іркіліп қалған бірен-саран жастау құлындарды құрығымен жайқап суға түсіріп жүр (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Басы – әйдік, жуан – балтыр, қалың – топшы, Тырнақтың қызыл *ж и р е н* көгі болса (Үш ғасыр.). Менің ата-бабаларымның түстері *ж и р е н* сары болған (С.Мұқанов, Есею жыл.). Анау қара ат, торы ат, құла бие, *ж и р е н* бие, әне бір құла биелерге Шекер де, Күнікей де мінер еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жармасты-ау құла айғыр да, Жалына *ж и р е н* байталдың. Сынаптай аққан сайтанды, Жануар әбден илепті, Шу асау өңшең байталды, Бір-бірлеп жүріп... үйретті... (М.Мақатаев, Шығ.). Екі *ж и р е н* ат мінген – Ертеде жолы болмайды, Екі боз ат мінгеннің – Ежелден жолы болмайды, Ұясынан жеріген Жерге сұңқар қонбайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖИРЕН= е т. **1.** *Жиіркену.* Қазақпен көрші отырған халықтарға қарасақ, мысалы мұжықтар, қазақ-орыстар олар ауырған малдың етінен *ж и р е н е д і,* жемейді (М.Дулатов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Сескену, жек көру.* Оларға көзі түскенде күйінген, өкінген, *ж и р е н г е н* әйтеуір өзегін өртеген бір жаман сезім пайда болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Басыма қара тұманды бекер орнатқам екен: жұрт маған онша

өзгерген, тосырқаған, менен үріккен, *ж и р е н г е н* көрінеді ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Ж и р е н і п* жаппай жаманнан, Жақсының қамын мың ойлап, Әріден атам заманнан, Өлім мен Адам жүр ойнап (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). **3.** а у ы с. *Безу, тастап қашу.* Өнерді үйрен де, *ж и р е н* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Қасарар қайраса да наданшылық, Білімсіз өзі біліп үйренбейді. Керенау, ұйқы, жалқау – үш досы бар, Бұлардан бауыр басып *ж и р е н б е й д і* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Көздерім аймағыңды түр күзетіп, Тек сенсің алшаң басып жүргізетін. *Ж и р е н д і м* жаманыңнан, ал жақсыңды Көтердім тас төбеме жұлдыз етіп (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖИРЕНГІШ с ы н. **1.** *Лас, кір нәрседен, жиіркенгіш.* Бибігүл ластығына қарамастан Тұрдыбектен сондай *ж и р е н г і ш.* Баланың жөргек-жаялығын шешем байғұс өзі жуып тазалайды (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** *Жағымсыз істен аулақ жүретін.* Әшейінде жеңілтек, ұшқалақ дейтін Әушен де жақсыға құмар, жаман әдеттен *ж и р е н г і ш* (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Сағидолла мен Шолпан үлкенге де, кішіге де сыпайы, жақсыдан үйренгіш, жаманнан *ж и р е н г і ш* абзал адамдар деседі (Шопан серігі).

ЖИРЕНДЕ= е т. *Қашқақтау, безу.* Келемеж қылып атасын, Алмай ақыл батасын, Мойнына алмай қатасын, Шаруа десе *ж и р е н д е п*, Өсек десе сүйреңдеп, Қымыз аңдып қыдырып, Бейпіл сөзге сыдырып, Жаладасып ұл кетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖИРЕНДЕУ с ы н. *Қызғылт сарылау.* Қасы мен мұртын бояп алған сияқты қап-қара, ал шашы сәл *ж и р е н д е у* (С.Мұратбеков, Жабайы.). Құрманға құйылған шай алғашқыда қан *ж и р е н д е у*, онан кейінгісі құлалау боп келеді (З.Ақышев, Ақбел.). Анатолий Кондратьевичтің *ж и р е н д е у* қою қасты қалың қабағы көзін жауып төмен салбыраудан жадырамады (С.Мұқанов, Сырдария).

ЖИРЕНДІР= е т. *Жиіркендіру, бездіру, сескендіру.* Бәрі де рас. Жылан жандылар мені де *ж и р е н д і р е й і н* деді (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Ал жаныққан жеңгелері Гауһарды *ж и р е н д і р е* түсетін сияқты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жақсыдан үйрендіріп, жаманнан *ж и р е н д і р у г е* аянбай еңбектеніп келеді (Ф.Оразаев, Жастық шақ.).

ЖИРЕНДІРУ *Жирендір етістігінің қимыл атауы.* Бұл ұлтшылдардың қазақ астанасына жұртты әдейі *ж и р е н д і р у* үшін істегені! (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖИРЕНҚҰТАН з а т. з о о л. <лат. ardea purpurea> *Сидам сияқтылар отрядының құтандар тұқымдасына жататын құс. Ж и р е н қ ұ т а н* ұсақ балықтармен, бақалармен, кесірткелермен, сарыбас жыландармен, ұсақ жәндіктермен, кейде тышқан және егеуқұйрықпен қоректенеді (ҚҰЭ).

ЖИРЕНТ= е т. *Жиіркенту, бездіру, сескенту.* Әсеттің дәл түнгі жәйі Зылиханы қатты шошынта *ж и р е н т е д і* (К.Оразалин, Ақ жазық). Бесіктен белі шықпаған бөбек кезінен жақсылыққа үйрет, жамандықтан *ж и р е н т* (М.Әлімбаев, Тәрбие туралы). Ол күйде жан сүйсінтер ләззат та болады, бой *ж и р е н т е р* ызғар да аз емес (А.Байтанаев, Қансонар). Құрғақ ақылмен жаманшылықтан *ж и р е н т е* алмайсың (Т.Тілеуханов, Шарапат.).

ЖИРЕНТОҚАЛТІС з а т. з о о л. <лат. clethrionomys rutilus> *Кеміргіштер отряды атжалмандар тұқымдасына жататын тышқан. Ж и р е н т о қ а л т і с* – бұлғын, сары күзен, аққіс тәрізді терісі бағалы аңдардың азығы (ҚҰЭ). *Ж и р е н т о қ а л т і с т е р* жылына 4–5 рет, 2–8-ден балалайды (ҚҰЭ).

ЖИРЕНТУ *Жирент етістігінің қимыл атауы.*

ЖИРЕНУ *Жирен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жиіркену, тәбеті шаппау.* Тамақты шығарып тастау (көңілсіздіктің, жек көрудің, менсінбеудің, *ж и р е н у д і ң*, үрейлендірудің құбылысы) (Ж.Аймауытов, Шығ.). Үрейлену – төменгі ерінді салпитып, бұртиту – баланың аузынан асты шығаруының бір әдісі – жүрегі айнудың, *ж и р е н у д і ң* (мойын еті қабат қозғалса), үрейленудің белгісі (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жек көру, безіну.* Шын сүю бар, *ж и р е н у* бар, Мақсұты бар, еркі бар. Жаратылған неге бұлар? – Осыны тап ой құрап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Дұрыс, пайдалы, жоғары нәрседен ләззат алуға, төмен, пайдасыз нәрседен *ж и р е н у г е* һәм осы ұмтылу мен *ж и р е н у д і* терең, берік қылуға тырысу керек (М.Жұмабаев, Шығ).

ЖИРЕНШЕ[1] с ы н. *Жирен түстес, жирен тәріздес.* Мінгенше атың *ж и р е н ш е,* Тықыршып тұрмас мінгенше, Сен ақылың кіргенше, Ақ тайлақ шығар інгенше (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖИРЕНШЕ[2] з а т. б и о л. <лат. aristolochiaceae> ***Жиренше тұқымдасы.*** *Ж и р е н ш е л е р д і ң* көп тараған 600 түрінің Қазақстанда 2 туысы мен түрі кездеседі. Жапырақтары кезектесіп орналасқан. Гүлдері жеке немесе гүлшоғырына жиналған. Жемісі – көп тұқымды қауашақ, кейде жаңғақша (Қаз. тілі термин. Биология).

Жиренше тұқымдасы. б и о л. <лат. aristolochiaceae> *Қосжарнақтылар тобына жататын бұта шырмауық немесе көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж и р е н ш е т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* сабағы тік болып өсетін түрлері өте сирек, тек биіктігі 90 см-ге жететіндерінің ғана сабақтары

тік болады (ҚҰЭ). *Жиреншетұқымдасы* – өте улы өсімдік (ҚҰЭ).

ЖИРЕНШЕК с ы н. *Жиіркеншек, лас, кір нәрседен секемденгіш, кірпияз.* Сыздық *жиреншек* жігіт болатын, асыға шықты үйден (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қой сауғанда ауылда, Атанып жүрме *жиреншек* (Қ.Қуанышбаев, Өлеңд.). Түске дейін – киіз, түстен кейін – мүйіз, сәуір күні – жол адамына *жиреншек* (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

ЖИРЕНІШ з а т. *Жиіркеніш, жеккөрушілік.* Раушан енді немістердің бозарған жүздерін көрді, қорқыныш пен *жиреніш* аралас бір сезім билеп алды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Күнке ызамен түйіліп, Абай жаққа *жиреніш* көзін бір тастап, айналып кетті (М.Әуезов, Абай жолы). Қызғаныш, *жиреніш*, өкініш, аяныш, ыза, қорлық – бәрі ұласып оның тірі қалып, көзге күйік болғанына бармағын шайнап, зығырланар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Арақ ішушілерге жұрт *жиреніштен* қарайды (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖИРЕНІШСІЗ ү с т. *Жиреніші жоқ, жиіркенбей.* Осы ойына Сұлтанмахмұтты иландыру үшін Людмила Петровна өзін елеусіз, *жиренішсіз* ұстайды (Д.Әбілев, Арман.). Киімдеріміз де молда-қожалар мен ақсақалдар *жиренішсіз* қарай алмайтындай еді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

ЖИРЕНІШТІ с ы н. **1.** *Адам жиіркенетін, жеркеніште.* Қараңғыда ой-шұңқырын көре алмай, тобықтан келер саз балшықты салпылдата кешу жүрек айнытардай *жиреніште* еді (С.Мұратбеков, Көкорай). **2.** а у ы с. *Жеккөрініште, сұмдық, жағымсыз.* Осы екі-үш күн ішінде ол осындай *жиреніште,* тіпті сұмдық жайлардың біразын естіп құлағы сарсылды (А.Нұрманов, Құлан.). Қалел қазір алғаш рет сол әкенің атына айтылып жатқан *жиреніште* сөздерді өз құлағымен естіді (С.Жүнісов, Жапанда.). Сол Базар ата сенімін ақтамай қашқын болыпты. Қандай *жиреніште* десеңші (Ә.Қалдыбаев, Шаншар.). Әке, қызың күйе жақты даңқыңа, Күйе жақты атабаба салтына. Сатқындықтан *жиреніште* не болмақ Таудың қайсар ұлағатты халқына (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жиреніште көзбен. *Жақтырмай, ала көзбен.* Осыдан кейін ол маған ит тиген табақтай *жиреніште көзбен* қарайды, – деп, сөзін тамам етті (Қаз. ертег.).

ЖИРЕНІШТІК з а т. *Жеккөріністік, жеркеніштік.* Семья әдепсіздік пен арсыздыққа *жиреніштікпен* қарауға балаларды тәрбиелемеуі керек (Семья тәрбиесі).

ЖИРО [итал. giro – айналым, айналыс] з а т. э к о н. **1.** *Көптеген елдерде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу түрі.* **2.** *Вексельдің, чектің және басқа несиелік айналыс құралдарының сыртқы бетіне жазылған табыстау жазбасы. Жиро* атаулы және ұсынушыға арналған жиро болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖИРОБАНК з а т. э к о н. *Банкте ағымдағы шоттары бар пайдаланушылар қолма-қол ақшасыз есеп айырысумен айналысатын банк.*

ЖИРОБҰЙРЫҚ з а т. э к о н. *Төлемшінің шотынан алушының шотына жирошот бойынша төлеу тәртібімен ақша аудару туралы жазбаша өкім.*

ЖИРОЕСЕП: жироесеп айырысу. э к о н. *Банктер мен жинақ кассалар соманы бір шоттан екінші шотқа аудару арқылы жүргізетін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу. Жироесеп айырысуға* вексельдер, чек арқылы есеп айырысу жатады (Қаз. тілі термин. Экономика.). *Жироесеп айырысу* деген термин сондай-ақ неғұрлым кең мағынада – қолма-қол ақшасыз есеп айырысудың бүкіл жүйесін таңбалау үшін де қолданылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖИРООРТАЛЫҚТАР з а т. э к о н. *Германиядағы, Австралиядағы және басқа бірқатар елдердегі жергілікті (муниципалдық) жинақ кассаларына қатысты орталық банк міндеттерін орындайтын арнаулы несие мекемелері.*

ЖИРОЧЕК з а т. э к о н. *Чек берушінің банкке өзінің жирошотынан жиро берушінің шотына белгілі бір ақша сомасын аудару туралы бұйрығы жазылған чек. Жирочек* бойынша алушы мен төлемшінің жирошоты бар бір банк шегінде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін ғана пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖИҺАД [ар. جهاد] з а т. д і н и. *Мұсылман қауымының ислам дінінің таралуы мен салтанат құруы жолында барлық күші мен мүмкіндігін сарқа жұмсау міндеті.* Алғашқыда *жиһад* сөзі мұсылман мемлекеттерінің әскери іс-қимылы деген ұғым берді (ҚҰЭ). Ұлт-азаттық қозғалысы кең өріс алған кезеңде *жиһад* идеялары отаршылдыққа қарсы күресті күшейту үшін пайдаланылды (ҚҰЭ). Исламда мұсылманның өз нәпсісімен күресу үлкен *жиһад* саналады. [*Жиһад* сөзі – «ынта», «жігер» деген екі мағынаны білдіреді. Бірі адам баласының өз нәпсісімен күресуі, екіншісі – дін үшін жүргізілетін әділ соғыс («Егемен Қазақстан»). *Жиһад* ұғымын жазықсыз кісілерге бағытталған бір күш көрсету, басқыншылық, яғни лаңкестікті суреттеу үшін қолдану өте ауыр қателік («Түркістан»).

ЖИҺАЗ [ар. جهاز] з а т. **1.** *Үстел, орындық, шкаф, диван сияқты үй мүлкі.* Соғыс болғалы

қала халқының көп *ж и һ а з ы* осы ауылдан, айрықша Тәңірберген мен Ебейсіннің үйінен шығып жатыр (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ойлады: «Кейбіреулер болады бай, Не түрлі қажетінің бәрі де сай. Жайлы орын, жақсы тамақ, жиған *ж и һ а з*, Қанағат етіп соған тұрмайды жай (А.Байтұрсынов, Шығ.). Несібелінің *ж и һ а з ы* мен көкір-шүкірі недәуір боп шықты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **2.** *Дүние-мүлік, жиған-терген, байлық.* Асыл *ж и һ а з,* дүниеге толған осы ақ ордада түкті кілемге төселген шайы көрпе үстінде, ақ мамық жастықтарды шынтақтай он шақты кісі отыр (І.Есенберлин, Қатерлі.). Дүнияда не қажет, Керегіңнің бәрін ал. Қызметкер – күң мен құл, Өлі *ж и һ а з*, тірі мал (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Атқа толды күндіз-түн Қос алаптың бауыры. Сейіткерейді жағалап, Байлар пара ұсынды. Алтын, күміс, *ж и һ а з д ы* Топ-тобымен түсірді (О.Шипин, Дастан.). **3.** *Пайдалану мақсатына қарай қонақ бөлме, жатын бөлме, балалар бөлмесі, асүй, кіреберіске арнайы шығарылған, ағаштан жасалатын мүлік. Ж и һ а з д ы* негізінен ағаштан және ағаш материалдардан (ағаш жоңқалы немесе талшықты тақташалардан, үйеңкіден т.б.) жасайды (Қаз. тілі термин. Тамақ.). **4.** а у ы с. *Рухани дүние.* Ізгілігін зұлымдыққа талатқан, Аққу құсқа оқ атқан. Барлық алтын уақытының *ж и һ а з ы н* Пенделіктің орманында тонатқан, Көрдей қара тұман жапқан көңілін Ең сорлы жан мен болайын, Ең соңғы хан мен болайын, тәңірім?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖИҺАЗДА= е т. **1.** *Үйге бұйым жию, жасаулау.* Енді бір бөлмеге қолы жетсе, оның ішін де төп-тәуір *ж и һ а з д а п,* түзеп алар еді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). **2.** *Үйді әдемілеу, сәндеу, безендіру.* Жұмыстан қолы бос уақытта олар алуан сынды өсімдіктер, гүлдер өсірумен әдеттенеді, үйлерін жасыл өсімдік, шешек атқан гүлдермен *ж и һ а з д а й д ы* (С.Байжанов, Сыр.). Химиктер мен өнеркәсіп қызметкерлері әлдеқашан ойлап тапқан сынбайтын ыдыс пен киіз үйді *ж и һ а з д а й т ы н* арнайы мебель әлі жоқ (Т.Жанұзақов, Азамат).

ЖИҺАЗДАЙ с ы н. с ө й л. *Жиһаз сияқты.* Жоталар бейне шатыр жиектеріне жағалай жиған асыл *ж и һ а з д а й* біресе бері сусып, біресе әрірек ойысып ойнақ қағады (Ғ.Сланов, Шалқар).

ЖИҺАЗДАЛ= е т. *Жиһазбен жасақталу, жиһаз қойылу.* Әбубәкір қыстықүні ел ішін аралап келе жатып, тама Қоңырбайдың Сейітінің үйіне түседі. Сейіттің орысша, қазақша *ж и һ а з д а л ғ а н* екі қонақ үйі болады екен. Қызметшілер Әбубәкірді Сейіттің өзі отырған орысша *ж и һ а з д а л ғ а н* үйіне алып келеді (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Сәнді етіп *ж и һ а з д а л ғ а н* байлықты айқайлап-ақ айтып тұрған абажадай бөлмеде жалғыз өзім қалдым (Ө.Қанахин, Жер бас.). Магазин ашылатын күні бір топ адам келіп, қалай *ж и һ а з д а л ғ а н ы н* көріп шықты (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЖИҺАЗДАЛУ *Жиһаздал етістігінің қимыл атауы.*

ЖИҺАЗДАНДЫР= е т. *Жиһазбен толтыру.*

ЖИҺАЗДАНДЫРУ *Жиһаздандыр етістігінің қимыл атауы.* 1960 жылы апрельде болған республикалық көрмеге тек қана үй ішін *ж и һ а з д а н д ы р у* мүліктерінің өзінен 212 экспонат қойылды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖИҺАЗДАУ *Жиһазда етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жиһаз қою.* Павильонда Алматы мебель фабрикасында жасалынған бұйымдардан екі бөлмелі пәтерді қалай *ж и һ а з д а у д ы ң* үлгісі көрсетілген (Ж.Исмағұлов, Адам.). **2.** *Сәндеу, әдемілеу.* Бірсыпыра семьялар үйлерін мебельмен, шешек атқан гүлдермен *ж и һ а з д а у* әдетіне көше бастағаны да ұнасымды (С.Байжанов, Сыр.).

ЖИҺАЗДАУЛЫ с ы н. *Жиһаздалған, безендірілген.* Зылиха бір бос бөлменің үстімен екпіндей өтіп, екінші есікті аша бере сәл мүдіріп қалды. Ол бөлме қазақша *ж и һ а з д а у л ы* екен (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖИҺАЗДЫ с ы н. *Жиһазға толы, жиһазы көп.* Түндігін жауып, есігін түсіріп, кілем, текемет ұстап тастаған *ж и һ а з д ы* бай үйдің іші елең-алаң шақтағы бозғыл сәулемен көлеңкеленіп тұр екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кіріп барса *ж и һ а з д ы* жайнаған үй екен (Бозінген). *Ж и һ а з д ы,* дүниелі ақбоз үйдің ішінде өлік жатқандай, жұртта үн жоқ (І.Есенберлин, Қаһар). Сырты қарапайым болғанмен, үйдің іші *ж и һ а з д ы* екен (М.Жұмағұлов, Қыран.). Сән-салтанатты, мол *ж и һ а з д ы* кең бөлменің төргі қабырғасында ілулі тұрған тау суретіне таңырқай қарады әуелі (С.Омаров, Өмір.).

ЖИҺАЗ-МҮЛІК з а т. *Үй мүлкі, бұйым.* Киіз үйді, оның бау-шуын, барша *ж и һ а з-м ү л к і н* бүге-шүгесіне дейін қалдырмай асқақтата, мадақтай отырып, халық поэзиясы жертөле мен тамдарға жиренішті сипаттама береді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ой өрісін басқа жаққа бұрып, енді өзі отырған бөлме ішіне, *ж и һ а з-м ү л і к к е* қарады (Ж.Тұрлыбаев, Семсер).

ЖИҺАЗСЫЗ с ы н. *Жиһазы жоқ. Ж и һ а з-с ы з,* жұпыны бөлме бір қабырғада жинаулы тұрған төсек-орын мен столдан басқа көзге көрінген мүлік жоқ (З.Қабдолов, Жалын).

ЖИҺАН [ир. جهان] з а т. **1.** *Бүкіл дүниежүзі, әлем. Ж и һ а н д а* бар нәрсені жаратқан сол,

Тәңірі бар – бір ғана қиял аты... Анау үйді адамзат абақты дер, Адам – доңыз, еменнің тамырын жер (М.Жұмабаев, Шығ.). Дахи да телгірәмі соққан желдей, *Жиһаннан* бір сағатта алар хабар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Мен – бір шал дүниеде *жиһан* кезген, ертең, түсте кетемін шаһаріңізден. Ертерек пәлен жерден тосып тұрып, Алып қал бір базарлық, жаным, бізден (Абай, Тол. жин.). *Жиһан* деген не нәрсе? – Алақанның ауданы, Бір ауданда көп тәңірі Болудың тіпті жоқ сәні (М.Жұмабаев, Шығ.). Аз ашылған сөзден де Түрі бар істің оңалмас. Бар *жиһанды* кезсем де, Сенсіз бақыт қона алмас. (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** *Бұл дүние, пәни.* Жұрт қалып осылардың обалына, Секілді алушыға хәл болғандай. *Жиһаннан* қорлықпенен өттім ғой деп, Көзінен аққан жасы қан болғандай (М.Дулатов, Шығ.).

Екі жиһан. *О дүние мен бұ дүние деген мағынада.* Қайғысы *екі жиһан* ойында жоқ. Көңілінде ойлағаны құлақ теңес. Істей бер тіршілікте білгеніңді, Біреудің қам-қайғысын біреу жемес (Қабан жырау, Алтын қазық).

Жиһан кезді. *Дүниені шарлады, жер жүзін аралады.* Жасында да *жиһан кезіп* ғылым іздеп надандықтың қармағына қашарыңа (М.Дулатов, Шығ.). Жолы бос *жиһан кезсе* тамашалап, Алдында стол, биші қыз, қызыл арақ. Портвейн, карта ойыны күн-күн сайын, іш пысқан соң, отыра алмай текке қарап (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Білдіру білмегенге білгенімді, Өзімнің деп білемін зор міндетім. Мен жүремін *жиһан кезіп*, халық аралап, Жүруге күн болар деп жалығатын (М.Дулатов, Шығ.). Ұлықтың кетті бұлар құлқын сезіп, Кекті ашу шыдатпады жанып езіп. «Шешінген судан тайынбас» дегендейін, Жөнелді жортуылдап *жиһан кезіп* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖИҺАНГЕР [ир. جهانگیر] з а т. **1.** *Жер шарын аралаушы; жиһанкез.* Атақты *жиһангер*, кең ойлы ғалым, кемеңгер әлеумет көсемі Г.Н. Потаниннің сексенге толған күні (М.Дулатов, Шығ.). Англия мұрындық болып, Европа *жиһангерлері* тезінен Лозанна деген қалаға бітім жиылысын шақырды (С.Сейфуллин, Шығ.). Обручевтей үлкен геолог, әйгілі *жиһангерден* сабақ алған (М.Сәрсекеев, Туған жер.). **2.** т а р. *Орта ғасырларда көп елді бағындырған қолбасшыға берілетін әскери атақ, лауазым.* Мысалы, Әмір Темірді «*жиһангер*» деп атаған (ҚҰЭ). Би, болыс, патша жеңбеген *Жиһангер* батыр сен едің. Қайғының бұлтын тілетін Найзағайға тең едің, Келе ме деп, қарағым, Жолыңды тосып жүр едім (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖИҺАНГЕРЛІК с ы н. *Дүниежүзілік, әлемдік.* Мен біраз *жиһангерлік* саяхатта болдым (М.Сәрсекеев, Туған жер.).

Жиһангерлік соғыс. *Дүниежүзілік соғыс.* Соңғы бес жылдың ішінде *жиһангерлік соғысқа,* империалистік агрессияға қарсы, дүние халықтарының бұқаралық қозғалыстарына дем беретін көп еңбектер жазылды (F.Мүсірепов, Суреткер.). Алғашқы бір-екі жылдың ішінде *жиһангерлік соғыс* жер шарын тегіс шайқап, әр адамның басына ажал төнді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖИҺАНКЕЗ [ир. جهانگرد] з а т. *Жер шарын аралаушы, дүниені шарлаушы.* Гутовский оқымысты адамеді, оның үйіне Омбыдағы болсын, шеттен келген *жиһанкездер* болсын соқпай кетпейтін еді (М.Дулатов, Шығ.). *Жиһанкез* үш жолаушы келе жатқан, Шөлдеген ыстық күнде таңдай қатқан. Кез болып бақытына әлде қалай, Су ішіп мейірі қанған сол бұлақтан (М.Дулатов, Шығ.). Алғашында кілең батырлар, *жиһанкездер* жайындағы кітаптардан бастап, әкесінің кітапханасындағы әдеби кітаптарды түгелге жуық ақтарып шықты (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жиырма сегіз жасар *жиһанкез* қолбасшының өткір көзі алысқа қадалып, сонадайдан бұлдырап сағым ойнап жатқан Яксарты бойын шалды (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Келе-келе күллі әлемнің сыр сипатын, жер шарының бейнесін *жиһанкездер*, теңізшілер, саяхатшылар, географтар – ғылым қарлығаштары ашып, зерттеп тұжырымдады (Н.Баяндин, Ғасыр. қойнауы.).

ЖИҺАНКЕЗДЕЙ с ы н. *Жиһанкез сияқты.* Сүлеймендей бұлт мініп, Дүниені кезгенім. *Жиһанкездей* су іздеп, Көп қайғыны сезгенім. Көргенім, қалқам, рас па, Әуелден күдер үзгенім? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖИҺАНКЕЗДІК з а т. *Жержүзін аралаушылық, саяхатшы болушылық.* Жасы жер ортадан асқан Мәшһүрдің *жиһанкездікті* азайтқан, ел арасында көп жүруді қойған кезі еді бұл (Д.Әбілев, Арман.). Сонау корпуста оқып жүргендегі *жиһанкездік* жүрісті аңсайтын жайларын тағы қозғады (С.Бегалин, Бала Шоқан). Кешегі *жиһанкездік* жайлы әңгімесі есінен екі елі шығар емес (М.Қабанбаев, Жиһанкез.).

ЖИҺАНКЕР з а т. с ө й л. ***Жиһангер***. Жаһанды қиратқан *жиһанкер* Темірдің бір уақытта: – Кермани! Әгәр мен сатылатын болсам, сен маған қанша берер едің? – деген жер жүзіне қорқыныш пен өлім себушінің сұрағына: – Жиырма бес әскер берем, – деп жауап берген екен (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖИҺАСКЕР з а т. с ө й л. ***Жиһангер***. Швейцария Лозанна деген шаһарында осы күні жиылыс болып жатыр, Европаның *жиһаскерлері* Түркияны дуана талағандай қамап, арбап, алдап, бір жағынан қорқытып, қайткенде

оңай жем қылу, бұрынғысындай құлдану, езу шарасын кеңесіп жатыр еді (М.Дулатов, Шығ.).

ЖИЫЛ= е т. **1.** *Жиналу, басы қосылу.* Асқа келген ақындар мен жыршылар өзара айтысып, ән салып, басқа да өнерлерін көрсетіп, *жиылған* халықтың сынынан өтісіп жатады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Шуласып жүр айт құттықтап *жиылып*, Құтылсақ деп іштерінен сиынып. «Он екі айда бір келген шәриф айт күнін өткізбедік шадлықпен» деп күйініп (М.Дулатов, Шығ.). Семей айналасындағы аудандардан 30 шақты бала *жиылып* қалыпты (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). **2.** *Жиыстырылу, терілу, жинап алу.* Ал 1884 жылы... жарық көрген «Алғашқы қазақ дәрігерлері» атты шағын кітапша дәрігер Халел Досмұхамедұлы туралы аз-кем дерек берілгені үшін дүкендерден *жиылып* алынған болатын (А.Байтұрсынов, Тіл тағылымы.). **3.** *Ретке келтірілу, реттелу.* Төркіні жақын қатынның төсегі *жиылмас* (Мақал-мәтел.). Төсектің үстінде іждиһатты қолмен *жиылған* көнетоздау екі-үш көрпе (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **4.** *Қол жиналу.* Қаракерей, матайдан Өңшең саңлақ *жиылды*, Қаншырдай қатып тұлпарлар, Ерлер тастай түйінді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **5.** *Топтасып, бір пікірге келу.* Бастаңғыға оңкей бала *жиылып*, Құрбы қызға наз айтамыз қиылып. Бірде тауда ақ бұршақтың астында Тұрам үнсіз қора қойды иіріп (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Күңіреніп қазақ аулы ақылдасты, *Жиылып* өз алдына құрды басты. Қан төкпей қолдан бала бермейміз деп, Анттасып, басын қосып, қол алысты (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖИЫЛМАЛЫ с ы н. *Жиналмалы, алмалы-салмалы.* Ортада аяғы екі тұтамдай *жиылмалы* дөңгелек стол (Ж.Тілеков, Қайнар.). Бәріміздің күлкіміз ілгерідегі қос *жиылмалы* төсектегі балаларды оятты (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Полковник Мүслимаға столға қарсы қойылған *жиылмалы* кенеп орындықты ұсынды (Ө.Қанахин, Бақыт.).

ЖИЫЛЫС з а т. **1.** *Мүддесі бір, идеялас топтың өз бастамаларымен белгілі бір мәселені талқылап, бірлесе отырып шешетін кеңесі.* Сол аңдар емес, дейді, әлі тыныш, Топтанып ақылдасқан күнде *жиылыс*. Бұларды өзім барып көрмесем де, Наныңыз, оқушылар бекер емес (М.Дулатов, Шығ.). Найманның тым көп болды *жиылысы*, Жиылған соң белгілі қылар ісі. Алдынан бір арылып алайық деп, Тобықтыға жіберді елші кісі (Ш.Құдайбердиев, Өлеңд. поэм.). **2.** ***Жиналыс.*** *Жиылыс* бастығы тізімдегі адамдарды дауысқа қойғанда, көпшілік дауыспен, олардың бәрі қабыл алынды (Е.Бекенов, Әңгім). Ауылдық кеңес ағасы *жиылыстың* ашық деп жариялады (Б.Майлин, Шығ.). Бүгінгі күнде мына *жиылыстың* шақырып отырған Әбіш пен Құрман болатын (М.Әуезов, Әңгім.).

Жиылыс ашты. *Елді жинады, мәжіліс құрды.* Сайыпқыран, саңлақтар, *Жиылыс* елге *ашқалы*, Үрпекке бәрі жөнелді... (О.Шипин, Дастан.).

ЖИЫЛУ *Жиыл етістігінің қимыл атауы; жинастырылу.* – Мен тек сіздің алдыңыздан ғана өтейін деп келдім, – деп Балымай астан ауыз тиместен, дастарқан *жиылуына* қарамай, орнынан тұрды да үйден шықты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қаймақ қатқан күрең шайға әбден қанып алған Пірәлі бата жасап, дастарқанның *жиылуын* күтпестен есік алдына шықты (Т.Дәуренбеков, Таң атып.).

ЖИЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Жиылған, ықшам.*

ЖИЫЛЫҢҚЫРА= е т. *Жиналыңқырау, жөнделіңкіреу, тартыныңқырау.* Жігіттің қарсысына пішен үстіне бір тізерлеп отыра кеткен келіншек оның үстімді бүлдірем деп *жиылыңқырап* қалғанын сезді (Н.Сералиев, Қаңтар).

ЖИЫЛЫҢҚЫРАУ *Жиылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖИЫЛЫП-ТЕРІЛ= е т. **1.** *Жиналу, жолға даярлану, әзірлену.* Есіл дүние тегін кететін болды-ау. Енді қайтеміз? Тағы *жиылып-терілгеншe* қашан?! («Қаз. әдеб.»). **2.** *Артына сақтау, дүние, ақша жинау.* Баласының осы арманы Тоқбике өзі де арман етіп жүріп, бірер жылдай *жиылып-терілip* әзірленді (Д.Әбілев, Арман.). // *Бірігу, топталу.* Бірнеше күннен бері миын ашытып жүрген алақұйын ой ағай-тағайымен *жиылып-терілip* келіп, үстіне үймелей бастады (Ғ.Қабышев, Мысық. сақал.).

ЖИЫЛЫП-ТЕРІЛУ *Жиылып-теріл етістігінің қимыл атауы.*

ЖИЫМ з а т. **1.** *Жиын-терін.* Мұнан бұрын аудандағылар егіс *жиымы* біткенше балаларды қозғамаймыз деп Келдібайға уәде бергенімен, неге екені белгісіз ол шешімін өзгертіп, мектепті қайта құруды жедел қолға алуға жарлық еткен (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). **2.** и н ф. <ағыл. array> *Барлығы біртектес элементтерден құралып, бір атпен ғана аталып реттелген мәліметтер жиыны. Жиымның* аты мен элементтерінің индексін көрсету олардың кез келген нақты элементін тауып алып, пайдалануға мүмкіндік береді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖИЫН з а т. **1.** *Бір нәрсенің жиынтығы, қосындысы. Жиынның* алғанда өлең тілінде үлкен байлықпен қатар, тапқырлық, дәлшілдік мол (М.Әуезов, Әр жыл.). Бұрынғы біркелкі ақ және қара жолақтардың орнына қызыл,

жасыл, сары т.б. сақиналар *ж и ы н ы н* алар едік (А.Қалығұлов, Жарық.). **2.** *Көп адам жиналған жер, той-думан.* Көл басында қауырт *ж и ы н* бар сияқты (С.Көбеев, Орынд. арман). Асықпай аралаймыз Абай үйін, Жинапты талғамына қарай бұйым. Біржан сал бір кездері өз басы боп, Бұл үйде дүрілдепті талай *ж и ы н* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Біз тұрған жер сырт қарағанда күнде *ж и ы н*, күнде той болып жатқан бай ауылға ұқсайды (Б.Тоғысбаев, Ақиық). Бірі үстіне бірі келіп *ж и ы н* көбейді (М.Әуезов, Көксерек). Қысылу жанға қиын ба, Тап болдым күйге өзге енді. Бір ағай маған *ж и ы н д а,* Ақын деп атап сөз берді (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер.). **3.** *Бір топ адам, көпшілік.* Қалың *ж и ы н* келе жатты жүректері жаралы Оркестрдің зарлы даусы мұңға бөлеп қаланы (М.Шаханов, Ғасырлар.). **4.** *Жиналыс, мәжіліс. Ж и ы н н а н* енді сөзге шығатын жан табылмады (А.Сатаев, Дала.). Ақмола қаласында осы ояздағы болыстардың басы қосылған *ж и ы н* бола қалды (С.Мұқанов, Шығ.). Қаланың ортасындағы бір алаңда кішкене *ж и ы н* өтті (С.Бақбергенов, Қарға там.). Мектептің тарих пәнінің мұғалімі Х.Уәлиханов оқушылар мен мұғалімдер коллективінің ауыл ардагерлерімен бас қосқан салтанатты *ж и ы н д ы* ашты («Қазақст. мұғ.»). **5.** м а т. <ағыл. set> *Қарапайым математикалық ұғымдарға жататын, сондықтан анықтамасы берілмей, аксиомалық жолмен енгізілетін математикалық ұғым.* Ертедегі гректер сан ұғымы дегенде оң бүтін санды ғана түсінді және оны бірліктердің *ж и ы н ы* деп қарады (О.Жәутіков, Математика.). Егер А *ж и ы н ы н ы ң* барлық элементтері В жиынының да элементтері болып табылса, онда А жиынын В жиынының бөлігі дейді (О.Жәутіков, Жоғары математика.). Мәселен, барлық сандар жиыны М барлық натурал сандар *ж и ы н ы* N-нің бөлігі болады (О.Жәутіков, Жоғары математика.). Бір мектеп оқушыларының, берілген шеңбер нүктелерінің, берілген теңдеу шешімдерінің табиғаты әртүрлі *ж и ы н д а р ы* туралы айтуға болады (ҚҰЭ).

Жиындардың аксиомалық теориясы. м а т. *Математикалық логиканың жиындар теориясын аксиомалық теория ретінде зерттейтін саласы. Ж и ы н д а р д ы ң а к с и о м а л ы қ т е о р и я с ы* XIX ғасыр соңында неміс математигі Г.Кантор дамытқан «қарапайым» жиындар теориясынан бастау алады (ҚҰЭ).

Жиындар теориясы. м а т. *Шексіз жиындардың жалпы қасиеттері жөніндегі ілім. Ж и ы н д а р т е о р и я с ы* қазіргі математиканың дамуына зор ықпал етті (ҚҰЭ).

ЖИЫНҚҰМАР с ы н. *Жиынды ұнатқыш, жиыншыл, сауықшыл.* Жазда жайлаудағы жұрттың қолы бостау болады. Сондықтан шетінен *ж и ы н қ ұ м а р,* сауықшыл келеді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖИЫНДАС с ы н. *Жиында бірге болатын. Ж и ы н д а с* жолдастарыңды, жымдас жерлестеріңді, омыраулы орайластарыңды тұстұстан орағыта қосып, сынағыш немені ұтылап кеп қуала (Ғ.Қабышев, Мінездеме).

ЖИЫНДЫ[1] з а т. к е н. *Металлургиялық пештерде қайтадан балқытуға жіберілетін металлургиялық өндіріс қалдықтары.* Қолдану алдында шойын *ж и ы н д ы* шойын тоқпақпен ұсақталады (Қаз. тілі термин. Геология.). Болат *ж и ы н д ы* оттекті-ацетиленді жанарғы немесе электрдоға арқылы кеседі (Қаз. тілі термин. Геология).

Жиынды процесс. к е н. *Шикіқұрамның негізгі құрамдас бөлігі метал сыныктары болатын мартендік процесс.*

ЖИЫНДЫ[2] с ы н. **1.** *Жиыны көп болатын, думанды.* Менің байқауымша, оның көңілі от басының қызығына тояттамайды. *Ж и ы н д ы* жер болса бір орында байыз тауып отыруы қиын (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** *Қосынды.* Адамның ішкі қуаттарының жалпы *ж и ы н д ы с ы* – оның күллі қабілеттері бірігіп еткен амалдың жемісі, қабілеттің бірі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖИЫНСЫЗ с ы н. *Жиын жоқ.* Ер-азамат атқа мініп жатыр деген соң, *ж и ы н с ы з* жерде қол қусырып көрмеген іниіміз үйде қала алмады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖИЫН-ТЕРІМ з а т. с ө й л. ***Жиын-терін.*** Егін, пішен, күзгі *ж и ы н-т е р і м* маусымдарында ғана қолайына жақсы кесімді күнге байларға жалданатын (С.Омаров, Қызыл арай). *Ж и ы н т е р і м* болса аяқталды (Ж.Еділбаев, Тергеуші.). Совхозда негізгі *ж и ы м-т е р і м* аяқталыпты (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.).

ЖИЫН-ТЕРІН з а т. *Егін, бау-бақша т.б. өнімдерін жинап алу науқаны. Ж и ы н-т е р і н н і ң* қызып тұрған кезі, колхоз мұғалімдерді де, оқушыларды да түгелдей орапқа апарып салды (З.Шүкіров, Ізгілік.). Үш аралдың түстігіндегі бау-бақшада *ж и ы н-т е р і н* қызып жатты (Ә.Қалмырзаев, Ар). Қоңыр күз, *ж и ы н-т е р і н* шақ (Октябрь өрендері). Күз келді. Аяқталды *ж и ы н-т е р і н,* Алысқа ауды менің киіктерім. Сағынар бір адам жоқ Тұманбайын, Тұманбай сағынғанмен сүйікті елін (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Ж и ы н т е р і н* орталамай жатып екі дүркін құйып өткен нөсер жаңбыр дықан жұртын елеңдетіп-ақ тастады (А.Әлсеров, Ауыл.).

ЖИЫН-ТОЙ з а т. *Көп адам жиналған жер, ойын-сауық, той-думан.* Сахнада, *ж и ы н т о й д а* айтуға жарамағасын, жастар ондай әндерді тез ұмытып кетеді ғой, есімде қалмапты

(Б.Нұржекеев, Күтумен өт.). Ақсай ауылы – әнші ауыл, Үлкенді-кішілі кішкентай *ж и ы н т о й* ән-айтыссыз өтпейді (Ж.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Түйе деген бір мал бар, Тамағы тойса көп кетер, Қас жаманның белгісі *Ж и ы н т о й ғ а* барғанда, Тамағына өкпе етер, Өкмелеймін деп кетер (Шал ақын, Өлеңд.). Жанға барсаң, ағалар, Үстіңе сауыт, жарақпын, Асынсаң найза, садақпын, *Ж и ы н т о й ғ а* кисеңдер, Шүберек болсам манатпын, Тері болсаң – жанатпын. Қарның ашса ішетін, Аузыңа тәтті тамақпын (Бақтыбай ақын, Жел қобыз).

ЖИЫН-ТОП з а т. *Дау-шар, талас, даудамай.* Бардың сен жауған оққа да, Бардың сен жанған отқа да, Палуандай белді буып ап, Түстің сен *ж и ы н т о п қ а* да (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖИЫНТҮР з а т. т а м а қ. <франц. assorti – жақсы таңдалынған> *Арнайы таңдалып алынған қоспа, жиынтық (мысалы, кәмпиттер, шоколадтар).*

ЖИЫНТЫҚ з а т. **1.** *Бір нәрселердің жиналған қосындысы.* Иә, «тіршілік тынысы» дегеніміз әлде осындай алуан түрлі дыбыстардың *ж и ы н т ы ғ ы* ма екен (Т.Алшынбаев, Жалбыз иісі). Мерген шоғырындағы шарлы жұлдыздар *ж и ы н т ы ғ ы* сан мыңдаған от шоғындай жайнап жалт-жұлт етеді (Р.Баймаханов, Қаратауға қон.). Уақыт деген өмір, дүние, бір адамның ғұмыры, бүкіл кезең, тағдырдың шегі мен *ж и ы н т ы ғ ы* екен (Б.Тілегенов, Уақыт). **2.** *Жинақталған, типтік.* Мен осынау шырайлы шымыр жігіттің бітімінен, ересен қайрат жігері мен рухани биік мәртебесінен сұрапыл соғыстың от-жалынынан жаралған мың сан жастың *ж и ы н т ы қ* тұлғасын көрдім (С.Омаров, Дала қызы). Нағыз өнер бола алмайды басқаша Нағыз өнер – қасиеттер *ж и ы н т ы ғ ы* ең игі. Қоғам аза бастаса Алдыменен жыр қуаты кемиді (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3.** г е о л. *Жарылымдармен шектеле отырып, бірқалыпты қатпарланған қат-қабаттар тобының немесе қатпарлардың бір бағытта ғана еңістенген осьтік жазықтықтарының бірлестігі* (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖИЫНТЫҚТА= е т. *Жинақтау, қорытындылау.* Республикамызда журналистер жұмыстарын *ж и ы н т ы қ т а п,* тәжірибелерін қорытып отыратын Журналистер одағы құрылды (С.Мәуленов, Жұлдыз.). Жазушылар қаһарманның күрделі драмаға толы табиғатын жан-жақты *ж и ы н т ы қ т а п* ашып көрсетуге талпынады (С.Мәуленов, Үркер.). Бұл совет космонавтарының бұрынғы ерлік сапарларының бәрін *ж и ы н т ы қ т а п,* космостан әрі жаңа өрістерге, алыстағы Марсқа, Ай мен Шолпанға қарай жол ашқан ерлік сапары еді (Ж.Исмағұлов, Адам.).

ЖИЫНТЫҚТАУ *Жиынтықта етістігінің қимыл атауы.* Құс туберкулезі эпизоотиялық деректерді *ж и ы н т ы қ т а у,* серологиялық реакциялармен тексеру арқылы анықталады (Малды туберк. сақта.).

ЖИЫНЫП-ТҮЙІНІП ү с т. *Буынып-түйініп, даярланып.* Алыстан *ж и ы н ы п-т ү й і н і п* шыққан ерлі-зайыпты Боранбаевтар демалыс үйіне тура келіп түсе қалды (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.). *Ж и ы н ы п-т ү й і н і п* өзенге келсем, самсаған қайың, «мұнда кел, мұнда кел» деп жамыраған қайықшылар жыртылып айырылады («Лен. жас»).

ЖИЫҢҚЫ с ы н. *Жиылыңқы, жинақы.* Сырттағы соғыстың, іштегі большевизмнің бар қатер-қаупін таразыға сап отырған губернатор Фольбаумның етек-жеңі *ж и ы ң қ ы* екен (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖИЫҢҚЫРА= е т. *Жинаңқырау, тежеңкіреу.* Базар алғашқы қуаныштан енді бойын *ж и ы ң қ ы р а п* алған («Қаз. әдеб.»).

ЖИЫҢҚЫРАУ *Жиыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖИЫП-ТЕР= е т. *Жан-жақтан жинау, жинастыру.* Бетіңе бір қараса болды, бар *ж и ы п-т е р г е н* жақсы сөздеріңнен ажырасып қалатындайсың (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.).

ЖИЫП-ТЕРІП ү с т. *Ештеңе қалдырмай, жинап-теріп.* Ат шұлғып, дүр сілкініп қалып еді, Малта тас салдыр етті қағып ерді. Жас жігіт *ж и ы п-т е р і п* түскен тасты, Жымиып ақсақалға алып берді (Ж.Смақов, Мың махаббат). Сейдіннен қоңыр күзде, егіннің *ж и ы п-т е р і п* болған кезінде көшіп келген жетім-жесір жарытып қор жинай алмаған-ды (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

Жиып-теріп келгенде. *Сөздің қысқасы, қорыта айтқанда, қорытқанда.* Осының бәрі *ж и ы п-т е р і п к е л г е н д е,* тым оғаш болса, адамның қылығында үш түрлі мінез туады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖИЫР= е т. **1.** *Бір нәрсені ысыру, сырғыту.* Зере мүкіс тартқан кәрі құлағының үстіндегі кимешегін кейін *ж и ы р ы п* қойып, басын жоғары көтере бере құлағын төсей түседі (М.Әуезов, Абай). Аударып-төңкеріп Жұмабай жәшікті ашып, бетіне тегістеліп жабылған қағазды *ж и ы р ы п* ортаға ысыра берді (Е.Қонарбаев, Түнгі от). **2.** *Бір нәрсені бұру, жымыру, қатпарлау.* Дариға айттығың деп қолыма сақина салды, шетін мәшінмен *ж и ы р ғ а н* ақ бәтес орамал берді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Жең ұшының желбірін тігу және алыс тепшіп матаны *ж и ы р ы п* тігу «бүрме» деп аталады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **3.** п а р а л и н г в. *Бір нәрсені жақтырмағанын, бір нәрсеге белін бекем буғанын қабағын, мұрнын т.б. тыржитып,*

қатпарландырып білдіру. Міне, сәті түсті, бастадым, аяқтауым керек, – деп жолдасым танауын көтере бір *жиырып,* темекісін қолына алды (С.Бегалин, Уақыт**.**). Мөңірей жұртқа ой қайтты Бұзауы өлген сиырдай. Ләпсі – төбет қабаған: Жемтік көрсе тұра ма Ырылдап танау *жырмай* (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **4.** *Ернін езуіне қарай тарту.* Шыңғыс менің не айтып тұрғанымды аңғарса керек. Үш бұрыштанған салпы ернін *жырып,* сойдақ тістерін жаба қойды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Бұл әншейін езу *жырса,* олар шетінен күлімдеп қоя береді (Ә.Кекілбаев, Дала.). **5.** *Қайыру, ашып тастау.* Бүркіттің алдыңғы тұяғы бөрінің көзін ағызып жіберген де, артқы тіреу тұяғы шықшыттан қапсыра ұстап бас терісін *жырып,* ырситып тастаған (З.Шашкин, Өмір.). **6.** *Қол-аяқты өзіне қарай жию, бауырына алу.* Айналаның бәрі бұған үрей әкеп, бойын әлде неден *жыра* түседі (А.Байтанаев, Қайнар.). Ол нар үстінде екі тізесін бауырына *жырып* қолымен құшақтап, бүрісіп отыр (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Арқасын жарға тіреп, аяғын астына *жырып,* екі қолын жең ішінде айқастырған (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖИЫРЛЫ: ораздының ұлы, жиырлының қызы [жалғызы]. к ө н е. *Ескілік уақытта өсер ұрпаққа, өмір бағасын беруден келіп туған нақыл сөз; «Ораздың» – бақытты, құт-берекелі деген мағынада; «жиырлы» – құтсыз, қырсық шалған деген ұғымда.* Жел, жел есер, жел есер, жел астында қарасам, Қоға менен тал өсер, *Ораздың ұлы өсер, жиырлының қызы өсер* (Шалкиіз ақын, Шығ.).

ЖИЫРМА с а н. **1.** *Он тоғыздан кейінгі есептік сан, 20 цифрының атауы.* Алексейдің де өмір тарихы өте қысқа. *Жиырма* жасқа жаңа ғана шықты (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Біз бұл араға дейін *жиырма* шақырымдай жүріп едік, бірақ шаһардың шеті көрінетін емес (Т.Ахтанов, Үндістан.). Ғалияның көз алдында *жиырма* жастағы Абзалдың көрікті жүзі, сымбатты тұлғасы келді (С.Жүнісов, Өшп. із.). Бұл үйді мен тұңғыш рет *жиырма* жыл бұрын көргенмін (Қ.Исабаев, Арман.). // *Жиырма жас. Жиырмаға* жеткен қыз кәрі болар, Өңі кетіп, шырайы сары болар. Ер елуге жетсе де айыбы жоқ, Әр уақытта біреудің жары болар (Шал ақын, Өленд.). Жетпей-ақ *жиырмаға* хакім болдың, Жоғарғы хакімдерге жақын болдың. Жол айтып Құдай үшін азаматқа, Адасқан адамдарға ақыл болдың (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **2.** а у ы с. *Жастық дәурен.* Сен мендік бар шаттықтың төресі ме ең, Жүр едім өткен шақтың елесімен. «Мұнда кел, мұнда кел» деп қол бұлғадың *Жиырманың* көк балауса белесінен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Буыны қатып *жырмада,* Жетіліп ақыл тапқан жас. Өнер-білім шыңына Қанатын самғап қаққан жас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жиырма бес. п о э т. *Нағыз жігіттік кезең.* Айрылмай *жиырма бестің* жалынынан, Алпыстың қарайды асқақ адырынан. Ақылмен сезім отын тұтастырып, Байсалды бір танбайды қалыбынан (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Жиырма бес* – қаз дауысты көктемдер, Қаңқылдап кеп талай қонып өткен жер. Жиырма бес – биіктік пен тереңдік, Биіктік пен тереңдікте – көк пен жер! (Т.Айбергенов, Мен саған.). Жығамын деп шығады ол күреске, Жеткен жеңістерімнің барлығы есте. Елуімде қалғам жоқ ерліктерден, Тау құлата алғам жоқ *жиырма бесте* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жиырма сегіз батыр. т а р. *Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945) Мәскеуді ерлікпен қорғаған (панфиловшылар) қазақстандық жауынгерлер.* Панфилов жолдас бастаған *Жиырма сегіз батырым,* Жолыменен солардың, Біреу мыңға татыдың, Төрт батырым қосылып, Жау қарасын батырдың! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жиырма сегіз батырдың* Даңқы кетті әлемге Жатты атап аттарын Барлық тілде, бар елде (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жиырма тас жер. п о э т. *Алыс, өте қашық, жырақ.* Қуып өзі жетеді, *Жиырма тас жерлерге* Бұл айқайы кетеді. Шерінің даусы кәпірдің Құлағынан өтеді (Бабалар сөзі).

Жиырма шақты. ***Жиырмадай.*** Небәрі *жиырма шақты* күнде Ғани қыруар қаржыны жоқ еткенін естісе ол байғұстар [ата-ана] мүлде шошып кетер (М.Иманжанов, Көк белес). Бұл лагерьде мектеп оқушыларынан басқа, әр ауылдан келген *жиырма шақты* бала бар (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Бірқатар оқыған *жиырма шақты* баланың ішінде Түйебайдан бұрын таяқ жегені болмады (Б.Майлин, Шығ.). Бітірді бір класты, Үздік баға алды да. *Жиырма шақты* баладан Жан салмады алдына (О.Шипин, Дастан.).

Жүз жиырма төрт мың әнбие [пайғамбар]. д і н и. *Күллі пайғамбар деген мағынада. Жүз жиырма төрт мың әнбие,* Баршаңыздан тілеймін (Мұңлық-Зарлық). Бәрі де өлген ойласаң *Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,* Бұрынғы жаннан бірі жоқ, Өлмей тірі кім қалған (Қыз Жібек). *Жүз жиырма төрт мың пайғамбарлар,* Әзір болды соңғы барған әулиелер. Бәрі намаз оқуға жамағат боп, Құрметтеп Пайғамбардан рұқсат тілер (Бабалар сөзі).

ЖИЫРМАДАЙ с ы н. ***Жиырма шақты.*** *Жиырмадай* жендетімен Коновалов Юдинко селосына кірді барып. Мақсаты Лоюев Иван табылса үйден, Құмардан шықпақ қолын

қанға малып (А.Нұртазин, Орман.). – Күші бар-ау дегеннен *ж и ы р м а д а й* еді менде, – деп мойындады Тілеуберген (М.Жұмағұлов, Қыран.). Атын да, арбасын да алды сайлап, Жүруге біржолата жүгін байлап. *Ж и ы р м а д а й* қолында құл, күңі бар, Өңгелерін сатыпты базарға айдап (Үш ғасыр.).

ЖИЫРМАЛАҒАН с а н. ***Жиырмадай.*** *Ж и ы р м а л а ғ а н* жігіттер аттылардың алдын тосып ілгерілей берді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Осы ұрыста Жәлелдің пулемет взводы немістердің *ж и ы р м а л а ғ а н* солдаты мен офицерін жусатып салды (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ЖИЫРМАЛАП ү с т. *Жиырма-жиырма етіп.* Колхоз сайын *ж и ы р м а л а п,* отыздап жаңа отар бөлгізді (Т.Ахтанов, Боран). Тірерге тұяқ қалдырмай, полкінің атын ондап, *ж и ы р м а л а п* айдап әкететін (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖИЫРМАНШЫ с а н. с ө й л. ***Жиырмасыншы.*** Бұл сан *ж и ы р м а н ш ы* жылдардың аяқ кезінде революцияға қарсы жазушылардың ашық түрлерін әдебиет майданынан біржолата қуып шығуға әкеп соқты (С.Мұқанов, Өсу жол.). Айта берсең ол *ж и ы р м а н ш ы* жылдарда осы өңірде болған нағыз байдың, бандының өзі (З.Жәкенов, Таң самалы). Қазақтың қыз алып қашуы қанына сіңген кәсіп. *Ж и ы р м а н ш ы* жылдар түгіл, қырқыншы, елуінші жылдары да қалмайды (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Бұған да бірқатар уақыт болып қапты-ау. Мың да тоғыз жүз *ж и ы р м а н ш ы* ма, Жиырма бірінші ме жыл еді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖИЫРМА-ОТЫЗ с а н. *Жиырма-отыз шамалы.* Базар дейтін үлкен базар да жоқ екен. *Ж и ы р м а-о т ы з* адам ұсақ-түйек сатып, дуылдасып жүр (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Одан арырақта, зәулім қарағайлардың түбінде, бір-бірінен арасы *ж и ы р м а-о т ы з* жерде жорық ошақтарының түтіні шығып жатыр (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Небәрі *ж и ы р м а-о т ы з* адым жер балаға ұзақ сонар, сапар жолындай көрінді (Ш.Айтматов, Қош бол.). Еркекті біріншіден бала дейді. Балалық, әр нәрсеге шала дейді. *Ж и ы р м а-о т ы з* жаста оттай шалқып, Балалық содан әрі қалар дейді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖИЫРМА-ОТЫЗДАЙ с ы н. *Жиырма-отыз шамасындай.* Сарышоқыдағы жалғыз қыстауға соңғы бір-екі тәулікте сырттан жиналғандар саны *ж и ы р м а-о т ы з д а й* болған-ды (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

ЖИЫРМАСЫНШЫ с а н. *Он тоғыздан кейінгі реттік сан, жиырма санының реттік атауы.* Біз жараттық мынау ғажап ғасырды, Тарихы оның біздерменен ашылды. Біздің мына қолтаңбамыз басулы. Құрметтеңдер *ж и ы р м а с ы н ш ы* ғасырды! (М.Мақатаев, Шығ.). Үлкендердің әңгімесінен естігенім сонау *ж и ы р м а с ы н ш ы* жылдар ол осы ауылға көшіп келіпті (Қ.Жойқынбеков, Азамат.). Қызмет жолы сонау *ж и ы р м а с ы н ш ы* жылдардың соңында мойын серіктен басталған (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

ЖИЫРЫЛ= е т. **1.** *Бүрісу.* Сол ақ киіз резинедей созылып жайылып бара жатады да қайта *ж и ы р ы л а д ы* (Т.Ахтанов, Боран.). Қозының жұмырықтай денесі бір уыс боп *ж и ы р ы л ғ а н* күйі қатып қалған екен (Т.Ахтанов, Дала сыры). Уланудың алғашқы белгілері мынадай: сілекейі ағып, бұлшық еттері *ж и ы р ы л а д ы,* мал мазасызданып, іші кебеді (М.Қажымұратов, Пайдалы өсімдік.). **2.** *Қатпарлану, бүрілу.* Ашуланғанда қасының арасы *ж и ы р ы л а* қосылып кететіні бар еді (Р.Сәрсенбаев, Өмір сүр.). Айылдарды бір шамада тартады, мұнымен бірге аттың терісінің *ж и ы р ы л ы п* қалмауын бақылау қажет (Л.Сыздықов, Жылқы өсіру.). **3.** *Жылан, құрт т.б. осы сияқты жәндіктердің жиылып-созылуы, бүктетілуі.* Мен оған қанша рет құм-кесек лақтырып көздегенмен, қабырғаға жабыса *ж и ы р ы л ы п* алған сол жыланды нысанаға ала алмай-ақ қойдым (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Күні бүгінге дейін сол бір жолда *ж и ы р ы л ы п* жатқан жыланды жалаң аяқ басып кеткенім есіме түссе, тұла бойым біртүрлі түршігіп қоя береді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

Жиырыла қалды. *Жақтырмады, бырысыптырыса қалды.* Ол кенет шабатын барыстай *ж и ы р ы л а қ а л д ы* (І.Есенберлин, Қаһар). Ыраш сұрлана ыршып түсті, итті көрген мысықтай көзінде ұшқын ойнап, *ж и ы р ы л а қ а л д ы* (М.Сүндетов, Ескексіз.). Қарабай қайтадан *ж и ы р ы л а қ а л д ы.* Ала көзінің астымен Сұлтанмахмұтқа зілдене қарайды (Д.Әбілев, Арман.). Әнге ықылас қойып қалған, көңілі көтеріңкі Нәубетжан шақырусыз келген қонақтарға *ж и ы р ы л а қ а л д ы* (З.Иманбаев, Кең аймақ).

Жүрегі жиырылды. *Зәресі ұшты, қорықты. Ж ү р е г і ж и ы р ы л ы п* бір уыс болған Боранғали сол сәтте иттің иесінің көзінен жылт еткен жағымсыз отты көрді (Қ.Бектұрғанов, Ізгілік.).

Жыландай [кірпідей, жыланша] жиырылды. *Жақтырмады, жаратпады, ұнатпады.* Жаңа ғана жайраңдап күліп отырған Қаратаз кенет *ж ы л а н д а й ж и ы р ы л ы п,* басын бауырына алып, қонжия қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Қазақ байлары іннен сығалап, қапысын тауып уын жаюды аңдып тұрған *ж ы л а н д а й* үнсіз *ж и ы р ы л а* қалды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Бірақ ішінен *к і р п і д е й ж и ы р ы л д ы*

(З.Шашкин, Тоқаш Бокин). Қыздың шешесі естіген болуы керек, *жылаңша жиырылып* отыр (М.Тоқжігітов, Ән атасы). Кедейлер үстем болған соң, Кірпідей байлар *жиырылып*, ішінен оттай күйінді (О.Шипин, Дастан.).

ЖИЫРЫЛҒЫШ с ы н. б и о л. *Жиырыла алатын.* Ет қозғалысын тудыратын *жиырылғыш* заттар протоплазманың арнаулы түзілісі болып, ет клеткасының ішіне орналасады (Қ.Нұғматжанов, Гистология.). Моифибрилдерге бай ашық түсті талшықтар күкірт түстіден гөрі тез *жиырылғыш* келеді (Қ.Нұғматжанов, Гистология). Бұл *жиырылғыш,* созылғыш, қозғалғыш және серпінді келетін тірі зат (Т.Мұсақұлов, Өсімдік. анат.).

ЖИЫРЫЛҒЫШТЫҚ з а т. б и о л. *Ішек, ет, тері т.с.с жұмсақ тіндердің жиырыла алатын қасиеті.* Сұйықталған тамақ ішектің бойымен оның *жиырылғыштық* қасиеті арқасында алға жылжып отырады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Адам ауыра бастаған кезде жөтелу, құсу және ішектің *жиырылғыштығы* арқылы көптеген микробтар денеден сыртқа шығарылады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). Әрбір ет тканіне тән негізгі қасиет олардың *жиырылғыштығы* болады (Адам анатом.).

ЖИЫРЫЛМАЛЫ с ы н. **1.** *Жиырылып тұратын, жиырылғыш.* Түйенің өркеш терісі созылмалы және *жиырылмалы* болғанымен қалталанбайды (Н.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). **2.** *Қатпарлы, жиналмалы.* Доғал ұшып тұрып, шампанды ерініне ғана тигізіп, *жиырылмалы* стаканды жерге қоя берген Розаның қолынан ұстай алды (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖИЫРЫЛУ *Жиырыл етістігінің қимыл атауы.* Жануарлар мен адамның ет тканьдері клетканы бойлай, бір бағытта *жиырылу* қызметін атқарады (Жалпы биология). Терідегі мускулдың *жиырылу* нәтижесінде, қиғаш орналасқан түктер түзетіледі (С.Омаров, Мал терісі.).

Жыланша жиырылу. *Жақтырмау, тітіркену.* Ал Қасымбек болса, ежелден Әзімбектің атын естісе, *жылаңша жиырылушы* еді (М.Тоқжігітов, Куәгер).

ЖИЫРЫЛЫП-ЖАЗЫЛ= е т. *Жиырылу, жазылу әрекетінің жалпы атауы.*

ЖИЫРЫЛЫП-ЖАЗЫЛУ *Жиырылып-жазыл етістігінің қимыл атауы.* Жүрекке түскен жара мезгілінде тігілмесе жүректің әдеттегідей *жиырылып-жазылуын* нашарлатады (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

ЖИЫРЫЛЫП-СОЗЫЛ= е т. *Жиырылу, созылу әрекетінің жалпы атауы.*

ЖИЫРЫЛЫП-СОЗЫЛУ *Жиырылып-созыл етістігінің қимыл атауы.* Ауырған бұзаулардың қарнының *жиырылып-созылуы* әлсірейді (С.Сыбанбаев, Сиыр. көкцид.).

ЖИЫРЫҢҚЫ с ы н. *Жиырылған, ықшам.* Жұмыртқалап жүрген тауықтың айналшығы ұлғайған, ал жұмыртқаламайтын тауықта ол тар құрсақ, *жиырыңқы* келеді (Құс өсіруші.).

ЖИЫРЫҢҚЫЛЫҚ зат. *Жиырылатындық.* Жүгерінің өсімдігі биік, түптенбейді, жапырақтары ірі, *жиырыңқылығы* шамалы (Н.Ерлепесов, Тұқым өсіруші.).

ЖИЫРЫҢҚЫРА= е т. *Аздап жиыру, тыржиту.* – Сен де орысша білесің ғой**,** учитель екеніңді айтпай, әлде сен алдап тұрсың ба? – деді тағы да Захар хорунжий сенбеген түрмен қабағын *жиырыңқырай* түсіп (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖИЫРЫҢҚЫРАУ *Жиырыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖИЫС з а т. с ө й л. *Жиған-терген дүние.* Денемнен дем шыққанша денсаулық бер, Алдырмай дерт-сырқауға тынышымды, Өзім мен үй ішімнен ауыстырып, Жар-досқа жететін қыл *жиысымды* (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖИЫС= е т. **1.** *Егін жинасу, терісу.* Бірге егін салыспай, Бірге пішен *жиыспай.* Береке өнім болар ма, Оңбаймыз ғой ұрыспай! (І.Жансүгіров, Өлең.д.). Астық үю, шөп, егін *жиыстарын* кеше кешке аққұла бітірген (Х.Ерғалиев, Шындық.). **2.** *Жинасу, жинауға көмектесу, жинап бітірісу.* Көп өтпей бұлар Ғанидың жолға алатын нәрселерін *жиыстын,* кітаптарын буысты (Ж.Арыстанов, Таң жұлдызы). Түніменен аралап, Сұлу қызды *жиыстым.* Екі батыр ішінен Сынаспақ болып ырысты, іштерінен бақталас Бастады бұлар бір істі (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖИЫСТЫР= е т. **1.** *Жинастыру, жиып-терісу.* Қонақ пен әкесін жатқызып, үй ішін *жиыстырған* Ардақтың қыбыры жуықта бітпеді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Стол үстін ретке келтіріп, сүйек-саяқ қиқым-сиқымды *жиыстырып* жүрген Аягөз домбырашыға мойын бұра аялдаған (Н.Сералиев, Құм адам.). Балқия үй ішіне шам жағып, төсектерін *жиыстырды* (Қ.Сәрсекеев, Қызыл жалау). **2.** *Теру, бір жерге топтау, жинақтау.* Қазақта қандай оқиғалар турасында қандай қағидалар бар – *жиыстырып,* кемі болса, толықтырып, ескірегі болса жаңартып, ақсақалдар, яки народный судьялар сондай қағида қазақта барлығын куәландырып, тиісті орынға бекіттіріп, бастырып шығарса, билерге ол қазық болар еді (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). **3.** а у ы с. *Ұмыту, ойдан шығару, ысырып тастау.* Кейде мен әдепті де, ұятты былай *жиыстырып* қойып, сол үйге, мен үшін ешқандай туыстығы жоқ, мен үшін есігі

тарс жабулы сол үйге баса-көктеп кіріп барғым келеді (Ж.Кеттебеков, Отыз алтыншы.).

ЖИЫСТЫРУ *Жиыстыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үй ішін ретке келтіру, жинау.* Бұлақтан су әкелу, үй ішін *ж и ы с т ы р у* сықылды ұсақ-түйек шаруаны бір жайлы еткенше сәске болды (З.Жәкенов, Таң самалы). Кемпір бүгежектеп, үйдің ішін *ж и ы с т ы р у м е н* болды (М.Иманжанов, Адам тур.). **2.** *Жинақтау, жүйелеу, бір жерге жинау.* Геометрия ғылымы жаңа фактілерді *ж и ы с т ы р у* және олардың бір-бірімен байланыстарын айқындау үстінде дамыды (О.Жәутіков, Математика.).

ЖИЫСТЫРЫЛ= е т. **1.** *Басы біріктірілу, жинақталу.* Түңғыш редактор, теруші, басушы, аударушы қадрлары жан-жақтан *ж и ы с т ы р ы л ы п* ұйымдастырылды («Лен. жас»). **2.** *Жиып-терілу.* Шай *ж и ы с т ы р ы л а* бергенде, Жұлдызжан ала мысықты құшақтап түрып кетті (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖИЫСТЫРЫЛУ *Жиыстырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖИЫСУ *Жиыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖИІ с ы н. **1.** *Тез, дүркін-дүркін.* Баяндамашы қолын *ж и і* сермеп, жоғары әуенмен сөйлеп түр (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Дабыл *ж и і* қағылып, Оятады ұйқымнан. Тек түсіме енеді, Алыстағы үй-туған (С.Мәуленов, Алыс кет.). Ояз ішінде қазақтың атқа *ж и і* мініп, жауынгерлікке бет алып бара жатқаны байқалады (М.Әуезов, Қараш.). Сарқасқа талықсып едәуір жатты. Бірақ бұл жолы оның кірпігі *ж и і* дірілдеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **2.** *Тығыз, қалың; сирек емес.* Дүниежүзінде ең халқы *ж и і* өлкенің бірі – Индияның осы Бенғали уәлаяты болса керек (М.Әуезов, Индия. очерк.). Үй арасына үй сыймастай *ж и і* тігілген (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Тұрақты жұмыс істеп келген *ж и і* және шағын етіп қазылған арық-атыз жүйелері жайылып, суармалы жерлердің көмегі толық пайдаланылды (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). // *Үзбей, үнемі, әрдайым.* Ол Москваға кеткеннен кейін өзара *ж и і* хат жазысып тұратынбыз (С.Мұқанов, Есею жыл.). Бұрынғыдай емес Жәркенмен *ж и і* ұшырасып, оның үй ішімен де таныс болып алдым (А.Жұмаділдин, Сең.). Жүрегімнің төріне әкеп сезім отын тастадың, Содан болар өзің жайлы *ж и і* ойлана бастадым (М.Шаханов, Ғасырлар.). Ата кегін алмаққа, Ат терлігін кептірмей, *Ж и і* аттанды қалмаққа. Дау аяғы айналды Жазылмас ауру толғаққа (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Ауызға жиі алады. *Көп айтады, есіне үнемі алып отырады.* Соңғы күндері Нәзен есімін *а у ы з ғ а ж и і а л а д ы* екен (З.Шүкіров, Ізгілік.).

Жиі кездеседі. *Көп, мол.* Жидебай Қарауыл өзенінің құйылысында болғандықтан, өлкесін тұтасынан су алып жататын жылдар *ж и і к е з д е с е д і* (К.Оразалин, Абай.).

Жүрегі жиі соқты. *Қатты қуанды, шаттанды.* Қарт ананың *ж ү р е г і* қуанышты, бақытты өмірдің белгісін беріп тұрғандай боп *ж и і с о қ т ы* (Е.Бекенов, Дала.). Қуаныштан лүпілдеп, *Ж и і с о қ т ы ж ү р е г і.* Жас баланың осы еді, Бірінші ойы – тілегі (О.Шипин, Дастан.).

ЖИІ-ЖИІ с ы н. *Қайта-қайта, дүркін-дүркін.* Исахметті ығыр қылатын Бақанның түртпегі, қолапаштай *ж и і-ж и і* жауырынынан қаққаны (М.Сүндетов, Ескексіз.). Ана қасқыр *ж и і-ж и і* ұзақ шабуыл сапарға шығып кетеді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Жаңа ержете бастаған ең сүйікті інісі, әнші Айберген аттан құлап өлгелі бері әбден қажып, *ж и і-ж и і* төсек тартып, шерменде боп жатып алатын күйге ұшыраған (С.Жүнісов, Ақан сері). Құлай сүйген от жүректің күші ме, *Ж и і-ж и і* еніп жүрсің түсіме. Өзім іштей жақсылыққа жоримын, Жорытпаймын оны бөтен кісіге (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл ашар).

ЖИІЛЕ= е т. **1.** *Жиі-жиі қайталану.* Төлегеннің дем алысы *ж и і л е й* түсті (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Есімбек Рабиғамен сонда танысқан-ды. Кейін кездесулері *ж и і л е й* берді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Сауалын сан қойсадағы *ж и і л е п,* Қиналады есті алмай жылы леп, Әлгі әзірге оқиға көз алдында, Қараңғы түн елестейді, жел үлеп (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). **2.** *Көбею, молаю.* Пальмалар сирей түсіп, жай жапырақты ағаштардың көрінуі *ж и і л е й* берді (М.Әуезов, Индия. очерк.). Қызыл кірпіштен салынған төрт қабат, бес қабат үйлер де *ж и і л е й* түсті (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Тау етегін жоғары тырмыса біткен бойшаң жасыл теректер, ақ балтыр шұбар қайыңдар ілгері басқан сайын *ж и і л е п*, қоюланып барады (С.Омаров, Өмір.). Арықты бойлай, көшені екі қапталдай өскен терек, қара ағаш *ж и і л е й* түсті (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Көшелерде адам аяғы *ж и і л е й* бастады («Лен. жас»).

ЖИІЛЕН= е т. **1.** *Жиі қайталану, жиілеу.* Бір жарымдап түсіп тұрған жаңбыр тамшылары бағанағыдай емес, *ж и і л е н е* түсті (С.Бегалин, Уақыт.). Жәрдем малынан дәмесі барлар атқа қонған шақта біздің аттануымыз *ж и і л е н і п* кетті (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). **2.** *Көбею, үсті-үстіне молаю.* Әуелі біріндеп қана кішкене ақ үйлер көрінді де *ж и і л е н е,* қоюлана барып көлемі кең станцияға айналып кетті (С.Шаймерденов, Болашақ.). Ымырт қараңғылығы қоюлана түскен сайын алыстағы оттар *ж и і л е н і п* көрінеді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖИІЛЕНУ *Жиілен етістігінің қимыл атауы.* Кризистердің *ж и і л е н у і н е,* барған

сайын шиеленісуіне енді мынадай жағдай себеп болады (К.Маркс,.. Таңд. шығ.).

ЖИІЛЕТ= е т. **1.** *Тездетілу, арасын ұзатпау.* Ауылға, тентек шалдың үйіне хат *жиілетіп* келе бастады (З.Қыстаубаев, Ақ түн). **2.** *Жиі-жиі қайталау, жидірмелету.* Арын оқты көзімен жеп жібере қарап, демін *жиілеткен* күйі үстелді шынтақтады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Әлжан шал үйге тұрмайтын болды. Далада қонып қалуды *жиілетті* (К.Баялиев, Дегелек.). Соңғы кезде мұңаюды *жиілеткен* досымның бұл сөзіне Алтынторы қуанып қалды (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

Толғақты жиілету. *Босанатын әйел толғағының арасын алшақтатпау, жеңіл босануға жағдай жасау.* Монғол тайпалары дарқыт, сатын, буряттар аюдың тұяғын *толғақты жиілету,* жеңіл босануға көмегі тиеді деп босанып тұрған әйелдің белбеуіне ілетін болған (Б.Кәмалашұлы, Моңғ. қаз. салт-дәстүр.).

ЖИІЛЕТУ *Жиілет етістігінің қимыл атауы.* Күнде келе алмаспын, әйткенмен бұдан былай *жиілетуім* мүмкін (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖИІЛЕУ ү с т. **1.** *Тығыздау, қалыңдау; сирек емес.* Архивтік материалдарға қарағанда, Батыс Сібірде әртүрлі ұсақ ұлттар *жиілеу,* Шығыс Сібірде сиректеу болатын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Арасы *жиілеу* тігілген әрбір үйдің белдеуінде бір-бір ат көрінеді (Н.Баяндин, Құм асты.). **2.** *Көптеп, жиілетіп.* Көбіне туберкулез ауруының асқындауы және осыған байланысты туберкулез микробының ауру организмнен көптеп шыға бастауы көктем айларында *жиілеу* кездеседі (Т.Қалжеков, Туберкулез.). Ойын-сауық пен киноға да *жиілеу* бара бастадық (С.Баязитов, Құм қала.).

ЖИІЛІК з а т. **1.** *Арасы жақындық.* Ағаштар мен бұталар тұқымдарын себуде негізгі факторлар – оның себілу мерзімі, *жиілігі,* тереңдігі (М.Ахметов, Егін қорға.). Завод қаласында жанған электр шамының *жиілігі* аспандағы жұлдыздан кем емес (С.Мұқанов, Аспаз). Көшеттер ерте көктемде, топырақты ылғалдың мол шағында, 7–8 күн ішінде бірқалыпты *жиілікте* отырғызылады (А.Балтабаев, Шөлде.). **2.** *Молдық, көптік; қоюлық.* Менің көзімді тұндырған бір нәрсе – Қызылжардың бергі жақ қайқаңына үйілген маялардың *жиілігі* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Дауылды жерлердің *жиілігі,* асқақ бұйра толқындар қабылдау, тасымал флотының теңізшілерінен нағыз теңіздік шыныгуды талап етеді (М.Тайыров, Балқаш.). **3.** *Жиі кездесушілік.* Қарында болатын қатерлі ісіктер өзінің *жиілігі* жағынан дүниежүзінде алдыңғы орындардың бірін [40%] алады (Х.Әбисатов, Қарын рагы). **4.** *Жылдамдық.* Біздің зерттеуден өткізген аурулардың тек 15-нен тамыр соғысының *жиілігі,* тек 22-нен қан айналымының бұзылуы анықталды (С.Табынбаев, Жемсау.). Түрлі түстер дегеніміз әртүрлі сәуленің көз қарашығына әртүрлі сәуле *жиілігінің* әр түрлі әсері (А.Қалығұлов, Жарық.). **5.** ф и з. *Тоқтың ағым күші.* Желім мен матаны ұстатуға жоғары *жиіліктегі* ток және ультра дыбыстар қолданылады (Физика). 6. м у з. *Тербеліс жылдамдығы. Жиілігі* жоғары тербелісті музыкалық қабілет жақсы қабылдайды (ҚҰЭ). Ал адам қабылдай алатын тербелістің шектеулі *жиілігі* – 400-500 Гц. (ҚҰЭ).

ЖИІЛІКБӨЛГІШ з а т. ф и з. *Бастапқы бүтін тербелістен сан есе кем жиілікті тербеліс алуға арналған электрондық құрылғы. Жиілікбөлгіш* көмегімен әртүрлі жиілікте жұмыс істейтін бірнеше генераторлардан когерентті толқын алуға болады (ҚҰЭ). *Жиілікбөлгіш* радиотехникада, автоматикада, жиілік синтезаторларында және өлшеуіш приборларда қолданылады (ҚҰЭ).

ЖИІРЕК с ы н. **1.** *Жақынырақ, таяуырақ, жиі-жиі.* Ерте пісетін картопты *жиірек* еккеннің тиімді екені аян (Б.Шағыров, Картоп.). Қоректенетін алаңын 60Х60 сантиметрден келтіріп *жиірек* отырғызғанда өсімдік тезірек және біртегіс өсіп, көшеттердің пісуі біраз тездейді (М.Ерлепесов, Тұқым өсіру.). **2.** *Молырақ, көбірек.* Есімбек қалаға келісімен мекемелер мен халықтың *жиірек* жиналатын жеріне құлақтандырулар қағатын (Е.Оразақов, Дәрігер). // *Қайта-қайта арасын жиілетіп.* Қазір Мәлике де іс тігеді, екеуі жұмыс жайын әңгімелеген боп, сондағы біреулердің есімін *жиірек* атасады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бұлар *жиірек* келе берген соң үй иесі шал «ешкім отырмасын» деп, түнге қарай орындыққа су құйып қоятынды шығарды (А.Жақсыбаев, Бөгет).

ЖИІРКЕН= е т. **1.** *Лас нәрседен секемдену, жеркену.* Шоқан шым күркеге келген бетінде басын ғана сұғып, түрінен де, иісінен де *жиіркенген* бейнемен кейін шегінген (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жүректен аққан қанымнан *жиіркенбе,* нұр деп біл. Сайраған бұлбұл зарынан Нұрланады қызыл гүл! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ерінбей тамам гүлін аралаңыз, Болса да кейі ұсақтау, кейі кесек. Тікенсіз гүл, жылансыз кен болмайды, Тікеннен *жиіркеніп* жеміс кессек (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Тітіркену.* Біз жауыннан *жиіркеніп,* жауырынымызды қушита түстік (Ә.Нұршайықов, Алтын.). **3.** а у ы с. *Безу, бойын алып қашу.* Тасбауырлар дүниеге келсін де, тез кетсін де, Әлде өзгелер он-

дайлардан *жиіркенсін* депсің бе! Қай кеудені жылытады лапылдаған отпенен Өз кеудесін жылытуға құдіреті жетпеген (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖИІРКЕНДІР= е т. *Жиреніш тудыру. Жиіркендіре,* дүниеде жалғыз деп етегінен ұстаймын ба деген жарынан түңілтіп барады (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Адамға ең қымбат іс – адамшылық, Адамды *жиіркендірер* жаман қылық (Н.Әлімбаев, Айтуар).

ЖИІРКЕНДІРУ *Жиіркендір етістігінің қимыл атауы.*

ЖИІРКЕНТ= е т. *Жиреніш тудырту, жек көргіздіру.* Озбыр жауыз өзіңді де, тағыңды, Жек көремін, *жиіркентеді* жанымды (М.Ақынжанов, Ыбырай.). Бұл дүниені – билеген әр тәңірі Қомсына ма тәкаппар нар көңілі? *Жиіркенте* ме жердегі жалған шындық, итіс-тартыс адамның сорлы өмірі? (Б.Аманшин, Маңғыстау.).

ЖИІРКЕНТУ *Жиіркент етістігінің қимыл атауы.* Олардың шарана иісі саф ауада жүрген қыранды *жиіркентуі* сөзсіз (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ЖИІРКЕНУ *Жиіркен етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жаман иістен, көріністен сескену, секем алу, тыжырыну.* Қыздың кескінінде әлгіндегі үрей орнына, ашылып қалған мерез жарасын көргендей *жиіркену* пайда болды (Ө.Қанахин, Дәмелі). Мұрынның құбылысы тым жабайы: 1) мұрынды тұжырып, танауды көтеру *жиіркенудің* құбылысы (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жеру, жек көру, бойын аулақ салу.* Біз жаманнан *жиіркенудің* орнына оған көңіл аудармай жүре берсек не болады (С.Еркебаев, Алғашқы.). Сәскеде сыбыр, *жиіркену,* Содан соң жиын – кешкі дау. Столды соғу, жер тебу... Сондай да күндер кештік-ау (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

ЖИІРКЕНШЕК с ы н. *Жиіркенгіш, жиреншек.* –Пай-пай, *жиіркеншек* еді-ау бұл пәтшағар, – деп күбірледі шал (М.Ысқақбаев, Ұят туралы.). Маймыл неғұрлым адамға ұқсас болса, соғұрлым көрер көзге сүйкімсіз, *жиіркеншек* келеді (А.Машанов, Жер асты.).

ЖИІРКЕНІМПАЗ с ы н. с ө й л. ***Жиреншек.*** Төре тұқымдарының бәрі де кінәмшіл, *жиіркенімпаз* ғой, даяр асты дәмдендіріп пісіру де біздің қатынның қолынан келмейді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖИІРКЕНІС= е т. *Жиіркенішпен қарасу.* Байлардың үйлері, биті жабылып кетеді деп, *жиіркенісетін* (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.).

ЖИІРКЕНІСУ *Жиіркеніс етістігінің қимыл атауы.*

ЖИІРКЕНІШ з а т. **1.** *Жеккөрушілік, жақтырмаушылық.* Жақсы нәрсені үлгі ету, жанынан *жиіркеніш* тауып бездіру аталған тақырыптағы мақалдардың басты сарыны болып келеді (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). Қансыз аппақ бетіне бір сәтте ызалы ашу білініп, Тәңірбергеннің сыздаған суық жүзіне ол енді *жиіркенішпен* қарады (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Аза бойы қаза тұрушылық, безушілік.* Бағила бұл жігітке деген жүрегіндегі жек көру сезімінің кенет *жиіркеніше* ауысқанын сезіп, қабағын тыржитты (Д.Исабеков, Қарғын). Түндегі қос аққудың сыңарын таныған Дәмердің жанары бұлдырап, *жиіркеніш* жүрегін айнытты (Т.Жұртбаев, Бесқаргер).

ЖИІРКЕНІШТІ с ы н. **1.** *Жиреніштті, секем алатын.* Жұпардың бейбастық қалжыңы оған енді *жиіркенішті* көрініп кетті (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш). Әзер тұрған өзі қазған апанына құлауға Отыз жылдай сенген ханым мынау ма? Отыз жылдай құлдық ұрған бас тұлға Бүгін маған *жиіркенішті* көрінді. Ызалы ойым айналды сел-тасқынға, Бұйыр, кәне! Ханның басы әп-сәтте-ақ Домалайды аяғыңның астында (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Жеккөрініштті.* Бұл сол бір ызыңдаған көп шыбынды, тиіп кеткен жерін тістей алатын *жиіркенішті* жәндіктерді көргісі келмей, денесі түршігіп, көзін тарс жұмып алды (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Ержан қапелімде тап болған *жиіркенішті* жерден арылғысы келіп, тағы да керіле беріп бір сілкінді де, ілгері қарай жүрді (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖИІРКЕНІШТІЛЕУ сын. *Жеккөріністілеу, жиреністілеу.* Сәлима маған қол беріп амандасты, тарғыл бет, шартиған іш, үйрек аяқ бәрі маған біртүрлі жат та, *жиіркенештілеу* де көрінді (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЖИІРКЕНІШТІЛІК з а т. *Жиреністілік, жеккөріністілік.* Бұл поэма крепостнойлық құрылыстың *жиіркенештілігіне* қарсы ұлы ақын көтерген алғашқы үн («Қаз. әдеб.»).

ЖИЮ *Жи етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қор жасау, қор жинау.* Өлеңнен ала жаздай жол тимеді, *Жиюға* қыстық азық қол тимеді. Ән салып, өлең айтып, қосын тартып, Мастанып ұмытыппыз қысты тегі (Ө.Тұрманжанов, Қарлығаш.). **2.** г е о л. *Өзен ағысының шайылған жыныс кесектерін басқа орынға апаруы.* Өзендердің геологиялық әрекеті тау жыныстарын бұзу, шөгінділерді шайып көшіру (эрозия), шайылған жыныс кесектерін екінші орынға *жию* (аккумуляция) процестерімен сипатталады (К.Сапарбайұлы, Геология.).

Ес жию. *Өзіне-өзі келу, жөнделу.* Немістер ұйқы құшағында жатқанда *есін жиюға* мұрша бермей, біздің әскерлер оқты қарша боратты (Ә.Әлішев, Батыр.).

ЖИЮЛЫ с ы н. *Жиналып қойылған, жиналған, реттелген.* Қосбармақты тұғырына қондыра салып, үй үстінде *ж и ю л ы* тұрған киіз үйдің сүйегін түсіре бастады (А.Сейдімбеков, Ақиық). Бір үйде *ж и ю л ы* екен қазына мал, Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал: «Бұрынғы атамызға сыйға берген, Біздерде мынадай бар, мынадай бар!..» (С.Торайғыров, Шығ.). Екі бөлмелі тап-таза үй, төрде сырмақ, терезе алдында радиоқабылдағыш, оң жақта *ж и ю л ы* керует (З.Шашкин, Өмір.). Жарасбайдың үйі бір бөлме, Есігі біреу, терезесі екеу, төрде жүк жиылған, текемет, кілем, көрпе жайылған, есіктен кіргенде оң жақта қазақы кереует, тұсында ұсталған кілем. Алдында құрылған шымылдық, *ж и ю л ы* кереует алдында жерде сырмақ, оның үстінде қаптап төсеген көрпе (М.Дулатов, Шығ.).

ЖИЮСЫЗ с ы н. **1.** *Жиылмаған, жиналмаған.* Бұл төртеуі шай ішусіз, дастарқан *ж и ю с ы з* үстінде келді (Д.Әбілев, Ақын.). Есікті өз қалтасындағы кілтімен абайлап ашып, ішке кірген Мариямның көзі алдымен төргі бөлмедегі *ж и ю с ы з* жатқан төсекке түсті (Р.Өтесінов, Алып.). **2.** *Әзірліксіз, ретсіз.* Оқытпай баламды, О да өсті тыюсыз. Ойламай шамамды Алды-артым *ж и ю с ы з* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖИЯР-ЖИМАСТАН: есін жияр-жимастан. *Өзіне-өзі келместен.* Батыс-герман милитаристері жеңілістен *е с і н ж и я р-ж и м а с т а н* жаңадан авантюраваға шығуға әзір отыр («Халық мұғ.»). Зулар ем ұзақ тынбастан, Тарқатып жаным құмарын. *Е с і м д і ж и я р ж и м а с т а н* Етекке барып құладым... (С.Жиенбаев, Оркиік).

ЖО м о д. *Жоқ деген сөздің қысқарған түрі.* **1.** *Сөйлеушінің пікірімен келіспегенін білдіргенде қолданылады.* – *Ж о,* Николай Иванович, эксперттер де осыны дәлелдейді, – деп Әмір екінші бір қағазды қатарлай қойды (С.Сарғасқаев, Сынған тіс.). *Ж о,* көкем соғысқа кеткенде, біз апам екеуміз нағашымның қолына көшіп келген болатынбыз (М.Дүзенов, Ақәже). – *Ж о,* өлтірген менмін. Машинаны бұрғанда байқамай басып кеттім (Б.Қожабеков, Көктөбе). **2.** *Я, әлде болмаса деген мағынада қолданылады.* Ақтан үйге әлі оралмады, кеңседе ме, гаражда ма, *ж о* жапандағы жалғыз арықтың басында ма, оның жүретін жерлерінің есебінен Бәтіш үйде отырып-ақ жаңылады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖОБА з а т. **1.** *Бір нәрсені іске асыру үшін жасалған үлгі, жоспар, нұсқа.* Неғұрлым *ж о б а* жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Ж о б а* тап, жол көрсет, Келешек қамы үшін Қайтадан қайырылып, Қауымға келмейсің, Барыңды, нәріңді тірлікте бергейсің (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Шынтағына сүйеп бас, Ойға кетті бір терең. *Ж о б а* туып жобадан, Тартылды алға көлденең (С.Сейітов, Жаңғырық). **2.** <лат. projectus> *Жасалуға, қайта құрылуға, қалпына келтірілуге тиісті нысандардың макеттері, есептеулері және ұстанымды дәлелдері көрсетілген техникалық құжаттар жиынтығы. Ж о б а н ы* ғылыми тұрғыда дайындау үшін жобалық тапсырма беріледі де, сол бойынша есептеу жүргізіледі (ҚҰЭ). *Ж о б а* болашақ жоспар негізінде жасалып, қабылданады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). **3.** *Тұр, кескін, пішін.* Айнала біткен таудың *ж о б а с ы* киіз үйдің дөңгелене жайған керегесі сияқты (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Бір жұлдыз ағып еді жерге таман, Алыстан болжайтын әдісті адамның *ж о б а с ы* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **4.** *Бір істің жөн-жосығы, жолы.* Бейне бір шарт етердей ақ аспаны, Жөн, *ж о б а,* жолдан дәйім адаспады. Сабасын жарғанымды біле тұрып, Жеңгеміз: «Оның не?» деп жақ ашпады (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **5.** *Ойына алғаны, ойлағаны, ішкі жоспары.* Мына шойқараның бас имейтінін түсінді де, өз *ж о б а с ы н* астыртын іске асырудың жайына көше сөйледі (Х.Есенжанов, Тар кезең). **6.** *Қандай да бір құжаттың алдын ала дайындалған, уақытша, әлі де жөндеуге болатын нұсқасы.* Мәжіліс депутаттары қараған және жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң *ж о б а с ы* Сенатқа беріледі, ол онда әрі кеткенде алпыс күннің ішінде қаралады (ҚР Конституциясы). **7.** ж е р г. *Шама.* Сартоғанда жиырма шақты үйдің *ж о б а с ы* бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Ғылыми жоба. п е д. *Орта білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларының негізгі пәндердің бірінен проблемалы тақырыпқа арнап жазған немесе ғылыми жетістігін сипаттап жазған жұмысы.* ≈ *Ғ ы л ы м и ж о б а л а р* олимпиадасы.

Жоба құрды. *Жоба жасады, жоспар құрды.* Қырғидай торғай қуған қырда тұрдым, Шулаған қалың елге мойын бұрдым. Жоғалған жеті қойды жоқтаймын деп, Тәуекел талап етіп *ж о б а қ ұ р д ы м* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жобасын көрсетті. *Бағыт сілтеді.* Дегендей қуанады жарың маған. Жүріпті жұлдыз аққан жаққа қарай *Ж о б а с ы н к ө р с е т т і-ау* деп осы маған (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жоба тілі. и н ф. <ағыл. design language> *Арнайы конструкциялары бар және кей жағдайда, ақпараттық немесе программалық жасақтама жобасын әзірлеу, анализ жасау және құжаттамалау үшін пайдаланылатын*

верификациялық хаттамалары бар сипаттамалар тілі. Ақпараттық жасақтаманың *жоба тілі* және программалық жасақтама жоба тілі деп аталатын түрлері бар (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖОБАЙЫ з а т. ж е р г. *Аумағы, айналасы, тұтасы.* Бұзылған тамның ірге тасын *жобайымен* ал (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОБАҚТА= е т. ж е р г. *Тұспалдау, жобалау.* Бәріміз де осылай болады ғой деп *жобақтағанбыз* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОБАЛА= е т. **1.** *Шамалау, болжалдау, топшылау.* Еңбекке де сын күндері туғанда салмаққа салмақ қосылатынын Бекең ешкімнен сұрамай-ақ *жобалап* келеді (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Балқаш пен Баймырзаны анадайдан таныған Сыздық пен Әлжан олардың қайда бара жатқанын айтпай-ақ *жобалап*, өзара сөйлесті (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Жандос жүк тиелген машинаның не жаймен келе жатқанын іштей *жобалады* (Б.Тәжібаев, Қара торғай). Түтқын жігіт қақ төрде мелшиіп отырған құдай аппақ сақалды кісіні Жөнейіт шығар деп *жобалады* (Ә.Кекілбаев, Кенші.). **2.** *Бір нәрсенің жобасын жасау.* Шығыс Қазақстан өлкесін үлкен баз етеміз деп көлемді жоспар *жобалап* жүрген Әбдіжан ол ойдан оралып, мына баздағы малдың болашағы жайына көшті (С.Бегалин, Уақыт.). Жігіт салынатын үйін *жобалап* алды да, жора-жолдастарын шақырып, аз күнде бітіріп кіріп алды («Лен. жас»).

ЖОБАЛАН= е т. *Жоба жасалу, жоспарлану.* Көтерілген теңіз суларына бірнеше гидроэлектр станцияларын салу *жобаланып* отыр (Ж.Жатқанбаев, Су.). Орта мектеп көлеміндегі программада *жобаланған* білім-ғылым ұшығын, тегіс білгізіп шығару мұғалім борышы («Соц. Қаз».). Ол комбинат мамандары күшімен тез анализ жасап, *жобаланған* жүйенің Тишин руднигінің барлық қабат, блоктарына бірдей қолдануға келмейтінін дәлелдеді (Қ.Сақабаев, Кенші келбеті).

ЖОБАЛАНУ *Жобалан етістігінің қимыл атауы.* Сүңгуір қайықтың су астында, кемелердің, теңіз беттерінде жүзіп жүруі, снарядтардың, самолеттердің әуеде ұшуы қатты денелердің сұйық зат ішіндегі қозғалысында мысалдар бола алады. Бұлардың құрылыстары және *жобаланулары* математикалық әдісті, былайша айтқанда дифференциялық теңдеулер теориясын қолдануды талап етеді (О.Жәутіков, Жаратылыстану.).

ЖОБАЛАҢ с ы н. ***Зобалаң.*** Нары – жалқау, кер табан; Құсы – күйшіл, ат – шабан Жырғалаң жоқ, *жобалаң*, Ебі кеткен ел болды Енді қайда мен барам?! (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖОБАЛАС с ы н. **1.** *Ұқсас, үндес.* Теріс бұрау күйлерінің сарыны қобыз күйлерімен *жобалас*, үндес келеді (А.Сейдімбеков, Серпер). **2.** *Шамалас.* Абайдың қолжазбасы сақталмағандықтан, оның қара сөздерінің санын әзірге 45 деп айтып жүруіміз, әрі «Кабуснаманың» тарауларының тақырыптары санымен *жобалас* болуы да мүмкін кездейсоқтық емес шығар («Түркістан»).

ЖОБАЛАС= е т. *Жоба жасасу.* Мұндай салтанат ұйымдастыруды Кәдірбайдың елге оралған күнімен бір шамада жасауды *жобаласқандар* мол-ақ (К.Оразалин, Абай.).

ЖОБАЛАТ= е т. *Жоба жасату.* Өзіңнің олай деген, ойың шығар, Әшиін, құр қиялға *жобалатқан.* Себеп не, себепсіз не, боқтағасын, Бәрібір білсең нұсқа, ғибараттан (Айтыс).

ЖОБАЛАТУ *Жобалат етістігінің қимыл атауы.*

ЖОБАЛАУ *Жобала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Топшылау, шамалау.* Қаншайым жанжағына қарап еді, қараңғы түн көзін байлап тастап, ештеңені *жобалауға* мұрша бермеді (А.Байтанаев, Қайнар.). Оның *жобалауы* бойынша, жолшыбай қоян қашады немесе жорға дуадақтар кездеседі (Ә.Көшімов, Жас аңшы). Жарылғамыс *жобалаумен* қорықса, негізінде қорқарлық та жай бар еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Жобаның кешенді техникалық құжаттамасын дайындау процесі.* Әртүрлі өндіріс салалары бойынша жобалау арнайы *жобалау* мекемелерінде (институттарында) орындалады (ҚҰЭ). Жезқазғанның өндіріс мамандары *жобалау* мекемелерімен бірлесе отырып, жер астынан кен шығарудың жаңа технологиясын жасады (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.). *Жобалау* нысандарды бейнелеу түріне байланысты сызбалық жобалау және көлемдік жобалау болып ажыратылады (ҚҰЭ).

ЖОБАЛАУШЫ з а т. *Бір нәрсені жоспарлаушы, жоба жасаушы маман.* Ұшархан машинадан түсісімен *жобалаушылар* бөлмесіне қарай бет алды (Қ.Исабаев, Сұңқар.). *Жобалаушылар* мен болашақ құрылысшылар арасында қым-қиғаш айтыс басталды да кетті (Тоғызыншы шежіре)). // *Жоба жасайтын.* Ақ басты, көз әйнекті қарт инженерлер, *жобалаушы* ғалымдар ойдағыны айтып тұрған жігітті ұйып тыңдап қалыпты (Қ.Қамбаров, Тауда.).

ЖОБАЛҒЫ с ы н. *Жұпыны, қарапайым, жөндемдеу.* Талдырмаш, орта ғана бойы бар, қалмақ кескінді, қара мұрт бұл жігіт, өте *жобалғы* киінеді екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Жобалғы* түрде жүрген Балуанды бұл тойда ешкім елей қойған жоқ (С.Мұқанов, Балуан Шолақ). Жұмағұл ойынша Тайбағар өз есігіндегі малшы жігіттердің *жобалғы-*

с ы, арқа сүйеуде қолға қонғышы (Ә.Нәбиев, Шолпан). Сыртыңнан бір көрмеге *ж о б а л ғ ы с ы н,* Еліңнің сөйлеп кетсең бергі-арғысын, Арнасы алдындағы кеңи берген, Тасыған долы өзендей бар ағысың (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЖОБАЛҒЫЛАУ с ы н. *Жұпынылау, жөндемдеу.* Үйден қияғы ұзын қара мұрты бар, басында қарамен тыстаған түлкі бөркі бар, қалаша *ж о б а л ғ ы л а у* орта жасты еркек шыға келді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ақмешіттен қоржынға салып әкелген ер-тоқымды ол маған берді де, өзі мен Қайрақбайға *ж о б а л ғ ы л а у* ертоқым тапқан (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖОБАЛЫ с ы н. *Жобаланған, жоспарлы.* Қоңыр өзінің *ж о б а л ы* ойларын сөз етіп, тарихи биіктер жотасынан тарлан тұлғалар бейнесін суреттеп кетті (Д.Әбілев, Арман.). Жасаған-ай, аштықтан өзегі талып, көзі қарауытып жүріп, қай жерден *ж о б а л ы* ойдан жаңылысып, ақылын ашуға жеңдіріп алды екен? (А.Мекебаев, Құпия.). Жоспарға сай 1970 жылы колхоз өзін бүтіндей *ж о б а л ы* қорлармен қамтамасыз етпек («Соц. Қаз.»).

ЖОБАЛЫҚ с ы н. *Жобада көрсетілгендей, жобаға сай.* Бурабай аймағын орталықтан сумен жабдықтауға арналған жүйенің *ж о б а л ы қ* документтері жасалуда («Соц. Қаз.»). Техниканы жетілдірудің нәтижесінде кептіргіштердің *ж о б а л ы қ* қуаты екі есе арттырылды («Лен. жас»).

Жобалық қуат. э к о н. *Кәсіпорынның жаңа құрылысына немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорынды жаңғыртуға арналған жобалық тапсырмада қабылданған белгілі бір кезеңде өнім шығару.*

ЖОБАСЫЗ с ы н. *Жоспарсыз, нұсқасыз, үлгісіз.* Белгіленген рұқсатсыз немесе тиісінше бекітілген *ж о б а с ы з* үй салуға правосы жоқ (ҚазССР азаматтық кодексі). Жол бермес *ж о б а с ы з ғ а* деймін, халқым, Біреудің адал малын жесем десе (Нақыл). Су қоймасында балық өнеркәсібі өмір сүрген кезде *ж о б а с ы з* салынған бұл балық пункттерімен бірге балықшылардың тұрғын үйлері де «көшіп отырды» (М.Тайыров, Балқаш.).

ЖОҒА м о д. ж е р г. ***Жоқ.*** Е, жоға, оны қайдан білейік. *Ж о ғ а,* барғам жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОҒАЛ= е т. **1.** *Жоқ болу, қайда қалғаны, кеткені белгісіз қалу.* Шұғыл сияқты адамдар бір тайы *ж о ғ а л ы п,* тескен тау өтіп кетсе де, оны жар салып аттандырып тауып алады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Есімбектің *ж о ғ а л ғ а н* атын мен ұрлаған қылып, бір бұзаулы сиырымды төлеуге әперді (Б.Майлин, Шығ.). Абай да, Әбіш те ол адамның әрі жастай кетіп, әрі жазғаны *ж о ғ а л ғ а н ы н* өкініш етті (М.Әуезов, Ақын аға). *Ж о ғ а л ғ а н* құр құнанның тайшығы ірі, Жылады ағалардың қайсыбірі. Ұзамай ақылдасты тұтып сабыр, Сарапта қанды сәттің айшылығы (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). Жоқ бұған қазір таласым, Гүл едің жарқын жаны алау *Ж о ғ а л ғ а н* заттың бағасын Соңынан білген жаманау (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Бір жаққа кету, көзден таса болу, таптырмау.* Әлгі бір кезде алыста көрінген жаулар жолдың ояң жерінде *ж о ғ а л ы п* кетіп, белең жерінде андыздап бұларға саулап келе жатты (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұлт арасынан ай бір жарқ етіп, қайта *ж о ғ а л ғ а н д а й* болды (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жарылды кенет снаряд, Жарқ етті жасын тосында. *Ж о ғ а л д ы* достар уралап, Абдолла қалды осында (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). Тұманды қоңыр бір күнде *ж о ғ а л ы п* шықты сұлу қыз. Қараңғы түн және өтіп, Таң атып болды һәм күндіз (М.Дулатов, Шығ.). Бәрі жоқ бүгін, мен де жоқ, сен де *ж о ғ а л д ы ң,* Есеймес, көрмес, елемес меңіреу боп алдың, Біз емес енді, басқалар барып көктемде, Гүлдерің үнсіз үзетіндей бір көгалдың (Т.Молдағалиев, Шақырады). **3.** *Жойылу, құру.* Қаладағы төрелер қашып болды, байлардың да ірілері *ж о ғ а л д ы* (С.Шарипов, Бекболат). Бақылау нәтижесінде әр 10 жылда Күн бетіндегі дақтың саны көбейіп, тағы бес жыл өткеннен кейін азайып, кей кездерде мүлде *ж о ғ а л ы п* кететіні есепке алынған (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). Шырынды қарапайым жолмен кептіргенде, оның құрамындағы шипалық қасиеті *ж о ғ а л ы п* кетеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Орнында екен Жетім көл, *ж о ғ а л м а п т ы,* Ортаймапты немесе тола алмапты. Жағалауын жауыпты жасыл жалбыз, Қасиетті аққулар оралмапты (М.Мақатаев, Шығ.). // қ а р ғ. *Көзі жойылсын, аты өшсін, құрысын.* Аспанымның айбынды жасынын ал, Ер халқымның қаһарлы ашуын ал. Жау *ж о ғ а л с ы н!* Жайнасын Вьетнамда, Азаттықты қорғаған асыл ұлдар (Қ.Бекхожин, Мамырстан). *Ж о ғ а л с ы н* соғыс, Құрысын! Жасасын өмір тынысы, Өссін досым ұрпағы (Ғ.Молдыбаев, Қалдырған). // э к с п р. *Жек көру, жақтырмау нышанымен айтылатын қолданыс.* «*Ж о ғ а л*!», – деп екінші рет ақырды бай, Сұрланып әйелі де бермеді рай, «Қаңғыртқан сен қазақты біз емеспіз, Кет!» – деді үйімізден тақылдамай (О.Шипин, Дастан.). Еш жөнсіз көп алдында барымта алған, Ұмытып Ораз айтқан туралықты. «Кет, *ж о ғ а л,* сен үш шірік, көрінбе!»– деп, Зілқара сабап-сабап қуып шықты... (О.Шипин, Дастан.). **4.** а у ы с. *Қаза табу, қайтыс болу.* Боздақтарым *ж о ғ а л ы п,* Боз кебінге оранып, Маңдайымнан сор ағып, Келіп түрмын, әулие (М.Мақатаев,

Шығ.). Біреулер оралды Көріп қырғынды, Соғыстың даңқымен. Біреулер *жоғалды*, Соғыстан бұрынғы Сәби қалпымен (С.Мәуленов, Алыс кет.). **5.** а у ы с. *Артта қалу, өтіп кету.* Түсінем, түлейді өмір, жаңарады, Жаңа өңірде жаңа оттар жанар әлі. Нелер ұрпақ әлі де ағарады, Секілденіп өзінің бабалары, Қалса болды халқының шежіресінде, Әр ұрпақтың өзіндік бағалары. Жылдар... Жылдар жылжиды *жоғалады*, Жаңа жылдар сағаты соғар әлі (М.Мақатаев, Шығ.). **6.** а у ы с. *Аты өшу, ұмыт болу.* Ғабит атты бүгінде Ортамызда отыр бір шебер. *Жоғалмас* сөзі түбінде, Тілділер тірі жүрсе егер! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Аты жоғалды. *Ұмыт болды, ескерусіз қалды.* Қолымда қазір оның бірі де жоқ. Өтеуге тағы талай уақыт керек. Өлсем-ақ ертең *аты мен жоғалады* (М.Ермеков, Тарту.).

Зым-зия жоғалды. *Хабар-ошарсыз, жоқ болды.* Қозыбағардың әкесі Әділ *зым-зия жоғалып* кетті (А.Сарбопин, Аспалы бесік).

Көзі жоғалды. *Кетті, өлді, құрыды.* Сондайлар байдың *көзі жоғалса* да кәсібін қоймайды, – деді ол (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік). Ертең мына топтың *көзі жоғалғаннан* кейін, келесі жиырмасы тағы да келтіріледі (Қ.Исабаев, Соңғы.).

Көзін жоғалтты. *Біржола құртты, жоқ етті.* Жеті бірдей атымды алып барып, көрінеу *көзін жоғалтты*, – деді Дәркембай (М.Әуезов, Абай жолы).

Қарасы жоғалды. *Көрінбей кетті, көзден таса болды.* Соңғы үшеуінің *қарасы жоғалмай-ақ*, екі жігітті қасына ертіп Жаңбыршы бидің өзі де келді (С.Шарипов, Бекболат). Аналардың *қарасы жоғалған* кезде, бұл да шұғыл бұрылып бір тастың қалтарысын тасаланып отыра қалған (Қ.Исабаев, Соңғы).

Ұшты-күйлі жоғалды. *Із-тұзсіз жоқ болды, хабарсыз кетті.* 1941 жылы туған інім Ақан Оралбаев 1958 жылдың ноябрь айында *ұшты-күйлі жоғалып* кетті («Лен. жас»). Жәмидің жай-жапсарын біліп келуге Бәкібайды жібердік. Тез барып келе қояйын деп кеткен. Бәкібай *ұшты-күйлі жоғалды* (С.Омаров, Әңгім.).

Үміті жоғалды. *Сенімнен айырылды, үміті үзілді.* Ол мен едім. Бірақ бүгін сол сезімнен не қалды? Сондағы *үміт* талдан ұшқан жапырақтай *жоғалды*. Қазір момын күйеуім бар және екі-үш балам бар, Жағдайым жоқ ештеңеге алаңдар (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ізім-қайым жоғалды. *Зым-зия жоқ болды, дерексіз кетті.* Шынар сол түні жоқ болып шықты. Қайда кеткені белгісіз, *ізім-қайым жоғалды* (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Бір күні жұмысшылардың көптеген күрегі мен қайласы *ізім-қайым жоғалып* кетті («Лен, жас»).

ЖОҒАЛТ= е т. **1.** *Жою, құрту.* Егер астың бір себеппен бұл қасиетін *жоғалтса,* оны ешкім сатып алмаған болар еді (Қысқ. саяси экон.). Ойын-күлкі мен ішпек-жемек, мақтанмен әуре бол да, ішіңдегі қазынаңды *жоғалтып* алып, хайуан бол деген жоқ (Абай, Тол. жин.). Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола *жоғалтып* алдық (Абай, Тол. жин.). **2.** *Көзден таса қылу, айырылып қалу.* Ұшырды жапырақты жел екпінді, Қашанда сыйлаған ол елеп кімді?! *Жоғалтқан* ойыншығын жас баладай, Ыңылдап үй жанында терек тұрды (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Қарт жылқышыны *жоғалтып*, қатерлі түннен көңілі құлазыған екі-үш үй малшы дүрлігулі еді (Ж.Мусин, Таң нұры). **3.** а у ы с. *Айырылу, қапыда қалу. Жоғалтпаңдар* сенім гүлін, Жырға жаның бөлеп өс. Өз тілің бар сенің де, ұлым, Өзге тілден кем емес (Т.Молдағалиев, Шақырады.). // *Бір нәрсесін жоғалтқан, ұрлатып алған адам. Жоғалтқанның* жорамалы көп (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). **4.** а у ы с. *Құрбан ету, пида ету.* Білеміз жастық шағыңды Сол үшін сен де *жоғалттың.* Біз үшін күйіп жалынға, Біз айтар сөзді сен айттың (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **5.** а у ы с. *Қолынан жіберіп алу, ие бола алмау.* Күлкіңді тағы тобартып, Қала ма сол ән жалғанбай?! Қасыңнан мені *жоғалтып*, Алғаның аздау болғандай (М.Шаханов, Ғасырлар.). Сол киіз үй, сол көнетоз кереге, Мен шыққанмен, жоқсың енді далада. Өкінгенмен өткен қайтып келе ме?! Бір *жоғалтқан* жүрек жоғын таба ма?! (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **6.** а у ы с. *Қаза болу, қайтыс болу, о дүниелік болу.* Сарыуайым салудың не керегі, Көгереді, бәріде көгереді! ...Көп досымды *жоғалтты*м осы қыста, Келесі жаз, білмеймін, не береді... (М.Мақатаев, Шығ.). Арайлы ақ тілекпен, Қанша үміт сабақталды. Қаншама өтті көктем, Мен сені *жоғалтқалы* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Абыройын жоғалтты. *Абыройдан айырылды, ұятқа қалды.* Құдайым ақыл берген оған қалап, Абыройын өз басына жүрген балап. Көбісі сорлы қыздың ондай болған. *Жоғалтып* жаста-ақ *абыройй* болар қарап (XX ғ. қаз. ақын.).

Адамдықты жоғалтты. *Адамгершіліктен айырылды.* Арыстан ақын енді басын көтеріп тізесінен отырды. Өлсем *адамдығымды жоғалтпай* өлейін дегендей бойын жинап, киімін жөндеді (І.Есенберлин, Қаһар). Жиреніп, жылмаңдықты демес бұрыс... *Адамдықты жоғалтар* ақыр бұл іс (Абай, Тол. жин).

Ажарын жоғалтты. *Көркі кетті, ажарсызданды.* Күз кешінде дегенмен селеу басқа

шағыл дала жазғы *а ж а р ы н* тұтас *ж о ғ а л т а* қоймапты (С.Досанов, Қыран.).

Ар-намысты жоғалтты. *Ар-намыстан айырылды, ұятты жиып қойды.* Кейбір аңғалдардың *а р ы н ж о ғ а л т ы п,* басын жұтатын да осы ақша шығар (Қ.Туғанбаева, Алтын.). Қашқаннан да түнге еріп, *А р - н а м ы с т ы ж о ғ а л т ы п.* Қан майданға бір еніп, Қаза тапқан көп артық (С.Мәуленов, Бала.).

Ерік-жігерін жоғалтты. *Жігерсізденді.* Олар небір ауыр сын сағатта да адамдық, адалдық қасиетін, парасат, ой-күшін, *е р і к - ж і г е р і н ж о ғ а л т п а й,* ардың ал қызыл туын биік ұстап, алға сеніммен қараған жандар (Х.Ишанов, Жүректер.).

Жоқ жоғалтты. *Бір нәрсесінен айырылды.* Төртбақ алып денесінен күш-қуаты әлі қайтпаған, қысық көзін сығырайтып, сирек шоқша сақалды иегін сәл көтеріп *ж о қ ж о ғ а л т қ а н д а й* үнемі алға қарайды да отырады (Н.Баяндин, Құм асты.). – Жоқ, – деді Оспан да жайымен күліп, – бұл жолы *ж о қ ж о ғ а л т ы п* келіп отырмын (А.Хангелдин, Қараторғай.).

Көзін жоғалтты. а) *Жоқ қылып жіберді.* Жалғыз атты мініп, *к ө з і н ж о ғ а л т ы п* жіберді (І.Жансүгіров, Әңгім.). ә) *Құртып жіберемін, түбіңе жетемін, бұл маңайдан жүрмейтіндей етемін деп қоқан-лоқы көрсеткенде айтылатын қолданыс.* Не деп отыр, қарашы, Иттің ғана баласы, Қуарған кедей оңбаған! Ұмытпа, бәлем, сөзіңді, *Ж о ғ а л т а р м ы н к ө з і ң д і,* Не дедің жаңа сен маған? (М.Дулатов, Шығ.). *Ж о ғ а л т а м* деп *к ө з і ң д і,* Жер аударып қаңғыртып, Батырға әбден өшікті. «Түрмеге мұны жапқыз» деп, Әкімге берді бұйрықты (О.Шипин, Дастан.).

Көңілден жоғалтты. *Есінен шығарды, ұмытты.* Жасыңды төкпе, ару жүзім көзіңнен, *Ж о ғ а л т п а* оны *к ө ң і л д е н* (Ә.Сәрсенбаев, Өлең.).

Мағынасын [мәнін] жоғалтты. *Мәнінен, маңызынан айырылды.* Оған айналадағы адамдар да, дүние-мүлік те *м а ғ ы н а с ы н ж о ғ а л т ы п,* жапан далада жалғыз қалған сияқты (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Біздің қаһармандарымыз өз *«м ә н і н ж о ғ а л т ы п»* алып, схемаға айналады, даралық қасиетінен айырылады (Т.Нұрмаханов, Дос лебізі).

Сенімін жоғалтты. *Сенімнен айырылды, қадір-қасиетін кетірді.* Анатолий Кондратьевичтің бір мінезі, біреуге *с е н і м і н* бір *ж о ғ а л т с а,* сол сенімін қайтадан бекіту аса қиынға түсетін еді (С.Мұқанов, Сырдария).

Із [ізін] жоғалтты. а) *Із-тұзін таптырмады, жүрген жолынан адастырып кетті.* Байлар да мал қызығын біле алмай жүр, Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр. Сабылтып күнде ұрлатып, *і з ж о ғ а л т ы п,* Ызаменен ыржиып күле алмай жүр (Абай, Тол. жин.). Шұбыра көшкен қалың көш те зым-зия батып, *і з і н ж о ғ а л т п а қ* (Б.Тілегенов, Аққайнар). Көк жүзінен жерге төнген, Селдір сәуле, мұңға батқан. Түсіп жерге, жылап сөніп, Қараңғыда *і з ж о ғ а л т қ а н* (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). ә) а у ы с. *Істеген қылмысын жасырды, бүркеді.* Адамның адамы көп, бірер алаяқ құлар сол көптің арасына сүңгиді де, *і з і н ж о ғ а л т ы п* адастырады (С.Төлешов, Түрлі. бас).

ЖОҒАЛТҚЫЗ= е т. *Жойғызу, құртқызу, жоқ еткізу.* Жанындағы жамандықты атыменен *ж о ғ а л т қ ы з,* Жалғандыққа жүрегіңнен күндіз-түні оқ атқыз. Сол Әуезов ең алдымен жасыл көктем жайнаған, Сол Әуезов ең алдымен астығы мол жомарт күз (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖОҒАЛТУ *Жоғалт етістігінің қимыл атауы; айырылып қалу, қолындағысын беріп қою.* Күйіп-пісіп Әскербек жүр. Аз кезінде мақтаның бір қабын *ж о ғ а л т у* оңай ма (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Күннен-күнге өз-өзіне деген құрметтен айырыла бастаса да, Жомартты *ж о ғ а л т у д а н* қорықты (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Сайып келгенде, өмір дегеніміз адамдардың бір-бірін тауып, қайтадан *ж о ғ а л т у ы* емес пе өзі (О.Бөкеев, Ән салады.). Батыс елдерінде жұмыссыз болу тек қана жұмысты *ж о ғ а л т у* ғана емес, сонымен бірге адам өзінің ар-намысын, абырой-беделін жоғалту деп те есептеледі (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

Жүректің жалынын жоғалту. *Алғашқы екпіннен, алаулаған сезімнен айырылу, басылу.* Бар еді баста бір екпін, аяғын алдық аяң ғып. *Ж а л ы н ы н* жанған *ж ү р е к т і ң ж о ғ а л т у ғ а* да таяндық (С.Асанов, Шолпан).

Көзін жоғалту. *Кетіп қалу, жоқ болып кету.* Енді не де болса қабір басынан ел қайтып келгенше қалай да *к ө з і н ж о ғ а л т у ы* керек (С.Омаров, Қиыр жол). Өтірік берген қағаздың Алды-артына қарайды, Өз қағазы өз *к ө з і н Ж о ғ а л т у ғ а* жарайды (Абай, Тол. жин.).

Стаж жоғалту. с ө й л. *Еңбек өтілін жоғалту, еңбек жолында үзіліс болу.* Кадрларды тұрақтандыруда «жас маман» институты, белігі бір кезеңге мерзімдік шартқа қол қою сияқты тікелей әдістер, тиісті жұмыс уақыты өтелгеннен кейін пәтер беруге уәде ету, бір кәсіпорындарда істеген үзіліссіз жұмыс *с т а ж ы н ж о ғ а л т у* қатері сияқты жанама әдістер де қолданылады (Б.Жүнісов, Нарық. экон. негізд.).

Уақыт жоғалту. *Уақытын бос, пайдасыз, бекер істермен өткізіп алу.* Балалардың әртүрлі қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын *у а қ ы т ы* бекерге *ж о ғ а л т у* деп қарайтын семьялар да бар (Семья тәрбиесі).

ЖОҒАЛУ *Жоғал етістігінің қимыл атауы; жоқ болып кету, көрінбеу.* Қайрақ қанша ойланғанмен, Кербездің *ж о ғ а л у* себебін дәл болжай алмады (С.Елубаев, Білте шам.). Соғыс – жалғыз менің жоғалуым емес, барша ізгіліктің *ж о ғ а л у ы* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Қабақтарынан қар жауып, екі ииі ішіне кеткен кісілер қара жерді қаттырақ басуға да қаймыққандай үнсіз жылысып, қараңғы түннің қойнына сіңіп *ж о ғ а л у д а* (Ә.Кекілбаев, Дала.). Біреудің жанарында, Біреудің табанында, Сап-сары жапырақтар *ж о ғ а л у д а.* Қаусаған қаңқасы тұр ағаштардың, Жасыл бақ тоналуда, тоналуда (М.Мақатаев, Шығ.).

Ізі жоғалу. *Көрінбей, білінбей кету, орны да қалмау.* Ол кішкене қой тастың құбыла бетіндегі ұйысып өскен қалың қынаның арасында енді болмаса *і з і ж о ғ а л у ғ а* айналған алтын таңбаны көрсетті (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖОҒАЛЫМ зат. кен. *Пайдалы қазылымның баланстық қорларының кен қазып алуда жер қойнауында алынбай қалған, қазылып алынып бос таужыныстар үйіндісіне жіберілген, ұю, тиеу және тасымалдау барысында қалып қойған бөлігі. Ж о ғ а л ы м д а р* коэффициентімен – жоғалған баланстық қорлар мөлшерінің алынған баланстық қорлар мөлшеріне қатынасымен сипатталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жоғалым түрлері. к е н. *Электр мәшинесінің жұмыс үстінде туатын қуат шығыны.*

ЖОҒАЛЫМПАЗ с ы н. *Жоғалғыш, жоғала бергіш.* Кей мал бар оттампаз, тез оңалымпаз, Кей мал бар жел аяқты *ж о ғ а л ы м п а з,* Кей мал бар кезіп оттап үйіріне, Кешікпей ізіменен оралымпаз (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға).

ЖОҒАЛЫС= е т. *Бәрі бір мезгілде кетіп қалу.* Бұлардың жайғайтын қандай төте шаруаларының барын білмеймін, әйтеуір бәрі Зікірдиннің бұйрығынан кейін мылтықтарын асынып, жыныс тоғайға еніп, зым-зия *ж о ғ а л ы с т ы* (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖОҒАЛЫСУ *Жоғалыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖОҒАРҒЫ с ы н. **1.** *Үстіңгі (биіктікке байланысты). Ж о ғ а р ғ ы* ерні жыбырлап, Төменгі ерні қыбырлап, Құла ат түрды сыбырлап (Батырлар жыры). *Ж о ғ а р ғ ы* этаждың терезесінен әрдайым қарап тұратын анасын Әлім де сырттай байқайтын (С.Хайдаров, Құрыш білек.). Толық жігіт *ж о ғ а р ғ ы* қуыстан чемодандарын түсіріп жатыр (Ә.Тарази, Құйрықты.). Енді оны құрылысшылар өздерінің жұмыс істеп жатқан корпусының ең *ж о ғ а р ғ ы* төбесіне қадап қойыпты (Е.Қалиев, Рудный.). Күре тамырынан жараланып, тыйылмай аққан қанды тоқтату үшін бұрауды жараның *ж о ғ а р ғ ы* жағынан салады (А.Апсатаров, Дәрігер.). **2.** *Өргі, басқы.* Екі мырза, бір жәрдемші ақылдаса жүріп өзеннің *ж о ғ а р ғ ы* жағын да көріп қайтты (Ғ.Сланов, Әңгім.). Жатқан жерің жазық деп, Сарбазын ертіп соңына, *Ж о ғ а р ғ ы* жаққа өрледі (О.Шипин, Дастан.). – Жүрмейсің түнде отарға, *Ж о ғ а р ғ ы* баста жол жаман. Жойқын су түнде жұтарға, Қимас деп сені болжаман (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). **3.** а у ы с. *Өзгелерден биік тұрған.* Жазған нәрселерінің көбі Сырдария облысының есебін жазған кітаптарда һәм *ж о ғ а р ғ ы* жәмиғаттардың кітаптарында басылған (М.Дулатов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Жоғарыда ескерілген, алғашқы.* Әрнешік білмек керек, *ж о ғ а р ғ ы* екі түрліден басқа иман жоқ (Абай, Тол. жин.). Яғни *ж о ғ а р ғ ы* айтылмыш секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек (Абай, Тол. жин.). **5.** а у ы с. *Дәрежесі, қызметі үлкен; басшылық қызметте істейтін.* Жетпей-ақ жиырмаға хакім болдың, *Ж о ғ а р ғ ы* хакімдерге жақын болдың. Жол айтып Құдай үшін азаматқа, Адасқан адамдарға ақыл болдың (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **6.** а у ы с. *Бай, ауқатты.* Ат қойып кеп *ж о ғ а р ғ ы* ел мен төменгі ел, Судай қаптап «сұлтаным-ай!» дегендер, Кер төбеге кетпен тиді кешікпей Кетті қайтып келмейтұғын кемеңгер (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жоғарғы баға. с ө й л. *Қымбат баға.* Лот үшін ең *ж о ғ а р ғ ы б а ғ а* ұсынған қатысушыны аукционшы жариялайды («Егемен Қазақстан»).

Жоғарғы бас қолбасшы. ә с к. <лат. chef supreme> *Соғыс кезіндегі және бейбіт уақыттағы мемлекеттің Қарулы күштерінің ең жоғарғы басшысы. Ж о ғ а р ғ ы б а с қ о л б а с ш ы* қажет болғанда сол елдің барлық азаматтық мекемелеріне де төтенше билік жүргізе алады (ҚҰЭ). Қазіргі кезде бірқатар мемлекеттердің конституциясы бойынша сол мемлекеттің басшысы *ж о ғ а р ғ ы б а с қ о л б а с ш ы* міндетін қоса атқарады (ҚҰЭ).

Жоғарғы дәреже. *Мәртебелі, білім дәрежесі жоғары.* Бірте-бірте сопылардың ең *ж о ғ а р ғ ы д ә р е ж е д е г і* шейхтары, қутбалары, мүршиттері сияқты басқарудың жоғары сатылары пайда болады («Парасат»).

Жоғарғы дәрежелі. с ө й л. а) *Жоғары оқу орнын бітірген.* Тайыр *ж о ғ а р ғ ы д ә р е ж е л і* білімі бар ақынымыз (С.Мұқанов, Өсу жол.). ә) *Жоғары білім беретін.* Солай екені рас, бірақ орта және *ж о ғ а р ғ ы д ә р е ж е л і* мектептерде оқушылар әлгідей ұшырайтын латын белгілерін арнап оқымай-ақ өзінен-өзі үйреніп кететін нәрсе, оның мысалын орыстың бұрынғы-соңғы орта дәрежелі мектептерінен көріп жүрміз (М.Дулатов, Шығ.).

Жоғарғы деңгейдегі шеберлік. *Өз ісін өте жетік білушілік.* Әрине, күрделі жобаны іске асыруда «Өзенмұнайгаз» бұрғышылардың *жоғарғы деңгейдегі шеберлігінің,* қызмет көрсету буындарының мүлтіксіз жұмыс атқаруларының зор маңызы болғаны даусыз («Егемен Қазақстан»).

Жоғарғы жақ сүйегі. з о о л. <лат. maxilla> *Жануарлар мен адамдар бассүйегінің бет бөлімі құрамына кіретін сүйек. Жоғарғы жақ сүйегі* тіс ұяшықтары орналасқан денеден, бет және мұрын сүйек тақташаларынан (пластинкаларынан) құралған (Қаз. тілі термин. Биология). Соңғы екі тақташалар аралығындағы кілегейлі қабықпен астарланған қуысты *жоғарғы жақ сүйегі* (гаймор) қойнауы деп атайды Қойнау қабынғанда гайморит ауруы өрбиді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жоғарғы жер. э в ф е м. *Мемлекеттік дәрежедегі қызмет, басшылықтағы адам. Жоғарғы жерде* сүйенер бір кісінің бары да жақсы екен (С.Омаров, Өмір асу.). Инженерлік қызметке *жоғарғы жердің* арнап жіберген адамы болған соң мен оған бақылау қойғам жоқ (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Жоғарғы кеңес. т а р. а) *Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында (КСРО) болған жоғарғы мемлекеттік билік органы (1936-88).* ә) *Бұрынғы КСРО Халық депутаттары съезінің тұрақты жұмыс істеген органы (1988-93).* б) *КСРО құрамына кіретін одақтас республикаларда, оның ішінде Қазақстанда да болған жоғарғы мемлекеттік билік органы (1937-93).* в) *Бұрынғы Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасында (РКФСР) Халық депутаттары съезінің тұрақты жұмыс істеген заң шығарушы, өкім жүргізуші және бақылаушы органы (1990-93).* г) *Қазіргі кезде Ресей Федерациясының құрамына енетін бірқатар республикалардағы заң шығарушы органның (парламенттің) атауы.*

Жоғарғы класс. ***Жоғарғы сынып.*** *Жоғарғы класс* оқушылары төменгі класс оқушыларын ағалық қамқорлыққа, шефке алған (Қ.Серікбаев, Қастек.). *Жоғарғы класс* оқушылары Нина Ариненко мен Лидия Бабич шапшаң қимылдап, сабау сапты бақыраштарын бидайдың тереңіне сұғітіп алып, лабораторияға кіріп бара жатыр (Ғ.Сланов, Замана.).

Жоғарғы команда. ә с к. *Соғыс кезіндегі және бейбіт уақыттағы мемлекеттің қарулы күштерінің басында тұрған әскерилер.* Жерінен Қазақстан еркін өтіп, Түбіне Москваның барды жетіп. *Жоғарғы команданың* бұйрығымен, Жолында Волоколам алды бекіп (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жоғарғы қабат. а) *Көпқабатты үйлердің 3-қабатынан жоғары орналасқан қабаттар.* Біз *жоғарғы қабаттағы* көпшілік бөліміне өте бергенде, төменгі залда отырған контролер әйел бізге қолын созды. Біз билетімізді ұсындық (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). ә) *Сөйлеушінің өзі тұрған қабатының үстіндегі қабат. Жоғарғы қабаттан* біреу түсіп келеді (Ауызекі).

Жоғарғы мәртебелі. т а р. *Аса құрметті, қадірлі, ұлы деген мағынада айтылатын патша, ханға қарата қолданылған тұрақты атауыш. Жоғарғы мәртебелі* ханым Арғын билерімен де байланысы бар тәрізді сол баяғы Бақты-Қожа уәзір (І.Есенберлин, Алмас.).

Жоғарғы мектеп. ***Жоғары мектеп.*** Келер жылы рабфақты бітіргелі отырсың, одан әрі *жоғарғы мектепке* түсесің (М.Дулатов, Шығ.). Енді бір жылдан кейін рабфақты бітіріп, *жоғарғы мектепке* түспекшімін (М.Дулатов, Шығ.).

Жоғарғыны елге, төменгіні селге жіберу. ж е р г. *Өткен кекті ұмыту, кешірім жасау.*

Жоғарғы өріс. и н ф. *Мәтін басылатын қағаз парағының жоғарғы жиегінен символдар басылатын бірінші жолға дейінгі бос қалатын алап.*

Жоғарғы Советтің депутаты. т а р. *Жоғарғы Кеңеске жергілікті халық сеніп сайлаған өкіл.* Дәмелі Жұмабаеваға зор сенім көрсетіп, Қазақ ССР *Жоғарғы Советінің депутаты* етіп сайлаған (С.Хайдаров, Теңіз.).

Жоғарғы сот. *Мемлекеттің сот жүйесін басқарушы ең жоғарғы сот органы.* Әдетте, *жоғарғы соттың* құрылу тәртібі, сондайақ, негізгі міндеттері (өкілеттіктері) елдің конституциясымен айқындалады (ҚҰЭ). *Жоғарғы соттың* судьясын мемлекет басшысы дербес немесе парламенттің (оның жеке палатасының) бекітуімен тағайындайды (ҚҰЭ).

Жоғарғы сынып. п е д. *9-10-11 сыныптар, мектеп бітіруге таяу сыныптар.* ≈ *Жоғарғы сынып* оқушылары.

Жоғарғы тыныс жолы. а н а т. *Ауаны екі бағытта (ішке және сыртқа) өткізетін тыныс алу жүйесінің түтікше мүшелері. Жоғарғы тыныс жолына* мұрын қуысы, аңқа (жұтқыншақ бөлігі), көмекей, кеңірдек және ауатамырлар жатады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жоғарғы тыныс жолының* кілегейлі қабықтарын бір қабатты көпқатарлы кірпікшелі эпителий астарлайды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖОҒАРҒЫДАЙ ү с т. *Басында көрсетілгендей, жоғарыда айтылғандай.* Егерде мен осы поэманы сол кезде 8 күннің орнына 30 күнде жазып шықсам да, *жоғарғыдай* болып жазылған болар еді (С.Сейфуллин, Шығ.).

Қазақ тіліндегі 9 буынды мақалдардың ырғағы *ж о ғ а р ғ ы д а й* (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖОҒАРЫ үс т. **1.** *Үстіге, өрге қарай; төмен емес.* Семафордың үстіңгі қанаты *ж о ғ а р ы* көтерілгенде ғана жүру керек (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Мен оянғанда күн құрық бойындай *ж о ғ а р ы* көтерілген екен (О.Көшімов, Жас аңшы). Қалбаңдап ұштыау, не керек, Қарашы жөндеп *ж о ғ а р ы*. Аспанда туған көбелек – Аймақтың аппақ қонағы (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Оның қою қасы біресе қара көзілдіріктен *ж о ғ а р ы* көтеріліп, біресе көзілдіріктің жиегімен жалғасады (Ә.Нұршайықов, Махаббат жыр.). **2.** *Биік; аласа емес.* Ініме мен ағамын, Бойым одан *ж о ғ а р ы*. Мен мектепке барамын, Оқымайды ол әлі (С.Қалиев, Өленд.). Барлық тілді үйренерсің сен әлі, Жігіт болып саналы. Қайда жүрсең өз еліңді ұмытпа, Өз еліңнің туын көтер *ж о ғ а р ы* (Т.Молдағалиев, Шақырады). // *Аспан, көк.* Жалаңашқа киімнің жоғы арманда, Тоңғанға отын менен шоқ арманда. Талап қылса табылар соның бәрі, Мал жаусын ба оларға *ж о ғ а р ы д а н* да (Ш.Құдайбердиев, Өленд. поэм.). **3.** *Артық, басым.* Колхоздың мәдениеті де *ж о ғ а р ы* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Химиялық препараттармен консервіленген азықтардың жалпы жұғымдылығы да *ж о ғ а р ы* (Қ.Құсайынов, Химия.). Біздер бөтен жұрттың адамы болғандықтан және де атқарып жүрген жұмыстарымыз арбаптың ақылы жетпейтін жұмыс болғандықтан, бізді өзінен *ж о ғ а р ы* санайды (С.Шарипов, Бекболат). Джоконда туралы енді кештерде Ғайбат сөзін айта алмайды еш пенде, Сөздерден ол, көздерден де ол *ж о ғ а р ы*, Жоғары енді ол ақылдан да, естен де (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Соны көрем өңімде һәм түсімде, Әлемге үлгі көрсетеді ол әлі. Ол өкімет орнатқан бақ ішінде Әкімдіктен ақындық шен *ж о ғ а р ы* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Көрсеткенше Шораға, Батыр құмар болады. Шүйделі аяқ көк шегір, Болатын болса егер де, Қайраты мұның *ж о ғ а р ы* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Нұржанның жалпы сауаттылығы да өз қатарымен салыстырғанда *ж о ғ а р ы* (С.Еркебаев, Алғашқы.). // *Көтеріңкі, ыстық.* Кейбір заводтар мен комбинаттарда *ж о ғ а р ы* температура жағдайында жұмыс істеуге тура келеді (Е.Байзақов, Еңбек.). Ылғалдығы *ж о ғ а р ы* тары тұқымы қойманың жылылығы 18–21 градус болса, екі-үш күннен кейінақ өздігінен қыза бастайды (Ж.Шәріпбаев, Тұқым. себу). Ауаның жылуы *ж о ғ а р ы* болса личинкалар ауру жұқтыру сатысына жетпейақ қырылып қалады (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). // *Мемлекеттік басшылық қызмет, жетекшілік ететін басшы орын.* Іс одан да *ж о ғ а р ы ғ а* кетсе керек (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Еңбек майданына бірнеше адам алынбақшы, бүгін *ж о ғ а р ы д а н* жарлық алдым (Б.Тәжібаев, Қараторғай). Мен *ж о ғ а р ы ғ а,* Москваның өзіне жазамын, – деді даусы шаңқылдап (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Жауапкершілігі жоғары. *Белгілі бір істі, тапсырылған міндетті уақытында, нәтижелі орындап шығуды өзіне міндет санайтын, адамгершілік қасиеті жоғары (адам).*

Жоғары атақ. *Қандай да бір атқарған қызметі, сіңірген еңбегі үшін берілетін құрметті ат, жоғары дәреже.* Бүгін өзінің совет ғалымы болып *ж о ғ а р ы а т а қ қ а* ие болғанын есіне алды (С.Бегалин, Уақыт.).

Жоғары баға. п е д. *Өте жақсы, жақсы оқығандығы үшін мектеп оқушыларына, студенттерге қойылатын «4» немесе «5»-тік баға.* Осы бала қабылдау емтиханда ең *ж о ғ а р ы б а ғ а м е н* өткен екен (М.Дүйсенов, Мейман.).

Жоғары бағаланды. *Біреудің қол жеткен табысы, аяқтаған ісі мадақталды, мақталды, үлгі етілді, ескерілді.* Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туғантуыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында *ж о ғ а р ы б а ғ а л а н ы п,* оған жауапты да күрделі істерді атқаруға сенім артады (ҚҰЭ).

Жоғары бағалау. р е с м и. *Жақсы, өте жақсы баға беру.* Бүкіл өмірге ортақ өмір шындығын кемел суреткерлікпен бейнелеген «Жазагер жады космоформуласы» поэмасын әрбір халық өздерінің көкейінде жүрген ой-арманын тап басып, дәл айта білген рухани асыл мүлкі ретінде нағыз шын мәніндегі реалистік туынды деп қабылдады. Дүние жүзінің озат ойлы зиялыларының баршасы бір ауыздан поэманы бүкіл әлем әдебиетінің бүгінгі таңдағы ірі көркемдік табысы ретінде *ж о ғ а р ы б а ғ а л а у ы* орынды, заңды («Хабаршы»). Халықаралық лаңкестікпен күреске Қазақстанның қосып келе жатқан үлесін халықаралық қауымдастық, елдер мен ұйымдардың жетекшілері *ж о ғ а р ы б а ғ а л а у д а* («Егемен Қазақстан»).

Жоғары білім. п е д. *Орта білім негізінде жоғары оқу орындарында берілетін және ресми құжатпен (дипломмен, сертификатпен және т.б.) расталатын маманның кәсіби біліктілік дәрежесі.* Ежелгі шығыстың білім беру жүйесінде *ж о ғ а р ы б і л і м* беру, негізінен жеке ұстаз бен шәкірт қарым-қатынасы негізінде қалыптасты (ҚҰЭ). *Ж о ғ а р ы б і л і м* – маманға зерттелмек және практикалық мәселелерді мәдениет, ғылым, техника жетістіктерін шығармашылықпен пайдалана отырып дамытып, өз бетімен және жауапкершілікпен шешуге мүмкіндік беретін жүйеленген білім жиынтығы

мен іс-әрекет дағдыларын меңгеру нәтижесі (Қаз. тілі термин. Педагогика.). Жұрттың бірінің қазақша оқуын қамтамасыз етпеген күнде де орта білім мен *жоғары білім* беруде барлық пәндерді қазақша оқытуға қажетті оқулықтар мен мамандар әзірлеуді жолға қоя алсақ, қазақша білім беру аясын толық көлемде кеңейтуге жағдай жасаған боп шығамыз (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Жоғары білімді. *Жоғары оқу орнын бітірген, бітіргендігін растайтын дипломы бар.* Менің бой жеткен қызым да бар. Өзі көрікті, өзі *жоғары білімді,* – деп маған көзін қысып қойды (З.Шашкин, Өмір.). *Жоғары білімді* имамхатибтердің алдыңғы легі мешіттерде қызметке кірісіп кетті («Дала мен қала»).

Жоғары дамыған ел. *Экономикасы, халықтың әл-ауқаттық жағдайы әлемдік жоғары деңгейде дамыған, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін жан-жақты пайдаланған алдыңғы қатарлы ел.* Ол *жоғары дамыған елдердегі* басымдық беріп отырған материалтанудың қазіргі бағытын дамыту үшін перспектива туғызады («Егемен Қазақстан»).

Жоғары деңгейлі программалау тілі. и н ф. <ағыл. high level language> *Коды негізінен дағдылы тілдің сөздері мен математикалық символдардан тұратын бағдарламалау тілі. Жоғары деңгейлі программалау тілін де* жазылған алғашқы программаны машиналық тілге (алгоритмдік тілдер, түсіндіргіш, аударғыш) түрлендіретін компьютердің жалпы математикалық жасақтамасының құрамды бөлігі. Ол екі бөліктен тұрады: бірінші бөлігі – программалаушының программаны жазуы үшін пайдаланылатын алғашқы тіл, екіншісі – объектілік программаны машиналық тілде жазатын аударғыш (Қаз. тілі термин. ғыл. түс. сөздігі).

Жоғары деңгейлі тіл. и н ф. <ағыл. high order language> *Бағдарламалар орындалатын компьютерді терең білуді қажет етпейтін, әртүрлі мәшинелік тілдерге аударылуы мүмкін, операциялар мен адрестерді символмен белгілеуге болатын, программаның логикасы мен мәліметтер құрылымын ұсынуды жеңілдетуге мүмкіндік беретін программалау тілі.*

Жоғары жақ. э в ф е м. *Мемлекеттік басшылық орган.* Ол әуелі сол *жоғары жақпен* келісіп алмай баспа төрелік жасауға жол бермейтінін айтты (З.Шүкіров, Қиын түйін).

Жоғары көрсеткіш. с о в. т а р. *Ең озық көрсеткіш.* Совхоздың шопаны Аманбай жыл сайын *жоғары көрсеткішке* жетіп жүр («Лен. жас»).

Жоғары көтерді. *Біреуді көзінше қатты мақтады, дем берді, қолтығына су бүркті.* Е, бәсе, бір *жоғары көтеріп* тастаңдаршы, осылай (Ауызекі)

Жоғары қарай мультиплекстеу. и н ф. <ағыл. upwards multiplexing> *Ашық жүйелер архитектурасында – айтарлықтай жоғары деңгейлі бір арна бойынша мәліметтерді жеткізуді жасақтау үшін айтарлықтай төменгі деңгейлі бірнеше тәуелсіз арнаны бір мезгілде пайдалану* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жоғары қысым. ф и з. *Денеге түсірілген 0,1 гигапаскальдан (Гпа) артық қысым. Жоғары қысым* заттардың тығыздылығын арттырып, оларда өтетін процестерді үдетеді не тежейді (ҚҰЭ). Күннің ішкі қойнауларында, өте *жоғары қысымда* және температурада болатын сутегінің, үздіксіз гелийге айналу реакциясының нәтижесінде, Күн энергиясы ұдайы толықтырылып тұрады. Мысалы, 1 грамм сутегі, гелийге айналғанда қанша жылу бөліп шығарса, 15 тонна бензинді жаққанда сонша жылу бөлініп шығады (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

Жоғары май қышқылдары. б и о л. *Бір негізді карбон қышқылдары. Жоғары май қышқылдары* адам өміріне қажетті май құрамында кездеседі (ҚҰЭ).

Жоғары математика. *Техникалық т.б. кейбір оқу орындарының оқу жоспарына енетін математикалық пәндер жиынтығының атауы.* Әдетте, *жоғары математика* курсына аналитикалық геометрия, сызықтық алгебра, дифференциалдық есептеу, интегралдық есептеу және дифференциалдық теңдеулер пәндерінің негіздері енеді (ҚҰЭ).

Жоғары мектеп. *Жалпы немесе арнаулы орта дәрежелі білім негізінде жоғары білімді мамандар даярлайтын оқу орындарының жалпы атауы. Жоғары мектепке* университеттер, политехтер және салалық (инженерлік, ауылшаруашылық, экономика, медицина, заң, педагогика, көркемөнер т.б.) институттар, академиялар, жоғары училищелер т.б. жатады (ҚҰЭ). ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, беретін білімнің көлеміне, даярланатын мамандардың біліктілік деңгейіне қарамай, толық орта білім негізінде мамандыққа даярлайтын кез келген оқу орны *жоғары мектеп* болып есептеледі (ҚҰЭ).

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру. *Білім беру жүйесінің жоғары сатысы ретінде біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар даярлау мақсатында білім беру. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді* арнаулы жоғары білімі немесе «магистр» академиялық дәрежесі бар білікті мамандықтағы азаматтар алады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жоғары оқу орындары. *Экономиканың, ғылым мен мәдениеттің түрлі салалары үшін жоғары білімді мамандар, ғылым және педагог кадрлар даярлайтын, жоғары білімді мамандар даярлау ісін жетілдіруге бағытталған ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, өнеркәсіп, ауылшаруашылық, мәдениет т.б. салаларда еңбек ететін мамандардың біліктілігін жетілдіретін оқу орындары. Жоғары оқу орындарына* академиялар, университеттер, институттар т.б. жатады (ҚҰЭ).

Жоғары палата. с а я с и. *Заң шығаратын ең бірінші инстанция.* ≈ Заң *жоғары палатадан* өтті (Ауызекі).

Жоғары сапалы алтын. к е н. *Сапалық көрсеткіші әдетте 850-900% аралығында, тіпті 999 болуы мүмкін, құрамында өзге элемент қоспалары өте аз мөлшерде болатын алтын.*

Жоғары сапалы басылым. и н ф. <ағыл. Letter Quality> *Қағазға басылған мәтін сапасының, электрлік баспа мәшинесінен шыққан мәтін сапасының жоғары болуы.*

Жоғары сапалы болат. к е н. *Физикалық-химиялық және механикалық қасиеттері жоғары болат. Жоғары сапалы болаттың* құрамында фосфор мен күкірт өте аз (0,03%-ға дейін) болады, ал көміртек, легирлеуші шынықтырғыш элементтер, басқа қоспалар қажетті нормадан аспайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жоғары сатыдағы аңдар. з о о л. <лат. placentalia немесе eutheria> *Ұрпағын тірі туатын сүтқоректілердің инфракласы. Жоғары сатыдағы аңдардың* ұрпақтары аналығының сүтін еміп дамып өседі, олардың сүт және тұрақты тістері жетілген. Миының қыртысты бөлігі жақсы дамыған(Қаз. тілі термин. Биология). *Жоғары сатыдағы аңдарға* қазіргі кездегі тіршілік ететін сүтқоректілердің 17–18 отряды жатады, олар түрлі экологиялық орта жағдайларында (құрлықта, топырақ ішінде, ауада, ағаш басында, суда) тіршілік етуге бейімделген (Қаз. тілі термин. Биология).

Жоғары сатыдағы өсімдіктер. б о т. *Өркендері (сабақ, жапырақ, жыныс мүшелері), стелла немесе тіректері бар споралы, тұқымды өсімдіктерді біріктіретін үлкен топ. Жоғары сатыдағы өсімдіктер* азықтық, малазықтық және т.б. пайдалы өсімдіктер (Қаз. тілі термин. Биология).

Жоғары сатыдағы саңырауқұлақтар. б о т. *Жіпшумақтары клеткаға бөлінген, жемістік денелері бар (қалпақшалы, діңгекті және т.б.) аскомикота, базидмомикота бөлімдеріне жататын саңырауқұлақтар. Жоғары сатыдағы саңырауқұлақтардың* жеуге жарайтын түрлерімен қатар улы және өсімдіктерге зиян келтіретін паразиттері (қастауыш, ақұнтақ, дің, қара күйе, тат), малды, адамды ауруға шалдықтыратын түрлері де бар (Қаз. тілі термин. Биология).

Жоғары стиль. ә д е б. *Кітаби тіл, поэтикалық стиль.* ≈ *Жоғары стильмен* жазу.

Жоғары сұранымды тауар. э к о н. *Халық тарапынан болатын сұраным тауарлардың негізгі көлеміне сұранымнан асып түсетін тауар.*

Жоғары сұрыпты ұн [бидай]. *Кеуек, қабықтарынан әбден тазаланған, ең жоғары сападағы ұн, бидай.* Ақ бауырсақ *жоғары сұрыпты* ұннан даярланады («Шаңырақ»).

Жоғары сатыдағы шаян тәрізділер. з о о л. <лат. malacostraca> *Буынаяқтылар типінің бір класс тармағы. Жоғары сатыдағы шаян тәрізділердің* кейбір түрлері: тағам ретінде пайдаланылады (дәуіт шаян); балықтардың қорегі болып табылады (мизидалар); ал крильден (Euphausia superba) мал азығы, витаминдер, пасталар, сыр қоспасы даярланады (ҚҰЭ).

Жоғары тұрды. *Биіктен көрінді.* Төмендегі шатқалға кеп тығылған Ана бұлттан *тұрғанындай жоғары.* Інішегім, әмсе өзіңнің мұңынан Осылайша биік тұрсаң жарады (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жоғары шық. а) э т н. *Үйге кірген адамға төрге өт, төрлет, қонақ бол деген мағынада қолданылатын сый-құрмет лексикасы.* – Жас қонақ *жоғары шығыңыз,* – деп қазақша жатық тілмен үйіріле сөйледі (С.Бегалин, Бала Шоқан). Үйбай, *жоғары шық*! Күтпеген жерде келе қалған Жаңылға құшақ жая ұмтылды Биғайша (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай!). Кел, жаңа жыл, *жоғары шық,* төрге өрле, Бар ғой сені көрмеген де, көрген де, Дер болайын мақтанышпен мен сеніп, Бір жақсылық, бір игілік келді елге (Ш.Мұхамеджанов, Көңілашар). ә) а у ы с. *Есігіміз ашық, келіңіз деген мағынада.* Күні өтіп еңбек қылар уақытынан айырылып *«жоғары шық қа»* қарық болып, тамақ, киім, борыш қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады (Абай, Тол. жин.).

Жұлдызы жоғары. *Бақыты жанған.* Біздің күніміз биік, *жұлдызымыз жоғары* (С.Сейітов, Жылдар.).

Еңсесі жоғары. *Елге қарайтын беті бар, мақтануға тұрарлықтай.* Бәрінің *еңсесі жоғары* (Б.Момышұлы, Москва.).

Кеудесі жоғары. *Менмен, паң, өзімшіл.* Маусымбаев ат қораны менсінбейді, одан үлкен қызметті көтере алмайды, *кеудесі жоғары,* өзі төмен, ақпейіл жан әлін білмей, дәмесі үлкен (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Қан қысымы жоғары. м е д. *Артериялық қысымның қалыпты жағдайдан ауытқуы, көтерілуі.* ≈ *Қ а н қ ы с ы м ы ж о ғ а р ы* адамдар.

Су басы жоғары болсын. ж е р г. *Су мол болсын!* Диқанға береке, *с у б а с ы ж о ғ а р ы б о л с ы н* (Қаз. тілі фразеол. сөзд.).

Температурасы жоғары. с ө й л. *Қызуы көтерілген, дене жылуы қалыпты жағдайдан жоғары, ыстық.*

ЖОҒАРЫДА ү с т. *Сөйленген не жазылған мәтіннің айтылып кеткен тұсында, сөйлеп тұрған уақыттан сәл ғана бұрын.* Терме өрмегіне *ж о ғ а р ы д а* айтылған жабдықтарға қосымша «ілмек», «өткерме», «мәймөңке» деген жабдықтар қолданылады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Ж о ғ а р ы д а* айтқан редакциялық командировкадан оралғаннан кейін ол Сыр бойында өткен ақындар туралы көп толғанып жүрді (С.Мәуленов, Үркер.). *Ж о ғ а р ы д а* аталған төрт жігіттің қарулас досы Александр Галкиннің ұлты – татар (С.Сейітов, Сөз сұра.). *Ж о ғ а р ы д а* айтқанымдай, сыры көп, Айтар ойы сүйектілеу, ірірек, Түпнұсқасы басқа тілдік өлеңім Бес қазақша өлеңімнің бірі боп (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖОҒАРЫДАҒЫ с ы н. *Жаңа көрсетілген, жаңағы. Ж о ғ а р ы д а ғ ы* кітаптарымыздың көпшілігі орыс тілінде болуы да осыдан еді («Халық мұғ.»).

ЖОҒАРЫЛА= е т. **1.** *Жоғарыға өрлеу, биіктеу.* Таудың төбесіне *ж о ғ а р ы л а п* шыққан сайын күн суытып келеді (С.Шарипов, Шығ.). Қапаш баспалдақпен *ж о ғ а р ы л а п* көтерме сөренің үстіне шықты (Ғ.Сланов, Замана.). Екі жігіт енді спорт сарайына қарай *ж о ғ а р ы л а ғ а н* болатын (О.Сағынаев, Ұзақ жол). Шолпан шарықтап арқан бойы *ж о ғ а р ы л а п,* Меркурий де найза бойы көтеріліп қалды (Х.Әбішев, Аспан сыры). Маған сыйлық дейсің бе, мол алғаным, Сапарыма разымын, жоқ арманым. Бүркітіндей қалықтап аясында, Баянауыл басына *ж о ғ а р ы л а д ы м* (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). **2.** э т н. *Төрге шығу, төрлету. – Ж о ғ а р ы л а,* Теміржан, – деді Ермекбай. Теміржан *ж о ғ а р ы л а м а д ы* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Оның жүріс-тұрысы жинақы, кебісін тез шешіп денесін тік ұстаған күйінде төрге *ж о ғ а р ы л а д ы* (К.Оразалин, Абай.). Қонақ та тоқтаған жоқ оған қарап, Отырды молдакеңмен *ж о ғ а р ы л а п,* Тұсына домбырасын іліп қойды, Қол созса жетерліктей оңайырақ (Б.Адамбаев, Ақбөбек). **3.** *Арту, көтерілу.* Қара жұмыс кезінде, әсіресе, ол адам бұрын онымен шұғылданбаған болса, қан қысымы *ж о ғ а р ы л а й д ы* (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.). **4.** *Жақсару, биіктеу.* Әрбір тоқсан сайын сабақ үлгеруі *ж о ғ а р ы л а п,* алғырлық, шеберлік, әсіресе, еңбек сабағында озық баланың бірі болды (С.Бегалин, Сәтжан). Біз көп өнім алдық. Енді одан *ж о ғ а р ы л а м а с а қ* төмендемейміз, – деді Осман (С.Бақбергенов, Алтынемел.). Ақынның ой-өрісі тереңдеген сайын шығармасының да өрісі кеңіп, сапасы *ж о ғ а р ы л а й* берді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **5.** а у ы с. *Үлкен қызметке ауысу, лауазымы өсу.* Жұманияз көміршілер комитетінен *ж о ғ а р ы л а п,* қалалық профсоюз кеңесін басқармақ (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Ысмайыл фермада бастық болған, одан ауылнайлыққа *ж о ғ а р ы л а д ы* («Қаз. әдеб.»).

ЖОҒАРЫЛАТ= е т. **1.** *Жоғары көтеру.* Қайықтар жақындаған сайын ол желбіреген туын *ж о ғ а р ы л а т а* түсті (С.Мұқанов, Ботагөз). Қыл мойыннан ұстаған саусағын бірте-бірте *ж о ғ а р ы л а т ы п,* алқымына таман әкеле жатыр (Т.Ахтанов, Боран). **2.** *Дәрежесін көтеру.* Берке хан өзінен әскерінің жайын жасырған, бұнсыз біреуді *ж о ғ а р ы л а т ы п,* біреуді төмендеткен әскер басшылары болса, ондайларды бір күн қоймай, орындарынан алып тастап отырған (І.Есенберлин, Алтын.). **3.** *Келген адамға жоғары шық, төрлет деген мағынада айтылатын сөз.* Үй иесі Ысқақ Әбдірахманов әдеттегісінше: – А, *ж о ғ а р ы л а т*! – деп құшақ аша жылы жүзбен қарсы алды (С.Досанов, Жер тағдыры). 4. *Көтеру, күшейту.* «Жылу эффекті» немесе «оранжеялық эффекті» деп аталатын бұл құбылыс атмосфераның төменгі қабаттарының температурасын *ж о ғ а р ы л а т а д ы* (Т.Қалыбеков, Экология.). Жарықшалардың көбеюі тау жыныстарының беріктігін төмендетеді, су сіңіргіштігін *ж о ғ а р ы л а т а д ы* (К.Сапарбайұлы, Геология.).

ЖОҒАРЫЛАТҚЫШ с ы н. *Жоғары көтергіш, шығарғыш.* Бұл әдістің мәнісі – осы торғайлардың үріккендігі дауыстарын магнитофонға жазып алып, оны жүзімдіктердің әр жеріне дауыс *ж о ғ а р ы л а т қ ы ш* радио арқылы хабарласа, құстар үркіп жоламайды (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

ЖОҒАРЫЛАТУ *Жоғарылат етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көтеру, күшейту.* Төмендеген стрелканы *ж о ғ а р ы л а т у ғ а* құмартқан Боқай самайдан тері сорғаласа да шаршар емес (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **2.** а у ы с. *Жетілдіру, дамыту.* Ол коммунистерді өндіріске дұрыс орналастыруға, олардың саяси білімін *ж о ғ а р ы л а т у ғ а* көмектесіп отырды (Ж.Арыстанов, Естен кет.). Бұл арада әңгіме оларды жасанды түрде *ж о ғ а р ы л а т у* немесе төмендету туралы болып отырған жоқ (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.). **3.** *Жақсарту.* Халық бұл қорларды

өзінің меншігі мен әл-ауқатын *жоғарылату* мақсатына жұмсайды (Б.Жүнісов,.. Нарық. экон. негіз.).

ЖОҒАРЫЛАТЫЛ= е т. *Дәрежесі, қызметі көтерілу, өсірілу.* Саяси шыңдалу мектебінен өткен, ұйымдастыру қабілеті мол талай жастар *жоғарылатылды* (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Жақып екі жылдан бері цех бастығына *жоғарылатылды* (А.Хангелдин, Өткен күн.). Ол өзі істеп жүрген ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасарлығына *жоғарылатылады* (Қ.Қазыбаев, Аманат). Нахманович кейінгі кезде Жамбыл облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы етіп *жоғарылатылды* (К.Баялиев, Жер тынысы).

ЖОҒАРЫЛАТЫЛУ *Жоғарылатыл етістігінің қимыл атауы.* Гармониялық минор – белгілі биіктікпен орналасқан ұяң үнді дыбыстар тізбегінің VII дыбысының жарты тон *жоғарылатылуы* (Қ.Қуатбаев, Қысқ. муз. сөздік.)

ЖОҒАРЫЛАУ[1] с ы н. **1.** *Биіктеу, көтеріңкілеу.* Бұл әнді салуға келгенде өзі де ерекше жайнап, домбыраны *жоғарылау* көтере ұстап, аса көңілді келді (С.Бақбергенов, Алтынемел.). **2.** *Аздап жоғары, жоғарырақ.* Төсектен *жоғарылау* күйеу, күйеу жолдастары және жағалай қыз, жігіт боп араласа орналасқан кілең жастар (С.Сматаев, Ақжелең). **3.** а у ы с. *Қымбаттау.* Біздің елімізде әзірше шыныпластиктің құны аздап *жоғарылау* болып отыр (Н.Нұрахметов, Дархан хим.).

Ортадан жоғарылау. *Тым ұзын емес, бойы ұзын деуге келмейтін.* Тарантастан бойы *ортадан жоғарылау,* бүйра шаш, аққұба жүзді, қаракөк матроска киген жап-жас жігіт түсіп, маған қарай жүрді (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

ЖОҒАРЫЛАУ[2] *Жоғарыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қызметі өсу.* Рәштің *жоғарылауы* менен оны алыстатқан жоқ (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Шыңғыстың Құдайдан жатса-тұрса тілері – Шоқанның биік шендерінің біріне тұяғы ілігуі, содан бастап *жоғарылауы* еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Көтерілу.* Бұлардың қатарына аса сезімтал аспаптардың жәрдемімен жердің электр өрісінің *жоғарылау* ошақтарын анықтау, жер сілкіну алдында болатын дыбыс толқындардың табу, жер беті еңістігіндегі өзгерістерді байқау жатады (К.Сапарбайұлы, Геология.). Температураның *жоғарылауы* немесе төмендеуі, қардың жаууы, қорек-жемнің азаюы, тағы басқа айналадағы тіршілік ететін ортаның қолайсыздығын әртүрлі жануарлар әртүрлі сезінеді (Р.Әлімбаев,.. Құстар.).

ЖОҒАРЫЛЫҚ з а т. **1.** *Биіктік.* Аспанмен тілдескен *жоғарылылық,* түк түсініксіз табиғат көреміз (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). **2.** *Көптік, күштілік, артықтық.* Қышқыл жыныстарының минералдық құрамына тән ерекшелік – кварцтың, калийлі дала шпаты мен қышқыл плагиоклаз мөлшерінің *жоғарылығы,* күңгірт түсті минералдар азғана мөлшерде (биотит, ішінара қоңыр амфибол мен пироксен) болуы (К.Сапарбайұлы, Геология.). Калориясының *жоғарылығы* және ішінде углеводтары көп болғандықтан, қантты диабетпен ауырған адамға көп зиян (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **3.** *Дауыстың, үннің ашықтылығы, үнділігі, биіктігі.* Әміренің тұстастарынан да, кейінгілерден де даусының *жоғарылығы,* тазалық, өрнектілік жағынан оған таласатын қазақ әншісін мен өзім көрген жоқпын (С.Мұқанов, Есею жыл.). **4.** а у ы с. *Қызметі, дәрежесі үлкендік.* Бугеевтің қызметінің *жоғарылылығы* болмаса, ақыл-есі артық емес (С.Бақбергенов, Қарға там.). Лось өзінің әскери атағы, бірер саты *жоғарылығын* пайдаланды (Ж.Тілеков, От кешу).

ЖОҒАРЫЛЫ-ТӨМЕН ү с т. с ө й л. ***Жоғарылы-төменді.*** *Жоғарылы-төмен* ағылып жататын қатынастың бір жағы облыс орталығына, бір жағы мына батыс беттегі көрші ауданға барып тіреледі (К.Ахметбеков, Алқакөл).

ЖОҒАРЫЛЫ-ТӨМЕНДІ ү с т. **1.** *Жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға.* Оқтауды домбыраға ұқсатып, *жоғарылы-төменді* ойқастата, он саусағымды жүгіртіп алып, Орақ-Мамайды бастап кеп жіберейін (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** *Ары-бері, жағалай.* Бұларынан түк өнбегесін, шеткі атқа жайдақ міне салып, кемерді *жоғарылы-төменді* жағалай сыдыртып шыққан (Д.Әбілев, Арман.). **3.** *Дауыстың біресе ашық, биік, біресе төмен, баяу шығуы.* Даусының мәнеріне қарай *жоғарылы-төменді,* оңды-солды ойнақ салады (Ж.Еділбаев, Буырқан.). **4.** *Біресе төмен, біресе биік.* Топ-тобымен *жоғарылы-төменді* үйіріліп ұшқан үйректер көлден-көлге қонады (Ж.Тілеков, Қайнар).

ЖОҒАРЫРАҚ ү с т. **1.** *Жоғары таман, биіктеу.* Олардан *жоғарырақ* биік шатыр ішінен шығарылған екі шағын терезе тағы бар (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **2.** *Төрге таман, есік жақта емес.* Бұлардан *жоғарырақ* тұрған кең маңдайлы, ақ құба келген ойлы көзді мыңбасы татар жігіті Ягуда ұлы Әлім (І.Есенберлин, Қаһар). **3.** *Бұрыныраң, алдында.* Мана бесіннен *жоғарырақ* мезгілде Тайшымның сегіз жүздей жігіті әдейі қарасын көрсете Қара бұтаққа қарай төбе-төбелердің үстімен жөнелген (С.Шарипов, Бекболат). **4.** а у ы с. *Биігірек, бағалы, қадірлі.* Келбетің Алатаудан *жоғарырақ,* Жап-жақын көрінбей ме оған жарық. Көп толқын кейінгі

өрен өседі деп, Алыстан салғандайсың соған құлақ (Ғ.Орманов, Таңд.). **5.** *Жоғары басшылық қызметке қарай, мемлекеттік дәрежедегі басшылыққа қарай.* Ондай іс қолдарынан келмеуіне көздері жеткен жергілікті әкімдер арызды *жоғарырақ* айдап, «Балуан Шолақ қазақ халқын көтеріліске ұйымдастырып жүр» деген хабарды Петербургтағы патшаның өзіне жолдады (С.Мұқанов, Балуан Шолақ).

ЖОҒАРЫ-ТӨМЕН үс т. **1.** *Жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға. Жоғары-төмен* үйрек-қаз ұшып тұрса сымпылдап (Абай, Тол. жин.). Көл үстінде *жоғары-төмен* ұшып жүрген құс шуы, сыңси салған аққудың сұлу әні көңілге бір қиял туғызғандай (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** *Ары-бері.* **3.** *Ерсілі-қарсылы.* Оның қалың қасы қабағынан тұрақ таппағандай, *жоғары-төмен* қозғалақтады (Т.Иманбеков, Үлкен үй). Жайылып тоқ, тұнып келе жатқан атты жаудан олжа түсіргендей, ауыл арасындағы темір-терсектерге, *Жоғары-төмен* шапқызып, қызыл май қылды (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЖОҒАРЫ-ТӨМЕНДІ үс т. *Біресе астыға, біресе үстіге, ілгері-кейінді.* Есентайдың еріні сөйлеген сайын *жоғары-төменді* қимылдап, үнемі дамылдамады («Жұлдыз»).

ЖОҒАРЫЛАУ үс т. *Біршама жоғары, әжептәуір жоғары.* Төсектен *жоғарылау* күйеу, күйеу жолдастары және жағалай қыз, жігіт боп араласа орналасқан кілең жастар (С.Сматаев, Ақжелең).

ЖОҒАРЫРАҚ үс т. *Жоғарылау, сәл жоғары.* Күлән жеңгесіне еркелеп барып, одан *жоғарырақ* отырғанын өзі де байқамай қалды (Ә.Әзиев, Оянғар ар). Бұлардан *жоғарырақ* тұрған кең маңдайлы, аққұба келген ойлы көзді мыңбасы татар жігіті Ягуда Әлімұлы (І.Есенберлин, Шығ.).

ЖОДЫРҒЫСУ *Жодырғысы етістігінің қимыл атауы.*

ЖОДЫРҒЫСЫ= е т. ж е р г. **1.** *Сырғақсу.* Қамбар кейінгі кезде *жодырғысып* барады (К.Оразалин, Ақ жазық). **2.** *Көрмегенсу.* Әшімді көрген жерде Бекбосын *жодырғысып* өтіп барды да, қайта бұрылды (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖОЗЫ з а т. ж е р г. *Айнала төңірек отырып, тамақ ішетін, аласа дөңгелек үстел.* Шал көтере берген кесесін *жозының* үстіне қайта қойды да, ақырын ғана күрсініп отыра қалды (Б.Мұқай, Жалғыз жаяу). Жұбайы *жозы* үстіне мөлтек дастарқан жасап қойған екен, шай құйылған кесені ұсына берді (К.Ахметбеков, Сый орамал). Жаз айларында, әсіресе аса қадірлі қонақ күтетін сәтте, үйдің ортасына жайылған алаша, кілем, текеметтердің үстіне *жозы* қойылып, айналасына төселген көрпешелерге қонақтардың жайғасып отыруына ыңғайластырылған төсеніш ретінде әр жерден ішіне жүн, қыл салып, арнайы тоқылған кілем жолағымен немесе мәуітімен тысталған жержастықтар тасталатын (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

ЖОЙ= е т. *Құрту, жоқ ету.* Соғыстан есімде қалғаны Шалқарда генерал Коровочкин дегеннің әскерін *жойып* жібердік (С.Бақбергенов, Қарға там.). Екеуі де қанжарға қолды қойды, Лямасқа бекітіп алды ойды. Ыза менен суарған улы қанжар, Не қылса біреуінің басын *жойды* (Ақылбай Құнанбаев, Шығ.). Егер жау берілмесе оны *жоямыз!* Біздің ұран осы ғой (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Адамдығын жойды. *Адам атына кір келтірді, кісілігін, адамгершілігін жоқ етті.* Айтқаныңа басыңды сал! Ақиқатын ойласаң, Тұрдым деген жеріңде қал! *Адамдығың жоймасаң* (Ж.Саин, Таңд. шығ.).

Атын жоймады. *Ата-бабаның жақсы атағын шығарды, атаққа сай болды, оған кір келтірмеді.* Ерлікке де бар едің, Үйренуге тоймаған. Жасқа жас, ойға кәрі едің, Атаңның *атын жоймаған* (Абай, Тол. жин.). Алла ішімді айтқызбай біледі ойла, Бендесіне қастықпен кінә қойма. Распенен таласпа мүмкін болсаң, Ойла айттым, адамдық *атын жойма* (Абай, Тол. жин.).

Басын жойды. *Көзін құртты, жоқ қылды.* Бағана киік болып қашқан бойдан, Сол еді сиқырменен шөл ғып қойған. Бұл да бір басшысы еді жәдігөйдің, Тылсыммен талайлардың *басын жойған* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Көзін жойды. *Жоқ етті, құртты.* Оралбайлар сөзін екі еткендердің *көзін* лезде *жойып* жіберуші еді (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). Күн қызарып ұясына енгенде, Қалған жаулар кейін қайтып келеді. «Шалдың *көзін жойып* шық!» деп офицер, Солдаттарға бұйрықты тез береді (А.Нұртазин, Орман.).

Кемшілікті жойды. *Іс-әрекеттегі ағаштықты, олқылықты жөндеді, түзеді.*

Күлкінің ізін жойды. *Күліп отырған жерінен бірден түсін бұзды.* Бұл сөз Әрияның жүзіндегі *күлкінің ізін жойып* жіберді де, оның орнына қаталдылық алып келгендей болды (Ә.Нұрмаханова, Шығыс шынары).

Күшін жойды. *Өз мәнінен айырылды.* «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген нақыл о жақта да *күшін жоймаған* екен (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай).

Қадірін жойды. *Қадір-қасиетінен айырылды, қадірін кетірді, қадірсіздеңді.* Қанша сөйлегенмен сөзінің дәмін тауыспайтын қара кемпір ауыл үйге *қадірін жойып* көрген емес (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

Сенімін жойды. *Сенімін жоғалтты.* Түсінбеушіліктің нәтижесі өкініште. Бұл бірте-бірте балалардың үлкендерге деген *сенімін жояды* (Семья тәрбиесі).

ЖОЙБАР с ы н. ж е р г. *Мықты, әлді, қуатты.* Ол *ж о й б а р* жігіт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОЙҒЫЗ= е т. *Жоқ еткізу, жоқ қылдыру, құртқызу, жойдырып жіберу.* Мұрат Сланов гитлершілердің бір зеңбірек батареясын, үш пулемет ұясын дәл белгілеп, сол сағатында *ж о й ғ ы з ы п* жіберді (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖОЙҒЫЗУ *Жойғыз етістігінің қимыл атауы.* Бірден қыс ызғарын *ж о й ғ ы з у* ма, Көктемге көніп, қанат жайғыза ма! Баянды атқан таңның болуы үшін, Күресте құрбан болды Айғыз ана (Т.Әбдірахманова, Көгершін.).

ЖОЙҒЫШ[1] с ы н. *Жоқ қылғыш, қырғыш.* Катюша Отан соғысы кезінде *ж о й ғ ы ш* қару болды (Әскери.).

ЖОЙҒЫШ[2] з а т. ә с к. *Жарғыштық көмегімен зымыранды ауада автоматты түрде жойып жіберуге арналған қондырғы. Ж о й ғ ы ш* нысананы құртуға жеткілікті бір уақыт өткеннен кейін ракетаны жарып жібереді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жойғыш авиация. ә с к. *Қарсылас жаудың әуедегі басқарылатын және басқарылмайтын аппараттарын жоюға арналған әскери авиацияның түрі.* Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің әуе қорғанысы әскерлері 7313 жау самолетін, оның 4168-і *ж о й ғ ы ш а в и а ц и я с ы н* жойды (Қ.Аманжолов, Қасиетті борыш). Қазіргі заманғы *ж о й ғ ы ш а в и а ц и я н ы ң* жылдамдығы сағатына 2700 км-ге дейін, ұшу биіктігі 30 км-ге дейін жетеді (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жойғыш авиацияны бағыттау аймағы. ә с к. *Ұшқышқа бағыттау командасын (курс, биіктік, ұшу жылдамдығының) және телекодты радиосызықтардың көмегімен кеңістіктегі нысананы автоматты түрде көрсетуі немесе басқару пунктінен радиомен хабар беру арқылы жойғыштарды ұрысқа енгізу мүмкіндігін жүзеге асыратын әуе кеңістігіндегі аймақ.*

ЖОЙДАСЫЗ с ы н. ж е р г. **1.** *Үлкен, ерен, қарқынды, зор.* Жас әдебиетшілермен әңгімелескенде Л.М. Леонов: «Жазушының еңбегі – *ж о й д а с ы з* күшке тиеді, аянбай қимылдап, турасын тауысқанша еңбектеніп, өзін түгел құрбан еткенде ғана туады», – деп еді (І.Омаров, Шабыт.). Бар өмірі талпыну жолында өткен, білген сайын ынтасы арта берген ардагер жан, *ж о й д а с ы з* еңбек жанды Горький ғой ол! («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Ерепейсіз, қолайсыз, орынсыз.* Жүрегі орнығып, оқытушыға қарай беріп еді, арт жағынан біреу құлағынан тартып *ж о й д а с ы з* бір теңеуді сыбырлап айтып та үлгерді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **3.** а у ы с. *Жөнсіз, орасан, ерекше.* Осы құрал неғұрлым өткір болып, дәл түзу бағытқа түскен сайын соғұрлым ол *ж о й д а с ы з* күшке айналады (F.Мұстафин, Ой әуен.). Құлжадан түйемен тарттырған сары бауыр қызыл тары Қарақияның қаратопырақты жазығына *ж о й д а с ы з* бітік өскен (Қ.Сегізбаев, Беласқан).

ЖОЙДАСЫЗДЫҚ з а т. ж е р г. *Шектен тыс болушылық, жөнсіздік.* Міне, шағымның түрі! Мемлекет қаржысын жей берсем! Не деген *ж о й д а с ы з д ы қ* (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

ЖОЙДАСЫН с ы н. *Мықты, күшті.* Бұрқан атының тізгінін тежеді де: – Шеттеріңнен кілең *ж о й д а с ы н* ерлерсіңдер, ал жортқанда жолдарың болғай, – деді (Ә.Көшімов, Лашын.). // *Мықты, ірі, күшті кісі.* Ал *ж о й д а с ы н д а р д ы ң* өзі Тұрсынға жанасарлық ыңғай білдірмеді жол үстінде (Ә.Көшімов, Лашын.).

Жойдасын ер. *Алып, ерен, мықты, батыр.* Палуан қажырлы адам қайраты асқан, Белдескен көп мықтымен бала жастан. Жоталы жолбарыстай *Ж о й д а с ы н е р*, Жүлде алған талай-талай той мен астан (Сара, Тордағы.).

ЖОЙДАУСЫЗ с ы н. *Ерен, үлкен, зор.* Жобасы *ж о й д а у с ы з* үлкен бөрінің тұмсығынан аумай, бір сұрғылт бұлт шоғырланып шыға келген болатын (М.Қаратаев, Далада.). Келгенше Ерден шолып өзге жақты, Ораздар өз қырманын болып қапты. *Ж о й д а у с ы з* ойсаң күші жас жандардың, Еріксіз оны бүгін мойындатты (F.Игенсартов, Тың дала).

ЖОЙДЫР= е т. *Құрту, жоқ ету, жоғалту.* Байқалған кемшіліктерді жедел *ж о й д ы р ы п*, мектеп коллективіне нақтылы көмек көрсету үшін инспектор жалпы мектеп ісіне өте жетік болуы қажет («Қазақст. мұғ.»). Бар дүниені бейне бір тұрмақ билеп, Жауыздықты *ж о й д ы р ы п*, ақты сүймек, Адам айдан, жер, аспан, өнер, білім, Әміріне тіл қатпай басын имек (ХХ ғ. қаз. ақын.).

ЖОЙҚЫН с ы н. **1.** *Қырып-жойып кететін, алапат, сұрапыл.* Бұрын-соңды болып көрмеген *ж о й қ ы н* соғыс бір сәтке де саябыр таппайды (Ж.Тәшенов, Жауынгер.). Қазақ жеріндегі елдерді орта ғасырдағы татар-моңғол басқыншыларының *ж о й қ ы н* шабуылы жерменжексен етіп, жоқ қып жіберген (Н.Баяндин, Саяхат.). Сиырдай сүзіскен *ж о й қ ы н* сеңнен су беті көрінбей кетті (Ө. Қанахин, Жас дәурен). **2.** а у ы с. *Керемет, сұмдық, орасан.* Сол жылы әкеңнің егіні *ж о й қ ы н* болды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл.). Электролиз цехы электр қуатын

көп жұтады, соған орай өнімі де *ж о й қ ы н* (Т.Нұртазин, Адам.). Украина жерін жарып өткен майдандық ауыр сапарда қазақтың талай батыр жігіттері *ж о й қ ы н* ерлік көрсетті («Лен. жас»).

Жойқын теориясы. г е о л. *Жердің геологиялық тарихын негұрлым тыныш болған ұзақ дәуірлер мен біршама қысқа уақыт ішінде ғаламшардың бейнесін күрт өзгертіп кетіп отырған жойқын апаттар.*

ЖОЙҚЫНДЫ с ы н. *Орасан күшті, мықты.* Жанартаудай *ж о й қ ы н д ы* жігіт еді (Ә.Ниязбеков, Естегілер.).

ЖОЙҚЫНДЫҚ з а т. *Орасан күштілік, алапаттық.* – Сенің сондағы күшіңнің *ж о й қ ы н д ы ғ ы н* айтам! – деді Боков («Ара»).

ЖОЙҚЫТ= е т. ж е р г. *Жосылту, көсілту.* Кемсеңдеп тұрды дағы біраз налып, Көзінің ыстық жасын сығып алып, Болар деп осы жәрдем жаралыға, *Ж о й қ ы т ы п* сөйлеп кетті, ақыл салып (Қ.Тоғызақов, Таңд.).

ЖОЙПАН с ы н. ж е р г. *Зор, үлкен.* Ол алдымызға *ж о й п а н* шара қымыз қойды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОЙПАҢ с ы н. ж е р г. *Адуын, мықты, батыл.* Баяғыда күйеуі қорқақ, әйелі *ж о й п а ң* біреудің үйіне ұры түссе керек (О.Бөкеев, Үркер).

ЖОЙПАР с ы н. ж е р г. *Жойқын, зор, мығым.* Тұрсын деген жұмысты істейін десе бар ма, ол *ж о й п а р* (М.Сүндетов, Балық аула). Киімдері көкала балаларды әрі-беріден соң *ж о й п а р* қатындар ысырыңқырап, шеттетіп жіберіп еді (Ж.Молдағалиев, Айналайын).

ЖОЙЫЛ= е т. **1.** *Жоқ болу, жоғалу, ада болу.* Еркіндік алсын бар жаһан, *Ж о й ы л с ы н* соғыс жаманат! Сенгенім сенсің, партиям, Дүние саған аманат (Р.Тышқанбаев, Тоқылдақ). Адамды адам қанау баяғыда *ж о й ы л ғ а н* (М.Мағауин, Бір ата.). **2.** *Құртылу, құру.* Майдың 30 күні Свобода хуторы мен Молдованск селосында дүшпанның 30 танкі *ж о й ы л д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). **3.** *Қырылу, өлу.* Жаудың қанша адамы *ж о й ы л ғ а н ы н* білмеймін, әйтеуір сол кеште ісіміз сәтті болғаны мәлім (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

Түп-тамырымен жойылды. *Түп-тамырына балта шабылды, біржола тып-типыл етілді.* Бұл қайшылық тек советтік дәуірде ғана *т ү п-т а м ы р ы м е н ж о й ы л ы п*, қайтпас сапар шекті (М.Ермеков, Тарту.).

ЖОЙЫЛТ= е т. *Жоғалту, жою.* Олардың көздерін *ж о й ы л т т ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөзд.). Екінші тоқсанда толық пайдаланбай, кез келген жерге тастап *ж о й ы л т ы п*, қазір де 20000-дай ғана қармақ қалды («Екпінді балықшы»).

ЖОЙЫЛУ *Жойыл етістігінің қимыл атауы; жоқ болу, құру.* Басқаның бәрі осы түннен қалмай *ж о й ы л у ы* керек те өзім ертең мына кірешілерге еруім керек (Ә.Әбішев, Замана.). Хан ойынша, қазақ руларының арасындағы алауыздық түбі *ж о й ы л у ғ а* тиісті (І.Есенберлин, Алмас.).

Жойылу құны. э к о н. *Материалдық немесе актив үшін оның пайдалы қолданылым мерзімінің соңында өткізу бойынша болжанған шығыстарды шегергеннен кейін субъект алмақшы болып күтіп отырған сома.*

ЖОЙЫМПАЗ с ы н. *Жойып жіберуші, құртушы, жоқ қылушы.* Гитлер өзінің таңдаулы дивизияларын, *ж о й ы м п а з* әскерлерін шоғырландырды (Ә.Бектемісов, Майдангер). *// Жоюшы, құртушы топ. Ж о й ы м п а з д а р м е н* бітіспес күрес жүргізу қажет болды («Соц. Қаз.»).

ЖОЙЫМПАЗДЫҚ з а т. **1.** *Жойып жіберушілік.* Кеңес әскерлерінің *ж о й ы м п а з д ы қ* күші Ұлы Отан соғысында дүние жүзіне паш болды («Лен. жас»). **2.** *Жеке адам немесе адамдар тобы бойындағы айналасында бұрын жасалған нәрсені жоюға құштарлық сезім, бар нәрсені қиратуға бағытталған әрекет. Ж о й ы м п а з д ы қ* адамдардың өзіне деген көзқарасынан басталады. Өзін аямаған басқаны да аямайды. Мұндай сезім тұлғаның жасампаздық күш-қуаты тежелген жағдайда, мәдениеттілік пен әдептілік құндылықтарын таяз меңгерген адам бойында ерекше өрістейді (ҚҰЭ). Ал әрбір азаматымыздың жеке басына, үй ішіне, күллі халқымыз бен елімізге оңайға түспеген реформалық процестердегі қол жеткен ілгері басушылықты місе тұтпай, бәрін жоққа шығарып, бәрін қайта бастаймыз десек, кешегі *ж о й ы м п а з д ы қ қ а* қайта ұрынамыз (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

ЖОЙЫС= е т. *Құртысу, жоқ қылысу, өлтірісу.* Қызылдарға көмектесіп, ақтың солдаттарын өз қолымен *ж о й ы с қ а н* кім? (К.Оразалин, Көктем.).

ЖОЙЫСУ *Жойысетістігініңқимылатауы; жоқ ету, құрту.* Кейбір кемшіліктерді *ж о й ы с у ғ а* өзі қолма-қол көмек, жәрдем беретін еді (М.Ғабдуллин, Менің дос.).

ЖОЙЫТ с ы н. *Қара күшке мығым, алапат.* – Ат машина емес-ау, ана шынжыр табан *ж о й ы т* қой жерді қазып кететін (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). Жұлқына жойқын қасқыр ұмтылғанда, *Ж о й ы т* күзен оқ жыландай атылды алдан («Қаз. әдеб.»). *// Барып тұрған жыртқыш, жауыз топ.* Генералдар мен келімсек *ж о й ы т т а р* салып жорықты, Кемпір, шал, бала, келіншек, Көрдің аузында жолықты (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

ЖОЙЫТТЫҚ з а т. *Құштілік, алапаттық.* Тілге келсе болды, ар жағын өзіме жібер дейтін ежелгі *ж о й ы т т ы ғ ы н а* басқан (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖОҚ[1] з а т. *Жоғалған мал, қолды болған зат, дүние.* Іздемей *ж о ғ ы н*, Шайқалмай тоғын, Қарап жатқан тірі жоқ (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ол болса қайтуші еді, тағы да *ж о қ* іздеп келе жатқан қу қамшы шығар (А.Лекеров, Түз гүлі). Елеусіз *ж о ғ ы н* тапқан адамдай қуанды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат). *Ж о қ* табылмайды емес, қарауы жетпейді (Мақал). *Ж о ғ ы ң ы з д ы ң* оралғысы болсын! – деп мен жымидым (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Бәсең, төмен.* Кейде жалын, кейде шоқ, Кейде ынтық, кейде *ж о қ,* Кейде жаяу, кейде атты, Кейде баяу, кейде қатты (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖОҚ[2] м о д. **1.** *Бір нәрсені құптамау, теріске шығару, мақұлдамау кезінде айтылады. Ж о қ,* біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық (Абай, Тол. жин.). – *Ж о қ,* – деді Бурахан кідірместен, Бағланның орнына Абзалов сайлансын (Ә.Әбішев, Ғаламат). *Ж о қ,* сұлу, жол жасасын өзің құры, Ол халық мақтанышы сөздің нұры, Сен біздің қуаныштың ұрысысың, Сендегі жүрек те ұры, сезім де ұры (Ж.Молдағалиев, Жыр.). **2.** *«Бар» сөзіне қарама-қарсы мәнде айтылатын сөз.* Кәрілік те түр тақау, Алдымызда айла *ж о қ.* Қайғысыздық бәрі – асау, Бізге онан пайда *ж о қ* (Абай, Тол. жин.). Тоқта, – деді ол, – тұра тұр, Көмейді әзір емдеме, Қайта тағы құятын, *Ж о қ* менде де, сенде де (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). Жат айбынар ісі *ж о қ,* Жау айдынар күші *ж о қ* (Абай, Тол. жин.). Бірлік *ж о қ,* береке жоқ, шын пейіл *ж о қ,* Сапырылды байлығың, баққан жылқың (Абай, Тол. жин.).

Айна қатесі жоқ. *Айнымай ұқсаған, аумаған, дәл өзі. А й н а қ а т е с і ж о қ,* қойшылардың ит-құсты үркіту үшін қора шетіне орнататын жарбиған жаман қарақшысы болдым да қалдым (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Қарттың ат жақты, қыр мұрынды келген бет әлпеті, ернінің бір құйлысында іркіле қалатын күлкі реңі *а й н а қ а т е с і ж о қ* Құндызға ұқсайды (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап).

Айт-үйт жоқ. *Ай-шай жоқ.* Сәруәр, қойсаңшы. *А й т-ү й т ж о қ,* немене бас-аяғын білместен! (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Ай-шай жоқ. *Ештеңеге қарамай.* Ол *а й-ш а й ж о қ* мені тартқылап аулаққа алып шықты («Лен. жас»). Ар жақтан жауап болмағасын тыпыршып тұра алмай *а й-ш а й ж о қ* кіріп барды (С. Нарымбетов, Тентек).

Алақан қышуы басылған жоқ. *Айызы қанбай, дегенін істеп, мұраттан бір шыға алмай қалды.* Сол он бес жылдың ішінде қойдай көгендеп, тұтқын ұстағаны да осы. *А л а қ а н қ ы ш у ы* әлі *б а с ы л ғ а н ж о қ* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Алты аласы, бес бересі жоқ. *Ешқандай өтіп кеткені жоқ.* Жетібай ретін тауып оны шағып алды: – Күреңбайда *а л т ы а л а с ы, б е с б е р е с і м ж о қ* менің (С.Омаров, Қайырлы.).

Алып-жұлып бара жатқан ештеңе жоқ. а) *Айтарлықтай, дүрлігерліктей, қауіп ойларлықтай дәнеңе болған жоқ.* ә) *Өзгеден ерекшелігі, артықшылығы жоқ.* Клара былай қарағанда, *а л ы п-ж ұ л ы п б а р а ж а т қ а н е ш т е ң е с і ж о қ* қара торы, ашаң жүзді, қарапайым ғана қыз («Лен. жас»).

Амал жоқ. *Басқа лаж жоқ, амалсыз, лажсыз.* Нанасың не айтса да *а м а л ы ң ж о қ,* Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген (Абай, Тол. жин.). Меншікті қылмаған соң, Алла өзі сорлы етсе, *а м а л ж о қ* (Абай, Тол. жин.). Көтермеске *а м а л ж о қ,* Көрдім дүние ауырын (Абай, Тол. жин.). – Енді қайт дейсіздер. *А м а л ж о қ!* – деп, Көсе езу тартып, жауырынын бір қиқаң еткізді (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Аманы жоқ. *Сәлем бермеді, амандаспады.* Аузыңда сәлемің мен *а м а н ы ң ж о қ,* Үлгісіз көргенім жоқ сендей надан (Жамбыл, Шығ.).

Атадан қалған мал жоқ. *Нар тәуекел, аянатын еш нәрсе жоқ деген мағынада айтылатын сөз. А т а д а н қ а л ғ а н м а л ж о қ,* қалтырап жүріп күн көргені құрысын дедім («Қаз. әдеб.»).

Атарға оғы жоқ. *Қатты қаһарланып, ашуға мінген кісі туралы айтылады.* «Тілшіміз» бен Әбілтай екеуі түнделетіп отырып Қариманың төркініне келеді. Қариманың *а т а р ғ а о ғ ы ж о қ* боп, сыздап отырған кезі екен... («Лен. жас»).

Атта жал, адамда қам жоқ. *Күйсіз, жайсыз жағдай болды.* Әлден уақытта барып Тәуке батыр: – *А т т а ж а л, а д а м д а қ а м ж о қ,* – дейді ауыр күрсініп, – біз қозғалып Шуға жеткенше қыс болады (І.Есенберлин, Алмас.).

Аты жоқ. *Қол саласындағы төртінші саусақтың аты.* Үлкен қожа – орта қол, өзгелері – *а т ы ж о қ* пенен шынашақ (Абай, Тол. жин.).

Аты-жөні жоқ. *Ай-шайға қарамай.* Сәрсен келді де, *а т ы-ж ө н і ж о қ* мені сүйрей жөнелді («Қаз. әдеб.»).

Аузында ақ тісі жоқ. *Кәрілік туралы айтылады.* Өзің де мал танығыш едің ғой, қарны қампиған, бұты тыртиған, *а у з ы н д а а қ т і с і ж о қ,* бір асым еті жоқ, тұла бойы шандыр, мені қайтсін (Қаз. ертег.).

Аузының дуасы жоқ. *Сөзінде парық, байлау жоқ, тұрақ жоқ.* Өзі батыр бейнелі, өзі әнші, шешен Базаралы үлкендер сынынша бір

тентек, сотқар көрінуші еді. Жалғыз жайылған сыйымсыз. *А у з ы н ы ң д а у а с ы ж о қ.* Ащы тілдің тыйымсызы боп аталатын. Қазірде Абай байқаса, мына Базаралы ол емес (М.Әуезов, Шығ.).

Ауыз тигізген жоқ. *Дәнеңе бермеді, тұқ қалдырмады.* Май біткеннің бәрін анау жалмауызың ішіп, маған *а у ы з т и г і з г е н* де *ж о қ* (Қаз. ертег.).

Әкесін өлтірген жоқ. *Жазықты емес, тиіскен жоқ.* – Нақ көргенсіздің өзі. Әйтпесе, соншама шаптығатын *ә к е с і н* біз *ө л т і р г е н ж о қ* едік қой, – деді Шәмшігүл (С.Шаймерденов, Шығ.).

Әмір жоқ. ж е р г. *Дамыл жоқ, тыныштық жоқ.* Осындай хабар келісімен, бізде *ә м і р ж о қ* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Байлауы жоқ. *Құбылмалы, тұрақсыз.* Өзіміздікі дей алмай өз малыңды, Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың. Көрсе қызар келеді *б а й л а у ы ж о қ,* Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың (Абай, Тол. жин.).

Байпағынан басқа сүйенері жоқ. *Ешбір арқа сүйері жоқ, таянышы жоқ, қаратабан. Б а й п а ғ ы н а н б а с қ а с ү й е н е р і ж о қ* мен сияқтыларды қайтесің («Лен. жас»).

Балақ жүні жеткен жоқ. *Ержетпеген, бойы қатып, буыны бекімеген.* Бойың сенің өскен жоқ, Бұғанаң енді қатқан жоқ, *Б а л а қ т а ж ү н і ң ж е т к е н ж о қ* (Ер Көкше).

Басқан ізде белгі жоқ. *Өткен өмір белгісіз, із-түзсіз. Б а с қ а н і з д е б е л г і ж о қ,* Өткен күндер енді жоқ, Көргендейміз әлгіде (І.Жансүгіров, Шығ.).

Басында еркі жоқ. *Жеке басының бостандығы жоқ.* Қасында жоқ серігі, Жау қолында бір тұтқын, *Б а с ы н д а ж о қ е р і г і,* Торда торғай болыпты (І.Жансүгіров, Шығ.).

Баяны жоқ. *Тұрақсыз, байлаусыз фәни.* Өмірдің, Алла беріпсің, Күнде өртерлік шығыңын. *Б а я н ы ж о қ,* байлаусыз, Тілекте жоқ бұзығын (Абай, Тол. жин.).

Беті жоқ. *Айыпты, кінәлі, цятты.* Бас қосылса арысқа, Кім шабады намысқа? Жатқа қарар *б е т і ж о қ,* ісі кетер шалысқа (Абай, Тол. жин.). Зурамен көрісуге б *е т і д е ж о қ.* Әке оны іздеп баруға да батпайды (К.Оразалин, Ақ жазық).

Биттей де нәрсе (нышан) қалған жоқ. *Дәнеңе, ештеңе қалған жоқ.* Бүгінгі ауыл өскен, бұрынғы жадау көріністен *б и т т е й д е н ә р с е қ а л ғ а н ж о қ* (Ауызекі). *Б и т т е й н ә р с е қ а л с а й ш ы* Бұрынғы заңнан ырымға (Шортанбай ақын, Шығ.).

Буын жоқ. а) *Буынсыз, майысқан.* Мына бишінің *б у ы н ы ж о қ* па деп таңғалдық (Ауызекі). ә) *Буын-буыны босап, әлсіреді.* О дүние, дүние! Бүгін бойым балқығандай, *б у ы н ж о қ.* Сәт көрмесем сәулемді, Айым батып кетердей, Қорқыныш пен қам өсед (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Дау жоқ. *Даусыз, ақиқат.* Әрине, шопан өмірінің бүгінгі харакеті мектептен кеше ғана шыққан жастарды қанағаттандыра бермейтініне *д а у ж о қ* («Лен. жас»).

Дауа жоқ. *Шара жоқ, ем жоқ, лаж жоқ. Д а у а ж о қ* кей адамның жаманында, Мылжыңның дәл осындай наданында (С.Дайырбеков, Арман).

Дәрмен жоқ. а) *Дәрменсіз.* Өзінен қайраты артық ағаға содан басқа, мұның істер *д ә р м е н і ж о қ* (М.Әуезов, Абай). ә) *Қайраты, күші жоқ.* Оның қозғаларға *д ә р м е н і ж о қ,* тек саусақтарының басы ғана қыбырлайды (Ә.Әбішев, Төлеген.).

Дегбірі жоқ. *Асып-сасулы, қорқыныш билеген, үрейлі.* Бір қатын үйден шықты қауап басып, Асығып *д е г б і р і ж о қ* асып-сасып. Жүсіп айтты қатынға шақырды да, Көрейін жалғызымды болса нәсіп (Ақылбай Құнанбаев, Шығ.).

Екі сөзі жоқ. *Тұрақты, айтқанына, үәдесіне берік.* Қаймақ еді көңілімде, Бізге қаспақ болды жем. *Е к і с ө з ж о қ* өмірімде, Мен де сорлы бақыты кем (Абай, Тол. жин.).

Есеп [хисап] жоқ. а) *Небір, айтпағаны жоқ.* Ескі досын көргенде, *Е с е б і ж о қ* ант ішіп, Аруақ, Құдай айтысып, Иман жүзін тоздырар (Абай, Тол. жин.). ә) *Сан жетпейтін, мол, есепсіз.* Шұрқырап, жатқан бір жылқы. Тоғай сайын мың жылқы, *Е с е б і ж о қ* көп жылқы, Жиделі Байсын даласы (Алпамыс). Адамда *х и с а п ж о қ,* әсіресе, Москва, Харьков жастары көп (Х.Рахимов, Қарлығаш).

Есте жоқ ескі мезгілде. *Баяғы көне заманда. Е с т е ж о қ е с к і м е з г і л д е* маңғұлдан бір татар аталған халық бөлінген екен. Қытайлар «татар» деп жазады (Абай, Тол. жин.).

Жаман айтпай, жақсы жоқ. *Істі жаманға жорымай жақсылық болмас, сәтсіздік болар деген мағынада айтылатын сөзқолданыс. Ж а м а н а й т п а й, ж а қ с ы ж о қ,* бір күні жортуылшы жау келіп соқтықса «тойт» дегізіп жер соқтырып кетеді (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Жаны жоқ. *Ішкен асын жерге қояды, жанын береді.* Бір ғажабы, осы қытымыр, қатал шал Сүйеу дегенде Еламанның *ж а н ы ж о қ* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жоғын жоқтады. *Мұддесін қорғады, сөзін сөйледі, жыртысын жыртты.* Елдің *ж о ғ ы н ж о қ т а ғ а н,* Көмейіне қойса да хан тас тығып (О.Сүлейменов, Атамекен).

Жоқ болды. а) *Көрінбей кетті.* Тақырға басқан аттың ізіндей қиылып, зымырап, жүгіріп

бір бөлек қара сұр бұлтқа кіріп *жоқ болады* (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Із-түзсіз құрып кету, жоғалу.* Жұрттың сөзі: тағдырға адам көнбек, Бір ант ұрған еріксіз мезгіл келмек. Осы сенің қызығың, қуанышың Сағымша *жоқ боп* кетіп түгесілмек (Абай, Тол. жин.).

Жоқ етті. *Жоғалтты, жойды, көзін құртты.* Қалай да болса босатуға әрекет жасап көремін, ал қолымнан келмесе, немістерді де, өзімді де *жоқ етемін* (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.).

Жоқ дегенде. *Ең болмаса, құрығанда. Жоқ дегенде* бір келіп кетсе, қайтеді екен? *Жоқ дегендебір* қыздың құны бұл (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Жоқ жерден. *Аяқ астынан, ойда жоқта.* Оразға *жоқ жерден* Батырбек кездесе қалды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бір күні тәрбиешілер Ақан Иманбаева мен Зейнеп Базарбаева *жоқ жерден* жаңалық аша қалды («Лен. жас»).

Жоққа жүйрік жетпейді. *Қолы қысқа кісінің жұртқа берері болмағанда айтылады.* Есіркеп шалды аяп кетті. – Қысылмаңыз, отағасы, барға мәзір, жоққа әзір... Біз ықыласыңызға да ризамыз. – Иә, *жоққа жүйрік жете* ме? – деп шал ауыр күрсінді, ренжімесеңдер болғаны (І.Есенберлин, Шығ.).

Жоққа сабыр, барға мәзір. э т н. *Қазақ халқының барға қанағат ететін түсініктерінің бірі.* Әлінше қонақасын етіп мәзір, Дегендей *жоққа сабыр, барға мәзір.* Көрсетіп меймандостың ықыласын, Өтінді жоқшылықты етпеуге әзір (Н.Ахметбеков, Жасауыл).

Жоққа шығарды. *Теріс деп тапты, бекерге шығарды.* Совет әдебиеті өзіне дейінгі жасалған мәдени мұраларды *жоққа шығармайды* (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

Жоққа шығару. *Терістеу.* Әрине, ақыл берудің тигізетін әсерін *жоққа шығаруға* болмайды («Халық. мұғ.»).

Жоқтан бар. *Жоқтан өзге. Жоқтан барға* желпініп даңғойсудың түк қажеті жоқ (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

Жоқ қылды. *Көзін құртты, жойды.* Туғанды *жоқ қылсам,* Есенгөй мен Ұлжанды неге тірі қалдырамын? (Ж.Тілеков, Шалғай шепте).

Жоқ қылу. *Жою, көзін құрту.* – Бекболат, жігіттеріңді таңдап алып жаудың артына түсіп, бір жұманың ішінде Степановтың бригадасын *жоқ қылу* керек (С.Шарипов, Бекболат).

Жоқ сөз. *Ретсіз, қисынсыз, бос сөз.* Мәмбет те Катямен *жоқ сөзді* әңгіме қылып, жатпай отыр (І.Жансүгіров, Жолдастар.).

Жоқтан барды. *Әр нәрсені бір, кез келгенді, анау-мынауды. Жоқтан барды* түрткілеп, жоқ-жұқананың басын құрастырып өзін-өзі алдаған болады (Қ.Ысқақов, Бұқтырма). Құрал қып *жоқтан барды,* құрастырып Алады қолдан заңды өзі қалап (Қаз. ақын. жыр.). Подноска бөтелкемен арақ толды. Бір-екі жақсы рюмка дайын болды. *Жоқтан барды* сөйлесіп, сауқым салып, Алысты пияланы оңды-солды (Абай, Тол. жин.).

Жоқ тапсырды. ж е р г. *Жоқ сұрады, жоғын іздестірді, сұрау салды.* Әбіш кешелі-бері *жоқ тапсырып* жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жоқты айтты. *Өтірік сөйледі, не болса соны айтты.* Ол қайбір әулие дейсің, *жоқты айтқаны* несі (Қаз. ертег.).

Жоқты бар ету. *Бір нәрсені ұқсату, іске жарату.* Дәрмен мен Айнаш *жоқты бар етуге* тырысары шамалы, барды сырт көзге әдемілеп көрсетер шеберліктен ада жандар да емес (А.Байтанаев, Қансонар).

Жоқтың қасы. *Жоққа тән, өте аз, тұқ жоқ деуге тұрарлық.* Арзан, қымбат жағына келсек, араб әрпін өзгертіп алудың шығыны *жоқтың қасы* екені анық нәрсе (М.Дулатов, Шығ.). Бұл жанрда бізде профеоссионал артист *жоқтың қасы* («Қаз. әдеб.»). Жәшіктердің астарында не бар, Көшелі куә *жоқтың қасы.* Жатқанын бұғып сойқанды хабар, Біледі кірекеш һәм керуен басы (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

Жол жоқ. *Рұқсат етілмейді, болмайды.* Жылынса болар еді. Бірақ от жағуға болмайды. Ол түгіл темекі тартуға да *жол жоқ* (Майдан).

Жөні жоқ. *Жөнсіз, қисынсыз.* Сөзінің *жөні жоқ,* Ақылсыз томырық, Қатынның күні жоқ, Қамшы мен жұдырық (Абай, Тол. жин.).

Жұғымы жоқ. *Кісімен қарым-қатынасы шамалы, жұғымсыз.* Осындағы жалғыз танысым Жосуыл Айдарханов соқа жүзін ауыстырумен әлек. Кісіге *жұғымы жоқ* тұйық адам екен («Лен. жас»).

Жылуы жоқ. *Қайырымсыз, мейірімсіз. Жылуы жоқ* бойының, Жылмиғаны неткені? Құбылуы ойының Кетпей құйтың еткені (Абай, Тол. жин.).

Ине шаншар жер жоқ. *Иін тірескен, қалың, лық толы.* Жас әнші тұңғыш сахна төріне шықты. Зал іші тым-тырыс. *Ине шаншар жер жоқ* («Лен. жас»). Қонақ үйде *ине шаншар жер жоқ* («Лен. жас»).

Көк тиын жоқ. *Ешқандай тиын-тебені жоқ.* – Кассада *көк тиын жоқ,* – деді председатель («Лен. жас»).

Күмән жоқ. *Күмәнсіз, анық, айқын.* Логвиненко еті тірі болғанмен, ойы шолақтаулардың бірі еді. Адалдығында ешқандай *күмән жоқ* (Майдан).

Күні жоқ. а) *Қиын, азапты жағдайда, зорлықтан көз ашпай жүр деген мағынада айтылады.* Сөзінің жөні жоқ, Ақылсыз томырық.

Қатынның *к у н і ж о қ,* Қамшы мен жұдырық (Абай, Шығ. жин.). ә) *Күн көруі қиын.* Біреусіз біреудің *к у н і ж о қ* қой десті отырғандар (Ауызекі).

Қақ-соғы жоқ. *Қулық-сұмдықпен ісі жоқ.* Қазір бос машина жоқ. *Қ а қ-с о ғ ы ж о қ* адал ниетті адамдардың астынан саған қайтып суырып алып беремін («Лен. жас»).

Қайырымы жоқ. *Қайырымсыз, безбүйрек.* Қанағатсыз қара жер, Жан біткенді жалмайды. *Қ а й ы р ы м ы ж о қ,* қаракер, Құр зорлығын жолдайды (І. Жансүгіров, Шығ.).

Қан жоқ, сөл жоқ. *Сұп-сұр, боп-боз.* Өне бойы дірілдеп *қ а н ж о қ, с ө л ж о қ,* арасына астапыралласын қыстырып: – Мен тақсыр, мен! – деді Әубәкір (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Аңнан Майлықарашылар келді. Келсе қыздың бетінде *қ а н-с ө л ж о қ,* құп-қу болып кеткен (Қаз. ертег.).

Ми жоқ. *Ақпесыз, парасаты жоқ, мигұла.* Басында *м и ж о қ,* Өзінде ой жоқ, Күлкішіл кердең наданның (Абай, Тол. жин.).

Мұрша жоқ. а) *Әл жоқ, әлсіз, шамасы жоқ.* Нұрқасымның жүрегі сыздап төмен тартып барады. Қимылдауға *м ұ р ш а ж о қ* («Лен. жас»). ә) *Қолы тимейді; уақыты аз.* Бұрылуға *м ұ р ш а ж о қ,* асығып кетіп қалдым (Ауызекі).

Обал жоқ. *Өздеріне де сол керек, аяйтын ештемесі жоқ.* Өзіне де сол керек. Бір ой кеп: «мықтап төгер» дейді, Үшінші ой кінәлайды әлгі екеуін, «*О б а л ж о қ,* өздері де көгермейді» (Қ.Ұябаев, Дархан.).

Ойда жоқта [ойда жоқ жерде]. *Ойламаған жерден.* Командашының *о й д а ж о қ т а* келуінің өзі, болғалы тұрған ұрыстың аса қауіпті екенін сездірді (Ж.Тілеков, От кешу). *О й д а ж о қ ж е р д е* екі жылдан бері көріспеген жолдасым Әлтай кез бола қалды (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

Оқасы жоқ. *Ештеңе етпейді.*– Болар іс болды, *о қ а с ы ж о қ,* – деді Алдан, Жаңылдың көңілін аулап (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). *О қ а с ы ж о қ,* отқа қарап қалмайды, екеуінің де табысы мол («Қаз. әдеб.»).

Сайда саны, құмда ізі жоқ. *Тоз-тоз болып кеткен, берекесіз.* Бәрінен де бұрын *с а й д а с а н ы, қ ұ м д а і з і ж о қ,* аш-жалаңаш тентіреп жүрген жарлы-жақыбайлар ел санатына қосылды (С.Омаров, Қайырлы.). Жадыра болса, *с а й д а с а н ы, қ ұ м д а і з і ж о қ* тақыр кедей (С.Омаров, Қайырлы.).

Сау тамтығы жоқ. *Бүтін жері жоқ, түгі қалмаған.* Машина жауынды күні қиядан домалаған, *с а у т а м т ы ғ ы ж о қ* («Лен. жас»). Аяғымдағы байпақтың *с а у т а м т ы ғ ы ж о қ* («Лен. жас»).

Сөз жоқ. *Даусыз, сөзсіз. С ө з ж о қ,* егер менің тілімді алсаң, ертеңгі күні өкінесің, ойлан, дейді («Лен. жас»).

Тіс жарған жоқ. *Аузын ашпады, үндемеді.* Аяңдатып артынан Рахымжан да жетті. Сыр мінез дос мұның көңіл күйін анық ұғынған екен, *т і с ж а р ғ а н ж о қ* («Лен. жас»).

Ұшты-күйлі жоқ [болды]. *Зым-зия жоғалды.* Орынбасарым *ұ ш т ы-к ү й л і ж о қ* («Лен. жас»). Ахметқали қарт май айынан бастап *ұ ш т ы-к ү й л і ж о қ б о л ы п* кетеді де, әбден күдер үзе бастағанда, аяқ астынан шыға келеді («Лен. жас»).

Үн-түн жоқ. *Үндемей, ұн-тұнсіз.* Мен *ү н-т ұ н ж о қ* кемпірдің соңына ілесіп жүре бердім («Қаз. әдеб.»).

Үш ұйықтасам ойымда жоқ. *Ешқашан ойламаған, ойда жоқ.* Міне, *ү ш ұ й ы қ т а с а м о й ы м д а ж о қ* сұмдық осылай басталды («Лен. жас»).

Ырымға жоқ. *Мүлде жоқ.* Техника деген ол кезде *ы р ы м ғ а ж о қ* («Лен. жас»).

Із-тозсыз жоқ болды. с ө й л. *Із-тұзсіз жоқ болды.* Жалғыз қолжазбаның өзі де кейін 1918 жылы өртеніп, өкінішті түрде *і з-т о з с ы з ж о қ б о л д ы* (М.Әуезов, Әр жыл.).

Іс-міс жоқ. *Ай-шайға қарамады.* Осы кезде екінші солдат *і с-м і с ж о қ* артқы отырғышты аудара бастады (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.).

Ісі жоқ. *Шаруасы болмау.* Ақыл жоқ, қайғы жоқ онда, *і с і ж о қ* теріс пе, оң ба, Тіленіп, телміріп ізденер. Тиын ба, яки бір сом ба (Абай, Тол. жин.). Оның өзгеменен *і с і ж о қ,* ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек (Абай, Тол. жин.).

ЖОҚ-ЖҰҚ с ы н. с ө й л. ***Жоқ-жітік***. Ол қолға түспеді, өйткені әр қышлақта кедейлер, *ж о қ-ж ұ қ а* жандар көп (Қ.Әміров, Революция.). Олар өлі қалса, хан қысымын бастан кешуге бақыл болған қалалар мен *ж о қ-ж ұ қ а л а р* тірі қалып бара жатты («Қаз. әдеб.»).

ЖОҚ-ЖҰҚАЛАУ с ы н. *Кедейлеу, тұрмысы нашарлау.* Қыз шешесі екеуі біздің ауылға қоныстанған. Тұрмыс тіршілігі *ж о қ-ж ұ қ а л а у* болатын («Қаз. әдеб.»).

ЖОҚ-ЖҰҚАН с ы н. ж е р г. *Жоқ-жітік, кемтар.* Ол өзі *ж о қ-ж ұ қ а н* адам болу керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОҚ-ЖҰҚАНА с ы н. *Жоқ-жітік, жадау-жүдеу, кедей.* Тап қазіргі *ж о қ-ж ұ қ а н а* ауылдан бұларға құшақ жая қоюшылар табыла қойса жарайды ғой (Ж.Мусин, Үміт).

ЖОҚ-ЖҰТАҢ з а т. *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.* Оған себепші *ж о қ-ж ұ т а ң* балалық шағымды өткерген осы бір ыстық өлке туған

жер ме деп те шамалаймын (С.Шаймерденов, Мезгіл). Өңкей кедей-кепшік *жоқ-жұтаң* ұйымшыл болғанда, бірін-бірі шырылдап қорғағанда не бітірмекші (Б.Аманшин, Көкжар). Қайда болса да *жоқ-жұтаңға,* жарлы-жақыбайға аялы алақан жоқ екен ғой деген берік тоқтамға келген ол тап осы шақта елге қайтуға белді бекем буады (Ш.Есмұрзаев, Ильич хаты).

ЖОҚ-ЖҰТАҢДЫҚ з а т. *Жарлылық, жұдеулік, кедейлік.* Мен Рембранд, Рафаэл, Тициан, Левитан, Суриков суреттерінен өзімді, өз жұртымның көп-көп қадір-қасиетін, *жоқ-жұтаңдығын,* алып бейнесін, өзен-су, орман-тоғайын танимын (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖОҚ-ЖІТІК з а т. *Жарлы-жақыбай, кедей-кепшік, жоқ-жұтаң.* Ілияс жетім-жесір, *жоқ-жітіктерге* өте мейірімді еді (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс). Мұңды, шерлі, *жоқ-жітік,* аңсап алдын кернепті. Бәрінің көңілін тындырып, Біреуін ала көрмепті (Абай, Тол. жин.). Әкесі, аты шулы бай Жүзбай, би Жүзбай, жалғыз-жарым, *жоқ-жітікке* жалғыз қызын қатындыққа қимақ емес-ті (О.Сәрсенбаев, Сағым). *Жоқ-жітікті* көп көргендіктен ғой деймін, сабаққа зердесіз болмаған едім (С.Шаймерденов, Мезгіл). Қаны бір, тілегі бір өздеріндей *жоқ-жітіктің* ұлдарын босатып алуға олар әрекет істей бастаған (І.Есенберлин, Шығ.).

Жоқ-жітік адам. *Киерге киімі, ішерге асы жоқ кедей.* Мынаны Айғаншаның кішкене қызына апарып бере ғой. *Жоқ-жітік адамдар,* ұсақ-түйекке де таппы (Т.Ахтанов, Боран).

ЖОҚСЫ= е т. *Жоқ тәрізді көріну, жоқ болғансу.* Онысы – жас баладан көрі өзі есті кісі болып, ескермес нәрсесі *жоқсын,* қайғылы кісі болғансығаны (Абай, Тол. жин.)

ЖОҚСЫН= е т. *Бір нәрсенің жоқтығын, жетпей тұрғанын сезіну, байқау.* Той қызу жүріп жатыр. Әбдіманап Гүлжанды *жоқсынып,* екі көзі есікте болды (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖОҚТА= е т. **1.** *Іздеу, аңсау, жылау, сағыну.* Түйе деген жануар баласын адамнан артық *жоқтайды* (Т.Ахтанов, Дала.). Ұзақ уақытқа жолға шығушы не жер аударылғандар да туған жерін *жоқтайды* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Ақбаланың емшектегі баласы анасының жоғын сезіп, түні бойы *жоқтап* шықты (С.Омаров, Дала.). **2.** э т н. *Қайтыс болған адамды ойлап аза тұту, қара жамылу.* Күйеуін бір жыл *жоқтап,* қара жамылып отырған оған қайын жұрттан ешкім барып ештеңе айта алмап еді (М.Дүйсенов, Мейман.). **3.** э т н. *Қайтыс болған кісіні өлеңге қосып жылау, зарлау; жоқтау айту.* Аңыз, ертегілерде қадірлі бір адам өлсе «қолымнан жібек баулы сұңқар ұшты» деп *жоқтаған* (Ш.Айманов, Қыран.). **4.** *Іздеу, сұрау салу.* Кузьменко кеңсеге келгенде секретарь әйел қарсы жолығып, майордың іздеп, *жоқтап* жатқанын айтты (К.Тоқаев, Тасқын). Кешкі жұмыстан қайтқан Мұқан келісімен әдетінен жаңылған ақ мысықты *жоқтады* (Бәйшешек). Сырғасын көп ұзамай Бикеш *жоқтап,* Шалғынға соға берді айналсоқтап, Тілламен ұшты болған ісі болмай, Орманда жүре берді екі ат оттап (Т.Әлімқұлов, Боз жорға). **5.** а у ы с. *Аңсау, армандау, көксеу.* Абай екінші Россияның зор ағартушылық, және әлемдік қасиеті бар терең ғылымын *жоқтайды* (М.Әуезов, Әр жыл.). Со бір түні талай жүрек тоқтады, Талай жүрек махаббатын *жоқтады.* Халық, өзен қапы қалып күрсінді, Тоқтап қалды бірер сәтке ақпады (Т.Молдағалиев, Алатау.). Ол бұтақтан қозғалмас, Өкіріп дауыл соқса жел. Өзгеге бола жырламас, Ыстық күнді *жоқтар* ол (Абай, Тол. жин.). Сонда көңілім *жоқтайды* Татуы мен асығын (Абай, Тол. жин.).

Ар, намысын жоқтады. *Арын, намысын қорғады.* Арамтамақ құзғындар, *Жоқтамай намыс, арыңды,* Мал, басыңда ерік жоқ, Жауға бердің еліңді (Жамбыл, Шығ.).

Жоғын жоқтады. *Міддесін қорғады, сөзін сөйледі, жыртысын жыртты.* Елдің *жоғын жоқтаған,* Көмейіне қойса да хан тас тығып (О.Сүлейменов, Атамекен). Кәрібай ауылдың алдын болжап, *жоғын жоқтап* отыратын ақылшы адам (Ф.Оразаев, Басты.). Осында отырған адамның жүзден сексені кедейдің арасынан шыққан, кедейдің *жоғын жоқтайтын,* кедейдің көзін ашып келе жатқан коммунистер (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Кегін жоқтады. *Намысын қорғады, кегін қайтарды.* Шыңғысхан Шидүргеге тіл қатты. – Сен кеше жер бетінде жаңғыз таңғұт тірі қалса, менің *кегімді жоқтайды* дедің бе осы (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Құнын жоқтады. *Өлген кісінің құнын сұрады.* Жалғыз үй қайсысына жетер мұның, *Жоқтағандай* егеседі ердің *құнын* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жүніс Әділмен жақындығына қарамастан, ағайындас қойшының *құнын жоқтады* (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

Мұңын жоқтады. *Қайғысына ортақтасты, мұңын мұңдады.* Оның қалың бұқараның *мұңын жоқтап,* озбырларды шаншыған найзалы сөзінен шошыды (Т.Әлімқұлов, Абай).

ЖОҚТАҒАНСУ *Жоқтағансы етістігінің қимыл атауы.* Әлдеқашан ұмыт болған дүниені *жоқтағансудың* қажеті не! Оның реті де жоқ (М.Дүйсенов, Гүлжан).

ЖОҚТАҒАНСЫ= е т. *Бір нәрсені іздеген, сұраған болу; міддесін қорғағансу.* Халықтың

не жабайы күйін көксей беру, не болмаса бірыңғай ғана ат төбеліндей бір топтың мұңын *жоқтағансың,* ел өмірінің өзге жағын түгел қамшымен айдап тастау, ол халықтық бола алмайды (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Сәттің ең осал жері – ол халық жоғын *жоқтағансың,* ұлтшылдыққа бой ұрады (С.Байжанов, Замандас.).

ЖОҚТАЛ= е т. *Мұддесін қорғау, сұрауы болу.* Кебек тілімен ұл арманы, ер ашуы, ұлан жағы *жоқталса* болмас па (М.Әуезов, Абай жолы). Бәрібір білімдінің оң мен солы, Теңдікке жетім-жесір жетті қолы. Талаптан, оян, ойлан, жас гүлдерім. *Жоқталад* бұл уақытта әйел кегі (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖОҚТАЛУ *Жоқтал етістігінің қимыл атауы.* Жау атып-шауып, қырғынға ұшыратқан кезде өлген азаматтардың *жоқталуы* да көбейді («Лен. жас»).

ЖОҚТАН-БАРДАН үс т. *Әр жерден, кездескен, кезіккен тұстан, аннан-мұннан.*

Жоқтан-бардан құрады [құрастырды]. *Аннан-мұннан жинады.* Сәрсен мен колхоз бастығы көр-жерден бәрін жиып ап, *жоқтан-бардан құрап,* тыңнан, міне, тоғызын плугты қосқалы жатыр (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Құрал қып *жоқтан-бардан құрастырып,* Алады қолдан заңды өзі қалап. Ерекше ел ішінде етек алып, Сүзектей бір-біріне жатыр тарап (XX ғ. қаз. ақын.). Гүлжан *жоқтан-бардан құрастырып,* бір төсек-орынға жететіндей жабдық дайындады (М.Дүйсенов, Гүлжан).

ЖОҚТАС= е т. **1.** *Жоқ іздесу.* **2.** э т н. *Қайтыс болған қадірлі адамның жақсылықтарын өлеңге қосып айтып, дауыс шығарып жыласу.* Құдағи, күйеулер бірер күн Ғазизаны *жоқтасып,* жыласып үйлеріне қайтты (М.Әуезов, Қараш.). Қыршын жастың қазасын *жоқтасып* отырғанның өзінде аңсаған арманының мұңын шағып, батыл жақындай түсуі жігіттің еркін биледі (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖОҚТАСУ *Жоқтас етістігінің қимыл атауы.* Кешегі қан майданда өмірден кеткен ағайынды *жоқтасу* көбейе бастады («Екпінді малшы»).

ЖОҚТАТ= е т. **1.** *Өзі жоқ адамның орнын жоғалтпау, жоқ етпеу, орны жоғын білдірмеу.* Сармойын! Ержетті ғой балаларың, Пәледен Құдай сақтар бірер-жарым. Бұлардың күндіз-түні жанында бол, *Жоқтатпай* сорлылардың апаларын! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ленинград хабарларын майдангерге жеткізуге аттанған ұстазы Нил Егоровичті *жоқтатпай* жүр (Ә.Бектемісов, Майдангер.). **2.** э т н. *Жоқтау айтқызу.* Сол кездегі қазақ әдетімен, оң жақта қалған Әмірдің қалыңдығын қойнына әкеп, қара тартқызып Әмірді *жоқтатады* («Қаз. әдеб.»).

Орнын жоқтатпады. *Біреудің жоқ екенін білдірмеді, орнын толтырды.* Әйелдер майданға кеткен күйеуінің, інісінің, әкесінің *орнын жоқтатпай* еңбекке білек сыбанып араласып жатыр (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.).

ЖОҚТАТУ *Жоқтат етістігінің қимыл атауы; жоқтау айтқыздыру.* Сумкамда жатыр қаралы қағаз, Жай қағаз емес, қап-қара құйын. Кеудесі бүтін, ауылда жан аз, *Жоқтату* оңай, тоқтату қиын (Қ.Дәрібаев, Серт). Тіршілік үшін күресті, Тоқтату бұл деп ұғыңыз. Өмірде берген үлесті *Жоқтату* бұл деп ұғыңыз (Т.Молдағалиев, Алатау.).

ЖОҚТАУ[1] *Жоқта етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір нәрсені іздеу, аңсау.* Қазақтың өткен күнін, дәстүрін, елдігін *жоқтау* Бүркітке енді әдетке айналды (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). **2.** *Іздестіру, сұрау салу.* – Ә, тіл тигізейін дедің бе? *Жоқтауың* бір-ақ оқ (Қ.Қуанышбаев, Шаншарлар). – Ендеше, қанды қанмен жуып, сол қатынның *жоқтауын* бір-ақ асырайық (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖОҚТАУ[2] з а т. э т н. **1.** *Қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының қайғылы зары, өлеңге құрылған жыры.* Үйге жақындап барып, есігінен аспалап қарап едік, қара жамылған екі әйел іргеге қарап, *жоқтау* айтып отыр (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Бір кісі емес, жүздеген адам қосыла жылап отырып айтқан *жоқтау* көпке дейін есімізден шыққан жоқ (Ә.Тәжібаев, Хаттар). Азалы ананың *жоқтау* айтқан аянышты үні құлағынан әлі кетер емес (Ә.Әлімжанов, Махамбет). **2.** ә д е б. *Ежелгі түркі тайпаларының ерлік тұрмысынан туған тұрмыс-салт жырларының бір түрі. Жоқтаудың* ежелгі үлгілері шумерлердің Гильгамеш туралы жырларында да, үнді эпосы «Махабхаратада» да, Гомердің поэмасы «Иллиадада» да, Мысыр жырларында да кездеседі (ҚҰЭ). Осындай *жоқтаулар* ауыз әдебиетіндегі «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостарда, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты ғашықтық жырларда да ұшырасады. Бұл жырлар батырдың ел-жұртынан амалсыз айырылған кезінде, жау қолына түсіп дұшпанынан қорлық көрген кезінде туыстарының қайғысымен аралас суреттеліп отырады (ҚҰЭ). **3.** *Елге қадірлі, беделді адамның қазасында оның тірісінде жасаған жақсылығын, шарапатты істерін мазмұнды етіп жырға қосып жеткізетін өлең.* Өлген кісіні *жоқтау* сол мезгілдің бір үлкен шарты (С.Талжанов, Ұлдай.). Жылау кез келген адамға айтылса, ал *жоқтау* сирек, тек лайықты адамдарға ғана

бағышталады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Қазақ халқының әдет-ғұрпы бойынша, *ж о қ т а у д ы* марқұм болған адамның артында қалған әйелі, қызы, қарындасы, келіні, басқа да туыстарының әйелдері айтады (ҚҰЭ). Елге қадірлі, беделді адамның қазасын лайықты жырмен *ж о қ т а у* оның артындағы қалған ел-жұртына салмақты сын болған (ҚҰЭ).

Жоқтау күйлері. ә д е б. *Қайтыс болған адамдарға, жер-су, қимас доспен қоштасу тақырыбына арналған музыкалық шығармалар; күй жанрының бір түрі. Ж о қ т а у к ү й л е р і н і ң* байырғы үлгілері ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелердің мазмұнымен сабақтас келеді (ҚҰЭ). *Ж о қ т а у к ү й л е р і н і ң* қазақ халқының ұлттық музыкалық мәдениетіндегі күй жанрының бір түрі ретінде қалыптасуына 1723-29 жылдардағы жоңғар шапқыншылығы, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңі үлкен әсер етті (ҚҰЭ).

ЖОҚТАУ[3] с ы н. *Жақын емес, жоғырақ.* – Тоқта, балам. Асығыстық өлген деуім. Әкең сөзге *ж о қ т а у* адам, Жалғауға олақ бөлген жерін (Ж.Молдағалиев, Шығ.). Сосын ол бір әйелдің күнделікті тұрмысына жетерлік ақшасы бар, шатағы *ж о қ т а у* бір қызметіне орналасты (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖОҚТАУДАЙ с ы н. *Жоқтау сияқты, тәрізді.* Сыңсыды шер жамылып шерменде боп, *Ж о қ т а у д а й* жас қабірдің басындағы (С.Сматаев, Астана).

ЖОҚТАУЛЫ с ы н. *Іздеу салатын, іздейтін.* Ол далада қалған бала емес, артында ата-ана, туысы бар *ж о қ т а у л ы* бала (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖОҚТАУСЫЗ с ы н. **1.** *Іздеусіз, сұраусыз.* Маржанның сұраусыз, *ж о қ т а у с ы з* адам екенін білген соң, Байболаттың жүрегі орнына түсейін деді (С.Омаров, Өмір.). Нағашыларын таныған сәтте өзінің *ж о қ т а у с ы з* еместігін білген Тауманның қуанғаннан жүрегі алып ұшып, аузына тығылғандай болды (С.Досанов, Қыран.). **2.** *Ешкім жоқтамай-ақ, елеусіз.* Аяқталмай жыр бітті, Ауыл талай жыл күтті, Өтті күндер тоқтаусыз. Өшті күндер *ж о қ т а у с ы з* (С.Мәуленов, Таңд.).

ЖОҚТАУШЫ[1] з а т. **1.** *Жоқ іздеуші, сұрау салушы адам.* Барар Алматысы да, қайтар үйі де бұдан ұшты-күйді хабарсыз. Жер жұтқан шығар оны деп отырған шығар бұны *ж о қ т а у ш ы л а р* (Б.Аманшин, Көкжар). *Ж о қ т а у ш ы н ы ң* ішінде Бейсенғали мен Қалампыр да болды. – Қойшы мен келіннің қашқаны бір сұмдықтың алды, – деп үрейленді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **2.** а у ы с. *Біреудің сөзін сөйлеуші, қолдаушы, жақтаушы.* Әбіш әдеттегі сахараның дауын қуушылардай, өз басын *ж о қ т а у ш ы* емес (М.Әуезов, Абай). Қай қыз, қай келіншек өсекке ілінсе, соның әрбірінің жоқ дегенде бір *ж о қ т а у ш ы с ы* бар (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖОҚТАУШЫ[2] з а т. э т н. *Елге, ауылға, ру арасында қадірлі болған, қайтыс болған адамның жаназасында, артынан жақсы істерін жырға қосып жоқтау айтып жылаушы.* Қамқа әжеме жиналғандардың бәрі шетінен таяқ сүйеніп, *ж о қ т а у ш ы л а р* қатарынан табылып жатыр (Т.Иманбеков, Үш ай.). Өлген адамға арнаулы *ж о қ т а у ш ы л а р* арқылы жоқтау айтылған (ҚазССР тарихы). *Ж о қ т а у ш ы л а р* күніне екі рет: күн шығарда, күн батарда өлген адамына жоқтау айтып, жылауға тиіс (М.Әуезов, Шығ.).

ЖОҚТЫ-БАРДЫ з а т. *Не болса соны, анау-мынауды.* Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, *Ж о қ т ы-б а р д ы*, ертегіні термек үшін (Абай, Тол. жин.). *Ж о қ т ы-б а р д ы* сөз қып, күлдіріп отыратын кездері көп болушы еді (А.Байтанаев, Қайнар). Әдейі іңірде, қас қарайып, көз байлана келу үшін жолда *ж о қ т ы-б а р д ы* сылтау ғып бөгеле берген (З.Ақышев, Ақбел асуы).

ЖОҚТЫҚ з а т. **1.** *Болмағандық, болмаушылық.* Тамағы тоқтық, жұмысы *ж о қ т ы қ*, Аздырар адам баласын (Абай, Тол. жин.). Қазақтың ұйқыдан бас көтермейтіні ойдың *ж о қ т ы ғ ы*, кәсіптің, жұмыстың *ж о қ т ы ғ ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының *ж о қ т ы ғ ы н а н* (Абай, Тол. жин.). Қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті *ж о қ т ы қ т а н* (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Кедейлік, тапшы болушылық, жарлылық.* Шын жомарт *ж о қ т ы ғ ы н* білдірмес (Мақал). Жүрген шақта *ж о қ т ы қ* жанды күйдіріп, Салыппын ғой жоқты тап деп қиғылық. Сонда бәрін соғыстан сен көріпсің, Оңашада көзіңнен жас төгіпсің (Ж.Сәтібеков, Сырлы.). Жасырман заман жарасын, Кедейдің айттым *ж о қ т ы ғ ы н*. Октябрь күнім шыққанша, Шыға алмады шоқтығым (С.Жанғабылов, Тоқсан.). Тарылды көкірек, Қысылды жүрек, Ағызды сығып жасымды. Сүйеніп күлкі, тоқтыққа, Тартыпты өнер *ж о қ т ы қ қ а* (Абай, Тол. жин.).

Керегі жоқтық. *Қажет еместік, керексіздік.* Наурызбай жасағын қуып әуре болудың *к е р е г і ж о қ т ы ғ ы н* түсініп, Ырғыз өзеніне қарай кейін шегінуді ұйғарды (І.Есенберлин, Қаһар).

Шамасы жоқтық. *Әлсіздік, қуатсыздық.* Көтерілер тұсымыз бірталай биікте, оған шығар *ш а м а н ы ң ж о қ т ы ғ ы* көрініп тұр (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖОҚША[1] з а т. ж е р г. *Бес қадақ шамасындай ауырлық өлшемі.* Бұрын ауырлық өлшеуінің

бірін *ж о қ ш а* деп те айтатын едік (Қазақ. тілі. аймақ сөздігі).

ЖОҚША[2] ү с т. *Кедейдікінше, жарлыдай.* – Алаш ережесінде алым-салық бардан барша, жоқтан *ж о қ ш а* алынады делінген болатын (Д.Әбілев, Арман.). Бар адамның *ж о қ ш а* киінуі де, жоқ адамның барша киінуі де көзге бірден шалынады деседі (Ж.Молдағалиев, Самал).

ЖОҚШЫ з а т. 1. *Жоқ іздеуші, жоқ қараушы.* Ұры бір-екі айға жоғалып кетіп, *ж о қ ш ы л а р* қайтқан соң ел шетіне қайта оралып келмек (М.Әуезов, Ақын аға). Арнайы *ж о қ ш ы* боп шықпасаң, ұзын сирақ түйе хайуан жол-жөнекей жолаушының жетегіне ілесе сала ма (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Қашқанын Апрасияптың біліп анық. Артымнан апарар деп тауып алып, Тастан із табатұғын жеті адамды, Алдына *ж о қ ш ы л а р д ы ң* берді салып (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені іздеуші, қамқоршы.* Содан былай еті тірі Сұлтанмен тізе қоса отырып, Балта ауылының *ж о қ ш ы с ы* болдым (С.Жүнісов, Жапанда.). Сен сияқты мен-дағы елім үшін *ж о қ ш ы м ы н,* Қайтар енді кешікпей жауға кеткен кек, шырын. Есіңді жи, бас көтер, басылсыншы өксігің, Қара нарым тұр енді (Ж.Сәтібеков, Далада.).

ЖОҚШЫДАЙ с ы н. *Іздеушідей, сұраушыдай.* Енді міне Кенжебек мақаласы сол хаттың *ж о қ ш ы с ы н д а й* болып, өз орталарынан бұрқ етті (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

ЖОҚШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жоқ болушылық.* Қарын жағың – тоқшылық, Ақыл жағың – *ж о қ ш ы л ы қ* (Т.Нұрмұхамедов, Күн.). **2.** *Кедейшілік, жарлылық. Ж о қ ш ы л ы қ* һәм шиедей жас балалар Салған соң Құдай басқа нағыласың? (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Ж о қ ш ы л ы қ т ы ң* адамды хайуандандырып жіберетіні де болады (Абай, Тол. жин). Жалаңаштанған үйдің керегесінен жүдеу шоқпыт *ж о қ ш ы л ы қ* көрінеді (М.Әуезов, Абай жолы). Мамырбай ақсақал артық бай болған да кісі емес, *ж о қ ш ы л ы қ* зарын да тартқан кісі емес (Ж.Аймауытов, Ақбілек).

ЖОЛ з а т. **1.** *Адам не мал, күш көліктің қайта-қайта жүруінен тапталып, тақырланған із, сұрлеу.* Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз. Тастақ *ж о л* жарқырайды буға амалсыз (Абай, Тол. жин.). Көрді, білді ол таста *ж о л д ы ң* жоғын, Сонан соң қамдап бақты қарны тоғын (Абай, Тол. жин). Кәпірдің қайрылмасын білгеннен соң, Жүгіріп жалтыр тастан *ж о л* іздеді (Абай, Тол. жин.). *Ж о л* үш күмбездің шығыс жақ жағын ала қиялай тартады екен (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Бадыр біртіндеп, дорбаларды, киім-кешекті сүйретіп *ж о л ғ а* жеткізіп жүр (С.Бегалин, Ана.). **2.** *Сапар, ұзақ жол.* – Жоқ *ж о л ы ң а* көлденең тұрғандай болмаймын, барам деп қойған соң (Т.Нұртазин, Мұрат). *Ж о л* жүруге жиналып, Тұрды біздің факультет. Көп ішінде ұялып, Қоштаспадым, ғафу ет (С.Мәуленов, Жолдас). **3.** *Бағыт, беталыс.* Орынсызды айтпаған, Түзу *ж о л д а н* қайтпаған (Абай, Тол. жин.). Әуелі дін исламның *ж о л ы н д а ғ ы* пәнделер, иманның хақиқатын білсін (Абай, Тол. жин.). Бұл *ж о л* – бек шетін, бек нәзік жол (Абай, Тол. жин.). Кешегі хан төгіп жүріп өз қолымызбен құрған колхозды бір-екі жыл ішінде сіз *ж о л д а н* шығарып жіберіпсіз (М.Дүзенов, Ақәже). «Қазақ» газеті төңкерісшіл *ж о л* ұстады, халық мүддесін жырлады (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.). Ойы бөлектің *ж о л ы* да бөлек (Мақал). **4.** *Сөздің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі.* Мәкеннің өзі де өлеңнің кейбір *ж о л д а р ы н* ішінен қайта оқып отыр еді (М.Әуезов, Абай.). Әлде көзің қуып кітап *ж о л д а р ы н,* Барған сайын жаның тайып мол нәрін. Ұмыттың сен бір кітаптан басқаны, Жайды алдыңа не керегін сол бәрін (Жас қанат). **5.** *Салт, әдет-ғұрып.* Бұл қылық – бұрынғыдан бір қалған *ж о л,* Осындай бәйбішелер жүртта бек мол (Абай, Тол. жин.). Жеке-жеке біреуі жарытпайды, *Ж о л* да жоқ жарыместі «жақсы» демек (Абай, Тол. жин). Келін, құда бұйрығы, Шариғат пиғылы. Жақаңды жат көрмессіз, Бұрынғы, соңғының *ж о л ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). – Болғанда *ж о л* ағадан, тон жағадан, Арлан бөрі соғады тау сағадан, Бас қосып бағландармен қалмақ үшін, ізденіп келіп түрмын Қарқарадан (Жамбыл, Шығ.). **6.** э т н. *Кәде, сый, сыйлық; ырым.* – Міне, той бастаған *ж о л ы ң,* бәйбіше берді, – деді (С.Сейфуллин, Шығ.). Алжан руынікі, той бастар *ж о л ы* да Алжандікі, – деді той иесі («Жетісу»). **7.** э т н. *Жасы, дәрежесі үлкен, сыйлы, қадірлі адамдардың белгілі бір жағдайда бірінші болып жүруі туралы этикалық норма.* – *Ж о л* менікі, бүйте берсең Қырмызыны өзім аламын, – деп Қайыр әдейі Зәуреге тоқтау салды (С.Адамбеков, Қожанасыр.). **8.** а у ы с. *Үлгі, өнеге.* Алла табарака уатағаланың пенделеріне салған *ж о л ы* қайсы? (Абай, Тол. жин.). Орын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың *ж о л ы н а* неге салмайды екеміз? (Абай, Тол. жин). «Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар, *Ж о л д а р* көп жәннетке де тарамтарам. Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп, Бітпеген жүрегімде бар бір жарам (А.Байтұрсынов, Шығ.). **9.** а у ы с. *Құрмет, сый.* Мекеде уақып үй салып, Пәтер қып, жаққан шырақты. Бір Құдайдың *ж о л ы н а* Малды аямай бұлапты (Абай, Тол. жин.). Жанын құрбан *ж о л ы н а* қылған жансып, Көз қарауы құбылар әлденеше (Абай, Тол. жин.). Бір сұлу қыз тұрыпты хан

қолында, Хан да жанын қиыпты қыз *жолында* (Абай, Тол. жин). **10.** а у ы с. *Амал, айла, тәсіл.* Обадан халықты құтқарудың *жолы* бір жақсы адамды құрбан ету екен (М.Әуезов, Абай жолы). Одан үміт кім қылар, *Жол* табар деп сасқанда (Абай, Тол. жин.). Амалшылықтың *жолын* үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады (Абай, Тол. жин.). Қайрат пен ақыл *жол* табар Қашқанға да, қуғанға (Абай, Тол. жин.). *Жолын* тапсаң орын көп, Білмейді соның жолын көп, Табалайды бір-бірін, Қойшы ісін соның деп (Үш ғасыр.). **11.** а у ы с. *Шамашарық, жөн.* Аяз әліңді біл, құмырсқа *жолыңды* біл (Мақал). **12.** а у ы с. *Жөні, орны, жайы.* Жас бала әкесіз күнелтуіне, ер жетуіне болар, ана *жолы* бөлек екен (Р.Әутәліпов, Алтын.). **13**. а у ы с. *Жөн-жоба, әділдік.* «*Жол* қуған қазнаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар» деседі (Абай, Тол. жин.). Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз *жол* емес. Ынталы жүрек, Шын көңіл, Өзгесі хаққа қол емес (Абай, Тол. жин.). **14**. и н ф. <ағыл. path> *Файлмен байланысу жолы немесе оның дискідегі бумалар (каталогтар) тізімінен тұратын адресі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Ақ жол тіледі. *Оң сапар болсын айтты.* Ақәжем жігіттердің маңдайынан бір-бір сүйіп, оларға *ақ жол тіледі* (М.Дүзенов, Ақәже). Қалың ел Құдайына мінәжат етіп, батырларға *ақ жол тілеп,* құрмалдың отын лаулатты («Қаз. әдеб.»).

Ата жолы. *Ерте кезден, ата-бабалардан келе жатқан ата салт, тарихи дәстүр.* Ер халықпыз сыналған, Қашанғы *ата жолымыз* Беттеп қайтпас бір алған (Жамбыл, Шығ.). Бүркіт пен Ханшайымды да *ата жолынан* тайдырған осы Хасен! (І.Есенберлин, Шығ.).

Ата жолын бұзды. *Ата-баба жолынан тайды, шықты.* Сөйтіп, қазақтың, халықтың қағидасын, *ата жолын бұзды* (М.Әуезов, Шығ.). *Ата жолын бұзғанды* тыйсаң, әуелі өзіңді тый (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес).

Ата жолын қуды. *Ата-баба салып кеткен жолмен, айтып кеткен өсиетімен жүрді.* Қосшы-қолаңын ертіп күйеу келді. Бұл *ата жолын қуып,* ұрын келген сапары болса да, үлкен алдына әдеп, иба сақтап сызылып жатқан жоқ (Ә.Нұрпейіов, Қан мен тер).

Аттыға [аяқтыға] жол, жаяуға [ауыздыға] сөз бермейтін. *Ешкімге есесін жібермейтін; пысық. Аттыға жол, жаяуға сөз бермейтін* шылбыр қашаған Нұртай дәл осы сапар қалжаурай қалған екен (С.Омаров, Қайырлы.). Сәдібек *аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін* екі аяқтының түлкісі (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

Берсе қолынан, бермесе жолынан. *Өздігінен көнсе көнсін, көнбесе зорлықпен аламын деген мағынада.* Біледі аса жақсы жауыздықты, Қоңсыға қасындағы сондай мықты. *Берсе қолынан, бермесе жолынан* да, Зорлықпен көрсетеді озбырлықты (Б.Өтемісов, Өлең.).

Бұл жолы. *Осы кезек, осы рет.* Жас әнші әдетінше *бұл жолы* да көп әзірленді (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Шығасына иесі басшы деп, *бұл жолы* Қамарды да қара басты (С.Торайғыров, Шығ.).

Даңғыл жол. а) *Тегіс, кең, тапталып қалған тас жол.* Жүк машинасы кеуіп қалған кішкене жүлгеден өтті. Одан әрі жусанды жазық, көсілген *даңғыл жол* (Т.Ахтанов, Махаббат.). Ол қия қазір *даңғыл жолға* айналған. Онымен жаяу да, аттылы-арбалы да, машина да күні-түні құрдай қатынайды («Лен. жас»). ә) а у ы с. *Сара жол, анық, айқын бағыт.* Екі немесе бірнеше мал тұқымының қажетті қасиеттерін ұштастыру жөнінде мичуриндік биология ғылымы *даңғыл жол* ашты (М.Ермеков, Қазақст. қой шаруаш.).

Жалғызаяқ жол. *Жаяу және салт атты адам жүретін соқпақ.* Ол төбенің үстінен өтетін *жалғызаяқ жолмен* келе жатқан екі адамды көрді (Ә. Шәріпов, Партизан.).

Жол азабы. *Жолда кездесетін қиындық, қиыншылық.* Жазығы не біле алмай, Тартса да *жолдың азабын,* Тағдырға көніп шыдайтын (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.).

Жол азық. а) *Жолаушының жолдағы ішіп-жемі.* Алыс жолға шыққан жолаушыға сүзбе таптырмайтын *жол азық* (Тарту). Кемпір қыздың пальтосын қабырғаға іліп, *жол азық,* ол-пұл салған сеткасын ас үйге әкетті (Т.Ахтанов, Махаббат.). Құтылып шөл қаупінен сондай сықты, Ол жерден ет қақтап жеп және шықты. «*Жол азық* жолда тағы боларсың» деп, Айғырын бір құланның атып жықты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). ә) *Рухани нәр, байлық.* Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар, Не болады құр қожақ?! Кеш деп қайтар жол емес, *Жол азығым* мол емес (Абай, Тол. жин.).

Жол алды. а) *Жолға шықты, сапарға аттанды.* Қызыл басқа *жол алып,* Көшірем деп Қазанды, Бұ да күшті мол алып, Боз ат шалып Құдайға, Жұртын жиып қуанып, Қияттан шыққан бес батыр (Қобыланды батыр). ә) *Кезегі келді. Жол алып* жорасымен балуан шықты, Жұрт айтып мақтап түрды асқан мықты, Орынбор, Орал, Сібір, Сырдария, Аралап балуанының бәрін жықты (Н.Ахметбеков, Амангелді).

Жол асты. *Жол шекті, жол жүрді.* Үш күн, үш түн тынбастан, Атының мойнын бұрмастан, Алты айшылық *жол асып,* Өзіңдей саңлақ ерлердің, Тобына жетіп жолықты (Ақын жырлары).

Жол аузы. з а т. *Жолдың басталар жері. Ж о л а у з ы н д а* бір шақырымдай жерде қазақ ауылы кез болды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Жол ашты. *Бір нәрсеге мүмкіндік жасады, туғызды.* Шыбынның мықты, өткір тұмсығы теріні жаралап, әртүрлі инфекцияға *ж о л а ш а д ы* (Т.Досжанов, Зиянды насеком.). Келбеті жарқын көрінбеген нәрсенің дүдәмал туғызып, таласқа *ж о л а ш а т ы н ы* да сондықтан (Ғ.Сланов, Әңгім.).

Жол ашық [бос]. *Ешқандай кедергі жоқ, бөгетсіз.* Қалайды жаның білімді қандай, Жоқ ешбір бөгет, *ж о л а ш ы қ* саған. Тұрасың қалай от болып жанбай, Берсе мол жалын бақытты заман (Партия тур. өлеңд.).

Жол байлау болды. *Кедергі болды, жол кесті.* Бұлардың көңіл аудармауы бұл жұмыстың орындалмауына *ж о л б а й л а у б о л ы п*, жоспардың орындалуына кесірі тиді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жол барлауы. ә с к. *Ұрыс жүріп жатқан аудандағы немесе жау басып алған жердегі жолдарды, олардың жайы мен жаңа жол тораптарын табу үшін жүргізілетін барлау.* Соғыс техникасының дамуы *ж о л б а р л а у д ы ң* мәнін арттырып қана қоймай, барлаудың авиациялық, радиолокациялық, артиллериялық, инженерлік, химиялық түрлерін дамытты (Каз. тілі. термин. Әскери.).

Жол бастаушы. а) к ө н е. *Керуен, көштің алдына жүріп, бағытты анықтап отыратын жол білетін адам.* ә) *Тағдырына бағыт, жөн сілтеуші, бағдар беруші.* Тән жаратқан жан берген, Тәуекел қылдым Аллаға, *Ж о л б а с т а у ш ы* өзіңсің (А.Жүнісов, Өмір).

Жол бақты. *Жол торыды.* Днепр тосып тереңін, Созыла жатып *ж о л б а қ т ы.* Сыпырып жаудың өлігін, Теңізге талай жол тартты (Сәлем саған.).

Жол бастады. *Бағыт, бағдар сілтеді.*

Жол бастау. *Жолға шыққан топты бастап жүру, жол көрсету.* Қара жерде қарсақтың ізін танитын, *ж о л б а с т а у ғ а* шебер Қожамқұл бар (К.Оразалин, Ақ жазық).

Жол бауырсақ. *Ұзақ жолға арналып, тоң майға пісірілген бауырсақ.* Жеңгем пісіріп берген *ж о л б а у ы р с а қ т ы* жарты жолға жетпей-ақ жеп қойдым (Ауызекі).

Жол берді. а) *Біреудің өтіп кетуіне мүмкіндік берді, ығысты.* Жаралыға *ж о л б е р,* не болмаса қонақтарға жол бер деген сияқты сыпайы ишарат әдепсіз ауызға түсер емес (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Дәмежан төргі үйдің есігін ашып, Абайға *ж о л б е р д і* (М.Әуезов, Абай жолы). ә) а у ы с. *Өнерін, күшін, қабілетін көрсетуге мүмкіндік болмағанда, өз орнына басқа біреудің атқаруын сұрау немесе жөн-жоралғысын беріп, бас тарту.* Құдалардың ақсақал жағы: «Күш сынаспай-ақ, *ж о л д а р ы ң д ы б е р і п* құтылсаңдаршы...» десе де, желөкпе жастары намысқа қызып: «Біз де қатыннан тудық қой, біздің мінгеніміз де сиыр емес, жылқы», – деп қолдарын сермеп қоқаңдап болмады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жол бермеді. а) *Жолды бөгеп, жүргізбеді.* Ауыл әбігер, бұзау торпақ, қой-қозы үйді ықтап, үйге кіріп шыққанда *ж о л б е р м е й д і* (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Ерік бермеді, есе бермеді.* Желпи соққан желдеймін, *Ж о л б е р м е й т і н* белдеймін, Жамбылды, кәне, тыңдаңдар (Жамбыл, Шығ. жин.). Солардай біз де күйлі болмас па едік, – Жауға *ж о л б е р м е с е* деп, ызаланам. Тезірек жау қастығын көрмеді деп, Ыза боп кейде әшейін, күйіп-жанам (С.Сейфуллин, Өлеңд.).

Жол беру. э т н. *Қазақ халқының дәстүрлі әдеп нормалары бойынша, жасы кіші адамның үлкенге жол босатуынан бастап, үлкеннен бұрын төрге өтпеу, отырмау, астан дәм алмау, сөйлемеу; жекпе-жек кезінде жебемен ату кезегін беру, аңшылықта бірінші оқ шығармау т.б. әдет-ғұрыптармен сипатталатын этикалық жоралғысы.* Қазақ әйелдерінің ер адам келе жатқанда алдын кесіп өтпей, тосып тұрып *ж о л б е р у і* де әдептіліктің белгісі саналады (ҚҰЭ). Сондай-ақ қазақ ғұрпында жасы кішілігіне қарамай, «жолы үлкен» деп, алыстан келген сыйлы қонағына, қадірлі жекжат-жұрағатына, кейде қызметі мен шені үлкен кісілерге *ж о л б е р у* дәстүрі бар (ҚҰЭ).

Жол бойынша басып шығару құрылғысы. и н ф. <ағыл. line printer> *Барлық жолды бір мезгілде шығаратын басу құрылғысы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жол болсын. а) т і л е к. *Сапарың оң болсын деген мағынада жолаушыға айтылатын сөз.* Жолаушылардың біреуі Дәмешті көріп, *ж о л ы ң б о л с ы н* дегендей қолын бұлғайды (З.Шашкин, Теміртау). ә) э в ф. *Жолға жиналып жатқан адамның, жолаушының қайда беталғанын тіке сұраса, жолы болмай қалады деген ниетпен, жұмсартып сұрау үшін айтылатын сөз.* Тоқан көк шолағын жегіп жатқанда, тымағын желкесіне жыпыра киіп үстіндегі тоны май-май Айдарбек келді. – *Ж о л б о л с ы н?* (Б.Майлин, Шығ.). Осы шығар ханым деп, иіліп сәлем бергенім, *Ж о л б о л с ы н*, балам дегенде, жөнімді айтып бергенім (Мұңлық-Зарлық). Ей, диуана, *ж о л б о л с ы н*, Жеке басың қол болсын. Олжа басың мол болсын! Атыңның басы шапшақтай, Садағың оғы бұршақтай, Диуана, саған жол болсын (Алпамыс). б) *Мұның жөні қалай, мұнысы несі деген мағынада айтылады.* Мына жазығы жоқ жұртқа істеп отырған қиянатына *ж о л б о л с ы н*!

Есіркегеннің көз алдына тағы да қараша үйдегі сурет елестеп кетті (І.Есенберлин, Шығ.).

Жол бос. *Бөгет, кедергі, тосқауыл жоқ, еркіндік.* Білгенге *ж о л б о с*, Болсайшы қол бос. Талаптың дәмін татуға, Білмеген соқыр, Қайғысыз отыр, Тағы тойса жатуға (Абай, Тол. жин.).

Жол бөлімі. ә с к. *Әскери-көлік жолдарын техникалық жағынан қорғау және құрылыс, қайта жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған жол әскері құрамындағы бөлім.* Ұлы Отан соғысы кезінде *ж о л б ө л і м і н і ң* негізгі бөлімшесі жол құрылысы батальоны болды (Қаз. тілі. термин. Әскери).

Жол білмейді. *Айқын бағыт-бағдары жоқ; салт-дәстүрден хабары жоқ, білімсіз.* Өрнексіз *ж о л б і л м е г е н* надандарға Туып ең нақыш беріп, өрнек шашып (Ә.Тәңірбергенов, Өлеңд.).

Жолға қойды. *Тәртіпке келтірді, жүйеге түсірді.* Мәселені бірсыдырғы *ж о л ғ а қ о й д ы қ* (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Мектеп үйлерін салуға және жөндеуге құрылыс материалдарын босатуды *ж о л ғ а қ о ю* керек («Халық мұғ.»).

Жолға маман. *Жөн-жоралғыны жақсы білетін (адам).* Болады доспа күлкі, дүшпанға мат, Кімде-кім ілгеріні еліктесе, Болады жұртқа басшы, *ж о л ғ а м а м а н*, Сабыр етіп, сасқалақтап желікпесе (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жолға салды. а) *Дұрыс бағытқа түсірді, жөн сілтеді.*– Пенделерің адасты, *ж о л ғ а с а л* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Жырларым менің өз жырың, Сүрінсем өзің *ж о л ғ а с а л* (Ж.Саин, Таңд. шығ.). Бірін сен бұл жолды үйрен, бірін сен ол жолды үйрен деп, *ж о л ғ а с а л ы п*, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жібереді (Абай, Тол. жин.). ә) ж е р г. *Шығарып салды, жолға азық, керек-жарағын дайындасты.* Капитан екі ер жүрек жауынгерді *ж о л ғ а с а л д ы* («Жұмысшы»).

Жолға шықты. *Сапар шекті.* Бір кемеде бір қазақ Алыс сапар алдында *Ш ы ғ а* қапты *ж о л ғ а* ұзақ Жатпай тыныш аулында (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

Жолда жатқан жолбике. *Әркіммен көңіл көтеретін, «жүрісі» көп әйел.* Балуан Шолақтың Ғалия туралы қорытқан ойы жұрттың ол туралы өсегі қате: ол *ж о л д а ж а т қ а н ж о л б и к е* емес (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат).

Жолда қалды. *Орта жолда тұрып қалды, ілесе алмады.* Қас жүйрікке жолықсаң, *Ж о л д а қ а л м а с* күй таңдап. Қазан аттың осалы Таты болар қақаңдап (М.Сералин, Гүлқашима).

Жолдағы қорлар. ә с к. *Бөлімше жанындағы, ұрыс техникасындағы және сонымен қатар қозғалатын штаттық көліктегі тиісті мөлшерде, табельмен белгіленген материалдық құралдар қоры. Ж о л қ о р л а р ы н ы ң* негізгі түрлері: оқ-дәрі, жанармай, майлағыш материалдар, азық-түлік, техникалық және басқа әртүрлі заттар (Қаз. тілі. термин. Әскери).

Жолдан адасты. *Дұрыс жолдан тайды, бұрыс кетті, алған бағыт-бағдарынан жаңылды. А д а с с а ж о л д а н* жаңылып, Тура баста жолға сал (Қ.Жармағамбетов, Баллада.).

Жолдан азбайды. *Жолдан таймайды, бағытын өзгертпейді.* Әрбір ойда жүрер ол, Жұртқа бүлік салар ол, Жақсылар *ж о л д а н а з а р* ма, Ниеті жақсы болған соң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жолдан бұрды [тайды]. *Дұрыс бағыттан ауытқыды.* Біреудің көрсетсең де келдік мінін, Сыншым-ай ұнамай тұр маған сының. Алайда әйтсе-дағы араласып, Бұзып тұр *ж о л д а н б ұ р ы п*, сынның түрін (Ж.Сыздықов, Белестер). Кәпірлерге жем болып кетуде, қайсыбір сабырсызы *ж о л ы н а н т а й ы п*, сабырмен бір қарап тұрамын дегені болып кетселер де керек (Абай, Тол. жин.).Тым қарайма, *Ж о л д а н т а й м а*, Ел мұнда, Кетпе алысқа (XX ғ. қаз. ақын.).

Жолдан жазып қалды. *Қателесті, жаңылды, жазды.* Әрине, сен қу қазық, сен қу қазық! *Қ а л м а п с ы ң* ол жерінде *ж о л д а н ж а з ы п*. Балауыз балбыраған бала бұлбұл, Қалайша жапалаққа болады азық (С. Торайғыров, Таңд. шығ.).

Жолдан жығылмайды. *Дәстүрді, салтты жақсы біледі.* Жоқ, араларың ордан жығылса да, *ж о л д а н ж ы ғ ы л м а й д ы*, шырақтарым. Осы қаладағы көп самауырыншының жай бірі едім (А.Хангелдин, Қараторғай).

Жолдарды салыстыру. и н ф. <ағыл. comparison of lines> *Жолдағы белгілі бір жол бөлігін іздестіру* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жолдарды талдау. и н ф. *Программадағы барлық мүмкін жолдарды анықтау, толық емес жолдарды немесе бірде-бір жолға тиісті емес программа бөліктерін табу мақсатында программаға талдау жасау* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жолдарды тасымалдау. и н ф. <ағыл. line folding> *Ұзындығы шығару құрылғысы жолының ұзындығынан артық мәтіндік хабарларды қабылдау кезінде жолды ауыстыру символын автоматтық кірістіру* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жолдармен операция. и н ф. <ағыл. operation on lines> *Жолдық мәліметтермен – литерлік (мәтіндік) немесе биттік жолдармен орындалатын операция* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жолдарың болсын. а) т і л е к. *Беттеріңнен жарылқасын, оң жол болсын.* ә) э к с п р. ж а қ-

т ы р м а у. *Білгендеріңді істеңдер.* Той тойлап, пайдасыз жерге мал шашып, ішіп-жегенге мәз болып жүре берсеңдер *ж о л д а р ы ң б о л с ы н* (М.Дулатов, Шығ.).

Жолды ауыстыру. *Теміржолдың шпалды-рельс торларын жаңа трассаға көшіру.*

Жолды балластау. к е н. *Балласт материалын теміржолдың шпалды-рельс торының астына жайып төсеу.*

Жолды түзету. к е н. *Пайдалану кезінде теміржолда пайда болатын ақауларды – оның кедір-бұдыр, шөгіп отырған, құлама жерлерін түзеп, қалпына келтіру жұмыстары. Ж о л д ы т ү з е т у* шпалды-рельс торын қажетті деңгейге көтеруден, балластаудан және шпал астын нығыздаудан тұрады (Қаз. тілі термин. Кен.). Карьерлерде *ж о л д ы т ү з е т у* оны 200 мм-ге дейін көтере алатын гидравликалық домкраттар, жолды 400 мм-ге дейін көтере алатын әмбебап көтергіш-түзету, жол жөндеу, түзеу, нығыздау, сондай-ақ циклді жұмыс істейтін жолжылжыту мәшинелері қолданылады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жолдық қорлар. ә с к. *Құрамалар, бөлімше, бөлімдердің әскери қорларына қосымша қорлар. Ж о л д ы қ қ о р л а р* теміржол және су көлігі арқылы тасымалдау кезінде алынады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жолдың езуі. о к к о з и о н а л. *Жол шеті.* Аққызым *ж о л д ы ң е з у і н е* шығып, өгізінің басжібін ұзарта ұстап қисайып жата кетті (Е.Домбаев, Әңгім.).

Жол жапасы. *Жолаушы жүргенде жол азабының қиындығы, азабы.* Қыз Жібектің дертінен, Көрейін деп барамын Мехнатты *ж о л д ы ң ж а п а с ы н* (Қыз Жібек).

Жол жорға. а) *Жай, азғана жорғасы бар жылқы.* Сенімді аты *ж о л ж о р ғ а м е н* тербетіп келеді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). ә) *Бір қамшылық жорғасы бар, жүрісі жайлы ат.* Мынау – көбік қарда үш қасқыр соққан ат. Азырақ *ж о л ж о р ғ а с ы* бар (Ғ.Мүсірепов, Таңд.). Кертөбел аттың кербез *ж о л ж о р ғ а с ы н а* дөңгелек толық денесі тербеліп, Молдақым да шірене отырған күйінде (С.Бегалин, Таңд. өлеңд.).

Жол жүрді. *Сапар шекті, бір бағытқа бет алды; аттанып кетті.* Баяғыда Мұрат деген кісі *ж о л ж ү р і п* келе жатып қатты шаршайды, шөлдейді (Қаз. ертег.).

Жол жүрісті көрді. *Жолсапарға жиі шықты, жол жүріп төселіп алды.* Ендеше бір баралық, жүргін, төрем, Құдай салса, құл жылап көнер деген. Шатай, Тұяқ, Ситанды алдырыңыз, Солар еді *ж о л ж ү р і с т і к ө р і п* жүрген (Бес ғасыр.).

Жол жүрісі қауіпсіздігі. *Жол жүрісіне қатысушылардың жол-көлік оқиғаларынан және олардың зардаптарынан қорғалу деңгейін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі. Ж о л ж ү р і с і қ а у і п с і з д і г і н* қамтамасыз етуге байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» Заңымен және Ішкі істер министрлігінің нормативтік актілерімен реттеледі (ҚҰЭ).

Жол тартты [жүрді]. *Алыс сапар шекті, алысқа аттанды.* Екі жауапты қызметкер түйеге мінгесіп, колоннадан іздеп, тағы да кейін қарай *ж о л т а р т т ы* (М.Әуезов, Шығ.).

Жол кесті. а) *Біреудің алдын тосты; жол бойын барлады.* Көңілін демеп сәл тұрды да, қобының алдындағы құмаққа қарай өрлеп, *ж о л к е с т і* («Қаз. әдеб.»). ә) *Іс, ойға алған шаруа басталмай жатып, нәтижесі қандай болатынын, әсіресе нәтижесіз болатынын айтты.*

Жол көрген. а) *Көпті көрген, ысылған.* Сонда тайлы бала көп ойланбай-ақ: – *Ж о л к ө р г е н* ағаларым тұрғанда қайдан басшы болайын, атшы болсам да жарайды,– дейді (М.Тиесов, Әңгім.). ә) *Жол білетін, жер танитын.* Жолды бастап келе жатқан – Шәке. Ол жас та болса, жүріске берік және салқылығы жоқ, бойы жинақы жігіт. Оның үстіне, аңшылықпен бұдан бұрын да екі қыс салбурында болған, *ж о л к ө р г е н,* ысылған сияқты (М.Әуезов, Шығ.).

Жол көргендік. *Көрегендік, азаматтық.* Керімберді Мітісбектің *ж о л к ө р г е н д і г і н е* сүйсініп «бәрекелде, бәрекелде»,– деп көтермеледі («Қаз. әдеб.»).

Жол көрсетті [сілтеді]. *Жөн сілтеді; үлгі, өнеге көрсетті.* – Ағай, о не дегеніңіз, біздің ұйымды жап дегеніңіз, қайта бізге *ж о л к ө р с е т і п,* жөн сілтесеңіз болмас па,– деп қынжыла сөйледі (І.Жансүгіров, Шығ.). Дүниеде барлық жаннан мейірімді ол, Адамға бақытты сол *к ө р с е т к е н ж о л* (Жамбыл, Шығ.). Ән салып тоғыз жастан сайрап жүрмін, Талай-талай балуанды жайлап жүрмін. Жаманға жол білмейтін *ж о л к ө р с е т і п,* Арбаға бұзаудай қып байлап жүрмін (Балуан Шолақ, Шығ.). Ел ішіне сау келсең, Тағлым айтпас ер ме едің? *Ж о л к ө р с е т і п* сонда өлсең, Арманым бар дер ме едім? (Абай, Тол. жин.). Түр, мазмұн мәселесі жайлы әдебиет тәжірибесінде болған қате ұғымдарды сын кезінде көріп, түзетіп, дұрыс *ж о л с і л т е й* алмады (М.Қаратаев, Туған. әдеб.).

Жол қоры. э к о н. *Елдегі жалпыға бірдей пайдаланудағы автомобиль жолдарын күтіп ұстаумен, жөндеумен, жаңғыртумен, салумен байланысты шығындарды қаржыландыруға, жол қызметтерін көрсету нысандарын, жол-құрылыс материалдары мен құралымдарын, мәшинелерін,*

механизмдерін өндіретін кәсіпорындарды салуға, жабдықтар сатып алуға, жалпы салалық сипаттағы ғылыми-техникалық жұмыстарды жүргізуге, жол шаруашылығын басқаруға т.б. арналған мақсатты қаражаттар жиынтығы. Жол қоры республикалық жол қоры және жергілікті жол қоры болып бөлінеді. Олар отынға, көлік құралдарын сатып алуға салынатын салық, транзиттік салық, автомобиль жолдарын пайдаланушылар қаражатынан аударым, автомобиль көлігін пайдаланудан түсетін табыстан аударым және басқа көздер есебінен құралады (ҚҰЭ).

Жол қуды. *Ата-баба, даналар жолын ұстады, ізін қуды. Жол қуған* қазынаға жолығар (Мақал). Алғысқа бір кезігер, Әке көріп *жол қуған* (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). Тез бөлеге жолығар Есеппен жүріп *жол қуған*. Әуелде бар көк шұлан, Әуезі төмен аққудан (Қаз. ақын. шығ.).

Жол құрылысы мәшинелері. *Автомобиль жолдарын салуға, оны күтіп ұстауға және жөндеуге арналған мәшинелер. Жол құрылысы мәшинелері* сондай-ақ теміржолдар, гидротехникалық, азаматтық, өнеркәсіптік, аэродром т.б. құрылыстарды салу үшін де пайдаланылады (ҚҰЭ).

Жол салды. а) *Жүретін жолын аршыды, тазартты.* Алдына оқпен *салып жол*, Жатыр жаумен шайқасып (Т.Жароков, Шығ.). ә) *ауыс. Кейінгіге үлгі, өнеге, жол көрсетті.* Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп, Жарлық шашып, *жол салды* екен (Абай, Тол. жин.).

Жол сілтеді. *Бағыт нұсқады, жол көрсетті.* Қазақ халқының саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен ілгері дамуына, жетілуіне *жол сілтеу* керек еді (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

Жол сызды. *Келешекке жоспар жасады.* Үйретіп шәкірттерін, ғалымдарын, Қарсы алып, қуанышпен атқан таңын, *Жол сызып* ертеңгіге ой жіберіп, Көремін Нәйлаң отырғанын (Ж.Сыздықов, Асулар).

Жол таласты. *Өзара бәсекелесті, бақ сынасты, айтысты.* Жеңуге, қор қылуға тағы да ұста, Өзіне күндес шықса *жол таласқан* (Абай, Тол. жин.). Тамам керуен Баянға *жол таласып*, Ажал жетіп, сол жерде қырылады (Қозы Көрпеш.).

Жол тапты. *Дұрыс жолға түсті.* Ел тілегі *жол тапты,* Түншықпады тұманда. Ертеңіне жол хатты, Басып жатты «Правда» (С.Мәуленов, Таңд. өлеңд.). Толқынға кемеменен ыңғайлы бол, Бір білгіш морякпенен ұстасып қол. Ғылым кеме – көңілдің тиянағы, Әне жаным, сөйткенде *табасың жол* (XX ғ. қаз. ақын.). *Жол тауып* саған беретін, Көзіңнің жасын көретін, Соңыңнан сенің еретін, Қалмады елде адам да (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жол тартты. *Сапар шекті.* Жеті күндей *жол тарттым* (Р. Орманов, Сәт сапары). Біз вагонымызға мініп, Калькуттаға қарай *жол тарттық* (М.Әуезов, Индия очерк.). Енді, біразда, кеш бата бергенде, осы үйдің түйесін алып, екі жауапты қызметкер сол түйеге мінгесіп, колоннаны іздеп, тағы да кейін қарай *жол тартты* (М.Әуезов, Шығ.).

Жол тонаушы. с ө й л. *Жол торып, жолаушылап келе жатқан адамды тонайтын қарақшы.* – Мен адасқан жанмын, бір топ адам едік, *жол тонаушыларға* кездесіп, быт-шыт болдық (А.Сатаев, Дала.).

Жол торабы. к е н. *Жергілікті жердің белгілі ауданында (айлағында) жабдықталған немесе жабдықталып жатқан өзара байланысты темір және автомобильдік жол торабы. Жол торабының* дамуы оның тығыздығына байланысты (әр жол түрінің орташа ұзындығы шақырыммен есептегенде 100 км^2) (Қаз. тілі. термин. Кен.).

Жол торушы. *Жол торып, өткен-кеткенді тонаушы адам.* Төбе-төбенің басындағы *жол торушылар* әп-сәтте бұзылған араның ұясындай гүілдеп керуенге лап қойды («Лен. жас»).

Жол торыды. *Жолын аңдыды, жол тосты.* Біз ақтардың *жолын торыдық,* шетке шыққандарын қағып тастаймыз да, қаружарағын аламыз (Ж.Саин, Жол үст.).

Жол тосты [тосқыш]. а) *Жолын күтті.* Тау жаңғырығып, ән қосып, Үрген ит пен айтаққа. Келмеп пе едің *жол тосып* Жолығуға аулаққа? (Абай, Тол. жин.). ә) *Көлік жүретін жолға шығып, көлік күтті.* Миялыдан шығып келе жатқанымызда *жол тосып* тұрған екі кісі бізге қол көтерді (С.Адамбеков, Көсе.). б) *Тілеуін тіледі, сапардан аман-есен оралуын күтті.* Ақ қайыңдар, ақ қайыңдай арулар, Қош болыңдар, ренжімей қалыңдар. Қалар едім мүмкін мұнда мәңгілік. Алматымда *жолым тосқан* жарым бар (Т.Молдағалиев, Ескерткіш). в) *Хабар күтті, алаңдады.* Қатубайды екі-үш күндей атқа мінгізіп, ойға жіберіп, болыс ауылынан бірнеше хабарлар алды да, аяғында осы жерге келіп, *жол тосқыш* болып өкініп қалды (М.Әуезов, Қараш.). г) *Жолын бөгеді.* – Қой, құрбым! Таныс дауыс, сағынғаным. Сәуле ғой, Сәуле ғой шын жаңылмадым. Күлді ол: – Іздеп келген жекжатыма, Жібермей *жол тосқанының* не қылғаның (Ә.Сәрсенбаев, Жазылым. кітап).

Жол төседі. *Құм, тас төгіп, жол жасады.* Қара жердің қыртысын айналдырып, қопарып *жол төсеп* жатырмыз (С.Камалов, Әңгім.).

Жол төсемесі. *Автомобильдердің жолдың үстімен жыл бойы үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін грунт үстіне салынатын көп қабатты төсеме.* Қазіргі кездегі автомобиль жолдарының *жол төсемесі* үш не одан да көп қабаттан тұрады (ҚҰЭ).

Жол түсті. а) *Дәм тартты, сәті түсті.* Егер бұл үйден біреу *жолы түсіп* Алматыға бара қалса, бұған әдейілеп соғуды, қонақ болуды Есен көп-көп өтініп адресін беріп аттанған еді (М.Иманжанов, Көк белес). *Жол түсіп* бір ауылға бара қалсақ, алдыңа әсем қоныс, білімдар қауым жайнап шыға келеді («Қаз. әдеб.»). ә) *Жол аршылды, тазарды.* Өзіміздің ауылдың үш-төрт жігіті қыс айларын госпитальда өткізіп, *жол түсе* ауылға келді (М.Дүзенов, Ақәже).

Жол шекті. *Сапарға шықты.* Ілеспей ескен жел Зырлайды паровоз. *Жол шеккен* өңшең ер, Сәт сапар, көңіл қош (М.Әлімбаев, Құрбыма).

Жол шертті. ж е р г. *Жол қысқарту үшін әңгіме айтты.* Есімбеков жолдас, *ж о л ш е р т і ң і з* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Жолы байланды. *Жолы болмады.* Жоқтықтан *ж о л ы б а й л а н ы п,* Кеңеске басы кірмей жүр. Жігіттің небір сығайы (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жолы болды. а) *Тілегі, ой-мақсаты қабыл болды.* Бір-екі *ж о л ы б о л ғ а н* кісі көрсе, Құдай сүйіп жаратқан осы демек (Абай, Тол. жин.). Тәжидің *ж о л ы б о л д ы.* Шалматай бай «кепілсіз-ақ жиырма қой берейін», – деді (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Олжалы болды, сапары оң болды.* Айдардың бестен, оннан аттандырған кісісінің көбі талай келіп, *ж о л ы б о л м а й* бос қайтқан (М.Әуезов, Шығ.).

Жолы жақсы. *Жолы сәтті, жолы болғыш.* – Қосшы баланың *ж о л ы ж а қ с ы* болды ғой,– деп Михаил Иванович маған қарады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

Жолы кіші. э т н. а) *Жасы, дәрежесі жас, үлкендер алдына түспейтін жастарға айтылатын сөз.* ә) *Жасы үлкен болса да, күйеулердің, келіндердің жолы кіші деген ұғымдағы сөз.* Жасы үлкен болса да, *ж о л ы к і ш і,* Қолын тартып отырса, күйеу кісі (Ә.Ахметов, Өлеңд.).

Жолы қырсық. *Ісі оңбайтын, өрге баспайтын, қырсық шалған.* Осының *ж о л ы қ ы р с ы қ* болушы еді, ертпей-ақ қояйық бәлені (А.Тоқмағамбетов, Шығ.).

Жолы қырсықты. *Жолы болмады, ісі жүрмеді.* Қап, *ж о л ы м қ ы р с ы ғ ы п* жүрген бейбақ едім, бұ да соның салдары ғой (Қаз. ертег.).

Жолына боз қасқа айтты. *Құрбандыққа мал шалды, садақа берді, атады.* Барайын деп келіпсің, сөзге «ehe» деп, *Б о з қ а с қ а н ы* мен *а й т т ы м ж о л ы ң а* деп (Қозы Көрпеш.).

Жолына жөргем ілесті [ілінді]. *Жолы болды, қолына қазына ілініп, олжалы болды.* Бала тоңған шығар. *Ж о л ы н а ж ө р г е м і л е с п е й,* үйге келмейтін әдеті емес пе, оның (С.Мұқанов, Шығ.).

Жолына құрбан болды. *Біреу үшін өмірін қиды, садағасы болды.* Құдай-ау, осы жалғыз баламды алғанша, *ж о л ы н а қ ұ р б а н д ы қ б о л а й ы н,* мені ал, – деп жылапты (Қаз. ертег.).

Жолын байлады. *Біреудің жолына бөгет болды.* Ойламай-ақ кетейін, *Б а й л а м а ң ы з ж о л ы м д ы,* Алдыңыздан өтейін, Не жазып ем сол ғұрлы (Жамбыл, Шығ. жин.).

Жолын бөгеді. *Кесірін, қырсығын тигізді, жолына кедергі болды.* Мұқтаждық мейірімсіз *ж о л ы н б ө г е п,* Байлар жоқ мұны көріп берген көмек (М.Дулатов, Шығ.).

Жолынан жарылқасын. б а т а. *Жолы болсын! Оң сапар болсын, Құдай бетінен жарылқасын, жолы олжалы болсын.* Ол: «Айдынына келіп қонған аққуым еді, сірә, көлім тайыздайын деген екен, *ж о л ы н а н ж а р ы л қ а с ы н*», – деген де қойған (І.Есенберлин, Шығ.).

Жолынан қалдырды. *Жолға, сапарға баруына кесірін тигізді, бөгет болды, жібермеді.* Достықпен қосса *ж о л ы н а н қ а л д ы р м а й ы қ,* дұшпандықпен қосқан болса, соларды орта жолдан қайтарып жіберсек (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Жолына түсу. *Бір пайдалы істің жөн-жобасын алу, соның ізін қуу.* Әкем мен шешем үшеуміз отырып ақылдасып, Ыбырай ағаның *ж о л ы н а т ү с у д і* ұйғардық (С.Көбеев, Орынд. арман).

Жолын ашты. *Оң жолға бастады, оңдады, бақытын жандырды.* Ердің *ж о л ы н* тәңір *а ш с а,* Адаспас қара тұманнан, Қалыңға салсаң қайырып, Аң кетпейді қыраннан (Б.Өтемісов, Өлеңд.).

Жолында өлу. *Не де болса ойлаған ойының, адамының соңына түсу, ойлағанына жету.* Оралбайдың арманы Керімбала! Соның *ж о л ы н д а ө л у.* Бірақ білегінен ұстап өлу (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жолында тұрды. *Біреуге кедергі болды, қарсы болды.*

Жолын қиды. *Жолын берді, үлкенмін демей кезегін берді.* Ореке, сөз бастайын, *ж о л ы ң қ и с а ң,* Мүрит боп ең ғой пірге сен, Зейнолла ишан (Ақан сері, Өлеңд.).

Жолын қуды [ұстады]. *Біреудің бағытын ұстады, еңбегін жалғастырды.* Мына екі жігіт бүгін жұртқа әжуа боп отырғанын біле ме екен? Әлде сол Мыңжасар ағасының *ж о л ы н қ у ы п,* сотқар атанғысы келді ме екен (З.Шашкин,

Темірқазық). Абайдың жақын достарының бірі Е.П. Михаэлис орыстың атақты публицисі Шелгуновтың *жолын ұстаған* адам және оның туысқаны еді (ҚазССР тарихы).

Жолың ашылсын. тілек. *Бақытың жансын, жолың болсын.* Жатпалық, жастар, жатпалық, Жасқанба, *жолың ашылсын.* Бақшасында халықтың, Бұлбұл боп тілің сайрасын (М.Дулатов, Шығ.).

Жолыңа (қадамыңа) гүл бітсін. тілек. *Сапарың оң болсын, қадамың құтты болсын.*

Жолыңа жуа шықсын. қарғ. *Ісің оңбасын, жолың болмасын.*

Жолы суық. көне. *Қатал, қатты, рақымсыз.* Аузын байлап баспаса ер болмайды, Ендігінің батыры *жолы суық.* Кісі өлтірген батырлық, ұрлық, қулық. Кітапта мұның бәрін дейді бұзық (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Сапары теріске айналған, *жолы суық* наз бедеу. Кімдерден иесіз қалған жоқ (XVIII– XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жолын оңғара көр! тілек. *Іске сәт, жолын бер.* – Я, Құдай, *жолымды оңғара көр,* – деді ішінен (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жолын тапты. *Ретін келтірді, амалын тапты. Жолын тапсаң* орын көп, Білмейді соның жолын көп, Табалайды бір-бірін, Қойшы ісін соның деп (Үш ғасыр.).

Жолыңды тап. *Жөніңді тап, бақытыңды ізде.* Бізге өз *жолдарыңды тап* деген екенсіңдер ғой, қалай өсиетіңді есіме алмай келгенмін (І.Еенберлин, Шығ.).

Жолы тар. *Жолы жіңішке, өте қиын.* Сүйегім жасық, буын бос, Біраз ғана айлам бар. Айлам құрсын білемін, Болыстықтың *жолы тар* (Абай, Тол. жин.).

Жолы үлкен. этн. *Сыйлы, құрметті.* Ұлбике-ау, тілің шешен, жүзің көркем, Не дегенің білмедім, жаным еркем. Әзірет Әлі – ақ сүйек менің бабам, Қыздан гөрі бір табан *жолым үлкен* (Айтыс).

Жолы шаң, қолы қан. *Жүрген жері айғайшу, қантөгіс.* Тегінде *жолы шаң, қолы қан* жендеттердің тіршілігі әрқашан тынымсыз болады екен (Ә. Шәріпов, Орманда.).

Жол чегі. эк он. *Негізінен халықаралық туризмде туристерді валютамен қамтамасыз ету үшін пайдаланатын төлем құжаты; чекте көрсетілген соманы шетелдік немесе ұлттық валютамен төлеу жөніндегі ақшалай міндеттеме.*

Күре жол. зат. *Негізгі, басты, үлкен жол.* Семей мен Алматы арасындағы *күре жол* соны бауырлап жатыр («Қаз. әдеб.»).

Қайтар жолды кесу. *Бір шешімге келмей қайтпайтындай болып бекіну.* Тәнекеге, ой жігіттер, бірдемеге байлайық. Біз ғой, не де болса, *қайтар жолды кескен* кісіміз. Әйтеуір, түбін күткен адамбыз (М.Әуезов, Шығ.).

Қара жол. *Мәшине, арба жүретін, асфальтсіз үлкен жол.* Тұтқынды әдейі жұрт көрсін дегендей, талтүсте, Ордадан Сайхынға баратын үлкен *қара жолмен* жаяу айдады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Қасқа жол. *Кең, үлкен жол.* Үлкен *қасқа жол* шаңытып, жаздың айсыз ашық аспанындағы құс жолындай болып жатыр (Қ.Қамбаров, Алтай.).

Қисық жолдағы. *Теріс бағыттағы.* Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір *қисық жолдағы* кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін (Абай, Тол. жин.).

Оң жол. *Дұрыс бағыт.* Біздің Қарашжан *оң жолға* түскен екен. Адам болайын деген екен, – деп Кебекбай шал кемпіріне қарап күлім қақты (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

Орта жолда қалды. *Не онда, не мұнда емес.* – Сен оқымай *орта жолда қалдың,* – деді Өмірбек (М.Мағауин, Ақша қар).

Осы жолы. *Осы кезекте, осы ыңғайда. Осы жолы* дауын жеңіп, жауын аяғына салып берсе, Жақыпқа одан үлкен қолқа керек емес, тамырына өле-өлгенше ырза (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Өсу жолы. *Өсіп, жетілу кезеңі.* Адамның *өсу жолы* өткендегісімен өлшенетіні белгілі (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Сара жол. *Анық, айқын бағыт.* Өзара сын мен сын бұқараны елдің *сара жолын* жүргізу күресіне саяси жұмылдырудың құралы болады (Қазақ. тарих. очерк.).

Сар [сары] жол. *Қашық, ұзақ жол; таптаурын болған жоқ.* «Самарқанның *сар жолы,* Бұланайдың тар жолы» дегені бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз (Абай, Тол. жин.).

Соқпақ жол. *Жалғызаяқ таптаурын жол.* Қалың шидің арасындағы *соқпақ жолмен* жаяу безіп келемін (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Табан жол. *Аяқ жол, жалғызаяқ жол.* Таң атты. Жарманы кесіп өтетін *табан жол* көзге айқын шалынды (Н.Сералиев, Шығ.).

Табан жолын көрмеді. *Аяғының астын көрмеді (қартайып, көз жанары суалған кісі туралы айтылады).* Өсекең жарықтық соңғы күндері *табан жолын көрмей* қалды (Ауызекі).

Тар жол. *Азапты, қиыншылығы мол сапар.* «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың *тар жолы*» дегені бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз (Абай, Тол. жин.).

Тас жол. *Асфальт жол (ұсақ, қиыршық тас төселген үлкен жол).* «Волга» машинасы

Тоғыс өзенін жағалай келіп, колхоз орталығына апаратын *т а с ж о л ғ а* түсті (Б.Тоқтаров, Қыран.). Қаланың шығыс бағытына қақпа ашатын *т а с ж о л д ы ң* бойын ине шаншар бос орынсыз автобустар бітеген («Лен. жас»).

Тоғыз жолдың торабы. *Бірнеше жолдың түйіскен жері*. Біз Гусенево мен Шишкина селоларының ортасындағы *т о ғ ы з ж о л д ы ң т о р а б ы н* қорғадық («Лен. жас»).

Төрт жол өлең. *Бір шумақ өлең*. Үстінде жазу столдың, Ашулы жатыр бір кітап. *Ө л е ң н і ң* мына *т ө р т ж о л ы н*, Белгілеп қойған кім құнттап (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

Тура жолдағы. *Дұрыс бағыттағы*. Жүз *т у р а ж о л д а ғ ы л а р д ы* шатастырушы кісі бір қисық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін (Абай, Тол. жин.).

Ұлы жол. з а т. *Үлкен, күре жол*. Бүгінше бізге мейман бол. Әрқашан өтіп жүресің, Ауылдың үсті *ұ л ы ж о л* (Қамбар батыр).

Шариғат жолын тұтты. д і н и. *Дін (ислам) қағидаларын сақтады*. Ызғары дейді дозақтың Қысқы суық амал-ды. *Ш а р и ғ а т ж о л ы н* берік *т ұ т с а ң*, Тайдырмас отқа табанды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Шетін жол. *Алмағайыбы, қатері көп жол*. Бірақ бұл жол – бек *ш е т і н*, бек нәзік *ж о л* (Абай, Тол. жин.).

Шойын жол. а) к ө н е. ***Теміржол***. Ақмолаға бару үшін *ш о й ы н ж о л м е н* Қызылжар келіп, содан бару керек (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны). ә) *Шойыннан жасалып, төселген жол; рельс*. Біз қыстақтың жел жақ сыртынан өтетін *ш о й ы н ж о л д а н* астық та, кішкене дөңге көтерілдік (С.Шаймерденов, Мінез).

Шытырман жол. *Айқыш-ұйқыш жол*. Қаладан шыққан *ш ы т ы р м а н ж о л* бойындағы атжал ағаштар да бел-белестерден асып түсіп, ілгері ирелеңдей кете береді (С.Шаймерденов, Мінез.).

ЖОЛА= е т. **1.** *Жақындау, жуықтау, қасына келу*. Осы Биғайша мен келгеннен кейін біздің үйге *ж о л а м а й* қойған (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Сілекейі шұбырып, ет жеуге қызығып отырғанымен, Рүстем де дастарқанға *ж о л а м а д ы* (М.Гумеров, Хазірет.). Шалдың көңілін мен де қимаймын, ол да жібермейді, бір шығып кетсем, қашқалақтап *ж о л а м а й м ы н* (З.Шүкіров, Ізгілік.). **2.** а у ы с. *Қолға түсу*. Әлден кейін үлкен бір жүк пароход су сапырып өткен еді, қармаққа балық *ж о л а м а й-а қ* қойғаны (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). **3.** а у ы с. *Жуу, маңайлау*. Осы да есеп бола ма, Ар, абұйыр тапқанға. Миың болса *ж о л а м а* Бос желігіп шапқанға (Абай, Тол. жин.). Ат жараттық, Сән тараттық, Әуейілік күйлестік. Көңілге келер, Кім *ж о л а р*, Кім көнер? (Абай, Тол. жин.).

ЖОЛАҒАСЫ з а т. *Жолбасшы, жолбастаушы*. Найзаларының ұшы, аруақтың күші сынды *ж о л а ғ а с ы* іспетті Қасқақтың ісін қайталау қажеттігін айтқызбай-ақ түсінісетін (Қ.Сегізбаев, Беласқан).

ЖОЛАЗЫҚ з а т. э т н. *Көші-қон кезінде балалардың бір-бірінен сұрайтын ырымдарының бірі*. Кәдімгі қазақтың көші: балалары тайға мініп, шалдары көш бастап, қыз-бозбала салт мініп, бірінен-бірі *ж о л а з ы қ*, көш азық дейтін ырым сұрап, ақақауласып келе жатты (С.Көбеев, Қалың мал).

ЖОЛАЙ ү с т. *Жол-жөнекей, жол бойы, жолшыбай*. Мектепке бара жатып, *ж о л а й* магазинге кірдім (Ә.Қалдыбаев, Су тасушы.). Біз отырған автобусқа *ж о л а й* екі адам мінді («Лен. жас»). Саша *ж о л а й* өзі жетекшілік ететін ұйым жұмысы жайында, қатар құрбы-достары жайлы әңгімеледі («Лен. жас»).

ЖОЛАЙҒЫ с ы н. с ө й л. *Жол бойғы. Ж о л а й ғ ы* сөз әлгі бір бітпей қалған әңгіме жайлы боп еді (С.Бақбергенов, Қоянкөз.).

ЖОЛАЙРЫҚ з а т. *Жолдың екіге (үшке) айырылатын жері, тұсы*. Екі ауылдың балалары улап-шулап, *ж о л а й р ы ғ ы н а* дейін бірге келеміз (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Алдағы уақытта, яғни *ж о л а й р ы қ* толық біткен кезде эстакадамен тәулігіне 120 мыңдай көлік өтпек («Егемен Қазақстан»). Кремль кезекті рет *ж о л а й р ы қ қ а* тірелген («Түркістан»). Рудниктен шыққан төрт жігіт, жарыса сөйлеп *ж о л а й р ы қ қ а* жақындай берген («Лен. жас»).

ЖОЛАҚ с ы н. *Жол-жол; біртұтас түстің үстінен басқа түспен жүргізіліп өткендегі тұс*. Осы кезде кешігіп қалдым ба дегендей жүгіре басып, кешегі ақ *ж о л а қ* тельняшка киген Сарбас келді (Н.Баяндин, Ертіс.). Милицияның қызыл *ж о л а қ* машинасы көшенің басына шығып, ашық далаға түсті де, заулап берді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жолақ қоңыз. з о о л. <лат. leptinotarsa decemlineata> *Жәндіктер класының, қоңыздар отрядының жапырақ жегіштер тұқымдасының бір түрі*.

ЖОЛАҚ-ЖОЛАҚ с ы н. **1.** *Жол-жол, көп жерден жолағы бар*. Еденге жайылған зебрдің *ж о л а қ-ж о л а қ* терісі нота жазатын қағаз жолындай («Лен. жас»). **2.** *Сызық-сызық*. Мақпал дауыл соққан гүлдей семіп қалды. Көркем жүзіне *ж о л а қ-ж о л а қ* әжім түсті (С.Омаров, Дала қызы).

ЖОЛАҚСЫЗ с ы н. *Жолағы жоқ*. Ол киімдер *ж о л а қ с ы з*, бірыңғай матадан тігіледі (С.Байжанов, Сыр.). Көк ала, қызыл ала, жолақты, *ж о л а қ с ы з* костюм киген (М.Мағауин, Көк мұнар).

Жолақсыз бұлшық ет ұлпасы. б и о л. <лат. textus muscularis nonstriatus> *Ішкі тұтікше мүшелер мен қан және лимфа тамырлары қабырғаларындағы етті қабық пен етті тақташаларды (пластинкалар) түзетін ұлпа. Ж о л а қ с ы з б ұ л ш ы қ е т ұ л п а с ы* бірыңғай салалы ет ұлпасы деп те аталады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж о л а қ с ы з б ұ л ш ы қ е т ұ л п а с ы н ы ң* клеткалары (миоциттер) цитоплазмасында миозин және актин миофиламенттерінен түзіліп, жиырылу қызметін атқаратын миофибриллаларда көлденең жолақтар болмайды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖОЛАҚТА= е т. **1.** *Жолақ жүргізу, жолақ ету.* Дәрменнің үстінде гимнаст-спортшылар киетін, жағасы мен жеңін ақпен *ж о л а қ т а ғ а н* көк трикотаж (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Гүлдендіру.* Сан сурет гүл алаңын *ж о л а қ т а ғ а н,* Жасыл бақ жүзіне шаң жолатпаған, Қап-қара тау бауырына жап-жарық боп, Секілді бір алтын құс қонақтаған (Т.Есімжанов, Осы жақ.).

ЖОЛАҚТАН= ү с т. *Бөлініп, ерекшеленіп, басқа түсті болғандықтан өзгеше болып көрінү.* Алашұбар бозамық ай сәулесі түкті кілем төселген еденнің үстінде *ж о л а қ т а н ы п* жатыр (О.Сәрсенбаев, Сағым.). Міне, сары қошқыл *ж о л а қ т а н ы п* Африка көрінді (С.Хайдаров, Азамат.).

ЖОЛАҚТАУ *Жолақта етістігінің қимыл атауы.*

ЖОЛАҚТЫ с ы н. *Жолағы бар.* Мол бөлменің оң жағында ала *ж о л а қ т ы* шаңы шымылдық, жатуға әзірленген сүйек төсектің бас-аяғынан малына қоршап тұр (К.Оразалин, Көктем.).

Жолақты бұлшық ет ұлпасы. б и о л. <лат. textus muscularis transversostriatus> *Жануарлар ағзасының кеңістіктегі қимыл-қозғалысын және мүшелердің салыстырмалы қозғалысын қамтамасыз ететін ұлпа. Ж о л а қ т ы б ұ л ш ы қ е т ұ л п а с ы* көлденең жолақты ет ұлпасы деп те аталады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж о л а қ т ы б ұ л ш ы қ е т ұ л п а с ы* қаңқа бұлшық еттерін құрайды. Ол өңештің (кейбір жануарларда), тілдің, жұтқыншақтың қабырғасында орналасып, осы мүшелердегі ерікті жиырылу процесін жүзеге асырады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жолақты дене. б и о л. <лат. corpus striatum> *Үлкен ми сыңарлары қыртысы астында орналасқан, сұр заттық орталықтар мен ақ заттық аралықтардан тұратын ми бөлімі. Ж о л а қ т ы д е н е д е* қыртысастылық қимыл-қозғалыс (жүру, жүзу, секіру т.б.) вегетативті және шартсыз рефлекстерді реттеу орталықтары орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жолақты мигматит. г е о л. *Мигматиттің жолақ бітімді түрі.*

ЖОЛАҚТЫҚ з а т. *Жол-жолдық.* Әлгінде өзі көз алмай қарап, іштей сүйсінген парк алаңы сол академик ұсынған *ж о л а қ т ы қ* алқап әдісімен өңделген-ді («Ақ бидай»).

ЖОЛАҚЫ з а т. *Жолға, ұзақ сапарға шыққанда, қоғамдық көлікке (автобус, троллейбус, трамбай т.б.) мінгенде көлік үшін төленетін төлем.* Асқарға *ж о л а қ ы с ы н* қалтасына салып беріп, жүкті тапсырған соң хабарласуын тапсырдым (І.Омаров, Шабыт).

ЖОЛАМАЙ з а т. *Көш-жөнекей уақытша тігілетін шағын баспана. Ж о л а м а й* жол жүргенде тігетін киіз үй (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖОЛАН с ы н. к ө н е. *Мықты, мырза, береген.* Сол бір *ж о л а н* жігітті, Жолан демей не дейміз, Су тілесе жігіттер, Сары майды берген соң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЖОЛАРАЛЫҚ з а т. *Жазылған мәтін жолдарының аралығына тән, соған қатысты.*

Жоларалық интервал. и н ф. <ағыл. space> *Дисплей экранындағы немесе қағаз бетіндегі қатар орналасқан мәтіндік жолдардың ара қашықтығы.* Ол бір, бір жарым, екі және т.б. мәндер қабылдайды. *Ж о л а р а л ы қ и н т е р в а л* мәтін теру алдында бекітіледі немесе терілген мәтіндерді белгілеп алып, олардың аралық интервалын өзгертуге болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖОЛАТ= е т. *Маңайына келтіру, жақындату, жуыту.* Егерде жақын жерде болсаң маған, Ешкімді *ж о л а т п а с* ем, қорғап саған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Бір рет бекерге шошынып, запы болған көңіл енді күдікті *ж о л а т қ ы с ы* келмейді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Екі арлан төбет маңына ешкімді *ж о л а т п а й д ы* (Қ.Қамбаров, Алтай.).

ЖОЛАТТАМАЛЫ: жолаттамалы бейне. и н ф. <ағыл. interlaced video> *Экрандағы кадрдың алдымен жұп нөмірлі жолдарын, содан кейін тақ нөмірлі жолдарын қалыптастыра отырып дайындалатын бейнекескін.*

ЖОЛАТУ *Жолат етістігінің қимыл атауы.* Сауранбай туралы сөз гулеп тұрғанда оны кеңсе қызметіне де *ж о л а т у д ы ң* қажеті жоқ (Д.Досжанов, Табалдырығын.).

ЖОЛАУ *Жолат етістігінің қимыл атауы; жақындау, жақын келу.* Шешек шыққан адамдай маған мұлдем *ж о л а у д ы* қойған Ділдәбек бір күні біздің үйге келе жатыр (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Бұл төңіректің дию-перілері маңыма *ж о л а у д а н* қорқатын (А.Мекебаев, Жезтырнақ).

ЖОЛАУШЫ з а т. <франц. passager> **1.** *Белгілі бір мақсатпен сапар шегуші, жол жүруші адам.* Екі *ж о л а у ш ы* қыр басындағы

өткінші автобустан түсіп, киімінің шаңын қағып тұрды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Қазақ халқының дәстүрлі ұғымында *«ж о л а у ш ы* өз үйінен қырық қадам ұзап шыққан соң мүсәпір» делінеді (ҚҰЭ). Жаңағы от толқын жарықты сімірді ол, Қалдырмай бір тамшы. Лезде жолынан адасты, Әне бір әндеткен *ж о л а у ш ы* (Ә.Тәжібаев, Жартас). **2.** *Жүргінші. Ж о л а у ш ы* жол үстінде тамаша еткен, Сықылды өткен жанның бір күмбезін (Абай, Тол. жин.). Бір *ж о л а у ш ы* алыс жерге барса, сол барған, көрген елін, жерін мақтап өтірікті сыбайтұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.). Сайын далада *ж о л а у ш ы ғ а* жолыққан адам оған жол көрсетіп, жөн сілтеп, ел мен жердің жайынан хабар беруге міндетті (ҚҰЭ). **3.** э т н. *Көшпелілер қоғамындағы хабар жеткізуші адам.* Көшпелілер қоғамында *ж о л а у ш ы* өз кезегінде кең даладағы оқиғалар туралы хабарды жедел жеткізуші, ақпаратты алмастырушы міндетін атқарған (ҚҰЭ). *Ж о л а у ш ы н ы* әдейі ауылына бұрып әкеліп, алыс-жақынның жаңалығын тыңдап, аттандыратындар да болған (ҚҰЭ). **4.** э т н. *Дәстүрлі қазақ мәдениетінде қырықтың бірі қыдыр етіп қабылданатын жүргінші.* «Қырықтың бірі қыдыр» деп санаған қазақтар үйіне келген бейтаныс *ж о л а у ш ы ғ а* ықылас, құрмет танытып, қонақ етіп күтсе, байлық пен ырыздық келеді, жолаушыны сыйламаса несіп, ырыздығына кесір тиеді деп сенген (ҚҰЭ). *Ж о л а у ш ы* келген ауылына түстеніп, ат-көлігін суытып, тынығып аттанған (ҚҰЭ).

Жолаушы тасымалы. *Көлікпен жолаушылар тасымалдау жұмысы. Ж о л а у ш ы т а с ы м а л ы* магистральдық (теміржол, азаматтық авиация, автобус, теңіз, өзен қатынастары) және қала (метрополитен, трамвай, троллейбус, жеңіл автомобиль) көліктерімен жүзеге асырылады (ҚҰЭ). *Ж о л а у ш ы т а с ы м а л ы* қашықтығы мен жылдамдығына және көлік түрлерінің ерекшелігіне қарай ажыратылады (ҚҰЭ).)

ЖОЛАУШЫЛА= е т. *Жол жүру, сапарға шығу; жолаушы болу.* Салтқа сондай мықты Шоқан, кейде арбамен *ж о л а у ш ы л а й* қалса, делбешіні отырғызып қойып, аттарды өзі жүргізуді жақсы көретін (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Баяғыда бір кісі *ж о л а у ш ы л а п* келе жатып, елсіз ай далада ала күшік тауып алыпты (А.Хангелдин, Өткен күн.).

ЖОЛАУШЫЛАТ= е т. *Басқа жаққа жіберу, жолға шығару.* Өзіміздің де өлең айтушыларымыз Шыңғыстың сай-салаларына сыймаған соң, алдын *ж о л а у ш ы л а т ы п* Петерборға дейін жіберіп отырмыз (К.Оразалин, Абай.).

ЖОЛАУШЫЛАУ *Жолаушыла етістігінің қимыл атауы; жол жүру, шапқылау.* Түнде бұл топта жоқ Амантай *ж о л а у ш ы л а у д а н* жаңа ғана кепті (С.Мұқанов, Ботагөз). Мінгенің күтулі «Победа» болса да, Көкшетау мен Рузаев арасында *ж о л а у ш ы л а у* оп-оңай жұмыс емес (Т.Нұртазин, Адам.).

ЖОЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Жол жүрушілік, жолаушы болушылық.* Балташ *ж о л а у ш ы л ы қ* кәдесін қылып, оларға сыра ішкізіп шыққан соң, үшеуі тағы да сөйлесіп, параходтың тұмсық жағына қарай айналды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ренжіме, апа, күтпе, жанба, Кетем, алыс, шығам аңға. Кетті алысқа, шығып аңға! *Ж о л а у ш ы л ы қ* – желге таң ба? (М.Жұмабаев, Шығ.). Қайда барамын, қайда түсемін деген *ж о л а у ш ы л ы қ* қамы да оған өмірі кездеспеген-ді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖОЛАШАР з а т. э т н. *Жолға шығар алдындағы жолаушының жолы болуы, аман-есен келуі үшін жасалатын ырым.* Мен шетелге халықаралық конгреске бара жатырмын ғой. Ертең кешкі 19.00-да *ж о л а ш а р ғ а* келіңдер, — деді белгілі ғалым («Қазақст. мект.»). Қызылшіліктегі кедей ауыл *ж о л а ш а р* жасап жатты («Қаз. әдеб.»).

ЖОЛАЯҚ з а т. э т н. *Жолға шығар алдында жасалатын кішігірім дастарқан.* Енді алыс сапарға алғаш рет аттанғалы жатқан жалғыз қызына ата-анасы көл-көсір етіп, тағы да *ж о л а я қ* жасады (Ө.Қанахин, Жүрек.). Асқар өзің білетін жездесі Шекмановтың үйінде *ж о л а я ғ ы н* жасады (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖОЛБАРЫС з а т. <лат. felis tigris> **1.** *Мысық тұқымдастарына жататын, жолақ терілі ірі жыртқыш аң.* Түсімде шатырымның алдында бір *ж о л б а р ы с* келіп шөгіп жатып алыпты (М.Дулатов, Шығ.). Қорабек батыр Шудың қалың қамысынан *ж о л б а р ы с* іздеп шығады (К.Әзірбаев, Аңыз.). **2.** а у ы с. *Батыл, ержүрек, батыр адам.* Ел үшін еңіреп туған *ж о л б а р ы с ы м*, Білемін жүрегіңде бар бір жараң. Сені улаған қазақтың қайғысы ғой, Дәриға, қазағының күні қараң (М.Жұмабаев, Шығ.). Қара Қыпшақ *ж о л б а р ы с ы н ы ң* намыстанып қалғанын хан да сезді (І.Есенберлин, Алмас.). **3.** а у ы с. *Алып, ірі, текті, дарынды (адам туралы). Ж о л б а р ы с т а р* жортатын сар далада, Қорсылдаған доңыздар мекен етті (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жаралы жолбарыс. б е й н. *Дәрмені жоқ, дәрменсіз алпауыт.* Сен *ж а р а л ы ж о л б а р ы с* ең, Мен киіктің лағы ем. Тірі қалдым, өлмей әрең, Қатты батты тырнағың (Абай, Тол. жин.). Мен – *ж а р а л ы ж о л б а р ы с п ы н*, Жұрттың атқан оғы өтіп (Абай, Тол. жин.).

Жолбарыс көйлек [көбе]. *Қайыспен тігілген, қыл арқаннан жасалған батырлар*

киетін киім. Сол кезде маркұм Тәңірберген Сыдықов деген жігіт музейге қайыспен тігілген қыл арқаннан жасалған *жолбарыс көйлегін* де тапсырған болу керек. Сол көйлек қақпанның қасында тұрса, теріс болмас еді («Қаз. әдеб.»). *Жолбарыс көбе* өгіз тарамыспен сірестіре тігіп, шеңберлей өрілген жуан қыл арқаннан жасалыпты. Жылқының ту құйрығынан тығыз есілген, бітеу шығарылған арқан сауыт ақ, қара, күлгін жүйкелері кезектесе алмасқан, шұпшұбар («Жұлдыз»).

Жолбарыс ойнады. *Зығырданы қайнады*. Тек қана қозы қарындай ішіме *жолбарыс ойнап*, зығырым қайнап келеді (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

ЖОЛБАРЫССЫН= е т. *Батырсыну, ерсіну*. *Жолбарыссынған* Майсор қақпанға түскен тышқандай мүсәпір болды да қалды (Д.Әбілев, Арман.).

ЖОЛБАРЫССЫНУ *Жолбарыссын етістігінің қимыл атауы*.

ЖОЛБАРЫСТАЙ с ы н. *Жолбарыс сияқты, ірі*. Көзі шарасынан шыққан күйі ол торға түскен *жолбарыстай* шарпып, әрлі-берлі теңселіп, сенделді де қойды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Күші анадағы ту биені сүйреп кететін *жолбарыстай* екен (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын).

ЖОЛБАРЫСТЫ с ы н. *Жолбарысы бар, жолбарысы көп*. Бұрхан дария су кешіп, Өткелдерден өтсем-ау, *Жолбарыстыну* кешіп, Сүйгеніме жетсем-ау (С. Мәуленов, Таңд. өлең.).

ЖОЛБАРЫСТЫҚ з а т. *Батылдылық, жүректілік, күштілік*. Әлгі бір ойларында көңіл суытар көп жайлар жатыр, *жолбарыстығың* үшін соларды кешіре тұрғым келеді (Д.Әбілев, Арман.).

ЖОЛБАРЫСША ү с т. *Жолбарыс секілді, жолбарыс тәрізді*. Оспан *жолбарысша* бір-ақ атылып, әлгіні желкеден алған күйі есікке қарай түйіп жіберіп еді (А.Хангелдин, Қараторғай). Түтігіп Әлімқара буырқанып, Бүлкілдеп бұлшық еттер шымырланып, Жырадан *жолбарысша* атып тұрды, Айбарлы ащы даусы жерді жарып (Ә.Әленов, Әлімқара).

ЖОЛБАСАР з а т. *Жол тосып, жолаушыны тонайтын қарақшы, ұры*. Абай төмен қарап, қосыла күле беріп, кәдімгі *жолбасар* ұрыларша, шапан, бөркін айналдыра киді (М.Әуезов, Абай). Сол Поповың кім өзі, ерке ме, *жолбасар* ма (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Жүз жігіт баукеспе ұры ұстайды. Жолаушы тонайтын *жолбасарлары* да бар (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан.).

ЖОЛБАСАРЛЫҚ з а т. *Жол торушылық, тонаушылық, қарақшылық*. Семейден Қапалға кетіп бара жатқан, қасында екі стражнигі бар крестьян начальнигін біреу *жолбасарлық* қып, шабуыл жасап, тонап жіберіпті дейді (М.Әуезов, Шығ.).

ЖОЛБАСТАУШЫ з а т. *Көсем, жетекші*. Алайда түрік халқының рухы және *жолбастаушыларының* көрегендігі большевиктердің ойлағандарындай болмай шықты (М.Шоқай, Таңд.).

ЖОЛБАСТАУШЫЛЫҚ з а т. *Жолға шыққан топты бастап жүрушілік, жол көрсетушілік, бағыт сілтеушілік*. Әрине, Альфред *жолбастаушылық қа* келісім берсе, жеңіл барып ауыр қайтатынын герцог білді («Жас Алаш»).

ЖОЛБАСШЫ з а т. <франц. guide> **1.** *Жолдың ой-қырын жақсы білетін, жол бастаушы*. Жоқ, тағы бір жыл тұрып, толып, алты жасар ат болсын. Онан соң мен бір байдың керуеніне *жолбасшы* болып кірермін (М.Жұмабаев, Шығ.). Алдыңғы түйеге мінген *жолбасшы* көк жиекке оқтын-оқтын үңіле қарап қойып келе жатқан еді (М.Қаратаев, Далада.). **2.** а у ы с. *Алға бастаушы, жөн көрсетуші*. Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгертуге *жолбасшы* болады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Академик А. Жұбанов республикамыздағы бүкіл өнертану ғылымының *жолбасшысы* болып отыр (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖОЛБАСШЫЛЫҚ з а т. **1.** *Жолбасшы болушылық, жол көрсетушілік*. Ол қайтарында уақытша *жолбасшылық* қызметке балықшы шал Тукамоны өздерімен бірге ала кетті (Т.Әбдіков, Күз). **2.** а у ы с. *Жөн көрсетушілік, жетекшілік*. Бұл күнгі қазақ-қырғыз өміріне ондай *жолбасшылық* керектің керегі (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОЛБЕЛГІ з а т. *Көлік қозғалысын реттеу және көлік жүргізуші мен жаяу жүрушіге маңайдағы жол жағдайы жөнінде ақпарат беру мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер*. *Жолбелгінің* бекітілген суреті мен техникалық сипаттамалары «Жол белгілері мен сигналдары туралы» Конвенция (Вена, 1968) мен осы Конвенцияны толықтыратын Еуропа елдері келісімі (Женева, 1971) талаптарына сәйкес жасалады (ҚҰЭ). *Жолбелгілері* ескерту, тыйым салу, нұсқау беру, көрсету белгілері болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Жолбелгілері* (жүріс бағыты бойынша) оң жағына биіктеу бағанаға немесе жолдың үстіне биіктетіп орналастырылады (ҚҰЭ).

ЖОЛБИКЕ з а т. **1.** *Жолдан қосылушы, жолай кездескен серік*. *Жолбикелердің* ұлтшылдық әдеті қашан қалады? Оларды пайдалануға бола ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жолдан қосылған *жолбикеге* сияқты Сәрсенді кім шақырыпты (Қ.Ұябаев, Қырда.). Жолай

кезіккен *жолбикенні* құшып, жар тауыпсың батыр! Қосағыңмен қоса ағар (Д.Досжанов, Жібек.). **2.** а у ы с. *Қу, сұм, сұрқия.* Әу баста қараңғы, надан кедейдің кейбіреуі *жолбикелер* мен айлалы арамзалардың азғырған айтағына еліріп адасқаны да ақиқат (З.Жәкенов, Таң самалы). Қаланы *жолбикелер* игеріп тұр, Олар да екіталай күйге еніп тұр, Бөрідей іші мұздай, сырты дүрдей, Түлкідей бүлік қағып түрленіп тұр (Н.Ахметбеков, Амангелді.). Тап жауларының астыртын *жолбикелері* де тыным таппады (С.Мұқанов, Менің мект.).

ЖОЛБИКЕЛІК з а т. *Жолдан қосылғандық, жолай кездесушілік.*

ЖОЛГЕР з а т. *Жөн-жобаны білетін ақылды, білгір.* Жеңешем *жолгер*-ақ, әркімнің тілін таба біледі (Қ.Түменбаев, Шығ.).

ЖОЛГЕРЛІК з а т. *Жөн-жобаға жетіктік, біліктілік.* Ерден оған *жолгерлік* танытты (Қ.Тоқмырзин, Әңгім.).

ЖОЛҒАС= е т. **1.** *Жолығу, кездесу.* Қала, даланы аралаған шақтарында Затаевич Әміремен де талай *жолғасып,* талай әндерін нотаға түсірген екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Айналасына шырт-шырт түкірген, крахмал жағалы, капрон қалпақты сып-сыпайы екі интеллигент ойда жоқта *жолғаса* кетті (О.Сәрсенбаев, Бақыт). Бұдан соң Уақас сылдырақ бұлақ басында сүйгенімен *жолғасқан* жігіт жайлы жырлар жазды (М.Мағауин, Ақша қар). **2.** *Табысу.* Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып, Және ұқсар тар төсекте *жолғасқанға* (Абай, Тол. жин.). Арт жағында Біз соған зар Боламыз деп білмедік. Ұрланып қаштық, *Жолғастық,* Шуластық (Абай, Тол. жин.).

ЖОЛҒАСУ *Жолғас етістігінің қимыл атауы.* Осы Ыбырай мен Тайжанның алғаш *жолғасуы* қызық (С.Мұқанов, Есею жыл.). Осы екі арада менен басқа да бес-алты адам кіріп, селдір мұрттан түрмеде жатқан ағайын-туғанымен *жолғасудың* жайын сұрады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖОЛҒЫ: **ана жолғыдай.** *Анадағыдай, бұрынғы. Ана жолғыдай* емес, Кемелдің Жәнібекке деген ықыласы ерекше (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Бұл жолғы. *Бұл реткі.* Сарбас жаны ашыған кісінің кейпін көрсетіп, солқылдап тұрып қалды. – Ия, *бұл жолғысы* ойын емес шығар (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Бір жолғы. *Бір реткі, бір мәрте.* Біздің елімізде қазір 7750 газет, 4000 журнал шығады, олардың *бір жолғы* тиражы 200 миллион дана (М.Ахметов, Егін қорға.). – Жеңілдім, Тоқа, *бір жолғы* ашуыңызды беріңіз, – деді Тілеукен (М.Мағауин, Ақша қар.).

Ол жолғы. *Ол кездегі.* – Жаным, *ол жолғының* несін сұрайсың! (М.Дулатов, Шығ.).

Осы жолғыдай. *Осы кездегідей, дәл бүгінгідей.* Бұрын сан рет естіген хикаясы болғанмен «Еңлік пен Кебек» дәл *осы жолғыдай* әсер етіп көрген емес (К.Оразалин, Көктем.).

ЖОЛДА= е т. *Бір нәрсені алыстағы адамға арнап жіберу, жөнелту.* Тез келсін жауын жеңіп десең балаң *Жолдайық* жылы киім, тәтті тағам. Кезінде керектерін жеткізейік, Алғысын айтар Отан ертең саған (Пернедегі терме.).

Сәлем жолдады. а) *Есінде екенін білдірді; сәлем айтты.* Алғы күндер, сәлем, сәлем бүгіннен, *Сәлем жолдап* жатыр әлем мың үнмен. Біз келеміз құшағына асығып, Дүниені дүр сілкіндіп дүбірмен (Қ.Мүсірепов, Раушан). Достардың ыстық қолы да, *Сәлемі де жолдаған,* Гүл өсіріп жолыма, Қуатым болды қолдаған (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.). ә) *Радиоторап арқылы сазды бағдарламалардан біреуді туған күні т.с.с. айтулы күндерімен құттықтап, ән жолдады.*

Хат жолдады. *Хат жазды. Хат жолдап* күндіз құрдастан, Көңілдің күйін жырласқан, Мөлдіреп үсте түнгі аспан, Құрбы қызбенен сырласқам (Қ.Сыдықов, Теңіз лебі). Енді ол қолы босасымен-ақ ауылға, аяулы анасына *хат жолдады* (Ә.Әлішев, Бәйтерек).

ЖОЛДАҒУШЫ з а т. к ө н е. *Жолдаушы.* Аяғыңды аңдап бас, Ойылма ұят жылымға Саһаттықпен сәлем хат *Жолдағушы* дүр Омар – Қызылдың қия құмында (Омар Шораяқов, Шайыр).

ЖОЛДАҒЫШ с ы н. *Жолдай беретін.* Аз болғандай ол да маған сәлем *жолдағыш* болып алыпты (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖОЛДАМА з а т. *Қызметке не басқа жерге арнайы жіберу үшін берілетін қағаз, құжат.* Әмір мектепті бітіріп, армияға барып қайтқан соң, *жолдамамен* милиция қызметкерлері оқуына түсіп, өз орнын екінші мамандықтан тапты (С.Сарғасқаев, Сынған тіс). Болат туристік *жолдамамен* Чехословакияға барып келіпті (Б.Қожабеков, Көктөбе).

ЖОЛДАМАЛЫ с ы н. *Жолдамасы бар, жолдамамен келген.* Қашанғы тіреу болар *жолдамалы,* Біреудің сүйегені, қолдағаны (Е.Әукебаев, Таң шапағы).

ЖОЛДАН[1]= е т. **1.** *Жөнелтілу, жіберілу, тапсырылу.* Хат қарт қолхозшылардың атынан *жолданыпты* (Т.Ыдырысов, Жалынды жыл.). **2.** а у ы с. *Арналу, айтылу.* Жалшы, малшылардың мұңы өзара көп айтылып, байларға лағнат күнде *жолданып* та жататын (І.Омаров, Шабыт.).

ЖОЛДАН[2]= е т. к ө н е. *Жолға шығу, сапарға аттану.* Сонда бір Керей толғанып, Алтын балдақ қолға алып, Сиқырмен салған от қамал,

Жүріп те кетті *ж о л д а н ы п* (Көрұғлы). Ер Егізбай *ж о л д а н д ы,* Жедел қуды батырды, Тентек ісі өзіне, Егізбай ердің мақұл-ды (Батырлар жыры). Қуаныш ойын толқытып, Ақылмен тоқсан толғанып, Сәуленің мекен ордаға, Қарашаш жүрді *ж о л д а н ы п* (Батырлар жыры).

ЖОЛДАНУ *Жолдан етістігінің қимыл атауы.* Маған деген алғыс алдымен Совет үкіметі, мені оқуға кіргізген Сейітғали мен Хамитке *ж о л д а н у ғ а* тиісті (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖОЛДАНЫМДЫҚ: жолданымдық сауда. э к о н. *Өнімнің жеке-дара даналары мен майда топтамаларын байланыс кәсіпорындары арқылы сатудың прогресті нысандарының бірі* (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

ЖОЛДАС[1] з а т. **1.** *Жолға, алыс сапарға шыққан адамның қасындағы серігі.* Қасындағы *ж о л д а с ы м а* «Қарашы, – деді, – сен бізге» (Абай, Тол. жин.). Қасында *ж о л д а с т а р ы* – ақсақ, соқыр, Қайыр тілеп шауып жүр, опыр-топыр. Полыцин бай есікке келіп еді, Шыр айналды күңк етіп әлгі бүкір (Абай, Тол. жин.). Жолаушы біткен *ж о л д а с ы н* жыланнан қалай айырып алуды ойлады (Д.Досжанов, Жібек.). Жаман жігіт *ж о л д а с ы н* жауға алғызар, өзін ұятқа қалғызар (Мақал.). Екеуі *ж о л д а с* болып бірге жүрді, Арада неше күндер ойнап-күлді. Екеуі тағы бір жыл бірге жүріп, Бір үлкен өзен суға таяп келді (Батырлар жыры). **2.** *Қоғамдық ортасы бір, пікірлес, сыйлас кісі.* Мен де жүрдім ел жүрген сол сарайда, Тамағым тоқ, қайғы жоқ, төсек майда. Аздан кейін азайды *ж о л д а с* сиреп, Кетіп жатыр, білмеймін, әлдеқайда (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж о л д а с ы* Аристотель ақылы мол, Лақтырған сүйекті алады сол (Абай, Тол. жин.). Пайда үшін біреу *ж о л д а с* бүгін таңда, Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда (Абай, Тол. жин.). Жақсы ат пен тату *ж о л д а с* – бір ғанибет, Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға (Абай, Тол. жин.). // с о в. *Біреудің назарын аудару және ресмилік үшін әдетте фамилияның алдынан айтылатын қаратпа сөз.* Галиева *ж о л д а с,* бұл кісі Алматыдағы институтта, әдебиет факультетінде сабақ береді (Ж.Жұмаханов, Үш бәйтерек). – Райком сізді қолдады. Тілегің міне жолдама. Әкенің салтын жоғары, Ұстаңыз, *ж о л д а с,* онда да (М.Әлімбаев, Құрбыма). **3.** *Ерлі-зайыпты адамның біреуі, зайып, жұбай.* Қаншайымның *ж о л д а с ы* келді деп естіген соң әдейі бұрылдым (М.Дүзенов, Ақәже). Теңің болса *ж о л д а с ы ң,* Көңілді өтер тойың да. Жаман болса *ж о л д а с ы ң,* Өмірің өтер уайымда (Айтыс). Ақ сүт берген шешеме, Не көрсеттім жар-жар-ау, Жат кісінің баласын, *Ж о л д а с* еттім жар-жар-ау (Айтыс). **4.** а у ы с. *Жан серік, қол үзбейтін зат.* Мырзахан адалдан тілеген адам емес пе? Дүние кімге *ж о л д а с* (К.Оразалин, Ақ жазық). *Ж о л д а с* емес адамға дүние боқ. Жұмаққа да жүр қазір дін ие боп. Өлең қалсын ұрпаққа, өнер қалсын, Ата мирас мәңгілік дүние боп (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес). *Ж о л д а с* қылды Құдайым, Кедейлік деген залымды, Ұрлық қолдан келмейді, Ат үстінен соғыс қып, Жемесем тауып нанымды (Қамбар батыр).

Жан жолдас. а) *Бір-бірі үшін жанын қиюға дейін баратын ең жақын (тату) адам, дос.* – Қасым Куйбышевтің *ж а н ж о л д а с ы* болатын,– деді Сарыбас (С.Мәуленов, Шыңда.). Дәл осыдан отыз жыл бұрын Кенекең *ж а н ж о л д а с т а р ы н ы ң* жас қабіріне барып егіліп бір қайтар еді («Лен. жас»). ә) *Өмірлік серік, зайып.* Сүйген жігітіңнің *ж а н ж о л д а с ы* болдың, қазақ қызы (С.Сейітов, Сөз сұра.). Болуға бізге сырлас көңіл беріп, Болсаңыз *ж а н ж о л д а с ы м* өмір серік. Жанымда ерте-кешті сіз болған соң, Кетер еді қорғасындай бойым еріп (XX ғ. қаз. ақын.).

Жолдас болмас. *Өмір бойы серік болмас.* Қу өмір *ж о л д а с б о л м а с,* әлі-ақ өтер, Өз күлкіңе өзің қарық болма бекер (Абай, Тол. жин.).

Иманы жолдас [кәміл] болсын. д і н и. *О дүниеде бақытты болсын, бұл дүниеде жасаған жақсылығы жұмаққа апарсын деген тілек.* О дүниеге кетіп бара жатса, Ыбырайдың да, Жаншаның да *и м а н ы ж о л д а с б о л с ы н*! (І.Жансүгіров, Әңгім.). Бәрекелді-ай, шешеміз асарын асап, жасарын жасаған адам еді. Өлсе, бәрібір *и м а н ы ж о л д а с б о л с ы н* (Қаз. ертег.).

Үзеңгі жолдас. *Көп уақыт қызметтес болған, бірге жүрген қатарлас, сырлас, тұрғылас.* Ол қазір қайда жатқанын да, манағы әзірде шаужайына жармасып жібермеген *ү з е ң г і ж о л д а с ы* Рақымжанды да ұмытты (А.Нұрманов, Аққу). Омар қартаң адам. Жаппасардың сарқытын ішкен *ү з е ң г і ж о л д а с ы* (Б.Майлин, Шығ.).

Үй жолдас. *Жұбай, зайып.* Шырақтар, ынталарың «менікінде», Тән құмарын іздейсің күні-түнде. Әділеттік, арлылық, махаббатпен *Ү й ж о л д а с ы ң* қабірден әрі өткенде (Абай, Тол. жин.).

ЖОЛДАС[2] з а т. а н а т. *Құрсақтағы бала кіндігі арқылы жалғасып жатқан ішкі мүше.* Қандарын, *ж о л д а с,* шелін тазалапты, Көрпеге киізбенен орап сапты. Көне ғой күң де болса көпті көрген, Бәрін де әр нәрсенің сол жайғапты (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Баланың *ж о л д а с ы* түспегенде, қан көп кеткен Бәтиманың талықсығанында ешкімнің шаруасы жоқ

(С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Токсоплазмозбен ауырып жүрген әйел күрсағындағы өсіп келе жатқан нәрестеге өзінің ауруын баланың *ж о л д а с ы* арқылы жұқтырады (З.Сырғабаева, Токсоплазм.). Бала *ж о л д а с ы м е н* кіндік арқылы жалғасады (А.Даиров, Хирург.).

ЖОЛДАС[1]= е т. *Жіберісу, жөнелтісу.* Бұл хабар көптің ортақ қуанышы екенін атасқан ағайынның талайы кісі жіберіп, арнайы сәлем *ж о л д а с ы п* жатыр (К.Оразалин, Абай.).

ЖОЛДАС[2]= е т. *Халық дәстүрі бойынша жол қуу; таласу, тартысу.* Шай ішіп жинаған соң дастарқанды, *Ж о л д а с ы п* олжа алғандар төсек салды. Күйеуге қыздың қолын ұстатуға, Жетелеп жеңгелері алып барды (О.Шипин, Екі дастан). Ырысбай жиын болса барушы еді, Хан-қара кеңесіне қанушы еді. Арғынның бұл жүйрігін көргенім жоқ, *Ж о л д а с ы п* той бәйгені алушы еді (Айтыс).

ЖОЛДАС-ЖОРА з а т. *Сыйлас, пікірлес, дос-жар, құрбы-құрдас.* Шоқан әлгінде үйде қонақ бар екенін айтып, *ж о л д а с-ж о р а,* қыз-келіншектерден кешірім сұрап, тезірек кетіп қалған (Б.Соқпақбаев, Қайда. Гауһар). Көрісетін күн жақын болғай, деп Жаңабай үй іші, *ж о л д а с-ж о р а,* тума-туыстарымен қоштасты да, фаэтонға отырды (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). Әбілхайырды туған-туысқандары, *ж о л д а с-ж о р а л а р ы,* онымен қызметтес болғандар Әбіл деп атаушы еді (От ортасы.).

ЖОЛДАС-ЖОРАСЫЗ с ы н. *Дос-құрбысыз.* Мен де, Арыстан да жападан-жалғыз, *ж о л д а с-ж о р а с ы з* қалғасын дос болдық та қалдық (М.Қабанбаев, Кермек.).

ЖОЛДАССЫЗ үст. *Жолдасы жоқ. Ж о л д а с с ы з* туған дарасын, Адам тастап кете ме, Өзінің ата-анасын? Кімдер алып кетпейді (Батырлар жыры). Тиянақты жолдасы жоқ, күнде біреуге жармасып, парықсыз, талғамсыз күн кешіп, *ж о л д а с с ы з* жүргені (А.Байтанаев, Қансонар).

ЖОЛДАССЫЗДЫҚ з а т. *Жолдасы, дос-жараны жоқтық.* Айдалада жалғыз өзі қалып, жарасы жанына батқан аңшы *ж о л д а с с ы з д ы қ т а н* азап шекті (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЖОЛДАССЫН= е т. *Жолдас болғансу, жолдасы екен деп санау, білу.* Жұрттың бәрін *ж о л д а с с ы н ы п,* Не де болса көзге айтамын, Ақылымды қолбасшы ғып, Ашуымнан тез қайтамын (С.Мәуленов, Қызыл арша).

ЖОЛДАСТЫҚ з а т. **1.** *Жолдас болушылық; жақындық, татулық.* Еділов олардың әрқайсысымен жеке-жеке сөйлесіп, біріне ғылыми дәлел айтып, енді біріне *ж о л д а с т ы ғ ы н* базына етіп, ақыры көпшіліктің бетін бері бұрып еді (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Елтай бүгін үй тапсырмасын орындапты, бірақ ол *ж о л д а с т ы қ* көмекті қате түсініп, жаттығуын дәптерімен Телтай досына беріп жіберіпті (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Қарсылық білдірмегенмен де *ж о л д а с т ы қ т а н* артық еш нәрсе жоқ екендігін ескерттім мен оған (Ә.Сәрсенбаев, Батырлар). **2.** *Дос-жарлық, ниеттестік, пікірлестік.* Біржола басты кімге берер, Жаныңа қайғы батпаса. Аямай жанын дос ерер, *Ж о л д а с т ы қ т ы* ақтаса (Абай, Тол. жин.). *Ж о л д а с т ы қ,* сұхбаттастық – бір үлкен іс, Оның қадірін жетесіз адам білмес (Абай, Тол. жин). **3.** *Белгілі бір ортақ мүдде, көзқарас және өзара сыйластық, мінез үйлесімділігі т.б. негізінде қалыптасатын адамдар арасындағы қарым-қатынас түрі.* Ортақ көзқарас болмаса, тек өзара сыйластық пен үйлесімділікті те барлық уақытта бірдей *ж о л д а с т ы қ қ а* жеткізе бермейді (ҚҰЭ). Толық мәнді *ж о л д а с т ы қ* ортақ мүдде мен өзара үйлесім бірлігі жағдайында ғана жүзеге асады (ҚҰЭ). **4.** *Адамдар арасындағы жақын қарым-қатынастың достыққа ұласар алдындағы күйі.* Ұзақ уақытқа созылған және терең сыйластық негізінде қалыптасқан *ж о л д а с т ы қ* достыққа ұласады (ҚҰЭ). Жеке тұлғалардың өздері күнделікті араласатын ортасындағы қарым-қатынастарды кейбір жағдайларда *ж о л д а с т ы қ* деп санау бар (ҚҰЭ). **5.** э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында достық ретінде түсінілетін ұғым.* Дәстүрлі қазақ қоғамында *ж о л д а с т ы қ қ а* үлкен маңыз беріліп, кейде достықпен қатар қойылған (ҚҰЭ). Адамның адамшылығын *ж о л д а с т ы қ қ а* адалдығы мен жолдасынан тану – қазақ халқының ұлттық дүниетанымындағы негізгі ұстанымдарының бірі (ҚҰЭ). Қазақ халқының «Жақсыны жолдасынан таниды», «Жақсымен жолдас болсаң, ісің бітер, Жаманмен жолдас болсаң, басың кетер», «Жолдасы жаманды жау алады» т.б. мақал-мәтелдері *ж о л д а с т ы қ т ы ң* қадір-қасиетін білдіреді (ҚҰЭ).

Жолдастық кездесу. с п о р т. *Екі команданың арасындағы спорттық бәсеке.* Алдағы жексенбіде көрші колхоздың футболшыларымен *ж о л д а с т ы қ к е з д е с у* өткіземіз, – деді Орынбасар (Ғ.Тәшімбаев, Топжарғандар).

Жолдастық сот. с о в е т. *Әртүрлі жат қылық, әрекеттерді жолдастар құзырына салатын талқы.* Осы қылығы үшін екі рет аудан орталығында он бес күннен отырып та келді, *ж о л д а с т ы қ с о т т а* айыпталып, ақшалай айыптар да төледі (Е.Жәкенов, Тұғырлас.). Құрылыстың тарихында бірінші рет ерекше оқиға болған екен, оны кәсіподақ пен *ж о л д а с т ы қ с о т* арқылы шешуге болады (Ж.Тәшенов, Қаратас).

ЖОЛДАСУ *Жолдас етістігінің қимыл атауы, өзара келісіп кездесу.* Зейнолла Бұтабайұлының алдырып отырған жалшы шілігі 144-ші нөмірдегі қыстау тұрған жер – қой

өрісі, көктеме, пішендік деп *ж о л д а с у г а* ғана болады (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖОЛДАСША үс т. *Жолдас тәрізді, жолдас секілді.* Көп жағдайда, бұйрық күшіне сүйеніп әлділік көрсетіп жатамыз. Неге бізде жолдас жағдайын *ж о л д а с ш а* түсінбейміз (С.Еркебаев, Алғашқы.). Жаза бас деуге мен де бата алмадым, Жалындап іштен жандым, қаталдандым. *Ж о л д а с ш а,* жазықсыз боп өткім келді, Жаным-ау, бәлки тіпті қате алдандым (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖОЛДАСШЫЛ с ы н. *Жолдас сыйлағыш, көпшіл.* Досшыл, *ж о л д а с ш ы л* көңілі онсыз да босап, өз қылығына бетінен оты шыққандай болып тұрған сол Ганауэрдің шолақ қара тонының жеңінен тартты (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

ЖОЛДАСШЫЛДЫҚ з а т. *Жолдастық қасиетке берік болушылдық.* Бақаңның адамгершілігін, *ж о л д а с ш ы л д ы ғ ы н* айтып жеткізу қиын (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.).

ЖОЛДАТ= е т. *Жолату, жуыту, жіберу.* Жанына жат пиғылды *ж о л д а т қ а н ы н* – Бабаның аруағына оқ атқанын. Еш өкімет еншімізді ұзартпаған, Мынау да жояр әлі тонап бәрін (Т.Есімжанов, Ілияс.).

ЖОЛДАУ[1] з а т. р е с м и. *Мемлекет басшысының, президенттің немесе қоғам қайраткерінің қандай да бір өзекті мәселеге байланысты халыққа арнаған сөзі.* Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың халыққа *Ж о л д а у ы н д а* көрсетілген 2003-2005 жылдары ауылды қолдау мемлекеттік саясаты – ел еңсесін тіктеп, ертеңге деген сенімді шыңдай түскені айқын («Қаз. әдеб.»). Палаталардың бірлескен отырысында Парламент Республика Конституциялық Кеңесінің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы *Ж о л д а у ы н* тыңдайды (ҚР Конституциясы). *Ж о л д а у* «Бәсекеге қабілетті экономика үшін. Бәсекеге қабілетті халық үшін» деген стратегиялық үштағанға сүйенеді («Жас Алаш»).

ЖОЛДАУ[2] *Жолда етістігінің қимыл атауы; жіберу, арнап жазу.* Жас көңіл толып үмітке, Атыңды жаздым бір құмға. Хат *ж о л д а у* бөтен жігітке, Болмайды қыздың салтында (А.Бақтыгереева, Қуаныш.). Құрметті ұстаздар мен қажылар, зиялы қауым! Қасиетті Рамазан айы қарсаңында өздеріңізге арнап Үндеу *ж о л д а у ы м* тектен-тек, жайдан-жай емес («Түркістан»). Әрине, қор басшылығы әрбір жүзінші, мыңыншы салымшыларына өз кезегінде құттықтау хаттарын *ж о л д а у д ы* әдетке айналдырған («Түркістан»).

ЖОЛДАУШЫ з а т. *Бір нәрсені арнап жіберуші.* Бұл сұрақты *ж о л д а у ш ы* Шымкенттің «Қайнар бұлақ» совхозының тұрғыны Сейді Мырзатаев (Қ.Тұрсынқұлов, Алыста.). Көп ойлап бұрынғыша бала жайын, Жүрсіз бе сау-сәлемат жан ағайым. Алыстан арнап сәлем *ж о л д а у ш ы* бұл, Сонау жыл қолда өсірген Құралайың (М.Құрманалин, Аспан).

ЖОЛДАУХАТ з а т. р е с м и. *Мемлекет қайраткерлерінің не болмаса қоғамдық мекеменің, басқа бір ел не мекеме бастығына мемлекеттің, қоғамдық-саяси не басқадай мәселе бойынша хаты.*

ЖОЛДАЯҚ з а т. *Заңды некеге тұрмаған, некесі қиылмаған жеңіл жүрісті адамдардың кездейсоқ қосылуынан туған бала. Ж о л д а я қ* болса бір сәрі. Байының қойнында жатып болған баланы неге жасырған, бұл түге? (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖОЛДОРБА з а т. *Жолға шыққанда иыққа, арқаға аса салатын жүк дорба, қап.* Каникулға шығысымен Алмас *ж о л д о р б а с ы н* қамдап, жиналуға кірісті (С.Сматаев, Ғарыш). Бүгіндері *ж о л д о р б а л а р ы н а* қоса иықтарына гитараларын асынған жас жігіттер мен қыздарды көресің («Жас Алаш»).

ЖОЛДЫ с ы н. **1.** *Жолы бар; жол салынған.* Машина *ж о л д ы* жерде ғана машина (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш.). Біздің Қазақстан түбінде *ж о л д ы* мемлекет болады. Биыл ғана аяқталып, тапсырылған Алматы-Астана автокөлік жолы қандай тамаша («Егемен Қазақстан»). **2.** а у ы с. *Жолы болғыш, ақжолтай.* – Кәсіп оңға басты, жігіттер. Бұл Болатжан *ж о л д ы* бала болды (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.). – Орынбордан күні кеше көп зат әкелдім. Бәйбіше, *ж о л д ы* екенсің (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең.). Егер ұстанған жолы жақсы болып шықса, өзін *ж о л д ы* бала деп атау керек шығар (Ә.Сәрсенбаев, Таңд. шығ.). Бағылан серке марқаша қой бастайды. Қой алдында жануар ойқастайды. Құтты тойға кез болған *ж о л д ы* жігіт, Бұрынғының жолымен той бастайды (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖОЛДЫ-ЖОЛСЫЗ үс т. *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз.* Қалай болса солай, *ж о л д ы - ж о л с ы з* лағып сөйлей берудің қажеті қанша (Б.Мұқай, Жалғыз жаяу). Милиция қолына түскен қылмыскер *ж о л д ы - ж о л с ы з* сөйлеп жатыр (К.Тоқаев, Түнде).

ЖОЛДЫҚ[1] с ы н. **1.** *Жолға арналған, жолға керекті.* Кәдірбай ауызғы үйге дейін шығарып салып, *ж о л д ы қ* ақша ұсынды да, ішке қайта кірді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Бұрын мұндай төсекке жатып көрмеген Шоқан, *ж о л д ы қ* киімін шешінбестен қисая кетті (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Менің Шымкентке қарай жолға шығатынымды білген ноғай туғандар маған *ж о л д ы қ* даярлаған азықтарын берді («Айқап»).

2. *Жазба жолдан тұратын, жолы бар.* Күлән ақын елу мың *ж о л д ы қ* шежіре-дастанын мерзімді уағында жазып бітіріпті (М.Мағауин, Көк мұнар). Екі-үш күннен кейін Би ағаңа жиырма бір *ж о л д ы қ* бірдемені әкеліп бердім (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жолдық редактор. и н ф. <ағыл. line editor> *Мәтіндік командаларға сәйкес операцияларды оларда көрсетілетін жолдармен орындайтын мәтіндік редактор.*

ЖОЛДЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Жоралғы, рәсім, сыйлық.* Мұрабалы жиын болса, *ж о л д ы қ т ы* төрелер алады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖОЛДЫҚ[3] з а т. э т н. *Бойжеткен қыздардың айт күндері жақсы көретін жігіттеріне сыйға беретін, кестелеп тіккен қалта орамалы.*

ЖОЛЕТЕК з а т. *Жеңіл жүрісті әйел, жолбике.* «Мен тым кеш туған екенмін, – деп мойындапты Наполеон таққа отырғанның ертеңіне. – Қайран ерте дәуір-ай. Мысалға, Ескендір Зұлқарнайынды алыңызшы, ол байтақ шығысты жаулап алып, өзін Юпитердің ұлымын деп жариялады. Оған иланбаған адам жоқ. Ал егер мен өзімді Құдайдың ұлы деп жарияласам, кез келген *ж о л е т е к* артын ашып күлер еді («Алтын Орда»).

ЖОЛЖАЗБА з а т. *Автордың жолсапар кезіндегі алған әсері мен көзбен көрген нақты оқиғалар суреттелетін шығарма.* Күнделік, очерк, мемуар т.б. түрінде жазылады. *Ж о л ж а з б а л а р* танымдық мәліметтерімен құнды (ҚҰЭ). Литва халқының мол тарихына шолу жасау *ж о л ж а з б а н ы ң* міндеті емес қой («Қаз. әдеб.»).

ЖОЛЖЕЛКЕН з а т. ө с. <лат. plantago> *Көбіне жол жиегінде, арық бойларында өсетін, тартар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.* Бұл өсімдікті кей жерлерде *ж о л ж е л к е н,* енді бір жерлерде иманжапырақ деп те атайтындығы мәлім (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖОЛ-ЖОБА з а т. **1.** *Бағыт-бағдар, беталыс.* Съезде қаралған қай мәселе болсын, сол кездегі жағдайда, жергілікті комсомол ұйымдарына *ж о л-ж о б а* көрсетті (Ш.Өтепов, Өшп. жалын.). Алдарында партияның бекітіп берген *ж о л-ж о б а,* жоспарлары жатыр (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.). Техникалық құралдармен пайдалану жөнінде *ж о л-ж о б а* беретін еңбектер бізде әзір жоқтың қасы («Қазақст. мұғ.»). **2.** *Жол-жора, әдет, дәстур, салт.* – Шоқанжан, сен қазақтың көп ырымын, *ж о л-ж о б а с ы н* біле бермейсің-ау (С.Бегалин, Бала Шоқан). Ол – ерекше мінезі жоқ, *ж о л-ж о б а н ы* білетін, әдепті, жолдасын сыйлай алатын әйел (С.Бақбергенов, Кентау).

ЖОЛ-ЖОЛ с ы н. **1.** *Жолы, жолағы бар.* Кең тігілген *ж о л-ж о л* қара шалбарын, аяғындағы етігін тозаң басқан (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). **2.** *Жолақ-жолақ, айқыш-ұйқыш.* Оның маңдайындағы *ж о л-ж о л* сызықтар бұрынғыдан бетер айқындала түсті (Т.Шаханов, Көгілдір). Ханым қартайып, жүдеп, маңдайына *ж о л-ж о л* сызық түсіп кеткен екен (Ә.Сараев, Қараша).

ЖОЛ-ЖОБАСЫЗ с ы н. *Жолсыз, бағыт-бағдарсыз, беталды.* Түктібайдың *ж о л-ж о б а с ы з* даламен тартып келе жатқанына біраз болса керек (А.Мекебаев, Құпия).

ЖОЛ-ЖОЛАЙ ү с т. *Жол үсті, жол-жөнекей.* Өтеген деген сенбісің? Мың күн жортып *ж о л-ж о л а й,* Тауда безген құлжадай, Жиһанды кезіп жүрмісің? (Жамбыл, Шығ.).

ЖОЛ-ЖОРА з а т. *Жөн-жоба, салт, әдет, дәстур бойынша берілетін ырым, кәде.* Бірнеше құрбы-достар заман дәстүрі бойынша тойдың *ж о л-ж о р а с ы н а* алған буыншақ-түйіншектеріміз қолтығымызда, бүгжеңдей басып асығып келеміз (С.Байжанов, Сыр.).

ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫ з а т. *Салт, жоралғы, дәстүрлердің жалпы атауы.* Жас та болса, Кенжеш *ж о л-ж о р а л ғ ы н ы* білешек (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Екі жақ бірін-бірі шақырысып, құдалықтың *ж о л-ж о р а л ғ ы с ы* жасалды (Н.Ғабдуллин, Өмір.).

ЖОЛ-ЖОСЫҚ з а т. с ө й л. ***Жөн-жосық.*** Африка халықтарының мәдениетін өркендету үшін католик дінінің *ж о л-ж о с ы ғ ы н* ұсынғаны тым-ақ ерсі шықты (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Аттанды Манас алға деп, Әлеукесі қайда? – деп, Жөнекей елден жол сұрай, *Ж о л-ж о с ы ғ ы н* мол сұрай (Манас).

ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ ү с т. **1.** *Жол бойы, жол үсті. Ж о л-ж ө н е к е й,* екі жағы бірдей шілік тал мен арша, үйеңкі сықысқан биік жарқабақ (Ә.Әлімжанов, Қарасұңқар.). *Ж о л-ж ө н е к е й* талай сыр ақтарылып, көп әңгіме айтылды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Болған жәйді *ж о л-ж ө н е к е й* естіген Бәдіғұл келе жатқан бетінен бұрылып, Тереңөзек жақта нағашылары бар дейтін, сонда тартыпты (Ш.Құмарова, Қос шынар). **2.** а у ы с. *Сөз арасында, әңгіме үстінде.* Бірақ жалғыз осы *ж о л-ж ө н е к е й* соғумен сынды аяққа қоя алмаймыз (М.Қаратаев, Туған. әдеб.). *Ж о л-ж ө н е к е й* таныстыра кетейін: – Әңгімеші қария Хұсайын Тәкежанов еді («Лен. жас»).

ЖОЛЖЫЛЖЫТҚЫШ з а т. т е х н. к е н. *Ашық кен жұмыстарында теміржол табандарын бөлшектемей, тұтас күйінде жылжытуға және жолдарды кранмен қайта төсеу кезінде даярлау жұмыстарын жүргізуге арналған машине.*

ЖОЛКЕСЕР з а т. *Қарақшы, жолда тонаушы, ұры.* Мұнан соң өтіп еді біраз заман,

Қорқынышты бір хабар шықты жаман. Бір *жолкесер* әр жерде елді талап, Қаһар қылған кісісін қоймайды аман (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Бір *жолкесер* жүрген жүргіншілерді талан-таражға салды (Қаз. ертег.). Бұрынғым *жолкесерден* мінезі жат, Білмейді кім екенін еш адамзат. Пәлен байға пәлендей іс қылам деп, Күні бұрын білдіріп жазады хат (Ш.Құдайбердиев, Өлең д.).

ЖОЛКӨЗЕР з а т. ж е р г. *Жолдың жайын жақсы білуші.* Олар ысқаяқ *жолкөзерлердің* бастауымен Нарынқұмға сіңіп кеткенін айтты (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖОЛ-КӨЛІК: жол-көлік оқиғалары. *Көлік құралдарының жолмен жүруі кезінде және оның қатысуымен пайда болған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар т.б. зақымданған не өзгедей материалдық зиян келтірілген оқиға. Жол-көлік оқиғаларының* пайда болу себептері мен жағдайларын талдау және осы себептер мен жағдайларды жою үшін әр елде, аймақта, қалада жол-көлік оқиғаларының есебі жүргізіледі (ҚҰЭ). Медицина мекемелері меншік нысанына қарамастан *жол-көлік оқиғаларында* қаза тапқан немесе жарақаттанған адамдардың есебін жүргізеді (ҚҰЭ).

ЖОЛКІЛЕМ з а т. *Еденге төселінетін ұзындау келген, ені тар төсеніш.* Халық не сұрайды?– деген сұраққа сатушы Сақыпжамал – Мебель сұрайды, *жолкілем* керек дейді («Қаз. әдеб.»).

ЖОЛКІРЕ з а т. **1.** *Жолтұл, жолаушының бір сапарға барып-қайтуына, ұсақ-түйекке кететін шығыны. Жолкіреге* алған қаражат-пұлды очерк жазып қайтаратынын айтты. Сол хатты қобдишаға салып, почтадан шыққанда Мирасқа деген ашу-кек те қайтып қалған еді (Ә.Тарази, Бұлтқа сал.). **2.** *Жолаушы көлігін пайдаланғаны үшін төленетін жолақы.* Жазылып алынған диктор сөзі дер кезінде *жолкіре* төлеуді, кезекті аялдама атын, сол маңдағы жол ережесін еске алып отырады («Білім және еңбек»).

ЖОЛҚАҒАЗ з а т. **1.** *Белгілі бір жерге жіберілген адамға берілетін жолдама.* Өткен жылы ол қызмет істейтін ғылыми мекемесіне келген *жолқағазбен* теңіз жағасында болып қайтқан (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды.). **2**. *Жүргізушілердің қайда баратыны, не таситыны көрсетілген қағаз.* Досқожа Жүсіпке *жолқағаз* жазып жатыр (Б.Майлин, Шығ.). Шофердің *жолқағазына* кімге, қай адреске қанша көмір апаратынын жазды («Қаз. әдеб.»).

ЖОЛҚАЙЫҚ з а т. *Өзеннен өтуге арналған қайық.* Үй қыдырған көлең-көлең ақ жаулық... Жаз шықса, параход, паром, *жолқайық,* жасыл арал, Қалың орман (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОЛМА-ЖОЛ ү с т. *Жол-жолымен, әр жол сайын.* Сұлтанмахмұт өлеңнің бір шумағын оқып, *жолма-жол* аударып беріп отыр (Д.Әбілев, Арман.). Алғашқысы *жолма-жол* аудармаға көбірек ойысыңқырап тұр (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Өз шығармасының орысша басылғанын көргісі келген жазушы алдымен *жолма-жол* аудармашыны іздейді («Қаз. әдеб.»).

Жолма-жол басып шығаратын құрылғы [принтер]. и н ф. <ағыл. line printer> *Бір қабылдауда тұтас жолды басып шығаратын шапшаң құрылғы. Жолма-жол басып шығаратын құрылғы* негізінен ірі кәсіпорындар мен ұйымдарда пайдаланылады (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

ЖОЛМОЙЫН з а т. ж е р г. *Теміржол рельстерінің қосылған жері.*

ЖОЛ-МОЛ з а т. с ө й л. *Жөн-жоба, әдет-ғұрып, жөн-жосық. Жол-молыңды* тыңдағалы отыр ма жұрт? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОЛҚАПШЫҚ з а т. ***Жолдорба***.

ЖОЛСАПАР з а т. **1.** *Қызмет, жұмыс бабымен тапсырылған істі орындау үшін басқа бір жерге бару бабындағы іссапар.* Ораққа қатысушыларды өрелі табыстарға жігерлендіруші аудандық «Алтын масақ» мәдени-үгіт поезының *жолсапары* бізбен «Жаңажол» шаруашылығында түйісті («Қаз. әдеб.»). **2.** *Жол жүрушілік, сапар.* Жазғытұрым кеткен Сәрсенбай ауылына жаз ортасында оралды. *Жолсапарды* осынша ауыр, ұзаққа созылар деп ешкім онда ойлаған жоқ («Қаз. ауыл. шаруаш.»). Бәрібір де *жолсапардан* келген адам да, ауру-сырқаттан жазылған адам да кейін қазасын өтеп алуға тиіс («Түркістан»).

ЖОЛСЕРІК з а т. **1.** *Жолға шыққандағы қатар орналасқан жолаушы, серік.* Бола қалдық соларменен *жолсерік* (Қ.Көпішев, Кезеңдер). **2.** *Вагондағы тәртіпті реттеуші теміржол қызметкері.* – Бұл не? – дедім мен, Дулат дейтін *жолсерік* жігіттен сыр тартып («Қаз. әдеб.»). Ол ұзақ жылдар бойы *жолсерік* болып, кең-байтақ еліміздің түкпір-түкпірлеріне алыс сапарларға шықты («Теміржолшы»).

ЖОЛСОҚТЫ: жолсоқты болды. *Жол жүріп әбден шаршады, қалжырады.* Мәруа *жолсоқты боп* шаршағасын, бауырдай қатып рақат ұйқыға шомып еді (Р.Әутәліпов, Той тарқар). Төлеген *жолсоқты болып* қайтса да, кабинетке кіре кететін әдеті бартұғын (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). *Жолсоқты боп,* шаршап келген шопан далада жатыр (Саржайлау). *Жолсоқты болып,* күйі қашып келген қой мен ешкі топырлап, бүрсиіп, біріне бірі ықтайды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖОЛСЫЗ с ы н. **1.** *Жолы жоқ, жол түспеген.* Арада алпыс-жетпіс шақырым қар басқан *ж о л с ы з* дала жатыр (Т.Ахтанов, Боран). Көкемдер баратын айдын қара суға *ж о л с ы з б е н* тура тартты (М.Тиесов, Дала.). Жүректе жоқ екен ғой өлшем деген, Көрмей-ақ жүр екен ғой көрсем де мен. Мен енді Темірқазыққа бір қарап ап, *Ж о л с ы з б е н* тартып кете берсем бе екен (Т.Айбергенов, Құм. мұнара.). **2.** а у ы с. *Жөнсіз, ретсіз, қисынсыз.* Қазір *ж о л с ы з* ғой, көрінген жерде айқай көтеруің, – деді інісін баса сөйлеп (Х.Есенжанов, Көп жыл.). **3.** а у ы с. *Тәртіпсіз, әдепсіз, жүгенсіз.* Алды-артыңды ойласаң, *Ж о л с ы з,* жөнсіз іс қылма. Қас бір надан болмасаң, Алтыныңды мыс қылма (М.Әшірбеков, Кербез.). Әттең, сол *ж о л с ы з* жасаққа күйші емес, адайдың аспанға түкірген көп адуын батырларының біреуі іліксейші (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖОЛСЫЗДЫҚ з а т. *Жөнсіздік, әдепсіздік, жүгенсіздік.* Ел ішінде болып жатқан неше түрлі *ж о л с ы з д ы қ,* жауыздық болушы еді, еш нәрседен беті қайтпаушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Көпе-көрнеу әділетсіздікке, бұра тартып кетер *ж о л с ы з д ы қ қ а* кешегі партизан ыза болып қана қоймайды, қарсы шығады (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Жас ару жастайынан көрді соны, *Ж о л с ы з д ы қ,* жүгенсіздік оң мен солы. Өз басын айттырыпты бір есерге, Жүрекке сондықтан да қайғы толы (Ә.Әленов, Әлімқара).

ЖОЛСЫЗ-ЖӨНСІЗ с ы н. *Жөні жоқ, ретсіз.* Біздің жақтан *ж о л с ы з-ж ө н с і з* алып қашылған көкпарды айырып алу үшін аттарын қыса шапқан алдыңғы үш-төрт кісі енді еркін сермеуге кірісті (Ә.Көшімов, Жас аңшы).

ЖОЛСІЛТЕМЕ з а т. *Теміржолдың жол көрсетуші нұсқаулығы.*

ЖОЛСІЛТЕУШІ з а т. *Жол көрсетуші, бағдар беруші. Ж о л с і л т е у ш і* болу керек, ең артта тымақты біреу жалбақтап келеді (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖОЛТАБАН з а т. к ө л і к. **1.** *Көлік құралдарында әрбір осьтің доңғалақтары арасындағы немесе шынжыртабандардың орталық сызықтары арасындағы қашықтық.* **2.** *Шпалдарға, білеулерге бекітілген екі рельстің арасындағы қашықтық.* Біздің елімізде кең табанды (1520 мм), тартабанды (750 мм) және өнеркәсіптік көліктегі (1000 мм) *ж о л т а б а н д а р* белгіленген (Қаз. тілі. термин. Кен.). Карьерлер үшін – 1520 мм (қалыпты), 750 мм (тар), 900 немесе 1000 мм (қалыптан тыс), шахталар мен кеніштер үшін – 600, 750 және 900 мм *ж о л т а б а н* түрлері бар (Қаз. тілі. термин. Кен.).

ЖОЛТАЗАРТҚЫШ з а т. *Қалың қардан жолды аршып, ашқыш, тазалағыш.* Ескектей сырғып, апырып-жапырып жүрген *ж о л т а з а р т қ ы ш т а р* (Ғ.Мұстафин, Белдерде).

ЖОЛТОСПАЙ: жолтоспай жасады. *Жолын тосып ұстап алды, кедергі жасады.* – Әуелі байқалық, шын ұстау үшін шақырса, Ордаға алып бара жатқанда *ж о л т о с п а й ж а с а п,* босатып аламыз (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖОЛТӨСЕГІШ з а т. к ө л і к. *Теміржолдың рельс-шпал торын тасымалдауға және оны төсеуге арналған мәшине.* Рельспен жүретін *ж о л т ө с е г і ш* құрамында консольдік төсегіш кран, моторлы дизель-платформа және құрамға дайын рельс буындарын жеткізіп тұратын платформа болады (ҚҰЭ).

ЖОЛТӨСЕУШІ з а т. т е х. *Инженерлік жабдығы бар мәшине. Ж о л т ө с е у ш і* орташа қиялы жерлерде, бұтақтар мен кіші ормандар арасымен лек жүретін жолдарды төсеу кезіндегі әртүрлі кедергілерді жою мен жер жұмыстарын орындау үшін, тау баурайларында жол салу үшін, ор, шұңқырларды көму үшін, ағаштарды құлату мен ағаш түптерін тамырымен жұлу үшін, сондай-ақ лек жүретін жолдарды қардан тазалау үшін пайдаланылады (Қаз. тілі. термин. Кен.).

ЖОЛХАТ з а т. к ө н е. *Жолаушыға берілетін куәлік.* «Ей, тақсыр, сізге деген атым дайын, Мен сізді неге бөгеп, тоқтатайын. *Ж о л х а т ы ң ы з* бар болса, көрсетіңіз, Кінегеме көшіріп, сөз жазайын» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖОЛШЕКТЕУШІ з а т. и н ф. <ағыл. line terminator> *Терминалдан жолдарды енгізуді аяқтайтын символ* (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

ЖОЛШЫ з а т. **1.** *Жол жөндейтін адам.* Қайықтарын, күрек-саймандарын алып көпіршілер де, *ж о л ш ы л а р* да келіп жатыр (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). Бұл іске болмасам да бұрын ұста, Кірістім темір тартқан құрылысқа. Қойшы едім, *ж о л ш ы* болып жүрмін міне, Шпалды сүйреп жолға, суық қыста (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). **2.** *Сапарға, жолға шыққан адам, жолаушы.* Тап осы кезде жеңіл тарантасқа қамшыдай қатқан қызыл нар жегіп, жанына ірі боз атты бос байлаған бір *ж о л ш ы* жардан төмен түсе берді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қиялға оншама көп ерік бермей, Тағы да аяңдады жолын өрлей. Аяғын жедел басып тартып кетті, Біте ме жол ақысы *ж о л ш ы* жүрмей (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

ЖОЛШЫБАЙ ү с т. *Жол бойы, жол-жөнекей.* Күнікей қыздармен бірге жарысып, *ж о л ш ы б а й* төбе-төбеден тарғыл жуа терді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұлар бұл секілді сөзбен

келе жатқанда сәске түс болып, *ж о л ш ы б а й* ағаштарды аралап, бір көлдің жағасынан өтті (М.Дулатов, Шығ.). *Ж о л ш ы б а й* қаланы қорғап қаза тапқан ерлердің өліктеріне тәжім қылып, қирап жатқан түрлі қару-жарақты аяғымен жеркене теуіп жіберіп бара жатты (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖОЛШЫБАЙҒЫ с ы н. *Жол бойындағы, жол үстіндегі.* Бірақ *ж о л ш ы б а й ғ ы* бір ауылға қонуды мақұл көрген (Қ.Исабаев, Айқыз.). *Ж о л ш ы б а й ғ ы* елдердің мына қалпынан шошыған Айғаным «Шорманның үйі қалай қарсы алар екен?» деген қауіпте болды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бірақ Жұмабай кеше *ж о л ш ы б а й ғ ы* бір ауылға қонуды мақұл көрген (Қ.Исабеков, Айқыз).

ЖОЛШЫҚ з а т. и н ф. <ағыл. track> *Мәліметтер тасығыш (айналып тұрған) бетінің бір магниттік бастиек жаза немесе оқи алатын бөлігі.*

ЖОЛШЫЛ с ы н. *Жол танығыш, жол білгіш.* Қазіргі мектеп *ж о л ш ы л д а р* мектебі, кедей бұқараның мектебі (М.Дулатов, Шығ.). Жасамыс атшы, Ковалев айтқандай, *ж о л ш ы л* адам екен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қиын сапарға бұл сенімді көлік. Өйткені Қаракер *ж о л ш ы л,* жүріске мықты (Береке бастауы).

ЖОЛШЫЛДЫҚ с ы н. *Жол танығыштық, жол білгіштік.*– Дүниенің шартарабын түгел кезген адам, *ж о л ш ы л д ы ғ ы* керемет (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖОЛЫҒУ *Жолық етістігінің қимыл атауы; кездесу, жүздесу.* Құдай-ау! Қырсық болды мынау нендей?! Шырағым! Ол айтқаның оңай ма екен, Біреудің жалғыз қызын әлпештеген... Хатыңа нана алмай да, қоя алмай да, Дести жұрт *ж о л ы ғ у д ы* қолайлы екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Апанның басына келгенде де, биік топырағына шыққанда да, оның түпкі ойы Салқамбайға *ж о л ы ғ у* еді (Б.Майлин, Шығ.). Ниязбек жолға алар чемоданын әзірлеп болысымен, Мақпалмен *ж о л ы ғ у д ы* мақсат етіп отыр еді (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖОЛЫҒЫС= е т. *Кездесу, жүздесу.* Солай *ж о л ы ғ ы с ы п* жүргенде, мен Сәкенмен сырлас, достас боп кеттім (С.Мұқанов, Есею жыл.). Біздің алғашқы *ж о л ы ғ ы с қ а н* адамдарымыздың бірі Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған Сидор Артемьевич Ковпак болды (Қ.Тоқаев, Көмескі із).

ЖОЛЫҒЫСУ *Жолығыс етістігінің қимыл атауы; кездесу, ұшырасу.* Жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып *ж о л ы ғ ы с у д а н* ұялған секілді (Абай, Тол. жин.). *Ж о л ы ғ ы с у ы м ы з* екеумізге де қуанышты, көңілді кездесу болды (Б.Момышұлы, Москва.). *Ж о л ы ғ ы с у* сағаттары, Қалайынша өтті тез, Қара түнде шамдай жанған, Қарсы алдымда отты көз (С.Мәуленов, Найзағай.).

ЖОЛЫҚ= е т. **1.** *Кездесу, бетпе-бет жүз көрісу, ұшырасу.* Екеуі әуелі *ж о л ы қ қ а н* күндерінен бері нендей ойлар ойлағандарын, бірін-бірі көруге сағынғандарын айтып һәм бастарындағы оқиғаларын да азырақ қозғап қойысты (М.Дулатов, Шығ.). Ерекше естен кетпес қызық қайда? *Ж о л ы ғ а т ы н* қыз қайда терең сайда? (Абай, Тол. жин.). Біз барып отырмақпыз көп зиратқа, Бақша бар оған жақын шаһар жақта. Ымыртта Ләйлі келмек бақшасына, Сол жерде уағда қылды *ж о л ы қ п а қ қ а* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Хатшы есігіне таяу келген Шолпанға Нәзипа апай қарсы *ж о л ы қ т ы* (Ә.Нәбиев, Шолпан). **2.** *Душар болу, тап болу, кезігу.* Қазақтың малын сапырып, Көп бәлеге шатылып, Кесепатқа *ж о л ы қ т ы* (Абай, Тол. жин.). «Жол қуған қазнаға *ж о л ы ғ а р,* дау қуған бәлеге жолығар» деседі (Абай, Тол. жин.).

ЖОЛЫҚТЫР= е т. **1.** *Кездестіру.* Бұл сырды бәйбіше мен бай да білді. Екеуін *ж о л ы қ т ы р м а с* айла қылды. Владимир келгенде кекеп-мұқап, Мысқылдап айта берді қайдағыны (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Волоколамскіде Бауыржан генерал-майор Панфиловты *ж о л ы қ т ы р д ы* (М.Ғабдуллин, Менің дос.). Қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға әзірленіп жүргенімде бір бақытты сәт мені Мұқаңмен тағы *ж о л ы қ т ы р д ы* (Ж.Исмағұлов, Адам.). **2.** *Тап болдыру, ұшырату.* Айманға патша Құдай *ж о л ы қ т ы р с а* Шалар ем Құдайы қып қойқын көкті (Батырлар жыры). Ызаға толар қос өкпе Әр жұмысты қылғанда, *Ж о л ы қ т ы р а р* кесетке Жамбысың үйір боп кетер Жастығы қатты төсекке (Бес ғасыр.). Бір Алла адалынан *ж о л ы қ т ы р ғ а й*! Жан болса езу тартқан дос дей бердім. Дос та дос, туған да дос, діндес те дос, Түбінде зарарсызды шын дос көрдім (С.Дөнентаев, Шығ.).

ЖОЛЫҚТЫРУ *Жолықтыр етістігінің қимыл атауы.* Көп қуылған қояндай мең-зең, селт көңіл көтеретін келешекке күліп қарайтын жігітті *ж о л ы қ т ы р у* қиын (І.Жансүгіров, Шығ.). Бұған дейін Зейнеп Айжанды Ақпанға *ж о л ы қ т ы р у* түгіл, маңына да жолатпайтын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖОЛЫҚТЫРЫЛ= е т. *Кездестірілу.* Бұлар әлденеше сұраққа ілініп, алуан түрлі тепкі, дүре сықылды жазаларды тартып, осы күнге шейін ешкімге *ж о л ы қ т ы р ы л м а й* қамалып жатқан еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖОЛЫМ: **жолым үй.** *Керегесіз уыққа киіз жауып, көшіп-қонуға ыңғайлап тігілген, сүйір төбелі кішкене қараша үй, жаппа. Ж о л ы м ү й* үш қанаттан аспайды, оның керегесі

сирек орнатылады, түзу уықтары шаңыраққа шаншылмай, басы түйістіріліп байланады да, үстіне туырлық жабылады (ҚҰЭ). Ақ үйлерден қашығырақ, тау қиялай тігілген ана жерде бір, мына жерде бір құрым киізді қостар мен *жолым үйлер* (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Жылқылы ауыл, қойлы ауыл. Бұлақтың басы *жолым үй*. Тыныстың сол ма жайлауы, Тіреле соған жол ылғи (М.Әлімбаев, Жүрек.).

Жолым үйдей. *Кішкентай, мардымсыз.* Көп оғына жол салды, Әр оғының басында *Жолым үйдей* шоқ қалды (Батырлар жыры). Өзгелер де палубасына тізіле тұрып, әлгі тушаларды аумағы *жолым үйдей* тор қапшыққа тиеді (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

ЖОМ[1] з а т. *Мал азығы ретінде пайдаланылатын қызылшаның қабығы, сығындысы.* Пішенге, қызылша *жомы* мен сірнесіне бордақыланған сиыр 90–100 күннің ішінде өте көп салмақ қосады (Қазақст. етті молайту.). Басқа өндіріс қалдықтарының ішінде қой азығы ретінде қант зауытының қалдығы қызылша *жомын* пайдалануға болады (И.Жұмағұлов, Қой шаруаш.). Қызылша *жомы* малға берілетін құнарлы азықтың бірі («Соц. майдан»).

ЖОМ[2] з а т. к ә с. *Шелектегі балықты тығыздайтын құрал.* Ал *жомды* бұрап тұрған Есқали (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). *Жом* тұтқасын айналдырып тұрған жалпақ бетті, қошқар мұрынды, қалың ерінді зор қара жігіт Матвей Степановтың әніне қосылмақ болды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖОМАРТ [ир. جوانمرد] с ы н. **1.** *Қолы ашық, береген, мырза.* Енді бүгін кім жаман? Данышпан емес, кім надан? Қамқор емес, кім жауыз? *Жомарт* емес, кім сараң? (М.Дулатов, Шығ.). Еркімен дулығасын ерлер тастап, Бір жуан бәйтерекке келсе бастап. Бай *жомарт,* бәйбіше де сараң емес, Болыпты сый көрсетпек, қойнын ашпақ (М.Дулатов, Шығ.). Қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, *жомарт* болғанды, шейіт болғандарды бір бөлек қояр дейді (Абай, Тол. жин.). // *Қолы ашық, мырза адам.* Кедейлік қайда оңдырған. Ер жігіттің жолын байлап, *жомарттың* қолына тұсау салған ғой (А.Әуезов, Бала Мұхтар). **2.** а у ы с. *Бай, кең.* Қай халықтың фольклорын алсаңыз да, соның ішінде қазақ ауыз әдебиеті де, ежелден сөзге сараң, ойға *жомарт* келетіні белгілі (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

Атымтай жомарт. э т н. *Ескі аңыз, әпсаналарда айтылатын, бұл дүниеде еш теңдесі жоқ жомарт адам [Халық Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық деп, туабітті қасиетке балаған, өйткені Атымтайдың жомарттығы нәресте кезінен нышан берген: алдымен емшектесі тоймай, өзі емшек ембейтін болған. Араб аңыз-әпсаналарында «Һатым» асқан жомарт адамның есімі, ал тай сол адам шыққан тайпаның аты].* Қыз бала, сізге айтайын, Жұрт жинап қызық той еткен, *Атымтай жомарт* салған жол, Бақыт пен дәулет қонған жол (Қашаған Күржұманұлы // Ақберен).

Атымтай жомарт секілді атағым жұртқа білінсе. *Асқан жомарттығымен елге танылсам.* Кеуде бір жерді жол қылсам, Шөлең бір жерді көл қылсам... Тентегін түзеп байқа деп, Ішінен биді сайлатсам. Құлым бір ұлдай киінсе, Көркімен көрген сүйінсе, *Атымтай Жомарт секілді Атағым жұртқа білінсе?* (Ақтамберді Сарыұлы // Алдаспан).

Қасым жомарт. э т н. *Байырғы қиссадастанда айтылатын қолы ашық, асқан мырза адам [Қасым қолындағы байлығын сұраған жанға іркілмей, молынан беретін, дүниенің бетіне қарамайтын мырза адам болған. Қазақ халқында Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық десе, Қасым жомарттың мырзалығын дүние жомарт деп бағалаған, бөліп айтқан].* Қыс жер астында белгісіз сарайға тыққан қымбат мүліктерін жігітке сыйлайды. Сол таусылмайтын мүліктерді кім көрінгенге (олардың ішінде Рәшит патшада бар) үлестіріп *Қасым жомарт* аталады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

ЖОМАРТСУ *Жомартсы етістігінің қимыл атауы.*

ЖОМАРТСЫ= е т. *Береген, қолы ашық болғансу.* Жүретінін анық сезген кемпір жалған *жомартсып,* жылы шырай танытқан болды (С.Алдабергенов, Асу).

ЖОМАРТСЫН= е т. *Берегенсу, қолы ашық болғансыну.* Енді алыс-жақын ағайындарының ортасында *жомартсынып* отыр (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл).

ЖОМАРТСЫНУ *Жомартсын етістігінің қимыл атауы.*

ЖОМАРТТАН= е т. **1.** *Мырзалану, қолы ашық, береген болу.* Сайлау жетті, Сәрсенбай һәркімге *жомарттанып* ат майын бере бастап, сойысы да артылды (М.Дулатов, Шығ.). Қызулау, Тоғайәлі сәл қызығындау тәрізді еді, *жомарттанып* алған екен (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **2.** а у ы с. *Жаймашуақтану, жайдарылану.* Табиғаттың ерекше *жомарттана* қалуын қапысыз пайдалануды мұрат еткен дикандар қауымының қимылында анық байқалар қауырттық бар (Қ.Салғарин, Жаныңда. жүр.).

ЖОМАРТТЫҚ з а т. **1.** *Мырзалық, берегендік, қолы ашықтық. Жомарттың,* сараңдық, батырлық, қорқақтық, төзіктік, бұзықтық – бұлар қай жұртта да болатын мінездердің жалпы кейіптері. Сондықтан мұндай мінезді адамдар жалпы кейіпкерлер

болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ағайын барды күндеп көре алмайды, Жоқ болса *жомарттық* қып бере алмайды. Кеткені берекенің сол болмаса, Білмеген білген тілін неге алмайды? (М.Дулатов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Дарқандық, кеңдік, молдық.* Мұнан кейінгі ноғайдың екінші, үшінші дәрежелері байлары әрқайсысы өз жерінде оқу жолына *жомарттық* қылып мешіт, мектеп, медреселерін тәрбиелеп тұр (М.Дулатов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Сүйіспеншілік, мейірімділік.* Жұпар иісін жан-жағына *жомарттықпен* жайып тұрған неше алуан гүлдерді айтсайшы (Р.Райымқұлов, Қыз – айна.). Аға мен іні әйтеуір әсем сыйластық, Бар болса бүтін, Тірлікте айыл жимас түк. Табиғат өзі *жомарттықпенен* жаратқан, Бір-бірін басқа тілеуге тіпті қимас қып (І.Мәмбетов, Дос.). **4.** ф и л о с. *Бойында әділет, шапағат, ақиқатты іздегіш қасиеті бар қолы ашық адамның жасаған әрекеті.* Абайдың 38-ші қара сөзінде жауап-мәрттіліктің үш сипаты айтылады. Олар: шындық (сидық), ақ пейілділік (кәрәм), даналық (ғақыл). Осы үш сипаттан тағы үш түсінік тарайды: шындықтан әділет, ақпейілділіктен шапағат, даналықтан (ғақылдан) ақиқат мағлұм болмақ. Бойында осындай қасиеттері бар жан жомарт аталса, оның жасаған істері *жомарттық* деп аталады (ҚҰЭ). Абай мұндай адамдар қатарына пайғамбарларды, әулиелер мен хакімдерді жатқызады. Адамның бәрі пайғамбар, әулие, хакім бола алмағанымен, *жомарттық* – осы жолға бастайтын қасиет (ҚҰЭ). **5.** *Қайырымдылық, көмек, демеушілік.* Бүгінгі күні қазақ ұғымында мұндай іс демеушілік деп те аталады. *Жомарттық* – қолында байлығы бар азаматтың мұқтаж жандарға жасайтын қайырымдылық көмегі (ҚҰЭ). Қайырымдылық – *жомарттықтың* негізгі өзегі (ҚҰЭ). Өзін өзі насихаттау үшін жасалған қайырымдылық *жомарттық қа* жатпайды (ҚҰЭ). **6.** м о р а л ь. *Текке мал шашпаққа қарама-қарсы ұғым.* ...Екіншіден, жомарт жан қолындағы байлықты тек таратып беруші ғана емес, сол байлықты жасаушы да болғаны жөн. Барды үлестіріп беру үшін барлықтың мәнін түсіну керек. Олай болмаған іс *жомарттық* болмай, Абай айтқандай, тектен-текке «мал шашпақ» болады (ҚҰЭ). Атақ үшін «мал шашпақ» – даңғазалық, айлакерлік. Бұл *жомарттықтың* философиялық мәніне кереғар, қайшы келеді (ҚҰЭ). **7.** э т н. *Қонақжайлылық, кеңпейілділік.* Кең далада өмір сүрген қазақ халқының *жомарттық* ерекше қастерлеуі көшпелі тұрмыс-тіршілігімен байланысты қалыптасқан. Бір шетінен бір шетіне айлап жүріп жететін кең аймақта бүгінгідей қонақүйлер, мейрамханалар болмағанымен, «әр қазақтың үйінде әр қазақтың сыбағасы сақтаулы тұрды» (ҚҰЭ). Халық ауыз әдебиеті туындыларында *жомарттық* нағыз үлгісі ретінде Атымтайдың кеңпейілділігі мен мырзалық қасиеті айтылады. Шашубай ақын «Қолда мал жоқ болғанмен көңілім бай, Байлығым, *жомарттығым* Атымтайдай», — деп өзін Атымтай жомартқа теңейді (ҚҰЭ).

ЖОМЫҚШЫ з а т. *Қырғыз халқының әлеуметтік мағынасы терең, көркемдік дәрежесі жоғары эпостық жырларын жатқа айтатын жыршысы.* Олардың қатарында Тоқтағұл Сатылғанов, Байымбет Абдрахманов (Тоғалақ молда), Барпы Алықұлов, Алымқұл Өскенбаев, т.б. есімдері бүкіл Орталық Азияға белгілі *жомықшылар*, сондай-ақ, Сағынбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаев сияқты қырғыздың «Манас» эпосын түгелімен жатқа айтып шығатындар да бар. Соңғыларды манасшылар деп те атайды (ҚҰЭ).

ЖОН[1] з а т. **1.** *Арқа, ту сырт, жота. Жонындағы* сояр ма еді! Әттең қолым соқадан босамайды ғой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақ қасқаның *жоны* құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияқтанып, күдірленіп дүңкиіп тұрады (М.Әуезов, Қараш.). Менің астымдағы жирен ат қырдың киігінше сырғиды. Жалы, арқасы, *жоны*, жаясы жұп-жұмыр (С.Сейфуллин, Тар жол.). Тоғайға барсаң тоғайда Томаланған қоян бар, Қоянды көр де *жонымқор*! (Батырлар жыры). Бірталай арпалысты сонымен, Басынан қан сорғалап *жонынменен*. Ұстауға оң қолымен келмеген соң, Солақай таспен атты қолыменен (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **2.** *Беткейлері көлбеу, етегі айқын шектелмеген, бір бағытта созылып жатқан қырат. Жонның* қар суымен шығып, желкілдеп тұнып тұрған бидайық, шалғын жеймін деп жанталасып күліктен алдымен Ноқаң ауылы көшеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Екі атты биік *жонның* басына шықты (З.Шүкіров, Қиын түйін). Айқыз бүгін Рақым көзіне алғашқы жауған қарға аунап алған *жонның* қызыл түлкісіндей болып көрінеді (Қ.Исабаев, Айқыз). Шерияздан *жондағы* жылқыдан қысырдың тайын алдырып, сойып берген (Д.Әбілев, Арман.). Асқар биік таулар да, қыратты адыр *жондар* да көп (М.Ермеков, Тарту).

Жон арқа. *Жота, арқа жон.* Көк арғымақтың *жон арқасы* дір ете түсті (Ә.Кекілбаев, Дала). Қарқұлаш белін буынып, қызы мен екеуі де қолдарына балта алып, *жон арқасы* бүкіштеу келген ұзын сирақ қара өгізге арба жегіп тоғайға кетті (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Үшінші күні *жон арқасы* ашылып қалған қыраттарды қамыс басынан ұшқан үйлдіріктей ақ үлпалар қайта бүркеді (М.Сатыбалдиев, Қоңыр).

Жон терісін сыпырды [сыдырды, сойды]. *Жазасын берді.* Ей, Джон, Джим, *С ы п ы р ы ң д а р* мынаның *ж о н т е р і с і н* («Соц. Қаз.»). – Тілеуің берсін, осылардың *ж о н т е р і с і н с ы д ы р г а н* өлеңдерің бар ма?– деді Оспан (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Әй, Мұса, сен – бидайық, мен бір торғай, Жүрерміз, тірі болсақ ойнай-ойнай. Параны мұнан былай тоқтат, Мұса, Нашардың *ж о н т е р і с і н* өзің с о й м а й (XX ғ. қаз. ақын.).

Жоны астаудай. *Әбден семірген, семіз.* Байының бар тапқанын өзі жеп, *ж о н ы а с т а у д а й* болып жүретін келіндер де бар (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Ж о н ы а с т а у д а й* торы төбел биені әудемде-ақ жәукемдеп тастапты (Р.Әутәліпов, Той тарқар).

Жоны ашылмады. *Жарымады, жетіспеді.* Жалданбайды, жүреді *ж о н ы а ш ы л м а й,* Адамның аты жолдас баласындай, Бұл күнде бір ұл, бір қыз перзентім бар, Сұрасаң біздің жайды міне осындай (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

Жоны жадағайланды. *Ет алды, семірді.* Оңқаудай жараған шағында *ж о н ы ж а д а ғ а й л а н ы п,* сәл қайқы тартқан белі қабысуға бет алған бауыры, сүмбіл сандары – бәрі тегіс жұмырланып кетеді («Қаз. әдеб.»).

Жонынан жарылды. *Май басты, семірді.* Семіз Мәзін үнемі жаяу жүруші еді, қазір *ж о н ы н а н ж а р ы л ғ а н* жирен аты бар (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жонынан қайыс алу. *Арқадан, ту сыртынан қайыспен ұру.* Бұрынғы молдалар ойнаған баланың *ж о н ы н а н қ а й ы с а л у ш ы* еді (М.Дулатов, Шығ.).

Жонынан таспа [қайыс] алды. *Сойып алды, сабады, сазайын берді.* Үйдей пәлеге жолықты деген осы екен. Енді *ж о н ы н а н т а с п а а л м а с а м* болмас (Қ.Кемеңгеров, Алтын.). Ерлігі елең қылмайды, Бір өзінен басқаны. Қайырымсыздығы талайды, *Ж о н ы н а н а л ғ а н т а с п а н ы* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Қатыгез Жанқия апай менің мұнымды естісе, *ж о н ы м н а н қ а й ы с а л а д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). *Ж о н ы н а н қ а й ы с а л с а,* бүйткен бұлтақты қояр ма еді, қайтер еді, Күнзила (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

Жонын берді. *Теріс қарады, сырт айналды.* Мұндағы студенттер Маңдалай университетінің студенттері сияқты бізге *ж о н д а р ы н б е р г е н* жоқ (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Бүгін өзін қолдаған мүбәшаралар, ертең *ж о н ы н б е р і п,* бар күнәні арта салмауына кім кепіл (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жонын жазды. *Жадырады, жайнады, Ж а з ы п* бір *ж о н ы н* дала кең, Жарқырап кетті бар әлем Көк аспан, сенің көркіңді, Көргендеймін жаңа мен (С.Асанов, Алматым.).

Жонын көрсетті. *Теріс сыңай білдірді.* Ол өзінің қолында заң тұрғанын білдіргендей сыздай сөйлеп, *ж о н ы н к ө р с е т е д і* («Қаз. әдеб.»).

Жонын сыртқа салды. *Іргесін аулақ салды, қашқалақтады.* Ұрқияның дауына ел билері шақырса да бармай, *ж о н ы н с ы р т қ а с а л ы п* қалыс қалған Науан тар жерде қол ұшын бермегеніне сері алдында өзін айыпты санап жүретін (С.Жүнісов, Ақан сері). Ақбөпе бұл үйден кетті дегенше, оның әкесі Қапаш та *ж о н ы н с ы р т қ а с а л ы п,* аулақтай береді дей бер (С.Жүнісов, Жапанда.).

Жоны таймады. а) *Арықтамады, жүдемеді.* Қыс бойы тың, соны жайылымдарда болғандықтан жабағы тайға дейін *ж о н ы т а й м а й,* қыстан күйлі шығады (Ы.Тниқин, Жомарт.). ә) *Жүні жығылмады.* Алда байғұс-ай, өмірі *ж о н ы т а й м а й,* жайтаңдап жүруші еді (С.Досымов, Жаңғырық).

Жонын тосты. *Арқасын төседі, көнді, шыдады.* Сын семсеріне *ж о н ы н т о с ы п,* жүгін көтеруді біздің ғана маңдайымызға жазған жоқ (Ш.Хұсайынов, Таныс адам.). Сәкен де бұл таяққа *ж о н ы н т о с ы п* тұрған жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жонын тілді [тілінді]. *Жазасын берді, сабады.* Саяқ іздеп Саркешер, Сартау құмнан, Табылса деп *ж о н ы м ы з* бір *т і л і н б е й* (Жамбыл, Шығ.).

Жонын тіреді. *Арқа сүйеді, арқаланды. Т і р е й т ұ ғ ы н ж о н ы ң д ы,* Айнымас ол жотадан. Созып бала қолыңды, Сәлем беріп өт оған (С.Мәуленов, Тартыс.).

Жоны шықты. а) *Жотасы күжірейді. Ж о н ы ш ы ғ ы п* құйрығын сыртқа салып, көзі қызарып құтырғандай қанталап қауып түсетін сияқты түр көрсетеді (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Беделі асты, қадірі артты.* Ұнаса ұсынғаны халайыққа, жігіттің топ ішінде *ж о н ы ш ы ғ а р.* Сауалдың сондай қиын таразысын, Салмақтың баса алмаған соры шығар (Айтыс).

Күрең жон. *Күрең тартып жатқан жон, қырат.* Кешелі-бері толассыз жауыннан *к ү р е ң ж о н* дала бүгін ғана көзін ашып, жылы күн сәулесінен бусанып жатыр (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Қара жон. *Қарайып, қарауытып жатқан жон.* Безерген бетпақ ол бір сұм. Ерні кезергенге нәр татырмас. Өзегім талды десең де, Қайыспайтын *қ а р а ж о н* («Қаз. әдеб.»).

Қарсақ жон сорпа. Ащы құрт, сүзбе қатылған ыстық сорпа. *Қ а р с а қ ж о н с о р п а д а н* соң ғана сәл тойған жұрт қайта сімірді («Ана тілі»).

Қоян жон. *Үсті тегіс, жұп-жұмыр қыр.* Піл сауырлы, *қ о я н ж о н* белдердің арасынан Балақұлдың биік шоқысы айқын көрініп тұр (Ақбидай).

Құба жон. *Жан баспайтын елсіз, шөл дала.* Енді бірер жылда осы бір *қ ұ б а ж о н,* қу даланың төсінде мәуелі бақтың қоңыр желмен тербеліп, сыңсып тұрарына сенеміз («Лен. жас»). Қара жердің қыртысын қақ айырып, қаңбақ пен қаңтардың желі ғана көшкен сар дала мен *қ ұ б а ж о н д ы* астық теңізіне шомылту, үлкен жүректі алып адымды ардагерлердің ісі (С.Сматаев, Армысың.).

Қызыл жон етіп сабады. *Жон терісін сыдыра ұрды.* Әңгімеге құлақ қою былай тұрсын, бай сөзге келместен нөкерлерін шақырып, Есжанды *қ ы з ы л ж о н е т і п с а б а й д ы* («Қаз. әдеб.»).

Мая жон. *Төбе боп үйілген.* Дастарқандағы *м а я ж о н* бауырсақ, торсылдақша жарылып, тіске тисе күтірлеп сынады (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

ЖОН[2] з а т. ж е р г. *Бөшкедегі тұздалған балықты үстінен нығыздап бастыратын құрал. Ж о н* балық зауыттарда болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОН= е т. **1.** *Ағаштың жұқалап жоңқалау, шабу, кесу, тегістеу.* Ол түнімен сол инағаштың *ж о н ы п,* жөндеумен болды (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Ағаштың да мұқтажға жарайтынын көрген әкем ұзамай-ақ ақ қалақ *ж о н ы п* берді («Қазақст. мұғ.»). Бір бөкімен вагонның саңлауларын шұқып, тақтайларын *ж о н ы п,* азырақ-азырақ кеңітіптік (С.Сейфуллин, Тар жол.). Тау аралап жүріп, ағаштың небір мықтысын тауып келіп, ыдыс-аяқ *ж о н у ш ы* еді (Б.Дәулетбаев, Парыз). **2.** *Қажау, ысқылау.* Қалбақтап қалақ бұлқынса, бұрқақтайды бораны. Тас сырылдан айналып, Бірін-бірі *ж о н а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Өңдеу, түзеу.* Абай аудармаларының еркіндігі, дәл еместігі, кейде қосып, кейде *ж о н ы п* отыратындығы мәлім нәрсе (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

Жона бергеннің жұқарар кезі бар. *Бірте-бірте азайған зат бір күні үзіледі деген мағынада. Ж о н а б е р г е н н і ң ж ұ қ а р а р к е з і,* соза бергеннің үзілер кезі бар. Ұлпан сол кезеңде бір-ақ күнде ұшырасып қалды (Ғ.Мүсірепов, Ұлпан).

Жонып жеді. *Аз-аздан, там-тұмдап пайдаланды.* Неше түрлі алым-салықпен ұсақ қараны құртып алып, азын-аулақ ірі қараны үстінен *ж о н ы п ж е п* азайтып отырған шағы екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Үстінен *ж о н ы п ж е п* отырған малымыздан ада болдық (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖОНА з а т. **1.** *Былғарыға бедер түсіріп жасаған тоқым сияқты көлемділеу келген өбзел түрі.* Сәйгүліктеріңе салтанатты ерен ер тоқым жасаймын, жорғаларыңа жайлы *ж о н а* тігемін («Қаз. әдеб.»). **2.** ж е р г. *Ердің екі қапталының астына салынатын тоқым.* Ол атты алып қайтпақ боп, бір *ж о н а,* бір ноқтасын қолтығына қысып сыртқа шықты (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ер аттың арқасына батпас үшін оның астына терлік және *ж о н а* қалың киізден жасалып, былғары немесе терімен қапталатын тоқым салынады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Ердің *ж о н а с ы* қалың болса, аттың арқасына жайлы болады (Қаз. тілі. жерг. ерек.).

ЖОНБАЙ з а т. ж е р г. *Біртуманың кейінгі буданының ақта етілмеген еркегі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОНГЛЕР [франц. jongleur] з а т. **1.** т а р. *Орта ғасырлардағы француз кезбе актерлері мен музыканттарының жиынтық атауы. Ж о н г л е р л е р* діндарлар тарапынан құғынға ұшырап отырған (ҚҰЭ). 13 ғасырда кейбір елдерде *ж о н г л е р л е р* бауырластықтары құрылды (ҚҰЭ). **2.** *Бірнеше затты жеделдете лақтырып, лезде қағып алуды меңгерген цирк артисі.* Қолында шыны таяғы, Шықты, міне, *ж о н г л е р.* Жапырлаған қоянға, Қаптап кетті әлгі жер (Ж.Смақов, Тамшы). Олар цирк *ж о н г л е р л е р і* емес, әлгіндей кухнялардан тамақ әкелуге бара жатқан ресторан қызметкерлері болып шықты (Ә.Кекілбаев, Тырау-тырау.). Студия сөйлеу жанры, музыканттар, акробаттар, *ж о н г л е р л е р* мамандықтарына эстрада артистерін даярлайды («Лен. жас»).

ЖОНГЛЕРЛІК з а т. *Жонглерге тән өнер; ептілік, шапшаңдық.* Бірінің үстіне бірін қойған бес жұмыр темірдің үстінде тұрып, *ж о н г л е р л і к* көрсету үлкен ептілікті керек етеді («Лен. жас»).

Жонглерлік өнер. *Цирк өнерінің бір түрі; үш немесе одан да көп затты белгілі бір ырғақпен лақтырып және қағып алу машығы. Ж о н г л е р л і к ө н е р д і ң* алғашқы үлгілері Мысыр (Ежелгі Египет), Грекия, Рим, Қытай, Жапонияда пайда болған (ҚҰЭ). Қазіргі заманғы циркте *ж о н г л е р л і к ө н е р* акробатика, эквилибристика, масқарампаз және аң машықтандыру өнерлерімен ұштастырыла орындалады (ҚҰЭ).

ЖОНҒУЫР з а т. ж е р г. ***Сүргі.*** *Ж о ң ғ ы р д ы* рәндә деп те атайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОНҒЫ з а т. *Екі жағында қолмен ұстайтын тұтқасы бар ағашты жонып, тегістейтін құрал, сайман. Ж о н ғ ы* – екі шетінде ағаш саптары бар өткір жүзді аспап (Г.Райымханова, Ата кәсіп). Үйшілер мен арба, шана жасаушылар

ағашты кептірерде әуелі қабығын *ж о н ғ ы м е н* сыдырып тазартады (ҚҰЭ). Ағашты, мүйізді қырып өңдегенде кедір жүзді, көбелі, қобылы *ж о н ғ ы л а р* қолданылады (ҚҰЭ). Ағаш бұйымдарын жасау кәсібімен айналысатын қазақ қолөнершілері шот, *ж о н ғ ы* сияқты, балға және тістеуік сияқты ұсақ саймандармен жұмыс істеді («Халық мұғ.»). Жасатты ұсталарға *ж о н ғ ы,* қашау, Бұранда, бұрғы, сүргі, түрпі жасау. Қолара, әйнек кескіш, темір тескіш, Көрік, төс, балға, қышқыш, темір шашау (Ө.Тұрманжанов, Бозша.).

ЖОНҒЫЛА= е т. *Ағашты қайта-қайта жону, шауып тегістеу, сүргілеу.* Қолындағы пышағымен *ж о н ғ ы л а п,* сол тұста өскен қәрі тораңғыға ағараңдатып белгі салды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Үстіне тақтай да тапты, Оны да *ж о н ғ ы л а п* бақты, Төсеп, қоршап жапты, Шеберлеп шегесін де қақты (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

ЖОНҒЫЛАУ *Жонғыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о н ғ ы л а у м е н* болды.

ЖОНҒЫШ з а т. *Жонып, тегістеп, сүргілейтін құрал.* Шыныны, пластмассаны, металды жонуға және тегістеуге арналған мұздан жасалған әдеттен тыс *ж о н ғ ы ш* аспап жасалып шықты (Естімеген елде көп.). Престер, өрнекті қалыптар, әр алуан *ж о н ғ ы ш* сызғыш, оймыштағыш құрал-саймандар электрмен жұмыс істейтін машиналар көбейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). // *Жонып, тегістейтін құрал.* Победиттен орнатқан жаңа *ж о н ғ ы ш* шойын доңғалақты бордай боратады (Т.Нұртазин, Адам.). Станок қайта жүріп кетті. Ол сәл еңкейе түсіп, *ж о н ғ ы ш т ы* алға итерді. Тегершіктен саусағын алар емес (М.Сәрсекеев, Жетінші.).

ЖОНҒЫШТА= е т. *Қайта-қайта жону.* Қолына алған осы бір кесек темірді Қаратай қаншама *ж о н ғ ы ш т а п,* егей бергенмен қағазға сызылған жоба-үлгісіне сай келмеді («Лен. жас»).

ЖОНҒЫШТАУ *Жонғышта етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о н ғ ы ш т а у ы н* қоймады.

ЖОНДА= е т. **1.** *Қырқалап, жоталай жүру.* Тауды *ж о н д а й* жүрген аңшылар өзенге түсті (Ә.Көшімов, Жас аңшы). **2.** *Ую, қырын шығарып қырлау.* Маяны *ж о н д а п* жатыр екен (М.Қуанышбаев, Кен). **3.** а у ы с. *Арқа жоннан ұру, соғу, сабау.* Құралы жоқ бес жігітті *ж о н д а й* сойып, кішкене қораның ішінен тықсыра қуды (М.Әуезов, Абай жолы). Жазаларын тартқызып, Жуандарды *ж о н д а ғ а н* (Жамбыл, Тол. жин.). Жылқысын қиған қырғыздың, Батырды түгел *ж о н д а д ы* (Манас).

Қоян жондады. *Томпайтты, жұмырлады.* Үйілген *қ о я н ж о н д а п* борықсабан, Жатар деп адам онда кім ойлаған? Үрпие атып тұрды шошып біреу, Үсті-басы, қойын-қоныш боп шөпшалам (Ғ.Игенсартов, Тың дала). Дастархан толы *қ о я н ж о н д а п* салынған жұмсақ сары бауырсақ (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

ЖОНДАМА з а т. ж е р г. *Арқа жүн, жота жүн.* Саулықтың *ж о н д а м а* жүні әлі көтерілген жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Біздің білетініміз *ж о н д а м а д а н* жоралғы, ұсақ жүннен қол кесер түсіретін пысықай тәсілдер ғой («Жаңа өмір»).

ЖОНДАН= е т. **1.** *Жон-жон болып үйілу, жоталану.* Түнімен соққан жел ауыл қотанына *ж о н д а н ы п* жатқан күртікті суырып әкетті де, таң сібірлей тоқтады (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Жолбарыс терісіндей *ж о н д а н ы п* жатқан жоталар қарта бетінде шоқыдай болып көзге түседі (С.Мәуленов, Шыңда.). **2.** *Арқасын күжірейту, айбат шегу. Ж о н д а н ы п* ап жолбарыс, Алды алқымға дүшпанды, Қойға тиген қасқырдай, Қырып салды тышқанды (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.). Жолбарыстар шабынып, *Ж о н д а н а д ы* керіле, Құмартқандай сағынып, Аң да туған жеріне (С.Мәуленов, Тартыс.). **3.** а у ы с. *Күш-жігеріне міну, қайраттану, қаһарлану, айбат шегу.* Бауыржан, Мәлік, Клочков, Жолбарыстай *ж о н д а н ы п,* Жауға төнді қырандай, Қаруларын қолға алып (Пернедегі терме.). Қашаннан да ер халық, Бірлік туын қолға алып, Жауға қарсы *ж о н д а н ы п,* Құлаш ұрған қос білек (Т.Жароков, Шығ. жин.). Қайқы сары белесте, Қабыландай қомданып, Қос бөрідей *ж о н д а н ы п,* Қасқая қарап ер Семең (Манас). **4.** а у ы с. *Ет алып, семіру.* Өсімдікке жақпаған селенді малға, бұзауға, жас қозыға берсе, олар күрт *ж о н д а н ы п,* тез семіріп, салмақ қосып шыға келеді (Н.Нұрахметов, Дархан хим.). Тышқан біткен жабылып, Қағаздарын кемірді. Тегін азық табылып, *Ж о н д а н д ы* да семірді (С.Сейітов, Жаңғырық).

Суыр жонданды. *Ұзыншаланып жоталанды. С у ы р ж о н д а н а* бітетін Тарбағатай мен сілемдене жоталанған Маңырақ тауларының аралығында атшаптырым алаңқай бар (С.Ғаббасов, Қыран.).

ЖОНДАНДЫР= е т. **1.** *Қырландыру, жалдандыру.* Кепенің төбесін *ж о н д а н д ы р а* қалап, қалың жабыңдар, – деді Сырбай (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). **2.** *Күжірейттіру, қожырайттыру.* Жамылған бұлғын ішік хан үстіне, Жүн шыққан *ж о н д а н д ы р ы п* терісіне, Жанында ханның қарап жолбарыс тұр, Тап беріп шабатындай бар кісіге (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

ЖОНДАНДЫРУ *Жондандыр етістігінің қимыл атауы.* Үйілген маяның төбесін *ж о н д а н д ы р у* керек (Ауызекі).

ЖОНДАНУ *Жондан етістігінің қимыл атауы; семіру.* Күн сайын тойынған ақ қанденнің *ж о н д а н у ы н* қарашы (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Тойыну сатысы – малдың қондылық алу, семіру реті. Қарабауырлану→ су жүгіру→көбеңсі→әлдену→желдену→ еттену→майлану→жұмырлану→*ж о н д а н у*→ жыралану→жіліктену→қобылану→майдан жүрмеу→майдан жүре алмай қалу→топкөз болып семіру (Диал. эксп. матер.).

ЖОНДА-ЖОНДА= е т. *Ұрып-соғу, соғып-соғып.* Сен тимесең мен тимейін бадырақ көз, абзалы, жайыңа жүргенің мақұл екен, – деген екен бір қазақ сүзеген бұқасын *ж о н д а п-ж о н д а п* алып (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖОНДАТ= е т. *Арқаны қайқаң еткізіп, жауырлату.* Сәл қылдан тайсам-ақ, балдағымен *ж о н д а т а* салып жіберуден менің әкем тайынбаушы еді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Құба жондату. *Үстінен өткізіп, тап басып айтпай, маңайлап барып қамтыды.* Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе *қ ұ б а ж о н д а т ы п,* тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОНДАТУ *Жондат етістігінің қимыл атауы.* Скирдті салғанда төбесін *ж о н д а т у д ы ң* пайдасы зор. Әйтпесе жауын шөпті шіритіп жібереді («Соц. Қаз.»).

ЖОНДАУ[1] *Жонда етістігінің қимыл атауы.* Қораның болмаса там үйдің төбесін *ж о н д а у* етіп жаппаса, жаңбыр не қар суы төмен ақпай, іркіліп қалатынын құрылысшылар жақсы білген («Лен. жас»).

ЖОНДАУ[2] с ы н. *Биіктеу, жоталау.* Сайдағы үлкен өзеннен өтіп, жоғары шыққанымызда *ж о н д а у* жерге кезіктік («Қазақст. мұғ.»).

ЖОНДЫ с ы н. **1.** *Шоқылы, жоталы.* Бет қойған бағыт жазық, *ж о н д ы* дала (Ә.Бектемісов, Майдангер.). Мен көзімді Алатаудың ақ бас шыңдарына, жолбарыс *ж о н д ы* жоталарына қадаймын (С.Сейітов, Сөз сұра.). **2.** а у ы с. *Жауырынды, арқалы.* Палуандар күресіне сом денелі келген, жауырыны қақпақтай *ж о н д ы* жігіт Сейітқожа шықты (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

Қоян жонды. *Жоны қояннның жонындай.* Орақ бас, ойық желке майда жалды, Кең кеуде, қасқа бақай, серке санды. Тар мықын, бота тірсек, қалың тұяқ, Мыс құйрық, қақпан белді, *қ о я н ж о н д ы* (Қ.Тәкежанов, Қария.). Сом тұяқ, қысқа бақай, жазық бауыр, Бөкен сан, бөрі құлақ, құлын сауыр. Қолдау еті бесіктей, *қ о я н ж о н д ы,* Қайыспас берік мұз бел, арт салдауыр (Батырлар жыры).

Майда жонды. *Жотасы қатты шықпаған, толқын-толқын.* Шөлді жерлердегі тақырлар мен *м а й д а ж о н д ы* құмдарды мекендейді. Қазақстанда саны белгісіз: Жаңадария өзенінің оң жақ жағалауынан бір ғана қосаяқ ұсталған (Қазақст. қызыл кітабы).

ЖОНДЫҚ з а т. **1.** *Жалғыз өркешті түйелерге жүк арту үшін өркешінің екі жағына, үстіне салынатын әбзел.* Жазы ағаш –жазының шыбығының астынан, *ж о н д ы қ т ы ң* жоғарғы жақ ұшынан бастыра, екі жақтан жүргізілетін білектей екі ағаш («ҚазССР ҒА Хабарлары»). **2.** с ө й л. *Арқа, жота, жон.* Кірпік қағып, ашқанша қайтып көзді, Қасымның *ж о н д ы ғ ы н* ол жалт еткізді. Жұлып алып, үйіріп теріс сілкіп. Тозаңын ер Бағы да бұрқ еткізді (И.Байзақов, Құралай.). *Ж о н д ы ғ ы* шымырлап, суық тер моншақтары тізіліп, жүрегі дір ете қалды («Спорт»). Қыз бейне таранып тұрған аққудай мойнын екі жағына кезек иіп *ж о н д ы ғ ы н а* көз тастайды (З.Шүкіров, Жас жесір).

ЖОНДЫР= е т. *Ағашты, таяқты т.б. затты аршыту, тегістету.* Серағамыз әзірледі соқаны Бишік сабын маған сеніп *ж о н д ы р д ы* (Д.Әбілев, Өлеңд.). Аққаладағы Егор досына келіп ұзындығы бір құлаштан он екі ала таяқ *ж о н д ы р д ы* (Е.Домбаев, Жаман Жәутік).

ЖОНДЫРУ *Жондыр етістігінің қимыл атауы.* Күніне бірнеше таяқ не қамшы сабын *ж о н д ы р у* да оңай шаруа болмайды жас балаға («Қазақст. мұғ.»).

ЖОН-ЖОН с ы н. *Жота-жота, қырқа-қырқа.* Шығысы мен батысы *ж о н-ж о н* тау сілемдері: жайлау, шабындық (М.Ысқақбаев, Ұят туралы.). *Ж о н-ж о н* үйілген құмдар көрінеді (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.).

ЖОН-ЖОНАС з а т. ж е р г. *Жота, белес, қырат. Ж о н-ж о н а с т а р д а н* жосылған даңғыл жолдарда меруерт дәннің телегей толқыны ақтарылып жатыр («Қаз. әдеб.»). Жан ана, жабырқама, есен-аман, Жортып жүр, *ж о н-ж о н а с т а* ерке балаң. Солдаттық сұр шинельді кеше берді, Бұйырса винтовканы ертең алам (Қ.Дәрібаев, Серт).

ЖОН-ЖОТА з а т. *Жонды, жоталы биік жер.* Қырқалар біртіндеп тас шоқылы *ж о н-ж о т а л а р ғ а* ұласып, биіктей береді (С.Байжанов, Сыр.). Қолыма құрық алып тау іші, *ж о н-ж о т а н ы* дүбірлетіп, қаптап өрген қалың жылқы ішінде кете бардым (Е.Тұрысов, Ақбақай). Аппақ дала, сол даланың *ж о н-ж о т а с ы н а* от орнындай із тастап, боз бие боздақтатып келеді (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖОНСАУ з а т. *Ел мекендеген, қонысқа жайлы бастауы да, ағын суы да бар, жон-арқа.*

ЖОНСАУДАЙ с ы н. *Жонсау сияқты, жонсау тәрізді.* От басар орны отаудай,

Қабырғасы халық орнаған *ж о н с а у д а й,* Ор қояндай қабақты, Қиған қамыс құлақты апты аяқтай ерінді Қидасын көрі жілікті (Ақтамберді жырау, Жыр.).

ЖОНСЫЗ с ы н. *Жоны, қыраты жоқ.* Жолсыз, *ж о н с ы з,* елсіз, сусыз меңіреу дала (Ж.Еділбаев, Бүгінгі ауыл.).

ЖОНСЫМАҚ с ы н. э к с п р. *Жон тәріздес, жотасымақ.* Петро көп сақтықпен бірнеше айналып жүріп, жазаңдау созылған *ж о н с ы м а қ* жерге жайлы қонды (М.Әуезов, Өскен өркен).

ЖОНТАРЫЛ= е т. ж е р г. *Бар денесімен төңкерілу, аударылу.* Алда келе жатқан Днепров ерге жамбасынан отырған арттағы Сәлімге *ж о н т а р ы л ғ а н* жауырынымен айға қараған арыстанша қарайды (С.Қамалов, Әңгім.).

ЖОНТАРЫЛУ *Жонтарыл етістігінің қимыл атауы.* Төсекте табжылмай жатқан ауру жанға әрі-бері *ж о н т а р ы л у* да оңай болмады («Жалын»).

ЖОНУ *Жон етістігінің қимыл атауы.* Қадағалап барып тұрып, қапы жібергеніне қапа. Енді төрт доңғалақты да кішірейте *ж о н у* керек (Т.Нұртазин, Адам.). Келе-келе адам баласы сүйекті сүйекпен *ж о н у,* таспен егеу, отқа күйдіру сияқты әдістерді тапты (С.Қасиманов, Қазақ қолөнері).

ЖОНУШЫ з а т. *Бір нәрсені жонатын адам.* Иван ағаш *ж о н у ш ы* екен, ал баласы әкесінен де шебер көрінеді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖОНЫЛ= е т. **1.** *Мұқият тегістелу, аршылу.* Әйкел ойынының құралы ұзындығы 40-60 сантиметр келетін саптыаяқ және ұзындығы 15-20 сантиметр, екі ұшы сүйірленіп *ж о н ы л ғ а н* әйкел таяқ (Ө.Жолымбетов, Айгөлек). Адарғы екі жақ шеті дүздендіре *ж о н ы л ғ а н,* ортасы сәл дөңес, ені 20-25 сантиметрдей жай тақтай (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Кержақ салтымен *ж о н ы л ғ а н* ағаш стол үстінде екі буханка нан тұр (Ә.Тарази, Тас жарған). Винипласт ағаш тәрізді оп-оңай *ж о н ы л а д ы* (Н.Нұрахметов, Дархан хим.). **2.** *Ысқылану.* Үңгірдің сол езуі толы сүйек-саяқ; тықырлап мүжілген, тіпті кей сүйек кісі қолымен *ж о н ы л ғ а н ы* көрініп тұр (Д.Досжанов, Зауал). Сақа түрі – пұл – алшы жағына *ж о н ы л ғ а н* сақа, жабай – салмақты үлкен сақа (Д.Шоқпарұлы, Ата салт.).

ЖОНЫЛУ *Жоныл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ағаштың *ж о н ы л у ы.*

ЖОНЫС=е т. **1.** *Ағашты өңдесу, тегістесу.* Әй, қайран, әке-ай! Дардай жігітті, қасынан қалмай ағаш *ж о н ы с а т ы н* баяғы жеті жасар баласы дей ме екен (З.Шашкин, Сенім). **2.** а у ы с. *Белгілі бір істі, бірлесе түзетісу, өңдесу.* Оны негізінде жазып, құрап шыққан Мұхтар. Басқалары түзетісіп, толықтырып, *ж о н ы с қ а н* (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖОНЫСУ *Жоныс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірге *ж о н ы с у.*

ЖОҢҒАР з а т. т а р. **1.** *Шыңғыс хан әскерлерінің сол жақ қанаты. Ж о ң ғ а р* атауы 12 ғ-дың аяқ кезінен бастап белгілі (ҚҰЭ). Шыңғыс хан өз әскерін топтанған кезде сол қол немес сол қанат (шығыс жақ), яғни *ж о ң ғ а р* басшысы етіп жалайыр тайпасынан шыққан Мұқалыны тағайындаған (ҚҰЭ). **2.** *Төрт ойрат тайпа одағының 17-18 ғ-ларда жалпы атауы.*

ЖОҢҒЫ з а т. с ө й л. ***Жоңғы.*** Байжан — оқылау жоңғанда оған *ж о ң ғ ы* ізі түспейтін шебер (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Ағаш бұйымдарын жасау кәсібімен айналысатын қазақ қолөнершілері шот, *ж о ң ғ ы* сияқты ұсақ саймандармен жұмыс істеді («Халық мұғ.»).

ЖОҢҚА[1] з а т. *Ағашты, темірді сүргілегенде түсетін ұсақ қиқым, жаңқа.* Бір күні жалданған байым қарағай тіліп сатқандардан тақтай алып кел деп жұмсаған соң барсам, екі аяғы тобығынан жоқ бір бейшара еңбектеп *ж о ң қ а* жиып алып жүр екен (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Әктің үстіне қалыңдығы бірдей етіліп ұнтақталған жүгері собығының өзегі, сабан, ағаш *ж о ң қ а с ы* немесе үгіндісі төселеді (Құс өсіруші.). Астына от үйіріп, сан құбылып түсіп жатқан *ж о ң қ а л а р* өзгелердікінен әлдеқайда көп («Лен. жас»).

ЖОҢҚА[2] з а т. к е н. *Экскавациялық мәшине шөмішінің бір мәрте көсіп алуында массивтен бөлінетін тау-жыныстың белгілі бір пішіндегі көлемі. Ж о ң қ а* параметрлері тау-жыныстың қалыңдығы, ені және биіктігі (немесе ұзындығы) болып табылады, бұл көрсеткіштер былайша алынады: қопсу коэффициенті ескерілген, аталған шамалардың көбейтіндісі шөміштің сыйымдылығына сәйкес келуге тиіс (Қаз. тілі. термин. Кен).

ЖОҢҚАЛА= е т. **1.** *Ағашты, темірді жұқалап өңдеу.* Мектепте жүргенде-ақ әр ағашты бір *ж о ң қ а л а п* мастерскойдан шықпайтын («Лен. жас»). **2.** *Бір нәрсені жұқалап тұрау, ұсақтау.* РКР-2 тамыр турағыш. Ол тамыр-жемістерді ұсақтайды немесе *ж о ң қ а л а й д ы* (Қой өсіруші.).

ЖОҢҚАЛАУ[1] *Жоңқала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шетінен *ж о ң қ а л а у.*

ЖОҢҚАЛАУ[2]**: қара жоңқалау.** *Жұқалау, қалың емес.* Қоңыр пештегі еттің *қ а р а ж о ң қ а л а у* бір-екеуін аузына салады да, қолын сүртіп, кейін шегіне береді (Ә.Кекілбаев, Күй).

ЖОҢҚАЛЫ с ы н. *Жоңқасы бар, жоңқасы мол.* ≈ *Ж о ң қ а л ы* жері.

ЖОҢЫРЫШҚА з а т. с ө й л. ***Жоңышқа.*** Көк жасыл қою *ж о ң ы р ы ш қ а н ы ң* ішінде ата қораз бөденелер бытбырақ атады (Т.Бердияров, Солдат.).

ЖОҢЫШҚА з а т. ө с. <лат. medicago> *Бұршақ тұқымдастар тобына жататын бір жылдық және көпжылдық екпе шөп. Ж о ң ы ш қ а* – республикамызда көп өсірілетін мал азықтық дақыл. Малға пішен, балғын көк майса, кептіріліп ұнтақталған, сүрлем күйінде беріледі (ҚҰЭ). Бұршақ, *ж о ң ы ш қ а,* ат бұршақ, соя бір жылдық бұршақ тұқымдастарға жатады (К.Боранғазиев, Жем-шөп.). Балдырғаны білектей, Баттауығы жүректей, *Ж о ң ы ш қ а с ы* жібектей, Ой-қырымды қан жуған (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Жоңышқа жапырағының бізтұмсығы. з о о л. <лат. phytonomus variabilis> *Қаттықанаттылар отрядының бізтұмсықтылар тұқымдасына жататын қоңыз. Ж о ң ы ш қ а ж а п ы р а ғ ы н ы ң б і з т ұ м с ы ғ ы* негізінен, екінші және үшінші жылғы жоңышқалықтың бірінші орымын қатты зақымдайды (ҚҰЭ).

Жоңышқа қандаласы. з о о л. <лат. adelphocoris lineolatus> *Қансорғыштар тұқымдасына жататын жәндік. Ж о ң ы ш қ а қ а н д а л а с ы* – жоңышқа, эспарцет, түйе жоңышқа, беде, мақта, қант қызылшасының зиянкесі (ҚҰЭ).

Сарбас жоңышқа. ө с. <лат. medicaqo falcata> Жолдың екі жағындағы сарғыш тартқан бидайық арасынан анда-санда бір жалт етіп *с а р б а с ж о ң ы ш қ а* ұшырасады (С.Досанов, Қыран.).

ЖОҢЫШҚАЛЫ с ы н. *Жоңышқасы мол, қалың.* Майсордың бұлағына бір түнеп, малды шалғынға шеміршектетіп алып, қалың қаулы, жауылшалы, *ж о ң ы ш қ а л ы,* бетегелі бұйрат пен белден бел асып отырып, Шалшан адырының түбінен Шідертіне қылт ете түсесің (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алдан гүлдермен ұйыса өскен *ж о ң ы ш қ а л ы* жасыл миялар жапырыла түсіп сұлағанда әлдеқандай әдемі бір иіс бұрқырап ұшады (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). Мына отырған меймандар болмаса, үй иесінің өзі де күн кеш болғанына қарамастан, сонау далада, *ж о ң ы ш қ а л ы* жазықта жүрер еді (Н.Әбуталиев, Жаңарған.).

ЖОҢЫШҚАЛЫҚ с ы н. *Жоңышқа өскен жер.* Кешегі көкпеңбек болып жатқан *ж о ң ы ш қ а л ы қ,* сап-сары болып пісіп түрған арпа мен бидай өскен мына табанның қоңыр бояуы өзгеріп кеткен (М.Дүйсенов, Мейман.). Тоғайдағы табиғи шөптен басқа 1000 гектар *ж о ң ы ш қ а л ы қ т ы* шабу көзделінген («Лен. жас»). – Бұл жазық болашақ *ж о ң ы ш қ а л ы қ,* – деді ол,– он мың гектардай жер жатыр мұнда (Ұ.Бағаев, Дала.).

ЖОП-ЖОРТА ү с т. *Өп-өтірік, әдейі тұқ білмегенсіп.* Ұсынды Кей-Қысырау берген хатты, Хатта айтқан: Ая, палуан, мархаматты, Тұтқын ғып жиеніңді жауға кіргін, *Ж о п-ж о р т а* жарағы мен әкепті атты (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖОРА[1] ир. з а т. **1.** *Әдет, ғұрып, салт, жоралғы.* Тағы бір қазақ әдетінде жоқ нәрсе қалыңмалын төлеп қойып бергелі отырған қыз қашып кетсе, қазақ *ж о р а с ы н д а* өзі сүйіп тиген күйеуден мал алмайды дегені (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ай, бикеш осы сөзің *ж о р а* болғай, Жіберші шоқ терек барсын торғай. Көк етік сүйіншіге беремісің, Сол кісі Құдай оңдап күйеу болғай (Қозы Көрпеш.). Халық жасаған әдебиет, мәдениет мұралары сол халықтың экономикалық қарым-қатынасымен, әдет-ғұрып *ж о р а л а р ы м е н* біте қайнасып, астасып жатады (Аялы жандар). Сонымен семья басы әке болумен байланысты ата-баба *ж о р а л а р ы* да болды (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.). **2.** п с и х. *Мінез-құлықтың қайсыбір қалыптасқан көрінісін біржақты қолданып, күштеп қайталаудың психоталдаулық түрі. Ж о р а* бірде құмарлық пен қорғанар күшті бір ымыраға келтірер жораға, бірде қайсыбір ұғынылмаған шиеленіс көрінісіне ұқсайды (Каз. тіл. термин. Педагогика.). Психоталдаулық жорада *ж о р а* невроздық қалыптасқан тетігі – реакциялы құрылымдай, толқыған көңіл-күйді шеттететін рәсімді әрекеті ретінде кезігеді (Каз. тілі. термин. Педагогика.).

ЖОРА[2] з а т. ж е р г. *Қатар өскен замандас, тең-құрбы.* Еркебұланның шаруасы басынан асып жататын, үйде үй шаруасы, тыста да сол. Жекжат, *ж о р а* көп (Ә.Тарази, Құйрықты.). Елеске ерген Олжабекті жақсы *ж о р а* сергітті (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Жол алып *ж о р а с ы м е н* балуан шықты, Жұрт айтып мақтап тұрды асқан мықты, Орынбор, Орал, Сібір, Сырдария, Аралап балуанының бәрін жықты (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

ЖОРА[3] з а т. ж е р г. *Шалғымен шапқандағы және тырнауышпен жинағандағы жал-жал шөп* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОРА[4] з а т. ж е р г. *Бірігіп қой сойып, кезектесіп бірінің үйіне бірі барып қонақ болу.* Бұрын бірлесіп, бірін-бірі шақырып, *ж о р а* жасайтын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОРА-ЖОЛДАС з а т. *Жолдас-жора, аралас-құралас, құрбы-құрдас. Ж о р а-ж о л д а с т а р ы м е н* сұрастырып жүріп, бармақтай сарғылт түсті шай қасықты әрең дегенде таптым (Т.Бердияров, Солдат.). *Ж о р а-ж о л д а с т а р ы* да сәби қуанышын сылтауратып келгіштей бастады (Ө.Күмісбаев, Жапырақ.). Ол басынан Балжанның ағаларымен бірге өскен, *ж о р а-ж о л д а с* екен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЖОРА-ЖОРАЛҒЫ з а т. *Ырым, тарту, сыбаға.* Жақсылап ал *ж о р а-ж о р а л ғ ы н д ы,* Көп санап ал шораңды (Батырлар жыры). Бұл

әннің сері жігіттің өзіне жасалған *ж о р а-ж о р а л ғ ы с ы* екенін қыз жүрегі жазбай танығаң (Ж.Аймауытов, Ақбілек).

ЖОРАЛА= е т. *Болжау, нобайлау.* Мұндай тығыз-таяуда, *Ж о р а л а п* айтсаң, жарайтын (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЖОРАЛАС з а т. *Заманы бір, салты бір замандас, құрбы-құрдас.* Қуғынды бірге қуысқан, Қойымыз бір қоралас, Асымыз артық *ж о р а л а с,* Артықша Шуыты еренім (Манас).

ЖОРАЛАС= е т. *Серіктесу, жолдас болу.* Қаладан *ж о р а л а с ы п* бірге шықты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОРАЛҒЫ з а т. **1.** э т н. *Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрпындағы кәделердің бір түрі; жасы үлкен адамдарға, ағайын-туыстарға немесе сыйлы қонақтарға қалыптасқан дәстүрге сай көрсетілген құрмет, берілетін сый-сияпат.* «*Ж о р а л ғ ы с ы з* жол болмайды» деп түсінген қазақ халқы ата-бабалар дәстүрін шамасы жеткенше орындауға тырысқан (ҚҰЭ). - Кәне, шырақтарым, ата-ененің *ж о р а л ғ ы с ы*... бір-біріңе жібектей жұмсақ, балдай тәтті боп өмір сүріңдер! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қайсыбір ырымдарды бұлжытпай орындап отыру тәрбиелікті, көргендікті көрсетеді және міндетті түрде атқарылуға тиісті әдеп *ж о р а л ғ ы л а р ы н* сақтау болып табылады (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Әннің сүйіншісі – ел алғысы, Бірақ та бар ғой қазақ *ж о р а л ғ ы с ы,*– Деп ырза үш ауыл үш ат мінгізді, Ақынның келмесе де мал алғысы (М.Әлімбаев, Өшпес от). **2.** *Ырым, кәде.* Әке-шешем жүзден ассын деп *ж о р а л ғ ы* қылса керек (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). **3.** а у ы с. *Туынды, нәтиже, табыс тарту.* Сол себепті қайта өзіңе оралдым, Жақсы оқушым, азды-көпті *ж о р а л ғ ы м.* Осы жерде әңгіменің кезегін, Аузынан қарт әжемнің мен алдым (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар).

ЖОРАЛҒЫЛЫ с ы н. *Жөн-жобалы, кәделі.* Ертедегі ауыл тойы *ж о р а л ғ ы л ы,* сән-салтанатты өткен ғой («Қаз. әдеб.»).

ЖОРАЛҒЫСЫЗ с ы н. *Ырымдаусыз, атаусыз, дәстүрсіз.* Жаңалық *ж о р а л ғ ы с ы з,* атаусыз болмайды («Лен. жас»).

ЖОРАЛҒЫШЫЛ с ы н. *Дәстүршіл, салтшыл, әдетшіл.* Жолды білгіш жершіден, *Ж о р а л ғ ы ш ы л* елшіден, Өнері өткірден, Өлімнен таймас беттіден (Манас).

ЖОРАЛЫ[1] с ы н. ж е р г. *Үлгілі, өнегелі.* Бұл кезде Ілияс идеялық шоқтығы биік, көркемдік сапасы жоғары, *ж о р а л ы* шығармалар бере бастайды (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖОРАЛЫ[2] с ы н. *Салт-дәстүрлі, жоралғылы.* Диқанның баласы Махмұд жазбасының бір құндылығы – мұнда жұртымыздың отбасылық, ағайындылық аясы, өкінішке қарай, ұмытылып бара жатқан бүгінде, қай ісі де өзара ынтымаққа, адамгершілікке бастаған кешегі салт-дәстүрлі, *ж о р а л ы* тіршілік-тұрмыстың қадірін еске салады («Егемен Қазақстан»). // *Жоралғысы бар адам. Ж о р а л ы ғ а* жол бер, не болмаса, қонақтарға жол бер деген сияқты сыпайы ишарат әдепсіз ауызға түсер емес (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖОРАЛЫҚ з а т. *Дәстүрлік, жөн-жобалық, жол.* Біреулер: ата-бабамыздың *ж о р а л ы ғ ы н* істейік деп төс соғысып, көрісіп жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОРАМАЛ[1] з а т. **1.** *Болжал ой, тұспал, болжам.* Ол туралы екі *ж о р а м а л* бар (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Түбі менің взводым осы болар деген *ж о р а м а л м е н* әлгі өлеңдетіп бара жатқан солдаттардың соңынан жүгіре жөнелдім (Т.Бердияров, Солдат.). Ол Ақжолдың құнын жоқтап Жәнібек пен Керей құр қол келе қалады деген *ж о р а м а л ы н ы ң* бұрысқа шыққанын ұқты (І.Есенберлин). Әуеніңнен сонда мен алып көрдім, Жақсылыққа жаралған халық көрдім *Ж о р а м а л ы м* ақталды, жаңылмаппын, Жайла қазақ, өмірдің жарық төрін (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес). **2.** ғ ы л. *Айқын да нақты емес нысанды онда болуы мүмкін қасиеттер арқылы тануға ұмтылу. Ж о р а м а л* – ойша қорытынды жасау амалы. Мұнда, негізінен, қорытынды да абстрактылы күйде қала беретін ой түйіндеу процесі жүреді (ҚҰЭ). Ғылыми ойлау сатысы болып табылатын гипотеза мен болжамға қарағанда қарапайым ойлау сатысына көбірек жақын тұратын *ж о р а м а л д а* жалқылықтан гөрі жалпылық басым болады (ҚҰЭ).

Жорамал ақпарат. и н ф. <ағыл. prior information> *Тәжірибе жүргізгенге дейін бар болатын ақпарат* (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

ЖОРАМАЛ[2] з а т. к ә с. *Ұстаған балықты тіземтін нәрсе. Ж о р а м а л ы* тым ұзын болса керек, әлде балық ұстауға ебі жоқ боқмұрын бір серігімнің *ж о р а м а л ы* толмай-ақ қойғаны (Ө.Қанахин, Жер бас.). Бірақ қармағымды бауымен қиып алып шиыршықтадым да, *ж о р а м а л ғ а* іліп қойдым (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖОРАМАЛДА= е т. *Ойша жорамал жасау, болжау, тұспалдау.* Жұрт сықырлауық шалдың мына сөзін әртүрлі *ж о р а м а л д а п* жатыр (Д.Досжанов, Тұлпар.). Бүркіт көзіне Ольга көрінбеген соң «жастармен жүрген шығар» деп *жорамалдады* да бала жігіткеріп, Бурабайдың үйіне қарай аяңдады (І.Есенберлин, Қатерлі өткел). Жолаушылардың қауіпті бір жағдайға ұшырағанын Бақыт та, ана да ойша *ж о р а м а л д а й д ы* (Т.Жанкелдин, Партизан.). Революциядан бұрынғы зерттеулердің *жорамалдағанындай* тек девонның, карбонның және үштік

дәуірлердің қабаттары ғана емес, Қазақстанда жыныстардың барлық стритиграфиялық спектрі бар екендігі анықталды (Қ.Сәтбаев, Қазақстан.).

ЖОРАМАЛДАН= е т. *Долбарлану, нобайлану, шамалау.* Аурулардың көпшілігі ұзақ уақыт бойы жұмбақ болып келді. Бұлар грибок немесе бактериялық аурулар деп *ж о р а м а л д а н д ы* (К.Нұрмағанбетов.., Микротыңайт.). Науқас адамдағы осындай ескірген токсоплазмоз дертінің қалдығы басқа сырқаттарға *ж о р а м а л д а н д ы* (З.Сырғабаева, Токсаплазмоз.). Біздің Галактикамыздағы тек осындай жұлдыздардың төңірегіндегі планеталардың саны 150 мыңға жуық болу керек деп *ж о р а м а л д а н а д ы* (М.Құдайқұлов, Ғылым. дін. тур.).

ЖОРАМАЛДАНУ *Жорамалдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ойша *ж о р а м а л д а н у ы.*

ЖОРАМАЛДАС= е т. *Болжасу, шамаласу, жорамал жасасу.* Бұтаққа шумақ қарларын асқан, Қымтанып иін тіресіп бәрі, Көктемнің жайын *ж о р а м а л д а с қ а н,* Айнымай қапты шалдардан кәрі (Ғ.Қайырбеков, Қосбасар). // *Болжам жасасқан адамдар.* Жидебайға жетті деп *ж о р а м а л д а с қ а н д а р д ы ң* болжамын естімеген жастар аз еді (К.Оразалин, Абай.).

ЖОРАМАЛДАСУ *Жорамалдас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о р а м а л д а с у ы* бойынша.

ЖОРАМАЛДАТ= е т. *Болжал айту, шамалау.* Моңғолтекті нәсілдердің әуелгі нышандарының түп-төркіні сол қара құрлықтан бастау алуы мүмкін дегенді де *ж о р а м а л д а т а д ы* («Жас Алаш»).

ЖОРАМАЛДАУ *Жорамалда етістігінің қимыл атауы; ойша жорамал жасау, болжау, тұспалдау.* Жору, *ж о р а м а л д а у,* ұйғару айналасында болып, нәрсенің сырын тану, шынына жету жоқ болып, ақыл жағы күшеймей, қиял жағы күшейіп, анайы заманның адамының ақылы нашар, қиялы күшті болған (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шақыра келген кісінің *ж о р а м а л д а у ы н а* қарағанда, Жанболат қызының қалыңмалын даулап, Кембіл қажыны жаудай қамап жатқан көрінеді (А.Хангелдин, Қараторғай). Бір кездегі қалаға қажетті су Қаратау бөктеріне де келіп тұрған деп *жорамалд а у г а* болады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.).

ЖОРАМАЛДЫ с ы н. *Болжамды, тұспалды, жорамал еткен.* Жолаушының *ж о р а м а л д ы* жері, ойға алған мақсаты болады (Қ.Ұябаев, Қырда.). Жөн білсең, жолдасыңа жоба көрсет, Жұмысы жөнге жүрмей, кешелденсе, *Жорамалд ы* қариядан жоба үйрен, Түймедей түйініңді шешем десе (Майлықожа, Нақыл).

ЖОРАМАЛСЫЗ с ы н. *Болжамсыз, тұспалсыз, жорамал жасамай.* Оны *ж о р а м а л с ы з* тура айтуға болады (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖОРАМАЛШЫЛ с ы н. *Болжамшыл, тұспалшыл. Ж о р а м а л ш ы л* адамдардың шамалауынша, ілгері жылжыған бандылар Ерейменнен әрі аспауға тиісті (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Қазақтан шыққан жол білгіш, *Ж о р а м а л ш ы л,* жорығыш,– Қағал, Бөгел, торығыш, Шыңғының ұлы Кермені (Манас).

ЖОРАП[1] з а т. к ә с. *Болжам, жорамал.* Күзге қарсы балық тулана ма деген *ж о р а п* бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОРАП[2] з а т. ж е р г. *Жүн шұлық.* Жүннен балаларға *ж о р а п,* қолғап тоқылады («Жұмысшы»).

ЖОРАПТАУ= е т. ж е р г. *Қызылдаған бидайды сыпырғышпен тазалау.* Бидайды *ж о р а п т а п* жіберіңіз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОРАШЫЛ с ы н. *Әдет-ғұрыпшыл, дәстуршіл, ырымшыл.* Жолға бағынған жақсы аға Төлеген, *ж о р а ш ы л* жар Жібек, мұрашыл іні Сансызбай болып, бәрі де үйлескен келісім көрсеткендей болады (М.Әуезов, Әр жыл.).

ЖОРҒА[1] з а т. *Жылқының төрт аяғын тең салып, ырғатыла, тайпала, теңселе, тербете жүйткіген адамға жайлы майда жүрістісі, шабыстысы.* Шаруа қатты қуанып, жоғары елге *ж о р ғ а* бие, төменгі елге төбел бие сойып, шақырып той қылады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әуелден ақылы аз болғаннан соң, Алмайды ит тіліңді жолға айдасаң. Боласың бір күн кедей, бағың тайса, Күнінде мың-миллион *ж о р ғ а* айдасаң (Ақмолла ақын, Күндер.). Басы ауырмағанның тәңірімен ісі жоқ дегендей, Шыңғыстың өз атының *ж о р ғ а с ы* жайлы болған соң, қасындағы қарашының қай күйіне күйзеледі (С.Бегалин, Бала Шоқан). Хасен дәл осы кезде көк *ж о р ғ а с ы н* жетектеп, терезе алдынан өтіп бара жатқан Әкпарды көрді (І.Есенберлин, Қатерлі.). // *Бір нәрсеге жүйрік, жетік, шебер.* Мұндай шақтарда кезек күтіп телмірмей өз қажетін кесе, соға сұрап алып үйренген *ж о р ғ а* Өтеуәлі танауын қожырайта күлімдеп, ең алда тұрған қартаң кісіге таяна берді (С.Бегалин, Уақыт.). Ойпырмай, мұндай іске әбден *ж о р ғ а* болып алған екенсің, жаңағыларың адамның ойына келмейтін белгілер ғой (І.Есенберлин, Қаһар). *Ж о р ғ а ң м ы н* ұзақ жолда байпаңдайтын, Салсаң да ойға-қырға тайпалмайтын. Жұмсасаң бас тартпайтын мен балаңмын, Сөзіңді екі етпейтін, қайтармайтын (О.Малқаров, Менің ізім). // *Сөзге шешен, майталман.* Оқыған ғибрат алып жас жігіттер Ғаммәсі өз халқына хызмет еткей. Оралдан Әбубәкір молла шықты, Омбыдан Қыпшақбайдай *ж о р ғ а* шықты (М.Дулатов, Шығ.). Жұмабике сөзге дегенде әйелдің *ж о р ғ а с ы* құйқылжыған (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). Көсіліп сөйлеп дағдыланбағандығы да

сезіліп тұрды. Сөзге де аса ұста *ж о р ғ а* емес (Ә.Қалмырзаев, Ар).

Аяң жорға. *Аяңдағанда ғана жорғалайтын жылқы* (ҚҰЭ).

Жол жорға. *Митыңдаған, жай жорға.* Әжемнің астында *ж о л ж о р ғ а с ы* бар торы бие (Т.Сұлтанбеков, Лұхман Хакім).

Жорға дуадақ. з о о л. <лат. chlamydotis undulata> *Тырна тәрізділер отрядының дуадақ тұқымдасына жататын құс. Ж о р ғ а д у а д а қ т ы ң* жылдан-жылға саны азаюына байланысты қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996) (ҚҰЭ). *Жорға д у а д а қ* насекомдарды, құрт-шаяндарды, өсімдіктердің тұқымын және түйнектерін жейді (Қаз. тілі. термин. Биология.). Бүкіл батыс және Орта Азия елдері джек деп атап, қадірін көкке көтеріп, әспеттеп жүрген – көдімгі біздің *ж о р ғ а д у а д а қ* немесе жиекдуадақ («Қаз. әдеб.»).

Жорға жарыс. *Жорға мінген шабандоздар жарысы; ұлттық ат спортының бірі.* Жорға жүрістің әрбір бұзылуына айып салынады, егер *ж о р ғ а ж а р ы с* үш рет бұзылса, ат жарыстан шығарылады (ҚҰЭ). *Ж о р ғ а ж а р ы с* адамды шынықтырады, ептілікке, шеберлікке баулиды (ҚСЭ).

Жорға салдырды. *Аттарының жорғасын салыстырды.* Кереку байларының бір тамашасы күнде кешке жақын мұзға *ж о р ғ а с а л д ы р а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Сиырдың жорғасы секілденді. *Ет жасап, құлық құып, майда сөзге басты. С и ы р д ы ң ж о р ғ а с ы с е к і л д е н і п,* Қартайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтұғын (Абай, Тол. жин.).

Жорға табақ. ж е р г. *Ет салатын табақ.* Біз етті *ж о р ғ а т а б а қ п е н* жемейміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Сиыр жорға. *Сиыр жүрісті, ірі, тарпаң жорға.*

Су төгілмейтін [төгілмес, судай] жорға. а) *Нағыз майталман жорға.* Маңдайында төбелі бар, *с у т ө г і л м е й т і н* қара *ж о р ғ а,* тұр ғой міне! (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). *С у т ө г і л м е с ж о р ғ а* – адамды шайқамайтын аса жайлы, төрт аяғы тең жорға (Ж.Кейкін, Қазақы атау.). ә) *Тілге шешен, сөзге жүйрік.* Төрт аяғын тең басқан *с у т ө г і л м е й т і н ж о р ғ а* Сауқымбек кедей екен (С.Талжанов, Қайып қарт.). Василий қазақ тіліне *с у д а й ж о р ғ а* болатын (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Су төккісіз жорға болды. *Құрдай жорғалады, бәйек болды.* Баланы сыйлап жатыр тамақ қамдап, *С у т ө к к і с і з ж о р ғ а* боп шал жылмаңдап (Абай, Тол. жин.).

Су шайқалмас жорға. *Үстінде кесеге құйылған қымыз шайқалып, төгілмейтін жорға* (ҚҰЭ).

Тайпалған жорға. *Төрт аяғы тең жорға* (ҚҰЭ).

Төкпе жорға. *Еш уақытта жорғасынан жаңылмайтын жылқы. Т ө к п е ж о р ғ а* – төгілтіп екпінді жорғалау (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

Үш аяқ жорға. *Төрт аяғын тең басып жорғалай алмайтын жылқы.*

ЖОРҒА[2] з а т. *Бесіктің екі жағындағы ұзын сырық.* Қос жорға кейде бесік бөгендеріне (бесіктің иілген басы) қарама-қарсы бекітіледі. *Ж о р ғ а н ы ң* жоғарғы, яғни бесік қырына бекітілген қыры қайқы болады (Д.Шоқпарұлы, Ата салт).

ЖОРҒА-ЖОРТАҢ з а т. **1.** *Жорғасы аралас, жорғалай келіп, шауып кететін аттың жүрісі. Ж о р ғ а-ж о р т а ң* – бірде жайлы, бірде жайсыз жүріс (Ж.Кейкін, Қазақы ырым.). **2**. а у ы с. *Әдет, қалып, күй.* Сәду өзіне тән *ж о р ғ а-ж о р т а ң м е н* жыр сапарының ұзақ та жауапты бел-белестерін байыппен басып келеді («Қаз. әдеб.»).

ЖОРҒА-ЖҮЙРІК з а т. *Жорғасы да жүйрігі де, бәрі аралас.* Кермеде мырзаның ғана мінетін *ж о р ғ а-ж ү й р і к т е р і* байлаулы (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Халқымен қарсы болған хан ақымақ, Ханымен қарсы болған ер ақымақ. *Ж о р ғ а-ж ү й р і к* таңдаулы он ат беріп, Еліңе жүргізейін жолыңды тап (Батырлар жыры.). *Ж о р ғ а-ж ү й р і к* – жорғасы да, жүйріктілігі де аралас жүріс (Ж.Кейкін, Қазақы ырым.).

ЖОРҒАҚТА= е т. *Елпек қағу, дегбірсіздену, ұшқалақтау, жалпаңдау.* Оразбай отырған орнында байыздай алмай, қуанғаннан *ж о р ғ а қ т а п* кетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Үй иесі елпектеп: «Ау, тамақ пісіп қалды ғой, жеп қайтпаймысың?» – деп соңынан *ж о р ғ а қ т а п* жүгірді (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ЖОРҒАҚТАТ= е т. *Жорғалай жүру.* Ақбілек орталарында *ж о р ғ а қ т а т ы п,* төмен қарап келе жатып, әңгімелеріне құлақ салды. Ақтардың тұтылғанын сонда білді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОРҒАЛА= е т. **1.** *Жылқының жорға жүріспен тайпала теңселіп, шайқала жүріс салуы, жорғаға басу.* Тізгінді қымтып жия ұстап тебініп қалған еді, қаракер ат шайқала теңселіп *ж о р ғ а л а й* жөнелді (З.Жәкенов, Таң самалы). Нағыз жорға, яғни су жорға төрт аяғы тең *ж о р ғ а л а й д ы* (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). **2.** *Бауырымен жылжитын жәндік атаулының қозғалысы, жылжуы.* Өткір көзі жапырақтың жыбыр еткеніне дейін шалып, құлағы шөп арасымен тышқанның *ж о р ғ а л а ғ а н ы н* да еститін халде (А.Нұрманов, Құлан.). Жыланбастәрізділер бір суқоймадан екіншісіне құрлық арқылы *ж о р ғ а л а п* бара алады (Қ.Қайымов, Суасты.).

Аяқ астында, алтын соқпақтың біткен жерінде, жағаның жұмсақ құмының үстінде, көк ала қанат шағалалар *жорғалайды* (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Жылан *жорғалай* жылжып, қалың шөптің ішіне кіріп кетті (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). **3.** а у ы с. *Бір нәрсенің (қалам, саусақ т.б.) ары-бері тез қозғалуы.* Ақ қағаздың бетіне төнген қаламы тоқтар емес, *жорғалап* барады (О.Бодықов, Бұлбұл.). Көңілім менің қараңғы. Бол, бол ақын! Алтынды домбыраңмен келші жақын. Ішек бойлап он саусақ *жорғаласа,* Бейістің үні шығар қоңыр салқын (Абай, Тол. жин.). Етсіздеу ұзын саусақтар перне үстінде құйындай үйіріліп жіті *жорғалайды* (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). Ақ қағазға тесіліп, Жалын атқан жанары, Жеделдете есіліп, *Жорғалайды* қаламы (А.Асылбеков, Әлем.). **4.** а у ы с. *Әдемі, әсем жүргенсу, майдалап басу (адам жайында).* Сахнаға *жорғалай* басып шыққан Сазанбай залға көлгірси қарап, қолын көтерді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Ол енді *жорғалай* басып, босағада тұрған күміс піспекті қара сабаға қарай беттеді (І.Есенберлин, Қаһар). Жидебай атын байлауға әрең мұршасы келіп, буыны қалтырап, *жорғалап* келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Жүгіру, қуу.* Ақмолла көпті көріп, сырғалаған, Әр жерде жаман адам қорғалаған, Әркімнің алып жейтін бір аңы бар, Мысық та тышқан көрсе *жорғалаған* (Ақмолла ақын, Жыр.). **6.** а у ы с. *Бәйек қағу, жағыну.* Сөзуар білгіш, Законшік, көргіш Атанбек – мақсұт, мақтанбақ. Жасқанып, қорқып, *Жорғалап,* жортып, Именсе елің, баптанбақ (Абай, Тол. жин.).

Аяғының ұшымен жорғалады. *Бәйпең қақты, құрақ ұшты, елпектеді.* Петр Петровичтің алдында «шықпа жаным, шықпа» деп *аяғының ұшымен жорғалап* жүрген Жатағанов, енді Тәштекеевті жамандаған қағаздар жазып отырды (С.Адамбеков, Көсе.).

Құрдай жорғалады. *Жан ұшырып қызмет етті, бәйпең қақты.* Алдында хазіреттер мен хажылар да *құрдай жорғалайтын* Шұғылға қарсы тіл қату жоқ. Нұрыш мүлгіген үстіне мүлгіп, не айтса да тыңдай беретін (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Сен керегіңді өзіме айтып қой, – деді Жаңылға тағы бір бұрылып, – дүкенші дегендерің менің қолымда. Алдымда *құрдай жорғалайды* (Т.Ахтанов, Боран).

ЖОРҒАЛАҒЫШ с ы н. *Жорғалап тез жүретін, жорғалай беретін, жорғалауық.* Қырдың *жорғалағыш* қоңыздары да көрінбейді (Ауызекі).

ЖОРҒАЛАҚТА= е т. *Бәйек қағу, жағымпаздану, елпектеу, жорғақтау.*

ЖОРҒАЛАТ= е т. **1.** *Жорға салдыру, жорғалай шабу.* Әкпар көштен бөліне түскісі келіп, атын бір-екі рет қаттырақ *жорғалатып* көріп еді, Шолпан кейін қала берді (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** а у ы с. *Қанаттандыру, екпіндету.* Аяңдап жүріп төр алдым, Мен де «мерзім» бола алдым. Тіршіліктен ояндым, Сайра, тілім, *жорғалат* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Сендерсің өрге өрлеткен қадамымды, Сендерсің *жорғалатқан* қаламымды. Сендерсің ракетаға қанат беріп, Орнатқан айға апарып жалауымды (М.Хакімжанова, Намыс).

ЖОРҒАЛАТУ *Жорғалат етістігінің қимыл атауы; жүгіру.* Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай ғып *жорғалатуға* келгенде Шымырбай да, Сапа да Сарықыздың ширегіне келмей, айдалада қалады (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЖОРҒАЛАУ *Жорғала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Тыпырлау, күйбеңдеу.* Олардың бәрі де әлі күнге дейін баяғы еңбектеу, баяғы *жорғалаумен* жүр (Е.Оразақов, Дәрігер.). **2.** *Мәйпең қағу, жылмаңдау, бәйек болу, жік-жапар болу.* Енді бірі шекесін, Шынықтырып таспенен, *Жорғалауын* көресің, Тас көшеде баспенен (Ш.Смаханұлы, Ұр.).

ЖОРҒАЛАУШЫ: бауырымен жорғалаушылар. з о о л. <лат. reptilia> *Бауырымен жорғалап жүретін омыртқалы жануарлардың класы.* Қос мекенділерге қарағанда, *бауырымен жорғалаушылардың* түрі көп таралған (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). *Бауырымен жорғалаушылардың* ең жақсы дамыған кезеңі – мезазой (ҚҰЭ). *Бауырымен жорғалаушылардың* құрылысында бір елеулі ерекшелік болды (Жалпы биология). Құстар мен сүтқоректілердің миы мен сезім органдары, *бауырымен жорғалаушыларда* іркіне қарағанда жақсы жетілген (Жалпы биология).

ЖОРҒАЛЫ с ы н. *Жорғасы бар, жорға мінген.* Жексенбі, жұма күндері *жорғалы* бай үйде отыра алмайды (І.Жансүгіров, Шығ.). Келеді өңшең сұлу *жорғалы* қыз, Алқалы, шашбаулы қыз, сырғалы қыз. Сырғаның сылдырлаған даусыменен, Жаңғыртып жапан дала ен құла дүз (Батырлар жыры).

ЖОРҒАЛЫҚ з а т. **1.** *Жорғаға тән жүріс.* Жорға деген аты болмаса, *жорғалығынан* гөрі текіректігі басым есек-ті бұл (С.Нарымбетов, Тентек). Ер батқан соң *жорғалық* шығады (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Қулық-сұмдық, жалғандық.* Жақсы білгенді *жорғалықпенен* көңілін алсам екен деген надан әкешешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырыннан бір қаққанға сатады (Абай, Тол. жин.).

Су төгілмес жорғалық. *Сөзге жүйріктік, шешендік, шеберлік.* Кейбір сықақ-мысқыл

туындысын алсақ та, автордың суырылған шешендігін, *су төгілмес жорғалығын* көреміз (Р.Бердібаев, Гүлстан.).

ЖОРҒАН з а т. ж е р г. *Көрпе, жүн салып қабыған көрпе.* Сен өз *жорғаныңды* жамылып жат (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.). Біз далаға жатайық деп едік, екіден *жорған* тастапты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖОРҒАТАЯҚ з а т. *Қазақтың ұлттық ойынының бір түрі.* Қойшы ойыны көп-ақ. Оның аттары мынадай: саптыаяқ, ауыртаяқ, *жорғатаяқ* т.б. (К.Әзірбаев, Аңыз.).

ЖОРҒАША ү с т. *Жорға тәрізді, жорғаға ұқсас.* Ақынның аты ақын ба, Жылжымай сөзі *жорғаша,* Телегей теңіз тәтті жыр, Көкірекке толмаса (Н.Байғанин, Шығ.).

ЖОРИ ү с т. с ө й л. ***Жорта***. Валя өз білігімен нақтылы жағдайды ашып айта қоймаған соң Алмас енді *жори* қоқан-лоққыға басты (С.Омаров, Қызыл.).

ЖОРИЯ ү с т. с ө й л. *Жорта, әдейі, жори.* – А-а! Айттым ғой сен ғашықсың деп! Сен қайтер екен деп *жория* бұлтарғам (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Ақшайы Нүсіптің қисық жауап беретінін біле тұрып, *жория* айтқан еді бұл сөзді (А.Хангелдин, Қараторғай).

ЖОРНАЛШЫ з а т. с ө й л. ***Журналист.*** Кітапта мен *журналшылығының* жоғын жоқтап, барын түгендеуге тырыстым («Ана тілі»).

ЖОРТ= е т. **1.** *Қатты жүру, сар желу.* Сауыры ақ көбіктеніп, тершіген күрең ат пысқырынып қойып, ақырын ғана бүлкілдеп *жортта* берді (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Кер дөненмен *жорттай,* жай аяңдап жылқыға келгенде, күн батуға таянып, айнала қарауыта бастап еді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Дүбір-дүбір ат жортса, Тас төбемде *жорттқандай* Жанжағыма қараймын Көкекем келе жатқандай (Бес ғасыр.). Қарсақ *жорттпас* қара адыр, Қарамай неге шабасың? Сонда тәуір бола ма, Ұстап ап біреу сабасын? (Абай, Тол. жин.). **2.** *Дамылсыз кезу, шарлау.* Біз мұның әлі ешбірін көргеніміз жоқ. Біздің көріп жүргеніміз: Құйрық сорып борсық жүр, Түлкі мырза *жортып* жүр. Құдай аман сақта деп, Қой мен тауық қорқып жүр (М.Дулатов, Шығ.). Оның көзіне ұшқан құс, *жорттқан* аң екені белгісіз, жер бауырлай зымыраған бірдеме ұшырай кетті (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Жолсыз түзде аңша *жорттқан* мерген әлдеқалай адасып, шөлге шығып кетіп, сусыны таусылып, қиындыққа кіріптар болды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). *Жортушы* ед көбінесе аю, барыс, Ұрып-жығып жеуші еді болса қағыс. Түтін шыққан дәл соның жолдарында, Қар үңгір, қанқұйлы үңгір емес алыс (И.Байзақов, Құралай.). **3.** а у ы с. *Жағынып қызмет ету, бәйек болу.* Жасқанып-қорқып, Жорғалап *жорттып,* Именсе елің, баптанбақ (Абай, Тол. жин.).

Жортқан аң, ұшқан құс атаулы. *Жер бетіндегі барлық жан-жануар.* Бізді Арыстан күтіп отыр. Ол таудағы *жорттқан аң, ұшқан құс атаулыға* патша болу үшін кеше осында келіпті (Қаз. ертег.).

Жортқанда жолың болсын. т і л е к. *Сапарға аттанған, алыс жолға, жаугершілікке шыққан адамға сапарың кедергісіз, аман-есен болсын деген тілек.*

Жортқанда жолы болды. *Қолына алған ісін кедергісіз аяқтады. Жорттқанда* ылғи *жолы болып* жүргеніне есірген, зор атаққа сусаған ұлан жастықтың жүгенсіз жалынымен жалындап сөйлеп берді: Мен жаһан үшін туғанмын (М.Жұмабаев, Шығ.).

Құлан жортпас қу мекен. *Ешкім аяқ баспайтын, құла дүз. Құлан жортпас қу мекенде,* бір қасық суға зар болып, өзегің өртенерде, қойнымды аша қол ұшын берген тағы мен (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖОРТА ү с т. *Әдейі, қасақана.* Білетін шығарсың ғой, *жорта* білмегенсің. Сарбастың баласы Көбекке мені беріп қойғанын естімей жүрсің бе? Малын алып бітірген. Мені кешікпей ұзатпақ (М.Дулатов, Шығ.). Махамбеттің көлденең тартқан атынан бас тартып Исатай жау ішінде *жорта* жаяу қалып тұр (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Балерина еркелей басқан кісіше, майысып жүреді, оны *жорта,* артық көріну үшін істейді деп шешті (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Жаманбай жарқылдайды жолы болса, Қалыңдап қалталары толы болса. Орнынан бұл Жаманбай алынса екен, Кедейшіл бола қалып жүрген *жорта* (Д.Еркінбеков, Шығ.).

ЖОРТАҚ з а т. **1.** *Аттың, аңның бүлкіл жүрісі.* Мұнда *жортақ* жүріс сияқты дауысты бір қалыппен тербетіп, келісті көрсететін өлең жоғары жоқ (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ілгері ұзап, қарасы үзіліп кеткен жасақшылардың түскен жеріне қараңғы түспей жету үшін, Нұрым да бүлкілдеп *жорттақ қа* көшті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Шал қара биенің делбесін қағып, *жорттақ* желіске салды (Ш.Мұртаза, Қара маржан). Мінгендері жай жүрісте аяңшыл болғанымен, *жорттақ қа* салғанда түйіп отыратын бірнеше кісілер Ықылас тобына іркілді (С.Бегалин, Бала Шоқан). **2.** а у ы с. *Айла, құлық, бұлтақ.* Мына дауысты Сәруар сендай, *жорттағы* таусылған сұр қашқынның тірлік соңы айқайына жорыды (А.Сүлейменов, Бесін). Ол белгілі *жорттағына* басты (Ғ.Сланов, Жанартау). Біреулер ертеңге қарауға қорқады, Жетпейді ертеңге

ақынның *ж о р т а ғ ы*. Сескенбей қарай бер көзіне ұрпақтың, Тонына торқалы кімнің бар ортағы (Ә.Тәжібаев, Жартас).

ЖОРТАҚТА= е т. **1.** *Жортақ жүріске басу, жорту*. Қарагер дөнен тозған сыпырғыштай келте құйрығын үйіріп, *ж о р т а қ т а п* келеді (З.Иманбаев, Құстар). Қоян машинаның алдында біраз *ж о р т а қ т а п*, кейіннен жарыққа қарсы қарап отырып қалатын (С.Мәуленов, Жер нәрі). **2.** *Зырылдау, зыту*. Жайдары жас танкіші: «Тарт Берлинге» – Деп танк маңдайына жазды бормен. Шылымын шала тартқан тастай салып, *Ж о р т а қ т а п* жөнеп берді тастақ жолмен (С.Сейітов, Жаңғырық). **3.** а у ы с. *Қипақтау, қыбыжықтау*. Абай сұрауларының салмағы бата бастаған Юнус Халфе *ж о р т а қ т а й* түсті (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖОРТАҚТАТ= е т. *Жортаққа, бүлкілге салу*. Қарагер атты *ж о р т а қ т а т ы п*, бір бүйірден Бәйтен көрінді (Н.Ғабдуллин, Өмір күйі). Тізгінді тежеңкірей қыса ұстап, атын ақырын ғана *ж о р т а қ т а т т ы* (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ЖОРТАҚТАТУ *Жортақтат етістігінің қимыл атауы*. ≈ *Ж о р т а қ т а т у м е н* болды.

ЖОРТАҚТАУ *Жортақта етістігінің қимыл атауы*. ≈ *Ж о р т а қ т а у ы н* қарашы!

ЖОРТАҚТЫҚ з а т. *Жортаққа басушылық, жортақтағандық; айлакерлік, құлық*. Кейбірі көзбояушылық, қорқақтық, *ж о р т а қ т ы қ* деген де кінәлар таққан (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.).

ЖОРТАҚЫ з а т. *Жортақтап жүретін жорға жүрісті жылқы*. Сол ноғайлы жұртында *Ж о р т а қ ы ғ а* мінбеген, Түстік жерге жүрмеген, Кірлі киім кимеген, Аллаға тілі тимеген, Малы алашқа таң болған, Бозмұнай атты бай болған (А.Байтұрсынұлы, Шығ.). Жылқының аласы көп, қайсысы жүйрік, қайсысы *ж о р т а қ ы* екенін қайдан біле қоясың (С.Төлешов, Түрлі. бас.). Жорғалар жұп-жұп болып өтіп жатыр, онан кейін бір орындық жеңіл шанаға жегілген *ж о р т а қ ы л а р* өтуде (К.Әміров, Революция.).

Жортақы сөз. *Астарлы, бұлталаңы көп сөз*. *Ж о р т а қ ы*, бұлтаңы көп бұдырлы *с ө з д е р г е* әлі күнге қыры жоқ адам (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖОРТАҚЫЛАУ с ы н. *Аздап жортаңы бар, жүрдектеу*. Астындағы *ж о р т а қ ы л а у* жүрдек, тапал торы байталды тобылғы сапты қамшымен сипай ұрған боп жанындағы жігітке томсара қарап, үн-түнсіз келе жатыр (І.Есенберлин, Қатерлі.). Менің астымда *ж о р т а қ ы л а у*, тапал торы ат (Б.Майлин, Шығ.).

ЖОРТАҢ с ы н. с ө й л. ***Жортақ.*** Бойыңа сүйтіп жүріп тон пішеді, Ағаштың құлаш тұтам тұрқындай-ақ, Жалықпай жалқаншы үшін жазы-қысы, Ит *ж о р т а ң* жүрісіміз бүлкілдей-ақ (ХХ ғ. қаз. ақын.).

ЖОРТАҢДА= е т. с ө й л. ***Жортақта.*** Стасиқ иығын қажаған екі лентаны әлсін-әлсін артына ысыра түсіп, жолдастарына жету үшін *ж о р т а ң д а й д ы* (Х.Рахимов, Полк туы). Әттең біздің Бөлекеңнің асырауы кем, әйтпесе Сәлмағамбетке ұқсап жорға мініп, *ж о р т а ң д а п* жүрмес пе еді (А.Сатаев, Дала.). Алдына түсіп ұрылар, Келеді желіп *ж о р т а ң д а п*. Арқасында ділләсі, Борсықша басып бұртаңдап (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

ЖОРТАҢДАУ *Жортаңда етістігінің қимыл атауы*. ≈ *Ж о р т а ң д а у ы н* қоймады.

ЖОРТҚЫЗ= е т. *Жүргіздіру, жорттыру*. Аттарды *ж о р т қ ы з б а й*, жігіттерді дабырлатпай, Жабайға әлсін-әлсін сусын бергізіп отырды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Тұқ білмегенсіп, мүләйімсіп қалған бай-жуандар атқа мінерлерін *ж о р т қ ы з ы п* қойып, өздері осылайша жасырын кеңесіп жатты (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖОРТҚЫЗУ *Жортқыз етістігінің қимыл атауы*. ≈ Аттарды *ж о р т қ ы з у*.

ЖОРТҚЫШ с ы н. *Жортуылшыл, жортып жүретін*. Гимнастерка киінген Баяғы *ж о р т қ ы ш* күйімен. Қолында қалам, блокнот, Жалығу жоқ, дамыл жоқ (Д.Әбілев, Ой толқын.).

ЖОРТПАШ с ы н. *Жүгіріп асыр салған*. Қалжыңдап қыздар күледі, Құлпыруын қара деп, Көргендей *ж о р т п а ш* баланы (Дастандар).

ЖОРТПАШАҚ з а т. ж е р г. *Жүгіріп жүрген 4-5 жастағы бала*. Қасиманның *ж о р т п а ш а қ* баласы бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОРТТЫР= е т. *Өргізу, жүргізу*. Бүкіл өгізді *ж о р т т ы р ы п*, Байғұттыдан шыға бергенде күн еңкейіп қалып еді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖОРТТЫРУ *Жорттыр етістігінің қимыл атауы*. ≈ *Ж о р т т ы р у ы н* көрдің бе?

ЖОРТУ *Жорт етістігінің қимыл атауы*. Қасқырдың тамақ іздеп *ж о р т у ы* да белгілі бір жағдайға байланысты болады (Х.Қыдырбаев, Дала.).

ЖОРТУШЫ з а т. **1.** *Жорыққа шыққан адам, шолғыншы*. Батыр мерген, *ж о р т у ш ы л а р* түн қатып, түн жамылтып, көктегі ғаyһар жұлдыздардың от шашып ойнаған құбылыстарын, жүрістерін бақылайды (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Ұры, барымташы*. Түнгі *ж о р т у ш ы л а р* жылқы үйірін айдап келеді («Қаз. әдеб.»). Жолаушы болса, жолға ал, *Ж о р т у ш ы* болса, басын ал (Манас).

ЖОРТУЫЛ з а т. **1.** *Жорық, аттаныс*. Қанша сақ болғанмен шапқыншылар ұзақ *ж о р т у ы л д а н* талған екен (Ә.Нұрпейісов,

Сергелдең). Тоқа Жирен қасқаның құйрығын шолтита түйіп, жабулап міндіп апты, өзі де *жортуылға* аттанатын адамдай қалың киінген (С.Мұратбеков, Көкорай). Онда да Ағыбай, Тағыбай, Ғали батыр, *Жортуыл* түнде жасап келе жатыр, Бандыдан бұлар бұрын айла құрған, Жасамақ бір үлкен іс, қалмай қапыл (Е.Бердин, Қанды асу). **2.** *Тамақ ізденіп кезушілік, төңіректі шарлап шығушылық.* Түлкі *жортуылда* келе жатып тұзаққа түсіп жатқан қоянға кез болады (Ғалам ғажап.). Қаншығын күшіктерімен қалдырып, күн еңкейе арлан *жортуылға* шықты (С.Жүнісов, Жапанда.). Бөрі тағы да *жортуылға* шықты (Қ.Әжікеев, Саят).

ЖОРТУЫЛДА= е т. **1.** *Жорыққа шығу, аттану, шабуылдау.* Астындағы қара жорға аты ақ тер, қара тер болып, күндіз-түні *жортуылдап* келіп жүргені (О.Бөкеев, Қайдасың.). Бұл төңіректе сары аяқтардың жасақтары *жортуылдап* жүреді (Ә.Әлімжанов, Махамбет). Бүлікпанның өзі Ақмола жаққа сан рет *жортуылдап* көршілерін талай шулатқан (С.Ләмбеков, Тайталас). **2.** *Жорту, кезу, шарлау.* Тамақ ізденіп түні бойы *жортуылдағанн* қасқырлардың таң ата қай тауға барып тынығатынын көкем біледі екен (М.Тиесов, Дала.). *Жортуылдап* жүріп өткен ізі қан, Жетіп жатыр құдіретті бұзық аң. Бірақ барыс азуына қызықпай, Мен тұлпардың тұяғына қызығам (Қ.Мырзалиев, Көш).

ЖОРТУЫЛДАУ *Жортуылда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түні-бойы *жортуылдауы.*

ЖОРТУЫЛСЫЗ у с т. *Жортықсыз, жорықсыз.* Бұған тікелей себепші шаһардағы қолдың көптен бері *жортуылсыз,* жорықсыз қаңтарылып тұруы еді (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖОРТУЫЛШЫ з а т. **1.** *Жорыққа аттанушы.* Ақ алмастай ауа тіліп, Төгілді *жортуылшы* жолда қанын, Қалды үйып, қасіреттен дала тұнып, Түстей-ақ жыр-найзасын толғағаның (Ө.Қожамұратов, Таңғы дауыс.). Қазақ сарытоқым *жортуылшынын* дәріптесе «жасынан жылқы іңіртінің жесегімен жетілген, саппастың өзі» деген сөзді айтады (Ж.Ахмадиев, Шырғалаң.). *Жортуылшының* басы жолда қалады дегендей, Сағаттың сүйегі жазда бір-ақ табылған (Ж.Ахмадиев, Дүрбелең). **2.** *Жортуылға шығушы, ұры, қарақшы.* Бұта-бұтаны бетіне ұстап, бүкең-бүкең желе жортып жасырынып, түн *жортуылшысы* жалғыз қасқыр келеді (Қ.Тайшықов, Окт. үшқыны). Кейде зәулім еменнің биігінен көз шалған жетпіс-сексен *жортуылшы* – жаудың шолғыншы жасағы емес, өңшең делибаш – асау, делі, өз бітімен атқа мінген жолбасар аламандар болып шығады (М.Мағауин, Аласапыран). Жантай, Боқшабай секілді әккі *жортуылшылар* олардың мұрнының астынан сытылып өтіп кетеді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Кімнің бұл боздағы мен аяулысы, Кімнің бұл *жортуылшы* жан алғышы? Жападан жалғыз жолға таңнан шыққан, Жоқ па екен жолдас болар таянышы (М.Әлімбаев, Өмір күйі).

ЖОРТЫС= е т. *Жүру, кезісу.* Олар екіге бөлініп, кері *жортыс*ып кеткенде, ақ қаншық жалтақ-жалтақ қарап, әлгілердің арасында кете бармасы бар ма (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). // *Жортуылдап жүрген адам. Жортысқа нға* жол бермес, Арбасқанға дең демес, Шымшығанға сыр бермес, Бітене бидай көк сұлы, Қаны теппес көк сірі, Болмағанға сырмінез, Тосатыным сол мінез (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖОРУ *Жоры етістігінің қимыл атауы; жорамалдау, тұспалдау.* Бір *жоруды* бір жору түрткілеп, бір ой екінші ойды оятып, талай сұрақ анталап келіп жатты (М. Иманжанов, Адам.). // *Болжам, долбар, ұйғарым.* Бұл *жорулардың* әрбірінде шындық бар деп ойлау керек. Мүшеміздің бірі қозғалғанын, етіміздің, сіңіріміздің, буындарымыздың беттерінің, оның үстіне теріміздің қозғандығынан сеземіз (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖОРУШЫ з а т. *Ұйғарушы, топшылаушы.* – Гәссәрді Шыңғыс ханның бейнесіне *жорушылар* да бар, – дейді Банзаров, – бұл зерттелетін мәселе (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖОРЫ= е т. *Бір нәрсені болжалдау, тұспалдау, байыптау, шамалау.* Ербол бұл көріністің мәнін өзінше *жорыды* (М.Әуезов, Абай жолы). Біреуі баяғы шығарып сала беретін жігіт. Не сөйлескенін білмедім. Бірақ оған жағымды сөз емес-ау деп *жорым* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл құдалықты тілмаш екеуміз бір нәрсеге *жорып* отырмыз (М.Дулатов, Шығ.). Сынамасаң жақсының сөзін қорып, Талабыңды жоғалтар іштен сорып. «Сандалған түспе ізіме» деген Абай, Жүрсіңдер осы сөзін қалай *жорып*? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жатқа жорыды. *Жамандыққа ұйғарды.* Жат есікті және қорып, Жара салма сен маған. Жұрт жамандар *жатқа жорып,* Жалынамын мен саған (Абай, Тол. жин.).

ЖОРЫҒЫШ с ы н. *Бір нәрсені тұспалдап жори бергіш, жорамалшыл, болжалдағыш.* Кей адам не боса соны өз басына *жорығыш* келеді (І.Есенберлин, Алтын құс). Қазақтан шыққан жол білгіш, жорамалшыл, *жорығыш,* – Қағал, Бөгел торығыш, Шыңғының ұлы Кермеш (Манас).

ЖОРЫҚ з а т. **1.** *Шабуыл, қарулы шайқас.* Кейін Азияда қолына найза ұстап *жорық-қа* аттанғандарды, нағыз қазақтың әдетінше көрші елдеріне шабуыл жасай бергендерді жұрт

«қазақ» деп атай беретін болған (М.Дулатов, Шығ.). Қанша қажығанмен *ж о р ы қ т а* оқ даусына үйренген ат ышқынып, шаба жөнелді (С.Жүнісов, Жапанда.). Үш желмая ұстады *ж о р ы ғ ы н а,* Бірінің азық артты қомдығына. Екеуіне ер ерттеп мініп алып, Барабанды қалдырды орынына (Абай, Тол. жин.). Уәлиханның екінші баласы Әбілмәмбет (Мәмке) Кенесарыға еріп, *ж о р ы қ т а* қаза тапты (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Саяхат, серуен.* Алматы экскурсиялық-туристік бюросы оқу озаттары үшін ұзақ маршрутты *ж о р ы қ т а р* ұйымдастыруды ұмытқан жоқ («Қазақст. мұғ.»). **3.** *Белгілі бір мақсат үшін жұмыла кіріскен іс.* 1954 жылдың көктемінде тың игеруге бағытталған бүкіл халықтық *ж о р ы қ* өріс алды (Жаңарған өлке). Қызылжар педтехникумының оқушысы Ғайни Жомартова мәдениет *ж о р ы ғ ы н ы ң* мұғалімі болатын (С. Омаров, Дала.). Әне деп ауылымыздың асылдары, Парторг нұсқап маған қасымдағы, Көрсетті миллиард үшін *ж о р ы қ т а ғ ы,* Ерлерді жинап жүрген асыл дәнді (Қ.Ырзабаев, Тұңғыш.). **4.** ә с к. *Әскери бөлімдер мен құрамалардың белгілі бір бағытты бетке алып, көлікпен немесе жаяу ұйымдасқан түрде саппен қозғалуы. Ж о р ы қ* шеру тізбегінен тұрады және алдағы ұрыс қимылдарына сай әскерлердің тез арада алғы шепке жетуін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі. термин. Әскери.). *Ж о р ы қ* тәртібі жаумен кезігіп қалу мүмкіндігін және алдағы ұрыстың мақсатын есепке ала құрылады (Қаз. тілі. термин. Әскери.). Бөлімдер мен құрамалар *ж о р ы қ* шеру тізбегінен тұрады. Ол алдағы жүргізілетін соғыс қимылдарына сай әскерлердің тез арада алғы шепке жетуін қамтамасыз етеді (Қаз. тілі. термин. Әскери.). *Ж о р ы қ* тәртібі қарсыласпай кезігіп қалу мүмкіндігін және алдағы ұрыстың мақсатын есепке ала отырып құрылады. Қарсыластың кенет шабуыл жасауынан сақтану үшін жорықта келе жатқан әскерлер алдарына қорғау бөлімін (бас бөлім, бүйірден және тылдан қимылдайтын бөлім) жібереді (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық әні. ә с к. *Жорыққа шыққанда айтылатын марш, екпінді әскерлер әні.* Жорықтан әкең аман қайтар ма екен, Ерлігін ертегі қып айтар ма екен, Аймалап ұлын сүйіп, жарын құшып, Гармонға *ж о р ы қ ә н і н* тартар ма екен (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн).

Жорық бекеті. ә с к. *Жорықтағы әскерлерді күзету органы. Ж о р ы қ б е к е т і* күзетілетін лектердің кедергісіз жылжуын қамтамасыз ету, оны қарсыластың тұтқиылдан шабуылынан қорғау, жазылуға және ұрысқа кіруге қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мен қарсыластың жер үсті барлауының лекке енуін болдырмау мақсатында жіберіледі (Қаз. тілі. термин. Әскери.). Атқаратын тапсырмаларына байланысты *ж о р ы қ б е к е т і* басты, бүйірлік, тылдық болуы мүмкін (Қаз. тілі. термин. Әскери.). *Ж о р ы қ б е к е т і* алдыңғы жасақтан (авангардтан), сонымен қатар басты күштердің лек басында екі бағытта жылжитын бригададан (полктен) қозғалыс бағыты бойынша жасалынатын жорықтарда жіберіледі (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық белбеуі. э т н. *Дәстүрлі қазақ қоғамында жауынгерге арнап жасалатын белбеу, белдік. Ж о р ы қ б е л б е у і* жібектен, жүннен тоқылған маталардан және былғары, қайыстан жасалған (ҚҰӘ). *Ж о р ы қ б е л б е у і н е* қынапты семсер немесе қылыш, қынды пышақ, оқ-дәрі, білте салатын, сіріден, былғарыдан жасалған құты, қалталар байланған (ҚҰӘ).

Жорық дорба. *Жорыққа шыққанда алып жүретін шағын дорба, қалта.* Жерге салынған сабан төсектің үстінде солдаттардың *ж о р ы қ д о р б а л а р ы* қатар тізіліп қойылған (Б.Момышұлы, Москва.).

Жорық жабдығы. ә с к. *Жауынгердің қаружарақтарын, қорғаныс құралдарын, бекініс орындарын қазуға қолданылатын аспаптарын, азық-түлік қорын және т.б. белгілі бір ретпен орналастыруға арналған лайықтау жүйесі. Ж о р ы қ ж а б д ы ғ ы* затқапшықтан, белбеу мен шалбар белдігінен, иықбаудан, гранат салғыш қоржыннан, патрон мен автомат оқтарынан (магазин) тұрады (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық жағдайы. ә с к. *Қозғалысқа (жорық маршына) даярланған әскери техниканың әртүрлі үлгілерінің жағдайы. Ж о р ы қ ж а ғ д а й ы* әскери техниканың қысқа уақытта жорық жағдайынан ұрыстық жағдайға көшіруді талап етеді (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық жылдамдығы. ә с к. *Бөлім мен бөлімшелердің бір сағатта немесе бір тәулікте жүріп өткен жолының орташа жылдамдығы. Ж о р ы қ ж ы л д а м д ы ғ ы* сол ауданның радиациялық және химиялық улану көлеміне де байланысты (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық күзеті. ә с к. *Күзетілетін әскерлерге (күштерге) қарсыластың барлаушыларын жібермеу, оларды қарсыластың тұтқиылдан шабуыл жасауынан қорғауға және шеп құруға, ұрысқа енуге қолайлы жағдай жасау мақсатында жорықта ұйымдастырылатын әскерлерді (күштерді) күзетудің түрі. Ж о р ы қ к ү з е т і* жорықтық реттің бір бөлігі болып келеді (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық легі. ә с к. *Құраманың, бөлімнің (бөлімшенің) бір бағыт бойынша жорықпен жылжуы үшін сапқа тұруы. Ж о р ы қ л е г і* ұзындығы бойынша жіктеледі (Қаз. тілі. термин. Әскери.). *Ж о р ы қ л е г і н* ұрыстық жағдайда

сапқа тұрғызу кезінде алдағы ұрыстың мәнісі ескерілуі және әскерлердің ұрыстық ретке тез жайылу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі керек (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық реті. ә с к. *Жорық жасау үшін бөлімшелердің, бөлімдер мен құрамалардың өздерінің күшейту құралдарымен бірге сапқа тұруы. Ж о р ы қ р е т і* алда тұрған әрекеттердің мәніне жауап беруі қажет және төмендегілерді: қозғалыстың жоғарғы жылдамдығын, әскерлердің (күштердің) ұрысқа кіруін және ұрыстық ретке тез жазылуын, жаппай қырып-жою қаруы мен авиация соққыларынан аз зақымдалуды, жеке құрам мен әскери техниканы сақтауды, қарулы күштердің авиациялық бөлімдері мен құрамалардан басқа барлық салалардың әскерлерін басқарудың беріктігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету керек (Қаз. тілі. термин. Әскери.).

Жорық түйе. *Ұзақ жүріске дағдыланған мықты түйе. Ж о р ы қ т ү й е*, көбіне атан, жампоз атан, жампоз інгендер болады (Ә.Жақыпов, Түйе).

Қанды жорық. *Жойқын соғыс, қырып-жойған шабуыл.* Өмірден түңіліп, *қ а н д ы ж о р ы қ қ а* аттануға бел буған Әкпар, сұлу әйелдің осынау бір ақжарқын қарсы алуынан, жүрегіне бір ыстық сезім таралды (І.Есенберлин, Қатерлі.). Ватикан ежелден-ақ мұсылмандарға және басқа діндегілерге қарсы *қ а н д ы ж о р ы қ* ұйымдастырушы болды (З.Ақназаров, Ғылыми атеизм.).

Не жорық. *Несі жөн, несін айтасыз, не бар.* Аш өзекке самогон ішкенсін *н е ж о р ы қ* (М.Сүндетов, Ескексіз.). Әшейінде аспан мен бұлтты жырлап, Айға қонған, жұлдызды түгендеп жүрген ақындарға *н е ж о р ы қ*, – деп Әбдікәрім де әзіл үштығын көрсетіп қояды (С.Мәуленов, Жер нәрі). Көк ала аспан түнерсе, Көк теңізге *н е ж о р ы қ?* Дауыл өрлей жіберсе, Толқын теңіз сел болып (О.Шипин, Шығ.). Сондай кем тағат, кем қанағат жанды жарық дүниеге жаратылған жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да, аяғының астынан шаянша шығып жатқан сыз топырақта жеті қат жердің астына, меңіреу тұңғиыққа күн сайын тірілей түсіріп қойған соң *н е ж о р ы қ* (Ә.Кекілбаев, Шығ.). Жас дедік, жазды, жаңылды дедік, Бәрін кешірдік. Ендігіңе *н е ж о р ы қ?* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖОРЫҚСЫЗ ү с т. **1.** *Жорыққа шықпай, жорық болмай-ақ.* Бұған тікелей себепші қолдың көптен бері жортуылсыз, *ж о р ы қ с ы з* қаңтарылып тұруы еді (Д.Досжанов, Жібек.). **2.** *Ретсіз, орынсыз.* Қала деген жарықтықтың да, кейде *ж о р ы қ с ы з* кеңи беретінін де көрдік (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ЖОРЫҚТАС с ы н. *Жорықта, шайқаста бірге болған, майдандас.* Кешегі менің солар полктасым, Берлинге қол тіреген *ж о р ы қ т а с ы м.* Қандай қол біздің тарлан гвардия, Біле бер жастарменен толыққасын (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.). Сол кезде *ж о р ы қ т а с* жауынгер серіктерімді кездестіретін деген үмітім бар еді (Қ.Қайсенов, Сол бір.). Ауық-ауық *ж о р ы қ т а с,* майдандас жолдастарымды ойлаймын (Т.Ыдырысов, Жалын. жыл.). Аманкелдінің *ж о р ы қ т а с* үзеңгі серіктерінің бірі Әбжан Құндызбаевтың жасы тоқсан жетіде («Қаз. әдеб.»).

ЖОРЫҚТЫ с ы н. *Жорығы көп, шабуылды жаугершілік.* Үшінші жауап: қойма қою, көмбе қазу, киіз үйді қос етіп алып, *ж о р ы қ т ы* өмірге бел байлау (М.Тиесов, Әділбек Майкотов).

Жорықты күндер. *Ұрыс, майдан даласы.* Ол кез ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен, жігіт жеңін жастық, етегін төсек еткен, бетін отқа, жалынға тосқан, *ж о р ы қ т ы к ү н д е р д і* бастан өткізді (С.Бақбергенов, Адам.). Есімханның *ж о р ы қ т ы к ү н д е р д е н* сақтап қалған бесатар мылтығы болды (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.).

ЖОРЫҚТЫҚ с ы н. *Жорыққа, шабуылға қажетті.* Павловский *ж о р ы қ т ы қ* жабдықтардан басқаға шорқақ адам еді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖОРЫҚШЫ з а т. *Жорыққа, сапарға аттанушы.* Артқы бөлімшелер жетіп, *ж о р ы қ ш ы л а р* топтана бастады (Қ.Әбдікадыров, Мақташы.). Семсерімді шешпеймін, Тұлпарымнан түспеймін, Кегімді жауға кешпеймін, *Ж о р ы қ ш ы* бол да еріңдер (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

ЖОРЫҚШЫЛ с ы н. *Жорыққа барғыш, жорыққа, шабуылға аттанғыш.* Тасыр-тұсыр ат тұяғы, пысқыруы, жөн-жосықсыз айғай, қиқу моңғол *ж о р ы қ ш ы л а р ы н* есіне алғандай (Ж.Молдағалиев, Айналайын). *Ж о р ы қ ш ы л а р д ы* әдейі жолсызбен, тау кезіп, қарағай іштерін түнеп жүріп апару жағы көзделуде (Б.Соқпақбаев, Өзім тур.).

ЖОРЫҚШЫЛЫҚ з а т. *Жорыққа аттанушылық, жорыққа шығушылық.* Етегін төсек, жеңін жастық етіп жүретін – *ж о р ы қ ш ы л ы қ,* етек-жеңін түрініп, ықшам киінетін – диқаншылық, тағы басқа тұрмыстық жағдайлар киімдердің түрлеріне зор ықпал жасап отырған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖОРЫЛ= е т. *Саналу, ырымдасу.* Әдет бойынша үйге жақындағанда жаяуда да, аттылы адамда да қатты жүріс болмауға тиіс, ол жақсы ырымға *ж о р ы л м а й д ы* (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖОРЫЛУ *Жорыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Солай *ж о р ы л у ы.*

ЖОРЫМАЛ: жорымал салым. э к о н. *Пайдаланушының ағымдағы шотына банктің несиелік жазбасы; ол нақты (алдын ала) ақшалай қаражат жарнасын салумен жалғастырылмайды – жеке адамдар мен фирмаларды несиелендіру әдісі.* Пайдаланушы *ж о р ы м а л с а л ы м д а р д ы* нақты салым сияқты пайдаланады: ол чек жаздырып алуы, ағымдағы шотқа есептелген сома шегінде қолма-қол ақша алуы мүмкін (Қаз. тілі. термин. Экономика.). Әлбетте, банктің *ж о р ы м а л с а л ы м д а р* жасау жөніндегі мүмкіндігі банктердің нақты тартқан қаражатының мөлшерімен, сондай-ақ пайдаланушыға сенімінің дәрежесіне қарай айқындалады (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

Жорымал сан. м а т. *Бүтін, бөлшек, теріс сияқты түрлі сандарды қамтитын сан ұғымы.* Қазіргі сан ұғымы түрлі сандарды – бүтін, бөлшек, теріс, *жорымал сандарды* қамтитын күрделі ұғым (А.Собалақов, Математика). Ғылымда *ж о р ы м а л с а н* термині бұл сандардың нақты мәні әлі ашылмаған кезде-ақ қолдынила бастады (ҚҰЭ).

ЖОРЫМТАЛ с ы н. *Жорығыш, өзінше болжал айтқыш.* Мұндайда сезікшіл келетін жігіттер болады. Олар әрі қызғаншақ, әрі *ж о р ы м т а л,* аңдығыш (М.Әуезов, Шығ.).

ЖОРЫС= е т. *Болжасу, тұспалдасу.* Бұл мол дүбірді жұрт алыстағы ағайындарға *ж о р ы с ы п* та еді, аздан соң Кеңқоныстан Балашақбаққа құлаған боз аттылар басқаша ыңғай байқатты (К.Оразалин, Абай.). Биылғы қыстың аяғы ұзарып, созалаңдап кеткені елдің де есіне баяғысын түсіріп, жылан жылының жылбысқыланған әр күнін жамандыққа *ж о р ы с ы п* отыр (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖОРЫСУ *Жорыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жақсылыққа *ж о р ы с у.*

ЖОРЫТ= е т. *Тұспалдату.* Күндегі көрген түстерін айтып, бір-біріне *ж о р ы т ы п* алу бір камерада жатқан үш тұтқынның айнымас дағдысына айналған-ды (С.Омаров, Дала қызы).

Түс жорытты. *Көрген түсін біреуге, көріпкел кісіге айтып, болжатты.* Бәдишаның ояна сала орындайтын парызы *т ү с і н ж о р ы т у* еді (А.Жүнісов, Өмір.). Ол Қасар мергенді шақыртып, *т ү с і н ж о р ы т ы п* алайын деп бір оңтайланды (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖОРЫТУ *Жорыт етістігінің қимыл атауы.*

ЖОСА з а т. **1.** *Қызғылт-сары түсті бояу топырақ. Ж о с а* – қызыл бояу топырақ (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Мұнара терістік Индиядағы көпшілік ескерткіштер қатарында *ж о с а* түсті қызыл тас, қызыл песчаниктен салынған (М.Әуезов, Индия очерк.). **2.** *Сол топырақтан алатын қызыл күрең бояу.* Баяғыда сол таудың бетінен *ж о с а* алып, үй ағашын бояйды екен (М.Сәрсекеев, Жетіжылдық.). **3.** х и м. *Құрамына темірдің немесе қорғасынның кейбір оксидті туындылары кіретін пигменттер тобының жалпы атауы.* Темір *ж о с а с ы* – қоңыр қызыл түсті табиғи пигмент (ҚҰЭ).

Жоса болды. *Қып-қызыл ала қан болды, қырылды.* Атқа мінді құл-құтан, *Ж о с а б о л д ы* бай сұлтан. Кілең батыр соңында, Қызыл туы қолында (Жамбыл, Шығ. жин.).

Қан жоса болды. *Қып-қызыл қан болды, соққыға жығылды.* Әбеннің үйінде соққыға жығылып *қ а н ж о с а б о л ғ а н* Айша мен Мұқа, Әбен үшеуі қапты (М.Әуезов, Шығ.).

Қызыл жоса. *Қып-қызыл.* Өзеннің бұлар тұрған жиегіндегі су түсі қоймалжың қан қосып жібергендей *қ ы з ы л ж о с а* еді (А.Нұрманов, Аққу.). Виктор үңіліп қарап еді Андрейдің үсті-басы *қ ы з ы л ж о с а* қан (Т.Жанкелдин, Партизан.).

ЖОСАДАЙ с ы н. *Жоса сияқты, жоса тәрізді.* Мұрны *ж о с а д а й* қанаған, көзі көкпеңкөк. Әлден уақытта, ілдебайлап бүлінген-жарылған саймандарын түзеп, арбаларын айырып алып, жолаушылар үн-түн жоқ жөніне тартты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қыршынынан қиылған талай аяулы боздақтың өлімін, *ж о с а д а й* аққан қанды көріп жүрмін (Р.Әутәліпов, Той тарқар). Почташы қыз Дуня ернін *ж о с а д а й* ғып бояп алған (С.Омаров, Тастағы жазу).

ЖОСА-ЖОСА с ы н. ү с т. *Айғыз-айғыз, жол-жол, ағыл-тегіл.* Төбет *ж о с а-ж о с а* боп қаны ағып, сүйретіліп үйге әзер жеткен (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Бәрінің де бет-ауыздары сары ала балшық: жаңбыр суына езіліп, *ж о с а-ж о с а* боп мойындарына құйылып кеткен (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). Сүт қатқан күрең шайдың әсері ме, *ж о с а-ж о с а* болып терлеп, бойы жеңілденіп қалды (Б.Мұқаев, Жалғыз жаяу).

ЖОСАҚ з а т. ж е р г. *Жақ, тарап, бағыт, беталыс.* Қай жақ дегенді қай *ж о с а қ* деп те атайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОСАҚТЫ с ы н. *Жөн-жосықты білетін, білікті.* Өз ісін жақсы білетін жігіт *ж о с а қ т ы* жігіт (Б.Дәулетбаев, Парыз).

ЖОСАЛА= е т. **1.** *Жоса бояумен бояу.* Үйдің сыртын *ж о с а л а п,* ауласын тап-түйнақтай етіп жинап қойғаны бірден көзге ұрды («Қаз. әдеб.»). **2.** *Далап жағу, қызарту.* Селдір ғана опалаған. Тотыққан бет кетті өзгеріп. Болар-болмас *ж о с а л а ғ а н,* Берді өзгеше ерін көрік (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал). **3.** а у ы с. *Қып-қызыл ету; қан қылу.* Жасымнан қылған қулықтың, Атына бүгін мінейін. Ауызымды *ж о-*

с а л а п, Үсті-басым шұбарлап, Табанды мықтап тірейін (Қ.Жапсарбаев, Өлеңд.).

ЖОСАЛАН= е т. *Айғыздалу, тарамдалу.* Ашқарақ көзге *ж о с а л а н ы п* қаны тамшылаған қызыл елестейді (С.Елубаев, Ойсылқара).

ЖОСАЛАНУ *Жосалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *ж о с а л а н у ы.*

ЖОСАЛАУ *Жосала етістігінің қимыл атауы; жоса бояумен бояу, сырлау.* Химиялық өңдеудің ғылыми тәсілі табыла қоймаған кезде халық керегені *ж о с а л а у д ы ң* оңай да қарапайым түрлерін қолданды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖОСАЛЫ с ы н. **1.** *Жосасы мол.* Жунглиді шырмаған сор-қырсықтар, Көктемде де қан тамған суық шың бар. Азияның *ж о с а л ы* сауырына, Мұнша неге қадалды сұр тұмсықтар (Қ. Бекхожин, Мамырстан).

ЖОСАШЫ з а т. *Жоса даярлаушы, жосамен бояушы.* Бір күні сол *ж о с а ш ы* жас жігіт Әйтей қарттың үйіне қонып, нағыз хабарды сол жеткізді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖОСБАЛДА= е т. *Тұспалдау.* Артыма үш жыл қарап жалтаңдадым, Айтар деп оқиғаны жас балдардан Жас балдар оқиғаны айтпаған соң, Азырақ тыңдасаңыз *ж о с б а л д а д ы м* (Аралбай ақын, Өлеңд.).

ЖОСҚЫН з а т. *Жосыған топ, шұбырған лек, босқын.* Талай жыл үстінен әрлі-берлі жорық *ж о с қ ы н ы* өтіп жатқан Украина, Белорус күйін өзіңше бағалап көр (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Тау ішінде бұл неғылған *ж о с қ ы н,* арты қайырлы болғай әйтеуір деп бұлтықар зәрезеп (Д.Досжанов, Табалдырығың.).

ЖОСҚЫНДА= е т. *Жосу, жөңкілу.* Сәрсен үнінен балалар да безер боп, шошып оянып, далаға *ж о с қ ы н д а д ы* (Д.Досжанов, Зауал). Ойнақшығаң, қызынған аттар тізгін босасымен-ақ *ж о с қ ы н д а й* жөнелді (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖОСҚЫНДАУ *Жосқында етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о с қ ы н д а у м е н* болды.

ЖОСПАҚТА= е т. *Болжау, шамалау, тұспалдау.* Меніңше, осыныңыз артығырақ, әншейін ұйқас қуып *ж о с п а қ т а д ы ң* (Айтыс).

ЖОСПАЛАУ с ы н. *Шамалырақ, бостау.* Қасеке, жеңгем бір *ж о с п а л а у* байғұс еді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖОСПАР з а т. **1.** *Бір күнде немесе бір апта, бір жылда жасалатын жұмыстардың жобаланған тәртібі, реті.* Рабиға мен Жақып істейтін жұмыстарына бірден *ж о с п а р* жасады (Б.Майлин, Шығ.). Мәлік демалып жатқан кезде, Раушан ыдыс-аяғын жинады да, есікті білдірей жауып, кеңсесіне барды да, көктемгі егістің *ж о с п а р ы н а* үңілді (З.Шашкин, Сенім). **2.** <лат. planus> *Белгілі бір жұмыстың алдын ала жасалған жобасы.* Әрбір ақын-жазушының өзіндік ізденулері, өзіндік творчестволық *ж о с п а р л а р ы* болады (Е.Ысмайылов, Сын.). Бір кезде Шығыс Қазақстан өлкесін үлкен баз етеміз деп көлемді *ж о с п а р* жобалап жүрген Әбдіжан ол ойдан оралып, мына баздағы малдың болашағы жайына көшті (С.Бегалин, Уақыт.). Өндірістік *ж о с п а р* белгіленіп, күнделік норма тағайындалды (С.Бегалин, Мектеп). **3.** э к о н. *Мақсаты, мазмұны, көлемі, әдістері мен құралдары, орындалу мерзімі көрсетіліп, нақты кезеңге межеленген шараларды жүзеге асырудың белгіленген тәртібі мен реті. Ж о с п а р* мемлекеттік ауқымда, жеке өндірістік салалар, аймақтар, кәсіпорындар мен фирмалар деңгейінде жасалады (ҚҰЭ). **4.** с ә у л е т. *Архитектуралық құрылыс ғимараттарының немесе адамдар қоныстанатын мекендердің төбесінен қарағандағы көрінісінің белгілі бір масштаб бойынша қағаз бетіне түсірілген сызбасы не макет түріндегі көрінісі.* Мұндай *ж о с п а р д а* салынбақшы құрылыстың жалпы аумағы мен әрбір бөлмелерінің ауданы, негізгі қабырғалары, терезе мен есік орнатылатын қуыстары, пеші, су құбыры, басқышы, санитарлық және техникалық қондырғылары, кей жағдайда архитектуралық бөлшектеріне дейін көрсетіледі (ҚҰЭ). Егер ғимарат көп қабатты болған жағдайда әрбір қабатқа жеке *ж о с п а р* жасалады, үй төбесін жабу күрделі болған кезде оның арнайы *ж о с п а р ы* құрылады (ҚҰЭ). Қазіргі ою, кестелерден, кілем бетіндегі оюлардан еліміздің картасын алып, құрылыстардың бейнесін, перспективалы *ж о с п а р л а р д ы ң* диаграммаларын, космостық ракеталарды және т.б. суреттерді көруге болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **5.** п е д. ***Күнтізбелік жоспар***. Сырттанбай сабаққа конспект жазып, *ж о с п а р* жасап көрген жан емес – тәжірибеге сенеді. «Бастауыш класта отыз жыл бойы сабақ беріп келем, мен сияқты майталманға конспект не керек» дейді ол (З.Ақышев, Достарым менің.).

Ағымдағы жоспар. э к о н. *Өтіп жатқан жылға арналған біржылдық жоспар.* ≈ *А ғ ы м д а ғ ы ж о с п а р ғ а* қарағанда.

Айлық жоспар. *Ауылшаруашылық, өндірістік жұмыстардағы бір айға межеленген жоспар.* – Рет-ретімен бәрін жаздым, оқысаңыз... Қысқасы, шөп шабудың *а й л ы қ ж о с п а р ы* орындалмаған. Егін отағы кезінде де жұмысты кешеуілдеткен. Картоп түптеуді бригада әлі аяқтаған жоқ (М.Гумеров, Хазірет.). Еліміздің өнеркәсібі үстіміздегі жылдың алты *а й л ы қ ж о с п а р ы н* негізгі көрсеткіштері бойынша орындап шықты («Қазақст. мұғ.»).

Болашақтық жоспар. э к о н. *Ұзақ мерзімге арналғаны 10-15 жылға, орташа мерзімге арналғаны 3-5 жылға лайықталған жоспар.*

Директивалық жоспар. *Орындалуы қатаң бақылауға алынатын жоспар.*

Жоспардан жоспарға өрледі. с о в. *Бесжылдық жоспарды артығымен орындап, келесі бесжылдық жоспарда белгіленген жұмыстарға ауысты.* Таптасты да тұтасты. Шапты жауын жерледі, Жаңадан жаңа тудырып, *Ж о с п а р д а н ж о с п а р ғ а ө р л е д і* (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жоспардан тыс. *Жоспарда көрсетілгеннен басқа.* Мемлекетке ауылшаруашылығы өнімдерін *ж о с п а р д а н т ы с* көтерме бағамен сату колхоздың ақшалай табысының артуын қамтамасыз етті (Н.Ғабдуллин, Өрлеу.).

Жоспарды артық орындады. с о в. *Қабылдаған жоспарда белгіленген мерзімінен бұрын, көрсетілген көрсеткішінен артық мөлшерде аяқтады. Ж о с п а р д ы* мерзімінде не *а р т ы қ о р ы н д а й т ы н д ы ғ ы* туралы жазбаша түрде уәде берді. Осы шарттармен таныса отырып, олар да көрсетілген межелерге жетуді мақсат ете отырып, нақты міндеттемелер қабылдайды (А.Байболатов, Жарыс.).

Жылдық жоспар. *Бір жылға арналған, қаржы жылының аяғына дейінгі жоспар.* Жаңадан салынатын аумақты құрылыс. 1967 жығы 1 ноябрьге дейін күрделі құрылыстың *ж ы л д ы қ ж о с п а р ы н* орындаймыз («Соц. Қаз.»).

Индикативті жоспар. *Болжамға ұқсас, тапсырыс түріндегі жоспар.* Қазақстанда мемлекеттік ауқымда *и н д и к а т и в т і ж о с п а р* қолданылады. Онда, негізінен, елдегі өндіріс пен тұтыну қарқыны, олардың көлемі мен құрылымы, баға, экспорт пен импорт, инвестиция көздері, экономикалық ынталандыру жүйелері, салық мөлшері т.б. бойынша белгіленген нәтижелерге қол жеткізу көзделеді (ҚҰЭ).

Күндік [күнделік] жоспар. *Бір күнде болатын жұмыстың, шараның жоспары.* Сөйтіп комплекспен оқытуға – көптен-көп керегі *к ү н д і к* жұмыстың *ж о с п а р ы н* жасап алу екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы тұрғыдан алып қарағанда, Әлжанның басына екі жамандық туды. Бірі «Кәне! Кәне! Кенді бер» деп тек қана *к ү н д е л і к ж о с п а р д ы* орындаудың соңында жүргенде (әрине, кезінде бұл өте керек іс еді) ол ойлану, инженерлік білімін өндірістің келешегін көркейтуге пайдалану деген қасиеттерден айырылады (І.Есенберлин, Алтын құс). Мұндағы минуттарды мұғалім *к ү н д е л і к ж о с п а р ы н д а* өзі межелейді («Қазақст. мұғ.»).

Күнтізбелік жоспар. а) э к о н. *Жалпы кәсіпорын және оның жеке құрылымдық бөлімшелері (цехтар, телімдер, бригадалар, жұмыс орындары) үшін қысқа мерзімге (айға, тәулікке, ауысымға, сағатқа) арналған нақты өндірістік тапсырмаларды әзірлеуді қамтитын оралымды-өндірістік жоспардың бір бөлігі. К ү н т і з б е л і к ж о с п а р,* әдетте, үш кезеңде жүзеге асырылады (ҚҰЭ). ә) п е д. *Мұғалімдердің күнделікті өтілетін сабақтың тақырыбы, мақсаты, міндеті жазылатын, сағаты есептелетін жоспары.* ≈ *К ү н т і з б е л і к ж о с п а р м е н* салыстырғанда.

Макроэкономикалық жоспар. э к о н. *Белгілі бір кезеңде елдің экономикалық және әлеуметтік даму жоспарын жасауды, оны жүзеге асыруды ұйымдастыру мен орындалуын бақылауды қамтитын жоспар. М а к р о э к о н о м и к а л ы қ ж о с п а р* директивалық (нұсқаулық) жоспар және индикативтік жоспар болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Маркетингілік жоспар. э к о н. *Кәсіпорынның (фирманың) маркетингілік қызметінің барлық бағыттар бойынша егжей-тегжейлі жоспарларын әзірлеу.*

Микроэкономикалық жоспар. э к о н. *Жеке кәсіпорын мен оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік-шаруашылық қызметінің шаралары мен көрсеткіштері жүйесінің жоспарын жасау. М и к р о э к о н о м и к а л ы қ ж о с п а р* ағымдағы жоспар және оралымды жоспар түрлеріне бөлінеді. Ал оралымды жоспар өз кезегінде күнтізбелік және маркетингілік жоспар болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Оқу жоспары. п е д. *Бір оқу жылының аяғына дейін белгіленген мектептегі оқыту жұктемелерінің жоспары.* Жаңа *о қ у ж о с п а р ы н а* көшуге мектеп толығынан дайын («Халық. мұғ.»).

ЖОСПАРЛЫЛЫҚ з а т. *Жоспар жасаушылық, болжаушылық, жобалылық.* Тікелей байланыс *ж о с п а р л ы л ы қ п е н* жүзеге асырылады (Ө.Шәденов, Бүгінгі.).

ЖОСПАРЛА= е т. **1.** *Істелетін істі жобалау, міндетке алу, жоспарын жасау.* Бүгінгі жиналыста ол межеден асып түсіп, әр сауын сиырдан 2300 килограмнан сүт саууды *ж о с п а р л а д ы* (Ақ бұлақ). Қылыми-зерттеу жұмыстарын *ж о с п а р л а ғ а н д а*, зерттеулердің көлемін анықтап, оларды нақтыландыру көзделді («Қазақст. мект.»). **2.** *Белгілеу, тұрту, межелеу, ескеру.* 1932 жылы С.Сейфуллиннің көптен *ж о с п а р л а п*, ойлап жүрген монографиялық еңбегі «Қазақ әдебиеті» оқулығы жарық көрді («Қазақст. мұғ.»). Жуырда білсек, тағы біраз адамды *ж о с п а р л а п* қойыпты (Қ.Исабеков, Өрде).

ЖОСПАРЛАМА з а т. с о в. *Құрылыстарда, үлкен кәсіпорындарда күнбе-күнгі жұмыс барысын қадағалап, бағыт-бағдарын белгілейтін, көбіне жұмыс басталар алдында болатын қысқа түрдегі мәжіліс.* «Прожекторшылардың» шағын бас қосуының соңында Талғат бұл мәселе жөнінде *ж о с п а р л а м а д а* мәлімдейтінін айтқан («Лен. жас»). Нағыз қызық ертеңінде сол *ж о с п а р л а м а д а* болды («Лен. жас»).

ЖОСПАРЛАН= е т. *Жоспарға алыну, жобалану.* 1931 жылғы қаулы бойынша, Қазақстанда 58 мектеп ашу *ж о с п а р л а н ғ а н* (Ш. Өтепов, Өшп. жалын). Егін орағы басталғанша мөлшерлі пішенді ферма түбіне тасып алу *ж о с п а р л а н ғ а н* (М.Дүзенов, Ақәже).

ЖОСПАРЛАНУ *Жоспарлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алдын ала *ж о с п а р л а н у.*

ЖОСПАРЛАС= е т. *Жоспар құрысу, өзара келісу.* Көрген соң Перекальский сөмкені ашып, Сөйлесті Кузнецовпен көңілі тасып. Штабта бұл хабарды Чапаевқа, Жеткізіп алды екеуі *ж о с п а р л а с ы п* (А.Нұртазин, Орман.).

ЖОСПАРЛАСУ *Жоспарлас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о с п а р л а с у* керек.

ЖОСПАРЛАТ= е т. *Жоспар құрғызу, жоспарға кіргізу.* Ал, *ж о с п а р л а т!* Ал, даярлат! Күрсілдет! Балталат (І.Жансүгіров, Шығ.). Осы тұстарды қарап отырып мен Назарбаевтың қашанда нақты жағдаймен саясаттың бүгін орындауға болатынды ғана орындататын, ертең орындалатынды *ж о с п а р л а т а т ы н*, ертең жоспарлап, бүрсүгіні орындауға болатынды мақсат етіп қоятын, жолы, жөні, жобасы келгенде солардың бәріне де қол жеткізген кемел басшы екендігіне әбден ден қойдым («Егемен Қазақстан»).

ЖОСПАРЛАТУ *Жоспарлат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о с п а р л а т у м е н* болды.

ЖОСПАРЛАУ *Жоспарла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алдын ала жобалау, белгілеу.* Колхозда еңбекақы төлеуді ұйымдастырудың басты принциптерінің бірі – шаруашылықты дұрыс *ж о с п а р л а у* (К.Шайбеков, Колхозда.). Рахима елеңдей жүріп, түстен кейін төртінші кластың шәкірттеріне төрт сағат бойына не оқытатынын байқап, *ж о с п а р л а у ғ а* кірісті (А.Байтанаев, Қансонар). **2.** э к о н. *Нақты нысанның (мемлекеттің, кәсіпорынның, ұжымның т.б.) экономикалық және әлеуметтік дамуының белгілі бір мерзімге арналған жоспарын, сондай-ақ оны жүзеге асыруға бағытталған нақтылы іс-шаралар кешенін талдап жасау.* Микроэкономикалық деңгейдегі *ж о с п а р л а у* өндірісшілік, фирмаішілік көрсеткіштерді қамтыса, макроэкономикалық деңгейдегі *ж о с п а р л а у* қоғамды басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыруының негізгі құралы болып табылады (ҚҰЭ).

Криминологиялық жоспарлау. з а ң. *Қылмыстылықты болжаудың негізінде жүргізілетін қылмыстылықпен күрестің мақсаттары мен міндеттері, оларды шешудің бағыттары, жолдары.*

ЖОСПАРЛАУШЫ з а т. с о в. *Жоспар жасаушы.* Мекеменің *ж о с п а р л а у ш ы с ы* Николай Синьков та қалысар емес («Лен. жас»).

ЖОСПАРЛЫ с ы н. *Жоспарланған, жобаланған, жоспары бар.* Сол Ащысай кенін *ж о с п а р л ы* түрде игеру, тек совет өкіметі тұсында ғана мықтап қолға алынған (Б.Тоқтаров, Қыран.). Биологиялық білім осы жұмыстарды, оның кейінгі салдарын ескере отырып, саналы, *ж о с п а р л ы* түрде жүргізуге мүмкіндік туғызады (Жалпы биология).

Жоспарлы көрсеткіш. э к о н. *Ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізгі бөліктерінің байланысы мен үйлесімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіштер жиынтығы; нарықтық экономика жағдайында ел экономикасы дамуының, жеке кәсіпорын, үйым, құрылымдық бөлімше жұмысының сандық және сапалық көрсеткіші. Жоспарлы к ө р с е т к і ш т е р* жиынтығы бекітілетін, есептік, сандық, сапалық, заттық, құндық көрсеткіштерге жіктеледі (ҚҰЭ). Бекітілетін *ж о с п а р л ы к ө р с е т к і ш т е р* шаруашылық жоспарының бүкіл көрсеткіштер жүйесінің негізін құрайды (ҚҰЭ).

Жоспарлы түрде. *Бейберекет, стихиялы түрде емес, жоспарланған күйде.* Өндіріс конкуренциясы мен анархия заңы күшінен айырылған және дамудың жоспарлы, пропорциялы заңы әрекет еткен социалистік қоғамда ұлттық табысты өндіру мен бөлу стихиялы түрде емес, *ж о с п а р л ы т ү р д е* жүзеге асырылады (Халық бақыты үшін).

Жоспарлы экономика. с о в. *КСРО-да және басқа да «социалистік» деп аталған елдерде қолданылған экономикалық жүйені ұйымдастыру тәсілі, материалдық қорлар мемлекет меншігі болып есептелген, барлық кәсіпорындардың экономикалық қызметін директивалық жоспарлау, басқару және бақылау арқылы бағытталып, үйлестіріліп отыру.* Алайда КСРО құрылғаннан бастап ыдырағанға дейінгі аралықтағы *ж о с п а р л ы э к о н о м и к а* саясаты, сайып келгенде, ел экономикасының жоспарлы түрде бірқалыпты ырғақпен дамуын қамтамасыз ете алмайтындығын көрсетті (ҚҰЭ). 1985 жылы жарияланған жаппай «қайта құру» науқаны *ж о с п а р л ы э к о н о м и к а н ы ң* шын мәнінде дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті.

Осы кезеңнен бастап КСРО ыдырағанға дейінгі аралықта *ж о с п а р л ы э к о н о м и к а н ы* сақтап қалу үшін оған нарықтық экономиканың кейбір нышандарын енгізу шаралары жүзеге асырылды (ҚҰЭ).

ЖОСПАРСЫЗ с ы н. *Жоспарланбаған, ретсіз, жобасыз, жүйесіз, қалай болса солай.* Ешбір *ж о с п а р с ы з,* қым-қиғаш, шым-шытырық, бір-біріне жалғастыра салынған ұшы-қиыры жоқ лашықтар кездесті (Ә.Шәріпов, Алыс.). Дөңестің жотасын қуа, уақытша салынған жер үйлер тым тығыз, *ж о с п а р с ы з* (F.Мұстафин, Қарағанды). Будда дінінің қара түнек ордасы болған, ламаизм мен феодализм жабайылықтың неше түрлі лаңын салған, жер кепе, шым үйлері *ж о с п а р с ы з* жамырап, иін тіресқен бұрынғы Урга енді жоқ («Соц. Қаз.»).

ЖОСПАРСЫЗДЫҚ з а т. *Жоспары жоқтық, жоспарланбағандық, жүйесіздік.* Өндіріс анархиясы деп жеке-жеке товар өндірушілердің арасында бытырап жатқан өндірістің *ж о с п а р с ы з д ы ғ ы н* айтамыз (Саяси экономия). Бүкіл қоғамдық өндірісте жекеменшіктілердің зорлық-зомбылығы, *ж о с п а р с ы з д ы қ,* шым-шытырық, былық үстемдік етеді (Экономия).

ЖОСТЫР= е т. *Жосыту, жосылту, жүйткіту.* Қалжан жылым машинасын айналдырып тұрған ала атын қамшымен *ж о с т ы р ы п* айдай бастады (З.Шүкіров, Отты өткелдер). Қоңы қалың қара атанмен теңіз суын тізесінен кешіп, *ж о с т ы р ы п* жүр (Р.Иманғалиев, Мың тарау). Еділ менен Жайықтан, Қалмақтың халқын бостырған, Ерегіскен дүшпанын, Алдына салып *ж о с т ы р ғ а н* (Көрұғлы).

ЖОСТЫРУ *Жостыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әдейі *ж о с т ы р у.*

ЖОСЫ= е т. **1.** *Шұбыру, сабылу, ағылу, жорту.* Ат тұяғы сүйрете басып өткен ақ жолда қара шұбарланып *ж о с ы ғ а н* із қалып жатыр (Х.Есенжанов, Тар кезең). Сарын жақындаған сайын жылқының дүбірі айқындала түсті. – О, ғажайып, желге қарсы *ж о с ы ғ а н* бұл не жылқы? (Ә.Әбішев, Найзағай). Көше-көшеде атты әскерлер *ж о с ы п* жүр. Салт аттыларды көргенде Төлегеннің зәресі ұшты (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). **2.** *Сұйық заттардың ағуы, құйылуы.* Тоқал жердегі темірмен Нұрышты нақ бастан ұрды. Қан ж о с ы п кетті, Нұрыш қалпақтай түсті (Б.Майлин, Шығ.). Қазақты ол тағы да осқылай берер ме еді, қайтер еді, егер, сырт жағынан өз басына да қатты бірдеме сарт ете қалмаса! Оның басынан да қара қан *ж о с и* жөнелді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әлімқұл екі көзден *ж о с ы п* жасы, Кісесі мойынында, қалт-құлт басы, Тұлданып, бір қуарып, бір қызарып, Кененің ішке сыймай мына арасы (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Қашу, босу, зыту, безу.* Қалың жылқы шұр етіп үркіп, қатты жел күнгі дүрілдеп жанған өрттей болып, Қалбағай жаққа қарай *ж о с ы п* жөнелді (М.Әуезов, Қараш.). Еліміз мұнан үркіп, кеткен *ж о с ы п,* Сіздерге кез келтірді Құдай қосып. Кеше түсте атып ем бір аққуды, Отырмын осы жерде соны тосып (Батырлар жыры). Елде үрей жоқ. Бір үйден бір үйге кіріп *ж о с ы п* жүр. Бәрінің аузында: «Кім атты? Кімнің аузынан естідің?» (Б.Тоғысбаев, Асыл адам). **4.** *Жорту, жүйткіту, жөңкіту.* Екі күн, екі түн тынбай *ж о с ы ғ а н* жорық әр жылда келіп, ұрық шашар өзеніне бұрылғанда таң жаңа ғана белдеулеп келе жатыр еді (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Астымдағы өрістен ұстап мінген колхоздың бәйгі қарагері. Ауық-ауық пысқырынып қойып *ж о с ы п* келеді (Тұлпар). Тап осы Талдысай тұсынан жүз машина ерсілі-қарсылы *ж о с и д ы* десе де болар («Қаз. әдеб.»). **5.** а у ы с. *Екпінден есу, зулау, зымырау.* Құр жалаң айқайлама желше *ж о с ы п,* Атыңды өктеме тек борбайға осып. Баппенен егіске айда, марғау болма, Айналып жем бер сылап, қант қосып (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Тау тулатқан толқын жыр, *Ж о с ы п* аққан жойқын жыр. Солқылдатты жер-көкті (Қ.Аманжолов, Шығ.). Бітпеген осы күйменен, Күңіреніп жатты үн қосып. Кестеленіп сыр терең, Даланы кезді күй *ж о с ы п* (С.Бегалин, Таңд. шығ.). **6.** а у ы с. *Орынсыз бөсу, мақтану.* Соны айтуым-ақ мұң екен, байғұсың бөсіп берді, Россияға бүкіл бір мемлекетті қаратып бердім деп *ж о с ы д ы* (С.Бегалин, Шоқан асу.). Әбілмәжін оны айтып, мұны айтып, әрі-бері *ж о с ы д ы* да, төрде тұрған кішкене столдың үстіндегі ақ шілтермен жабулы қара гармонның бетін ашты (М.Тоқжігітов, Ән атасы).

Жосып кетті [өтті]. *Осып түсті, тіліп түсті.* Айттым зорға мінбеймінді, Дір-дір еттім жаным шошып. Мә, мінбеймін! – Өшір үнді! Қамшы арқамды *к е т т і ж о с ы п* (Ә.Оңалбаев, Таң алды.). Алғаш үнсіз қалғанымен Кувченконың қамшысы жоннан *ж о с ы п ө т к е н д е* есін жиып, қасында жатқан қапқа сүйене тәлтіректей тұрды (М.Қуанышбаев, Кек қылышы).

Қойдай жосыды. *Қызыл қанға батты, қойша қырылды, жусады.* Кейде қылыш шабады, Қырылғаны қалмақтың *Қ о й д а й ж о с ы п* жатады (Батырлар жыры).

ЖОСЫҚ[1] з а т. **1.** *Түрлі ырым мен салт, әдет-ғұрып.* Күнтуар немересіне арналған ойын-тойды бұрын болып көрмеген *ж о с ы қ п е н* өткізеді екен дегенді естіпті (С.Омаров, Тастағы жазу). Мәселен, қазақтардың ескі ғұрпында болып келген отпен аластау, келін түскенде отқа май құю, жер ошақты аттамау *ж о с ы қ т а р ы* – осы отқа табыну салтының салдарлары (М.Ысқақов, Математика.). Ол ата-бабаның жол-жобасын, құқық, шариғат *ж о с ы қ т а-*

р ы н жатқа соғады (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2.** *Жөн, ыңғай, қисын.* Оның кім екенін сізге менің тәптіштеп жатқаным жөннен кетіп, *ж о с ы қ т а н* асқан ділмәрсу болар еді (А.Сүлейменов, Бесін). Әңгіме *ж о с ы ғ ы н* өзінше безбендеп отырған Асан қарт та бұл кезде орнынан қозғалақтап, тамағын бірер кенеп қойды (Бал дәурен). **3.** а у ы с. *Заң, ереже, тәртіп.* Мені жаңа көріп тұрсың ба, айтатын *ж о с ы ғ ы ң д ы* айта бер жұртқа, бірақ мына халық айтқаныңды ұғатын болсын! – деп, енді Нартайлаққа бұлк етіп қалды тағы да (А.Жүнісов, Өмір ізі). Жортуыл атына байланысты қозғалған кәрі уақиға күні кешегідей жаңа *ж о с ы қ п е н* көкірегінде сайрап жүре берді (С.Омаров, Тастағы жазу). **4.** а у ы с. *Қылық, мінез-құлық, әрекет.* Құнды, қыпшақ, сен тартасың. Бұзық *ж о с ы ғ ы ң а* сен жауапкерсің,– депті Бағаналы даугері (С.Бегалин, Шоқан асу.). Жұмабике Айшуақтың сұсынан сескене қойған жоқ. Бұдан бұрын әсте болып көрмеген еркін *ж о с ы қ п е н* шалды ажуалап тастады (С.Омаров, Қызыл арай). Жарасымды *ж о с ы ғ ы* Жалғастықты сезіне, Құп көріпті осыны Табиғаттың өзі де (С.Сейітов, Бетпе-бет).

Жөн жоқ, жосық жоқ. *Беталды, өзөзінен.* Сатым бетіне қараса *ж ө н ж о қ, ж о с ы қ ж о қ* езуі құлағына жеткенше ыржияды (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЖОСЫҚ[2] з а т. *Қырғын, қанды соғыс, қан майдан.* Бағаналы даугері дұрыс айтып отыр ғой. Жорықты кім бастаса, *ж о с ы қ қ а* сол жауапты ғой. Қыпшақ ұрысы бағаналыдан жылқы алмаса, жаппастың аңшысы кімнен жылқы айырады? (С.Бегалин, Бала Шоқан).

Қанды жосық. *Қиын-қыстау, қиямет қырғын.* Тарих керуені талай-талай тар жолдарға тарлан табанының тас тілген *қ а н д ы ж о с ы қ* іздерін қалдырды (Д.Әбілев, Арман.). Мына беттің жыртығы, мына желкенің тыртығы өмірдің өзі салған қара шеңгелінің *қ а н д ы ж о с ы қ* у аралас ізі емес пе? (С.Бақбергенов, Қайран шешем).

Қызыл жосық. п о э т. *Қылпырған, тұрленген, қырмызы.* Міне, мынау жатқан, ор түлкінің *қ ы з ы л ж о с ы қ* жонындай боп көсіліп жатқан кәрі тау. Осы дауысты естіп, осы мұңды тыңдаған, бәрін көзімен көрген, басынан кешкен (С.Бақбергенов, Кентау).

ЖОСЫҚ-ЖОРАЛҒЫ з а т. *Тәртіп, ереже, қағида.* Бүлдіргі-қамшының сабына тағылатын екі сүйем қайыс. Бүлінгеннен бүлдірге алма деген әз Тәукенің *ж о с ы қ-ж о р а л ғ ы с ы* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖОСЫҚСЫЗ с ы н. *Орынсыз, жөнсіз, қисынсыз.* Егер бұл сөздердің бәрі мұнша *ж о с ы қ с ы з* тәржіма қылыну себебі орысшасын өзгертпеу үшін шығар деп ойлауға, мынадай мағынасы алыс хата тәржіма етілген жерлері көп ұшырайды (М.Дулатов, Шығ.). Оның үстіне ол өмірді біздің жазушылардың қай-қайсысынан да кем біледі, адамдарды да білместен *ж о с ы қ с ы з* суреттейтіні соншалық, қарап тұрып кісінің намысына тиеді (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Сонда не деп қарманды? – дедім мен. Мейлінше *ж о с ы қ с ы з* сұрақ қойғанымды өзім де байқап ем, ол бірақ, обалы не керек, ұялтқан жоқ (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖОСЫҚСЫЗДЫҚ з а т. *Жөнсіздік, ретсіздік, қисынсыздық, келіссіздік.*– Айтжан біртүрлі түсініксіз болып кетті. Оның не ойлап жүргенін білмеймін. *Ж о с ы қ с ы з д ы қ т а р ы* көп-ақ, жұрттан бетім қызады (Ж.Молдағалиев, Жүрек.). Көңіліңе келмесін. Мақан, сенің қылығыңды Меңдешбаевтың *ж о с ы қ с ы з д ы ғ ы н а* теңемей-ақ қояйын («Лен. жас»).

ЖОСЫЛ= е т. *Зулау, ағыл-тегіл болу, зымырау.* Өткір тістер жұлқып-жұлқып тартқанда көк шолақтың қаны *ж о с ы л ы п* ағып, ішінен бұрқырап бу да шықты (М.Әуезов, Қараш.). Ең ұзақ аялдап, бір-біріне *ж о с ы л ы п* келіп қосылған судың ақ көбік иіріміне телміріп, мелшиемін-ай (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖОСЫЛТ= е т. *Жүйткіту, ағылту.* Жолшыбай шидің, қарағанның, томардың түбінен үйректің жұмыртқасын тауып алысып, бозбалалар қаншыр қуысып, көк шалғынды *ж о с ы л т ы п*, өңшең саусылдаған, дулаған жастар көштен бұрын келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Қанын жосылтты. *Қанын судай ағызды.* Не керек, солай хан Жүсіп Залымның *қ а н ы н ж о с ы л т ы п,* Сорлының сорын ашқандай, Мырза, молда, бай бәсең, Бәрі жуас, бәрі әсем, Аяқты байқап басқандай Кезептерді қылды жым (М.Жұмабаев, Шығ.). Қолына алды болатты, Қылышын қанға боята, Найзасын тасқа қайрата, Жауының *қ а н ы н ж о с ы л т ы п,* Тасқын судай бората (Жамбыл, Шығ.).

ЖОСЫЛТУ *Жосылт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүйткіту, ағызу.* Аз күшпен-ақ телегей-теңіз мол суды кең жазираға еркін *ж о с ы л т у ғ а* болады («Лен. жас»). **2.** қ о л ө н е р. Үй *жиһаздарының, сәндеген бұйымдардың бетіне қатар сызықтардан өрнек салу, сыру. Ж о с ы л т у* – қатар-қатар сыру, қатар сызықтардан өрнек салу (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖОСЫЛУ *Жосыл етістігінің қимыл атауы.* Тау өзені құлама, бұрқырама Бұлшық еті бой бермей бұлқына ма? Ала қашып асаудай, ақ көбік тер *Ж о с ы л у ғ а* жазықта жұлқына ма? (Т.Нұрмұхамедов, Күн.).

Арқасының жосылуы. *Арқасына қамшы тиілу, өспелуі.* Құшақ жайған жардың кімдекім жолын кессе, өлеңімді, әнімді қамшы ғып

өріп, *а р қ а с ы н ы ң ж о с ы л у ы н* тіледім (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

ЖОСЫЛЫС= е т. *Қатарласу, жарысу, жүйткітісу.* Қылыштасқан жалын мен тілімденген көк түтін жұлым-жұлым боп безектеп *ж о с ы л ы с а д ы* (К.Оразалин, Абай.).

ЖОСЫЛЫСУ *Жосылыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қатар *ж о с ы л ы с у ы.*

ЖОСЫМАЛЫ с ы н. *Көшпелі, жосып жүретін.* Мыңдаған жылға созылған көшпелі тұрмыста *ж о с ы м а л ы* әскери өмір талабы мен тәжірибесі де бұл тағамдарды ұзақ уақыт сақтай білудің амалдарын үйреткен («Мәдениет және тұрмыс»).

ЖОСЫН[1] з а т. *Жосыған топ, лек.* Жанталасқан жастар *ж о с ы н ы* тыным тауып, ешкім сені қағып та кетпейді, бұралқы бейпіл сөздер де естімейміз (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). // *Жосыған, босыған.* Әсіресе, Бетпақ шөлдің жерімен, өсімдігімен танысу, отын оттап, суын ішіп Шуға барып қыстайтын бір *ж о с ы н* қалың елдің тұрмыс-күйлерімен танысу – бір қызықты нәрсе болды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖОСЫН[2] з а т. с ө й л. ≈ *Ж о с ы н* алу.

Қан жосын болды. с ө й л. ***Қан-жоса болды.*** Ақтұяқ екеуі *қ а н ж о с ы н б о п* жатса, болысудың орнына өз құлқынын ойлаған қазақтар: Астындағы атыңа сенбе! – деп тегін айтпаған-ау десіп жатыр (З.Шашкин, Өмір.).

Қызыл жосын бүлік шығарды. *Дау, жанжал туғызды, шатақ шығарды.* Қарғыбауға берген бір өгіздің құнына бола осынша *қ ы з ы л ж о с ы н б ү л і к ш ы ғ а р ы п* отырған менің балам оңбайды! – деп Көкшағыр турасына көшіп, өз жөнін айқын да бекем білдіріп салды (Д.Әбілев, Арман.).

ЖОСЫН[3] з а т. ж е р г. *Әдет-ғұрып, салт, жосық.* Бұрыннан келе жатқан *ж о с ы н д ы* білмейді екенсің (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОСЫН[4] ү с т. *Бөтенше, ерекше, өзгеше; ерсі, тосын.* Бұл өз алдына бір *ж о с ы н* дүние. Мені толқытып жүрген ауданның экономикасы, шаруашылығы (З.Шашкин, Сезім). – Ну, не шаруамен келдің мужик, – деді. Апырмай даусы да бір *ж о с ы н* (С.Жүнісов, Жапанда.). Аюдың терісімен жапқан қосын, Киінген киімі де елден *ж о с ы н.* Түсінбес шалдың сүйген тіршілігін Бұрын сырын білмеген, келген тосын (Ш.Әбенов, Кейпін.). Тірімін, аманбысың, Қайып досым, Тым ерсі асқақтапсың сөзің *ж о с ы н.* Мақсатың мінімді айтып жеңбек шығар, Бірақ та бапты тимес өзіңе осың (Айтыс).

ЖОСЫНДАЙ с ы н. *Жосын сияқты, жосын тәрізді.* Бірінен соң кетті бірі осылай, Көл жағасы толды қанға *ж о с ы н д а й.* Жұтынды хан көздеріне қан толып, Аш қасқырдай еш нәрседен тосылмай (Қ.Көпішев, Ақмарал.).

ЖОСЫТ= е т. **1.** *Жөңкілу.* Есік алдынан жаңа ғана *ж о с ы т ы п* өткен жау танкісі шұғыл бұрыла сап, бұларға қайта салған екен (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн). **2.** *Екпіндетіп шабу, ағызу, жүйткіту.* Олар *ж о с ы т ы п* шапқылап, тау асып кетті (М.Әуезов, Шығ.). Қуғыншылар әлгі полицайлар бұрылған қалың қарағайға қарай *ж о с ы т ы п* келеді (Ә.Шәріпов, Партизан). Пай-пай, қалай *ж о с ы т а д ы.* Мынау менің. Сейтжанымау. Пәлі! – деп, масаттана үйіне қайтатын Нүрекең («Лен. жас»). **3.** а у ы с. *Жамсатып қырып салу, жусату.* Тек екі-үш-ақ солдат мылтық атуға жарады, леп-лезде *ж о с ы т т ы* да салды (І.Есенберлин, Қаһар). Жалпақ шабындыны *ж о с ы т ы п* салған балалар өздерінің бүгінгі қимылдарына сүйсінгендей, аса көңілді еді (С.Бегалин, Таңд. әңгім.). **4.** а у ы с. *Ұрып-соғу, таяқтау, қамшылау, сабау.* Можан сыздап, атының сауырын аямай бір *ж о с ы т ы п* алды да, екі иығы елбе-селбе боп, ауылына қарай шаба жөнелді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Айтқаныңды ұқпаса, шыбық пен шапалақ бар, *ж о с ы т ы п* жібермейміз бе? (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

ЖОТА з а т. **1.** *Биіктігі әртүрлі келген (үлкен, кіші, аласа) қыр, қырқа, қырат.* Құлағы әжесінде, екі көзі сонау алыс көк тау, қатпарлы қалың Шыңғыс *ж о т а с ы н* қыдырады (М.Әуезов, Таңд.). Ол белгілі Қоңырат *ж о т а л а р ы* ғой. Сол жоталарды отызыншы жылдары көргеніңіз бар ма еді? (Ғ.Сланов, Замана). Үшқоңыр *ж о т а с ы н а* шығар машина әлі жасалып шықпаған көрінеді, – деп Айдарқан қарқылдай күлді (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** а у ы с. *Жан-жануарлардың, адамның арқасы, жоны.* Бәрінің де белуарға дейін шешініп тастаған *ж о т а л а р ы н* күн қақтап қызарып кеткен, өздері шат көңілді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті, Қабырғалы, *ж о т а с ы* болса күшті. Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы, Тояттаған бүркіттей салқы төсті (Абай, Тол. жин.). Белбеуімен *ж о т а м а* екі осқанда, ойбай-ай, бүйтіп өмір сүргенше, суға ағып өлейін деп, өзенге қарай тұра жүгірдім (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Жауған қарды елең қылмай қойлар жайылып жүр. *Ж о т а л а р ы* аппақ, бір еліден қар түрған (Т.Ахтанов, Боран). **3.** а у ы с. *Бел, белес, асу.* Қуабай жасы әлдеқашан жетпістің *ж о т а с ы н а н* асқан, әңгімешіл, шешен қарт екен (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Өзің өткен *ж о т а л а р* тұр есіңде, Алда қандай сапар бар білесің бе? («Қаз. әдеб.»)

Жотадан басты. *Талғады, таңдады, сұрыптады.* Күндердің бір күнінде тәуір деген бір топ өлеңімді *ж о т а д а н б а с ы п* жүріп, таңдап

алдым да, тәуекел деп, Алматыға «Пионер» журналына айдадым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

Жотасын көрсетті. *Куш көрсетті, мықтылығын білдірді.* Жабайдың қасындағы қағушы аңшы жолдасы Бибала болатын. Абай тобы ұзай бергенде, сол: – Мынау тіпті мақтанып, *жотасын көрсетіп* кетті-ау! – деп қалды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Сол Бақтығұлға «былтырғы істі тағы да сағынған екенсің» деп содыр жуандықтың *жотасын көрсетті* (М.Әуезов, Қараш.).

Жотасын көрсету. *Қыр көрсету, мықтылығын білдіру.* – Спесікті қайтесің? Өзің кімге қарсысың, спесікке ме, ұлыққа ма? – Ұлыққа да, саған да қарсымыз, ал? Ұлық деп *жотасын көрсетуін*, ең алдымен ұлығыңмен боламыз, бер спесікті (М.Әуезов, Шығ.).

Омыртқа жота. б и о л. *33 омыртқадан құралған, қуысында жұлын болатын, адам мен мал денесінің арқа бетінің қалың қабаты. Омыртқа жотасы* 33 омыртқадан құралады: 7 мойын омыртқа, 12 арқа омыртқа, 5 бел омыртқа, 5 жая омыртқа және құйымшақ омыртқасы болады (Адам анатом.). Арқаның негізі – *омыртқа жотасы* (А.Еламанов, Қой шаруаш.). Жалпы маңызы бар бейімділікке *омыртқа жотасының* дамуы да жатады. *Омыртқа жотасы* дененің осьтік тірегі болғандықтан жүзуге, жорғалауға, өрмелеуге, ұшуға, жүгіруге, т.б. байланысты әртүрлі қимыл жасауға мүмкіндік туғызды (Жалпы биология).

ЖОТА-ЖОЛАҢ з а т. с ө й л. *Қыр-қырат, бел-белес.* Әрі-беріден соң Жылықұм, Алмалы, Жалаңашкөл *жота-жолаңдары* көріне бастады (Б.Тоқтаров, Қыран.).

ЖОТА-ЖОН з а т. *Арқа-жон, ту сырт.* Көп адам иығынан келмейді оның Оқжетпес шыңы-ау дерсің *жота-жонын.* Еменнің түбіріндей жұдырығы Қос атан жаза алмайды екі қолын (Ғ.Малдыбаев, Желдірме). Дауыл екпініне *жота-жонын* беріп, бағанаға жабыса жылжып сымның үзілген тұсына да жетті-ау (Бал дәурен). Оны жұрт – Тентек деп атаушы еді. Бұл күнде Тентек шал атандырыпты. Енді іргеден ескен қоңыр салқынға *жота-жонын* төсеп қойып, тізерлеп жер таянып отырғаны мынау (С.Нарымбетов, Тентек).

ЖОТА-ЖОТА с ы н. *Қырат-қырат, төбе-төбе, жал-жал.* Енді қалың сексеуіл басқан *жота-жота,* ойдым-ойдым қалың құм теңізге кірдік (С.Сейфуллин, Тар жол.). Барақ маңы *жота-жота* көмір күлдері, жел үп етсе қара боран тұрады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

ЖОТАЛА= е т. **1.** *Жота қып қырлап ұю, биіктеу.* Бір үлкен, биік қара атан жатыр. Беліне шом салып, екі өркешінің арасын *жоталап* биіктепті де, соның үстінен бастыра бір ашамайды орнатып, мықтап шандып, таңып тастапты (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Шыққан көмірді екі жұмысшы тәшкемен тасып, *жоталай* үйіп жатыр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). **2.** *Жота үстімен, қыратпен жүру.* – Иә, сәт, қанды басың,– деп Шыңғыс атын тебініп жіберіп қырқаны *жоталай* жүгірте жөнелді (С.Бегалин, Бала Шоқан). Бұлар осы адыр ішіне қиялап, кейде *жоталап,* кейде бөктерлеп, бірде өрлеп, бірде құлап отырып қалыңдай батып кірген еді (М.Әуезов, Өскен өркен). Құп дегеннен басқа сөз болсын ба, Қасым қасына жалғыз ғана серік ертіп, Карпатты *жоталап* тартып кетті (Ғ.Сланов, Замана.).

ЖОТАЛАН= е т. **1.** *Жота болу; жондану, жалданып дөңкию.* Сол жоңға шығып тұрып төңірегіне көз тастасаң, күңгей жағында көгілдір түспен *жоталанған* Байдәулеттің аласа тауынан басқа қарашық тігерлік биігі жоқ, шетсіз-шексіз кең дала (С.Мұқанов, Есею жыл.). Салпық өзінің ұсақ төбелерімен жалғасып, *жоталанып,* терістік шығысқа қарай созылып кетеді (Н.Ғабдуллин, Өмір.). **2.** а у ы с. *Нығайып ұлғаю, белдену, қуаттану.* Әрбір жаңа көріністе қимыл-әрекет молайып, тартыс *жоталана* түседі, персонаждар мінезі дараланады (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Ал мынадай жиналыс мінбесіне көтерілгенде, бар кескін-қиябаты өзгеріп сала беретіні ғажап. Өзі де біртүрлі *жоталанып,* үні де айбаттанып кететін тәрізді (С.Байжанов, Шопан).

ЖОТАЛАНДЫР= е т. *Биіктету.* Онсыз да биік арнаны тіпті *жоталандырып* жіберген (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖОТАЛАНДЫРУ *Жоталандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жоталандыруын* көрдің ба?

ЖОТАЛАНУ 1. *Жоталан етістігінің қимыл атауы; жота болу, жондану, жалдану, дөңкию.* Енді манағы бір терең құз *жоталанға* барып, шоқтығын аспанға көтереді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Лезде *жоталанып,* үйіліп қалып жатқан қар қарамына көңілдері тоймай, күректерін үсті-үстіне сілтеп жүр (Р.Райымқұлов, Жасыл). Биік қыр мұрыны *жоталанып* кеп, жұқалаң ерінге тақалып тіреліпті (С.Сматаев, Ақ желең). **2.** а у ы с. *Нығайып ұлғаю, белдену.* Қимыл, әрекет *жоталанға* түседі (А.Нұрғалиев, Ақ нөсер). Өзі де *жоталанып,* үні де айбаттанып кетеді (С.Байжанов, Құрыш).

ЖОТАЛАТ= е т. **1.** *Жотамен, жонмен жүру, қырқалату.* Қашанғы қалжыраймын, ойлап өтем, Қашамын, қайырылмаймын, қойға кетем. Аламын да таяғын Шопан Атам, Ақ қойларымды

өргізем, *ж о т а л а т а м* (М.Мақатаев, Мавр). Бота бақтым, *Ж о т а л а т т ы м,* Гүл бердім, Тұз жалаттым (Ө.Тұрманжанов, Бозша.). **2.** а у ы с. *Арқадан ала соғу, жондату.* Бұл сөз маған алты өрме қамшымен *ж о т а л а т а* тартып жібергендей әсер етті (Б.Соқпақбаев, Менің атым.).

ЖОТАЛАТУ *Жоталат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о т а л а н у ы н* қоймады.

ЖОТАЛАУ *Жотала етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж о т а л а у м е н* болды.

ЖОТАЛЫ с ы н. **1.** *Жонды, жалды, қырлы, белді.* Балқашты бауырына алған Тарбағатай, *Ж о т а л ы,* жер кіндігі – Памир, Алтай, Қазықұрт қасиетті тау болмаса, Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай? (М.Жұмабаев, Шығ.). Ойы-қыры ойысқан, Тоғай нулы толы мал. Ойдан қырға тоғысқан, *ж о т а л ы* тау жоны бар (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Құйқалы да қыртысты Көкше, *Ж о т а л ы* Қаратау мен қамысы сыңсыған Шудың арасында құты қашпас қазына (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). **2.** а у ы с. *Жауырынды, иықты, денелі, жонды; жотасы үлкен.* Әбіш *ж о т а л ы,* қызыл шүйделі сарала қылыш асынған полицейскийді қасына шақырып алды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Балуан Шолақ төртпақ, тым *ж о т а л ы* екен (С.Шаймерденов, Жыл құсы.). Шойын кеуделі, аю *ж о т а л ы,* сом саусақты, қара кісі – Игілік би паң да, тәкаппар да емес (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **3.** а у ы с. *Дөңкиген, биік келген.* Саурық *ж о т а л ы* қалың мұртын бір сипап қойып, мұрнының астынан жымың етті (С.Омаров, Өмір.). Әдемі *ж о т а л ы* мұрны да бір жағына таман қисайып біткен (С.Бегалин, Ана.). Шырпы сәулесі жарқ еткен-де мен оның кесектеу қырлы мұрыны мен *ж о т а л ы* қабақ үстіндегі қастарын ғана көріп үлгірдім (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **4.** а у ы с. *Күшті, мықты, зор, мығым.* Ақ қасқыр кейін серпілді. Қалыңды тасалап, *ж о т а л ы* жауға назар салды (С.Елубаев, Ойсыл қара). Ал анау жолдас торы, сұлу жирен, ақшыл шабдар, күрең айғырлар да осы *ж о т а л ы* қасқаның тұқымы ма? (Айманқұл, Ана сыры).

ЖОТАЛЫЛЫҚ з а т. *Мықтылық, зорлылық, әулеттілік.* «Сен қорықпа, жаман ителгі қиын қылса мал сілекейін алар» деп *ж о т а л ы л ы ғ ы н а* сүйеніп, алты арыстың салтын бұзып басым істепті (Б.Құсбегин, Зұқа батыр).

ЖОТАСЫЗ с ы н. *Қыр-қырқасыз, адырсыз, жонсыз, жотасы жоқ.* Бұлдыр сағым мен аңызақ желге мекен болған, адырсыз, *ж о т а с ы з* байтақ дала – Арал-Каспий ойпатының көп жері біздің Қазақстанда («Әдеб. және искусство»).

ЖОТАШЫҚ з а т. *Кішірек келген қырқа, жота.* Мынау мен келе жатқан жалғыз аяқ сүрлеумен тура жүре-жүре бозталдың өкпе тұсынан қиып өтіп, қалың ши өскен *ж о т а ш ы қ т а н* асып түссең болды (О.Бөкеев, Үркер).

ЖОШ: жош ұрды. к ө н е. *Өрекпіді, қызуланды.* Бақ пен дәулет тең келсе, Адамның толар кемелі. Кімдерге бұғау салмаған Дүниенің асау белеңі? Біреу үйде отырып, от басында *ж о ш ұ р ы п* (Майлықожа, Нақыл).

ЖОШЫ= е т. к ө н е. ***Жосы*** *(көңілдің шаттанып көтерілуі, асып-тасуы).* Көңіл *ж о ш ы п* сайраса, Сөз сыймайды керленіп (Базар жырау, Жыр.).

ЖОШЫН з а т. ж е р г. *Жосық* (*керемет, сұмдық).* Өрістегі малды сұраусыз алмас болар еді, мынау қай *ж о ш ы н ы ң ы з* (Н.Ахметбеков, Амангелді). Осы, ана Ысқақ бір *ж о ш ы н*! Біртүрлі пысық та, сергек неме! – деді (М.Әуезов, Абай жолы). Бұлардағы «*ж о ш ы н*», «қырымпоздану» сөздері норматив сөздіктерде жоқ («Қаз. әдеб.»).

ЖОЮ *Жой етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құрту, өлтіру, жоқ қылу.* Ал құртудың екі жолы бар: бірі – Моғолстанды шабу, екіншісі – Жәнібек пен Керейді көп кешіктірмей *ж о ю* (І.Есенберлин, Алмас.). **2.** *Болдырмау, жол бермеу.* Бұл жылдары елде сауатсыздықты *ж о ю,* балаларды мектепке тарту жұмысы қызу қолға алынды («Халық мұғ.»).

ЖОЯ з а т. ж е р г. **1.** *Қауын, қарбыз т.б. егетін жер.* Дақыл егінді атызға, күллі овощты *ж о я ғ а* егеміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Мақта қатарларының арасындағы кішкене өзекшелер, жүйек.* Түрікменше – *ж о я* – жүйек, атыз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖОЯН с ы н. ж е р г. *Жойқын, теңдесі жоқ; үлкен.* Гитлер фашизмінің қанды туы тігілген Рейхстагтің талқандалуына дейінгі аралықтағы жойқын жорық, *ж о я н* ерліктер, ал бейбіт еңбек саласында – алғашқы коммунистік сенбіліктерден басталып, бүгінгі құрылыстарға дейінгі қаһармандық істер – тек қана совет адамдарының қолынан келер кереметтер (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Жуасыды *ж о я н* күш, Ноянды шегі таусылып, Ұят-ақ болды бұл жұмыс, Ынтымаққа жаушылық (Алпыс).

ЖӨБІШЕНДІ с ы н. с ө й л. ***Жөпшенді.*** Денесінің ірілігінің өзі-ақ *ж ө б і ш е н д і* адамды қорқытқандай (К.Қазыбаев, Ызғар.). Жалқұйрығы төгілген жасамыс жануардың биіктігі атан түйедей, *ж ө б і ш е н д і* қораға сыймайды (З.Ақышев, Ақбел.). Қанша айтқанмен арқардың қаны бар емес пе, бұл тұқым *ж ө б і ш е н д і* қысыңызға мойымайды (К.Қазыбаев, Дәуір.).

ЖӨГІ з а т. **1.** *Ауыр жүкке жарамсыз, көктемде адамды қуып ығыр қылатын, нар бураның айлакер нашар мінездісі.* Менің бір *ж ө г і* түйем болды. Кейде мініп бір жаққа

барайын десем, шөккен орнынан қозғалмайтын (Ә.Жақыпов, Түйе.). **2.** а у ы с. *Айлакер, қу, сұм; арам адам.* Ошақбайды қолтықтап көліктен түсірді. Бір түрлі *ж ө г і* болып, мүләйімсіп қалған (Д.Досжанов, Жібек.). Қара дәу, аңқау аю күжілдеген Өзінше бір бейнеткер көз ілмеген. Жуанға жылмаңдаған *ж ө г і* түлкі Мәлім ол, кәрі суайт безілдеген (Ә.Ахметов, Жеруйық.). *Ж ө г і* адам бір нәрсені біліп, сезіп тұрса да айтпайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӨГІЛЕН= е т. *Қулану, айлакерлену, сұмдану, залымдану.* Сәлиманың Орыншамен оңыспай тұрғанын сезген ол *ж ө г і л е н е* сөйледі (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

ЖӨГІЛІК з а т. *Айлакерлік, қулық, арамдық, залымдық.* Жо-жо-қ, ондай *ж ө г і л і к к е* жүрегім шаппайды (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк).

ЖӨДЕМЕЛЕТ= е т. *Тездету, жылдамдату, жеделдету.* Тамада Қалақай екен. Алдыңғы алты-жеті тост бірінің үстіне бірі *ж ө д е м е л е т і п* кетті (З.Шүкіров, Ізгілік).

ЖӨДЕҢ з а т. *Жөкең, көкең, ағаң.* Мына *ж ө д е ң* жөндеген, Ол бір қызық оқиға (Батырлар жыры).

ЖӨДЕМЕЛЕТУ *Жөдемелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *ж ө д е м е л е т у.*

ЖӨЙТ з а т. с ө й л. ***Жойыт***. Шықпаймын кәтелешкеден. Тый ана Ебейсін секілді *ж ө й т т е р і ң д і* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Тый ана Ебейсін секілді *ж ө й т т е р і ң д і* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖӨЙТТІК з а т. с ө й л. ***Жойыттық***. О, атыңнан айналып кетейін тірәктірім *ж ө й т т і г і н* көрсетті ғой сонда. Жерді бауырдай тілгілеп, қолмен қойғандай қаттап салғаны бар емес пе (К.Қазыбаев, Дәуір.).

ЖӨКЕ[1] з а т. **1.** ө с. <лат. tilia> *Жапырағының жиектері тіс-тіс келген, хош иісті, бал шырынды гүлі бар, майда жапырақты ағаш. Ж ө к е н і ң* Қазақстанның барлық жерінде өсетін бір ғана туысы, оның бір түрі: өзекті жөке бар. Биіктігі 28 метрдей (ҚҰЭ). Олардың бәріне де – пешкаларға, корольдерге, офицерлерге *ж ө к е* ағаштың қабығынан тоқылған біркелкі шабата киізіліп, белуарына дейін түсіп тұратын сақал жапсырылған (Естімеген елде көп). Еменге жақсы серік болатын ағаш тұқымдастарына жататындар майда жапырақты *ж ө к е,* татар үйеңкісі, Усоурия алмұрты және орман алма ағашы (М.Ерлепесов, Суармалы егін.). **2.** *Осы ағаштың қабығынан жасалған бұйымдар.* Жанымда жатқан *ж ө к е* қаптары бумаға жантая отырсам, машинаның ырғағымен қалғып кетіппін де, келе-келе үлкен үйқыға басыппын (Ж.Жұмаханов, Екі жол.). Ақжонас та ер еді, Артындағы *ж ө к е* арқан, Қолындағы кездігі Жалғыз тал қылдай көрмеді (Батырлар жыры).

ЖӨКЕ[2] з а т. э к с п р. *Көке, аға.* Ал жүгірмектер *ж ө к е л е р і ң н і ң* қандай екенін көрдіңдер ғой (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЖӨКЕАҒАШ з а т. б о т. <лат. tiliaceae> *Ағаш, бұта немесе шөптесін өсімдіктер тұқымдасы. Ж ө к е а ғ а ш т ы ң* дүниежүзіне тараған 500 түрінің Қазақстанда бір ғана түрі кездеседі. Гүлдері қос жынысты, гүлшоғырына топтасқан (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж ө к е а ғ а ш т ы ң* жемісі – көптұқымды қорапша дәрілік, балдық, әсемдік өсімдік (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖӨКЕЙ с ы н. к ө н е. *Арбаушы, жәдігөй, айлакер, сиқыр.* Кез қылды тұзағыма төңірім айдап, Мен едім осы елдегі қанды қақпан. Арбаушы *ж ө к е й* жылан секілденіп, Ежелден сендей құды деммен тартқан (Бозінген).

ЖӨКІТ= е т. ж е р г. *Әбігер ету, мазалау.* Кінәсіз екендігіме көзі жетіп, қайтадан алуға келісімін берді. Дирекцияға жолдаған нұсқауы мінеки, енді мені *ж ө к і т п е ң і з* (Ш.Хұсайынов, Таныс адам).

ЖӨКІТУ *Жөкіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Беймезгіл *ж ө к і т у.*

ЖӨЛЕК з а т. *Жан-жануарлардың қаны, өсімдіктің сөлін соратын таскене.*

Жөлек кене. б и о л. <лат. ixodes persulcatus> *Кенелер отрядының иксодалық кенелер тұқымдасының бір түрі. Ж ө л е к к е н е* – энцефалит, бруцеллез, туляремия, пироплазмоз, қайталама сүзек ауруларын таратушылар (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж ө л е к к е н е* дернәсілдері ұсақ омыртқалы жануарлардың (кесірткелердің, құстардың, сүтқоректілердің), ал нимфалары – қояндардың, тиіндердің, тышқандардың, ересек түрлері адамның, ірі қараның қанын сорады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖӨЛЕ= е т. ж е р г. *Тежеу, сүйемелдеу.* Құнанның басын *ж ө л е п* жүрсең, ол тез бас алады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӨЛКЕ з а т. б о т. *Жапырақтың нәр алатын өзегі, тарамы.* Ауруға ұшыраған картоптың жапырақтары мен сабақтары осал болады. Жапырақтардың *ж ө л к е л е р і н д е* және *ж ө л к е л е р* аралықтарында қара нүктелер және дақтар пайда болады (Б.Шағыров, Картоп). Жапырақтың ортасындағы *ж ө л к е с і* сарғыштау болады. Олар сау өсімдіктердің жапырағына қарағанда 2–3 есе жіңішке келеді (Ж.Жиенбаев, Жүгері.).

ЖӨЛКЕЛІ с ы н. б о т. *Жөлкесі бар, тарамды.* Масақшалардың ұзындығы 3–5 мм, 3–10 гүлді, жалаңаш масақшасының қабыршақ қауызы 7–9 *ж ө л к е л і,* шеті үлпекті (С.Әбдірайымов, Шөл. жайылым.).

ЖӨЛІК з а т. с ө й л. *Айлакер, қу. Ж ө л і к т е р і* қарусыз жүрмейтіні бар (Ж.Молдағалиев, Тыңдағылар).

ЖӨЛІКТЕУ с ы н. с ө й л. *Айлалы, қулау.* Қаланың *ж ө л і к т е у* ысқаяқ саудагерлері мен қырдың базаршылары сыбырласып жататын шатырлы жәрмеңкенің орнын таппады (Қ.Ысқақов, Қараорман).

ЖӨМДЕ= е т. ж е р г. *Тезге түсіру, жұмарлау; көндіру.* Тұрмыс тезі, өмір талқысы иілгіш мойынды ғана емес, қайсар кеудені де басам десе, жаншам десе *ж ө м д е п* тастайтыны бар (С.Бақбергенов, Кентау).

ЖӨМДЕУ *Жөмде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзінше *ж ө м д е у.*

ЖӨН з а т. **1.** *Жүйе, ыңғай, рет.* Басын қатырып жүргенде, *ж ө н* білетін татарға кездесіп, еліне жету үміті туа қалды Есқараға (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Еңбек қылып, мал табудың да *ж ө н і н* солар біледі, салтанат, әсем де соларда (Абай, Тол. жин.). **2.** *Дұрыс бағыт, таза жол.* Ақы берген, айтса көнген Тыныштық іздер елде жоқ. Аққа тартқан, *Ж ө н г е* қайтқан, Ақыл айтқан бенде жоқ (Абай, Тол. жин.). *// Орынды, ыңғайлы.* Адасқанның алды *ж ө н,* арты соқпақ, Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ (Абай, Тол. жин.). **3.** *Мән, сыр.* Есітсем үнін, Білсем деп *ж ө н і н,* Көп іздедім қаңғырып (Абай, Тол. жин.). Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, ғылым сол үшеуінің *ж ө н і н* білмек (Абай, Тол. жин.). **2.** *Жай, әншейін. Ж ө н* жерге қыз бермейді Балта бабаң, Грубиян – әлің үшін бір тамам, Шаңменен, Сәметпенен құда болған, Япыр-ау, Құлжекеңмен біз-ақ жаман (Айтыс). **4.** *Орын, жағдай, рет.* Алшынбай кірісіп аяқтап көрем деген соң, Майырдың да өктей қоятын *ж ө н і* жоқ (М. Әуезов, Таңд. шығ.). – Е, алса несі бар? Бәйгіні Ысқақ емес мен алатын *ж ө н і м* бар емес пе?– деді Ыдырыс жалтаңдап (С.Сейфуллин, Шығ.). Жеңгейге сәлем айтыңыз! Шашу апарып, құттықтайтын *ж ө н і м і з* де бар еді, қол тиіп бара алмай жүрмін (Ж.Аймауытов, Шығ.). *// Дұрыс, ақиқат, әділ.* Жалбарынып күн көріп, жақынын сатып, *ж ө н* көріп, Қалтаң-құлтаң амалдар (Абай, Тол. жин.). Бөжей өз ішінен: «Шариғат та *ж ө н г е,* шынға қарайтын шығар, ақай жоқ, ноқай жоқ, көрінгенге бұйда бере бермес» (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ал енді Ысмағұл мырза өзінің ойындары мақсатын қалың мұсылманға қалай түсіндірмек, көңіліндегі мүддесін қалай естіртпек? Оларды қалай *ж ө н г е* көндірмек? (М.Дулатов, Шығ.). Менің білуімше, анау «соғыс тоқталсын» дегендікі *ж ө н* ғой деймін, – деді тағы Шалғынбай (І.Жансүгіров, Шығ.). Я, *ж ө н і* осы ғой, – деп күлімсіреді Зейнегүл (С. Мыңжасарова, Қыр қыз.). **5.** *Кім екендігі, шыққан тегі, аты-жөні, жай-жапсары.* Ақсақал, *ж ө н і ң і з д і* айтыңызшы, кім боласыз?– дедім мен өтінген пішінмен («Лен. жас»). Сіздер қай жердің адамдарысыздар? *Ж ө н д е р і ң і з д і* айтыңыздар. Бірақ өтірік айтпаңыздар (Ә.Шәріпов, Партизан.). Алдымен өз *ж ө н і ң і з д і* айтсаңыз деймін. Қайдан келіп, қайдан бара жатқан адамсыз? Қай жердікісіз (С.Сейітов, Сөз сұра.).

Бір жөн. *Бір басқа, орынды.* Күнде ұлыққа шауып, арқасын ертеңді-кеш соған тіреп отырса *б і р ж ө н* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Шақырамын. Шақыртқаным пікірталасы болса *б і р ж ө н* (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай).

Бір жөні болар. *Ыңғайы келер, реті түсер.* Сыртанбай шырағым, дұрыс айтасың, *б і р ж ө н і б о л а р,* елміз ғой (С.Талжанов, Ұлдай.).

Жөнін айтты. *Бір нәрсенің мән-жайынан, бағдар-бағытынан, рас, шындығынан хабар білдірді, бағыт нұсқады.* Сен полицайсың, бәрібір ол саған *ж ө н і н а й т п а й д ы* (К.Тоқаев, Көмескі.). *Ж ө н і ң д і а й т ш ы,* қарағым, не болды. Әкең ұрды ма?– деп сұрады Ұлжан. – Жоқ, ешкім де ұрған жоқ, кейін айтам (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қысқа күнде ол қамтып, Бәріне де *ж ө н а й т ы п,* Маздатады мол сөзді (Қ.Бекхожин, Шығ.).

Жөн бар ма? *Сөз бар ма? Ж ө н б а р м а,* мал бағу өте қиын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жөн білдірді. *Анығын, шындығын айтты, дұрысын сездірді.* Жер астының еліне шыға келген мезгілде, Тіл бітіп саған, Шалқұйрық, *Ж ө н б і л д і р д і ң* еріңе (Қаз. ертег.).

Жөнге берді. *Әділдігіне, ақиқатына, билігіне салды.* Сегіз би естігенде *б е р д і м ж ө н г е,* Шідерімді таңғалар көрген пенде (Б.Қожағұлұлы, Өлеңд.).

Жөнге жүрмейді. *Айтқанға көнбейді, тіл алмайды.* Айтқан *ж ө н г е ж ү р м е г е н,* Менменсіген зор кеуде, Қиық жүріп кете алмас (Шортанбай ақын, Өлеңд.).

Жөнге көшті [келді]. *Тіл алды, көнді, ақылға келді.* Түбінде жеңіс іс табатын болсақ, кінәні қаладағы әкімдерге аудара сөйлерміз» – дейді. Жиналғандар шуылдап, сенімсіздік көрсеткен соң, Әбдіғапар *ж ө н г е к ө ш і п,* шабуыл жасауға ырза болады (М.Дулатов, Шығ.). Гүлжан оған болар еді-ау разы, *Ж ө н г е к е л с е* ашулының біразы (Х.Ерғалиев, Таңд. шығ.). Алдап алған малыңның Есебіне жете алмай, Қалтырарсың, Ешенім, Қыл көпірден өте алмай, *Ж ө н і ң е к ө ш,* Ешенім, Тозаққа қарай бет алмай (Үш ғасыр.).

Жөнге салды [келтірді]. а) *Жолға қойды, реттеді, түзеді.* Сіздерден тілек: Сөзімнің қисық кетіп бара жатқан жері болса, жәрдемдесіп, *ж ө н г е с а л ы п* жіберіңіздер,– деді ол (Н.Ғабдуллин, Өмір.). ә) *Тәртіпке шақырды, тәрбиеледі.*

Соларды бас қорғау ретінде және бір жағынан жаманын жазалаймын, *жөнге салам ын* деген талаппен Абай алысады (М.Әуезов, Әр жыл.). Батальон командирімін, қарамағымдағы адамдарды мен де *жөнге салып* көрейін (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Анайы елді *жөнге салар,* көргенсіздің көзін ашар іс керек емес пе? (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

Жонге салу. *Реттеу, түзеу.* Бір жерде төңкеріс, яки көтерілістен кейін болатын жүгенсіздіктерді *жөнге салу* үшін жоғарғы айтылған түрде құрылатын ревком, әрине, нағыз қолайлы мекеме (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жөнге үндеді. *Дұрыс жолға салды, жөнге салды.* Алғашқы кезде мұсылмандарды *жөнге ундеп* кітаптар шығармақ болған (М.Дулатов, Шығ.).

Жөн жүрді. жер г. *Тыныш жүрді, жай жүрді.* Ешкімге соқтықпай *жөн жүрсең,* саған ешкім тимейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жөн көрді. *Мақұлдады, дұрыс деп тапты.* Жағасы қызыл ерлердің Жорығын жырлап беруді Жүрегім сүйіп *жөн көрдім* (Жамбыл, Шығ.). Үйретуді *жөн көріп,* Түзетпек едім адамды. Қышығаң жерін қасуға, Әділет жолға басуға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жөн көрсету. *Жол-жоба білгендікті таныту, білдіру.* Бұлардың қызметтері: пәтер ісін, азықтүлік ісін басқару, босқындардың санын, атыжөнін жазу, киіндіру, балаларын оқыту, қызмет тауып беру, керек орнында *жөн көрсету,* ауруларын емдету һәм жәрдем ақшаларға ие болып, тиісті орнына беріп тұру (М.Дулатов, Шығ.). Менен де бір қателік өтті. Сонда ашық сөйлесемші *жөн көрсетіп,* жол сілтесемші. Кейін өзім де өкіндім (С.Омаров, Өмір.).

Жөн отырды. *Жайына жүрді, байланыспады, килікпеді.* Әй, Хасен, өз шаруаңды біл Әркімді бір сөзбен қаға бермей *жөн отыр* («Лен. жас»).

Жөн себеп. п е д. *Жұмыстан, сабақтан және т.б. қалу немесе кешігу себебінің дәлелді, уәжді болуы.*

Жөн сөйлесті. *Хал-жағдай сұрасты, білісті.* Шешенбай, енді қалжыңды қойып, *жөн сөйлесейік,* сен ол ауылдың жайы-күйін әбден білетін сияқтысың ғой. Қай жағынан орайы келетінін өзің тап, ана сертіміз тұрыпты ғой, онан басқа екеуміз өмірлік дос болайық, осы жұмысты өзің жөнде! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жөн сұрады. а) *Ақылдасты, кеңесті.* Дәл уақыты жеткенде, Талайдың гүлі қурайды. Рәсулді алған бұл өлім Кімнен *жөнді сұрайды* (Абай, Тол. жин.). ә) *Жай-жапсарын сұрады.* Олардан *жөн сұрасам,* көрші бір полктің кейін қарай шегініп бара жатқан шаруашылық бөлімі екенін айтты (М.Ғабдуллин, Сұрапыл).

Жөн сұрау. *Жай-күйді, хал-жағдайды сұрап білу. Жөн сұрау* қазақтың салты. Айып болмаса қайдан келесіздер? – Қаладан, Ақмешіт – Перовскийден (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

Жөн сілтеді. *Бағыт нұсқады, жол көрсетті.* Екінші Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінің беті мақтау, жамандау, асыру, кеміту, болмаса зарлаған сары уайым болып келген. Мінезді суреттеп, мінді айтып, адамшылыққа *жөн сілтеген* ақындар болмаған (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бәрін де менің командам бойынша істеңіз. Мен осы жерден *жөн сілтеп* тұрамын (Б.Момышұлы, Москва.).

Жөн [жөнін] тапты. а) *Істің ретін, ыңғайын, жолын білді. Жөн таба алмай* отырған сен екеуміз: Аузымыз айтады да, соны қолмен орындауға келгенде шегінеміз, – деді (Б.Майлин, Шығ.). Кәпін айтты: – Құсанмен шабыспайық, Онан да *жөнін тауып* табысайық, Көрсетіп қалың қолды ауылына Айтысқа елші салып шығысайық (И.Байзақов, Шығ.). ә) *Жайына кетті, өз халін, жайын ойлады.* Енді бұл үй сенікі емес. *Жөніңді тап* (С.Бегалин, Ана.). Бізді тастап Әбілқайырға қосылып, қандай ел болмақсың? Одан да есің барда *жөніңді тап* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жөн тартты. а) *Сапар шекті, жолаушы жүрді.* Жақып екеуміз атқа мініп, *жөн тарттық* (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Күні-түні *жөн тартып,* Қалдарханға бармаққа, Ақбілекті айырып, Райханнан алмаққа, Атқа мініп шауыпты (Көруғлы). ә) *Нашарлады, әлсіреді.* Ол кешеден бері *жөн тартып* жатыр екен (Ауызекі).

Жөні бөлек. *Орны бөтен, ерекше.* Тәңірбердісінің *жөні* тіпті *бөлек*-ау... Әй, өзі нағыз тентек еді... тентек еді (С.Нарымбетов, Тентек).

Жөнін білді. *Жай-жапсарын, мәнін анықтады, сырын ұқты.* Біреудің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің *жөнін білмек* (Абай, Тол. жин.).

Жөні келді. *Реті келді, сәті түсті.* – Не керек еді, *жөні кеп* тұрған істі осынша шиеленділіріп? Ендігі сөзді қой (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жөні кетіңкіреді. *Ыңғайы, қисыны, реті болмады.* Досым, *жөні кетіңкіреп* қалған екен, – деді Шығанақ Олжабекке қарап (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

Жөніне тартты [кетті]. *Жайына кетті.* Амалы құрыған офицерлер қолдарын бір сілтеп, машиналарына мініп *жөніне тартыпты* (Н.Көшекбаев, Қарулас дос.). Тоқтат енді, Жап дүкенді Аңғарбай! *Тарт жөніңе* Тұрғанда мен шамданбай! (Ә.Тәжібаев, Аралдар). Осы сөзбен олар да *жөніне кетеді* (К.Әзірбаев, Аңыз.).

Жөні түзу. *Жақсы, тәуір, жөнді.* Төр алдындағы көнетоз сырмақтың үстінде *ж ө н і т ү з у* үлкен бір алаша жатыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Үстіміздегі ала тек шекпендерді жинап алып, бәрімізге *ж ө н і т ү з у* киімдер берді (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап).

ЖӨН[2] з а т. *Жол, жоралғы, салт.* Әдет – әдет емес, *ж ө н* – әдет (Мақал). Орамал тон болмайды, *ж ө н* болады деген, менен сен осынау кездікті ескерткішке ал (Ж.Жұмаханов, Махаббат.). Жолдан, *ж ө н н е н* сен адасты екен деп, адаса алмаймын, ел адаспайды (А.Хангелдин, Қараторғай).

ЖӨНБІС с ы н. *Жөн білетін көнбіс.* Шолақ Шабдар жүріске шыдамды, күй талғамас, жол танығыш, *ж ө н б і с* жануар (Ш.Мұртаза, Қызыл жебе).

ЖӨНДЕ ш ы л. с ө й л. ***Жөнінде***. Бұл *ж ө н д е* «Социалды Қазақстанның» жақындағы редакция атынан жазған мақаласында дұрыс айтылған (С. Сейфуллин, Шығ.). Тиген жоқ, алған үлгім жоқ, Биден ерден, шешеннен. Бұл *ж ө н д е* басқа білгем жоқ, Әжем менен шешемнен (С.Мұқанов, Замандас.).

ЖӨНДЕ= е т. **1.** *Жөнге келтіру, дұрыстау, реттеу.* Мен енді үйге барып ана мылтықты *ж ө н д е й і н!* Керек қылсаңыздар тағы да шақыртасыздар ғой!– деді ол (С.Сейфуллин, Шығ.). Әрі-бері сөйлескеннен кейін Хасен есікті *ж ө н д е п* берді де, Бүркіттің жағдайын білмек болып, далаға шықты (І.Есенберлин, Қатерлі.). **2.** *Сынған, қираған, ескірген, бүлінген затты оңдау, қалпына келтіру.* Сырттан көргенде олар көпірді *ж ө н д е п* жатыр екен (Б.Момышұлы, Москва.). Әрине, үлкен бір паровозды *ж ө н д е п* бітіріп, алғашқы ісіміз сыннан өтті (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Бәрі жабылып тракторды *ж ө н д е п,* іске қосып еді, трактор егіс даласын бір айналмай жатып тағы да тұрып қалды (К.Баялиев, Жер). Мектебімізді *ж ө н д е п* берді. Сонысына рахмет (М.Иманжанов, Көк белес). **3.** а у ы с. *Реттеу, ыңғайлау.* Қызыңды өз атыңа көшір. Барлық документтерін *ж ө н д е,* мен оқуға алайын,– деді директор (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖӨНДЕКІ с ы н. *Нашар, көне.* Мағаштың билігіне келгеннің көбі тозған тон, *ж ө н д е к і* шапан, реңі жүдеу тымақ, шекпен киіскен жылаулар көпшілік сияқты! – деді (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖӨНДЕКІЛЕУ с ы н. *Нашарлау, жөнсіздеу.* Түстеріне, жөніне қарағанда екі жігіт Бақтығұлдың кісі ғұрлым көрмейтін әлсіз, *ж ө н д е к і л е у* жігіттері еді (М.Әуезов, Қараш.). Сонда қырдан келген *ж ө н д е к і л е у* арбаның кейде мұрындығы шығып кетіп, кейде дөңгелегі шойырылып, білігі сынып қалады (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖӨНДЕЛ= е т. **1.** *Оңдалу, қалпына келтірілу.* Машина *ж ө н д е л г е н ш е* бұл екеуі жаяу жүре бермек (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). **2.** а у ы с. *Түзелу, жөнге келу.* Ішің у, сыртыңды майла, Есердің бәрін де жайла. Күлкімен көздерін байла, Сенделдің, *ж ө н д е л д і ң,* әйдә! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). **3**. а у ы с. *Тазалану, дұрыс киіну.* Былай, дұрысырақ киімдеріңді киініп, қырынып деген секілді *ж ө н д е л і п* барыңдар (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖӨНДЕЛУ *Жөндел етістігінің қимыл атауы; реттелу, дұрысталу, оңдалу.* Пьесаның *ж ө н д е л у і н е* мұндай жарлықтың жанасымды пайдасы да жоқ (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖӨНДЕЛІС= е т. *Дұрысталу, реттесу.* Орындарына қайта *ж ө н д е л і с і п* отырды (С.Мекебаев, Әңгім.).

Жөнделіс тапты. *Жөнделді, оңдалды.* Осыған дейін қолынан *ж ө н д е л і с т а у ы п* кетіп жатқан заттардың бәрі үнсіз болатын (Ғ.Қайырбеков, Жел қайық).

ЖӨНДЕНІС з а т. с ө й л. *Түзелу, оңдалу.*

ЖӨНДЕМ[1] з а т. *Иненің бір түрі, жуан ине.* Инелер бірнеше түрлі: жуантық (*ж ө н д е м*) ине, жіңішке ине (С.Қасиманов, Қаз. қолөнер). *Ж ө н д е м* инемен аңы бар адам ауық тікпейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Көрпе көктейтін *ж ө н д е м* ине болмай тұрыпты (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӨНДЕМ[2] с ы н. **1.** *Дұрыс, жөнді, жарамды.* Бұл өзі кісі бағасын біле ме? Бұған сырты ғана *ж ө н д е м* еркек болса болмай ма (С.Сейфуллин, Шығ.). Талабыңа қарай бір *ж ө н д е м* адам жолықса, жарар еді (Ж. Молдағалиев, Торғай.). Жұрт оның колонның, барлық балықшыға бас-көз кемелердің *ж ө н д е м і н,* құрал-саймандардың бүтіндігін қадағалап, қай тұстан балық білінгенін хабарлап, қәсіпшілерге жөн-бағыт сілтейтін МРС өкілінің кемесі екенін бірден таныды (Ә.Сараев, Ақ тымық түн). **2.** *Жөн-жобаны білетін, әр нәрсенің ыңғай, ретін түсінетін; жарамды, білікті.* Шынында, біреуге жөн айту үшін, әуелі өзің *ж ө н д е м* болу керек қой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы үйдегі *ж ө н д е м* кісі сенсің. Бояуларды қайда қояйын (Ш. Хұсайынов, Таныс адам.). Өзің бір *ж ө н д е м* бала екенсің!– деп әкейдің манағы қырыс қабағы жазылып, қауқылдай бастады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). // *Орнымен, ретімен.* Манадан бері ерімен *ж ө н д е м* сөйлесіп жүрген Ақбаланың дауысы ширыға бастады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жөндемге келді. *Реттелді, жөнделді, дұрысталды.* Адыр-бұдыр көше алаңдары

да тегістеліп, *ж ө н д е м г е к е л е* бастапты (С.Мәуленов, Сахара.).

Жөндем өгіз. *Жуас, жөнге салынған, бас білетін.* Шөп мәшинесіне *ж ө н д е м ө г і з д е р д і* мінгізу керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жөндем сөз. *Жөнді, тәуір лебіз, жылы сөз.* Бөтен елдің бір ауыз *ж ө н д е м с ө з і* келін үшін көп олжа (Б. Нұржекеев, Күй толғақ). Бас аманда елді тапқан дұрыс қой, – деп ара ағайынның *ж ө н д е м с ө з і н* айттым (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖӨНДЕМ[3] с ы н. *Әккі. Ж ө н д е м* өгіз ғой, бірден жүріп кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӨНДЕМДІ с ы н. *Дұрыс, ретті, жөнді.* Қалай болғанмен түрменің ішкі тәртібі бұрынғыдан едәуір *ж ө н д е м д і* болды (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖӨНДЕМДІК з а т. *Дұрыстық, жөнділік, парасаттылық.* Жұрт ағасы болған соң, Жөнделмес пе екен ол да енді? Халыққа басшы болған соң, Көрсетпес пе екен *ж ө н д е м д і к* (Манас).

ЖӨНДЕМДІЛЕУ с ы н. *Дұрыстау, жөндірек, орындылау.* Би емес, берік болсам, сөзім *ж ө н д е м д і л е у*, өткірлеу келе ме деп қалдым (С.Бақбергенов, Мен.).

ЖӨНДЕМІРЕК с ы н. *Дұрысырақ, жөндірек, орындырақ.* Қайта бұдан гөрі екі жаққа қанаттаса тоқтаған вагондар *ж ө н д е м і р е к* сияқты (А.Бекбосынов, Ауылым).

ЖӨНДЕҢКІРЕ= е т. *Жөндей түсу.* Арбаның қисайған ырдуанын *ж ө н д е ң к і р е п* жіберші (Ауызекі).

ЖӨНДЕҢКІРЕП ү с т. *Дұрыстаңқырап, тәуірлеп.* Итжеккенге айдалатындай қылмыс жасап қоймаған шығармыз. Былай өзі... *ж ө н д е ң к і р е п* сөйлессек қайтеді («Қаз. әдеб.»).

ЖӨНДЕҢКІРЕУ *Жөнденкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әлі де *ж ө н д е ң к і р е у*.

ЖӨНДЕП ү с т. *Дұрыстап, оңдап.* Екі асық құмарлы, Бір жолдан қайта алмай, Жолықса, ол зарлы Сөз *ж ө н д е п* айта алмай (Абай, Тол. жин.). Асын *ж ө н д е п* іше алмай қысылады, Құрбысынан ұялып оңшең жалбыр (Абай, Тол. жин.). Шешелері бұған біресе қымыз, біресе тоңазыған ет, біресе шай ұсынып тықпалай берсе де, баланың бойына ас батпады. *Ж ө н д е п* ішкен де жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қой, мұнымен *ж ө н д е п* танысу керек екен, я сүйкімді қыз екен. Жаман емес (С.Сейфуллин, Шығ.). Гүлжан Алматыдан шыққалы бері әлі *ж ө н д е п* ұйықтаған жоқ (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖӨНДЕС= е т. **1.** *Оңдасу, бірге жөндеу.* Нұрқасым қыстай комбайн *ж ө н д е с і п* шығып, көктемде жеке трактор алды да жер жыртуға кетті (С.Нарымбетов, Тентек). **2.** *Реттесу, бірге дұрыстау.* Олар землянкаларын оңдасады, қора-қопсыларын *ж ө н д е с е д і* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖӨНДЕСТІР= е т. *Реттестіру.* Шіркін Сабыр, *Ж ө н д е с т і р і п* бәрін де, Әзір мені аман сақтап келеді (Ә.Оңалбаев, Өсиет). Жанай есін жиып, алқа-салқа боп кеткен үсті-басын *ж ө н д е с т і р е* бастады (С.Мұратбеков, Көкорай).

ЖӨНДЕСТІРУ *Жөндестір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тезарада *ж ө н д е с т і р у*.

ЖӨНДЕСУ *Жөндес етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйін *ж ө н д е с у*.

ЖӨНДЕТ= е т. *Түзету, өңдету, дұрыстату.* Майдан газетіндегі орыс жазушыларының біріне қаратып, *ж ө н д е т і п* алайын деп ниет етіп жүргенде мынандай күйге ұшырап қалды (С.Омаров, Өмір.). Бірде Құралай бір документтерін *ж ө н д е т п е к* болып, орталыққа кетті (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

ЖӨНДЕТТІР= е т. *Жөнге келтірту, реттету.* – Өтінемін сізден, сол бір раковинаны...– Құп болады, Хе-хе-хе... Иә, *ж ө н д е т т і р* (М.Рашев, Бетің қисық.).

ЖӨНДЕТТІРУ *Жөндеттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тракторды *ж ө н д е т т і р у*.

ЖӨНДЕТУ *Жөндет етістігінің қимыл атауы.* Жоқ, бұл машинистканың байқамай қате басқан сөзі болар? Оны тезірек *ж ө н д е т у* керек (М.Дүзенов, Әке.).

ЖӨНДЕТІЛ= е т. *Түзетілу, реттетілу.* Өсімдік кептіруге мұнымен қатар сарай жаппа, мектеп бөлмелері және басқа жақсы *ж ө н д е т і л г е н* үйлер пайдаланылады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЖӨНДЕТІЛУ *Жөндетіл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Комбайнның *ж ө н д е т і л у і*.

ЖӨНДЕУ[1] с ы н. ж е р г. *Нашарлау, көзге қорашту, жөндекілеу.* Шырағым, Сара, сендей тумас бала, Шежіре туармысың мұндай дана. Обалың Есімбек пен Тұрысбекке, Жігітің *ж ө н д е у* екен, ей, бейшара (Айтыс).

ЖӨНДЕУ[2] *Жөнде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түзету, өңдеу, реттеу, ыңғайлау.* Жақсы шығарманы қалай жазу керек, сәтсіз туындыны қалай *ж ө н д е у* қажет деген сұраққа да жауап беруге тырысу керек (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Жеуді білген батыр, оның ізін жасыруды да, документті *ж ө н д е у д і* де біледі (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Бектұрсын екі қойып жіберген жұмысты *ж ө н д е у д і ң* ретін келтіре алмады (М.Дүйсенов, Мейман.). **2.** *Жөнге салу, түзету.* Бұларды *ж ө н д е й м і н* деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ (Абай, Тол. жин.).

Жөндеу базасы. *Ауылшаруашылық техникаларын күрделі, жай жөндеуге қабылдап алатын мекеме.* Бас инженер Разлидин Якубов аудан

совхоздарындағы *жөндеу базасының* жұмысына дән риза болды («Қазақст. комм.»).

Жөндеу зауыты. *Мәшине, трактор, комбайн т.б. ауылшаруашылық мәшинелерін механикалық жөндеуден өткізетін өнеркәсіп орны.* Өткен бесжылдықта Алматының №2 *жөндеу зауыты* мен «Иртыш-ГЭС-строй» жұмысшылары өзара социалистік жарысқа түсті (Т.Бейісқұлов, Әкелер.). Автомобиль *жөндеу зауытының* мәдениет үйі. Сахна төрінде Мұхтар Әуезовтің үлкен суреті (С.Мәуленов, Үркер.).

Жөндеу қоры. *Негізгі құрал-жабдықты жөндеудің барлық түрлерін (күрделі, орташа, ағымдағы жөндеулерді) жүзеге асыру үшін кәсіпорындарда, бірлестіктерде құралатын ақшалай қаражаттың арнаулы қоры. Жөндеу қоры* өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құны есебінен норматив бойынша құрылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жөндеу орны. *Ауылшаруашылық техникаларын жөндейтін орын.* Қазір енді бұл *жөндеу орны* үлкен кемелердің нешеме түрлеріне металдан корпустар, қабырғалар, ұршықтар, тегершіктер, қалақтар тағы сондайлар жөндеп беретін қуатты өндіріс (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

Жөндеу шеберханасы. *Мәшинелерді жөндеуден өткізетін, түрлі механикалық аспаптармен жабдықталған өнеркәсіп орны.* Жігіттер мәшинеңің баранкасында, *жөндеу шеберханасындағы* станоктың құлағында ойнайды (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Осы бір сәт Заманбек Досжанов, совхоздың *жөндеу шеберханасында* жүрген-ді (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар).

Күрделі жөндеу. *Толық, жан-жақты, тиянақты жөндеу.* Көп мытып отырудың қажеті жоқ. Бұзылған машина *күрделі жөндеуден* өтетін болсын,– деді Ермек (А.Байтанаев, Жаңғыр.). Оған қоса мал қыстайтын бес жаңа қора салынып, ескі қоралар *күрделі жөндеуден* өткен («Қаз. әдеб.»).

Профилактикалық жөндеу. *Ауылшаруашылық мәшинелерді, өндірістік техникаларды бұзылмай тұрып, алдын-ала жөндеу.* Мұндағы тепловоздарды *профилактикалық жөндеуден* өткізетін комсомол-жастар сменасы жұмысты кепілдікпен істеуді қалыпты жағдайға айналдырып алды («Лен. жас»). Осындай елеулі еңбек етудің нәтижесінде локомотивтер маусымдық және *профилактикалық жөндеуден* өткізіліп, цех мүшелері «ТЭ-3» маркалы 10 секция тепловозды жөндеуден шығарып отыр («Лен. жас»).

ЖӨНДЕУЛІ с ы н. *Жөнделген, жөндеуден шыққан.* Биыл егіс орағына дайындық жақсы. *Жөндеулі* трактор мен комбайндар сап түзеп тұр («Жетісу»).

ЖӨНДЕУСІЗ с ы н. **1.** *Жөндеуден өтпеген, жөнделмеген.* Түсірем басшылығын еске бүгін, Мен емес, ел айтады бөспелігін. Сатқанда колхоздарға тракторды. *Жөндеусіз* екендігін тексерді кім? (Айтыс). Қыстаудағы қораның өткен жылғы көңі ойылып тазартылмаған, жел ашып кеткен төбесі *жөндеусіз* еді («Лен. жас»). **2.** *Өңдеусіз, тұзетусіз; жетілдірілмеген.* Көп жағдайларда ән мен күйлерді жүйеге келтіру жұмысы асығыс жүргізіледі, кейде тіпті көптеген шығармалар *жөндеусіз* жинаққа кіргізіле салады (І.Омаров, Серпін).

ЖӨНДЕУШІ з а т. *Мәшинелерді, құрылыс орындарын жөндейтін маман.*– Е, жегіп алар өзі, қасында бақандай бір еркегі бар ғой,– деп, Ермекбай қырсауланды. Ермекбайдың ойынша, *жөндеуші* еркек болмақ (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол он сегіз жасында Жосалы депосында *жөндеуші* болып орналасты (Ә.Жәмішев, Дала.).

ЖӨНДЕУШІ-РЕТТЕУШІ з а т. *Станок, мәшине, техникалық құрал-жабдықтарды жөндеу, тәртіпке келтіру жұмысымен шұғылданушы шебер* (Қаз. лексика. жаңа қолданыс.).

ЖӨНДІ с ы н. **1.** *Дұрыс, тәуір.* Есік пен төрдей жердегі қарайған бұлдырап *жөнді* көрінбейді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Күніне қанша себесіз?– деді Сергей. *Жөнді* амандаспаған Олжабек жауапты да тез қайырмады (Ғ.Мұстафин, Шығанақ). Қазір көз *жөнді* көрмейді, нашар. Мынаның бәрі бұлдырап, тұтасып кетеді (К.Қазыбаев, Ызғар). **2.** *Жүйелі, орынды. Жөнді*, жөнсіз, Сөз теңеусіз, Бас пен аяқ бір қысап (Абай, Тол. жин.). **3.** *Оңды, жібі дұрыс, жөні түзу.* Оқыған білер әр сөзді, Надандай болмас ақ көзді. Надан *жөндіге* жөн келмей, Білер қайдағы шәргезді (Абай, Тол. жин.). Елі *жөнді* болыстар Мақтанып жүр тарқылдап, Күлкісі жақсы қарқылдап (Абай, Тол. жин.).

ЖӨНДІГУ *Жөндік етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *жөндігу.*

ЖӨНДІ-ЖӨНСІЗ с ы н. *Орынды-орынсыз.* Қала халқы гу-гу қайнаған. Екпіндеген. Барлы-жоқты, *жөнді-жөнсіз* сөздер де жүндей сабаланған (С.Сейфуллин, Тар жол.). *Жөнді-жөнсіз*, Сөз теңеусіз, Бас пен аяқ бір қысап (Абай, Тол. жин.). Ондаған оқушының *жөнді-жөнсіз* себептермен мектептен қол үзуі – кімді болса да алаңдатар жайлар («Қазақст. мұғ.»).

ЖӨНДІК з а т. *Дұрыстық, әділдік, туралық.* Иесін білме, ісін біл, Сыртын ұқпа, ішін біл, Тағдырдың сырын тәлім қыл, Ойлап теріс, *жөндігін* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖӨНДІК= е т. *Дұрыстау, жөнделу, реттелу.* Қордабай. Шыққан жері қазақ қой, Ешқайда кетпес *ж ө н д і г е р.* Елде бірер жыл тұрса, Молда болып көндігер (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шопан да жайлауда тұрақты болса, мәдени-тұрмыстық жайлар әбден *ж ө н д і к к е н* болар еді-ау (Ғ.Сланов, Замана.). Баубек көп жылқыдан ұзап, бел асқанша, асау, шәлкес соғымдар *ж ө н д і к к е н ш е* Қазанғапқа еріп отырды да, қайтып кетті (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖӨНДІККЕ ү с т. *Текке, тыныш; жөніне.* Жүрмейсің деп *ж ө н д і к к е,* Кейде ұрып, түртіп жүр. Жаяу мен атты тең емес, Діңкесін сөйтіп құртып жүр (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.).

ЖӨНДІКТІР= е т. *Реттеу.* Ал енді сен, бала, бір жеті болып, құла жабағыны әбден *ж ө н д і к т і р,* – деді келісімен Қалдекең Арынға өтіне сөйлеп («Лен. жас»).

ЖӨНДІКТІРУ *Жөндіктір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бәрін *ж ө н д і к т і р у.*

ЖӨНДІЛЕУ с ы н. *Тәуірірек, жақсырақ, дұрыстау.* Әй, отымның алды, суымның тұнығы еді деп, ел-жұртыңды жисаң болмай ма? Тағы да бір малыңды сойсаң болмай ма? Құданың көдесі *ж ө н д і л е у* болса болмай ма? (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖӨНДІЛІКПЕН ү с т. с ө й л. *Тыныштықпен; жөнімен.* Бізге келгені әйтеуір қырып кете жаздайды. Әне, келіп қалды, міне келіп қалды!– деп, бір аяқ асымызды *ж ө н д і л і к п е н* ішуден қалдық... (Ж.Аймауытов, Шығ.). Екі қолды байламай *Ж ө н д і л і к п е н* жүрмеспін. Жүз жиырма жас сұрағам, Өтірік пірлер айтпаса (Көрұғлы).

ЖӨНДІМДІ с ы н. с ө й л. ***Жөндемді.*** Біздің сыбағамызда он бие, төрт ат, бір айғыр тұр екен. Ертеңімізді ойласақ, мынау он биеге бір *ж ө н д і м д і* айғырдың керегі айқын (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЖӨНЕ= е т. **1.** *Жүріп кету, жолға шығу, жөнелу, кету.* Сұраған адамға Жымпитыға *ж ө н е п* барамыз дерсіздер, – деді (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Күйеу бала-ау, жүргелі жатырсың ба? – дейді. Жүрем ғой депті де, *ж ө н е п* кетіпті (С.Алдабергенов, Асу.). Ол майдан штабына *ж ө н е г е л і* тұрған бір машинаға отырып, жүріп кетті (Ж. Тілеков, Хинган асуы). **2.** *Зыту, зулау, зымырау.* Байдың барлық асыл бұйымын тиеп, Нұрыш *ж ө н е п* кетті (Б.Майлин, Шығ.). – Қане, тоқтамай жүр енді! Жүр,– деп, шабдар атты тебініп *ж ө н е п* берді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Базарбайдың Төлегені, Артынан келіп Қаршыға: Жібек емес! – деген соң, Онан да өтіп *ж ө н е г е н* (Қыз Жібек).

ЖӨНЕКЕЙ ү с т. *Жолшыбай, жолай, жол бойы.* Омбыдан Кошура-Мосальский деген губернатордың өзі Найманға келеді. *Ж ө н е к е й* кездескен жатақ халықты қойдай қырады (С.Шарипов, Бекболат). Лақап бар, ханның үні өшті деген, Торғайға тоқтай алмай, көшті деген. Жол ашық *ж ө н е к е й д і ң* бәрі бейбіт Деп сенді ел, жау хабарын естімеген (Н.Ахметбеков, Жасауыл.). Келеді шеру тартып, басып асқақ, Жеңісін *ж ө н е к е й* жұрт жатыр қостап. Қалаға екі тұстан кірді міне, Жанкелдин, Қобызовпен қолын бастап (Қ.Бекхожин, Дала.).

Жөнекей қора. *Жаулауда уақытша салынған қора.* Қой қырқымына *ж ө н е к е й қ о р а* салу ісін тездетпелі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӨНЕЛ= е т. **1.** *Жүріп кету, жолға шығу, жөнеу.* Шешесінің қабағынан күндегі дағдылы ажарын танып, бөгелместен жұмыстарына *ж ө н е л г е н* (М.Әуезов, Абай). Көкпеңбек темір киген өңкей батыр Тарттырып *ж ө н е л е д і* сырнай-керней (Абай, Тол. жин.). Әкемдер *ж ө н е л і п* кеткеннен кейін араға бір апта салып, жексенбі күні Раушанның үйіне барған едім (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** *Зыту, зымырау, тайып тұру.* Ол қолағаштай жұдырығын салмақтап: – Мынамен сөйлескің келмесе, *ж ө н е л!* – деді тістеніп (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). Артын жым-жырт қылды да, антұрған шал Төртеуін ертіп алып, тез *ж ө н е л д і* (Абай, Тол. жин.). Сатан, сенің келгенің жақсы болды. Енді мыналармен бірге аманыңда *ж ө н е л!* – деп ақылын айтты (І.Жансүгіров, Шығ.). Жұмақұл қаймақты алып *ж ө н е л е* берем дегенде, Ұлбосын ұшып тұрып, иығынан шап берді (Б.Майлин, Шығ.). Патшадан пәрмен болған соң Келмембет мінді атына, Бітеу сойып аққудың Терісін киді басына, *Ж ө н е л і п* кетіп барады Қырық жігіт ертіп қасына (Қамбар батыр). **3.** г р а м. *Етістік сөздермен тіркес келіп, бірден, кенет болған қимылды білдіреді.* Қалтай қорадан ат алып мініп шығып, қайта-қайта айғайлап, шаба *ж ө н е л д і* (М.Әуезов, Қараш.). Төлеп жалаңаяқ, жалаңбас жүгіріп ала *ж ө н е л д і* (С.Ерубаев, Менің құрдас.). Құбыжық жәндік бізге қарай бұрыла бастаған кезде, алды-артымызға қарамай зыта *ж ө н е л д і к* («Лен. жас»).

ЖӨНЕЛТ= е т. **1.** *Жіберу, кетіру.* Өндіріс орындарының көпшілігін эшолон-эшолонға тиеп, шығысқа қарай *ж ө н е л т і п* үлгерді (Ә.Шәріпов, Қапаста). **2.** *Аттандыру, жіберу.* Салиқа айтарын айтып, жолаушыны *ж ө н е л т к е н* соң үйіне келе тәуір киімдерін киді (Ғ.Мұстафин, Дауыл). Дәмежан шайдан кейін өзінің үш баласын, олардың күндегі кәсіп қуған жұмысына *ж ө н е л т т і* (М.Әуезов, Абай жолы). Жаралыларды кейін қарай *ж ө н е л т к е н ш е* бір жылы баспана табу керек болды (М.Ғабдуллин, Ел намысы). **3.** *Өлікті соңғы сапарға шығарып салу, жерлеу.* Әтәйіңді

ж ө н е л т т і к қарағым, тумақ бар да, өлмек бар. Тағдырдың ісі ғой, не шара,– деді Орман жайғасып, құран оқытып болғасын (Р.Тоқтаров, Терістік.). Кеудесінде қайғы, ауыр қорғасын, Қайратымен тартып алды көз жасын. Ең ақырғы ұзақ жолға *ж ө н е л т т і,* Әрі ағасы, әрі досы, жолдасын (С.Мәуленов, Жолдас.).

ЖӨНЕЛТУ *Жөнелт етістігінің қимыл атауы; жіберу.* Мал, астық және басқадай заттарды алыс тылға *ж ө н е л т у г е* ыңғайлап әзірлей бастады (Қ.Қайсенов, Жас партизан.). Майдандағы жауынгерлерге киім-кешек, астық *ж ө н е л т у* туралы қаулы қабылдады (Т.Әбдіков, Күз.).

Жүк жөнелту. т е х. *Тиелген вагондарды жүк тиеу пункттерінен жинастырып пойызға тіркеу, олардың құжаттарын кондукторға өткізу т.б. тәрізді операциялар жүргізу.* Темір жолдың торабынан түрлі *ж ү к ж ө н е л т у і* керек еді. Біз тізбек вагон толған ағашты жөнелтейін деп тұрғанда диспетчер басқа жаққа аударатынын айтты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Ж ү к* тиеу, оны *ж ө н е л т у,* келген жүкті түсіру – бәрі осылардың міндеті (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Пойыздарды жөнелту. т е х н. *Пойыз қабылдайтын пункттердің келісімін алу, станса жолдарында, маневр жұмыстары тоқталып, жөнелтілетін пойызға маршрут дайындау.*

ЖӨНЕЛТТІР= е т. *Жіберттіру.* Өлеңін осынша қадағалап өз көзімен *ж ө н е л т т і р і п* барып комитетіне кірді (Д.Әбілев, Арман.).

ЖӨНЕЛТТІРУ *Жөнелттір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ертемен *ж ө н е л т т і р у.*

ЖӨНЕЛТУШІ з а т. *Бір нәрсені тиісті орынға, белгілі жаққа жіберіп тұрушы қызметкер.* Әрбір теңге көшеттердің сорты, саны, алушы мен *ж ө н е л т у ш і н і ң* адресі жазылған этикетка тағылады (А.Жанғалиев, Бағбан).

Той-томалақ жөнелтуші. *Белгілі бір жиынды, той-думанды басқарушы, соны өткізуші, атқарушы адам.* Мырзахмет те қара жаяу кісі емес. Ертеректе сайысшы, көкпаршы, ағайын-туғанның *т о й - т о м а л а ғ ы н* бастан-аяқ *ж ө н е л т у ш і* пысық жігіттердің бірі болды (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

ЖӨНЕЛТІЛ= е т. *Жіберілу.* Бәйгеге қырық шақты ғана ат кетті. Олар шабатын жеріне түнгі салқынмен *ж ө н е л т і л д і* (С.Мұқанов, Есею жыл.). Келер күні Лариса партизандар лагеріне *ж ө н е л т і л д і* (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

ЖӨНЕЛТІЛУ *Жөнелтіл етістігінің қимыл атауы.* – Ол майданға *ж ө н е л т і л у г е* тиісті болатын, – деді секретарь (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Өзбекстанның астанасына алуан түрлі құрылыс материалдары, механизмдер *ж ө н е л т і л у д е* («Лен. жас»).

ЖӨНЕЛТІЛІМ з а т. *Жіберілетін жүк, хат-хабар.* Почта-телеграф *ж ө н е л т і л і м д е р і* Қазақстан Республикасының шегінде мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде, ал республикадан тыс жерлерге белгіленген халықаралық ережелерге сәйкес жіберіледі («Ана тілі»).

ЖӨНЕЛТІС= е т. *Жіберісу, бірге жөнелту.* – Сізді *ж ө н е л т і с і п* қайтайын. Асқар киініп Амантаймен далаға шыққа, таң қараңғысы екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Алматы студенті тіркеуші боп та істеді, қырманнан бидай да *ж ө н е л т і с т і* (С.Сейітов, Жылдар.).

ЖӨНЕЛТІСУ *Жөнелтіс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *ж ө н е л т і с у.*

ЖӨНЕЛУ *Жөнел етістігінің қимыл атауы.* Оразалиев қоштасқан соң меймандардың *ж ө н е л у і н* күтпеді (Е.Оразақов, Дәрігер.).

ЖӨНЕЛІС= е т. *Бірге кету.* Мағаш пен Дәрмен Әбдіні ертіп ап, *ж ө н е л і с т і* (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖӨНЕЛІСУ *Жөнеліс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Апыр-топыр *ж ө н е л і с у.*

ЖӨНЕМ з а т. ж е р г. *Тәлім-тәрбие беру мақсатында айтылатын гибрат, ақыл, кеңес, өнеге сөз.* – Көргенсіз, жетер енді. Үлкенмен тайталаспас болар шәкірт бала, – деп Сұлтанмахмұт ұрысты да, Әбунүсіпке *ж ө н е м* айтты (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖӨНЕҢДЕУ с ы н. *Нашарлау, жұпынылау.* Бәйет үстіндегі *ж ө н е ң д е у* киімінен қысылды (Б.Тоқтаров, Қырандар).

ЖӨНЕРЕ з а т. к ө н е. *Жөн-жоба, әдет-ғұрып.* Халықтың кәдесі, Мұсылманның *ж ө н е р е с і* (Мақал).

ЖӨНЕУ[1] з а т. *Ақыл-кеңес, өсиет; жөн.* Ыбырай дөкір сөйлейтін кісі және өзі отырғанда өзгенің *ж ө н е у* айтқанын жақтырмайтын (Д.Әбілев, Арман.). Мұндай аталы сөзге қарсы *ж ө н е у* айту, әрине, орынсыз (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Жөнеу қағаз. *Қызметке яки іссапарға жіберу туралы берілген жолдама.* Сол хат ендігі бетімнің жөнін сілтейтін *ж ө н е у қ а ғ а з ы м* да болады (Ғ.Мүсірепов, Қазақ солдаты). Төргі бөлмеге еніп, жаңағы *ж ө н е у қ а ғ а з ы н* көрсете сала қайта шықты (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

ЖӨНЕУ[2] *Жөне етістігінің қимыл атауы.* Кочегар да паровозға от берді, *Ж ө н е у г е* тұр қарсы алуға көктемді. Ұлдарына қош айтысып жеңгеміз, Дуылдата соқтық қолды өңгеміз (Ә.Тәжібаев, Өлеңд.).

ЖӨН-ЖАПСАР з а т. с ө й л. ***Жай-жапсар***. Сөйтіп жүргенде Тұяқтан әдейілеп елші келді, Кәдімгідей адам сияқтанып амандасып, *ж ө н ж а п с а р ы н,* құда екендігін айтып отырды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы ауылда *ж ө н-*

ж а п с а р д ы түгел сұрасып алған Быков Байжанның шанасына үш әйелді мінгізіп берді (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қараш өзінің *ж ө н ж а п с а р ы н* айта бастағанда, шал: – Бәсе, өзім де түсіңді шырамытып ем, – деді (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖӨН-ЖОБА з а т. **1.** *Дәстүрлі әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жосық.* Құдайға шүкір, қанша айтсақ та қазақ байларының хайыр сахауат әлі кесілген жоқ қой, жалғыз-ақ *ж ө н-ж о б а* білмегендіктен орын тауып жұмсай алмай жүр (М.Дулатов, Шығ.). Дәулен әзіл-күлкісі, кішкене қулығы болмаса, жаны адал, досқа берік, *ж ө н-ж о б а* білетін адам (С.Бақбергенов, Кентау). **2.** *Істің мән-жайы, реті, ыңғайы.* – Оязға арнап хат жазамын, жолға *ж ө н-ж о б а* білетін адам әзірлетіңіз! – деді Тәшен Кәрімге (К.Оразалин, Абай.). **3.** *Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, ақыл-кеңес.* Россия мұсылмандарының мектеп, медреселері жөнінде лайықталған *ж ө н-ж о б а л а р ы н* біз түгел қабыл етеміз (М.Дулатов, Шығ.). Көп ретте Абайға ақыл айтып, *ж ө н-ж о б а* көрсететін көзі ашық, көпшіл, адамгершілігі мол кісілер (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **4.** *Жоспар, жоба, үлгі.* Алдымен оқып талдаудың *ж ө н-ж о б а с ы н* оқушыларға күні бұрын нұсқап отыру қажет болады («Қазақст. мұғ.»). **5.** *Бағыт-бағдар, рет, ыңғай.* Онда селолық Советтер жанында осындай істерге *ж ө н-ж о б а* нұсқайтын арнаулы комиссиялар жұмыс істей бастаған (С.Байжанов, Сыр.). Енді бәріміз боп әңгіменің *ж ө н-ж о б а с ы н а* көшсек, жоғымыз табылып, барымыз базарлы болар еді,– деп ойлаймын (К.Оразалин, Абай.). Сағиров ревкомдар құрудың *ж ө н-ж о б а с ы н* түсіндірді (Ш.Байбатшаев, Белес). Сол жерде екі чекист істің мынадай *ж ө н-ж о б а с ы н* жасады (Қ.Исабаев, Соңғы ерлік).

ЖӨН-ЖОРА з а т. с ө й л. ***Жөн-жоба***. Далабай сәл бөгеліп маған қарады да, әрқайсысын аты-жөнімен, кәсіп, лауазымымен, туыстық-жолдастық, *ж ө н-ж о р а с ы м е н* таныстырып алды (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.).

ЖӨН-ЖОРАЛҒЫ з а т. *Ғұрыпқа байланысты қалыптасқан әдет-ғұрып, дағды.* Жәуке қалай десе де елдің ежелгі *ж ө н-ж о р а л ғ ы с ы н* бұзғысы келмеген (С.Омаров, Қызыл.). Енді бүгінде ғой кейбір қазақ қыздарына жұрттың *ж ө н-ж о р а л ғ ы с ы н* Лизаның өзі үйрететін болды (К.Баялиев, Жер.).

ЖӨН-ЖОРЫҚСЫЗ с ы н. *Жөнсіз, орынсыз, ыңғайсыз.* Папам үй ішінде, *Ж ө н-ж о р ы қ с ы з* ісіне, Мамам ұрсып тастайды, Папам аузын ашпайды (Е.Елубаев, Көкпар.).

ЖӨН-ЖОСПАР з а т. *Істің жөн-жосығы, мән-жайы, жай-жапсары.* Онан босағаға жабысып, бүрісіп қана тұрған қатыны мен балаларын бөріктіре сабап, тыныш отырған үйді көзді ашып-жұмғанша у-шу қылды да, *ж ө н-ж о с п а р ы н* айтпай, атына мініп алып тартып кетті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Ұшыраған бұл күйге қандай адам (Оқушы өзім де аң-таң болдым бұған?). Қайдан келді, бұл жерге қалай түсті, Білуге *ж ө н-ж о с п а р ы н* кеттім соған (И.Байзақов, Құралай).

ЖӨН-ЖОСЫҚ з а т. **1.** *Әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жоба.* Қызы *ж ө н-ж о с ы қ* білетін, жарамды адам көрінеді (М.Дүйсенов, Мейман.). Шалдың сүйегі далада қалмайды екен. Болар іс болды. Ауылға жетсе тым құрығанда *жөн-жосық-п е н* жерленеді ғой (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). – Немене, сонымен тойды да, шілдехананы да бүтіндей жаңа *ж ө н-ж о с ы қ п е н* өткіземіз деп мақұлдасамыз ба? – деді Күнтуар (С.Омаров, Дала қызы). **2.** *Істің мән-жайы, жай-жапсары.* Құнанбай маңындағы жігітек, көтібақ, топай, торғай сияқты сыбайлас отырған аталас елдер көші-қон туралы *ж ө н-ж о с ы ғ ы н* айтпады (М.Әуезов, Абай). Бұрын-соңды көрмесем де *ж ө н-ж о с ы ғ ы н* айтса, Қызылорда мен Ақтөбенің біраз түкпір-түкпірін білуші едім,– деді Сапа (Ә.Нұрпейісов, Курляндия). Түні бойы, жұрт ұйқыға кеткенше ұзақ әңгімелесіп, қазіргі кезеңнің *ж ө н-ж о с ы ғ ы н,* бет алысын түсіндірді (Б.Тілегенов, Көктем). **3.** *Бір нәрсенің реті, ыңғайы, тәртібі.* Кімге қалай киінудің, қандай киімді қашан киюдің реті, *ж ө н-ж о с ы ғ ы,* тәртібі бар дейтініміз осындайдан шығады (С.Байжанов, Сыр.). – Ешнәрсенің *ж ө н-ж о с ы ғ ы н* білмейтін көргенсіз, үйге жүріңіз, үйге жүріңіз! – деп асықтырып! Не істегенің бұл? (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). **4.** *Бағыт-бағдар, үлгі-өнеге.* Олардың көбі мұны өздері шала түсінсе, я балаларды үйретуге шорқақтық қылса, ғажап емес, бірақ бұған шығарушы айыпты емес, қазақтан оқыту жолында *ж ө н-ж о с ы қ* көрген мұғалімдеріміздің кемдігінен (М.Дулатов, Шығ.). **5.** а у ы с. *Кескін-кейіп, тұр-тұлға, келбет.* Өзгені ішіне бойлатпайтын, қайткенде де *ж ө н-ж о с ы ғ ы* түзу кісі боп көріне білетін адамдар да болады ғой (С.Алдабергенов, Қанат). Оның есесіне әр қырдан асқан сайын алдыңнан андағайлап *ж ө н-ж о с ы ғ ы* шамалы, талғамсыз, көріксіз неше түрлі мүсіндер шығады («Лен. жас»).

ЖӨН-ЖОСЫҚСЫЗ с ы н. *Орынсыз, жөнсіз, ретсіз.* Шалбай әдемі қара көздерімен Сәнтайдың үсті-басын қадала тінтіп өтті, сонсоң шалқайып тұрып *ж ө н-ж о с ы қ с ы з* сақылдап кеп күлген (О.Сәрсенбаев, Сағым). Күн өткен сайын совхоз директоры А. Сақтағановтың *ж ө н-ж о с ы қ с ы з* бұйрығы молая түскен еді («Лен. жас»). **2.** *Бағыт-бағдарсыз.* Кейде тіпті айсыз қараңғы түнде жол таба алмай, *ж ө н-ж о с ы қ-*

с ы з құр беталды қаңғырып жүргендей болады (С.Омаров, Қызыл.).

ЖӨН-ЖӨН м о д. *Дұрыс-дұрыс, орынды, қисынды.* – *Ж ө н-ж ө н,* балам, түнде сенің үлкеннен әрмен ұйықтамай ән тыңдағаныңды ұнатып қалдым (К.Оразалин, Абай.). *Ж ө н ж ө н,* қисыны бар әңгіме. – Қасболат айналаға сақтана қарады. – Енді сен маған мына бір жағдайды ұғындыршы (С.Омаров, Қызыл.).

ЖӨН-ЖӨНІМЕН үс т. *Жай-жайымен, бет-бетімен, өзді-өзімен.* Қонақтар той тарап, ауыл-ауылдан келген адамдармен бірге *ж ө н ж ө н і м е н* кетіп жатыр (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖӨН-ЖӨНІНЕ үс т. *Беталдына, жанжаққа.* Айдалада машиналарының тұмсығы түйісіп, екеуден-екеу тұрған Айбалта мен Шынтас бір-біріне үн қатпастан *ж ө н-ж ө н і н е* кетті (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Атамбайдың сөзінен кейін шамасы елу-алпыс жігіт қонақтарды күтісуге қалысты да, басқалары *ж ө н ж ө н і н е* кетісті (К.Оразалин, Абай.).

ЖӨНСАЛ с ы н. ж е р г. *Селсоқ.* Мезгіл басын сәл изеді де, қолымды *ж ө н с а л* ұстап амандасып қарсы скамейкаға отырды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖӨНСЕУ з а т. *Қарапайым, жұпыны.* Екі жылға созылған талас-тартыстың үстінде туысында *ж ө н с е у* жаралған жалғыз еркек Григорий Иванович қазақша айтқанда жүн болып кетті (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖӨНСУ с ы н. ж е р г. ***Жөнсеу.*** Бір топ талдың арасынан *ж ө н с у* киінген, қырбық қара мұртты, көркемше, бойшаң жігіт шыға келді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Сол екі арада есікті сақтана ашып, қорына басып, *ж ө н с у* киінген мосқал қара әйел кірді (С.Омаров, Өмір).

ЖӨНСІЗ с ы н. *Орынсыз, қисынсыз, ретсіз.* Сен аттың *ж ө н с і з* оқ, Тәңірі – қазы, Тас таразы, Тентекті Сұрамас деп Қалма, Сер бұзғанның, біл, орны – шоқ (Абай, Тол. жин.). Қайта-қайта қадала беруді *ж ө н с і з* көріп, сөздің артын сабырмен тосып мен отырмын (Т.Ахтанов, Боран). Қанипа да *ж ө н с і з* жерде араласып, осыларға көңілі ауды да қалды (М.Дүйсенов, Мейман.). *Ж ө н с і з* айыптау деген – адам жанына салынған жара (К.Баялиев, Дегелек.). // *Тәртіпсіз, әдепсіз адам.* Емдеп мінез кеселін, *Ж ө н с і з д е р д і* жөндеген Милиционер ағамыз (Ә.Дүйсенбиев, Қайырлы таң). Смайыл үндемеді. Асықпа, – деді ол іштей.– Көреміз әлі кімнің *ж ө н с і з* екенін (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

Жөнсіз себеп. п е д. *Жұмыстан, сабақтан т.б. қалу немесе кешігу себебінің негізсіз, орынсыз болуы* (Қаз. тілі термин. Психология).

ЖӨНСІЗДЕУ үс т. *Орынсыздау, қисынсыздау, оғаштау.* О-ho, бұларың енді тым *ж ө н с і з д е у* екен (С.Жұбатыров, Алыста).

ЖӨНСІЗДІК з а т. **1.** *Орынсыз іс, теріс қылық; оғаштық.* Әр нәрсені сезгіш, байқағыш, көреген Мұқаң өзімен араласып жүргендерге сын көзімен де қарайды, *ж ө н с і з д і к т і* жөндеп жіберуге де күш салады (Ә.Омаров, Асыл арман). Жаманкүлді өздерінше әулие санайтын Жиенбай мен Жадыра Мақанның бұл *ж ө н с і з д і г і н е* күйініп, оны пері болып кетті денені рас еді (М.Дүйсенов, Мейман.). Жоқ, мұндай *ж ө н с і з д і к к е* жол беруге болмайды. Ауылдастық, таныстық өз алдына, қызмет бабы, қоғам жайы өз алдына (*«Лен. жас»*). **2.** *Тәртіпсіздік, әдепсіздік, жүгенсіздік. Ж ө н с і з д і к* тәрбиедегі, тәртіптегі ыңғайсыздық, қисынсыздық. Адамның іс-әрекетіндегі қисынсыздықтың көрінісі (Қаз. тілі термин. Психология.). Бейбастықтың да мөлшері болу керек қой? Бұдан былай бұл *ж ө н с і з д і г і ң д і* жүгендеп ұста (Д.Әбілев, Арман.). Әйтсе де бір жолғы *ж ө н с і з д і г і м* болса, бұнымды кешер бастық, деп өзін-өзі жұбатты (А.Байтанаев, Қайнар). – Қой, қой, ондай *ж ө н с і з д і к т і* қой, – деді анау шоршып кетіп, – Шаруада ісі жоқ, лағып жүрген біреу (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖӨНСІЗДІК з а т. *Тәрбиедегі, тәртіптегі ыңғайсыздық, қисынсыздық.*

ЖӨНТЕК с ы н. ж е р г. *Қарапайым, жұпыны; жөнсеу.* Жергілікті халыққа ұқсағысы келді ме, болмаса кездескен адамдар партизандар деп айтсын деді ме, неміс солдатының көкшіл кителінің сыртынан *ж ө н т е к* қана бірдеңені кие салыпты (Ә.Шәріпов, Орманда.). Мандалай университетімен таныстық. Сырттай қомақты көрінгенімен, іші соншалықты *ж ө н т е к* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖӨНТЕКСІ= е т. *Көнбегенсу, өзінше ырық бермегенсу.* Нұрғазы өзінше ырық бермегенсіп, *Ж ө н т е к с і п,* сырт айнала берді (Н.Қазыбеков, Тұсаукесер).

ЖӨНТЕМ с ы н. ж е р г. *Жүдеу, азыңқы.* Бұл Ғани ғой. Даусы әйбәт өзінің. Шынында да, өңі *ж ө н т е м* екен, бойы тым ұзын-ау (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖӨНТІГУ *Жөнтік етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біржола *ж ө н т і г у і.*

ЖӨНТІК= е т. ж е р г. *Көндігу, үйрену, бастығу.* Бұл – шалдың өз сиыры. Жарықтық жұмысқа әбден *ж ө н т і к к е н,* боразданы бұзбайды (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖӨНІК= е т. *Дұрыс жолға түсу, жөнделу, түзелу. Ж ө н і г е т і н* мінеки замандарың, Нық басатын темірдей табандарың. Теңдік, бақыт, әділдік орналық, Бұзып кіріп дұшпанның қамалдарын (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖӨНІНДЕ ш ы л. *Жайында, турасында, туралы.* Әкесі Қасым төре, ағалары Есенкелді, Саржанның бұл *ж ө н і н д е* ұстаған жолы оған жұмбақ (І.Есенберлин, Қahар). Ол *ж ө н і н д е* оқытушымен сөйлесіп келісеміз ғой (С.Бегалин, Уақыт.). Ой-өріс пен білім *ж ө н і н д е* айтқанда әңгіме жоғары оқу орнын бітіріп, диплом алу жайында болып отырған жоқ («Қаз. әдеб.»).

ЖӨНІНДЕГІ с ы н. **1.** *Жайындағы, туралы.* Тәкежан Абайдың жігітек *ж ө н і н д е г і* сөзіне де көнген жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). Әр ақын Пушкин *ж ө н і н д е г і* өз ойын ортаға салғысы келеді (С.Мәуленов, Шығ.). Сендер дегелек *ж ө н і н д е г і* әңгімені оқымадыңдар ма, бұл бір тамаша қызық құс (С.Бегалин, Мектеп.). **2.** ж е р г. *Жүрген жеріндегі, жолындағы.* Сол қашып бара жатқан ақтардың *ж ө н і н д е г і* елдер күн бұрын біліп отыратын болды (С.Сейфуллин, Шығ.). Ақтардың әскерлері *ж ө н і н д е г і* кез келген елдің қолға түскен жақсы аттарын, киім-кешектерін алып, елді талап келе жатты (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖӨҢ з а т. *Асыл тұқымды үлек пен асыл нардан туған буданның екінші ұрпағы.* Оңтүстік Қазақстанның түйе шаруашылығында нар маяға үлек шөгеріп, онан *ж ө ң,* ал жөңге үлек шөгеріп күрт алады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

ЖӨҢБАЙ з а т. с ө й л. *Жөңнің ақта етілмеген бурасы.* Жөң, яки *ж ө ң б а й* (парсыда 3–5 жастағы буыршын деген сөз) – қандай да болса, таза емес шатыс тұқымнан, буданнан қойылған бура («ҚазССР ҒА Хабарлары»). Фермамызда *ж ө ң б а й* болмағанмен, кейбір кісілерде *ж ө ң б а й* буралары әлі де бар (Ә.Жақыпов, Түйе.).

ЖӨҢКЕРІЛ= е т. **1.** *Семіз, толық адамның ырғатыла, теңселе қозғалуы.* Дүкеннің қымызды «Үшбұлақ» колхозынан алғанын білген соң, арқасы қозып кетіп, тағы бірін сіміріп салып, *ж ө ң к е р і л е,* машинаға келді (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). *Ж ө ң к е р і л г е н* еті ауыр жетпіс жасқа. Жетпісінде жігіттік мүсіні бар Сымбатыңыз сүйкімді жас пен доска (Ғ.Орманов, Ой қанаты). **2.** *Жоталанып көлбей жату (тау, тас туралы).* Төңіректі қоршап тұрған Аба тауы етегінде тоңырайған таз Аба, батысында Үлкен Аба, шығысында *ж ө ң к е р і л е* шөккен Әулиетас, терістігінде Құсмұрын. Арқада осылардың бәрі тау атанады (С.Талжанов, Сейфулла.). **3.** а у ы с. *Жөңку, жосу; қопарылу. Ж ө ң к е р і л г е н* қалың қол Жүйткіген желге ұқсады, Көрінісі кей кезде Толқыған гүлге ұқсады (Үш ғасыр.).

ЖӨҢКЕРІЛУ *Жөңкеріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ебедейсіз *ж ө ң к е р і л у.*

ЖӨҢКУ *Жөңкі етістігінің қимыл атауы.* Отырып кейде қуансам, Жел үргендей *ж ө ң к у м е н* (Халық ақындары).

ЖӨҢКІ= е т. **1.** *Қопарыла көшу, жосу, жүйтку.* Ел ішінде шабыншылық басталып, қасқырдан үріккен қойдай, жекеленіп те, топтанып та *ж ө ң к і г е н* жұрт Қызбелдің қыры мен ойына, кең өлкесіне сыймай кетті (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Үріккен жылқы ыққа қарай *ж ө ң к и* жөнелмес пе? (Ж.Тілеков, Хинган асуы). **2.** *Толқу, жайылу.* Дөң үстіндегі ауылды қарқ қылуға талаптанғандай, су *ж ө ң к і п* келіп жарқабаққа соғылады да, қоршаулар мен шарбақтардың ішіне жайылып барып, кейін серпіледі (З.Иманбаев, Солма. гүл). Телікөл! Шағылысқан күн көзі көгілдір суыңды алтынша жарқыратып, көк майса қамыстарың қара нардай иін тіресіп тұрғанда, төбеңде көшпелі ала бұлттар *ж ө ң к у ш і* еді (М.Қаратаев, Далада.). Демін тартып құзарлар тұр томсарып, Өзен *ж ө ң к і п,* өзен бәрін қомсарып, Қаңтардағы қалшылдайды бурадай, Тауды бұзып, тасты илейді жол салып (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.).

ЖӨҢКІЛ= е т. *Қопарыла, үдере көшу.* Ана адырдан «Тұлпар ізін» басып бір үйір жылқы *ж ө ң к і л і п* барады (Д.Досжанов, Тұлпар.). Айдамал бұлттар әп-сәтте *ж ө ң к і л і п* келіп, көкті торлап тұрып алды (Ә.Қалмырзаев, Ар). Әне, сонау шығыстан *ж ө ң к і л г е н* қара сұр бұлт от тұяғынан көтерілген қою шаң күннің көзін торлады (Ж. Тұрлыбаев, Тамыз таңы).

ЖӨҢКІЛДІР= е т. *Қопару.* Ыршытып дестелерді бункеріне Бункерге бір әдемі үн кідіре, Құяды алтын дәнді кезек-кезек Тез жеткен машинаға *ж ө ң к і л д і р е* (Қ.Көпішев, Ер жүрек).

ЖӨҢКІЛДІРУ *Жөңкілдір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *ж ө ң к і л д і р у.*

ЖӨҢКІЛТ= е т. *Үдеру, қопару.* Оның мәнісі, отарды өріске айдап апарып, ауылға *ж ө ң к і л т е* қуып әкелу мал баққандық емес (Дала шұғыласы). Түстен кейін немістерді қаладан айдап шығып, сәйгел тиген сиырдай *ж ө ң к і л т і п* қуып бердік (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

ЖӨҢКІЛТУ *Жөңкілт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біржола *ж ө ң к і л т у.*

ЖӨҢКІЛУ *Жөңкіл етістігінің қимыл атауы.* Жаяулы, көлікті адамдардың күндізгі абырсабыр *ж ө ң к і л у і* бәсеңдеп, аздаған көліктілер болмаса, жаяулар сиреген (С.Мұқанов, Алып. адым.). Алба-жұлба қара бұлттар шығысқа қарай *ж ө ң к і л у д е* (А.Жұмаділдин, Сең.).

ЖӨҢКІЛІС з а т. *Шұбырыс, жосылыс, қозғалыс.* Оты шамалы жерде жылқының *ж ө ң к і л і с т е р і н е* еріп отырудың өзі оңай емес (С.Хайдаров, Азамат). Ыбырай қара бұйраланып, түтіндеген бұлт *ж ө ң к і л і с і н* көргендей болады (Ж.Молдағалиев, Самал).

ЖӨҢКІРІЛ= е т. с ө й л. ***Жөңкеріл.*** Келесі қара дөңнің шығыс жақ баурайында Мұса тобы

жатқанын байқамады, алаңсыз ылдиға *жөңкіріле* түсе берді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖӨҢКІТ= е т. *Үдеру, жосыту.* Оң қанаттағылар бес-алты сағатта-ақ бүлікшілерді *жөңкіте* қуып, кешке жақын бүкіл қаланы өз қолдарына алды (Ж.Арыстанов, Таң.). Аспан әлем-тапырық. Суық жел сом, сұр бұлттарды *жөңкіте* айдап барады (Ғ. Мұстафин, Көз көрген).

ЖӨҢКІТУ *Жөңкіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяқасты *жөңкіту.*

ЖӨҢКІТІЛ= е т. *Жосытылу, үдеріту.* Қаскелең бойына тоғытуға айдалып барып, қалың егін арасындағы жалғыз аяқ бұру-бұру жолдармен тауға *жөңкітілген* малда қоң қалсын ба? (Ғ.Сланов, Замана.).

ЖӨҢКІТІЛУ *Жөңкіті етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *жөңкітілу.*

ЖӨҢШЕҢ с ы н. *Жоқ күйінде, жоқ қалпында.* Нардан да нағыз көсем болар сонда, Талапқа тайлағынан мінген *жөңшең.* Ерлікке екі дүние бірдей ашық, Жауың да жамандамас жаның сөнсең (Айтыс).

ЖӨПЕЛДЕМДЕ үс т. с ө й л. ***Жөпелдемеде***. *Жөпелдемде* Зәуренің аузына сөз түспей: – Ең болмаса, қонып аттанбай... – деп, аржағын айта алмай булыға қалғанын қайтерсің (Ж.Тілеков, Жоңғар.). Хирург, хирург, жолдас хирург,– деп ол *жөпелдемде* күнде көріп жүрген Мараттың есімін де тауып айта алмай тұр (М.Сатыбалдиев, Жартас.).

ЖӨПЕЛДЕМЕ үс т. *Табан астында, тез арада, жылдам.* Алғашында ет қызуымен ілескен болып, ел қарасы болып жүріп, *жөпелдеме* қысылтаяң шақта өз жөніне кететіндер көбейді (С.Әбілқасымұлы, Оспан батыр).

ЖӨПЕЛДЕМЕДЕ үс т. с ө й л. *Табан астында, кенеттен, асығыста, тез арада.* Жеңгеміз пәлендей алақаны ашық кісі емес қой, асы да *жөпелдемеде* пісетін емес (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖӨПЕЛДЕМЕЛЕТ= е т. *Жылдамдату, жеделдету, тездету.* Бәріңнің де есіңде болар, қайта оқып жатпаймын, – деді Сұлтан *жөпелдемелете* (Қ. Қазыбаев, Дәуір.).

ЖӨПЕЛДЕМЕЛЕТУ *Жөпелдемелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аяқ асты *жөпелдемелету.*

ЖӨПЕЛДЕТ= е т. с ө й л. ***Жөпелдемелет***. – Жә, мейлі, солай-ақ дейік, деп алды да директор, – қайда оқыдың, не бітірдің, мамандығың бар ма? – деп *жөпелдете* сұрады (Б. Тоқтаров, Тауда.).

ЖӨП-ЖӨНДІ с ы н. *Жап-жақсы, әжептәуір, тәп-тәуір, оңды, жөні дұрыс.* Аққырқа жылда тақыр болушы еді, *жөп-жөнді* шөп болмаушы еді (С.Байжанов, Жастық). Өзендер тұрсын, *жөп-жөнді* бұлақтары да жоққа таңдық, жаз жайлауларға келмейтін құрғақ аймақ бұл ара (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

ЖӨППЕЛДЕМЕДЕ үс т. с ө й л. ***Жөпелдемеде***. Сен адамның туғанын көрдің бе? – деді. *Жөппелдемеде* ауызға сөз түспей,– Жоқ! – деп келте қайырдым (С.Ерубаев, Шығ.). *Жөппелдемеде* не істерін білмей састы. Жығыласүріне жүгірген Анар көзіне оттай басылды (Р.Райымқұлов, Бұрылыс.).

ЖӨПТЕ= е т. ж е р г. *Қиптау, мақұлдау, қолдау.* ≈ Бірден *жөптеді.*

ЖӨПТЕУ *Жөпте етістігінің қимыл атауы.* Бірақ Гончаров үйінің жандарынан көңіл бөлгендік, *жөптеу* пікір қосу болмағанын көрсе де өзінің қалыптасқан әжетінен шыға алмаушы еді Қаби (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.).

ЖӨПШЕНДІ с ы н. *Анау-мынау, жеңіл-желпі; жөбішенді. Жөпшендіборандарда* жасырынбайтын заводтың будақтаған қара қою түтіндері биік көкке бойлаған қара мойындары да көрінбейді (С.Сейфуллин, Әңгім.). *Жөпшендіжерде* қорқа қоймайтын мықты Бақтығұл сотқар тентектікке салып еді (М.Әуезов, Қараш.). *Жөпшендікісіге* өзім де бой бермейтін жігітпін (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жөпшендінәрседен* жағымсыз ішкі сезім алмайтын адам бақытты, тым сезімпаз адам бақытсыз. Сондықтан ішкі сезімдерді дұрыс тәрбие қылу керек (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖӨПШЕНДІЛІКПЕН үс т. *Оңайшылықпен, ешқиындықсыз, жанқинамай-ақ. Әйелжөпшенділікпен* жадырай қоятын емес. Қара мақпал қамзолының омырауындағы Ленин орденін толықша келген етті саусақтарымен сипап қояды (С.Омаров, Дала қызы). Ауданға баратын көлік *жөпшенділікпен* табыла қоймады. Екі ортаға қатынайтын жалғыз автобус әлдеқашан кетіп қалыпты («Қаз. әдеб.»). *Жөпшенділікпен* уысын ашып дым шығара қоймайтын қоймашы да алғаш ісі түскен жас жігіттің тауын қайтарғысы келмеді (Б.Тілегенов, Уақыт).

ЖӨПШЕҢДЕ үс т. *Аз уақытта, тез арада, оп-оңай.* Біз бұл үйге келгелі көп уақыт та болған жоқ. Алтынай *жөпшеңде* шаймен бірге буын бұрқыратып, қуырдақты да қойды (Б.Дәулетбаев, Парыз).

ЖӨПІЛДЕ= е т. ж е р г. *Жалпылдау, желпілдеу, далақтау.* Дүйсен *жөпілдеп*, бәрімен қол алысып шықты (М.Қуанышбаев, Кек).

ЖӨРГЕ= е т. с ө й л. ***Жөрме.***

Жөрген тігу. *Матаны сирек тігу, жөрмеу. Жөргеп тігу*, тепшіп тігу, көктеу, қаю, сыру, қабу дегенді де таза ұмытқан шығарсың (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖӨРГЕК з а т. **1.** *Жас нәрестені бөлеп орайтын, талдырып басылған жұқа төсеніш*

немесе арасына мақта салып сырылған көрпеше. Қазақ бесігі – аса ұсталықпен жасалған нәрсе. *Жөргегі,* тартпалары, астындағы тесігі, шүмегі, түбегімен баланың таза, жинақ жатуына көп себепші (М.Жұмабаев, Шығ.). Жұқа өңді егделеу әйел *жөргекке* оралған нәрестені кеудесіне қысып емізіп отыр (Қызыл жалау). Қолында *жөргекке* ораған баласы бар әйел келеді (С.Шаймерденов, Қарғаш). Күні кеше *жөргегінде* оралып жатқан ши бұт бала еді,– деп, әйде бетімді сүйді келіп, сүйді келіп (С.Сарғасқаев, Көңілді бала). **2.** а у ы с. *Сәби, балаң, жас кез.* Ақыл бітпес дәулетке, Дәулет бітпес келбетке. Болымсыз қулық тойымсыз Болды балаң *жөргекте* (Абай, Тол. жин.). Ешкім де *жөргегінде* бұзылмайды, Жақсылық та, жамандық та жүре жабысады (Ш.Хұсайынов, Таныс адам). Тапшылық тақсіретін ол *жөргегінен* көре бастады (Б.Момышұлы, Біздің генерал). – Оныңыз, жәке, дұрыс қой. Бізге солардың бәрі *жөргегімізден* жабыса ма, қалай, өзі сүйекке сіңген (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖӨРГЕКТЕ= е т. *Жас сәбиді жаялыққа орау, құндақтау.* Аялы қолда талпытқан, Қаймақты сүттей қалқытқан Суық болса *жөргектеп,* Қорғасын оқтай балқытқан (Үш ғасыр.).

ЖӨРГЕКТЕЛ= е т. *Жөргекке оралу, құндақталу.* Сонда туды қазақтың дер көктемі, Қара көзі көкке өтті, жерге өтті енді. Сол бесікте бір мәз қып, бір қайғыртып, Қанышым да екі рет *жөргектелді* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖӨРГЕКТЕЛУ *Жөргектел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бос *жөргектелу.*

ЖӨРГЕКТЕУ *Жөргекте етістігінің қимыл атауы.* Қаталар да жанымның перзенттері. Көре білсем, көңілдің ер жеткені. Жас әкеше үйренем *жөргектеуді,* Жас ананың сүтіндей жер женттері (Ж. Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖӨРГЕМ[1] з а т. **1.** *Будақтап өрілген ішек.* Ет асқан епті әйелдер қыбын тауып, Қымқырып оны-мұны қолға ап жатыр. Қақпайлап, қап бұрышына қайыра тастап Бүйрек, сирақ, *жөргемді* қажап жатыр (Батырлар жыры). Жонынан атжалманның айыл алдым Үш *жөргем* ішін жарып майын алдым (Қырық өтірік). Қаттысын қайырып, жұмсағын жымсырмаса, қойдың пұшпақ жүнін, киімінің ескісін, етіктің сірісін, бас ауырғандағы бір қайнатым қара шайын, малдың өкпесін, бір *жөргем* ащы ішегін, үйқысын, сорпасын байдікі тегін бере ме? (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Жалғыз таспадан өрілген өрімнің ең оңай, қарапайым түрі.* **3.** *Тұлеген малдың бұта-бұтаның басын ілініп қалған түгі* (ҚҰЭ). **4.** а у ы с. к ө н е. *Пайда, олжа.* Дорбаның ішіндегі анық балық екеніне көзі жеткесін көңілі жай тауып, оңашада оңай қолға түскен *жөргемді* иығына асып алып, кетуге ыңғайланды (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

Жүрген аяққа [жүргенге] жөргем ілінеді [ілігеді]. *Еңбек еткен бос қалмайды; пайдаға, олжаға кенеледі, табысты болады. Жүрген аяққа жөргем ілінеді* деп, пайданы молырақ істеген жолы миығынан күлетіні де болатын (Б.Майлин, Шығ.). Түзге шықса, *жүрген аяққа жөргем ілінетіндей* сезінеді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Жатқанға жан жуымайды, *Жүргенге жөргем ілігеді* (Мақал).

ЖӨРГЕМДЕ= е т. **1.** *Жуып, тазартқан ішекті будақтап өру.* – Әділжаным ішекті жақсы көреді,– деп мен келер қарсаңда сойылған қойдың ішегін тазалап жуып, *жөргемдеп* қоятын (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). **2.** *Сирек-сирек етіп, андыздап тігу, тоқу, бекіту, жөрмеу.* Жарық барда мына бір ері түскірді *жөргемдеп* алайын деп малға жібере қойып ем жаңа (К.Ахметбеков, Ақдала).

ЖӨРГЕМДЕЙ с ы н. *Бір тұтам ішектей қысқа.* Өз баласын көргендей: – Неге, – дейді, – кешіктің? Өмір қалды *жөргемдей,* Өтті бастан нешік күн (Ж. Молдағалиев, Шығ.).

ЖӨРГЕМДЕЛ= е т. *Будақтала өрілу.* Міне, енді сіздің ішіңіз ақтармаланып, ішектеріңіз керегеге ілініп, *жөргемделіп* жатыр (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

ЖӨРГЕМДЕЛУ *Жөргемдел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез арада *жөргемделу.*

ЖӨРГЕМДЕУ *Жөргемде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шапшаң *жөргемдеу.*

ЖӨРЕМЕЛДЕТ= е т. *Тездету; жөпелдемелету, жеделдету.* Бозамық арақты қойды да, бокалды көтеруге сылтаулар тауып, *жөремелдете* әлденешеуін қотара салды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Енді міне, қарауылдың қалың шетіне кірдік, серілігіңді көрсетер кезің келді. Оған да – Құдай сөзі деген, – деп тағы да бір аяқ қымызды *жөремелдете* қолына алды (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖӨРЕМЕЛДЕТУ *Жөремелдет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *жөремелдету.*

ЖӨРМЕ= е т. қ о л ө н е р. *Арасын сирек етіп, андыздата тігу.* Қазақ халқы тігістерді бірнеше түрге бөледі. Қабу, сыру, қусыру, бүрме, *жөрме,* тепшу, қаю, бүгіс, тұмарша, бұзау тіс, тышқан із тігістері дейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Берігірек болсын деп ол сөгілмеген жерінде сирегірек етіп *жөрмеп,* көпке дейін қамысты енді қайтып жамамастай еткен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖӨРМЕЛ= е т. *Сирете, андыздата тігілу.* Оюластырған екі түсті киіз, әуелі сирек көктеліп құралады, одан кейін *жөрмелініп* тігіледі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖӨРМЕЛЕ= е т. ж е р г. **1.** *Өрмелеу, жорғалау.* Шаттыққа шажа кенелді, Жарасып жырғал жер-күйі *Ж ө р м е л е п* со кез жөнелді Қонтажы жаққа бір бүйі (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). Қанаты тынық көбелек *Ж ө р м е л е п* келіп қасына: – Қой, – деді, – жылап не керек? Осы ғой өмір, тасыма (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.). **2.** *Әдемілеу, әсемдеп сәндеу, өрнектеу.* Текшелейміз дойбыны Кестедей ғып *ж ө р м е л е п.* Қызыл қышты көтеріп Көкке асамыз өрмелеп (С.Сейфуллин, Шығ.). Өзімді-өзім нығайтам: – Туралықтан төнбе! – деп. Өлмей тұрып, он саусақ Жырыңды жаз, *ж ө р м е л е п!* (Т.Ізтілеуов, Назым).

ЖӨРМЕЛЕУ *Жөрмеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кестедей *ж ө р м е л е у.*

ЖӨРМЕЛУ *Жөрмел етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *ж ө р м е л у.*

ЖӨРМЕУ *Жөрме етістігінің қимыл атауы. Ж ө р м е у* – қолмен тігу әдісінің бір түрі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖӨТЕЛ з а т. *Тыныс жолдары қабынғанда пайда болатын ауру; тұмау. Ж ө т е л* – тыныс мүшелерінің әртүрлі ауруға шалдығуының белгісі (Ғ.Қыдырниязов, Шопан). Бас ауру, *ж ө т е л* немесе іш өту ауру емес. Олар аурудың белгілері (Е.Оразақов, Дәрігер.). Апырмай, осы *ж ө т е л і* құрғырдың жабысқанына бір апта болғаны (О.Сәрсенбаев, Бақыт.).

Құрғақ жөтел. *Дауысты қарлықтыратын, ауру қайталағанда болатын, қырылдатып, қатты қысатын қақырықсыз жөтел.* Созылмалы түрінде адам жаңа басталған түріндей қатты булығып демікпейді. Тек ауру оқтын-оқтын қайталаған мезгілде *қ ұ р ғ а қ ж ө т е л* пайда болады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

ЖӨТЕЛ= е т. **1.** *Тыныс жолы қабынып күркілдеу, тұмау тию.* Өкпесіне қан іркілген адам *ж ө т е л е* береді, алқынады, жүрегі жиі соғады (Б.Омарұлы, Жүрек.). Ауру асқына бастағанда, ауа жетпегендей ентігеді, жүрек жиі соғады, бара-бара *ж ө т е л е д і* (А.Даиров, Хирург.). Ауру кісі *ж ө т е л г е н д е,* түшкіргенде, қатты сөйлегенде оның аузынан сілекей шашырайды («Мәдениет және тұрмыс»). **2.** *Сәл дыбыс шығарып, тамақты кенеп жөткіріну.* Әкесінің дем алғаны, *ж ө т е л г е н і,* қатынның шылапшын салдыратқаны, судың сарылдағаны, бәрі сайрап тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шамды өшіріп Күлзейне жатты. Ол да, мен де ұйықтай алмай жатырмыз. Мен анда-санда жеңілдеп қана *ж ө т е л і п* қоям (І.Жансүгіров, Шығ.). Ептеп *ж ө т е л і п* те, ысқырып та қоямын, ешкім дыбыс бермейді (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Күндіз-түні түтін астында отырған ауылдан көп кәрі-құртаңның дамылсыз *ж ө т е л і п* жатқаны естіледі (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖӨТЕЛГІШ с ы н. *Жөтеле беретін, күркілдек.* Біздіңше, *ж ө т е л г і ш* адам болса, Күркілдек немесе ұры болса, Жымқырбай, сондай-ақ айлакер, қу болып көрінсе Түлкібай деу ұтымды ат қою емес сияқты («Қаз. әдеб.»).

ЖӨТЕЛДІР= е т. *Жөтелгізу.* Темекі түтіні ұдайы өкпені тітіркендіріп, *ж ө т е л д і р е д і* (М. Қайрақбаев, Ескерм. ауру).

ЖӨТЕЛДІРУ *Жөтелдір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үсті-үстіне *ж ө т е л д і р у.*

ЖӨТЕЛСІЗ с ы н. *Жөтеліжоқ, жөтелмейтін.* Көксау шалдың аты Жағыпар екенін ілуде біреу ғана біледі. Ал оның *ж ө т е л с і з* күнін ешкім де білмейді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

ЖӨТЕЛТ= е т. *Жөтелдіру.* Рецепторларда пайда болған қозу, орталыққа тебетін нервтер арқылы тыныс алу орталығына өтеді де түшкіртеді немесе *ж ө т е л т е д і* (Адам анатом.). Өкпенің үзілгелі жүрген қылтанағы жыбырлап, ауық-ауық *ж ө т е л т е д і* («Қаз. әдеб.»).

ЖӨТЕЛТУ *Жөтелт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қайта-қайта *ж ө т е л т у.*

ЖӨТЕЛУ *Жөтел етістігінің қимыл атауы.* Бронхоэктаз ауруының пайда болуына жиі *ж ө т е л у* де себеп болады (М.Сисекенов, Өкпе ауру.). Адам ауыра бастағанда *ж ө т е л у,* құсу және ішектің жырылғыштығы арқылы көптеген микробтар денеден сыртқа шығарылады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ЖӨТЕЛШАЙ з а т. ө с. < лат. betonica> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанда шалғынды жерлерде, бұталар және аршалы орман арасында, тоғай ішіндегі ашық жерлерде өсетін дәрілік *ж ө т е л ш а й* және жапырақты *ж ө т е л ш а й* кездеседі (ҚҰЭ). *Ж ө т е л ш а й* медицинада жоғары тыныс жолдары қабынғанда қолданылады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Дәрілік жөтелшай. ө с. *Биіктігі 50-100 см-дей, шашақ тамырлы, тік өсетін төрт қырлы сабағы бар дәрілік өсімдік. Д ә р і л і к ж ө т е л ш а й д ы ң* жапырақтары жұмыртқа тәрізді сопақша келген, сыртын қысқа түк жапқан, жиегі иректі. Ірі қара қошқыл, қызыл, ашық көк, түтік тәрізді тостағанша гүлдері масақ гүлшоғырына топталған. Маусым-тамыз айларында гүлдеп, шілде-қыркүйекте жемісі піседі (ҚҰЭ). *Д ә р і л і к ж ө т е л ш а й д ы ң* жемісі – жаңғақша. Әріпдәрінің гүлшоқтарымен бірге шөптерін де дәрілік мақсатта пайдаланады (ҚҰЭ).

ЖӨТЕЛІС з а т. *Үсті-үстіне, дүркін-дүркін болатын жөтел.* Кейде *ж ө т е л і с т і ң* көп болатыны сондай науқас адам ұйқыдан қалады, шаршайды (Т. Қалжеков, Туберкулез.). Үндемеймін, бұдан ештеңе өнбейді. Енді қатты *ж ө т е л і с к е* басты (Бәйшешек).

ЖӨТКІР= е т. *Тамақты кенеп дыбыс шығару, жөтелу.* Ол шинельге оранып, жұмсақ сабанның үстінде көсіліп жатыр. Оқта-текте *жөткіріп* қояды (Т.Бердияров, Солдат.). Осы кезде ауызғы үйден Сафуранның булыға *жөткіргені* естіледі (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). Аула жақтан біреудің *жөткірген* дыбысы білінді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ.).

ЖӨТКІРУ *Жөткір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қайта-қайта *жөткіру.*

ЖӨТКІРІК з а т. *Жөтел, жөтеліс.* Сырт жақтан сырп-тырп басқан кебіс дыбысы мен *жөткірік* естілді (Қ.Мұханбетқалиев, Жұлдызды).

ЖӨТКІРІН= е т. *Тамағын кенеп, қырнап, жөтеліңкіреу.* Қасым *жөткіріні*п тамағын қырып, хатты жалма-жан төс қалтасына салып жібереді, үйдегілер орын-орнына отырады (М.Дулатов, Шығ.). *Жөткірінген* даусынан біле қойдым,– Нұртаза (С.Мұқанов, Есею жыл.). Төлебай булыға түскендей *жөткіріні*п тоқтады да қайта ағытылды (Ғ.Сланов, Замана.).

ЖӨТКІРІНУ *Жөткірін етістігінің қимыл атауы.*

ЖӨШ: жөш көңіл. *Ақ ниет, адал көңіл. Жөш көңілмен* балаша ерігіп, жоқтан басқаны айтып, Қамқаны күлкіге батырды (О.Бөкеев, Қамшыгер). – Опырым-ай, орыс қысын есіме бір түсірдің-ау, – деді өзгеше *жөш көңілмен* (О.Бөкеев, Қамшыгер).

Жөш ұрды. *Көңілі көтерілді, қуанды.* Көңілі тасып *жөш ұрып*, Байбөріге қосылып, Езу артып күліпті (Алпамыс).

ЖӨШІН з а т. с ө й л. ***Жосын.*** Қатаң-қатаң заманнан Қараңғыда осы аудан, Қазақылық *жөшінмен* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖУ= е т. **1.** *Бір заттың кірін сумен шайып кетіру, тазарту.* Киім кірі *жуса* кетеді, көңіл кірі айтса кетеді (Мақал). Жұмыстан қолы бос кезінде ол ауқатты адамдардың кірлерін *жуады,* үйлерін ақтайды (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.) Қолыңды *жуа* кел, шырағым,– деп шалдың бәйбішесі шәйнек ұсынды (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Күлзила көсіле отырып, ыңылдап әндетіп ыдыс-аяқ *жуып* жатқан (М.Жүсіпов, Бір әйел.). **2.** э т н. *Өлген адамның денесін жерлеу алдында жуу.* Әзімбай марқұмның денесін *жуып* болдық, енді молданы шақырыңдар, – деді Әли (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.). **3.** а у ы с. *Жаңадан сатып алған затты немесе қуаныштыхабарды, жақсылықты атап өту.* Ей, мына жеңгей жаңа шелегін қалай ғана *жумас* екен, құтты шелек, болмайды онда десіп даурығады кеп (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жұмыс орны мен жаңа пәтерді *жуамыз* деген сылтаумен Тәлім Гүлбану мен Елдосты шақырып қойған еді (А.Байтанаев, Қансонар).

Айыбын жуды. *Күнә-айыбын тартты, кешірім сұрады.* Сол *айыбын* жолдастарының алдында ерлік іспен *жумақ* еді, амал жоқ, бұл жолы сізді қорғауға қалып тұр (І.Есенберлин, Қатерлі.). Арасына күн аралатпай барып Әтиім қызын айттырған үйдің алдына жығылып *айыбын жуыпты* (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Ақ жуып, арулап жерледі [қойды]. *Таза жуып, құрметпен жерледі.* Қайтыс болған адамдарды ертеңіне аптектен ақырет алып, бірнеше егде жігіттерді жұмыстан босатып, *ақ жуып, арулап* ағаш арасына *жерледі*к (С.Бегалин, Замана.). Зейнеп бір түнде жалаң қабат бешпентпен тысқа шығып кетіп, үсіп өледі. *Ақ жуып, арулап қояр* шаққа жеткенде оның төс қалтасынан «Аққудың айырылысуы» делінген ұзақ өлеңнің көшірмесі табылған (Ә.Көшімов, Лашын.).

Кінәсын [күнәсын] жуды. *Қатесін, кемшілігін мойындады, айыбын тазартты.*– Қыз халқы еш уақытта кінәлімін деген емес. Тапқан сөз. Ендеше *кінәмды жусам* ба деп едім. Қолымнан келсе, әрине (Б.Аманшин, Жар мұңы). Азды-көпті *кінәсын* қарсы тіл қатпай *жуайын* деген оймен, әйел назды қараспен ғана тынды (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Ол өзінің *күнәсын жуып* алсын. Жалғыз Абзал хазірет дейсіз бе «итжеккенге» кеткен (М.Гумеров, Хазірет.).

Кір жуып, кіндік кескен жер. *Туып-өскен жер, Отан.*– Балталы, Бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол. *Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,* Ойнап-күліп ер жеткен жер аман бол (Қозы Көрпеш.). *Кіндігімді кесіп, кірімді жуған* мынау қос суының сылдырын естіп, таныс самалға басымды бере жатып ұйықтаймын (Ж.Жұмаханов, Қаракөз.).

Қанды қанмен жуды. *Ашу-кекті қанмен қайтарды.* Жаудан кек алуға тиістімін. *Қанды қанмен жумай* көңіл тынбас болар (М.Ғабдуллин, Сұрапыл.). О, бауырым, шуағым! Өлем, жаным, жолыңда, *Қанды қанмен жуамын.* Жоям, дұспан, жоямын (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖУА з а т. ө с. <лат. allium> **1.** *Далада өсетін жабайы пияз.* Келінтөбенің шаңына аунағанмен, топырағын шашқанмын, баурайында *жуа* тергенмін, етегінде жауқазын қазғанмын (Ы.Жақаев, Өмір). Қыр *жуа* мен ой *жуа*нының қандай жерде өсетініне дейін жақсы біледі (І.Есенберлин, Көлеңке.). Қырат-қыратында торы тобылғы, раң, тарғыл *жуа,* қой *жуа,* арқар жусан, изен бар (Н.Әбутәлиев, Қайран Нарын). **2.** б о т. *Лалагүл тұқымдасына жататын*

көпжылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанда *жуанының* 108 түрі бар, оның 9-ы Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

Жолыңа жуа біткір [шыққыр]. қ а р ғ. *Басқан жеріңе шөп шықпағыр*. Естисің бе, жылап жүр. Жақсының жаны бекер қиылғанын о да сезеді. *Жолдарыңа жуа біткір* деп қарғап тұр (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). Қап қырсық-ай, *жолыңа жуа біткір,* Сейіл-ай!– деді ол екі иінінен зорға дем алып (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Жуан қарын, *жуа шыққыр жолыңа*. Ау, кірем деп жүріп оқуға Оқиғаға кіріп бара жатырмын (Қ.Байсейітов, Беу, қыздар.).

ЖУАДАЙ с ы н. *Жуа сияқты, жуа тәрізді*. Аршылған *жуадай* ақ мойны жұп-жұмыр екен, күмістей қос құлақты шебер зергер ойып орнатқан ба екен дейміз (І.Жансүгіров, Шығ.). Серлетіп молда Шәді сөзбен ниетін, Тырнаған жездесінің қол мен бетін. Ащы-ащы әпсаналы сөз жазыпты, Ж *уадай* шілде айында жарған өтін (Айтыс).

Жуадай солғыр. қ а р ғ. *Қыршыныңнан қиылғыр, жетпей желкең үзілгір*. Бармайды келінім, өлтіріп кет, өртеп кет, ақ сүтімді садаға қып кет, *жуадай солғыр* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көк шешек келгір-ай, *жуадай солғыр-ай,* ертеден қара кешке ойнайтыны асық (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖУАЗ к ө н е. *Сүттен май айыратын сайман, құрал*. Мұнда ескі заман мүліктері: *жуаз*, кесеқап, ыдыс-аяқ, құмыра секілді бұйымдардың алуан түрі бар (Р.Бердібаев, Қаз. әдеб.).

ЖУАЛА= е т. *Жуа қосу, жуа салу*. Осы кеш шайханада, *жуалап* ішкен араққа Михайла қызып отырды («Лен. жас»).

ЖУАЛДЫЗ з а т. *Үлкен қанар, бағар және қаптың аузын тігетін темірден, ағаштан не сүйектен жасалған жуан ине, тебен*. Иненің үлкені тебен немесе *жуалдыз* аталады. Онымен киіз сияқты қалың нәрсені ғана тігеді (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Алдында бедерлі қара тақтай. Оның үстінде екі-үш сабақ тарамыс, бәкі, біз, *жуалдыз,* басқа да біраз саймандар жатыр (Бал дәурен). *Жуалдызбен* түйенің жабуы, қалың сырмақ, былғары тоқым сияқты заттарды сыриды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Екеуі *жуалдызбен* қаптардың аузын қайта тігіп, есекке артты (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

ЖУАЛЫ с ы н. *Жуасы бар, жуа салынған*. Қырқусыз бағлан етін майда турап, Жесеңіз шорабалап, *жуалы* тұз (Айтыс).

ЖУАН[1] с ы н. **1.** *Ені, көлденеңі жағынан үлкен, толық, жұмыр*. Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем, Иек қағып еліріп жүрсе әсем. Шапса жүйрік, мінсе берік, *жуан*, жуас, Разы емен осындай ат мінбесем (Абай, Тол. жин.). *Жуан*, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ, Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ (Абай, Тол. жин.). Әрі *жуан,* әрі жұмыр бөренеден қиып салынған бұл үй соғысқа дейін осы деревняның балалары оқитын орта мектеп болған (Ә.Шәріпов, Партизан.).– Саған Балтабек керек қой? Анау *жуан* қарағайға барсаң, соның аржағында алыс емес, сол арадан тағы сұрарсың (С.Мұқанов, Ботагөз). **2.** *Толық, етті-жеңді; семіз*. Шариғат жағынан қарағанда да мына хазірет секілді *жуан* молдалардың зекет алуы дұрыс емес (М.Дулатов, Шығ.). Жайлыбайдың әкесі Сырлыбай «киелі бай», «түйелі бай» атанған төртбақ келген, жұмыр *жуан* кісі еді (Б.Майлин, Шығ.). Алдыңғы ретте келбетті екі зор ақсақал, оларға таяу жақсы киімді, *жуан* қарынды үш бай, оған тете орташа киімді би, ауылнай сықылдылар орын алсын (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Кіруге мүмкін бе? – деп, қаба сақалды *жуан* қара есіктен басын сұқты (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). // *Мықты, азулы, күшті адам. Жуанды* қойып, жуасты Біраз ғана шеттеймін. Ояз бардағы қылықты Ояз жоқта етпеймін (Абай, Тол. жин.). Саудагер қашты бұл елден, Несиесін жия алмай, Бұралқылар сандалды, *Жуандарға* сыя алмай (Абай, Тол. жин.). «Сендер атты, мен жаяу, бара алмаймын, Әкімсінбей айт – депті – бірің келіп». *Жуандар* ыза болды келмей тұр деп, Керемет көрсетелік бұған бір деп (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Жиылыстың ішінде бірсыпыра байлар да, *жуандар* да бар (Б.Майлин, Шығ.). Абайдың өсуі заманын сынаудан, заманының әміршісі мықтыларын, *жуандарын,* әкесі бастаған үстем тапты сынаудан білінеді (М.Әуезов, Әр жыл.).

Жуан ата. *Мықты, күшті; үстем тап ұрпағы, тұқымы*. Елдегі байлардың, *жуан атаның* нашарға істеген қиянатын, зорлығын газетке жазып, күштілермен ұсатысып жүретін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қалкен де, Ердәлі мен Төкен де осы ауылмен іргелес орналасқан *жуан атаның* тұқымдары, адуынды, азуы қарайған мықтылары (Б. Тілегенов, Аққайнар).

Жуан ауыл. *Мықты, азулы, күшті адамдардың ауылы. Жуан ауыл* әнге де жуандық, зорлық етеді екен (М.Әуезов, Абай). Албанда Саурық аулы *жуан ауыл*. Басы өскен, дәулет біткен бұған ауыр. Елше екшеп, ауылша атап, албанша айтсаң, Нар шөккен, аруақ аунап, дуалы ауыл (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жуан дауыс. *Мықты, зор, күжілдеген дауыс*. Сол бюрода ол өзінің *жуан дауысымен* гүрілдей сөйлеп: «Осы бескүндікте көлденеңнен қаза келіп өлсем, өліп кеттім. Ал өлмесем,

жоспарды қайтсек те орындаймыз», – деді (Ә.Нұршайықов, Жомарт.).

Жуан дауыстылар. л и н г в. *Тілдің, таңдайдың артқы шеніне қарай жиырылып, бүктеліңкіреуінен пайда болатын дыбыстар.* Сонымен, тіліміздегі байырғы түбірлер тіл үндестігіне толық бағынады, яғни түбір ішінде *ж у а н д а у ы с т ы л а р* бірыңғай, жіңішке дауыстылар өз алдына тіркес құрайды (Қаз. грамм.)

Жуан жұдырық. *Зорлықшыл, озбыр.* Оның бер жағында, көршілес қаланың *ж у а н ж ұ д ы р ы қ* байларымен қым-қиғаш дауласуды өнімсіз, дерексіз іс деп тауып, кейінгі кезде түңілігі қойған-ды (С.Омаров, Дала қызы).

Жуан ортасында. *Арасында, ішінде; дәл ортасында.* Жасы алпыстың *ж у а н о р т а с ы н д а* демесең Әлікейдің көзі тірі ұлдарының кенжесі де өзі еді (Самғау). Ол шаруаның *ж у а н о р т а с ы н д а* отыр, оның тіршілігіндегі терең тамырын, жан құбылыстарын машық ұғынады (І.Омаров, Шабыт.).

Жуанның созылып, жіңішкенің үзілген шағы [кезі, мезгілі]. *Қысқа жиналған азықтүліктің таусылып, адамдардың да, малдың да жүдеулеу тартқан уақыты; көктем мезгілі.* Енді бірде шығыстан соққан ызғырық жел борасындатып, тәулік бойына созылады. Бұл әрине, шаруаға ыңғайсыз кез. *Ж у а н н ы ң с о з ы л ы п, ж і ң і ш к е н і ң ү з і л г е н,* тоя тамақ ішуге жүзден бір адам болмаса, шамасы келмейтін қара қатқақ *м е з г і л* еді (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.). *Ж і ң і ш к е н і ң ү з і л і п, ж у а н н ы ң с о з ы л ғ а н м е з г і л і* осы жазғытұрғы көктемде болады (С.Шарипов, Шығ.).

Жуан сіңір. *Шаруаға, іске мықты, берік.* Сарыбала *ж у а н с і ң і р* екеуге ере алмай, аяғын жерден әрең көтереді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жуан тұғыр. *Жүріске шыдамды, мініске бекем (ат).* Бәрінің де мінгені осы қара айғырдың тұқымы, кілең тоқпақ жал нардай *ж у а н т ұ ғ ы р л а р* (І.Есенберлин, Алмас.). Жаңа жауған үлпек қар есіліп жатыр. Аязбайдың *ж у а н т ұ ғ ы р* көк аты борс-борс желеді («Лен. жас»).

Жуан шықты. *Мықты, зор болды.* Осы, кешегі Борсақ қайдан *ж у а н ш ы қ т ы ң* сен, төбеме ойнап,– дейді Қыдыш (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

ЖУАН= е т. с ө й л. ***Жұбан***. Әділбек: – Келеді, жаным, ертең қайтып келеді. *Ж у а н а* қойшы, балапаным. Келеді дедім ғой кешікпей (С.Шаймерденов, Өмір нұры). Қуанып, Жылаған бала *ж у а н д ы* (Қ.Аманжолов, Таңд. шығ.).

ЖУАНДА= е т. **1.** *Бір нәрсенің көлемінің я енінің ұлғаюы, қалыңдауы.* Қан құйылған буындар *ж у а н д а й д ы* (М.Исамбаев, Мед. анықтама). Қан айналуының кіші шеңберінде қан көп болғанда, өкпе тамырлары *ж у а н д а п,* соғуы жылдамдап, қандағы ауа дұрыс ауыспайды (А.Даиров, Хирург.). **2.** *Толыса түсу, толу, семіру.* Көксеректің аяқтары *ж у а н д а п,* өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды (М.Әуезов, Қараш.). Көкірек қартайған сайын *ж у а н д а п,* ұлғая түсіпті. Екі беті шиқандай (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **3.** а у ы с. *Мықты, ірі болу, күшею.* Сыртпен даулассаң, сөзіңді өзім қуатын қарашым екенсің, бүгінде бірақ, қарашы десемде, *ж у а н д а п* түрсың (М.Әуезов, Абай).

ЖУАНДАЛ= е т. *Күшею, іріленү.* Құлмамбет, ақын Шаншар суандалдың, Нашар едің, бұл күнде *ж у а н д а л д ы ң.* Сенің де мақтанатын түк жайың жоқ, Қуарып үш бешпентпен қуаңдадың (Жамбыл, Шығ.).

ЖУАНДАЛУ *Жуандал етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үш жағы *ж у а н д а л д ы.*

ЖУАНДАН= е т. *Тасып-толу, асқақтау.* Тәһина талып түсті қуанғаннан, Қуаныш артық болды суарғаннан. Тұрған соң есін жиып, болды көңілі, Гүжімдей көлеңкелі *ж у а н д а н ғ а н* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖУАНДАНУ *Жуандан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шет жағының *ж у а н д а н у ы.*

ЖУАНДАТ[1]= е т. *Қалыңдату.* Сақинаның үстіндегі қабат-қабат түзілістер сүйекті *ж у а н д а т а д ы* (Қ.Нұрматжанов, Гистология).

ЖУАНДАТ[2]= е т. *Дауысты күшейту, күжілдету.* Абай бұрын білді. Даусын әдейі *ж у а н д а т ы п,* зорайтып, айғайлағанмен баланың үні (М.Әуезов, Абай жолы).

ЖУАНДАТУ *Жуандат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Даусын *ж у а н д а т у.*

ЖУАНДАУ[1] с ы н. *Жуанырақ, толықтау.* Исағұл бір *ж у а н д а у* адам екен (І.Жансүгіров, Шығ.). Екіншісі – бурыл, оның денесі *ж у а н д а у,* мінезі салмақтылау, шабандау (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖУАНДАУ[2] *Жуанда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ерекше *ж у а н д а у.*

ЖУАНДЫ-ЖІҢІШКЕЛІ с ы н. *Жуаны мен жіңішкесі аралас, әр тектес.* Темір сатымен жоғары көтерілгенде *ж у а н д ы-ж і ң і ш к е л і,* шым-шытырық трубаларға кездестік (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). «Келе жатыр, келе жатыр» – деген *ж у а н д ы-ж і ң і ш к е л і* дауыс естілді (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖУАНДЫҚ з а т. **1.** *Белгілі бір заттың не дененің толықтығы, семіздігі, көлемділігі.* Асыл сымдардан жасалған, *ж у а н д ы ғ ы* шынашаққа жақын арқан түйіліп-түйіліп көйлектердің етегін қоса түйіп алыпты (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Кей ағаштың *ж у а н д ы ғ ы н а* екеуінің құшағы жетпейді (А.Машанов, Жер асты.). Оның бұрынғы сымбатты, сұлу денесі қазір жалпая

семіріп, *жуандығына* екі құшақ әрең жететін халге келген (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** а у ы с. *Содырлық, озбырлық; мықтылық, күштілік.* Жақсылықтың ата-бабасынан бері қарай көріп келе жатқан қорлығы; Әбіштердің зорлық, *жуандығы* – бүгінгі көрген іске шейін бәрі де ақтарылды (М.Әуезов, Қараш.). Ақыры жиналған жұрт мәміле таппай, ырду-дырду боп бет-бетіне тарап кетті. Жай тарамады, ерлерімізді жауға беріп отырып, бұлай бұлдануға еркіміз бар деген *жуандық* аңғартып тараста (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

Жуандық қылды. *Басынды, қорлады.* Туған елім надан жұрт. *Жуандық* тағы, бір *қ ы л* құрт, Жетім ерке болып қырт Мансапқа мінген мен бір мас (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Біз ойнасақ, үлкеннің несі шықты, Залалымыз тимейді жанға тіпті. Қанағатсыз қасқырша ел зарлатып, Өзіңше *қ ы л* дейсің ғой *ж у а н д ы қ т ы* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖУАН-ЖІҢІШКЕ с ы н. *Жуан және жіңішке.* «*Ж у а н-ж і ң і ш к е*, кең-сайыз, ұзын-қысқа» деген сөздерді кірістіріп, төрт саладан есеп шығартамын (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖУАН-ЖІҢІШКЕЛІК з а т. *Жуандығы немесе жіңішкелігі.* Жүннің *ж у а н-ж і ң і ш к е л і г і* – іс жүзінде көзбен шамалап сезіну арқылы бағаланады (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). Фабрикалардан шығатын жіптердің түсі, *ж у а н-ж і ң і ш к е л і г і,* сапасы әртүрлі болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Қауырсынның *жуан-жіңішкелігі,* ұзын-қысқалығы, еліктері дәлме-дәл келген соң, оның ішіне шақталып бір жарым-екі елідей жебелі шырпыдан үш қырлап не жұмырлап жонылған ағаш оқ жасалынады (Р.Шойбеков, Қаз. зергерлік өнері.).

ЖУАНСУ *Жуансы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзінше *ж у а н с у ы.*

ЖУАНСЫ= е т. *Мықтысыну, күштісіну.* Қазан бұзар үй-тентексің, кісі ығысатын айдының жоқ, неменесіне *ж у а н с ы с ың?!* (М.Әуезов, Қараш.). Бұл – ел ішінде *ж у а н с ы п* жүретін, қашаннан бәле қуған шал еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖУАНТАМЫР з а т. ө с. <лат. rindera> *Айлауық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж у а н т а м ы р д ы ң* Қазақстанның тау баурайлары мен тасты шатқалдарында, далалы аймақтары мен құмды жерлерінде өсетін 6 түрі бар (ҚҰЭ).

Ақсары жуантамыр. ө с. <лат. ochroleuca> *Биіктігі 60 см-дей, ұзынша жапырақтары қырлы, тік сабағының түбінде орналасатын көпжылдық өсімдік. А қ с а р ы ж у а н т а м ы р д ы ң* тостағанша және күлте жапырақтарының негізі кірігіп, түтік түзеді. Гүлі ақсары түсті. Гүлшоғыры жұмсақ, бос, толық жетілгенде жазылып, сыпыртқы гүл шоғырына ұқсап тұқымынан көбейеді (ҚҰЭ). *А қ с а р ы ж у а н т а м ы р д ы ң* жылдан-жылға таралу аймағының азаюына байланысты, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

ЖУАНТАЯҚ с ы н. *Мықты, зор, батыл.* Нашар ата баласы дейді оларды, Еңбектерін бұл күнде ұмытты ақыр. Шетінен батыр еді *ж у а н т а я қ,* Ел жауын жеңген жанын аямай-ақ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Оқиға дәулеті шайқалып, қаймағы бұзылып көрмеген Ақтай секілді *ж у а н т а я қ* арамза қан сорғыштарға ой салады («Қаз. әдеб.»).

ЖУАНТЫҚ с ы н. **1.** *Жуандау, жуанырақ. Ж у а н т ы қ* инемен қап, шекпен, күпі, тымақ сияқты заттарды, ал бәсең инемен түйме, ілгек қадайды (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Жуандау келген, толықша, дембелше, төртбақ.* Арба айдап жүретін *ж у а н т ы қ* Алексей тұра келді (І.Жансүгіров, Шығ.). Тарас Бульбаға ұқсаған, бойы дембелше, *ж у а н т ы қ* бұл қартаң орысты тегі Әміре жіберген болу керек (С.Мұқанов, Есею жыл.). Ақ селеу мұрты бар, *ж у а н т ы қ,* тапал жігіт кес-кестеп, машинаның доңғалағына да жармасты (З.Шашкин, Сенім). Өзгелерден ерекше еркіндей басып *ж у а н т ы қ* қара төрлете кеп отырды (С.Әлжіков, Дала).

ЖУАНТЫҚТАН= е т. *Жуандану, жуан тарту, кумпию, қампию.* Күздің суытқан түніне қарай киінген кісілердің бәрі де *ж у а н т ы қ т а н ы п,* өзі кішкене үйді одан әрі тарылтып тұр (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖУАНТЫҚТАНУ *Жуантықтан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Домалана *ж у а н т ы қ т а н у.*

ЖУАНТЫҚТАУ с ы н. *Жуанша келген, толықтау.* Бөлмеге *ж у а н т ы қ т а у,* орта жасты, жирен-шабдар әйел кірді.– Біріңізге құрбы, біріңізге жеңге, бұл кісі! – деді Базархан (С.Мұқанов, Ботагөз). – Өздеріңнің қолыңнан түк келмейді, өңкей шірік немелер!– деді қырықтың шамасындағы, сақал-мұртын қызыл қынамен бояған көк көзді, *ж у а н т ы қ т а у* келген, тапалша жігіт (С.Шарипов, Шығ.).

ЖУАНУ *Жуан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *ж у а н у.*

ЖУАНЫМСУ *Жуанымсы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзінше *ж у а н ы м с у.*

ЖУАНЫМСЫ= е т. с ө й л. *Мықтымсыну, жуансу, күштісіну.* Біреуі туысқан болып: бишара жайың қандай, шаруаң не күйде деп, есіктен қарады ма екен. Қайта үйімізге келсе, шетінен тысырайып, *ж у а н ы м с ы п* келеді (М.Әуезов, Қараш.).

ЖУАНЫРАҚ с ы н. *Сәл жуандау.* Орыс тілінің ы фонемасына қарағанда, қазақ тіліндегі

ы тілдің азын-аулақ кейін жиырылуынан пайда болғандықтан, ол *ж у а н ы р а қ* естіледі (Қазіргі қаз. тілі).

ЖУАР-ЖУМАСТАН үс т. *Жуып болмастан; шала жуып.* Ертеңінде көзін тырналап ашып, беті-қолын *ж у а р - ж у м а с т а н,* ертерек, жұрттан бұрын тамақ ішіп алайын деген ниетпен буфетке қарай жүгіреді (З.Шашкин, Сенім).

ЖУАРМЕК з а т. с ө й л. ***Жүгермек.*** «Бұл *ж у а р м е к* пе, бұл *ж у а р м е к* бала болып қорқуды білмейді!» – деп жеңгелері бұрап тұрып шымшып алатын (Ә.Тарази, Нұрлы.).

ЖУАС с ы н. **1.** *Момын, момақан.* Қонақ қойдан да *ж у а с,* май берсе де жей береді (Мақал). Сәрсенбайдың *ж у а с,* қорқақтығы Шолпанға бұрыннан мәлім һәм бұл сапарда да пікірі тамам көрініп қалған себепті (М.Дулатов, Шығ.). Қасымыздағы бақылаушылар дәл сол кезде *ж у а с* болды. Қасымызға келіп-кеткендерге үндемейтін болды (С.Сейфуллин, Тар жол.). Бүгінгі жиын пысығы бар, *ж у а с ы* бар совхоздың бар адамын желпінтіп, желік беріп тастаған секілді (Сауыншы шамшырақ). **2.** *Үйретілген, көндіккен, бас білген (мал).* Аттың ауыл маңынан алысқа ұзап кетпейтінін Темірбай білетін. Қолға тұратын *ж у а с* ат, жаяу-ақ барып, құрық та алмай-ақ ұстап алып келемін ғой, – деді (М.Жұмабаев, Шығ.). Қызылбалақтың машығына бойы үйренген *ж у а с* торы ат үріккен жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жоқ, – деп сөзге араласты Айтан – ол өмірі жығылмайды және торы қасқа да *ж у а с* (Т.Сұлтанбеков, Шопан).

ЖУАС-ҚОҢЫР с ы н. *Мол-момақан, момын.* Құрманғазының әкесі Сағырбай бүкіл өмірін байдың жалшылығында өткізген *ж у а с - қ о ң ы р* адам болатын (А.Жұбанов, Құрманғазы).

ЖУАССЫН= е т. *Момақансу, мол-момақан болғансу, жуас көрінеу.* Картқожа *ж у а с с ы н ы п* баласынып, балалар үстінен түспейтін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖУАССЫНУ *Жуассын етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ерекше *ж у а с с ы н у.*

ЖУАСТАУ с ы н. **1.** *Момындау, жібі бостау.* Жігіттер мені айналдырды. Мен олардың ортасына түспей шеттеп жүретінмін. Өзім сияқты *ж у а с т а у* орыс қызымен жолдас боп, сонымен сөйлесетінмін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бес жігіттің ішіндегі сырт сөзге момыны, былай айтқанда, *ж у а с т а у ы* Жорабек Айдарбеков деген арық, ұзын бойлы жігіт («Қаз. әдеб.»). **2.** *Аздап бас білетін, жуасырақ. Ж у а с т а у* көк бестіге мінген Сағадат қанжығасына бір түйіншек байлады да адырға қарай кетті (М.Әуезов, Өскен өркен). Жығып кетер, *ж у а с т а у* атқа мінгіз! Таңдап жүріп осылай ел тағы да, Қосылмаған талайдан той-тобырға (С.Жиенбаев, Таңд. шығ.). Қызыл айғыр бұдан гөрі *ж у а с т а у,* мұндай аласұрған жоқ, (Қ.Қазыбаев, Ызғар). **3.** а у ы с. *Сәл басыңқы, солғындау.* Тегінде, алаңқай ашық даладан гөрі таулы жердің бораны *ж у а с т а у* болатынын да байқап келем («Қаз. әдеб.»).

ЖУАСТЫҚ з а т. **1.** *Момындық, момақандық.* Қазақ секілді Сібірде ол кезде орыспен сыбайлас отырған татар, моңғол елдері, өздерінің аздығынан болса да, *ж у а с т ы ғ ы н а н* болса да орыспен жауласпай, ұрыс-қағыссыз тату тұрған (М.Дулатов, Шығ.). Баласы мұндай болған соң Бозмұнай бұрынғы *ж у а с т ы қ т ы* тастап, дүрдиіп алды (С.Сейфуллин, Шығ.). Қазақ жігіттерінің *ж у а с т ы ғ ы н* пайдаланып, Курнос Иван соңғы кезде, тіпті, көрер көзге зорлық істейді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Лиза әншейінде сотқар баланың мына *ж у а с т ы ғ ы н* көріп, іштей таңданып қалды («Лен. жас»). **2.** *Жасықтық, ынжықтық, көнбістік.* Жәмила Сыздыққа әдептілік, сыпайылықты тіпті орынсыз *ж у а с т ы қ қ а,* жасықтыққа жеткізген отсыз адам сияқты көрініп қалды (М.Әуезов, Қараш.). Сатымбеттің бұл бұйрығына көнгісі келмей жанжалға танауын түріп, аңсары ауғандар Қанайдың бүгінгі *ж у а с т ы ғ ы н* іштерінен боқтасып, зорға дегенде тізелерін бүгісті (К.Оразалин, Көктем.). **3.** *Бас білетіндік, үйретілгендік.* Астыңдағы атыңның *ж у а с т ы ғ ы н а* не жетсін (Ауызекі).

ЖУАСУ *Жуас етістігінің қимыл атауы; басылу.* Жарқын алдында бұлай *ж у а с у* оған Оқжетпестегі оқиғадан кейін пайда болған еді (М.Иманжанов, Менің махабб.). Асау жүрек қайнамай, *Ж у а с ы р* ма еді, кезінде? Елден бір жақсы сайламай, Бармас па ем ерге өзім де? (Абай, Тол. жин.). *Ж у а с ы п,* жабырқап, Таңғалып, таңырқап, Қарады жүзіне (Абай, Тол. жин.).

ЖУАСЫ= е т. **1.** *Мол-момақан болу, момындану, басылу.* Мінезі жібекше ширатылып, сөзі майда тартып, дәл бір жынын алдырған бақсыдай әйелі *ж у а с и* қалыпты (Ж.Жұмаханов, Соқпақ.). Бәукен тағы да момақансып, *ж у а с ы п* қалды (Р.Әутәліпов, Алтын.). Әнеу бір кездегі ағалық, әкелік айтқан жігіті. Кеше клуб алдында бөсіп тұрған батырың бүгін *ж у а с ы п* қалыпты (Ақ бидай). **2.** *Бастығу, көндігу, үйретілу.* Ұзақ жол жүріп, *ж у а с ы п* қалған атқа Сәрсен ырғып мінді (Ж.Тәшенов, Алғашқы.). Асау ат табанда *ж у а с ы д ы.* Осы арада оның атыжөні айтылды. Дәріпті Кептер осы! Құлагердің кейпінде киноға түскен жануар («Қаз. әдеб.»). **3.** а у ы с. *Ашуы басылу, райынан қайту.* Абайды дәл осылай *ж у а с и д ы* деп ойлаған жоқ еді Есентай (М.Әуезов, Абай). Күні ұзын тулап,

Малқар *ж у а с ы п* қалған екен, ыршыған жоқ (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұл тұста Арын да *ж у а с ы ғ а н*. Кескініндегі ызғар лебі жібіп, ертіп кетті де, енді басқа бір монтаны күйге ауысты (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖУАСЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Момын болыңқырау, жасықтаныңқырау*. Біздің тұқым *ж у а с ы ң қ ы р а п* барады, мына балаңды бізге күшік күйеу ғып бер, босаңсыған жібімізді біраз ширатсын,– депті Ахмет пен Мұқан Шыңғысқа (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). **2.** *Басылыңқырау, тыныштаңқырау*. Тоқабайдың сөнген үміті қайта тұтанып: – Ал Аманды тосайын. Одан да өтінейін,– деді *ж у а с ы ң қ ы р а п* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Бұрынғыдай емес, ол *ж у а с ы ң қ ы р а й* бастады (А.Тоқмағанбетов, Ақмоншақ).

ЖУАСЫҢҚЫРАУ *Жуасыңқыра етістігінің қимыл атауы*. ≈ Тым *ж у а с ы ң қ ы р а у*.

ЖУАСЫРАҚ с ы н. *Момырақ, момақандау*. Сауығып кеткенше жақ жүні, шашы өсіңкіреп кеткен, кескіні де бұрынғыдан *ж у а с ы р а қ*, күліңкіреп қарайды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Шеш, мына жиреннің шылбырын, осы *ж у а с ы р а ғ ы н а* сен мін. Ал анау шайтан асауырақ, сағаң ырық бермей кетер, мұның шоқтығына өзім қонжияйын (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖУАСЫТ= е т. **1.** *Бастығу, үйретілу*. Айтқанға әбден көнетін, Шақырса жемге келетін Болған соң ақыры жас тағы *Ж у а с ы т ы п* алған соң, Пайдакүнем аздан соң, Қазаққа кетті сатқалы (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Басу, көндіктіру*. Әйтеуір Сәлменді *ж у а с ы т қ а н* абақты емес, Григорий болды (Б.Тілегенов, Ақ-қайнар). Әуелі сол кемпірді өзіне иіп алып, кеше асаулық көрсетіп сөз ұқпай кеткен әйелдерді соны құрығымен *ж у а с ы т п а қ* (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖУАСЫТУ *Жуасыт етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Бастығу, үйрету*. Қаншама бас бұзар, сотқар болсақ та *ж у а с ы т п а й* қоймайды (Ш.Хұсайынов, Үкілі Ыбырай). **2.** *Басу, көндіктіру*. Біздің ауылдың Хасен деген бір жас жігіті бар, соны алдыр. Маған садақ тартып, асауды *ж у а с ы т у д ы* сол үйретіп еді (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖУАТ= е т. с ө й л. ***Жұбат***. Ал қайындарым, төрлетіңдер, ағаң үйде, ол бала *ж у а т ы п*, мен ас әзірлеп жатырмын (Б.Қожабеков, Көктөбе). Бұғы, саяқ елі «былай тартса арба сынады, былай тартса өгіз өледі» деп тұрғанда, Сарбас ақын өзінің төкпелі жырымен елді тағы да *ж у а т т ы* (К.Әзірбаев, Аңыз.). Соқтық бірге қылышты Жауға бірге жыр аттың. Таптым сенен туысты Жабырқасам *ж у а т т ы ң* (Достық жыры).

ЖУАТУ *Жуат етістігінің қимыл атауы*. Егер алдына бір арнайы мақсат қоймаған адам болса, жас балалық шағы бала *ж у а т у м е н* өтсе, ондай адам біршама баладан ығыр болса керек-ті (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.).

Жуату айтты. *Көңілді аулап, басу айтты*. «Тәйірі, біз де бір-бірімізге сүйіп қосылған емеспіз, үйренісіп кетесіңдер» деп ата-аналары *ж у а т у а й т а т ы н* көрінеді (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.).

ЖУАШЫҚ з а т. б о т. *Шөп тектес өсімдіктердің түбіндегі түйнегі, баданасы*. Үйқыда жатқан гүлді өсімдіктер бүршігін күш бұрын оятады, сонымен қатар өсімдік түйнектері мен *ж у а ш ы қ т а р ы н ы ң* өсуін тездетеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Ала-қоржындар жазда өсімдіктердің жапырақ-сабақтарын, *ж у а ш ы қ т а р ы н*, түйнектерін жейді, ал өсімдік тұқымдарын пайдаланады (Б.Мұқанов, Қазақст. өсімдік.).

ЖУАШЫҚТЫ с ы н. *Жуашығы бар бадаланы, түйнекті*. Лала өте әдемі гүлі бар *ж у а ш ы қ т ы* өсімдік (С.Турдиев, Үй өсімдік.).

ЖУҒАРАҚПАНДА ү с т. с ө й л. *Тез арада, жуық арада, оңайшылықпен*. Папқасы құрғыр столдың тартпасына *ж у ғ а р а қ п а н д а* сыя қоймады (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). Жіп-жіңішке ширақ қыз *ж у ғ а р а қ п а н д а* ұстатпаушы еді (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім.). Арғы жағынан аяқ дыбысы мен күбір-күбір әңгіме естіліп тұрса да *ж у ғ а р а қ п а н д а* аша қоймады («Лен. жас»).

ЖУҒЫ з а т. *Қылдан яки кендірден жасалған ыдыс жуғыш*. Қазанды қыл *ж у ғ ы м е н* бірер сүртіп жіберіп, табына жаңа сауған сүтті құйып қойды (А.Сарбөпин, Аспалы бесік.).

ЖУҒЫЗ= е т. *Жудыру*. – Жоқ, апай!– деп басымды шайқадым,– рақмет! Кірімді сізге *ж у ғ ы з ғ а н ы м* ұят емес пе?.. Сабын беріңіз, өзім жуайын (С.Омаров, Өмір.). Сол күні Егор соңынан қалмай жүріп, әр бөлмені екі реттен *ж у ғ ы з д ы* (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖУҒЫЗУ *Жуғыз етістігінің қимыл атауы*. ≈ Еден *ж у ғ ы з у*.

ЖУҒЫШ з а т. **1.** *Киім, зат т.б. жуушы*. Бұрын қап таситын Егорич Қарымбайдың қасына келіп, жүн *ж у ғ ы ш* болып алды (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). **2.** *Беті-қол жуу үшін ішіне су құйып қойған аспалы ыдыс*. Арманбек бет *ж у ғ ы ш қ а* жүгіріп барып бетін жуды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Өзін қолтығынан демеп қол *ж у ғ ы ш қ а* алып келді (М.Қаназов, Жер.). **3.** *Ыдыс-аяқ, қазанды жуатын қалың матадан істелген жуғы*. Ол қолындағы *ж у ғ ы ш п е н* қазанды ысқылап жуып жатты (Ауызекі).

ЖУДЫР= е т. *Жуғызу, тазарту*. Орман әйелінің жақын сіңлісі – Тасбикеге де дем салып, түшкіріп, оңаша шақырып, кірін *ж у д ы-*

р ы п, шайын қайнатып жүргенінде де бір себеп бар (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Ыдыс *ж у д ы р с а қ,* сындырып алатын жағдайлар әрдайым кездесіп отырады («Халық мұғ.»). Кепкен балық келтіртті сонда тұрып, Сол суға балықты алды бір *ж у д ы р ы п* (Абай, Тол. жин.).

ЖУДЫРТ= е т. *Жуғызу, тазалаттыру.* Тұтқындардың әрқайсысының қолына сыпырғыш, күрек, шылапшын, шүберекті тауып беріп, барақты, зонды тазалатып, сыпыртып, *ж у д ы р т а* бастады (З.Шашкин, Теміртау). Аманның қарсысындағы кішкене бөлмені, завхозға тапсырып, директор *ж у д ы р т ы п,* ағарттырды (Ж.Жұмаханов, Махаббат.).

ЖУДЫРТУ *Жудырт етістігінің қимыл атауы.*

ЖУДЫРУ *Жудыр етістігінің қимыл атауы.* Ұзақ жолдан соң жігіттерді үш күн дем алдырып, үсті-бастарын жаматтырып, кір-қоңдарын *ж у д ы р у ғ а* аялдаттың (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Осыдан бір күн бұрын ғана Степан Григорьевич жұмыста киетін арнаулы киімдерін *ж у д ы р у ғ а* ала келген («Қаз. әдеб.»).

ЖУЛАН з а т. *Ет і адал, тұзу тұмсық қыр құсы.* Бұл қырандардың алатын олжалары көбінесе су құстары мен құрғақта жүретін құр, ақ құр, безгелдек, бөдене, бұлдырық, дала тауық, дуадақ, ешкіемер, жорға дуадақ, *ж у л а н,* көкқұтан, кекілік, қарабауыр, қызғыш, қырғауыл, самалдық (сақалды тырна), тарғақ, тауқұдірет, тырна, шіл, ұлар т.б. сияқты түзу тұмсық адал құстар (С.Қасиманов, Алтай.).

ЖУМАҚ з а т. *Жалпы жиыны, көлемі, аумағы. Ж у м а ғ ы* жүзге тарта оқушы қауымды мектеп директоры бастап, масақ тергелі шыққан беті екен (Х. Ерғалиев, Шындық.). Томографияларда қатерлі, қатерсіз ісіктердің *ж у м а қ* аймағы, көлемі мен сипаты айқынырақ көрінеді (А.Тұрғанбаев, Рентген.).

ЖУМАҚТА= е т. *Жинақтау, жию, бір жерге топтау.* Ол ойыс айна шағылысқан сәулелерді шашау шығармай, *ж у м а қ т а п,* жұмырлап жинап салатынын, ал дөңес айна орналасқан ортасына оны шашаудай шашып, шағылыстырып, шашыратып жіберетінін көрсетті (А.Қалығұлов, Жарық.).

ЖУМАҚТЫ с ы н. *Жинақты, жиылыңқы.* Органдардың анатомиялық құрылыстарының *ж у м а қ т ы* да қиыр-шиыры көп болатындығы бұдан бұрынғы сан рет суретке түсіріп алынған анализдерден белгілі болатын (А.Тұрғанбаев, Рентген.).

ЖУРНАЛ [ағыл. journal] з а т. **1.** *Айына немесе екі айда бір рет шығып тұратын мерзімді басылым.* Баспасөз орындары көбейді. Жүздеген газеттер, ондаған *ж у р н а л д а р* шықты (С.Мұқанов, Өсу жол.). Өткен жылдан бастап Алматыда жас жазушылардың шығармаларын басатын арнайы «Жалын» деген *ж у р н а л* шыға бастады (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **2.** *Белгілі бір мәліметтерді, қаулы-қарарларды және мектеп оқушыларының үлгерімін, сабаққа қатысуын белгілеп отыратын кітапша немесе дәптер.* Ондай кіріс-шығыс *ж у р н а л д а р ы* бұларда да бар (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Мәліметтерді арнаулы *ж у р н а л ғ а* тіркеп, онда молюсканың түрі, жарған уақыты көрсетіледі (К.Уәлиев, Мал ауру.). – Батыровалардың тууы жайлы жазылған *ж у р н а л д а р ы н* ала келсін,– деп тапсырма берді (М.Қосшығұлов, Шындық.).

ЖУРНАЛ-ОРДЕР э к о н. *Операциялардың хронологиялық тіркелімі жинақтамалы есеп және жекелеген реттерде талдамалы есеп түрінде жасалатын есеп тізілімі. Ж у р н а л-о р д е р* шоттар кредиті бойынша жүргізіледі, онда корреспонденцияланатын дебеттелуші шоттар көрсетіледі, жазба бастапқы құжаттар мен қосымша жинақтаушы тізімдемелер негізінде жазылады (Қаз. тілі термин. Экономика.). Айдың аяғында есептелген қорытынды *ж у р н а л-о р д е р д е н* Бас кітапқа көшіріледі (Қаз. тілі термин. Экономика.).

ЖУРНАЛ-ОРДЕРЛІК э к о н. *Журнал-ордерге тән, қатысты.*

Журнал-ордерлік есеп нысаны. э к о н. *Шаруашылық операциялар туралы бастапқы құжаттардың деректерін жинақтау үшін жинақтаушы журнал-ордерлерді және әзірлемелік қосымша кестелерді пайдалануға негізделген бухгалтерлік есеп жүйесі.*

ЖУРНАЛИСТ з а т. *Журналистикамен шұғылданушы маман.* Бейімбет бұл кезде әрі үлкен жазушы, әрі маңдайалды *ж у р н а л и с т* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Мен әр елдің де *ж у р н а л и с т е р і м е н* кездескен адаммын. *Ж у р н а л и с т е р* сұрақ бергіш келеді (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖУРНАЛИСТИКА з а т. **1.** *Баспасөз, радио, теледидар, кино, интернет сияқты ақпарат құралдары арқылы елдегі және әлемдегі жаңалықтар мен оқиғалар, әртүрлі құбылыстар жөнінде жұртшылыққа мағлұмат беріп, қоғамдық пікір қалыптастыратын әдеби-шығармашылық қызмет түрі.* **2.** *Белгілі бір халықтың нақты бір кезеңде шыққан газет-журналдарының жүйесі, оларда жарияланған материалдар жиынтығы.* **3.** *Баспасөз тарихын, теориясы мен тәжірибесін зерттейтін ғылым саласы* (ҚҰЭ). Жазушылықты *ж у р н а л и с т и к а д а н* бастаған Максим Горький 1895–1896 жылдары «Самарская газета» редакциясында қызмет атқарады («Қаз. әдеб.»).

ЖУРНАЛИСТИКАЛЫҚ с ы н. *Журналистикаға тән, журналистикаға қатысты.*

Әңгіме *журналистикалық* шеберлікті жетілдіретін, тіл өнерін ұштай түсетін, өткір әрі қызықты жазу сырын үйрететін кітаптарды оқу жайлы болып отыр («Қаз. әдеб.»).

ЖУРНАЛИСТІК с ы н. *Журналиске тән, журналиске қатысты.* М.Сералиннің *журналистік* таланты Октябрь революциясының арқасында шарықтап кемеліне келді (Б.Кенжебаев, Қаз. дем. жазушы.).

ЖУСА= е т. **1.** *Малдың әбден тойғанда, от оттамай, тыныстап, күйіс қайтармай жатуы.* Жан-жануар күндізден шаршаған секілді тынығып, жылқы *жусап*, қара мал күйсеп, анда-санда қой үріккенде ұйқысы сақ төбеттің маңқылдап үргені, кемпір-шалдың айтақтаған дауысы ғана естілуші еді (М.Дулатов, Шығ.). Келсем қойларым *жусап* жатыр қаннен-қаперсіз (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Жылқылардың түн ортасында *жусайтын* әдеті, үйір-үйірімен сілейіп тұр («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Жаппай қырау, қырылу.* Не маңғаз, не қасқа жайсаң *жусады* ғой мынау ұлық, мынау дұшпанның сұмдығынан (М.Әуезов, Шығ.). Ақтардың жарты мыңға таяу адамы оққа ұшып, қылышпен шабылып *жусап* қалыпты (С.Бегалин, Замана.). Қазір таң мезгілі, немістер *жусап* жатқан болар (М.Ғабдуллин, Ел намысы.).

Жусаған қойдай. *Тырайып, тырп етпей.* Бір кезде піскен балықтай бозарған Байсымақтың көзі үйдегілерте түсіп еді. *Жусаған қойдай* барлығы орын-орнында қылжиып жатып қалған екен («Әдеб. майданы»).

ЖУСАН з а т. ө с. **1.** *Ащы дәмді, көкшіл-бозғылт түсті аласа өсетін шөп.* Олардың қар теуіп, қаужаңдап бетеге, жауылша, *жусанды* аршып, аузы шөмшеңдеп жегені де қызық (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ұзарып сорайған селеу мен бозғыл көде, *жусан* бәрі де жел лебімен қалтырайды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Көкпек пен *жусан* қойдың сүйсіне жейтін шөбі (Б.Жамалов, Торғай түлегі). **2.** <лат. artemisia> *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер не шала бұта.* Қазақстанда *жусанның* 81 түрі бар. Биіктігі 10-60 см, кейде 1,2-2 м-дей болады. *Жусанның* 17 түрі – сирек кездесетін эндемик түрге жатады, ал дәрмене түрі Қазақстанда ғана өседі (ҚҰЭ). *Жусан* дүниежүзіндегі ең ащы өсімдік, сондықтан халық оны барлық ащы нәрсенің теңеуіне қолданады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Дермене жусан. *Оңтүстік Қазақстанда өсетін жусанның түрі; дермене. Дермене жусан* – тек қана Оңтүстік Қазақстанда өсетін жабайы өсімдік. Дәрі жусан гүлінің қабыршағынан алынады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

ЖУСАНДЫ с ы н. *Жусаны мол шығатын, жусаны қалың.* Қарақұрт, әдетте, қырдағы *жусанды* жерде болады екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). *Жусанды* даланың жұпар иісі мұрын жарады (А.Сатаев, Дала.). Көлдің жан-жағы *жусанды* төбешіктер болатын (М.Жұмағұлов, Қыран).

ЖУСАНДЫ-БЕТЕГЕЛІ с ы н. *Жусан мен бетеге аралас, қалың өскен.* Ал, шынында, Қазақстанның *жусанды-бетегелі* далалары мен жусанды-сораңды шөлдері – нағыз жайылымдар (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). *Жусанды-бетегелі* даладан өтіп, таудың өкпесін тесе алға қарай ұмтыла түседі («Лен. жас»).

ЖУСАНДЫҚ з а т. *Жусан мол өсетін жер.* Жолсыз *жусандықтың* үстімен селкілдей ұмтылған машина Сұлтанбектер үйіне қарай тура беттеді (М.Әбдіхалықов, Алыста.).

ЖУСАҢҚЫРА= е т. *Жусап жата түсу.* Ырысалды, сен неге Есінейсің маужырап? Үйқың шала болды ма, *Жусаңқырап*, байырқап (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖУСАҢҚЫРАУ *Жусаңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біраз уақыт *жусаңқырау*.

ЖУСАТ= е т. **1.** *Босату, қоя беру.* Қас қарайып көз байлана аттың белін босатып алайын деп тоқтай қалып, жылқыны *жусатыпты* (З.Ақышев, Достар.). **2.** а у ы с. *Қыру, қырату.* Қалың әскер лек-лек боп жаңағы өздерін *жусатып* кете жаздаған жауларының соңынан қуа жөнелді (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖУСАТУ *Жусат етістігінің қимыл атауы.* Өзге шаруаға араласпайтын Ұлпан түйелерді өргізу, *жусатуы* ісінен қалмайтын (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қойды әрлі-берлі айдай бермей, күндіз өрістің өзінде *жусату* керек (Т.Сәрсенбаев, Шопан.).

ЖУСАТЫЛ= е т. *Малды жусауға жіберу.* Қошқарды салқын күндері сағат алтыдан күндізгі үшке дейін жайып, сағат беске дейін суарып, *жусатылады* да, онан әрі түнгі сағат онға дейін жаяды (М.Төлешов, Қой. қоздату.).

ЖУСАТЫЛУ *Жусатыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кешке дейін *жусатылу*.

ЖУСАУ *Жуса етістігінің қимыл атауы; тыныстап, күйіс қайтармай жату.* Шұбар ертесімен қой өргізіп кетті. Түс ауа ауыл маңына әкеліп, қойды *жусауға* тастап, тамақ ішті (С.Бегалин, Уақыт.). Бұлт ыдырап бара жатты. Жылқының таңғы *жусауы* жетті (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

ЖУУ[1] *Жу етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Суға шайып, кірін кетіру, тазарту.* Қара қыз қорықса да, иба қылып ұялса да төмен қарап, кесе *жуу*-

м е н болды (Б.Майлин, Шығ.). **2.** с ө й л. *Жаңа нәрсені, ие болған олжаны дастарқан жасап, атап өту.* Басқа анау-мынауды қойып, жаңаны *ж у у* керек қой енді! – деген ұсыныс та естіліп қалды (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Айыбын жуу. *Күнә-айыбын тарту, кешірім сұрау.* Мұндай белгісі бар жауынгер өзінің *а й ы б ы н* ерлікпен немесе адалдығымен ғана *ж у у ғ а* тиісті (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖУУ[2] *Жу етістігінің қимыл атауы; жақындау, жақын келу, жақын жүру.* Ол бізге *ж у у д ы* қойды (Ауызекі).

ЖУУЛЫ с ы н. *Жуылған, тазартылған, кірі кеткен.* Тап-таза шыны аяқтар түр. Қазан да *ж у у л ы* (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖУУСЫЗ с ы н. *Тазартылмаған, кірі кетпеген, жуылып-шайылмаған.* Есіктің алды *ж у у с ы з* қалыпты (Ауызекі). *// Жуылмаған күйде, жуылмаса да.* Сепаратор барабаны *ж у у с ы з* 1,5–2 сағат жұмыс істей алады, оның өзі де сүттің тазалығына байланысты болады (З.Сейітов, Сүт. өндеу.).

ЖУУШЫ зат. *Ыдыс-аяқтың, кір киімнің т.б. кірін кетіруші, тазартушы.* Есікті үй *ж у у ш ы* шала ұйқылы кемпір ашты (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Сонда үй *ж у у ш ы* болып істейтін бір қартаң әйел жұмыс аяғында Тагеман кабинетіне кірді (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖУЫ= е т. *Маңайына, қасына жақын келу, жуықтау, жолау.* Қасымжан елге *ж у и* алмай Ақмола, Атбасар жақта жүріп қалады (А.Жұбанов, Замана.). Қорықпа Сабыр ет, Мұңлық! *Ж у ы п* көрсін! – осыны айтты да, мылтық оқтап отырған Көсеуқараны сыртқа жұмсады (Д.Әбілев, Арман.). Тәңірберген: «қолапайсыз қыр дуадағына қайдан *ж у ы д ы м»,* деп ойлап, Аяққұм бойындағы қайын атасына ызаланып қояды (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

ЖУЫҒЫРАҚ с ы н. *Жақынырақ, жуықтау.* Тоғай арасында тығылып жатқан елік бізге тым *ж у ы ғ ы р а қ* келгені бар емес пе? (Т.Сұлтанбеков, Шопан).

ЖУЫҒЫРАҚТА ү с т. *Жуық арада, жақында.* Айғайдан көк түндігі ашылғандай, Басқа үндер тоқтады оған бас ұрғандай, Дауылдай өрши түскен, үдей түскен Қалпы жоқ *ж у ы ғ ы р а қ т а* басылғандай (Қ.Райбаев, Жаңа толғау).

ЖУЫҚ ү с т. **1.** *Жақын, таяу, тарта.* Сәлемін алды, шал да амандасты, Қасына *ж у ы қ* келіп жақындасты (Абай, Тол. жин.). Өмірдің алды – ыстық, арты – суық, Алды ойын, арт жағы мұңға *ж у ы қ* (Абай, Тол. жин.). Тәулікке *ж у ы қ* поезбен жүріп келеміз (М.Әуезов, Индия очерк.). Ожардың әлі қайтпағанын білетін Байтабын, таңға *ж у ы қ* қалғанда «Алтыншашқа не болды?» деп шыдай алмай ұрлана келіншектің үйіне қарай беттеді (І.Есенберлин, Қаһар). **2.** *Шамалас, тарта.* Бар малдары мен отызға таяу қыз-келіншектерін, елуге *ж у ы қ* жігіттерін байлап-матап алып, кеше өзінің ордасына жүріп кетеді (І.Есенберлин, Қаһар). Семей облысының шаруашылықтарында төрт миллионға *ж у ы қ* мал қыстатылғалы отыр (*«Лен. жас»*).

Жуық арада. *Таяуда, жақын уақта.* Араққа бөгіп алған неміс офицерлерінің әңгімесі *ж у ы қ а р а д а* бітпейтін болды (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Жуық маңда. *Жақында, тез арада.* Енді біреулер сырттан алған әсерге *ж у ы қ м а ң д а* селт етіп, серпіле қоймайды, азды-көпті ұғынған, саналанған кезде барып қайталайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қағаздарын қарап болғасын, көңіл бөлер деген үміттемін. Бірақ ол тілектің *ж у ы қ м а ң д а* орындалар түрі жоқ (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.) Ақыры *ж у ы қ м а ң д а* ұйқысы келмейтініне көзі жеткен соң, шал шапанын жамылып тысқа шықты (*«Лен. жас»*).

ЖУЫҚПАНДА ү с т. с ө й л. *Жақын аралықта, жуықта.* Күйеуінің бір ауған бетінен *ж у ы қ п а н д а* қайта қоймайтынын білетін Зылиқа ендігі салмақты баласына арнапты (К.Оразалин, Ақ жазық). Жылт-жылт тартқан ажар-көркін *ж у ы қ п а н д а* кемітпейтін көкірегі терең, сылаңдаған бәйгі құла Қанқажының жүз қаралы жылқысының ішіндегі ең ардақтысы болатын (*«Қаз. әдеб.»*).

ЖУЫҚТА ү с т. *Жақын арада, таяуда, таяу уақытта. Ж у ы қ т а* ғана ол «Мойынқұм» шауашылығында болған еді (Н.Айдаров, Жазылбек.). *Ж у ы қ т а* маған А.Никитченко келіп кетті (Арулар). *Ж у ы қ т а* сіздің апаңыз осында болып, біздің үйге қонып кеткен (С.Омаров, Өмір).

ЖУЫҚТА= е т. *Жуық келу, жақындау.* Пароход жайлап жүріп Тобольскіге *ж у ы қ т а д ы* (І.Жансүгіров, Шығ.). Олар *ж у ы қ т а ғ а н* сайын әрі қысылып, әрі қорыққан жүрегі суылдап, маңдайынан суық тер шықты (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Сіз – қырғауыл жез қанат, Аш бетіңді, бер қарат, Жақындай бер *ж у ы қ т а п*, Тамағыңнан аймалат (Абай, Тол. жин.). Қаңқылдап біреу ән салса, Біріне-бірі *ж у ы қ т а п*. Тебінісіп қамалар, Тоқтатып болмас сырықтап (Абай, Тол. жин.).

ЖУЫҚТАҒЫШ с ы н. *Жуық келгіш, үйірсек.* Қожаның тайы қолда өскендіктен үйірсек, кісіге ботадай *ж у ы қ т а ғ ы ш* (Б.Соқпақбаев, Шығ.).

ЖУЫҚТАС= е т. *Жақындасу, жуық келу, шендесу.* Тайырдың Маяковскиймен *ж у ы қ т а с а т ы н* жері – үгіттік өлеңдерінде (С.Мұқанов, Өсу жол.). Ізге түскен дұшпан тобы оқ ата

бастады. Екі ара алғашқыдан едәуір *жуықтасса* керек (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖУЫҚТАСТЫҚ з а т. *Жақындасқандық, жақын жүргендік.* Айтысқан осы әдетті көрсең көркем, Бір күні тебірентерміз көрден аруақ. Жанашыр *жуықтастық* осы емес пе, Аңдатқан абыройын, сындырмай сақ (Айтыс).

ЖУЫҚТАТ= е т. *Жақындату, маңайлату.* Темірке ел қазағы әкелген нәрселерді жақсы көргенмен, олардың өздерін оншама бойына *жуықтата* қоймайтын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Мың-мың жандардың арман еткен сағатына *жуықтатқан* күн болды (Х.Есенжанов, Тар кезең). Бұл еркіндік аударманы нұсқадан алыстатпайды, қайта *жуықтата* түседі (М.Қаратаев, Туған әдеб.).

ЖУЫҚТАТУ *Жуықтат етістігінің қимыл атауы.* Оны, – деп ойлайды Бейсен, – осы а немесе б пунктіне қалай да *жуықтату* керек қой (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖУЫҚТАТЫЛ= е т. *Жақындатылу.* Бұл қаулыға сәйкес үй іргесіндегі участоктың көлемі колхоздардың уставындағы талапқа сай, шектеулер енгізілгенге дейінгі мөлшерге *жуықтатылып* белгіленді (Ә.Стамқұлов, Үй іргесі.).

ЖУЫҚТАТЫЛУ *Жуықтатыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйіне *жуықтатылу.*

ЖУЫҚТАУ[1] с ы н. *Жақындау, таяулау.* Көріспегелі көп жыл өткен еді. Гүлжанды *жуықтау* жерден азар танидым (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖУЫҚТАУ[2] *Жуықта етістігінің қимыл атауы.* Абай поэзиясының қорғасындай салмақты әуенге түсуі, ауызекі сөз ырғағына *жуықтауы* (Т.Әлімқұлов, Абай). Өзге мүшелерге тілдің не тиюі, не *жуықтауына* қарай дыбыстарды сол мүшенің атымен таптастырамыз (Қазіргі қаз. тілі).

ЖУЫҚТЫҚ з а т. *Жақындық, таяу тұрғандық.* Ондайда үстеудің көлемдік мағынасы солғынданған *жуықтық* не қашықтық сапа ретінде қолданылады (Қазіргі қаз. тілі).

ЖУЫЛ= е т. **1.** *Тазалану, су болу.* Бурыл сақалы желмен желбіреп, көзден аққан жасымен *жуылып* жатты (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Өшу, жоқ болу.* Совет адамының идеялылығы шәптің басы қимылдаса-ақ сыр бергелі тұрған, я болмаса, азғана жаңбыр тисе-ақ *жуылып* кеткелі тұрған беттің бояуы емес (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖУЫЛУ *Жуыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *жуылу.*

ЖУЫЛУЛЫ с ы н. *Тазартылған, жуылған.* Басы таз немесе теміреткі адам ақ матадан тігілген *жуылулы* қалпақ киіп жүруі қажет (О.Бердібаев, Таз – тақиядан.).

ЖУЫН= е т. *Тазалану, суға түсу.* Елемес сығылысып, шешінбей, *жуынбай* ұйықтап жатқан шахтерлерді көрді (С.Ерубаев, Менің құрдас.). // *Тазаланған, суға түскен адам.* Қасымда *жуынғандарға* көз қырын тастасам, бәрі де мен танымайтындар (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖУЫНҒЫШ з а т. *Беті-қол жуу үшін ішіне су құйып қоятын ыдыс.* Сайдың тасындай жас жігіттер *жуынғышқа* қарай ағылды (Дала қырандары). *Жуынғыштар* класс басына бөлек жасалған, су ағызатын шүмектер балалардың бойына лайық («Халық мұғ.»). Жұмыртқадай аппақ ванналар мен *жуынғыштардың* жасау – әжептәуір қиын іс (Н.Нұрахметов, Дархан хим.).

ЖУЫНДЫ з а т. *Ыдыс-аяқты жуғаннан кейінгі шайынды.* Алдынан Ақбала шықты. Қолында итке құятын *жуындысы* бар екен (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мәликенің келе жатқанын күтіп тұрған ба, *жуындысы* төге шыққан келіншек қарсы жүрді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖУЫНДЫР= е т. *Тазалату, суға түсіру.* Мариям су әкеліп Раушандарды *жуындырды* (Б.Майлин, Шығ.). Ехластың әйелі жүгіріп жүрген баласын *жуындырып* жатыр екен (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖУЫНДЫРУ *Жуындыр етістігінің қимыл атауы.* Жақын-жақын хуторлардан монша жағып, адамдарды кезекпен *жуындыру* секілді шұғыл жұмыстар бөлім, бөлімшелерде қызу қолға алынды (Ә.Нұрпейісов, Құрляндия). Берекелі старшина, сен жігіттерді *жуындыруды*ң қамына кіріс (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖУЫНУ *Жуын етістігінің қимыл атауы.* Ольчанский *жуынуға* кетті. Мен Мақагонды оятуға бардым (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қазір, – деген Елжас полкадан секіріп түскен бойы *жуынуға* кетті де, ұзамай қайтып келді (З.Асабаев, Ар).

ЖУЫНЫП-ТАРАН= е т. *Жуынып-шайыну, тазалану, тарану.* Ақан *жуынып-тарағанып,* киімін айырбастап киіп қайта кіргенде, үй ішіне күн сәулесі түсіп жарқ еткендей болды (З.Ақышев, Біздің шамш.). Шешесі үйде кісілер барын айтқан болар, *жуынып-тараныпп* болған соң барып, ол бізге келді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖУЫНЫП-ТАРАНУ *Жуынып-таран етістігінің қимыл атауы.* ≈ Асықпай *жуынып-тарану.*

ЖУЫНЫП-ШАЙЫН= е т. *Беті-қолын, үсті-басын жуу, тазару. Жуынып-шайынған* соң кешкі тамаққа бардық (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Әжем *жуынып-шайынып,* кебісін киді де, ағайынды екеумізді ертіп, төбе

басындағы зиратқа алып жүрді (Ә.Сариев, Қараша.).

ЖУЫНЫП-ШАЙЫНУ *Жуынып-шайын етістігінің қимыл атауы.* ≈ Дұрыстап *ж у ы н ы п-ш а й ы н у.*

ЖУЫП-ШАЙ= е т. **1.** *Жуу, тазарту.* Құйым келе сала Айбөкеннің жарасын *ж у ы п-ш а й ы п,* жейдесімен таңып берді (Қаз. ертег.). Қанипа өзіне бекітілген кластарды *ж у ы п-ш а й ы п,* кештетіп бір-ақ келді («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Кінәні, сөзді жұмсарту, жеңілдету.* Әнеукүні жаман шүкей асыққа бола сабап тастағанына енді өзі өкініп, сол кірбіңді *ж у ы п-ш а й ғ ы с ы* келеді (Ш.Мұртаза, Интернат.). Шалдың қыңырлығын *ж у ы п-ш а й м а қ* болып, қайсы бірі ыңылдай бастады (Т.Әлімқұлов, Сейтек.).

Кінәсін жуып-шайды. *Айыбын жеңілдетті, жұмсартты.* Бай да өзінің *к і н ә с і н ж у ы п-ш а й ы п* жатыр (С.Көбеев, Орынд. арман). – Мен ол кісіні елге аты мағлұм адам емес дегенім ғой, – деп *к і н ә с і н ж у ы п-ш а я* бастады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖУЫР: **жуыр арада**. *Жақында, жуырда, таяу уақытта.* Мен *ж у ы р а р а д а* шетелге жүруге қам етіп жатыр едім. Егер жүріс болмаса бір-екі күнге мүмкіндігім бар (С.Бегалин, Уақыт.). «Жәукеге сәлем айт, *ж у ы р а р а д а* бір жөнін істесін», – деп Күнжан елден қатынаған бір ағайыннан әдейі айтып жіберген (С.Омаров, Дала қызы).

Жуыр маңда. *Жақын арада, жуырда, тез.* Күміс жеңешем кербездеу кісі еді ғой. Жарамазаншыға *ж у ы р м а ң д а* тұра қоймайтын, айта берсін деп, жатып алатын (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖУЫРДА үс т. *Жақында, таяуда, жуықта.* Ие, ие, атаңмын, күнім, атаңмын. *Ж у ы р д а* келем деп жазып едім ғой. Міне, келдім (М.Жұмабаев, Шығ.). Қайратымнан қайтқанмын, Ол *ж у ы р д а* келсін бе? Келме деп те айтқанмын, Дедім: «Мені менсінбе!» (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *Ж у ы р д а* икемің де келмейді екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖУЫРҚАН з а т. *Астыға салатын көрпе, мақта төсеніш.* Жамылған жұқа жібек *ж у ы р қ а н ы н* басына дейін орап алды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қыздар көлге барғандағы *ж у ы р қ а н* көрпелерін бұл жолы да ала шығады (Ө.Қанахин, Жүрек.). Ұзын бойлы, бұрымы тоқпақтай бой жеткен бір қолтығына *ж у ы р қ а н д ы,* бір қолтығына үлкен жастықты алып шықты (Ғ.Сланов, Жанартау).

ЖУЫРҚАНША үс т. *Көрпе құсап, жуырқан тәрізді.* Шапағаты соқырға еткен онындағы, Болған жоқ *ж у ы р қ а н ш а* жүні қалың (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖУЫС[1]= е т. **1.** *Жақындасу, жуықтасу, жанасу.* Мәтел-мақалға өте жақын, жанасып, *ж у ы с ы п* тұрады (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Жүртқа *ж у ы с п а й* ылғи бір бұрышта отырып, әлде нені ойлай ма, тыңдай ма, түсіну қиын (Д.Досжанов, Тұлпар.). Дара туған бір жан сияқты оқшау бөлектеніп, ешкімге *ж у ы с п а й,* қабырғасымен ақылдасып, санамен сарғайды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Алладан басқа туысқан Мұндай-мұндай жауларға Неше дүркін *ж у ы с қ а н* (Ер Тарғын). **2.** *Қиылысу, қабысу, қосылысу.* Бұл үйге кіргенімізге ай шамасы болды. Есік, терезелері жаңа салынған емес пе, әлі күнге *ж у ы с п а й* тұрғаны да содан (Ғ.Сыланов, Замана). Үскірік аязда далада жүріп қатты тоңған Жылкелді үйге кіргенде қасы-көзін қырау басып, сөйлегенде ерні-ерніне *ж у ы с п а й* біраз тұрды (Дала шұғыласы). **3.** *Илігу, икемге келу.* Тізгін ұстаған қолы да тастай қатып, *ж у ы с п а й д ы* (М.Дүйсенов, Мейман.). Бірақ қалай оңаша қалып, домбыра тартуға кіріссемақ, саусақтарым бір-біріне *ж у ы с п а й д ы* (З.Шүкіров, Ғажайып құмыра).

ЖУЫС[2]= е т. *Жууға жәрдемдесу, көмектесу.* Гуля әкелген көлшімек суымен Бұзаубақтың пұшық құманынан беттерін *ж у ы с ы п* жатыр (С.Сейфуллин, Шығ.). Ши артында өліктің денесін *ж у ы с ы п* жүрген Жүзбай: Күйеу баланың денесі көгеріп кетіпті десіп жатты (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖУЫСТЫР= е т. **1.** *Жақындастыру, табыстыру.* **2.** *Байланыстыру, қиыстыру.* Бірқатар демеулер есім мен етістік арасын *ж у ы с т ы р а т ы н* сөз ретінде жұмсалып қана қоймайды (Қазіргі қаз. тілі).

ЖУЫСТЫРУ *Жуыстыр етістігінің қимыл атауы* ≈ Тез *ж у ы с т ы р у.*

ЖУЫСУ *Жуыс етістігінің қимыл атауы; жақындау, жуу.* Көзі атыздай ұядан шығып, *Ж у ы с у* жоқ жақындық қылып. Шелегін алып кеткенше бұл да Аяққа шарық кебісін іліп (Б.Майлин, Шығ.).

ЖУЫСЫҢҚЫ с ы н. л и н г в. *Сөйлеу мүшелерінің тоғысуынан емес, жуысуынан болған, жуысқан (дауыссыз дыбыс).* Ауаның бұлай (сүзіліп) шығуынан пайда болған фонемаларды ызың немесе *ж у ы с ы ң қ ы* фонемалар дейміз (Қазіргі қаз. тілі).

ЖУЫТ= е т. *Жанына, қасына жақындату, жақын жіберу, жолату, шендету.* Жайшылықта безілдеп Мақан *ж у ы т п а й т ы н.* Бұл жолы өйтпеді (Б.Майлин, Шығ.). Мектеп қорасында он шақты жерге от жаққан солдаттардың бір тобы да маңына *ж у ы т қ а н* жоқ (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ол бірақ өзіне жамандық *ж у ы т п а й т ы н* әдетпен жүдеу көңілін сол бойда делбеп: – Менің қайбір ақы-пұлым күйіп барады, – деді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Көңілге кір жуытпады. *Күдіктенбеді, ренжіспеді.* Бақыт болса бөлісейік, Шәрбәт болса бөле ішейік. Дос жүректі суытпайық, *Көңілге кір жуытпайық* (Ө.Жайлауов, Шопан.).

Кір [шаң] жуытпады. а) *Шаң жұқтырмады, кір жұқтырмады, таза сақтады.* Макаров менің, өзінің ат-тұрманына *кір жуытпай* бағып, қағып, салтанатты түрде ілесіп жүретін болды (Б.Момышұлы, Шығ.). Өскелең жастарымыз ардақты атаққа *шаң жуытпай,* аспанға тудай көтеріп, құрыш қолдарында берік ұстайды (С.Мәуленов, Жер нәрі). ә) *Ақтап алды, сөз келтірмеді.* Мен ғой, оған *шаң жуытпай,* бәрін мойныма алдым (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Қылауына қыл жуытпады. *Асты-үстіне түсіп күтті, ешкімге тигізбей баптады.* Үлкен торы деген, *қылауына қыл жуытпайтын,* байдың бір қадірлі аты еді (С.Көбеев, Қалың мал).

ЖУЫТУ *Жуыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қасына *жуыту*.

ЖҰБА= е т. *Жұбану, көңілін аулау*. Бала бұған қуанды Шер тарқатты, *жұбады*. Жатпай-тұрмай жаз бойы Еккен жерін суарды (А.Асылбеков, Алтын дән). Ақтықта Қамар туып қарақұлақ, Болғанша қыз ба, ұл ма деп ешкім сұрап көрмеген, Қарт түсіпті қадірлеп жұрт, Түсірмей көңіліне ақау аяп-*жұбап* (С.Бегалин, Таңд.).

ЖҰБАБХАНА зат. көне. *Оңаша сөйлесетін орын, үй.* Әуелі Алтын Сарайда, кешелі-бүгін *жұбабханада* айтылған сөздер тегіс ақиқат па, өз ахуалына тікелей қатыссыз, бірақ алыста қалған отанының бүгіні мен болашағы – бағы мен талайы үшін мәселелер жайы (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖҰБАЙ з а т. *Ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне жақындығын білдіретін туыстық атау. Көбінесе, әйелдерге қатысты айтылады.* *Жұбайының* есіттім Таңдап тапқан еліңнен: Өзі қарау тарыншақ Қас қарынбай делінген (Жамбыл, Шығ.). Келіншек мына Мәсектің *жұбайы* шығар. Анау қызы ма екен? (Н.Серәлиев, Ыстық күлше). Дәстүрлі қазақ отбасында *жұбайға* көп құқықтар беріледі (ҚҰЭ). *Жұбай* отбасының береке-байлығын ұстаушы, ұрпақ өсіруші, бала тәрбиелеуші секілді қасиетті борыштарға ие (ҚҰЭ).

ЖҰБАЙЛАН= е т. *Жұптасу, қосақтасу.* Қарағым, құшақтасам құмарланып, Қосылған екі ғашық *жұбайланып*. Жан тынып, ішімдегі жалын шықса, Аузымнан ақ сағымдай мұнарланып (XX ғ. қаз. ақын). Келісті Ай мен Күндей *жұбайланып,* Махаббат арасында түр айналып, Көз жайнап, ұзақ түнге ұйқы көрмей, Талдағы шырмақтай шыр айналып (Ә.Найманбаев, Шығ.). Барады кеш те батып күн айналып, Барады екі ғашық *жұбайланып* (Б.Адамбаев, Ақбөпе).

ЖҰБАЙЛАНУ *Жұбайлан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ғашықтардың *жұбайланыу*ы.

ЖҰБАЙЛАС з а т. ***Жұбай***. Ауыздар мен қолдардың дамылсыз қимылдағаны болмаса, үй ішінде үн жоқ. Тоң-торыс *жұбайластардың* қабағы тым салыңқы, сірә, бұл екеуі бірқатардан бері дүрдараз болса керек (Ә.Көшімов, Жас аңшы.). Әлімжанның *жұбайласының* жасы жиырмадан жаңа ғана асқан, кіп-кішкентай қара домалақ келіншек (Ә.Жылқышиев, Айтолқын).

ЖҰБАЙЛАС= е т. **1.** *Қосылу, қосақтасу.* Ерте заманда Шәміл деген батыр жігіт, Дүр деген сұлу қыз бір-біріне ғашық болып, осы жерде *жұбайласыпты* (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). **2.** *Қабаттасу, қатарласу.* Тыңнан суырып салынбаған, жаттамалы өлеңдер недәуір-ақ түйдектелді. Әйелдер жағына кезек келгені *жұбайласқан* жіңі шке қос дауыстан аңғарылады (Ә.Көшімов, Жас аңшы.).

ЖҰБАЙЛАСУ *Жұбайлас етістігінің қимыл атауы.* – *Жұбайласу* ұят болмайды, сен енді менікісің! – деді Бартеке (Ж.Арыстанов, Сұңқар.).

ЖҰБАЙЛЫ с ы н. *Ерлі-зайыпты, үйлі-жайлы.* Көршілерің салт адам ба деп жүрсем, *жұбайлы* адамдар екен ғой, – деді Гүлжан жеңгесіне қарап (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖҰБАЙЛЫҚ з а т. *Ерлі-зайыпты боп бас қосқандық, некелескендік.* Бүгін Жантуар мен Шәмшігүлдің қуанышында шек болған жоқ. Екеуі бас қосып, *жұбайлық* өмір сүргені айта жүрерлік ең зор қуаныш (С.Шаймерденов, Өмір.). Олар ұзақ қоштасты. Осы мезетте бұлардың ешқайсысы да *жұбайлық* тәтті өмірлері небәрі төрт ай ғана отасумен біткенін... білмейтін еді (Самғау). *Жұбайлық* өмірдің оң сапарына Мәкең екеуміз осылай аттанған едік (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жұбайлық неке. *Сүйісіп қосылған, жұптасқан неке.* Екі жақ бірдей сүйісіп қосылған, *жұбайлық некені* жақтайды (М.Әуезов, Таңд. шығ).

ЖҰБАН з а т. *Орта жастан асқан әйел.* Ауыз жиып алғанша, ұзын бойлы қыз өңді *жұбан* кіріп келеді. Үйде отырғандар үдірейіп қалады (Қаз. ертег.).

ЖҰБАН= е т. **1.** *Жылағанды қойып уану, жуану.* Жыламақ түгіл көздерінен қара қаны ақсын – жұбатпау керек, жылату керек. Жұбатсаң *жұбанып* алып, жаңа ғана жыла-

ғаны есінен шығып, сойқанға тағы кіріседі (Ә.Кекілбаев, Дала.). Үй іші кәдімгідей *ж ұ б а н ы п,* жылаған дауыстар басылды (З.Шүкіров, Сарша тамыз). **2.** а у ы *с. Көңілі орнығу, алданыш ету.* Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан, Еңбегім жанды ғой деп *ж ұ б а н б а қ т а н.* Абай кетсе, осы елде кім қалады, Не табамыз наданнан сұранбақтан? (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Асаған, ұрттағанға ез *ж ұ б а н а р,* Сенімді дәулет емес сен қуанар. Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы сықылды тез суалар (Абай, Тол. жин.). Демеңдер өнбес іске *ж ұ б а н а л ы қ,* Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуанарлық (Абай, Тол. жин.). Еш нәрсе емес *ж ұ б а н а р,* Ақыл көзбен баққанға. Жас баладай қуанар, Бір дәмдіні татқанға (Абай, Тол. жин.).

Көңілі жұбанды. *Көңілі орнықты, жай тапты.* Бұған *к ө ң і л і ж ұ б а н ғ а н д а й* болған Құрымбаев, ойламас үшін фермадан кетіп қалды да, содан фермаға оралмай аудандық атқару комитетінің ағасы болып, үлкейіп кетті (Б.Қыдырбекұлы, Ұры).

ЖҰБАНАРЛЫҚ з а т. *Жұбаныш боларлық, көңіл толарлық.* Өкініштің үлкені – ойы тарлық, Ондайда ақыл болмас *ж ұ б а н а р л ы қ.* Жауынан қолға түскен бір тұтқынды Өлтіруге бір патса қылған жарлық (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

ЖҰБАНҒАНСУ *Жұбанғансы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тез *ж ұ б а ғ а н с у ы.*

ЖҰБАНҒАНСЫ= е т. *Уанғансу, жұбанған болғансу.* Ақтыға қол қойыстық қуанғансып, Кек алып, ашу басып *ж ұ б а н ғ а н с ы п.* Қызығын қыздарыңның көріп болғам Бере бер күйеуіне болған таңсың (Н.Ахметбеков, Жасауыл.).

ЖҰБАНҒЫШ с ы н. *Тез жуанатын, уанғыш.* Жарайды деген бір сөзден Өңінде қыздың жүзді арай, Сәбидейсің-ау бір сенсең, *Ж ұ б а н ғ ы ш* қайран қыздар-ай! (Ғ.Қайырбеков, Таулар.).

ЖҰБАНДЫР= е т. *Уандыру, жұбату.* Ақырдым, түрегелді, немене ұнар, Бұл жерде жұмыс бар ма қолдан қылар. Жұлып ап Жұбайды мен киіндірдім, Бар ма деп әкең мұнда *ж ұ б а н д ы р а р* (Батырлар жыры).Сен келін айдын көлді суалдырдың, Байларды лауазыммен *ж ұ б а н д ы р д ы ң* («Қаз. әдеб.»).

ЖҰБАНДЫРУ *Жұбандыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Баланы *ж ұ б а н д ы р у.*

ЖҰБАНТ= е т. *Жұбандыру, уату.* Сән-салтанат *ж ұ б а н т п а с* жас жүректі, Кім де болса тұрғысын көксемекті (Абай, Тол. жин.). Қойып едім атыңды *Ж ұ б а н т с ы н* деп Жұбаныш, Кетемін десең алысқа, Қайратыңды аңдашы-ай (Батырлар жыры). Ес білмес ермек қуған бала емеспін, *Ж ұ б а н т а р* ойыншықпен алдандырып (Ә.Оңалбаев, Таң). Түсімде мені *ж ұ б а н т ы п,* Жылы сөзбен сөйлесіп, Кетуші еді қуантып, Қалушы еді көңіл өсіп (Абай, Тол. жин.).

ЖҰБАНТУ *Жұбант етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алдауратып *ж ұ б а н т у.*

ЖҰБАНУ *Жұбан етістігінің қимыл атауы, көңілі орнығу.* Жалғыз ұлы алыстан бүгін қайтпаса, Ата мен ана күңіренбей қайтіп шыдайды? Сен олардың ауырта көрме құлағын, *Ж ұ б а н у* үшін көп жылдар керек шырағым (Ә.Тәжібаев, Жартас). Көз қарашығын ол әлі күнге дейін көмірдей қап-қара деп түсінеді, бірақ онысы босқа *ж ұ б а н у* (С.Мұқанов, Алып. адым.).

ЖҰБАНЫС= е т. *Жылағанын қою, уанысу.* Қайттық үйге *ж ұ б а н ы с ы п,* қуанысып сырласып, Сеніміміз байлам тауып, қиялымыз қырды асып (М.Шаханов, Қырандар).

ЖҰБАНЫШ з а т. **1.** *Көңілге сүйеніш, алданыш, медет.* Мал да бар лапкесінде, мақтан да бар, Көзіңше мақтан алып жатқан да бар, Көңілдің *ж ұ б а н ы ш ы* – көп ойын бар, Ұстайтын дұспаныңды қақпан да бар (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Осылай болуға тиіс. Міне, Ақбілектің *ж ұ б а н ы ш ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ал Әділдің ондағы ойы не? Алданып жүрген *ж ұ б а н ы ш ы* не? Ол мынау: Әділдің онда жүргендегі ойы: «әттең, әжем мен Марияны бір көріп өлсем-ау! Әттең, Еркімбектің қанын ішіп өлсем арманым болмас еді!». Міне, осыдан басқа Әділде ой жоқ (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ертең деген сөз Жауатарға *ж ұ б а н ы ш* болғандай болды. Жауатар күндегідей газет те оқыған жоқ, жарты сағат ерте жатты (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Көңіл көтерер қуаныш, ермек.* Көңілге *ж ұ б а н ы ш,* Сен едің базарым, Сенсіз жоқ қуаныш, Тозды енді ажарым (Абай, Тол. жин.). Әбіш сынды жарымнан, Айырылған соң барымнан, Жалғанда болмас *ж ұ б а н ы ш* (Абай, Тол. жин.). Бақытты екеніңе өзіңді-өзің күштеп сендіріп, тапқан *ж ұ б а н ы ш т ы ң* қашанға шейін нәр боларына көзің жетті ме? (З.Шүкіров, Жас жесір). **3.** *Басу, жоқтау.* Мен көңілін көтеріп, *ж ұ б а н ы ш* айтамын (Ә.Сәрсенбаев, Батыр).

ЖҰБАНЫШТЫ с ы н. *Көңілге медет тұтатын, медет боларлық, қуаныштың.* Қалың топқа барлық соғыс ішіндегі ең көтеріңкі *ж ұ б а н ы ш т ы,* ең көтеріңкі мезгілі осы шақ болды (М.Әуезов, Қилы заман).

ЖҰБАП з а т. с ө й л. ***Жауап.*** Досайға енді қашып құтылуға сылтау қалмады. *Ж ұ б а п* бермей және отыра алмады. Содан қамалғаннан болу керек, солғын ғана: – Көңіліңізде не бар айтыңыз? – дей салды (І.Жансүгіров, Шығ.). Милиция *ж ұ б а п* алуға келді де, бір тоқты жеп, бір қонып қайтты (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖҰБАПТАС= е т. с ө й л. ***Жауаптас***. Тәжи оған *ж ұ б а п т а с а* алмаған соң оның аузының босауын күтті (І.Жансүгіров, Шығ.). Өлімді көп көрген Ақылбай Мажыраның бой жасағанын біліп, *ж ұ б а п т а с а й ы н* деп, тез ұмтылып келіп: – Қарағым! Ырысым!.. деп еді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҰБАПТАСУ *Жұбаптас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өзара *ж ұ б а п т а с у*.

ЖҰБАТ= е т. **1.** *Жылаған баланы уату, қайғырған адамның көңілін аулау.* Балалар ұйқысынан оянып, емшек іздеп, бебеу қақты. Қатиралар *ж ұ б а т а* алмай азап (Б.Майлин, Шығ.). Тілі жеткенше *ж ұ б а т а* бастады.– Ер адам жыламас болар. Қатын ғана жылайтын (Ғ.Сланов, Асау арна). Анаға өзімше бірқатар тәтті сөздермен, баласының қазасы үшін қайғылы көңіл айтып, *ж ұ б а т қ а н* болдым (Ә.Омарбаев, Кәрлен.). Елжіреген жас емес пе ем? Еппен айтсаң *ж ұ б а т ы п*. Мен ғашыққа мас емес пе ем? Кетсең еді ұзатып (Абай, Тол. жин.). **2.** э т н. *Азалы адамға көңіл айту рәсімі; тұрмыс-салт жырларының бір түрі.* Азалы адамды жұбату – ертеден келе жатқан ізгі дәстүр. *Ж ұ б а т у* қалыптасқан белгілі композициялық жүйемен айтылады (ҚҰЭ). *Ж ұ б а т у* жырларында нақылдарға, мақал-мәтелге айналып кеткен өлең жолдары көп кездеседі (ҚҰЭ).

Көңілін жұбатты. *Көңілін көтерді, қуантты.* Мұнан кейін кешікпей қызша киіндіріп, шашын өсіріп, бұрынғыдай ер бала деп *к ө ң і л д е р і н ж ұ б а т қ а н д ы* қойды (М.Дулатов. Шығ.).

ЖҰБАТАРЛЫҚ с ы н. *Уататындай, көңіліне дем берерліктей, медет боларлық. Ж ұ б а т а р л ы қ* досы жоқ, жаралы жанын жазарлық жары жоқ. Әлдеқайда бетпақ шөл, бетпақ шөлде жалғыз жол (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖҰБАТҚАНСУ *Жұбатқансы етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өтірік *ж ұ б а т қ а н с у ы*.

ЖҰБАТҚАНСЫ= е т. *Уатқансу, көңілін аулағансу.* Осы лебізімен өзін де, Нұрлығүлді де *ж ұ б а т қ а н с ы д ы*. Әйелінің осыншама тарылып түнергенін, ашулы сөзін жаратпаса да тайталаспауды тәуір көрді (З.Жәкенов, Таң.). Шал жылады, қалжырады еңкілдеп, *Ж ұ б а т қ а н с ы п,* жатыр оны кемпір кеп. Ой, сұмдық-ай, қызыл әскер ағаны Фашист деген бір сұмырай өлтірмек (Т.Молдағалиев, Алатау.).

ЖҰБАТҚЫШ с ы н. *Көңіл аулағыш, жуата беретін.* Бірақ білер опық жеп қалған күні Ақынның елге сенгіш аңғалдығы, Әдетте, көп болады-ау жылмаң қағып, Аузымен *ж ұ б а т қ ы ш т а р* армандыны (М.Әлімбаев, Жүрек).

ЖҰБАТУ *Жұбат етістігінің қимыл атауы; уату, көңілін аулау.* Ал көңілін бөлуге, өзін-өзі *ж ұ б а т у ғ а* әркім әртүрлі нәрсе табады... Міне, сондағы менің тапқаным осы әйел болды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Көңілін жұбату. *Көңілін көтеру, қуанту.* Жұртымнан айналайын! Біреуі бала болып, біреуі іні болып *к ө ң і л і м д і ж ұ б а т у м е н* келеді,– деп Сәрсекең өз күйін бірсүре әңгіме қылып өтті (Б.Майлин, Шығ.).

ЖҰБАТУШЫ з а т. *Уатушы, көңіл-күйді жуататын жан.* Жігіт екі қолымен маңдайын сүйеп, ұзақ жылады. *Ж ұ б а т у ш ы* болмады. Ақырында өзі: – Менің әйелім мен жас қызым селге кетіп өліп еді, – деді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Қапқан хайуан сау шығар деп өзін-өзі *ж ұ б а т у ш ы л а р* болған (Х.Жұматов, Құтыру.).

ЖҰБАТЫС= е т. *Көңілін аулатысу, уатысу.* Ол кісі бүкіл ауылдың амандығын тілейді, бір үйдің қайғысын естісе, қасірет шегеді, сол үйге барып, мұң-шеріне ортақтасады, жылағандарын *ж ұ б а т ы с а д ы* (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира).

ЖҰБАТЫСУ *Жұбатыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Балаларды *ж ұ б а т ы с у*.

ЖҰБАУ[1] с ы н. ж е р г. *Жүдеу, жадау.* Құшағында құндақтаулы жас бала. Өңі *ж ұ б а у,* бірақ үсті-басы таза (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Мен болсам жүзім *ж ұ б а у,* бағы кем жетім баладай жалтақтаймын (Т.Мәндібаев, Сыпыртқы.).

Өңі жұбау тартты. *Жабырқады, қамықты.* Есей үндемеді. Осы арада ойына Эрика түсті де, көңіліне қорқыныш ұялап, *ө ң і ж ұ б а у т а р т ы п* кетті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

ЖҰБАУ[2] с ы н. *Ақырын, жай, баяу.* Сотник, десятник, полицейскийлер де баяғыдай шақылдамайды. Граждан деп қана сөйлеп, *ж ұ б а у* жұмсайды. Қатты айтып, қақыраятын заманы екіталай болып, қорқақ тамырлана соғады (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҰБАУ[3] *Жұба етістігінің қимыл атауы.* Ер үшін ел қайғыда содан былай, *Ж ұ б а у ғ а* Монтекенді сөз таба алмай. Шешенін ортаға алып отырды жұрт, Ешбірі қолай тауып, үндей алмай (И.Байзақов, Шығ.).

ЖҰБАУЛАУ с ы н. ж е р г. *Жадаулау, жүдеулеу.* Судыр Ахмет көп ішінен Ақбаланы көрді, келіншектің өңі кешегіден гөрі *ж ұ б а у л а у* екен. Көзі қызарып кетіпті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖҰБАУРАТ= е т. *Жұбату айту, көңілін көтеріңкірей сөйлеу, алдаусырату.* Сыр білдірмей *ж ұ б а у р а т қ а н* секілденгенмен, Ольганың бұл әңгімені әлдеқалай көріп өте шыға алмайтындығын сезіп, Тәлім күлімсіреді (Б.Майлин, Шығ.). Осылайша *ж ұ б а у р а т а* сөйлесе де, Күмісбекте толғану бар еді (Ғ.Сланов, Асау арна). Және де жіберіп ед жазып хатты, Екенін хатта айтып ед қай сипатты. Сияғы Суһрапқа ұсаған соң, Барармыз,

жүре бер, – деп *ж ұ б а у р а т т ы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖҰБАУРАТУ *Жұбаурат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Баланы *ж ұ б а у р а т у.*

ЖҰҒУ *Жұқ етістігінің қимыл атауы.* Жұқпалы ауруларды қоздыратын микробтардың ауру адамнан сау адамға *ж ұ ғ у ы* мен организмге ену жолдары әртүрлі болады (Ж.Сұлтанов, Аурулар.). Шешектің вирустары шыбын арқылы *ж ұ ғ у ы* да мүмкін, – дейді ол (Келіншектер).

ЖҰҒЫМ з а т. **1.** *Астың, тағамның, не мал жейтін шөптің құнарлылығы, нәрлілігі.* Шөп *ж ұ ғ ы м ы* жақсы екен. Көк өртең май емес пе? (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Күйреуік пен бұйырғын Жеген малға көп *ж ұ ғ ы м.* Қойға өте құнарлы Көтере алмас құйрығын (К.Әзірбаев, Той бастар). Сондықтан таңдап, отының *ж ұ ғ ы м ы* мол өңірлерге шығарып жайып жүрмін (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). **2.** с ө й л. *Ыдыстың түбіндегі жұқпа қалдық; жұғын.* Секілді еден беті қанды табақ, Қалдырмай *ж ұ ғ ы м ы н* да алды жалап. Сықырлап сол мезетте ашылды есік Бір таныс суретке қалды қарап (С.Мәуленов, Жолдас).

Жұғымы бар. *Икемді, епті, қыры бар.* Басқарманың әйелі кербез сылқым емес, қолынан әжептеуір тірлік келетін, қазан-ошаққа *ж ұ ғ ы м ы б а р* адам екен (О.Сәрсенбаев, Бақыт).

Жұғымы [кісіге, адамға жұғымы] жоқ. *Сүйкімсіз, епсіз.* – Төре тұқымы тыраш келеді деуші еді, рас қой деймін сол. *К і с і г е ж ұ ғ ы м ы ж о қ,* кекірейген біреу ғой, Шыңғысың! – деді Ұлпан қасақана Есенейге (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Туысқа да, жатқа да *ж ұ ғ ы м ы ж о қ* безбүйрек жан Павелдің арқасында жұрт санатына қосылып еді (Б.Тілегенов, Уақыт). *А д а м ғ а ж о қ ж ұ ғ ы м ы,* Қашатұғын қашырдай. Ессіздіктің белгісі, Екі дер сөзді айтпаймын (XVIII– XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЖҰҒЫМДЫ с ы н. **1.** *Сіңімді, нәрлі, құнарлы.* Жұрт құдық басына келіп, жаңа қоныстың малға жайлы шөбі *ж ұ ғ ы м д ы* болғандығын әңгіме қылысты (М.Әуезов, Қараш.). Күзде қойға жусаннан *ж ұ ғ ы м д ы* шөп жоқ (Н.Айдаров, Жазылбек.). Көп адамдар сары майды биологиялық жағынан бағалы деп санайды. Расында сары майдың адамға аса *ж ұ ғ ы м д ы,* тағамдық қасиеттері мол (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **2.** *Жұққыш, сіңгіш (бояу, күйе, шаң).* Сол бір майлы күйе сияқты *ж ұ ғ ы м д ы* ақ тозаңның шынында да майлы екенін ол білген жоқ (С.Бақбергенов, Алтынемел.). *Ж ұ ғ ы м д ы* торғын топырақ жер бар,– дейді, – Жаны кең, қайырымы мол ел бар, – дейді, – Ананың аясында ойнап күлген, Армансыз қайғысы жоқ ұл бар,– дейді (Ө.Тұрманжанов, Бозша торғай). **3.** а у ы с. *Жағымды, сүйкімді, ұнамды.* Сыпайы адам сынық мінезді, көпке *ж ұ ғ ы м д ы* сүйкімді атанады (М.Әлімбаев, Тәрбие). Сағила ақ жарқын, жайдары адам. Абысын-ажынға да, дос-жарға да *ж ұ ғ ы м д ы* (М.Иманжанов, Алғашқы ай). Бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін қолдан түзетіп... солардың арқасында сынайы, *ж ұ ғ ы м д ы* жігіт атанбақ (Абай, Тол. жин.).

Кісіге жұғымды. *Үйірсек, көпшіл, сүйкімді.* Дәл сол күні біздің үйде бір қонақ қонып отыр екен, аты – Мұса. Өзі домбыра тартып, ән салады. Мінезі жұмсақ, *к і с і г е ж ұ ғ ы м д ы* тәуір адам көрінеді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖҰҒЫМДЫЛЫҚ з а т. **1.** *Сіңімділік, нәрлілік, қоректілік.* Брынза тамақтық *ж ұ ғ ы м д ы л ы ғ ы* жөнінен басқа ірімшік сырлардан қалыспайды (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Жаңа тағамды бергенде, оның балаға *ж ұ ғ ы м д ы л ы ғ ы н,* ұнайтындығын байқау керек («Қазақст. әйелдері»). Жүгері сабағында клетчатка да, қант тектес заттар да көп, оның *ж ұ ғ ы м д ы л ы ғ ы* сол заттардың сіңімділігіне байланысты (Қ. Құсайынов, Жүгері.). Ғалымдар теңіз капустасының тамақтық *ж ұ ғ ы м д ы л ы ғ ы* кәдімгі капустадан едәуір жоғары деп есептейді (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **2.** а у ы с. *Жағымдылық, ұнамдылық, сүйкімділік.* Шолпанның қимылында еріксіз өзіне тартып тұрғандай бір *ж ұ ғ ы м д ы л ы қ* бар сияқты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Сағатбай педагогтік *ж ұ ғ ы м д ы л ы ғ ы* күшті, әрқилы қабілетті, зерек ойлы, әңгімешіл жан еді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). *Ж ұ ғ ы м д ы л ы қ т ы ң* жоқтығынан қылшылдаған шағымда бірде-бір жақсы әйелді сүйе алмай келем (Ә.Көшімов, Екі бүркіт).

ЖҰҒЫМДЫРАҚ с ы н. *Сіңімдірек, нәрлірек.* Жүгері мен бұршақтың аралас сүрлемі, жәй сүрлеммен салыстырғанда *ж ұ ғ ы м д ы р а қ* және қышқылы аз болады (Құс өсіруші). Жүргізілген тәжірибе жұмыстарының нәтижелеріне қарағанда жүгері собығының өзегі малға сабаннан гөрі сіңімді, *ж ұ ғ ы м д ы р а қ* екені іс жүзінде көріне бастады (Қ.Құсайынов, Сабан.).

ЖҰҒЫМПАЗ с ы н. **1.** *Жұқпалы, жұққыш.* Қазақ мұның зиянын, бұл аурудың өте *ж ұ ғ ы м п а з* екенін, етін жегеннен, терісін пайдаланғаннан адамға да, малға да күйедей жұғатынын бұл күнге шейін түсініп болған жоқ (М.Дулатов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жанасымпаз, үйірсек.* Кісіге *ж ұ ғ ы м п а з,* әңгімешіл бұл қарттың өмірбаяны бізге аса қызық көрінген (С.Мұқанов, Саяхат.). Алиакбар мен Рабиға сыртынан таныстырғандай, Қази адамға *ж ұ ғ ы м-*

п а з, сөйлесімпаз, жарқын мінезді адам екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖҰҒЫМСЫЗ с ы н. **1.** *Жұғымы аз, нәрсіз, құнарсыз.* Өлеңшөп пішені түйеге *ж ұ ғ ы м с ы з* келеді. Дәнді азықтарды және күн-жара, шорт сияқты жемдерді түйе де ұнатады (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Инфузориялар жемшөп құрамындары мал организміне *ж ұ ғ ы м с ы з* қанттарды бойына сіңіреді (Н. Рақышев, Күйіс малы.). **2.** а у ы с. *Бірден жұғысып, араласып кете қоймайтын, сіңімсіз.* Ақбала күйеуінің сөзге шорқақ жайын білетін, Салған жерден шүйіркелесіп кете қоймайтын, *ж ұ ғ ы м с ы з,* зәті жуас, момын жігіт еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Армансыз адам – топас, дөкір, *ж ұ ғ ы м с ы з,* менменшіл болар ма еді, қайтер еді? (З.Шашкин, Теміртау). Біріне-бірі *ж ұ ғ ы м с ы з,* Біріне-бірі жұмбақ жан. Емес-ау ойсыз, білімсіз, Білмедім кінә кім жақтан (Н.Шәкенов, Толқындар). **3.** а у ы с. *Жағымсыз, сүйкімсіз, ұнамсыз.* Шіңкілдеген *ж ұ ғ ы м с ы з,* жіңішке даусы үзіліп болмай-ақ, учитель кеңсеге кіріп келді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Жасай берем жалтақсыз кең әлемде, Жұмысым жоқ *ж ұ ғ ы м с ы з* әңгімеде (Ә.Тәжібаев, Көне қоңырау). – Жарайды, Тынышбай, жетер енді! Қайдағы бір *ж ұ ғ ы м с ы з,* қотыр сөзге үйірсің,– деп Сәлмен оны тыйып тастады (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖҰҒЫМСЫЗДАУ с ы н. *Бірден жұғысып кете қоймайтын, жағымсыздау, сүйықтау.* – Бәукен саған тартпаған бала. *Ж ұ ғ ы м с ы з д а у,* жоламайды (Р.Әутәліпов, Алтын жеміс.). Менің бір *ж ұ ғ ы м с ы з д а у* құрдасым бар (С.Алдабергенов, Жаңа жағалау).

ЖҰҒЫМСЫЗДЫҚ з а т. *Жағымсыздық, тиянақсыздық, ұнамсыздық.* Оның кезінде *ж ұ ғ ы м с ы з д ы қ* қылып оқи алмай, қатар құрбысынан кем болуы да оған ауыр жаза ғой (Ө.Тұрманжанов, Адам. дос).

ЖҰҒЫМТАЛ с ы н. **1.** *Жұғымды, сіңімді, нәрлі, құнарлы.* Жылдағыдай емес, жем қалай таратамын десе де жетіп артылады. Оны қазіргідей *ж ұ ғ ы м т а л* кезінде беру табылған ақыл (Саржайлау). Қайнарлар температурасы әртүрлі. Дәмін кәдімгі бұлақ суы дерсің, аса *ж ұ ғ ы м т а л,* ішсең кете береді (Қ.Қамбаров, Алтай аясы.). **2.** *Жұққыш, тез тарағыш (ауру, кесел).* Таз теміреткідей *ж ұ ғ ы м т а л* болмаса да, оның жазылуы талай жылға созылады (Е.Оразақов, Дәрігер.). Руброфития қолдың және аяқтың тырнағын көп зақымдайды және өте *ж ұ ғ ы м т а л* келеді (Ғ.Мулағұлова, Грибок.). Кебенекпен ауырған ешкінің сілекейі өте *ж ұ ғ ы м т а л* келеді (Ш.Қалықов, Қой. ауру.). **3.** а у ы с. *Жағымды, үйірсек, ұнамды.* Жидебайдың Мүтәні жақсы бала болды. Көптің көңілін табады, *ж ұ ғ ы м т а л* («Қаз. әдеб.»). – Әділ әрі *ж ұ ғ ы м т а л* жандар еді, – дейді («Лен. жас»).

ЖҰҒЫМТАЛДЫҚ с ы н. **1.** *Жұғымдылық, құнарлылық, сіңімділік.* Сүрленген шөптің мал азығы ретінде *ж ұ ғ ы м т а л д ы ғ ы* күшті екендігі ғылыми жолмен дәлелденген (И.Жұмағұлов, Озат түйеші.). **2.** *Жұққыштық, жабысқыштық.* Осы кезде жайылымдағы личинкалардың жаппай өсіп, өнуіне, сондай-ақ олардың малға *ж ұ ғ ы м т а л д ы ғ ы н а* байланысты (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы).

ЖҰҒЫН з а т. **1.** *Тамақтың немесе басқа заттың ыдыста жұғып қалған жұғындысы, қалдығы. Ж ұ ғ ы н* бар жерде шыбын бар, шыбын бар жерде шығын бар (Қаз. мақалы). Қоймалжың ғып пісірілген тамақтың *ж ұ ғ ы н ы* қалған ыдысты төңкеріп көрсетті (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Кесе болар-болмас шайқала қалғанда қымыздың *ж ұ ғ ы н ы* кесенің ернеуіне қою сүттей жұғып қалды (Т.Сыдықбеков, Біздің заман.). **2.** *Қалдық, дақ.* Қолындағы бояудың *ж ұ ғ ы н ы н ы ң* бәрі де жеп отырған нанына жабысып, Кәрімнің іші ауыра бастапты (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). **3.** а у ы с. *Із-түз, жұрнақ, ізбасар, белгі.* Атаң Торайғырдан *ж ұ ғ ы н* барын естіп-біліп отырмын. Бірақ Шоң Торайғыр берекебірлікті айтады екен (Д.Әбілев, Ақын.). Өзімше өткен дәуірдің Сақтаулы сарқыт, *ж ұ ғ ы н ы* ем. Жалпайған екен жауырының. Жүректің артқан жүгінен (Х.Ерғалиев, Күн күмбез). Бағдатқа қойған сонау бір кінәсінің бәрінен қазір *ж ұ ғ ы н* да қалмапты (Саржайлау).

Жұғын болмады [болған жоқ, бола ма]. *Жұқ болмады, жетпеді.* Бұл малдардың сүтмайы, жүн-жұрқасы, шиеттей сегіз баласы бар Әділбектің үйіне *ж ұ ғ ы н* да *б о л м а й д ы* (І.Есенберлин, Қатерлі.). Сұлтан екеуі бір жартылықты бөліп ішіп алды. *Ж ұ ғ ы н б о л ғ а н* жоқ (Ә.Тарази, Асу.). Сегіз жүз қойға сегіз қап жем *ж ұ ғ ы н б о л а м а* («Қаз. әдеб.»).

Жұмырға жұғын болмады. *Қанағат етпеді, місе тұтпады; аз болды.* Тезекбай екі шөлмек сыраны әп-сәтте қағып тастады. Бірақ бұл *ж ұ м ы р ы н а ж ұ ғ ы н* да *б о л м а д ы* (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Қыс қатты болады деп жүр, ал бізде отын да аз. Бақшадан азын-аулақ бірдеңе алып едік, ол *ж ұ м ы р ғ а ж ұ ғ ы н б о л м а д ы* (С.Алдабергенов, Асу.).

ЖҰҒЫНДЫ з а т. **1.** *Тамақтың ыдыста қалған-құтқаны.* Әбіш әлгі *ж ұ ғ ы н д ы н ы* жалап қойды (М.Дүйсенов, Мейман.). Итаяқтан ас ішпесе де, байдың *ж ұ ғ ы н д ы с ы м е н* күнелткен қойшының қазірдегі ақшалай табысының өзі уысына сыймайды (Тарту). **2.** а у ы с. *Жұрнақ, сарқыншақ, қалдық.* Үлкен ойдың жазушысы өз халқының тұрмысындағы өрескелдіктерді шенегенде, сол халқын жек

көргендіктен емес, жақсы көргендіктен сынайды. Өйткені ондайдың бәрі де ескінің *жұғынды сы* (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бұл мінез, бұл қылықтар түгел болмаса да, *жұғынды сы*, қырындысы үлкенімізде де, кішімізде де жоқ па екен? (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЖҰҒЫН-ЖҰРНАҚ з а т. *Қалдық, сарқыншақ.* Ең кішісі Жылқыбай. Ата-баба дәулетінің бұларға сүзіле келіп, *жұғын-жұрнағы* ғана бұйырған (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖҰҒЫС= е т. **1.** *Жақындасу, жанасу, араласу.* Шаймерден ауыл жігіті Борашпен осы колхозға келген күннен бастап тез *жұғысып*, басқадан да гөрі оған тез үйреніп, достасып кеткен (М.Иманжанов, Жастық). Бір-біріне іш тартып, *жұғысып* жүрді. Жұмабек Мырзашты өзіндей емес білімді, өнегелі жігіт көреді (Б.Тілегенов, Аққайнар). Өмірінде тұңғыш рет әйел баласымен *жұғысып*, уәде байласуы Есболдың жүрегін тебірентті (М.Гумеров, Сүйе ме?). **2.** *Біреуден біреуге ауысу, бірден-бірге көшу.* Сіз жолдағы кірбеңді айтып, жаза бермесеңіз... Атадан балаға *жұғыспайтын* не бар (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Дүние тілемеймін сенен тіпті, Алар деп мені дүние болма күпті, Ақыл ауыс дегендей, ырыс *жұғыс*, Сен-дағы көрінесің өлеңге епті (Алдаспан). **3.** а у ы с. *Соқтығысу, ұрыну, килігу.* Маған да *жұғысып* бақты сол Тыртығың, бірақ күйесін жұқтыра алмады (С.Мұқанов, Шығ.). Қазақпын деп досқа айтам ұрысатын, Мақтан етсін атақты туысы атын Қазақпын деп жауға айтам қасақана, Біліп қойсын, болса ойы *жұғысатын* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖҰҒЫСҚЫШ с ы н. *Жақындасқыш, жанасқыш.* Шідербайдың әңгімешіл, кісіге *жұғысқыш*, білетін кісімсіп айтқан сөздері тұрпайы екендігі көрініп тұр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ғайнижамал жатық мінезді, *жұғысқыш* адам болғандықтан, біз оны Галя жеңгей деп сыйлайтынбыз (С.Мұқанов, Өсу жол.). Юра – елгезек, кісімен *жұғысқыш* жігіт («Лен. жас»).

ЖҰҒЫСТЫ с ы н. **1.** *Жұғымпаз, жұққыш, кесапатты.* Ол кісінің *жұғыстылығынан* әлі күнге дейін арыла алмай жүргенімізді қайтерсің («Егемен Қазақстан»). **2.** *Жағымды, қонымды.* Құдайға шүкір, ниетіміз қабыл болып, соның ілімі *жұғыстылығы* болды (О.Дастанов, Мұрагер.). Дәулеті халықтың бұйырмай, *жұғыстылығы* болды төменге («Дастан»).

Жұғысты ету. *Біреуден біреуге көшіру, сіңіру.* Мен ол жайлы ұқтым талай мағлұмат, Жақсылығын *жұғыстыету* бар мұрат. Ақиқатшыл сүйдім ашық мінезін, Діншілдікпен жүрмесем де қалжырап (К.Салықов, Жезкиік).

ЖҰҒЫСТЫР= ет. *Жақындату, жанастыру.* Анығында, осы бізді *жұғыстырған* не керемет қасиет десеңізші? (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Сабырлы салтын сақтап шығыс тұрды! Әз ана әлгі топты ығыстырды.

Ерінді жұғыстырды. *Сүйді, өпті.* Асықпай Құдайберген ақ маңдайға *Ерінді* еппен ғана *жұғыстырды* (Х.Ерғалиев, Көбік шашқан).

ЖҰҒЫСТЫРУ *Жұғыстыр етістігінің қимыл атауы; байланыстыру, тіл табыстыру.* Жалғыз басты жігіттің басын айналдыруын қарашы мына қатынның. Өзі жоқта үйін әктетіп, әйтеуір *жұғыстыру*. Қайын сіңлісін өткізудің қарекеті (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖҰҒЫСУ *Жұғыс етістігінің қимыл атауы; жақындасу, жанасу, байланысу.* Ф. Достоевский бұл сияқты кісіге *жұғысуы* өте қиын адамның жақын досы болған (І.Омаров, Серпін). Жігіт қызға қалай *жұғысудың* ретін таппай қиналып тұрған-ды (С.Досанов, Қыран.).

ЖҰДА[1] [ир. جدا] үс т. *Құралақан, жұрдай.* Бала шағынан жат баулынған жылы шырайдан *жұдасуы*, суық жүз, ызғарлы лебізбен ауызданған Қаршығаның бар зәрі ішінде (Х.Есенжанов, Көп жыл.). – Осы күні содан қорыққанымнан кеш бата шам жағудан қалдым. Сөз өтпейді, ардан *жұда* (З.Шашкин, Сенім).

Жұда болды. *Жұрдай болды, құралақан қалды.* Сөйтіп жерден, судан айырылған, өзін-өзі басқару тәртібінен *жұда болған* патша чиновнигінің қарауына көшкен халық бас көтерді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Өйткені біріне күйеу боп шықты, Енді біріне құда боп қалды. Біреудің аяғы сүйеу боп шықты, Қу мұрт күнәдан *жұда боп* қалды (А.Тоқмағанбетов, Өмір.).

Жұда қылды. *Жұрдай етті, құралақан қалдырды.* «Тілекті қабыл қыл, – деп, – рәсул құда!» Қайғыны көңілдегі *қылды жұда*. Жан қалмай Бағдатта жұрт жиылды, Әммәсі қол көтеріп қылды дұға (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ат үстінен қылышпен, Денесінен *жұда қып*, Басын кесіп салады (Қыз Жібек).

ЖҰДА[2] үс т. же р г. ***Жұдә*** *(аса, тым, өте).* Құйысқанын қысқартып, Екі айылын берік тартып Енді атына мінеді Өлгенім жақсы *жұда* деп (Ер Тарғын).

ЖҰДАЛЫ з а т. к ө н е. *Елдің беделді, бетке ұстар адамдары. Жұдалылар* өліп, қалып қалған жұрындарымен келе жатқанда (Мәшһүр Жүсіп, Шығ.).

ЖҰДЫРЫҚ з а т. **1.** *Саусақты тегіс бүгіп жұмғандағы қолдың жұмылған басы.* Бір қолының саусағын тегіс жұмып, *жұдырық*

жасады, енді бір қолын тарбитып: сегізінші... дей бергенде телефон, тағы шылдыр ете түсті (І.Жансүгіров, Әңгім.). Қарсы алдындағы енді қайтып оралмас сапарға кеткен комбаттың да көзі жұмулы болғанмен, *ж ұ д ы р ы г ы* түюлі жатыр екен (К.Қозыбаев, Дәуір.). **2.** а у ы с. *Тоқпақ, соққы; таяқ.* Адамдардың ақ ниетін аңғара білу керек! Ешкім де кісі жүрегіне *ж ұ д ы р ы қ п е н* жақындай алмайды, тек өшпенділікті өршітеді (С.Алдабергенов, Асу.). Сөзінің жөні жоқ, Ақылсыз томырық, Қатынның күні жоқ, Қамшы мен *ж ұ д ы р ы қ* (Абай, Тол. жин.). Сен кеткелі де үш жыл боп қалды. Қалай, *ж ұ д ы р ы қ т ы ң* неше атасын үйреніп қайтқан шығарсың? (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

Ашса алақанында, жұмса жұдырығында. *Еркінде, билігінде.* Осы өңір, осы аймақ екеуміздің *а ш с а қ а л а қ а н ы м ы з д а, ж ұ м с а қ ж ұ д ы р ы г ы м ы з д а* емес пе? (Б.Тілегенов, Аққайнар).– Исеке, күні кешеге дейін *а ш с а ң а л а қ а н ы ң д а, ж ұ м с а ң ж ұ д ы р ы г ы ң д а* болдым (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Жуан жұдырық. *Үстем тап өкілі; содыр, сотқар.* Жаңа бойжетіп келе жатқан жалғыз қызы Ұлжанды ертең осы ортаның *ж у а н ж ұ д ы р ы қ* болысы тоқалдыққа алып кеткелі келмек («Қаз. әдеб.»). Екеуі екі рулы елдің шынжыр балақ, шұбар төсі, сары ала қамшы – қақ сойылы, *ж у а н ж ұ д ы р ы г ы* (З.Ақышев, Достар).

Жұдырық ала жүгірді. *Үрмақшы болды; күш көрсетті.* Жансақалдың Түгелі байға *ж ұ д ы р ы қ а л а ж ү г і р д і.* Сөйтеді де қол-аяғын байлап, жиырма бес дүре соғады (М.Жұмағұлов, Қыран.). Ол Зікірдинге алара қарады: – Қатыныңа *ж ұ д ы р ы қ а л а ж ү г і р г е н ш е,* адам болудың қамын ойласаң нетті (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Жұдырық басындай. *Жұдырықтың үлкендігіндей, жұдырықтай.* Бекболат қоржыннан *ж ұ д ы р ы қ б а с ы н д а й* қара нанын шығарып, шәйнегіндегі суға жібітіп әлгі нанын жеуге кірісті (С.Шарипов, Шығ.). Төрдегі қара текеметтің астынан сары қағазға оралған *ж ұ д ы р ы қ б а с ы н д а й* бір нәрсе қолына іліне кетті (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Жұдырық білесті. *Дөң-айбат көрсетті, кіжіңдесті.* Келте-келте жауаптасып, *ж ұ д ы р ы қ т а р ы н б і л е с і п* қара мұрт өңі сұрланып шығып кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жұдырық жеді. *Соққыға жығылды, таяқ жеді.* Рахмет баба осы жайларды баяндаған еді. Енді домбырасын қолына алып, шерте түсті де кілт тынды. *Ж ұ д ы р ы қ ж е г е н* қожаның мейірімі түспесі аян ғой... Келесі аптада үшеуміз де наборға іліндік (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.).

Жұдырық жұмсады. *Соқты, ұрды, сабады.* Кезеңі келгенде оларға *ж ұ д ы р ы қ* та *ж ұ м с а п* жібереді дедеді, сондықтан олар Мухеевтен өлердей қорқады (С.Мұқанов, Есею жыл.). Кейде балалар болмашы нәрсе үшін таяқ жеуден қорқып тұйықтала түседі. Қатал әке көбірек *ж ұ д ы р ы қ ж ұ м с а й т ы н д ы қ т а н,* көп нәрсе оған айтылмай, құпия қала береді (Семья тәрбиесі).

Жұдырық көрсетті. *Күш көрсетті, өктемдік жасады.* Ол бұл сапар бұрынғыдай әкіреңдеп, *ж ұ д ы р ы қ к ө р с е т к е н* жоқ (С.Омаров, Дала қызы).

Жұдырық түйді. *Кіжінді, құртпақшы болды, қорқытты.* Сүйретіліп Досқожа тұрды. Жалаң бас, анадай жерден кепкесін іздеп тауып, Мырзатайдың үйіне қарап, ашулы түрде *ж ұ д ы р ы қ т ү й д і* (Б.Майлин, Шығ.). Бірде көз қиығы Сейтенге түсіп еді, ол «сені ме» дегендей көзін алартып, *ж ұ д ы р ы ғ ы н т ү й д і* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Жұдырықтың астына алды. *Тоқпақтады, ұрып-соқты, сабады.*

Жығылғанға [жығылған үстіне] жұдырық. *Соққының үстіне соққы, жаманшылық үстіне жаманшылық. Жығылған үстіне ж ұ д ы р ы қ т а у д а н* басқаны сахара маған көрсеткен жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ашынып отырған Шәже Балтаға да есе бермейді. *Ж ы ғ ы л ғ а н ү с т і н е ж ұ д ы р ы қ* болып Құнанбай мен Алшынбай бас көтере алмай қайтады (М.Әуезов, Әр жыл.). Мына сөздер де Нұрымға *ж ы ғ ы л ғ а н ү с т і н е ж ұ д ы р ы қ* болып, одан жаман салын суға кетіре берді (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖҰДЫРЫҚТА= е т. **1.** *Бір нәрсені (есікті т. б.) жұдырықпен тоқпақтау, түйгіштеу; тарсылдату.*– Аш есікті... поездан қалдырасыңдар, – деп есікті *ж ұ д ы р ы қ т а п* айқайладым (Е.Оразақов, Дәрігер.). Жуырда болған профсоюз жиналысында осы жатақхананың коменданты кәдімгі қызыл мұрын Христофор қыза сөйлеп, мінбені бірер *ж ұ д ы р ы қ т а п* өтті (З.Қабдолов, Жалын). **2.** *Жұдырықпен ұру, соғу, төмпештеу.* Жақып Ғазизаны жығып салып *ж ұ д ы р ы қ т а п,* тепкілей бастады (М.Әуезов, Қараш.). Жолдастарын атып түсірген адамды аясын ба, әркім Жұмакенді бір *ж ұ д ы р ы қ т а п,* дүммен төмпештеді (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖҰДЫРЫҚТАЙ с ы н. **1.** *Кіп-кішкентай, құрттай.* Ақ күшік *ж ұ д ы р ы қ т а й* басын көтеріп, құйрығын бұлғақтатып тұр (М.Сүндетов, Ескексіз.). **2.** *Үп-үлкен, тоқпақтай.* Көзімді былшық басқан ба деп ойлаған Асқар, ашайын деген ниетпен қолын тигізсе – жып-жылтыр, *ж ұ д ы р ы қ т а й* ісік екен (С.Мұқанов, Ботагөз). Алып көрсем *ж ұ д ы р ы қ-*

т а й шақпақ қант екен. Есік жаққа жалт етіп бір қарадым да көріп тұрған ешкім болмаған соң қантты қалтаға тығып жібердім. Осы кезде жеңгемнің шаңқылдаған даусы естіліп жатты (М.Дүйсенов, Ант).

Жұдырықтай бала. *Кіп-кішкентай бала.* Көтере алмай басымды Кеттім бе енді ғапыл-ай, *Ж ұ д ы р ы қ т а й б а л а н ы* Тоқтата алмай барамын, Не болды маған апырай (Мұңлық-Зарлық). Қасына ержеткен ұлын ертіп Ұлмекен апам келгенде, *ж ұ д ы р ы қ т а й б а л а* еді (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Жұдырықтай жұмылу. *Бірігу, бірлесу, ынтымақтасу.*

ЖҰДЫРЫҚТАС= е т. *Бір-біріне қол сілтесіп төбелесу.* Мен жалғыз өзім жанжалдасып, Күлзейнені олардан айырып алып кеттім... Өзім аналармен *ж ұ д ы р ы қ т а с ы п* қалдым (І.Жансүгіров, Шығ.). Енді бір кезек жұдырықпен ұрыстық, ол да, мен де түп-тұқиянымыздан бері қарай сыбап жүріп *ж ұ д ы р ы қ т а с т ы қ* (Ж.Тілеков, От кешу).

ЖҰДЫРЫҚТАСУ *Жұдырықтас етістігінің қимыл атауы; төбелесу.* Жанжалдың арты *ж ұ д ы р ы қ т а с у ғ а* соғып, дударбас жігіт соққыға жығылды (С.Досанов, Қыран.). – Жеңілдің бе?.. Неге үндемейсің. Енді *ж ұ д ы р ы қ т а с у ғ а* шамаң да жоқ (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖҰДЫРЫҚТАТ= е т. *Біреуді жұдырықпен соқтырту, сабату, ұрғызу.* Қасыңдағы өзің жек көретін біреулерді күшті жолдастарыңа *ж ұ д ы р ы қ т а т ы п* алуға да болатын еді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖҰДЫРЫҚТАУ *Жұдырықта етістігінің қимыл атауы; ұрып-соғу.* Қызыл әскерде *ж ұ д ы р ы қ т а у* жоқ. Қайта командир, военкомдар қасына барып, қайта-қайта айтып түсіндіреді (С.Шарипов, Бекболат).

ЖҰДЫРЫҚША[1] з а т. т е х н. *Шестернаны айналдыратын вал. Ж ұ д ы р ы қ ш а* тетіктің чертежін салғанда осындай түйіндесу кездеседі (А.Абрикосов, Сызу).

ЖҰДЫРЫҚША[2] ү с т. *Жұдырық сияқты, жұдырыққа ұқсап.* Қарабала басын тізесіне қайта қойып, тұқшиып, *ж ұ д ы р ы қ ш а* түйіле қойды (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Әлден уақытта оның көзіне үстіңгі құс бір құйқылжып, аунап түскендей болды, түз бүркітінің *ж ұ д ы р ы қ ш а* түйіліп сорғалай жөнелгені көрінді (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ЖҰҚ= е т. **1.** *Бір нәрсенің екінші нәрсеге жұғуы, жабысуы.* Ол шалбарының *ж ұ қ қ а н* шаңын ұшырды (Х.Ерғалиев, Сенің өзенің). Жұма алақанына *ж ұ қ қ а н* қанды сүртпестен қолын қалтасына салды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қазан менен табаға Енді күйе *ж ұ қ п а й д ы.* Қуанды апам жаңаға, Қасынан еш шықпайды (Т.Шопашев, Бәйтерек). **2.** *Тамақтың бойға сіңуі, денеге таралуы.* Ішіп отырған тамағым өзімдікі болғандықтан, қатықсыз қара көже болса да бойыма *ж ұ ғ а д ы* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Жоңке тауының жері қара, күні жылы болып, тазығыр шөбі малға *ж ұ қ қ а н* еді (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** *Жұқпалы аурудың басқаларға жұғуы, ауысуы.* Қотыр қолдан *ж ұ ғ а д ы,* таз тақиядан *ж ұ ғ а д ы* (Мақал). Сұлтанмахмұт Мәликеге туберкулезім *ж ұ ғ а д ы* деп өзін-өзі осындай бір рақымсыз қаталдықта ұстайды (Д.Әбілев, Арман.). Бұзауға көкцидийлер негізінен енесінің сүті арқылы *ж ұ ғ а д ы* деген қорытындыға келген (С. Сыбанбаев, Сиыр. көкцид.). **4.** а у ы с. *Мінез-құлықтың, әдет-дағдының біреуден-біреуге ауысуы, даруы.* Оның мінезіндегі бұл қасиеті музыкасына *ж ұ қ қ а н* секілді, бір жұмсақ нәзік әуез таралып тұрады (І.Омаров, Серпін). Естігенін, көргенін Бала жылдам ұғады. Жақсы менен жамандық Балаға тез *ж ұ ғ а д ы* (Пернедегі терме.).

Аузы-аузына жұқпады. *Тез-тез сөйледі, жып-жып етті.* Тоқтардың қанша орысша білімі бар екенін кім білсін, анда-санда келіп-кететін орыстармен сөйлесе кеткенде *а у з ы - а у з ы н а ж ұ қ п а й д ы* (С.Омаров, Дала қызы). Темірхан қашқындар туралы естігенін айтып, *а у з ы - а у з ы н а ж ұ қ п а й* айтып келеді (М.Гумеров, Хазірет.).

Аяғы-аяғына жұқпады. *Тез-тез жүрді, шапшаң басты.* Кәрім жаңбырмен жарысып, *а я ғ ы - а я ғ ы н а ж ұ қ п а й* жүгіріп келеді (З.Шүкіров, Ғажайып.). Сарманқұл тауға жүргенде барыс сияқты. *А я ғ ы - а я ғ ы н а ж ұ п а й д ы* (С.Бегалин, Уақыт.).

Ерні-ерніне жұқпады. *Жыпылдап тез сөйледі.* Кластарымыз сізге ұнамады ғой деймін шамасы, – деді Бану *е р н і - е р н і н е ж ұ қ п а й* күле сөйлеп (М.Иманжанов, Менің махабб.). Жәзира *е р н і - е р н і н е ж ұ қ п а й д ы,* судырап ағып барады (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Қолы-қолына жұқпады. *Көз ілестірмей, тез, жылдам істеді.* Ләйлә қолына тиген жұмыстарды істегенде *қ о л ы - қ о л ы н а ж ұ қ п а й* жылдам істейтін болды (С.Шарипов, Шығ.). Олар *қ о л д а р ы - қ о л д а р ы н а ж ұ қ п а й,* келген балықты бірі жайып, бірі жинайды (Ш.Дәрмағамбетов, Менің замандас.). Маталарды судырлата өлшеп, дар-дар еткізіп бөліп тастап жатырмын. *Қ о л ы м - қ о л ы м а ж ұ қ п а й д ы* (М.Сүндетов, Ескексіз.).

Шыр [шел] жұқпады. *Қоң бітпеді, семірмеді.* Өзі шынында да қапсағай, тарамыс денелі, *ш ы р ж ұ қ п а ғ а н* арық адам (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Кербездік қона бермес керілгенге, *Ш ы р ж ұ қ п а с* шұбар қағаз кемігенге. Жартастың жаңғырыққан жауабындай, Үн шығар осы күні

темірден де (Т.Әлімқұлов, Бозжорға). – Бойына *ш е л ж ұ қ п а й,* сорға батқан, сорлы елге содыр басшы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой,– деді Есбол қәрия (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖҰҚ: **жұқ болмады [жұмырына жұқ болмады].** *Місе тұтпады, тоймады.* Күнде әкелетін үш-төрт шана шөп қыруар малға *ж ұ қ* та *б о л м а й д ы* (С.Жүнісов, Жапанда.). Бұл аймақ осылардың ашса алақанында, жұмса жұдырығында. Түйені түгімен жұтса да, *ж ұ м ы р ы н а ж ұ қ б о л м а й д ы* (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖҰҚА с ы н. **1.** *Қабыршықтай.* Айналамыз – құм. Көк те құм. Құм сықылды сарғылт сұр. Қарағандарда сүргіден түскен *ж ұ қ а* жаңқадай құрысып адамның ішектері ілулі тұр (М.Жұмабаев, Шығ.). Дүниеде мұнан күншіл кем-ді Бақа! Зорланды қарнын керіп, енді Бақа. Шыдамай *ж ұ қ а* қарын керуіне, Жарылып, сол арада өлді Бақа (А.Байтұрсынов, Шығ.). **2.** *Қалың емес, жеңіл (киім).* Өткір суық жел арық малды, *ж ұ қ а* киімдіні тоңдыра бастады (М.Дулатов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Үлбіреген, нәзік.* Дәмежанның аппақ тістері *ж ұ қ а* еріндерінің қызылына жарасып, жиі көрініп отырады (М.Әуезов, Абай). Ақбілек жаңа шешесіне көз қырын салды. Көзі тікшиген, *ж ұ қ а* қабақ, қаймақ ерін, таңқы мұрын, тымырайған, қайқаңдау, қара сұр адам екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жұқа өңді. *Ашаң, қағылез.* Зульфина аса сұлу болмаса да, маңдайы жазық, қыр мұрынды, қара-көк көзді, *ж ұ қ а ө ң д і,* бетінен қаны тамған, қимыл-әрекетінің нәзіктігімен сүйкімді қыз (М.Сатыбалдиев, Жартас). Біреуі – кішкентай, *ж ұ қ а ө ң д і,* мойнында қызыл галстугі бар бала (М.Гумеров, Үш күн.).

Жұқа білді. *Анық-қанығын жете білу.* Ол қала жағдайын *ж ұ қ а б і л е д і* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұқа жапырақты көкбас. ө с. *Биіктігі жарты метрге жуық, көпжылдық, шөптектес өсімдік. Ж ұ қ а ж а п ы р а қ т ы к ө к б а с т ы ң* бірінші жылы тек тамыр жапырақтары шығады, екінші жылы гүлдейді (Ә.Іскендіров, Қазақст. дәрілік өсімд.). *Ж ұ қ а ж а п ы р а қ т ы к ө к б а с т ы ң* тамыр жапырақтары жұмыртқа тәрізді, сағақтары ұзын, ара тісті. Сабақ жапырақтары отырмалы, қолдың саласы сықылданып тілімделген, шеттерінде тістері бар (Ә.Іскендіров, Қазақст. дәрілік өсімд.).

Жұқа нан. ж е р г. а) *Етке салатын нан, жайған қамыр.* ә) *Майға пісірген нан. Ж ұ қ а н а н* пісіріп жібер. б) *Нанды жұқалап жайып, сутке қайнатып пісірген тағам* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жүйкесі жұқа. *Жүйкесі тозған, ашушаң.* Астыңғы қабаттағы *ж ү й к е с і ж ұ қ а* сары қатын жетіп келе ме деп Нақыш сескеніп еді, әзір жоқ (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

Қалтасы жұқа. *Ақшасы аз, қаржысы, қаражаты мардымсыз. Қ а л т а м* да *ж ұ қ а,* Қазір мені қинап тұрған да сол *қ а л т а м н ы ң ж ұ қ а л ы ғ ы,* оны Шолпанға өлсем білдіргім келмейді (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖҰҚАЛА= е т. **1.** *Жұқа қалыпқа келтіру.* Михайл Иванович белбеуіндегі қанжарын қынынан шығарып ап, ағашты *ж ұ қ а л а п* жона бастады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Фросиня аршылып, *ж ұ қ а л а п* тураған картопты табаға толтыра салып, плитаға қойды да жеңі шынтағына дейін түрілген қолдарын жуып, орамалға келіп сүртінді (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Майы мөп-мөлдір болып сүрленген қазыны көкем *ж ұ қ а л а п* кесіп отыр (А.Лекеров, Қырда.). **2.** а у ы с. *Жайлап, ептеп айту, жеткізу.* Шал кеше:–Осы төңіректе қалғаның қолайлы болар, балам!–деп сөз арасында *ж ұ қ а л а п* ескертіп те қойған (З.Шашкин, Сенім). Ардақтан шопан шығады дегенге сенбей, басқарманың шешіміне іштей күліп отырғандар көп. Ол күндік жиналыста да *ж ұ қ а л а п* айтылды (М.Дүзенов, Ақәже). Оспан онсыз да қыл үстінде отырған Қанипаның ішіне от түсірмейін деген оймен қаладан естіп келген жайсыз хабарын *ж ұ қ а л а п* жеткізді (С.Омаров, Дала қызы).

ЖҰҚАЛАЙ-ЖҰҚАЛАЙ ү с т. *Ептеп-септеп, ақырындап, ебін тауып.* Содан былай әуелі тәте деп, сосын *ж ұ қ а л а й-ж ұ қ а л а й* жайға әкелдім-ау әйтеуір (Е.Домбаев, Ол адам.).

ЖҰҚАЛАН= е т. *Жұқа қалыпқа келу, жұқару.* Түйіндер бара-бара іріңдеп жұмсайды, үстіңгі тері *ж ұ қ а л а н а д ы* да тесіледі (Т.Қалжеков, Туберкулез.). Шашы түскен бас терісі *ж ұ қ а л а н ы п,* жалтыр болып қалады (Ғ.Мулағұлова, Грибок.).

ЖҰҚАЛАНУ *Жұқалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ағаштың *ж ұ қ а л а н у ы.*

ЖҰҚАЛАҢ с ы н. **1.** *Жіп-жіңішке, жұқаша келген, қалың емес.* Күнге жақын тұрған ұзынша *ж ұ қ а л а ң* бұлттардың түсі қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл (М.Әуезов, Қараш.). Аттың кежіміндегі, сондай-ақ қалпақ, кебенек, жайнамаз сияқты *ж ұ қ а л а ң* келетін киіздерді, әртүрлі өрнек жасау үшін кейін қайшымен оюлап, кесілетіндей етіп жасайды, мұны талдырма дейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Осылай әлек-шәлегін шығарып жатқанымда *ж ұ қ а л а ң* көк дәптер еденге түсіп кетті («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Арықша, қағылездеу, нәзіктеу.* Кең, ақ маңдайлы, жіңішке ұзынша қара қасты,

ж ұ қ а л а ң қызғылт жүзді Әбіш Абаймен әңгімесін үзбей келеді (М.Әуезов, Абай). Аман жалғыз. *Жұқалаң,* аққұба жүзі күреңітіп, өткір көзі жана түскен (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Әмина Ербосынды есіне алды. Аққұба, қара қасты, *ж ұ қ а л а ң* жігіт (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖҰҚАЛАҢДАУ с ы н. **1.** *Жұқалау, аздап жұқалаңқы, жұқалаңқырау.* – Осы кеңесте баяндама жасайтын едім,– деді ол қолындағы *ж ұ қ а л а ң д а у* келген көкшіл дәптерін аша отырып (Ақ бидай). Маған ол бұлт *жұ қ а л а ң д а у* көрініп, жауа қоймас деген тәуекелмен жолға шықтым (Қ.Исабаев, Арман.). **2.** а у ы с. *Ашаңдау, қағілездеу.* Өзі бір саушылығы кемдеу, *ж ұ қ а л а ң д а у* жігіт еді (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Боровик ат жақты, *ж ұ қ а л а ң д а у* өңді жігітті ерте кірді (А.Жақсыбаев, Бозарал).

ЖҰҚАЛАУ[1] с ы н. **1.** *Жұқарақ, жұқаландау, жұқалтақ.* Өтінем, көңіл қойып танысыңыз!– деп *ж ұ қ а л а у* сұр папканы Павлов Оразалиевке ұсынды (Е.Оразақов, Дәрігер.). *Ж ұ қ а л а у* қардың үстімен қойларды айдап жолға салып, Болат мал фермасына келді (А.Сарбөпин, Аспалы бесік).– Василий, менің байқауымша, мұз әлі *ж ұ қ а л а у,* жүгі бар машинаға қауіпті ме деп ойлаймын (Қ.Қамбаров, Алтай.). **2.** а у ы с. *Арықша, жұқалаң, ашаң, қағілездеу.* Бригадирдің *ж ұ қ а л а у* беттері сәл бүлк етті де маржандай тізілген ақ тістері көрінді (Ә.Нұршайықов, Жомарт.) Айбас *ж ұ қ а л а у* келген сіріңке қара жігіт еді (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Мұхамбек председательдің ақсары *ж ұ қ а л а у,* ашаң жүзіне күлімсірей қарады (Б.Тоқтаров, Қыран.).

ЖҰҚАЛАУ[2] *Жұқала етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жайлап *ж ұ қ а л а у.*

ЖҰҚАЛТАЙ с ы н. с ө й л. ***Жұқалаң.*** **1.** *Жұқаша келген, қалың емес.* Алдымызда жатқан *ж ұ қ а л т а й* ғана қоңырқай кітапша (М.Қаратаев, Туған әдеб.). **2.** *Арықша, қағылездеу.* Бір уақытта кеңсеге еңгезердей сары кісі мен *ж ұ қ а л т а й* қара торы жігіт кірді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Аудитория есігінің саңылауынан сығалап тұрған бір әлжуаздау, *ж ұ қ а л т а й* қыз басын шұлғи көтеріп алды (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.).

ЖҰҚАЛТАҚ с ы н. с ө й л. ***Жұқалаң.*** Жеңіл шана *ж ұ қ а л т а й* қардың бетімен сырғып келеді (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). *Ж ұ қ а л т а қ* ақсары жігіт боп өскен Әлібектің сөзі бала күнгісіндей әлі де нық-нық (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЖҰҚАЛТАҢ с ы н. с ө й л. ***Жұқалаң.*** Терезенің алдында үстіне бір елі боп ұнның тозаңы қонған *ж ұ қ а л т а ң* кітап жатыр (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Әкесінің үйінен жайырақ шыққан Нағымның киімі *ж ұ қ а л т а ң* болатын (А.Жүнісов, Өмір.). Тихонның *ж ұ қ а л т а ң* жүзінде жастық дәуреннің шалқымалы нұры ойнады (Ақ бидай).

ЖҰҚАЛТАҢДАУ с ы н. с ө й л. ***Жұқалаңдау.*** Төр жақтағы столда *ж ұ қ а л т а ң д а у* сары жігіт көп қағаздарды аударыстырып жатыр («Лен. жас»). *Ж ұ қ а л т а ң д а у* келген, орта бойлы жас келіншектің қай уақытта болса да көңілді жүргенін көресің («Лен. жас»).

ЖҰҚАЛТЫМ с ы н. **1.** *Тым жұқа, жұпжұқа.* Бұқпалай жүгіріп сеңнен сеңге секіреміз. Кейде мұздың жаңадан қатқан *ж ұ қ а л т ы м* кемері омырылып кетеді де, қолтықтан ғана ілініп қаласың (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Алыстан көріп жүгірдік. Тазы қыратқа шықты. Қыраттың қары *ж ұ қ а л т ы м* (Н.Серәлиев, Қаңтар). **2.** а у ы с. *Нәзік, үлбіреген.* Неше келсем де, тіпті қашан келсем де, *ж ұ қ а л т ы м* еріндерін аса бір сәнмен бұрыштандыра күліп, біздің үйде отырады (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

ЖҰҚАЛЫҚ з а т. **1.** *Қалың еместік, жұқалтаң болушылық.* Жақсы сақтау үшін асқабақ жемісі сыртқы қабығының қалың, *ж ұ қ а л ы ғ ы н ы ң* мәні бар (А.Алманиязов, Асқабақ). Мұнымен бірге бұл бұлттың *ж ұ қ а л ы ғ ы* соншалықты – оның аржағынан жұлдыздар көрініп тұрады (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). **2.** а у ы с. *Ашаңдық, қағілездік, нәзіктік.* Өңінің *ж ұ қ а л ы ғ ы н а н,* денесінің нәуетектігінен ыстыққа да, суыққа да шыдамсыз болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мен денемнің *жұ қ а л ы ғ ы н а* қарамастан нағыз төбелесқойдың бірімін. Шапшаң жүгіретін жеңіл, қағілезбін (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Екі әйел терезенің іш жағында қатар тұрды, бой жағынан да, дене *ж ұ қ а л ы ғ ы* жағынан да екеуі бірдей (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

ЖҰҚАНА[1] з а т. **1.** *Тұтас үлкен нәрседен қалған қалдық.* Ол қою қара топырақты будақтата аспанға көтеріп, ойылып, опырылып жатқан деревняның қаусаған *ж ұ қ а н а с ы* үстімен шоқалақтап келеді (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.). Әсіресе, түпкі бөлме жиһазға толы болса керек. Түтеленген, шіріген заттардың *ж ұ қ а н а с ы* көп шықты (Н.Баяндин, Құм асты.). **2.** ж е р г. *Сарқын, қалдық, жұғын.* Мынау бағанағы ішкен қымыздың *ж ұ қ а н а с ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Аяқта қаймақтың *ж ұ қ а н а с ы* түр, соны жалай ғой (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі). **3.** а у ы с. *Белгі, нышан.* Бойынан кірпияз, серіліктің *де ж ұ қ а н а с ы,* арылмаған. Үстінде шолақ жең барқыт бешпет, барқыт шалбар. Аяғындағы мәсі мен галошы да жып-жылтыр (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖҰҚАНА[2] с ы н. *Қарапайым, жұпыны, жарлы.* Шөпауыз – *ж ұ қ а н а* кедейлер мен

байлардың есігінде жүрген малайлардың жүрегіне оқтай қадалатын сөз (С.Ерубаев, Шығ.). Ашыса маған жаның кесір берме, Кесірді көсіп ішіп кесірленбе. *Жұқана* барар жерің көрінеді, Кесірдің удан ащы отын берме (Айтыс.). Ол күндерде жұрттың тіс ағаш, соқа, кетпен, күрекпен тыраштап еккен *жұқана* егіндері осы (Ғ.Орманов, Жүрек.).

ЖҰҚАНАҚ з а т. с ө й л. ***Жұқана***. Жеңгем ескі бір *жұқанақтан* маған күпі тігіп кигізді (Ө. Қанахин, Жер бас.).

ЖҰҚАР= е т. **1.** *Жұқалану, жұқа қалыпқа түсу*. Екі қатар теміржол рельстің оң жақтағысы тезірек *жұқарып* тозады, өйткені паровоз бен вагондар Жердің айналуының әсерінен аздап оңға ауытқып, оң жақтағы рельсті күштірек басып тоздырады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Жақында он екі машинамен совхоздың малына шөп келіп еді, оның үстіне күн жылымық болып, қар *жұқара* түсті (М.Әуезов, Өскен өркен). Құс тіпті минералдық азық мол болғанның өзінде рахитпен ауырады, соның нәтижесінде төс сүйегі қисаяды, буыны үлкейіп, сүйектері мен жұмыртқа қабығы *жұқарады* (Құс өсіруші.) **2.** а у ы с. *Сирету, азаю, тозу*. Жұмабек Розаның үйінен қайтқанда жауын басылып еді, аспанды жапқан қара бұлт *жұқарып*, жоғарылап барады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Соңғы күндердің беделіне дейін осы суы қанық жерді жайлап отырған жылқылы ауыл мал өрісі *жұқарып* барады деп қарауытқан қалың қырқаларға қарай созыла көшкен болатын (Саржайлау). **3.** а у ы с. *Жүдеу, ару, азу*. Мағауия екі-үш жыл оқығаннан кейін, *жұқарып*, науқасқа шалдыға бастайды (М.Әуезов, Әр жыл.). Ол кезде қыс ортасы ауа қойдың алған еті *жұқарады*, майы азайып арықтайды (С.Мұқанов, Саяхат.). Сәтібек сол жатқаннан бірнеше күн бойы жатты. Сұрағандарға аурумын дейтін болды. *Жұқарып* жүреді (Р.Райымқұлов, Қыз – айна).

Жүйкесі жұқарды. *Ашуланды, күйгелектенді*. Жасында жетімдік өмірдің тауқыметін көп тартып, *жүйкесі жұқарып* өскен адам тарынғыш, ашуланшақ болады (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Жақаштың *жұқарып* келген *жүйкесі* бұдан әрі төзбеді. Намыстың ашуызасы сыртқа теуіп ол ұшып тұрды (М.Хасенов, Алғашқы ән).

Қалтасы жұқарды. *Ақшасы азайды, қаржысызданды*. Москваға келгелі біраз күн болды. *Қалта* жағы *жұқарып* қалған, – деп күлді (С.Бегалин, Уақыт.). Ол үшін ақша, ақша қажет екенін түсінді. Ал бұл кез Тоқа *қалтасының жұқарған* шағы болатын (Е.Домбаев, Ғашықтық.).

ЖҰҚАРАҚ с ы н. **1.** *Жұқалау келген, жұқалтақ*. Қатты қабық жұмыртқаның томпақ жағында *жұқарақ*, үшкір жағында қалыңырақ болады (Құс өсіруші.). Иленген қамырды табаның аумағына қарай дөңгелектеп жайып, *жұқарақ* етіп тегістеп жағып, шетін жапсырып көмкеру керек (Келіншектер.). **2.** а у ы с. *Ашаңдау, қағілездеу*. Әкесіне тартқан кесек денелі Нартай азырақ бөгеле берді де, азғана *жұқарақ* та қағілездеу көрінетін Әлішерді алға қарай итеріп қойды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖҰҚАРАҚТАН= е т. *Жұқалаң тарту, жұқару, жұқалтақтану*. Айнала қарап еді, түнерген бұлттың арты ептеп *жұқарақтанайын* деп, ұзамай күн көзі ашылайын деген сыңай бар («Лен.жас.»).

ЖҰҚАРТ= е т. *Жұқа қалыпқа келтіру*. Үстен жел, астан су қажалап *жұқартқан* мұздың түсы ойылып тереңге тартты (С.Шаймерденов, Болашақ.). Сасық табанды емдеу үшін жылқының табанын *жұқартып* жонады да, қарақұстың екі жақ іргесін ірің ылғи шығып тұратындай етіп теседі (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Қаршыға әкеліп берген сыбызғы құрайдан істелген жоқ, шәнгіш ағашының өзегін алып, ішін *жұқартта* ыңғыруалап ыстап тастаған қара қоңыр қатқан сыбызғы (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖҰҚАРТУ *Жұқарт етістігінің қимыл атауы*. **1.** *Жұқа қалыпқа келтіру*. Емдеу шарасын қолданар алдында малдың ауруға шалдыққан жерінің жүнін қырқып, *жұқартту* шарт (С.Омаров, Мал терісі). **2.** т е х н. *Сом болатты екі біліктің арасына салып, бірте-бірте жұқартып, оны қажетті қалыпқа келтіру*. Прокат-технологиялық процеске үңілсек, бұл «*жұқартту*» деген сөзге дәл келеді. Ал «қақтау» деген сөздің «прокаттың» баламасы ретінде алынуы, біздіңше, қате («Білім және еңбек»).

Жүйкені жұқарту. *Әбден қалжырату, діңкені құрту*. Бұған ашуланып *жүйкені жұқартудың* қажеті жоқ (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖҰҚАРТУШЫ з а т. т е х. *Металлургия өндірісінде технологиялық процестің жұқарту (прокат) түрімен айналысатын маман*. Прокатчики – *жұқартушылар* («Білім және еңбек»).

ЖҰҚАРУ *Жұқар етістігінің қимыл атауы*. Жемсаумен ауырған адамдарда тері бездері солып, тері *жұқаруы* мүмкін және тері астындағы шел мен көк ет азаяды (С.Табынбаев, Жемсау.). Қартайғанда омыртқа жотасы иілімдерін жоғалтады, омыртқааралық дискілер мен омыртқалардың *жұқаруы* және серпімділігін жоғалтудан омыртқа жотасы алға қарай иіліп, үлкен бір көкірек иілімін түзеді, бұл

кезде омыртқа жотасының ұзындығы едәуір кемиді (А.Рақышев, Адам анатом.).

ЖҰҚАРЫҢҚЫ с ы н. *Ашаңдау, нәзіктеу, жұқалаң.* Көп жайланған жабының Жалқұйрығы сұйылар. Сол сияқты Жамбылдың *ж ұ қ а р ы ң қ ы* түрі бар (Жамбыл, Шығ.).

ЖҰҚАРЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Жұқалаң тартыңқырау.* ≈ Шеті *ж ұ қ а р ы ң қ ы р а д ы.* **2.** а у ы с. *Ашаң тарту. Ж ұ қ а р ы ң қ ы р а ғ а н* өңі, ішін тарта толқи сөйлеуі оның батырлық бейнесін толықтырғандай (К.Баялиев, Дегелек.). **3.** а у ы с. *Азып-тозу, жүдеп-жадау.* Мал басы көбейсе, мына *ж ұ қ а р ы ң қ ы р а п* отырған ел тоғайып, әлденіп алар еді (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖҰҚАРЫҢҚЫРАУ *Жұқарыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аздап *ж ұ қ а р ы ң қ ы р а у.*

ЖҰҚАТАЙ с ы н. *Жұқалаң, нәзік, ашаң. Ж ұ қ а т а й* ғана жігіт еді. Толығып, марқайған болар деп ойлады Бәтес (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖҰҚҚЫЗ= е т. **1.** *Жағып алу (бояу, май т.б.).* – Иә, бояуы,– деп оның омырауынан сұқ саусағымен бояу *ж ұ қ қ ы з ы п* алып, иіскеп көрген болдым, – рас, бояуы біздікі, иісі жаман (Б.Қабышев, Мысық сақал.). **2.** *Жұқпалы аурумен ауыру.* Балаға ойыншықтар арқылы да ауру *ж ұ қ қ ы з ы п* алу ғажап емес дейді (Келіншектер.).

Кір жұққызбады. *Шаң жуытпады, жаманат келтірмеді, цятқа қалғызбайды.* Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған *к і р ж ұ қ қ ы з б а й д ы* (М.Әуезов, Әр жыл.).

Кір жұққызды. *Ұятқа қалдырды, жаманат келтірді.* Ақынның атағына *к і р ж ұ қ қ ы з ы п*, Ел қыдырған диуана сен бір бақсы (Жамбыл, Таңд. шығ.).

ЖҰҚҚЫЗУ *Жұққыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бояу *ж ұ қ қ ы з у.*

ЖҰҚҚЫШ с ы н. *Жұғымпаз, жұғымтал.* Бала қауын жегеннен кейін қол жууды ұмытып, ойнап кетеді. Шірелі қолға кір-қоқыс *ж ұ қ қ ы ш* келеді (А.Байтанаев, Қайнар.). Таз – өте *ж ұ қ қ ы ш* грибок (Ғ.Мулағұлова, Грибок.).

ЖҰҚҚЫШТЫҚ з а т. *Тез тарағыштық, жұға бергіштік, жұғымпаздық.* Радио әдісімен ылғалдылықты, *ж ұ қ қ ы ш т ы қ т ы,* мөлдірлікті, қысымды өлшейді («Халық мұғ.»). Бұзаудың өкпе құрт ауруының жаз бен күзде жаппай өршуі, өлім-жітімнің көп болуы түрлі эпизоотологиялық жағдайға, атап айтқанда, олардың малға *ж ұ қ қ ы ш т ы ғ ы н а* байланысты (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Секілді қара сия *ж ұ қ қ ы ш т ы ғ ы,* Ақыры себеппенен дағдыр жеткен (Ы.Шөреков, Шығ.).

ЖҰҚПА з а т. ж е р г. *Қазанға пісірген жұқа нан.* Жұқалап жайып, қазанға жауып пісірген *ж ұ қ п а ғ а* ірімшіктің суы – ежегейді орады (Д.Досжанов, Таңд. шығ.).

ЖҰҚПАЛЫ с ы н. *Тез жұғатын, жұққыш, тарағыш.* Топалаңның *ж ұ қ п а л ы* екенін қазақ халқы ежелден-ақ білетін, бірақ оның пайда болу себебін білмеген (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

Жұқпалы аурулар. м е д. <лат. inficere>. *Тірі ағзаларға ауру тудырушы микроағзалардың (бактерия, риккетсия, вирус, саңырауқұлақ) енуінен пайда болатын кесел.* Мұндай ауруға шыдай алмай өлгендерін күніне әлденешеуін теңізге тастап, егерде *ж ұ қ п а л ы а у р у ы* болса науқастарды да аямастан суға тірідей лақтырып отырған (М.Дулатов, Шығ.). Оған әсіресе түрлі *ж ұ қ п а л ы а у р у л а р* мен соғыс, аштық пен жұт кездерінде халық әдебиетінің белгілерінің жаппай опат болуы әсер етті (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ЖҰҚПАС з а т. ж е р г. **1.** *Күймақ. Ж ұ қ п а с қ а* келе бас салды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** *Май, сүт қосып талқаннан жасалған тамақ. Ж ұ қ п а с* – оның сүйіп ішетін тамағы (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰҚСЫЗ с ы н. **1.** *Жұғымы жоқ, жұғымсыз.* Жалпы бұлардың тұқымы су жұқпас *ж ұ қ с ы з,* баянсыз ысқаяқ ретінде екі болыс елге түгел мәлім-ді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Көпшіл болса, балаңыз – адам болар, *ж ұ қ с ы з* болса балаңыз – сараң болар (Қ.Әміров, Қызыл гүл.). **2.** *Қу, алаяқ.* Астанада жалған ат жамылып, сырттан келген аңқауларды жер соқтыратын небір *ж ұ қ с ы з д а р д ы ң* бар екенін ол білетін (Ә.Сараев, Бозқырау).

ЖҰҚТЫР= е т. **1.** *Жағылу.* Қарашы, енді шикілеу піскен жұмыртқаның сарысы мен варенье *ж ұ қ т ы р ғ а н* (Р.Райымқұлов, Бала.). **2.** *Жұқпалы аурумен ауыру.* Дифтерияны ересек адамдар да *ж ұ қ т ы р а д ы* (Е.Оразақов, Дәрігерлік.). **3.** *Дарыту, сіңіру.* Сәуле есейген сайын шешесінің бар мінезін өзіне біртіндеп *ж ұ қ т ы р ы п* отырды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Сөйтіп қызықсыз нәрсе қызықтылықты өзгеден ауыстырып, *ж ұ қ т ы р ы п* алады, бұл сипат әлгі нәрсені өзінікі тәрізделіп, тума ынтаны қоздырады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Пайда жұқтырды. *Пайда келтірді, керегіне жарады.* Оқып, біліп, пайдалан, біреуге ұқтыр. Әліңше дін миллатқа *п а й д а ж ұ қ т ы р.* Мен білем деп бүлінген толып жатыр, Надан арам мақтанға болмақ ұшқыр (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Күйе жұқтырды. *Жаманатқа қалдырды, жала жапты.* Маған да жұғысып бақты сол

Тыртиғың, бірақ *күйесін жұқтыра* алмады (С.Мұқанов, Шығ.).

Су жұқтырмай мақтады. *Еш жаман сөз жолатпай мадақтады, дәріптеді.* Өз көзінше *су жұқтырмай мақтады*, Жігіттіктің туы деп (Қ.Салықов, Жезкиік).

ЖҰҚТЫРҒЫШ з а т. *Жұқтыра беретін, тез жұқтыратын.* Олар моллюскалармен бірге *жұқтырғыш* қабілетін сақтап, қыстап шыға алады (Қ.Уәлиев, Мал. ауру.).

ЖҰҚТЫРУ *Жұқтыр етістігінің қимыл атауы, тарату, жұққызу.* Қыстан шыққан социстердің тіршілікке бейімділігі екі түрлі жолмен анықталды: лабораториялық жағдайда өсіру және бұзауға *жұқтыру* (С.Сыбанбаев, Сиыр қокцид.). Күйреуік сезімнің анасы – әлсіздік, өз күшіне сенбеушілік. Оны бойға *жұқтыру* да қаза (М.Иманжанов, Алғашқы.).

Кір жұқтыру. *Жаманат келтіру.* Онан да мені таяқпен ұрып жыққаны жеңіл еді. Кіршіктей таза жүрегіме *кір жұқтыруын* (Ә.Жылқышиев, Айтолқын). Ол ойлары болмай, партия жұртшылығы, еңбекші көпшілік Сәкенді әшкерелету түгіл, *кір жұқтыру* түгіл, тазалаудан үлкен құрметпен алақандарына көтеріп алып шықты (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖҰҚТЫРУШЫ з а т. *Ауру таратушы.* Лейшманиоз ауруын *жұқтырушы* москиттер деген пікірді 1905 жылы тұңғыш ұсынған ағылшын Рональд Роос (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Туляремия микробын табиғатта сақтаушы және адамдарға *жұқтырушы* негізінен кемірушілер (Аса жұқпалы.).

ЖҰҚТЫРЫЛ= е т. **1.** *Жағылу, жұғылу.* Өйткені түрлі химиялық улы заттар азотобактер клеткаларын қырып жібереді. Ал азотобактер *жұқтырылған* тұқымдар тез арада себілуге тиіс (Н.Шоқанов, Микроорганизм.). **2.** *Ауру таратылу.* Құтыртатын вирустер *жұқтырылғаннан* ауырған қояндардың миы мен жұлынын бірнеше күн кептіру арқылы әлсірету әдісі табылды (Ж.Сұлтанов, Аурулар.).

ЖҰҚТЫРЫЛУ *Жұқтырыл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Вирустың *жұқтырылуы.*

ЖҰҚЫНА з а т. ж е р г. *Жұғын, сарқыт, қалдық.* Тамақтан *жұқына* қалған шығар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰЛ= е т. **1.** *Бір жерге қадалып тұрған нәрсені орнынан алып тастау, суыру.* Асау байтал қаданы орнымен *жұлып* кетердей жұлқынып, шыр көбелек айналады (С.Жүнісов, Өшп. іздер). Кейде ауру тісті *жұлса* тіс ауруы басыла қалады (Е.Оразақов, Дәрігер.). **2.** *Құстың (тауық, үйрек т.б.) жүнін терісінен алып тастау, тазалау.* Тал келтірілген соң от жағып, онан соң үйректің жүнін *жұлып,* бұтарлап бір талдан істік істеп, үйректі отқа қақтады (Ы.Алтынсарин, Таңд.). **3.** *Шешіп алу, сыпырып алу.* Не білдің, балам? Не хабар? *Жұлып* алды жас Сапар Тақияны басынан (М.Жұмабаев, Шығ.). Көкек құс! Жүнің түлеп жүр ғой бекер, Азырақ жетім үшін *жұлсақ* нетер? Қайырдан бұл дүниеде жетімге еткен, Басқаша іс сауабына бар ма жетер? (А.Байтұрсынов, Шығ.). **4.** а у ы с. *Тоз-тозын шығару, ұрып-соғу, талан-таражға салу, тұту.* Мына нан жауғыр, мені *жұлатын* шығар (С.Адамбеков, Көсе.). Тасбиқты тастап тас алып, Сәлде аяққа шұлғанды. Өнер қылды «жақсылар» Қасқырша елін *жұлғанды* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Басын жерден жұлып алды. *Басын кенет көтерді.* Ойын қызығына берілген балалар, кенет тынып, дауыс қайдан шықты дегендей аң-таң болып, *бастарын жерден жұлып алды* (М.Иманжанов, Көк белес). Жамбы естіп қапты, *басын жерден жұлып алды* (Ш.Құмарова, Қос шынар).

Екі иығын жұлып жеді. *Бір нәрсеге құлшына кірісті, аласұрды, екіленді.* Төрден төмен Құмардың жанында отырған көсе қарт қипақтап сасып қалды. *Екі иығын жұлып жеп,* әңгімеге қызу кірісті («Қаз. әдеб.»).

Жұлып алды. *Тартып алды.* Есім аяқты қолынан *жұлып алып,* жерге бір қойды да, шығып жүре берді (М.Әуезов, Шығ.). Жұма мылтықты Зейнегүлдің қолынан *жұлып алды* да жауынгердің өзіне берді (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Кемпір үйге кірді де, Гүлжанның үстіндегі көрпесін *жұлып алды* (З.Шашкин,Ұядан ұш.).

Жұлып жеді. *Зорлық-зомбылық қылды, үстемдік көрсетті.* Нелер аң саясында жүгірмеген, Күштісі нашарларын *жұлып жеген* (Ғ.Малдыбаев, Қырым қызы). Кенен жас шағында, әлді әлсізді *жұлып жеп* жатқан заманның кедейге деген ауыр сыбағасын басынан кешіріп, мойнымен көтереді (К.Әзірбаев, Шығ.).

Жұлып тастады. а) *Шешті, сыпырып тастады.* Әбді шапанын *жұлып тастады* (М.Әуезов, Абай жолы). Мұрат сыртқы көйлегін *жұлып тастады* да, арықтың жағасына тұра қалып жұмысқа кірісті (Т.Сағымбаев, Кездесу.). ә) *Орнынан алды, қызметтен босатты.* Былтыр Мәлібекті орнынан *жұлып тастап,* Мейірман өзі болыс болған (М.Дүйсенов, Мейман.). Шалқаров Қазалыда болып өткен кешегі жиылыста совдептің басындағыларды *жұлып тастаймыз* деп те лепірді (Ә.Әбішев, Замана.).

Жұлып түсті. *Ұшырып жіберді, қағып түсті.* Бергі жағада отырып, арғы беттегі пулеметтің

басын *ж ұ л ы п т ұ с і п т і* (М.Жұмағұлов, Қыран.).

Өз етін жұлып жеді. *Азапқа көнді, қиындық көрді.* Тауып айтса мінді деп, Жоғалтып бақ мініңді. *Ө з е т і ң д і ж ұ л ы п ж е п*, Ашпа алашқа сырыңды (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Сақалын жұлды. *Күйіп-пісті, ашуланды, күйгелектенді.* Саған ақылдасқан мен де ақымақ деп онан жаман *с а қ а л ы н ж ұ л д ы* (С.Торайғыров, Шығ.). Жақсылардың баласы Жаман болса, жарандар, *С а қ а л ы н ж ұ л ы п* жылайды, Әбден ыза болған соң (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Тұла бойын [өзін-өзі] жұлып жеді. *Қышынды, қасынды.* Кенжетай ойнап жүріп *т ұ л а б о й ы н ж ұ л ы п ж е п*, қасынып жүр (О.Дастанов, Мұрагер.). Бір түйе күлге аунап *ө з і н - ө з і ж ұ л ы п ж е п* жатыр (К.Оразалин, Ақ жазық).

Шашын жұлды. а) *Әйел адам қатты күйінгендіктен өзін-өзі азаптады, ойбайлады.* Тәңірберген ертеңгі күні өшін Ақбаладан аларын ойлағанда қарт ана тіпті не болғанын білмей ойбай салып *ш а ш ы н ж ұ л ы п* еді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). ә) *Сабады, жәбірледі, ұрды, соқты.* Нұрлан Раушанды тауға шақыртып алып, *ш а ш ы н ж ұ л ы п* жатқан жерінде үстінен Нұрқат шығып қап, Нұрлан екеуі төбелесіпті (З.Шашкин, Сенім.).

ЖҰЛА-МҰЛА ү с т. *Жұлқи-жұлқи, тартатарта, іле-міле.* Есіркеген үрпиіп төсегінен басын көтеріп алды, дәл осы сәтте сарт етіп есіктің тиегін *ж ұ л а - м ұ л а* үйге Қоңырқұлжаның өзі кіріп келді (І.Есенберлин, Қаһар). Асылхан есіктің ілгегін *ж ұ л а - м ұ л а*, қабағын қарс жаба ашуланып үйге кіріп келді (Самғау). Бүйірі солыңқы, аш тазы аң іздеп елеңдеп, алға *ж ұ л а м ұ л а* ұмтылады (Н.Серәлиев, Намыс).

ЖҰЛАРБЕТ з а т. *Астыңғы және үстіңгі иектегі тістің бір-бірімен беттескен қыры.* Қартая келе (*ж ұ л а р б е т*) сыртына (ерніне) қарай қисайып, шалқая тартады әрі тіс арасы алшақтап, сауыты аласарып, пішіні мүлде өзгереді (Ата салт.).

ЖҰЛҒА з а т. с ө й л. *Жылға. Ж ұ л ғ а д а* сиыр жайылып жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰЛҒЫЗ= е т. *Суырып алғызу, жұлғызу.* Мәликенің бала оқытады деген аты. Сабақта балаларға қызыл мия *ж ұ л ғ ы з ы п*, соның тамырын шайнауға құмар (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Шашын жұлғызды. *Ұрғызды, таяқ жегізді (көбінесе әйел баласына қатысты айтылады).* Апама айтып *ш а ш ы м д ы ж ұ л ғ ы з а* ма деп қорқып едім, әйтеуір айтқан жоқ (Т.Тобағабылов, Жазира).

ЖҰЛҒЫЗУ *Жұлғыз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шөп *ж ұ л ғ ы з у.*

ЖҰЛҒЫЛА= е т. *Әрі-бері тартқылау, жұлқылау.* Ол екі қолын қоярға жер таппағандай біресе артына ұстап, біресе омырау түймелерін мазасыз *ж ұ л ғ ы л а й д ы* (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). Нұрахмет жанымды шығарып барады, – деп саусағына оралған сым темірді *ж ұ л ғ ы л а п* жатыр («Лен. жас»). Қойны-басын кескілеп, Қауындай қарнын есіңдер, Қояндай санын *ж ұ л ғ ы л а п*, Көкірге қанын құйыңдар (Х.Бабақұмар, Шығ.). Жата қалып тісіммен де, қолыммен де көк шөпті *ж ұ л ғ ы л а д ы м.* Тырнағымның арасынан көпсіп қан шықты (Қ.Сәрсекеев, Кілт).

ЖҰЛҒЫЛАУ *Жұлғыла етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шөп *ж ұ л ғ ы л а у.*

ЖҰЛҒЫШ з а т. *Басы имек шөп суыратын құрал.* Айырды тастай беріп, шөп арасына темір *ж ұ л ғ ы ш т ы* сүңгітіп жібересің (С.Жүнісов, Жапанда.). – Ағай шөпті ана қуыстан аласыз, *ж ұ л ғ ы ш* ішінде (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

ЖҰЛДЫЗ[1] з а т. **1.** *Түнде өздігінен жарқырап, нүктедей болып көрінетін аспан денесі.* Күнбатысты қараңғылық қаптаған, Көгінде жоқ жалғыз *ж ұ л д ы з* батпаған, Түн баласы тәңірісін өлтіріп, Табынатын басқа тәңірі таппаған (М.Жұмабаев, Шығ.). Бұлтты тымық түнде шығыс жақ бетте ғана біраз *ж ұ л д ы з д а р* айқын жарқырап тұрды (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Аспаннан жылт-жылт етіп алғашқы *ж ұ л д ы з д а р* да көріне бастады (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). **2.** а с т р. *Өте күшті қызған газдан (плазмадан) тұратын, өзінен жарық шығаратын және табиғаты жағынан Күнге ұқсас аспан денелері.* Гравитациялық орнықсыздық нәтижесінде газ-тозаң ортадан (негізінен сутек пен гелийден) түзіледі. *Ж ұ л д ы з* массасы (М) шамамен ~ 0,04 ~ 60 М., жарқырауы (L) ~ 0,5-тен жүздеген мың L.-ға тең (ҚҰЭ). *Ж ұ л д ы з д а р* әлемі өте әр алуан. Кейбір *ж ұ л д ы з д а р* Күннен мың есе үлкен (көлемі бойынша) әрі жарығырақ болып келсе (алып жұлдыздар), ал кейбіреуінің мөлшері мен шығаратын сәулесінің энергиясы Күннен әлдеқайда аз болып келеді (ергежейлі жұлдыздар) (ҚҰЭ). *Ж ұ л д ы з д а р* жерден әлдеқайда үлкен, олардың Күннен де недәуір үлкендері толып жатыр (Астрономия). **3.** к ө н е. *Жылдың он екіден бір бөлігі, ай.* Сол жылы апрель *ж ұ л д ы з ы н д а* бас министр граф Виттеге жіберіп 1908-нші жылы 2-нші сентябрьде Түркістан уалаятын тексеруге барған. Сенатор граф Палинге де ұсынған екен (М.Дулатов, Шығ.). Шалқаров осы *ж ұ л д ы з д ы ң* он бесі күні түнде өзінің белгісіз жолдастарымен жасырын жиылыс өткізіпті деді (Ә.Әбішев, Замана.). Күз жетіп, август *ж ұ л д ы з ы н ы ң* басында Омар Қасенді оқуға алып кетті (С.Торайғыров, Шығ.). **4.** а у ы с.

Маңдайалды, халық қалаулысы, майталманы, шамшырағы. Еңбекшінің егізі, Октябрьдің *жұлдызы,* Қызыл әскер шыққанда Құлпырды тағы жер жүзі (И.Байзақов, Құралай.).

Жарық жұлдыз. *Маңдайалды, беткеұстар.* Құрманғазы Сағырбаев – аса сирек кездесетін музыкалық құбылыс, егер ол европалық білім алғанда, музыка әлеміндегі ең *жарық жұлдыздардың* бірі болар еді,– деп жазған-ды (І.Омаров, Серпін). Қазақ поэзиясының *жарық жұлдызы* Қасым Аманжоловтың түлеп ұшқан алтын ұясы да осы өзен («Ақ бидай»).

Жұлдыз астрономиясы. а с т р. *Астрономияның жұлдыздық жүйелер құрылысының, құрамының, динамикасының және эволюциясының жалпы заңдылықтарын, сондай-ақ сол заңдылықтардың біздің Галактикада қалай орындалатынын зерттейтін бөлімі.* Басқа галактикалар мен галактикадан тыс нысандарды нақты зерттейтін сала, 20 ғ-дың орта шенінде *жұлдыздар астрономиясынан* бөлініп, астрономияның арнаулы бөлімі – галактикадан тыс астрономия деп аталды (ҚҰЭ). *Жұлдыздар астрономиясы* жұлдыз статистикасы, жұлдыз кинематикасы және жұлдыз динамикасы болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Жұлдыздар каталогы. а с т р. *Белгілі бір біртекті сипаттамалары (экваторлық координаттар, жұлдыздық шамалар, спектрлік кластар, т.б.) көрсетілген жұлдыздардың тізімі.* Онда жұлдыздардың негізгі сипаттамаларынан басқа, аспандағы және *жұлдыздар каталогындағы* жұлдыздарды салыстыруға мүмкіндік беретін қосымша сипаттамалар да беріледі (ҚҰЭ). *Жұлдыздар каталогында* жұлдыздар шарықтау кезіндегі өсу реті бойынша орналастырылады (ҚҰЭ).

Жұлдыздар шоғыры. а с т р. *Шығу тегі бірдей, жасы мен химиялық құрамы жағынан бір-бірімен қарайлас және өзара тартылыс күші арқылы байланысқан жұлдыздар тобы. Жұлдыздар шоғырының* диаметрі бірнеше парсектен 150 парсекке дейін жетеді. *Жұлдыздар шоғыры* тарихи тұрғыда, шашыраңқы жұлдыздар шоғыры және шар тәрізді жұлдыздар шоғыры болып екі топқа ажыратылады (ҚҰЭ).

Жұлдыздың оңы. *Аспан шырақтарының орналасуының сәті келген уақыты, кезі (байырғы кезде жұлдыздардың орналасуын жұлдызшылар сәтті, сәтсіз деп болжаған).* Қара қасқа тұлпарға *Жұлдыздың* мініп *оңынан* Сәтті күні шығайын (Қамбар батыр).

Жұлдыз жымды. п о э т. *Жер-көк тымтырыс, тынши қалды.* Мұңдасып жер мен адам – екі жүрек, Сыр тыңдап бір-біріне құлақ түред. Бұлардың қайғысынан қараңғылап, Аспанның *жұлдыз жымын*, ай мүдіред (Сара, Тордағы.).

Жұлдыз тарады. *Таң қылаң берді, таң ағарды.* Таң анық атқаннан соң *жұлдыз тарап*, Рахышқа жер тепсініп тұрған жарап, Мініп ап, Мазандыран, қайдасың деп Жөнелді осы орыннан әрі қарап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

Жұлдыз толды. ж е р г. *Ел орынға отырды, кеш болды.* Олар жұмыс басынан *жұлдыз толған* соң қайтты (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Жұлдызы аспандады. *Бағасы артты, құны жоғарылады.* Дәл осыдан бастап қоңыр тананың *жұлдызы аспандап* шарықтай берді (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

Жұлдызы жанды. *Бақыты жанды, өсті, мәртебесі асты.* Домбырашы Өтеген Райымбеков – *жұлдызы жанған* жігіт. Оның жетер асулары – алдында («Лен. жас»). Таудай талаппен астанаға ауылдан келгеніме орай *жұлдызым жанды* («Лен. жас»).

Жұлдызы жарасты. *Көңіл қосты, келісті, үйлесті.* Жәнібек болса жас, сіз болсаңыз кәрі дегендей. *Жұлдызымыз жарасса,* татутәтті тұрмыс құрып кетерміз (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Сөйтіп жүргенде, осы Әселханмен *жұлдызы жарасып* қосылады («Лен. жас»).

Жұлдызы жарқын [жарық]. а) *Өмірі таза, кіршіксіз.* Ол қашаннан *жұлдызы жарқын* адам. Өзінің өмірбаяны тамаша (Т.Ахтанов, Боран). ә) *Мерейі үстем, көңілі ашық.* Үніңіз жұмсақ, *жұлдызыңыз жарық* (Р.Райымқұлов, Қыз – айна).

Жұлдызы қарсы. *Өш, қас; жаны жек көреді.* Сапар десе *жұлдызы қарсы* Жарқын сабаққа одан әлдеқайда озық еді (М.Иманжанов, Көк белес.). Әдегеннен молла екеуміздің *жұлдызымыз қарсы* болды (С.Көбеев, Орынд. арман). Мәденнің өзі Қорамсақ қана емес, сонымен қатар Ғалияны да сырттай аңдып жүр. Өйткені оның екеуіне де Мәденнің *жұлдызы қарсы* (Ж.Тілеков, От кешу).

Жұлдызы оңынан туды. *Сәті түсті, жолы болды; ойлаған арманына жетті.* Бұрынғы Далабай емес, аяғын алшаң-алшаң басады, *жұлдызы оңынан туды* (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). Оқуға түсіп, оны үздік бітіріп шыққанда да жұрт оны *«жұлдызы оңынан туған»* деген еді («Қазақст. әйелд.»).

Жұлдызы сөнді. *Өлді, дүниеден қайтты.* Басы ауырса, «Жарық *жұлдызым сөнді*» дер. Бар кінәні дәрігерге төндірер (Ш.Смаханұлы, Тотияйын).

Жұлдызы түзелді. *Ісі, шаруасы оңалды, Құдай оңдады. Жұлдызы түзеліп*, жолдарын оңғарып, жарық дүниеге қайта шығар

заман туса, өздеріңе табыс етем (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жұлдызы ыстық. *Кісіні өзіне тартатын қасиетке ие, сүйкімді.* Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық деп, сенің анау келінге *жұлдызың ыстық*-ау, бала (Абзал жан.).

Құйрықты жұлдыз. а с т р. *Күнді айналып жүретін ұсақ ғаламшар, метеорит. Құйрықты жұлдыз* ағып жерге түседі (А.Машанов, Жер асты.). *Құйрықты жұлдыз* секілді, Туды да көп тұрмады (Абай, Тол. жин.).

ЖҰЛДЫЗ² з а т. т а р. **1.** *Бес бұрыш (тармақ) етіп жасалған кеңес мемлекетінің айырым белгісі, эмблема.* Ноян марқұм өзін «қызыл әскермін» деп, маңдайына *жұлдыз* жапсырған шошақ төбе қалпақ киетін еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Бір жақ басында сыртында бес *жұлдыз* бар танктің суреті (С.Жүнісов, Өшп. іздер.). **2.** а у ы с. *Әскери дәрежеге байланысты погонға тағылатын жұлдыз бейнелі белгі.* Жұлдызы оңынан туып, Жансұлтан *жұлдыз* алды (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ЖҰЛДЫЗ³ з а т. з о о л. *Үстінде түгі бар құрттың үлкендеу түрі, жұлдызқұрт.* Ананы біз *жұлдыз* дейміз (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖҰЛДЫЗАРАЛЫҚ: жұлдызаралық орта. а с т р. *Біздің Галактика мен басқа Галактикалардың құрамындағы жұлдыздар арасындағы кеңістікті толтыратын сиретілген зат, жұлдызаралық газ және тозаң бөлшектері. Жұлдызаралық ортаның* құрамына бұлардан басқа, ғарыштық сәулелер, жұлдызаралық магнит өрісі, сондай-ақ әртүрлі ұзындықтағы электрмагниттік сәулелер де енеді (ҚҰЭ). Күн (басқа жұлдыздардың да) маңындағы *жұлдызаралық орта* планетааралық ортаға ауысады (ҚҰЭ).

ЖҰЛДЫЗГҮЛ¹ з а т. ө с. *Жұлдызға ұқсас гүлі бар өсімдік.* Бұрын өсімдік атаулыға қалай болса солай қарайтын мен енді әрбір өсіп тұрған шөптен *жұлдызгүлді* іздейтін болдым (Т.Сұлтанбеков, Лұхман Хакім).

ЖҰЛДЫЗГҮЛ² з а т. қ о л ө н е р. *Зергерлік бұйымдарға салынатын өрнек.* Сонымен бірге жұлдыз – өзбек тілінде ою-өрнек аты. Қазақ қолөнерінде де жұлдыз, *жұлдызгүл* деп аталатын өрнек бар. Акад. Ә.Марғұлан ертедегі тас мүсіндерде ру таңбаларымен, қару-жарақ бейнелерімен, жан-жануарлардың кескінімен бірге жұлдыз суреттері де ұшырасатынын көрсетіп, жұлдыз үлгісімен әшекейлеу әдісінің көне заманнан келе жатқанына көңіл аударады (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. лексикасы).

ЖҰЛДЫЗДАЙ с ы н. **1.** *Жұлдыз сияқты, жұлдыз тәрізді.* Жылтырауының ең күшті кезінде Шолпан минус 4-шамадағы *жұлдыздай* болып көрініп, Сириустен 13 есе күштірек жарқырайды (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). **2.** а у ы с. *Жарқыраған, айдай сұлу.* Қолаң шашы құндыздай Желмен ойнап құлпырды, Көз алдымда *жұлдыздай* Қыз тұрған жоқ, күн тұрды (Ж. Саин, Таңд. шығ.).

Жұлдыздай ақты. *Көз ілеспеді, зымырады.* Қыран бүгін сымбатты, Күйіне келген тым қатты, Көрінсе қасқыр алатын. Қоян-қолтық келмей-ақ, Кезіккен әр жерден-ақ, *Жұлдыздай ағып* баратын (М.Дулатов, Шығ.). Атылған оқтай аққанын, Кейде қақпай қанатын, *Жұлдыздай ағар* сызылып, Алдыңғы түрден бұзылып (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ашуға мінген арғымақтар тірсегінен тұсау кеткен соң *жұлдыздай ақты* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

Жұлдыздай самсады. *Жұлдызша жыпырлады, жайнады. Жұлдыздай самсап* Қарағанды қаласының сәулесі көрініп тұр (Б.Майлин, Шығ.).

Құйрықты жұлдыздай ағып өтті. б е й н. *Жалт етті де жоқ болды.* «Шоқан шығыс әлемінің үстінен *құйрықты жұлдыздай ағып өтті*» деп жазды академик Веселовский (Н.Баяндин, Саяхат.).

ЖҰЛДЫЗДАЙЫН с ы н. ф о л ь к. *Жұлдыздай.* Көктің жүзін жарып жүр, Көкте жолды салып жүр, Самолеті сан жүйрік – *Жұлдыздайын* ағып жүр (Пернедегі терме.). Тостағандайын сауырының, Түгі сұлу құндыздайын. Омыраулы, бауыры кең, Шапса ағады *жұлдыздайын* (Т.Жароков, Шығ.).

ЖҰЛДЫЗДЫ с ы н. **1.** *Жұлдызы көп, самсаған.* Түн айлы, *жұлдызды,* жарық екен (С.Мұқанов, Аспаз). *Жұлдызды* аспан, жарық түн, Ай әйнектен қарады. Күмбірлеп курант, қоңыр үн Эфирді еппен қарады (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.). **2.** *Бес тармақты жұлдыз таққан, эмблемасы бар.* Исмайыл *жұлдызды* пилоткасын көзіне қисайта түсіріп, бөсіп отыр (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). **3.** с о в. *Еңбегіне сай атақ алып, алтын жұлдыз таққан. Жұлдызды* қойшы іздесең – Есентаев Озарбай, Қойшыны жүз мың десең, Бірі де қойды оза алмай (С.Мұқанов, Замандас.). *Жұлдызды* жігітке ілтипатпен, мейірбандықпен көз тастайды (Адам және химия). Мақтанардай етіпті еңбек Аянбапты туыс, бауыр. Колхозды шын екен дерлік. *Жұлдызды* ауыл, орденді ауыл (О.Оңалбаев, Таң алды.). **4.** а у ы с. *Жолы болған, бақыты жанған.* Біз бүгінгі өмір сүріп отырған ұрпақтар *жұлдызды* жылдардың куәсі болдық. Жұлдызды жандар болдық (С.Мәуленов, Жер нәрі). Қыздың да бір *жұлдызды сы* болады-мыс. Ол бақыт иесі, ерекше бір шамшырақ (Ғ.Сланов, Шалқар). Басқалардың бақытын ойлап, өз ғұмырын сарп

еткен жандар – ең әсем әрі ең *жұлдызды* жандар (М.Әлімбаев, Тәрбие.).

Жұлдызды аспан. *Аспан күмбезінде түнде көрінетін шырақтардың жиынтығы.* Бағдарлауға қолайлы болу үшін *жұлдызды аспан* шартты түрде, шоқжұлдыздарға (жалпы саны 88) бөлінген (ҚҰЭ). Жердің айналуынан болатын аспан сферасының көрінерлік тәуліктік айналуы салдарынан *жұлдызды аспан* үздіксіз өзгеріп отырады (ҚҰЭ).

Жұлдызды соғыс. әск. *Космоста не космос арқылы жүргізілетін соғыс.* Францияға алдағы сапарына тоқтала келіп, Р.Ганди президент Ф.Миттеранмен кейбір маңызды халықаралық мәселелерді, соның ішінде *«жұлдызды соғыс»* проблемасын талқылағысы келетінін атап өтті («Лен. жас»).

ЖҰЛДЫЗДАН= е т. *Жұлдыз сияқты тармақтану.* Бет-аузын айғыздап тілген әжім маңдайы мен екі көзінің құйрығында түйісіп *жұлдыздаңып* тұр (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖҰЛДЫЗДЫҚ с ы н. *Жұлдызға қатысты, жұлдыздық жүйедегі.* Айдың қасына бір, жұлдыздың қасына екінші рет қайтып келуіне кететін уақыт аралығын *жұлдыздық* ай деп атайды (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Жердің өз кіндігін бір айналып шығуына кететін уақыт *жұлдыздық* тәулік деп аталады («Қаз. әдеб.»).

Жұлдыздық карта. а с т р. *Жұлдызды аспанның не оның бір бөлігінің сызбасы.* Графикалық және фотографиялық *жұлдыздық карта* болып ажыратылады (Қазақст. ықшам. энц. сөздігі). Барлық аспанды не оның бір бөлігін қамтитын, аспанның іргелес жатқан учаскелерінің *жұлдыздық карталарының* жиынтығын жұлдыздық атлас деп атайды (ҚҰЭ). *Жұлдыздық карта* жұлдызды аспан нысандарын (планеталар, құйрықты жұлдыздар, айнымалы жұлдыздар, т.б.) іздеу, аспанның берілген нүктесіне телескопты бағыттау т.б. кезінде қолданылады (ҚҰЭ).

Жұлдыздық уақыт. а с т р. *Астрономияда қолданылатын уақыт есебі.* Онда тәуліктің ұзақтығы қозғалмайтын жұлдыздар жүйесімен салыстырғандағы Жердің өз осінен айналу периодына тең деп қабылданған. 24 *жұлдыздық* сағат 23 сағат 56 минут 4,091 с орташа күн *уақытына* тең (Қазақст. ықшам. энц. сөздігі).

Жұлдыздық шама. а с т р. *Аспан шырақтары (жұлдыздар, галамшарлар, Күн т.б.) сәулесінің Жер беті жазықтығында (шырақтар сәулесіне перпендикуляр орналасқан) жасайтын жарықталынуының өлшемі; аспан шырағы жалтырауының өлшемі. Жұлдыздық шама* ұғымын алғаш рет б.з.б. 2 ғасырда Гиппарх енгізген (ҚҰЭ). *Жұлдыздық шама сы* 5 бірлікке өзгергенде жарықталыну 100 есе өзгереді (ҚҰЭ).

ЖҰЛДЫЗЖОРАМАЛ з а т. <грек. hōroskopos> *Белгілі бір уақыттағы жұлдыздар мен галамшарлар орналасуының астрологиялық болжам жасалатын кестесі, осындай болжамның өзі.* Қазіргі газеттерде басылып жүрген апталық, айлық *жұлдызжорамалдар* – халықты қызықтырып, таралымды көбейту үшін журналистердің өздері ойдан құрастырып жүрген сандырақ («Алтын Орда»).

ЖҰЛДЫЗҚҰРТ з а т. з о о л. <лат. eruca> *Денесі буынтық-буынтық, түк-түк жасыл жапырақ түстес жәндік; көбелектердің құрт тәрізді дернәсілі.* Бұған зоологияда оқылып өтілген насекомдардың дамуы мысал болады. Мысалы, көбелектердің жұмыртқасынан личинка – *жұлдызқұрт* шығады (Жалпы биология). *Жұлдызқұрттың* түсі жасыл болады (Жалпы биология). Капуста ақ көбелегі *жұлдызқұртының* қаншалықты зиян тигізетінін білесіздер. Олар жұмыртқадан шығысымен капуста жапырақтарын жалмап құртады (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). *Жұлдызқұрттардың* төменгі ерінінде жұп жібек талшығын бөлетін без орналасқан (ҚҰЭ).

ЖҰЛДЫЗНАМА з а т. <грек. astron – жұлдыз, logos – ұғым, ой> *Тарихи оқиғалар, адамдар мен халықтардың тағдырлары аспан шырақтарының орналасуымен байланысты деген түсінік, наным-сенім негізінде болашақты болжау мүмкіндігі туралы ілім.* Баспасөзде соңғы кездері әртүрлі жұлдызжорамалдар жарияланып жүр. Жалпы, *жұлдызнама* дегеніміз не, өзі? Осыған түсінік берсеңіз («Жас Алаш»).

ЖҰЛДЫЗНАМАЛЫҚ с ы н. *Жұлдызнамаға қатысты, жұлдызнамаға тән.* Газет-журналдарда жарияланатын *жұлдызнамалық* мәліметтер менің өміріме, жұмысыма байланысты қарастырғанда тура келеді («Жас Алаш»).

ЖҰЛДЫЗСЫЗ с ы н. *Жұлдыз жоқ, қараңғы. Жұлдызсыз* аспан да қазір маңіреу қара (М.Әуезов, Абай). *Жұлдызсыз* аспан түнерген Үрейлі оймен алысып, Мүлгідің сен анаңның Ақ төсіне жабысып (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын).

ЖҰЛДЫЗСЫРҒА з а т. қ о л ө н е р. *Шеңберінің ортасында бес тармақты жұлдызы бар сырға.* Қазақ, өзбек, қарақалпақ т.б. халықтарда жұлдыз бейнелі сырғалар да кең тараған. Қазақта ондай сырғаны *жұлдызсырға* дейді, ал өзбектер мұны юлдузли исирға деп атайды (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. лексикасы). *Жұлдызсырғаның* бұрынғы үлгілерін

музейден, альбом кітаптардан көруге болады (Р.Шойбеков, Қаз. зергер. лексикасы).

Жұлдызсырға қалып. *Жұлдыз, орақ пен балға бейнесі бар қалып үлгісі.* Совет өкіметін өзінің «орақ-балға», «*жұлдызсырға*», «мөрше қалып» деп аталатын *қ а л ы п* өрнектерімен қарсы алды (Ә.Тәжімұратов, Шебердің қолы.).

ЖҰЛДЫЗТҮК з а т. ө с. <лат. farsetia> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* Қазақстанда жартастар мен шатқалды жерлерде өсетін күрек тәрізді *ж ұ л д ы з т ұ к т е р* бар. Биіктігі 6-25 см-дей (ҚҰЭ). Күрек тәрізді *ж ұ л д ы з т ұ к* сирек кездесетін түр, Жетісу (Жоңғар) Алатауы, Тарбағатайда өседі, қорғауды қажет етеді (ҚҰЭ).

ЖҰЛДЫЗША[1] з а т. **1.** *Түнде аспан әлемінде жарқырап кішкентай болып көрінетін ғаламшар.* Әр түсті титімдей *ж ұ л д ы з ш а л а р* кейде секектеп жымың-жымың етіп, кейде бір-бірімен қосыла билеп ойнақ салады («Қаз. әдеб.»). **2.** п о л и г р. *Жұлдыз тәрізді баспахана белгісі.* Анықтама берілген, түсіндірілген сөздерге *ж ұ л д ы з ш а* қойылды (Ауызекі). **3.** и н ф. <ағыл. asterisk> *Бағдарламалау тілдерінде көбейту амалының белгісі ретінде және т.б. жағдайларда операциялық жүйеде символдар тобы орнына қолданылатын символ* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жұлдызша клетка. б и о л <лат. cytos stellatum, лат. stella – жұлдыз, грек. rytos> *Жануарлар ағзасының әртүрлі мүшелерінде кездесетін, пішіні жұлдыз тәрізді клеткалар. Ж ұ л д ы з ш а к л е т к а ғ а* бауыр макрофагы (Купфер клеткасы), нейроциттерді байланыстыратын аралық нейроциттер, көздің торлы қабығының ішкі ядролы қабатындағы жарық сезгіш (фоторецепторлы) және биполярлы нейроциттерді байланыстырып, пресинаптикалық тежеу қызметін атқаратын горизонтальды нейроциттер, үлкен ми сыңарлары қыртысы, ішкі және сыртқы дәнді қабаттарындағы жұлдызша нейроциттер жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұлдызша нейрон. б и о л. <лат. neuronum stellatum> *Ми қыртысы сұр затында, мишық қыртысының молекулалы және дәнді қабаттарында орналасқан, мөлшері әртүрлі, пішіні жұлдыз тәрізді нейроцит.* Үлкен ми сыңарлары қыртысы ішкі және сыртқы дәнді қабаттарындағы *ж ұ л д ы з ш а н е й р о н* аралық нейроциттер қызметін атқарады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұлдызша түйін. <лат. ganglion stellatum> *Симпатикалық жүйке жүйесі бағаны құрамындағы жүйкелік түйін. Ж ұ л д ы з ш а т ү й і н* нейроциттерінен басталатын постганглионды жүйке талшықтары көкірек қуысы мүшелері беттерінде (жүрек, өкпе т.б.) жүйкелік өрімдер түзіп, оларды жүйкелендіреді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұлдызша тігу. *Жұлдыз түрін кестелеп тұсіру. Ж ұ л д ы з ш а т і г у* сүлгіге өрнек тігуде көбірек қолданылады (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰЛДЫЗША[2] з а т. *Гүлі өте майда, бір талдап қана өсетін гүл түрі.* Гүлі өте майда, бірбіреуден ғана гүл өсетін *ж ұ л д ы з ш а д а* ұрық бар (С.Әбдірайымов, Шөл жайылым.).

ЖҰЛДЫЗША[3] ү с т. *Жұлдыз тәрізді, жұлдыз сияқты.* Өр өнер, қамқор қайрат, адал күшің, Жас жолдас бізде бәрі адам үшін! *Ж ұ л д ы з ш а* жарқыратсақ адам жанын, Болашақ бізге жолдар бар алғысын (М.Әлімбаев, Лирика). Тіреулердің күмбезге тиісер жердегі қыштары *ж ұ л д ы з ш а* өрнекпен қаланған (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Сары қымыз сапырылды, қызды думан, *Ж ұ л д ы з ш а* көздер жайнап, жүз құбылған. Жарасып әзілдері құрбылардың, Бірбірін жөніменен күлкі қылған (Ш.Смаханұлы, Айға ұш.).

Жұлдызша ақты. *Көз ілеспеді, зымырады, зулады.* Нұрперзент асау тайды ақ көбікке малындырып ауылға қарай *ж ұ л д ы з ш а а қ т ы* (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Қақ тіліп көк күмбезді азынаған «Востокпен» *ж ұ л д ы з ш а а қ т ы* ғажап адам Аспанның парағына тұңғыш сызды ол Елінің ерлік даңқын жазылмаған! (М.Рашев, Қанатты.). Қайырыла шапты, *ж ұ л д ы з ш а а қ т ы.* Қамшымен мені шықпыртып өтті. Шықпыртып өтті, жаныма батты, Көзімнен жас ыршытып кетті (Д.Әбілев, Уақыт.). Ақын – шабыт сәйгүлігін баптайды. Ал сәйгүлік жақын жерге шаппайды, Жеті қырда дүбірлетіп *ж ұ л д ы з ш а Ақ қ а н* кезде тізгінін еш тартпайды (А.Сұлтанов, Уақыт.). Еті қыза елігіп, Еліре қатты желігіп, Қамысша құлақ жымырып, Құйынша жерді сыпырып, *Ж ұ л д ы з ш а* шырқай *а ғ ы п т ы* («Манас»).

ЖҰЛДЫЗШӨП з а т. ө с . <лат. stellaria> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық, кейде бір не екіжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанның барлық жерінде өсетін 20 түрі бар, соның ішінде жиі кездесетіні – дымқыл *ж ұ л д ы з ш ө п* (ҚҰЭ).

ЖҰЛДЫЗШЫ з а т. **1.** *Аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғылданған оқымысты, астроном.* Ақбас тырнаны да қазақ қадірлей білген. Ел арасындағы есепшілер мен *ж ұ л д ы з ш ы л а р* ауа райын болжағанда осы ақбас тырнаның келу-қайтуына қарағаң (Е.Раушанов, Қара бауыр.). Ежелгі Мысырда, Вавилонда, Үндістанда, Грекияда *ж ұ л д ы з ш ы* аспан құбылыстарын бақылап, күнтізбе есебін

жүргізіп отырған (ҚҰЭ). Орта ғасырларда араб елдері мен Орта Азия *жұлдызшылары* астрономияның кейбір заңдылықтарын ашқан. Қазақ тіліндегі көптеген жұлдыз атаулары (Жетіқарақшы, Үркер, Темірқазық, Босаға, Таразы т.б.) бізге ежелгі түркілер дәуірінен жеткен (Қазақст. ықшам энц. сөздік). *Жұлдызшылар* жыл мезгілдерін, мал төлдету, бие байлау, күзем алу, жайлауға, күзеуге, қыстауға көшу мерзімдерін т.б. көпшілікке жариялап отырған (Қазақст. ықшам энц. сөзд.). **2.** *Аспан шырақтарына қарап адам тағдырын болжаушы сәуегей.* Талай-талай *жұлдызшылар*, сиқыршылар мен құшнаштар, жыл санаушылар мен әулиелер көптен бері-ақ ұлық болады деп болжаулар айтатын (Ә.Әлімжанов, Отырар.). Ашу үстінде хан *жұлдызшының* басын алдыртады, сонда оқиғаға куә болған бір шәкірт жымиып күліпті («Жас Алаш»).

ЖҰЛДЫР= 1. *Қадалып тұрған нәрсені орнынан суыртып алғызу, тамырымен үздіріп алдыру.* Осыдан бір ай бұрын Нәшекең балаларды жауып, ең алдымен Күлжәмилаға бір шөмеле сасыр *жұлдырып* берген (К.Қазыбаев, Ызғар.). **2.** *Тісті алдырып тастау.* Ауру асқынып кетсе, шіріген тісті *жұлдырып* тастау қажет (М.Исамбаев..., Мед. анықтама.). **3.** *Үзіп-жұлып жегізу.* Қыран құсты «ақ жемге» отырғызып, етін қайырып күйіне келтіреді, қоясын түсіріп, ішін шайып, бойын жеңілдетеді, тартпа *жұлдырып* денесін шымырландырады (Р.Әлімбаев, ... Құстар.).

ЖҰЛДЫРУ *Жұлдыр етістігінің қимыл атауы; жұлғызу, суырту.* Мен әбден қалжырадым. Бір шыңның қойнауына келіп шылбырынан ұстап, Ақмоншаққа шөп *жұлдыруға* кірістім (А.Тоқмағамбетов, Ақмоншақ).

ЖҰЛҚАР з а т. *Түйенің алдыңғы екі күрек тісі.* Он төрт, он бес жасында барлық күрек тістері едәуір қажалады, ортадағы екі күрек – *жұлқар* тісінің мөрі үш бұрышталып, ал оған тақау және шеткі күрек тістерінің мөрі сопақтана береді (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). *Жұлқар* тіс деп шөпті жұлатын және оңды-солды қиятын тістерді айтады (Ш.Жанәбілов, Қаз. атаул.).

ЖҰЛҚУ *Жұлқы етістігінің қимыл атауы; сілке тарту, жұлмалау.* Команда берілген мезгілде қарғы баудан *жұлқуға* болмайды. Отырғызылған команда қол қимылымен қатар берілуге тиіс (Шопан сырласы). Құтылып жау барады, Бір қарады бұрылып. *Жұлқуынан* ананың Қала жаздап жығылып (К.Көпішев, Кезеңдер). Бұл жолы бала жігіт аңдып бақты. Қараны өшіктірді іліп қақты, Өктем ғып *жұлқуына* бой берместен, Сіресіп орнында тастай қатты (Ж.Саин, Шығ.).

ЖҰЛҚЫ= е т. **1.** *Қатты сілке тарту; желкелеу, жұлмалау.* Желкелеп, сүйреп, *жұлқып*, жұлмалайды (Ағына сақалыңның кім қарайды?..) (А.Байтұрсынов, Шығ.). Исахмет күтпеген үрдіс қимыл жасады, шап беріп жағасынан алды да, *жұлқа* тартты (М.Сүндетов, Ескексіз.). **2.** *Тұр-тұрлап ояту.* Осы ояна алмай жатыр ма деген адамша Баймұрат баласын қатты *жұлқыды* (М.Иманжанов, Менің махабб.).

ЖҰЛҚЫЛА= е т. *Тартқылау, сілкілеу, жұлмалау.* Жабыла кергілесе, апасы тірілетіннен жаман ауылдың біткен еркек, әйелі көкпарға тарқан серкедей, созғылап, илеп, *жұлқылап*, керіп, әбден есеңгіретіп, әлсіретті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Рақыш түн ортасында толғатып шықты. Текемет жамылып қорылдап жатқан күйеуін *жұлқылап* әрең оятты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Күләнда барлық күшімен есіктің тұтқасына жабысады, есікті тартады, *жұлқылайды* (С.Ерубаев, Шығ.).

ЖҰЛҚЫЛАН= е т. *Тартқылану, сілкілену, жұлмалану.* Көптен жұмыс көрмеген білек пен бел быт-быт болып дуылдады. *Жұлқыланғаннан* талып, екі қар солқылдады (С.Сейфуллин, Тар жол.).

ЖҰЛҚЫЛАНУ *Жұлқылан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Шашының *жұлқылануы.*

ЖҰЛҚЫЛАС= е т. *Тартысу, сілкілесу, жұлмаласу.* Екеуі алыса кетті. Бірінің-бірі жағасынан ұстап, шөже қораздай *жұлқыластыда* қалды (Р.Райымқұлов, Түйелі адам). Кілең жастар болғансын бірін-бірі итеріп, *жұлқылассып*, тартысқандары өздеріне келісті (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖҰЛҚЫЛАСУ *Жұлқылас етістінің қимыл атауы.* **1.** *Әрі-бері итермелесу, тартысу.* Кілең жастар болғансын бірін-бірі итерісіп, *жұлқылассып*, тартысқандары өздеріне келісті (Ш.Құмарова, Қос шынар). Екеуі жұлқыса жарысып барады. Бір аяқтың тізесін төмен тастап, бір аяқтың үзеңгісін қайырып, ат жалына жата *жұлқыласуда* (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). **2.** *Алысу, арпалысу.* Адам баласының бір-бірін жұлқыласып, шаншып, қанжармен түйреп, жолбарысша *жұлқылассуын* көресің (Р.Ыдырысов, Отты жыл.). Сайлау кезіндегі қаншылдық талас-тартыс, *жұлқылассу* бұдан да күштірек (М.Тиесов, Әділбек Майкотов). Дәл кәзір бірін-бірі үйтіп жеуге бар. Өлісетін жерге жеткен сияқты. *Жұлқылассуға* дайын тұр (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖҰЛҚЫЛАТ= е т. *Тартқылату, сілкілету, жұлмалату.* – Сотқа берем, бәлем! – деді старшын екі көзі алақтаған күйі, алысқа ұзап алған соң: – ұмытпа, Баспақбай старшын саған көкпар емес, *жұлқылатып* қоятын (М.Жұмағұлов, Қыран.). Маңқа болған қыранға

шандыр ет беріп, қатты *жұлқылатып* жегізеді (Р.Райымқұлов, Түйелі).

ЖҰЛҚЫЛАТУ *Жұлқылат етістінің қимыл атауы.* ≈ Әрлі-берлі *жұлқылату.*

ЖҰЛҚЫЛАУ *Жұлқыла етістінің қимыл атауы.* **1.** *Тартқылау, сілкілеу, жұлмалау.* Қорқау енді қайтып қарсыласа алмастай халге жеткенде, ақ тазы *жұлқылауды* қойып, жата кетті (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). **2.** *Түр-тұрлап ояту, үйқысын бұзу.* Сол күні Зәли боз ала таңнан Қарашаштың *жұлқылауымен* көзін тырнап ашты (А.Мекебаев, Жезтырнақ). Кеш жатып шаршағандықтан қатты ұйықтап қалған Шолпан, Назымның «түр-түрлап» *жұлқылауынан* кейін барып, көзін еріне ашып, ренжи түрегелді (А.Хангелдин, Қараторғай).

ЖҰЛҚЫМ-ЖҰЛҚЫМ с ы н. *Жұлма-жұлмасы шыққан, қобыраған.* Жауырлықтан ер мінбей, мініп желқом, Күнде бір ат мінбес пе ем болса жылқым?! Аяқ ақсақ болғанда, құйрық–шолақ, Келе жатыр бір тұлпар *жұлқым-жұлқым* (Мәшһүр-Жүсіп, Шығ.).

ЖҰЛҚЫН= е т. **1.** *Біреудің қатты қысымынан шығып кетуге әрекет жасау.* Жан ұшырды, *жұлқынды,* Көзі шоқтай жайнады. Тұсауды үзіп күшімен, Қыл арқанды тісімен (М.Жұмабаев, Шығ.). Ақбілек әбден алқынды, алас ұрды, *жұлқынды,* әлі құруға таянды (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Жанқшыру, аласұру.* Ақынның өзегі үзіліп кетердей болады. Шынжырларын үзердей *жұлқынып,* атылып терезеге барады (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жұлқына жөнелді. *Алға қарай ұмтылды, шаба жөнелді.* Шашақтап өрген ұзын бишікті иығынан асыра тастап «но» деп делбені қағып қалды. Үш ат бірдей *жұлқына жөнелді* (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖҰЛҚЫНДЫР= е т. **1.** *Аласұрту, алқындыру* (*ауыздығымен алысқан асау ат туралы айтылады).* Сыпатай мырза өзі бастап қос ноқтамен *жұлқындырып* жетектеген көк қасқа дөненді губернатордың алдынан көлденең тартып ниет сұрады (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** а у ы с. *Біреудің тентек мінезін, алашапқын болып отыруын көтеру, соған төзу.* Соны *жұлқындырмай* жіберші баратын жағына (Ауызекі).

Ынтасын [жүрегін] жұлқындырды. *Жігерлендіру, серпін беру, талаптандыру.* Талайдың-ақ шапанын шешіндірген, Айтыспаққа *ынтасын жұлқындырып,* Ал, Жәке, Үмбетәлі тері тұлып, Қаудитқан ішіне бір сабан тығып (Жамбыл, Шығ.).

ЖҰЛҚЫНДЫРУ *Жұлқындыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Тойды *жұлқындыру.*

ЖҰЛҚЫНТ = е т. **1.** *Атты ауыздығымен алыстыру, жер тарпыту.* Қыздырып елді бұлқынтып, Қырық жігітке қырық жорға Мінгізеді *жұлқынтып,* Қырық тақия, қырық шапан Кигізіп жатыр сілкінтіп (К.Әзірбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Сілкінту, серпілту.* Сөйлесе мейірі қана алмай, Емес пе елге қызыл шоқ Ханның мұндай болғаны, *Жұлқынтып* ұрған жыр болар (Бес ғасыр.).

ЖҰЛҚЫНТУ *Жұлқынт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жұлқынтуын* қоймады.

ЖҰЛҚЫНУ *Жұлқын етістігінің қимыл атауы.* Жоқ, олай болмасқа тиіс. Бұған ана Мәмбет сияқты қара халықтың арасынан шыққан жандардың *жұлқынуы* куә (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖҰЛҚЫНЫС= е т. *Құлшынысу, дір сілкіну, көтерілу.* Шығыпты талай саңлақ *жұлқынысып,* Таппаққа тегін олжа ынтығысып, Ежелгі жауларына баратындай Асынып қаруларын құлшынысып (К.Райбаев, Жаңа толғау).

ЖҰЛҚЫНЫС: жұлқыныс тост. с ө й л. *Дастарқан басында өздігінен, өз бастамасымен сұрап алған тілек сөз.*

ЖҰЛҚЫНЫСУ *Жұлқыныс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әрлі-берлі *жұлқынысу.*

ЖҰЛҚЫҢҚЫРА= е т. *Тартыңқырау, жұлмаланқырау.* Сестра басымды *жұлқыңқырай* көтеріп, жастыққа жатқызды (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.).

ЖҰЛҚЫП-ЖҰЛҚЫП ү с т. *Тартып-тартып, сілкіп-сілкіп.* Төбеттің мойнын бұрғызбастан қапсыра тістеп, *жұлқып-жұлқып* жіберді (М.Әуезов, Көксерек). Бір күні қатты ұйықтап кетсем керек. Әлдекім білегімнен *жұлқып-жұлқып* қалды (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

ЖҰЛҚЫС з а т. *Тартыс, күрес.* Кісі майып боп жатқан *жұлқыстан* қорықпаған дайсарлар екі-үш бас киімге ие болысып қалды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Бірақ қарулы солдатқа қалай қарсы тұрады. Қылыштап, әйтпесе атып тастамай ма. Әй, бір жекпе-жек *жұлқысқа* келер ме еді (А.Нұрманов, Құлан.).

ЖҰЛҚЫС= е т. **1.** *Ұрысып-керісу.* Жалғыз жолдасыңмен *жұлқысып,* әкеңнің құны қалып па еді? (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). **2.** *Соғысу.* Әрине, қалай болған күнде де жексұрын жаумен аянбай *жұлқысатыны* хақ (М.Хасенов, Алғашқы ән). **3.** *Алауыз болу, жік-жікке бөліну.* Үш жүзге бөлініп, өзара жіктесе, *жұлқыса* жүретін қазақ жұрты осы араға келіп, ынтымағын қосқан тәрізді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

ЖҰЛҚЫСТЫР= е т. *Алыстыру, арпалыстыру.* Бұл екі палуанды өзгелерден бұрын шығаруға Шоқан себеп болды: «Ит қорыған жерге өш» дегендей, бастары бүркеулі бұларды тез *жұлқыстырып,* бәйгені қайсысы алуына салт ат үстіндегі Шоқан құштар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖҰЛҚЫСТЫРУ *Жұлқыстыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көпке дейін *ж ұ л қ ы с т ы р у.*

ЖҰЛҚЫСУ *Жұлқыс етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Алысу, арпалысу, соғысу.* Өлмей беріспеуге бекінген, бірақ жаумен *ж ұ л қ ы с у ғ а* өз маңында оқ жоғын білген Мәншүк «ендігі оқ қалса оң жақ қатардағы пулеметтің қасында болар» деген оймен еңбектей жүгірді (С.Мұқанов, Аспаз). **2.** *Күресу; қарсы тұру.* Енді мектеп өміріндегі қисық-қыңыр құбылыстармен батылырақ *ж ұ л қ ы с у ғ а* бел байлаған (О.Сәрсенбаев, Сағым).

ЖҰЛҚЫТ= е т. *Жұлмалату, тістету, тартқылату.* Мен күшті болсам, көк шұнаққа құйрығымды *ж ұ л қ ы т п а с* едім («Балдырған»).

ЖҰЛҚЫТУ *Жұлқыт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ұ л қ ы т у ғ а* болмайды.

ЖҰЛҚЫШТА= е т. *Жұлмалау, жұлма-жұлмасын шығарып, тістелеу.* Ендігі орайда кішкене тұмсықтарын қызылдап, жұмсақ етті *ж ұ л қ ы ш т а п* жатты (С.Елубаев, Ойсыл қара).

ЖҰЛМА[1] з а т. *Қойдың терісінен жұлып алған өлі жүн, жабағы жүннің шет пұшпағы. Ж ұ л м а* жүннен басқан киіз басқанда тез піседі де қолданыста төзімді, мықты болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Дарқан қабақ қарын, қайызғақ бас қара бала, күл төсеніп, *ж ұ л м а* жамылып, ағаларының бауырында өсті (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҰЛМА[2] з а т. ж е р г. *Сирек, селдір шыққан егін.* Сүйірлер суды кезекпен ішетін құйақтан айырылды да, қауыны, алма, егіні *ж ұ л м а* болды (Қ.Әбдіқадыров, Тәтті қауын.).

ЖҰЛМА[3] с ы н. *Жұлым-жұлымы шыққан, тозған; жыртық.* Қара үйге барсаң, сен әр күн Көресің *ж ұ л м а* бөрікті (Ғ.Орманов, Сәт сапары). Менің қолымда мұқабасы жыртылған *ж ұ л м а* кітап, бірақ екі көзім Қожанда (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Үзігі жоқ, туырлық жапқан ек, Тоқым түндік жыртылған *ж ұ л м а* шеті (Д.Еркінбеков, Айдай).

Жұлма болды. *Әбден тозды, жұлма-жұлмасы шықты.* Төсектің астында да, сенектегі ескі пиманың қонышында да, қала берді менің екі жылдан бері иығыма ілмейтін әбден *ж ұ л м а б о л ғ а н* тері тонымның жеңіне де жасырындыау (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖҰЛМА-ЖҰЛМА с ы н. *Жұлым-жұлым, жыртық-жыртық.* Басымдағы *ж ұ л м а-ж ұ л м а* тері құлақшынды шешіп, күрегін сүйретіп қисайып қасыма келген Қасымның басына кигізе салдым (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Жұлма-жұлма болды. *Жұлым-жұлымы шықты, әбден тозды.* Жауынбаев шеті *ж ұ л м а-ж ұ л м а б о л ы п* тозығы жеткен тарих кітабын алдына жайып салып... көңілсіз қоңыр дауыспен оқуға кірісті (М.Иманжанов, Менің махабб.).

Жұлма-жұлмасы шықты. *Тоз-тоз болды, ескірді.* Үстіне *ж ұ л м а-ж ұ л м а с ы ш ы қ қ а н* қара сүкнодан тігілген солдат шинелін киіп алыпты (М.Шаханов, Көгілдір.).

ЖҰЛМАЛА= е т. **1.** *Жұлқылау, тартқылау, ары-бері жұлқу.* Жүсіп жүгіре басып, Дүйсеннің үйіне келді. Жүзі жайдары. Үйықтап отырған Жауынбайды *ж ұ л м а л а п* оятты (Б.Майлин, Шығ.). Тістеніп, жан-жағыма қарап пиджагімнің өңірін *ж ұ л м а л а д ы м* (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Жан-жағынан *ж ұ л м а л а ғ а н* елдің у-шуы сәл саябырлаған кезде, ол шалдарға бұрылып: – Қызылайдан көксерке біліпті, – деді (Ә.Сараев, Ақ тымық түн). **2.** *Жұлма-жұлмасын шығару, тістелеу.* Ал қара бала менің қолымнан тартып алған тоқпақ жілікті аштан келгендей боп, арасынан ел көшкендей сирек тістерімен *ж ұ л м а л а п* жатыр (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

ЖҰЛМАЛАН= е т. **1.** *Жұлма-жұлма болу, тозығы жету, ескіру. Ж ұ л м а л а н ы п* жүні шығып тұрған жастықтар қонақтардың шынтақтарына берілді (Б.Майлин, Азамат.). Не керек, сол үш айдың ішінде барлық киім де *ж ұ л м а л а н ы п* бітті (А.Машанов, Жер асты.). **2.** *Әбден тапталу.* Ұсатты аяқтары басқан тасты, Көк қырқа *ж ұ л м а л а н ы п*, Шаңдақ басты Қопақтап отыра алмай қойдай шулап, Екі жақ «А, Құдайлап», Аруақтасты (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҰЛМАЛАНУ *Жұлмалан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *ж ұ л м а л а н у.*

ЖҰЛМАЛАС= е т. **1.** *Тістелеп, тартқылап жеу.* Соңғы бір-ақ сан қалған уақытта күшік қасқырлар мен қаншықтардың көбі шығып кетіп, екі көк шолақ қана жемтікті *ж ұ л м а л а с ы п* қалды (М.Әуезов, Қараш.). **2.** *Алысып, арпалысу.* Мұғалімдері шығысымен олар бала құсап алысып, *ж ұ л м а л а с ы п* жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖҰЛМАЛАСУ *Жұлмалас етістігінің қимыл атауы, алысу, күресу.* Адамзат көшін бастап, өнерді ат қып, Тас ноқта обырлыққа есе бермек. Обырға жұмылдырды кигізген соң, Тап-тап боп *ж ұ л м а л а с у* өте бермек (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖҰЛМАЛАУ *Жұлмала етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жұлқылау, ары-бері жұлқу.* Қамар бақсының *ж ұ л м а л а у ы м е н* есін жия алмай жатыр еді (С.Торайғыров, Мағынасыз.). **2.** *Ұрып-соғу, күш көрсету.* – Тоқтай тұр, әй, тілге келелік. Айдалада жолыққан бір-екі жолаушыны *ж ұ л м а л а у ғ а* ерлік көрсетпейақ қойыңдар (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Тынышын алу, қаужау.* Елдің осынша Жәукені

ж ұ л м а л а у д а ғ ы мақсаты: Омарды айтаққа еліртіп алып Оспанға салу еді (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖҰЛМАКӨЖЕ з а т. т а м а қ. *Жайылған қамырды үзіп-үзіп қазанға салып пісірген тамақ түрі.* Бір кезде тауда әк тас қайнатқан жылы өзін *ж ұ л м а к ө ж е г е* тойғызған көрші орыс шалы Егор ағайды таныды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

ЖҰЛМАНАН з а т. ж е р г. *Нанды жайып, үзіп-үзіп салып жасаған тамақ түрі* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰЛМАРЛА= е т. с ө й л. ж е р г. ***Жұлмала.*** Бүркіт қоянды *ж ұ л м а р л а п*, кесек-кесек еттерін жей бастады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰЛМАСІҢІР з а т. *Мал сүйегіне жабысқан қысқа сіңір.* Бал ашуға қолданылатын жауырынды дайындаудың арнайы этикеті бар – ол сүйектің етін *ж ұ л м а с і ң і р л е р і н е н* сылып, тіс тигізбей, пышақ жүзімен тазалайды (Отан тарихы).

ЖҰЛМЫР с ы н. *Қағынған, құ, сұмырай.* Семей мен Барнаул арасындағы ерсілі-қарсылы өтіп жататын сауданың қазақтан шыққан *ж ұ л м ы р* алыпсатары – Кәрім, жол жұмысына жабысуды үлкен пайда деп орналасқан (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҰЛМЫТ с ы н. *Пысық, жылпос, жұлымыр.* Таң ата *ж ұ л м ы т* жігіттер келіп Ошақбайды орап тастайды, сосын еңкеңдеп, ыңылдап теуіп жөнеледі (Д.Досжанов, Жібек.). Әлгі мекендердің есік-терезесін, еденін қайсыбір *ж ұ л м ы т* ұрлап тыныштыпай жүр (Д.Досжанов, Зауал).

ЖҰМЫТТАЙ с ы н. *Дыңдай, зұлымырдай.* Мәңгіп, өзегі түсе жөтеліп, *ж ұ м ы т т а й* жұлынып жүрген бірдеме (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖҰЛУ *Жұл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Шөптен тазалау, отау.* Ағаш тұқымдары егілген жердің арам шөптерін *ж ұ л у*, оны тазарту, ауа райына, шөптің шығуына байланысты (А.Балтабаев, Жасыл орман.). **2.** *Жемісті сабағынан үзу.* Алмұрт піспесе, *ж ұ л у* қиын, Құйтырқы істі ұғу қиын (Мақалнама). **3.** *Құрту, көзін жою.* Бәрі алабұта деп, жаңа шығып келе жатқан көк бидайды да *ж ұ л у* өзіне-өзі қастық қылғанмен тең (С.Сейфуллин, Шығ.).

Шашын жұлу. *Айғайдың астына алу, әңгіртаяқ ойнату.* Ал ол біздің Байғазы сияқты ант атқан болса, еркекпін деп қожаңдаудан да, талай рет *ш а ш ы ң д ы ж ұ л у д а н* да тайынбас еді (С.Мыңжасарова, Әйел бақыты).

ЖҰЛЫҚ[1] з а т. **1.** *Аяқ киімнің үлтаны мен басының және жиегінің жалғасқан жері, сыздық.* Қауға сақал етіктерін қайта киіп, қайта шанды бастады. Ескі етіктің *ж ұ л ы ғ ы н а н* екі үлкен бақайы көрінеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Қалыпқа түскен бастың *ж ұ л ы қ т а р ы н* бір жақ шажамайынан бастап ұлтарақшаға жапсыра көктеп, бүрмелейді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** *Мал тұяғының жербасар мен қабырғасының түйіскен қыры.*

Жұлығынан келмеді [келер ме екен]. *Елең құрлы көрмеді, менсінбеді.* Па, шіркін, осы арқар мал болып қолға түссе, мына жұттың *ж ұ л ы ғ ы н а н к е л м е й т і н* асыл мал осы ғой, деп ойлаушы ек (С.Бегалин, Уақыт.). – Жұрт не десе о десін, *ж ұ л ы ғ ы м н а н к е л е р* ме екен өсегі, – депті (С.Сматаев, Армысың.). Жұртқа жағар ер жігіт қылығынан, Сілтегенім кеткен жоқ құрығымнан; Анталаған сан дүшпан қимаса да, Сырдың суы *к е л м е й д і ж ұ л ы ғ ы м н а н* (С.Мұқанов, Шығ.).

Жұлығы шыққан. а) *Тозығы жеткен, ескірген.* Басын салбыратып *ж ұ л ы ғ ы ш ы қ қ а н* қайыс етігінің тұмсығына қарап, қалғып отырғандай үнсіз күйі отыра берді. Кенет ол басын көтеріп алды (М.Жұмағұлов, Қыран.). ә) *Азып-тозған, жадап-жүдеген.* – Көрсін, ...Жәмпейіс Омаров пен кешегі *ж ұ л ы ғ ы ш ы қ қ а н* батырақ – Сәбит Мұқановтың совет тұсында қандай дәрежеге жеткенін! (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖҰЛЫҚ[2] з а т. к ө н е. *Құдық кенересінің төменгі жағы.* Құламас деп сенбеңіз, Құмдағы қазған құдықты. Жаңбырдың суы езілсе, түбіне айдар *ж ұ л ы қ т ы* (Майлықожа, Нақыл).

ЖҰЛЫҚСЫЗ с ы н. *Жұлығы жыртылған, қақырап кеткен.* Жыртық шинель, *ж ұ л ы қ с ы з* етік, үш адамға бір винтовкамен жүріп, Россия пролетары мен шаруалары өз революциясының жеңістерін өр кеудесін жалаңаш төсеп қорғап қалды («Қаз. әдеб.»).

ЖҰЛЫҚТА= е т. **1.** *Аяқ киімге (етік, бәтіңке т.б.) сыздық салу, жұлық салу.* Етік, кебіс, мәсіден басқа ботинка, башмақ, сандал, былғарымен *ж ұ л ы қ т а ғ а н* киіз етіктер жасалады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** а у ы с. *Шет жағалату, жиектеу.* Қаланың күншығыс жақ шетінде Елек *ж ұ л ы қ т а й* ағады (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). Тастың заман-заманнан жауын жуған күнгейі бедері аз, жылтырлау екен де, жықпылды *ж ұ л ы қ т а ғ а н* жіңішке көгалы егілмелі, суы шылқылдаған тайғақ келеді екен (Ғ.Орманов, Жүрек.). **3.** ж е р г. *Жекелеу, арасын сиретү.* Қылшаны кезінде *ж ұ л ы қ т а м а с а,* өнім бермейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰЛЫҚТАТ= е т. *Шет жағалату, жиектеу.* Жүргізушіден де болар деймін, Күлән жеңгей машинаны бірде жолдың тап ортасымен жүргізсе, енді бірде жол жиегін *ж ұ л ы қ т а т а* сипатып өтеді (Т.Тобағабылов, Тағдыр).

ЖҰЛЫҚТАТУ *Жұлықтат етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әрірек *ж ұ л ы қ т а т у.*

ЖҰЛЫҚТАУ *Жұлықта етістігінің қимыл атауы; аяқкиімге жұлық салу. Ж ұ л ы қ т а у* – етіктің жұлығын айналдыра жамау салып жөндеу (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҰЛЫМ с ы н. *Жұлынып алынған бір бума, бір шоқ, бір шөкім.* Биікбек қалтасынан «Қазбек» пен сіріңке алды. Сосын сіріңке қорапшасын ашып, ішінен жарты *ж ұ л ы м* ақ мақта мен бір тал шыбық алды (С.Досанов, Қыран.). *Ж ұ л ы м* – бір жұлым түбіт, жүннің, түбіттің мөлшер орауы; бір шымшым, бір шөкім, бір уыс деген сияқты (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҰЛЫМДА= е т. *Үзіп-үзіп, бөліп-бөліп алу, бөлшектеу.*

Ойын жұлымдады. *Ойын сан-саққа жүгіртті, шым-шытырық етті.* Шым-шытырық шарпысқан сезімдер *о й ы н* әр жаққа *ж ұ л ы м д а п* ала қашады (Б.Нұржекеев, Күтумен өт.).

ЖҰЛЫМДАН= е т. *Жұлым-жұлымы шығып жыртылу, тозу.* Өмірәлі жастығының астынан бір қалың кітап алып шықты. Мұқабасын газетпен қаптаған, парақтары ж *ұ л ы м д а н ы п* тозып кеткен бұл кітап «Батырлар жыры» екен (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖҰЛЫМДАНУ *Жұлымдан етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *ж ұ л ы м д а н у ы.*

ЖҰЛЫМ-ЖҰЛЫМ с ы н. *Жұлма-жұлма, алба-жұлба, жыртық-жыртық.* Тани кеттік, үсті-басына қай-қайдағы *ж ұ л ы м-ж ұ л ы м* киім киген Сағади (С.Бегалин, Мектеп.). Сыртқа шыққан Мергенбайдың соңынан киімдері *ж ұ л ы м-ж ұ л ы м* қара қожалақ балалар жамырай ерді (Б.Серкебаев, Өткенде).

Жұлым-жұлым болды. *Жұлма-жұлмасы шықты, тоз-тозы шықты.* Қар үсті қара қожалақтанып, жер беті *ж ұ л ы м-ж ұ л ы м б о л д ы* (К.Оразалин, Жексен).

ЖҰЛЫМҮЙ з а т. *Түзу уықтарға киіз жаба салып тігетін шошақ киіз лашық жолымүй.* Үш ешкі, бір қойды сауып, *ж ұ л ы м ү й д е* бөлек отыра бердік (К.Әзірбаев, Аңыз.). *Ж ұ л ы м ү й д е* бықсып шалқыған отты үре түсіп, осы «әупілдейтін» не екен? – депті бір әйел (Б.Майлин, Шығ.). Мен өзім қызыл тілге жүрттан озған, Көргенде өлеңшіні арқам қозған. Көсіліп *ж ұ л ы м ү й д е* жата бермей, Келдің бе жеңемін деп мені жазған («ТУГ»).

ЖҰЛЫМЫР с ы н. *Іліп-қағып кететін қу, сұғанақ, олжақор.* – Сол көрмейтін жерге жасырып қоймайсың ба, балапаным-ау, ол өзі сондай *ж ұ л ы м ы р* бала болды ғой, мә, қанша керек еді, алып па ең әлгі керек қолғабыңды (О.Тәжиева, Қара қолғап). Кенжебекті ата-ана, ауыл-аймақ еркелетіп өсірді. Бұл жиырма бестегі жігіттей жырынды. Ат құлағымен ойнаған *ж ұ л ы м ы р* бала («Қаз. әдеб.»).

ЖҰЛЫН[1] з а т. **1.** а н а т. <лат. medulla spinalis> *Адам мен омыртқалы жануарлардың омыртқа жотасының ішінде орналасқан орталық жүйке жүйесінің бір бөлігі. Ж ұ л ы н* алғаш бассүйексіздерде (ланцентниктерде) жүйке түтігі ретінде пайда болған (ҚҰЭ). Ми мен *ж ұ л ы н н а н* шеткі ағзаларға тарайтын нервтер ұзын және қысқа бұтақшалары бар нейрондардан құралады (Е.Оразақов, Қайта соқ.). Дененің артқы бетінің қалың қабатында омыртқа жотасы бар, оның қуысында *ж ұ л ы н* болады (Адам анатом.). **2.** а у ы с. *Жақын санаған адамға, баласына жақсы көру, еркелету ретінде айтылатын атауыш.* Жаным, *ж ұ л ы н ы м* деп әйел баласын уатып жатты (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

Жұлынға тиді. *Қиын тиді, ауыр соқты, діңкесін құртты.*

Жұлын тұтты. ж е р г. *Ашу қысты, кейіді, ренжіді.*– Апа, әкем қайда?– Әкең ана жақта *ж ұ л ы н т ұ т ы п* жатыр. Осы үйді бүгін алапатымен көшіріп жібере жаздады (С.Жүнісов, Жапанда.).

Жұлын түйіндері. а н а т. <лат. ganglion spinale> *Жұлынның жоғарғы (адамда – артқы) түбіршігі бойында орналасқан, сезімтал нейроциттерден құралған түйін* (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұлынын үзді. *Белін сындырды, омыртқасын үзді.* Қасқырды дөлдеп бір ұрғанда *ж ұ л ы н ы н ү з і п* жіберген Дәукеңе мен де қатты риза болдым (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы).

Жұлының үзілсін. қ а р ғ. *Опат болғыр, қыршынынан қиылғыр.* Үйіңе жетпей, *ж ұ л ы н ы ң ү з і л с і н*! Шаңырағың ортасына түсіп, бала-шағаң тентіреп кетсін (Ғ.Мұстафин, Шығ.). О, *ж ұ л ы н ы ң ү з і л г і р* Тілеубай, сен бара-бара бір күні кісі өлтіресің ғой (Ә.Көшімов, Қысталаң).

Жұлыны үзілді. *Тірегі, таянышы құрыды.* Шырағым, сен кетіп, *ж ұ л ы н ы м ү з і л і п* отырып қалдым-ау (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.).

Көк жұлын. *Жүйрік, майталман.* Қазақ ең жүйрік, шабысқа тоймайтын, талмайтын аттарды *к ө к ж ұ л ы н* дейді (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.). Қой мойынды *к ө к ж ұ л ы н,* Томаға көзді қасқа азбан, *К ө к ж ұ л ы н д ы* жетелеп, Қисық жерден төтелеп (Махамбет, Өленд.).

Көк жұлын болды. а) *Арып-ашты, жадап-жүдеді, титықтады.* Бір ауыл емес, бір аймақтағы ел емес, бүкіл қазақ елінің ақ табан болып шұбырғаны да, ата қонысынан айырылып *к ө к ж ұ л ы н б о л ы п* шұбырғанды да көрді бұл қазақ (Ә.Әбішев, Қазақстан.). – Жұмыстан *к ө к ж ұ л ы н б о л ы п* өлер болдым,– деді

Темірбек насыбайды молырақ қып ерніне атып,– биыл Құдайдың қысы да қағынып кетті («Қаз. әдеб.»). ә) *Қайсар, батыл болды.* Дүйім түрікмен де оның азан шақырып қойған Дүрді атын ұмытып Көкбөрі атап кетісті. Десе дегендей жүрек жұтқан *к ө к ж ц л ы н б о л д ы* (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖҰЛЫН² з а т. ж е р г. *Тонның етегі мен өңірінен шығып тұратын жүні.*

ЖҰЛЫН= е т. **1.** *Шөптен тазалану, оталу.* Ағаштар арасындағы культиватор ала алмайтын жердегі арам шөптер қолмен *ж ц л ы н ы п* тасталады (А.Балтабаев, Жасыл орман). **2.** *Жылқыну, ілгері цмтылу, сілке тарту.* Ит арсылдап *ж ц л ы н ы п,* Әбден ығыр болды жұрт. Жер тырналап дөңгелеп Өлді ақыры сол төбет (Жамбыл, Шығ.). **3.** а у ы с. *Ашулану, ыза болу.* Жанар осы арада ғана есін жиып, Бұйратовтың қасынан *ж ц л ы н ы п* шығып, Қабенге жүгірді (З.Қабдолов, Жалын). Кенет үйден шыққаннан бос шелегінің салдыры естіліп *ж ц л ы н а* жеңгеміз келді (О.Тәжібаев, Жетім қыз).

Құлағы жұлынды. *Құлағы жарақаттанды.* Сабалақ жүнді маң төбеттердің талайының *құ л а ғ ы ж ц л ы н д ы,* талайы үстінен қан сорғалап, ұрыс даласын тастай қашуға мәжбүр болды (М.Мағауин, Ақша қар).

ЖҰЛЫНҒЫ з а т. Баласының кеткенін Бәйбіше сонда есітті. Ақ *ж ц л ы н ғ ы* мойнында, Шам-шырағы қолында (Қыз Жібек).

ЖҰЛЫНҒЫР: **жуадай жұлынғыр**. қ а р ғ. *Көктей солғыр, өме қапқыр.* Дариғаның шешесі: – Былқ етпей тұруын қарашы, мына көргенсіздің *ж у а д а й ж ц л ы н ғ ы р,*– деп, желке жүні дүрдиіп айбаттанған қоразша жұлқына төнді (Н.Серғалиев, Ақбөпе).

ЖҰЛЫНДАЙ с ы н. **1.** *Тұп-тұзу, тіп-тік шаншылған.* Құйындай құлдыраған шаң *ж ц л ы н д а й* жіп-жіңішке боп шаншылып аспанға көтерілді (С.Мұқанов, Шығ.). Олар қарасуды бойлап жоғары өрледі. Ұзаңқырап барып ауылға көзін жіберді. Желсіз тымық ауада түтіндер *ж ц л ы н д а й* шаншылып тік ұшады (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). **2.** а у ы с. *Өрімдей, жап-жас.* Бір күні Қаншайым бөлмесіне үй иесі апайы кіріп келді: – Шырағым,– деді – осы сен кеше ғана *ж ц л ы н д а й* бала едің. Көріне көзге құрып, өшіп барасың. Осы сенің жаныңды жеп жатқан не бар?– деді (Е.Домбаев, Ғашықтық.). **3.** а у ы с. с ө й л. *Жұнттай, семіз.* Желідегі жұп-жұмыр *ж ц л ы н д а й* құлындар сондай әдемі. Смайыл әрқайсысына бір көз тастап қызығып тұр (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Калуков егінін жиып алған соң, атын бағып, *ж ц л ы н д а й* семіртіп, жұлдыздай жылтырататын жылдағы әдеті болатын (Қ.Әбдікәдыров, Әңгім.).

Жұлындай ақты. *Тіп-тіке созылды, зымырады, цшты.* Көп ұзамай қала жақтан *ж ц л ы н д а й а ғ ы п* келе жатқан жалғыз шаң көрінді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жұлындай түсірді. *Мұрттай цшырды, жайратты.* Бізде біраз отты жігіттер болғанмен команда қатты дегбірсізденді. Допты тартып алып кетсе кетті, тартып ала алмаса тілерсектен қағып, *ж ц л ы н д а й т ц с і р е д і* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Жоқтады жұртқа теңдік аз құнындай, Жаны ашып, бейнеткорды көрді ұлындай, Отыз жыл қашып жүріп еңбек қылып, *Т ц с і р г е н* падишаны дәл *ж ц л ы н д а й* (Үш ғасыр.).

Жұлындай ұшырды. а) *Құйындай цшты, зымырады.* Кіші-гірім қазандай қол диірменнің ерейген жұмыр тұтқасын екі қолымен алмакезек зырлатып, *ж ц л ы н д а й ц ш ы р а д ы* (С.Омаров, Қайырлы жаз). Міне, енді *ж ц л ы н д а й ц ш қ а н* су жаңа ЗИЛ-де отыр әкелерін (С.Жүнісов, Жапанда). Тыңайып алған қос торы машинаны *ж ц л ы н д а й ц ш ы р ы п* ала жөнелді (С.Омаров, Қиыр жол). ә) *Оп-оңай меңгерді.* Бесінші класты жаңадан бітірген Марфуға *ж ц л ы н д а й ц ш ы р ы п* отырған есепшілік қызмет қолынан келмегені ұят-ау өзі! (А.Габдуллин, Өмір).

ЖҰЛЫНДАЙ-ЖҰЛЫНДАЙ с ы н. *Тіптік, жіңішке болып будақталған.* Барақтардың алдарында жанған оттардың көк ала түтіндері *ж ц л ы н д а й-ж ц л ы н д а й* болып созылып аспанға өрлейді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бірнеше жерден *ж ц л ы н д а й-ж ц л ы н д а й* көтерілген түтін құғыншының көзіне алыстан көрінді (Ж.Жұмақанов, Соқпақ).

ЖҰЛЫНДЫР= е т. *Құтырту, қызбаландыру.* Ел ақынын қомсынып Бармақ отыр, Бұйрық айтып біреуге Арқаң отыр. *Ж ц л ы н д ы р ы п* ежелден отыратын, Мұның өзі қыршаңқы түйе қотыр (К.Әзірбаев, Шығ.). Бергенің қонағым деп уылдырық, Барады бар денемді *ж ц л ы н д ы р ы п.* Бүйткенше мені таңға *ж ц л ы н д ы р ы п,* Қайныңда өлтірсең ед буындырып (К.Ахметбеков, Өлең.).

ЖҰЛЫНДЫРУ *Жұлындыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ц л ы н д ы р у ы н* қоймады.

ЖҰЛЫН-ЖҰЛЫН з а т. а н а т. *Күллі омыртқалардың ішін аралап өтетін қабығы бар бұтақты жүйке.* Қолың қандай қатты еді, уқалағаның бар болсын, *ж ц л ы н-ж ц л ы н ы м д ы* шырлатып жібердің ғой («Қаз. әдеб.»).

ЖҰЛЫН-ЖҮЙКЕ з а т. **1.** <лат. nervus> *Жан-жүйе, нерв.* Ажардың көзіне көзі түссе қайнаған суға қолын малып алғандай *ж ц л ы н-ж ү й к е с і* қалтырап, безгек ауруға ұқсағандай (Б.Шалабаев, Өмірде.). Фоккевульфтер мен алтыстволды минометтердің *ж ц л ы н-ж ү й к е-*

н і шымшылаған гүрсілі мен ызыңы құлағыңда әлі тұрғандай емес пе (С.Сейітов, Жылдар.). **2.** *Бүкіл денесі, тұла бойы.* Іштен тынатын жанның *ж ұ л ы н-ж ұ й к е с і н* кекті, қасіретті ой жегідей жегенін қоймас (А.Алтай, Алтай.).

ЖҰЛЫНҚҰРТ з а т. **1.** *Жұлын ауруының аты.*– Оған кезек келмей жатыр,– деді де, Өсекең айтып бітпеген сөзін жалғастырды.– Төрт түлік малдың *ж ұ л ы н қ ұ р т п е н* ауырмайтыны жоқ (Саржайлау). **2.** а у ы с. *Заржақ, арам адам.* Жақыпбек көзге момақан көрінгенмен, барып тұрған *ж ұ л ы н қ ұ р т!* (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).– Жылмиып біздің үйге неге келе береді десем, көздегені бар екен ғой. *Ж ұ л ы н қ ұ р т!* (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖҰЛЫНТ= е т. *Жұлқынту, құтырту.* Таяғына сүйеніп тұрған Кетекең аэропланды көріп: «Баяғы ағаш ат деген бопты десетін еді. Енді міне, көкпеңбек темірді өз-өзінен жүгіртіп, *ж ұ л ы н т ы п,* ұшырып қойғаны!.. (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш.). Жайынауызды *ж ұ л ы н т қ а н* тамақтың әңгімесі таусылған соң, Шайқараның оқу жайын сұрастыра бастадық (І.Жансүгіров, Әңгім.).

ЖҰЛЫНТУ *Жұлынт етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ұ л ы н т у м е н* болды.

ЖҰЛЫНУ *Жұлын етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ұ л ы н у ы н* қоймады.

ЖҰЛЫНТҰТА з а т. *Жұлын бекем тұрған бел омыртқа.* Сол екі арада *ж ұ л ы н т ұ т а м* удай ашып, басым қайтадан салмақтанып, қатты ауырлап кетті (Ж.Өмірбеков, Тастүйін). Сөгіліп бордай босап ұнжырғасы, Бүгіліп *ж ұ л ы н т ұ т а* қабырғасы (Н.Ахметбеков, Жасауыл). Құяң ба немесе кейде *ж ұ л ы н т ұ т а м* да көтертпей, белім де бастырмай қалады (С.Мұқанов, Өмір мект.).

ЖҰЛЫНШАҚ з а т. *Гүл өсіру үшін ішіне топырақ, құм салған себет. Ж ұ л ы н ш а қ т а н* бір уыс құм-топырақты қолына бергенде, Роза әкесінің сөзінің айнымай келгеніне аң-таң қалды («Қаз. әдеб.»).

ЖҰЛЫНЫП-ЖҰЛҚЫНЫП ү с т. *Қағынып-ұшынып, жанын жеп.* Ертең-ақ пысып-ширап, *ж ұ л ы н ы п-ж ұ л қ ы н ы п* ойнап шыға келерсің. Мына имиген қарға тұмсығың талай жұдырықты иіскер, сонда білерсің базардың не екенін (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЖҰЛЫС= е т. **1.** *Шөптен тазартысу, отасу.* Жәдігер аттан буыны босап зорға түсті. Қолына манағы әйелдің кетпенін алып, бір тұстардың арам шөбін *ж ұ л ы с ы п* берді (Р.Тоқтаров, Терістік.). **2.** а у ы с. *Таласып-тармасу, арпалысу, шайқасу.* Ал енді жаман жағы мынау: ұлтшыл адам бір жұрттың ғана қамын ойлайды; бұл қамын ойлау жолында басқа жұрттармен айтысады, тартысады, *ж ұ л ы с а д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Арманбек бұрын кез келген баламен алысып, *ж ұ л ы с ы п* ойнап кете беретін. Енді ол Оңалбектен басқа баламен ойнамайтын болған (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Таң атқанша екі батыр ұрысты, Шапты аямай бір-біріне қылышты. Белден сынды талай қару шыдамай Аю, қабылан, арыстандай *ж ұ л ы с т ы* (Көрұғлы).

ЖҰЛЫСТЫР= е т. *Ұрысып-керістіру, арпалыстыру, қырқыстыру.* Қазақты ішінен тоздыруға сайлау (штат) деген шырға тастап, өзді-өзін *ж ұ л ы с т ы р а д ы,* қырқыстырады. Полиция, стражник, урядник, казак-орыстың қамшысы қазақ даласын жайлады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҰЛЫСУ *Жұлыс етістігінің қимыл атауы; ұрысып-керісу, тайталасу.* Бұл жоқта ене мен келін арасында тағы да ұрыс-керіс болған көрінеді. Екі әйел *ж ұ л ы с у ғ а* дейін барып, шешесінің өне бойына таңба түсіпті (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). – Ағайынның жүгініске барғаны – *ж ұ л ы с у ғ а* шыққаны. Билікке барып перде жыртып қайтесің, тоқтау тап (М.Әуезов, Қараш.).

ЖҰМ з а т. о й ы н. *Ойын бастаушының белгісі бойынша жаппай үндемей қалатын халық ойыны, тымпи, үндемес.* Нағыз «*ж ұ м*» ойнап отырған адамдар секілді (І.Есенберлин, Шығ.).

ЖҰМ= е т. **1.** *Қолдың саусақтарын ішке бүгіп, алақанға қарай түйіп алу.* Шешем менің тышқан жылы туылғанымды айтты. Қасқабас мұғалім саусақтарын *ж ұ м ы п,* есептей бастады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Оның денесін шопақ құрлы көрмей көтеріп алып, жерге оңай құлата салған Алтынсары, қанша қару жұмсағанмен *ж ұ м ғ а н* уысын жаза алмай қойды (С.Мұқанов, Аспаз). **2.** *Кірпіктерді айқастырып жабу.* Ол көзін ашып әкесіне бір қарады да, үнсіз бұртиып, қайтадан көзін *ж ұ м д ы* (М.Иманжанов, Менің махабб.). Мен үйге қайтып келіп, киімімді де шешуге көңілім шаппай, төсегіме кескен теректей гүрс етіп құладым да, көзімді *ж ұ м д ы м* (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Көзін *ж ұ м ы п* жай жатқаны болмаса Раушан ояу еді, орнынан атып тұрды (Ш.Құмарова, Қос шынар). **3.** *Ауызды жабу.* Жас балаларға туысымен-ақ аузын *ж ұ м ы п* ұстауды әдеттендіру керек (М.Дулатов, Шығ.).

Аузын ашып, көзін жұмды. *Таңырқады, таңғалды.* Нәркес балшықтан жасалған адам бейнесін көргенде *а у з ы н а ш ы п, к ө з і н ж ұ м д ы.* Әлі кеппеген мүсінді саусарымен түрткісі келіп, айналып шықпай қойды (Р.Тоқтаров, Ертіс.). 1942 жылы осы ауылға шешесінің ішінде

келген Иван Иванченко оныншы класты да қазақ тілінде бітірген. Бұл қазақша сөйлегенде тыңдағандар *ауызын ашып, көзін жұмады* (С.Адамбеков, Атылған қыз.). Қыз-бозбала *ауызын ашып, көзін жұмып* тыңдаудан бір жалығар емес. Үй маңайына кісі лық толды, орыс қызының тамаша даусын естуге кемпір-шалдар да келді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Ашса [жазса] алақанында, жұмса жұдырығында. *Еркінде, билігінде.*– Исеке, күні кешеге дейін *ашса алақанында, жұмса жұдырығында* болдым (М.Сүндетов, Ескексіз.). *Ашса ауызында алақанында* болайын, *жұмса ауызында жұдырығында* болайын (С.Кенжахметов, Қуырдақ). Сөйтіп, бар Тобықты тағы да Ырғызбайдың *Жұмса жұдырығында, жазса алақанында* боп шықты (М.Әуезов, Абай жолы).

Жұмған аузын ашпады. *Жақ ашпады, еш нәрсе демеді, үндемеді.* Күдері бұл сөздер айтылғанда өңі қуарып, бір қызарып, біресе Мамырәліге, біресе Жақыпбекке қарағыштай, әлдене айтатын адам сияқтанса да, *жұмған аузын ашпады* (М.Иманжанов, Көк белес). Таңқаев жолдас манадан бері мал қоралары жайлы көп айтты. Бірақ сондағы шопан үйі туралы *жұмған аузын ашпады* («Лен. жас»).

Көзді ашып-жұмғанша. *Лезде, тез, шапшаң.* Осы кезде кенеттен бір құйын келіп, *көзді ашып-жұмғанша* ауланың іші астан-кестен болды да кетті (О.Дастанов, Мұрагер.). *Көзді ашып-жұмғанша* біреу ыршып барып автоматтың шүйдесімен офицердің шекесінен періп қалып, жерді құша құлады (Б.Момышұлы, Жауынгер.).

Көз жұмды. а) *Өлді, жантәсілім қылды.* Әрбір өлетін адам сияқты ең жақын адамын күтіп, азар шыдап жатқан Нұралы қарт аздан соң *көзін жұмды* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Сөйтіп, ол өз ісін ғалым болып бастады, батыр болып *көз жұмды* (Н.Баяндин, Геогр. ашу.). Деген Нәкең *көз жұмыпты* артынша Амал нешік алатын дем сарқылса! Келген еді бұл дүниеге жырменен. Өтіпті сол жыр ағызған қалпынша (Ә.Тәжібаев, Аралдар). ә) *Елемеді, ескермеді, байқамаған болды.* Өмірі көрмеген, білмеген ақын бала да Назыммен бірнеше келіп, ананың халін біліп тұрмады ма! Осының бәріне *көз жұмып* қарауға бола ма? (М.Иманжанов, Адам.). Ұнатпаймын деуге болмайды, амал жоқ соның бәріне де *көзді жұмып* көне беремін (С.Шарипов, Шығ.).

ЖҰМА [ар. جمعه] з а т. **1.** *Аптаның бесінші күнінің аты. Жұма* сайын партнойдан қол үзбейсің Қалтама артық ақша сап жүргізбейсің... Олай десең, саған масыл болмай-ақ, Қызметке түсіп, өзім-ақ ақша тауып алам (М.Дулатов, Шығ.). Көз жұмғанша дүниеден Иманын айтып кеткені-ай! «Бейсенбі ме, бүгін?» деп, *Жұмаға* қарсы өткені-ай! (Абай, Тол. жин.). Күн *жұма,* бүгін кеңседе жұмыс жоғы қандай жақсы, мына түрмен жұмысқа барса не оңар еді (Б.Майлин, Азамат.). **2.** *Апта, бір жеті.* Жетеді күнбатысқа *жұмасында* Оқиға күн шығыста болғаны анық. Һәр жұрттың күзетшісі, көз-құлағы, Айнадай оқушыға бәрі жарық (М.Дулатов, Шығ.). Осы арада олар *жұмаға* жақын жатты (С.Мұқанов, Шығ.). **3.** д і н и. *Мұсылмандардың мереке күні, кәмелетке толғандар, дені сау, қолы бос мұсылмандардың міндетті түрде мешітке жиналып, жұма намаз оқып, уағыз тыңдайтын күні.* Мұсылмандар жиналатын айрықша күннің пайда болуын Мұхаммед пайғамбар өмірінің Мединеде өткен кезеңіне жатқызуға болады. Ішінара яһудилер өмір сүретін Мединеде *жұма* – яһудилердің мерекелік күні деп есептелетін сенбінің қарсаңы (Ислам энцикл.).

Бір жұма [жұмадай]. *Бір апта, бір жеті.* Гүлжан колхозда,– деді Күлтай сөзін жалғап, *бір жұма* болды, күріш орып жатыр... (М.Дүйсенов, Гүлжан.). *Бір жұмадай* уақыт өткенде Абай аржақ пен бержақтың базарларына күнде барады (М.Әуезов, Абай).

Жұма мерек болсын! д і н и. т і л е к. *Жұма мерекесі құтты болсын. Жұма мерек болсын!* Бүгінгі күнгі ғибаттарыңыз қабыл болсын, ағайын! («Ана тілі»).

Жұма намаз. д і н і. *Мұсылман ер адамдар үшін парыз болып саналатын жұма күні мешітте оқылатын намаз.* Әсіресе, *жұма намазға* жиналғандарға шай-су беру кезінде Гүлсім сарсыла шаршайтын еді («Лен. жас»). *Жұма намазы* үшін мешітке бару әрбір мұсылманның міндеті саналады. *Жұма намазға* жиналу нәтижесінде Құдайға құлшылық етуге жиналатын көпшілікті қабылдауға лайықталған арнайы мешіттер пайда болды (Ислам энцикл.). *Жұма намазын* оқу үшін мешітке бару – дені сау, саналы, ерікті әрбір мұсылманның парызы (ҚҰӘ).

ЖҰМАДАЛ-АХАР [ар. جمادى الآخرة] з а т. *Араб айжылнамасының алтыншы айының аты.* Ақын (Әлішер Науаи) жексенбі күні, таң алдында өмірмен қоштасты. Бұл күн – хижри бойынша 706 жылғы 12 *жұмаділ-ахар* тарихта қайғылы күн болды (Айбек).

ЖҰМАДІЛ-ӘУЕЛ [ар. جمادى الاولى] з а т. *Араб-ша ай күнтізбесімен бесінші айдың аты.* Жиені, Молда Жүсіп – Ботабайдың, Сүйеніп пазылына бір Құдайдың; Омарға аз хикая сөз жазыпсыз, Мақтубың жанында екен ауылнайдың. Басардан

Борашұлы алдым сұрап, Басында *жұмаділәуел* өткен айдың (Н.Ержанұлы, Шығ.).

ЖҰМАҚ з а т. **1.** д і н и. *Алла тағаланың рақымы түскен сүйікті құлдарының о дүниедегі рақат орны; пейіш.* Бергенге – *жұмақ*, Бермесе – дозақ, Деп үйретер халыққа. *Жұмақтың* кілтін, Алланың мүлкін Арендаға алып па? Молда сатса тиынға, Ол – Алла емес, сиынба! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Көзіңде көк нұры жоқ, Аузында *жұмақ* жыры жоқ, Жалынсыз, усыз құшағы, Иірілмейді жыландай, Сөзі де жоқ құрандай, Білгені – қазан-ошағы. Жабайы ғана жарым бар. Неге екенін білмеймін, Сол жарымды сүйемін! (М.Жұмабаев, Шығ.). Құранның моральдық нормаларының негізі ол дүниедегі өмірге сену, *жұмақ* пен тамықты мойындау (Ғ.Ақмамбетов, Дүниеге көзқ.). **2.** а у ы с. *Шаруашылық пен тұрмысқа қолайлы жер, жайлы мекен.* Тау қойнауы нағыз *жұмақ* екен. Кісі бойы көк шалғын, мәуелеп өскен қарағаш қара көк қарағай, сылдырап аққан бұлақ рақат самал лебін желпіп, көкіректі ашып жібереді (Т.Ахтанов, Дала.). Алтай – Орал арасы – Сарыарқадай жер екен Қаркаралы, Балқаш көл, Көкше сұлу, Баян тау – Жер *жұмағы* дер екен (Жамбыл, Шығ.).

Жұмақ [бейіш, ұжмақ] аналардың табандары астында. *Ананың қадір-қасиеті жұмақтан артық, анаңды сыйлау жұмаққа барумен тең деген мағынада.* Кірлі көйлек кигізбеген, дәмсіз тамақ жегізбеген, ыстыққа күйгізбеген, суыққа тоңғызбаған, қатты жерге жатқызбаған сол күйікті ана емес пе? Оның үшін ананың хақы балада көп болмақшы. «*Ұжмақ аналардың табандарының астында*» депті (Ә.Марғұлан, Қаз. өнері).

Жұмақ құстары. з о о л. <лат. paradisaeidae> *Торғайлар отрядының бір тұқымдасы. Жұмақ құстарына* Жаңа Гвинея мен Австралия ормандарында мекендейтін 20 туысқа бірігетін 40-тан астам қанаттылар түрі енеді (ҚҰЭ). *Жұмақ құстары* өсімдіктің жемісімен, тұқымымен қоректенеді, сондай-ақ ұсақ жәндіктерді, бақалар мен кесірткелерді де жейді. Қауырсындары сәндік үшін бас киімге тағылады (ҚҰЭ).

ЖҰМАЛА= е т. ж е р г. *Домалау.* Таудан тары *жұмалайды*, артынан қаз қуалайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Бір тас *жұмалап-жұмалап* келіп, ақыры тоқтады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰМАЛАП ү с т. *Апталап, бірнеше жұма бойына.* Кей уақыттарда көкала қойдай болған шешем, жұрт көзіне көріне алмай, *жұмалап*, айлап дегендей шымылдық ішінде жатып алушы еді (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Оларға пароход келсе жұмыс бар, келмесе жоқ. Кейде *жұмалап*, он күндеп топырлап бос жатады (І. Жансүгіров, Шығ.).

ЖҰМАЛЫҚ з а т. **1.** *Белгілі бір шараны апта сайын өткізу, жетілік; апталық. Жұмалық* кездесулерде өндірісті жетілдіру, еңбек ұйымдастыруды жақсарту жайында көп пікірлер айтылады («Соц. Қаз.»). Жұртшылықтың съездері мен конференцияларын өткізу сияқты жұмыс практикасында барған сайын көбірек орын алып, *жұмалық тар* жиі өткізіліп тұрады («Соц. Қаз.»). **2.** к ө н е. д і н и. *Молдалардан оқыған шәкірттердің жұма сайын апаратын сыйы, ақы.* Аузының салымына қарай өліктің жаназасы да сонікі. Бейсенбі күні балалар молдасына *жұмалық* беріп тұруға тиісті: екі тиыннан кем болмасын, бес тиыннан артық болмасын (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Сәлден кейін орнымнан ұшып түрегеліп, *жұмалыққа* апам берген бес тиындық бақыр ақшаны молданың қолына ұстаттым (С.Омаров, Дала қызы). Ағайым өзі сабақ алатын молдаларына көбірек *жұмалық* беруі тиіс еді (С.Айни, Құлдар). *// Жұма, апта, жеті көлеміндегі.* Көп болса бір *жұмалық* өмірім бар. Байқашы, мына менің шамам қалай (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖҰМАРЛА= е т. **1.** *Умаждау, басып-жаншу. Жұмарлап*, басып-жаншып аю шалды, Жемекке енді бастап ыңғайланды. Бауырым, пәленшежан, айырсай деп, Малайға шал жалынып қолқа салды (А.Байтұрсынов, Шығ.). Сол кезде ғана бұларға жеткен Көксерек келе құлақ шекеден қауып түсіп, көз ілескенше қара аланы жұлып соғып, астына *жұмарлап* басып алды (М.Әуезов, Көксерек). Алғашқы қапсыра құшақтаған қарқынмен әрлі-берлі жұлқып, алып соғып астыма басып *жұмарламақ* болдым (М. Иманжанов, Адам.). **2.** а у ы с. *Жауды жеңу, талқандау.* Жауыз жауды *жұмарлап*, Біз де жеттік жеңіске (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЖҰМАРЛАН= е т. **1.** *Домалану, дөңгелену.* Кездесіп кенет бір күні *Жұмарланған* кірпіні Қасқыр асап қалыпты, Өзі де естен таныпты (Ш.Смаханұлы, Шимайбек.). **2.** *Бұйралану, толқу. Жұмарланған* қап-қара толқындар қайық кенеріне секіріп, ойнақтай бастады (Ә.Сараев, Шығ.). **3.** *Умаждалу, мыж-мыж болу. Жұмарланған* екі-үш қағаз ақша жерге түсті (С.Мұратбекова, Көкорай). **4.** *Бұртию, дүрдию.* Көнтиген ерні дүрдиіп, сыздана *жұмарланып* кетіпті (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖҰМАРЛАНУ *Жұмарлан етістігінің қимыл атауы.* Жетпеген үлкендікке жас балалар, Жүгіріп ойдан, қырдан *жұмарлану* (Ы.Алтынсарин, Өлең.).

ЖҰМАРЛАС= е т. *Алысып ойнау.* Бөлтіріктер аздан соң *жұмарласып* ойынға

кірісті де, ата мен ене сай беткейіне өрлеңкіреп жатып тыныстады (К.Ахметбеков, Сый орамал). Бойында әлі тарқамаған шөл бардай, Құмар басып, *ж ұ м а р л а с ы п* ойнардай, Елегзиді қызығынан айырылып, Айдалада жалғыз қалып қойғандай (С.Жиенбаев, Оркиік).

ЖҰМАРЛАСУ *Жұмарлас етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМАРЛАУ *Жұмарла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Умаждау, басып-жаншу.* **2.** а у ы с. *Жауды жеңу, талқандау.* Оқ-дәрі алатын атқолік ауыстыратын жері қашықтай түссе, жол азабын көбірек шексе, әскерді әлсірете берсе – оны *ж ұ м а р л а у* оңайға түседі (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖҰМАРШАҚ[1] з а т. *Айран, сүт құятын, ұйытатын ыдыс.* Қазір *ж ұ м а р ш а қ* түбін сарқып құйған айранды аптыға жұтқан Ербұланға да Қасен қария сондай оймен қарап отыр (М.Қуанышбаев, Тайталас).

ЖҰМАРШАҚ[2] с ы н. *Жұмарланған, жұмыр, кесек.* Кешкісін жауған қарды көше тазалаушылар әр жерге үйіп қойыпты. *Ж ұ м а р ш а қ* қарды тепкілеп балалар да мәз болып жүр (Жас қанат).

ЖҰМАРШАҚТАН= е т. **1.** *Жұмарлану, домалану.* Балалар *ж ұ м а р ш а қ т а н ғ а н* жас қардан «қалашық» жасап, ойынға қыза түсті («Жалын»). **2.** *Жапырақ, шөп т.б. оралып, жиырылып, ширатылып қалуы.* Ағаш жапырақтары сары күздің ызғарлы түнінен соң жерді жауып кеткен еді. Ертесіне қатты жаңбырдан соң *ж ұ м а р ш а қ т а н ы п* қалды (Ғалам ғажап.).

ЖҰМАСЫЗ үс т. *Бір жұма болмайынша, бір жұмаға дейін.* Өзен бір *ж ұ м а с ы з* қатпайды (Қ.Исабаев, Соңғы.).

ЖҰМАСЫНА үс т. *Бір жұмада, аптасына.*

ЖҰМАСЫНДА үс т. *Аптасында, жетісінде.* Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе болмаса да, *ж ұ м а с ы н д а* бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал (Абай, Тол. жин.). *Ж ұ м а с ы н д а* бір қабат ескірген суды ағызып, жаңартып құяды екен (С.Шарипов, Шығ.).

ЖҰМБАЗ с ы н. *Жұмарланған, илектенген кір.* Қазір алқам-салқам, босағаға жүреден отыра кетіп, қолтығынан бір *ж ұ м б а з* шүберек алды да бетін сүртті (А.Сүлейменов, Бесін).

ЖҰМБАЗДА= е т. *Жұмарлау, сықпалау, илектеу, сығымдау, домалақтау.* Әлгі айтқан жануардың барлығын да, *Ж ұ м б а з д а п* етіп тастар бір жұмырық (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Сонда да сол Сәуле маған нәзік саусақтарымен *ж ұ м б а з д а п* қар лақтырмады (А.Мекебаев, Бойжеткен). Ханбүркіт екеуміз *ж ұ м б а з д а п* беріп тұрамыз (Қ.Омаров, Әке).

Жұмбаздай салу. *Немқұрайлы қарау, істі тиянақсыз ету.* Өз жанынан қоса салу, болмаса жете түсінбей қате аудару немесе немқұрайды түрде *ж ұ м б а з д а й с а л у* тәрізді ақауларды аударма тәжірибесінен әлі де кездестіреміз («Қаз. әдеб.»).

ЖҰМБАЗДАЛ= е т. *Жұмарлану, тұйдектелу, сығымдалу.* Екі-үш кебеже, көне сүйек сандық, мақтасы *ж ұ м б а з д а л ғ а н* ауыр көрпе-төсек, жүні бұрқыраған текемет, тулақ бар (О.Сәрсенбаев, Сағым). Әне ұзын бойлы Костя Воротников балқу кезінде *ж ұ м б а з д а л ы п*, қатып қалатын шайыр қойыртпақтарды ыдыратқыш-раскислительді ауық-ауық лақтырып тұр (Ш.Есмұрзаев, Мәртебе).

ЖҰМБАЗДАЛУ *Жұмбаздал етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМБАЗДАН= е т. *Жұмарлану, домалақтану, дөңгелену.* Жасағанбергендер түскен үйдегі кемпірдің үш жағы ісік тәрізденіп *ж ұ м б а з д а н ы п* тұратын етжеңді мұрнының бір танауында бүйедей қара мең бар (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖҰМБАЗДАНУ *Жұмбаздан етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМБАЗДАУ *Жұмбазда етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМБАҚ з а т. **1.** ә д е б. *Жасырын құпия сырды ойлап табу, шешу үшін сыпаттап, астарлап айтылатын қысқаша өлең, әңгіме түріндегі шығарма.* Абайдың осы сөзінің дұрыс емес қате айтылған, теріс айтылған, *ж ұ м б а қ* қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ (А.Байтұрсынов, Шығ.). *Ж ұ м б а қ* айтып не керек әуре қылмақ, Керегі сол: ойланып ой ашылмақ, Әлемде әр нәрсенің қарсысы бар, Бар қарсысы «жоқ» еді осы *ж ұ м б а қ* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Тағы бір тақырыбымызды айтайық. Есеп, мәселе дегеніміз – жұмбақ қой. *Ж ұ м б а қ* шешкенде, бала көбінесе сөзін, маңызын емес, шешуін ойлайды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қазақ халқы *ж ұ м б а қ т ы* адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген, сондықтан жар таңдаған жастар, ақындар, ел ішіндегі шешен, би т.б. данагөй, қадірменді адамдар бір-біріне *ж ұ м б а қ* жолдап, ақыл-ой сынасып, таным салыстырған (ҚҰЭ). **2.** а у ы с. *Белгісіз мән, жасырын сыр.* Шеш көңілімнің *ж ұ м б а ғ ы н*, Әлде бәрі – алданыш. Жас жүрек жайып саусағын, Талпынған шығар айға алыс (Абай, Тол. жин.). Арып-шаршаған, неше күн бойы бел шешпеген партизандарды алда не күтіп тұр, бәрі – *ж ұ м б а қ* (Ә.Шәріпов, Партизан.). Толық біздің балалар үйіне қалай тап болғаны әлі күнге *ж ұ м б а қ* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Жұмбақ айтыс. ф о л ь к. *Ойды бұркемелеп айту, ойлап шешуге арналған халық ауыз әдебиетіндегі айтыс өнерінің бір түрі. Ж ұ м б а қ а й т ы с қ а* түсушілер ақындық қасиетімен қоса, тапқыр ойлы, табиғат құбылысына жетік, өмір сырын терең ұққан білімді адам болуы керек (Әдеб. термин. сөздігі). *Ж ұ м б а қ а й т ы с қ а* Сапарғали мен Нұржан айтыстары тән (Қазақ әдеб. тарихы). *Жұмбақ айтыстың* ең алғашқы түрі – қыз бен жігіт қайымдасуларында бір-біріне тосыннан сұрақ қойып, оған қолмақол жауап қайыруды өзара мақсат еткендіктен, көбінесе олардың жауаптасулары барынша жинақы, терең мағыналы болып келеді (ҚҰЭ).

Жұмбақ жанры. ә д е б. *Адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Ж ұ м б а қ ж а н р ы* дүниежүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар (ҚҰЭ). *Ж ұ м б а қ ж а н р ы н а* Аристотель «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора», – деп анықтама берген (ҚҰЭ).

Жұмбақөлең. әдеб. *Жұмбақты өлең түрінде айту*. Қожа Ахмет пен Әубәкірдің *ж ұ м б а қ ө л е ң і н д е* Әубәкір жұмбақтың шешуін өлеңмен жеткізген (Қазақ әдеб. тарихы).

ЖҰМБАҚСЫЗ с ы н. *Бүкпесіз, астарсыз.* – Исаке, не айтсаңыз да *ж ұ м б а қ с ы з,* әзіл-оспақсыз тура айтыңыз (М.Сүндетов, Ескексіз.). Одақтың көздейтіні: жазылған өлең, әңгімелердің басынан аяғына шейін мазмұны толық болуы; екі мағыналы, астарлы қыламын деп түсініксіз болып қалмауы; пікірінің *ж ұ м б а қ с ы з* ашықтығы (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖҰМБАҚТА= е т. *Астарлау, тұспалдау.* Әзімхан қою қара мұртын зымиян қимылдатып күлімсіреді. Сұлтанмахмұт туралы ойын тұспалдап, *ж ұ м б а қ т а п* айтты (Д.Әбілев, Арман.). Аты аталмай, *ж ұ м б а қ т а п* айтқан сөзді жаным сүймейді (З.Шашкин, Өмір.).

ЖҰМБАҚТАҒЫШ с ы н. *Жұмбақтап, астарлап, тұспалдап айтуға шебер (адам). – Ж ұ м б а қ т а ғ ы ш* болыпсың ғой өзің,– деді ол күліп (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖҰМБАҚТАЛ= е т. *Астарлану, тұспалдану. Ж ұ м б а қ т а л ы п* айтылған нәрселер қосарланып, өзіне сәйкес заттармен теңеліп келеді. Негізгі ойды ұшқыр сөз арқылы білдіреді (Әдеб. термин. сөздігі). Ежелден етене таныс 27 ауылдасы кәзір *ж ұ м б а қ т а л ы п* көрінеді шалға (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖҰМБАҚТАЛУ *Жұмбақтал етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМБАҚТАН= е т. *Құпиялану, түсініксіз күйде болу*. Істер ісі, қимылы күн сайын *ж ұ м б а қ т а н ы п* бара жатқан Петрушкиннен көз жазып қалмауды лейтенант Майлыбаевқа тапсырды (К.Тоқаев, Тасқын.). Осы күнгі шалдар біртүрлі қызық, әрі барған сайын *ж ұ м б а қ т а н ы п*, барған сайын қазымырланып барады (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖҰМБАҚТАНУ *Жұмбақтан етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМБАҚТАС= е т. *Астарлап сөйлесу.* Ұзақ түнге *ж ұ м б а қ т а с ы п* сөйлесіп, Табылатын күліп көңіл қоштары (Қ.Жармағанбетов, Баллада.).

ЖҰМБАҚТАСУ *Жұмбақтас етістігінің қимыл атауы.* – Анық білесіз бе? Кім айтты сізге? – Шай басындағы *ж ұ м б а қ т а с у д ы* шешпедің бе? Қоңыраттан келгенін сезіп, жай барламақ едім (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖҰМБАҚТАУ[1] с ы н. *Жасырындау, белгісіздеу.* Бұл қимылым Сырымға *ж ұ м б а қ т а у* көрінді білем, ол кескініме алақ-жұлақ қарады да:–Неге үндемейсің? О кісі мамама келгеніне көп болды ма? (Н.Габдуллин, Қызық дәурен).

ЖҰМБАҚТАУ[2] *Жұмбақта етістігінің қимыл атауы; ойды жасырып, шешімін табуға ыңғайлап, астарлап, тұспалдап сөйлеу.* Мен қысылып қалдым, екі бетім дуылдап шыға келді. Бұл қай *ж ұ м б а қ т а у ы?* (Б.Аманшин, Жар мұңы). *Ж ұ м б а қ т а у д а* дыбыс қайталаушылық пен тыңдаушының көңілін бөлушілікке көп мән беріледі (Әдеб. термин. сөздігі).

ЖҰМБАҚТЫ с ы н. *Астарлы, бүкпелі, құпиялы.* «Кейін айтпады деп жүрмеңдер, Ақәжеме түбі осы бала сор болады» деген *ж ұ м б а қ т ы* сөзі болмаса, ауылда әзір артық сөз шығарған жан жоқ (М.Дүзенов, Ақәже). Қонақ қолын Шайхы қатты қысты да, үй иесіне *ж ұ м б а қ т ы* көзқарас тастады (З.Шашкин, Ұядан ұш.). *Ж ұ м б а қ т ы* жазуларға қарап алып, Тастады хан алдына орамалын, Батырлар қозғалысып шапырласты, Ентелеп хан мен қызды орап алып (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖҰМБАҚТЫҚ з а т. *Бір нәрсенің белгісіздігі, түсініксіздігі, мән-жайының құпиялылығы.* Жүсіптің майының *ж ұ м б а қ т ы ғ ы* менің қарауымда бұрынғыдан да тереңдей түсті (Б.Майлин, Шығ.). Алған әсерлерімнің *ж ұ м б а қ т ы ғ ы* мені қинайтын және ептеп ұялатынмын («Лен. жас»).

ЖҰМБАҚШЫ з а т. *Жұмбақ айтқыш адам.* Бұрынғы кезде ел арасында *ж ұ м б а қ ш ы л а р* көп болған (Қазақ хал. жұмб.). *Ж ұ м б а қ ш ы* жігіт тақпағын бітіргенде жұрт ду күлісті (Қ.Жармағамбетов, Әнші.).

ЖҰМБАҚШЫЛ с ы н. *Жұмбақты айтқыш әрі шешкіш (адам).* Шыдамың жетіп білмесең, *ж ұ м б а қ ш ы л* қандай қыз сыры (Н.Шакенов, Менің гүлім).

ЖҰМҒА з а т. ж е р г. ***Жұма***. Біз мұнда *ж ұ м ғ а* күні келдік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰМҒЫЗ= е т. ***Жұмдыр***. Екі құлағы үздіксіз дыңылдап қалжыраған дене Еңліктің екі көзін еріксіз *ж ұ м ғ ы з ы п* еді (К.Оразалин, Ақ жазық).

Көзін жұмғызды *Арулап қойды, денесін жерге тигізді, жерледі.* Табалай алмады бұл дүшпан, Аялап тұрдың өзіңді. Өзіміз *ж ұ м ғ ы з д ы қ,* туысқан, Өзіңнің қыран *к ө з і ң д і* (А.Шамкенов, Жайлау.).

ЖҰМҒЫЗУ *Жұмғыз етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМДЫҚ з а т. ж е р г. *Ұйымшылдық.* Турасын айтсам, бұл сапарыңыз ерліктің сапары, *ж ұ м д ы қ т ы ң* жорығы (Х.Есенжанов, Тар кезең). Тек *ж ұ м д ы қ* керек, бірлік керек, өз хүкіметім өзгенікінен артық деген биік сезім мен азаматтық ар керек, – деп түйді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖҰМДЫР= е т. *Көзін аштырмау.* Мен оның екі көзін бірдей *ж ұ м д ы р а м ы н* (М.Әуезов, Шығ.). Жапал құшағы ерікке қоймастан екеуіне де көз *ж ұ м д ы р д ы.* Екі жүрек бірден дүрс-дүрс соғып, тәтті ләззат минуты баурап әкетті (А.Байтанаев, Қайнар.). Енді көзін *ж ұ м д ы р ы п,* екі қолын ілгері создырды (М.Дүзенов, Әке.).

ЖҰМДЫРУ *Жұмдыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМ-ЖҰМ з а т. о й ы н. *Алқа-қотан отырған көпшілік ойын бастаушының белгісі бойынша белгілі бір уақытқа жаппай үндемей, көз жұмып қалатын ойын; тымпи, үндемес.* Қыз тағы үндемеді. Әкесі тағы сағатына қарады. Енді оның жүзінде бір асыққандық, шыдамсыздық ишарат пайда болды. – Қалқам-ау, бірдеме десейші, осылай *ж ұ м-ж ұ м* ойнағандай үндемей тұрамыз ба? (І. Есенберлин, Қатерлі.).

ЖҰМЛА ү с т. ***Жұмлә***. Түсірді ордаға енді әкеп Залды. Май мен ет, алдарына қойды балды. Той қылды тамашалы үш күн ұдай, Жидырып жар шақыртып *ж ұ м л а* жанды (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Бір көруге зар қылдың. *Ж ұ м л а* ғайып ірандар Мәдеткер болғыл балама (Қыз Жібек).

ЖҰМСА= е т. **1.** *Біреуді бір жерге бір жұмысты орындап келуге, атқаруға жіберу.* Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген Дереу сені *ж ұ м с а й д ы* бір жұмысқа (Абай, Тол. жин.). Қызыл әскер жаққа да кісі жіберді, онан жауап та алды. Степановтың әскерінің ішіне адам *ж ұ м с а п,* олардың ішінен өзіне серік те тауып алды (С.Шарипов, Бекболат). – Әжеңе бар, сәлем бер. Атекең де ертеңдер келіп қалар, ел арасындағы бір жұмысқа шақырып кеткен,– деп апасы Шоқанды әжесіне *ж ұ м с а д ы* (С.Бегалин, Шоқан асу.). **2.** *Күш салыну.* Сондықтан алдыңғы нәрселерді жасауға жұмсалатын өнер – тіршілік үшін жұмсалатын тірнек өнері болады да, соңғы нәрселерге *ж ұ м с а л а т ы н* өнер – көркемшілік үшін көрнек өнері болады (А.Байтұрсынов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Бір нәрсені пайдалану, жарату, іске асыру.* «Барлық малымды, жер-суымды *ж ұ м с а с а м* да Айшаны алмай жер үстінде тірі жүрмеспін» деп Зікірияның ант-су ішкені өтірік пе? Бәрі рас (С.Шарипов, Бекболат). Сиыр мен мынау алтын – қойға деді, Аналар қатын алсам, тойға деді. *Ж ұ м с а р м ы н* мұнан соңғы алтындарды Қаражат, киім-кешек бойға деді» (А.Байтұрсынов, Шығ.). Келе ме осы ісіміз дұрыстыққа? Көбіне көрінсе де сән болғандай. Адамды мал орнына *ж ұ м с а у ы м ы з,* Бір емес бар қазаққа ғәм болғандай (М.Дулатов, Шығ.).

Күш жұмсады [көрсетті]. *Мықтылық жасады, тізе батырды, өктемдік етті.* Зор кеуде адамзаттың айласына, Көнбей бүгін *к ү ш і м д і к ө р с е т к е н м і н.* Екі езуім көпіріп айғайласам, Шын құтырсам, шың тасты тебіренткенмін (Абай, Тол. жин.).

Қол жұмсады. э в ф е м. *Ұрды, соқты.* Сенің қолыңда күш, билік бар. Өз мақсаттарыңа жету үшін, бәлкім, *қ о л ж ұ м с а р с ы ң д а р.* Бірақ өзімнің жанымның адалдығына кәміл сенем (К.Тоқаев, Түнде.). – Кешір, Мархаба, сен үшін оған *қ о л ж ұ м с а д ы м.* Мұным дұрыс та емес шығар (С.Сматаев, Армысың.).

ЖҰМСАҒЫРАҚ с ы н. **1.** *Жұмсақтау, жайлырақ, мамығырақ.* Інісі әлсірегеннен бері күнде төсек саларда дәл осылай оның астын *ж ұ м с а ғ ы р а қ* етуге тырысып, түйіртпек бірдеңе болса қолымен жазып сипап отыратын (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** а у ы с. *Бостау, көңілшектеу.* – Көрдің бе, анау Полканның сенен гөрі көңілі *ж ұ м с а ғ ы р а қ* (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.). **3**. а у ы с. *Құлаққа жағымдырақ, жылырақ.* Безерген кемпірдің сол баяғы саңқылдақ даусы, бірақ бұл жолы Хакімнің құлағына мейірімділеу, *ж ұ м с а ғ ы р а қ* үн естілгендей болды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖҰМСАҒЫШ с ы н. *Жұмсай бергіш.* Өзі жатып, Көзін сатып, «Алшы, алшы!» деп *ж ұ м с а ғ ы ш* (І.Жансүгіров, Шығ.). Тіл алғыш шапшаң баланы әркім-ақ *ж ұ м с а ғ ы ш.* Бекжан одан да қашпас еді. Бірақ құр қол қайратымен өз совхозына қосқан үлес салмағын қомсынғандай («Лен. жас»).

ЖҰМСАҚ с ы н. **1.** *Мамық, ұлпа, ұлпілдек, биязы.* Оның төсеніштері де сәнді, *ж ұ м с а қ,* жылы екен (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қылшықтың басқа түрлеріне қарағанда түбіт *ж ұ м с а қ,* биязы және созылмалы келеді (М.Ермеков, Қазақст.). *Ж ұ м с а қ* төсекте,

жылы үйде тамағы тоқ жатқан... жанын ашытып, үйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен (Абай, Тол. жин.). **2.** *Қатты емес, былпылдақ, езіліп тұрған немесе әбден піскен.* – Жуырда ініміз екеуміз аңға шығып ек,– деді ұста, – ұрғашысы кезігіп қалды. Мұның да еті *ж ұ м с а қ* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Үй құстарының ішіндегі ең салмағы ауыры – күркетауық. Күркетауықтың еті *ж ұ м с а қ,* тәтті, дәмді келеді (Құс өсіруші.). **3.** а у ы с. *Жағымды, сүйкімді (дауыс).* – Алтай, келіп шайыңды іш!–деген апасының *ж ұ м с а қ,* сүйкімді даусы оның ой тізбегін үзіп жіберді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Даусы *ж ұ м с а қ* құлаққа жағымды естілгенімен Меңдіханның сөздері кедір-бұдыр шыға берді (Ж. Жұмаханов, Солдат.). Үйге барып жеке сөйлессек қалай болар еді?– деді Жұма еркелеткен *ж ұ м с а қ* дауыспен, Балымай нұсқаған орындыққа отырып жатып (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). **4.** а у ы с. *Жайлы, жайдары. Ж ұ м с а қ* мінезді, кішіпейіл Хамит кеше күні бойы Таврия ауданын аралатқан (Ә.Нұршайықов, Алтын.). Қоспан жуас, мінезі *ж ұ м с а қ* болғанмен қайратты, қажырлы еді (Т.Ахтанов, Боран). **5.** а у ы с. *Жағдайлы, қолайлы, жылы (күн райы).* Жері бай, топырағы құнарлы, суы мол, ауа райы *ж ұ м с а қ* Яксарты, Харчук өлкелері ежелгі қышпақтардың ата қонысына айналған (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). «Болды, міне, дәл алты ай, Жаттың ұйықтап, еркетай. Ұйқың қанды, тұр, қозым, Аш көзіңді, жұлдызым!» – Деп маңдайдан ақырын *Ж ұ м с а қ* жылы сәулемен Сипап жерді Күн күлер (М.Жұмабаев, Шығ.). – Сіз осы мана бір сөзіңізде биыл қыс *ж ұ м с а қ* болады дегендей ғып едіңіз. Оған шын сенесіз бе? (М.Дүзенов, Әке.). **6.** а у ы с. *Жанға жайлы, майда (тіл, сөз).* Пана боп, өзің сақта, құдіретім, Кімде-кім балапандай қалса жетім! *Ж ұ м с а қ* тіл, көңілі қатты залымдардан Ете гөр жетімдерден аулақ бетін! (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ғылымның науқасты жалғыз дәрімен ғана емес, *ж ұ м с а қ* тіл, жылы шыраймен де емдеу керек деген қағидасын Есімбек жақсы білетін (Е.Оразақов, Дәрігер.). Ол – ортадан жоғарылау талдырмаш денелі, бет сүйегі қушықтау, ашаң өңді, ақсұрлау бұжыр кескінді, үлкендеу қара көзді, даусы ақырын, сөзі *ж ұ м с а қ,* сылбырлау сөйлейтін адам екен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жұмсақ балшатыр з а т. ө с. *Айлаулықтар тұқымдасына жататын, биіктігі 15-35 см көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж ұ м с а қ б а л ш а т ы р* мамыр-маусым айларында гүлдейді, жемісі маусым-шілдеде піседі (Ә.Исамбаев,.. Халық мед. дәр. өс.). *Ж ұ м с а қ б а л ш а т ы р* шөбінің тұндырмасы тыныс жолдарының және өкпе құрты, асқазан, әйелдердің жыныс бөліктерінің, жемсау, бауыр, бүйректің қабынуы ауруларына ем (Ә.Исамбаев,.. Халық мед. өсімд.).

Жұмсақ валюта. э к о н. *Өзінің атаулы құнымен және басқа валюталардың бағамымен салыстырғанда тұрақсыз валюта* (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

Жұмсақ жел. *Жай, ақырын соққан жел.*

Жұмсақ қолдылық істеу. *Көңілге қараушылық.*

Жұмсақ су. х и м. *Құрамында кальций мен магний карбонаттары аз, кермектігі 1,5-3,0 мг-экв/дм³ аралығындағы су.* Бұл заттектер көп болғандағы судың кермектілігі ұғымына қарама-қарсы мағына. *Ж ұ м с а қ с у* тобына жаңбыр, еріген қар және мұз сулары жатады (Қаз. тілі термин. Су.).

Жұмсақ таңдай. а н а т. <лат. palatum molle> *Ауыз қуысын мұрын қуысынан бөліп тұратын қатты таңдайдың артқы жалғасы. Ж ұ м с а қ т а ң д а й д ы ң* артқы доғасы (бос ұшы) ауыз қуысынан жұтқыншаққа шығатын тесік – есіннің төбесін құрайды (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж ұ м с а қ т а ң д а й д ы ң* ауыз қуысы жағындағы беті көп қабатты жалпақ эпителиймен, ал аңқа (мұрын қуысы жағы) беті бір қабатты көпқатарлы кірпікшелі эпителиймен астарланған (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұмсақ ұлпа. <лат. pulpa> *Тіс қуысында орналасқан тістің жұмсақ бөлігі. Ж ұ м с а қ ұ л п а д а* қан тамырлары мен жүйкелер көп, жіңішке талшықты борпылдақ дәнекер ұлпасынан тұрады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҰМСАҚТА= е т. *Жұмсақ ету, жайлы ету.* – Мұқатайға жылы қостың ішіне *ж ұ м с а қ т а п* төсек салып бер. Кешке дейін ат соғып шаршаған шығар, рақаттанып дем алсын,– деді (Б.Тұрсынбаев, Айнымас дос).

ЖҰМСАҚТАН= е т. *Жұмсақ күйге түсу, жұмсару.* Адамның қарыны ашса, панкре – ас безінің көлемі кішірейіп, бозарып *ж ұ м с а қ т а н а д ы* (А.Даиров, Хирург.).

ЖҰМСАҚТАНУ *Жұмсақтан етістігінің қимыл атауы*

ЖҰМСАҚТАУ[1] с ы н. **1.** *Топырағы бос, құмды (жер).* Аэроплан салдыр-күлдір құлағанда сол *ж ұ м с а қ т а у* төмпешіктерге дәл келіпті (І.Жансүгіров, Әңгім.). **2.** *Піске жұмсақ, піскен.* Еттің *ж ұ м с а қ т а у,* майлау жерлерін саусағымен тіміскілеп теріп алып қарпып асап, балп-балп шайнап, әбден берекесін кетірді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Сыртқы *ж ұ м с а қ т а у* қабат – қабық, ішкерірек жатқан қатты қабат – сүрек, сабақтың ортасында өзек көрінеді (Ботаника).

ЖҰМСАҚТАУ[2] *Жұмсақта етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМСАҚТҮК з а т. ө с. <лат. malachium> *Қалампыр тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Қазақстанның барлық су қоймаларында, сортаңды жерлер мен бау-бақшаларда, кейде шалғындар мен орман алқаптарында су *ж ұ м с а қ т ү г і* өседі (ҚҰЭ).

ЖҰМСАҚТЫҚ з а т. **1.** *Үлпілдектік, ұлпалылық.* Бір жақта жез құлақты темір төсек, Үстіне ақ одеял қойған төсеп, Бас жағында жібек тыс екі жастық, *Ж ұ м с а қ т ы ғ ы* басқанда мақтаға есеп (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Қазақтың оңтүстік мериносының жүні, негізінен, 60–70% сапада *ж ұ м с а қ т ы ғ ы,* жылтырлығы, талшығының жіңішкелігі өн бойында біркелкі болып келеді (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). **2.** а у ы с. *Жайлылық, жайдарлылық, қатаң еместік.* Бұл мен үшін күтпеген *ж ұ м с а қ т ы қ* болды. Редакциядан есебімді алғанда, конфискацияланған газеттің құны үшін бухгалтерия менен 45 сом ұстап қалды (С.Мұқанов, Есею жыл.). – Осы Дөңбаевтың жанында бір *ж ұ м с а қ т ы қ* бар сияқты, жолдастар, байқайсыңдар ма?.. Жан нәзіктігі жақсы, бірақ ол ынжықтық болмасын (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Жабай өз бойының кемшілігін де қазбалап, кей адасуларын ініні *ж ұ м с а қ т ы ғ ы н а н* да көрді (А.Жақсыбаев, Бөгет).

ЖҰМСАЛ= е т. **1.** *Бір жұмысты атқаруға, орындап келуге жегілу, жіберілу.* Сіріңке қара жатқан үйдегі чемоданды алып келуге *ж ұ м с а л д ы.* Шарт мынандай: чемодандағы спирт бағасы ұтыс ақшамен төленеді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **2.** *Жаратылу, пайдаланылу.* Ұлы Отан соғысы басталып, барлық ер-азамат майдан қамына кірісті. Барлық күш, барлық ғылым жеңіс жолына *ж ұ м с а л д ы* (С.Бегалин, Уақыт.).

Жұмсалған су. с у ш а р. *Өсімдіктің өсіп-өнуі және дамуы кезінде суаруға жұмсалатын судың жалпы мөлшері.* Кейбір жағдайларда бір тонна өнім алу үшін *ж ұ м с а л ғ а н с у* мөлшері де болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖҰМСАЛУ *Жұмсал етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Белгілі бір істі орындауға жегілу, жіберілу.* Кім біледі, жасынан *ж ұ м с а л у д ы* ғана біліп, айтқанға жүре беретін үйреншікті бас июге мойын созды ма, әлде өмірі ешбір жаңға қиянат етіп көрмеген жан өзіне де ешбір адам зиян етпейді деп түсінді ме екен! (Х.Есенжанов, Тар кезең). **2.** *Жаратылу, пайдаланылу.* Адам ойының қолы жеткен барлық табыстары ұрпақ игілігіне *ж ұ м с а л у ғ а* міндетті (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ЖҰМСАЛЫН=ет. *Пайдаланылу, қолданылу.* Белоктар көбінесе дене құрылысына, клеткалар мен тканьдердің құрамына керекті зат болып саналады. Қажетті жағдайда тән қуатына да *ж ұ м с а л ы н а д ы* (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.). Бірақ та бүгінгінің бұл тынысы, Болмасын әсте бір күн іркілісі. Бастайық соған жорық жауынгерше. *Ж ұ м с а л ы н с ы н* кен жұртының бүкіл күші! (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

ЖҰМСАЛЫНУ *Жұмсалын етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМСАР= е т. **1.** *Жұмсақ болу, босау.* Қозықұйрық әбден *ж ұ м с а р ғ а н д а,* оларды кесектеп турайды да, қайнаған суға салып әбден піскенше қайнатады (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). Ауксин гормонының әсерінен қабықша мицеллары кейде *ж ұ м с а р ы п,* кейде қатайып отырады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). В.Н.Китаевтің әдісімен өңделген сабан жақсы *ж ұ м с а р ы п,* ондағы лингин мөлшері азаяды, мал оны жақсы жейді (Қ.Құсайынов, Сабан). **2.** а у ы с. *Райынан қайту, басылу, бәсеңдеу.* Бағанағыдай емес, сыртқа шыққанда қашпағаныма полиция бізге біраз болса да *ж ұ м с а р ы п* қалыпты (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Түһ, мынаны жын қаққан шығар,– деді Салиқа оны итеріп. Бірақ алғашқыдай емес, даусы *ж ұ м с а р ы п* қалды (Т.Ахтанов, Дала сыры). Сөйтті де, даусы бірден *ж ұ м с а р ы п:* – Ғапу етіңіз, бикеш, біздің іздегеніміз сіз емес екенсіз, – деп Лиданың документін қайырып берді де, жөніне кетті (Ә.Шәріпов, Қапаста.). **3.** *Суықтың ызғары қайту, жылу.* Етек-жеңді жаздырмайтын ертеңгі суық леп сәске түске *ж ұ м с а р а* бастады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Мен де сыртқа шықтым. Жұрт тарап кетіпті. Аяз *ж ұ м с а р ы п,* аспан бұлттанып тұр (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖҰМСАРҒЫШ с ы н. *Жұмсара бергіш, жақсы жұмсаратын.* Өсімдіктердің кейбір ірі түрлері ауа райына қарай өзгергіш, *ж ұ м с а р г ы ш* келеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

ЖҰМСАРҒЫШТЫҚ з а т. *Тез жұмсарушылық, балқығыштық.* Дегенмен, бұл пластмассалардың тиімсіз жері де осы оңай *ж ұ м с а р ғ ы ш т ы ғ ы* (Н.Нұрахметов, Дархан хим.).

ЖҰМСАРТ= е т. **1.** *Мамық ету, көпсіту.* Тектіғұл жамбасы тесіліп қиналғаннан, аға-жеңгесінен сол төсекті күн сайын бір қақтырып, *ж ұ м с а р т ы п* салуға тілек ететін (М.Әуезов, Қараш.). **2.** *Тіске басуға жұмсақ ету, босату.* Сабанды *ж ұ м с а р т ы п,* мал оны толық пайдалану үшін және оны әртүрлі зиянды микробтардан тазарту үшін, сабанға қайнаған су құяды немесе ыстық бумен булайды (Қ.Құсайынов, Сабан.).

ЖҰМСАРТҚЫШ с ы н. *Жібіткіш, жұмсартатын (дәрі, май).* Кендір тұқымының қайнатпасын оның 2 ас қасығына екі стакан қайнаған су құйып әзірлейді де, *ж ұ м с а р т қ ы ш*

дәрі ретінде ішеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). «Өндірілетін мұнай өнімдерінің сапасы жақсартылсын, шығарылатын жағар май, *ж ұ м с а р т қ ы ш* май, мотор отыны сорттарын одан әрі бірыңғайландыру жүзеге асырылсын» депті («Парасат»).

ЖҰМСАРТҚЫШТАР зат. хим. *Ұшпайтын немесе нашар ұшатын органикалық қосылыстар. Ж ұ м с а р т қ ы ш т а р* өңделетін затпен химиялық реакцияға түспейді, бірақ оған жұмсақтық, иілгіштік қасиет береді (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҰМСАРТҚЫШТЫҚ с ы н. *Жібіткіштік, жұмсартушылық.* Алыстан естілген оркестр күйі әрқашан жез трубалардың үндерін басыңқырап, *ж ұ м с а р т қ ы ш т ы қ* қасиетке ие келеді («Қаз. әдеб.»).

ЖҰМСАРТУ *Жұмсарт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қопсыту, босату.* Өсімдіктің түбін *ж ұ м с а р т у* топырақта ылғал мен ауаның мол болуына әсер етеді (Т.Таубаев, Жасыл әлем.). **2.** *Биязы, жұмсақ қалыпқа келтіру.* – Көктеп қойыпсың және мына тігетін жерін су бүркіп *ж ұ м с а р т у* қажет (А.Сарбөпин, Аспалы бесік). Бұдырланған, жарықшалары көп теріні *ж ұ м с а р т у* үшін жылытылған өсімдік майынан істелген кішкене ванна жақсы әсер етеді (О.Сейкетова, Тері. күту.). **3.** *Босаңсыту, иліктіру.* Дәметкен сырғақсуын *ж ұ м с а р т у д ы ң* орнына нығайта түсті (С.Мұқанов, Шығ.). Жабайы мінез. Кісіге жұғымы жоқ дөрекі мінез. Кең дүниені тарылтып тұратын жабайы мінезін *ж ұ м с а р т у* еді (Д.Досжанов, Кісі.). **4.** г е о л. *Қорытпаларды қыздырып өңдеудің бір түрі.*

ЖҰМСАРТЫҢҚЫРА= ет. *Бәсеңдетіңкіреу, әлсіретіңкіреу.* – Жолдас Сәлменова, – деп ол тағы да қайталады, дауысын *ж ұ м с а р т ы ң қ ы р а п.* – Сен қазір үйіңе қайт. Балаң науқастанып қалған көрінеді (С.Шаймерденов, Мезгіл).

ЖҰМСАРТЫҢҚЫРАУ *Жұмсартыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМСАРУ *Жұмсар етістігінің қимыл атауы; босаңсу, улігу.* Крепостнойлық право жыл сайын *ж ұ м с а р у* орнына қатайып барады. Бұл ел капиталистік елдердің соңынан сүмеңдеуде, өндіріс күші әлсіз (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қалбергеннің сөзінен кейін Қалбағайдың қарыса беруіне жол қалмады. Қоймай езеуренсе де, *ж ұ м с а р у ғ а* тура келді (Р.Сланов, Арман ағысы).

ЖҰМСАС= е т. *Сілтесу, шаншысу. Ж ұ м с а с т ы* оны қойып найза, қылыш, Олар да бала ойынындай болды бір іс (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Ал, сонсоң? Дауыл соқты да, Далада көздер арбасты, *Ж ұ м с а с т ы ң* садақ, оқты да, – Көп көзді топырақ, қар басты (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

ЖҰМСАСУ *Жұмсас етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМСАУ *Жұмса етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір істі атқаруға, орындауға жіберу.* Жұмыстан бос уақытың Билігі енді өзіңде. *Ж ұ м с а у ғ а* байдың әлі жоқ Бос отырған кезіңде (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Сілтеу, қолдану.* Өзі тікелей ұрысқа қатыспайтындығынан хан көптен бері сойыл, найзаны *ж ұ м с а у д ы* ұмытқан (І.Есенберлин, Алмас.).

ЖҰМСАУЛЫ с ы н. *Жұмсалынған, жұмсап қойған.* Ескі замандарда қойшы-қолаңдар байлардың *ж ұ м с а у л ы* құлы еді ғой («Қаз. әдеб.»).

ЖҰМСАУСЫЗ с ы н. *Іске аспайтын, пайдаға жарамсыз.* Бұл *ж ұ м с а у с ы з* бос жатқан капитал, яғни пайда келтірмейтін капитал (Қысқ. саяси экон.).

ЖҰМСАУЫҚ с ы н. *Біреуді жұмсай беретін, жұмсағыш.* Ертеде бір әйел өте *ж ұ м с а у ы қ* болыпты, көрінген адамды жұмсай беріп елдің мазасын алып, азар да безер қылыпты, өзі де елге жексұрын болыпты (Қаз. ертегі.).

ЖҰМУ *Жұм етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Кірпіктерді айқастырып жабу.* Жұпар исі аңқыған Ектім гүлдің мынасын; Көз *ж ұ м у ғ а* шама жоқ – Көз алдымда тұрасың (С.Сейітов, Бетпе-бет). **2.** *Көз іліндіру, ұйықтау.* Болмады көріп қалуға, Есітіп біраз сөзіңді. Шыдар ем бір ай жатуға, Ұзақ түн *ж ұ м б а й* көзімді (Абай, Тол. жин.).

Көзді жұму. а) *Білсе де білмегенсу, көрсе де көрмегенсу, біле тұра еш нәрсе жасамау.* Болар еді аса жайлы маған да Бауырым бүтін, қара басым аманда. *К ө з д і ж ұ м у,* тілді күрмеу, үндемеу, Бүліктерін басшылардың тілдемеу (Ә.Тәжібаев, Жартас).

ЖҰМУЛЫ с ы н. *Көздің, ауыздың, қолдың ашық емес, жұмылған қалпы.* Иығымда сіздің шаш Айқаласып тайталас. Ләззат алсаң болмай ма, Көз *ж ұ м у л ы,* көңіл мас (Абай, Тол. жин.). Енді аузы *ж ұ м у л ы,* үні әрі көмейде, өзімен-өзі болып ақ бас бураша күрілдеп келеді (Ғ.Мүстафин, Көз көрген). Атама қарасам көзі *ж ұ м у л ы,* кірпігі білінер-білінбес қана қыбырлайды (Б.Нұржекеев, Бір өкініш.).

ЖҰМУСЫЗ с ы н. *Ашық, жабық емес, жұмылмаған.* Қан майданда аузы *ж ұ м у с ы з,* тісі ақсиып жатқан адамдарды көре-көре етің де үйреніп кетеді екен («Қаз. әдеб.»).

ЖҰМЫҚ с ы н. **1.** *Кішкене сығырайған, сәл қысыңқы.* Байғалидың баласы Ысқақ дейтін – *ж ұ м ы қ* көз бұғақты сары жігіт (Б.Майлин, Шығ.). Былдырған быдық сөздерде – Салдырлаған тастар бар, Сығырайған *ж ұ м ы қ* көздерде

– Тамып кетсе жанды улайтын жастар бар (С.Мәуленов, Шалқар.). **2.** а у ы с. *Білігі аз, ойы саяз, соқыр.* Мына сияқты қос қара көк аты бар, қасында хан Жаншадай пыркаролы бар сарғасқа жігіт *ж ұ м ы қ* болушы ма еді (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Кітап – көзі *ж ұ м ы қ қ а* арзан, көзі ашыққа маржан (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.). Атың емес, Жұмық-ай, ойың *ж ұ м ы қ,* Бір басыңнан шығады нелер қылық (Үш ғасыр.).

ЖҰМЫЛ= е т. **1.** *Көздің жабылуы.* Құрманның жанары ішіне кіріп, кірпігі айқасып, көзі *ж ұ м ы л ы п* барады екен (З.Ақышев, Ақбел.). **2.** *Саусақтың бүгілуі, түйілуі.* Нағашысы кеңк-кеңк күлді. Абзал да оның *ж ұ м ы л ғ а н* дәу жұдырықтарын көріп, күліп жіберді (К.Қазыбаев, Аманат). Сол қолы *ж ұ м ы л ғ а н* күйінде, аяғын ақырын қозғап ілгеріледі (К.Оразалин, Ақ жазық). **3.** а у ы с. *Бірігу, күш қосу, ұйымшылдықпен іске кірісу.* Көшпенділердің көбі дұрысталып, орын теуіп, *ж ұ м ы л ы п* кәсіпке кірісті (Б.Майлин, Шығ.). Қайраттана, қаттана, Қалың ел қауырт шүйіліп, Серпіле, сертпен аттана, Шықты егіске *ж ұ м ы л ы п* (Т.Жароков, Шығ. жин.). Еңбек етсең емерсің деген халық аузында нақыл бар, сол еңбекке *ж ұ м ы л а й ы қ!* – деп бітірді Дәулетов сөзін (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Олар *ж ұ м ы л а,* жымдаса, үйлесе қимылдаушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Аузы жұмылды. *Үндемей қалды, дыбысы шықпады.* Бекболаттың *а у з ы ж ұ м ы л ғ а н* соң-ақ жұлып алғандай: – Мың жылда да сендер ол жылқыны ала алмайсыңдар, – деді (С.Шарипов, Шығ.).

Жұмыла кірісті. *Бір істі жабыла істеді.* Әдебиетіміз қаншама жоғары дәрежеге көтерілсе де, келешегіміз мол, міндетіміз зор, олай болса, осы мәселені шешуге *ж ұ м ы л а к і р і с у і м і з* қажет (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.). Баланың істейтін ісі назарын аударарлық, қызықтырып әкетерлік болса ғана, ол орнықтылықпен *ж ұ м ы л а к і р і с е д і* (Семья тәрбиесі).

Көзі жұмылды. *Өлді, о дүниеге кетті.* «Балам...» депті соңғы сөзі, Тіл қатпапты одан басқа. *Ж ұ м ы л ы п т ы* екі *к ө з і* Қайтып маған қарамасқа (Ә.Тәжібаев, Жастық.). Таң ата үйден ұрландың, Күн шыға *к ө з і ң ж ұ м ы л д ы.* Өлерде қалай тырбандың. Мойыныңа тұзақ кім ілді? (Х.Ерғалиев, Күн күмбез).

ЖҰМЫЛҒАНША: **көзі жұмылғанша.** *Өлеөлгенше.* Қанша ғұмырым қалғанын кім білсін, *к ө з і м ж ұ м ы л ғ а н ш а* қайғы көрмесем, алғанмен баламның дүзеңбегі жарасып татутәтті тұрса, немере сүйсем, арманыма жеткенім (Ә.Ахметов, Былғары.). Қашан *к ө з і ң ж ұ м ы л ғ а н ш а* бала деген бауыр етіңді езіп бітеді емес пе, сол кенжеміздің қыстай бойы мұздамасыншы деп, шешесі жанталасып, түлкі ішік тігуді ниет еткен («Қаз. әдеб.»).

ЖҰМЫЛДЫР= е т. *Жаппай қатыстыру, ұйымдастыру.* Бұл жағдай күрес жолындағы ең мықты мызғымайтын қозғаушы күшті – патриоттық рухты қозғап, бүтін халықты жаумен күреске *ж ұ м ы л д ы р д ы* (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Түбі керек болады деп Шамалған өзенінің бойына жас талдар тіктірді. Бұған мектеп балаларын *ж ұ м ы л д ы р д ы* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Қазақстанда бостандық аңсаушы бөгде ойдағыларды қуғындау сотпен ғана шектеліпті қойған жоқ, бұған үкімет МҚК және ІІМ сияқты қаһарлы мекемелерді де кең көлемде *ж ұ м ы л д ы р ы п* отырды («Егемен Қазақстан»). – Хош, жұрттың бәрін канал құрылысына *ж ұ м ы л д ы р д ы қ,* қыстың күні қыруар малды қалай асырайды колхоз (Ж.Тілеков, Хинган асуы.).

Жұмылдыра қанат жаю. ә с к. *Қарулы Күштердің бейбіт уақыттағы ұйымдар мен штаттардан соғыс кезіндегі штаттар мен ұйымдарға өтуі. Ж ұ м ы л д ы р а қ а н а т ж а ю ғ а* мыналар енеді: бөлімдерді жеке құраммен, ұрыс техникасымен, қару-жарақпен, көлікпен жасақтау және әскерді жабдықтармен, жанар-жағармай, азық-түлікпен қамтамасыз ету; жаңа бөлімдер мен бөлімшелер, құрамалар құру үшін кадрлар бөлу; флот кемелерін консервациядан қатарға қосу және оның құрамына сауда флоты кемелерін шақыру; жұмылдырылған әскердің оперативті іс істеуге тағайындалған пунктке дер кезінде кетуін ұйымдастыру (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖҰМЫЛДЫРҒЫШ с ы н. *Ұйымдастырғыш, бірлестіргіш.* Жұртшылықты *ж ұ м ы л д ы р ғ ы ш* қуатын, адамды өз күшіне сендіргіш әсерлілігін айтпағанның өзінде, осындай үш сөздегі үш бірдей үндес дыбыстардың ұштасуы қандай әсем! (М.Әлімбаев, Өрнекті сөз.).

ЖҰМЫЛДЫРУ *Жұмылдыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ұйымшылдықпен іске кірістіру, күш қостыру.* Ауыл жұртшылығын ұлы іске *ж ұ м ы л д ы р у* жалаң әкімшілік жасауды көтермейді (С.Алдабергенов, Асу). «Қазақстан әйелдері» журналы қазақ әйелдерінің сауатын ашуда, оларды ескілікке қарсы күреске *ж ұ м ы л д ы р у д а* көп еңбек етті («Қаз. әдеб.»). **2.** <лат. mobilis> *Қарулы Күштерді соғыс жағдайына ауыстыру және елдің экономикасы мен мемлекеттік институттарын соғыс мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін қайта құру жөніндегі іс-шаралар кешені. Ж ұ м ы л д ы р у ғ а* дайындау бейбіт уақытта жүзеге асырылады, ал *ж ұ м ы л д ы р у д ы ң* өзі мемлекеттің мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленетін, жоспарға сәйкес соғыс қарсаңында немесе ішінара болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Әскери.). Ішінара

ж ұ м ы л д ы р у әскери қимылдар театрының бірінің аймағында орналасқан аудандарда жүргізіледі; ол елдің жекеленген әскери округтерін (флоттарын), облыстарын, өңірлері мен экономикалық аудандарын қамтиды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жұмылдыру туралы хабар. ә с к. *Барлық мүдделерді, қарулы күштердің барлық түрлеріндегі әскери бөлімдерді, әскери және азаматтық ұйымдарды жұмылдыру туралы үкімет шешімімен таныстыру. Ж ұ м ы л д ы р у т у р а л ы х а б а р*, яғни мобилизацияланғандарды (қатардағыларды, сержанттарды, запастағы офицерлерді) әскери бөлімге не әскери комиссариаттардың жинақтау бөліміне келу туралы жіберілген хабар әрі бұйрық болып саналады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж ұ м ы л д ы р у т у р а л ы х а б а р* беру (жазбаша, радио арқылы, баспасөзде және т.б.) өткізілген жұмылдыру ісінің сипатына (жалпы немесе жеке, ашық немесе жасырын) байланысты (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖҰМЫЛДЫРУШЫ зат. *Ұйымдастырушы, біріктіруші.* Еңбек өнімділігін арттыруға жастар қауымын *ж ұ м ы л д ы р у ш ы* да солар («Лен. жас»).

ЖҰМЫЛДЫРЫЛ= е т. *Жаппай іске қосылу, қатыстырылу.* Сосын, Құлсары темір-жол жүйесін жетілдіру мәселесіне байланысты құрылыс базасын жасауға бар күш *ж ұ м ы л д ы р ы л д ы* (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Көпшілік қолға алса көлдің суын да қотармай ма, барлық күш жаппай *ж ұ м ы л д ы р ы л ғ а н* соң, айналасы екі жетінің ішінде егін орағы еңсеріліп те қалды (М.Хасенов, Алғашқы ән). Мектепте көрнекті үгіт қана емес, сан алуан қоғамдық жұмыстар жақсы ұйымдастырылып, жұртшылықтың күші оқу-тәрбие ісін жақсартуға *ж ұ м ы л д ы р ы л д ы* («Қазақст. мұғ.»).

ЖҰМЫЛДЫРЫЛУ *Жұмылдырыл етістігінің қимыл атауы.* Бұл ауданда барлық күш-жігер, мүмкіндік малды қыстан аман алып шығуға *ж ұ м ы л д ы р ы л у д а* («Соц. Қаз.»). Жоспар халық бұқарасының барлық күш-жігері мен творчестволық қабілеті *ж ұ м ы л д ы р ы л у ы н* талап етеді (Қысқ. саяси экон.).

ЖҰМЫЛТ= е т. *Іске кірістіру, күш қостыру.* Жұмысына *ж ұ м ы л т ы п*, Еңбек шыңды жандарсың (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.). Жақсы менен жамандар сараланса, Бар жалқауды түп-түгел жиып-теріп, Еңбекке *ж ұ м ы л т а т ы н* шара болса (Ш.Смақанұлы, Көріп жүр.). Жаз өтті, кідіріссіз күз де келді, *Ж ұ м ы л т ы п* қыс қамына дүздегі елді (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

ЖҰМЫЛТУ *Жұмылт етістігінің қимыл атауы.* Аулының артта қалған айыпты ісі, Қалайша ауыртпайды ақын жанын? Жұртыңды *ж ұ м ы л т у ғ а* қарқынды іске, Жүр ме әлде жайың болмай, келмей бабың? (Айтыс).

ЖҰМЫЛУ *Жұмыл етістігінің қимыл атауы; жаппай бірігу, ұйымдасу, атсалысу.* Біздің жазушылардың осы өзгерістерді жырлауға ден салып *ж ұ м ы л у ы*, әрине, табиғи талап еді (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Ақтау алқабының малшылары Отан игілігіне осылайша қызмет етіп, қоғамдық малды өсіріп, өркендету жолында жан аямай еңбекке *ж ұ м ы л у д а* (Дала қырандары).

ЖҰМЫЛУШЫЛЫҚ з а т. *Бірлесушілік, ұйымдасушылық.* Бір жақсысы, соңғы кезде дәстүр, салт, ғұрып мәселелеріне жүртшылық та, қоғамдық ұйымдар да көп көңіл бөлуде. Мұндай жаппай *ж ұ м ы л у ш ы л ы қ* – бұл істің жемісті болуының бір кепілі (С.Байжанов, Сыр.).

ЖҰМЫЛЫҢҚЫ с ы н. *Жабылыңқы, қысылыңқы.* Әлгінде ғана алыстан дауыстағанда дыбыс берген жолдасының қасына таянғанда көзі *ж ұ м ы л ы ң қ ы* жатыр екен. Сірә ұйықтап қалған болар деп, күбірлеп шыға бергенде, әлгі жолдасы не іздеп жүрсіз дегені (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖҰМЫЛЫҢҚЫРА= е т. *Көзі жабылыңқырау, сығырайыңқырау.* Жүзі қызара бөртіп, көзі *ж ұ м ы л ы ң қ ы р а й* бастапты (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Елтігендей көзі *ж ұ м ы л ы ң қ ы р а п*, қасыма таяна берді де, шап етіп құшақтай алды. Шошып кеттім (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Аз отырыстан кейін қысық көздері *ж ұ м ы л ы ң қ ы р а п* тақуа жанның кейпіне енді (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖҰМЫЛЫҢҚЫРАУ *Жұмылыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМЫЛЫС= е т. *Бірлесу, ұйымдасу.* Тынбай үдеп сан түкпірден Өнер үйін салады. Еңбекші елі *ж ұ м ы л ы с ы п* Жаппай білім алады (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖҰМЫЛЫСУ *Жұмылыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМЫҢҚЫ ү с т. *Көзі сәл жабыңқы, қысыңқы.* Гүлжанның көзі *ж ұ м ы ң қ ы* жатқанмен аузы сөзден босар емес, әңгімесін тоқтатпай айтып жатыр (М.Дүйсенов, Гүлжан).

ЖҰМЫҢҚЫРА= е т. *Көзін жабыңқырау, сығырайтыңқырау.* Биікбай аз тоқтап, ақынның бетіне қарады. Ол көзін *ж ұ м ы ң қ ы р а п*, мүлде ойлы тыңдап қалған екен (С.Бақбергенов, Адам.). Көзін сәл *ж ұ м ы ң қ ы р а п*, миығынан күліп, ол рақаттана креслода созылды да, даусын төмендетіп, сөзін әрі жалғап кетті (Қ.Нұрмаханов, Дос лебізі).

ЖҰМЫҢҚЫРАУ *Жұмыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМЫР[1] с ы н. **1.** *Жұмыртқа сияқты жұп-жұмыр, доп-домалақ.* Ол толқын лақтырып тастаған үлкен *ж ұ м ы р* тастың үстінде отыр еді (З.Иманбаев, Солма. гүл). *Ж ұ м ы р* қойтастарға мен де, міне келіп жеттім. Түлкі шыға қашты (Ә.Көшімов, Қарт аңшы.). **2.** а у ы с. *Тығыршықтай, толық.* Жайлыбайдың әкесі Сырлыбай киелі бай, түйелі бай атанған төртбақ келген, *ж ұ м ы р,* жуан кісі еді (Б.Майлин, Шығ.). Жұматай аласа бойлы *ж ұ м ы р* қара. Қара қошқыл қасқа басын кең иығына мойынсыз қадап қойған сияқты (Т.Ахтанов, Боран). Нұрперзент оның жұп-жұмсақ *ж ұ м ы р* білегін әлі ұстап тұрғандай бір сезім туа берді (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). **3.** а у ы с. *Жинақы, мінсіз.* Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, Теп-тегіс, *ж ұ м ы р* келсін айналасы (Абай, Тол. жин.).

Жұмыр ағаш. ж е р г. *Үй төбесіне салатын ағаш, мәтке. Ж ұ м ы р а ғ а ш т ы* өзгертіп салу керек (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмыр басты пенде. *Адам атаулы.* Ерте ме, кеш пе *ж ұ м ы р б а с т ы п е н д е н і ң* бәрі өтеді дүниеден (Ж.Еділбаев, Сын сағатта). *Ж ұ м ы р б а с т ы п е н д е* атаулының сары майдай сақтайтын аяулы құпиясы болады. Адамдар содан азап та шегеді, рақат та табады («Қаз. әдеб.»). *Ж ұ м ы р б а с т ы п е н д е н і ң* өзі де осы шұғыла секілді-ау, – деді Мұхтар қаракердің басын тежеп, – кейбірі жарқ етіп туады да дүниені қызыл арайға бөлеп біраз тұрады. Сонсоң өледі (Бәйшешек).

Жұмыр білезік. к ө н е. *Күмісті жұмырлап, екі басын иіп түйістірген білезік.* Сал-серілердің күмістелген ер тоқым мен барлық әбзелдері жарқырап, кейбіреулері аттарының тұяғына күмістелген *ж ұ м ы р б і л е з і к* тағады («Жас Алаш»).

Жұмыр дорба. ж е р г. *Қойшының тамақ т.б. нәрсе салатын дорбасы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмыр жер. б е й н. *Жер шары, жер беті. Ж ұ м ы р ж е р д і ң* бетінде мұндай мол суды әлі күнге ешкім де осынша биіктікке көтеріп көрген жоқ (А.Сейдімбеков, Серпер). *Ж ұ м ы р ж е р,* барлық ел, бар адам Эфирге құлағын тосады. Ғажайып бір хабар тараған «Адам Марсқа ұшады!» (М.Рашев, Қанатты қиял). Оқ атпасын ешкім де Өмір деген тым ыстық. *Ж ұ м ы р ж е р д і ң* үстінде Бұзылмасын тыныштық (Ә.Дүйсенбиев, Көңілді.).

Жұмыр мүсін. ө н е р. *Мүсін өнеріндегі өз алдына сомдалып жасалатын шығармалар жанрының жиынтық атауы. Ж ұ м ы р м ү с і н* туындылары жан-жағынан көруге ыңғайлы болғандықтан, көрерменге шығарма мазмұны толығынан ашылады (ҚҰЭ). *Ж ұ м ы р м ү с і н і ң* басты нұсқалары: статуя, бюст, мүсіндік топ т.б. (ҚҰЭ).

Жұмыр тұяқ. *Жылқы малы.* Біздің үйде аяқ артарлық көлік те жоқ еді. *Ж ұ м ы р т ұ я қ т а н* қалған жалғыз қасқа тай былтыр күзде Мырық ағамыз бір ауылға мініп барған жерде үйлеп өлген (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖҰМЫР[2] з а т. **1.** *Күйіс қайыратын малдардың қарынының бір бөлігі, түрі.* Жұдырықтай *ж ұ м ы р* неге төймайды екен (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). – Пай-пай, қыстай *ж ұ м ы р ы* толып шөп жемеген бишаралар, құшырланып барын салып-ақ жатыр-ау (Т.Ахтанов, Боран). – Тоба, – деп ойлады Мақпал тауықтарға таңырқай қарап, – құс екеш құстың да ойлайтыны қу кеңірдек. Ала таңнан қара кешке дейін жұдырықтай *ж ұ м ы р ы* қалай төймайды екен осылардың (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). **2.** т а м а қ. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы мал қарнының ішіне сарымсақ, бұрыш, сәбіз, күріш, майлы ет тұрап салып, аузын түйреп сақтайтын тағам түрі. Ж ұ м ы р д ы* қарын, бүйен, кейде жылқының түп қарнынан жасаған. Оны күн ұзарған мезгілге сақтап, наурыз көжесіне қосып асатын болған (ҚҰЭ). **3.** қ о л ө н е р. *Алтын, күміс, ағаш, сүйек, тас, мүйізден жасалған заттарды айшықтап әшекейлеудің бір түрі.*

Жұмырына жұқ болмады. *Қарны тоймады, жұғын болмады.* Ол сорпаны керсендей ішеді, жуан бөлке нандар *ж ұ м ы р ы н а ж ұ қ б о л м а й д ы* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Шөпті жағалай салғанда екі жүз елу жылқының *ж ұ м ы р ы н а ж ұ қ б о л а т ы н е м е с* (І.Жансүгіров, Әңгім.). Ақтай екеуміз әлгінің қалғанын қақ бөліп жеп алғанымызда, *ж ұ м ы р ы м а ж ұ қ т а б о л м а д ы* (Б.Аманшин, Жар мұңы).

ЖҰМЫР[3] з а т. *Малдың қарнынан жасалған, сусын құятын ыдыс.* Қойшының қағанағы қарық, сағанағы сарық болды. Дорбадағы *ж ұ м ы р ы н* әкеп, сусын ұсынды (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). – Неге азғынсың, бай туысқаның тамаққа жарытпай ма? – деп сұрады, *ж ұ м ы р ы н а н* қою қойыртпағын құйып беріп отырып (Ө.Тұрманжанов, Адам.).

ЖҰМЫРАЙҚОҒА з а т. ж е р г. *Қоғаның түрі. Ж ұ м ы р а й қ о ғ а* малға азық болмайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰМЫРБАС: жұмырбас кесіртке. *Ешкіемер тұқымдасының бір туысы. Ж ұ м ы р б а с к е с і р т к е л е р д е* алқым (тамақ) қапшықтары болмайды. Түсі өзі тіршілік ететін топырақ түстес болып келеді (ҚҰЭ). *Ж ұ м ы р б а с к е с і р т к е л е р д і ң* барлық түрі жұмыртқа (1-7-ден) салып көбейеді (ҚҰЭ).

ЖҰМЫРҚИЯҚ з а т. ө с. *Малазықтық шөптесін өсімдік.* Жеуге жарамды, сіңімді шөптер: көде, бетеге, ақселеу, жауылша, торлау,

қызғалдақ (ветрянки), *ж ұ м ы р қ и я қ*. Бұл шөптердің бәрі тау мен биік құмдақ тасты, көгалды жерлерде өседі (Мұса Шорманов).

ЖҰМЫРҚҰРТ з а т. з о о л. **1.** *Адамның, малдың ішек-қарнында болатын құрт. Ж ұ м ы р қ ұ р т т ы ң* денесі жіптей жіңішке болып жаралған, оның екі шеті сүйірленіп біткен, ақшыл сары түсті (Ө.Қарамендин, Бұзау.). *Ж ұ м ы р қ ұ р т т а р* – аскаридалар адамның ішінде 9–12 ай өмір сүріп, өлерінде уын төгіп кетеді (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). **2.** в е т. <лат. haemonchus> *Қой мен ешкі малында жиі, ал ірі қара малда сирек кездесетін ауру; қылқұрт.* Кенже туған қозының күзге қарай тамағы ісіп, ұлтабарына қызыл құрт толып кетеді. Мұны қазақ *ж ұ м ы р қ ұ р т* деп те атайды (Х.Арғынбаев, Қаз этногр.).

ЖҰМЫРЛА= е т. *Бір нәрсені домалақтау, жұмыр ету.* Бұл аттарды алып келгенде, әкесі бармақ басындай ғып кескен қорғасынды балғамен ұрып *ж ұ м ы р л а п*, екі табанының арасына салып, шықырлата домалақтап отыр екен (Л.Нұрманов, Құлан.). Ақшасын төлеп, *ж ұ м ы р л а п* оратып, Ақылбай кілемді әкеліп машинаның артқы кабинасына кіргізді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.). Күмісті қорытып тазартып алған соң, оны шегенің үлкендігіндей етіп, ұзындығын 10–15 см шамасында *ж ұ м ы р л а п* соғады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҰМЫРЛАН= ет. **1.** *Домалақтану.* **2.** а у ы с. *Тығыршықтану, толықсу, оңалу.* Абай шегіне түсіп, бүйірден бір байқап қарап еді, жоны да *ж ұ м ы р л а н ы п т ы* (М.Әуезов, Шығ.). Мұраттың тұлғасы былтырғыға қарағанда кәдімгідей толысып, *ж ұ м ы р л а н ы п* қалған екен (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

ЖҰМЫРЛАНУ *Жұмырлан етістігінің қимыл атауы; тығыршықтану, толықсу.* Отыра кетуге ұялып тұрған жас қыздың енді ғана *ж ұ м ы р л а н у ғ а* бет алған тіп-тік денесі де түгел көзге түсіп қалды (F.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Жүдеу қалпымнан мен де тез таралдым, дені сау Ғабит тығыршықтай *ж ұ м ы р л а н у ғ а* айналды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖҰМЫРЛАУ[1] с ы н. *Аздап жұмыр келген, домалақтау.* Бері айналғанда көрді, томпақ ұрты мен үш жағы *ж ұ м ы р л а у* келген дөңес мұрнында сенім арттыратын әлсіз бір белгі көлең еткендей еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Жаяның сыртқы түрі *ж ұ м ы р л а у*, қомды келеді, салмағы 400 грамнан кем болмайды (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). Адай жылқысы биелерінің желіні *ж ұ м ы р л а у*, онша үлкен емес, ол сүтке тез толатындықтан жазда жиі сауылады (А.Иманғалиев, Адай жылқысы).

ЖҰМЫРЛАУ[2] *Жұмырла етістігінің қимыл атауы.* Металдарды қақтау, қуыстау, *ж ұ м ы р л а у*, домалақтау, шашақтау және тағы да басқа әдістермен жасау сияқты бірнеше түрге бөлуге болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҰМЫРЛАУЫШ з а т. *Жұмырлайтын, домалақтайтын зат.*

ЖҰМЫРЛЫҚ з а т. *Жұмыр болушылық, жұмырға тән ерекшелік.* Қалемше – белгілі ұзындықты және *ж ұ м ы р л ы қ т ы* көрсететін ұғым (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Жер бетінде 1 кулонды сыйғызу үшін *ж ұ м ы р л ы ғ ы* 900 м болатындай шар алу керек екен (К.Әбдіғапаров, Қызық. физ.).

ЖҰМЫРТҚА з а т. <лат. ovum> *Құстың, бауырымен жорғалаушылардың, жұмыртқа салушы сүтқоректілердің аналық жұмыртқа жасушасы.* Құс *ж ұ м ы р т қ а с ы* жануарлар организміндегі ең ірі клетка (макроклетка) (Қаз. тілі термин. Биология.). Тауық *ж ұ м ы р т қ а с ы* жұғымдылығы мен тез қорытылатындығы жағынан басқа азық-түліктерден ерекше көзге түседі (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.). Үсен жүгіріп барып сипалап жүріп, үйректің орнынан алты *ж ұ м ы р т қ а* тапты (Ы.Алтынсарин, Таңд. шығ.).

Жұмыртқа басты. *Балапан шығару үшін жұмыртқа шайқады.* Ұябасар *ж ұ м ы р т қ а б а с ы п* жатқанда аталық бүркіт ұяға келмейді, тек анда-санда ұябасар жатқан ұяның үстіне келіп, біраз қалықтап жүріп кетеді («Лен. жас»).

Жұмыртқадан жүн қырыққан. *Айласарғысы мол, жол тапқыш.* Айласын жұрттан асырған, жоқ жерден үнем тапқан. Ол *ж ұ м ы р т қ а д а н ж ү н қ ы р ы қ қ а н* (М.Әлімбаев, Шығ.).

Жұмыртқа жасуша. б и о л. *Дамып, жетілген аналық жыныс жасушасы.* Сперматозоидтермен салыстырғанда *ж ұ м ы р т қ а ж а с у ш а н ы ң* сазы аз, көлемі бірнеше есе үлкен (Қаз. тілі термин. Биология.). *Ж ұ м ы р т қ а ж а с у ш а* цитоплазмасында ұрықтың дамып, жетілуіне керекті қоректік заттар – сарыуыз қорланады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұмыртқа жолы. а н а т. *Жұмыртқалық (аналық жыныс безі) маңынан шашақты құйғыш тәрізді кеңейіп басталып, жатырға ашылатын жіңішке түтік тәрізді мүше. Ж ұ м ы р т қ а ж о л ы н ы ң* қабырғасы ішкі – кілегейлі, ортаңғы – етті және сыртқы – сірілі қабықтардан тұрады (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж ұ м ы р т қ а ж о л ы н д а* жыныс клеткаларының ұрықтану процесі, ұрықтың пайда болуы және оның бөлшектену процестері жүреді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жұмыртқа салды. *Жұмыртқалады; тұқым қалдырды.* Ызалы Петрушкин «Тауық екеш

тауық та *ж ұ м ы р т қ а с а л а д ы,* сенен көрген қызығым қайсы» деп табалаған шығар (К.Тоқаев, Тасқын).

Шіріген жұмыртқа. к е й і с. *Ата-ананың айтқанын тыңдамай, үмітін ақтамай, елден кеткен кісі, теріс бата алған бала.* Сонан бері бұл оттың басында Ақбаланың атын бір жан ауызға алған емес. Қатыгез шал: *«Ш і р і г е н ж ұ м ы р т қ а».* Ана жатырынан ұшынып туған қыз, – дейді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Үйде оңаша қалғасын Ақсұлу Гайшаға әне күні не себепті *ш і р і г е н ж ұ м ы р т қ а с ы ң* деген мәнісін айтып: – Қарағым, шалға барып қалай адам боласың? – деп жылап отырды (С.Көбеев, Қалың мал).

ЖҰМЫРТҚАДАЙ с ы н. **1.** *Жұмыртқа тәрізді.* Шықты бала бір мезгілде қабірден, *Ж ұ м ы р т қ а д а й* сары уыздан жарылған (Көруғлы). **2.** а у ы с. *Аппақ, жұп-жұмыр.* Көгалға көсіле қонған бай ауыл көңілді. *Ж ұ м ы р т қ а д а й* ақ үйлердің ең үлкені – Тәңірбергеннің үйіне жұрт жиналып жатыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Аршыған жұмыртқадай. *Кіршіксіз, аппақ, сұлу.* Ойбай-ау, өзің *а р ш ы ғ а н ж ұ м ы р т қ а д а й* жылтырап шыға келдің ғой (С.Жүнісов, Жапанда.). *А р ш ы ғ а н ж ұ м ы р т қ а д а й* әппақ, сұлу қыз бейнесі көз алдынан бояуы оңған көне суреттей бір жалт етті де өтіп қалды (Н.Сералиев, Қаңтар).

ЖҰМЫРТҚАЖЕГІ з а т. з о о л. *Жарғақ қанаттылар отрядына жататын паразиттік жәндіктер. Ж ұ м ы р т қ а ж е г і н і ң* кейбір түрлерінің дернәсілдері қозғалмай жатып та өсіп жетіледі (ҚҰЭ). *Ж ұ м ы р т қ а ж е г і н і ң* кейбір түрі (трихограмма, теленомустар) зиянкес жәндіктермен биологиялық жолмен күрес жүргізу үшін пайдаланылады (ҚҰЭ).

ЖҰМЫРТҚАЛА= ет. *Тұқымдау, жұмыртқа салу.* Томаша тоғыз *ж ұ м ы р т қ а л а й д ы,* біреуі ғана бұлбұл болады, өрмекші сегіз *ж ұ м ы р т қ а л а й д ы,* біреуі ғана бүйі болады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Ақырдың ішіндегі қыстан қалған қәшек шоп-шалаңға жаз бойы тауықтар *ж ұ м ы р т қ а л а й д ы* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Шұбарлыққа *ж ұ м ы р т қ а л а ғ а н* көп тарғақ ұяларын қорғап, алдымнан кес-кестеп ұшты (Ж.Қосыбаев, Әнші Мұхит).

Жағыңа жылан жұмыртқалағыр [жұмыртқаласын]. қ а р ғ. *Жағың қарысқыр, үнің өшкір деген мағынада.* – О, *ж а ғ ы ң а ж ы л а н ж ұ м ы р т қ а л а ғ ы р,* қайда қашып кетті дейсің, отыр да ана үйлердің бірінде (І.Есенберлин, Қатерлі.). – *Ж а ғ ы ң а ж ы л а н ж ұ м ы р т қ а л а с ы н.* – Өлім деген сөз қайдан түсе қойды аузыңа... – деп, одан ары тілге келе алмаған Гүлшәрі жылап жіберді (А.Байтанаев, Қайнар.).

Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын [жұмыртқалаған] заман. *Тыныш, бейбіт заман. Қ о й ү с т і н е б о з т о р ғ а й ж ұ м ы р т қ а л а й т ы н* бақытты ғадалат заман орнамақ. Бұрынғы Ресей қол астындағы әркімге қол жаулық болып келген ұлттар өз алдына ел болмақ (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Қарағым Бекарыс, *қ о й ү с т і н е б о з т о р ғ а й ж ұ м ы р т қ а л а ғ а н* мына гүл заман бізге оңай орнай салған жоқ (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШсын. *Жұмыртқалайтын, жұмыртқа салғыш. Ж ұ м ы р т қ а л а ғ ы ш* тауықтар үшін Франция мал азықтандыру бюросы амин қышқылдары нормасын ұсынды (Т.Сарбасов, Мал. азығы). Жемазық ұнымен азықтандырғанда мал төлінің шығыны азаяды және тауықтар *ж ұ м ы р т қ а л а ғ ы ш* болады (М.Тайыров, Балқаш.).

ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШТЫҚ з а т. к і т. *Жұмыртқа салушылық.* Егер бұл элементтер жетіспесе құстың *ж ұ м ы р т қ а л а ғ ы ш т ы ғ ы,* құс балапандарының саны азайып, олар әртүрлі ауруларға шалдығады (М.Қарсыбеков, Микроэлемент.).

ЖҰМЫРТҚАЛАТ= е т. *Жұмыртқа салдыру.* – Мұны *ж ұ м ы р т қ а л а т а с ы з д а р* ма, қайтесіздер? – дедім. Мырза күлген қалпымен : – *Ж ұ м ы р т қ а л а т а м ы з!* – деді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Қыран орнына жылан *ж ұ м ы р т қ а л а т ы п* шығарып, жұрт жүрегін шақтырып жүрмесеңдер халық та риза, тарих та риза (Д.Әбілев, Арман.).

ЖҰМЫРТҚАЛАТУ *Жұмыртқалат етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰМЫРТҚАЛАУ *Жұмыртқала етістігінің қимыл атауы; жұмыртқа салу.* Теңіз тасбақалары құрлыққа тек *ж ұ м ы р т қ а л а у* үшін ғана шығады да, уақыттың көбін суда өткізеді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Құстың түлеуі өте күрделі физиологиялық процесс. Түлеп жүрген құстың *ж ұ м ы р т қ а л а у ы* тиылады (С.Омаров, Мал терісі).

ЖҰМЫРТҚАЛЫҚ: жұмыртқалық фолликулдар. <лат. folliculus ovaricus> *Жұмыртқалықтың шеткі жағында, ақ қабықтың астындағы қыртысты затта орналасқан, әртүрлі даму сатысындағы жұмыртқа жасушасына байланысты құрылымдар. Ж ұ м ы р т қ а л ы қ ф о л л и к у л д а р* примордиальді (алғашқы), біріншілік, екіншілік, үшіншілік фолликулдар болып ажыратылады (Қаз. тілі термин. Биология.).

ЖҰМЫРШАҚ[1] з а т. а н а т. <лат. reticulum> *Күйіс қайыратын малдың төс шеміршегінен кейінірек қарнының астында жататын, іші безді*

тұкті бөлік. Ж ұ м ы р ш а қ малдың қамшылар жағында төстің қазантолмасынан кейін, оң бүйірде жалбыршақ қарын және 12 елі ішекпен байланысады (ҚҰЭ). Сиыр, қой-ешкінің қарны төрт бөліктен тұрады, олар: таз қарын, *ж ұ м ы р ш а қ,* қатпаршақ және ұлтабар (Ә.Әбішев, Мал санитары.). Түйеде үлкен қарын, *ж ұ м ы р ш а қ* қарын және ұлтабар болады, ал жалбыршақ қарын болмайды (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

ЖҰМЫРШАҚ[2] з а т. ө с. <лат. capsella> *Орамжапырақ тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін өсімдік.* Жапырақтың бұл сияқты үш түрлі категориясы бірдей кездесетін өсімдіктерден інжу гүлді, *ж ұ м ы р ш а қ т ы,* қалақайды және басқа да өсімдіктерді мысалға алуға болады (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Республиканың ормандарында жабайы жеміс пен жидектен басқа техникалық, дәрілік, тағамдық өсімдіктер: мың жапырақ, бұрыш, самалдық, *ж ұ м ы р ш а қ,* қалампыр өседі (О.Орынбаев, Қазақст. орман.). *Ж ұ м ы р ш а қ т ы* несеп ауруларын, жараны емдегенде және қан тазартатын дәрі ретінде, ал жазғытұрым оның көк шөбін тағамға пайдаланады (ҚҰЭ).

ЖҰМЫРШАҚ[3] з а т. ж е р г. *Мал ауруы.* Атырауда «тоғыз қабат қарыны» қатып қалатын мал ауруы түрін *ж ұ м ы р ш а қ* деп атайды (Диал. эксп. матер.).

ЖҰМЫРШАҚ[4] з а т. ж е р г. *Местің кішкене түрі.*

ЖҰМЫРШАҚ[5] з а т. ж е р г. *Беторамалдық мата. Ж ұ м ы р ш а қ т а р д а н* орамал жасайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰМЫРЫҚ з а т. *Саусақтары жұмылған қолдың басы, жұдырық.* Екі шекесін шала бүгілген *ж ұ м ы р ы ғ ы м е н* қысып, бүк түсіп отырған Кузьменко әлден соң басын көтеріп, маза бермей шырылдаған телефонға келді (К.Тоқаев, Тасқын.). Кішкене нәресте *ж ұ м ы р ы ғ ы н* тарс жұмып іңгәлап жатыр (Р.Әутәліпов, Қыр. әңгім.).

Ашса алақанында, жұмса жұмырығында. *Біреуді уысында ұстау, айтқанын орындату.* Бұл шаққа дейін *а ш с а а л а қ а н ы н д а, ж ұ м с а ж ұ м ы р ы ғ ы н д а* болып келген ағайынның осы бір сөздерінде зіл жатқанын сезген Жұман да үндей алмай қалды (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). «Бірде оң жамбасыма, бірде сол жамбасыма алуым керек бұларды! *А ш с а м а л а қ а н ы м д а, ж ұ м с а м ж ұ м ы р ы ғ ы м д а* болсын. Шашау шығардым болды, бәрі селге кетеді еңбектің» дегенді бұл әлдеқашан ойлаған (А.Жүнісов, Өмір ізі).

Жығылған үстіне жұмырық. *Бұрынғы жаза, қырсық үстіне тағы жаңа бәле жабысты деген мағынада. Ү с т і н е ж ы ғ ы л ғ а н ы ң ж ұ м ы р ы қ* деп Біз қалдық пана сіздің қаһарыңа. Ғафу ғой кечірерке келер күшін Өткен іш ойға түшсе күйеді ічім (Қыссаһ үш қыз).

ЖҰМЫРЫҚТАЙ с ы н. *Жұмырық сияқты кішкентай.* Сонсоң ғана жүргінші көкке, төбесіне қарап еді: күн көзіне шағылысып, күмістей жылтылдаған *ж ұ м ы р ы қ т а й* құс – кәдуілді ана-торғайдың осынша неге шырқырағанын ақылы аңғарғанда жүрегі шым етті (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

ЖҰМЫРЫЛ= е т. **1.** *Уқаланып мыжылу, умаждалу, жымырылу.* Үстіндегі костюмінің әр жері уқаланып, *ж ұ м ы р ы л ы п* қалған (І.Есенберлин, Ғашықтар). **2.** *Жұмырланып соғылу.* Білезік жалпақ бауырлы тұтас келеді де, үстіңгі бетіне екі қатар етіп, жіңішке *ж ұ м ы р ы л ғ а н* күміс жүргізіледі. Сондықтан қос білезік деп атаған (Х.Шобай, Қаз. ұранқай. қолөнері).

ЖҰМЫС з а т. **1.** *Жеке адамның не көпшіліктің белгілі мақсатта еткен еңбегі, әрекеті.* Жұмыла қимылдаған жұртшылық күн қызғанша *ж ұ м ы с т ы* еңсеріп-ақ жіберді (С.Бегалин, Ана.). Орынды іске жүріп ой таппаған, Не болмаса *ж ұ м ы с* қып мал таппаған, Қасиетті болмайды ондай жігіт, Әншейін құр бекерге бұлғақтаған (Абай, Тол. жин.). Жан қиналмай *ж ұ м ы с* бітпес. Талап қылмай мұратқа жетпес (Мақал). **2.** *Іс, шаруа, жай.* Екінді мен ақшам арасында не *ж ұ м ы с* (Ә.Сәрсенбаев, Толқында). Сол арада *ж ұ м ы с ы* бар, жоқ болса да тамашаға жүздей кісі жиналып қалған еді (М.Дулатов, Шығ.). – Балам, қандай *ж ұ м ы с п е н* келдің, әңгімеңді айта отыр, – деді шал («Лен. жас»). **3.** ф и з. *Күштің сан шамасы мен бағытына және оның түсу нүктесінің орын ауыстыруына тәуелді күш әсерінің өлшемі.* Күштің *ж ұ м ы с ы,* ұғымы механикада, сондай-ақ физика мен техниканың әртүрлі саласында кеңінен қолданылады (ҚҰЭ).

Астыртын жұмыс. *Жасырын, құпия істелген саяси жұмыс.* Индия қайраткерлерінің бірі Саджад Захирмен бірге келгенбіз. Ол өзі өмірінің он жылдан астамын түрмеде, *а с т ы р т ы н ж ұ м ы с т а* өткізген («Қаз. әдеб.»).

Басына жұмыс түсті. *Қиыншылыққа душар болды, істі болды.* Көптен тату қимасың *Б а с ы ң а ж ұ м ы с т ұ с к е н* күн, Татулықты бұрынғы Не қылып ол ойласын. Ашып берер жауыңа Өзі көрген қоймасын (Абай, Тол. жин.).

Беймезгіл жұмыс. *Белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан тыс мерзімде атқарылатын еңбек.*

Геологиялық барлау жұмыстары. к е н. *Жер қойнауындағы пайдалы қазындылардың аса маңызды түрлері бойынша минералдық шикізат қорларының жай-күйін анықтау жұмыстарының кешені.*

Ғылыми-зерттеу жұмыстары. *Белгілі бір ғылыми мәселелер бойынша білімдерді кеңейту, тереңдету, жүйелеу мақсатымен орындалатын ізденістік, теориялық және тәжірибелік-сынақтық жұмыстар.*

Жұмыс адамы. *Жұмыс істеуші еңбеккер.* – Олар *жұмыс адамдары* ғой, күндегісін күнде тамаққа жұмсамаса қалай шыдайды? Бермей амал бар ма? (С.Шарипов, Бекболат).

Жұмыс аптасы. *Күнтізбелік апта ішіндегі еңбек ету мерзімінің өлшемі, бір аптадағы жұмыс және демалыс күндерінің санын белгілейтін жұмыс уақыты.* Көптеген дамыған елдерде *жұмыс аптасының* нормативтік ұзақтығы заңмен ғана емес, ұжымдық шарттармен де реттеледі, кейде ұжымдық шарт бойынша белгіленген *жұмыс аптасының* ұзақтығы заңмен белгіленген жұмыс аптасының ұзақтығынан аз болып келеді (ҚҰЭ).

Жұмыс беруші. *Жұмыс күшін жалдаушы.* Қазақстанда *жұмыс берушіге* жалдамалы еңбекті пайдаланушы, заңдарда белгіленген тәртіппен тіркеуден өткен кез келген отандық және шетелдік заңи немесе жеке тұлға (соның ішінде шетелдік азамат, елде тұратын азаматтығы жоқ адам және еңбек шарты бойынша жұмысқа қабылдаушы жеке кәсіпкер т.б.) жатады (ҚҰЭ). *Жұмыс беруші* қызметкерге еңбек туралы заңнамада, ұжымдық шартта немесе тараптардың келісімінде көзделген жалақы беруге және еңбек жағдайларын жасауға міндетті (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жұмыс картасы. ә с к. *Шартты тактикалық белгілермен және түсіндірме жазулармен графикалық түрде соғыс қимылдарының жағдайлары түсірілген топографиялық карта. Жұмыс картасы* командирлер мен офицерлердің аса маңызды әскери графикалық құжаттарына жатады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Командирдің *жұмыс картасы* әскери бұйрықты беруде, шешім қабылдауда, есеп беруде, есеп беру құжаттарын жазуда, өзінен жоғары басшыға ауызша мәлімет бергенде, өзара мәлімет алысқанда т.б. жағдайларда қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жұмыс киімі. *Жұмысқа киетін арнайы киім.* Келгеніме он күн болды, жатар орын, *жұмыс киімі* әлі жоқ (Ә.Әбішев, Пьеса).

Жұмыс көлемі. *Бір жұмыскер орындайтын түрлі операциялардың саны және олардың қайталануы.*

Жұмыс күні. *Жұмыс істейтін күн, еңбек күні; қызметкерлердің кәсіпорында бір тәулік ішінде еңбек ететін мерзімі. Жұмыс күнінің* ұзақтығы ғасырлар бойы әлеуметтік жанжалдардың нысаны болып келді (ҚҰЭ). *Жұмыс күні* кемеліне келіп, барынша қызған шақ еді (Жастар эстрадасы).

Жұмыс күші. *Еңбекке жарамды жастағы, экономикалық тұрғыда белсенді халық.* Елдегі *жұмыс күші* жалпы жұмыс күші және азаматтық жұмыс күші болып бөлінеді. Жалпы жұмыс күші – елдегі еңбекке қабілетті адамдардың жалпы саны (ҚҰЭ). Шаруашылықта *жұмыс күші*, ауылшаруашылық саймандары егіске дайындалмаған (Е.Оразалин, Дәрігер). – Әлгі сөйлеген колхоз председателінің айтқаны дұрыс. Оларға *жұмыс күші* керек (Е.Оразаков, Дәрігер.).

Жұмысқа алымды. ж е р г. *Еңбекші, іскер.* Жәлеке *жұмысқа алымды* жігіт (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмысқа аяқтай бару. ж е р г. *Жұмысқа жаяу бару.*

Жұмысқа қырлы болды. *Еңбек істеуге, жұмыс істеп еңбектенуге бейім, ыңғайлы болды.* Әкімдер олармен жақын болса, сөздерін ілтифатпен тыңдаса, жігіттер де олармен жақындасып, *жұмысқа қарқырлы*, көңілді *болар* еді (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

Жұмысқа түсті. ж е р г. *Жұмысқа кірді, жұмысқа тұрды.* 9-класты бітірген соң мен *жұмысқа тұстім* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмыс қолы. *Жұмыс істеуші, еңбеккер.* Кривошейн мұны *жұмыс қолы* жетіспеуінен деп түсіндіреді (М.Шоқай, Таңд.). Сөйтіп, мен шөп шабуға кірістім. *Жұмыс қолының* тапшы, адамның аз кезі ғой («Лен. жас»).

Жұмыс орны. *Жұмыс істеушінің (жұмыс істеушілер тобының) өндірістік міндеттерін орындауына бейімделген орын. Жұмыс орны* негізгі және көмекші жабдықтармен, технологиялық және ұйымдық жарақтармен қамтамасыз етілуге тиіс (ҚҰЭ). *Жұмыс орнын* ұтымды ұйымдастыру, яки басы артық, қолайсыз немесе орындалуы қиын қимыл жасамай, күш пен уақытты барынша аз жұмсай отырып, өнімділігі жоғары еңбек жағдайын жасау еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты болып табылады (ҚҰЭ).

Жұмыс орнын аттестаттау. *Өндірістік орта мен еңбек процесінің барлық факторларын, қызметкерлердің еңбек қызметі барысында денсаулығы мен еңбек ету қабілетіне әсер ететін ілеспе әлеуметтік-экономикалық факторларды кешенді түрде бағалау.*

Жұмыс орнын жарақтандыру. *Жұмыс орнын негізгі және көмекші жабдықпен, технологиялық және ұйымдық жарақтармен қамтамасыз ету* (Қаз. тілі. термин. Экономика.).

Жұмыс орнын ұйымдастыру. *Жұмыс орнын еңбек құралдарымен және заттармен*

жарақтандыру және оларды белгілі бір тәртіппен орналастыру шараларының жүйесі.

Жұмыс өтілі. ә л е у м. *Қызметкердің еңбек еткен және басқа қоғамдық пайдалы қызмет атқарған уақыттың жиынтығы.*

Жұмыспен қамтылу. *Елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың жұмыспен қамтамасыз етілу көрсеткіші.* Негізгі жұмыс орны бойынша еңбек ететіндер саны – бастапқы *жұмыспен қамтылу,* негізгі жұмыстан бос уақыттағы еңбекпен айналысушылар саны – қосалқы *жұмыспен қамтылу* түрлеріне бөлінеді (ҚҰЭ). Елдегі халықтың *жұмыспен қамтылу* көрсеткішінің төмендігі сол мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық дамуындағы дағдарыстар салдарынан болады (ҚҰЭ).

Жұмыс стажы. ***Жұмыс өтілі.*** *Жұмыс стажы* үздіксіз жұмыс стажы және арнаулы жұмыс стажы болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Жұмыс стажы* адамға жеңілдікті зейнетақы тағайындау кезінде, еңбек сіңірген жылдары үшін сыйақы белгілеу кезінде есепке алынады (ҚҰЭ).

Жұмысты апат қылу. ж е р г. *Жұмысты бітіру, аяқтау.* Біз ол *жұмысты апат қылдық* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмысты басынан асыру. ж е р г. *Жұмысты салақ істеу.* Ол *жұмысты басынан асырып* жүр (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмыс уақыты. *Қызметкер (жұмысшы немесе қызметші) кәсіпорынның (фирманың, мекеменің, ұйымның) ішкі тәртібінің ережелеріне сәйкес жұмыс орнында болуға және еңбек міндеттерін орындауға тиіс күнтізбелік мерзім, қызметкердің еңбек процесіне қатысу ұзақтығының өлшемі.* Қазақстан заңдарында екі демалыс күні (әдетте, сенбі мен жексенбі) бар 5 күндік жұмыс аптасы, яки жұмыс *жұмыс уақытының* қалыпты ұзақтығы (аптасына 41 сағат), қысқартылған ұзақтығы (қызметкерлердің кейбір санаттары үшін), толық емес жұмыс уақыты, жұмыс уақытынан тыс мерзімдегі жұмыс, түнгі уақыттағы жұмыс тәртіптемелері белгіленген (ҚҰЭ). Еңбек заңнамасында *жұмыс уақыты* жұмыс күнінің, жұмыс аптасының, жұмыс айының, жұмыс жылының ұзақтығымен өлшенеді (ҚҰЭ). *Жұмыс уақыты* жұмыс істелетін уақытқа және үзілістерге бөлінеді, ал жұмыс істелетін уақыт – өнімді және өнімсіз жұмыс уақыттарынан тұрады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жұмыс үзу. ж е р г. *Жұмыстан қалу.* Тапсырманы орындаймын деп *жұмыс үзген* жоқ (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұмыс үстелі. и н ф. <ағыл. desktop> *Әртүрлі обьектілер орналасатын Windows операциялық жүйесі экраны. «Жұмыс үстелі»* – ауыспалы ұғым. Шындығында, кәдімгі жұмыс үстелі үстіне кітаптарды, оқулықтарды, дәптерлерді, қорапшалар мен альбомдарды ыңғайлап қоямыз да, қажетін пайдаланамыз (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жұмысы басынан асады. *Жұмысы өте көп.* Жә, ол жазар-жазбас – онда шаруаң қанша. Онсыз да *жұмысы басынан асады,* күйіп-пісіп жүргені, хат жазуға мұршасы бар ма (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ол оқу жылы басталып, *жұмыс бастан асып* жатса да, жексенбі күні базарға келуін қоймады (Ә.Сараев, Қараша.).

Жұмысың болмасын. э к с п р. *Тиіспе, тиме; жайыңа жүр.*– Менің туысымда сенің *жұмысың болмасын!*–деп көкең де қарсы келіпті (Ә.Нәбиев, Шолпан). – Сендердің базарда *жұмыстарың болмасын.* Колхозды басқарып отырған әзірге менмін. Ол үшін өзім жауап берем (М.Дүзенов, Ақәже).

Қара жұмыс. *Қол күшімен істелетін ауыр еңбек.* Он тоғыз бен қырық үштің арасындағы жігіттерді сыпырып алып, *қара жұмысқа* жөнелтті (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Құрылыс жұмыстары. *Үйлер мен ғимараттарды тұрғызу, қайта құрылымдау, кеңейту, күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстардың кешені.*

Лайықты жұмыс. *Бұрынғы жұмысынан айырылған, табысы (еңбекпен табылатын кірісі) жоқ азаматтар үшін олардың кәсіптік даярлығына сай келетін, жас шамасы, еңбек стажы, тәжірибесі, жаңа жұмыс орнына қатынау мүмкіндігі ескеріліп ұсынылатын жұмыс.*

Маусымдық жұмыс. *Жыл бойы емес, белгілі бір кезеңде (маусымда) орындалатын жұмыс.*

Негізгі жұмыс. *Бірнеше жұмысты қатар атқаратын тұлғаның өзі үшін негізгі деп есептейтін, не негұрлым көп уақытын алатын, не оған негұрлым көп табыс әкелетін жұмыс.*

Толық емес жұмыс. *Қысқартылған жұмыс уақытында атқарылатын жұмыс.*

Уақытша жұмыс. *Шектеулі мерзімге, көбінесе, бірнеше ай ішінде орындауға берілетін жұмыс.*

Үйге алып істейтін жұмыс. *Фирма жұмыскерінің өндірістік ғимаратта емес, өзінің үйінде немесе шеберханасында орындайтын жұмыс.*

ЖҰМЫСБАСТЫ с ы н. *Жұмыстан қолы тимейтін, жұмысы көп.*

Жұмысбасты болды. *Жұмыстан қолы тимеді, мұршасы келмеді.* Тасқорғаннан келісімен өзі де *жұмысбасты боп* кетіп, бұның хал-күйін назарынан тыс қалдырғанына өкінішті болатын (А.Байтанаев, Қайнар.). – Бұл кісі тым *жұмысбасты боп* кеткен ғой, Қолы қайдан тие қойсын, – деп Раушан жұмсақ қалжыңмен

Гүләйшаны да шымшып өтті (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ з а т. *Жұмыстан қолы босамаушылық, жұмысы көп болушылық.* Ғалиямен хат алысуым соңғы уақытта сиреп кеткен. Бұған кінәлі *ж ұ м ы с б а с т ы л ы қ* (Б.Соқпақбаев, Өлгендер). Сөзіңіздің бәрі салқын, *ж ұ м ы с б а с т ы л ы қ т ы* ғана айтатынсыз (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы).

ЖҰМЫСКЕР з а т. *Жұмысшы, еңбеккер.* Біразы қайықшы, балықшы, *ж ұ м ы с к е р л е р д і ң* баласы (М.Әуезов, Абай жолы). *Ж ұ м ы с к е р* еңбегіне сенетұғын, Болса да нендей қиын жеңетұғын, Айнымас алып күштің арқасында, Құлпыртып тұрмысқа гүл егетұғын (И.Байзақов, Шығ.). Рас, рас шырағым, Түсіндім енді сөзіңе, Қуанған мен де *ж ұ м ы с к е р,* Тап болдым тойдың кезіне (Ш.Иманбаева, Өлең д.).

ЖҰМЫСКЕРШЕ ү с т. *Жұмыскер сияқты, еңбек адамынша.* Сөзімнің сиқыры жоқ құбылмалы, Жанымның ірегі жоқ бұрылмалы, Кәдімгі қарапайым коммуниспін, Жасайтын *ж ұ м ы с к е р ш е* жыр ырғағын (Ә.Тәжібаев, Кеше.).

ЖҰМЫССЫЗ с ы н. *Жұмысы жоқ, қызметсіз, еңбексіз, қарекетсіз.* Мардан қызметтен шығарылған соң он шақты күн *ж ұ м ы с с ы з* жүрді (І.Жансүгіров, Шығ.). Оңбаған иттің қайсысы екен бұл өртті салған! Бізге өшіккенмен өздерін аясашы. Осыншама жұртты *ж ұ м ы с с ы з* қалдырғанда не түседі екен ол итке, ә?! (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ з а т. **1.** *Істейтін жұмысы жоқтық, еңбексіздік, қарекетсіздік. Ж ұ м ы с с ы з д ы қ* басқан кейбіреулер аз ғана жиған-тергенін түгесіп, барақтар жағалап қайыр тілеуге айналды (Ж.Саин, Жол үсті.). Дүрия өз *ж ұ м ы с с ы з д ы ғ ы н а* мұңайып, кейде тіпті ашу шақыра Зәуірге реніш өкпесін білдіретін (А.Нұрмағамбетов, Қарлығаш). Енді оған жуандықтан емес, *ж ұ м ы с с ы з д ы қ т а н* ауылға сыймайтын күн туды (Қ.Ысқақов, Қара орман). **2.** қ о ғ.-ә л е у м. *Елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.* Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ *ж ұ м ы с с ы з д ы қ т а н* әлеуметтік қорғалуға құқығы бар (ҚР Конституциясы). Қоғамдағы *ж ұ м ы с с ы з д ы қ т ы ң* пайда болу себебі жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады (ҚҰЭ).

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы. *Еңбекшілерді жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік қорғау нысандарының бірі.* Дамыған елдердің көбінде *ж ұ м ы с с ы з д ы қ б о й ы н ш а ж ә р д е м а қ ы* төлеу жұмыспен қамту қызметтері бюджеттерінің негізгі шығыс бабын құрайды. Әлеуметтік қорғаудың бұл нысанын қамтамасыз ету үшін жалпы ұлттық бағдарламалар бар (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Құрылымдық жұмыссыздық. *Елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс.* Фрикциялық жұмыссыздық пен *қ ұ р ы л ы м д ы қ ж ұ м ы с с ы з д ы қ* арасындағы елеулі ерекшеліктер мынада: бірінші жағдайда жұмыссыздарда еңбек нарығында ұсынуына болатын дағды, машық бар, ал екінші жағдайда олар қайта даярланбайынша, қосымша оқып біліктілігін арттырмайынша, тіпті тұрғылықты жерін ауыстырмайынша жұмыс таба алмайды (ҚҰЭ).

Фрикциялық жұмыссыздық. *Қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс. Ф р и к ц и я л ы қ ж ұ м ы с с ы з д ы қ* неғұрлым қысқа мерзімді сипатта болады, ал құрылымдық жұмыссыздық неғұрлым ұзақ мерзімді сипатта болады, сондықтан ол қоғамдағы неғұрлым елеулі жұмыссыздық болып табылады (ҚҰЭ).

ЖҰМЫСТА= е т. ж е р г. *Жұмыс істеу, еңбектену, қарекеттену.* Екеуі келді шауып атты қыстап, Түлкіні аламыз деп отпен ыстап. «Шылбырынан арқандап атты отқа қой, Тойып қалсын болғанша біз *ж ұ м ы с т а п*» (Шәкәрім, Өлең д.). Мың жылдан арғы егіншілікті қалай *ж ұ м ы с т а ғ а н* болса, ұрпақтары осы күні де сол қалыпша *ж ұ м ы с т а п* отыр («Айқап»). Қырқымда қынаптағы қылыштаймын, Елуде әр жұмысты *ж ұ м ы с т а й м ы н,* Алпыс жаста тай жеген бөрідеймін, Жетпіс жаста илеген терідеймін (Алдаспан).

Жұмыс жұмыстап жүр. ж е р г. *Еңбек істеп әрекеттенуде.* Құдай тағаланың жаратқан жанжануарының ең кішкентайы осы құмырсқа екеш құмырсқа да тынбай *ж ұ м ы с ж ұ м ы с т а п ж ү р* (Ы.Алтынсарин, Қырғыз хрестом.).

ЖҰМЫСТАЛ= е т. ж е р г. *Жұмыс жасалу, орындалу, істелу.* Комплекс бір сағаттың ішінде түрлі пәндерді түйдектеп оқытуды тілемейді, тек тақырып әр жағынан қаралып, толық зерттеліп, *ж ұ м ы с т а л с а* болғаны, жаттығу жұмыстарына (оқуға, жазуға, есеп шығаруға) өте-мөте балалардың оқуға, жазуға,

есепке шорқақтығы көрінсе соны қылу керек (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҰМЫСТАН= е т. ж е р г. *Жұмыс істеу, еңбектену, қарекеттену.*

ЖҰМЫСТАНУ *Жұмыстан етістігінің қимыл атауы.* Сөйтіп бірталайға шейін автомобильге отыруға *ж ұ м ы с т а н у ы н* ол қоймай жүрді. Шоферлер оны ерегесіп отырғызбайды (С.Шарипов, Бекболат). Әсіресе баламен 6 жас кезінде көп *ж ұ м ы с т а н у* қажет екен. Осы мәселе, қазіргі күнде қатты толғандыруда («Қазақст. мект.»).

ЖҰМЫСТАС с ы н. *Бірге жұмыс істейтін, қызметтес, істес.* Бұл Шарипаның өзімен *ж ұ м ы с т а с* Қанзила дейтін қыздың ағасы еді. Аты Өтепберген (Ө.Қанахин, Мұрагер). Сары бала өзінің *ж ұ м ы с т а с* жолдасы, биыл совхоз жанынан оқуға барғалы жүрген Жарасты таныды (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Еңбекте мұратына жетті деген осы болар. Сөйлеушілердің бәрі де Қадишаның әлі де араларында қалып, *ж ұ м ы с т а с* болуын тілейді (С.Мыңжасарова, Замандас.).

ЖҰМЫСТАТ= е т. ж е р г. *Жұмыс істету.* Біз 3-айдың 25-інен адам дәрігер бөлімшесін осында *ж ұ м ы с т а т а м ы з* («Жаңа өмір»).

ЖҰМЫСТАУ *Жұмыста етістігінің қимыл атауы: жұмыс істеу, қарекет ету.* Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де Құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс *ж ұ м ы с т а у ғ а* әдеттену керек, – деді (Ы.Алтынсарин, Шығ.).

ЖҰМЫСТАУШЫ з а т. ж е р г. *Жұмыс істеуші, еңбек етуші.* Ауылшаруашылық бірлестігінде *ж ұ м ы с т а у ш ы л а р д ы ң* орташа ақысы 1985 жылы 3,2 мың сомға жетіп, 1980 жылғыдан 20%-тен өсті («Үгітші»).

ЖҰМЫСТЫҚ с ы н. *Жұмыс істеуге арналған.*

Жұмыстық дене. *Мәшинелерде энергия түрлендіру, жұмыс атқару т.б. үшін қолданылатын газ тәрізді не сұйық күйдегі зат. Ж ұ м ы с т ы қ д е н е* ретінде, көбінесе, су буы (бу машиналары мен турбиналарында), аммиак, көмір қышқылы (тоңазытқыш машиналарда), ауа (пневматикалық қозғалтқыштарда), газ (турбиналарда, іштен жану қозғалтқыштарында т.б.) қолданылады (ҚҰЭ). Ракета техникасында пайдаланылатын *ж ұ м ы с т ы қ д е н е* ракета отыны деп аталады (ҚҰЭ).

Жұмыстық (аралық) жад. и н ф. <ағыл. working (intermediate) storage> а) *Мәліметтердің уақытша жинағын орналастыруға арналған компьютер жадының бөлігі.* ә) *Мәліметтерді уақытша сақтауға арналған жад – буфер.*

Жұмыстық жиын. и н ф. <ағыл. working set> *Осы мезгілде процессормен пайдаланатын виртуаль жадтың беттерінің немесе деңгейлерінің жиыны.*

Жұмыстық жоба. <ағыл. detailed design> *Жұмыстық жобалау нәтижесі, яғни әзірлеу мен сынауға дайын бұйымның жобасы.*

Жұмыстық жүктеме. и н ф. <ағыл. work load> *Есептеуіш жүйеде өңдеуге енгізілген барлық программалар, мәліметтер мен командалар жиынтығы.*

Жұмыстық цикл. и н ф. <ағыл. operational cycle> *Операциялардың толық аяқталған тізбегінің орындалу шегіндегі ең аз тұрақты уақыт аралығы.*

ЖҰМЫСШЫ з а т. *Кәсіпорынның (фирманың, мекеменің т.б.) материалдық құндылықтар жасаумен және өндірістік қызметтер көрсетумен, жүк тасымалдаумен тікелей айналысатын жұмыскері.* Өндірістік процеске қатысу сипатына қарай негізгі *ж ұ м ы с ш ы* және көмекші *ж ұ м ы с ш ы* болып бөлінеді (ҚҰЭ). Осылайша, Зәуреш, МТС-қа *ж ұ м ы с ш ы* болды да, тоғызыншы класқа оқуға барған жоқ (С.Танекеев, Қиян асу). Үшбұршылар мен қайлашылар былай тұрсын, мыс қорытатын пештердің өзі қазақ *ж ұ м ы с ш ы л а р ы н ы ң* қолында (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Қарағандыны қоршап баратқан қараша ауылдар сол ұлы армияның бір бөлегі, жаңа *ж ұ м ы с ш ы л а р,* жаңа өмірді жасаушылар (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Жұмысшы табы. т а р. *Индустриялық қоғамның әлеуметтік тобы, ол көбінесе дене еңбегімен айналысатын жалдамалы адамдарды қамтиды.* Бұрынғы социалистік елдерде *ж ұ м ы с ш ы т а б ы* қоғамның гегемоны, басқарушы күші деп жарияланды, бірақ тоталитарлық жүйе жағдайында ол өз мүдделерін білдіру және қорғау мүмкіндігінен мүлдем айырылды (ҚҰЭ).

Жұмысшы топ. и н ф. <ағыл. workgroup> *Жұмыс тобы – бірлесіп жұмыс істеу және олардың жүйелік ресурстарын қарап шығуды жеңілдету үшін топтастырылған есептеу мәшинелері жинағы.* Әрбір *ж ұ м ы с ш ы т о п т ы ң* өзіндік атауы болады (Қазақ. тілі термин. Информатика.).

ЖҰМШЫЛ с ы н. ж е р г. *Ұйымшыл, бірлігі күшті.* Біздің халық қай халықтан болса да *ж ұ м ш ы л*-ақ қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰМШЫЛДЫҚ з а т. ж е р г. *Ұйымшылдық, бірауыздылық.* Сол ауылдың адамдарының *ж ұ м ш ы л д ы ғ ы* күшті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰНТИ= е т. **1.** *Жүнттай болып семіру.* **2.** *Жып-жылмағай болу, жылтию.* Сақалмұртын алдырып, *ж ұ н т и ы п* шыға келгенде жасарып кеткендей көрінді (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

ЖҰНТТАЙ с ы н. **1.** *Жұп-жұмыр, семіз.* Құнанбайға сыбаға деп арнаған семіз қойлар, *ж ұ н т т а й* жабағылар, арда емген тайлар да болатын (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жем мен шөптен *ж ұ н т т а й* семірген Ерденнің күтіміндегі жабағы аз уақытта көзге түсе өскен, сүйегі де тамаша түзелген (С.Бегалин, Жеткіншек). Түйені өзімнің ашық қорама кіргізіп байлап қойдым. *Ж ұ н т т а й* жұп-жұмыр (М.Ысқақбаев, Жойқын төбе). **2.** а у ы с. *Жып-жылмағай, тап-таза.* Сол қалпынан мына қызы жиренбей, күркесінің де, өзінің де, адам маңайлай алмайтын ыласын тазалап, бәрін де *ж ұ н т т а й* ғып қойды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Әлекедей жаланған бір шаштаразы жаңа қойған әп-әдемі шашымды *ж ұ н т т а й* қылып сыпырып тастады (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

ЖҰНТЫҚ з а т. ж е р г. *Жұрнақ, болар-болмас қалдық.* Ішіп отырғаның сол Бесқаладан әкелген шайдың *ж ұ н т ы ғ ы* болар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰҢҚАШ з а т. ө с. <лат. zuncus> *Тоғайлы жерде өсетін құрақ шөп.* Құрақтардың шетінде қара өлең, жіңішке жапырақты құрақтар, жалпақ жапырақты *ж ұ ң қ а ш т а р,* ақшұнақтар өседі (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.).

ЖҰП[1] с а н. **1.** *Екеу, қос; пар.* Біздің әрамызға дейін V ғасырда Пифагор және оның жолын қуған пифагоршылар натурал сандарды түрлі қасиеттеріне қарап: *ж ұ п,* тақ, құрама, жай және фигуралық сандар деп бірнеше топқа бөлді (А.Сабалақов, Математика.). Қыс пенен жаз, күн менен түн, тақ пенен *ж ұ п,* жақсылық пен жамандық болды сегіз (Абай, Тол. жин.). Қатарынан жарыстыра салынған блиндаждың бір жағына *ж ұ п* сандардан, екінші жағынан тақ сандардан номерлер қойылған (Ж.Жұмаханов, Солдат.). **2.** *Бір-біріне тең жұбайлар.* Жұмбақтау жүректегі түпкі сезім. Жігітті ойлады әлде *ж ұ п* қылғалы (Т.Жароков, Құмдағы.). Ақырында *ж ұ п т а р ы* жарасқан екі жасқа ағайын ара-тұра алмайтынын анық байқады (Б.Әбдіразақов, Сыр саздары). Осы бір жарасты *ж ұ п қ а* осы бір сәт талай отты көздер қадалды (Ә.Қалмұрзаев, Ар).

Жұбын жазбады. *Бір-бірінен ажырамады, үнемі бірге болды.* Штурмовиктер жер бауырлай *ж ұ б ы н ж а з б а й* тізбек-тізбегімен өтіп, шүйіліп, оқ себелейді (Б.Момышұлы, Москва.). Екеуі *ж ұ б ы н ж а з б а й д ы.* Бірінен-бірі екі елі қалмайды (С.Сейітов, Сақшы). Биыл жетінші оқып жүрмін. Егіз қозыдай *ж ұ б ы м ы з ж а з ы л м а й т ы н* Рамазан екеуміз тағы да біргеміз (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

Жұбы берік. *Тату, ынтымақты, бірлігі күшті.*

Жұп сан. *Қалдықсыз екіге бөлінетін бүтін сан.* Кез келген *ж ұ п с а н д ы* 2m түрінде өрнектеуге болады, мұндағы m – бүтін сан (ҚҰЭ).

Жұп таңдау. а у ы л ш а р. *Мал тұқымын асылдандыру тәсілдерінің бірі; аналық малдың сапасын ескере отырып, одан жақсы төл алу үшін лайықты аталық малды таңдап шағылыстыру. Ж ұ п т а ң д а у* мал тұқымының өнімді сапаларын оның төлдеріне дарытып бекіту үшін және қандай да болмасын кемшілігін келесі төлінде болдырмау үшін жүргізіледі (ҚҰЭ). Осыған орай *ж ұ п т а ң д а у д ы ң* біртекті жұп таңдау және әртекті жұп таңдау деген түрлері бар (ҚҰЭ).

Жұпты болды. *Жұбайлы болды, үйленді.* Манат қыз, құлағың сал, сөзге мына, Кедейге *ж ұ п т ы б о л ғ а н* жоқ па сірә? Малы жоқ патша қызын көрген, алған, Тиерсің менен шалға жазса құда (И.Байзақов, Таңд. шығ.).

ЖҰП[2] з а т. ж е р г. *Жан қалта.* Ол әлгі түйіншекті тез алды да *ж ұ б ы н а* салып жіберді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰПАНА с ы н. ж е р г. ***Жұпыны.***

ЖҰПАР[1] з а т. <лат. muscus> **1.** *Кейбір өсімдік түрлерінен және жануарлардың (жылан, тасбақа, қолтырауын, жұпартышқан, құдыр, құндыз, ондатра т.б.) арнайы жұпар бездерінен алынатын хош иісті зат.* Жануарлардың *ж ұ п а р* бездері, көбінесе, аталықтарында, ал жұпартышқанның аналығында да болады (ҚҰЭ). *Ж ұ п а р* бездері түрі өзгерген тері бездеріне жатады, ол жануарлардың құрсақ жағында, құйрығының маңына немесе аталық бездерінің жанында орналасады (ҚҰЭ). **2.** *Ерекше хош иіс.* – Аға, өзі *ж ұ п а р* аңқиды ғой, неткен тамаша иіс. – Күдірдің бар қасиеті осы жұпары. Бұл иіс, тек еркек күдірде болады (С.Бегалин, Уақыт.). Жайсаң жазғы шақ. Айнала көкорай шалғын, *ж ұ п а р* ауасы жанға рақат тыныштық еді (Х.Рахимов, Полк туы). **3.** *Әтір, иіс су.* Оның жасанды күлкісі де, жаққан опасы да, қолтығынан бұрқылдаған қымбат *ж ұ п а р ы* да, бейсауат уақытта мәлімсіз жүріс-тұрысы да ұнамайды (Т.Әлімқұлов Сейтек.). Жұлдызы көп әлемге, Сайрандағым келеді. Айдай ару әйелге, *Ж ұ п а р* сепкім келеді (Қ.Бекхожин, Қайран жас.). Еңкейіп төбемнен иіскеген сайын көгерте қырылған жүзінен әкем жағынатын шипр *ж ұ п а р ы* кеңсірігімді қытықтайды (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз).

Жұпар иіс. *Аңқыған, хош иіс.* Желпілдеген қарағай, Көк майсалы тамағын, *Ж ұ п а р и і с* боз жусан, Бетеге басқан балағын (Жамбыл, Шығ.). Жарқ етіп аспанында көк семсері, Көктемнің басын шайып өтсе селі Жан-жаққа *ж ұ п а р и с і н* таратады, Көңілі күндей жомарт, Көкше

сері (С.Мәуленов, Жаңа арна). Жерім бейне бүлістей, Көлім бейне күмістей. Айналасын көмкерген *Жұпар иіс* гүл еді (Н.Байғанин, Шығ.).

Жұпар кіндік. *Қыз-келіншек үйір келетін, жұлдызы жанып тұрған жігіт туралы айтады.* Жанына қыз-келіншек үйірілген, жігіттің *жұпар кіндік* біреуі екен (Ақын жырлары). Қыз-келін бойы балқып ләззат алар, *Жұпар кіндік* сияқты иісіме (Көдек Байшығанұлы Маралбаев, Өлеңд.).

Жұпар сабын. *Хош иісті сабын. Жұпар сабын* қалтада, Орамалы жібектен... Соңғы кезде бір өсек Досетті де жүдеткен (Б.Майлин, Шығ.). Хакім Бәйестен *жұпар сабын* сұрады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). – Үшүке, келің мұнда, – деді, – қарақ, Менде бар сізге лайық айна-тарақ. Әтір май, *жұпар сабын*, иісті май бар, Алсаңыз шеттік ноқа бетке қадап. Шеттейін пұлыңыздың керегі жоқ (Бабалар сөзі).

ЖҰПАР[2] з а т. з о о л. *Терісі аса бағалы аң.* Әсіресе, бір кезде даламызда көптен жүретін *жұпар,* көксусар, орман сусары, құндыз, Еуропа норкасы, қарақұмық, бұлан және дала қойы секілді аңдарды бүгінде оңайлықпен таба алмайсың («Лен. жас»).

ЖҰПАР[3] з а т. б о т. *Ерекше хош иісті шөп.* «Құтырған» қияр тәрізді тұқымдарын өздері атын тарататын өсімдіктердің тобына шыңқотер, *жұпар,* бұршақ, қызғалдақ өсімдіктері де жатады (Т.Таубаев, Жасыл әлем.).

ЖҰПАРАҒАШ з а т. б о т. <лат. myristica> *Магнолиялар қатары мускат тұқымдасына жататын мәңгі жасыл ағаш. Жұпарағаш* 60-80 жылдай жеміс береді, бір ағаштан жылына 1500-2000 дана жеміс жиналады (ҚҰЭ). *Жұпарағаш* медицинада және парфюмерия өнеркәсібінде пайдаланылатын эфир майын алу үшін, сондай-ақ дәм-татымдық өсімдік ретінде өсіріледі (ҚҰЭ).

ЖҰПАРБАС з а т. ө с. <лат. anthoxanthum> *Астық тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Жұпарбастың* құрамында кумарин болғандықтан, айналасына жағымды иіс таратады (ҚҰЭ). Қазақстанда Жетісу (Жоңғар), Іле, Күнгей Алатауларында, Алтай және Тарбағатай тауларында өсетін 2 түрі бар: кәдімгі *жұпарбас* – биіктігі 10-50 см және альпілік *жұпарбас* – биіктігі 7-30 см (ҚҰЭ).

ЖҰПАРГҮЛ з а т. ө с. <лат. origanum> *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі 30-60 см көпжылдық шөптесін өсімдік. Жұпаргүл* маусым-шілде айларында гүлдейді, жемісі шілде-тамызда піседі (Ә.Исамбаев,... Халық. мед. өсімд.). Дәрілік шикізат үшін *жұпаргүлдің* сабағын, жапырағын, гүл шоғырын, дәнін дайындайды (Ә.Исамбаев,... Халық. мед. өсімд.). Неге жабығам? Төбемде көгілдір аспан, маңым толған *жұпаргүл,* алдымнан самал еседі, құлағыма даланың неше алуан әсем үні кеп тұрады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖҰПАРЛА= е т. с ө й л. *Әтір бүрку, иіс су жағу.* Нәзира киноға барар алдында үсті-басын иіс сумен *жұпарлады* (Ауызекі).

ЖҰПАРЛЫ с ы н. *Хош иісті; жұпар аңқыған.* Нұрлан бір кітаптың бұрышына: «Омырауы *жұпарлы»,* – деп жазыпты. Жас жігіттің өткір көзі, қиғаш қасы, ебедейсіз ұзын қолы елестеді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Андыздаған *жұпарлы* иіс көкіректі кернейді (Т.Нұртазин, Мұрат). Салтанатпен сайран салды, Көрген таң боп қайран қалды. Гүлді көктем, *жұпарлы* жаз, Сары ала күз – әсем бір наз (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Жұпарлы бездер. а н а т. *Кейбір бауырымен жорғалаушылар мен сүтқоректілердің түрі өзгерген тері бездері. Жұпарлы бездер* қолтырауындарда, тасбақаларда, кейбір сүтқоректілерде (жұпартышқанда, құндызда, ондатрада, құдырда және т.б.) болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жұпарлы бездерден* бөлінетін сұйықтықты «қайыр» деп те атайды. Мысалы, құндыз қайыр, құдыр қайыр. Ондай сұйықтық өзі мекен ететін жерін белгілеу, сыңарын іздеп табу, түгін майлау және т.б. үшін пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҰПАРСЫЗ с ы н. *Хош иіссіз.* Жер бетінде гүл өссе, Жер *жұпарсыз* болмайды. Ел ішінде ұл өссе, Елін жаудан қорғайды (Ө.Тұрманжанов, Бозша торғай).

ЖҰПАРТЫШҚАН з а т. з о о л. <лат. desmana moschata> *Жәндікпен қоректенетіндер отрядына жататын, жартылай суда тіршілік ететін аң. Жұпартышқандар* Қазақстанда, негізінен, Жайық өзенінің алабында, оның шөбі қалың салаларында кездеседі (ҚҰЭ). *Жұпартышқандар* көртышқандар тұқымдасының туысы. Дене тұрқы – 18-23 см, салмағы – 320-480 г. Дене құрылысы суда тіршілік етуге бейімделген сүтқоректі жәндікжегіш (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҰПАРШӨП з а т. ө с. <лат. platanthera> *Сүйсін тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* Гүлі түнде немесе жаңбыр жауар алдында ашылады, сондықтан *жұпаршөпті* түнгі шегіргүл деп те атайды (ҚҰЭ). *Жұпаршөп* Қазақстанда Көкшетау, Семей және Шығыс Қазақстанда (Алтай тауларында) кездеседі (Ә.Исамбаев,... Халық. мед. өсімд.).

ЖҰП-ЖУАН с ы н. **1.** *Өте жуан, тым толық.* Көлденеңі күректей мұқыл тырнақты саусақтары келінің сабындай *жұп-жуан*

(Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.). Ауылда жүргенде Әкімбай талдырмаш сияқты еді, қазір *ж ұ п-ж у а н* боп кетіпті (Ө.Қанахин, Мұрагер). Мұндай істі сеніп тапсырғанына қуанып кеткендей, шынында да *ж ұ п-ж у а н,* топтолық, үлкен, майлы аяғымен торсылдақты теуіп қалғанда, ол анау-мынау емес сарт етті (Т.Жармағанбетов, Сентябрь.). Тығыршықтай майлы денесі *ж ұ п-ж у а н* көрінгенімен, жүріс-тұрысы тым шапшаң (О.Бодықов, Бұлбұл). **2.** а у ы с. *Қалың, үп-үлкен, тоқпақтай.* Газет-журналдардан, архивтегі отчеттардан цифр теріп, сол жаңағы екі жылда *ж ұ п-ж у а н* бір том жазып шықты (Б.Аманшин, Жар мұңы). Коридор жақ есіктен қылтиып әуелі басы көрініп, сосын Степанның өзі кіреді. Қолында *ж ұ п-ж у а н* бір кітап бар (Жастар эстрадасы).

ЖҰП-ЖУАС с ы н. *Моп-момын, тым жуас.* Сырттай қараған кісіге ол *ж ұ п-ж у а с,* қой аузынан шөп алмайтын кісіге ұқсайды (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Әншейінде аюдай болып көрінетін енесі қазір Әлібайдың көзіне *ж ұ п-ж у а с* біреу сияқтанып көрінді (Т.Нұрмағамбетов, Тұнық су). Басқадай көліктің лажы жоқ болған соң, *ж ұ п-ж у а с* құла төбелге оны қайта қондырдық (Қ. Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖҰП-ЖҰБЫМЕН ү с т. *Екі-екіден, қосқосымен.* Бұл бақшада жүрген адамдар да жалғыз жүрмей, *ж ұ п-ж ұ б ы м е н* жүргені байқалады (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Кетті билеп *ж ұ п-ж ұ б ы м е н,* Көк майсада қиқуласып, ісі жоқтай бұл дуылмен, Екі Иван түр сырласып (Ж.Өмірбеков, Мың терезе). Осы шағын қаладағы үйлер *ж ұ п-ж ұ б ы м е н* орналастырылған – олардың арасында тар жол бар («Лен. жас»).

ЖҰП-ЖҰҚА с ы н. **1.** *Тым жұқа, қалың емес. Ж ұ п-ж ұ қ а* инелік қанатының да өз дыбысы болады екен (Т.Ахтанов, Дала сыры). Күлдәрі *ж ұ п-ж ұ қ а* крепдешин көйлек киіпті. Маңдайына түсіре сарғыш орамал байлаған (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). **2.** а у ы с. *Әдемі, нәзік, сүйкімді, үлбіреген.* Балдырған – жас жігіт Келіп тұр алдыма, Нәп-нәзік, *ж ұ п-ж ұ қ а,* шырайлы (Ә.Тәжібаев, Жартас.). Көмейге келген сөз болса, *ж ұ п-ж ұ қ а,* әдемі ерні оны сыртқа шығармай, бөгеп қалатын секілденеді (С.Сейітов, Сөз сұра). Қыз баланың шырқап отырғаны – қазақтың «Аққұмның бір қызы бар іңкәр атты» деген өлеңі. Қағаздай *ж ұ п-ж ұ қ а,* ақ құба қыздың көмекейі бүлкілдеп отыр («Қаз. әдеб.»).

ЖҰП-ЖҰМСАҚ с ы н. **1.** *Мамықтай, жұмсақ, үлпілдек. Ж ұ п-ж ұ м с а қ* төсек көз алдыма елестегенде үйқым келіп, есінеп жібердім («Лен. жас»). Қыз құшағыма енгенде, оны арқасынан қағып, уатпақ болдым. Алақаныма *ж ұ п-ж ұ м с а қ* жуан бұрымы тиді (Ә.Нұршайықов, Махаббат.). Түкті кілемдей *ж ұ п-ж ұ м с а қ* жасыл көгалға отыра қалып, үйден өзімен бірге ала шыққан «Космос жаршысын» ақтара бастады (Т.Шаханов, Жоғалған). **2.** а у ы с. *Жайдары, жайлы, сынық, мап-майда.* Жанарың неткен жылы еді, Мінезің қандай *ж ұ п-ж ұ м с а қ.* Әйелдің торғын жібегі, Тұрсың-ау тіпті гүлге ұқсап (Ә.Абайділданов, Алыс.). *Ж ұ п-ж ұ м с а қ,* сынық мінез қоңырқай күн, Алашабыр аспанды сонырқайтын Шақ туды. Мамырлаған күз келеді Сөнбеген гүлді, көрсек таңырқайтын (Қ.Жұмағалиев, Айнамкөз). Қатыгез атаман қызының алдында *ж ұ п-ж ұ м с а қ,* мап-майда еді (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖҰП-ЖҰМЫР с ы н. **1.** *Тығыршықтай, топ-толық.* Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы, Күлкісі, бейне бұлбұл құс сайрайды. *Ж ұ п-ж ұ м ы р,* ақ торғындай мойыны бар, Үлбіреген тамағын күн шалмайды (Абай, Тол. жин.). Тыңдаңыз, міне, қария! Жер деген – мынау тақия! Тап осындай *ж ұ п-ж ұ м ы р* Екі басы сопақ па? Қараңыз енді Күн жаққа (М.Жұмабаев, Шығ.). Мақпал көрпенің астынан қыздың *ж ұ п-ж ұ м ы р* иығы, беті мен екі бұрымы ғана көрінеді (М.Қарашаев, Даладағы дабыл). Басын кекжите байлаған, тойға шалынатын *ж ұ п-ж ұ м ы р* асау байтал қаданы жұлып кетердей жұлқынып шыр көбелек айналады (С.Жүнісов, Өшп. іздер). **2.** а у ы с. *Жып-жинақы, ықшам.* Шағын мақаласының өзі құйып қойғандай *ж ұ п-ж ұ м ы р* (Н.Әбуталиев, Қайран Нарын).

ЖҰП-ЖҰП ү с т. *Қос-қос, екеу-екеу.* Қарпырда әуелі шуда жіппен ұзынынан қап сықылдандырып тігіп, *ж ұ п-ж ұ п* болып отырып, алты-сегіз адам бір ілгері, бір кейін көтеріп тастап отырады (А.Байтұрсынұлы,.. Оқу құралы).

ЖҰППА-ТАҚ з а т. о й ы н. *Бір затты жасырып, екінші біреуден соның жұп я тақ екендігін сұрап ойнайтын ойын түрі.* Әуелі қоламтаға нан көміп *ж ұ п п а-т а қ* ойнадық. Бөлем таба алмай қалса, өлең айттырып отырдық (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЖҰПТА= е т. **1.** *Қосарлау, пар-парлау.* – Біз *ж ұ п т а п* жүреміз, *ж ұ п т а п* өмір сүреміз – деп көк кептер сөйледі (Ы.Алтынсарин, Шығ.). Қазылар белдесетін жігіттерді осылай *ж ұ п-т а п* шықты да, енді ортаға екі-үш жұптан шығарып, күрестіре бастады (Ә.Кекілбаев, Дала.). Шешелері Айсұлу талғамды, кербез адам. Қыздарын аршыған жұмыртқадай етіп таза ұстайды, әрі *ж ұ п т а п* көрікті киіндіреді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсені қиыстыру, құрастыру, жаттау.* – Дауысың зор, әнің бар, көп айтса, тәуекел де,

түнімен ойлап төрт-бес ауыз өлең *жұптап* шық! (К.Әзірбаев, Аңыз.). Көктем кеткелі жеңешем бұл әнді жанына *жұптап* алған сияқты. Қайда жүрсе де ыңылдап салатыны осы (Т.Иманбеков, Үш ай.).

ЖҰПТАЛ= е т. **1.** *Бірлесе бас қосу, қатарласу, қосылу.* Екі мыңға жуық адам 20-30 мыңнан *жұптарып* ап жұмыла қимылдағанда, әлгінде ғана жағада тау сияқты үйіліп түрған «Қара буралар» азая бастады («Қаз. әдеб.»). Несі жар, сол қысымнан құтқармаса? Не өлі, не тірі боп *жұптармаса* (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). **2.** а у ы с. *Орайласу, сәйкестену.* Бүгінгі ауыл – қазіргі өмір талабына, ел мен республика мүддесіне, соның бағыт-бағдарына орайласа *жұптарған* күрделі өмір ордасы (Ж.Исмағұлов, Адам.).

ЖҰПТАЛУ *Жұптал етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰПТАН= е т. **1.** *Қосарлану, қабаттасу, қатарласу.* Екі қара алыстан *жұптанып* көрінгенмен арақашықтығын әудем жер үзіп, біреуі жеке келеді екен (Е.Тұрысов, Ақбақай). **2.** б и о л. *Қосылу, ұрықтану.* Ұрықтанғаннан кейін диплогидты жиынтықта хромосомдар тағы қайтадан *жұптанады,* оның әр жұбындағы хромосомның біреуі атасынікі де, екіншісі – анасынікі (Жалпы биология).

ЖҰПТАНУ *Жұптан етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰПТАС= е т. *Қосақтасу, қосарласу, бірлесу.* Сетканы қолына ұстап, Нұрбибіні қолтықтап, кәдімгі ерлі-зайыпты кісілердей *жұптасып,* қас қарая, екеуі қыз түрған пәтерге көтерілді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Осы құстың бір ғажабы – бір еркек, бір ұрғашы құс боп ғұмыр бақи *жұптасып* тіршілік етеді. Өмірі ажырамайды (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖҰПТАСТЫҚ з а т. *Бірлестік, қосарластық, жұптылық.* Съезд залында партия мен халық жүрегінің бірлігі, мақсатының тұтастығы, ой-арманының *жұптастығы* салтанат құрды (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

ЖҰПТАСТЫР= е т. *Екі-екіден жұптау, парлау, қосақтастыру.* Адамзаттың бүкіл тарихында диқандардың сан ғасырлық үрпағы табиғатпен, жермен тағдырын *жұптастырған* (М.Кеңпейілов, Дала). Үйдегі Шотаяғым шәулі қыран, мынау ұябасар екен. Мен бұларды қалай да *жұптастырам* деген ойға тоқталдым (Ж.Сатылғанов, Шығ.). Қуаныш қана емес, адамдарды мұң да, шер де *жұптастырмай* ма (К.Қазыбаев, Аманат).

ЖҰПТАСТЫРУ *Жұптастыр етістігінің қимыл атауы; будандастыру.* Будандастыру, яғни тұқым аралық өсіру. Бұл әдістің мәні әртүрлі тұқымға жататын жылқыны *жұптастыруда* (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Туыстас өсіру. Мұнда туыс малды *жұптастыру* арқылы өсіргенде өзара туыс мал шығарылады (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.).

ЖҰПТАСТЫРЫЛ= е т. *Будандастырылу.* Таза өсіру. Бұл әдіспен өсіргенде *жұптастырылатын* жылқы бір тұқымнан болуы қажет (А.Сыздықов, Жылқы өсіру.). Ол құстың тіршілік қабілетін арттыру үшін, өзара туыс емес және өнімділігі әртүрлі линиялардың құстары *жұптастырылады* (Құс өсіруші.).

ЖҰПТАСТЫРЫЛУ *Жұптастырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰПТАСУ *Жұптас етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үйлену, ерлі-зайыпты болу.* Байтас *жұптасу,* үйлену, ұрпақ сүю деген секілді ішкі ниеттерден тұратын саналы әрекетті ақылдың ісі деп шешті (Т.Әбдіков, Күз.). **2.** *Ұрықтану.* Тиіндер жылына екі рет балалайды. *Жұптасуы 2–3* аптаға созылады (Х.Қадырбаев, Дала көркі).

ЖҰПТАУ *Жұпта етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰПТҰЯҚТЫЛАР з а т. з о о л. <лат. artiodactyla> *Сүтқоректілер табының бір отряды.* Осы *жұптұяқтыларға* жататын қой мен ешкіні қазақ халқы ашатұяқтылар деп те атайды (ҚҰЭ). *Жұптұяқтылардың* қазіргі кезде 150-ге жуық түрі Жер шарында кеңінен таралған, олар екі отряд тармағына (күйісқайтармайтындар, күйісқайтаратындар) бөлінеді. Көпшілік түрі өсімдіктермен қоректенеді (Қаз. тілі термин. Биология). Елімізде *жұптұяқтылардың* 10 түрі кездеседі, оның 3 түрі мен 5 түр тармағы Қазақстанның «Қызыл кітабына» (1996) тіркелген (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҰПТЫ с ы н. *Ерлі-зайыпты, серіктес, қосақтас.* «Аз уақытта ауылдарыңа елші барады. Маған адал *жұпты* болам деп серт уәдеңді берсең екен» деген сөзді осының аузына Құдай неге салмайды? – дейді ішінен Өтегелді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жүзіңнің ақ аралас қызыл бетті, Жаман сөз сөйлемейді, адал *жұпты.* Болғанда тісі аппақ, пісте мұрын, Ауызы қалжың сөзге болса епті (Ақан сері, Шығ.).

Жұпты болды. *Үйленді, жұбайлы болды.* Манат қыз, құлағың сал, сөзге мына, Кедейге *жұпты болған* жоқ па сірә (И.Байзақов, Шығ.). Қылмады екеумізді нәсіп қосақ, Балдай тату болар-ек *жұпты болсақ* (Айтыс).

ЖҰПТЫҚ с ы н. *Ерлі-зайыптылық, серіктестік. Жұптық өмір* – адам өмірінің ең мағыналы кезеңі. Сол өмірді қалай бастау керек? (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ).

ЖҰПТЫЛЫҚ[1] з а т. *Ерлі-зайыптылық, серіктестік.* Құдаша, лебізің бал, сөзің шырын, Ер, әйел жұпты болған әуел бұрын. Жаралған Адам ата Хауанадан, Қалдырған ұрпағына *ж ұ п т ы л ы ғ ы н* (Айтыс). Мен ерлі-зайыпты адамдардың *ж ұ п т ы л ы қ* салтын, адалдық заңындай ардақтап, бұлжытпай орындауын қалаймын (Ә.Нұршайықов, Махаббат.).

ЖҰПТЫЛЫҚ[2] з а т. ф и з. *Кейбір дискреттік түрлендірулер кезінде физикалық жүйенің не элементер бөлшектерінің толқындық функциясының симметриясын сипаттайтын кванттық сан.* Егер осындай түрлендірулер кезінде (ф) таңбасын өзгертпесе, онда *ж ұ п т ы л ы қ* оң, егер өзгертсе – теріс болады (ҚҰЭ). Кеңістік *ж ұ п т ы л ы қ* – айналық шағылу (кеңістік инверсия) кезінде элементер бөлшектердің не олардың жүйелерінің симметриялық қасиеттерін білдіретін кванттық механикалық сипаттама: әлсіз өзара әсерлерден басқа барлық өзара әсерлерде сақталады (ҚҰЭ).

ЖҰПЫНЫ с ы н. *Қарапайым, қарабайыр, сүреңсіз.* Той, колхоз тойы үлкен болған жоқ. Өте *ж ұ п ы н ы* боп өтті. Бірақ бізге қатты ұнады (С.Бақбергенов, Адам.). Ауыл тұрмысы *ж ұ п ы н ы.* Қай үйге кірсең де жер еден, аласа дөңгелек үстел (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Ауыл ортасындағы *ж ұ п ы н ы* ғана үйдің сыртқы қақпасы ашылып, тысқа бір бала жігіт шықты («Қазақст. мұғ.»).

Жұпыны киім. *Қарапайым, арзан матадан тігілген киім.* Ол – мұрты жаңа ғана тебіндеп келе жатқан бала жігіт. *Ж ұ п ы н ы к и і м* киіпті. Абайға жақындай бере сәлем берді (М.Әуезов, Абай).

ЖҰПЫНЫ-ЖҰТАҢ с ы н. *Нашар, жетімсіз.* Дүниенің рақатын енді-енді сезгендей елтіп, мен өзімнің *ж ұ п ы н ы-ж ұ т а ң* күйімді бір сәтте әсте ұмытқан едім (М. Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖҰПЫНЫЛАУ с ы н. **1.** *Қарапайымдау, қорлау, сүреңсіздеу.* Офицердің қасындағы түрік ерін, ақ сұрша, орта бойлы жігіт ол да қазақ. Киген киімі жабайы, *ж ұ п ы н ы л а у,* семинарияның шәкірті сияқтанды (І.Жансүгіров, Шығ.). Қонақтан түгін аямайтын ауылдың дастарқаны *ж ұ п ы н ы л а у* екен (М.Дүйсенов, Гүлжан.). **2.** *Сыпайылау.* Оның Самалы өзіндей әнші еді. Жайшылықта көзге *ж ұ п ы н ы л а у* көрінгенмен ән салған кезде ажарланып, асқақтап кететін (Ә.Әбішев, Найзағай).

ЖҰПЫНЫЛЫҚ з а т. *Қарапайымдылық, сүреңсіздік.* Орта бойлы аққұба, өңінің солғындығына, киім киінісінің *ж ұ п ы н ы л ы ғ ы н а* қарап, орта жастағы кісіге балағанымыз болса да, сөйлесе келе күшіне сенген адамның қимылын аңғардық (Ж.Арыстанов, Естен кетп.). Ол жылдары киімнің *ж ұ п ы н ы л ы ғ ы* пролетариат студенттері үшін қасиетті бір белгі саналатын (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Мүмкін, киімнің *ж ұ п ы н ы л ы ғ ы н а* күлген шығар деп едім, олардың өз үстері де ұқсап тұрған жоқ екен (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖҰПЫТСУ= е т. ж е р г. *Надансу, мұләйімсу.* Сен *ж ұ п ы т с ы м а й*-ақ қой, Сенің сұм екеніңді ертеден білеміз (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰРАҒАТ з а т. **1.** *Үрім-бұтақ, әулет.* Европаның Бах әулеті сияқты Мұхиттың *ж ұ р а ғ а т т а р ы* да атасының мұрасын алтындай сақтап келеді (А.Жұбанов, Замана.). Шоқанға арналған ескерткішті ол талапты архитектор, Шоқанның *ж ұ р а ғ а т ы* Шота Уәлихановпен бірлесіп жасап жүр (С.Байжанов, Жастық.). **2.** *Алыс-жақын, ағайын.* Ойдағы-қырдағы *ж ұ р а ғ а т т а р ы м ы з,* көрші-көлем, қимас құрбы-құрдастарымыз, әйтеуір сыйлас адамдарымыздың Сегізбекке бата оқып, бізді жұбатпағандары жоқ (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Айнатақтада үлкен-кішілі сурет, ағайын-туыс, дос-таныс, *ж ұ р а ғ а т т а р д ы ң* әр кездегі бейнесі (Ж.Өмірбеков, Замандас.).

ЖҰРАҒАТТЫҚ з а т. *Ағайындық, туыстық.* Көбі таныс, кейбіреулері етене жақын болмаса да алыс *ж ұ р а ғ а т т ы ғ ы* бар адамдар (Т.Ахтанов, Боран). // *Үрім-бұтаққа тәндік.* Таныған күнде де *ж ұ р а ғ а т т ы қ* салтты тізіп жатуға шамам келмейді (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖҰРБАЙ з а т. з о о л. *Дала бозторғайы.*

ЖҰРДАЙ е с і м. *Тұқ жоқ, құралақан, мақұрым.* Тіршілік түпсіз қараңғы көрініп бақытынан *ж ұ р д а й* сезінген кезінде дәрігердің жүрек жарар сөзі баланың ой құшағына сыймады (Е.Оразақов, Тірі мүсін.).

Жұрдай болды. *Бәрінен айырылды, тұқ қалмады.* Үсті-басы сырдай боп Жүрген шығар құлыным. Жалғызым кетіп *ж ұ р д а й б о п* Кесілді қолым, құрығым (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бар болғаны екі жылда бар малдан *ж ұ р д а й б о л д ы қ* (С.Омаров, Өмір.). Соғыс өзінің жеті ағайынды жұтын ала келді: ауыл ер-азаматынан *ж ұ р д а й б о л д ы* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖҰРДАЙЛЫҚ з а т. *Тұқ жоқтық, дым қалмаушылық, құралақандық, мақұрымдық.* Қарабастың зымияндығына шек бар ма? Байдың адамгершілік қасиеттен *ж ұ р д а й л ы ғ ы н* бесіктегі бес жасар бала біледі, оған бейнелі сөзді қор етіп қажеті не? («Қаз. әдеб.»).

ЖҰРИЯТ з а т. ж е р г. *Жұрт.* Олар өз алдына бір *ж ұ р и я т* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰРҚА[1] з а т. к ө н е. *Бір нәрсенің қалған қалдығы, сарқыншағы, тамтығы.* Мен басымнан сөз асырмайтын қызба, шатақтаумын. Ал ағайымда ол мінездің *ж ұ р қ а с ы* да жоқ (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Қайыстың *ж ұ р қ а с ы н* қамшының өзегіне салып, «суф» деп түкіріп қойып, қайтадан өре бастады (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Шоқан болса тобылғы бұтағындағы үкінің жүніндей аппақ, ақ гүлдей жібектің жыртынды *ж ұ р қ а с ы н а* ойлы қарап тұрып қалды (С.Бақбергенов, Қоянкөз.).

ЖҰРҚА[2] *Жүн-жұрқа қос сөзінің екінші сыңары.* Есенейдің ен дәулетін аясын ба, *ж ү н-ж ұ р қ а,* қыл-қыбыр, ас-су дегенді мол үлестіріп, Ұлпан Есенейге қосылуы жылға жетпей ел аузында мырза келіншек аталған (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Бұл малдардың сүт-майы, *ж ү н-ж ұ р қ а с ы,* шиеттей сегіз баласы бар Әділбектің үйіне жұғын да болмайды (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖҰРҚАН з а т. ж е р г. *Жамылатын көрпе.* Баланың *ж ұ р қ а н ы н* жуып қойдым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰРНА з а т. к ө н е. *Кедейшілік, таршылық, жоқтық.* Қой, Құдай ісі деп, қазақша қарап, көніп отыр. Ағайын-туған елімнің, жерімнің көру қуатын мені тұрмыс *ж ұ р н а с ы н а н* арашаламас па екен? – деп келіп едім. Жығылған үстіне жұдырықтаудан басқаны сахара маған көрсеткен жоқ (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҰРНАҚ[1] з а т. *Бұрынғыдан қалған белгі, қалдық, жәдігер.* Ескі мәдениеттің есіл қымбат *ж ұ р н а ғ ы* бет-аузы айғыздалып, сырсылауы көшіп, бұрыштары жеміріліп, құбыла жағы толықсып, жантайып, мұнараларының қабырғасы шатынап, құлауға таянған екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Біздің басып отырған «Қарасай-Қазиымыз» ұзақ сөзден қалған бір *жұрнақ* (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Зәбираның сол бір қайғылы оқиғасынан кейін мен оны екі жылдан соң көрдім. Баяғы батылдықтан, еркіндік пен өжеттіктен *ж ұ р н а қ* та қалмапты (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖҰРНАҚ[2] з а т. г р а м м. *Жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша.* Қазақ тіліндегі *ж ұ р н а қ* мағынасы мен қызметіне қарай екіге бөлінеді: 1) сөз тудыратын жұрнақтар өзі жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады. Мыс., «жылқы-шы», «білім», «жасы-қ», «таға-ла»; 2) сөз түрлендіретін жұрнақтар өзі жалғанған сөзіне үстеме мағына қосып, сөздің тұлғасын өзгертеді. Мыс., «көкшіл», «көк(г)-ірек», «сары-лау», «сары-рақ», «жаз-ып», «жаз-ғалы» (ҚҰЭ). *Ж ұ р н а қ т а р* сөзден сөз тудырып сөздікті қорландыратын категория (Қазіргі қаз. тілі.).

Грамматикалық жұрнақ. *Өзі жалғанған түбірге таза грамматикалық мағына үстеп, белгілі бір сөз табындағы түрленуінің көрсеткіші болады.*

Модификациялық жұрнақ. *Жаңа мағыналы сөз тудырмағанмен, түбірге қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосады.* Қазақ тілінде *м о д и ф и к а ц и я л ы қ ж ұ р н а қ т а р ғ а* зат есімнің реңдік мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары, етістіктің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары жатады (ҚҰЭ).

ЖҰРТ[1] з а т. **1.** *Ел-жұрт.* Қарасақ, көп адамдар Түлкі боп жүр, Залымдық өтірікпен мүлкі боп жүр; Солардың сұмдығына түсінбеген Қарғадай *ж ұ р т қ а* мазақ, күлкі боп жүр (А.Байтұрсынов, Шығ.). Ал енді жаман жағы мынау: ұлтшыл адам бір *ж ұ р т т ы ң* ғана қамын ойлайды; бұл қамын ойлау жолында басқа *ж ұ р т т а р м е н* айтысады, тартысады, жұлысады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қайтсе жеңіл болады *ж ұ р т* билемек? *Ж ұ р т ы* сүйген нәрсені ол да сүймек (Абай, Тол. жин.). **2.** к ө н е. *Патшалық, мемлекет, ел.* Аралас әрі бірыңғай орналасқан ел бір *ж ұ р т* деп аталады. *Ж ұ р т* сөзі кейін мемлекет, ел, соңынан халық деген мағынаға ие болды (ҚҰЭ).

Дүйім жұрт. *Тұтас ел, бір қауым ел.* Домбырашы келіншектің аты *д ү й і м ж ұ р т қ а* жетті (С.Бақбергенов, Қайран шешем). Төлден шығын бар көрінеді деген дұмпу *д ү й і м ж ұ р т т ы ң* құлағын елеңдетті («Лен. жас»).

Жұрт аяғы басылды. *Ел орынға отырды, тыныштады.* Ауыл жатып, *ж ұ р т а я ғ ы б а с ы л ы п,* көрші үйлерде оттар сөнді де, түндіктер де тегіс жабылды (М.Әуезов, Өскен өркен). Түн. *Ж ұ р т а я ғ ы б а с ы л ы п,* машина жөңкілісі саябырлаған бір шақ («Қаз. әдеб.»).

Жұрт аяғын ауырлады. *Қиналды, қысылды, жақтырмады.* Абай мен Ұлжан қатты сескенді де, Зеренің қасын күзетті. Өзге жанды көп кіргізген жоқ. *Ж ұ р т а я ғ ы н а у ы р л а й д ы* деп, үй ішін оңаша ұстауға тырысты (М.Әуезов, Шығ.).

Жұрт жақсысы. *Елдің сөз ұстар, бетке шығар, игі адамдары.* Өстіп *ж ұ р т ж а қ с ы с ы* табылып, бірігіп іс қылса, тозған рәсімдер жоғалар еді («Қазақ»).

Жұрт қамы. *Ел мүддесі, хал-жайы, ахуалы. Ж ұ р т т ы ң қ а м ы н* көп ойла, Уайым-қайғы жеп ойла! Артта қалған сорлы жұрт Алға бассын деп ойла (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жұрт қыран-топан. *Барлығының ішек-сілесін қатырған күлкі.* Ертайдың сөзі күлдіргі,

ол сөйлесе *ж ұ р т қ ы р а н-т о п а н* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жұрт сұрады [биледі]. *Ел басқарды, ел биледі, ұстады.* Білімі көптеп жұрт билемей, малы көптеп *ж ұ р т б и л е й т і н* заманға қарсы туған, Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген (А.Байтұрсынов, Шығ.). Білемін, хан Бәйеке, нарлығыңды, Келсе – кең, қайтса – қайтпас тарлығыңды. Баласын алты алаштың шырқ иіріп, Ел билеп, *ж ұ р т с ұ р а ғ а н* хандығыңды (Шернияз ақын, Өлеңд.). Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып, Жиделі Байсын жеріне, қалың қоңырат еліне бек болып, *ж ұ р т с ұ р а п* (басқарып) тұрады (Алпамыс).

Жұрттан асқан. *Елден ерек.* «Мінеки,– деді,– енді мен де баймын! Байлар мен *ж ұ р т т а н а с қ а н* сайма-саймын. Құдайым бермегенде жаттым ұйықтап, Тұрғанда Құдай беріп, неге ұйықтаймын?! (А.Байтұрсынов, Шығ.).

Жұрт қатарлы. *Ел сияқты, басқалар тәрізді.*– Ертең біз бұл үйден кетеміз. Бұлай жүріп *ж ұ р т қ а т а р л ы* тіршілік ету мүмкін емес,– деді Жағышар (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Жұрттан алабөтен. *Елден ерекше, басқадан оқшауырақ.* Бұдан жиырма жыл бұрын, өзім жиырмадағы кезімде, мен де *ж ұ р т т а н а л а б ө т е н* көрініп, оларда жоқ нәрсені ойлап тапқым келетін («Лен. жас»).

Жұрт тану. *Ел білу, көпті көру.* Біздің қазақтың достығы, дұшпансыздығы; мақтаны, мықтылығы, мал ізденуі, өнер іздеуі *ж ұ р т т а н у ы* ешбір халыққа ұқсамайды (Абай, Тол. жин.).

Жұрттан шыққан. к е й і с. *Елден безген, жексұрын, азғын.*– Күйеуің байдың баласы, Әкесі елдің ағасы. Бүлдіріп жүрген бәрін де *Ж ұ р т т а н ш ы қ қ а н* сен!– деді (Б.Майлин, Шығ.).

Жұртты бастады. *Халықты, елді соңынан ертті.* Жөнелді азат қылған *ж ұ р т ы н б а с т а п*, Енді күнін көрмекші неге жастап. Не нашар өз тізгінін ұстап еді, Жылатып бәрін жетім кетті тастап (Ә.Тәңірбергенов, Өлеңд.).

Жұртын бермеді. *Елін-жерін жауға алдырмады.* Аймағың сенің бір болса, Ала болып тұрмаса, Жаманға *ж ұ р т ы н б е р м е с е*, Орның мықты болған соң (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Қайын жұрт. э т н. *Әйелінің төркін жағы (ер адамға қатысты).* Сөз ыңғайына қарағанда сіз мына Рақымғалидың *қ а й ы н ж ұ р т ы* сияқтысыз. Қысқа айтқанда, мен сізді танығаным жоқ (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Біреуі онан кейін жайын екен. Бір *ж ұ р т ы* ер жігіттің *қ а й ы н* екен. Қылмысың бұл жалғаннан жағып барса, Алдыңнан сегіз ұжмақ дайын екен (Айтыс).

Қара жұрт. *Бұқара, көпшілік, ел. Қ а р а ж ұ р т* қарап көріп, сөзге нанбас, Ант етемін жалғанын жан таба алмас. Өзі алданып, өзгеден соққы жеген Және өзі біреуді алдай алмас (Абай, Тол. жин.). Өзге *қ а р а ж ұ р т* жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен (Абай, Тол. жин.).

ЖҰРТ[2] з а т. **1.** *Көшіп кеткен елдің, ауылдың, үйдің орны, үй тіккен жер.* Өзі киіз үйдің дөңгелене шеңберленіп, шөбі тапталған ескі *ж ұ р т ы н а* қарай жүрді (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Жігіт аң-таң. Ауыл бұны *ж ұ р т қ а* тастап көшіп кеткен сияқты (Ә.Тарази, Құйрықты.). *Ж ұ р т қ а* келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен (Қаз. ертег.). Қазіргі Жаңажолдың орнында отызыншы жылға дейін жалғыз үйдің *ж ұ р т ы* да болмайтын (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). **2.** *Мал баққан кісінің өзі ғана отыратын, иемденіп пайдаланатын қонысы.* **3.** *Көктеу, жайлау, күзеу жайылымдарындағы мал жаятын жер, мал бағушының үйі тігілетін орын.*

Жұрт жаңғыртты [жаңартты]. *Қоныс аударды.* Қамшы бастым асыға Бурылтайға, Өткел бермей тоқтатқан терең сай ма? *Ж ұ р т ж а ң ғ ы р т ы п* орнынан бір күн түнде, Қалқатайдың ауылы кетті қайда? (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Оспанның жылын беріп қонағын атқаруда Құнанбайдың бар ауылы араласты. Әр ауылдың жұрты да, ат-арқаны тозды. Енді *ж ұ р т ж а ң ғ ы р т у* керек еді (М.Әуезов, Шығ.).

Жұртта қалған жұрын. *Жарамсыз, тұкке тұрмайтын көкір-шүкір, ұсақ-түйек зат, нәрсе. Ж ұ р т т а қ а л ғ а н ж ұ р ы н д ы* олжа көретін, ауысқанын алмай қоймайтын дау салған адам бар екен (Ш.Смаханұлы, Жүз шымшыма.).

Жұртта қалған күшіктей ету. *Жексұрын ету, қадірін, сүйкімін кетіру.*

Жұртта қалған қу қазықтай. *Арық, қу сүйек, құдай.*

Жұртта қалғыр. қ а р ғ. *Қаңғырып айдалаға кеткір, ешкімге керек болмағыр.*

Жұртта қалды. *Бәрінен айырылып, басы қаңғырды. Ж ұ р т т а қ а л ғ а н* күшіктей, Нақақ тарттым құр азап, Құрдастардың бәрі дағы Бала сүйіп, жар құшып (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Қара жұрт. *Жылда қонатын қоныс.* Ел болып жиылысқа түгел барды, Жасырын тау астына қонып алды, Қалдырып қартаңдарды *қ а р а ж ұ р т т а,* Айдады алыс жерге барлық малды (Е. Бердин, Қанды асу).

Сары жұрт. *Әбден ескірген қоныс.* Тиді ме құпия енші өмірден бұл, Сырымның сыбағасын

көңілден біл. Қарайған өртке күйіп *с а р ы ж ұ р т т а* Құлпырар жылға жетпей қызғалдақгүл (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖҰРТТА= е т. ж е р г. *Отасу, жұбайымен бірге тұру.* Ол Ағайшамен он жыл *ж ұ р т т а д ы* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰРТТАЙ[1] с ы н. **1.** *Жұрт тәрізді, ел сияқты.* Келді де егін салып байып кетті, Жалқау ма бұлар, тәңірі-ай, біздің *ж ұ р т т а й.* Көрдің ғой бұл уақытта тарылғаның, Алынбас илтифатқа жалынғаның. Он бестен кісі басы десятина Жер берсе, сонда, қазақ, нешік хәлің? (М.Дулатов, Шығ.). **2.** *Басқалардай, әлдекімдей, кейбіреулердей. Ж ұ р т т а й* жанын баптау, төсек салып шешініп жату – қара баланың әдетінде жоқ (Б.Майлин, Шығ.). Басқа *ж ұ р т т а й*, ішіндегі сезімді сыртына шығарып, жарқырап жүрмейтін тұйық мінезін мін көреді (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Кейде *ж ұ р т т а й* қайыратын малы болмаса да, кешке қарай барын киіп, киіп шығады да, мал айдаған әйелдердің жолын тосады (Б.Тілегенов, Көктем).

ЖҰРТТАЙ[2] с ы н. *Ел көшіп кеткен жердей, қоныстай.* Көшкен елдің *ж ұ р т ы н д а й*, жалғыз айнадан басқа көз тоқтатар дәнеңе жоқ (Жалғыз салт атты).

Көңілі көшкен жұрттай құлазыды. *Көңілі жасыды, мұңайды, жабырқады, қапаланды.* Қалпақтың кетуі-ақ мұң екен, *к ө ң і л і* де *к ө ш к е н ж ұ р т т а й қ ұ л а з ы п* қалды (Е.Домбаев, Ол осындай).

Көшкен елдің жұртындай. *Қаңырап бос қалған, ебей-себей.* Жаңа менен көнені Жайратасың бір тынбай. Үйемес үй дегенің – *К ө ш к е н е л д і ң ж ұ р т ы н д а й* (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл).

ЖҰРТТЫҚ[1] з а т. *Татулық, бірлік. Ж ұ р т т ы қ т а н* кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді (Абай, Тол. жин.). *Ж ұ р т т ы ғ ы н* сақтау үшін неше ғасырдан бері қан төгіп, арпалысып келе жатыр емес пе? (М.Дулатов, Шығ.). Соның үшін милиция құрудың үстіне съезде қазақ халқының *ж ұ р т т ы ғ ы н* жоғалтпау үшін не қылу керек деген зор мәселе де қаралды (Ә.Бөкейханов, Шығ.).

ЖҰРТТЫҚ[2] з а т. ж е р г. *Жұрт жәрдемі, көмек.* Кісі басы үш сомнан жинап, *ж ұ р т т ы қ* қылып, оны босатып жіберіпті (Қаз. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҰРТША ү с т. *Басқаларша, жұрттар сияқты.* Ұсынған бір тостаған қымызды ол басқа *ж ұ р т ш а* көтере салып жұтынып отырмайды, жерге қоя сала әңгімеге кіріседі (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Бір қызығы, ол тері алғанда өзге *ж ұ р т ш а* ақшаны алған терісінің санына қарай емес, салмағына төлейді (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖҰРТШЫ[1] з а т. ә с к. *Дәстүрлі қазақ қоғамында жортуылда жүрген қарулы әскерлерге жайлы орын сайлап, оларды қондыру, түстендіру және азық-түлікпен қамтамасыз ету ісімен шұғылданған әскери адам.* Ресей армиясы мен Батыс Еуропа елдерінде *ж ұ р т ш ы* міндетін интендант атқарған (ҚҰЭ).

ЖҰРТШЫ[2] з а т. з о о л. <лат. neophron percnopterus> *Сұңқар тәрізділер отрядының қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Ж ұ р т ш ы н ы ң* тұмсығы ұзын әрі өте жіңішке болады. Ересектері сұрғылт түсті, қанаттарының шетінде қара жолақтары бар, басы мен жемсауы қауырсынсыз, тықыр. Балапандарының түсі – қоңырқай (ҚҰЭ). *Ж ұ р т ш ы* – өте сирек кездесетін құс. Ақсу Жабағылы, Үстірт қорықтары мен «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағында қорғалады (ҚҰЭ). Қазақстанда *ж ұ р т ш ы*, тазқұмай, сақалтай, сұңқар, қыран, аражегіш, жамансары, балықшы, тұйғын, жыланжегіш, субүркіт, кезкұйрық, құладын қаршыға сияқты құстар бар («Парасат»). Бірақ кез келген қазақ бір көргенде бүркіт пен бөктергені, жапалақ пен күйкентайды, тұйғын мен ителгіні, *ж ұ р т ш ы* мен жамансарыны ажырата ала ма? («Егемен Қазақстан»).

ЖҰРТШЫЛЫҚ з а т. *Бір-бірімен өзара тікелей қарым-қатынас жасамаса да белгілі бір ортақ мудде жолында біріккен, алайда ресми түрде ұйымдаспаған топ, көпшілік қауым, ел.* Тегінде ұрпақ қалдыру, балалау сезімі *ж ұ р т ш ы л ы қ* сезім (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мақтанғаным емес, адал еңбегіммен қатар құрбы-жолдастарымның, *ж ұ р т ш ы л ы қ т ы ң* көзіне түстім (Қ.Асанов, Сағыныш.). Ұлттық оркестрге деген *ж ұ р т ш ы л ы қ т ы ң* ыстық сезімі, жүрек тебіренісі, алғыс-рақметі арнасына сыймаған айдын көлдей толқын атты (А.Жұбанов, Замана.). Орайы келгенін пайдаланып, қала *ж ұ р т ш ы л ы ғ ы н* ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша, Астананың «Бейбітшілік қаласы» атағын алғанымен құттықтаймын («Астана ақшамы»).

Жұртшылық құқығы. құқық. *Елдегі жалпы мемлекеттік мүддені қамтамасыз ететін қатынастарды реттейтін құқық салаларының жиынтығы. Ж ұ р т ш ы л ы қ қ ұ қ ы ғ ы н ы ң* салаларына: мемлекет теориясы мен құқық теориясы, конституциялық құқық, әкімшілік құқық, салық заңнамасы, қылмыстық құқық, сот құрылымы, іс жүргізу құқығы, халықаралық жұртшылық құқығы, ақпараттық құқық жатады (ҚҰЭ).

ЖҰРЫМ з а т. к ө н е. *Жұлын, өмір. Ж ұ р ы м ы ң* құрғыр-ау! Оны неге тастап кеттің? Қасқыр

жеп қойса қайтесің – деп, қойшы қоңқылдап, жер-жебіріне жетті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жұрым берсін. тілек. *Өмір берсін, ғұмырың ұзақ болсын.* Жібере бер көріні, Шығын қылмай дәріні *Жұрым берсін* жасқа («Қазақ»). *Жұрым берсін*! Бұл тұрақты тіркес көбіне қарттардың жастарға арнаған жақсы тілеуін білдіреді («Қаз. әдеб.»).

ЖҰРЫН[1] зат. көне. **1.** *Тері немесе құр терісіне ілініп қалған арық мал (қозы, тоқты т.б.).* Жұртта қалған *жұрынымдомалап* келіп қой болды. Сайда қалған тулағым Ойнақтап келіп тай болды, Төрт түлігім сай болды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Сырт киімнің етегіне, жеңіне, бас киімнің айналасына жүргізген елтірі немесе ақ терісі.*

ЖҰРЫН[2] зат. көне. *Елдегі қатардағы, қарапайым адамдар.* Жұдалылар өліп, қалып қойған *жұрындарымен* келе жатқанда (Мәшһүр Жүсіп, Шығ.).

ЖҰРЫНДА= ет. *Киімнің етек-жеңіне жұрын жүргізу, жиектеу.* Теріден тігілген киімдерді кестелі немесе кестесіз тыстап, әдіптейді, жаға-жеңдерін кестелеп, *жұрындайды* немесе сыздықтатып жүргізу арқылы әшекейлеуге болады (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҰРЫНДАЛ= ет. *Киімнің етек-жеңіне жұрын жүргізілу, жиектелу.* Ішіктер кейде әдіпті, оқалы, шет-шеті *жұрындалған* қайырма жағалы болып келген (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҰРЫНДАЛУ *Жұрындал етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жұрындалуы* сәнді.

ЖҰРЫНДАУ *Жұрында етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жұрындаумен* болды.

ЖҰРЫНДЫ сын. *Жұрын жүргізілген, терімен жиектелген.* Алдынан шығып документ сұраған, үстінде шинель, басында *жұрынды* бөркі, аяғында байпақты қазақы етігі бар шала солдат, қара жігітке Хакім: «Штабқа алып жүр, бастығына айтар құпия сөзім бар», – деді (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖҰСАҚ зат. *Бір жасар тау ешкісі.*

ЖҰТ зат. *Ауа райының қолайсыздығынан болатын экономикалық күйзеліс, апат; жазғы қуаңшылық пен қатты қыстан аштыққа ұшыраушылық, ашаршылық.* Партия біржақты емес: бұ да *жұт* сияқты неше ағайынды, көп жақты боп араласты (М.Әуезов,Шығ.). Биыл *жұт* болады деп, күн бұрын есепшілер де айтқан, шөптің шығысы жаман, серейген-серейген еркек шөп, бұйдай бас, көде, боз қаптап кетті (Ж.Аймауытов,Шығ.). Бар ойлағаны малды ойда жоқта айналып соғатын «*жұт*» деген пәледен аман алып қалудың тәсілі еді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Адам жұты. *Жұт жылы адамдардың қырылуы, адам шығынының қисапсыз көп болуы.* Астықтың әр түрінен алған тұқым, Жемеген көрсе де аштан, *адам жұтын*. Көзіне көрінгенді қорек еткен, Қашқанның көбінде жоқ киім бүтін (О. Шипин, Дастан).

Ақ сирақ жұт. *Малды түгел қырып кететін үлкен жұт.* Ызғырық соққан борасын Көрсетпей күннің толасын, Адалынан айырылып Бір жұтта жиған қорасын. Мыңғырған неше байларың – Бір *ақ сирақ жұтқа* кез болар! (Базар жырау, Шығ.).

Ақ сөңке жұт. сөйл. ***Ақ сирақ жұт.*** Мен өзім жас күнімде қарға бақтым, қарғаны семірсін деп жарға бақтым. *Ақ сөңкеге* мешін жылы үлкен *жұт* боп, қарғаның арығына жабу жаптым (Қара өлең).

Ақ сүйек жұт. *Тігерге тұяқ қалмай малы қырылып қалған жұт.* Ел *ақ сүйек жұтқа* ұрынса, он сегіз мың жылқыны жауға алдырып, көк байталмен сүмеңдеп менің баруым торыққан әкемді тояттата алар ма?.. (С.Талжанов, Ұлдай.).

Жұт болды. *Қыс қатты болып, мал жұтады, аштан қырылды.* Бір жылы *жұт болып*, бай қоныс аударып, жылқысын жер аударып жаяды (Қаз. ертег.).

Жұт жеті ағайынды. *Жұт жалғыз болмайды, басқа да қиыншылықтармен, табиғат апаттарымен қабаттаса жүреді деген мағынада.* Жұттың аяқ шенінде шенді басты үйлер азығын да тауысты. *Жұт жеті ағайынды* болмай тұрсын ба? (Ж.Аймауытов,Шығ.). Алыстан келе жатқан кедейлік *«жеті ағайынды жұттың»* бірі сияқты көрінетін (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Қазақ халқы *жұт жеті ағайынды* дейді. Олар: жұт, құрғақшылық, өрт, індет, сел, зілзала, боран (ҚҰЭ).

Жұт жылғы. *Жұт, апат, қатты қыс болған жылғы.* Әйгерім Абайдың жүзіне күлімсіреп қарады да: – Абай-ау, *жұт жылғы* аязды күнді сұрағандай таң атқаннан бері қайта-қайта сұрай беретініңіз қалай? – деп ақырын сыңғырлап күлді (М.Әуезов, Шығ.). Міне, бір сайда *жұт жылы* күрек аршушы еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мұнда жылқы саны ең бір *жұт жылдары* да бес мыңнан кемімеген («Жұлдыз»).

Жұтқа жаға жыртқызбады. *Жұтқа жеңдірмеді, мал-жанды аман сақтады, мұртын шалдырмады.* – Өзгені қой да, малды Қаратауға қарай діңкесін құртпай, аш жүріспен бұрлықтырмай жүргізіп, маңғыстатып отыршы. Мал өлтірмей-ақ, *жұтқа жағға жыртқызбай*-ақ, мына Мырзабай даласынан шығып кетеміз (М.Әуезов, Шығ.).

Жұт құрығынан құтылды. *Жұттан аман қалды.* Күн енді жылынып, қар тегіс кетіп,

малдың көбі *жұт құрығынан құтылған* кез еді (М.Әуезов, Өскен өркен).

Жұттан шыққан жұрындар. *Жұттан аман қалған кедей-кепшік. Жұттан шыққан жұрындар* жамырасып, күлісіп, Бұрынғы өңшең, күң, құлдар, Екпіні тау жыққандай (І.Жансүгіров, Таңд.).

Жұттың жұты. *Барып тұрған әлемет.* Кемтарлық. Оттың оты, *Жұттың жұты,* Апаттың да апаты (Б.Күлеев, Таңд.).

Жұт хабаршысы. *Табиғаттағы аса қолайсыз құбылыстарды (жаздағы аса құрғақшылық, қыстағы қардың шектен тыс қалың болуы, індет) жұттың жұттық белгісі деп санау.* Мұндай қауіпті сапарға осыдан отыз жыл бұрын, дәл осындай *жұт хабаршысы* қалың қар жауғанда өзі де аттанған (О.Бөкеев,Біздің жақта.).

Жұт шақырады. *Аса қалың қар мен бораның аяғы жұтқа айналады.* Ал мұндайлық *жұт шақыра* жауған қар мен қарғыс атқыр боран бұдан отыз жыл бұрын болғанын, оның садақасына Аспан шал екі аяғын беріп құтылғанын ілгеріде ескерткенбіз (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖҰТ= е т. **1.** *Асты өңеш арқылы өткізу, қылғыту.* Әкемізді сағынып, Хабар күтіп майданнан. Отырушы ек табынып, Бір-бір *жұтып* айраннан (М.Мақатаев, Шығ.). Қашағанға шөп *жұтқызбай,* бас салатын оңтайлы бедеудей өшетіл: – Не керек, қарағым? – деп іле тұра келді (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Жарлы боп неғысын... Бір сусын *жұтып,* жантая кеткендей жер табылса болад та, – деп Ақбілек тағы айтты (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** *Жою, жоқ қылу, басын жұту.* Құр ғана түйреп, түйіліп ауыртқан аурудың өзі ғана есінен шатастырып, ақыл-ойын *жұтып* бара жатқандай болды (М.Әуезов,Шығ.). Байлық қайда бар? Қандай пайда бар? *Жұта* салады Өмір – айдаһар! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Аждаһадай жұтты. *Сыпырып-сиырып жұтты.* Дүние, бір қорқыттың, бір толқыттың, Әманның *аждаһадай* бәрін *жұтты ң.* Болғанда бізбен жолдас сертің қайда, Бұл күнде ол достықты неге ұмыттың. Құлаштап, дүние сені қармансам да, Керімі келген шығар ер қорқыттың (Базар жырау, Шығ.).

Ант жұтты. *Уәдесін орындамады, антын бұзды.* Төрт құбылаң түгел ашық. Ал егер *ант жұтып* қарғысқа жолыққың келмейді екен, онда көп мыңқылды тоқтат та, ер артымнан (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар).

Атты арбап, атан жұтты. *«Түйені түгімен жұтты» дегендей обыр, жалмауыз ұғымында.* Албасты Арқадағы абжылан молда отыр ысқырынып оқып құран; *Атты арбап, атан жұтып* жатыр молда, Құранмен жем түсіріп жуан-жуан (І.Жансүгіров, Таңд.).

Ауа [һауа] жұтты. *Таза ауаға шығып дем алды; тыныс (дем) алды.* Біз таза *ауа жұтқалы* сыртқа шығып кеткенде Данаекең қалғып отыр еді, біз келсек, ояу екен (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Шалқар көл, байтақ даланың, *Жұтайын* таза *һауасын* (Ж.Сыздықов, Асулар).

Аяқты аяғымен, шанақты шанағымен жұтады. *Мешкей, жемпаз, парақор, «түйені түгімен жұтатын» кісі туралы айтылады.*

Байды [адамды] жұтқан. *Байының басын жұтқан, жалмаған, түбіне жеткен.* Ақан Алтайдың ару қызын қиып тастап, маған – екі *байды жұтқан* маған жар болғанын мақтан етіп, жар салу да жараспас еді (О.Бөкеев, Біздің жақта).

Басын жұтты. *Құртты, жоқ қылды, түбіне жетті.* Әділетсіз бір жастың *басын жұтсын.* Қайнап тұрған қанымды ішкенменен, Қаңсыған қатқан ішін не жылытсын (Абай, Тол. жин.).

Бір қасық сумен жұтып жіберерлік. *Сұлу, үріп ауызға салғандай.* Жас баланы көрдім. Ай десе, аузы бар, күн десе, көзі бар, көрген кісі қызығып, *бір қасық сумен жұтып жіберерлік* (Шешендік сөздер).

Жалмап жұтты. *Бүтіндей жоқ қылып жіберді.* Әлемдегі әр затты, өзірше болса да, *жалмап жұтып,* жоғалтып жіберген (О.Бөкеев, Біздің жақта).

Жер жұтады. *Бәріміздің барар жеріміз қара жер деген мағынада.* Жүйтки бер қара жолда, ей, қарагер, Қарагер кейде адал тер, кейде арам тер. Барында қызылыңның құдай жайқа, *Жұтады* бәрімізді сұм қара *жер* (Қара өлең).

Жер жұтқыр! қ а р ғ. *Көзің жоғалғыр, қарың өшкір.* Бармаған жерім, баспаған тауым, іздемеген жерім қалмады, көрген, білген Құдайдың бір тірі жаны жоқ. *Жер жұтқыр,* сірә, жер жұтқан болар (Қаз. тілі. фраз. сөздігі). *Жер жұтқыр* деймін, мында кел деймін, – деген әйелдің ащы дауысы зыңқ етіп, сырлы көк үйді сілкіндірген секілді болады (Б.Майлин, Азамат.).

Жер жұтты. *Зым-зия жоқ болды, ұшты-күйлі жоғалды.* Көкбестіге қамшы басып, келген жолымен кері құйын-перен шапқылай жөнелді: зым-зия, *жер жұтқандай* (О.Бөкеев, Үйқым). Дала тастай қараңғы. Жұлдызды *жер жұтқандай* жоқ. Қыс ішінде алысқа бара алмайды (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Жұтып жібергендей. *Жұтып қоярдай; көзімен ішіп-жеп қарау туралы.* Жалпақ бет

қара жігіт құбаша жігітті *жұтып жібергендей* түнжырайды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жұтып кеткендей. *Жоқ қылып жібергендей.* Күн батқаннан кейін біртіндеп қаптап, біртіндеп қоюланған көлеңке Ниязды жасырып, *жұтып кеткендей* болды (С.Сейфуллин, Таңд. шығ.).

Жылан жұтқан. *Еш нәрседен сескенбейтін, қорықпайтын, батыл, өжет.* Ол да бір *жылан жұтқан* неме екен, сескенбеді. Сала құлаш семсерін суырып алды. Мен де суырдым (О.Сәрсенбаев, Сағым).

Жым-жылас жұтты. *Жоқ қылды, тып-типыл етті.* Ымырттағы салқын тыныштық қиялыңды *жым-жылас жұтып,* әншейін ойсыз отырысқа шақырады (О.Бөкеев, Үйқым.).

Зар жұтты. *Қапаланды, қасірет шекті, қайғырды; зарықты.* Мың жылдан бері сарыла іздеп, *зар жұта* сағынған дала саңлақтары енді ғана жолығып, қайтадан жоғалтарын сезген жүректің аласұра сазды сынды қимас минуттарды кешті бастарынан (О.Бөкеев, Біздің жақта). Бостандық әперемін бар жұрттарға, Жақсы өмір нұрын құяр *зар жұтқанға.* Ер маған, кедей-жарлы, қуан сосын Байлардан қылышыңа қан жұққанға (І.Мәмбетов, Сал сыры). Қызыл гүл шықпай көліне, Нәрлі су бармай шөліне, Төрт түлік толмай дөңіне, Қасырлар халқым *зар жұтқан* (Халық ақындары).

Зәр жұтты. *Ішкені ас болмады, ішкені-ірің, жегені желім болды.* Ол қатынның қасында отырғанша *зәр жұтып,* Бомба мен оқ астында Жүргенің артық қан жұтып (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Ине жұтқан иттей. *Тым жүдеу, қатып қалған қатпа, сіңірі шыққан.* Әлгінде *ине жұтқан иттей* бұраландап келген жас бұғы тіпті өлермен-ақ екен, ілбіп үйірдің артынан ерді де жүрді (О.Бөкеев, Үйқым.).

Көз жасын ішіне жұтты. *Барынша шыдады, сыр бермеді, көз жасын көрсетпеді.* Бармағыңды тістеп, *көз жасыңды ішіңе жұтып* шыдайсың (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Кісі жұтып қойғандай. *Сұйкімді, келісті, өте әдемі.* Ақ Мәни десе, ақ Мәни, *кісі жұтып қойғандай* сұлу еді (С.Торайғыров, Шығ.).

Қайғы жұтты. *Қайғырды, зарлады, азап шекті, құса болды.* Есерлер жас қатынды тұтады екен, Жас *қайғысын* білдірмей *жұтады* екен. Ортасында бұлардың махаббат жоқ, Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен? (Абай, Тол. жин.). Уайым-*қайғы жұтады* Сені ойлап сорлы жұрт. Аңдыған жау ұтады, Тәңірі, соның түбін құрт (М.Жұмабаев, Шығ.). Күні-түні *қайғы жұтып* жан тоздырып жүргенде күйеу баланы айналайын Алланың өзі айдап келді емес пе. Ақсарбас, кемпір, ақсарбас (О.Бөкеев, Үйқым.).

Қайғымен қан жұтты. *Қатты қапаланды, уайымға түсті, қайғы азабын көп тартты.* Төлегенді сағынып, Санаменен сарғайып, *Қайғыменен қан жұтып* іше алмадым асымды (Қыз Жібек). Исатай оққа ұшып, оның дауылпаз жыршысы Махамбет *қайғымен қан жұтып,* Жайық асып кетіп, кек пен өшпенділікке, өкініш пен күйінішке толы өлеңдерін халық арасына таратты (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.).

Қан жұтқыр. *Жамандық көргір деген мағынада.* Ей, *қан жұтқыр* бұзық, жайыңа жүр (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Қан жұтты. а) *Құса болды, қатты қайғырды.* Қайғыменен *қан жұтқан* қасіретті кеудесіне толған запыранды бір лықсытып: «Ақтар аямайды, балам», – дейді (С.Омаров, Шығ.). Сарыарқа асқар бел еді, Қайғыға төзді, ширады. Сарыарқа емес, қалың ел *қан жұтты,* зарлап жылады (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Өлді, жер жастанды.* Қас дұшпан *қан жұтты* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Құрдым жұтты. *Тұңғиыққа батқандай жоқ болды.* – Әй, шырағым-ай, соның несін сұрай бересің. Бұл теңіздің балығын *құрдым жұтып* жатыр ғой (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Қыл шайнап, дән жұтпады. *Жаманшылық іс етпеді.* Сол жүрісінде Бекберген *қыл шайнап, дән жұтқан* жоқ, обалы неге керек, ол дүниеге кетті ғой, мақтағаным емес, шынының өзі осы (Б.Майлин, Шығ.).

Оқтау жұтқандай. *Сірескен, қақшиған.* Сонсоң жалғыз өзім *оқтау жұтқандай* мелшиіп ішпей отырған соң ба, қызып алған жұрт мені мас деп ойлады (О.Бөкеев, Үйқым келмейді). Бағанадан *оқтау жұтқандай* иілмей, селт етпей отырған Ердәлі де қозғалып қойып малдасын жиды (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Сөзін жұтты. а) *Сөзін кілт тоқтатып, артын айтпай қойды.* Қоспан *сөзін жұтып,* баладай аузын ашып, Қосболатқа «мұның қалай» дегендей таңырқап қарап қалды (Т.Ахтанов, Таңд.). ә) *Уәдесінен тайды; мәймөңкеледі, теріске шығарды.* Шырақ, *сөзіңді жұтпа,* мақұл деп уәде бердің, айтқаныңда тұр (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Сөзінің аяғын жұтып қойды. *Ойын соңына дейін толық айтпады.* – Бұған сен жауап бермей-ақ қой, Әділбек. Бірақ... – деп қыз жылап жіберді де, *сөзінің аяғын жұтып қойды* (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Сәлем айтса несі бар, жөні бар сөз, Әлидің басын кемітпеймін, – деп Жәуке *сөзінің аяғын жұтып қойды* (С.Омаров, Дала).

Суын жұтты. *Суарылды, шыңдалды.* Сөзі өткір көктен түскен жай оғындай, Иранның *суын жұтқан* болатындай, Мөңіреген сар садақтың дауысындай, Аққудың үн шығарған қанатындай, Дүниеден ақын өтпес ол ақындай (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Сыңғыта жұтты. *Тоқталмай, дем алмай ішті.* Келіні әкеп берген сүтті *сыңғыта жұтып* ішті (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Тапқаны тамағына, жұтқаны жұмырына жетпейді. *Табысы ішкен-жегенінен артпайды.* Ол ақшаны табушы мына малайлардың *тапқаны тамағынан, жұтқаны жұмырынан* артылмайды (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Тәуекел деп тас жұтты. *Бір іске бел шешіп, батыл кірісті, іштей бекінді. Тәуекел деп тас жұтқан* сол да (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Тобық жұтқандай. *Тым-тырыс, жымжырт, селт етпей.* Қараңызшы, қараңызшы, қоңыр салқын... қоңыр салқын үйде, қоңырқай күйде *тобық жұтқандай* томпайып, жымжырт, тым-тырыс отырған жұрттың кіреукесіз дидарына: сонда сіз мынау жалпақ жаһаннан баз кешкен жұмыр басты пенденің қай-қайсысы да күндердің күні осындай бір қысылтаяң сәтте өз-өздерінен есеп алып, өз-өздерінен салқын да сазды мұңның ақ мамығына оранып, қалжа жегендей маужырап отыратынын мұғдарлар ма едік (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Түйені түгімен [биені бүгімен] жұтты. *Жұртты ойсырата жеді, параны көп алды. Түйені түгімен жұтып,* шелектеп арақ ішкен сенен гөрі иманды (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Ыдысысың параның Қотара құйса толмайтын. Ашылған әбден араның – *Түйе ні жұтсаң түгімен, Биені жұтсаң бүгімен,* Қақалмай-ақ толғайтын (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Түн жұтқандай. *Қараңғылық басқандай; базары тарқағандай.* Енді тағы базарлы байтақ дүниені осынау қараңғы *түн жұтқандай* көңілі жасиды (І.Есенберлин, Шығ.).

Тілін жұтып қойды. *Тілі байланып қалды, үндемеді.* – Неге үндемейсіңдер? Немене, *тілдеріңді жұтып қойдыңдар ма?* – деді ашуланып (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

У жұтқандай болды. *Қатты қайғырды, іші шерге толды, уайым жеді.* Бірақ осы сөз әр уақытта жылтыңдап шыға бересің-ау, – деп ішімнен пысып, *у жұтқандай болдым* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Улы сөз жұтты. *Ащы сөз естіді.* Деген дұрыс, деген дұрыс. Демей не?! Бір асыққа татымаса кеней ме? Талай *улы сөзді жұтып* үлгердім Түйдек-түйдек кептелгенде көмейге (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Шер жұтты. *Қайғырды, мұңайды, қайғы-мұң басты, көкірегін шер басты.* Есбол кәрия... өзіне өзі күбірлегендей боп: – *Шер жұтқан* ел анау бойына шел жұқпай сорға батқан! Сорлы елге содыр басшы тап келіп, титықтап тұрмыз ғой не қылса да, – деді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

ЖҰТА= е т. **1.** *Қатты қыстан, аштықтан қырылу, апатқа ұшырау.* Албанның тоқсанға, жүзге келген шалы болса да бұл елдің қыс күнінде *жұтағанын,* жаз күнінде індетке ұшырағанын білмеп еді (М.Әуезов, Шығ.). Қоспан Қасболаттың сөзін тыңдаған сайын қирап қалған еш нәрсе жоқ, нағыз жұттан гөрі *жұтап* қалдық деген қауесет басым сияқты (Т.Ахтанов, Таңд.). Дәл сол жылы *жұтапты* елдің бәрі, Табылмайды емге де талқан, тары, Ұзатылған қызына естіртпекке, өзі бармақ әкемнің ынтызары (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Құру, біту, таусылу, түгесілу; жетіспеу.* Жолдастары тегіс *жұтап,* жүдеп жылап отырып, иманын айтып дем салып, ақырғы болымсыз көмектерін беріп, қызметті істеумен бірге ең ақырғы жалынды, арманды «қош-қошын» да айтты (М.Әуезов, Шығ.). Адамзаттың арқауы мал боп кетті, Мал біткен соң желкелер жал боп кетті. Ойын менен күлкіден *жұтап* бұл жұрт: қыздар – кемпір, бозбала шал боп кетті (М.Көпейұлы, Шығ. жин.). Жиыстыр үй ішін. От пен суға қарап *жұтаған* сиқымызды білдірмейік (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖҰТАҒАНДАЙ үс т. *Жұтап қалған сияқты.* Қожа жалғыз шешесімен жұрағаттан айырылып *жұтағандай* боп, ескі жұрттарында отырып қалған-ды (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖҰТА-ЖҰТА үс т. *Қайта-қайта қылғытып көп ішіп. Жұта-жұта* дәріні аузыма ұшық жұр шығып. Діңкелетер кәріні Дүрілдеген тіршілік (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖҰТАҢ с ы н. *Азып-тозған, жадау, нашар, жүдеу, кедей.* Үсті-басы *жұтаң,* жүдеу екен. Киімдері ит талағандай шоқпыт-шоқпыт боп, жаман түйенің жабуындай жалбырап тұр (Б.Тілегенов, Аққайнар). Жасы қырықтан асқан, бала-шағасы көп, әлі еңсесін көтере алмай келеді. Тұрмысы *жұтаң* (М.Гумеров, Хазірет.).

Жұтаң кендер. к е н. *Құрамында күкіртті мыс, сүрме, күшән, висмут бар, бірақ пайыздық үлесі төмен, байытудың техникалық талабына сай келмейтін кендер. Жұтаң кендер* көбінесе мыс, күміс желілерінде кездеседі (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жұтаң көмір. г е о л. *Көмірленудің нақтылы дәрежесіне сәйкес келетін, яғни метаморфизмнің VI сатысы жағдайында қалыптасқан таскөмір түрі. Жұтаң көмір* тығыздығы 1,22–1, 30 г/

см^3; органикалық массасының меншікті салмағы 1,31–1,34 г/см^3; жану жылуы 8400–8600 ккал/кг (Қаз. тілі термин. Геология.).

Жұтаң сана. п е д. *Адамдардың күнделікті өмір процесінде қалыптасқан қоғамдық сананың төменгі деңгейі. Ж ұ т а ң с а н а* табиғат және әлеуметтік құбылыстар туралы халық бұқарасының тәжірибесіне негізделген, жүйеге түспеген білімдерінің жиынтығын білдіреді (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Жұтаң сана* деңгейінде сезімдік бейнелермен, ойлаудың логикалық формаларымен де (ұғымдармен, пайымдармен, ақылға салумен) әрекет ету болып жатқанымен, ол ғылыми қорытынды бола алмайды (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Тілі жұтаң. *Сөз байлығы аз, сөзге олақ, тілі қысқа.* – Бәлі, о не дегенің! Көрмейсің бе жазып жүрген жігіттеріміздің біразының *т і л і* сақау баланың тіліндей: әрі шолжаң, әрі *ж ұ т а ң* емес пе? – деп, Мұхаң бір жымиып қойды (Біздің Мұхтар).

ЖҰТАҢДАН= е т. *Жұтаң тарту, кедейлену.* Мұндайда талант ширығу, шарықтау орнына шау тартып, *ж ұ т а ң д а н а* береді, толыспайды, тоқырай түседі («Қаз. әдеб.»).

ЖҰТАҢДАНУ *Жұтаңдан етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰТАҢДАУ с ы н. *Кедейлеу, нашарлау; аздау.* Сұрақ тереңдеген сайын жауабының *ж ұ т а ң д а у* боп бара жатқанын байқап, қадалаған жерінен қан алатын жігіттен қашқақтай бастады (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Баланың үсті *ж ұ т а ң д а у* екен, бірсыпыра жаздық киім бергізейін (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). «Бірлік» колхозы шаруасы *ж ұ т а ң д а у*, жетпіс-сексен ғана үй (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Жалпы, өзгелерге қарағанда қазақ мысқылшыл халық қой, бірақ сатириктер мен сатиралық шығармаларға келгенде өзгелерден *ж ұ т а ң д а у* («Қаз. әдеб.»).

ЖҰТАҢДЫҚ з а т. *Тапшылық, жетіспеушілік, кедейлік.* Мен Рембранд, Рафаэл, Тициан, Левитан, Суриков суреттерінен өзімді, өз жұртымның көп-көп қадір-қасиетін, жоқ-*ж ұ т а ң д ы ғ ы н*, алып бейнесін, өзен-су, орман-тоғайын танимын (О.Бөкеев, Қайдасың.). Адамның сырт пішіні қаншама әдемі болсын, қымбат киімдер кисін, жан дүниесінің *ж ұ т а ң д ы ғ ы* сөйлескенде, пікірлескенде білінеді екен («Лен. жас»).

ЖҰТАҢДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жұтаңдық.*** Алайда салған суреттері өзіне ұнамайды. Бейнелеу мәнерінде алаулаған от жоқ, *ж ұ т а ң д ы л ы қ* басым (Т.Шаханов, Жоғалған.).

ЖҰТАҢШЫЛЫҚ з а т. *Ашаршылық, жоқшылық; кедейлік.* Бұл аптап, әсіресе, Жаңағала, Жалпақтал, Алмалыны мекендейтін елдердің үстінде болды. Ол жерлердің малы жұттың, адамы *ж ұ т а ң ш ы л ы қ т ы ң* қармағына ілінді (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖҰТАТ= е т. *Ашықтыру, кедейлендіру, жоқшылыққа ұшырату; азып-тоздыру.* Өткен қыс қатты *ж ұ т а т ы п* кеткен бұл аймақтағы ауылдың бәрі елсізге жақын еді (Ә.Әбішев, Найзағай). Жұт, әсіресе, кедейлерді *ж ұ т а т ы п* кететін (М.Елеусізов, Шоқан Уәлиханов.).

ЖҰТАТУ *Жұтат етістігінің қимыл атауы.* «Жазға таяп қалғанда мал *ж ұ т а т у* деген жаман атақтан колхозымыз аман болсын» деген ой оның басына, Молдақымның алғашқы сөзінен-ақ сап ете түскен-ді (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖҰТАУ *Жұта етістігінің қимыл атауы. Ж ұ т а у* мен баю, күшею мен әлсіреу арқылы бұл иелер де ішінара ауысып тұрады (F.Мүсірепов, Оянған өлке).

ЖҰТ-ЖАЛАҢ з а т. *Ашығушылық, тапшылық, жоқшылық, апат, күйзеліс.* Қостап шығатын жылқы, отарлап жайылатын қой, қос малды ірге аударып салатын шүйгін шөп, соны жер, *ж ұ т-ж а л а ң н а н* аман етер құйқалы өңір – бәрін ерте бастан Бақтығұл біледі (М.Әуезов, Қараш.).

ЖҰТҚЫЗ= е т. *Су, айран, сүт, қымыз т.б. тәрізді сұйық сусынды ішкізу, ұрттату.* Айғыз бен Қалиқа бір тостаған қымыз *ж ұ т қ ы з с а*, «құлқының құрғыр» деп сұғын қадап, зәрін қоса жұтқызады – дейді Бүркітбай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). – Біз келгенше сіз баланы құрғақтап орап, қайнаған суға кішкене қант езіп *ж ұ т қ ы з ы ң ы з ш ы*, – деді (С.Ғаббасов, Ана жүрегі). Төлепберген қызды су жағасына көтеріп келіп, қанын жуып-шайып, су *ж ұ т қ ы з д ы* (Бозінген).

Қанды көбік жұтқызды. *Ойран салды, қырып-жойды, сазайын тартқызды, тәубесіне келтірді.* Қасарысқан жауына *Қ а н д ы к ө б і к ж ұ т қ ы з б а й*, Халыққа тентек атанбай, Үйде жатқан жігітке Төбеден тегін атақ болар ма?! (Махамбет, Өлең.).

Қан жұтқызды. *Қырып-жойды, ойран салды.* Көк Түрік елін ол кезде жан-жақтан жау анталап, қайтсек қапысын тауып *қ а н ж ұ т қ ы з а м ы з*, байлығын талап, ен дәулетке қашан кенелеміз деп күні-түні көз тігеді екен (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҰТҚЫЗУ *Жұтқыз етістігінің қимыл атауы.* Улы дәрінің күші соншалық әйелдің тамағы әбден ісік алған соң сұйық зонд *ж ұ т қ ы з у ғ а* мәжбүр болды («Лен. жас»).

ЖҰТҚЫН з а т. қ а р а п. *Құлқын, тамақ.* Торғайдың топаң қақты төрелері, Тығылып *ж ұ т қ ы н ы н а* керелері, Сасқанда самайынан тер шұбырып, Соғылды маңдайшаға төбелері

(Н.Ахметбеков, Аманкелді). Босатып Баязиттің көп құлдарын, Зынданда жатқан талай тұтқындарын, Базарға сату үшін алып келген Тығындап толтыруға *ж ұ т қ ы н д а р ы н* (К.Райбаев, Жаңа толғау). Мұндай ұсақ адамдардың көздейтіні бір ғана *ж ұ т қ ы н ы* ау (С.Бегалин, Уақыт).

ЖҰТҚЫНШАҚ з а т. <лат. pharynx> **1.** а н а т. *Ас қорыту және тыныс алу жүйелеріне ортақ, пішіні тұтік тәрізді етті – жарғақты мүше; ауыз қуысы мен өңештің арасындағы тамақ өтетін орын.* – Жә, тұр енді, – Тері қоржынды ақтарып, вертолетпен оқта-текте ұшып келіп тұрар бастықтарға арнап ала салған көкмойын шөлмектің бірін күнге шағылыстыра суырып алғанда, мойын тамыры білеудей маскүнем тобықтай *ж ұ т қ ы н ш а ғ ы* бүлкілдеп, көзі бағжаң ете қалды (О.Бөкеев, Ұйқым.). Сасан қасапшылар қойдың алқымын пышақпен орғанда *ж ұ т қ ы н ш а қ т ы* міндетті түрде бас жағына кететін етіп бауыздайды (Қ.Салғарин, Қасапшылар). **2.** а у ы с. *Қара басының қамын ойлаған, өз күйін күймеген адамдар.* Талай айлар қолдарына тимеген жалақы мен зейнетақы да қайдағы бірептілеу *ж ұ т қ ы н ш а қ т а р* нәпақасына айналып, ақ дегенің қара жамылған, сайқалдық бір есептермен абақтыға қамалып, жазықсыз жазаланған шарасыз ұлдың күңіренген күйігі «Итте-ие, бөріде – тәңірі бар» дейтін демеуір-тіректің адамдар панасыздығы алдында қаншалықты қауқарсыздығын тағы бір дәлелдеп, шегелеп берді (З.Серікқалиұлы, Алтын жамбы).

ЖҰТҚЫШ с ы н. *Бір нәрсені жұтып қоятын.* Жыланды адам *ж ұ т қ ы ш* буындырып, Алғанда улы тілін біз суырып, Дүние тыныс тауып болды тыныш, Тазарып жаңғырғандай кірін жуып (Бейбітшілік даусы). Дүниені жұтса тоймайтын, Түпсіз жатқан ұйықсың, Қадірің жоқ халыққа Аққан судай сұйықсың. Судан да сусын қанады, Оппа балшық сықылды, *Ж ұ т қ ы ш* лай былықсың! (Сүйінбай ақын, Ақиық).

ЖҰТПА з а т. к ә с. *Балық ұстайтын қармақ; балық жұтып қоятын кішкентай қармақ.* Біреуі он бір балық – қызыл балық, Бірінен бірі өткен ұзын Балық жұтып қоятын қармақ балық. Етіне бағаласаң ет жетпейді, Аулаймыз қармақпенен *ж ұ т п а* салып (Қара өлең). Бір кезде шарт етіп қармақбауы үзілді. *Ж ұ т п а м* сабаздың аузында кеткен болу керек (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Өзен бойы желқайықта зауладық, Жағадағы қызыл құмға аунадық, Жардан түсіп *ж ұ т п а* тастап, қармақ сап, Шабақ, шортан, ақбалықты ауладық (Қ.Жармағамбетов, Сырлы тал).

ЖҰТТЫР= е т. *Ішкіздіру, ұрттату,* Бәрі, бәрі дәйек таппай аяғынан тік тұрып, Арақты алтын боқалдардан кезек-кезек *ж ұ т т ы р ы п,* Сусындатты-ау, Иса ағаның тосып маған сонау әзіл-арманын (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

ЖҰТТЫРУ *Жұттыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Су *ж ұ т т ы р у.*

ЖҰТУ *Жұт етістігінің қимыл атауы.* Күн көтерілгенше бір сусын *ж ұ т у ғ а* еркі бар әйелдер де ұйпа-тұйпа болып жүгіре шықты (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖҰТШЫЛЫҚ зат. сөйл. *Жұт; ашаршылық, жоқшылық. Ж ұ т ш ы л ы қ* жылы ит пен молда семіреді деген сол (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Торғай губерниясына қараған ел *ж ұ т ш ы л ы қ,* ашаршылыққа ұшырап, біздің елден, яки бүкіл Қарқаралы уезінен жәрдем жиналды (Ш. Айманов, Қыран.). Осылай өлең іздеп және күтіп, Басы артық жинап-терген ойлар бітіп, *Ж ұ т ш ы л ы қ қ а* ұшырап тұрған шақта Біздің жаққа қарт адам аяқ басты (Н.Шакенов, Толқын.).

ЖҰТЫЛ= е т. **1.** *Ішкен-жеген астың тамақтан өтуі.* Тіс болмағандықтан, азық шайналмай *ж ұ т ы л а д ы.* Осыған байланысты ауыздағы сілекей көп әсерлі болмайды, – дейді (Құс өсіруші.). **2.** *Жоқ болып кету, көрінбей кету, батып кету, өшу.* Шамасы осы көр, жер болумен қатар, адам аты да өшеді. Мәңгілікке *ж ұ т ы л а д ы* (М.Әуезов, Шығ.). Заман ыңғайына, шаруа тартысына илікпеген ел жасай алмайды, *ж ұ т ы л ы п* кетеді, – деп еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қара қан лақ ете түсіп, қар мен құм жалпақ табанмен шыланған жерге жайыла, күреңіте *ж ұ т ы л а* берді (А.Алтай, Алтай.). Ол қалың ағынның ортасында Бақтығұлдан екі-үш адымдай ғана жерде қанды судың құтқармайтын шеңгеліне ілініп, *ж ұ т ы л ы п* бара жатты (М.Әуезов, Шығ.).

ЖҰТЫЛУ *Жұтыл етістігінің қимыл атауы.* Расында да жарық ағыны межелі жерге келгенше жол-жөнекей «талай көлдер мен шөлдерден өтіп» керекті жеріне келеді. Ол өзі аралап өткен ауада *ж ұ т ы л у ы* тиіс (А.Қалығұлов, Сан сырлы.). Попов электромагниттік толқынның шағылысуы, *ж ұ т ы л у ы* туралы пікір айтады («Халық мұғ.»).

ЖҰТЫМ[1] з а т. *Сусын.* Біреудің отын үрледім, Өз отымды жақпадым, Сонда дағы оңбадым: Көн шалбар түспей бұтымнан, Қыс болса тапшы қызылдан, Жаз болса шала *ж ұ т ы м н а н* (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖҰТЫМ[2]: бір жұтым. *Ауыз толтырып бір ішерлік (су, сүт т.б) сұйық зат.* Дығырдай Мамырбайдың қызын *б і р ж ұ т ы м* шалаппен жатқызуды жөн көрмей, «саулы бозінгеннен» бір қылым ұн сұрап алғалы және үйіне Мамырбайдың қызы қонып отырғанын айтқалы, дереу сол үй жаққа жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Б і р ж ұ т ы м суға зәру, кепкен өңеш қырнап жөткірінді-ай (О.Бөкеев, Ұйқым.). Суы қашық, шөл жерлер тағы аз емес Бір атқа *б і р ж ұ т ы м* су таппайтұғын. Қары бар, бораны бар, аязы бар Жарты жыл тұтасымен қаптайтұғын. Қасқыры, сүргіні бар, мый-соры бар, Қауіпсіз малың аман жатпайтұғын (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жалғыз жұтым. *Бір жұтарлық, кеудені кере бір дем аларлық.* Солқылдап, жер өкпесі қабынғанда, Ауаны *ж а л ғ ы з ж ұ т ы м* сағынғанда, Жалынып көк аспанға қараушы еді, Тәубе ғып жанашыры табылғанда (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖҰТЫН= е т. **1.** *Түкірігін, сілекейін жұту.* Томағасын сыпырғаннан шаңқылдай *ж ұ т ы н ғ а н* қара бас жас қыранды талпынтып бұлар күткен (А.Алтай, Алтай.). Ашпай жатып-ақ бірекі *ж ұ т ы н ы п* та қойды (Т.Ахтанов, Таңд.). Қырлы стақанды жалғыз-ақ төңкеріп ұрттады да, аузында қалғанымен ұртын шайып-шайып *ж ұ т ы н ы п* қалды (О.Бөкеев, Ұйқым.). **2.** а у ы с. *Ішіп-жеп қарау, сықтану.* Бақтыбай енді әйеліне бүгін көргендей өзеуреп, *ж ұ т ы н а* қарады (С.Жүнісов, Ақан сері). «Апыр-ау, не деген сұлу еді!» – деп *ж ұ т ы н а* қараған Ерік: – Оны қайдан білдіңіз, қарындас? – деп қайыра сауал қойды (О.Бөкеев, Біздің жақта.) **3.** а у ы с. *Тап-тұйнақтай, қылмың қаққан.* Мұрнында қыспа көзәйнегі бар, желкілдеген сұлу шашы қарсы қайырылған, түйғындай *ж ұ т ы н ғ а н* жас жігіт түрегелді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жұтып қойғысы келді. *Қатты сүйсінді, жақсы көрді.* Еті уыздай аппақ, білектері, сандары оқтаудай жұп-жұмыр, мойны құйған шамдай, ақ етіне қара шашы салбырап, қос алмасы үрген торсықтай делдиіп тұрғанда, *ж ұ т ы п қ о й ғ ы ң к е л е д і* екен! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жұтынып тұрды. *Көз тартып құлпырып тұрды.* Маңдайы қасқиып, мойны қаздиып, көзі мөлдіреп, ерні үлбіреп, үріп ауызға салғандай *ж ұ т ы н ы п т ұ р* еді-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҰТЫНДЫР= е т. *Көз тартатындай етіп әдемілеу, сәндеу, тап-тұйнақтай ету.* Үйғырлар – жер кәсібіне шебер халық. Там үйді де *ж ұ т ы н д ы р ы п* әдемі салады (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Гүлшат әйтеуір аз уақыттың ішінде әр нәрсенің басын құрап, үй ішін кәдімгідей *ж ұ т ы н д ы р ы п* қойыпты (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЖҰТЫНДЫРУ *Жұтындыр етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үйін *ж ұ т ы н д ы р у.*

ЖҰТЫНТ= е т. *Құлпырту, жайнату.* Нашар жеткізуші жақсы әнді қор етеді. Егер ол нағыз өнер иесі болса, әнді айтып қана қоймай, өңдеп, шыңдап, *ж ұ т ы н т ы п* жеткізеді («Қаз. әдеб.»).

ЖҰТЫНТУ *Жұтынт етістігінің қимыл атауы.*

ЖҰТЫНУ *Жұтын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түкірігін, сілекейін жұту.* Аурудың бұл сатысында *ж ұ т ы н у* қиынға соғып, тамағына сүйек тұрып қалғандай қақала береді (Н.Әжіғалиев, Мал. ауру.). **2.** а у ы с. *Тамсану, таңдану.* Көп жұрт Майраға «ғажап әнші, ғажап сұлу» деп қана қызығып, түкірігін *ж ұ т ы н у д а н* әрі бара алмайды (Д.Әбілев, Арман.).

ЖҰТЫНЫС з а т. *Адамның тамақты шайнап жұтысы.* Шықшыты бұлтылдап, ашулы *ж ұ т ы н ы с т а н* екі ұрты мөңкіп-мөңкіп басылды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҰТЫҢҚЫРА= е т. **1.** *Аздап жұту;* Әйтсе де ауаны *ж ұ т ы ң қ ы р а п* алып, сүңгіп кетті де, арғы жағадан бір-ақ шықты (Ә.Бектемісов, Майдангер.). **2.** *Ішімдік ішу, масайыңқырау.* Мартөк ауданының Жоса сайындағы трактористі бір жігіт колхоз тойында *ж ұ т ы ң қ ы р а п* алып, біреудің машинасын рұқсатсыз айдап кеткен (Ғ.Сланов, Замана.).

ЖҰТЫҢҚЫРАУ *Жұтыңқыра етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аздап *ж ұ т ы ң қ ы р а у.*

ЖҰТЫС= е т. *Ішісу, ішіңкіреу.* Томпиған ұрты басылмай қалды. Тағы бірер жүзді *ж ұ т ы с ы п* алды, Арағы бітіп, құтысы қалды (А.Тоқмағамбетов, Көгілдір.).

ЖҰТЫСУ *Жұтыс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бірге *ж ұ т ы с у.*

ЖҮГЕН[1] з а т. *Атты кісінің өз ырқына көндіру үшін жылқының басына киғізетін, ауыздығы мен тізгіні бар, қайыстан жасалған әбзел.* Көрінгенмен құрдас болып, арсаңдап жүретін Дүрмағамбеттің де иығы түсіп кетіпті. Қолында *ж ү г е н і,* жылқы жаққа бара жатыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осыдан кейін оны (жылқыны) ық жерге әкеліп байлап, ауыздығын салып, *ж ү г е н н і ң* тізгінін жалға түйіп байлап, таң асырады (Қ.Салғарин, Қасапшылар). Тық еткен үзеңгінің қатқыл үні мен *ж ү г е н н і ң* жеңіл сыбдыры төңірегіне ғана емес, көктегі жұлдыздарға дейін жетіп жатқандай (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Алтын жүген. қ о л ө н е р. *Алтын шытаралармен сәндеп жасаған жүген.* Бірақ дуалда *а л т ы н ж ү г е н* болар, оған тиме, егер тисең өлесің, – дейді (Қаз. ертег.).

Басынан жүгенін сыпырды. қ о л ө н е р. *Еркіне қоя берді, тыйым салмады.* НЭП – байдың *б а с ы н а н ж ү г е н і н с ы п ы р ы п* жіберу деген сөз емес, – деді Жұмабек (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Былғары жүген. қ о л ө н е р. *Сапалы былғарыдан жасалған жүген.*

Жеті қасқа жүген. *Жеті таспадан өрілген жүген түрі.*

Жүгенге бас сұқты. *Ырқына көнді, бағынды, бойсынды.* Айлықты да, Байлықты да жоқтама! *Басың сұқпа* бұйда, *жүген*, ноқтаға! Мықты болсаң – алаңдама! Ауытқыма! Мықты болсаң – аялдама, Тоқтама! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүгеннің қасқасы. *Жүгеннің маңдай жағындағы бөлігі; жүгеннің кеңсірігі мен кекілдірігін жалғастырып тұратын қайыс.*

Күміс жүген. қолөнер. *Күміс шытыралармен әшекейлеген жүген. Күмісжүген* патшалық Бес алқалы таққаны. Олбырлы тоқым, құранды ер Күдеріден тартпалы (Едіге.).

Қайыс жүген. қолөнер. *Күнделікті шаруаға арналған, қайыс таспасынан әшекейсіз етіп жасалған жүген.* Күнделікті шаруаға арналған *қайыс жүгендер* көп әшекейленбейді (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Қоңыраулы жүген. қолөнер. *Сыңғырлаған әсем ун шығаратын күміс қоңырауша байланған сәнді жүген. Қоңыраулы жүген*, күмбезді өмілдіріктерді көп жасадым (Ә.Тәжібаев, Хаттар.).

Өрме жүген. қолөнер. *Қайыс таспаларынан өріп жасалған жүген.* Қайыстан өрілетін *өрме жүгендер* әсем де мықты болады (Х.Арғынбаев, Қаз. ер-тұрман.).

Үкілі жүген. қолөнер. *Сәндік үшін яки ырым етіп үкі қауырсыны тағылған жүген.* Бала қылам дегенде істетіп еді Тоқтамыс *Үкілі жүген*, ноқтаны (Едіге.).

ЖҮГЕН[2] зат. жер г. *Әр түсті бедерсіз мата түрі. Жүгеннен* сырт киім, шапан, сым жасайды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҮГЕНДЕ= ет. **1.** *Жүген кигізу.* Түйені *жүгендемейді*, Көп малды түгендемейді (Мақал). Әдетте, күміс ер-тоқым мінгендер атын күміс жүгенмен *жүгендеген* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Жылқышы қиқу сала айдап келген аттарды *жүгендеп*, сақадай-сай етіп қоямыз (О.Бөкеев, Ұйқым.). Азырақ бас асаулығы бар екен, әрең дегенде *жүгендеп* алып, шаужайдан ұстап жетектей жөнелді (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** ауыс. *Бағындыру, көндіру, дегенін істеткізу; тізгіндеу.* Сәбилік пәктігімен еркімді *жүгендеп* қожалық етті ме, әлде асау құлындай паң тентектігімен көңілімді ерітті ме білмедім (М.Қаназов, Сонар). Ру бастықтарын *жүгендейтін* мықты кіндік, берік күш болмады. Ру ақсақалдары өте күшті болып, бүтін қазаққа бас болған (Х.Досмұхамедұлы, Таңд.). Қос құлақтан біреулер тұқырыпты, Біреулері тентекті *жүгендеді* (М.Мақатаев, Дариға.).

ЖҮГЕНДЕЛ= ет. **1.** *Аттың басына жүген салыну.* Енді бір қалт еткенде Хамза арқанмен екінші рет іліп қалған еді, асау *жүгенделіп*, шыға келді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** ауыс. *Бағындырылу, тізгінделу.* Ол кезде әлі *жүгенделмеген* кеселдің бұл эпидемиясы дирекция мен саяси бөлім қызметкерлерінің де тең жартысын қызметке жаратпай қойды (Ж.Арыстанов, Естен кетп.).

ЖҮГЕНДЕЛУ *Жүгендел етістігінің қимыл атауы.* Ауа райы адамның дегеніне көніп, *жүгенделуге* тиіс (С.Мәуленов, Жұлдыз.).

ЖҮГЕНДЕТ= ет. *Аттың басына жүген салдырту, жүген кигіздіру.* Жылқыларды иіріп жүрген Сүйіндік атайға Бағиланың тырмаға жегетін Ағаш керін *жүгендетіп* алып, жетектеп үйінің сыртына алып келдім (Т.Әбдіков, Күз.).

ЖҮГЕНДЕТУ *Жүгендет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атын *жүгендету.*

ЖҮГЕНДЕУ *Жүгенде етістігінің қимыл атауы.* ≈ Атты *жүгендеуге* көп уақыт кеткен жоқ.

ЖҮГЕНДЕУСІЗ сын. *Жүген кигізілмеген, еркін жайылып жүрген (жылқы).* Қабанбайдың тұсында *Жүгендеусіз* жылқысы, Қосақтап қойы саналмай, Қарт батыры сыбанның Ақтамберді саббастай, Айласы мен әдісі Адам ойлап таппастай (Дастандар).

ЖҮГЕНДІК зат. *Ат басының (төбесінің) жүген тұратын жері.* Ат орасан семіз. Шыбық майы жеңді білектей, жалының *жүгендігіне* дейін қол батпайды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖҮГЕН-ҚҰРЫҚ зат. *Асауды ұстауға, ауыздықтауға қажетті әбзел, жүген де, құрық та.*

Жүген-құрықтан шыққан. а) *Жүген-құрық тимеген асау.* ә) *Тентек.* Баласы *жүген-құрықтан шыққан* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жүген-құрық тимеген. *Әлі үйретілмеген, шу асау, тағы; еркін.* Асау өсіп Арқада *Жүген-құрық тимеген.* Матау көрмей ер жетіп, Жасынан ноқта көрмеген. Бостандық, теңдік – Басқаны жаны сүймеген (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). *Жүген-құрық тимеген* асау аттар, дөнен-құнандар, қысыр биелер маңына қол жуытпай сонадайдан осқыра қашады (Ш.Байбатшаев, Бел-белес.).

ЖҮГЕНСІЗ сын. **1.** *Жүгені жоқ, жүген кигізілмеген, бос.* Қобыланды Құртқадан құлынды алады, ерсіз, *жүгенсіз* мінеді (М.Габдуллин, Қаз. ауыз. әдеб.). Басы қатты асау ат *жүгенсіз* тауға ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма, Құдай білсін (Абай, Тол. жин.). Отгонмен күз бойы есі кеткен председательдер атқа *жүгенсіз* мініп, қайда апарсаң да өзің біл деген баладай тізгінді бас зоотехниктің қолына берген (М.Дүзенов, Әке.). **2.** ауыс. *Бетімен кеткен, тәрбиесіз,*

әдепсіз; қалай болса солай, берекесіз. Сондықтан бұл арадағы қатал талап қою, үйрету кемшілігін мойындату, сөйтіп *жүгенсіз* жібермей адамды арнаға салу деп табылады (Б.Момышұлы, Біздің генерал). Сөзіңнің басы ыржаң, соңы қылжаң, *Жүгенсіз* жүре бермек – сенің ырзаң. Сенен күшті кісілер не боп жатыр, Заманыңның тарлығын ойла, мырзам (Абай, Тол. жин.).

Жүгенсіз кеткен. *Бетімен кеткен, әдепсіз, тәрбиесіз.* Мынау *жүгенсіз кеткен* жігіттің атының басына құлаштап түрып неге салмайсың (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Бұл *жүгенсіз кеткен* содырлардың желкесіне қылыштың жүзін жалаңдатыңдар (Х.Есенжанов, Тар кезең).

Жүгенсіз кетті. *Ешкімді тыңдамай, бағынбай тыюсыз кетті, бетімен кетті.* Бұл жігіт бостандық болғаннан бері *жүгенсіз кетіп*, ойына келгенін істеп, халыққа зиянын күшейтіп барады (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖҮГЕНСІЗДЕН= е т. *Бетімен кету, тыюсыз болу, әдепсіздену.* Моисей комиссиядан кейін бұрынғысынан да бетер *жүгенсіздеді.* Пысқырынып, бөлім бастығына бағынуды қойды (Е.Оразақов, Дәрігер.). Командың минут сайын мастығы көбейіп, *жүгенсіздене* берді («Қаз. әдеб.»).

ЖҮГЕНСІЗДЕНУ *Жүгенсізден қимыл атауы. Жүгенсіздену ге* жол бермеді (Ауызекі).

ЖҮГЕНСІЗДІК з а т. *Бетімен кеткендік, тәрбиесіздік, әдепсіздік.* Ертелі-кеш тай-тайлақ жетектеген ауыл арасындағы тентектердің *жүгенсіздігі* түгіл ердің құнын, пұлын мырзадан жасырып көрген жоқ (К.Оразалин, Көктем.). Ахтанбердиев осы *жүгенсіздікпен* келе айқасқан еді, ақыры түбіне жетіп тынды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жүгенсіздікке салынды. *Бетімен кетті, әдепсіз болды.* Соның бәріне кінәлі өз міндетіне немқұрайды қарап, *жүгенсіздікке салынған* шофер Исатаев еді («Лен. жас»).

ЖҮГЕРМЕК з а т. қ а р ғ. *Наразы болғанда ер балаға қарата айтылатын қарғыс.* – Мына *жүгермек* жеті түнде неғып жүр, – деп күңк етіп ол Күдеріге бұрылып еді, тәтті ұйқының құшағына кірген Күдері қыбыр етпеді (М.Иманжанов, Менің махабб.). Әлгі *жүгермекті* жер жұтты ма, – деп Раушан ренжіді (Ш.Құмаров, Қос шынар). Жан-жағын жалмап туған *жүгермек*, енді мына жеті баламның да желкесін қи, мә, мә, мә! – деп тырнақтай балаларын топылдатып лақтыра бастады (О.Тәжиева, Жетім қыз).

ЖҮГЕРІ з а т. ө с. <лат. zea> *Бойы ұзын болып өсетін, паясын, собығын отқа жағуға болатын, жуан сабақты біржылдық дәнді дақыл.* Ауыл мәдениеті де көтеріліп, жолдар салынып, көшелер асфальттанып, шаруашылық жылына 2500 гектарға дейін күріш, 700 га бидай, 250 га *жүгері*, 700 га жоңышқа екті. Жалпы совхозда 3500 га тегістелген жер, 7500 га егістік алқап бар («Зерде»). Сол жолы облыс бойынша *жүгері* егу мәселесі қатты көтерілді (Т.Ахтанов, Таңд. шығ.). Күнбағыс, *жүгерінің* ара-арасымен әлгі дауыс шыққан үй жаққа қарай жақындадым (Т.Бердияров, Солдат.). Жауынгерлер өткен жылдан орылмай қалған *жүгері* арасымен жүгіріп барады (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер).

Жүгері көже. *Жүгері жармасын қайнатып, айран қосып, біраз ашытыңқырап дайындалатын жаздық сусын.*

Жүгері нан. *Жүгері ұнынан пісірілген нан.*

ЖҮГЕРІЛІК з а т. *Жүгері егілетін жер; жүгері өсіп тұратын жер.* Қисық Әбді кездескен сайын қылқылдап қоймағасын қасына Шаян мен Моуладиді ертіп, мылтық асынған Зікірдин Белдеутамдағы колхоздың *жүгерілігіне* барған екен (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Таңмен таласа оянған екі жігіт үйден бірге шықты да, екі-үш шақырымдай жердегі *жүгерілікке* жаяу тартты («Лен. жас»).

ЖҮГЕРІШЕ ү с т. *Жүгері тәрізді, жүгері сияқтанып.* Қып-қызыл ұрыс. Қазандағы бадырайған *жүгеріше* бір-біріне тиісіп, сеңсоқ. Барлығын Нұрқасым бастады (М.Райымқұлов, Тас түлек).

ЖҮГЕРІШІ з а т. *Егілген жүгеріні баптап, күтуші, жүгері өсірумен айналысушы. Жүгеріші* қыздікіне барайық, – деді Тоқым сары ала бешпетін желең жамылып (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Үшеуі де *жүгеріші*, әрқайсысының қарамағында 100 гектардан жүгері егістігі бар («Лен. жас»).

ЖҮГЕРІШІЛІК з а т. *Жүгері егуді кәсіп ету, жүгеріші болушылық.* Өткен күні үшеуі де Жонағаштағы жұмыстарын тындырып, асығыс осында жеткен. *Жүгерішілікке* қоса шөп шабуға тілек білдірген («Лен. жас»).

ЖҮГІН= е т. **1.** *Екі аяғын астына баса тізерлеп отыру.* – Мен оларға Малқар емес қой, қорқатыным жоқ! – дегенде, Жақып тіпті елеуреп, *жүгіне* отырды. Ол әкесінің қасына жүгіне беріп, кеседегі сусынды төгіп алды (А.Нұрманов, Аққу.). Екеуі Бектастың құлағына сыбыр еткен боп күбір-күбір сөйлесіп алды да, Әлімбектің алдына кеп *жүгіне* отырды (А.Байтанаев, Қайнар.). **2.** а у ы с. *Төреліге келу, мойынсұну.* Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып, келіп ғылымға *жүгініпті* (Абай, Тол. жин.). Мен әділетке ғана *жүгінетінімді* білесіз ғой (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Сүйекем жоқ бұл жерде Дәрі берер тілінен. Сол емес пе шешуші, Өзіңізге-ақ *жүгінем* (Жамбыл, Шығ.). Анау Абай ағама *жүгінеміз.* Жүр, білгіштеріңді сонда көремін,

кәне! – деп жорта жөнелді (М.Әуезов, Шығ.). **3.** а у ы с. *Бағыну, айтқанына көну.* Жетімге *жүгінбе,* Жесірге кіжінбе (Мақал). Кәрі құлақ, сағаң айтам, налыма! *Жүгін* өзің ақылыңа, арыңа. Жазда –жайлау, қыста – қамсау еді ғой, Титтей тоғай малыңа да жаныңа (М.Мақатаев, Шығ.). Шор буын, сүмбіл сүйек, кеудесі кең Шелектей кебентайы етек пен жең. *Жүгініп* жұрт алдында сөз сөйлесе, Болмаған бір қатесі, бәрі де жөн (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Аруақ алдында жүгіндірді. э т н. *Аруаққа сиындырды, ата-баба аруағына жалбарындырды.* Болжайтын ой-өре болса, арғы аталарының бір екенін ұмытып, асық ойнап атысып, бір төсекке жатысып, тел қозыдай тең өскен шақтағы туыстық сезімдері арын шымшып, ата-бабаларының *аруағы алдында жүгіндірер* ме еді (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Сөзіне [сөзге] жүгінді. *Әлдекімнің айтқанына ден қойды.* Фирдаусидің *сөзіне жүгінсек,* соғдылар түркілер шабуылдап келе жатқанда зар еңіреп жыласа да эфталиттер үшін соттасқысы келмейді (А.Гумилев, Көне түркілер).

Шарт жүгінді. *Тізе бүгіп отырды.* Бекбол шынымен бейіл беріп, бекінгендей болып, Сәтбекке қарап, *шарт жүгініп* алып: – Ей, Сәтбек. Екі сөзге келмей, ердім десем, сөзімді жалған дер едің. Бірақ сен түс шаймай, баяғы Бекбол да, баяғы Сәтбек болып бел шеш. Не саудасы бар? – деді (М.Әуезов, Шығ.). Кемпірдің қақ басында мінбелеп, *шарт жүгініп* ала сақал молда отыр (Ж.Аймауытов,Шығ.). Дуана асасын арт жағына сүйеп қойып, *шарт жүгініп,* ыңылдап отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жылаулы бір Құдайға жанның бәрі, Отырған *шарт жүгініп* жас пен кәрі. Ешкімнің еш нәрсемен жұмысы жоқ, Көзінен тақ Сүлеймен көрген, әні! (М.Көпейұлы, Шығ. жин.).

Шындыққа жүгінді. *Шындықты мойындады. Шындыққа жүгінсек,* оның бірде-бір себебі жазушының өзіндік шеберлік жолындағы іздену, үйренуіне байланысты (С.Әшімбаев, Ақиқат.).

ЖҮГІНДІР= е т. *Бас идіру, бағындыру, көндіру.* Сол әкесі Дәмешті бүгін тағы да алдына әкеп *жүгіндіріп* қойды (З.Шашкин, Теміртау). Шеберлікті меңгеру үшін суреткер өз жұмысын жан дүниесінің әділ қазынасына *жүгіндіріп,* көп, ұзақ жұмыс жасауға тиіс (Ғ.Мүсірепов, Суреткер.).

ЖҮГІНДІРУ *Жүгіндір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Алдына *жүгіндіру.*

ЖҮГІНТ= е т. *Адамды өзге бір кісінің алдына әкеліп бас идіру, тізе бүктіру.* Бұхардай буып-түйіп айта алар ма Бір сөзін бүкіл ру тайпаларға, Тоқтаған қашқан керей, босқан арғын, Жүре алмай Қыпшақ жүгін тартқан арба. Түстікте Үйсін-аға, батыста Әлім – Сөзімен шешкен түйіп шатысқанын, *Жүгінткен* Абылайдың алдына әкеп, Тоқтатқан ағайынның айтыстарын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Шөпішті байлап әкелсем, енді Әмірбай болысты да алдарыңа әкеп *жүгінтем* (К.Оразалин, Абай.). Кешіріңіз, қиялды алысқа жүгірттім, Сізді дағы болашаққа *жүгінттім.* Осыны айтып кейіпкерім оң қолын Қойды апарып иығына жігіттің (Х.Ерғалиев, Ауыл қызы).

ЖҮГІНТУ *Жүгінт етістігінің қимыл атауы.*

ЖҮГІНУ *Жүгін етістігінің қимыл атауы.* Амалсыз *жүгіну* керек болса бар кінәні батаға маңында жүрген Атанияз мырзаның тентек інілеріне жаба салады да, өзі ақталып шыға келеді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.). Істің жайы осылай болған соң Әділбек туып-өскен жер мен елге *жүгіну* қажет (М.Тиесов, Әлібек Майкотов.).

ЖҮГІНУШІ з а т. *Бас июші, төрелігін сұраушы.* Әжемнен ақыл сұраушылар да, оған кеп *жүгінушілер* де көп болған (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖҮГІНІС= е т. *Тізе бүгіп отырысу.* Олар әкесінің жанына келіп *жүгіністі* (Ауызекі).

ЖҮГІНІС з а т. *Біреудің алдына келіп арыз-шағым айтып, әділет тілеушілік; жүгінушілік.* Алдыңа келсе *жүгініс,* Қарамай қара, ағына, Адалды сатып параға, Болыстың арам жағына (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Сахараны билеуші тоғышар чиновниктер кикілжіңі бүгінгі *жүгіністке* жетті (М.Әуезов, Абай жолы.). *Жүгініс* басы бір сом. Ал жүгінетін кісі әне, кезек күтуде. Аз санағанда күніне қырық-елу *жүгініс* болады (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҮГІНІСУ *Жүгініс етістігінің қимыл атауы. Жүгінісуге* келген адамдарды жақсы танитын (Ауызекі).

ЖҮГІР= е т. **1.** *Аяғын жылдам басып алға қозғалу, бар пәрменімен зымырау.* «Қай кезегі» келген үй баласын *жүгіртіп,* мұғалімді тамаққа шақырды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Олар барын сала жан ұшырып, мектепке қарай *жүгіріп* келеді (М.Иманжанов, Алғашқы.). Бәрі де *жүгіре* жөнелді, Жоламан алдында, Ақтан ең артында томпаңдап келе жатыр (Ғ.Мұстафин, Өмір не өлім). **2.** *Аттың шабуы, жан-жануарлардың, аңдардың алға қарай оқтай зымырауы.* Бұдан бұрын Аққасқаны аз-аздап қоянға *жүгіртіп,* екі-үш суытып алған (М.Әуезов, Шығ.). **3.** *Бір нәрсенің арлы-берлі қимылдап тұруы. Жүгіріп* жылан көздері Тіміскіп түтқын тұлғасын Лезде түсі өзгерді, Өзінен Мұса тұр басым (Ж.Молдағалиев, Жыр.). Білегін бұлтың-

бұлтың еткізгенде бұлшық еті *жүгіріп* жүрген тас кесек пе дерсің (Е.Қонарбаев, Түнгі от).

Әзір асқа аяғын ала жүгірді. *Еңбексіз күнелтті, дайынға тап болды.* Сен шіркін *әзір асқа аяғыңды ала жүгіретін* нағыздың өзісің ғой (Т.Ахтанов, Шығ.).

Бетке қан жүгірді. *Реңі кірді, өңі кірді, ажарланды, шырайланды.* Жолдастарға қараймын. Бәрінің де кір, күйе басқан аш *беттеріне қан жүгіргендей* (С.Сейфуллин, Шығ.). Ал, көңілім, желден озып серпіл енді. Қызықты, қызғылықты заман жетіп, *Бетіңе қан жүгіріп* көркің енді (Халық әндері).

Бетіне нұр жүгірді. *Қуанды, риза болды; құлпыра, жандана түсті.* Подполковниктің ықыласын көріп біздің жігіттердің *бетіне нұр жүгіре* бастады (Т.Ахтанов).

Бірден-бірге жүгірді. *Сөз етті, өсекке таңды.* Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, *бірден-бірге жүгірмек* болмайды екен (Абай, Тол. жин.).

Жан жүгірді. *Бойға қуат кірді, күш пайда болды.* Өлі бойға *жан жүгірді.* Қайратым құрыш болды, нан. Мұз жүрегім май сықылды, Еріп, от боп күйді жан (Абай, Тол. жин.).

Жүгірген алмайды, бұйырған алады. *Бұйырған кетпейді. «Жүгірген алмайды, бұйырған алады»* – деп, қазақ бекер айтпаған ғой (О.Бөкеев, Біздің жақта).

Жүгірмегі майдан-ды. *Жүгіруге күй, бап керек деген мағынада.* Ақ киіктің орытып, *Жүгірмегі майдан-ды,* Батыр болмақ ойланды (Махамбет, Өлең д.).

Жүгірсең аяғың жетер ме? *Алыс, шалғай жер деген мағынада.* Айқайласаң дауысың, *жүгірсең аяғың жетер ме?!* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жүзіне [өңіне] қан жүгірді. *Өңі кірді, түсі жылыды.* Сұрғылт *жүзіне қан жүгіріп,* көзі жайнап барады (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Зыр жүгірді. а) *Зымырады, заулады. Зыр жүгіріп* Нұрыш жүр. Аяғының сыбдыры әлдеқайдан естіледі (Б.Майлин, Шығ.). – Бұл дүниенің түбіне жететіндей *зыр жүгіріп* жүресің-жүресің де, дәмің таусылған күні өлесің де қаласың, – дейді (Қ.Жұмалиев, Көкейтесті). ә) *Әбігерге түсті де қалды, әуре-сарсаң болды.* Байқұс шеше, баласы кетіп қалғанын естіп, екі үйдің арасында *зыр жүгірді* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Иті қырым жерге жүгірген. *Көп жерді (алыс, шалғай жерлерді) көрген.*

Иті қырын жүгірді. *Шаруасының қисыны кетті, қырсықты.* Соңғы кезде... *иті қырын жүгіріп* жүр! Сауып отырған, сүті бұлақтай қараша інген жаман шөп жеп, арам өлді... (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Қолдан-қолға жүгірді. *Бір қолдан екінші қолға өтті.* Сол бір сурет жетіп тез *Қолдан-қолға жүгірді,* Қыз қарады қара көз Кемпірлер де үңілді (Ә.Ахметов, Өлең д.).

Өңіне кірбің жүгірді. *Көңіліне қаяу түсті, көңілін кірбің шалды.* Содан кейін Рәзияның *өңіне кірбің жүгірді* (Біздің Мұхтар).

Көңілі сегіз саққа жүгірді. *Алаң болды, мың құбылды, сан өзгерді.* Назиха есіл-дерті ауыл жақта. Жеткендей мұрадына осы шақта. Омардың ақылы алтау, ойы жетеу, *Көңілі жүгіреді сегіз саққа* (Қ.Тоғұзақов, Таңд.).

Он бойынан ток жүгіргендей. *Денесінен ток жүгіріп өткендей. Он бойынан ток жүгіргендей* бүкіл денесі дірілдеп кетті (Т.Ахтанов, Таңд.).

Ұшқан құс, жүгірген аң. *Қыбыр еткен жан-жануар.* Бұл кемпірдің қарамағындағы жерден *ұшқан құс, жүгірген аң* өте алмайтын (Қаз. ертег.). Бір жемтік тақыр тиді болып қалған, Талай қарға-құзғындар ауыз салған. Ауыз жарыр еті жоқ бір қу сүйек, *ұшқан құс, жүгірген аң* қорек алған (М.Көпейұлы, Шығ. жин.).

Шай-суын ала жүгірді. *Шын пейілімен қызмет етті, күтті.* Сәбираға өзін жерлес, ағайындас адаммын деп таныстырып қойған. Ол *шай-суын ала жүгірді* (Т.Ахтанов, Таңд.).

ЖҮГІРГІШ с ы н. *Жүгіре алатын, жүгіретін.* Темір хан *жүгіргіштердің* ішіне бір мыстан кемпірді қоса жіберген екен (Қаз. ертег.).

ЖҮГІРГІШТЕ= е т. *Әрлі-бері жүгіру, шапқылау, жүгіре беру.* Кейде қарны тоймай қалса, әр үйге *жүгіргіштеп,* өзінің басы артық бір нәрсесін тамаққа айырбастап жіберіп, сауда-саттық жасауға құмар-ды (Ә.Нәбиев, Ауыр апта). Құмар қызмет қып *жүгіргіштеп,* кіріп-шығып жүрген келін-балаларына ерін ұшымен әмірін беріп отыр («Қаз. әдеб.»).

ЖҮГІРГІШТЕУ *Жүгіргіште етістігінің қимыл атауы.* **≈** Кешке дейін *жүгіргіштеу.*

ЖҮГІРМЕ: жүгірме қашар. ж е р г. *Қашатын ұрғашы тайынша. Жүгірме қашарларды* іріктеп бөлек салды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҮГІРМЕК[1] з а т. ж е р г. *Адамда кездесетін аурудың бір түрі.* Талай дүниеден өтіп кеткен осы ғадатың тұрғанда, Қожа-еке, сен де кетерсің *жүгірмектен* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҮГІРМЕК[2] з а т. с ө й л. ***Жүгермек.*** Сөз осымен тынды дегендей кесіп тастады. Анау *жүгірмектер* де басшысын қоштап шулап қоя берді (Т.Ахтанов, Таңд.). Ай, оның не, *жү-*

г і р м е к, біреудің тауығын соққаның (Қазақ. тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҮГІРТ[1]= е т. **1.** *Аяғын көз ілеспестей өте шапшаң бастырып, зыр қақтыру, зымырату.* Ителгінің теуіп түсірген үйрегін іліп алып, Серікбай да ителгінің қонған жартасына қарай *ж ү г і р т і п* келеді (С.Бегалин, Уақыт.). Кезекші оқушыны *ж ү г і р т і п* жіберіп Мирас Иван Ивановичті шақыртады (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Жігіттерін *ж ү г і р т і п* бір пәрнек шай, екі күлше әкелдірді (А.Тоқмағамбетов, Жыр.). **2.** к ә с. *Өрмек жібін құру.* Отыз қатын ойнақтап өрмегін тездеп *ж ү г і р т т і.* Табаны жерге жарылып құландай салды дүбірді (Батырлар жыры).

Ақылын алпыс жаққа [саққа] жүгіртті. *Әр нәрсені бір ойлап, әр нәрсеге бір байлам жасады, ақылын дал етті.* Бұл кезде жалғыз қалған Қарабала *а қ ы л ы н а л п ы с с а қ қ а ж ү г і р т і п*, әр ойдың соңына бір түсіп, жанталасуда, үміт пен үмітсіздік күресі ит жығыс түсіп, қатты толқуда еді (Қ.Жұмалиев, Таңд.).

Арасына ала мысық жүгірту. *Ши жүгірту, іліп-қағу, мазасын алу, жүйкесіне тию.* Каспий қайраңының құқықтық мәртебесін әліге дейін айқындай алмаған елдердің *а р а с ы н а а л а м ы с ы қ ж ү г і р т у* арқылы пайда тапқысы келетіндер аз емес («Жас Алаш»).

Астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды. *Қуғынға ұшыратты, үркітті, түрлі бәлені көрсетті, үрейін ұшырды.* Елдің болыс-биі *а с т ы н а н и т ж ү г і р т і п, ү с т і н е н қ ұ с ұ ш ы р ғ а н* жоқ па аңқау елдің (М.Әуезов, Шығ.). Сонымен, бір-ақ күн ішінде Жұматай момын колхозшылардың *ү с т і н е н қ ұ с ұ ш ы р ы п, а с т ы н а н и т ж ү г і р т і п* Жетпісбайды уақытша охран қылып сайлатып қойды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Елдің ішінен шыққан кедей, еңбекші, байға қарсы дегендер болса, *ү с т і н е н қ ұ с ұ ш ы р ы п, а с т ы н а н и т ж ү г і р т і п* сотты ғып, әлекке салып, есін жиғызбай партиясынан айдатқан күндер болды-ау (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Ат жүгіртті. *Ат шаптырды, жарыстырды.* Сол бір тойда *а т ж ү г і р т т і* асқақ ел, Тағдыр маған бағыңды да босқа бер. Сағымды да сындырмашы енді елім, Күтетіндей басқа жайлау, басқа бел (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Әзіл жүгіртті. *Әзілдесті, ойнап айтты, сөз қағыстырды.* Бірін-бірі көрмесе сөз қағыстырып, *ә з і л ж ү г і р т і п* тұрмаса көңілдері көншімейді (О.Бодықов, Бұлбұл).

Әр [қырық, мың, неше, сан, талай] саққа жүгіртті. *Әркім әрқалай айтты, әркім әртүрлі топшылады, сан құбылтты, түрлендірді.* Әсіресе техника біздің қолымызда дейтін тракторшы жігіттер өздерін үстемірек қойып, ат айдаушыларды *ә р с а қ қ а ж ү г і р т і п,* сылтың етіп отырады (Қ.Жұмаділов, Көкейтесті). Іші күйгендер сырттан өсекке таңып, ешкімнен зәбір көрмесе де, бұлардың жүрісін *қ ы р ы қ с а қ қ а ж ү г і р т і п*, Ақанды кінәлай бастаған (С.Жүнісов, Ақан сері). *Н е ш е* бір *с а қ қ а ж ү г і р т і п* Жүрт өсекке таңбай ма? (Манас). Көп жылдардан бері көрмеген ел Құрымбайдың ісін *м ы ң с а қ қ а ж ү г і р т т і* (Б.Майлин, Шығ.). Өсекшілер ол қаңқуларды *т а л а й с а қ қ а ж ү г і р т т і* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Бас-аяғына көз жүгіртті. *Бойы-басын түгел қарап шықты.* Мырқал оның *б а с - а я ғ ы н а к ө з ж ү г і р т і п:* – Тақ, тақ, өзің адам болғалы тұр екенсің, ә, – деп еді, Сайран мырс етіп: – Немене, мен қазір адам емеспін бе? – деді (Ә.Әбішев, Шығ.).

Көз жүгіртті. а) *Көз тастады, көз салды, шолып қарады.* О не, кәне? – деп Өтеш те қабаттаса бұтақты бойлай, жартастың өне бойына *к ө з і н ж ү г і р т т і* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). Максим айналасына *к ө з ж ү г і р т і п* тұр екен (Ә.Әбішев, Шығ.). Ертеңіне бір сәт *к ө з ж ү г і р т к е н* жоқ, өткенін есіне ала берді ауық-ауық (О.Бөкеев, Ұйқым.). ә) *Тез-тез қарап шықты.* Перовский Указға *к ө з ж ү г і р т і п* оқи бастады. Бұл Николай патшаның бір мың сегіз жүз отыз сегізінші қазақша ит жылы мамыр айының бірінде берген Указы еді (І.Есенберлин, Қаһар). Күні бойы шаршап келіп қонар жерге жеткенде Ақайдың екі серігі де жалтақтап ең алдымен кірген үйінің бұрыш-бұрышына *к ө з ж ү г і р т е т і н* (Ә.Нұршайықов, Батыр.). б) *Байыптады, ой көзімен шолып қарады.* Білмеппін дәнеңесін сырт халықтың, Сөз қатпай таң атса да құр жатыппын. Ойламай, *к ө з ж ү г і р т п е й* меңіреу басым, Жанаспай, жақын жүрмей құр қалыппын (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қолдан-қолға жүгіртті. *Бір нәрсені бірінебірі берді, қолдан-қолға өткізді.* Құтыла алмай отырғандай *қ о л д а н - қ о л ғ а ж ү г і р т т і к* (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Қол жүгіртті. *Бір нәрсені қолымен іздеді, сипалады, қолын салды.* Әлекең аттың жалына, алқымына *қ о л ж ү г і р т і п,* құйысқандық пен сауырына көз тастады (К.Ахметбеков, Сый орамал). Қыздың іргесі қай бүтін болған, үлкенірек бір тесіктен *қ о л ы н ж ү г і р т т і* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Еденнің қуысына Темірхан да әрі-бері *қ о л ж ү г і р т і п,* ақшаны таба алмады (М.Гумеров, Хазірет). Майор көңіліне күдік алып, пистолетіне *қ о л ж ү г і р т т і* (К.Тоқаев, Тасқын).

Ит жүгіртіп, құс салу. *Саятшылық құру.* Шәңгерей *и т ж ү г і р т і п, қ ұ с с а л у ғ а,*

саятшылық өнеріне де әуес екен (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Ми жүгіртті. *Ойлады, ойланды, байыбына барды.* Мына парасатсыз маскүнем неме істің жайына бір *ми жүгіртіп* ойлай ма екен сірә (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Ой жүгіртті. *Ойланды, толғанды.* Әдетте, адам бір үлкен іс-әрекетке кірісерде соның себеп-салдарына *ой жүгіртіп*, ақталудың амалын іздейді ғой (М.Гумеров, Хазірет). Өзіңіз *ой жүгіртіп* көріңізші, не болар еді? (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді). Сөз әлемі барынша қызық дүние, оның таңғажайып сырларын жете түсініп, қапысыз ұғу үшін халық арасында болудың, сұңғыла көриялардың шалқар әңгімелерін тыңдаудың қаншалықты мән-маңызы бар екеніне де Мұхаңның мәслихатынан кейін *ой жүгіртпім* (Біздің Мұхтар).

Ши жүгіртті. *Араға от салды.* Менің жүрегімді Қайыржанның өзі де біледі. Бір пәлесі: арамызға *ши жүгіртіп* жүргендер де бар (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). Құлағын мақтаман бітеп алса да тыйылар емес, біреуі болмаса біреуі сөз арасында *ши жүгіртіп* іліп өтеді (З.Шашкин, Шығ.).

ЖҮГІРТ²= е т. ж е р г. *Жұмсау, пайдалану.* Бір байдан алып ақша көп жыл *жүгіртті*, Ысабын қаларсың ба бір күн бермей (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖҮГІРТКІ з а т. и н ф. <лат. scroll box> **1.** *Айналдыру жолағында орналасқан кішігірім төртбұрыш. Жүгірткі* көмегімен жылжыта отырып, файлдың (мәтіннің) әртүрлі бөліктерін дисплей бетіне шығаруға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.). **2.** *Экран терезесінің шет (оң жақта және ең төменгі қатарда) жағында орналасқан, жұмыс алабындағы көлемді бейнелерді, мәтінді көру мақсатында оларды оңға, солға (жоғары, төмен) жылжуға арналған бағыттауыш батырмалар арасында орналасқан төртбұрышты батырма (П).*

ЖҮГІРТПЕ з а т. *Өрмек тоқу құралы.* Пәмек (инелік) – ені 3-4 см, ұзындығы 25-30 см, арқаудың жібін орайтын таяқша арқау шөлмегі, *жүгіртпе* деп те аталады (Ж.Кейкін, Қаз. атау.).

ЖҮГІРТТІР= е т. *Ат шаптыру.* Алаш әскеріне, бай мен ақсүйек балаларын ат *жүгіртті*, құс салдыртып қойып, жанын жалдап күн көріп жүрген жалаңаш кедейлерді алды (Д.Әбілев, Арман.).

ЖҮГІРТТІРУ *Жүгірттір етістігінің қимыл атауы.* Ит *жүгіртіруге* де зауқы болмады (Ауызекі).

ЖҮГІРТУ *Жүгірт етістігінің қимыл атауы.* Тасқара мал қайыруға оң қол ғой. Сандыбай екеуін алма-кезек *жүгіртуге* жақсы болар еді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.). Жырымыздың сарыны Құрылысты құбылту, Жігер, күштің жалыны Ой, санаға *жүгіртуі* (Б.Майлин, Шығ.).

ЖҮГІРТІҢКІРЕ= е т. *Аздап жүгірту, желдірту.* Кенеттен қатты дүбірді құлағы шалып, жалт қарағанда, сойыл сүйреткен біреу *жүгіртіңкіреп* келіп қалған екен (К.Оразалин, Көктем.).

ЖҮГІРТІҢКІРЕУ *Жүгіртіңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Біраз *жүгіртіңкіреу.*

ЖҮГІРТІС= е т. *Бәйгеге ат жіберісу, жарыстыру.* Ақсақалдар жігіттер әуелі өнер салыстырсын, сосын күш сынассын, ең соңынан жүйрік *жүгіртіссін* деген тоқтамға келді (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖҮГІРТІСУ *Жүгіртіс етістігінің қимыл атауы.*

ЖҮГІРУ *Жүгір етістігінің қимыл атауы.* Әділ сайға түскен бойы етек-жеңін мұқым түрін алды да, *жүгіруге* ыңғайлана беріп, артындағы жолдастарына қарады (Майдан). Машина соңынан далбақтап тұра *жүгіруден* өзімді-өзім әзер ұстап қалдым (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Кешкі самал бойды сергітіп, жұрт қимылдауға, *жүгіруге,* асыр салуға кірісті (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҮГІРУШІ з а т. *Жүгіретін адам.* Бұл жолы алдыңғы ұмтылушылар жусай жығылып жатса, артқы жақтан жапа-тармағай *жүгірушілер* үдеді де отырды (Ол күндер.).

ЖҮГІРІЛ= е т. к ә с. *Жүргізілу, тартылу (жіп туралы).* Яғни ерсінің жібі мен қарсының жібінен басқа «өрнек жібі» дейтін тағы бір жіп қоса *жүгіріледі* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

ЖҮГІРІЛУ *Жүгіріл етістігінің қимыл атауы.* ≈ Түгелдей *жүгірілу.*

ЖҮГІРІНДІ с ы н. *Жүгіріп жүретін, алып кел, барып кел (адам), бір жерде тұрақтап отырмайтын.* Аттас інім, мен сені мұндай деп ойламап едім. Ана жылы бір көргенде біздің Шоқан жиеннің *жүгіріндігі* жігіті болып жүр едің (З.Ақышев, Қызыл.). 7–8 жасымда бірер ай мектепке барып жүрдім. 8-ден 10 жасқа дейін көше баласы, сосын аяқ киім дүкенінде *жүгіріндігі* бала болдым («Қаз. әдеб.»).

ЖҮГІРІС з а т. *Ары-бері жүгіргендік, ары-бері жүгірген сапырылыс.* «Ат қайда? Ұмтыл! Шап!» – деген жаң-жұң, қарбалас, жанталас, *жүгіріс* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тасыр-тұсыр *жүгіріс*, арпалысқан алыс, мектеп мүлкіне зақым келтіру сияқты қолайсыз жағдайлар да ұшырасады («Халық мұғ.»).

ЖҮГІРІС= е т. *Ары-бері шапқыласу, жүгіре ұмтылысу, зымырасу.* Сабырсызданған балалар «келіп қалды!» деген сөзге, шынымен иланып,

құнан, бестілеріне *жүгірісін*, асығып мініп, «қайда, қайда?!» десіп, қарбаласып жүр (М.Әуезов, Шығ.). Шалдар Бәкенге тұра-тұра *жүгірісті* (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Жүген іздесіп атқа *жүгірісті* (Ж.Аймауытов, Шығ.). // *Жүгірген қимыл-қозғалыстары.* Иттердің үрулері көбейіп, ерсілі-қарсылы *жүгіріскендері* білінеді (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖҮГІРІСУ *Жүгіріс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *жүгірісу.*

ЖҮДӘ [ар. جدا] үс т. жер г. *Өте, тым, аса, тіпті. Жүдә* бай деп айтпаңыз, Күнде жылап болмаса. Ауылының желкесі Күнде жиын болмаса (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Жақсы адамға қара жер де *жүдә* зар, Болғандай-ақ өршеленіп тілазар. Шаңқай түсте жайдың оғы түскендей Алып кетті ортамыздан сұм ажал (К.Салықов, Жезкиік). Сәуленің сөзін естіп, жаңа жолдастары *жүдә* риза болады (Ә.Тарази, Құйрықты.).

ЖҮДЕ= е т. **1.** *Арықтау, азу.* Ассыз, сусыз дерт жеңіп Өзі әбден *жүдеп ті* (Абай, Тол. жин.). Сақал-мұрты өскен, өзі өте өзгеріп, *жүдеген.* Құрманғазы терезе алдында тұр (А.Сатаев, Дала.). **2.** а у ы с. *Жабырқау, мұңаю, қайғыру.* Тойшыл болса, Думансыз *жүдер* кісі. Тұлпар емес – Тұлпардың шідерлісі! Барған ісің бітсе де кете алмайсың, Басқаның да келмейді жібергісі (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Шешесін ойлап *жүдеп* жүр, – деді Шери Аякең кетуге жиналған күні (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Төрт ауыз жоқтау айтты да, *жүдеп* күрсініп, тынып қалды (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** а у ы с. *Азып-тозу, күйзелу.* Өшпес барымта, жұт, оның үстіне Россия солдаттары мен өзінің сарбаздарының шабуылынан қарамағындағы елдің тіпті *жүдеп* кеткенін ол жақсы білетін (І.Есенберлин, Қаһар). Кейде бергі беттегі дәл желкедегі тоғай қара быржық болып, ... ойға түскен қайғыдай көлеңкеленіп, көкшілденіп, *жүдеп* кетеді (М.Әуезов, Шығ.).

Жаны жүдеді. *Ауыр ой мендеді, қамықты.* Тоқ көңілдің – сол батыр *Жан жүдесе*, бағатын. Анау жақта жол жатыр Өзің «жоққа» баратын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Көңілі жүдеді. а) *Уайымдады, қатты мұңайды.* Соңғы кездері қыздың *көңілі жүдеп* жүр (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). ә) *Ренжіді, көңілі қалды.* Омар Колосовты білгір инженер, іскер басшы, шебер ұйымдастырушы деп жоғары бағалайтын, қазір оған да *көңілі жүдеп* қалды (Т.Нұртазин, Мурат). Бір күннің ішінде *көңілі жүдеп*, жүзі жадау тартып қалған екен (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖҮДЕМЕДЕТЕ үс т. ***Жүдемелете*** *(үстіүстіне).* Ысқақ шылымын тұтатқанда әуелі аузын толтырып, түтінді *жүдемедете* будақтатып жіберді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тамаққа әбден тойған соң, аузыңды кере-кере *жүдемете* екі рет керіп жібересің. Бұдан артық рақат бола ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҮДЕМЕЛДЕТЕ үс т. *Үсті-үстіне, бірінен соң бірін.* ≈ *Жүдемелдете* будақтатты.

ЖҮДЕМЕЛЕТЕ үс т. сөй л. ***Жүдемелдете.*** Ауыздық тартқанша атойлап келіп қалған өңшең қылаң қыл құйрықтың бір бүйірін ала тұрған ұлар *жүдемелете* басып-басып жіберді (А.Алтай, Алтай.).

ЖҮДЕҢ[1] с ы н. *Жүдеулеу, арықтау, арық; жадап-жүдеген, арықтаған, азып-тозған.* Жігіт шағын ғана ауылдың *жүдең* қалпына көз жүгірте тұрып қабағын кіреукеленділе тық-тық жөтелді (О.Бөкеев, Ұйқым.). Осы келіншек *жүдең* еді. Қазір жайлауға шыққан құлындай құлпыра қалыпты (Ж.Жұмақанов, Махаббат.).

Жүдең тартты. *Жүдеді, азды.* Әбіштің жүзі де өзгеше *жүдең тартқан* (М.Әуезов, Ақын аға). Орташа денелі келген тік маңдай, ақ сары әйел Зылиқаның күндегі *жүдең тартқан* келбеті, ерекше сұлу реңк берген қуанышты жүзі байқалады (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖҮДЕҢ[2] с ы н. *Аз, сирек.* Жұлдыздар да бұл түні *жүдең*, қашқалақ; қараңғылықты қақ жарып жүгірген жалғыз жаяу қылаң берді (Ж.Жұмақанов, Мен жұмысшы.).

ЖҮДЕҢКІ с ы н. **1.** *Азыңқы, жүдеу.* Әр ошақтың басында шоғырлана қыздырынған, *жүдеңкі* жандар (Ә.Сәрсенбаев, Теңіз.). **2.** *Азырақ, сирек; сапасыз.* Бірақ туғалы жанданбаған жануардың жүні *жүдеңкі*, қырыққанда жүн мөлшері жоспардың төңірегінен шығып жүргені (Т.Нұртазин, Адам.).

ЖҮДЕҢКІРЕ= е т. **1.** *Аздап жүдеу, арықтау, азып-тозу.* Емтиханнан әбден ұрынып шыққан бетімде *жүдеңкіреп* келіп ем, аз күн ішінде құйқам қалыңдап, бетіме қан жүгіріп қалды (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). **2.** а у ы с. *Күйі кету, азып-тозу.* Иә, ол бір ауылдың *жүдеңкіреп*, соғыстың да, қыстың да қайшылай қыспаққа алған шағы болатын (М.Сүндетов, Ескексіз.). **3.** а у ы с. *Жабырқау, кею, налу, мұңаю.* Мен үндей алмай *жүдеңкіреп* қалдым (Ғ.Мүсірепов, Белдерде). Осындай ойлармен *жүдеңкіреп* келе жатыр едім, кенет вокзал жақтан паровоз даусы шықты (С.Шаймерденов, Өмір.).

ЖҮДЕҢКІРЕУ *Жүдеңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Аздап *жүдеңкіреу.*

ЖҮДЕП-ЖАДАП үс т. *Арып-ашып, азып-тозып. Жүдеп-жадаған* ауылдастарымның артынан қарап тұрып, қатты аядым (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Қандай азып-тозып, *жүдеп-жадап* жүрсін, алған бетінен қайтпайтын

турашылдығы мен әділдігін, әсіресе, менің анам сүйсіне айтушы еді (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖҮДЕТ= е т. **1.** *Арыту, салмақ тастату.* Ғашықтық келсе жеңер бойыңды алып *Ж ү д е т е р* безгек ауру сықылданып. Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе, Дәмеленсе, өртенер күйіп-жанып (Абай, Тол. жин.). **2.** *Аздырып-тоздыру.* Айырылып ата-анадан, Жетімдік шіркін *ж ү д е т т і.* Жабырқау тартып налыды, Жас нояндар жүректі (О.Шипин, Дастан.). **3.** а у ы с. *Жабырқату, мұңайту, санамен сарғайту. Ж ү д е т е* ме тосын мұң? Жанымды кеп қинаймын. Жақсы жырын досымның Авторына қимаймын (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Не болды екен сені мұнша *ж ү д е т к е н,* Үміт қайда жүрегіңе гүл еккен? Сұлулығың кем емес қой Баяннан, Ақылың да кем түспейді Жібектен (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жегідей ерді он жеңіп, Түн асқан сайын *ж ү д е т т і.* Қайраты қайрап қажырын, Жүдеген сайын үдетті (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жанын жүдетті. *Көңіліне қаяу салды.* Осы бір көңілсіз күйкі көріністер жолаушы *ж а н ы н ж ү д е т і п,* көңіліне қаяу салады (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Ойды [ойын] жүдетпеді. *Ойды толық жеткізді.* – Аудармада түпнұсқаны айнытпай, *о й ы н ж ү д е т п е й,* образдық бояуын, нәзік, күшті, көркем, қарапайым шұрайы мен шырайын сақтай отырып бермек керек (Біздің Мұхтар).

ЖҮДЕТУ *Жүдет етістігінің қимыл атауы; арыту, салмақ тастату.* Құсбегілер қолындағы құстың жай-күйін тамыршыдай бағып отырады да, қажет болса бүркітке ақжем мен бозөкпені *ж ү д е т у* үшін, тартпаны шынықтыру, қансоқта мен қызылды семірту үшін береді (А.Сейдімбеков, Ақиық).

ЖҮДЕУ[1] *Жүде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Арықтау, салмақ тастау.* Жалпы әлсіреу мен *ж ү д е у* әртүрлі себептерден болады (Ғ.Қыдырниязов, Шопан.). **2.** а у ы с. *Мұңаю, жабырқау.* Өзенге ертеңді-кеш су алуға келіп жүрсе де *ж ү д е у* дегенді білмейтін Ақбөтиге қол ұшын берерлік бір амал таба алмай көп толғанды (М.Дүзенов, Әке.).

ЖҮДЕУ[2] с ы н. **1.** *Арықтау, азғындау.* – Менің *ж ү д е у* тұлғама жіті қарап шықты ол (Қаныш аға). Өзінің үсті-басы батпақ болып сыбағысқан собалақ *ж ү д е у* пішінмен келді (М.Әуезов, Шығ.). Бірақ *ж ү д е у* екен, жөтелі жиі ұстап, көп сөйлесе зорланып қалады екен (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ана байғұс көзбен бағып ұлының қас-қабағын Бәйек боп жүр: – Жүзің солғын, *ж ү д е у с і ң* ғой, қарағым? (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** а у ы с. *Жұпыны, қарапайым.* Жәзираның *ж ү д е у* дастарқаны қайта жайылып, шай құйылды (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жүністер қозғала берді. Оған ермей ат төбеліндей, *ж ү д е у* киінген жарлы-жақыбай қалды (Б.Аманшин, Жар мұңы). **3.** а у ы с. *Көңілсіз, қолайсыз, сұрқай.* Күзектің суық, сұрқыл *ж ү д е у* бір күні бүгін қашамада отырған Тәкежан аулының үстінде тұр (М.Әуезов, Абай жолы).

Жүзі [өңі, кескіні] жүдеу. *Көңілсіз, қаяулы; арық.* Ілиястың көзіне қыздың бүгінгі *ж ү з і ж ү д е у* көрінсе де, оның ішіндегі реніші мұңды сұлу жас жүзді мүсіркеткен жоқ (Қ.Мұхаметжанов, Өзіме де.). Амандық біліскеннен кейін қасболат одан: – *Ө ң і ң ж ү д е у* ғой? – деп сұрады (Т.Ахтанов, Таңд.). Бірінші көргенде-ақ осы бір *к е с к і н і ж ү д е у,* киімі жұпыны, шығыршықтай шәпеті денелі осы жігіт болар-ау деген ойға тірелдім (С.Талжанов, Өткен күн.).

Жүдеу ауыл. *Шаруасы күйзелген, азып-тозған кедей ауыл.* Былтырғы жұтта бар малы қырылған, басқа күн көрістері қалмаған соң, теңіз жағасына құлаған *ж ү д е у а у ы л д ы ң* жетім кемпірі (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жүдеу жүз. *Көңілсіз, мұңды, тұнжыраған түр, кейіп.* Көтеріп төмен салған Сары басын, Сарғайған *ж ү д е у ж ү з і* жадырасын. Шаршаған, шүңірейген нұрсыз көздер Бір сәтте жайнап кетсе не қыласың (І.Мәмбетов, Тарланбоз).

Жүдеу күй. *Жұпыны, қарапайым қалып.* Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан таппай, елдің, ердің күйкі, *ж ү д е у к ү й і н е н* де таппақ шарт! (М.Әуезов, Шығ.).

Жүдеу тартты. а) *Қоюланды, тұнерді.* Кір басқандай болып, жабырқау тартып түнерген сұр бұлттар кәрі көңілге келген қажыған ойдай болып, қансызданып *ж ү д е у т а р т а д ы* (М.Әуезов, Қараш.). ә) *Кедейленді, жұтаңданды.* Оның драмалық пьесаларынсыз біздің театрларымыздың репертуары соншама кедей, жұтаң, *ж ү д е у т а р т ы п* қалар еді (Біздің Мұхтар).

Жүдеу тірлік [тіршілік]. *Күнделікті күйкі, жұпыны тұрмыс, азып-тозған тұрмыс-тіршілік.* Осындай *ж ү д е у т і р л і к* кездерде, Әуезов үй ішінің мені туысқандай құшақ жайып қарсы алғаны көзден жас шығарды (Біздің Мұхтар). Жатша сыйласып, жылы ғана сөйлескен *ж ү д е у т і р ш і л і к к е* түстік (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

Жүдеу шоқпыт жоқшылық. *Сіңірі шыққан кедейлік, әбден азып-тозғандық.* Жалаңаштанған үйдің керегесінен *ж ү д е у ш о қ п ы т ж о қ ш ы л ы қ* көрінеді (М.Әуезов, Абай жолы).

Көңілі жүдеу. *Жабырқаулы, тұнжыраған.* Қызының *к ө ң і л і ж ү д е у* екенін танып, анасы асты-үстіне түсіп ебелек қақты (Т.Ахтанов, Боран).

Көңілі жүдеу тартты. *Жабырқады, мұңайды.* «Тіршілік мұнда қиын-ақ шығар», – деген ой келіп, *көңіл* шіркін *жүдеу тартта* берді (Т.Нұртазин, Адам.).

Өңі жүдеу тартты. *Аздап жүдеді, азды, тозды.* Жәзира жігіттің құлақ үстін жауып, тым өсіңкіреп кеткен шашын, жақ ұрты түсіп, *жүдеу тартқан өңін* енді жақыннан көрді (М.Сүндетов, Ескексіз.).

ЖҮДЕУБАС с ы н. *Азған, жүдеген.* Бір көгершін *жүдеубас,* Шыдам, парыз өтеген. «Енді оңаша жермін ас – Тойып, толып бөтегем!» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Бұл хабар *жүдеубас* елді одан әрман күрсіндірді (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҮДЕУБАСТАН= е т. *Азып-тозып кету.* Қыр сахарасында қарнымды кере ішіп, жаман үйреніп қалған басым оңазаланып, арпадан ажыраған аттай омсырайып, *жүдеубастанып* кеттім (Б.Тұрсынбаев, Ауылда).

ЖҮДЕУБАСТАУ с ы н. *Арықтау, жүдеулеу.* Ал, байланбаған құлындар енесі суалған кезде *жүдеубастау* келеді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖҮДЕУБАСТЫҚ с ы н. з а т. *Жүдегендік, азғандық, әлсіregендік.* Алабажақ алақандарының ізі қалғанына риза болысып, *жүдеубастығыма* күліседі (Ж.Молдағалиев, Айналайын.).

ЖҮДЕУ-ЖАДАУ с ы н. *Жүдеген, нашар.* Сөйтіп Қоспан мен Жаңыл колхозға көшіп келді. Ол кездегі *жүдеу-жадау* уақ колхоздарға адам деген тіпті қат екен (Т.Ахтанов, Таңд.). Қошқарлар мен *жүдеу-жадау,* арық қойларды қыста жайып бақпайды (А.Елеманов, Қой шаруаш.).

ЖҮДЕУ-ЖАДАУЛЫҚ з а т. *Азып-тозғандық, нашарлағандық.* Сондай *жүдеужадаулықта* отырған ашпа-жалап елдің ортасына Тәкежандай қалың ел жек көретін байдың малын Базаралының әкеп беруі – дер кезінде келген (М.Әуезов, Шығ.). Мадраста барынша *жүдеу-жадаулықта* тұрған үйлер, кварталдар көп екен (М.Әуезов, Индия очерк.).

ЖҮДЕУ-ЖҰТАҢ с ы н. *Жүдеген, әлсіреген, азып-тозған.* Бұлардың, Көпебай семьясының сол кездегі өзгеше *жүдеужұтаң* күйлері әлі күнге менің көз алдымнан кетпейді (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

ЖҮДЕУЛЕН= е т. *Жүдеу, азу.* Осы сәтте қаны қаша бозарып, *жүдеуленіп* кеткен қыз өңі әрі аянышты, әрі ажарлы боп көрінді (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

ЖҮДЕУЛЕНУ *Жүдеулен етістігінің қимыл атауы.*

ЖҮДЕУЛЕУ с ы н. **1.** *Арықтау, азғындау.* Бұрынғыдай құнақ емес, өңі сынық, *жүдеулеу* көрінді (Қаныш аға.). **2.** а у ы с. *Жұпынылау, тапшылау.* Мал басы да *жүдеулеу.* Артель, совхоз атаулы қанша тырысқанмен ойсырап келген ойраннан құтыла алмай, ел енді-енді есін жия бастаған (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Жартас маңы тым *жүдеулеу* екен. Әріректе бейне бір тасқа шабылған қылыштың ізінен шапшығандай кішкене бұлақ ағып жатыр («Лен. жас»).

ЖҮДЕУЛІК з а т. **1.** *Жүдегендік, арықтық.* Апамның мінезі ауыр. Сөзге тым сараң. Аз күледі. *Жүдеулікten* үлкендеу көрінетін дөңгелек қара көзі өмірбақи ойға шомып жүретін кейіпте (М.Дүзенов, Ақәже). Бұл жолы бір жақсысы Кәкеннің сидаңдығы, *жүдеулігі* де сөз болған жоқ («Лен. жас»). **2.** а у ы с. *Күйсіздік, жадаулық, нашарлық.* Туысының *жүдеулігін* көрген Базаралы той-топыр жасатқан жоқ (М.Әуезов, Абай жолы). Аудан көлеміндегі ағайын-туыстары Тайжанның үй тұрмысының *жүдеулігін* қызынан – Раушаннан көреді (З.Шашкин, Сенім). Кейінгі топтың жол ұзақтығын, мезгіл *жүдеулігін* елемей, көңілді күлкімен келе жатуына қазірде де себеп болған сол іліп-қақпа өлеңдер (М.Әуезов, Шығ.).

ЖҮДЕУШІЛІК з а т. *Жүдегендік, азып-тозғандық, жоқшылық, жетіспегендік.* – Екі білектің арқасында балалар *жүдеушілік* көрген жоқ, – деді Жұмабай (Қ.Исабаев, Айқыз).

Жүдеушілік кірді. *Қиыншылық келді, жоқшылық жайлады.* Балалары қайтпай соғыс ауыртпалығынан күйзелген елдің шаруашылығы да төмендеп, *жүдеушілік кіріпті* (С.Жүнісов, Жапанда.).

ЖҮЗ[1] зат. көтерің. *Адамның беті, өңі, түрі, түсі; ажар, көрік, шырай.* Қайғың – қыс, *жүзің* – жаз, Боламын көрсем мәз. Күлкіңіз бойды алар, Бұлбұлдай шықса әуез (Абай, Тол. жин.). Жастардың *жүзіндe* Абайдың бұл молаға тоқтағанына таңырқау бар (М.Әуезов, Шығ.). *Жүзің* сары не себепті, Жайнаған қызыл гүл едің. Қапаланып, шырағым, Мұншама неғып жүр едің? (Бабалар сөзі // Діни дастан.). Зухра деген қыз бала, Беті – алма, *жүзі* – Ай, Саусақтары күмістей, Сүмбіл шаш, көзі – құралай (М.Жұмабаев, Шығ.).

Аты арық, жүзі сарық. *Жүдеп-жадаған, азып-тозған.* – Жоқ еді осы үйімде дәм-ай, деді, Ай, балам, не берейін, кәні-ай, деді. Атың арық болыпты, *жүзің сарық,* Баласы көргендінің тәңір-ай деді (Қозы Көрпеш.). – *Атым арық* болғаны – түндер қаттым, *Жүзім сарық* болғаны – дертім қатты (Қозы Көрпеш.).

Басы қаралы, жүзі жаралы. *Шерлі, мұнды, қайғылы.* Жан апасынан мәңгілік айырылып, *басы қаралы, жүзі жаралы* болып отырып, не

бетімен бай іздегені? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жарқын жүз. *Жылышырай, ашық-жарқын мінез.* Әзімді баласына балағандай, Жайнаңдап *жарқын жүзбен* үйге кірді (Абай, Таңд. жин.).

Жүз аудармады. *Бетін, назарын бұрмады.* Кәлен оны байқаса да, бетпе-бет тұрған жаудан *жүз аудара алмады* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жүз бермеді. *Ыңғай бермеді, көнбеді.* Сөйтіп, Өсекең *жүз бермей* қалды ма? (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жүзге шіркеу болды. *Біреуге істеген оғаш қылығы үшін ұялды, қаймықты.* Жарқын мен Сапар төмен қарады. Сүйікті мұғалімнің орынды кеюі *жүзге шіркеу болса* да, көңілде бір жақсы сезімдер ойнап, жүректерін сазы мол көңілді күйге бөледі (М.Иманжанов, Көк белес).

Жүз жыртысты. *Ұрысты, айтысты, тартысты, араздасты, ренжісті.* Бірімен бауырлас дос боп, бірімен *жүз жыртысып* жауласыпты (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жүз көрсетті. *Келіп кетті, жолықты, кездесті.* Айқынның онымен *жүз көрсеткеніне* жарты айдан асқан жоқ (Ә.Әбішев, Терең тамыр.).

Жүз көріспеді. *Араз болды, араздасты.* Еламан балықшылар аулының жік ашып бөлініп кеткенін естісе де, олардың тап мұншалық *жүз көріспейі* жауласып кеткенін білмеуші еді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

Жүз көрісті. *Кездесті, бірімен-бірі бетпе-бет жолықты.* Тобықты енді үш болыс ел боп бөлінетін көрінеді. Жаңа дуан жаңа ұлықтың қолында. Олармен *жүз көрісіп*, сыр мінез болған Құнанбай жоқ (М.Әуезов, Шығ.). «Е, оның не ойлап, не байлайтыны бар? Федор Иванович хатты шешіп қойған жоқ па? Жиынына барам, ұлықтармен *жүз көрісіп*, айтатын айыбын естіп білем», – деді Абай (М.Әуезов, Шығ.).

Жүз пара. *Жақынға, бет көрсе, жүз ұялар ағайынға тартар билік.* Қазақтың ұғымында «би істің турасын айтатын, жақынына тартпайтын әділ болуға тиіс». Әл әділетсіздік байқалғанда: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – дейді. Мұндағы «туған жоқ» дегені, жақынына тартпай, «*жүз пара*», «қол пара» дегендерге бұрылмай, істі әділдікпен шешеді дегені. Бірақ осындай билер мен әкімдердің көбі «*жүз параға*», яғни жақынына тартпай қоймаған. «Қол пара» дегені алым (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Жүз салды. *Беттің суын бес төкті, өтінді.* Мен үшін жұртқа *жүз салып* өтініп отырған секілденді. Сен айтқан соң, енді қайтеміз, – деді Мырзаның біреуі біреуіне мыңқылдап (Б.Майлин, Шығ.). Шырағым келін-ай, сендерге қай жетіскенімізден *жүз салды* дейсің бізді. Бәрі соғыстың қырсығы емес пе осының (А.Хангелдин, Өткен күн.).

Жүз тайдырды. *Бетін теріс бұрды, теріс қарады, бетіне қарамады, жақтыртпады.* Абай енді ашулана сөйледі: – Жә, тоқтат, ақсақал! Қырық жыл достық болмаса, қырық жыл жаулық та жоқ. Базаралыдан алмаған өшің бар ма еді? Келсе қайырлы болсын! Қадамы құтты болсын! – деп Жұманнан *жүз тайдырып*, өзге дос жастарына қарады (М.Әуезов, Шығ.). Сол сәтте сопы жалт қарады. Қыз қаймығып, *жүзін тайдырып* әкетті (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жүз таныс. *Бір жерде көрген кісі, таныс сияқты; күнде көріп жүрген, танымал. Жүзіңіз таныс*, әйтеуір, бір жерден көрген, еркелеп мойныңызға асылған аяулы адамым секілдісіз (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Осы өткен күзде, қасында қоспанға *жүз таныс* ауданның бір қызметкері бар, үйіне кеп түсе қалды (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жүз таса қылу. *Бойын аулақ салу, безу.* Бұл саналы адамды қынжылтарлық жай, халықты қараңғыдан жарыққа жетектеген мына өзіңіз сияқты ұстаздарды ойландыратын жай. Қалаға сирек келесіз дедіңіз, бұл рас. Жиі қатынасуға зауық жоқ, зұлымдықтан *жүз тасалауға* айналып барамыз, – деді Ғұбайдолла (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Жүз тоқтатты. *Көңіл аударды, қарады.* Нартайға *жүз тоқтатта*, оған деген шынайы тілегін, ыстық ықыласын басқалардан гөрі айрықша, ақ батасындай етіп білдірді (А.Хангелдин, Қараторғай).

Жүз тұтты. же р г. *Бетке ұстады, арқа сүйеді.* Сенің *жүз тұтқан* адамыңды да білдік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жүз шайысты. *Бір-бірімен сөзге келді, ұрысты.* Қазір бұларға қарсы шықсам, түбінде «сынағаным үшін мені қуғынға салды» деп, тілге тиек болар деген ой Батырбайға сап ете түсті де, инспектор ойын айтпай тұрып, кие жөнелу керек болды. Міне, сол үшін де. Ол қалайда Мамырәлімен *жүз шайысып* қалуды мақсат етті (М.Иманжанов, Шығ.). Сәлкен бұрын бүйтіп ұсақ-түйекке бола, допқа, ойынға бола, өмірі біреумен *жүз шайысып* көрмеген еді (Н.Баяндин, Таңд.).

Жүзі ашық. *Жылы жүзді, жайдары, жақсы ниетті.* Сөзге тұйық болса да, *жүзі ашық* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жүзі [гүл-гүл] жайнады. *Реңі құлпырды.* Қолдарында қошқар мүйіз сары түтіктері бар, солдаттай сап құрып, күй тартып келе жатқан

солар екен. *Жүздері гүл-гүл жайнайды* (Ж.Аймауытов, Шығ.). О, ғажап! Қуаныштан *жүзі жайнап*, Басқыштан баппен басып түсіп жайлап, Алдында келе жатыр шалдың ұлы – Ұмтылды көре салып: «а, Құдайлап!» (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жүзі ду етті. *Беті қызарып кетті.* Бірақ қыздың *жүзі* жігіт атын естігенде *ду етіп* қалды (М.Әуезов, Шығ.).

Жүзі жанбады. *Қысылып-қымтырылмады, тайсалмады, шімірікпеді, ұялмады.* Әлиаскаровтың үстінен неше түрлі сұмдықты үйгенде де дәл осылай *жүзі жанбаушы* еді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жүзі жанбай отырды. *Міз бақпады, бет-аузы шылп етпеді, ұялмады.* Ақты-қарама жетпей, ел алдында масқарамды шығардыңдар, – деп, өкпе-нала айтып, *жүзі жанбай отырып алды* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жүзі жапырылды. ж е р г. *Қысылды, ұялды.* Алажағы бар адам кездессе, *жүзім жапырылып* кете береді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жүзі жарқ етті. а) *Бет-әлпеті көріне кетті.* Махоркадан шылым орап жатыр екен, шылымын тартамын деп, отты жағып қалғанда, *жүзі жарқ етті.* Дәуғара екен! Шұрқырасып, жолымыз болды да қалды (Б.Майлин, Шығ.). ә) *Қуанып кетті, бетінде шаттық оты ойнады.* Әлгіндей емес, жас баланың *жүзі жарқ-жарқ етеді*, қуанышы қойнына сыяр емес (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жүзі жылы. *Жайдары, жылы шырайлы, мейірімді.* Бүгінгі жиылысқа «обязательно кел, пікіріңді ұсын!» – деп төраға Азаматты иықтан қағып, *жылы жүзбен* сөйлесіп, өзінің сезіп жүрген бірсыпыра кемшіліктерін айтқан (Б.Майлин, Шығ.). Иванның келіншегі мархабатты жан еді: *жүзі жылы*, тілі тәтті (Д.Әбілев, Шығ.). Ол тілі майда, *жүзі жылы*, сақал-мұрты жоқ, көсе жігіт екен (С.Шәріпов, Таңд.).

Жүзі жылыды. *Түсін жылытты, жүзіне қан жүгірді, қатуланғанын қойды, райынан қайтты; мейірленді, көңілденді.* Іле *жүзі жылып*, әкелік мейіріммен езу тартты (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

Жүзі күйгір. қ а р ғ. *Бәлеге жолықққыр.* Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып, қу тілмен құлық сауған заңы құрсын. Бір атқа жүз құбылған *жүзі күйгір*, өз үйінде шертиген паңы құрсын (Абай, Тол. жин.). Қонай: Ой, *жүзің күйгір.* Жалтарайын деймісің? (М.Әуезов, Шығ.).

Жүзі қайтты. а) *Тайсалды, қаймықты.* Бірақ айтып кетейін, *Жүзім қайтып* көрген жоқ (Жамбыл, Шығ.). ә) *Орақ, ұстара, пышақ т.б. жүзі жапырылып, өтпес болып қалды.* Орақты жантаққа салма, *жүзі қайтып* қалады (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жүзі қара. қ а р ғ. *Ұятсыз, арсыз, қара бет.* Ақбала сыртқа шығып, сері жігітті аттан түсірді. Ал екеуінің қалай көріскенін көрсең!.. О, *жүзі қара!* О, қара бет! – деді Қарақатын (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). – Арам жесең, тойғанша деп, кімнен қымсынсын, имансыз *жүзі қара.* Елге, жұртқа енді не бетімізді айтармыз, – деп, бәйбіше бетін үзіп-үзіп алды (Ш.Хұсайынов, Шығ.). *Жүзі қараның* жүзі таймайды (Мақал). «Бәтбахыт *жүзі қаралар*, көрсетермін мен әлі сіздерге! Жамағат алдында жүздерің қара екенін әшкере етермін!» деп қояды (М.Әуезов, Шығ.).

Жүзі қуарды. *Өңі қашты, түсі бозарып кетті.* Жауыздық менің өзімнің де қойны-қоншымда отырғаны ма? – дегенде, *жүзі* өзгеше *қуарып,* қолдары да дірілдеп кетті (М.Әуезов, Шығ.).

Жүзі қуқылданды. *Түсі қашты, беті құп-құ болып кетті.* Сәрсеннің *жүзі қуқылданып,* бет моншағы үзіліп, бетін басқандай айғыздана қалды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жүзі құлпырды. *Жүзі гүлдей жайнады.* Шешесінің *жүзі құлпырып* кетті (І.Есенберлин, Шығ.).

Жүзін аударды. *Бетін басқа жаққа бұрды.* Ұятын, ар-намысын ақырында, Бәрін де алмас қылыш етті тамам, Шыққанда ертең тұрып, көзі түсіп, *Аударды жүзін* өлген баласынан (Ш.Бөкеев, Шығ.).

Жүзін бір көрді. *Соңғы рет көрісті; бір көріп арманына жетсе.* – Не деп болады бұл күнде, *жүздерін бір көріп*, уаз кешсем деймін («Жұлдыз»).

Жүзінде мұң бар. *Көңілі жабырқау, қаяулы, мұңды.* Жас жігіт көзі жасаурап, сонау қар жамылған жақпар тасты алып тауларға қарады. *Жүзінде мұң бар* (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жүзіне жылы қарады. *Жылы шырай таныттты.* Ұзын бойлы ашамайлау келген қатша ерін *жүзіне жылы қарап* қарсы алды (М.Әуезов, Шығ.).

Жүзіне қан толды. *Жүзі күреңітті.* Кей көздер ашумен, пердесіз жиренішпен атыса қарағандай қабағын түкситтіп, күрең *жүзіне қан толып,* ісініп сүзе қарайды (М.Әуезов, Шығ.).

Жүзінен әр тайғанда. *Бетінің қызылы кеткен, өңі тайған кезде, қартайғандар.* Жүректен от, *жүзінен әр тайғанда*, Әр тайғанда, шалқары ортайғанда, Ол қақпасқа не керек, Құдайым-ау, Тыныштық қып жатпай ма қартайғанда? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүзіне нұр жүгірді. *Көңілденді, жүзі жылыды.* Осы сары майдай кейінге сақтаған қуанышы көкірегін жылытып, қаламұштың

кішілеу аққұба *жүзіне нұр жүгіріп келеді* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жүзінен нұр таймаған. *Өңін бермеген, ажарын жоғалтпаған.* Сымға тартқандай бойшаң, көзінен от, *жүзінен нұр таймаған* ақ сақалды (К.Әзірбаев, Шығ.).

Жүзінен оқыды. *Өңіне қарап бәрін түсінді.* Сол сұрақты *жүзімнен Оқығандай* тез-ақ тым: Ноғай жұрты қызымын Егізімін қазақтың (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жүзінен ұялды. *Жүзіне қарауға ұялды.* Жақсы, көзім көрмей-ақ қойсын, өзімнен – *жүзімнен* неге *ұялмады* мұндарлар (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді.).

Жүзінен шайлықты. *Бетіне қарауға шыдамады, тайсалды, қаймықты.* Алқымға кеп кептелген әлгі сәттегі лықсыған ойлар алдындағы алпамсадай жігіттің қаймықпай қаяусыз қарап отырған *жүзінен шайлықты* ма, жел айжаған бұлттай пышырап кетті (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүзіне тура қарады. *Именбеді, ұялмады, жүзі шімірікпеді.* – Ата, – дедім мен иіле төмен қарап (қанша арып-шаршап қиындық көріп жүрсем де ол кісінің *жүзіне тура қарамаған* инабатты келіні едім ғой, қайтейін...). – Егер ерді бермесек, бастық үстімізден құрық түсірмейтін сыңайы бар (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жүзін жасырды. э т н. *Бетін жапты, көмді [Өлікке байланысты айтылады].* Қарғақұзғын жемесін, *Жасыра* кеткін *жүзімді,* Замандас едім жан аға (Қыз Жібек). Бұлар Сағымды өзі жатқан тұрғының төбесіне сүйреп шығарып, тұрғы басындағы баяғыдан мызғымай жинаулы тұран қарақшыны тып-типыл бұзып, таулы өңірді қарауылдап тұратын сол тас қарақшының жалпақ тастарымен бастырып тастады. Қашқынның *жүзін* тас оба *жасырды* (А.Алтай, Алтай.).

Жүзін өрт шалды. *Жүзі өрт сөндіргендей болды, тұтікті, ызаланды.* Жеріңді дұшпан шаппаса, *Шалмаса* мәңгі *жүзіңді өрт* ішіңді үңгіп жатпаса Қызғаныш деген қызыл құрт, Бұл, досым, бақыт емес пе?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүзін салқындатты. *Түсін суытты, салқын қабақ таныттты.* Бар жайды Таңаттың аузынан толық ұғынған Алмасбек әңгіменің аяғында *жүзін салқындатып* сәл қабақ түйіп ойланды да, өз байлауын жасаған еді (М.Әуезов, Өскен өркен).

Жүзінің суын төкті. *Бетінің суын бес төкті, масқаралады.* Әкімдіктен не пайда Әділ үкім етпесе? Арам менен адалға Ақыл мен ойы жетпесе. Залымдарды мұқатып, *Жүзінің суын төкпесе* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Жүзі солды. а) *Жүдеді.* Жүріс азабы қойсын ба, баланың *жүзі солып ты* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). ә) *Ұятқа қалды, назары төмен болды.* Берейін десем асым жоқ. Күлейін десем қасым жоқ. Жандай досым келіп тұр, Қызыл *жүзім солып* тұр (Шешендік сөздер). Бұлармен екі батыр қайтпақ болды, Қыс болды, кемпіршал мен бала тоңды. Алты ауыз, ала бақан елдің іші, Деген соң екі ердің *жүзі солды* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүзі суық. *Шырайы салқын, ызғарлы.* Бұ жолы оның қабағында күлкі жоқ, *жүзі суық* көрінді (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жүзі сынық. а) *Сыпайы, инабатты, ұятты. Жүзі сынық* жақсы жан екен (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). ә) *Бет ажары жабырқаңқы, көңілі төмен, беті қайтқан.* Бәрінің мойындарына су құйғандай, *жүздері сынық,* кімге өкпелеп, кімге килігерін білмейді (Қ.Жұмалиев, Шығ.). Көмескілеу түскен көше шамының жарығы, әжімделіп кеткен мейірбан *жүзінің сынық* екенін, үлкен қой көздеріне қайғы тұманы ұялағанын көрсетіп тұр (І.Есенберлин, Шығ.).

Жүзі түнерді. *Қабағы түйілді, жүзін салқындатты, түрін қатайтты.* Әсіресе, ол жаңа шығарма бастар алдында аса қатты қиналып, қоңыр *жүзі түнеріп,* қабағы түйіліп кетеді (Біздің Мұхтар.).

Жүзі шыдады. *Именбеді, ұялмады.* Ырылдаса беруге аналардың *жүзі шыдап,* қарабет бола берсін, сенің инабатың бар еді ғой (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүзі шыдамады [шыдаған жоқ]. *Дәті жетпеді, именді, ұялды, қаймықты.* Бірақ екеуі де қайтып қайрылған жоқ, қайта беттесуге *жүздері* де *шыдаған жоқ* (О.Бөкеев, Ұйқым.). Өлердегі сөзімді айтып, ар, иманына тапсырдым. Сонда *жүзі шыдамай,* көзін тұрақтата алмады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Жүргері май ішкендей лоблып, жазықсыз жануарларды қынадай қыра беруге *жүзі шыдамай,* бақсы мен нағашысына қарсы да келіп қалған-ды (А.Алтай, Алтай.).

Жүзі шімірікпеді [шіміркенбеді]. *Еш нәрседен именбеді, ұялмады.* Бірақ оған Ақбала қыңбады, *жүзі шімірікпей* сазарып отыра берді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Әкеге қол көтерген арам ұлың алдымда тұр. Адал асқа у қосып алдыңа тартқан жәдігөй ініңнің *жүзі шіміркенбейді* («Қаз. әдеб.»).

Жүзі шіркеулі. *Біреудің алдында ұятты, айыпты, кінәлі.* Жай күнде жарқылдап тұратын жанның *жүзі шіркеулі,* тілі күрмеулі (А.Алтай, Алтай.).

Қадірдің жүзі шашылды. *Беделі түсті, абыройсыздыққа ұшырады.* Келесі жыл болғанда,

Қ а д і р д і ң ж ү з і ш а ш ы л ы п, Ыстық-суық басылып, Сүйте-сүйте айтқаның Алынбай қалар қабылға (Шешендік сөздер).

Қара жүз. *Ұятсыз, арсыз; бетпақ; қанықпезер.* Дайынмын, ал мені... қалқамның алдына *қ а р а ж ү з д і* болып бармайтындай қылып, көп ниетінің құрбандығы қылып ал... (М.Әуезов, Шығ.).

Қас жүзі қара. *Нағыз беті жоқ сойқан; ұрысқақ, бетпақ.* Үй басы бір-бір молда болар, *Қ а с ж ү з і қ а р а* сонда болар (Шешендік сөздер). Шешесі ұятсыздан жүзі қара туады, Қос жүзі қарадан *қ а с ж ү з і қ а р а* туады (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Суық жүз. *Реніште, кейісті пішін, зәрлі бет; жатырқап, жатсына қараған пішін.* Жолдастарым да ұйқыдан шошып оянғандай шошынысып, жалт-жұлт қарасты, Бәрі де *с у ы қ ж ү з б е н* таңырқасып қалды (С.Сейфуллин, Шығ.). Даусын көтере сөйлегенін, бір адамға *с у ы қ ж ү з* көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген емес (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖҮЗ[2] з а т. *Кесу не шабу құралдарының өткір жағы.* Өткірдің *ж ү з і*, Кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас. Білгенге маржан, Білмеске арзан Надандар бәхра ала алмас (Абай, Тол. жин.). Түнгі шыққа жіпсіп жатқан қырықбуын аралас қияқ шалғының *ж ү з і* тиертіместен, сырылдап барып мұрттай ұшады (О.Бөкеев, Үйқым.). Содан соң жоғарыда айтқан өңешпен бірге суырылған қыл кеңірдектен (кей жерлерде ағаш кеңірдек деп те атайды) ұстап, жоғары тартып тұрып, пышақ *ж ү з і н і ң* демеуімен омыртқаға, яғни арқалыққа жабысқан жігі ашылады (Қ.Салғарин, Қасапшылар.). Серт қылыштың *ж ү з і н д е*, Бұрылмас мойын жанжаққа; Серт найзаның ұшында, Айласын тап, алдатпа! (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жаны ұстараның [пышақтың] жүзінде [ұшында] тұрды. *Жаны өлім, ажал аузында болды.* Қыз ішіп елтіп қалды күйдің уын, Дерттенген тыңдай-тыңдай домбыра үнін, *Ж ү з і н д е ұ с т а р а н ы ң ж а н т ұ р ғ а н д а*, Бойында сақтамашы кім аруын (І.Жансүгіров, Шығ.).

Қылыштың жүзі, найзаның ұшымен. *Күш көрсету, күшпен бітіру туралы айтылады.* ...Кейде тіпті қатты қақтығысып, бәсеке-таласып қан майданда *қ ы л ы ш т ы ң ж ү з і, н а й з а н ы ң ұ ш ы м е н* шешетіні секілді, күндес әйелдер де бірін-бірі аямайды (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Ұстараның жүзінде отырды. *Өте қиын, қысылтаяң жағдайда қалды. Ұ с т а р а н ы ң ж ү з і н д е о т ы р ғ а н* Ләззат мұның қандай күлкі екеніне түсіне алмай, жүрегі алып-ұшып барады (Т.Ахтанов, Шығ.).

ЖҮЗ[3] з а т. *Бір нәрсенің беті, бет жағы.* Әлде әнтек күрмеліп, шіңгірлеген құлыншақтың, әлде түн ішінде көл *ж ү з і н д е* сыңқылдаған аққудың даусы ма? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Күміс таралғыдай ай *ж ү з і н е* шағылысқан дидарым сарсыған таралғыға айналды (О.Бөкеев, Үйқым.).

Жер жүзі. *Жер беті, бүкіл әлем, күллі дүние.* Жазға жақсы киінер қыз-келіншек, *Ж е р ж ү з і н е* өң берер гүл-бәйшешек. Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл, Тастағы үнін қосар байғыз, көкек (Абай, Тол. жин.). Егінші егін сала алмас, Қос өгізді айдамай; Көңілмен құрғақ бос жүрсең, Алақандай *ж е р ж ү з і* Аспан болар айнадай (Дулат Бабатайұлы, Замана.). – Бұл – адам көзі сүйегі, – деді ханға, – Тоя ма адам көзі мың мен санға? Жеміт көз *ж е р ж ү з і н е* тоймаса да, Өлсе тояр көзіне құм құйылғанда (Абай, Тол. жин.).

Жер жүзін шайқады. *Әлемді билеп-төстеді.* Бағынбаған жауым бар, Алынбаған арым бар, *Ж е р ж ү з і н ш а й қ а р* жайым бар (Б.Күлеев).

Көк жүзі. *Аспан, аспан әлемі.* Бұлт айықты, *к ө к ж ү з і* болды ашық, Бар нәрседен қайғы-мұң кетті қашып. Күн сәулесі жер жүзін құшақтады, қосылуға қашаннан болған асық (М.Жұмабаев, Шығ.). Бесінге қарай *к ө к ж ү з і н* бұлт торлап алды (Т.Ахтанов, Таңд.).

Өрмектің жүзі ауғанда. *Жарым-жартысынан асқанда.* XIX ғасырдың екінші жартысына қарай *ө р м е к т і ң ж ү з і а у ғ а н д а* феодализмнің іргесі ыдырап, ауыл бүтіндігі қожырай бастады. Россияда 1861 жылы болған өзгерістің лебі Сарыарқаға да жетеді (С.Талжанов, Таңд.).

Пәнидің [фәнидің] жүзінде. к ө н е. *Өмірде, тіршілікте, дүниеде.* Көк шығын қанды ауыздай жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай! Бұл *ф ә н и д і ң ж ү з і н д е*, Арыстан одан кім өткен (Махамбет, Өлеңд.).

Шынның жүзі. *Шындық, шындықтың көзі.* Ет жүрексіз ерініңнің айтпа сөзін, Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін. Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма? Шымылдық боп көрсетпес *ш ы н н ы ң ж ү з і н* (Абай, Тол. жин.).

Іс жүзінде. *Ақиқатында, дұрысында.* Бірақ Қанышекең мақтаумен бірге біздің өнеріміздің *і с ж ү з і н д е* өсіп бара жатқанын, сонымен қатар өнер зерттеу мәселелерінде біздің артта қалып қойғанымызды ескертіп өтті (Қаныш аға).

ЖҮЗ[4] с а н. *Тоқсан тоғыздан кейінгі есептік сан, он ондық. Ж ү з* жылдан бұрын да, содан кейін, дәл бүгінгі күнге шейін де, ұлға тұсау, қызға бұғау болған ел заңы, осы екеуін ат құйрығына байлатып, сүйретіп өлтірткен (М.Әуезов, Шығ.). *Ж ү з* қадамдай қалғанда, әлгі нәрсе қалқиып түрегелді (Ж.Аймауытов,

Шығ.). Қазақ қойының жүнін саудагерге бес теңгеге берсе, сол жүнді мата (кездеме) болып тоқылғанда, *жүз* теңгеге алады (С.Садуақасұлы, Таңд.).

Бет-аузын [жүзін] жүз құбылтты. *Бет-әлпеті тез өзгерді, түрленді.* Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ, қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ. *Бет-аузын* сөз сөйлерде *жүз құбылтып,* қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ (Абай, Тол. жин.). Сайрайсың мұңды күймен *жүз құбылтып,* Кейде аяң, кейде желіс, кейде сылтып. Денені суытасың, ысытасың, Тұрасың маужыратып кейде жылытып (М.Жұмабаев, Шығ.). Күсен кім кездессе де күліп амандасып, «сенің ойыңды біліп тұрмын!» дегендей, *жүзін жүз құбылтатын* болған (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан. *Уақыт өткен сайын заман өзгереді деген мағынада.* Кеше сен, бүгін мен болсам – дүние кезек емес пе, көнбеске сенің де шараң жоқ! «*Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда қазан*!» (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Жүз батпан. *Өте салмақты, ауыр; маңызды.* Талғампаз өз тектілеріміз бағасын былай қойғанда, мәдениет меридианының қилы қиырына Асқардың тұлғалық ерекшелігіне айрықша ілтифатпен назар аударған Болот Шамшиев, Лев Аннинский, Мәлис Үбүкеев, Шыңғыс Айтматов сынды ірі әдебиет, өнер қайраткерлерінің көзқарастары рухани әлем орбитасында біз қандай суреткер-қаламгермен замандас болғанымызға мақтаныш сезімін сыйлаумен қатар, *жүз батпан* жауапкершілік салмағын да жүктейтіні анық (З.Серіққалиұлы, Алтын жамбы).

Жүзден бірі. *Тең бөлінген жүз бөліктің бір бөлігі.* Осы күнде елдегі тілшілеріміздің *жүзден бірі* болмаса, көбі газетке не жазуын білмейді (С.Дөнентаев, Шығ.).

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар [саңлақ]. *Не болса да көпшіліктен шығады.* Болғанда сен лашын, мен бір сұңқар, Бір көріп дидарыңды болдым іңкәр. Көркің бар көрген адам таңғалғандай, Шыққандай *жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар* (Қара өлең.). Сұр мерген аң сарасын атар таңдап, Шығады *жүзден жүйрік, мыңнан саңлақ,* Кескінсіз, кесірткеге суырмайды, қылышын қынабынан алтын балдақ (Базар жырау, Шығ.).

Жүзден озған жүйрік. *Топтан, жұрттан суырылып, шыққан өнерлі, елден ерек.* Өткен жылы аудан орталығында көркем өнерпаздар үйірмелерінің байқауы болып өтті. Біздің жігіттер мен қыздар *жүзден озған жүйрік* болмаса да, алдыңғы орындардың бірін алды («Лен. жас»).

Жүзден озған жүйріктей. *Бәйгеден келген аттай, жаратылған жүйрік ат сияқты.* Көңілдің арып аты, тозбас тоны, Қолайлы қоныс іздер күнде соны, *Жүйріктей жүзден озған* жұма сайын, Дүбірге шыдамайды қызып жоны (Базар жырау, Шығ.). Мен едім қара алтайы қалыңдағы, қызудай өте шықтың жалындағы. Алдына жұма сайын жан салмайтын *Жүйріктей жүзден озған* бабындағы (Базар жырау, Шығ.).

Жүзден озған. *Көптен озған.* Найзасын қанға суарған, Палуаннан да өтіп барасың, Алқалаған жер болса, Атандайын алшаңдап, Ақ білегін сыбанған. Шешеннен де өтіп барасың *Жүзден озған* суырылып, Жүйрік аттай шұбалған (Базар жырау, Шығ.). Кедергіден өткенде, Жер ортаға жеткенде, Көтермеші көп қолға ұстатпай шылбыр кеткенде, Бөкенше тастап аяғын Бұршақтап тері төгілген. *Жүзден озып* жол алып, Жолына бәйге мол алып, қара терге сыбалып, Құйындай шаңы шұбалып, қырымнан жалғыз көрінген (Базар жырау, Шығ.).

Жүзді айдап, бірді жетеледі. *Дүниені алшысынан басар, мыңғырған бай болды.* Ащы терің жерге төгілсе, төгілер, менің дәулетім төгілмес, бардан ауысады, балдан жұғысады, *жүзді айдап, бірді жетелейсің* (Қаз. ертег.).

Жүз жиырма төрт мың әнбие [пайғамбар]. *Діни.* *Күллі пайғамбар деген мағынада. Жүз жиырма төрт мың әнбие,* Баршаңыздан тілеймін (Мұңлық-Зарлық). Бәрі де өлген ойласаң *Жүз жиырма төрт мың пайғамбар,* Бұрынғы жаннан бірі жоқ, Өлмей тірі кім қалған (Қыз Жібек).

Жүз келіп, жүз кетті. *Көп рет келді, көп әуре болды.* Жап-жасыл жаз да жылысып, Сары ала салқын күз келді. Үміт пен қатер ұрысып, *Жүз кетіп* бастан, *жүз келді* (М. Мақатаев, Шығ.).

Жүз қайтара [қабат]. *Әлденеше рет, қайта-қайта.* Елеуреген екі топ Майданға тіккен көздерін, *Жүз қайтара* қайталап Бір айтып кеткен сөздерін (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Қылығыңда жоқ оғат, Қарап тойман *жүз қабат.* Ыстық тартып барасың Бір сағаттан бір сағат (Абай, Тол. жин.).

Жүз қаралы [қаралыдай, шамалы]. *Жүзге жақын, жүзге жуық.* Міне, осындай ішкі есептермен Шұбар *жүз қаралы* атқамінерді көккасқа сойып, қонақ еткен (М.Әуезов, Шығ.). Ол ит өзімен қоймай, бүгін мына Көктөбеде *жүз қаралыдай* жігіт жиналып еді, өзімдікін беріп болдым, енді Албан жігітінің бірі жаяу болмасын, ат керегі өзіме келсін, – деп, отырған жұрттың бәрін күлдірді (М.Әуезов, Шығ.). *Жүз*

ш а м а л ы с ы бірге шоқақтап бара жатыр еді. Қырық-елу атты әскер қуып жетіп, айқаса түсті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жүз саққа соқтырды [жүгіртті]. *Құбылтты, тұрлентті.* Сан ауыздар Айсұлу мен Сағит аттарын талай толқытып, *ж ү з с а қ қ а с о қ т ы р ы п* толғаған-ды (М.Әуезов, Өскен өркен).

Жүз толғанды. *Мың бұралды; шиыршық атты.* Асау терек долданып, буырқанып, Тауды бұзып жол салған, тасты жарып. Арыстанның жалындай бұйра толқын Айдаһардай бүктеліп, *ж ү з т о л ғ а н ы п* (Абай, Тол. жин.).

Жүз құбылды. *Әлденеше өзгерді.* Жүрістұрысына, бет құбылысына, қол сермесіне көз ілеспейді, бір минутта *ж ү з қ ұ б ы л а д ы* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық. э т н. *Бұл жерде күйеу көп болғанда жүз жасайды, ал сүйек шатыс жекжаттық ұрпақтан-ұрпаққа кетеді деген мағынада.*

Мыңнан шыққан, жүзден озған. *Көптен озған жүйрік, шешен.* Саңлақ ед, *ш ы ққ а н м ы ң н а н, о з ғ а н ж ү з д е н,* Көп сұлу көзін сүзген, күнді өткізген. Қызықтың айдынына құлаш ұрып, Армансыз қаздай қалқып, құдай жүзген (І.Жансүгіров, Шығ.).

Мың ойланып, жүз толғанды. *Әбден байыбына жетіп, терең ойланды.* Өмірде өлеңнен жоқ өнер ірі, Кетеді өлең айтса көңіл кірі. Айтқаның *м ы ң о й л а н ы п, ж ү з т о л ғ а н ы п,* Артыңда өлсең де өзің қалар тірі (Қара өлең.).

ЖҮЗ[5] з а т. э т н. *Қайтыс болған адамның жерленгеніне жұз күн толуына байланысты ас беру дәстүрі.* Алайда қазақтардың мекен еткен өлкелеріндегі этномәдени байланыстарға сай өліктің үшін, *ж ү з і н* беру дәстүрі кездеседі (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Жүзін беру. э т н. *Қайтыс болған адамның жерленгеніне жұз күн толуына байланысты ас беріп, еске алып, құран оқыту дәстүрі. Ж ү з і н б е р у* – күне дәстүр болуы мүмкін (қазақ. ас-тағам.). Алайда, қазақтардың мекен еткен үлкелеріндегі этномәдени байланыстарға сай үліктің үшін, *ж ү з і н б е р у* дәстүрі кездеседі (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

ЖҮЗ[6] з а т. э т н. т а р. *Қазақтардың байырғы кезде жер ыңғайы мен ру-тайпалық жақындығына қарай үшке бүлінген тарихи бірлестігі.* Қазақ хандығындағы *ж ү з* деп аталатын аймақтық-әкімшілік құрылым ұзақ уақыт бойы кең байтақ аймақты басқарудың, сырттан қатер төнгенде шұғыл жасақ жинап, қорғаныс ұйымдастырудың тиімді тетігі болып келді (ҚҰЭ). Миға тамақ, жүрекке сусын беріп, Даңқы кеткен ақын көп бұл үш *ж ү з д е,* Қазақтың өміріне айна болған, Өмірге илһәм құйылар жайда болған (С.Торайғыров, Алаш).

Кіші жүз. *Негізінен, Батыс Қазақстандағы ру-тайпалар бірлестігі. К і ш і ж ү з* түрлі рулар мен тұқымдардан құрылды, олар негізінен үш рулық бірлестіктен құралды: Жетіру (табын, тама, жағалбайлы, кердері т. б.), Әлімұлы (шөмекей, кете, төртқара, қарасақал т.б.), Байұлы (адай, беріш, алшын, серкеш т.б.) («Халық. мұғ.»). Жалпы *К і ш і ж ү з* қазақтары алшын деген біртұтас атпен аталады, ал Кіші жүздің өз ішінде алшын, алаша, алаш деген ру аттары да бар (Н.Мыңжан, Қаз. қысқаша тарихы).

Орта жүз. *Негізінен, Орталық, Солтүстік және Солтүстік-Шығыс Қазақстандағы ру-тайпалар бірлестігі. О р т а ж ү з* 16 ғасырдың бас кезінде қалыптасып, оның құрамына арғын, қыпшақ, найман, қоңырат, керей, уақ тайпалары енді (Қазақстан энцик.).

Ұлы жүз. *Негізінен, Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы ру-тайпалар бірлестігі. Ұ л ы ж ү з д і* аралап, Елдің жайын көп білдім Жасы үлкенді ағалап, Мен де қызмет көп қылдым (Жамбыл, Шығ. жин.). Мына *Ұ л ы ж ү з,* Үйсін ақындарының, шешендерінің ескі ырғақтарында да ұшырап отырады (М.Әуезов, Шығ.).

ЖҮЗ[7] з а т. *Бір апта, бір күн, бір ай, бір жыл.* Мен үй күрмегелі де бір аптаның *ж ү з і* боп қалды, бүгін қайтып кетсем бе деп келем, егер ренжімесе (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮЗ= е т. **1.** *Балықтың су ішінде жүзуі, қанат-құйрығының күшімен арлы-берлі қозғалуы.* Балық үнемі суда қозғалыста болады, суда еркін *ж ү з і п* жүреді (С.Қаженбаев, Балық кәсіп.). Суда *ж ү з г е н* нән балық Шағалақ құсқа жем болар Үзілсе көлдің сағасы (Махамбет, Өлең.). **2.** *Су құстарының су бетінде бауырын төсеп, аяғын қозғап, арлы-бері қалқуы.* Көрсеңіз Жасыбай көлі қандай ғажап, Айналайын тау ағаш алған қоршап. Ортасында жаратқан Аралтөбе *Ж ү з е д і* қаз бен аққу тамашалап (М.Әмірбеков, Белес.).Сол қыстақтың көшелерінде қазүйректер *ж ү з е* бастады (Ж.Тілеков, Қайнар). **3.** *Адамның қол-аяғының қимылымен батып кетпей су бетімен ілгері жылжуы, малтуы. Ж ү з г е н д е* Бәтішті көрген адам не перінің қызы, не аққу деп білер еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тарқатылып кеткен қара шаштар толқынданып, еркелеп кеп арқаларын жауып, ақ төстерін суға төсей, көсілтіп *ж ү з і п* жүр еді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **4.** *Қайықтың, кеменің су бетінде қозғалып жылжуы.* Қайықтар жапа-тармағай *ж ү з і п* барады (К.Тоқаев, Көмескі із). Еділдің бойы бұйра тал Кемемен қалқып келеміз.

Көңілде күйлі толқын бар, *Жүзеді* жылжып кемеміз (Ж.Сыздықов, Асу.).

Ағынға қарсы жүзді. *Қайтпады, қарсы тұрды.* Ал құдіретті ұшқындар дүниенің машақатынан безген зәуде біреуге дарымақ емес – *ағынға қарсы жүзер,* арқар ұранды ағайынның ғана несібесі (О.Бөкеев,Ұйқым.).

Жүзіп өтті. *Арғы бетке өтті.* Көлден *жүзіп өтсең* де, Көңіл шөлі қанбайды. Қанша еңбек етсең де, Кейде бағың жанбайды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүзіп ішті. *Қанып ішті, еркін сімірді.* Сұңқармын биік көкке самғайтұғын, қанаты қанша ұшса талмайтұғын. Тұлпардың өзім теңдес тұяғы едің Тұнықтан *жүзіп ішпей* қанбайтұғын (Қара өлең.).

Күні көкте жүзсін. тілек. *Бағы жансын, жолы болсын, дегеніне жетсін; бақыты ашылсын, күні тусын.* Су ішсем де, суан ішсем де халқыммен бірге боламын. Тек соның *күні көкте жүзсін,* соның ғана сәулесі жарқырай түссін (І.Есенберлин, Шығ.).

Қайықтай жүзді. *Емін-еркін көсілді, есілді деген мағынада.* Қазы, сұңқар баршаға, Дарияда *жүзген қайықтай,* Жақсылар топта сөйлейді Ғақылы мол болған соң (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖҮЗБАСЫ зат. тар. көне. *Әрбір жүз адамның басшысы.* Аз уақытта елубасы, ұзамай *жүзбасы* сайланды (М.Мағауин, Аласапыран). *Жүзбасы* болып бар тапқан ақшасын жолдастары қалтасынан ұрлап қойып, бір ренжіді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жүзбасылар* мыңбасыға бағынып, мыңбасылар батырға бағынып, өздері тәртіп заң ұстанды (С.Садуақасұлы, Танымд. зерт.).

ЖҮЗБЕ: жүзбе док. сущар. *Кеменің су асты бөлігін байқау және жөндеу үшін жабдықталатын имарат.* Құрылымы бойынша *жүзбе док* жүзбе және құрғақ болып бөлінеді (Қаз. тілі. термин. Су.). Құрғақ *жүзбе док* жағалауда орналасқан, бір жағымен су кеңістігімен жалғасқан, жапқыш батопортпен және қуатты сорғы қондырғысымен жабдықталған су хауызы (Қаз. тілі термин. Су.). Оларды суға толтырса *жүзбе док* суға батырылады және кеме енетін деңгейге дейін төмендейді, суды сорып төгудің арқасында понтон қалқып шығады, өзімен қоса кемені немесе гидротехникалық құрылғыларды, имараттарды бірге көтереді (Қаз. тілі термин. Су.).

Жүзбе тасындылар. сущар. *Ағыспен жүзінді түрінде тасымалданатын қатты бөлшектер. Жүзбе тасындылар* су түбінде пайда болатын құйындардың қатты бөлшектерді көтеріп, ағыс қабатына алып шығуы, яғни қатты бөлшектерді сумен бірге ілестіріп алуы (Қаз. тілі. термин. Су.).

ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ үст. *Бетпе-бет, көзбе-көз.* Қиялы енді Мағрипаға *жүзбе-жүз* жақындатады (М.Әуезов, Шығ.). Мұқаңмен *жүзбе-жүз* жолығу қуанышы 1940 жылдан кейін туды (Біздің Мұхтар).

Жүзбе-жүз сөйлесті [тілдесті]. *Көзбе-көз сөйлесті.* Бірақ мен енді осы күзде ел қыстауға түскенде Тәкежанмен *жүзбе-жүз сөйлесетін* болайын (М.Әуезов, Шығ.). Мұхаңның өз үйінде, жұмыс үстелі басында *жүзбе-жүз* еркінірек *тілдескенім* де бар (З.Серіккалиұлы, Алтын жамбы).

ЖҮЗБЕЛІ сын. *Жүзіп жүретін.* Бір ғана А.Лесков атындағы *жүзбелі* база тәулігіне 850 центнер балық аулап, 2500 центнер жас балық қабылайды (С.Хайдаров, Құрыш.).

Жүзбелі база. *Кемелер құрамаларын (сұңғуір қайықтар, катерлер), су ұшақтарын жөндеу мен күтуге, материалдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуге арналған көмекші кеме.*

Жүзбелі инженерлік мина. әск. *Жүзіп жүрген, аласа және су астындағы көпірлерді, гидротехникалық құрылыстарды құрта алатын, сонымен қатар кемелерді, өткелден өту құралдары мен жүзгіш машиналарын жоюға арналған мина. Жүзбелі инженерлік мина* жойылатын объектіге, әдетте, өзен ағынымен жүзетін құралдардан бағытталады немесе ұшақтардан (тікұшақтардан) тасталады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Дрейф кезінде *жүзбелі инженерлік мина* арнайы құралдың көмегімен белгілі тереңдікте су астында сақталады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жүзбелі көпір. сущар. *Паромдық-көпірлік конструкциялардан суда құрастырылатын көпір. Жүзбелі көпірдің* екі шеті жағаға, су түбінде не берік тірекке тіреледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жүзбелі танк. әск. *Алдын ала дайындықсыз және қосымша жабдықсыз су бөгеттерінен жүзе алатын және жүзіп келе жатып атыс жүргізе алатын ұрыс машинасы. Жүзбелі танктердің* жүзуін қамтамасыз ететін су өткізбейтін корпусы, суда жүргіш жылжығышы (винтті, су тепшігішті), суда басқару механизмдері, суды сыртқа сорып шығаратын жүйелері болады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жүзбелі танктің* судағы жылдамдығы 10–16 км/сағ (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жүзбелі теңіз минасы. әск. *Гидростатикалық аспаптың және басқа да құрылғылардың көмегімен белгілі бір тереңдікте жүзіп жүретін зәкірсіз мина. Жүзбелі теңіз минасы* тереңдігі су ағысының әсерінен жылжып,

орнын ауыстырып отырады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖҮЗБЕОРГАНИЗМ з а т. <грек. ñektos> *Судың қалың қабатында ағысқа қарсы белсенді жүзетін ағзалар жиынтығы.* Өзендер мен көлдерде *ж ү з б е о р г а н и з м д е р* негізінен балықтар (Қаз. тілі термин. Су.). Теңіз экожүйелерінде *ж ү з б е о р г а н и з м д е р* құрамына балықтарға қоса сүтқоректілер (киттер, дельфиндер), ұлулар (кальмарлар), құстар (пингвиндер), қосмекенділер (тасбақалар) кіреді (Қаз. тілі термин. Су.). Кәсіпшілік маңызы бар теңіз жануарларының көпшілігі *ж ү з б е о р г а н и з м д е р г е* жатады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖҮЗГЕН з а т. ө с. <лат. calligonum> *Шөл және шөлейтті, құмды жерлерде өсетін тамыры ұзын, құрғақшылыққа төзімді аласа бұталы өсімдік.* Құм төбелер, құм жалдарының төбесі мен беткейлерінде *ж ү з г е н н і ң* әрқилы түрлері кездеседі (Б.Мұханов, Қазақст. өсімдік.). *Жүзген* түбінен ор қоян атыла жөнелді. Қара қаншық жалт етіп иесіне қарады (С.Бақбергенов, Қарға там.).

Аққабық жүзген. ө с. <лат. leucocladum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Аласа жүзген. ө с. <лат. pseudohumile> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Бүйра жүзген. ө с. <лат. crispatum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Жарғақ жүзген. ө с. <лат. membranaceum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Жылан жүзген. ө с. <лат. colubrinum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Иіржеміс жүзген. ө с. <лат. turbineum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Кәдімгі жүзген. ө с. <лат. commune> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Қара жүзген. ө с. <лат. aculeatum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Қоян жүзген. ө с. <лат. humile> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Қызыл жүзген. ө с. <лат. aphyllum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Төртқанат жүзген. ө с. <лат. tetrapterum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Тікенді жүзген. ө с. <лат. spinosissimum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

Ұсақтікен жүзген. ө с. <лат. spinulosum> *Кирказондар тұқымдасы жүзген туысына жататын өсімдіктің түрі.*

ЖҮЗГІЗ= е т. *Суда жүздіру.* Ақ бидайды ел оруға араласты Еңбектің шаттығынан шашу шашты. Жаздай күткен астыққа комбайнды Кемедейін *ж ү з г і з і п* мауқын басты (К.Әзірбаев, Шығ.)

ЖҮЗГІЗУ *Жүзгіз етістігінің қимыл атауы.* ≈ Еркін *ж ү з г і з у.*

ЖҮЗГІН з а т. с ө й л. ***Жүзген.*** Құм көміп тастаса да өсіп шығатын *ж ү з г і н н і ң* тамырының ұзындығы 30 метрге дейін барады (Ө.Орынбаев, Қазақст. орман).

ЖҮЗГІШ с ы н. *Жақсы жүзе білетін, малтығыш.* Рымжан мақтаулы *ж ү з г і ш* еді (Б.Елқондиев, Жүзу.). Мен әрі сүңгігіш, әрі *ж ү з г і ш* атанып жүргенмін (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жүзгіш бронетранспортерлар. ә с к. *Мотоатқыштық бөлімшелерді құрлықта тасымалдау, атыс жүргізу және су кедергілері арқылы өткелден өтуге арналған ұрыс машинасы.*

Жүзгіш мәшинелер. ә с к. *Алдын ала дайындықсыз су бөгеттерінен өте алатын ұрыстық және көліктік (доңғалақты немесе шынжыр табанды) құралдар.* Бірінші ұрыстық *ж ү з г і ш м ә ш и н е л е р* (автомобиль-қайықтар немесе амфибиялар) 20 ғасырдың басында пайда болды. Орыс өнертапқышы И.Чайковский 1916 ж. Жүзгіш сауытты автомобильдің жобасын жасады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж ү з г і ш м ә ш и н е л е р* екінші дүниежүзілік соғыста көптеп қолданыла бастады. Қазіргі әскерлерде жүзгіш автомобильдер, шынжыр табанды (доңғалақты) транспортерлар, сауытты транспортерлар, жаяу әскердің ұрыстық машиналары және жеңіл танктер бар (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Ж ү з г і ш м ә ш и н е л е р д і ң* жүзгіштігін қамтамасыз ететін су өткізбейтін корпустары, суда басқару механизмдері, сонымен қатар қосымша жабдықтары (суды ағызып шығаратын жүйелері) болады (Қаз. тілі термин. Әскери).

Жүзгіш танк. ә с к. *Су тосқауылдарын жеңуге қабілетті жеңіл танк. Ж ү з г і ш т а н к т і* құрлықта да, суда да қолдануға болады (Қаз. тілі термин. Әскери.). 1919 ж. Ижорск зауытында Г.В.Кондратьевтің конструкциясымен жасалған *ж ү з г і ш т а н к т і ң* тәжірибелік үлгісі сыналды (Қаз. тілі термин. Әскери.).

ЖҮЗГІШТІК з а т. *Жақсы жүзе білетіндік. Ж ү з г і ш т і к* сынағына түсіп жүрген қыз-

келіншектер бір алуан (Ғ.Сланов, Замана.). Суға *жүзгіштігін* Мұқажан бұған шейін де көрсеткен (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖҮЗДЕГЕН с а н. *Жүз шақты, жүзге тарта, жүздей.* Даладағы үюлі тұрған *жүздеген* маялар желге үшты (К.Оразалин, Ақ жазық). Қолөнер әрбір халықтың тарихымен бірге *жүздеген* жылдар бойы жасасып келе жатқан өнер (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). *Жүздеген* адамның қиын-қиын атын атағанда бәрін байырғы есімдердей іркілмей, шатастырмай тізіп шықты (Біздің Мұхтар).

ЖҮЗДЕЙ с а н. *Жүз шақты, жүзге тарта.* Алты мыңға тарта қой, мыңдай ірі қара, *жүздей* түйе бар қазірше (А.Жүнісов, Өмір.).

ЖҮЗДЕН үс т. *Санын жүзге толтырып.* Кеше ләпкелердің алды елуден, *жүздеп* қатар-қатар сіресті ріп байлаған ер-тоқымды ат болатын (М.Әуезов, Шығ.).

ЖҮЗДЕП үс т. *Жүз-жүздеп, жүз-жүзге бөлініп.* Мыңдап қой, *жүздеп* жылқы айдаған бидің бұланның етіне бола қуанғаны біртүрлі ерсілеу көрінді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). *Жүздеп,* мыңдап жігіттер қазақ даласының әр жерінен келіп жинала берді, жинала берді (С.Садуақасұлы, Танымд. зерт.). Мыңдап жылқы айдаған, *Жүздеп* нарды байлаған. Қызылды қыстап жаз болса, Саланың бойын жайлаған (Базар жырау, Шығ.).

ЖҮЗДЕП-МЫҢДАП үс т. *Жүз-жүздеп, мың-мыңдап.* Жөнелтіңдер бағланды, *Жүздеп-мыңдап* мал жиып, Жүз жасаған көрің ем Жұқа тартқан қаужиып (Жамбыл, Шығ. жин.).

ЖҮЗДЕС= е т. *Кездесу, ұшырасу, бетпе-бет жолығу.* Абай проспектісі мен Ленин проспектісінің қиылысындағы ғажайып тұлғаны көрген сайын исі қазақтың бағына туған дарынмен, Алла тыныштығын берсе, әлі талай-талай ұрпақ *жүздесеріне,* жүздесіп қана қоймай, әулиедей табынарына шәк келтірмеймін (Д.Қонаев, Өтті дәурен.). Мұхаңмен *жүздесіп,* сәлемдескеннен кейін мен кетуге ыңғайландым (Біздің Мұхтар). Ұлан даланың тағылары мен қалың орманның жыртқышы бетпе-бет *жүздесті* (А.Алтай, Алтай.). Қалада папам, мамам – біз үшеуміз, Елге кеп ағайынмен *жүздесеміз.* Онда әкем элеваторда есепші еді, Есебі: мың десе – мың, жүз десе – жүз (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖҮЗДЕСТІР= е т. *Кездестіру, жолықтыру.* Нұрым Жоламановты оңашалай беріп: – Мына прапорщик мырзаны ерте кел, Орақовтармен *жүздестіреійік,* – деді жүзбасы (Х.Есенжанов, Тар кезең). Мылқаумен де, етектен жайлауға шейін бір әңгімесінің өзін тауысып бітпейтін көккасқа мылжыңымен де *жүздестіремін* (С.Бердіқұлов, Егеулі найза).

ЖҮЗДЕСТІРУ *Жүздестір етістігінің қимыл атауы.* Мен асығыс болсам да осы кісілерді сізбен *жүздестіруге* әдейі алып келдім, журналист жолдастар (Ә.Нұршайықов, Тың астығы). Біздікі әйтеуір *жүздестіру,* – деп Қаншайымды ертіп кетті (Ш.Құмарова, Қос шынар).

ЖҮЗДЕСУ *Жүздес етістігінің қимыл атауы; кездесу, жолығысу, ұшырасу.* Дос-жар ұлы елден келген парламент делегациясымен ресми емес, жай ғана *жүздесу* деп шақырған (Қаныш аға). Соңғы *жүздесуіміз* 1961 жылдың майы. Мен Москваға, одан соң өз елім Ленинградқа баратын боп, қоштасуға келдім (Біздің Мұхтар). Қыс бойы қамауда қалғандай, жер қарайғалы жұрт бір-бірімен *жүздесуге* де ынтық (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮЗДІ[1] с ы н. *Жүзі (1) бар; бейнелі, бетті.* Ашаң, салқын *жүздігі* Қаражан бұл күнде кексе тартқан (М.Әуезов, Абай).

Ай жүзді. *Сұлу, көрікті, ай келбетті.* Үшінші Ботбайға келейін, Ер даңқын елге жайғызды. Жеті жылдай қыз қарап, Сұлуды құшқан *ай жүздігі* (Айтыс).

Ашаң жүзді. а) *Жүзі ашаңдау, талдырмаш келген.* Біреуі *ашаң жүздігі,* өткір көзді, қара торы жігіт те, екіншісі дембелшелеу келген ақ сары жігіт (Ол күндер). ә) *Арықтау, жүдеу (адам).* Строгов ең әуелі бұлардың кімдер екенін білмек болды. Кейбір қатты сөзді айғайлап айтқан бір-екі ұзын бойлы, *ашаң жүздігі* адамдардан: – Сіз кімсіз? Сіздің фамилияңыз кім? – деп жөн сұрап еді. Жаңағылар айтпады (М.Әуезов, Шығ.).

Ашық жүзді. *Жарқын келбетті, жылы шырайлы.* Аласы аз қара көзі айнадайын, Жүрекке ыстық тиіп салған сайын, Үлбіреген ақ етті, *ашық жүздігі,* Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын? (Абай, Тол. жин.). Топ басында құлағы салпиған, кәрі бұрыл бие мінген, ерекше киінген, *ашық жүздігі* арықша әйел екен («Жұлдыз»).

Дөңгелек жүзді. а) *Бет пішіні дөңгеленіп келген, әдемі.* Айша қою қара қасты, мөлдіреген қара көзді, *дөңгелек жүздігі,* қараторының сұлуы екен (Т.Ахтанов, Дала сыры). ә) *Бет-әлпеті домалақтау деген мағынада.* Мәнзифаның аулы жеткізбей-ақ қойды. Осы сәтте бидай өңді, *дөңгелек жүздігі* Мәнзифа көз алдына елестейді («Лен. жас»).

Жарқын жүзді. *Ақкөңіл, мейірімді, жылы шырайлы.* Алдым тағы қара нор, *Жарқын жүздігі* жақсы жоқ, Асылымның бәрі бор, Халқым қайтып күн көрер (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫЛЫЖҮЗДІ с ы н. *Ақжарқын, мейірімді, рақымды.* Біздің автоматшылар ротасына кел, – деді оған *ж ы л ы ж ү з д і* аққұба жігіт (Ә.Нұршайықов, Батыр.). Өзі сондай ақжарқын, *ж ы л ы ж ү з д і* екен (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Талдырмаш денелі, *ж ы л ы ж ү з д і* Зелинин сазарып алған. Жерді ойып жіберердей, нық басып, тұтқынның қасына таяп келді де, басын шалқақ көтеріп, көзімен атып, тістене сөйледі (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Зерен жүзді. *Тостағандай дөңгелек бет.* Жасы қырықтан жаңа асқан, дөңгелек *з е р е н ж ү з д і*, шоқша сақалды ефрейтор ертеден бері малдасын құрып, баппен отыр еді (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Иман жүзді. 1. *Инабатты, жүзі жылы.* Е, мынау бір *и м а н ж ү з д і* адам екен, нағып тиіспей кетті? (Ғ.Мүсірепов, Шығ.). Зәкір олардың қасында *и м а н ж ү з д і* десе де болады (З.Шашкин, Шығ.). **2.** *Ар-ұяты бар, кішіпейіл, тәрбиелі, көргенді.* Денесі талдырмаш, жұқа өңді, *и м а н ж ү з д і* бала жігіт екен (Т.Ахтанов, Дала сыры). Аққұба, *и м а н ж ү з д і* осы бір кішкене кемпір мені талай күндер өз баласынан артық бақты («Қаз. әдеб.»).

Қара жүзді. *Жүзі қара, ұятсыз, арсыз.* Әй, нәлет жауғыр, өзің қара жүз, – деді молда. – *Қ а р а ж ү з д і* сендер боларсыңдар! Жетпесе тағы бір қайталаймын: *қ а р а ж ү з д і* би-болыс! (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Өткір жүзді. *Батыл, айбатты.* Ол епті ғана келген, қара мұртты, қырыстай қара жігіт екен. Екі көзі қараған батыл қадалатын, *ө т к і р ж ү з д і* көрінді (Х.Есенжанов, Тар кезең). Серейген бойы ұзын, *ө т к і р ж ү з д і*, жіңішке жігіттің жасы отыз бестің шамасында (Ғ.Сланов, Очерк.).

Суық жүзді. *Беті-жүзі сұсты, қатал, ызғарлы.* Өзі бір *с у ы қ ж ү з д і*, сүйкімсіз жан екен, шүңірек көзі тым ызғарлы, осынша жасқа келгенше сақалға да жарымапты-ау байғұс (С.Алдабергенов, Алға).

Сынық жүзді. *Мұңды, қайғылы, жабыраңқы кісі. С ы н ы қ ж ү з д і*, күңқақты жадау әйелдер, шырқыраған баласына қарауға да мұршасы жоқ (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Ұяң жүзді. *Ұялшақ, бұйығы.* Өз жігерін өзі қайрап, өзін-өзі сүйрелеп, *У я ң ж ү з д і* жігіт кірді осы сәтте үйге кеп. Дариға оны таныстырды әзілменен бұрып кеп, – Колхоздағы ең бір «өжет» тракторист жігіт, – деп (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖҮЗДІ[2] с ы н. *Жүзі бар, жүзі өткір.* Бектастың қолында өткір *ж ү з д і*, ұзын сабы бар, қазан басты кетпен (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖҮЗДІК[1] з а т. *Жүз адамнан құралған жасақ.* Жігіт жетеді. *Ж ү з д і к т е н* алтауын іріктеп қойдық. Әлі талай *ж ү з д і к* құруға болады. Жасаққа жазылам деуші көп-ақ (Ғ.Сланов, Асау арна).

ЖҮЗДІК[2] з а т. *Математикадағы сандық кластар тобы.* Азайғыштың ондық бөлшегі *ж ү з д і к* үлеске, ал азайтқышта мыңдық үлеске дейін берілген («Халық мұғ.»).

ЖҮЗДІК[3] з а т. к ә с. *Бәрі жабылып жүз шөмеле шөп шабатын адамдар тобы.*

ЖҮЗДІКШІ з а т. *Жүз шөмеле шөп шабуға келіскен пішеншілердің (шөпшілердің) бірі. Ж ү з д і к ш і л е р д і* бастап келе жатқан Жантық сонадай алдымызда отырды (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

ЖҮЗДІР= е т. *Жүзгізу, суда жүргізу.* Ешбіреуі шетінен Шыдамады ойынға. «Кемелерді» *ж ү з д і р і п*, Болды өзеннің бойында (О.Шипин, Дастан.).

ЖҮЗДІРУ *Жүздір етістігінің қимыл атауы.* Балалар қиялға бай, олар әр нәрсені ойлап шығара береді, талай кемелерді жасап, жақын маңдағы бұлаққа *ж ү з д і р у г е* болады (Семья тәрбиесі).

ЖҮЗДІРУШІ з а т. *Жүздіруді іске асырушы, жүздіретін.* Желкенді қайық *ж ү з д і р у ш і л е р* көп екен (Ауызекі).

ЖҮЗЕ: жүзеге асты. *Іске асты, орындалды.* Қазіргі Үлкен Жезқазған – Қ.И.Сәтбаевтың *ж ү з е г е а с қ а н* арманы еді (Қаныш аға). Алғашқы байламы *ж ү з е г е а с п а й* қалған соң, өтірік бірдеңелермен жеңгесін алдаусыратқысы келмеді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮЗ-ЖҮЗДЕН ү с т. *Жүз-жүзге бөліну, әрқайсысы жүзден.* Жаралылар көбейіп қалды. *Ж ү з-ж ү з д е н* үн-түнсіз қосылып келіп жатты олар (М.Жұмағұлов, Қыран.). *Ж ү з-ж ү з д е н* ептеп қылғытып, Болар-болмас теңселе иттерді жолдан үркітіп, Бұрады бетін кеңсеге (Ш.Смаханұлы, Көріп жүр.).

ЖҮЗ-ЖҮЗДЕП ү с т. *Жүз-жүзден топтап, бірнеше жүздеп. Ж ү з-ж ү з д е п* сойылған малдың қаны бүкіл бетеге бетін шалғандай қызарып сарғайған. Бар өңірден ыс иісі шығады (С.Жүнісов, Ақан сері). Осы бір ғашықтықтың куәсін *ж ү з-ж ү з д е п* келтіруге болар еді, бірақ оның тап онша қажеті бола қоймас («Лен. жас»).

ЖҮЗТАНЫС с ы н. *Көріп жүрген, ұшырастырып жүрген (адам).* Бір қалада, бір көшенің бойында тұрасың. Түстеп танисың, бірақ бас изеспей өте бересің. Бір заманда сол *ж ү з т а н ы с п е н* басқа қалада кездесіп қалдық (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.).

ЖҮЗТАНЫСТЫҚ з а т. *Көріп жүргендік, танитындық.* Қазақшылық *ж ү з т а н ы с т ы қ* жасап илігуді білмейтін үш бастығым, соның үшеуі де жоғарылап кетті («Қаз. әдеб.»).

ЖҮЗУ *Жүз етістігінің қимыл атауы.* Ағынға қарсы *жүзу* дегеннің кейде өзінді күтпеген жерден осылай қолайсыз жағдайға қалдыратыны бар (З.Серікқалиұлы, Алтын жамбы.). Ертай баяу малтып келеді, ұлы теңізде *жүзу* ауыр екен (З.Шүкіров, Ғажайып.). Ойнасам деймін толқынмен, Үйренсем деймін *жүзуді* (Т.Исабеков, Мөлдір.).

ЖҮЗІК з а т. қ о л ө н е р. *Қымбат металдан құйылып, сыртқы бетіне сіркелеу, лажылау, бағдарлау тәсілдерімен өте сәнді өрнектер салынған және әсем күмбезделген, асыл тастардан бірнеше көз салынған, саусаққа киюге арналған зергерлік бұйым, сақина.* Мәселен, қазақта қолында күміс білезік немесе сақина, *жүзігі* жоқ әйелдің істеген тағамы таза емес, арам деген дәстүрлі түсінік болса, ісләм діні шариғатының хадистері бойынша «кімде-кім алтын немесе күміс ыдыспен ас ішсе, ол өзінің ішін тозақ отымен толтырады» деген қайшылықтар кездесіп отырады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). – Ойласам, он бір аға бейілің тар, Сендердің қылар қақпай мінезің бар. Хат берген даулы жерге мөр басатын, Қолында қызыл алтын *жүзігі* бар (Қозы Көрпеш.).

Алтын жүзік. *Алтыннан соғылған жүзік.* Біз екеуміз де патша едік, қара жыланның ақ жыланға бір жыланы қосылып кеткен еді, сол үшін төбелесіп жатқан едік, менің халімді өзің көрдің, мені сен арашаладың, саған мен үйдегі *алтын жүзігімді* берейін (Қаз. ертег.).

Бұрама жүзік. *Алтын немесе күміс сымнан еселіп, өріп жасалған жүзік.* Мінгенде атың құла ма, Алтыннан *жүзік бұрама,* Тимесе Жібек тимесін, Сандалкөкті сұрама (Қазақ эпосы).

Гауһар жүзік. з е р г. *Көзіне гауһар (асыл тас) орнатылған жүзік.* Ләтипаның қолында *гауһар жүзік,* Бозбалалар қарайды көзін сүзіп («Қаз. әдеб.»).

Жүзік қию. к ә с. ж е р г. *Жүзік соғу; алтын мен күмістен жүзік жасау.*

Жүзіктің көзінен өткендей. *Сұлу, мүсінді, көркем.* Алдыңғы жылы Қорасан жорығынан Әбілқайыр *жүзіктің көзінен өткендей* үш текежәуміт күрең бесті әкелген (І.Есенберлин, Алмас.). Оның әрбір шығармасы *жүзіктің көзінен өткендей* мінсіз сұлу, көркем, өмірдің өзіндей тартысқа толы (С.Мәуленов, Үркер.). *Жүзіктің көзінен өткендей* мүсінділік тек жақсы атқа тән екенін Абайша ешкім де бұрын-соңды жеткізе айтып берген емес (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.).

Жүзіктің қасы. з е р г. *Көбінесе «қосбауырсақ», «құдағи жүзік» деп аталатын жүзіктерде болатын асыл тас, жүзіктің көзі [Жүзіктің қасы үлкен жүзіктерде бірнешеу болады].*

Жүзіктің қоңырауы. з е р г. *Жүзікке бекі тілетін, күміс шынжыр арқылы білезікпен байланысатын қоңыраушалар.*

Күміс жүзік. з е р г. *Бетіне қондырылған асыл тастан басқа жері тұтас күмістен соғылған жүзік.* Шетінде шай орамалдың *күміс жүзік* Қуантқан сүйген жардың сөзі келді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қасты жүзік. *Көзді жүзік; асыл тастары бар қомақты жүзік.*

Қос жүзік. з е р г. *Екі саусақты қатар сұғатын, екі сақиналы (бауырдақты), үсті тұтас жүзік.*

Қос балдақ [бауырдақ] жүзік. з е р г. *Екі саусаққа бірден салатын қос балдағы (сақинасы, бауырдағы) бар, үсті тұтас жүзік.*

Құдағи жүзік. з е р г. *Қазақ салты бойынша қыз шешесінің құдағиына сыйлайтын қос дөңгелекті, үсті тұтас, қомақты, асыл тастардан көз қондырылып сірке салынған, алтынмен апталған аса қымбат жүзігі [Бұл кәдімгі қос балдақ жүзікке ұқсас, бірақ одан көркемделуі жағынан ерекше болып келеді, әрі мұны қыздың шешесі зергерге арнайы жасатады да, екі жастың қатар тұрған қос балдақтай қартайғанша бірге өмір сүруін тілейтіндігінің белгісі ретінде құдағиына сыйға тартады].* Қос дөңгелекті *құдағи жүзікті* қыздың шешесі өзінің жақсы көретін яғни келінін өз қызындай тәрбиелейтін құдағиының қолына салуды ерте кезден әдетке айналдырған (Ә.Тәжімұратов, Шебердің қолы.).

Құйма жүзік. з е р г. *Арнаулы қалыпқа құйып дайындалған жүзік.* Оның тағы бір ерекшелігі – *құйма жүзіктер* соғып, сақина көзіне асыл тас, ақықтар орната алатындығында («Соц. Қаз.»).

Құстұмсық жүзік. з е р г. *Бауырының үстін құс тұмсығы сияқты етіп сүйірлеп соққан яки қалыпқа құйып жасаған жүзік.* Сондықтан ұзатылған қыздан сәлемдемеге *құстұмсық жүзік* келсе немесе құс тұмсық ою-өрнекті тұскиіз, басқұр сияқты зат келсе, ауыл-аймағы қуанып той жасап, атап өтуді әдет еткен (Ә.Тәжімұратов, Шебердің қолы.).

Меруерт жүзік. з е р г. *Көзіне меруерт қойған жүзік.* Бет алдына әлдене ағараңдап желпіп өтті де, әлгінде ғана мұның жанарын жарқылымен мұз боп қарыған *меруерт жүзікті* ілезде көлкештеп тастады (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.).

Мөрлі [мөр басатын] жүзік. з е р г. к ө н е. *Ертедегі хан-сұлтандардың, би, әскербасы т.б. дәрежелі қызмет бабындағы кісілердің бір нәрсені куәландыру үшін мөр басатын арнаулы жүзігі.* Хат берген даулы жерге *мөр басатын* қолында қызыл алтын *жүзігі* бар (Қазақ эпосы).

Сом жүзік. з е р г. *Үлкендеу құйма жүзік.* Он саусағына салған қызыл алтын *сом жүзігінің* үстіндегі жалпита орнатқан жылан басындай қызыл лағыл тасы ұйығандай адам қанына ұқсайды (І.Есенберлин, Қаһар).

Сіркелі жүзік. з е р г. *Бауырына (шығыршық, балдақ) нүкте сияқты мәнер салған жүзік.*

Шарбақ жүзік. з е р г. *Шығыршыққа қондырған бөлігі төртбұрыш пішінді болып келетін, оған (кейде) асыл тас қондырылатын жүзік түрі.* Бір қолына арасына маржан салған *шарбақ жүзік*, бір қолында бауыры тұтас, құстұмсық құйма жүзік салған (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖҮЗІКТЕЙ с ы н. *Жүзік сияқты, жүзік тәрізді.* ≈ Апамның *жүзігіндей.*

Сүлейменнің жүзігіндей. д і н и. *Сүлеймен пайғамбардың жүзігінің істемейтін нәрсесі жоқ деген мағынада.* Ол тастың *Сүлейменнің жүзігіндей,* Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар (Қаз. ертег.).

ЖҮЗІҚАРА с ы н. *Оңбаған, кәззап.* Көксеректің бұл жайын байқап ап, Құрмаштың әкесі: –Түу, мына көпірдің екі көзі жап-жасыл боп кетіпті-ау, тұқымын сезген екен мына *жүзіқара;* қой балам, енді мұны өлтіріп терісін алайық, – деп еді (М.Әуезов, Шық.). // *Сорлы, бейшара, масқара болған адам.* Соғымға сойған өгіздей Алғаның жақсы терімді; Әбден *жүзіқарамын* Қандай деп елге барамын? (Қамбар батыр).

ЖҮЗІМ з а т. ө с. <лат. vitis> **1.** *Үлкен жапырақты ұзын бұтақтары бар бау-бақша өсімдігі.* Алыстан лайнерлермен самғап ұшып, Жазының келбетіне таңғалысып, Әуеден түстіңдер ме, Алатауда Жатқанда *жүзім,* жиде, алма пісіп? (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **2.** *Сол өсімдіктің шырынды жемісі.* Малинаның, *жүзімнің* және балдың тәтті дәмі оларда глюкоза мен фруктозаның болуына байланысты (Жалпы биология). Ташкенттің *жүзімі,* Алматының алмасы, Бұхараның өрігі де осында (К.Оразалин, Абай.).

Жүзім бағы. *Жүзім отырғызылған бір бөлек жер, бақ.* Ауласында үлкен *жүзім бағы* бар, алмұрт, нәк, алма, алша сияқты жемістердің үлкен көлеңкелі биік ағаштары қоршаған көк шатырлы бес-алты бөлмелі жақсы үй болатын (Қ.Мұқаметжанов, Өзіме де.).

ЖҮЗІМДІК з а т. *Жүзім өсірілетін жер.* Өрген шақта мұнша көлік, мұнша мал, Бізді көкте күннен басқа кім санар?! *Жүзімдік* пен мақталықтың шатыры – Жетісайдың аспанына бір сауал (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Аз жүрмей жатып-ақ *жүзімдік* басталды (Н.Баяндин, Ертіс.).

ЖҮЗІМПАЗ с ы н. *Жүзгіш, жақсы жүзе алатын.* Ол *жүзімпаз* адам екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі).

ЖҮЗІМШІ з а т. *Жүзім шаруашылығында (жүзімдікте) жұмыс істейтін адам.* Бөлмеде отыз шамалы адам отыр, оның ішінде Симбирскінің егіншілері мен Ферғананың *жүзімшілері* бар (М.Қаратаев, Далада.). Ауданның *жүзімшілері,* сауыншылары, дикандары осы кең залда өздерінің қолы жеткен табыстарын ортаға салды («Лен. жас»).

ЖҮЗІНДІ з а т. *Суда, ауада жүзіп (қалқып) жүретін зат.* Лай сұйықтарды *жүзіндіі* деп атайды (Химия). Ондаған литр хлорелла *жүзіндісі* бір кісінің тамағына жетеді (Жалпы биология).

ЖҮЗІНШІ с а н. *Жүз санының реттік түрі.* Кейбір сан білмейтін сауатсыз байлар қанша түйесі барын есте ұстауда есептен жаңылып, шатыса бергендіктен, әрбір *жүзінші* түйесінің бір көзін ағызып жібертіп отырады екен (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖҮЗІС з а т. *Суға жүзгендік, малтығандық; жүзудің әдіс-тәсілі.* Бұл кезде татар жігіті *жүзістің* неше түріне салып, өзеннің көз бұлдыратар арғы шетіне шығып, бермен қарап тұрды (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖҮЗІТ= е т. ж е р г. *Суға жүздіру.* Екеуі екі сәйгүлік атқа мінгенімен, жол-жөнекей желікпей, көлге аяңмен келді. Талай атты шомылдырып, талай атты суға *жүзіткен* (Н.Габдуллин, Қызық дәурен).

ЖҮЗІТУ *Жүзіт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Суға *жүзіту.*

ЖҮЙЕ з а т. **1.** *Сала, тарау, желі.* Екеуі орыс археологтарының жұмыстарын бір *жүйе* сөз етті (Біздің Мұхтар). Сембі шал баласының Асановпен бірге аңға барғанын, қасқыр атып алғанын сөз *жүйесінен* аңғарды (З.Шашкин, Сенім). **2.** *Жөн, рет, тәртіп.* Қой зор болып түйеден, құлын зор боп биеден, Сөз оралмай *жүйеден,* Бұзақы би боп тізілді (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әр топқа бір-бір басшы сайланады, – деп Иван Павлович жұмыс *жүйесін* білдірді де, салмақты сұрау қойды (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). **3.** т е р м. <грек. systema> *Бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын, сөйтіп белгілі бір тұтастық, бірлестік құратын көптеген құрамдас бөліктер жиынтығы.* Философия тарихында *жүйе* ұғымы кейде онтологиялық мағынада, кейде гносеологиялық мағынада, ал кей уақыттарда осы екі мағынада да түсініліп келеді (ҚҰЭ). Классикалық неміс философиясының негізін қалаушы И.Кант *жүйе* ұғымына «бір идеямен біріктірілген, сан алуан білімдер бірлігі» деген анықтама беріп,

оны гноселогиялық мағынада түсінген (ҚҰЭ). **4.** *Қандай да бір білімдердің (ұғымдардың, болжамдардың, аксиомалардың, ережелердің, теориялардың, ғылым білімдердің) шеңбері негізінде жататын принциптер жиынтығы.* **5.** *Қандай да бір нысандардың әрекеттеріндегі, орналасуындағы немесе байланысындағы анықталған тәртіп.* **6.** *Әлденені ұйымдастыру формасы.* **7.** *Құрылымның, құрылғының типі.* Бәрін әкімшілдік-әміршілдік *жүйе* итеріп салып, бұрынғы басшылардың сілікпесін шығарып сынағаннан ешкімнің мүйізі қарағайдай болған жоқ (Д.Қонаев, Өтті дәурен). Заман өзгерді! Бүкіл Кеңестер Одағында қоғамдық құрылым *жүйесі* алмасты, социалистік реализм тарих сөресіне жайғасты, таным табиғаты өзгерді, постмодернизмнің өзі қилы-қиян белестерден өтті (З.Серіққалиұлы, Алтын жамбы).

Абстрактілік жүйе. ф и л о с. *Жүйе туралы ұғымдар, болжамдар, теориялық, ғылыми білімдер, лингвистикалық жүйелер, формалды және логикалық т.б. жүйелер жататын дерексіз жүйе.*

Ашық жүйе. ф и л о с. *Басқа жүйелермен және сыртқы ортамен ұдайы өзара әрекеттестікте болатын жүйе түрі.* Барлық *ашық жүйелер* қозғалмалы жүйелер болып табылады (ҚҰЭ). *Ашық жүйе,* сондай-ақ өздігінен тұрақтанатындығымен және реттелетіндігімен сипатталады (ҚҰЭ).

Геологиялық жүйе. г е о л. *Кезең мезгілінде жиылған ішінде түрлі жануарлар (мақлұқат) мен өсімдіктердің (нәбәтат) қазба қалдықтары бар тау жыныстарының жиынтығы. Геологиялық жүйе* Жер қыртысы мен органикалық әлемнің дамуының белгілі бір сатысын межелейді (ҚҰЭ). *Геологиялық жүйенің* аттары және олардың тетелестігі 1881 ж. Халықаралық геологиялық конгрестің 2-сессиясында бекітіледі (ҚҰЭ).

Жабық жүйе. ф и л о с. *Сыртқы ортадан мейлінше оқшауланған жүйе түрі.* Барлық тұрғылықты жүйелер *жабық жүйе* болып саналады (ҚҰЭ).

Жас наурыз жүйесі [Көктастың наурызы]. *Наурыз айының 22 жұлдызынан басталатын жыл санау.*

Жүйе архитектурасы. и н ф. <ағыл. system architecture> *Жүйенің пайдаланушымен және сол жүйенің ішкі құрауыштарымен (құрауышларымен) өзара байланысу ерекшеліктері.*

Жүйе әкімшісі. и н ф. <ағыл. system administrator> *Жүйені пайдалануға және оны жұмыс істейтін күйінде сақтауға жауап беретін адам.*

Жүйе бейнесі. и н ф. <ағыл. system image> *Келесіде жүктеу мен іске қосу үшін сыртқы жадта сақталған, орындалатын тапсырмалары және жүктелген операциялық жүйесі бар компьютердің жедел жадының қалып-күйі.*

Жүйеге салу. *Тәртіпке келтіру, реттеу.* Әсіресе көбірек берілген ойды бір *жүйеге салу* қиын-ақ (І.Омаров, Серпін).

Жүйеге салыну. *Реттелу, тәртіпке келтіру.* Арнайы *жүйеге салынбаған* Фраунгофердің спектроскопиядағы еңбектері аса құнды қазына боп қалды (А.Қалығұлов, Жарық.).

Жүйеден тыс бірліктер. ф и з. *Шамалардың қазіргі бар бірліктер жүйесінің ешқайсысына енбейтін бірліктері. Жүйеден тыс бірліктер* тәуелсіз бірліктер (басқа бірліктердің көмегінсіз анықталатын бірліктер, мысалы, Уельсий градусы, бел) және еркін таңдап алынған бірліктер болып ажыратылады (ҚҰЭ).

Жүйеде тіркелу процесі. и н ф. <ағыл. logon process> *Пайдаланушылардың жүйеде тіркелу әрекеттерін өңдеу процесі.*

Жүйеден шығу. и н ф. *Жүйені тұтынушының (пайдаланушының) жұмыс істеу ретінің аяқталуы.*

Жүйе икемділігі. и н ф. <ағыл. system flexibility> *Жүйені модификациялау, кеңейту және оған жаңа сапа беру мүмкіндігінен тұратын жүйенің қасиеті.*

Жүйені баптау. и н ф. <ағыл. system tuning> *Жүйенің қызметтік сипаттамаларын анықтау, жақсарту мақсатымен оны қолдану параметрлерін өзгерте отырып, оны жаңа жұмыс жағдайына бейімдеу.*

Жүйені жабу. и н ф. <ағыл. shutdown> *Нақты уақыт жүйесі жұмысының тоқталуы.*

Жүйені жалпы босату. и н ф. <ағыл. system reset> *Мультипроцессорлық жүйеде орталық процессорды тазалай отырып босату.*

Жүйені жобалау метрикасы. и н ф. *Жүйенің көңіл-күйі өзгерістерінің фазалық жолын анықтайтын және оған барабар геометриялық кеңістікте жүйені сипаттауға пайдаланылатын түрлендірулер тобы.*

Жүйені жүзеге асыру. и н ф. <ағыл. system implementation> *Жүйе жобасын жұмыс істеуге қабілетті бұйым түрінде іске асыру.*

Жүйені жүктеу. и н ф. <ағыл. system loading> *Жүйе модульдерін компьютердің сыртқы жадынан (дискідан) негізгі жедел жадқа жазу.*

Жүйені кеңейту. и н ф. <ағыл. system extension> *Жүйенің мүмкіндігін кеңейту мақсатымен оған жаңа модульдер мен құрауыштар үстемелеу.*

Жүйені қорғау. и н ф. <ағыл. system security> *Бағдарламалар мен жүйе мәліметтеріне рұқсатсыз қатынас құруды болдырмауға немесе жүйе жұмысына араласпауға күні бұрын жасалған шаралар жиынтығы.*

Жүйені молықтыру. и н ф. <ағыл. system saturation> *Барлық түскен сұратуларға жеткілікті мөлшерде тез жауап бере алмайтын жүйенің қалып-күйі. Жүйені молықтыру* оның қолданылу тиімділігін төмендетеді және жекелеген сұратуларды жоғалтуға әкеліп соғу мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйенің артықтығы. и н ф. <ағыл. system redundancy> *Жүйенің сенімділігін және қорғалғандығын арттыратын, бірақ оған жүктелген мәселелерді шешуге қажет емес қосымша құралдар (элементтер, троптар, блоктар, бағдарламалар, мәліметтер).*

Жүйенің атауын тағайындау. и н ф. <ағыл. system initialization> *Операциялық немесе басқа жүйелерді іске қосу кезінде алдын ала орындалатын әрекет.*

Жүйенің даярлығы. и н ф. <ағыл. system availability> *Жұмыс қалып-күйіндегі жүйенің өз функцияларын орындау қабілетінің өлшемі. Жүйенің даярлығын* қалып-күйдің сандық өлшемін даярлық коэффициентімен бағалауға болады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйенің есептеу ресурсы. и н ф. <ағыл. computer resurs system> *Белгілі бір уақыт аралығы ішінде мәліметтерді өңдеу процесіне бөлінетін есептеу жүйелерінің құралы.*

Жүйенің жеделдігі. и н ф. <ағыл. system operativeness> *Берілген мерзімде немесе пайдаланушының жұмыс қарқынында мәліметтерді өңдеу мүмкіндігін бейнелейтін жүйе қасиеті.*

Жүйенің осалдығы. и н ф. <ағыл. criticality of system> *Жүйенің қауіп төнген кезде қорғанысының бұзылуына себепші болатын қасиеті. Жүйенің осалдығы* дұрыс жобаланбауының немесе толық жөнделмеуінің, кездейсоқ немесе әдейі жасалған әрекеттің салдары болуы мүмкін (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйенің тиімді режімі. и н ф. <ағыл. system production mode> *Бағдарламаны жөндеу мен тестілеу құралдары ажыратылған операциялық жүйенің жұмыс режімі.*

Жүйені тексеріп шығу. и н ф. *Қорғау құралдарының жүйесінде қарастырылған рұқсатсыз қатынас құруды ескерместен пайдаланушының мәліметке қатынас құру әрекеті.*

Жүйе сипаттамасы. и н ф. <ағыл. system specification> *Жүйенің өнімділігін, шапшаң әрекетін, бір мезгілде қызмет ететін пайдаланушылар санын, бағасын және т.б. мүмкіндіктерін анықтайтын параметрлердің жиынтығы.*

Жүйесін тапты. *Реті келді, жөні келді.* Ойлаған ойы да *жүйесін тауып,* өз орнынан, діттеген жерінен шығып жатыр (А.Байтанаев, Қайнар.). Жоғарыдан төменге *жүйесін тауып* су ағар. Жазғытұрым болғанда Жердің бетін бу алар (Базар жырау, Шығ.).

Жылу жүйесі. *Бір орталықтан жылумен жабдықтауда жылу тасығыш заттарды (ыстық су мен бу) тұтынушыларға жеткізіп беретін құбырлар желісі. Жылу жүйесі* қайта жөнделді (Ауызекі).

Материалдық жүйе. ф и л о с. *Заттық болмысы бар денелердің құрамдас бөліктерінің бір-бірімен байланыстағы күрделі қарым-қатынасының реті, тәртібі. Материалдық жүйенің* өзі органикалық емес табиғат жүйесі және органикалық (тірі) табиғат жүйесі болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Органикалық жүйе. т е р м. *Қарапайым биологиялық, ағзалар, популяциялар мен түрлер жүйесі, экожүйелер жататын тірі жүйе. Органикалық жүйелердің* ерекше түрі – әлеуметтік жүйе (ҚҰЭ).

Сөзжасам жүйесі. л и н г в. *Сөз тудырдың, жаңа сөз жасаудың қалыптасқан реті, жөні.*

Сөз жүйесі табылды. *Сөздің реті келді, ыңғайы келді. Сөздің жүйесі табылып,* тиегі ағытылған тәрізді (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

Сөз жүйесін тапты. *Қисын-қиюы келтіріліп, орнымен айтылды. Сөз жүйесін тапса,* мал иесін табады (Мақал).

ЖҮЙЕ[2] з а т. *Жүйке, нерв.* Бұл клеткалардың бөлінуі адам ағзасындағы қалыпты бөлуді реттейтін *жүйеге* бағынбай бөліне береді («Зерде»).

Жүйесі босады. *Егіліп, елжіреді, мейірі түсті, алпыс екі тамыры иіді.* Ең жақыны мендей, соңғы сырын маған шаққандай, айтып жеткізгісіз жалынышпен қарады, *жүйем босап,* сай-сүйегім сырқырады, – деді Кәкібай (Т.Ахтанов, Таңд.). Боташымнан айырылып, ішім оттай күйеді, *Жүйем босап* сағынып, Тұла бойым иеді (Қаз. ертег.). Тауға біткен шиедей, *Босатты* бала *жүйені,* Алпыс екі тамыры Алпамыстың иеді (Алпамыс).

Жүйе босатар. э т н. *Көңілін аулау, көңілін жібіту мақсатымен берілетін кәделі сыйлық.* Егер қыз әкесі әлдебір сылтаулармен қызым жас т.б. деп той мерзімін созса, онда «*жүйе босатар*» кәделі сыйлықты ұлдың әкесі беріп той мерзімін жеделдететін ғұрып бар (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖҮЙЕ-ЖҮЙЕ с ы н. *Сала-сала, тарау-тарау.* Айлар бойы арнап дайындалғандай *жүйе-жүйе* пікір және тау жотасындай асу-асу (Біздің Мұхтар).

Әңгімені жүйе-жүйесімен айтты. *Әңгімесін ретімен жеткізді.* Құрман қария кәрілік ырқына көніңкіреп қалған кезі екен, бірақ қарт көңілге тоқыған *әңгімелерін жүйе-жүйесімен айтқанда* ешбір мүдірген жоқ (Ғ.Орманов, Жүрек.).

Жүйе-жүйесі босады. *Егілді, елжіреді, мейірленді.* Жан досым, бір-екі ауыз назым жаздым, Көргенде *босасын* деп *жүйе-жүйең* (С.Торайғыров, Шығ.).

ЖҮЙЕ-ЖІК з а т. *Бір нәрсенің реті, жөні, тәртібі.* Мұқанның әкесі жаңа тұқымды қойды өсірудің *жүйе-жігін* өзі жіктеп береді, – деді парторг (А.Жолдасбеков, Әке.).

ЖҮЙЕК з а т. **1.** *Егістіктегі су ағатындай етіп жасалған арықшалардың екі жағы, топырақ жоталары, арықшалар; егістіктің қатар жолы.* Қияр егілген *жүйектің* қасында бұғып отырған Әдеп үй жаққа көз жіберді (М.Гумеров, Хазірет.). Жас натуралистер өз участогын баптап күтеді, жазда *жүйектерді* суарып тұрады («Қазақст. мұғ.»). *Жүйектің* бірін бітіріп, екіншісіне түсті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** с у ш а р. *Жүйектеп егілетін егін арасымен су тасымалдап суару үшін жүргізілетін арықша, отамалы дақылдарды суаруға арналған көп тараған тәсіл. Жүйекті* (культиватормен) бірінші суару алдында қазып дайындайды (Қаз. тілі термин. Су.). *Жүйектің* тереңдігі 10–27 см аралығында болады, түбінің ені 0,04–0,05 метр шамасында, бітімі үшбұрышты (Қаз. тілі термин. Су.).

Жүйек басы жабдықталды. с у ш а р. *Жүйекке су беретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Жүйек басы* жақсы *жабдықталған* кезде, оған су беретін арықтың жақтаулары мен табаны шайылып бұзылмайды (Қаз. тілі термин. Су.).

Жүйек басын жабдықтау. с у ш а р. *Жүйекке су беретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Жүйек басын жабдықтауға* сифон құбыршасы, металдан жасалған құбыршалар, қамыстан жинақтап буылған салдар жатады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖҮЙЕКСІЗ с ы н. *Арықша тартылмаған, жүйек салынбаған, жүйегі жоқ. Жүйексіз* ексең, суарғанда қиын болады (Ауызекі).

ЖҮЙЕКТЕ= е т. *Арықша жүргізу, жүйек салу.* Қызылшаны, ерте кезде қауын-қарбызды дикандар қолмен *жүйектеп* ексе, қазіргі уақытта егін егетін әртүрлі машиналарды пайдалана отырып, борозда немесе сызық бойымен егеді (А.Алманиязов, Қазақст. қауын.). Ол кезде мақта анайы тәсілдермен *жүйектеп* немесе қолмен шашылып егілетін (Б.Майлыбаев, Мақта егісі).

ЖҮЙЕКТЕГІШ з а т. т е х. *Жүйек қазғыш құрал. Жүйектегішті* трактормен тіркелген арнайы топырақ аударғыш түрендері бар культиватормен қазып, суағар арықша ізін дайындайды. Трактор бір өткенде ара қашықтығы 0,4–1,4 метр шамасында болатын 6 жүйек қазады (Қаз. тілі термин. Су.).

ЖҮЙЕКТЕУ з а т. с у ш а р. *Жыртылған жер бетінен жауын-шашынның суларын басқа жаққа бұрып әкету үшін топырақ бетіне тереңдігі 15–25 см атыздар жасалатын агромелиорациялық тәсіл.*

ЖҮЙЕКТЕУ *Жүйекте етістігінің қимыл атауы; арықшалар жүргізу.* Қызылшаны *жүйектеу* тірлігін биыл ерте аяқтадық (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖҮЙЕКТІ с ы н. *Жүйек жүргізілген, жүйегі бар.* Орталық Қазақстанның далалы және шөл далалы аймақтарында қай ағаш тұқымын болмасын кең *жүйекті* тәртіппен егу тиімді болып жүр (А.Балтабаев, Шөлде.).

ЖҮЙЕЛЕ= е т. *Жүйеге түсіру, реттеу, тәртіпке салу.* Ол түні бойы Асқардың айтқан сөздерін *жүйелеп* қарады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Жоспар жасаудың өзі қажетті шығарманы жинақтап, белгілі арнаға *жүйелейді* (Қ.Жарықбаев, Психология). Ол күні бойы кітапханада жүреді. Түнімен жинаған материалдарын *жүйелейді* (Е.Естаев, Өмір.).

ЖҮЙЕЛЕН= е т. *Жүйеге түсірілу, ретке, тәртіпке келтірілу.* Мидың маңдай тұсы жедел өседі, жоғарғы нерв жүйесінің процестері *жүйеленіп* тәртіпке түсе бастайды (Қ.Жарықбаев, Психология). Табысым *жүйеленген* буын-буын, Бал татыр «Бастараудың» ішкен суын (Ақын жырлары).

ЖҮЙЕЛЕНУ *Жүйелен етістігінің қимыл атауы.*

ЖҮЙЕЛЕНІМ з а т. б и о л. *Биологияның Жер бетінде тіршілік ететін барлық ағзалардың және бұрын тіршілік еткен ағзалардың қазба қалдықтарының туыстық қарым-қатынасын, олардың жеке түрлері мен түрлер тобының байланысын зерттейтін саласы. Жүйеленімнің* негізгі мақсаты – жеке түр мен таксондардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыра отырып зерттеудің нәтижесінде олардың арасындағы жалпы қасиеттерін анықтау (ҚҰЭ).

ЖҮЙЕЛЕС с ы н. *Жүйесі бір, бір сарындас.* Тосын құлаққа мұның бас жағы ежелгі таныс сарын, сонымен бір *жүйелес* болып естіледі (Ә.Көшімов, Лашын.).

ЖҮЙЕЛЕУ *Жүйеле етістігінің қимыл атауы.* Астан-кестен, ойымды *жүйелеуге* шама жоқ. Әйтеуір аттарымды ес-түссіз төпеп келем (Т.Иманбеков, Үш ай.). Кітапханаңызда

кітаптарды *ж ү й е л е у*, сөрелеу, картотека жасау жақтарының бәрі тап-түйнақтай екен («Қаз. әдеб.»). Көне өсиеттерді қайта *ж ү й е л е у* кезінде апокалиптік мазмұндағы ондаған кітаптар таураттан алынып тасталды («Парасат»).

ЖҮЙЕЛІ с ы н. *Жүйесі бар, жүйеленген, сараланған, тәртіпке түскен.* Абай кітапты белгілі *ж ү й е л і* тәртіппен оқымаса да жақсы ақын-жазушылардың сөздеріне құмарланып, шетінен таныса береді (М.Әуезов, Әр жыл.). Берілген тапсырманы орындап келмегені үшін, күнделікті сабаққа *ж ү й е л і* әзірленбегені себепті Сәуле нашар баға алды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Биылғы жылы біздің мектепте 1356 жас ұлан кең де жарық бөлмелерде оқып, *ж ү й е л і* білім алуда («Қазақст. мұғ.»). Жас ғалымдарды даярлау ісімен *ж ү й е л і* түрде шұғылданып, тек өз мамандығы бойынша ғана емес, Қазақстанның өндіргіш күштерін дамытуда маңызды рөл атқарады-ау деген барлық ғылымдар бойынша талантты жастарды барынша қолдап, өсіріп отырды (Қаныш аға).

Жүйелі атыс. ә с к. *Артиллериядан белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асатын ату тәртібі. Ж ү й е л і а т ы с т а* бір берілген пәрмен (команда) бойынша әрбір келесі атыс белгілі бір уақыт аралығында жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). Бақылаудағы нысаналарды атқанда *ж ү й е л і а т ы с* әрбір жарылысты кезектеп немесе сериямен бағалау (белгілеу қажет болған жағдайда) қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). Бақыланатын нысаналар бойынша *ж ү й е л і а т ы с* қарқыны снаряд жарылыстарын белгілеу құралдарының мүмкіндігіне байланысты тағайындалады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жүйелі кітапхана. и н ф. а) *Жүйелі каталогта тіркелген кітапхана, яғни мәліметтердің каталогтандырылған жиынтығы;* ә) *Операциялық жүйенің модульдері сақталатын кітапхана.*

ЖҮЙЕЛІ-ЖҮЙЕСІЗ с ы н. *Әрі жүйелі, әрі жүйесіз, аралас.* Лекция біткен соң біздің *ж ү й е л і-ж ү й е с і з* сұрауларымыздың ешқайсысын елеусіз қалдырмай, ол өте кішіпейілділікпен жауап беріп, бәрін де түсіндірді (Біздің Мұхтар).

ЖҮЙЕЛІК с ы н. *Жүйеге тән, жүйеге қатысты.* ≈ *Ж ү й е л і к* рет.

Жүйелік атау. и н ф. <ағыл. system name> а) *Жүйенің атауы.* ә) *Стандарт ретінде пайдаланылатын есептеуіш жүйе (құрылғы, бағдарламалар) элементінің атауы.*

Жүйелік атырап. и н ф. <ағыл. system area> *Файлдармен жұмыс кезінде операциялық жүйе пайдаланатын магниттік дискінің бас жағында орналасқан аймақ. Ж ү й е л і к а т ы р а п т а* бастапқы жүктеу блогы (тек қана жүйелік дискілерде), файлдарды орналастыру кестесі және түпкі каталог (root-каталог) бар (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік бағдарлама. и н ф. <ағыл. system program> *Операциялық жүйенің мүмкіндіктерін арттыратын және ақпараттық жұмыстардың қандай түрін болса да басқаруды атқаратын бағдарлама.*

Жүйелік бағдарламалау. и н ф. <ағыл. system programming> *Бағдарламалауды және компьютер пайдалануды едәуір жеңілдететін қызмет көрсеткіш бағдарламалар жүйесі; ортақ бағдарламалық жасақтаманы: операциялық жүйелерді, бағдарламалау жүйелерін, сондай-ақ ортақ міндет жүктелген қолданбалы бағдарламалар дестелерін әзірлеу.*

Жүйелік бағдарламалық жасақтама. и н ф. <ағыл. system software> *Компьютерді пайдалану мен техникалық қызмет етуге, есептеу жұмыстарын ұйымдастыру мен қолданбалы бағдарламалар әзірлеуді автоматтандыруға арналған бағдарламалық жасақтама.* Операциялық жүйе және бағдарламалау жүйесі *ж ү й е л і к б а ғ д а р л а м а л ы қ ж а с а қ т а м а н ы ң* негізгі бөліктері болып табылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік бағдарламашы. и н ф. <ағыл. systems programmer> *Жүйелік бағдарламалық жасақтаманы әзірлеумен, пайдаланумен және сүйемелдеумен айналысатын бағдарламашы.*

Жүйелік блок. и н ф. <ағыл. system block> *Дербес компьютердің негізгі электрондық құрылғылары (процессор, жедел жад, дискілер және контроллерлер) мен қоректендіру блогы орналасқан блок. Ж ү й е л і к б л о к т ы ң* артқы жағында әртүрлі шалғай құрылғыларды қосуға арналған ағытпалар (порттар), ал алдыңғы бетінде жарық диодтық индикаторлар бар (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік дискет. и н ф. <ағыл. system disk> *Операциялық жүйенің өзінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін файлдар – жүйелік файлдар мен командалық процессор сақталатын иілгіш диск (дискет). Ж ү й е л і к д и с к е т* компьютерді алғаш іске қосу жұмысын атқара алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік енгізу бағдарламасы. и н ф. <ағыл. system input program> *Магниттік таспадан, магниттік дискіден енгізу құрылғысынан – жүйелік енгізу құрылғысынан келетін кірістік ағынды шығарып оқитын бағдарлама.*

Жүйелік каталог. и н ф. <ағыл. system catalog> *Операциялық жүйе қолдайтын мәліметтер жиынтықтарының орналасуы жайындағы ақпарат сақталатын каталог.*

Жүйелік команда. и н ф. *Жүйенің қалыпкүйін, жұмыс режімін немесе басқа да жүйелік қызметтерін өзгертуді атқаратын команда.*

Жүйелік конфигурация байты. и н ф. <ағыл. system configuration byte> *Ауыстырып-қосқыштар жинағы. Жүйелік конфигурация байты* операциялық жүйенің жұмыс істеуі кезінде тағайындалады және оның жұмыс режімін: мультибағдарламалауын, тізбектік орындалуын және т.б. анықтайды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік қаріп. и н ф. <ағыл. system font> *Экранға шығарылатын мәліметтерге (хабарларға) арналған жүйелік қаріп. Жүйенің* басқа *қаріп* түрі арнайы көрсетілмесе, тұрақты пайдаланатын қарпі жүйенің барлық жұмыстарында күні бұрынғы келісім бойынша пайдаланылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік қате. и н ф. <ағыл. system error> а) *Операциялық жүйедегі немесе бағдарламалау жүйесіндегі қате.* ә) *Кейбір процесс осы кезде онымен байланысты емес объектіге қатынаған кезде жүйеде туындайтын қате.*

Жүйелік макрокоманда. и н ф. <ағыл. system macro instruction> *Макрокомандалардың жүйелік кітапханасына енгізілген макрокоманда.*

Жүйелік мәліметтер базасы. и н ф. <ағыл. system date bases> *SQL тілінде – SQL серверінің үш мәлімет базасын – тұтынушылардың мәліметтер базасы мен SQL серверінің жұмысын басқаратын бас мәліметтер базасын, уақытша кестелерді сақтауға арналған temp.db уақытша кестесінің мәліметтер базасын және пайдаланушының жаңа мәліметтер базасын – құрастыру үшін үлгі ретінде пайдаланылатын модельдік мәліметтер базасы.*

Жүйелік меню. и н ф. <ағыл. system menu> *Windows жүйесінің стандартты терезелері арқылы орындалатын терезе көлемін өзгертіп, оны үлкейтіп-кішірейтетін негізгі іс-әрекеттердің немесе командалардың тізімі.*

Жүйелік меню батырмасы. и н ф. <ағыл. system button> *Windows ортасының жүйелік менюді шақыруға арналған батырмасы. Жүйелік меню батырмасы* тақырып қатарының сол жақ шетінде орналасады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік модальдық диалогтық терезе [жүйелік хабарлар терезесі]. и н ф. <ағыл. system model dialog box> *Windows жүйесінде – белгілі бір іс-әрекеттерді орындау барысында шығатын жүйелік хабардан тұратын диалогтық терезе. Жүйелік модальдық диалогтық терезеде* OK немесе Болдырмау (Cancel) батырмалары болады, олардың көмегімен терезе жабылғанға дейін кез келген әрекеттерді орындау (немесе орындамау) жүзеге асатын диалогтық терезе (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік ресурстар. и н ф. <ағыл. system resources> *Тапсырмаға бөлінетін есептеу жүйесі ресурстарының – құралдарының жиынтығы.*

Жүйелік талдау. и н ф. <ағыл. system analize> а) *Жүйелік тәсілдің негізінде орындалатын объектілерді (бағдарламаларды, жүйелерді, құрылғыларды) талдау; жүйелік құралдармен атқарылатын талдау; саяси, экономикалық, ғылыми және техникалық сипаттағы күрделі мәселелер бойынша шешімдерді дайындауға және негіздеуге пайдаланылатын әдіснамалық құралдар жиынтығы. Жүйелік талдау* жүйелі тәсілге, сондай-ақ бірқатар математикалық пәндер мен қазіргі заманғы басқару әдістеріне де сүйенеді (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Жүйелік талдаудың* негізгі процедурасы нақты жағдайдың өзара байланысын бейнелейтін жалпыланған модель құру болып табылады. Жүйелі анализдің техникалық негізі – есептеу машиналары мен ақпараттық жүйелер (Қаз. тілі термин. Информатика.). ә) б и о л. *Жүйелеудің жалпы теориялық әдісі. Жүйелік талдау* әдісінің өзіне тән ерекшелігі – зерттеу нысанын белгілі бір жүйе құрамында қарап, оның бүкіл байланыстарын ескере отырып саралау қажеттілігі (Қаз. тілі термин. Биология).

Жүйелік тапсырма. и н ф. <ағыл. system task> *Тапсырманы басқару блогының көмегімен жүзеге асыратын операциялық жүйенің басқарушы бағдарламасының қызметі.*

Жүйелік тәсіл. и н ф. <ағыл. approach system> *Объектіні негізінен жүйе ретінде қарастыратын ғылыми таным мен практиканың әдіснамалық бағыты. Жүйелік тәсіл* зерттеушіні объектінің тұтастығын ашуға, байланыстар типтерінің көптүрлілігін және оларды бірыңғай теориялық картинаға жинақтауды анықтауға бағыттайды (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Жүйелік тәсіл* принципі кибернетикада, техникада, басқаруда, экономикада және т.б. қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік техника. и н ф. <ағыл. system engineering> *Күрделі жүйелерді жобалау, даярлау, сынау, пайдалану мәселелерімен айналысатын ғылыми-техникалық бағыт. Жүйелік техника да* радиоэлектроника, информатика және есептеуіш техника құралдары, сондай-ақ жүйе, кибернетика мен модельдеу теориясының әдістері кеңінен қолданылады. *Жүйелік техника* жергілікті аймақтық, мемлекеттік және космостық жүйелердің алуан түрлерімен бірге олардың архитектуралық формасын, жұмыс істеу тәсілдерін, қоршаған ортаға әсерін және адамдық фактордың қатысуын қамтиды (Қаз. тілі. термин. Информатика.).

Жүйелік тіркеу файлы. и н ф. <ағыл. system recorder file> *Мәшинелік жаңылысулар мен арналардағы қателер туралы мәліметтер жазылатын файл.*

Жүйелік уақыт. и н ф. <ағыл. system time> *Операциялық жүйенің ішкі электрондық сағатындағы ағымдағы уақыт мерзімін көрсететін шама. Жүйелік уақыт* жылдың, айдың, күннің, сағаттың, минуттың, секундтың және миллисекундтың мәндерінен құралады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік ұқсатқыш. и н ф. <ағыл. system simulator> *Зерттелетін жүйенің жұмыс істеу алгоритмінің ұқсатқышы.*

Жүйелік файл. и н ф. <ағыл. system file> *Операциялық жүйенің жұмыс істеуіне қажетті ақпарат сақталатын файл. Жүйелік файл* каталогтағы тізімде көрсетілмейді (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүйелік хабар. и н ф. <ағыл. the system message> *Операциялық жүйені басқаратын бағдарламаның хабары.*

Жүйелік хабарлар блогы. и н ф. <ағыл. system message block> *Компьютерлердің бірыңғай жүйесінің операциялық жүйесінде – жүйелік хабарлары бар және олардың басылымның тізбегін анықтайтын кесте.*

ЖҮЙЕЛІЛІК з а т. *Жүйесі барлық, жүйеге түскендік, жүйесі болушылық.* Еңбек атаулының бәрі адамның өмірін жинақты қалыпқа келтіреді, оны тәртіпке, *жүйелілікке* үйретеді (С.Жұмабаев, Ұзақ өмір.). Тексерудің нәтижесінде өткен уақытпен салыстырғанда, ішкі мектеп жұмысында біршама ілгерілегендік, *жүйелілік* көрініп тұр («Лен. жас»).

ЖҮЙЕМЕЛЕТЕ ү с т. *Бірінен кейін бірін, бірінің артынан екіншісін, үсті-үстіне.* Қасқыр сылқ ете түсті. Қайтып тұра алған жоқ, талшоқпар *жүйемелете* тиді шекеге (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Әбунүсіп ерттеулі тұрған Балықторыға міне сап, дөң басына шоқыта шықты да, қос ауызды *жүйемелете* үш рет аспанға атып жіберді (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖҮЙЕСІЗ с ы н. *Жүйеге түспеген, жүйесі жоқ, ретсіз.* Келушілер кабинетте қабылданды. Зиялылар *жүйесіз* сөзге баспайды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Оқудың үздік-создық, *жүйесіз* жүргізілгені Қаленге қатты батты (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Үлгермеушілердің білімі байланыссыз, *жүйесіз* болады (Семья тәрбиесі).

ЖҮЙЕТЕХНИКА з а т. и н ф. *Күрделі жүйелерді жобалау, жасау, сынау және жұмыс істету мәселелерімен шұғылданатын ғылыми-техникалық бағыт. Жүйетехникада* радиоэлектроника, ақпараттану және есептеу техника құралдары, модельдеу ілімдері кеңінен қолданылады (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Жүйетехника* жергілікті, аймақтық, ауқымдық, мемлекеттік және ғарыштық жүйелермен бірге олардың алуан түрлері мен жұмыс істеу тәсілдерін, қоршаған ортаның әсерлерін және адамдардың қатынасуын қамтиды (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖҮЙКЕ з а т. м е д. <лат. nervus> *Күйқа тамыр, нерв; жүйке талшықтарынан құралған жүйкелік тіндердің шоғырлары. Жүйке* ми мен жүйке түйіндерін дененің басқа органдарымен және тіндерімен байланыстырады (ҚҰЭ). Айбын, ашу, жоқ менде адам қанау, Менде жоқ жағымпаздық, табан жалау. Менде – төзім, Сірә да, *жүйкем* менің өгіздің терісінен жаралған-ау (М.Мақатаев, Шығ.). Кейбір арзан жеңістерден Қымбаттау Қай кезде де амандығы *жүйкемнің*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жетпіс екі жүйке. *Бүкіл тұла бой, бар дене, қан-тамыр.* «Халық қызы, менің жеңгем Бикенім», – Десем саған, жақсы бағаң – бұл сенің, Өнеріңе алпыс екі тамыр мен Бәрі балқыр *жетпіс екі жүйкенің* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жүйкеде ойнады. с ө й л. *Мазасын алды, ренжітті.* Жылан тілі ысылдап, Жанды тыныш қоймады. Жақсылықтың тұсында *Жүйкеміз-де ойнады* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүйке жүйесі. а н а т. *Адам мен жануарлар ағзасындағы органдар мен жүйелер әрекетін біріктіретін және олардың сыртқы ортамен үздіксіз қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жүйке тіні мен глияның жиынтығы.* Глия не нейроглия – жүйке жасушаларының, олардың өсінділерінің тіні. *Жүйке жүйесі* ішкі және сыртқы тітіркендіргіштер әсерін қабылдап, талдайды (ҚҰЭ). Профессордың пікірінше, бұл күндері ұзақ уақыт көмескі болып келген музыканың *жүйке жүйесіне* және есту мүшелеріне әсер ету механизмі айтарлықтай айқындалған («Зерде»).

Жүйке жүйесі аурулары. п е д. *Психиканың бұзылу салдарынан болатын аурулар; ағзадағы әртүрлі жүйкелердің сезімталдығы мен қызметінің бұзылуы. Жүйке жүйесі ауруларына* орталық және шеткі жүйке жүйесі құрылымдарының өзгерістері, жүйке-психика аурулары (невроз) жатады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Жүйке жүйесі ауруларына* ұшыраған адамның кейбір органдары салданады, ыстықты, суықты сезбейді, психикасы бұзылады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жүйке жүйесінің күші. п е д. *Жүйке жүйесінің негізгі қасиеттерінің бірі, ми қабығы жасушаларының жұмыс қабілетінің шегін, яғни олардың тежеулі күйге (тежелуге) өтпей не*

өте күшті, не ұзақ әсер ететін (күші болмаса да) қозуға төзе алатын қабілеті. Жүйке жүйесінің күші, сондай-ақ анализаторлардың сезгіштігімен де сипатталады: неғұрлым әлсіз жүйке жүйесі неғұрлым сезгіш те болады, сондықтан ол күшті жүйке жүйесінен гөрі қарқындылығы неғұрлым төмен стимулдарға үн қата алады (Қаз. тілі термин. Педагогика.).

Жүйке жасушалары. б и о л. *Жүйке ұлпасының негізгі морфологиялық және қызметтік құрылымдық бөлігі. Жүйке жасушалары* (нейроциттер) өсінділі клеткалар (Қаз. тілі термин. Биология). *Жүйке жасушаларының* нейроплазмасында базофилді түйіршіктер (хроматофилді зат) және нейрофибриллалар болады (Қаз. тілі термин. Биология). *Жүйке жасушаларының* өсінділері қызметіне байланысты дендрит және аксон (нейрит) болып екіге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология).

Жүйкені босатты. *Көңілін босатты, жабырқатты, мұңайтты.* Оның жүдеу даусы адамның *жүйкесін босатып,* құйқа тамырларын шымырлатты (С.Досанов, Қыран.).

Жүйкені жеді. *Діңкесін құртты, жанын жеді, шаршатты.* Жатпаған соң жылдам-жылдам жылжып іс, Ұмыт болған менің үшін құр жүріс. *Жүйкеңді жеп* ертелі-кеш бір шаруа, Тас боп жатыр бүйрегімде бір жұмыс! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүйкені кесті. *Мысын құртты, діңкелетті, әбден шаршатты.* Жылжып келе жатқан адам жақындай берген кезде Тайман көңілді дауыспен: Ойбай, ...мына бүйен құсаған мұндардың тоқтап қалып, *жүйкеңді кескенін* көрдің бе? Екі сағаттан бері екі түйір көмір бере алғанымыз жоқ, – деді (Ә.Әбішев, Шығ.).

Жүйке өрімдері. б и о л. <лат. plexus nervorum> *Шеткі жүйке жүйесіндегі жүйкелердің тармақтарынан немесе нейроциттерден түзілген құрылымдар.* Нейроциттерден құрылған вегетативтік *жүйке өрімдері* жүйкелендіретін мүшелер маңында немесе мүшелердің қабырғаларында орналасады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жүйкесі босады. *Көңілі босады, көңілі бұзылды, жылағысы келді.* Менің де сай-сүйегім сырқырап, *жүйкем босап* кетті (С.Жүнісов, Жапанда.).

Жүйкесі жұқарды. *Жүйкесі тозды, ашуланшақ болды, шаршап-шалдықты.* Екі құлағым шыңылдап, басым айналып, көзім қарауытқандай болған соң, дәрігерге барып едім: «*Жүйкең жұқарған,* бір нәрсені қатты уайымдағансыз, дем алу керек» деп шығарып салды (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүйкесі құрыды. *Шаршап-шалдықты, діңкесі құрыды.* Сөйтіп жүргенде Қартқожаның әжесі ауырып қалып, Қартқожаның *жүйкесі құрыды* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүйкесі тозды. *Шаршады, діңкеледі.* Бар ішінде *жүйкесі тозғандары,* Әділетке саусағын созғандары. Бірақ, бірақ... Көбіне өз шаруасы, Бірақ, бірақ... Көбіне өз қамдары! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жүремін де көп ойлап, Жүдеймін де, бауырым. *Жүйке тозып,* Қан ойнап, Қалам кейде ауырып (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүйкесін тоздырды. *Жүйкесіне тиді, шаршатты, діңкелетті.* Еріне еріп келген қонақтың осыншалық ынжықтығы Айнаның *жүйкесін тоздырды* ма, самаурынды көтеріп шыға жөнелді (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүйке талшығы. б и о л. <лат. neurofibra, грек. neuron – жүйке, лат. fibra – талшық> *Нейрология жасушаларымен (олигодендрология жасушалары) қапталған нейроцит өсіндісі – біліктік (ось) цилиндр. Жүйке талшығының* сыртқы нейрология қабығын құрайтын клеткалар – нейролеммоциттер деп аталады (Қаз. тілі термин. Биология). Құрылысына байланысты *жүйке талшығы* миелинсіз және миелинді болып екі топқа бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология). Миелинсіз *жүйке талшығы* вегетативті жүйке жүйесіне тән. Оның ішінде бірнеше біліктік цилиндр болады. Олар сыртынан леммоциттермен ғана қапталған (Қаз. тілі термин. Биология).

Жүйке түтігі. б и о л. *Эмбриондық біріншілік эктодермадан туындап, ұрық ағзасында қалыптасатын пішіні түтік тәрізді біліктік мүше. Жүйке түтігінен* жүйке жүйесі мүшелері дамиды. Бастапқы кезінде *жүйке түтігінің* қабырғасы бір қабат призма тәрізді клеткалардан құрылған (Қаз. тілі термин. Биология). Кейінірек *жүйке түтігінің* қабырғасындағы клеткалар көбейіп, қалыңдап күрделеніп, үш қабатқа ажырайды: ішкі – эпендима, ортаңғы – жабынды қабат (мантий), сыртқы – шеткі перде қабаттары (Қаз. тілі термин. Биология.). *Жүйке түтігінің* ішкі қабатындағы эпендима жасушаларынан жұлын өзегі мен ми қарыншаларынан астарлайтын эпендима жүйкелік глиясы жетіледі (Қаз. тілі термин. Биология).

Жүйке ұштары. б и о л. <лат. terminationes nervorum, лат. terminatio – ұшы, грек. neuron – жүйке> *Жүйке талшықтарының соңғы ұштары. Жүйке ұштары* рецепторларға (тітіркеністі қабылдайтын соңғы құрылым) және эффекторларға (жүйке толқынын орындаушы жұмысшы мүшелерге – бұлшық еттерге, бездерге жеткізетін аппарат) бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология). Қапталған *жүй-*

к е ұ ш т а р ы өз кезегінде қапшықталған (жүйке ұштары қосымша дәнекер – ұлпалы қапшықпен қапталады) және қапшықталмаған болып екіге бөлінеді (Қаз. тілі термин. Биология.). Эффекторларға нейромускулярлы (бұлшық еттерде), нейрогландулярлы бездерде және нейросекреторлы (секрет бөлетін нейроциттерде) *ж ү й к е ұ ш т а р ы н а* ажырайды (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҮЙКЕ-ЖҮЙКЕ з а т. *Тұла бой, бүкіл дене.* Мүмкін, сенің барлық тіршілік-тынысыңды, *ж ү й к е - ж ү й к е ң д і* сарп етіп асыл арманыңнан бетер аялаған қарапайым мамандығың мен еңбегіңнің өлшеуіне осы – жарқ еткен жаныңның жазиралы шуағын алу керек шығар (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Жүйке-жүйкесі босады. *Көңілі босады, құлазыды. Ж ү й к е - ж ү й к е с і б о с а п,* қара қабырғасы қаусап, жан-жүрегі қан жылап, сезімсауаны сүлесоқ тартты (А.Алтай, Алтай.).

ЖҮЙКЕЛЕ= е т. *Шаршау, болдыру, титықтау.* Әрі *ж ү й к е л е п,* қажығандыққа да келіңкіремейтін бір сезім бүйірлерін түртпектей бастады білем («Жұлдыз»). Бір күні Аманкүл де төсекке құлады, әбден жүруге жарамай қалған соң барып, амалсыздан *ж ү й к е л е п* барып құлады (М.Дүйсенов, Мейман.). Әбден *ж ү й к е л е п,* зығырданы қайнап тұрған Шидұр бұдан арғыға шыдай алмады (Ә.Кекілбаев, Дала). *Ж ү й к е л е г е н* күйімде Шаршаған соң талықсып, Соға кетсем үйіне Отыр Сапақ шай ішіп (С.Елубаев, Көкпар).

ЖҮЙКЕЛЕН= е т. *Дененің барлық мүшелерінің жүйкемен қамтамасыз етілуі.*

ЖҮЙКЕЛЕНУ *Жүйкелен етістігінің қимыл атауы; яғни дененің барлық мүшелері мен ұлпалардың жүйкеленуі; органдар мен ұлпалардың жүйкелер арқылы орталық жүйке жүйесімен байланысуы. Ж ү й к е л е н у* денедегі жүйке жүйесінің бір-біріне қарама-қарсы қызмет атқаратын екі түрлі жүйкелерімен дененің сыртқы мүшелері соматикалық, ішкі мүшелері вегетативтік жүйкелер арқылы қамтамасыз етіледі (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖҮЙКЕЛЕТ= е т. *Шаршату, діңкелету, ығырын шығару.* Ауыр жұмыс әбден *ж ү й к е л е т к е н* ана Асанын бауырына басып түні бойы зарланып шығады екен (С.Қасиманов, Сиқырлы.). Түс шағында *ж ү й к е л е т к е н* аптаптың кәрі қайтқандай. Ыссыдан болжыраған денесі ширайын деді (Н.Серәлиев, Қаңтар).

ЖҮЙКЕЛЕТУ *Жүйкелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әбден *ж ү й к е л е т у.*

ЖҮЙКЕЛЕУ *Жүйкеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ү й к е л е у м е н* болды.

ЖҮЙРІК[1] с ын. **1.** *Ұшқыр, жылдам шабатын, жүгіретін.* Адай жылқысы ауа райына өте төзімді әрі *ж ү й р і к* болады (А.Сыздықов, Жылқы өсір.). Ойында ма бос өткен қайғыланған ойда ма? *Ж ү й р і к* тазы, сұлумен, қызойнақ иә тойда ма? (М.Жұмабаев, Шығ.). // *Ұшқыр, жылдам шабатын ат, тұлпар.* Жиынымның ішінде Түрлі-түрлі бай да бар. Түменді бұзған ер де бар, Суын түсті *ж ү й р і к* бар (Ер Шобан). Жолдас бар ма әрі жомарт, Әрі бай?! Жақсыға да, Жаманға да жан қайғы. Су жанады, Ағаш кейде жанбайды. Жабы бие құлындайды жыл сайын, *Ж ү й р і к т е р д е н* кейде тұяқ қалмайды! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ол *ж ү й р і к п е н* де, отарбамен де жарысқан болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Шешен; зерек, сезімтал.* Жүрген жанның артында ізі қалар, Етікші өлсе, балға мен бізі қалар. Бір бай өлсе төрт түлік малы қалар, *Ж ү й р і к* өлсе артында сөзі қалар! (М.Жұмабаев, Шығ.). **3.** а у ы с. *Жетік, шебер.* Онымен бірге Қанекең Европа музыкасы мен би өнерінің теориясын *ж ү й р і к* білетіндігін мұнда айқын көрсете алған (Қаныш аға).

Ақ саңдақ жүйрік. *Жолы боп озып жүрген саңлақ жүйрік, ақын т.б.* Домбырасын қасына қойып, терін сүртіп жатқан Нысанбайға: – Көп жаса, *а қ с а ң д а қ ж ү й р і г і м,* – деді Қасым төре, – көңілімізді бір көтеріп тастадың ғой (І.Есенберлин, Шығ.).

Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады. *Әркім өз шамасына қарайды, қалқадерінше қимылдайды.* Мен тек қана өз қолымнан келгенін істедім, қадери-қалімше еңбек еттім, тағдырдың талайыма жазған ырзығын ғана көрдім, одан артық дүниеге иек қышытқан емеспін, өйткені *а л у а н - а л у а н ж ү й р і к б а р, ә л і н е қ а р а й ш а б а т ы н* (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Алысқа шабатын жүйрік. *Ұзақ қашықтыққа шабатын бәйге аты. А л ы с қ а ш а б а т ы н ж ү й р і к,* алдымен, біраз кібіртіктеп барып көсіледі деседі ғой (Біздің Мұхтар).

Жарауы түскен жүйріктей. *Бабындағы ұшқыр ат сияқты.* Алдарыңда аянбай Шыныменен сөйлесем Сіздерге, жұртым, ұнармын. *Ж а р а у ы т ү с к е н ж ү й р і к т е й* ілестірмей ешкімді қызсам жалғыз шығармын (Базар жырау, Шығ.).

Жау басар жүйрік. *Ұрысқа, қиянға шығар таңдаулы саңлақ; сайысқа сай тұлпар.* Ер азаматтары *ж а у б а с а р ж ү й р і к т е р і н і ң* ер-тоқымын алмай, түнде қос маңайында оттатып отыр (І.Есенберлин, Шығ.).

Жоққа жүйрік жетпейді. *Қолы қысқа кісінің жұртқа берері болмағанда айтылады: жоқтың аты жоқ, оған еш нәрсе істей алмайсың деген мағынада.* Есіркеген шалды аяп кетті. – Қысылмаңыз, отағасы, барға мәзір, жоққа

әзір... Біз ықыласыңызға да ризамыз. – Ия, *жоққа жүйрік жете* ме? – деп, шал ауыр күрсінді, – ренжімесеңдер болғаны (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). *Жоққа жүйрік жетпейді,* Жеткізбейді! Кім біледі, қу көңіл жоқты іздейді (М.Мақатаев, Шығ.). Қаланың мектебін, үй-сайманын көріп келген Қартқожаға үй әбзелі қораштау көрінсе де, *жоққа жүйрік жете ме,* баяғы өздері оқыған Мәжит қожашылап оқытуға тура келді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүйрік аттай ойқастады. *Қыр көрсетті. Жүйрік аттай ойқастап,* Құнан қойдай бой тастап, Қалмайын деп ұялып, Жан-жағын қарап, байқастап (Қыз Жібек).

Жүйрік аттай сөз бастады. *Шешендік байқатты, сөзді бірінші бастады.* Жай тастап *жүйрік аттай бастаса сөз* Өзінен өзге жанды үндетпеген. Не пайда есіл ерден тайды бақыт Бар еді әрбір кеңесі пұл жетпеген. Деміне өлшеп берген әркім мәтел Кім келіп, бұл дүниеге кім кетпеген (Базар жырау, Шығ.).

Жүйрік ат шаппаса да, қырындайды. *Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайды, кеуде болмаса да, көңіл үйреніп қалғанына басады деген мағынада.* «Қыз» деген сөз жас кезінде бозбалашылықты басынан көп өткізген Перовскийге жылы тиді ме, ол еріксіз жағасын жөндеп, тікірейген сарғылт мұртының ұшын сәл шиыршықтай әдеміледі. Генс пен Перовский біріне-бірі қарап, күліп жіберді. *Жүйрік ат шаппаса да, қырындайды* деген (І.Есенберлин, Шығ.).

Жүйрік қиял. *Асау көңіл, шартараптыкезген көңіл. Жүйрік қиял* желдей есед, күңіренеді (Б.Күлеев, Таңд.).

Жүйрік тілді. *Шешен, сөзге шебер.* Жайдары жүзді, *жүйрік тілді* айтқышсынып тұратын әдеті бар еді (М.Әуезов, Шығ.).

Көңілі жүйрік. *Білгір, алғыр, аңғарымпаз.* Базаралы мен Дәркембай, бірі үлкен, бірі жас болғанмен, екеуі бірдей ер, ер және *көңілі жүйрік* адамдар болғандықтан, кездессе, шұрқырасып табысады екен (М.Әуезов, Абай жолы.). *Көңілі жүйрік* шал бірденені сезіп қалғандай (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Көңіл жүйріктігі. *Қиялдың ұшқырлығы.* Енді, міне, қар бесіктің құндағында жатып, сана сарабына салса, тіпті де бұл ойлағандай алжыққаннан айтылған ағат сөзден гөрі, *көңіл жүйріктігімен* ертеңін болжаған қарттың ах ұрған арманға толы аманаты екен-ау (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? *Ұшқыр қиял туралы айтылады.* Шырағым-ай, *көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?* Оймен күнде барып қайтар жерім көп (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Қаламы жүйрік. *Жазғыш, шығарма шеберітуралы айтылады.* Сапарғали мен Қуат сөзге шешен, *қаламы жүйрік*, тілге бай ақындар (Е.Ысмайылов, Ақындар).

Қас жүйрік. *Нағыз жүйрік, шын мәніндегі жүйрік.* Жабы торылар додасында «қара үзіп» құлдырағандардың бәрі бірдей *қас жүйрік* санала бермейді (З.Серікқалиұлы, Алтын жамбы). *Қас жүйріктің* белгісі Құлағын тіктеп қаранған, Жарауы түсіп жануар Алдына жалғыз жан салмай, Жұма сайын жол алған. Қас сұлудың белгісі Ақ сабынмен жуынып, Түрмемен белін буынып, қиғаштап шашын таранған (Базар жырау, Шығ.).

Қашаған қуған жүйріктей. *Өз бабындағы жүйрік, қуғанын құтқармайтын аттай.* Сөйлеріне келгенде, Судағы қара сүліктей, қызыл тілім қадалған. Шабарына келгенде, *Қашаған қуған жүйріктей*, Оңды-теріс оралған (Базар жырау, Шығ.).

Қолы жүйрік. *Епті, икемді деген мағынада.* Құлағың сақ, *қолың жүйрік* жігітсің, түбі жақсы күйші сен боларсың (Т.Ахтанов, Шығ.).

Қу қанжыға жүйрік. *Жолы болмайтын, қырсыққа шалдыққыш. Қу қанжыға жүйріктен* Қаба жалды берік артық. Жылуы жоқ тымақтан Баса киген бөрік артық (Базар жырау, Шығ.).

Өзі кимес киімін кигізді, өзі мінбес жүйрігін мінгізді. *Тумаса да туғаннан артық күтті; еш нәрсесін аямады.*

Сөзге жүйрік. *Шешен, тапқыр.* Мұстафа жазық, кең маңдайлы, ақылды, зерек, *сөзге жүйрік* адам еді (М.Қаратаев, Далада).

Тұлпар туар жүйріктен. *Әр нәрсе негізіне тартады деген мағынада.* Аруана туар үлектен, Ақиық туар түлектен. *Тұлпар туар жүйріктен*, Сұңқар шығар үйректен. Өтірік тіпті айтпаймын (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Тілге жүйрік. *Сөзге шешен, шебер.* Бекбол бұрын *тілге жүйрік* болса, енді өздігімен газет, кітап оқитын да боп алған (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі). Кей жақсының мінезі Еділ менен Жайықтай, Ағып кетіп сөйлейді *Тілі жүйрік* болған соң (М.Әуезов, Таңд.).

Хатқа жүйрік. *Жазуға шебер, тез жазғыш, тез оқығыш.* Мәкен *хатқа жүйрік,* Абай сөздерін жаттап өскен (М.Әуезов, Шығ.). Қарқаралы басында жалғыз арша, *Хатқа жүйрік* сол қалқа мұсылманша (Қазақ әндері).

ЖҮЙРІК[2]: ат жүйрік. в е т. *Малда болатын төс пен төсетектің түйісіндегі шеміршек.* Төс пен төсетек бөлініп алған соң осы екеуінің түйісер жерінде *«ат жүйрік»* деп аталатын төс шеміршегі бар. Соны бөліп кесіп алып, қасапшылар үйдің есігі маңдайшасына «осы

үйдің *а т ы ж ү й р і к*» деп лақтырады (Қ.Салғарин, Қасапшылар). Жылқының төс сүйегінде де «*а т ж ү й р і к*» деп аталатын арам шеміршек болады (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖҮЙРІКТІК зат. **1.** *Ұшқырлық, шапшаңдық, озғыштық.* – Атының *ж ү й р і к т і г і н е* тым сене берме? Талай жүйріктердің де мойнына бұғау салынған (І.Есенберлин, Алмас.). Сыншылардың білгіштігі, әсіресе, аттың *ж ү й р і к т і к* қасиетін бұлжытпай айтуда ерекше көрінетін (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Бар мақтанатыны – *ж ү й р і к т і г і,* кейбір көрген адамдар бәйге атынан қалып қойған деседі (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2.** а у ы с. *Бір нәрсеге жетіктік, білгірлік, алғырлық; шешендік.* Жүз мың теңге келсе де, Махаббатын сатпаған. *Ж ү й р і к т і к п е н* шалқымай, Тура сөзді жақтаған (Абай, Тол. жин.). Көкейді тескен тірліктің білгенге мәні Көп емес пе еді? Көк мидың бір демде бәрі: «Өрісте малы, өкімі, билігі жоқтың Сүйегіндегі *ж ү й р і к т і к* кімдерге дәрі?» (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Көңіл жүйріктігі. *Көрегендік, зеректік.* Енді міне, қар бесіктің құндағында жатып, сана сарабына салса, тіпті де бұл ойлағандай алжыққаннан айтылған ағат сөзден гөрі, *к ө ң і л ж ү й р і к т і г і м е н* ертеңін болжаған қарттың аһ ұрған арманға толы аманаты екен-ау (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Сөзге [тілге] жүйріктік. *Шешендік, ділмарлық.* Қарт мұғалім, қабілетті әдебиетші Ғұмар Зарипов қара *с ө з г е ж ү й р і к т і г і м е н,* арғы-бергі әңгімелерді көп білетіндігімен жұртшылыққа мәшһүр болған (С.Сейітов, Сөз сұра.). – *Т і л г е ж ү й р і к т і к* тілмаштыққа ғана жарайды. Өлеңнің әдісін, астарын, жүрегін, миын түсіну үшін ерекше қасиеттер керек-дүр, – деді оған жазушы (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖҮЙТКУ *Жүйткі етістігінің қимыл атауы.* Көк қасқалардың бар қайраты найзағайдай жарқылдаған *ж ү й т к у л е р і н д е* ғана екен (Ғ.Мүсірепов, Өмір.). Сәуленің шектен тыс үлкен жылдамдықпен *ж ү й т к у і н* әйелдер эфирдің қара басының қасиетіне байланысты деп есептейді (А.Қалығұлов, Жарық). Күсеннің сұрауынан көрі өз ойының *ж ү й т к у* жүйесімен сөйлемекші болды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖҮЙТКІ= е т. **1.** *Заулау, зымырау, шаң ілестірмеу. Ж ү й т к і г е н* пойыздан қалмай жанталаса құстай ұшып жүгіріп келеді (І.Есенберлин, Шығ.). – Шатқалда, не қойнауда Ойыңды кім бөледі?! Жүйрік мініп, Жайлауда *Ж ү й т к і г і м* бір келеді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Ауаның тұнығына бойын малып, Келеді *ж ү й т к і п* пойыз – шойын балық. Сурет боп көз алдымнан өтіп жатыр, Өзен-тау, жота-белдер кейін қалып (Т.Айбергенов, Мен саған.). Арқалап иттік наланы, Әне ол *Ж ү й т к і п* барады, *ж ү й т к і п* барады. Ормандар ұйтқып жанады, Ауылдар ұйтқып жанады. Әне ол Жүйткіп барады, *ж ү й т к і п* барады. Күрішті дала күл болды, Құрышты диқан құл болды, Қадірлі ару тұл болды (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Сыргу, тайқу, ауысу.* Кешегі қайран сәулетің, Толықсыған дәулетің, Кең несібе нәубетің, Береке, бірлік, ұйытқылы Басыңнан кетіп *ж ү й т к і д і* (Дулат Бабатайұлы, Замана). **3.** а у ы с. *Алдына жан салмау, озық шығу.* Бұл жайды сіз естімеп пе едіңіз? Біреулер ақыл үйреткен болу керек, заңға, тегі, *ж ү й т к і п* тұр, – деп көмейін аңғартып қойды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮЙТКІТ= е т. *Зулату, зымырату.* От алған мотор ойнақтатып самолетті ілгері қарай *ж ү й т к і т е* кеп жөнелді (Ә.Нұршайықов, Махабб. жыр.). Желмен бірге азынап Асанқайғы, Желмаясын *ж ү й т к і т і п* бара жатты (Ғ.Жұмабаев, Жомарт күз).

ЖҮЙТКІТУ *Жүйткіт етістігінің қимыл атауы.* Ағытып курткесінің түймелерін Келеді самолетті *ж ү й т к і т у м е н* (А.Тоқмағамбетов, Таңд. шығ.).

ЖҮК[1] зат. **1.** *Көлікке, арбаға, түйеге, мәшинеге т. б. артылған, тиелген зат.* Әрқайсысы қырық-елу түйеге *ж ү к* артып, жүктерінің үстіне ылғи қызыл-ала текемет, кілем жапқан бай ауылдың көші екені айдан анық көрініп тұр (С.Шарипов, Шығ.). Бұл вагон 120 тонна *ж ү к к е* мыңқ етпейтін мықты екен (С.Сейітов, Жылдар.). Күн-түні бірдей жортып тоқтамайды, Жылқыдай жем-шөпті жеп отамайды. Болмайды ауыр, жеңіл артқан *ж ү г і,* Бір аймақ бір-ақ көшке көп болмайды (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Алматы Алатаудан алма ақтарып, Шымкент тұр қорғасындай салмақтанып. Үзілер *ж ү к* тиеген ауыр состав, Арасын қос қаланың жалғап барып (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2.** э т н. *Жұқаяққа, сандыққа жиылған тең, көрпежастық.* Оспан Абайдың ығына таман шалқия отырып, иығы мен басын *ж ү к к е* сүйеп, қалғып кетті (М.Әуезов, Абай жолы). Дәркембек төрде жинаулы тұрған көрпе-жастықтарды алып тастап, *ж ү к т і ң* ең астындағы кебежені ақтара бастады (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Бәйбіше ауыр денесін сәкіге әрең алып шығып, төрдегі текшелеп жиған *ж ү к т і ң* үстінен бізге арнап тағы көрпе жайды (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал). **3.** *Жиһаз, бұйым, жасау.* Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып, Бала шықса асынан үзіп-жұлып, Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес, Үйген *ж ү к т і ң* күн жағын орын қылып (Абай, Тол. жин.). **4.** а у ы с. *Қайғы-қасірет, уайым, шер.* Өзіңе сенбе жас ойшыл, Тіл өнері дертпен тең.

Көңілдің *жүгін* қиял қып, Ызаға түтқын бой мең-зең (Абай, Тол. жин.). Жаныңның ауыр *жүгі* жеңілгендей, Көңілден кернеген кек кемігендей (Абай, Тол. жин.). – Жо, Жәке, әлі жастау ғой, жеңешеме де бекер *жүк* болады (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Жас әйелмен бір үстелдің басында отыру Азаматқа оңай *жүк* емес, қысылып-қымтырылып, берекесіздену мұның қашанғы әдеті (Б.Майлин, Азамат.). **5.** а у ы с. *Талап, тілек, міндет.* Төке үндеген жоқ. Тәрбие жөнінде әңгіме орынды басталды. Ауылдағы жетім-жесірдің колхоз басшысына артатын *жүгі* үлкен (М.Дүзенов, Әке.). Өмір – сайыс, *жүгі* ауыр көш екен, Қадір білер бауырымды дос етем. Бала күнде әжем маған көп айтқан «Дүние кезек» дегендері осы екен (К.Салықов, Жезкиік). Бар жазығым, ханның қызы-ау! Сыбызғым ба түнде тартқан? Қанша жасап ол кесірді, Саған ауыр *жүгін* артқан (О.Шипин, Дастан.). **6.** а у ы с. *Салмақ, ауыртпалық.* Қапқа салып арқаласаң – құм да *жүк*, Мұң да сондай, бірақ байғұс жырға азық. Көпестей боп көріндім бе көксақал, Құрбашыдай көріндім бе ұрда жық? (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Сен тартқан салмақ көп, білсем, *Жүк* бар ма сенің *жүгің дей*. Әйтеуір келіп жеттің сен Бүгінге белің бүгілмей (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Арқадан жүк түсті. *Міндеттен құтылды, босады.* Шықты алдан тайға бұлағы, *Жүк түсті* зілдей *арқадан*. Іздеуші келе құлады Оқ тиген жандай шалқадан (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Біреуге [біреудің үстіне] жүк болмады. *Салмағын салмады, ауыртпалығын түсірмеді.* Рахымжан үйінен келіп тұрған азғантай ақшамен күнін көріп тұрады екен, осы жағын ойға алып, *біреудің* үстіне *жүк болмайын* деп ойлалы Бекболат (С.Шарипов, Бекболат).

Елдің жүгі. *Парыз, міндет.* Арғы атаң сенің Нарынбай, Кең қолтық ұзын қарымдай, *Елдің жүгін* көтерген Ақ өңеш шөңгел нарындай (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жүк арба. *Жүк тиейтін арба.* Енді бір атты *жүк арбаға* жегіп, бір арбаға өгізді жегіп, екі атты салт күйінде қалдырды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жүк артқан көк есектей болды. *Әбден титықтады, қиналды.* Киізге тіккен майы мен төсек-орнын өзі арқалады, оның үстіне қарындасын мінгізді. Қартқожа *жүк артқан көк есектей болды* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүк [иығына, мойынға, жүрекке] артты. *Талап қойды, міндет жүктеді.* Тәкежандар кеңесі Абайға екі түрлі талап қойып, *жүк артқан* (М.Әуезов, Абай жолы). Бүгінгі жиналыс әркімнің *иығына* ауыр *жүк артқандай* бәрі де үнсіз, ой үстінде тарасқан еді (Адам және химия). Бір өзі он дивизия *жүгін артып*, Деместен «болды Отаным мұның артық». Бұл шақта сағат түгіл, минут та жоқ, Азынап соғыс шегін жатыр тартып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Оның бәрі енді артта, – Керегі жоқ ah ұрып. Өзіңе өзің *жүк артпа*, Арттағыны шақырып. Аз қалса да алдағың, Артық болар көруге, Бармай тұрып қармағың Су түбіне шөгуге (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Туды десе оны мәулет тойында, Ешбір күмән мекен таппас ойымда. Жеті жаста бата беріп Арыстан баб, Иман жолы *жүгін арттым ойынға* (К.Салықов, Жезкиік). Несіне? Несіне мен? Несіне мен? Жазды екем жанды қинап есіл өлең?! *Жүрегіме жүк арттым* несіне мен, Жүре бермей өмірдің көшіменен? (М.Мақатаев, Шығ.).

Жүк басты болды. *Жүк азабын көп тартты, жүктен әбден қажыды.* Денесі жапырайған, *жүк басты болған* жапырақ өркеш, ақ қаптал, өмірінде шыр бітпеген оқпақ қоңыр түйе тәрізді (С.Сейфуллин, Әңгім.).

Жүк жылқысы. м а л ш а р. *Жүк тасымалдау үшін арнайы өсірілетін жылқы тұқымы.* Ұзақ уақыт күту, сұрыптау, іріктеу арқылы шығарылған. Жүк тасуға және ауылшаруашылығында пайдаланылады. *Жүк жылқысының* ТМД аумағында кеңістік, владимир, орыс, першерон, арден, ал өзге шет елдерде шайр, бретон, т.б. тұқымдары өсіріледі (ҚҰЭ).

Жүк көлігі. *Зат тасу үшін пайдаланатын шаруашылық малы (түйе, ат, өгіз).* Қырғыз Борамбай Мұзарт асуымен өтуді лайық көреді. Бұл жолдың ерекшелігі – керуеннің, *жүк көлігі* мен малдарына көш жолы жайлы (С.Бегалин, Шоқан асу.).

Жүк көрмеді. *Елемеді, мән бермеді.* Өзге *жүк* көңілден тасталып, Жаттықсам өзімді басқарып: Егесім ел үшін болған соң, *Көрмедім* біреуден жасқанып (К.Салықов, Жезкиік).

Жүк мәшинесі. *Әртүрлі жүктер тиейтін, таситын борты бар мәшине.* Түс қайта селоның кірер аузына екі жеңіл, он шақты *жүк мәшинесі* келіп тоқтады (Ө.Қанахин, Ауыр күн.). Үй бұйымдарын артқан *жүк мәшинесі* мұның қасынан өтіп, жуырда ғана біткен көрші үйдің алдына келіп тоқтады (С.Шаймерденов, Мезгіл.). Қазақстанның және қазақ халқының тарихына жақсы қанық, ескі аңыз-ертегілерді көп білетін ол кейде *жүк мәшинесінің* үстінде селкілдеп отырған жолдастарына тамаша әңгімелер шертетін (Қаныш аға). «Күн ыстық, жолды көтере алатын емеспіз, енді пойызға мінсек пе деп тұрмыз», – деп, сол станцияның басындағы бір қазаққа астындағы атын арзан бағаға сатып, Ташкентке қарай ағыл-тегіл жүріп жатқан *жүк мәшинесінің* біреуіне мінген (І.Есенберлин, Шығ.).

Жүк тасқынының әркелкілік коэффициенті. ф и з. *Жүк тасқыны шамасының ауытқуын сипаттайтын сандық көрсеткіш.* Ауысымішілік *ж ү к т а с қ ы н ы н ы ң ә р к е л к і л і к к о э ф ф и ц и е н т і* – белгілі бір уақыт аралығындағы жүк тасқынының ең көп шамасының ауысымдағы жүк тасқынының орташа шамасына қатынасы (Қаз. тілі термин. Кен.). Іс жүзінде көбіне сағаттық *ж ү к т а с қ ы н ы н ы ң ә р к е л к і л і к к о э ф ф и ц и е н т і* қолданылады; ол 1 сағат ішіндегі жүк тасқынының ең көп шамасының орташа сағаттық жүк тасқыны шамасына қатынасына тең (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жүк тасқынының біркелкі болмау коэффициенті. ф и з. *Жүк тасқыны шамасының тұрақсыздығын сипаттайтын сандық көрсеткіш. Ж ү к т а с қ ы н ы н ы ң б і р к е л к і б о л м а у к о э ф ф и ц и е н т і* белгілі бір уақыт ішіндегі жүк тасқынының ең жоғарғы көрсеткішінің оның ауысым бойынша орта көрсеткішіне қатынасымен анықталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Арқадан жүк түсті. *Міндеттен құтылды, босады.* Алабұртып жүрегім, *А р қ а м н а н* бір *ж ү к т ү с і п*, Қара тасқа сүйеніп, Қалғып кеттім бүк түсіп (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Қыздың жүгі. э т н. *Ұзатылатын қыздың жасауы.* Артынан *қ ы з д ы ң ж ү г і* келді (Ауызекі).

Нар көтерер жүк. *Адам айтқысыз ауыр, салмақты зат.* Сабыр қыл, інім Төребай, Билігің бар дауға сай. Ерлігің бар жауға сай, Басынан бұлт аспайтын Абылайдың тауындай. *Н а р к ө т е р е р ж ү к* болды Бұлтқа кіріп тұрғандай, Төбеден ауып күн мен ай. Ысқақ мырза аттанды Он сегізде жасында-ай (Базар жырау, Шығ.).

ЖҮКАҒАШ з а т. э т н. с ө й л. ***Жүкаяқ***. Күйеуі Жаухазды өлімші ғып сабап тастады. Жаухаз ыңыранып, сүйретіліп барып *ж ү к а ғ а ш* пен кереуеттің бұрышына тығылды (Ә.Тарази, Асу.). Төрде төсек жаюлы, әкем екеуміздің басқаның бәрі жатып қалыпты. Жасыл жастығы шошайып *ж ү к а ғ а ш т ы ң* үстінде тұр (Б.Аманшин, Көкжар).

ЖҮКАЙНАЛЫМ з а т. э к о н. *Көлік жұмысының негізгі көрсеткіші, көлікпен тасылатын пайдалы қазылымның немесе тауқыныстың көлемі. Ж ү к а й н а л ы м* уақыт мөлшеріне қарай: ауысымдық, тәуліктік, айлық, жылдық *ж ү к а й н а л ы м ы н а* бөлінеді (ҚҰЭ). Көлік құралын дұрыс таңдау *ж ү к а й н а л ы м н ы ң* барынша жеделдеуіне мүмкіндік береді (ҚҰЭ). *Ж ү к а й н а л ы м ы н ы ң* көлемі тасымал қашықтығымен және белгілі бір уақытта тасылған жүктің салмағымен өлшеніп, тонна-километрмен есептеледі (ҚҰЭ). *Ж ү к а й н а л ы м ы* көлік түрлеріне қарай ажыратылады: автомобиль көлігінің *ж ү к а й н а л ы м ы* – жүк таситын автомобиль көлігі жұмысының көлемі, ол бір сапарда тасылған жүкті сапар қашықтығына көбейтіп, кейіннен барлық сапарлар бойынша тасылған жүктердің көлемін қосу жолымен айқындалады (ҚҰЭ).

ЖҮКАЯҚ з а т. э т н. *Жүк астына қоятын төрт аяқты ағаштан жасалған бұйым.* Есікке қарсы төрде кішкене *ж ү к а я қ т ы ң* үстінде екі ескі сандық, үйдің қалған жерінде бөтен еш нәрсе жоқ (М.Әуезов, Қараш.). Сонау адалбақанның, төрдегі кебеже, *ж ү к а я қ т ы ң* беттеріне ойып салған өрнектер, қондырған сүйектер сонша нәзік, сонша әдемі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Оң жақ қабырғаға тірей қойылған *ж ү к а я қ т ы ң* үстіне қатар-қатар тақталай жиылған көрпе, қызыл жібек қозы көпшіктер көздің жауын алып тұр (М.Сүндетов, Ескексіз.). *Ж ү к а я қ* – дәстүрлі қазақ қоғамында қолданылған, сандықтың астына қойылатын жиһаз. Ағаштан жасалады, төрт аяғы болады (ҚҰЭ).

ЖҮККӨТЕРГІШТІК з а т. т е х. *Көлік құралының белгілі бір жағдайда бір амалда көтере алатын, орнын ауыстыра не таси алатын қабілетін сипаттайтын өлшем. Ж ү к к ө т е р г і ш т і к* көлік құралының техникалық және пайдалану сапарларын толық сипаттайтын өлшем (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖҮККАП з а т. *Матадан істелген шағын қап.* Пақырдың сорына бір күні кешкұрым Брянскідегі баласына бір жылға кеткен шалымыз келіп түр. Қолында алып кеткен көнетоз *ж ү к қ а б ы* («Қаз. әдеб.»).

ЖҮККҰЖАТ з а т. э к о н. *Бухгалтерлік есеп құжаты.* Құны шот-фактура бойынша төленгенге дейін немесе төленгеннен кейін тауар сатушыдан сатып алушыға осы *ж ү к қ ұ ж а т* бойынша табысталады (ҚҰЭ). *Ж ү к қ ұ ж а т т а* тауардың түрі, саны, бағасы, құны көрсетіледі. *Ж ү к қ ұ ж а т қ а* табыстаушы және қабылдаушы тараптардың қолдары қойылады, ол тауарларды қоймаға кіріске алу және есепке қою үшін негіз болып табылады (ҚҰЭ).

ЖҮКСАЛҒЫШ з а т. т е х. *Жеңіл мәшинеңің жүк салуға арналған бөлігі.* Төртпақ, қара бұжыр жүргізуші артқы *ж ү к с а л ғ ы ш т ы ң* қақпағын көтеріп, Қалихан ішіне еңкейе үңілген (Б.Қойшыбаев, Алтын.).

ЖҮКСІЗ с ы н. *Жүгі жоқ, бос. Ж ү к с і з* арба үй алдына таңқылдап келіп тоқтай қалды. Арбадан секіріп түсіп, үйге ұмтылдық (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Мұндай жерлерден өткенде *ж ү к с і з* қол шананың салмағының өзі ауырлай түседі (Ә. Нәбиев, Ауыр апта).

ЖҮКТЕ= е т. **1.** *Жүк арту, тиеу.* Бригадир шал үнсіз бидай қаптауға кірісті. Түйелерді *ж ү к т е п* болған соң, мен оңаша шыққан жеңешеме манағы ойымды айттым (Н.Сералиев, Қанат.). Еліңді *ж ү к т е й т ұ ғ ы н* бір түйең жоқ,

Мойныңды қамыт пенен арба кескен. Башеннің шаңдатады тай-құнаны, Үстіңнен шөлейтті деп баса көшкен (Айтыс). Қарынбайды жер жұтты Мың атанға сарайдың Кілтін теңдеп *жүктеген*, Асыл туған азамат, Бір құданы ойлаңыз, Ажал өлім келген күн Неше, неше адамдар Қараңғы жерге көлбеген (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Алдыңғы аттың бәйгесі: Мың ала бас қой тігем, Жылқы малдан жүз тігем, Түйе малдан мың тігем, Ділдә менен жамбыдан Он түйе жүк пұл тігем. Асқа келген адамға Атына *жүктеп* пұл берем (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с *Міндеттеу, тапсыру*. Оның осы зеректігіне сүйеніп Сейдахмет төл алу кезінде бар ауыртпалықты Нұрманға *жүктейді* (С.Бегалин, Уақыт.). Қараменді суға кішірек қайығын түсірді. Бимендіге көлікке ие болуды *жүктеді* (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Жатқандар анау жасантып жапан сауырын Қимасым менің, сырласым менің, бауырым. *Жүктеді* маған кетер деп бүгін дәуірім Бүгінгі түн мен ертеңгі таңның ауырын (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жауапкершілік [міндет] жүктеді. *Сенім артты, сеніп тапсырды*. Бұл шындықтың университеттегі әрбір ұстазға да, шәкіртке де айрықша *жауапкершілік жүктейтіні* сөзсіз (Біздің Мұхтар).

Жүктейтін модуль. и н ф. *Байланыс түзету кезінде біркелкі (операциялық жүйеде қабылданған) пішімде алынған салыстырмалық адрестерде берілетін бағдарламалық модуль* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктейтін модульдердің кітапханасы. и н ф. <ағыл. load module library> Компьютерлердің бірыңғай жүйесінде – *жүктейтін модульдерді* сақтауға арналған *кітапхана* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктейтін сектор. и н ф. *Бірінші секторлық нөлінші бетіндегі нөлінші сызықжолы. Жүктейтін сектор* жүктемелеуіш (жүйкілік) дискінің бұл жерінде операциялық жүйені жүктемелейтін бағдарлама орналасады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Қанын жүктеді. *Біреуді өлтірді, күнәға батты*. Ел Мәшһүр кісі *қанын жүктеп*ті дегенге нанар емес (Д.Әбілев, Арман.). Сонда бір кісі өз мойнына бірнеше ондаған мың адамның *қанын жүктегенін* білді ме екен халық (Н.Баяндин, Құм асты.). Неге бүктейміз? Неге үптейміз? *Қанын* адамның Неге *жүктеймі*з?! Неге ішеміз? Неге пішеміз? Ердің соңына Неге түсеміз?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). – О, Құдай, оның бетін ары қылсын. Байғұстың *қанын жүктеп* жүрер ме екеміз?! (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Міндет жүктелді. *Сеніп іс тапсырды, сенім білдірілді*. Өзіне *жүктелген міндетті* дұрыс ұғыну қиын нәрсе, ал оны қалтқысыз атқару – одан да қиын (Қаныш аға).

Сенім жүктеді. *Сенім білдірді, сеніп іс тапсырды*. Шаруашылықтың мүмкіндігін саралап ойлана келе, колхоз басшылары комсомол ұйымына, оның секретары Қайым Әбілдаевқа үлкен *сенім жүктеді* (Ә.Ибрагимов, Нағыз қайнар).

Хақын жүктеді. *Обалына қалды, әділдіктен тайды*. Жаны қас деп айтамыз – Пара жеуге ептесе. Тек тұрғаның көп артық Әкім болған күнінде Халықтың *хақын жүктесе*. Таңда маһшар күнінде Әкімдерге о да борыш Пақыр ісін күтпесе (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Әкім болсаң – әділ бол, Мәртебеге жетерсің. Егерде ғаділ болмасаң – *Хақын жүктеп* біреудің Ахиретке кетерсің (Кердері Әбубәкір, Қазағым.).

ЖҮКТЕЙ с ы н. *Жүк сияқты, жүк тәрізді*. О, ғажап! Өзіңбісің Көкше деген?! Тастарын жиған *жүктей* текшелеген. Бурабай Оқжетпесті өкшелеген, О, ғажап! Өзіңбісің Көкше деген?! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖҮКТЕЛ= е т. **1.** *Жүк арттырылу, тиелу*. ≈ Түйеге *жүктелді*. **2.** а у ы с. *Міндеттелу, тапсырылу*. Уақытша бригаданы басқару Ибрагимге *жүктелді* (Е.Қалиев, Рудный.). Өйткені елді басқару елдің өзінен шыққан адамдарға *жүктеледі*, ал елдің оқу-білім дәрежесі әзірге қауырт өсе қойған жоқ, өсе қоятындай уақыт та, жағдай да бола қойған жоқ (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). МТС директорына трактор, машина, грейдер бөлу *жүктелді* (Б. Тоғысбаев, Алдыңғы.). Егер Үкімет және оның кез келген мүшесі өздеріне *жүктелген* міндеттерді одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп есептесе, олар Республиканың Президентіне өз орнынан түсетіні туралы мәлімдеуге хақылы (ҚР Конституциясы).

Жүктелетін қаріп. и н ф. <ағыл. loadable font> *Баспа құрылысының немесе дисплейдің таңба генераторының жадына бағдарламамен жүктелетін бедер-белгілер кескіні (әдетте, растр матрицалары түрінде)* (Қаз. тілі термин. Информатика).

ЖҮКТЕЛУ *Жүктел етістігінің қимыл атауы; міндеттелу, тапсырылу*. – Мырзаш, біз жас емеспіз. Қазір біздерге үлкен міндет *жүктелуде*, – деп бастады сөзін Жұмабек (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖҮКТЕМЕ з а т. **1.** *Тапсырма, міндеттеме*. Баяндамашы мен жарыс сөзде сөйлегендер мұғалім *жүктемесінің* аса көптігі туралы әңгіме етті («Қазақст. мұғ.»). **2.** *Еңбекақы мөлшеріндегі сағат (жұмыс)*. Методикалық

қабинеттің меңгерушісінен бастап әрбір методиске өзінің кәсіптік мамандықтары мен қосымша қабілетіне сәйкес еңбек *жүктемелері* берілген («Қазақст. мұғ.»). Аудандық халың ағарту бөлімі оған кейбір мұғалімдерге *жүктеме* болмай қалғанда немесе *жүктемедегі* сағат саны аз болғанда ғана назар аударады («Қазақст. мұғ.»). **3.** т е х. *Қажетті бөлшек.* Ең оңай фильтр *жүктемеге* жалғанған конденсатор болып табылады (Физика.). **4.** и н ф.<ағыл. load> *Жүйенің жұмыспен жүктелу сипаттамасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктеме коэффициенті. и н ф. <ағыл. load factor> *Желідегі ең үлкен жүктеменің белгілі бір уақыт аралығында графиканың орташа жүктемесіне қатынасы* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктемелерді үлестіру. и н ф. <ағыл. load sharing> *Оңтайлы жүктеудің белгісі бойынша есептеу желісінің бөлімдерінің арасында олардың әрқайсысына жалпы жүктемелерді үлестіру.* Диспетчерлік әдіс *жүктемелерді үлестірудің* кең тараған әдістерінің бірі болып саналады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктемені басқару. и н ф. *Операциялық жүйелерде – мәселенің активтілігі мен жүйе жүктемесінің өзгеруін ескере отырып, ресурстарды қайта үлестіруден тұратын ресурстарды басқару бағдарламасының қызметі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖҮКТЕМЕСІЗ с ы н. *Жүктеме алмаған, жүктемесі жоқ.* Сондықтан менің пікірім: орта мектептердегі комсомол ұйымының секретарьлары сабақ *жүктемесінсіз*, жалақылы штатпен қызмет атқарса екен демекпін («Лен. жас»).

ЖҮКТЕМЕЛІК с ы н. *Жүктемеге тән, жүктемеге қатысты.* ≈ *Жүктемелік* үлес.

Жүктемелік модуль. и н ф. <ағыл. load module> *Берілген операциялық жүйеде бірыңғай қабылданған пішімдегі байланыстарды редакциялау кезінде объектілік модульден алынған салыстырмалы адрестердегі бағдарламалық модуль* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктемелік сынау. и н ф. <ағыл. volume tests> *Есептеуіш жүйенің қабілетін тексеру; нақты уақыт режімінде терминалдармен орындалатын алмасу санының нақты күтілген максимумға жететіні немесе одан асатыны анықталады* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖҮКТЕН= е т. *Алу, қабылдау.* Тұрақты жалғыз тұлға – редактор, өмірдегі барша шындықты көбімізше көріп-білсем дейтін ортақ ойдың өкілдігін *жүктенген* бейне (Х.Ергалиев, Күн күмбез).

ЖҮКТЕНУ *Жүктен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Ауыр *жүктену.*

ЖҮКТЕТ= е т. **1.** *Тиету, арттыру.* Әсемдеген боз үйдің Керегесін бүктетіп, Қызыл нарға *жүктетіп*, Қия баспай бой шешіп (Манас). **2.** а у ы с. *Міндеттеу, арту.* Кісіге сідет *жүктетпей*, Еңбекпен тапқан қоректі. Біреудің қылған қарызын Айтқызбай артық төлепті (Абай, Тол. жин.).

ЖҮКТЕТУ *Жүктет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Міндет *жүктету.*

ЖҮКТЕУ *Жүкте етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жүк тиеу, арту.* Мәшинеге сексеуіл *жүктеу* жұмыстары жүргізілмелі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **2.** и н ф. <ағыл. load loading> *Мәліметтерді процессор операцияларында тікелей пайдалану мақсатымен оларды дискілерден (мәлімет тасушытан) негізгі жедел жадқа немесе негізгі жадтан регистрлерге жіберу* (Қаз. тілі термин. Информатика.). **3.** а у ы с. *Міндеттеу, тапсыру.* Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін *жүктеуге*, қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға жол берілмейді (ҚР Конституциясы). Басқарма бастығы бұл істі сізге *жүктеуді* ұйғарды (К.Тоқаев, Түнде.).

Бағдарлама жүктеу. и н ф. *Бағдарламаны сыртқы жадтан негізгі жадқа жазу* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Байланыс торабымен жүктеу. и н ф. <ағыл. downline loading> *Бағдарламаларды немесе мәліметтерді бас компьютерден бағыныштық компьютерге немесе терминалдық жабдықтарға жіберу.*

Басқаруды жүктеу. и н ф. <ағыл. control loading> *Басқару мәліметтерін арнайы жадқа жазу* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Бастапқы жүктеу. и н ф. *Құрылғының берілген жағдайда өздігінен өтуіне мүмкіндік беретін процедура, операциялық жүйенің бастапқы бөлігін жүктеу процедурасы. Бастапқы жүктеу* – жүйе жұмысын өз басқаруымен жалғастыра алады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Блоктық жүктеу. и н ф. <ағыл. block loading> *Жадты болу және мәліметтерді енгізу блоктап орындалынатын жүктеудің бір түрі* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Динамикалық жүктеу. и н ф. <ағыл. dynamis program loading> *Негізгі жадқа бағдарлама тұтасымен жазылмайтын бағдарламаларды жүктеу тәсілі. Динамикалық жүктеу* жадта жоқ модульдер қажет болған

кезде біртіндеп жүктеледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жауапкершілік жүктеу. *Сенім арту, міндеттеу.* Әр талантты өз мезгілінде тану қажет. Бұл бәрінен бұрын сол талантқа үлкен *жауапкершілік жүктеу* деген сөз (І.Омаров, Серпін).

Жүйені жүктеу. и н ф. *Жүйе модульдерін сыртқы жадтан негізгі жадқа жазу* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктеу режімі. и н ф. <ағыл. load mode> *Мәшинелік сөзінің ұзындығы айнымалы компьютерлерде – мәліметтермен бірге кейбір шектеуіштері қоса берілетін мәліметтерді жеткізу режімі* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Жүктеу уақыты. и н ф. <ағыл. load time> *Бағдарламаны дискіден оқудан бастап, оны атқаруды бастағанға дейінгі керекті файлдарды орналастыруға кететін уақыт* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Мәліметтер базасын жүктеу. и н ф. <ағыл. database load> *Мәліметтерді мәліметтер базасына жазу* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Сұраныс бойынша бетті жүктеу. и н ф. <ағыл. demand paging> *Дискі беттерін қажетіне қарай негізгі жадқа жіберуге арналған виртуал операциялық жүйенің механизмі* (Қаз. тілі термин. Информатика).

ЖҮКТЕУЛІ с ы н. *Міндеттеулі, тапсырулы.* Бұл сәтке дейін Мартен өзіне бұрыннан *жүктеулі* жұмысын атқара беруге тиіс (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.).

ЖҮКТЕУІШ з а т. <ағыл. loader> *Жүктейтін, міндеттейтін бағдарлама. Жүктеуіш* – байланыстарды редакциялайтын және объектілік бағдарламаны негізгі жадқа жүктейтін өңдеуіш бағдарлама; дискідегі (сыртқы жад) мәліметтерді компьютердің жедел жадына жүктеу бағдарламасы (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Абсолютті жүктеуіш. и н ф. <ағыл. absolute loader> *Объектілік модульді негізгі жадқа белгіленген адрестермен орналастыратын жүктеуіш* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Байланыстырушы жүктеуіш. и н ф. <ағыл. linking loader> *Сәйкес сыртқы сілтемелерді есептеп, объектілік модульдерден біртұтас жүктеуіш модульді қалыптастыратын жүктеуіш. Байланыстырушы жүктеуіш* – бағдарламаны жадтың кез келген аймағына жүктеуге мүмкіндік беріледі (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Баптаушы жүктеуіш. и н ф. <ағыл. relocating loader> *Объектілік немесе жүктеуіш модулінде оны белгілі адреске орналастыруда адрестерді өзгертуге арналған жүктеуіш* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Енгізуге дейінгі жүктеуіш. и н ф. <ағыл. bootstrap loader> *Енгізуге дейінгі бағдарламаларын жүктеуге қолданылатын машиналық амалдарды қамтитын стандарттық бағдарлама* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жүйкелік жүктеуіш. и н ф. <ағыл. system loader> *Бастапқы жүктеуіш бағдарламасы ұғымымен пара-пар* (Қаз. тілі термин. Информатика).

Жылжытқыш жүктеуіш. и н ф. *Бағдарламаны жүктеумен қатар компьютер жадында оны басқа орынға ауыстыруды орындайтын жүктеуіш* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Операциялық жүйені жүктеуіш. и н ф. <ағыл. operating system loader> *Системалық дискінің boot – секторында орналасқан операциялық жүйені жүктеу бағдарлама* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

Семантикалық жүктеуіш. и н ф. <ағыл. semantic loader> *Кіру тілінің семантикасы сипаттамасын семантикалық кестеге түрлендіруге арналған гипотетикалық әмбебеп компилятордың компоненті* (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖҮКТІ с ы н. **1.** *Жүк артылған, жүк салынған, жүк тиелген. Жүктілер* түйелердің екі жағы, сол үлкен қара жамылшыларымен баяу ғана желпіне түсіп, өзгеше бір ауыр тыныс алып келе жатқан тәрізді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ал теңізде толқын болса, ауыр *жүкті* машина өткенде мөңкіген жүзбелі көпірдей толқып, кешке жанған алыстағы оттай алаулайды (Ә.Нұршайықов, Батыр.). **2.** а у ы с. *Екіқабат, аяғы ауыр.* «Рабиға *жүкті* болып қалған екен», – деген өсек өрттей дулап тұтанып, елге жайылып жүре берді (Б. Майлин, Шығ.). Кеткенде Иран елін Пышан жаулай, Көрініп өзіне-өзі асқар таудай. Қатыны *жүкті* қалған туды бір ұл, Түс-түрі бір албасты жыннан аумай (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Аяз қарып, аптаптың жандыруы-ай, Бірі шаттық, бірі мұң қалдыруы-ай. Не туары белгісіз *жүкті* әйелдей, Не болары белгісіз тағдырым-ай! (М.Мақатаев, Шығ.). Алайда халық қайраты Тасқын сумен тең еді. Жаңыл сұлу *жүкті* боп, Қалды ауырлап жұмыстан (О. Шипин, Дастан.).

ЖҮКТІЛІК з а т. **1.** *Екіқабаттық, аяғы ауырлық.* Жеңешемнің *жүктілігіне* қарамастан, жұрт оны колхоз председательдігіне ұсынды (М.Дүзенов, Ақәже). **2.** ф и з и о л. <лат. graviditas> *Ұрықтанған жұмыртқа жасушаның жатыр қуысында дамуы. Жүктілік* ұрықтанудан басталады. Ұрықтанғаннан кейін зиготаның бөлшектенуі, яғни бластомерлер (жұмыртқа клеткасы бөлінген кезде түзілетін

клетка бөлшектері) пайда болады (ҚҰЭ). *Жүктілік* кездегі жатын қабырғасында клетканың ұзындығы 500 микронға жетеді (Қ.Нұрматжанов, Гистология).

ЖҮКШЕ үс т. *Жүк сияқты, жүкке ұқсап.* Ақ қайыңдарды шанадан тез-тез түсіріп, ретімен *жүкше* жинадық (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). Дәкеңнің қыз боп жазған өзі-ақ шығар, Тайлаққа аударылып артқан *жүкше*. Қыз айтса, құр келемеж еткен екен, Кеткендей Қоренді алдап Қыз Жібекше (Айтыс).

ЖҮКШІ з а т. *Жүк артушы, жүк тиеуші адам,* Мәмбет көршіліктің үстіне байдың қорасындағы *жүкші* болды (І.Жансүгіров, Шығ.). Ол *жүкші* болып, краншы болып, геологиялық, экспедицияда жұмысшы болып, өмірдің ащы-тұщысының дәмін татып, қазақ жерін шарлап жүр (С.Мәуленов, Үркер). Өскемен қаласының *жүкшілері* қабырғасын қайыстырып алтын қазынасын көтеріп, өзенмен жан-жаққа жөнелтіп жатты («Соц. Қаз».).

ЖҮКШІЛІК з а т. *Жүкшінің қызметін атқарушылық, жүкші болушылық.* Мен сені *жүкшілікке* орналастырайын (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Нәрлі тобы базарды ұзақ аралады. Жуан да тәпелтек Оқас қойшыны бұлар әдейі *жүкшілікке* әкелген тәрізді (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖҮЛГЕ з а т. *Кішірек келген сай, жыра, өзек; жылға.* – Мыс қазған жерлер доғадай иіліп, шұбатылып жатыр, тегі топырағы жұмсақ *жүлгелерді* қуалай қазған болу керек (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Бұлар біртіндеп құрала келе бес үй болып Аққұдықтың *жүлгесіне* қоныс алды (Б.Майлин, Шығ.). Қара бұлттай қап-қара Қаратау тұрды көлденең. Ат оттайтын бұлақты, Қарадым жайды *жүлгеден* (О.Шипин, Дастан.). Алтын үкі былғақтап, Былғақтаса, күй қаптап, Ақ саусағы бұлдырап, Ақ моншағы сылдырап, Қара көзі мөлдіреп, Кекіл шашы желбіреп, Қыпша белі бұралып, Қиғаш қасы – бір әліп, Қыз Раушан – қызыл тал, Өзі сері, өзі сал, Ықыластың күйлерін Қар суындай *жүлгенің* Жүйіткіткенде, жүйенің Бәрі босап, балқыды-ау, Шабыт шіркін шалқыды-ау! (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖҮЛГЕ-ЖҮЛГЕ с ы н. *Сай-сай, өзек-өзек, жылға-жылға.* – Соғыстың, – деді, – екі күн қысаң жерде, Ата, ағам, шаһит болды жүртпен бірге Бір едім жасырындым қашқан аңдай, Бұқбақтап жерлерменен *жүлге-жүлге* (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЖҮЛГЕЛЕ= е т. *Жүлге бойымен жүру, жағалау, бойлау.* Табан астынан қайнап аққан Қошқаратаның бұлағы бар көшені *жүлгелеп,* мөлдірдей суымен жеміс бақшаларын аралап өтіп жатыр (А.Тоқмағамбетов, Шәңгек). Ауыл тау іргесінде. Аз ілгерілеген соң, Жоңғардың жақын бір сайын *жүлгелеп* кеттік. Тау іші тұнған сурет (Б.Нұржекеев, Күй толғақ). Оң жақта тауды *жүлгелеп* аққан терең бұлақ (Ж.Аймауытов, Шығ.). Олар орындарын қозғалып, кертештен кертешті да *жүлгелей* жөнелген-ді (Ғ.Сланов, Шалқар).

Жүлгелеп айтты. *Жүйелеп айтты, саралап айтты.* Шыңбай әңгімені *жүлгелеп айтады* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖҮЛГЕЛЕН= е т. *Жүлге-жүлге болу, салалану.* Қыстақ тым биікте тұр. Төменде ұшықиыры жоқ ұлан-ғайыр бір жазық мұнартады. Одан әрі *жүлгеленіп* жатқан тағы да бір тау жоталары (С.Шаймерденов, Мінез).

ЖҮЛГЕЛЕНУ *Жүлгелен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Бұлақтың *жүлгелену*і.

ЖҮЛГЕЛЕС с ы н. *Қатар жатқан, салалас.* – Қонағым, менің бұл совхозға көшіп келгеніме бес жыл болды. Біздің ата қонысымыз Шыңғыс тауымен *жүлгелес* Абыралы, Дегелең таулары болады (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖҮЛГЕЛЕУ *Жүлгеле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сайды *жүлгелеу.*

ЖҮЛГЕЛІ с ы н. *Жүлгесі бар, жүлгесі көп.* Төңірек тегіс шоқы-шоқы, белес-белес. Қырқалардың арасындағы тарам-тарам *жүлгелі* өлке бойы көк шалғын (М. Мағауин, Ақша қар).

ЖҮЛГЕ-ТАМЫР з а т. *Жүйке-жүйке, қан тамыры.* Қайран көктем, менің туған нағашым, Қартайсам да еркелетіп бағасың. Тағы да сен ескі *жүлге-тамырда* Қанды қозғап, шымырлатып барасың (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖҮЛДЕ з а т. <франц. prix> *Бәйге, сыйлық.* Сондықтан Горький атындағы санаторийдің карнавалында бірінші *жүлдені* оған тартады (Қаныш аға). Бәйгеден келген кезде кең көсіліп, Жүйрікке неге *жүлде* бермесін жұрт. Жалыңды тарап сұлу наз айтқанда Басыңды тыңдаушы едің сен де шұлғып (Қара өлең). *Жүлделер* көп еді ғой біз алатын, Қару ек қорғандарды бұза алатын, Топ жарып, той бастайтын жігіт қайда, Қыз қайда оны көрсе қызаратын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Бұдан басқаны айтпағанның өзінде, халқымыздың ел атын шығарар атақты үлкен тойлардағы бәйгеге берілер ең кәделі *жүлденің* басын қалы кілем жабылған қатепті қара нарға бастататыны анық та айғақты дәлел бола алады (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

Жүлде алды. *Топтан озып, бәйге алды.* Сәрсенбин Рахым ақсақалдың оюлары бірнеше рет одақтық көрмелерде *жүлде алды* (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Драматург ол кезде Ленинградта, *жүлде алғанын* білмесе

керек, бір күні Әлкей Марғұлан бастаған бір топ қазақ жастары Мұхаңнан сүйінші сұрап, той жасатады (Біздің Мұхтар). Жігіт атқа қона ала ма бағы артпай, *Жүлде ала* ма ақын шашын ағартпай. Жетісудың Сүйінбайы, Жамбылы мен Кенені, Атпен келді Алматыға таң атпай (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Жүлдені алған* ол бұрын, Жүйрігім еді жоқ теңі. Өмір-ау, сенің өндірің, Талантты сондай көп пе еді?! Талантты сондай көп пе еді?! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жүлде бермеді. *Дес бермеді, алдына жан салмады.* Кесу үшін алпыс жылдық шынарды Алты-ақ минут керек екен балтаға. Тұяғымен дастан шертіп, күй құрап, Өмірінде баспастан жай бүлкілге, Мың күн *жүлде бермей* келген жүйрік ат. Бағы тайса, ақсап қалар бір күнде (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жақсы ақынның табиғаттай досы көп, Біз өлеңде ағаіні боп өсіп ек. Бар тілегім – *жүлде бермей* Жамбылдай, Жүзге дейін шаң боратып жосып өт! (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жүректерге жүлде салды. *Көптің көңілінен шықты, көзге түсті.* Мал да зорлық көріпті, Сұлулардай Қарғап өткен көрікті. *Жүректерге жүлде салған* жануар, Бір сотқардың Сойылынан өліпті (Қ.Салықов, Жезкиік).

ЖҮЛДЕГЕР з а т. *Жарыста озып шығып, жүлделі орынға ие болған адам.* Ғұсман Қосанов СССР спортына еңбек сіңген мастер, олимпиалық ойындарға қатынасқан бірінші қазақ спортшысы, Рим олимпиадасының *жүлдегері* (С.Бердіқұлов, Жұмыр жер.). Бұл – 48 алтын және күміс медальдың *жүлдегері* Қажымұқан Мұңайтпасұлының 73 жасындағы соңғы күресі болатын («Қаз. әдеб.»). Міне, осы құрбандық маусымында қасапшылар өз шеберлігімен көрініп, аса сойғыштар есімі аңызға айналған. Осындай жарыста озып шыққан ең *жүлдегері* келесі жолғы құрбандықтың бас малын шалу құрметіне ие болған (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖҮЛДЕГЕРЛІК з а т. *Жүлделі орынға ие болушылық.* Осы Алексей Семкин ең болмаса, *жүлдегерлікке* жетсе, шіркін! Онда тақиямызды аспанға атар едік («Соц. Қаз.»).

ЖҮЛДЕЛІ с ы н. *Жүлдесі бар, жүлде берілетін (орын).* Жар еткенің *жүлделі* сыйым екен. Жанарыңа бір шомып, тыным етем. Рақаты мен мехнаты кезектескен Мына дүние, япырай, қиын екен (Қ.Салықов, Жезкиік).

Жүлделі орынға ие болды. *Жеңді, басым түсті, жүлдегер болды.* «Қыз Жібек» спектаклі республикалық байқауда *жүлделі орынға ие болды* (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Жүлделі орынды жеңіп алды. *Жеңіп шықты, жеңіске жетті, жүлдеге ие болды.* Совхоз спортшылары аудандық, облыстық жарыстарда *жүлделі орындарды жеңіп алып* жүр («Спорт»).

ЖҮЛДЕСІЗ с ы н. *Сыйлықсыз, бәйгесіз, жүлде берілмей.* Жүгіргендей ымыртта, Мүлт бассаңыз бірде сіз, Жер құшады жұмыртқа, Қаласаңыз *жүлдесіз* (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖҮЛКЕУІР з а т. б о т. *Шөптің бір түрі.* Балдырған, уқорғасын, ат құлақты Елік жүр сонысында соны қиып, *Жүлкеуір,* бәрпі, шырыш, шытыр Сауыны биемшектің кеп түр иіп (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҮЛІК [ор. жулик] з а т. *Ұры, алдамшы, алаяқ.* Осы жігітте ақшаның көп екенін сонау ол отырған облыс орталығынан көріп, аңдып келе жатқан үш *жүлік* соңынан ілесіп берді (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Ол – *жүлік* әйел. Асанның басын айналдырып алған (С.Мұқанов, Ботагөз). Саудагер *жүліктер* тағы біраз керісіп көрді де, дауыстары әлсірей бастады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖҮМЛӘ [ар. جملة] е с. *Барлық, барша, күллі.* Мәз болып әтеш қалды нәшіменен... Әтешке құрған хайла босқа қалып, Ақырда түлкі кетті басы аманмен. Түлкі еді алдап *жүмлә* халықты (Қаз. әдеб. хрестом.). Кәне, әнші! Тамаша бір ғазал шығар бұл сөзге, Біліп жүрсін *жүмлә* жұрттар Хафиз курсант болғанын (Шығыс жұлдыздары). Жаратқан *жүмлә* жанды қадырменен Бұрынғы сөйлеймін өткен ханнан. Жылынан алпыс сегіз бермен қарап Айтайын өзгергенін закон-заңнан (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Жүмлә* Кермен халқы сені хан көтермек! Бағың күннен күнге зияда болсын. Дәулетің шайқалмасын (М.Мағауин, Аласапыран).

ЖҮМЛЕ е с. с ө й л. ***Жұмлә***. Ұрысайын Қызылбаспен жүз алуан, Сақтағайсың *жүмле* пірлер көп жаудан, Бір өзіңе зар жылаймын сиынып, Мәдеткерім сен болғайсың, ер балуан (Көрұғлы). Жаратқан *жүмле* жанды Құдіретті Әли көрді бұл қыздан көп бейнетті (Бабалар сөзі // Діни дастан.). // *Барша халық, жамағат.* Алланың рахматын Жар тұтып әр неге. Ер рахмат ол атын үйреткен *жүмлеге* (Абай, Тол. жин.).

ЖҮН з а т. **1**. *Жан-жануарлардың терісінің сыртын жауып тұратын тұқ, қылшық.* Қойды жақсы бағып-күтсе, оның терісінің жақсы сапасы сақталады, *жүні* де тез өсіп, сапалы болады (А.Еламанов, Қой шаруаш.). Төр жақта сырмақ үстіне салынған арқар терісі, *жүні* ұзын сеңсең бөріктер жатыр (М.Әуезов, Шығ.). Жәукенің жаз бойы *жүні* сабалақтанып жүретін ала төбеті бар (Б.Майлин, Шығ.). **2.** *Жіп иіру, мата тоқу, киіз басу, тоқыма*

бұйымдар жасау үшін пайдаланылатын қой, түйе жүні. Ж ү н талшықтары жылуды аз өткізеді, ылғал тартқыш және берік болады (ҚҰЭ). Ол жіп иіру, мата тоқу, киіз басу, әртүрлі тоқыма бұйымдар жасау үшін пайдаланылады. Қой ешкі және түйе *ж ү н і* құнды шикізат болып есептеледі (ҚҰЭ). Ала қойда кінә жоқ *ж ү н н е н* басқа, Қойдан қашып шығыпты патша тасқа (Абай, Тол. жин.). Ерлер мінген шайқаста Құлындары биенің. Батырлардың киімі, *Ж ү н і* қойдың, түйенің (Пернедегі терме.).

Жабағы жүн. *Қой-ешкінің көктемде қырқып алатын, түйеден жүндеп алатын, шайыры мол, ұйысқан қысқы жүні.* Қойдың *ж а б а ғ ы ж ү н і н е н* шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап, күпсек көпшік, жеңіл байпақ тігеді (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). Бір күні Беркімбай өз отарын аралады. Кейбір қойлардың *ж а б а ғ ы ж ү н і* түсіп, ар жағынан түбіт жүннің тебіндеп келе жатқанын байқады («Лен. жас»).

Жақ жүні үрпиді. а) *Тоңды, жаурады.* Ханшайым *ж а қ ж ү н і ү р п и і п* кеткен Бүркіттің бетіне кенет таңдана қарап: – Туу, Бүркіт аға, сіз әбден тоңып қалыпсыз ғой! – деп әбігер бола түсті (І.Есенберлин, Қатерлі.). ә) *Бүрісті, қорықты, именшектеді.* Жаңа ғана бойына жан кіріп, енді ештеңеден қорықпайтын кісімсіп отырған ол бүрісіп, *ж а қ ж ү н і ү р п и і п* шыға келді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жүн боп кетті. *Бейшара болды, ұнжырғасы түсті, азып-тозды.* Осы сіңлісі әнебір күйеуге шыққан жылы сотқар жандардың арасына түсіп, *ж ү н б о п к е т і п* еді (Ә.Нұрпейісов, Шығ.). Айтылмайтын жатқа назы, Қалған сонау сәні кештен. *Ж ү н б о п к е т к е н* ақ қағазы, Жазуының бәрі де өшкен (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жүн жеп, жабағы тышты [саңғыды]. қ а р а п. а) *Нас тұрды.* Оразбай: Күпшектей тілеуің құрғыр, сонда барғанмен де, әлі баяғы *ж ү н ж е п, ж а б а ғ ы с а ң ғ ы ғ а н* Күпшекбай көрінеді ғой (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Иығы түсті, жүдеп-жадап кетті. –* ... «Алаштап» тірек табасың, Ығы тау, нұрлы күн, деді... Қайда сол мықты «алашың»? *Ж а б а ғ ы қ ұ с ы п, ж ү н ж е д і* (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Жүн жеп кетті. *Азып-тозды, жүнжіді.* Қара кемпір «үйлен деуге аузым бармайды. Жас неме, ерте семьялы боп, *ж ү н ж е п к е т е* ме» деп ойлайсың (А.Жақсыбаев, Қайырлы таң).

Жүн қылды. *Жаныштады, қинады, азаптады.* Сырғалыңды күң қылып, Солқылдақты *ж ү н қ ы л ы п*, Күніңді тұман түн қылып, Қыл мойынға тақалтып, Шабақтай жемге қақалтып, Көмейіңе салар қармақты (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жүн мата. *Бірыңғай жүннен немесе басқа талшықтар қосылып аралас тоқылған мата.* Жүн маталар таза *ж ү н м а т а* (6-10% ғана өзге талшық қосылған) және жартылай *ж ү н м а т а* болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Жүн өңдеу. *Жүнді май мен шайырдан, шаң-тозаңнан тазартып жуу, жүн дайындау стандартына сәйкес сұрыптау, бояп өңдеу, иіріп жіп алу немесе одан әртүрлі бұйымдар дайындау.* Қазіргі кезде *ж ү н ө ң д е у* жұмыстары өндірістік кәсіпорындарда атқарылады. Мұндай жұмыстар жүн жуу, жүн сорттау, жүн иіру, т.б. болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Жүн сабау. э т н. *Жүнді шаң-тозаңнан тазарту, ұйысқанын жазу үшін тұлақ үстіне салып, шыбықпен сабау.* Әдетте жастар бұған ойын-сауық үшін де жиналған. Себебі *ж ү н с а б а у* үстінде жастар жарыса қимылдап, оны ойын-күлкіге, әзіл-оспақтарға айналдырып әкеткен (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

Жүн төкті. *Жүні түледі, жетілді.* Лашын, сұңқар *ж ү н т ө к с е,* далада қалған сүйек деп, Шеніне қарға жолар ма?! (Махамбет, Өлеңд.).

Жүні жапырылып қалды. *Жабықты, жүні жығылды.* Кек тұтып, келмеді деп, жек көрмеймін, Тапқай деп тілектеспін ұзақ жүрім. Қошемет қабіріңнен болмаған соң, Жабығып, *ж а п ы р ы л ы п қ а л д ы ж ү н і м* (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

Жүні жығық. *Беті қайтқан, еңсесі түскен.* Достардың бірақ, көбі келмей қалған. Қырын қарап, құйрықты сыртқа салған. Келген достың көбінің *ж ү н і ж ы ғ ы қ,* Баяғы күріл де жоқ, дүниені алған (С.Торайғыров, Шығ.).

Жүні жығылды. *Сағы сынды, тауы шағылды. Ж ү н і ж ы ғ ы л ғ а н* жақ қайта көтеріле алмады. Таймас пен Сәдуге ешкім қарсы болған жоқ бірауыздан сайланды (F.Мұстафин, Дауыл.). Бұрынғы еліртіп тұрған ашу, екпінінен қайтып, *ж ү н і ж ы ғ ы л а* бастады (М.Әуезов, Шығ.). Әттең, кедейлік-ай! Малы болса, күнәсін көтермек түгілі, қара кемпірдің маңынан жүрер ме еді? Осылай ойлап, оның *ж ү н і ж ы ғ ы л ы п* келе жатыр еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қожа бірақ күнде күрт түсіп, *ж ү н і ж ы ғ ы л ы п* жүдеп кетті (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүнін жұлған тырнадай. *Тыртиған, сықы кеткен, берекесі қашқан.– Ж ү н і н ж ұ л ғ а н т ы р н а д а й* ғой мынау! – деді одырая қарап қойып. – Оят өзін! Макагонды да оят. Мен далада біраз серуендей тұрам (С.Мұқанов, Есею жыл.).

Жүнін сыртқа қампитты. *Паңданды, қоқанлоққы жасап, қыр көрсетті; дұшпанкөзі қылды.* Бөрі арығын білдірмес, *с ы р т қ а ж ү н і н қ а м п и т а р* (Мақал).

Жүнін үрпитті. *Берекесін кетірді, мазалады.* Бұл күнге шейін істелген істің өзі де елдің *жүнін үрпітіп,* тозығын жеткізіп, жетер өрісіне жеткізіп тастаған сияқты (М.Әуезов, Шығ.).

Жүні түледі. *Өлі жүні түсті, жетілді.* Қазірде соның түбінде қысқы *жүні* әбден *түлеп* болмаған ақ қасқыр жатыр (М.Әуезов, Шығ.). Құладын құстың құлы еді Тышқан жеп *жүнін түледі* (Асан қайғы, Жыр.).

Күзем жүн. *Күздегі қырқылған жүн.* Шопан біткен биыл көңілді көрінеді. Мал басы аман әрі күйлі. *Күзем жүні* алынған (С.Шаймерденов, Сыбызғы.).

Өлі жүн. *Көктемде малдан түлеп түскен жүн. Өлі жүні* жаңадан түсе бастаған шабдар бие қызылдың тәніне қызу бір діріл, қызық бір батылдық, қамсыз бір ойнақылық әкеліп еді («Лен. жас»). Олардың *өлі жүні* түсе қоймаса керек, терісінің түгі түрлі түске боялғандай түлеп жатыр (А.Алтай, Алтай.).

Ұяң жүн. *Құрамында аралық және майда талшықтары бар жүн. Ұяң жүн* – біркелкі және әртүрлі талшықты болып екіге бөлінеді (Р.Әбуғалиев, Қой шаруаш.).

Түйе жүн көрпе. *Түйе жүнінен жасалған көрпе.* Үстіне *түйе жүн* шәйі *көрпені* жапты (І.Есенберлин, Шығ.).

Түйе жүн шекпен. *Түйе жүнінен дайындалған шекпен.* Еркекше киініп алыпты: аяқта – әдемі етік, үстінде – *түйе жүн шекпен,* белді күмістелген кісемен буынған, басында – төбесі тік ақ елтірі тымақ (С.Садуақасұлы, Шығ.).

Тірі жүн. *Жаңадан қырқылған жүн.* Күзді күні қозылардан қырқып алған *тірі жүнді* ең әуелі жақсылап түту үшін судың ар жағындағы Еремей деген орыс шалына қапқа салып апарамыз (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жібекті түте алмаған жүн қылады. *Бабын білмеген адам құртады, бүлдіреді деген мағынада. Жібекті түте алмаған жүн қылады,* Әйелді күте алмаған күң қылады. Жаманға жайды білмес ісің түссе, Бәлсініп жігеріңді құм қылады (Қара өлең).

Жігерін жүн қылды. *Меселін қайтарды, тауын қайтарды.* «Шүкір» деп шапшаң айтпайсың, «Үш-ш-ш» дейсің асықпай. Жуырда жауап бермейсің, *Жігерді жүн ғып* жасытпай (М.Жұмабаев, Шығ.).

ЖҮНДЕ= е т. **1.** *Түйенің жүнін жұлу.* Түйені оңтүстік аудандарда апрель айында, ал ауа райы суық аудандарда май айында, күн әбден жылынған соң *жүндейді* (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.). Өзі әбден семірген. *Жүндеген-нен* кейін қайта шыққан қыстың түгі майлап қойғандай күн көзіне шағылысып, жылт-жылт етеді (Ө.Қанахин, Жер бас.). **2.** а у ы с. *Іреп сою, жанын шығару; тас-талқан ету.* Баянауылдың жері жетеді жыртуға... Якупов ертең өзіңізді түйедей *жүндейді,* планды орындамай бағыңыз (З.Шашкин, Сенім). Қалың қол қойсын ба, Хохолковтың ротасын *жүндеп* тастаған (Ж.Тәшенов, Алғашқы.).

ЖҮНДЕЙ с ы н. *Жүн сияқты, жүн тәрізді.* Аспанды майда түтілген жібек *жүндей* үлбіреп торқа бұлт шымылдықтаған (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). – Бісміллә, терідей илі, *жүндей* жұмсақ қыла гөр! – деді ол келінінің мінезді болуын тілеп (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Әңгімені жүндей сабады. *Көп сөйледі, мыжыды, көпірді.* Сәлмен алдындағы қымыздан сыздықтата бір ұрттап қойды да, *әңгімені* тағы да *жүндей сабап,* гуілдете жөнелді (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Жүндей түтті [сабады]. *Әбден сабады, талады; қор етті.* Таяқты көп жеген Завьялов... абақты қызметкерлері мас боп қалғаннан кейін, кегі қозып, оны *жүндей түтті* (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Ондай мақтаншақ, желөкпе итті қасқыр ауылдан оңаша шығарып алып, қайырылып бір-ақ соғып, *жүндей түтіп* кетеді (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Төрт тәулікке жуық ойнақ салып бұл атырапты *жүндей түткен* ақ боран енді шеру тартып батысқа қарай кетті (Т.Ахтанов, Дала.). Қара басы Аққенже Күннен-күнге жүдеді. Қатты көрген қысымнан Қайда деп өлім тіледі. *Жүндей сабап* бәйбіше Қайғыға толды жүрегі (Н.Байғанин, Өлеңд.).

Өтірік пен өсекті жүндей сабады. *Болмағанды болғандай етіп айтты.* Ынсап-ұят, арнамыс, сабыр-талап, Бұларды керек қылмас ешкім қалап. Терең ой, терең ғылым іздемейді, *Өтірік пен өсекті жүндей сабап* (Абай, Тол. жин.).

ЖҮНДЕС с ы н. *Жүн басқан, жұмсақ.* Бұйра аршасы қалыңдаған тас төбенің кейбірі *жүндес* адыр тәрізденеді (М.Әуезов, Шығ.). Қайта *жүндес* аюдай емес, лыпасыз тәнін шалғын сипаған адамға жеңілірек (А.Алтай, Алтай.).

Жүндес мүйізтұмсық. з о о л. <лат. coelodonta antiquitatis> *Мүйізтұмсық тұқымдасына жататын, жойылып кеткен сүтқоректі жануар. Жүндес мүйізтұмсық* плейстоцен дәуірінде (бұдан 1 млн. жыл бұрын) мамонттармен бірге солтүстік аймақтарда тіршілік еткен (ҚҰЭ). *Жүндес мүйізтұмсық* Қазақстанның солтүстік аудандарының төрттік кезең шөгінділерінде жиі кездеседі (ҚҰЭ).

ЖҮНДЕТ= е т. *Жүнін жұлғызу.* Мекен еткен қырғауылының Қызығын көрсем деп едім, Шеңгелдетіп мойнынан Лашын құсқа *жүндетіп* (Қамбар батыр).

ЖҮНДЕУ *Жүнде етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Түйенің жүнін жұлу.* ≈ Түйені *жүндеу.*

2. а у ы с. *Басыну, қорлау.* – Жуас болғасын, *ж ү н д е у г е* жақсы деп, сендер Нұрбекті ұнатасыңдар, ал мен Әлдибекке сүйсінем, – деді Мәугіл қыңырайғандағы әдетімен мойнын ішіне алып (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Жуас түйеше *ж ү н д е у л е р і н е* көніп жүре бергенім ата-енеме де, күйеуім мен екі балама да – бәріне жақсы (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮНДІ с ы н. *Жүні бар, жүні өсіңкі, жүні қалың, қылшықты.* Қарға *ж ү н д і* қаттасым, Үйрек жүнді оттасым, Бірге туған тектесім, Қысылған жерде демесін (Қобыланды батыр).

Биязы жүнді қой. *Ұзындығы мен ирегі біркелкі, нәзік, үлбіреген жүні бар қой.* Қазақтың *б и я з ы ж ү н д і қ о й ы н* өсіріп отыр. Тіпті қыстай тебіндеп шығатын көрінеді (Т.Ахтанов,Таңд.).

Күшіген жүнді оқ. *Күшіген жүні бар оқ.* Маңдайына сусар бөрік басқан, жауырынына *к ү ш і г е н ж ү н д і о қ* шанышқан (Махамбет, Өлеңд.).

ЖҮНДІЛЕУ с ы н. *Жүні өсіңкілеу, жүні қалыңдау.* ≈ *Ж ү н д і л е у* қой.

ЖҮНДІҚАРА з а т. б о т. <лат. asparagus neglectus> *Лалагүл тұқымдасы, қасқыржем туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж ү н д і қ а р а* Қазақстанда Ұлытау, Алтай, Тарбағатай, Жетісу (Жоңғар), Іле Алатауларында өседі (ҚҰЭ). *Ж ү н д і қ а р а* 80-100, кейде 150 см-дей. Сабағының төменгі жағы, көбінесе, тікенді келеді (ҚҰЭ). *Ж ү н д і қ а р а* – малазықтық өсімдік. Төрт түлік мал сүйсініп жейді (ҚҰЭ).

ЖҮН-ЖАБАҒЫ з а т. *Түрлі жүн, жабағы.* Ноғайлар сауда қылып ел ішінде Қазақтан *ж ү н ж а б а ғ ы* тасып жүрген. Қазақты масқаралап сөз шығарып, Аяққа мұсылманды басып жүрген (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

ЖҮНЖУ *Жүнжі етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жуас түйедей *ж ү н ж у.*

ЖҮН-ЖҰРҚА з а т. *Тері-терсек, жүн т.б.* Дәмелі аудандық тері-терсек, *ж ү н - ж ұ р қ а* дайындау бөлімі бастығының іс жүргізуші хатшысы еді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Балғалар сом темірді соққан қатты, Тас, шойын қорып отқа, қайнап ақты Иіріп *ж ү н - ж ұ р қ а д а н* жіңішке жіп, Машина қоңыр самал күйін тартты (І.Жансүгіров, Поэм.). Жұмысы тері-терсек, *ж ү н - ж ұ р қ а* қабылдау, соны реттеп жөнелту (Т.Ахтанов,Таңд.). Сауа берсең ие беретін кооператив, *ж ү н - ж ұ р қ а,* тері-терсек мекемелері мұнда да бар, Құдайға шүкір! (Ғ.Мүсірепов,Тұтқын қыз).

ЖҮН-ЖҮН с ы н. *Жүн басқан, жүн қаптаған.* Кеше экран соңғы хабар беріпті, Бір суретші албастыны көріпті. Суретін де салып берді айнытпай, Үсті *ж ү н - ж ү н*... маймылдан да көрікті (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Сөйткенше ағынды жара-жара малмандай *ж ү н - ж ү н* қос қол көрінді (А.Алтай, Алтай.).

Жүн-жүн болды. *Тас-талқан болды, тұтетұтесі шықты.* Шынжыр арқан, темір тор *ж ү н - ж ү н б о л ғ а н* секілді (Алпамыс).

Жүн-жүн қылды. *Тас-талқан етті, тұтетұтесін шығарды.* Жұрт біздікін қостады. Алашордаға ештеңе бермейтін болып қаулы қылды. Сөйтіп, жауды *ж ү н - ж ү н қ ы л ы п,* таптап тарқадық (С.Сейфуллин, Тар жол.).

Жүн-жүнін шығарды. *Дал-дұл етті.* Баланың төбеттері жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, *ж ү н - ж ү н і н ш ы ғ а р ы п,* талап тастайды (Қаз. ертег.).

ЖҮНЖІ= е т. *Азып-тозу, жүдеу, еңсесі түсу, берекесі кету.* Өмір бойы қиындық көрмей бұлан боп өскен жігіт күйрек екен. Күрт сынып, *ж ү н ж і п* кетті (Ә.Тарази, Үлкен ауыл). Мырқал мен Сәуле егеске түскен сайын Сәуленің беделі жұмысшылар арасында үдей түсті де, Мырқал жүдей түсіп, *ж ү н ж і п* кетті (Ә.Әбішев, Замана.). Жаңылдың *ж ү н ж і п* баратқанын көрген көрші қатындар келіп, кеукеулеп ортаға алды (Т.Ахтанов,Таңд.). Ол – бәтуә, ол – күрес, ол – бас, бірлік, Бір Құдайға сиынбай болмас тірлік. Бір жұлдызға маңдайды тіремесең, Қиын емес кетуің азып, *ж ү н ж і п* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖҮНЖІТ= е т. *Аздырып-тоздыру, еңсесін түсіру.* Кедейлік бір кездегі Мәнсүрді де *ж ү н ж і т і п* жіберіп еді (О.Бодықов, Бұлбұл). Өмір тепкісі, тірлік талқысы Ажардың сағын сындырып, бақытын күйдіргенмен, еңсесін басып, *ж ү н ж і т і п* жібере алмаған (Р.Нұрғалиев, Күретамыр). Шаршатады сан сұрақ мұңайтады, *Ж ү н ж і т е д і,* қайтадан тыңайтады. Жетер жерге жеттім бе, жетпедім бе, Күн айтпаса жауабын кім айтады (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖҮНСІЗ с ы н. *Жүні жоқ, тықыр.* Малдың ауруы асқынса, терінің *ж ү н с і з* жерлері (шап, емшек) қанталап кетеді (С.Сыбанбаев, Мал қаны.). Біртуманың бойы биік, денелі, ірі болады, жүнінің ұшы көбінесе бұйра, таза айыр мен қоспақтан *ж ү н с і з* болады («ҚазССР ҒА Хабарлары»).

ЖҮНШЕ ү с т. *Жүн сияқты, жүнге ұқсап.* ≈ *Ж ү н ш е* жұмсақ.

Жүнше түтті. *Түте-түтесін шығарды, тас-талқан етті.* «Сары безер» мен қарақұс бірінбірі *ж ү н ш е т ү т т і* (Қ.Әжікеев, Саят.). Міне, қазіргі әңгімеден соң бұған біреу жаңа директор туралы бір жағымсыз сөз айтса, *ж ү н ш е т ү т і п* алар еді (Ә. Қалмырзаев, Ар.).

ЖҮПТЕ= е т. *Жөн көру, құптау.* Зорлық қылған кім? Сендер емес пе? Біз кетеміз... Әркім өзінікін *ж ү п т е й д і* (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ауыл кісілері шаңқылдап сөйлесіп,

қираған үйлерді жинасып, біреуді мінеп, біреуді шенеп, біреуді *ж ұ п т е п* жатты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖҮПІРЛЕ= е т. *Жұпір-жұпір ету, топырлау, топтану.* Отырғандардың бәрі де отқа төнген балалардай радиоқабылдағыштың төңірегіне *ж ұ п і р л е й* қалыпты (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖҮПІРЛЕУ *Жұпірле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Есік алдында *ж ұ п і р л е у.*

ЖҮР= е т. **1.** *Адам, мал, аң, тағы басқалардың аяғын басу арқылы бір жерден екінші жерге жетуі, бару.* Алтын артқан бір есек Солармен келеді. Ол жай *ж ұ р с е,* жүрт та жай, Ол желсе, жұрт желеді (Абай, Тол. жин.). Олар селоның шығысына қарай *ж ұ р і п* келеді (М. Иманжанов, Таныс қыз). Оралып адам мен мал *ж ұ р е* алмайтын, Түйенің шудасындай қалың қияқ. Бұлақтың көзі шыққан қайнар жері Бұрқылдап аспанға атып тұр шымырлап (О.Шипин, Дастан.). *Ж ұ р г е н* жүріс, Қаракөз, күлген күлкің, Жанған жүрек қасында болсаң, шіркін! Сені ойласам, Қаракөз, ас батпайды, Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкім (Ә. Найманбаев, Шығ.). **2.** *Пойыз, мәшине, трактор т. б. техникалардың мотор күшімен орнынан қозғалып, ілгері қарай жүйткіп кетуі; қатынау.* Алматыдан шыққан асфальтты жол селоны қақ жарып өтеді. Республика астанасы мен арада үздіксіз автобус *ж ұ р і п* тұрады (С. Шаймерденов, Мінез). Келген соң көктем күлімдеп, Трактор *ж ұ р д і* гүрілдеп (К.Әзірбаев, Өлеңд.). **3.** *Бір жаққа бет алу, жолға шығу, сапарға аттану; кету.* Сол әскер суды өрлеп талай *ж ұ р д і,* Судың басы бір құзар шатқа кірді, Судың басы бір құзар шатқа кірді Шаттың аузын бекіткен алтын қорған Қақпасы бекітулі, көзі көрді (Абай, Тол. жин.). Мен *ж ұ р е й і н* қош, қарағым! – деп Сатан түрегеліп, домбыраны орнына қыстырды (І.Жансүгіров, Шығ.). Зылиқаны ала алмай, Сұмның іші күйеді, Жолдасымен екеуі Еліне қарай *ж ұ р е д і* (О.Шипин, Дастан.). Деген соң қуғыншылар қайтты налып, Өкініп: «қап-қап!» десіп, қайран қалып. Бет алып кейін қарай *ж ұ р е* берді, Қойғанын қайдан білсін қапқа салып (О.Шораяқов, Шайыр). **4.** *Механизм тетіктерінің іске қосылуы, жұмыс істеуі; қозғалу.* Жәшік сумен ағып келіп, бір шалдың диірменінің кіндігіне оралып, диірмен *ж ұ р м е й* қалады (Қаз. ертег.). Қабырға сағат сыртылдап *ж ұ р і п* тұр («Лен. жас»). **5.** *Карта, шахмат, дойбы т. б. ойындарда кезегі келгенде ойнау; тасын (фигурасын) қозғау.* – Доктор! Ат бұл араға келе алмайды ғой – Ах, кешіріңіз. Мен тіпті қате жүріппін ғой. Доктор атты екінші рет *ж ұ р д і* (Т.Әбдіков, Күз.). **6.** *Қозғалу, жылжу.* Қырсыққанда мұздың бетінен қызыл су *ж ұ р і п,* енді-енді ғана қаймықшып қата бастаған екен, амалым таусылып тұрып қалдым (О.Бөкеев, Біздің жақта.). **7.** а у ы с. *Өмір сүру, тіршілік ету.* Жез қанат күміс бауыр киік көрдім, Дәруі сол ма дерсің күйік-шердің. Жез марал *ж ұ р е д і* екен арасында Қаптаған Бетпақтағы киіктердің (К.Салықов, Жезкиік). Басынан бағы тайған күн Көлбеңдеп *ж ұ р г е н* гөзелдер Қоңсының болды малайы. Кемтарлық ердің кеуілін Айналдырар қапасқа Жоқтықтың басса лайы (Базар жырау, Шығ.). Көп *ж ұ р м е с* жеңіскойлық әлі-ақ тозар, Жаңғырар жеңсік құмар жатқа қозар. Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар, Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар (Абай, Тол. жин.). **8.** а у ы с. *Көңілі жақын болу.* – Әй, Мәкіш, болды ғой енді. – Болмайды, болмайды Мені сүйріктей етіп үйде ұстап отырып, үстімнен біреулермен *ж ұ р е с і ң*! (Е.Домбаев, Ол. адам.). – Арақ ішпейді, шылым тартпайды, қыздармен *ж ұ р м е й д і,* – деп кекеп, айғай салды (З.Шашкин, Өмір.). Әлжанов Ыбырай, ер Әлжан, Молдабек, Қасым, Кішкенмен – *Ж ұ р д і* ерлер гулетіп, (О.Шипин, Дастан.). «Миколай соққан селкебайдай әдемі», Шота десек, жайнар сәулет әлемі. Алпыс қатыналса да Абылай атасы, Қасында *ж ұ р* жалғыз ғана әйелі (К.Салықов, Жезкиік). **9.** а у ы с. *Өтпеу, іске аспау.* Оған Құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп, көпке қаһарым *ж ұ р м е й д і* деп (Абай, Тол. жин.). Оқып көріп байқасын, мағынасы ішке кіре ме? Ұрлаған сөз деп айтасың, Сөз ұрлыққа *ж ұ р е* ме? (Абай, Тол. жин.). **10.** *Толық мағыналы етістік сөздермен тіркесіп келіп, шақтық мағына үстейтін көмекші сөз.* Шырылдауық шегіртке Ыршып *ж ұ р і п* ән салған, Көгалды қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп жазды алған (Абай, Тол. жин.). Бірсыпырадан бері бұл хабар жұрт аузына ілігіп *ж ұ р* (Б.Майлин, Азамат.). Оның есесіне қыстығүні сорпаға, көжеге сарқасқа қылып құрт езіп, тойып алса, қора ішіне камзолмен көйлекшең шыққанда бойы қыз-қыз қайнап *ж ұ р е д і* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Араны жүрді. *Дәуірледі, асқақтады.* Тірі жан келмей бетіне Дарымай қару етіне, *А р а н ы ж ұ р і п* тұрғанда, Байтаққа дәрпі шашылған, Мезгілімен ас ішпей, Аттан түспей, бел шешпей, Кірпік қақпай күндіз-түн ұйқысы шайдай ашылған. Ер өлтіріп, ел шауып, Ел шапса олжа мол тауып, Әркімменен қас болып, Қайратына мас болып, Менменсіген ер жігіт – Талайды сөйтіп басынған (Базар жырау, Шығ.).

Аулақ жүрді. *Жоламады, маңайламады.* – Оның да кім екені белгілі,– деді иегін көтеріп,– әкем кеше келді деп естігенде, бұдан *а у л а қ ж ұ р* деген маған (М.Дүзенов, Ақәже). Кемпір-ей, өзің менен *а у л а қ ж ү р ш і,* мазамды ала бермей (Қ. Қуанышбаев, Әңгім.).

Әмірі [билігі] жүрді. *Үстемдік етті, айтқаны екі болмады. – Әмірі жүріп* тұрған адамға қалай қарсы боларсың?– деді де жылап қоя берді қыздың шешесі («Қаз. әдеб.»). Хиуаның барып шаһарына Қаһарлы хакім халыққа, *Әмірі жүрген* бәріне (С.Жанғабылов, Тоқсан толғау).– Осында қал, балам. Асыл дүние мынау. Бүкіл халқымызға *билігің жүреді,* – дейді алтын мүйізді, ақ сақалды шал (М.Етекбаев, Алтын.).

Босқа жүрді. *Жұмыс істемей сенделді; ерікті.* Бармасам бәрі қарғап ұрысады, Киргізбей үйлеріне тырысады. Олардың тілін алмай *босқа жүрсем*, Жақтырмай мені көрсе бырысады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бір қырын жүрді. *Бөлек, оқшау жүрді.* Амангелді жағынан Хабар берді күн бұрын, Болыстарға жақын боп, *Жүрген* жандар *бір қырын* (О.Шипин, Дастан.).

Дәмелі жүр. *Дәмесі бар, ойы бар.* Әкімдікке *дәмелі жүргендерден* Ақыл-ойым, өнерім кем бе менің?! (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жай жүргенде. *Әдетте, кейінде.* Нағыз ділмар сөйлесе, Есіткен адам таңданар. *Жай жүргенде* – бәрі де ат, Шапқанда, шама аңдалар (О.Шораяқов, Шайыр.).

Жайына [тек] жүрді. *Тыныш жүрді, мазаламады, килікпеді.* Барзу кеп Әшкәбуске ұрды қылыш, Етіне өтпеген соң қылыш дұрыс. Өлтіріп оның да атын, өзін қуды, *«Жайыңа жүрмейсің,* – деп, – неге тыныш» (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Солдаттарды босатты «Ендігәрі *тек жүр*!» – деп Арыз берді олар да, Амангелді ұрды деп (О.Шипин, Дастан.).

Жақын жүрді. *Қасында болды, қатар жүрді.* Егер қазір қайта туса ұлы Абай, Ол да саған қалар еді ұнамай. Ойлан, қалқам, ертең жердің кіндігін Ұстайтындар саған *жақын жүр* бүгін. Қасында жүр айтпағанмен хабарын, Ашылмаған Эйнштейн, танылмаған Гагарин (М. Шаханов, Ғасырлар.).

Жалға жүрді. *Жалданды, еңбегін сатты, жалданып жұмыс істеді. Жалға жүр,* ізден, оқу тап, Босқа өтпесін өмірің (С.Бегалин, Таңд.). Бір байға қой бағуға *жалға жүрді,* Шешесін, аға, інісін жүдетпеске. Таутабай, батыр жүрген байдың аты, Жұмсайды дамыл таппай ерте, кеш те, (О. Шипин, Дастан.). *Жалға жүр* жат жерге кет, мал тауып кел, Малың болса, сыйламай тұра алмас ел (Абай, Тол. жин.). Сөйледі ақсақалдың бірі тұрып: – Әуелде сенің әкең қазған құдық. Шұбырып Алатаудан келгеннен соң, Бектасқа әкең кеткен *жалға жүріп* (О.Шипин, Дастан.).

Жеңгетайлыққа [жеңгелікке] жүрді. *Қыз бен жігітті таныстырды, келістірді.* – Біздің ауылда төрт-бес әйел бар. Қыз бен жігіттердің арасында *жеңгетайлыққа жүріп,* мазамызды алады («Лен. жас»). Бұл кейде қыз-жігіттің арасына *жеңгелікке* де *жүріп* кетеді (Қ. Жұмалиев, Қаз. эпос.).

Жетегінде жүрді. *Біреудің ырқында кетті.* Дейтінім сол, танып ал, Сен атаған азаттың, Азабымның ащысы. *Жетегінде жүретін* Шыжымың мен ұштатын. Кім деп білдің Қобыланды (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жол жүрді. *Ұзақ сапарда болды.* Бұлбұл етіп бақшасына қондырып, Бізбен бірге түске дейін *жол жүріп.* Қала берді Түркістанның жотасы, Белі талған қариядай болдырып (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жүрген аяққа жөргем ілінер. *Қарап жатпаған адамға бірдеңе кез болар деген мағынада айтылады.* Жан жоламас жатқанға, *жүргенге жөргем ілінер*, Бұ дүние орман емес дүр, «Бір аяққа жөргем ілінер» дегендей, барған болған жерлерімнің бәрінен де қыруар ғибрат алдым, тағылым көрдім (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүрген жері дарқан. *Жүрген жері ойын-күлкі; береке-молшылық.* Сүйедім пірге арқамды, *Жүрген жерім дарқан-ды*, Шаншар хан дарға бұйырған Мойнына салып арқанды (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүрген жеріңе шөп шықпасын. қарғыс. *Ісің өрге баспасын, жолың болмасын деген мағынада. Жүрген жеріңе шөп шықпасын,* – деп кемпір қақсай-сарнай жөнелді (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүре жауап берді. *Немкетті айта салды.* Бейсенбек қолын сілтей *жүре жауап беріп,* тепеңдеген жорға көктің үстінде секектей кете барды (С.Нарымбетов, Тентек).

Жүре келе. *Үйреніскен соң, кейіннен.* Алғашқыда сылбырлау қимылдаған Мұхамеджанов *жүре келе* өзінің айла-тәсілі мол жігіт екенін танытты («Лен. жас»). Параз *жүре келе* қиындыққа кедергі болар, өмірдің ащы-тұщысын жеңіл қабылдауға септік жасайтын күш-дағдыны қалыптастырады (С.Хайдаров, Құрыш білек.).

Жүре соғыса отырып өту. әск. *Шабуыл барысында шабуылдаушы әскердің қарсы жағада қарсылас қорғанып жатқан су кедергісідей өтуінің негізгі тәсілі. Жүре соғыса отырып өтуде* бөлімшелер мен бөлімдер су кедергісіне шыға отырып, оның сипаты мен қарсыластың қорғаныс күші жөнінде мәліметтерді айқындап алып, әдетте, сол ұрыс ретімен, тоқтамай су кедергісінен өтеді. Бұл жағдайда аман қалған көпірлер мен жергілікті өткел құралдарын алудың маңызы зор (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жүре тыңдады. *Көңіл бөлмеді, жөнді тыңдамады.* Бірі қарқылдап күліп, мәз болса, енді бірі жымиып, басын шайқады, ызыңдаған масаны қуғандай қол сілтеп, *жүре тыңдайды* (З.Шашкин, Теміртау). Осы күні бала атаны *жүре тыңдайтын* заман болды. Жәркештің былтыр Алматы асып кеткені, ол да қолын байлап еді. (З.Шүкіров, Қиын түйін). Сонсоң *жүре тыңдап*, есікке беттеді (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүре шабуылдау. ә с к. *Қорғанатын қарсыластарға қарсы шабуыл жасаудың негізгі әдісі. Жүре шабуылдау* жасырын әрі қысқа мерзімде жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жүре шабуылдау* әдетте түкпірдегі әскерді тез арада шабуыл шебіне жылжыту арқылы жүргізіледі (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жүре шабуылдау* ядролық және авиация соққыларының, артиллерия мен өз құралдары атысының нәтижелерін, сондай-ақ қарсылас қорғанысындағы аралық жерлерді пайдалана отырып, қарсыластардың негізгі, әсіресе, танкіге қарсы құралдары мен адам күшін жоя отырып, бөлімшелер қорғаныс түкпіріне қарай тоқтаусыз әрі тез шабуылдауды жалғастырады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Көкейде [ойда] жүрді. *Үнемі ойында тұрды, есінен шықпады.* Түнгі ұйқымды төрт бөліп, мазалаған, *Көкейімде*, жолдастар, бірдеңе *жүр* (М.Мақатаев, Шығ.). Қазанға біраз Әли қоныстады. Жан ашып жарлы-жалшы болысқаны, Қалтаға түссе де ақша, алғыр Әли *Ойында жүрді* оның орыс шалы (О.Шипин, Дастан.).

Куәлікке жүрмеді. *Куә болуға жарамады, кәдеге аспады.* Күледі, күлетіні сенбейді, ал сенбесіне мынау деп ұсына қояр куәгеріміз жоқ. Ал біздің өзіміз *куәлікке жүрмейміз* («Жұлдыз»).

Күндікте жүрді. *Біреудің күңі болды, жалданып жұмыс істеді.* Өмірі *жүріп күндікте*, Зылиқа сұлу амалсыз Тотыдай болды тордағы (О. Шипин, Дастан.).

Қырына жүрмеді. *Еркіне көнбеді.* Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп *қырына жүрмейді* (Абай, Тол. жин.).

Қос жүре түзеледі. *Уақыт өте келе реттеліп кетеді, жөнге түседі деген мағынада. Қос жүре түзелмек* қой. Жата-жастана қара тақтай да істетілді, бор да табылды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Өкпесі жүрмеді. *Реніші өтпеді.* Бала күнінен қатар өскен, ерке Раушан емес пе, нені айтам, неге жанын қинаймын десе де еркі бар. Раушанға *өкпесі жүрмейді* Нұрланның (З.Шашкин, Сенім).

Өріп жүрді. *Самсап жүрді, қаптады. Өріп жүрген* фрицті көріп жатырмыз, Бірақ атуға болмайды (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.).

Сөзі жүрмеді. *Тілін алдыра алмады, айтқанын істете алмады.* Байдың шаңын қағам дегенмен, Сәлменсіз мұның *сөзі жүрмейді.* Ендеше неге желкілдедім екен деп өкінулі (Б.Тілегенов, Аққайнар).

Суыт жүрді. *Асығыс, тығыз, тоқтамай жүрді.* Партизан бөлімдері жарты сағаттың ішінде-ақ тік көтеріліп *суыт жүріп* келді де, он-он бес километрдей жердегі қалың қарағайға орналасты (Майдан). Қызылордадан шыққан жеңіл мәшине жердің лайсаңдығына қарамастан «Қарақұм» совхозының орталығына апаратын қара жолмен *суыт жүріп* келеді («Лен. жас»).

Шенінен жан жүрмеді. *Қасына ешкім жоламады, маңайламады.* Бура болар ботадай, *Жан жүрмейтін шенінен.* Аттанса Отан жауына Кигендей сауыт темірден (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Ірі жүрді. *Өз дәрежесіне лайық болды.* Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек. Ішің берік боп, нәпсіге тиюлысып, Паңсымай, жайдақсымай, *ірі жүрмек* (Абай, Тол. жин.).

ЖҮРГЕН-ТҰРҒАН с ы н. *Өскен, ер жеткен, қызмет еткен. Жүрген-тұрған* жерін бала күнінен біледі екенсің ғой! – деді Жаңыл күйеуіне (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұл Мәшһүр Бұхар барған, Қоқан барған, Ойы бар: кетсем деген онан да арман. Түлеген аққу құстың қанатындай Жерінде *жүрген-тұрған* сөзі қалған (М.Көпейұлы, Шығ.).

ЖҮРГІЗ= е т. **1.** *Белгілі бір бағытпен қозғалту, айдау.* Қала ұнамаса, тіпті қайтып келуің қашпас. Паровоз *жүргізетін* боласың (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Жер бауырлап *жүргізген*, Аяғы жоқ, қолы жоқ, Бауыры шұбар жыланды. Атқышшыл қара сұр мерген қырымнан байлап құтқармас Көріне қашқан құланды (Базар жырау, Шығ.). **2.** *Қатынастыру, байланыстыру.* Қожасы оның Бектас бай, Бос айдаған түйені Самарқаннан Бұқарға Көп *жүргізген* кірені (О.Шипин, Дастан.). Найзалары шақылдап, Тасқа салды таңбаны. Қару сықап тиеген *Жүргізді* он бес арбаны (О.Шипин, Дастан.). **3.** а у ы с. *Өмір сүру, тіршілік ету.* Екі жалын екі жақтан кеулеген, Енді сені *жүргізер* ме жерменен. Күннің өртін сөндірерсің амалдап, Мұңның өртін сөндірерсің сен немен? (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **4.** а у ы с. *Болымсыз тұлғада келіп, маза бермеді, тыным бермеді деген мағынада жұмсалады.* Мені анадан жалғыз туған десе де, Достарым кеп, *жүргізбейді* көшеде. Шақырады қосылып ән айтуға, Шақырады шарап ішіп қайтуға, Шақырады

гүл теруге қыраттан, Шақырады күй тыңдауға бұлақтан (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Алшаң-алшаң жүргізді. *Тайраңдатты, дандайсытты.* Ажарыңды кіргізіп, *Алшаң-алшаң жүргізіп.* Құлатады сонан соң, Құдайды да білгізіп (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Аяқ алып жүргізбейді. *Тым көп, мол.* 1922 жылдың тасқыны көшіріп әкелген үйдей тастар, су ойып кеткен жұқанақ жыралар *аяқ алып жүргізбейді* (С. Бегалин, Уақыт.).

Әмірін жүргізді. *Айтқанын істетті, үстемдік етті.* Мен саған Жер сияқты тілектеспін, Жарыққа бола алмайды түнек тосқын. Кейде күл тасығанмен күнің үшін, *Әмірін жүргізе* алмас жүрекке ешкім (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жүргізіп оқыды. *Мүдірмей оқыды, тоқтамай оқыды.* Бірінші сынып оқушылары кітапты *жүргізіп оқитын* дәрежеге жетіп қалды (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

Маңынан жүргізбеді. *Жолатпады, жақындатпады.* Секретарь оларды *маңынан жүргізбеді* (М. Дүйсенов, Мейман.).

Саудагер жүргізді. *Сауда-саттық орнатты.* Опасыз мынау жалғаннан – Бай өлмейді дер едім: Базар барып пұл алған, Пұлына сатып құл алған; Қара ала парша шұлғанған; Алтын менен күміске – Тірлігінде былғанған; Ауылының сыртына Қос шатырды құрғызған; Қос жетімді әшейін, Иман үшін тұрғызған; Қырым менен Қытайға, *Саудагерін жүргізген* (Базар жырау, Шығ.).

Сөз бұранын жүргізді. *Тілге шешен болды.* Шәкіртімін ұстаның Қолы шебер, ісі нық; *Сөз бұранын жүргізген* Көмірсіз күміс пісіріп (О.Шораяқов, Шайыр).

Үгіт жүргізді. *Насихаттады, үгіттеді.* Сәлмен мен Жұмабек те Ділгерлі ауылына барып қайтты. Жұрт арасында *үгіт жүргізіп,* артельге ұйымдасуға шақырды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Одақ мұғалімдер арасында большевиктерге қарсы қызу *үгіт жүргізді* («Халық мұл.».).

Іс [жұмыс] жүргізді. *Жұзеге асырды, орындатты.* Құрылысты құрғызды, Барлық *істі жүргізді.* Көзге түсер көрнекті, Неше алуан өрнекті, Той болатын алаңға Биік сөре тұрғызды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жексен деревняға жақындаған соң өзі бастап екі адаммен барлау *жұмысын жүргізді* (К.Оразалин, Жексен).

ЖҮРГІЗДІР= е т. *Қозғалтқызу, жылжытқызу.* Жо-жоқ, кеудесінен итерген тылсым күш емес, қайта солай қарай жетелер күш бар, өкінішке орай, олай қарай *жүргіздірмейтін* қуат және бар (О.Бөкеев, Ән салады.).

ЖҮРГІЗДІРТ= е т. *Орнату, құру.* Осы кезде фермадан қорыққа дейін электр бағанын *жүргіздіртін,* тағы да аула ішінен үш бөлмелі үй салдырды Жәкең (С. Адамбеков, Атылған қыз).

ЖҮРГІЗДІРТУ *Жүргіздірт етістігінің қимыл атауы.* ≈ Үй арасына *жүргіздірту.*

ЖҮРГІЗДІРУ *Жүргіздір етістігінің қимыл атауы.* ≈ Сүрлеумен *жүргіздіру.*

ЖҮРГІЗУ *Жүргіз етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозғау, іске қосу.* Қара желдің бар қамы – Жел диірменін *жүргізу.* Дарияның арманы – Өз арнасын бір бұзу (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** а у ы с. *Жүзеге асыру, орындау.* Сауданы қолдан келсе ақшасыз айырбаспен де *жүргізуге* болады (З.Шашкин, Ұядан ұш.).

Әмір жүргізу. *Билік ету, айтқанын орындату.* Ол әлсіздігін сезіне тұрып, табиғатты ауыздықтауды, әлемді игеруді, жер, су, ауаның қожасы болуды, барлық түсініксіз құдіреттерге *әмір жүргізуді* армандап, ертегі шығарды (Біздің Мұхтар).

Ұрыс жүргізу. *Соғысу, ұрысқа шығу.* Жаумен бұдан әрі *ұрыс жүргізу* қауіпті болды, таң атып қалған (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

Іс жүргізу жұмысы. *Кеңсе жұмыстары, ресми, іскери жұмыстар.* Бірақ қанша саулағанмен қысыр кеңестен дым шықпай бара жатқан соң, кеңестің *іс жүргізу жұмысына* көшті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖҮРГІЗУШІ[1] з а т. *Әртүрлі автокөліктің (мәшине, троллейбус, автобус, т.б.) айдаушысы.* Осында бір автотресте *жүргізуші* болып істейді. Оның әйелі Ақшолпан да орта білімді маман (А.Байтанаев, Қансонар). Диірменнің иесі Бойковпен бірге машинаны *жүргізуші* де қашып кеткен екен. Екі жүз аттың күші бар үлкен машина (С.Шарипов, Бекболат). Қызылорда автокомбинатының Ленин орденді *жүргізушісі* Ыспандияр Әлмұрзаев («Білім және еңбек»).

ЖҮРГІЗУШІ[2] з а т. *Теледидар, радиохабарларын жүргізетін адам. Жүргізушінің* сөзін естіп, сене алмай, өзің барып араласып, көзбен көргенге, құлағыңмен естігенге, денеңмен сезінгенге не жетер (О.Бөкеев, Үйқым.).

ЖҮРГІЗІЛ= е т. *Жүзеге асырылу, орындалу.* Тәжірибе жұмысы Шығыс Қазақстан облысының «Фрунзенский» совхозында *жүргізілді* (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауру.). Апталық өтпес бұрын оның ұйымдастыру, даярлау жұмыстары *жүргізілді* («Қазақст. мұғ.»).

ЖҮРГІЗІЛУ *Жүргізіл етістігінің қимыл атауы.* Сол сіздердің кінәларыңыз енді көктемгі егістің ойдағыдай *жүргізілуіне* сөз жоқ кесірін тигізеді (С.Мұратбеков, Көкорай).

Біздің елімізде силикоз ауруына қарсы күрес кеңінен *жүргізілуде* (М.Сисекенов, Өкпе ауру.).

ЖҮРГІЗІС= е т. *Бірге жүргізу, орнату, жүзеге асыру.* Риза шаһтың өзімен бірге баяғыдан қызметтес болған, тәртіпті бірге *жүргізіскен,* соңғы кезде бас уәзір болған адам – Таймұрташ (С. Шарипов, Бекболат).

ЖҮРГІЗІСУ *Жүргізіс етістігінің қимыл атауы.* ≈ Мәшине *жүргізісу.*

ЖҮРГІН з а т. *Ары-бері жол жүруші, жолаушы, жүргінші.* Қылыштың қырында, қылдың үстінде келе жатқан *жүргіндерге* мұнан артық қуаныш бола ма (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Бұл жолмен *жүргіндер* аз (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖҮРГІНШІ з а т. *Жол жүруші, жолаушы.* Айдаркин келгенде Алматы самолеті жаңа ғана қонып, *жүргіншілер* түсіп жатқан кез еді (С.Бегалин, Уақыт.). Қайығын тоқтата алмай таудай толқын, Ағысты сең ағызған қатты қарқын. Жердегі аяқ жетер *жүргіншілер* Келді іздеп сол қайықтың естіп даңқын (О.Шипин, Дастан.). *Жүргіншілер* дәл ауылға тақай бергенде, салт аттының бәрін, Дәрмен дабыстап тоқтатқан-ды (М.Әуезов, Шығ.). *Жүргінші* көп, тіпті көп. Вокзал құмырсқаның илеуіндей қайнайды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖҮРГІСІЗ: аяқ алып жүргісіз. *Өте көп, мол.* 1928 жылдың жазы. Алматы базары сатуға әкелген малдан *аяқ алып жүргісіз* (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

ЖҮРГІШ с ы н. **1.** *Жақсы жүретін, бір жерде тұрмайтын.* Қасқырлар бәрі де жонданып, құтырынып, мықты, *жүргіш* болып алды (М.Әуезов, Қараш.). Қой дегенің – *жүргіш* мал. От мол болған сайын жылжи, бірін-бірі баса озып алға ұмтыла береді (Самғау). **2.** а у ы с. *Жеңілтек, жеңіл жүрісті.* ≈ *Жүргіш* жігіт.

ЖҮРГІШТЕ= е т. *Ары-бері жүру, көп жүру.* Ол дастарқан басынан тұрып, әрі-бері *жүргіштеп* кетті (Т. Әлімқұлов, Кер толғау).

ЖҮРГІШТЕУ *Жүргіште етістігінің қимыл атауы.* ≈ Әрлі-бері *жүргіштеу.*

ЖҮРГІШТІК з а т. *Жақсы жүретіндік, аяңшылдық.* Қара шолақтың *жүргіштігін,* жүк тартқыштығын әскерге кетпей тұрғанда «мал иесіне тартады» деп жұрт Ахметжанның өзіне сындырушы еді (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЖҮРДЕК с ы н. **1.** *Ұшқыр, жүрісті.* Қаршыға салған адамға ыңғайлы, *жүрдек,* жуас, жылпос ат керек (Ш.Айманов, Қыран). Тығылмай әм сүрінбей *жүрдек* көсем, Иек қағып, еліріп жүрсе әсем. Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас, Разы емен осындай ат мінбесем (Абай, Тол. жин.). **2.** *Жүйрік, тез жүретін.* «Қазақстан» *жүрдек* пойызы зымырап келеді («Қазақст. мұғ.»). **3.** а у ы с. *Шапшаң, жылдам. Жүрдек* дәуір иығыма ауыр жүгін артады, Дарқандығым, Бейқамдығым, Осалдығым бар тағы (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Жүрдек* ғасыр ұмытқан-ау ұятты. Данте, Пушкин, Шекспирмен, Гетемен Оның тіпті жұмысы жоқ сияқты (М.Шаханов, Ғасырлар.). Зайсан көлінің сұлулығын сипаттауға менің тілім жетпейді. Тек қана ол көлді көру керек: сонда ғана жүйрік көңіл мен *жүрдек* ой өз теңеуін тауып, шабан тілге шабыт қанаты бітеді (Ә.Нұршайықов, Алтын.).

ЖҮРДЕКТЕУ с ы н. *Шапшаңдау, ылдымжылдым.* Өгізіміз *жүрдектеу* болғандықтан, Жаңыл екеуміз жол бастадық, ол алға түсті (Б.Нұржекеев, Күй толғақ).

ЖҮРДЕКТІК с ы н. *Жылдамдық, шапшаңдық.* Жемге тойған күрең жорға өзінің бағзы бір су төгілместей етіп шауып салатын *жүрдектігімен* құйып бара жатыр (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Аяңшылдық, желіскерлік және *жүрдектік* қасиеттер ұшқыр және жүйрік аттың бойынан табылатын (Х.Арғынбаев, Этногр. очерк.). Өйткені жұрттың бәрі сол егіздің *жүрдектігіне* қызығатын болуы керек, бәрі оған үйір (Ж.Молдағалиев, Шығ.).

Жүрдектік коэффициенті. ф и з. *Қалақшалы мәшинелер теориясындағы гидродинамикалық ұқсастық принциптердің бірі ретіндегі коэффициент.* Қалақты, доңғалақты мәшинелердің геометриялық ұқсастық сериясы *жүрдектік коэффициенті* мәнімен анықталады. Желдеткіштердің жүрдектік коэффициенті төмендегіше сипатталады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖҮРДІМ-БАРДЫМ ү с т. *Қалай болса солай, немқұрайды.* Көпшілік қауымның игілікті жұмысына *жүрдім-бардым* қарауға болмайды (С.Омаров, Қайырлы жаз). Биқасап Шәрбән бәйбішенің ақылын *жүрдім-бардым* тыңдады (Ж.Жұмақанов, Жазылм. кітап). Басты себеп өңдеуге байланысты. Жер сапасыз жыртылады, *жүрдім-бардым* өңделеді (С.Сарғасқаев, Сұлутөр.). Екіншіден, өз халқының өткенін жете білмейді, тағдырына үңіліп, тарихына қызықпайды. *Жүрдім-бардым,* атүсті қарайды (С.Әшімбаев, Ақиқат.).

ЖҮР-ЖҮРЛЕ= е т. *Асықтыру, дызықтыру.* Түн аспанында ойнап ұшып жатқан от ұшқындары – бәр-бәрі де қыр баласын қолтығынан көтеріп алып ұшып, әлденеге *жүр-жүрлеп* тұрғандай болды (М.Әуезов, Шығ.). *// Үстіүстіне, қайта-қайта.* Домбыраға қол соқпа Шымырлатып бір-бірлеп. Жүрегім, соқпа, кел тоқта, Жас келер көзге *жүр-жүрлеп* (Абай, Тол. жин.).

ЖҮРЕ з а т. *Екі тізені бүгіп, бар салмақты екі аяққа түсіре, құйрықты жерге тигізбей отырған қалып.* Қамқа от басына *ж ү р е с і н е н* отыра қалды (Б. Майлин, Шығ.). Қарт ана Днепрдің жағасына келіп, *ж ү р е с і н е н* отырып, жан-жағын болжады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Сүтін жайлап, легенін төгіп, күлін шығарып, ыдыс-аяғын жуып болған соң, Алтынай пештің түбіндегі шекпен жапқан қара аяққа ұн салып алып, *ж ү р е с і н е н* отырып, тоқыраңдап бауырсақ иледі (Ж.Аймауытов, Шығ.). Шықты да кеудесін кере қатты бір күрсініп, *ж ү р е с і н е н* отыра кетті (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖҮРЕ-БАРА ү с т. *Келе-келе, ақырында, кейін.* Зылиха *ж ү р е - б а р а,* үйрене келе, ауыл өміріне қызу араласып кетті (Н. Ғабдуллин, Сар. жапырақ). – Мен беремін, танбаймын айта тұра, Өкінбесең түбінде *ж ү р е - б а р а.* Ақ пен сары екеуін алмағаның Мәнісін айтсаң екен, жаным, сірә (Абай, Тол. жин.). Талант *ж ү р е - б а р а* ашылмай ма? Қазір өзі бір симфония жазып жүр (З.Шүкіров, Ізгілік). Сөз жоқ, Мұхаңның бойында болған жақсы қасиеттері, мінез-қылықтары әр кезде, әр мәселе жөнінде айтқан сөздері *ж ү р е - б а р а* еске түсіп, айқындала бермек, бірте-бірте айтылып, жазылар да (Біздің Мұхтар).

Жүре-бара пайда болатын иммундық тапшылық синдромы. м е д. *Т-лимфотропты ретровирустар қоздыратын жұқпалы ауру. Ж ү р е - б а р а п а й д а б о л а т ы н и м м у н д ы қ т а п ш ы л ы қ с и н д р о м ы* кезінде адамның иммундық жүйе қызметі бұзылуының нәтижесінде әртүрлі лимфааденопатиялар, инфекциялар және қатерлі ісіктер пайда болады (ҚҰЭ).

ЖҮРЕЖАТ з а т. э т н. *Туажаттан туған бала, жетінші ұрпақ.* Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша *ж ү р е ж а т т ы ң* балалары бір-бірімен қыз алысып, құдандалы бола алады (ҚСЭ). *Ж ү р е ж а т* – адамның өзінен санағанда жетінші буыннан қосылатын туысы (ҚҰЭ).

ЖҮРЕ-ЖҮРЕ ү с т. **1.** *Көп жүріп, әбден жүріп. Ж ү р е - ж ү р е* Днепр өзеніне келіп тірелдік (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Ол өзінің таңертеңгі шыққан жерін сұрайын десе, қыздан ұялады. Екеуі *ж ү р е - ж ү р е* шаршады (Ә.Шәріпов, Қапаста.). *Ж ү р е - ж ү р е* бір елсіз шөлге түсті, Алып жүрген суының бәрін ішті. Адам, хайуан – бәрі де бірдей шөлдеп, Басына Құдай салды қиын істі (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Ақырында, ақыр аяғында, соңында.* Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. *Ж ү р е - ж ү р е* тілден де айырылды (Ә.Кекілбаев, Дала.). *Ж ү р е - ж ү р е* бойы үйір боп, трамвайға өзі міне кететін болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бала айтты: «Жаңа оқуын қандай ғылым? Боямай білдіріңіз ашып сырын». Ол айтты: «*Ж ү р е - ж ү р е* түсінерсің, Тетігі тоқсан сөздің жалғыз түйін» (О.Шипин, Дастан.).

ЖҮРЕК з а т. а н а т. <лат. cor> **1.** *Қан айналу жүйесінің көкірек қуысының сол жағына қарай орналасқан басты мүшесі.* Әйелдер маған қарсы жүрді. Әлгінде ғана біркелкі соғып тұрған *ж ү р е г і м* лезде дүрсілдеп қоя берді (М.Дүзенов, Ақәже). *Ж ү р е к* – адам мен жануарлардың қан айналу жүйесінің орталық органы; қанды артерия жүйесіне айдайды және оның веналарға қайтып оралуын қамтамасыз етеді (ҚҰЭ). Бұл айтылған витаминдердің *ж ү р е к* пен қан тамыр аурулары кезінде денеде жеткіліксіз болатыны анық (Б.Омаров, Жүрек. ауру.). **2.** д і н и. *Иманның тұрағы.* Алла тағалаға сенім мекені. Ислам дінінде *ж ү р е к* адамның өзегі, дәні саналады. Адам *ж ү р е к п е н* жетіледі, бойындағы бар игі қасеит жүректен шығады (ҚҰЭ). *Ж ү р е к* қандай болса, адам да соның ыңғайымен қалыптасады. Иман ұяламаған *ж ү р е к к е* перде тұтылып, кір шалады. Мұндай *ж ү р е к* жаратқанды танып білуге қабілетсіз. Иманды адамның жүрегі нұрланып тұрады, ол қайрат пен ақылға бағынбайды, жақсылыққа қуанады, жамандыққа ермейді. Ақиқат ауылын тапқан *ж ү р е к* алдамайды, алаламайды, адалдықтан айнымайды (ҚҰЭ). **3.** а у ы с. *Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі.* – Е, біз міндеттен құтылдық. Ендігі жерде өз *ж ү р е г і ң н і ң* қалауы білсін (Р.Тоқтаров, Терістік.). *Ж ү р е к т і* кетті жылытып, Бір ауыз тіл қатқаның. Өзімді-өзім ұмытып, Айтар жауап таппадым (Қ.Ұябаев, Отты жыл.). Жұмақты кіріп көргендей, Сайран етіп жүргендей. Басқаны *ж ү р е к* ұмытып, Дәуренді сонда сүргендей. Жапырақтар да сыбдырлап, Қарсы тұрған – төнгендей (С.Торайғыров, Алаш ұраны). *Ж ү р е г і м д е* жоқ алдамшы бөтен ой, Алдай алсаң – сен-ақ алдап кете ғой. Тағдырды адам мойындаған секілді, Махаббатты мойындайды екен ғой (Т. Молдағалиев, Шақырады.). **4.** а у ы с. *Саясиәкімшілік орын, орталық.* Отанымның *ж ү р е г і* – Москва ұлы шаһарым. Бұрынғыдан мың есе Арта түссін қаһарың (Өлеңд. жин.). «Өрлік» селосы... Әлгі әйгілі «Передовик» колхозының *ж ү р е г і* осы село (М.Сатыбалдиев, Жартас.). **5.** а у ы с. *Қайнар көзі, тірегі.* Тіл – ұлтымның *ж ү р е г і* Лүпілін Алла қолдаған. Тіл – елдіктің тірегі Ежелден тағдыр жолдаған (К.Салықов, Жезкиік). **6.** а у ы с. *Ғашық, сүйген жар.* Адал жарың – бірге соққан *ж ү р е г і ң.* Жақсы ұлың – жер бетінде тірегің. Жақсы қызың – мәңгі сөнбес шырағың, Немерелер – кеш көркейтер легің (К.Салықов, Жезкиік). **7.** а у ы с. *Көңіл.* Жан жарының қамқоры да қорғаны, Жатқан шығар аппақ болып ол дағы!.. Жақсылардың *ж ү-*

регіндей тап-таза Жауған қарды еске алсаңдар болғаны! (С.Жиенбаев, Алтын қалам). *Жүрегіме* жақын сенің есімің, Әкем десем, анам десем несі мін. Жарқыраған көк тасыңда көшеңнің ізі қалған Сәкен бәтеңкесінің (Т.Айбергенов, Мен саған.). Әмудің арғы бетінен Арқалап келдім көп ойды. *Жүректің* ыстық отымен, Мархабат, қарсы ал, Кегейлі! (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Ақ жүрек. *Адал ниет, ақ пейіл. Ақ жүрек* адал адамдардың аңғал істеріне күлесің. Тіпті кейіпкерлердің, адал пейілде жүріп, аңқаулық жасағанына қуана күлесің («Лен. жас»). Бастасам асыл әнді *ақ жүректен*, Ақмола, нұрын жансын ақ тілектен. Көгілдір туым жайнап, желбірей бер, Қазақты жер шарымен тату еткен (К.Салықов, Жезкиік).

Ақ жүрек адалдық. *Тазалық, пәктік, адалдық.* Менің бұл *ақ жүрек адалдығыма* ол кезде, әрине, ешкім сенбеді, тіпті қазір де илана қоюы екіталай (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Асау жүрек. *Албырт, беті қайтпаған көңіл. Асау жүрек* аяғын шалыс басқан Жерін тауып артқыға сөз болмай ма? (Абай, Таңд. шығ.). Қызыл қанға жуылып екі көзім, *Асау жүрек* аптығып бермей төзім (А.Жұмағалиев, Өшп. жалын). Кейде есер көңіл құрғырың, Махаббат іздеп талпынар. Ішем деп бейнет сусынын, *Асау жүрек* алқынар (Абай, Тол. жин.).

Асыл жүрек. *Таза көңіл, адал ниет.* Ерекше естен кетпес қызық қайда? Жолығатын қыз қайда терең сайда? Сұлулығын қояйын, мінезі артық, Ақылды, *асыл жүрек*, сөзі майда (Абай, Тол. жин.).

Аузын ашса, жүрегі көрінді. *Ақкөңіл, ақжарқын, кеңпейіл болды.* Ол жүкті арқасынан алып тастаған *аузын ашса, жүрегі көрінетін* Орынбайдың ыстық ықыласы, аға сыйлағыш дарқан мінезі еді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Батыр жүрек. *Ержүрек, батыр.* Бір жерден бәрің табыссаң, Атағың елге жайылған. Жау қарасын санамас, *Батыр жүрек* соғысар (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Бой мұздап, жүрек сыздады. *Жайсыз хабар есітті, денесі тітіркенді.* Бір хабар жетіп келді жедел тығыз, *Бой мұздап, жүрек сыздап* құбылдық біз. Әліби, табытыңды иыққа сап, Егілмей біз келеміз басып нығыз (О. Шипин, Дастан.).

Екі [қос] жүрек бірлесті. *Ғашықтар қосылды, бірікті.* Мауқын басып *қос жүрек бірлескені*, Қас қағымдай сәт екен түн кешкені. Мың дастанға сыйғызу мүмкін емес Зәру, ынтық жан тойын бір кештегі (К.Салықов, Жезкиік).

Ет жүрегі езілді. *Қиналды, азапқа батты.* Шәміл, Шәміл! Шаршадым, қалжырадым. *Ет жүрегім езілді,* қан жылады. Жырым менің – науқастың сандырағы, Құным менің – тазының қарғыбауы (М.Мақатаев, Шығ.). Тек қана сол *ет жүрегі езілін,* Шырмауықта шырылдайды ез үміт. Жалғыз ғана қуанары сол ғана, Өмірдегі бар тірліктен безініп (Е.Ибраһим, Көкше.).

Ет жүрегі шошыды. *Үрейленді, шошыды.* Туғалы жүген-құрық тимеген асаудай, асау азаматтың мойнына патшаның шынжыр бұғалығы түсіп, асаудай алқынып, дір-дір етіп, *ет жүрегі шошып,* үрейленіп тұрды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ет жүрек. *Көнбіс, төзімді.* Кәрі, жас дәурені өзге тату емес, Епке көнер *ет жүрек* сату емес. Кімде-кім үлкен болса екі мүшел. Мал беріп алғанменен, қатын емес (Абай, Тол. жин.). *Ет жүрек* өртенді, От боп жанып, Жалын шалып ішіме Иттей қормын, Зармын, Сен үздің ғой бұл желкемді (Абай, Тол. жин.).

Жанған жүрек. б е й н. *Алып-ұшқан көңіл.* Жүрген жүріс, Қаракөз, күлген күлкің, *Жанған жүрек* қасында болсаң, шіркін! Сені ойласам, Қаракөз, ас батпайды, Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкім (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жанары жүректі өртеді. б е й н е. *Ғашық етті, тәнті етті. Жанарың жүрек өртеп,* жарқыраған, Біз пенде, сіз періште хал сұраған. Көзге көз түйіскенде дәт шыдамай, Кейпімді сезесің бе қалжыраған (К.Салықов, Жезкиік).

Жас жүрек. *Жас адамның көңілі.* Еркелейсің, жан сәулем, күлім қағып, Махаббаттың жүрекке отын жағып. Жүрегімде лауласа ғашық оты, Жараланбай *жас жүрек* қалсын неғып (Қара өлең). Қасірет батты жаныма, Уға толды *жас жүрек*. Орамалды жарыма Бітірем қашан кестелеп (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жүрегі адал. *Көңілі таза, әділ.* Қоғам мүлкін қорғаңдар, Сенімді бол, бар жанға, *Адал* болса *жүрегің* – Жұрт ілеспей қалар ма! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрегі айныды [лоблыды]. а) *Жүрегі көтеріліп, құсқысы келді.* Бике, көрінген дәрінің атын жаттап, бақа жарып, ит сойып жүрейін бе. Бір күні *жүрегім айныды* да, содан тастап кеттім (М. Иманжанов, Менің махабб.). Әлжан әр-беріден соң *жүрегі айнып,* Әдхамның жел жағына шығып алды (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Менің қойқама басқа бір аурудың матрацын әкеп, төсеп қойыпты. Әлгіден *жүрегім айныды* («Лен. жас»). Бір күні сол жемісті жеуге тәуекел жасап, аузыма сала бергенде ішінен қара бас құрт шығып, *жүрегім айнып*... қатты ауырдым (О.Бөкеев, Біздің жақта.). *Жүректері айнып,* енді құсатын адам секілді

бәрі де кірбің тартып кетті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). ә) *Безер болды, мезі болды, ығыр болды.* Қабыш қазылған жердің топырағына баурын төсеп жатыр, жұмыстан *жүрегі айнып* жатқан сияқты (Ғ.Мүсірепов, Шық.). Ал нәзік ойлы, сұлу Қырмызы Қаражанды сүймек түгіл оны көрсе *жүрегі айнып,* өзіне ғашық жігіттің жүрген жерінен бойын аулақ салды (І.Есенберлин, Шық.). Бір жамандықты сезгендей *жүрегі лоблып,* қолы дірілдейді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жүрегі аласұрды. *Көңілі алып-ұшты.* Ұйқылы-ояу би отыр данасынып, Қақ төріне қауымның дара шығып. ... Би билігін күтуде Райымбек, Алып ұшып, *жүрегі аласұрып* (М.Мақатаев, Шық.).

Жүрегі алқынды. *Ентікті, жүрегі аузына тығылды.* Мені шақырған кім екен деп бұрылсам, көрші бөлменің есігін ашып, күлімсіреп тұрған Қасен екен, әлденеге *жүрегім алқынайын* деді (Б.Майлин, Шық.). *Алқынып* асау *жүрегім,* Жас неге сел боп парлайды? Жүрекке қосып тілегін, Домбырам неге сарнайды (XX ғ. қаз. ақын.). Жалп етіп таудай құлады, Тұрам деп қайта талпынды. Тұра алмады, тулады, Кеудеде *жүрек алқынды* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жүрегі алып ұшты. *Қатты толқыды.* Қайын атасының келетін хабарын есіткелі балықшы жігіттің жолы болып, *жүрегі алып-ұшып* жүр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). «Құдая, сақтай гөр» деп *жүрегі алып-ұшып* жүргенде сол суық хабар келді (Т.Ахтанов, Таңд.). Қолын қысып қоштасып, Қала берді Андрей. Пойызбенен көп жүрді, Жетті еліне Қырғызбай, *Алып ұшты жүрегі,* Көктемнің самал желіндей. Астына мінген атының Тежемей басын жіберді (К.Әзірбаев, Таңд. шық.).Қыз көрсеткен үйге жақындаған сайын *жүрегім алып-ұшады.* Менің де жоғалғаным осы үйден табылатын сияқты («Лен. жас»).

Жүрегі аттай тулады [дүрсілдеді, дүрсіл қақты, жиі соқты]. *Жүрегі қатты соқты, дүрсілдеді.* Абай өз *жүрегінің аттай тулап* соққан дүрсілін естіді, Шолпы үнін сол басып барады (М.Әуезов, Таңд. шық.). Айқасқа асыққан зеңбірекшілер *жүрегі аттай тулап,* алып-ұшумен болды (Майдан). Асығат, *жүрегі аттай тулап,* төс қалтасынан партбилетін алды да, бөлім бастығына берді (І.Есенберлин, Шық.). *Жүрегі аттай тулаған* Қабдеш Сәрсенбекке жабыса жақын жүріп, бауырына кіріп кете жаздады (С.Садуақасұлы, Танымдық зерт.). Қатты қорыққаннан, *жүрегім аттай тулап,* кейде буындарым қалтырап кетеді (Ғ.Мұстафин, Шық.). Барып ед, ұялғаннан, – кімсің? – деді. Қалайша ту көтеріп түрсың? – деді. «Қоймас, – деп ат-жөнімді айтпағанмен», *Жүрегі* жүйткіп *аттай дүрсілдеді* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Асыға қол қойып, телеграмманы ашып оқығанша, дәтім шыдамай қолым қалтырап, *жүрегім дүрсілдеп,* денеме біртүрлі кездейсоқ жылу бергендей хабардың жақсы-жаманын білгенше асықтырып барады (Б.Тұрсынбаев, Ауыл.). «Қашан келер екен? Шыға алар ма екен?» деп *жүрегі дүрсіл қағып,* жар астында бас бағып, Жүніс отыр (Ж.Аймауытов, Шық.). Жасымды төгуші едім торыққанда, *Жүрегім дүрсілдейді* қорыққанда. Тәуекел, жүріп кеттік түнделетіп, Бұл жүріс кем болмады жорықтан да (Қ.Әзірбаев, Таңд. шық.). Қиялханның *жүрегі жиі-жиі соқты:* «Қалай болса да көкшіл ұшқындарды көруім керек» (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді). Қуаныштан лүпілдеп, *Жиі соқты жүрегі.* Жас баланың осы еді, Бірінші ойы – тілегі (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегі аузына тығылды. *Жүрегі қатты соқты, дүрсілдеді; зәре-құты қалмады.* Шайға отырса да *жүрегі аузына тығылып,* кеудеге бір кесек тас орнағандай, бар денені сенделткен қайғы-қамырың бар (М.Әуезов, Таңд. шық.). – Тіпті зәремді алып барады ғой құрғыр, – деп, төрт бүктеп төсектің басына тыға салды. Келіні келгенше *жүрегі аузына тығылып,* ештеңеге иліге алмай қойды (К.Қазыбаев, Дәуір.). Жан беру оңай ма, *жүрегі аузына тығылып,* өн бойы дір-дір етті (І.Есенберлин, Шық.). – Түу, *жүрегім аузыма тығылғаны,* аңдушы біреу ме деп (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді). Денем күйді... *Жүрегім аузыма тығылды* Көзімнен ыстық жас төгілді (М.Жұмабаев, Шық.).

Жүрегі ауырмады. *Елең қылмады, мән бермеді.* Кетесің дереу сауығып, Кіреді қайта реңің. Жүрмейсің енді жабығып, *Ауырмайды* енді *жүрегің* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жүрегі басылды. *Көңілі орнына түсті, жаны жай тапты.* Қозыны айдап жүгіріп сайға барсам; Талқан-шекер татиды шайнай алсам. Ішімдегі шерімді мен төгемін, *Басылғандай жүрегім* әнге салсам (К.Әзірбаев, Таңд. Шық.).

Жүрегі бүлк етпеді. *Еш нәрсеге жаны ауырмады; селт етпеді.* Ата мекені осы жақ болып кеткен алаяқ. «Түркістан», «Түркістан» деп сарнағанымен *жүрегі бүлк етпейді* (Қ.Мұқамеджанов, Өзіме де.).

Жүрегі дауалады. *Батылы жетті, қаймықпады.* Сенің мылтығыңды әкеп табалдырығыңның түбіне көлденең жатып алайын, қайсысысының *жүрегі дауалар* екен (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бір

жапырағыңыз қалғанша керек. Осыған *жүректерің дауалай* ма? (Ғ.Мұстафин, Шығ.). Туу, қызық екенсің ғой, өзің? Сені мұндай деп кім ойлаған, – деген Күлшеге Кәшкен: Немене, *жүрегің дауалай* ма? Жазған құлда шаршу бар ма, Кәшекең өзі-ақ баяндайды (М.Иманжанов, Шығ.).

Жүрегі дауаламады [қобалжыды]. *Батылы бармады, тайсалды, қаймықты.* Сөйтіп, оларды бір түнде нөкерлерін жіберіп жоқ қылып жіберуге *жүрегі дауаламайды* (І.Есенберлин, Алмас.). Бірақ бір нәрсеге батылы барып, *жүрегі дауаламайтын.* Жауды дүрліктіріп қуып келе жатып, пәтер тінтуге келгенде, пеш түбінде дірілдеп тұрған сәбидің үрейлі көздерін көргенде, тұла бойы түршігіп, ығысып жүре беретін (Ә.Сараев, Қараша.). Аман «Сайтан көпірге» келіп жетті де, салып-ұрып өте шығуға *жүрегі дауаламай,* селтиіп тұрып қалған (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Бірақ осындай үлкен жерде аяқ астынан өз бетімен сөйлеп кетуге *жүрегі дауаламай* сергелдең еді (Т.Ахтанов, Таңд.). *Жүрек қобалжымай,* табан таймай, қасқайып тұрып салысуға шыдастық. Би солай сілтеді (М.Әуезов, Шығ. жин.).

Жүрегі дір етті. *Қорқыныш биледі, селк етті.* Сәуле ашумен жалт етіп еді, Темірдің өңінде бір тамшыдай да қан қалмай, сұрланып кеткен екен. Соны көріп *жүрегі* сәл *дір етсе* де, намысы жібермей, қорқыныш билеген денесін тез жиып алды (Ә.Әбішев, Замана.).

Жүрегі [ет жүрегі] елжіреді. *Буыны босады, жаны ашыды, мейірленді.* Қайназардың *жүрегі елжіреп* кетті (І.Есенберлин, Шығ.). Қайсыбір жер үйлердің үстінде нанның күйігін кеміріп отырған кемпір-шалдарды, оған телміріп отырған үстінде іліп алар лыпасы жоқ жас балаларды көргенде Таусоғардың жанын шарпыған әлдене бір жат сезім бойын биледі де *жүрегі елжіреп* сала берді (Ә.Әбішев, Замана.). Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан алып бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім. *Жүрегім елжіреп* жылап жібердім (Б.Майлин, Шығ.). Қара қасы қиылып, Бөбекке ана қарады. Қараған сайын *жүрегі елжіреп,* еріп барады (Ә.Сәрсенбаев, Өленд.). Зәйкүл ымдап шақырды. Қалтасынан бір қағазды ұсынды. Хат екенін білдім. *Жүрегім елжіреп,* жылап жібердім. Әбдірахман да сезіп тұр екен, оңашарақ шығып оқыдық (Б.Майлин, Шығ.). *Елжіреп* есім шығып *ет жүрегім,* Қызығын дүниенің жаңа көрдім. Ақ торғын алтын шашақ орамалмен Отырды аз құрғатып көкірегін (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Ет жүрегі елжіреген* Кітапбай бір сәт өннен басқаның бәрін ұмытты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Мұндайда Өтекеңнің де *ет жүрегі елжіреп* кетеді (Б.Тоқтаров, Қыран.).

Жүрегі еріді. *Жаны ашыды, аяды.* Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік, Достықпен *жүрек еріп,* тәуір еттік. Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда, Еліңе жеткізуге біз де жеттік (Абай, Тол. жин.).

Жүрегі жарылды [жарылып кете жаздады, жарылуға жақындап тұрды]. а) *Қуанды, шаттанды, төбесі көкке жетті.* – Әжемнің *жүрегі* қандай *жарылар* екен! Көзінен жасы ағып... ойбай-ау, ағатайым жоқ екен-ау! (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әке-шешең *жүрегі жарыла* қуанатын болды-ау (О.Бөкеев, Үйқым келмейді). «Патша түсті» деген хабар болмаса, әсіресе, оқыған еңбекші жастардың арасында *жүрегі жарыла* қуанбаған адам аз (С.Сейфуллин, Тар жол.). Отырғандардың аузынан осы лебізді естігенде *жүрегім жарылып кете жаздады* (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.). *Жүрегім жарылуға жақынд ап тұр,* Ат болмаса, қалмас па еді, мені басып (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Қатты қорықты, зәресі қалмады. Жарылады* күніне Қанша жанның *жүрегі*! Ал біреулер шынымен Өлгісі кеп жүреді! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Жалғыз-ақ қана сол енді Бәрінің тілер тілегі. «Мұхаммед жеңді!» дегенде, *Жарылып кетсін жүрегі* (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жүрегі жасыды. *Тауы қайтты, тауы шағылды, ұнжырғасы түсті.* Сол қорлықпен он беске жасым жетті, Мен қатарлы балалар басып өтті. Жорға мініп бәрі де жігіт болды, Соны көріп *жүрегім жасып* кетті (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрегі жоқтық. *Жасықтық батылсыздық, ынжықтық.* Жаны тәтті-ау, бірақ тәтті жанды қорғап алатын *жүректің жоқтығы* ғой (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жүрегі жұмсақ. *Ізгі жүректі, адал көңілді, адал бейілді, рақымшыл. Жүрегі жұмсақ* білген құл, Шын дос таппай тыншымас, Пай да, мақтан – бәрі тұл, Доссыз ауыз тұшымас (Абай, Тол. жин.).

Жүрегі [ет жүрегі] жылыды [жібіді]. *Жаны ашыды, аяды, мүсіркеді; жаны тебіренді, еміренді.* Бұл сөзді естіген соң, менің *жүрегім жылып* қоя берді (С.Мұқанов, Шығ.). Зураның бетіне қадалып еді, оның жүзінде әлдене бір жұмбақ күлкі ойнап тұр екен. Соны көрген соң ғана, Балқияның *жүрегі жылы* қалды (Ә.Әбішев, Шығ.). Жер, аспан бірден қозғалып, Тауарлар мен тастар жібісін. Ойлаған ойлар толғанып, Мұздаған *жүрек жібісін* (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Жүрегі жылыды. *Елжіреді, мейірленді.* Күнәкар, мүйіз боп қата бастаған *жүрегі* әлденеге *жылып* кеткен (І.Есенберлин, Шығ.).

Жүрегі жібімеді. *Жаны ашымады, мейірі түспеді.* Самарқант Ордасындағы қаншама жақсы атты боп жүрсе де, атасын құл етіп әкелген Ақсақ Темір немерелеріне Оспан Қожаның *жүрегі жібімеді* (І.Есенберлин, Алмас.).

Жүрегі зу етті. *Шошып кетті, қорықты.* Гүлжан «личное делоның» сыртындағы өз фамилиясын көрді де *жүрегі зу ете қалды.* Оны неге ұстап отыр? Әлде қосымша документтер жетіспей ме екен (М.Дүйсенов, Гүлжан.). – Елеу, Құлбатыр, Жұмабай, алға шығыңдар!– деп қазақ приставы айғай салды. Жігіттердің *жүректері зу ете қалды* («Қаз. әдеб.»). Сайран өзін-өзі тежеп, Кәкима мен Шекерге кезек қарап алды да: «Мен бір сөз айтсам ғой, екеуің ел бетіне қарауға зар болсыңдар», – деп еді, Кәкиманың *жүрегі зу ете түсті* (Ә.Әбішев, Шығ.).

Жүрегі [жүрегіне] зырқ етті. *Бір нәрсе жанына жайсыз тиді, қатты әсер етті.* Бұндай бастаманың ақыры оңға соқпас, деген күдік *жүрегіме зырқ ете қалды* (Ол күндер.). Сол тұлың тасқа мінген кезімді ойлап отырсам, бұл күнде *жүрегім зырқ ете қалады* (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Қоспанның *жүрегі зырқ ете қалды* (Т.Ахтанов, Таңд.). Кітапбектің *жүрегі зырқ ете қалды.* Тастың басқа тигені анық еді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жүрегі кекке толы. *Кекшіл, өшіккен, кектенген. Кекке толы жүрегі,* Мұзбалақтай түледі. Ағытылды бойында Өр қайраттың тиегі (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегі көтерілді. ә) *Жүрегі айныды, құсқысы келді.* Шолпан ауырып келді. Алғаш рет лоқсып, *жүрегі көтерілін,* іші-бауырын күйдіріп бара жатқандай күйге ұшыратты (А.Хангелдин, Қараторғай). Ол кенет *жүрегі көтерілді* білем құсатын ыңғай білдіріп алдыңғы бөлмеге қарай жүгіре жөнелді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Шикі етті, қанды көрсе, *жүрегі көтеріліп* кетеді осы баланың (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). ә) *Қорықты.* Таңдайын басыңдар, баланың *жүрегі көтерілген* ғой (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүрегі күпті болды. а) *Тамақтан бейжай болды, кекірігі азды.* Сәресіде түннен қалған қазыны жеп, тағы майсөк жасатып жеп, шалдың *жүрегі күпті болып* қалыпты (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). ә) *Қорықты, жүрегі лоблыды.* Алғаш жер астына түсетінде, *жүрегім күпті болып* жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.). «Қашан шақыру келеді» деп, ажал сағатын күткендей, *жүрегі күпті болып,* алақол, арамза билердің әмірін, кәрін күтті (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрегі қайтпады [неден қайтпақ]. *Қаймықпады, қорықпады.* Менің көңілім сондағы өлең айтпақ, Жас күндегі *жүрегім неден қайтпақ.* Қой күзеткен қыз-қатын шуылдаса, Айтысамын солармен сандырақтап... (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрегі қалтырады. *Қорықты, есі шықты.* Лапастың есігіне көзі түсіп, *жүрегі қалтырап* тіксініп кіреді (Б.Майлин, Шығ.). Таусылғандай тынысың, Күнде *жүрек қалтырап* (Ақын жырлары).

Жүрегі [ет жүрегі] қан жылады. *Егілді, езілді.* Үшеуіңнің әкемнің үйінде ілулі тұрған суреттеріңе қараған сайын, *ет жүрегім қан жылап,* аруақтарыңның алдында бас иемін (О.Бөкеев, Ұйқым.). Жан безеріп, *жүрегің қан жылайды,* Адам аяу дегенің қалған жоқ па? Көз кермеген бұл сүрең қайдан шықты Баяғының салатын бәрін отқа? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Сабақ алдым естен мәңгі шықпастай, Мен адамды жазалаудың Жүз елуден асқан түрін білемін. Соның бәрі қалғаннан соң түкке аспай, Өмірімде бірінші рет *қан жылады жүрегім* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүрегі қара. *Қара ниет, ешкімге мейірімі жоқ.* Жанға жақсылық ойламайтын, *жүрегі қара* наданнан сақта (Ш.Смаханұлы).

Жүрегі қарайды. а) *Қарны ашты, жүрегі сазды, тамақ ішкісі келді.* –Екі күннен бері дым татпай, *жүрек қарайып* отырғаны мынау! – деді Шырынкүл (Б.Майлин, Шығ.). Мыжғылап соғып, көк иық болып, екі қарын салдырап, *жүрегің қарайып,* үсті-басың лай сүңгіп шыққандай боласың (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) *Ниеті бұзылды, жамандық ойлады.* Жауыздықтан *жүрегі қарайып* біткен баукеспе, балаға тап берді (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүрегі қарс айырылды. *Көкірегі қайғышерге толды.* Ақбала бұл таңды ұйқысыз атырды. Ауық-ауық тынысын тереңнен тартып, *жүрегі қарс айырыла* күрсініп қояды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).– Аруағыңнан айналайын, қайран атекем-ай, – дегенде оның *жүрегі қарс айырылады* (Б.Майлин, Шығ.). Аруағыңнан айналайын, қайран, атекем-ау, киелі атың жаман-жәутіктерге қолжаулық болды-ау! Ой-қой заман!... дегенде бай мен бәйбішенің *жүрегі қарс айырылды* (Б.Майлин, Шығ.). Әлиза әлі ессіз, оқта-текте ғана тұрғысы келгендей, қос қолымен ауаны қармап, «a-ah!...» деп, *жүрегі қарс айырыла* күрсінеді (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Жүрегі қатал. *Мейірімсіз, қатал.* Ойласа дүйім ауыл, осы жұрттан Алысқа дәл осындай кім бар шыққан? *Жүрегі* Балжекеңнің қандай *қатал* Жалынған бәйбішенің көңілін жыққан (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегі қобалжыды. *Жаны жай таппады, мазасызданды.* Елена басын сілкіп қойып, мына бір таң алдындағы *жүрек қобалжып,* күңгірт сезімге бөленген беймаза мезеттің ауыр жүгін лақтырып тастағандай пейіл көрсетті (М.Қаратаев, Далада.). Шермектің *жүрегі қобалжып,* денені қорқу билеп, қалтырады (Б.Майлин, Шығ.).

Жүрегі қозғалды. ж е р г. а) *Жүрегі айныды.* Арасан суын ішсе, оның *жүрегі қозғалады* (Қаз. тілі фраз. сөздігі). ә) *Қатты қорықты, шошып кетті.* Құс үстінен келгенде Астында айқай салады. Астында айқай салғанда, *Жүрегі* құстың *қозғалып,* Жерге қонып қалады (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Ең алғаш көз бұлдырап, бой шымырлап, *Қозғалып жүрек* орнын таба алмады. Талғардың төбесінде тіккен ту бар, Ол-дағы бұлақ қағып төмен қалды (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрегі қуанды. *Шаттанды, мәз болды.* Алжып кеткен атамның құмалағы, Алдап мені ой-қырға қуалады. Ақ батасы, әйтсе де, адал еді, Соны ойласам, *жүрегім қуанады* (М.Мақатаев, Шығ.).

Жүрегі қысылды. *Қиналды, жүрегі аузына тығылды.* Аяқ басуы қатаң, Ақбілекке ұнамайды, *жүрегі қысылып,* өкпесі аузына тығылып барады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрегі лүпілдеді [лүпіл қақты, лүп-лүп етті]. *Жүрегі жиі-жиі соқты, қобалжыды.* Оқуды бітірер шағы, сыннан өтер кезі таянған сайын Розаның жас *жүрегі лүпіл қағып,* тұла бойын ыстық сезім биледі (Б.Мәдиев, Өрен.). «Адастым-ау!... Адасқаным ғой, енді!» деген сезім Айшаны биледі. Сөйтіп келе жатқанда, оң жақтағы адырдың етегінен шоғырмақталған, топтанған бір қара көрінеді. Айшаның *жүрегі лүп ете түсті* (С.Сейфуллин, Шығ.). Алмастың *жүрегі лүп етті* де, ізінше дүрсілдеп, жиі соғып кетті (З.Қабдолов, Жалын). Біздердей ғашық көп, Қайсысы саған дөп? Жөндеп те айтпадым, *Жүрегім лүпілдеп* (Абай, Тол. жин.). – Артына қарады ма? – деді Мағрипа *жүрегі лүпілдеп* (О.Бөкеев, Үйқым.). Ата-анасы ұлының Абыройын тіледі. Алыс сапар шығуы, *Лүп-лүп еткен жүрегі* (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегі май ішкендей кілкілдеді. *Көңілі қобалжыды, тынышсызданды.* Мұз үстінде жүрген күйеуін ойласа, *жүрегі май ішкендей кілкілдеп* қоя береді. Ақбала сосын үйде отыра алмай, сыртқа шықты (Ә.Нұрпейісов, Шығ.).

Жүрегімен білді [сезді]. *Сезді, байқады.* Ал қыз бұрылып кейін қарамаса да, біреудің соңынан асыға қуып келе жатқанын білді. Бұ да *жүрегімен білді* (І.Есенберлин, Шығ.). Өзі зерек, Жаңылдың күйзеліп айтқан сөзін титтей *жүрегімен сезіп,* үндемей қалатын (Т.Ахтанов, Таңд.). Міне, осына үш ұлы дүниені көзбен көріп, *жүрекпен сезген* қарапайым ғана пенделер мәңгі жасайды (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Мұны ойлап, байлық жақтан көңілім безді, Онан бақыт таппасын *жүрек сезді.* Әкімшілік бақыт деп жұрт айтады, Осы қалай екен деп ойым кезді (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Атаның *жүрегі* де әлденені *сезгендей,* бүлкілдей бастады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жүрегімен сағынды. *Шын сағынды, жандүниесімен аңсады.* Жолдастардың кеңесін *Жүрегіңмен сағынып,* Кейде шыға келесің Жиналыста шабынып! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жүрегімен сезінді. *Жан-тәнімен сезінді, түсінді.* Ал онымен аңға шығу деген – жанның рахаты. Табиғатты *жүрегімен сезінеді* (Біздің Мұхтар).

Жүрегі мұз болды. *Көңілі қалды, жек көрді.* Осыдан соң Алуаның *жүрегі мұз болады.* Ол шалдан жирене, жиырыла көзі жас, көңілі ызалы шерге толған сұлу Алуа ендігі өмірін айықпас зәрмен уланған қорлық деп біледі (М.Әуезов, Өскен өркен).

Жүрегі мұздай болды. *Селк етті, шошыды.* Дәмештің *жүрегі мұздай боп* тұла бойы қалтырап қоя берді (Б.Майлин, Шығ.). Есімбек өзімен бітірген төрт жолдасын жиналыста көріп *жүрегі мұздай болды.* Мұның жақсылық еместігін бірден сезді (Б.Оразақов, Дәрігер.).

Жүрегін алға ұстады. *Болашаққа үміт артты, жақсылық күтті.* Жарлы өмір жақсылықтан алыстады. Жарлының көп болды онда жау-дұшпаны. Жарлыға жарлы жаны жақын болып, *Жүрегін* әр уақытта *алға ұстады* (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегін аралады. *Ойын білді, араласты.* Қуансам, әнің ғана қалағаным, Ұнайды шырқай салып, қарағаның. Жасырын бір құпия қалмасын деп, Келіп тұр *жүрегіңді аралағым* (К.Салықов, Жезкиік).

Жүрегінде жұдырықтай боп тұра қалды [инедей қадалды]. *Көңіліне дық ете қалды.* Шіркін неме, кісінің көңіліне қараса ниетті, түйеден түскендей етіп, дүңк еткізген сөзі *жүрегімде жұдырықтай боп тұрып қалды* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүрегінде оты бар. *Еті тірі, өткір, өжет, зерделі. Жүрегінің оты бар* бала көрінесің, – деп, той басы арқамнан қағып, мақтап қойды (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

Жүрегіне беріш [тас] болып қатты. *Көңіліне дық болып ұялады; ойынан кетпес, жадында қалар кекке айналды.* Көк сиырдың кегі Дайрабайдың *жүрегіне беріш болып қатқан* тәрізді, – деді (Б.Майлин, Шығ.).

Жүрегіне біз сұғып алғандай болды. *Шошып кетті, селк ете түсті.* – Мен көрмеймін, соқырмын, ағай. *Жүрегіме біз сұғып алғандай болды* (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүрегін елжіретпеді. *Мынқ етпеді, мән бермеді.* Бірақ зарын ананың Сейіткерей жоқ тыңдаған, *Елжіретпес жүрегін* Шықпаса ақша қалтаңнан (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегіне жетті. *Көңілінен шықты, әсерлі болды.* Пікір алысу тап бір редакция ұжымы үшін жүргізілгендей, қалың оқырманға бағышталып, жұртшылық *жүрегіне жетіп* үлгерген әңгіменің бұлай шорт қайырылуына не себеп? (З.Серікқалиұлы, Алтын жамбы).

Жүрегіне жылу берді. *Нәрлендірді, көрік берді, рух, шабыт берді.* Болғанмен, сыртым қораш, ішім сұлу, Сол ғана *жүрегіме берген жылу*. Ажары бет пен іштің бірдей емес, керек-ау Кәмшат соны пайым қылу (Жамбыл, Шығ.).

Жүрегіне қанжардай қадалды. *Қатты тебірентті, толқытты.* Алтыбақанның ырғағымен бір көтеріліп, бір төмендеп құлдыраған ән Ажардың *жүрегіне қанжардай қадалды* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жүрегіне қаяу салды. *Көңіліне кірбің ұялатты, ренжітті, кейітті.* Асфальт жолды аяғандай жай-жай басып барады, *Жүрегіне қаяу салып*, ренжіткен кім ананы?! – Неге бұлай?– деген сұрақ көкейімнен кетпеді, Қолтығынан демеп оны алып шықтым шеткері (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүрегіне өрт түсті. *Ғашықтық жалыны жанды, күйінді, күйзелді.* Қор қылуға құдіреттен, *Жүрегіме түсті өрт*. Тайды аяғым ескі серттен, Түсті емсіз, қатты дерт (Абай, Тол. жин.).

Жүрегіне тиді. а) *Май немесе майлы ас тәбетін қайтарып тастады.* Майлы ас жемеген шалдың кешегі тамағы *жүрегіне тиіп* қалыпты (А.Тоқмағамбетов, Шығ.). ә) *Бетін қайтарды; көңіліне тиді.* Ат үстінен аударыссақ та, мені алардың жігіт жоқ. Тартқан көкпарда, жаяу күресте, ат үстіндегі аударыста көбінің көзіне көрініп, ноғай жігіттерінің *жүрегіне тиіп* тастаған (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жүрегін жаралады. *Жанына жара салды, қинады.* Таза тас сияқтанған күміс кесек, Жапырақ секілденген таза кесек. *Жүрегін* жуықтаса *жаралаған*: Кір өмір, тікен тұрмыс, уыл өсек (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жүрегін жарып шыққан. *Шынайы, жүрекжарды.* «Тірі жүрсе болды» – бұл менің *жүрегімді жарып шыққан* адал да ақ тілегім еді (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Сол сияқты ақын, жазушы *жүрегінен жарып шыққан* шығарманың да әрқайсысының да азабы мен қуанышы әртүрлі (Біздің Мұхтар).

Жүрегін жеді. *Мазасын алды, маза бермеді.* Қарсы алдыңдағы қалқан боп тұрған Қабайды, Қаршадай бала сүйеніш, бәлкім, санайды. Санайды дағы қауымға тіке қарайды. *Жүрегін жеген* сөзін айтпақ боп талайғы (М.Мақатаев, Шығ.).

Жүрегін жылытпады. *Әсер етпеді, әсері болмады.* «Сарай үшін – секілді анау суық тас. Менің жырым *жүректерін жылытпас*. Жалғыздардың, Қайғы-зардың жыры бұл, Төрелерің төңірегіне жуытпас (С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

Жүрегін жылытты. *Жанына медеу болды, сүйеу болды.* Азу тісің сақылдап, Күлме аяз, мәз болып. Жар *жүрегін* лапылдап, *Жылытармын* жаз болып (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жүрегін күпті қылды. *Уайымға салды, уайымдатты, бей-жай етті.* – Өлімге кетіп бара жатқан жоқпыз, *жүректерін күпті қылмай* жым-жырт аттанып кеткен дұрыс, – деп шығар есікке беттеді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жүрегін мұздатты. *Көңіліне қаяу түсірді, жабырқатты.* Сонда ғана оның жұмыстан емес, өлімнен қашқанын, артынан бекер іздеп барғаныма өкіндім, жоқ дегенде жауын жастана шейіт болмағаны *жүрегімді мұздатты*-ақ (О.Бөкеев, Біздің жақта).

Жүрегін орнықтырды. *Сабасына түсірді, көңілін орнына келтірді.* Бұл сөздер бұл уақытқа шейін ақылы орнына түспей үркектеп, біресе шошынып қорқып, үркіп кетіп, біресе тасқындап ерекше батырсынып кетіп, бойын билей алмай тұрған топтың *жүрегін орнықтырып,* қанын салқындатқандай болды (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрегін оятты. *Тұрткі болды, қозғау салды.* Тебіңгісін тесе атқан, тізгінінен кесе атқан. Біздің қайсар батырдың *Жүрегін* сөйтіп *оятқан* (Махамбет, Өлеңд.).

Жүрегін су еткізді. *Шошытты, зәресін ұшырды.* Орнынан тұра бере, «іске кірісем» дегені, «ұлыққа, оязға барып айтамын» дегені. Бұл Тәкежанның *жүрегін су еткізді* (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрегін сыздатты. *Жанын ауыртты, жанына батты, қинады.* Мектебіміз бізге осындай адамдар тәрбиелеп берсе екен. – Бұл біздің күнбе-күн *жүрегімізді сыздатып* отырған мәселе – деді Есенбек Жақыпбекке (М.Иманжанов, Көк белес).

Жүрегін тебіренті. *Көңіл күйіне қозғау салды, шабыттандырды.* Ақ *жүрегін тебірентіп,* Ер көңілін желдентіп, Ақ сүйектің баласын Қара ұлына теңгеріп, Қоңыраулы найза өңгердім (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

Жүрегін тырнады. *Қайғы жамады, азапқа батырды.* Үйірі мойын бұрмады, Тарыны таусып, жырғады. Жаралы жанның *жүрегін,* Жаралы кептер *тырнады* (М.Мақатаев, Шығ.).

Жүрегін тілді [шабақтады]. *Қинады, азаптады.* Қаз-қатар келген үш өлім *жүрегімді тіліп-тіліп* кетті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). *Жүрегін* әлдекім *шабақтап* қалғандай болды (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жүрегін ұстап сатты. *Ар-ұятқа қарамай, құлыққа салынды. Жүрегін* пайдасы үшін жұрт ұсатпақ, Кірмен өлшеп базарға *ұстап сатпақ.* Оны сатып, ол кімді уатады? Оның өзін тағы да кім уатпақ? (Абай, Тол. жин.).

Жүрегін ұсынды. *Көмегін аямады.* Бір халықтың ән-жыры еді, Лайықты өрен деуге. Кішіге де ақ *жүрегін ұсынатын* керек жерде (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жүрегін ұшырды. *Қатты шошытты, зәресін алды.* Қыз жау тырнағынан енді құтылдым ба деп, асып-сасып ентігін баса алмай келе жатқанда, тосыннан шыққан дауыс байғұстың *жүрегін ұшыра* жаздады (Ә.Шәріпов, Қапаста.).

Жүрегінің дегбірі кетті. *Дегбірі кетіп жүреді* Шапқан аттай тасырлап. Тырнағы ұзын имиген Бөктергі тырнақ салалы, Қонып отыр тұғырға (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жүрегінің дүрсілі басылмады. *Көңілі алып-ұшты, толқыды. Дүрсілі жүрегімнің басылмады.* Көп тұрдым кеткендей боп салы суға. Ұялдым өзге жұрттан қасымдағы, Өзіңе жақын барып танысуға (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүрегінің түгі бар. *Еш нәрседен сескенбейтін, қорықпайтын (адам).* – Рудольф мырза, сіз шынында батыр адам екенсіз. Мынандай өз өміріңізге қауіпті әңгімені қорықпай айтуыңызға қарағанда, *жүрегіңіздің түгі бар* шығар (Ә.Шәріпов, Қапаста.). – Менің де *жүрегімнің түгі бар,* осындай сайгүлікпен жарыспақпын (Б.Қыдырбекұлы, Шайтан.). *Түгі бар жүрегінде* кере қарыс, Жасынан кеудесінде жанған намыс. Ер болды Аманкелді айдыны асқан, Жігіттің бір сырттаны жас жолбарыс (О.Шипин, Шығ.). – *Жүрегінде түгі бар* жігіттер деп жүрсем сендерді... Жасып, майырылып қалыпсыңдар ғой? (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз.).

Жүрегінің түгі шыққан. *Ер, батыр, батыл кісі, еш нәрседен тайсалмайтын.* Сөзге шешен би болса да, *жүрегінің түгі шыққан* батыр болса да, төтеп беру керек (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрегі орнықты. *Көңілі жай тапты, орнына түсті, күдігі сейілді.* – Ажар-ау, даусың неткен мұңды еді, жасырып жүр екенсің ғой? – дегенде, Ажардың *жүрегі орнықты* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Олардың бетіне қарағаң соң, *жүрегі орнығайын* деді, сөйткенмен кемпірдің түсі суық, көзінің астымен еріксіз қарап қояды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сыяз бар десе *жүрегім орныққайды* суылдап. Сыртқыларға сыр бермей, Құр күлемін жымыңдап (Абай, Тол. жин.).

Жүрегі орнына түсті. *Көңілі жай тапты; күдігі сейілді.* Теңізден көз ала бергенде, қозы-көш жерден балықшылар ауылының түтіні көрінді. Осыдан кейін ғана Судыр Ахметтің *жүрегі орнына түсті* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Біреу-міреудің көзіне түсіп қалып, мерт бола ма, қайтеді деп, ішкен асым бойыма тарамап еді. Аман келгеніңді көргенде барып *жүрегім орнына түсті,* – деді Нұртай Күреңбайға (С.Омаров, Қайырлы.). Я, Құдай, берерсің, Бәсе, мен де адамның баласы едім ғой, – деп, *жүрегі орнына түскендей* боп, аз тыныс алып, Айша алты атарды көкірегіне басып отырып қалды (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрегі от боп жанды. *Күйінді, күйзелді.* Неге жауап қатпайсың әнге салсам, Емес пе едім шын досың есіңе алсаң. Елжіреген *жүрегім от боп жанар* Ем табылмас дертіме келмей қалсаң (Қара өлең).

Жүрегі өрекпіді. *Жүрегі қатты соқты, көңілі қобалжыды.* Ол тағы да төбе басына шықты. Сол мезет үй жақтан ұшып келе жатқан Сапарханның үлкен баласын көрді. Шалдың *жүрегі өрекпіп* кетті («Лен. жас»). Сары атанның үстіндегі Қазтайдың да көңілі боздап келеді. *Жүрегі өрекпіп,* аузына тығылғандай болды (Қ.Әміров, Әңгім.). *Жүрегі өрекпіп,* елегізи берген соң: «Күн болса мынау – суытып алды. Бала-шағаның күйі не болады» – деген сықылды ой беймазалай жетелеп кетті үйіне (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүрегі өрт [от] боп жанды [өртенді]. *Өзегі өртенді, қапа болды, қайғырды, уайымдады.* Лашынның жаны күйініп, *Жүрегі өрт боп жанады.* Уайым қып тектесін, Көзінен жасы тамады (С.Сейфуллин, Шығ.). Жалғыз-

ақ, өлейін деп өле алмай, өз жанын қия алмай, қайғылы, қапада, күндіз-түні жапанда, жылау да еңіреу, бәрінен де көңілі қалып, *жүрегі от боп жанып*, қолынан келері жоқ болып жүрген сорлы Қамар халін көріп, жаны ашитын Омар ғана еді (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Топыраққа ұқсап реңім, Төкпейді көзім шуақты. Менің бір үлкен *жүрегім өртеніп* кеткен сияқты (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жүрегі сазды. *Тамақ ішкісі келді, қарны ашты.* Дәрігерге келушілердің көпшілігі *жүрегінің сазып,* кейде ауырып жүргендерін де айтып келеді (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру). Таңертең ас ішпеп едім, түске қарай *жүрегім саза* бастады (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). Қыс ортасында *жүрегі сазып* оянғанда қомағайлана соғатын сүйікті асы – осы – борық (А.Алтай, Алтай.).

Жүрегі селт етпеді. *Именбеді, қорықпады.* Дәрмен күреске шыққанда, тақымын қыспаған, *жүрегі селт етпеген,* бойы шымырламаған жан болған жоқ шығар (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрегі соқты. *Тірілді, жаны кірді.* Әлден уақта баланың *жүрегі соқты* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі). Осы кезде оның кеудесі бүлкілдеп, әдеттен қаттырақ соқты. Демек, әке *жүрегі соқты* (Ә.Шәріпов, Шығ.).

Жүрегі сөйледі. *Жаны тебіренді.* Желігі жастың жүр қайда, Өшпеген соң да өзгерме. *Жүрегің сөйлеп* тұрғанда, Өтінем, тілге сөз берме (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жүрегі су етті [суылдады]. *Шошып кетті, қорықты.* Абай жаман белгіні сезгендей *жүрегі су етіп,* қатты аянышпен шаншып кетті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Кітабын қолтықтап ауыз үйге шыққан Нұрпрезент әкесінің ойбайын естіп, *жүрегі сусуете* қалды («Қаз. әдеб.»). Аузы үңірейіп, өлім көздеп, түп-түзу төніп тұрған алтыатар мылтықты көріп, Хамиттің *жүрегі су ете* түсті, бар денесі мұздай болып кетті (С.Сейфуллин, Шығ.). Атынан домалай түсіп, құшағын аша жүгірген Кәкітай Әбішпен қатты құшақтасып сүйісіп тұр. Бұған ауру сияқты көрініп еді. Бауырмалы *жүрегі су етті* (М.Әуезов, Шығ.). *Жүрегі су еткендей,* белгісіз бір сезім лебі шарпып өткендей (М.Әуезов, Шығ.). – Бір күні шай ішіп отырғанда, – деді Имекең, – келе жатқан кеменің даусы естілді. *Жүрегім суете* түсті (Қаныш аға). Рахметтің *жүрегі суылдап* тұра алмады (С.Ерубаев, Менің құрдас.). *Жүрегім суылдап,* Сүйегім шымырлар, Алладан тілеймін Құпия сыбырлап (Абай, Тол. жин.).

Жүрегі суыды [мұздады]. а) *Қатты қорықты, үрейленді.* Қуғыншылар отрядының бастығы дәл алқымда тұрғанын көріп, қашқын не істерін білмей *жүрегі суып* қоя берді (С.Қасиманов, Алтай.). Әр жерде төрт-бестен оңаша отырған ылғи кебеже қарын, бұқа мойын, шұбар төстерді көргеннен-ақ, Мүсәпірдің *жүрегі мұздап* сала берді (Ә.Әбішев, Шығ.). ә) *Ренжіді, көңілі қалды.* «Қойшы, сол жесір қатынды» дегенде, *жүрегім суып қоя берді* (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі). – Қатын! – деді Айранбай, – Кемелбайдан *жүрегім суып* болды (Б.Майлин, Шығ.).

Жүрегі таза. *Ақкөңіл, көңілі таза, пейілі кең. Жүрегі таза* адамдар, Зұлымдықтан амандар, Қиянатсыз надандар, – Әулиеден кем емес! (Шәкәрім, Иманым).

Жүрегі тайынбады. *Жасқанбады, айтқан бетінен қайтпады.* Қалың қолдан *тайынбас,* Көкірегі ашық *жүрегің.* Өз анаңнан кем түспей, Тілегіңді тіледім. Жолың болсын, білім ал, Айналайын, жиенім (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегі талды. *Қарны ашты, ашығып, әлсіреді.* Қарны қатты ашып, *жүрегі талып* кетті (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүрегі талықсыды. *Қиналып, әлсіреп кетті; есі ауып кетті.* Әлгі сөзді естігенде, *жүрегі талықсып* кетті (А.Тоқмағамбетов, Жыр күмбезі).

Жүрегі тартты. *Жаны жақсы көрді, ұнатты.* Белді байлап қашуға Ат-әбзелді түзедім. Білмесем де Сыр жолын, *Тартты* соған *жүрегім* (О.Шипин, Дастан.).

Жүрегі тас төбесіне шықты. *Екі көзі шарасынан шыға қатты қорықты, шошып кетті.* Тебініп қалып, сау желіп сай басына келдім. *Жүрегім тас төбеме шығып,* тұрып қалдым. Жыра ішінде кісі жатыр («Лен. жас»). Түйіншектің ішінен әйелдің жүннен тоқылған ақ қолғабы, кішкене баланың шұлығы шықты. Мұны көргенде, *жүрегім тас төбеме шықты* («Лен. жас»). Менің *жүрегім тас төбеме шықты,* қалтырап кеттім (Б.Майлин, Шығ.). Қараңғы түнде жер астынан, аяғының астынан, көрден шыға келгендей, екі-үш дауыс үздік-создық ұлып қоя берді. Айшаның *жүрегі тас төбесінен шыққандай* болды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жүрегі [тайдай] тулады. *Жүрегі қатты соқты, аузына тығылды.* Әке-шешесі келетін күні Шәкира абыржумен болды. Жұмысқа қолы бармай, істеген ісінің бәрі өнбеді. *Жүрегі тайдай тулап,* секіре бергісі келді («Лен. жас»). Көруге ішкі қаланы, *Жүрегі тайдай тулады.* Нақ жүруге келгенде, інісін ол қоймады (О.Шипин, Екі дастан). *Жүрегім тулаған* Көп аңсап, тынбаған, Бақытты күн келді, Жайнады бұл ғалам (К.Салықов, Жезкиік). Беу, қаракөз! Жасқанбашы, Жарқ етіп, Бермен қарай

нұр жүзіңді бұруға. *Тула жүрек* Жас кезімдей тулаған, Өтер-кетер дүние-дүрмек, шулы ағын (К.Салықов, Жезкиік).

Жүрегі түршікті. *Шошынды, қорықты, тітіренді.* Осы жиынға Бостан, анау Құлжатай, Еңсебайлар келіп отыр. Біреуінің қолы шолақ боп қалған, біреуінің бар тісі құрыған, біреуінің қабырғасы сынған. Естіп, ұғынып отырмын. *Жүрегің түршігеді* (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрегі тілінді. *Жанды азапқа салды, қинады.* Деді сол әлдекім сылқ-сылқ күлді, Сол күлу *жүрегімді* жүзге *тілді*. Күйік кеулеп, жүрегім от боп жанды, жұбатуға сол кезде қайсың келді?! (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жүрегі удай ашыды. *Көре алмады, қызғанды.* Қызғаныштан *жүрегім удай ашып,* тісімді қайрай берем (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүрегі ұшты. *Қатты қорықты, зәре-құты қалмады.* Жаннаның *жүрегі ұшып,* қатты қорқып қалған екен, құрғаққа шыққан соң да, есін жия алмай біраз сенделіп тұрды («Лен. жас»). Оқ жыландай иреңдеп, Жайдың оғы тасталды. *Жүрегі ұшып* Күнайым, Ердің қасын бас салды (С.Мұқанов, Шығ.).

Жүрегі үзілді. *Өзегі талды, қарны әбден ашты.* Күнде сиырға барарда сол майдан ерітіп: «*Жүректерің үзіліп* кетер», – деп екеуіне екі қасық май ұрттатып жүрді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрегі шайлықты [шайылды]. *Қорықты, сескенді; беті қайтты, тауы шағылды.* Талай баласын жерлеп, *жүрегі шайлығып* қалған анада зәре жоқ, дауыс салып жылауға күйеуінен қаймығып, баласының бас жағында үнсіз ғана егіліп отыр (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Міне, осындай сөзді бықсытады олар болса, елдің *жүрегі шайлықсын* дейді ғой (М.Әуезов, Шығ.). Қапияда келер алапат сойқанды сағына сыздаған *жүрек шайлығып,* әмбе сол ыстық қанды асау жүрек тоқтағандай да еді (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді). Сыртта тықыр естілген соң, *жүрегі шайлығып* қалған Балуан төргі бөлмеге кіріп, есігін қақты (С.Мұқанов, Шығ.). Сонда мені алып ұшқан қиял құсы... осы үйдің төбесінде айналып біраз жүрді де, *жүрегі шайлыққан* жаралы құстай тайқи соғып, ешқайда қона алмады (Ә.Әбішев, Шығ.). Қарт сөзінің өрісін таныған Мария күліп жібере жаздады. Қайтқан күнде де Марияның *жүрегі шайлығар* емес (Ж.Жұмақанов, Шығ.). Алғыр бүркіт қыран құс Қиядан салсаң құс алмас – Бір *жүрегі шайылса* (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Енді бірінің үстіне бірі орнаған үйдей екі тас қана қалды. Бірақ оған шығу өте қауіпті еді. Егер табан тайып кетсе, тірек болар ешқандай бұдыр жоқ. Осы араға келгенде Сейтеннің де *жүрегі шайылды* (М.Иманжанов, Шығ.).

Жүрегі шыдамады [қайдан шыдасын]. *Батылы жетпеді, дәті бармады.* Әбден қиналып, ісіне қызарған шоп-шолақ санға қарауға *жүрегі шыдамаған* Аман теріс айналып кететін де шеткерек шығып, ағыл-тегіл жылайтын (О.Бөкеев, Біздің жақта). Үйлесуге сенімен *Жүрек қайдан шыдасын*, Арман, үміт, сеніммен Бос сағымды қуасың (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жүрек ақауы. м е д. *Жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы.* Мұның туа және жүре пайда болатын түрлері бар. Туа пайда болған *жүрек ақауы* көбіне ұрықтың дамуы кезінде, жүректің қалыпты жетілмеуіне болады (ҚҰЭ). Жүректе пайда болатын *жүрек ақауы*, негізінен, баспа, мерез, т.б. пурулардың асқынуынан болады (ҚҰЭ).

Жүрек Аллада. *Аллаға мінәжат еткен, иман келтірген.* Көз сәждеде, *жүрек Аллада* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрек аурулары. м е д. *Түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қантамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар. Жүрек ауруларының* жиі кездесетін түрлері: ревматизм, гипертония, жүрек ақауы, жүрек демікпесі, жүрек және қан тамыр неврозы, миокард инфарктысы, гипотония (ҚҰЭ).

Жүрек басқа, жан басқа. *Бөтен, жат адамдар.* Елемес: Айналайын мыстаным, Айтқаныңа көнейін, Калағаның берейін, Айдауыңа жүрейін, *Жүрек басқа, жан басқа* Аз күн сәуле көрейін, Ер Төстіктің жұртына Тастайын сақа, кенейін (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрек басты. *Сабасына түсті, жаны жай тапты.* – Уа, бозбалалар! Түстерің бұзылып, жүректерің алқынған көрінесіңдер. Шырақтарым, алқынбаңдар, аптықпаңдар. *Жүректеріңді басыңдар!* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрек дауалатты. *Дәті барды, қаймықпады, именбеді.* Одырайысып сонадайдан қарасады да, бастарын шайқай таңдайын қағады. *Жүрек дауалатып* келетін – кемпір ғана (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүрек дерті. *Ғашықтық, құмарлық.* Сен де он бесте, ей, қалқа, мен де он бесте, Екі он бесте қосылса тең келмес пе. Ойнап-күліп әркім өз теңіменен, Талай *жүрек дертінен* емделмес пе (Қара өлең).

Жүрек ерік бермеді. *Мазасын алды, тыным таптырмады.* Жазбауға қоймас *жүрек ерік бермей,* Мезетке қалам қайтсын серіктенбей. Ащы шер, құрлы мұңым бой балқытар,

Күншуақ қалың қарды еріткендей (К.Салықов, Жезкиік).

Жүрек жалғады. а) *Аздап тамақ іште, нәр татты.* Бізге он күнге деп берген азық мүлде мардымсыз еді, біз оның өзін де үнемдеп әйтеуір *жүрек жалғайтын бызы* (Аялы жандар). Окопта ақ боранда жонда жатқам, Аптада *жүрек жалғар* тағам татқам. Ұзақ түн кірпік қақпай, таң сәріден Қақ жарып оқ нөсерін жауға шапқам (Қ.Жармағамбетов, Баллада). Әрі бұл таң азаннан бері жүріс үстінде, аздап ат шалдырғанның, *жүрек жалғағанның* айыбы жоқ («Жұлдыз»). Бір-екі айдай Торғай үй арасында жүріп *жүрек жалғапты* (Т.Ахтанов, Таңд.). ә) *Пара алып, пайда түсірді.* Орыс сияз қылдырса, болыс елін қармайды. Қу старшын, аш билер Аз *жүрегін жалғайды* (Абай, Тол. жин.).

Жүрек жалғау. *Тамақтану, аздап тамақ ішу.* Басқа түссе баспақшы, Уәли бұрын төзе алмас талай қорлыққа да көнді. Ол бір тәулік нәр татпай, әбден ашыққан соң, *жүрек жалғауының* қамын іздеді (Т.Ахтанов, Шығ.). Осы маңнан-ақ борсық, доңыз аулап, қаңтарда оянғанда *жүрегін жалғауға*, наурызда орнынан тұрғанда аш өзегін талғауға азығын да қамдап қоятын (А.Алтай, Алтай.).

Жүрек жалынын жандырды [қозғады]. *Қымар етті, ғашық етті.* Көңіліме от жағып, Қылығы өтті Дәрінің. Махаббат шіркін тұтанып, *Жандырды жүрек жалынын* (О.Шипин, Дастан.). Ғашықтық тағы қиын ғой, *Қозғайды жүрек жалынын,* Барлығынан жалғанның Жаным сүйген аруым Көреді мені өзгеше, Құны жоқ менсіз бәрінің (О.Шипин, Дастан.).

Жүрек жарасы. п о э т. *Жан ауыртатын жағдай.* Іс істейік бір болып, Ашылмасын саламыз. Сұмдар салған *жүректе* Аз ба біздің *жарамыз*?! Тепкісінде басқаның Қор боп жүдеп барамыз (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жүрек жарған. *Шынайы, жүрекжарды, таза.* Бүгінгінің, келешектің жаршысы, Көпке оралды үш сұңқардың барша ісі. Қуанышта жүз лықсып тоқталды, *Жүрек жарған* көздің ыстық тамшысы (К.Салықов, Жезкиік).

Жүрек жары. *Ғашығы, сүйгені.* Бәкей сұлу жасынан өскен ұясына қош айтып, *жүрек жарымен* қашып еді (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрек және қан тамыр неврозы. м е д. *Жүрек және қантамыр жүйесі қызметінің бұзылуы мен зақымдануы. Жүрек және қан тамыр неврозы* үш топқа бөлінеді. Бірінші тобы – жалпы невроз (неврастения, истерия т.б.). Бұл кезде жүректің соғуы бұзылады (ҚҰЭ). Клиникалық белгісі: адамның беті қызарады, сұрланады, басы ауырады. *Жүрек және қан тамыр неврозы* екінші тобы – гипертония, гипотония аурулары. Бұл аурулар мидың жүрек пен қан тамырының жұмысын реттейтін жүйке орталығы қызметінің бұзылуынан, сондай-ақ, ми қыртысынан ауруға шалдығуынан пайда болады (ҚҰЭ).

Жүрек жұмбағы. *Сыр, құпия.* Керіліп кер маралдай көзі күліп, *Жұмбағын жүрегімнің* өзі біліп, Жаудырап қоштасарда қараушы еді Жаныма көктем нұрын сезіндіріп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрек жылады. *Қиналды, азапқа батты.* Қирағам жоқ, қиялыма ергелі, Атым шаршап, тоным тозып көрмеді. Жетім *жүрек жылап* жүрген шағында Жұбатуға келдің бе екен сен мені (Т. Молдағалиев, Шақырады.).

Жүрек жылылығы. *Мейірім, шапағат.* Қай кезде көрсең де байсалды, мінезінің бір қалыптан өзгермейтіндігі өзін сыйлатарлық, басқалардан әрдайым беделі жоғары тұратын топырағының ауырлығын көрсетсе, өзінен кіші адамдарға да: «Сәке», «Қажеке», «Мәке» деп ізетпен сөйлейтін кішіпейілділігі ол кісіге деген басқалардың *жүрек жылылығын* арттыра түсетін тәрізді (Қаныш аға).

Жүрек иді. *Елжіреді, тебіренді.* Сиқырлар, тыңдаушының еркін алар Ақынның жүрегіне түскен жарық. Қан жылып, жан сүйсініп, *жүрек иген* Бір халде тыңдаушылар болады анық, Ұмытып бұл дүниені сол минутте, Иллаһи, бір әлемді кезер барып (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жүрекке ас батпады. *Көңілі күпті болды, қобалжыды.* Жұрт күңіреніп жерімен, суымен қоштаса бастады. Қолдан келер іс жоқ. Салқын қанмен елдің толқынына қарап отыруға шыдай алмай, *жүрекке ас батпады* (С.Сейфуллин, Тар жол.). Сіз жатқанда, сол секілді күйменен, *Батпай асым, жүрегімді* түйнеген (С.Дөнентаев, Таңд. шығ.).

Жүрекке дақ [жара] түсті [қалды]. *Қайғы-өкініш ұялады, өксікті өкініш меңдеді. Жүрегіне дақ түсіп,* Жасық пышақтай майырылды (Қаз. тілі фраз. сөздігі). Балам менің бұл дүниеден аттанған. Содан, қалқам, *жүрегімде дақ қалған.* Бұл қайғының басқа түсер салмағын Біледі тек бала асырап, баққан жан (Ғ.Қайырбеков, Өлеңд.). Кемпір-шал зар жылайды баласы үшін, Еш дауа іздегенмен, таптырар ма, *Жүрекке* терең *түскен жарасы* үшін (М.Сералин, Гүлқашима). Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік, Өмірдің қызығынан күдер үздік. Жылы *жүрек* суынды, *жара түсті,* Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік (Абай, Тол. жин.).

Жүрекке жалау байлады. *Үміттендірді, үміт берді.* Айдынның беті жайнады, Естіліп

еркe саңқылдар. *Жүрекке жалау байлады* Есілге қонған аққулар (К.Салықов, Жезкиік).

Жүрекке жүк түсті. *Қамықты, тарықты. Түсе*-дағы *жүрекке* ауыр *жүк* кілең, Табылса да налытатын жау-дағы, Көрмеймін деп өкінбеймін тіпті мен Тозған үй мен тұнжыраған ауланы (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жүрекке жылы. *Жағымды, әсем.* Басың-қырап қойған радиоқобдидан әлдебір симфонияның жеңіл де *жүрекке жылы* сазы естіледі (О.Бөкеев, Үйқым.).

Жүрекке жылы тиді. *Көңілге қона кетті жанға жақын болды.* Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, *жүрекке жылы тиіп*, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы (Абай, Тол. жин.).

Жүрек кесті. *Жүректі тұйнеп, қыжылдатты.* Қара нан қыжылдатып, *жүрек кесіп*, Жатасыз жамбасыңды тақтай *тесіп.* Осы екен «Ұрлық түбі – қорлық» деген, Япырмау, құтылармыз мұнан нешік? («Айқап»). Үйде кенеу болар тамақ жоқ, арықтан өлген бұзаторпақтың жасығы *жүректі кесіп,* төмен тартады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрекке тиді. *Ас батырмады; ішкісі, жегісі келмеді.* Оны жегенде нан жегендей боласың. *Жүрекке* бір *тимейді* (М.Дүзенов, Ақәже). Бірақ тым майлы екен, біраз жеген соң *жүрегіме тиіп* қалды (Ә. Серсенбаев, Толқында.).

Жүрекке шапты. *Ауру әбден асқынды.* Екі аяғының қақсағаны асқына келе *жүрегіне шапты* (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жүрек қабы. *Үлпершек.* Міне, осы *жүрек қабын,* оны басқан майды бәрін қосып үлпершек деп атайды (Қ.Салғарин, Қасапшылар). Мен жүрдім бірнеше күн есім ауып, Болмады бұрынғыдай ойын-сауық. Жарылып *жүрек қабы* қалыпты деп, Бірталай олжа тапты молда, тәуіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүрек қайғыға түсті. *Қайғырды, азапқа батты, қиналды.* Ешкімге шын көрмеген сырын ашып, Көрмеген ер жынысын бір сырласып. Білмейтін Татьянаның өнері жоқ, Қанжардай жауабы өткір, сөзі машық, Оқыған терең сырлы романдардан, *Қайғыға түседі* екен *жүрек* тасып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жүрек қалмады. *Қатты қорықты, үрейленді.* Шығатын зор қараға бір жан алмай, Жігіттер қоян болды, *жүрек қалмай*, Сібірдің циркерін сілкіп шыққан, Осыны алып отыр ояз қолдай (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жүрек қызылдады. *Қарын қышқылы (запыран) артты.* Ротер – Голландияның дәрісі. Оны асқазанға, бүйенге жара түскенде, шперацидті гастритке, *жүрек қызылдағанда* қолданады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

Жүрек қылын шертті. *Сезіміне әсер етті, көңілін аулады.* Соның ішінде, әсіресе, әр қимылымен *жүрекқылышертken* Анардың суреті бар (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Соның бүріс-қыртысын жазамын деп, келіншегімді көбелекше шыр айналып, бүйірін түртіп қалып, шымшып өтіп, сипай қағып, *жүрек қылын шертпек* болам (С.Төлешев, Түрлі. бас.).

Жүрек суынбады. *Көңілі басылмады.* Шәмші жоқ, сол қарагер жығылмасын, Ұстауға жоқ-ау ешкім бүгін басын. Шәмші жоқ, бірақ Шәмші деп соғатын *Жүректер* ешқашан да *суынбасын* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жүрек суырды. *Тебіренттті, толқытты.* ...Баяғыдағы қарағай, баяғыдағы әткеншек, баяғыдағы қызыл көйлекті қыз *жүрек суырар* мұңлы әнмен әлдилейді (О.Бөкеев, Үйқым келмейді).

Жүрек сызы. *Мұң, шер.* Соның бірі Халима – молда қызы, Бетке шықпай, көмілген *жүрек сызы.* Бай таңдамай, мал таңдап, неке бұзған, Бұйырмай баталығы, дәмі-тұзы (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Жүрек сыры. *Көңілдегі тұйткіл, ой.* Ең болмаса бүгінгі күн осы мола мен сол *жүрек сыры* ел-жұртқа дат ететін шақ жетпеді ме?! (М.Әуезов, Шығ.). Отырдық күліп-ойнап әзілдесіп, Барады Ханзаданы көзім тесіп. Ақтардық *жүрек сырын* терең жатқан, Етін жеп, қайнап тұрған шайын ішіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жүректегі арман. *Аңсағаны, қол жеткізбес биіктегі қалағаны.* Ойына кіріп шықпайды Зылиқаның мұң-зары, Тоқал етіп бір құшу *Жүректегі арманы* (О.Шипин, Дастан.).

Жүректегі жараны жазды. *Қайғысына ортақтасты, көмектесті.* Өміріңді өксітіп Мыс қылар алтын бағаңды. Жолдас болсаң жақсымен *Жүректен жазар жараңды* (Базар жырау, Шығ.).

Жүректен оқ тиді. *Жаны жараланды, күйзелді.* «Өтеді таяқ еттен, сөз сүйектен» – Бұл мақал елде бар-ды ертеректен. Қайысып қайғылының қабырғасы, *Тигендей* болып кетті *оқ жүректен* (О.Шипин, Дастан.).

Жүректен от, жүзінен әр тайды. *Қартайды, егде тартты. Жүректен от, жүзінен әр тайғанда,* Әр тайғанда, шалқары ортайғанда, Ол қақпасқа не керек, Құдайым-ау, Тыныштық қып жатпай ма қартайғанда? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүректен шыққан. *Шынайы, жүрекжарды.* Демеймін мені ел білсін, Не ұнасын, не күлсін.

Ел білмесе, жел білсін, *Жүректен шыққан* назымды (Шәкәрім, Иманым).

Жүректерге жүлде салды. *Көптің көңілінен шықты, көзге түсті.* Оза білген Мал да зорлық көріпті, Сұлулардай Қарғап өткен көрікті. *Жүректерге жүлде салған* Жануар, Бір сотқардың Сойылынан өліпті (К.Салықов, Жезкиік).

Жүректе тұрды. *Ұмытылмады, естен кетпеді.* Кетсем ұзап, ассам да бір белестен, Қаша алмаймын бұл сиқырлы елестен Қайда жүрсем – көз алдымда сол ғана, Сол қыз болып елестейді кең дала, *Жүрегімде* сол қыз күліп *тұрады,* Өзіңе арнап өлең жазсам толғана (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүрек тоқтатты. *Көңілі орнына түсті; сасқалақтауын қойды; қорқынышы тарады.* Мұндайда *жүрек тоқтатып,* сөйлеу де қиын екен. Егер де тез от ашқызбасам, қорқыныш билеген денеге қуат кірмей қалатын, соны сезіп, бар даусыммен айғай салдым (Ә.Әбішев, Шығ.). Қорқақтары қалтырап қобалақтап қалды. *Жүрек тоқтатқандары* жалма-жан қаруын қолына алып, өзгені жинап, қарсы атысқа шықты (І.Жансүгіров, Шығ.). – Құдай-ай, – деді Мағрипа *жүрек тоқтатып,* – Құдай-ай, Қоңыртөбенің ар жақ, бер жағы зәремді алып бітті-ау (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жүрек түбіне жетті. *Жатталып қалды, орнықты.* Мың естісең бір аятты күніне, Тез жаттайсың шұлғып әуез үніне. Адам жанын шымырлатып кететін Жақсы ырғақпен *жетер жүрек түбіне* (К.Салықов, Жезкиік).

Жүректі балқытты. *Елжіретті, қатты әсер етті, тебірентті, толқытты. Жүректерін балқытты* Әке менен ананың. Жұрт құттықтап қарсы алды, Ән мен күйін баланың (О.Шипин, Дастан.).

Жүректі бауыздау. *Сойылған мал жүрегінің қос қапталындағы саңырауқұлақтарының (құлақшаларының) кесілген орнынан бастап төмен қарай жүректі екі жағынан тілу. Жүректі бауыздау* арқылы жүрек қаны төгіледі (Қ.Салғарин, Қасапшылар.).

Жүректі дерт алды. *Күйік шалды; қайғыланды, қапаланды.* Боғаштың бойын өрт алды, *Жүректің* басын *дерт алды* (Қаз. тілі фразеол. сөздігі).

Жүректі жадыратты. *Тебірентті, толқытты.* Әсеттей сал, ән салсаң, аңыратып, Орман, тоғай, өзенді жамыратып. Еркем, сені сағындым! Арқыратып ағызып ән нөсерін, Толқынымен *жүректі жадыратып.* Сағынбасқа не шара? Әуелетіп ал жібер Әсет әнін, Шарықтасын, шомылтсын әнге маңын. Аққудайын айналып айға қонып, Аймаласын, қуансын әнші жаның. Сағынбасқа не шара?! (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жүректі жандырды. *Тебірентті, толқытты.* Балауса едің балбыраған балдырған, Өзгеге салқын *Жүректі* жеңіл *жандырған.* Бір көрудің Зор бақыты бар дейді, Жүйткіп бір өтші алдымнан, Бейнеңді естен қалдырман (К.Салықов, Жезкиік).

Жүректі сара тілді. *Жанды жаралады, көкіректі қарс айырды.* Ойлану – кейде наркескен, *Жүректі сара тіледі.* Ойланбасаң жаның жай, Қысыла қында жүреді (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жүректі тербеді. *Мейірлендірді, тебірентті.* Жынды жастық *жүрегімді тербейді,* Жүйрік қиял у толтырып кернейді. Бұл мезгілде жалғыз өзім өлсем де, Жан иесі – адамды көргім келмейді (Б.Күлеев, Таңд. шығ.).

Жүректі тесті. *Жанға батты, қинады.* Нарыққа бара жатқан қайыр сұрап, *Жүректі теседі* екен арық-тұрақ. Ауылдың бағы ашылса жарар еді, Қолында құрып кетпей айыртұяқ (К.Салықов, Жезкиік).

Жүрек шайлы болды. *жер г. Жүрегі шайлықты.* Өз басым романға сын айтудан *жүрек шайлы болып* қалған жанмын (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Абай ауылдағы болыстардың, билердің қорқаулығы үстіне мейлінше қорқақ, *жүрек шайлы болып* алған сорлы екенін айтып өлтіре сықақ қылады (Т. Әлімқұлов, Абай.).

Жүрек ымдады. *Жүрегі сездірді.* Ол күннен өткен шығар бірер жылдар, Бостандық бағытына *жүрек ымдар,* Кедей ғой, кетті өзі дабылға еріп, Емес қой бай баласы жүре тыңдар (О.Шипин, Дастан.).

Жылы жүрек. *Мейірімді, қайырымды жүрек.* Сезімпаз көңіл, *Жылы жүрек* Таппадым деп түңілмес. Бір тәуір дос Тым-ақ керек, Ойы мен тілі бөлінбес (Абай, Тол. жин.). Мен көрдім ғашық жардан уәдесіздік, Өмірдің қызығынан күдер үздік. *Жылы жүрек* суынды, жара түсті, Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік (Абай, Тол. жин.).

Ит жүрек. *Төзімді, көнбіс.* Сенісерге жан таба алмай, Сенделеді *ит жүрек* Тірлікте бір, қана алмай, Бұл не деген тентірек (Абай, Тол. жин.).

Кең жүрек. *Кеңпейіл, мейірбан.* Ақжарқын, еске түсіп *кең жүрегі,* Сағыныш салған әуре жеңді мені. Балқұндақ бала күнде салған әні, Жансая көкірек кернеп, келді лебі (К. Салықов, Жезкиік).

Қара жүрек. *Опасыз, қаныпезер, қатал.* Неше *қара жүрек* қатал болғанда да ішінен шыққан баланы қалай тастады? Көзі қалай

қиды? Дәті қалай шыдады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Халықтың тұрған кезде атпай таңы, Қас-дұшпан *қ а р а ж ү р е к* елдің жауы. Жанына жақпағанды жайратыпты, Құдияр – қанға жерік Қоқан ханы (О.Шипин, Дастан.). Бәрін де алғыр талғам анықтаған Адам көп қан құрамын танытпаған. Ал оның *қ а р а ж ү р е к* болғандығы –Қандағы поэзиясын дамытпаған (М. Шаханов, Ғасырлар.).

Қоян жүрек. *Сұмдық, қорқақ.* Жылан тілді, *қ о я н ж ү р е к* азғын! Жұмыртқадай жұп-жұмыр болған мынау іркілдек бетіңде ұят та, ар да жоқ екен (Ә.Сәрсенбаев, Офицер.). – Рас-ау, бәріміз де алғашқыда *қ о я н ж ү р е к* едік қой, – деп әлгі достар өткен күндерін естеріне алып, дастарқан айналасында мәз-мейрам болысуда («Қаз. әдеб.»). Аяғынан айырылмағанның барлығы – ақымақ, *қ о я н ж ү р е к* қорқақ па екен, тәңірім-ау (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Қуаныштан жүрек жарылып кетердей. *Қатты қуанған, ерекше шаттанған. Қ у а н ы ш т а н,* бақыттан *ж ү р е г і м ж а р ы л ы п к е т е р д е й,* өзімді қоярға жер таппаймын (О.Бөкеев, Үйқым.).

Мұз жүрек. *Өмірден торыққан, суынған.* Өлі бойға жан жүгірді, Қайратым құрыш болды, нан. *М ұ з ж ү р е г і м* май сықылды. Еріп от боп күйді жан (Абай, Тол. жин.).

От жүрек. *Жалынды, өжет. О т ж ү р е к,* өжет адамдар қолға алған жұмыстарын орындағаннан кейін ғана кеме үстіне көтерілді (Ә.Сәрсенбаев, Капитан.).

Сұм жүрек. *Жаманшылық көп көрген, зарлы жүрек.* Бенде көрген бар қызықтың Бәрін ішкен *с ұ м ж ү р е к.* Айныған соң, сен жолықтың, Айтып-айтпай не керек! (Абай, Тол. жин.). Басы қатты *с ұ м ж ү р е г і н* Тоқтата алмай кетті де. Сорға біткен көкірегін Сендіре алмай өтті де (Абай, Тол. жин.).

Сүйген жүрек. *Ғашық адам.* Бетімнен бір сүйді әкем ең соңғы рет, Қасымда мамам байғұс тұрды еңіреп. Білмеді содан былай көріспесін, Қимады жаманатқа *с ү й г е н ж ү р е к* (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Көк ауа, мөлдір аспан бейне жібек, Көргеннің көңілі өсер, ойы түлеп. Ай бауыры, көкорайдың қойнында, Сырласар сыбырменен *с ү й г е н ж ү р е к* (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Асқарыңа арманымды түнеткен, Өзіңсің ғой жүрегіме гүл еккен. Сол жүрекпен қызды сүйсем несі айып, Сені сүйем қызды *с ү й г е н ж ү р е к п е н.* Өмірінде бір адамды беріле Сүймегендер – сүйе алмайды сені де! (М.Шаханов, Ғасырлар.). Хан болсаң да жүрек шамың жанбаған, Үні жойқын, діні мықты, Небір ғажап ұлылықты, Тек махаббат ашатынын білмейсің-ау, сен надан. *С ү й г е н ж ү р е к* мақсатына иек артпай тынар ма? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Үлкен жүректі. *Кеңпейілді.* Сол түнгі аспан көз алдыма келсе, шалқар шабыт иесі, *ү л к е н ж ү р е к т і* адам Мұхтар Әуезов кескін-келбеті көңілімде қабат оянады (Біздің Мұхтар).

Шын жүректен. *Шынайы, таза.* Бірақ бұл сөзді ол Еркебұландай *ш ы н ж ү р е к т е н* айтпады, тек жолдастық сыпайылықтан шыға алмай тұрған жандай пішін көрсете айтты (І.Есенберлин, Шығ.). «Кісі баласынан бір игілік көрейік деп жүрген жоқпыз, тек байғұстың сауабы тие ме деп жүрміз ғой, уһ!» деп, *ш ы н ж ү р е г і м е н* күрсініп, кәдімгідей қамығып қояды (Т.Ахтанов, Таңд.). Осы жазда Финляндияда «Әлем жазушылары – ақылсыздыққа қарсы» ұранымен өткен Халықаралық Лахти форумына қатысып қайтқаны үшін де *ш ы н ж ү р е к т е н* қуана аламын (З.Серіққалиұлы, Алтын жамбы). Аты бар әжептәуір әкең Кенен, Жақсы ғой өзіңе де әкем деген, Еңбек ет ел-жұртыңа *ш ы н ж ү р е к т е н,* Сұрайтын менің қолқам Төрткен сенен (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). Орта ғасыр, сені айтамыз кеше деп, Романдар жазамыз да неше бет. Орта ғасыр өлетұғын адамға Көрсететін *ш ы н ж ү р е к т е н* қошемет (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Ыстық жүрек. *Мейірімді жүрек.* Қарашы өз бойыңды, түгел ме екен, *Ы с т ы қ ж ү р е к,* өңшырай, қуат пен күш (Абай, Тол. жин.).

ЖҮРЕКЖАРДЫ з а т. э т н. *Жоғалған нәрсенің табылған жөнінде дерекке, хабарға берілетін сүйінші.* Алған – Ақымбекттің ұрылары. Шығарып берген қу мен сұм және табылды. Қолда барымызды, айтушыға, *«ж ү р е к ж а р д ы ғ а»* беріп, енді малымызды қайтарамыз деп жүргенімізде, тағы бір пәле сап етті (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жылқыны Сәттің бай-жуан інісі – Сәлмен алғызыпты. Бұны Жараспайдың сол елдегі достары анықтап отыр. Көлденеңнің алдында жарыққа шығып айтпақшы болып, *ж ү р е к ж а р д ы с ы н* да алыпты (М.Әуезов, Қараш.).

Жүрекжарды қуаныш. *Ерекше, айрықша қуанышты.* Аудан орталығына арба жіберіп алдырған майдангер азаматты *ж ү р е к ж а р д ы қ у а н ы ш п е н* қарсы алып, қонаққа шақырмаған бірде-бір үй қалмап еді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖҮРЕКЖҰТҚАН с ы н. *Батыл, ер, қаһарман.* Осымен қатар Құнанбайдың *«ж ү р е к ж ұ т қ а н* ерлігі, айла-тәсілі» өзімен-өзі атамай-ақ әйгіленіп жатты (М. Әуезов, Абай). Әдетте теңізшінің қаншалықты *ж ү р е к ж ұ т қ а н* қаһарман екенін оның қандай теңізде сапарға шыққанынан білуге болады («Қаз.

әдеб.»). Батыры ма *жүрек жұтқан*, Ерте ойлаған ел намысын. Сүйді оны жалпақ жұрт та, Өлмей тірі қалғаны үшін (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖҮРЕКСІЗ с ы н. **1.** *Сұмүрек, қорқақ.* Қой, сен мені арандатпа, жайыңа отыр, «даукесім», Ағайларға айтып қойып төбемді ойса қайтесің? – Өзің сонша *жүрексіз* бе ең, төбеңді ешкім оймайды, Және мұны Дариғаның өзі де айта қоймайды... Мен келістім (М.Шаханов, Қасырлар.). *// Сұмүрек, қорқақ жан. Жүрексіздің,* қорқақсың, Ебедейсіз, торқақсың! – Төбет айтты Қанденге (Қ.Мырзалиев, Күміс.). **2.** а у ы с. *Мейірімсіз, қайырымсыз.* Қалқам, сені түсінем... түсінемін. Жүрегім бар, *жүрексіз* кісі ме едім... Сені есіме әрбір таң атқан сайын, Таң жұлдызы Шолпандай түсіремін, Қалқам, сені түсінем, түсінемін... (М.Мақатаев, Шығ.). Егер осы әңгімені сырттай есіткен болсам, сөз жоқ Сафураны опасыз, бас қамымен кеткен *жүрексіз* дер едім, алғашқы кезде солай деп ойладым да (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). *// Мейірімсіз, қайырымсыз жан.* Бала тастап қатындар, Уақытсыз туғаны, Уайым тартып құрады. *Жүрексіздер* жылады, Жүректілер қуанды... Көптің қамын ойлаған (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖҮРЕКСІЗДЕН= е т. *Жүрегі дауаламау, батылсыздану.* Терезесіне *жүрексіздене* бір қарап едім, пердені ашып Фатима қарап тұр екен («Лен. жас»). Көз қиығымен Әсия жаққа *жүрексіздене* қарап еді... жүзі жанып, қасына кілбік күміс қырау тұрыпты («Лен. жас»).

ЖҮРЕКСІЗДЕУ с ы н. *Батылсыздау, қорқақ.* – Бір нөкерім дайын, ол – Рамазан. Тек аздап *жүрексіздеу.* Тағы бір нөкер таптым, ол – Ірибай (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.).

ЖҮРЕКСІЗДІК з а т. *Жігерсіздік, қорқақтық, батылсыздық.* Мұндай жазалар әскери уставты орындамаған, ұрыс майданында *жүрексіздік,* жігерсіздік көрсеткен әскери ынтымақты, достықты аяққа басқан, әскери адамдарға немесе әскери бөлімшелерге қолданылады (Қ.Аманжолов, Қасиет.). Батыл қимылмен Аннаның қасына келуі келсе де, Сабырдың көңілі бұзылып, қолы дірілдеп, сәл кідіріңкіреп қалды. Талай операция жасап еді, мынадай толықсу, *жүрексіздік* болмаған-ды (З.Шашкин, Өмір.).

ЖҮРЕКСІН= е т. *Батылы жетпеу, қаймығу, қорқу.* Аттарын шөп сап қойған байластырып, Түйеге артып жатыр жайластырып. Еңбектеп он шақты аттың қасына кеп, Отырдым *жүрексініп* байқастырып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жүрексініп* айтып тұрмын мұны мен, Мылқаулардың мида сөйлер тілімен. Тәңірім деп табынып ем, Тәңірім, Оң көзіңмен қарайсың ба шынымен?! (Ж.Жұматаев, Ләйлә). О, шіркін! Қайран күндер. Сайран күндер! Қанатын бақыт құсы жайған күндер. Жалт бұрылып, оқыс бір қарағанда, Жүзіңнен *жүрексініп* тайған кімдер? (М.Мақатаев, Шығ.). Ал сөйле, қызыл тілім, әтір көмей! Қызбайды көп ортасы ақын келмей. Ән бастап айтысуға *жүрексініп,* Жол беріп отыр бізге жұрт үндемей (Қара өлең).

ЖҮРЕКСІНУ *Жүрексін етістігінің қимыл атауы.* «Енді бұлар көп екен» деп *жүрексінудің* жөні жоқ. Не болса да тәуекелге бел байлап, алысқан жауға арқаны көрсетпеуіміз керек болды (Қ.Қайсенов, Жау тылы.). Бұдан кейін үйірме мүшелері *жүрексінуді* қойып, байсалды әзірлікке кірісті («Лен. жас»). Арадай анталап шағып алар деген қауіптен туған *жүрексіну* емес, басқа-басқа, өзі де байыбына барып, бағамына жетпеген беймәлім қорқыныш меңдей беретін (О.Бөкеев, Ұйқым.). Сен ақылға сап жүрексініп жүргенде, *жүрексінуді* білмейтін ақымақтар алдыңа шығып кетіп жүрмесін, Кітапбек (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бұл роман деген аттан *жүрексіну,* жауапкершілігінен жалтару емес, «аруақты» жанр алдындағы кішіпейілділігі, әрі оған деген шексіз құрметі (С.Әшімбаев, Ақиқат.).

ЖҮРЕКСІНІҢКІРЕ= е т. *Қорқыңқырау, қаймығыңқырау.* Көрсеткен адрес бойынша, «Еңбекші қазақ» газетіне келіп, Ілиястың қай бөлмеде отыратындығын біреулерден сұрап алдым да, *жүрексініңкіреп,* бөлменің есігін қақтым (Қ. Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖҮРЕКСІНІҢКІРЕУ *Жүрексініңкіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жүрексініңкіреуін* қоймады.

ЖҮРЕКСІ= е т. с ө й л. ***Жүрексін.*** Дедім, іштей бір өксіп, Сөзімді оған тыңдатпай, Әлде ұялып, *жүрексіп* Тұрды байғұс үн қатпай (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖҮРЕКТЕЙ с ы н. *Жүрек сияқты үлкен; жұдырықтай,* Үлкендігі *жүректей* Сыйладың сен ақ алма, Қалай бұны жыр етпен – Тұрса ұсынып аға алда (Х. Талғаров, Қанатты.). Балдырғаны білектей, Баттауығы *жүректей,* Ондай қоныс маған жоқ, Құдай қылды, амал жоқ (Махамбет, Өлең.). Қатар жатқан сұлу жер, Қарқара, Текес, Кезүйрек, Байсауыр мен Алмалы Алмасы бар *жүректей,* Бүлдіргені білектей, Бұғы, марал үлектей, Түрлі шөбі жібектей (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖҮРЕКТЕН= е т. *Батылдану, қайраттану.* Ол майданға тілеп келді Еркін Қазақстаннан, Жолбарыстай *жүректенді* Кек алуға дұшпаннан (С. Машақов, Жылдар.).

ЖҮРЕКТЕНУ *Жүректен етістігінің қимыл атауы.* ≈ Қаймықпастан *жүректенуі.*

ЖҮРЕКТЕС з а т. *Сырлас, мұңдас.* Аман бол, қайда жүрсең шығарма естен, Жан досым, *жүректесім* уағда дескен. Өмірдің нұр жайнаған мезгілінде, Жүректің гүл жайнаған сырын шешкен» (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖҮРЕКТІ с ы н. *Тайсалмайтын, батыл, ержүрек.* Сондай жортуылда қаптаған жаудан қайтпайтын Нұрбайдай *жүректі* адамды көрген емеспін (Қ. Жұмаділов, Көкейкесті). *Жүректі* де табанды Көкшағыр нажағай шапшаңдығымен қимылдады (Д. Әбілев, Арман.). Айырылып ата-анадан, Жетімдік шіркін жүдетті. Жабырқау тартып налыды, Жас нояндар *жүректі* (О.Шипин, Дастан.). Кешегі арыстанды айбары зор, *Жүректі* жолбарыстай қайраты мол Айырып ар-намыстан, күштен, естен, Кім қылды шала-жансар бір қорқақ құл? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жұмыр басты, ет жүректі пенде. *Адам, пенде.* Дегенмен *жұмыр басты, ет жүректі пендем ін* ғой, «Ақан маған үйленгеніне өкінбей ме екен», – деген ой анда-санда мазалай беретін (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Ыстық жүректі. *Қызу қанды, жігерлі.* Өмірден дүниені барлаған, оймен толғаған, *ыстық жүректі,* нұрлы ақылды, дария ойлы, дана Мұхтар кетті (Біздің Мұхтар).

ЖҮРЕКТІЛЕУ с ы н. *Батылдау, қорықпайтындау.* ≈ *Жүректілеу* жігіт.

ЖҮРЕКТІЛІК с ы н. *Батырлық, батылдық, жігерлілік.* Бұл жолға қажымас қайрат, талмас бел, қорықпас *жүректілік* аздық етері және рас (О.Бөкеев, Біздің жақта.). *Жүректілік* билеп, салқын сезім иелеп кеп қалған Айқоңыр киіз үйге сүйенді (А.Алтай, Алтай.). Жаңа жыл қайсарлықпен *жүректілік* Баратын болашаққа білек түріп, Мен Жаңа жылдарыма қол созамын, Әлемге Жаңа жылдар тілеп тұрып (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жүректілік көрсетті. *Ерлік істеді, батырлық көрсетті, тайсалмады.* Даңқты ұрыстарда Талғат Бигелдинов көптеген қаһармандық, *жүректілік көрсетті* (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). П. деревнясы үшін ұрыста ерлік, *жүректілік көрсеткен* Раушан Ақжігітов «Батырлығы үшін» медалімен наградталды (С.Сейітов, Сөз сұра.).

ЖҮРЕКШЕ[1] з а т. а н а т. <лат. atrium> **1.** *Жүректің қан келіп құятын бөлімі.* Жүректің іші қуыс, бұлшық ет, оның әрбір жартысы өзара байланысқан екі бөлімнен – жоғары *жүрекше* мен төменгі қарыншадан тұрады (Р.Сәтбаева, Гипертония). Оң *жүрекше* жиырылғанда қан оң құлақшаға келеді де, одан өкпе артериясы арқылы өкпеге құяды (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.). **2.** қ о л ө н е р. *Тұрпаты жүрекке ұқсас ою түрі.* Былғары бөріктің өзі де өрнектеле оюланып, ай мүйіз оюлардың *жүрекшелеріне* жалт-жұлт қаққан аса қымбат жаһүт тастарын тізіпті (А.Алтай, Алтай.).

ЖҮРЕКШЕ[2] ү с т. *Жүрек сияқты, жүрекке ұқсап.* Түкті *жүрекше* тулады дүрсіл, Жер астымен алысқа тарар, Өткінші емес – теңізде гүрсіл, Сарынды құйыны – жер жарар! (Т.Әлімқұлов, Боз жорға).

ЖҮРЕКШЕЛЕН= е т. *Жүрек сияқты иілу.* Сол бір сұм заманнан қалған белгі – қашағасы сүйекті, қызыл долана ағашы иіле, *жүрекшелене* құрастырылған кісі бойы құранды жақ қана (А.Алтай, Алтай.).

ЖҮРЕЛГІ з а т. э т н. *Жоралғы, жон-жосық.* Ата-ененің *жүрелгісі* жаңа дәурен енді басталды (М.Әуезов, Шығ.).

ЖҮРЕЛЕ= е т. *Екі тізесін бүгіп, арт жағын жерге тигізбей, жүресінен отыру.* Балшық үйге арқасын сүйеп, *жүрелеп* отыра кетіпті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Әлгі әйел шелектің біреуіне құйылған жылы суды алып, *жүрелей* отыра қалды да, сиырдың емшегін жуды (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Ақбардың үйін ол Ақметшенің ақ ордасы деді білем, ежелгі әдетінше кіріп келіп, төрге жетпестен *жүрелеп* отыра кетті (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖҮРЕН з а т. б о т. <лат. aellenia> *Алабұта тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Жүренің* Қазақстанның шөл және шөлейіт аймақтарындағы құмды және сортаң топырақты жерлер мен тақырларда өсетін 4 түрі бар (ҚҰЭ).

Шоңайна жүрені. б о т. <лат. Aellenia subaphylla> *Биіктігі 50-120 см-дей ұзын жапырақтары кезектесіп орналасқан шала бұта.* Гүлі қос жынысты *шоңайна жүрені* сирек гүлдері сыпырғы гүлшоғырына топтасып масақша құрайды (ҚҰЭ). Мамыр – шілде айларында гүлдеп, жемістенеді. *Шоңайна жүренінің* құрамында сальсолин алколоиды бар, одан гипертония емдеуге қолданылатын препараттар дайындалады. Сондай-ақ, *шоңайна жүрендісі* құм тоқтату үшін де қолдан егеді (ҚҰЭ):

ЖҮРЕЛЕТ= е т. *Бүктету, бүкшиту, болдырту.* Төртінші, бесінші қамшы оны *жүрелетіп* тастады (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖҮРЕЛЕТУ *Жүрелет етістігінің қимыл атауы.* ≈ Жігітті *жүрелету.*

ЖҮРЕЛЕУ *Жүреле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Кенеттен *жүрелеуі.*

ЖҮРЕМЕТЕ ү с т. *Қатарынан, қабатынан.* Жекпе-жекте өлтірді, *Ж ү р е м е т е* сегізді. Қазақты қамап қамалға «Кім шығар бұған?» дегізді (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖҮРЕСІНЕН ү с т. *Екі бүктеліп, жүрелей, тізерлеп.* Оянып, *ж ү р е с і н е н* жатып, қар қапты (М.Әуезов, Шығ.). Ол *ж ү р е с і н е н* отырған Кенжеғұл ағасына қараған жоқ (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар.).

ЖҮР-ЖҮРЛЕ= е т. *«Жүр-жүрдің» астына алу, қайта-қайта «жүр» деу.* Ынтықтап қарауылдап кимеледі, *Ж ү р - ж ү р л е п* білегінен сүйреледі (Н. Ахметбеков, Жасауыл.).

ЖҮР-ЖҮРЛЕГЕНСУ *Жүр-жүрлегенсі етістігінің қимыл атауы.* ≈ Өтірік *ж ү р - ж ү р л е г е н с у і.*

ЖҮР-ЖҮРЛЕГЕНСІ= е т. *«Жүр-жүр» – деп айтқансу.* Шақшай Омарды *ж ү р - ж ү р л е г е н с і п* біраз тұрды да, Сатанға: – Сендер шыға беріңдер, мен мынаны, алып шығайын, – деп ол да қалып қалды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖҮР-ЖҮРЛЕУ *Жүр-жүрле етістігінің қимыл атауы.* ≈ Баланың *ж ү р - ж ү р л е у і.*

ЖҮРУ *Жүр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Бір жерге бару, қозғалу.* – Шөпке барам, – деп Зейне *ж ү р у г е* қамданды (С. Бегалин, Уақыт.). Көп молла, шәкірт, мәзін, қарилер бұдан былай осы махаллада барлық ауырып өлген адамдардың үйлеріне қаптап барып, басқа үйлерге және қаптап *ж ү р у л е р і н* тоқтатсын (М.Әуезов, Шығ.). Жалықтырып, пыстырып, Ұшырып тозаң жел үрген. Қайта-қайта пысқырып, *ж ү р у д е н* ат та ерінген (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Бір жаққа беталу.* Енді қайық ар жаққа *ж ү р у г е* айналды (М.Әуезов, Абай). Білеутіге бір қонып, Ойладық қамын *ж ү р у д і ң,* Жорғаға жайлап мінгізіп, Жарасын таңдым сұлудың (О.Шипин, Дастан.). **3.** а у ы с. *Өмір сүру, тіршілік ету.* Ұлы тірі жандардың аты шығар, Шығысы бар бұл күннің батысы бар. Өйткені сен анасың, аналардың Мәңгі тірі *ж ү р у г е* хақысы бар (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Айқындалмас жақының мен алысың, Доссыз *ж ү р у* мүмкін емес сол үшін (М. Шаханов, Ғасырлар.).

Арзан жүру. *Қымбат емес, арзанқол жұмыс істеу.* Қырда кедей байға онша жалынбайды, Жерсіз, малсыз көп кедей табылмайды. Аштан өлу не байға *а р з а н ж ү р у,* Қалайша кедейлер тарылмайды (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Басында жүру керек. *Есінен шығармауы керек, ұмытпауы керек.* Әр мықтының осал жері болмай ма? Болса қайсы? Оған бастар жол қайда? Ал бұл сұрақ бар кез сенің *ж ү р у к е р е к б а с ы ң д а* Менің күллі жеңісімнің құпиясы осында! (М. Шаханов, Ғасырлар.).

Жүруге күші жоқ. *Әлсіз, шипасы жоқ, күш-қуатынан айырылған.* Тұр әлі кешігіп, Туса да апрель... Терезе... есігін... Отын ғып жатыр ел. Ұзамайды үйінен, *Ж ү р у г е ж о қ к ү ш і*... Өзгеріп түрі де... Сарғайып, кетті ісіп (С. Жиенбаев, Алтын қалам).

Жүруінен тұруы көп. *Шабан, көп қозғалмайтын.* Ол кезде, немене, пойыз өте шабан, *ж ү р у і н е н т ұ р у ы к ө п,* он күн дегенде діттеген жерімізге әрең жеттік-ау (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Таза жүру. *Ешкімге жамандық жасамай, қаралық істемей, әділ сөйлеп, өсек-аяңда шаруасы болмай өмір сүру.* Нық саясат – шын терлеп, *т а з а ж ү р у,* Алтын көрсең, қолыңды баға білу. Саясаттың үлкені – үлкен іске Мың кетіктен бір тетік таба білу (Қ.Салықов, Жезкиік).

ЖҮРУ-ТҰРУ з а т. *Қимыл, қозғалыс. Ж ү р у т ұ р у ы* аз, отырып істейтін қызметкерлер мен ой еңбегімен шұғылданатын адамдар, дене еңбегімен шұғылданатындарға қарағанда қуатты аз жұмсайды (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру). Әлденеше күннен бері *ж ү р у - т ұ р у д ы ң* не екенін де ұмытып қалған (Ә.Кекілбаев, Дала.).

ЖҮРУШІ з а т. *Жүрген адам; жолаушы.* Бұл жолмен *ж ү р у ш і л е р* көпке ұқсайды. Аса бір қазылып қалған жері болмаса, мұз болып тапталып қалған жалтыр жолға қар тоқтай қоймайды (С.Мыңжасарова, Замандас.).

ЖҮРІЛ= е т. *Өтілу, басылу.* Бірер күннен кейін ол, жаяу адамға жеңіл *ж ү р і л е т і н* тас жолдан шығып, орман арасымен өтетін сүрлеулерге түсті (Қ. Исабаев, Ажал құрсауы.). Жүрмеген көше *ж ү р і л і п,* Ақырғы серттер байланып. Бір жүріп тоқтап кідіріп, Баяғы жерге айналып (Ө.Нұрғалиев, Кәмелет).

ЖҮРІМ[1] з а т. *Барар, жүрер жер.* ≈ *Ж ү р і м і* көп.

Жүрімің [үзілгір, құрғыр] қысқарғыр. қ а р ғ ы с. *Жетпегір, өмірің қысқа болсын деген мағынада.* Өзім күйіп отырғанда, ол *ж ү р і м і қ ұ р г ы р,* неге күйдіреді (Б.Майлин, Шығ.).

Жүрімі ұзарды. *Өрісі ұзарды, барар жері көбейді; мініс малы болды.* – Ал, Аха, Тәңірбергеннің арқасында тақымың атқа тиді. *Ж ү р і м і ң ұ з а р д ы* (Ә.Нұрпейісов, Қкан мен тер).

ЖҮРІМ[2] з а т. к ө н е. *Өмір, ғұмыр.* Жан кеуілін жабықтырмай жай қылған соң, Бергей деп, көп тілеп тұр *ж ү р і м* саған. Жігітке қара айналған бақ айналад, Осы анық аңлауымды ырым саған (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖҮРІМПАЗ с ы н. **1.** *Жақсы жүретін.* Түйе – мінсең көлік, саусаң – сауын, жүні – киім, бетбақ далада, құмды жерде *ж ү р і м п а з* (М.Тілеуғабылов, Чума ауру.). **2.** а у ы с. *Нәпсіқұмар, жезөкше.* – Ажарлы бір әйел болыпты, тақсыр. Қылтың-сылтың мінезі жоқ, әдепті әйелдің бірі екен. *Ж ү р і м п а з* жігіттің бірі сол әйелге көңілі кетіпті (Мың бір түн).

ЖҮРІҢКІРЕ= е т. **1.** *Жүре тұсу, әлі де жүру.* – Көшкен ел тым ұзап кетіпті. Сонау белеске шықсақ, ар жағында ел қалай көрінбес екен. *Жүріңкірелік,*– деп бұлаң құйрықтатып жүріп барады (С.Шарипов, Бекболат). **2.** *Жылдам жүру, тездетіңкіреу.* – Жігіттер, *жүріңкірейік,* едәуір уақыт болып қалды, – деді Нұржан атының басын тежеп, жігіттерге бұрылды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖҮРІП-ЖҮРІП ү с т. *Көп жүріп, ұзаққа шыдап. Жүріп-жүріп* бүгін жұмыста ойлағанымызға таңмын, – деді Игорь Тебекин (А.Сатаев, Аққу.). – Жасаған-ай, оншадан-мұнша *жүріп-жүріп* келіп сүйегім далада қалатын болды-ау (Н.Оразов, Достар.).

ЖҮРІП-ТҰР= е т. *Ары-бері жүру, тұру.* ≈ Еркін *жүріп-тұрды.*

ЖҮРІП-ТҰРУ *Жүріп, тұр етістігінің қимыл атауы.* Сәкен жігіттер мен қыз-келіншектерге пьесаны ойнату тәсілдерін түсіндіріп, сахнада қалай *жүріп- тұруды,* қайдан кіріп, қайдан шығуды көрсетті (А.Сатаев, Ақын.). Жұмысының біразы контрабандамен байланысты, *жүріп-тұруы,* ел аралауы көптеу, әйткенмен мынандай ашты-тоқты жағдайда өзіңе де және жанбағыс үшін әрекет жасап жатқан жұртқа да қолғабыс етуге аса қолайлы (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮРІС з а т. **1.** *Жүру әрекетін істегендік, жүргендік.* Бірі бет пішінін, сақал-мұртын, *...жүрісін,* қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ (Абай, Тол. жин.). Жеңіл ғана сенің аяқ басқаның. Ұқсамайды *жүрісіне* басқаның. Сенің жайлап үн шығармай күлгенің Ұқсамайды күлкісіне басқаның (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жүрген *жүріс,* Қаракөз, күлген күлкің, Жанған жүрек қасында болсаң, шіркін! Сені ойласам, Қаракөз, ас батпайды, Түнде ұйқым келмейді, күндіз күлкім (Ә.Найманбаев, Шығ.). *Жүрісі* шапшаң, ағыны қандай тез еді, Ырғиды соғып, шіліктің ішін кезеді. Байқаусыз түскен аттың да қара тезегі Шошаңдай қарғып, ит қуған аңдай безеді (Ж.Жұматаев, Ләйлә). *Жүрісің де* бір гәп бар, Екенін ойым түйіп тұр. Әлде адал ұлымсың, Елдің тұзын шын ақтар. Шошынбады қарт жаным, Жөніңді айтшы, шырағым (К. Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Пойыз, мәшине, трактор т.б. техникалардың мотор күшімен орын ауыстыруы.* Асығып, алып-ұшып арындаған локомотив барған сайын *жүрісін* үдете түсті (Қ.Асанов, Сағыныш). Іздейсің пойыздардың *жүрісінен,* Түптұнық тұңғиықты су ішінен. Жаныңда жатады ылғи жалын ойнап, Тынымның дем алмайсың тынысымен (С.Мәуленов, Алыс кет.). **3.** а у ы с. *Ағыс, жылжу.* Күміс шашып ойнайды күн кірпігі, Ақшоқының қызу еңбек күн-түні. Бұлақтардың жорға *жүрісі* бүлкілі, Абай айтқан масатыдай қыр түгі (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** а у ы с. *Қозғалыс.* Беу, уақыт! Сенде бір мін бар, *Жүрісің* шымқай асығыс. Қамығып өткен мың гүл бар, Қауызын ашпай қапылыс (К.Салықов, Жезкиік). **5.** а у ы с. *Дағды, әдет.* Көп отырсың сыймайсың үй ішіне, Олпаң-солпаң көрінер жүрісің де. Сыртта жүріп сағынтып үйге келсең, Кемпіріңнің түзелер *жүрісі* де. Қайран жастық-ай! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Кейде жас болса да жүрген *жүрісі,* істеген ісі, мінез-қылығы көзіңе ерекше көрініп, иненің отырасың (Қаныш аға). Ат басына соқтырып, Ата-енені сөктіріп, Нәлет болсын, жігіттер, Біздің осы жүрген *жүрісіке* (Махамбет, Өлең.).

Атүсті жүріс. *Күні бойы аттан түспей жол жүру.* Күнұзақ *атүсті жүрістен* шаршаған екеу қалың ұйқы құшағына кірген (А.Алтай, Алтай.). Көлденеңнен киліккен нәрсе сол – Құлжа осы *атүсті жүрісте* Ақшадан тіл-жағымды аяймын деп, мұның бетін ары қаратып аламын деп қауіптенді («Жұлдыз»).

Аяң жүріс. *Бірқалыпты, жаппай жолмен желу.* Жақын маңайда жан адам көрінбейді, кім де болса сай ішінде жүрген біреу. *Аяң жүріспен* ақырындап жақындамақ болды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Бұлаң жүріс. *Бір қалыпты сар желіс.* Жылқы қайырып жүргендей баяғы бір *бұлаң жүріске* салды (А.Алтай, Алтай.).

Жаяу жүріс. *Жаяу жету, жаяу-жалпы қозғалу. Жаяу жүріс,* шаршау, ұйықтау, ұрыс, керіс, боғауыз – бәрін басып кетеді, құл тұрмысқа тағы бағынады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жүрісі суық. *Асығыс, қатты, қаһарлы келіс.* Әне, келе жатыр! Құнанбай жіберген кісінің алды осы! – дегенде: «*Жүрісі суық* екен!» – деп, бес қасқаның үлкені Тұрсынбай да көз тікті (М.Әуезов, Шығ.).

Жүрісі сұйық. *Жеңіл жүрісті, мардымсыз, ісі берекесіз.* Әлібек аң-таң. Екі оттың арасында қалды деген осы. Қай жеңгенің менікі деуге де болмайды. Өйткені Асанның *жүрісі сұйық,* ісі бұлдыр («Қаз. әдеб.»).

Жүрісінен жаңылмады. *Өзгермеді, алған бетінен қайтпады.* Біз сияқты жоқ қой сенің жауырың. Былқылдайды майға бөккен сауырың. *Жүрісіңнен жаңылмайсың,* Жорғасың. Жорғасың сен, Жорғасың сен, бауырым! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Итжортақ жүріс. *Бірқалыпты, баяу, жай жүріс.* Жалықпай жалғаншы үшін жазы-қысы, *Ит жортақ жүрісіміз* бүлкілдей-ақ.

Жалғаншы жайтаң қағып және алдайды, Түлкінің тұра қашқан көркіндей-ақ (О.Шораяқов, Шайыр).

Саяқ жүріс. *Оңаша, оқшау жүру.* Бураның өз-өзінен жансыздана бастаған тірі өлік бейнесі, оты сөніп, қоламтаға айналған жанары, тілі кесілгендей үн-түнсіз *саяқ жүрісі* бәрімізді таңғалдырды (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Суық[суыт]жүріс. *Асығыскелу.* «Елқұлағы – елу» ғой, *суық жүрісті* адам білінбей не тұрсын? (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бір кезде әлдеқайдан шықты дыбыс, Білінді тым асығыс *суыт жүріс.* Айнала елең етіп құлақ түрді, Күткендей кездейсоқта үлкен бір іс (О.Шипин, Дастан.). Жұмыс барлығын, *жүрістің суыт* екенін айтып, Қанекең кешірім сұрай берді (Қаныш аға). *Суыт жүріспен* Байтарақтың көктеуіне ел орынға отыра жетті (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖҮРІС= е т. *Бірге жүру, қозғалу.* Алысып азық-тамақ, қару-жарақ Арқырап аттарына тұрған жарап Мінісіп барлығы да батырлардың, *Жүрісті* ту көтеріп Тұран қарап (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖҮРІСКЕР с ы н. *Жақсы жүретін, аяғын тез басатын.* Пойыз сар желген *жүріскер* аттай жортып келеді (Ә.Әлішев, Батыр.). Ал бүркітпен аңға шығу үшін таушыл, *жүріскер* екі семіз ат, екі кісі керек (Шопан сырласы).

ЖҮРІСКЕРЛІК з а т. *Жақсы, тез жүретіндік.* Ең алдымен айғырдың денесінің ірі, әлді және әдемі болуына, оның үйірсектігі мен *жүріскерлігіне* қарайтын (Х. Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖҮРІС-ТҰРЫС з а т. **1.** *Қимыл-қозғалыс, іс әрекет. Жүріс-тұрысында* балаларға тән ерекше бір шапшаңдық, ойнақылық бар осы қыз күтпеген жерде өзін тым парықсыз ұстайтынын аңғартып та алды (М.Иманжанов, Көк белес). Олардың өсуін, ғылым саласындағы *жүріс-тұрысын* бақылауға алып отыратын (Қаныш аға). Шалды қазір қинап жүрген есен-сауында қызды ұзату емес, барған сайын аяғы ауырлап, *жүріс-тұрысының* сылбыр тартуы-тын (О.Бөкеев, Үйқым.). Елуге келген, шашы бурыл тартқан, Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан. *Жүріс-тұрыс* сөйте де жас жігіттей, Қуатына жарамас шал деп айтқан (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Әдет, дағды.* Осының *жүріс-тұрысы* ұнамайды маған, – дей беріп еді, жолдасын жазықсыз жазғырып жатқанына Гүлжан шыдамай ара түсті (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Күйеуінің түр-келбетіне, *жүріс-тұрысына,* мінезіне сүйсінеді (Т.Ахтанов, Таңд.). Кімнің кімге жақын екені, қарап тұрсаң, *жүріс-тұрысынан,* бір-бірімен сөйлескенінен де белгілі (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түземек, *жүріс-тұрысын* түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет біледі (Абай, Тол. жин.).

ЖҮРІСТІ с ы н. *Жүрісі қатты, жүргіш, аяңшыл.* Ат қанша *жүрісті* болғанмен, алшақ ауылдардың арасындағы керік дала және ашық күнде көзді ұялтатын әппақ дала адамды жалықтырып жібереді екен (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бұрынғыдай күні болмай, шабыстан қалған торы ат әлі де *жүрісті* еді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Жануар бір-ақ рет құлындады да, қайтып үйірге қосылмай саяқсып кетті. Қаракер секілді *жүрісті,* жалы майда, сүмбіле болатын (О.Бөкеев, Үйқым.).

Бейсауыт жүрісті. *Қамсыз жүрген.* Оразаларын ашпай атқа қонған *бейсауыт жүрісті* жүргіншілер дарияның қалтарыстау қолтығында отырған Ыбырай шалдың мекеніне жақындап келіп қалды (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Жеңіл жүрісті болды. *Жеңілтек болды, нәпсіқұмар болды.* Отызға жаңа толған жасымда бір емес, үш рет түрмысқа шығыппын, еріккеннен, *жеңіл жүрісті болып* желіккеннен бе екен... (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жеңіл жүрісті. *Жеңілтек, нәпсіқұмар.* Өмірде Еркетай сияқты еркетотай, *жеңіл жүрісті* әйелдердің де күйеуінің көзіне шөп салып, «қылмыс» жасауы мүмкін де шығар (С.Әшімбаев, Ақиқатқа іңкәрлік).

ЖҮРІСТІК з а т. к е н. **1.** *Төсемдерден, баспалдақтармен не тараптармен жабдықталып, көбінесе адамдардың жүріп-тұруына арналған, бремебергке параллель етіп жүргізілген көлбеу не еңіс жерасты қазбасы.* **2.** т е х. *Штрек жанындағы кентіректе жүргізіліп, штрек пен қазып алу камерасын қосатын көлбеу қазба.* **3.** *Аралықтарды жалғастыратын енсіз қазба* (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖҮРІСТІЛІК з а т. *Жақсы жүретіндік, аяңшылдық. Жүрістілігі* аттан бетер, құрғақ жерде жортуға да қажымайтын қара түкті нар бар (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Абайлап қарасам, астыма мінген атымның желіскер, *жүрістілігі* былай тұрсын, тіпті жүйрік те екен (Қ.Қайсенов, Шығ.).

ЖҮРІСШІ з а т. с ө й л. *Жол жүруші адам. Жүрісшілергезор* жауапкершілік жүктелетінін естен шығаруға болмайды («Теміржолшы»).

ЖЫБЫР з а т. *Қыбыр, қимыл, қозғалыс.* Қобылан бет-аузына, үстіне жел жүріп өткен судай *жыбыр* пайда болған сияқты (Қ.Исабаев,

Сұңқар.). Түлкі – қысқа аяқты болғанымен, жыбырлай жүгіретін аң, ал сол *ж ы б ы р ы* сондай өнімді, ол иттің ең жүйрігіне әрең жеткізеді (Ш.Айманов, Қыран.). Дағды алдырма тіліңді – Келеңсіз кеңес *ж ы б ы р ғ а!* (О.Шораяқов, Шайыр).

Жыбыр етті. *Жыбырлады, қимылдады, қозғалды.* Жанша бір қолымен шашын сипады. Сүзіліп қарап отырған қазіреттің ызғарлы бір тамыры *ж ы б ы р е т т і* (С.Сейфуллин, Тар жол.). Александр Терентьевич күлейін деп еді, күле алмады. Астыңғы еріні *ж ы б ы р е т і п,* төмен қарады (С.Бақбергенов, Кентау). Ерні *ж ы б ы р е т і п* жүрексіне амандасты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жыбыр қақты. *Жыбыр-жыбыр етті, жыбырлады, қозғалды.* Кәрі Каспий қара көк көзін ашты, Жылы жүзбен Терекке амандасты. *Ж ы б ы р қ а ғ ы п,* қозғалып, сылқ-сылқ күліп, Қатынды алды, қитықсыз араласты (Абай, Тол. жин.). Жапырағы қуарған ескі үмітпен қиял ғып өмір сүріп, бос жүріппін. *Ж ы б ы р қ а ғ ы п,* көңілді тыншытпайды, қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн (Абай, Тол. жин.). Айттөбенің айналасы *ж ы б ы р қ а қ қ а н* қара бөрікке сіресіп толып, қалың жыныс қарағайдай болды (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫБЫР-ЖЫБЫР ү с т. *Қыбыр-қыбыр; баяу, ақырын.* Көз алдынан бір боз жорға аяғы тайпалып *ж ы б ы р - ж ы б ы р* басып өтті де, соның артынан аяңдап келе жатқан бәйгі шабдар көрінді (М.Әуезов, Қараш.). Қазір отар жіпке тізілгендей шұбалып, жарты километрге созылып *ж ы б ы р - ж ы б ы р* жылжып келеді (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).Иіген емшектері *ж ы б ы р-ж ы б ы р* тартылады (М.Әуезов, Шығ.). *// Ақырын, баяу қозғалыс.* Адамды қажытатын да, тоздыратын да ұзақ түрткі *ж ы б ы р-ж ы б ы р* ғой (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Жыбыр-жыбыр етті. *Жыбырлады, қайта-қайта қозғалды.* Қымбат тері толы дорбаны қолынан жұлып алғанда да, жауырынынан мылтық дүмімен нұқып қалғанда да қыңқ деместен көнді. Тек жақ еттері ғана *ж ы б ы р-ж ы б ы р е т т і* (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫБЫРҚАЙ с ы н. *Ұсақ, майда, біріне-бірі қосылып кеткен.* Мінайдар бадырайып ірі жазған жазу болмаса, *ж ы б ы р қ а й* жазған жазуды айыра алмай, малтығып қалады (Б.Майлин, Шығ.). *Ж ы б ы р қ а й* көшпелі қаладан сытылып шығып, бау-бақшалы қыстақтарды таспадай тіліп келе жатқанымызды бір-ақ байқадық («Қаз. әдеб.»).

ЖЫБЫРЛА= е т. **1.** *Қимылдау, қозғалу; жыбыр-жыбыр ету.* Қойлардың *ж ы б ы р л а ғ а н* тұтам сирақтарын бұрқырап қар көміп кетеді (Т.Ахтанов, Боран). Бәйбіше сыбырлап, ащы түтіннің иісінен рахаттана жиырылып, танауы *ж ы б ы р л а й д ы* (Т.Ахтанов, Таңд.). Ашулансақ, мұртымыз *ж ы б ы р л а й д ы.* Ақыл айтып кәрілік сыбырлайды. Бір кездері тік тұрса төбе шашың, Бүгін енді құйқасы шымырлайды (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **2.** *Қаптау, құжынау.* Жау танкілері қаз-қатар болып жосып келеді. Артында қара құрттай *ж ы б ы р л а ғ а н* жау солдаттары (Майдан). Өзектің алқабында шытыр да тым қалың өсіп тұр екен. Бұл өзі жоңышқа сияқты шөп. Титімдей-титімдей *ж ы б ы р л а ғ а н* көкшіл гүлі болады (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кірпіктерінің құр *ж ы б ы р л а ғ а н ы* болмаса, көзін ашқан-ашпағанын адам ажырата алмайды, ісіктен ештеңе көрінбейді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Аузы жыбырлады. *Сөйледі, күңкілдеді. А у з ы ж ы б ы р л а п,* Малайын сөгіп жүр. Жерден көкке Көктен жерге, Қарғысын төгіп жүр (Б.Майлин, Шығ.).

Көз құрты жыбырлады. *Қызықты, құмартты. К ө з қ ұ р т ы ж ы б ы р л а п* болмаған соң, үйде ешкім жоқ оңаша сәтті аңдып отырды да, екі бүктеп лып еткізіп саптамасының қонышына тыға салды (О.Бөкеев, Үйқым.).

ЖЫБЫРЛАҒЫШ с ы н. *Қимылдағыш, қозғалғыш.* Сондай қасиеттердің бірі мұрын ішіндегі қылшықтар, тыныс жолдарының шаң-тозаңды ұстап қалатын кілегейі мен *ж ы б ы р л а ғ ы ш* қылшықтары болады (М.Қайрақбаев, Ескерм. ауру.).

ЖЫБЫРЛАҚ[1] с ы н. **1.** *Жыбыр-жыбыр еткен, кібіртіктеген. Ж ы б ы р л а қ* жүрістерің күлкілі екен, Бар ма осы өздеріңде ұят деген. Мұндайды көрсем бұрын көзім ақсын, Болмайды қадағалап үйретпесем (С.Сейтенов, Өлең.). Өзіңізге аян баяғы Өнімсіз жүріс *ж ы б ы р л а қ* (Ғ.Орманов, Сәт сапары). *// Өнімсіз іс-әрекет, бос сандалма тірлік.* Қорқытпайды қар мен мұз Өзге нәрсе қорқытты. Ойсыз, доссыз, бақытсыз, *Ж ы б ы р л а қ п е н* өмір өтті (Абай, Тол. жин.). **2.** а у ы с. *Аузында сөз тұрмайтын, өсекші.* – Сосынғы бір айтайын дегенім, Сауымбай шопаннан сақ болғайсың. *Ж ы б ы р л а қ* неме өзі («Ара»). *// Аузында сөз тұрмайтын адам.* Біреу сөйлеп жатқанда, қолын қасындағылардың құлағына тосып, «пыш-пыштап» отыратын *ж ы б ы р л а қ т а р д ы ң* да үндері өшкен (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖЫБЫРЛАҚ[2] з а т. в е т. *Қойда болатын жұқпалы індет.* Қазақстанның оңтүстік, әсіресе Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында буаз саулықтар да

кей жылдары көктемде көп шығынға ұшырайды. Мұны жергілікті жерлерде бір кезде «көктем ауруы», «*жыбырлақ*» деп те атап жүрді (С.Омаров, Қозы ауру.). *Жыбырлақ* болып ауырған қойдың ішегінде көптеген глисталарды өлтіру үшін тотияйынның ертіндісін ішкізеді (Х.Аргынбаев, Мал ауру.).

ЖЫБЫРЛАС= е т. *Бірге қозғалу, қимылдау.* Біреуге біреу хабарласып, қырдағы қыстаулардан қараң-қарең көрініп, *жыбырласа* бастады (І.Жансүгіров, Әңгім.). Әлгінде оянып *жыбырлас ып* кеткен қыздар, енді тынышталып, тәтті ұйқының құшағына қайта батқан (С.Мұратбеков, Көкорай). Жаз шықса, құрт-құмырсқа *жыбырлас ып,* Тірілер өлген дене қимылдасып. Қарулы, өзі жылпың бозбалалар Ел көшсе, жүк артысар қом қомдасып (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫБЫРЛАСУ *Жыбырлас етістігінің қимыл атауы.* ≈ Құрттардың *жыбырласуы.*

ЖЫБЫРЛАТ= е т. *Қозғалту, қимылдату, жыбыр-жыбыр еткізу.* Сан рет жымия түсіп, қабағын *жыбырлатып* қояды (М.Әуезов, Шығ.). «Ағатай, не болды?» – деп, бұл келіп қолын ұстағанда, ақырын ғана қабағын *жыбырлатты* (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Ернін жыбырлатты. *Әрең, еріксізден сәлем алғанын, амандасқанын, жауап бергенін білдіретін қимыл ым-ишарат жасады.* Нұрпейіс рояльдың қақпағын жауып, орнынан тұрды. Бейсенді көріп, *ернін* немқұрайдылау *жыбырлатып,* мұның сәлемін алды (О.Сәрсенбаев, Сағым). – Ассалаумағалейкүм! – деп сумаң ете қалған шоқша сақал Шалабайдың сәлемін *ернін жыбырлатып* алған болды да, есік көзінде не әрі, не бері жоқ, состиып тұрып қалған ағасына міз бақпай шаншыла қарағаң (О.Бөкеев, Үйқым.).

Иісі танауды жыбырлатты. *Иісі мұрынға келді, иісі шықты.* Кемпірдің шыжғырған майының *иісі танауды жыбырлатып,* жүректі саздырып барады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

Танауды жыбырлатты. *Тәбетін ашты, піскен астың иісі тамаққа тәбетін ашты.* Кемпірдің шыжғырған майының иісі *танауды жыбырлатып,* жүректі саздырып барады (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.).

ЖЫБЫРЛАТТЫР= е т. *Жыбыр-жыбыр еткізу, қытықтау.* Өзі жыбырлатқанға айызы қанбай, бүкіл өне бойын бізге *жыбырлатты ра ды,* «Жыбыр-жыбыр» осыдан кеп шыққан (С.Мұратбеков, Жабайы.).

ЖЫБЫРЛАТУ *Жыбырлат етістігінің қимыл атауы.* Мұндайда түшкіру үшін танаудың ішін құстың қауырсынымен *жыбырлату* керек (А.Апсатаров, Дәрігер.).

Ернін жыбырлату. *Әрең сәлем алғанын, амандасқанын білдіру, маңыздысу.* Байбол маңызды кісі секілденіп, алғашқы әзірде «шүкір» деп *ерін жыбырлатудан* алысқа бармады (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЫБЫРЛАТЫС= е т. *Ақырын қозғасу.* Үйлерінде өздері болған кездерінде саусақтарын *жыбырлатысып,* соны ақ мысықтың қалай қуалап ойнағанына қарасатын (Бәйшешек).

ЖЫБЫРЛАУ *Жыбырла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Ақырын қозғалу, қышыту.* Жылқының тік ішегіндегі құрттың *жыбырлауынан* қышығанын басу үшін құйрығын кез келген нәрсеге үйкеп қылын түсіреді (Х.Аргынбаев, Қаз. этногр.). **2.** а у ы с. *Баяу қимылдау.* Ені қырық құлаш өзеннен астаудай қайықты сүт пісірім уақыт есіп, *жыбырлауын* қарашы! (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖЫБЫРЛАУЫҚ с ы н. **1.** *Жыбыр-жыбыр еткен, толқын-толқын.* Шапағаттың бет-жүзінде самал сипап өткенде шымырлай қалған тұнық су бетіндей *жыбырлауық* құбылыс жиі байқалады (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** а у ы с. *Өсекқұмар.* Екі көзі жерде, қайқы кеудесі бүгілген әлдекім көршісін түртіліп *жыбырлауық* ауызым, енді жым болатын шығарсың деп жатты (С.Алдабергенов, Қанат.).

ЖЫБЫРШЫ= е т. **1.** *Жыбыр-жыбыр ету.* Шар айнадай жалтырап жатқан көлдің беті, жел үйірсе керек, біз келген сәтте *жыбыршып,* әжімденіп қоя берді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Серкенің терісі мен ақ шелінің арасына жұдырығын салып, іреп-іреп қалғанда, жып-жылы *жыбыршыған* денеге қолы білегіне дейін кіріп кетті (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). **2.** *Жыбырлату, қышу.* Мұрындары құрт жегендей *жыбыршып* бара жатса да, сол бір жүздері суық, бейтаныс адамдардың етігін жалап, құйрығын бұлғаңдатып, сүйекмүйек олжалауға жүректері дауаламайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ол маңдайынан тер шыққанын сезді, самайы шыбын қонғандай *жыбыршыды* (Д.Досжанов, Жібек.). **3.** а у ы с. *Қипақтау, сипақтау, жалтақ-жалтақ қарау.* Үй қожасы Қоңқақтың өзі де тысқа шыққыштап, *жыбыршып* жүрді (Т.Әлімқұлов, Сейтек.). Құран оқып болып арбаға мінісімен-ақ бірдеме айтқысы келген кісідей *жыбыршып* бізге қарай берді (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЫБЫРШЫТ= е т. **1.** *Жыбырлату.* Танауын газ иісі *жыбыршытып* жіберді, аузын алақанымен басып, түшкіре жаздап

қалды (Д.Досжанов, Зауал.). **2.** а у ы с. *Ояту, әрекетке итермелеу.* Тамырды солқылдатып, ойды қозғап, Жүректі тебірентіп, ішті жылытар, Қайғылы, мұңды, өнерлі, шерлі жанға. Ой салар, ойын түртер *ж ы б ы р ш ы т а р* (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫБЫСҚЫЛА= е т. *Сыздықтау, жіңішкеру.* Ортадағы ақ үйдің маңы толған қойшы-қолаң, жымырайған қараша үйлердің төбесінен түтін будақтап та шықпайды, тезегі құрғыр тұтанбайтындай, *ж ы б ы с қ ы л а п,* жер бауырлай ұшады (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖЫБЫСҚЫЛАН= е т. *Сыздықтану, жіңішкеру, жұқастаңдану.* Жағымпазданды – Бірақ, – деді Баян аз кідіріп, – *ж ы б ы с қ ы л а н а* жабысып, ескілік те қалмай келеді (Т.Нұртазин, Адам.).

ЖЫҒА [ир. جقه] з а т. к ө н е. **1.** *Төбесі үшкір, маңдайалды қабақ пен қасқа түскен, желке жағына мойынды айнала 1-1,5 қарыстай шынжырлы бау тағылған, соғыста киетін баскиім. Ж ы ғ а н ы ң* төбесі үшкір келеді, маңдайалды қасқа дейін түсіп тұрады, желке жағына мойынды айнала ұзындығы 1-1,5 қарыстай шынжырлы баулар тағылады (ҚСЭ). **2.** *Баскиімге сәндік үшін тағылатын (шаншылатын) құс қанаты немесе алтынды, асыл тасты әшекей зат.* Маңдай тұсын төмен қарай үшкілдеп жыра тігіп, дәл алдына күміс айшық *ж ы ғ а,* төбесіне құс қауырсынын қадапты (Қ.Сәрсекеев, Қарсаңда). Шахзада әкесін жерлегеннен кейін таққа отырып, *ж ы ғ а с ы н* басына тағып, жүзігін қолына салып, толық құқықты патша болып, орданы басқарды (Мың бір түн.). **3.** *Парсы шаһтарының тәждерін қораздың айдарлы тарақшасы сияқты гауһар тас және шоқ қауырсынымен әшекейленген баскиімі* (Қаз.-парсы. түсінд. сөздік). **4.** *Соғыста киетін мол әшекейлі дулыға және дулығаның мойынды қылыштан қорғайтын артқы жиегі.* Кейде батырлар да осындай сәукеле тәрізді мол әшекейлі дулыға киеді. Оның темірмен, шынжыр тормен қапталған әсем түрлері көп; бұларды *«ж ы ғ а»* деп атаған (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері).

Алтын жығаң болса да, жаға менен жең керек. *Әрбір қымбат нәрсе өзге салтанатымен жарасты, әрбір жақсы кісі қолдар, қошеметтер тұрғыласымен, тобымен жарасты деген. А л т ы н ж ы ғ а ң б о л с а д а, ж а ғ а м е н е н ж е ң к е р е к,* асқан батыр болсаң да, ағайын мен ел керек дегендей, қызметтес, екіталай шақ күнде, үйде балтыр сыздар бір күйде қанат-құйрық керегін, жанашыр дос, ниеті қалыс орта керегін анық сезінесің («Қаз. әдеб.»).

Бастан жыға қисайды. *Бағы тайды, басына қиындық түсті.* Жаманнан қорлық жетісер, Жар досың жылжып кетісер, Тайдырып *б а с т а н* бағыңды, *қ и с а й т қ а н* күні *ж ы ғ а ң д ы* (Базар жырау, Шығ.). Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас *б а с т а н ж ы ғ а қ и с а й ғ а н д а.* Мұнан менің қай жерім аяулы деп, Бірге тұрып қалады кім майданда?! (Абай, Тол. жин.).

Басына жыға қонды. *Бақ қонды.* Бағымдай ауыр *б а с ы м а қ о н ғ а н ж ы ғ а* бар, Тебінсем атты – темір бет жауым қуарар. Атамның атын алдырып маған шақыртып, Ныспымның даңқын намысым алға шығарар (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жығасы жығылған жоқ. *Ештеңесі кеткен жоқ.* Тобықтының *ж ы ғ а с ы ж ы ғ ы л ғ а н ж о қ* (М.Әуезов, Шығ.).

Жығасын жықты [түсірді]. *Жауды жеңді, бағындырды. Ж ы қ п а й,* қойман *ж ы ғ а ң д ы.* Ол да Құдай өлдім деп Оқи бер қу дұғаңды (М.Әуезов, Шығ.). Өз атын – жұртқа әйгілі Баймағамбет, Патшаға сексен қара ат байлаған бек. *Т ү с і р і п* жау *ж ы ғ а с ы н* жаға ұстаған. Сібірге Исатайды айдаған бек (Үш ғасыр.).

ЖЫҒАУЫЛ з а т. с а я т. *Қаршығаның мойнына тағылатын кішкене қоңырауша [Саятқа шыққан құсбегілер қаршығасы тоғай ішіне сіңіп кетсе, сол қоңыраушаның дыбысымен ізделп тауып алады].* Ақын бір өлеңінде: «Қораз қуып қаршығам қонып қалса, Қоңырау даусы шықпаса таппаушы едім»,– деп *ж ы ғ а у ы л ы н* аузына алады (Мәделіқожа). Қаршығаны құсқа сілтегенде шалқаймау үшін *ж ы ғ а у ы л* кигізеді (Қаз. тілі. диалек. сөздігі).

ЖЫҒУ *Жық етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күресте қарсыласын құлату; жауырынын жерге тигізу.* Қазақ балуандары майданда бірден ұстаса кетеді де, білетін әдістерін қолданып, бірін-бірі тез *ж ы ғ у ғ а* тырысады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жекпе-жек саған шығуға Бармайды мүлде ол туыс, Жетпеді күші *ж ы ғ у ғ а,* Жығылу және қорқыныш (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Малды артқы оң аяғынан ұстап, шалқасынан қайырып, құлату.* Сиырды *ж ы ғ у* тәсілі де жылқыны *ж ы ғ у* секілді (Қ.Салғарин, Қасапшылар). **3.** а у ы с. *Біреуді жеңу, одан басым түсу.* Білімділіктері мен білгірліктерін бірін-бірі *ж ы ғ у ғ а* жұмсайды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бесінші он жыл ұғумен өтті. *Ж ы ғ у м е н* өтті, Шығумен өтті. Сіреспен өтті, Тіреспен өтті... Әйтеуір бәрі күреспен өтті! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫҒУШЫ з а т. к ә с. *Малды жығатын адам. Ж ы ғ у ш ы л а р д ы ң* қимыл әрекеті өзара үндестік тауып, күш бір бағытқа дұрыс жұмылдырылса сиыр жерге әуелі тізесін бүгіп, содан иығын ала ақырын құлайды (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖЫҒЫЛ= е т. **1.** *Құлау, омақасу.* – Ана *жығылғандарды* жинап мінгестіріп алып кет, – деп айғайлап, ақырып жарлық шашқан (М.Әуезов, Шығ.). Жазықсыз жайрап сорлы ана, *Жығылды.* Қайта бір тұрды. Найзалы қару қолға ала, Темір бас жаулар ұмтылды (М.Мақатаев, Шығ.). Шапқан тұлпарды *жығылмайды* деп кім сенер, Құласа тұлпар кезіндегі кіші күн сөнер. Ауылға көшіп кетер-ақ едім ауылда Анам мен әпкем, Әсіп апам тірі жүрсе егер (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Бесігіне сүйеніп, Тұруға да ұмтылды. Жерге құлап *жығылды,* Ерні талай бұртиды (О.Шипин, Дастан.). **2.** *Бір жағына қарай қисаю, жантаю, жату. Жығылған* егінді жинаудың мұндай әдісі аудан бойынша, «Диев» совхозында осылайша бірінші рет қолданылған еді (Абзал жандар). Хайуанның жүнін *жығылған* жағынан кері қарай сипап, грибок шыққан жерді табуға болады (Р.Мулағұлова, Грибок.). **3.** *Күресте жеңілу, жауырыны жерге тию.* Бала күнгі жаттаған жыр есінде, Алар әлі біткен жоқ үлесім де. *Жығылам* деп шыға ма балуан жігіт, Бақыт үшін шыққанда күресуге (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Бәйгі берем *жығылған* палуанға да, Адалдығы сезіліп тұрар болса. Қыз қуатын жігітке ат беремін, Жанам деген жүрекке от беремін (Т.Айбергенов, Мен саған.). **4.** а у ы с. *Жеңілу, бағыну.* О, құдірет, неткен шалқар күй ең сен, Бүгін менің әулием сен, ием сен. Осындайда ойланып қой, жігітім, *Жығылмайсың* орманыңа сүйенсең (Т.Айбергенов, Мен саған.). Ұтылғаным белгісіз, ұтқаным да, *Жығылғанымм* неғайбіл, жыққаным да, «Барар жерің – Балқантау» дейтін еді, Балқан тауға, бауырлар, шыққаным ба?! (М.Мақатаев, Шығ.). Айырылып ата қоныс, мал-мүлкінен, Ақыры бір шыбындай жан деп қашқан, Күйзелген ел, *жығылған* туды көрмей, Бір-біріңе ойлайтының әлі қастан (Ә.Найманбаев, Шығ.). Қараңғы жерден қайтарар қайсы, қай күлік?! *Жығылып* жығам, жүрегім қатты шайлығып, Ажалға бермей, араша болар дәрмен жоқ, Әл-қуат, әнім – әкемнен қалдым айырылып (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Мықтыменен алыспа, *Жығылсаңда,* жықсаң да Басыңа үлкен сор болар (Кердері Әбубәкір, Қазағым). // *Келісу, сенікі жөн деу.* Ел әрі сөйлесіп, бері сөйлесіп, «орыстікі жөн сөз ғой» деп *жығылға* кетісті (І.Жансүгіров, Шығ.). Ай, осы *жығылға* кететініңіз-ай. Осыныңыз ғой Сәуленің көңілін суытып жүрген (Т.Ахтанов, Дала.). Ол қатты айтылған әділетті тура сөзге шамданбайды, көңіліне алып, кек сақтамайды, жөнге *жығылады* (Б.Момышұлы, Москва.). **5.** а у ы с. *Бір нәрсенің билігін сұрау, жүгіну.* – Осы маңайдың бар шалы келіп маған *жығылады* (Д.Досжанов, Тұлпар.). Сенде көктем, сенде алма ағаш гүлі бар, Аспанында аяулы елдің жыры бар. Ақсұңқарың қанша биік ұшса да, Саған келер, саған келіп *жығылар* (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Деген сөз қызды дұшпан рас екен, сұмдық қой мынау айтқан ырымдарың. Әкеңді шешеңменен қорғамай-ақ Маған-ақ жақсы емес пе *жығылғанының* (Айтыс). **6.** а у ы с. *Төсек тартып жатып қалу, ауыру.* – Тойдан кейін, өзің кеткен күннен кейін он күннен соң-ақ *жығылдың* ғой, марқұм (М.Әуезов, Қараш.). Қазиза сол *жығылғанынан* айығa алмапты (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Ғабдолланың өткен қыс, декабрь айында *жығылғаннан* табандатқан төрт жарым ай ес-түсінен айырылып, апрельдің ортасы дегенде көзін ашқаны осы (М.Дүйсенов, Мейман.). **7.** а у ы с. *Құлатылу, сұлатылу.* – Иә, білесіз бе, былтыр қанша қарағай *жығылдың?* (Б.Қожабеков, Көктөбе). **8.** а у ы с. *Әбден сілелеу, ұйқыға кету.* Бұлантыда қара адыр, Берікке барып тығылдым. Жан есірік жетіпті, Барысымен *жығылдым* (О.Шипин, Дастан.). **9.** а у ы с. *Отырып қалу, батпаққа бату.* Мәшініміз *жығылып* қалып, азар шықтық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Айыпқа жығылды. *Айыпталды, жазаланды.* Менің балам Риддерде ағылшындарға жұмыс істеуші еді, солардың тәртібіне қарсы болып, *айыпқа жығылды* (А.Хангелдин. Таңд.).

Асып жығылды. *Асып кетті.* Шөкімнің өзінде екі мың сегіз жүз жылқы барын көзіммен көргем. Қазір ол жылқы үш мыңнан *асып жығылады* деседі (С.Мұқанов, Есею жыл.). Таза табыс 21 мыңнан *асып жығылды* ғой әйтеуір (Е.Жәкенов, Тұғырлас.).

Аттан жығылды. *Шауып келе жатып аттан құлады.* Ол жасында *аттан жығылып,* сынған аяғы қысқа болып біткен кісі болатын (Ә.Нұршайықов, Шығ.).

Аяғына жығылды. а) *Кешірім сұрады.* – Құлахметке барып, *аяғына жығылып,* кешірім сұрамақпын. Сау бол (Д.Исабеков, Қара шаңырақ). *Жығылып аяғыма* жауын жылап, Егіліп табанымда жатты сұлап (С.Мұқанов, Шығ.). Аға бауырдан болады, іні жастан болады, інінің бар *аяғына жығыл* (Шешендік сөздер). Боровиктен кешірім сұрап, *аяғына жығылғаннан* жұмыстан шығуды жеңіл көрді (А.Жақсыбаев, Менің дост.). Қолыңдамын, өз нұрыңа жылынам, Жаймашуақ көктеміңнен сыр ұғам. Жақсым болса, өзіңдікі түгелдей, Кінәм болса, *аяғыңа жығылам* (Т.Молдағалиев, Қош, көктем). ә) *Құлдық ұрды, бас иді, қадіріне жетті.* Нағыз ханның тұқымы Мамырбек-ті, Шыңғыстың шын баласы асыл текті. Қорғалап қорыққан кезде сарт мінезді, *Жығылып аяғына* қадірлепті (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Буына жығылды. *Буына мас болды, бақ дәрежесіне мас болды; атағына мастанды; құр даурықты.* – Е, маған көңіл көтererлік ермек болса болғаны, мал-мүліктің *буына жығылар* жан мен емес (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Міне, мұның *буына жығылып* Шабданбек қарындасын беріп отыр! – деді күліп, Жантайдан жоғары отырған Ысқақ (С.Сейфуллин, Шығ.).

Бір жығылып, бір сүрінді. *Есі шығып қуанды, жығылып-сүрінді.* – Күнім-ау, күнім! Қыз болғаның құтты болсын, жаным! – деп Бүбіжан да *бір жығылып, бір сүрініп* қызына қарай ұмтылды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Бір жығылып, бір тұрды. *Аяғын апыл-тапыл басты, жаңа жүре бастады, тәй-тәй басты.* Елестеттім көзіме сұм бейнесін, Сәбиінен тағы алып жүрмей ме өшін?! *Бір жығылып, бір тұрған* кішкентайдың Өз қозысы екенін білмей ме шын?! (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жастығын ала жығылды. *Қарсыласын, жауын өлтірді.* Тұрысатын жеріңді айт, кімнің мерген екенін сонда сынармыз... *жастығымды ала жығылатын* қауқар әлі де бар, шырақ (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жау жығылды. *Дұшпан жеңілді.* Батырлар айқайына далада ашық, Тұлпарлар арқырауы араласып, Бір сәтте *жау жығылып,* ер мертігіп, Жануар тірі иесін ала қашып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жете жығылды. *Жуықтады, жақындады.* Баяғы 5 сиыр бүгіндері 1650-ге *жете жығылады* («Лен. жас»).

Жетіп жығылды. *Не де болса барар жеріне, ойлаған жеріне барып бір тоқтады, демалды.* Күмпейіс дейтін шалдың үлкен бір қойманы ұстап отырған кенже баласының үйіне *жетіп жығылсаң* болғаны (Ө.Қанахин, Жер бас.). Кештетіп Байтарақтың қыстауына *жетіп жығылармыз* (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жөнге жығылды. *Дұрыс сөзге құлақ асты, дұрыс бағытты таңдады, мойындады. Жөнге жығылсаңшы,* бұрыннан келе жатқан рәсім бар емес пе? (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Кітапбек *жөнге жығылып,* Молдахмет қолымен нұсқаған жаққа қарай жүрді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жүні жығылды. а) *Иығына су кетті, еңсесі түсті.* Ұсынса қол жеткісіз байтеректей болып тұрған зор кеуделі тәкаппар пішінді, жат сырлы ұлық бүгін жалпайып жерге түсіп, абыройы ақтарылып, *жүні жығылып* қалғандай болды (М.Әуезов, Шығ.). Жатар орынға парторгтың үйіне бардық. Оның да *жүні жығылып* қалыпты (С.Бердіқұлов, Егеулі найза). Құмар сол кеште қоска *жүні жығылып* қайтып еді (А.Нұрманов, Аққу.). – Ләйім өсек болғай. Сені қаракеттеп қайтейін, – деді шал. Табан астынан *жүні жығыла* қалды (М.Сүндетов, Ескексіз.). ә) *Екпіні басылды, беті қайтты.* Жаңа ғана ұлы сапарға аттанар алдындағы сезімі мен жұрт қошеметі марқайтып, іріленіп, перронға салмақты басып шыққан Көжектің *жүні жығылып* қалды (Т.Ахтанов, Шығ.). – Ақболтайға сақалыңды жұлдырған осы мінезің екен ғой – деп әйел күңк ете түсті. Шатақтың *жүні жығылып* сала берді (Ғ.Мұстафин, Шығ.).

Жығыла жабысты. *Қатты өтінді.* Жездем «тағы бір түнеңдер» деп *жығыла жабысты* (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жығылғанға [жығылған үстіне] жұдырық. *Сорға сор қосылып, бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты деген мағынада.* Батыстағы зеңбірек Күрілдейді күн сайын, Қан сасыды төңірек, *жығылғанға жұдырық* (І.Жансүгіров, Шығ.). *Жығылғанға жұдырық,* Сақтаулы шықты сыбағам, Есіңді біліп, ер жетіп, Белді бусақ қынаған (Н.Байғанин, Шығ.). Бес жер егінімді мынау Тәкежан, Майбасар аулының жылқысы күздігүні жеп кетті. Биыл *жығылған үстіне жұдырық* деп, көктемде жаңа қылтанақтап келе жатқан бес жер егінімді тағы сол, жаңағы таптап, қара топырағын шығарып кетті (М.Әуезов, Шығ.). Жақып өлді. Одан бір жұма кейін *жығылғанның үстіне жұдырық* деп, Мұқашым өлді (М.Әуезов, Шығ.). *«Жығылған үстіне жұдырық»* дегендей, жас басыңнан өкпе ауруын жамап алғаныңа қабырғам қайысып еді (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Жығылған [жығылып жатып] сүрінгенге күледі. *Өз мініне, өз бойына қарамай, біреуді мансінбей, мінейді, сынайды.* – Қазір жел-құз басталды. Мұз ұстаспай, абыржың кезеңнің үстінде тұрмыз... – Көп біліп қапсың... – кекетпеңіз. *Жығылған сүрінгенге күледі* деп (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жығылса, жер көтереді. *Не де болса тәуекел деген мағынада. «Жығылсам, жер көтерер»* – деген тәуекелмен ортаға атып шығып, алақаныма түкіріп ұстаса кеттім (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Иегінен тағалы ат тайып жығылғандай. *Қылау, сақал жоқ, беті жып-жылтыр көсе туралы айтылады.* Жұмекеңнің *иегінен тағалы ат тайып жығылғандай* (Каз. тілі. фразеол. сөздігі).

Қоңы жығылмады. *Арықтамады, жүдемеді.* Қанша айтқанмен өз аяғынан жайылатын мал сары қамыстың сабағын қажаса да, жан созып, қыстан *қоңы жығылмай* шығатынын айтып, үй иесін еліттіріп қойды (Ә. Нұрпейісов, Қан мен тер).

Қыры жығылмады. *Арымады, жүдемеді.* Қамысқа тығылған халықтай емес, әзір бұлардың *қ ы р ы ж ы ғ ы л а* қоймапты. Үстібастары бүтін (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

Намазға жығылды. *Құдайға құлшылық етті, намаз оқыды.* Реті келсе Қарамендінің өзі *н а м а з ғ а ж ы ғ ы л с а.* Құдайды ойлайтын жасқа келді (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.). Жаппарбегіме солардың жасын бер деп жалбарындым! Бес уақ *н а м а з ғ а ж ы ғ ы л д ы м* (А.Алтай, Алтай.).

Сөзге жығылды. *Сөзден тосылды, ұтылды.* Дегенмен, Айназар *с ө з г е ж ы ғ ы л д ы.* Ішінен ұялды (С.Сейфуллин, Шығ. жин.). Бәбітай үндеген жоқ. Сірә, *с ө з г е ж ы ғ ы л д ы* білем, үй жаққа қарай аяңдай берді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

Туы жығылды. а) *Жеңілді, берілді.* Гиссар – қамал, қорған тау, Деген сөз екен бұрыннан. Жауламақ елді болғанда, Жау *т у ы* талай *ж ы ғ ы л ғ а н* (Ә.Жәмішев, Сағын.). Абылай *т у ы ж ы ғ ы л д ы* Қабырғаң, қазақ, сығылды. Үріккен қойдай біріңе Бірің келіп тығылды...(Дулат Бабатайұлы, Замана.). Ақтардың *т у ы ж ы ғ ы л д ы,* Сібірге қарай сығылды... (И.Байзақов, Құралай.). ә) *Беті қайтты, тауы шағылды.* Жайнаған *т у ы н ң ж ы ғ ы л м а й,* Жасқанып жаудан тығылмай, Жасаулы жаудан бұрылмай... Жақсы өліпсің, япырмай (Абай, Тол. жин.).

Тік жығылды. *Сұлап түсті, бірден өліп кетті.* Жүргемін жоқ қайғының жүгін артып, Ер сүрінсе еңкеймес, *ж ы ғ ы л а р т і к.* Бөліп-жарған қайсыбір қуаныштан, Ойландырған оңаша мұңым артық... (М.Мақатаев, Шығ.).

Үй жығылды. *Киіз үйдің киіздері алынып, уықтары суырылып, шаңырағы түсіріліп, көшуге т.б. дайындалды. Ж ы ғ ы л ы п ү й л е р,* шешіліп желі, көген де, Маусымда құмға масаның бұлты шөгерде, Бабамыз көшкен жаны үшін жазда биікке, Бабамыз көшкен малы үшін күзде төменге (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Той тарқады. Таңертең шайдан кейін тігілген *ү й л е р ж ы ғ ы л а* бастады (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Үстіне жығылды. *Үстіне құшақтай құлады.* Байғұс шал жете беріп, ұшты мұрттай, Жүгірді баласы да із суытпай, Құшақтай *ж ы ғ ы л д ы* әке *ү с т і н е* кеп, Не керек, дүние көзден ұшты бұлттай (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Ыңғайына [ырқына, ығына] жығылды. *Айтқанына көнді, дегенін істеді.* Тегі бетіне ешкім қарсы келмей, *ы ң ғ а й ы н а* қарай *ж ы ғ ы л а* салатындардан еті үйренген Якупов Нұрланның таласқанына көне алмай, «сен кім едің?» дегендей таңырқап, ажырая қарады оған (З.Шашкин, Сенім). Енді жігіттің *ы ң ғ а й ы н а ж ы ғ ы л а,* түптен сыр тарта бір сөз айтып қалды (С.Омаров, Өмір.). Ұлжан ол *ы р қ ы н а ж ы ғ ы л а* қоймаған соң, қызы барып оқитын қалаға да көпшекші болды (Ж.Тілеков, Хинган асуы). Әкесі мен шешесі ғана емес, осы арада бірыңғай боп отырған алты-жеті үйдің үлкен-кішісі – бәрі соның *ы ғ ы н а ж ы ғ ы л а д ы-а у,* тегі (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). «Апыр-ау, бұл әлдекімнің секемін қытыққа тигендей іс көріп, ішкі сенімге ерік беретін заман ба, ең төтесі осының *ы ң ғ а й ы н а ж ы ғ ы л ы п,* тезірек сеніміне ие болу ғой, сөйтіп, бұл сампылдақты аңшының итіндей өзіме серік қып алмаймын ба?» дегенге сайды ақыры («Жалын»).

ЖЫҒЫЛА ү с т. *Әбден, жеріне жете; барынша.* Солдаттардың таңғы күзетке шығатын екеуінен басқасы *ж ы ғ ы л а* мас еді (Ә.Әбішев, Найзағай). Нұртай сүттен ақпын, судан тазамын деп *ж ы ғ ы л а* танды (С.Омаров, Қайырлы жаз). Жездем тағы бір түнеңдер деп *ж ы ғ ы л а* жабысты (О.Бөкеев, Қамшыгер).

ЖЫҒЫЛА-СҮРІНЕ= е т. *Сүрініп-қабыну, құлап-тұру.* Балапандар анасының соңынан *ж ы ғ ы л а-с ү р і н е* қалмауға тырысады. Анасының екі көзі жан-жақта (С.Сейфуллин, Тар жол.). Немістер орманға қарай *ж ы ғ ы л а-с ү р і н е* қаша жөнелді (Б.Момышұлы, Офицер.). Қисық Әбді де теңселіп орнынан тұрып, *ж ы ғ ы л а-с ү р і н е* қырман жаққа қарай безіп барады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖЫҒЫЛТ= е т. *Құлату, омақастыру.* Қайнап тұрған қазанға мұз бенен суды құйылтты. Қызып тұрған дүкенді, Дауыл келіп *ж ы ғ ы л т т ы* (Майылқожа, Нақыл.).

ЖЫҒЫЛУ *Жығыл етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Құлау, шаршау.* Сыбырласты гүл шоғы, Қыз қылығын мазақтай. Билей-билей шаршады, *Ж ы ғ ы л у ғ а* аз-ақ қап (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Берілу, жеңілу.* Ақтабан шұбырынды. Қарғаған кім болды екен ғұмырыңды? Жортпай тұрып үйрендің *ж ы ғ ы л у д ы,* Шаппай тұрып үйрендің тығылуды (М.Мақатаев, Шығ.).

Жетіп жығылу. *Демалу, не де болса жетіп барып бір тоқтау.* Қарттың сөзі көкейіне қонып тұрса да, Жәнібек орта жолда қалғысы келмеді. Не де болса көздеген жеріне *ж е т і п ж ы ғ ы л у д ы* ойлаған (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Енді бұлар кешкі салқынмен де, түні бойы да тоқтамай жүріп, елге *ж е т і п ж ы ғ ы л у д ы* ойлады (С.Досанов, Қыран.).

ЖЫҒЫЛУЛЫ с ы н. *Жығылған, жеңілген, құлаған.* Ақтабан шұбырынды, Ақ туың *ж ы ғ ы л у л ы.* Олақ қатын тоқыған алашадай, Өрмегіңнің арқауы суырылды (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫҒЫЛУШЫ з а т. с ө й л. *Артта қалушы. Ж ы ғ ы л у ш ы л а р* мен сүрінушілер еңбекші жұртшылығының сынына тоймайды (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

ЖЫҒЫЛЫҢҚЫ: жүні жығылыңқы. *Беті қайтқан, сағы сынған; жүзі сынық.* Бұрынғыдай

емес байлардың *ж ұ н і ж ы ғ ы л ы ң қ ы,* кедейлердің мерейі үстем сияқты (К.Әміров, Өшп. жұлдыз.).

ЖЫҒЫЛЫП-СҮРІНІП үс т. **1.** *Бір құлап, бір тұру; сүріншектеу. Ж ы ғ ы л ы п-с ү р і н і п* жетіп келсе, қорықшы Қайдардың қасқа бұзауы (О.Бөкеев, Ұйқым.). *Ж ы ғ ы л ы п-с ү р і н і п* әзер жеткен бауырларын көрген Нағым шанадан атып түсті (А.Жүнісов, Өмір.). **2.** *Әрең, зорға.* Орта мектепті *ж ы ғ ы л ы п-с ү р і н і п* әрең бітірген ол, заң институтына түсу үшін қабылдау сынағын тапсырғанда конкурстен өтпей қалды (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

ЖЫҒЫЛЫС з а т. *Жығылғандық, омақасқандық; жеңіліс.* Бірақ басқалардай емес, ақын тез жығылып, тез тұрады, бұл да – өмір сабағы. Кім біледі, осы *ж ы ғ ы л ы с* сенің келешегің үшін қажет те шығар (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

ЖЫҒЫН с ы н. ж е р г. *Бір топ, жиын.* Кейінде келер десем *ж ы ғ ы н* арба, Қып-қызыл қыз жасауы – жүгі нарда, Бір өзін әкеліпті жетім тағдыр Жер құшып етбетінен жығыларға (Х.Ерғалиев, Көбікшашқан). Сол бір *ж ы ғ ы н д а* өлеңшілер көп болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). Қалмастан қатын-еркек, үлкен-кіші тамаша таңғаларлық қылды *ж ы ғ ы н* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫҒЫНДЫ с ы н. ж е р г. *Міндетті, қарыздар.* Егер Тектігүл осы дерттен қаза болса, қалжа берген айыпты кісі құнына да *ж ы ғ ы н д ы* құныкер болар еді (М.Әуезов, Қараш.). Бұл келісім бойынша, Ордалы баласын оқытқаны үшін молдаға ақы төлемеді, оған бай *ж ы ғ ы н д ы* (К.Оразалин, Көктем.). Тәнештің құлақ сүйіншісіне *ж ы ғ ы н д ы* болғанын Айдаркин ескертті де Өтеуәлінің тапсырмасын айтып, төмен түсуге қамданды (С.Бегалин, Уақыт.).

ЖЫҒЫҢҚЫ: жүні жығыңқы. *Сағы сынған, беті қайтқан.* Жалпы бір байқалған нәрсе: Измайловтың да, Баймағамбеттің де *ж ү н д е р і ж ы ғ ы ң қ ы* сияқты еді (Ж.Жұмақанов, Соқпақ.).

ЖЫҒЫҢҚЫРА= е т. *Жатқызыңқырау, бір жағына қарай қисайтыңқырау.* Оңға қайырған қою шашын уыстап жинап *ж ы ғ ы ң қ ы р а п* қойды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖЫҒЫС= е т. **1.** *Күресте бірін-бір құлатысу, омақастырысу.* Алла мықты жаратқан сегіз батыр, Баяғыдан соғысып әлі жатыр. Кезек-кезек *ж ы ғ ы с ы п* жатып-тұрып, Кім жығары белгісіз түбінде ақыр (Абай, Тол. жин.). Молдажан Таңатқан деген балуанмен күреске түсті. Екеуі бірін-бірі *ж ы ғ ы с а* алмай, жарты сағаттан кейін қоя берісті (С.Мәуленов, Үркер.). **2.** а у ы с. *Бірін-бірі мойындау, кезек берісу.* Жігіттің ішінде түрлі сезім арпалысып, *ж ы ғ ы с а* алмай жатқанын анық сыртқы өңі де айтып тұр еді (Ә.Қалмырзаев, Ар).

ЖЫҚ= е т. **1.** *Күресте қарсыласын құлату, жауырынын жерге тигізу.* Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген балуаны *ж ы қ с а,* есі шығып бір қуанады (Абай, Тол. жин.). Мен өзім бір кезде баха болдым, қатарымнан кейін қалғым келмеді, күрессе *ж ы қ т ы м,* алысса алып соқтым (С.Бақбергенов, Қарға там.). *Ж ы ғ а м ы н* деп шығады ол күреске, Жеткен жеңістерімнің барлығы есте. Елуімде қалғам жоқ ерліктерден, Тау құлата алғам жоқ жиырма бесте (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** *Малды артқы оң аяғынан ұстап, арқасына қарай құлату.* Үш кішкентай баласы ұйықтаған кезде, Дәметкен ауыз үйге ботаны *ж ы ғ ы п,* төрт яғын байлап, Ағыбайдың қолына үлкен мишақты берді (І.Есенберлин, Қаһар). **3.** *Киіз үйдің уық-керегесін жинау, көшуге даярлау.* – Уа, үстеріңізге шаңырақ түсіп кетпесін, үй *ж ы ғ а м ы з!* – деп дауыс қылды (С.Шарипов, Бекболат). Бір-екі күннен кейін екі-үш жігіт Ардақтың үйін *ж ы ғ ы п,* көлікке тией бастады (О.Дүзенов, Ақәже). Сонан кейін құрылысшы қолхозшылар да Шілде өзені бойындағы қостарын *ж ы ғ ы п,* бет-бетіне тарап кетті (Ж.Алтайбаев, Ұят-ай). **4.** *Соғыста жаралау, құлату.* Батыр жігіт бізде көп, Найзаменен кірген соң, Талайын түйреп *ж ы ғ а д ы* (О.Шипин, Дастан.). **5.** *Шалу, қапыда омақастыру.* Бұл жігіт ерен жігіт, бөлек жігіт, Қызға да, қызыққа да керек жігіт. Ешкім де бақ таппайды, білсін оны Қапыста бұл жігітті, демек, *ж ы ғ ы п* (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **6.** а у ы с. *Біреуді жеңу, одан басым түсу, дес бермеу.* Басынан жаны бардың бәрі көнген, Ажалдың айбарына кімдер шыдар. Ажалдан құтылатын адам бар ма, Алысып, арпалысып бәрін *ж ы ғ а р* (Қабан жырау, Алтын қазық). Ту алатын да кездер бар, Тұқ алмайтын да кездер бар. Жығуға тиіс жауыңды *Ж ы ғ а* алмайтын да кездер бар (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Күшті *ж ы қ п а қ,* бай жеңбек әуел бастан, Қолға түсер сілесі әбден қатып (Абай, Тол. жин.). Жалықтым, атағыңа құмар едім, Болмаса келместей қып *ж ы ғ а р* едім. Сыйладым сағың жерде қалмасын деп, Аттатпай адымыңды бұрар едім (Айтыс). **7.** а у ы с. к ә с. *Арықтағы немесе тоғандағы суды басқа жаққа қарай бұрып жіберу; бөгеуді ашу.* Суды *ж ы ғ ы п* келдім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі). **8.** а у ы с. *Төмендету, жол берісу.* Екеуін де ел үкілеп баптаған, Екеуін де ел сүйсініп мақтаған. Бірін-бірі *ж ы қ п а й,* аға, іні боп, Олар солай ел дәстүрін сақтаған (С.Мәуленов, Алыс кет.). Өмір мені бір *ж ы қ т ы,* бір көтерді, Қайда жүрсем қасыма құрмет ерді. Замандастар әйтеуір жек көрген жоқ, Өзімдікі жөн дейтін бір бетерді (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **9.** а у ы с.

Өшіру, құрту. Менің анам – сүйегі асыл, мықты адам, Талай рет жай түссе де, *жықпаған*... Бар кезде де – Сыртқа сыры шықпаған, Тар кезде де – Қабағын бір шытпаған (С.Жиенбаев, Алтын қалам). **10.** а у ы с. *Қылату, бұзу, күйрету.* Надандар былшылдайды, құп алмайды, Үлкен жанның қиялын ұға алмайды. Теңізден таудай толқын соқса-дағы, Жағадағы жартасты *жыға* алмайды (Абай, Тол. жин.).

Алып та жықты, шалып та жықты. *Көңіл қалауынша істеді; қолынан бәрі келді.* Абай да әуел бастан осы әшекейден, әсіресе жылтыр нақыштан қашады. Бұл көркем сөздің жан баурар күйін, бар асыл айбатын бір жолда меңгеріп, оны өзіне бағындырған суреткердің әдісі. Қазақша айтқанда, бұл – *алып та жығамын, шалып та жығамын* деген сөз (М.Байзақов, Таңд.).

Аяғына жықты. *Кешірім сұратты, мойындатты.* Мені мойындатып, *аяғыңызға жыққан* – дәтіңіздің беріктігі (О.Бөкеев, Үйқым.).

Әрі итеріп, бері жығып. *Біреуге сілтеп, «сен салар да мен салар» қылып.* Көпке мәлім даулы, күдікті жерлердің бәрін де *«әрі итеріп, бері жығып»* дегендей бұлдырға соға береді (М.Әуезов, Шығ.).

Білімді мыңды жығар. *Білім көп нәрсеге қолыңды жеткізеді деген мағынада.* Сені оқытып өсірсем, Орындалар тілегім. *Білімді* боп ер жетсең, *Мыңды жығар* білегің (О.Шипин, Дастан.).

Бір жерге жығып кетті. *Орға итеріп кетті.* Күнбатыс, күншығыстан бір белгі жоқ, Кемпірге ере бердім көзді жұмып. Тағы да әртүрлі ойды көп ойлаймын, *Бір жерге кетеме* деп мені *«жығып»* (Қ.Әзірбаев, Шығ.).

Дүреге жықты. *Дүре соқты, өлтіре ұрды, сілейте сабады.* Өзінің туған сауырына, Келген соң кімді аясын, *Жығып* салар *дүреге,* Қызыққан соң параға (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Екпінімен үй жықты [жыққандай]. *Қарқыны қатты, тоқтату қиын.* Менменсіп *екпінімен үй жығатын,* Бүркіттей бүрген батыр талайларды. Үндемей ағасының бұл сөзіне Қалшиып Сейіткерей тұрып қалды (О.Шипин, Дастан.). Достыққа да, қастыққа да араласса, *үй жыққандай екпінмен* араласатын Оспанның ісі (М.Әуезов, Шығ.). Ілескен құйын бар соңымда, *Үй жығар екпінмен* екпіндеп, Жүгірдім со қыздың жолында, Құрыса шәйіт боп кеткім кеп (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Екпіні [қарқыны] тау жыққандай [жығардай]. *Өте қарқынды, екпіні күшті. – Екпінің тау жыққандай,* барсаң барып та қаларсың (Т.Нұртазин, Мұрат). *Екпіні тау жықандай,* жарқын адам Ту ұстап, тұлпар мініп, топты бастап, Кім еді қиындықтан тартынбаған (Е.Омаров, Жүрек.). *Қарқыны тау жығардай* екпінді, қырғыздың шын мәніндегі манасшысы Саяқбай Қаралаев – миллион жолды «Манас» поэмасының білгірі (Біздің Мұхтар). – Тарт осылай, тарт Антоша, жарқыным. Міне, бүгін *тау жықандай қарқынының.* Бәсе, бәсе! – деді Дәурен дауыстап, Көтергендей «Салқынбелдің» бар тыңын (Н.Шақенов, Толқын.).

Жарға жықты. а) *Бір пәлеге ұшыратты, арандатты.* Елді бүлдіріп, *жарға жығайын* деп пе едің? (М.Әуезов, Шығ.). Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік, пәле-жала табумен *жарға жықпақ* болады (М.Әуезов, Әр жыл.). Ол енді сенің қыр соңыңнан қалмайды. Барабара бір *жарға жығады* сені (С.Омаров, Өмір.). ә) *Бос, опа бермеді, тұбі жақсылыққа апармады.* Әкең болса кетеуі кеткен шаруасын реттей алмай азып-тозып жүр, сен болсаң *жарға жығар* құрмет-атақтың садағасында босып жүрсің (О.Бөкеев, Қамшыгер). Екеуі де мынау тар да тайғақ жолда әлі де сан рет бетпе-бет келетінін, мына қылықтары қара қазан, сары қарын баланың қамы, ел сауғасы емес, өздері сезіп-сезіктеніп, зердеге сап бағамдап көрмеген жалған намыс пен *жарға жығар* кекшілдіктің итаршылдығы екенін, бастарына іс түсіп, тағдыр гүрзісі төнгенде ғана, ах ұрып, жұртта қалған күшікше ұлитындарын болжамады (О.Бөкеев, Үйқым.). Кейбіреулер Шындық деген шіркінді Шымырлатып жырлаудан сәл іркілді. Жақсылық па *Жарға жығып,* Басқа емес, Өңшең тышқан жәукемдесе бір пілді?! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жамбасқа алып жыққандай. *Мықтап құлатқандай.* Бүгінгі күн бұрын айғырсып, қоқақтап тұрған ұлықты *жамбасқа алып жыққандай,* елдің пысымен жеңіп шыққан күн еді (М.Әуезов, Шығ.).

Жерге атып жықты. *Күресіп даусыз жеңді.* Онымен сарт-сұрт ұрысқандай қимылға барды да кенет ту сыртынан, белден құшақтап, *жерге атып жықты* («Жұлдыз»).

Жыға танымады. *Шырамытқаны болмаса, дәл кім екенін білмеді; жақсы танымады.* Жарас балалардың көбісін *жыға танымағанмен,* шырамытып қалып еді (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Жауһар өйтпеді, темір майшамның күңгірт сәулесінде *жыға танымай* тұрған кісіше ернін жыбырлатты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Есжан бетіме жылы жүздене қарай бергені болмаса, мені *жыға танымады* (А.Ханкелдин, Өткен күн.).

Жыға танытады. *Белгі береді, өзі-ақ айтады.* Қай елдің балалары екенімізді сұратпай-ақ,

тымағымыз *жыға таныстады* (Біздің Мұхтар).

Жығып айтты. жер г. *Жарытымды айтты, берекелі айтты.* Былай-былай деп үйреткеніңмен де, бетпе-бет келгенде соның *жығып* іштеме *айта* алмайды-ау (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жығып берді. *Біреуді қалай да жеңілдірді, жауының алдында масқаралады.* «Шәкен мені тіпті болыс екен демей барады. Осыны бір *жығып бер»,* – дегенім қайда? (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). – Мағашқа сен екеуің де қосылып, Кәкітайды *жығып бердіңдер* ме, шынымен жығып беру оңай ғой (М.Әуезов, Шығ.). Ол мән – осы Сартау елінің жұмысы жайлансын деген мән емес, үйездегі азаматтар арасындағы алалық жойылсын деген де мән емес, бірінікін мақұлдап, бірінікін теріске шығарып, бірін-біріне *жығып берем* деген де мән емес, сол айтыстан шығарып бір іргелі мәселені қозғап, енді өзіме қорытынды туғызуға болды деген мән еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). – Отындыққа жақсы болды, – деді жеңгесі қолындағы кірді тасқа ұрғылаған қалпында. – Бір бұтақ сындырсақ штраф салушы еді, Алла тағаланың өзі *жығып берді,* штрафын енді сол Құдайға салсын (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жығып салды. а) *Құлатты, омақастырды.* – Жәкелер, *жығып салып,* аузыма құймасаңдар ішпеймін енді, – деп Башар жылармаңға келді (С.Адамбеков, Көсе.). ә) *Сойды.* Әншейінде Қарынбай атанатын Жомарт бір тушаны қонақтарына *жығып салды* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

Көңілін жықпады [жыққысы келмеді]. *Көңіліне қарады, ренжітпеді.* Кімнің болса да *көңілін жыққым келмейді,* жауым болса да тату-тәтті айырылуға тырысам (І.Есенберлин, Ғашық.). Ол мұнысын Қаракөзге ашық айтуға *көңілін жықпайды* (Ә.Әлішев, Батыр.). Ілиястың *көңілін жықпай,* құйрығы тегенедей, жүп-жұмыр нән семіз қозыны мен де ұстадым (К.Шәкенов, Біздің Ілияс).

Көңіл жықпастық. *Көңіл қалдырмаушылық.* Жалпы, осы сияқты принципсіз пікірлер, *көңіл жықпастықпен* мақтай салу, кейбір жолдастардың кітапты толық оқымай тұрып, пікір айтуы кездесіп жүр (С.Әшімбаев, Ақиқат.).

Меселін жықпады. *Бетін қайтармады, айдауына көнді, айтқанына жүрді.* Талғамыңды әйгілей ме талабың, Көкейіңді сезіп тұрмын, қарағым! Айтқаныңнан шықпайтын, *Меселіңді жықпайтын,* Саған момын, жүп-жуас еркек керек, Жо-жоқ, еркек аты бар телпек керек (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Орға жықты. *Мерт қылды, қатерге ұшыратты.* – Түлен түртіп, нем бар десеңші. Түбі *орға жығып,* мерт қыларын кім білген (Б.Тілегенов, Аққайнар). Әр нәрсенің шегі бар, бір күні шектен шығып, *орға жыға* ма деп те сескенеді (З.Шашкин, Сенім). Асыл өзіне деген сенімімізді ақтай алар ма екен, әлде Қожамберді сияқты *орға жығып* кетер ме екен деген ой кірген-ді («Лен. жас»).

Отынға жықты. *Отын қылды, отын етуге құлатты.* Бесеуін кейін келе *отынға жығып* әкетіп, мынау жалғыз қалды (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Соғымға жықты. *Сойды, соғым етті.* Меншікті сиырын *соғымға жыққандай-ақ,* боршалап, әдемілеп сойғаны соншалық – тіпті терісіне дейін тұздап, керіп, жайып кетіпті (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Сойылға [соққыға, таяққа] жықты. *Ұрып құлатты, жығып кетті, жаралады.* Ылғи жүйрік мінген жігіттер лап қойып, отрядтың быт-шытын шығарып, тегіс *сойылға жықты* (І.Есенберлин, Қаһар). Мен тіс жарып тіл қатпадым. Олар мені *соққыға жығып* тастап, кетіп отырды (Н.Ғабдуллин, Өмір). Бүгін таңертең Смайылдың жансызысын деп, Сәду Шұнақты *таяққа жықты* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

Сөзін жықпады. *Айтқанын екі етпеді; дегенін істеді.* Маған да жан керек. Сенің *сөзіңді жықпаймын* деумен өзім де су түбіне батар болдым (А.Байтанаев, Асан). Кейбіреу кейбіреуден дау даулайды. *Сөзінің жығатұғын* ебін білмей. Кейбіреу кейбіреуге сын тағады, Өзінің бойындағы мінін білмей (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бірақ мен апамның *сөзімді жықпайтындығына* сендім (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы). Әйелінің *сөзін жыққысы* келмеді ме, кім білсін, әйтеуір мені қалдырыпты (С.Сарғасқаев, Біз төртеу). Қазақ деген халықтың баласымын, Жағасынан алмайтын данасының. Айтқанынан шықпайтын әкесінің, Бір *сөзін де жықпайтын* анасының (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Су жықты. *Арықтың, арнаның ағысын бұрды.* Мінезі шатақ, көгілдір бірақ ажары, Табаны мөлдір тастардың жайма базары. Шажаның *суын жыққысы* келсе бір жақта ел, Ол орды келіп өзі де қоса қазады (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Табанға жықты. *Таптады, қорлады, басынды.* Оған дау жоқ, – деді Шыңғыс түнеріп, – Сенен асқан бар ма бірақ тірі өлік. Қастерлінің бәрін *жыққан табанға* Азған сен бе? Әлде мына заман ба? Тым құрыса Қасиетті бір сезім Қалу керек емес пе әрбір адамда? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Тақсіретті жықты. *Қайғыны, қиындықты жеңді.* Солардың көмегінің арқасында Ол талай *т а қ с і р е т т і* алып *ж ы қ т ы* (О.Шипин, Дастан.).

Туын жықты. *Жеңді, басты.* Айға ұшып бара жатырмын, Мұны да сына, ақылдым. Әйтеуір, мені қатырғын, *Т у ы н ж ы қ* тұғыр ақынның!!! (М.Мақатаев, Шығ.).

Сөзбен ұрып жықты. *Жеңді, дес бермеді, үстем шықты.* «Істер ме едің адам болсаң мұны, асыл!» – деп өзіңді *с ө з б е н ұ р ы п ж ы г а с ы ң.* Әрі аунақшып, Бері аунақшып ақыры Түніменен кірпік ілмей шығасың (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Шаңырағын жықпады. *Отын өшірмеді, орнын сақтады.* Жап-жас едік, сұлу едік, бірақ ерге шықпадық, Арманда өлген екі достың *ш а ң ы р а ғ ы н ж ы қ п а д ы қ* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЫҚҚЫЗ= е т. *Құлату, омақастыру.* Үш жүз аттың алдында озып келе жатқан Құлагерді айбалтаға *ж ы қ қ ы з ғ а н д а,* жәһіл жау серілердің күні қысқарып қалғанын, Сарыарқаны қайырымсыз қара күштің басып келе жатқанын танытқан (Т.Әлімқұлов, Кертолғау).

ЖЫҚҚЫЗУ *Жыққыз етістігінің қимыл атауы.* Тағы бір достан жұпты үзу, Ауытқып жолдан түп-түзу, Өзіңе қайғы жұтқызу, Өзіңді жауға *ж ы қ қ ы з у* (С.Оразаев, Дала.).

ЖЫҚПА-ЖЫҒЫЛМА ү с т. ж е р г. *Орташа.* Әкесі өлгеннен кейін анасы екеуі өздерінің бұрынғы *ж ы қ п а-ж ы ғ ы л м а* күндеріне зар болды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Соқталдай екі жігіт өзі *ж ы қ п а-ж ы ғ ы л м а* күн көріп отырған үйге аз салмақ болған жоқ-ты (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖЫҚПЫЛ з а т. **1.** *Ағашы, бұтасы қалың өскен жер; сай, жыра.* Таң құланиектенгенде өз елінің қарасын да көрді. Ендігі кездесуші – құтқармас қуә. Мәлке Үшбас бойының елсіз *ж ы қ п ы л ы н а* кіргенше асықты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Таң атқалы сай-саланы сағалап, жыры-жыра *ж ы қ п ы л д ы* жағалаған салт аттылар дүниенің жерін шарлады (А.Алтай, Алтай.). Арқар жақындап келе жатқан қауіп-қатерді алыстан көруге болатын ашық жерді сағалайды, тар шатқалдармен кескіленген таулардың *ж ы қ п ы л д а р ы н а н* қашық жүреді (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). **2.** а у ы с. *Қалтарыс, бұлтарыс.* Жақсы көруге тұратын-ақ жігіт. Сөйтсе де... ақылымның айтқанына кереғар әлдене бар сияқты көңілімнің қайдағы бір *ж ы қ п ы л ы н д а* (Б.Аманшин, Жар мұңы). Сәтім еді тостағандап төгер мұң, Сол бір сөзі қарғыс болса көнер кім? Жасырмашы *ж ы қ п ы л ы* мол жан сырын Жайып салды... не дермін (Ж.Әбдірашев, Найзағай.). Түсінбес жәйім әлі бұл, Жүректің *ж ы қ п ы л* орманы. Сұлусың маған бәрібір, Сүйегің келсе болғаны (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫҚПЫЛДЫ с ы н. *Жықпылы мол; жыралы, қалтарысты.* Колхоз орталығынан отыз шақырымдай *ж ы қ п ы л д ы* жолмен құм арасындағы үйге жеке сапар шегуге әсіресе қыстығүні жүрегі дауаламайтын (А.Лекеров, Жез тырнақ).

ЖЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ с ы н. **1.** *Жыра-жыра, қалтарыс-қалтарыс.* Айнала *ж ы қ п ы л-ж ы қ п ы л* мелшиген иесіз қызыл тас (М.Әуезов, Қараш.). Қашқын атын кіді бұрып, шығысқа қарай тартты. *Ж ы қ п ы л-ж ы қ п ы л д ы ң* тасасымен шексіз ұзағанша жан ұшырып бара жатты (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **2.** а у ы с. *Жиналған, қордаланған.* Тағы шықты бір газетте маған сын. Тани кеттім: жазған оны қалам сұм. *Ж ы қ п ы л-ж ы қ п ы л* жабағы сөз астында Жаман ойы: баяғыда тамамсың! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жықпыл-жықпылын түгел білді. *Сай-саласын, тау-тасын түгел таныды.* Ондай адамдар бар, Жоңғардың *ж ы қ п ы л-ж ы қ п ы л ы н т ү г е л б і л е д і.* Тек мен алдын ала өздерімен ақылдасып көрейін, – деді ол (Қасымхан) (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫҚПЫЛ-ЖЫРА з а т. *Сай-сала, жыра.* Таудың ұшар басы мен оған жалғас жатқан *ж ы қ п ы л-ж ы р а л а р ы н д а* қар бар (Майдан). Тайсойғанның *ж ы қ п ы л-ж ы р а с ы н* Жайбасар қарттан артық ешкім білмейді деп мақтайтын жұрт («Лен. жас»).

ЖЫҚТЫР= е т. *Тігілген үйдің уықтарын алып, керегесін жинату.* – *Ж ы қ т ы р* үйіңді – деді Жұман, үй маңайында күйбеңдеп жүрген бәйбішеге (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). *Ж ы қ т ы р ы п* тігіп қойған шатыр, қосты, Күн шыға, көтеріп ту, тұра көшті. Қайтсе де көңілдері тынар емес, іздеген адамынан алмай өшті (Т.Ізтілеуов, Рүстем.).

ЖЫҚТЫРУ *Жықтыр етістігінің қимыл атауы, құлатты ру.* Қиын емес осал талды *ж ы қ т ы р у,* Қиын шығып найза шыңға тік тұру. Бәрінен де қиын, қиын өзгеге, Өз ойынды өзің болып ұқтыру (С.Әлімқұлов, Жайсаң жер).

ЖЫЛ з а т. **1.** *Он екі айлық уақыт, мерзім, мезгіл.* – Мен 1938 *ж ы л д а н* бері генералмын, – деді Панфилов даусын көтеріңкіреп (Б.Момышұлы, Москва.). Жиырма бес, мінеки, *ж ы л* өтіпті, Жиырма бес... Дүние жыр етіпті. Біз жеңген жиырма бес жылдан бері Европа тастады құл етікті (М.Мақатаев, Шығ.). Құда болып отырмыз, Әли, бүгін, Жүрегімді ақырын қариды мұң. Сонау өткен *ж ы л д а р д ы ң* арасында Қала берді қайғысыз сәбилігім (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Шау тарта

жаным бастады-ау, Айларды қуып *жылдарым,* Айтылмай қалса масқара-ау, Ашылмай жүрген сырларым (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** астр. *Жердің Күнді бір айналып шығуына кететін уақыт аралығы.* Астрономияда мынадай *жыл* есептері қабылданған: 1) жұлдыздық *жыл дың,* Күннің зодиактағы бір белгілі жұлдыздың тұсынан өтіп, осы жұлдыздың тұсына қайтып келгенше кететін уақыт аралығы, 365, 2564 орташа күн тәулігіне тең (ҚҰЭ). Ежелгі Вавилон астрономдары Күннің 12 шоқжұлдыздың ғана тұсынан өтетіндігін байқаған. Бұл шоқжұлдыздар жүйесі «зодиак» деп аталады. Қазір жұлдыздық *жыл* ғылыми зерттеулерде, астрономияда ғана қолданылады (ҚҰЭ).

Аққан жылдар. *Зуылдап өткен өмір.* Келеді олар, келеді үнсіз, асау шаттық бойды алып, *Аққан жылдар* шежіресін қояды қарт ойға алып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Анау жылы. *Екі-үш жыл бұрын.* Албастылар адамдардан жігерлі, Біріксе олар қоймайды екен бір ерді. *Анау жылы* үш албасты қосылып, Жұмысымнан шығарды да жіберді (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Әр күні жылға татыды. *Күндері баяу, қиындықпен өтті.* Арада бес жыл өмір, *әр күні жылға татыған* төрт жыл соғыс жатыр (Т.Ахтанов, Таңд.).

Бір жылға қоянның терісі де шыдайды. *Бір жыл көп емес. «Бір жылға қоянның терісі де шыдайды»* өзін-өзі алдаусыратып қояды (О.Бөкеев, Үйқым келмейді).

Дүрбелең жыл. *Аласапыран уақыт, кез.* Айтайын ауырлықты елге келген, Жөн болмас ол бір кезді елемеген, Қазақтар қарсы шауып «ақ патшаға», Қан ағып, ел қырылған *жыл дүрбелең* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жасаған жылдар. *Өткен өмір.* Мініп ем, есімде жоқ, атқа қашан, Болмас-ау басылмасам, тоқтамасам. *Жасаған жылдарымнан* ұят болар, Ер жетіп ер қарызын ақтамасам (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жаңа жыл. а) *Қазіргі қолданыстағы күнтізбе бойынша жылдың басталатын күні, 1 қаңтар. Жаңа жыл* дегенде кімнің көңілі селт етпейді (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). ә) *Жаңа өмір, жаңалық. Жаңа жылдың* басшысы – ол, Мен ескінің арты едім. Арман деген ащы сол, Сүйекке тиді, қарт едім (Абай, Тол. жин.). б) *Шығыс күнтізбесі бойынша 22 наурызға тап келетін, жаңадан басталатын жыл.* Наурыз мерекесі шығыста *жаңа жылдың* бастамасы – символы ретінде қазақтарға отырықшы халықтардан енсе де, ондағы тағам қабылдау рәсімі көшпелі ортадағы байырғы принциптер мен нормаларға сәйкес атқарылады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Жарандар, жаман істі үйір қылма, Қызығын өткен күннің түзеп ұға. Қалаға қырық жігітпен ер Кешубай Барыпты сейіл құрып *жаңа жылда* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Жаңа жылды қарсы алды. *Жаңа жыл келетін 1 қаңтар күнін жалпыхалықтық мейрам ретінде күтті, тойлады. Жаңа жылды қарсы алып,* Жасаймыз той жылда бір. Жарқын-жарқын ән салып, Жалғасады жырға жыр (Ғ.Орманов, Диқан.). – *Жаңа жылды* қалай *қарсы алайын* деп жатырсыздар? – деп Елдос жәй ғана сұрай салды (А.Байтанаев, Қайнар.).

Жыл артынан жыл өтті. *Көп уақыт өтті.* Күн артынан күн, ай артынан ай, *жыл артынан жыл өтеді* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жыл басы. а) *Жылдың алғашқы айы.* Қамбар тоғысы жүйесі бойынша *жыл басы* – ақпан айының бірінші жұлдызы (Ж.Кейкін, Қазақы атау.). ә) *Қолданыстағы күнтізбе бойынша қаңтар.* Жаңа бақыт – жыл құсы Келді, әне, *жыл басы* – Жас ақынның тұңғышы, Жас сәбидің құрдасы (С.Мәуленов, Жолдас). Январь – *жыл басы,* жыл тойы, Бұл айда қызықтың бәрі бар («Балдырған»). б) *Шығыс күнтізбесі бойынша наурыз айы.* Январь әр уақытта жылдың бірінші айы болмаған, Ерте заманда *жыл басы* март болып есептелген (Ғалам ғажап.).

Жыл бойы. *Бүкіл жыл ішінде; үдайы, үнемі.* «Қызыл сұңқарлар» 14 *жыл бойы* қойылып, бүкіл Қазақстанға белгілі болған пьеса (М.Қаратаев, Туған әдеб.). Көрмегендей *жыл бойы,* Табысады шұрқырап. Екеуінің де бір ойы, Баяғы сол бір сұрақ (А.Шамкенов, Сағат). Соңғы екі *жыл бойы* ол әр жүз саулықтан 180-нен қозы алып, әр қойдан 4, 6 *кг* жүн қырықты («Қазақст. комм.»).

Жылдан жылға. *Жыл өткен сайын.* Қарқындаймыз *Жылдан жылға.* Табысымыз Мыңнан мыңға (І.Жансүгіров, Шығ. жин.). Май сұлу *жылдан жылға* түрленеді, Кең өлкем сол сұлудай гүлденеді (К.Әзірбаев, Өлеңд.).

Жылдар – қазы. *Өткен өмір сыншы деген мағынада. Жылдар – қазы,* балалықтан көне қандай із қалған Біз сойталдай жігіт болдық, ол бой жеткен қыз болған (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жылдар озды. *Уақыт өтті. Жылдар озып* кетсе де, Жылы көрем жүзіңді. Отырғанда кеңседе Ұмытпан сол кезімді (С.Мәуленов, Алыс кет.). *Жылдар озды,* Ескі тозды, Көнерді, Озған жылдар көнерте алмас өнерді. Бір кез Омбы түрмесінің тұтқыны Федор даңқы шарлап кетті әлемді (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жылдар өтті. *Уақыт өтті, өмір өтті.* Ұйықтамады ана дұрыстап, Тірі деп күтті батырын. *Жылдар* да жылжып, жылыстап, Барады *өтіп* ақырын (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жыл жарымдай. *Бір жылдан аса, екі жылға жуық.* Адамзат әулетіне қас ойлаушы Құрысын асып-сасып қашатындар! Жылатты *жыл жарымдай* мені қамап, Қолынан бұл кеселдің босатыңдар! (О.Шораяқов, Шайыр).

Жыл жылжыды. *Уақыт өте берді.* Айлар өтіп, *жыл жылжып,* Шықты бір кез тілі де. Ата-ана құмартып, Құлақ түрді үніне (О.Шипин, Дастан.).

Жыл келді. *Жаңа жыл басталды. Жыл келді,* Жақсылықпен өтсе игі еді. Жоғалып жамандықтар кетсе игі еді (М.Мақатаев, Шығ.).

Жыл қайырды. *Азия халықтарында қолданылатын, ұзақтығы 12 жыл уақытпен есептелетін мүшел есебі, байырғы күнтізбелердің бір түрі.* Қариялар *жыл қайырып* отырып, келген қонақтардың жас шамасын да шығара бастады (С.Мұқанов, Шығ.). Қызығы Гречко *жыл қайыра* біледі екен (Х.Есенжанов, Тар кезең). Ертеректегі бір ізгі дәстүр – алдағы қыс пен жазды болжайтын, *жыл қайыратын* есепшілер болушы еді («Лен. жас»).

Жыл құсы. а) *Қысқа қарай қоңыржай және салқын аймақтардан жылы жерлерге ұшып кететін құстар. Жыл құстарына* қазтектестер, сұқсыр үйректер, жыртқыштар, шалшықтар, шағалалар, торғай тектестердің кейбір түрлері жатады (Қаз. тілі термин. Биология.). Алыстан келген алғашқы *жыл құсына* қарап әсем көктемнің жақын екенін сезінеміз (Ә.Тәжібаев, Өмір.). *Жыл құсымен* қиқулап, Бұлағымен бұрқылдап, Көктем сұлу келеді, Балбыратып денені, Бойды билеп, сиқырлап (С.Мәуленов, Алыс кет.). Әлде көктем Өткізген жас шағым ба? Күз болды ма көңілімнің асқарында? Жырлап келген көктемде *жыл құстары* Жылап бара жатыр ма аспанымда?! (М.Мақатаев, Шығ.). Туған мекен, орманына, *Жыл құстары* оралды. Қарай-қарай жолдарыңа, Талдырдым-ау жанарды (Т.Қызықбаев, Темір.). ә) *Жақсының басы; жаңалықты ендіруші, бастаушы.* – Жаңа күннің *жыл құсы* боларсың деп ем Айдар екеуіңді... (М.Әуезов, Қараш.). Естуімше, Қарқаралыдан, Омбы, Қараөткелден және одан арғы Орынбор, Троицкіден, Кіші жүзден де оқып жүрген қазақ жастары шыға бастады. *Жыл құсындай* сендерсіңдер, жаңа дәуреннің алғашқы келгені боларсыңдар, – деді Абай Әбішке (М.Әуезов, Шығ.). Шолпан *жыл құсы* еді, жаңа гүлдеген қызғалдақ еді (С.Сейфуллин, Шығ. жин.).

Жыл құстай болды, келді. *Анда-санда, аракідік келді.* Ауырмалдық, бала жас өз мойнында Амал бар ма келген соң бір кездейсоқ, Жазушылар *кеп* тұрды кезек-кезек, Сәбит, Мұхтар, Мәрия *жыл құстай боп* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жыл құсындай тартты. *Зулады, кейін қайтты.* Ауылға август туды қайтайын деп, Күз болды *жыл құсындай тартайын* деп, Сыйына аса разы болғанымды, Тұрғаным қоштасарда айтайын деп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жыл мезгілдері. *Аспан сферасы (эклиптика) бойымен қозғалатын Күннің көрінерлік қозғалысына және табиғаттағы маусым өзгерістеріне байланысты жылдың кезеңдерге бөлінуі.* Егер Жердің осі оның Күнді айналу орбитасы жазықтығына перпендикуляр болса, Күн сәулелері Жер бетінің әрбір нүктесіне бүкіл жыл бойы біркелкі түсіп, оны үнемі біркелкі жылытып отырар еді. Яғни *жыл мезгілдері* ауыспас еді (ҚҰЭ).

Жыл он екі ай [айда]. *Жыл бойы; жылына.* Бұл Бетпақты аралап Шуды мекендейтін елдердің бәрі де *жыл он екі айды* кигіз үйде өткізеді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Бұрын қойшы *жыл он екі ай* қой соңында сүйретіліп жүрсе де, оның табан ақы, маңдай тері іске аспайтын (Тарту). Жатыр дала Жабықпайды, кейімейді күрсініп, *Жыл он екі ай* төрт мезгілі бір кіреді, бір шығып. Жатыр дала шалқасынан, жалаңаштап кеудесін, Кеудесінде ұланғайыр қыбыр-қыбыр тіршілік (М.Мақатаев, Шығ.). Күн жақсы көріскенше, қош, бәйбіше, Секілді өткен дәуір күні кеше. Өмірі адамзаттың – жаз бен қыстай, Бір емес *жыл он екі ай* – пішепіше (О.Шораяқов, Шайыр). *Жыл он екі айда* бір келген жарықтық айт қой бұл (Б.Майлин, Шығ.).

Жыл сайын. *Әр жылда, жылда.* Бұл бригада егістіктің әр гектарынан *жыл сайын* 12-16 центнерге дейін тұрақты өнім алады екен (И.Баялиев, Жер тынысы). Кезсем де қырын, ой-сайын, Шаршадым, талдым демеспін. Сағынып келіп *жыл сайын,* Ауасын жұтам белестің (О.Малқаров, Менің ізім). Айтшы, сен, елім, саған не берейін, *Жыл сайын* көктейін де, көгерейін. Ат қандай ақын деген аты биік, Атқармай міндетімді неге өлейін (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Ол патшалықтың *жыл сайын* елден алатын алым-салығы емес (М.Әуезов, Шығ.). Кеше ғана секілді Некелерің қиған күн. Әжімдепті бетіңді Әр *жыл сайын* жиған мұң (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жыл санап. *Жыл өткен сайын.* Ол *жыл санап* халықтың да қадірлісі, аяулысы болып

келеді (М.Әуезов, Абай). Орыс өнеркәсіпшілері ашқан алтын кендерінің саны *жыл санап* өсуде (ҚазССР тарихы).

Жыл санау. *Үлкен уақыт аралықтарын есептеу жүйесі.* Көптеген *жыл санау* жүйесін есептеу белгілі бір тарихи не аңыздық оқиғаларға байланысты жүргізіледі. Мыс., христиан шіркеуі *жыл санауды*ң басын Иса пайғамбардың туған күнінен бастап жүргізеді (ҚҰЭ). Ислам елдерінде (негізінен, араб мемлекеттері) *жыл санау* жаңа заманның 622 жылынан (Мұхаммед пайғамбардың Меккеден Мединаға көшіп барған жылынан) бастап жүргізіледі (ҚҰЭ). *Жыл санау* жүйесінің негізінде әр ай мен маусым атаулары айғақтап тұрғандай, ауа райының ауыспалы, құбылмалы, өзгермелі факторлары алынған (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

Жыл толды. *Он екі ай өтіп, бір жыл болды. Жыл толды,* айлар айға жалғаса кеп, Жарының келмеуіне бар ма себеп. Ол жүрді, «Мен далада жүрген кезде, Ол байғұс үйде күтіп қалмаса», – деп (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жыл уағы. *Бір жыл.* Өлген ердің артында *жыл уағына* шейін тұлдап іліп қоятын қаралы киім, қаралы аспан сияқты, ләпкелердің дүниесі жесір-жетім қалды (М.Әуезов, Шығ.).

Жыл шығару. ж е р г. *Малды қыстан аман шығару.* «Октябрь-39» бірлестігі №4 бригадасының мал бақташысы Қабдолла қарауындағы мыңға тарта тоқты, серкешті *жыл шығару* үшін еңбектенуде («Жаңа өмір»).

Жыл шықты. ж е р г. *Ауыр қысты бастан өткізді. Жыл шығып* тұрған аттардың арықтығына, әлсіздігіне қарамастан, үшеуі ағызып, жарыса жөнелді (Ж.Нәжімеденов, Ақ шағыл).

Жылын берді. э т н. *Қайтыс болған адамның жылға толған уақытын ас беріп атап өтті.* Оспанның *жылын берген*і он күн өтті (М.Әуезов, Ақын аға). Сонымен сөздің қысқасы, аман-есен сен дүниеге келдің. Одан кейін ағекемнің *жылын берді*к (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жылын беру. э т н. *Қайтыс болған адамның қайтыс болғанына бір жыл толуына орай еске алып, ас беру дәстүрі.* Өлік жерленген соң атқарылып отыратын циклдік ас-тағам беру үрдісі көшпелі халықтардағыдай негізінен марқұмның жетісі, қырқы, *жылын* және асын *беруге* ұласып жатады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Жылын өткеру. э т н. *Жылын жасау. Жылын өткеру* – қарапайым адамдарға әсіресе пайғамбар жасына дейінгі адамдарға ғана жасалады (Д.Қатран, Қазақ ас-тағам.).

Ендігі жыл. *Келесі жыл.* Осы күнде бұл жылғы берген *ендігі жылға* жарамайтұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.).

Кібісе жыл. *Әр төрт жыл сайын келетін, ақпан 29 күннен аяқталатын, жыл 366 күннен тұратын жыл.* Тәуліктің ширек бөлшегін әр жыл күнтізбесіне қосып айтуға да, есептеуге де ыңғайсыз болғандықтан, ширектің төрт жылда бір тәуліктік мезгіл құрайтыны есептеліп, төрттің алдыңғы 365 тәуліктен тұратын үш жылы – жай жыл, 366 тәуліктен тұратын соңғы жылы – *Кібісе жыл* атанған (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

Қаралы жыл. э т н. *Қайтыс болған адамның артынан аза тұтқан бір жыл.* Әбіш келгенде сол Оспанның *қаралы жылын* аза тұтқан жақын, туыс, тілеулес ауылдар Ералыда бірыңғай боп іріктеліп қалған екен (М.Әуезов, Шығ.).

Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі [жетеді]. *Көрер жарығы бар, бұл өмірден дәм-тұзы әлі таусылмаған адамға ажал алыс деген мағынада.* Торы шолағын мініп, тау асып қаңғырып кеткісі келген, мынау тірі қорлықты көрмей, мерт болғысы келген; *қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі* деген осы-ау, он жеті жыл еркек-ұрғашының не екенін білмей тағы боп өскен қызын өз қотанынан ұзатпаса да, уыз тазалығын уысынан шығарып алыпты (О.Бөкеев, Үйқым.). Өлшеулі демі бітпесе *қырық жыл қырғын болғанмен Ажалы жетпей* ер өлмес. Тура құрық түскен соң, Тырп етуге дәрмен жоқ, ұсынып мойын кім көнбес? Ойналық та, күлелік, Сайран салып жүрелік, Өлген соң дәуір бір келмес! (Базар жырау, Шығ.).

О жыл. *Әңгіме болып отырған, өткен жыл.* Қиналып бәріміз де, Өсіп ек *о жылдары*. Ұмыт па әлі бізге, Айтсаңшы, соның бәрі (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Оқу жылы. *Мектепте сабақ жүретін 1 қыркүйектен мамырдың 25-не дейінгі уақыт аралығы. ...Оқу жылының* қалған екі айы тағы толып жатқан түсініксіз оқиғалармен өтті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). *Оқу жылы* аяқталды. Үшіншіні Рамазан да, мен де мақтау грамотасымен бітіріп шықтық (Б.Соқпақбаев, Балалық шақ.). Жаңа *оқу жылы* қайта басталды. Дене шынықтырудан бірінші сабақ болатын (Ә.Бүркітбаев, Мұғалім).

Сол жыл. *Сол, әңгіме болған, екеуіне белгілі жыл.* «Баламның бау ашары, ырым ет» деп, Шортанды берді Үдербай жұртқа бөліп. Үдербай ажал жетіп өлді *сол жыл*, Қалампыр үш баламен қалды жесір (О.Шипин, Дастан.). Нақ *сол жылы* көктемде Матай тауы маңындағы көк белге Қонып ұшқан сынар аққу Петербордың төбесінен өткенде, Әлгі аққудың мұңлы әніндей

Мұңлы хабар Федордың Құлағына жеткенде: – Шапағатқа суарылған сүйегі, Дос сезімде қасиет бар киелі (М.Шаханов, Ғасырлар.). Жазылған еді сол хатта, *С о л ж ы л д ы ң* шуақ күн, айы. Біздердей жанға әр шақта, Кездессең болар ұдайы (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Талай жылғы дәурен. *Талай қызық.* Тамаша *т а л а й ж ы л ғ ы* көрген *д ә у р е н,* Ақыры болмай қалар бір күндей-ақ (О.Шораяқов, Шайыр).

Талай [сан] жылдар. а) *Көптен бері.* Қанша қызық Көрер ме едім әл кетсе, Ұры емеспін алақұйын, баукеспе. *Т а л а й ж ы л д а р* кездеспеген бір құрбым Жастық шақтың отжалынын салды еске (К.Салықов, Жезкиік). ә) *Көп уақыт. С а н ж ы л д а р* заулап жылдам өте қалды, Жігіт жүр шегіп іштей жеке зарды. Құ досы қызды алмады, алдап кетті, Бейтаныс жанмен үнсіз кете барды (К.Салықов, Жезкиік). *Т а л а й ж ы л д а р* өтсе жылжып әріге, Тыңдай берер толқып жас пен кәрі де. Жан күйігін, көңіл шерін басайын, Салшы, қалқам, Абайдың бір әніне (К.Салықов, Жезкиік).

Ұзақ жылдар. *Ұзақ уақыт.* Болғым келді саған бала Әсіп апам – ақ көңілім. *Ұ з а қ ж ы л д а р* жолға қарап, Жолға қарап өтті өмірің (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЫЛА= е т. **1.** *Қайғыдан, реніштен, ауырғаннан көзден жас шығару.* Алжыған шалға:– Қолың тарт Зылиқадан!– демекке. Батыр шауып жөнелді Жаңғырта қырдың тау-тасын, *Ж ы л а ғ а н* қыздың тыймаққа Көлдей аққан көз жасын (О.Шипин, Дастан.). ...Бір ару автобусқа *ж ы л а п* кірді. «Қайтем?» – деп қабағында сұрақ тұрды. Қасына енді жете бергенімде, Автобус мөңкіп кетіп, лақтырды (М.Мақатаев, Шығ.). Астына мінген күрең ат, Салпиып кетті құлағы. Арнада жылға тұра қап, Сәбимен бірге *ж ы л а д ы* (М.Мақатаев, Шығ.). Тек соны ойлап беріледі арманға, Тек соны ойлап *ж ы л а й д ы* үйде қалғанда (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** *Зар еңіреу, зарлау, зарлану, іштегі зарын шығару.* Жылаймын деп айырылып Ақылыңнан қалмағын. *Ж ы л а ғ а н м е н* бітпейді, Ойыңдағы арманың (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Қартаң әйел жұмысына іздеп келіп, *ж ы л а д ы:* «Жалғыз қызым бар еді, айнам, тірлігімнің шынары Еркелеттім, Өмірімді желкен еттім жолына (М.Шаханов, Ғасырлар.). Шаттық пенен қуаныш, Өкініш пен мұң-қайғы Өмірбақи тұрмай, алма-кезек зулайды. *Ж ы л а,* жаным, *ж ы л а й* бер... Мен де мәңгі тұрмаймын. Зарыңды кім тыңдайды? Ертең келіп басқа ақын бақытыңды жырлайды (М.Мақатаев, Шығ.). **3.** *Жоқтау, дауыс шығару.* Өз елің өлсең *ж ы л а р,* күндеп өтер, Қайын-жұртың қалжыңдап мінеп өтер. Нағашың сыйлайды да, сынайды да, Жақсы болсаң түп жұртың іздеп жетер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Бірақ сендер қадірді білмейсіңдер, Есік ашып үйлерге кірмейсіңдер, Өлім, өмір алысқан шақтарында Я *ж ы л а п,* я бір күлмейсіңдер (С.Мәуленов, Алыс кет.). Алтын тақта ханның қызы, Не қылсын ол... қайғызарды. Көрсін бе ол, білсін бе ол Сыңсығанды... *ж ы л а ғ а н д ы* (О.Шипин, Дастан.). **4.** *Өкіру, қатты жылау.* Жүгірді сүйінші деп шуылдасып, Керуендер түрегелді дуылдасып. Құшақтап мені көріп *ж ы л а ғ а н д а,* Қамықты тұрған елдің бәрі жасып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Жығылып үш ұмтылдым тұрайын деп, ішіме қорқу түсті уайым жеп. Ұялдым сақалымнан көп ішінде, Артынан балаларша *ж ы л а й ы н* деп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **5.** а у ы с. *Қайғыру.* Өмір дейтін тайғанақ мұз айдында, Жырлап кетем, алдымен *ж ы л а й м ы н* да, Сөредегі кермені кесіп өтсем, Маған әлі жетпейді Құдайдың да (М.Мақатаев, Шығ.) *Ж ы л а м а ш ы,* шырағым, Күңіренген қобыздың Бұрамашы құлағын. Ұмыт болып мына күн, сейіледі мұнарың. *Ж ы л а м а ш ы,* шырағым, Шашыратып шуағын, Мен білемін мына күн шұғыламен тынарын (М.Мақатаев, Шығ.). Қыздың берген жауабы: – Құдай не үшін жаратқан, Емес пе екен қыз пенде? Мен *ж ы л а м а й* қайтейін, Сақал-мұрты қуарған, Көз жанары суалған Баймағамбет деген шал Айттырып мені мал берді (О.Шипин, Дастан.). **6.** а у ы с. *Қиналу, жапа шегу.* Сонда да сен үшін көнем де, Бұл басқа қилы бір бақ қонса. Мен *ж ы л а п* жазған бір өлеңге Күлді жұрт ішегі қатқанша (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Бір күні көрген күлкіңдей Қырылған елді көрмедің. Халық *ж ы л а п* жүргенде, Күш-қайрат бізге бермедің. Оңашада жүргенде Елдегі мерген мен дедің (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Жеткен жерге талабың мен ақылың, Сезімің мен батылың, Жетпей қалды қырсыққанда шыдамың, Әне, соның кесірінен қаншама жыл *ж ы л а д ы ң* (М.Шаханов, Ғасырлар.). «Ғашықтардың» өткірі мен, – деушіем бұрын бұла өнерлі. Мәжнүнге көп күліп ем, Ол мені аяп *ж ы л а р* енді (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **7.** а у ы с. *Сағыну, іздеу.* Сүймей тұрып сүйеміз деп былжырап, Қасақана өп-өтірік тұнжырап. Қанша адамды алдаймыз бір өмірде, Қанша сәби сондықтан да жүр *ж ы л а п* (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Сол қара тас жатқан жер Мәтібұлақ, Қозы жайған жерлерім күнде *ж ы л а п.* Ерте тұрып дірдектеп мен жүргенде, Қанығып бай ұрсады сөзбен сыбап (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ақ ешкі, зарланасың лағыңа, Сүт берген емшегіңнен шырағыңа, Қосылып, кел, екеуміз бір *ж ы л а л ы қ,* «Тәңірінің» жетер ме екен құлағына (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **8.** а у ы с. *Еңсесі түсу.* Өлген қайтып келмейді, *Ж ы л а с а ң* батыр

жасисың, Ештеме тегі өнбейді. Жаралып жан болған соң, Ақырында жер жейді (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). **9.** а у ы с. *Шағыну.* Болған соң келін кербез, кемпір саяқ, Құдайдың қойғанынай аямай-ақ. Балаң арам боп туса амалың не, Тере бер тезегіңді *ж ы л а м а й-а қ* (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Жолықты бір қасқырға қатты қашқан, Аузынан нар бурадай көбік шашқан. Жалынып жағдай айтып *ж ы л а й* берді, Басына баратқандай құлап аспан (О.Шораяқов, Шайыр). **10.** а у ы с. *Қоштасу, мауқын басу.* Құстар, құстар, сызылтып ән салады, Сол әнімен тербетеді даланы. Ал адамдар күліп бастап өмірді, Кетерінде *ж ы л а й* да алмай қалады... (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Көзіме жас бер, *ж ы л а й ы н,* Шыдам бер, сабыр қылайын. Жаралы болған жүрекке Дауа бер, жамап сынайын (Абай, Тол. жин.). **11.** а у ы с. *Аңдардың дауыс шығаруы.* Қосаяқ, суыр менен қарсақ, борсық, Қоян байғұс бұғады күндіз қорқып. Қасқа күзен, сары тышқан, байбақ ұлу Таң атқанда *ж ы л а й д ы* дауысын қосып... (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **12.** а у ы с. *Жауын жауу. Ж ы л а п* тұр, жылаңқы бұлт сабылып тұр, Сағынып тұр күн нұрын, жабығып тұр. Бірде жауын, біресе қарға айналып, Сәуір айы малшыға қағынып тұр (М.Мақатаев, Шығ.).

Ағыл-тегіл жылады. *Қатты жылады, ұзақ уақыт зарлап, ішіндегісін жылап шығарды.* Сонда ол шешесінің *а ғ ы л-т е г і л ж ы л а п* отырғанын көрер еді (О.Бөкеев, Ұйқым.). «Бауырыма басқан балапаным-ай, өз қолымнан асыраған ботақаным-ай, жалғызыңнан айырылып, зар еңіреп қалдың ғой» деп бастап, *а ғ ы л-т е г і л ж ы л а п,* Мұратты ұзақ жоқтады (Т.Ахтанов, Таңд.). Содан кейін төсекке кеп құладым, Сел жуғандай көңілімнің бұлағын, Үмітімнің барлық шамын өшіріп, Ай, жыладым, *а ғ ы л-т е г і л ж ы л а д ы м* (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ботадай боздап жылады. *Қатты жылады.* – Құдай-ай, соған да кісі *б о т а д а й б о з д а п ж ы л а й* ма екен (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Бірге жылап, бір күлді. *Бірге қуанып, бірге қайғырды.* Шежіреші өлеңім Бәрін соның жыр ғылып, Еліменен келемін *Б і р г е ж ы л а п, Б і р к ү л і п* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Бірде күліп, бірде жылады. *Қуаныштан күліп те, жылап та жүрді деген мағынада.* Жаңадан отау тігіп, ірге құрап, қалыпты жас семья гүлденіп-ақ. ...Анасы жол жабдығын әзірлеуде, қуанып, *б і р д е к ү л і п, б і р д е ж ы л а п* (М.Мақатаев, Шығ.).

Егіліп жылады. *Қатты қайғырып, ішіндегісін шығара алмай жылады.* Жаңыл *е г і л і п ж ы л а й* берді. Өксігін тоқтата алмағасын қатындар ауыз бөлмеге алып кетті (Т.Ахтанов, Таңд.). Ардақ есейген шағында, алғаш рет шыншыл, қылаусыз көңілмен *е г і л е ж ы л а д ы* (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Жас баладай жылады. *Шырылдады, зар еңіреді.* Қорыққанынан екеуі *Ж а с б а л а д а й ж ы л а й д ы,* Ағатайлап жалынып, «Кешірім бер» деп сұрайды (О.Шипин, Дастан.).

Жаны жылады. п о э т. *Жүрегі ауырды, күйзелді. Ж а н ы ң* іштей *ж ы л а с а,* Қалайша мұң шақпайсың! Біреулерге ұнасаң, Біреулерге жақпайсың! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жылаған бала, боздаған ана қалмады. *Азапқа түспеген адам қалмады, бәрі қиналды.* Қандай ұрыс болса да, ең алдымен бүліншіліккө ұшырайтын халық. Бұ жолы да солай болды. *Ж ы л а м а ғ а н б а л а, б о з д а м а ғ а н а н а қ а л м а д ы.* Бұл қырғын тек таң ата ғана толастады (І.Есенберлин, Шығ.).

Жылағанды жұбатты [уытты]. *Басында қайғысы бар адамды жұбатты, қамқор болды, қамқорлық жасады.* Әділ болсаң еліңе, Қайғыланып қам жеме. *Ж ы л а ғ а н д ы ж ұ б а т қ а н,* Тіліңменен бал бер де. Нашарға тисін көмегің Халқыңа жылау зар берме (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Жығылғанды тұрғызсаң, *Ж ы л а ғ а н д ы у а т с а ң,* қисайғанды түзетсең, Тәңірінің үйі кебені, Сұлтан ием, қарсы алдыңнан жасапты! (Шалкиіз ақын, Өлең д.).

Жылады арман. п о э т. *Арманы орындалмады, аяқасты қалды.* Дала қалай гүлге оранған, Жырлады орман, *ж ы л а д ы а р м а н.* Тай-құлындар жүр ойнақтап, Аман шығып бір боранна (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жылады келіп. *Ағыл-тегіл жылады.* Бұланың бұлттай мұңданып дірілдегенін Қасында жүріп көрді де, *ж ы л а д ы к е л і п* (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жыламаған балаға ас [емшек] бермейді. *Өзі емеурін білдірмесе, жайын айтпаса, біреуге біреу қол ұшын бермейді, көмектеспейді деген мағынада.* Қаншама күлсе-дағы мақтаншаққа, Көбіне үлес тиер бөлген шақта, *Б а л а ғ а ж ы л а м а ғ а н а с б е р е м е?* Ұмтылып жыламаса бір тамаққа (Е.Өтетілеуов, Бос шелек). Сұрың да, сұхбатың да сондай бөтен!.. Бұйымым бар, Үйіңе қонбай кетем. ...*Ж ы л а м а ғ а н с ә б и г е е м ш е к б е р м е с,* Жыламасам алдында, болмайды екен (М.Мақатаев, Шығ.).

Жылап ақты. п о э т. *Судың, өзен, арықтың ағуы.* Алғашқы сыпыра бір ай оқап қардың астында үн-түнсіз *ж ы л а п а қ т ы, ж ы л а п а қ т ы* (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жылап амандасу. *Көрісу.* Көп қауышу, *ж ы л а п а м а н д а с у* арасында шешелер мен жеңгелерінің тілеулестігі айтылады (М.Әуезов, Шығ.).

Жылап жүрмесін. т і л е к. *Бақытты бол.* Қай жақта мейлі жүрмесін, Бақытты болғай іргесі, Бақытты болғай... Өз үйі – Өзінің болмай түрмесі, Әйтеуір, *жылап жүрмесін,* Мұңлық боп өмір сүрмесін. Босаға аттап, кіргесін... (Қашанда, Жаным, біргесің!!!) (М.Мақатаев, Шығ.).

Жыламай жүр. т і л е к. *Бағың ашылсын, бақытты бол.* Қайда жүрсең, *ж ы л а м а й ж ү р,* бөбегім, Әрбір демім өзіңмен бірге менің. Сен алыста, мен мұнда – біз екеуміз, Үстіндеміз бәрібір бір кеменің (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жылап келді. *Іңгәлап туды, жылап туды. Ж ы л а п к е л і п,* келмейді жылап кеткім! Ол ғұмырды келеді бір-ақ тепкім. Жамандықты жақсартып, жақсылықты Онан сайын келеді қуатты еткім. Жылап келіп, келмейді жылап кеткім! (М.Мақатаев, Шығ.)

Жылап қалды. *Қимады, жібергісі келмеді.* Аққулар, алданыш па ең, арман ба едің? Қош енді, қанатым жоқ самғар менің! Нуларым сыңси *ж ы л а п қ а л д ы-а у* менің, Суларым жетімсіреп қалды-ау менің!.. (М.Мақатаев, Шығ.)

Жылап өтті. *Қиыншылықта, кедейшілікте өмір кешті.* Сенің шешең айраншы, Бүтін көйлек кимеген, Аузына өкпе тимеген, Бетін жумай кір-кір боп, *Ж ы л а п ө т к е н* дүниеден (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Жыласа жасын көрмеді. *Қиыншылық көргенін сезбеді, рақымы түспеді.* Сұраса жекжат бермеді, *Ж ы л а с а ж а с ы н к ө р м е д і.* Өз малыңды құрттың деп, Жанын берсе сенбеді (Б.Қожағұлұлы, Шығ.).

Жүрек жылады. п о э т. *Қасіреттенді, қатты қайғырды.* Қирағам жоқ, қиялыма ергелі, Атым шаршап, тоным тозып көрмеді. Жетім *ж ү р е к ж ы л а п* жүрген шағында Жұбатуға келдің бе екен сен мені (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Зар жылады. а) *Қатты жылады. З а р ж ы л а п,* тұла бойынан қан ақтарылып, талып қалған шешесінің көзінше үлкен үйдің шаңырағына Бәкейді асып өлтірді (М.Әуезов, Шығ.). Екеуі бірдей *з а р ж ы л а п* қалады ғой (І.Есенберлин, Шығ.). ә) *Ойбайлады, айтқанымды қылмадың деді.* Ал мен неге өз әке-шешемді ойламадым. Зәріптің *з а р ж ы л а п* келе жатқаны сол емес пе, бүгін қысылмағанымызбен, түбі бір қысыламыз (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Күз [күн] жылады. *Жаңбыр жауды, күзгі жаңбыр жиіледі.* Атылып мұнарадан қыз құлаған, (Қадалып түйіккен шал – күзғын оған.) Жүткында жас аруды көрі теңіз, Кеудеге бұлтын жиып *к ү з ж ы л а ғ а н* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Сөйлеспейді, желде үн жоқ, түнжырайды, Жасын төгіп, жабырқап *к ү н ж ы л а й д ы.* Түрмын құшып мектептің қабырғасын, Көкірегімді жаныштап бір зіл-қайғы (С.Мәуленов, Алыс кет.). Неліктен қалды тоқтап шың бұлағы, Неліктен ашық аспан түнжырады? Неліктен жапыраққа жасын құйып, Азалы Алматыңа *к ү н ж ы л а д ы?* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Күліп барып, жылап шықты. *Жамандық көрді.* Түсінбеймін мен саған, Түсіне алмай шаршағам. *К ү л і п б а р ы п* алдыңа, *Ж ы л а п ш ы қ т ы* қанша адам (М.Мақатаев, Шығ.).

Не жыларын, не күлерін білмеді. *Б і л м е й д і ж ы л а р ы н д а, к ү л е р і н д е.* Еліне кетерін де, жүрерін де. Көрінед әзірейілдей қыздың түсі, Қараса Қарашаштың реңіне (І.Жансүгіров, Шығ.). Сол баяғы қалпындай, қос бұрымы тобығына дейін түсіп, қыпша белі қыналып, жасқа толған үлкен екі көзі қуаныштан нұрланып, *н е ж ы л а р ы н, н е к ү л е р і н б і л м е й* үн-түнсіз тұр (І.Есенберлин, Шығ.).

Өтірік жылады. *Өтірік бейшара болды, жасандылық көрсетті, жыланды.* Іш тартып ем ананы да мынаны, Бірі күліп, бірі *ө т і р і к ж ы л а д ы.* Әне бірі айырылысар дос екен – Тірі жанға қимасымды сұрады. (Мен қимаймын, сырт береді ол, тынады) (М.Мақатаев, Шығ.).

Күніне сан қуанып, сан жылаған. *Көңілдері әрі-сәрі, қамкөңіл.* Әйтеуір сұрапылдан қалдық аман, Сәби ек... кекіл шашы жалбыраған. Біздерге сүйенетін қамкөңіл ел – *К ү н і н е с а н қ у а н ы п, с а н ж ы л а ғ а н* (С.Жиенбаев, Алтын қалам)

ЖЫЛАЙ-ЖЫЛАЙ ү с т. *Әбден жылап, қатты қайғырып. Ж ы л а й-ж ы л а й* әскерге кеткен Саршатамыз екі иығына екі кісі мінгендей азамат болып оралды (О.Бөкеев, Ұйқым.). Көз жасыммен аят үні төгілді, *Ж ы л а й-ж ы л а й* жүрек қаққа бөлінді. Көңілімдегі жалғыз медет сондағы: Анам үшін Алла әуені өрілді (К.Салықов, Жезкиік). Мұнан асқан қорлық болмас, расында, Енді, міне, төрт уәзірі қасында, Қос жанары *ж ы л а й-ж ы л а й* суалып, Селеу шашы ызғар соққан боз жусандай қуарып... Тұтқында отыр хан сорлы, Сел-тасқында қалт-құлт етіп әрең тұрған аралдай (М.Шаханов, Қасырлар.).

ЖЫЛАЙ-ЖЫРЛАЙ ү с т. *Жоқтай, зарлай.* Әуелесін, қалқысын, От жалын боп шалқысын. *Ж ы л а й-ж ы р л а й* өлгенде, Арттағыға сөз қалсын (Абай, Тол. жин.).

ЖЫЛАЙМАН с ы н. с ө й л. ***Жыларман.*** Таңы бар түннің-дағы түртсе көрмес, Болмаңдар бекер босап *ж ы л а й м а н н а н* (Т.Ізтілеуов, Шығ.).

ЖЫЛАМСЫРА= е т. *Жылайын деу, жылауға шақ қалу.* – Бірақ...– деп *ж ы л а м с ы р а-*

ғ а н үні қатқылдай түсті, – менің де сенен тілер бір тілегім болса, сенің бермесіңе бола ма? (М.Әуезов, Шығ.). Қартқожа *ж ы л а м с ы р а д ы,* жалынды, қарғанды, сөзін құлаққа ілмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мүләйім көзімен иесіне *ж ы л а м с ы р а й* қарап, қыңсылап қояды (Т.Ахтанов, Таңд.). Бұдан кейін көреміз бе, жоқ па? – деп, Еркеш *ж ы л а м с ы р а п* көз жасына булықты (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЫЛАМСЫРАУ *Жыламсыра етістігінің қимыл атауы.* Жаңағы *ж ы л а м с ы р а у ы н а* да оның басындағы шытырман жайлар себеп болған (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке).

ЖЫЛАМЫҚ с ы н. ж е р г. *Суланған, жасаураған.* Анау жеңіл күрсініп, үнемі жасаурап тұратын *ж ы л а м ы қ* көздерін қайта-қайта жыпылықтатып біраз үнсіз тұрды да, қара сақалдың соңынан ере берді («Лен. жас»).

ЖЫЛАН з а т. **1.** з о о л. <лат. serpentes> *Бауырымен жорғалаушылар тобына, қабыршақтылар отрядына жататын омыртқалы жәндік.* Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтып күн көрер?! Аяғы жоқ, қолы жоқ *Ж ы л а н* қайтып күн көрер?! (Асан қайғы, Жыр.). Көптеген *ж ы л а н д а р д ы ң* басындағы қабыршықтардың саны тұрақты болып, белгілі бір ретпен орналасады, ол түрдің негізгі белгісі болып есептеледі (ҚҰЭ). Ер Төстік құстың жайын енді білді, Білді де *ж ы л а н* жайын енді күлді. – Атаана, рұқсат бер, барамын, – деп Орнынан қол қусырып түрегелді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Көргендер де, Көрмеген де арманда, Ертеде бір той бопты, ұлым, орманда. Қоқиқаз да, қарақұс та, қыран да, Қара аю да, күшіген де, *ж ы л а н* да, Қырғауыл да, қосаяқ та, зорман да, Бас қосыпты сол маңда (М.Шаханов, Ғасырлар.). **2.** а у ы с. *Жамандық.* Соғыстан қалған тұмау бар, Соғыстан қалған ылаң бар, Жұмыртқа – жердің ішінде Жұлынып жатқан *ж ы л а н* бар. Операция керек! Айдаһарды бұғаулар!!! (М.Мақатаев, Шығ.). У *ж ы л а н н а н* тазартып, Гүлдендір байтақ жеріңді. Бетіне мұз қатырмай, Шалқыт айдын көліңді. Осындай ерлік істесең Жасартқаның өңімді (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). **3.** а у ы с. *Араға іріткі салушы, арамза, жауыз сұм адам.* Сұр *ж ы л а н д а р* әлі бар Қараңғы түнді көксеген. Біз емес аңқау, аңырар, Кеудеміз толы кекпенен (С.Машақов, Сапарда). – Ажар, Ажар деп ауыздарыңнан тастамай әулие аспан ғып жүргендерің нағыз сұр *ж ы л а н н ы ң* өзі боп шықты (С.Жүнісов, Өшп. із.). // *Залым, жауыз, сұм.* Заман – *ж ы л а н.* Жатып алды-ау жолымда. Бірақ менің бақытым да, барым да Қорлан берген алтын жүзік жарқырап, Елу бір жыл сәуле шашты қолымда (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Ала жылан, аш бақа. *Араға іріткі салушы, елді аздырушы.* Естілер де ісіне қуанбай жүр, Ел азды деп надандар мұңаймай жүр. *А л а ж ы л а н, а ш б а қ а* күпілдектер Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр (Абай, Тол. жин.).

Жағыңа жылан жұмыртқаласын [жұмыртқалағыр]. қ а р ғ. *Жағың қарыссын.* – *Ж а ғ ы ң а ж ы л а н ж ұ м ы р т қ а л а с ы н.* Анау бала іздеп келіпті сені (О.Бөкеев, Біздің жақта.). – *Ж а ғ ы ң а ж ы л а н ж ұ м ы р т қ а л а с ы н,* есі шыққан сорлы. Тарт былай (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Кәрі әже Бөбектің аузын аштырмай, қолын сермелеп: – Қой, қой, жарықтығым, *Ж а ғ ы н а ж ы л а н ж ұ м ы р т қ а л а с ы н,* ол судырақтың, – деді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). – Қысқарт тіліңді, *ж а ғ ы ң а ж ы л а н ж ұ м ы р т қ а л а ғ ы р,* Досан біледі кімге тиіп, кімді қорғайтынын! – деді (А.Сатаев, Дала.).

Жатқан жыланның құйрығын [өзі] басты. *Тыныш жатқан жанға өзі келіп тиісіп, құтылмас пәлеге қалды деген мағынада.* – Өзі де тұтанайын деп тұрған отқа көресін құйғандай болдым-ау, *ж а т қ а н ж ы л а н н ы ң қ ұ й р ы ғ ы н б а с қ а н д а й* болдым-ау (З.Ақышев, Ақбел.). Өзіне де обал жоқ, ұйықтап *ж а т қ а н ж ы л а н н ы ң қ ұ й р ы ғ ы н ө з і б а с т ы* (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Тұра қашқандай болған жоқ па, батырың. *Ж а т қ а н ж ы л а н н ы ң қ ұ й р ы ғ ы н б а с қ а н ө з і* (К.Қазыбаев, Ызғар).

Жау жыланы өтті. *Арада іріткі болды, арасына от түсті.* Елде қалған ағайын, Шаруаға жақсы қараңыз, *Ж а у ж ы л а н ы ө т п е с і н,* Ашылмасын араңыз (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Жылан арбап отыр. *Қатты ойға кеткен адамға қарата айтылады.* – *Ж ы л а н а р б а п о т ы р с ы ң б а,* шайыңды іш, суып қалды. Қайта-қайта самаурын қояр шамам жоқ, – деген әйелінің даусы ойын бөлді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жыландай белі бүгілген. *Жарау ат туралы айтылады.* Қазығында тігілген, *Ж ы л а н д а й б е л і б ү г і л г е н,* қырымнан қара көрінсе Құлағын жұптап үңілген, Жауырыны жазық тақтадай, Жалы жұмсақ мақтадай (Базар жырау, Шығ.).

Жыланды үш кессе де, кесірткелік қауқары бар. *Оңайлықпен жеңіле, беріле, өле қоймаймын деген мағынада айтылады.* – Жеңдім, – деп тұрсың ғой. *Ж ы л а н д ы ү ш к е с с е д е, к е с і р т к е л і к қ а у қ а р ы б а р.* Көрерміз... (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жылан жайлады. *Жылан қаптады.* Армысың, Атырауым, бозаң далам! Каспий менен Жайықтан көз алмаған, Ұмыттың ба сонау бір кездеріңді, Құлан жортса, құмыңды кезе алмаған, *Ж ы л а н ж а й л а п,* аптапқа төзе алмаған? (М.Мақатаев, Шығ.).

Жылан жайлап барады. *Тамақты қатты аңсап, ашқарақтық жасау мағынасында айтылады (бұл тіркес, көбіне, ішімді (ішіңді, ішін) сөзімен қоса айтылады)* (Қаз. тілі. фразеол. сөздігі).

Жылан жалағандай. а) *Еш нәрсе жоқ, тып-типыл, тап-тақыр.* Екі жақтағы, екі көршіміз. Созақ бен Бөген аудандарының халін көріп отырмыз: шабындық тұрсын жайылымдары *жылан жалағандай* (Ғ.Сланов, Замана,). Ортадағы дастарқан *жылан жалағандай* тап-тақыр. Соғыс кезіндегі таршылық қай үйдің болмасын берекесін алған (Н.Сералиев, Ыстық күлше). Ат, атан, шөп, астық, соғымның еті, киіз, көрпе, жастық, қап, арқан – бәрінен де ауыл *жылан жалағандай* таза (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Тап-таза, мұнтаздай.* Уау, ағайын, Іле мен Бақанас арасындағы бөгеттерді белден бастырып, көпірлер салдырып, жолды тегістеп, *жылан жалағандай* тазартып жатырмын, мол қаражат керек! – деп лепірді Ырсалды («Лен. жас»).

Жылан жорғалап өткендей болды. *Қатты шошынды.* Өн бойымнан *жылан жорғалап өткендей болған* соң, ес танды халде, таз-тақырланып жатқан далада өз-өзімнен қуыстанып, өз-өзімнен шошынғаным шығар (О.Бөкеев, Ұйқым келмейді).

Жылан жүріс. *Аяқ басысы білінбейтін, сыбдырсыз жүріс.* Тышқан аңдыған мысықтың май табан жүрісі Кенел мен Кәмештің өмірден үйренген сабағы еді. Текеш бұлардың ондай ұры жүрісін, *жылан жүріс* дейтін (Ә.Әбішев, Найзағай).

Жылан жүрісті. *Ізін білдірмейтін, зымиян әрекетті.* Қай күні Сүгір хабар етсе, сол күні... күлін көкке ұшырып кету қолынан келетін, *жылан жүрісті* пәле қатын (М.Әуезов, Шығ.). Жарқын: Жау бар, ол даусыз, ұясын, ұясын ізде. Мұрат: Бұл жаулық тегі өзіне шебер-шебер әдістер жасап алған, жымын білдірмейтін, *жылан жүрісті* жаулық (М.Әуезов, Шығ.).

Жылан жылы. *Ұлу жылынан кейін, жылқы жылынан бұрын келетін мүшел есебінің алтыншы жылы. Жылан жылы* деп аталатын жылы кедей ауыл көктемге тұрмыстан тұралап, соқтығып әрең жетті (С.Жүнісов, Жапанда.). *Жылан жылы* жылыс болады, жылқы жылы ұрыс болады (Мақал).

Жылан көз. *Қарашығы тарыдай, кішкене, өткір көз.* Оң иығын ұстай құлаған *жылан көз* Шалабайдың наганы әлі қолында, атуға бірақ дәрмен жоқ, тістеніп алып, дыбысын шығармай жатыр (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Қарасұр Жайлаубайдың бас-аяғын *жылан көзінің* қиығымен бір шалып өтеді де, ойланып қалады (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.).

Жыланның аяғын көрген. жерг. *Әккі, алаяқ, қу.*

Жылан торғайды арбап жейді. *Қолға түсірудің әрқилы тәсілі бар деген мағынада айтылады. «Жылан торғайды арбап жейді»* дегенді Ақбілек бала кезінде естіген (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жылан уы. *Улы жыланның сілекей безінен шығатын улы зат. Жылан уының* қасиеті жылан түріне байланысты. Мыс., аспидтер мен теңіз жыландарының уының құрамында жүйке-бұлшық ет қызметін бұзатын, қаңқа және тыныс алу бұлшық етін жансыздандыратын нейротоксиндер бар (ҚҰЭ). Ең алдымен *жылан уы* бауыр мен бүйрекке қауіпті. Жыланның уы денеге тез жайылады (ҚҰЭ).

Жылан шағып алғандай. *Бірден, секең етіп, шар етіп.* Ендігі сәтте ол *жылан шағып алғандай* атып тұрған (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жыланының басы қайтсын. *Ішіп қансын, ашқарақтығын бассын деген мағынада.* Әй, Айнаш, әлгі Прохорға арнап ашытқан бал сырадан бір саптыаяқ әкеліп берші анаған, *жыланының басы қайтсын* (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Оқ жылан. зоол. <лат. tarhometopon lineolatum> *Қысқа әрі жіңішке, атылғыш жылан.* Нөсер өткен қара жолдың қағындай, Жүз бұзылып, жүз байланып сабындай Бір айран көз қадалады ұрлана, У жинаған *оқ жыланның* жағындай (Е.Ибраһим, Көкше.).

Ордалы жылан. *Ұялы тобыр.* Құлазыған қаңсыған, Шаңырағын шаң басқан Қара құрты құжынап, *Ордалы жылан* арбасқан (Қ.Аманжолов, Шығ.). Ол *ордалы жылан* ордасы Зәрін шашып қайнаған Өткен ғасыр күндерде (Т.Жароков, Шығ.). «Моп-момақан, – деп күбірледі, – ішіне кірші, *ордалы жылан* секілді» (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Сұм жылан. *Улы, шақса өлтіретін жылан.* Торғай қашан аузына кеп түскенше, оқты көзін қадап қойып, айыр тілін жалақтатып жатады екен *сұм жылан* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Сұр жылан. *Сұр түсті жылан. Сұр жыланның* найза басы қақшиған, бейне ажал. Алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң-жалаң еткізіп, ысқырғанда, өңменіңнен өткізіп, арбап, буып, уытын жиып, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Іштен шыққан шұбар жылан. *Басқаға «жаман» болса да, өзі үшін «жақсы»; өзінен туған бала. Іштен шыққан шұбар жылан* емес пе, қала жақтан бір қарайған көрінсе, кәзір шал екеуміздің де дәтіміз қалмайды (К.Баялиев, Дегелек.). Тынышсыз ұлдарының

орынсыз түштақайлығына абзал аналар қанша кейігенімен, *і ш т е н ш ы қ қ а н ш ұ б а р ж ы л а н* ғой дегендей, көп-көп дарақы қылығына кешірім жасап, іштей тынар болар (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Ішінде жыланы бар ма. *Ашқарақ, тойымсыз, тамақсау адам туралы айтылады. «І ш і н д е ж ы л а н ы б а р м а?»* – деп ойлайтұғын (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей).

ЖЫЛАН= е т. **1.** *Көзден жас шығару. Ж ы л а н б а с т а н* жас қалды көзімізде, Аға болдық өзіміз өзімізге. Бізді көздеп атты жау, талайымыз Жер жастандық тал шыбық кезімізде (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2.** а у ы с. *Жоқ-жоқ деп зарлай беру, өз-өзінен бейшара болып көріну.* Қарап отырып *ж ы л а н а* береді. Нағыз мұқтаждары қанша болады екен? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫЛАНБАЛЫҚ з а т. з о о л. <лат. anguilla anguilla> *Тұрқы 3 м-ге, салмағы 65 кг-ға дейін жететін, терісі тегіс, қабыршақсыз, жылан тәрізді сүйекті балықтардың бір отряды. Ж ы л а н б а л ы қ т а р д ы ң* 22 тұқымдасқа бөлінетін 350 түрі бар, бір тұқымдасы – тұщы суларды, қалғандары теңіздің тайыз жерін мекендейді, негізінде жыртқыштар. Дене тұрқы – 3 м, салмағы – 6 кг, ұзын жылан тәрізді, терісі қабыршақсыз. 3-8 млн түйір уылдырық шашады да, өліп қалады. Еті майлы, кәсіптік маңызы бар (Қаз. тілі. термин. Биология.). Сөйтіп, бұл ау көктемнен бастап қыс түскенше суда болады. Мұндай ау лососьтарды, *ж ы л а н б а л ы қ т а р д ы* аулауға арналған («Лен. жас»). Балықшылардың құрған ауы Каспий теңізі үшін әдеттен тыс балықты – бір метрлік *ж ы л а н б а л ы қ т ы* алып шықты («Қаз. әдеб.»). Балықтың енді бірі *ж ы л а н б а л ы қ*, Жүреді су түбінде бұлаң қағып. Балықтың түрін көріп тауыса алмайсың, Тұныққа қанша төнсең көзің талып (Қара өлең).

Жыланбалық тәрізділер. з о о л. <лат. anguilliformes> *Сүйекті балықтардың бір отряды.* Қазба қалдықтары бор кезеңінен сақталған. *Ж ы л а н б а л ы қ т ә р і з д і л е р д і ң* 23 тұқымдасына бірігетін 350-дей түрі бар (ҚҰЭ). *Ж ы л а н б а л ы қ т ә р і з д і л е р* – негізінен жыртқыш балықтар. Көптеген түрі кәсіптік балық ретінде ауланады (ҚҰЭ).

ЖЫЛАНБАС[1] з а т. б о т. *Басында жүгері тәрізді дәні бар, мысыққұйрық тектес шөп* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛАНБАС[2] з а т. ж е р г. *Басы жыланның басына ұқсас, үсті өте жылтыр кесіртке.*

ЖЫЛАНБАС[3] з а т. ө с. <лат. dracocephalum> *Еріндігүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.* Олардың арасындағы – Голоскоков *ж ы л а н б а с ы* (D. goloskokovii), Павлов жыланбасы (D. pavlovii), Қаратау *ж ы л а н б а с ы* (D. karataviense) – республика жерінде сирек кездесетін эндемик түрлер. Соңғысы өте сирек кездесетін түр болғандықтан, қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (ҚҰЭ).

ЖЫЛАНБАС[4] з а т. э т н. *Көз тимесін деген ырыммен балалардың тақиясына тағатын жыланның кептірілген бас сүйегі.*

Жыланбас білезік. қ о л ө н е р. *Екі басын сүйірлеп, жыланның басына ұқсатып жасаған білезік түрі.* Жиегіне жақұт тастарын қондырған шолпы, алтын тана, *ж ы л а н б а с б і л е з і к,* өрнек күмістен істеген сырға, қып-қызыл маржан тасынан тізген шолпы берісі Бұхар, әрісі Бағдат базарында қараған көзді сүріндірді, делдалдың қолын дірілдетті (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖЫЛАНБАУЫР[1] с ы н. **1.** *Жыланның бауырындай; ирелеңдеген (қамшы).* Жұмабек *ж ы л а н б а у ы р* қамшымен Орынғалидың иығындағы дорбаны бір салып, шаңын бұрқ еткізді де, көк байталды бүйірге тепкілеп, шауып ала жөнелді (М.Дүйсенов, Мейман.). Соны көргенде Мәдидің жанын әлдененің жалыны жалап өткендей іші қыз-қыз қайнап кетті де, бүлдіргесі шынашағына ілулі тұрған *ж ы л а н б а у ы р* қамшысын ұстай алды (Ә.Әбішев, Найзағай). Қолымда бір қамшым бар *ж ы л а н б а у ы р,* Тоқтының қыстан қалған құйрығы ауыр. Алыстан аңсап іздеп жүргенімде қонсайшы көрші болып сіздің ауыл (Қара өлең). **2.** *Шынжыр табанды (трактор).* Осы сәт даладан азан-қазан шу естілді. Үдіре сыртқа шықтық. Сұмдық. Қақпа алдында өрт сөндіретін машина мен *ж ы л а н б а у ы р* трактор текетірес боп тұр («Қаз. әдеб.»). Кеудесінде кең даланың, арасында ен жырдың *Ж ы л а н б а у ы р* тракторға тіркеуші боп сен жүрдің (М.Шаханов, Қасырлар.). // *Шынжыр табанды трактор.* Қаланың кішкене үйлері дірілдеп, терезелері сылдырай бастады. Екі көзі жарқырап, ұзын-ұзын үш шанасын тіркеп алып, *ж ы л а н б а у ы р* келе жатыр (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫЛАНБАУЫР[2] з а т. қ о л ө н е р. *Жыланның бауырын көзге елестетін ою-өрнек түрі.* Кәдімгі *«ж ы л а н б а у ы р»* деп аталатын Отырар зергерінің қолтаңбасы бұл. Әлгі өрнекте қыздың қасы секілді қиық сызықтар мен тарыдай ноқаттар алмасып отырады (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖЫЛАНБАУЫРЛАЙ ү с т. *Ақырындап.* Бірақ оңаша өңірге қарай жылжымай, қызыл көмейі көріне бақырған балуан бел аюдың бауырына бөрі жамылғы астымен *ж ы л а н б а у ы р л а й* енді (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛАНБӨКТЕРГЕН з а т. а с т р. *Экзаторлық шоқжұлдыз. Ж ы л а н б ө к т е р г е н ...* июньде айқын бақыланады (ҚСЭ).

ЖЫЛАНБҮРКІТ з а т. з о о л. <лат. circaetus gallicus> *Қауырсыны қоңыр-қызғылт, денесінің үсті түнжыр, төменгі жағы ақшыл, бауырында, құйрығы мен қанат ұштарында көлденең жолақтары бар қаршыға тұқымдас жыртқыш құс.*

ЖЫЛАНДАЙ с ы н. *Жылан сияқты.* Мысықпен арбасып тұрып, жеңіле қашқан *ж ы л а н д а й* көздегі оты сөніп, жотасын бере жөнелген (М.Әуезов, Шық.). Барыс құйрығы *ж ы л а н д а й* сумаңдаған салт жолаушы кешкі салқынмен көңілі толып, жүзі жанып жөней түсті (А.Алтай, Алтай.). Жеті ғасыр ішінде, Бұғауда жүріп құл өткен, Жеті басты *ж ы л а н д а й,* Жазықсыз жанды жұдеткен (К.Әзірбаев, Таңд. шық.). Адам ашпас, тәңірі ашар Ерлерге түскен тұманды-ай. Достардың сөзі – рақат, Дұшпанның тілі – *ж ы л а н д а й* (Кердері Әбубәкір, Қазағым).

Жыландай жарау ат. *Тақ асып, жараты лған ат туралы айтылады.* Астында *ж ы л а н д а й ж а р а у* ұзын құлақ *а т,* қарында ырғайдай сойыл (Ғ.Мұстафин, Шық.).

Жыландай жиырылды. *Жақтырмады, ұнатпады.* Торшолақ баланың бұл араға кірісіп, қалаға жөнелт деген сөзін ұнатпай, Қаратаз басын бауырына алып, *ж ы л а н д а й ж и ы р ы л а* қалды (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖЫЛАНЖЕГІШ з а т. с ө й л. з о о л. ***Жыланжегіш қыран.*** Қазақстанда жұртшы, тазқұмай, сақалтай, сұңқар, қыран, аражегіш, жамансары, балықшы, түйғын, *ж ы л а н ж е г і ш,* субүркіт, кезкүйрық, құладын қаршыға сияқты құстар бар («Парасат»).

Жыланжегіш қыран. з о о л. <лат. circaetus gallicus> *Сұңқартәрізділер отряды, қаршығатәрізділер тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* Жас *ж ы л а н ж е г і ш қ ы р а н н ы ң* қақпа және бағыттаушы қауырсындарының шеті ақшыл (ҚҰЭ). Бұл белгі ересектерінде тез жойылып кетеді. Әуеде ұшып жүрген *ж ы л а н ж е г і ш қ ы р а н н ы ң* басы мен төсі қара, ал отырғанда басы – сұрлау болып көрінеді (ҚҰЭ).

ЖЫЛАНЖАЙ з а т. *Жыландарды қолдан арнайы өсіретін тәлімбақ. Ж ы л а н ж а й д а* көбіне улы жыландар өсіріліп, уы алынады да, одан қымбат бағалы дәрі-дәрмектер жасалады (Қаз. тілі термин. сөздігі. Биология.). Кей жыландардың терісінен әшекей бұйымдар да дайындалады. *Ж ы л а н ж а й д а* жыландардың тіршілігін зерттеуге де көңіл бөлінеді (Қаз. тілі. термин. Биология.).

ЖЫЛАНИРЕК с ы н. *Түзу емес, иреленген.* Алтындық ауылының құбыла жағынан ұзақ салынған шатырлы барақ ішінде әйелдер алтын шаятын да, шығыс беттегі тау бауырында жер астын үңгіп кеткен *ж ы л а н и р е к* шеріптерде еркектер алтын қазатын (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛАНКӨЗ[1] з а т. м е д. < лат. fistula> *Әртүрлі патологиялық жағдайға байланысты адам денесінде пайда болатын тесік. Ж ы л а н к ө з* іштен туа пайда болған, сондай-ақ ауру, жара, жарақат салдарынан және қолдан жасалған деп үшке бөлінеді (ҚСЭ). *Ж ы л а н к ө з* қалыпты жағдайда кездеспейді, сондықтан ол патологиялық құбылыстың бір белгісі болып саналады (ҚҰЭ). *Ж ы л а н к ө з* түрлі жарақаттардан (оқ және пышақ жарақаты) соң немесе түрлі қабынулардан (остеомиэлит, сүйек туберкулезі, парапрокрит, іріңді холецистит, панкреатит, плеврит, т.б.) кейін пайда болады (ҚҰЭ).

ЖЫЛАНКӨЗ[2] з а т. **1.** *Заттардың бетіне мәнер салу үшін қолданылатын аспап.* **2.** қ о л ө н е р. *Ою-өрнек түрі.* Шолпыны «жапырақ», «*ж ы л а н к ө з*», «қоскұлақ», «қос бұрым» деп аталатын ою түрлері өрнектеген (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖЫЛАНКӨЗ[3] с ы н. **1.** *Жыланның көзіндей; жылт-жылт еткен.* Жабықтан жіті сығалаған қыздың *ж ы л а н к ө з* ағасы тісін шықырлата қайрады (А.Алтай, Алтай.). **2.** *Жылтыраған, кішкентай, болмашы.* Бетінде *ж ы л а н к ө з* май жүзген, шамалы ыс дәмі бар кәдімгі «жіліктің майындай» дейтін сынық, сары қымызды Қараш та, Елеусіз де қанып ішіп, қызулы табын шылымның түтінімен басып отыр (Т.Әлімқұлов, Ақбоз ат).

ЖЫЛАНКӨЗДЕН= е т. *Жылтылдау, жылтырау.* Қайнады қазан бүлкілдеп, *Ж ы л а н к ө з д е н і п* май сүзді. Кілегей тартып кілкілдеп, Сорпаға сүңгіп ай жүзді (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). Осы ойдан Омардың тынысы тарылып, жанарына *ж ы л а н к ө з д е н і п* жас тұрды (Д.Досжанов, Жібек.).

ЖЫЛАНҚАЙЫР с ы н. *Болмашы, кішкене. Ж ы л а н қ а й ы р* – жылт етер май (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

ЖЫЛАНҚАРАҚ з а т. *Жылт етер май.* Бұл қай ел? – дейді Шуаш. Бұл кесіп алсаң, қан шықпас, аузына *ж ы л а н қ а р а ғ ы* жұқпастың елі, – дейді анау (Шешендік сөздер).

Жыланқарағы жоқ. *Жылан көзі жылтырағы жоқ арық, ет я қатықсыз көже.* Соғымға сойылған торы төбелдің *ж ы л а н қ а р а ғ ы ж о қ* болған соң, семіз ат іздеушілер бұл үйге мойын да бұрмайтын (ӘЖИ). Енді өзіміз тарыға бастадық. Үйдегі қаптың түбі қағылды. Көтеремнен өлген малдың *ж ы л а н қ а р а ғ ы ж о қ,* көк жасығы не төрелі ас болсын (Ө.Қанахин, Жер бас.). Сондықтан да алдыңызға

келген тамақ қалқиын десең *жыланқарағы жоқ*, шайқайын десе бұлдыры жоқ, әйтеуір бір жуындыға ұқсас атала болады (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). Жазатайым бір мәнейі себеппен арық жылқы сойыла қалса, онда оның төс етегіндегі әлгі қазы деп аталатын май болмайды, оның орнында қыртыстанған шандыр ғана жатады. Мұндайды қасапшылар *жыланқарағы жоқ*, көкжасық (кей жерде көкежасық) деп атайды (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖЫЛАНҚИЯҚ з а т. ө с. ***Құртқашаш*** *(үлкен ақ, көк гүл жаратын көпжылдық шөптесін өсімдік)*. Құмдауыттау белге көтерілгенімде арғы баурайда әуелі бәйшешек – наурыз шешек, жауқазын, *жылан құйрық*, сосын қызғалдақ, сарғалдақ, құртқашаш, тағы басқа мен атын ұмытқан алуан түрлі гүлдер жайқалып алдымнан шыға келді (Ө.Қанахин, Жер бас.) Шырмауық, кендір, қылша, *жылан құйрық*, Қанжыға, қоға, сасық, аққой болып, Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫЛАНҚҰРТ з а т. а н а т. <лат. ascaridasis> **1.** *Адам мен жануарлардың ішінде болатын жұмыр құрт; аскарида.* Адамда *жыланқұрттардың* жүзден аса түрлері кездеседі (Е.Оразақов, Дәрігер.). Іштегі *жыланқұрттыы* жоюға қолданылатын дәрі – сантонин (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). **2.** в е т. *Осы құрт арқылы пайда болатын ауру. Жыланқұрт* ауруы жер шарының кез келген жерінде кездеседі. Бұл ауру адамда бөсір деп, жануарларда *жыланқұрт* деп аталады (ҚСЭ).

ЖЫЛАНТАМЫР з а т. ө с. < лат. epipactis> *Тамыры шұбар ала жыланға ұқсайтын өсімдік.* Бұл өсімдікті, шаянмойын, орысша змеевик, не раковые шейки деп атайды. *Жылантамыр* дейтіні оның тамыры шұбар ала жыланға ұқсас келеді (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.).

ЖЫЛАНТІЛ з а т. ө с. ж е р г. < лат. ophioglossum> *Қиякты шөп. Жылантілдің* тамыры ұзын болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛАНХАНА з а т. *Улы жыландарды арнайы өсіретін тәлімбақ. Жыланханада* жыландардың тіршілік ететін табиғи орта жағдайына ұқсас жағдай жасалады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЫЛАНША ү с т. *Жылан сияқты, жыланға ұқсас.* Әбжіл қимыл әп-сәтте *жылан ша* сығып, тынысын тарылтты (А.Алтай, Алтай.). Ақиқаттың баласы ғой әр аңыз, Күн ашықта күреңітпей қараңыз. *Жылан ша* иір, жалпақтығы екі елі, – Тағылықтан тасқа түскен жараңыз (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жыланша арбады. а) *Небір амал-тәсіл, сөздермен әбден басын айналдырды.* Ана бір күні Жұмағұл келіп, Алдоңғардың үйіне қонып кеткеннен бері сіріңке қара қатын Мәймунаны *жыланша арбайтын* болды (З.Ақышев, Ақбел.). ә) *Бір-біріне тарпа бас салмай, өзара байқастап, күшін, әлін сынасып тұрды.* Бір сәт дәуітше барласа, *жыланша арбасса* қалды (А.Алтай, Алтай.).

Жыланша арбау. *Алдау, сөзбен, қимылмен, әрекетпен сиқырлау, көңілін басқа жаққа бұру.* Шұбар болса, бұндай, *жыланша арбаудың* салмағын сезбей қалған жоқ (М.Әуезов, Шығ.).

Жыланша жиырылды. *Жақтырмай қалды, ұнатпады.* Тастан алғашқыда *жыланша жиырылып*, ытырына қалса да, қартайғанда көрген ұлына жоралғы жасап, дала арланын байлапты дегенде, аздап жібігендей болды (С.Жүнісов, Ақан сері).

Оқ жыланша. *Оқ жыланның айбат шеккендегі түрі сияқтанып, басын қайқайтып.* Құдаша, бәйіт айт десең, бәйіт айтайын, Басынан қайта айт десең, қайта айтайын. Залалын сақалымның тигізбеуге Басымды *оқ жыланша* қайқайтайын (Қара өлең).

ЖЫЛАН-ШАЯН з а т. **1.** *Жылан, шаян сияқты улы, шаққыш жәндіктердің жалпы атауы.* ≈ *Жылан-шаян* қаптады. **2.** а у ы с. Жаңбырдан соң көгерген Сарыарқадай Бостандықтың күшімен көгерсін ел! Дейсіңдер: «Тыныш кетті, күнде сайлау», Кемпірден жоғарғы айтқан қай жерің кем? Жаңбырсыз ескі қалпым жарар десең, *Жылан-шаян* өршиді, болғаның жем (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

ЖЫЛАҢҚЫ с ы н. **1.** *Ызыңдаған, тілазар, ештемеге риза болмайтын.* – Иә, бармаймын. Мен не істеймін қырманда? – дедім, бірдеңеге жұмсаған кезде құржия қалатын *жылаңқы* әдетіме басып қынжылып (С.Мұратбеков, Жабайы.). **2.** а у ы с. *Көп жауатын, жаңбырлы, тұнжыраңқы, түнеріңкі.* Бүгін сол *жылаңқы* көктемнің кенет сергіп жадыраған кезінің бірі, таңертеңгі мезгіл (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек).

Жылаңқы бұлт. п о э т. *Жауар бұлт, түнерген аспан.* Жалаң шыңның желі жоқ жағын ықтап, *Жылаңқы бұлт,* жылжып бақ, жағынып бақ. Дүрлігісіп көріңдер дүлей бастар, Ойнап қалсын талайлар тағы бұқпақ (Ж.Нәжімеденов, Қызғалдақ.). Сабылып келді, міне, сәуір айы, Сәуір айы – қазақтың тәуір айы. Жылайды да тұрады *жылаңқы бұлт*, Бара жатыр не болып ауа райы?! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫЛАҢҚЫЛАН= е т. *Жылану, жылай беру.* Қырсыққанда күннің де кешкіріп қалғанын көрдің бе? – деді Бөбек *жылаңқылаңып* (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖЫЛАҢҚЫРА= е т. *Жылай түсу, көбірек жылау. Жылаңқырап* мауқын бассын деген

адамша Сұлусары үнсіз Қаншайымның басынан сипап қояды (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖЫЛАҢҚЫШӨП з а т. б о т. <лат. lythrum> *Гүлі масақ тәрізді топтанған, күрең қызыл түсті біржылдық немесе көпжылдық шөптесін өсімдік. Ж ы л а ң қ ы ш ө п* өзен алқабы, арық жағаларында, шалғында, батпақты жерлерде, Қазақстанның жазық далалы аудандарының бәрінде дерлік өседі (ҚСЭ).

ЖЫЛАП-ЕҢІРЕ= е т. *Жылау, еңіреу, боздау.* Тасқынның тақсіретін тартып, *ж ы л а п-е ң і р е п* пана іздеп келгенде, Қасымбек Жұмағұлды қолтығының астына алды (З.Ақышев, Аңбел.). Сөйтіп *ж ы л а п-е ң і р е п* жүргенде көрген жалғыз қыз. Бағила Бақытқүлден кейін жіңішке ауруға шалдықты да, бес жылдай сүйретіліп жүріп көз жұмды (З.Шүкіров, Қиын түйін). Аманкелді Мәкенмен сөйлеспек болып еді. Ол *ж ы л а п-е ң і р е п,* «жат қолына шырылдатып берме» деп бәле қылды (М.Жұмағұлов, Қыран.). Қайын сіңлім мені *ж ы л а п-е ң і р е п* ауыл шетіндегі қабаққа дейін ұзатып салды (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫЛАП-ЕҢІРЕУ *Жылап-еңіре етістігінің қимыл атауы.* ≈ Екі кемпірдің *ж ы л а п-е ң і р е у і.*

ЖЫЛАП-КӨРІС= е т. *Жылау, көрісу, бір-бірін сағыну.* Ал азат етілген бұл елді пункттердегі халық зарыға күткен өз армиясының жауынгерлерін қуанышпен, құшақ жая қарсы алып, фашистердің көрсеткен қорлық-зорлығын айтып, мұңын шағып, қуанғаннан *ж ы л а п-к ө р і с і п* жатты (Б.Жетпісбаев, Жорық.). Кеше ғана лагерь қақпасының аузында *ж ы л а п-к ө р і с к е н* ең жақындары осылар емес пе еді?! (Т.Ахтанов, Таңд.).

ЖЫЛАП-СЫҚТА= е т. **1.** *Дауыс шығарып, дауыс шығармай, іштей жылаулардың жалпы атауы.* Станция басы ығы-жығы адам. *Ж ы л а п-с ы қ т а п* жүрген жұрт. Гу-гу етіп, бірінің сөзін бірі тыңдамайды (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Көпшілік жас жауынгерді кеу-кеулеп әкетті. Ақ жаулықты аналар мен жыртық тымақты шалдар кезек-кезек көрісіп, *ж ы л а п-с ы қ т а п* жатыр (З.Асабаев, Ар соты). Дүние-ау, үй ұлар-шу, қым-қуыт, азан-қазан: әйтеуір бір қырдың ба, қалың жиделі тоғайдың ба, бәлкім, құрақты шалқар айна көлдің бе, ар жағынан *ж ы л а п-с ы қ т а ғ а н* дауыс шығып, үздік-үздік талып жеткен (О.Бөкеев, Үйқым.). **2.** *Қайғыру, қамығу, жылау.* Енді *ж ы л а п-с ы қ т а й т ы н* ештеңе жоқ, болар іс болып қойған соң, бәрекелді деу керек (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫЛАП-СЫҚТАУ *Жылап-сықта етістігінің қимыл атауы.* Үй іші түн ортасы ауғанша *ж ы л а п-с ы қ т а у м е н* болды (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Қыз-келіншектер аз. Көп алдында *ж ы л а п-с ы қ т а у* жаман ырым. Көз жасы тек кебін кигендерге ғана жарасты (М.Дүзенов, Әке.). Көз болса зарлап, қақсап не қыламын, Жарығын ай мен күннің сағынамын. Бір жаққа бара алмаймын өз бетіммен, Біреуге *ж ы л а п-с ы қ т а п* жалынамын (Қара өлең).

ЖЫЛАП-СЫҚТАУСЫЗ ү с т. *Жыламай-сықтамай, қайғырмай.* Қожаға оңай соқпайтыны – жүрегі ет әр бала әз анасын ақтық сапарға азапсыз, *ж ы л а п-с ы қ т а у с ы з* шығарып салмас еді (О.Бөкеев, Үйқым.).

ЖЫЛАРДАЙ: жылардай болды. с ө й л. ***Жыларман болды***. Бүркіт кеудесін адал жалаңаштап келгенінде жүрттың бұны түсінбегеніне *ж ы л а р д а й б о л ы п* өкпелеп, есіктен ата жөнелді (І.Есенберлин, Қатерлі.).

ЖЫЛАРМАН ү с т. *Жылайтындай, жылармықтай.* Шын мүләйім адамның даусымен *ж ы л а р м а н* күйде шойнаңдай басып келе жатқан адамға оның жаны ашығандай болды (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

Жыларман болды. а) *Қатты қиналды.* Әнуар қинала орнынан тұрды да, *ж ы л а р м а н б о п* тұрып, қайғылы хабарды естіртті (Біздің Мұхтар). ә) *Қатты жалынды, жалыныштықүйге түсті.* Нұрлан жік-жаппар жалынып, *ж ы л а р м а н б о л ы п* жақындай түсті (З.Шашкин, Сенім.).

Жыларманға келді. *Айтар сөзі қалмай, қылар шара таппай, жылауы ғана қалды деген мағынада.* – Каримов уақытым жоқ дейді. Сонда мен не істемекпін? – деп Сақыш *ж ы л а р м а н ғ а к е л д і* (М.Дүйсенов, Гүлжан.). – Болады, ататай, болады! Апам айтқан: олар – қан қызыл күшіктер! Неге болмасқа! Сіз шынымен сенбеймісіз? – деп бала ойы мен сенім, сезімін жеткізе алмай *ж ы л а р м а н ғ а к е л д і* (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛАС= е т. **1.** *Қосылып жылау.* Аңыраған ел жер қайысқан қалың топыр боп кеп, бірнеше күн *ж ы л а с ы п,* аза салып болды да, ақыры Бөжейдің жаназасын шығарды (М.Әуезов, Таңд. шығ.). **2.** *Бір-біріне мауқын басысу, солығын басысу, іш босатысу.* Соның қамын ойлаумен үйіндегі кемпірі мен екеуі жалғыз отырғанда *ж ы л а с ы п,* жүдесетін (М.Әуезов, Шығ.). *Ж ы л а с ы п,* көрісіп, үндемей төмен қарап, біраз отырысты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Тіріде сыйласпаған, өлгенде *ж ы л а с п а й д ы* деген, тегі, рас та (О.Бөкеев, Үйқым.). Екі бала аяулы ұстазымен *ж ы л а с ы п* қоштасты (Б.Серкебаев, Өткенде.). Бірге күліп, *ж ы л а с қ а н,* Пәк көңілдер бір жүрсін. ...Мына дала, мына аспан қимай тұр ма, кім білсін?! (М.Мақатаев, Шығ.). Құдайым-ай, еске алатын да емес, бірақ амалдары қанша, басқаның емес өздерінің

өмірі... өздерінің тағдыры болған соң оңашада күңк-күңк естеріне алып кейде күліп, кейде *жылас ы п* алатындары бар еді (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей).

ЖЫЛАСТЫР= е т. *Жылаттыру; қайғыға салу, қинату.* Жақтырып қызды сынап ұнастырды, Бұл қыздың аты-жөнін сұрастырды. Жауабын алдыңғы жыл қабыл алмай, Өкініп биыл танып рас білді. Отына ғашықтықтың бұл да күйіп, Екеуін тағдыр кезек *жылас ты рды.* Қаны қызып, жаны сүйіп ғашық болса, Адамға ғашықтықты мирас қылды (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛАСУ *Жылас етістігінің қимыл атауы. Жылас у ға* көз жақсы, сыйласуға жат жақсы (Мақал).

ЖЫЛАСЫП-СЫҚТАС= е т. *Көрісу, жоқтасу, мауқын басысу.* Әлгінде ғана ауыл үйдің қатындары кіріп шығып, қос абысын біраз *жылас ы п-сы қ тас ы п* алған (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Осы жайларды айтып *жылас ы п-сы қ тас ы п* олар киіз үйлерін жығардан бұрын «аруақтармен қоштасамыз» деп, үй басы мал сойды (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖЫЛАСЫП-СЫҚТАСУ *Жыласып-сықтас етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Жылас ы п-сы қтас у мен* болды.

ЖЫЛАТ= е т. **1.** *Жылатып отыра беру, жұбатпау.* Жалғыз қалсаң бір үйде, өзіңді-өзің *жылат ты ң,* Мөлдіреген көзіңді қайғылы жаспен шылаттың (М.Жұмабаев, Шығ.). Не сұрайды? *Жылат пашы.* Сұрағанын берсеңші, Енді мұның жылағанын Есітпей-ақ өлсемші... (М.Мақатаев, Шығ.). **2.** *Зорлық көрсету, қинау, қайғы әкелу.* Бірді *жылат ы п,* бірді қайғымен күрсіндіріп, солдырып, тамам елді қабағын түсіріп үркіткендей болып, тез шарлап жайылып кетті (М.Әуезов, Шығ.). Сондай ғазиз жанды, ел анасын *жылат қан* адамға қалай ғана бүйрегің бұрады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). *Жылат сам* да, талап жесем де, үн шығарма, тұяқ серіппе дейсің бе? (М.Әуезов, Абай жолы). **3.** *Қапаландырып еңіретy, зарлату, қақсату.* Һамма жанды аулымен Патша Құдай сынайды. Бір сен емес *жылат қан,* Сыңарын алып талайды (Абай, Тол. жин.). Күйдірген соң шыдатпай, Қоя ма екен *жылат пай* (Абай, Тол. жин.). Әділ, атақ алмақшы ниеті бар Ешкімді ауыртпастан, *жылат пас тан* (Абай, Тол. жин.).

Ел жылатты. *Елге ауыртпалық түсірді, сорын қайнатты.* Соғысты біз сүймейміз *ел жылат қан* Ол ісі қан құмардың қарғыс атқан (Жамбыл, Шығ.). Сұрады балалардан нағылды деп, Бала айтты ақтың қолы қағынды деп. Нұрбайдың қолы келіп, *ел жылат ып,* Даласы Үштөбенің шабылды деп (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Саумысың, аңғал батыр, аусар дәуім, Ежелден *ел жылат қан* ата жауым. Мен міне, Әлімқара керек болса, Келмейді мұнда деген қандай дауың?! (Ә.Әленов, Әлімқара).

Көзден жас шығарды. *Жылауға келтіру, жылауына себеп болу.* Дүние бізді алдап жүр, Алдына ажал жарлап тұр. Күлгендерді *жылат ы п,* Жүргендерді торлап тұр (Кердері Әбубәкір, Қазағым). *Жылат ып* я болмаса күлдіретін, Шеберлік көрсетуге құдіретін. Табиғат тастан соғып тастап кеткен, Жартасқа жалғыз сиыр суретін (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЫЛАТҚЫШ с ы н. *Жылата бергіш, жылатуға шебер.* Ақынмын де, жақсы екен. Күлдіргішпісің, *жылат қы ш пы с ың,* қайсысы? (Ә.Тәжібаев, Аралдар).

ЖЫЛАТТЫР= е т. *Тиіскіздіру, қамқор бола алмау, жылатуға себепкер болу.* Аманатыңды орындамасам азамат болғаным қайсы? *Жылат ты рмас пын* ешкімге Ақжаңылыңды! – деді Көкшағыр (Д. Әбілев, Арман.).

ЖЫЛАТУ *Жылат етістігінің қимыл атауы.* Сейілдің барлық мақсаты – қайткен күнде мені бір *жылат у* (Ә.Көшімов, Екі бүркіт). Титтейінен малшыны сөгіп, жерлеп: «Сақалды ит, етігім тарт, бермен кел!» – деп, Көршінің балаларын келемеж қып, *Жылат у* болмап па еді оған ермек? (С.Торайғыров, Алаш ұраны).

Қан жылату. *Зар жылату, зорлық, қиянат жасау.* Тумайды жұртын *қан жылат уға.* Туады жүректерді нұрлантуға. Өлеңін орамал ғып өтеді олар Көз жасын адамзаттың құрғатуға (М.Әлімбаев, Көңіл күйі.).

ЖЫЛАТЫП-ЕҢІРЕТІП үс т. *Күштеп, зорлап, еріксізден.* Ал Сарман, сен безектеме. Бұл заңнан сен де құр қалмауға тиіссің. Бой жеткен Қаншайымды *жылат ып-еңіретіп* он үш жасар балаға бердің (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Қыздың туа сала айттырылып қоюы, қалыңмал берген кісінің *жылат ып-еңіретіп,* қыздың еркіне қарамай алып кетуі – осылардың бәрі әйелдің адамдық намысын аяққа басу (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

ЖЫЛАТЫП-СЫҚТАТ= е т. *Жылату, еңірету.* Шешем байғұсты *жылатып-сықтат пай,* қапаландырмай, қайбір жайдан-жай ала салады ғой дейсің (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖЫЛАУ *Жыла етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Көзінен жас шығару.* – Не болсам да болайын, тек *жылау ың ды* қойшы, балам, қатардағы бөлмелерде кісілер бар, ұят болады!– деді (С.Садуақасұлы, Танымдық зерт.). Кемпір көлдей жасын төгіп, *жылау дан* басқа түк бітірмейді (Қаз. ертег.). Бала *жылау ын* қойып, қасықпен берген сүтті кәдімгідей іше бастады (І.Есенберлин, Шығ.). **2.** *Қайғырғанын*

сыртқа жылап білдіру. Жылауға Гүлжәмила арланады, Қыран ғой, ақыл ойлап қарманады. Сарайға қырықтан басқа пенде қоймай, «Бір ақыл жасалық», – деп ойланады (Ә.Найманбаев, Шығ.). **3.** *Қайғыру, қайғылану. Жылаумен* зарлы болды үн, Кедейлер құл, әйел күң. Мақсатына жеткен кім? (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Саржазықтың сауырын Солқылдатты бұл хабар. «Керегі жоқ *жылаудың*» – Деп жұбанды аналар (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Бұрынғы оң жағын қимай *жылау* бір басқа, мынау басқа (Р.Тоқтаров, Ертіс.). **4.** жер г. *Жоқтау.* Беріште Абыл деген өлгенде оған *жылау* шығарыпты (Қаз. тілі. аймақ. сөзд.). «*Жылаудың* айт десеңіз жөнін маған, Бір жанмын бастан қайғым арылмаған. Рақатсыз сорлылығым еске түсіп, Сыртым сау, ішімде шоқ жалындаған (Ә.Найманбаев, Шығ.). Жетім балалар мен жесір жар, *жылаулар*, аналар айырылу күйігінен жалын атады (М.Әуезов, Шығ.). **5.** ауыс. *Шағыну, зарылдау.* Ұлы көште жүгім менің мың ауған. Не табамын шағынудан, *Жылаудан?!* Тфә! Тфә! Қалғандаймын құтылып Апта сайын ауыратын тұмаудан (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жылау күндер, бұлау күндер. *Қайғы-қасіреті мол, ауыр кез.* Ұзақ өмірінің ішінде қилы-қилы замандарды басынан өткізіпті. *Жылау күндер, бұлау күндерді* көп көрген (О.Сәрсенбаев, Шығ.).

Жылауын баспақ болды. *Жұбатқысы келді, алдартпақ болды.* Енді біразда, әйелдердің *жылауын баспақ болып*, «Сүннатаны» мақамдап бастап кетті (М.Әуезов, Шығ.).

Жылаумен болды. *Жылай берді, көп жылады.* Әлденеменеге арланып, әлденеменеге қорланып, өксіп *жылаумен болды* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Зар жылады. *Зар иледі, күндіз-түні есіне түссе болды жылай берді, зарланды.* Жалғызым, құрғыр патша өлмеді ме? Бір Алла тілегіңді бермеді ме? «Шерін!» деп күндіз-түні *зар жылаушы* ең, Жаныңа қосылуға келмеді ме? (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛАУКЕР зат. жер г. ***Жылаңқы***. Ол нағыз *жылаукердің* өзі (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛАУҚОР сын. сөйл. *Жылауық; арызқой, шағымшыл.* Мына елден келген *«жылауқор»* ағайынды көріп тұрасың ба? – деді Ыбырай көзін қысып (Д.Әбілев, Арман.). Ешкімге әкімшілік жүргізіп, ел арызын тексермек емес еді. Амал жоқ, *жылаукор* елдің тілегіне құлақ аспауға тағы болмайды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Бұл өкімет байлардікі, күштілердікі болғандықтан, *жылаукордың* көз жасы көрілмей, тілегі берілмеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫЛАУЛЫ сын. *Жылап-сықтаған; қайғы-қасіретті.* Үй ішінде әйел-еркек те көп, Жұрттың бәрі *жылаулы* (М.Әуезов, Абай жолы). Мәжиттің қабіріне қарай ентелей төнген мынау *жылаулы* жұрттың ішінде оған тірісінде тісін қайрамаған бір пенде жоқ деймісің? (С.Адамбеков, Қанат.). // *Жылап-сықтаған адам.* Көз жасы *жылаулының* болып қабыл, Көбейді зорлықшыға өшті-қашты. Кісіден көретұғын дәнеме жоқ, Рауа боп, өз абыройын өзі ашты (М.Көпеев, Тірлікте.).

ЖЫЛАУРА= етс өйл. ***Жыламсыра.*** Жүздескен сайын *жылауран,* Жаныңның лебін сезінген, Сиқырлап сол бір сұлу шақ, Алыстап кетті-ау көзімнен (Н.Шәкенов, Айгүл). Шешін, қалқашым! – деді Исабек, даусы *жылауран* күңіреніп шықты (Д.Әбілев, Арман.).

ЖЫЛАУСЫЗ сын. *Жыламайтын, сықтамайтын.* Байғұс баланың *жылаусыз* күні бар ма, жылап тұрып айтыпты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Бір ауыл өлгенде бүкіл уезд жылау керек қой, бірақ ешкім жыламайды. *Жылаусыз* өлім қандай жаман еді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫЛАУ-СЫҚТАУ зат. *Жылау, қайғылану, зар қағу.* Жалғыздары жазылып Кедейлерден кетті күй. *Жылау-сықтау,* қайғы зар Болды сорлы қараша үй (О.Шипин, Дастан.). Абзал аңдаусызда тағы бір абыройсыз шаруаға басын сұққанын кейін ұқты. Тағы да жиналыс, тағы да сүрен-дау, *жылау-сықтау* (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖЫЛАУСЫРА= етс өйл. ***Жыламсыра***. Мына жігітке көзі түскен сайын көптен таныс, тіпті жақын адамдай *жылаусырап* барады (А.Шамкенов, Толқын.). Жолаушы да *жылаусырап* барады («Қаз. әдеб.»).

ЖЫЛАУШАНДАЙ сын. сөйл. ***Шылаушындай***. Жауын құрты – *жылаушандай* ғұрлы көрмей келген қатқан қара қатыны, әне, уытын шашып, оқ жыланша атысып тұр (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫЛАУЫҚ[1] сын. **1.** *Жылай беретін, жылағыш.* Оспан әкесі ұрғанда жыламаса да, шешесі ұрған уақытта тіпті *жылауық* (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Жалғыз түйе бақырауық, жалғыз бала *жылауық* (Мақал). Мен ойланып тұрып қалдым бір ауық, Батыс жаққа бара жатты күн ауып. Сол ойымды быт-шыт қылды бірақ та, Көрші апайдың тентек ұлы *жылауық* (М.Шаханов, Ғасырлар.). Болма енді *жылауық*, Жүрші ылғи тіл алып. Қонақ келсе сен үшін Қалмайық біз ұялып (Қ.Мүсірепов, Алау.). **2.** ауыс. *Барды жоқ деп жыланып отыратын (адам).* – Оның рас. Қазақ сұрамшақ,

ж ы л а у ы қ жүрт қой (Ж.Аймауытов, Шығ.). Бұл қазақта ұғымы бар «заржақ» деген, Бүгін барлық ақындар зарлап өлең Жазып кетті, қарғайды әлде кімді, Болмай қойды ашуда «алды-арт» деген. Өлең – деген сезім ғой, жан күйі ғой. Бәлкім, ол да дұрыс па – ойлай берем. Кіл *ж ы л а у ы қ* өлеңнен өнер шықпас, Қанша сыйлап, ықылас қойғанменен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). // *Жылана беретін адам.* Еркектен біз жұбату күтсек, ал еркектер бізден күтсе, онда не болады? Жер беті өңкей *ж ы л а у ы қ-қ а* толып, ондай өмір бола ма? (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **3.** а у ы с. *Жауынды-шашынды, толассыз, жауыны бар.* Сол бір күзгі бұлтты *ж ы л а у ы қ* күн әлі есімде (З.Шүкіров, Ізгілік.). *Ж ы л а у ы қ* көктемнің жауынды күндері де жадыратпай қойды («Қаз. әдеб.»). Күздің *ж ы л а у ы қ* аспаны қайта түнеріп, таңертең ғана толастаған жауын жаңадан және басталған екен (Ә.Нұршайықов, Батыр.).

Жылауық күз. *Күн салқындай бастаған, жауын-шашынды, лайсаң күз мезгілі. Ж ы л а у ы қ к ү з д і ң* ызғарынан гөрі қайғы-қасірет қаңтардың аязынан бетер жан-жарасын жұлқылап мұздатқан, тіпті қара қошқыл аспан да, қара жамылып күрсінген күрең дала да, қарқарадай қасқайып тұратын тәкаппар тау да қайғыдан езіліп, қол-аяғын бауырына алып бүрісіп, қалжырап жатқандай еді (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жылауық бұлт. *Әлсін-әлсін, аз-аздап қайталап жауар бұл* (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

ЖЫЛАУЫҚ[2] з а т. б и о л. *Жан-жануарлардың ішкі құрылысында, басында болатын, ауа, су, құрт жиналатын кішкене қалташық. Ж ы л а у ы қ* ішінде жыбырлаған ақ құрт болады. Емсектердің айтуынша, *ж ы л а у ы қ* үлкейе түскен сайын миды ығыстыра отырып, малды өлтіріп жібереді (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.). Мидың үстінде көрініп тұрған, ішінде құрты бар *ж ы л а у ы қ т ы* әдейі жасытып иген жуан иненің ілмек ұшымен іліп алады (Х.Арғынбаев, Қаз. этногр.).

ЖЫЛАУЫҚТАН= е т. *Жыламсырау, жылауырау.* «Айналайын қарағым» қасқыр иегін қисайтып, бөгеттің о басы мен бұ басына *ж ы л а у ы қ т а н а* көз жүгіреді (Ә.Сараев, Ақ тымық түн).

ЖЫЛАУЫҚТЫҚ з а т. *Жылай бергіштік; сары уайымға салынушылық, жоқтан өзгені ойлай берушілік.* Кейде Абдолла жырларында сары уайым, *ж ы л а у ы қ т ы қ,* елжірлік көп дейтіндер бар («Лен. жас»),

ЖЫЛБЫРА= е т. ж е р г. ***Былжыра.*** Бүгін дауыл басылып, аспанда түйдек-түйдек бұлт жиналып, ауа *ж ы л б ы р а п,* дымқыл тартып тұр еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Тобарсыған жер *ж ы л б ы р а п* тағы да езіле бастаған (С.Мұратбеков, Көкорай.).

ЖЫЛБЫС с ы н. ж е р г. ***Тақыр***. *Ж ы л б ы с* теріден сыпыра тігу қиын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛБЫСҚА з а т. **1.** *Шала туған (іш тастаған) жас төлдің еті мен терісі.* Олар бұзау түгіл сиырдың етін де жемейді. Бұзау етін ауызға салуға болмайтын *ж ы л б ы с қ а* көреді (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). *Ж ы л б ы с қ а* – іште жатып өлген немесе туысымен өлген қозының өте жұқа терісі (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2.** з а т. *Малдың іш тастаған, толық жетілмеген төлі.* Егер іш тастаған *ж ы л б ы с қ ы д а н* бастап санасақ ол атаулар былайша жалғасар еді: қой – жылбысқы, шала, қозы, арамза, марқа, көпей, көрпеш, тоқты, тұсақ, ісек, саулық, қошқар, ақауыз (Қ.Салғарин, Қасапшылар). Ал *ж ы л б ы с қ а* мен шаланың терілері алынады да, еті итке тасталады (Қ.Салғарин, Қасапшылар). // *Былжыраған, жылп-жылп еткен.* Көктемнің көлгірсіген *ж ы л б ы с қ а* жаңбыры бізде өші қалғандай сыздықтап жауды да тұрды («Лен. жас»).

Жылбысқа қар. *Ери жауған қар.* Ери жауатын *ж ы л б ы с қ а қ а р* емес, тиген жеріне тікендей қадалатын құрғақ, шыны қар (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті).

ЖЫЛБЫСҚАЛАН= е т. *Ылжырау, былжырау.* Кейде сырғақтың арты қарға айналатыны бар, қар күн көтеріле *ж ы л б ы с қ а л а н а* еріп, ылжырап жатыр (О. Бөкеев, Үркер.). Ойдағы қар *ж ы л б ы с қ а л а н а* еріп, қалғаны тау бөктеріне күн санап көбіктене мүжіліп жатқан, түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз деп аталар ала-құла шақ еді (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖЫЛБЫСҚЫ[1] з а т. с ө й л. ***Жылбысқа.*** Өңшең жасық пен *ж ы л б ы с қ ы ғ а* үйреніп қалғандықтан ба, тым қышқылтым сияқтанып тұратын-ды (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Күз күнінің *ж ы л б ы с қ ы* жаңбырларындай болып еді, енді қайтадан үдей түсті («Қаз. әдеб.»).

ЖЫЛБЫСҚЫ[2] з а т. м и ф. *Түрі адамға да, хайуанға да ұқсамайтын, денесі дымқыл тұкті орман пәлесі* (Ж.Кейкін, Қазақы атау.).

ЖЫЛБЫСҚЫ[3] ү с т. *Жай, әрең-әрең.* Тамыры лыпымай, оқта-текте *ж ы л б ы с қ ы* ғана соғады (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖЫЛБЫСҚЫЛАН= е т. ***Жылбысқалан***. Қанға жұқалаң түбітсіз жүндері *ж ы л б ы с қ ы л а н а* жабысқан қос бөрі тынымсыз тіршіліктегі тырнақты тұяқтарын тінтіген қалпы жүзе берді, жүзе берді (Л.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛҒА з а т. **1.** *Қар, жаңбыр суы ағатын шағын өзекше, ойпаң жер.* Биыл жыра, *ж ы л ғ а л а р ғ а* іркілген азғана сулар көктемнің өзінде түгесілген (М.Хасенов, Тұлпар.).

Сол маңда тасқын су құятын көл табанмен жалғасып жататын бір жайпақ *жылға* бар-ды (Ж.Қосыбаев, Әнші Мұхит). Қазақстан өңірінде *жылғалар*, көбінесе, көктемде және күзде болады (ҚҰЭ). Таудан құлап аққан өзендер мен *жылғалар* бөгелген шатқалды сумен толтырып, көл жасаған (Ә.Бірмағамбетов, Қазақст. геогр.). **2.** *Су, тау бөктерінен төмен қуалай ағатын бұлақ суы.* Тандыр болған *жылғадан* Сарқырап тұрып су ақты. Өзен қып өрге ағызды, Жылжыған жылым бұлақты (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әлдеқалай бір қарадың, Мен отырған қыратқа. Ат суардың *жылғадағы* Жылтыраған суатқа (М.Мақатаев, Шығ.). Жәрмеңке айналасындағы үлкен тау, терең сайлар, кең *жылғалардан* жазыққа қарай шұбартып ақтарылып, ағылып жатыр (М.Әуезов, Шығ.). Анау тау *жылғасындағы* ағаш, анау көгал, анау сай-сала, анау орқаш-орқаш тас – Ақбілектің адамгершілігін аяққа таптаған, абыройын төккен жер (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫЛҒА-ЖЫЛҒА з а т. *Бірнеше жылға, көп жылға.* Сайлардан *жылға-жылға* су шұбалып, Қосылып бұлақтарға сыңсып ағып, Басқа қар аспанға ұшты, жерге кетті, «Көрсек, – деп, – жер астынан гүл шығарып» (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫЛҒА-ЖЫЛҒАМЕН үс т. *Жылғаларды қуалай, жылға бойымен.* Көше лайсаң, кешегі бүгінді еріген қардың суы *жылға-жылғамен* ағып жатыр (А.Байтанаев, Жаңбырлы.). Сылдырап, *жылға-жылғамен* аққан су құбылып, үн шығарады (К.Тоқаев, Тасқын).

ЖЫЛҒАЛА= ет. **1.** *Жылға-жылғамен бойлау, жылға-жылғаны қуу.* Ертең көктем желі соғып, қар күрт ерісе, біздe *жылғалап* су жүретін ой-шұқырлар көп болады (Ж.Исмағұлов, Адам.). Әр ауылдың тұстарында өздерінің көрініс беріп келетін қарауыл жоталары, *жылғалап* келетін сай, өзендері бар (М.Әуезов, Қараш.). Венаның көшелері сол жартастың арасымен *жылғалап* аққан өзен арнасындай (Қ. Исабаев, Жұмбақ үй). **2.** а у ы с. *Тасалану, жасырыну.* Жетті қулар *жылғалап* Бауырсақтар бума қап. Шапты біреу қалаға, Талдықорған қайдалап (І.Жансүгіров, Шығ.). Алатауды *жылғалап,* Бұлттар көшіп барады (Н.Әлімқұлов, Алатау.).

ЖЫЛҒАЛАН= е т. *Тарам-тарам болып бөліну.* Торғай өлкесінің кейбір өзендері, тіпті Торғай өзенінің өзі де әр жерде бір үзіліп, *жылғаланып,* бұрынғы арнасына жылап көрісіп жатыр (С.Мәуленов, Жер нәрі). Жалпақ жол ағаштың бауырымен ирелеңдей жүріп отырады да, қарағайлардың арасына тарамданып, бөлініп, *жылғаланып* кете барады («Лен. жас»).

ЖЫЛҒАЛАТ= е т. *Жылғамен ағу.* Тау суындай арнасы *жылғалатқан,* Жасырғандай жан сырын мұңға батқан; Бара жатыр байтақ ел шана болып, Үлкен күртік еріксіз сырғанатқан (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЫЛҒАЛЫ с ы н. *Жылғасы бар, жылғасы көп.* Тауларымыз онша биік емес, бәрі де қалың орманды, *жылғалы* келеді (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Осы сай күн шығыстағы бір шақырымдай жердегі тарам-тарам *жылғалы,* қараған, жыңғыл қалың біткен, ойдым-ойдым талды ойпатқа барып тіреледі (І.Есенберлин, Қаһар). Бас қосып қымыз мұрын тойын тойлап, Тай мініп жас балалар ойнағанда. Халықтың бұл да үлкен бір мұраты, Көкорай *жылғалы* өзен жайлағанда (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛҒАЛЫҚ з а т. з о о л. <лат. trychoptera> *Дене тұрқы 0,5–3 см, жарғақ қанаттарын тік басқан, мұртшалары талшық тәрізді, ауыз аппараты жұмсақ, біршама редукцияланған (тарихи даму кезінде қандай да бір органның жойылуы не жетілмей қалуы), сұйық заттарды жалап қоректенуге бейімделген жәндіктер класының бір отряды. Жылғалықтардың* кейбір түрлерінің дернәсілі қауға, қапшық, түтік тәріздес ау тоқып, соған түскен майда омыртқасыз жануарлармен және балдырлармен қоректенеді (ҚҰЭ).

ЖЫЛҒАУ з а т. с ө й л. ж е р г. ***Жылға.*** Далада қазақ шырқар ән, Ауылым алуан жаңарған. Өзен боп ақты *жылғаулар,* Тақырлар бүгін ну орман (Ә.Тәжібаев, Жастық.).

ЖЫЛҒАШЫҚ з а т. *Көлемі кішірек жылға.* Алтынға қыр жолы онша қиындық келтірмейді. Оның қорқынышы – «Алыбай» алқабындағы жіңішке *жылғашық* («Лен. жас»).

ЖЫЛҒАЯҚТА= үс т. с ө й л. ж е р г. ***Жылыстау.*** Аю қарағайдың ішімен *жылғаяқтап* көрінбей кетті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛҒЫ с ы н. *Белгілі бір жыл ішіндегі.* Осы күнде бұл *жылғы* берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай? (Абай, Тол. жин.). Ағаш тұқымынан немесе шыбықтан өсірілген бірінші *жылғы* ағаштың не бұтаның сапалы өнуі, оларды дұрыс отырғызуға байланысты (А.Балтабаев, Жасыл орман.).

Жүз жылғы. *Баяғыдағы, есте жоқ заманғы.* Ойланып, ойға кеттім *жүз жылғы* өткен, Тон қабаттап кигенім – шидем шекпен (Абай, Тол. жин.).

Қырық жылғы. а) *Баяғыдан келе жатқан, бұрыннан бар, тым көне, ескі, өңі тайған.* Басында *қырық жылғы* ескі киіз қалпақ, қасқабағы да, уысқа толмас сақал-мұрты да селдір Құлжаның өңі бұл жылдары тіптен қарайып, адам танығысыздай еді («Жұлдыз»). Барбосын костюмінің ішкі төс қалтасынан бетінің бедері кете бастаған картамен қоса *қырық жылғы*

кішкене қара блокнот шықты (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). ә) *Естен шығып кеткен ертедегі оқиға, жасырып жүретін әңгіме.* Әйтпесе жегеніңді құстырып, *қ ы р ы қ ж ы л ғ ы н ғ ы д ы* қазып беремін (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫЛДА ү с т. **1.** *Жыл сайын, жылына, жылма-жыл.* Дүйсекеңнің бір әдеті: *ж ы л д а* жайлауға көшіп келісімен Сорқабақ басына шығатын (Е.Домбаев, Ол адам.). *Ж ы л д а* ол қыс тақалғанда қаладан басын алып қашардай болады (С.Шарипов, Бекболат). *Ж ы л д а* ағаш соқамен жыртып, егін салатын қара айдаудың желке тұсына кеп түнеппін («Лен. жас»). Жылқысы *ж ы л д а* жеке қыстайды екен, ал қорадағы қойы көз мөлшермен жеті-сегіз жүз (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **2.** ж е р г. *Жылы.* Былтырғы *ж ы л д а* ол жемісті еңбек етті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛДАҒЫ с ы н. *Жыл сайынғы, жыл бойындағы.* Өткен жылғы қара суық күзде, *ж ы л д а ғ ы* әдеті бойынша, ол қалың әскерін елді-еліне таратты (І.Есенберлин, Қаһар). *Ж ы л д а ғ ы* мерзімді күндерінде Әбдіжан ол малдарға барып, ғылыми жұмысын жүргізіп отырды (С.Бегалин, Уақыт.). *Ж ы л д а ғ ы* жайың кімге жасырын еді (М.Әуезов, Абай жолы).

Жылдағысын жылда. *Әр жыл сайын.* Жалғыз Қартқожа емес, *ж ы л д а ғ ы с ы н ж ы л д а* кедей балаларын ертіп ала кетіп, оқуға түсіретін (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫЛДАҒЫДАЙ с ы н. *Жылдағы әдеттегідей, бұрынғы көріп жүргендей.* Жаз келді *ж ы л д а ғ ы д а й* қайта айналып, Жайлауға көшіп кетті ел сайланып, Көгалға желі тартып, бие байлап, Бестомар өңіріне қонды барып (С.Омаров, Сәукен). Экзамен бітер-бітпестен Лөззәт кетуге асықты. Бірақ *ж ы л д а ғ ы д а й* ауылды сағынып, жүрегі алып-ұшқан жоқ (С.Бақбергенов, Адам.).

ЖЫЛДА-ЖЫЛДА ү с т. *Жыл сайын, жылма-жыл. Ж ы л д а-ж ы л д а* боқжама Бояушы едім, жар-жар-ау «Бір міндеттен құтылдым», Десін шешең жар-жар-ау! (Айтыс). – Қой, оның бекершілік, дем аламыз, балалар *ж ы л д а-ж ы л д а* үйде қамалып отырмақ па? (Т.Нұртазин, Мұрат).

ЖЫЛДАЙ с ы н. **1.** *Жылға жуық, белгілі бір жыл мөлшеріндей.* Тоқбике жесір әйел. Күйеуі Әділбек қайтыс болғалы он *ж ы л д а й* боп қалған (Д.Әбілев, Арман.). Серғазы Бейсенов аз жыл оқу бөлімін басқарып, партия комитетінің секретарлығына сайланғанына екі *ж ы л д а й* болып қалды (Б.Тілегенов, Көктем.). Басып жатты бір кесел алты *ж ы л д а й*, Қызығамын қалдым-ау талай-талай. Күн мен түнді есепке алмағанда, Мен жатқалы өтіпті жетпіс екі ай (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** а у ы с. *Тым ұзақ, соншалықты ұзын.* Асыққан Балуанға жаздың қысқа түнінің өзі *ж ы л д а й* болды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.). Тұқым сепкіштің үстінде аяғын салбыратып ұзақ күн отыру Мұсатайға *ж ы л д а й* көрінді (З.Иманбаев, Солма гүл.). Больницаның әр күні *ж ы л д а й* ұзақ (Д.Әбілев, Ақын.).

ЖЫЛДАМ ү с т. **1.** *Тез, шапшаң.* Жаңа хазірет түскен мінберге енді *ж ы л д а м* басып, ажарлы жүзін халыққа қаратып, Сармолла шықты (М.Әуезов, Шығ.). Жүріп бара жатқанда Боқмұрын алып бүй деді: – Бұл барғаннан барып қайт! Ер Қосайға жетіп айт! Қос құласын байласын Шабар бала сайласын! Хан атамның асы бар, Көк дөненнің басы бар, *Ж ы л д а м* келсін ақсақал! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сәмен директордың кабинетіне *ж ы л д а м* басып кірді (С.Бегалин, Уақыт.). **2.** *Әпсәтте.* Суармалы жердің топырағы суарғаннан кейін тез нығыздалады да, ондағы су *ж ы л д а м* буланады (А.Ажкеев, Қант қызылша.). Бекасылдың үйқысы әрі *ж ы л д а м,* әрі қатты екен (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы). Солай бола тұрса да, Қ.И.Сәтбаев адамдармен тез де *ж ы л д а м* тіл табыса бермейтін (Қаныш аға). Күн бұлт, ай қараңғы, жортар құлжа, Шернияз шешен болсаң бұл сөзді *ж ы л д а м* болжа (Махамбет, Шығ.). *// Тез, уақытында орындайтын адам.* Мойындатып келеді ол өз күшін, Бұрынғыдай *ж ы л д а м б ы с ы ң,* тезбісің. Бұрынғыдай жалынбысың, өртейтін, Ертек айтып отыратын езбісің (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЫЛДАМДА= е т. *Тездеу, шапшаңдау.* Бейсенов «тоқта» деп кузовты ұрады. Бір-ақ машинаның жүрісі *ж ы л д а м д а п* барады (Т.Ахтанов, Боран). Кеуде кере дем алғанда өкпенің солыңқы шеттері жазылып, керіліп дем алуға жақсы қатысады, демек, оттегінің алмасуы *ж ы л д а м д а п,* тәніміздің барлық түкпірлерінде газ алмасу күшейеді (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.).

ЖЫЛДАМДАТ= е т. *Тездету, шапшаңдату.* Есепшілер барлық бюллетенді *ж ы л д а м д а т а* жинап, қаулы жазуға кірісе бастады (Р.Райымқұлов, Қыз – айна). Атын жетектеп, жай ілбіп басып жүрген шопан бізді көрісімен адымын *ж ы л д а м д а т т ы* (Ә.Жәмішев, Дала.). Мен үшінші тарауды *ж ы л д а м д а т а* аудардым да, Мұхтардың үйіне әкелдім (Біздің Мұхтар).

ЖЫЛДАМДАТҚЫШ с ы н. *Жылдамдататын, жылдамдықты арттыратын.* Тағы да *ж ы л д а м д а т қ ы ш* темір нақ аяқ астында, сонау бір мотор ішінде шар-шар етіп құлақты кесті (Д.Досжанов, Тұлпар.).

ЖЫЛДАМДАТУ *Жылдамдат етістігінің қимыл атауы.* 1965 жылы Балқашта тұрғын

үйлер салуды *жылдамдату* жөнінде шешім қабылданды (Ә.Нұршайықов, Менің Қазақст.). Өсімдіктің өсіп-жетілуін *жылдамдату* үшін де микроэлементтердің маңызы зор (М.Бакенов, Қазақст. ресурст.).

ЖЫЛДАМДАУ[1] с ы н. *Шапшаңырақ, тезірек.* Олар аяқтарын *жылдамдау* басып, пулеметке асылғанға жетіп келді (С.Мұқанов, Аспаз).

ЖЫЛДАМДАУ[2] *Жылдамда етістігінің қимыл атауы.* Әрбір жылдың ауа райының жағдайына қарай мақтаның өсуі мен дамуы *жылдамдаулары* не кешеуілдеулері мүмкін (М.Майлыбаев, Қазақст. мақта.). Космостық биология алдында көп мәселелер тұр: салмақ жойылуы, қимыл-қозғалыстың *жылдамдауы,* аз қозғалу және т. б. – төзімділігін арттыру (Жалпы биология).

ЖЫЛДАМДЫҚ з а т. **1.** *Шапшаң қимыл жасауға икемділік, тездік.* Сатанның Шақшайға ұнаған жері – оның *жылдамдығы,* ерлігі (І.Жансүгіров, Шығ.). Сабырлы, терең ойлы маңғаз еді, Жетпеген қатарына тең құрдасы. Сағымдай садақ жетпес *жылдамдығы,* Қырмызы қыз мінезді, қымбат басы (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Көліктердің, ұшатын денелердің белгілі бір уақытқа қатысты жүру қозғалысы.* Кеше Сайлау трактордың оқытушы айтқан жерлермен жүргізді, бұрып та, шегіндіріп те, әртүрлі *жылдамдық қа* салып та көрді (Қ.Қамбаров, Алтай.). Күнге жақындау үшін ракетаның ұшу бағытын өзгертпей, оның *жылдамдығын* бірте-бірте үшінші космостық жылдамдықтан асыру қажет («Қазақстан. мұғ.»). **3.** ф и з. *Дененің белгілі бір қашықтықты жүріп өту уақыты, қарқыны.* Күн бетінің әр нүктесі әртүрлі *жылдамдықпен* айналады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.). Бүркіт те ұшқыр құстардың бірі. Ол сағатына 150 км *жылдамдықпен* ұша алады (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.).

Енгізу жылдамдығы. и н ф. <ағыл. speed of input> *Уақыт бірлігінде саналған мәліметтер бірлігінің саны* (Каз. тілі термин. Информатика.).

Жарық жылдамдығы. ф и з. *Кез келген электрмагниттік толқынның бос кеңістіктегі таралу жылдамдығы.* Олар бірінші орынды баяғыда меншіктеп қойған, *жарық жылдамдығымен* бізден қара үзіп, ғасырлар асып кеткен (З.Серікқалиұлы, Алтын жамбы). Эйштейн *жарық жылдамдығынан* артық жылдамдық болмайды деп шешкен, оның жылдамдығы секундына үш жүз мың шақырым екендігін анықтаған (С.Абдрахманов, Елдік сыны).

Көз ілеспес жылдамдықпен. *Өте тез, әпсәтте.* Уақыт доңғалағы *көз ілеспес жылдамдықпен* зымырап отыратын кез келер (А.Байтанаев, Қайнар.).

ЖЫЛДАМДЫЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жылдамдық***. Желдің соғу *жылдамдылығы* секундына екі-үш метр болса, бір тозаң екінші тозаңға жақсы түседі (А.Алманиязов, Асқабақ.).

ЖЫЛДАМ-ЖЫЛДАМ ү с т. *Тез-тез, шапшаңдатып.* Бірақ сол сөзді айтса да, ешқайсысы да тағат қыла алмай, ойға қарап *жылдам-жылдам* басып, шұбырып, шегініп бара жатты (М.Әуезов, Шығ.). Жатпаған соң *жылдам-жылдам* жылжып іс, ұмыт болған менің үшін құр жүріс. Жүйкеңді жеп ертелі-кеш бір шаруа, Тас боп жатыр бүйрегімде бір жұмыс! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан.).

ЖЫЛДАМЫРАҚ с ы н. *Тезірек, шапшаңырақ.* Сатан түйе арасында көп жата алмайды. Оған неде болса *жылдамырақ* кету керек (І.Жансүгіров, Шығ.). Қаражан енді қарап тұрмады, анадан *жылдамырақ* қимылдады (І.Есенберлин, Шығ.). Жанар *жылдамырақ* басып ілгері кетті, жастарға қосылды (К.Қазыбаев, Аманат). Тау басында бар қара ұсақ топырақ, Қапқа толтыр кешікпей *жылдамырақ.* Қап толған соң арқаңа байлап жібер, Саспай, шешіп алғанша тоқта бірақ (Абай, Тол. жин.).

ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА ү с т. *Жыл өткен сайын, жылма-жыл.* Бұндар өзара сұрыпталып, *жылдан-жылға* еңшеліп, іріктеліп отырылды (М.Ермеков, Қазақст.). Ырғалған жусаны мен изені *жылдан-жылға* ысырап болып қалып жатыр (Т.Ахтанов, Таңд.). Сен жаңа қазақ *жылдан-жылға* өседі, сонан соң өзді-өзін қысады дейсің. Қазақ өзді-өзін емес, бірте-бірте оны орыс қысып келе жатқан жоқ па? (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бірақ Әбен *жылдан-жылға* сырғып түсіп, ол жылдарды биылғы жылмен салыстыра бастағанда, жұрт бір-бір қозғалып, еңселері көтеріліп кетті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫЛДАП ү с т. **1.** *Бірнеше жыл бойы. Жылдап* көріспегендей екі дос құшақтаса сүйісіп, аймаласа әзілдесіп жатыр (Т.Жанкелдин, Партизан.). Тіпті *жылдап* іздеген абзал жаныма дәл бүгін, осы арада кезіге кету, үш ұйықтасам түсіме кірмейтін (К.Асанов, Сағыныш.). Бұл кешіккен бе, баяғыда келіншектер атаанасын *жылдап* күтетін (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). **2.** *Жыл өткен сайын, жылма-жыл.* Қырандардың жүрегі Неге уақытқа бас ұрмақ!? Құзғын өмір сүреді *Жылдап* емес, Ғасырлап? (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Академияның құрамында ғылыми мекемелер *жылдап* қосыла берді (Қаныш аға).

ЖЫЛДАС с ы н. *Бір жылда туған.* Әкемнің де, менің де жылым сиыр еді, бізбен *ж ы л д а с* екен ғой ол кісі (С.Мұқанов, Менің мектеп.). Мұңы мұндас менімен, жылы *ж ы л д а с* менімен, Мақұл көрсең әлеумет, Сөз айтамын шынымен, Жүрейін соның жолымен (Қобыланды батыр). Жасы бар жиырма бесте, жылы *ж ы л д а с,* Албыртпен бір жыл туған құрдас еді. Бір күні бас уәзірі қасына кеп, Отырды оң жағынан қосыла кеп (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЖЫЛДЫҚ с ы н. **1.** *Белгілі бір жылға созылған.* 1956 жылы Қазақстан Мәдениет министрлігі Алматыда кітап сатушыларды даярлау мақсатымен жүз кісіге арнап бір *ж ы л д ы ң* курс ұйымдастырған екен (С. Мұқанов, Өсу жол.). Пайғамбарымыз саллалаһу ғалайһи уәссалам «ақыр заманда бір *ж ы л д ы ң* бір күн болар» деген (Абай, Тол. жин.). **2.** *Бір жылға жететін, жыл бойына керекті.* Сол кезде *ж ы л д ы ң* керегін Албан баласы осы жәрмеңкеден күреп алады (М.Әуезов, Шығ.). Бекінді жаудың көбі жардан үңгіп, Жарық қып жар астынан ашты түндік. Пеш салып, есік салып, қада қағып, ішіне отын, тамақ жиды *ж ы л д ы ң* (О.Шипин, Дастан.). **3.** ж е р г. *Жыл.* Оған биыл екі-үш *ж ы л д ы ң т ы ң* шамасы болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жылдық ағынды. с у ш а р. а) *Өзен алабынан бір жыл ішінде ағып жиналатын судың мөлшері.* Кез келген өзен қимасында *ж ы л д ы қ а ғ ы н д ы* мерзімдік өзгерістерге ұшырап отырады, себебі ол климаттық факторларға, оның ішінде бірінші кезекте, жауын-шашын мен булануға тәуелді (Қаз. тілі термин. Сушар.). Бұлардан өзге *ж ы л д ы қ а ғ ы н д ы н ы ң* құбылмалылығына физикалық-географиялық факторлар да әсер етеді: олар алаптың ауданы мен сұлбасы, жер бедері, алаптың топырақ және өсімдік жамылғысы, көлдер мен ормандардың орналасу жағдайы және т.б. (Қаз. тілі термин. Сушар.). ә) *Су жинау немесе өзен алабын шектеуші тұстама арқылы бір жыл ішінде ағып өтетін су көлемі.* Мысалы, Іле өзенінің Қайырылған бекеті тұстамасындағы көпжылдық орташа *ж ы л д ы қ а ғ ы н д ы н ы ң* көлемі (Қаз. тілі термин. Су.).

Жылдық баға. п е д. *Оқушылардың жыл бойы алған білімін бағалау ретінде қойылатын, төрт тоқсандық бағаларының қосындысы мен емтихан бағасынан шығатын ортақ баға* (Қаз. тілі. термин. Педагогика.).

Жылдық есептеме. э к о н. *Заңды тұлғаның (кәсіпорынның, бірлестіктің, ұйымның) есепті кезеңдегі өндірістік-шаруашылық және қаржы қызметінің нәтижелері туралы бухгалтерлік құжаттар кешені. Ж ы л д ы қ е с е п т е м е* бухгалтерлік баланстан, қаржы-шаруашылық нәтижелері туралы есептен, ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есептен, түсіндірме жазбадан, бірлескен кәсіпорындар мен шетелдік кәсіпорындар үшін нәтижелердің растығын қуаттау жөніндегі аудиторлық қорытындыдан тұрады (Қаз. тілі термин. Экономика). *Ж ы л д ы қ е с е п т е м е* меншік иелеріне, статистикалық органдарға, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына, олардың құзыретіне сәйкес, есеп беріліп отырған жылдан кейінгі жылдың 30 сәуірінен кешіктірмей тапсырылады (Қаз. тілі термин. Экономика.).

Жылдық жер. *Атпен, арбамен, түйемен жүргенде жылға жуық жүретін, қашық жер.* Айлық, *ж ы л д ы қ ж е р д е н* арып-шаршап, дін қуғандар Әзірет Сұлтанды іздеп күні-түні ағылып келіп жатады (С.Шарипов, Бекболат). Алпыс екі амалдың Бәрін түгел біледі. Сорақы кемпір кетеді, Далаңдайды етегі, Айлық жерге алты күн *Ж ы л д ы қ ж е р г е* жеті күн Жылдамдатып барады, Басына сәлде орады (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жылдық жиынтық табыс. э к о н. *Салық төлеушінің жылдық табысы, оған жөнелтілген өнім, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер және салық төлеуші алуға тиіс (алған) заттар үшін үшінші бір тұлғаларға өзара есеп айырысу тәртібімен немесе тіке және жанама шығыстарды өтеу үшін жіберілген ақшалай немесе басқа да қаражат.* Резиденттердің *ж ы л д ы қ ж и ы н т ы қ т а б ы с ы* ел аумағында да, шетелде де барлық көздерден алынған табыстарынан тұрады (ҚҰЭ).

Жылдық қабат. б и о л. *Өсімдікте ағаш сүрегінің өсу аймағы. Ж ы л д ы қ қ а б а т* қоңыржай және салқын аймақта өсетін ағаштың діңінің, бұтағының, тамырының көлденең кесіндісінен айқын байқалады және ол бір вегетациялық кезеңді көрсетеді (ҚҰЭ).

Жылдық сынама. к е н. *Тоқсандық сынамалардың жиынтық көрсеткіші.* Ондағы бағалы құрамбөліктердің пайыздық үлесі негізінде *ж ы л д ы қ с ы н а м а* жасалады (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖЫЛДЫМ[1] с ы н. *Ұзақ уақыт сауылатын (мал).* Бие ағытылған, сиыр суалған кез, ақ жоқ. Жалғыз ғана *ж ы л д ы м* қара сиырдың сүтін шайға құйып ашытқан бидай көжеге қатып отырған Әбекең үйі (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жабағысы екі-үш жылда сұлу мүсінді бие боп шыға келді. Иесінің бағына қарай ол әрі сүтті, әрі *ж ы л д ы м* болды (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). // *Күйі ерте келіп, жиі бұзаулайтын сиыр.* Есесіне ағайындар ойран-асыр, әлемдегі ең бір сүтті, қысы-жазы сауа беретін (тусын, тумасын) *ж ы л д ы м* болар деп, үміт күтіп, болашағына сенім артып отырған «данышпан» тайыншаның айдың-күннің аманында қолды

болуы, әрине, жандарын жай таптырған (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖЫЛДЫМ[2] с ы н. с ө й л. ***Жылдам***. Бір жап-жас *ж ы л д ы м* жауынгер шабарман келді (Ә.Нұрпейісов, Курляндия).

ЖЫЛДЫМДЫҚ з а т. с ө й л. ***Жылдамдық***. Юнг әрі амплитуда тербелісінің тарау *ж ы л д ы м д ы ғ ы* толқын ұзындығына және фронттағы амплитуда өзгерістеріне тура пропорционал деп ой түйеді (А.Қалығұлов, Жарық.).

ЖЫЛДЫРМАЛАТ= е т. с ө й л. *Тездету, шапшаңдату.* Директордың *ж ы л д ы р м а л а т қ а н* мына сөзі Түнқатардың қытығына тиіп кетті (М.Хасенов, Тұлпар.). – Мұныңыз жақсы әдет екен, – деп, Дәуіт отағасы *ж ы л д ы р м а л а т ы п* есе жөнелді (Ғ.Сланов, Жанар тау).

ЖЫЛЖИ-ЖЫЛЖИ ү с т. *Ақырындап жылжып отырып.* Күн артынан күн өтті, Кетті бала еңбектеп. *Ж ы л ж и-ж ы л ж и* есіктен Жетті ақыры төрге ептеп (О.Шипин, Дастан.).

ЖЫЛЖУ *Жылжы етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қозғалу, орын ауыстыру.* Бұл арада көп күтіп жатуға болмады. Не де болса ілгері *ж ы л ж у* керек (К.Қазыбаев, Дәуір.). Ол өз взводымен жау бекінісі үстінде бірінші боп от тұтатып, бүкіл полктың тез ілгері *ж ы л ж у ы н а* жол ашты (Т.Тобағабылов, Жазира.). Ел кісісі ептеп солдаттан өтіп, *ж ы л ж у ғ а* да айналды (М.Әуезов, Шығ.). **2.** *Қимылдау, әрекет ету.* Ажал – бүркіт, адам – жан, *ж ы л ж у ғ а* келмес әл-шамаң, Жуасып талай тарпаңдар, Тырп ете алмай еліккен. Өлшеулі өмірің таусылса, Санаулы демі сарқылса, Әркімге анық бір нәубет, Бастағы киген бөріктен (Базар жырау, Шығ.). **3.** а у ы с. *Өзгеру, уақыт өту.* Өмір өтіп, *ж ы л ж у д а* көш ілгері, Өзің жаққан сәулеңді өшірмеді. Өзің жаққан сәулеңді өшір келіп, Өшір келіп... Сонан соң, кешір мені! (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** и н ф. *Базалық адреске салыстырмалы түрде компьютердің жадындағы мәліметтің орнын нұсқайтын және нақты адресті есептеуге пайдаланылатын сан.*

ЖЫЛЖЫ= е т. **1.** *Бір нәрсенің белгілі бір бағытқа қарай баяу жүруі, ақырын қозғалуы.* Биік таудың басына қиялап ұшып қыран да шығады, жер бауырлай *ж ы л ж ы п* жылан да шығады (Мақал). Ілгері басқан қадамы кері кетсе де қоспан өлерменденіп *ж ы л ж ы п* келеді (Т.Ахтанов, Таңд.). Өрттен кешке ес жиып шыққанында, Тартатұғын жем тастап жұрт бауырға. Жығылды ол. *Ж ы л ж ы д ы* бір жауынгер Бишараны өлімнен құтқаруға (С.Мәуленов, Алыс кет.). Қарсы соққан өткір дауылдан ығыса, бастарын төмен салған өгіздер әрең *ж ы л ж и д ы* (М.Хасенов, Тұлпар.). **2.** *Тұрған орнынан қозғалу, жүре бастау.* Поезд *ж ы л ж ы ғ а н д а* перронда тұрғандардың біразы көздеріне жас алып, енді біразы күліп қол бұлғасты (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Қоңырау қағылып, *Ж ы л ж ы д ы* эшелон. Сағымды жамылып, Қалды артта неше жон (С.Мәуленов, Алыс кет.). Күрмеліп тілің байланған, Қолында тағдыр шынжыры. Әшейінде зыр айналған, Машина баяу *ж ы л ж ы д ы* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Нұрмаш орнынан *ж ы л ж и* берген машинаға мысықша атылып жармаса түсті (З.Иманбаев, Нажағай.). **3.** *Жыбырлау, жүргенін білдірмеу.* Дөңгелек, жарасымды ақ келбетің, Жүресің *ж ы л ж ы п* қана әсем басып. Ажары ақ жамбыдай сұлулардың Жалғанда тіпті кетпес көркі асып (М.Жұмабаев, Шығ.). **4.** *Қозғалу, орнын ауыстыру.* Аспанда бұлттар тұтасып, Әлі де тұр ғой *ж ы л ж ы м а й.* Сен күлсең, қалам бір тасып, Сақтасын сені бір Құдай (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Ж ы л ж и д ы* ол, *ж ы л ж и д ы* ол бөгелмей, Өзі бейне таң әкелген сәлемдей. Дыбыс беріп әжесіне жетеді: – Ұйықтап қалған жоқсың ба, сен? – дегендей (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Алакөлең аршалы таудың қабағы, Аспанмен жоңкіп сұр бауыр аппақ жабағы. Бұйра шыңдардың бетімен қара көлеңке Сорғышқа құйған сияша *ж ы л ж ы п* барады (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **5.** *Агу, құйылу.* Кірпіктен үзіліп түскен тамшы жас көз құйрығындағы әжім сызатын қуа төмен *ж ы л ж ы д ы* (Ә. Сәрсенбаев, Капитан.). **6.** *Өту.* Апасының жаны қандай берік, неше күн болды, тамағынан сүттен өзге сұйық зат *ж ы л ж ы м а й д ы* дейді (Р. Тоқтаров, Ертіс.). **7.** *Жоғарылап көтерілу, алға ақырындап сырғу.* Ыстығын *ж ы л ж ы п* сынап сызықпенен, Ауырып басың мең-зең, қызып денең Жатқанда қандай жақсы келсе досың, Осы екен, айхой дүние қызық деген! (Е.Әукебаев, Таң шапағы). Біреуді күткен кезде уақыттың өтпейтіні қандай. Сағаттың тілі, тіпті, *ж ы л ж ы м а й* қойды (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). **8.** а у ы с. *Өзгеру.* – Айлар түгіл жылдар өтсе, *ж ы л ж ы р* ма екен орнынан! Енді аңғарып жүрміз, Мағрипа саған деген берік көңілден жаңылар емес (М.Әуезов, Шығ.). **9.** а у ы с. *Уақыт өту, жайлап өмір өту.* Көптен күткен қаһарлы ауыр, суық сағат *ж ы л ж ы п* келіп жетті (М.Әуезов, Қараш.). Үскірік боран, қатты жел, Қақаған суық, қарлы аяз, Қашықтап бойын жасырды, Жақындады *ж ы л ж ы п* жаз (Ә.Оңалбаев, Таң алды.).

Ауыр жылжыды. *Әрең өтті, ауыр болды, әрең арылды.* Мұнда сойқан соғыстың ескен желі, Оқпан болып жатыр оқ тескен жері. Мынау түнжыр аспанның бұлтыменен, *А у ы р ж ы л ж ы п* ойларым көшкен еді (С.Мәуленов, Алыс кет.). Әл жеткен ұстапты ғой құл ғып, Туыпты өмір талай зарлық-мұңдық. Айнала

әбжыландай елді торлап, Өтіпті талай айлар *а у ы р ж ы л ж ы п* (О.Шипин, Дастан.).

Жылдар жылжиды. *Уақыт бірте-бірте, білдірмей өтеді.* Түсінем, түлейді өмір, жаңарады, Жаңа өңірде жаңа оттар жанар әлі. Нелер ұрпақ әлі де ағарады, Секілденіп өзінің бабалары, Қалса болды халқының шежіресінде, Әр ұрпақтың өзіндік бағалары. Жылдар... *Ж ы л д а р ж ы л ж и д ы* жоғалады, Жаңа жылдар сағаты соғар әлі (М.Мақатаев, Шығ.). Айлар өтіп, *ж ы л ж ы л ж ы п*, Шықты бір кез тілі де. Ата-ана құмартып, Құлақ түрді үніне (О.Шипин, Дастан.). Ұйықтамады ана дұрыстап, Тірі деп күтті батырын. *Ж ы л д а р* да *ж ы л ж ы п*, жылыстап, Барады өтіп ақырын (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жыл *ж ы л ж ы п*, жыл артынан өткен сайын Қайғының қалыңына тереңдедім (К.Райбаев, Жаңа толғау).

Көңіл жылжиды. *Басына әртүрлі ойлар келеді, көңіліне әр нәрсе оралады.* Хан ордасы қалғып-ақ тұр Рақатты, жайлы түнде. Қойшы *к ө ң і л і ж ы л ж и д ы* ептеп, Аспандағы аймен бірге (О.Шипин, Дастан.).

Күн артынан күн жылжыды. *Уақыт білдірмей өте берді.* Бұлдыр-бұлдыр *к ү н а р т ы н а н к ү н ж ы л ж ы п* өткен сайын, бой жетудің бар ыстық-ыстық тыншуы жоқ қытықты қылықтары жақындап келе жатқанын, ал бой жеткен қыз өмір бойы осылай құлан-таза күйінде қалмайтыны есіне келмеген (О.Бөкеев, Үйқым.).

Күндер [өмір] жылжыды. *Уақыт зырлады, өткен күндер белгі қалдырмады. К ү н д е р ж ы л ж ы п* аға берді, біз білімге бас қойдық, Он екіден асқан кезде жұртқа еліктеп шаш қойдық (М.Шаханов, Fасырлар.). Жалқау, қиқар түйедей тартыншақтап, *Ж ы л ж ы д ы ө м і р* үстімен кемел жердің. Ескерткіш тұр ұлылық қалпын сақтап, Даңқын сақтап данышпан шеберлердің (М.Шаханов, Fасырлар.). Достықпенен тату-тәтті *Ө м і р ж ы л ж ы п* өтіп жатты (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

Мамырлай жылжыды. *Жай, баяу қозғалды, ақырын, баппен ілгері жүрді.*

Іс жылжыды. *Жұмыс, шаруа алға басты.* Жатпаған соң жылдам-жылдам *ж ы л ж ы п і с*, Ұмыт болған менің үшін құр жүріс. Жүйкеңді жеп ертелі-кеш бір шаруа, Тас боп жатыр бүйрегімде бір жұмыс! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫЛЖЫҒАНСЫ= е т. *Жылжыған түр көрсету, жылжыған сияқты болу.* Қазіргі қарқыны мардымды емес, қарсы алдындағы қарды аршып алып, содан соң ғана *ж ы л ж ы ғ а н с ы м а қ* болады (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫЛЖЫҒЫШ с ы н. *Жылжымалы, жылжитын.* Барлық су сол маңдағы есебінде, Суарса қайда, нелер өсетін де Дәл болжап, *ж ы л ж ы ғ ы ш* құм арасында Біледі елдің қонып, көшерін де (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Лента арқылы *ж ы л ж ы ғ ы ш*, Тасылды тас ағылып (Т.Жароков, Қырда.).

ЖЫЛЖЫҒЫШТЫҚ з а т. *Жылжымалылық қасиет.* Азотты тыңайтқыштардың тез *ж ы л ж ы ғ ы ш т ы ғ ы* оларды күздік бидайды үстеп қоректендіру ісінде тиімді етеді (Қ.Амантаев, Суармалы егіс.).

ЖЫЛЖЫМА з а т. к е н. *Беткейдегі таужыныс массасының ауырлық күшінің, оған қоса тасымалдайтын көліктің, үйіндінің, жару жұмыстарының әсерінен баяу жылжып сырғуы.* Оны *ж ы л ж ы м а* дейді де, ал ол жылжыған қабат бетін сырғанау беті немесе ығысу беті деп атайды (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН: жылжымайтын мүлік. э к о н. *Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі жер мен басқалай табиғи жайылымдар, жерге заттық құқықтар, сондай-ақ, жерде орналасқан, соған тікелей байланысқан кез келген мүліктер (гимараттар, мекенжайлар, зауыттар т.б.). Ж ы л ж ы м а й т ы н м ү л і к* нысандарының жалпы құны 99 миллион бельгиялық франк болған («Егемен Қазақстан»). Елбасы жер ресурстарының қоғам дамуындағы айрықша рөліне тоқтала келе, «Жер табиғи байлықтармен және *ж ы л ж ы м а й т ы н м ү л і к п е н* қатар экономиканы көтеріп тұрған киттердің бірі болып табылады» деп тұжырымдаған болатын («Егемен Қазақстан»).

Жылжымайтын мүлік салығы. э к о н. *Жылжымайтын мүлік үшін бюджетке жыл сайын төленетін міндетті төлем.* Меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалар, олардың бөлімшелері, өкілдіктері, сондай-ақ жеке тұлғалар *ж ы л ж ы м а й т ы н м ү л і к с а л ы ғ ы н* төлейді (ҚҰЭ).

ЖЫЛЖЫМАЛЫ с ы н. **1.** *Ары-бері жылжытуға болатын, қозғалмалы.* Домбыраның сағалық пернелері *ж ы л ж ы м а л ы* еді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Машиналар жөнделетін бөлмелердің *ж ы л ж ы м а л ы* үлкен есіктерінен ішіндегі адам қозғалыстары байқалады (К.Оразалин, Ақ жазық). Ортадағы *ж ы л ж ы м а л ы* кең столдың үсті сыңсып тұр. Неше түрлі тағам (С.Жүнісов, Жапанда.). **2.** *Бір жерден екінші жерге ауыстыруға, апаруға болатын.* Сестралар Сәлімгерейді *ж ы л ж ы м а л ы* төсек арбамен алып келіп, операция столына жайғастырып жатқызды (С.Омаров, Дала қызы). Бригадаларды *ж ы л ж ы м а л ы* кино, автолавкалар аралап жүреді (Б.Тоқтаров, Қыран.). **3.** *Сусымалы, көшпелі.* Кейде құмның

орта шенінде бекімеген *жылжымалы* құм да кездеседі (Н.Баяндин, Құм асты.).

Жылжымалы байланыс құралдары. ә с к. *Оперативтік құжаттар және басқа да қызметтік құжаттарды жеткізуге арналған көлік құралдары.* Қазіргі уақытта *жылжымалы байланыс құралдары* ретінде поездар, автомобильдер, бронетранспортерлар, мотоциклдер, ұшақтар, тікұшақтар мен байланыс катерлері, ал кейбір жағдайларда ұрыс ұшақтары, танктер және кемелер қолданылады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жылжымалы байланыс құралдары* әдетте әскери жолдармен жүруге айрықша құқылы болғанмен, көлік құралдарында арнайы тану белгісі немесе рұқсат қағазы болуы керек (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жылжымалы басқару пункті. ә с к. *Қүтқару жұмыстарын жүргізуді тікелей басқару үшін құрылған пункт. Жылжымалы басқару пункті* жұмысқа күні бұрын, бейбіт уақытта әзірленіп, аға бастықтың шешімімен дайындыққа келтіріледі (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жылжымалы бөгеу атысы. ә с к. *Жаудың танкілері мен жаяу әскерлерінің шабуылына тойтарыс беріп, өз әскерлерінің алдыңғы қорғаныс шебіне жеткенге дейін жауды бөгеп, жою үшін артиллериядан жүргізілетін атыс.*

Жылжымалы желі. и н ф. *Ашық ортада жеткізу техникасын қолдана отырып бір-бірімен немесе орталық (қозғалмайтын) компьютермен әрекеттесе алатын жылжымалы стансылардан тұратын желі.*

Жылжымалы (уақытша) жолдар. к е н. *Кен жұмыстары технологиясының шарттары бойынша белгілі бір уақыт аралығында көшіріліп отыратын карьер жолдары. Жылжымалы жолдарға* забой (үңгубет) маңындағы тиеу, түсіру, үйінді жасайтын тұйық жолдар, көпшөмішті экскаватор, таспалы үйінділеуіштер және көлік-үйінді жасауға арналған көпір тіректері астындағы жолдар жатады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жылжымалы қорлар. ә с к. *Штаттық көлік құралдарында, әскери және басқа да мәшинелерде, ұшқыштар құрамы жолында сақталатын және ұрыс қимылдары барысында қайта топтастыру кезінде бөлімшелермен, бөлімдермен бірге ауысып отыратын қорлар.*

Жылжымалы механикаландырылған колонна. с у ш а р. *Бастапқы (ең алғашқы) мердігерлік құрылыс жасау немесе жөндеу мекемесі. Жылжымалы механикаландырылған колоннаның* негізгі атқаратын жұмысы гидротехникалық құрылыс салу, жер құрғату және суландыру жүйелерін іске қосып, оны пайдалануға беру, гидротехникалық платина, су қоймасын жасау т.б. құрылыстарды жүргізетін шағын топ (Қаз. тілі термин. Су.).

Жылжымалы ойынхана. <франц. chapiteau> *Брезенттен жасалған шатырда цирктік қойылымдарды елді аралай жүріп көрсететін жылжымалы орын.* Жазғы уақытта үйірмелердің, клубтардың, басқа да бірлестіктердің жұмыс түрлері өзгеруі ықтимал. Бұл кезде жылжымалы клубтар, үгіт бригадаларын, *жылжымалы ойынханаларр* ашуға болады («Қазақст. мект.»).

Жылжымалы сорғы стансысы. с у ш а р. *Судың деңгейін биіктету, өрдегі суарма телімдерге су жеткізу, кейбір су қоймаларын сумен толтыру және жерасты суларын сорып шығару үшін қолданылатын гимараттар кешені.*

Жылжымалы тамақтандыру пункті. ә с к. *Орналасу, құтқару және шұғыл, авариялық-шұғыл қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу аудандарындағы жасақтардың адам құрамын, сондай-ақ алғашқы медициналық көмек жасағындағы зақымданған адамдарды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін құрылған пункт. Жылжымалы тамақтандыру пункті* екі звенодан: тамақ әзірлеу және тарату звеносынан, сондай-ақ жабдықтау звеносынан тұрады (Қаз. тілі термин. Әскери.). *Жылжымалы тамақтандыру пунктінің* шамамен алғандағы мүмкіндігі 10 сағаттың ішінде 1200 адамға тамақ әзірлеп, тарата алады (Қаз. тілі термин. Әскери.).

Жылжымалы телевизия стансысы. т е х. *Студиядан тыс жерде әзірленген бағдарламаны телевизия орталығының тұғырлы аппаратына жеткізуге арналған жабдықтар кешені. Жылжымалы телевизия стансысы* құрамында бірнеше таратқыш камера, автомобильде орналасқан ықшам кескін тракт аппаратурасы (режиссерлік пульт, синхрогенератор, күшейткіш) және сантиметрлік диапазондағы радиотолқынмен телевизия орталығына кескін мен дыбыс сигналдарын жіберетін таратқыш болады (ҚҰЭ). *Жылжымалы телевизия стансысы* токты айнымалы ток көзінен немесе автономды генератордан алады (ҚҰЭ).

Жылжымалы үй. *Көшпелі үй.* Ыстық суы, мұздай суы ішінде, бумен жылытылатын мұндай жылжымалы үй болса, кәнеки. Қазіргі тұрмыстың талабы осы ғой. Осындай *жылжымалы үйдің* қажеттігін кейінгі кезде жастар жиі айтып жүр («Білім және еңбек»).

Жылжымалы электр стансысы. *Көлікке орнатылған электр стансасы. Жылжымалы электр стансысы* қозғалтқыштан, генератордан, басқару және бақылау аппараттарынан

тұрады (ҚҰЭ). *Жылжымалы электр станцысындағы* қозғалтқыш ретінде іштен жану қозғалтқышы (негізінен, дизель), бу және газ турбиналары немесе жылжымалы электр стансасының генераторына түсетін жүктемеге байланысты жұмыс режимі автоматты түрде реттелетін, тасымалдау көлігінің жетекті агрегаты қолданылады (ҚҰЭ).

ЖЫЛЖЫҢҚЫРА= е т. *Қозғалыңқырау, сырғыңқырау.* – Жиенмен екеуміздің тіземіз айырылмайтын шығар, арамызға ешкімді отырғызбай-ақ қойыңдар, – деп Гайша Қожашқа қарай *жылжыңқырай* түсті (С.Көбеев, Қалың мал). Ұлықтар байқамағандай болса да, көздерінің астымен топтың ілгері *жылжыңқырағанын* жерлеріне қымсына қарап қояды (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫЛЖЫТ= е т. **1.** *Орнынан қозғау, орнын ауыстыру.* Қалипа бөбекті Сұлушаның қасына жақын *жылжытты*, далаға шықты (М.Дүзенов, Әке.). // *Ақырын-ақырын қозғап.* Содан кейін бос қалған шеміршектен қазыны саусақтан сақина шығарғандай ақыры саумалай *жылжытты*, суырып алады (Қ.Салғарин, Қасапшылар). **2.** *Жүргізу.* Слесарь әзір болған трактордың ақтық сыннан өткізді де, моторды қыздырып, жаңа машинаны алға *жылжытты* (Б.Мәдиев, Өрендер.). **3.** а у ы с. *Басқа жаққа астыртын ауыстыру, тайдыру; сырғыту.* – Япырай, мына қу үшін бір күні шәт-шәлекейіміз шығар ма екен. Орнына кісі табылса *жылжытып-ақ* жіберер ем (С.Бегалин, Уақыт.). Сондықтан Жебірбаев пен Оспан таңертеңнен Айттөбедегі топырды көрген соң-ақ жәрмеңке басындағы қатын-балаларын маңайдағы ауылға қыдыртқан қылып *жылжытып* жіберген (М.Әуезов, Шығ.).

Күн жылжытты. *Күн өткізді.* Сондай бір қазақ шалы ұлын күтіп, Дамылсыз айды итеріп, *күн жылжытып*. Үш мезгіл ас соңында жолға шығып, тіршіліктің өзге қамын мүлде ұмытып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Қаламын ілгері жылжытты. б е й н е. *Жаза берді, көп жазды. Қаламын жылжытқанда* менше *ілгері*, Ақындар көзбен сені ел көрсін деді. Ана бір мөлдір көзден сені әкетсе, Мәңкүр-нүңкір әкете берсін мені (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫЛЖЫТПА с ы н. *Шығарыпсалма, емексітпе.* – Сен хан, менің жігіттік, жігер намысыма тиіп, *жылжытпа* амалмен ұстамақ екенсің ғой (Бозінген).

ЖЫЛЖЫТПАЛА= е т. *Әне-міне деп созаберу.* Қабыштың мұндайда қолданатын екі әдісі бар: бірі – *жылжытпалай* бастайды (Ғ.Мұстафин, Шығанақ).

ЖЫЛЖЫТПАЛАТ= е т. *Тайғанақтату, созу, артын көрсетпеу.* Бөкен көзіне көрінер-көрінбестен жабыса кетеді деме. Тым *жылжытпалатып* отырсың («Лен. жас»).

ЖЫЛЖЫТУ *Жылжыт етістігінің қимыл атауы. Орнынан қозғау, белгілі бір бағытта алға ақырындап қозғалу.* «Пай, пай, бұқадайынай» деді Аманкелді ішінен, мына секілді дөйді орнынан қалай *жылжытуды* білмей (М.Жұмағұлов, Қыран.). Сайды тасалап тұрған төбеге қарай жауды ілгері *жылжытпау*, біздің әскерлердің аман-сау кейін шегінуін жүзеге асыру Үрмәш басқарған атқыштар бөлімшесіне тапсырылды (Ә.Әлішев, Батыр.).

Жылжыту режімі. и н ф. <ағыл. spooling> *Тапсырманың орындалуымен параллель жүзеге асырылатын және осы орындалудың үзіліссіздігі жасақталатын мәліметтерді енгізу-шығару режімі.*

Жылжыту файлы. и н ф. <ағыл. paging file> *Басқа бағдарламаларға жадта орын босату үшін қолданылатын, файл дискіде арнайы бөлінген аймақ (жадтан шығарылған виртуаль беттің ішіндегісі сақталатын жүйелік файл). Жылжыту файлы* уақытша немесе тұрақты болуы мүмкін. Мысалы, Windows жүйесі 386 кеңейтілген режимде жұмыс істеген кезде ақпаратты уақытша осында орналастырады (Қаз. тілі термин. Информатика.).

ЖЫЛЖЫТЫЛ= е т. *Орын ауыстырылу.* Ертең он отар қой Жуантөбеге *жылжытылады* (З.Ақышев, Достар.). Тегістеу жұмысы кезінде топырақтың біразы биігірек жерлерден алынып, ойпаңды жерлерге *жылжытылады* (Б.Жамалбеков, Суармалы.).

ЖЫЛЖЫТЫҢҚЫРА= е т. *Аздап ығысыру, қозғау.* Әсет алдындағы ақ қағазы мен сиясын столдың бір шетіне *жылжытыңқырады* да, жолдаманы әрлі-берлі аударыстырып көре бастады (К.Оразалин, Ақ жазық).

ЖЫЛҚЫ з а т. **1.** *Төрт түлік малдың көлік үшін пайдаланылатын тақ тұяқты түрі, ақмал.* Қазақ халқының өте қадірлеп өсіретін малының бірі – *жылқы* (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). *Жылқының* аңдып ұры жүр Әр төбенің тасында. Ой көзімен қарасаң, Қойдан жылқы асыл ма? (Абай, Тол. жин.). *Жылқы* кез келген шөпті жемейді, иіскеп таңдап жейді. Басқа мал түлігі жайылған жерге, басқа малдың аузы тиген шөпке жылқы жоламайды (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). **2.** э т н. *Соғымға, үлкен астарға, тойға, үлкен, қадірлі кісінің өліміне сойылатын, қазы, қарта, жаясы бағаланатын, еті дәмді, кәделі мал.* Түйе сойсаң сорпа май, *Жылқы* сойсаң етке май (Мақал). *Жылқы* – үйіне кісі келсе болды алды-артына қарамай алып ұрып, домалатып тастайтын

тоқты-торым емес, кәделі мал (Қ.Салғарин, Қасапшылар). *Жылқының* басын бөліп, «шеке асу» және осыған байланысты аруақтарға арнап Құран оқытып ас қабылдау негізінен Орталық және Солтүстік өңірлерге тән болып, басқа қазақтарда кездеспейді (Д.Қатран, Қазақ. астағам.). Изен, жусан, малға жай, Құмарта жейді талғамай, Қысы-жазы бірдей ас, Қой, *жылқыға* толған май (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **3.** з о о л. <лат. eguus caballus> *Тақтұяқтылар отрядының бір тұқымдасы.* Қазба қалдықтары *жылқының* б.з.б. 7000 жылдан бұрын-ақ Азия мен Еуропада қолға үйретілгендігін дәлелдейді (ҚҰЭ). *Жылқы* тұқымдасы есек, құлан, зебр, қазіргі жылқы болып 4 туысқа бөлінеді (ҚҰЭ). **4.** *Жылқының үйірі, табыны.* – Тор байталды ұстатып мін. Қинамай бар. Барған соң демін алдырып, *жылқыға* жібер, – деді Көрпебай (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жігітке жиырма бес жас – үлкен зейнет, Мағшұқтың маржан таққан зұлпындай-ақ. Көңіліңе келер сонда толық байлық, Қарайып отар жатқан *жылқың да й*-ақ! (О.Шораяқов, Шайыр). Жетім көлдің басында *жылқы* жатқан, Дөңге шығып, қарт тұрған жылқы баққан: «... Апырай, бұл кім болды таңсәріде, Көргенсіз, көл басында мылтық атқан?! Құстардың зәре-құтын шырқыратқан, Неғылған қанышпезер құлқы қатқан?! (М.Мақатаев, Шығ.). Екі-екіде, ел көшсе, әнге салып, Жиналып жастар *жылқы* айдағанда. Ел қонса, құрық алып шырқ иіріп, Биені үйге бөліп жайғағанда (Ә.Найманбаев, Шығ.). **5.** *Жүйрік ат, тұлпар, бәйгеге қосу, көкпарға міну үшін жараты латын ат.* Қағысып астындағы *жылқы* малы, Көкпарға тебініп жұрт ұмтылады. Тақымға орай басып тартқан кезде Көк еті көк серкенің жыртылады (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Пайдасынан *жылқының* пайда өте ме, Жүйрігіңнен жақын ба қайын ата, ене?! Құдай өзі жасаған Колизейдей Айдарбектің ақ жары – бәйге төбе (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Қадірлі ата, ойың қандай зиялы, Сен өзің айтатынсың *Жылқының* артқы тұяғы Асып түспесе алдыңғы тұяғынан Бағы әсте жанбайды деп, Шығарып тастағайсың қиялыңнан, Ол тұлпар болмайды деп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Мінген ат ақалтеке құмай торы, Қамыстай қос құлағы, *жылқы* зоры, Әніне әріптестің шырқап салсам, Тау-тастың жаңғырады ылди-өрі (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **6.** э т н. *Сүті, қымызы үшін қолда ұсталатын үй жануары, мал, бие. Жылқы* өсірсең ызғытып. Құлын-тайын шұбыртып, қымызы дәрі адамға, Сабадан құйсаң көпіртіп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сапырған сары ожаумен сары қымыз, Ысталған сары местен дәрі қымыз. Қарасаң қалың тоғай толған *жылқы*, Түн тұрмақ таба алмайсың қарап күндіз (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **7.** э т н. *Қазақтың дәстүрлі қоғамында байлығы, ұстем тап арасындағы орны, беделі өлшенетін бірлік.* Жұрт озған адам дейді Табын Талтақ, Ақсақал Жетіруға болған ортақ. Айдаған төрт мың *жылқы* заманында Озғанбай, Майлыбайды жатқан шалқақ. Төртінші Ожырайда Төлек, Тастан, Білуге баршасын да емен шорқақ (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Кешегі бір заманда Байды бай деп айтпады – Қойы мыңға толмаса, *Жылқы* бес жүз болмаса (Кердері Әбубәкір, Қазағым). – Атың бар, мінетұғын атаның бар, Кедейге босатып бер егінжайды. Болса да Сейіткерей бір мың *жылқы*ң, Мінген жоқ біздің кедей жалғыз тайды (О.Шипин, Дастан.). **8.** *Бәйгеге, бас бәйгеге тігілетін құнды сыйлық.* Алдыңғы аттың бәйгесі Мың ала бас қой тігем, *Жылқы* малдан жүз тігем, Түне малдан мың тігем, Ділдә менен жамбыдан Он түйе жүк пұл тігем, Асқа келген адамға Атына жүктеп пұл берем, Топқа келген адамға Торқалай жүктеп пұл берем (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **9**. *Айырбасқа, ақша орнына жүретін бағалы пұл.* Айырбастап *жылқыға* Біреулер берді матаны. Ақша түсіп қалтаға, Жаңарды жыртық шапаны (О.Шипин, Дастан.). **10.** э т н. *Өлтірілген адамның құнына алынатын мал.* Жеті кісі құны деп – Сүйіннің бес жүз *жылқысы*, Смайылов Мұқаметжан Ол да солдат бастаған, Оның да шауып ауылын Адамын қырға иірді (О.Шипин, Дастан.). **11.** э т н. *Барымталанатын мал.* Естігем Қордайдағы ел келед деп, Адамы өркөкірек, ер келед деп. Мұлқаман, Қонай жақтан келгендері, *Жылқы* ұрлап, қойды түнде өңгеред деп (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **12**. э т н. *Қалыңмал ішіндегі бас тоғызға беретін негізгі мал.* Осы жатар-тұрар деп, Тоғыз қара бір алды Боз жүйрік ат бас қылып. Оны алып болған соң, Жеті *жылқы*, бір түйе, Алпыс теңге ақша алды, Оны бізге қас қылып (Кердері Әбубәкір, Қазағым). **13**. п о э т. *Береке-бірліктің, жайма-шуақ жайлылықтың, байлықтың, тыныштықтың нышаны.* Көрінген ақ шатырдай қазақ үйлер, Шопандар, малшылармен отыр белде. Жайлауы Аңырақай мен Ақдолыда, Қой, *жылқы* ызғып жатыр, сиыр ферма (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Алалы жылқы, ақтылы қой. *Мыңғырған, көп мал. Алалы жылқы, ақтылы қой,* Аңдаған бөрі жемей ме, Иесі ұйықтап жатқан соң (Махамбет, Өлең.).

Асыл тұқымды жылқы. м а л ш а р. *Сұрыптау жолымен қолдан тұқымы асылдандырылған жылқы.* Жылқының асыл тұқымдарын көбейту мақсатында Қазақстанда 13 *асыл тұқымды жылқы* зауыттары (Қызылорда, Маңғыстау, Батыс Қазақстан т.б. облыстарда), жылқы тұқымын асылдандыратын 39 мемлекеттік

шаруашылықтар (Ақтөбе облысы, Атырау облысы т.б.) ат жарыстыратын алаңдар және асыл тұқымды жылқы фермалары ұйымдастырылған (ҚҰЭ). Қазақстанда *асыл тұқымды жылқы* саны 9 мыңнан асты (2000). Республикада жылқының міністік, сыдыра желісті тұқымдары және қазақ жылқысы өсіріледі (ҚҰЭ).

Жылқы айдады. *Жылқыны үйір-үйірімен қайырып, айдап, үстінен өтіп кетті.* Қалың ел бұл өлкені өрлей көшіп, Шулатып қой, *жылқысын айдар* еді, Үстіне шыға келсең мидай дала, Сол сазды барған байлар жайлар еді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жылқы аурулары. в е т. *Жылқы ағзасының қалыпты жағдайының бұзылуынан болатын ауру.* Ауру себептеріне байланысты *жылқы аурулары* жұқпалы, жұқпайтын және құрт аурулары болып бөлінеді (ҚҰЭ). *Жылқы ауруларының* алдын алу үшін шаруашылықтағы малдарды уақытында тексеріп, вакцина мен сарысу егеді, ауру малды оқшаулап, емдейді (ҚҰЭ).

Жылқы зауыты. *Тұқымдық, спорттық, міністік және жегіс жылқыларын өсіретін арнайы шаруашылық. Жылқы зауыты* жылқының асыл тұқымдарын сұрыптап, жақсартып, жаңа тұқымдарын шығарады (ҚҰЭ).

Жылқыға салды. *Жылқы бақтыруға жіберді, жылқы бақтырды.* Он жетіге келгенде, *Салған* екен хан Бәйтік, Бақ деп сені *жылқыға* (Шөже ақын, Айтыс).

Жылқыға түсті. *Үрлық қылды деген мағынада айтылады. Жылқыға түсіп* алған соң, Байсейіт, Бошай ағаңның Бір көнбедің ырқына (Шөже ақын, Айтыс).

Жылқы жылы. *Жылан жылынан кейін, қой жылынан бұрын келетін мүшел есебінің жетінші жылы.* Шешеміз *жылқы жылы* құрт аурудан қайтыс болған соң, әкеміз бір кедейлеу адамның құбаша, бауырсақ мұрын жаңа өспірім қызын, беріп қойған жерінен, 15 қараға бата бұзып алып еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Жылым – жылқы,* жиырма беске келдім, Ауылыңа ат жетектеп кешке келдім. Өзіңе жай білер деп айттым бір сөз, өзімдей баласы деп өскен елдің (Қара өлең). Қазақта мақал болып қалған «Жылан жылы жылыс болды, *жылқы жылы* ұрыс болды» дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз (Абай, Тол. жин.).

Жылқы мінезді [мінездес]. а) *Өзгермелі, құбылмалы.* Содан бері Тезекбай адам баласының бәрі *жылқы мінезді,* кезі келсе жонын беріп жүре береді деп іштей түйіп қойған-ды (Ә.Қалмырзаев, Ар.). Әбден тауып айттың, тура айттың. Біздің жігіттер шынында *жылқы мінездес,* сауырлағанда сақа айғырға бергісіз! (Ғ.Қабышев, Мінездеме). Ендігі ел *жылқы мінезді* болды. Аяз бен боранда, жауын-шашында тон не көрсе, соны көруге шыдаған, жанын аямаған, қар төсеніп, мұз жастанған кісі ғана бағады («Лен. жас»).

Жылқы өсіру. *Жылқы санын көбейту, сапасы мен өнімін арттыру, әртүрлі мақсаттарға тиімді пайдалану бағытындағы малшаруашылығының негізгі бір саласы. Жылқы өсіру* және бие сауу қазақ халқының ата кәсібі болып табылады (ҚҰЭ).

Жылқы айдап әкетті. *Зорлықпен, барымтамен жылқы үйірін алып кетті.* Малсақ *айдап әкеттіі* жүз *жылқыны,* Қарсақ айдап әкетті жүз жылқыны, Танаш айдап әкетті жүз жылқыны, Қалаш айдап әкетті жүз жылқыны (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жүк жылқысы. *Жүк тасымалдау үшін бұдандастыру арқылы арнайы өсірілген жылқы.*

Жылқы бақты. *Жылқыны үйір-үйірімен қыста, көктемде тұяғымен қарды аршып, шөп тауып жайылатын, тау, бөктер, ықтасын жерлерде, ойға түспей, жайылымда бақты.* Біреу *жылқы баққанын,* біреу қала шыққанын, біреу «түн қатқанын», біреу сасқанын, біреу ұялғанын айтысты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есімде *жылқы баққан* күн, Сәуірде нұрға шомылып, мұздағын сордым ақпанның. Есімде жылқы баққан түн, Арасын кеулеп ақ қардың, Далада талай жатқанмын (М.Мақатаев, Шығ.).

Жылқыдан қыл құйрық қалмады. *Жылқы малы түгел қырылды.*

Жылқыдан қайтты. *Жылқышының даладағы қосынан бір мезгіл үйіне келіп-кетті.* Жайраңдады Жарылғас *Қайтқан* кеште *жылқыдан.* Бала деген адамның Болашағы нұрлы таң (О.Шипин, Дастан.). *Жылқысынан қайтқанда,* Жарылғас та толғанды. Ертеменен кетерде Ұлын талай қолға алды (О.Шипин, Дастан.).

Жылқы еті. *Сойылған жылқының сатуға қойылған еті.* Көрдім бүгін... Өңімде емес, түсімде – Жүр екенбіз ет-комбинат ішінде, *Жылқы еті* ме, Қой еті ме, Шөже ме... Әзірақ түр аузыңа кеп түсуге (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

Жылқы суарды. *Жылқыны үйірімен суатқа, тоған, өзен, көлдерге түсіріп, су ішкізді.* Менің әкем барады құдасына қуанып. Жақтырмайды құдасы Теріс қарап, қуарып. Балалары шулап жүр, қой, *жылқысын суарып* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жылқы үркіді. *Үйір бір нәрседен секем алып, үдере ығысты.* Бұла қырдың бұланы,

қазағымның құланы – *Жылқы үркіп* кетіп пе? (М.Жұмабаев, Шығ.).

Көк алалы көп жылқы. *Үйір-үйір болған, түр-түсі әртүрлі жылқы.* Жердің көркі кірмейді Қара құрттай қаптаған, Иірсең еріп жатпаған, Ызғып жатқан малдан соң. *Көк алалы көп жылқы,* Оның да сәні болмайды, Шамырқанған тал түсте Шалқып жатқан көлден соң. Жел сөзбенен көңіліңді Көтерейін, бектерім, Сағынысып сендерді Көптен бері көрген соң (Базар жырау, Шығ.). Баянның кеудесінде Ақбет жүрек, Секілді ақбоз үйлер қонған тіреп, Көлдегі шағаладай айналасы, Ұлына Сарыарқаның көз жібермесе, *Көп жылқы көк алалы* жатқан сіреп (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.).

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы. *Қой аузынан шөп алғысыз, момын. Қойдан қоңыр, жылқыдан торы* Бәкең Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең (Абай, Тол. жин.).

Мыңдап жылқы айдады. *Жылқысы өте көп болды. Мыңдап жылқы айдаған,* Жүздеп нарды байлаған, Қызылды қыстап жаз болса, Саланың бойын жайлаған (Базар жырау, Жыр.).

Серкештеп жылқы айдады. *Үйір алдына көсем жылқы салды. Серкештеп жылқы айдады,* Көшкенде жүртта тай қалды. Алдына келген дау болса, Әділетпен жайғалды (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖЫЛҚЫДАЙ с ы н. *Жылқы сияқты, жылқы тәрізді.* Күн-түні бірдей жортып тоқтамайды, *Жылқыдай* жем-шөпті жеп отамайды. Болмайды ауыр, жеңіл артқан жүгі, Бір аймақ бір-ақ көшке көп болмайды (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Екі жақтан атқан соң, Сорға түскен *жылқыдай* Қырылды солдат оппалап (О.Шипин, Дастан.).

Жылқыдай жусатып, қойдай өргізу. *Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу.* Бүкіл Дешті-Қыпшақты өзіне бағындырып, *жылқыдай жусатып, қойдай өргізуің* керек (І.Есенберлин, Шығ.).

ЖЫЛҚЫЛАН= е т. *Жылқысы көбею, жылқы малына бай болу.* Сарыарқа елінің торсығы кереге басына ілініп, жылқыдан айырылып жүген ұстап қалған жылдары болған. Соның бәрінде де жылқының қадірін білетін ел тез-ақ *жылқылануып* кетіп жүрген («Лен. жас»).

ЖЫЛҚЫЛЫ с ы н. *Жылқысы көп, жылқыға бай.* Бұл күнде төскей толған *жылқылы,* қора толған қойлы, өрісі кең, келешегі мол бай ауылға айналып отыр (Б.Қожабеков, Көктөбе). Бірен-саран, азғана *жылқылы* үйлері жаз болғанда Сәттібек ауылдарымен ауылдас болып отырады (С.Сейфуллин, Шығ.). Байдың ең атақтысы *жылқылы* бай, Бәйгеден жүйрік келер жұлқынып-ай. Ақ еркем отыр ма екен, жатыр ма екен, Жібектей жүз алпыс сом құлпырып-ай (Қара өлең). Өңір едік *жылқылы* да түйелі. Өлең еді тіліміздің тиегі... Білім қазір сыйыспай жүр тіліммен, Тілім оның көзге шыққан сүйелі (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫЛҚЫТЕКТЕС з а т. з о о л. <лат. eguidae> *Тақтұяқты сүтқоректі жануарлардың тұқымдасы.* Ежелгі *жылқытектердің* өкілі – эогиппустың қаңқа қалдықтары бұдан 58-37 млн жыл бұрынғы Солтүстік Американың тау жыныстарынан табылған (Қаз. тілі термин. Биология). *Жылқытектердің* осылай тарихи дамуы кезінде олардың дене мөлшері артып, аяқтары ұзара түсті және екінші, төртінші саусақтары біртебірте кішірейіп жойылған. *Жылқытектердің* кей түрлері Еуразияға кейін тараған (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЫЛҚЫША үс т. *Жылқыға ұқсап, жылқы сияқтанып.* Өзі қысжанды, қарды *жылқыша* тебетін, жүні биязы, еті мол, егізшіл, сергек салалы қой өсіріп берсем бола ма? – деп Әбдіжан танауын жиыра, көзін ежірейте күлді (С.Бегалин, Уақыт.). Дуана аяқ астынан үріккен *жылқыша* жалт беріп, лоқып, әнтек тұра қалды да, бұрылып Ақбілекке қарай жүрді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Қаңылтыр аяқтағы сылдыр сорпаны жеріген *жылқыша* тамсанып ұрттаған болады (Ж.Аймауытов, Шығ.). «Кеңестің» *жылқылары ныша* кекіректеуін қарашы мұның, – десетін жұрт (F.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫЛҚЫШӨП з а т. ө с. <лат. trientalis> *Наурызгүл тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік.* Негізінен, қылқанжапырақты ормандарда шоқ-шоқ тоғай құрап өседі. Қазақстанда Көкшетаудың (Имантау, Сандықтау), Сарыарқаның аралас ормандары мен бұталар арасында Еуропа *жылқышөбі* өседі ((ҚҰЭ).

ЖЫЛҚЫШЫ[1] з а т. **1.** *Жылқы бағатын адам.* Шапандарын белсенген Асау мініп теңселген, *Жылқышылар* кеп түрса, Таңертеңнен салпылдап (Абай, Тол. жин.). Түнде *жылқышы* ұйықтап қалып, қалың жылқы егінге түсіп кетіп жүрмесін (М.Әуезов, Шығ.). Биені желі басына айдап келіп, Иманқұлға сөйлесті де, Орманбас *жылқышысы* құрығына таянып, сілейіп тұрып қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Сөйтіп жүріп шешеміз ер жетіпті, Қойшы азаппен қартайып, кер кетіпті. Әкеміз жасөспірім *жылқышы* екен, Жас көңілін ол азғырып, тербетіпті (С.Торайғыров, Алаш ұраны). **2.** а у ы с. э т н. *Жаңа туған жас бала, ұл.* Бұрын қазақтар әйелің не туды дегенде, егер әйелі ұл туса, «қойшы», *«жылқышы»* туды дейтін еді. Қазір де осы әдет ауылды жерде сақталған (Ауызекі).

Жылқышы ата. м и ф. *Жылқы малының пірі, иесі.* Түйенің «ойсыл қара» деген, сиырдың «зеңгі баба» деген, жылқының *«ж ы л қ ы ш ы а т а»* деген иелері бар деп нанатын (С.Сейфуллин, Шығ.). Тұлпардың өз тұяғы өзіне май, Қағынан *ж ы л қ ы ш ы а т а* жерімейді (Айтыс.).

Жылқышы ауылы. *Қоста жылқы бағатын, елге, ойға түспей, шөбі бар, ықтасын жерлерде тұратын жылқышылардың тұрағы.* Бірақ ол қыз бейхабар көп өнерден Қалада өскен, елде туды дегенмен, Көрген емес мына біздің тауды да, Барған емес *ж ы л қ ы ш ы л а р а у л ы н а*. Күй тыңдаумен таңды ұйқысыз атырып, ішкен емес сары қымыз сапырып (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жылқышы болды. *Жылқы бағумен айналысты.* Айналам еңбек қайнаған, Қаласам барып аулыма, *Ж ы л қ ы ш ы б о л а м*, қой бағам. Ақ саусақ болуды ойламан! Қаласам осынау заманның, Бұлбұлы болам сайраған. Заводта жұмысшы адамның Секунды болып айналам (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫЛҚЫШЫ[2] з а т. з о о л. <лат. scolopax rusticola> *Сулы, батпақты жерде өмір сүретін, тұмсығы ұзын және төмен қарай иілген сұрғылт түсті құс.* Балалар, сендер *ж ы л қ ы ш ы* деген құсты білесіңдер ме? Ол қара тағандай ғана құс. Бірақ одан бойы биік, аяғы ұзын, көбіне қара сулы, көлді, батпақты жерлерді жағалап жүреді. Тұмсығы да ұзын, су түбіндегі өсімдіктерді тез жұлып алуға икемді-ақ (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Өзен жақтан қоға арасындағы түнгі мекенге жайласқан үйректің қырқылы, *ж ы л қ ы ш ы* құстың ысқырғаны естіледі (А.Нұрманов, Құлан.). – Бұл ненің даусы? –дегенімде: – Ол шақырық деген құстың даусы, – дейтін. – Ал мынау ше? – Бұл *ж ы л қ ы ш ы* ғой? Тыңдашы! Жылқы баққан Әбден атаң сияқты ысқырып тұрған жоқ па?! («Қаз. әдеб.»). Айдындарды жарық қылар күлкісі, Жас ғалымды мас қылатын түр-түсі. Гаваядан қонбай ұшып жетеді, Қол басындай қоңыр қанат *ж ы л қ ы ш ы* (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫЛҚЫШЫЛЫҚ з а т. *Жылқы бағуды кәсіп етушілік.* Армия қатарынан оралған соң әкем Әбілемге көмекші болып *ж ы л қ ы ш ы л ы қ қ а* тұрдым (З.Иманбаев, Солма гүл.). *Ж ы л қ ы ш ы л ы қ қ а* кім көрінген алына бермеген. Жылқы түз малы (Ж.Орманбаев, Қос басшы). «Баяғыдан осылай жасау керек еді» – деп, аға *ж ы л қ ы ш ы л ы қ* атағын өзіне қайтарған (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫЛМА[1] з а т. **1.** *Жел ауруына қолданылатын халықтық ем, дәрі.* Малдыбайдың көзіне *ж ы л м а* елестейді. Жайпақ қара қазанның ортасына дейін құйылған май бұрқылдап қайнап жатыр. Бетінде көпіршіген ақ көбігі. *Ж ы л м а* ішіп отырған ауру інісі (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек.). **2.** ж е р г. *Түйе сүтіне пияз, бұрыш, май салып қайнатып ауру адамға беретін тағамның бір түрі. Ж ы л м а н ы* туберкулез ауруымен ауырған адамға береді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛМА[2] з а т. ж е р г. *Үй сылайтын темір қалақ.*

ЖЫЛМА= е т. ж е рг. *Бөгелмей сөйлеу, мұдірмей сөйлеу, судай ағу.* Абылғазы орысшаны сөйлегенде *ж ы л м а й д ы* (Қазақ тілі аймақ. сөздігі).

ЖЫЛМАҒАЙ с ы н. **1.** *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс; жылп-жылп еткен, жылпылдақ.* Машина дөңгелегінің бедері әбден желініп *ж ы л м а ғ а й* болған («Лен. жас»). Эпидермистің кутикула аталатын қабаты *ж ы л м а ғ а й* – теп-тегіс болып та, сонымен қатар бұдырмақты және қабыршақтанып кездесе береді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Қарыннан бүр кеткенде ас *ж ы л м а ғ а й*, қуықтан бүр қашқанда зәр *ж ы л м а ғ а й*, ал бұлардың бүрге зәрулігін көптен бері білер еді (А.Сүлейменов, Бесін). **2.** а у ы с. *Жылпос, пысық, жылмақай.* Баяғы ауданның инспекторы *ж ы л м а ғ а й* жігіт бұл күнде осындағы мектепке ауысқан-ды (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.). Ханша столдарды жағалап келеді. Бір столдың жанына тоқтап, басында фески, түрікше киінген бір *ж ы л м а ғ а й* приказчиктің алдында жатқан күміс әшекейлі былғары белбеуді алып көрді (Б.Аманшин, Жар мұңы). **3.** а у ы с. *Сақал-мұрты жоқ, жып-жылтыр.* Бітік көздеу, *ж ы л м а ғ а й* сопақ бет, бозғыл жігіт жылмиған сияқтанып келе жатыр еді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Бақсы жұқа өңді, аласа бойлы, құс тұмсық, қара сұр кісі екен. *Ж ы л м а ғ а й* көсе, үстіндегі киімі де бір жосық (С.Омаров, Қайырлы.). Ұзын коридордан өтіп, аулаға шыққанымда, майлаған бидайдай жүзі жылтыраған *ж ы л м а ғ а й* Махмұтқа ұшырастым (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

Жылмағай сөз. *Мәнсіз, жылтыраған бос сөз.* Бұл жылуы жоқ *ж ы л м а ғ а й*, жылтыр *с ө з* емес, Бұл – шындық, бұл – өмір (С.Ерубаев, Шығ.). Ол әйелдің *ж ы л м а ғ а й с ө з і н* де, аса жайдарлы қас-қабағын да байқаған болды (Х.Есенжанов, Көп жыл.).

ЖЫЛМАҒАЙЛА= е т. *Тегістеу, жып-жылмағай ету.* Қарабай өте шаруақор адам еді, үйі мен қора-жайының маңын *ж ы л м а ғ а й л а п*, жылан жалағандай етіп қоятын («Жалын»). Айнала аппақ қар сиырдың тілімен жалағандай *ж ы л м а ғ а й л а н а* сылып тастапты (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛМАҒАЙЛАУ *Жылмағайла етістігінің қимыл атауы.* Адамның ойлау сезімін *ж ы л м а ғ а й л а у ғ а* келсек, бұл – адамның ерік күшін жою, рухын жасыту, тағдырға мойын ұсындыру (Ғ.Мүсірепов, Достық.).

ЖЫЛМА-ЖЫЛ үст. *Әр жылда, жыл сайын.* Қызы оқуды үздік оқып, *жылма-жыл* мақтау грамотасын алып келеді (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен). Бір жерге егінді *жылма-жыл* үздіксіз еге берсе, топырақтың құнарлылығы кемиді (Т.Мұсақұлов, Ботаника). Өзің үшін үйренсең, Жамандықтан жиренсең, Ашыларсың *жылма-жыл* (Абай, Тол. жин.). *Жылма-жыл* бой көрсетіп тұратын аса қауіпті оба ауруларының өршуі, нәрестелердің жиі шетінеуі, «сиам егіздерінің» дүниеге келуі, жүйке ауруларының, демікпе, қан қысымы, өкпе ауруларының, өзінеөзі қол жұмсаудың көбеюі, ұйқыдан оянбай қалу, бәрі де жоғарыда айтылған апаттардың кесірінен болып отыр («Жас Алаш»).

ЖЫЛМА-ЖЫЛҒЫ с ы н. *Әр жылдағы, жыл сайынғы. ...Жылма-жылғы* демалысты жақсылап пайдалану үшін еңбекшілерге жағдай туғызып отыр (Р.Сәтбаева, Гипертония.).

ЖЫЛМА-ЖЫЛДЫҚ с ы н. *Әр жылғы, жыл сайынғы.* Аудармалық шығармаларды тексеруді, Абайдың өз шығармаларына қолданған *жылма-жылдық* ретпенен жүргіземіз (М. Әуезов, Әр жыл.).

ЖЫЛМАЙ= ет. сөйл. **1.** ***Жылми.*** – Әкесінің аты Аппас болса керек еді, – дедім. Жеңгей ақырын *жылмайып* күлді (С.Сейфуллин, Тар жол.). Жақсы, Мәмбетке, жақсы! Ұр, вот так! Вот так! – деп Мәмбеттің темірді соғысына сүйсінгендей *жылмайып* қарап тұрды (І.Жансүгіров, Шығ.). – Күйеу бала, сен жеп-жеңілсің, *жылмай* өтіп кетесің, – деп күлді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **2.** а у ы с. *Ағып тұру, судай болу.* – Ой, мынауың қазақшаға *жылмайды* ғой, – деп, жаңағы бір дауыс тағы килікті (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жылмай ақты. *Ішке ас тұрмады, бойларына жұқпады.* Көк төбет! Отыз жыл би болып ел сорғанда, бүйірі бір шыққан емес, Алғаны *жылмай ағады* артынан (Ғ.Мұстафин, Дауыл). Сонда да тапқан-таянғаны бұрынғыдай көп жан емес, айналдырған екеу-үшеуіне жетпейді. Бойларына жұқпай, *жылмай ағып* жатыр (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖЫЛМАЙТ= е т. с ы н. ***Жылмит***. Әңгімеде іркілместен, Тымырайып білген түспен. Шыл аласта бой бағатын, Ханымдарды *жылмайтқандай,* Жалынды өткір сөз тапқандай (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫЛМАЙЫС= е т. с ы н. ***Жылмиыс***. Клубтың алдына келсем жөнді ешкім болмады, анадай жерде бір-біріне *жылмайысып* тұрған бір жігіт пен бір қызды ғана көрдім (Ауызекі).

ЖЫЛМАЙЫСУ *Жылмайыс етістігінің қимыл атауы.* Дәл осылардың келуін күтіп жатқандай әкесінің де келе қалуы сезік тудырса да, Бәкизаттың *жылмайысуын* ұнатып айтқанына еруді ақылсыздыққа жорыды (К.Оразалин, Ақ жазық.).

ЖЫЛМАҚАЙ с ы н. *Сумақай, жылпос, ылпың-жылпың.* – Нүреке, бұндай пальто еш уақытта табылмайды. Бұны қалай да аламыз, – деп *жылмақай* Жүніс пальто сатушы адаммен бір сағаттай саудаласты (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.). Көңілім өзіме аян, кірсіз аппақ, Жүрмеймін ішке құлық пікір сақтап. *Жылмақай* жігіттерден жеркенемін, Мұнтаздай сырты жылтыр, іші сатпақ (Ә.Оңалбаев, Таң алды.). // *Сумақай, жылмос адам.* Бірақ осы әділ соттардың арасында кейде сәт-сәттің арасымен жымсып жүрген *жылмақайлар* да кездесіп қалады (Б. Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЖЫЛМАЛА з а т. ж е р г. *Үй сылайтын темір қалақ. Жылмаланың* беті тегіс емес екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛМАҢ с ы н. **1.** *Жылпос, құу, жылмақай.* Тасқын Жәнәбілов деген *жылмаң* дүкеншіні ұнатпаған, тастай батып, судай сіңіп тұрған сол жылпоспен Нұрадынның қалай достасқанына қайран қалған-ды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Су жұғар ма, Сөз ұғар ма, Сыпыра *жылмаң* жел буаз? Айтты – көндім, Алды – бердім, Енді өкіндім – өзіме аз (Абай, Тол. жин.). Айшаның ойына терезеден қашқан *жылмаң* студент тағы да жылт етіп орала кетті (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жолдастың да, жолдастар, жолдасы бар, Сырты *жылмаң,* іші арам оңбасы бар. Шын адалын, адамын таба алмасаң, Өмір бақи кетпейтін таңбасы бар (А.Тоқмағамбетов, Өмір.). **2.** *Алдамшы, сұм.* Бойы бұлғаң, Сөзі *жылмаң* Кімді көрсем, мен сонан Бетті бастым, қатты састым, Тұра қаштым жалмажан (Абай, Тол. жин.). Қызылжардың *жылмаң* саудагерлері, саудагер жүліктері бірі саудаласып тұрса, бірі мына момындардың ұсқынын танып, «қағаз» дегенді тәптіштей бастады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). *Жылмаң,* жыртаң, Бұртаң-тыртаң, Бұртаң-тыртаң, Сұм өмір (М.Жұмабаев, Шығ.).

Жылмаң етті. *Лып етті, жып етті.* Қажының қайнақай қара тоқалы Қадиша тазы баласындай *жылмаң етіп* шәугім алып шықты (Қ. Тайшықов, Окт. ұшқыны). Түйенің тұмсығына сол жағынан қолмен қатты басып жібергенде, мінсіз істелген түзу мұрындықтың істік ұшы *жылмаң етіп,* оң жақтан тесіп шыға келеді («Хабарлар»).

Жылмаң қақты. а) *Жалаңдады, жалақтады.* Мойнында сылдырмақ қарғысы бар қара ауыз, тарғыл қаншық Абайға біртүрлі сұлу көрінді. Жұтынып тұр, *жылмаң қағады* (М.Әуезов, Шығ.). Екі тазы *жылмаң қағып,* Талғар емес не іліске, Жалмап жұтып, жалап жатыр, Бірін-

бірі талап жатыр (А.Тоқмағамбетов, Дария.). ә) *Жылмаңдап, асты-үстіне түсті, іші-бауырына кірді.* Хош келдіңіздер, төрлетіңіздер! – деді Мырқал *жылмаң қағып.* Ол, әсіресе, өзіне қауіпті адамдарды жылы қарсы алды (Ә.Әбішев). – Әйде, жүр, екеуміз барып Мәскеудің майлы етін, тәтті арағын алып келейік. Ақша менде жетеді, – деп корзинканы көтеріп жайынауыз *жылмаң қақты* (І.Жансүгіров, Шығ.). Ру, жерлес дегенді дабырайтып, Сенер болған шаланы үрлеп жаққан. Қоғам үшін, жұрт үшін сөйлеген боп, *Жылмаң қағып,* суайтың судай аққан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫЛМАҢДА= ет. **1.** *Сыпсыңдау, сумаңдау, жылмаң қағу.* Раушандарға ақ белдемше байлап алған, ұзын мұртты бір орыс *жылмаңдап* жетіп келді (Б.Майлин, Шығ.). Қылаңдап, қырық құбылып тұрғанда, қыз, Артыңа қолаң шашың бұрғанда, қыз. Әкеңнің емін-еркін оң жағында Бізіндей етікшінің *жылмаңда,* қыз. Әр елден мен сендейді көп көргенмін, Көтеріп өзіңді-өзің бұлданба, қыз! Кекектеп, қалжың айтса, жақтырмайсың, Атадан сенен басқа туған ба, қыз? (Ә.Найманбаев, Шығ.). Әлгі Жапары бар болғыр, ұры итше *жылмаңдап,* Қабен айтты, Құрымбай айтты деп, тас кенеше қадалып қоярда-қоймай Қойбағарды алып кетті (М.Хасенов, Тұлпар.). Аш бөрідей *жылмаңдап* Асыр салып ойнадың. Бұл жүрісті қоймасаң, Ұстап сені соямын! (С.Сейфуллин, Шығ.). **2.** *Біреудің іші-бауырына кіріп жағыну, жақсы көріну, жарамсақтану.* Жүсіп *жылмаңдап,* тап сол минутта Жамалға шын жағынғысы келген адамның пішініне кірді (Б.Майлин, Шығ.). «Он күннен кейін тағы келем тағы келем, ерлеріңді сонда әкелем, бәрін келісіп қойдым», – деп *жылмаңдап* бүгін тағы кеп тұр (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). (Тәшен) Күсеннің асты-үстіне түсіп, *жылмаңдай* бастады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Күреңімнен атылып шетке шықты да, Айғайлап тұрып, анықтап, нақ-нақ, ұқтыра: – Дәрменсіз сорлы кедей-кепшікті бұқтыра, Күшік тазыдай *жылмаңдайсыңдар* мықтыға! Ата жауларың арқаңа, бәлем, шықты ма, Әкелеріңнің көріне, бәлем, тықты ма? (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫЛМАҢДАТ= е т. *Жылмаң-жылмаң еткізу, жалақтату, сумаңдату.* Сорпасы әжептәуір ме, қалай, – деді үлкендер, қасықтарын *жылмаңдатып,* – айтулы сорпа, сөз жоқ, ә! (М.Жұмағұлов, Қыран.). Бұл сағатты «алып қал, алып қал! Алмасаң да көріп қал!» деп *жылмаңдатқан* бір ақсақ саудагерден алғанбыз (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

ЖЫЛМАҢДАУ *Жылмаң етістігінің қимыл атауы.* Біздің үйге түспеуіңнен қорқып ем, артынан естісем, елдегі Еркін Ержановтың өтірік *жылмаңдауына* алданып, ыңғайсыз бір іске ұрынғалы келген түрің бар (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖЫЛМАҢДЫҚ з а т. *Жылмаң-жылмаң етушілік.* Тура тілді кісіні дейміз орыс, Жиреніп, *жылмаңдықты* демес бұрыс. Жылпылдақтан айырылып, сенісе алмай, Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс (Абай, Тол. жин.).

ЖЫЛМАҢ-ЖЫЛМАҢ е л і к. *Қайта-қайта қылмаң-қылмаң, сумаң-сумаң еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.* Қожайын: «Апырау, Бабай, біраз аунап-қунап жатсаңызшы. Тай алдырып сояйын», – деп батырға *жылмаң-жылмаң* қарайды (Б.Тоқтаров, Тауда.).

Жылмаң-жылмаң етті. *Жылмаңдады, жылмаң қақты.* – Сүйінші, жігітің шақырып тұр, – деп хабар жеткізген Бағила *жылмаң-жылмаң етеді* (Т.Ахтанов, Дала сыры). Сақал-мұртын қырған, иіс су жаққан, абақтыға түсті дейтін емес, тазының күшігіндей, *жылмаң-жылмаң етеді* (З.Шашкин, Тоқаш Бокин).

ЖЫЛМИ= е т. **1.** *Ештеңе болмағандай жайдарылана қалу, аярлана тымыраю.* Байқан жалт қарап еді, есінен тана жаздады: айдай сұлу бір қыз *жылмиып* күліп тұр! (Б.Майлин, Шығ.). Жылуы жоқ бойының, *Жылмиғаны* неткені? Құбылуы ойының – Кетпей қитық еткені (Абай, Тол. жин.). Келіншек Нұрлан екенін таныды білем, *жылмиып,* бір жақ шетке қарай тықсырылып, жол берді (З.Шашкин, Сенім). Әлдеқайдан тілін салақтатып, *жылмиған* күшік тазы кеп, алдымен иесіне еркелеп, мойнына асылып, әлдене айтқысы келгендей қыңсылады (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** *Жып-жылмағай, тап-тегіс болу.* Әрқайсысы *жылмиған* тегістіктің әр бағытын бетке ұстап, шауып ала жөнелді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сырт қарауға көз тоқтатар белгісі жоқ *жылмиып* жатқан жалпақ даланың түкпір-түкпірінде ел аузынан тастамайтын ескі қорғандар мен төбелер көп (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Жұқа сары сонысына мәз, кем иегі *жылмиып,* жымың-жымың етеді (Н.Сералиев, Ыстық күлше).

ЖЫЛМИТ= ет. **1.** *Жып-жылмағай ету.* Жол аузында бір шақырымдай жерде қазақ ауылы кез болды. Ауыл жадағай жерде екен. *Жылмиты* үйлерін қар басып қалған (С.Сейфуллин, Тар жол.). **2.** *Тақырлату, жылтырату.* Өзгертті саудагер де жылдам сыртын, Ескілікті сипалап қалған жұртын. Оп-оңай оқығанға ұқсай қалған *Жылмиты* қырып тастап сақал-мұртын (Д.Еркінбеков, Шаншу.). **3.** а у ы с. *Ізін білдірмеу, шебер қимыстыра білу.* Жігіттер мұртынан күлісіп, Сәрсекеңнің өтірікті қалай

ж ы л м и т а т ы н ы н тыңдай қалысты (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖЫЛМИТЫҢҚЫРА= е т. *Жылмағайлаңқырау, жатқызыңқырау.* Азамат мұртын жел ұшырып кетпесін дегендей алақанымен бір сипап, екі басып, әлгіден де гөрі *ж ы л м и т ы ң қ ы р а п* қояды (З.Қабдолов, Жалын).

ЖЫЛМЫҚ з а т. с ө й л. ***Жылымық*** *(қар еріп, күн жыли бастаған кез, көктем маусымының басталар шағы).* Жаз таянып *ж ы л м ы қ* түсе бастады. Көшенің қары еріп жатыр (С.Сейфуллин, Тар жол.). 22-жылдың бас кезіндегі март ішінің *ж ы л м ы қ* күндерінің бірі еді (Б.Майлин, Шығ.). Жазға салымғы Сібір өлкесінің ұзақ *ж ы л м ы қ* күндері басталды (С.Бегалин, Бала Шоқан). Келесі бір күндерде әуелі *ж ы л м ы қ т а* қар ерісе, соның артынан қатты боран басталса немесе үскірік аяз қатқабаттаса, сонда бұл апатқа қарсы тұрар мұнда кім бар? (Ә.Көшімов, Қысталаң.).

ЖЫЛМЫҚАЙ с ы н. с ө й л. ***Жылмақай.*** Ауыл шетінде бір топ бала асық ойнап жатыр екен. Етегіне көп асық салған *ж ы л м ы қ а й* қара баладан жөн сұрады («Лен. жас»).

ЖЫЛМЫҚТАН= е т. *Қардың созалаңдап баяу еруі.* Алғашқы жауған ақша қар таңертеңгілікте *ж ы л м ы қ т а н ы п* еріп, лезде қатып, мұзға айналды (С.Омаров, Әңгім.).

ЖЫЛМЫҢ е л і к. *Сумаң, жылмаң еткен, жылмаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Жылмың етті. *Жылмаңдады, жылпың қақты.* Өңкей қасқыр ішік кигендердің шетіне таяп бергенімде алдымнан *ж ы л м ы ң е т і п,* Халауиддин шыға келді (С.Жүнісов, Жапанда.).

Жылмың қақты. *Жылыңдады, жылп-жылп етті.* Тезекбай есіктің аузындағы алжапқышы жоқ үстелдің жанындағы даяшылар орындығына отыра салып, *ж ы л м ы ң қ а қ қ а н* жас даяшыны шақырды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

ЖЫЛМЫҢДА= е т. с ө й л. ***Жылмаңда.*** Бұдан бірер күн бұрын қалалық кәсіпшілер одағының бір мүшесі келіп кетті. Адамның іші-бауырынан өтіп тұрған *ж ы л м ы ң д а ғ а н* қара жігіт екен (Б.Майлин, Шығ.). Бекештің шақырмайтынын Күлшебай да біледі. Бірақ ол ештемені сезбегенсіп, *ж ы л м ы ң д а п* кей күндері біздің қасымыздан шықпайды (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Жеткенде он алтыға өткірленіп, Бізіндей етікшінің *ж ы л м ы ң д а й с ы н.* Түлкі алып жаттықпаған балапан құс, Бақсының жаңа пері жынындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). Сап, сап қимыл, Сәлден соң бұлғындаса, Бұлт бүркеген жұлдыздай *ж ы л м ы ң д а с а.* Ақ көйлектің етегі еркеленсе, Киіз басқан Айжан қыз қылыңдаса. Ер салғанда Елеңдеп қалтыраған, Сәйгүліктей сондайда Қарқын алам. Еріп кетем, елігім төкпе күйге, Сүймес оны Сүймесе салқын адам (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЫЛМЫҢДАУ *Жылмыңда етістігінің қимыл атауы.* Итбайдың *ж ы л м ы ң д а у ы* оған сол жолбарыстың еркелеуі сықылды көрінді (С.Мұқанов, Ботагөз).

ЖЫЛМЫҢ-ЖЫЛМЫҢ е л і к. *Қайта-қайта жылмаңдаған қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жылмың-жылмың етті. *Жылмаңдады, жылмаң қақты.* Орысша ләм-мим дей білмейтін жас бала бірденені түсінгендей *ж ы л м ы ң-ж ы л м ы ң е т е д і* (С.Сейітов, Сөз сұра.). Есболат болса дүниеде түк болмағандай *ж ы л м ы ң-ж ы л м ы ң е т і п* «Еңбекші қазақ» ауданындағы Фрунзе атындағы колхозда экономист болып жүріп жатыр (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЖЫЛМЫРАЙ= е т. с ө й л. ***Жылми.*** Аяғын байқап басқан суда жүріп, Тым ұялшақ бойлады сонда тұрып. Маңдайынан қарайды *ж ы л м ы р а й ы п* (Ақан сері, Шығ.).

ЖЫЛМЫРЛЫҚ з а т. *Пасық қулық, жылмысқы айлакерлік, жылпостық.* Көп жігіттің алдын орап сандарын бір-ақ соқтырған *ж ы л м ы р л ы ғ ы* қайда кеткен (Ә.Кекілбаев, Бір шөкім.).

ЖЫЛМЫРТ з а т. ж е р г. *Ұн мен майды араластырып, қуырып істейтін тағам.* Бопаштың апатайы *ж ы л м ы р т т ы* көп істейтін еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛМЫСҚЫ с ы н. *Шынайы емес, жалған; арам, жымысқы.* Оның *ж ы л м ы с қ ы* жымиысы мен көлгірсіген сөзіне сенгеніне өзіне-өзі жекиді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Онан бір адым кейін келе жатқан Фридерикс *ж ы л м ы с қ ы* күлкісін жасыра алмай, мырс-мырс етті (А.Сатаев, Дала.).

ЖЫЛНАМА з а т. *Халықтың, мемлекеттің, қаланың т.б. жылма-жыл жазылып отырылған тарихы, шежіресі; аса маңызды жазба деректер.* Орыс *ж ы л н а м а л а р ы н д а* біздің ақындарымыз бен жыршыларымыздың есімдері сақталған («Қаз. әдеб.»). *Ж ы л н а м а л а р* қарапайымдылығымен, көлемі жағынан ауқымдылығымен, құрамы жағынан күрделілігімен сипатталады (ҚҰЭ). Араб тарихшылары, саяхатшылары өздерінің жазған *ж ы л н а м а л а р ы н д а* «Фараб қаласы қазір аба халифінің ең күшті жауларының бірі» деп көрсетіпті (Д.Досжанов, Құм жұтқан.). Жыл келді ғажайып бір ақ таңымен, бақ таңымен, ақ ұлпа ақ қарымен. Көркем екен, мынау жыл көрікті екен. Парағын *ж ы л н а м а н ы ң* ақтарып ем. Дүние, тойлайды екен шаттанып ел (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫЛНАМАШЫ з а т. *Жылнама жазатын адам, жылнамамен айналысатын кісі. Жылнамашылар,* көбінесе, абыздар мен діни қызметшілер, патша, князь хатшылары мен тарихшылар арасынан шыққан (ҚҰЭ). Үлкен сары жібек шатыр іші оңаша. Оң жағында бүрісіп *жылнамашы* шал отыр (О.Сәрсенбаев, Сағым). Сонымен қатар олар бізде ірі тарихшылар, *жылнамашылар,* атамзаманда білімге деген құштарлығымен аты шыққан Фараб, Отрар, Сығанақ, Жент, Тараз сияқты қалалар болғанына да қанық (Біздің Мұхтар). Ескерткіштер кезінде орыс елшілері мен саудагерлерін, шетел *жылнамашыларын* да қызықтырғаны мәлім («Білім және еңбек»).

ЖЫЛП е л і к. *Жылмақай, тайғанақ заттың жылпылдап тұрмайтындығын бейнелейтін сөз.*

Жылп берді. *Зып етті, жылпылдап тұрмады.* Бюрократизм құрғырды ұстау қиын, балықтың құйрығындай қолыңнан *жылп беріп* шығып кетеді де, «жұмыс көп», «қол тимейді» деген қоқсықтың астында құжынап жата береді (С.Төлешов, Түрлі. бас.).

Жылп етті. а) *Жылпылдап тұрмады, зып ете түсті.* Рульден әбден ұстап үлгермеген Тоқаның қолы *жылп етіп* шығып кетті де, артқы дөңгелектің астына түсті (Е.Домбаев, Ғашықтық.). Бірінші қағыстан кейін арақтың көмекейден қалай *жылп етіп* өтіп кеткенін Сарқыз сезбей де қалды (Б.Тілегенов, Көктем.). Қынапқа салса *жылп еткен,* Суырып алса қылп еткен (Үш ғасыр.). ә) *Тез қимылдады. Жылп етіп* тар ұңғыдай бос ұңғірден, Зуылдап су түбіне тосын кірген Ажалдың сол жазуын тас атқылап, Ақыры біржолата өшірдім мен (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫЛПАҢДА= е т. с ө й л. ***Жылпыңда***. Ел қыдырып күні-түні, *жылпаңдама,* келіншек, Өсек тасып үй-үйге, тың тыңдама, келіншек (Д.Еркінбеков, Шығ.).

ЖЫЛП-ЖЫЛП е л і к. *Жылмақай заттың қайта-қайта жылпылдап тұрмағанын бейнелейтін сөз.*

Жылп-жылп етті. *Жылпылдап тұрмады, лыпылдады.* Ол өтірікті суша сіміріп, ыстық шайдан алып майға малған қалайы қасықтай *жылп-жылп етті* (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ). Асаудай аптық басып арындайсың, Құр сөзге құнары жоқ жалындайсың. Терідей сабын жаққан *жылп-жылп етіп,* Шіркін-ай, қонған жерден табылмайсың (XVIII-XIX ғғ. қаз. ақын.). Ербол Нұрқан сөзіне мән бермеген, елемеген адам тәрізді бұрынғыдай: «Мәке, Мәке!» деп *жылп-жылп етеді* (З.Шашкин, Сенім). Асаудай аптық басып арындайсың, Құр сөзге құнары жоқ жалындайсың. Терідей шыбын жаққан *жылп-жылп етіп,* Шіркін-ай қойған жерден табылмайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛПОС с ы н. **1.** *Пысық, епті, ылпың-жылпың.* Қалтай аса пысық, сөзге ұста, қалжыңқой, әсіресе Ақанның түндегі жүрісіне өте ыңғайлы, әрі *жылпос,* әрі тілді ер жігіт еді (М.Әуезов, Қараш.). Үсен болысқа үзбей шабарман болған, қазір де жаңа болыс Байсақалға сол қызметін көрсетіп келе жатқан, алымды, *жылпос,* шаршау дегенді білмейтін бір оқшау жан (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Оның қасындағы *жылпос* ақсары жігітті де бұрын талай көрген, алдарынан шығып қарсы алды (С.Бегалин, Уақыт.). Сарбаланың қасындағы Атуша дейтін *жылпос* жігіт ертеректе болыстың шабарманы болған, ел жайына, қулық, сұмдыққа жетік (F.Мұстафин, Көз көрген). **2.** *Шырақ, ұшқыр, жүрдек.* Көңілді, көрікті ақ сұр жүзді Шәке, жел қайықтай ескен *жылпос* сұр бедеумен лып етіп жетті де, сәлем берді (М.Әуезов, Абай). Қаршыға салған адамға ыңғайлы, жүрдек, жуас, *жылпос* ат керек (Ш.Айманов, Қыран.). Лашын – алғыр құстардың ішіндегі *жылпосы* («Спорт»). **3.** а у ы с. *Арам, қу, айлакер.* Сұм жалған келді кезі кеселденген, Естіні туды заман есер жеңген. Барады кей қаламгер желе жортып, Қу *жылпос,* су жұқтырмас «шешендермен» (К.Салықов, Жезкиік). *// Қу, айлакер адам.* Шайлықпаймын ылдидан да, өрден де, Қаймықпаймын төменнен де, терден де, *Жылпостардың* бәрін бір сәт ұмытам Қимас достың адал көзін көргенде (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЫЛПОСТАН= е т. *Пысықсу, ширақсу.* Махмұт ештеңе айта қоймаған соң, ол *жылпостана* дарақы әзілге басты (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖЫЛПОСТАУ с ы н. *Пысықай, жылпыңырақ,ептірек.* Сол Қара Көсені төңіректеп жүретін Құлшебай дейтін қалқаң құлақ *жылпостау* бір бала бар болатын (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.). Ақыры *жылпостау* біреуі сылбыр қозғалатын екіншісін қамшының сабымен түртіп қалып еді, анау шалқасынан түсті (С.Садуақасұлы, Танымд. зерт.). Енді Ларисаны биді тәуір білетін *жылпостау* жігіттердің біреуі вальске шақырып әкетті (Т.Жанкелдин, Партизан.).

ЖЫЛПОСТЫҚ з а т. *Пысықайлық, ылпың-жылпыңдық.* Жылмаңдаған алыпсатарлар әлден *жылпостық* жасай бастағалы да көзге түседі (Р.Әутәліпов, Той тарқар). Көлбай да *жылпостығы,* тұрлаусыздығы болмаса, аса зерек, өткір адам тәрізді көрінеді дейтінбіз (С.Сейфуллин, Тар жол.). Нұрымбай орта бойлы, қара торы бет сүйегі шығыңқы пысық. Ептеген *жылпостығы* бар (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖЫЛПЫҚ: жылпық сары. *Шикіл сары.* Ол келген соң күн өтпей жатып *ж ы л п ы қ с а р ы* Сәмен арқылы Қоңырқұлжаға оның қарамағында қанша сарбаз барын хабарландырған (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖЫЛПЫЛ з а т. *Жылп-жылп етушілік, жылмаңдаушылық.* Черноносов үй иесінің *ж ы л п ы л ы н д а* бір бөленің барын аңғарды (К.Тоқаев, Түнде.). Әйелдің сумаңдаған *ж ы л п ы л д а р ы,* Сыпсыңдап, әсіресе, жылтыр сары, Кіріп-шығып хабарды таратып жүр, Қандай деп сұрағанға қыздың халі (Д.Еркінбеков, Шығ.). Бұлқынысы мен бұлтарысы, лыпылы мен *ж ы л п ы л ы* «мен мұндалап» тұрған бұл кісіні бөтен ойлы жандар пайдаланып кетуі де мүмкін-ау, – деп ойлады (Д. Әбілев, Ақын.).

ЖЫЛПЫЛДА= е т. **1.** *Жылп-жылп ету, майғанақтап тұрмау.* Жол ғана тайғақ емес, аяқ басар шөп те жауын суымен *ж ы л п ы л д а п* көк тайғақ боп жатыр (М.Әуезов, Қараш.). Сілтілер қолмен ұстағанда сабындай *ж ы л п ы л д а п* тұрады (К.Шабдаров, Химия.). *Ж ы л п ы л д а ғ а н* малта тастарға бір жығылып, бір сүрініп қайықты жиекпен ағысқа қарсы тыртыңдап сүйрей жөнелді (Қ.Ысқақов, Бұқтырма). **2.** *Жып-жып ету, лыпылдау.* Құттайынан домбырамен көзін ашқан науша жігіт сұрша кісінің *ж ы л п ы л д а ғ а н* епті саусақтарының перне басысымен ерекше, елден өзге қағысын жүрегімен танып, елеңдеді (Н.Сералиев, Қаңтар). Бірді жесең, майды же Аузыңда тұрсын *ж ы л п ы л д а п.* Бірді мінсең, жүйрік Астыңда тұрсын *ж ы л п ы л д а п* (І.Жансүгіров, Шығ.). **3.** а у ы с. *Біреудің астыүстіне түсіп жағымпаздану, жарамсақтану.* Жабысқақ Мияш пен салпы ауыз Әбділда қызыл командирінің қасында тағы да *ж ы л п ы л д а п* жүрді (С.Сейфуллин, Шығ.). Әйтсе де ауылға кейінгі кезде көбірек келді. *Ж ы л п ы л д а п* кішіпейілдік көрсетіп кетеді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Мал ішінен айналып, Көлі жақсы жайланып, Бай да келер ауылға, Аяңшылы *ж ы л п ы л д а п* (Абай, Тол. жин.). Басы-көзі қан боп, Арқа-басы шаң боп, Және тұрып *ж ы л п ы л д а п* Жығылып тұрып, Буыны құрып, Тағы қуып салпылдап (Абай, Тол. жин.).

ЖЫЛПЫЛДАҚ с ы н. *Жылп-жылп еткен, жылпылдап тұрған.* Еш үйрен епшіл болсаң Ықшылбайдан, *Ж ы л п ы л д а қ* қорыққанына сары майдан. Басы үшін ұстап жүрген әдісіне, Дүниеде өте қалмас одан айуан (І.Жансүгіров, Өленд.). *// Жылпылдаған, жылп-жылп еткен мінез.* Тура тілді кісіні дейміз орыс, Жиреніп жылмаңдықты демес бұрыс. *Ж ы л п ы л д а қ т а н* айырылып, сенісе алмай, Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс (Абай, Тол. жин.). *// Біреудің астыүстіне түсетін епті, қошеметшіл, жылпық адам. Ж ы л п ы л д а қ* сарының нені астарлап тұрғанын емеурініңнен танитын Айдаркин, «сенің бір түнгі ермегіңе мойындап қойғам» деп күлді (С.Бегалин, Уақыт.). Арайын айдыныңа ермес пе еді Жиылып *ж ы л п ы л д а қ т а р* келмес пе еді? (С.Торайғыров, Таңд. шығ.).

ЖЫЛПЫЛДАҚТЫҚ з а т. *Пысықтық, ұшқырлық.* Бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан нар кескен жылдарын есіне алғаны ма, екі ауылдың арасын қиқулатып, бұғалықсыз асауды құр-құрлатқан жиырма бесім, қайдасың деді ме, тіршіліктің мынау қолындағы қамшының сабындай келте, сабындай *ж ы л п ы л д а қ т ы ғ ы н* әрі ермен шөптей ащылығын ойлады ма, құйрық-жалсыз жалғыздығын енді ғана сезді ме (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖЫЛПЫЛДАТ= е т. *Зуылдату, ар жағы шикі істі білдірмеу үшін, көзалдау жасау, тездету.* Мен басында айттым берме деп, Сол иттің *ж ы л п ы л д а т қ а н ы н а* ерме деп (І.Жансүгіров, Өленд.). Ол қызды Сәбит қалай көріп, қалай сөйлеседі? – деп *ж ы л п ы л д а т қ а н* Жәмпейіске: – Ойланайық, ақылдасайық. Ертең менің пәтеріме кел! – деді Абылай (С.Мұқанов, Есею жыл.).

ЖЫЛПЫЛДАТУ *Жылпылдат етістігінің қимыл атауы.* ≈ *Ж ы л п ы л д а т у ы н* қоймады.

ЖЫЛПЫҢ с ы н. **1.** *Пысық, шапшаң, жылпос.* Шапқан екі кісінің алдыңғысы қаршығадай құнтиып қалған *ж ы л п ы ң* бозбала (І.Жансүгіров, Шығ.). Әрі *ж ы л п ы ң,* әрі шымыр қарсақтай Қасен секіріп түсіп Бәйділдаға қол берді («Қаз. әдеб.»). Баймұқан жалаң төс кедейлердің бірі. Бірақ ол осы отызға тақаған жасына жеткенше жалшы болып көрген емес. Ол – батыл, пысық, *ж ы л п ы ң,* ұры жігіт (Ә.Көшімов, Екі бүркіт.). Жаз шықса, құрт-құмырсқа жыбырласып, тірілер өлген дене қимылдасып. Қарулы, өзі *ж ы л п ы ң* бозбалалар Ел көшсе, жүк қом қомдасып (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** *Жүрісті, тез қимылдайтын, ылдым-жылдым.* Жатаған *ж ы л п ы ң* баран атты қашып шықты (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Көре алмай келе жатыр ауыл сыртын, Жирені жел жетпейтін ол бір *ж ы л п ы ң,* Мылтықтан шыққан оқтай атылады, Өлкеде озған емес онан жылқың (Д. Еркінбеков, Шығ.). **3.** а у ы с. ж а ғ ы м с ы з. *Сыпсыңдаған, сумаңайланған. Ж ы л п ы ң* сөз, күрең қабақ, сып-сырғанақ, біреуді алдаймын деп қарманады. Ақылдының сөзінде жұпары бар, Ғылыммен тән тазарып жанданады (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛПЫҢДА= е т. *Жылп-жылп ету, пысықсу, жылпостану.* Хаттың конвертін ашқанда Біржанның қасына келіп *ж ы л п ы ң д а п* тұрған Санабек қызыл жапсырған көк конвертті ала жөнелді (С.Бегалин, Жеткіншек). Балаңды бер сабаққа, Қойға айдама тымпыңдап.

Арттан өсек сөйлеме, Көрнеу көзге *жылп-ылаң дап!* (І.Жансүгіров, Шығ.). Е-е! Бүгін Дәмештің тамыры келеді. Ғазиз бүгін айт десе де, айтпадым. Маған келер пайдасы жоқ. Несіне айтайын *жылпылаңдап,* – деді күзетші (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЫЛПЫҢДАУ *Жылпыңда етістігінің қимыл атауы.* ≈ Көзінше *жылпылаңдау.*

ЖЫЛПЫҢДЫҚ з а т. *Пысықтық, ширақтық. Жылпылаңдыға* да бар, жылпостығы да бар күшті, Біреуге бөле, біреуге туысқан. Ісі түскенге сүттей ұйысқан (А.Тоқмағамбетов, Дария).

ЖЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ е л і к. *Жылмаңдаған жылп-жылп еткен қимыл-қозғалысты бейнелейтін сөз.*

Жылпың-жылпың етті. *Жылпыңдады, жылпостанды.* Сонымен айналып балаға қарадым, Теке көз бала *жылпылаң-жылпылаң етеді.* – Ия, қандай оқуға түспексің? – Қандай болса да, сіз түсіргенге (Б.Қыдырбекұлы, Шойынқұлақ).

ЖЫЛПЫСЫН ү с т. ж е р г. ***Жылбысқа.*** Шала туған қозы *жылпысын* боп туады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛТ[1]= е т. с ө й л. ***Жылыт.*** Қайтадан қапыл-құпыл үйге кіріп, Уа, қатын! – деді жылдам көжені *жылт,* Әуе ашық, қалғып жатыр қанды сонар, Мұндайда отыра ма үйде жігіт (І.Жансүгіров, Өлеңд.). Қиналсам қатты шапқанда, Мұздаса желден маңдайым, Жеткен соң аман ақ таңға, Шуаққа *жылт* ты м әрдайым (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Пешке от жағылмаса да, терезеден дарқан күйылған күн сәулесі үй ішін шуақтандырып, көңілдендіріп *жылтып* тұр (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Салт атты кісі балалардың қорыққанын байқап жүзін *жылта* күлімсірей сөйледі (F.Орманов, Дикан.).

ЖЫЛТ[2] е л і к. *Бір нәрсенің кенет жылтырап көрінуін бейнелейтін сөз.*

Жылт етті. а) *Жылтырады.* Шүбірек шалбардың тақымынан от *жылт етті* (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.). *Жылтетін* жарық көріңсе, жұрт лықсып солай қарай ұмтылады («Лен. жас»). Жұлдыздар бізге біресе *жылт ете* түсіп, біресе нашарлап, әр түспен құлпырып тұрғандай (Ә.Әбішұлы, Халық астрон.). Түнба мен батпақ бүрмепті, Алмады тастан жүзін бұл. Бір сәтте судан *жылт етті,* Жылт етті ғажап қызыл нұр (Ж.Жұматаев, Ләйлә).ә) *Оқыстан шыға келді, пайда болды.* Бұрыштан *жылт етіп,* орысша киінген бір жас жігіт шыға келді (Б.Майлин, Таңд. шығ.). Ойда жоқта Асылбектен тағы да бір хат *жылт ете* қалды (Ж.Жұмаханов, Жазылм. кітап). Күн *жылт етсе,* төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймаласып, тыраңдасып, мәйек басып, мамырласып жатқаны (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жылт еткен. *Көрінген, азғана, болмашы.* Шаруашылықтың *жылт еткен* табысының өзі осы мал өнімдеріне байланысты («Лен. жас»). Уәсила *жылт еткен* жаңалықты қалт жібермей қадағалап отырады (Сауыншы шамшырақ.).

Жылт етпе [жылт етер]. *Бір көрме, жылт етіп жоқ болатын.* Кеншімбай: «Жұмабек дегенің әншейін *жылт етпе* екен ғой, мықты суретші мұнан шықты», – деп әдейі бұған естірте сыбырлады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Өмірде бір көргенде сыр бермес *жылт етер* дүмшелер де бар («Соц. Қаз.»).

Жылт қазы. э т н. *Әр жерінен ағарып майы білінетін қазы.* Майы әр жерде ғана бар қазыны *«жылт қазы»,* одан семіздеу төсетек шандырының беті шарбылана, тұтаса жатса, оны «бұлт қазы», кейде «шарбы» деп те атайды (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Жыланқарақ сөзінің неден шыққанын түсінуге менімше, *қазының жылт* аталуы жол сілтейтін сияқты (Қ.Салғарин, Қасапшылар).

ЖЫЛТ[3] с ы н. ж е р г. *Жылпос, жылпылдаған, құу, айлакер.* Ол бір *жылт* еткен адам (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛТ-ЖЫЛТ е л і к. *Қайта-қайта көрінген жарықты бейнелейтін сөз.*

Жылт-жылт етті. *Жалт-жұлт етті, жылтырады.* Қар бетіндегі қабыршақ мұз, пырт-пырт сынып, әйнек сынығындай *жылт-жылт етеді* (С.Бақбергенов, Қарға там.). Жұлдыздар да алыста, ұзақ ұшқын шашылғандай, сәл ғана *жылт-жылт* етеді (М.Әуезов, Шығ.). Жал қидың қасында, тасқа шоқиып: «Мен қайдамын тауып ала қойшы?» деп, қу жігіт боп, құйрығы *жылт-жылт,* дауысы шырт-шырт *етіп,* аққөт торғай отыр (Ж.Аймауытов, Шығ.). Алыстан қарағанда көз жіберіп, Көрінеді от жарығы *жылт-жылт етіп,* Екі атты тал түбіне матастырып, Еңбектеп екі батыр қалды кетіп (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫЛТИ= е т. *Кішкентай болып көріну, жылтырау.* Мойындары пештердің Қараяды қылтиып. Қар астынан аршылған Терезелер *жылтыпып* (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Қас қарайып болмай аспанның күнгей шығыс жиегінен айдың сәулесі біліне бастаған, көп кешікпей қызыл күрең жиегі *жылтыдық* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Мұрынбай кіріп келді. *Жылтиған* екі көзінің екі аралығымен төмен қарай салбыраған қисық мұрны бұрынғыдан бетер ұзарып, қызарып кеткендей (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.).

ЖЫЛТИТ= е т. *Қылтиту.* Сізге Тарақбаев келіп тұрғаны. Кірсін бе? – деді хатшы қыз есіктен басын *ж ы л т и т ы п* (М.Рашев, Бетің қисық.).

ЖЫЛТСЫЗ с ы н. ж е р г. *Санасыз, сезімсіз, ұятсыз.* Осының өзі *ж ы л т с ы з* ба деп қалдым (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛТУ *Жылт етістігінің қимыл атауы; жылыту.* Күн-түн демей әркім тапсырған палаталарды *ж ы л т у* үшін тіпті үйлерінен ыстық су әкеп, тоңып қалшылдап жатқан жеткіншектерді грелкамен жылтты (Е.Оразақов, Дәрігер). Сендерге ортақ Үйдегі жалғыз қол арба, Сендерге ортақ Күтетін алыс жол алда, *Ж ы л т у ғ а* ертең жарармысың Біреуін қатты тоңғанда (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

ЖЫЛТЫҚАЙ с ы н. с ө й л. ***Жылмақай.*** Тәйір, ол көп болыстың кезінде азғантай елдің ішінде көзге түскен *ж ы л т ы қ а й л а р* ғой (F.Мұстафин, Дауыл.). Қақпа аузындағы тексеруші *ж ы л т ы қ а й* қара жігіт оларды көп ұстамайды, арба, кузовтарға өткір көзін бірер жүгіртсе болғаны (F.Сланов, Очерк.).

ЖЫЛТЫЛ з а т. *Бір нәрсенің жылтылдаған көрінісі.* Үшкіл қанат шағалаша ай аунап Қалқып ұшып, құм көмкерген су түбі Қарайды да, бірте-бірте баяулап, Көне күміс секілденді *ж ы л т ы л ы* (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жылтыл қақты. *Жалт-жалт етті, жылтылдады.* Шие ағашының ық бетіндегі, шүйгін шөптің шыққа малынып, зер шашақтай жалбырап *ж ы л т ы л қ а қ қ а н* басын Нұржан етігінің тұмсығымен қаққыштап түсіріп, сол араға одеялын жайды (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.).

ЖЫЛТЫЛДА= е т. **1.** *Оттың, жарықтың жылт-жылт етіп көрінуі.* Киіз үйлердің түндігі түрілген, есік алдындағы жер ошақта от *ж ы л т ы л д а й д ы* (С.Шаймерденов, Жыл құсы). Желкілдек дөңге, жайқалған гүлге ондағы, *Ж ы л т ы л д а п* оты, киіз үй келіп қонғалы Шалғынды бес күн ақ көлшік отар жергек қып, Қотанның түсі қоңырқай тартты қордалы (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Шылым шоғының әлсіз жарығы андасанда *ж ы л т ы л д а п,* аузы-мұрнын жалап өтеді (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Шам *ж ы л т ы л д а п* жанып тұр (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2.** *Жылтырау, жалтырау, жарқырау,* Түнде түскен ұлпа қар көз қарықтыра *ж ы л т ы л д а й д ы* (С.Шаймерденов, Болашақ.). **3.** *Ағару, ерекшелену.* Жасы 50-ден асқан, шашына, мұртына, сақалына *ж ы л т ы л д а п* ақ кіре бастаған (Д.Керімбаев, Қазақст. жылқы.). **4.** *Сығыраю.* Көзі *ж ы л т ы л д а п* жан-жағына жылдам қарап отырады (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **5.** *Шылқылдау. Ж ы л т ы л д а п* екі бетінен майы шыққан, талтаңдап басатын үкі көз біреуді Үмина үйіне шақырды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **6.** а у ы с. *Көз алдау, сыртын түзеу.* Кейде тегін береді, кейде бұлдап, Мінезі желқайықтай тұр бұлтылдап. Бір күнде жүз түрленіп, мың құбылып, Көзіңді қызықтырар тым *ж ы л т ы л д а п* (Ә.Найманбаев, Шығ.). **7.** а у ы с. *Күнге қатты күйген шойынқара дененің көрінуі.* Өзеннің толықтырып бойын көне, Майшамша *ж ы л т ы л д а й д ы* шойын дене. Зулады көсеміндей алжапқышпен Тік тұрып, өзге жұрттың ойын бөле (Ж. Жұматаев, Ләйлә). **8.** а у ы с. *Көріну, ашық жүру.* Ұлықтың қатыны басы мен бақайы *ж ы л т ы л д а п* жүргенінің несі жақсы дейсің? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жанарынан от жылтылдады. *Қуанды, үміттенді.* Алматыда декабрь, көк сылпылдақ, Исекең өлеңімді отыр тыңдап. Кездессе жақсы жолға жас балаша, Жайнайды *ж а н а р ы н а н о т ж ы л т ы л д а п* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Тақымы жылтылдады. *Киерге киімі болмады, жалба-жұлба киіммен жүрді.* Бұ да *т а қ ы м ы ж ы л т ы л д а ғ а н* кедейдің баласы екен (F.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫЛТЫЛДАҚ с ы н. *Жылт-жылт еткен, жылтыраған.* Ауыл ерте жатты. Жерошақ басындағы *ж ы л т ы л д а қ* оттар да ерте сөнді (Ә.Кекілбаев, Дала.). Сайлардан көмескі ғана *ж ы л т ы л д а қ* су ағып жатыр (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.). Желіні бар қазандай, Мүйізі бар *ж ы л т ы л д а қ,* Буыны бар сыртылдақ, Зеңгі баба баласы (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЫЛТЫЛДАТ= е т. *Оттың, жарықтың жылт-жылт етіп көрінуі.* Жігіттердің бірекеуі жеңнің ішіне жасырып, *ж ы л т ы л д а т ы п* темекі тартып тұр екен (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Терек арасындағы машиналар көкшіл көздерін *ж ы л т ы л д а т ы п* жағаға қарай жай ғана жылжып келеді (Ә. Сәрсенбаев, Офицер.).

ЖЫЛТЫЛДАУ *Жылтылда етістігінің қимыл атауы.* Жарқырау, не *ж ы л т ы л д а у,* басқаша айтқанда, флюоресценция, кейде айқын, кейде көмескі болады (Малды туберк. сақта.)

ЖЫЛТЫҢ с ы н. *Жылтиған, жылт-жылт еткен.* Жәукеге көзін қадап қарап отыр. Ерекеш деген *ж ы л т ы ң* көз қара жігіт Еркінбектің құлағына аузын тақап, бір нәрсені сыбырлап айтады да күледі (Б.Майлин, Шығ. жин.).

Жылтың етті. а) *Жылмаң етіп көрінді.* Ақын қыз шұлық тоқып отырды. Есіктен Күлзада мен Бәкен *ж ы л т ы ң е т т і* («Лен. жас»). Орта бойлы, шүңірек көз сары қыз түн ортасы шамасында есіктен *ж ы л т ы ң е т і п* бір қарады (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.). ә) *Тез өтіп кетті.* Шабатұғын қылыштай, *Ж ы л т ы ң е т к е н* жиырма бес! Жиырма естен кеткен соң, Орда бұзған отыз бес (Шернияз, Шығ.).

Жылтың қақты. *Жылт-жылт етті.* Батар күннің қызғышы төңіректі малынтып тастаған. Қар бетін бояп қызғыш сәуле *ж ы л т ы ң қ а г а д ы* («Лен. жас»).

ЖЫЛТЫҢДА= е т. **1.** *Жылт-жылт етіп көріну.* Көбінің ұлтаны түсіп, ұрттары тесілгендіктен партизандардың бақайлары *ж ы л т ы ң д а й д ы* (Ә.Шәріпов, Партизан.). Әр жерден ін аузында сары тышқандар *ж ы л т ы ң д а й д ы* (Дала қырандары). Байжанның шегірлеу күлім көзі *ж ы л т ы ң д а п,* әрқайсысына бір қарады (Ғ.Сланов, Домбыра.). **2.** а у ы с. *Жылмаңдау, қылмаңдау. Ж ы л т ы ң д а п* қыз жағына қарағыштап еді, анау бұған рай көрсетпеді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Тәттібай! Үлкен үмітте Отырмыз ұйып жыр тыңдап. Хат тасып қыз бен жігітке, «Поштабай», жүрсің *ж ы л т ы ң д а п* (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). **3.** *Қайта-қайта келгіштеу, көріну.* Қайдам, қалқам, *ж ы л т ы ң д а п* біздің ауылға келгіштеп жүруші еді, бір күні алып қашып етті ғой (О.Бөкеев, Үйқым.).

ЖЫЛТЫҢДАТ= е т. *Қайта-қайта көрсету, қылтыңдату.* Кәрі дәрігер кетік тісінің арасынан тілін *ж ы л т ы ң д а т т ы* (З.Шашкин, Тоқаш Боқин). Тарт әрі, пышағыңды *ж ы л т ы ң д а т п а й!* – деді Қозыбай үйректі бауыздауға айналған Жайнаққа (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

ЖЫЛТЫҢДАУ *Жылтыңда етістігінің қимыл атауы, жылмаңдау.* Кәпірдің *ж ы л т ы ң д а у ы* жаман еді, кеткен екен ғой еріп (Ғ.Мүсірепов, Таңд. шығ.).

ЖЫЛТЫҢ-ЖЫЛТЫҢ е л і к. *Қайта-қайта жылтыңдағанды, көрінгенді бейнелейтін сөз.*

Жылтың-жылтың етті. а) *Жылтыңдады.* Козлов күлгенде, тісінің кетігінен тілі *ж ы л т ы ң-ж ы л т ы ң е т і п* тұр (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). ә) *Жылмаңдады.* Бәрі бірдей бейтаныс қонаққа жаудырасып, *ж ы л т ы ң-ж ы л т ы ң е т е д і* (З.Қабдолов, Жалын).

ЖЫЛТЫР с ы н. **1.** *Тайғанақ, жылмағай.* Мұндай мінез ер жігітте болмаған, Сәлемін де сата ма екен оңбаған. Кенет, кенет *ж ы л т ы р* мұздың үстіне Тайып кетіп, құлап түсті әлгі адам (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қоңырат *ж ы л т ы р* мұз үстімен өбектеп жүгіріп кетті (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Құзар шыңдардың *ж ы л т ы р* қара тасына күрең сәуле түсіп тұрды (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). *Ж ы л т ы р* табан мәсімен тайғанай-тайғанай, Қожекең төрге әрең жетті (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). **2.** *Жылт-жылт еткен.* Арғымақ сұлу сымбатты, Бағасы оның қымбатты, Жүні *ж ы л т ы р* құлындай, құбылса да бұлғындай, сергелдең жорық болғанда, Шабысы оның тайша жоқ (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Жұнттай түгі *ж ы л т ы р,* тұрқы ұнаған, Жотадан жеңкілдіріп жылқыны ағаң. Жағасын айырды әні тыныштықтың Бие, айғыр саксофонша шұрқыраған (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **3.** *Күнге күйіп, жылтыраған.* Түлендей *ж ы л т ы р* балықшы достар жанықты, Көрдім мен сонда қап-қара лақа балықты. Ақынның көзі түспеген білем бұған да, Лақадан қазір кез келген бақа даңқты (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **4.** *Кірден, көп үйкелгеннен жылтыраған.* Сәуле өрмегі кірпігіңе қонады, Жүзің сенің ай нұрына шомылды. Сен күлесің, көтеріп ап жоғары *Ж ы л т ы р,* жеңіл ескегі бар қолыңды (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **5.** *Айнадай, мөлдір.* Тыныған тұлпар, таң асып, таза суысын, Таңертең қылыш сабына толып уысым, Тағы да шығам тарылған қазақ жерінің Бір уыс көде, бір ұрттам *ж ы л т ы р* суы үшін (Ж.Жұматаев, Ләйлә). // *Жылтырақ.* Қайын атаң үйі – қыл көпір, Қайын енең көзі қылыштай. Жымиып жылы күл де тұр *Ж ы л т ы р ы* қайтпас ыдыстай (К.Салықов, Жезкиік). **6.** а у ы с. *Жылпос, жылмаң қаққан.* – Е, жігітім, мәдениетті екенің көрініп тұр. Бірақ амал қанша, «сырты бүтін, іші түтін» кейбір *ж ы л т ы р* жандар да өкінішті-ақ (Н.Туғанбаева, Алтын). Қолынан іс келмейтіндігінің есесін жағымпаздар кісі сыйлампаздығымен, қолы ашықтығымен, *ж ы л т ы р,* жылпостығымен толтырғысы келеді (С.Байжанов, Сыр.).

Жылтыр қара. *Өңі бірыңғай шымқай қара (адам).* Иненің көзінен өтетін *ж ы л т ы р қ а р а,* пысық-ақ (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жылтыр мата. ж е р г. *Бишілер, әртістер киім тігетін мата* (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жылтыр сөз. *Мәнсіз, мағынасыз сұлу сөз.* Бұл жылуы жоқ жылмағай, *ж ы л т ы р с ө з* емес. Бұл – шындық, бұл – өмір (С.Ерубаев, Шығ.). Кейінгі кезде газет бетінде жасанды, *ж ы л т ы р с ө з* қуу көп кезігеді («Лен. жас»).

ЖЫЛТЫРА= е т. **1.** *Жылт-жылт ету, жылтырап көріну.* Жар астында жазғытұрғы иіріліп қалған түп-тұнық қар суы *ж ы л т ы р а й д ы* (Т. Ахтанов, Боран). Кеш түсті, күн батты. Үйлерден сықсима май шамның *ж ы л т ы р а п* шыққан жарығы көрінеді (Қ.Сәрсекеев, Кілт). Әлдекалай бір қарадың, Мен отырған қыратқа. Ат суардың жылғадағы *Ж ы л т ы р а г а н* суатқа (М.Мақатаев, Шығ.). Қараңғылық түскендей болды. *Ж ы л т ы р а ғ а н* сәуле қалмады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жар астында жазғытұрғы иіріліп қалған түп-тұнық қар суы *ж ы л т ы р а й д ы* (Т.Ахтанов, Таңд.). **2.** а у ы с. *Жақсы көрінуге тырысу, көлгірсу.* Адам ұлы айнымайтын Адал досым бола гөр. Көзге өншейін *ж ы л т ы р а й т ы н* Көлгір жандар бара бер (С.Мәуленов, Жаз ерке). **3.** а у ы с. *Бір нәрседен елес беру, үміттендіру.* Өстіп жүргенде болымсыз *ж ы л т ы р а ғ а н* үміттің өзі де сөнді (М.Иманжанов, Көкбелес).

Нұржанның кеудесінің сонау терең түкпірінде ғана болар-болмас *жылтыраған* тірлік оты бар (Б.Соқпақбаев, Жекпе-жек). Еріксіз Ақжан ұмытты, Еріксіз өзін көндірген. *Жылтырап* жанған үмітті, Жата алмай талай сөндірген (М. Мақатаев, Шығ.). Алғаш тұра қашқым келгенімен, кенет кеудемде әлсіз үміт *жылтырай* жөнелді (С.Сматаев, Армысың.). **4.** а у ы с. *Өтірік, сыртты сұлу көріну.* Алтынға, *жылтыраған* аяр сөзге алданған ел өз еркіндігінен осылай айырылыпты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жақұтша жылтырайды. *Сыртын көрсетіп, көзді алдайды. Жылтырайды жақұтша* Әйнекті сәнділік. Өмір болса – уақытша, Өлім болса, – мәңгілік! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Көзі [жанары] жылтырады. а) *Шаршағаннан, әбден сілелегеннен құр сұлдері қалды, өзінікі деген тек көзі деген мағынада.* Кешке таман *көзің жылтырап*, денең сал-сал болып қайтқанда «үсті-басың алтынға малынып қайтыпсың ғой...» деседі (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). ә) *Үміттеніп, түсінгенсіп, ұққансып қарады.* Әркімде бір сипат болады, Ол да бір күн оңады. *Жылтыраганымен жанары* Айтқан сөзді ұқпаса, Бір сөзді боп шықпаса, Білінеді бір қиқасы (Қабан жырау, Алтын қазық).

Сырты [сыртымен] жылтырады. *Өзін жақсы қылып көрсетіп, көлгірсіді.* Дос болма майда тілді күлгенменен, Бимағына *сыртыжылтыраппен* жүргенменен, Әркім де өз дегенін істеп жатыр, итке айып сала ма үргенменен (Шал ақын, Өлеңд.). Жәукеге *сыртымен жылтырайтындар* да ауылда толып жатыр, соның қайсысы келіп Қайролдаға ұсап достық сөзін айтты? (Б.Майлин, Шығ.). Сенің *жылтыраған сыртыңа* қарап, ішкі шірік дүниеңді түсіне алмағаныма өкінемін (Қ.Қамбаров, Алтай.). Тоқтай тұр, айтарым бар, тығылмағын, Бас ұрып, неңе сонша жығылғамын!? Жылусыз, нәрсіз, түссіз *жылтыраған, Сыртың* ғана екен ғой құбылмалы (М.Мақатаев, Шығ.).

Тақымы жылтыраған. *Кедей, жоқ-жітік.* Кеше *тақымы жылтырап* жүретін Күсен, бүгін қоңданып қалды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

Түгі жылтырды. *Қоңданып алды, семірді.* – Е, ыңыршағы айналып жүдеген аттың тез отығып, азғана күнде *түгі жылтырап* шыға келетінін білмеуші ме едіңіз, – деп күледі қоспан (Т.Ахтанов, Таңд.). Жұнттай жұтынған жыртқыштың *түгі жылтырап*, маймен сылай тарап қойғандай еді, қазір сауыс-сауыс (А.Алтай, Алтай.).

Ұшқын жылтырады. *Үміттенді.* Тек көз қиығында бір қуақы *ұшқын жылтырап* тұрады (Т.Ахтанов, Таңд.).

ЖЫЛТЫРАҚ с ы н. *Жылт-жылт еткен, жылтырауық.* Жаман костюмінің омырауы алуан түрлі *жылтырақ* значектен көрінбейді (О.Сәрсенбаев, Сағым). Қор болып қында жатып қырық жылдай, Біздер бір теміртекпіз тозған жүзі. Шыршықтан шығып жатқан сағасы жоқ, Секілді құр *жылтырақ* қақтың мұзы (О.Шораяқов, Шайыр). Анау Асан деген мұнымен түйдей құрдас бала, бұған *жылтырақ* портфелін көрсетіп, мақтанған болу керек (Н.Габдуллин, Сар. жапырақ). Қайын сіңлім бар еді ғой бойжеткен, соның жасауына келдім. Әлгі *жылтырақ* кереуеті құрғыры қолға түспеді (Т.Ахтанов, Дала сыры). *// Көзге әдемі, іске татыр жақсы зат.* Балжан мен Кенжекей кедей үйдің бар *жылтыраған* бетке тұтып, төрге төсек сап қойған екен (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Ештеңе алмасақ та әр *жылтырақ* қа бір қарап, әр нәрсені бір түртіп, қотыр тайлақтай бір-бір сүйкеніп шықпасақ көңіліміз көншімейді (Н.Сералиев, Ыстық күлше). *// Сырты әдемі, көз алдайтын, бірақ мәнсіз, қажетсіз зат т.б.* Оқуға зейінсіз, *жылтырақ* қа әуес, қылтың-сылтыңға құмар қыз ел көзіне ерте ілікті (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Мағынасыз *жылтырақты* сақтамайды ел еске. Жалын болып жылу болмау, Әйел болып сұлу болмау табиғатты алдаумен тең емес пе? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жылтырақ сөз. *Көпірме, бос сөз.* Жілігі татымайтын *жылтырақ сөзді* жаны жек көруші еді (Біздің Мұхтар).

ЖЫЛТЫРАҚТЫҚ з а т. *Көпірмелік, бос сөздік.* Соңғы уақытта бізде сылдыр сөзді жалпыламалыққа, *жылтырақтыққа* бой ұру байқалады («Қаз. әдеб.»).

Беті жылтырақтық. *Көзге түскіштік, еленушілік.* Колхоз кезінде бастық біткен Аманның қыр соңына түсіп бақты. *Бетінің жылтырақтығынан* аз қорлық көрген жоқ, бұл пақыр (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш).

ЖЫЛТЫРАС= е т. *Жылт-жылт етісу.* Боп-боз кіршіксіз өңінен күнге *жылтырасып*, күміс тамшылар лек-лек домалады (Ұ.Доспанбетов, Кәрі қобыз).

ЖЫЛТЫРАТ= е т. **1.** *Жалт-жұлт еткізу.* Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын *жылтыратып* шашасына шейін суландырған (М.Әуезов, Шығ.). Тазы кіп-кішкене қара түймедей көзін *жылтыратта* ашып, бір қарап қойды (С.Бақбергенов, Қарға там.). **2.** *Тақырлату.* Шал сақал-шашын *жылтыратып* қырғызып тастаған (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

Сыртын жылтыратты. *Әдеміледі, сәндеді. С ы р т ы ң д ы* қанша *ж ы л т ы р а т с а ң* да, сүртілмей қалмайды ғой (Ғ.Сланов, Замана.).

ЖЫЛТЫРАТУ *Жылтырат етістігінің қимыл атауы.* т е х. *Металдан, шыныдан т.б. қатты заттардан жасалған заттарды тазалап, тазалықпен сурту. Ж ы л т ы р а т у* – металдарды жылтырату білдектерінде матамен қапталған, тез айналатын жұмсақ доңғалақтармен немесе бетіне жылтыратқыш ұнтақ май жағылған таспамен, сондай-ақ сұйықтықпен қажақтық өңдеуге арналған қондырғыларда жылтыратып өңдеу (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖЫЛТЫРАУ *Жылтыра етістігінің қимыл атауы, жылт-жылт ету.* Бір ғажабы жанары: соншалық кең, мол пішілген бетке торайдың көзіндей әлдененің *ж ы л т ы р а у ы* өкініштіақ (М.Сүндетов, Ескексіз.). // *Жылтырлық.* Көп сақталса, фасальдың түсі өзгеріп, *ж ы л т ы р а у ы* жоғалып, өте қатқыл тартады (С.Сұбханбердин, Дәрі – дауа.).

ЖЫЛТЫРАУЫҚ с ы н. *Жылт-жылт еткен, жалтырауық.* Таза никель – сарғылттау ақ түсті, өте *ж ы л т ы р а у ы қ* қатты металл (Б.Бірімжанов, Жалпы химия). Жігіт сырты *ж ы л т ы р а у ы қ* қағазға оралған шоколад алып, Сейітжанға ұсынды (М.Иманжанов, Жастық). Қала үйлерінің *ж ы л т ы р а у ы қ* көк сырмен боялған терезелері мен шарбақтары қандай әсем (С.Омаров, Әңгім.). Жасыл көйлек, мойнына *ж ы л т ы р а у ы қ* алқызыл галстук байлаған (О.Бөкеев, Үйқым). // *Қыз-келіншек сән үшін тағынатын асыл бұйым, жылтырақ.* Сафура қаршадайынан қыз бала болып, аса *ж ы л т ы р а у ы қ қ а* әсте үйір емес-ті (Р.Әутәліпов, Той тарқар). Алтын, күміс, асыл тас сияқты *ж ы л т ы р а у ы қ т ы ң* ешқайсысын әжем денеме жолатпайтын (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Қуанарлық қыз емес, *Ж ы л т ы р а у ы қ* таққанға. Өзгелерді, біз емес, Түсірмекші қақпанға (Абай, Тол. жин.).

Жылтырауықтарынан арылды. *Шын бетбедері көрінді, шынайы болмысын көрсетті.* Кейде ол сыртқы *ж ы л т ы р а у ы қ т а р ы н а н а р ы л ы п*, көкіректі қарс айырған қайғы мен налаға айналады («Жұлдыз»).

Жылтырауық сөз. *Жылтыр сөз, көпірме, бос сөз.* Құмар емен *ж ы л т ы р а у ы қ с ө з г е* мен, Жыр – бөбегім, өз жүрегім, өз денем. Өз көңілім мен өз дәуренімнің бейнесі, – Жырым менің көшірме емес өзгеден! (Жас қанат).

ЖЫЛТЫРАУЫҚТЫ с ы н. *Жылтырауығы бар. Ж ы л т ы р а у ы қ т ы* әбзел шылдырап даланы басына көтерген секілді (Б. Майлин, Шығ.).

ЖЫЛТЫРАУЫҚТЫҚ з а т. *Жылтырауық затқа тән қасиет.* Тоқыма өндірісі үшін жүннің ұзындығымен қатар оның түсімімен *ж ы л т ы р а у ы қ т ы қ* қасиеттері де өте қажет (Шопан серігі).

ЖЫЛТЫРЛАН= е т. **1.** *Жылтыр түске ену, жылт-жылт ету.* Қойдың жүгіргенде денесі іркілдей жайқала қозғалып, түгі *ж ы л т ы р л а н ы п* келсе, оның қоңының тәуірлігі (Қ.Салғарин, Қасапшылар). **2.** *Беті тегістеніп, тайғанақ, жылмағай қалыпқа түсу.* Көк жалаң *ж ы л т ы р л а н ы п* алған сірі шоқайы киіздей ұйысып жатып қалған бетегеден тайғанап, тоқтамаған соң, ол жан-дәрмен отыра қап құйрығымен сырғанады (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

ЖЫЛТЫРЛЫҚ з а т. **1.** *Жылтыр затқа тән қасиет.* Жүннің жібектей жұмсақтығы мен *ж ы л т ы р л ы қ* дәрежесі әртүрлі (Шопан серігі). Сабанның түсіне, *ж ы л т ы р л ы ғ ы* мен тазалығына, сынғыштығы мен иісіне назар аудару қажет (Қ.Құсайынов, Химия). **2.** ф и з. *Минерал кристалының жарық сәулелерін сындыру (шағылдыру) қабілетімен сипатталатын физикалық касиеті.* Минералдардың *ж ы л т ы р л ы қ* қасиеті оны анықтаушы қасиеттердің бірі болып есептеледі, яғни табиғи түзілімнің қандай минералға жататындығын анықтау барысында оның *ж ы л т ы р л ы қ* қасиетін саралау тәсілі де басты рөлдердің бірін атқарады (Қаз. тілі термин. Геология.).

ЖЫЛТЫРСЫЗ с ы н. *Етсіз, майсыз.* Үзбен ішетініміз рас, бірақ *ж ы л т ы р с ы з* үзбен емес, етті үзбен, – деді Сырбай (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖЫЛТЫРСЫЗДЫҚ з а т. *Жылтыры жоқтық.*

ЖЫЛУ[1] з а т. **1.** *Күннен, оттан бөлінетін қызу.* Көкпеңбек өрттің *ж ы л у ы* Буланып жатты көк ойда. Шымшықтың қырық руы Бас қосты бүгін тоғайда (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Шоқ қайдан болса, *ж ы л у* содан (Мақал). Қаңылтыр пеш от жанғанда жылындап, қызып кетеді де, от сөнісімен дереу суып қалады. *Ж ы л у* сақтамайды (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Көктемгі күн жер бетіне *ж ы л у ы н* төгіп, бүгін ерекше бір мейірімде тұр (М.Дүзенов, Ақәже). **2.** *Адам денесінде, киімде, топырақта сақталатын жылылық.* Еске түсіп сәби күнгі қылығың, Қалды ма деп жұпар иіс, *ж ы л у ы ң*, Жастығыңды баурыма алып, құшақтап, Төсегіңде түнеп шықтым, құлыным (С.Жиенбаев, Алтын қалам). Тас екеш тастың да тініне *ж ы л у* сіңіп, ал топырақтан тіпті оянған тіршіліктің әлжу тықыры құлаққа шалынатандай (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Қу қанжыға жүйріктен, Қаба жалды берік артық. *Ж ы л у ы* жоқ тымақтан Баса киген бөрік артық

(XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). Қар өз бойынан жылылықты аз өткізеді, дәлірек айтқанда, топырақтың *жылуын* сыртқа шығармайды, суық ауаны да топырақ қабатына өткізбейді (С.Жортанов, Өлке тану.). **3.** ф и з. *Денені құрайтын бөлшектердің (молекулалардың, атомдардың, электрондардың, фотондардың т.б.) бейберекет (тәртіпсіз) қозғалысының бір түрі. Жылудың* сандық өлшемі ретінде жылу мөлшері алынады (ҚҰЭ). *Жылу* алмасу кезінде жүйе молекулаларымен тікелей әсерлесуі (соқтығысуы) нәтижесінде, жүйенің ішкі энергиясы өзгереді (ҚҰЭ). **4.** *Жылылық.* Етектен өрлеп келе жатқан *жылу* әлі Ыршуаққа жете қоймапты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **5.** а у ы с. *Мейірімділік, қайырымдылық, жылылық.* Омар қарттың да қабағы ашық, жүзінде *жылу* бар (С.Сарғасқаев, Көңілді бала.). Бәдіғұлдан хат кеп тұрады. Жүрекке *жылуы* жоқ хаттарға Қаншайым оншалық елеңдей қоймайды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Басыңа қайғы түсіп, түнерсе адам, Жанына *жылу* іздеп келер саған (Ш.Мұхамеджанов, Көңіл ашар.). **6.** а у ы с. *Рақат.* Өтелер ме *жылуы* жарық күннің? Төленер ме қызығы мамық түннің? Жүз жыл емес, бір жылдың өтеуі жоқ Ылаж құрып, мінеки, налып тұрмын Нағып тудың, Анам-ай, нағып тудың? Күндерімді күйбеңмен жалықтырдым (М.Мақатаев, Шығ.). **7.** а у ы с. *Қызу, жалын.* От та болғым келмейді! *Жылуым* бар. Жылуым бар, керексе жылыныңдар. Әлди болғым келеді, әлди болғым Күн сәулесі ойнақтап тұлымында, Отыратын анасы құлынымдап (М.Мақатаев, Шығ.). **8.** а у ы с. *Әдемі, қымбат шақ.* Қоспан сол кездесудің *жылуын* көкірегінде бірнеше күн сақтап жүретін (Т.Ахтанов, Таңд.). **9.** а у ы с. *Жақсылық, шарапат.* Ондай адамдардың сәулесі тіпті жер шарының екі полюсінде тұрса да, тек туған ұлтының ғана емес, бүкіл адамзат қауымына жарығы мен *жылуы* жетіп жатады (Біздің Мұхтар). **10.** а у ы с. *Пана, саялайтын жер.* Жетім боп қалса жас бала, Жібімес жалғыз тас қана, *Жылуың* еді ол, Жылусыз қаңырап қалды баспана (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жылу ағымы. г е о л. *Қандай да бір изотермиялық бет арқылы уақыт бірлігінде өтетін жылу мөлшері* (Қаз. тілі термин. Геология).

Жылу алды. *Қуат, күш алды. Жылу алам* жұлдыздан, Айдан да мен, Жүрегімді табады қайдан да әуен. Талай рет қапыста жараланғам Махаббат деп аталған майданда мен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Арманда кеткен құлыным, Шықпайсың ешбір зердемнен. Жерден де *алған жылуың* Барғай да менің кеудемнен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). *Жылуын ап* екі жұлдыз отының, Көңіліңе көп дүние тоқыдың. Ерлі-зайып Еңбек Ері туралы Қасым жазған очеркті оқыдың (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жылу алмасу. ф и з. а) *Жылудың қызуы мол денеден қызуы кем денеге таралу процесі.* Организмдегі *жылу алмасу* процесінің бұзылуы ауаның температурасы, ылғалдығы келіспегеннен болады (С.Омаров, Қой. бағу.). ә) *Жылу тасымалдаудың температуралық градиенті салдарынан өздігінен жүретін қайтымсыз процесс. Жылу алмасу* жылу өткізгіштік, конвекция, сәулелік жылу алмасу және фазалық түрлену кезіндегі жылу алмасу болып ажыратылады (ҚҰЭ). *Жылу алмасу* табиғаттағы бірсыпыра процестердің жүруіне себепші болады не көптеген процестермен (мыс., масса алмасумен) қоса-қабат жүреді (ҚҰЭ).

Жылу алмасу коэффициенті. к е н. *Жылу алмасу қарқындылығын сипаттайтын шама. Жылу алмасу коэффициенті* жылу шығаратын беттің температурасына, ауданы мен пішініне, сұйықтықтың (газдың) қозғалу жылдамдығына, физикалық параметріне, жылуөткізгіштік коэффициентіне, жылусыйымдылыққа, тығыздығына, созымдылығына және басқа да факторларға байланысты (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жылу барды. *Жылылық, жақсылық, жалын сезілді.* «Сұлу бар әдемірек сұлулардан», Жанына жас Хорланнан *жылу барған* Мың бақ бар шуылдаған кеудесінде, Ырғақ бар қайталанбас үнінде алуан (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жылу берді. а) *Жылытты, қыз-қыз қайнатты.* Пештің қызуы күзгі күннің суығын сездірмей, әркімнің де бойына *жылу беретін* сияқты (М.Дүзенов, Әке.). Тілеймін бейбітшілік темірге де, Жаныңа *жылу берер* көмірге де, Көктегі күндей кезген әр пәтерді, Хат толы сумка асынған өмірге де (Қ.Жармағамбетов, Соңғы түн). ә) *Күш-қуат берді, қайраттандырды.* Самал боп есіп халыққа, Халыққа *беріп жылу* бір Шыңдардан асып шарықта, Сұңқар боп ұшқан сұлу жыр! (Ә.Абайділданов, Маржан). «Алтыным менің» – деп өзін еркелете арқасынан қаққандағы қамқор қолдың ыстық табы күні бүгінге дейін қарындастың бойына *жылу беріп* тұрғандай (Ө.Қанахин, Жер бас.). б) *Еңбектенді, күш-қуатын жұмсады.* Демалшы, далам! Азғана тыным алшы бір, Сен үшін тынбай егінші де жүр, малшы жүр. *Беремiз* саған бойдағы жалын, *жылуды*, Төгеміз саған Жүректе болса тамшы-нұр (С.Жиенбаев, Алтын қалам). в) *Жан шуағын төкті.* Жас қайыңда жапырақ Күзде тоңса қалтырап, Десең қуат, әл алсын, *Жылуын бер* жаныңның, Өйткені сен адамсың (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жылу беру. ф и з. *Қатты дене беті және онымен жанасатын орта – жылу тасығыш (сұйықтық, газ) арасындағы жылу алмасу. Жылу беруді* одан да гөрі жалпы процесс – жылу берілісінің бөлігі ретінде қарастыруға болады (ҚҰЭ).

Жылу беру коэффициенті. к е н. *Жылу беру қарқындылығын сипаттайтын шама. Жылу беру коэффициентінің* шамасы жылу алмасу процестерін құрайтындардың (жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле тарату), жылу беру қарқындылығымен анықталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Жылу берілісі. ф и з. *Арасы қатты қабырғамен (не бөліну бетімен) бөлінген екі жылутасығыш (сұйықтық, газ) арасындағы жылу алмасу. Жылу берілісі* ыстығырақ сұйықтықтан (газдан) қатты қабырғаға берілетін жылу беруден, қатты қабырғаның жылу өткізгіштігінен және қатты қабырғадан одан гөрі салқындау жылжымалы ортаға берілетін жылу беруден құралады (ҚҰЭ).

Жылудың механикалық эквиваленті. ф и з. *Жылу мөлшерінің бірлігіне (калорияға немесе килокалорияға) эквивалентті жұмыс мөлшері. Жылудың механикалық эквиваленті* ұғымы механикалық жұмыс пен жылу мөлшерінің әртүрлі бірліктермен өлшенуіне байланысты шыққан (ҚҰЭ).

Жылуды реттеу. б и о л. <грек. rherme – жылу және лат. regulo – реттеу>. *Қоршаған орта температурасының ауытқуына қарамастан, адам, сүтқоректілер және құстардың дене температурасын тұрақты деңгейде сақтау қабілеті.* Ал төмен сатыдағы жануарларда (мыс., бақа, кесіртке) *жылуды реттеу* механизмі дамып жетілмеген (ҚҰЭ).

Жылу құйды. *Әсерлендірді, үміттендірді, жақсылыққа жетеледі.* Қыз қылықпен бұралған *Жылу құйып* жанға тың, Құшақ жайып тұр алдан Ай маңдайлы Алматым (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жылу мәшинесі. *Жылудың жұмысқа не жұмыстың жылуға түрленуі іске асырылатын мәшине (жылулық қозғалтқыш, жылулық сорғы т.б.).* ≈ *Жылу мәшинесінің* жұмыс істеу принципі.

Жылумен емдеу. м е д. <грек. therme және терапия> *Жылу әсерін әртүрлі физикалық әдістер арқылы емдік мақсатта пайдалану. Жылумен емдеу* үшін су, саз, құм, парафин, озокери, электр шамдары, жоғары және ультражоғары жиілікті электр тогы, Күн сәулесі т.б. қолданылады (ҚҰЭ). Емдейтін ауру түріне және қолдану тәсіліне қарай *жылумен емдеу* аумақтық және жалпы әсер ететін болып екіге бөлінеді (ҚҰЭ).

Жылумен қамтамасыз ету. *Тұрғын үйлерді, қоғамдық және өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ, тұтынушыларды жылу тасығыштар (ыстық су немесе бу) арқылы жылумен қамтамасыз ету. Жылумен қамтамасыз ету* жылу көзінен, жылу тасығышты тұтынушыға жеткізетін жылу торабынан және жылу тұтынатын қондырғылардан тұрады (ҚҰЭ). *Жылумен қамтамасыз ету* бір орталықтан жылумен қамтамасыз ету және жергілікті жылумен қамтамасыз ету болып ажыратылады (ҚҰЭ).

Жылу өткізбейтін материалдар. ф и з. *Жылу өткізгіштігі төмен материалдар. Жылу өткізбейтін материалдардың* жылу өткізбейтін қасиеті олардың құрылымының кеуек болуына байланысты (ҚҰЭ). Негізгі шикізатының түрі бойынша органикалық *жылу өткізбейтін материалдар* (ағаш талшықты және шымтезек плиталары фибролит, пенопласт, сотопласт т.б.) және бейорганикалық жылу өткізбейтін материалдар (минералды мақта, жеңіл бетондар т.б.) болып бөлінеді (ҚҰЭ).

Жылу өткізбеу. *Өндірістік және тұрғын үйлерді, өнеркәсіптік жылулық қондырғыларды, тоңазытқыш камераларын, құбырларды т.б. қоршаған ортамен орынсыз жылу алмасуынан қорғау. Жылу өткізбеу* арнаулы қоршау құрылғылары (қаптамалар, жабындар), жылу өткізбейтін материалдар арқылы жүзеге асырылады (ҚҰЭ). *Жылу өткізбеу* технологиялық құралдар үшін белгіленген температуралық режимді қамтамасыз етумен қатар өндіріс пештерінің жылу қуатын арттыруға, технологиялық процестерді тездетуге, тоңазытқыш аппараттарға жұмсалатын қуатты азайтуға жағдай жасайды (ҚҰЭ).

Жылу өтті. *Жылынып кетті.* Сүйдім де, сүйіп жүрмін, сүйемін мен. Махаббат маусым шағы сүйе білген. Кел бері, бір сүйейін, тұла бойды Қыздырып *жылу өтсін* сүйегімнен (К.Салықов, Жезкиік).

Жылу сүйгіш бактериялар. з о о л. *Тіршілік етуі үшін жоғары температураны (40°-тан 80°-қа дейін) қажет ететін бактериялар* (жылу сүйгіш бактериялар, ыстық бұлақтарда, малдардың ішек-қарындарында, ыстық жерлерде, өздігінен қызған органикалық заттардың шоғырланған жерінде (қызған денеде, шөпте, сүрлемде, көңде т.б.) кездеседі). Қолайлы температурада *жылу сүйгіш бактериялар* органикалық заттардың температурасын көтеріп, ыдыратып, ақыр аяғында ортада жанғыш газдар – метан, сутек түзіп, өсімдіктер массасының өздігінен қызып, өртенуіне әкеліп соқтырады (Қаз. тілі термин. Биология).

Жылу сыйымдылық. ф и з. *Дененің температурасын 1 градусқа (1° С-қа не 1 К-ге) арттыруға жұмсалатын жылу мөлшері. Жылу сыйымдылығын* есептеу мәселесі жекелеген молекулалардың жылулық қозғалысының орташа энергиясын есептеуге тіреледі (ҚҰЭ).

Жылу теңдестігі. с у ш а р. *Тұйық жүйедегі энергияның бір күйден екінші күйге өту мүмкіндігін есепке ала отырып, жылу энергиясының сақталу заңдылығын сипаттау.*

Жылу техникасы. ф и з. *Жылу энергиясын алу мен оны пайдалану әдістерін қамтитын ғылым мен техника саласы. Жылу техникасының* теориялық негізі – термодинамика, жану және жылу мен зат алмасу заңдылықтары. *Жылу техникасы* төменгі температура мәселесімен де шұғылданады (ҚҰЭ).

Жылу торабы. т е х. *Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз ету жүйесінің жылу тасымалдағышпен (ыстық сумен не бумен) жылу көзінен тұтынушыларға жылу жеткізіп беретін, жылулық оқшауламамен қапталған құбырлар жүйесі. Жылу торабы* тасымалдағыштың түріне қарай сулы жылу торабы және булы жылу торабы болып ажыратылады (ҚҰЭ). Ыстық сумен қамтамасыз етілетін тұтынушыларды *жылу торабына* қосу сұлбасына қарай сулы жылу торабы жабық және ашық түрлерге бөлінеді (ҚҰЭ).

Жылу электр орталығы. с у ш а р. *Қалалық ірі зауыт немесе кәсіпорындар тобына қызмет көрсететін және осы тұтынушыларды электр энергиясымен, бумен және ыстық сумен қамтамасыз ететін электр стансасы. Жылу электр орталығы* жағылатын отынды қазандықтан тасымалдауға және даярлауға қажетті құрылғыларды, электр генераторларын айналдыратын, технологиялық қажеттіліктер үшін пайдаланылатын және өнеркәсіптік, тұрмыстық жайларды жылытуға қажетті бу бөлігі мен бу құбырларынан тұрады (Қаз. тілі термин. Сушар.).

Жылу электр стансысы. *Органикалық отынды жағу кезінде бөлініп шығатын жылу энергиясын түрлендіру нәтижесінде электр энергиясын өндіретін электр стансасы. Жылу электр стансысы* пайдаланатын отын түріне қарай – қатты, сұйық, газ тәрізді және аралас типті отынмен жұмыс істейтін стансаларға, жылу қозғалтқыштарының түріне қарай – бу турбиналы, газ турбиналы (ГТЭС) және іштен жану қозғалтқышты (дизельді) стансаларға, өндірілетін энергия түріне қарай – конденсациялық электр стансалары (КЭС немесе МАЭС) – мемлекеттік ауданаралық электр стансаларына бөлінеді (ҚҰЭ).

Жылу энергетикасы. ф и з. *Жылудың энергияның басқа түрлеріне (механикалық, электрлік, гидравликалық т.б.) түрленуін зерттейтін жылу техникасының саласы.*

Жылу көздері. физ. *Жылу энергиясын беретін орын.* Энергетика саласында республиканың гидро және *жылу* энергетикалық *көздерін* зерттеп, оны пайдалану жолдарын анықтау басты мақсат болды (Қаныш аға).

Алақанның жылуы. *Қамқорлық, қайырымдылық, жақсылық.* Иә, дәл сол айтқанындай Жезді, Қарсақбай, Жезқазған және оның адамдары осы абзал адамның аяулы *алақанының жылуын* сезеді, сезіне де береді (Қаныш аға).

Жылу қашты. *Бойы жылынбады.* Сексен беске жеткенде *жылу қашып,* Жамылсаң қанша киім, жылынбайсың. Тоқсанда жұмыртқадай домаланып, Ажалға мойынса боп шыбындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫЛУ[2] з а т. *Дәстүрлі қазақ қоғамында біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшырағанда ел жиып беретін көмек, жәрдем. Жылу* жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киім-кешексіз қалғанда, шектен тыс қарыздар болғанда жеке адамға туған-туысқандары, көрші-қолаңдары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі (ҚҰЭ). Бәрі де көп кедейдің мақұл деді, Әкеме бұл айтқаның ақыл деді. Бір қозы, бір-бір қойдан бермек болды, Болсын деп көмек, *жылу* пақырға енді (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Ата-ананы, жасы үлкенді сыйлау, елдік жақсы дәстүрлерді сақтау, ағайынның қазасына ат қойып еңірей келу, жұтап қалса *жылу* жинап беру, жұмысы бітпей жатса жабылып көмектесіп кету – нағыз адамшылық емес пе? (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Ол неме ана жылы дүкенде тұрып, ақша жеп, сотталып кете жаздағанда, осы ел *жылу* жинап беріп, әрең алып қалған (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Маған байлық керек емес, Өз байлығым өзімнің жүрегімде, *Жылу* сұрап келгем жоқ бұл өңірге, Жоқ әлде бір үстемдік аңсаппын ба? (М.Шаханов, Ғасырлар.).

ЖЫЛУАЛМАСТЫРҒЫШ з а т. к е н. *Негұрлым жоғары температуралы ортадан (қыздырғыш жылу – жылутасымалдағыш) негұрлым төмен температуралы ортаға (қыздырылатын дене) жылу беру үшін пайдаланылатын аппарат. Жылуалмастырғыштар* рекуператорлар, регенераторлар және араластырғыштар болып бөлінеді (Қаз. тілі термин. Кен.). Рекуператорлық *жылуалмастырғыштарда* қыздыратын заттан қыздырылатын затқа жылу оларды бөліп тұратын қабырғасы арқылы беріледі (бу қазандары, ауа және суқыздырғыштары,

конденсаторлар және т.б.) (Қаз. тілі термин. Кен.).

ЖЫЛУАН з а т. ж е р г. *Жылға, жыра.* Осы шақта о жақ, бұл жақтан, қайдағы *ж ы л у а н,* жыпқылдарды қуалап аттылы, жаяу жастар құйыла бастаған-ды (Ғ.Сланов, Асау арна). Сөгіліп сіреу көбесі, Жадырап жылы жел жетті. Қарайып Қырдың төбесі, *Ж ы л у а н д а* кернеп сел кетті (Қ.Шаңғытбаев, Аққу.).

ЖЫЛУЛА= е т. **1.** *Жылу жию, жылу сұрау.* Мәлке түні бойы ұйықтай алмады. Бегайдардан *ж ы л у л а ғ а н* жалғыз саулық қанша жерге апармақ (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). Жүз-жүзден жүрген жігіт даяшыға, Ақ көбік мінген аттың жаясында. Екі айдай Ереймендi ет сасытпай, Жүрт малын *ж ы л у л а ғ а н* аясын ба (І.Жансүгіров, Шығ.). **2.** *Жылу беру, көмектесу.* **3.** а у ы с. *Теру, жинау, тізу, қор жасау.* Мен жылдан жыр *ж ы л у л а д ы м,* Бір күн емес, бір түн емес. Қазақтың хас сұлуларын Суреттеу еш мүмкін емес (Ж.Молдағалиев, Кісен ашқан). Басқа мұсылмандар жаны ашып, жәрдем етіп жатқанда, үйі күйгенді *ж ы л у л а й т ы н,* малы өлгенге қызыл көтеретін, тоналғанға киім беріп, ат мінгізетін ағайыншылық жүзінде қайрымы көп біздің қазақ, бұл туралы да салтын істемей қарап тұрмас деп, ағзалықты қабыл еттім (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам).

ЖЫЛУЛЫҚ з а т. **1.** *Жылылық, жылу.* Әр өсімдік өзінің өсу дәуіріне байланысты әртүрлі *ж ы л у л ы қ т ы* қажет етеді (С.Тұрдиев.., Үй өсімдік.). **2.** а у ы с. *Мейірімділік, қайырымдылық.* Көкірегінде болмаса да *ж ы л у л ы қ,* біреу маңғаз, бірақ соның бәрінен маған қымбат қарапайым сұлулық (Ә.Сәрсенбаев, Баспалдақ.).

Жылулық барлау. ә с к. *Қарсыластың объектілері (нысаналары) жөніндегі мәліметтерді арнайы аспаптардың көмегімен жылу (инфрақызыл) шығару арқылы жинау.*

Жылулық қозғалтқыш. ф и з. *Жылу энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін қозғалтқыш. Ж ы л у л ы қ қ о з ғ а л т қ ы ш* табиғи энергетикалық қорларды химиялық немесе ядролық отын түрінде пайдаланады (ҚҰЭ).

Жылулық құбыр. т е х. *Үлкен жылу қуаттарын температураның аз өзгерістері жағдайында бере алатын құрылғы. Ж ы л у л ы қ қ ұ б ы р* сұйық жылу тасымалдағышпен ішінара толтырылған герметикалық құбырдан тұрады (ҚҰЭ). Сұйық жылу тасымалдағыш *ж ы л у л ы қ қ ұ б ы р д ы ң* бір ұшында буланып, жылуды сіңіреді, ал құбырдың екінші ұшында конденсацияланып жылу береді (ҚҰЭ).

Жылулық сәуле. ф и з. *Заттың ішкі энергиясы есебінен шығарылатын электрмагниттік сәуле.* Заттың температурасы жоғарылаған сайын *ж ы л у л ы қ с ә у л е н і ң* энергиясы арта бастайды, ал оның үлкен мәндері толқын ұзындығы кіші аймаққа қарай ауысады (ҚҰЭ).

Жылулық сәуле шығару. г е о л. *Қызған денелердің өз ішкі энергиясы есебінен электрмагниттік сәуле шығаруы.* Егер *ж ы л у л ы қ с ә у л е ш ы ғ а р у* затпен термодинамикалық тепе-теңдікте болса, тепе-теңдікті жылулық сәуле шығару деп аталады (Қаз. тілі термин. Геология).

ЖЫЛУӨТКІЗГІШТІК з а т. *Дененің қызған бөлігінен одан қызуы төмендеу бөлігіне (оның бөліктерінің температурасын теңгере отырып) жылу тасымалдаудың бір түрі. Ж ы л у ө т к і з г і ш т і к* кезінде электр энергиясы жоғары бөлшектерден (молекулалардан, атомдардан, электрондардан) энергиясы төмен бөлшектерге тікелей берілуі арқылы тасымалданады (ҚҰЭ).

ЖЫЛУСЫЗ с ы н. **1.** *Жылуы жоқ.* Күз, қоңыр күз, мейірімсіз, *ж ы л у с ы з* Азынаған жел еседі тынымсыз (Т.Қызықбаев, Алтай). Бірақ бесіндіге еңкейген күннің бет-аузы жаман: өзі тоңып тұған дөңгелек табақтай өңі сары өңез, *ж ы л у с ы з* ғана жарық шашады, шақырайған алып шам сияқты (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Қош бол, бақытсыз аулым, *ж ы л у с ы з* ұям (З.Асабаев, Ар соты). **2.** а у ы с. *Мейірімсіз.* Болма, жаным, *ж ы л у с ы з,* Өміріңе жол сыншы. Маған арман сұлу қыз Саған ғашық болсыншы (Т.Молдағалиев, Қош, көктем). Тоқтай тұр, айтарым бар, тығылмағын, Бас ұрып, неңе сонша жығылғамын! *Ж ы л у с ы з,* нәрсіз, түссіз жылтыраған, Сыртың ғана екен ғой құбылмалы (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫЛУСЫРА= е т. *Жылынғысы келу, жылыны көксеу.* Біз сүрініп-жығылып, мұздап қалған денемізді әзер еліктіріп есіктен *ж ы л у с ы р а п,* асып-сасып кіре бердік (Б.Тұрсынбаев, Ауылда.).

ЖЫЛУТАСЫМАЛДАҒЫШ з а т. т е х. *Жылу алмасу процесін іске асыру үшін қолданылатын, қозғалыста болатын сұйық немесе газ тәрізді орта. Ж ы л у т а с ы м а л д а ғ ы ш* ретінде су, су буы, газдар, сұйық металдар, хладондар қолданылады (ҚҰЭ). *Ж ы л у т а с ы м а л д а ғ ы ш т а р* жылу беру процесінде өздерінің агрегаттық күйін өзгертуі (қайнайтын сұйықтықтар, конденсацияланатын бу) немесе өзгертпей сақтауы (қайнамайтын сұйықтықтар, конденсацияланбайтын газдар) мүмкін (ҚҰЭ).

ЖЫЛША: бір жылша. с ө й л. *Бір жыл бойына, бір жылға дейін.* Апа, *б і р ж ы л ш а* жұмыс істемей-ақ қойыңызшы (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Шынында осым ақымақтық болған

жоқ па екен. *Б і р ж ы л ш а* қоя тұру керек пе еді (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.).

ЖЫЛШЫЛЫҚ с ы н. *Жыл бойы жүретін; соншама кереғар, шалғай.* Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан, Сауырсына шапақтап, сүйіп жатқан. Екі көңіл арасы *ж ы л ш ы л ы қ* жер, Оны қайтіп қосады ол ант атқан (Абай, Тол. жин.).

ЖЫЛЫ[1] с ы н. **1.** *Ыстық пен салқын күйдің аралық қалпы.* Үйдің *ж ы л ы,* суығын Қыс түскенде білерсің. Кімнің алыс-жақынын іс түскенде білерсің (Мақал). Қар жауса да тоңбайды бай баласы, Үй *ж ы л ы,* киіз тұтқан айналасы (Абай, Тол. жин.). Гүлжан *ж ы л ы* су, сабын, орамал апарып, күйеуін жуындырып жүр (Ж.Жұмаханов, Қаракөз). Шөл даланың жанға жайлы күзгі *ж ы л ы* түні, құрғақ қана қоңыр самал леп бар (С.Бегалин, Таңд.). **2.** *Денені суықтан қорғайтын, суық өткізбейтін.* Ауылдағы үйлерден *ж ы л ы* тон, киіз байпақты етіктер жиналып, киімі жұқа жігіттерге берілді (Ә.Әлішев, Батыр.). *Ж ы л ы* деп маған берген кебентайы: Жамаулы етекжеңі түйін-түйін. Қарағым, бүгін шөпке барып жат деп, Жұмсады алдап-сулап безеп тілін (К.Әзірбаев, Таңд. Шығ.). **3.** а у ы с. *Мейірімді, ақпейілді, ілтипатты.* Олар клубтың алдына келгенде, көп адам жиналып қалған екен. Есік аузындағы кісілер бұлармен *ж ы л ы* сәлемдесті («Лен. жас»). Жүргендей бейне жөн сілтеп, Үлгі де болды өзге елге. Сенбеді өзін есіркеп Қараған *ж ы л ы* кездерге (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Қазір көресің, міне, үйлеріңе де келіп қалдық! – деп Боржайдың бәйбішесі Ақжаңылды ана көкірегінің *ж ы л ы* үн, адал мейірімен жұбатады (Д.Әбілев, Арман.). Енді міне, қастарында көсемі, Қандай таныс, қандай *ж ы л ы* реңі (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). **4.** а у ы с. *Жақсылық, рақат.* Сонан бері рақымсыз көп жыл өтті, Орақ келер, орылар мезгіл жетті. *Ж ы л ы* менен суықтың бәрін көріп, Қайран көңіл қайыспай қайрат етті (Абай, Тол. жин.).

Бойы жылыды. *Мейірленді, пейілі ауды.* Жігіттің мейірімді көзқарасынан *б о й ы ж ы л ы п* қоя берсе де Жаңыл тілге келе алмай бетіне қаны теуіп бұрылып кетеді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Бойын жылытты. *Тоңғанын басты.* Қоспан шай ішіп, *б о й ы н ж ы л ы т ы п,* әлденіп алды (Т.Ахтанов, Таңд.).

Демі жылы. *Демалысы өте жағымды.* – Аға, – дедің құлағыма сыбырлап (*д е м і ң* қандай *ж ы л ы* еді), – жүр, билейік (О.Бөкеев, Үйқым.).

Жер қара, күн жылыда. *Суық түспей, қар жаумай тұрғанда.* Талшық етер азық-түлікті *ж е р қ а р а, к ү н ж ы л ы д а* жеткізіп алатын да, інге кірген суырдай бейбіт күн кешер еді (О.Бөкеев, Біздің жақта).

Жүзі жылыды. *Жылы шырай берді.* Жерлестері туралы әңгіме шерткенде Мұхтар Омарханұлының *ж ү з і* айрықша *ж ы л ы п с а л а б е р у ш і* еді (Біздің Мұхтар).

Жүрегі жылыды. *Жаны ашыды, көңілі тұсті, аяды, мейірленді.* Бұл сөзді естіген соң, менің *ж ү р е г і м ж ы л ы п* қоя берді (С.Мұқанов, Шығ.). Зураның бетіне қадалып еді, оның жүзінде әлдене бір жұмбақ күлкі ойнап тұр екен. Соны көрген соң ғана, Балқияның *ж ү р е г і ж ы л и* қалды (Ә.Әбішев, Шығ.).

Жылы ағыс. п о э т. *Жылы жел.* Көңілімнің сыбырлап көк құрағы, Аққуы ұшқан ақ айдын көп тұнады. Солтүстікке *ж ы л ы а ғ ы с* жетті ме екен?! Бір *ж ы л ы а ғ ы с* сен жақтан бетке ұрады, Бетім тосқым мен оған кеп тұрады (М.Мақатаев, Шығ.).

Жылы амандасты. *Іш тартып, жақын көріп, шын пейілмен амандасты.* Сері Сейтен мұғалімге *ж ы л ы,* ушительге салқын *а м а н д а с а д ы* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Өнерге теліген, Жандармыз, замандас. Көргенде менімен Сен *ж ы л ы а м а н д а с*! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жылы жақ. *Көктемде келген құстардың келген мекеніне ұшып баратын жағы.* Әне, төбеңнен, тіпті жақын, қаздар ұшып өтті. *Ж ы л ы ж а қ қ а* қайтып барады (О.Бөкеев, Үйқым келмейді). Барады бойымдағы күш қайысып, Ажалмен алдым бүгін түс шайысып. Мен сені кетеді деп ойламаппын, Жөнелген *ж ы л ы ж а қ қ а* құстай ұшып (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жылы жауап. *Өзінің көңілінен шығатын, көңіліне жағатын жауап.* Тіл күрмелсе айта алмай, Көз жүрекке жазады. *Ж ы л ы ж а у а п* қайтармай Бітпес жүрек азабы (К.Салықов, Жезкиік).

Жылы жауын. *Күн шығып тұрған кездегі, күн жылы кездегі жауын.* Шомылып *ж ы л ы ж а у ы н ғ а,* Шулаған кезде бақ, тағы, Мен туған жасыл ауылға Мыңсайрам бұлбұл қаптады (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жылы жауып қойды. *Қолға алмады, сол күйінде қалдырды.* Әлде, мектепте бүгінгі өмір талабына сәйкес білім беруді жүзеге асыруға әзірге тиісті жағдай жоқ деп, оны биылша *ж ы л ы ж а у ы п қ о я* тұрмақпыз ба? – деді Бану (М.Иманжанов, Шығ.). Болмаса, аты шыққан Сүйімбайдың, Басқасын *қ о ю* керек *ж ы л ы ж а у ы п* (Жамбыл, Шығ.).

Жылы жел. *Баяу, жанға жайлы жел.* Ертеңіне Тынық мұхит жақтан *ж ы л ы ж е л* соғып, күн райы кенет өзгерді (І.Есенберлин, Шығ.).

Жылы жер. *Жайма-шуақ жағдай, соғыссыз, ұрыссыз мекен.* Ел үшін болар деген құрбандарың Бассауға *ж ы л ы ж е р д е* жылмаңдады. Кейбіреу

тоғайыпты торсық шеке, Кейбіреу өсек тасып, сумаңдады (К.Салықов, Жезкиік).

Жылы жүз [ажар, кескін]. *Кішіпейіл, мейірбан.* Абайдың бұл ауылдан кеткісі келмеді. Қонағуар, *жылы жүз,* жақсы мінезді үлкендердің үйі аса бір сирек кездесетін, жайлы ұя сияқты екен (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Жылы жүзбен [ажармен, кескінмен]. *Ілтипатпен, мейіріммен.* Кәрі Каспий қара көк көзін ашты, *Жылы жүзбен* Терекке амандасты. Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күліп, Қатынды алды, қитықсыз араласты (Абай, Тол. жин.). Лиза *жылы жүзбен* қызға қолын ұсынды (С.Ерубаев, Шығ.). Обалы не керек *жылы ажармен* қарсы алған бұл үйдің, әсіресе Қази жеңгейдің күтуінде кемшілік болған жоқ (С.Мұқанов, Есею жыл.). Генерал-майор *жылы кескінмен* бас-аяғыма қарап өтті (Ж.Жұмаханов, Әлия).

Жылы жүзді [өңді]. *Жайдары, мінезі жайлы.* Талдырмаш денелі, *жылы жүзді* Зелиния сазарып алған. Жерді ойып жіберердей, нық басып, тұтқынның қасына таяп келді де, басын шалқақ көтеріп, көзімен атып, тістене сөйледі (Т.Ахтанов, Шығ.). Кең дала мұндағыдай емес тығыз, Сапырып күнде ішетін сары қымыз. Назбенен *жылы жүзді,* жұмсақ сөзді, Ақ үйде әзілдескен әдемі қыз (М.Жұмабаев, Шығ.). Жандарды *жылы жүзді* ұнатамын, Барлығы баласындай бір атаның. ...Жүзіңнен, жаным неге мұң атады, Жаным-ау, қайтсем сені жұбатамын? (М.Мақатаев, Шығ.). Ері жоқта күйзелтпей шаруасын, Ағайын, көршілерін жадына алса. Сапардан ері келсе үйге кіріп, *Жылы жүзбен* қарсы шығып қолын алса (Шал ақын, Өлеңд.). Қадірлі дос! Қайтесің, ренжіме, Айтпай-ақ қой, Халіңді білем, білем!.. Таппай жүрсің сырласар сыңарыңды, Жібі түзу жан іздеп *жылы өңдіден.* Айтпасаң да халіңді білем, білем (М.Мақатаев, Шығ.).

Жылы киім. *Салқын күндері тоңдырмайтын тоқыма, мақта, жүннен тігілген киімдер.* Баласы құрдас еді қонған үйім. Тамаққа бір күн барып тойған үйім, Қарағым, бүгін шөпке барып жат деп, Үстіме бермек болды *жылы киім* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Елдің салған дәм-тұзын Сағынып жүріп жеген соң, *Жылы киім* киген соң, Жел жетпес жүйрік мінген соң, Белге қылыш ілген соң, Шабыттанды біздің ер (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Жылы киімін* киіп, далаға шыққанда, көшеде шанаға жегілген қос қарагер жол сапарына әзір еді (Ә.Нәбиев, Шолпан).

Жылы көңіл. *Ілтипатты сезімге толы көңіл, жұмсақ, елжіреген көңіл.* Өлеңге көңілің құмар, даусың жытар, Созылтып ән мұржасы созсаң зытар. Ән сүйгіш, *жылы көңіл,* сөзге таңсық, Жылпыңдар жылы сөзді неге ұмытар? (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жылы көрді. *Жақын тартты, өте жақын көрді.* Жылдар озып кетсе де, *Жылы көрем* жүзіңді. Отырғанда кеңседе Ұмытпан сол кезімді (С.Мәуленов, Алыс кет.).

Жылы қабағын бермеді. *Жадырап, жылы жүзбен қарамады, торсиып, үндемеді.* Балуан үйіне келген Балқашқа *жылы қабағын бермей,* бойын жырақ ұстаған еді (С.Мұқанов, Шығ.).

Жылы қабақ. *Ілтипат, мейірімділік, ниет, пейіл.* Үй ішіндегілерден *жылы қабақ* көре алмаған Шәкірлер көп отыра алған жоқ (М.Дүйсенов, Қалыңдық). Әкім біткенді жек көретін Ерболат бұдан *жылы қабақ* күткен жоқ еді (Ә.Қалмырзаев, Ар). Айта ма жомарттықтың жақсы әуенін, Басылып қалғандаймын асқақ едім. Тәтті ұйқы, тәуір тамақ, *жылы қабақ,* Ермегім болмай тұрау басқа менің (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Алматының үстінен тұрмын қарап, Шұғыла шашып келеді, күн мұңдалап. Бүкіл дүние бейне бір жақсы ағадай Маған ылғи көрсеткен *жылы қабақ* (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Жылы қабақ [рай, шырай] білдірді [көрсетті]. *Жылы шырай берді, жадырап, жақсы қарсы алды.* Осы бай үйдің барлық арқан-жібін, ноқтасын, желісін, тізгін-шылбырын қысы-жазы есетін тынымсыз қарт – Иіс еді. Сонысын айтты. Қаражан бұған сәл *жылы қабақ білдірін,* баласына қарап: «Бұл байғұсты әлі шаңырақтан шығармап па едіңдер?» – деп еді, Әзімбай қырыс сөйледі (М.Әуезов, Шығ.). Әбдіжан өзіне еркелене сәлем берген баланың қолынан ұстап, *жылы шырай көрсетті* (С.Бегалин, Жеткіншек.). Осы сәтте бетіңе қарап *жылы қабақ көрсетін,* демеп жіберетін біреу табылса (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жылы қарады. *Жақсы көңілмен қарады.* Дәмежанның сөзін де, өзін де, әсіресе, қол өнерін де сыйлайды. Бұған Жәбікен шүкірлік етіп, Дәмежанға осы әңгімелер тұсында өте *жылы қарады* (М.Әуезов, Шығ.). Ұзын бойлы, ашамайлау келген қатша ерінің жүзіне *жылы қарап* қарсы алды (М.Әуезов, Шығ.). Биік тұлғасында байсалды сабыр бар, дөңгелек кең бетіндегі алшақ біткен үлкен көзі нұрланып кісіге *жылы қарайды* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жылы қарсы алды. *Құшақ жая қарсы алды.* «Елді сағынып қалыппын. Жақсы келдіңдер» деп бізді өте *жылы қарсы алды* (Біздің Мұхтар).

Жылы қоныс. *Үйренген, ата қоныс.* Оны осынау *жылы қонысынан* бөліп қайда апарып, қандай ұшпаққа шығарар едім (О.Бөкеев, Үйқым.).

Жылы құшақ. *Жақсы көрген адамға көрсетілген құрмет, ізет.* Ғанидың көзін ашқалы көргені ата-ананың *жылы құшағы* болды (М.Иманжанов, Көк белес). Қазір де анасының *жылы құшағында* отырып, сол кездегідей әсер алды (Т.Ахтанов, Шығ.).

Жылы лебіз [леп]. *Жақсы сөз; жағымды пікір.* Мұндай табысқа шет жұрттан да *жылы лебіз* білдірген елдер аз болмады (Б.Тоқтаров, Қыран.). Тыңдады *жылы лебізді* Жас жігіт бойы шымырлап. Көнтігіп іскен еріні, Жай ғана жатыр жыбырлап (Қ.Мүсірепов, Алау). Жылап тұрған бибаққа *Жылы лебіз,* Сөз қандай! Жоғарыдан бейуақта жаратқан қол созғандай! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Сауалын сан қойса-дағы жиілеп, Қиналады есті алмай *жылы леп.* Әлгі әзіргі оқиға көз алдында, Қараңғы түн елестейді, жел улеп (Ә.Ахметов, Өшп. жалын). Оның білімін, ойшылдығын, лебізінен *жылы лептей* есіп тұратын ақылды қамқорлығын айтпағанда, дауында, жүзінде, көзінде керемет бір сиқырлықтар болатын (Біздің Мұхтар).

Жылы мекен. *Өз жері, туған жер.* Қасымда қал демедім, қыстамадым. Тілеймін суық жақтан есен қайтып, *Жылы* құм *мекенінде* қыстағанын (К.Салықов, Жезкиік).

Жылы орнын суытпады. *Отырған, тұрған үйінен қозғалмады; қоныс ауыстырмады, ешқайда көшпеді, сол тұрған жерінде қалды.* Батырбай шала бүлініп үйіне кетті. Олай ойлап, бұлай ойлап көрсе де, *жылы орнын суытқысы* келмеді (М.Иманжанов, Көк белес). Анам да «шырағым, барсайшы осыған, *жылы орныңды суытпа,* көз алдымда бол» дегенді айтты бірде («Лен. жас»). Қайта оң-солы айқындалған жаттанды жанашырларың не бүлдірсе соны өз қолдарымен жөндеп, *жылы орындарын суытпағаны* жақсы (З.Серікқалиұлы, Алтын жамбы). Смайыл Шұнақтың әзірге *жылы орнын суытпай,* сол жерде отыра тұруын мақұлдады (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Жеңгемнің *жылы орнын суытып* қайтем, үй-жайлы, бала-шағалы адам (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр.).

Жылы орнын тапты. а) *Жайлы орынға жайғасты.* Айттым ғой, балам қорқады деп, мына шайыңды ішіп, сонан соң, *жылы орныңды тапсайшы!* – деп, енді тізе бүгіп, шай құйып беруге оңтайлана берді (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). ә) *Тұрмысқа шықты, үйлі болды. Жылы орныңды табатын* уақыт болды ғой (Ауызекі).

Жылы орын. а) *Салулы төсек.* Отырсам қой күзетіп таң атпайды, Жүргенде малды бағып кеш батпайды. Қарайтын қабағыма бір адам жоқ, Бел шешіп, *жылы орынға* бір жатпаймын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). ә) *Үйреніп қалған жер.* Дүбірлетті есікті бай да болмай, Аз кешікті ашуға жан табылмай. Бір жалшы келді есікке қалт-күлт етіп, *Жылы орын* тастамақ кімге оңай (Абай, Тол. жин.).

Жылы орнынан қозғады [қозғалтты]. *Тұрақты, жайлы мекенінен көшірді.* Мынадай қиындықта *жылы орындарынан қозғамай-ақ* қойсам қайтеді? (А.Хангелдин, Табыс. тағдыр). Белуардан қар кешіп, Түкірік түспес аязда, *Жылы орнынан қозғалтып* Дүспанды қуған біз едік (Б.Момышұлы, Москва.).

Жылы рай [шырай, өң]. *Ілтипатты көңіл, адал пейіл.* Бізді осы сапарымызда жол бойындағы көлдер мен шөлдер де, өзектер де жылы шыраймен қарсы алып, *жылы раймен* ұзатып салып отырды («Халық мұғ.»). Абай іркілген жоқ. Дәрменге қызыққандай, *жылы шыраймен* қарады да: »Оқы!»... – деді (М.Әуезов, Шығ.). Ардақ жұмсақ мінезі, *жылы өңі,* кірімді сөзімен алғашқы күннен бастап-ақ кірген ішке (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Жылы сезім. *Жылы шырай, жақындық.* Өзеннен қадір кетер ақпаған соң, Жайраңдап тасып, толқып жатпаған соң, Барамын алыс ұшып, Танакөзім, Өзіңнен *жылы сезім* таппаған соң (М.Шаханов, Ғасырлар.). Неге екені белгісіз, таңнан бергі есіне алған естелік осына *жылы сезімін* өзіне қайтарып бергендей еді (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жылы сөз. а) *Қиналған кезде жанына демеу болатын, жүрегіне жағатын ұнамды сөз, қамқорлыққа, түсінушілікке толы сөз. Жылы сөз* бен тәтті тіл өмір берер өлгенге. Аяқшы, оны хабар қыл, пір-сопылар келгенде (Шәкәрім, Иманым). Несіне ойланасың, Несіне қиналасың, Қайтесің, Бір *жылы сөз* қимағасын? Атаң қазақ, ескерткен әлдеқашан, Ешкім де сыйламайды сыйламасын! (М.Мақатаев, Шығ.). Кедейдің бұл сөзді айтқан бірі екен, Әр *сөзі* шал байқұстың *жылы* екен. Жасынан жоқшылықты көп өткізген, Дүйсенбі деген байдың құлы екен (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Сыбырлай атымды ата да, Айтшы бір, айтшы *жылы сөз.* Бір жебеп жібер, махаббат, Бір демеп жібер, нұрлы көз (Т.Молдағалиев, Шақырады.). ә) *Жанға жайлы, жағымды пікір.* Айжан Мәлікті шығарып сап, операция жасаған ауруларды аралап, бірін *жылы сөзбен* алдандырып, енді біріне дәрідәрмек бергізіп, қайта оралса, дәлізде Нұрлан тұр (З.Шашкин, Сенім). Күшке бай, қолы қысқа ұзын саршаны байдың жаңағы бір ауыз *жылы сөзі* жылытқаны сонша, езуін жия алмай ыржың-ыржың етеді (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

Жылы сөйлесті. *Ішіне кіре сөйлесті, жағымды тіл қатты.* Аяқ астынан ұсталып қап, торға түскен құстай, екеуіне кезек жаутаңдаған

түрін көріп, осы әйелді аяп кетті. *Жылы сөйлескісі* келді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жылы су. т е р м. *Температурасы Зайцев (1961) бойынша 20-37° С, Ланге (1939) бойынша 20-40° С табиғи су* (Қаз. тілі термин. Су.).

Жылы тап. *Сағыныш.* Сонау бір алыс кездегі ыстық қуаныштың *жылы табы* кеудесін қайта шарпып өтті (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жылы тартты. а) *Жақын көрді, іш тартты.* Ауылдастарымның бәрі мені *жылы тартып* өз баласы санайды («Лен. жас»). ә) *Көзге жылы ұшырады.* Барасың *жылы тартып* анадайдан, Туған жер, мен ұлыңмын қанат жайған, Бел шешіп тынығатын мезгіл емес, Жеңіспен келгеніммен бұл да майдан (Қ.Ұябаев, Өтеді жыл.).

Жылы тиді. а) *Жағымды леп сезінді.* Жеріңе сенің қарасам, Белең-белең белің бар, Бетке *жылы тиетін*, Қоңыр салқын желің бар (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). ә) *Ұнады, жанға жақты.* Жарым-жақсы киім киіп, Келді жанға *жылы тиіп*. Диуана болды бұл көңілім, Басылмай бір құшып-сүйіп (Абай, Тол. жин.). Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл, жүрекке *жылы тиіп*, Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы (Абай, Тол, жин.).

Жылы ұшырады. а) *Көзге я құлаққа таныс болып көрінді, жақын сезілді.* – Біздің жақта тартылып жүретін «Жамбас сипардың» әні құлағыма *жылы ұшырап* кетті, елді сағынғандығым шығар деймін, – деп, келіншек күрсініп қойды (І.Жансүгіров, Шығ.). Серті осы демекпін, осыны өле-өлгенше ұстаның өлемін! – дегенде, Жарасбай бұған сәл *жылы ұшырай* түсті (М.Әуезов, Шығ.). ә) *Шын пейілмен қарады; мейірбандық көрсетті.* Ол менің қиналып тұрған күйімді тез ұқты да, жұмсақ үнмен *жылы ұшырап* сөйледі (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Дәрменге *жылы ұшырай* бір қарады да, ол тоқтамастан кете берді (Ө.Қанахин, Жер бас.). Жиренше де Абайға енді *жылы ұшырап* амандасты. Жаңа адамдар келген соң, үлкендердің өзге істері мен сөздері бөлініп, тоқырап қалды (М.Әуезов, Шығ.). Асан «қашайық» деп еді, Үсен мен Жамал «бізді ұстап алады» деп, жылауға айналды. Бірақ жаңағы үлкен орыс мына балалардың қорыққанын көріп, *жылы ұшырап* күліп қойды (М.Әуезов, Шығ.).

Жылы ұя. п о э т. *Үй іші, отбасы.* Ол *жылы ұясынан*, тырнақтап жиған бар дүниесінен безіп кеткен (К.Тоқаев, Тасқын). Семья – адамның өмірдегі *жылы ұясы* (Қ.Жұмаділов, Қаздар.).

Жылы хабар. *Жақсы сөз, жағымды хабар.* Бұл – екі жасты жақындастыруға жанын салып жүрген, бірер көйлекті бұрын тоздырған досы Әмән *жылы хабар* әкелетін. Бұл жолғысы суық (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Бұдан аз-ақ жыл бұрын жаңа ғана барланып жатқан Өзенде бір *жылы хабар* жарқ етті («Лен. жас»).

Жылы шырай берді [рай]. *Жылы жүз, жайдары келбет көрсетті.* Өмірімнің өрлерін Жазы шықпас қыс қылшы! *Жылы шырай бер* десем, Аждаһадай ысқыршы! (С.Торайғыров, Шығ.). Қожасы *жылы шырай берсе-ақ* тайраланған мәз болады (Т.Ахтанов, Таңд.). *Жылы шырай береді* уақыт кімге, Ой ішіне шығамын батып түнде. Тоқашын да пісірді байғұс әжең, Өзіңменен келердей бақыт бірге (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жіңішке, орақ өңді, ұзын бойлы, шоқша сақал декан мұны жұмсақтықпен, *жылы рай беріп* қарсы алды (С.Шаймерденов, Өмір нұры).

Жылы ізін суытпады. *Іле-шала, тез, кешіктірмеді.* Жандарм Павловты ұстаған жерде таба алмаған қағазын қылмыстың *жылы ізін суытпай*, Абайдың қалтасынан суырып алмақ болды (М.Әуезов, Шығ.). *Жылы ізін суытпас*, дамыл көрмес, Бір оңаша жолығар жер айтқызар. Ел аулақта оңаша қолына алып, Көңіліндегі сабағын айтып тынар (Абай, Тол. жин.).

Көзге жылы ұшырады. *Көзге ыстық көрінді.* Жасынан тайраңдап өскен жері ғой; әр бұтақарағаны, тау-тасы таныс; *көзге жылы ұшырап* тұратын ыстық (О.Бөкеев, Ұйқым.). Сонау төбешік басындағы жалғыз терек *көзіме* бүгін *жылы ұшырап* кетті («Қаз. әдеб.»). Сонда да, әлдебір қасиетімен мыс кесегі қонақ *көзіне жылы ұшырап* барады (Қаныш аға).

Күн жылы. *Даладағы күннің температурасы адам денесінің қалыпты температурасына сәйкес, тоңдырмайды да, ыстықтатпайды да деген мағынада.* Маса жүр маза бермей күні-түні, Июльде болады екен *күні жылы*, Қарғалар қаңқылдайды, басқа құс жоқ, Шықпайды бозторғай мен бұлбұл үні (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Қолын жылы суға малды. *Молшылыққа кенелді, рақатқа батты.* Боранбай бай және аталы жерге барған соң Айша әшейін *жылы суға* екі *қолын малып* отыр (С.Сейфуллин, Әңгім.). Айтарым сол, Ажарды құтты орнына орналастырып, *қолыңызды жылы суға малып* отырмайсыз ба (С.Жүнісов, Өшп. іздер).

Құлағына жылы тиді. *Жағымды естілді.* Қазақша сөйлегені *құлағына жылы тиіп*, қолын ұсына түсті де, қайта тартып алды, жеп қоятындай, сүзе қарады (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Құлағына жылы тиген*

қазақ сөзі шыдатпай, Жұлдыз жалт бұрылған (І.Есенберлин, Шығ.).

Өңі жылы. *Түсі жылы, жылы жүзді.* Түрі анандай болғанмен өзінің тіпті *ө ң і ж ы л ы* екен (Т.Ахтанов, Таңд.). Қараңғы ойлар басып, қалғыған кісі тәрізденіп тұр еді: *ө ң і ж ы л ы,* ұзын бойлы, сар сақалды орыс портфелін қолтықтап келді де, Қартқожаға таңдана қарап, кабинетіне кірді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Түсі жылы. *Мейірімді, қайырымды.* Кінәз жалғыз келмеді, қасында кесек денелі сары жігіт бар. *Т ү с і ж ы л ы,* мінезі ауыр көрінеді (Б.Қожабеков, Көктөбе).

Ұядай жылы. *Жанға жайлы.* Ала барқын тартқан бөлменің іші беймезгіл айтылар әңгіме, әдібін ашып сырласар шыншыл сұқбатқа әдейі арнап жасалғандай: жым-жырт, *ұ я д а й ж ы л ы,* көз құртын жыбырлатар сұлулықтан ада, жұпыны да жарасымды (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫЛЫ= е т. **1.** *Күннің, оттың немесе дененің қызуымен жылы қалыпқа келу.* Жер күніреніп, жұрт шулап, Ағайын түгел жеткені-ай! Жамиғат тоңбай, күн *ж ы л ы п,* Тәңірім рақым еткені-ай! (Абай, Тол. жин.). Жаздағыдай жайдары тартқан күн сәске түске қарай тіпті *ж ы л и* түсті (А.Нұрманов, Аққу.). Күннің жылынуымен қатар, ашық, тайыз су да *ж ы л и д ы* (С.Омаров, Қой. бағу.). Көптен бері кісі жатпаған суық төсек шаршап келген Меңдігүлдің қызуымен тез *ж ы л ы д ы* (Ж.Жұмаханов, Солдат.). **2.** а у ы с. *Мейірлену, көңілі тұсу.* Әрқайсысы Гауһардың қолын алғанда өңдері *ж ы л ы п,* езу тартады (Т.Ахтанов, Махаббат.). Айдаболдың жүзі аздап *ж ы л и* бастады (М.Гумеров, Үш күн.). Үкінің жүрегі *ж ы л ы п* сала берді (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

Іші жылыды. а) *Риза болды; жақсы көрді.* Кішкене Мұраттың мына қылығына дән риза болып, мұғалім апайдың *і ш і ж ы л ы п* қалды (Ө.Тұрманжанов, Адам.). ә) *Мейірі түсті.* – Ойбай, қарағым-ау! Қалап келсеңіздер енді... амалым бар ма... айран-шалапты бөліп ұрттарсыңдар, – деп, қатын Ақбілектің нәуетек даусын естіген соң, әрі *і ш і ж ы л ы п,* әрі таңырқанып, «қонамыз» дегенге әлдеқандай боп қалды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жаңылдың көңілі қоспанның қабағына байланысты ғой, оның да *і ш і ж ы л ы п* қоя берді (Т.Ахтанов, Таңд.). Өзі келмегенмен, ежелгі құдаларша жөнжосықпен екі ұлын жібергеніне Кітапбектің *і ш і ж ы л ы п* қалды: демек бидің көңілі бұрынғыдай (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Таңдап алған жылқыларын анда-санда бір көріп қояды, бірақ *і ш і* құрғыр *ж ы л ы м а й д ы* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫЛЫДАЙ ү с т. *Жылы күйінде, суытпай.* – Махмұтжан! Жаңа ғана пісірдім! *Ж ы л ы д а й* іш, ең болмаса бір кесе! (Д.Әбілев, Арман.). Жас құстарды дөніксін деп, өзі алған аңдарын *ж ы л ы д а й* жегізеді (С.Қасиманов, Сиқырлы.). Мұнда сыпырылған теріні жайып, аздап созғылайды да, *ж ы л ы д а й* тұздайды (Р.Әбуғалиев, Қой өсіруші.).

ЖЫЛЫЖАЙ з а т. *Көкөніс, жеміс-жидек, гүл, көшеттер өсіретін әйнекпен немесе жарық өткізетін материалмен жабылған арнайы құрылыс. Ж ы л ы ж а й д а* жыл бойы көкөніс дақылдарын өсіріп, өнімімен халықты қамтамасыз етуге болады. Онда өсімдіктерге аса қажетті су, қоректік зат, жарық, жылу, газ режимі сақталады (ҚҰЭ). Саланы интенсивтендіруге және комплексті механизациялауға бағыт алынды. Тек үстіміздегі жылдың өзінде 25 гектар пленкамен жабылған *ж ы л ы ж а й л а р* (теплицалар) салынды («Алматы ақшамы»). Күн сәулесінің энергиясы, биологиялық отынның жылуы, техникалық жылу түрлері пайдаланылады. Өсімдіктер қыстық *ж ы л ы ж а й д а* жыл бойы, көктемдік жылыжайда көктемде, жазда, күзде өсіріледі (Қаз. тілі термин. Биология). *Ж ы л ы ж а й* (теплица) жылу сүйетін жидек және овощ дақылдарын өсіруге арналады. Жылыжайда тәулік бойына температура мен ылғалдылықтың ауытқуы шамалы болатын белгілі бір микроклимат сақталады (Шаңырақ энцикл.).

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚ з а т. *Мал мен аң етінің дәмді жері.* Күрең құнаншығардың таңдамалы *ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы* ас үйге қарай әкетілді (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Қасқыр әдетте малды шабынан жарады да, әуелі суырып ішкі *ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы н* жейді (С.Мұқанов, Бақташы.). Бахтияр мен Уәсила күнде дерлік қонаққа шақырылып, барған үйлері *ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы н* шын ниетімен алдына тосатын еді (М.Гумеров, Хазірет.). Үйде қалған Бақтығұлдың шитісімен қатубай бір елік атып алып келіп, соның *ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы н а н* қатыны қуырдақ қуырып, шай қайнатып жатыр екен (М.Әуезов, Шығ.). Ол жемтіктерінің *ж ы л ы-ж ұ м с а ғ ы н а* ғана ауыз батырып, жүрегін майлады (А.Алтай, Алтай.). Оқушы мына сөзге құлағың сал, Баққаны Насиқаның кемпір мен шал, Төрт бөліп, түнгі ұйқысын бөлеп отыр, Жегізіп, *ж ы л ы-ж ұ м с а қ,* құймақ пен бал (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚТАП ү с т. *Жылы-жұмсақ еттерді қосып араластырып.* Астына бөстек төсеп, немерелері *ж ы л ы-ж ұ м с а қ т а п* қазы-қарта турап беріп жатыр (К.Әзірбаев, Аңыз.).

ЖЫЛЫҚАНДЫ: жылықанды жануарлар. з о о л. Дене температурасы сыртқы орта температурасына тәуелсіз, үнемі тұрақты әрі

жоғары болатын жануарлар. Осыған байланысты *жылықандыжануарландың* асқорыту, қозғалыс, сезім мүшелері мен орталық жүйке жүйелері өте жақсы дамыған (ҚҰЭ). *Жылықандыжануарландың* сыртқы орта жағдайына бейімделу механизмі өте күрделі, әрі жақсы жетілген (ҚҰЭ). *Жылықандыжануарларға* құстар мен сүтқоректі жануарлар жатады (Қаз. тілі термин. Биология).

ЖЫЛЫЛА= е т. *Жылы күйге келтіру, жылы қылу.* Сүрленген азықты мұздатпау үшін арбаға немесе шанаға салынғаннан кейін, үстін *жылылап* жабады (М.Ермеков, Қазақст.). Егер уланған қойдың іші өздігінен өтетін болса, оған апиын ерітіндісін берген жөн. Сонымен қатар бауырын уқалап және *жылылап* орау қажет (Ш.Қалықов, Қой. ауру.). «Суықтан ұшып өлді» деп, Аязға жапты жаласын. Аяздан тана өле ме, *Жылылап* қойса қорасын (Айтыс).

ЖЫЛЫЛАН= е т. *Жылы күйге келу.* Қыста қорасы *жылылансын,* жазда жайылымы жақсы болсын (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫЛЫЛАНУ *Жылылан етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫЛАУ[1] с ы н. *Аздап жылы, жылырақ.* Оның іші де салқын, тек обком үйінің астыңғы қатарында ұйымдастырған асханамыз ғана *жылылау* (С.Мұқанов, Өсу жол.). Жылауқорлардың жастау жағының бойы *жылылау* екен, олар үй ығында қалды (Д.Әбілев, Арман.). Кешегіден гөрі бүгін күн райы шырайлы әрі сәл *жылылау* сықылды (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Маратбек сарайдың шөп қораға жалғас *жылылау* түкпіріне көпіртіп сабан төседі. Құрыш киізді жайды, үйден сеңсең тұлыбын әкелді (С.Сматаев, Бұлақ).

ЖЫЛЫЛАУ[2] *Жылыла етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫЛЫҚ з а т. **1**. *Ауа мен дененің жылыған қалпы.* Өсімдіктің жақсы өсуі үшін оған жарық, *жылылық,* ылғал, ауа және қоректік заттар керек (А.Машанов, Жер асты.). Картоптың қоректік заттарды бойына жақсы сіңіруі үшін ең қолайлы температура 20 градус *жылылық* (Б.Шағыров, Картоп.). *Жылылық,* жарық нұрын беріп, Сездірген атам – күн шебер. Балына қосып уын беріп, үсірген анам – қара жер (Ш.Құдайбергенов, Иманым.). **2**. а у ы с. *Ізеттілік, ілтипат.* Ол қасындағы жігітке үлкен *жылылық пен* қарап, күліп жіберді (Т.Шаханов, Көгілдір.). **3**. а у ы с. *Мейірімділік, бауырмалдық.* Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы, Теңіздің түбіндей-ақ қарап бақшы. Сол жүректен *жылылық,* достықпенен Бұлақша ағып ғаламға таралмақшы (Абай, Тол. жин.). Графира сөзінде шын жүректен шыққан *жылылықтың* лебі бар (З.Шашкин, Ұядан ұш.). Сыймастай еш қиялға, Болмастай жан ұғынып, Кіп-кішкентай ұяңда Жатыр қанша *жылылық* (С.Мәуленов, Торғай.). Айналайын, Ақ бабам! Аяйсың ба сен мені, Абыройын дақ шалған, алақұйын пендені?! Әлде саған ауған ба Бар *жылылық* мендегі?! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫЛЫМ[1] з а т. **1**. *Өзен мен көлдің қыста қатпай жататын терең жері, ірім.* Белгілі бір жерде жыл сайын қалыптасатын жылымды тұрақты *жылым* деп атайды (Қаз. тілі. термин. Су.). *Жылым* өзеннің ағысы күшті бөлігінде (көбінесе, су электр станцияларынан төменде), грунт сулары шығатын және кәсіпорындардың қалдық суы төгілетін жерлерде, өзендердің көлден ағып шығатын тұсында пайда болады (ҚҰЭ). Қабыршақ мұз тысыр-тысыр ете қалды да, кенет мұз ойылып кетті. Біз *жылымға* түсіп кеттік (Қ.Сәрсекеев, Кілт). – Мен, – деді Смайылды *жылымнан* алып шыққан жігіт (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Тандыр болған жылғадан Сарқырап тұрып су ақты. Өзен қып өрге ағызды, Жылжыған *жылым* бұлақты (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **2**. а у ы с. *Қу, сұм, сұмырай; пасық (адам).* Қожамберді жым болды. *Жылым* жігіт, жұрттың сыңайын байқап қойды (Б.Майлин, Шығ.). О, кәззәп, жемқор қожа, *жылым* молда, Әзәзіл әптиектен көтерілген. Халықты өнер қуған ұлы жолда Қанша жыл тартып тұрдың етегінен? (Ғ.Жұмабаев, Жомарт.).

Жылым құрт. б е й н. *Білдірмей құртатын арам адам. Жылым құрт* боп іштен жайлапты ғой мынау (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫЛЫМ[2] з а т. *Үңгір аузының желке тұсынан аю демімен тесілген, қалың қарда жылы леп шығып жататын ойық.* Осы аю лебі көтерілген ойылма *жылымнан* үңгі кірген самырсын сырғауыл аюдың тақ үстінен түссе керек (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛЫМ[3] з а т. к ә с. *Теңізден балық аулау үшін қолданылатын ұзындығы 1000 метр, көлденеңі 500 метрдей ау.* Балықшылар түгел жиналысымен председатель *жылым* салатын жерді көрсетті («Лен. жас»). Бүгін үй ішінде ешкім де ұйықтаған жоқ. Папам *жылым* салдыруға кетті (Ә.Нұрпейісов, Күткен күн.). Тайсалмай таудай толқын ортасында, Мың-мың сан балықшылар талмай барып, Тулатып тайдай тағы балықтарын Ау, керме, аулап жатыр *жылым* салып (Т.Жароков, Шығ. жин.).

Жылым шашу. *Жылым ауды жазысу, балыққа құру. Жылым шашқаннан* кейін оны жағаға шығару машина күшімен болады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫЛЫМДАП ү с т. *Аз-аздап, тамтұмдап.* Айшуақтың басындағы аң елтірі бөркінің самайынан ақырын *жылымдап* тер шығып қояды (С.Сейфуллин, Шығ.). Күн

жылуы түскен кезде қалың қар *ж ы л ы м д а п* еріп, жүріс-тұрысты қиындатады (Ә.Шәріпов, Партизан.). Аяқ асты қия тік, сонау төменде жылтырап қана жарты езу бұлақ *ж ы л ы м д а п* ағып жатыр (Д.Досжанов, Зауал).

ЖЫЛЫМДАУ с ы н. *Жылым сияқтанған, жылымға ұқсаған.* Екеуі судың бір *ж ы л ы м д а у* жеріне келгенде сиырдай бақалар бақылдап қоя берді (А.Машанов, Жер асты.).

ЖЫЛЫМСУ *Жылымсы етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫМСЫ= е т. *Сырқиялану, жылмию.* Біздің Сәуле еркін ойлы, Ер көңілді, ер мінез, Қылымсыған, *ж ы л ы м с ы ғ а н* Сұмпай емес кер мінез (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЫЛЫМТОР з а т. к ә с. *Балықты сүзіп аулауға арналған жуан ау. Ж ы л ы м т о р д ы ң* шеттеріне байланған арқандарды жағалаудағы шығырға орап, шығырды аттардың немесе түйелердің күшімен қозғалысқа келтіреді (ҚҰЭ). *Ж ы л ы м т о р м е н* 1 ц-ден 1000 ц-ге, кейде одан көп балық ұстауға болады (ҚҰЭ).

ЖЫЛЫМША ү с т. *Жылымға ұқсап, жылым сияқтанып.* Түңілсе түрі тұнжырап, Көрсетпес түбін *ж ы л ы м ш а,* Шырайы күндей жадырап, Жарылқар сені жылынса (F.Орманов, Таңд.).

ЖЫЛЫМШУ *Жылымшы етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫМШЫ[1] с ы н. **1**. *Жылылау, жылырақ.* Бірақ қосшының бір тойында серке тартып жүргенде білегінен *ж ы л ы м ш ы* қан ақты (М.Әуезов, Шығ.). Жатар алдында денені *ж ы л ы м ш ы* сумен шайып, ішкі киімді жиі өзгертіп тұру да пайдалы (Е.Оразақов, Туберкулез.). Тәйірі, құдықтың мұздай суының қасында көлдің *ж ы л ы м ш ы* суы су ма! (F.Мұстафин, Дауыл.). Үсіген күреңше жүзіне *ж ы л ы м ш ы* қан тамшылады (А.Алтай, Алтай.). **2**. *Ащы мен тұщының аралығындағы дәмі бар.* Бірнеше минут өткенде баланың аузына *ж ы л ы м ш ы* бір дәм білінді (С.Бегалин, Жеткіншек). Удай болсын – ащы болса, Судай болсын – тұщы болса, *Ж ы л ы м ш ы н ы* жаратпаймын, жарандар (Ә.Тәжібаев, Кеше.). **3**. *Шикі, піспеген тағамнан шығатын иісі бар.* Иісі аңқыған бұзау қора, момомақан торпақтар, жаңа сауылған сүттің *ж ы л ы м ш ы* иісі есімнен кетпейді (Б.Тоғысбаев, Ақиық.). Дән сағыздана бастаған кезде егін үстінен дихан тынысына дағдылы сәл *ж ы л ы м ш ы* шикіл иіс есті (С.Мұратбеков, Дос.). **4**. а у ы с. *Пасық, арамза, қу.* Уәлидің бетіндегі емексіген *ж ы л ы м ш ы* күлкісіне, жылтыраған көзіне қарап Ержанның тұла бойы тыжырынып қалды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). Қожаханның түнде айтқан *ж ы л ы м ш ы* сөздерін есіне тез түсіріп өтті (Н.Fабдуллин, Өмір.). Жойылсын, *ж ы л ы м ш ы,* сасықтар, Көлеңке, күңгірттер, пасықтар. Жасасын, көздері ашықтар, Жарыққа, өмірге ғашықтар (Ә.Тәжібаев, Жартас).

Жылымшы ауру. ж е р г. *Ұзаққа созылған ауру.* Тәңірбердінікі де бір *ж ы л ы м ш ы а у р у* болды (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

Жылымшы татиды. *Жылып кетіп, дәмі бұзылды, дәмсізденді.* Сусындарын қандыру үшін грузовикке артқан жәшіктері, сыра, лимонад сияқты ішімдіктерді алып көрсек күнге қызып, *ж ы л ы м ш ы т а т ы п* кеткен (С.Мұқанов, Есею жыл.). Қауақтағы қалған сусын көлеңкеге тығып қойғанмен, жылып кеткен, *ж ы л ы м ш ы т а т и д ы* (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.). Кәрі, арық түйенің етін жеген адам түйе еті қатты, *ж ы л ы м ш ы т а т и д ы* дейді (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру.).

ЖЫЛЫМШЫ= е т. *Жылымшы тату.* Тандайына сәл *ж ы л ы м ш ы ғ а н* шикі қаймақтың дәмі татығандай болды (Қ.Ысқақов, Бұқтырма.).

ЖЫЛЫМШЫЛАН= е т. *Сулану, жылымық тарту.* Мына шал неменеге күледі. *Ж ы л ы м ш ы л а н ғ а н* көзі қандай жаман (М.Сүндетов, Ескексіз.). Жерге қырау түсіп, жағаға шәуіш қатып, шұнақ аяз дірілдеп тұратын мезгілде – күндіз жерден дем шығып, түнде судың жылы жаңбырдан кейінгідей *ж ы л ы м ш ы л а н ы п* тұруы – оған ұнамады (Ә.Сараев, Қараша.).

ЖЫЛЫМШЫЛАНУ *Жылымшылан етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫМШЫЛАП ү с т. *Ақырындап, жылжып.* Тас құдықтың көзіндей, жер табанының кей араларынан *ж ы л ы м ш ы л а п* су ағады (С.Сейфуллин, Әңгім.). Осы қалтарыс қойнаудың табанында *ж ы л ы м ш ы л а п* кішкене бұлақ ағып жатыр (О.Сәрсекеев, Таңбалы тас). Бұта ішінде қанға бөгіп ұлы жатыр. Ауа жетпеген балықтай *ж ы л ы м ш ы л а п* қан аққан аузын аша ыңырсиды (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛЫМШЫЛАУ с ы н. *Жылымшырақ, жылымшы татығандау.* Татып көрдік. Шырыны *ж ы л ы м ш ы л а у* екен. Бірақ дәмі бөтен емес, қант татиды (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖЫЛЫМШЫП ү с т. **1.** *Жылымшы тартып, жылымшыланып.* Кәрі қойдың сорпасы, Таңдайға татыр *ж ы л ы м ш ы п.* Атасы берген жілікті Келіні тістер қылымсып (І.Жансүгіров, Өлеңд.). **2.** *Ақырындап, жылжып.* Төмендегі стартер, рычаг тесіктерінен *ж ы л ы м ш ы п* енген су көбейе берді (Х.Рахимов, Қарлығаш.).

ЖЫЛЫМЫҚ з а т. **1**. г е о г р. *Қыс айларында ауа температурасының 0 градустан жоғары көтерілу құбылысы. Ж ы л ы м ы қ* әдетте, жылы ауа массаларының өзге аудандардан ауысып келуінен болады және бұлыңғыр, бұлтты ауа райы кезінде жиі байқалады (Қаз. тілі термин. Су.). *Ж ы л ы м ы қ* кезінде ауа райы бұлыңғыр,

тұманды келеді (ҚҰЭ). *Ж ы л ы м ы қ* – Атлант мұхитынан келетін ылғалды ауа мен Оңтүстік Азиядан келетін құрғақ ауа массалары әсерінен байқалады (ҚҰЭ). Борсықтар қыста ұйықтамайды, *ж ы л ы м ы қ* кездерде оянып, інінен шығып жүреді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). **2.** *Қыс айларында күннің жылуынан болатын кез. Ж ы л ы м ы қ т ы ң* жұмсақ шуағы ең алдымен сол итарқаның төбесіндегі қарды ерітпейтін бе еді (О.Бөкеев, Ұйқым.). Қараша күннің түс әлетіндегі әлсіз *ж ы л ы м ы ғ ы н а н* беті жылан қабыршақтанып, көзсіз түнде аңшының бұғы терісі шапталған шаңғысы да сыр беріп, кейде қырындай тайғанақтайды (А.Алтай, Алтай.). **2.** *Жылылау, жылырақ.* Бұлар тысқа шыққанда бұлтты күн жып-жылы, жұп-жұмсақ боп тұрған. Тек *ж ы л ы м ы қ* жауын болардай жылымшы иіс сезіледі (М.Қуанышбаев, Кек қылышы). Таң саз беріп, көкжиек сарғая бастады. Батыстан *ж ы л ы м ы қ* жел ескендей (Т.Тобағабылов, Жазира). *Ж ы л ы м ы қ* түтін, жылынып бойың, тамсанып, Ауылға біздер, ауылда бізге қарсы ағып (М.Мақатаев, Мавр). Сиыр сүтін қыста суық әбден түскен кезде темір ыдысқа қатырып алып, сәл жылыта қойып ыдыстан түсіріп алып, қапқа салып бірнеше ай сақтайды да, керек кезінде ыдысқа салып бірден ерітпей *ж ы л ы м ы қ* жерге қойып, түйгіштеп, езе отырып, бірте-бірте ерітеді (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). **3**. а у ы с. *Бірсыдырғы, бірқалыпты өмір.* Асылы адамға *ж ы л ы м ы қ т а н* гөрі ақырған аяз, нөсерлі өмір жарасар (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жылымық тартты. *Күн жылына бастады, жылынуға бет алды.* Арада тағы бір күн өтті. Бүгін аяздың беті қайтып, күн көзі сәл *ж ы л ы м ы қ т а р т қ а н* (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Бас тоқсан кіргелі алдақашан, бірақ көптен бері күн *ж ы л ы м ы қ т а р т ы п,* ұлы теңіз ұстаса қоймады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер).

ЖЫЛЫМЫР с ы н. ж е р г. ***Жымысқы.*** Жақаш мен сияқты ожар емес, айлалы кісі. Сол *ж ы л ы м ы р* шіркін ана Нарбас балаларының сағын сындыра бер деген болар саған (Ә.Көшімов, Лашын.).

ЖЫЛЫН= е т. **1.** *Жылы қалыпқа келу.* Бұл кезде қазандықтың астына толтыра қалаған сары қи маздап жанып, үй іші *ж ы л ы н а* бастады (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер). Аңшы азамат аш өзегін жалғағанша көсіліп қана жататын, қалың қар жамылған қараған-бұталы қос іші де ыстық деммен *ж ы л ы н ғ а н* (А.Алтай, Алтай.). – Бекер істеген екенсіңдер... –деді Нұртаза. – Бекер істеген екенсіңдер, сендердің оттарыңа сол ауылдар *ж ы л ы н а д ы* ғой енді, – таңдайын қағып басын шайқады (F.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **2.** *Ыстық күннің, жанған оттың жылуына, киімге, көрпе т.б. қалың заттарды жамылып, бойды жылы қалыпқа келтіру.* От тауып *ж ы л ы н а* алмай, боздағы шыққан балалар соры да ұмытылған жоқ (М.Әуезов, Шығ.). Сасық үйлерден кең, жарық далаға шығамын, еркін жүріп таза ауаға қанамын, күн шұғыласына *ж ы л ы н а м ы н* деген үміт кімге де болса қуат, қуаныш қосады (Ә.Тәжібаев, Өмір.). Сексен беске жеткенде жылу қашып, Жамылсаң қанша киім, *ж ы л ы н б а й с ың.* Тоқсанда жұмыртқадай домаланып, Ажалға мойынса боп шыбындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Бойы жылынды. *Тоңғаны басылып, денесіне жылу барды.* Азырақ *б о й ы ж ы л ы н ы п,* амандасып отырған соң-ақ, Жұман келген жұмысын айтты (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Күн жылынды. *Күн райы жылы қалыпқа ауысты.* Көктемде *к ү н ж ы л ы н а* сала әлгі ет қазылып алынады (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Жазға салым *к ү н ж ы л ы н ы с ы м е н* өкпе құрт ауруы өрши бастайды (Ө.Қарамендин, Бұзау. ауруы). Сағынсам да алыстан, Жүруші ем *к ү н ш е ж ы л ы н ы п.* Қызықтың заңғар басынан қорлыққа кеттім жығылып (Абай, Тол. жин.).

Өңі жылынды. *Жылышырай танытты.* Қабағы сұсты, жүзі суық болатын, бірақ әзілдегенде немесе қиямпұрланып сөйлегенде, *ө ң і ж ы л ы н ы п* кеткендей көрінетін (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫЛЫНА ү с т. *Жыл бойына, жыл ішінде.* Абылайхан орыс патшалығына бағынам деп Тұғым деген баласын жібергенінде, қатын патша оған Хандық құрмет қағазымен, *ж ы л ы н а* үш жүз сом ақша, екі жүз пұт ұн төленіп тұрсын деген жарлық берген еді (І.Есенберлин, Қаһар). «Толға» деп аталатын бура *ж ы л ы н а* 21 кг өте сапалы жүн беріп отырған (И.Жұмағұлов, Түйе өсіру). *Ж ы л ы н а* бір емес, жүз жаңалық көремін (Ы.Жақаев, Менің бақытым). Сол үш-төрт жан ай сайын бір қой сойып жесе, *ж ы л ы н а* он екі қой керек (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Байлығында есеп жоқ Бауке жылқысын *ж ы л ы н а* бір-ақ рет аралайды екен («Қаз. әдеб.»).

ЖЫЛЫНДА ү с т. *Жылына бір рет.* Бұл жаққа хат-хабар, газет-журнал айында, *ж ы л ы н д а* бір-ақ келеді десті (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Құс *ж ы л ы н д а* бір рет түлемесе, тоңғақ және ауырғыш болады (С.Қасиманов, Сиқырлы.). Менсінін олар келмейді, бұл жаққа біздің *ж ы л ы н д а* (Қ.Жапсарбаев, Сөйле.). Әдетте Дағыстанның болған салты, *Ж ы л ы н д а* егіннен соң барлық халқы, Жиналып бір тамаша өткізеді, «Сабантой» аталатын мұның аты (И.Байзақов, Құралай.).

ЖЫЛЫНДЫР= е т. *Тоңып қалған, суық өткен адамды жылы жерге апарып бойын жылыту.* Әттең, сені мыналар жібермейді-ау.

Үйге апарып, *ж ы л ы н д ы р ы п,* тамақтандырып алып қайтатын (А.Сатаев, Ақын.). Келе сап *ж ы л ы н д ы р ы п,* киімін шешіп, Тойғызып бар дәміне болған нәсіп. Бейшара әбден тойып болғаннан соң, Жатқызды ұйықтай ғой деп төсек төсеп (ХХ ғ. қаз. әдеб.).

ЖЫЛЫНДЫРУ *Жылындыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫНТ= е т. *Тоңған, суық өткен адамдардың бойларын жылытуға мүмкіндік жасау.* Сарбаздарды тамақтандырып, *ж ы л ы н т ы п* алу керек болды (М.Жұмағұлов, Қыран.).

ЖЫЛЫНТУ *Жылынт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫНУ *Жылын етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Күннің жылынуы.* Март туа күн де *ж ы л ы н у ғ а* айналды (Б.Тоғысбаев, Алдыңғы.). Мысалы, осы күнгі Арктиканың жайлап *ж ы л ы н у ы н а н* Скандинавияның мұздығы ериді (Т.Омаров, Күн. құбылыс.). **2**. *Күнге, отқа қыздырынып, бойды жылыту.* Көп кешікпей партизандар лаулай жанған костерлердің жанына жақын орналасып, еркін *ж ы л ы н у ғ а* кірісті (Т.Жанкелдин, Партизан.).

ЖЫЛЫНЫҢҚЫРА= е т. *Жыли бастаңқырау.* Күн *ж ы л ы н ы ң қ ы р а п,* қала жұртшылығы қыс киімін жеңілдей өзен бойына шыққан (С.Бегалин, Бала Шоқан.).

ЖЫЛЫНЫҢҚЫРАУ *Жылыныңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫРАҚ с ы н. *Аздап жылы, жылылау.* Өзіңіз де *ж ы л ы р а қ* киініңіз, – деді ол маған, отыра беріп (С.Мұқанов, Өсу жол.). Тундрада тіршілік, көбіне, үздіксіз жаз күндері көбірек жылу алатын, *ж ы л ы р а қ* келетін жердің беткі қабатында ғана болады (Жалпы биология). Төсек үстіндегі әйел қызының шашын бестемдеп өре бастап, келіншекке әлгіндей емес, *ж ы л ы р а қ* шыраймен тағы бір қарады (Қ.Тайшықов, Окт. ұшқыны).

ЖЫЛЫС[1] з а т. к ө н е. *Босқын, шұбырынды.* Қазақта мақал болып қалған «Жылқы жылы *ж ы л ы с* болды, Жылан жылы ұрыс болды» деген Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз (Абай, Тол. жин.). Ондай өзгертулерді не жер-жердегі оқу орындары немесе бірнеше аудандық мұғалімдер кеңесі, немесе таяныш (опорный) мектептердің *ж ы л ы с ы* жасауға мүмкін, жалғыз-жарым мұғалімнің қолынан ондай жұмыстар келе бермейді. Ең болмағанда ондай өзгерісті жазғы мұғалімдер курсы жасап беру керек (Ж.Лумауытов, Шығ.).

ЖЫЛЫС= е т. **1**. *Ақырын жылжу, сыбдырсыз қозғалу, сырғу.* Әміржан жатқан күйі қолымен ымдағандай боп еді, бала Рабиғаға бірер қарап қойып, Әміржанға қарай *ж ы л ы с т ы* (Б.Майлин, Шығ.). Қаншайым екі моншақ жас *ж ы л ы с ы п* омырауына үзіліп түскенін байқамай да қалды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Қызметші әйел беті бүлк етер емес, дастарқанды реттеп болды да, басын иіп, тағзым еткен күйі жұп-жұмыр бөксесі сарғыш шытыра көйлектің етегін бүлк-бүлк тепкілетіп, тек әйел ғана ойлап таба алатын бір әдемі әзәзіл жүріспен есікке *ж ы л ы с т ы* (Ә.Кекілбаев, Бір уыс.). Сайды толтырып қыраңға жайыла бастаған су балалар үйінің іргесіне дейін *ж ы л ы с ы п* келіп қалыпты (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). **2.** *Білдірмей тайып отыру, көрінбей қашып кету.* Үйден ұрлана шығып, бір жаққа *ж ы л ы с а* тұрайын, – деген ой келді басыма (Н.Габдуллин, Қызық дәурен). Ет комбинатының ежелгі жебірі атанған Н.А.Литвинов осыдан он жыл бұрын жемқорлығы үшін жұмыстан *ж ы л ы с қ а н* еді (М.Рашев, Бетің қисық.). Жұмыс бітіруге 10-15 минут қалғанда ақырын *ж ы л ы с ы п* тайып отырдым (Қ.Ыдырысов, Ел жатса.). **3**. а у ы с. *Басын алып қашу.* Жан емеспін Қиындықтан *ж ы л ы с қ а н,* Жатып алар не болмаса жыны ұстап, Ауырсам да Жұма күні құлап, Дүйсенбіде шығып кетем жұмысқа (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). **4**. а у ы с. *Көзді ашып-жұмғанша өте шығу.* Тірлікте тыным таппай жүрміз тырысып, Өте шығар опасыз бұл дүние Сәуірдің бұлтындай-ақ, бастан *ж ы л ы с ы п* (Базар жырау, Шығ.).

ЖЫЛЫСТА= е т. **1**. *Ақырындап, баяу қозғалу; сездірмей шығып кету.* Көк ала қағаз ақшаны уыстаған бір бала көп ішінен *ж ы л ы с т а п* шығып бара жатыр екен (О.Сәрсенбаев, Жалғыз күрке). Шағдар бастаған топ кіріп келгенде, олар кейін қарай *ж ы л ы с т а й* берді (Н.Баяндин, Құм асты.). Жәнібек жалт бұрылды да, Жаннаны жетектей жұрттың арасымен *ж ы л ы с т а п* шығып кетті («Лен. жас»). Отағасы осылай ойлап отырғанда оң қолы *ж ы л ы с т а п* вазадағы ең үлкен әрі әдемі бір алмұртқа барып-ақ қалған екен, оқыс тартып ала қойды (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей.). Оның бізден мезі болғаны сонша, кеңсесінен *ж ы л ы с т а п* жүретін болыпты (Біздің Мұхтар). **2**. *Бір жерден екінші жерге көшу, жер ауу.* Қалып тұр қазағымнан туысқандық, Заман ба, пенде азды ма – суысқандық. Кісі өлтіріп, мал талап әдепсіз боп, Бұрынғыда бар ма екен бұл дұшпандық? Басшысы адамзаттың шалғай жатыр, Жете алмай Қытай жаққа *ж ы л ы с т а д ы қ* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Ол ауылда біраз жасырынып жатты да, аяғы жазылған соң енді бұл елде тұра алмайтындықтан, Арман екеуі Маңғыстау жаққа *ж ы л ы с т а п* кеткен болатын (Н.Оразаев, Достар.). Елден тұқым қалмаса қайтер едім, *Ж ы л ы с т а п* Саумал көлге жетіп бардым (Тезек Шоқтыбайұлы).

3. а у ы с. *Уақыттың, мезгілдің байқалмай өте шығуы.* Сездірмей мезгіл *ж ы л ы с т а п,* Төбеден міне ауды күн. Бүгінде дене құрыстап, Тілейміз деннің саулығын (Ш Мұхамеджанов, Көңілашар.). Қоңыр күздің *ж ы л ы с т а п* бара жатқанын білдіргісі келгендей, төңірек тұлан тұта түсіпті (А.Алтай, Алтай.). Бұлар таудың иығына шыққанда, шұғыла әрмен қарай *ж ы л ы с т а п* кеткен-ді (О.Бөкеев, Үйқым.). **4.** а у ы с. *Соңынан еру, қыр соңынан қалмау. Ж ы л ы с т а р* соңдарынан бозбалалар, Ғашығын іздеп табар со барғанда. Қауышып емін-еркін ен далада, Айқасып жұмыр білек оралғанда (Ә.Найманбаев, Шығ.). **5**. а у ы с. *Бойын аулақ салу, қашқақтау.* Оның бізден мезі болғаны сонша, кеңсесінен *ж ы л ы с т а п* жүретін болыпты (Біздің Мұхтар).

ЖЫЛЫСТАҢҚЫРА= е т. *Байқатпай жылыстау, сырғақтау.* Бақтығұл шеттегі жылқылардан өтіп, ортаға таман жақындағанда дәл қасынан көлденең *ж ы л ы с т а ң қ ы р а п* өтіп бара жатқан күзеулі үлкен семіз боз биені көрді (М.Әуезов, Қараш.).

ЖЫЛЫСТАҢҚЫРАУ *Жылыстаңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫСТАТ= е т. *Қуғындау, қашыру.* Шөгел арқылы хабарлап Мақашты *ж ы л ы с т а т ы п* жіберді (Ғ.Мұстафин, Дауыл.).

ЖЫЛЫСТАТУ *Жылыстат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫСТАУ *Жылыста етістігінің қимыл атауы; ақырын жылжу, жақын отыру.* Жөкеңнің бір әдеті – осындай кішігірім тойтомалақта кемпірлер жаққа қарай *ж ы л ы с т а у,* кемпірлерді сөзбен шұқылап, қағытып, әзілдесуге тіпті құмар-ды (С.Нарымбетов, Тентек). // а у ы с. *Жасырыну, бой тасалау, жоғалу.* Үлкен бастықтың бұған тәптіштеп түсіндіруінің тағы бір себебі де осында, ел ішіне жасырынуы да оңай, жер жігімен *ж ы л ы с т а у ы* да жеңіл (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫЛЫСТЫР= е т. **1**. *Ақырын қозғалту.* Кежімдеп ерттелген сұлу күрең төбел бестіні *ж ы л ы с т ы р а* аяңдатып, сылаң қақтырып Назыкеш алда кетіп барады (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке.). **2.** а у ы с. *Орнынан ығыстыру, сырғыту, ысыру.* Соғыс шығып, ел арасы үйқы-түйқы болып жатқанда, «Қызыл балықшы» колхозымен бірге жасасқан Абзал орынбасарлыққа *ж ы л ы с т ы р ы л ы п,* облыс орталығынан келген бала жігіт Мұхамәди басқарма болды (Ә.Сараев, Ақ тымық түн). **3.** а у ы с. *Қуғындау, жер аудару.* Байданды бұл жерден басқа жаққа қарай *ж ы л ы с т ы р ы п* жіберуге ол бірден-бір себеп (М.Дүзенов, Әке.).

ЖЫЛЫСТЫРУ *Жылыстыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫСУ *Жылыс етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Білдірмей қозғалу, жүру.* Қалды ізі жердің қиыр шығысында, Үндінің жыңғыл орман жынысында. Шөлінде Африканың шоқты басқан, Бұл табан жылдам еді *ж ы л ы с у ғ а* (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). **2.** л и н г в. *Бір бунаққа енген сөздердің аралығында қатар келген дыбыстардың бір буыннан екінші буынға ауысып кетуі.* Дыбыстардың осы *ж ы л ы с у,* кірігу қасиеттерін өлең жазғанда ақындар да пайдаланады (Қ.Жұмалиев, Әдеб. теор.).

ЖЫЛЫСҚЫ с ы н. *Кемері құлаған, мүжілген (өзен аңғары).* Тайланның үйі де бұлардың аңға мінетін ұшқыр керсылаң аттарының әнеугіден бері тақымдарын аумай керіп тастаған алатағанақ жылмағай үстірттің кенет күрт сынып кемерленіп бітетін күнбатыс шетіндегі сондай бір *ж ы л ы с қ ы* аңғардың түбіндегі жылымшы бұлақтың басында екен (Ә.Кекілбаев, Үркер.).

ЖЫЛЫСЫҢҚЫРА= е т. *Жылыстаңқырау, сырғыңқырау.* Баламның тізесінен *ж ы л ы с ы ң қ ы р а п* алдына орныға бердім де, басымды кеудесіне сүйедім (Ғ.Сыланов, Домбыра.).

ЖЫЛЫСЫҢҚЫРАУ *Жылысыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫТ= е т. **1**. *От жағып қыздыру, жылы қалыпқа келтіру.* Үйлерін сылауға, *ж ы л ы т у ғ а* ала көңіл, қам көңілдіктен мұршалары келмепті (Ж.Өмірбеков, Қызыл су.). Үй ортасындағы маздаған от алдыңды қыздырғанмен, ту сыртыңды *ж ы л ы т п а й д ы* (Қ.Қамбаров, Тауда.). **2.** *Суып қалған асты отқа қойып ысыту.* Таң ата үйлеріне оралып, мамасы пісірген асты не *ж ы л ы т ы п,* не жылытпай апаш-қапаш ішеді де, жата кетеді (Ш.Өтепов, Өшп. жалын.). Шөген түбінде кешеден қалған кеспе болу керек, соны *ж ы л ы т ы п* берейін, – деді Кәмила (С.Мұқанов, Өмір мектебі). **3**. *Ыстық су мен суық суды араластырып, томыртқалау.* Дәнекердің жылын беріп болған соң: «Дәрет су *ж ы л ы т ы п* беретін бір ақ жаулықты тауып берейік», – деп балалары әйел қарастырды (Жүздесу). Айша байғұс айтады: «Құдай оған жеткізіп, Меруертім мен Мәмбетімнің дәрет суын *ж ы л ы т ы п* беріп отырсам, арманым жоқ» (І.Жансүгіров, Шығ.). **4**. а у ы с. *Жылу ұялату, көңіл көтеру, қуанту.* Туыс қайда? Ұлыс тойда Бірігіп Ұғыспай ма? Күліп тойда *ж ы л ы т п а й* ма? Өкпе-назын Ұмытпай ма? (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Бес жыл бойы тоңазып қалған көкірегін *ж ы л ы т қ ы с ы* келгендей осылай ұзақ үнсіз отырды (Т.Ахтанов, Таңд.). Төрт мезгілім – жазым, қысым, көктем, күзім бар тағы. *Ж ы л ы т а т ы н,* суытатын өзім жүрген ортаны. Бірақ олар бірі-біріне кезек күтпей сөз

беріп, Тұрады ылғи тек мақсатқа байланысты өзгеріп (Т.Айбергенов, Мен. саған.).

Ауыз жылытты. *Ас ішті, тамақтанды.* Қой жігітім, жүр, бір жерден *а у ы з ж ы л ы т ы п* қайтайық (З.Қабдолов, Жалын). Қонақжай ненец қосының біріне кіріп, қара шай ішіп, *а у ы з ж ы л ы т ы п* шықпақ (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Досовтың ойына солдат сөзі түсті. «*А у ы з ж ы л ы т у*» армияда жүргенде көп естіген сөз. Бұл ішу мағынасында емес, ас жеп, ауызды қимылдатудан шыққан-ды (С.Бақбергенов, Адам.).

Бой жылытты. а) *Тамақ ішіп, жылынып әлденді.* – Бюро басталғанша *б о й ж ы л ы т ы п,* тыныға тұрыңыз! – деді Сатан (Ғ.Мұстафин, Жиырма бес). Кассаға барып, поезға билет кестірді. Сосын тамақ ішіп, *б о й ж ы л ы т п а қ* боп ресторанға кірді (Ө.Қанахин, Жас дәурен). Халық суықта тоңып *б о й ж ы л ы т у* үшін тамақты өте ерте ішеді (Е.Оразақов, Шығ.). ә) *Бойды тебіренті, бойға қуат берді.* Дүние ойдан шығады, Өзімді-өзім ұмытып, Көңілім әнді ұғады, Жүрегім *б о й д ы ж ы л ы т ы п* (Абай, Тол. жин.). Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек, *Ж ы л ы т қ а н* тұла *б о й д ы* ыстық жүрек. Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық, Бұл қайраттан шығады, білсең керек (Абай, Тол. жин.).

Жүзін [өңін] жылытты. *Мейірленді, көңілденді; ашулы райдан қайтып, жылы шырай берді, жүзі жұмсарды.* – Әй, сен өзің бір қу малайсың-ау деймін? – деп Ғимади де *ж ү з і н ж ы л ы т т ы* (Ғ.Сланов, Асау арна). – Жәй, жәй қарағым, – деп әже *ө ң і н ж ы л ы т ы п,* немересін жаңа көргендей күлімдей қарады (А.Лекеров, Түз гүлі).

Жылыта суармалау. с у ш а р. *Егістікті ерте көктемдегі үсіктен сақтау үшін және өсімдіктің қаулап тез өсуіне әсерін тигізе жүргізілетін суармалау әдісі* (Қаз. тілі. термин. Су.).

Көңілін жылытты. *Көңілге жылу ұялатты, көңілдендірді.* Ауылда өскен Асығаттың *к ө ң і л і н* бұл көрініс әжептәуір *ж ы л ы т ы п* жіберген (І.Есенберлин, Шығ.). Тыныш, еркін өмірдің жылы үйшігі, қазан аспада маздаған оты, ыстық шайы, шыжылдап жатқан жайлы иісті қуырдағы Бақтығұлдың жалғызсырап тоңазыған *к ө ң і л і н* бір мүйнетке болса да алаңдатып, *ж ы л ы т ы п* жібергендей болды (М.Әуезов, Шығ.).

Түс [түсін] жылытпады. *Түсін суыққа салды, мейірленбеді; қатуланды.* Бұлар артынан үйіне барып, сөйлесе бастап еді, Аббас *т ү с ж ы л ы т п а д ы,* бойын мүлде аулаққа салды (Д.Әбілев, Ақын.). Айтыңыз, – деді аса *т ү с і н ж ы л ы т п а й,* тағы да астық жайлы өтініш болар деп ойлаған Мұса (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.).

Ішін жылытты. *Көңілге жылу ұялатты.* Өзімсініп айтылған осы сөз сонау бір кездерін еске салып, Қоспанның *і ш і н ж ы л ы т ы п* қоя беретін (Т.Ахтанов, Таңд.).

ЖЫЛЫТҚЫ з а т. *Адам денесінің әр жерін қыздыру немесе жылыту үшін қолданылатын жабдық.* Жұмысынан түс әлетінде оралған зайыбы Гүлзейнеп қолынан келген жақсылығын жасап бәйек болып жүр: біресе ыстығын өлшейді, біресе қайта-қайта қымтап жабады, енді бірде аяғына *ж ы л ы т қ ы* қойып, жанын шақырмақ болады («Жалын»).

ЖЫЛЫТҚЫЛА= е т. *Ыстық суға суық су құйып, немесе керісінше істеп, жылы қалыпқа келтіру, суды томыртқалау.* Плита үстінде қайнап тұрған құмандағы суды салқын сумен *ж ы л ы т қ ы л а п,* Тұрақан қызының қолына су құйды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Күнде бұл уақытта кешкі астан соң Тана ыдыс-аяқтарды жуып, атасының дәрет алар құмғанына *ж ы л ы т қ ы л а п* су құйып, тыным таппай шаруа істейтін (С.Мұратбеков, Отау үй).

ЖЫЛЫТҚЫЛАУ *Жылытқыла етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫТҚЫШ з а т. т е х. *Жылу беретін, жылытатын аспап.* Жылдың салқын кездерінде суды жылыту үшін астаулар су *ж ы л ы т қ ы ш п е н* жабдықталады (Мал бордақылау.). Жағар майды арнаулы май *ж ы л ы т қ ы ш т а р д а* ыстық су немесе бу арқылы ғана жылыту керек (Трактурист.). Мен болып күлімдей бақ қаны, Ұялып қалса да басында, Күңгірттеу терезе жақтағы Сұр жасыл *ж ы л ы т қ ы ш* қасында (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Бұл инкубатор *ж ы л ы т қ ы ш* электр аппаратурасынан, вентилятор мен барабандардың электр двигательдерінен басқа, электр автоматика және электр сигнал түтіктерімен жабдықталған (Құс өсіруші).

ЖЫЛЫТПА з а т. ж е р г. *Кешеден қалған ас. Ж ы л ы т п а* ішіп жан шақырайық (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫЛЫТПАЛА= е т. с ө й л. ***Жылыту***. Ағажай мен Тана тіпті таң құланиектене тұрып кетсе керек, Зарлықтың бар жабдығын дайындап, түннен қалған етті *ж ы л ы т п а л а п* қойыпты (О.Бөкеев, Қайдасың.).

ЖЫЛЫТУ *Жылыт етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Үй-жайдың температурасын адамға жайлы, кейде технологиялық процестің талаптарына сай деңгейде ұстап тұру үшін жүргізілетін жасанды жылыту процесі.* **2.** *Суып қалған піскен асты отқа қойып қыздыру, жылы қалыпқа келтіру.* Пісірілген картопты қайта *ж ы л ы т у д а н* да ондағы витаминдер күшін жоғалтатынын ескеру керек (С.Сұбханбердин, Өсімдік – дәрі.). **3**. к е н. *Сұйық қорытпаны тұрақты температурада ұстап тұру үшін*

қыздыру. Жылытуға қалыптағы құйманың бет жағын табиғи газ жағу арқылы электр доғасымен қыздыру да жатады (Қаз. тілі. термин. Кен.). Жұмыс ортасы ретінде әртүрлі сұйықтық пен газ алынған кезде жұмыс ерекшелігіне қарай жылу алмасу қыздыру беті арқылы өтеді, бұл беттік *жылыту* деп, жылу алмасу жылы мен суық ортаның жанасуы кезінде өтсе, ол араластырыла жылыту деп аталады (Қаз. тілі термин. Кен.).

Ауамен жылыту. *Үй-жай температурасынан жоғары ауамен берілетін жылу. Ауамен жылыту* жылытылатын үй-жайда орнатылатын жергілікті жылыту және жылыту-желдету агрегаттарымен және бір орталықтан (бір агрегат бірнеше бөлмені жылытады) іске асырылады (ҚҰЭ).

Бумен жылыту. *Жылыту құралдарына бу құбырлары арқылы берілетін жылу. Бумен жылыту* жүйелерінде будың жылыту құралдарында конденсациялануы кезінде де бу түзіп, жылу бөліп шығару қасиеті пайдаланылады (ҚҰЭ).

Сумен жылыту. *Ыстық сумен жылыту құралдары арқылы берілетін жылу. Сумен жылыту* жүйесі табиғи айналымға түсетін және механикалық тәсілмен айналымға түсірілетін түрлерге бөлінеді (ҚҰЭ). *Сумен жылыту* жүйесінің құрамына су қыздырғыштар, жылыту құралдары (радиаторлар, конвекторлар, панельдер т.б.); су құбырлары, су қызған кезде оның артық көлемін қабылдайтын ыдыс, бекітіп реттеу арматурасы кіреді (ҚҰЭ).

Электрмен жылыту. *Электр энергиясы электрлік жылыту құралдарымен жылыту, қыздыру. Электрлік жылыту* құралдары құрамындағы қыздыру сымдары ашық (электр камині, электр рефлекторы) және жабық орналасқан, соның ішінде айналымда болатын суды не майды қыздыратын (фарфор не болат радиаторлар); қыздыру сымдары құрылыс құралымдарының (мыс., еден, қабырға, т.б.) ішіне салынып жабық орналасқан (ҚҰЭ).

ЖЫЛЫТЫЛ= е т. *Жылы қалыпқа келтірілу.* Бассейнде қысты күні адам шомылу үшін су *жылытылып* отырады (Ж.Жанарыстанов, Бұзақылық.). Бумен *жылытылатын* үйлердің ауасы өте құрғақ болады да, өсімдікке жайсыздау тиеді (С.Турдиев.., Үй өсімдік.). Іші-сырты, төбесі сылақ арқылы тәртіпке келтірілетін және оттық арқылы *жылытылатын* баспананың бұл түрі кепе мен жертөлеге қарағанда едәуір алға кеткендік болған (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

ЖЫЛЫТЫЛУ *Жылытыл етістігінің қимыл атауы.* Корпустың су құбыры мен *жылытылуы* бір орталықтан басқарылады (Қымыз.).

ЖЫЛЫТЫҢҚЫРА= е т. *Жылы қалыпқа келтіріңкіреу.* Көжені *жылытыңқырап* ішпесек, бой жылитын емес (Ауызекі).

ЖЫЛЫТЫҢҚЫРАТ= е т. *Жылы қалыпқа келтіріңкірету.* – Әй, қысқартшы, қарамай шелекпісің, сен? – деді Арын түсін *жылытыңқырап* (Р.Тоқтаров, Ертіс.).

ЖЫЛЫТЫҢҚЫРАТУ *Жылытыңқырат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫЛЫТЫҢҚЫРАУ *Жылытыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМ[1] з а т. **1**. *Аңның цясына, ініне қарай баратын ізі, жолы.* Қақпан осы өзекке түбектен келіп құлайтын *жымға* салынған (Ж.Молдағалиев, Торғай.). Құзар шыңырау арқардың асқар шыңы, Шұбырған қиясында аңның *жымы.* Қалғып тұрған сергіткен ну орман Сайда ду, қырда думан бұлбұл үні (Ш.Әбенов, Ортақ арал). Ішіне тартқан дымын, табаны басқан *жымын* сездірмеуге көшті (А.Алтай, Алтай.). **2.** *Ін, ұя.* Жолбарыс *жымында* жатып өледі (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.). Жапалақ бүркіт болып түлкі алды ма? Сары тышқан қоян болып *жым* салды ма? (Айтыс). **3.** а у ы с. *Екі заттың жапсары, жігі, қиюы, қисыны.* Кездігін суырып ап қынындағы, «Айласын істейін деп мұның-дағы». Шашаға сағалата тығып алды, Терінің тарамыс пен *жымындағы* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.). Бір ой бар бірде суық, бірде жылы, Арасы алшақ жатыр келмей *жымы.* Екеуі өзен бойын жағалап жүр, Жатыр су жылжып ағып – сүрткен шыны (Д.Еркінбеков, Шығ.).

Жымын білдірмеді. *Адам баласына сездірмеді, басқан ізін көрсетпеді.* Жау бекінісін нысанаға алған біздің жауынгерлер *жымын білдірмей* жылжып келеді (Т.Тобағабылов, Жазира). Таң саз берген мезгілде *жымы-ды білдірмей* тұрдым да, киініп тысқа шықтым (С.Омаров, Дала қызы). Білесің ғой, әңгіменің неге тіреліп тұрғанын. Бірақ *жымын білгізбе,* жігін көрсетпе, қиынын таптырма (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Жемінің ық жағынан із тастаған әккі Айқоңыр жат-жадағай жайылған жануарларға *жымын білдірмей* жетті (А.Алтай, Алтай.).

Қоян жымындай жол. *Ирек, жықпылды, бұрылысы көп сұрлеу* (Ж.Кейкін, Қазақы атау.). Олардың *қоянның жымындай* шұрқ-шұрқ *жолын* қар көмеді (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жымы тұтас. *Ағайын-туыс, жақын; ниеті бір.* Бірақ үш-төрт болыс бір рудан болғандықтан, солар *жымы тұтастығына* семіріп, Жарасбайды құр ғана ұлыққа тығылған пысықсымақ көріп, сырттан кіжіне күбінуде шек білмей барады (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫМ[2] з а т. о й ы н. *Көпшілік алқа-қотан отырып ойнайтын халық ойыны; үндемес.* Нәзипаның үйіндегі мәжілісте неше түрлі ойын болды. Үйдегілер алқа-қотан отырып, *ж ы м* ойналды (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫМ[3] ү с т. з а т. *Үн-түнсіз, тып-тыныш.* Енді біреулер Қабанбаевқа сыр айтып: – *Ж ы м ...* деген (С.Төлешов, Түрлі бас). Шалқыды шал, жынды жел, Жыбырлама, жүгірме. *Ж ы м!* Жапырақ мызғысын, Салқын самал іңірде (І.Жансүгіров, Шығ.).

Жым басылды. *Бірден басылды, тына қалды.* Сая әке ашуын тез ұқты, лып етіп шығып кетті, сыртта сызылып тұрған бота үні де *ж ы м б а с ы л д ы* (Д.Досжанов, Зауал.). Елп етпей желдің лебі *ж ы м б а с ы л ы п,* Жатады кейде теңіз сыр жасырып, Қыбырлап тұла бойы, тынышы кетіп, Кенет бір қозғалады тым асығып (F.Орманов, Көгілдір.).

Жым болды. *Тына қалды, үні өшті.* Жайраңдап шыққан зайыбы Науат ерінің сұсты жүзін көрді де *ж ы м б о л д ы* (К.Баялиев, Дегелек.). Мұғалімнің қарасын көрген бойдан бәріміз де *ж ы м б о л д ы қ* (Ө.Қанахин, Жер бас.). Көлбай минометін ашық алаңға орнатып, төпелеп атты. Жау пулеметі *ж ы м б о л д ы* («Лен. жас»). Қалғығандай боп, төмен тұқырып *ж ы м б о п* отыратын (М.Әуезов, Шығ.). Жасырып керегі не, осы үйге келгенде, сезімімді азғырып өткен аздап ұятсыз ойларым *ж ы м б о л ғ а н,* қайта сол сезім жерге қаратып ұялтты (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Жым қылды. *Үнін өшірді, аузын ашырмады, сөйлетпеді.* – Қысқарт, арсыз, пасық, немелері – деп, бас қожа ол екеуін *ж ы м қ ы л д ы* (F.Сланов, Асау арна). Асасын бір-ақ көтеріп у-шуды Жабас *ж ы м қ ы л д ы.* Осқыра қатты жөтеліп, Сөз тастап елге сын қылды (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖЫМ[4]**: жым етік**. *Өкшесі аласа қисық табан етік.*

ЖЫМ= е т. **1**. *Жануарлардың құлағын артқа қарай жымырып, құйрығын ішке қарай тығып алуы.* Қоян құлағын *ж ы м ы п* ап топ сексеуілден қарғыды (Ж.Аяшев, Алақан). Құла айғыр құлағын *ж ы м ы п,* кекілін маңдайына жаба, жалы жалпағынан омырауын жауып тұра ұмтылды (С.Бегалин, Шоқан асу.). Мұндай сәтте сабалақ та құйрығын *ж ы м ы п,* үйдің қалтарысына жылысады (А.Сатаев, Ақын.). Арғымақтың баласы – Мойыны жалсыз болса да, Қараны көрсе өктейді, Үйірде құтпан жалды айғыр, Жанына ерген саяғын *Қ ұ л а ғ ы н ж ы м ы п* теппейді (Базар жырау, Шығ.). **2**. *Тыныштау, үні шықпау.* Сәлден кейін үні өшіп бәрі *ж ы м д ы,* Сайызға толқын кемені лақтырды (Қ.Жұмалиев, Қырда.). **3.** *Қашу, жасырыну.* Екеуі бұғып, үйден, ауылдан көзін айырмай *ж ы м ы п,* ыңғайлы мезгілін тауып, ақырын келіп терезеге жабысты (С.Сейфуллин, Шығ.). Елден *ж ы м ы п* ұзаққа бара алмас (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.). **4**. а у ы с. *Тауы шағылу, беті қайту.* Жүні жығылып, беті қайтқан әскер құйрығын қыстырып алған иттей *ж ы м ы п* кетіп барады (F.Мүсірепов, Тула. толқын.).

ЖЫМБА з а т. *Қалтарысы, бұлтарысы көп таса жер. Ж ы м б а д а* түлкі аңдыған тазыдай Галя бөлмеге кіріп келді де, үстел үстіндегі тарелкадағы майлы шұжықты шанышқыға шаншып алды (Т.Қойшыманов, Тынымсыз.).

Жымба жол. *Айла-шарғы; жасырын, құпия іс-әрекет.* Шыңғыс оны ұнатпаған соң ерінің еркіне қарсы тұрмады. «Жолыққысы келсе *ж ы м б а ж о л д а р ы н* табар» деп ойлады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Ол не істесе де ешкімге сездіртпей, *ж ы м б а ж о л м е н* астыртын істейді (С.Шаймерденов, Қарғаш.).

ЖЫМБАЛА= е т. ж е р г. *Бұқпантайлау. Ж ы м б а л а п* отырып аттардың қасына келдім (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫМДА= е т. *Қисынын келтіру, қисындастыру, үйлестіру.* Шын жүйріктің белгісі – Жұмырлап сөзді *ж ы м д а й д ы.* Ақынның шебер ұстасы Жебемен сөзді шыңдайды (Пернедегі терме.). Төскетаптап, Сомдап, сымдап. Өрнек салып, Өңдей *ж ы м д а п* Оқ болаттай қайралған (С.Сейфуллин, Шығ.).

ЖЫМДАЙ с ы н. *Тып-тыныш, моп-момақан.* Нөкері Чжан-Линнің болып сымдай, Қатар тұр арттарында – бәрі *ж ы м д а й.* Көздерін батырлардан бір алмайды. Сөйлескен екі достың сөзін тыңдай (С.Сейфуллин, Өлеңд.). Не қылса да талай жылдан бері үндемей *ж ы м д а й* қатып, мелшиіп тұрған қарлы Алатау, мылқау тас осы соңғы күндерде шат-шаты қойын-қоншы құз-құзынан ашулы кектің отын шашқандай болып тұр (М.Әуезов, Қилы заман).

Жымдай болды. *Үні өшті, дымы шықпады.* Қандай жағдайда болсын, шешесінің даусы шыққан жерде-ақ *ж ы м д а й б о л ы п* алдына түсіп томпаңдап жүріп беретін (Ш.Құмарова, Қос шынар). Мінауара сырттан айғайлап сөйлей кіреді. Қыздар *ж ы м д а й б о л д ы* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Кез келген қандай пән болса да, шыдайтыныңды бір көрсетсең, бар жауың *ж ы м д а й б о л ы п* тақымын қысады. Әйтпесе, емен де, семен де басынып, оңай қоржын қып алады (М.Әуезов, Қараш.).

Жымдай қылды [етті]. *Тыныштандырды, момақан етті, жуасытты.* Гудоктың күшті даусы шахты маңындағы барлық дыбысты *ж ы м д а й қ ы л д ы* (F.Мұстафин, Өмір не өлім). Биыл Аңқаты бойында, құлағына қол апартпайтын асау Жұныстың ауылын да *ж ы м д а й е т к е н-*

м і н. Сол елдің жігіттерінен мықты дейсің бе Мәмбетті? (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖЫМДАС с ы н. *Ымы-жымы бір.* Бұл әңгіменің шындығына көз салсаңыз пәлендей шатасып жатқан еш нәрсесі жоқ, бірақ қызмет бабында сырлас, *ж ы м д а с,* табақтас болып кеткендіктен ел көзіне осылай көрінеді (С.Адамбеков, Көсе.).

ЖЫМДАС= е т. **1**. *Жігі білінбей тұтасып, кірігіп тұру.* Қандай шеберлік! Қаншама ағаш, киіз атаулыда бір шеге жоқ, бәрі берік *ж ы м д а с қ а н* (С.Жүнісов, Ақан сері). Құрманбектің балға соғуы қандай күшті десеңші! Піскен темірлер дереу *ж ы м д а с а* кетеді (Қ.Шөкенов, Біздің Ілияс). Арқардың көк сұр жоны, ақ жағал мойны, қоңыр мүйізі таспен *ж ы м д а с а* қойды. Тас пен арқар бірінен-бірі айырып алғысыз болды («Қаз. әдеб.»). Қатар тұрған Шәміл Жүнісқалиев, Константин Фадеевтің қалаған кірпіштерінің жігі білінбейді, бір-біріне *ж ы м д а с ы п* жатыр («Лен. жас»). **2**. а у ы с. *Қиюласу, үйлесу, қисындасу.* Осы зерттеулердің шырқау шыңы, сөз жоқ, Абай туралы эпопеясы ғылым мен поэзияның *ж ы м д а с қ а н,* өрімталдай жарасқан тұсы да осында (Біздің Мұхтар). Жігін білдірмей шалғайдан *ж ы м д а с а т ы н* өтіріктер болушы еді-ау! (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен). **3**. а у ы с. *Нығаю, беку, бірігу.* Сол түннен бастап Жанұзақ пен Жанар арасындағы ыстық сүйіспеншілік *ж ы м д а с а* түскен (Т.Есімжанов, Дала.). Қосылып қос махаббат *ж ы м д а с қ а н д а й,* Алыстан сөзсіз, үнсіз сырласқандай (К.Райбаев, Жаңа толғау). Одан да жақындасып, тонның ішкі бауындай *ж ы м д а с ы п* кетуге әкесі мен Мұхамәди арасындағы салқындық кедергі болып жүрген (Ә.Сараев, Тосқауыл.). **4**. а у ы с. *Үндесу, әуендесу.* Сөз әуезділігі, дыбыс үндестігі *ж ы м д а с қ а н* ырғақты майда сарын – бәрі қосылып өлеңді әп-әдемі етіп шығарған (С.Қирабаев, Оқтябрь.).

ЖЫМДАСТЫР= е т. **1**. *Қиюластыру, ұстастыру.* Басқа бөлмелер сияқты төртінші бөлменің күмбезін де күйдірілмеген қыштан қалап, қабырғамен астасқан жерін сатыландырып *ж ы м д а с т ы р ы п т ы* («Қаз. әдеб.»). Байқаймын төбемде қиюын тауып *ж ы м д а с т ы р ы п* тастаған жоғарғы бөлмеге шығатын тесік бар секілді (І.Есенберлин, Алтын құс). Көк темірді бірін-біріне *ж ы м д а с т ы р ы п* тұрған сақина, бенттердің де қалғаны аз (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **2**. а у ы с. *Қисынын келтіру, үйлестіру.* Кейде өмірдің қисынын келтіріп, *ж ы м д а с т ы р ы п* жіберетіні де белгілі (З.Шашкин, Сенім). Ол кейбір тұстарды қайта жазатын, одан гөрі қысқартуы көп болатын, соның бәрін шығарма сүйегіне тігісін білдірмей *ж ы м д а с т ы р ы п* жіберуге мейлінше күш салатын (Біздің Мұхтар).

ЖЫМДАСТЫРУ *Жымдастыр етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Қиюластыру, қиыстыру.* Пластикалық операция төрт сағатқа созылды. Сүйек-буындарды қиыстырып *ж ы м д а с т ы р у,* жансыз бұлшық еттердің, сіңірлердің орнына сауларын көшіріп қондыру оңай тимеді («Қаз. әдеб.»). **2.** а у ы с. *Қисынын келтіру, үйлестіру.* Тамақтанып отырып та әңгіме желісін саяси жағдайға бұрып жіберу, онымен колхоз алдында тұрған міндеттерді шебер *ж ы м д а с т ы р у* Қарсыбай үшін оншалық қиынға түспейтін (Н.Оразбеков, Қарсыбай Сыпатаев).

ЖЫМДАСТЫРЫЛ= е т. *Қиюластырылу, ұстастырылу.* Бір-біріне *ж ы м д а с т ы р ы л ы п,* жуан сымдармен байланған үлкен бөренелерді сал етіп ағызып бара жатады (С.Бақбергенов, Менің досым.). Мына Садырбай оянған шағында төбеге көз салған, *ж ы м д а с т ы р ы л г а н* тақтайлар арасында жік жоқ (Қ.Исабаев, Айқыз).

ЖЫМДАСТЫРЫЛУ *Жымдастырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМДАСУ *Жымдас етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Тұтасу, кірігу.* **2**. а у ы с. *Үндесу, үйлесу, қисындасу.* Бояулар арасында да жатсырау жоқ, *ж ы м д а с у* ғана бар (Ғ.Мүсірепов, Оянған өлке). Ол кездегі мендегі зор кемшіліктің бірі – өлең сөйлемнің логикасына көңіл аудармай, ой мен сезімнің *ж ы м д а с у* жағының арқауын үзіп алушылық екен (Қ.Жұмалиев, Жайсаң жан.). Сайып келгенде, қазақтардың тамақтану этикеті ісләм діні мен ісләмға дейінгі халықтың наным түсініктің *ж ы м д а с у ы н а н* құралған тұтастық [синкреттік] сипатта болды (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

ЖЫМДЫ с ы н. *Жымы бар; жым түскен.* Қара орман, ну қарағай, Ақ күмістей қайыңдары, Қолын бұлғап шақырғандай Қоян *ж ы м д ы* бұйра талы (Ж.Сыздықов, Қос қыран).

ЖЫМ-ЖЫЛАС ү с т. **1**. *Қайда кеткені белгісіз, зым-зия.* Таңертеңгі ашықта үй маңында жайылып жүрген бір топ қой үшті-күйлі жоқ. Жер жұтқандай *ж ы м-ж ы л а с* (С.Жүнісов, Жапанда.). Сыр бойын талай өрт те шалыпты. Жиделер *ж ы м-ж ы л а с* болып өртеніп те кетіпті (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Сонан кейін *ж ы м-ж ы л а с* жоғалып, жыл жарым өткенде милиция боп келгеніңді де білеміз (М.Сүндетов, Ескексіз.). Біздің қара сиыр да *ж ы м-ж ы л а с,* сауайын десе маңайдан іздеп таба алмай, тоғай жақтан апам келе жатыр екен (О.Бөкеев, Ұйқым.). **2**. *Теп-тегіс, жып-жылмағай. Ж ы м-ж ы л а с* аппақ қалың қар басқан айдалада тар жолмен шұбап біз келеміз (С.Сейфуллин, Тар жол.). Біраз түйенің жүгі ауып қалған. Дауыл

оны қай жерге дейін қуып апарып, мұрттай ұшырып, құммен *ж ы м-ж ы л а с* етіп көміп кеткені белгісіз (Н.Баяидин, Құм асты.). Жалпақ дала *ж ы м-ж ы л а с*, ой-шұқырын білу қиын (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Кейбір ауылдың қыстаулары иесіз қорадай, маңайы *ж ы м-ж ы л а с* болып, қуарып, сорайып тұрады (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫМ-ЖЫРТ[1] з а т. ж е р г. о й ы н. *Ойын шартына сәйкес күліп не сөйлеп қойған адамға айып тартқызатын ойын түрі. Ж ы м-ж ы р т* ойынында біреу күліп, не сөйлесе айып тартады (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫМ-ЖЫРТ[2] ү с т. **1**. *Үн жоқ-тұн жоқ, тып-тыныш.* Жиналған жұрт шыбын ызыңына құлақ салғандай *ж ы м-ж ы р т* (Қ.Исабаев, Соңғы.). Кітапбек Мәугіл мен Үскеленді жаңа танығандай болып, әлгі әңгімені *ж ы м-ж ы р т* отырып тыңдады (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Әлеумет! – деді Жақаң. Жұрт құлаққа ұрған танадай *ж ы м-ж ы р т* болды (Ғ.Мүсірепов, Тула. толқын.). Достарым қалған *ж ы м-ж ы р т* боп, Сөйлейтін бұрын дес бермей. Төңірегім кетті күңгірт боп, Көзімнің оты өшкендей (С.Мәуленов, Алыс кет.). Арадай балға тоймаған Бал қызғанғанда мені ойла. *Ж ы м-ж ы р т* боп тегіс айналаң, Жалғыз қалғанда мені ойла (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2**. *Табиғат дүниесінің тым-тырыс, меңіреу қалыпта болуы.* Жылқышы қуғыншыдан әбден құтылып шығып, Шалқар болысының шегіндегі елсіз шатқал, *ж ы м-ж ы р т* бір далаға келіп кірді (М.Әуезов, Шығ.). *Ж ы м-ж ы р т* жатқан даланы оятқан ат дүбірі болмаса, жолаушылар аралығында әзірге алданарлық әңгіме жоқ (С.Әлжіков, Дала.). Орман іші *ж ы м-ж ы р т*. Соққан самал желден ағаш жапырақтарының сыбдыры ғана естіледі (Ә.Шәріпов, Партизан.). Айнала *ж ы м-ж ы р т* тыныштық, жалғыз ұшқан шыбын ызыңы естілгендей (С.Омаров, Дала қызы). Сақшыдай бұлақтың басында Бір бейіт тұр мүлгіп. Көнерген құ жалғыз тасына Қонады түн *ж ы м-ж ы р т* (К.Салықов, Жезкиік).

ЖЫМ-ЖЫРТТЫҚ з а т. *Тым-тырыс болушылық, тыныштық.* Айырылудың ауыр кезеңі туды. Сөз сөйленбеді, оңаша отауда ұзақ уақыт *ж ы м-ж ы р т т ы қ* орнады (С.Талжанов, Ұлдай.). *Ж ы м-ж ы р т т ы қ* билеген үйде үш адам. Ешқайсысында үн жоқ (Р.Райымқұлов, Бұрылыстар). Ат тұяқтарының тықыры басылып, жұрт тегіс тыныш *ж ы м-ж ы р т ы қ қ а* ауысқанда ғана Абай сөз қатты (М.Әуезов, Шығ.). Осы *ж ы м-ж ы р т-т ы қ* еді Айнаның жанын жалғыздықтың аралына апарып тастайтын, содан соң қыл бұрау салғандай қинайтын, жазықсыз жапа шектіретін (О.Бөкеев, Үйқым.).

ЖЫМИ= е т. *Жылышырай білдіру, езу тарту.* Тұлыбын біткеннен соң алды киіп, Қуанып күліп қойды бір *ж ы м и ы п*, Тұлыпты киіп алып жақын барсам, Адам деп менен тіпті қашпас киік (О.Шипин, Дастан.). *Ж ы м и ы п* күлді неден, Бір сезім білді менен. Қозғалып кетті білем Еріндер үлбіреген (К.Салықов, Жезкиік). *Ж ы м и д ы* ақын, дидарына қосып әсем өңділік. Бұйра бұлттар әлдеқайда бара жатты жөңкіліп (М.Шаханов, Ғасырлар). Оның бейнесін, оның мейірімді жүзін, оның достық көңілмен *ж ы м и ы п* күлетінін мен ерекше бір тебіреніспен және шексіз құрмет сезіммен еске алып отырмын (Қаныш аға). – Рас па? Шын айта ма?! – деп, Жәмеңкеге қарады... барлық үй ішіндегі үлкен-кішінің жүзінде түгелімен ризалықпен *ж ы м и ғ а н* қуаныш бар (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫМИҒАНСУ *Жымиғансы етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМИҒАНСЫ= е т. *Езу тартып күлгенсу.* Ас үстінде үй иелері де, Әлтай да көп сөйлескен жоқ. Әркім өз ойымен өзі. Тек Күлшебайдың күлдіргі сөздеріне ғана *ж ы м и ғ а н с и д ы* (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖЫМИТ[1]= е т. 1. *Езу тарттыру, күлдіру.* Енді Құлжатай опырық аузын *ж ы м и т а* күліп отырып, Күйметасқа қарай түсіп, тың бір әңгімені айтты (М.Әуезов, Шығ.). Қабырғада бала қиялы жеткен талай нәрсе бар. Кісіні мейірлендіре *ж ы м и т а т ы н* жақсы көріністер бар (Т.Ахтанов, Үндістан.).

ЖЫМИТ[2]= е т. *Малдың (ат, есек т. б.) сес көрсетіп, құлағын жымыруы.* Айғыр құлағын *ж ы м и т ы п* алған, шапқан сайын бауыры жазылып, апшысын қуырып барады (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Жақындап ем, құла ат құлағын *ж ы м и т т ы,* маған қарай жамбасын бұра берді (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Басынан асып аунап түседі, кейде ақ қасқыр ырылдап тісін сақылдатып, құлағын *ж ы м и т ы п*, ашумен тап береді (М.Әуезов, Шығ.). Көшірде отырған жігіт божыны қаққанда наразылықтарын күшейте түскендей, қабақтарын шытып, құлақтарын *ж ы м и т а д ы* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫМИТУ *Жымит етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМИТЫС= е т. *Малдың (ат, есек т.б.) құлақтарын жымырысып, бір-біріне сес көрсетуі.* Шөпке бас қойған бетте құлақтарын *ж ы м и т ы с ы п,* құйрықтарын сипаңдатысып, бірін-бірі ауыздан қағып тастады (З.Ақышев, Ақбел.).

ЖЫМИТЫСУ *Жымитыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМИЫС з а т. *Жымиып күлген күлкі.* Гүлсім тағы да күлімсіregендей болды. Бірақ бұл

ж ы м и ы с ы н д а күлкіден гөрі ызғар молырақ (А.Жұмаділдин, Сең.). Сіздің күдіктенеріңіз мен болдым ба? – деп Галкин суық *ж ы м и ы с п е н* күле сөйледі (Ә.Әбішев, Замана.). Ұшы доғалдай үлкен мұрны төбеңнен төне қарайды, Жаңағы *ж ы м и ы с* мұздай мысқылға айналды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Езуіне сәл үйірілген *ж ы м и ы с* оны бұрынғыдан да әдемі етіп жібергендей (С.Садуақасұлы, Таным. зерт.). Мұзша ерітіп мидағы ойдың көлемін, Тарқап кетті түмен-түмен өлеңім. Кеше Енесай тастарына жазылған Шежіредей *ж ы м и ы с қ а* толы едім (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫМИЫС= е т. *Жылышырай білдірісу, езу тартысу.* Әсерленген Гүлшін мен Әлсия көз жастарын сүртіп, ұяла *ж ы м и ы с ы п* жатыр (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫМИЫСУ *Жымиыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМИЮ *Жыми етістігінің қимыл атауы; езу тарту, күлу.* Партия ұйымдастырушысы жабыққы қабақтарды жадыратпақ болғандай *ж ы м и ю ғ а* тырысады (Ә.Сәрсенбаев, Жауынгер.). Мен жазушы болғым келеді, – деді Едіге *ж ы м и ю ғ а* тырысып (М.Мағауин, Көк мұнар).

ЖЫМҚЫР= е т. **1**. *Бір заттың етегін, шетін, ішке қарай қайыру, тығу, жинастыру.* Соңғы шөмеленің шөбін тараштап, айырмен *ж ы м қ ы р а* етектеп болып, Күміс оның көлеңкесіне отыра кетті (Х.Есенжанов, Ақ Жайық). Мырзахан құрығын тақымына қыстырып, тымағының бір құлағын ішіне *ж ы м қ ы р ғ а н* бетінде атынан түспей дыбыстады (К.Оразалин, Ақ жазық). **2.** *Ерінді ішке қарай қайыра бүгу.* Тақтай жонғанда құшырын салып, оң жақ езуін *ж ы м қ ы р ы п* алатын (Т.Ахтанов, Таңд.). Біресе қызықтай ма-ау тас төбені, Әйтеуір, елер емес әсте мені. Алқызыл шырынды ернін *ж ы м қ ы р ы п* ап, Маңайға паң пішінмен қас көреді (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Үстелдің екінші басында отырған қара бұжыр, насыбайын ерніне *ж ы м қ ы р а* беріп, қым-қиғаш бүкір саусақтарымен қапсыра ұстап, шақшасын қалтасына салып жатып: – Оның рас. Дәл түстің, – деді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **3.** а у ы с. *Жасыру, тығып қою, ұрлау. Ж ы м қ ы р ғ а н* екі алтыатарды осы жерге жасыра тұрайық (М.Гумеров, Хазірет.). Әлгі рұқсат қағазды да бір мызғып жатқан сәтінде оп-оңай-ақ шалдың төс қалтасынан *ж ы м қ ы р д ы* да, өзге жерге салса, қолды болып кетердей, ышқыр жағына қарай жытырып тынды (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей.). Оның шегір көзінде үрей ұшқыны ойнақшып, өңі қуқыл тартып тұр екен. «Жаңағы ақшаны *ж ы м қ ы р ғ а н* осы болар» деп ойладым ішімнен (К.Туғанбаева, Алтын.). Мырзаның қатынынан *ж ы м қ ы р ы п* алған оттығын жарғақ дорбасынан суырып, от тұтатты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Өзім-өзім болып қолыма ақша тигені сол еді, ышқырымдағы асық салатын қалтаға *ж ы м қ ы р ы п* жүгіртіп жібердім де, үйге апамды тастап жаяу қашып кеттім (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖЫМҚЫРМА з а т. *Ұрлық.* Өткен жылы да мол шөп түсіреміз деп уәде беріп, алдап кеткенсіздер. Тап мыналарыңда бір *ж ы м қ ы р м а* бар (С.Әлжіков, Дала.). *//Ұрлықшы, сұғанақ.* Егерде бөлген болсаң назарыңды, Тәртіпке келтірмес пе ең базарыңды. Базарда саудагер бар, *ж ы м қ ы р м а* бар, – Қалтаңды кірсең онда таза қылды (Айтыс).

ЖЫМҚЫРТ= е т. *Ұрлау, жоқ қылу, құрту.* Қасқырлар да аңды басып жүр сырттап, Шеттен тиіп, ала қашып *ж ы м қ ы р т п а қ*. Ал Ақбала амал таппақ өзінше, Айбын тауып аш бөріден тыншытпақ (С.Оңғарбаев, Дөңде.).

ЖЫМҚЫРТУ *Жымқырт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМҚЫРУ *Жымқыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Ерінді ішке қарай бүру.* Жаялық еріндер *ж ы м қ ы р у ғ а* көнбей, сойдақ тістер ақсия көрініп тұр (О.Сәрсенбаев, Сағым). **2**. *Ұрлау, қымқыру.* Жатса-тұрса қазынаның мүлкін *ж ы м қ ы р у д ы* ойлайтындар бар (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **3.** қ ұ қ ы қ. *Мемлекеттік немесе қоғамдық мүлікті, сондай-ақ бөтен біреудің мүлкін пайдакүнемдік мақсатпен немесе басқалай жеке мүддені қаузап, өзінің не басқа адамның пайдасына бола заңсыз алу, қайтарымсыз иелену, өзінің меншігіне айналдыру немесе өзінің меншігі ретінде билеу.* Тәсілдеріне қарай *ж ы м қ ы р у* Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде мынадай түрлерге бөлінеді: ұрлық – біреудің мүлкін көрсетпей *ж ы м қ ы р у*, алаяқтық – алдау, сенімге ену жолымен біреудің мүлкін *ж ы м қ ы р у*, тонау – біреудің мүлкін ашық *ж ы м қ ы р у*, иемденіп кету немесе талан-таражға салу – біреудің өзіне сеніп тапсырылған мүлкін *ж ы м қ ы р у*, қарақшылық – біреудің мүлкін *ж ы м қ ы р у* мақсатында адамның өмірі мен денсаулығына зорлық-зомбылық пен шабуыл жасап тартып алу, қорқыту – біреудің мүлкін оған қоқаң-лоққы жасау жолымен *ж ы м қ ы р у* (ҚҰЭ).

ЖЫМҚЫРУЛЫ с ы н. *Жымқырылған, жымқырып қойған, ішке қарай бүгулі.* Мұғалім «сәлеметсіз бе» деп амандасуға да мұршасы келмеді. Ерніне *ж ы м қ ы р у л ы* насыбайымен жиналып қалған түкірігі аузын ашырмады (З.Ақышев, Достар.). Суретте екі бетінің қызылы шыққан қыздың еріндері сәл *ж ы м қ ы р у л ы* («Қаз. әдеб.»).

ЖЫМҚЫРЫЛ= е т. **1**. *Бір заттың етегінің, шетінің ішке қарай қайырылып, тығылуы.* Ұлар

басындағы төрт сайлы найман түлкі тымағының құлағы күлпарасына *жымқырылыпты*, үстіндегі қасқыр ішігінің етегі қанаттай көтеріліп, иесі еңкейе жалға жатты (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** *Еріннің ішке қарай бүрілуі.* Тәкаппар әйелдің қайқы еріндері оқыс *жымқырылып*, мәрмәрдай аппақ жүзі ду ете қалды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Жабылыңқы қабағының үстіндегі жиырылған жіңішке сызықтар мен еріндерінің аздап *жымқырыла* түскені етсіз бетіне қату рең беріп тұр (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.). **3.** а у ы с. *Ұрлану, қымқырылу. Жымқырылған* ақшамен үй де салып аласың, машина да табасың (Қ.Қуанышбаев, Шығ.).

ЖЫМҚЫРЫЛУ *Жымқырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМҚЫРЫН= е т. *Жасырыну, тығылу.* Ауыл неге асығып Ас пісіріп, нан жапқан? Сырын неден жасырып *Жымқырынады* жанжақтан? (Ө.Тұрманжанов, Өлеңд.).

ЖЫМҚЫРЫНУ *Жымқырын етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМҚЫРЫС= е т. *Бірнеше адамның еріндерін ішке қарай бүгіп алуы.* Ерін *жымқырыстың*, малдас құрысып, бірін-бірі бағысып, ішкі әккілікке билетеді (Т.Әлімқұлов, Күрең өзен).

ЖЫМҚЫРЫСУ *Жымқырыс етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМПИ= е т. *Дым болмағандай тұр көрсету; тымыраю, тымпию.* Тұқымшымен бірлесіп Түн жамылып, тымпиып, Көрмедім деп *жымпиып*, Арамдыққа байланып, Аяғыңнан шалмасын (Ү.Кәрібаев, Өлеңд.).

ЖЫМПИТ= е т. **1.** *Жып-жылмағай ету.* Құлағын кесіп құнтитты, Мұрнын кесіп шұнтитты, Ернін кесіп *жымпитты*. Жалқұйрығын күзеген Байталдайын сымпитты (Қамбар батыр). **2.** *Құлағын жымыру.* Басқа кісіге құлағын *жымпитып*, аузын ашып ұмтылатын айғыр, Балуан Шолақтың зор денесінен сескенгендей тарпа бас сала қойған жоқ (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖЫМПИТУ *Жымпит етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМПИЮ *Жымпи етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМПОС с ы н. с ө й л. ***Жылпос***. Ол әшейін Спановтың шығарыпсалма *жымпостығымен* түлкіқұйрықтығы екен (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫМПЫҢДА= е т. с ө й л. ***Жампаңда***. Жомартбек: «Мен мына өлеңді көшіріп ала қояйыншы» – деп, *жымпыңдап* өз орнына қарай жүгірді (Ә.Нұршайықов, Махабб.). Соңғы кезде ана бір қара көсенің *жымпыңдап* жиі-жиі келіп, күйеуімен оңаша сөйлесетінінен шошынайын деді (С.Сарғасқаев, Біз төртеу.).

ЖЫМСИ= е т. с ө й л. **1.** ***Жымпи***. Жұрт жұмысқа кірісіп жатқанда Ұзақ басқа бір жақтан *жымсиып* жаяу келді (Т.Сағымбаев, Кездесу). **2.** *Жымиып күлу.* Оны кекетіп отырғандары, жоқ Сәмекені кекетіп отырғандары белгісіз, Әбілмәмбет те, Барақ та *жымсия* қалыпты (Ә.Кекілбаев, Үркер.). Қозы қарын бастық әйелінің көзін ала бере тағы да Бакизатқа еңкейіп *жымсиып* тіл қатты (Ә.Нұрпейісов, Сең).

ЖЫМСЫҚ с ы н. с ө й л. ***Жымысқы.*** Сен *жымсық* ар жағында бірдеңе сақтап жүрсің (К.Қазыбаев, Ызғар). Бұлардың басқан ізін аңдығандай Айғанымның *жымсық* түрінен шошып қалып еді (А.Байтанаев, Жаңбыр.).

ЖЫМСЫҚТЫҚ зат. сөйл. ***Жымысқылық.*** Аяғының ебі, қолының *жымсықтығы* бар Пустовойтов Жайпақ жерінде үй-жайды қиналмай құрып ала қойған еді (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЖЫМСЫМА с ы н. с ө й л. ***Жымысқы***. *Жымсыма* ұры болсын деп, Жылысбай қойған екен, – деді Сапар (Бозінген). Іргелес отырған *жымсыма* қулар, не болмаса ана ұсқыны жаман, тым құлқынқұмар Қаңбақбайдың өзі жымқырды (З.Жәкенов, Таң самалы). Ондағы *жымсыма* ойым – Апам құдалар берген он сом ақшаны сұрап алып қояды деген қауіп (О.Бөкеев, Ұйқым.).

ЖЫМСЫМАЛЫҚ з а т. с ө й л. ***Жымысқылық***. Орынсыз қазақшылығы, ашып қалсаң ар жағынан мүңкіп шығатын *жымсымалығы* жоқ, шаруасынан басқа дүние-баққа шатаса бермейтін қызық кісілер (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫМУ *Жым етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫҢ е л ік. *Жылт еткен, ақырын бір нәрсенің шетін көрсеткен, миығынан күлген т.б. қысқа қимылды бейнелейтін сөз.* ≈ *Жымыңжымың* етті. *// Жымың-жымың еткендік, жымыңдағандық.* – Онда, – деп Сәнтай сұқ қолын шошайтып, көзінің астымен аса құпиялы *жымыңкейіппен* тесіле қарады (О.Сәрсенбаев, Сағым). Күз я болсын жаз айы, Болсын айлы ашық түн. Аспанның күмбез сарайы, Тұндырсын жұлдыз *жымыңынан!* (С.Мұқанов, Замандас.).

Жымыңға басты. *Жымың-жымың етті, жымыңдай берді.* – Ә! Сіз бе едіңіз? – деп, жоғын табылғандай қуанып, сен де *жымыңғабасасың* (Б.Майлин, Шығ.).

Жымың етті. а) *Жымиды, күлгендей болды.* Қыз ойға шомып кеткен Хасенге біраз күлімсірей қарап тұрды да кенет *жымыңетті* (І.Есенберлин, Қатерлі.). Тағы көңілім мұздайды тұрпатымнан, Қыз ұрғандай бетім-

нен тыржың етіп, Тағы көңілім тасиды келе жатып, Қыз көрінсе қойсам деп *ж ы м ы ң е т і п* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Оның әңгімесін тыңдап, дастарқандағы шыны-шәйнекті жинап жүрген келіншек *ж ы м ы ң е т і п* қойды (Д.Жанботаев, Шыңда.). Көкем қағаздарын ақтарып отырып арасынан бір адамның адресін тауып алып, *ж ы м ы ң е т т і* (С.Жүнісов, Өшп. із.). ә) *Жылт етіп көрінді.* Тыныс кезінде тысқа шығып ем, қатар есіктен Күлән *ж ы м ы ң е т і п*, жылт етті (Ж.Аймауытов, Шығ.). Жанғазы *ж ы м ы ң е т і п* есіктен шыға жөнелді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жымың қақты. а) *Күлімсіреді, езу тартты; жымың-жымың етті.* – Дегенмен, бір сөзімді өткізермін, – деді председатель *ж ы м ы ң қ а ғ ы п* (З.Камалиденов, Фермаға кел.). Мынау тапқаным саған сөз жоқ ұнайды! Байқап көрші өзің, – деп, *ж ы м ы ң қ а қ т ы* ол (Н.Fабдуллин, Сар. жапырақ). ә) *Жарқырап көрінді, жалт-жұлт етті.* Аспан әлемінде сансыз жұлдыздар *ж ы м ы ң қ а ғ а д ы* (С.Омаров, Дала қызы). Болаттан Теміртауым алқа таққан, Жұлдыздай электрі *ж ы м ы ң қ а қ қ а н* (Пернедегі терме.).

ЖЫМЫҢДА= е т. **1**. *Жымың қағу, күлімдеу, күлімсіреу.* Есіңді жиып, Иіскелеп сүйіп, Оған да көңілің басылмай, Тілекті алып, тоятың қанып, Құйылып түскен лашындай, Арманың бітіп *ж ы м ы ң д а п*, Төсінде жатсаң тынымдап (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Шалдан жеңіліп, саған не болды? – деп *ж ы м ы ң д а д ы* Есенбек (М.Иманжанов, Менің махабб.). Лиза *ж ы м ы ң д а й* күліп, тағы да Омар жаққа көз қиығын тастайды (Б.Тілегенов, Аққайнар). Бұның даусы шыққанан-ақ, елдің айызы қанып, әр жерде суық *ж ы м ы ң д а ғ а н* жүздер көрінді (М.Әуезов, Шығ.). – Онда не деді? Онда не деді? – деп *ж ы м ы ң д а д ы* шәкірт (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2**. *Жылмыңдау, құтыңдау.* Құсы да, иесі де қорazданар, Алпыс екі айлалы түлкі алғанда, «Үйірімен үш тоғыз» деп *ж ы м ы ң д а р*. Жасы үлкені жанына байланғанда (Абай, Тол. жин.). Алпыста самай-сақал бәрі ағарып, Жас күнің еске түссе *ж ы м ы ң д а й с ы ң*. Жетпісте жас баладай желік бітіп, Орынын түскен тістің тығындайсың (Ә.Найманбаев, Шығ.). **3**. *Қуану, масаттану; масайрау, риза болу.* Қара сумқаны шермите сықап толтырған Букреев келіп, бөлме ішіне қарап, *ж ы м ы ң д а п* ризашылық кейіп білдірді (А.Жұмаділдин, Қайырлы.). Сол күні түскен екен бір аққайран, *Ж ы м ы ң д а п* кемпір мен шал масайраған, Дарияның бұйырмаған мақұлығы, Япырмау, кез келді екен бүгін қайдан?! (Ә.Найманбаев, Шығ.). Бұл келіншек сол уәдені күтіп, Кенбайды көрсе *ж ы м ы ң д а п*, қуанып қалатын (М.Дүйсенов, Гүлжан.). Басқа тұрсын әуелі, Құс төресі самұрық мені көрсе *ж ы м ы ң д а р* Өзің берші төрелік, Қай жерімде мінім бар? (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **4**. а у ы с. *Сәуле шашу, жарқырау, жалт-жұлт ету.* Басында торғай шырылдаған ағаштан бастап, *ж ы м ы ң д а ғ а н* момын жұлдызға шейін – бәрі де ымдасқандай, қолдарын сермескендей, сөйлескендей, жылағандай, күрсінгендей болар еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Аспан әлемінде сан жұлдыздар самаладай жарқырап, *ж ы м ы ң д а й д ы* (С.Бақбергенов, Өз. жігіт.). Түндіктен түн жұлдызы *ж ы м ы ң д а й т ы н*, Дегендей: «Естіп тұрмын үніңді айқын». Жырынан Жақсылықтың мысал алып, Жігіттер сүйгеніне сыбырлайтын (Т.Айбергенов, Мен саған.). Сазарған түн басқан аспанда тек жұлдыздар ғана *ж ы м ы ң д а й д ы* (Fмүсірепов, Тұтқын қыз).

Оттары жымыңдайды. *Ел жатпаған, ояу мағынасында.* Сонау етекте Еңбек аулының *о т т а р ы ж ы м ы ң д а й д ы* (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫМЫҢДАС= е т. **1.** *Жымың-жымың етісу, күлімдесу.* Жас келіншектер жағы бір-бірінің құлағына сыбырлап, *ж ы м ы ң д а с ы п* қалды (Ә.Кекілбаев, Дала.). Ұрсады деп ойлаған болулары керек, ұрыспайтынын білген соң, екі бала бұған еркіндеу қарап, өзара *ж ы м ы ң д а с ы п*, қуанып қалды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Ел қонса, үй тігісіп, жүк жинасып, Сыпсыңдап қыз-келіншек сыбырласып. Аулақта кездесе алмай жүрген жастар Ымдасар бір-біріне *ж ы м ы ң д а с ы п* (Ә.Найманбаев, Шығ.). **2.** а у ы с. *Сәуле шашысу, жалт-жұлт етісу.* Аспанда мың сан жұлдыздар *ж ы м ы ң д а с ы п,* гауһар тастай жалт-жұлт етеді (С.Омаров, Өмір.). Шүп-шұбар боп жұлдызы *ж ы м ы ң д а с ы п* тұратын аспанмен көк майсасы құлпырып, желкілдеп тұратын жер қара түннің салмағынан ыңырситын тәрізді (Fмүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫМЫҢДАСУ *Жымыңдас етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫҢДАТ= е т. *Жымың-жымың еткізу, жарқырату.* Жарығыңды *ж ы м ы ң д а т,* – деп айқайлады Дінмұқан (Д.Досжанов, Тұлпар.). Жұлдыздарын *ж ы м ы ң д а т қ а н* аспаныма құмармын, Бәлкім соның ақ нұрынан жаратылған шығармын? (Т.Қызықбаев, Темір.).

ЖЫМЫҢДАТУ *Жымыңдат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫҢДАУ *Жымыңда етістігінің қимыл атауы; жымың-жымың ету, жымың қағу.* Машина заправкаға жетіп тоқтағанда көздерін одан бетер сығырайтып, Ыбырайымға қарап *ж ы м ы ң д а у д ы* шығарды (А.Жақсыбаев, Қайырлы

таң). «Күлімдеуге болмайды құрдасыңа! *Жымыңдауға* болмайды ұрғашыға! Әй, қызғаншақ, қызғаншақ біздің қатын!» Дейді еркектің көбісі сырласына (Қ.Мырзалиев, Домбыра.).

ЖЫМЫҢ-ЖЫМЫҢ е л і к. *Жымыңдап күлген қимылды бейнелейтін сөз. Жымыңжымыңкүліп* Сергей Петрович Балжанның қасына келді (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). *Жымыңжымыңкүлесің*, Сенбегендей сен маған. Жалған айтпас, білерсің, Диқан бабаң мен болам! (Ғ.Орманов, Ой қанаты).

Жымың-жымың етті. *Күлім қақты, жымыңдады.* – Ойбай, жаздым-жаңылдым, мұғалімеке, беделің түсе көрмесін, – деп Сапар *жымыңжымыңетіп*, көзді бір қысып қойып, орнынан тұрды (М.Иманжанов, Көк белес). Бала бұларды көріп *жымыңжымыңетті* де, үйге қарай қуана жүгірді (Н.Ғабдуллин, Сар.жапырақ). Мұхаң тұрып киініп жатты. *Жымыңжымыңеткен* (Біздің Мұхтар). Ибаш оның бетіне қарап мәз болып *жымыңжымыңеткен* (Т.Ахтанов, Таңд.).

Жымың-жымың қақты. *Қылмыңдады, жымыңдады.* Қылжақбас қара капитан Шелестов ежелгі әдетінше *жымыңжымыңқағып*, майордың не айтпағын сезіп отырған кісідей, мысқылмен күлімсірейді (С.Бақбергенов, Қарға там.). Мәлік қалтасына үш сом ақша түскеніне *жымыңжымыңқағып* күліп бара жатты (К.Қазыбаев, Ызғар).

ЖЫМЫР= е т. *Бір заттың шетін ішке қарай қымқыру, қысу, бүктеу.* Екеуі аттарын мініп ап, тымақтарының құлағын *жымыра* байлап жатыр екен (М.Әуезов, Абай жолы). Бір аршопке шапаны сондай шап-шақ, Мүшесінен буынып, басады алшақ. Қарсы алдына *жымыру* келтірем деп, Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ (Абай, Тол. жин.). Бәрі қарулы, көбінің қолында сойыл, не шоқпар, кейбірінде бақан-ау деймін, келдек, біреулері тымағының екі құлағын ішіне *жымырып*, бауын байлап алыпты; біреулер басын орамалмен тартып қойыпты, кейбір жігіт күресетін кісіше жеңін беліне байлап, оң қолын сыбанып алыпты, бәрінің де пішіні құнтиыңқы, тақымдары қысыңқы, жаңа жөнелген жауды түсіретін кісіше бәрі де қутың-қутың етеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Ернін жымырды. *Ерінді ішке қарай бұру.* Қатындар: «Күйеуің қайда кеткен?» десе, «қызметпен болыс аулына кетті» немесе «ауылнай шақыртқан екен» деп, тұмсығын көтеріңкіреп, *ернін* бір *жымырып* қоятынды шығарды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Әсияның көңілі тағы босаған еді, артынша *ернін жымырып* өзін билей қойды (С.Алдабергенов, Шығ.).

Құлағын жымырды. *Мал (ат, есек т.б.) құлағын артқа қарай жымқырып сес көрсетті.* Әрқайсысы өз үйірін *құлағын жымыра*, басын жерге сала қайырарда, байқаусызда маңайлап қалған сәуріктердің сауырынан тістеп, жаралап, тырқырата қуып тастайды (О.Бөкеев, Үйқым.). Қызыл жорғаның бір *жымырып*, бір тікірейтіп келе жатқан *құлағынан* көз алмай баяу күрсінді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫМЫРАЙ= е т. **1**. *Ішіне қарай бүктелу, қисаю.* Ол өкшесі *жымырайған* қызыл туфлиін сүйрете басып, Қайырға жақындады (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Қойлекең ауызы да құлаған ұрадай боп ішіне таман *жымырая* бастапты (І.Жансүгіров, Шығ.). **2**. *Мыжыраю, мыж-мыж болу.* Төрт жылдан бері *жымырайған* бір бөлмеде тұрып жатырмыз (Т.Ахтанов, Дала сыры).

ЖЫМЫРАЙТ= е т. **1**. *Ішіне қарай бүктелту, қисайту.* Артында ерткен бір топ нөкері бар қисық ауыз қара болыс пұшық бөркін *жымыртып* ақбоз атпен жайтақтатып есіктің алдынан өте шықты (І.Жансүгіров, Шығ.). **2**. *Ерінді ішке қарай жымқыру.* Осы арада Тұмажан әлдебір ерлігі есіне түсіп кеткендей, қаймыжықтай ернін *жымыртып*, жымпиып алды (Ә.Нұршайықов, Махабб.).

ЖЫМЫРАЙТУ *Жымырайт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫРАҢ: **жымыраң қақты**. ж е р г. а) *Жымыңдады, күлімсіреді, жымың қақты.* Жаңағы балаға тіктеп қарағанын сезген сияқты, бүйрек беттері күлімсіреп, *жымыраң қағады* (Р.Тоқтаров, Ертіс.). ә) *Тынышсызданды, мазаланды.* Жас мал болғанда жүріске мықты, астынан ит өтіп жатса да, *жымыраң қақпайтын* мінезді жылқыны Ерік жан жолдасындай жақсы көретін (О.Бөкеев, Үйқым.).

ЖЫМЫРАҢДАП үс т. же р г. ***Жымыңдап.*** Жазу жағын маған жібер, – деп Назар өмірінің тәтті сағаты есіне түскендей *жымыраңдап* күліп алды (Т.Ахтанов, Махаббат.). Жанар өз-өзінен *жымыраңдап* күліп қуанып жүр (Р.Әутәліпов, Қыр әңгім.). – Ат суытам деп қыз аулайды екенсің? Суға түспеп пе едің? Мен секілді малма тымақ Сәрсенді үш күн әуре-сарсаңға салғансың! – деп *жымыраңдап* күлді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Әжесі *жымыраңдап* ошаған өртеп, соның күлін себетін-ді, денесі түршігіп қалды: Жайықбай топырағы түгел ошаған күлі, тиген жерін тыз қақтырар сықылданды (Ж.Нәжімеденов, Аспан шақырады).

ЖЫМЫРАЮ *Жымырай етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫРУ *Жымыр етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Бір заттың шетін ішке қарай*

қымқыру, бүктеу. Ж ы м ы р у – ішіне қарай бүктеу, қымтыру (С.Қасиманов, Қаз. қолөнері). **2**. *Малдың құлақтарын артқа қарай жымқырып сес көрсетуі.* Бауырынан өтіп жатсаң құлақ *ж ы м ы р у д ы* білмейтін аттарды таңдап берейін (Б.Соқпақбаев, Алыс. ауыл.).

ЖЫМЫРУЛЫ с ы н. *Жымырылған.* Тарғақтың басындағы құлақшынының бір құлағы *ж ы м ы р у л ы* (Ж.Мұзапаров, Қаби қарт.). Еркелеп енесінің сүтін емген, Құлағы *ж ы м ы р у л ы* жас құлындай. Дүбірі жануардың жерді жарды, Аңшының аңыздағы дабылындай (И.Байзақов, Құралай.).

ЖЫМЫРЫЛ= е т. **1.** *Бір заттың шетінің ішке қарай бүктелуі.* Жанторы, қолыңа қағаз-қалам ал, – деп көкем төс қалтасынан шеттері *ж ы м ы р ы л ғ а н* атам заманғы сап-сары бір құшақ қағаз шығарып ақтара бастады (С.Жүнісов, Өшп. іздер). – Тартсаң, мә, тарт, – ол қалтасынан қабы *ж ы м ы р ы л ғ а н* «Қазбекті» алып, архитектордың тұмсығына тигізді (І.Есенберлин, Шығ.). Лавсан өз пішінін жақсы сақтайды, сондықтан одан *ж ы м ы р ы л ы п* бүктелмейтін, қыры бұзылмайтын киімдер тігуге болады (Орган. химия.). **2.** *Еріннің ішке қарай қайырылып бүрілуі.* Жұманың өңі көгеріп, шүңірек көзі кішірейе, қабықтай жұқа ерні *ж ы м ы р ы л ы п*, шеке тамыры адырайып кетті (С.Мыңжасарова, Қыр қыз.). Әжем тіссіз аузына *ж ы м ы р ы л ғ а н* жұқа еріндерін андасанда бір сылп еткізіп қойып, қайдағы бір өткен өмірлерінің белесін еске түсіре бастады (А.Лекеров, Қырда.).

ЖЫМЫРЫЛТ= е т. *Малдың құлақтарының артқа қарай жымқырылуы.* Сұр бикеш *ж ы м ы р ы л т ы п* қос құлағын, Шақырды шапқан сайын аруағын, Тер шығып тебінгіден алғаннан соң, Түсірді бір-ақ терге төрт аяғын (И.Байзақов, Құралай.).

ЖЫМЫРЫЛТУ *Жымырылт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫРЫЛУ *Жымырыл етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫРЫҢҚЫ с ы н. ***Жымырылған.*** Жігіттің екі құлағы кейін қарай қайырылып байлаған тымақ сияқты *ж ы м ы р ы ң қ ы* (Т.Жармағамбетов, Сентябрь.).

ЖЫМЫСҚЫ с ы н. *Білдірмей істейтін құлығы бар, арам, пасық.* Дәуде болса, ол екеуі бармақ басты, көз қысты, *ж ы м ы с қ ы* қарымқатынасқа көшкен (С.Омаров, Күншуақ). Досты апарып досына жамандатып, У таратып, ылаң сап, арандатып, Ағайынды аздырмай ала жылан, Жөніңе кет, *ж ы м ы с қ ы*, қараң батып (М.Мақатаев, Шығ.). Зіркілдеп жүрқта жаманат төндіргеннен басқа түк білмейтін топас қой деп жүрген Жаппасбайы барып тұрған сұғанақ, *ж ы м ы с қ ы* ұры боп шықты (Т.Ахтанов, Таңд.). Ел тонағыш басқыншылар, *ж ы м ы с қ ы*, Абылай ханның аруағынан ығысты. Қырғын жұттың ізі өшіп «ақ табан», Құт жайлады ақ дастарқан ырысты (Қ.Салықов, Жезкиік).

Қолының жымысқысы бар. *Аздап ұрлық жасайды; қолының қымқырмасы бар.* Жалпы ұрыға бар ма, оған кімдікі болғаны бәрібір емес пе? Осы бір мысалы құрғырлар апаңыздың *қ о л ы н ы ң ж ы м ы с қ ы с ы б а р ы н* анық сездіріп қойды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖЫМЫСҚЫЛА= е т. *Астыртын істеу, білдірмеу.* Түбінде сені құртатын сол қалталы бай екенін біле біл. Қастығың болса байқатпай *ж ы м ы с қ ы л а п* істе, көзге көрсетіп істеуші болма (F.Сланов, Асау арна). Біреуі «қарындас» деп қырындап келеді, екіншісі хат жазып *ж ы м ы с қ ы л а й* жабысады (Ә.Сатыбалдиев, Ақмарал).

ЖЫМЫСҚЫЛАН= е т. *Қулану.* Соның дұрыс дегендей Кембаш жан-жағына *ж ы м ы с қ ы л а н а* көз тастап күледі (Т.Иманбеков, Үш ай.). Адамдардың арасында да жалғызсырауға болады, – деді жылан *ж ы м ы с қ ы л а н ы п* («Лен. жас»).

ЖЫМЫСҚЫЛАНУ *Жымысқылан етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫСҚЫЛАУ[1] с ы н. *Аздап жымысқы; қулау, арамдау. Ж ы м ы с қ ы л а у* жылы күлкісі жүзінен кетпейтін Всеволод Иванов бізді жақсы қарсы алды (F.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

ЖЫМЫСҚЫЛАУ[2] *Жымысқыла етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫМЫСҚЫЛЫҚ з а т. *Бақай қулық, арамдық.* – Тағы қандай сұрағың бар, – деп, Әмір сақ-сақ күлді. Неге екенін білмеймін «Хе-хе-хе», «қа-қа-қа», «ха-ха-ларда» жасандылық, *ж ы м ы с қ ы л ы қ* тұнып тұрған секілді көрінеді (С.Бердіғұлов, Егеулі найза). Мәліктің кез келген адам ойына келе бермейтін қиямпұрыс *ж ы м ы с қ ы л ы қ т а р ы н* да (ақша номірлерін тізіп алуын, екеуара сөздерін құпия магнитофонға жазуын) әшкерелей отырып-ақ, айырықша бір салқынқандылықпен өз өресінің биік дәреже-деңгейін ақыл айтқансып кәдімгідей арашалап, әдіптеп жататыны бар (З.Серіққалиұлы, Алтын жамбы). Күле кіріп, күңірене шықты. Өтірік көлгірсіді, екіжүзді. «Күле кіріп, күңірене шыққаннан без», көзіне күліп тұрып, артынан топырақ шашатындардың *ж ы м ы с қ ы л ы ғ ы н* танымаған кісі орға құлайды екен (Қ.Толыбаев, Қайдасың.).

ЖЫН[1] [ир. جن] з а т. м и ф. д і н и. **1.** *Жайшылықта көзге түспейтін, әртүрлі кейіпте көріне алатын, бақсы, балгер, көріпкел, тәуіптерге жаратылыстан тыс дүниеден хабар жеткізіп тұратын, адамдарды азғындық жолға түсіре-*

тін теріс рух. Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан күл-қоқыс баспау, иесіз жүртқа түнемеу тәрізді т.б. ырымдар ол орындарды «*жын дар* жайлаған» деген сенімге байланысты туындаған (ҚҰЭ). Құран бойынша *жын* түтінсіз оттан жаралған, денесі ауа немесе от, кез келген бейнеге ауысуға, небір ғаламаттар жасауға бейім. Жер бетіне Адам ата жаралғанға дейін пайда болған, әдетте, адамға қас. Аңыз бойынша, олар ер және әйел жыныстары болып келеді, шөлейтті жерлерді, тауды, орманды мекендейді (Ислам энцик.). Айырылдық дәм-тұз жараспай, Кім білсін *жын* ба азғырған. Кетсем де тастап жаратпай, Қызғанам мына азғыннан (Ш.Мұхамеджанов, Қошалақ). Жеткенде он алтыға өткірленіп, Бізіндей етікшінің жылмыңдайсың. Түлкі алып жаттықпаған балапан құс, Бақсының жаңа пері *жынындайсың* (Ә.Найманбаев, Шығ.). Құс деуге – қомақтырақ. *Жын* ба? Пері ме? Сайтан ба? Құла түзде, түн ішінде жападан жалғыз дені сау адам қалай отырады деймін (Ж.Аймауытов, Шығ.). **2**. а у ы с. *Қырсық, кесір*. Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық! Өз басыңда *жынының* бар бір бақсылық, Борышқорлық – адамға қиын нәрсе. Әрқайда өткізеді мал тапшылық (Абай, Тол. жин.).

Жын буды. *Ашуға булықты, долданды*. Бір *жын буып*, жүйке-жүйкемді қоздырып әкетеді (З.Шүкіров, Ізгілік.). Оразбай Дайырдың хабарын естігенде, *жын бу ған* бақсыдай бүлінді (М.Әуезов, Шығ.). *Жынының буған*, жаны кірген бұла бақсы көздері сексеуілдің шоғындай от шашып, перілерін шақыруға кірісті (А.Алтай, Алтай.).

Жын иектеу. ж е р г. *Құтырыну, қағыну*.

Жын қақты [соқты, ұрды]. а) *Ақылынан алжасты, шатысты*. О, *жын қақ қан*. Әйел жеңген санасын, Әкең өліп жатыр ғой! Кейін... кейін барасың (М.Шаханов, Қасырлар.). Өзімнен бес-алты жас үлкен, кәрі әйелді күйеуінен ажыратып алып, мені *жын соғып* кетті дейсің бе? (С.Адамбеков, Қожанасыр.). Есінен адасқан адамды «*жын соқты*», «сайтан шалды», «албасты басты» (жынның бір түрі) деп есептеп, бақсы ойнатып, дұға оқытқан, ұшықтап емдеткен (ҚҰЭ). Оның бар даусымен ән шырқап жүргенін көргендер шын мәнісінде Біржан шатасқан екен, *жын ұрған* екен деп ойлайды (А.Жұбанов, Замана.). ә) *Құтырды, қағынды*. *Жын қақ қандай* құтырынып кетеді сотқар хан (С.Омаров, Хантағы). Көшеде милиционерлер *жын қақ қандай* шапқылайды, адамды басып кете жаздайды (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жын қуды. *Жын айналдырды, жын соқты*. Құстарымды терезеден кім қуды?! Мен қудым ба?! *Жын қуды* ма?! Әлде өзім ала қарға?! Жігерімді құм қылдың... (М.Мақатаев, Шығ.). Біреулерді *жын қуып*, Бірдемесін атқандай. Астан-кестең, қым-қуыт, Аспан құлап жатқандай (М.Мақатаев, Шығ.).

Жын қуғандай. *Асып-сасып, қатты жүгіріп*. Сары Бектікіне кіріп, қымыз ішіп отырғанда ауыл адамдары Сарының ауылға *жын қуғандай* шауып келгенін сықақ қылып отырды (С.Сейфуллин, Шығ.).

Жынның ойнағындай. *Астан-кестен*. Ақбілектің жанын *жынның ойнағындай* ойрандап кеткен озбыр омырау, өксікті күндер орыс мінген аттардың аяғымен алыстап бара жатты (Ж.Аймауытов, Шығ.). Түбінде болмасын деп өкінішті, Жау солай соқты берік бекіністі. Күндіз-түн бейне *жынның ойнағындай*, Айналды ақ тақырға дөңнің үсті (О.Шипин, Дастан.).

Жын соққан кісідей. *Басы айналып, есінен айырылған*. *Жын соққан кісідей*, аузы жыбыр-жыбыр етеді (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жын ұрғандай. *Жынды сияқты*. *Жын ұрғандай*, айлы да аязды түннің астында елбеңдеп келемін (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Жын ұрғандай қылды. *Ойран-топанын шығарды, астан-кестен қылды*. Ойбай-ау, жақын жердегі ел шаттағы орыстардан босып кеткен екен ғой! Маңайды *жын ұрғандай қылды* ғой! (Ж.Аймауытов, Шығ.).

Жыны бар. а) *Ұнатпайды, жек көреді деген мағынада*. Оның киім алам десе *жыны бар* (Ауызекі). ә) *Құмар, әуес*. Той дегенде, сорлымай, *жынының бар* ма? Табатын тойға барсаң сырың бар ма? Мазамды ала бердің, бара қойшы, Көңіліңді көтеруге құрбың барда! (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жыны басылды. *Жуасыды, жөнге келді*. – Сенің кәрі *жынының басылмағанын* мен амандасқанда-ақ білдім деуім қалжыңға сүйеуім еді (С.Талжанов, Ұлдай.). *Басылды* ма *жындарының*, Біткен жоқ па той-топыр (Қ.Аманжолов, Шығ.).

Жыны қозды [ұстады, келді]. *Ашуға мінді, ызаланды, долданды*. Базаралы томсарған жүзбен, ызаланып қалып отыр. Майбасарға көп ашылып жауап айтпады. Соған *жыны қозға* түскен Майбасар... бір сұм қулық ойлады (М.Әуезов, Шығ.). Оны көргенде – екеуінің де *жыны қозып* кетуші еді (Ж.Аймауытов, Шығ.). Мисыз, күншіл, бірезу өзімшілдер Аласұрып, асқақтап, *қозса жыны* (Ш.Құдайбердиев, Иманым). Білесің бе? Ана қызды көргенде *жыным ұстайды* менің. Ылғи қылмаңдап, жылмаңдап жүргені (С.Шаймерденов, Мінез). Жан емеспін Қиындықтан жылысқан, Жатып алар не болмаса *жыны ұстап*. Ауырсам

да Жұма күні кеш құлап, Дүйсенбіде шығып кетем жұмысқа (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Смағұл кемпіріне алара қарады. Әйелінің тым жылы ұшырап, жағдайын сұрамағанына *жыны келіп,* денесі құрыса қалды (Б.Тілегенов, Аққайнар.). Тау-тасты жаңғыртады менің үнім, *Келеді,* бұлбұл, саған қатты *жынымм.* Аспанда ұшып жүріп ән салмайсың, Дала мен қалада өтті-ау қайран күнің (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Деп жазғанмын бұдан талай жыл бұрын, Кейбіреуге *келген* кезде бір *жынымм.* Сол келуден кетіп қала жаздағам, Тағдырымның жинай алмай шылбырын. Ақын байғұс жүрегіне түсірер Қай тұста да дәуірінің шындығын (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жынын алған бақсыдай. *Сүмірейіп мұләйімсіген, моп-момақан.* Емін-еркін қылығы өн бойына жарасып, үнемі бір осындай шам шақырған шатақ күйде көргің кеп, жуас, момақан қалпын көзге елестетудің өзі өте сұмдық секілді; *жынын алған бақсыдай* сүмірейіп жатса, қандай қорқынышты (О.Бөкеев, Үйқым.). Рудиков, мүләйім, *Бақсыдай жынын алдырған;* Көзінде көлкіп уайым, «Кешір», – деді, – балдырған! (Д.Әбілев, Алтай асу.).

Жынынан айырылған бақсыдай. *Сең соққандай, мең-зең.* Қалтай өзгеріп кеткен тәрізді. Баяғы мінезінің бірі жоқ, Әзілсіз аяқ баспайтын, енді *жынынан айырылған бақсыдай* жым-жырт («Лен. жас»). *Жынынан айырылған бақсыдай* сол мең-зең күйде отырды да қойды (Т.Ахтанов, Таңд.). Қалмақтың да әуелгі қарқыны жоқ, *жынынан айырылған бақсыдай* көздерін андамұнда тіміскілетті де, қару-жарағын, болмашы шоқпытын бір қолтығына қыстырып, теріс бұрылып жүре берді («Жұлдыз»).

Жынына тиді. *Ашуын келтірді, намысына тиді.* Ғани бұрынғысынша қабырғадан көз алмады. Оның бұл түсініксіз қылығы Шәкірдің *жынына тиді* (М.Иманжанов, Көк белес). Нүрперзент былай дегісі жоқ еді, бірақ әкесінің әлде нені алқымға тақап, тәптіштегені *жынына тиіп* кетті (Ш.Мұртазаев, Мылтықсыз.).

Жынын келтірді. *Ызаландырды, ашуландырды.* Қандай тұнып тұрған от жерге әкеп қоя берсең де, қой шіркін жүре жайылып *жынын ды келтіреді* ғой (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жынын шақырды. *Жындаңды, құтырды, елірді.* Ұлыған қасқырдай аспанға қарап, көзін алартып, қолын жайып, ернін жыбырлатып, бүкіл денесін селкілдеткен бақсы *«жынын шақырып»* аласұрмасы бар ма (Ә.Нәбиев, Шолпан). Ал боран болса, *жынын шақырған* бақсыдай аузынан ақ көбік шашып, сағат сайын күшейіп барады (С.Досанов, Қыран.).

Жыны түсу. жер г. *Жыны келу.* Сол қызды аспансытып қоя бергендеріңе *жынымм* мұндай *тұспес* (К.Оразалин, Ақ жазық.). Жаралмаған жан екен деп жас боп тек, Жыр жазғам кеп сұлулығыңды әспеттеп Жүргенімде *тұсіріп-ау жынымды,* Тар көшеде бәйге атымды мәстек деп (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Ит жыны келді. *Қатты ызаланды, ашуы келді.* Әсіресе, құмырайдың *ит жыны келетін* (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Ит жыны ойнады. *Қатты жыны келді, ызасы келді.* Малым қолды болды деп емес, атаңа нәлет ұрының басынғанына, саспай мүшелеп, боқты ішегін қалдырмай, қырып-жойып әкетіп қалғанына, *ит жыны ойнады* (О.Бөкеев, Үйқым.).

Ит жынына тиді. *Қатты ызаландырды, ызасын келтірді.* Көп ретте тас лақтырып, балықты үркітіп *ит жынына тиюші* едік-ау (О.Бөкеев, Үйқым.).

Кәрі жынын шақырды. бей н. *Бұл жерде бұрқан-талқан болып арнасынан асып-тасыған толқын (су) туралы айтылады.* Бұл өзен жылда мамырды орталап барып тасушы еді, биыл көкек айынан-ақ *кәрі жынын шақырған,* әсіресе, түн баласында дүние жалқы сәт рақатқа көшіп, түні бойғы ию-қиюдан шалдыққандай мызғыған мезетте, әумесер толқындарын көкпарға салып долданып, өз қуатына, өз қылығына өзі сүйсініп, жарылқаушысы – Күн нұрына сиынбай, қайта сол нұрдың жоқтығына мәре-сәре қуанып, бар тіршілікті мазақтап сақ-сақ күліп, әйтеуір, бір көзсіз ерлікті, бас жарар бұзақылықты аңсағандай, арқырап-сарқырап ағады (О.Бөкеев, Үйқым.).

Не жыны бар. *Нендей жұмысы бар, не пәлесі бар.* Алған бағытым дұрыс болса, басқаға жалтақтап *не жынымм бар* (С.Еркебаев, Алғашқы.). Жорытарда сенің *не жынының бар* екенін біле алмай-ақ қойдым (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш).

ЖЫН[2] зат. *Жан-жануарлардың асқазанындағы қорытылып бітпеген тамағы.* Африкадағы біраз ұлт қой сойса алдымен қарындағы *жынын* жейді екен, – деді Ниязбек (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). – Тез алып тастамаса *жынының* дәмі етіне шабады, – деді де, Қарамұрын құлжаның ішін жарып, ішек-қарынын аударып тастады (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қарны жарылған көкпарды алып қашқандардың, жұлқыса тартысқандардың шалбарына, етігіне *жын* жұқты (Т.Әлімқұлов, Туған ауыл). Жылқының ішек-қарыны өзге түліктікіндей емес, көделі ас ретінде пайдаланылатындықтан, оны аршуға, қарынды, ішекті, қартаны бөлуге,

қырнауынан *(жынынан)* тазалауға ерекше мән беріледі (Қ.Салғарин, Қасапшылар). Салқын қызыл іңірде көзін жұмып, күйіс қайтара *жынын* жұтып жатты (А.Алтай, Алтай.).

Жынын құсты [шашты]. *Не болса соны айтты, аузына келгенін сөйлейді.* Алаштың туын ұстаған арамзалар қаппақ болып, *жынын құсып,* уын шашып жүр (С.Сейфуллин, Тар жол.). Емельянов мырза, – деді *жынын шашып,* көпіріп жүрген майор тістеніп, – бұл тобырлар өз бетімен кеткен жоқ, оларды басқарып, ұйымдастырып жүрген біреу бар (Ә.Шәріпов, Партизан.). Әулігіп жөн сөйлемей жұртты үркітер, *Жын шашқан* жоңше нардың өңешіндей. Болғанмын өзінше озат, өрісі қысқа, тарпаңның тарта салған өрісіндей (Базар жырау, Шығ.).

ЖЫНДАН= е т. **1**. *Жын соғып ауыру, жынды боп кету, есінен айырылу.* Жұрынбайдың былтыр көктемде кемпірі қайтыс болады да, шал жалғыз қалады. Сол Жұрынбай бір түн ішінде *жынданып,* аузынан ақ көбігі ағып шыққан (С.Алдабергенов, Асу.). Ішкілікке салынған адамдар денсаулықтарын жойып алады, олардың 20-30 проценттейі *жынданып* та кетеді (Б.Омарұлы, Жүрек. ауру.). Иә, кәдімгі ұшан-теңіз арманның Ұшындағы үшақ түйір тал өскен. Басқа дүние шығып кеткен бәрі естен. Ұзақ жолдан шаршап келгем, Жыр жазатын халде емен, *Жындандым* ба әлде мен! (Т.Айбергенов, Мен саған.). «Осы мен *жынданыпкетіп* жүрмейін?» – деп, шошыныс кірген соң барып тоқтады (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **2**. а у ы с. *Ашуға булығу, долдану; өзіне-өзі ие бола алмау.* Мен өзім ашу үстінде ақылдан айырылып қаламын, өз қолыма өзім ие бола алмай, *жындананып* кетемін (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.). Бұл – атаманның күтпеген қорлығы болу керек, *жындангандай* қалшқалш етіп аласұрып кетті (Ә.Әбішев, Терең тамыр.). О, масқара, құтылуға табар ме екем жол бұдан, – Деп дірілдеп түсі қашып *жынданардай* болды хан (М.Шаханов, Ғасырлар.). *Жынданбай* тыныш отырсайшы, баланың көзінше – Күлзипа оның қолын қаға берді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). **3.** а у ы с. *Құтыру, аласұру.* Осы кезде жел де *жынданып,* күшіне мініп бара жатты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). Далада дауыл *жынданып,* аш бөрідей ұлиды (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖЫНДАНДЫР= е т. *Ақылынан, есінен адастыру, есалаңдыққа ұшырату, делқұлыландыру.* Әй, ішкілік-ай, сондай адамды да *жындандыратыны* екенсің-ау, сен! (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Бәрібір қызғанғанын қояр емес. Не істейтінімді білмеймін? Бүйте берсең мені *жындандырып* жіберетін түрі бар (М.Гумеров, Хазірет.). Адамды *жындандырып* жіберетін тас керең тыныштық орнаған (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Шәмшіге айт, Тағы да бір таңдандырсын, *Жындандырсын* жүректі, жандырарсын! Мәңгі өлмес Махаббатым айта жүрер, Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын! (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫНДАНДЫРУ *Жындандыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫНДАНУ *Жындан етістігінің қимыл атауы.* **1.** *Жын соғып ауыру.* Ол институт обаға, *жындануға,* сүзек ауруына, паративке, тағы басқа да жұқпалы ауруға қарсы дәрі-дәрмек жасап шығаратын болды (Ә.Шәріпов, Алыс.). Біреу «Мынау *жындануда* н сау ма өзі» деп кеудеме түйіп жібергенде, қатты жұдырықтың күшімен ғана есім кірді (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Құрып кетпей, жер басып тұрғаныңда Қалай ғана жағарсың бұл қауымға? Талай рет мойныма арқан салып, Талай рет шақ қалдым *жынданугаа* (М.Мақатаев, Шығ.). **2**. а у ы с. *Ашуға булығу, долдану.*

ЖЫНДЫ с ы н. **1**. *Ақылы ауысқан, жарымес.* Болған соң уәделі күні, жаңбыр жауды, Судан ішкен *жынды* боп, ақылы ауды (Абай, Тол. жин.). Ол заң қызметкерлері не сұраса, соның бәрін мойындап, басын изеп берді. Есі ауысқан *жынды* адам сөйтпегенде қайтушы еді?! (Ж.Алтайбаев, Сыпырғыш). Жаз бойы масаға таланып Аққұдықта *жынды* адам отырмаса, сау адам отыра ма? (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **2**. а у ы с. *Тентек, әумесер, есер.* Зейнеп Жақыптың мына сөздерін тыңдап отырып: – Есі кіріп қалған екен ғой бұл *жынды ныңы!* – деген ойда отырды (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қап, мына *жынды* ит қайдан шыға қалып еді? Ал, сақ бол, Тайман (З.Қабдолов, Өмір ұшқ.). Тәйт әрі, не деп тұр мына *жынды* қыз? (Д.Әбілев, Арман.). **3**. а у ы с. *Шәлкес, асау.* Шанаға жеккенім сынар езу, *жынды* торы құнан (Е.Қонарбаев, Түнгі от.). **4**. а у ы с. *Құтырған, долы (жел, боран* т.б.). Азынайды *жынды* боран жұлқына, Бұғалықтап шошынғандай бұлқына. Ысқырып кеп, ышқынып кеп соққа да, Батыр қолдар жібермейді ырқына (А.Хангелдин, Қыз жүрегі).

Жынды көбелек. *Жарық құып, шыр айналып ұшатын түн көбелегі.* Бірнеше *жынды көбелек* қалтыраңдап, айналып ұшып, шамның шынысына соғылды! (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Отқа түсер деймін, бұл *жынды көбелек* құсаған есалаң. Ел список тексереміз дейді (М.Әуезов, Шығ.). Елімді сонда кек қысты, Кек қысты енді, не керек... Отыма өзі кеп түсті, Есі жоқ *жынды көбелек* (М.Мақатаев, Шығ.).

Жынды қойдың миын жеген. *Жынданған, есі ауысқан.* Тілдей бір өгізді тасқынға жіберіп *жынды қойдың миын жеппін* бе мен (З.Иманбаев, Солма. гүл.).

Жынды су. э в ф. *Ішімдік, арақ туралы.* Құрбан болып миллионнан мың кісі, Қан жылады қасіретті, Мұңлысы, азап еді көріге де, Жасқа да, Ғажап болды тартылғалы *жынды су!* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Екеуі *жынды судан* ішіп салды, Құтырып көп алдына жетіп барды (Абай, Тол. жин.).

ЖЫНДЫБАС с ы н. ж е р г. *Жеңілтек, есерсоқ.* Ол жігіттің өзі де бір *жынды бастау* көрінеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫНДЫБАСТЫҚ з а т. *Жеңілтектік, есерсоқтық.* Жұртта кім жоқ?! Жылаған мен шерленгеннің арасында «тапқаным осы, табынғаным осы», деп *жынды бастыққа* салынатын жандар да бар... (М.Әуезов, Шығ.).

ЖЫНДЫЛЫҚ з а т. *Жынды болушылық; аусарлық, есерлік, тентектік. Жынды лықтың* белгілері: сананың, естің, сезімнің шатасуы, ақыл-ойдан адасу және т.б. *Жынды лықтың* жеңіл және ауыр, қайталама түрлері болады (Қаз. тілі. термин. Педагогика.). Бұл кезде Оспанның балалық *жынды лығы,* ұрда жықтығы біржолата жоғалғандай (М.Әуезов, Шығ.). Қойшы, Алтын! *Жынды лығың* әлі қалмаған ба? (Қ.Жұмаділов, Қаздар.). Алғашқыда жылқыны отарба жолының үстіне айдап барып жаятын күндеріміз де болушы еді. *Жынды лық* қой! (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫНДЫСҮРЕЙ с ы н. *Тентек, басбұзар.* Біздің, Ұзақ деп аталар рудың да жігіттері мен атайын, сен тұр, өңкей бір *жынды сүрейлер* еді, білек түріп, сыбанып олар шықты (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫНДЫХАНА з а т. *Жынданған, ақылы ауысқан адамдарды емдейтін, бағатын аурухана.* Сен *жынды ханаңы* көргенің бар ма? Қаланың шет жағында тұратын клиенттеріме бара жатып қасынан өтіппін (М.Мағауин, Ақша қар). – Иә, сен, егер ол тұтқын қызды бүгін түске дейін босатпасаң, мен кешікпей *жынды ханаға* түсемін (Ә.Әбішев, Найзағай). Енді ғана өзінің сол *жынды ханаға* жақын көшеде екенін аңғарды (І.Есенберлин, Шығ.). Робертке «мен *жынды ханаға* түсіппін», – деген ой найзағай соққандай әсер етті (Т.Әбдіков, Ақиқат.).

ЖЫНДЫША ү с т. *Жынды адамға ұқсап, жынды кісі сияқтанып.* Байлыққа бола бір күндік *Жынды ша* тынбай жүгірдік. Байлық та кетті баянсыз, Орнына ғана үңілдік (Ә.Тәжібаев, Аралдар).

ЖЫН-ЖЫБЫР з а т. *Жын-шайтан, перi.* – Мына қатын аяғымен жүрмейді, аузымен жүреді, найсап. Денесін жайлаған *жын-жыбырды* қуып, төбесінен шығара бергенімде, кетіп бара жатқан албастылары басты ғой (С.Адамбеков, Атылған қыз.). – Сені сол түннен бастап *жын-жыбыр* айналдырған – деп, Сыбан әлденені ескертіп, әлдебір айыпты Тасбикенің бетіне баспақшы болды (С.Адамбеков, Атылған қыз.).

ЖЫНОЙНАҚ з а т. *Жөнсіз асыр салып, бейберекет ойнақтау, ырду-дырду.* «Сардарбек ылғи сұлу қыздарды жинап, *жынойнақ* жасайтын көрінеді ғой, сол рас па?» – деп сұрады (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Сағат тоғыздан кетіпті. *Жынойнақтың* ішінен Гүлшат көріне қоймады (М.Мағауин, Көк мұнар). Жуан белден үйілген шыны сексеуіл жылуы жан шыдатпай шалқып жатса да, өз-өзін ұмыта өлермен күйге енген Долай бақсы тоқтар емес, қайта сәт сайын жараған жүйріктей бусанып, шеке тамырлары шожырая шорланып, үкідей үні зарланып, жын-сайтандарын шақырып, пері-періштелеріне жалбарынып, жұлын-жүйесі шиыршық атып, от маңын *жынойнаққа* айналдырып алғандай (А.Алтай, Алтай.).

ЖЫН-ПЕРІ з а т. *Жын және перілердің жиынтығы, тобы.* Ауыз әдебиетінде қас күштер: жалғыз көзді дәу, *жын-перi,* Мыстан кемпір, жезтырнақ, жеті басты айдаһар, әбжылан т.б. бейнесінде алынған (М.Ғабдуллин, Қаз. ауыз әдеб.). Түнге қалсам қасқыр жер, не *жын-перi* соғар, көз барында бір ауылға кездессемау! (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). – *Жын-перi* адамзатқа қылдың еркін. Билеттің арзан қылып дүние-мүлкін. Үшқан құс, жүгірген аң жел мен судың Жараттың бір жүзікте қылып кілтін! (М.Көпейұлы, Шығ. жин.). Желмен ұшып келдің бе, сумен ағып? Бұл жерден сенің жерің төрт жылдық жер. Құлбаян, жезтырнақ, маймыл, сәксар, Төрт тарап бәрі толған *жын-перілер* (Ә.Найманбаев, Шығ.).

ЖЫН-САЙТАН з а т. с ө й л. ***Жын-шайтан.*** – Ей, сен де мылжың екенсің, қақсамай машинаңды тез айда. Пері соққан, *жын-сайтанның* ұясы деуші еді. Осы жерден аман кетсек (К.Тоқаев, Түнде.). Наным бойынша *жын-сайтаннан* сақтайды, «жасымықта пайғамбардың мөрі бар»деген сенім бар (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.).

Жын-сайтаны ұстады. с ө й л. *Ашуға мінді, ызаланды, жыны келді.* Жамандықтың бықсығы Жүрегіңді ыстайды. Жеңіп жұрттың сыпсыңы, *Жын-сайтанының ұстайды* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫНША ү с т. *Жын сияқты, жын тәрізді.* Бұйраттың ішіндегі ойда сызыла қонған екі-үш ауылдың шеткісінде екі-үш кісі *жынша* ойнақтап, атты кісіге қарап тұрды

(С.Сейфуллин, Шығ.). Ұзын қыл арқан тағып сүйреткен ала бұзаудың тұлыбы бейне-бір *жынша* секіріп, қарғып құлап қайта тұрды (Х.Есенжанов, Тар кезең).

ЖЫН-ШАЙТАН з а т. **1**. *Жын-шайтан, албасты, пері сияқты қас күштердің жиынтығы.* Кейде *жын-шайтандар* үй төбесінде ойнақ салып жүргендей болады (М.Гумеров, Хазірет.). Барлық философиядан хабарың бар, әшейінде ешқандай Құдайдың да, *жын-шайтанның* да жоқтығын біле тұрсаң да жалғыз отыруың мүмкін емес (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай). Жапан түз, отсыз, сусыз бетпақ шөлде, *Жын-шайтан* мекен еткен тағы жерде Жас бала. Жолдасым жоқ, жапа-жалғыз Мен келе жаттым батып қанды терге (М.Жұмабаев, Шығ.). Кетпесе Қарымбайдай жерге түсіп, Кетпесе *жын-шайтан* боп аспанға ұшып, Туғандар, туысқандар, аға, інілер, Табылса бауыздамақ қанын ішіп (Қ.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2**. а у ы с. *Адамды жаман жолға бағыттайтын азғырушы, әзәзіл.* Әуелі көзімді алды көрмесін деп Әзәзіл, *жын-шайтанға* ермесін деп, Әз болсам да алыстан іздеп келдім, Өлеңім, ең болмаса, өлмесін деп (С.Бақбергенов, Дина). Тасып кетпей тұрып, басу айтпасаң, ел ішін *жын-шайтан* жайлап алуы ықтимал (С.Жүнісов, Ақан сері).

Жын-шайтанын шақырды. *Жындарды, құтырды, долданды.* Әр биік өз бойынан аса алмайды, Аспанға қанша шырқап атылғанмен. Күркіреп шолақ өзен таса алмайды, Қаншама *жын-шайтанын* шақырғанмен (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЫНЫҚ= е т. с ө й л. ***Жінік***. – Ал жігіттер, – деді Сасық, – жығыңдар тез! Әйтпесе құғын көрген тайдың еті *жынығып* кетеді (С.Мұқанов, Мөлдір махаббат). Балқаш арбаның үстіндегі астауға салынған піскен етті *жынығып* кетер деп жайды (С.Мұқанов, Таңд. шығ.).

ЖЫНЫС[1] [ар. جنس] з а т. **1**. *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы.* Еттегі май мөлшері малдың қоңдылығына, жасына, тұқымына, *жынысына* және тұқымқуалаушылық сапасына байланысты (Қазақст. етті молайту.). Ойлы әлемнің, әйелдерсіз күні бар ма көктеген, Әйтсе де мен, әйелге ұқсас еркектерді жек көрем! Еркектерге еліктеген әйелдің де аз табары, Иә, әр *жынысқ* өз мінезін сақтаумен бағалы (М.Шаханов, Ғасырлар.). Менің үшін бірдей тілің, *жынысың*, Көбің ана, кебін аға-інісің. Достық өскен, ерлік ескен ортаңа Енген сайын кеңи түсер тынысым (Т.Айбергенов, Мен саған.). **2**. *Тұқым, нәсіл, зат.* Жылқы мен сиыр қайтіп үйір болсын, Жұрт оған білмей сөгіп, кінә тақпақ. Сөккенмен жылқы іздейді өз *жынысын*, Жөн емес жануарға жала жаппақ (Үш ғасыр.). Өз *жынысының* ішінде, Дауысы ащы тырнаны айт. Тауық жүнді таз тырна Тақыршақ жерге қонбас па, Таралып жүні қалмас па (Алдаспан). **3**. б и о л. *Ағзаның еркек не ұрғашы дарабасқа (особьқа) жататындығын білдіретін жиынтығы. Жыныс* белгілері бойынша ажырату тек жыныстық жолмен көбейетіндерге ғана тән (ҚҰЭ).

Әйел жынысы. *Әйел атаулы, әйел баласы.* Заты, өзі таппаса да *әйел жынысы* еркектей емес, анағұрлым бала құмар келетінін қаражан өз әйелінен білетін (І.Есенберлин, Шығ.).

Жыныс бездері. б и о л. *Әр жынысқа тән және олардың жыныстық затын түзетін бездер.* Аталық *жыныс безінің* сыртқы секрециясына аталық жыныс клеткасы – сперматозоид жатады (ҚҰЭ). Аналық *жыныс безінің* сыртқы секрециясына аналық жыныс клеткасы жатады. Бұл 12-15 жастан бастап, 45-50 жасқа дейін түзіледі (ҚҰЭ).

Жыныс гармондары. б и о л. *Ағзаның алғашқы және соңғы жыныс белгілерінің қалыптасуына, жыныстық әрекеттердің орындалуына әсер ететін және зат алмасу процесіне қатысатын жыныс бездерінен бөлінетін биологиялық активті заттар. Жыныс гармондары* химиялық құрамы жағынан – стероидтар және полипептидтер деп бөлінеді (ҚҰЭ). *Жыныс гармондары* медицинада пайдаланады (ҚҰЭ).

Жыныс жасушалары. б и о л. *Жануарлар мен өсімдіктер ағзаларында пісіп-жетіліп, ұрықтану нәтижесінде жаңа дарақтардың дамуы мен оларға ата-анасынан тұқым қуалаушылық қасиеттерінің берілуін қамтамасыз ететін жасушалар.* Гонадаларда *жыныс жасушалары* – гаметалар жетіледі. Губкалар мен кейбір кірпікшелі құрттарда әдейі оқшауланған гонадалар болмайды, сондықтан *жыныс жасушалары* дененің ажыраған жерінен немесе ауыз қуысы арқылы шығады (ҚҰЭ). Еркек пен ұрғашы жынысы арасындағы негізгі айырмашылық – еркек пен ұрғашы дарабастары әртүрлі *жыныс жасушаларын* – гаметаларды түзетіндігінде (ҚҰЭ). Еркек дарабастарда бұл – ен (аталық без), ол аталық *жыныс жасушаларын* (енуыз) түзеді, ал ұрғашыларында – аналық без, бұлар аналық клеткасын түзеді. Әдетте, аналық клетка қозғалыссыз болады (аталық клеткадай қозғалғыш емес) және аталық клеткадан көлемдірек келеді, өйткені онда ұрықтың бастапқы даму сатысына қажетті қоректік заттар қоры болады (ҚҰЭ).

Жыныс мүшелері б и о л. *Биологиялық ағзаның көбеюіне жауап беретін аталық немесе аналық мүшелер.* Өсімдіктердің *ж ы н ы с м ү ш е л е р і* тұқымынан көбею қызметін атқарады (С.Тұрдиев..., Үй өсімдік.).

Жыныс мүшелері аурулары. м е д. *Сыртқы, ішкі жыныс мүшелерінің зақымдануы, ісінуі, қатерлі не қатерсіз ісікке шалдығуы салдарынан болатын аурулар. Ж ы н ы с м ү ш е л е р і а у р у л а р ы н ы ң* түрлеріне қарай антибиотиктермен, рентген, радий сәулелерімен емдейді, ал ісік түрлеріне қарай хирургиялық операциялар жасалады (ҚҰЭ).

Жыныс тәрбиесі. п е д. *Балалар мен жастардың ақыл-ойының, адамгершілік құндылықтар туралы көзқарасының, дене бітімінің эстетикалық талғамының дұрыс қалыптасып, дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, жалпы тәрбие жұмысы процесінің құрамдас бөлігі. Ж ы н ы с т ә р б и е с і* баланың спортпен, еңбекпен шұғылдануын, қыз бен ер бала арасындағы шынайы достық болуын талап етеді (ҚҰЭ).

Жыныс хромосомалары. б и о л. *Ағзаның жынысын айқындайтын қосарланған хромосомалар.*

ЖЫНЫС[2] з а т. *Жер қабатының әртүрлі құм-тастары (гранит, мрамор, ізбес тас, бор т.б.).* Күн көзінің түсуінен, су мен желдің әсерінен ең алдымен жұмсақ *ж ы н ы с т а р* бұзылады (С.Орынбаева, Геогр. ғажайып.). Шәкірттер тәжірибелі мамандардың көмегімен теңіз түбінің картасын жасады, жер *ж ы н ы с т а р ы н ы ң* әр түрін жинап, өздерінің музейлеріне қойды («Қазақст. мұғ.»). Жер үстінде тау *ж ы н ы с т а р ы* бұзылып, үгіле бастаған уақыттан бері топырақ құралу процесі бірге өтіп келеді (Н.Баяндин, Топырақ.). Одан әрі мен геологияның көптеген тараулары – көмір қабаттары мен *ж ы н ы с т а р ы н ы ң* құрамында газ болатындығы, газды сүзу, газдың жұтылуы және қайта шығуы, кен жыныстарының тынышсыз жағдайының, кен соқтығысының, көмір және газ атқылауының сипаты мен салдары – өздерінің дамуы үшін кен ғылымына қарыздар ғой дегенді айттым (қаныш аға).

ЖЫНЫС[3] з а т. *Ағашы ну болып, өте қалың өскен орман (тоғай).* Бурабайдың сексен көлінің бәрі *ж ы н ы с* орманмен жиектеле қоршалған (С.Мұқанов, Саяхат.). Өзен бойының елсіз *ж ы н ы с ы н д а* қандай аңның мекендеп жүргенін кім біледі? (С.Бегалин, Уақыт.). Болсын солай, тұрсын солай, солай ғой... Әрбір адам бір-бір *ж ы н ы с* тоғай ғой. Ну орманнан шыққаннан да жол тауып, Еркін келіп, еніп кету – оңай ғой (М.Мақатаев, Шығ, Жалын.). Жо-жоқ, бауырым, менің өмірім Алтайдың *ж ы н ы с* орманы секілді, ішіне кірсең адасасың... (О.Бөкеев, Үйқым.).

Қалың жыныс. *Ну орман.* Сай сілемі бір кезеңнен асқан соң қайыра кеңейіп, қайыңтерек өскен *қ а л ы ң ж ы н ы с қ а* айналады (А.Жұмаділдин, Сең.). Иін тірескен *қ а л ы ң ж ы н ы с* арасынан шыға келгенімізде, орман ортасын ойып алып, кісі қолымен қойып кеткендей болып Жасыбай жатыр екен (Қаныш аға). Соның бас жағында итмұрынды *қ а л ы ң ж ы н ы с т ы ң* арасында қасқыр іні бар (М.Әуезов, Шығ.).

Ну жыныс. *Қалың орман.* Соған орай өсімдігі де әр алуан: бір жері *н у ж ы н ы с* тоғай боп жатса, бір жерінде торанғы мен жыңғылдан өзге түк өспейді (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

ЖЫНЫСҚАН с ы н. **1**. *Нәсілі араласқан*; **2**. а у ы с. *Ну, қалың. Ж ы н ы с қ а н* тайганың арасымен батпақ өзендер арқылы теміржол салынды (Н.Смирнов, Таңд. шығ.).

ЖЫНЫССЫЗ с ы н. *Жыныстың қатынасынсыз, жыныс арқылы емес.* Өсімдіктер *ж ы н ы с с ы з* және жынысты жолмен көбейеді (Т.Мұсақұлов, Ботаника).

Жыныссыз көбею. б и о л. *Жыныстық қатынас пен жыныс жасушаларының қатысуынсыз жүзеге асатын көбею. Ж ы н ы с с ы з к ө б е ю* әсіресе бір клеткалы ағзаларда көп тараған, бірақ сонымен қатар көпклеткалыларға – саңырауқұлақтарға, өсімдіктер мен жануарларға тән (Қаз. тілі. термин. Биология.). *Ж ы н ы с с ы з к ө б е ю д е* бір ата-аналық дарабас тұқым қуалау белгілері бойынша өзіне ұқсас екі немесе одан да көп жаңа дарабасқа бастама береді (ҚҰЭ). *Ж ы н ы с с ы з к ө б е ю* жынысты көбеюден ерте пайда болған. *Ж ы н ы с с ы з к ө б е ю д е г і* генетикалық, өзгергіштіктің бірден-бір көзі кездейсоқ мутациялар болып есептеледі (ҚҰЭ). Табиғатта өсімдіктер мен жануарлар арасында *ж ы н ы с с ы з к ө б е ю* кең тараған (Жалпы биология).

ЖЫНЫСТАН= е т. *Қалың жынысқа айналу, ну болу.* Қарағаш, қарағайлар да бұрынғыдай емес, *ж ы н ы с т а н ы п* нуға айналған (Ғ.Сланов, Арман ағысы). Шыр етіп дүниеге келгеннен бермен сезініп, түйсініп келе жатқан көріністері болса да: анау тау басынан етекке қарай қалың *ж ы н ы с т а н ы п* келіп, сиреп таусылатын қапсағай қарағайлар, сонау ұшар басындағы қары әлі де ерімей ағараңдап жатқан алып шоқылар, сол қар-мұздақтан бастау алып, құландай құлдырықтап ойға қарай шапқылаған тентек бұлақтар мен баласын күткен анадай аңыраған Бұқтырма өзені, әне асықтай үйіріліп, түтіннен жалау байлаған туған аулы – барлығы да Ақанның көзін ашып көргендері, бірақ

ешқашан да мезі қылып жалықтырған емес (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

ЖЫНЫСТАНУ *Жыныстан етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫНЫСТАС с ы н. **1**. *Жынысы бір, бір жыныскa жататын.* **2.** *Тектес, туқымдас, туыс.* Сенің түбің Борсақ болғанда, менікі де сонан қашық емес қой. Болыс емес, *ж ы н ы с т а с ы м* сенсің ғой (М.Әуезов, Таңд. шығ.). *Ж ы н ы с т а с с ы ң* ғой, қарағым, ұғарсың – деп, майда сөзге дес бермейтұғын белгілі мақалымен жорғалай жөнелді Ақмамыр (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖЫНЫСТЫ с ы н. **1**. *Белгілі бір жынысқа қатысты.* Қалақай гүлі – бір *ж ы н ы с т ы*, көпжылдық өсімдік (М.Хажымұратов, Шығ.). Кең залға көзді тіксем – түнған бастар, Бос жер жоқ арасында ине тастар! Сыртта да билет сұрап шұбырып жүр, Әр түсті, әр *ж ы н ы с т ы* кәрі-жастар (С.Мұқанов, Шыңнан шыңға). Әр *ж ы н ы с т ы* төлдің салмақ және тұрық өлшемдері көрсеткіштерінің бұдан кейінгі айырмашылығын анықтау мақсатымен, біз төрт айлығындағы төлді зерттедік (Т.Күлтебаев, Қой төлі.). **2**. *Қалың ну ағаш өскен, орман-тоғайлы.* Біреулер қиырсыз қара көк теңізімен, біреулер қалың *ж ы н ы с т ы* орманымен мақтанады (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.). Астықты өңірмен өрмелеп, көгілдір қалың *ж ы н ы с т ы* тоғайға тұмсық тіреген Хапер өзені бүлдіргенді ну орманына сүңгіп кетеді (Т.Бердияров, Солдат.). Теректіден көшкен ауыл Толыбайға жете алмай, құм ішіндегі *ж ы н ы с т ы* қалың тоғайға келіп қоныс тепті (С.Бақбергенов, Шығ.).

ЖЫНЫСТЫҚ с ы н. *Жыныс ерекшелігіне сәйкес, жынысына қатысты. Ж ы н ы с т ы қ* айырмашылықтар жануарларға, өсімдіктерге және микроорганизмдерге де тән, олар болар-болмас не айқын да білінуі мүмкін (ҚҰЭ). Арқардың *ж ы н ы с т ы қ* жағынан да едәуір айырмашылығы бар (Ә.Есенжолов, Каз. қойы). Сүліктер тек *ж ы н ы с т ы қ* жолмен ғана көбейеді (Қ.Қайымов, Қызықты зоол.). Сазан 3-4 жасында *ж ы н ы с т ы қ* жағынан жетіледі (Т.Мұсақұлов, Аквариум).

Жыныстық жүйе. *Жануарлар мен адам ағзасындағы жыныстық көбеюді қамтамасыз ететін мүшелер жүйесі. Ж ы н ы с т ы қ ж ү й е* жыныстық бездерден (ен, жұмыртқалық), жыныстық өзектерден (шәует жолы, жұмыртқа жолы), қосымша жыныс бездерінен және жыныстық қатынас мүшелерінен (қаса, қамшы, қынап) тұрады (Қаз. тілі. термин. Биология.).

Жыныстық көбею. б и о л. *Аналық және аталық жыныс жасушаларының (гаметалардың) қосылуынан түзілетін, яғни урықтану нәтижесінде пайда болатын зиготадан жаңа дарабастың дамуы, көбеюдің бір түрі. Ж ы н ы с т ы қ к ө б е ю д е* генетикалық ақпараттары әртүрлі ата-ананың тұқым қуалау материалдары қосылады (ҚҰЭ). *Ж ы н ы с т ы қ к ө б е ю* ұрпақтардың өзгергіштігін арттырады, яғни табиғи сұрыпталуға қолайлы жағдай туғызады. Ол барлық эукариоттарға тән, негізінен жануарлар мен жоғары сатыдағы өсімдіктерде таралған (Каз. тілі. термин. Биология.). *Ж ы н ы с т ы қ к ө б е ю д і* реттейтін гормондық заттар омыртқасыздар мен кейбір өсімдіктерде де болады (ҚҰЭ).

Жыныстық хромосома. б и о л. *Жыныс хромосомалары.* Ұрпақтың қандай жынысты болуы жыныстық хромосомаға байланысты. Егер аналық клетка х *ж ы н ы с х р о м о с о м а с ы* бар аталық сперматозоидпен ұрықтанса, онда зиготада екі х хромосома пайда болады да, одан қыз бала, ал аналық клетка у хромосомалы сперматозоидпен ұрықтанса, ер бала жетіледі (ҚҰЭ).

Жыныстық қылмыстар. з а ң. *Жыныстық азғындықтан туындайтын қылмыстық әрекеттер.* Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығында *ж ы н ы с т ы қ қ ы л м ы с т а р ғ а* зорлау, нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану, жыныстық қатынас жасауға мәжбүр ету, кәмелетке толмағандармен жыныстық қатынаста болу, жас балаларды нәпсіқұмарлық сипаттағы әрекетке тарту т.б, жыныстық азғындық әрекеттер жатады (ҚҰЭ).

ЖЫҢ[1] з а т. к ө н е. *У-шу.* Ертіп ап Апрасият алпыс мыңды, Тасалап қаша берді тау мен шыңды. Иранның әскерлерін баса жаншып, Барады олар да етіп ұлы *ж ы ң д ы* (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Сағым толқып қырымызда, Өрісте малың да *ж ы ң*... Желі тартып жырымызға Бүйраланып жатыр тың (Ә.Сәрсенбаев, Өлеңд.).

Жың атылды. *У-шу шықты, дабыр-дүбір басталды.* Көшеден біз де шықтық *ж ы ң а т ы л д ы,* Барабан қағып жамбыл шулатылды. Келеміз Көкала атқа мінгесіп ап, Жануар алып ұшып ырғатылды (Батырлар жыры).

ЖЫҢ[2] з а т. ж е р г. *Таразы.*

ЖЫҢ[3] с ы н. ж е р г. *Қалың ну. Ж ы ң* тоғайдан өттік (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫҢҒЫЛ з а т. ө с. < лат. tamarix> *Шөл, шөлейт жерлерде, өзен бойында, тоғай арасында өсетін, жыңғыл тұқымдасына жататын биіктігі 1-3 м-дей бұта.* Қазақстанның далалы, шөлді аймақтарында таралған 11 түрі, 2 буданы бар. Ең көп тарағаны: қызыл *ж ы ң ғ ы л.* Ол өзен бойларында, тоғайлардың арасында, құм, саз, сортаң топырақты далада кездеседі (ҚҰЭ). Бетпақдаладағы бұта ағаштардың ішінде ең бір қасиеттісі – *ж ы ң ғ ы л* (А.Балтабаев, Шөлде.).

Жұпары *ж ы ң ғ ы л д а р д ы ң* қалампырдай, Құмарың бір иіскесе қанатындай. Кере ашып көкірегін сол жұпарды Жұтады ертелі-кеш дала тынбай (С.Мәуленов, Алыс кет.). Кейбіреулер *ж ы ң ғ ы л* орманның жақсы екенін біле тұра, кілемдей жасыл шөптер бетін жапқан жалпақ даланы жанындай жақсы көреді (С.Омаров, Өмір.). Анау жатқан бүлдірген сай – қалың *ж ы ң ғ ы л* арасы, Анау, әне бізді өсірген анамыздың моласы (М.Шаханов, Ғасырлар.).

Жыңғыл тұқымдасы. ө с. < лат. tamaricaceae> *Қос жарнақтылар табына жататын аласа ағаш, бұта, шала бұта. Ж ы ң ғ ы л т ұ қ ы м д а с ы* – мал азықтық өсімдік. Жас өркенін түйе, қой, ешкі жейді (ҚҰЭ). *Ж ы ң ғ ы л т ұ қ ы м д а с ы н ы ң* көпшілік түрлерінің қабығы мен тамырында илік және бояулық заттар болады (ҚҰЭ).

Қызыл жыңғыл. ө с. <лат. tamarix ramosissima ledeb> *Жыңғылдар тұқымдасына жататын, бұта немесе кішілеу ағаш. Қ ы з ы л ж ы ң ғ ы л* Қазақстанның барлық аудандарында кездеседі. Өзендер бойында, құмды және сазды топырақта, сор, сортаң және адыр-бұдырлы құмда өсіп-өнеді (Ә.Исамбаев... Халық. мед. өсімд.).

ЖЫҢҒЫЛДАЙ с ы н. **1**. *Жыңғыл тәрізді.* Шеңгел мен *ж ы ң ғ ы л д а й* емес майысқақ тобылғы бірден сынбай бұратыла береді (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бақшасын тапқан бұлбұлдай, Ән болып қашан ағасың, Гүлдемей қалған *ж ы ң ғ ы л д а й* Кәртайып қалыпты-ау арашың (Ө.Нұрғалиев, Нөсер.). **2**. а у ы с. *Жапжас, жайнап тұрған.* Алғаш шырамытсам да жыға тани алмадым. *Ж ы ң ғ ы л д а й* жігіт боптым (Ө.Тұрманжанов, Адам.). Сәуленің жаңа түскен, *ж ы ң ғ ы л д а й* жас келіншек күні (С.Талжанов, Ұлдай.).

ЖЫҢҒЫЛДЫ с ы н. *Жыңғылы көп, жыңғыл өскен.* Ақ көрпесін жамылған *ж ы ң ғ ы л д ы,* балшықты дала жым-жырт (Д.Рамазанов, Тас түлек.). Бірте-бірте жағада қарауытып, әзер көрініп тұрған *ж ы ң ғ ы л д ы* төбешіктер де көзден таса болды (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖЫҢҒЫЛСЫЗ с ы н. *Жыңғыл өспеген; жыңғылы жоқ (жер).*

ЖЫҢ-ЖЫҢ з а т. *Құж-құж, у-шу.* Маңай тойға жиылғандай *ж ы ң-ж ы ң* (М.Қаратаев, Далада.). Құжынап құмырсқаның илеуіндей, *Ж ы ң-ж ы ң* боп үйдің іші толып отыр (Батырлар жыры).

ЖЫП: жып берді. *Лып етті, тез қимылдады.* Дауыстан үрейленген екі бала төсағаштың астына *ж ы п б е р і п* кіріп кетті (С.Жүнісов, Жапанда.). Түлкіні көрген тышқан *ж ы п б е р і п* ініне кіріп кетті (Б.Тұрсынбаев, Айнымас.).

Жып еткізді. *Тез қимылдады, лып еткізді.* Жәми менің алақанымға бір қағазды қыса қойды. *Ж ы п е т к і з і п* қойын қалтама тастап жібердім (С.Омаров, Қайырлы.). Ақбоз жүйрік мінген бала асау жалт бұрылып алдынан өте берем дегенде қолындағы құрығын мойнына *ж ы п е т к і з і п* сала қойды (І.Есенберлин, Алмас.). Оң жағында отырған жігіт шай құйған шыныны қолынан жұлып алғандай *ж ы п е т к і з д і* (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.).

Жып етті. *Лып ете қалды.* Ауыл кісілері үрпиісіп, жиналып, қатынды ортаға алып, екі баласын айтып, обал-сауапты салыстырып, олқылы-толқылы, кеу-кеулеген әңгімемен жолаушыларды бірқатар кідіртіп, қашаннан орныған қалған әйелдің *ж ы п е т і п* шыға қоюы оңай ма? (Ж.Аймауытов, шығ.).

ЖЫП-ЖИНАҚЫ с ы н. *Етек-жеңі жиылған, әдемі, ықшам.* Екеуінің үй-жайы да, қора-қопсысы да аяққа құйған астай *ж ы п-ж и н а қ ы* (С.Омаров, Дала қызы). Бес қанат қоңыр үйдің сырты жұпыны көрінгенімен іші *ж ы п-ж и н а қ ы* сәнді екен («Қаз. әдеб.»). Қияқ мұрт, ақ сары ғана, жараған аттай *ж ы п-ж и н а қ ы,* жарқын жүз (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бұған дейін талай шайқас, талай айтыстар да, талай жаудың беті, желдің өті тар жерлерде көріп жүргенде әрдайым сырын шашпай, өте бір ұсыныкты шебердің қолынан шыққан мінсіз бұйымдай *ж ы п-ж и н а қ ы,* жып-жылмағай жүретін осы бір ұстамды, ақылды кісіге өте бір риза болатын (Ә.Кекілбаев, Үркер.).

ЖЫП-ЖЫЛДАМ ү с т. *Лезде, ылдым-жылдым.* Амал жоқ, қарулы қол орнында қала берді де, сойылды қол *ж ы п-ж ы л д а м* сол жаққа ауысып, екі жарылып ойпатқа бой тасалады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Екеуі оны-мұны керек-жарақтарымен *ж ы п-ж ы л д а м* қос тор қалтаны да толтырған (Б.Қойшыбаев, Алтын діңгек).

ЖЫП-ЖЫЛМАҒАЙ с ы н. **1**. *Теп-тегіс, жазық.* Славгород Алтай губернасының темір жол түскен уездік қаласы болса да, тұрған жері *ж ы п-ж ы л м а ғ а й,* мидай дала (С.Сейфуллин, Тар жол.). Біздің үйдің орнын іздеп тауып алдым. Шымнан соққан екі бөлмелі аласа үй мен қораның орны *ж ы п-ж ы л м а ғ а й* (С.Омаров, Дала қызы). Бет-аузы да, өзі де, сөзі де *ж ы п-ж ы л м а ғ а й,* қолға ілінерлік, табан тірерлік тұк кедергісі жоқ, Жылтыр мұздың үстінде тұрған кісідей болды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Осы бір *ж ы п-ж ы л м а ғ а й* жазаңда Ұлар астындағы азбан басын жіберіп алды (А.Алтай, Алтай.). **2.** *Жым-жылас, тұк жоқ.* Бірде-бір спорт мүлкі, сайманы деген жоқ. Дүкендеріне барсам, онда да *ж ы п-ж ы л м а ғ а й* (Б.Соқпақбаев, Жекпежек).

ЖЫП-ЖЫЛТЫР с ы н. *Жалт-жұлт еткен, жылтыраған.* Аяғымда *ж ы п-ж ы л т ы р* қара туфли, үстімде аппақ қардай ақ жейде

(Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Майға қуырған бидайдай бет-аузы *жыпжылтыр* домаланған Бәдіғұл жас та болса шаруаға пысық, епті боп шықты (Ш.Құмарова, Қос шынар). Басы тақыр болғанмен сақалы тым ұзын, бет-аузы *жыпжылтыр* қара болғасын: – Сарт қой, – депті Ебелек (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Бар болғанмен ол жердің шөбіндей шөп, Мен шабатын жерлердің көбінде жоқ. Тау жайлаған арық ат бір ай қойсаң, Семіруші ед *жыпжылтыр* көмірдей боп (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫП-ЖЫЛЫ с ы н. 1. *Тым жылы, өте жылы.* «Абылайша» аталатын кең қос *жыпжылы* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Жыпжылы* мықты тұсаулар мойнынан, жотадан ұстап бар күшікті сыртқа алып шықты (М.Әуезов, Шығ.). Екі қолымды бергенім қате болды ма деп, жеңін сыбанып, қалақтай алақанын Тыпаңның *жыпжылы* жұмсақ уысына қырынан сұға қойды (Ж.Аймауытов, Шығ.). Ақ бұйымға орап алғанында, құндаққа қойды таңып сап. *Жыпжылы* суға салғанында, Денемді әбден арулап (Ш.Құдайбердиев, Иманым). Білегін бойлап *жыпжылы* қанның сорғалап жүргенін жаңа ғана сезінді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **2.** а у ы с. *Мейірімді, қайырымды; жарасымды.* Осы бір қу сүйек, кішкене денеден *жыпжылы* аналық мейірім еседі (Т.Ахтанов, Дала сыры). Бір күні Дінәштің маған арнаған *жыпжылы* көзқарасын көргенде жүрегім тоқтап қалғандай болды («Лен. жас»). Екі жастың арасындағы болып келе жатқан *жыпжылы* әңгімеде оның жұмысы жоқ, келе өз бұйрығын бере бастады (Ж.Жұмаханов, Мен жұмысшы.).

Көзіне жып-жылы көрінді. *Ыстық көрінді, оттай басылды; жылы ұшырады.* Есіктен кіріп келгенде, қоспанның иығынан жаңа түскендей *көзіне жыпжылы көрініп* алдамшы әсер туғызатын (Т.Ахтанов, Таңд.).

ЖЫП-ЖЫЛЫМШЫ с ы н. *Суып қалған, ыстық емес. Жыпжылымшы* қылып, шайнектің шайын ішіп отырамыз ба (О.Бөкеев, Біздің жақта).

ЖЫП-ЖЫП ү с т. *Тез-тез, көз ілеспестей.* Қатер иесі көрінбегеннен кейін ақырын *жыпжып* аяқ басып, итаяққа беттеді (С.Елубаев, Ойсыл қара). Әйнектен сығалап едім Гүлнар *жыпжып* сөйлеп, күліп қойып, Сана апайға бір нәрсені айтып келе жатыр екен (Н.Ғабдуллин, Сар.жапырақ). Роза кішкене саусақтарымен бір кітапты *жыпжып* аударып, суреттеріне қарап отыр (Н.Ғабдуллин, Қызық дәурен).

Жып-жып етті. *Тез-тез сөйледі.* Мүсекеңнің қимылы шапшаң, сөйлегенде аузы *жыпжып етеді* (Ғ.Сланов, Замана.). Сөйлесіп орыстармен *жыпжып етсе,* Прошение жазуға күші жетсе, Қазақтар босағада тұрғанында, Ол анау төре отырған үйге кетсе, Өштескен қазақтарын, рет тауып, Орысқа бір-екі рет тепкілетсе, – Далаңша: өнерлі жоқ сонан асқан, Ол – білгіш, ол – жетілген, ол – дұшпан! (С.Торайғыров, Алаш ұраны). Алтынайдың жарылған күс қолдары *жыпжып етеді* (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫПСЫҚ с ы н. с ө й л. ***Жымсық.***

Жыпсық көз. *Сығырайған қысық көз.* Осы ойымызды сезгендей бізбен бірге келе жатқан шағын тұлғалы, *жыпсық көз* қарт сөз бастады (С.Әлжіков, Дала.).

ЖЫПЫҚ с ы н. *Көзін қайта-қайта жыпықтата беретін.* Олардың ішіндегі ең жасы, жұқалаң, *жыпық* көз жігіт – белгілі Нұршаның Мұқатайы (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). Гүлсім қатуланған бойы шыға бергенде, оған *жыпық* кемпір қарсы ұшырады (А.Ханкелдин, Өткен күн.). Қанайдың *жыпық* екенін Сайран енді білді де, ұялғаннан құлағына дейін қызарып кетті (Ә.Әбішев, Жас түлек.).

ЖЫПЫҚ-ЖЫПЫҚ е л і к. *Көздің қайта-қайта жыпылықтауын бейнелейтін сөз.*

Жыпық-жыпық етті. *Көзін қайта-қайта ашып-жұмды, жыпықтады.* Гогольдтің көзі осынау сөздерді айтып тұрғандай *жыпық-жыпық етеді* (Т.Сүлейменов, Жұлдыз.).

ЖЫПЫҚТА= е т. **1**. *Көздің бір ашылып, бір жұмылуы; жыпық-жыпық етуі.* Базарбайдың жүрегі лүпілдеп, сөзі аузына тығылып, көзі жасқанып, *жыпықтап* көпке қарай берді (І.Жансүгіров, Шығ.). Офицердің жаны қысылып, көзі *жыпықтай* бастады (Ә.Әбішев, Найзағай). Шыдай алмады Қазірет. Көзі *жыпықтап,* қолы дірілдеп кетті (З.Ақышев, Ақбел.). **2**. *Жарықтың бір жанып, бір сөнуі.* Алда анадайдан бір жарық сөніп-жанып, жанып-сөніп, *жыпықтап* тұр (С.Ақтаев, Қала.). Дала тастай қараңғы. Жұлдыздар әлсіз ғана *жыпықтайды* (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Заводтың үлкен темір қақпасының маңдай алдында түннен бері сөнбеген кір-кір лампа *жыпықтап,* жүк артқан машиналарға рұқсат бермей бөгеп, ұстап тұрған сияқты (З.Шашкин, Өмір.).

ЖЫПЫҚТАТ= е т. *Жыпық-жыпық еткізу, жарқ-жұрқ ету.* Әуелі қара мақпал өңірде жарқыраған жарық жұлдыз көзін жалт-жұлт *жыпықтатты,* көштің көркі бола келді (Ғ.Сыланов, Шалқар).

ЖЫПЫҚТАТУ *Жыпықтат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫҚТАУ *Жыпықта етістігінің қимыл атауы. Жыпықтау* әсіресе жұлдыз горизонтқа жақынырақ тұрғанда күштірек байқалады (Х.Әбішұлы, Халық астрон.).

ЖЫПЫЛДА= е т. **1**. *Жып-жып етіп тез сөйлеу.* Қарлығаш *жыпылдай* сөйлеп, жалт

бұрылып, жүгіріп үйге еніп кетті (Н.Әбдуллин, Қызық дәурен). Баланы осынша басынғанына Нұридың да ызасы келіп, Шәкірге іштей кіжінсе де, көздеген мақсатына жету үшін сырттай *жыпылдап,* жуып-шайды (М.Иманжанов, Көк белес). Кейбір өсекқұмар ауыздар *жыпылдап,* сампылдап қант комбинатын он көшіріп, он қондырды (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.). **2.** *Көз ілеспестей қимыл жасау.* Салалы ұзын саусағы буынсыз болып кеткендей жібектей майысып *жыпылдап* барады (Т.Ахтанов, Дала сыры). Былай қарағанда тіпті икемге келмейтін тәрізді добалдай саусақтары пернені басқанда *жыпылдап* кетті (А.Нұрманов, Құлан.). Шебер қол машинадай *жыпылдайды,* Ұмтылып ұшқан құстай сыпылдайды (Ө.Тұрманжанов, Өленд.).

ЖЫПЫЛДАҚ с ы н. *Жып-жып еткен, жыпылдап қалған.* – Мен бірақ осы бір тышқан көз, *жыпылдақ* Садырдан сескенемін (С.Шаймерденов, Мінез). Көсебайдың үйіне, не болса ол болсын, көзді жұмып, қойып кеттім. Үйде әлдекалай абыржыған сөздер *жыпылдақ* еріндерден сыпылдап айтылып жатыр екен (Б.Қыдырбекұлы, Ұры.).

ЖЫПЫЛДАС= е т. *Жып-жып етісу, ауыздары жабылмау.* Ұзамай аудан өкілі келді. «Конфиске» деген сөз тарады... Бала-шағаға шейін ауыздары *жыпылдас ыпып* айтып жүр (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЫПЫЛДАСУ *Жыпылдас етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫЛДАТ= е т. **1.** *Жып-жып етіп тез-тез сөйлеу.* – Жатырқама, қалқам. Өз үйің. Бөтен адам жоқ, – деп Жәмила *жыпылдатып* жатыр (Ә.Нәбиев, Шолпан). **2.** *Тез қимылдау.* Оспан жылпостана күлімдеп, қолын *жыпылдата* карта тартқан болды (А.Хангелдин, Қараторғай).

ЖЫПЫЛДАТУ *Жыпылдат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫЛДАУ *Жыпылда етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫЛЫҚ з а т. **1**. *Көздің қайта-қайта жыпықтауы.* **2**. *Жарықтың бір өшіп, бір жануы.* Сіз де біздей жаңалыққа құмарсыз, Көрсететін *жыпылықсыз,* мұнарсыз – Теледидар үйіңізде бар болса, Анау күні сіз де көрген шығарсыз (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жыпылық атты. *Көздерін бір ашып, бір жұмды, жыпылықтады.* – Ой, мама, кешір, мен байқамай қалдым, – бала айыпты адамдай көздері *жыпылық атты* (К.Туғанбаева, Алтын.). Екі көзім *жыпылық атып* аң-таң боп тұрмын (М.Дүзенов, Ақәже).

Жыпылық жарғағы. а н а т. *Кейбір акулалардың, құрлықта тіршілік ететін көптеген омыртқалы жануарлардың көзінің ішкі бұрышына таяу орналасқан қозғалмалы мөлдір жарғақ. Жыпылық жарғағының* қозғалып тұруы арқылы көздің қасаң қабығы үнемі дымқылданып, әрі тазаланып тұрады (Қаз. тілі. термин. Биология).

Жыпылық көз [көздеу]. *Жыпық-жыпық етіп тұратын көз.* Қасындағысы – оның көлеңкесіне қарай ығыса беретін *жыпылық көз* біреу (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.). Айсүгір бір жаққа кеткен екен. Жауапқа *жыпылық көз* бәйбіше келеді («Қазақст. мұғ.»). Мүмкін, Бүркіт аға бізбен бірге балыққа барар? – деді *жыпылық көздеу* жас сары жігіт (І.Есенберлин, Қатерлі.).

Жыпылық қақты. *Жыпық-жыпық етті, жыпықтады.* Зәуренің *жыпылық қақ-қан* шүңірек көзі қызыл жиектенген өткір қара көзбен кездесіп қалды (Қ.Исабаев, Ажал құрсауы.). Затворды сырт еткізіп автоматты оқтағанда, нәрестенің көзі *жыпылық қағып,* кемсеңдей қалды («Қаз. әдеб.»). Кеберсіген бытшыт ернін жалап, жараның орнындай үңірейген ұясына кіріп кеткен көзі *жыпылық қаға* еңіреп жіберген (О.Бөкеев, Үйқым.).

Жыпылық шам. *Сықсима шам.* Жертөле үйдің қараңғылығы *жыпылық шам* жанғанмен сейілмей тұр (Р.Тоқтаров, Терістік.). Дәмелі әр жерді сипалап, *жыпылық шамды* таба алмаған соң боздай бастаған шалының қасына барды (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖЫПЫЛЫҚ-ЖЫПЫЛЫҚ: жыпылық-жыпылық етті. а) *Көзі жыпылықтады.* Оның соңында жай басып шалдың қызы жақындады. Үлкен көзі үкінің көзіндей *жыпылық-жыпылық етеді* (М.Жұмағұлов, Қыран.). Өңірейіп орнынан тұра берген Ыраш таңдана қарап іркілді; баданадай ұялы көзі онан әрі үлкейіп, *жыпылық-жыпылық етеді* (М.Сүндетов, Ескексіз.). ә) *Бір өшіп, бір жанып өшуге айналды.* Білтесі құрымданған шам *жыпылық-жыпылық етіп,* вагон іші күңгірттене түседі (И.Салахов, Көкшетау.).

ЖЫПЫЛЫҚТА= е т. **1**. *Көздің бір ашып, бір жұмылуы, жыпықтау.* Үрейі ұшқан басқыншы мырза көзі *жыпылықтап* міңгірлей береді, еңсесі төмен түсіп кеткен (Ғ.Сыланов, Замана.). – Бір сәт «бұл не шатыр тұр өзі» дегендей таңданып, көздері *жыпылықтап* тұрды (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей.). Енді мүлде есім шығып кетті. Көзім *жыпылықтап,* не айтарымды білмей тұрып қалдым (Т.Бигелдинов, Аспанда.). Мойнын иығына тығып, ала көзі *жыпылықтап,* қақпанға түскен аңдай қоспанға үрке қарады (Т.Ахтанов, Таңд.). **2**. *Жарықтың бір жанып, бір өшуі.* Түпкі бөлменің шамы *жыпылықтап*

өшіп бара жатқандай болды (М.Сатыбалдиев, Жартас.). Осы кезде жақын маңнан мотор үні тырылдай жөнелді де, баған басындағы шам жана бастады. Бірнеше рет *жыпылықтап* қойды (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). Лампы мен кемертон тармағы арасындағы контакт бұзылып, лампы *жыпылықтай* бастайды (К.Айманов, Физика.).

ЖЫПЫЛЫҚТАС= е т. *Көздері жыпылық-жыпылық етісу.* Әрбір сіліккен сайын кузов салдыр-гүлдір етеді де, бір-біріне тақау, жамбастай отырған адамдардың көздері *жыпылықтасып* қалады (Б.Тілегенов, Көктем.). Анда-санда олар да өзара *жыпылықтасып* қояды («Соц. Қаз.»).

ЖЫПЫЛЫҚТАСУ *Жыпылықтас етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫЛЫҚТАТ= е т. **1**. *Көзін бір ашып, бір жұму, жыпықтату.* Ақбілек көнетоз жасыл биқасап шапанын көзіне түсіре бүркеніп, беті бәкіше бүктетіліп, бас-аяғы кірпіше жиырылып, құнысып, жасы мөлдіреген, қара көзін *жыпылықтатып*, қара мұртқа анда-санда көз құйрығын жіберіп, таңдана үрейлене тыңдады (Ж.Аймауытов, Шығ.). Есікте тұрған бала Рабиғаның сөзін керексінбеген секілденіп, көзін *жыпылықтатып*, Әміржанға қараумен болды (Б.Майлин, Шығ.). Кемпір шарадай көзін *жыпылықтатып*, терін моншақтата Әлібектің тонына оранды (М.Рахимқұлов, Тас түлек.). **2**. *Жарықты бір жандырып, бір өшіру.* Ышқына ыңыранып, алдыңғы машина қызыл шамын *жыпылықтатып* безілдеді де қалды (М.Сатыбалдиев, Қоңыр қозы).

ЖЫПЫЛЫҚТАТУ *Жыпылықтат етістігінің қимыл атауы; жыпылық-жыпылық еткізу.* Жақия Қалбағайдың бадырайған үкі көзін *жыпылықтатуды* бақа бойына өзінше жарастықты санайтын (Ғ.Сыланов, Арман ағысы). Боранбай шекесіне түскен қоңырқай шашын жоғары қайырып, бояусыз тұнық көздерін *жыпылықтатумен* болған (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖЫПЫЛЫҚТАТЫҢҚЫРА= е т. *Жыпылық-жыпылық етіңкіреу.* Күлпаш жұмулы көзін сәл *жыпылықтатыңқырап*, кеңірек ашты да жан-жағына жасқана қарады (З.Жәкенов, Таң самалы).

ЖЫПЫЛЫҚТАТЫҢҚЫРАУ *Жыпылықтатыңқыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫЛЫҚТАУ *Жыпылықта етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Көздің жыпықтауы.* Оның көзін сықсита қарап, *жыпылықтауы* бұрынғыдан да жиіледі (З.Жәкенов, Таң самалы). Ержанның көзінің *жыпылықтауынан*-ақ оның өзі көрмеген ой-шұқыры көп жерді түсіне алмай отырғанын таныды (Т.Ахтанов, Қаһарлы күн.). **2**. *Жарықтың бір жанып, бір өшуі; жарқ-жұрқ ету.* Атмосфералық оптиканың зерттейтін құбылыстарға көкжиектің қызыл түске бояулы, сағым, жұлдыздардың *жыпылықтауы*, кемпірқосақ, гало, глория, ымырт, таң шапағы т.б. жатады (ҚҰӘ). **3.** и н ф. <ағыл. blinking> *Бір немесе бірнеше элемент кескінінің жарықтылығын немесе түсін көзбен көру үшін мезгіл-мезгіл өзгертіп отыру* (Қаз. тілі термин. сөздігі. Информатика.).

ЖЫПЫҢДА= е т. *Жып-жып ету, сыпсыңдау; суманданду.* Мүсекең үйінің іргесіне келгенде, керегенің ар жағынан сыңғырлаған күлкі естілді. Әйел күлкісі екені анық. Жатып *жыпыңдап*, әлденелерді айтады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас).

ЖЫПЫҢДАУ *Жыпыңда етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫР= е т. **1**. *Жымыру, жымырайту.* Есен басындағы қоңыр елтірі тымағының бір жақ құлағын *жыпырып* киіп, төбенің тұмсығында тұрып, жан-жаққа көз жіберді (С.Сейфуллин, Әңгім.). Дөңгелек біткені қаусап қирауға тұрған қырық құрау арбасын майлап, Тоқан көк шолағын жегіп жатқанда, тымағын желкесіне *жыпыра* киіп үстіндегі тоны майлай Айдарбек келді (Б.Майлин, Шығ.). **2**. с ө й л. ***Жапыру***. Сандықтың шегесі шығып кеткен қаңылтырын ішіне қарай *жыпырып* жібер (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫПЫР-ЖЫПЫР е л і к. *Быж-быж етіп, құж-құж қайнаған, жыпырлаған қимылды бейнелейтін сөз.* Жер бетінен сексен алты метр биікке көтерілген екенбіз. Батыста – *жыпыр-жыпыр* шахта, түстікте кеншілер қаласы – Никольск («Қаз. әдеб.»).

Жыпыр-жыпыр етті. а) *Жыпырлады, құж-құж қайнады.* Қақпаның арғы беті иін тіресіп, сыңсыған халық, *Жыпыр-жыпыр етеді* (Б.Тілегенов, Аққайнар). ә) *Құжынады, қаптады.* Аспанда жұлдыздар *жыпыр-жыпыр етеді* («Лен. жас»).

ЖЫПЫРЛА= е т. *Қаптау, быжынау, құжынау. Жыпырлаған* киіз үйлердің маңында тірі жан көрінбейді (С.Жүнісов, Ақан сері). Кіре берісте жұмысшылардың *жыпырлаған* жер кепесі (Ғ.Мұстафин, Көз көрген). Аспанда *жыпырлаған* жұлдыздар бір-бірлеп сөніп жатты (Ә.Шәріпов, Қапаста.). Өмір бақи көз алдынан кетпейтін, әсіресе, есақылдан айырыла ішкенде, *жыпырлаған* жүздеген адамға айналып кетер аудитория, яғни бұдан лекция тыңдауға жиналған елестерге дәрісін беріп, аузынан ақ көбік аға сөйлеп, түсіндіріп, әбден талыққанда ғана барып, көз шырымын алған (О.Бөкеев, Ұйқым.).

Мен де бір Прометей «от ұрлаған», Зулаймын жұлдыздарға *ж ы п ы р л а ғ а н*. Келемін киелі Жер шұғыласын ап, Дүние, томағаңды сыпыр маған (Т.Айбергенов, Мен саған.).

ЖЫПЫРЛАС = е т. *Құжынасу, қаптау*. Балалар бұтаққа қонған бір топ торғайдай *ж ы п ы р л а с ы п*, есіктен ұйлыға, анталай қарасып тұр (З.Қабдолов, Жалын). Көк жұлдыздары жерге түсіп құс сияқты *ж ы п ы р л а с а* қонғандай (С.Мәуленов, Жер нәрі).

ЖЫПЫРЛАСУ *Жыпырлас етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫРЛАТ= е т. *Қаптату, құжынату, топырлату*. Орынтай егінді желе жүріп орғанда, мен оның *ж ы п ы р л а т ы п* жіберген дестелерін баулап үлгере алмаушы едім (Ғ.Орманов, Жүрек). Әдеттегі қысқа қонышты табанына *ж ы п ы р л а т а* шеге қаққан ауыр етіктерімен батпақты сылп-сылп кешіп келе жатқан екі жендет бұлардың тұсына келіп тоқтады (Қ.Қайсенов, Жау тылы.).

ЖЫПЫРЛАТУ *Жыпырлат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫРЛАУ *Жыпырла етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫРУ *Жыпыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫПЫТСЫ= е т. ж е р г. *Мүләйімсу*. Сен *ж ы п ы т с ы м а й*-ақ қой, сенің сұм екеніңді ертеден білеміз депті (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫР з а т. **1**. *Поэзиялық шығармалардың жалпылама атауы.* Арманым жоқ көкірегімді кең ашып, Туған елге тарту етсем барымды. Кең даланың кезіп еспе құмдарын, Қыран болып қанат қақса *ж ы р л а р ы м* (С.Мәуленов, Алыс кет.). Поэзия – әсемдікті мүсіндеу. Ал әсемдік – ізгіліктің қанаты. *Ж ы р* қадірін түсінбеу Гүл қадірін түсінбеуден әлдеқайда сорақы (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қыстай қолы бос ауыл адамдары кешкісін осында жиналады. Айманкүл өзінің сандығындағы кітаптарын алып, түні бойы *ж ы р* оқиды (М.Дүйсенов, Мейман.). Жоғалтпаңдар сенім гүлін, *Ж ы р г а* жаның бөлеп өс. Өз тілің бар сенің де, ұлым, Өзге тілден кем емес (Т.Молдағалиев, Шақырады.). **2**. ә д е б. *Өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлар жыры, эпостық, ғашықтық жырлар)*. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар *ж ы р ы*, тарихи *ж ы р л а р*, лиро-эпостық *ж ы р л а р*, жоқтаулар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер, т.б. түгел дерлік поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған (ҚҰЭ). *Ж ы р д ы ң* ұйқасы дара ұйқас (монорифма) және аралас ұйқас (полирифма) болып бөлінеді. Аралас ұйқас негізгі ұйқас пен қосымша ұйқастардан тұрады (ҚҰЭ). Ыбырайдың шешесі ертегілер мен *ж ы р л а р д ы* көп білген (М.Ақынжанов, Қаз. ағартушы.). Жайшылықта, қыз ұзатқанда, кісі өлгенде айтылатын *ж ы р л а р д ы ң* бірдебірін айтпады, тұтқиылда тығылып қалған жүрек қызыл тілге құшырын төге алмады, ішке толған қалың шер кернеп келген бұлақтай қатты ышқынған жас болып, ыршып-ыршып кетті (Ж.Аймауытов, Шығ.). **3**. а у ы с. *Ән, әуен*. Оянды бәрі біріндеп, Біледі шырқар мезгілін, Қанаты желге дірілдеп, Аққулар айтты өз *ж ы р ы н* (С. Жиенбаев, Алтын қалам.). Мен анамды ұғындым деп мақтанам, Тілін білдім, *ж ы р ы н* білдім сақтаған. Өз анасын сыйламаған пақырлар Отанын да сыйлап көрген жоқ, балам (Т.Молдағалиев, Шақырады.).

Ащы жыр. п о э т. *Шындықты бетке өлең сөзбен айтылған көркем шығарма*. Дулаттың *а щ ы ж ы р ы н а н* Алдамшы сендей Ешеннің Талайлары терлеген (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Батырлар жыры. ә д е б. ф о л ь к. *Халық тарихындағы елеулі ерлік кезеңдерді, елі мен жерін басқыншы жаудан қорғаған батырлардың ерлік істерін жырлаған эпостық шығарма*. «Ер Тарғын», «Қамбар», «Алпамыс», «Қобыланды» сықылды *б а т ы р л а р ж ы р л а р ы н д а* қалмақ-моңғол басқыншыларының шабуылы баяндалып, қазақ батырларының ерлігі жырланады (ҚСЭ). Анау орындық, анау стол, мұқабасы тозған *«Б а т ы р л а р ж ы р ы»* – бәрі Қоспанды еске салады (Т.Ахтанов, Таңд.).

Бесік жыры. а) э т н. *Нәрестені бесікке бөлегенде, алдына алып әлдилегенде айтылатын өлең*. Кәрі әже күндегі машығы бойынша, *б е с і к ж ы р ы н* айтады (М.Әуезов, Абай жолы). ә) ә д е б. *Өлең өрнегі жеті-сегіз буынды тармақтарға негізделетін қазақ балалар фольклорының жанрлық түрі*. Сәбидің дүниеге келуі мен алғашқы жылдары халық поэзиясында шілдехана, *б е с і к ж ы р ы* атты арнайы жырлар түрімен аталып өтеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.). Эстетика ілімі де нәрестенің алғашқы іңгәлауы мен ананың *б е с і к ж ы р ы н а н* басталып, оның тән саулығына да әсер ететіндігі – күдік тудырмайтын шындық («Қаз. әдеб.».). Ойын, мұң, қуанышпен байланысып тұрған жырдың әдетке кіргенінің бірі – *б е с і к ж ы р ы* (С.Сейфуллин, Шығ).

Жыр арнасы. п о э т. *Өлең сөздің ағып жатқан бұлағы, сарқылмас көзі*. Жырымды менің тыңдаған Сөз ұғатын соңғы адам Тыңдаудан әсте тынбаған. Гауһардай дүрге бұлдаған, Сарқырап аққан жылғадан *ж ы р а р н а с ы* суатпын (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

Жыр болды. *Аты аңызға айналды, қызық әңгімеге арқау болды*. Сапарға кетсе де енді

келмейтұғын, Қалды ол өзі *жыр боп* өлмейтұғын (Е.Әукебаев, Таң шапағы). Барлық тілде *жыр болған,* Бар халыққа күн болған Аты елге ту болған, Шөлдегенге су болған (О.Шипин, Өмір өрнегі). Биылдыққа бір аңшы келмеген соныға кездестік те, аңшысы келіссе екі жыл *жыр болатын* қырғауыл аттық (Ғ.Мүсірепов, Кездесп. кет.).

Жырға бөледі. п о э т. *Ән-жырға қосты, жырлады.* Ар жағын енді толғап айтып-айтпа, Білді әлем сол күндер-ақ атын жатқа. Елу жыл келеді елі ер есімін *Бөлеумен* ән мен *жырға,* махаббатқа (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Жанымды *жырға бөлеп* тақ атырған, Әкем едің ақ таңда жаратылған. Төліңнен айналайын жаңа туған Айналайын еліңнен дара түған (М.Мақатаев, Шығ.). Ал, ақын, ақтара гөр халқыңа сыр, *Бөле жырға,* еліңнің даңқын асыр. Бір отауы Отанның – Қазақстан, іргесін көтергелі жарты ғасыр, Сен соны мадақтай біл, даңқын асыр (М.Мақатаев, Шығ.).

Жырға қосты. *Жыр етті, жырлады, әйгіледі.* Даланың төсіндегі тұнған аспан, Көл болып келе жатыр құрғамастан, Көкшетау – шежіресі халқымыздың, Көп ақын күңіреніп *жырға қосқан* (С.Мәуленов, Жаңа арна). Мен ақынның болайын Даңқыңды *жырға қосайын* Бұлбұлың болып сайраған (Жамбыл, Шығ. жин.).

Жыр дүлдүлі. *Атақты, әйгілі ақын-жыраулар.* XIX ғасырдың *жыр дүлдүлі* қатарында саналатын Ноғайбай есімін ардақтау жасанды сөз, жалған ұран болып қалмау үшін және ақынның қазақ әдебиетіндегі өз орнына лайық бағалануы үшін оның шығармашылық әлемі әлі де ашыла түсуі тиіс («Қаз. әдеб.»).

Жырдың кісенін жіберді. б е й н. *Шырқады, жырға қосты.* Жеткенде тауға, *жіберіп жырдың кісенін,* Жағада жатып, Шажаның суын ішемін. Көгілдір бояу сінді ме екен қанына, Көкпеңбек болып кеткен жоқ па екен ішегім? (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

Жыр етті. а) *Жырлады, өлеңге қосты.* Кеуде кернеген зар мен шерді төгілтіп, *жыр етіп* қағаз бетіне түсіргім келеді (Б.Соқпақбаев, Балалық.). Отырардың жан қиярлық ерлігін *Жыр ететін,* Әттең, ақын қалмады-ау! Шыңғыс айтты: – Өкінгенмен болмайды, Ешкімге де берілмейді бас сауға (М.Шаханов, Ғасырлар.). Айналам түрлі гүл екен, Гүл терген жерді *жыр етем.* Адасып қалған, Арайлы арман, Құс болып ізден жүр екен (К.Салықов, Жезкиік). ә) *Қызық әңгіме қылып айтып берді.* Маймақовтың аулынан қалай кеткенін, қандай сыйлықпен аттанғанын Нұрым Пазылға бастан-ақ *жыр еттті* (Х.Есенжанов, Тар кезең). Мұқатай Мыңжасарға Қуанышбайдың жауыздық қылықтарын сыр етіп те, *жыр етіп* те айтқан болатын (Б.Тұрсынбаев, Айнымас).

Жыр жолдары. *Өлең, поэзиялық шығарма.* Өмірді тебіреніп-толғанып Абай тебіреніске толы *жыр жолдарын* да жазды емес пе (Біздің Мұхтар). Мысыр жерінде жазылған *жыр жолдары* әлемнің бірнеше тілдеріне аударылып, жарияланды («Қаз. әдеб.»).

Жыр күйі. *Жыраулар мен жыршылардың жырайтусазы. Жыр күйінің* негізгі ерекшелігі – дәстүрлі 7-8 буынды жыр жолдарының жыраулық өнерге тән мақаммен емес, аспаптық музыка, оның ішінде төкпе күй сарынымен орындалуында (ҚҰЭ). *Жыр күйінен* дербес жанр түрінде өнерпаздар домбырада, қобызда орындайды (ҚҰЭ).

Жыр қылды [қылып айтты]. *Қызық әңгіме етіп айтты.* Еркетай жеңіл машинамен алыс жайлауға – теңіз жағасына қыдырып барғанын *жыр қылып айтып* мақтанды (З.Шүкіров, Ғажайып.). Оны *жыр қылып айтатын,* әсіресе, Қарсақбай, Жезқазған жұмысшылары, олардың ішінде ағайынды Тәжі мен Әжібек Дәрменовтер (Қаныш аға). Бүгін де күдіктенбес пе едім, түнеукүні Қаратөбеге барсам, ондағылар көк атты, жирен мұртты орыстан қалай алданғандарын әншейін *жыр қылып айтып* жылап отыр (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Көресің теңіз күшін де, Бір шығып, бірде батасың. Қараңдап дүлей ішінде Қалтылдап бара жатасың... Жантайып жатып Аңсайсың, әбден сағына, Ауылға бір күн қайтасың. Жантайып жатып жарыңа *Жыр қылып* бәрін *айтасың*! (С.Жиенбаев, Алтын қалам.).

Жыр маржаны. п о э т. *Таңдаулы жыр жолдары, шумақтары.* Егер Ақтамберді көпке шашқан *жыр маржандары* алаңдатпаса, олардың халі аса кісі қызығарлықтай емес еді («Жұлдыз»).

Жыр селі. п о э т. *Ұзақ төкпе жыр.* Жырдан тудым десем шындық бұл дағы. Барлық қазақ – ақындардың жұрнағы. Бұқар жырау бұрқыратса *жыр селін,* Өзге түгіл Абылай да тыңдады (К.Салықов, Жезкиік).

Жыр сүлейі. *Өлең-жыр дүлдүлі.* Ақтамбердінің маңында Бұқар Қалқаманұлы мен Үмбетей Тілеуұлы ғана емес, Ақша әлі тани қоймаған, сол замандағы Арқаның ақыны, бірақ әзірге біршама жастау Тәтіқара ақын, басқа да аузымен құс тістеген әлдеңеше *жыр сүлейлері* бар еді («Жұлдыз»).

Жыр төгілді. *Құйқылжыта жырлады, ағытылды.* Суретші, артист, күйші, жазушылар Сайраған ұлы Отанда бұлбұл тілші. Үрлеген өнерпаздық өмірімде, Маржандай көкірегімнен *жыр төгілші* (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Жыры жетті. *Айтудай-ақ айтылды; әңгімесі бітті.* Түмеке, сіз өте дұрыс та әділ айттыңыз, осы малдың *жыры жетті* ғой деймін (С.Бегалин, Уақыт.).

Жырын жырлады. *Мың-мұқтажын, жағдайын ойлады; айтты. Жырын жырлап* халықтың, Мұңын мұндап ғаріптің өмір жасын тауысқан. Кешегі Шота бүгінде Халықпенен табысқан (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

Көңілді жырмен аулады. *Жырмен көңіл көтерді, жұбатты.* Осы отырған әлеумет! *Көңілді жырмен аулассам*, Болады қанша айыбы?! (Базар жырау, Шығ.).

Өлең-жыр. *Барлық өлең, жыр атаулы.* Ондағы *өлең-жырларым,* ұнадым жастар тыңдарын. Ескермей елдің мұңдарын, қаси алмадым қотырын (Ш.Құдайбердиев, Иманым). Асан қайғы, Шалкиіз *Өлең-жырда* мұнара, Қос дулыға, қос мүйіз Нәріктің ұлы ер Шора (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Халық жыры. *Ел аузында сақталған жыр.* Енді сахнаға *халық жырларын* жатқа айтатын, бірнеше ән жазып, өлең шығарған атақты қазақтың халық ақыны жетпіс алты жастағы Кенен Әзірбаев шықты (Біздің Мұхтар.).

Шаттық жыры. п о э т. *Көңілді әуен.* Мұңды баяу, сыбызғы үні Құлағына жақпайды оның. *Шаттық жыры* болмаса тек, Жаны жайды таппайды оның (О.Шипин, Дастан.).

ЖЫР= е т. **1**. *Жырту, тілу.* Әлгі сүрінгенде жирен ат тізесін тасқа соғып алыпты. Терісінің біраз жерін тас *жырып* қанап қалған (С.Бегалин, Уақыт.). – Мына маймыл – шыр айналып жүгірген, Үсті-басы бұтақ *жырып* тілінген, – Осылардың ішіндегі әккісі, Ерте келіп, кештеу көзге ілінген (С. Жиенбаев, Алтын қалам.). Итаяқ деген бір байдың биесін сауғызбақ болып құлынды желіден ағытып жүргенінде бие теуіп қалып, баланың ернін *жырып* кетіпті (Қ.Әміров, Өшп. жұлдыз.). **2**. *Бөлу, бөлектеу.* Жаудың он бес шамалы кісісі бұл жылқыны өзгеден *жырып* алып, алдына төсеп салғандай болып сойылдап, шаңын бұрқыратып қуып барады екен (М.Әуезов, Қараш.). Жалпақ ел жауға аттанатын күн туса, біз де есепте бар емес пе едік? Елден *жырып* тастағандай не айыбымыз бар біздің? – деді Науша (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **3.** *Судың кедергіні бұзып жол салып, жылғалай ағуы.* Жолдың кей жерін жағалай, кей жерін көлденең қар суы *жырған* (С.Шарипов, Шығ.). Ауылдан тыс, Су *жырған* арна жақта, (қалған күнін жоқтауға арнамақ па?!) Менің көрі Сырттаным күндіз-түні ұлиды да тұрады жарқабақта (М.Мақатаев, Шығ.).

Аузынан жырып береді. *Өзім дегенде қимасын қияды, ештеңесін аямайды.* Жәми жоқ жігітікке аса қайырымды қыз. Бір жапырақ тамағына шейін соларға *аузынан жырып береді* (С.Омаров, Қайырлы.). Қазақтың бойындағы бір асыл мінез – жақынын далаға тастамайды. *Аузындағы* асынан *жырып береді* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.) Айнагүл *аузындағысын жырып бергенде* ішім жылып қоя берді (И.Жақанов, Қайта орал.). Астындағы жалғыз атын түсіп берер мәрттік, *аузындағысын жырып берер* қолы ашықтық осы елдің аш-арық кезінде әлдеқайда мол болып көрінетін (О.Бөкеев, Біздің жақта.).

Суды жырып алды. *Ағын суды өз арнасынан бөлек жол салып, бұрып алу.* Бас арықтан аққан *суды* әр колхоз өз тұсынан шлюз арқылы *жырып* алып пайдалана береді (Л.Байтанаев, Қайнар.).

Тамағынан жырды. *Ішпей-жемей кейінге қалдырды. Тамағымнан жырып* сақтаған бірер түйір ет, бірер тілім нанымды інім мен қарындасыма әкеп беріп, шешемнің қолынан бірер тостаған шұбат ішем (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖЫРА з а т. **1**. *Жаңбыр, қар суы жырып кеткен терең жер, сай-сала.* Алып қашқан бойда қар басқан бір *жыраға* жығылып, түйе мерт болған соң, Жұмабай оны қалқалап, жасырынып жата қойған (М.Қаратаев, Далада.). Қар суы жырған шұрқ-шұрқ *жыралар* жиілепті. Тұман сейілген сияқты (Ғ.Сланов, Шалқар). Екі дүние ерегісіп жатқанда, Сұңқар құлап жартасқа, Дауыл тұрған шақтарда, Күшігендер аспанда, Сай, *жыраны* паналап, Жемтік іздеп баққанда, Жұмыр жерді аралап кетті бір үн ғаламат (М.Мақатаев, Шығ.). Жазықтың үстіндегі жер бедері жеті сақ: жылға мен *жыра*, төбе мен сай, еңіс пен тепсең, ойпаң мен қырат бір-бірімен қым-қиғаш ұштасып, қойындасып кеткен (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Төгіліп қара нөсер төбесінен Жатса да, жаңылмаған ер есінен, Тұтқиыл шабуыл мен қаша ұрысу – даланың ой мен *жыра*, белесінен (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Ақыл берген барлығы, Тосыңдар деп Нұрадан. Құғыншы екен күтініп, Алды ораған *жыра*-*дан* (О.Шипин, Дастан.). **2.** г е о г р. *Маусымдық жауын-шашын суының әрекетінен қалыптасқан эрозиялық ойыстардың бір түрі. Жыраның* ұзындығы бірнеше км, ені мен тереңдігі ондаған м-дей болады (ҚҰЭ). *Жыра* егістік жерлерді бүлдіріп, ауылшаруашылығына елеулі зиян келтіреді (ҚҰЭ). *Жыралар*, әдетте, тез жуып-шайылатын шөгінді жыныстардағы мезгіл-мезгіл, кейде уақытша ағатын жаңбыр немесе еріген қар суы ағындарынан қалыптасады (Қаз. тілі. термин. Су.).

Жыраға жықты. *Бір пәлеге ұшыратты.* Қайран жастық сабырсыз, қай *жырағa жықпадың*, Қайрат жұмсап дамылсыз Таусыларыңды ұқпадың (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

ЖЫРА= е т. ж е р г. *Өлең айту, жырлау.* Жәнібек ауданында Әнес деген қарт ақын Шәңгерейге барып *жыр айтты*, ол басқа жерлерде де талай *жыр ғана* көрінеді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫРАҒЫРАҚ с ы н. **1.** *Алысырақ, бұрыстау, шалғайырақ,* Табындағы малға карантин жасалғандықтан ауыл *жырағырақ* кеткен еді (Н.Оразалин, Ақ жазық). Жайлауға шыққанда ат байлайтын айыр бұтақты ашаларын ала келеді де, үй сыртындағы *жырағырақ* жерге қадап қояды (С.Мұқанов, Есею жыл.). Тілмаштар бұл кезде осы түрді ұққандай болып, ертеден сырт қараған ұлықтың қасынан *жырағырақ* орын алмақшы еді (М.Әуезов, Шығ.). **2**. *Бейхабар.* Әдемілік, сұлулық, сәулеттілік секілді ұғымнан *жырағырақ* өскен тиыштық көрбілтелеу тұрмысты артқа тастағасын, өз басына да қарай бастаған шағы (Ж.Молдағалиев, Сарыарқа.).

ЖЫРА-ЖЫҚПЫЛ з а т. *Ойлы-қырлы, жарлауытты жер.* Үскірік жел ала топалаң боран тұрғызды. Қыраттардың қарын суыра қуалап әкеліп *жыра-жықпылға* тықпалады (Ж.Тілеков, От кешу). Жігіт тапаншасының аузына бір үрлеп беліне қыстыра салып, үйреншікті *жыра-жықпылмен* айдың астын ала жүріп кетті (А.Жұбанов, Замана.). Мына *жыра-жықпылдың* қатпар-қатпар қойтастың қай жағында екен сұр күшіктер? (А.Алтай, Алтай.). Жарық үйден шыққан Сақыш екеуі қайдағы бір шұңқыршақ, *жыра-жықпылға* сүрініп әзер жеткен (М.Сүндетов, Қызыл ай.). Тойтойдағы, қыр-ойдағы Жастық шақтың ойнағы. Қырқа-қыртқыл, *жыра-жықпыл* Тығылатын жайлары (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫРА-ЖЫЛҒА з а т. *Жыра мен жылға, сай-сала.* Баранов сай-саладан бастап *жыра-жылғалардың* әр бұтасына дейін көзімен сүзіп шықты (Ә.Әбішев, Замана.). Дария түскенде көлкімеген жер қалмайды. *Жыра-жылғаның* бәрін су алып кетеді (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

ЖЫРА-ЖЫМ з а т. *Жылға-жылға жер.* Тарта бердік түнімен, Құмдардың *жыра-жымымен* Қыздыра атты жазғы таң (Ө.Тұрманжанов, Сұңқар.).

ЖЫРА-ЖЫРА с ы н. *Бірнеше жыра, жырасы көп.* Шынында да бұл биіктеу бөктер екен. Кей жерлерде *жыра-жыра* айшықтар бар (С.Алдабергенов, Өмір.). Көрінген баурайында нұра, нұра, Сел орған кәдімгідей *жыра-жыра* (А.Бабийұлы, Өлгий.). Қаракөлге дейін Күртінің екі беті, қолат-қойнау, *жыра-жыра* тегіс қыстау болатын (Б.Қыдырбекұлы, Алатау.).

ЖЫРАҚ с ы н. **1**. *Шалғай, алыс, қашық.* Жасымда албырт өстім, ойдан *жырақ*, Айлаға, ашуға да жақтым шырақ, Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, Етекбасты көп көрдім елден бірақ (Абай, Тол. жин.). Бұл күнде төре қалып, қара болған, Жас бала ақсақалдан дана болған, Бұрынғы Үргеніш, Бұқар *жырақ* болып, Салулы қасымыздан қала болған (Кердері Әбубәкір, Қазағым). Мерген ағаң отыз жыл ағайыннан *жырақ* сол жеңешең үшін жүрген жоқ па? (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Сұрастырып көрсем, Омбының вокзалы мен қаласының арасы *жырақ* екен (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Аңға шыққанда қашанда Қасар мергенді бір елі *жырақ* жібермей, қасында ұстайды (Ә.Кекілбаев, Дала.). **2.** *Бөлек, бөлініп қалған.* Алыстап кеткен, не дерсің?! Аяулы құсым, азапта мүмкін өлерсің. Тырнады-ау ескі жараны, Тобынан *жырақ*, жаралы мынау көгершін (М.Мақатаев, Шығ.). **3**. *Оңаша, оқшау.* Өзіңе-өзің оңаша сыр ақтарып, Отырасың бір дөңге *жырақ* барып. Жан-жағыңа қарайсың, жаратылыс Бәз-баяғы міндетін тұр атқарып (М.Мақатаев, Шығ.). **4.** а у ы с. *Бөтен жер.* Карпатымды мен ұмытпан бірақ та, Қанша қиыр жүрсем де алыс *жырақта.* Таныс маған бұл жердегі тамшы да, Таныс маған желбіреген құрақ та (С. Жиенбаев, Алтын қалам.). Таланып, шабылып, бар мүлкінен айырылып, аш-жалаңаш отырғандар жері *жырақ* болғанмен, қаны жақын, діні бір қандастарың (А.Байтұрсынұлы, Жаңа низам). Қайтты қаздар көкірегін ән билеп, Қоңыр кешті сағынышпен әлдилеп, Бейне менің артқа тастап *жырақты*, Туған жерге оралғаным сияқты (Т.Айбергенов, Мен саған.). **5**. а у ы с. *Бұрынғы уақыт, ерте кез.* Тербетіп сол сөз әлдимен Сәбиді алғаш жұбатқан. Тебірентіп сол сөз ән-күймен Біздерге жеткен *жыраққа* (С.Мәуленов, Алыс кет.). **6**. а у ы с. *Қол жетпес.* Мен сені көргем *жырақ* армандай лаулаған, Жырлап жатқанда тау маған. Сондағы тентек тәкаппар аспан мен саған Шатырлап тұрып жаумаған! (Т.Айбергенов, Мен саған.). **7**. а у ы с. *Туыс емес, жақын-жұрағат емес.* Халқы үшін туған қайратты ер Айырмайды жақынын, Бірдей көріп *жыраққа* Аңдасып ақыл тең болмас Алысқан жерден жығатын Денеге біткен қуатпен (Базар жырау, Шығ.).

Жырақ кетті. *Алысқа барды.* Барлық жастың бір арнада тілегі, Мен солардан қалай *жырақ кетемін.* Білсеңіз-ау сол жастардың біреуі Өз ұлыңыз – менің інім екенін (М.Шаханов, Ғасырлар.). Адамбыз ғой кінәлағыш, Айыпты да тағар оңай, *Кеттің* неге *жырақ*, алыс, Кеттің неге ағаламай?! (Б.Үсенов, Шағала.).

Қала өмірінен *ж ы р а қ к е т у* деген ой Зылиқаның басына келмеген еді (Н.Габдуллин, Сар.жапырақ). Өзіңнен *ж ы р а қ к е т с е м* де, Көрмедім әсте сенімнің гүлін солдырып, Шыдамды тәңірім сыйлапты саған мол қылып, Кім айтар кәне бекер деп (М.Шаханов, Fасырлар.).

Жырақ қалды. а) *Ұмыт болды, өтіп кетті. Ж ы р а қ қ а л ғ а н* жылды еске алып ілгері, Мені ойлаумен өткіздің бе түндерді? Жазғы кеште қырға жалғыз шықтың ба, Маған арнап үздің бе сен гүлдерді? (М.Шаханов, Fасырлар.). Қай кісі жек көреді балашығын, Жүре тұр, жас жандарым, қашығырақ. Ер жетер, бала тентек болар, кетер, Со күнде «қарақ», «шырақ» *қ а л а р ж ы р а қ* (Fұмар Қараш, Шығ.). ә) *Бөлектенді, оқшауланды, сырт қалды.* Қысқы күн қызып қызыл құлақтанып, Тұрғандай қабіріне шырақ жағып. Жатады жалғыз кеме сияқтанып, Өмірден улы-шулы *ж ы р а қ қ а л ы п* (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЫРАҚАЙ з а т. *Жырашық, жырама.* Айы жоқ, жиі жұлдыз, қара түнек, *Ж ы р а қ а й* бір тасада өзегірек. Жалғыз үй жарым-жанды кемпір мен шал, Лақылдап бір топ бала жатыр түнеп (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫРАҚАНА з а т. с ө й л. ***Жырашық.*** Енді қанша жер бар? – деп едім, жолдасым бір шоқатқа шығып тұрып: – Мына алдымыздағы кең саймен жүре берсек, арғы көрінген кер жазықтың *ж ы р а қ а н а с ы н д а,* – деді (І.Жансүгіров, Шығ.). Көсеумен шұқылап отқа пісірген бауырдай қара бижырық таудың *ж ы р а қ а н а л а р ы ң д а* жылт еткен су жоқ (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫРАҚТА= е т. **1**. *Алыстау, ұзау, шалғайлану.* Мен айғырды ұстап мінгенше, қашқан қасқыр *ж ы р а қ т а п* кетті (С.Мұқанов, Есею жыл.). Мүбәрәк малдан *ж ы р а қ т а п,* ауыл ортасының ер жігітке лайықты әр алуан шаруасында жүріпті (Бал дәурен). **2**. а у ы с. *Арасы салқындау, суу.* Әйгерім Абайдан қазір қатты салқындап, *ж ы р а қ т а п* алған сияқты (М.Әуезов, Шығ.). Қуанышым бірақ та Бірер жылдан аспады. Бірте-бірте *ж ы р а қ т а п,* Хат та сирей бастады (С.Жиенбаев, Алтын қалам.). Жетпісте жер таянып, таяқ ұстап, Жарыңа жақындамай *ж ы р а қ т а й с ы ң.* Сексенде селкілдеген бір дерт басып Басыңды игере алмай ырғақтайсың! (К.Әзірбаев, Шығ.).

ЖЫРАҚТАЛ= е т. *Алыс қалу, алшақталу.* ...Сол себепті кешкі мектептерді тастап кетіп, орта білімнен *ж ы р а қ т а л а т ы н* жастар аз емес («Қазақст. мұғ.»).

ЖЫРАҚТАЛУ *Жырақтал етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРАҚТАН= е т. **1**. *Ұзау.* Бұл ескі жұрттан жоқ іздегендей айналсоқтап көпке дейін *ж ы р а қ т а н а* алмады (О.Бөкеев, Қамшыгер). **2**. *Алыстау, қашықтау.* Он-он бес ауыл болатын елдер қазір бір ауылға жиналған. Сондықтан ауылдар сиреп, аралары *ж ы р а қ т а н ғ а н* (С.Шарипов, Бекболат). **3**. *Оқшаулану, бөлектену.* Жас елік үйірінен *ж ы р а қ т а н ы п,* Тұрған-ды шың басына бір-ақ барып. Әлде сол құзға қарай қарғиым деп, Қалды ма омақаса құлап барып? (С. Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЫРАҚТАНУ *Жырақтан етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРАҚТАТ= ет. **1**. *Алыстату, қашықтату.* Ақ білегін созып қымыз жағалатқан Үрбаланы жаңа аңғарды, кеудесі қалыңдап, мықыны шомбалданып толып кетіпті; бет-әлпеті баяғы қалпы; титімдей кіші құлағы, бұғақты уыз мойыны, ойлы үлкен көзі жастық аулынан тым *ж ы р а қ т а т п а п т ы* (Д.Досжанов, Табалдырығың.). **2**. *Бөтенсіретy, жат көрy.* Мәлік ағаның өзіне тән бір қасиеті – ешкімді де өзінен *ж ы р а қ т а т п а й* елдің бәріне бірдей жанашыр, қамқоршы болып тұрушы еді («Ана тілі»).

ЖЫРАҚТАТУ *Жырақтат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРАҚТАУ[1] с ы н. **1**. *Алысырақ, шалғайлау. Ж ы р а қ т а у* жерде қалың ауылдың кешкі оттары көрінді (М.Әуезов, Абай жолы). Ауыл сыртындағы *ж ы р а қ т а у* биік шоқы басында оқшау тігілген балаған тұр («Қаз. әдеб.»). Көпшілік *ж ы р а қ т а у* орныққан соң, үлкен үйлер алдында көрмеге тұрғандай, бөлек екшеліп ұлықтар мен сарала қылыш, жезді айдар тағысқан урядник, стражниктер ғана қалды (М.Әуезов, Шығ.). Ел арасы *ж ы р а қ т а у,* ұзақ хабарсыз жоғалып кетпеңдер (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). **2**. *Оңашалау, бөлектеy.* Сағынып қанша жыл күткен Жұлдыз ғой біздің көктегі, – Жердегі фәни тірліктен *Ж ы р а қ т а у* тұрсын депті елі (С.Жиенбаев, Алтын қалам).

ЖЫРАҚТАУ[2] *Жырақта етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРАҚТЫҚ з а т. *Қашықтық, алыстық.* Біз мінген самолет, қонған уақыттарын есептемегенде, бұл *ж ы р а қ т ы қ қ а* 22 сағат ұшады екен (С.Мұқанов, Алып.адым.).

ЖЫРАҚЫ з а т. с ө й л. ***Жырашық.*** Көктемде ғана су жатып, жаз құрғап қалатын бұл *ж ы р а қ ы л а р д ы ң* өнбойы әлдеқайда алысқа кетіп, қайдағы бір баттауық саздарға барып ұласады (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). Құрғақ, терең *ж ы р а қ ы н ы* бойлап, құс жайылымына жақындаған кезде, екеуміз ауыр киімді шешеміз, етікті тастап, балақты түреміз (С.Мұқанов, Қазақ қауымы).

ЖЫРАЛАП үс т. *Жыра етіп, жыра жасап.* Демде топ жан лом, күрек, кетпен алып бір дөңесті *жыралап* қазуға кірісті (Т.Нұртазин, Мұрат). Мұз үңгіп, жер *жыралап,* тастан аттай, Қар суы жол табады жас таланттай. Бұған да бұралаң жол берген өмір, Өзі де жалтарғышақ қашқан аттай (Ж.Нұрқанов, Нұрлы.).

ЖЫРАЛАУ сы н. *Аздап жыра, сайлау.*

ЖЫРАЛЫ сы н. *Жырасы бар, жырасы көп.* Бұлар суы тартылып, ішіне қалың шөп өскен *жыралы* терең өзекке түсті (С.Омаров, Дала қызы). Көрдің бе, гүл атып бұталар, Қайың түр қыз – бүйра кекілді, Ал анау, *жыралы* жоталар, Жаралы кеуделер секілді (Қ.Мұқашев, Жер.). Лапылдап шауып келе жатқан жігіттер көзді ашып-жұмғанша аттарын бұрып алып, *жыралы* ойпатқа кіріп жоқ болды (І.Есенберлин, Қаһар).

ЖЫРАНДА з а т. ж е р г. ***Жыра.***

ЖЫР-АҢЫЗ з а т. *Аңызға айналған жыр, өлең.* Жерімнен тыңда жаңа *жыр-аңызды* Құлпыртқан құдірет күш құла дүзді. Сілкілеп көне түсін тұл жазықтың, Жүз мың жас дән моншағын қырға тізді (Қ.Бекхожин, Дала комисс.). Бейнесі биік тұрған арамызда, Айналған аты-жөні *жыр-аңыз* ға, Апырай, жұрт алғысын кім жеткізер Мұхтардай асқар алып ағамызға (М.Құрманалин, Аспан).

ЖЫРАСЫЗ сы н. *Жырасы жоқ (жер).*

ЖЫРАСЫМАҚ сы н. э к с п р. м е н с і н б е у. *Жыра сияқты, жыраға ұқсаған.* Жарадың әлдеқалай кездескен бір *жырасымақ* қуысына етпеттей жатып, Әбдірахман төмен бұқты (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

ЖЫРАУ з а т. *Өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғауларды орындайтын халық поэзиясының өкілі.* Дәстүрлі қазақ қоғамында *жыраулық* халықтың рухани көсемі, қоғамдық пікір қалыптастыратын қайраткер рөлін атқарады (ҚҰЭ). *Жырау* тұлғасы ерте дәуірде, тайпалық одақтар бірлестігі тұсында қалыптасып, 15-18 ғасырларда үлкен өнер иесі және қоғам қайраткерлері ретінде танылған (Әдеб. термин. сөздігі.). Ұзатылып жат жұртқа барғанында, Жыр айтылған қыздардың жар-жарында. Жырлап, жылап *жыраулар* жан тапсырған, Жыр мен күйі күйзеліп бармағында (М.Мақатаев, Шығ.). – Жанкелді дұрыс айтады, – деп оны Қабан *жырау* қостады («Жұлдыз»).

ЖЫРАУДАЙ сы н. *Жырау сияқты.* Ертіс бойын, Алтай тауларын, Шыңғыс жазықтары жөнінде *жыраудай* жырлап бергенін Соболев өзі де айтқан (Біздің Мұхтар).

ЖЫРАУ-ДҮНИЕ з а т. п о э т. *Өмір, тіршілік мағынасында.* Өлеңі құрсын, Таппадым одан миятты, Жазбай-ақ қойдым, Жазғаным енді ұят-ты. Менсіз де мына ғаламат *жырадүние,* Өзінен-өзі жырланып жатқан сияқты (М.Мақатаев, Шығ.)

ЖЫРАУЛЫҚ з а т. *Жырауға тән қасиет, соған лайық өнер.* Білесің, әкем менің тілге байын, Ешкімге ол жібермейтін сөз ыңғайын, Бар еді онда ақындық, *жыраулық* та, Енді сен, тыңда, айтайын соның жайын (Р.Нұрпейісов, Қапшағай). Жұрт оның *жыраулығына* таң қалса, екінші таңғалғандары Ғабдолла еді (М.Дүйсенов, Мейман.). *Жыраулық* дәрпі жайылмас, Үніңнен ырғақ төгілтіп, Тіліңнен тәтті бал тамбай (Базар жырау, Шығ.).

Жыраулық поэзия. *XV-XVIII ғасырлардағы қазақтың халық поэзиясы. Жыраулық поэзия* сұлулық пен сезімнің шеңберінде шектелмеген. Содан да болар, *жыраулық поэзияда* мейлінше терең танымдық ойлар буырқанып, ұдайы философиямен шендесіп жатады (ҚҰЭ). *Жыраулық поэзия* қазіргі Қазақстан жерін қоныстанған ежелгі тайпалар туғызған бай рухани қазынадан нәр алды, ежелгі дәстүрлерді дамыту, тың тақырыптар игеру, жаңа мазмұн қалыптастыру нәтижесінде кемелденді (ҚҰЭ). XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясында толғау ерекше өркендеп, өзінің ең жоғары даму сатысына жетті. Толғау тарихы *жыраулық поэзияға* тікелей қатысты (Әдеб. термин. сөздігі.). Біз Махамбет жырларын *жыраулық поэзия* үлгісіне жатқызып, Төлеген жырларын жаңа үлгіні жаңартып, жаңғыртушы ақын деп айтып та жүрміз («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРАУША үс т. *Жырауға ұқсап, жырау сияқтанып.* Еламан бұл отырыста, тіпті, бір түрлі. Қас *жырауларшa* тақымының астына бір жастықты басып апты (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең). – Біреу бай, біреу құр қалған, Құр қалғандардан құл қалған. *Жыраушa* айтсақ «Бұ жалған Бозжорға аттай ырғалған» (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖЫРАША з а т. *Аздап қана жырылған жер, кішірек жыра; жырашық.* Судың негізгі ағысы жүрген жерлерде тілінген майда *жырашалар* пайда болады (Е.Жамалбеков, Суармалы.). Қолайлы жер іздеп, төңірегіме қараймын. Жолдың дәл шетінде жауын суы орудан пайда болған *жырашa* бар (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖЫРАШЫҚ з а т. *Кішірек келген жыра; жыраша.* Машина бір кішкене *жырашықтың* үстінде тұр (С.Шаймерденов, Жыл құсы).

ЖЫР-ӘН з а т. *Ән мен жыр.* Мен таппаған, мен айтпаған сөз қалмай, Көбейсін деп қазекеңнің *жыр-әні.* Дастандарды төгер едім қозғалмай, Сені көргім келеді де тұрады (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Күркіреген күні оның ұраны, Үкілеген қызы оның шынары. Алатау бір атақты ақын қария, Ғасырларға таусылмайтын

ж ы р-ә н і (С.Мәуленов, Алыс кет.). Өзіңе арнап жазғаныммен *ж ы р-ә н* мың, Өстіп талай биіктіктен құлармын. Мен өзіңе ғашық, болдым, бірақ та, Неге екенін, басқа қыздарға да құмармын (Ж.Жұматаев, Ләйлә).

ЖЫРБАҚАЙ с ы н. қ а р а п. *Орынсыз жырбаңдап, жыртаңдап күле беретін, күлегеш.* Бір күлсе, қоймайтын сендей *ж ы р б а қ а й* адамды көргенім осы (Ауызекі).

ЖЫРБАҚАЙЛЫҚ з а т. *Жырбаңдай берушілік, күлегештік.* Оның бұл қуанышты қалпына бір келіннің *ж ы р б а қ а й л ы ғ ы* тұсау салған сықылданды (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЖЫРБАҢ е л і к. *Жыртақтап күлген, жырбаңдаған қимылды бейнелейтін сөз.*

Жырбаң етті. *Жырбақтады, жырбаңдады.*

ЖЫРБАҢДА= е т. қ а р а п. *Жыртақтап күлу.* Кім десем, ...Бәсе Содия қайнаға екен ғой, – дейді-ау келіп *ж ы р б а ң д а п!* (Ғ.Сланов, Дөң асқан).

ЖЫРБИ= е т. қ а р а п. ***Жырти***. Әлден соң көккұтандай тырбиған арық, көзі *ж ы р б и ы п,* жыпылықтаған сары бала есік ашты (Б.Тілегенов, Аққайнар).

ЖЫРБЫҚТА= е т. с ө й л. ***Жырбыңда***. – Мен сізге келіп едім, – деді ол ентігіп. – Біздің дәрігер сіз туралы сұрай береді. Неге керек дегенімде «Жақсы жігіт, ұнады маған» деп *ж ы р б ы қ т а п* күле береді (К.Тоқаев, Көмескі із).

ЖЫРБЫҢДА= е т. қ а р а п. *Орынсыз күлу, жыртақтау.* Орынсыз *ж ы р б ы ң д а п* күлген бір баланы мұғалім сабақтан шығарып жіберді (Ауызекі).

ЖЫРБЫҢДАУ *Жырбыңда етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРБЫҢ-ЖЫРБЫҢ: жырбың-жырбың етті. *Орынсыз ыржақтап күлді.* Кеше жұрт алдында мәнді ештеңе айтпай, *ж ы р б ы ң-ж ы р б ы ң е т к е н і ң е* соншама жыным келді (Ауызекі).

ЖЫРҒА з а т. к ө н е. э т н. **1.** *Асыл тас, моншақ тізіп тіккен, көп салпыншақты бас киім* (Ж.Кейкін, Қазақы атау.). *Ж ы р ғ а* әдетте, көп салпыншақты әр түсті меруерт тастардың жарқырауық сәулесімен құбылып, адамның бет бейнесін ажарландырып, бет моншақ, шұбырта, жақ алқа тәрізді тізіліп, бас киімнің етегін шашақтап тұрады (ҚҰЭ). **2.** *Сәукеленің, бергектің, кейде сырғаның төгілме моншақтары, сәнді салпыншағы, шұбыртпасы.* Кейде сәукеленің шұбыртпасын, сырғаның салпыншағын, бергектің төгілмелі моншақ әшекейін де *ж ы р ғ а* дейді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі.).

ЖЫРҒА= е т. *Қарық болып кенелу, жетісу.* Сонымен не керек, Орынғали күнде ішкені алдында, ішпегені артында *ж ы р ғ а п* жүрді (М.Дүйсенов, Мейман.). Суатқа құлаған қалың қой тұнық суға бас қойып, жағадағы боз талдардың жапырағына жармасып *ж ы р ғ а п* жатыр (З.Жәкенов, Таң самалы). Үйірі мойын бұрмады, Тарыны таусып, *ж ы р ғ а д ы.* Жаралы жанның жүрегін, Жаралы кептер тырнады (М.Мақатаев, Шығ.). Жасыбай қызметті тастап ауылға келгеннен бері, бірінші құдайы жасап, мәре-сәре боп *ж ы р ғ а п* қалды (Қ.Жұмаділов, Соңғы көш).

ЖЫРҒАЛ з а т. ж е р г. *Қызық, рахат.* Осы жасқа келгенде не *ж ы р ғ а л* көрдіңіз? (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫРҒАЛ= е т. **1.** *Аспай-саспай, керіліп-созылу.* Сенің бәйбішең *ж ы р ғ а л ы п* бір тамақ істеп бергенше, ішегіміз шұрқырайтып болды (Ауызекі). **2.** *Қарық болу, кенелу.* Көтерген көп көмегі бір баланы, Көрікті киімдерге *ж ы р ғ а л а д ы.* «Базарлық», «Орамалым» деген атпен, Сақина, болды күміс сырғадағы (С.Тастанбекқызы, Тордағы тоты.). Сол жарықтың нұрымен, Біз жетілдік *ж ы р ғ а л ы п.* Ағыл-тегіл кеңеліп, Жатқан кезде ырғалып (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫРҒАЛАҢ з а т. ж е р г. *Мереке-мейрам, той-думан.* Әмісе *ж ы р ғ а л а ң,* әмісе зобалаң жоқ (Мақал). Нары – жалқау, кер табан, Құсы – күйшіл, ат шабан *Ж ы р ғ а л а ң* жоқ, жобалаң, Ебі кеткен соң ел болды Енді қайда мен барам?! (Дулат Бабатайұлы, Замана.).

ЖЫРҒАЛТ= е т. *Қарық қылу, кенелту.* Халқымның бүгін дарқан мерекесі, Көлдария молшылықтың берекесі. *Ж ы р ғ а л т ы п* жаскөріні жақсылыққа, Заулаған коммунизмге өмір кеші (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.).

ЖЫРҒАЛТУ *Жырғалт етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРҒАЛУ *Жырғал етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРҒАТ= е т. *Қарық қылу, кенелту.* Сондықтан да *ж ы р ғ а т қ а н* Жол аш жаңа тұрмысқа. Өтіріктен бір батпан Шындық қымбат бір мысқал! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫРҒАТУ *Жырғат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРҒАУ[1] з а т. ж е р г. *Ләззат, ығылық.* Олар күң салып, күлін шығартып, көлбеп жатуды *ж ы р ғ а у* деп санайтын (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫРҒАУ[2] *Жырға етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРҒАУЛЫ с ы н. *Қарық болған, жетіскен.* Әліп хан өзінің бас уәзіріне мынадай хат жазады: «Мен бұл елде *ж ы р ғ а у л ы* тұрмыстамын» (Бозінген).

ЖЫРҒЫЗ= е т. *Кескізу, тілгізу.* Жаман тонын қаудырлатып, пешке бетін *ж ы р ғ ы з а-*

мырғызаға қара бала пештің қуысына кіріп те кетті (Б.Майлин, Шығ.).

ЖЫРҒЫЗУ *Жырғыз етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРДАЙ с ы н. *Жыр сияқты, жыр тәрізді.* Ол маған жайлаудан көрген-баққанын *ж ы р д а й* сөйітіп, әңгіме соқты (Н.Fабдуллин, Қызық дәурен). Дәріжан көргенінің барлығын *ж ы р д а й* етіп айтып берді (А.Хангелдин, Алғыс). Шөлін басып, жүрек жалғап, Қонақтарды әлденгесін. Айтты бала *ж ы р д а й* толғап, Бір сыдыру әңгімесін (Ж.Молдағалиев, Жиырма бес).

ЖЫР-ДАСТАН з а т. **1**. *Жыр мен дастан, желілі ұзақ әңгіме.* Хаттар, хаттар әр сапары *ж ы р д а с т а н,* Әкеліңдер қуанышты сыр достан, Тым мазасыз менің махаббатымды, Туған жерге жеткізіңдер тынбастан (Қ.Мүсірепов, Раушан). Бұл жерде жазылулы Балалық *ж ы р-д а с т а н ы м.* Көтерген әзілімді көп мұнда құрдастарым (А.Бақтыгереева, Өрімтал.). Кез еді бұл күн жиекке ұласқан, Атылас шапан астарындай тұрды аспан. Батырлардың топырағынан жаралған, Көңілімде әкеттім бір *ж ы р-д а с т а н* (Fқайырбеков, Қосбасар.). **2**. ә д е б. *Эпостық жырлар.* Аты мәшһүр көне парсы шайыры Фердаусидің әйгілі «Шахнама» («Патшалар туралы кітап») *ж ы р-д а с т а н ы н д а* Сыр, Арал өңірі өрісі кең дала, байлығы мол көп қала, сұлу-нулы жер алқабы деп суреттеледі («Зерде»). «Авестаның» ілімі «Оғызнама» және «Қорқыт ата» сияқты кітаптармен, сол сияқты ауыз әдебиеті туындыларымен, эпостық *ж ы р-д а с т а н д а р м е н* үндесіп отырады («Парасат»).

ЖЫР-ДУМАН з а т. *Ойын-сауық, әзіл-қалжың.* Күлкісі қашып, томсарып қалған үй іші қайтадан *ж ы р-д у м а н ғ а* толып кетті («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРДЫР= е т. *Тілдіру, кестіру, жырғызу.* Өткізіп көзден кешіп дала таңын, *Ж ы р д ы р ы п* жақпар тасқа алақанын, Өрмелеп тас ұяға бала досым – Аулаған болар бүркіт балапанын (Т.Жароқов, Шығ.).

ЖЫРДЫРУ *Жырдыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫР-ЖАСАҚ з а т. п о э т. *Жыр жинағы.* Кім біледі қанша жыл жасарымды? Ой түбіне жете алмай бас ауырды. Ойламайын қайтадан жасаруды, Үлкен бір кеңес ашып кетсем деп ем, Жинап алып *ж ы р ы м д ы-ж а с а ғ ы м д ы* (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫРҚ е л і к. *Оқыс күліп жібергендегі дыбысты бейнелейтін сөз.*

Жырқ етті. *Оқыс күліп жіберді.* Шет жақтағы жастардың бірі күлкіге шыдамай *ж ы р қ е т і п* қалды (Fмұстафин, Дауыл.). Қоян жырық есіктен кірген бойы үйдегілерді түгендей бір қарап алды да: – Аман ба, әй, қатын! – деді. Қасындағысы *ж ы р қ е т і п* қалды (Fмүсірепов, Кездесп. кет.).

ЖЫРҚ-ЖЫРҚ е л і к. *Қайта-қайта жырқылдап күлген дыбысты бейнелейтін сөз.* Оның есесіне отағасының басынан кешкенін сәлден соң бір-біріне айтып, ұлдары да *ж ы р қ-ж ы р қ,* қызы мен келіні де *ж ы р қ-ж ы р қ* (Т.Нұрмағамбетов, Мешкей.).

Жырқ-жырқ күлді. *Қайта-қайта жырқылдай берді.* Шық, бері шық, Кінәлайсың жұрт, Неге *ж ы р қ-ж ы р қ к ү л е с і ң*? (М.Жұмабаев, Шығ.). Қайдағы бір қаңқу сөздерді қағып әкетіп, соған *ж ы р-ж ы р қ к ү л і п,* сөз айта алатын адамсып, сөз ұғатын кісімсіп қаншалар жүр?! (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Бірі өзінің еппен сездіргенін аңғартып, Ордабайға қарап *ж ы р қ-ж ы р қ* етіп *к ү л е д і* (Fмүсірепов, Оянған өлке). Бұлар үйге кіргенде ыржақтасып *ж ы р қ-ж ы р қ к ү л і п* отырған екеуі ыңғайсызданып қалды (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш.).

ЖЫРҚҰМАР с ы н. *Жырды сүйіп айтқыш, жырды жақсы көретін.* Көзден көкірекке, құлақтан жүрекке жүгіріп көріңізші, не айтады сол ақындар, өздерінің өзгерісі қандай екен. *Ж ы р қ ұ м а р* жандар соны білмек керек («Қаз. әдеб.»). *Ж ы р қ ұ м а р* жігіттерге жымың қағып, Беріп тұр автограф Fали әлі («Жас қанат»).

Жырқұмарлар қоғамы. п о э т. *Өлең-жырды сүйетіндер. Ж ы р қ ұ м а р л а р қ о ғ а м ы,* Газет-журнал баспасы, Жазушылар одағы, Кітапхана, Басқасы... (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫРҚЫЛ з а т. *Мәнсіз, орынсыз бос күлкі.* Сен *ж ы р қ ы л д ы* қой да, ана тапсырылған жұмысты орындауға кіріс (Ауызекі).

ЖЫРҚЫЛДА= е т. *Мәнсіз, бостан-босқа күле беру.* Бір-екі жігіт-желең сырласып, кемпірге қолын шошайтып *ж ы р қ ы л д а й* күліп еді, шал оларға шаншыла қарап қойды (Н.Серәлиев, Қаңтар). Раушан сойталдай қып көзімше үйге жігіт кіргізіп, онымен таң атқанша *ж ы р қ ы л д а п* отырды (Ш.Құмарова, Қос шынар). Сулы көз тым артықтау кеткенін, әсіресе, табалдырықтан аттар-аттамастан *ж ы р қ ы л д а ғ а н ы* сөкет екенін сезді (З.Жәкенов, Таң самалы.). Онан-мұнан сығалап қараған балалар мен қатын-қыздардың шек-сілесі қатып *ж ы р қ ы л д а й д ы* (С.Торайғыров, Мағынасыз.).

ЖЫРҚЫЛДАҚ с ы н. *Күле бергіш, күлегеш. Ж ы р қ ы л д а қ* әсіреңкі сылаң емес, Ұн бетті, бояу ерін қылаң емес. Қылығы олардікіндей-ақ жарасып тұр, Ойыңа ой қосады берсе кеңес (Б.Момышұлы, Москва.).

ЖЫРҚЫЛДАС= е т. *Жырқ-жырқ етісу.* Балалар мен қатын-қыздардың шек сілесі қатып *ж ы р қ ы л д а с а д ы* (С.Торайғыров, Шығ.). Жатса да енді әңгілер *ж ы р қ ы л д а с ы п,* Отырам іштен тынып, Мұртым басып, сәтінде соятұғын сойып салмай, Шығамын кірпік ілмей, Үйқым қашып! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫРҚЫЛДАСУ *Жырқылдас етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРҚЫЛДАТ= е т. *Жырқ-жырқ еткізу.* Қырық жіліктеп бөлшектейді, Ұстатпайды, өлшетпейді. *Ж ы р қ ы л д а т ы п,* ыңқылдатып, Қырқылдатып бұтып-шатып (І.Жансүгіров, Шығ.).

ЖЫРҚЫЛДАТУ *Жырқылдат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРҚЫЛДАУ *Жырқылда етістігінің қимыл атауы; жырқ-жырқ етіп күлу.* Сол күні Рысжан өзінен-өзі не болса соған *ж ы р қ ы л д а у м е н* болды («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРЛА= е т. **1**. *Жыр айту, жырды әнге қосу.* Жылайын, *ж ы р л а й ы н,* Ағызып көз майын. Айтуға келгенде, Қалқаға сөз дайын (Абай, Тол. жин.). Ермек үшін белгілі *ж ы р л а м а с ы м,* Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын. Өтсем болды арқалап адамдардың қуанышын, шаттығын, мұң-наласын (М.Мақатаев, Шығ.). Смағұл орысша жақсы сөйлейді, гармонь тартып, жыр *ж ы р л а й д ы* (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Оқушы, өрендерім, құлағың сал, *Ж ы р л а д ы м* сендерге арнап, керегінді ал. Уақиға көзбен көрген, қолмен ұстап, Жыр еттім шын өмірді, алсын деп нәр (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). **2.** *Жыр қылып айту, жырға қосу.* Құмарым жастайымнан тамаша–той, Болсам да кедей-кепшік, жайсам да қой. *Ж ы р л а й м ы н* енді бүгін нұр заманды Сау болса ақыл, жүрек, ми менен ой (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). *Ж ы р л а п* өту қиылған қыздың қасын Деп ұғады кей ақын біздің кәсіп. Жанарыма қарама... Нағыз өлең – Сөзге айналған мөп-мөлдір көздің жасы! (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). Риза боп маршал мақтаған, Жыраулар мақтап *ж ы р л а ғ а н,* Панфиловшыл азамат Әскер көркі аталған Ер солдаттар біз едік (Б.Момышұлы, Москва.). Тіл – Төлеген ажалы Намысы барды күрсінткен. Тіл – Қыз Жібек ажары Ақындар *ж ы р л а п,* сүйсінткен (К.Салықов, Жезкиік). **3**. а у ы с. *Құстың қиқу салып ұп шығаруы.* Қақпанның маңдайшасында бірнеше суық торғай қонақтап *ж ы р л а п* отыр (Б.Соқпақбаев, Менің атым.). Сәулетті аққу сыңқ-сыңқ *ж ы р л а п* Тұңғиықта дүзеді. Тұңғиықтың төсінде ойнап, Ақшашағын үзеді (С.Сейфуллин, Шығ.). Сандуғаштар *ж ы р л а ғ а н,* Көктемдерге бір барам, Шақырады біздерді көкорай бел (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Даланың бозторғайы *ж ы р л а ғ а н д а,* Кішкентай бір мұң толып бұл ғаламға. Қаралы қара көздер елестейді, Тағдыры түскен қиын шырғалаңға (С.Мәуленов, Алыс кет.). **4.** а у ы с. *Бірге ғұмыр кешу мағынасында.* Бұны бұрын білмей жүрген екенбіз, Тәп-тәттіміз жарымызбен екеуміз. Қатар аққан Әму менен Сырдаймыз, Бір Аралдың толқыны боп *ж ы р л а й м ы з* (Т.Айбергенов, Мен саған.). **5.** б е й н. *Теңіз суының тасуы, толқу, сел боп ағу.* Бақтар гүлдеді біздің қырдағы, Жаңбыр жауды да, көктем *ж ы р л а д ы.* Өткен күндерден бүгін жоқ белгі, Тұрып қасында көрдім көктемді (Т.Молдағалиев, Шақырады.) *Ж ы р л а п* теңіз жырақтан, Бұрқыратып бу атты. Былдырбылдыр бұлақтан Сылдыр-сылдыр су ақты (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Елінің жоғын жоқтап, мұңын жырлады. *Халық қамын ойлап, өлеңге қосты.* Тобылдың жарына ұрған толқынындай, Ғылымға кең құлашын ұрды тынбай. Кетті ол дүниеден ұлы арманмен *Е л і н і ң ж о ғ ы н ж о қ т а п, м ұ ң ы н ж ы р л а й* (О.Шипин, Дастан.).

Жырын жырлады. *Сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.* Кімнің жерін жерлесең, Соның *ж ы р ы н ж ы р л а р с ың* (Мақал). Пролетариат *ж ы р ы н ж ы р л а й т ы н* жазушылар шығару біздің бірінші басты міндетіміз (Б.Майлин, Азамат.).

ЖЫРЛАМПАЗ с ы н. *Жырлауға шебер, жырлағыш.* Жасарттыы, жапырағын орманның, Сайратшы, *ж ы р л а м п а з* құстарын. Көрейін қанатын арманның Көрейін әндетіп ұшқанын (Ә.Тәжібаев, Кеше.).

ЖЫРЛАМПАЗДЫҚ з а т. *Жырлағыштық, жыршылық.* Бұрынғы және қазіргі ақындар ішінде айтыскерлік, *ж ы р л а м п а з д ы қ,* жырлаупаздық та бірдей емес («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРЛАН= е т. *Жырға қосылу.* Біздің әдебиетімізде бұл дәуірдің оқиғалары асқақ шабытпен *ж ы р л а н ы п* келеді (Ғ.Мүсірепов, Достық.). Қазіргі табиғат лирикаларымызда еңбек, ақыл-ой зор шабытпен, айырықша сұлулықпен *ж ы р л а н а д ы* (С.Мәуленов, Үркер.). Бұл жырда да Жоңғар қалмақтарының басқыншылығы, үйсіндердің Хорезмнен аттанып, оларға шабуыл жасауы *ж ы р л а н а д ы* (Б.Қыдырбекұлы, Мазда.). Таппадым одан миятты, Жазбай-ақ қойдым, жазғаным енді ұятты. Менсіз де мына ғаламат жырау-дүние, Өзінен-өзі *ж ы р л а н ы п* жатқан сияқты (М.Мақатаев, Шығ.).

ЖЫРЛАНУ *Жырлан етістігінің қимыл атауы.* Жырлардың шығу, жазылу, *ж ы р л а н у* тарихи жайындағы әзіргі бар деректер жеткіліксіз (Е.Ысмайылов, Ақындар).

ЖЫРЛАС= е т. **1.** *Жыр айтысу, жырға қосылу.* Татар жігіттері, татар келіншектері

әннің аяқ жағына қосылып *жырластыы* (Д.Әбілев, Арман.). Жауқазын ғұмыр, жыр жастық, Қаншада біздер қыр бастық, Қаншама рет қар жауды, Қайтадан бізді тұрмас қып?! Сонда да біздер *жырластық*, Сонда да біздер сырластық, Он сегіз бенен отызды, Өзара бөліп, құрдас қып (М.Мақатаев, Шығ.). **2**. а у ы с. *Сылдыр қағысу*. Төменде сылдырап, *жырласып* жатқан толқындардың шуынан екеуі де қыздың суға барып түскенін ести алмады (М.Жұмабаев, Шығ.). Жымыңдатып жұлдыз көзін жаудырайды түнгі аспан, Сыр шертеді сыбдырласып ақ қайыңдар тынбастан. Балқып кетіп гүл бақтардың махаббатқа құшағы, Бұл түндері бұлақтар да пәк сезімді *жырласқан* (М.Айтхожина, Аққу.).

ЖЫРЛАСУ *Жырлас етістігінің қимыл атауы*. Анамыз – жер дегізетін, Иін емшек еміземтін, Мәңгі қарыз сенде тұр. Еңбек жырын *жырласуға*, Ұлы міндет менде тұр (Ү.Кәрібаев, Таңд. шығ.). Тұрмыз біз тұлға болып бұл ғасырға, Даңқты қырық жылдың шың басында, Мен шатпын, дос орыспен келдім қатар, Тарихтың тойын бірге *жырласуға* (Жас қанат).

ЖЫРЛАТ= е т. *Жырға қостыру, жыр ету, жыр айтқызу*. Жүректі *жырлатам* деп, Бақытымды бөгедім мен. Өмірде жылатам деп Ойлаған жоқ едім мен (Т.Молдағалиев, Шақырады.). Жыршысы болса *жырлатып*, Аламан басын құрлатып, Жақсыларға тыңдатқан (Батырлар жыры). Сол тілменен махаббатқа тіл қаттым, Сол тілменен талай гүлді *жырлаттым*. Сол тілменен сәбилерді сөйлетіп, Талайлардың көз жастарын құрғаттым (С.Мәуленов, Алыс кет.). Талай жылдар айтар сөзім түн қатты, Бүгін шалқар ел айбыны *жырлаттты*. Аунап түсіп Үйқыдағы үш дүлдүл, Той дүбірін жауына да тыңдатты (К.Салықов, Жезкиік). Уа, неткен сұлу еді Шолпан. Бір қарағанында көңіліңнің тәтті күйін қозғайды, еріксіз *жырлатады*, белгісіз бір ғажайып сиқырлы дүниеге қарай тартып әкетеді (С.Омаров, Өмір.).

ЖЫРЛАТУ *Жырлат етістігінің қимыл атауы*.

ЖЫРЛАУ *Жырла етістігінің қимыл атауы*. **1**. *Жыр айту, жырды әнге қосу*. Той болғанда *жырлауды* білмейді, Ас бергенде жылауды білмейді (Мақал). Көңілімнен күй үзбеймін, *Жырлау* үшін мәңгілік. Табиғаттан сый іздеймін, Тұру үшін жаңғырып (С.Мәуленов, Алыс кет.). Жатыр сенің құдіретіңнен Қадам сайын тас балқып, Қаншама жыл керек сені *жырлау* үшін дастан қып! Сайра, менің сандуғашым дүниеге келерде Дақ түсірмей көкірегіме орап шыққан бостандық (Т.Айбергенов, Мен саған.). Басқа тойдан бұл тойдың Аспан-жердей парқы бар. Көппен бірге *жырлауға*, ұлы тойға қарызбын (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Төңкерілген көк кесе, Теңіздің тұнық көзінде. *Жырлауға* тілің жетпесе, Обалың ақын, өзіңде (С.Мәуленов, Алыс кет.). **2**. *Жыр қылып айту, жырға қосу*. Осы аңыз арқылы Ноғайбай ел ішіндегі Баукеге қатысты өлмейтін өнегені, Төбетке қатысты сатқындық пен озбырлықты *жырлауды* мұрат еткен («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРЛАУШЫ з а т. *Жыр айтушы, жыр жырлаушы*. Сүйімбай сыншыл, шешен айтыс ақыны ғана емес, тарихи батырларды *жырлаушы* (Е.Ысмайылов, Ақындар).

ЖЫРЛАУШЫЛЫҚ з а т. *Жыр қылып айтушылық*. Қасым мен Әбділданың қысқа өлеңдерінде лирикалы толқын, ақындық шабыт бар, алған теманы үлкен ақындық сезіммен *жырлаушылық* бар (Е.Ысмайылов, Сын.).

ЖЫРЛАУЫҚ с ы н. с ө й л. *Жырлампаз*. Бабамның сенде қауғасы қалса құм қауып, Жамылды бүгін жағалай жайсаң қыр мауыт. Өшіп бір кеткен өзені қайта жаңғырған, Бар ма екен өлке сенен де бетер *жырлауық* (М.Сатыбалдиев, Шула. толқын.).

ЖЫРЛЫ с ы н. *Өлең-жыры бар*. Шықты шұбар күн нұрланып, Бұрқ-сарқ қайнап өтті дүлей. Жатты Ертіс күмбір қағып *Жырлы* Абайдың көкірегіндей (С.Мәуленов, Алыс кет.).

ЖЫРМА с ы н. *Етегі айыр, жырылған (костюм, шалбар, етік)*. Бекеш жайраң қағып, *жырма* етек жол-жол ала көз шалбарының терең қалтасына қолын сүңгітіп: – Мә, бүгін Шаншадан алғаным еді (Қ.Жұмаділов, Көкейкесті). Тақтайдай жауырыны кең, көкіректі, Жоталы жолбарыстай сом білекті, Келте тон, күлте белбеу, қырым балақ, Жез қалпақ, *жырма* қоныш көк етікті (Н.Ахметбеков, Амангелді).

ЖЫРМАҚ з а т. ж е р г. *Бәтеңкенің бір түрі*.

ЖЫРМАЛА= е т. *Бөліп-жару, бөлшектеу*. Сонша жерден әдейі жаяу келген соң, сол астықтан азырақ *жырмалап* берейін (Ж.Аймауытов, Шығ.). Иранның жерін екі жақтап *жырмалап* сатып жатты (С.Шарипов, Бекболат). Үнемдеп, *жырмалап* отырып осы лақты сатып алған Мақпал (М.Әуезов Таңд. шығ.). – Уа, *жырмалаған* тұтас бер! – деген дауыстар асхананы жаңадан жаңғыртып жіберді (Ә.Сәрсенбаев, Толқында.).

ЖЫРМАЛАН= е т. **1**. *Жырым-жырым болу*. Жаудың да оқ жаудыруы сұрапыл. Жауған оқтан *жырмаланбаған*, ине шаншар жер жоқ (С.Мұқанов, Аспаз). **2**. *Бөлшектену, бөлініп-жарылу*.

ЖЫРМАЛАНУ *Жырмалан етістігінің қимыл атауы*.

ЖЫРМАЛАУ *Жырмала етістігінің қимыл атауы*. Ол қысқы боранды, аққала үйген

жігіттерді, аудан жерін күткен дикандарды, табиғат ырысын орынды-орынсыз *жырмалауды* еске алды («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРМАШ з а т. *Құйрықтың екі бөлінген тұсы.* Қолтық, ауыз, емшектің асты, шап, *жырмаш*, әйелдің ауыр еті секілді терінің бүктелген орнына, дымқыл орынға шыққан бөрткендер ушығады, үлкен жара болады, іріңдейді, кейкейде сасып кетеді. Осындай дымқыл бөрткен өте жұққыш келеді (Х.Досмұхамедұлы, Шығ.).

ЖЫРМЫШТА= е т. с ө й л. ***Жырмала***. *Жырмышта* жыра бөлгенде жалаңаш қырды, Тоқтатар жарды болмай ма қарағаш құрлы: Атырауды әкеп құйды да Сарыарқасына, Алатауды әкеп Аралға араластырды (Ж.Жұматаев, Ләйлә). Бірен-саран өлік болса, басына шығарылған бірер қараны Көдебай ауылнай «аштарға, пәленге» деп, *жырмышта* берекесін кетіреді (Б.Майлин, Шығ.). Жылда *жырмышта* алған айлық демалысын болмашы тірлікпен тауысып алады (Д.Досжанов, Зауал).

ЖЫРМЫШТАУ *Жырмышта етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРНА з а т. ж е р г. *Терлік.* Ер аттың арқасына батуы мүмкін деп, тоқым мен арасына *жырна* салдырды (С.Мұқанов, Мөлдір махабб.).

ЖЫРНАҚ з а т. к ә с. *Ұшы ілмек темір таяқ.* Жорықта пайдаланған балта, шот, ау, қармақ, пышақ, жар қабаққа көтерілетін темір *жырнақ*, шатыр, рюкзактар да біртүрлі кісіге ыстық көрінеді («Лен. жас»).

ЖЫРП е л і к. *Орынсыз жасалған жағымсыз қимылды бейнелейтін сөз.* ≈ *Жырп* ете қалды.

ЖЫРП-ЖЫРП: жырп-жырп етті. *Қайта-қайта жырпылдап, мазаны алды, тыныштық бермеді.* Ойбай, көтек! *Жырп-жырп* еді ғой. Шайтан ба өзі? (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫРПЫЛДА= е т. *Жырп-жырп ету, жанып-сөну.* Қараң қалғырдың электрі де дұрыс жанбайды ғой, *жырпылдап* (А.Нұрманов, Аққу.). Екі-үш күндей Ақбілек, Балташ аға, жеңгелерімен әр үйде қонақта болып, кешкісінде жалаңбас лампыша *жырпылдаған* жаман суретін, «Аулақ үйдің әрі-берісін» қып жатқан спектаклін көріп, қаланың сыйсияпатына қанған соң, елге шығуға қамданды (Ж.Аймауытов, Шығ.).

ЖЫРПЫЛДАТ= е т. *Қайта-қайта ашып-жабу, кіріп-шығу т.б. мазаны алатын қимыл жасау.* Бұл қайсысың, есікті *жырпылдатып* тыныштық бермедіңдер (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

ЖЫРПЫЛДАТУ *Жырпылдат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРПЫЛДАУ *Жырпылда етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРСЫЗ с ы н. *Жыр жоқ, жыр жазылмаған, айтылмаған.* Қырсыз күндер – мен үшін *жырсыз* күндер, *Жырсыз* күндер – нағыз бір нұрсыз күндер! (Қ.Мырзалиев, Ақ отау). Ақын бір сәт қалғандай *жырсыз* мәңгі, Нұрлы ғұмыр түнерді, нұрсызданды (О.Сүлейменов, Атамекен.). // *Жыр болмайынша.* Жырдың гүлсіз күні жоқ, гүлдің *жырсыз* күні жоқ, өйткені бұлбұлға гүл керек, гүлге бұлбұл керек (С.Мәуленов, Үркер.).

ЖЫРСЫМАҚ с ы н. *Жыр деген аты ғана бар.* Жақсы туындыларымызды батыл көтере бағалап, құнсыз, сүреңсіз *жырсымақтарды* мәймөңкесіз мансұқ етуіміз шарт («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРСЫРА= е т. *Жырды сағыну, құмарту.* *Жырсырап*, сенсіз жерде бөгелемін, Тағы да өзіңді іздеп жөнелемін. Ортаңда ойлы халқым бір күн болсам, Өмірдің жазып қайтам он өлеңін (М.Әлімбаев, Менің Қазақст.).

ЖЫРСЫРАУ *Жырсыра етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТ= е т. **1**. *Жұқа затты (қағазды, матаны т. б.) бөлшектеп айыру, дал-дұлын шығару.* Ақтыны қолыма алдым да, дыр еткізіп, ортасынан бір бөліп, оны қайта-қайта бүктеп, қайта *жыртып*, лақтырдым да жібердім (Ә.Нұршайықов, Жомарт.). Қанипа, мына балаға ана әбдіредегі кездемеден көйлектік шыт *жыртып* берші, шешесі бар шығар, тіктіріп кисін (С.Бегалин, Шоқан асу.). Қанша жерге ұзартсам да көлемін, Жетпес саған ешбір менің өлеңім. Абайсызда газет-журнал *жыртылар*, Сорымды да мен осыдан көремін (Ж.Жұматаев, Ләйлә). **2**. *Егін егу үшін жерді соқамен өңдеу.* Қарашы, *жыртқан* жерлері ұндай, ұлпадай боп жатыр ғой, – десті олар (М.Әуезов, Таңд.). Мал – баққандікі, жер – *жыртқандікі* (Мақал). Жердің шұрайлысын өздерің шауып, өздерің *жыртатын* болдыңдар (Х.Есенжанов, Көп жыл.). Қашан болсын диханшының жаны тыным тапқан ба? Долана сай маңайында күздік *жыртып* жатқанда (М.Шаханов, Ғасырлар.). **3**. а у ы с. *Бір нәрсені жыру, жаралап кету, сыру.* Машинаға тартылған балық сүйектері ұнтақталғанымен де үшкір қылқандары қала береді, олар өңешті *жыртып* кетеді (Р.Сәтбаева, Өңеш рағы). **4**. а у ы с. *Құрту, бұлдіру.* Бақ емес, бұтаң да жоқ шымшық қонар, Не бар саған осында ынтық болар? Толассыз қысы-жазы соққан желің Өміріңнің қалғанын *жыртып* болар (М.Мақатаев, Шығ.).

Бетін жыртты. э т н. а) *Қазақтың ескі әдеті бойынша кісісі өліп, қатты күйінгенде әйелдердің*

бетті тырнап, жылау әдеті. Ханның өлігін көргенде бұқара қатты қайғырып, өз құлағын қанатып, шашын жұлып, *б е т і н ж ы р т ы п,* көзін тырнаған (Н.Мыңжан, Қаз. қысқаша тарихы). Абжыландай молданың Құранын отқа жаққан күн, Шұлғау етіп сәлдесін Мойнына қарғыс таққан күн, Албастыдай ақ бәйбіше Дауыс қып, *б е т і н ж ы р т қ а н* күн! (Қ.Аманжолов, Шығ. жин.). *Б е т і н ж ы р т ы п* ақырып жуан бай, ботасын жоғалтқан інгендей боздайды (І.Жансүгіров, Шығ.). ә) *Әбден көңілін қалдырды, қатты өкпелетті.* – Бүгінгі игі жақсыны аулыңа жиып алып, осылайша басқа соқ! Абыройын төк! *Б е т ж ы р т,* уә перде жырт! Балаға да, малшы-жалшыға да құқық бер! Бұза бер!.. – деп, қолын бір-ақ сілікті (М.Әуезов, Шығ.). Ахметтің аман-есен келуіне өзінен де бетер тілектес болып отырған жас адамның көңілін қиып, *б е т і н* қалай *ж ы р т а д ы* (Ж.Жұмаханов, Жазылым. кітап). Ойбай, бұл жүртты қой! Аймандай ғып аямай, *Б е т і м і з д і ж ы р т т ы* ғой (Ж.Ақбердиев, Бас. пәле.).

Бет пердесін жыртты. *Қылмысын ашты, әшкереледі.* Шевченко олардың, украин буржуазияшыл ұлтшылдардың халық алдында *б е т п е р д е с і н ж ы р т ы п,* еңбекші бұқараға жасаған опасыздықтарын әшкереледі (Қ.Нұрмаханов, Дос.).

Жаға жыртты. *Жанжалдасты, шатақтасты, соғысты.* Бұл үшін *ж а ғ а ж ы р т п а с а қ* та, жағалассыз болғанымыз жоқ (Ә.Нұршайықов, Тың астығы).

Жағасын жау жыртты. *Жауы жеңді.* Жеткізбей зеңбіректен ұшқан допқа, Бір адам әрең беріп жүз солдатқа, Жарқылдап жазды күнгі жай отындай: – Біртіндеп *ж а у ж а ғ а с ы н ж ы р т қ а н* жоқ па? (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ).

Жер жыртты. *Жерді айдады, өңдеді.* Жаңа бұлмен жамырап саудагерлер, Диханшылар *ж е р ж ы р т ы п,* егін егер (Абай, Тол. жин.). Кейде ай жарығымен *ж е р ж ы р т ы п,* арық қазып, жазда шөп маялап жүрдік (О.Бөкеев, Біздің жақта.). Тым болмаса сеуіп қойған *ж е р л е р і н ж ы р т ы п* тастауға да шара болмады (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). Құлпыртып Сарбұлақтың көзін ашып, Бөгет сап суын тегіс тоғандады, *Ж е р ж ы р т ы п* соқаменен егін салды. Бидаймен қатар өсіп шөп аңдады (О.Шипин, Дастан.).

Жыртысын жыртты. *Сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.* Раушан әкесінің *ж ы р т ы с ы н ж ы р т а д ы.* Сонда екі ортада күйетін – Нұрқат (З.Шашкин, Сенім). Елемеске салсақ, Мәжікенді оқуға алдырғысы келмейді. Кесапатты жігіт, байлардың сойылын соғып, *ж ы р т ы с ы н ж ы р т а д ы* дейді (С.Омаров, Қайырлы.). Халықтың сөзін сөйлегенсіп, солардың *ж ы р т ы с ы н ж ы р т ы п,* іштен тұрып, аяқтан шалатын ала көңіл пиғылдар да кездеспей қалып жатқан жоқ (Ә.Кекілбаев, Үш белес).

Көңіл жықпас, көйлек жыртпас. *Біреудің қас-қабағына қарап, көңілін қалдырмайтын (адам).* – Кемшілік кімде болмайды, – деп Әлібек *к ө ң і л ж ы қ п а с, к ө й л е к ж ы р т п а с* көрбілтеге басты (С.Омаров, Өмір.).

Көңіл жыртпады. *Біреудің қас-қабағына қарады, ренжітпеді, өкпелетпеді.* – Апыр-ай, Дәмеш-ай, енді *к ө ң і л д і ж ы р т п а й ы н* деп, сонша білмегенсіп қашып едім, болмадың ғой. Осы қарғы бауын әкеп отырса, құда бола ма, болмай ма? (М.Әуезов, Қараш.).

Намысын жыртты. *Намысқа шауып болысты, жоғын жоқтады.* Жарайды, ақын өз *н а м ы с ы н* өзі-ақ *ж ы р т ы п* алар дей салуға болар еді, бірақ әңгіме бірнеше жылдан бері даудың дауылына ұшырап келе жатқан Шыңғыс хан төңірегінде болғасын біз де бейжай қала алмадық («Қаз. әдеб.»). Еңлік, бір жақтағы матай қызының *н а м ы с ы н ж ы р т ы п,* жат біреумен арандасудың саған да орны жоқ (М.Әуезов, Таңд. шығ.). Ешкімнің сойылын соққалы, *н а м ы с ы н ж ы р т қ а л ы* келген жоқ, Махмұт! (Д.Әбілев, Арман.).

Өңешін [кеңірдегін] жыртты. *Бар даусымен айқайлады.* Қоспан атын тебініп айқай сала беріп еді, даусы барлығып тамағына кептеліп қалды. Сонда да *ө ң е ш і н ж ы р т а* айқайлап, айтақтай берді (Т.Ахтанов, Таңд.). Таң атқанын білдіріп, қалың қораз *ө ң е ш т е р і н ж ы р т а* әнге салып жатқанда, қыстақтың шет жағындағы нағашым үйіне ат басын біз де тіредік (Б.Соқпақбаев, Бастан кеш.). Айта алмасам кезінде көне шынды, Өзім алам өлімнен мен өшімді. Орта өлеңді дауыспен толтырам деп, Кешір, достым, *ж ы р т п а д ы м ө ң е ш і м д і* (Қ.Мырзалиев, Бұлбұл.). Дүниежүзін жайлаған жарнамалар «кока-кола», «кока-кола» дел *к е ң і р д е г і н ж ы р т қ а н ғ а* дәмі ауыздан қалғысыз бірдеңе шығар десем, адам татып алғысыз қоңыр қойыртпақ көрінеді (Қ.Сатыбалдиев, Қараторғай).

Ұят пердесін жыртты. б е й н. *Ұятқа қалды, абыройы төгілді.* Үшінші жауһар – ұят дұр, Таңба қылмай таза жүр, *Ж ы р т ы п ұ я т п е р д е с і н* – Абыройдан сылынба! (О.Шораяқов, Шайыр.).

ЖЫРТА: жырта қарыс. *Кере қарыс; бас бармақ пен ортан саусақты керіңкіреп созғандағы аралық, өлшем.* Селеу сақал мен сертік мұрт арасы *ж ы р т а қ а р ы с* ауыз, езу құлаққа жете жаздайды (З.Қабдолов, Жалын). Тоғыз қанат шаңқан ақ үй, Түндігінің бұрышына дейін қызыл шұғадан ою бастырып, жалпақтығы *ж ы р т а қ а р ы с* терме баулармен айқұш-ұйқыш шандыған (Ғ.Мұстафин, Қарағанды).

Қасқыр *жыртақарыс* аузын ашып, басын бұрып қолынан тістемекші болады (Т.Ахтанов, Боран).

ЖЫРТАҚ з а т. *Орынсыз күлкі, бос сөз.* Бос *жыртақпен* жұмысы жоқ оқушы жолдастары оған айырықша құрметпен қарайтын болды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз).

ЖЫРТАҚАЙ с ы н. қ а р а п. *Жыртақтай беретін, күлегеш.* Ей, екі *жыртақай* қатын, бар ана атқоранық есігін ашыңдар! (Ә.Көшімов, Қысталаң.). Сыпсықай, *жыртақай* әйелдерді қас-қабағымен үйіріп отыратын сабырлы, нұрлы жүзді Жаңылдың тұла бойынан шуақты күннің лебі ескендей (С.Жүнісов, Ақан сері).

ЖЫРТАҚТА= е т. *Ыржақтап күле беру.* Бұлардың кейбірінің мінездері: Еш нәрсе көрмегенсіп бұртақтаған Кейбірі жайдары, ашық боламын деп, Орынсыз адамдармен *жыртақтаған* (Абай, Тол. жин.). Неге жетісіп *жыртақтайсыз?* Жастарымыздың құнсыз, дымсыз өтіп бара жатқаны ма (Д.Досжанов, Зауал). Бір-екі жиында әйеліне *жыртақтап* күліп қарай берген көрші ауылдағы магазинші жігітті сарт еткізіп балдағымен қойып қалғанын Байсалбай өз көзімен көрген (Ә.Қалмырзаев, Қарлығаш). Орынсыз *жыртақтамайсын,* Ыржың қағып тұрса әлем, Бақытын тапқан ағайдың Жеңгемізге бір сәлем (Қ.Аманжолов, Шығ.).

ЖЫРТАҚТАС= е т. *Жыртақ-жыртақ етісу, жырқылдасу.* Сыйлап отырса да көп алдында қонағының қадірін кетіріп күлкі қылуға тырысып *жыртақтасып* жатыр (Б.Момышұлы, Шығ.).

ЖЫРТАҚТАСУ *Жыртақтас етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТАҚТАТ= е т. *Жыртақ-жыртақ еткізу, жырқылдату, жыртаңдату.* – Қали қайда? Оу, пәле бала, әкпеңді кім көрінгенмен *жыртақтатып* қойып, қайда қаңғып кеттің (Б.Соқпақбаев, Өлгендер.).

ЖЫРТАҚТАТУ *Жыртақтат етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТАҚТАУ *Жыртақта етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТАҚЫ с ы н. *Күлегеш, күле беретін.*

ЖЫРТАҚЫЛАН= е т. *Жыртаң-жыртаң ету, жеңілтектікке салыну.* – Қайтсең де түсемін, мен ән салуды жақсы көремін, білдің бе? – дейді қыз. – Сонда *жыртақылануың* әртіс болмақсың ба? – дейді шешесі (К.Баялиев, Дегелек.).

ЖЫРТАҚЫЛАНУ *Жыртақылан етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТА-МЫРТА ү с т. *Жылқа тартып, жыртып.* Еріккен бозбалалар, әсіресе олардың ішіндегі есерлеуі жейдеміздің қолтығын *жыртақ-мырта* сүйрелеп, бөктерге ала жөнелді (Ө.Қанахин, Жер бас.).

ЖЫРТАҢБАЙ з а т. с ө й л. ***Жыртақай.*** Сен Шұнақ, өзіңді ақымақ еткің келе ме, әлде басқалардың бәрі өзің сияқты жыртық жаулықтың астынан шыға алмай жүрген *жыртаңбай* деп пе едің? (Б.Тоқтаров, Тауда.).

ЖЫРТАҢДА= е т. *Орынсыз күле беру; жыртақтау.* «Жаспын» деп *жыртаңдама,* балам. Сен жалпы жастың бірі емессің, бір қауым елдің аға сұлтанысың (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз). Жібітсем кейде мен де қу таңдайды, Басымнан Алатаудың бұлты аунайды, Біреулер келекелеп *жыртаңдайды,* Түбінде құртса мені құртар қайғы Алайда жырларымды жырта алмайды!!! (М.Мақатаев, Шығ.). Жаман адам зорлықшыл Жақын жерге тыртаңдап Ажарсыз жігіт қайынға Алдырар сырын *жыртаңдап* (Бес ғасыр.).

ЖЫРТАҢДАУ *Жыртаңда етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТАҢ-ЖЫРТАҢ е л і к. *Ыржың-ыржың етіп қылмыңдаған, жыртақтап орынсыз күлген қимылды бейнелейтін сөз.* Салақ, олаң, ойнасшы, керім-кербез, *Жыртаң-жыртаң* қызылдан шығады ерек (Абай, Тол. жин.). Бұртаң-бұртаң, *Жыртаң-жыртаң.* Ой, сезім жоқ көк есек. Бұқа мойын, тұтым бойын көрмеген мен – көбелек (М.Жұмабаев, Шығ.). Енді келіп оның баласымен қатар отырып *жыртаң-жыртаң* күлуге ұялсаң етті (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

Жыртаң-жыртаң етті. *Жыртақтады, қылмыңдады.* Ойбай, бетім-ау, әлгі жүзің күйгір, жүзі қара *жыртаң-жыртаң етіп,* шыбжыңдап тағы келді (Б.Тілегенов, Көктем.).

ЖЫРТИ= е т. *Сықсиып, сығырайып қарау.* – Сен қыз атыңды маған бер, – деп *жыртиған* көзін ашарақтықпен қадап (Б.Нұржекеев, Жау жағадан.). Жалшы сорлы неме, сен ғой тақ қараңғысынан көзің *жыртиып* тұрасың да боран демей, жауын-шашын демей күні-түні салпақтап, Нұртазаның малып бағасың (С.Жүнісов, Ақан сері). Қасым мұрнын қорс еткізіп бір тартты да, көзінің астымен маған *жыртия* қарады (О.Сәрсенбаев, Таңбалы тас). Көздері *жыртиып,* қызарып Қантбала байғұс басынан кешірген уақиғаларын өзге қатындарға ертегі сияқтандырып айтып отырушы еді (С.Сейфуллин, Әңгім.).

ЖЫРТИТ= е т. *Сықситу, сығырайту.* Күн сайын таң сәріде, көзімді *жыртитып* аша-маша асхананың маңайына қараймын (Ә.Тарази, Асу.). Күйеуі сұлу жігіт дседі, көзін *жыртитып* осы Зияшты қалай алды екен (М.Дүйсенов, Гүлжан.).

ЖЫРТИТУ *Жыртит етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТИЮ *Жырти етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТҚЫЗ= е т. **1.** *Сыдырту, жырғызу, тілгізу, кескізу.* Үлкендер әр балаға жандары ашып түрды. Бәрі ойдағыдай болды-ау, тек бір ғана бала аттан құлап, тізесін сәл *жыртқызып* алды (М.Жұмағұлов, Қыран.). **2.** *Жерді айдатқызу, өңдету.* Мынаны секситіп ат үстіне мінгізгенше... пар өгізді беріп, жер *жыртқызсақ*, осы өңірдің тандырын түгел қопарар еді (Р.Тоқтаров, Ертіс.). Жер *жыртқызып*, диқандықты күшейтті, шеберхана көбейтіп, қолөнерін дамытты (С.Сматаев, Елім-ай.). Арапбек жерді бірқалыпты тереңдікте *жыртқызды*. Қалың шеңгел, жыңғыл басып үйысқан жерлерді қолымен аударды («Қаз. әдеб.»).

ЖЫРТҚЫЗДЫР= е т. *Жерді айдатқызу, өңдеткізу.* Көктем туа үй іргесіндегі жерлерін колхоздың бір қос өгізін әкеп, Нұржан соқамен *жыртқызды рып* берді (З.Шүкіров, Ізгілік.).

ЖЫРТҚЫЗДЫРУ *Жыртқыздыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТҚЫЗУ *Жыртқыз етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТҚЫШ з а т. **1**. *Өзге жан-жануарлардың етімен қоректенетін азулы аңдар мен тегеуірінді құстар.* Сондай-ақ «*жыртқыш* аңның, аю, қасқыр, арыстан, қабан етіне жерік болса, батыр ұл туады» деп жорамалдайды (Д.Қатран, Қазақ. ас-тағам.). Наданды әркім жейді нандай илеп, *Жыртқыш* ілген үйректей тірі жүндеп. Өгей бала секілді тесік өкпе, Жалғанда теңдік көрмей, жаны күймек (С.Торайғыров, Алаш ұраны). От жанса өмір қанаттанады, шекілдеуік пісіреді, әрі су болған киімі кебеді, әрі жылынады. Және мына елсіз таудың *жыртқыш* аңдары, әсіресе, аю отқа жоламайды (С.Бегалин, Уақыт.). Бір аквариумда *жыртқыш* балықтар мен момын балықтарды бірге ұстауға болмайды (Т.Мұсақұлов, Аквариум.). Қазекең қарт кең даланың *жыртқышынан* есскенбейді. Аңға шыққа болғаны оның қанжығасы бос келмейді (С.Оразаев, Дала.). **2**. а у ы с. *Қанішер, жауыз, кісі өлтіргіш.* Өлген жоқ *жыртқыш* тас бауыр, Жасқанба, солдат, жасқанба! Қалғансың тірі, қас жауың Аяғыңды алып қашқанда, Жасқанба, солдат, жасқанба! (М.Мақатаев, Шығ.). Кіршіксіз боп мөлдірей жайнаған осындай бай, бақытты өлкесінің амандық, тыныштығына дақ салушы *жыртқыштар* Бекболдың иегінің астында, осы өңірге тығылып отыр (М.Әуезов, Шығ.). *Жыртқыш* сенің сұрап жатпас жөніңді, Жұмыры оның жұмыс істер өнімді... Өтпейтұғын тырнақ, Тұмсық, Тісің де Тасбақаның сауыты бар сенімді (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

Жыртқыш құстар. з о о л. <лат. falconiformes> *Аң, құстардың етімен қоректенетін тегеурінді құстардың отряды. Жыртқыш құстардың* қыстап қалатын және қайтып кететін түрлері бар (ҚҰЭ). Ең кішкене *жыртқыш құстың* (ергежейлі сұңқар) салмағы 50 г, ең ірісінікі (калифорния құмайы) 12 кг болады (ҚҰЭ).

ЖЫРТҚЫШТАР з а т. з о о л. <лат. carnivora> *Сүтқоректілердің аң, құс етімен қоректенетін азулы отряды. Жыртқыштардың* азу тістері жақсы дамыған (ҚҰЭ). *Жыртқыштардың* арасында кәсіптік маңызы бар, терісі пайдалы *(бұлғын, кәмшат, ақ кіс, қара күзен т.б.)* не зиянды кемірушілерді жеп пайдасын тигізетін, сондай-ақ ауылшаруашылығына, аңшылыққа зиян келтіретін, ауру таратын түрлері де бар (ҚҰЭ). *Жыртқыштарға* тән негізгі белгілер: сойдақ тістері жақсы дамыған, күрек тістері кіші, азу тістері бұдырлы әрі өткір (Қаз. тілі. термин. Биология.).

ЖЫРТҚЫШТЫҚ з а т. **1**. *Жыртқышқа тән қасиет.* Ол қазір де, елу жыл бұрын да, жүз жылдан ары да осындай аумай, өзгермей жүріп келген *жыртқыштық* (М.Әуезов, Шығ.). Жыртқыш *жыртқыштығын* ұмытпаған Жемтіктерін жасырған (А.Алтай, Алтай.). Түлкі *жыртқыштық* тіршілік етуге жақсы бейімделген (Жалпы биология). **2.** *Айуандық, қанішерлік.* Өлігіңді тау-тау үйіп, қаныңды Таластай ағызады. Әйтпесе, бұрын-соңды дәл осылай қойдай бауыздаған *жыртқыштық* кім көріп еді (С.Сматаев, Елім-ай).

ЖЫРТҚЫШША ү с т. *Жыртқышқа ұқсап, жыртқыш сияқтанып.* Винтовкасын көлденең ұстаған бойымен командир, құтырған *жыртқышша* ырсылдап, Боранбекке қарай жүгірді (С.Сейфуллин, Шығ.). Жыртқышқа *жыртқышша* қарау керек (Ж.Молдағалиев, Торғай.).

ЖЫРТПА з а т. ж е р г. *Екінші жыл айдаған тың жер.* Бұрын оны *жыртпа* деп айтатын еді (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі).

ЖЫРТПАЛЫ: жыртпалы календарь. *Жыртпалы күнпарақ.* Әйтсе де *жыртпалы календарьдың* бетіндегі цифрды көріп, жанары боталай жөнелді (Д.Досжанов, Келіншектау.).

ЖЫРТТЫР= е т. **1.** *Жұқа затты бөлшектеп кескізу.* Үйде сұңқар түлеткен, Қиядан сұңқар тілеткен, Алтайы қызыл түлкі алған. Қиядан барып теке атқан, Паршаны бөздей *жыртты ған*, Жібекті жүндей түттірген (Кеңгірбай биді жоқтау). **2**. *Жер өңдету, айдату.* Жерді қайта *жыртты рып*, тұқымын қайта септіретіні туралы Базарбайдың қолынан кепілдік қағаз

жаздырып алды (М.Мырзақұлов, Ақық). Бұл араны беталды *ж ы р т т ы р м а,* өйтетін болсақ, алдымен айнала ағаш еккіз дедім (Ж.Молдағалиев, Айналайын.). Үшқоңырда, Төре жайлауда, Асыда егілген егіндердің бәрінде Ларионов төре орыс тістірмесімен *ж ы р т т ы р ы п*, еккізіпті («ТУГ»).

ЖЫРТТЫРУ *Жырттыр етістігінің қимыл атауы.*

ЖЫРТУ *Жырт етістігінің қимыл атауы.* **1**. *Айыру, тілу, кесу.* Әкем мені әлгінің атына көтеріп мінгізе бере: «Қойнынан қағаз-мағаз алып *ж ы р т у ғ а* айналса, маған айғай сал, байқап отыр» деп сыбырлады (Ғ.Қабышев, Мінездеме). **2**. *Жер айдау.* Қалай сеуіп, қалай *ж ы р т у д ы ң* да әдісін сұрап қалыңдар! – деді (М.Әуезов, Шығ.). Зябь *ж ы р т у* мезгілінен кешіктірілді және өте тежеулі мөлшерде ғана жүргізілді (М.Әмірғалин, Биязы жүн.). **3** а у ы с. *Жаралау, дақ, сызат түсіру.* – Сайқымазақтықты қой, – деп орнымнан атып тұрдым. – Құрдас болсаң да, жүрегімді *ж ы р т у ғ а* қақың жоқ, – деп сыздандым (Ж.Мусин, Үміт.).

Жер жырту. *Жерді өңдеу, айдау.* Егістен мол өнім алу үшін *ж е р ж ы р т у ғ а* ылғалы кеппей тұрып шығуымыз керек (М.Дүзенов, Ақәже). Қаншама бермей пайда зарланғаным, Хохолға *ж е р ж ы р т у ғ а* жалданғаным. Ағайдан естіп боқтық, жай төмпеш жеп, Күндіз, түн көрмей дамыл айдалғаным (С.Дөнентаев, Шығ.). Егер алаңның топырағы өте шымды не болмаса көпжылдық өсімдіктердің орны болса, оны күзде 2-3 рет дискілеп, артынан *ж е р д і ж ы р т у* керек (А.Ажкеев, Қант қызылшасы.).

ЖЫРТУЛЫ с ы н. *Жыртылған, тілінген.* Келсе, қатын жылауда шашын жайған, Екі беті *ж ы р т у л ы* ойбай салған (Қисса-дастан.).

ЖЫРТУСЫЗ ү с т. *Жыртылмаған, айдалынбаған.* Артынан келген соқа, әлгі тоқтап тұрған соқаны алысырақтан оралып, алдына түсіп кетті. Үй орнындай жер дөңгеленіп *ж ы р т у с ы з* қалып отырды (Б.Майлин, Шығ.). Жел эрозиясына ұшыраған жерлердің шаңытып, тозаңдануын болдырмау үшін, ол жерлердегі негізгі жырту мен парды өңдеу жұмыстары аудара *ж ы р т у с ы з* жүргізіледі (М.Ахметов, Егін қорға.).

ЖЫРТЫҚ с ы н. **1**. *Жыртылып тозған, жыртылған.* Жейдем қара құрымдай кір жуылмас, Тым болмаса екі айда бір жуылмас, Жамылғысыз, *ж ы р т ы қ* тон қаудырлаған, Қандай жанның үйінен біз қуылмас (К.Әзірбаев, Таңд. шығ.). Менің тұңғыш кітабым басылғанда Үміт оты алдымнан шашылғанда Анам байғұс шаттықтан жарылардай *Ж ы р т ы қ*, ескі кебісін сүйрелектеп, Көршілерге жүгірді күйбелектеп (М.Шаханов, Ғасырлар.). Қалтай мен Кенеханның сөздерін ол маяның түбінде *ж ы р т ы қ* қамытты жамап отырып естіді (Ә.Әлімжанов, Махамбет.). **2**. *Тесік.* Үйдің *ж ы р т ы ғ ы н а н* ерсілі-қарсылы шауып жүрген өзіндей қыздарды көргенде, көзінің жасы тимей-тимей кетеді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз). **3**. а у ы с. *Босаң жер, осал тұс.* Нахақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын, Кес-кестеп барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың, Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мынау дүниені, Жамау қып басу өзіңді аузына барлық *ж ы р т ы қ т ы ң* (Т.Айбергенов, Мен саған.).

Жыртық көңіл. *Қам көңіл.* Ән салған ақын жігіт, жас бозбала, Айт десе қиын жерде қамалмаса, Кетпей ме *ж ы р т ы қ к ө ң і л* жай-жайымен, Осындай бір нәрсемен жамалмаса?! (Ә.Найманбаев, Шығ.).

Қарнының жыртығын жамады. б е й н. *Қарнын тойдырды.* Қызыл түлкі жас етпенен бір тілім *Қ а р ы н ы н ы ң ж а м а р* еді *ж ы р т ы ғ ы н* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан).

ЖЫРТЫҚ-ЖАМАУ с ы н. *Алба-жұлба, жыртылған, тозған.* Екеуің де бір кезде есігімді аша алмай алыстан орағытқан *ж ы р т ы қ-ж а м а у,* жалбыр шапан, жалшы едіңдер (Б.Тілегенов, Аққайнар). *Ж ы р т ы қ-ж а м а у* бір кітап, Қолдан түспес бір кітап (Қ.Ыдырысов, Аршында.).

ЖЫРТЫҚ-ЖӘУТІК с ы н. *Тозған; ескі.* Бірді-екілі көрпе, *ж ы р т ы қ-ж ә у т і к* киімсымақты есекке артады да, Құрманқұл ереді соңынан (С.Байжанов, Сыр.). Жаңа жеңгемнің ісмер бипаз қолы *ж ы р т ы қ-ж ә у т і к* ескі бұйымдарды да қағып-сілкіп, жамап-жасқап жаңғыртып, тәртіптеп көдеге жарата бастады (Б.Соқпақбаев, Балалық.).

ЖЫРТЫҚ-ЖЕТІМ с ы н. *Әке-шешеден айырылған.* Оқудан шыға ұстады ата өнерін, асырды атасынан әрбір жерін. Сол күнде ажал жетіп, Мұстапа өліп, *Ж ы р т ы қ-ж е т і м* болады ол жас өрім (Абай, Тол. жин.).

ЖЫРТЫҚ-ЖЫРТЫҚ с ы н. *Жыртылып-тозған, далба-дұлба.* Оның бұтында *ж ы р т ы қ-ж ы р т ы қ* ескі қызыл әскер галифесі. Жалаң аяқ, жалаң бас, бет-аузы көгала қойдай күп болып ісіп кеткен (І.Есенберлин, Алтын құс). Үйлеріне қашан, қай мезгілде барсам да, төр алдындағы *ж ы р т ы қ-ж ы р т ы қ* қырық жамау көне сырмақтың үстінде әскерден киіп келген гимнастеркасын жастанып, теріс қарап тоңқайып ұйықтап жататын еді (О.Бөкеев, Ауыл хикая.). Көнетоз нәрселер, ескі сандық, оның үстінде киіз-текемет, құлайын деп шайқалып тұрған, бақанға ілінген *ж ы р т ы қ-ж ы р т ы қ* ескі-құсқы киімдер (А.Сатаев, Дала.).

Баспаға А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының Ғалымдар
кеңесі ұсынған

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

VI том

Редакторлар
Ш. ЖАМЫҚАЕВА
Д. МАХРАНОВ

Суретші
Е. ҚОЖАБАЕВ

Техникалық редакторы
С. АҚЫЛОВ

Беттеген
С. ҚАСЫМБАЕВА

Теруге 11.10.2011 берілді. Басуға 14.10.2011 қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Arys». Офсеттік басылыс. Есептік баспа табағы 80,5. Шартты баспа табағы 61,1. Баспа табағы 47,0. Таралымы 10 000 дана. Тапсырыс № 1441.

Тапсырыс дайын файлдан басылды.

ISBN 978-601-7293-17-8

9 786017 293178

ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ЕСКЕРТПЕ ҮШІН